Қазақ әліпбиі

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі

Tyulemissov Madi مهدی ابواصل

tmadi1@gmail.com

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Тіл комитеті

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі

Алматы 2008 “Дайк-Пресс”

ББК 81.2 Қаз я 7
Қ 17

Сөздік Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша дайындалып, басылып шықты

Қ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

ISBN 9965–798–99–0

Қазақ тілінің бір томдық түсіндірме сөздігінде қоғамдық өмірдің барлық салаларында жиі пайдаланылатын, дағдылы сөздермен қатар көпшілікке арналған ғылыми әдебиетте, мерзімді баспасөз тілінде қолданылатын терминдер мен атаулар, тұрақты тіркестер қамтылды. Сөздікте XV–XVIII ғасырлардағы әдеби тіл үлгілерінде кездесетін сөздер мен фразеологиялық тіркестер де берілді. Сондай-ақ тілдің лескикалық байлығын еселей түсуде әлеуметтік мүмкіндігі бар-ау дейтіндей жергілікті тіл ерекшеліктері, көне сөздер, кейбір сөз нұсқалары да ескерілді. Әдеби тілдің нормасына жат емес жаңа атаулар да сөздіктен елеулі орын алды.

Сөздік қазақ тілінің бүкіл лексикалық байлығын жете меңгеруге ден қойған барша оқырман қауымға арналады.

Қ $\frac{\textbf{4602030000}}{\textbf{00 (05) – 08}}$

ББК 81.2 Қаз я 7

ISBN 9965–798–99–0

© Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитеті, 2008
© "Дайк-Пресс" баспасы, 2008

АЛҒЫ СӨЗ

Тіл — халықтың даналығын, танымы мен талғамын, тауып айтатын шыншылдығын көрсететін, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан баға жетпес қазынасы. Онда ақиқатты танып білудің сан ғасырлық аса бай ұжымдық тәжірибесі жинақталған. Қоғамды мәдениетке жеткізіп, қоғамдық ой-сананы биікке көтеретін, қуатты да құдіретті мұндай тілдің көмегімен өркендеген елде оның құрылымы мен жүйесі дами түсіп, небір нәзік ой мен сезімді, аса күрделі құбылыстарды дәл бейнелейтін қабілеті арта береді. Әрине, тілдің мұндай баға жетпес мәнділігі, ең алдымен, оның сөз байлығынан байқалады. Сондықтан тілдегі сөздерді жинақтап, жүйеге салып, әрқайсысының мән-мағынасын ашып, сөздік қалпына түсіріп, халықтың өзіне қайта ұсыну — қиынның қиыны болса да, абыройлы міндет.

Тілдің сөз байлығын жүйелеп, саралайтын сөздіктердің әр алуан түрі болады. Солардың бірі саналатын түсіндірме сөздік тілдің лексикалық байлығын неғұрлым толық қамтуды көздейді. Әсіресе көптомды түсіндірме сөздікте күнделікті қарым-қатынас кәдесінде жүрген сан алуан сөзбен бірге олардың әртүрлі нұсқалары, жергілікті сөз байлығы, кәсіби лексика мен терминдер, көнерген сөздер барынша мол қамтылып, лексикалық, грамматикалық, стильдік мән-мағыналарына біршама толық сипаттама жасалады және міндетті түрде иллюстрациялық материалдар беріледі. Қазақ тілінің он томдық сөздігінің жарық көруі — осы саладағы алғашқы қадамдардың бірі болды.

Қазіргі әдеби тілдің әр алуан үлгілеріндегі сөз байлығын, мәселен, жергілікті қолданыстарды, сондай-ақ байырғы мұралар тіліндегі сөздерді мол қамтып, жинап-теріп, әлемдік үлгіге сай келетін көптомдық түсіндірме сөздік жасау, мұнымен қоса әдеби тілдің бүгінгі қал-

пы — лексикалық нормасын көрсететін бір томдық, сөздік жасау да алдағы уақытта үздіксіз атқарыла беретін игілікті іс болуға тиіс. Бұл игілікті іс болашақта да жалпыхалықтық тілдің өзге де түрлерінде кездесетін сөз байлығын мүмкін болғанша молырақ қамтып жинастырудың, компьютер арқылы лексикографиялық өңдеуден өткізудің ғылыми негіздегі "Қазына" деп аталатын "Қазақ лексикасының компьютерлік қорын" жасау бағдарламасы арқылы жалғаса бермек. Ал күнделікті қарым-қатынас аясында жиі жұмсалатын, тілдің бүгінгі таңдағы нормасын көрсететін сөздіктің түрі — әдетте бір томдық түсіндірме сөздік. Ол күнделікті қоғамдық өмірдің сан алуан саласында жүрдек әрі жиі қолданылатын сөздерді лексикалық, стильдік нормаға сай жұмсауда тіл тұтынушыға бағыт-бағдар беруді мақсат етеді. Түсіндірме сөздіктің мұндай түрінде әдеби тілдің қазіргі кездегі нормасы бағыт-бағдарға алынады, ал жалпыхалықтық тілдің күллі байлығын, өткен дәуірлерге тән сөз үлгілерін түгел қамту мақсаты көзделмейді. Міне, жүртшылық назарына ұсынылып отырған бір томдық "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі" осындай мақсат-мүддеге сай түзілді. Осымен байланысты аталмыш Сөздікке қоғамдық өмірдің әр алуан саласында жиі пайдаланылатын, дағдылы сөздермен қатар ғылыми-көпшілік әдебиетте, мерзімді баспасөз тілінде қолданылатын терминдер мен атаулар, тұрақты тіркестер қамтылды. Сөздікте XV–XVIII ғасырлардағы әдеби тіл үлгілерінде кездесетін сөздер мен фразеологиялық тіркестер де берілді. Сондай-ақ тілдің лексикалық байлығын еселей түсуде әлеуметтік мүмкіндігі бар-ау дейтіндей жергілікті тіл ерекшеліктері, көне сөздер, кейбір сөз нұсқалары да ескерілді. Әдеби тілдің нормасына жат емес жаңа атаулар да сөздіктен елеулі орын алды. Дегенмен Сөздік қазіргі әдеби тілдің межесін бетке ұстағандықтан, сөздердің бұл аталған топтарына біршама шектеу қойылды.

Сөздікті түзу барысында осы салада бұрындары орын алып келген кейбір олқылықтар мен кемістіктер жөнделді. Бұл ретте, мысалы, едәуір сөздің анықтамалары мен түсіндірмелері, стильдік мағынасы мен қолдану аясы нақтылана түсті. Әртүрлі себептермен сөздіктерге бұрын кірмей қалған сөздер енгізілді.

Қоғамдық өмірде болып жатқан сан алуан жаңалықтар мен өзгерістер тілге, әсіресе оның сөздік құрамына өз әсерін тигізбей қоймайды. Қайсыбір сөздер қолданыстан ығысып, жаңаға жол береді. Кейде "ескі" мен "жаңа" жарыса, тайталаса жүреді. Лексикалық нормадағы бұндай өзгерістерді заңдастырып отыру сөздіктің негізгі міндетіне жатады. Әдетте өркениетті елдің табан тірейтін, меже ететін, өзіндік «бас»

сөздігі болады. Ондай сөздіктер жылдар аралата, дүркін-дүркін қайта басылады. Басылым сайын тілдегі жаңалықтар қамтылып және ондағы кейбір кемшін тұстар жөнделіп, үнемі өңделіп отырады. "Орыс тілі сөздігінің" (С. Ожегов) жиырмадан аса басылымы жарық көрді, әр басылым сайын түзетіліп, толықтырылды, сондай-ақ аты әлемге әйгілі "Ағылшын тілі сөздігінің" (Оксфорд) бастапқы нұсқасын жасауға жиырма жыл кетті. Әрине, қазақ тіл білімі сөздік жасау мәдениетінен құралақан емес. 1974–1986 жылдары жарық көрген қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде 97 мыңдай сөздік бірліктің мағыналары ашылып, түсініктер берілген. Бір томдық түсіндірме сөздікті жасауда осы аталған он томдықтың көп жәрдемі тиді. Бірақ бүгінгі жағдай жаңа сөздікті талап етіп отыр. Өйткені қазақ тілі — тек қазақ халқының ғана ұлттық тілі емес, тәуелсіз Қазақстанның барша азаматтарына қызмет ететін мемлекеттік тіл. Қазақ тілінің мұндай қоғамдық мәртебесінің жүзеге асуы ең алдымен дәстүрлі норманың бекем болуымен, оларды заңдастырып отыратын нормативті грамматикасы мен үлгі тұтар сөздіктерінің болуымен де байланысты. Қалың жұртшылық қауымды осындай аса қажетті тіл құралдарымен қамтамасыз ету, мемлекеттік тілдің лингвистикалық базасын жасау, бүгінгі таңдағы өрелі міндеттердің бірі болмақ.

Жұртшылық назарына ұсынылып отырған бұл Сөздік — осындай игі ниеттен туған еңбек. Оның кемшіліктері де, олқылықтары да болуы ықтимал. Сөздіктердің кейбір кемшіл тұстары мен олқылықтары, бұрын-соңды сөздік жасау тәжірибесі байқатқандай, басылым сайын жөнделіп отырмақ.

Сөздікті түзуге тәжірибелі, лексикографиялық жұмыспен көптен араласып келе жатқан филология ғылымдарының докторлары Ә. Болғанбаев, Т. Жанұзақов, Б. Қалиев және филология ғылымдарының кандидаттары С. Бизақов, А. Османова, сондай-ақ Ш. Дәулетқұлов, М. Жүрсінова, Г. Нұрғазиева тәрізді ғылыми қызметкерлер қатысты.

Сөздіктің редакциялық алқа мүшелері филология ғылымдарының докторлары Б. Әбілқасымов (Г, Д, Қ), Ә. Болғанбаев (У, Ұ, Ү, Ф, Х), Е. Жанпейісов (М, Н, Ш, З, Л, Р, У, Ұ, Ф, Х, Ц, Ч, Щ, Ы, І, Э, Ю, Я), Т. Жанұзақов (А-Я), Б. Қалиев (А, Ә, Қ), Ә. Нұрмағамбетов (К, Т) және филология ғылымдарының докторы Н. Уәлиев (А, Ә) тиісті әріптер бойынша қолжазбаны оқып шығып, түзету жұмыстарын жүргізді; профессорлар Р. Сыздықова, К. Ш. Хұсайынов сөздікті түзу мен баспаға әзірлеуде ғылыми бағыт-бағдар беріп, ұйымдастыру жұмыстарына атсалысты.

Сөздіктің қолжазбасын оқып шығып, тиісті әріптер бойынша кейбір түзетулер жасап, пайдалы кеңестер берген жазушылар Қ. Жұмаділов, М. Мағауин, Қ. Салғаринге, баспагерлер Т. Жексенбаев, Н. Сыздықовқа Институт өз ризашылығын білдіреді.

Құрметті оқырман қауым, қолдарыңыздағы "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі" – Еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде деген қанатты сөзімен мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру туралы үнемі алға қойып келе жатқан міндеттерін орындау аясында мемлекеттік тапсырыс бойынша бұрынғы бір томдық қалың жұртшылықтың пайдалануына бейімделіп, жаппай таралым талаптарына орай ықшамдалып шығарылып отыр.

СӨЗДІКТІ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА ҚАЖЕТТІ МАҒЛҰМАТТАР

"Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде" негізінен қазіргі әдеби тілдің нормасына тән, қоғамдық өмірдің әр алуан салаcында жиі жұмсалатын сөздер мен тұрақты тіркестер берілді. Сондай-ақ оқулықтар мен оқу құралдарында, ғылыми-көпшілік әдебиеттe, баспасөз беттерінде жиі қолданылатын терминдер мен атаулар, кейбір жаңа сөздер де қамтылды.

Тізімге алынған атау сөздер — түбір, туынды, біріккен сөздер — ірі әріптермен теріліп, қатаң әліпбилік ретпен орналастырылды. Күрделі сөздер атау сөз есебінде тізімге алынбады.

Тіліміздегі омонимдер мен омоформалар сөздікке жеке атау сөз ретінде алынды, әр сөз табына қатысты болған жағдайда олардың сөз табына қатыстылығы ескеріліп, ең алдымен зат есім, одан соң сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, соңына қарай шылау, одағай, еліктеуіш сөздер орналастырылды. Мыс:

ҚАЖЫ I 1. *діни. Құдайға құлшылық етіп, қажы атану үшін Меккеге бару ісі.* 2. *Меккеге барып Құдайға құлшылық етіп келген кісі.*

ҚАЖЫ II *Шаршау, шалдығу, қалжырау.*

ТЕЗ I 1. *Қисық ағашты түзету үшін не түзу ағашты ию үшін қолданылатын құрал.*

ТЕЗ II *Жылдам, шапшаң, лезде, әп-сәтте.*

Жеке қолданылмайтын, бірақ белгілі бір тұрақты фразалық сөз тіркестерінің құрамында ғана ұшырасатын көнерген немесе көнере бастаған сөздерді бергенде сол күрделі сөздердің бірінші сыңары ірі әріптермен теріліп, әліпби ретімен тізімге шығарылды да, одан кейін қос нүкте қойылып, қос нүктеден соң тіркес түгелімен алынды. Мыс:

АЙЫЗ: айызы қанды – *риза болды, сүйсінді, құмардан шықты.*

ЖЕК: жек көрді – *ұнатпады, жақтырмады.*

Сөздік мақала ең алдымен бас сөзден басталады. Олар сөздікте ірі әріптермен жазылып көрсетілді. Мыс:

БАЛА

Түбір және туынды сөздер тізілімге өздерінің негізгі морфологиялық тұлғасында, өзгеріссіз алынды. Етістіктер бұйрық райдың екінші жақ тұлғасында берілді. Мыс:

АЙТ

КЕЛ

Тізімге алынған сөзден кейін стильдік белгі қойылды. Стильдік белгінің орны екі түрлі:

а) егер алынуға тиісті стильдік белгі сол сөзге, оның барлық мағыналарына қатысты болса, ол белгі атау сөздің грамматикалық белгісінен соң қойылды. Мыс:

БАДАМША *бот. Жемісі де, өзі де кішірек бадам.*

БАДАНА *көне. Батырлар соғыста киетін, оқ өтпейтін болат сауыт.*

ә) ал стильдік белгі көп мағыналы сөздің бір ғана мағынасына телінген болса, онда ол белгі өзі қатысты мағынаның алдынан, араб цифрынан соң қойылды. Мыс:

АЙЫРМА 1. *Өзгешелік, ерекшелік.* 2. *мат. Бір саннан екінші санды алғанда қалған қалдық.*

Стильдік белгі атау сөздерге, олардың мағыналарына қойылатындығы сияқты фразалық тіркестерге де қойылды. Фразалық тіркестер мен лексикаланған сөз тіркестеріне берілетін стильдік белгі сол тіркестерден соң, жақша ішінде көрсетілді. Мыс: **Аға өлсе, іні мұра *көне* — *әмеңгерлік жолымен жесірін өзгеге бермеу.***

Сөздік мақала, жалпы қағидат бойынша, мынандай ретпен берілді: 1) атау (реестр) сөз; 2) стильдік белгі; 3) сөз мағынасы мен реңктерінің түсіндірмесі.

Сөз мағыналарын ашып, жан-жақты тиянақты түсіндіруде 10 томдық "Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің" үлгісі басшылыққа алынды:

1) сөз мағыналарын ашып, анықтап саралауда олардың негізгі, туынды, ауыспалы-қосымша мағыналарға ие болуы, ол мағыналардың бір-бірімен тығыз байланысы, төркіндестігі ескерілді;

2) сөз мағыналары араб цифрларымен көрсетілді де, ең алдымен тура мағынасы, одан кейін реңкі, соңынан ауыспалы мағыналары берілді.

3) сөз мағыналарын ашып, анықтап түсіндіруде төрт түрлі тәсіл қолданылды:

а) сипаттама түрде түсіндіру тәсілі бойынша сөздер семантикалық табиғатына орай қысқаша, кейде толық, жан-жақты түсіндірілді. Мыс:

БАБА 1. *Арғы ата, ұлы ата.* 2. *Қарт адамды қадір тұтып, құрметтеу мағынасында айтылатын ишарат сөз.*

БАҒА 1. *Заттың құны, нарқы.* 2. *пед. Оқушының білім дәрежесін айқындайтын бес балдық жүйе.*

БАЛДАҚ 1. *Аяғы кемтар адамға сүйеніп жүруі үшін жасалған арнаулы құрал.* 2. *Саятқа шыққанда құстарды ат үстінде алып жүру үшін ердің алдыңғы қасына орнатқан ашалы тіреу.*

ә) сөз мағыналарын анықтауда қолданылған екінші бір өнімді жол – синонимдік тәсіл. Мыс:

БАҒДАР *Беталыс, бағыт.*

БАЙЛАМ *Шешім, тоқтам.*

ӘЙТКЕНМЕН *Недегенмен, қалай болғанда да.*

Сөз мағыналарын түсіндірудегі синонимдік тәсіл етістік, есімдік, зат есім, сын есім т. б. дерлік қолданыс тапты.

б) көмекші есімдер мен етістіктер, етістің кейбір түрлері, шылау сөздер мен одағайлар грамматикалық табиғаты тұрғысынан түсіндірілді. Мыс:

Е *Негізгі етістіктер мен есім сөздерден кейін жұмсалатын көмекші етістік.*

ЖӘНЕ *Сөз бен сөзді не сөйлем мен сөйлемді байланыстырушы жалғаулық шылау.*

О *Адамның алуан түрлі сезімімен байланысты айтылатын ишарат сөз.*

в) аралас анықтама — сипаттама түріндегі анықтама мен синонимді анықтаманың аралас берілуі арқылы көрсетілді. Бұл жағдайда синонимді анықтама сипаттама түріндегі түсініктен кейін, сол түсінікті үстемелей анықтап, аша түсу үшін, үтірлі нүктеден кейін келтірілді. Мыс:

ЖАҚ көне. *Кермесіне жебе салып тартатын садақ, жай.*

СУЫ *Ыстық күйден салқын күйге келу, салқындау.*

Әрбір жеке сөзге берілетін анықтама оның лексика-грамматикалық табиғатына сай, сәйкес болуы ескерілді. Мысалы, есім сөздерге берілген анықтама етістік формасында тұрмауға тиіс Сол сияқты етістікке берілген анықтама есім сөздердің құрылымында келмей, әр сөз өзіндік грамматикалық құрылымымен сипатталуы қажет.

Стильдік белгілер сөздіктегі атау сөздердің бәріне бірдей қойылмайды. Ол тек сөздік құрамның белгілі бір бөлшегіне ғана, атап айтқанда, қолданылуы жағынан шектелген немесе белгілі бір стильдік бояуы бар кейбір сөздер мен сөз тіркестеріне, олардың мағыналары мен мағыналық ренктеріне қазіргі кездегі қолданылу нормасы тұрғысынан ғана қойылды.

Бір томдықта қолданылатын стильдік белгілердің негізгі топтары мыналар:

1) сөздердің немесе жеке сөз формаларының, тіркестердің қолданылу өрісін (аясын) көрсететін стильдік белгілер: *қарап.* (қарапайым

сөз), *анайы* (анайы немесе тұрпайы сөз, вульгаризм), *сып.* (сыпайы сөз — эвфемизм), *поэт.* (поэтикалық); *фольк.* (фольклорға, яғни ауыз әдебиетіне тән сөздер), *миф.* (мифологиялық сөз, тіркес), *діни* (діни сөз), *кіт.* (кітаби лексика), *кәс.* (кәсіби), т. б.

2) ғылым салаларының қайсысына тән термин сөздер екендігін көрсететін арнайы белгілер, мәселен, *физ.* (физика), *хим.* (химия), *мат.* (математика), *лингв.* (лингвистика) т. б.

3) сөздердің қолданылу кезеңін, уақытын (тарихи көрінісін) көрсететін стильдік белгілер: *көне* (көнерген сөз — архаизм), *тар.* (тарихи сөз), *жаңа.* (жаңа сөз — неологизм).

4) сөздердің қолданылу аумағын көрсететін стильдік белгілер: *жерг.* (жергілікті сөз). Мұндағы *жерг.* деген стильдік белгі әдеби тілде нақтылы баламалары жоқ жергілікті (облыстық) сөздерге қойылады.

5) сөздердің экспрессивті-эмоциялық бояуын көрсететін стильдік белгілер: *экспр.* (экспрессивті сөз), *эмоц.* (эмоциялы сөз).

Ескерту: Стильдік белгілер түбір сөздерге қойылды да, ал сол түбірден тараған туынды сөздерге ол белгі қойылмады. Сондай-ақ, стильдік белгілерді керекті жеріне қарай кейде екіден не үштен қатар қолдануға тура келді.

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

А а	З з	Ө ө	Ц ц
Ә ә	И и	П п	Ч ч
Б б	Й й	Р р	Ш ш
В в	К к	С с	Щ щ
Г г	Қ қ	Т т	Ъ ъ
Ғ ғ	Л л	У у	Ы ы
Д д	М м	Ұ ұ	І і
Е е	Н н	Ү ү	Ь ь
Ё ё	Ң ң	Ф ф	Э э
Ж ж	О о	Х х	Ю ю
		Һ һ	Я я

А

А 1. *Жуан дауысты дыбыстардың қатарына жататын езулік ашық дыбыс және сол дыбыстың таңбасы (әріп).* 2. *Біреудің атын атап шақырғанда оған жауап ретінде берілетін дыбыс.* 3. *Біреудің назарын өзіне аудару үшін айтылады.* 4. *Бір нәрсеге реніш білдіріп, кейігендікті білдіреді.* **А дегенде** — а) *басында, әуелде, алғашқыда;* ә) *лезде, тез, жылдам.* **А дегеннен** — *әуел бастан, бірден.* **А дегенше** — *әнеміне дегенше, лезде, әпсәтте.* **А, Құдай, А, пірім [тәңірім] деп** — *Құдайға бас ию, жалбарыну.* **А құдайлап** — *Аллаға сиынып, жалынып-жалбарыну.*

АБА I ***көне*** *Кең тігілген сырткиім.*

АБА II *Қоршау, қаша.*

АБАҒАЙЛА *Атойлау, айбар шегу.*

АБАДАН ***көне*** *Қасқыр әуегінің көсемі, бастаушысы.*

АБАЖА ***көне*** 1. *Ыдыс-аяқ сақтайтын үлкен кебеже.* 2. *Жыртқыш аңдарды ұстауға арналған үлкен шарбақ.*

АБАЖАДАЙ 1. *Рабайсыз үлкен, далиған, кең.* 2. *Сыйықсыз, арбиған.*

АБАЖУР *Шамның астыңғы жағына жарық түсіру үшін және көзді күшті жарықтан сақтауға арналған қалқанша.*

АБАЖУРЛЫ *Абажур орнатылған, қалқан қалпақты.*

АБАЙ *Байқағыштық, ықтияттылық, сақтық, ұқыптылық.* **Абай болды** — а) *сақтық жасады, ұқыпты қарады;* ә) *ес болды, көз болды.*

АБАЙЛА 1. *Байқау, сақтану.* 2. *Барлау, бағдарлау.* 3. *Байыптау, парықтау.*

АБАЙЛАҒЫШ *Сезімтал, сезгіш.*

АБАЙСЫЗ 1. *Байқамайтын, аңдаусыз.* 2. *Бейқам, қамсыз.*

АБАЙСЫЗДА 1. *Байқаусызда, аңдаусызда.* 2. *Қапылыста, қапелімде.*

АБАЙСЫЗДЫҚ *Бейқамдық, қамсыздық, аңдаусыздық.*

АБАЙТАНУ *Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттейтін қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы.*

АБАҚ I ***кәс.*** *Үлкен сулардан балық сүзетін аудың тұпкі бөлігі.*

АБАҚ II *Аң ұстайтын шарбақ тор.*

АБАҚТЫ *Қылмыстыларды қамайтын орын, түрме.*

АБАЛА *Өршелене үру.*

АБАТ ***көне*** *Шалғынды, көкорай баубақшалы.*

АББАР *Суыт, үдере, сыпыра.*

АБДЫРА I *Асып-сасу, абыржу әбігерлену.*

АБДЫРА II *Киім-кешек салатын сандық, кебеже.*

АБДЫРАП-ДАБДЫРАП *Сасып-пысып, асып-сасып.*

АБЫР-САБЫР *Әуре-сарсаң, әбігерлік.*

АБЖАД *Санды әріптермен беруге, сөзді цифрмен жазуға пайдаланатын көне араб алфавитінің жүйесі.*

АБЖЫЛАН 1. *Су жылан.* 2. ***Ауысп.*** *Қанқұйлы, жауыз, қанынезер.*

АБЖЫЛАНДАЙ *Абжылан сияқты зәрлі.*

АБЗАЛ 1. *Қадірлі, асыл, аяулы.* 2. *Дұрыс, жөн.*

АБЗАЛДЫҚ *Абзал болғандық, асылдық, аяулылық.*

АБЗАЛЫ *Дұрысы, шыны.*

АБЗАЛЫНДА *Дұрысында, шындығында.*

АБИТУРИЕНТ *Жоғары және арнаулы орта оқу орнына түсуші талапкер.*

АБОНЕМЕНТ *Белгілі бір мерзім ішінде пайдалануға хұқық беретін құжат.*

АБИЫР ***сып.*** 1. *Адамның жыныс мүшесі, тән.* 2. **Ауысп.** *Ар, ұят, абырой.*

АБИЫРСЫЗ *Көргенсіз үлгісіз, ұятсыз.*

АБЛЫҚ ***көне*** *Жүрегі лоблу, алқыну.*

АБОРИГЕН *Белгілі бір елдің байырғы тұрғыны.*

АБСОЛЮТ *Идеалистік философияда дүниенің мәңгі өзгермейтін бастапқы негізі (рух, сана).*

АБСОЛЮТИЗМ *Өкімет билігі бір адамның шексіз билігінде болуы.*

АБСОЛЮТТІ *Шексіз, шетсіз, тұрақты.*

АБСТРАКТ *Дерексіз жалпы ұғым.*

АБСТРАКТІ *Ақиқаты жоқ, ақиқатсыз.*

АБСТРАКТІЛІК *Дерексіздік, жалпылық.*

АБСТРАКЦИОНИЗМ *Реализмді мүлде жоққа шығаратын кескіндемедегі жалған ағым.*

АБСТРАКЦИОНИСТ *Абстракционизмге бой ұрған суретші.*

АБСТРАКЦИЯЛА *Жалпыла, дерексіздендір.*

АБСТРАКЦИЯШЫ *Абстракцияны қолдаушы, соған бой ұрған.*

АБХАЗ *Абхазияның негізгі тұрғын халқы.*

АБЫЗ ***көне*** *Аса білгір, білімдар адам.*

АБЫЗДЫҚ *Білімдарлық, білімділік.*

АБЫЛАЙША *Шаңыраққа уықтың өзін шаншып, керегесіз тігілген қос, күрке.*

АБЫЛ-САБЫЛ *Тығылтаяң, қарбалас.*

АБЫЛХАЯТ ***діни*** *Өмір суы, өмір бұлағы.*

АБЫЛЫП-САБЫЛЫП *Шаршап-шалдығып, асығып-үсігіп.*

АБЫҢ-КҮБІҢ *Асығыс-үсігіс, апыл-құпыл.*

АБЫР-ГҮБІР *У-шу, дабыр-дүбір.*

АБЫР-ДАБЫР *Даң-дуң, у-шу.*

АБЫР-ДЫБЫР *Абыр-сабыр, абыр-гүбір.*

АБЫРЖУ *Әбігерлену, абдырау, сасу.*

АБЫРЖУЛЫ *Берекесі кетіп, бейжай қалыпта.*

АБЫРЖУШЫЛЫҚ *Құты қашып сасқалақтаушылық, абыржығандық.*

АБЫРЖЫҢҚЫ *Үрейлі, кейісті.*

АБЫРОЙ 1. *Ар, ұят.* 2. *Атақ, дәреже, бедел.* ◊ **Абырой алды [тапты, әперді, әкелді, берді]** — *құрметке бөленді, беделге ие болды.* **Абыройға бөленді** — *даңқы артты, атын шығарды.* **Абыройдан айрылды** — *беделі түсті, ұятқа қалды, масқара болды.* **Абыройын [айрандай] төкті** — *ар-ұяттан жұрдай болды.* **Абыройы артты [асты]** — *атағы елге жайылды, беделі өсті.* **Абыройы ашылды** — *тәні көрініп, ұятқа қалды.* **Абыройын алды [кетірді]** — *беделін түсірді, қадірін кетірді.* **Абыройын аяққа басты** — *масқара етті, қорлады.* **Абыройын жапты** — *намысын қорғады, ұятқа қалдырмады.* **Абыройы түсті [кетті, жойылды]** — *қадір-қасиетінен айрылды, бағасы түсті.*

АБЫРОЙ-АТАҚ *Ел таныған ізгі қасиет, бедел.*

АБЫРОЙЛЫ *Абыройы бар; қадірлі, беделді.*

АБЫРОЙЛЫЛЫҚ *Абыройы барлық, беделділік.*

АБЫРОЙСЫЗ *Беделсіз, қадірсіз.*

АБЫРОЙСЫЗДЫҚ *Беделсіздік, қадірсіздік.*

АБЫР-САБЫР *У-шу, әбігер.*

АБЫСЫН *Ағайынды адамдардың әйелдері.*

АБЫСЫН-АЖЫН *Күйеуі жағынан жақын-жуық әйелдер.*

АБЫСЫН-АЖЫНДАЙ *Сырлас, тату-тәтті.*

АБЫСЫНДЫ *Бір-бірімен абысын болып келетін, абысыны бар.*

АВАНГАРД 1. *Негізгі әскери күштің алдыңғы шебінде жүретін бөлімі.*

2. *Ауысп.* Белгілі қоғамдық топтың алдыңғы жетекші бөлігі.

АВАНГАРДТЫҚ *Алдыңғы қатарлы, жетекші.*

АВАНС *Алатын жалақының есебінен алдын ала берілетін ақша не зат.*

АВАНТЮРА *Арандатушылық әрекет, тәуекелге салып, оңай олжа іздеушілік.*

АВАНТЮРИЗМ *Авантюра жолына түсу.*

АВАНТЮРИСТ *Авантюра жолына түскен алаяқ адам.*

АВАНТЮРИСТІК *Авантюриске тән қасиет.*

АВИАБАЗА *Авиация бөлімдерін жабдықтайтын орын.*

АВИАБАЙЛАНЫС *Авиация арқылы жасалатын байланыс.*

АВИАБАРЛАУ *Авиациялық барлау.*

АВИАБЕНЗИН *Авиация қажеттілігіне жұмсалатын бензин.*

АВИАБОМБА *Ұшақпен тасталатын бомба.*

АВИАДЕСАНТ *Ұшақпен жеткізілген және түсірілген әскер.*

АВИАЗАУЫТ *Авиация және оған керекті құрал-саймандар жасайтын зауыт.*

АВИАКЛУБ *Авиация мамандарын дайындайтын клуб.*

АВИАМОДЕЛЬ *Ұшақтың болмаса басқа әуе аппараттарының моделі.*

АВИАПОЧТА *Ұшақпен тасылатын пошта.*

АВИАСПОРТ *Әуе спортының жалпылама аты.*

АВИАТЕХНИКУМ *Авиациядан техникалық орта дәрежелі білім беретін оқу орны.*

АВИАТОР *Ұшатын аппаратты басқарушы ұшқыш.*

АВИАТҮСІРУ *Ұшақпен жердің не басқа бір нысанның (объектінің) суретін түсіру ісі.*

АВИАЦИЯ *Әуеқатынас құралы, әуе флоты.*

АВТОАРА *Электр қуатымен өзі кесетін ара.*

АВТОБАЗА *Автомобильдер тұратын және оны жөндеп тасымал жасайтын орын.*

АВТОБЕКЕТ *Адам таситын автомобильдерді сапарға шығаратын орын; автостанция.*

АВТОБУС *Кісі таситын көп орынды автомобиль.*

АВТОВОКЗАЛ *Қалааралық автобустар тоқтайтын орын.*

АВТОГАРАЖ *Автомобильдер тұратын, жөнделетін орын.*

АВТОДРОМ *Автомобильдер сынағын, жарысын өткізуге ыңғайланып жабдықталған орын.*

АВТОДҮКЕН *Автомашинаға орнатылған дүкен.*

АВТОЗАУЫТ *Автомобиль жасап шығаратын зауыт.*

АВТОИНСПЕКТОР *Көліктердің тәртіп жүйесін бақылайтын адам.*

АВТОИНСПЕКЦИЯ *Көліктердің тәртіп жүйесін бақылайтын орын, мекеме.*

АВТОКЛУБ *Автомобильге орнатылған көшпелі клуб.*

АВТОКӨЛІК *Кісі және жүк таситын автомобиль көлігі.*

АВТОКРАН *Ауыр жүкті бір орыннан екінші орынға көтеріп қоятын автомат кран.*

АВТОҚАЛАМ *Толтырылып алынған сиямен жазылатын қалам.*

АВТОЛ *Автомобиль, трактор т. б. двигательдерге жұмсалатын май.*

АВТОМАТ 1. *Ішкі механизм арқылы өздігінен істейтін аппарат.* 2. *Бір қорап оқты бірінен кейін бірін тұтас атуға болатын мылтық.*

АВТОМАТИКА *Шаруашылықтың бір тарауындағы я бір өндірістегі өздігінен істейтін машиналар мен аспаптардың жиынтығы.*

АВТОМАТТАН *Автоматты машиналарды қолдану ісіне көшу.*

АВТОМАТТАНДЫР 1. ***өзг. етіс*** *Автоматтандыр.* 2. *Автоматтану ісіне көшу.*

АВТОМАТ-ТЕЛЕФОН *Кесімді ақы төлеп сөйлесетін телефон.*

АВТОМАТТЫ 1. *Әдеттегі дағды бойынша.* 2. *Машинаның көмегімен.*

АВТОМАТШЫ *Автомат мылтығымен қаруланған жауынгер.*

АВТОМАШИНА *Автомобиль машинасы.*

АВТОМОБИЛЬ *Рельсі жоқ жолдармен жүк тиеп, адам тасуға арналған машина.*

АВТОНОМИЯ *Бір мемлекеттің шеңберіндегі жеке ұлтқа саяси жағынан өзін-өзі билеуі, жеке басқарушылық.*

АВТОНОМИЯЛЫ *Автономия деп танылған, автономиялық.*

АВТОПАРК *Автомобильдер тұратын, жөнделетін орын.*

АВТОПОЙЫЗ *Бір-біріне тіркелген автокөлік.*

АВТОПОРТРЕТ *Суретшінің өзінөзі айнаға қарап салған суреті.*

АВТОР *Белгілі бір шығарманы, еңбекті, жобаны жазған адам.*

АВТОРЕФЕРАТ *Өзі жазған зерттеу жұмысының қысқаша мазмұны туралы реферат.*

АВТОРЛЫҚ *Авторға тиесілі, авторға тән дүние, зат.*

АВТОСУАТ *Малды автоматтық жолмен суаратын науа, астау.*

АВТОТЕЖЕУІШ *Темір жол вагондарында пойызды автоматты түрде тоқтату үшін қолданылатын тетік.*

АВТОТИЕУІШ *Жүкті өздігінен автоматты түрде тиегіш, көтергіш.*

АВТОТРАНСФОРМАТОР *Ауыспалы электр тогының қуатын тежейтін аспап.*

АВТОТҰРАҚ *Автомобиль қоятын арнаулы орын.*

АВТОФУРГОН *Азық-түлікке арналған жабық жүк машинасы.*

АВТОШЕБЕРХАНА *Автомашинаға орнатылған шеберхана.*

АГАТ *Кварц текті қатты асыл тас.*

АГЕНТ 1. *Белгілі бір мекеменің не ұйымның тапсырған тапсырмасын орындаушы адам.* 2. *Жаудың астыртын салып қойған тыңшысы.*

АГЕНТТІК *Бір мекеменің жер-жердегі бөлімшелері және солардың тапсырмаларын орындап отыратын ұйым.*

АГЕНТУРА 1. *Агенттік қызмет, іс.* 2. *Дұшпандық барлау, тіміскілік әрекет.*

АГРАРЛЫ *Ауылшаруашылығы, егіншілік кәсібі басым.*

АГРАРЛЫҚ-ӨНЕРКӘСІПТІК: *аграрлық-өнеркәсіптік бірлестік — мамандандырылған ауылшаруашылығы кәсіпорны мен өнеркәсіптік өңдеу кәсіпорны тобының аумақтық, ұйымдық және технологиялық бірлесу кешені.*

АГРЕГАТ ***тех.*** *Тиімді нәтижеге жету мақсатында әртүрлі машиналарды немесе аппараттарды жүйелеп топтастыру, бір бүтін нәрсе етіп құрастыру.*

АГРЕГАТТЫ *Агрегатталған, агрегат қалпына келтірілген.*

АГРЕССИЯ ***саяси*** *Басқа елдің жерін басып алу үшін әскер күшімен шабуыл жасау; басқыншылық.*

АГРЕССИЯШЫЛ *Басқыншылық әрекетті жақтаушы, агрессивті.*

АГРЕССОР *Агрессия жүргізуші, жаулап алу мақсатымен шабуылдаушы, басқыншы.*

АГРОБИОЛОГИЯ *Биология ғылымының бір саласы; өсімдік және мал шаруашылығы жөніндегі білім.*

АГРОНОМ *Егін шаруашылық маманы.*

АГРОНОМИЯ *Егін шаруашылық ғылымы.*

АГРОТЕХНИКА *Егін шаруашылық дақылдарын жетілдіру техникасының шаралары.*

АГРОФИЗИКА *Өсімдіктердің сыртқы тіршілік жағдайын және олардың тіршілігіндегі физикалық процестерді зерттейтін ғылым.*

АГРОФИЗИКАЛЫҚ *Агрофизикаға тән.*

АГРОХИМИЯ *Өсімдіктердің жақсы өсіп, жетілуі туралы ғылым.*

АГРОХИМИЯЛЫҚ *Агрохимияға тән.*

АҒА 1. *Ағайынды адамдардың жас жағынан үлкені.* 2. *Жасы үлкен ер адам.* 3. *Жетекші, ақылшы, басшы.* 4. *Қызмет дәрежесі жоғары адам.* □ **Ағалар алқасы** — *өндірісте, мекемелерде еңбек ардагерлерінен құралған кеңес.* **Аға буын** — *үлгі-өнеге көрсеткен, тәрбие берген, тәлімгер адам.* **Ағаның алды ақ жайлау** — *ел басқарған, көпті көрген адам кең пейілді болады д.м.* **Аға өлсе, іні мұра *көне*** — *әмеңгерлік жолымен өз жесірін өзгеге бермеу.* **Аға тұтты** — *ага деп сыйлады, құрметтеді.*

АҒАЖАН *Ағаға іземттік білдіру, құрметтеу ниетінде айтылады.*

АҒА-ЖЕҢГЕ *Ағасы мен жеңгесі.*

АҒАЙ ***сып.*** *Өзінен жасы үлкен ер адамға, ұстазға құрмет білдіру ишараты.*

АҒАЙЫН 1. *Бір әкеден жаралған ағалы-інілілер.* 2. *Аталас, туыстас адамдар.* 3. *Іргелес, қоныстас тілегі бір ел.* 4. ***Ауысп.*** *Бір-бірімен сабақтас, өзектес нәрсе.* ◊ **Ағайын ала болды** — *туыстас адамдардың арасына от түсті, жауықты.* **Ағайынның азары болса да безері болмас** — *жақын-жуық адамдар қаншама жауласқанымен, бірін-бірі қимайды.* **Ағайын тұтты** — *іш тартып, жақсы көрді.*

АҒАЙЫНГЕРШІЛІК *Жақын-жуық адамдардың бір-біріне көрсеткен бауырмашылығы, қайырымдылығы.*

АҒАЙЫНДАС I 1. *Аталас, рулас.* 2. ***Ауысп.*** *Бір-біріне байланысты, сабақтас, өзектес.*

АҒАЙЫНДАС II *Жақындасу, туыстасу.*

АҒАЙЫНДАСТЫҚ *Ағайын болғандық, туыстастық.*

АҒАЙЫНДАСТЫР 1. ***өзг. етіс*** *Ағайындастыр.* 2. *Туыс ету, жақындастыру.*

АҒАЙЫНДЫ *Ағалы-інілі, бауырлас, емшектес.* ◊ **Ағайынды қоңыр қаз** — *қатары жарасқан тату адамдар.*

АҒАЙЫН-ЖЕКЖАТ *Сүйек-шатыс, жақын-жуық, ағайын-жұрағат.*

АҒАЙЫН-ЖҰРАҒАТ *Ілік-шатыс, тамыр-таныс.*

АҒАЙЫНСЫ *Ағайын болғансу, ағайын болып көріну.*

АҒАЙЫНСЫМАҚ *Ағайын-туған болып көрінушілік.*

АҒАЙЫН-ТУҒАН *Ет жақын бауырлас адамдар.*

АҒАЙЫН-ТУҒАНДЫҚ *Бауырластық, туыстық.*

АҒАЙЫНШЫЛ *Туысқаншыл, қаншыл.*

АҒАЙЫНШЫЛЫҚ *Біреуге-біреу жанашырлық жасау, қарасу, жәрдемдесу.*

АҒАЛА 1. *Аға, аға деп, жасы үлкен ер адамды құрметтеу.* 2. *Жалыну, жалбарыну.*

АҒАЛА: ағалап шығу — *суырылып алға кету, озып шығу.*

АҒАЛ-ЖАҒАЛ *Ағал-сағал, сағал-сағал, ала-құла.*

АҒАЛ-САҒАЛ *Кір-қожалақ.*

АҒАЛЫҚ 1. *Жасы үлкен ағаға тән қасиет, үлкендік.* 2. *Қамқорлық, қорған болғандық.* ◊ **Ағалық ақыл [кеңес, сөз]** — *жанашырлық сөз, үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие.*

АҒАЛЫ-ҚАРЫНДАСТАЙ *Туыс адамдардай тату-тәтті.*

АҒАЛЫ-ҚАРЫНДАСТЫ *Ағасы мен қарындасы екеуі.*

АҒАЛЫ-ІНІЛІ *Ағасы мен інісі, екеуі де.*

АҒАР 1. *Ақ түске айналу, бозғылттану.* 2. *Бозарып таң ату, жарық түсу.* 3. ***Ауысп.*** *Көңілден кірбің кету, тазару.* 4. *Ақталу, айыптан тазару.* 5. ***Ауысп.*** *Бақытқа бөлену, гүлдену.*

АҒАРАҢ: ағараң етті — *жалт етіп көзге шалынды.* **Ағараң тартты** — *ақшылданып көрінді, бозарды.*

АҒАРАҢ-АҒАРАҢ: ағараң-ағараң етті — *ағараңдап көрінді, көзге түсті.*

АҒАРАҢДА 1. *Ақ түсті заттың көзге шалынып көрінуі.* 2. *Таң бозарып көріне бастау, қылаңдап ату.*

АҒАРҒАН 1. *Сүттен жасалған тағам.* 2. *Еттің майы.*

АҒАРТ 1. ***өзг. етіс*** *Ағарт.* 2. *Үйдің іші-сыртын әктеу, майлау.*

АҒАРТҚЫ I *Құмісті жалтырату үшін ашудасқа су қосып дайындалған зат.*

АҒАРТҚЫ II *Олифа, май т. б. байланыстырғыш ақ бояу құрайтын зат; пигмент.*

АҒАРТЫҚ *қ.* *Ақжем.*

АҒАРТУ *Білім беру, оқыту, тәрбиелеу ісі.*

АҒАРТУШЫ *Білім беріп, оқу-ағарту ісімен шұғылданушы адам.*

АҒАРТУШЫЛЫҚ *Оқу-ағарту ісімен шұғылданушылық.*

АҒАРЫҢҚЫ *Ақшыл, ақшылдау.*

АҒАСҰЛТАН ***тар.*** *XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ даласында аумақтық округті басқарған әкім.*

АҒАСЫЗ 1. *Ағасы болмаған, ағасы жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Қорғаны жоқ, панасыз.*

АҒАТ *Жаңсақ, жаңылыс, теріс.* ◊ **Ағат кетті** — *жаза басты, жаңсақ кетті.*

АҒАТАЙ ***сып.*** *Жасы үлкен ер адамға жалынып-жалбарыну, өтіну, сұрау ниеті.*

АҒАТАЙЛА 1. *Ағатай, ағатай деп айту; ізет көрсету.* 2. *Біреуге жалыну, жалбарыну, тілену.*

АҒАТТАУ *Ерсілеу, әбестеу.*

АҒАТТЫҚ *Әбестік, жаңсақтық.*

АҒАШ 1. *Бұтақты, жапырақты, қатты түбірлі көпжылдық өсімдік; жалпы ағаш атаулы.* 2. *Тұрмыс қажетін өтеу үшін кесіліп, қиылып алынған ағаш кесінділері; құрылыс материалы.* □ **Ағаш шебері [ұстасы]** — *ағаштан үй салып, түрлі бұйымдар жасайтын адам.*

АҒАШАТ ***этн.*** *Қайтыс болған адамның мәйітін салып көтеретін ағаш.* ◊ **Ағашатқа [ағашаттың басына] мінгізді** — *біреуді сыртынан гайбат сөз айтып жамандады, өсек-аяңға іліктірді.* **Ағаш мінез** — *тоңмойын, бірбет адам.* **Ағаштан бал, шөптен сүт ағылды** — *ағыл-тегіл молшылық.* **Ағаштан түйін [түйме] түйеді** — *он саусағынан өнері төгілген, асқан шебер.*

АҒАШТАЙ *Икемсіз, қоқиып қалған; қап-қатты.*

АҒАШТАН *Ағаш сияқты қатты денеге айналу, сояулану.*

АҒАШТЫ *Ағашы көп.*

АҒАШШЫ *Ағаш шебері, ағаш ұстасы.*

АҒЕКЕ ***сып.*** *Жасы үлкен ер адамды сыйлау, құрметтеу ретінде айтылатын ишарат сөз.*

АҒЗА *Дене мүшесі.*

АҒЗАМ ***көне*** *Аса мәртебелі, ұлы.*

АҒЫЗ 1. *Сұйық затты белгілі бір бағытпен жылжыту.* 2. *Құйылу, төгілу, сорғалау.* 3. *Судың екпінімен затты бір жаққа алып кетуі.* 4. *Көлікті, машинаны қатты жүргізу, ызғыту, зымырату, құйғыту.* 5. ***Ауысп.*** *Құйқылжыту, төгілту, нөсерлету.*

АҒЫЗЫП-ТАМЫЗ *Шашып-төгу, былғау.*

АҒЫЛ 1. *Төгілу, сорғалау, құйылу, сауылдау.* 2. *Ерсілі-қарсылы шұбыру, жөңкілу.*

АҒЫЛ-ТЕГІЛ 1. *Көл-көсір, орасан көп.* 2. *Бода-бода, жоса-жоса.*

АҒЫЛШЫН *Ұлыбританияның негізгі тұрғын халқы.*

АҒЫЛЫС *Ерсілі-қарсылы жүріс-тұрыс.*

АҒЫМ *Бағыт-бағдар, жалпы беталыс.*

АҒЫМДАҒЫ *Күнбе-күнгі, кезектегі.*

АҒЫН I 1. *Судың жылжып ағу қарқыны, ағыс.* 2. *Бір заттың бойындағы күштің екпіні, қарқыны.* □ **Ағын су** — *бір қалыпта ағып жататын су.* ◊ **Ағын судай екпіндеді** — *алып ұшты, лепірді.*

АҒЫН II ***көне*** *Жалыну, жалбарыну, өтіну.*

АҒЫНДА *Бар пәрменімен алып ұшу, екпіндеу, қарқындау.*

АҒЫНДЫ 1. *Ағыны күшті ағысты.* 2. *Тегеурінді, екпінді.*

АҒЫС I 1. *Су ағыны.* 2. ***Ауысп.*** *Бағыт, беталыс.*

АҒЫС II ***көне*** *Садақты оқыс ату.*

АҒЫСТЫ *Ағысы күшті, тынымсыз ағып жатқан.*

АҒЫТ 1. *Босату, шешу.* 2. ***Ауысп.*** *Ағылту, аңырату.*

АҒЫТПАЛЫ *Ағытып қоятын.*

АҒЫТУЛЫ *Ағытылған, ағытылып қойылған.*

АҒЫТЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Ағыт-ыл.* 2. *Ерсілі-қарсылы жөңкілу, шұбыру.*

АДА *Құралақан, жұрдай.* ◊ **Ада болды [етті, қылды]** — *таусылды, түгесілді.*

АДА-ГҮДЕ *Біржола, мүлде, бүтіндей.*

АДАҚТА 1. *Аралау, кезу.* 2. *Тіміскілеу, тінту.* 3. *Оқшаулану, даралану.*

АДАЛ 1. *Пайдалануға, ішіп-жемге жарамды, бағалы, пайдалы.* 2. *Шын берілген, сенімді.* 3. *Кіршіксіз, мінсіз, қалтқысыз.* 4. *Турасы, шыны, ақиқаты, әділі.* ◊ **Адалға түгі [қарасы] жоқ** — *тақыр кедей, асқа да, малға да жарымаған.* **Адалдан жиған мал [дүние]** — *еңбекпен табылған байлық.* **Адалын алдарына салды** — *барын аузына тосты, сыйлап күтті.* **Адалынан жолықтыр** *(тілек)* — *жібі түзу адамға кездестір, бақытты қыл деген тілек.*

АДАЛА *Ада ету, бітіру.*

АДАЛБАҚАН *Киім ілетін ашалы қада ағаш.*

АДАЛДА *Адал еңбекпен ақтап алу.*

АДАЛДЫҚ *Адам бойындағы таза ниет, имандылық қасиет.*

АДАЛСЫ *Өзін адал етіп көрсету.*

АДАЛЫНАН *Мейірімді, шапағатты етіп.*

АДАЛЫРАҚ *Адалдау, адалдық қасиеті күштірек.*

АДАМ 1. *Ойлау, сөйлеу қабілеті бар, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білетін, саналы қоғам мүшесі.* 2. *Көпшілік қауым, жұрт, халық.* ◊ **Адам айтқысыз** — *керемет, гажап, айтып болмайтын.* **Адам алатын бура** — *кісіге шабатын бура.* **Адам баласы** — *бүкіл адамзат, адам атаулы.* **Адам баспас жер** — *көз көріп, құлақ естімес қашық жер.* **Адам болды** — а) *ер жетті, адам қатарына қосылды;* ә) *өз қолы өз аузына жетті, санатқа ілікті.* **Адам болмайды** — *ауру дендеп, өлім халіне жеткен.* **Адам біткен** — *жалпы адам атаулы, күллі халық.* **Адам етті [қылды]** — *ел қатарына қосты, тәлім-тәрбие берді.* **Адам көргісіз [қарағысыз]** — *бетіне кісі қарағысыз, ұсқынсыз.* **Адамның басы алланың добы *діни*** — *адам тағдырдың жетегінде; өзінде билік жоқ д. м.* **Адам сауды** — *біреуді олжалады, арбап-алдады.* **Адам төзгісіз** — *шектен шыққан, шыдап болмайтын.*

АДАМАТА *Ислам дінінің аңызы бойынша Алла жаратқан, ең алғашқы кісі, адамзаттың атасы.*

АДАМГЕРШІЛІК *Қоғамдық талапқа сай ізгілікті, инабаттылықты білдіретін моральдық ұғым.* □ **Адамгершілік тәрбиесі** — *ізгілікке, инабаттылыққа баулудың жолы.*

АДАМДЫҚ 1. *Адамға тән ізгі қасиет.* 2. *Адамшыл, адамгершіл. Адамға арналған.*

АДАМЗАТ *Бүкіл адам баласы.*

АДАМЗАТТЫҚ *Адамзатқа тән.*

АДАМИ *Адамға тән, адамға қатысты.*

АДАМ-КҮН *Жұмыс күнін есептеуде қолданылатын өлшем.*

АДАМСЫ *Кісімсу, бәлсіну, паңсыну.*

АДАМСЫМАҚ ***экспр.*** *Адам деген аты бар.*

АДАМША *Адам сияқтанып, адам болып.*

АДАМШЫЛ *Жаны ашығыш, қамқоршы.*

АДАМШЫЛЫҚ *Адам бойындағы ізгі қасиет, адамгершілік.*

АДАРҒЫ *қәс. Өрмек жіптерін бөліп тұратын және оларды аударыстырып отыратын екі жақ шеті қырландыра жонылған тақтай.*

АДАС 1. *Жол таба алмай сенделу.* 2. ***Ауысп.*** *Теріс бағытқа түсу, қателесу, шатысу.* ◊ **Адасқан қаздай** — *безек қақты, жалғызсырады.*

АДАСҚЫШ *Қателескіш, шатасқыш.*

АДАСУШЫЛЫҚ *Қателесушілік, теріс жолға түсушілік.*

АДАУ *Былтырғыдан қалған пішен, шабылған шөп.*

АДВОКАТ ***заң*** 1. *Сот ісі бойынша сенім берілген қорғаушы.* 2. *Біреудің сөзін сөйлеуші, жоғын жоқтаушы адам.*

АДВОКАТТЫҚ *Адвокатқа тән іс, қызмет.*

АДВОКАТУРА ***заң*** 1. *Адвокаттық іс.* 2. *Адвокаттар тобы.*

АДЖАР *Аджар автономиялы республикасының негізгі тұрғын халқы.*

АДМИРАЛ *Теңіз флотындағы ең жоғары шен.*

АДМИРАЛТЕЙСТВО 1. *Теңіз флоты істерін жүргізіп отыратын мекеме.* 2. *Соғыс кемелері тұратын, оларға жөндеу жүргізетін орын.*

АДРЕС 1. *Тұратын жер мен тұрған орынның аты, мекенжай.* 2. *Хат пен посылканың сыртындағы алушының тұратын жері, аты-жөні көрсетілген жазу.* 3. *Мүшел тойға арналған жазбаша құттықтау хат.* □ **Мекенжай үстелі** — *қалада тұратындардың мекенжайын анықтап беретін мекеме орны.*

АДРЕСАНТ *Пошта арқылы хат, сәлемдеме т. б. жіберген адам.*

АДРЕСАТ *Пошта арқылы жіберілген затты алатын адам.*

АДУЫН *Ешкімді бетіне қаратпайтын өрмінезді, өркөкірек.*

АДУЫНДА *Өршелену, өрекпу.*

АДУЫНДЫ *Азулы, өжет, өткір.*

АДУЫНДЫЛАУ *Азулылау, өрмінезділеу.*

АДУЫНДЫҚ *Өрмінезділік, өркөкіректік.*

АДЫГЕЙ *Адыгей автономиялық облысының негізгі тұрғын халқы.*

АДЫМ 1. *Жүру кезіндегі екі аяқтың аралығы, қадам.* 2. *Іс-әрекет, талпыныс.* ◊ **Адымын аштырмады** — *басып озды, асып түсті.*

АДЫМДА 1. *Аяқты көсілте кең басу.* 2. *Күшті қарқынмен ілгері басу, қарыштау.*

АДЫМДАҒЫШ: адымдағыш экскаватор — *арнаулы механизм көмегімен өзі жүретін экскаватор.*

АДЫМДЫ *Адымы кең, адымы ұзын.*

АДЫҢ-КҮДІҢ *Арсы-күрсі.*

АДЫР 1. *Бір-біріне ұласып, тұтасып жатқан белесті дөңес жер.* 2. ***Ауысп.*** *Тұрпайы, дөрекі.*

АДЫРА: адыра қал — *құру, жоғал.*

АДЫРАЙ 1. *Көзді бадырайтып, ашулы пішінмен қарау.* 2. *Дараланып көзге көрініу, баттиып шығып тұру.*

АДЫРАҚПАЙ ***қарап.*** *Әнербақан, ұрда-жық.*

АДЫРАҚТАУ *Бадыраңтау, бадыраңдау.*

АДЫРАҢ: адыраң-адыраң етті — *қоқаңдап күш көрсетті, адыраңдады.*

АДЫРАҢБАЙ ***қарап.*** *Адыраңдап қалған, мазасыз, тынышсыз адам.*

АДЫРАҢДА *Одыраңдап ерсі мінез көрсету.*

АДЫРАСПАН ***бот.*** *Ыстық жақта өсетін, өткір иісті дәрілік шөп.*

АДЫР-БҰДЫР *Ойлы-қырлы, кедір-бұдыр.*

АДЫРЛАУ 1. *Кедір-бұдырлы, ойқышойқы.* 2. ***Ауысп.*** *Дөрекілеу, тұрпайылау.*

АДЫРЛЫ *Адыр-адыр, адыры көп.*

АДЫРЛЫ-БҰДЫРЛЫ *Кедір-бұдыры көп, ойлы-қырлы.*

АДЫРЛЫҚ 1. *Адыр болғандық.* 2. ***Ауысп.*** *Теріс мінезділік, ожарлық.*

АДЫРНА I ***көне*** *Қазақтың сыбызғы тәрізді көне үрмелі саз аспабы; керуіш.*

АДЫРНА II *Садақтың керме қайысы.*

АДЪЮТАНТ *Жоғарғы әскери бастықтардың қызмет бабындағы тапсырмаларын орындауға тағайындалған офицер.*

АЖА ***көне*** *Үй іші, ауыл-аймақтағы бас көтерер ақылшы адам.*

АЖАЛ *Өлім, қаза.* ◊ **Ажал айдады [түртті]** — *өлімге бастады, басына күн туды.* **Ажал аузында** — *өлім халінде, әл үстінде.* **Ажалға қарсы шапты** — *ашынды, қарсыласты.*

АЖАЛДЫ *Ажалы жеткен.*

АЖАЛСЫЗ *Ажалы жетпеген, оққағары бар.*

АЖАР *Бет-пішін, кескін-келбет, түр-түрпат.* ◊ **Ажар берді** — *өңін кіргізді, жайнатты.* **Ажар білдірді [таныттты]** — *сыңай білдірді.* **Ажары кірді** — *бетіне қан жүгірді, көңілденді.* **Ажарын сатты** — *беделін салды.* **Ажары сынық** — *өңі жүдеу тартқан, көңілсіз.*

АЖАРЛА 1. *Бір нәрсенің бетін тегістеу.* 2. ***Ауысп.*** *Өңін кіргізу, сәнін келтіру.*

АЖАРЛАН 1. ***өзд. етіс*** *Ажарлан.* 2. *Құлпыру, түрлену, жайнау.*

АЖАРЛЫ *Көрікті, әдемі, келбетті.*

АЖАРЛЫЛЫҚ *Келісті, келбетті болушылық.*

АЖАРСЫЗ *Сүреңсіз, сұрықсыз.*

АЖАРСЫЗДАН *Сұрғылт тарту, сүреңсіздену.*

АЖУА *Астарлай сөйлеп кекету; келемеж, мысқыл.* ◊ **Ажуа етті [қылды]** — *мазақ етті, келемеждеді.*

АЖУАЛА *Келемеждеу, мазақтау, мысқылдау.*

АЖУАШЫЛ *Мысқылшыл, әзілқой.*

АЖЫРА 1. *Бөліну, бөлектену, айырылу.* 2. *Алыстау, қол үзу.*

АЖЫРАҒЫСЫЗ *Бөлуге болмайтын, біртұтас.*

АЖЫРАЙ *Ашулы көзбен қарау, адыраю.*

АЖЫРАҢ-АЖЫРАҢ: Ажыраң-ажыраң етті — *ежіреңдеп күш көрсетті.*

АЖЫРАҢДА *Еліру, есіру, ақылану.*

АЖЫРАС 1. ***орт. етіс*** *Ажыра-с.* 2. *Неке бұзу, айырылысу.*

АЖЫРАСТЫР ***өзг. етіс*** *Ажырастыр.*

АЖЫРАТ 1. *Бөліп жіберу, бір-бірінен айыру.* 2. *Бөліп алу, жіктеу.* 3. *Талдау, саралау.* 4. *Босату, аршу.* 5. *Анықтау, айқындау.* 6. *Құтқару, арашалап алу.*

АЖЫРАТҚЫ *Токты ажырататын темік.*

АЖЫРҒЫ 1. *Жауыр болған жылқының мойнына кигізетін ағаштан істелген кескек.* 2. ***көне*** *Жазаланған адамның мойнына кигізетін ауыр тақтай.*

АЖЫРЫҚ ***бот.*** *Ойпаң жерде өсетін көпжылдық өсімдік.*

АЖЫРЫМДЫ *Ажыратуға болатын.*

АЗ I *Азғантай, шағын.* ◊ **Аз да болса** — *сәл ғана.* **Аздан соң [кейін]** — *көп ұзамай, кешікпей.*

АЗ I 1. *Жақсы қасиеттен айырылу.* 2. *Жүдеп-жадау, азып-тозу.* 3. ***Ауысп.*** *Сөзге еріп, жолдан тау, бұзылу.*

АЗА 1. *Өлім-жітімге байланысты қайғы-қасірет, мұң-шер.* 2. *Кісі өлген үйге туған-туыс, жекжат-жұрағаттарының малдай не заттай, ақшадай алып баратын көмегі.* ◊ **Аза бойы қаза болды [тұрды]** — *азар да безер болды, шошынды, түршікті.*

АЗАГЕР *Азаға келген адам.*

АЗАҒҰЛ ***жаңа.*** *Өлген адамға қойылатын ғұл.*

АЗ-АЗ *Азғантай, сәл-пәл.*

АЗ-АЗДАН *Шақтап, шамалап, азғантайдан.*

АЗ-АЗДАН *Біртіндеп, шамамен.*

АЗАЙ *Саны кему, шағындала түсу.*

АЗАЙҒЫШ ***мат.*** *Азайтылатын сан.*

АЗАЛА *Аза тұту, қайғыру, қамығу.*

АЗАЛЫ *Мұңлы-шерлі, қайғылы.*

АЗАМАТ 1. *Белгілі бір мемлекеттің тең құқықты адамы.* 2. *Кәмелетке толып, ер жеткен адам; жігіт.* 3. *Кісілігі бар парасатты адам.* □ **Азамат соғысы** — *бір елдің өз ішіндегі соғыс.* ◊

Азамат болды — *ержетті, санатқа қосылды.*

АЗАМАТТЫҚ 1. *Белгілі бір мемлекеттің азаматы болғандық.* 2. *Адамгершілік, кісілік, жігіттік.*

АЗАМАТША I *Әйел адам, әйел кісі.*

АЗАМАТША II *Ер азаматқа ұқсап, ерлерше.*

АЗАН ***діни*** 1. *Намазға шақыру алдындағы ерекше мақаммен дауыстау рәсімі; намаздың кіріспе бөлімі.* 2. *Таңертеңгі азан шақыратын мезгіл.* ◊ **Азан айтты [салды, шақырды]** — *намаз алдында дауыстап дұға оқыды.* **Азан шақырып қойған ат** — *ең алғаш қойылған есім; шын аты.*

АЗАНҒЫ *Таңертеңгі, таңғы.*

АЗАНДА I *Таңертең ерте, ертемен.*

АЗАНДА II *Азан айтқандай дауыстау, айқайлау.*

АЗАН-ҚАЗАН *У-шу, айқай-ұйқай.*

АЗАНШЫ ***діни*** *Азан шақырушы.*

АЗАНШЫЛЫҚ *Азан айтушылық; азан шақыратын қызмет.*

АЗАП *Бейнет, мехнат, қиыншылық.* ◊ **Азапқа қалды [түсті]** — *азап көрді, бейнет шекті.* **Азапқа салды** — *жанын қинады, азаптады.* **Азап тартты [шекті, көрді]** — *көресесін көрді, айықпас пәлеге қалды.*

АЗАПСЫН *Азап көру, азап деп санау.*

АЗАПСЫНУ ***қ. атау.*** *Азапсын-у.*

АЗАПТА *Азапқа салу, қинау.*

АЗАПТЫ *Азабы көп, қиыншылығы мол.*

АЗАР I *Қорлық, азап, зорлық-зомбылық.* ◊ **Азар болса** — *көп болса, мықтағанда.*

АЗАР II *Әрең, зорға, өліп-талып.* ◊ **Азар дегенде** — *зордан, қинала-қинала.*

АЗАР ДА-БЕЗЕР: азар да-безер болды — *ант-су ішіп, қашты, жоламады.*

АЗАТ *Өз еркі өзінде, ерікті.* □ **Азат бас** ***этн.*** — *керегенің артық түрған сыңар басы.* **Азат жол** — *жаңа жол, жаңа жолдан бастап жазу.* **Азат етті** — *босатты, құтқарды.*

АЗАТКЕР *Ел басына төнген қауіп-қатерден, басқыншылықтан құтқарушы, азат етуші адам немесе халық.*

АЗАТКЕРЛІК *Азат етушілік.*

АЗАТТА *Азат ету, құтқару.*

АЗАТТЫҚ *Бостандық, еркіндік, теңдік.*

АЗАТШЫЛ *Бостандық сүйгіш.*

АЗАТШЫЛЫҚ *Бостаншылық, еркіншілдік.*

АЗБАН *Бұрын үйірге, күйекке, келеге түсіп, кейіннен кестірілген еркек мал.*

АЗБАР *Бордақыланатын мал тұратын шағын қора.*

АЗБЕНІШ ***жерг.*** *Талшық, нәпақа.*

АЗБЫНША *Аз ғана, азғантай.*

АЗ ҒАНА *Азғантай, шағын.*

АЗҒАНТАЙ *Аз ғана, көп емес.*

АЗҒЫН 1. *Жақсы сападан жаман сапаға ауысқан, азып-тозған (нәсіл).* 2. *Елге, жолдас-жорағa опасыздық жасаған, сатқын (адам).*

АЗҒЫНДА 1. *Азып-тозу, жүдеп-жадау.* 2. *Адамшылықтан кету, жолдан таю.*

АЗҒЫНДАУ *Құлдилау, кері кету, азу.*

АЗҒЫНДЫҚ *Теріс жолға түсіп, бұзылғандық.*

АЗҒЫР *Сөз айтып үгіттеп, жолдан тайдыру, айныту.*

АЗҒЫРҒЫШ *Әзәзіл, айнытқыш.*

АЗҒЫРЫНДЫ *Екіжүзділікпен айтылған, айнытқыш.*

АЗҒЫШ *Аза беретін, азуға бейім.*

АЗДАҒАН *Ептеген, біраз.*

АЗДАП *Аздаған, ептеген.*

АЗДАУ *Шамалы, шағын, азырақ.*

АЗДЫ-КЕМ *Азды-көпті, азын-аулақ.*

АЗДЫ-КӨПТІ *Азды-кем, біраз.*

АЗДЫҚ *Кемдік, жетімсіздік.*

АЗДЫРҒЫШ *Аздырушы, айнытушы.*

АЗИМУТ 1. *Меридиан жазықтығы мен белгілі бір жақтың тік жазықтығының бұрышы.* 2. ***әск.*** *Жүріс бетасысы мен терістік бағыт арасындағы бұрыш.*

АЗ-КЕМ *Аз-маз, шамалы.*

АЗ-МАЗ *Аз-кем, шамалы, сәл.*

АЗ-МАЗДАП *Там-тұмдап, біреңсаран.*

АЗОТ ***хим.*** *Ауа құрамындағы түссіз, иіссіз газ; химиялық элемент.*

АЗОТТЫ *Азоты бар, азот араласқан.*

АЗСЫН *Місе тұтпау, азырқану, қомсыну.*

АЗУ *Тұпкі жалпақ тіс.* ◊ **Азу тісі пышақтай [балтадай]** — *өткір, қиып түсетін.* **Азуы алты [кере] қарыс** — *айбынды, азулы, озбыр.* **Азуын айға біледі [қайрады]** — *қаһар тікті; өшікті.*

АЗУЛА *Азуға салып шайнау, тістелеу.*

АЗУЛЫ 1. *Мықты, күшті.* 2. ***Ауысп.*** *Бет қаратпайтын өткір, өжет; озбыр.*

АЗУЛЫЛАУ *Азуы күштірек; қаһарлы.*

АЗУЛЫЛЫҚ *Мықтылық, күштілік, өткірлік.*

АЗУЛЫРАҚ *Азулылау, мықтылау.*

АЗУСЫЗ 1. *Азуы жоқ, азуы түскен.* 2. ***Ауысп.*** *Дәрменсіз, әлсіз.*

АЗШЫЛЫҚ *Аз болушылық, жетімсіздік.*

АЗЫҚ 1. *Тамақ, ас, дәм.* 2. *Малдың қорегі, жемшөп.*

АЗЫҚТАН 1. *Тамақ ішу, тамақтану.* 2. *Қоректену, нәр алу.*

АЗЫҚ-ТҮЛІК *Ішіп-жейтін тамақ өнімдері.* □ **Азық-түлік бағдарламасы** — *халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің шаралары мен міндеттері.*

АЗЫҚТЫҚ *Азық боларлық, азық етерлік.*

АЗЫҚХАНА *Азық сақталатын қойма.*

АЗЫНА 1. *Боран мен желдің гүілдеп соғуы.* 2. *Арқырап, гүрілдеп кісінеу.* 3. *Дауыс шығарып жылау.* 4. *Күннің, үйдің суып кетуі.*

АЗЫН-АУЛАҚ *Аздаған, шамалы.*

АЗЫНАУЫҚ 1. *Үілдеп соғып тұратын, тынымсыз (жел).* 2. *Азынап, кісінеп беретін (айғыр).*

АЗЫП-ТОЗ 1. *Жүдеп-жадау, арып-ашу.* 2. *Тозу, ескіру.*

АЗЫП-ТОЗУШЫЛЫҚ *Арып-азушылық, жүдеп-жадаушылық.*

АЗЫРАҚ *Аз ғана, аздау, шамалы.*

АЗЫРҚАНУ ***қ. атау.*** *Азырқан-у.*

АЙ I 1. *Жердің табиғи серігі; түнде жерге жарық сәуле түсіріп тұратын аспан денесі.* 2. *Жылдың он екіден бір бөлігін көрсететін уақыт өлшемі; отыз күндік мерзім.* □ **Ай қораланды** — *айдың беті мұнартып, төңірегі шеңберленді.* □ **Айға шапты** — *қолынан келмеске ұмтылды.* **Айда аяқ, жылда жілік жоқ** — *ай мен жыл бөлініп жарылмай, білінбей өте береді.* д. м. **Айдан [айдай] анық** — *бесенеден белгілі, ап-айқын.* **Ай десе аузы бар [жоқ], күн десе көзі бар [жоқ]** — *асқан сұлу, өте көрікті.* **Айды аспанға [бір] шығарды *мысқ.*** — *бір іс істеп, жұртты таң қалдырды, атын шығарды.* **Айдың аманында** — *ел аман, жұрт тыныштa.* **Ай жүзді** — *сұлу, көркем (әйел).* **Ай қабақ** — *көркем қыз, сұлу әйел.* **Ай қарадың ба?** — *не бітірдің? (не істедің? д. м.)* **Ай маңдай [лы]** — *әдемі, көркем.* **Ай мен күндей** — *асқан сұлу көркем, әдемі.* **Ай мүйіз[ді] *фольк.*** — *сәнді, көркем мүйізі бар.* **Айы жеткен айында, күні жеткен күнінде** — *әр нәрсенің өз уақыты бар.* **Айы жетті** — *босанатын кезі болды, уақыты таянды.* **Айы оңынан туды** — *жолы болды, сәті түсті.* **Айы өтті** — *зәру болды, ділгірлік етті.*

АЙ II *Сес көрсеткендікті, өкінгендікті, күйініш-сүйіністі білдіретін одағай сөз.* ◊ **Ай [әй] дейтін ажа [әже], қой дейтін қожа жоқ** — *бетімен кеткен, бассыздыққа салынған.*

АЙ III *Сөздің мәнін күшейтетін демеулік шылау.*

АЙБАҚ-САЙБАҚ *Қиқы-жиқы, кедір-бұдыр.*

АЙБАҚТАТ *Қиқы-жиқы қылып жазу.*

АЙБАЛДЫРҒАН ***бот.*** *Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын құрай тәрізді көпжылдық өсімдік.*

АЙБАЛТА ***көне*** *Ұзын сапты жарты ай бейнесіндегі кішірек балта.*

АЙБАЛТАЛЫ *Айбалта ұстаған.*

АЙБАЛТАШЫ ***көне*** *Айбалтамен соғысуға шебер адам.*

АЙБАЛЫҚ *Теңіз суларында болатын ірі балықтың бір түрі.*

АЙБАН ***жерг.*** *Аяққиім шешу үшін үйдің алдына жапсыра салынған шағын орын; веранда.*

АЙБАР *Айбат, айбын, қаһар.* ◊ **Айбар шекті [шашты, көрсетті, қылды]** — *сұс көрсетті, қорқытты.*

АЙБАРЛАН *Айбат көрсету, қаһарлану.*

АЙБАРЛАНУ ***қ. атау.*** *Айбарлан-у.*

АЙБАРЛЫ *Қаһарлы, сұсты, айбынды.*

АЙБАРЛЫҚ *қ. Айбарлылық.*

АЙБАРЛЫЛЫҚ *Айбаттылық, айбындылық.*

АЙБАТ *Айбар, айбын.* ◊ **Айбат шекті [жасады, көрсетті]** — *сұс қылды, қаһар танытты.*

АЙБАТМИЯ *Бұршақ тұқымдас көпжылдық өсімдік.*

АЙБАТТАН *Айбат шегу, қаһар төгу.*

АЙБАТТЫ *Қаһарлы, сұсты.*

АЙБАТТЫЛЫҚ *Жігерлілік, қайраттылық.*

АЙБАТТЫРАҚ *Айбындылау, айбарлырақ*

АЙБҮРКЕНШІК *Алғаш түскен келінге сәукеле сыртынан жабатын жамылғы.*

АЙБЫН I *Айбар, айбат.* ◊ **Айбынынан ай жасырынған** — *қаһарлы, сұсты, зәрлі.*

АЙБЫН II *Қаймығу, имену, қорқу.*

АЙБЫҢДЫ *Айбатты, қаһарлы.*

АЙБЫНДЫЛАУ *Айбыны күштірек, қаһарлырақ.*

АЙБЫНДЫЛЫҚ *Айбаттылық, қаһарлылық.*

АЙБЫНДЫРАҚ *Айбындылау, айбаттырақ.*

АЙБЫНСЫЗ *Ынжық, жігерсіз, бос.*

АЙВА *Раушангүлділер тұқымдасына жататын жеміс ағашы.*

АЙГӨЛЕК *Қазақтың ұлттық ойыны.*

АЙГӨЛЕКТЕН *Дөңгелену, шеңбер жасау.*

АЙГҮЛ *Жабайы өсетін гүл.*

АЙҒАЙ *Күшпен қатты шыққан дауыс, үн.* ◊ **Айғай салды** — *айғайлады, дауыстады.*

АЙҒАЙЛА *Дауыстап қатты үн шығару, айқай салу.*

АЙҒАЙЛАҒЫШ *Айғай салғыш.*

АЙҒАЙЛАП-ҰЙҒАЙЛАП *Улап-шулап, дабырлап.*

АЙҒАЙЛЫ *Улы-шулы, дуылдаған, шуылдаған.*

АЙҒАЙ-СҮРЕН *Айғайлаған, аттандаған дауыс, у-шу.*

АЙҒАЙСЫЗ *У-шусыз, айқай-ұйғайсыз.*

АЙҒАЙ-ҰЙҒАЙ *Айғайласқан қатты дауыс, шулаған үн.*

АЙҒАЙ-ШУ *Даң-дуң, шаң-шұң.*

АЙҒАЙ-ШУСЫЗ *Усыз-шусыз, айғайсыз; ұрыс-керіссіз.*

АЙҒАЙШЫ 1. *Айғайлаған адам, айғайлайтын адам.* 2. ***Ауысп.*** *Ұйытқы, ұйымдастырушы, басшы.*

АЙҒАҚ *Дәлел, куә.*

АЙҒАҚКЕР *Куәгерлік жасаушы кісі.*

АЙҒАҚТА *Дәлелдеу, анықтау.*

АЙҒАҚТАЛ ***өзг. етіс*** *Айғақтал.*

АЙҒАҚТАМА *Бұлтартпайтын нақтылы дәлел.*

АЙҒАҚТЫ *Дәлелді, ақиқатты.*

АЙҒҰЛАҚ *Ұлудың қабыршағы.*

АЙҒЫЗ *Денеге, затқа түскен жөнжосықсыз сызық.*

АЙҒЫЗ-АЙҒЫЗ *Тілім-тілім; шимай-шимай.*

АЙҒЫЗДА *Айғыз-айғыз жол салу, шимайлау.*

АЙҒЫЗ-ҰЙҒЫЗ *Ерсілі-қарсылы, жөн-жосықсыз.*

АЙҒЫР *Үйірге түсетін піштірілмеген еркек жылқы.* ◊ **Айғырдан шықты** — *ұрықтанды.* **Айғыр жал** —

айғырдың жалындай күжірейген. **Айғыр үйірге түсті** — *айғыр үйір алды, айғырды үйірге салды.* **Айғыр шапты** — *айғыр биеге жанасты.*

АЙҒЫРДАЙ *Үлкен, дәу.*

АЙҒЫРЛЫҚ *Айғырға тән қылық, әрекет.* ◊ **Айғырлық жасады [қылды]** — *айғырға тән іс істеді, үйір алды.*

АЙҒЫРСЫМАҚ *Айғырдың нақ өзі емес, соған ұқсас.*

АЙДА I 1. *Малды алдына салып белгілі бір жаққа бұру, бағыттау.* 2. *Көлікті, техниканы адамның ырқына көндіріп жүргізу.* 3. *Бас еркінен айырып жазалау.* 4. *Қуу, ыдырату.* ◊ **Айдап өргізіп, иіріп жусатты** — *жүртты аузына қаратты, билеп-төстеді.* **Айдап салды** — *біреуге біреуді өшіктірді, жауластырды.* **Айдап шықты** — *қуып жіберді, маңына жолатпады.*

АЙДА II *Жер жыртып, егін егу.*

АЙДА III ***сөйл.*** *Жарайды, құп.*

АЙДАЙ *Ай сияқты; сұлу, әдемі, көркем.* ◊ **Айдай анық [айқын]** — *бесенеден белгілі, соқырға таяқ ұстатқандай.* **Айдай ашық** — *жап-жарық, сүттей жарық.* **Айдай әлем** — *бүкіл ел, бар қауым.* **Айдай етті** — *әшкереледі, сырын ашты.* **Айдай сұлу** — *өте көркем, сұлудың сұлуы.*

АЙДАҚ: айдақ жазу — *шимайлап қалай болса солай жазылған жазу.*

АЙДАҚ-ЖАЙДАҚ *Бей-берекет, ашылып-шашылған.*

АЙДАҚ-САЙДАҚ *Жөн-жосықсыз, қалай болса солай.*

АЙДАҚТАТ *Жосылтып қалай болса солай жазу, айдақ-сайдақ ету.*

АЙДАЛА *Елсіз дала, құла дүз.* ◊ **Айдаладағы біреу** — *танымайтын, білмейтін адам.*

АЙДАМ *Айдалған, айдалатын егістік жердің бір бөлігі.*

АЙДАМА *Сырғып жауған қар, борасын.*

АЙДАМАЛ *Барып келуге алыс жер.*

АЙДАМАЛА *Малды айдаңқырап жүргізу.*

АЙДАР 1. ***этн.*** *Баланың төбесіне қойылатын бір шоқ ұзын шаш.* 2. *Құстың төбесіне өсетін жұмсақ қызыл ет; сапар.* 3. *Газет-журналдарда бір тақырып төңірегінде ұдайы беріліп тұратын жадығаттардың жалпы атауы.* ◊ **Айдар тақты** — *а) жіп тағып иеленді, меншіктенді; ә) біреуді біреу дәріптеді, я болмаса сөзге іліктірді.* **Айдарынан жел есті** — *а) уайым-қайғысыз шалқып өмір сүрді; ә) көкірегіне нан пісті, асқақтады.*

АЙДАРЛАН *Ерекшелену; танылу, біліну, айқындалу.*

АЙДАРЛЫ 1. *Айдары бар, айдары үлкен.* 2. ***Ауысп.*** *Аты шулы, атақты.* ◊ **Айдарлы сөз** — *көзге бірден шалынатын мағыналы сөз.* **Айдарлысын құл, тұлымдысын тұл қылды [етті]** — *еркегі мен әйелін құлдыққа салып қорлады, жәбірледі.*

АЙДАУ *Бас бостандығынан айырып жер аудару, айдалу.* □ **Айдау жол** — *қара жол, үлкен жол.*

АЙДАУЫЛ *көне* *Тұтқынға алынған адамдарды бір жерден екінші жерге айдап жүруші әскер; конвой.*

АЙДАҺАР 1. *Ыстық жақтардағы суларда болатын алып жылан.* 2. ***Ауысп.*** *Адам баласына өлім әкелетін дүлей күш; жалмауыз.*

АЙДАҺАРДАЙ: айдаһардай аранын аштыы [ысқырды, ысылдады] — *қорқыныш пен үрей белгісі, апат пен қырғынның нышаны.*

АЙДЫН I *Жайылып жатқан су алабы.* ◊ **Айдын [шалқар] көл** — *үлкен мөлдір, жалтыр көл.*

АЙДЫН II *Айбар; қаһар, айбын.*

АЙДЫНДАН *Жалтырап, жайылып жату.*

АЙДЫНДЫ *Айдыны бар; кең шалқар.*

АЙДЫҢ-КҮННІҢ: айдың-күннің аманында — *ел аман, жұрт тыныштық, жайшылықта.*

АЙ-ЖАЙ: ай-жай болды — *жарық түсіп, я болмаса абыр-сабыр басылып, дүние қалпына келді.*

АЙКЕЗБЕ *Ай сәулесінен қозатын жүйке дерті.*

АЙ-КҮНІ: ай-күні жетті – *босанатын уақыты болды.*

АЙҚАЙ *Қызығу, өкіну мәнінде айтылатын көңіл-күй одағайы.*

АЙҚАЙШЫЛ *Даурықпа, бөспе, даңғаза.*

АЙҚАЙШЫЛДЫҚ *Даурықпалық, даңғазалық.*

АЙҚАЙЫН *Шаршы гүлділер тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік.*

АЙҚАЛА ***жерг.*** *Сылап-сипау, аймалау.*

АЙҚАРА: айқара ашты – *есікті шалқалатып кең ашып қойды.*

АЙҚАС I 1. *Соғыс, ұрыс, шайқас.* 2. *Талас-тартыс, күрес.*

АЙҚАС II 1. *Екі заттың бір-бірімен қабысып, жабысып тұруы.* 2. *Соғысу, шайқасу.* 3. *Күресу, алысу.*

АЙҚАСПАЛЫ: айқаспалы тозаңдау – *гүлдердің желмен басқа бір гүлдердің тозаңымен тозаңдануы.*

АЙҚҰЛАҚ *Сорлы, сортаң жерде өсетін өсімдік.*

АЙҚҰЛАҚТАН *Мақтану, есіру, асқақтау.*

АЙҚЫН 1. *Анық, беп-белгілі.* 2. *Мәлім, аян.*

АЙҚЫНДА 1. *Анықтау, саралау.* 2. *Анық етіп көрсету, ашу.*

АЙҚЫНДАУЫШ ***лингв.*** *Анықтауыштың ерекше бір түрі.*

АЙҚЫНДЫҚ *Анық болып тұрушылық, дәлділік.*

АЙҚЫНЫРАҚ *Анығырақ, дәлірек.*

АЙҚЫШ *Бірін-бірі басып өтетін.*

АЙҚЫШТА *Айқыш-ұйқыш ету.*

АЙҚЫШ-ҰЙҚЫШ *Ерсілі-қарсылы, бірінбірі қиып өткен.*

АЙҚЫШ-ҰЙҚЫШТАН *Бірін-бірі басып өту, айқасу.*

АЙЛА *Амал, тәсіл.*

АЙЛАКЕР *Алдамшы, қу, тәсілқой.*

АЙЛАКЕРЛІК *Тәсілқойлық, қулық.*

АЙЛАҚ *Теңіз, көл жағасында кеме тоқтатуға арналған қолайлы су алаңы.*

АЙЛАЛА *Амалдау, қулыққа салу.*

АЙЛАЛЫ *Айлакер, қу, залым.*

АЙЛАЛЫҚ *Тәсілқойлық, әдіскойлық.*

АЙЛАЛЫРАҚ *Қулау, залымдау.*

АЙЛАП *Айлар бойы, айлаған уақыт.*

АЙЛАП-ЖЫЛДАП *Ұзақ уақыт, көптен.*

АЙЛАС *Босанатын айы бір мезгілдес.*

АЙЛАСЫЗ *Қулығы, айласы жоқ.*

АЙЛА-ТӘСІЛ *Қулық-сұмдық, айла-шарғы.*

АЙЛАУЫҚ *Көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы.*

АЙЛА-ШАРҒЫ *Амал-тәсіл, қулық.*

АЙЛАШЫЛ *Тәсілқой, айлакер.*

АЙЛЫ *Ай сәулесі түсіп жарқырап тұрған.*

АЙЛЫҚ 1. *Бір айға төленетін жалақы.* 2. *Отыз күндік мерзім.*

АЙМАҚ 1. *Өлке, атырап.* 2. *Төңірек, маңай, айнала.*

АЙМАҚАРАЛЫҚ *Бірнеше аймаққа тән, оларға ортақ.*

АЙМАҚТЫ *Аумақты, көлемді.*

АЙМАҚТЫҚ *Аймақ бойынша, аймаққа тән.*

АЙМАЛА *Мейірленіп құшып сую, айналып толғану.*

АЙМАНДАЙ: *беті аймандай болды* – **абыройы айрандай төгілді, масқарасы шықты.**

АЙМАУЫТ ***көне*** *Ұсақ шынжырлы етіп асыл болаттан соғылған сауыт.*

АЙМЫШТА *Өрнектеу, әлеміштеу.*

АЙНА 1. *Бір беті шағылдырушы қабатпен қапталған шыны немесе металл дене.* 2. ***Ауысп.*** *Жарқын бейне, көрініс.* ◊ **Айнаға түсті** – ***сөйл.*** *рентгеннен өтті.* **Айна көз** – *жарқыраған мөлдір көз.* **Айна көл [бұлақ]** – *жарқырап жатқан мөлдір тұнық су.* **Айна-қатесіз** – а) *тұп-тура, дәл, нағыз;* ә) *аузынан түскендей, сойып қаптап қойғандай.* **Айна таз** – *жалтыр таз.*

АЙНАДАЙ 1. *Тап-таза, жалтыраған, жарқыраған.* 2. *Жып-жылтыр, жап-жалтыр, біртегіс.*

АЙНАКӨЗ *Балықтың бір түрі.*

АЙНАЛ 1. *Зырқырап дамылсыз қозғалу, дөңгелеу.* 2. *Айнала жүру, орағыту.* 3. *Бір қалыптан басқа қалыпқа ауысу, көшу.* 4. *Бөгеліп қалу, кідірістеу.* 5. *Жақсы көру, емірену кезінде айтылады.* ◊ **Айналып келгенде** — *түптеп келгенде, расында, шындығында.* **Айналып кетейін** — *айналдым, жаным, күнім.*

АЙНАЛА *Төңірек, маңай, аумақ.*

АЙНАЛАЙЫН *Қарағым, қалқам.*

АЙНАЛАҚТА *Төңіректеп ұзап шыға алмау, айналсоқтау.*

АЙНАЛАСЫ *Бар болғаны, не бары.*

АЙНАЛДЫР 1. *Бір заттың ішін сыртына, шығару, ауыстыру.* 2. *Бір затты олай-бұлай аударыстыру, дөңгелету.* 3. *Бір нәрсемен шұғылдану.* 4. ***сөйл.*** *Біреуге сөз айтып, өзінің ырқына көндіру.* ◊ **Айналдырған ауру** — *ұзаққа созылған, көптен келе жатқан дерт.*

АЙНАЛДЫРҒАН *Бар болғаны, не бары, бар-жоғы.*

АЙНАЛМА I *Малдың миы зақымданудан пайда болатын ауру; тентек;*

АЙНАЛМА II *Түзу емес, бұрылысы көп.*

АЙНАЛМАЛЫ 1. *Айналып қозғалып тұратын.* 2. *Түзу емес, бұрылыс-бұрмасы көп.* □ **Айналмалы капитал** — *құны өндірілген тауарға түгелімен көшетін өндіргіш капиталдың бір бөлігі.* **Айналмалы қаржы** — *ақша айналым қорларының жиынтығы.*

АЙНАЛСОҚ *Қайта айналып келе беретін.*

АЙНАЛСОҚТА *Шырғалып шыға алмау, ұзап кетпеу.*

АЙНАЛСОҚТЫҚ *Айналып шыға алмаушылық.*

АЙНАЛШАҚТА *Бір жерді төңіректеп, қара үзіп кете алмау.*

АЙНАЛШЫҚ I *Көтенішектің жиегі, езуі.* ◊ **Айналшық жегендей** — *шыр айналып шықпады.*

АЙНАЛШЫҚ II *Улы шөп.*

АЙНАЛЫ *Айна салынған, айнасы бар.*

АЙНАЛЫМ ***спорт*** *Айналып шығатын мөлшерлі жер.* ◊ **Айналым қоры** ***экон.*** — *қордың өндіріс процесінде түгелінен пайдаланылып, құны жаңа өнімге толығынан ауысатын бөлігі.*

АЙНАЛЫП-ТОЛҒАН *Өліп-өшу, сүйіп-құшу.*

АЙНАЛЫП-ҮЙІРІЛІП *Айналсоқтап, орағытып.*

АЙНАЛЫС 1. *Бұрылыс, бұрма.* 2. ***экон.*** *Экономикада еңбек өнімдері мен басқа да меншік нысандарын сатып алу формасы.*

АЙНАМ *Қарағым, шырағым.*

АЙНАШЫМ *Жаным, күнім.*

АЙНЫ 1. *Жоқ жерде өзгере қалу; бұрынғы бағыт-бағдарын бұзу.* 2. *Сертten таю, уәдеден шықпау.* 3. *Қымыздың дәмі бұзылу, татып кету.* ◊ **Жүрегі айныды** — *лобылды, құсқысы келді, жиіркенді.*

АЙНЫҒЫШ *Айнып кететін; тұрақсыз, табансыз.*

АЙНЫМА *Нақ өзіндей болып ұқсап тұру.*

АЙНЫМАЛЫ 1. *Өзгермелі, құбылмалы.* 2. *Опасыз, тұрлаусыз.*

АЙНЫМАЛЫЛЫҚ *Өзгермелілік, құбылмалылық.*

АЙНЫМАС *Сертшіл, уәдешіл; берік, мықты.*

АЙНЫМПАЗ *Айнығыш, өзгермелі, айнымалы.*

АЙПАП-ЖАЙПАП *Қырып-жойып, талқандап.*

АЙПАР-ЖАЙПАР *Жанжалқой, даукес.*

АЙПАРА *Үлкен, көрнекті.*

АЙРАН *Үйытқы құйып үйытылған сүт.* ◊ **Айранкөз** — *қарасынан ағы көп, сүйкімсіз көз.* **Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма** — *көңіліңдегіні іркілмей айт; ұялма, қысылма.* **Айран ішер** — *бетке ұстар; дұшпанкөз белгі.*

АЙРАН-АСЫР *Ұлан-асыр, астатөк.* ◊ **Айран-асыр болды** — *тамаша болып, есі кетті, не қыларын білмеді.*

АЙРАНДАЙ: айрандай ұйыды — *айтқаннан шықпады, ұжымдық көрсетті.* ◊ **Айрандай аптап, күбідей күптеп** — *бүлеп-төстеді, еркінсіді.* **Айрандай ұйып отыр** — *тату-тәтті, ынтымақты.*

АЙРАП-ЖАЙРАП *Туталақай, астан-кестен.*

АЙРАУЫҚ *Астық тұқымдас өсімдіктің бір түрі.*

АЙРЫҚ *Айрылатын, бөлінетін жер.*

АЙРЫҚША *Ерекше, төтенше, өзгеше.*

АЙРЫҚШАЛАН *Ерекшелену, өзгешелену.*

АЙРЫҚШАЛЫҚ *Ерекшелік, өзгешелік.*

АЙСБЕРГ *Мұхит пен теңізде қалқып жүретін мұз тау.*

АЙСЫЗ *Ай тумаған, қараңғы.*

АЙТ I ***діни*** *Мұсылмандардың ұлы мейрамы.* ◊ **Айт [мереке] құтты болсын!** — *ниетің қабыл болсын, орындалсын.*

АЙТ II 1. *Сөзбен ой-пікірін білдіру, сөз сөйлеу.* 2. *Арнау, бағыштау.* ◊ **Айта қаларлықтай** — *естен кетпейтіндей, елеулі.* **Айтары жоқ [айтуға келмейді]** — *несін айтасың; керемет, гажайып.* **Айтқанға көнгіш, айдағанға жүргіш** — *жуас, момын, момақан.* **Айтқандай-ақ екен** — *мақтаса мақтағандай; жақсы, тәуір.* **Айтқан жерден шықты** — *ойлағандай болды.* **Айтқаннан шықпады** — *есті, ақылды.* **Айтқаны айдай келеді** — *айтқан сөзі бұлжымайды, дәл келеді.* **Айтқаным айтқан** — *алған бетімнен қайтпаймын д. м.* **Айтқаныңа көніп, айдауына жүрді** — *не айтса соны істеді, тыңдады.* **Айтқанын екі етпеді** — *мүлтіксіз орындады, бұлжытпады.* **Айтқаның келсін! *алғ.*** — *аузыңа май, дегенің болсын.* **Айтқаны өтіп, атқаны жетіп тұр** — *білігі жүріп тұр, ойлағаны болып тұр.* **Айтқызбай-ақ біледі** — *сезімтал, сезгіш.* **Айтпады деме** — *есіңде болсын, ескертпеді деме.* **Айтса айтқандай** — *мақтаса мақтарлықтай.* **Айтсам, аузыма қара қан толсын қарғ.** — *үзілді-кесілді сендіру, тану кезінде айтылады.* **Айтуға аузы бармайды** — *именді, қысылды, қатты ұялды.* **Айтуға тіл жетпейді** — *сөзбен жеткізе алмады.* **Айтудай-ақ айтты** — *құдайдың зарын қылды, ескертудей-ақ ескертті.* **Айтып-айтпай не керек [немене]** — *несін айтасың, айтты не, айтпады не.* **Айтып салды** — *қаймықпай сөйледі.*

АЙТ III *Итті айтақтап қосу.* ◊ **Айт шу [жануар]** — *малды айдау, жүргізу кезінде айтылады.*

АЙТАҚ 1. *Ит қосқанда айтылатын ишарат сөз.* 2. **Ауысп.** *Біреуді біреу айдап салу, арандату.*

АЙТАҚТА 1. *Айтақ, айтақ деп итті өшіктіру.* 2. ***Ауысп.*** *Айдап салу, арандату.*

АЙТАҚШЫЛ *Арандатқыш.*

АЙТАҚЫР *Тақыр жер.*

АЙТАРЛЫҚТАЙ *Қомақты, үлкен, зор.*

АЙТАТЫР I *Таулы жерге өсетін құнарлы шөп.*

АЙТАТЫР II *Ештеңе өспеген көлдің сор табаны, көлтабан.*

АЙТҚЫШ *Келістіріп айта білетін, шебер.*

АЙТҚЫШТА *Қызынып сөйлеу, бір айтқанын қайта-қайта айта беру.*

АЙТҚЫШТЫҚ *Келістіріп айта білушілік.*

АЙТПАҚШЫ *Айтқандайын д. м. қыстырма сөз.*

АЙТТА *Айт күндері үй-үйге қыдырып мерекелеу, айтшылау.*

АЙТТЫ-АЙТПАДЫ *Шынында да, айтса айтқандай.*

АЙТТЫҚ *Айт күні берілетін тағам, сый.*

АЙТТЫР 1. ***өзг. етіс*** *Айт-тыр.* 2. ***көне*** *Қызға сөз салып, құда түсу, атастыру.*

АЙТТЫРУЛЫ ***көне*** *Айттырылып қойылған, атастырылған.*

АЙТТЫРУСЫЗ ***көне*** *Әлі айттырылмаған, басы бос.*

АЙТТЫРУШЫ ***көне*** *Қызға қалың малын төлеп, құда түсуші жақ.*

АЙТУЛЫ *Даңқты, аты шулы.*

АЙТУСЫЗ 1. *Айтылмаған, сөйленбеген.* 2. *Айтып жеткізуге болмайтын; зор, үлкен.*

АЙТУЫНША *Айтуы бойынша, айтуына қарағанда.*

АЙТ-ҮЙТ: айт-үйт жоқ – *бас жоқ, көз жоқ, алды-артына қарамай.*

АЙТЫЛМЫШ: айтылмыш сөз ***[жер, күн]*** – *айтылған сөз.*

АЙТЫМПАЗ *Сөйлемпаз, айтқыш.*

АЙТЫП-АЙТПАЙ *Қанша айтқанмен, қанша айтса да.* ◊ **Айтып-айтпай не керек** – *айт, айтпа бәрібір.*

АЙТЫС I 1. *Суырып салма ақындардың ауызша өлең түріндегі сөз жарысы.* 2. *Сөз сайысы, пікір таласы.*

АЙТЫС II 1. ***орт. етіс*** *Айт-ыс.* 2. *Дауласу, таласу, араздасу.* 3. *Өлеңмен сөз жарысына түсу, сайысу.*

АЙТЫСКЕР *Айтысқа түсуші суырыпсалма ақын.*

АЙТЫСКЕРЛІК *Айтыс өнеріне шебер болушылық.*

АЙТЫССЫЗ *Пікір таласынсыз, ұрыс-керіссіз.*

АЙТЫС-ТАРТЫС *Дау-жанжал, керіс.*

АЙУАН 1. *Жан-жануар, хайуан.* 2. ***Ауысп.*** *Жауыз, қаскүнем.*

АЙУАНАТ *Күллі жан-жануар атаулы.*

АЙУАНДЫҚ *Жауыздық, зұлымдық.*

АЙУАНША *Айуан сияқтанып, айуанға ұқсап.*

АЙХАЙ *Шіркін-ай, жалған-ай, дүние-ай.*

АЙ-ШАЙ: ай-шайға қарамады [келмеді] – *бас жоқ, көз жоқ, ақай жоқ, тоқай жоқ.*

АЙШЫҚ 1. *Жарты ай бейнесіндегі сәндік белгі.* 2. ***Ауысп.*** *Бейнелі, кестелі сөз өнері.*

АЙШЫҚТА 1. *Өрнек салып мәнерлеу.* 2. ***Ауысп.*** *Бейнелеп сөйлеу.*

АЙШЫҚТЫ *Ою-өрнекті; айшықталған.* ◊ **Айшықты сөз** – *бейнелі тіл, көркемсөз.*

АЙШЫҚТЫЛЫҚ *Айшығы барлық, көркемділік, мәнерлілік.*

АЙШЫЛЫҚ: айшылық жер [жол] – *өте алыс жер.*

АЙЫЗ: айызы қанды – *риза болды, сүйсінді; құмардан шықты.*

АЙЫҚ 1. *Күннің бұлт пен тұманнан ашылып, жарқырап тұруы.* 2. *Аурудың беті бері қарап, тәуір болу, жазылу.* 3. *Мас адамның өзіне өзі келіп сергуі, әдепкі қалпына келуі.*

АЙЫҚТЫРҒЫШ *Мастықтан айықтыратын орын, арнаулы санитарлық-медициналық мекеме.*

АЙЫЛ *Ер-тоқым ауып кетпес үшін малдың бауырын, шабын орап тартатын жалпақ қайыс.* ◊ **Айылын жимады** – *ойына кіріп те шықпады, қымсынбады.*

АЙЫЛБАС *Белдіктің, тартпаның басына өткізіп қойылған металл ілмек, догабас.*

АЙЫЛДА *Айылмен тартып қою.*

АЙЫЛДАН: көк айылданды – *безеріп отырып алды.*

АЙЫЛҚИЯҚ, ҚҰРТҚАШАШ ***бот.*** *Сәндік үшін өсіретін күлгін түсті гүлдің түрі.*

АЙЫЛ-ТҰРМАН *Қайыстан жасалған ер-тұрман әбзелдері.*

АЙЫМ I ***экспр.*** *Жаным, жүлдызым.*

АЙЫМ II ***көне*** 1. *Әйел, жұбай.* 2. ***Ауысп.*** *Басшы, бастық.*

АЙЫНДА *Ай сайын, айына бір.*

АЙЫНДА-ЖЫЛЫНДА *Анда-санда, оқта-текте.*

АЙЫП 1. ***көне*** *Қылмыс жасап, жазалы болғандығы үшін заттай төленетін ақы.* 2. *Кінә, жазық, әбестік.* 3. *Мін, кемшілік, жетімсіздік.* □ **Айып доп** ***спорт*** – *тәртіп бұзғандығы үшін қарсыласының қақпасына қарай ұрылатын доп.* ◊ **Айыбын бетіне басты** – *кемшілігін көзіне айтты.* **Айыбын жуды** – *күнәсін ақтады, өтеді.* **Айыпқа**

бұйырма *[айып етпе]* – *сөге жамандама, кешір.* **Айып тақты** – *кінәлады, жазғырды.*

АЙЫПКЕР *заң* 1. *Қылмысты болып, жауапқа тартылған адам.* 2. *Жазықты, кінәлі.*

АЙЫПСЫЗ *Жазықсыз, кінәсіз.*

АЙЫПТА 1. *Қылмысты деп табу, жазалау.* 2. *Кінәлау, жазғыру, қаралау.*

АЙЫПТАУШЫ *заң Қылмысты істі сотта қараған кезде тағылған айыпты қолдаушы адам.*

АЙЫПТЫ 1. *Кінәлі, қылмыскер.* 2. *Жазықты, кінәлі.*

АЙЫПТЫЛЫҚ *Кінәлі болушылық, жазықтылық.*

АЙЫР I *Шөп, сабан жинауға арналған құрал.*

АЙЫР II *Екіге жарылған, аша.* ◊ **Айыр көмей, жезтаңдай** – *жыршы, әнші, шешен.*

АЙЫР III 1. *Бір бүтін нәрсені екіге бөлу, жару.* 2. *Киімді, қағазды қалаған жерінен ұстап жырту.* 3. *Түрлі тәсілдер арқылы бір заттың бойынан басқадай бір затты бөліп шығару, алу.* 4. *Адамдар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы.* 5. *Бөліп жіберу, ажырату.* 6. *Күр қалдыру, бермей қою.* 7. *Ара түсіп алып қалу, құтқару.* 8. *Танып білу, анықтау, айқындау.* 9. *Күн көріп, үнем қылу..*

АЙЫРБАҚАЙ *Малдың бақайларының арасына шығатын жара.*

АЙЫРБАС *Бір затты екінші затқа ауыстыру.ісі.*

АЙЫРБАСТА 1. *Бір затты басқа бір затқа алмастырып алу.* 2. *Ауыстыру, өзгерту.*

АЙЫРБАСШЫЛ *Айырбас қылуға құмар, әуес.*

АЙЫРҒЫ *тех. Электр тізбектерін қосуға және айыруға арналған тетік.*

АЙЫРҒЫСЫЗ *Ажыратып болмайтын, танып алғысыз.*

АЙЫРҒЫШ *Ажырата білетін, танығыш.*

АЙЫРЛА *Шөпке айыр салу, айырмен көтеру.*

АЙЫРЛАН *Тармақтанып бөліну.*

АЙЫРМА I *Қойдың бақайында болатын ауру.*

АЙЫРМА II 1. *Өзгешелік, ерекшелік.* 2. *мат. Бір саннан екінші санды алғанда қалған қалдық.*

АЙЫРМАШЫЛЫҚ *Өзгешелік, айырма.*

АЙЫРСАДАҚ *Балалардың тас атып ойнау үшін, тартып жасаған кішкене аша ағашы.*

АЙЫРШЫ *Айырмен жұмыс істейтін адам.*

АЙЫРЫМ 1. *Ерекшелік, өзгешелік.* 2. *Айырылатын жер, айырық.*

АКАДЕМИК 1. *Ғылым академиясының толық мүшесі.* 2. ***Ауысп.*** *Өз ісіне жетік, білгір адам.*

АКАДЕМИЯ 1. *Зерттеу жұмыстарымен айналысатын ең жоғарғы ғылыми мекеме.* 2. *Білімнің арнаулы бір саласымен байланысты жоғарғы дәрежелі оқу орны.*

АКАДЕМИЯЛЫҚ *Ғылыми-теориялық.* ◊ **Академиялық жыл** – *жоғары оқу орындарында семестрлерді қамтитын оқу жылы (10 ай).* **Академиялық сағат** – *дәріс, сабақ үшін белгіленген уақыт мөлшері (45 минут).* **Академиялық театр** – *Республикадағы театрларға берілетін құрметті атақ.*

АКВАЛАНГ *Су астында жүзетін адамдардың тыныс алуы үшін істелген арнайы, ішіне сығылған ауа толтырылған аппарат.*

АКВАРЕЛЬ *Сумен езуге жеңіл бояу және сол бояумен салынған сурет.*

АКВАРИУМ *Қолда балық өсіруге арналған су құйылған шыны ыдыс.*

АККОРД *муз. Түрлі биікшіктегі үш немесе одан да көп дыбыстардың бір мезгілде үндесуі.*

АККОРДЕОН *муз. Екі қолмен басып ойнайтын фортепьянолық клавиатурасы бар музыка аспабы.*

АККРЕДИТИВ *қаржы. Ақша сақтаушыларға сақтық кассасынан берілетін ақша құжаты.*

АККРЕДИТТЕЛУ ***дипл.*** *Басқа елдің үкіметі жанындағы дипломаттың өкілдік қызметке ресми кірісуі.*

АККУМУЛЯТОР *Электр я жылылық энергияларын бір жерге жинайтын аспап, шоғырлағыш.*

АКРОБАТ ***спорт*** *Цирк гимнастикасының шебері.*

АКРОБАТИКА *Цирк ойындары гимнастикасы.*

АКСИОМА ***филос.*** *Дәлелдеуді керек етпейтін ғылыми айқын шындық.*

АКТ 1. *Болған оқиға, болған әрекет.* 2. *Мемлекеттік, қоғамдық мәні бар қаулы, қарар.* 3. *Белгілі бір оқиғаны, шындықты растайтын құжат.* 4. ***театр*** *Театр пьесаларын ойнағанда екі үзілістің арасындағы ойын.*

АКТЕР *Драмалық спектакль мен кинофильмде рөл орындаушы.*

АКТИВ *Қоғамдық-саяси ұйымдардың жұмысты негұрлым беріле, белсене істейтін озат бөлігі.*

АКТИВТІ *Белсенді, актив.*

АКТИНИЯ *Ішекқуыстылардың отрядына жататын теңіз жануары.*

АКТИНОГРАФ *Күннен шыққан энергияны тіркеп жазып алатын прибор.*

АКТИНОМЕТР *Күннен жерге түсетін сәуленің энергиясын өлшейтін құрал.*

АКТРИСА *Актер әйел.*

АКТІЛЕ *Акт жасау.*

АКТІЛІ *Театрдағы ойын аралығы.*

АКУЛА *Теңіздер мен мұхиттарда өмір сүретін жыртқыш балық.*

АКУСТИКА ***физ.*** *Дыбыс әуезі туралы ілім; физиканың ежелгі салаларының бірі.*

АКУШЕР *Босанатын әйелге жәрдем ететін маман дәрігер.*

АКУШЕРЛІК ***мед.*** *Бала көтеру, босану және босанғаннан кейінгі кезеңде әйел ағзасында болатын өзгерістерді зерттейтін ғылым.*

АКСЕЛЕРАЦИЯ ***биол.*** *Биологияда белгілі бір даму сатысында ұрықтың бір бөлігінің тез жетілуі.*

АКЦЕНТ ***лингв.*** 1. *Көп буынды сөзде бір буынның ерекше күшпен айтылуы; екпін.* 2. *Басқа тілде сөйлегенде болатын ерекше дыбыс әуені.* 3. ***муз.*** *Музыкалық шығарманың жеке дыбыстарын бөліп, даралап салмақпен ойнау.*

АКЦЕНТОЛОГИЯ ***лингв.*** *Белгілі бір топтағы тілдердің екпін категориясын зерттейтін ғылым.*

АКЦЕПТ ***қаржы.*** *Ақша мен тауар құжаттарын төлеу келісімі немесе олардың төленетіндігіне кепілдік беру.*

АКЦИОНЕР *Акция ұстаушы адам.*

АКЦИЯ *Акционерлік қоғам қаржысына белгілі бір үлес қосқанын және соның шабысына ортақ екендігін куәландыратын бағалы қағаз.*

АҚ I 1. *Сүттің, қардың түсіндей аппақ түс.* 2. *Ағы басым, ақ араласқан түс.* 3. ***Ауысп.*** *Адал, таза.* 4. *Сұлулық пен әдемілік бейнесі.* 5. *Махаббат пен сүйіспеншілік бейнесі.* 6. *Құрмет пен ілтипат бейнесі.* 7. *Қадір мен қасиет бейнесі.* 8. *Көздің қарашығын қоршаған ақшыл қабық.* 9. *Көзге түскен ноғала, шел.* 10. *Құс жұмыртқасының сарысын қоршаған мөлдір тұнық бөлігі.* 11. *Ақшыл түске енген шаш.* 12. *Ақ топырақ, әк.* 13. *Мал сүтінен дайындаған тамақ, сусын.* 14. *Кеңес армиясына қарсы күрескен контрреволюция отряды.* 15. ***спорт*** *Шахмат, дойбы ойынындағы қара түсті фигуралардың қарсысында ойнайтын фигуралар.* □ **Ақайрауық** — *астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Ақ амур** — *тұқы тұқымдасына жататын ірі балық.* **Ақ аю** — *жыртқыштар отрядына жататын ақ түсті аю.* **Ақбаттауық** — *айрауық тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.* **Ақбауыр** — *бұлдырық тәрізділер отрядына жататын құс.* **Ақ бөрте** — *ағы басым көкшіл түс.* **Ақ бурыл** — *ағы басым қара қоңыр түс.* **Ақбүрген** — *бүрген тұқымдасына жататын ақ гүлді өсімдік.* **Ақжусан** — *жусан тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Ақ жүзген**

— *жүзген тұқымдасына жататын бұта.* **Ақизен** — *шөлейт жерде өсетін өсімдік.* **Аққайран** — *еті мол, бағалы балық.* **Аққайың** — *қайыңның қабығы ақ түсті түрі.* **Аққаңбақ** — *қаңбақ туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Аққарағай** — *май қарағай туысына жататын сүйекті ағаш.* **Аққаркара [ләйлек]** — *ләйлектер тұқымдасына жататын құс.* **Аққаудан** — *қаудан тұқымдасына жататын өсімдік.* **Аққоян** — *қоянның ақ түсті түрі.* **Аққұр** — *тауық тәрізділер отрядына жататын құс.* **Ақмия** — *бұршақ тұқымдасына жататын бұта.* **Ақот** — *қыратты жерде өсетін ақ түсті шөп.* **Ақ өлең** ***поэз.*** — *буын саны түрлі-түрлі, ырғағы бар ұйқассыз өлең.* **Ақ сексеуіл** — *сексеуіл тұқым-дасына жататын жіңішке бұтақты ағаш.* **Ақтал** — *тал тұқымына жататын жіңішке бұтақты ағаш.* **Ақтаспа** — *таспа туысына жататын өсімдік.* **Ақтерек** — *терек туысына жататын ағаш.* **Ақтышқан** — *терісі бағалы ақ.* **Ақтұйғын** — *қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс.* **Ақтұт** — *тұт туысына жататын ағаш.* **Ақ түлкі** — *ит тұқымдасына жататын жыртқыш.* **Ақ түн** — *жоғары ендіктерде байқалатын жазғы жарық түн.* **Ақтікен** — *түйетабандар тұқымдасына жататын өсімдік.* **Ақшабақ** — *кішірек майлы балық.* **Ақшағала** — *шағала тәрізділер отрядына жататын құс.* **Ақ ши** — *жүн оралмай тоқылған ши.* **Ақірімшік** — *майы алынбаған сүтті іріту арқылы жасалған сүт қышқылды тамақ.* ◊ **Ағы ақ, қызылы қызыл** — *гүл-гүл жайнады, қызара бөртті д. м.* **Ағынан жарылды** — *ойындағысын ақтарып салды, сырын бүкпей ашық айтты.* **Ақ адал мал** — *еңбекпен тер төгіп табылған табыс.* **Ақ айыл** — *а) көп мініліп, ер-тоқымның табы кетпеген көлік; ә) көкезу, азулы (әйел).* **Ақ арулап жөнелтті** — *өлген адамды қадірлеп-қастерлеп қойды.* **Ақ бата** — *а) оң бата, шын тілек; ә) құдалық жолындағы ынтымақты байлам, уәде.* **Ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс** — *айтқаны екі болмай орындалатын, өтімді, беделді.* **Ақжарқын** — *ашық, жайдары.* **Ақ иық болды** — *а) көп мініліп жауыр болды; ә) жұмысты көп істеп мезі болды, шаршап-шалдықты.* **Ақ көбік [болды]** — *жан тері шығып терлеген, қиналған.* **Ақ көйлек** — *аңқылдақ, аңқау.* **Ақ күн тусын** ***тілек.*** — *жолың болсын, оң сапар.* **Аққаптал** — *а) көп мініліп жауыр болған (көлік); ә) әккі, тәжірибелі.* **Ақ, қараны таныды** — *оң, солын білді.* **Ақ қар, көк мұзда** — *қыстың көзі қырауда, қақаған қыс айында.* **Ақ құйқа болды** — *сампиып бос қалды, жұрдай етті.* **Аққұйрық** — *а) хош иісті, шығымы жақсы шай; ә)* ***көне*** *жүз сомдық ірі ақша.* **Ақ құйын** — *алыпұшпа, сөзуар, сөзшең.* **Ақ сабан** — *егін орылып, астық жиналып жатқан маусым.* **Ақ сабын** — *иіс сабын.* **Ақ сабын болды** — *ақ көбік болып терлеген көлік.* **Ақ сайтаны ұстады** — *ашу шақырды, жыны келді.* **Ақсақал, қарасақал** — *кәрі-жас, үлкен-кіші, бас көтерер барлық азамат.* **Ақ саңлақ** — *бәйгеден үнемі озық келіп жүрген жүйрік ат.* **Ақ сауыт** — *а)* ***көне*** *темір сымнан тор көз етіп тоқылған батырлар киетін киім; ә) атадан балаға қалған мұра.* **Ақсирақ болды [етті]** — *мал қырылып, жұтқа ілікті, тігерге тұяқ қалмады.* **Ақ сөйле** — *а) құмалақ салғанда жақсылық тілеу ниеті; ә) тұрасын айт, әділіне көш. д. м.* **Ақсөңке** — *сыңғырап кеуіп кеткен (тезек, ағаш, отын).* **Ақсүйек болды** — *жұтатты, күйзелтті.* **Ақ сүтін кешті** — *ата-ана ризалығын білдірді.* **Ақ сүтін көкке сауды** — *ата-ана наразылық білдіріп, теріс бата берді, қарғыс айтты.* **Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама** ***тар.*** — *XVII-XVIII ғғ.-ғы жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресі.* **Ақ түйенің қарны жарылды** — *ит басына іркіт төгілді, қарқ боп қалды, кенелді.* **Ақты қара деді** — *дұрысты теріске шығарды.*

Ақуыз шақ — *жетілмеген, толыспаған кез.* **Ақ шашымен** — *үлкен басымен.* **Ақ шұнақ аяз** — *қатты үскірік аяз.*

АҚ II 1. *Шын, тура, ақиқат; хақ.* 2. *Құдай, пір, алла; хақ тағала.*

АҚ III 1. *Судың өз арнасымен бірқалыпты жылжуы.* 2. *Тер, қан, жас, сорпа сияқты сұйық заттардың сорғалап құйылуы.* 3. *Судың екпінімен біреуді ағызып алып кету.* 4. *Бойдағы ет, сөл сияқты заттардың біртіндеп құрып бітуі.* 5. ***Ауысп.*** *Жүйтку, зулау.* 6. ***Ауысп.*** *Аспаннан ағып түсу.*

АҚ IV *Күшейтпелі жалғау мағынасындағы демеулік.*

АҚАБА ***кәс.*** 1. *Егінге жіберілген судың арықтан асып төгіліп жатқан сарқындысы.* 2. *Егін суының жайылған орны.*

АҚАЙ: ақай жоқ, тоқай жоқ — *бас жоқ, көз жоқ.*

АҚАЙ-ТОҚАЙ: ақай-тоқайға қарамады — *ай жоқ, шай жоқ, бірден кірісті.*

АҚАҚУЛА *Ырду-дырдуға салыну.*

АҚАЛА *Қыран құсының ауруы.*

АҚАЛАҚШЫ ***көне*** *Сауда керуенінің басшысы.*

АҚАЛТЕКЕ *Асылтұқымды түрікмен жылқысы.*

АҚАР-ШАҚАР *Үрім-бұтақты, жанды-жақыбайлы.*

АҚАУ 1. *Заттың бойындағы аздап бүлінген, бұзылған, шытынаған жері.* 2. *Денсаулыққа түскен кінәрат, зақым.* 3. *Мін, кемшілік.*

АҚАУЛАН *Ақау түсу, ақау салу.*

АҚАУЛЫ 1. *Кінәраты бар, зақымдалған.* 2. *Кем-кетігі, міні бар.*

АҚАУЛЫҚ *Кемшілік, мін, кінәрат.*

АҚАУСЫЗ *Мінсіз, кінәратсыз; мұлтіксіз.*

АҚБАЙПАҚ *Мәлік ауруының бір аты.*

АҚБАЛЫҚ ***зоол.*** *Албырт тұқымдасына жататын балықтардың бір түрі.*

АҚБАС I *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.*

АҚБАС II *Түйенің бас терісін зақымдайтыш жұқпалы ауру* (қысаға).

АҚБОЗАТ ***астр.*** *Кіші Аю шоқ жұлдызындағы үш жарық жұлдыздың бірі.*

АҚБӨКЕН *Бөкендер туысына жататын, шөлге төзімді ашатұяқты жануар.*

АҚГҮЛ *Хош иісті, ақ гүлді бұта.*

АҚДАБЫ ***көне*** *Жұқа ақ мата.*

АҚЖАЙМА *Ақ матадан жасалған төсек жабдығы.*

АҚЖАУЛЫҚ 1. *Әйелдің баскиімі.* 2. *Әйел, зайып.*

АҚЖЕЛЕК *Біржылдық көкөніс өсімдігі.*

АҚЖЕЛЕҢ ***муз.*** *Мелодиялық қозғалысы жеңіл де жүрдек аспаптық халық музыкасының ерекше түрі.*

АҚЖОЛТАЙ *Жолы болғыш, жолды аяқ.*

АҚЖҮРЕК *Емдік қасиеті бар тері скен тәрізді шөп.* ◊ **Ақжүрек** — *адал, ақниетті, қулық-сұмдығы жоқ таза (адам).*

АҚЖІЛІК *Малдың күйлі, семіз қалпы.*

АҚЫ ***экспр.*** *Едіреңдеу, қоқаңдап күш көрсету.* ◊ **Ақы көз** — *әрдайым ашу шақырып тұратын, ашуланшақ кісі.*

АҚИҚАТ 1. ***фил.*** *Заттар мен құбылыстардың практикада тексерілген анық бейнесі.* 2. *Шындық, дұрыстық.*

АҚИҚАТТА *Дұрыстыққа келтіру, шындықпен жанастыру.*

АҚИҚАТТЫҚ *Дұрыстық, шындық.*

АҚИҚАТШЫЛ *Дұрыстықты, шындықты жақтағыш.*

АҚИЫҚ 1. *Бүркіт туысына жататын қыран құс.* 2. ***Ауысп., поэт.*** *Асып туған дарын иесі.*

АҚКӨБЕ *Батырлар киер ақсауыттың көп түймелі түрі.*

АҚКІС *Терісі бағалы кішірек аң.*

АҚҚАЙРАН *Тұқы тұқымдас балық.*

АҚҚАЛА *Ақ қардан түрлі мүсін жасайтын балалар ойыны.*

АҚҚАЛАҚ *Сусар тұқымдасына жататын кішірек жыртқыш аң.*

АҚҚАПТАЛ *Жылқы, түйенің жауыры жазылған соң оның орнына шығатын ақ жүн.*

АҚ-ҚАРА *Істің оң-терісі, дұрысы мен қисығы.*

АҚҚАТПА *Қойдың ұлтабар құрты.*

АҚҚУ *Мойны ұзын, ақ қауырсынды үлкен ақ құс.* ◊ **Аққу мойын** ***поэт.*** *— сымбаттылық, әдемілік бейнесі.*

АҚҚУДАЙ *Әдемі, көркем, сымбатты.*

АҚҚУДАЙЫН ***поэт.*** *Аққудай.*

АҚҚУРАЙ *Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

АҚҚУША *Аққуға ұқсап, аққу сияқтанып.*

АҚҚҰЛА I 1. ***жерг.*** *Нақақ, кінәсіз, бекерден-бекер.* 2. *Төтенше, айрықша.*

АҚҚҰЛА II *Жеке, басыбүтін, айрықша.*

АҚҚҰЛАҚ I *Сусар тұқымдасына жататын жыртқыш, кішірек аң.*

АҚҚҰЛАҚ II *Қой мен ешкіде болатын қотыр, жара.*

АҚҚҰМАН *Шай салып бұқтыратын ыдыс.*

АҚҚҰТАН *Денелі, аягы ұзын, топшысында әдемі қауырсыны бар жыл құсы.*

АҚМАҒАМБЕТ ***қарап.*** *Арақ, жынды су.*

АҚМАМЫҚ *Тамырынан дәрі жасалатын астық тұқымдасына жататын өсімдік.*

АҚМАРҚА *Етті, майлы кәсіптік мәні бар балық.*

АҚМҰРТ ***жерг.*** *Майға шыланған сөк тары.*

АҚНАУАТ *Үлкен сары қауын.*

АҚПА I ***жерг.*** *Балық аулайтын аудың бір түрі.*

АҚПА II *Көбік қарда жүгіртіп ойнайтын таяқ және сол ойынның аты.*

АҚПА III 1. *Ағып, жылжып тұратын, сусымалы.* 2. *Тыз етпе, ұшқыр, алдүзік.* 3. ***Ауысп.*** *Сөзге шешен, бір бастаса тоқтамай айта беретін, ділмар.* ◊ **Ақпақұлақ** *— сөз ұқпайтын, парықсыз.*

АҚПАН *Қаңтардан кейінгі ай; қыстың үшінші айы.*

АҚПАНДАТ *Бұрқақтап соғу, борандату.*

АҚПАР 1. *Біткен істің нәтижесі туралы басқару орындарына берілетін мәлімет.* 2. *Белгілі бір іс, адам жайындағы дерек, хабар.*

АҚПАРАТ: ақпарат хабар *— соңғы жаңалықтар.*

АҚПА-ТӨКПЕ *Төгіп-төгіп жіберетін суырып салма (ақын) күйші.*

АҚСА 1. *Бір аягын баса алмау, қисаңдау, қиралаңдау.* 2. ***Ауысп.*** *Жұмыс қарқыны бәсеңдеп қалу, артта қалу.*

АҚСАҚ *Аягын сылтып басатын; кемтар, мүгедек.* □ **Ақсақ үйқас [жол]** *— қара өлеңнің ұйқассыз тұрған үшінші жолы.* ◊ **Ақсақ қой түстен кейін маңырайды** *— кеш қалдың* д. м.

АҚСАҚАЛ 1. *Ел билеген ру басы.* 2. *Жасы үлкен сыйлы адам.*

АҚСАҚАЛДЫ *Жасы ұлғайған, егде тартқан.*

АҚСАҚАЛДЫҚ *Жасы жетіп, сый-құрметке ие болушылық.*

АҚСАҚАЛ-ҚАРАСАҚАЛ *Бас көтерер үлкен-кіші.*

АҚСАҚАЛША *Үлкен адамша, үлкенше.*

АҚСАҚ-ТОҚСАҚ *Жарымжан, мүгедек.*

АҚСАҚТЫҚ 1. *Аяқтың кемдігінен ақсап басушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Кемшілік, мін, олқылық.*

АҚСАҢ *Мақта жіптен тоқылған мата.*

АҚСАҢДА *Аяқты сылтып басу, шойнаңдау.*

АҚСАҢДАҚ ***экспр.*** *Атақты, аты шулы.*

АҚСАРБАС *этн. Құдайға құлшылық етіп, арнайы шалынатын мал.* ◊ **Ақсарбас айтты** — *Құдайға құлшылық етіп, арнайы мал шалды.*

АҚСАРЫ *Бүркіт тұқымдасына жататын жыртқыш құс.*

АҚСАУСАҚ *Ауыр жұмыс істемейтін жалқау, аянкес.*

АҚСЕРЕК *Қазақтың ақсүйек тәрізді ұлттық ойыны.*

АҚСЕРКЕ *Көксерке, бекіре сияқты етінде қылтанақ жоқ балық.*

АҚСИ 1. *Тістің аппақ боп көзге ерекше көрінуі.* 2. *Түстес емес жіптің баттиып көзге бірден шалынуы.*

АҚСИРАҚ *Малдың қырылып жұтап қалуы, ақсүйек деп те айтады.*

АҚСОРА *Саған тұқымдасына жататын шала бұта.*

АҚСУ *Шайы жоқ, сүт қатқан ыстық су.*

АҚСҮП *Жұқа ақ бәтес.*

АҚСҮЙЕК I *Қазақтың ежелгі ұлттық ойыны.*

АҚСҮЙЕК II *Билеуші таптардың өкілі, алпауыт тұқымы.*

АҚСҮЙЕКТІК *Бекзаттық, тектілік.*

АҚСҮЙРІК *Су ішінде өсетін өсімдік.*

АҚСҮЙРІКТЕЙ *Салалы, ұзын, әдемі.*

АҚСЫРА *Ақ (сүт, айран т. б.) ішуге құмарту, аңсау.*

АҚТА I *Піштіру, кестіру, тарттыру.*

АҚТА II 1. *Үйдің іші-сыртын әкпен тазарту.* 2. *Тары, бидай, күріш тәрізді дәнді дақылдарды қауызынан арылтып тазалау.* 3. *Біреудің сөзін сөйлеп, жазадан құтқарып қалу.* 4. ***Ауысп.*** *Біреудің істеген жақсылығына жақсы іспен жауап беру, өтеу.*

АҚТА III *Ел кезіп, күнін көру.*

АҚТАЛ 1. ***ыр. етіс*** *Ақта-л.* 2. *Жаладан құтылу, күнәсіз деп табылу.*

АҚТАЛА *Талтаң басып, жүре алмай қалу.*

АҚТАҢ: ақтаң кер — *жылқының ақ пен кер араласқан түсі.*

АҚТАҢДАҚ 1. *Денеге түскен ақ түсті теңбіл.* 2. ***Ауысп.*** *Тарихта түрлі себеппен зерттелмей қаға беріс қалған құбылыстар мен жағдаяттар.*

АҚТАҢДАҚТАН *Теңбілдену, бозару.*

АҚТАҢДАҚТАНУ ***қ. атау*** *Ақтаңдақтану.*

АҚТАР 1. *Бір заттың арасын, ішін ашып көру, қарау.* 2. *Тінткілеп іздеу, зерттеу, тексеру.* 3. *Лақ еткізіп төгу, төңкере салу.* 4. ***Ауысп.*** *Іштегі сырды жасырып, бұқпай айта салу.*

АҚТАРҒЫШТА *Қайта-қайта ақтара беру, ақтарып-төңкеру.*

АҚТАРМАЛА 1. *Ақтарып-төңкеру, тінткілеп іздеу.* 2. *Сойылған малдың ішек-қарнын аршу.*

АҚТАРЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Ақтарыл.* 2. *Лақ етіп төгілу.*

АҚТАРЫП-ТӨҢКЕР *Астаң-кестеңін шығару, астын үстіне келтіру.*

АҚТАРЫСТА *Бір нәрсені қайта-қайта ақтару.*

АҚТАСПА *Таспа туысына жататын өсімдік.*

АҚТАУ: ақтау қағазы — *адалдық, заңдылық туралы куәландырылған құжат.*

АҚТАУТАН *Балықтың бір түрі.*

АҚТАЯҚ ***көне*** *Хан мен патшаның атарман-шабарманы.*

АҚТИІН *Сусарлар тұқымдасына жататын терісі өте бағалы тышқан.*

АҚТЫҚ I 1. *Ақ болушылық, ағаргандық.* 2. ***Ауысп.*** *Адалдық, тазалық, кінәсіздік.*

АҚТЫҚ II ***этн.*** *Қасиетті жерлерге байлап кететін ақ шүберек я болмаса емшіге берілетін ақы.*

АҚТЫҚ III *Соңғы, ақырғы.*

АҚТЫҚ IV *Кісісі өлген үйге көмекке апаратын мал, тағы басқа заттар.*

АҚ-ҚАРАСЫ *Бір нәрсенің дұрыс-бұрысы, оң-терісі.*

АҚТЫЛЫ: ақтылы қой — *біркелкі түсті көп қой.*

АҚТЫЛЫ-ҚАРАЛЫ *Ағы мен қарасы аралас (мал).*

АҚҰНТАҚ *Қызылша өсімдігінің ауруы.*

АҚША I 1. *Сауда-саттықта тауар құнының өлшеуіші болатын құнды қағаз.* 2. *Қаражат, қаржы.* □ **Ақша айналысы** — *ақшаның айналыс саласындағы қозғалысы, оның айналыс және төлем құралы ретінде қызмет етуі.* **Ақша капиталы** — *пайда табуға жұмсалынатын ақша сомасы.*

АҚША II 1. *Ақ түсті, ақшыл.* 2. ***Ауысп.*** *Сұлулық пен әдемілік тің бейнесі.*

АҚШАДАЙ *Ақша күйінде, ақша түрінде.*

АҚШАҚАР *Орыс фольклорындағы қардан пайда болған қыз бейнесі.*

АҚШАҚҰМАР *Ақшаны жақсы көретін, ақшажанды.*

АҚШАЛА *Ақшаға айналдыру, ақша ету.*

АҚШАЛАЙ *Ақшамен есептегенде, ақшамен бағалағанда.*

АҚШАЛЫ 1. *Ақшасы көп, қалталы.* 2. *Ақша төлейтін, ақшамен баратын.*

АҚШАМ ***діни*** 1. *Іңір болған кез.* 2. *Күн батар кезде оқылатын намаз.* **Ақшам жамырады** — *қас қарайып кеш болды.* **Ақшам соқыр** — *көздің кешке қарай көрмей қалуы.*

АҚШАҢ: ақшаң етті — *көзін аларта жалт қарады.*

АҚШАҢ-АҚШАҢ: ақшаң-ақшаң етті — *көзін алартып жалт-жалт қарады.*

АҚШАҢДА *Ақию, едірею, ежірею.*

АҚШАҢДАҚ *Шаңы аспанға шыққан, шаң-тозаңды.*

АҚШАҢДАҚТАН *Шаңыту, шаңырқау.*

АҚШАТАЙ *Бұршақ тұқымдасына жататын бұта.*

АҚШАҢЫЛ *Ақшақұмар, ақшажанды.*

АҚШЕЛЕК *Негізінен түйеде кездесетін індет.* ◊ **Ақшелек келгір** ***қарғ.*** — *түйеге айтылады.*

АҚШИ *Көзді алартып шатынай қарау.*

АҚШОМ ***көне*** *Айырбас жолымен астық алып қайтатын түйелі керуен.*

АҚШОМШЫ *Басқа жақтан астық әкелуге шыққан керуенші.*

АҚШУАҚ *Жусан тұқымдасына жататын көпжылдық шала бұта.*

АҚШУЛАН *Ағарыңқы, ақшыл.*

АҚШҰНАҚ 1. *Ақшұнақтар тұқымдасына жататын көпжылдық су өсімдігі.*

АҚШЫЛ *Бозғылт, қылаң.*

АҚШЫЛДАН *Ақшыл тарту, ақ түске айналу.*

АҚШЫЛДАУ *Ағырақ, ақтау.*

АҚШЫЛДЫҚ *Ақшыл болғандық, бозғылттық.*

АҚШЫЛТ *Ақшылдау, ағырақ.*

АҚШЫЛТЫМ *Ақшылт, ақшылдау.*

АҚЫ 1. *Сіңірген еңбекке, істелген жұмысқа төленетін төлем; еңбек өтеуі.* 2. *Бір нәрсенің қайтарымы, есесі.* 3. ***Ауысп.*** *Парыз, міндет.*

АҚЫ II ***қ.*** *Қақы.*

АҚЫҚ *Әшекей үшін пайдаланылатын, түсі ақшыл бағалы тас.*

АҚЫҚТА *Ақықпен әшекейлеп өрнектеу.*

АҚЫҚТАЙ *Әдемі, әсем.*

АҚЫЛ 1. *Адамның ойлау қабілеті; сана-сезім.* 2. *Түйінді ой, пайдалы кеңес.* □ **Ақыл тіс** — *ақылы толған кезде шыққан азу тіс.* ◊ **Ақыл айтты [берді, қосты]** — *кеңес берді, үйретті.* **Ақыл болды** — *дұрыс болды.* **Ақылға сыймайды** — *көңілге қонбайды; иланарлық емес.* **Ақыл-есін алды** — *есін шығарды, састырды.* **Ақыл иесі** — *дана, данышпан адам.* **Ақыл салды** — *кеңесті, пікірлесті.* **Ақыл сөз** — *ой саларлық дұрыс пікір.* **Ақыл тапты** — *істің жөнін келтірді.* **Ақыл таразысына салды** — *жан-жақты ойланды, ой елегінен өткізді.* **Ақыл тоқтатты** — *ер жетіп, есейді.* **Ақылы ауысты** — *есінен адасты.* **Ақылы [есі] кірді** — *ер жетіп, естияр болды.* **Ақылынан адасты [танды]** — а) *есі ауды, алжасты;* ә) *не істерін білмей сасқалақтады, дал болды.* **Ақылын ішті** — *көп ішіп, мас болды.*

АҚЫЛА *Ақы төлеу, өтеуін беру.*

АҚЫЛГӨЙ *Білгір де білімдар, ақылшы.*

АҚЫЛГӨЙЛІК *Білгіш болып көріну.*

АҚЫЛГӨЙСІ *Біреуге ақыл айтып білгішсу.*

АҚЫЛДА *Ақылға салып, іс қылу.*

АҚЫЛДАС I *Пікірлес, ынтымақтас.*

АҚЫЛДАС II *Ақыл қосып пікірлесу, кеңесу.*

АҚЫЛДЫ *Сана-сезімі жоғары; білімді, есті.*

АҚЫЛДЫЛЫҚ *Саналылық, естілік.*

АҚЫЛДЫМСУ ***қ. атау.*** *Ақылдымсы-у.*

АҚЫЛДЫМСЫ *Ақылды болғансу, ақылгөйсу.*

АҚЫЛДЫРАҚ *Ақылдылау, естілеу.*

АҚЫЛ-КЕҢЕС *Пайдалы пікір.*

АҚЫЛМАН ***көне*** *Ақылгөй, ақылшы.*

АҚЫЛ-ОЙ *Сана-сезім, ой-өріс.*

АҚЫЛ-ПАРАСАТ *Асқан білімдарлық, саналылық.*

АҚЫЛСЫЗ *Ақылы кем, жаңғалақ.*

АҚЫЛСЫЗДЫҚ *Ақылы кемдік, түйсіксіздік.*

АҚЫЛШЫ *Жөн-жоба сілтеп ақыл беруші, кеңесші.*

АҚЫЛШЫЛ *Ақылгөй, ақыл айтқыш.*

АҚЫЛШЫЛЫҚ *Ақыл-кеңес берушілік.*

АҚЫЛЫ *Ақы төлейтін, тегін емес.*

АҚЫМ *Қабірдің батыс жағынан кеулеп қазылған қуыс жер.*

АҚЫМАҚ *Сана-сезімі кем, ақылсыз.*

АҚЫМАҚТАН *Ақымақ болу.*

АҚЫМАҚТЫҚ *Есуастық, ақылсыздық.*

АҚЫН *Өз жанынан өлең шығаратын сөз шебері.*

АҚЫНДАУ *Аздап өлең шығаратын ақын шалыс адам.*

АҚЫНДЫҚ *Өлең шығару қабілеті барлық.*

АҚЫНЖАНДЫ *Өлең, жырды, ақынды өте жақсы көретін, сүйетін.*

АҚЫНЖАНДЫЛЫҚ *Өмірге немқұрайды қарай алмаушылық, сезімталсезгіштік, өлең-жырды жақсы көрушілік.*

АҚЫНСЫ ***экспр.*** *Ақын сияқтанып көріну, ақын болғансу.*

АҚЫНСЫМАҚ ***экспр.*** *Ақын боламын деп шатып-бұтып өлең шығарған адам.*

АҚЫНША *Ақын сияқтанып, ақынға ұқсап.*

АҚЫ-ПҰЛ *Қаражат, ақша.*

АҚЫ-ПҰЛСЫЗ *Тегін. бос.*

АҚЫР I 1. *Әйтеуір, бәрібір.* 2. *Болса да, болмаса да.* ◊ **Ақыр аяғы** — *керек десең, тіпті.* **Ақыр аяғында [соңында]** — *ең соңында, ақырында.*

АҚЫР II 1. *Бақыру.* 2. *Жекіру, ұрсу.*

АҚЫР: Ақырзаман *діни* — *қиямет қайым, жарық дүниенің соңы.* **Ақыр түбі** — *түптің түбінде, айналып келіп.*

АҚЫРАЙ *Көздің ақшиып көрінуі; едірею.*

АҚЫРАҢДА *Әкіреңдеу, едіреңдеу, қоқаңдау.*

АҚЫРАП ***көне*** *Қазан айының ескіше аты.*

АҚЫРҒЫ *Соңғы, кейінгі.*

АҚЫРДА *Ақырында, соңында.*

АҚЫРЕТ 1. *Өлген кісіні орап қоятын ақ мата, кебін.* 2. *О дүние, махшар.* 3. ***Ауысп.*** *Мехнат, бейнет, азап.*

АҚЫРЕТТІК 1. *Кебіндік, кебін болуға жарарлық.* 2. *Мәңгілік, өмірлік.*

АҚЫРЕТШІЛ *Діншіл, құдайшыл.*

АҚЫР-ТАҚЫР 1. *Бүтіндей, біржола.* 2. *Бір нәрсенің ең соңы, ақыры.*

АҚЫРЫ 1. *Бір нәрсенің таусылып біткен кезі.* 2. *Ең соңында, түптеп келгенде.* ◊ **Ақыры қайырлы болсын! *тілек.*** — *көңіл айтып, ізгі тілек білдірген кезде айтылады.*

АҚЫРЫН 1. *Аспай-саспай, жай.* 2. *Ептеп, абайлап.*

АҚЫРЫНДА 1. *Ең соңында, аягында.* 2. *Баяулау, жайлау.*

АҚЫРЫНДАП *Жайлап, ептеп.*

АҚЫРЫНДАУ *Баяулау, жайырақ.*

АҚЫРЫНДЫ-ҚАТТЫЛЫ: *Бірде ақырын, бірде қатты (жүріс).*

АҚЫРЫНЫРАҚ *Жайырақ, баяуырақ.*

АҚЫРЫП-ШАҚЫРЫП *Улап-шулап, дабырлап.*

АҚЫСЫЗ *Ақы төлемей, тегін.*

АҚЫСЫЗ-ПҰЛСЫЗ *Тегіннен-тегін, бостан-бос.*

АЛ I *Қызыл, қара, күрең, қоңыр, жасыл сөздерінің алдында келіп, сол түстердің ашық, айқындығын анықтайды, сынға сын жамайды.*

АЛ II 1. *Бір затты қолмен ұстау, көтеру.* 2. *Бір нәрсені меншіктеу, ие болу.* 3. *Қабылдау, қош көру.* 4. *Табыс табу, кіріс кіргізу.* 5. *Жар сую, үйлену.* 6. *Ан аулап, олжалы болу.* 7. *Тамақ жеу, ішу.* 8. *Біреудің елін шауып, өзіне бағындыру.* 9. *Босату, сыпыру.* 10. *Азайту, кеміту.* 11. *Мерт болу, өлу.* 12. *Бір заттың қолға келіп тиюі, жетуі.* 13. *Бір нәрсені ерекшелеп бөліп алу, даралау.* 14. *Жайлау, қаптау.* 15. *Күрделі етістіктің құрамында тұрып, көмекші қызмет атқарады. Жатып алды, отырып алды, ұстап алды.* ◊ **Ала жөнелді** — *алып қашты, бой бермеді.* **Ал балық, аузыма сал балық** — *бәрі аузын ашып қарап отыр, дайын асқа әзір, д. м.* **Алғаның ас болмағыр!** *қарғ.* — *жиған тергенің өзіңе бұйырмасын.* **Алып алты, жеп жеті болмайды** — *жұрттан асып ешқайда бармайды, жетіспейді.* **Алыпқашты сөз [әңгіме]** — *өсек-аяң, лақап сөз.* **Алып та жығады, шалып та жығады** — *қолынан бәрі келеді, әлі емін-еркін жетеді.* **Алып ұрды [соқты]** — *бұйым құрлы көрмеді, көтеріп алып жықты.* **Алып ұшты** — *дедек қақты, дегбірсізденді.*

АЛ III 1. *Біреудің назарын өзіне қарату үшін айтылады.* 2. *Бұйрық, тілек білдіру үшін айтылады.* 3. *Бір нәрсенің мәнін күшейтіп, ұзақ мерзім болғандығын білдіру үшін қолданылады.* 4. *Салыстырмалы қарсылықты мән беру үшін айтылады.* 5. *Бір оқиғаның жалғасын, әрі қарай қалай дамығанын білу үшін қолданылады.* □ **Ал енді** — *бұдан былай, мұнан соң.*

АЛА 1. *Түрлі түстердің араласып келген түрі.* 2. *Көз алмасының ақ түсті қабығы.* 3. *Біртегіс емес, ала-құла.* 4. ***Ауысп.*** *Ауызбірлігі жоқ, ынтымақсыз.* 5. ***Ауысп.*** *Арамдық, жамандық, бүкпе.* □ **Алакүшік** — *бірін-бірі мазақтап жүгірісіп ойнайтын халық ойыны.* **Алақарға** — *қарғаның бір түрі.* ◊ **Алауыз** — *береке-бірлігі жоқ, ынтымақсыз.* **Алабөтен** — *елден ерекше, өзгеше.* **Ала жаздай** — *жаз бойы, жаз біткенше.* **Ала жылан, аш бақа** — *бір-бірімен араз, өш.* **Ала жібін аттамады** — *біреуге жамандық жасамады, адал жүріп, адал тұрды.* **Ала жіп кесісті** — *араздасты, қастасты.* **Алакөз** — *а) қарасынан ағы басым, үлкен көз; ә) қырғиқабақ, дүрдараз.* **Алакөзімен атты** *[қарады]* — *жек көрді, ұнатпады.* **Алакөленке** — *таңертеңгі апақ-сапақ уақыт.* **Алақол** — *біреуді олай, біреуді былай көру, әділ болмау.* **Алақолдық** — *бірдей көрмеушілік, алалаушылық.* **Алақұйын** — *а) аумалы-төкпелі, алай-түлей (боран); ә) құбылмалы, ұшқалақ, жеңілтек.* **Алаөкпе болды** — *босқа әуреге түсті, аласұрып аптықты.* **Ала тайдай бүлдірді** — *кенеттен елдің апыр-топырын, астан-кестенін шығарды.* **Алатопалаң** — *астан-кестен, арпалыс.* **Алашапқын** *[топыр]* — *апыр-топыр, жанталас.*

АЛАБАЖАҚ *Түрлі-түсті, әлеміштелген.*

АЛАБАЖАҚТА *Алабажақ ету, әлем-жәлемдеу.*

АЛАБАЖАҚТАУ *Бір түсті емес, ала-құлалау.*

АЛАБАРҚЫН *Қара қоңыр.*

АЛАБОТА *Алабота тұқымдасына жататын шала бұта.*

АЛА-БӨЛЕ *Ерекше, өзгеше.*

АЛАБҰҒА *Алабұға тұқымдасына жататын жыртқыш балық.*

АЛАБҰРТ *Бет-жүздің қызара бөртіп құбылуы.*

АЛАБІЛЕК *Садақ оғының бір түрі.*

АЛАГЕУІМ *Елең-алаң, апақ-сапақ мезгіл.*

АЛАГЕУІМДЕН *Таң жарығы түсе бастау.*

АЛАГӨБЕ *Таңғы елең-алаң шақ.*

АЛАГӨБЕДЕН *Таң атпай, сәріден.*

АЛАГҮЛІК 1. *Зауза қоңыздар тұқымдасына жататын қоңыз.* 2. ***Ауысп.*** *Ел арасына іріткі салатын бүлдіруші, бүлік.*

АЛАҒАЙ: алағай да бұлағай – *аласапыран, астан-кестен.*

АЛАҒАН: алаған қол – *алып үйренген, ала білетін.*

АЛАҒАНШЫҚ *Бір ашылып, бір жауып, ұйытқып соғатын, алақұйын.*

АЛАҒАНШЫҚТА *Күннің алағаншық болып ашыла бастауы.*

АЛАҒАТ ***жерг.*** *Ала-құла, біртегіс емес.*

АЛАЙ *Көздің үлкейіп, шарасынан шыға жаздауы.* ◊ **Көзі [екі көзі] алайды** – *үрейленді, қорықты, шошыды.*

АЛАЙ-БҰЛАЙ *Ерсілі-қарсылы, әрлі-берлі.* ◊ **Алай-бұлай болса** – *жазатайым көз жұма қалса.*

АЛАЙДА *Дегенмен, бірақ та.*

АЛАЙ-ТҮЛЕЙ 1. *Ауа райының қатты бұзылуынан болған ұйқы-тұйқы күй.* 2. ***Ауысп.*** *Қиын-қыстау кез; алапат.* 3. ***Ауысп.*** *Көңілдің әлем-тапырық болып бұзылуы.*

АЛАЙЫҢҚЫ *Көзі алая түскен, қорқынышты.*

АЛАКҮДЕК *Істің барысын байыптамайтын, алаңғасарлау.*

АЛАҚ: көзі алақ етті – *а) жалт етіп қарады; ә) үрікті, шошынды.*

АЛАҚАЙ *Шаттанып қуанғандықты білдіретін одағай сөз.*

АЛАҚАЙЛА *Мәз болу, шаттану, шексіз қуанышқа бөлену.*

АЛАҚ-АЛАҚ: алақ-алақ етті – *жалтақтап қарай берді.*

АЛАҚАН 1. *Қолдың саусақ пен білезік аралығының ішкі жақ аясы.* 2. *Қамшы өрімінің жалпақтау келген түп жағы.* 3. ***биол.*** *Жапырақтың жалпақ жері.* ◊ **Алақанға салғандай** – *қолмен қойғандай, ап-айқын.* **Алақанға салды** – *қадірлеп-қастерледі, мәпелеп өсірді.* **Алақанның аясында** – *бәрі көз алдында, белгілі, мәлім.* **Алақанның аясындай** – *шағын, тар.* **Алақан соқты [ұрды]** – *қошеметтеп қуаттады, қолдады.* **Алақаны ашық [жазық, кең]** – *жомарт, береген.* **Алақаны қышыды** – а) *біреуден бірдеңе алуды ырым қылды;* ә) *күші тасып, жұмыс істегісі келді.* **Алақанына түкірді** – *тісін басып кіжінді, құлшынды.* **Алақанын жайды** – а) *телміріп сұранды, емінді;* ә) *бата қылуды өтінді.*

АЛАҚАНДА *Бәрі де көз алдында.*

АЛАҚАНДАЙ 1. *Шағын, кішірек.* 2. *Үлкен, аумақты.*

АЛАҚАУДАН *Ала шабыр, ала-құла.*

АЛАҚАШПА *Алыпұшпа, лепірме.*

АЛАҚ-ЖҰЛАҚ *Сасқалақтап, үрейленіп жан-жаққа қарай беру.*

АЛАҚОРЖЫН *Тышқан тұқымдасына жататын кеміргіш жануар.*

АЛАҚТА 1. *Көзі алақ-алақ етті.* 2. *Жан-жағына алақ-жұлақ қарау.*

АЛА-ҚҰЛА 1. *Аласы мен құласы аралас түс.* 2. *Түрлі-түсті, әртүрлі.* 3. *Біркелкі емес, біртегіс емес.*

АЛА-ҚҰЛАЛАУ *Түрлі-түстілеу, тегістеу емес.*

АЛА-ҚҰЛАЛЫҚ 1. *Әртүрлілік.* 2. *Біркелкі еместік.*

АЛАҚҰРТ I *Малдың терісін, қанын сорып қоректенетін бүрге тәрізді жәндік.*

АЛАҚҰРТ II *Өрнектің бір түрі.*

АЛАҚҰРТТА *Өрнек салу, өрнектеу.*

АЛАЛА *Бірдей көрмеу, бөліп-жару.*

АЛАЛАН *Бөлектену, жырақтану.*

АЛАЛЫ *Түрлі-түсті, алалы-құлалы.* ◊ **Алалы жылқы, ақтылы қой** – *мыңғырған көп мал.*

АЛАЛЫҚ 1. *Ала-құлалық, бірдей еместік.* 2. ***Ауысп.*** *Арамдық, бүкпелік.*

АЛАЛЫ-ҚҰЛАЛЫ *Аласы мен құласы аралас.*

АЛАМАЙ 1. *Көз сияқты дене мүшелерінің айналасына біткен қалың май қабаты.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің жалпы аумағы, көлемі.*

АЛАМАЙЛЫ *Аламайы үлкен, майлы.*

АЛАМАН I *Атжалман, алақоржын тышқан тұқымдасына жататын кеміргіш жануар.*

АЛАМАН II 1. *Біреуді шабуға, олжалауға сайланған қарулы топ.* 2. ***Ауысп.*** *Қарқынды, қаһарлы.* □ **Аламан бәйге** — *аты, құнаны, тайы аралас жаппай жарыс.*

АЛАМАНДАП *Айқайлап атой салу.*

АЛАМАНДЫҚ *Аламанға тән іс-әрекет; жанкештілік, жұлымырлық.*

АЛАМЫШ 1. *Алабажақ түс.* 2. *Алашабыр, ойдым-ойдым.*

АЛАМЫШТА *Әлем-жәлем ету, алабажақтау.*

АЛАН *Барыстың күшігі.*

АЛАҢ I 1. *Орман, тоғай, үй аралығындағы бос жер.* 2. *Ірі қалалардағы жиын, шеру өткізетін арнаулы орын.* ◊ **Алаң ашық** — *қоршауы жоқ, қоршаусыз жер.*

АЛАҢ II *Қойда болатын топалаң ауруының бір түрі.*

АЛАҢ III *Беймазалық, әбігер.* ◊ **Алаң болды [етті, қылды]** — *ойы сан саққа бөлінді, алаңдады.*

АЛАҢҒАСАР *Ойындағысын лақ еткізіп айта салатын, аңғырт, аңғал.*

АЛАҢҒАСАРЛАН *Артын ойламай бір нәрсені айта салу.*

АЛАҢҒАСАРЛАУ *Аңғырттау, аңғалдау.*

АЛАҢҒАСАРЛЫҚ *Аңғырттық, аңғалдық.*

АЛАҢДА 1. *Көзі алақтап қарау.* 2. *Беймазалану, әбігер болу, еленделеу.*

АЛАҢДАУШЫЛЫҚ *Қобалжушылық, беймазаланғандық.*

АЛАҢ-ЕЛЕҢДЕ *Таңертең, ертемен.*

АЛАҢ-ЖҰЛАҢ *Алақ-жұлақ, жалтаң-жұлтаң.*

АЛАҢҚАЙ *Орман-тоғай арасындағы шағын жазық, алаң ашық бос жер.*

АЛАҢҚАЙЛАН *Алаң ашық болып қалу.*

АЛАҢСЫЗ 1. *Жайбарақат, бейқам.* 2. *Көңілі хош; уайым-қайғысыз.*

АЛАҢША *Кішкене алаң.*

АЛАҢШЫЛ *Алаңдағыш, мазасыз.*

АЛАҢЫТ *Алаңдай беру, мазасыздану.*

АЛАӨКПЕ *Қара малда болатын жүқпалы өкпе ауруы.* ◊ **Алаөкпе болды** — *а) алаөкпе ауруымен ауырды; ә) әуресарсаңға түсті.*

АЛАП 1. *Аймақ, атырап, өлке.* 2. *Мөлшерлі, белгілі жер.*

АЛАПА ***көне*** 1. *Олжа, пайда, табыс.* 2. *Пара, алым.* 3. *Кәделі сыйлық, жөн-жоралғы.*

АЛАПАЙ: алапай-талапайын шығарды — *опыр-топыр қылды.*

АЛАПАТ 1. *Апат, нәубет, қырғын.* 2. ***Ауысп.*** *Керемет, жойқын.*

АЛАПАТТАН *Сұстану, түнеру.*

АЛАПАТТЫ *Айбарлы, айбатты, сұсты.*

АЛАПАТТЫҚ *Сұстылық, үрейлілік.*

АЛАПЕС 1. *Емдеуге қиын жүқпалы ауру.* 2. ***Ауысп.*** *Ала-құла, тегіс емес.* 3. ***Ауысп.*** *Жұртты алалайтын, әділеттен тайған адам.*

АЛАПЕСТЕН 1. *Алапес ауруына ұшырау, алапес ауруымен ауыру.* 2. ***Ауысп.*** *Ала-құла түске ену.*

АЛАП-ЖАЛАП *Қарны ашқандықтан болатын жағымсыз сезім.*

АЛАР 1. *Көздің шарасынан шыға үлкейіп көрінуі.* 2. *Жаратпай, жақтырмай қарау.*

АЛАРМАН 1. *Алушы, алғыш.* 2. *Дүкеннен зат сатып алушы адам.*

АЛАРЫҢҚЫ *Алайған, алайғандау.*

АЛАС 1. ***көне*** *Отқа табынуға байланысты шыққан атау.* 2. ***Ауысп.*** *Аластау, жоқ болу, жойылу.*

АЛАСА *Биік емес, жатаған.*

АЛА-САБЫР *Қар еріп, жер лайсаң болып жатқан шақ.*

АЛАСАЛАУ *Аласарақ, тапалдау.*

АЛАСАЛЫҚ *Биік еместік, қыскалық.*

АЛАСАПЫРАН 1. *Қар еріп, су жүріп лайсаң болып жатқан жазға салымғы кез.* 2. *Ауа райының кенеттен бұзыла қалуы.* 3. ***Ауысп.*** *Аумалы-төкпелі қиыншылық уақыт.*

АЛАСАР *Төменде шөгу, бойы кішірею.*

АЛАСАРАҚ *Аласалау, кішілеу.*

АЛАС-ҚАПАСТА *Тығылтаяң, қарбалас шақта.*

АЛАСТА 1. *Ауруды отпен ұшықтап емдеу.* 2. *Біреуді ығыстыру, қуып тастау.*

АЛАСҰР 1. *Ауру денден, жанталасып қиналу, жанын қоярға жер таппау.* 2. *Бір нәрсеге қатты күйзеліп тыпыршу, тынышсыздану.* 3. *Жанын салып арпалысу.*

АЛАСЫ 1. *Біреуден алуға тиісті зат, бұйым.* 2. *Алушы, алярман адам.*

АЛАСЫЛЫ *Алашағы бар.*

АЛА-ТОПАЛАҢ *Опыр-топыр, астан-кестен.*

АЛАУ 1. *Лаулап жанған от.* 2. ***Ауысп.*** *Адамның бойындағы қызу қайрат, жігер.*

АЛАУДАЙ *Қып-қызыл, жалын атқан.*

АЛАУ-ДАЛАУ *Үйпа-түйпа.*

АЛАУ-ЖАЛАУ *Әлеміштеген, түрлі-түсті, әшекейлеген.*

АЛАУЛА 1. *Лаулап жану, жалындау.* 2. *Күйіп жану, қызара бөртү.*

АЛАУЛЫ *Қызулы, жалынды.*

АЛАУРА *Жанған оттай қызару, жалындау.*

АЛАУШЫРАҚ *Таяқтың басына майлы шүберек немесе май құйылған темір құты байланған жалынды шырақ.*

АЛАУЫРТ *Алып ұшу, лепіру.*

АЛАШ 1. *Қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы.* 2. *Ерте замандағы қазақ руларының ұраны.* 3. *Ел-жұрт, қауым, көпшілік.* 4. *Қазақ зиялыларының алғашқы саяси партиясы.* □ **Алаш мыңы *көне*** — *"қазақ" деуден бұрынғы елдің жалпы аты.* ◊ **Алаштың азаматы** — *бүкіл қазақ, дүйім жұрт.*

АЛАША I *Түрлі түсті жіптен арқау салып жолақтап тоқитын тақыр кілем, төсеніш.*

АЛАША II *Асылтұқымды түйе мен жабы түйеден шыққан түйе.*

АЛАШАҚ *Біреуден алатын нәрсе, зат.*

АЛАШАПҚЫН: алашапқын болды — *босқа әуреге түсті, араптер болды.*

АЛАШТА *Алаш-алаш деп ұрандау, ұран шақыру.*

АЛАШЫҚ *Көздің аласы.*

АЛАЯҚ *Айлакер, қу залым.*

АЛАЯҚТЫҚ *Айлакерлік, залымдық.*

АЛБА-ЖҰЛБА *Жыртық-жыртық, далба-дұлба.*

АЛБАН *Албанияның негізгі тұрғын халқы.*

АЛБАҢ-ДАЛБАҢ *Желп-желп етken, бетімен кеткен.*

АЛБАР *Үй айналасындағы төбесі ашық, қоршалған жер.*

АЛБАРЛЫ *Албары бар, албармен қоршалған.*

АЛБАСТЫ 1. *Жын, сайтан.* 2. ***Ауысп.*** *Оңбаған, жексұрын.* ◊ **Албасты басқыр *қарғ.*** — *қара басқыр, оңбағыр.* **Албасты басты** — *құдай атты.*

АЛБАСТЫДАЙ *Албасты сияқты, жексұрын, сұмпайы.*

АЛБЫРА *Адамның бет-жүзінің уылжып қызаруы.*

АЛБЫРТ I *Жылқыда болатын ауру, делбе.*

АЛБЫРТ II *Тауы шағылмаған, маңдайы тасқа тимеген.*

АЛБЫРТ III 1. *Қызару, албырау.* 2. ***Ауысп.*** *Алабұрту, алып-ұшу, еліру.*

АЛБЫРТТАУ *Қызбалау, еліккіш.*

АЛБЫРТТЫҚ *Қызбалық, ұрыншақтық.*

АЛГЕБРА *Сандардың жалпы заңдылық қасиеттерін зерттейтін математиканың негізгі саласы.*

АЛГЕБРАЛЫҚ *Алгебрага тән, соған қатысты.*

АЛГОРИТМ *Белгілі бір есептерді шығару үшін қолданылатын математикалық амалдардың жиынтығы.*

АЛҒА *Ілгері, ілгері қарай.* ◊ **Алға басты** — *өркендеп өсті, дамыды.* **Алға көз салды [жіберді]** — *болашақты болжады.*

АЛҒАЙ-ШАЛҒАЙ *Дүрдараздық, ынтымақсыз.*

АЛҒАЛА *Алға деп ұрандау, ұран салу.*

АЛҒАНСЫ *Алғанға ұқсау, алғандай болу.*

АЛҒАНЫ *Сүйіп қосылған жар.*

АЛҒАСЫЛ *Әрі тартып, бері тартып, көп нәрсенің басын шату.*

АЛҒАУ I ***көне*** *Медеу, қуат, таяныш.*

АЛҒАУ II *Мұң, қайғы, құлазу.*

АЛҒАУЛЫ ***жерг.*** *Тапшы, зәру.*

АЛҒАШ *Бірінші рет, алдымен.*

АЛҒАШҚЫ *Бастапқы, әуелгі.* □ **Алғашқы қауымдық құрылыс** — *адамзат тарихындағы ең алғаш қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық формация.* ◊ **Алғашқы қарлығаш [адым]** — *тұңғыш бастама.*

АЛҒАШҚЫДА *Басында, әуелде.*

АЛҒИ *Көгалды өзектерде өсетін хош иісті балауса шөп.*

АЛҒЫ *Алдыңғы ретте.* □ **Алғы сөз** — *а) шығарманы бастамас бұрын соның ішкі сырын нақтылап ашатын тұжырымды қысқа түсінік; ә) жиылыс ашар алдындағы сөйленетін бастама пікір.* **Алғы шеп** — *соғыс майданының алдыңғы жағы.*

АЛҒЫНШЫ ***көне*** *Некелі әйел.*

АЛҒЫР 1. *Көрген аңды жібермейтін қыран құс, тазы.* 2. ***Ауысп.*** *Зейінді, зерек, ұғымтал.*

АЛҒЫРЛАН *Алғырлығы арту, күшею.*

АЛҒЫРЛЫҚ *Алғыр болғандық; зейінділік, ұғымталдық.*

АЛҒЫРСЫ *Алғыр болғансу.*

АЛҒЫС *Ізгі ықылас, жақсы ниет.*

АЛҒЫСТА *Алғыс айту, жаудыру.*

АЛҒЫШАРТ *Алдыңғы жағдай, негізгі себеп.*

АЛДА I *Өтірік айтып, біреуді айламен қолға түсіру.*

АЛДА II *Алдыңғы жақта, ілгеріде.*

АЛДА III 1. *Есіркеу, мүсіркеуді білдіретін одағай.* 2. *Реніште, күйініште білдіреді.*

АЛДАҒЫ *Болашақтағы, ілгерідегі, келешектегі.*

АЛДАҒЫШ *Алдампаз, өтірікші.*

АЛДА-ЖАЛДА *Әлдеқалай, зәуі-сайтан.*

АЛДАМАЛА *Алдаусырату, жақаурату.*

АЛДАМПАЗ *Өтірікші, суайт, жалганшы.*

АЛДАМПАЗДЫҚ *Суайттық, жалганшылық.*

АЛДАМШЫ *Алдампаз, алдағыш.*

АЛДАН 1. ***ыр. етіс*** *Алда-н.* 2. *Бір нәрсемен шұғылданып, кідіру, бөгелу.*

АЛДАНҒЫШ *Сеңгіш, нанғыш.*

АЛДАНЫШ 1. *Көңілін бөліп, алдаусырататын жұмыс; ермек.* 2. ***Ауысп.*** *Бала, перзент.*

АЛДАП-СУЛА *Өйтіп-бүйтіп амалдау, алдаусырату.*

АЛДАРАҚ *Озықтау, ілгерірек.*

АЛДАСПАН ***көне*** *Сабында көлденең салынған болат қалқасы бар семсер.*

АЛДАСТЫР *Алдап-арбау.*

АЛДАУ-АРБАУ *Қулық-сұмдық, айла-тәсіл.*

АЛДАУСЫРАТ 1. *Алдау, амалдау.* 2. *Өзін-өзі жұбату, көңілін аулау.*

АЛДАУШЫ *Өтірікші, жалған айтушы.*

АЛДИЯР *Ханға, төрелер мен сұлтандарға "тақсыр", "құлдық" деп табыну.*

АЛДИЯРЛА *Құлдық ұрып, бас ию.*

АЛДҮЗІК: алдүзік ат — *шапқан бетте суырылып шығып, алдына ат жуытпайтын жүйрік жылқы.*

АЛДЫ 1. *Адамның екі тізесі мен кеуде жақ аралығы.* 2. *Адамның бері қараған жағы.* 3. *Белгілі бір нәрсенің*

қарсы жағы. 4. *Бір нәрсенің бастамасы.* 5. *Бір нәрсенің ең үлкені.* 6. *Бір нәрсенің ең озығы, үздігі.* 7. ***Ауысп.*** *Болашақ өмір, тағдыр.* ◊ **Алды бар, арты жоқ** — *ешкімге жаманшылығы жоқ, кек сақтамайтын (адам).* **Алдын ала** — *күнібұрын, күнілгері.* **Алдын алды** — *күнібұрын қамданды, сақтанды.* **Алдына жан** салмады — *ешкімге жол бермеді.* **Алдына келтірді** — *өз істегенін өзіне істеді.* **Алдына қара салмады** — *жарыста бәрінен бұрын келді, озды.* **Алдынан кесе көлденең өтпеді** — *сыйлады, құрметтеді.* **Алдынан өтті** — *а) белгілі бір шаруа жайында бастықтан рұқсат сұрады, келісті; ә) қыздың ата-анасының келісімін алды.* **Алдыңнан жарылқасын *тілек.*** — *жолың болсын.* **Алдына шықпады** — *бетіне қарсы келмеді.* **Алдынан шықты** — *құрметтеп қарсы алды.*

АЛДЫ-АЛДЫНА *Бет-бетімен, жай-жайына.*

АЛДЫ-АРТЫ 1. *Бір нәрсенің басаяғы, бар болғаны.* 2. *Бір нәрсенің ең соңы, ақыр аяғы.* ◊ **Алды-артына қарамады** — *тоқтаусыз жүре берді, алаңдамады.*

АЛДЫМЕН *Ең әуелі, бірінші кезекте.*

АЛДЫНДА 1. *Бір нәрсенің қарсаңында, басталар кезінде.* 2. *Көзінше, бетпе-бет, жүзбе-жүз.*

АЛДЫҢҒҮНІ *Бұрнағы күні.*

АЛДЫҢҒЫ 1. *Бірінші кезектегі, алдағы.* 2. *Бұрынғы, өткен.* ◊ **Алдыңғы қатарлы** — *ең озық, озат, үздік.*

АЛДЫҢ-ДҰЛДІҢ *Арсы-күрсі, келер-кетерін білмейтін (адам).*

АЛДЫР 1. ***өзг. етіс*** *Ал-дыр.* 2. *Ұрлату, қолды болу.* 3. ***Ауысп.*** *Біреуге есе бермеу.*

АЛДЫР-БҰЛДЫР *Көмескі, күңгірт, анық емес.*

АЛЕБАСТР *Гипстің ұсақ түйіршікті түрі.*

АЛЕҢДІК *көне* *Қызыл от, жалын атқан от.*

АЛЖА-АЛЖА *Әбден қартайып біткен.*

АЛЖАПҚЫШ *Жұмыс істегенде киім кірлемес үшін алдыға байлайтын қорғаныш киім, белдемше.*

АЛЖАС 1. *Қартайып ақылдан адасу, шатасу.* 2. ***Ауысп.*** *Қателесу, шатысу.*

АЛЖЫ *Жасы жетіп, әбден қартаю, ақылдан алжасу.*

АЛИБИ *заң* *Қылмыс істелген сәтте айыпталушының ол жерде болмай, басқа бір жерде болуы; яғни оның қылмысқа қатысы жоқтығының дәлелі.*

АЛИМЕНТ *Жасы жетпеген бала мен еңбекке жарамайтын ересек адамдарға төленетін ақша, көмек.*

АЛКАЛОИД *хим.* *Сілті сипатты органикалық зат.*

АЛҚА I *Бір я көпжылдық шөптесін немесе шала бұта өсімдіктер туысының жалпы атауы.*

АЛҚА II *Қыз-келіншектердің мойнына сәндік үшін тағатын әшекей.*

АЛҚА III *Әкімшілік, мәжілістік ұйымды, мекемені басқаруға ресми бекітілген адамдар тобы.*

АЛҚА IV *Алғыс айту, бата беру, разы болу.*

АЛҚАГҮЛ *Өсімдік жапырақтарынан өрілген, гүл; лавр.*

АЛҚА-ҚОТАН *Алқаға ұқсап, дөңгелене, айнала.*

АЛҚАЛА I *Айнала қоршау, қаумалау.*

АЛҚАЛА II ***көне*** *Ақылдасу, кеңесу, бас қосу.*

АЛҚАЛЫ I *Алқа таққан, алқасы бар.*

АЛҚАЛЫ II *Топтасып жиналған, жинақы.*

АЛҚАМ-САЛҚАМ 1. *Ашылып-шашылған, салдыр-салақ.* 2. *Аңғал-саңғал, ашық-тесік.*

АЛҚАП *Бір шетімен бір шетіне көз жеткісіз кең өлке.*

АЛҚАПТЫ *Аясы кең, өрісті.*

АЛҚАРАКЕС *Бұлғын тәріздес жануар. Мұны қаракіс деп те айтады.*

АЛҚАТ *Ардақтау, еркелету, қолпаштау.*

АЛҚАШ *қарап. Ішімдікке салынған адам, ішкіш.*

АЛҚЫЛДА *Қолп-қолп ету, қолпылдау.*

АЛҚЫМ 1. *Жан-жануардың, адамның тамағының астыңғы жағы.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің қылқа мойны, келіп тірелген жері.* □ **Алқым бау** — *киімнің жағасын мойынға бекітіп тұратын бау.* ◊ **Алқымынан алды** — *жанын қысты, қыспаққа салды.*

АЛҚЫМДА 1. *Алқымнан алып қылғындыру, буындыру.* 2. *Қасқырдың малды шетінен тамағынан тістеп қыра беруі, тамақтауы.* 3. ***Ауысп.*** *Тықсыру, беттетпеу, қысу.* 4. ***Ауысп.*** *Қуып жету, жақындау.* 5. ***Ауысп.*** *Адамның жас мөлшерінің белгілі бір шамаға жетуі.*

АЛҚЫН I *Тегеурін, екпін.*

АЛҚЫН II 1. *Ентігу, демігу.* 2. ***Ауысп.*** *Буырқану, арындау.*

АЛҚЫНДЫ *Жуылып, таусылуға жақындаған сабынның қалдығы; таусыншақ.*

АЛҚЫН-ЖҰЛҚЫН *Асығып-үсігіп, асып-сасып.*

АЛҚЫНЫС *Ентікпе, сырыл.*

АЛЛА ***діни*** *Құдай, жасаған, жаратушы.* ◊ **Алла атымен** — *шындыққа көз жеткізу, жұртты сендіру үшін айтылады.* **Алла жар болсын [жарылқасын]** — *жортқанда жолың болсын.* **Алланың жазуы** — *құдайдың салғаны.* **Алла риза болсын** — *тәңір жарылқасын.* **Алла тағала** — *құдіреті күшті құдай.*

АЛЛАЛА *Аллаға сиынып, жалыну, жалбарыну.*

АЛЛАҺУАКБАР *Құдай қабыл қылсын деген ниет.*

АЛЛАХОЛ ***мед.*** *Бауыр мен өт жолдарын емдейтін дәрі.*

АЛЛАШЫЛ *Діншіл, құдайшыл.*

АЛЛЕГОРИЯ ***әдеб.*** *Дерексіз ұғымды немесе ойды шартты түрде көркем бейне арқылы беру, түспалдау.*

АЛЛЕГРО ***муз.*** *Музыкалық пьесаны ойнаудағы жылдамдық қарқыны.*

АЛЛЕРГИЯ ***мед.*** *Сезім мүшелерінің жоғарғы реакциясы.*

АЛЛИГАТОР *Көртышқандар отрядына жататын, басы қысқалау, тұмсығы жалпақ, бауырымен жорғалаушы жануар.*

АЛЛИТЕРАЦИЯ ***әдеб.*** *Бір ойды, сөзді баса айту мақсатымен белгілі бір дауыссыз дыбысты қайталау.*

АЛЛО *Телефонмен сөйлесушілердің бір-біріне беретін ишараты.*

АЛМА 1. *Раушангүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық жеміс ағашы.* 2. *Осы ағаштың басына шығатын жемісі.* 3. ***поэт.*** *Әйел бала төсі, емшегі.* ◊ **Алма бет** — *қызарған домалақ бет.* **Алма мойын** — *жұмыр келген әдемі мойын.*

АЛМАҒАЙЫП *Екіталай, қилы-қилы, негайбыл.*

АЛМАДАЙ *Қып-қызыл, албыраған, уылжыған.*

АЛМА-ЖҰЛМА *Жыртық-жыртық, өрім-өрім.*

АЛМАЗ *Түссіз, мөлдір, өте қымбат қатты зат.*

АЛМА-КЕЗЕК *Кезекпе-кезек, бірінен соң бірі.*

АЛМАҚ *Алуға тиісті зат.*

АЛМАЛА *Алма-кезек ауыстыру, ұтылау.*

АЛМАЛЫ *Алмасы көп, бақшабаулы.*

АЛМАЛЫ-САЛМАЛЫ *Алып қоюға ыңғайлы.*

АЛМАН ***көне*** *Алым-салық.*

АЛМАС I 1. ***тех.*** *Табиғатта кездесетін ең қатты минерал.* 2. *Шыны кесіп түсетін жүзі бар өткір құрал.* 3. ***Ауысп.*** *Өткір, қайратты.*

АЛМАС II ***мин.*** *Хлорлы сынаптан жасалған, техника мен медицинада қолданылатын улы ақ ұнтақ дәрі.*

АЛМАС III *Бірінің орнын бірі басып, кезектесу, ауысу.*

АЛМАСТАЙ *Мірдің оғындай, өткір.*

АЛМАУЫТ *Қайратты, қажырлы.*

АЛМҰРТ 1. *Раушангүлділер тұқымдасына жататын жеміс ағашы.* 2. *Осы ағаштың жемісі.*

АЛОЭ *Қалыңдау келген жапырағының дәрілік қасиеті бар, көбіне*

сәндік үшін үйде өсірілетін көпжылдық өсімдік.

АЛПАМСА *қ. Алпамсадай.*

АЛПАМСАДАЙ *Зор денелі, еңгезердей.*

АЛПАУЫТ 1. *Керемет дәу, орасан зор.* 2. ***Ауысп., тар.*** *Ірі жер иесі, феодал.*

АЛПЫС *Алты онның қосындысы.* ◊ **Алпыс екі айлалы** — *неше түрлі қулығы бар, айлакер.* **Алпыс екі тамыр** — *адамның бүкіл жан жүйесі.*

АЛПЫС-ЖЕТПІС *Алпыстан астам, жетпіске тарта.*

АЛПЫСЫНШЫ *Алпыс санының реттік түрі.*

АЛТАЙЫ: алтайы қызыл түлкі [тымақ] — *соншалықты әдемі, көркем.*

АЛТАТАР *Қорабына бірден алты оқ салынатын тапанша.*

АЛТАУ *Алты санының жинақтау түрі.*

АЛТЫ *Бестен кейінгі есептік сан.* □ **Алты қанат үй** — *алты қанат керегеден тігілген киіз үй.* **Алты өрім [таспа] қамшы** — *жуан етіп өрілген қамшы.* ◊ **Алты айшылық [айлық] жол** — *алыс жол, ұзақ сапар.* **Алты аласы, бес бересі жоқ** — *айдаладағы біреу; өте кеткені жоқ.* **Алты алаш** — *бүкіл қазақ біткен, бар қазақ баласы.* **Алты алаштың баласы** — *түрікпен, қарақалпақ, қазақ, өзбек, қырғыз, башқұрт ұлттарының жиынтық аты.* **Алты арыс** — *а) алты тайпадан құралған ағайынды ел; ә) алты атадан тараған бір ру.* **Алты ауыз [ауызды]** — *ауыз бірлігі жоқ, алауыз.* **Алты бақан алауыз** — *бірімен бірі араз, бірлігі жоқ.* **Алты батпан** — *зіл көтерем, зілдей ауыр.* **Алты құлаш ақ найза** — *батырлар ұстайтын ұзын қару.* **Алты қырдан асырды** — *өте алысқа кетті, қуып тастады.*

АЛТЫБАҚАН *Қазақтың ұлттық ойыны, әткеншек.*

АЛТЫЛЫҚ *Карта ойынындағы бестен кейінгі реттік карта.*

АЛТЫН 1. *Сары түсті жарқыраған әдемі қымбат металл.* 2. *Осы металдан жасалған.* 3. ***Ауысп.*** *Қадірлі, қасиетті.* 4. ***Ауысп.*** *Бағалы, қымбат.* 5. ***поэт.*** *Сұлулық пен әдемілік бейнесі.* □ **Алтын алқа** — *алтыннан жасалған алқа.* **Алтын балық** — *аспанның оңтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз.* **Алтын жақты айбалта *көне*** — *екі жағына алтын жалатқан кішірек балта.* **Алтын жамбы *көне*** — *мергендік сынасатын ойын.* **Алтын жұлдыз** — *көрсеткен ерлігі үшін берілетін ең жоғарғы награда.* **Алтын кітап** — *еңбек озаттарын тіркеп көрсететін құрмет кітабы.* **Алтынқабақ** — *садақ тартқыш жігіттердің бәсеке сайысы.* **Алтын қазық** — *мықты тірек.* **Алтын қазына [қор]** — *жиған-терген байлық, рухани игілік.* **Алтын қоры** — *эмиссиялық банктер мен қазынашылардың алтын құйма және алтын шақа түріндегі қоры.* **Алтын медаль** — *орта мектепті үздік бітіргендерге және спортта айрықша артық ұпай алғандарға берілетін медаль.* **Алтын Орда** — *13 г. Қазақстан, Орта Азия, Шығыс Еуропа жерлерінде құрылған мемлекет.* **Алтын тақ** — *патша отыратын алтыннан жасалған орындық.* **Алтынтой** — *отасқанына елу жыл толған ерлі-зайыптыларды тойлау салты.* ◊ **Алтын айдар, жібек шашты [шоқ белбеу]** — *қисса-дастандардағы сұлулық бейнесі.* **Алтын асықтай** — *әдемі, сүйкімді.* **Алтын бесік [босаға, ұя]** — *туған, өскен орта, шыққан жер.* **Алтын жаға сөгілді** — *береке-бірліктен айрылды.* **Алтынмен аптан, күміспен күптеді** — *құлпыртып, безендіріп қойған.* **Алтынның сынығы** — *жақсының көзі.*

АЛТЫНДА *Алтынмен аптау, алтын жалату.*

АЛТЫНДАЙ *Алтын сияқты; таза, бағалы.*

АЛТЫНШЫ *Алты санының реттік түрі.*

АЛУ ***мат.*** *Арифметика сабағындағы санды кеміту тәсілі.*

АЛУА *Тәтті тағамның бір түрі.*

АЛУАН *Әртүрлі, сан қилы.*

АЛУАН-АЛУАН *Түрлі-түрлі, қилы-қилы.*

АЛУАНДАС *Тектес, шамалас, іспеттес.*

АЛХАМДУЛИЛЛА ***діни*** *Құдайға тәубе ету, Аллаға шүкіршілік жасау кезінде айтылатын сөз.*

АЛХИМИК *Алхимиямен шұғылданатын адам.*

АЛХИМИЯ *Кәдімгі металдарды алтын мен күміске айналдыруды көксеген орта ғасырдағы ізденіс.*

АЛХОРЫ 1. *Раушангүлділер тұқымдасына жататын, жабайы және мәдени түрде көп таралған өсімдік.* 2. *Осы өсімдіктің жемісі.*

АЛШАҒЫРАҚ *Алыстау, қашығырақ.*

АЛШАЙ *Екі аяқтың арасын талтайтып қашық ұстау.*

АЛШАҚ 1. *Шалғай, жырақ, алыс.* 2. ***Ауысп.*** *Керегар, үйлесімсіз.*

АЛШАҚТА 1. *Алыстап кету, қашықтау.* 2. ***Ауысп.*** *Араздасу, өштесу, дүрдараз болу.*

АЛШАҚТАУ *Жырақтау, алысырақ.*

АЛШАҚТЫҚ *Шалғайлық, керегарлық, өзгешелік.*

АЛШАЛҒЫ ***жерг.*** *Жұмыс істегенде алдыға байланатын белдемше, алжапқыш.*

АЛШАҢ: алшаң басты — *а) адымын кең адымдады; ә) ештеңеден тартынбай емін-еркін өмір сүрді.*

АЛШАҢДА *Кердеңдеу, еркінсу, паңсыну.*

АЛШЫ *Асықтың тәйкесіне қарсы тұрған жағы.* ◊ **Алшысынан түсті** — *жолы болып, ісі оңға басты.*

АЛШЫН *Шабылған шабындықтың қайта көктеп өскен шөбі; көрпекөк.*

АЛШЫСЫНАН *Тіктеп, тікірейтіп.*

АЛЫМ ***көне*** 1. *Халықтан алынатын салық.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуге беретін бұқпантай ақы, пара.*

АЛЫМ-БЕРІМ I *Ауыс-түйіс дүние.*

АЛЫМ-БЕРІМ II *Орташа, жарамды.*

АЛЫМДЫ 1. *Ауқымы кең, алымы үлкен.* 2. ***Ауысп.*** *Көргенін жібермейтін, алғыр.* 3. ***Ауысп.*** *Өрісі кең, өрелі, ауқымды.*

АЛЫМДЫЛЫҚ *Қамту аясы кең болушылық.*

АЛЫМ-ЖҰЛЫМ *Алба-жұлба, жыртық-жыртық.*

АЛЫМПАЗ *Нысапсыз, тойымсыз.*

АЛЫМ-САЛЫҚ *Жүртшылыққа салынатын салықтардың тұтас жиынтығы.*

АЛЫП 1. *Үлкен, зор, дәу.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір саладан жарып шыққан ұлы адам; атақты үлкен құрылыс.*

АЛЫП-ЖҰЛЫП: алып-жұлып бара жатқан — *соншалықты асығыс, тығылтаяң (нәрсе).*

АЛЫПСАТАР *Дайын өнімдерді сатып алып, қайта қымбатқа сатумен шұғылданатын саудагер адам.*

АЛЫПСАТАРЛЫҚ *Сауда-саттықпен шұғылданушылық.*

АЛЫПТЫҚ *Алып болғандық, үлкендік, ұлылық.*

АЛЫС I *Арпалыс, талас-тартыс.*

АЛЫС II 1. *Қашық, ұзақ.* 2. ***Ауысп.*** *Атасы басқа, бөтен, бөгде.*

АЛЫС III 1. ***орт. етіс*** *Ал-ыс.* 2. *Күресу, арпалысу, жағаласу.* 3. *Соғысу, қырқысу, жауласу.* 4. ***Ауысп.*** *Әуре болу, әбігерге түсу.*

АЛЫС-БЕРІС *Ауыс-түйіс, алым-берім.*

АЛЫС-ЖАҚЫН *Кімнің алыс, кімнің жақын екендігін алаламау.*

АЛЫС-ЖҰЛЫС *Талас-тартыс.*

АЛЫСПАҚ *Алысу, жұлысу.*

АЛЫССЫН *Қашық деп білу, қашықсыну.*

АЛЫСТА 1. *Қашықтау, ұзап кету.* 2. ***Ауысп.*** *Бір-бірінен бөгделеніп бөліну, ажырау.*

АЛЫСТАУ *Қашығырақ, жырақтау.*

АЛЫСТЫҚ *Қашықтық, алшақтық.*

АЛЫСШЫЛ *Алысқа шабатын, төзімді, мықты.*

АЛЫСЫРАҚ *Қашығырақ, жырақтау.*

АЛЫСЫРАҚТАУ *Қашықтау, алыстау.*

АЛЬБАТРОС *Дауылпаздар отрядына жататын теңіз құсы.*

АЛЬБОМ *Өлең, сурет, марка т. б. жинауға арналған дәптер, кітап.*

АЛЬМАНАХ *Ғылым мен өнердің соңғы жетістіктерін, өзгерістерін т. б. қамтитын мәліметтер жинағы.*

АЛЬПИНИЗМ *Тау шыңына өрмелеп шығу спорты.*

АЛЬПИНИСТ *Альпинизммен шұғылданатын адам.*

АЛЬТ ***муз.*** *Скрипка тектес, ысқымен тартатын төрт ішекті музыкалық аспап.*

АМАЛ I 1. *Айла, тәсіл, әдіс.* 2. *Лаж, шара, жол.* ◊ **Амал қанша [жоқ, не, нешік]** — *шарасыздық, дәрменсіздік күй.* **Амалы құрыды** — *мысы құрыды, не істерін білмеді.* **Амалын асырды** — *алдап кетті, құлығын асырды.*

АМАЛ II *Жыл мезгілінің тұрақты түрде қайталанып тұратын жауын-шашынды кезі.*

АМАЛ III ***мат.*** *Есеп шығару тәсілі.*

АМАЛ-АЙЛА *Құлық-сұмдық.*

АМАЛДА 1. *Бір жолын табу, іздеу.* 2. ***Ауысп.*** *Оғып-бұғу, өйтіп-бүйту.*

АМАЛСЫЗ *Шарасыз, лажсыз.*

АМАЛСЫЗДАН *Лажсыздан, шарасыздан.*

АМАЛСЫЗДЫҚ *Шарасыздық, лажсыздық.*

АМАЛШЫЛ *Тәсілқой, әдісшіл.*

АМАН 1. *Сау-сәлемет, есен-сау.* 2. *Шығынсыз, бүлініп-бұзылмаған, жоғалмаған.*

АМАНАТ I 1. *Сақталып тұру үшін, я болмаса, бір адамға арнайы табыс етілу үшін берілетін зат.* 2. *Сайлаушылардың депутатқа берген тапсырмасы.* 3. *Артық жүк.*

АМАНАТ II ***көне*** *Жеңілген, бағынышты жақтың кепілге берген адамы.*

АМАНАТТА *Бір затты біреуге өз қолымен апарып беріп, әдейілеп қатты тапсыру.*

АМАНДАС *Амандық-саулық сұрасу, сәлемдесу.*

АМАНДЫҚ *Ел-жұрттың аман болуы, есендік.*

АМАНДЫҚ-САУЛЫҚ *Ел-жұрттың түгелдігі, сау-сәлеметтік.*

АМАН-ЕСЕН *Есен-сау, сау-сәлемет.*

АМБРАЗУРА ***әск.*** *Қорғанның қабырғасынан жауды атуға арналған арнайы ойық.*

АМБУЛАТОРИЯ *Келіп-кетіп емделетін, дауаланатын емхана.*

АММИАК ***хим.*** *Азот пен сутегінің қосындысынан алынған түссіз газ.*

АММОФОС ***хим.*** *Суда жақсы еритін, түйіршіктелген ақ ұнтақ тыңайтқыш.*

АМОРАЛЬДЫ *Моральға, адамгершілікке жат, моральға сыйымсыз.*

АМОРАЛЬДЫҚ *Моральға жатпайтын қылық, іс-әрекет.*

АМПЕР ***физ.*** *Электр тогы күшінің бірлігі.*

АМПЕРМЕТР ***физ., тех.*** *Электр тогының шамасын өлшейтін құрал.*

АМПЛИТУДА ***өнер.*** *Тең салмақ басып тұрған толқымалы дененің ауытқу мөлшері.*

АМПЛУА ***өнер.*** *Актердің өз бойындағы табиғи ерекшеліктеріне қарай әртүрлі рөлдерге мамандануы.*

АМПУЛА ***мед.*** *Мойны жіңішке, дәрі сақтайтын жіңішке шыны ыдыс.*

АМПУТАЦИЯ ***мед.*** *Адамның емдеуге келмеген ауырған дене мүшесін не бір бөлігін кесіп тастау.*

АМФИБИЯ ***зоол.*** *Суда да, құрғақта да тіршілік ете алатын жәндік; қосмекенділер.*

АМФИТЕАТР *Театрдағы партерден кейінгі биіктеу орын.*

АНА 1. *Балалы болған әйел, туған шеше.* 2. ***Ауысп.*** *Тәрбиелеп өсірген орта, ел-жұрт.* 3. ***Ауысп.*** *Шыққан ұя, тұрақты мекен.* □ **Ана тілі** — *әр адам-*

ның өз ұлтының тілі. ◊ **Анадан [жаңа] туғандай** — *тыр жалаңаш.* **Ана көкірек** — *мейірманды, бауырмал.* **Ана сүті аузынан кетпеген** — *уылжыған жас, сәби.* **Ана сүтін ақтады** — *әке-шешенің ойлаған жерінен шықты.*

АНА II *Әне бір, сонау.*

АНАГРАММА ***лингв.*** *Бір сөздің әріптерінің орындарын алмастыру арқылы одан екінші бір жаңа сөз тудыру.*

АНАҒҰРЛЫМ *Едәуір, әлдеқайда.*

АНАДА *Әнеугүні, өткенде.*

АНАДАҒЫ *Әнеугүнгі, өткендегі.*

АНАДАЙ I *Анау сияқты, сол тәрізді.*

АНАДАЙ II *Онша қашық емес, көз көрім жерде.*

АНАДАЙДАН *Алыстан, көзкөрім жерден.*

АНАДАН-МЫНАДАН *Кім көрінгеннен, кездескен кісіден.*

АНАЖАН ***экспр.*** *Анатай, анашым.*

АНАЙЫ *Дөрекі, тұрпайы.*

АНАЙЫЛАУ *Өрескелдеу, тұрпайырақ.*

АНАЙЫЛЫҚ *Өрескелдік, дөрекілік.*

АНАЙЫРАҚ *Дөрекілеу, тұрпайырақ.*

АНАЛА *Ана, ана деп дауыстау.*

АНАЛАС *Бір шешеден туған, шешесі бір.*

АНАЛИЗ ***хим.*** 1. *Бір нәрсені ғылыми түрде жан-жақты зерттеу, талдау әдісі.* 2. ***хим.*** *Бір заттың құрамын анықтау, айқындау.*

АНАЛИЗАТОР ***тех.*** *Бір нәрсенің сипатын анықтауға арналған аспап; талдауыш.*

АНАЛИЗДЕ *Анализ жасау.*

АНАЛОГИЯ *Заттардың, құбылыстардың, ұғымдардың өзара ұқсастығы, сәйкестік, үйлестік.*

АНАЛЫ-БАЛАЛЫ *Анасы мен баласы, екеуі де.*

АНАЛЫҚ 1. *Жабық тұқымды өсімдіктер гүліндегі жыныстық көбеюге арналған маңызды генеративтік органдардың бірі.* 2. *Анаға тән ізгі қасиет.* 3. *Малдың төлдейтін ұрғашысы.*

АНАЛЬГИН ***мед.*** *Ауруды жеңілдететін, дене қызуын төмендететін, қабынуға қарсы қолданылатын дәрі.*

АНАМОРФОЗ *Жануарлар организмі дамуының бір түрі.*

АНАНАС *Тропикте өсетін өсімдік, жемісі.*

АНАР *Анар тұқымдасына жататын биіктігі 5—6 м. бұталы өсімдік және осы өсімдіктің жемісі.*

АНАРГҮЛ ***бот.*** *Қызыл түсті гүл.*

АНАРДАЙ *Қып-қызыл, нарттай.*

АНАРТАС ***геол.*** *Қоңыр қызғылт түсті қымбат бағалы тас.*

АНАРХИЯ ***саяси*** *Ешқандай мемлекеттік өкіметті, қоғамның ұйымдасқан түрін мойындамау, олардың мәнін жоққа шығару.*

АНАТОМ *Анатомия ғылымының маманы.*

АНАТОМИЯ *Организмнің құрылысын зерттейтін ғылым.*

АНАТОМИЯЛЫҚ *Анатомияға тән қасиет, ерекшелік.*

АНАУ *Ана бір, нақ өзі.*

АНАУ-МЫНАУ 1. *Оны-мұны, уақ-түйек.* 2. *Бірдеңе-сірдеңе, көкір-шүкір.* 3. *Жөпшеңді, жөбішеңді, жай.*

АНГИДРИД *Сульфаттар класындағы минерал.*

АНГОР *Жүні ұзын талшықты келген асылтұқымды ешкі.*

АНДА *Анау жер, ана жақ.*

АНДАҒАЙ ***көне*** *Сирек, қадау, селдір.*

АНДАҒАЙЛАП *Түс-түстан, андыздап, әр жерден бір.*

АНДАЙ-МҰНДАЙ *Оны-мұны, ұсақ-түйек.*

АНДА-МҰНДА *Ана жер, мына жер.*

АНДА-САНДА *Оқта-текте, баз-базда.*

АНДЫЗ *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

АНДЫЗ-АНДЫЗ *Қадау-қадау, сирек-сирек.*

АНДЫЗДАП *Түс-түстан қаумалап, қоршап.*

АНДЫР *Тауда қармен, мұзбен араласып өсетін тікенді гүл.*

АНЕКДОТ *Белгілі бір адамның өміріне байланысты, көбіне ойдан шығарылған, мысқылға құрылған қысқа әңгіме.*

АНЕКДОТТЫҚ *Анекдотқа тән сипат.*

АНЕМИЯ ***мед.*** *Қан азайғандық, қаназдық.*

АНЕСТЕЗИН *Суда нашар еритін кристалды, ақ түсті ұнтақ.*

АНЕСТЕЗИОЛОГ ***мед.*** *Ауруды операцияға даярлайтын дәрігер.*

АНЕСТЕЗИОЛОГИЯ ***мед.*** *Анестезия мәселесімен шұғылданатын медицинаның бөлімі.*

АНЕСТЕЗИЯ ***мед.*** *Организмнің сезімнен айырылуы.*

АНЖЫ *Дәріге малынған қыл.*

АНЖЫМА *Ердің алдыңғы және артқы қапталындағы тесіп өткізілген кішкене қайыс немесе шынжыр.*

АНЖЫРЛЫ *Қары қатқан, күртік болған.*

АНИС *Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік.*

АНКЕТА *Алдын ала дайындалған сұрауларға жауап беру арқылы толтырылатын қағаз, сауалнама.*

АННЕКСИЯ ***саяси*** *Бір мемлекеттің екінші бір мемлекеттің жерін заңға қайшы жолмен (басып алу, бөліп алу) өзіне қосып алуы.*

АНОД ***физ.*** *Электр аккумуляторының оң полюсі.*

АНОДТАУ *Металдан жасалған бұйымның сыртқы бетін электролиз жолымен өз тотығымен қаптау.*

АНОМАЛИЯ *Нормадан ауытқушылық.*

АНОНИМ *Есімін жасырып жазған, не телефонмен айтқан хат, арыз, шағым, ақпар, мәлімет.*

АНСАМБЛЬ ***муз.*** *Шығарманы екі не одан да көп адамның бірігіп орындауы.*

АНТ I *Уағдалы іске қалтқысыз болудың шынайы белгісі; серт, уәде.* ◊ **Антатқан [ұрған, соққан]** — *жексұрын, оңбаған.* **Ант атсын [ұрсын]** — *жолы болмасын, қарғыс атсын.* **Ант берді [қылды, етті, ішті]** — *уәде берді, серт қылды.* **Ант-су ішті** — *таңды, қарғанды.*

АНТ II ***жерг.*** *Берекесіз, оңбаған.*

АНТАГОНИЗМ ***саяси*** *Бір-біріне қарама-қарсы жауласушы күштердің не таптардың арасындағы бітіспес қайшылық.*

АНТАГОНИСТ ***саяси*** 1. *Келісімге келмей, күресе беретін тап.* 2. *Қарама-қарсы көзқарастағы адам.*

АНТАГОНИСТІК *Антагонизмге тән.*

АНТАЛА 1. *Айнала қоршау, төңу.* 2. ***Ауысп.*** *Топталу, үйілу, қаптау.*

АНТЕННА *Радио толқындарын ұстау үшін құрылатын сымдар қондырғысы.*

АНТЕННАЛЫ *Антеннасы бар.*

АНТИБИОТИКТЕР *Микробтар, жануарлар, өсімдіктер организмінде түзілетін белокты заттар.*

АНТИВИТАМИНДЕР ***хим.*** *Құрылысы жөнінен витаминдерге ұқсас, бірақ биологиялық әрекеті оларға қарама-қарсы зат.*

АНТИГЕНДЕР *Организмге енгенде қанның немесе клетканың құрамында антиденелер туғызатын белок тектес заттар.*

АНТИДЕНЕ ***биол.*** *Басқа бір жануардың қанына антиген құйған кезде пайда болып, қанның сарсуына жиналатын зат.*

АНТИИМПЕРИАЛИСТІК *Империалистерге қарсы.*

АНТИНОМИЯ *Логикалық жолмен дәлелдеп шығуға болады деп танылған екі қағиданың немесе тұжырымның арасындағы қарама-қарсылық.*

АНТИПОД 1. ***геогр.*** *Жер шарының қарама-қарсы жақтарында тұратын*

адамдар. 2. ***Ауысп.*** *Мінез-құлқы қарама-қарсы келетін адамдар.*

АНТИТЕЗА *Көркем әдебиетте біріне-бірі қарама-қарсы екі пікірді, образды салыстыру, шендестіру әдісі.*

АНТИФАШИСТ *Фашизмге қарсы күреске қатынасқан адам.*

АНТИФЕРМЕНТ *Ферменттердің әрекеттерін тоқтататын организмнің өзінен бөлініп шығатын зат.*

АНТИЦИКЛОН ***метеор.*** *Атмосферадағы ауа қысымы жоғары аймақ.*

АНТҚОР *Антшыл, сертшіл.*

АНТОЛОГИЯ ***әдеб.*** *Әртүрлі авторлардың өлеңдерінен құралған жинақ.*

АНТОНИМ ***лингв.*** *Мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер.*

АНТРАКТ *Спектакль не концерт арасындағы үзіліс.*

АНТРЕКОТ *Сиырдың қабырға етінен жасалған тағам.*

АНТРОПОЛОГ *Антропология ғылымының маманы.*

АНТРОПОЛОГИЯ *Адамның биологиялық табиғатын зерттейтін ғылым.*

АНТРОПОНИМИКА ***лингв.*** *Ономастиканың кісі есімдерін зерттейтін саласы.*

АНТТАС *Серттесу, уәделесу.*

АНТШЫЛ *Сертшіл, уәдеде тұрғыш.*

АНЧАР *Тұт тұқымдасына жататын ағаш.*

АНША-МҰНША *Жеңіл-желпі, кішігірім.*

АНЫҒЫНДА *Дұрысында, шындығында.*

АНЫҒЫРАҚ *Айқынырақ, анықтау.*

АНЫҚ 1. *Дәл, тура, айқын.* 2. *Шын, рас.* 3. *Дәлме-дәл, түп-тура.*

АНЫҚ-ҚАНЫҒЫ *Бір нәрсенің дәйекті ақиқаты жайында толық мәлімет.*

АНЫҚТА 1. *Бір нәрсені жан-жақты тексеру, ақиқатқа көз жеткізу.* 2. *Зер салып қарау, назар аудару.*

АНЫҚТАҒЫШ *Ғылыми ұғымдарды анықтайтын сөздік.*

АНЫҚТАМА 1. *Сөз мағынасына берілетін қысқаша түсінік.* 2. *Бір істің мән-жайын білдіретін күәлік қағаз.* 3. *Белгілі бір зат туралы әртүрлі қысқаша мәлімет алуға болатын жер.*

АНЫҚТАМАЛЫҚ *Белгілі бір салада жан-жақты мәлімет алуға болатын кітап, құрал.*

АНЫҚ-ТАНЫҒЫ *Бір істің я оқиғаның нақтылы болған-болмағаны, ақиқаты.*

АНЫҚТАУЫШ ***лингв.*** *Сөйлемде бастауыштың, толықтауыштың, есім баяндауыштың әртүрлі сын-сипатын, белгілерін анықтайтын тұрлаусыз мүше.*

АНЫҚТЫҚ *Айқындық, дәлдік.*

АҢ 1. *Жабайы айуандардың жалпы аты.* 2. ***Ауысп.*** *Надан, топас.* ◊ **Аң қақты [аулады]** – *аңға шықты, аңқұмарлыққа салынды.*

АҢҒАЛ *Өз ойындағысын айта салатын, аңғырт.*

АҢҒАЛАҚ I *Бас сүйектің көз тұратын шұңқыры, ойығы.*

АҢҒАЛАҚ II *Қауқалақтаған көңілшек, аңғырт, жаңғалақ.*

АҢҒАЛАҚТА *Қауқалақтау, жалпылдау.*

АҢҒАЛДАН *Істің алды-артын байыптай алмау, аңғырттыққа салыну.*

АҢҒАЛДАУ *Аңғырттау, көңілшектеу.*

АҢҒАЛДЫҚ *Істің алды-артын бағдарламаушылық, аңғалақтық.*

АҢҒАЛ-САҢҒАЛ *Ашық-шашық.*

АҢҒАР I 1. *Тау, өзен, жол бойындағы кең жер, алқап.* 2. ***Ауысп.*** *Бағыт-бағдар, ыңғай.*

АҢҒАР II 1. *Абайлау, байқау.* 2. *Секем алу, сезіктену.*

АҢҒАРҒЫШ *Байқағыш, көргіш, аңғарымпаз.*

АҢҒАРҒЫШТЫҚ *Аңғарымпаздық, сезімталдық.*

АҢҒАРЛЫ 1. *Кең алқапты, атырабы мол.* 2. ***Ауысп.*** *Әріден ойлап білетін, толғамды.*

АҢҒАРЫМ *Аңғару қабілеті.*

АҢҒАРЫМДЫ *Пайымды, аңғарымпаз.*

АҢҒАРЫМДЫЛЫҚ *Аңғарымпаздық, пайымдылық.*

АҢҒАРЫМПАЗ *Сезімтал, сезгіш.*

АҢҒАРЫМПАЗДЫҚ *Сезімталдық, сезгіштік.*

АҢҒЫРТ *Аңғал, аңқау.*

АҢҒЫРТСЫ *Ештеңені білмегенсу, аңқау болғансу.*

АҢҒЫРТТАУ *Аңғалдау, аңқаулау.*

АҢҒЫРТТЫҚ *Аңғалдық, аңқаулық.*

АҢДАТПА *Кітаптың, мақаланың мазмұнын көрсететін қысқаша түсінік.*

АҢДАҒЫШ *Аңғарымпаз, сезгіш.*

АҢДАЙ *Аң сияқты, аңға ұқсап.*

АҢДАМПАЗ *Аңғарғыш, сезгіш, аңғарымпаз.*

АҢДАТПА *Кітапқа қысқаша түсінік.*

АҢДАУСЫЗ 1. *Бейқам, жайбарақат.* 2. *Байқаусыз, елеусіз, аңдамай.*

АҢДАУСЫЗДА 1. *Абайсызда, тосыннан.* 2. *Күтпеген жерден, қапылыста.*

АҢДУ *Күзет, бақылау, қарауыл.*

АҢДУЛЫ *Соңына түсулі, бақылаулы.*

АҢДУСЫЗ *Бақылаусыз, байқаусыз, қамсыз.*

АҢДУШЫ *Біреудің ізіне түсіп бақылаушы адам, торушы.*

АҢДЫ 1. *Біреудің ізіне түсіп торуылдау.* 2. *Бақылау, көз жазып қалмау.*

АҢКӨС *Аңқұмар, аңсақ.*

АҢҚА: аңқасы кепті [құрды] — *кенезесі кепті, қаталап қатты шөлдеді.*

АҢҚАЙ 1. *Бір заттың беті жабылмай ашық қалуы.* 2. ***Ауысп.*** *Аң-таң болып, аңырып тұрып қалу.*

АҢҒАЛАҚТА *Елбектеу, елпілдеу.*

АҢҚАҢДА *Елбелектеп жүгіре жөнелу.*

АҢҚАУ *Қулық-сұмдықты білмейтін, аңғал, аңғырт.*

АҢҚАУЛАН *Аңқау болып көріну.*

АҢҚАУЛАУ *Аңғырттау, аңғалдау.*

АҢҚАУЛЫҚ *Қулық-сұмдыққа үйірлігі жоқтық, аңғырттық.*

АҢҚАУСЫ *Бір нәрсені білсе де білмегенсу.*

АҢҚАУСЫРА *Аңқау бола қалу.*

АҢҚАУЫРАҚ *Аңқаулау, аңғырттау.*

АҢҚҰМАР *Аң аулауға құмарлық, аңкөстік.*

АҢҚЫ 1. *Белгілі бір заттың иісі жан-жаққа таралуы.* 2. ***Ауысп.*** *Лепіру, екпіндеу.*

АҢҚЫЛДА 1. *Желдің үріп соғуы.* 2. ***Ауысп.*** *Лепіру, екпіндеу.* 3. ***Ауысп.*** *Ағынан жарылу, шын ниетін айту.*

АҢҚЫЛДАҚ 1. *Қоңыр салқын, жанға жайлы (жел).* 2. ***Ауысп.*** *Ақ жарқын, ақкөңіл (адам).*

АҢҚЫЛДАҚТАУ *Аққөңілдеу, ақжарқындау.*

АҢҚЫЛДАҚТЫҚ *Ақ көңілділік, ашық-жарқындық.*

АҢҚЫТ *Атпен құйғытып шабу, аңырату.*

АҢЛА *Байқастау, байқау; аңду.*

АҢСА *Көксеу, сағыну, ынтығу.*

АҢСАҒАЙ *Ұзын бойлы, биік.*

АҢСАҒАЙЛАН *Биіктеп өсу, ұзару.*

АҢСАҚ *Аңқұмар.*

АҢСАР I *Бар ниеті, есіл-дерті, көксегені.* ◊ **Аңсары ауды [кетті]** — *ықыласы ауды, көңілі кетті.*

АҢСАР II ***көне*** *Ғылыми шығарма; трактат.*

АҢСАУЛЫ *Аңсаған, сағынышты.*

АҢСЫРА *Аң аулауды құмарту, аңсау.*

АҢ-ТАҢ *Таңырқағандық, таңдағандық.*

АҢТАРЫЛ *Не істерін білмей дағдару, аңыру.*

АҢШЫ *Аңқұмар, аң аулаушы.*

АҢШЫЛ *Аңқұмар, аңкөс, аңсақ.*

АҢШЫЛА *Аң қағу, аңмен әуестену.*

АҢШЫЛЫҚ *Аң аулауды кәсіп етушілік.*

АҢЫЗ I *Дәнді дақылдарды орып, жинап алған соң қалған егіс орны.*

АҢЫЗ II *Халықтың қиялынан туған таңғажайып оқиға.*

АҢЫЗАҚ *Ылғалы өте аз, температурасы жоғары жаз айларында болатын құрғақ жел.*

АҢЫЗДЫҚ *Бұрын пайдаланылған егіс орны.*

АҢЫЗШЫ *Аңыз-әңгіме айтушы.*

АҢЫР 1. *Не қыларын білмей дал болу, дағдару.* 2. *Аң-таң болу, таңырқау.*

АҢЫРА 1. *Жылап-еңіреу, зарлау.* 2. *Гүілден соғу, үілдеу.* 3. ***Ауысп.*** *Безек қағу, безілдеу, сарнау.*

АҢЫРАЙ 1. *Не істерін білмей аңыру, таңырқау.* 2. *Қаңырап бос қалу, құлазу.* 3. *Аңғал-саңғал, ашық-тесік, үңірейген.*

АҢЫРАЙЫП-САҢЫРАЙЫП ***қарап.*** *Ашылып-шашылып, ашық-тесік.*

АҢЫРАҚАЙ *Желі көп, құмайт ашық жер.*

АҢЫРАТ 1. ***өзг. етіс*** *Ақыра-т.* 2. *Құйғыту, ағызу, ызғыту.* 3. ***Ауысп.*** *Құйқылжыту, тамылжыту.* 4. ***Ауысп.*** *Күмбірлету, саңғырлату.*

АҢЫС *Істің бағыт-бағдары, мәнісі.* ◊ **Аңысын аңдады** *[аңғарды, бақты]* — *істің бет алысын, ыңғайын байқады.*

АҢЫСТА *Байқастау, аңысын аңду.*

АП: ап дегенде — *әуел баста, ә дегенде.*

АПА 1. *Бір туған қыздардың жас жағынан үлкені.* 2. *Туған ана, шеше.*

АПАЖАН *Туған анаға, сонымен бірге анасындай жасы үлкен әйелдерге, бір туған жасы үлкен қызға жалынып-жалбарынғанда айтылатын қаратпа сөз.*

АПАЙ *Жасы үлкен әйел адамға құрметпен айтылатын сөз.*

АПАЙ: апай төс — *а) кең алқапты, төскейлі (жер); ә) кең кеуделі, омыраулы (адам).*

АП-АЙҚЫН *Бесенеден белгілі, бепбелгілі.*

АПАЙ-ТОПАЙ *Апалаң-топалаң, апыр-топыр.* ◊ **Апай-топайын шығарды** — *апыр-топыр қылды, әлек-шәлегін шығарды.*

АПАҚ-САПАҚТА *Қараңғы түсе бастаған кезде.*

АП-АЛА *Ала-құла, бір ақ, бір қара.*

АПАЛА *Апа, апа деп айту.*

АПАЛАҚТА *Есі шығып сасқалақтау, абыржу.*

АПАЛАҢ-ТОПАЛАҢ *Апыр-топыр, апыл-ғұпыл.*

АП-АЛАСА *Тап-тапал, қып-қысқа.*

АПАЛЫҚ *Апаға тән қасиет.*

АПАЛЫ-СІҢЛІДЕЙ *Тату-тәтті, жұбы жазылмаған.*

АПАЛЫ-СІҢЛІЛІ 1. *Бірі үлкен, бірі кіші; бауырлас (қыздар).* 2. *Бірге туып, біте қайнасқан.*

АПАН *Терең әрі кең қазылған ор.*

АПАНДАЙ *Өте үлкен, кең, үңірейген.*

АПАНША *Кішірек апан.*

АП-АНЫҚ *Ап-айқын, дәлме-дәл.*

АПАР 1. *Біреуді я бір затты бір жерден екінші бір жерге жеткізу, алып бару.* 2. *Біреуге я бір жерге ертіп бару.* 3. *Бір затты екінші бір нәрсеге жақындату, таяу.*

АПАРҒЫШТА *Бір емес, әлденеше апару.*

АП-АРЗАН *Су тегін.*

АПАС-ҚАПАС *Асығыс-үсігіс, қарбалас.*

АПАТ I 1. *Ел басына түскен төтенше қауіп-қатер, ауыр жағдай.* 2. ***Ауысп.*** *Тауқымет, сор, азап.* ◊ **Апат болды** — *күл-талқаны шықты, қирап бүлінді.*

АПАТ II *Машинаның, механизмнің қозғалыс үстінде апатқа ұшырауы.*

АПАТАЙ *Құрмет тұту, ізет көрсету немесе жалыну кезінде айтылады.*

АПАТАЙЛА *Апатай, апатай деп айту; жалынып-жалбарыну.*

АПАТТЫ *Қаупі мол, зардабы күшті.*

АПАШ-ҚҰПАШ *Тез, жылдам.*

АП-АУЫР *Зілмауырдай, зілдей.*

АП-АШЫҚ I. *Шайдай ашық, таптаза.* 2. *Жап-жазық, кең.* 3. *Ап-анық, дәл, айқын.*

АПАШЫМ ***экспр.*** *Апатай, апажан.*

АПЕКЕ *Апашым, апатай.*

АПЕЛЛЯЦИЯ ***заң*** *Айыпкердің сот үкіміне наразылығы жөнінде жоғары сотқа шағым беру жолы.*

АПЕЛЬСИН *Мәңгі көгеріп тұратын, көпжылдық цитрус тұқымдас жемісті ағаш және сол өсімдіктің жемісі.*

АПИЫН *Көкнәрдің қауашағынан алынып, кептірілген шырын.*

АПИЫНШЫ *Апиын шегетін, апиын тартатын адам.*

АПОГЕЙ ***астр.*** *Ай орбитасының не жердің жасанды серігінің жер центрінен ең қашық нүктесі.*

АПОРТ *Алманың сорты.*

АППАҚ *Кіршіксіз ақ, ақтың ағы.*

АППАРАТ 1. ***мех.*** *механикалық құрал-жабдық, аспап.* 2. ***физиол.*** *Организмнің өмір сүруіне қажетті жұмыс атқаратын органдар жиынтығы.* 3. *Мекемелерде істейтін адамдар жиынтығы, қызметкерлер тобы.*

АППАРАТШЫ *Кейбір өндіріс орындарында машина, аппарат басқаратын, оларды бақылап отыратын маман.*

АПСАҒАЙ ***көне*** *Ұзын бойлы, сидаң.*

АПСАҒАЙЛАН ***көне*** *Дененің таралып жіңішкеруі.*

АП-САП *Абыр-сабыр, қарбаластық.* **Ап-сап болды [қылды]** — *тып-типыл етті.*

АПТА I *Жеті тәулікке тең уақыт өлшемі.*

АПТА II *Бір нәрсенің сыртын қаптау; әдемілеу.* ◊ **Алтынмен аптап, күміспен күптеп** — *сәнделеп, әдемілеп.*

АПТА III 1. *Булау, жібіту, сулау.* 2. ***этн.*** *Малдың желіні іскенде сумен емдеу ырымы.*

АПТА IV *Ыстық ұру, қару.*

АПТАЛАП *Апта бойы, аптадан аптаға.*

АПТАЛЫҚ I *Жұмалық, жетілік.*

АПТАЛЫҚ II *Бір аптпаға арналған.*

АПТАЛЫҚ III *Апта сайын шығаратын мерзімді баспасөз.*

АПТАП *Шілденің шыжыған, ми қайнатқан ыстығы.*

АПТАПТЫ *Аптабы бар ыстықты.*

АПТЫҚ 1. *Асығып-сасу, алқыну, демігу.* 2. ***Ауысп.*** *Жанталасу, аласұру.*

АПТЫҚ: аптығы басылды — *а) ентігін тоқтатты, алқынуын қойды; ә) көңілі орнына түсті, орнықты.*

АПШЫ *Киімнің тігілген қалпынан қусырылып кішірейіп кетуі, отыруы.* ◊ **Апшысын қуырды [алды, тарылтты]** — *а) есін шығарды, құтты қашырды; ә) пейілі тарылды; қытымырланды.*

АПЫ: апы кіріп, күпі шықты — *асығыс кіріп-шығып жатты, қарбаласты.*

АПЫЛ *Асығып-үсігу, асып-сасу.*

АПЫЛ-ҚҰПЫЛ *Асығыс-үсігіс, асып-сасып.*

АПЫЛ-ТАПЫЛ *Бір сүрініп, бір тұрып, қаз-қаз, тәй-тәй.*

АПЫР-АЙ *Таңдану, таңырқау кезінде айтылады.*

АПЫРАЙЛА *Апыр-ай, апыр-ай деп айту.*

АПЫРАҚ *Апырақтап қалған.*

АПЫРАҚТА *Тапырақ-тапырақ басу, аттап-бұттау.*

АПЫРАҚ-ТАПЫРАҚ *Апырақтаған, тапырақтаған қимыл, тасыр-тұсыр.*

АПЫР-АУ *Таңдану, таңырқау кезінде айтылады.*

АПЫР-ЖАПЫР *Асығыс-үсігіс; апыр-тапыр.*

АПЫР-ТАПЫР *Апырақтаған, тапырақтаған қимыл.*

АПЫР-ТОПЫР *Асығыс-үсігіс; араласып, құраласып.* ◊ **Апыр-топыр болды** — *ұйқы-тұйқысы шықты, әлейімтәлейім болды.*

АПЫР-ТҰПЫР *Тарс-тұрс, абыр-дүбір.*

АПЫРЫП-ЖАПЫР 1. *Істі өндіріп тастау, маңдытып істеу.* 2. ***Ауысп.*** *Тамақты қомағайлана, ойсырата жеу.*

АР *Адамгершілік ізгі қасиет.* ◊ **Ар көрді** — *намыс көрді, ұят санады.* **Арын арлады** — *намысын жыртты.* **Арын аттады [сатты, төкті]** — *атына кір келтірді, ұятқа қалдырды.* **Арын аяққа басты** — *арын сатып қорлады.* **Арын сақтады** — *намысын қорғады.*

АР: ар жақ — *а) арғы бет, арғы қабақ; ә) бір нәрсенің жалғасы, соңы.*

АР: ар етті — *арс етті.*

АРА I *Жарғақ қанаттылар отрядына жататын насекомдар тобы.* ◊ **Араның ұясындай** — *құжынаған, бызынаған, ду-ду еткен.*

АРА II *Ағаш, темір сияқты қатты заттарды кесуге арналған құрал.*

АРА III 1. *Екі аралық жер, екі орта.* 2. *Бір іс пен екінші істің аралығындағы уақыт, мезгіл.* 3. *Қатар, бірге тұрған көп заттың іші.* □ **Ара ағайын** — *ешкімге жақындығы жоқ, екі жаққа бірдей кісі.* ◊ **Араға от жақтық [салды]** — *біреу мен біреуді жауластырды, атыстырды.* **Ара күндік жер** — *ара қонып жететін жер.* **Ара қонды** — *орта жолға бір түнеді.* **Арасы ашылды** — *қарым-қатынасы үзілді, араздасты.* **Арасы жер мен көктей** — *біріне бірінің байланысы жоқ, алшақ.* **Арасынан қыл өтпейді** — *ауыз жаласқан; тату-тәтті.* **Арасы таяқ тастам** — *тым жақын.* **Ара тұрды [түсті]** — *араша болды, қорғады.*

АРА-АРАСЫНДА *Мезгіл-мезгіл, соқпа-соқпада.*

АРАБ *Араб елдеріндегі тұратын халықтардың жалпы аты.*

АРАБИЗМ *Араб тілінен ауысқан сөздер мен сөз тіркестері.*

АРАБИСТ *Араб тілін, әдебиетін, тарихын, мәдениетін зерттеуші маман.*

АРАБШЫ ***жерг.*** *Жәдігөй, сиқыршы.*

АРАБЫ: арабы жылқы — *араб тұқымдас жылқы.*

АРАГІДІК *Әлсін-әлі, оқта-текте, ара-тұра.*

АРАДАЙ: арадай талады — *жанжақтап қамады, жабылды.*

АРАЗ *Тату емес, өкпелі.*

АРАЗДАС 1. *Көңіл қалысып өкпелеу, ренжісу.* 2. ***Ауысп.*** *Үйреншікті істен жырақтау, қол үзу.*

АРАЗДЫҚ *Араздасқандық, ренжігендік.*

АРАЗ-ҚҰРАЗ *Бірде тату, бірде бату; дүрдараз.*

АРАЙ I *Күн нұрының шұғыласы, сәулесі.*

АРАЙ II *Атар таңның, батар күннің шұғыласы.*

АРАЙ III ***көне*** *Әйт, шу деп малды қайыру.*

АРАЙЛА *Таң сәулесінің қызарып шапақ атуы.*

АРАЙЛАН 1. ***ыр. етіс*** *Арайла-н.* 2. ***Ауысп.*** *Гүл-гүл жайнау, нұрлану, шапақтау.*

АРАЙЛЫ *Шұғылалы, нұрлы.*

АРАЙЛЫМ *Сүйіспеншілік бейнесі.*

АРАҚ *Мас қылатын дәмі ащы ішімдік.*

АРАҚАТЫНАС *Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы, байланысы.*

АРАҚҚҰМАР *Ішкілікке салынған, араққор.*

АРАҚАТЫС *Біреудің біреумен қатынасы, байланысы.*

АРАЛ *Жан-жағы түгелдей сумен қоршалған шағын құрлық.*

АРАЛА I *Арамен кесу, қию.*

АРАЛА II 1. *Қыдырыстап жер көру; шарлау, сейіл құру.* 2. ***Ауысп.*** *Кезу, шарлау.*

АРАЛА III *Дәрілік өсімдіктің түйіні, араламоты деп те айтады.*

АРАЛАС I *Екі немесе одан да көп заттың араласқан түрі.*

АРАЛАС II 1. *Екі немесе одан да көп заттардың басы қосылып бірігуі, сапырылысуы.* 2. *Істің басы-қасында болып қатысу, кірісу, килігу.* 3. *Біреу мен біреу өзара қарым-қатынасқа түсу, қатысу.* □ **Аралас құрмалас сөйлем** ***лингв.*** — *құра-*

мына енген компоненттері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысатын құрмалас сөйлем түрі.

АРАЛАС-ҚҰРАЛАС *Бір-бірімен алысберіс жасап, ауысып түйісіп тұратын адамдар.*

АРАЛАС-ҚҰРАЛАСТЫҚ *Жақынжуықтық, алыс-беріс жасаушылық.*

АРАЛАСТЫҚ *Ауыс-түйіс қарымқатынасы.*

АРАЛАСЫП-ҚҰРАЛАС *Қоян-қолтық қарым-қатынаста болу.*

АРАЛАТПА *Түр-түрімен, араласқан күйде.* □ **Аралатпа сауда** — *халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің тиімді әдістерінің бірі.*

АРАЛШЫҚ *Кішкене арал.*

АРАЛЫҚ 1. *Екі орталық жер, қашықтық.* 2. *Белгілі бір өлшем, мөлшер.* □ **Аралық дақыл** — *бірінші дақылды жинап алып, екінші дақылды еккенге дейін осы егіндік жерге егілетін дақыл.* **Аралық ми** — *барлық омыртқалы жануарлар мен адам миының бір бөлігі.*

АРАМ 1. *Еті мен сүті, жұмыртқасы тамаққа пайдалануға жатпайтын жан-жануар.* 2. ***Ауысп.*** *Қараниет адам.* 3. ***Ауысп.*** *Еңбекпен табылмаған табыс.* 4. ***Ауысп.*** *Пайдаға аспайтын зат.* 5. ***Ауысп.*** *Жаман, жақсы емес.* □ **Арамжуа** — *итжуа.* **Арамтаран** — *қарақұмық тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.* ◊ **Арам болсын! қарғ.** — *бұйырмасын.* **Арам есеп** — *бақай құлық.* **Арам жүріс** — *көзге шөп салу.* **Арам қатқыр! қарғ.** — *арам өлгір, бұйырмағыр.* **Арам қатты [өлді]** — *сеспей қатты, тұяқ серіппеді.* **Арам тер болды** — *босқа әуреленді, еңбегі зая кетті.*

АРАМДА 1. *Ішуге жарамайтын ету, ластау, былғау.* 2. ***Ауысп.*** *Ар-намысқа кір келтіру, қорлау.*

АРАМДАУ *Тұйықтау, бұйығылау.*

АРАМДЫҚ *Жамандық ой, қараниеттілік.*

АРАМЗА I *Мезгілсіз туған қозы, лақ.*

АРАМЗА II *Залым, құ, ішмерез.*

АРАМЗАЛЫҚ *Қараниеттілік, қаскөйлік.*

АРАМСЫН *Арам деп санау, жирену.*

АРАМТАМАҚ 1. *Жатып ішер, жалқау.* 2. ***Ауысп.*** *Біреулердің есебінен күн көретін адам.*

АРАМТАМАҚТЫҚ *Жатып ішерлік, жалқаулық.*

АРАМШӨП *Егін арасында өсетін дала өсімдіктері.*

АРАМЫ *Пиғылы жаман, арам ойлы.*

АРАН I 1. *Аң аулау үшін кең әрі терең етіп қазылған ор.* 2. ***Ауысп.*** *Ауыз, көмей, құлқын.* ◊ **Аран ауыз** — *далиған үлкен ауыз.* **Араны ашылды** — *а) тәбеті тартып, тамақ жегісі келді; ә) ашқарақтанды, қомағайланды, ашкөзденді.*

АРАН II *Кірпіш пен істік темірден жасалған кең қоршау.*

АРАН III *Көкнәр тұқымдасына жататын біржылдық өсімдіктер туысы.*

АРАНДА 1. *Байқаусызда бір затқа ұрынып, жоқ жерден бейнет шегу.* 2. ***Ауысп.*** *Қырсыққа душар болу, шатылу.*

АРАНДАЙ *Далиған, үлкен кең.* ◊ **Арандай аузын ашты** — *а) ашқарақтанды, қомағайланды; ә) біреудің затына қызығып, алғысы келді, дәметті, қызықты.*

АРАНДАТҚЫШ *Бір пәлеге итеріп салма, ұрындырғыш.*

АРАНДАТУШЫ *Бірді бірге айдап салушы, жауластырушы.*

АРАНДАТУШЫЛЫҚ *Біреуді арандатқан әрекет.*

АРАНДЫ *Араны бар, арандататын.*

АРАПШЫ *Арандатушы, әзәзіл.*

АРАСАЛМАҚ *Бірдейлестік, теңдестік.*

АРАСАН *Емдік қасиеті күшті минералды су.*

АРАСЫНДА 1. *Екі орталықта, екі аралықта.* 2. *Бір нәрсенің ішінде, аралас-құралас.*

АРАСЫНША: соның арасынша — *ауыз жиып алғанша, сөзге келместен.*

АРА-ТҰРА 1. *Ара-арасында, соқпа-соқпада.* 2. *Анда-санда, әлсін-әлі.*

АРАША *Сауға сұрау, арға түсу.* ◊ **Араша түсті [сұрады, тұрды]** — *басу айтып, жанжалды тоқтатты, айырып жіберді.*

АРАША: араша талады — *тұс-тұстан жабылды.*

АРАШАЛА 1. *Жанжалдасқан адамдарға ара түсу, ажырату.* 2. ***Ауысп.*** *Төнген пәле-жаладан, қауіп-қатерден ара тұрып алып қалу.*

АРАШАШЫ *Ажыратып алушы, қорғап қалушы.*

АРБА I *Көлікке жегілетін тасымал құралы.*

АРБА II 1. *Жыланның торғай, тышқан т. б. жәндіктерді өзіне ғана белгілі сиқырлы күшпен ұстап алуы.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуді алдап-сулап, айтқанына көндіру, ырқына жүргізу.*

АРБА-АРБА *Көп арба, бірнеше арба.*

АРБАҒАЙ-САРБАҒАЙ *Арбиған-сарбиған.*

АРБАҒЫШ *Арбай білетін, сиқырлағыш.*

АРБАКЕШ *Арба айдаушы адам.*

АРБАКЕШТІК *Арба айдауды кәсіп қылған адам.*

АРБАЛА *Арба-арба қылып тасу.*

АРБАЛЫ *Арба жеккен, арбасы бар.*

АРБАҢ: арбаң етті [қақты] — *оғаш қимыл жасады.*

АРБАҢ-АРБАҢ *Арбаңдаған қолайсыз қимыл.* ◊ **Арбаң-арбаң етті** — *арбаңдап қозғалды, арбаңдады.*

АРБАҢДА *Арбаң-арбаң етіп өрескел қимыл жасау.*

АРБИ *Сорайып шығып тұру, состиып көріну.*

АРБИТР *Дауласушы екі жақтың өзара келісімі бойынша сайланатын төреші.*

АРБИТРАЖ *Келісім бойынша тағайындалған төреші адам, аралық сот.*

АРГО ***лингв.*** *Адамдардың белгілі бір әлеуметтік және кәсіптік шағын топтарына ғана түсінікті, жалпы халыққа түсініксіз шартты тіл; жаргон.*

АРГОН ***хим.*** *Түссіз, иіссіз газ.*

АРҒЫ 1. *Бір нәрсенің ар жағы, қарама-қарсы беті.* 2. *Өткен, бұрынғы.* 3. *Артқы, соңғы, кейінгі.* 4. *Алдағы, келесі, болашақ.*

АРҒЫ-БЕРГІ *Өткен-кеткен, бұрынғы-соңғы, қайдағы-жайдағы.*

АРҒЫМАҚ *Асылтұқымды сымбатты жылқы.*

АРДА *Үйретілмей бетімен қоя берген асау жылқы.* ◊ **Арда емген** — *құлын күнінен бастап, құнанына дейін еміп, ақ жілік болған.*

АРДАГЕР 1. *Құрметті, ардақты, қадірлі адам.* 2. *Бір іске ұзақ уақыт еңбек сіңірген адам.*

АРДАҚ *Аяулы, қадірлі, сүйікімді адам.* ◊ **Ардақ тұтты** — *ардақтады, құрметтеді.*

АРДАҚТА *Қадірлеу, қастерлеу.*

АРДАҚТЫ *Қадірлі, қасиетті.*

АРДАЛАН *Бетімен кету, еркінсу.*

АРДАҢДА *Алшаң басу, кердеңдеу.*

АРДЫҢ-ГҮРДІҢ *Аңқаулықпен ойындағысын айта салатын, аңғырт.*

АРЕНА 1. *Цирктің ортасындағы ойын көрсететін алаң.* 2. ***Ауысп.*** *Кең көлемді аймақ.*

АРЖА *Жұқа тақтай.*

АРЗАН 1. *Қымбат емес, бағасы төмен.* 2. ***Ауысп.*** *Оңай, жеңіл.* 3. ***Ауысп.*** *Қадірсіз, құнсыз.* ◊ **Арзанқол [ды]** — *орташа істелген, жұпыны, нашарлау.* **Арзан сөз** — *орынсыз айтылған бос сөз.*

АРЗАНДА 1. *Бағасы кему, құны төмендеу.* 2. ***Ауысп.*** *Қадір-қасиетін жоғалту, құнсыздану.*

АРЗАНДАУ *Арзанырақ, бағасы төмендеу.*

АРЗАНДЫҚ *Құны жоқтық, бағасыздық.*

АРЗАНДЫ-ҚЫМБАТТЫ *Құнды-құнсыз.*

АРЗАНДЫЛЫҚ *Құны төмендік, бағасы арзан болушылық.*

АРЗАНШЫЛЫҚ *Аста-төктік, молшылық.*

АРЗАНЫРАҚ *Онша қымбат емес, арзандау.*

АРЗУ ***көне*** *Мақсат, ниет, тілек.*

АРЗЫ *Іске тату, тұру, жарау.*

АР-ИМАН *Ар-ождан, ар-ұят.*

АРИСТОКРАТ *Бекзат, ақсүйек, текті адам.*

АРИФМЕТИКА *Сандар мен оларға қолданылатын амалдар туралы пән.*

АРИФМЕТИКАЛЫҚ *Арифметикаға тән, соған сай.*

АРИЯ ***муз.*** *Оркестрге қосылып, көбінесе операда жеке дауыспен орындауға арналған шығарма.*

АРКА ***архит.*** *Қабырға мен тірек аралықтарын ұштастыратын иін.*

АРКТИКА *Жер шарының солтүстік үйегі (полюсі).*

АРҚА I 1. *Адам мен жан-жануардың тұ сырты, жотасы, жоны.* 2. *Арт жақ, артқы тұс.* 3. *Орындық, диван сияқты заттардың арқа тіреітін таянышы, арқалығы.* 4. ***Ауысп.*** *Дәнекер, себепкер.* ◊ **Арқа берді** — *жаудан жеңіліс тауып қашты.* **Арқаға [аяздай] батты** — *қиналды, азап шекті.* **Арқаға қақты** — *қошеметтеді, қолпаштады.* **Арқа еті арша, борбай еті борша** — *әбден азып-тозды, азғындады.* **Арқа жазды** — *бой жазды, сейілді.* **Арқаны кеңге салды [берді]** — *жайбарақаттыққа салынды, асып-саспады.* **Арқа сүйер** — *тірек, таяныш, сүйеніш.* **Арқа сүйеді [тіреді]** — *иек артты, арқаланды.* **Арқасы бар** — *еліріп кететін, адуын.* **Арқасы қозды [қызды, ұстады]** — *шабытқа мінді, елірді, делебесі қозды.* **Арқасын алдырды** — *жауыр болды, арқасы қажалды.* **Арқасын берді** — *теріс қарап отырды.*

АРҚА II *Қазақстанның орталық және шығыс аймақтарын қамтитын физика-географиялық өлке.*

АРҚА-БАСЫ: арқа-басы кеңіді — *шаруадан қолы босап, еркіндік алды.*

АРҚА-ЖАРҚА ***жерг.*** *Мәз-мейрам, мәре-сәре.*

АРҚАЛА 1. *Бір затты арқаға салып көтеру.* 2. ***Ауысп.*** *Тауқыметін тарту, азабын көру.*

АРҚАЛАЙ-МАРҚАЛАЙ ***экспр.*** *Арқаға салып, ала-мала.*

АРҚАЛАН 1. *Арқа сүйеу, сүйеніш ету.* 2. ***Ауысп.*** *Делебесі қозу, рухтану, шабыттану.*

АРҚАЛЫ 1. *Арқа сүйеніші бар.* 2. ***Ауысп.*** *Арқасы бар, қызба.*

АРҚАЛЫҚ 1. *Үйдің төбесіне көлденең салынатын мәтке.* 2. *Бесіктің я болмаса ши тоқығанда екі басын қосып тұратын белағаш.* 3. *Орындық, диван сияқты заттардың арқа тіреітін жері, сүйеніш.*

АРҚАН *Қылдан не жүннен жуандау етін есілген, үй бұйымы.* □ **Арқан аттау** — *қазақтың халық ойыны.* **Арқан бойы [тастам]** — *ұзындық, биіктік өлшемі.* **Арқан тартпақ** — *қазақтың ежелгі ойыны.*

АРҚАНДА *Малды арқанмен байлап қою.*

АРҚАНДАЙ *Арқан сияқты, арқанға ұқсап.*

АРҚАНДАУЛЫ *Арқандап қойған, байлап-матаулы.*

АРҚАНДЫ *Арқаны бар, арқандалған.*

АРҚАНША: арқанша шұбатылған — *шексіз, шетсіз ұзын.*

АРҚАР 1. *Қой тектес жабайы аң.* 2. *Осы аңның ұрғашысы, саулығы.* □ **Арқар мүйіз** — *қошқар мүйізге жақын бейнелес ою.*

АРҚАСЫНДА *Арқылы, көмегімен.*

АРҚАУ 1. *Өрмектің үстіңгі және астыңғы жіптерінің арасына көлденең түсіп тоқылатын жіп.* 2. ***Ауысп.*** *Негіз, жүйе, желі,*

АРҚАУЛА *Желі етіп ұстау, бекіту.*

АРҚАУЛЫ *Арқауға негізделген, жүйелі.* ◊ **Арқаулы сөз** — *жүйелі ой, арналы сөз.*

АРҚАУЛЫҚ *Арқау болармық, арқауға жарарлық.*

АРҚЫЛЫ *Арқасында, көмегімен.*

АРҚЫРА 1. *Қатты кісіну.* 2. *Сарқырап қатты ағу.*

АРЛА I *Арын, намысын жырту.*

АРЛА II 1. *Атты баптап міну, күту.* 2. ***Ауысп.*** *Қадірлеу, қасиеттеу.*

АРЛАН I 1. *Қасқырдың, арыстанның еркегі.* 2. ***Ауысп.*** *Азулы, адуын адам.*

АРЛАН II *Ар көру, намыстану, ұятсыну.*

АРЛЫ *Ар сақтағыш, ұяты бар.*

АРЛЫ-БЕРЛІ *Ерсілі-қарсылы, олайбұлай.*

АРЛЫЛЫҚ *Ар-ұяты болушылық, намысқорлық.*

АРМА ***көне*** *Аман-есен бе, есен-сау ма.*

АРМАН *Көкейтесті мақсат, тілек.* ◊ **Арман етті [қылды]** — *мақсат қойды, армандады.*

АРМАНДА *Көздеген мақсатқа жетуді аңсау, құмарту.* ◊ **Арманда кетті [болды, қалды]** — *ойлаған ойын іске асыра алмады, өкінішпен өтті.*

АРМАНДАС *Мұңдас, тілектес.*

АРМАНДЫ *Армандаған; құштар, ынтызар.*

АРМАНСЫЗ 1. *Арманы жоқ, қайғысыз.* 2. ***Ауысп.*** *Шерден шыға, емін-еркін.*

АРМАНШЫЛ *Қиялшыл, армандағыш.*

АРМАНШЫЛДЫҚ *Қиялшылдық, мақсатшылдық.*

АРМИЯ 1. *Мемлекеттік қарулы күштердің жиынтығы.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір адамдардың қоғамдық тобы, жиынтығы.*

АРМИЯЛЫҚ *Армияға тән, соған тиісті.*

АРМЫСЫҢ ***экспр.*** *Аманбысың, есенбісің.*

АРМЯН *Армян Республикасының негізгі халқы.*

АРНА I 1. *Өзен суы ағатын жер.* 2. ***Ауысп.*** *Жүйе, арқау, негіз.* ◊ **Арнаға түсті** — *жүйеге келді, тұрақтады.* **Арнасына түсті** — *өзіне өзі келді, сабасына түсті.*

АРНА II 1. *Бір затты біреуге белгілеу, меншіктеу.* 2. *Бір адамға жылы сөз айту, пікір білдіру.*

АРНАЖОЛ *Машина жүретін үлкен жол.*

АРНАЙЫ 1. *Әдейілеп, арнай.* 2. *Жекелей, дербес.*

АРНАЛА *Арна салу, арна жасау.*

АРНАЛАН ***ыр. етіс*** *Арнала-н.*

АРНАЛАС *Бір негізден шыққан, арнасы бір.*

АРНАЛЫ 1. *Арнасы үлкен, кең.* 2. ***Ауысп.*** *Жан-жақты, білгір, білімді.*

АР-НАМЫС *Адамға тән ізгі қасиет, ар-ұят.*

АРНАУ *Біреуге арнап өлең, жыр, толғау.*

АРНАУЛЫ *Бір нәрсені жасау үшін, әзірлеу үшін арналған, жасалған.*

АРП: арп етті — *арсылдап үрді.*

АРПА *Астық тұқымдастарға жататын біржылдық аса бағалы дақыл.* ◊ **Арпа ішінде бір бидай** — *елден ерек, өзгеше.*

АРПАБАС I *Мал азығына пайдаланатын шөп.*

АРПАБАС II *Қазақтың кесте өрнегінің бір түрі.*

АРПАЛЫС I 1. *Өлім халінде жатқан адамның қиналуы, жанталасуы, өлім мен өмірдің арасында жатыр.* 2. *Соғыс, күрес, тартыс.*

АРПАЛЫС II 1. *Жан-жануардың жаны шығар алдындағы жанталасуы, қиналу.* 2. *Таласып-тармасып, күресу.*

АРПАМӘДИЯН *Жоңышқаның дәні, ұрығы.*

АРПАҢ-ТАРПАҢ 1. *Арбаң-сарбаң, тарпаң-тарпаң.* 2. *Қалай болса солай, тарс-тұрс.*

АРП-АРП: арп-арп етті — *арс-арс етті.*

АРПЫЛ *Иттің арп-арп еткен үні, даусы.*

АРПЫЛДА 1. *Арп-арп етіп үру.* 2. ***Ауысп.*** *Жөн-жосықсыз біреумен ұрсысу.*

АРПЫЛ-ТАРПЫЛ *Аяқты сүйрете басу.*

АРПЫЛ-ТҰРПЫЛ *Алдың-дүлдің, ардың-күрдің.*

АРС: арс етті – а) *арсылдап үрді (ит);* ә) *біреуді беттен алып, қарсы тұрды (адам).*

АРСА: арсасы шықты – *арса-арса болып бөлінді, жіктелді.*

АРСА *Арба шабағының екі жақтауы.*

АРСА-АРСА 1. *Бөлек-салақ, бытшыты шыққан.* 2. *Жадап-жүдеген, арыған; қу сүйек.* ◊ **Арса-арсасы шықты** – а) *азып-тозды, жүдеп-жадады;* ә) *бытшыт болды, қирап бүлінді.*

АРСАЛАҚТА 1. *Иттің иесіне көріп қарсы алуы, еркелеуі.* 2. ***Ауысп.*** *Мәзмейрам болып шексіз қуану.*

АРСАЛАҢ *Арса-арсасы шығып еті қашу.*

АРСАЛАҢ: арсалаң қақты – *еркеледі, еркінсіді.*

АРСАЛАҢДА *Арсалақтау, ыржалақтау.*

АРСАҢ: арсаң қақты – *арсаңдады, еркеледі.*

АРСАҢДА *Арсаң-арсаң ету, арсаңдау.*

АРСАҢ-КҮРСЕҢ *Арсаңдаған, арсалақтаған.*

АРС-АРС *Арсылдаған дыбыс.*

АРСЕНАЛ ***әск.*** 1. *Соғыс құралдарының, керек-жарақтарының үлкен қоймасы.* 2. *Әскер құралын жасайтын орын.*

АРСИ *Арса-арсасы шығып біліну.*

АРС-ҮРС *Арс-арс еткен дыбыс, үн.*

АРСЫ ***көне*** *Санатқа іліккен жақсы адам.*

АРСЫ-ГҮРСІ *Артында зілі жоқ, кектенбейтін (мінез).*

АРСЫЗ 1. *Ұятсыз, бетсіз, бетбақ.*

АРСЫЗДАН *Ұяттан безу, арын сату.*

АРСЫЗДЫҚ *Адамға тән ізгі моральдық норманы бұзу, аяққа басу.* ◊ **Арсыздыққа салды** – *шектен шыққан жағымсыз мінез көрсетті.*

АРСЫЛ *Арс-арс еткен үн, дыбыс.*

АРСЫЛ-ГҮРСІЛ *Апалақ-топалақ, апыл-ғұпыл.*

АРСЫЛДА 1. *Арс-арс етіп шабаланып үру.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуді беттен алып, қарсы тұру.*

АРСЫЛДАҚ *Арсылдап қалған; ұрысқақ, ұрысқыш.*

АРСЫН *Ар санау, намыстану.*

АРТ I 1. *Бір заттың алдына қарама-қарсы жағы.* 2. *Бір нәрсенің соңы, ақыры.* 3. *Жан-жануардың құйрық жағы, көтенішегі.* ◊ **Артта қалды** – *соңында қалды, қалып қойды.* **Арты ашылды** – а) *бұлт ыдырап, күн көзі көрінді;* ә) *абыройы түсті, ұятқа қалды.* **Арты қайырлы болсын** ***тілек.*** – *ақыры жақсылыққа ұлассын.* **Артына [соңына] қара ермеген** – *қу бас, баласыз.* **Артына із қалдырды** – *соңына ұрпақ қалдырды.* **Артында қоңырауы бар** – *артына сөз ерген, жаманатқа іліккен.*

АРТ II 1. *Бір затқа жүк тиеу, жүк салу.* 2. *Асу, ілу.* 3. *Жүктеу, міндеттеу.*

АРТ III *Көбею, молаю, асу.*

АРТЕЗИАН *Суы тереңнен жоғары шығарылатын құдық.*

АРТЕЛЬ *Шаруашылықты ұйымдастыру үшін адамдардың алғашқы бірігу формасы.*

АРТИКУЛЯЦИЯ ***лингв.*** *Дыбыс шығарудағы сөйлеу мүшелерінің қызметі.*

АРТИЛЛЕРИЯ ***әск.*** *Құрлықтағы қарулы күштердің бірі.*

АРТИЛЛЕРИЯЛЫҚ *Артиллерияға жататын, соған тән.*

АРТИЛЛЕРИЯШЫ *Артиллерияда қызмет атқаратын адам.*

АРТИСТ ***өнер.*** *Театр мен кинода көркемөнер шығармасын орындаушы маман, өнерлі адам.*

АРТИСТІК *Артиске тән, соған сай.*

АРТИСШЕ *Артиске ұқсап, сол сияқты.*

АРТҚЫ *Арт жағындағы, кейінгі, соңғы.*

АРТРИТ ***мед.*** *Зат алмасуының бұзылуы негізінде буында болатын ауру.*

АРТТЫРЫП-ТАРТТЫР *Үйіп-төгу, жарылқау.*

АРТЫҒЫРАҚ *Артықтау, көбірек, молдау.*

АРТЫҚ 1. *Шамадан тыс көп, мол.* 2. *Асқан, ерекше.* 3. *Пайдалы, тиімді, қолайлы.* 4. *Басы бос, пайдаға аспай жатқан.*

АРТЫҚ-АУЫС *Бас артық, басы бос.*

АРТЫҚ-КЕМ *Артық-кеміс, аз-кем, кем-кетік, кемістік.*

АРТЫҚ-КЕМДІ *Азды-көпті, азын-аулақ, бір ғана.*

АРТЫҚСЫ *Өзін өзгеден артық деп санау, артықсыну.*

АРТЫҚТАУ *Артығырақ, асыңқырап.*

АРТЫҚТЫҚ 1. *Артық болғандық.* 2. ***Ауысп.*** *Өзгешелік, ерекшелік.* ◊ **Артықтық етпейді [жасамайды, қылмайды]** — *бір керегі болады, бір кәдеге асады.*

АРТЫҚША 1. *Өзгеше, ерекше.* 2. *Бөлекше, төтенше, айырықша.*

АРТЫҚШЫЛЫҚ *Айырмашылық, өзгешелік.*

АРТЫНША *Іле-шала, ізінше.*

АРТЫНЫП-ТАРТЫНЫП *Керек-жарағын алып, жарақтанып.*

АРУ ***экспр.*** 1. *Асқан сұлу, керім, кербез (әйел, қыз).* 2. ***Ауысп.*** *Көрікті, сәнді, әдемі (ай, күн).*

АРУАҚ ***діни*** 1. *Өлген адамның рухы.* 2. ***Ауысп.*** *Қаусаған қу сүйек, құр дене.* ◊ **Аруағы асты, артты** — *мерейі үстем болды.* **Аруағы қозды [ұстады]** — *жыны келді, ашу шақырды.* **Аруағына сыйынды [табынды]** — *ата-баба рухына бас иді, жалынып-жалбарынды.* **Аруағын аяққа басты** — *қорлады, менсінбеді.* **Аруағынан айналайын** — *аруаққа бас иіп, құлшылық ету кезінде айтылады.* **Аруақ атқыр [ұрсын]** — *құдай оңдырмағыр, жолың болмағыр.* **Аруақ аттады** — *жолдан тайды.* **Аруақ жар болсын [қолдасын, жебесін, демесін]** — *жолың болсын, тілегіңе жет.* **Аруаққа шет болма** — *жолдан тайма, біреудің обалына қалма.* **Аруақ қонды** — *бағы жанды, қыдыр дарыды.* **Аруақтарға** сыйынды — *аруаққа табынды, бас ұрды.* **Аруақтанып кетті** — *шабытқа мінді; аруағы асты.* **Аруақ шақырды** — *ата-бабаның аруағына сыйынды, табынды.*

АРУАҚТА ***көне*** *Аруақ шақыру, аруаққа табыну.*

АРУАҚТАЙ *Құп-қу, боп-боз.*

АРУАҚТАН *Рухтану, жігерлену; мысы басу.*

АРУАҚТЫ *Қасиетті, киелі; арқалы.*

АРУАҚШЫЛ *Аруаққа сыйынғыш.*

АРУАНА *Бір өркешті таза тұқымды түйенің ұрғашысы.* ◊ **Аруана көкірек** — *бауырмал, балажан.*

АРУДАЙ *Сұп-сұлу, әп-әдемі.*

АРУЗ ***әдеб.*** *Орта ғасырлардағы созылыңқы және қысқа буындардың белгілі заңдылықпен кезектесуіне негізделген өлең өлшемі.*

АРУЛА *Өлікті қадірлеп-қастерлеп көму.*

АР-ҰЖДАН *Адамға тән ізгі қасиет, намыс, ұят.*

АР-ҰЯТ *Ар-ұждан, ұят, намыс.* ◊ **Ар-ұяты төгілді** — *абыройы жойылды, беделі түсті.*

АРФА ***муз.*** *Саусақпен іліп тартып, ойнайтын ішекті музыкалық аспап.*

АРХАИЗМ ***лингв.*** *Күнделікті қолданыстан ығысқан көнерген сөздер.*

АРХЕОГРАФИЯ *Тарихи деректерді зерттеу және жариялаумен шұғылданатын ғылым.*

АРХЕОЛОГ *Археология маманы.*

АРХЕОЛОГИЯ *Көне заманнан, орта ғасырлардан қалған ескерткіштерді зерттейтін ғылым.*

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ *Археологияға жататын, соған тән.*

АРХИЕПИСКОП *Христиан шіркеуіндегі жоғарғы лауазымның бірі, шіркеу басшысы.*

АРХИПЕЛАГ ***геогр.*** *Біріне-бірі жақын, жалғас аралдар тобы.*

АРХИТЕКТОР *Архитектура маманы.*

АРХИТЕКТУРА *Құрылыс салу, жобалау өнері.*

АРХИТЕКТУРАЛЫҚ *Архитектураға тән, соған лайық.*

АРША *Кипарис тұқымдасына жататын, мәңгі жасыл көпжылдық өсімдік.*

АРШУЛЫ *Аршып қойған, тазартылған.*

АРШЫ 1. *Тазарту, тазалау, көзін ашу.* 2. *Қабығын сыдыру, жалаңаштау.* 3. ***Ауысп.*** *Ақталу, арылу, тазалану.* ◊ **Аршыған жауқазындай (жұмыртқадай)** — *кіршіксіз таза, аппақ.*

АРШЫЛ *Ар сақтағыш, намысқор.*

АРШЫН *Метрге тең өлшем.* ◊ **Аршын бойлы** — *орта бойлы, дембелше.* **Аршын төс** — *кең кеуделі (адам).*

АРШЫНДА 1. *Бір затты аршынмен өлшеу, мөлшерлеу.* 2. *Адымдай басу, екпіндеу.* 3. ***Ауысп.*** *Алға басу, қарыштап өрлеу.*

АРШЫНДЫ *Адымы кең, алымды; қарқынды.*

АРЫ I 1. *Жүдеп-жадау, арықтау.* 2. ***Ауысп.*** *Азып-тозу, бағасы кему.*

АРЫ II *Бір нәрсенің басы, түп төркіні.*

АРЫЗ 1. *Жеке адамның ресми түрде жазған мәлімдемесі.* 2. *Өтініш, қалау.* 3. ***Ауысп.*** *Наразылық білдіру, шағым.*

АРЫЗДАН *Арыз айту, қуыну.*

АРЫЗДАС 1. ***орт. етіс*** *Арыз-дас.* 2. ***Ауысп.*** *Адамның қайтыс болар алдындағы ел-жұртпен қоштасуы.*

АРЫЗҚОЙ *Арыз жазғыш, шағым айтқыш.*

АРЫЗҚОЙЛЫҚ *Шағым айтқыштық, пәлекорлық.*

АРЫЗШЫ *Арыз жазғыш, шағынғыш.*

АРЫҚ I *Суландыру жүйесіндегі шағын су жолы.*

АРЫҚ II 1. *Еті қашқан, жүдеу.* 2. *Майсыз, жасық.* 3. ***Ауысп.*** *Жүгымсыз, нәрсіз.* 4. ***Ауысп.*** *Жұтаң, жүдеу.* ◊ **Арық айтып, семіз шық** — *кем айтып, артық істе д. м.*

АРЫҚСЫН *Арық деп жақтыртпау, қомсыну.*

АРЫҚТА *Жүдеп-жадау, күйсіздену.*

АРЫҚТАУ *Ашаңдау, сидандау; семіз емес.*

АРЫҚ-ТҰРАҚ *Жаман-жәутік, көтерем (мал).*

АРЫҚТЫҚ *Жүдеулік, ашаңдық.*

АРЫҚША I *Кішірек арық.*

АРЫҚША II *Ашаңдау, сидаң.*

АРЫҚШАЛАУ *Арықша келген, сиданданду.*

АРЫЛ I *Ыр-ыр еткен дыбыс, үн.*

АРЫЛ II 1. ***ыр. етіс*** *Арыл.* 2. *Құтылу, босану.* 3. ***Ауысп.*** *Ақталу, ағару.* 4. ***Ауысп.*** *Үзілмеу, жоғалмау, кетпеу.*

АРЫЛДА 1. *Хайуанаттардың ырылдап үн шығаруы.* 2. *Дарылдау, гүр-гүр ету.*

АРЫЛДАТ ***өзг. етіс*** *Арылда-т.*

АРЫМАЙ-ТАЛМАЙ *Шаршап-шалдықпай, қажымай-талмай.*

АРЫН 1. *Екпін, қарқын, тегеурін.* 2. *Ағын, ағыс.*

АРЫНДА 1. *Аттың ауыздықпен алысып, бой бермеуі.* 2. *Су, боран сияқты табиғаттың дүлей күшінің екпіндеп соғуы.* 3. ***Ауысп.*** *Лепіру, екпіндеп ие бермеу.*

АРЫНДАУЫҚ 1. *Арындағыш, арыншыл.* 2. ***Ауысп.*** *Қыңыр, қисық.*

АРЫНДЫ 1. *Арыны күшті, тегеурінді.* 2. *Ағысы күшті, ағынды.*

АРЫНШЫЛ *Арындағыш, арындап сөйлейтін.*

АРЫП-АШ *Жадап-жүдеу, азып-тозу.*

АРЫП-ТАЛЫП *Шаршап-шалдығып, өліп-талып.*

АРЫРАҚ *Әрі таман, әрі қарай.*

АРЫС I 1. *Арба-шананың қос жетегі, тәртесі.* 2. *Ру, тайпа, ата.*

АРЫС II 1. *Үйдің төбесіне көлденең салатын мықты жуан белағаш.* 2. ***Ауысп.*** *Қадірменді ер азамат.*

АРЫС III ***бот.*** *Қарабидай.*

АРЫС IV *Шошала үйде ет ілуге арналған салдау ағаш.*

АРЫСТА 1. *Емін-еркін дем алу, тыныгу.* 2. ***Ауысп.*** *Кемеліне келіп жетілу, өркендеп өсу.*

АРЫСТАЙ *Ортан қолдай, бір деген.*

АРЫСТАН I 1. *Мысық тұқымдас ең ірі жыртқыш аң.* 2. ***Ауысп.*** *Ержүрек, қайсар, мықты.* ◊ **Арыстан жүректі** — *батыл, ер.* **Арыстан кеуде (төс)** — *зор денелі, кеуделі.* **Арыстанның аузында, түрікпеннің төрінде** — *қиын жол, ауыр іс.*

АРЫСТАН II ***астр.*** *Он екі зодиак шоқжұлдызының бірі.*

АРЫСТАНДАЙ *Арыстан сияқты айбатты, қаһарлы, сұсты.*

АРЫСТАНША *Арыстан сияқтанып, арыстанға ұқсап.*

АС I 1. *Адам баласының қоректік заты, тағам.* 2. *Қорек, нәр.* 3. ***көне*** *Өлген адамды еске түсіріп, құрметтеу салты.* □ **Асбұршақ** — *бұршақ тұқымдас, біржылдық өсімдік.* **Асжаулық** — *дастарқан, ас орамал.* **Ас қорыту** — *ішкен асты денеге сіңіру.* **Ас тұз** — *тағамға пайдаланатын тұз.* **Асүй** — *ас пісіретін бөлме.* ◊ **Ас [дәм, тамақ] ауыз тиді** — *дәм татты, құрауыз шықпады.* **Ас батпады** — *сары уайымға салынып, көңілі алаң болды.* **Ас қайырды** — *тағамды жеп болып, бата берді.* **Аспісірім** — *екі сағаттай уақыт өлшемі.* **Ас ұстады** — *ас-суға басшылық етті, ие болды.* **Асын берді** — *өлген адамның жылын өткізді.* **Ас ішіп, аяқ босатар** — *араңтамақ, жатыпішер.*

АС II 1. *Қазанға тамақ салып пісіру.* 2. *Бір заттың үстіне салып қою, арту.* 3. *Дарға іліп өлтіру, жазалау.*

АС III 1. *Бір жерден өтіп, келесі жерге бағыт алу.* 2. *Белгілі бір мөлшерден өту.* 3. *Артылу, озу.* 4. ***Ауысп.*** *Кеудесіне нан пісу, дандайсу, көзінің еті өсу.* 5. *Көмекшілік мәнде қолданып, жарау, қосылу деген мән білдіреді.*

АСА I *Дәрежелі адамдар (хан, би, қожа т. б.) қолына ұстайтын ерекше таяқ.*

АСА II *Ауызды толтыра, қомағайланып тамақ жеу.* ◊ **Асарын асап, жасарын жасаған** — *ұзақ өмір сүріп, дәурені өткен, жасы жеткен.*

АСА III *Өте, тым, соншалықты.*

АСАБА *Той басқарушы.*

АСАДАЛ ***көне*** *Ыдыс-аяқ салып қоятын биік кең шкаф; буфет.*

АСАЙМҰСА *Биіктігі 2—3 метр бұтақты бұта.*

АСАЙ-МҮСЕЙ *Мойынға асып не арқалап жүретін құрал-сайман.*

АСАЛЫ *Асасы бар, аса ұстаған.*

АСАМ: бір асам — *бір асарлық өлшем.*

АСАНҚАЙҒЫ *Сары уайымға салынушылық.*

АСАНҚАЙҒЫЛАН *Сары уайымға салыну, үнжырғасы түсу.*

АСАР *Жабылып жұмыс істеуге, көмекке шақыру; үме, момыш.* ◊ **Асар көбейсін *тілек*** — *қуаныш молайсын д. м.* **Асар салды** — *көмекке жұртты шақырды, жинады.*

АСАР-АСПАС *Жетер-жетпес.*

АСАРШЫ *Біреудің қауырт жұмысына тегін көмек беретін жиынға қатысушы адам.*

АСАТ ***өзг. етіс*** *Аса-т.* ◊ **Асатпай жатып құлдық деме** — *байыбына бармай жатып, қорытынды шығарма.*

АСАТАЯҚ ***муз.*** *Қазақтың көне музыкалық аспабы.*

АСАТУ ***этн.*** *Табақта қалған етті дастарқан басындағыларға бір-бір асатып өту дәстүрі.*

АСАУ 1. *Жүген-құрық тимеген, қолда ұсталмаған.* 2. ***Ауысп.*** *Бұла болып өскен; ерке, тентек.* 3. ***Ауысп.*** *Бұрқ-сарқ еткен, дүлей.* **Асау қымыз** — *ақырып ашыған ащы қымыз.*

АСАУДАЙ 1. *Асау тәрізді.* 2. *Асау күйінде.*

АСАУКӨК ***жерг.*** *Қонақасы берген-нен кейінгі қонаққа ән салғызып, ойын ойнау дәстүрі; қонақкәде.*

АСАУЛАУ *Жуас емес, асауырақ.*

АСАУЛЫҚ *Қолға үйретілмегендік, асау болғандық.*

АСАУСЫ *Жүген-құрық көрмей, асаулыққа бойы үйреніп қалу.*

АСБЕСТ ***мин.*** *Жылу жібермейтін, отқа төзімді минерал.*

АСКАНИЯ *Биязы жүнді қой тұқымы.*

АСКАРИДА ***зоол.*** *Адамның ашішегінде болатын жұмыр құрт.*

АСКАРИДОЗ ***мед.*** *Аскарида құрты арқылы пайда болатын іш ауруы.*

АСКЕТИЗМ ***діни*** *Тақуалық, сопылық.*

АСКОРБИН: аскорбин қышқылы — *организмге аса қажетті витаминдердің бірі.*

АСКӨК *Көк балаусасын тамаққа пайдаланатын бақша өсімдігі.*

АСҚАБАҚ *Асқабақ тұқымдасына жататын біржылдық бақша өсімдігі.*

АСҚАЗАН *Адам мен жан-жануардың ас қорытатын мүшесі.*

АСҚАҚ ***экспр.*** 1. *Биік, еңселі, зәулім.* 2. ***Ауысп.*** *Өркөкірек, менмен.* 3. ***Ауысп.*** *Шабытты, өрісті, өрелі.* 4. ***поэт.*** *Шарықтаған, шалқыған.*

АСҚАҚТА ***экспр.*** 1. *Аспанмен таласу, биіктеу, аспандау.* 2. ***поэт.*** *Шарықтатып, шалқытып ән шырқау.* 3. ***Ауысп.*** *Көзінің еті өсу, дандайсу.*

АСҚАҚТЫҚ 1. *Өркөкіректік, паңдық.* 2. ***Ауысп.*** *Астамшылық, дандайсушылық.* 3. *Айтулы, елден ерек.*

АСҚАР ***экспр.*** 1. *Зәулім биік, заңғар.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің ең жеткен жері, биігі.* ◊ **Асқар бел** — *үміт артар, сүйеніш, тірек.*

АСҚАРАЛЫ 1. *Зәулім биік, көкпен тілдескен.* 2. ***Ауысп.*** *Ұлы, зор, орасан.*

АСҚАРПАЗ ***жаңа., поэт.*** *Альпинизммен айналысатын адам.*

АСҚАТЫҚ *Көжекатық, сорпа-су.*

АСҚЫН 1. *Аурудың еселеп дамуы, күшеюі.* 2. *Күшею, үдеу.* 3. ***Ауысп.*** *Ушығу, шиеленісу.*

АСМАЛДЫҚ ***жерг.*** *Әшекейлеген түйе жабуы.*

АСМАР ***көне*** *Аманаттау, тапсыру.*

АСПА *Бір нәрсені асып, іліп қоятын ілгіш.*

АСПАЗ *Тағам дайындайтын (пісіретін) адам.*

АСПАЗДЫҚ *Ас дайындауды кәсіп етушілік.*

АСПАЙ-САСПАЙ *Байыппен, асықпай.*

АСПАЛА *Кежімдеп сәндеп жүк арту.*

АСПАН *Жоғарыдан жерге қарай күмбез сияқты көмкеріліп көрінетін атмосфералық кеңістік; көк, әуе.* ◊ **Аспан айналып жерге түскендей** — *шыжыған ыстық, қапырық, аңызақ.* **Аспанға көтерді** — *асыра дәріптеді, мақтады.* **Аспанға қарады** — *мұрнын көкке көтерді, тәккаппарланды.* **Аспандағы айға қол созды** — *қолдан келмеске ұмтылды.* **Аспанды алақандай, жерді тебінгідей етті** — *жұрттың апшысын қуырды, тықсырды.* **Аспанынды тастап жібер** — *қолыңнан бір келсе, екі қыл, аяма.* **Аспанмен астасқан [таласқан, тілдескен, тіресқен]** — *зәулім биік, заңғар.* **Аспаннан түскендей** — *а) тәкаппар, менмен; ә) тосыннан, тұтқиылдан.* **Аспаннан тілегенімізді жерден берді** — *күтпеген дүние, кездейсоқ оқиға.* **Аспан [күн] шайдай ашық** — *әуеде теңгедей бұлт жоқ.* **Аспаның ашық болсын** ***тілек.*** — *жаманшылық көрме.*

АСПАНДА 1. *Көкке қарай самғап ұшу, көтерілу.* 2. ***Ауысп.*** *Шарықтау, шалқу, құйқылжу.* 3. ***Ауысп.*** *Асып-тасу, асқақтау.*

АСПАНДАЙ *Аспан сияқты; биік, заңғар.*

АСПАНСЕРІК *Ұшақтағы жолаушыларға қызмет көрсететін арнайы адам.*

АСПАП 1. *Құрал-сайман, керек-жарақ.* 2. *Музыкалық құрал.*

АСПАПТЫҚ: аспаптық музыка — *аспаптарда ғана орындау үшін жазылған шығарма.*

АСПАПШЫ *Музыкалық құралды жасайтын адам, шебер.*

АСПА-ТӨКПЕ 1. *Орынсыз ысырапқорлық, шашып-төгушілік.* 2. ***Ауысп.*** *Асқан молшылық, береке.*

АСПА-ТӨКПЕЛІК *Ысырапқорлық, шашып-төгушілік.*

АСПЕКТ *Құбылыс, фактілерді түсіндірудегі жай.*

АСПИРАНТ *Ғылыми-зерттеу жұмысына, ғылыми-педагогтік жұмысқа әзірленіп жүрген адам.*

АСПИРАНТУРА *Ғылым мамандарын даярлаудың негізгі формасы.*

АСПИРИН ***фарм.*** *Ыстықты қайтаратын кристалл тәрізді ақ дәрі.*

АССАЛАУМАҒАЛЕЙКҮМ *Амандық сұрасу, сәлемдесу.*

АССАМБЛЕЯ *Халықаралық ұйым мүшелерінің жалпы жиналысы.*

АССИГНАЦИЯ ***тар.*** *Ақша орнына жұмсайтын қағаз.*

АССИМИЛЯЦИЯ 1. *Бір халықтың екінші халыққа сіңісіп кетуі.* 2. ***биол.*** *Клеткаларға жаңадан енген заттарды өсімдік, жәндік организмдерінің өзіне бейімден өзгертуі.* 3. ***лингв.*** *Бір дыбыстың екінші дыбысқа ықпалы.*

АССИМИЛЯЦИЯЛА *Организмге енген заттарды өзіне бейімдеп өзгерту, сіңіру.*

АССИСТЕНТ *Жоғары оқу орындарында, операцияларда дәрігерге, профессорға көмекші ғылыми қызметкер.*

АССОНАНС ***әдеб.*** *Даусты дыбыстардың үйқасуы.*

АССОЦИАЦИЯ 1. *Қауымдастық. Мекемелер мен ұйымдардың немесе жеке адамдардың жалпы, шаруашылық, саясат, ғылым және мәдениет салаларында белгілі бір мақсатқа жету үшін біріккен одағы.* 2. ***психол.*** *Адам санасында болатын жеке психикалық процестердің арасындағы байланыс.*

АС-СУ *Тамақтық дүние, тағам.*

АСТАМ I *Белгілі бір мөлшерден артықтау, көбірек.*

АСТАМ II *Өктем, үстем, асқақ.*

АСТАМДЫҚ *Менмендік, астамшылық, асқақтық.*

АСТАМСЫ *Кеуде көтеру, менменсу.*

АСТАМШЫЛ *Кекірейген, кекірт, кесір.*

АСТАМШЫЛЫҚ *Кесір-кесапаттық, дандайсушылық.* ◊ **Астамшылық сөз** — *орынсыз айтылған кесір сөз.*

АСТАМЫРАҚ I *Артықтау, көбірек.*

АСТАМЫРАҚ II *Өктемдеу, асқақтау, үстемірек.*

АСТАНА *Белгілі бір елдің өкімет орындары мен үкімет басшыларының орналасқан басты қаласы, орталығы.*

АСТАНАЛЫҚ *Астанаға тән, соған тиісті.*

АСТАН-КЕСТЕН 1. *Әлем-тапырық, ойран-топыр.* 2. *Алай-түлей, әлейім-тәлейім.*

АСТАПЫРАЛЛА ***діни*** *Ой, құдай-ай, құдай сақтасын.*

АСТАР 1. *Сырткиімнің, көрпенің ішкі жағы.* 2. ***Ауысп.*** *Кекесін сыр, ерекше мән.* ◊ **Астар бола алмайды** — *пар келмейді, тең емес.*

АСТАРЛА 1. *Сырткиімді астар салып тігу.* 2. *Ойды жұмбақтап, ишаратпен айту.*

АСТАРЛАС *Негіздес, сарындас, үндес.*

АСТАРЛЫ 1. *Астар салған, астары бар.* 2. ***Ауысп.*** *Тура мағынада емес, кекесін түрде.* ◊ **Астарлы сөз** — *бейнелі, тұспал сөз.*

АСТАРЛЫҚ *Астар боларлық, астарға лайық.*

АСТАРСЫЗ 1. *Астар салынбаған, астары жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Бүкпесіз, қалдықсыз.*

АСТАС 1. *Түйісу, ұштасу, жалғасу.* 2. ***Ауысп.*** *Бірі мен бірі араласу, біте қайнасу, қабысу.*

АСТАУ 1. *Ас салатын ағаштан ойып жасалған үлкен кең ыдыс.* 2. *Малға жем салып, су беретін науа.* ◊ **Астау жон** — *астау сияқты төңкеріліп жатқан адырлы жер.*

АСТАУДАЙ *Жап-жалпақ, сеп-семіз.*

АСТАУЛАН *Жұмырлану, дөңгелену.*

АСТАУША *Кішірек келген астау.*

АСТАУШАЛА *Астауға ұқсату.*

АСТРА ***бот.*** *Гүлді өсімдіктердің бір түрі.*

АСТРОБИОЛОГИЯ *Әлемнің барлық түкпіріндегі тіршілікті зерттейтін ғылыми пән.*

АСТРОБОТАНИКА *Аспан денелеріндегі өсімдіктер дүниесін зерттейтін ғылым саласы.*

АСТРОГРАФ *Аспан әлеміндегі денелерді фотоға түсіретін аспап.*

АСТРОЛОГ ***тар.*** *Астрологиямен шұғылданатын адам.*

АСТРОЛОГИЯ ***тар.*** *Жұлдыздардың орналасуы бойынша адамның болашағын болжауға болады-мыс дейтін ілім.*

АСТРОНОМ *Астрономиямен шұғылданатын адам.*

АСТРОНОМИЯ *Аспан денелері мен әлемнің құрылысы және олардың дамуы жайындағы ғылым.*

АСТРОНОМИЯЛЫҚ *Астрономияға тән.*

АСТРОФИЗИКА ***астр.*** *Аспан әлеміндегі денелердің құрамын және құрылымын зерттейтін ғылым.*

АСТЫ 1. *Бір заттың үстіне қарама-қарсы жақ беті.* 2. *Белесті жердің баурайы, етек жағы.* 3. *Жататын, отыратын жері.* 4. ***Ауысп.*** *Ерттелініп мінілген, мініліп жүр д. м.* ◊ **Астына көпшік қойды** — *біреуді орынсыз мақтап көтермеледі, қолпаштады.* **Астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырды** — *біреуді біреуге айдап салды.* **Астынан су шыққандай** — *асығыстық, қарбаластық.*

АСТЫҚ *Бидай, тары, арпа т. б. дәнді дақылдардың жалпы аты.* ◊ **Астық тиегіш** ***тех.*** — *астық тиеуге арналған арнайы машина.*

АСТЫҚТЫ *Астығы мол, астығы, көп.*

АСТЫЛЫ-ҮСТІЛІ *Қос қабатты, екі қатарлы.*

АСТЫН-ҮСТІН *Қалай болса солай, бейберекет.*

АСТЫҢҒЫ *Төменгі, ақырғы.*

АСТЫР ***өзг. етіс*** *Ас-тыр.* ◊ **Қазан астыр** — *қазанға тамақ салып пісірту.*

АСТЫРТЫН *Жасырын, құпия.*

АСТЫ-ҮСТІ 1. *Бір нәрсенің астыңғы жағы мен үстіңгі жағы.* 2. *Киім-кешектің астары мен тысы.* ◊ **Асты-үстіне келтірді [шығарды]** — *астан-кестен етті, ұйқы-тұйқысын шығарды.* **Асты үстіне түсті** — *құрдай жоғалады, аяғынан тік тұрды.* **Астын-үстін қазбалады** — *жер-жебіріне жетіп ұрысты, сөкті.*

АСУ 1. *Тау жотасының өтуге қолайлы аласа жері.* 2. ***Ауысп.*** *Өмір өткелі, белесі.* ◊ **Асу бермеді** — *жол бермеді, өткізбеді.*

АСУ-АСУ *Белес-белес, қырқа-қырқа.*

АСУЛЫ *Асуы көп, белес-белес.*

АСУСЫЗ: асусыз асқар бел — *өткел бермес биік, жол таппас қиыншылық.*

АСФАЛЬТ *Жолға, көшеге, жаяу жолға төселетін қарамайлы, цементті уақ тас.*

АСФАЛЬТТА *Асфальт төсеу, жаю.*

АСФАЛЬТТЫ *Асфальт төселген, салынған.*

АСХАНА *Қоғамдық тамақтандыру орны.*

АСХАНАЛЫҚ *Асханаға арналған, соған тән.*

АСХАНАШЫ *Асханада тамақ істейтін адам, аспаз.*

АСЫҒЫП-ҮСІГІП *Сасып-салбырап, асып-сасып.*

АСЫҒЫС 1. *Қарбалас, суыт, шұғыл.* 2. *Тез, жылдам.*

АСЫҒЫСТА *Қапылыста, қарбаласта, тығыл-таяңда.*

АСЫҒЫСТАУ *Қарбаластау, шұғылдау.*

АСЫҒЫСТЫҚ *Қарбаластық, суыттық, шұғылдық.*

АСЫҒЫС-ҮСІГІС *Асып-сасып, қарбалас.*

АСЫҚ I *Жан-жануарлардың сирағы мен сан жіліктерін байланыстырып тұратын төрткіл топса сүйек.* □ **Асық жілік** — *сирақпен жалғасқан сан жілік.* ◊ **Асығы алшысынан түсті [тұрды]** — *жолы болды, сәті түсті.* **Асығы [кенейі] түгел** — *шаруасы орнында, көңілі орнықты.*

АСЫҚ II *Ғашық.*

АСЫҚ III 1. *Шапшаң қимылдап, тез әрекет жасау.* 2. ***Ауысп.*** *Тағат қылмау, сабырсыздану.*

АСЫҚҚАНСЫ *Асыққан болу, асыққан түр көрсету.*

АСЫҚПА *Тоқтай тұр, тұра тұр.*

АСЫҚПАЙ-САСПАЙ *Аспай-саспай, байыппен.*

АСЫҚТАЙ *Асық сияқты, асықша.*

АСЫҚША: асықша атты [домалатты, дөңгелетті] — *бұйым көрмеді, үйіріп әкетті.*

АСЫЛ I 1. *Өте қатты, әдемі, оңайшылықпен кесіле, майыса қоймайтын (металл).* 2. *Қымбат бағалы, құнды, сапалы (мата).* 3. ***Ауысп.*** *Өнімді көп беретін, таза (тұқым).* 4. ***Ауысп.*** *Қайратты, қажырлы, ақыл-парасаты мол.* 5. ***Ауысп.*** *Өнегелі, үлгілі.* ◊ **Асылдың сынығы** — *жақсыдан қалған жұрнақ, белгі.* **Асыл сөз** — *мағыналы, мәнді сөз.*

АСЫЛ II 1. ***ыр. етіс*** *Ас-ыл.* 2. *Бір нәрсеге қолын соза салып артылу, сүйену.*

АСЫЛДАН *Мал тұқымының жақсарып, өнімділігінің артуы.*

АСЫЛДЫҚ 1. *Асыл болғандық, қаттылық.* 2. ***Ауысп.*** *Қайраттылық, қажырлылық.* 3. ***Ауысп.*** *Сапалылық, маңыздылық.*

АСЫЛЗАДА 1. ***көне*** *Ақсүйек тұқымынан шыққан адам.* 2. ***Ауысп.*** *Қасиетті, аяулы, зиялы.*

АСЫЛЫ *Тегінде, зады, негізінде.*

АСЫЛЫҚ *Астамшылық, күпірлік.*

АСЫМ: етасым — 2—3 *сағаттай уақыт мөлшері.*

АСЫМДЫҚ *Күнделікті асып жейтін.*

АСЫП-САСЫ *Асығып-үсігіп, сасқалақтап.*

АСЫП-ТАС 1. *Өзен суының шарасынан асып, судың молаюы.* 2. ***Ауысп.*** *Дәулеті артып, шексіз баю.* 3. ***Ауысп.*** *Астамшылық жасау, дандайсу, асқақтау.*

АСЫП-ТАСУШЫЛЫҚ *Дандайсып кетушілік.*

АСЫР *Ойнап-күлгендік, сайрандағандық.* ◊ **Асыр салды** — *емін-еркін ойнап күлді, сайрандады.*

АСЫРА 1. *Бағып-қағу, күту, өсіру.* 2. *Қолға үйрету.*

АСЫРА: асыра сілтеді — *шаш ал десе, бас алды, артық кетті.*

АСЫРАНДЫ 1. *Қолға үйретілген, қолда өскен.* 2. *Қол бала етіп асырап алған.*

АСЫРАП-САҚТА *Бағып-қағу, тәрбиелеп өсіру.*

АСЫРАУЛЫ *Бағулы, күтулі.*

АСЫРАУСЫЗ *Бағусыз, күтусіз.*

АСЫРАУШЫ *Отбасының тауқыметін көтеруші адам.*

АСЫРМА *Маялап үйген шөптің биіктігі, о шеті мен бұ шеті.*

АСЫРМАЛЫ: асырмалы шырай ***лингв.*** — *заттың сынын асырып көрсететін шырай.*

АСЫР-ТАСЫР *Тарс-тұрс, тасыр-тұсыр.*

АТ I 1. *Піштірілген еркек жылқы.* 2. *Мініп, жегіп күшін пайдаланатын көлік.* 3. ***спорт*** *Жылқының басына ұқсастырып жасалған шахмат фигурасы.* □ **Ат айдаушы** — *бәйгеге қосылған аттарды басқарып, жөн сілтеп тұратын адам.* **Ат арба [шана, тырма, соқа]** — *атқа жегілетін, атпен жүретін құрал.* **Ат барабан [бұран]** — *ат күшімен айналатын барабан.* **Ат бастаған тоғыз** ***көне*** — *айыпқа берілетін сыйлық.* **Атбәйге [жарыс]** — *жүйрік аттарды жарысқа салатын ұлттық ойын.* **Атбұршақ** — *бұршақ тұқымдастарына жататын біржылдық екпе өсімдік.* **Атдорба** — *атқа жем беретін кенеп қалта.* **Атжабу** — *атқа жабатын жапқыш.* **Аткөрпе** — *ердің үстіне салатын кішірек көрпе.* **Ат қора** — *жылқы қамайтын, жылқы тұратын қора.* **Ат қосты** — *атын бәйгеге жіберді.* **Атсайыс** — *ат үстінде әртүрлі өнер көрсететін спорт түрі.* **Ат тіс** — *күректей ірі тіс.* **Атшабыс** — *аттарды бәйгеге қосу, жарыстыру.* ◊ **Ат арыды, тон тозды** — *шаршап-*

шалдықты, жадап-жүдеді. **Ат арытты [сабылтты]** — *әуре-сарсаңға түсті, арам тер болды.* **Атбайлар [ұстар]** — *ер бала, ұл.* **Атбайлар** ***этн.*** — *құда түсуге келген адамдардың жігіттерге беретін ырымы, кәдесі.* **Ат басына күн туды** — *қиын-қыстау заман болды, ер сыналар күн туды.* **Ат басын бұрды [тіреді]** — *келіп тоқтады, бұрылды.* **Ат жалын тартын мінді** — *ер жетіп азамат болды, санатқа қосылды.* **Ат жаратты** — *атты баптап күтті, бәйгеге даярлады.* **Атжанды** — *атты жақсы көретін, атқұмар.* **Ат жетпес жер** — *ұзақ жол, алыс жер.* **Ат кекілін [құйрығын] кесті [үзді]** — *үзілді-кесілді кетісті, араздасты.* **Ат құлағы көрінбейді** — а) *өте биік, тым терең;* ә) *ақ түтек боран.* **Ат құлағында ойнайды** — *атқа мықты, берік, икемді.* **Ат құрғатпады** — *жиі келіп, қатысып тұрды.* **Ат майын берді** — *біреудің атын мініп, уақытша пайдаланды.* **Атмайы қайтты** — *мал ақысы төленді.* **Ат мінгізіп, шапан жапты** — *қонаққа құрмет көрсетіп сыйлады, сый-сыяпат жасады.* **Ат ойнатты** — *әлек салды, ойрандады.* **Ат өтті** — *шығарып салма, сүлесоқ.* **Ат сабылтты** — *әуреге түсті, арпалысты.* **Атсалысты** — *қол ұшын берді, жәрдемдесті.* **Атсоқты болды** — *жол жүріп шаршап-шалдықты.* **Ат терлетіп келді** — *әдейілеп, арнап келді.* **Ат төбеліндей** — *азғантай, аз ғана, шағын.* **Ат тұлдау** — *иесі өлген мініс аттың жал-құйрығын күзеп шұнтиту, жыл бойы семіртіп, асқа союға әзірлеу.* **Аттың басын тартпады [қоя берді]** — *не айтам десе, соны айтты, іркіліп тоқтап қалмады.* **Аттың жалы, түйенің [атанның] қомында** — *тығыл-таяңда, қарбаласта.* **Атты отқа қойды** — *мініп келген атты дем алдырып, шөпке жіберді.* **Атты суытты** — *аттың терін басып, дем алдырды.* **Атүсті** — а) *жол-жөнекей, жолшыбай;* ә) *жеңіл-желпі, үстірт.* **Ат үстінде** — *күндіз-түні тыным таппайды, қауырт жұмыста, қарбаласта.* **Ат шалдырды** — *мінген атты жол үстінде аздап оттатып алды.* **Ат шаптырды** — а) *ат жарыстырып, бәйге тікті;* ә) *кісі жұмсап, хабар алдырды.* **Атшаптырым** — а) *шамамен 30-35 шақырымдай қашықтық өлшемі;* ә) *бір шеті мен бір шеті өте үлкен, кең.* **Аты жүріп тұр** — *бағы тасып, тасы өрге домалап тұр.* **Ат ізін салмады** — *қатыспады, хабарласпады, келмеді.* **Ат ізін суытпады [құрғатпады]** — *жиі-жиі келіп тұрды, үзбей қатысты.*

АТ II 1. *Балаға қойылатын есім, ныспы.* 2. *Белгілі бір нәрсеге, затқа қойылған атау.* □ **Ат қойды** — *есім беріп атады.* **Аты жоқ қол [саусақ]** — *төртінші саусақтың аты.* ◊ **Ат қойып, айдар тақты** — *әр саққа жүгіртіп, әңгіме қылды, сөзге іліктірді.* **Аты жер жарды** — *аты елге жайылды, ел аузына ілікті.* **Атына кір келтірді** — *ұятқа қалдырды, жаман атқа ұшыратты.* **Атын аузына алмады** — *ескерусіз қалдырды, елемеді.* **Атына шаң жуытпады** — *сөз келтірмеді, жаман атқа ұшыратпады.* **Атын сатты** — *біреудің абырой-атағын пайдаланды, арқаланды.* **Атың өшкір** ***қарғ.*** — *өлгір, жоғалғыр.* **Аты өлмейді** — *өзі өлсе де, сөзі (ісі) жоғалмайды д. м.* **Аты шулы** — *атақты, әйгілі.* **Аты шықты** — *аты елге жайылды, мәлім болды.*

АТ III 1. *Қару-жарақтан оқ шығару.* 2. *Лақтыру, атқылау.* 3. *Бір затты екінші затқа ұрып тигізу.* 4. *Шегу, иіскеу, тарту.* 5. *Көкке көтерілу, шапшу.* 6. *Ыршу, ырғу.* 7. ***Ауысп.*** *Белгілі зат есімдермен тіркесіп, бұрқыраған, қаулаған көптік ұғым білдіреді.* **Атарға оғы жоқ [болмады]** — *соншалықты жек көрген адамға айтылады.* **Атар таң, шығар [көрер] күн жоқ [болмады]** — *күн көрсетпеді, азап шекті.* **Атқан оқтай** — а) *түп-түзу, түп-тура;* а) *шапшаң, тез, жылдам.* **Атқан таңдай** — *аппақ, әдемі.*

АТА I 1. *Әкенің әкесі, үлкен әке.* 2. *Бір рудың ішіндегі адамдардың туыстық, қандастық тобы* 3. *Нәсіл, тек, тұқым.* 4. *Ерлі-зайыптылардың қайын әкесі.* 5. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің*

тетігі, көзі. □ **Ата қаз** — *қаздың еркегі.* ◊ **Ата баласы** — *жол жағынан үлкен, қадірлі әкеден тараған.* **Атадан асып туған** — *елден ерекше, төтенше.* **Атадан қалған ақ сауыт** — *қадірлі-қасиетті дүние-мүлік.* **Атадан қалған мал жоқ** — *бәрі еңбекпен табылған д. м.* **Ата жау [дұшпан]** — *ежелгі кегі бар дұшпан.* **Ата жолы** — *ата-бабадан үзілмей келе жатқан жөн-жоба, салт.* **Ата жолын қуды** — *әкелердің салып кеткен жолынан таймады.* **Атакәсіп** — *уйреншікті шаруа, бұрыннан білетін іс.* **Атақоныс [мекен, жұрт]** — *ежелгі тұрақ, байырғы мекен-жай.* **Атам заманнан** — *ежелден, баягыдан.* **Атамнан ары [әрмен]** — *кет, жоғал, көрінбе.* **Атамұра** — *әкеден қалған дәулет, байлық.* **Атаңа нәлет [лағнет]** — *көгермегір, оңбағыр.* **Атаң дегенім жоқ, енең дегенім жоқ** — *шай десіспеді, жамандаспады.* **Атаңның басы [көрі]** — *оттама д. м.* **Ата сақал аузына біткенше [түскенше]** — *жасы ұлғайғанша, қартайғанша.* **Ата салты** — *ертеден келе жатқан халықтық дәстүр.* **Атасында көрмегенді ботасында көрді** — *бұрын көрмеген қызықты, рақатты енді көрді д. м.* **Ататегі** — *зәузат, тұқым-тұқияны.*

АТА II 1. *Адамның атын, есімін айту.* 2. *Бір нәрсені біреуге сыйлап, жария қылу, мәлімдеу.* ◊ **Атай көрме** — *азар да безер болды, естігісі келмеді.* **Атап айтқанда** — *нақтылай, дәлелдей түскенде.* **Атап өтті** — *салтанатты түрде тойлады, еске түсірді.*

АТА-АНА *Әке-шеше.*

АТА-АНАСЫЗ *Тұлдыр жетім, панасыз.*

АТА-БАБА *Бұрынғы өткен әкелер; зәузат.*

АТА-ЕНЕ *Қайын ата мен қайын ене.*

АТАЖАН *Атаны құрметпен айту; атеке.*

АТАЙ ***экспр.*** *Ата сөзінің құрметпен айтылуы.*

АТАЙМАН ***көне*** *Белді, күшті, мықты.*

АТАКА *Қарулы соғыстағы шабуыл.*

АТАКАЛА *Шабуылға шығу, шабуылдау.*

АТАҚ 1. *Абырой, даңқ, бедел.* 2. *Жаман ат, абыройсыздық.* 3. *Белгілі бір мамандыққа қатысты берілетін дәреже, лауазым.* 4. *Сіңірген еңбегіне қарай берілетін сый-құрмет.* ◊ **Атағы жайылды [шықты]** — *аты көпке белгілі болды, даңқы шықты.* **Атағы жер жарды** — *дүниені күңіренттті, ел аузына ілікті.* **Атаққа таңды** — *жаман атқа ие болды, сөзге ілікті.*

АТАҚҚҰМАР *Мансапқор, бақкұмар.*

АТАҚҚҰМАРЛЫҚ *Мансапқорлық, бақкұмарлық.*

АТАҚТЫ *Атағы елге жайылған, аты шулы.*

АТАҚТЫЛЫҚ *Даңқтылық, әйгілі болушылық.*

АТАЛА *Суға талқан немесе ұн салып пісірген сұйық ботқа.*

АТАЛАҚТА *Тайраң-тайраң ету, тайрақтау.*

АТАЛАС *Ағайындас, туыстас.*

АТАЛАСТЫҚ *Ағайындастық, туыстастық.*

АТАЛҒЫ *Ағаштың қабығын арштитын қисық пышақ.*

АТАЛМЫШ *Жоғарыда айтып кеткен, сөз етілген.*

АТАЛЫ *Текті, өнегелі.* ◊ **Аталы сөз** — *ақылға қонымды сөз, тауып айтылған сөз.*

АТАЛЫ-БАЛАЛЫ *Әке мен бала екеуі.*

АТАЛЫҚ 1. ***биол.*** *Жабық тұқымды өсімдіктер гүлінің аталық жыныс жасушасы өсіп жетілетін бөлігі.* 2. *Атаға тән ізгі қасиет.*

АТАМ: атам заманғы — *бұрынғы, баягы, ежелгі.*

АТАМАН ***тар.*** 1. *Патшалық Ресей кезінде казак-орыс әскерінде сайланған я сайлаусыз тағайындалған бастық.* 2. ***Ауысп.*** *Бұзақылар шайкасының бастығы.*

АТАМЕКЕН *Ата-бабадан ұрпаққа мұра болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен.*

АТАН 1. *Төрт жастан асқан піштірілген түйе.* 2. ***Ауысп.*** *үлкен, зор денелі.* □ **Атан өгіз** — *бес жасар піштірілген ірі қара.* ◊ **Атан түйедей** — *еңгезердей, жардай.* **Атан түйедей қалап алды** — *жатып кеп жабысты, сұрап алды.*

АТАНДАЙ *Арыстай, алпамсадай.*

АТАНША *Жаңадан піштірілген жас түйе.*

АТАРМАН ***тар.*** *Үстем тап өкілдерінің жендет ретінде пайдаланылған қолшоқпар адамы.*

АТАРМАН-ШАБАРМАН ***көне*** *Адамұнда жұмсап отыратын қолшоқпар адам.*

АТАСТЫР ***көне*** *Ескі салт бойынша ұл мен қызды айттырып құда түсу жолы.*

АТАСЫЗ *Көргені жоқ, тексіз, үлгісіз.*

АТАТАЙ ***эмоц.*** *Атаға жалыну, жалбарыну.*

АТАТЕК *Шыққан негізі, арғы түбі.*

АТАТІЛ *Туыс тілдердің арғы тегі.*

АТАУ I *Белгілі бір заттың сөз арқылы белгіленген аты.* □ **Атау септік** ***грамм.*** — *кім, не деген сұрауларға жауап беретін септеу.* **Атау сөз** ***лингв.*** — *сөздікке алынған реестр сөз.*

АТАУ II ***діни*** *Адамның өлер алдында ішіп-жейтін ең соңғы асы.*

АТАУ-КЕРЕ: атау-кереңді ішкір! ***қарғ.*** — *ішкен-жегенің ас болмағыр.*

АТАУЛЫ I *Бір нәрсенің жиынтық тобы.*

АТАУЛЫ II *Басты, негізгі.* □ **Атаулы сан** ***мат.*** — *шаманың сан мәні мен өлшеу бірлігі қосыла жазылатын сан.* **Атаулы сөйлем** ***лингв.*** — *оқиғаға қатысты зат пен құбылысты баяндамай, тек атап көрсететін жай сөйлем түрі.*

АТАУСЫЗ *Ескерусіз, елеусіз, ізсіз.* □ **Атаусыз сан** ***мат.*** — *шаманың тек сандық мәнін білдіретін сан.* □ **Атаусыз қалғыр [кеткір]** — *ұрпақсыз кеткір, бала көрмегір.*

АТАШЫМ ***эмоц.*** *Ата сөзінің іземен айтылуы.*

АТБАЙЛАР ***этн.*** *Күйеудің атын байлағаны үшін берілетін кәде.*

АТБАЛЫҚ ***зоол.*** *Пішіні аттың басына ұқсас балық.*

АТБЕГІ *Бәйге атын тани білетін сыншы, бапкер.*

АТБЕГІЛІК *Атты жаратып баптауды кәсіп етушілік.*

АТЕИЗМ ***филос.*** *Ғылыми негізге сүйене отырып, құдайды бекерге шығару.*

АТЕИСТ ***филос.*** *Атеизмді қолдаушы, жақтаушы адам.*

АТЕИСТІК *Атеистке тән, соған қатысты.*

АТЕКЕ ***эмоц.*** *Ата сөзінің құрметпен айтылуы.*

АТЕЛЬЕ *Киім тігушілер мен етікшілердің, сурет шығарушылардың шеберханасы.*

АТЕРОСКЛЕРОЗ ***мед.*** *Жүрек қан тамырларының ішкі қабаты ісініп кететін ауру.*

АТЖАЛ. 1. *Жер жыртқанда, шөп шапқанда жыртылмай, шабылмай қалған ұзынша жер.* 2. *Бөкеске салынған шөп, егін.* 3. ***Ауысп.*** *Ұзыншалап үйілген, жиналған.*

АТЖАЛДА *Қырын шығарып, ұзыншалау.*

АТЖАЛМАН ***зоол.*** *Ауылшаруашылығына көп зиян келтіретін жоны күрең, бүйірі қызғылт тышқан.*

АТКОМ *Атқару комитеті дегеннің қысқартылып айтылған түрі.*

АТ-КӨЛІК *Жол жүруге, жұмысқа қажетті күш көлік, жабдық.* ◊ **Ат-көлігің аман ба?** — *амандық-саулық сұрасты, хал-жайын білісті.*

АТКӨПІР *Бірінің үстіне бірі үйіліп төгілген, қалың боп төселген.*

АТҚАҚТА *Жүректің шамадан тыс қатты соғуы.*

АТҚАМІНЕР ***экспр.*** *Ел билігіне араласушы адам, белсенді әкім.*

АТҚАМІНЕРЛІК *Шолақ белсенділік, әкімдік.*

АТҚАР 1. *Белгілі бір жұмысты істеп шығу, орындау.* 2. *Белгілі бір борышты, міндетті өткеру, өтеу.*

АТҚОНАҚ ***бот.*** *Шоғырлана өсетін, сабағы биік көпжылдық екпе шөп.*

АТҚОСШЫ 1. *Жол жүрген жолаушының қасына ерген ат күтушісі, жәрдемшісі.* 2. *Әскер басшысының қызмет бабындағы тапсырмаларын орындауға тағайындалған офицер; адъютант.*

АТҚОСШЫЛЫҚ *Атқосшы болып қызмет атқарушылық.*

АТҚУЫЛДА *Атқып шығу, шапшу.*

АТҚҰЛАҚ *Қымыздық туысына жататын көпжылдың шөптесін өсімдік.*

АТҚҰМАР *Атқа мінуді жақсы көретін, атжанды.*

АТҚҰМАРЛАУ *Атжандылау.*

АТҚҰМАРЛЫҚ *Атжандылық, атты жақсы көрушілік.*

АТҚЫ 1. *Сұйық заттың жоғарыға шапшуы.* 2. *Атылу, ыршу, оргу.*

АТҚЫЛА 1. *Дүркін-дүркін оқ шығару, үсті-үстіне төпеу.* 2. *Сұйық заттың жоғары қарай шапшуы, ытқып шығуы.*

АТҚЫШ 1. *Атқан оғын дәл тигізе білетін, мерген.* 2. *Атқыштар армиясының әскери қызметкері.*

АТҚЫШТЫҚ *Мергендік, дәл көзден атушылық.*

АТЛАС I 1. *Карталар, сызбалар, кестелер т. б. жинағы.* 2. *Жоғары сапалы қағаз сорты.*

АТЛАС II *Бір жақ беті жылтырауық жібек мата.*

АТЛЕТ ***спорт*** *Атлетикамен шұғылданатын адам.*

АТЛЕТИКА ***спорт*** *Шыдамдылыққа, тәсілқойлыққа, күштілікке жаттықтыратын дене шынықтыру ісі.*

АТ-МАТЫМЕН *Атпен қоса, атымен бірге.*

АТМОСФЕРА 1. ***астр.*** *Жерді қоршап тұрған газ қабаты.* 2. ***физ.*** *Биіктігі 760 мм сынап бағанасына тең қысым күшінің өлшем бірлігі.* 3. ***Ауысп.*** *қоршаған орта, айналадағы жағдай.*

АТМОСФЕРАЛЫҚ *Атмосфераға тән.*

АТОЙ 1. *Жауға қарсы лап қойған аттаныс, шабуыл.* 2. *Жаугершілікте атты аламандардың бір-біріне алыстан ойқастап белгі беруі.* ◊ **Атой берді [салды]** — *ат қойып шабуылға шықты, дабыл қақты.*

АТОЙЛА 1. *Ұран сап, шабуылға шығу.* 2. ***Ауысп.*** *Лап қою, атылу.*

АТОМ 1. ***физ.*** *Заттың өте кіші бөлшегі.* 2. ***хим.*** *Химиялық элементтің өте ұсақ бөлшегі.*

АТОМГЕР ***эмоц.*** *Атом бомбасын жасаушы, атомды қолдануды жақтаушы адам.*

АТОМДЫҚ *Атомға тән қасиет.*

АТОМОХОД *Ядролық күш қондырғысы қойылған кеме.*

АТОМШЫ *Агрессиялық мақсатпен атом қаруларын адам баласына қарсы жұмсауға тырысатын адам.*

АТПА ***кәс.*** *Егінге су шығаратын қарапайым құрылғы.* □ **Атпа найза** — *аңшылық құралы, соғыс қаруы.*

АТПАЗ *Ат сыншысы, атбегі.*

АТПАҚЫЛ *Асық ойыны.*

АТПАЛ *Қажырлы, ширақ, ірік.*

АТПАЛА *Суды атпа арқылы шығару.*

АТРИБУТ 1. ***филос.*** *Зат пен құбылыстың өзінен бөлінбес қасиеті, ерекшелігі.* 2. ***грамм.*** *Сөйлемнің анықтауыш мүшесі.*

АТРОПИН ***фарм.*** *Меңдуана, итсигек өсімдіктерінен алынатын дәрі.*

АТРОФИЯ ***мед.*** *Әртүрлі жағдайлардың әсерінен бір ағзаның қалыпты көлемінен кішірейіп қалуы, семуі.*

АТ-САЙМАН *Қамыт-сайман, аттұрман.*

АТСЫРА I *Атқа мінгісі келу, атты қажетсіну.*

АТСЫРА II *Не істерін білмей тоқырап қалу.*

АТТА 1. *Аяқ басып жүру.* 2. *Бір нәрсенің үстінен аяқты кере адымдау.* 3. ***Ауысп.*** *Өмірге араласу, ілесу.*

АТТАЙ *Табаны күректей, бақандай.* ◊ **Аттай желді** — *құрдай жорғалады, аяғы аяғына тимеді.* **Аттай қалап алды** — *өтініп, тіленіп сұрады.* **Аттай шұлғысты** — *бас иісіп мақұлдасты, өліп-өшті.*

АТТАМ: аттам жер — *тиіп тұр, тым жақын д. м.*

АТТАМАЛА *Бірінен-біріне аттау, адымдау.*

АТТАН I 1. *Жолға шығу, жол жүру.* 2. *Жорыққа сайланып шығу, соғысқа кету.*

АТТАН II ***көне*** *Ұран салып, дабыл қағу.* ◊ **Аттан салды** — *айқай салды; ұрандады.*

АТТАНДА *Аттан салып айқайлау, ұран салу.*

АТТАНЫС *Жапа-тармағай шабуыл, науқан.*

АТТАС 1. *Бір есіммен аталатын; адас.* 2. *Бір атпен аталынатын.*

АТТАШЕ ***дипл.*** *Дипломатиялық өкілдіктердегі ресми тұлға.*

АТТЕСТАТ *Оқу орнын бітіргені үшін берілетін куәлік.*

АТТЕСТАТТАУ *Біреудің білімі мен іскерлігі туралы пікір, қорытынды.*

АТТЕСТАЦИЯ *Іскерлік, мамандық туралы мінездеме.*

АТ-ТОН *Мінер ат, киер киім-кешек.* □ **Ат-тон [шапан] айып** ***көне*** — *ескі дәстүр бойынша төленетін айып.* ◊ **Ат-тонын ала қашты** — *азар да безер болды, аза бойы қаза болды.*

АТТРАКЦИОН *Жұртты қызықтыратын цирк, эстрада ойындары.*

АТ-ТҰРМАН *Ат-сайман, ертұрман.*

АТ-ТҮЙЕДЕЙ: ат-түйедей қалады — *жабысып сұрап алды, қалады.*

АТТЫ *Ат мінген, астында аты бар.* ◊ **Аттыға жол, ауыздыға сөз бермейді** — *сөзуар, сөзшең.*

АТТЫЛЫ-ЖАЯУЛЫ *Ат мінген, жаяу жүрген, аралас-құралас.*

АТУ-АСУ *Қырып-жою, езіп-жаншу.*

АТҰЛТАН ***көне*** *Жандайшап, барып кел, шауып кел.*

АТҰСТАР ***этн.*** *Еркек бала, ұл.*

АТШАБАР ***көне*** *Би-болыстың, ұлықтың жарлығын халыққа жеткізетін хабаршы, шабарман.*

АТ-ШАПАН ***этн.*** 1. *Құрметті адамға берілетін сыйлық, тарту.* 2. *Кінәлі адамға салатын айып.*

АТШОҢҚАЙ *Қоғаның ақ сүйрік тамыры.*

АТШУ *Түйені жүргізу үшін айтылатын ишарат сөз.*

АТШЫ *Ат бағатын, ат айдаушы адам.*

АТШЫЛЫҚ *Ат бағушылық, ат-қосшылық.*

АТЫҒЫРЫЛ *Жұлыну, тыпыршу, тықыршу.*

АТЫ-ЖӨНІ *Кім екендігі, өзі мен әкесі туралы мәлімет.* ◊ **Аты-жөні жоқ** — *бас жоқ, көз жоқ; бет алды, жөн-жосықсыз.*

АТЫЗ ***кәс.*** *Суаратын егіс танабының шахмат түрінде жасалған көрінісі.*

АТЫЗДА *Атыз жасау, атыз-атызға бөлу.*

АТЫЗДАЙ: көзі атыздай болды — *үрейі ұшып, қорқып кетті.*

АТЫҚТЫР *Атын қайталап айтып, аузын (құлағын) үйрету.*

АТЫМ *Бір ататындай өлшем, мөлшер.*

АТЫМЕН *Мүлде, тіпті.*

АТЫРАП *Өлке, өңір, аймақ.*

АТЫРАУ *Өзеннің көлге, теңізге құяр сағасы.*

АТЫРЫЛ *Ышқынып атылу, ытқу.*

АТЫРЫН *Секектеп үрку, ыршу.*

АТЫС *Ұрыс, соғыс.*

АТЫСПАҚ *Соғыспақ, ұрыспақ.*

АТЫСТЫР *Біреуді біреуге айдап салу, өшіктіру, жауластыру.*

АТЫС-ШАБЫС *Қырқыс, жанжал, шатақ.*

АТЫСЫП-ШАБЫСЫП *Кескілесіп соғысу, жан аямай ұрысу.*

АУ I 1. *Балық ұстайтын үлкен сүзгі тор.* 2. *Құс ұстауға арналған тұзақ тор.* ◊ **Ау майлансын *тілек.*** — *торға балық көп түссін, олжалы бол.*

АУ II *Бұт киімнің екі балағының түйіскен жері.* ◊ **Ауы атқа, аузы аққа (асқа) жарымаған** — *тойып тамақ ішпеген, кедей.* **Ауынан қағынған** — *қатыны өле беретін еркекке айтылады.*

АУ III 1. *Көліктің үстінен жүктің бір жағына қарай лықсып түсуі, ауытқуы.* 2. *Белгілі бір шамадан, межеден асу.* 3. *Ауысу, өту, көшу.* 4. *Мекен-жайын тастап, басқа жаққа қоныс аудару.* ◊ **Ауа жайылды** — *бетімен кетті, қисынсыз сөйледі.*

АУ IV 1. *Шақырғанға берілетін жауап сөз.* 2. *Жұрттың назарын өзіне қаратуүшін айтылатын ишарат сөз.*

АУА *Жан-жануар мен өсімдіктің тіршілік етуіне өте қажетті, түссіз, иіссіз зат.* □ **Ауа райы** — *белгілі бір уақыттағы атмосфералық жағдай, күн реңі.*

АУАДАЙ *Ауа сияқты, ауа тәрізді.* ◊ **Ауадай қажет** — *өте ділгір, қажет.*

АУАН *Ыңғай, икем, ырық.*

АУГЕР *Аңқұмар, аушы.*

АУҒАН *Ауғанстанның негізгі халқы.*

АУҒЫН I *Ауып келген, босқын.*

АУҒЫН II *Тиелген жүктің бір жағына ауып кетуі.*

АУҒЫШТА *Қайта-қайта ауа беру.*

АУДАН 1. *Экономикалық, географиялық белгілеріне қарай бөлінген белгілі бір аймақ.* 2. *Бір облысқа қарайтын жердің әкімшілік-аумақтық жағынан бөлінген бөлігі.* 3. ***геом.*** *Геометриялық фигураларды мөлшер жағынан сипаттайтын негізгі математикалық шамалардың бірі.*

АУДАНАРАЛЫҚ *Аудан мен аудан арасында болатын, өтетін.*

АУДАНДА *Аудан-ауданға бөлу.*

АУДАНДАС *Бір ауданда тұратын, жерлес.*

АУДАНДАСТЫР *Белгілі бір ауданға бейімдеп үйрету, жерсіндіру.*

АУДАНДЫҚ *Аудан көлеміндегі, ауданға тән.*

АУДАР 1. *Бір нәрсенің астын үстіне шығарып қопару.* 2. *Бір нәрсені олай-бұлай төңкеру, аударыстыру.* 3. *Бір нәрсені құлатып алу.* 4. *Бір жерден екінші бір жерге көшіру.* 5. *Бір тілден екінші бір тілге көшіріп айтып беру, баяндау.* 6. *Бір нәрсенің бағыт-бағдарын басқа жаққа бұру, бағыттау.* 7. ***Ауысп.*** *Кінәні біреуге арту, жабу.* 8. *Күшпен көшіру, сүргінге ұшырату.*

АУДАРМА *Бір тілден екінші бір тілге жазбаша немесе ауызша аударылған текст.*

АУДАРМАШЫ *Бір тілден екінші тілге аударумен шұғылданатын адам.*

АУДАРМАШЫЛЫҚ *Аударманы кәсіп етушілік, аудармамен шұғылдану-шылық.*

АУДАРЫП-ТӨҢКЕР *Астын-үстіне шығару, тәптіштеп қарау.*

АУДАРЫСПАҚ *Қазақ халқының ат үстінде тартысып ойнайтын спорт ойыны.*

АУДАРЫСТЫР 1. *Бір нәрсені астын үстіне шығарып араластыру.* 2. *Бір нәрсені олай-былай ашып-жауып көру.*

АУЖАЙ *Ыңғай, жай-жапсар.*

АУЖАЙЛА *Байыптау, абайлау.*

АУЖАЛ 1. *Талшық, талғажау.* 2. ***Ауысп.*** *Қуат, күш, демеу.*

АУЖАР 1. ***көне*** *Ұзатылған қыздың тойында айтылатын өлең, жыр.* 2. *Бір беткей, оңды-солды сөйлейтін адам.*

АУЗЫ-АУЗЫНА: аузы-аузына жұқпады — *жыпылдатып тез сөйледі.*

АУЗЫ-БАСЫ *Бет-аузы.*

АУЗЫ-МҰРНЫ *Аузы мен мұрны.* ◊ **Аузы-мұрны қисаймай** — *ұялмай-қызармай.*

АУКЦИОН *Көпшілік алдында кім бағаны асырса, соған сатылатын бәсеке сауда.*

АУҚАТ 1. *Хал-жағдай, тұрмыс-жай, дәулет.* 2. ***жерг.*** *Тамақ, ас.*

АУҚАТТАН 1. *Түрмысы жақсару, әлдену, баю.* 2. *Ас ішу, тамақтану.*

АУҚАТТЫ *Дәулетті, әлді, тұрмыстылау.*

АУҚАТТЫЛАУ *Дәулеттілеу, тұрмыстылау.*

АУҚАТТЫЛЫҚ *Дәулеттілік, тұрмыстылық.*

АУҚАТТЫРАҚ *Ауқаттылау; тұрмысты.*

АУҚЫМ 1. *Бір нәрсенің көлемі, мөлшері, шеңбері.* 2. *Ыңғай, ырық, ықпал.*

АУҚЫМДА *Істің шеңберін кеңейту, ұлғайту.*

АУҚЫМДЫ *Үлкен, кең; көлемді.*

АУҚЫМДЫЛЫҚ *Көлемділік, кеңдік.*

АУЛА I *Үй айналасындағы, құрылыс төңірегіндегі қоршалған жер.*

АУЛА II *Аңды атып, айламен ұстап, қолға түсіру.*

АУЛАҒЫРАҚ *Алыстау, жырағырақ.*

АУЛАҚ 1. *Қашық, жырақ, алыс.* 2. *Оңаша, бөлек, дербес.*

АУЛАҚТА *Қашық кету, алыстау, жырақтау.*

АУЛАҚТАУ *Жырақтау, қашығырақ.*

АУЛАЛАС *Бір аулада, ауласы бір.*

АУЛАЛЫҚ; аулалық клуб — *қорада, аулада мәдени-агарту шараларды өткізетін қоғамдық орын.*

АУМА I *Бір жақтан ауып келген; тұрғын емес.*

АУМА II 1. *Бұлжымау, өзгермеу.* 2. *Тап өзі, айнымаған, тартқан.*

АУМАҚ *Ауқым, көлем, мөлшер.*

АУМАҚСЫЗ *Көлемі шағын, кіші.*

АУМАҚТАН *Өсу, үлкею, зораю.*

АУМАҚТЫ *Көлемді, ауқымды.*

АУМАҚТЫЛАУ *Қомақтылау, көлемдірек...*

АУМАҚТЫРАҚ *Үлкендеу, аумақтылау.*

АУМАЛЫ *Тұрақсыз, құбылмалы.*

АУМАЛЫ-ТӨКПЕЛІ *Өзгермелі, айнымалы.*

АУМИН ***діни*** *Тілеген тілегің қабыл болсын деген ишарат сөз.*

АУНА 1. *Бір жағына қарай аударылып түсу, құлау.* 2. *Біресе олай, біресе былай аунақшу.*

АУНАҚШЫ *Әрлі-берлі аударылу, дөңбекшу.*

АУНАП-ҚУНА 1. *Жатып-тұрып бой жазу.* 2. ***Ауысп.*** *Қыдырыстап демалу, тыныгу.*

АУРУ 1. *Ағзаның тіршілік ету, өсіп-өну қабілетінің бұзылуы.* 2. *Науқас адам, дімкәс кісі.* 3. ***Ауысп.*** *Жаман әдет, жағымсыз қылық.*

АУРУЛЫ *Кеселді, дертті.*

АУРУЛЫҚ *Ауруға шалдығушылық, дімкәстік.*

АУРУ-СЫРҚАУ *Кесел, дерт.*

АУРУЛЫ-СЫРҚАУЛЫ *Дімкәс, науқас, жарымжан.*

АУРУХАНА *Ауырған адам жатып емделетін орын.*

АУРУШАҢ *Жиі ауыратын, көп ауыра беретін.*

АУРУШАҢДЫҚ *Жиі ауыра беретіндік.*

АУСАР *Есерсоқ, жындыкеш, ожар.*

АУСАРЛАН *Есерсоқтану, жындану.*

АУСАРЛАУ *Есерсоқтау, жындыкештеу.*

АУСАРЛЫҚ *Есерсоқтық, жындысүрейлік.*

АУСЫЛ *Аша тұяқтыларда, көбінесе сиырда болатын жұқпалы ауру.*

АУТ ***спорт*** *Ойын кезінде доптың алаңнан шығып кетуі.*

АУТСАЙДЕР ***спорт*** *Чемпионатқа қатысқандардың ішіндегі ең соңғы орында келе жатқан команда немесе спортшы.*

АУХАУ *Сиырды шақырғанда айтылатын ишарат сөз.*

АУХАУЛА *Сиырды аухау-аухау деп шақыру.*

АУШАДИЯР ***көне*** *Ұзатылғалы отырған қызға үгіт, насихат түрінде айтылатын жыр.*

АУШЫ *Ау құрып, балық аулауды кәсіп еткен адам.*

АУЫЗ 1. *Адам мен жан-жануарлардың тамақтанатын мүшесі.* 2. *Сөйлеу мүшесі, дыбыстау аппараты.* 3. ***Ауысп.*** *Адам, кісі, жан.* 4. *Бір нәрсенің кіріп-шығар жағы, есігі.* 5. *Бір нәрсенің ашық жағы.* 6. *Бір нәрсенің үстіңгі беті, қылқа мойны.* □ **Ауыз әдебиеті** — *ел арасына тараған әдеби нұсқа; фольклор.* **Ауыз бөлме [үй]** — *кіре беріс жақтағы бөлме.* **Ауызжолды үнді лингв.** — *дыбысталғанда фонациялық ауа ауыздан шығатын дауыссыз дыбыс.* **Ауызқобыз** — *ауызбен тартатын қобыз.* **Ауыз омыртқа** ***анат.*** — *мойынмен жалғасқан ең шеткі омыртқа.* **Ауызсу** — *ішуге жарайтын тұщы су.* **Ауыз хабар** — *ауызекі естіген мәлімет.* ◊ **Аузы аққа тиді** — *айран-сүтке жарыды, тойынды.* **Аузы аппақ болды** — *жер сағып қалды, тотиды.* **Аузы асқа, ауы атқа тиді** — *бірдеңеге енді-енді қолы жетті.* **Аузы ашық** — *ораза ұстамаған.* **Аузы бармады** — *айтуға батылы жетпеді, жүрегі дауаламады.* **Аузы берік** — *ораза ұстаған, аузы ораза.* **Аузы дуалы** — *көріпкелі бар, айтқаны келгіш.* **Аузы жаман** — *бейпіл ауыз, бейауыз.* **Аузы кепті** — *ақсыз қалды, сауыннан айырды.* **Аузы күйді** — *бір нәрсені айтамын деп, таяқ жеді.* **Аузымды қышытпа** —*жыныма тиме, еріксіз сөйлетпе.* **Аузымен құс тістеген** — *қашса құтылып, қуса жететін өрен жүйрік.* **Аузымен орақ орады** — *тілі мен жағына сүйенген, қу жақ.* **Аузы-мұрнынан шығып отыр** — *ай-күніне жетті, босанар уақыты болды.* **Аузына ақ ит кіріп, қара [көк] ит шықты** — *аузына келгенін айтты, айтпағанды айтты.* **Аузына алмады** — а) *дәмін татып көрмеді;* ә) *айтпады, атамады.* **Аузына қаратты** — а) *жұртқа әмірін жүргізді, билеп-төстеді;* ә) *өнерімен жұрттың көңілін тапты, таң қалдырды, елітті.* **Аузына құм құйылды** — *үндемей қалды.* **Аузынан дұр шашты** — *сөз маржанын төгілтті, ағылтты.* **Аузынан қағынды** — *тілінен тапты, сөзінен ұсталды.* **Аузынан мәйегі арылмаған** — *ана сүті аузынан кетпеген, жап-жас.* **Аузынан жалын атып тұр** — *жан-жағын жайпап ешкімді беттетпеді.* **Аузынан жырып әкетті [берді]** — *бермесін берді, барын аямады.* **Аузынан мәйегі шыққан** — *уыздай жас, уылжып тұрған.* **Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен** — *боз өкпе, ынжық.* **Аузынан суы ақты** — *ұйып тыңдады, қызықты.* **Аузынан тастамады** — *үнемі айтып жүреді, есінен шығармады.* **Аузынан түскендей** — *сойып қаптап қойғандай, айнымай тартқан.* **Аузын арандай ашты** — *жалмап, жұтып қоймақшы болды.* **Аузына сөз салды** — *сөзбен демеп жіберді, көмектесті.* **Аузына сөз тұрмайды** — *естіген-білгенін айтып қояды.* **Аузына су тамызды** — *ауырған адамға қарайласты, қарасты.* **Аузына тосты** — *барын берді, аямады.* **Аузын аштырмады** — *сөз айтуға мұршасын келтірмеді.* **Аузын ашпады** — *ешбір сұраққа жауап бере алмады, үндемеді.* **Аузын ашып, көзін жұмды** — *таң-тамаша болды, таң қалды.* **Аузын бақадай ашырды** — *зәресін ұшырды, үрейін алды.* **Аузын бақты** — *байқап сөйледі, абайлады.* **Аузын буған өгіздей** — *жұмған аузын ашпады, тіс жарып ештеңе демеді.* **Аузын қайыстай созды** — *бәлсініп, керіліп-созылып сөйледі.* **Аузынан қақты** — *еш нәрсе ішкізбеді, жегізбеді.* **Аузынан қара қан ағызды** — *ұрып-соқты, текпіледі.* **Аузын құшөппен сүртті** — *пейілі тарылды, бардың өзін жоқ деді.* **Аузын майлады** — *пара беріп үндетпей тастады.* **Аузын сылп еткізді** — *таңырқады, таңданды.* **Аузын үріп, аяғын сыпырған** — *қолда өскен (төл малы).* **Аузын шиедей қылды** — *аузы-басын қан жалатты.* **Аузының дауасы жоқ** — *сөзінде тұрақ жоқ, жақсы айтты деп сүйініп, жаман айтты деп күйінуге болмайды.* **Аузының желі бар** — *сөзге ұста, ділмар.* **Аузының салуы [салымы] бар** — *бірдеңе орала кеткіш, несібелі.* **Аузының суы құрыды** — *соншалықты құмартты,*

ынтықты. **Аузыңа май** – *айтқаның келсін.* **Аузыңды ауыртпа** – *әуре болма, босқа әрекеттенбе.* **Аузың қайсы десе мұрнын көрсетеді** – *тұк білмейтін топас, надан.* **Аузы ораза *діни*** – *ауыз бекіткен, ораза ұстаған.* **Аузы сараң** – *көп сөйлемейді, сыр шашпайды.* **Аузы тұкті *діни*** – *мұсылман емес, кәпір.* **Аузы тыным таппады** – а) *аузынан ас кетпеді;* ә) *көп сөйледі.* **Аузы уәлі** – *айтқаны келгіш, дуалы.* **Аузы уылды** – *ауыздың ағарып ауруға ұшырауы.* **Ауыз ашпады** – *үндемеді, қарсы келмеді.* **Ауыз ашты *діни*** – *ораза кезінде кешкі уақытта тамақ ішті.* **Ауыз ашырмады** – *бет бақтырмады, үндетпеді.* **Ауыз байлық** – *құр сөз, бос уәде.* **Ауызбен айтып жеткізе алмады** – *мақтауға сөз таба алмады.* **Ауызға ілікті** – *аты шығып, белгілі бола бастады.* **Ауыздан алғысыз** – *дәмді, тәтті, тұшымды.* **Ауыздарына түкіріп қойғандай** – *бірін-бірі айнытпай қайталады, келісіп алғандай сөйледі.* **Ауыз жаласты** – *әкей-үкей болды, сырлас болды.* **Ауыз жаппады** – *сөзді үсті-үстіне соқты, төпеді.* **Ауыз жарымайтын** – *мардымсыз, құнарсыз, өнімсіз.* **Ауыз жиып алғанша** – *лезде, тез, жылдам.* **Ауыз қалжың** – *жеңіл-желпі әзіл.* **Ауыз салды** – *жармасты, жабысты; тап берді.* **Ауыз тамыр** – *жол-жөнекей күнделікті кездесіп жүретін таныс адам.* **Ауызтатырлық** – *мардымды, құнарлы, жартымды.* **Ауыз тиді** – *аздап тамақ ішті, дәм татты.* **Ауыз толарлық [тұшырлық]** – *мақтауға тұрарлық, айтарлықтай.*

АУЫЗАШАР *діни* *Ораза ұстаған адамның кешкі тамақ ішер мезгілі.*

АУЫЗБА-АУЫЗ *Көзбе-көз, бетпе-бет, бірме-бір.*

АУЫЗБАСТЫРЫҚ *Біреудің аузын жауып сыр шаштырмау үшін берілетін сыйлық, ақы.*

АУЫЗБІРЛІК *Тату-тәттілік, ұйымшылдық.*

АУЫЗБІРЛІКТІ *Ұжымшыл, ынтымақты.*

АУЫЗҒЫ *Үй ішіне кіре берістегі, алдыңғы.*

АУЫЗДАН 1. *Бала мен жас төлдің емшек емуге дағдылануы.* 2. *Жүйрік иттер мен қыран құстарды аң аулауға баулып үйрету, машықтандыру.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге тәрбиелеу, баулу.*

АУЫЗДАН-АУЫЗҒА: ауыздан-ауызға тарады – *бірден-бірге елге жайылды, мәлім болды.*

АУЫЗДЫ *Сөзшең, сөзуар, айтқыш (адам).* ◊ **Ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеді** – *ешкімді беттетпеді, ауыз ашырмады.*

АУЫЗДЫҚ I *Жүгеннің ат аузына салынатын темір бөлігі.* ◊ **Ауыздықпен алысты** – *аласұрып жанын жеді, ойнақшып тұра алмады.*

АУЫЗДЫҚ II *Адамның езуіне шыққан ұшық, жара.*

АУЫЗДЫҚСЫЗ 1. *Ауыздық салынбаған.* 2. ***Ауысп.*** *Бетімен кеткен, жүгенсіз.*

АУЫЗДЫҚТА 1. *Аттың ауыздығын салып жүгендеу.* 2. ***Ауысп.*** *Тежеу, тыю, тізгіндеу.*

АУЫЗЕКІ *Ауызба-ауыз, ауызша.* □ **Ауызекі тіл** – *әдеби тілдің ауызба-ауыз сөйлеу кезінде көрінетін стильдік түрі.* ◊ **Ауызекі сөйлесті** – *екі адам жүзбе-жүз, бетпе-бет әңгімелесті, тілдесті.*

АУЫЗША *Ауызекі түрде, сөз жүзінде.*

АУЫҚ 1. *Бір жағына ауыңқы, басыңқы.* 2. *Бір кезек, кейде.*

АУЫҚ-АУЫҚ *Әлсін-әлі, мезгіл-мезгіл.*

АУЫЛ 1. *Көшпелі дәуір кезіндегі рулық, тайпалық одақтардың шағын тобы.* 2. *Белгілі бір ауылда тұратын халық, ел-жұрт.* 3. *Отырықшы болып, ұжымдасқан шаруалардың қыстағы.* □ **Ауыл ағасы** – *елдің бас көтерер беделді азаматы.* ◊ **Ауыл аралас, қой қоралас** – *аралас-құралас болды; көршілес, іргелес.* **Ауыл итінің құйрығы қайқы (жоғары)** – *әркім өз жерінде мықты, батыл д. м.* **Ауылы алыс** – *қатысы жоқ, жанаспайтын.*

АУЫЛ-АЙМАҚ *Бүкіл ауыл жарандары, ел-жұрт.*

АУЫЛАРАЛЫҚ *Ауыл мен ауыл арасындағы.*

АУЫЛДАС *Көрші-қолаң, ауылы бір.*

АУЫЛДАСТЫҚ *Бір ауылда көрші тұрушылық.*

АУЫЛДЫ: ауылды жер — *ауылда тұратын, ауыл тұрғындары.*

АУЫЛДЫҚ *Ауылға тән, ауылға тиісті.*

АУЫЛНАЙ ***тар.*** *Төңкерістен бұрынғы ең төменгі қызмет орнындағы адам.*

АУЫЛНАЙЛЫҚ *Ауылнай болушылық.*

АУЫЛ-ҮЙ *Көрші-қолаң, жақынжуық.* ◊ **Ауыл-үй қонды** — *жақындасты, араласты.*

АУЫЛША *Ауыл адамдары сияқты.*

АУЫЛШЫЛ *Ауылға бара бергіштік, ауылды жақсы көрушілік.*

АУЫЛШЫЛА *Ауыл адамдары сияқтану, қыдыру.*

АУЫҢҚЫ *Бір жағына қарай қисайған, ауған.*

АУЫР I 1. *Жеңіл емес, салмақты.* 2. *Бейнеті көп, қиыншылығы мол.* 3. *Адам басына келген үлкен ауыртпалық.* 4. *Тым үлкен, аса зор.* 5. *Жағымсыз, тиімсіз, қолайсыз.* 6. *Жай, баяу, ақырын.* 7. ***Ауысп.*** *Икемсіз, шұбалаңқы.* □ **Ауыр артиллерия** — *зеңбірек, пулемет, миномет т. б. дәрімен атылатын қарулардың жиынтығы.* **Ауыр атлетика** — *күрес, штангі көтеру сияқты спорт түрі.* **Ауыр индустрия** — *фабрикалы, заводты ірі өнеркәсіп.* ◊ **Ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүріп** — *жан қинамай өмір сүрді, ептеп-септеп тіршілік етті.* **Ауыр қол** ***поэт.*** — *сан мың әскер, қалың қол.* **Ауыр мінезді** — *сабырлы, салмақты; көнтерлі.* **Ауыр тамақ** — *майлы, күшті тамақ.* **Ауыр тиді [соқты]** — *көңілге келді, жайсыз болды.*

АУЫР II 1. *Дертке ұшырау, науқастану.* 2. *Жаңа батып ауырсыну.* 3. ***Ауысп.*** *Күйіп-жану, жаны ашу.* ◊ **Ауырып жүрдің бе?** — *қайда болдың, ай қарадың ба? д. м.*

АУЫРҒАН-МАУЫРҒАН: ауырғанмауырғанына қарамай — *еш нәрсемен есептеспей, өлген-тірілгеніне қарамай.*

АУЫРҒЫШ *Аурушаң, сырқаттанғыш.*

АУЫРЛА 1. *Салмағы басып шаршату, болдырту.* 2. *Салмағы көбейе түсу, арту.* 3. *Қиындай түсу, қиыншылығы көбею.* 4. ***Ауысп.*** *Артық көру, жақтырмау.* 5. ***Ауысп.*** *Денені басу, көтертпеу.*

АУЫРЛАУ 1. *Салмақтырақ, ауырырақ.* 2. *Қаттырақ, күштірек.* 3. *Жайсыздау, қиындау.*

АУЫРЛЫҚ 1. *Салмақтылық, салмағы көптік.* 2. *Қиыншылық, бейнет.* 3. ***Ауысп.*** *Тауқымет, мехнат, азап.*

АУЫРСЫН 1. *Ауыр жүкті көтеріп жүре алмау, әлі жетпеу.* 2. *Қиындыққа төзе алмау, қиналу.* 3. *Жаңа батып қиналу.* 4. ***Ауысп.*** *Реніш білдіру, жаратпау.*

АУЫРТПАҚ ***жерг.*** *Ши тоқитын құрал.*

АУЫРТПАЛЫҚ *Өмір тауқыметі, қиыншылық.*

АУЫРЫП-СЫРҚА *Ауруға ұшырау, ауырып қалу.*

АУЫРЫРАҚ *Сәл ауырлау, салмақтырақ.*

АУЫС 1. *Орын өзгерту, алмасу.* 2. *Бір қызметтен екінші бір қызметке көшу.* 3. *Бір мәселеден екінші мәселеге көшу.* 4. ***Ауысп.*** *Біреуден-біреуге тарау.* 5. ***Ауысп.*** *Ақылынан алжасу, жындану.*

АУЫСПАЛЫ 1. *Кезектесіп ауысып тұратын.* 2. *Келесі жылға өтетін, қалдырылған.*

АУЫС-ТҮЙІС *Біреу мен біреудің арасындағы алыс-беріс қарым-қатынасы.*

АУЫСЫМ *Өндіріс орындарында бірінің орнына бірі келіп жұмыс істейтін адамдар ауысуы.*

АУЫСЫМДАС *Ауысым бір, бір сменада істейтін.*

АУЫСЫМДЫ *Ауысымға бөлінген.*

АУЫТ *Нар түйенің ершік сияқтандырып істеген шом ағашы.*

АУЫТҚУШЫЛЫҚ *Бір бағытта тұра алмаушылық, өзгермелілік.*

АУЫТҚЫ 1. *Бір жағына қарай қисаю, қисық кету.* 2. ***Ауысп.*** *Көңіл-күйдің бір қалыпта болмай тұрақсыздануы, толқуы.*

АУЫТҚЫҒЫШ *Ауытқи беретін, толқығыш.*

АУЫТТА *Нар түйеге ауыт салып міну, ерттеу.*

АФОРИЗМ *Өткір нақыл сөз.*

АХ 1. *Таңдану, таңырқау сезімін білдіреді.* 2. *Опық жеу, өкіну сезімін білдіреді.*

АХА *Иә, солай ма деген мағынасында ризашылық сезімді білдіретін сөз.*

АХАУ *Өлеңді әнге қосып айтқан кезде дауысты шырқап көтеру үшін айтылатын сөз.*

АХА-ХА *Ойын-күлкі, ырду-дырду.*

АХА-ХАЛА *Ойын күлкімен күн өткізу.*

АХА-ХАУ *Ырду-дырду, ойын-күлкі, сауық-сайран.*

АХУАЛ 1. *Хал, жағдай, тұрмыс.* 2. *Жай-жапсар, күй-қалып.*

Ah 1. *Жан қиналғанда ауыздан еріксіз шығатын ун.* 2. *Өкіну, опық жеу сезімін білдіреді.* ◊ **Ah ұрды** — *қатты күйінді, күйзелді.*

AhA 1. *Мақұлдату, растату сезімін білдіреді.* 2. *Ризашылық сезімді білдіреді.*

AhA-AhALA *Aha-aha деп мақұлдау, қоштау.*

AhЫЛА *Ah-ah деп қайғыру.*

AhЫЛАП-УhILE *Қайғыру, қамығу, уайым жеу.*

АЦЕТИЛЕН ***хим.*** *Көміртегі мен сутегінің химиялық қоспасынан тұратын жанғыш түссіз улы газ.*

АЦЕТОН ***хим.*** *Ағашты ауасыз жерде өртеу арқылы алынатын химиялық органикалық қоспа.*

АШ I 1. *Ас ішіп, тамақ жемеген, азықтанбаған.* 2. *Ішіп-жем, тамағы жоқ, аштан-аш.* 3. ***Ауысп.*** *Ашаң, арық, жадау.* **Аш өзек [құрсақ]** — *тамаққа жарымаған, тамақ ішпеген.* **Ашішек** — *майсыз ұзын ішек.* ◊ **Аш бәледен қаш бәле** — *пәледен аулақ жүр, жолама.* **Аш бел** — *нәзік жіңішке бел.* **Аш бүйір** — *іші құсырылған, ішіне тартыңқы бүйір.* **Аш кенедей жабысты** — *ұстаған жерінен айрылмады, қадалған жерінен қан алды.* **Ашкөз** — *ашқарақ, қомағай.* **Ашкөзденді** — *араны ашылып қомағайланды.* **Аш күзендей бүтілді** — *қаншырдай қатып жарады.* **Аш қасқырдай [бөрідей]** — *жалақтады, жаландады.* **Аш құлақтан тыныш құлақ** — *бәлесінен аулақ, жайыңа жүр.* **Аш өзегіне түсті** — *ішкен тамақты көтере алмай әлсіреп қалды.* **Аштан өліп, көштен қалмады** — *ел қатарында болды, біреуден ілгері, біреуден кейін болды.*

АШ II 1. *Жабылған, бекітілген нәрсені ашық қалыпқа келтіру.* 2. *Екі нәрсенің арасын, жігін ажыратып бөлу.* 3. *Бір жұмысты басқарып бастап беру.* 4. *Бір шаруашылықты жаңадан ұйымдастыру, құру.* 5. *Бір нәрсені ізденіп табу, анықтау.* 6. *Бір нәрсені тазарту, тазалау.* 7. *Бір нәрсенің мән-жайын анықтап беру, көрсету.* ◊ **Ашса алақанында, жұмса жұдырығында** — *уысынан шығармады, айтқанына көндірді.* **Ашылып сөйлемеді** — *пікірін бүгіп қалды, жасырды.*

АША I 1. *Басы екі айыр ағаш.* 2. *Киім ілетін ағаш адалбақан.* 3. ***жерг.*** *Шөп таситын екі және одан да көп тармақты ағаш; айыр.* ◊ **Ашатұяқтылар** — *сүтқоректілердің бір отряды.*

АША II *Екі тармақты, екі айыр сай.*

АШАДДЫ ***көне*** *Қатыгез, қатал.*

АШАЛА 1. *Аша жасау, аша етіп кесу.* 2. *Ашамен көтеру, айырлау.*

АШАЛАН *Тармақтанып бөлінү, салаланып жіктелу.*

АШАЛЫ *Ашасы бар, ашасы көп.*

АШАМАЙ 1. *Атқа мініп жүре алмайтын жас балалар үшін істелген арнаулы ер.* 2. *Түйеге жүк арту үшін жасалған ер тәрізді сайман; ауыт.* 3. ***Ауысп.*** *Арса-арса болған, арбиған.*

АШАМАЙЛА *Ашамай салып ертту.*

АШАМАЙЛАН *Ашамай сияқты арса-арса болып көріну.*

АШАМАЙЛАУ *Арықша, сидиған.*

АШАМАЙЛЫ *Ашамай салынған.*

АШАҢ *Жұқалтаң, арықша, етсіз.*

АШАҢДА *Арықтап жүдеу, таралу.*

АШАҢДАУ *Сидаңдау, арықтау.*

АШАҢДЫҚ *Жүдеулік, арықтық.*

АШАРШЫЛЫҚ *Аш болушылық, жоқшылық.*

АШ-АРЫҚ *Жоқ-жітік, кембағал.*

АШ-ЖАЛАҢАШ *Үйсіз-күйсіз, жадап-жүдеген.*

АШ-ЖАЛАҢАШТЫҚ *Жоқшылық, жетімсіздік, таршылық.*

АШКӨК ***бот.*** *Қолдан егілген шөп тектес біржылдық бақша дақылы.*

АШҚАРАҚ 1. *Тамақсау, оңаза.* 2. *Мешкей, қомағай, обыр.* 3. ***Ауысп.*** *қанағатсыз, тойымсыз.*

АШҚАРАҚТАН *Тамақты қомағайланып ішіп-жеу, обырлану.*

АШҚАРАҚТАУ *Қомағайлау, обырлау.*

АШҚАРАҚТЫҚ *Тамақсаулық, қомағайлық.*

АШҚАРЫНДА *Тамақ ішпей тұрған таңертеңгі кез.*

АШҚЫЛТЫМ *Қышқылтым, ащылау.*

АШҚЫЛТЫМДАН *Дәмі қышқыл тарту.*

АШҚЫЛТЫМДАУ *Ащылау, қышқылтымдау.*

АШПА-ЖАЛАП *Бірде тоқ, бірде аш.*

АШПАЛЫ *Ашып-жабуға ыңғайлы.*

АШТАН-АШ *Түк сызбай, нәр татпай.*

АШТЫҚ 1. *Тамақ ішпегендіктен болатын күйзеліс.* 2. *Ашаршылық, жоқшылық.*

АШТЫҚ-ЖАЛАҢАШТЫҚ *Жоқшылық, таршылық.*

АШТЫ-ТОҚТЫ *Ашпа-жалап, бірде аш, бірде тоқ.*

АШУ I *Адамның ыза мен реніштен пайда болатын күй-қалпы.* ◊ **Ашуға мінді [басты]** – *бұлқан-талқан болды, қаһарланды.* **Ашу үстінде** – *ызалы күйде.* **Ашу шақырды** – *ашуланды, кейіді, ренжіді.* **Ашуы мұрнының [тілінің] ұшында** – *тыз етпе, тез ашуланып, тез қайтатын.* **Ашуын алды** – *ашуланғандықтан біреуге соқтықты.* **Ашуыңды бер** – *ашуланған адамнан қой деп өтінді.*

АШУ II *Ферменттер әсерінен органикалық заттардың биохимиялық жолдармен өзгеріп және ыдырап, спирт, көмірқышқыл газы, метан, сутек, т. б. заттарға айналуы.*

АШУАЙТШӨП ***бот.*** *Сортаңды жерге өсетін ащы шөп.*

АШУ-АРАЗДЫҚ *Наразылық, өштенділік.*

АШУДАС *Түссіз, мөлдір кристалл.*

АШУҚОР *Ызақор, ашуланшақ.*

АШУЛАН *Ашу шақырып ызалану, долдану.*

АШУЛАНҒЫШ *Ашуға тез беріletін, ашушаң.*

АШУЛАНШАҚ *Ашушаң, ызақор.*

АШУЛАНШАҚТАУ *Ызақорлау, ашуқой.*

АШУЛАНШАҚТЫҚ *Ызақорлық, ашуқойлық.*

АШУЛЫ I *Ашуға мінген, ызалы.*

АШУЛЫ II *Ашық қалған, жабылмаған.*

АШУСЫЗ I *Кейіссіз, ренішсіз.*

АШУСЫЗ II *Жабық күйінде, ашылмаған.*

АШУШАҢ *Ашуланшақ, ызақор.*

АШУШАҢДЫҚ *Ызақорлық, ашуланшақтық.*

АШУ-ЫЗА *Долданған реніштi қалып, күй.*

АШЫ I *Тұзды көлдің сазы.*

АШЫ II *Органикалық заттарда болатын ыдырау, қышқылдану процесі, быжылдау.*

АШЫ III *Дуылдап, тызылдап ауру, жанға бату.*

АШЫҒЫРАҚ *Аныгырақ, дәлірек, айқынырақ.*

АШЫҚ I 1. *Төбесі, үсті, аузы, есігі жабылмай қалған.* 2. *Ештеңесі жоқ, жалаңаш, бос тұрған.* 3. *Жауыншашынсыз, бұлтсыз.* 4. *Анық, айқын.* 5. *Онша қою емес, қанықпаған.* 6. *Жайдары, жарқын.* 7. *Бүкпесіз, қалтқысыз.* 8. *Жасырын, жабық емес; барлығына бірдей.* □ **Ашық буын** ***лингв.*** *— дауысты дыбысқа біткен буын.* **Ашық рай** ***грамм.*** *— істің шақтық мағынасын білдіретін етістіктің түрі.* **Ашық сабақ** ***пед.*** *— бір мұғалімнің сабағына басқалар да қатысып, сын айту үшін өткізілетін сабақ.* **Ашық хат** *— газет-журнал бетінде басылған біреуге арналған хат.* ◊ **Ашықауыз** *— аузында сөз тұрмайтын, аңқау, аңғырт.* **Ашықауыздық** *— аузы берік еместік, аңғырттық.*

АШЫҚ II *Аштық күйге ұшырау, қарын ашу.*

АШЫҚ-ЖАРҚЫН *Емен-жарқын, жайдары.*

АШЫҚ-ЖАРЫҚТА *Қараңғы түспей, күн барда.*

АШЫҚТАН-АШЫҚ *Көпе-көрнеу, көріне көзге.*

АШЫҚТАУ 1. *Ашығырақ, айқын түстілеу.* 2. *Жайдарырақ, ақ жарқындау.*

АШЫҚ-ТЕСІК *Бүтін емес, саңылауы көп.*

АШЫҚТЫҚ 1. *Айқын-анық болушылық.* 2. *Ақжарқындық, ақпейілдік.*

АШЫҚ-ШАШЫҚ *Аңғал-саңғал, бейберекет.*

АШЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Аш-ыл.* 2. *Кірі кету, тазару.*

АШЫЛАУЫТ *Сортаңды жер.*

АШЫЛМАЛЫ-ЖАБЫЛМАЛЫ *Ашылып-жабылатын.*

АШЫЛЫМ *Ғалым, өнер, әдебиет салаларындағы соңғы жаңалық, тың құбылыс.*

АШЫЛЫП-ШАШЫЛЫП *Әптер-тәптер, бейберекет.*

АШЫМАЛ *Сүт қосып, бидайдан не тарыдан жасалған көже, күшала салып ашытқан сусын.*

АШЫН *Ашу қысып қатты ызалану.*

АШЫНА *Көңілдес, тамыр.*

АШЫНАЛЫҚ *Көңілдестік, әуейілік.*

АШЫП-ЖАП *Бір ашып, бір жауып.*

АШЫП-ЖАРЫП *Анықтап, айқындап, дәл.*

АШЫП-ЖҰМ *Біресе ашып, біресе жұму.*

АШЫП-ШАШ *Ашып тастау, шашу.*

АШЫРҚАН *Бір нәрсенің ашы дәмін қатты сезіну.*

АШЫТҚЫ *Нан ашытуға пайдаланатын ашыту қасиеті бар қамыр.*

АШЫТҚЫЛА *Ашытқы қосу, ашыту.*

АШЫТҚЫШ *Ашыту қасиеті бар, ашытатын.*

АЩЫ I *Сортаңды, тұзды жер және соған өскен шөп.*

АЩЫ II 1. *Тұзы күшті, тұзы көп.* 2. *Дәмі ауызды қуыратын, жағымсыз.* 3. *Құлаққа жағымсыз, жанға жайсыз.*

АЩЫ III *Жусан, ермен тәрізді дәмі ащы шөп.*

АЩЫЛА *Ащы тамақ, ащы шөп жегісі келу.*

АЩЫЛАТ 1. ***өзг. етіс*** *Ащылат.* 2. *Малға ащы шөп жегізу, тұз беру.*

АЩЫЛАУ 1. *Ашқылтым, ащырақ.* 2. *Қаттырақ, әндемдірек.*

АЩЫЛАУЫТ: ащылауыт жер *— ащысы көп, ащы өскен жер.*

АЩЫЛЫ *Ащы шөбі көп, сортаңды.*

АЩЫЛЫҚ *Ащы болушылық.*

АЩЫЛЫ-ТҰЩЫЛЫ 1. *Ащы шөп пен тұщы шөп аралас өскен, жүгымды.* 2. *Тұзды-тұзсыз, дәмді-дәмсіз.* 3. ***Ауысп.*** *Жақсылы-жаманды, қызықты-қызықсыз.*

АЩЫРАҚ *Күштірек, қаттырақ.*

АЩЫ-ТҮШЫ 1. *Ащысы да, тұщысы да; екеуі де.* 2. ***Ауысп.*** *Өмірдің қызығы мен шыжығы, жақсысы мен жаманы.*

АЭРОДИНАМИКА *Ауаның қозғалыс заңдарын және оның қатты денелерге әсер ететін күшін зерттейтін ғылым саласы.*

АЭРОДИНАМИКАЛЫҚ *Аэродинамикаға тән.*

АЭРОДРОМ ***авиац.*** *Ұшақтар тұратын, ұшып-қонатын жер.*

АЭРОЗОЛЬ ***хим.*** *Көбінесе ауаға таралған ұсақ бөлшектерден тұратын сұйық зат.*

АЭРОКЛУБ *Авиация өнерін үйретететін, онымен шұғылданатын адамдардың клубы.*

АЭРОЛОГ *Жер атмосферасының үстіңгі жағын зерттейтін маман.*

АЭРОЛОГИЯ *Жер атмосферасының үстіңгі жағын зерттейтін ғылым.*

АЭРОМАЯК *Әуе жолында ұшқыштарға жол көрсету үшін жасалған жарық шашатын мұнара шам.*

АЭРОМЕКТЕП *Ұшу өнерін үйретететін мектеп.*

АЭРОНАВИГАЦИЯ *Әуе кемелерін белгіленген жолмен апару ісін үйретететін ғылым.*

АЭРОСТАТ *Ауадан гөрі жеңіл газбен толтырылып, әуе кеңістігіне ұшырылатын аппарат.*

АЭРОСУРЕТ *Ұшақтан арнайы түсірілген жер бетінің фотосуреті.*

АЭРОСҮЗГІ *Ағын суды тазартатын биологиялық сүзгі.*

АЭРОФЛОТ ***авиац.*** *Авиациямен айналысатын ірі бірлестік, ұйым.*

АЭРОФОТОТОПОГРАФИЯ *Аэросуреттер бойынша топографиялық карта жасаудың әдістерін зерттейтін ғылым.*

АЭРОФОТОТҮСІРУ *Ұшақпен ұшып жүріп түсірілген сурет.*

АЭРОШАНА *Қозғалтқыш күшімен қозғалатын пропеллер жәрдемімен жүретін шана.*

АЮ 1. *Ірі денелі икемсіз жыртқыш аң.* 2. ***Ауысп.*** *Азулы, айбарлы, адуын.* 3. ***Ауысп.*** *Арбиған, ебедейсіз.*

АЮБАДАМ ***бот.*** *Ырғай туысына жататын әсем бұта.*

АЮБАЛДЫРҒАН *Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын екіжылдық не көпжылдық ірі шөптесін өсімдік.*

АЮДАЙ 1. *Икемсіз, сыйықсыз.* 2. ***Ауысп.*** *Тырнағы өсіп кеткен, арбиған.* 3. ***Ауысп.*** *Ызбарлы, сұсты.*

АЮЖҮН *Таулы жерлерде өсетін майда шөп.*

АЮҚАРАҚАТ *Аюлар сүйіп жейтін қарақаттың ащы түрі.*

АЮҚҰРАЙ *Орманды алқаптарда өсетін ірі құрай.*

АЮҚҰЛАҚ *Ақшыл қызыл гүлді тырбиып өсетін дәрілік шөп.*

АЮЛЫҚ *Тағылық, жыртқыштық.*

АЮОТЫ *Шөптің бір түрі.*

АЮТАБАН *Арамшөп туысына жататын, сарғыш гүлді улы шөп.*

АЮША *Аюға ұқсап, аю секілденіп.*

АЯ I 1. *Алақанның аумағы.* 2. *Туып-өскен, тәрбие алған орта.* 3. *Қойнау, баурай.* 4. ***Ауысп.*** *Ауқым, көлем, шеңбер.*

АЯ II 1. *Біреуге жаны ашу, мүсіркеу, есіркеу.* 2. *Бір затты біреуге қимау, іші тарлық жасау.*

АЯ III 1. *Кенепке салынған суреттің негізгі түсі, жалпы өңі.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсе болып жатқан жердің жалпы көрінісі.*

АЯҒЫНДА *Ақыр соңында, ақырында.*

АЯҒЫШ *Жаны ашығыш, мүсіркегіш.*

АЯДАЙ *Аумағы шағын, тар.*

АЯЗ *Қыстың ызғарлы суығы.*

АЯЗАТА *Аяз бейнесі кейпіндегі ақ шашты, қызыл бетті шал.*

АЯЗДАЙ: аяздай батты [қысты, қарыды] — *қыспаққа алды, жан қинады.*

АЯЗДАН *Күн ызғарланып суыту.*

АЯЗДЫ *Аязы қатты, үскірік.*

АЯЗСЫ *Қатты аяздың әсерімен ісіну.*

АЯЗСЫЗ *Аязы жоқ, суық емес.*

АЯҚ I 1. *Адам мен жануарлардың жүру-тұру қызметін атқаратын дене мүшесі.* 2. *Орындық, кереует сияқты заттардың тіректаянышы.* 3. ***Ауысп.*** *Аяққа киген киім.* 4. *Бір нәрсенің соңғы жағы.* 5. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің нәтижесі, қорытындысы.* □ **Аяқарба** — *кемтар адамға арналған арба.* **Аяқбау** — а) *уықтың аяқтарын қосып байлайтын жіп; ә) бүркіттің, қаршығаның аяғына тағатын қайыс шыжым.* **Аяқкиім** — *аяққа киетін киімнің жиынтық аты.* **Аяққұр** — *жалпақтау етіп тоқылған киіз үйдің жіп-шуы.* **Аяқмашина** — *аяқпен айналдырып, іс тігетін тігін машинасы.* **Аяқ шені** — *соңғы кезі, ақыры.* ◊ **Аяғы аспаннан [көктен] келді** — а) *шалқасынан түсірді, алып ұрды; ә) күлі көкке ұшты, тас-талқаны шықты.* **Аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ** — *біреуден біреу артық емес, бұлданатындай ештеңе жоқ.* **Аяғы ауыр** — *жүкті болды, екіқабат.* **Аяғына бас ұрды [иді]** — *жалынды, жалбарынды, табынды.* **Аяғына жем [қан] түсті** — *ат ыстық-суықты болып, аяғына сары су ұялады.* **Аяғына жығылды** — *кешірім сұрады, алдынан өтті.* **Аяғын алшаң басты** — *көңілі толып еркінсіді.* **Аяғына мінді *жерг.*** — *жаяу жүрді, жаяулады.* **Аяғынан алды** — *біреуді біреу көре алмады.* **Аяғынан көтерді** — *жұртты дүрліктіріп тік тұрғызды.* **Аяғынан барды [келді]** — *шақырусыз өзі келді.* **Аяғынан жайылды** — *қолға қараған жоқ, өз бетінше жайылды.* **Аяғынан сабылды [сарылды]** — *шаршап-шалдықты, табанынан таусылды.* **Аяғынан тозды [таусылды]** — *босқа әуре болды, құр әуреге түсті.* **Аяғынан тік тұрғызды [қойды]** — *жұмысты тыңғылықты істеп бітірді.* **Аяғынан тік тұрды** — *құшақ жайып қарсы алды, құрметтеді.* **Аяғын андап басты** — *сақ жүрді, сақтанды.* **Аяғына оралды** — *кес-кестеп алдында тұрып алды.* **Аяғына тұсау болды** — *бөгет болды, қол байлады.* **Аяғына тұсау түсті** — *басы байланды, үйленді.* **Аяғын жерге тигізбеді** — *бәрі тік көтеріп әкетті.* **Аяғын қия басты[рмады]** — *тізгіндеп ұстады, ешқайда жібермеді, бұрылтпады.* **Аяғын құшты** — *біреудің басына келгені оның да басына түсті, кебін киді.* **Аяқының желі бар** — *суық жүріске салынды; жортақы адам.* **Аяғының ұшынан басты** — *қаймықты, тайсақтады.* **Аяғы шырмалды** — *үйлі-баранды болды, үйленді.* **Аяқ алып жүргісіз** — *соншалықты көп, қалың.* **Аяқ алыс** — *істің бет алысы, барысы.* **Аяқ [бұт] артар** — *мініс ат, көлік.* **Аяқ артты** — *сүйеніш етті, медеу қылды.* **Аяқасты** — *жоқ жерде, күтпеген жерде, жөппелдемде.* **Аяқасты болды [етті, қылды]** — *ешкім керек қылмады, көзге ілмеді.* **Аяқ астынан** — *тосыннан, кенеттен, тұтқиылдан.* **Аяқ астында** — *көз көрім жерде, тиіп тұр.* **Аяқ басты** — *белгілі бір белестен өтті, алға жылжыды.* **Аяқ бастырмады** — *жолатпады, маңайлатпады.* **Аяқ жетер жер** — *барып-келіп тұрарлық таяу жер.* **Аяққа басты** — *біреуді қорлады, мазақ етті.* **Аяқ лау** — *мінуге жарарлық, лекер боларлық көлік.* **Аяқ салды** — *көңілдес болды.* **Аяқ суытты** — *аздап дем алды, тынықты.* **Аяқтан алды [шалды]** — *қастық жасап, сүріндірмекші болды.*

АЯҚ II *Ағаштан ойып жасалған тамақ ішуге арналған үлкен ыдыс.*

АЯҚ-БАСЫ *Өне бойы, үсті-басы.*

АЯҚҚАП ***көне*** *Көшкенде ыдыс-аяқ салатын киіз дорба.*

АЯҚ-ҚОЛ: аяқ-қолын бауырына алды — *аман-есен босанды.*

АЯҚҚЫ *Ең соңғы, төменгі.*

АЯҚСЫ *Саябырлау, сиреу, басылу.*

АЯҚСЫЗ *Аяқтамай, бітірмей.* ◊ **Аяқсыз қалды** — *істің басын бастап, аяғын бітірмей шала тастап кетті.*

АЯҚТА 1. *Тауысу, түгесу.* 2. *Бастаған істі аяғына жеткізіп бітіру, тамамдау.* □ **Аяқтан келгенде** — *ақырында, соңында.*

АЯҚ-ТАБАҚ *Барлық ыдыс-аяқтың жиынтығы.*

АЯҚТАМА *Бір нәрсені аяқтау істі, бітіру.*

АЯҚТАН 1. *Жаңа туған жас төлдің аяқ басып, өздігінен жүре бастауы.* 2. ***Ауысп.*** *Құсты аң аулатып үйрету, ауыздандыру.* 3. ***Ауысп.*** *Қатарға келіп қосылу, қалыптасу.*

АЯҚТАНДЫР 1. ***өзг. етіс*** *Аяқтандыр.* 2. ***Ауысп.*** *Балаға әйел әперіп, отау қылып шығару, үйлендіру.*

АЯҚТЫ 1. *Аягымен жүріп-тұратын.* 2. *Дөңгелегі бар, доңғалақ салынған.* 3. *Тіреуіш, таянышы бар.*

АЯҚШЫ *Тамақ тасушы, даяшы адам.*

АЯЛ *Кідіріс, тыным, тыныштық.*

АЯЛА *Мәпелеп өсіру, тәрбиелеу, әлпештеу.*

АЯЛДА *Тоқтау, бөгелу, кідіру.*

АЯЛДАМА ***жаңа.*** *Жолаушылар таситын көлік келіп тоқтайтын жер.*

АЯЛЫ 1. *Аясы үлкен, көлемді.* 2. ***Ауысп.*** *Мейірімді; шапағатты, қайырымды.*

АЯМАС *Күнделікті тұрмыста аямай қолданыла беретін бұйым, зат.*

АЯМПАЗ *Жаны ашығыш, аягыш.*

АЯМПАЗДЫҚ *Жаны ашығыштық, аягыштық.*

АЯН I *Әйгілі, мәлім, белгілі.* ◊ **Аян берді *діни*** *– өңінде болатын істі алдынала түсінде көру, белгі беру.*

АЯН II *Жанын салып қимылдау, тартынбай істеу.*

АЯНКЕС *Ынта қойып еңбек еткісі келмейтін, тартыншақ.*

АЯНКЕСТЕН *Қорғалақтау, тартыншақтау.*

АЯНКЕСТІК *Жан аягыштық, тартыншақтық.*

АЯНШАҚ *Аянкес, тартыншақ.*

АЯНШАҚТА *Қорғалақтау, жасқаншақтау.*

АЯНШАҚТЫҚ *Аянкестік, тартыншақтың.*

АЯНЫШ *Жан ашырлық, аяушылық.*

АЯНЫШТЫ *Жанашырлықтай, мүсіркерліктей.*

АЯҢ *Көліктің жай баппен жүретін жүрісі.*

АЯҢДА *Аттың, адамның жайлап, баппен жүруі.*

АЯҢШЫЛ *Аяңдап басатын, жүрісті.*

АЯҢШЫЛДЫҚ *Жүрістілік, жүрдектік.*

АЯР *Айлакер, қу, көлгір адам.*

АЯРЛАН *Сайқалдану, көлгірсу.*

АЯРЛЫҚ *Сайқалдық, көлгірлік.*

АЯРСЫ *Қулану, көлгірсу.*

АЯТ ***діни*** *Құран сүрелерінің белгілі бір шумағы.*

АЯУЛЫ *Қадірлі, қасиетті, қымбатты.*

АЯУСЫЗ *Аямайтын, мейірімсіз, қатал.*

АЯУШЫЛЫҚ *Жаны ашушылық, аягандық.*

Ә

Ә 1. *Қазақ әліпбиінің екінші әрпі (дыбыс).* 2. *Біреудің сөйлеген сөзін естімей қалғандығын білдіреді.* 3. *Біреудің сөзін естігендігін білдіреді.* 4. *Біреудің назарын өзіне аудару үшін айтылады.* 5. *Сұраулық мағына білдіреді.* 6. *Кекесін, мысқыл мағынасын білдіреді.* 7. *Белгілі сөздермен тіркесіп қолданып, көңіл күйін білдіру үшін жұмсалады.* ◊ **Ә дегенде** — *ту баста, шу дегенде.* **Ә дегеннен** — *салған жерден, бірден.* **Ә дегенше** — *айтқанша, әп-сәтте, лезде.* **Ә десе, мә деді** — *ештеңеден тайынбады, қарсыласын тұрып алды.*

ӘБДЕН 1. *Біржола, мүлдем.* 2. *Еміне-еркін, толық, жете.* 3. *Мейлінше, әбден, өте.*

ӘБДЕСТЕ ***көне*** *Дәрет алатын құман.*

ӘБДІРЕ *Киім-кешек, ол-пұл салатын кең сандық.*

ӘБЕС *Өрескел, оғаш, ерсі, ұят.*

ӘБЕССІН *Ұят санау, ерсі көру.*

ӘБЕСТЕУ *Ерсілеу, оғаштау, ұятау.*

ӘБЕСТІК *Өрескелдік, оғаштық, ерсілік.*

ӘБЗЕЛ *Белгілі бір нәрсеге қажетті жабдық, құрал-сайман.*

ӘБЗЕЛДЕ *Жабдықтау, сайлау, әзірлеу, даярлау.*

ӘБЗЕЛХАНА *Әбзел қоятын орын, үй.*

ӘБЗЕЛШІ *Әбзел жасаудың шебері, маманы.*

ӘБІГЕР 1. *Әуре-сарсаң, дүрбелең.* 2. *Абыр-сабыр, қарбалас.* ◊ **Әбігер болды** — *әлекке түсті, әуреге салынды.* **Әбігерге салды [түсірді]** — *әбігер етті, тыныштықты алды.* **Әбігерін шығарды** — *мазасын алды, берекесін кетірді.*

ӘБІГЕРЛЕ 1. *Әуреге салу, мазалау.* 2. *Мезі қылу, тыныштық алу.*

ӘБІГЕРЛЕН 1. *Әуреге түсу, әлек болу.* 2. *Асып-сасу, дүрлігу, абыржу.*

ӘБІГЕРЛІ *Әуресі мол, мазасыз.*

ӘБІГЕРЛІК *Дүрлігушілік, абыржушылық.*

ӘБІГЕРСІЗ *Үрейсіз, асу-сасусыз.*

ӘБІГЕРШІЛ *Үрейшіл, абыржығыш.*

ӘБІГЕРШІЛІК 1. *Мазасыздық, әурешілік, тыныштықсыздық.* 2. *Үрейленушілік, дүрлігушілік.*

ӘБІЛЕТ ***діни*** 1. *Жынның бір түрі.* 2. ***Ауысп.*** *Оңбаған, жексұрын.* ◊ **Әбілет басқыр!** ***қарғ.*** — *марту басқыр, оңбағыр.*

ӘБІ-ТӘБІ 1. *Белгілі бір мөлшерде ғана, шамалы.* 2. *Тоқ та емес, аш та емес, орта құрсақ.*

ӘДДІ *Дәт, батылдық.*

ӘДЕБИ 1. *Көркем шығармаға қатысты, соған тән.* 2. *Әбден қалыптасқан, көпке ортақ нормасы бар.*

ӘДЕБИЕТ 1. *Өмірді көркем образ арқылы сөзбен бейнелейтін шығармалардың бүтін жиынтығы.* 2. *Жалпы баспа бетінде шыққан еңбектердің жиынтығы.*

ӘДЕБИЕТТАНУ *Көркем шығарманың тарихын, теориясын және әдеби сынын түгел қамтып зерттейтін ғылым.*

ӘДЕБИЕТТІК *Әдебиетке тән.*

ӘДЕБИЕТШІ *Әдебиеттану ғылымының маманы.*

ӘДЕБИЕТШІЛ *Әдебиетті жақсы көретін, сүйетін.*

ӘДЕБИЕТШІЛДІК *Әдебиетті сүюшілдік.*

ӘДЕЙІ 1. *Біле тұра, жорыта, қасақана.* 2. *Белгілі бір мақсатпен, арнайы.*

ӘДЕЙІЛЕП 1. *Туралап, тікелей.* 2. *Белгілі мақсатпен, арнайылап.* 3. *Жорыта, қасақана.*

ӘДЕЙІЛІК *Әдейі істегендік, қасақаналық.*

ӘДЕМІ 1. *Көркем, сұлу.* 2. *Сәнді, сәулетті, көрікті.* 3. *Ұнамды, қонымды, келбетті.* 4. *Ашық, таза, мөлдір.* 5. *Сүйкімді, жағымды.*

ӘДЕМІЛЕ 1. *Сәндеу, әсемдеу.* 2. *Нақышына келтіру, келістіру.*

ӘДЕМІЛЕН 1. ***өзд. етіс*** *Әдемілен.* 2. ***Ауыс.*** *Гүл-гүл жайнау, түрлену, құлпыру.*

ӘДЕМІЛЕУ *Әдеміше, әдемірек.*

ӘДЕМІЛІК 1. *Сұлулық, көркемдік.* 2. *Сәнділік, әсемділік.*

ӘДЕМІРЕК *Көркемдірек, әдемілеу.*

ӘДЕМІШЕ *Әдемілеу, көріктілеу, сұлуырақ.*

ӘДЕП 1. *Халықтың әдет-ғұрпында қалыптасқан этикалық тәртіп.* 2. *Сыпайыгершілік, ізеттілік.* ◊ **Әдеп көрген** — *көргенді, ибалы.* **Әдеп сақтады** — *ибалық жасады, ізет сақтады.* **Әдептен озбады** — *сыпайыгершілік жасады, ұят сақтады.*

ӘДЕПКІ *Бастапқы, алғашқы, әуелгі.*

ӘДЕПКІДЕ *Әуелде, алғашқыда, бастапқыда.*

ӘДЕПКІДЕЙ *Бұрынғыдай, бастапқыдай.*

ӘДЕПСІЗ *Көргенсіз, ұятсыз, тәртіпсіз.* □ **Әдепсіз сөз** — *тұрпайы сөз, жағымсыз сөз.*

ӘДЕПСІЗДЕН *Әдеп сақтамау, жүгенсіздену.*

ӘДЕПСІЗДЕУ *Тұрпайылау, дөрекілеу, сөлекеттеу.*

ӘДЕПСІЗДІК 1. *Ұятсыздық, тәртіпсіздік, көргенсіздік.* 2. *Әдеп бұзушылық, ізетсіздік, бұзықтылық.*

ӘДЕПТІ 1. *Ибадатты, ізетті, тәртіпті.* 2. *Биязы, сыпайы.*

ӘДЕПТІЛІК *Сыпайыгершілік, ізеттілік.*

ӘДЕТ *Өмірде қалыптасып, бойға сіңген үйреншікті қылық, дағды.*

ӘДЕТ-ҒҰРЫП *Жалпыға бірдей қалыптасқан қоғамдық дәстүр, жөнжора.*

ӘДЕТКІ *Әдетке айналған, үйреншікті.*

ӘДЕТТЕ *Үйреншікті, дағды бойынша.*

ӘДЕТТЕГІ *Дағдылы, үйреншікті.*

ӘДЕТТЕГІДЕЙ *Бұрынғыдай, бастапқыша, жайшылықтағыдай.*

ӘДЕТТЕН *Дағдылану, машықтану.*

ӘДЕТТІ *Үйреншікті, дағдылы.*

ӘДЕТІНШЕ 1. *Әркімнің өзіне бітken үйреншікті дағды бойынша.* 2. *Қалыптасқан дәстүр бойынша.*

ӘДІЛ 1. *Дұрыстықты жақтаушы, шындықты сүйетін.* 2. *Тура, жөн, дұрыс.*

ӘДІЛДЕУ *Дұрыстау, дұрысырақ.*

ӘДІЛДІК *Дұрыстық, шындық.*

ӘДІЛДІРЕК *Әділдеу, турашылдау.*

ӘДІЛЕТ I *Дұрыстық, әділдік.*

ӘДІЛЕТ II *Сот мекемелерінің жүйесі.* ◊ **Әділет министрлігі** — *сот істері жөніндегі министрлік.*

ӘДІЛЕТСІЗ *Әділет жоқ.*

ӘДІЛЕТСІЗДІК *Қиянатшылық, озбырлық.*

ӘДІЛЕТТІ *Әділетті жақтайтын, турашыл.*

ӘДІЛЕТТІК *Әділдік, дұрыстық.*

ӘДІЛЕТТІЛІК *Әділеттік, дұрыстық.*

ӘДІЛЕТШІЛ *Әділетті жақтаушы, турашыл.*

ӘДІЛҚАЗЫ *Турасын айтатын адам, төреші.* □ **Әділқазылар алқасы** — *жарысқа түскен адамдарға, шығармаларға жүлде беру үшін құрылған маман адамдардың тобы.*

ӘДІЛҚАЗЫЛЫҚ *Әділқазы болушылық, турасын айтушылық.*

ӘДІП *Киімнің етек-жеңіне салынған көмкерме.*

ӘДІПТЕ *Әдіп салу, көмкермелеу.*

ӘДІПТІ *Әдіп салынған, әдібі бар.*

ӘДІС 1. *Еңбек етіп үйренудің оңтайлы тәсілі, жолы.* 2. *Белгілі та-*

нып білудің, оны жастарға үйретудің тәсілі.

ӘДІСКЕР *Оқытудың әдіс-тәсілдерін жақсы білетін адам.*

ӘДІСҚОЙ *Айлакер, тәсілқой.*

ӘДІСҚОЙЛЫҚ *Тәсілқойлық, айлакерлік.*

ӘДІСНАМА *Ғылыми зерттеу әдістері туралы ілім.*

ӘДІСТЕМЕ *Бір нәрсені үйретудің әдіс-тәсілдері.*

ӘДІСТЕН *Әдісін алу, машықтану, төселу.*

ӘДІСТІ *Айлалы, тәсілқой.*

ӘЖЕ 1. *Әкесінің шешесі, үлкен шеше.* 2. *Жасы ұлғайған кәрі әйел.*

ӘЖЕЙ ***сып.*** *Әжемен тұстас адамдарды құрмет тұтқанда айтылады.*

ӘЖЕКЕ ***сып.*** *Әже сөзінің құрметпен айтылуы.*

ӘЖЕЛЕ *Әже-әже деп қайталап айту, мазалау.*

ӘЖЕЛІК *Әже болғандық, әже жасының жеткендік.*

ӘЖЕПТӘУІР 1. *Тәп-тәуір, әп-әдемі.* 2. *Кәдімгідей, қалыптағыдай.* 3. *Бірсыпыра, едәуір, бірталай.*

ӘЖЕТ *Қажет, мұқтаж.* ◊ **Әжетке жарады** — а) *қолданат болды, ер жетті;* ә) *кәдеге асты, қажетін өтеді.*

ӘЖЕТАЙ ***сып.*** *Әжені құрметтеу, жалыну кезінде айтылады.*

ӘЖЕТАЙЛА *Әже-әже деп жалынып-жалбарыну.*

ӘЖИНЕ ***көне*** *Жүдеп-жадап, азғындап кеткен кісі; жынды, жексұрын.*

ӘЖІК *Шөлді жерде өсетін өсімдік.*

ӘЖІК-КҮЖІК ***қарап.*** *Анау-мынау әңгіме, сөз.*

ӘЖІМ *Адамның бетіне, денесіне түскен қатпар сызық.* ◊ **Әжім басты (түсті)** — *бетіне қатпар түсті, қатпарланды.*

ӘЖІМДЕН *Әжім түсу, бет терісі қатпарлану.*

ӘЖІМДІ *Әжім басқан, әжімделген.*

ӘЖІМСІЗ *Әжімі жоқ, әжім түспеген.*

ӘЗ I *Соқыр, көр.* ◊ **Әз болғыр** ***қарғ.*** *— көзің шыққыр, соқыр болғыр.*

ӘЗ II *Ардақты, қадірлі.* ◊ **Әз аға** — *жасы үлкен сыйлы адам.* **Әз тұтты** — *қадірлеп сыйлады, төбесіне көтерді.*

ӘЗӘЗІЛ 1. *Шайтан, ібіліс тәрізді қаскөй рух.* 2. ***Ауысп.*** *Азғырушы, алдамшы.*

ӘЗӘЗІЛДЕН *Сайқалдану, көлгірсу.*

ӘЗӘЗІЛДІК *Әзәзіл болғандық; екіжүзділік, опасыздық.*

ӘЗДЕК ***экспр.*** *Еркек-шора, дәлду.*

ӘЗДІК I *Көзі көрмей қалушылық, соқырлық.*

ӘЗДІК II *Қадірлілік, қасиеттілік.*

ӘЗЕЛДЕ *О баста, әуелде.*

ӘЗЕЛДЕН *Ежелден, баягыдан.*

ӘЗЕР *Әрең-әрең, зорға дегенде.* ◊ **Әзер дегенде** — *апырым-тәңірім деп, әрең дегенде.*

ӘЗЕРЛЕП *Өліп-талып, әрең-әрең.*

ӘЗЕТТЕ: бір әзетте — *бір мезгілде, бір уақытта.*

ӘЗИЗ *Аяулы, қадірлі, қымбатты.*

ӘЗІЛ *Зілсіз қалжың, ойын.* ◊ **Әзілі жарасты** — *сыйлас адамдар бір-бірімен үйлесімді сөз айтысты.*

ӘЗІЛДЕ *Біреуге әзіл айту, қалжыңдау.*

ӘЗІЛДЕГЕНСІ *Ойнағансу, қалжыңдағансу.*

ӘЗІЛДЕС *Көңілдес, сырлас.*

ӘЗІЛДІ *Әзіл аралас, күлкілі.*

ӘЗІЛКЕШ *Қалжыңбас, әзілқой.*

ӘЗІЛКЕШТІК *Қалжыңбастық, әзілқойлық.*

ӘЗІЛ-КҮЛКІ *Қалжың аралас сөз.*

ӘЗІЛ-ҚАЛЖЫҢ *Ойын-күлкі, думан.*

ӘЗІЛҚОЙ *Әзілкеш, қалжыңбас.*

ӘЗІЛҚОЙЛЫҚ *Қуақылық, қалжыңбастық.*

ӘЗІЛ-ОСПАҚ *Ойын-шыны аралас қалжың сөз.*

ӘЗІЛ-СЫҚАҚ *Кекесін, мысқыл.*

ӘЗІЛ-ШЫН *Ойын-шын, өтірік-рас.*

ӘЗІЛШІЛ *Әзілқой, сықаққой.*

ӘЗІР I *Дайын, даяр.* ◊ **Әзірге мәзір** — *дайын отыр, тұр, жүр*

ӘЗІР II *Қазір.*

ӘЗІРГЕ *Дәл қазір, әзірше.* **Әзірге сау бол** – *жолыққанша аман бол.*

ӘЗІРЕЙІЛ ***діни*** 1. *Жаналғыш періште.* 2. ***Ауысп.*** *Қызыл көзді пәле; апат, өлім.*

ӘЗІРЕЙІЛДЕЙ *Қорқынышты, үрейлі, сұсты.*

ӘЗІРЕТ *Дінбасы, молда, ғұлама. Хазірет деп те аталады.* **Әзірет сұлтан** – *Қожа Ахмет Иасауидің есімімен байланысты ұғым.*

ӘЗІРЛЕ *Даярлау, қамдау, дайындау.*

ӘЗІРЛІК *Дайындық, қам жасағандық.*

ӘЗІРЛІКСІЗ *Қамсыз, дайындықсыз.*

ӘЗІРШЕ 1. *Осы кезге дейін, қазірше.* 2. *Түпкілікті емес, уақытша.*

ӘЙ 1. *Біреудің назарын өзіне аудару үшін айтылады.* 2. *Таңдану, таңырқау, күйіну мәнін білдіреді.* ◊ **Әй, кәпір атанды** – *жұртқа жек көрініштi болды, қадірін кетірді.*

ӘЙБАТ 1. *Әдемі, әсем, көркем.* 2. *Жақсы, тәуір.*

ӘЙБАТТА *Әдемілеу, жақсылау, әсемдеу.*

ӘЙГІ *Жария, мәлім, танымал.*

ӘЙГІЛЕ 1. *Паш ету, жариялау, мәлімдеу.* 2. *Әшкерелеу, масқаралау.*

ӘЙГІЛІ 1. *Даңқты, атақты, айтулы.* 2. *Мәлім, белгілі.*

ӘЙДА 1. *Ал, қане.* 2. ***Қ.*** *Әйдай.*

ӘЙДАЙ *Па, шіркін, о шіркін.*

ӘЙДЕМДЕ *Лезде, жылдам, тез.*

ӘЙДІК *Үлкен, зор, еңселі.*

ӘЙЕЙ ***қарап.*** *Әдемі, әйбат.*

ӘЙЕЛ 1. *Адам баласының ұрғашы жыныстылары.* 2. *Жұбай, зайып, қатын.* □ **Әйел бала *жерг.*** – *қыз, қыз бала.* ◊ **Әйел алды** – *қатын алды, аяқтанды, үйленді.* **Әйелі ұл тапқандай қуанды** – *қатты қуанды, мәз болды.*

ӘЙЕЛДІ *Әйелі бар, әйел алған.*

ӘЙЕЛДІК *Әйелге тән, әйел жынысына лайық.* ◊ **Әйелдікке алды** – *қатын етті, қатын болды.*

ӘЙЕЛ-ЕРКЕК *Әйел мен еркек атаулы, бәрі, түгел.*

ӘЙЕЛЖАНДЫ *Әйелін жанындай жақсы көретін, оның сөзін екі етпейтін, көбіне айтқанынан шықпай, жігі-жапар болатын (адам).*

ӘЙЕЛЖАНДЫЛЫҚ *Әйелін жақсы көрушілік, сөзінен шықпаушылық, оның алдында жік-жапар болушылық.*

ӘЙЕЛҚҰМАР *Әйелдермен жүруді жақсы көретін, ажарлы, көрікті әйелдерге әуес (адам).*

ӘЙЕЛСІЗ *Әйелі жоқ, әйел алмаған.*

ӘЙЕЛСІН *Әйел деп санау; кемсіту, қомсыну.*

ӘЙЕЛСІРЕ *Әйел алғысы келу, қатынсырау.*

ӘЙЕЛШЕ *Әйел сияқтанып, әйелге ұқсап.*

ӘЙКЕЛ I *Құдықтың ауызғы жағына қойылған тесік дөңгелек тас.*

ӘЙКЕЛ II *Балалар ойнайтын таяқ.*

ӘЙКЕЛ III ***көне*** *Мойынға тағатын алтын, күміс әшекей.*

ӘЙНЕК *Мөлдір түсті жұқа зат, шыны.*

ӘЙНЕКЕЙ *Қыш, фаянс т. б. заттардың сыртын жылтырататын қорытпа; глазурь.*

ӘЙНЕКЕЙЛІ *Әйнекейі бар.*

ӘЙНЕКЕЙСІЗ *Әйнекейі жоқ.*

ӘЙНЕКТЕ *Әйнек салу, шынылау,*

ӘЙНЕКТІ *Әйнек салынған, әйнегі бар.*

ӘЙНЕКШЕ *Әйнек сияқты, әйнек секілді.*

ӘЙНЕКІШ *Шыны салумен шұғылданатын жұмысшы.*

ӘЙТ *Малды айдап жүргізгенде, айуанды қорқытқанда айтылады.*

ӘЙТЕУІР 1. *Не қылғанмен, қалайда, қайткенмен.* 2. *Өйтіп-бүйтіп, огып-бұғып.*

ӘЙТКЕНМЕН *Не дегенмен, қалай болғанда.*

ӘЙТПЕГЕНДЕ *Әйтпесе, олай болмағанда.*

ӘЙТПЕСЕ *Болмаса, әйтпегенде.*

ӘЙТСЕ *Сөйткенмен, сөйтсе де.*

ӘЙ-ТҮЙ: Әй-түйге қарамады – *баса көктеді.*

ӘЙТІП-БҰЙТІП *Оғып-бұғып, ілдебайлап.*

ӘК *Тасты өртеп, күйдіру арқылы алынатын минералды зат; утас.*

ӘКБАР: Аллаһу әкбар – *құдіретті Алла, ұлы жаратушы.*

ӘКЕ 1. *Балалы болған ер адам.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің ең үлкені, зоры.* 3. ***жерг.*** *Қарағым, қалқам.* ◊ **Әкеңнің көзқұны бар ма [қалды ма?]** – *жұмысың не, не ақың бар.* **Әкесі базардан келгендей** – *мәре-сәре, мәзмейрам.* **Әкесін көзіне көрсетті** – *көрешекті көрсетті, білгенін қылды.* **Әкесін өлтірген жоқ** – *түк жазығы жоқ.* **Әкесін танытты [көрсетті]** – *сазайын берді, аямады.* **Әкесінің аузынан түскендей** – *айнымай тартқан, дәл өзі.* **Әкесінің қамшысы тиді** ***этн.*** – *баланың ұйқысы бұзылды, тынышсызданды.* **Әкесі өлгендей болды** – *қатты кейіді, жаман қиналды.*

ӘКЕБАС *Қалқам, қарағым.*

ӘКЕЖАН *Қалқам, қарағым, шырағым.*

ӘКЕЙ *Өз әкесін құрметтеп, сыйлағанға айтылатын сөз.*

ӘКЕЙ-ҮКЕЙ *Бір-бірімен ауыз жаласқан, сырлас.*

ӘКЕЙ-ҮКЕЙЛЕС *Біреу мен біреу үйірлесу, ауыз жаласу.*

ӘКЕЙ-ҮКЕЙЛЕСУ ***қ. атау.*** *Әкей-үкейлесу.*

ӘКЕКЕ *Әкесін жоқтап құрметтеу.*

ӘКЕ-КӨКЕ *Біреуге жалынып-жалбарыну кезінде айтылады.*

ӘКЕ-КӨКЕЛЕ *Біреуге әке-көке деп айту, жалыну, жалбарыну.*

ӘКЕЛ *Алып келу, жеткізу.*

ӘКЕЛЕ *Әке, әке деп қарсы алу, еркелеу.*

ӘКЕЛЕС *Әкесі бір, бір әкеден.*

ӘКЕЛУЛІ *Дайын, әзір.*

ӘКЕЛІ-БАЛАЛЫ *Әкесі мен баласы, екеуі де.*

ӘКЕЛІК *Әкеге тән қасиет.*

ӘКЕЛІМ *Бір жақтан әкелінген зат, бұйым.*

ӘКЕҢДЕЙ *Жасы үлкен, жолы үлкен.*

ӘКЕСІЗ *Әкесі жоқ, жетім.* ◊ **Әкесіз туған** – *олжа бала, олжабай.*

ӘКЕСІНДЕЙ *Бұдан да үлкен, дәу.*

ӘКЕТ 1. *Бір затты өзімен қоса қалдырмай ала кету, тасу.* 2. *Өзінен бұрынғы етістікпен тіркесіп, көмекшілік қызмет атқарады.* **Әкетіп барады** – *жанға қатты батты, ауыртты.* **Әкетіп бара жатқан** – *сонша лықты, айтарлықтай.*

ӘКЕТАЙ *Айналайын, қарағым, шырағым.*

ӘКЕТАЙЛА *Әкетай, әкетай деп жалыну, жалбарыну.*

ӘКЕ-ҮКЕ *Әке сөзінің қосарланып айтылуы.*

ӘКЕ-ҮКЕЛЕ *Әке деп, үке деп, жалынып-жалбарыну.*

ӘКЕ-ШЕШЕ *Ата-ана.*

ӘКЕШІМ *Қарағым, шырағым, қалқам.*

ӘККІ 1. *Тісқаққан, ысқаяқ, жырынды.* 2. *Тәжірибелі, айлакер, қу.*

ӘККІЛЕН 1. *Әккі болу, қулану.* 2. *Төселу, ысылу, машықтану.*

ӘККІЛЕУ *Тісқаққандау, қулау.*

ӘККІЛІК *Ысылғандық, тісқаққандық.*

ӘККІС *Өте сезімтал сергек тышқан.*

ӘКПІШ ***жерг.*** *Шелекпен су тасығанда иыққа салатын иінағаш.*

ӘКТЕ *Үйді әкпен ақтау, майлау, ағарту.*

ӘКТЕУШІ *Үйдің іші-сыртын әкпен ақтаушы адам.*

ӘКІМ *Билеп төстеуші, басқарушы.* ◊ **Әкім етті [қылды]** – *әмір етті, бұйырды.*

ӘКІМГЕР ***экспр.*** *Мансапқұмар, мансапшыл.*

ӘКІМГЕРЛІК ***экспр.*** *Әкімдікті жақсы көрушілік.*

ӘКІМДІК *Әкім болушылық, мансаптық.*

ӘКІМСЫМАҚ ***экспр.*** *Әкім сияқтанған, белсенді.*

ӘКІМСЫМАҚТАУ *Белсенділеу.*

ӘКІМСІ ***экспр.*** *Әкім болғансу, паңсыну, кісімсу.*

ӘКІМШІЛДІК *Нақты басшылықтың орнына бұйрықшыл-жарлықшыл әдісті қолданушылық.*

ӘКІМШІЛДІК-ӘМІРШІЛДІК *Әкімшіл, әміршіл болғандық; күштеп көндірушілік.*

ӘКІМШІЛІК 1. *Мемлекет басқарудағы басшы органдар.* 2. *Билік жүргізушілік, әкімдікпен айналысушылық.* ◊ **Әкімшілік етті** — *билік жүргізді, билеп төстеді.*

ӘКІРЕҢ *Адыраң, едірең.* ◊ **Әкірең қақты [етті]** — *қожаңдады, қоқаңдады.*

ӘКІРЕҢДЕ *Әкірең-әкірең етіп, біреуді орынсыз жазғырып ұрсу, сөгу.*

ӘЛ 1. *Күш, қуат, шама.* 2. *Әл-ауқат, тұрмыс, жағдай.* ◊ **Әл бермеді** — *бой бермеді, күші жетпеді.* **Әл жиды [бітті]** — *тынықты, қуаттанды.* **Әл үстінде** — *өлім халінде; халі мүшкіл.* **Әлі жетті [келді]** — *күші басым түсті, шамасы жетті.* **Әлі құрыды** — *діңкеледі, шаршады.*

ӘЛ-АУҚАТ *Хал-жағдай, тұрмыс.*

ӘЛӘУЛАЙ 1. *Әуендетіп айтылған ән ырғағы.* 2. *Бірыңғай сауыққа берілушілік, бос сандалыс, мәнсіз әрекет.*

ӘЛӘУЛАЙЛА *Әуендетіп ән салу, өлеңдету.*

ӘЛБЕТТЕ *Мақұлдау, қоштау мағынадағы қошемет сөз; әрине.*

ӘЛГІ *Жаңағы, белгілі.* ◊ **Әлгі әзірде [арада, жерде]** — *осыдан сәл бұрын.*

ӘЛГІДЕЙ *Жаңағыдай, сол тәрізді.*

ӘЛГІНДЕ *Жаңа бір әзірде, жаңжаңа.*

ӘЛ-ДӘРМЕН *Қайрат-жігер, әл-қуат.*

ӘЛДЕ 1. *Күмәндану, шұбалану мағынасын білдіреді.* 2. *Не ол, не бұл деген кезектестікті білдіреді.* ◊ **Әлде болса** — *әлі де, тағы да.* **Әлдене** — *бір нәрсе, бірдеме.* **Әлдене уақытта** — *біраздан кейін, соңынан.*

ӘЛДЕБІР *Небір, әлдене, қайсыбір.*

ӘЛДЕБІРЕУ *Бейтаныс біреу, әлдекім.*

ӘЛДЕКІМ *Белгісіз біреу, біреу-міреу.*

ӘЛДЕҚАЙДА 1. *Белгісіз бір жақ, жер.* 2. *Анағұрлым, недәуір.*

ӘЛДЕҚАЙДАН *Бір жақтан, алыстан.*

ӘЛДЕҚАЛАЙ 1. *Кездейсоқ, күтпеген жерде.* 2. *Алда-жалда, зәу шайтан.*

ӘЛДЕҚАНДАЙ 1. *Әлденендей, беймәлім.* 2. *Екіталай күн, нендей жағдай.* ◊ **Әлдеқандай болды [бола қалды]** — *күпінді, ісінді, кісімсіді.*

ӘЛДЕҚАШАН *Баягыда, қашанғы.*

ӘЛДЕҚАШАНҒЫ *Бұрынғы, өтіп кеткен.*

ӘЛДЕМІРЕК *Жылдамдау, шапшаңдау.*

ӘЛДЕН I 1. *Бойға күш-қуат алу, әл жинау.* 2. *Әл-ауқаты арту, тұрмыс жағдайы жақсару.*

ӘЛДЕН II *Қазірдің өзінде, қазірден бастап.* ◊ **Әлден уақытта [соң]** — *біраздан соң, біраз уақыттан кейін.*

ӘЛДЕНДІР 1. ***өзг. етіс*** *Әлден-дір.* 2. ***Ауысп.*** *Рухтандыру, қуаттандыру.*

ӘЛДЕҢЕ *Бірдеңе, бір нәрсе.*

ӘЛДЕНЕМЕ *Бірдеңе, бірдеңке, онымұны.*

ӘЛДЕНЕНДЕЙ *Белгісіз бірдеңе.*

ӘЛДЕҢЕШЕ *Бірталай, бірсыпыра, біраз.*

ӘЛДЕНЕШЕУ *Бірнеше, көп.*

ӘЛДИ 1. *Сәбиді жұбатқанда айтылатын сөз.* 2. *Бөпе, бөбек.*

ӘЛДИ-ӘЛДИ *Емшек баласын жұбату үшін айтылады.*

ӘЛДИЛЕ 1. *Жас сәбиді әлди-әлди деп жұбату.* 2. ***Ауысп.*** *Аялау, өбектеу.*

ӘЛДІ 1. *Қарулы, күшті, әлеуетті.* 2. ***Ауысп.*** *Әл-ауқаты жоғары, ауқатты, тұрмысты.*

ӘЛДІЛЕУ 1. *Күштірек, әндемділеу.* 2. ***Ауысп.*** *Ауқаттылау, тұрмыстылау.*

ӘЛДІЛІК *Күштілік, әлеуеттілік.*

ӘЛДІРЕК 1. *Күштірек, әлеуеттірек.* 2. ***Ауысп.*** *Қуаттырақ, нәрлілеу.*

ӘЛЕЙ *Ғажап, керемет, сұмдық.*

ӘЛЕЙ: Әлей [әли] болсын ***алғ.*** *– бірге болсын, екеуімізге бірдей болсын.*

ӘЛЕЙКҮМАССАЛАМ *Сәлематсыз ба, есенбісіз.*

ӘЛЕЙІМ *Соншама, көп.*

ӘЛЕЙІМ-ТӘЛЕЙІМ *Астан-кестен, ұйқы-тұйқы.*

ӘЛЕК 1. *Әбігер, әуре.* 2. *Сергелдең, дүрбелең, әуре-сарсаң.* ◊ **Әлегін аспаннан келтірді [шығарды]** *– шатшәлекейін шығарды, астан-кестен етті.* **Әлек болды [қылды, етті]** *– әуреге салды, әбігерледі.* **Әлекке түсті [салды]** *– әбігер болды, әуреге салды.*

ӘЛЕКЕДЕЙ: әлекедей жаланған *– сақадай сай, сен тұр мен атайын.*

ӘЛЕКТЕН *Әлекке түсу, әурелену.*

ӘЛЕК-ШӘЛЕК: әлек-шәлегін шығарды *– әбігерге түсірді, апшысын қуырды.*

ӘЛЕМ I 1. *Дүниежүзі, жиһан.* 2. *Табиғат дүниесінің жеке бөліктері.*

ӘЛЕМ II ***діни*** 1. *Қасиетті жерлерге, ағаш бұтақтарына сыйынудың белгісі ретінде байланатын шүберек.* 2. ***этн.*** *Жүйрік атқа, домбыраға т. б. қастерлеп тағылған шүберек.*

ӘЛЕМДЕ *Әлем байлау, әлем тағу.*

ӘЛЕМДІК *Әлем көлемінде, әлемге тән.*

ӘЛЕМИЕТ ***поэт.*** *Күллі әлем; дүниежүзі.*

ӘЛЕМ-ЖӘЛЕМ 1. *Әлеміштелген, әлекей-шүлекей.* 2. ***Ауысп.*** *Әлейім-тәлейім, бейжай, ұйқы-тұйқы.*

ӘЛЕМ-ЖӘЛЕМДЕ *Әлекей-шүлекейлеу, әлеміштеу.*

ӘЛЕМ-ТАПЫРАҚ 1. *Астан-кестен, әптер-тәптер.* 2. *Бейберекет, әлейім-тәлейім.*

ӘЛЕМ-ТАПЫРАҚТАН *Түрі сұрғылт тарту.*

ӘЛЕМІШ *Әлем-жәлем, әлекей-шүлекей.*

ӘЛЕМІШТЕ *Әлем-жәлем жапсыру, әшекейлеу.*

ӘЛЕМІШТІ *Әлеміштелген, әлеміш салынған.*

ӘЛЕТ I *Мезгіл, кез, уақыт.*

ӘЛЕУЕТ II *Жойқын күш-қуат, әлдәрмен.*

ӘЛЕУЕТСІЗ *Күші кем, әлсіз.*

ӘЛЕУЕТТІ 1. *Қарулы, әлді, күшті.* 2. ***Ауысп.*** *Ауқатты, тұрмысты.*

ӘЛЕУЕТТІЛЕУ *Күштірек, әлдірек.*

ӘЛЕУЕТТІЛІК *Күштілік, қарулылық.*

ӘЛЕУЕТТІРЕК *Қарулырақ, әлдірек.*

ӘЛЕУМЕТ 1. *Ел-жұрт, көпшілік қауым.* 2. *Қоғам, мемлекет.*

ӘЛЕУМЕТТІК *Жалпы қоғамға тән, қоғамдық.*

ӘЛЕУМЕТШІЛ *Әлеуметтің жанашыры, жоқтаушысы.*

ӘЛЕУМЕТШІЛІК *Әлеуметке тән, соған тиісті.*

ӘЛЖУАЗ 1. *Нәзік, арық.* 2. *Әлсіз, осал.*

ӘЛЖУАЗДАН *Осалдану, әлсіреу.*

ӘЛЖУАЗДАУ *Нәзіктеу, ашаңдау.*

ӘЛЖУАЗДЫҚ *Әлсіздік, осалдық.*

ӘЛ-ҚАДАРЫНША *Шама-шарқынша, әлі келгенше.*

ӘЛҚИССА ***фольк.*** *Сөйтіп, сонымен.*

ӘЛ-ҚУАТ *Бойдағы күш-жігер, қайрат.* **Әл-қуаты кетті** *– күші азайып дәрменсізденді.*

ӘЛМИСАҚТАН *Ертеден, бұрыннан, баягыдан.*

ӘЛПЕТ *Кескін-кейіп, түр-тұрпат.*

ӘЛПЕТСІЗ *Ұсқынсыз, сүреңсіз.*

ӘЛПЕТТЕС *Іспеттес, тәріздес.*

ӘЛПЕТТІ 1. *Түстес, кескіндес.* 2. *Келбетті, келісті.*

ӘЛПЕШ *Аялы мейірім, ыстық құшақ.*

ӘЛПЕШТЕ 1. *Бетінен қақпай, мәпелеп өсіру.* 2. ***Ауысп.*** *Бағып-қағу, күту.*

ӘЛПЕШТІ *Қадірлі, аяулы.*

ӘЛПІ: Әлпі шалғындығы – *таудың биік деңгейлерінде өсетін шалғындық шөп.*

ӘЛСІЗ 1. *Мықты емес, күші аз.* 2. *Қуаты кем, төмен.* 3. *Жай, баяу, сылбыр.* 4. *Осал, босаң, кемшін.* 5. ***Ауысп.*** *Әл-ауқаты төмен, кедей.* ◊ **Әлсіз жатты** – *ауыр халде, әл үстінде.*

ӘЛСІЗДЕН 1. ***ыр. етіс*** *Әлсізден.* 2. ***Ауысп.*** *Күш-қуаты кему, әлсіреу.*

ӘЛСІЗДЕУ 1. *Күші кемдеу, әлжуаздау.* 2. *Көмескілеу, бәсеңдеу.*

ӘЛСІЗДІК 1. *Күш-қуаты төмендік, әлуетсіздік.* 2. *Осалдық, босаңдық.*

ӘЛСІЗІРЕК *Әлсіздеу, сәл төмен.*

ӘЛСІН-ӘЛСІН *Дамыл-дамыл, мезгіл-мезгіл.*

ӘЛСІН-ӘЛІ *Анда-санда, ауық-ауық.*

ӘЛСІРЕ 1. *Күші кеміп қалжырау, шаршау.* 2. *Баяулау, солғындау, бәсеңсу.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің берекесі кету, ыдырау, тозу.*

ӘЛТАМАН *Соңыра, кейінірек.*

ӘЛТЕК-ТӘЛТЕК *Әрең-әрең, қалт-құлт.*

ӘЛХАМ ***діни*** *Құрандағы осы сөзден басталатын аяттың аты.*

ӘЛХАМДА *Әлхамнан басталатын құранды оқу, заулату.*

ӘЛХАМДИЛЛӘ ***діни*** *Құдайға шүкіршілік қылып жалыну, жалбарыну ишараты.*

ӘЛ-ШАМА 1. *Әл-дәрмен, күш-қуат.* 2. *Шама-шарық, бар мүмкіндік.*

ӘЛІ 1. *Осы уақытқа дейін, қазірге дейін.* 2. *Тағы да, бұдан кейін де.* 3. *Үсті-үстіне қоймай.*

ӘЛІК: Әлік сәлем [алды] – *сәлемін қабыл алды, сәлемдесті.*

ӘЛІМ-БЕРІМ 1. *Біршама, орташа.* 2. ***Ауысп.*** *Бірде олай, бірде былай.*

ӘЛІМЖЕТТІК: Әлімжеттік жасады [қылды, етті, істеді] – *күш көрсетті, зорлық етті.*

ӘЛІНШЕ *Мүмкіндігінше, барынша.*

ӘЛІП *Араб әліпбиінің бірінші әрпі.* ◊ **Әліптің артын бақты [күтті, тосты]** – *аңысын аңдыды, істің алды-артын бағдарлады.* **Әліп түс** – *құмалақ салып, бал ашқанда ақ сөйле деп білдірген ниет.* **Әліпті таяқ деп білмейтін [танымайтын]** – а) *хат танымайтын, сауатсыз;* ә) *надан, топас.*

ӘЛІППБИ ***көне*** *Қазақ тілінің жазу жүйесіне арналған әріптер жиынтығы.*

ӘЛІППЕ 1. *Оқу мен жазуды үйретін бірінші кітап.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің бастамасы, беташары.*

ӘЛІПТЕМЕ *Әліпбилік тәртіпке келтірілген жұмыс, іс.*

ӘЛІПТЕС *Тәріздес, іспеттес.*

ӘМ *Және, әрі деген мағынадағы жалғаулық шылау.*

ӘМАНДА *Әр уақытта, ылғи да.*

ӘМБЕ 1. *Барша, барлық, күллі.* 2. *Әрқашан, үнемі, дәйім.*

ӘМБЕБАП ***жаңа.*** *Жан-жақты, бесаспап.*

ӘМЕНБАСШЫ ***жерг.*** *Делдал, жалгастырушы, мұрындық болушы.*

ӘМЕҢГЕР ***көне*** *Жесір қалған әйел, оған үйленуге лайықты қайын-қайнағасының бірі.*

ӘМЕҢГЕРЛІК ***көне*** *Жесір қалған әйелді иелену дәстүрі.*

ӘМИН ***діни*** *Қабыл болсын деген ишарат сөз.*

ӘМИЯН *Ақша салатын, қалтада жүретін бұйым.*

ӘМПЕЙ 1. *Бір-бірімен ауыз жаласқан, сыбайлас.* 2. *Әкей-үкей, сырлас.*

ӘМПЕЙ-ЖӘМПЕЙ ***қарап.*** *Ымыжымы бір, әуейі.*

ӘМПЕЙЛЕС I *Сыбайлас, жақтас.*

ӘМПЕЙЛЕС II *Ауыз жаласу, байланысу.*

ӘМПЕЙЛЕУ *Жақындастау, көңілдестеу.*

ӘМПЕЙЛІК *Жақындастық, көңілдестік.*

ӘМІР 1. *Бұйрық, жарлық, үкім.* 2. *Үкім жүргізуші адам.* ◊ **Әмір берді [етті, қылды]** – *жарлық қылды, бұйырды.* **Әмірін жүргізді** – *айтқанына көндірді, тілін алдырды.*

ӘМІР: әмір қауын – *жылан түстес қабығы жұқа тәтті қауын.*

ӘМІРКЕН *Жылтыр жұқа былғары.*

ӘМІРЛІ *Қаһарлы, ызбарлы.*

ӘМІРЛІК *Үстемдік, өктемдік.*

ӘМІРТЫЙЫМ *Заң шығаратын орындардың қарарына тыйым салу я бұзу құқығы.*

ӘМІРШІ *Билік етуші, үстемдік жүргізуші адам.*

ӘМІРШІЛІК *Әмір бергіштік, әмір айтқыштық.*

ӘМІСЕ *Әрқашан, әрдайым, ылғи да.*

ӘН 1. *Әуені, сазы бар музыкалық шығарма.* 2. ***Ауысп.*** *Сайрағыш құстардың әдемі дауысы, үні.* ◊ **Әнге басты** – а) *құйқылжытып ән айтты; әуендетті;* ә) *баяғы әдетін істеді.* **Әнге қосылды** – *біреудің салған әніне ерді, қоштады.* **Ән салды [айтты, шырқады]** – *өлең айтты, думандатты.*

ӘНБИЕ *діни, көне* *Аруағы күшті дін иелері.*

ӘНДЕМДЕ *Заматта, лезде, демде.*

ӘНДЕМДІ *Қарулы, қуатты; әнжемді.*

ӘНДЕМЕ *жерг.* *Үй сылайтын қалақ, қалақша.*

ӘНДЕТ 1. *Әуендетіп, шырқап ән салу.* 2. ***Ауысп.*** *Кітап оқығанда сөздерді мақаммен айту.* 3. *Ауыс. Ызыңдаған, гүілдеген дыбыс шығару.* 4. ***Ауысп.*** *Құстардың шырылдап дыбыс шығаруы.*

ӘНДІГЕН *Жаугершілікте пайдаланатын, ағаштан жонылған баулы ыдыс, саптыаяқ.*

ӘНЕ 1. *Әнеки, анау.* 2. *Көрдің бе, қарашы.*

ӘНЕКИ *Ана, мына.*

ӘНЕ-МІНЕ *Енді-енді, қазір-қазір.* ◊ **Әне-міне дегенше** – *көзді ашып-жұмғанша, лезде.*

ӘНЕУГҮНІ *Ана кезде, анада.*

ӘНЕУГІ *Ана кездегі, анадағы.*

ӘНЕУГІДЕН *Анадағыдан, сонадан.*

ӘНЖЕМДІ *Әлеуетті, қарулы, әлді, әдемді.*

ӘНЖІ *Ірің ағу үшін ісікке есіп өткізілген қыл.*

ӘНЖІМЕ *Ердің қапталының алды-артынан өткізілетін шығыршық.*

ӘН-КҮЙ *Ән мен күй, екеуі де.*

ӘНҚҰМАР *Әнді сүйетін, ән сүйгіш.*

ӘНТЕК *Болар-болмас, сәл ғана.*

ӘНТЕК-ТӘНТЕК *Қалт-құлт, әзер-мәзер.*

ӘНТІРЕК-ТӘНТІРЕК *Әрең-әрең, зорға-зорға.*

ӘНҰРАН *Бір елдің мемлекеттігінің нышаны ретінде қабылданған салтанатты жыр; елұран.*

ӘНШЕЙІН 1. *Жайдан-жай, құр бекер.* 2. *Тегін, бос, ақысыз.* ◊ **Әншейін сөз** – *ойланбай айта салынған бос сөз.*

ӘНШЕЙІНДЕ *Жайшылықта, жай уақытта.*

ӘНШІ *Әнді жақсы орындай білетін адам.* ◊ **Әнші құс** – *сайрағыш құс, жылқысы.*

ӘНШІЛ *Ән сүйгіш, әнді жақсы көретін.*

ӘНШІЛІК *Ән орындау шеберлігі.*

ӘҢГЕЛЕК *Домалақ келген, ерте пісетін кішкене сары қауын.* ◊ **Әңгелек ойнатты** – *шыр көбелек айналдырды, үйіріп әкетті.*

ӘҢГҮДІК *Даңғой, есерсоқ, әулекі.*

ӘҢГҮДІКТЕН *Даңғойлану, әулекілену.*

ӘҢГҮДІКТЕУ *Даңғойлау, әулекілеу.*

ӘҢГІ I *Есектің, құланның айғыры.*

ӘҢГІ II *Есерсоқ, жындыкеш, әңгүдік.*

ӘҢГІЛЕН *Әулекілену, есерсоқтану.*

ӘҢГІЛЕУ *Есерсоқтау, жындыкештеу.*

ӘҢГІЛІК 1. *Әңгі есекке тән қылық.* 2. ***Ауысп.*** *Әулекілік, даңғойлық.*

ӘҢГІМЕ 1. ***әдеб.*** *Қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма.* 2. *Белгілі бір оқиғаны ауызша айтып беру.* 3. *Мәселе, сөз.* ◊ **Әңгіме етті [болды]** – *сөз қылды.* **Әңгіме соқты [шертті]** – *көп әңгімелесті, ұзақ сөйлесті.* **Әңгіменің майын тамызды** – *әңгімені*

бабына келтіріп айтты, жұртты қызықтырды.

ӘҢГІМЕ-ДҮКЕН ***экспр.*** *Қызды-қызды сөз, кең отырыс.* ◊ **Әңгіме-дүкен құрды** — *шүйіркелесті, сыр шертті.*

ӘҢГІМЕЛЕ *Бір нәрсе жайлы жүйелеп баяндау, айту.*

ӘҢГІМЕЛЕС 1. ***орт. етіс*** *Әңгімелес.* 2. *Пікір алысу, сырласу, сөйлесу.*

ӘҢГІМЕЛЕСУ *Оқу орындарында емтихан қабылдаудың бір түрі.*

ӘҢГІМЕШІ 1. *Әңгіме айтуға шебер адам.* 2. ***әдеб.*** *Әңгіме жазатын жазушы.*

ӘҢГІМЕШІЛ *Әңгіме айтқыш, әңгімені жақсы көретін.*

ӘҢГІМЕШІЛДІК *Әңгіме құмарлық, әңгіме айтқыштық.*

ӘҢГІР I *Айқай-ұйқай, дау-дамай.*

ӘҢГІР II ***қарап.*** *Мәңгіру, не істерін білмеу.*

ӘҢГІРЛЕ *Даурығу, даңғазалану, әулекілену.*

ӘҢГІРТАЯҚ 1. *Таяқпен ойнайтын ойын.* 2. ***Ауысп.*** *Қоқан-лоқы, зобалаң.* ◊ **Әңгіртаяқ ойнатты** — *жұрттың есін шығарып тықсырды, әлекке салды.*

ӘҢКІЛДЕ *Аңқылдау, еңкілдеу.*

ӘҢКІ-ТӘҢКІ *Мең-зең, быж-тыж.* ◊ **Әңкі-тәңкісін шығарды** — *ойран-топыр етті, есін шығарды.*

ӘП *Ап деп ұмтылғанда айтылады.* ◊ **Әп, бәрекелді** — *жарайсың, дұрыс болған.* **Әп, бәлем** — *өзіне де сол керек д. м.* **Әп дегенде** — *шу дегенде, басында.* **Әп дегеннен** — *шу дегеннен, басынан.* **Әп дегенше** — *лезде, теп-тез.*

ӘП-ӘДЕМІ *Көп-көрім, жап-жақсы.*

ӘП-ӘЗІР *Дап-дайын, әзірме-әзір.*

ӘП-ӘСЕМ *Әп-әдемі, тәп-тәуір.*

ӘПЕНДІ *Ойына не келсе, соны айта салатын, алаңғасар.*

ӘПЕНДІЛЕУ *Алаңғасарлау, қожанасырлау.*

ӘПЕНДІЛІК *Қожанасырлық, аңғалдық.*

ӘПЕР *Бір нәрсені алып қолына тигізу, ұстату.*

ӘПЕРБАҚАН ***экспр.*** *Урда-жық, есерсоқ, сотқар.*

ӘПЕРБАҚАНДАУ *Жындыкештеу, сотқарлау.*

ӘПЕРБАҚАНДЫҚ *Есерсоқтық, сотқарлық.*

ӘПКЕ *Емшектес, туыстас қыздардың үлкені; апа.*

ӘПСАНА ***әдеб.*** *Аңыз әңгіме.*

ӘП-СӘТТЕ *Қолма-қол, лезде, тез арада.*

ӘПТЕР-ТӘПТЕР *Әлем-тапырық, үйқы-түйқы.*

ӘПТИЕК ***көне*** *Әліпби мен абжадтан кейінгі діни оқу, Құранның жетіден бір бөлегі.*

ӘПСҮҢ ***діни*** *Дұға, зікір, аят.*

ӘПТІ *Шама-шарық, күш-қуат.*

ӘПТІК *Арын, аптық, екпін.*

ӘР I *Ажар, көрік, шырай.*

ӘР II *Жеке-жеке, әрбір.* □ **Әр алуан** — *түрлі-түрлі, түрлі-түсті.* **Әржақты [тарапты]** — *көп нәрсені білетін білімдар, әмбебап.* **Әрқилы** — *басқа-басқа, қилы-қилы.* **Әр сапқа жүгіртті** — *әркім әртүрлі жорыды.* **Әртарап** — *жан-жақ.* **Әртекті** — *тегі бірдей емес.* **Әртүрлі** — *бір-біріне ұқсамайтын, қилы-қилы.* **Әр уақытта** — *әрқашан, әр кез, әрдайым.*

ӘРӘЙНЕ *Арай-арай, сабыр, шыдам.*

ӘРБІР *Әрқайсысы, кез келген.*

ӘРБІРЕУ *Кім көрінген, әркім.*

ӘРДАЙЫМ *Әрқашан, ылғи да, үнемі.*

ӘРЕДІК *Анда-санда, кейде, сирек.*

ӘРЕКЕ *Бүлік, лаң.*

ӘРЕКЕТ 1. *Бір нәрсені істеу, іс-қимыл.* 2. ***Ауысп.*** *Қырсық, лаң, пәле.* ◊ **Әрекет жасады [етті, қылды]** — *әрекеттенді, талаптанды.*

ӘРЕКЕТСІЗ *Қимыл-қозғалыссыз, бейқам.*

ӘРЕКЕТСІЗДІК *Қамсыздық, талапсыздық.*

ӘРЕКЕТТЕН *Қам жасау, тырысу.*

ӘРЕКЕТТЕС ***хим.*** *Өзара араласу, алмасу, әсер ету.*

ӘРЕКЕТТІ *Әрекеті бар, әрекет жасайтын.*

ӘРЕКЕТТІК *Әрекетке тән, әрекетке қатысты.*

ӘРЕКЕТТІЛІК *Әрекет етушілік, әрекетшілдік.*

ӘРЕКЕТШІЛ *Әрекет жасағыш, тынымсыз.*

ӘРЕКЕТШІЛІК *Әрекет етушілік, тынымсыздық.*

ӘРЕҢ *Зордың күшімен, зорға, әзер.* ◊ **Әреңдегенде** — *өліп-талып, әзер-әзер.*

ӘРЕҢ-ӘРЕҢ 1. *Қалт-құлт, зордың күшімен.* 2. *Өліп-талып, зорға-зорға.*

ӘРЕҢДЕП *Әрең дегенде, зордан.*

ӘРЕҢ-ПӘРЕҢ *Әрең дегенде: өйтіп-бүйтіп.*

ӘРИНЕ *Ия, солай, әлбетте.*

ӘРКЕЗ *Әрқашан, әрдайым.*

ӘРКЕЛКІ *Түрлі-түрлі, әр қилы.*

ӘРКЕЛКІЛІК *Біртектес болушылық, әртүрлілік.*

ӘРКІМ *Кез келген кісі, кім көрінген.*

ӘРҚАЙДА *Әр жерде, әрқашан..*

ӘРҚАЙДАН *Жер-жерден, алыстан.*

ӘРҚАЙСЫ *Әрбіреуі, жеке-жеке.*

ӘРҚАЛАЙ *Әрқилы, түрлі-түрлі.*

ӘРҚАШАН *Қашанда, әрдайым, үнемі.*

ӘРЛЕ 1. *Заттың сынын келтіріп әдемілеу, әшекейлеу.* 2. ***Ауысп.*** *Әсірелеу, көркемдеу.*

ӘРЛЕҢ *Құлпыру, түрлену.*

ӘРЛЕУШІ *Үйдің іші-сыртын белгілі бір түрге келтіруші маман, құрылыс жұмысшысы.*

ӘРЛІ 1. *Ажарлы, өңді.* 2. *Сұлу, әдемі, көркем.*

ӘРЛІ-БЕРЛІ *Ерсілі-қарсылы, олай-былай.*

ӘРЛІЛІК *Әдемілік, сымбаттылық.*

ӘРЛІРЕК *Көркемірек, әдемірек.*

ӘРМЕН 1. *Әрі таман, әрі қарай.* 2. *Жоғал, аулақ.*

ӘРМЕН-БЕРМЕН *Бірде олай, бірде былай.*

ӘРМЕНДЕ *Алыстай беру, қашықтау.*

ӘРМЕНІРЕК *Аулақтау, қашығырақ.*

ӘРНЕ *Оны-мұны, көрінген нәрсе.*

ӘРНЕМЕ *Ананы-мынаны, оны-мұны.*

ӘРНЕШІК *Әрдайым, әр уақыт.*

ӘРПІ-ТӘРПІ *Орташа, қатардағы.*

ӘРСІЗ *Көріксіз, ажарсыз.*

ӘРТІН *Алыстан, әріден.*

ӘРТІНДЕ *Бұрынырақта, ертеде.*

ӘРТІНІРЕК *Алыстау, қашығырақ.*

ӘРТІС *Көркем өнер шығармаларын сахнада орындаушы, өнерлі адам; артист.*

ӘРІ I 1. *Әрмен қарай, әрі таман.* 2. *Алыстан, ертеден.* ◊ **Әрі итеріп, бері жығып** — *бірде олай, бірде былай.* **Әрі кетсе** — *көп болса, азар болса.* **Әрі құла десең, бері құлайды** — *бірбет, қисық, қыңыр.* **Әрі ойлап, бері ойлап** — *ойланып-толғанып, қорыта келе.* **Әрі тарт та, бері тарт** — *біріне бірі сілтеді.*

ӘРІ II *Сонымен бірге, әм.*

ӘРІ-БЕРІ 1. *Олайда-былайда, ерсілі-қарсылы.* 2. *Біраз, бірсыпыра.* ◊ **Әрі-беріден соң** — а) *олай болса, керек десең;* ә) *біраз уақыт өткен соң, аздан кейін.*

ӘРІДЕ *Ілгері кезде, ертеде.*

ӘРІЛЕ *Алыстап кету, ұзау.*

ӘРІЛЕУ *Әрірек, әр таман.*

ӘРІП *Дыбыстың жазылудағы таңбасы.* ◊ **Әріп таныды** — *сауатын ашты.*

ӘРІПТЕС 1. *Бірге жұмыс істейтін, мамандығы бір адам.* 2. *Спорт ойынындағы қарсылас жақ.*

ӘРІПТЕСТІК *Мамандас, қаламдас болушылық.*

ӘРІПШІЛДІК *Істің сыртын көріп, оның ішіне терең бойламаушылық; формалист.*

ӘРІРЕК *Әрі таман, әрі қарай.*

ӘРІРЕКТЕ *Бұрын, баяғыда.*

ӘРІ-СӘРІ *Екіойлы, селсоқ.*

ӘРІ-СӘРІЛІК *Екіойлылық, селқостық.*

ӘСЕЛ *Ара балы.*

ӘСЕМ *Көз тартатындай, әдемі, көркем.*

ӘСЕМДЕ *Сәнін келтіру, әдемілеу.*

ӘСЕМДІК *Әдемілік, көріктілік.*

ӘСЕМПАЗ 1. *Сәнқой, әуесқой.* 2. *Көрсеқызар, қызыққыш.*

ӘСЕМПАЗДАН *Сәнқойлану, сәндену.*

ӘСЕМПАЗДЫҚ *Сәнқойлық, әуесқойлық.*

ӘСЕМСІ *Кербездену, сәнденгенсу.*

ӘСЕМІРЕК *Әсемдеу, көркемдеу.*

ӘСЕР *Қимыл-әрекеттің немесе бір істің адамға тигізетін ықпалы.* ◊ **Әсер етті** – а) *ықпалын тигізді;* ә) *ойландырды, толғандырды.*

ӘСЕРЛЕ *Мәнерлеп әңгімелеу, көркемдеп айту.*

ӘСЕРЛЕН *Алып ұшу, леміру.*

ӘСЕРЛЕНГІШ *Сезімтал, сергек.*

ӘСЕРЛЕСУ *Екі нәрсенің бір-біріне ықпал етуі.*

ӘСЕРЛІ *Тартымды, қызықты.*

ӘСЕРЛІЛІК *Тартымдылық, ықпалдылық.*

ӘСЕРЛІРЕК *Тартымдылау, өтімдірек.*

ӘСЕРСІЗ *Тартымсыз, қызықсыз.*

ӘСЕРСІЗДЕУ *Тартымсыздау, қызықсыздау.*

ӘСЕРШІЛ *Сезімтал, сезгіш, әсерленгіш.*

ӘСЕРШІЛДІК *Сезімге берілгіштік, сезінгіштік.*

ӘСЕТ ***көне*** *Шілде айының арабша аты.*

ӘСКЕР 1. *Мемлекеттің қарулы күші, армия.* 2. *Қатардағы жауынгер, сарбаз.*

ӘСКЕРБАСЫ *Үлкен әскери құрамалардың бастығы.*

ӘСКЕРИ *Әскер қызметіне қатысты, соған тән.*

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ: әскери-патриоттық тәрбие – *әскери міндетті атқарып жүргендерге отанды сүю рухындағы тәрбие беру ісі.*

ӘСКЕРЛІК *Әскер өміріне лайық, соған қатысты.*

ӘСКЕРІШЕ *Әскерге ұқсап, әскер тәрізді.*

ӘСПЕНСІ 1. *Мардымсу, кісімсіну.* 2. ***Ауысп.*** *Өткір, уытты, әсерлі.* 3. ***Ауысп.*** *Тауқымет, ауыртпалық.* 4. ***Ауысп.*** *Дүрдараз, қырбай, өш.* ◊ **Ащы су** – *арақ, ішімдік.*

ӘСПЕТ *Ізет, ілтипат.*

ӘСПЕТТЕ *Қастерлеу, кадірлеу.*

ӘСПЕТТІ *Ізетті, қасиетті.*

ӘСТЕ 1. *Сірә, ешбір.* 2. *Еш уақытта, ешқашан.*

ӘСТЕ-ӘСТЕ *Сөз айтты, бітістірді, тіл табыстырды. Жайлап, біртіндеп, ақырындап.*

ӘСТІЛІ *Еш уақыт, ешқашан.*

ӘСІЛ *Тегінде, задында.*

ӘСІП *Жаңа сойылған малдың жылы-жұмсағына күріш қосып, ішекке салып пісірілген тамақ.*

ӘСІРЕ *Шектен тыс, мөлшерден артық.* ◊ **Әсіреқызыл** – а) *шымқай қызыл түс;* ә) *жалған бояма, жасанды.*

ӘСІРЕЛЕ *Асырып айту, артықша бағалау.*

ӘСІРЕЛЕУ ***әдеб.*** *Көркем шығармада құбылысты белгілі шектен асыра бейнелеу тәсілі.*

ӘСІРЕСЕ *Өте-мөте, соншама.*

ӘТЕК *Аталық бездің қабілетсіздігі; "белі жоқ" еркек.*

ӘТЕШ *Тауықтың еркегі, жас қораз.*

ӘТКЕНШЕК *Ермек етіп тербелу үшін жасалған балалар ойыны.*

ӘТТЕГЕН-АЙ 1. *Бір істің орындалмағандығына қатты өкініш білдіру ишараты.* 2. ***Ауысп.*** *Қапылыста кеткен өкінішті іс.*

ӘТТЕҢ *Арман-тілекті, өкінішті білдіретін сөз.* ◊ **Әттең дүние!** – *О, шіркін, шіркін-ай, деп армандау, көксеу.*

ӘТІР *Жұпар иісті иіссу.*

ӘТІРШӨП *Түп-түп болып өсетін кішірек боз жапырақты өсімдік.*

ӘУ 1. *Біреудің шақырғанына берілетін жауап ретіндегі ишарат сөз.* 2. *Біреудің назарын өзіне аудару үшін айтылатын ишарат сөз.* ◊ **Әу баста [дегенде]** – *әуелгі кезде, ең алғаш.* **"Әу" деп көрмеген** – *ән салмаған, ән айтпаған.* **Әу десті** – *бірлесті, уағдаласты, ауыз жаласты.*

ӘУДЕМ: әудем жер – *көзкөрім жер, жақын ара.*

ӘУДЕМДЕ *Әп-сәтте, тез арада.*

ӘУЕ *Жер үстін қоршаған көк аспан.* □ **Әуе кемесі** – *жолаушылар таситын ұшақ.* **Әуе толқыны** – *физикалық жағдайдағы тербелгіш дыбыстық қозғалыстар.* ◊ **Әуе айналды** – *күн күйіп тұрған шақ, қапырық.* **Әуе айналып жерге түседі** – *күн қатты ысып кетеді.*

ӘУЕАЙЛАҚ *Ұшақтар ұшатын және қонатын орын.*

ӘУЕЖАЙ *Ұшақпен ұшатын жолаушылар аялдайтын жай.*

ӘУЕЗ *Жағымды үн, ұнамды дауыс.*

ӘУЕЗДІ *Әсем үнді, сазды.*

ӘУЕЗДІЛІК *Әсем үнділік, ырғақтылық.*

ӘУЕЗЕ *Әдет, машық, дақпырт.*

ӘУЕЙ *Әумесер, дәлдуң, әулекі.*

ӘУЕЙЛЕН *Әулекілену, әумесерлену.*

ӘУЕЙІ 1. *Еркек пен әйелдің жасырын қарым-қатынасы.* 2. *Желікпе, әулекі.*

ӘУЕЙІЛЕС *Жақындасу, көңілдес болу.*

ӘУЕЙІЛІК *Көңілдестік, жақындастық.*

ӘУЕЛ *Алғаш, басында.* ◊ **Әуел баста [бастан]** – *о бастан, әуелден.*

ӘУЕЛГІ *Бастапқы, бірінші, алғашқы.*

ӘУЕЛГІДЕ *Бастапқыда, алғашқыда.*

ӘУЕЛГІДЕЙ *Бұрынғыдай, алғашқыдай.*

ӘУЕЛДЕ *Басында, әдепкіде.*

ӘУЕЛЕ 1. *Биіктеп өсу, бойлау.* 2. *Көкке өрлеу, самғау.* 3. ***Ауысп.*** *Шарықтау, асқақтау.*

ӘУЕЛЕН *Еліру, еліктеу.*

ӘУЕЛІ 1. *Басында, әуелгі кезде.* 2. *Бәрінен бұрын, алдымен.* 3. *Керек десе, тіптен.*

ӘУЕЛІНДЕ *Бастапқы кезде, әдепкіде.*

ӘУЕН *Өлеңнің, әннің сазы.* ◊ **Әуенге басты** – *ескі әдетін бастады.* **Әуенін әуендеді** – *біреудің жоғын жоқтады, жақтас болды.*

ӘУЕНДЕ *Ырғағына келтіріп ән салу.*

ӘУЕНДЕС 1. *Бір-біріне ұқсас, үндес.* 2. *Үйлесу, үндесу.*

ӘУЕНДЕСТІК *Үйлесімдік, үндестік.*

ӘУЕНДІ *Әуезді, сазды.*

ӘУЕНДІЛІК *Өлең мен ән ырғағындағы үйлесімділік, үндестік.*

ӘУЕС *Бір нәрсеге үйір, құмар, құштар.* □ **Әуес ас** – *жеңсік ас.* ◊ **Әуес болды** – *қызығып құмартты.* **Әуес көрді** – *қызықты, елікті, құмартты.*

ӘУЕСҚОЙ 1. *Әрнәрсегеқұмартқыш, еліккіш, қызыққыш.* 2. *Белгілі бір іске, мамандыққа икем, бейім.*

ӘУЕСҚОЙЛАН *Бір нәрсеге еліктеу, елігу.*

ӘУЕСҚОЙЛЫҚ *Бір нәрсеге соншама құмартып, соңына түсушілік.*

ӘУЕСТЕН *Бір нәрсеге қызығып құмарту, соңына түсу.*

ӘУЕСТЕНУШІ *Бір нәрсеге құмартып, соңына түскен адам.*

ӘУЕСТЕНУШІЛІК *Бір нәрсемен қатты шұғылданушылық.*

ӘУЕСТЕУ *Бейімдеу, үйірсек.*

ӘУЕСТІК *Бір нәрсеге беріле елігетін құмарлық.*

ӘУКЕ 1. *Сиыр малының мойын астындағы салбыраған бұғақ терісі.* 2. ***Ауысп.*** *Семіз адамның бұғағы.* ◊ **Әукесі түсті** – *ұнжырғасы түсті, жүдеп-жадады.* **Әукесі салбырады** – *ұнжырғасы түсті, кетеуі кетті.*

ӘУКЕЛІ *Әукесі салбыраған, әукесі үлкен.*

ӘУКІМ-ӘУКІМ *Сиыр малын шақырғанда айтылатын ишарат сөз.*

ӘУЛЕКІ *Даңғаза, есерсоқ.*

ӘУЛЕКІЛЕН *Еліріп сөйлеу, даңғазалану.*

ӘУЛЕКІЛЕУ *Есерсоқтау, даңғазалау.*

ӘУЛЕКІЛІК *Даңғазалық, есерсоқтық.*

ӘУЛЕТ I *Үрім-бұтақ, өрен-жаран.*

ӘУЛЕТ II *Бір патша не хан әулетінің тұқым қуалай бірінен соң бірінің патша, хан болуы.*

ӘУЛЕТТЕС *Туыстас, аталас.*

ӘУЛЕТТІ *Жанды-жақты, өрен-жараны.*

ӘУЛЕТТІК *Әулетке тән ізгі қасиет.*

ӘУЛИЕ I ***діни*** 1. *Құдай жолын қуып, дін уағыздаушы адам.* 2. *Айтқаны келетін сәуегей адам.* 3. ***Ауысп.*** *Қадірлі, қасиетті.* 4. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің ең жақсысы, тәуірі, қымбаты.* ◊ **Әулие тұтты** — *қадірлеп-қастерледі, бас иді.* **Әулиеге түнеді** ***этн.*** —*жақсы тілеу тілеп, әулиеге табынды.*

ӘУЛИЕ II ***көне*** *Шешек ауруының халықтық аты.*

ӘУЛИЕ-ӘНБИЕ ***діни*** *Барлық қасиетті ардақтар.*

ӘУЛИЕЛІК *Көріпкелі бар, сәуегейлік.*

ӘУЛИЕСІ *Құдіретсіну, кісімсу.*

ӘУЛІК *Даурығу, дуылдау, шуылдау.*

ӘУЛІКПЕ *Даурықпа, бөспе, даңғаза.*

ӘУМЕСЕР *Жындысүрей, есерсоқ.*

ӘУМЕСЕРЛЕН *Есерсоқтану, жындану.*

ӘУМЕСЕРЛЕУ *Жындыкештеу, есерсоқтау.*

ӘУМЕСЕРЛІК *Жындысүрейлік, есерсоқтық.*

ӘУП *Бір нәрсені көтергенде айтылатын ишарат сөз.* ◊ **Әуп етті** — *баланы қолына алып көтерді.*

ӘУПІЛ *Құстың, иттің әуп, әуп еткен даусы.*

ӘУПІЛДЕ *Әлсін-әлсін дауыс шығару, үру.*

ӘУПІЛДЕК *Қамысты жерлерде мекендейтін су құсы.*

ӘУПІРІМ *Жан қиналғанда айтылатын ишарат сөз.*

ӘУПІРІМДЕП *Өліп-талып, зордың күшімен.*

ӘУРЕ *Бос машақат, нәтижесіз іс.* ◊ **Әуре болды [қылды, етті]** — *Әлекке түсті, машақаттанды.* **Әуреге салды [түсіру]** — *сергелдеңге түсті, арпалысты.*

ӘУРЕЛЕ *Тынышын алу, әуреге салу.*

ӘУРЕ-САРСАҢ *Азапқа түсушілік, әлек болушылық.* ◊ **Әуре-сарсаңға салды [түсірді]** — *бос сандалды, әлекке түсті.*

ӘУРЕШІЛІК *Босқа жан қинаушылық, нәтижесіз іс істеушілік.*

ӘУСЕЛЕ *Шама-шарық, әл-дәрмен, мұрша.* ◊ **Әуселесін көрді [байқады]** — *қолынан не келетіндігін білді.*

ӘУІЗ *Шомылуға арналған суы бар қоршау, хауыз; бассейн.*

ӘУІРІ: әуірі басылмады — *көңілдің желігі тарқамады.*

ӘУІТ *Су сақтайтын жерден қазылған шұқыр.*

ӘШЕКЕЙ *Әдемі ою-өрнек, нақыс.*

ӘШЕКЕЙЛЕ *Оюлап, өрнектеп безендіру.*

ӘШЕКЕЙЛІ *Ою-өрнекпен безендірілген, әшекей салынған.*

ӘШЕКЕЙСІЗ *Әшекейі жоқ, әшекей салынбаған.*

ӘШКЕРЕ *Жария болған, құпиясы ашылған.* ◊ **Әшкере болды [қылды, етті]** — *сыры ашылып әйгіленді, әшкереленді.*

ӘШКЕРЕЛЕ *Жұртқа әйгілеп, құпиясын ашу, мәлімдеу.*

ӘШМҰШКЕ *Ширектің жартысы.*

Б

БА *Ма, ме, па, пе сұраулық шылауының фонетикалық варианты.*

БАБА 1. *Арғы ата, ұлы ата.* 2. *Қарт адамды қадір тұтып, құрметтеу мағынасында айтылатын ишарат сөз.* **Баба түкті шашты әзіз *миф.*** – *қауіп-қатерге душар болған адамды қолдап, көмек беруші пір, әулие.*

БАБАЙ *эмоц.* 1. *Баба сөзінің құрметтеу, сыйлау мағынасында қолданылған құрметтеу түрі.* 2. *Жас балаларды қорқытқанда айтылатын сөз.*

БАБАЛА 1. *Баба, баба деп айту. Бабаға сыйыну, табыну.*

БАБАЛЫҚ *Бабаға тән ізгілікті қасиет.*

БАБАР: бабар қылмады *жерг.* – *елемеді, ескермеді.*

БАБЫНДА *Нағыз кемеліне келген дер шағында.*

БАБЫР *Мысық тұқымдастарына жататын күшті жыртқыш аң.*

БАҒА 1. *Заттың құны, нарқы.* 2. ***пед.*** *Оқушының білім дәрежесін айқындайтын бес балдық жүйе.* 3. ***Ауысп.*** *Қадір-қасиет.* **Баға жетпес [жоқ]** – *өте құнды, теңдесі жоқ.* **Бағасы қалмады [түсті]** – *бағасы төмендеді, сәні кетті.*

БАҒАЛА 1. *Белгілі бір затқа, нәрсеге қойылатын нарық.* 2. *Оқушының білген білімін тиісті балмен жүйелеу.* 3. ***Ауысп.*** *Қадірлеу, құрметтеу.*

БАҒАЛАС *Бағасы теңдес, бағасы бірдей.*

БАҒАЛЫ 1. *Бағасы қымбат, нарқы жоғары.* 2. ***Ауысп.*** *Өте маңызды, құнды.*

БАҒАМДА *Ой елегінен өткізу, пайымдау.*

БАҒАМДЫ *Пайымды, салиқалы.*

БАҒАНА I *көне* 1. *Басы аша түрінде келетін үйдің тіреуі.* 2. *Жерге тікесінен қадаған жұмыр діңгек, жуандау бөрене.*

БАҒАНА II *Бірталай уақыт бұрын.*

БАҒАНАҒЫ *Бұдан біраз бұрынғы, манағы.*

БАҒАНАДАН *Манадан бері, көптен.*

БАҒАР: бағар көбейсін *тілек.* – *мал басы өссін, молайсын.*

БАҒАСЫЗ 1. *Бағасы жоқ, бағасы қойылмаған.* 2. ***Ауысп.*** *Құнсыз, татымсыз.*

БАҒАСЫЗДЫҚ 1. *Бағасының жоқтығы.* 2. *Ақшаның құнсыздығы.*

БАҒБАН *Бау-бақшаны күтуші адам.*

БАҒБАНШЫЛЫҚ *Бағбандық кәсіп.*

БАҒДАР 1. *Беталыс, бағыт.* 2. ***мат.*** *Геометриялық негізгі ұғым.*

БАҒДАРЛА 1. *Белгілі бағытты айқындау, анықтау.* 2. ***Ауысп.*** *Болжам жасау, болжау.*

БАҒДАРЛАҒЫШ *Бағытын тез анықтай білетін.*

БАҒДАРЛАМА *Бағыт-бағдар, жоба, жоспар; программа.*

БАҒДАРЛАУ: бағдарлау спорты – *қойылған белгілер бойынша орман ішінен тез жүгіріп өтетін спорт ойыны.*

БАҒДАРЛЫ 1. *Бағдары бар.* 2. *Белгілі бір мамандыққа қарай бағытталған.*

БАҒДАРНАМА *Жол бағытын көрсететін белгі.*

БАҒДАРСЫЗ *Бағдары жоқ; белгісіз.*

БАҒДАРСЫЗДЫҚ *Бағдары жоқтық.*

БАҒДАРШАМ *Көшелер мен жол бойындағы қозғалысты реттеп тұратын түрлі-түсті сигналды шам.*

БАҒДАРШЫ 1. *Жол нұсқаушы.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге ақыл қосып, кеңес беруші.*

БАҒДАРШЫЛ *Бағдарлай білетін, бағдарлай алатын.*

БАҒЖАҢ: бағжаң етті — *көзі бақжаң ете қалды.*

БАҒЖАҢ-БАҒЖАҢ: бағжаң-бағжаң етті — *қайта-қайта бағжаңдады.*

БАҒЖАҢДА *Бағжаң-бағжаң ету.*

БАҒЖИ *Көзі бақшиып тесірейе қарау.*

БАҒЗАМА *Жуылған кірден қалған сабынды су.*

БАҒЗЫ *Ежелгі, көне.* ◊ **Бағзы заман** — *ежелгі, ескі дәуір.*

БАҒЗЫ: Бағзы бір — *кейбір, қайсыбір;* **Бағзы біреу** — *кейбіреу.*

БАҒЛАН I 1. *Жетілген, семіз қозы; марқа.* 2. ***Ауысп.*** *Таңдаулы азамат, игі жақсы.*

БАҒЛАН II ***зоол.*** *Өзендер мен көлдерде балықты қорек ететін кішкентай құс.*

БАҒУЛЫ 1. *Бағып-қағулы, күтімі жақсы.* 2. ***Ауысп.*** *Күзетулі, аңдулы.*

БАҒУСЫЗ 1. *Бақташысы жоқ, бағылмаған.* 2. *Бетімен кеткен, тәлім-тәрбие көрмеген, қараусыз.*

БАҒУСЫЗ-ҚАҒУСЫЗ *Күтімі жоқ; қараусыз.*

БАҒЫ: бағы заман — *ертедегі, ежелгі заман.*

БАҒЫМ *Бағуға, күтімге алынған мал.*

БАҒЫН 1. *Дегеніне мойын ұсыну, көну.* 2. *Тәуелді болу, бас ию, табыну.*

БАҒЫНУШЫ 1. *Біреудің айтқанына көнуші, мойын ұсынушы.* 2. *Өз еркі жоқ, біреуге тәуелді, бағынышты.*

БАҒЫНУШЫЛЫҚ *Бағынышты болушылық, мойын ұсынушылық.*

БАҒЫНЫҢҚЫ *Тәуелді, бағынышты.* □ **Бағыныңқы сөйлем** ***грамм.*** — *құрмалас сөйлемдердегі басыңқы сөйлемге бағынып тұрған сөйлем.*

БАҒЫНЫШ *Біреуге тәуелді болушылық.*

БАҒЫНЫШТЫ 1. *Біреуге бағынатын (адам).* 2. *Бас еркі жоқ, тәуелді (ел).*

БАҒЫНЫШТЫЛЫҚ *Тәуелді болушылық, бағынғандық.*

БАҒЫП-КҮТ 1. *Малды күту, қарау.* 2. *Адамды асырап-сақтау, қамқорлыққа алу.*

БАҒЫП-ҚАҚ 1. *Малды күту, қарау, бағып-күту.* 2. *Адамды асырау, тәрбиелеу, қамқорлыққа алу.*

БАҒЫРЛАЙ ***бот.*** *Құрақ тәрізді аласа шөп.*

БАҒЫТ 1. *Беталыс, бағдар.* 2. ***Ауыс.*** *Ұстанған жолы, бағыт, бағдар.* ◊ **Бағыт берді [сілтеді]** — *жол көрсетті, жөнге салды.*

БАҒЫТ-БАҒДАР *Белгілі бір істі орындаудағы бағыт, беталыс.*

БАҒЫТТА *Бір нәрсені белгілі бір жаққа қарай бұру, бағыт беру.*

БАҒЫТТАС *Алған беталысы бір, бағдарлас.*

БАҒЫТТАСТЫҚ *Бағыты бірлік, бағыты ортақтастық, мақсаттастық.*

БАҒЫТТАУШЫ 1. *Бағыт сілтеуші, бағыт көрсетуші.* 2. *Біреуді дұрыс жолға жетелеуші.*

БАҒЫШ: бағыш етті — *арнады, бағыштады.*

БАҒЫШТА *Бағыш ету, арнау.*

БАҒЫШТЫ *Бір нәрсеге бағыштalған, арналған.*

БАДА I *Топтап бағылатын жекеменшіктің сиыр малы: табын, пада.*

БАДА II: **бада бол** — *мүлдем құрып кет, жоқ бол.*

БАДА III *Мол, көп, шашылып-төгілген.*

БАДАЛ I *Тұтасып қалың өскен тоғайлы жер; бұта.*

БАДАЛ II *Қозғалмай, бір орында қақшыып қалу.*

БАДАЛҒЫР ***қарғ.*** *Омалып бір жерден шықпағыр!*

БАДАМ ***бот.*** *Раушангүлділер тұқымдасына жататын жеміс ағашы, сол ағаштың жемісі.* ◊ **Бадам қабақ** — *дөңес қабақ.*

БАДАМША ***бот.*** *Жемісі де, өзі де кішірек бадам.* □ **Бадамша без** ***анат.*** — *көмекей безі.*

БАДАНА I ***көне*** *Батырлар соғыста киетін, оқ өтпейтін болат сауыт.*

БАДАНА II *Жерге түйін тастап өсетін өсімдік және сол өсімдіктің түйнегі.* □ **Бадана көз** — *бадырайған үлкен көз.*

БАДАНАДАЙ *Ірі, толық дән.*

БАДАНАДАЙ-БАДАНАДАЙ *Ірі-ірі, үлкен-үлкен.*

БАДАНАЛЫ *Түйін тастап өсетін, пиязшықты.*

БАДИЯН ***бот.*** 1. *Өңдеуден кейін азықтық және басқа да қажеттерге қолданатын өсімдік.* 2. *Бадиян өсімдігінен алынған тамақтық зат (ұнтақ).*

БАДЫРАЙ 1. *Көзі үлкею, адыраю.* 2. *Ашық-айқын көріну, баттию.*

БАДЫРАҚ *Қуырылып, қауызынан тазартылған жүгері не арпа.*

БАДЫРАҚ: бадырақ көз — *бадырайған үлкен бадана көз.*

БАДЫРАҢДА *Бадыраң-бадыраң ету.*

БАЖ ***экон.*** *Мемлекеттер аралығындағы экспорт үшін алынатын ақшалай салық.*

БАЖ: баж етті — *кенеттен бақырып жіберді, бажылдады.*

БАЖА *Ағайынды не туыстас кісілердің қыздарына үйленген ер адамдар.*

БАЖ-БАЖ: баж-баж етті — а) *бажылдап, шырылдасып ұрысты;* ә) *шабаланып үрді.*

БАЖАЙЛА 1. *Аңғару, байқау, байыптау.* 2. *Тәптіштеп, егжей-тегжейіне жету.*

БАЖАЛАҚ: бажалақ қақты — *бажалақтады, дегбірсізденді.*

БАЖАЛАҚТА *Баж-баж ету, бажылдау.*

БАЖАЛАҢ: бажалаң қақты — *бажалаңдады, бажылдады.*

БАЖАЛЫҚ *Бажаға лайықты, соған тән қасиет.*

БАЖАҢ: бажаң қақты — *күйіп-пісті, быжылдады.*

БАЖ-БҰЖ *Айқай-шу, даң-дұң.* ◊ **Баж-бұж етті** — *бажылдады, быжылдады.*

БАЖГЕР *Баж салығын алатын адам.*

БАЖЫХАНА *Баж салығын алып тұратын мекеме.*

БАЖЫЛ *Бажылдаған үн, қатты айғай.*

БАЖЫЛДА 1. *Баж-баж ету, бажалақ қағу.* 2. *Бажылдап, быжылдап қайнау.*

БАЖЫЛДАҚ *Бажылдағыш; ұрысқақ.*

БАЖЫЛДАУЫҚ *Бажылдап қалған, баж-бұж етіп ұрыса беретін.*

БАЖЫРАЙ 1. *Бақырайып, бағжия қарау.* 2. ***сөйл.*** *Бадырайып оғаш көріну.*

БАЗ 1. *Малға арнап салынған үлкен қора.* 2. ***қ.*** *База.*

БАЗ: баз біреу — *кейбіреу, қайсыбіреу.*

БАЗА 1. *Әртүрлі заттардың қоймасы.* 2. *Жиналып қалған қордаланған белгілі бір заттар.* 3. ***Ауысп.*** *Негіз, тірек.*

БАЗАЛЫҚ *База болармақ.*

БАЗАЛЬТ *Жанартаудан шыққан тау жынысы.*

БАЗАР 1. *Өндіріс өнімдерін сату, сатып алу процесін жүзеге асыратын еркін сауда-саттық орны.* 2. ***Ауысп.*** *У-шу, азан-қазан, қызық, думан.* ◊ **Базар жасады** — *азан-қазан қылды.* **Базары тарқады** — *қызығы кетті, жастығы бітті.*

БАЗАРЛА 1. *Керек-жарақты сатып алу, сауда жасау.* 2. *Көтеріңкі бағамен*

саудалау, бұлдай білу. 3. ***Ауысп.*** *Өмірді қызықты өткізу.*

БАЗАРЛЫ 1. *Базары бар.* 2. ***Ауысп.*** *Құнды, өтімді.* 3. ***Ауысп.*** *Қызық-думанға толы.* ◊ **Базарлы болды** — *нарқы жоғары, пұлды болды.*

БАЗАРЛЫҚ *Қалаға базарлап кеткен адамдардың үйіне, ауыл адамдарына әкелетін сыйлығы.*

БАЗАРШЫ *Базарға барушы, базардан керек-жарағын алушы, базарлаушы.*

БАЗАРШЫЛ *Базарға барып сауда жасау.*

БАЗДАН *Иісі шығып, бүліну, иістену, жінігу.*

БАЗИС ***экон.*** *Белгілі бір қоғамдық формацияға тән экономикалық құрылыс, өндірістік қатынастардың жиынтығы.*

БАЗИСТІК *Базиске тән.*

БАЗЫНА *Өзім деген адамға айтылатын наз, өкпе.*

БАЗЫНАЛАС *Әзілі, назы жарасқан.*

БАЗЫНАЛЫ *Өкпе, назы бар.*

БАЗЫНАЛЫҚ *Базына етушілік.*

БАЗЫНАШЫ *Базына айтушы.*

БАЗЫНАШЫЛ *Наз, базына айтқыш.*

БАЙ I 1. *Меншігінде қыруар малмүлкі бар ауқатты адам.* 2. *Өте көп, көл-көсір.* 3. *Жеткілікті, мол.* 4. *Тілге жүйрік, шешен.* ◊ **Бай баласы** — *бүкіл бай атаулы.* **Бай болған [-да] бақырып бола ма** — *болған кісі өзін даурығып көрсете ме.*

БАЙ II *Әйелдің некелескен қосағы, күйеуі.*

БАЙ-БАҒЛАН *Үстем тап өкілі, бай-манап.*

БАЙБАЙЛА *Безек қағып ойбайлау, байбаламға басу.*

БАЙБАЙШЫЛ *Жоқтан өзгеге күйіп-піскіп байбалам салғыш.*

БАЙБАЛАМ *Бір нәрсеге алдын ала әбігерленушілік.* ◊ **Байбалам салды** — *күйгелектенді, айғайға басты.*

БАЙБАЛАМДА *Бажалақтау, шаңшұң шығару.*

БАЙБАЛАМСЫЗ *Ың-шыңсыз, даудамайсыз.*

БАЙБАЛАМШЫЛ *Байбалам салғыш.*

БАЙБАТША *Бұла болып өскен бай баласы; мырза.*

БАЙ-БӘЙБІШЕ *Бай мен бәйбіше.*

БАЙҒАЗЫ *Жаңа киген киімге не бұйымға берілетін ырым, жоралғы.*

БАЙҒАЗЫЛЫҚ *Байғазы боларлық.*

БАЙҒҰС *Сорлы, бейшара, мүсәпір.*

БАЙҒҰСТЫҚ *Сорлы болушылық, мүсәпірлік.*

БАЙҒЫЗ *Үлкендігі қараторғайдан сәл ірірек, сұр түсті түн құсы.*

БАЙДАЛЫ *Желбіреген шашақты.*

БАЙДАНА ***бот.*** *Бұршақ тұқымдас, бал шырынды, мал азығы болатын құнарлы шөп; тасбеде.*

БАЙДАРКА ***спорт*** *Су спортына арналған жіңішке жеңіл қайық.*

БАЙДАРКАШЫ *Байдарканы жүргізуші, байдаркамен жарысушы.*

БАЙЖАНДЫ *Еркекқұмар, қызғаншақ.*

БАЙҚА 1. *Сезу, аңғару, көру.* 2. *Абайлау, сақтану.* 3. *Қадағалау, тексеру.*

БАЙҚАҒЫШ *Бір нәрсені аңғарғыш, абайлағыш.*

БАЙҚАҒЫШТЫҚ *Аңғарымды болушылық, көрегендік.*

БАЙҚАМПАЗ *Тез байқағыш, көреген, сезімтал.*

БАЙҚАМПАЗДЫҚ *Байқампаз болушылық, сезгіштік.*

БАЙҚАП-БАЙҚАП *Абайлап, сақтық етіп.*

БАЙҚАСТА *Байқап көру, абайлау.*

БАЙҚАУЛЫ *Аңғарымды, сақ.*

БАЙҚАУСЫЗ 1. *Абайсыз, аңдаусыз.* 2. *Байқатпай, елеусіз.*

БАЙҚАУСЫЗДА *Ойламаған, күтпеген жерден, аяқ астынан.*

БАЙҚАУСЫЗДАУ *Көзге түсе қоймайтын, елеусіздеу.*

БАЙ-ҚҰЛАҚ ***тар.*** *Қазан төңкерісінен кейін үстем тап ретінде жазықсыз*

жапа шеккен ауқатты, дәулетті адамдар.

БАЙЛА 1. *Жіппен бір нәрсені бекіту.* 2. *Жараны не басқа бір нәрсені орау, таңу.* 3. *Түйін тастау, бас алу.* 4. *Егістікке келетін суды тоқтату, бөгеу.* 5. *Малды бордақылау, семірту.* 6. *Саяттан қайтқанда тапқан олжасын сыйға тарту, тарту ету.*

БАЙЛАМ I 1. *Бауды буатын бумасы, баулық.* 2. *Біріктіріліп байланған зат, бума.*

БАЙЛАМ II *Шешім, тоқтам.* ◊ **Байлам жасады [етті]** – *шешімге келді, тоқтам жасады.*

БАЙЛАМА *Әйелдердің басына байлайтын жеңіл орамалы; жаулық.*

БАЙЛАМДЫ 1. *Түйінді, тұжырымды.* 2. *Келісіп қойылған, уәделі.*

БАЙЛАН ***ыр. етіс*** *Байла-н.* ◊ **Байланып қалғыр** ***қарғ.*** – *жұмсаған жерден тез келе қоймағанда айтылады.*

БАЙЛАНЫС I 1. *Қарым-қатынас, аралас.* 2. *Екі қала арасындағы телефон, телеграф қатынасы.* 3. ***Ауысп.*** *Әйел мен ер адам арасындағы жақындық.* ◊ **Байланыс бөлімі** – *пошта, телефон, телеграф жұмыстарын басқаратын, үйлестіретін орын.*

БАЙЛАНЫС II 1. *Бір-бірімен қатысу.* 2. *Хабарласу, тілдесу.* 3. *Ұштасу, астасу, жалғасу.* 4. *Үйлесу, сәйкесу.* 5. ***Ауысп.*** *Жөнсіз ұстаса кету, тиісу.*

БАЙЛАНЫСТЫ *Қатысты; тәуелді.*

БАЙЛАНЫСТЫЛЫҚ *Байланысы болушылық.*

БАЙЛАНЫСШЫ 1. *Байланыс қызметкері.* 2. *Екі жаққа дәнекер болушы, селбестіруші.*

БАЙЛАП-МАТА 1. *Жіппен шандып, мықтап байлау.* 2. ***Ауысп.*** *Басын байлау, біреуге атастыру.*

БАЙЛАС ***орт. етіс*** *Байла-с.* ◊ **Уәде байласты** – *келісті, уәделесті.*

БАЙЛАУ *Шешім, тоқтам, байлам.* ◊ **Байлау жасады** – *тоқтамға келді.* **Байлау сөз** – *қорытынды сөз, шешім.*

БАЙЛАУЛЫ 1. *Жіппен буылған, таңулы.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуге тәуелді, меншікті.* ◊ **Байлаулы жер** – *уәделі, серттескен орын.*

БАЙЛАУЛЫЛЫҚ 1. *Байлауда тұрушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Табандылық, ұстамдылық.*

БАЙЛАУСЫЗ 1. *Байланбаған, бос.* 2. ***Ауысп.*** *Тұрлауы жоқ, баянсыз.*

БАЙЛЫҚ 1. *Мол дәулет, малмүлік.* 2. *Бір нәрсенің мол қоры, көзі.* ◊ **Байлығы асты** – *дәулеті молайды, байыды.* **Байлығы тасыды** – *молшылыққа кенелді.*

БАЙ-МАНАП *Ақсүйек, феодал, шонжар, бай-мырза.*

БАЙ-МЫРЗА *Бай-манап, ақсүйек, шонжар.*

БАЙПАҚ *Етіктің ішінен киетін, жұқалау етіп басылған қоныштық киіз шұлық.*

БАЙПАҚСЫЗ *Байпағы жоқ.*

БАЙПАҚТЫ *Байпағы бар, байпақ киген.*

БАЙПАҚШАҢ *Байпақ қана киген.*

БАЙПАҢ *Жүріс-тұрысы сыпайы, мінезі жұмсақ, жайлы (адам).* ◊ **Байпаң қақты** – *құрдай жорғалады, ылпыл қақты.*

БАЙПАҢДА 1. *Шайқала басу, ырғалу, теңселу.* 2. ***Ауысп.*** *Құрдай жорғалау, жағымпаздану.*

БАЙРАҚ *Жалау, ту.* ◊ **Ала байрақ** ***көне*** – *сырткиімдік жолақ мата, кездеме.*

БАЙРАҚТА *Қолына байрақ беріп, алапатын асыру, құрметтеу, марапаттау.*

БАЙРАҚТЫ 1. *Байрағы бар, байрақ тігілген.* 2. ***Ауысп.*** *Таңдаулы, жақсы.*

БАЙСАЛ *Тыныштық, тыным, сабыр.* ◊ **Байсал тапты** – *тыным тапты, жайланды.* **Байсал тартты** – *тыныштады, сабырланды.*

БАЙСАЛДАН 1. *Жаны жай табу, тыныштану.* 2. *Салмақтану, орнықты болу.*

БАЙСАЛДЫ *Ұстамды, байыпты.*

БАЙСАЛДЫЛЫҚ *Байыптылық, сабырлылық, ұстамдылық.*

БАЙСАЛДЫРАҚ *Байыптырақ, ұстамдырақ.*

БАЙСЫЗ I *Ері жоқ, күйеусіз.*

БАЙСЫЗ II *Дәулетті адамдары жоқ.*

БАЙСЫМАҚ I ***экспр.*** *Ері болғансыған, күйеусымақ.*

БАЙСЫМАҚ II ***экспр.*** *Бай аталып жүрген.*

БАЙСЫН *Өзін-өзі бай санау, бай деп есептеу.*

БАЙТАБА *Түйе не қой жүнінен тоқылған қалың байпақ, шұлғау.*

БАЙТАҚ *Ұшы-қиыры жоқ, шексіз.* □ **Байтақ әлем [ел]** — *барша ел, бүкіл жұрт.* **Байтақ дала [жер]** — *шексіз, шетсіз кең дала.*

БАЙТАЛ *Екі, үш жас аралығындағы құлындамаған ұрғашы жылқы.* ◊ **Байтал түгіл [тұрмақ, тұрсын] бас қайғы** — *өзімен-өзі әлек.*

БАЙТАЛДЫҚ *Байталдың құнына парапар, байталға татырлық.*

БАЙТЕСЕ *Шаңырақ ағашын белгілі қалыпқа келтіретін құрал.*

БАЙТӨБЕТ *Үлкен төбет.*

БАЙШЫЛ ***тар.*** *Байды жақтап, соның сойылын соғушы.*

БАЙШЫЛДЫҚ *Байды жақтап қолдаушылық.*

БАЙШЫКЕШ ***экспр.*** *Орта дәулеті бар, байсымақ.*

БАЙЫ I 1. *Мал-мүлкі молаю, дәулеті тасу.* 2. *Мазмұны тереңдей түсу, толығу.*

БАЙЫЗ: байыз таппады — *дегбірі қашты, сабыры кетті.*

БАЙЫЗДА *Бір жерге тұрақтау, орнығу.*

БАЙЫЗДАП *Асықпай, саспай, мұқият.*

БАЙЫМ *Өмірдегі көрген-білгенді түйсіне білушілік, аңғарым.*

БАЙЫМДА *Ақылға салу, пайымдау.*

БАЙЫМДАУ 1. ***лог.*** *Түйінді пікір, қорытынды, тұжырым.*

БАЙЫМДЫ *Салихалы, байыпты адам.*

БАЙЫМДЫЛЫҚ *Байсалды, байыпты болушылық.*

БАЙЫМСЫЗ *Еш нәрсенің байыбына бармайтын, байсалдылығы жоқ.*

БАЙЫП *Бір нәрсенің жай-жапсары, мәнісі.* ◊ **Байыбына бармады [жетпеді]** — *мән-мағынасына зер салмады.*

БАЙЫПСЫЗ *Байыбы жоқ, парықсыз.*

БАЙЫПСЫЗДЫҚ *Парықсыздық, бәтуасыздық.*

БАЙЫПТА *Асықпай, егжей-тегжейіне жету.*

БАЙЫПТЫ *Сабырлы, салмақты.*

БАЙЫПТЫЛЫҚ *Байыпты болушылық, ұстамдылық.*

БАЙЫРҒЫ 1. *Ежелгі, бұрынғы.* 2. *Жергілікті, тұрғылықты.*

БАЙЫРҚАЛА *Тыным табу, байыздау.*

БАЙЫТУ ***тех.*** *Кеннің (ішіндегі керексіз заттардан тазартып) сапасын арттыру.* □ **Байыту фабрикасы** — *кеннің сапасын арттыратын фабрика.*

БАЙЫТУШЫ ***тех.*** *Кеннің сапасын арттыруды жүзеге асырушы.*

БАК *Сұйық затты сақтауға арналған үлкен ыдыс.*

БАКЕН *Кеме жолындағы қауіпті жерге сигнал ретінде қойылған, су бетіндегі қалқыма белгі, көрсеткіш.*

БАКЕНШІ *Бакендерді ретке келтіруші жұмыскер.*

БАКТЕРИОЗ ***биол.*** *Өсімдіктердегі бактерияның әсерінен пайда болатын ауру, кесел.*

БАКТЕРИОЛОГ *Бактериология ғылымының маманы.*

БАКТЕРИОЛОГИЯ *Бактерияларды зерттейтін ғылым.*

БАКТЕРИЯ *Микроскоп арқылы ғана көрінетін бір клеткалы организм.*

БАҚ I *Әртүрлі ағаш өсірілген жер.*

БАҚ II *Бақыт, талай.* ◊ **Бағы артты** — *мерейі үстем болды.* **Бағы ашылды** — *бақытты болды.* **Бағы байланды**

— *бақытсыз болды.* **Бағы жанды** — *ісі оңға басты, жолы болды.* **Бағы кесілді** — *жолы болмады, бақытсыздыққа ұшырады.* **Бағына орай** — *бақытына қарай.* **Бағын байлады** — *бақытты болуға кедергі жасады.* **Бағын базарда сынады** — *талайын байқап көрді.* **Бағы үстем болды** — *дәулеті тасыды, мерейі биік болды.* **Баққұндес** — *бірін-бірі көре алмайтын (адам).* **Бақ қонды** — *бақ дарыды, бақытты болды.* **Бақ құсы басына қонды** — *бақытқа, дәулетке кенелді.* **Бақ сынасты** — *сынға түсті, жарысты.* **Бақ тайды** — *байлықтан ада болды.* **Бақ таластырды** — *қызғаныш білдірді, күндеді.*

БАҚ III 1. *Малды бағу, қарау.* 2. *Асырап-сақтау, тәрбиелеу.* 3. *Күту, күзету.* 4. *Бір нәрсені аңғару, байқау, сезу.*

БАҚ: бақ етті — *тосыннан қатты дыбыс шығарды.*

БАҚА *Ұзындау артқы аяқтары секіруге бейім келген, құйрықсыз су жәндігі.* ◊ **Бақа ауыз** — *арбаның оқтық ағашы енетін, алдыңғы дөңгелекке бекітілген ағаш.* **Бақа бас** — *жалпақ басты етік.* **Бақа көз** — *сыртына шығыңқы, томпақ көз.* **Бақа қыбыр** — *маңдымайтын, сылбыр қозғалыс.* **Бақа мойын** — *мойны қысқа.* **Бақатамақ** — *бұғағы түсіңкі, салбыраңқы тамақ.*

БАҚАДАЙ: бақадай шулады — *жабыла шуылдады.*

БАҚАЖАПЫРАҚ *Өсімдік түрі.*

БАҚАЙ *Омыртқалы жануарлар мен адам аяғының саусақ сүйектері.* ◊ **Бақайдан қақты** — *аяқтан шалды, қастық істеді.* **Бақайға оралды** — *кедергі жасады.* **Бақай есеп** — *болмашыны пайда көретін, ұсақшыл.* **Бақай құлық** — *жымысқы, ұсақ құлық.* **Бақайдан келмейді** — а) *қарасын да көрмейді, маңайламайды;* ә) *ойына кіріп те шықпайды.*

БАҚАЙҚҰРТ ***вет.*** *Бақай арасының ісініп, жараға айналуынан пайда болатын жұқпалы қой ауруы.*

БАҚАЙШАҚ *Аяқтың башпай сүйектері.* ◊ **Бақайшағына дейін** — *басынан аяғына дейін, тұтас.* **Бақайшағына дейін қаруланды** — *сақадай сайланды.* **Бақайшағына дейін шақты** — *бүгешігесіне дейін түгел білді.*

БАҚАЙШАҚТА *Жіктеп бөлу, саралау.*

БАҚАЛ 1. *Сатуға арналған ұсақ-түйек заттар.* 2. *Бақалшы.* ◊ **Бақал есеп** — *пайданы көздейтін ішкі есеп.* **Бақал сауда** — *ұсақ-түйек сауда.*

БАҚАЛАҚ I *Арба дөңгелегін, күлдіреуішін қозғалтпай ұстап тұратын көлденең қалақшалар.*

БАҚАЛАҚ II *Қолдирменнің астыңғы тасының діңгегі.*

БАҚАЛАҚ III *Шығырдың тіс-ағашы.*

БАҚАЛШАҚ *Моллюскалардың, ұлудың сыртқы сауыты, қабыршақты қабаты.*

БАҚАЛШЫ *Уақ-түйек сатумен айналысушы.*

БАҚАЛШЫЛА *Бақалшылық жасау.*

БАҚАЛШЫЛЫҚ *Бақал саудамен айналысушылық.*

БАҚАН *Жоғарғы жағы екі аша келген, киіз үйді тіккенде шаңырақты көтеретін, түндікті ашып-жабатын ұзын сырық.* ◊ **Бақанаттар** ***этн.*** — *қалыңдығын көруге келген күйеуден жол-жоралғы алу үшін істелетін ырым.*

БАҚАНДА *Бақанның астына алып, ұрып соғу.*

БАҚАНДАЙ *Білдей, дырдай, ортан қолдай.*

БАҚАНША *Кішкене бақан.*

БАҚАОТЫ ***бот.*** *Жапырақтары жүрек пішінді су өсімдігі.*

БАҚАС *Бәсекелес, бақталас.* ◊ **Бақас сөз** — *егес, талас-тартыс сөз.*

БАҚАСТЫҚ *Басараздық, өштесушілік.*

БАҚАСШЫ *Бірін-бірі көре алмайтын, бәсекелес.*

БАҚАУЫЛ I ***тар.*** *Хан дастарқанына иелік ететін, шарап құятын адамдар лауазымы.*

БАҚАУЫЛ II *Жорықтағы әскердің азық-түлігін қамдайтын адам, шаруашылық тобы.*

БАҚА-ШАЯН *Үсақ жәндіктердің жалпы аты.*

БАҚАШЫҚ: бақашық қандала ***зоол.*** *– қандалалар отрядына жататын жәндік.*

БАҚ-БАҚ ***бот.*** *Ерте көктемде өсетін көпжылдық, шөп тектес өсімдік.*

БАҚ-БАҚ: бақ-бақ етті *– қайта-қайта бақылдады.*

БАҚ-БЕРЕКЕ *Ырыс, дәулет, құт.*

БАҚ-ДӘУЛЕТ *Ырыс, құт, барлық, байлық.*

БАҚИ ***діни*** *Өмірлік, мәңгі (дүние).*

БАҚҚҰМАР *Мансапқор, шенқұмар.*

БАҚҚҰМАРЛЫҚ *Баққа құмар болушылық.*

БАҚСЫ *Пірге, аруаққа сиынып, ауруды ұшықтап емдейтін тәуіп.*

БАҚСЫ-БАЛГЕР *Ем-дом жасаушы, тәуіп, балгер, бал ашқыш.*

БАҚСЫ-БАЛГЕРЛІК *Бақсы-балгер болушылық, тәуіптік етушілік.*

БАҚСЫЛЫҚ *Бақсы болып, ем-дом жасаушылық.*

БАҚТАҚ *Тау өзендерінде тіршілік ететін, албырт тұқымдас кішігірім қызыл жолақты балық.*

БАҚ-ТАЛАЙ *Маңдайына жазғаны, бақыты.* ◊ **Бақ-талайынан көрді** *– маңдайына жазғанын көрді.*

БАҚТАЛАС *Бірін-бірі көре алмайтын, бақкундес, бәсекелес.*

БАҚТАЛАСТЫҚ *Бақталас, бәсекелес болушылық.*

БАҚТАШЫ *Мал бағушы, малшы.*

БАҚТАШЫЛЫҚ *Бақташы болушылық, мал бағушылық.*

БАҚУАТ 1. *Күйлі-қуатты, амансау.* 2. *Мықты, әлді.*

БАҚУАТТЫ *Тұрмысы жақсы, ауқатты.*

БАҚҰЛ: бақұл бол *– қош бол, разы бол, өлетін адамға айтылатын қоштасу сөз.*

БАҚҰЛДАС *Өлген адаммен туған-туыстарының қоштасуы, арыздасу.*

БАҚҰЛДЫҚ *Бір-біріне ризашылықпен қоштасушылық.*

БАҚША 1. *Әртүрлі жеміс ағаштары отырғызылған жер.* 2. *Қауын-қарбыз егілген жер.*

БАҚШАЛЫҚ *Бақшада өсіруге болатын.*

БАҚШАҢ: бақшаң етті *– көзі бақшаң ете қалды.*

БАҚШАҢ-БАҚШАҢ: бақшаң-бақшаң етті *– қайта-қайта бақшаңдады.*

БАҚШАҢКӨЗ ***мед.*** *Қалқан безіне қатысты ауру.*

БАҚШАҢДА *Бақшаң-бақшаң ету.*

БАҚШАШЫ *Бақшаны күтіп бағушы, бағбан.*

БАҚШАШЫЛЫҚ *Бақшамен шұғылданушылық.*

БАҚШЫ 1. *Бақырая қарау, көзін бағжиту.* 2. *Көзге шағылысу, шақыраю.*

БАҚШЫРАЙ *Көзі бақыраю, аңыраю.*

БАҚЫЛ *Бақаның, текенің бақылдаған үні.*

БАҚЫЛА 1. *Аңысын аңдау, байқау.* 2. *Қадағалау, тексеру.*

БАҚЫЛАУ 1. *Зерттеушінің белгілі бір мақсатта жүргізетін ғылыми-зерттеу әдісі.* 2. *Анығына жету, тексеру.* 3. *Біреудің қарауында, күтімінде болу.* ◊ **Бақылауға алынды** *– а) байқауға алынды, аңду қойылды; ә) сыналды, тәжірибеден өтті.* **Бақылау жұмысы** ***пед.*** *– белгілі пән бойынша өткізілетін байқау жұмысы.* **Бақылау комиссиясы** *– мемлекет атынан немесе белгілі бір ұйым тарапынан бақылау жүргізетін комиссия.* **Бақылау қойылды** *– күзет қойылды.* **Бақылау пакеті** ***саяси*** *– акционерлік қоғамның жұмысына ерекше ықпал жасауды қамтамасыз етерліктей акция мөлшері.* **Бақылау пункті** *– күзет, қарауыл орны.* **Бақылау телімі** *– тәжірибе алаңы.*

БАҚЫЛАУЛЫ *Бақылауға алынған; аңдулы.*

БАҚЫЛАУШЫ 1. *Аңдушы, бағушы.* 2. *Күзетуші, аңдушы.*

БАҚЫЛДА *Бақ-бақ етіп дауыс шығару.*

БАҚЫЛДАС 1. ***орт. етіс*** *Бақылда-с.* 2. *Өлім аузындағы адаммен қоштасу.*

БАҚЫЛДАУЫҚ *Бақылдай бергіш.*

БАҚЫР I 1. *Мыс.* 2. *Мыстан жасалған ұсақ тиын.* 3. *Мыстан жасалған шелек.*

БАҚЫР II *Тамақ дайындауға арналған, түбі шұңғылдау, қысқа сапты ыдыс.*

БАҚЫР III 1. *Адамның, жан-жануарлардың қатты дыбыс шығаруы.* 2. *Дауыс көтеріп ұрсу, жеку.* 3. *Ойбай салып, жылау.*

БАҚЫРАЙ *Таңырқаудан не қорқудан көз шарасы үлкею, бақшию.*

БАҚЫРАУЫҚ *Айғайлағыш, бақырғыш.*

БАҚЫРАШ 1. *Кішіректеу бақыр.* 2. *Металдан жасалған шөміш, ожау.*

БАҚЫРШЫ *Қоста, далалы жерде ас әзірлейтін адам; аспаз.*

БАҚЫТ *Адамның тілегінің орындалып, қуанышқа кенелуі.* ◊ **Бақытқа бөленді** — *бақытты болды, қызыққа кенелді.* **Бақыт [бақыт құсы] қонды** — *бақ дарыды, бақытқа бөленді, жақсылыққа кенелді.* **Бақыт құшағында** — *ойлаған мақсатына жетіп, қуанышқа кенелді.* **Бақыт құшты** — *дегеніне жетіп, бақытқа кенелді.* **Бақыт таңы атты** — *қуанышты күн туды.* **Бақыты жанды [ашылды]** — *бағы жанды, жолы болды.* **Бақыты күйді** — *бақытсыздыққа ұшырады, бағы тайды.* **Бақытына қарай** — *абырой болғанда.* **Бақытын сынады** — *бақ-талайын байқап көрді.* **Бақытын түсірді** — *бақ-талайын жоқ қылды.* **Бақытын ұрлады** — *бақытсыз етті.*

БАҚЫТГҮЛ ***бот.*** *Шоқ гүлдері түрліше рең беретін, әсем гүлді сәндік өсімдік және осы өсімдіктің гүлі.*

БАҚЫТСЫЗ *Бағы ашылмаған, бақыты жоқ, сорлы.*

БАҚЫТСЫЗДЫҚ *Бағы ашылмаушылық, бақытсыз жайға кез болушылық, қиындыққа тап болушылық.*

БАҚЫТТЫ *Арманына жеткен, бағы жанған, бағы бар.* ◊ **Бақытты бол тілек.** — *ойлаған мақсатыңа жет.*

БАҚЫТТЫЛЫҚ *Ойдағы арман орындалып, шаттыққа кенелушілік.*

БАЛ I 1. *Бал аралары гүлдерді сорып, шығаратын тәтті, сұйық шырын.* 2. ***Ауысп.*** *Тәтті, дәмді.* 3. ***Ауысп.*** *Адам сүйсінетін, қызықты.* □ **Бал арасы** — *бал жинайтын ара.* **Бал бармақ** — *шебер, майталман.* **Бал бөбек** — *сүйкімді сәби.* **Бал бұлақ** — *суы мөлдір, таза бұлақ.* **Балдан тәтті** — *өте тәтті.* **Бал дәурен** — *қызығы мол өмір.* **Бал көмей** — *жақсы әнші, шебер орындаушы.* **Бал-қаймақ** — *шикі сүттің қаймағынан қайнатып пісірген ас.* **Балқасық** — *кішкене шай қасық.* **Балқұрақ** — *малға сіңімді, балауса көк құрақ.* **Бал мінезді** — *мінезі жұмсақ, жайдары.* **Бал таңдай** — *тілі тәтті.* **Бал татыды** — *дәмі өте тәтті болды.* **Бал шекер** — *өте тәтті, дәмді.* **Балшелек** — *аралардың бал жинайтын ыдысы.*

БАЛ II *Көп адам қатысатын салтанатты кеш.*

БАЛ III *Балгерлік, бақсылық, сәуегейлік.* ◊ **Бал ашты** — а) *құмалақ салды;* ә) *сәуегейлік жасады.*

БАЛА I 1. *Сәби, нәреста, бөбек.* 2. *Ата-ананың перзенті, ұрпақ, тұқым.* 3. *Жан-жануардың күшігі, балапаны.* 4. ***Ауысп.*** *Ержетіп, ысылмаған, балғын, жас.* ◊ **Балабасты** — *көпбалалы.* **Бала көкірек** — *баланың кіршіксіз пәк ойы.* **Бала көтерді** — *екіқабат болды.* **Балалар үйі** — *ата-анасы жоқ балалар тәрбиеленетін орын.* **Бала мінезді** — *аңқау, аңғырт.* **Баланың зарын тартты** — *перзент көрмеді, баласы болмады.* **Бала өркеш** — *айыр түйелердің әбден семіргендегі тікірейген өркеші.* **Бала сүйді** — *балалы болды.* **Бала тапты** — *туды, сәбілі болды.* **Бала тастады** — *түсік тастады.*

БАЛА II *Тең көру, бірдей санау, жақсылыққа балау.*

БАЛАБАҚША *Үш жастан мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейтін орын.*

БАЛАҒАН *Сырық ағаштардың басын біріктіріп, үсті шөппен жабылған уақытша баспана.*

БАЛАҒАТ *Біреудің ар-ұятына тиетін былапыт сөз.* □ **Балағат сөз** — *біреудің намысына тиетін жағымсыз сөз.*

БАЛАҒАТТА *Бейпіл сөйлеу, тіл тигізу.*

БАЛАҒАТШЫЛ *Балағат сөз айтқыш, боқтампаз.*

БАЛАЖАН *Баланы өте жақсы көретін (адам).*

БАЛАЖАНДЫ *Баланы өте жақсы көруші, балажан.*

БАЛАЖАНДЫЛЫҚ *Баланы жақсы көрушілік.*

БАЛАКІС *Кістің баласының жұмсақ ұлпаны.*

БАЛАҚ 1. *Шалбардың, дамбалдың тізеден төмен жағы.* 2. **ауыс.** *Таудың төменгі жағы, етегі.* □ **Балақбау** — *саят құстарының аяқтарына тағылатын қайыс бау.* ◊ **Балағынан шуы шыққан** — *салақ, нас (әйел).* **Балаққа бала оралсын тілек.** — *балалы бол, балаң көп болсын.* **Балақ жүн** — *құстың сирағына біткен жүні.* **Балақтағы бит басқа шықты** — *басынды, иықтанды.* **Балақ шыбық** — *ағаштың не бұтаның түбіртегінен өсіп шыққан өркен.*

БАЛАҚАЙ **экспр.** *Жасы үлкендердің баланы, жасы кіші ініні еркелету, кішірейту мәніндегі айтатын ишарат сөзі.*

БАЛАҚТА 1. *Таудың, төбенің етегін ала жүру.* 2. *Өсімдіктің түп жағынан молайып өсуі.*

БАЛАҚТЫ *Балағы бар.*

БАЛАЛА 1. *Төлдеу, төлдей бастау.* 2. *Өркен жаю, өсу.*

БАЛАЛАЙКА *Орыс халқының үш ішекті музыкалық аспабы.*

БАЛАЛАУ *Жастау, балаңдау.*

БАЛАЛЫ *Баласы бар, баласы көп.*

БАЛАЛЫҚ 1. *Кәмелетке толмаған балғын шақ.* 2. *Балаға тән, балаға лайық.* 3. *Балаға арналған.* □ **Балалық дәуір** — *кәмелетке жетпеген шақ.* ◊ **Балалық жасады [істеді, етті, қылды]** — *баланың ісін істеді; білместік етті.* **Балалығы ұстады** — *балалық жасағысы келді.*

БАЛАЛЫ-ШАҒАЛЫ *Бала-шағасы көп.*

БАЛАМА *Заттың, атаудың орнына жүретін, соған сай келетін нәрсе, атау.*

БАЛАМАЛА *Бірдей етіп теңеу, балау.*

БАЛАМАЛЫҚ *Бір нәрсенің баламасы бола алатын, тепе-теңдік, парапарлық.*

БАЛАНС **экон.** *Халықтың кірісі мен шығысындағы пропорциялықты сипаттайтын көрсеткіштердің белгілі бір жүйесі.*

БАЛАҢ 1. *Жас, балғын.* 2. ***Ауысп.*** *Пісуі жетпеген, кемеліне келмеген.*

БАЛАҢДАУ 1. *Балалау, жастау.* 2. *Ысылмаған, тәжірибесіздеу.*

БАЛАПАН 1. *Құс атаулының баласы.* 2. *Белгілі бір сөздермен тіркесіп жас, балғын деген мағына береді.* □ **Балапан басты** — *балапан шығарды.*

БАЛАПАНДА 1. *Жұмыртқа басып балапан шығару.* 2. ***Ауысп.*** *Қаулау, туындап өсу, көбею.*

БАЛАПАНДАЙ 1. *Балапан сияқты.* 2. *Сүйкімді, жап-жас.*

БАЛАСЫН *Бала деп қарау; бала санау.*

БАЛАСЫРАП *Бала деп өліп-өшу, бала тілеу.*

БАЛАУЛЫ *Біреуге телулі, арналған.*

БАЛАУСА 1. *Нәрлі соны шөп, жас шалғын.* 2. ***Ауысп.*** *Жасөспірім, балғын.*

БАЛАУСАЛЫ *Сонылы көк шалғынды.*

БАЛАУЫЗ *Араның балауыз безінен бөлінетін қатты зат.* □ **Балауыз шам** — *балауыздан жасалған шам.*

БАЛАУЫЗАҒАШ *Өсімдік түрі.*

БАЛАУЫЗДАН *Дәнді дақылдың сүттенуі.*

БАЛАХАНА 1. *Шатыр астындағы бөлме.* 2. *Балалар бөлмесі.*

БАЛАША *Бала сияқты.*

БАЛА-ШАҒА 1. *Жас балалар.* 2. *Үйіші.*

БАЛАШЫҚ I *Өсімдіктің жас өркені.*

БАЛАШЫҚ II ***жерг.*** *4–5 жылдық аласа жас қарағай.*

БАЛБАЛ *Адам бейнелі тасмүсін.*

БАЛ-БҰЛ: бал-бұл жанды – *жүзінде нұр ойнады, шырайланды.*

БАЛБЫР *Жанға жайлы, балғын.*

БАЛБЫРА 1. *Бетінде нұр ойнау; албырау.* 2. *Бей-жай болу, маужырау.* 3. *Тамақтың бабында пісуі, уылжу.*

БАЛБЫРАУЫН *Жайылымда жақсы өсетін мал азығы, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

БАЛГЕР *Бал ашатын адам, сәуегей.*

БАЛГЕРЛІК *Балгер болғандық, бал ашушылық.*

БАЛҒА *Шегені т. б. нәрселерді қағуға, ұруға арналған аспап.*

БАЛҒАДАЙ *Мықты, күшті.*

БАЛҒАЛА *Балғамен ұру, соғу.*

БАЛҒАШЫ *Балға соғушы, темір ұстасы.*

БАЛҒАШЫҚ ***тех.*** *Әртүрлі затты ұруға арналған механизмдегі кішкене бөлшек құрал.*

БАЛҒЫН 1. *Әлі өсіп жетілмеген, балауса.* 2. *Толықсыған, уылжыған жас.* □ **Балғын арша** ***биол.*** – *аршаның бір түрі.*

БАЛҒЫНДАН *Қайта түлеу, жасаңғырау.*

БАЛҒЫНДАУ *Жастау, балаңдау.*

БАЛҒЫНДЫҚ *Уылжыған жастық.*

БАЛДАЙ *Бал сияқты, тәтті.* ◊ **Балдай тәтті** – *өте тәтті.*

БАЛДАҚ I 1. *Аяғы кемтар адамға сүйеніп жүруі үшін жасалған арнаулы құрал.* 2. *Саятқа шыққанда құстарды ат үстінде алып жүру үшін, ердің алдыңғы қасына орнатқан ашалы тіреу.*

БАЛДАҚ II 1. *Асыл металдан жасалған, көзі жоқ сақина.* 2. *Қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина.* ◊ **Балдағынан батырды** – *сағағына дейін сұғітті.*

БАЛДАҚТЫ *Балдағы бар.*

БАЛДЫ *Бал салған, балы көп.* ◊ **Балды бармақ** – а) *бал ашқанда айтқаны келетін адам;* ә) *қолынан бәрі келетін шебер.*

БАЛДЫЗ *Әйелінің өзінен жасы кіші туыстары.*

БАЛДЫЗДЫҚ *Балдызға тән.*

БАЛДЫҚ 1. *Белгілі бір құбылыстың күшін көрсететін дәреже бірлігі.* 2. *Оқу орнында, спортта үлгерім сапасын цифрмен белгілеу.*

БАЛДЫР 1. *Су астында өсетін жұмсақ майда шөп.* 2. ***Ауысп.*** *Бүлдіршіндей жас, балдырған.*

БАЛДЫР-БАТПАҚ *Адам түсініп болмайтын шатпақ.*

БАЛДЫР-БҰЛДЫР: балдыр-бұлдыр сөйледі – *баланың тілі жаңа шыға бастады, былдырлады.*

БАЛДЫРҒАН 1. ***бот.*** *Үлкен жапырақты, ұзын қуыс сабақты шөптесін өсімдік.* 2. ***Ауысп.*** *Жасөспірім, жеткіншек.* ◊ **Балдырған шақ [кез]** – *жастық шақ, жас кез.*

БАЛДЫРҒАНДЫ *Балдырғаны мол.*

БАЛДЫРКӨК *Балдыр тұқымдас тағамдық өсімдік.*

БАЛДЫРЛА *Тілі келіңкіремей түсініксіз сөйлеу.*

БАЛДЫРЛАН *Балдыр басып кету.*

БАЛДЫРЛЫ *Балдыры көп.*

БАЛДЫРШӨП ***бот.*** *Көпжылдық шөптесін су өсімдігі.*

БАЛЖАПЫРАҚ *Жұпжапырақтылар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

БАЛЖЫРА *Қожырау, босаңсу.*

БАЛЕРИНА *Балет труппасындағы биші әйел.*

БАЛЕТ *Музыкалы хореографиялық образ арқылы ой мен мазмұнды ашатын сахналық өнердің бір түрі.*

БАЛЕТМЕЙСТЕР *Балет, би сахналарын қоюшы және соның авторы.*

БАЛИҒАТ *Үл мен қыздың тұрмыс құруға болатын кәмелет жасы.* **Балиғатқа толды** — *кәмелетке жетті, ержетті.*

БАЛКОН 1. *Үйдің қабырғасынан шығарылған, бетоннан не басқа заттан жасалған қоршауы бар орын.* 2. *Театрдың ішіндегі партерден жоғарғы екінші қабаты.*

БАЛҚАЙМАҚ *Жаңа сауылған түйе сүті қоюланғанша бірқалыпты қайнатылып пісірілген тағам.*

БАЛҚАҢБАҚ ***бот.*** *Сорақ туысына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

БАЛҚАРАҒАЙ *Қысы-жазы көгеріп тұратын, қылқанды қарағай.*

БАЛҚАШ *Мал жайылымына қолайлы, шөбі шүйгін сулы жер.*

БАЛҚАШТЫ *Шүйгіні мол жер.*

БАЛҚОСПАҚ *Бура мен нармаядан туған будан.*

БАЛҚҰРАЙ *Өсімдік түрі.*

БАЛҚҰРАҚ *Көк майса, балауса.*

БАЛҚЫ 1. *Қатты күйден сұйық күйге айналу, еру.* 2. ***Ауысп.*** *Елжіреу, балқу, сүйсіну.*

БАЛҚЫҒЫШ *Балқуға бейім, тез балқитын.*

БАЛҚЫМА *Сұйық күйге айналған металл.*

БАЛҚЫТҚЫШ *Балқытуға бейім, балқыта алатын.*

БАЛЛ 1. *Табиғат құбылыстарының қуатын өлшеу бірлігі.* 2. ***пед.*** *Оқушылардың білім дәрежесіне қойылатын баға.*

БАЛЛАДА ***әдеб.*** *Тарихи болған не аңызға айналған оқиғаны романтикалық сарынмен баяндайтын қысқа сюжетті поэзиялық шығарма.*

БАЛМҰЗДАҚ *Қаймақ, қант, жидек, шырын қосылып, тоңазытылған тәтті тағам.*

БАЛМҰРЫН *Өсімдік түрі.*

БАЛОРЫН *Өсімдік түрі.*

БАЛП: балп-балп етті — *аузы балпылдап көп сөйледі.*

БАЛПАЙ *Жалпию, баттию.*

БАЛПАҚ I ***зоол.*** *Кеміргіштер тобына жататын қызғылт жирен тышқан.*

БАЛПАҚ II 1. *Толық денелі, балпиған.* 2. *Қиыншылық көрмей, бұла боп өскен.*

БАЛПАН *Жұлдыздың аты.*

БАЛПАНАҚ ***бот.*** *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын өсімдік; сүтжапырақ.*

БАЛПАНАҚТАЙ *Толықша келген, семіз.*

БАЛПАҢ-БАЛПАҢ: балпаң-балпаң басты — *теңселе басып баяу қозғалды.*

БАЛПАҢДА *Балпаң-балпаң басып жүру.*

БАЛП-БАЛП: *балп-балп сөйлеу.*

БАЛПИ *Көлденеңі шығып, жайылып кету, жалпию.*

БАЛПЫЛ *Қалай болса солай, бей-берекет сөз.*

БАЛПЫЛДА *Бей-берекет көп сөйлеу, мылжыңдау.*

БАЛСЫРА I *Қанттан ашытқан үй сырасы.*

БАЛСЫРА II *Бал жегісі келу, балға құмарту.*

БАЛТА *Ағаш шауып, жаратын, жүзі өткір, сабы бар темір құрал.* ◊ **Балта сабынан озбайды** — *әр нәрсе тегіне тартады, тегінен аса қоймайды, д. м.*

БАЛТАЛА *Балтамен шабу.*

БАЛТАМТАП *Алқа-қотан отырып, жүзік не орамал жасырып, соны тапқызып қойған адамды жазалайтын ұлттық ойын.*

БАЛТАТҰМСЫҚ *Тұмсығы қызыл, шекесі ақ, айдары қоңыр құс.*

БАЛТАШЫ *Ағаш ұстасы.*

БАЛТАШЫЛЫҚ *Балташы балушылық.*

БАЛТЫР *Адам сирағының ішкі жағындағы бұлшық ет.*

БАЛТЫРЛЫ *Балтыры толық, жуан.*

БАЛУАН *Күреске түсетін адам, күреспен айналысушы.* **Балуан денелі [тұлғалы]** — *денесі балуанға ұқсас, ірі.*

БАЛУАНДЫҚ *Күштілік, қайраттылық.*

БАЛУАНСЫ *Күштімсіну, мықтымсыну.*

БАЛШЫ *Бал ашып, сәуегейлік жасаушы, балгер.*

БАЛШЫ-БАЛГЕР *Балшы және балгер.*

БАЛШӨП ***бот.*** *Жапырағы түкті, көкшіл сұргылт түсті, көпжылдық өсімдік.*

БАЛШЫҚ 1. *Топырақтың сумен араласқан түрі, батпақ, лай.* 2. *Сылау үшін немесе кірпіш құю үшін жасалған лай.*

БАЛ-ШЫРЫН 1. *Балдай тәтті, өте дәмді.* 2. ***Ауысп.*** *Қызықты, жағымды.*

БАЛШЫТЫР ***бот.*** *Жапырақтарының шеттері бүтін, ұштары сүйір, екі жағын қысқа түк басқан көпжылдық шөп тектес өсімдік.*

БАЛЫҚ *Желбезекпен дем алып, суда тіршілік ететін омыртқалылар тобына жататын жануар.* □ **Балық ауланды [сүзді]** — *аумен, қармақпен балық ұстады.* ◊ **Балық басынан шіриді** — *әр нәрсе басынан, жоғарыдан бүлінеді д. м.* **Балық көзденді** — *жанары күңгірт тартты, өлеусіреді.* **Балық майы** — *балықтан алынатын май.* **Балық ұны** — *балықтан және оның сүйегінен химиялық тәсілмен алынған минералдық ұнтақ, зат.*

БАЛЫҚКӨЗ I ***бот.*** *Шөлді жерде өсетін аласа шөп.*

БАЛЫҚКӨЗ II *Сорпа бетіндегі болымсыз май.*

БАЛЫҚҚАНАТ *Суда тіршілік ететін жәндіктердің қимылдау, жүзу әрекетіне қатысты негізгі мүшесі.*

БАЛЫҚОТЫ ***бот.*** *Тұщы көлдерде ғана өсетін жасыл жапырақ бейнелес өсімдік.*

БАЛЫҚТЫ *Балығы мол.*

БАЛЫҚША *Балық тәрізді.*

БАЛЫҚШЫ I *Балық аулаушы адам.*

БАЛЫҚШЫ II ***зоол.*** *Батпақты жерде жүретін сирағы ұзын, кішкентай жыртқыш құс.*

БАЛЫҚШЫЛЫҚ *Балық аулауды кәсіп етушілік.*

БАЛЬЗАМ *Шайыр мен эфир майынан тұратын хош иісті органикалық күрделі қоспа.*

БАЛЬЗАМДА *Өлген адам денесін шіріп бұзылмайтын етіп, ұзақ мерзімде сақталу үшін бальзам жағып сіңіру.*

БАМБУК *Тропиктік, субтропиктік жерлерде өсетін астық тұқымдасына жататын тамыр сабақты өсімдік.*

БАНАН *Жапырағы үлкен, тамыры жуан, сабағы қысқа көпжылдық өсімдік және осы өсімдіктің жемісі.*

БАНДИТ *Адам тонаушы, қарақшы.*

БАНДИТТІК *Бандитке тән іс-әрекет.*

БАНДЫ *Жұртты тонап, күш көрсетіп берекесін алушы қарулы қарақшылар тобы.*

БАНДУРА ***муз.*** *Украин халқының жалпақ мойынды, көп ішекті саз аспабы.*

БАНК ***қаржы.*** 1. *Ақша айналымын реттеп отыратын ірі мекеме.* 2. *Карта ойынында көнге түскен ақша.*

БАНКА 1. *Шыныдан не қаңылтырдан жасалған цилиндр тәрізді ыдыс.* 2. *Денедегі суықты соруға арналған кішкене медициналық құты; оңқа.*

БАНКИР ***қаржы.*** *Банк иесі немесе банктің ірі акционері.*

БАНКНОТ ***қаржы.*** *Айналымда ақша орнына жүретін, банк шығаратын процентсіз кредит билеті.*

БАНКРОТ ***экон.*** *Кәсіпорындардың төлем қабілеті болмауынан еріксіз жойылуы.*

БАНТИК *Сәндік үшін шоқтап байланған лента.*

БАП I 1. *Күтім, жай, күй.* 2. ***Ауысп.*** *Аспай-саспай, бипаздап, нәшініне келтірушілік.* 3. ***Ауысп.*** *Шаруа реті, іс жағдайы.* ◊ **Бабын білді** — *жайын түсінді.* **Бабына келді** — *дер шағына жетті.* **Бабын тапты** — *ыңғайын, жайын білді, тілін тапты.*

БАП II *Тарау, бөлім.*

БАПАН ***бот.*** *Қамыстың ұшындағы үлпілдек ұлпа.*

БАП-БАЙСАЛДЫ *Байсалды, орнықты.*

БАПКЕР *Аттың, құстың күтімін білетін адам; баптағыш.*

БАПКЕРЛІК *Бапкер болушылық.*

БАПТА 1. *Жақсы күтімге алу, қарау.* 2. *Асықпай, бипаздап бабына келтіру.* ◊ **Баптап сөйледі [айтты]** — *нәшіне келтіріп сөйледі.*

БАПТАУЛЫ *Бабына келген, күтімді.*

БАПТАУСЫЗ *Күтімі жоқ, қараусыз.*

БАПТАУШЫ *Күтімге алушы, бабына келтіруші.*

БАПТЫ *Күтімге алынған, күйлі.*

БАПТЫЛЫҚ *Бабына келгендік.*

БАПШЫЛ 1. *Баптауға, күтуге шебер.* 2. *Бап тілейтін, күтімді қажет ететін.*

БАПЫЛДА 1. *Иттің бап-бап етіп үруі.* 2. ***Ауысп.*** *Жөн-жосықсыз, бейберекет сөйлеу.*

БАР I *Барлық, бүкіл, тұтас.*

БАР II 1. *Бір нәрсеге жету, жақындау, жуықтау.* 2. ***Ауысп.*** *Түрмысқа шығу, күйеуге тию.* ◊ **Барар жері, басар тауы жоқ** — *қорған болар, пана болар ешкімі жоқ д. м.* **Барғанның балтасын, келгеннің кетпенін алып қалды** — *ешкімге есесін жібермеді.* **Бармасаң бадал** — *тілазарға айтылатын қарғыс.* **Барсакелмес** — *қайта оралмас жер, қиын сапар, алыс жол.* **Барып тұрған** — *нағыз шегіне жеткен.*

БАР III 1. *Жоқ емес, бар болушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Ауқатты, әлді.* ◊ **Бар болғаны** — *не бары, бар-жоғы.* **Бар болғыр** — *жоқ болғырдың орнына айтылады.* **Бар болсын** — *барынан жоғы.* **Бар қадарынша** — *әліне қарай, мүмкіндігінше.* **Барымен базар** — *азға қанағат.*

БАРАБАН I ***муз.*** *Шанағына сірі керіп қаптаған, іші қуыс, ұрып ойнайтын саз аспабы.*

БАРАБАН II ***тех.*** *Механизмдегі іші қуыс цилиндр тәрізді айналмалы бөлшек.*

БАРАБАНДА *Барабан соғу, барабан ұру.*

БАРАБАНШЫ *Барабан қағушы, барабан соғушы.*

БАРАБАР *Тепе-тең, пара-пар, бірдей, теңдес.*

БАРА-БАРА *Уақыт озған сайын, жүре-жүре.*

БАРАБАРЛЫҚ *Бірдейлік, парапарлық, тепе-теңдік.*

БАРАҚ I *Ағаштан, қамыстан жасалып уақытша тұруға арналған үй.*

БАРАҚ II *Бір бет парақ.*

БАРАҚ III: **барақ ит.** *Жүні ұзын, жүндес ит.*

БАРАН *Жылқының түсі; қара қоңыр, қара кер.*

БАРАНДАНУ *Қара қоңырлану, күңгірт тарту.*

БАРАҢДАУ *Қара қоңырлау, қара керлеу.*

БАРАР *Мысық тұқымдастарына жататын ірі жыртқыш аң, тау арыстан.*

БАРАР-БАРМАС *Барар-бармайтыны белгісіз.*

БАРБАҢ-БАРБАҢ: барбаң-барбаң етті — *өрескел қимылдады.*

БАРБАҢДА *Барбаң-барбаң ету, арбаңдау.*

БАР-БАР: бар-бар етті — *жаман дауыспен барылдады.*

БАРБИ *Быртию, ісіну.*

БАРБИЫҢҚЫ *Жуандау, ісіңкілеу.*

БАРҒЫШ 1. *Қайта-қайта бара беріш.* 2. *Бірдемеге бой ұрғыш.*

БАРҒЫШТА *Әлсін-әлі бара беру.*

БАРЕЛЬЕФ *Тегіс заттың бетіне салынған бедерлі бейне.*

БАРЖА *Кемеге тіркеп, жүк тасуға арналған сүйретпе кеме.*

БАРЖИ *Барбию, быртию.*

БАР-ЖОҒЫ 1. *Әлде бар, әлде жоқ екендігі.* 2. *Бар болғаны, небәрі.*

БАРИТОН ***муз.*** *Тенор мен бастың аралығындағы қоңыр дауыс.*

БАҢҚ-БАРҚ: барқ-барқ етті — *жағымсыз, жуан дауыс шығарды, барқылдады.*

БАРҚАДАР: барқадар тапты — *береке, опа тапты, дегеніне жетті.*

БАРҚАДАРЫНША *Шаманың келгенінше, мүмкіндігінше.*

БАРҚЫЛДА *Барқ-барқ ету, беталды сөйлеу.*

БАРҚЫЛДАҚ *Барқ-барқ еткіш.*

БАРҚЫН I ***көне*** *Өлген адамның басына қойылған құлпытас.*

БАРҚЫН II *Тау бөктерінде, далалы жазық жерлерде өсетін еркек шөп.*

БАРҚЫН III *Қоңырқай жасыл.*

БАРҚЫНДАН *Көк майсаланып, қара қоңыр түске ену.*

БАРҚЫНДЫ *Көк майсалы, барқын өскен.*

БАРҚЫРА *Жағымсыз қатты дауыс шығару.*

БАРҚЫРАУЫҚ *Бақырауық, қатты дауыс шығаргыш, айқайшыл.*

БАРҚЫТ *Оң жағы тығыз түкті келген, жұмсақ мақпал мата.* □ **Барқыт түн** — *жанға жайлы, мақпал түн.* **Барқыт дала** — *көк майсаға бөленген жасыл дала.*

БАРҚЫТГҮЛ *Әсемдік үшін қолдан өсірілетін біржылдық және көпжылдық шөптесін өсімдік.*

БАРҚЫТТАЙ *Жұп-жұмсақ, жайлы.*

БАРЛА 1. *Бағдарлау, шолу, бақылау.* 2. *Байыптап сынай қарау.*

БАРЛАҒЫШ *Тез бағдарлай қоятын, байқағыш.*

БАРЛАУ 1. *Жау күштері мен олардың орналасуы туралы мәліметтер жинайтын жауынгерлік қимылдардың бір түрі.* 2. *Кен байлығын зерттеу.*

БАРЛАУШЫ 1. *Барлау ісін жүргізуші, шолғыншы.* 2. *Кен байлығын зерттеуші, іздеуші.*

БАРЛЫҒЫҢҚЫ *Барлығып қалған, қарлығыңқы.*

БАРЛЫ-ЖОҚТЫ *Жақсылы-жаманды, мәнді-мәнсіз.*

БАРЛЫҚ I *Бүкіл, түгел, барша.*

БАРЛЫҚ II 1. *Молшылық, байлық.* 2. *Жоқ еместік, бар болушылық.*

БАРЛЫҚ III 1. *Бұрын көп мініліп жеген семіз аттың қатты шабыстан тығылып, ентігіп, тұрып қалуы.* 2. *Көп айғайлағаннан дауыстың бар-бар етуі; қарлығу.*

БАРМАҚ *Бес саусақтың өзге төртеуіне қарама-қарсы тұратын әлдісі, бас бармақ.* ◊ **Бармағы майысқан ісмер** — *қолынан келмейтіні жоқ, шебер.* **Бармағына қыстырды** — *бір нәрсені біреуге сездірмей берді.* **Бармағынан бал тамған** — *қолынан келмейтіні жоқ; шебер.* **Бармағынан күй төгілді** — *асқан күйші.* **Бармағын басты** *(көне.)* — *куәландырды, растады.* **Бармағын еміздіді** — *құр сөзбен шығарып салды.* **Бармағын тістеді [шайнады]** — *опық жеді, өкінді.* **Бармағын бүгіп қалды** — *бір нәрсені жасырып қалды.* **Бармақ басты** — *астыртын, жасырын.* **Бармақ басты, көз қысты** — *алдын ала келіскен, жең ұшынан жалғасқан.*

БАРМАҚНАН ***жерг.*** *Қамырын қолмен үзіп сорпаға салатын нан.*

БАРМАҚТАЙ 1. *Өте шағын, болар-болмас, кішкентай.* 2. *Ірі, толық (дән).*

БАРМАҚТАЙ-БАРМАҚТАЙ *Ірі-ірі, кесек.*

БАРОМЕТР *Ауа қысымын өлшейтін аспап.*

БАРПЫЛ *Барп-барп еткен дыбыс.*

БАРПЫЛДА *Барп-барп сөйлеу.*

БАРРИКАДА *Көше ұрыстары кезінде қорғаныс ретінде жасалатын бөгет, тосқауыл.*

БАРТ-БАРТ: барт-барт жарылды [етті] — *бір нәрсе тарсылдап жарылды.*

БАРТИ *Барбиып ісіну.*

БАРТЫЛДА *Барт-барт етіп дыбыс шығару.*

БАРХАН *Желдің әсерінен пайда болған сусымалы құм төбе.*

БАРША *Бүкіл, барлық.*

БАРШЫЛЫҚ *Жеткілікті, бар, мол.*

БАРШЫН I *Жолағы бар жібек мата.*

БАРШЫН II *Он бір жастағы бұркіт.* ◊ **Баршын тартты** — *жасы үлгайды, шау тартты.*

БАРШЫНГҮЛ ***биол.*** *Ірі гүлді, көпжылдық биік өсімдік.*

БАРШЫНДА *Шау тарту, жасы ұлғаю.*

БАРЫЛ *Жағымсыз үн, дыбыс.*

БАРЫЛДА *Жағымсыз жуан үн шығару, бар-бар ету.*

БАРЫЛДАҚ *Көп айғайлайтын, барылдауық.*

БАРЫМТА ***тар.*** *Жауласқан екі рудың бірінің-бірі мал-мүлкін іштен тартып алып, кек қайтаруы.*

БАРЫМТАЛА *Барымтаға қатысу, біреудің мал-мүлкін иемденіп кету.*

БАРЫМТАЛЫҚ *Барымтаға лайық.*

БАРЫМТА-СЫРЫМТА *Барымталау немесе жасырын жолмен есе алу әдеті.*

БАРЫМТАШЫ *Барымта алушы, барымтаны жасаушы.*

БАРЫМТАШЫЛ *Барымта алғыш, озбыр.*

БАРЫНША *Бар мүмкіндігінше, мейлінше.*

БАРЫП-КЕЛІП *Араласып-құралысу, жиі қатынасу.*

БАРЫС I 1. *Қара дақтары бар, мысық тұқымдастарына жататын жыртқыш аң.* 2. ***көне*** *Ескі жыл санаудың үшіншісі, жыл аты.*

БАРЫС II ***лингв.*** *Кімге? неге? деген сұрақтарға жауап беретін септік жалғауы.*

БАРЫС III *Істің бет алысы, жағдайы.*

БАРЫС-КЕЛІС *Келім-кетім, аралас-құралас.*

БАРЫСЫНДА *Жолында, бағытында.*

БАС I 1. *Адам мен жан-жануарлардың ауыз, көз, құлақ, ми орналасқан дене мүшесі.* 2. *Кісі, адам, жан.* 3. *Малдың саны, тұяқ.* 4. *Өсімдіктердің жоғарғы жағы, ұшы.* 5. *Таудың, қырдың ең биік жері; шыңы, төбесі.* 6. *Өзеннің, бұлақтың басталған жері.* 7. *Таяқтың, сойылдың бір жақ шеті, ұшы.* 8. *Аяқ киімнің қоныштан төмен жағы.* 9. *Балта, шот, пышақ сияқты құрал-саймандардың саптан төменгі жүзі бар жағы.* 10. *Бір оқиғаның басталған мерзімі.* 11. *Мамандық атауымен тіркесіп келіп лауазымды білдіреді.* 12. ***Ауысп.*** *Бастық, жетекші.* □ **Бас арқан** – *желден, дауылдан киіз үйді сақтау үшін кереге басын бастыра орайтын қыл арқан.* **Бас арық** – *жанжаққа су тартатын үлкен су жолы.* **Бас әріп** – *үлкен әріп.* **Бас балуан** – *күреске түсушілердің ең мықтысы.* **Бас бармақ** – *бармақтың бірінші бөлігі.* **Басбау** – *туырлықтың, үзіктің жоғарғы бауы.* **Бас ескек** – *қайықтың алдыңғы ескегі.* **Бас жүлде** – *жеңіскерлерге берілетін бірінші бәйге.* **Бас жіп** – *сиыр малының мүйізіне байланатын жіп.* **Баскиім** – *басқа киілетін киім.* **Бас кейіпкер** – *шығармадағы негізгі кейіпкер.* **Бас құда** – *негізгі үлкен құда.* **Бас мақала** – *газет-журналдардың редакция атынан берілетін мақаласы.* **Бас табақ** – *қадірлі қонаққа берілетін мүшелі табақ.* ◊ **Баса-көктеп кірді** – *еш нәрсеге қарамады, киіп-жарды.* **Бас алды** – *өсімдік дән алды.* **Бас алмады** – *назар салмады, алаңдамады.* **Басараздық** – *екі жақтың арасындағы өкпе, реніш, дүрдараздық.* **Басасау** – а) *басына жүген-құрық тимеген, тарпаң мінез (жылқы);* ә) *айтқанға көнбейтін қиқар адам.* **Бас ауыртты** – *мезі қылды, мазалады.* **Басы ауырып, балтыры сыздады** – *ауырып сырқады, науқастанды.* **Бас байлады** – *қауіп-қатерге бел буды, басын тікті.* **Басбұзар** – *сойқаншыл, сотқар.* **Бас білді** – *мініске үйретілді.* **Бас десең, құлақ дейді** – *сөз ұқпайтын мақау д. м.* **Бас жарылса бөрік ішінде** – *жабулы қазан жабулы қалды, жария болмады.* **Бас жарып, көз шығарып барады** – *тентектік істеп, дегенге көнбеді.* **Бас иді** – а) *көрсетілген құрметке ілтипат білдірді;* ә) *кешірім өтінді, кішірейді.* **Бас изеді** – а) *баспен ишарат етіп амандасты;* ә) *келісім білдірді, мақұлдады.* **Бас имеді** – *берілмеді, көнбеді, кішіреймеді.* **Баскесер** – *қанішер, зұлым.* **Басы кетеді** – *өмірін жояды, өледі.* **Бас**

көтерді – а) *жоғары қарады;* ә) *наразылық білдірді, қарсылық көрсетті;* б) *аурудан сауығып, тұруға жарады;* в) *егін өніп, жер бетіне шықты.* **Бас көтерер** – а) *елдің, ауылдың ақылшысы;* ә) *отбасындағы еңбекке жарамды адам.* **Бас көтере алмады** – *қарсыласа алмады.* **Бас көтертпеді [қаратпады]** – *мұршасын келтірмеді.* **Бас қайғы** – *өз басының уайымы, мұңы.* **Басқа, көзге төпеледі** – *жұдырықтың астына алды.* **Басқа кірді [кірмеді]** – *миына қонды.* **Бас қамын ойлады** – *жеке басын күйттеді.* **Бас қатырды** – *миды ашытты, ығыр қылды.* **Басқа түссе баспақшыл** – *адам қиындыққа көнеді д. м.* **Басқа ұрған балықтай [танадай] болды** – *не істерін білмей есеңгіреді, мәңгірді.* **Басқа шауын, төске өрледі** – *астамдық жасады.* **Басқа шықты** – а) *ішімдік бірден басқа әсер етті;* ә) *төбеде ойнады, басынды.* **Бас қосты** – а) *жиналды, топталды;* ә) *үйленді, үй болды.* **Бас пайда** – *жеке мүдденің пайдасы.* **Бас салды** – а) *егін дәндене бастады;* ә) *тарпа бас салды, шап ете түсті.* **Басына қара салды** – *қара жамылып, аза тұтты.* **Басына кірмеді** – *миына қонбады, түсінбеді.* **Басын ала қашты** – *жоламады, бас тартты.* **Басынан бақ тайды** – *бақытсыздыққа ұшырады.* **Басынан билік кетті** – *өз басының құқы жоқ, дәрменсіз.* **Басынан дәулеті ұшты** – *бағы тайды.* **Басынан заманы көшті** – *бағы тайды.* **Басынан құс ұшырмады** – *мәпелеп күтті, аялады.* **Басынан сөз асырмады** – а) *ә десе, мә деді, қарсыласты;* ә) *болмашыға ренжіді, сөз көтермеді.* **Басына ойнады** – *зорлық көрсетті, жәбірледі.* **Басына су құйды** – *жоқ қылды, түгесті.* **Басына тас тиді** – *соққы көрді, беті қайтты.* **Басын ашты** – *бір нәрсенің бетін ашты, айқындады.* **Басына іс түсті** – *қиыншылық кез болды, пәле жабысты.* **Басын базарға салды** – *сөзге ілікті, дауға қалды.* **Басын бәйгеге тікті** – *тәуекел етті, бағын сынады.* **Басын жойды [жалмады]** – *өлтірді, жоқ етті.* **Басын қайырды** – *бір істі дендетіп тастады, тындырды.* **Басын қатырды** – *әр нәрсені бір айтып мазалады.* **Басын қосты** – *біріктірді, топтастырды.* **Басын құрбан қылды** – *жанын пида етті, басын тікті.* **Басын тауға да, тасқа да соқты [ұрды]** – *амалы таусылып, дағдарды.* **Басын тікті** – *басын өлімге байлады.* **Басын шатты** – *әуреге түсті, дауға қалды.* **Басыңа көрінгір қарғ.** – *бар пәле өзіңмен кеткір.*

БАС II ***муз.*** 1. *Ер адамның төменгі даусы.* 2. *Төмен тембрлі үрмелі аспап.*

БАС III 1. *Жуу, адымдау.* 2. *Бір нәрсені таптау, мыжу, езу, жаншу.* 3. *Кітап, газет, журналды баспадан шығару.* 4. *Басып қалу, жабу.* 5. *Бір нәрсені қарқындата түсу, үдету.* 6. *Азайтыңқырау, бәсеңдету.* 7. *Киізді білектеу.* 8. *Бір нәрсенің уытын қайтару, бәсеңдету, тоқтату.* 9. *Күшпен жеңу, бағындыру.* 10. ***Ауысп.*** *Тоқтату, тежеу.* ◊ **Басқан ізін санады** – *қалт жібермеді, аңдыды.* **Басқан ізіне тұрмайды** – *парапар келмейді, тең емес.* **Бас салды** – а) *шап беріп ұстады;* ә) *қапылыста қолға түсірді.* **Басып кірді** – *күшпен жаулап алды.* **Басып озды** – *қуып жетіп, озып кетті.* **Басып өтті** – *бір нәрсенің үстінен өтті, жүрді.* **Басып салды** – *атып жіберді.* **Басып тастады** – *ешкімге сездірмеді, жауып тастады.*

БАСА *Айрықша, ерекше, үстемелеп, толтыра.*

БАСА-БАСА *Үстемелеп, толтыра-толтыра.*

БАСА-ЖАНША *Киіп жарып, ентелей.*

БАСА-КӨКТЕП 1. *Киіп-жарып, ентелеп.* 2. *Көзге ілмей, басынып.*

БАСАЛҚЫ 1. *Ақылды басу сөз.* 2. *Жөн-жосық көрсетіп отыратын адам, ақылшы.*

БАСАЛҚЫЛЫ *Көрген-білгені көп, салихалы, байсалды.*

БАСАЛҚЫЛЫҚ *Ақыл-кеңес берушілік.*

БАСАР 1. *Дауыл, жел көтеріп кетпес үшін, киіз үйді бастыра қазықтарға байланатын екі ұзын арқан.* 2. *Мылтықтың шүріппесі.* ◊ **Басар көбейсін!** — *киіз басып жатқандарға айтылатын жақсы лебіз, тілек.*

БАСАТ ***кәс.*** *Тыныш, жайлы теңіз қойнауы.*

БАС-АЯҒЫ I 1. *Бастан-аяққа дейін, тұла бой.* 2. *Небәрі, бар болғаны.* ◊ **Бас-аяғы балғадай** — *дене бітімі кесек, ірі.* **Бас-аяғы жиналды** — *тегіс келді, төрт көзі түгел.* **Бас-аяғы жоқ** — *қисыны жоқ, жөн-жосықсыз.* **Бас-аяғына көз жетпейді** — *шексіз, шетсіз.* **Бас-аяғына көз жүгіртті** — *үсті-басына барлай қарады.*

БАС-БАСЫНА *Әрқайсысы, жекежеке.*

БАСБҰЗАР *Тентек, бұзық.*

БАСБҰЗАРЛЫҚ *Тентектік, бұзықтық.*

БАСБІЛІГІ *Міністке үйретілген өгіз, тайынша, жылқы.*

БАСЖАҚСЫ ***этн.*** *Таңдаулы, ең жақсы, дүние, мүлік.*

БАСКЕСЕР *Қанышпезер, адам өлтіруге құмар жауыз.*

БАСКЕТБОЛ ***спорт*** *Қарама-қарсы бағаналардың басына құрылған торға допты қолмен лақтырып түсіретін командалық спорт ойыны.*

БАСКЕТБОЛШЫ *Баскетбол ойынын ойнаушы.*

БАС-КӨЗ: бас-көз болды — *біреуге қамқоршы болды, көз қырын салды.*

БАСҚА *Бөтен, бөлек, өзге.*

БАСҚА-БАСҚА *Бір-бірінен өзгеше, әртүрлі.*

БАСҚАДАЙ *Өзгедей, бөтендей.*

БАСҚАҚ I ***вет.*** *Витаминнің жетімсіздігінен болатын буаз саулық ауруы.*

БАСҚАҚ II ***көне*** *Салық, алым жинаушы адам.*

БАСҚАЛАН *Бөлектену, өзгешелену.*

БАСҚАР 1. *Басшылық ету, билігін жүргізу.* 2. *Бір нәрсені ұйымдастыру, жетекшілік ету.*

БАСҚАРМА 1. *Белгілі бір мекеменің ірі саласы, әкімшілік мекемесі.* 2. *Осы мекемені басқаратын адам, бастық.*

БАСҚАРУШЫ *Бір іске басшылық етуші, жетекші.*

БАСҚАРУШЫЛЫҚ *Жетекшілік етушілік.*

БАСҚАША *Өзгеше, ерекше.*

БАСҚҰР *Туырлықтың керегеге басына тиіп қажалмауы үшін уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастыра таңатын, киіз үйдің ішіне сән беріп, безендіріп тұратын өрнекті жалпақ құр.*

БАСҚЫ *Бастапқы, алғашқы, әуелгі.*

БАСҚЫЛА *Бір нәрсені аяғымен қайта-қайта басу.*

БАСҚЫН *Жаулап алушы, басып кіруші.* ◊ **Басқын болды** — *опыр-топыр қаптады, басып кетті.*

БАСҚЫНШЫ *Бір елдің жеріне опасыздықпен басып кіруші, жаулаушы.*

БАСҚЫНШЫЛЫҚ *Баса-көктеп кірушілік, жаулап алушылық.*

БАСҚЫШ 1. *Жоғарыға көтерілу үшін жасалған баспалдақ саты.* 2. ***Ауысп.*** *Қызметтің, оқу жүйесінің белгілі бір сатысы.*

БАСМАШЫ ***тар.*** *Орта Азияда кеңес өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы көтерілген халық жасақшылары.*

БАСМАШЫЛЫҚ *Басмашы болушылық.*

БАСПА I *Кітап, газет-журналдарды басып шығаратын мекеме.*

БАСПА II ***мед.*** *Ауыз қуысы мен тамаққа суық тиюден пайда болатын ауру.*

БАСПА-БАС *Бір затты екінші затқа бірме-бір айырбастау ісі.*

БАСПАГЕР *Кітап басып шығарушы, баспа қызметкері.*

БАСПАҚ I *Бір жасқа дейінгі бұзау, торпақ.*

БАСПАҚ II ***көне*** *Ірі қараның бас терісінен жасалған тұз салатын ыдыс.*

БАСПАҚ III *Материалды қысып ныгырлайтын, тығыздайтын құрал.*

БАСПАҚШЫЛ *Көнгіш, көнімпаз.*

БАСПАЛА 1. *Бір нәрсені қалқа етіп бүгу, жасырыну.* 2. *Бақылау, аңысын аңду.*

БАСПАЛАУ *Әртүрлі материалдарды ныгыздау, қысу.*

БАСПАЛДАҚ *Көп қабатты үйге шығып-түсу үшін жасалатын басқыш, саты.*

БАСПАЛДАҚТА *Сатылап көтерілу.*

БАСПАЛЫ ***муз.*** *Баспасы бар.*

БАСПАНА 1. *Адам тұратын үй, жай.* 2. *Уақытша бас сауғалайтын жер.*

БАСПАНАЛА *Қауіп-қатерден сақтану, бой тасалау.*

БАСПАНАЛЫ *Мекен-жайы бар.*

БАСПАСӨЗ *Баспаханадан күнделікті және дүркінді шығатын газет-журнал.*

БАСПАХАНА *Кітап, газет, журналдарды басып шығаратын өндіріс орны.*

БАСПАХАНАШЫ *Баспахана иесі, қожасы.*

БАССЕЙН 1. *Жасанды су қоймасы.* 2. *Пайдалы қазбалар шығатын жер.*

БАС-СИРАҚ *Сойылған малдың бас пен сирағы.*

БАССЫЗ 1. *Басы жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Басшысыз, қамқоры жоқ.* 3. ***Ауысп.*** *Ақылы жоқ, ақылсыз.*

БАССЫЗДЫҚ *Жүгенсіздік, тәрбиесіздік.*

БАСТА 1. *Басшы болу, басқару.* 2. *Бір нәрсені ұйымдастыру, басқару.*

БАСТАМА *Бір істің басы, алғашқы ұйытқысы.*

БАСТАМА: бастама етік – *ескі қонышқа жаңадан бас салып тігілген етік.*

БАСТАМАШЫ *Бір істің бастаушысы, ұйытқысы.*

БАСТАМАШЫЛ *Жаңа бастамаға құмар, қолдаушы.*

БАСТАН-АЯҚ 1. *Басынан аяғына дейін.* 2. *Бүге-шігесін қалдырмай, тәптіштеп.*

БАСТАҢҒЫ ***этн.*** *Ауылдың үлкендері жол жүріп кеткенде, үйде қалған әйелдері, қыз-қырқындары бас қосып ойын-сауық жасайтын салт-ырым.*

БАСТАПҚЫ *Әуелгі, алғашқы.*

БАСТАПҚЫДАЙ *Әуелгідей, алғашқыдай.*

БАСТАС I *Қатар өскен құрбы, сырлас, мұндас.*

БАСТАС II *Көрші, қоңсы.*

БАСТАУ *Бұлақ, өзен суларының басталатын жері; көзі, қайнар.*

БАСТАУШЫ 1. *Жетекшілік, басшылық ету.* 2. *Бір нәрсені ұйымдастырушы, ұйытқысы.* 3. *Бағыт сілтеуші, жол көрсетуші.*

БАСТАУЫШ ***грамм.*** *Істің кім, не жайында екенін білдіретін сөйлемдегі тұрлаулы мүше.*

БАСТАУШЫЛЫҚ *Жетекші болушылық.*

БАСТЫ 1. *Шешуші, негізгі.* 2. *Дәні ірі, толық.* 3. *Баласы көп отбасы.*

БАСТЫ-БАСТЫ *Негізгі-негізгі, көрнекті-көрнекті.*

БАСТЫҒЫРЫЛ 1. *Жайсыз ұйықтап жатқан адамның тұншығып шошынуы.* 2. *Бірінің үстіне бірі шығып кету, үймелеу.*

БАСТЫҚ I *Жетекші, басқарушы адам.*

БАСТЫҚ II 1. *Бір нәрсеге көндігу, жаттығу, төселу.* 2. *Екпіні, арыны қайту, жөнге келу.*

БАСТЫҚСЫМАҚ ***экспр.*** *Бастық сөзінің қожыну, кекету мәнінде жұмсалуы.*

БАСТЫҚСЫН *Бастық болғансу.*

БАСТЫҚТЫҚ *Бастық болушылық.*

БАСТЫР 1. ***өзг. етіс*** *Бастыр.* 2. *Орылған егіннің дәнін сабағынан ажырату.*

БАСТЫРМА I *Жан-жағы ашық, төбесі жабық жай, лапас.*

БАСТЫРМА II 1. *Машинаның, арбаның үстіне тиеген шөпті басып тұратын ұзын сырық.* 2. *Үй жиһаздарының бетіне салынатын әшекейлі өрнек, бедер.*

БАСТЫРМАЛА 1. *Үсті-үстіне төпей басу, тез-тез жүру.* 2. ***Ауысп.*** *Айтыста, дауда сөз кезегін бермей үдете айту.*

БАСТЫРЫҚ 1. *Тиеген отынды, шөпті ауып кетпеу үшін басып тұратын ұзын сырық.* 2. *Қақпа, есікті бекіту үшін ілгек темірге көлденең өткізілетін ағаш.* ◊ **Бастырық арқан** — *киіз үйді желден, дауылдан қорғау үшін туырлықты бастырып байлайтын киіз үй жабдығы.*

БАСТЫРЫҚТА *Бастырық салу.*

БАСУ *Тоқтау айту, жұбату.*

БАСШЫ 1. *Жетекші, үйтқы.* 2. *Мекеменің басқарушысы.* 3. *Жол көрсетуші, бастап апарушы.*

БАСШЫЛЫҚ *Басшы болушылық.*

БАСЫБАЙЛЫ 1. *Жеке басының еркіндігі жоқ, біреуге тәуелді.* 2. *Өзіне ғана тән, меншікті.*

БАСЫБАЙЛЫЛЫҚ *Өз еркі болмаушылық, біреуге тәуелділік.*

БАСЫБҮТІН *Қайтармайтындай, біржола, мүлдем.*

БАСЫ-КӨЗІ: басы-көзіне қарамай — *бетің бар, жүзің бар демеді.*

БАСЫ-ҚАСЫНДА *Бастан-аяқ жанында, маңында.*

БАСЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Басыл.* 2. *Жайбарақат күйге түсу, ену, тыну.* 3. *Екпіні қайту, бәсеңдеу.* 4. *Тыйылу, тоқтау.* 5. *Тыныштalу, жұбану.* 6. *Түгесілу, таусылу.* 7. *Аяқталу, біту.* 8. ***Ауысп.*** *Беті қайту, жасу, мұқалу.*

БАСЫЛЫМ *Баспа орындарынан басылып шыққан кітап, журнал, басқа да шығармалар.*

БАСЫЛЫҢҚЫ 1. *Бәсең, солғын.* 2. *Екпіні қайтқан, саябыр.*

БАСЫМ 1. *Мол, көп.* 2. *Үстем, күшті, мығым.*

БАСЫМДАУ *Үстемдеу, күштілеу.*

БАСЫМДЫҚ I 1. *Күші басым болушылық, мықтылық.* 2. *Үстемділік, өктемдік.*

БАСЫМДЫҚ II *Бір нәрсені ойлап табу, жаңалық ашудағы бірінші, алғашқы болушылық.*

БАСЫН *Өзінен біреуді төмен санап үстемдік көрсету, өктемдік жасау.*

БАСЫНҒАНДЫҚ *Баса-көктеушілік, өктемдік.*

БАСЫНДА *О баста, әдепкіде, әуелгіде.*

БАСЫҢҚЫ 1. *Бәсең, төмен.* 2. *Төбесі шошақ емес, жалпақ.* □ **Басыңқы сөйлем** *(грамм.)* — *сабақтас құрмалас сөйлемнің баяндауышы тиянақты, негізгі бөлігі.*

БАСЫП-ЖАНШЫ 1. *Мыжу, таптау, жаншу.* 2. *Қарсыласқан жаудың бетін қайтару, жою.*

БАСЫП-ЖАНЫШТА *Қырып-жою, басып тастау.*

БАСЫР 1. *Көзі ақ түсіп, көрмей қалған су қараңғы.* 2. ***Ауысп.*** *Еш нәрседен хабарсыз, бейхабар.*

БАСЫТҚЫ *Бір нәрсенің уытын, күшін қайтаратын зат.*

БАТ 1. *Су астына кету, сіңу.* 2. *Батпаққа, қарға малтығу.* 3. *Қатты тию, ауырту.* 4. *Күн көкжиектен көрінбей кетуі.* 5. *Бойға тарау, сіңу.* 6. *Бір нәрседен қаймығу, имену.* 7. ***Ауысп.*** *Жанға қатты тию, қинау.* 8. ***Ауысп.*** *Көп жұмыстың, қарбаластың ортасына түсу.*

БАТА *діни* 1. *Қайтыс болған адамға бағыштап оқылатын дұға; Құранның бірінші сүресінің аты.* 2. *Игі тілек, алғыс.*

БАТАГӨЙ *діни* 1. *Бата жасаушы адам.* 2. *Көпті көрген, тілектес адам.*

БАТАҒА *кәс.* *Балықты өңдейтін зауыт.*

БАТАҚҰЛАҚ *Өсімдік түрі.*

БАТАЛАС *көне* 1. *Құдай, Құран атымен анттасу, серттесу.* 2. *Екі жақ ризаласып, құда болысу.*

БАТАЛЫ *Бата алған.*

БАТАЛЬОН *Бірнеше ротадан құралған әскери бөлім.*

БАТАОҚЫР *Кісісі өлген үйге ақтық салу, көңіл айтып, Құран оқыту кәдесі.*

БАТАРЕЯ I 1. *Артиллерияның бекініс орны.* 2. *Артиллерия бөлімшесі.*

БАТАРЕЯ II *Бірнеше электртехника элементтерінің немесе аккумуляторлардың қосындысынан тұратын энергия көзі.*

БАТАСЫЗ *Бата алмаған.*

БАТАТ ***бот.*** *Түйнегі адамға тағам, малға жем ретінде пайдаланылатын өсімдік; тәтті картоп.*

БАТБАТ *Құмды жерді мекендейтін кесіртке.*

БАТҚАЛАҚ *Батпағы мол.*

БАТҚЫ *Өрнек, бедер.*

БАТПАҚ 1. *Құрғақ емес, лай, былғаныш жер.* 2. ***геогр.*** *Пайдаға аспайтын, ешқашан құрғамайтын алқап.*

БАТПАҚТА 1. *Лайсаң жермен жүріп, балшыққа бату.* 2. ***Ауысп.*** *Қиындыққа кезігу, бөгелу.*

БАТПАҚТАН *Балшыққа айналу, лайлану.*

БАТПАҚТЫ *Батпағы мол.*

БАТПАҚТЫҚ *Балшықты болушылық.*

БАТПАН I ***тар.*** 1. *Салмағы 4-тен 16, кейде 12 пұтқа дейінгі өлшем.* □ **Батпан құйрық** — *семіз, үлкен құйрық.* 2. *Олжа.*

БАТПАН II ***спорт*** *Екі басы шоқпарлы, тұтқасы оңтайлы спорттық құрал; снаряд.*

БАТПАНДАЙ *Қолақпандай, үп-үлкен.*

БАТПАНСЫ *Өзін-өзі зор санау.*

БАТПЫРАҚТАТ *Бірінің үстіне бірін салу, үйіп төгу.*

БАТПЫРАҚТАТУ ***қ. атау.*** *Батпырақтату.*

БАТПЫРАУЫҚ *Қағаздың төрт бұрышын қалың етіп желімдеп, ұзын, жіңішке жіппен аспанға ұшырып ойнайтын балалар ойыны.*

БАТСАЙЫ I *Қалың жібек кездеме.*

БАТСАЙЫ II *Еті қалың қауын.*

БАТТАМ: бес баттам — *әбден кір басқан, лас.*

БАТТАС *Бірінің үстіне бірі жабысып, қалыңдау.*

БАТТАСТЫР *Қалың етіп жағу.*

БАТТАУЫҚ *Өзен, көл жағаларында өсетін ақ шөп.*

БАТТАУЫҚТЫ *Баттауығы көп, мол.*

БАТТИ *Бадырайып, айқын көрінү.*

БАТТИТ 1. ***өзг. етіс*** *Баттит.* 2. ***Ауысп.*** *Көңілге қарамай, тура айту.*

БАТЫҚ: батық мұрын — *кеңсірігі ішке қарай кіріңкілеу, батыңқылау мұрын.*

БАТЫЛ 1. *Ержүрек, қайсар.* 2. *Жасқаншақтамай, тура, еркін.* ◊ **Батылы бармады (жетпеді)** — *дәті бармады, жасқанды.*

БАТЫЛДАН *Тайсалмау, өжеттену.*

БАТЫЛДЫҚ *Ерлік, жүректілік.*

БАТЫЛСЫЗ *Жасқаншақ, именшек.*

БАТЫЛСЫЗДАН *Жүрексіну, қаймығу.*

БАТЫЛСЫЗДАУ *Жігерсіздеу, жасқаншақтау.*

БАТЫЛСЫЗДЫҚ *Жүрексінушілік, именшектік.*

БАТЫЛСЫН *Өжетсіну, еркінсу.*

БАТЫҢҚЫ *Ішке қарай кіріңкі, түсіңкі.*

БАТЫҢҚЫЛАУ *Ішке қарай кіріңкілеу, ойыңқылау.*

БАТЫР 1. *Ел қамы үшін жаумен айқасып жеңіп шыққан ержүрек адам.* 2. *Батыл, өткір.* 3. *Сөз арасында біреуді мадақтау мәнінде жұмсалатын қошемет сөз.* 4. ***экспр.*** *Біреуді мысқылдау, кекету мәнінде жұмсалатын мысқыл сөз.* □ **Батыр ана** — *көп бала өсіріп тәрбиелеген анаға берілетін атақ.* **Батыр қала** — *Ұлы Отан соғысында қаһармандық, ерлік көрсеткен қалаға берілген жоғары атақ.* **Батырлар жыры** — *елі, жері үшін басқыншы жаумен шайқасқан батырлардың ерлік істерін жырлайтын фольклорлық шығарма.* **Батыр тұлғалы [пішінді]** — *зор тұлғалы, алпамсадай.*

БАТЫРАҚ ***тар.*** *Байлардың езгісінде болған кедей-кепшік.*

БАТЫРҒЫ *Қармақты су астына батыратын ауыр зат.*

БАТЫРЕКЕ ***эмоц.*** *Көтермелеп айтылған сөз.*

БАТЫРЛАН *Қайраттану, батылдану, жігерлену.*

БАТЫРЛЫҚ *Ержүректік, батылдық.*

БАТЫРМА *Мүйізге, ағашқа басып салған бедер, ою-өрнек; батқы.*

БАТЫРМАЛЫ: батырмалы қондырғы — *қой тоғытатын қондырғы.*

БАТЫРСЫ *Батыр болғансу, күштісіну.*

БАТЫРСЫН ***экспр.*** *Өзін-өзі ер санау, күштімсіну.*

БАТЫС 1. *Дүниенің төрт тарабының шығысқа қарама-қарсы жағы; күн бататын жақ.* 2. *Жер шарының батыс жақ бөлігіне орналасқан мемлекет, ел.*

БАУ I 1. *Киімге, әртүрлі заттардың ұшына байлау үшін ызылған ілмек баулық.* 2. *Қармақтың, құрықтың сапқа байланған ұзын жібі.* 3. *Қапшықтың, дорбаның, сумканың қолға ұстайтын жері.* □ **Бау арық** ***кәс.*** — *егіс даласындағы ең жіңішке арық.* ◊ **Бау ашар** — *ең алғашқы, тырнақалды іс, жолашар.* **Бауы берік болсын** — *жаңа туған сәбидің денсаулығы мықты болсын деген алғыс, тілек.*

БАУ II *Әртүрлі өсімдіктер, гүлдер, жеміс ағаштары отырғызылған жер; бақ.* **Бау қайшы** — *жеміс-жидек бұтақтарын кесуге арналған қатты тісті қайшы.*

БАУ III *Шөптің, егіннің бір байламы.* □ **Бау байлады** — *буды, баулады.* **Бау тары** — *бастырмалаған, әлі бауда тұрған көксағал тары.*

БАУ-БАҚША *Жеміс-жидек егілген жер.*

БАУ-БАҚШАЛЫ *Бау-бақшасы мол, миуаға толы.*

БАУДАЙ: баудай түсті — *жапырақтай сұлады, бірі қалмай қырылды.*

БАУКЕСПЕ *Кәнігі ұры.*

БАУЛА *Бау қып байлау, буу.*

БАУЛУШЫ *Тәлім-тәрбие беруші, үйретуші; тәлімгер.*

БАУЛЫ I *Бауы бар, бау тағылған.*

БАУЛЫ II 1. *Тәрбиелеу, үйрету, жаттықтыру.* 2. *Түз қырандарын қолға үйрету, аң ұстауға машықтандыру.*

БАУЛЫҚ 1. *Киім-кешекке қадалған түймені өткізіп қоятын ілмек бау.* 2. *Орылған шөпті, егінді баулайтын шиден не талдан жасалған байлам.*

БАУРА *Өзіне қаратып алу, бағындыру, икемдеу.*

БАУРАҒЫШ *Меңгергіш, игергіш.*

БАУРАЙ *Биік жердің төменгі етегі, бауыры.*

БАУРАЙЛА *Баураймен жүру, бөктерлеу.*

БАУ-ШАРБАҚ 1. *Бір үйдің қорақопсысы.* 2. *Бір үйдің өрен-жараны.*

БАУ-ШУ *Киіз үйдің арқан, баужіптері.*

БАУШЫ *Бау байлаушы адам.*

БАУЫЗДА 1. *Алқымның астынан пышақпен кесу, ору, сою.* 2. *Қырып-жою, жоқ қылу.*

БАУЫЗДАМ *Қыл мойын, бауыздау тұс.*

БАУЫЗДАУ *Қыл мойын, бауыздам.* ◊ **Бауыздау құда** — *ең жақын, жанашыр құда, күйеудің не келіннің атаанасы.* **Бауыздау қан** — *бауыздағанда аққан таза қан.*

БАУЫЗДАУЛЫ *Бауыздалған қалпында, бауыздалған күйінде.*

БАУЫР 1. *Адам мен жан-жануарлардың қан тарату, зат алмасу, ас қорыту қызметтеріне қатысушы ішкі мүше.* 2. *Жан-жануардың бауыр орналасқан ішкі жағы.* 3. *Таулы, жоталы биік жерлердің ой жағы, етегі, алқымы.* 4. ***Ауысп.*** *Жүзік, білезік, қамшы сияқты заттардың ішкі жағы, бауырдағы.* □ **Бауыр жіп** — *түйенің бауыр жібі.* **Бауыр киіз** — *түйеге жүк артарда бауырына батпас үшін төс арқанға кигізіп қоятын жең сияқты киіз.* **Бауырымен жорғалаушылар** — *кесіртке, жылан, тасбақа т. б. омыртқалылар отряды.* ◊ **Бауыр басты** — *жақын тартты, үйренді.* **Бауыр жазды** — а) *көсіле шапты; екпіндетті;* ə) *еркіндік-*

ке қолы жетті. **Бауыры бүтін** – *басы бүтін, аман-сау.* **Бауыры езілді** – *елжіреді, жақсы көрді.* **Бауыры қатты** – *мейірімсіз, қатал.* **Бауыры құтты** – *мейірімді, берекелі.* **Бауырына басты** – а) *құшақтады, құшты;* ә) *асырап алды, бақты;* б) *меншіктеді, тәуелденді.* **Бауырынан жарады** – *ат бабына келді, бауыры тартылды.* **Бауырына салды** – а) *бала асырап алды;* ә) *жас төлді алдына апарды, емізді.* **Бауырына тартты** – а) *өзіне жақындатты, құшақтады;* ә) *іш тартты, өзімсінді.* **Бауырында болды [өсті]** – *біреудің асырауында болды, тәрбиеленді.* **Бауырын жаздырмады** – а) *аттың тізгінін тартты;* ә) *бір іске көсіле кірісуге бөгет жасады.* **Бауырын жарып шыққан** – *туған бала, перзент.* **Бауырын көтерді** – *аягымен жүруге жарады.* **Бауырын төседі** – *аунады, қуанды.* **Бауыры суық қара жер** – *рақымсыз, қатыгез ажал.* **Бауыры тартылды** – *күйіне келді, жарады (ат).*

БАУЫР II *Бірге туған қандас, туыс, ағайын.* □ **Бауыр тартты [тұтты]** – *жақын санады, туыс көрді.* **Бауырымдап шапты** – *ескі салт бойынша қазалы ауылға айқай салып, атпен шауып жылап келді.*

БАУЫРДАҚ ***жерг.*** *Ершікке, ер-тұрман әбзелдеріне тағатын айыл.*

БАУЫРКӨППЕ ***көне*** *Ыдысқа, зеренге бетімен бет болып салынатын дән өлшемі.*

БАУЫРҚҰРТ 1. *Ұзындығы 1–2 сантиметрдей, түрі жапырақ тәрізді сарғыш құрт.* 2. *Бауырқұрт әсерінен пайда болатын дерт, ауру.*

БАУЫРЛА 1. *Етпетінен жатып жылжу, жорғалау.* 2. *Ұшқан құстың, ұшақтың жерге жақындап ұшуы.* 3. *Атты бауырдан қамшымен осып жіберу, ұру.* 4. *Таудың, дөңнің етегін етпектей жүру.* 5. *Қарға, суға, батпаққа бауырға дейін бату.*

БАУЫРЛАС I 1. *Бірге туған, туыстас.* 2. ***Ауысп.*** *Мүдделері ортақ, жақын дос-жар.*

БАУЫРЛАС II *Жақын болу, туыстасу, достасу.*

БАУЫРЛАСТЫҚ *Туыстастық, жақындық; достық.*

БАУЫРЛАТ 1. ***өзг. етіс*** *Бауырла-т.* 2. *Төмендете, бауырына ала.*

БАУЫРЛЫҚ *Бауыр болғандық. Туысқандық, туғандық.*

БАУЫРМАЛ *Өзгені жатсынбайтын, көпшіл, туысқаншыл.*

БАУЫРМАЛДЫҚ 1. *Ағайыншылдық, туысқаншылдық.* 2. ***Ауысп.*** *Жанашырлық, ілтипаттық.*

БАУЫРМҰК 1. *Тянь-Шань орман-дарында өсетін мүк.* 2. *Осы мүктен жасалған бауырдың дәрісі.*

БАУЫРСАҚ *Қамырды кішіректеу етіп түрліше формаға кесіп, майға пісірген нан.* ◊ **Бауырсақ мұрын** – *домалақ, келте мұрын.*

БАУЫРСЫРА *Бауырын сағыну, туысқансырау.*

БАУЫРЫМДА 1. *Жақын санап, бауырым-бауырым деу.* 2. *Өлген адамды жоқтау, азалау.*

БАШАЙ *бақай, башпақ.* ◊ **Башайдан тартты** – *кедергі жасады, етектен алды.*

БАШАҚ *Ұсақ, жетілмеген, кішкентай.*

БАШМАҚ *Үй ішінде киетін жеңіл, жұмсақ аяққиім.*

БАШПАЙ *Аяқтың бақайы.*

БАЯ *Ашуланшақ, беймаза.* □ **Бая түйе** – *қасына тірі жанды жуытпайтын қоспақтың бая түрі.*

БАЯБАН *Құлазыған шөл дала, жапан түз.*

БАЯҒЫ 1. *Ертедегі, ежелгі, бұрынғы кездегі* 2. *Әйтеуір, қалай болғанда, қайткенде.*

БАЯҒЫДА 1. *Ертеде, бұрынғы уақытта, баяғыда.* 2. *Әлдеқашан, көп уақыт бұрын.*

БАЯҒЫДАЙ 1. *Өткен кездегідей, бұрынғыдай.* 2. *Әдеттегідей, қалпынша.*

БАЯҒЫДАН *Ерте кезден, бұрыннан.*

БАЯҒЫША *Бұрынғы сияқты, бұрынғыша, ескіше.*

БАЯЛДЫ ***бот.*** *Алқа тұқымдас, күлгін түсті, сопақша келген бақша өсімдігі.*

БАЯЛЫШ *Шөлді, құмды жерде тырбиып өсетін бозғыл түсті тікенді өсімдік, бұта.*

БАЯЛЫШТЫ *Баялышы мол.*

БАЯН I 1. *Тұрақ, тұрлау, тиянақ.* 2. *Бір оқиғаның мазмұны, жайы, жөні.* 3. ***Ауысп.*** *Анық, айқын, мәлім.* □ **Баян етті [қылды]** — *көрген-білгенін жеткізді.* ◊ **Баяны жоқ** — *тұрлауы жоқ, тұрақсыз.* **Баян таппады** — *опа көрмеді, көңілі тыншымады, байыз таппады.*

БАЯН II ***муз.*** *Басып ойнайтын қатар-қатар түймелері бар үлкен гармонь.*

БАЯНДА I *Болған оқиғаны баян ету; айту.*

БАЯНДА II *Тұрақтау, орнығу, байыздау.*

БАЯНДАМА *Белгілі бір мәселе бойынша жиналыста айтылатын хабарлама, кең ақпар.*

БАЯНДАМАШЫ *Баяндама жасаған адам.*

БАЯНДАУ ***әдеб.*** *Оқиғаны автордың өз сөзімен беру.*

БАЯНДАУШЫ *Әңгімені, оқиғаны айтып беруші, хабарлаушы.*

БАЯНДАУЫШ ***грамм.*** *Бастауыштың ісін, қимылын білдіріп, сөйлемді тиянақтандырып тұратын тұрлаулы мүше.*

БАЯНДЫ 1. *Орнықты, тұрақты.* 2. *Тиянақты, тыңғылықты.* ◊ **Баянды болсын** — *игілікті, құтты болсын д. м.* **Баянды етті** — *тұрақты, тиянақты етті.*

БАЯНДЫЛЫҚ *Тиянақтылық, тұрақтылық.*

БАЯНСЫЗ 1. *Тұрағы жоқ, тұрлаусыз.* 2. *Тиянағы жоқ, пәтуасыз.*

БАЯНСЫЗДЫҚ *Тұрақсыздық, тұрлаусыздық.*

БАЯНШЫ *Баян ойнаушы, гармоншы.*

БАЯУ 1. *Жай, ақырын.* 2. *Сылбыр, керенеу, маргау.* 3. *Саябырлау, бәсеңдеу, солғындау.* ◊ **Баяу тартты** — *самарқауланды, саябырланды, жалқауланды.*

БАЯУЛАУ 1. *Ақырынырақ, жайырақ.* 2. *Кешеуілдеу, кейіндеу.*

БАЯУЛЫҚ *Жайбарақаттық, сылбырлық, шабандық.*

БАЯУСЫ *Жайбарақатсу, бәсеңсу.*

БАЯ-ШАЯ: бая-шая болды — *күйіп-пісті, шыж-быж болды.*

БӘБІСЕК ***зоол.*** *Сары ала түсті ұзын сирақты құс.*

БӘДБАХЫТ 1. *Бақыты ашылмаған, бақытсыз.* 2. ***Ауысп.*** *Қарабет, оңбаған.*

БӘДДҰҒА ***діни*** *Теріс бата.*

БӘДЕН *Көрік, шырай, өң.*

БӘДЕНДІ *Ажарлы, көрікті, өңді.*

БӘДЕНСІЗ *Әрсіз, өңсіз, ажарсыз.*

БӘДЕУИ *Арабстанның шөл далаларында тұратын тайпа.*

БӘДІЗ ***көне*** *Тастан қашалған мүсін.*

БӘДІЗШІ *Тастан мүсін жасап, тас өрнектеуші адам.*

БӘДІК I ***көне*** 1. *Малға, адамға жұғатын ауру, індет, айналма.* 2. ***фольк.*** *Сықырлау, арбау нанымынан пайда болған айтыс өлеңі.*

БӘДІК II *Аузына не келсе соны айтатын, тұрпайы (адам).*

БӘЗ: бәз баяғы; бәз қалпы — *ертедегі, бұрынғы қалпы.*

БӘЙБІШЕ 1. *Көп әйел алған адамның алғашқы, бірінші әйелі.* 2. *Егде тартқан, жұрт сыйлайтын, қадірлі әйел.*

БӘЙБІШЕ-ТОҚАЛ *Көп әйел алған адамның бұрынғы-кейінгі әйелдері.*

БӘЙГЕ 1. *Қазақ халқының дәстүрлі ат жарысы.* 2. *Еңбекте, өнерде, спортта жеңіскерлерді іріктейтін жарыс, сайыс.* 3. *Жарыста озып шыққандарға берілетін жүлде; сыйлық.* □ **Бәйге ат** — *бәйгеге қосатын жүйрік ат.* **Бәйге төбе** — *атжарысындағы көмбе.* ◊ **Бәйге атындай аңқылдады** — *ағыла сөйле-*

ді, мүдірмеді. **Бәйгеге қосты (түсті)** — *атты жарысқа жіберді.* **Бәйгенің алдын бермеді** — *алдына жан салмады.* **Бәйге тікті** — а) *жүлде тағайындады;* ә) *бәстесті, бәс қойды.*

БӘЙГЕЛІК *Бәйгеге қатысты, бәйгеге тән.*

БӘЙЕК: бәйек болды [қақты] — а) *жаны қалмай құрақ ұшты;* ә) *жарамсақтанды, жағымпазданды.*

БӘЙЕКТЕ *Асты-үстіне түсу, бәйек болу.*

БӘЙПЕК: бәйпек [бәйпең] қақты — *бәйек болды, жалпаңдады.*

БӘЙПЕКТЕ *Бәйпең қағу, жалпаңдау.*

БӘЙТЕРЕК 1. *Терек туысына тән ең биік ағаш.* 2. ***Ауысп.*** *Тірек, таяныш, сүйеніш.*

БӘЙТЕРЕКТЕЙ *Бәйтерек сияқты биік, ірі.*

БӘЙТӨБЕТ *Төбет ит, сырттан.*

БӘЙШЕШЕК *Қар кетісімен шығатын, қызғалдақ туысына жататын көктем гүлі.*

БӘЙШЕШЕКТЕЙ *Бәйшешек сияқты құлпырған, қызылды-жасылды.*

БӘЙІТ *Ораза кезінде айтылатын жарапазан сарынындағы жыр, өлең.*

БӘКЕЛТЕК *Бәкене, аласа.*

БӘКЕНЕ *Аласа, тапал.*

БӘКІ *Ашылып-жабылатын қалта пышақ.*

БӘЛДЕН *Өз бағасын асырып, бәлсіну.*

БӘЛЕ 1. *Пәле-жала, шатақ.* 2. *Қырсық, кесел, кесапат.* ◊ **Бәле баққан** — *іздегені дау мен шатақ.* **Бәле болды** — *қырсық болды.* **Бәлеге қалды [шатылды]** — *шатаққа ұрынды.* **Бәледен машайық қашты** — *бәледен қаш, жуыма д. м.* **Бәле құды** — *жамандық ойлады, бәле ізденді.* **Бәле қылды [салды]** — *шатақ шығарды.* **Бәленің отын өргізді** — *бәлені үлкейтті, жандандырды.* **Бәлесі жұқты [тиді]** — *кесірі тиді.*

БӘЛЕ II 1. *Ет тірі, пысық, бәлекет.* 2. ***Ауысп.*** *Қорқынышты бейне, құбыжық.*

БӘЛЕ-ЖАЛА *Қырсық, кесапат.*

БӘЛЕК *Жекпенің ұшын іліп қоятын, екі жағы кертілген жуантық ағаш.*

БӘЛЕКЕТ 1. *Адамға қас күш, жыншайтан, кесепат-қырсық, пәлекет.* 2. *Қырсық, шатақ, кесір.* 3. *Пысық, қу, пәле.* ◊ **Бәлекетіңді алайын** — *садағаң кетейін.* **Бәлекет басқыр** ***қарғ.*** — *қара басқыр.*

БӘЛЕҚОР *Бәле құғыш, жалақор.*

БӘЛЕҚОРЛЫҚ *Жалақорлық, бәле құғыштық.*

БӘЛЕҚҰМАР ***қ.*** *Бәлеқор.*

БӘЛЕЛІ *Пәле-жаласы, шатағы көп.*

БӘЛЕЛІК *Пасықтық, қастық.*

БӘЛЕМ *Біреуге зіл, күш көрсеткенде айтылатын сөз.*

БӘЛЕН *Тұспалдап айтылатын, белгісіздікті білдіретін сөз.*

БӘЛЕНБАЙ *Біршама, бірнеше, бірталай.*

БӘЛЕНДЕЙ *Соншалықты, айтарлықтай.*

БӘЛЕН-ТҮТЕН *Анау-мынау, бәленбәштүген.*

БӘЛКІ *Бәлкім, мүмкін.*

БӘЛКІМ *Мүмкін, ықтимал; бәлки.*

БӘЛСІН *Әлдеқандай болу, бұлдану.*

БӘЛІ 1. *Мадақтау, қошеметтеу мағынасындағы одағай сөз, пәлі.* 2. *Разы болу, қоштау мәнінде айтылады.* 3. *Таңырқау, таңдануды білдіреді.*

БӘЛІШ *Жайылған қамырдың ішіне пияз, бұрыш, ет салып, жиектерін бүріп пісірілетін дәмді тағам.*

БӘРБІ *Қатты затты тесу үшін қолданылатын бұрандалы бұрғы.*

БӘРЕКЕЛДІ 1. *Біреуді қошеметтеп сөйлегенде айтылатын оқшау сөз.* 2. *Разылық білдіріп, сүйсінгенде айтылады.*

БӘРПІ I *Таулы жерде өсетін, тамырының емдік қасиеті бар шөп.*

БӘРПІ II *Нәзік үнді сайрағыш құс.*

БӘРІ *Барлығы, баршасы, тегіс.* ◊ **Бәрін айт та, бірін айт** — *бір нәрсенің тоқетері, түйіні.*

БӘРІБІР *Не істесе де, қайтсе де; мейлі.*

БӘС I 1. *Талас, тартыс, егес, бәсеке.* 2. *Ерегісте, бәсте жеңгендерге беретін ақы, төлем.* ◊ **Бәс қылды (тікті)** — *бәстесті, ерегісті.*

БӘС II *Бага, құн, нарық.*

БӘСЕ *Мақұлдауды, қоштауды білдіретін оқшау сөз.*

БӘСЕКЕ 1. *Өзара еңбек, өнер, спорт сайысы, жарыс, бәйге.* 2. *Көре алмаушылықтан туатын егес, бақастық.*

БӘСЕКЕЛЕС I 1. *Бақталас, бақас, күндес.* 2. *Жарысқа, сайысқа түсуші.*

БӘСЕКЕЛЕС II *Айтысу, салғыласу, тайталасу, ерегісу.*

БӘСЕКЕЛЕСТІК 1. *Бақастық, егестік, бақталастық.* 2. *Спортта, еңбекте, өнерде жарысқа түсушілік.*

БӘСЕКЕЛІ *Бақталастығы бар, күндестігі бар.*

БӘСЕКЕСІЗ *Бәсекесі жоқ, егессіз, талассыз.*

БӘСЕКЕШІ 1. *Таласушы, ерегіске түсуші, бақталасушы.* 2. *Бір-бірімен жарысқа түсуші, сайысшы.*

БӘСЕКЕШІЛ 1. *Біреуді көре алмайтын бақталасшыл, егесшіл.* 2. *Бәсекеге құмар, бәсекелескіш.*

БӘСЕҢ 1. *Жай, ақырын, баяу.* 2. *Көмескі, солғын.* 3. ***Ауысп.*** *Салғырт, басыңқы, төмен.* ◊ **Бәсең тартты** — *бәсеңдеді, саябырлады, солғындады.*

БӘСЕҢДЕ 1. *Баяулау, саябырлау, басылу.* 2. *Азаю, кему.* 3. *Көмескілену, солғындау.*

БӘСЕҢДЕУ *Баяулау, жайлау.*

БӘСЕҢДІК *Баяулық, саябырлық, сылбырлық.*

БӘСЕҢСІ 1. *Бәсеңдеу, саябырсу, толастау.* 2. *Азаю, кему.* 3. *Солғындану, төмендеу.* 4. ***Ауысп.*** *Қарқыны қайту, жүні жығылу.*

БӘСТЕС *Бәс тігісу; жарысу, бәсекелесу.*

БӘСІРЕ *Балаларға меншіктеген, арнайы ен салынған мал, мүлік.*

БӘСІРЕЛІ *Меншікті, арнаулы.*

БӘТ: бәт құндыз — *жоғары сапалы, қымбат бағалы құндыз.*

БӘТЕС *Мақта не зығыр жіптен тоқылған, жылтыр түсті жұқа мата.*

БӘТІР I *Қамырды ашытпай табаға пісіретін нан.*

БӘТІР II *Кейігенде, таңданғанда айтылатын одағай сөз.*

БӘҺРА ***көне*** *Ләззат, ғанибет, ғибрат.*

БЕ *Сұраулық ба шылауының фонетикалық варианты.*

БЕБЕУ *Жаны қатты қиналғанда шығатын үн.* ◊ **Бебеу қақты** — а) *зар қақты, зарлады;* ә) *күйдің құйқылжуы, сазды болуы.*

БЕБЕУЛЕ 1. *Ауру жанға батып, шыдай алмай зар қағу.* 2. ***Ауысп.*** *Күйдің екпінді шығуы; құйқылжу.*

БЕГІМСАЛ ***көне*** *Ескі, тозған киім.*

БЕДЕ *Мал азығы болып саналатын, бұршақ тұқымдастарына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

БЕДЕЛ 1. *Қадір-қасиет, абырой.* 2. *Атақ, даңқ.* ◊ **Бедел сақтады** — *қадір-қасиетіне кір келтірмеді.* **Бедел салды** — *атағын бетке ұстады.* **Беделі артты [өсті]** — *атақ-абыройы көтерілді.* **Беделі жүрді** — *атағының арқасында сөзі өтімді болды.* **Беделін төкті [түсірді]** — *қадірін кетірді.*

БЕДЕЛДІ 1. *Қадір-құрметке бөленген, абыройлы.* 2. *Әйгілі, атақты.*

БЕДЕЛДІЛІК *Қадірлілік, абыройлылық.*

БЕДЕЛСІЗ *Абырой-құрметтен жұрдай, қадірсіз.*

БЕДЕЛСІЗДІК *Абыройсыздық, қадірі жоқтық.*

БЕДЕР 1. *Бір нәрсенің бетіндегі әшекейлі бұдыр, бүр.* 2. *Жердің беткі қабаты.*

БЕДЕРЛЕ 1. *Бедер салу, әшекейлеу, өрнектеу.* 2. ***Ауысп.*** *Сөзді мәнерлеп, көркемдеп айту.*

БЕДЕРЛЕУ: бедерлеу өнері — *бедер түсіру арқылы әртүрлі заттарға өрнек салудың бір түрі.*

БЕДЕРЛЕУШІ ***кәс.*** *Металл бетіне түрлі бедер салуға пайдаланатын құрал.*

БЕДЕРЛІ 1. *Әртүрлі нақыш, өрнек салынған.* 2. *Айшықталған, көркем бейнелі.* □ **Бедерлі жазу** — *соқырлардың оқуы, жазуы үшін арнайы жасалған шрифт.*

БЕДЕРСІЗ *Бедері жоқ, бедер салынбаған.*

БЕДЕРСІЗДЕН *Бедері кету, көнеру.*

БЕДЕРШІ *Бір затқа бедер салушы шебер.*

БЕДЕУ 1. *Қысыр бойдақ мал.* 2. *Бала көтермеген әйел.*

БЕДЕУЛІК *Ұрық болмаушылық, ұрықтанбаушылық.*

БЕДІРЕЙ 1. *Тесірею, безеру, міз бақпау.* 2. *Үн шығармау, мелшию, сазару.*

БЕДІРЕК ***көне*** *Құны жоқ, құнсыз.*

БЕДІРЕҢДЕ ***экспр.*** *Одыраңдау, ежіреңдеу.*

БЕЗ I 1. *Адамның, жануарлардың ағзасында болатын, оның зат алмасуын реттейтін нәрсе.* 2. *Ағаштың шор жері, бұтақтардың буыны, беріші.* □ **Безаяқ (ожау)** — *ағаштың безінен жасалған ыдыс.* ◊ **Безбүйрек** — *қатыгез, қатал.* **Бездамақ** — *тамақ безінің ауруға шалдығуынан пайда болатын кесел; құлғана.* **Без түйін** ***мед.*** — *емшек, бауыр және т. б. бездерде өсетін қатерсіз ісік.* **Безі шошыды** — *безі қабынды, ісінді.*

БЕЗ II 1. *Қашу, зыту.* 2. *Өз елінен, жерінен кету, жатсыну.* 3. *Ат-тонын ала қашу, бас тарту.* ◊ **Безе қашты** — *алды-артына қарамай зытты.*

БЕЗ: без (без-без) ете қалды — *дызақтады, безілдеді, безектеді.*

БЕЗБЕН 1. *Заттың салмағын өлшейтін аспап.* 2. ***Ауысп.*** *Мөлшер, өлшем.* ◊ **Безбеннен жеді** — *кем өлшеді, таразыдан қымқырды.*

БЕЗБЕНДЕ 1. *Безбенге салып өлшеу, таразылау.* 2. ***Ауысп.*** *Салыстыру, теңестіру.* ◊ **Безбенден жиды** — *там-тұмдап құрастырды.*

БЕЗГЕК *Денені қалшылдатып, бір сүйтіп, бір қыздыратын жұқпалы ауру.* ◊ **Безгектен тұрғандай** — *қан жоқ, сөл жоқ, әбден арыған.*

БЕЗГЕЛДЕК *Дуадақтар тегіне жататын, тауық тәрізді дала құсы.*

БЕЗДЕН *Без пайда болу, безі ұлғаю.*

БЕЗДЕУІТ: бездеуіт түк — *кейбір өсімдіктің жапырағында, жеміс қабығында болатын эфир майын түзетін клеткалар.*

БЕЗЕ I 1. *Әшекей салу, өрнектеу, нақыштау.* 2. *Әсемдеу, құлпырту, жайнату.* ◊ **Тілін безеді** — а) *тіл мен жағына сүйенді, тілдің майын тамызып сөйледі, шешендік танытты;* ә) *тіл мен жағына сүйеніп сарнады, аузымен орақ орды.*

БЕЗЕ II *Сілтеу, кезеу, көздеу.*

БЕЗЕГЕН *Қашаған, қорқақ.*

БЕЗЕК I *Бедер, өрнек, нақыш.*

БЕЗЕК II ***жерг.*** *Ағаштың безі, беріші.*

БЕЗЕК: безек қақты — а) *дедек қақты, зыр жүгірді;* ә) *зар иледі, шырылдады.*

БЕЗЕК-БЕЗЕК: безек-безек етті — *шыр-шыр етті, дызақтады.*

БЕЗЕКГҮЛ *Өсімдік түрі.*

БЕЗЕКТЕ 1. *Зыр жүгіру, тыныштық көрмей безек қағу.* 2. *Қолды-аяққа тұрмау, шыр-шыр ету.* 3. *Безілдеу, зарлау, сарнау.*

БЕЗЕН I *Әдемі түрге ену, жасану.*

БЕЗЕН II ***өзд. етіс*** *Безе-н.*

БЕЗЕП-БЕЗЕП *Домбыраны бебеу қақтырып, безілдетіп.*

БЕЗЕР I *Айтқанға көнбейтін, қиқыр, қыңыр.*

БЕЗЕР II 1. *Міз бақпай, мелшию, сазару.* 2. ***Ауысп.*** *Құлазу, сұрқай тарту.*

БЕЗЕРЛЕН *Қиқарлану, қырсығу.*

БЕЗЕРЛІК *Қиқарлық, қыңырлық.*

БЕЗЕУ I *Қан айналысының бұзылуынан адамның терісіне, бетіне шығатын бөртпе.*

БЕЗЕУ II *Әшекей, өрнек, нақыш жүргізу.*

БЕЗЕУБАС *Ұшында әртүрлі өрнектің нұсқасы бар, қашау тәрізді темір құрал.*

БЕЗЕУЛІ *Бетінде безеу бар, безеуі көп.*

БЕЗЕУІШ: безеуіш біз – *күмістелген бұйымның бетіне бедер жүргізетін құрал.*

БЕЗІЛ *Без-без еткен дауыс.*

БЕЗІЛДЕ 1. *Дедек қағу, зыр жүгіру.* 2. *Баланың қолды-аяққа тұрмай шырқырауы.* 3. *Қоңыраудың, телефонның т. б. заттардың үздіксіз шырылдауы.*

БЕЗІЛДЕУІК *Безілдегіш, зарлауық.*

БЕЗІЛДЕТ 1. ***өзг. етіс*** *Безілдет.* 2. *Тез жүргізу, жүйткізу.*

БЕЗІН 1. ***өзг. етіс*** *Без-ін.* 2. *Торығу, түңілу, күдер үзу.* 3. ***Ауысп.*** *Шошу, қорқу, үркү.*

БЕЗІРЕЙ *Міз бақпау, бедірею.*

БЕЗІРЕН *Ширығу, қатаю.*

БЕЗІРЕҢДЕУ *Безілдеу, безектеу.*

БЕЙ ***лингв.*** *Сөздің алдына қосылып, кері мағына тудыратын жұрнақ.* **Бейкүнә** – *күнәсіз, бейдауа – дауасыз.*

БЕЙАПАР 1. *Бетпақ, көкбет.* 2. *Қалай болса солай, өрескел.*

БЕЙАУЫЗ *Аузына не келсе, соны айтатын, бетпақ.*

БЕЙБАҚ *Байғұс, бейшара, мүсәпір.*

БЕЙБАҚТЫҚ *Бейбақ болушылық.*

БЕЙБАС *Әдепсіз, содыр-сотқар, тентек.*

БЕЙБАСТАҚ *Тәртіпсіз, жүгенсіз, ұятсыз.*

БЕЙБАСТАҚТЫҚ *Бейбастақ болушылық.*

БЕЙБАСТЫҚ *Әдепсіздік, сотқарлық, тәртіпсіздік.*

БЕЙБЕРЕКЕТ *Берекесіз, қалай болса солай.*

БЕЙБЕРЕКЕТТІК *Берекесіздік, жүгенсіздік.*

БЕЙБІТ 1. *Айғай-шусыз, тыныш.* 2. *Соғыссыз, ұрыссыз.*

БЕЙБІТШІЛ *Бейбітшілікті жақтайтын.*

БЕЙБІТШІЛІК *Тыныштық, татулық.*

БЕЙЖАЙ 1. *Жайбарақат, қапелсіз.* 2. *Мең-зең, дел-сал.* ◊ **Бейжай болды [тартты]** – а) *жайбарақат болды;* ә) *масасызданды, беймазалыққа түсті.*

БЕЙЖАЙЛЫҚ *Бейғамдық, жайбарақаттық.*

БЕЙКҮНӘ *Жазықсыз, айыпсыз.*

БЕЙКҮНӘЛІК *Жазықсыздық, айыпсыздық.*

БЕЙҚАМ *Қамсыз, жайбарақат.*

БЕЙҚАМСЫ *Жайбарақатқа салыну.*

БЕЙҚҰТ *Қаннен-қапелсіз, бейбіт.*

БЕЙМАЗА 1. *Мазасыз, шыдамсыз, тынышсыз.* 2. ***Ауысп.*** *Жайсыз, жағымсыз.* ◊ **Беймаза қылды [етті]** – *мазасын алды, тынышын кетірді.*

БЕЙМАЗАЛА *Тынышын алу, мазасын кетіру.*

БЕЙМАЗАЛАУ *Мазасыздау, тынышсыздау.*

БЕЙМАЗАЛЫҚ *Мазасыздық, тынышсыздық.*

БЕЙМӘЛІМ *Мәлімсіз, белгісіз.*

БЕЙМЕЗГІЛ *Мезгілсіз, бейуақыт.*

БЕЙНЕ I 1. *Кескін-келбет, түрпат.* 2. *Мүсін, сымбат, пішін.* 3. *Көркем шығармадағы кейіпкер, образ, тұлға.* 4. *Көркем шығарма я ауыз әдебиетіндегі кейіпкер образы, тұлғасы.*

БЕЙНЕ II 1. *Секілді, сияқты, тәрізді.* 2. *Нағыз, дәл, кәдімгі.*

БЕЙНЕЛЕ 1. *Өмірдегі тіршілік көрінісін көркем образ арқылы беру.* 2. *Сахнада кейіпкер бейнесін жасау.*

БЕЙНЕЛЕС *Пішіндес, кейіптес.*

БЕЙНЕЛЕУ ***психол.*** *Сыртқы дүниенің мида суреттелуі.* □ **Бейнелеу өнері** – *кескіндеме, мүсін, графика, сән сияқты өнерлердің бірнеше түрін қамтитын ұғым.*

БЕЙНЕЛІ 1. *Бейнесі бірдей, ұқсас.* 2. *Кескінді, көрікті, тұлғалы.* 3. *Образды, айшықты.*

БЕЙНЕЛІЛІК 1. *Әдемілік, көріктілік.* 2. *Мәнділік, образдылық.*

БЕЙНЕМАГНИТОФОН *Экрандағы кескінді түсіріп (жазып) алып қайта көрсететін аппарат.*

БЕЙНЕТЕЛЕФОН *Сөйлескен кісінің жүзін көріп отыратын телефон.*

БЕЙНЕТ *Азап, мехнат.* ◊ **Бейнет тартты [кешті]** — *азап шекті, азаптанды.*

БЕЙНЕТКЕР *Еңбекқор, еңбексүйгіш.*

БЕЙНЕТҚОР *Еңбексүйгіш, еңбекшіл.*

БЕЙНЕТСІЗ *Қиыншылықсыз, мехнатсыз.*

БЕЙНЕТТЕН 1. *Еңбек ету, әрекеттену.* 2. *Азаптану, жанын қинау.*

БЕЙНЕТІ *Азабы мол, мехнатты.*

БЕЙНЕТШІЛ *Бейнеткер, бейнетқұмар.*

БЕЙПІЛ 1. *Былапыт, дөрекі.* 2. *Парықсыз, қалай болса солай.* ◊ **Бейпіл ауыз** — *былапыт, тұрпайы сөйлейтін кісі.*

БЕЙПІЛДЕН *Бейпіл сөйлеу.*

БЕЙПІЛДІК *Бейпілауыздық.*

БЕЙСАУАТ 1. *Бейтаныс, бөгде, бөтен.* 2. *Орынсыз, ретсіз, сөлекет.*

БЕЙСЕНБІ *Аптаның төртінші күні.*

БЕЙСЕНБІЛІК *Бейсенбі күнінде істелетін іс, жұмыс.*

БЕЙТАНЫС *Таныс емес, бөгде, бөтен.*

БЕЙТАРАП 1. *Ешкімге қосылмайтын, қалыс.* 2. *Енжар, селсоқ.* □ **Бейтарап аймақ** — *екі мемлекеттің шекарасындағы жер.* **Бейтарап қалды** — *қалыс қалды.* **Бейтарап сөздер** ***лингв.*** — *сөз табына жатпайтын сөздер.*

БЕЙТАРАПТАН *Бөлектену, жіктелу, оқшаулану.*

БЕЙТАРАПТЫҚ *Ешкімге қосылмаушылық, қалыс болушылық.*

БЕЙУАҚ 1. *Мезгілсіз, уақытсыз.* 2. *Кешкі апақ-сапақ кез.*

БЕЙХАБАР *Хабарсыз, мәлімсіз, маглұматсыз.*

БЕЙХАБАРЛЫҚ *Ешнәрседен хабары жоқтық, мәлімсіздік, хабар-ошарсыздық.*

БЕЙШАРА *Байғұс, мүсәпір, сорлы.* ◊ **Бейшара болды** — *сорлады, мүсәпір болды.*

БЕЙШАРАЛАН *Мүсәпірлену, нашарлану, сорлау.*

БЕЙШАРАЛЫҚ *Сорлылық, мүсәпірлік, нашарлық.*

БЕЙІМ 1. *Ыңғай, епті, икем, ебі бар.* 2. *Үқсас, сай.* 3. ***Ауысп.*** *Жақын, жуық, ықыласты.*

БЕЙІМДЕ 1. *Ыңғайлау, икемдеу.* 2. *Икемдеу, үйлестіру.*

БЕЙІМДЕЛ 1. ***өзг. етіс*** *Бейімдел.* 2. *Төселу, көндігу, үйрену.*

БЕЙІМДЕЛГІШ *Ыңғайға көнгіш, икемделгіш.*

БЕЙІМДЕЛУ *Ағзаның тіршілік ортаға бейімделуі.*

БЕЙІМДЕСТІК *Тілектестік, жанашырлық.*

БЕЙІМДЕУ *Жуықтау, жақындау, икемдеу.*

БЕЙІМДІ 1. *Ыңғайлы, икемді, оңтайлы.* 2. *Қабілетті, іскер.*

БЕЙІМДІЛІК 1. *Икемділік, ыңғайлылық, оңтайлылық.* 2. *Қабілеттілік, іскерлілік*

БЕЙІМСІЗ *Икемсіз, епсіз.*

БЕЙІМСІЗДІК *Икемсіздік, епсіздік.*

БЕЙІТ *Өлген адамды жерлеген қабір, мола.*

БЕЙІШ *Жұмақ, ұжмақ, жаннат, рахат.*

БЕК I ***тар.*** *Феодалдық қоғамдағы үстем тап өкілі, рубасы, ел билеушісі.*

БЕК II 1. *Бекем, мықты, берік.* 2. *Өте, тым, аса, тіпті.*

БЕКАС *Сазды жерді мекендейтін ұзын тұмсықты құс.*

БЕКБИКЕ ***тар.*** *Ақсүйек пен бектердің әйелі.*

БЕКЕ *Оңтүстікте өсетін алма тұқымдас ағаш.*

БЕКЕМ *Берік, мықты, мығым.*

БЕКЕМДЕ *Мықтау, нықтау, мығымдау.*

БЕКЕМДІК *Мықтылық, мығымдық, беріктік.*

БЕКЕР 1. *Босқа, текке, әншейін.* 2. *Жалған, өтірік.*

БЕКЕРДЕН-БЕКЕР *Бостан-босқа, жайдан-жай.*

БЕКЕРШІЛІК *Қателік, оғаштық, терістік.*

БЕКЕТ ***тар.*** *Жолаушылар, қатынас көліктері аялдайтын жер.*

БЕКЕТШІ *Бекет ұстаушы, бекет басының тұрғыны.*

БЕКЕУІЛ *Міндетті, жауапты.*

БЕКЗАДА ***тар.*** *Шыққан тегін, жаратылысын артық санайтын ақсүйек тұқымы.*

БЕКЗАДАЛЫҚ *Бекзаттық, ақсүйектік.*

БЕКЗАТ ***тар.*** 1. *Бек, сұлтан әулетінің тұқымы.* 2. ***Ауысп.*** *Қасиетті, асыл.*

БЕКЗАТТЫҚ *Ақсүйектік, бекзадалық.*

БЕКСІН 1. *Өзін бек санау.* 2. *Мықтысыну, күштісіну.*

БЕКТІК *Бекке тән қасиет.*

БЕКІ 1. *Ашық емес, жабық болу.* 2. *Жымдасу, кірігу.* 3. *Ныгая түсу, күшею.* 4. *Тоқтамға келу, үйғару.* 5. *Бекініс жасау, орныгу.* 6. ***Ауысп.*** *Қайраттану, шырау.* 7. ***Ауысп.*** *Құпталу, мақұлдану.*

БЕКІМ *Шешім, тоқтам, байлам.*

БЕКІНІС 1. *Сырты қоршалған қамал, қорған.* 2. *Алдын ала дайындалған қорғаныс шебі.*

БЕКІРЕ *Уылдырығы мен еті бағалы ірі балық.*

БЕКІС *Тіл табысу, татуласу, келісу.*

БЕКІТ 1. ***өзг. етіс*** *Бекіт.* 2. *Мықтап байлау, жауып қою, кілттеп қамау.* 3. *Белгілі бір шешімді мақұлдау, қабылдау.*

БЕКІТКІШ ***тех.*** *Механика бөлшектерін дәнекерлегіш, жымдастырғыш, біріктіргіш.*

БЕКІТУЛІ *Жабулы, кілттеулі.*

БЕЛ 1. *Адам денесінің арқадан төмен, мықыннан жоғары жіңішке тұсы.* 2. *Малдың арқасы.* 3. *Таудың қырқасы, аласа асуы, кезең.* 4. ***Ауысп.*** *Арқа тұтар тірек, күш, қуат, сүйеніш.* □ **Белағаш** — а) *арбаның алдыңғы, артқы доңғалақтарын біріктіруші жуантық білік;* ә) ***жерг.*** *Үй төбесіне салынатын арқалық; мәтке.* **Құмырсқа [қышпа] бел** — *талдырмаш нәзік бел.* **Бел бала** — *өзінен туған бала.* ◊ **Бел құда** — *бауыздау құда.* **Бел омыртқа** — *арқа омыртқа.* ◊ **Бел алды** — *күшейді, нығайды.* **Бел байлады** — *тәуекелге басты.* **Бел бермеді** — а) *сыр алдырмады;* ә) *күш бермеді, жеңгізбеді.* **Бел босатты** — *дем алды, тыныстады.* **Бел буды** — *нақтылы тоқтамға келді.* **Белден басты** — а) *киіп-жарды, баса-көктеді;* ә) *өзін еркін сезінді.* **Белді бекем байлады (буды)** — *шындап кірісті.* **Бел жазды** — а) *тынықты, әлденді;* ә) *күш жиып, қайраттанды.* **Бел көрді** — *тірек, таяныш санады.* **Бел қайысты** — *ауыр тиді, қинады.* **Бел қылды** —*арқа сүйеді, тірек етті.* **Бел ұстады** — а) *күреспек болды, белдесті;* ә) *айтысты, тартысты.* **Бел шешпеді** — *мұршасы болмады, қолы тимеді.* **Белі кетті** — *еркектік қабілетін жоғалтты.* **Белі көтеріді** — *тыңайды, әлденіп қалды.*

БЕЛБАУ *Киіз үйдің керегесін сыртынан бастыра тартып байлайтын ұзын арқан.*

БЕЛ-БЕЛЕС 1. *Қырқа-қырқа, асу-асу, кезең, жон-жон.* 2. ***Ауысп.*** *Өмірдің әртүрлі кезеңі, қиын-қыстау кезі.*

БЕЛБЕУ *Белді буу үшін матадан не былғарыдан, қайыстан, жасалған белдік.*

БЕЛБЕУЛЕ *Белін белдікпен байлау, буу, орау.*

БЕЛБЕУЛЕН 1. *Белбеумен белін буыну.* 2. *Белбеу буынған.*

БЕЛГІ 1. *Шартты таңба, ен.* 2. *Бір нәрсенің басқадан өзгешелігі.* 3. *Белгілі бір құбылыстың нышаны, сыңайы.* 4. *Айрықша атақты білдіретін айырмашылық, өзгешелік, ерекшелік нышан.* ◊ **Белгі берді [етті]** — *аңғартты, білдірді, сендірді.* **Белгі қойды** — *таңба салды, белгіледі.* **Белгі салды [соқты]** — *шартты таңба қойды.*

БЕЛГІЛЕ 1. *Таңба салу, белгі қою.* 2. *Тағайындау, әзірлеу.* 3. *Айқындау, жоспарлау, белгілеп қою.*

БЕЛГІЛІ 1. *Көпке әйгілі, атақты, даңқты, көрнекті.* 2. *Айқын, анық, аян, мәлім.* ◊ **Белгілі бекбике** — *аты шулы, әйгілі.*

БЕЛГІСІЗ 1. *Белгісі, ен-таңбасы жоқ.* 2. *Беймәлім, бейтаныс.*

БЕЛДЕМЕ I *Бел омыртқа.*

БЕЛДЕМЕ II *Селдір тоқымаға тігілген кесте, әшекейлі өрнек.*

БЕЛДЕМЕ III *Қой ұшасының белдемесінен дайындалатын тағам.*

БЕЛДЕМПАЯ ***көне*** *Ақсүйек түскен жер мен көмбенің дәл ортасына қойылатын белгі.*

БЕЛДЕМІШЕ 1. ***көне*** *Тойға көйлек үстінен киетін әйел киімінің сәнді түрі.* 2. *Алдыға байланатын алжапқыш.* □ **Белдемше ілгек** — *есікті бекітуге жасалған көлденең ағаш не темір.*

БЕЛДЕН 1. *Беліне асыну, байлап алу.* 2. *Дөңестену, дөңкию.* 3. ***Ауысп.*** *Күш алу, қайраттану.*

БЕЛДЕС 1. *Белден, белбеуден ұстасып күресу, тіресу.* 2. ***Ауысп.*** *Айқасу, алысу.*

БЕЛДЕУ 1. *Туырлықтың керегеге тығыз жатуы және оны боран көтеріп кетпеуі үшін сыртынан айналдыра байлайтын қыл арқан.* 2. *Таудың орта тұсы, шені, бел тұсы.* 3. ***геогр.*** *Белгісі бір параллельдер аралығындағы жер бөлігі.*

БЕЛДЕУ-БЕЛДЕУ *Жал-жал, қатпар-қатпар, белес-белес.*

БЕЛДЕУЛЕ 1. *Киіз үйді айналдыра арқанмен белдеулеп тану.* 2. *Айналдыра орап байлау, белдеушелеп тану.* 3. *Айнала, төңіректі қоршап тастау.*

БЕЛДЕУЛЕТ 1. *Ортан беліне таман, орта тұсына дейін құю.* 2. *Бір нәрсені бел ортасынан бастыра салу, бастырмалату.*

БЕЛДЕУЛІ 1. *Белдеу буылған, белдеуі бар.* 2. *Аса маңызды, қажетті, елеулі.*

БЕЛДЕУЛІК *Белгілі бір заттың бел ортасы, бел шені.*

БЕЛДІ 1. *Күшті, әлді, мықты, зор.* ◊ **Белді бекем байлады (буды)** — *тәуекел етті, іске сыбанып кірісті.*

БЕЛДІК 1. *Былғарыдан жасалған белбеу.* 2. *Арба, шана тертесін көтеріп, ершіктің үстінен тарта байлайтын қайыс бау.* 3. *Арбаның екі дөңгелегін қосып тұратын белағашы.*

БЕЛДІКТЕ 1. *Белдік салу, белдікпен байлау.* 2. *Заттың, бір нәрсенің ортан белінен құрсау, буу.*

БЕЛДІЛІК *Мықтылық, күштілік, беделділік.*

БЕЛЕҢ 1. *Көлбей созыла жатқан дөңес, биіктеу жер.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір кезең.* ◊ **Белең алды** — *өрши түсті, дендеді.*

БЕЛЕС 1. *Асу, бел, белең.* 2. ***Ауысп.*** *Өсу, дамумен байланысты кезең.*

БЕЛЕС-БЕЛЕС *Жон-жон, жота-жота, асу-асу.*

БЕЛЕСТЕН *Жон-жота, бел-бел болып жату.*

БЕЛЕСТІ *Белесі, асу кезеңі көп.*

БЕЛ ҚҰДА *Әйелдері жүкті болған кезде, іштегі балаларын атастырып, сөз байласқан құда.*

БЕЛЛӘҺИ *Ант ішкенде айтылатын сөз.*

БЕЛЛЕТРИСТ *Роман, повесть, әңгіме жазушы.*

БЕЛЛЕТРИСТИКА *Баяндау түрінде жазылған көркем шығарма.*

БЕЛОК ***биол.*** *Жан-жануарлар мен өсімдіктер организмдерінің құрамындағы күрделі органикалық зат.*

БЕЛОКТЫҚ *Белокқа бай, белокқа қатысты.*

БЕЛОРУС *Белоруссияда тұратын Шығыс славян халқы.*

БЕЛСЕН 1. *Бар ынтасын салу, құлшына кірісу.* 2. *Етек-жеңді түру, білек сыбану.*

БЕЛСЕНДІ I *Қажырлы, ынталы, жігерлі, актив.*

БЕЛСЕНДІ II *Қоғамдық-саяси ұйымдардың алдыңғы қатарлы белсенді мүшесі.*

БЕЛСЕНДІЛІК *Бір нәрсеге қажырлылық, ынталылық, активтік, жігерлілік.*

БЕЛСЕНДІСІ *Өзінше белсенді болғансу.*

БЕЛСІЗ *Әлсіз, күші жоқ.*

БЕЛСІЗДІК ***мед.*** *Әлсіздік, қуатсыздық.*

БЕЛТІР *Жіңішке жіліншік.*

БЕЛТІРЛІК *Тобықтан жоғары, балтыр астындағы жіңішке жіліншік.*

БЕЛУАР 1. *Адамның бел тұсы, белдеме.* 2. *Бір заттың ортасы.*

БЕЛУАРЛА *Белуардан келу, белдемелеу.*

БЕЛШЕ *Белуар, бел орта.*

БЕЛШЕДЕН *Белуардан, белден, белортадан.* ◊ **Белшеден батты (байыды)** — а) *ортан белінен малтықты;* ә) *шырмалып шыға алмады;* б) *байлықтың астында қалды, кенелді;* в) *қарызға батты.*

БЕЛШЕЛЕ *Белуардан бату, белдемелеу.*

БЕН *Жалғаулық шылау.*

БЕНЗИН ***хим.*** *Мұнайды өңдеуден алынатын түссіз жанармай.*

БЕНЗОЛ ***хим.*** *Таскөмір мен мұнайдан өндірілетін түссіз сұйық зат.*

БЕП-БЕЛГІЛІ *Ап-айқын, айдан анық.*

БЕР I 1. *Бір затты қолмен әперу, ұстату.* 2. *Бір нәрсені біреуге жет-кізу, тапсыру.* 3. *Атақ, дәреже беру.* 4. *Өнім беру, шығару.* 5. *Белгілі бір заттың бейнесін сипаттап көрсету, суреттеу, бере білу.* 6. ***мат.*** *Бүтін санды бөлу, бөлшектеу.* 7. *Күрделі етістік құрамындағы көмекші етістік.* ◊ **Бергенінен жазбасын *тілек*.** — *Құдайдың берері таусылмасын.* **Бергісі жоқ** — *беретін ойы жоқ.* **Берместің асы піспес** — *созбалақтап жүріп алды д. м.*

БЕР: бер жақ — *арғы бетке қарама-қарсы жақ, түс.* ◊ **Бер жақ** — *белгілі мерзімнен кейінгі кезең.* **Бер жағымен** — *шынайы емес, алдарқатып, жай.*

БЕРГЕК ***көне*** *Желекті ұстап тұратын әшекейлі қатырғы; әйелдердің әшекейлі баскиімі.*

БЕРГІ 1. *Арғы жаққа қарама-қарсы бер жақ, осы жақ.* 2. *Бертінгі, берменгі.*

БЕРГІСІЗ *Пара-пар, теңдес.*

БЕРГІШ 1. *Береген, таратқыш.* 2. *Берудің ұнамсыз түрі.* 3. *Белгілі бір сөзбен тіркесіп үстеме мағына береді.* □ **Кеңес бергіш** — *ақылгөй, ақылшы.*

БЕРГІШТЕ *Қайта-қайта, үстемелеп бере беру.*

БЕРДЕНКЕ *XIX ғасырда орыс армиясының қарулы күшінде қолданылған шағын калибрлі винтовка.*

БЕРЕГЕН *Қолы ашық, жомарт, мырза.*

БЕРЕГЕНДІК *Мырзалық, жомарттық.*

БЕРЕГЕНСІ *Жомарт болғансу, мырзасын.*

БЕРЕК I ***жерг.*** *Құнарлы, нәрлі.*

БЕРЕК II ***көне*** *Мәуелі ағаштар мен түрлі бұталардың үрімі, бұтағы.*

БЕРЕКЕ 1. *Ырыс, молшылық, мол.* 2. *Ауызбірлік, ынтымақ.* ◊ **Береке қонды** — *байлық, дәулет келді, береке дарыды.* **Берекесі жоқ** — *береке таптырмайтын, бәтуасыз.* **Берекесі кетті [қашты, қалмады]** — а) *шырқы бұзылды, құты қашты;* ә) *абыржыды, асып-састы.* **Береке таппады** — *тыным көрмеді, рахат таппады.*

БЕРЕКЕ-ҚҰТ *Бақ-дәулет, байлық.* ◊ **Береке-құтын қашырды** — *зәресін ұшырды, үрейін алды.*

БЕРЕКЕЛЕН *Берекелі болу, берекесі арту.*

БЕРЕКЕЛЕС *Ынтымақтасу, бірлесу, бірігу.*

БЕРЕКЕЛІ 1. *Берекесі мол, ырысты, ырзықты, игілікті.* 2. *Ауыз бірлігі мол, ынтымақты.* 3. *Тиімді, пайдалы.*

БЕРЕКЕСІЗ 1. *Бейберекет, қалай болса солай.* 2. *Тоқтауы жоқ пәтуасыз, тұрлаусыз, шалағай.*

БЕРЕКЕСІЗДЕН 1. *Берекесі кету, қожырау.* 2. *Құты қашу, дегбірсіздену.*

БЕРЕКЕСІЗДІК *Берекесі жоқтық, берекесі кеткендік.*

БЕРЕКЕТ *Береке-құт, береке-бірлік.* ◊ **Берекеті кетті [қашты]** — *құты қашты, асып-састы.* **Берекетін алды** — *шырқын бұзды, мазасын кетірді.*

БЕРЕН I *Қымбат, асыл мата.*

БЕРЕН II 1. *Нағыз шың болат.* 2. *Болаттан жасалған, батырлар киетін сауыт.*

БЕРЕН III 1. *Ұңғысы ұзын шиті мылтық.* 2. *Пышақ сияқты қару; қанжар.* 3. ***Ауысп.*** *Өжет, өткір.*

БЕРЕНГҮЛ *Өсімдік түрі.*

БЕРЕНДІК *Беріктік, мықтылық, батылдық.*

БЕРЕРМЕН *Берешек, қарыздар.*

БЕРЕСІ *Берешек, қарыз.*

БЕРЕСІЛІ *Берешек, қарыздар, бережақ.*

БЕРЕТ *Дөңгелек келген жеңіл баскиім.*

БЕРЕШЕК 1. *Қарыз, бересі.* 2. *Азаматтық парыз, борыш.*

БЕРИЛЛ ***мин., хим.*** *Аса қымбат бағалы меруерт тастың бір түрі.*

БЕРИЛЛИЙ ***хим.*** *Менделеевтің периодты жүйесінің II тобындағы жеңіл, ашық сұр түсті металл.*

БЕРКІ ***коне*** *Беку, шыныгу, төзу.*

БЕРМЕН 1. *Бері қарай, бері таман, берірек.* 2. *Жуық арада, беріректе.* ◊ **Бермен бет, әрмен жүрек** ***жерг.*** *екіжүзді арам (адам).*

БЕРТІН *Бері келе, кейін, соңынан.* □ **Бертін келе** — *келе-келе, кейіннен.*

БЕРТІНГІ *Бергі, кейінгі.*

БЕРТІНДЕ 1. *Беріде, жақында, жуықта.* 2. *Соңғы кезде, кейінгі уақытта.*

БЕРІ 1. *Әрі сөзіне қарама-қарсы, бермен, жақын, жуық, таяу.* □ **Бері келе** — *келе-келе, соңғы кезде.* **Бері қара** — *көңіл бөл, ықылас білдір.* 2. *Белгілі бір мерзімнен кейін.*

БЕРІГІРЕК *Мықтырақ, төзімдірек.*

БЕРІК 1. *Мықты, бекем, мығым.* 2. ***Ауысп.*** *Шыдамды, төзімді, көнбіс, ұстамды, табанды.* 3. ***Ауысп.*** *Жабық, бекітулі.* ◊ **Берік бол** — *жасыма, қайратты бол.*

БЕРІКБАС ***зоол.*** *Басын жоғары көтеріп ұстайтын кесіртке.*

БЕРІКТІК 1. *Мықтылық, бекемділік, мығымдылық.* 2. *Тұрақтылық, табандылық.*

БЕРІЛ 1. ***ыр. етіс*** 2. *Бас ию, бағыну, тұтқын болу.* 3. *Бой ұру, ұю, маужырау.* 4. *Мүдделі іске жан-тәнімен сену, ілану.*

БЕРІЛГІШ *Бой ұрғыш, әуестенгіш.*

БЕРІМ *Ауызбастырық, пара.*

БЕРІМСЕК *Қарыз алған, өтеуге тиісті зат, борыш, берешек.*

БЕРІРЕКТЕ *Таяуда, жақынырақта.*

БЕРІСПЕ 1. *Берілмеу, жеңілмеу.* 2. *Парапар келу, кем түспеу.*

БЕРІШ I 1. *Тері астында қатып қалған ісік, өлі ет, шор.* 2. *Қайың, терек сияқты ағаштардың шорланған жері; без.*

БЕРІШ II ***мед.*** *Организмдегі қан тамырларының қатаюы, ұмытшақтық ауру.*

БЕРІШ III *Каспийде, Қара теңізде кездесетін көксерке тұқымдас балық.*

БЕРІШТЕН *Берішке айналу, шор боп бітту, шорлану.*

БЕС 1. *Төрттен кейінгі есептік сан.* 2. *Мектеп оқушыларының білімін көрсететін бестік баға.* □ **Бес жақсы** — *қазақ дәстүрі бойынша мал есебімен төленетін қалың малдың алғашқы тобы;* 1. *Тоғыз түйе, төрт құлынды бие, төрт құнан, төрт байтал, жеті тай не бір ту бие;* 2. *Нар, кілем, ат, қылыш, ең тәуір киімдер.* □ **Бес қанат үй** — *бес керегеден құралған қазақ үй.* ◊ **Бес батпан** — а) *әбден баттасқан, кір, салтақ;* ә) *өте ауыр, зілдей.* **Бес бересі, алты аласы жоқ** — *қарым-қатынасы, араласы жоқ.* **Бесенеден белгілі** — *ертеден, баягыдан анық, айқын.* **Бес биенің сабасындай** — *толық, етжеңді әйел.* **Бесқару** ***(Ер қаруы — бесқару)*** —

садақ, найза, қылыш, айбалта, сауыттардың жиынтығы. **Бес парыз** ***діни*** – *иман, бес намаз, ораза, діни салықтар, қажыға бару сияқты дәстүрді орындау.* **Бес саусағындай біледі** – *әбден қапық, өте жетік.*

БЕСАҚА ***жерг.*** *Бес тармақ, аша айыр.*

БЕСАЛОЛ *Ішек-қарын қызметі бұзылғанда ішетін дәрі.*

БЕС-АЛТЫ *Бес-алтыға жетер-жетпес болжалды сан.*

БЕСАСПАП *Қолынан келмейтіні жоқ шебер.*

БЕСАТАР *Үңғысы иір ойықты бес оқты мылтық.*

БЕСЕНЕ: бесенеден белгілі – *айдан-анық, өзінен-өзі белгілі.*

БЕСЕУ *бес санының жинақтау түрі.*

БЕСҚОНАҚ *Жаз бен күз мезгілі арасында болатын ызғырық, суық күн*

БЕС-ОН *Бес пен онның арасындағы сан мөлшері.*

БЕССАЙЫС ***спорт*** *Спорттың бес түрінен болатын спорт сайысы, жарысы.*

БЕССАЙЫСШЫ *Бессайыспен шұғылданушы, бессайыстың шебері.*

БЕСТАМАҚ *Өсімдік түрі.*

БЕСТАС *Ұсақ бес таспен қақпақылдап ойнайтын ойын түрі.*

БЕСТЕМДЕ *Шашты беске бөліп өрімдеу.*

БЕСТЕМШЕ I *Қыздардың бұрымдарының тарамдалып, беске бөліп өрілген түрі.*

БЕСТЕМШЕ II *Ұлттық ойын.*

БЕСТЕМШЕЛЕП *Бес тарамдап өріп.*

БЕСТІ *Бес жасар жылқы.* □ **Бесті қымыз** – *бес күн сақталып, бабына келген қымыз.*

БЕСТІК *Оқушының "өте жақсы" деген жоғары бағасы.* □ **Бестік шам** – *бес нөмірлік, жарығы әлсіз шам.*

БЕСІК 1. *Жас нәрестеге арналып жасалған, тербелмелі ағаш төсек.* 2. ***Ауысп.*** *Өскен орта, мекен, атақоныс.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің тұңғыш шыққан жері.* □ **Бесік жыры** – *жас нәрестені жұбатып, алдарқататын сазды ән.* **Бесік құда** – *балалары бесікте жатқан кезінде атастырылып құда болысқан.* ◊ **Бесік табы кепкеген** – *әлі балғын, жас.* **Бесіктен белі шықпаған** – *есеймеген, буыны қатпаған.*

БЕСІКСАЛАР ***этн.*** *Жас нәрестені алғаш бесікке бөлегенде жасалатын кәделі ырым.*

БЕСІКСІЗ 1. *Бесігі жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Баласыз, перзентсіз.*

БЕСІКТЕЙ *Бесік тәріздес.*

БЕСІКТІ 1. *Бесігі бар.* 2. *Балалы, сәбилі.*

БЕСІН 1. *Түс ауып, күн еңкейген кез.* 2. *Күні бойы оқылатын намаздың екіншісі, түстен кейін оқылатын намаз.*

БЕСІНДІК *Бесін мезгілі.*

БЕСІНШІ 1. *Бес санының реттік түрі.* 2. *Аптаның бесінші күні; жұма.*

БЕТ 1. *Адам басының алдыңғы жағы; жүз.* 2. *Адамның өзіндік түрі, түс-келбеті.* 3. *Белгілі бір заттың үстіңгі жағы; өңі, жоғарғы қабаты.* 4. *Кітап, дәптер парағының әрбір жазылатын жағы.* 5. *Белгілі бір бағыт, бағдар.* 6. *Таулы, қыр-қыратты жердің құлама жағы, беткейі.* 7. ***Ауысп.*** *-ған, -ген тұлғалы есімшемен тіркесіп, белгілі бір мерзімді, шақты білдіреді.* 8. ***Ауысп.*** *Қалып, күй, түр.* ◊ **Бетмоншақ** – *сөукеленің екі шеке тұсынан төрт елідей тағылған моншақ.* **Бет алды** – а) *бағыт ұстады, беттеді;* ә) *кім көрінген, белгісіз біреу;* б) *қалай болса солай, жөн-жосықсыз.* **Бет алдыңнан жарылқасын** ***тілек.*** – *жолың болсын, сәт сапар.* **Бет аудармады** – *жаңылмай тура шықты.* **Бет бақтырмады** – а) *беттетпеді, маңайлатпады;* ә) *бой бермеді; көнбеді.* **Бет бұрды** – а) *бағыт алды, беттеді;* ә) *ыңғай көрсетті, қарады.* **Бет жоқ** – *арсыз, ұятсыз.* **Бет жыртысты** – *ұрысты, таласты.* **Бетке таңба басылды** – *қорланды, ұятқа қалды.* **Бетке ұстады** – а) *белгілі бір ба-*

ғытты нысанаға алды; ә) сүйеніш етті, тірек етті. **Беткешығар** – *таңдаулы, көрнекті.* **Бетке шіркеу болды** – *кір келтірді, ұятқа қалдырды.* **Бет қаратпады** – а) *бұрылуға мұрша келтірмеді, бас алдырмады; ә) аузын аштырмады, сөйлетпеді.* **Бетмоншағы үзілді [төгілді** – *қымсынды, батылы бармады.* **Бетпердесін ашты** – *әйгіледі, әшкереледі.* **Беттен алды** – *қарсы тұрды, қарсыласты.* **Беті ауды** – *көңілі кетті.* **Беті шыдамады** – *беті қайтты.* **Беті бері қарады** – *аурудан айыға бастады.*

БЕТ-АЖАР *Адамның бет-пішіні, түрі.*

БЕТ-АУЫЗ *Бет құрылысы, бет пішіні, аузы-мұрны.*

БЕТАШАР *Жас келінге жаңа туыстардың алыс-жақындығын таныстырып, ізгі тілектер айту дәстүрі.*

БЕТ-ӘЛПЕТ 1. *Түр-түс, кескін-келбет.* 2. *Беталыс, бағыт-бағдар.*

БЕТ-БЕДЕЛ *Ықпал, абырой.*

БЕТ-БЕДЕР *Кескін-келбет, бейне, көрініс.*

БЕТ-БЕЙНЕ 1. *Бет-пішін, бет-әлпет, түр-нұсқа.* 2. *Сыртқы көрініс, бейне.* 3. *Бағыт-бағдар, мақсат.*

БЕТ-БЕТІМЕН 1. *Әркім өз бетімен, беті ауған жаққа.* 2. *Өз алдына, жөн-жөнінше.*

БЕТ-БЕТІНЕ *Әрқайсысы әр жаққа, өз бетінше.*

БЕТБҰРЫС *Жаңаша беталыс, өзгеріс, тың бағыт.*

БЕТЕГЕ I *Малға жұғымды боз, ақ селеу, шөп.* ◊ **Бетегеден биік, жусаннан аласа** – *момын, момақан, жуас.*

БЕТЕГЕ II ***мед.*** *Қанның сарысуының іш қуысына сарқылып жиналуы; іш шемені.*

БЕТЕР *Одан ары, әрмен, жаман.*

БЕТ-ЖҮЗ *Бет-бейне, бет ауыз, түр-тұрпат.* ◊ **Бет-жүзге қарамады** – *пікірін ашық айтты.* **Бет-жүзің (бетің бар, жүзің бар) демеді** – *беттіне тура айтты, қысылып-қымтырылмады.*

БЕТКЕЙ *Таудың беті, құлама жағы, баурайы.*

БЕТКЕЙЛІ *Күнгейі мол, бөктерлі.*

БЕТКЕЙЛІК: бірбеткейлік – *айтқанға көнбеушілік, қайсарлық, біржақтылық.*

БЕТКІ *Жоғарғы, үстіңгі жақ.*

БЕТОН *Тас, құм, цементтен дайындалатын құрылыс материалы.*

БЕТОНДА *Бетон құю.*

БЕТОНШЫ *Бетон құюға шебер, маман адам.*

БЕТПАҚ I 1. *Айтқанға көнбейтін қиқар, қисық, долы, бірбеткей.* 2. *Ардан безген, бетсіз, жүзіқара.*

БЕТПАҚ II *Елсіз, сусыз, құла дүз.* ◊ **Бетпақ дала** – *мидай сусыз, шөл дала.*

БЕТПАҚТАН *Көгеріп-сазарып долдану, арсыздану.*

БЕТПАҚТЫҚ *Арсыздық, ұятсыздық.*

БЕТПЕ-БЕТ 1. *Жүзбе-жүз, көзбе-көз.* ◊ **Бетпе-бет келмеді** – *қарсы келмеді, сөз қайтармады.*

БЕТ-ПІШІН *Бет-әлпет, бет-бейне, келбет.*

БЕТПЕРДЕ *Адамның бет-жүзін жасырып тұратын арнайы жапсырма, маска.*

БЕТСІЗ *Ардан безген, ұятсыз.*

БЕТСІЗДІК *Ұятсыздық, арсыздық.*

БЕТТЕ 1. *Белгілі бағытқа қарай жүру, бет алу.* 2. *Кітаптың бетін нөмірлеу, бетін қою.* 3. *Бетін ашу, парақтау.* ◊ **Беттей алмады** – а) *тамаққа зауқы соқпады; ә) жақындамады, жуымады.*

БЕТТЕС I 1. ***орт. етіс*** *Бетте-с.* 2. *Екі заттың бір-бірімен дәл келуі, қиюласуы.* 3. *Бетпе-бет келу, кездесу.* 4. *Кінәсін мойнына қою, кінәласу.*

БЕТТЕС II *Ұқсас, тәріздес.*

БЕТТЕТПЕ 1. ***өзг. етіс*** *Беттет.* 2. *Жуытпау, маңайлатпау.*

БЕТТЕУ ***полигр.*** *Баспа жұмысындағы терілген қолжазбаларды беттеу ісі.*

БЕТТЕУШІ *Кітап бетін ретке келтіруші.*

БЕТТІ 1. *Беті шарадай, үлкен.* 2. ***Ауысп.*** *Өткір, өжет.* ◊ **Алма бетті** – *көрікті, ажарлы.*

БЕТТІК *Бетке жуық, беттей.*

БЕТТІЛЕУ *Өткірлеу, өжеттеу.*

БЕТТІЛІК *Өжеттілік, өткірлілік, батылдық.*

БЕТІ-ҚОЛЫ *Бет пен қол.*

БЕТІМ-АЙ *Таңырқап, ұялғандықты білдіретін сөз.*

БЕТІМЕН 1. *Бетінше, өз алдына, бет-бетімен, бетімен* 2. *Өз еркі, ырық, ықтияр.* 3. *Бостан-босқа, бекер.* ◊ **Бетімен кетті** – *қалай болса солай, бытырады.* **Бетімен кеткен** – *тежеусіз, тыюсыз, жүгенсіз.*

БЕТІМЕН-БЕТ *Шүпілдеме, толы.*

БЕТІНШЕ *Өз бетімен, қалай болса солай.*

БЕУ 1. *Әттең, қайран деген мағынаны білдіреді.* 2. *Пай, шіркін, о, оу, әу, ей сияқты көңіл-күйді білдіретін сөз.* 3. *Қап, тәуу сияқты өкінішті білдіретін сөз.*

БЕШПЕНТ *Кеудеге киетін астарлы жеңіл сырткиім.*

БЕШПЕНТШЕҢ *Бешпент киген қалпында.*

БЕЯПАР *Мазасыз, беймаза; жағымсыз.*

БИ I ***тар.*** 1. *Дау-жанжалға бітім айтып, төрелік жасаушы, ел ішіндегі әділ қазы, рубасы.* 2. *Үстемдігі басым әкім, қожа.*

БИ II *Дойбы кестесінде төрге шыққан дойбы тасы.*

БИ III *Музыка ырғағына сай дене қимылымен бейнеленетін өнер түрі.*

БИБЛИОГРАФ *Библиография маманы.*

БИБЛИОГРАФИЯ 1. *Кітаптар мен газет-журналдардың мазмұнын ғылыми тұрғыда сипаттап жазу және олардың тізімін көрсету.* 2. *Кітаптардың көрсеткіші.*

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ *Библиографияға тән, соған лайық.*

БИБЛИЯ ***діни*** *Еврейлер мен христиан дінінің діни кітабы, тәурат.*

БИ-БОЛЫС ***көне*** *Билер мен болыстар, ел билеушілер.*

БИБІ ***көне*** 1. *Ханым, бәйбіше.* 2. *Діни құрмет ретінде әйел есіміне жалғаса айтылатын сөз.*

БИДАЙ *Астық тұқымдасына жататын, ең маңызды тағамдық дақыл.* □ **Жаздық бидай** – *тұқымы көктемде себіліп, жазда не күзде пісетін бидай.* **Күздік бидай** – *тұқымы күзде себіліп, қар астында қыстап, ерте жазда пісетін бидай.* **Қарабидай** – *сыртқы масағы, қауызы мен қылтаны қарайып көрінетін бидай.* **Бидай көже** – *ақталған бидайдан жасалатын сұйық тағам.* ◊ **Бидай өңді** – *аққұба, ашаң жүзді.*

БИДАЙЫ *Жастықтың не ішіктің т. б. тысының астарына салатын қосалқы жұқа мата.*

БИДАЙЫҚ I *Астық тұқымдас көпжылдық жабайы өсімдік.*

БИДАЙЫҚ II *Қаршыға тұқымдас, ең қыран құс.*

БИДАЙЫҚТАЙ *Бидайық сияқты.* ◊ **Бидайықтай құырды** – *жаналқымға алды, қысты.*

БИДАЙЫЛА *Бидайымен қаптау, астарлау.*

БИЕ *Жылқының құлындайтын ұрғашысы.* □ **Бие ағытар** – *күзде бие сауымын тоқтату кезі.* **Биебау** – *а) құлын байлайтын желі, қазыққа керілген арқан; ә) бие байлауға ыңғайлы көк майса, шөбі шүйгін жер.* ◊ **Биесауым жер** – *қашық емес, ауыл маңы.* **Биесауым уақыт** – *сауым аралығындағы мезгіл.*

БИЕБАЙЛАР ***этн.*** *Алғаш бие байланған кезде ауылдастарды шақырып, тамақ беретін дәстүрлі әдеті.*

БИЕМШЕК *Биенің емшегіне ұқсас далада өсетін тәтті өсімдік.*

БИЕШІ *Бие сауатын адам.*

БИКЕ *Әйелді құрметтеп атау.*

БИКЕШ I *Бойжеткен қыздар мен жас әйелдерге айтылатын мәдениетті ибалы сөз.*

БИКЕШ II ***астр.*** *Күн мен түннің теңелу нүктесі орналасқан шоқжұлдыз.*

БИҚАСАП *Жібектен тоқылған өнсіз мата.*

БИҚАТ ***көне*** *Қатты, ауыр.*

БИЛЕ I *Би билеу, биді орындау.*

БИЛЕ II *Билеп-төстеу, үстемдігін жүргізу.* 2. *Басшы болу, басқару.* 3. *Басқа шығу, басыну.*

БИЛЕП-ТӨСТЕ 1. *Үстемдігін жүргізу, бағындыру.* 2. *Өз дегенін істеткізу, ырқына көндіру.*

БИЛЕП-ТӨСТЕГІШ *Үкімін жүргізгіш, билегіш.*

БИЛЕТ 1. *Бір нәрсені пайдалану үшін берілетін құжат.* 2. *Белгілі бір ұйымға қатыстықты білдіретін құжат.* 3. *Емтихан тапсырушыға қойылған сұрақтар жазылатын қағаз.*

БИЛЬЯРД *Арнайы үстел үстіндегі шарларды арнаулы таяқшалармен атып, торлы ұяларға түсіретін ойын; тасқаяқ.*

БИЛІК 1. *Басқарушылық, басшылық, үстемдік, қожалық.* 2. *Билердің айтатын төрелігі, шешімі.* 3. ***заң*** *Қылмысты іс жөніндегі шығарылатын үкім.* 4. *Жарлық, бұйрық, әмір.* 5. *Ерік, ықтияр.* ◊ **Билік айтты** — *ақыл-кеңес берді, төрелік айтты.* **Білікақы** — *билік айтқаны үшін билерге берілетін ақы.* **Билік жүргізді** — *әмірін өткізді.* **Билік құрды** — *басқарды, билеп-төстеді.*

БИМАҒЛҰМ *Анық емес, белгісіз.*

БИНОМ ***мат.*** *Әріптер арқылы бейнеленген екі санның қосындысы не айырмы.*

БИНТ ***мед.*** *Жараны таңуға арналған жіңішке ақ дәке.*

БИНТТЕ *Бинтпен орап байлау, таңу.*

БИОКОМБИНАТ *Биологиялық препараттар жасалатын мекеме.*

БИОЛОГ *Биология ғылымының маманы.*

БИОЛОГИЯ *Тірі табиғат туралы ғылымдар жиынтығы.*

БИОНИКА *Инженерлік бағытта шешетін биология мен техника бірлігіндегі ғылым.*

БИОСФЕРА ***астр.*** *Тірі организмдердің әрекетін көрсететін жер қабаты.*

БИОТОК *Адамның миындағы әлсіз электр тогы.*

БИОХИМИК *Биохимия ғылымының маманы.*

БИОХИМИЯ ***хим.*** *Тірі организмнің химиялық процестерін зерттейтін ғылым.*

БИПАЗ 1. *Икемді, ыңғайлы, оңтайлы.* 2. *Биязы, сыпайы, кербез.*

БИПАЗДА 1. *Баппен әдемілеу, мәнерлеу, сәндеу.* 2. *Әңгімені биязылап әдемілеп айту, жеткізу.*

БИПАЗДАУ *Шаруаға ыңғайлы, икемділеу.*

БИПАЗДЫҚ *Биязылық, бипаз болушылық.*

БИПАҢДА *Батылы жетпей тайсақтау, қипалақтау.*

БИПЫҢДА *Басқан ізін білдірмей мәймең қағу, жорғалау.*

БИРЖА *Сұраныс пен ұсыныс негізінде тауарлармен сауда жасайтын немесе қызметкерлерді жалдаумен айналысатын, нарықтық ұйымдастыру формасы.*

БИРЖАШЫ *Биржа иесі.*

БИТ 1. *Адамның, жан-жануарлардың қанын соратын жәндік.* 2. *Өсімдік жапырақтарының шырынын соратын зиянды құрт.* ◊ **Битке өкпелеп тонынды отқа салма** — *жоқтан өзгені сылтауратып, өз үлесіңнен қағылма д. м.* **Бит тағалады** — *асқан шебер.* **Бит терісінен биялай тоқыды** — *жоқтан бар етті, ұқсатты.* **Биттің қабығындай** — *өте жұқа.* **Бит шаққандай болмады [көрмеді]** — *бұйым көрмеді, елемеді.* **Биті балағына түскен** — *нағыз жарлы, кедей.* **Битін салды [төкті]** — *ашқарақтанды, құныға жеді.* **Битін сығып, қанын жалады** — *жарымады, жаландады.* **Биті торғайдай, мойны ырғайдай болды** —

жадап-жүдеді, азып-тозды. **Бит ішіне қан құяды** — *өзгенің білмегенін білетін айлакер.*

БИТТЕ *Денеге бит түсу, бит қаптау.*

БИТТЕЙ 1. *Бит тәрізді кішкентай, кішірек.* 2. *Сәл, азғана, кішкентай.*

БИТТЕП-ҚҰРТТАП *Әбден жүдеп-жадап, азып-тозып.*

БИТШЕҢ *Биттегіш, биті көп.*

БИФШТЕКС *Қақтап қуырылған сиыр еті.*

БИШІ *Би өнерімен шұғылданушы, биді жақсы билеуші.*

БИШІКЕШ ***қарап.*** *Әкімсымақ, бисымақ.*

БИШІЛ 1. *Билікті ұнататын, әкімдікке, билеуге құмар.* 2. ***жерг.*** *Жорға, жүйрік.*

БИЫЛ *Осы жыл, биылғы.*

БИЫЛҒЫ *Осы, үстіміздегі жыл, биыл.*

БИЫЛША *Биылғы жыл біткенше, биылға.*

БИІК 1. *Асқар, заңғар, зәулім.* 2. *Төмен емес, жоғары.* 3. *Өте жоғары, көп қабатты.* 4. ***Ауысп.*** *Атақ-дәрежесі зор, мәртебелі.*

БИІКТЕ 1. *Биікке көтерілу, шығу, жоғарылау.* 2. ***Ауысп.*** *Алға басу, өрлеу, даму.* 3. ***Ауысп.*** *Дәрежесі арту, асу.*

БИІКТЕУ *Басқалардан жоғарылау, биігірек.*

БИІКТІК 1. *Жоғарылық, зәулімдік.* 2. ***геом.*** *Фигуралардың төбесіне түсірілген перпендикуляр кесінді, не осы кесіндінің ұзындығы.* 3. ***Ауысп.*** *Зор болушылық, артықшылық.*

БИІКШЕ *Сәл биіктеу.*

БИЯЗЫ 1. *Нәзік, жіңішке, жұмсақ.* 2. ***Ауысп.*** *Сыпайы, әдепті.*

БИЯЗЫЛА 1. *Үлпілдете тұту.* 2. ***Ауысп.*** *Әдеп сақтау, сыпайылық көрсету, бипаздау.*

БИЯЗЫЛЫҚ *Биязы болушылық, нәзіктік.*

БИЯЛАЙ *Матадан не былғарыдан тігілген саусақты қолғап.*

БЛАНК *Ара-арасында мәтін жазылған, ал ашық жерлері қолмен толтырылатын қағаз.*

БЛИНДАЖ *Бомбадан, снарядтан қорғану үшін жасалатын бекініс.*

БЛОК ***саяси*** *Саяси-әлеуметтік топтардың өзара келісімі, одағы.*

БЛОКНОТ *Ықшамды, шағын қойын дәптер.*

БОБЫРА 1. *Жібі бос тоқылу, босау.* 2. *Үйпа-түйпасы шығу, қобырау.*

БОҒАУЫЗ *Былапыт, әдепсіз, бейпіл сөз.*

БОҒАУЫЗШЫЛ *Былапыт сөзге үйір, боғауыз айтқыш.*

БОҒЖАМА *Қолдан тігілген боқша, дорба.*

БОҒМОЛА ***бот.*** *Улы саңырауқұлақ әсерінен болатын мал дерті.*

БОДА-БОДА *Ағыл-тегіл, дода-дода.*

БОДАН *Бағынышты, тәуелді.*

БОДАНДЫҚ *Еркі жоқтық, тәуелділік.*

БОДАУ I *Бір нәрсенің төлеуі, өтеуі.*

БОДАУ II *Үлкен лөкет пышақ.*

БОДЫРА *Үйпа-түйпасы шығу, қобырау.*

БОЖБАН: божбан қара — *қожыр қара, шой қара (адам).*

БОЖЫ I *Арбаға, шанаға жегілген атқа бағдар беріп жүргізіп отыратын делбе.*

БОЖЫ II 1. *Тағамдардың қатты ашып, бүлініп кетуі.* 2. *Пышырау, қожырау, берекесі кету.*

БОЖЫЛА *Божымен айдау, жүргізу, божы тағу.*

БОЖЫЛДА *Бұрқ-сарқ етіп қайнау, бұрқылдау.*

БОЖЫРА *Қожырау, ұнжырғасы түсу, салбырау.*

БОЗ I 1. *Ақшыл, қылаң түс.* 2. *Боз ала таң, таң сәрі.* □ **Бозарша** — *бұта түрінде өсетін мәңгі жасыл, қылқан жапырақты ағаш.* **Боз қырау** — *күзгі*

ауаның тоңазуынан болатын жұқа қар, шық.

БОЗ II *Бетегелі, изенді, селеулі ақ дала.* **Бозжусан** – *жусан тектес көпжылдық өсімдік.* **Бозизен** – *алабұта тұқымдас біржылдық өсімдік.*

БОЗА *Көбіне тарыдан ашытып қолдан жасалған сусын, ішімдік.*

БОЗАҚОР *Бозақұмар, боза ішкіш.*

БОЗАЛАҢ *Қылаң, ақшыл, бозғылт.* **Бозалаң тартты** – *бозғылданды, ағарды.*

БОЗАМЫҚ *Бозғылт, ақшылтым.* **Бозамық тартты** – *бозғылт тартты, қылаң берді.*

БОЗАМЫҚТАН 1. *Ақшыл тарту, бозару.* 2. *Таң қылаңдану, құлан иектену.*

БОЗАМЫҚТАУ *Бозғылттау, қылаңдау.*

БОЗАҢ I 1. *Ақшыл, қылаң (түс).* 2. *Таң сәрі, алагеуім.* ◊ **Бозаң** – *а) ақшыл тартты, бозғылданды; ә) өңі құқыл тартты.*

БОЗАҢ II 1. *Құрғақ, сортаңды жер.* 2. *Сортаң жерде түп-түп болып өсетін ақ селеу шөп.*

БОЗАҢДАУ 1. *Бозғылттау, ақшылдау.* 2. *Өңі ақшылдау, құқылдау.*

БОЗАҢЫТ *Ақшыл тарту, бозғылттану.*

БОЗАР 1. *Бозғылттану, ақшылдану.* 2. *Өңі қашу, түсі бұзылу.*

БОЗАРАҢ: бозараң тартты – *сәл жарық бола бастады.*

БОЗАРАҢДА *Ақшылтым тарта бастау.*

БОЗАРЫҢҚЫ *Бозғылт, бозғылтым.*

БОЗАШЫ *Боза ашытатын адам.*

БОЗБАЛА *Жігіт-желең, жасөспірім, үйленбеген жас жігіт.*

БОЗБАЛАЛЫҚ *Жастық шақ, жігітшілік кез.*

БОЗБАЛАША *Бозбалаға ұқсас, жас жігітше.*

БОЗБАЛАШЫЛЫҚ *Ойын-күлкіге бейімділік, жігітшілік.*

БОЗБАС *Тәжірибесіз, жас, балаң.*

БОЗҒАЛДАҚ ***жерг.*** *Көктемде қар кете салысымен шығатын ақшыл, боз түкті гүл, жауқазын.*

БОЗҒАНАҚ *Құрғақта өсетін дәні бар шөп.*

БОЗҒЫЛ 1. *Ақшыл, бозамық, бозғылт тартқан.* 2. *Өңі қашқан, сұрғылт.*

БОЗҒЫЛДАН *Ақшыл тарту, бозару.*

БОЗҒЫЛТ 1. *Бозамық, ақшыл келген.* ◊ **Бозғылт тартты** – *а) өңі қашты, бозарды; ә) бурыл тартты, ағарды.*

БОЗҒЫЛТТАН *Ала көлеңкелену, бозару.*

БОЗҒЫЛТЫМ *Боз түске жақын.*

БОЗДА 1. *Түйенің зарлап үн шығаруы.* 2. *Еңіреу, зарлап жылау.* 3. *Бір қалыпты үзбей, тоқтамай дыбыс шығару.*

БОЗДАҚ I *Түйе түлеген соң жаңадан шығатын жұмсақ ұлпа жүн; ботаның жақ жүні.* ◊ **Боздағы шықты** – *тоңғаннан, жүдегеннен жақ жүні үрпиді.*

БОЗДАҚ II *Ер азамат, жас жігіт.*

БОЗДАҚ III *Үлпілдек жүнді тұқымның күшіктері.*

БОЗДАТ ***өзг. етіс*** *Боздату.* 1. *Қатты жылату, еңіретту, зарлату.* 2. *Әнді шырқату, өлең-жырды зулату.*

БОЗДАУЫҚ *Зарлы үн шығаргыш, боздағыш.*

БОЗДЫ *Боз өсетін, бозы бар.*

БОЗҚОНАҚ *Шабындық немесе малға жұғымды дақыл өсімдік.*

БОЗӨКПЕ I ***вет.*** *Қойда болатын кесел, дерт.*

БОЗӨКПЕ II *Жуас, жасық, ынжық.*

БОЗТАЛ *Бұтақтары өте жіңішке майысқақ, жас тал.*

БОЗТОРҒАЙ *Негізінен жазық даланы мекендейтін боз түсті, сайрағыш құс.*

БОЗШАҒАЛА *Шағала тұқымдас құс.*

БОЗШАҒЫЛ ***бот.*** *Құрғақ аймақты жайылымдықта өсетін көпжылдық шөптесін өсімдік.*

БОЙ 1. *Адам мен жан-жануарлардың тік тұрғандағы дене түрқы, ұзындығы.* 2. *Тұла бой, дене.* 3. *Өзен, көше, жол, сай тағы басқа нәрселердің жағасы, жиегі.* 4. ***Ауысп.*** *Сырткиімнің алдыңғы, артқы өңірі.* 5. *Есім сөздермен тіркесіп белгілі бір мерзім біткенше деген мағынаны білдіреді.* 6. *Есімше формасымен тіркесіп, амал-әрекеттің алғашқы шағын немесе өзгермейтін қалып, күйді білдіреді.* 7. *Есім сөздермен тіркесіп салыстырмалы өлшеу ұғымын білдіреді.* □ **Өлке бойы** — *белгілі бір алқап өңір.* ◊ **Бой алдырды** — *а) титықтады, шаршады; ә) ырқына көнді, жетегінде кетті.* **Бой бақты** — *алды-артын байқады.* **Бой бермеді** — *ырық бермеді, айтқанға көнбеді.* **Бой бойлады** — *а) бой түзеді, сәнденді; ә) өз бетімен жүрді.* **Бой-бойы шықты [жыртылды]** — *быт-шыты шығу, әбден тозды.* **Бойға ас батпады** — *а) ішкен-жегені бойға тарамады, сіңбеді; ә) мазасы кетті.* **Бойға біткен** — *қанға сінген, үйреншікті болған.* **Бойға шақтады [өлшеді]** — *шама-шарқысына қарады, әлін білді.* **Бойдан асты** — *қолынан келмеді әлі жетпеді.* **Бойды биледі [алды, жеңді]** — *еріктi алды, балқытты.* **Бой жазды** — *а) демалды, сергіді; ә) еркіндікке қолы жетті, кеңшілік алды.* **Бой жасады** — *өлер алдындағы ауырдың көңіл күйі, іс-қимылы.* **Бойжетті** — *өсті, кәмелетке толды.* **Бой көрсетті** — *а) қарасын көрсетті; ә) қыр көрсетті, сес қылды; б) кім екендігін байқатты.* **Бой көтерді** — *а) биіктей бастады, бойлады; ә) сейіл құрды, көңіл көтерді; б) еңсесі көтерілді, көңілденді.* **Бой сақтады** — *тартынды, сақтанды.* **Бой сергітті [бой сергіді]** — *еңсесі көтерілді, жадырады.* **Бой тасалады [жасырды]** — *көзге түспеуге тырысты, жасырынды.* **Бой түзеді** — *а) сымбаттанып өсіп қалды; ә) үсті-басына қарады, сән түзеді.* **Бойтұмардай сақтады** — *қадірледі.* **Бойына ас батпады** — *мазасы кетті, алаңдады.* **Бой ұсынды** — *мойынсұнды, бейімделді.* **Бойына қонды** — *киім денеге шақ келді, жарасты.* **Бойын аулақ салды [ұстады]** — *бір нәрседен қашықтады, жоламады.* **Бойына шыр бітпеді** — *толмады, ет алмады.* **Бойын үйірді** — *өзіне тартты, қызықтырды.* **Бойын жинады** — *а) тыңайып күш алды; ә) өзіне-өзі келді.* **Бойын күтті [сылады, тарады]** — *өз басын күтті.* **Бойын үйретті** — *жақын тартты, үйір қылды.* **Бойы үйренді** — *жатсынбады, жатырқамады.*

БОЙ-БОЙ: бой-бой болды — *ұзынынан дал-дал болып жыртылды.*

БОЙДАҚ 1. *Үйленбеген, салтбасты.* 2. *Піштірілген еркек қой.* 3. *Төлдемеген қысыр мал.*

БОЙДАҚТА *Бөлшектеп, даралап серке салу.*

БОЙЖЕТКЕН *Кәмелетке толған, ержеткен қыз.*

БОЙЖҮГЕРІ *Сабағы ұзын, иіліп өсетін жүгері.*

БОЙКҮЙЕЗ *Бір нәрсеге селсоқ қарайтын енжар, еріншек.*

БОЙКҮЙЕЗДЕН *Мойны ештеңеге жар бермеу, енжарлану.*

БОЙКҮЙЕЗДІК *Енжарлық, жалқаулық, еріншектік.*

БОЙҚАЛАҚАЙ *Сабағы тік, сидаң көпжылдық өсімдік.*

БОЙЛА 1. *Биіктеп өсу, ұзару.* 2. *Судың бойдан асатын жеріне жүріп бару, өрлеу.* 3. *Мойын соза қарау.* 4. *Бір нәрсенің бойымен бірдей болатындай ету.* 5. *Жылқы малының тізгін бермей арындауы.* 6. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің байыбына бару, мәніне зер салу, тереңдеу.* ◊ **Терең бойлады** — *тереңдеп бату, жайылу, тарау.*

БОЙЛАУЫҚ 1. *Бойлап өсетін, биік.* 2. *Тізгін бермейтін арыншыл, бас асау.* 3. ***Ауысп.*** *Ешқашан тежеу көрмеген, ешкімге бас имеген.*

БОЙЛЫ 1. *Ұзын не аласа бойы бар.* 2. *Бойшаң келген.*

БОЙЛЫҚ I *Киімнің ұзына бойы ұзындығы.*

БОЙЛЫҚ II ***геогр.*** *Экватордан меридианға дейінгі градуспен белгіленетін аралық, арақашықтық.*

БОЙРА *Қамыстан тоқылған төсеніш зат.*

БОЙСҰН *Мойындау, бағыну.*

БОЙТҰМАР ***этн.*** *Дұға сөз жазылып, үш бұрыштап оралып, сыртын матамен қаптап тіккен дұға қағаз.* ◊ **Бойтұмардай сақтады** — *қадірледі, қастерледі.*

БОЙШАҢ *Ұзын бойлы, сұңғақ.*

БОЙШАҢДАН *Бойы ұзару, өсу, биіктеу.*

БОЙЫНША *Сәйкес, лайық.*

БОКАЛ *Шарап құйып ішетін (шыны) ыдыс.*

БОКС 1. ***спорт*** *Белгіленген ереже бойынша жұдырықтасып сайысатын спорт ойынының түрі.* 2. *Қысқартып алынған шаш.*

БОҚ 1. *Ас қорытылуынан пайда болатын, қарындағы жын, нәжіс.* 2. *Ки, тезек, көң.* 3. ***Ауысп.*** *Ескі-құсқы, қоқыр, қоқыс.* □ **Боқмұрын** — *есеймеген, ақылы толмаған.* ◊ **Боғы ботқа (борқа), сідігі сорпа** — *адам кіріп болмайтын, лас, кір.* **Боғымен жасты** — *өзінен жасы әлдеқайда кіші.* **Боғын ақтарды** — *бар сырын ашты, әшкереледі.* **Боғын боталы түйе қылды** — *түкке тұрғысыз нәрсесін әлдеқандай етті, бұлдады.* **Боғын пышақтады** — *қатты ызаланды, долданды.* **Боғы сұйылды** — *берекесіздікке салынды, бұзылды.* **Боқ басында** — *аяқ астында, күтпеген жерде.* **Боқ жеме** — *былжырама.* **Боққа тұрмайды** — *түк емес, құнсыз, бағасыз.* **Боқтан оңай** — *тіпті оңай, бұйым емес.* **Боқтан өзге** — *жоқтан өзге, түкке тұрғысыз.*

БОҚАН: боқан ер — *алдыңғы қасы қошқармүйіз, артқы қасы иіліңкі келген ер.*

БОҚАТ 1. *Металды қорытқаннан соң, таскөмірді жаққаннан кейін қалатын қалдық, қоқыс.* 2. *Астық тазалағанда шығатын қоқым, қалдық.*

БОҚТА *Былапыт сөзбен тілдеу, балағаттау.*

БОҚТАМПАЗ *Боқтық сөзді айтқыш, былапыт боқтағыш.*

БОҚТЫҚ 1. *Күресінге шығарылып тасталатын қоқыр-соқыр, қоқсық.* 2. *Тазартылған астықтан қалған қалдық, боқат.* 3. *Ұсақ-түйек, көр-жер.* 4. *Боғауыз, былапыт сөз.* ◊ **Боқтықтың астына алды** — *әбден сілейте боқтады.*

БОҚША ***көне*** *Киізден, матадан тігілген қалта, сөмке.*

БОҚЫ: боқысын шығарды — *апырып-жапырып істеді, тындырып тастады.*

БОҚЫРАУ *Қар жауып, суық түсе бастаған кез; күз айы.*

БОЛ I 1. *Белгілі бір істің, құбылыстың іске асуы, болуы.* 2. *Нақтылы бір амал-әрекеттің аяқталуы, бітуі.* 3. *Бірге болу, бірге жүру, тұру.* 4. *Жарайды, мақұл, мейлі, бола қойсын.* 5. *Бір нәрсенің орындалуы; іске асу.* 6. *Есім сөздермен тіркесіп келіп бір күйден екінші күйге ауысуды, өтуді білдіреді.* 7. *Аяқталды, бітірді, дайын дегенді білдіреді.* 8. *Есім сөздермен тіркесіп, бар еді, бар екен мағынасына жұмсалады.* 9. *Есім сөздермен тіркесіп еді, екен мағынасында қолданылады.* 10. *Белгілі бір сөздермен тіркесіп тілек, талап ұғымын білдіреді.* 11. *Есім сөздермен тіркесіп, бір нәрсенің ыңғайында қалу, еру мағынасын білдіреді.* 12. *Есім сөздермен тіркесіп бір нәрсеге ниет жасау, үміттену мағынасын білдіреді.* 13. *Белгілі бір сөз тіркесінде тұрып, болу мүмкін, ықтимал, шығар мағынасын білдіреді.* 14. *Болымсыз тұлғада тұрып мойындамау, көнбеу, бой бермеу мағынасын білдіреді.* ◊ **Болары болды (болар іс болды)** — *не болса да бітті.* **Болары болып, бояуы сіңді** — *енді ештеңеге жарамайды, бітті.*

БОЛ II *Тез, жылдам, шапшаң.*

БОЛА *Үшін деген мағынада қолданылатын шылаулық мәндегі сөз.*

БОЛАЙЫН ***экспр.*** *Ризашылықты, кекесін, ренжу тәрізді көңіл-күйді білдіретін сөз.*

БОЛАР-БОЛМАС 1. *Білінер-білінбес, болмашы.* 2. *Сәл ғана, ептеп.*

БОЛАРДА-БОЛМАЙ *Қоярда-қоймай, зорлағандай.*

БОЛАТ 1. *Белгілі мөлшерлі көміртегі мен темірдің, тағы басқа элементтердің қосындысынан жасалған қатты металл.* 2. ***Ауысп.*** *Берік, мықты, төзімді.* 3. ***Ауысп., жерг.*** *Көздің нұры, жанары.* ◊ **Болаты қайтты** — *а) күші кеміді, қайраты азайды; ә) көздің нұры тайды.*

БОЛАТШЫ *Болат қорытушы, болат құюшы.*

БОЛАШАҚ *Алдағы уақыт, келешек.*

БОЛ-БОЛ *Тез-тез, шапшаң.* ◊ **Бол-болдың астына алды** — *асықтырды, састырды.*

БОЛ-БОЛДА *Бол-бол деп асықтыру.*

БОЛБЫР 1. *Болжыр, бос, босаң.* 2. ***Ауысп.*** *Сылбыр, болжыр, босаң.*

БОЛБЫРА *Босау, болжырау, босаң тарту.*

БОЛБЫРЛЫҚ *Босаңдық, сылбырлық, бостық.*

БОЛГАР *Балқан түбегін мекендейтін славян тұқымдас халық, ұлт.*

БОЛҒАН-БІТКЕНІ *Бар болғаны, бар-жоғы.*

БОЛҒАНСЫ *Бір нәрсеге ұқсағансу, солай көрінуге тырысу.*

БОЛҒАН-ТОЛҒАН *Кемеліне келген, жетілген, жетіскен.*

БОЛҒАНЫ *Бары, барлығы, баршасы.*

БОЛДЫР *Титықтау, әлі құрып шаршау.*

БОЛДЫРҒЫШТЫҚ *Шаршағыштық, шапшаң бергіштік.*

БОЛЖА *Алдын ала шамалау, ұйғару, жорамалдау, долбарлау.*

БОЛЖАҒЫШ *Алдын ала байқағыш, тұспалдағыш, жорамалдағыш, көреген.*

БОЛЖАҒЫШТЫҚ *Алдын ала байқағыштық, тұспалдағыштық.*

БОЛЖАЛ 1. *Бағыт, бағдар.* 2. *Жорамал, тұспал, болжам.*

БОЛЖАЛДА *Жорамалдау, тұспалдау.*

БОЛЖАЛДЫҚ: болжалдық сан — *заттың сандық сапасын болжап қана көрсететін сан есім.*

БОЛЖАМ *Жорамал, тұспал, долбар.*

БОЛЖАМДА *Тұспалдау, жорамалдау, болжалдау.*

БОЛЖАМДЫ *Болжамы, жорамалы бар.*

БОЛЖАМДЫҚ *Болжам жасарлық, жорамалды, болжамды.*

БОЛЖАМПАЗДЫҚ *Болжағыштық, жорамалдағыштық.*

БОЛЖАУ *Болжам, тұжырым.*

БОЛЖАУСЫЗ *Болжалсыз, мәлімсіз, болжамсыз.*

БОЛЖАУШЫ 1. *Барлаушы, шолғыншы, бақылаушы.* 2. *Болжап білуші, байқаушы, бағдарлаушы.*

БОЛЖЫР *Болбыр, бос.*

БОЛЖЫРА 1. *Босау, болбырау, қожырау.* 2. *Егілу, езіліп жылау.*

БОЛМАСА *Немесе, әйтпесе, ендеше.*

БОЛМАШЫ 1. *Азғантай, шамалы, болар-болмас.* 2. *Сәл-пәл, болар-болмас.*

БОЛМЫС 1. *Тұла бой, тұтас кейіп.* 2. ***филос.*** *Санадан тыс өмір сүретін объективті шындық; материя, табиғат.*

БОЛПАҢ 1. *Бос, босаң, болбыр.* 2. *Болпиған, топ-толық.*

БОЛПАҢДА *Болп-болп басу.*

БОЛП-БОЛП *Қимыл-қозғалыстың ебедейсіздігін сипаттайтын еліктеуіш сөз.*

БОЛПИ *Дененің семіріп толығуы; болбыраю.*

БОЛПЫЛДА *Болбырау, босау.*

БОЛПЫЛДАҚ *Жұмсақ, бос.*

БОЛСКЕЙ *Жарқырағаң ақ никельді, польский сөзінің өзгерген түрі.*

БОЛСЫН-БОЛМАСЫН *Қалайда, қайткенде де, не болса да.*

БОЛЫМДЫ 1. *Жарамды, тындырымды, мықты.* 2. *Кескінді, келбетті, тұлғалы, денелі.* □ **Болымды етістік** ***грамм.*** — *болған, болатын, я болып*

жатқан нақты іс-әрекетті білдіретін етістік.

БОЛЫМСЫЗ 1. *Болар-болмас, аз, сәл-пәл.* 2. *Мардымсыз, өнімсіз, нашар.* □ *Болымсыз етістік.*

БОЛЫМСЫЗДЫҚ *Шалағайлық, тиянақсыздықтық, нашарлық.*

БОЛЫП-ТОЛ 1. *Кемеліне келу, гүлдену.* 2. *Асып-тасу, масайрау, гүлденушілік.*

БОЛЫС I 1. ***тар.*** *Бұрынғы кездегі аумақтық-әкімшілік бөлік.* 2. *Бір болыс елдің әкімі, басқарушысы.*

БОЛЫС II 1. *Біреуге қол ұшын беру, көмектесу, жәрдемдесу.* 2. *Біреудің сөзін қошеметтеу, қолдау.* □ **Болыс үй** ***жерг.*** *— ұзатылатын қызға арналған кеш.*

БОЛЫСТАС *Бір болыс елге қарайтын, жерлес.*

БОЛЫСТЫҚ 1. *Бір болыс көлеміндегі.* 2. *Болысқа тән қызмет.*

БОЛЫСУШЫ *Жәрдем беруші, көмектесуші.*

БОМАЗИ *Жұмсақ, түкті мата.*

БОМБА *Жарылатын заттармен толтырылған жарылғыш, тұтанғыш снаряд.*

БОМБАЛА *Бомба тастау, бомбаны үсті-үстіне тастау, жаудыру.*

БОМБАПАНА ***неол.*** *Бомбадан қорғану үшін жасалған пана жер.*

БОПАЛАҚ ***қарап.*** *Бір нәрсеге ықемі жоқ, орашалақ, болбыр, бос.*

БОП-БОЗ *Өңі қашқан, құп-құ.*

БОП-БОС 1. *Бостау, босырақ, босаңдау.* 2. *Ішінде ештеңесі жоқ, құр.*

БОПСА I *Қоқан-лоқы, байбалам, құр сес.*

БОПСА II ***көне*** *Әскерді аттанысқа шақыратын керней.*

БОПСАЛА *Қоқан-лоқы жасау, сес көрсету.*

БОР 1. *Үйді ақтау, қара тақтаға жазу үшін пайдаланылатын жұмсақ ақ топырақ.* 2. ***Ауысп.*** *Жасық, осал, бос.* □ **Бор қышқылы** *— суық суда жөнді ерімейтін кристалды ақ порошок.* ◊ **Бор болды** *— көңілі босады, егілді.*

БОРА 1. *Қарды, құмды, топырақты үрлеп, ұйтқыта соғу.* 2. ***Ауысп.*** *Оқ, жаңбыр, бомба, снаряд тағы басқалардың жаңбырдай төгілуі, құйылу.*

БОРАҒЫТ *Үсті-үстіне борау, бұрқырау.*

БОРАҚ *Борсықтың еркегі.*

БОРАН *Қарды, топырақты бұрқыратып соғатын қатты жел.*

БОРАНДА 1. *Боран ұйтқыта соғу.* 2. ***Ауысп.*** *Алай-түлей болу, буырқану.*

БОРАНДЫ *Бораны бар, боран үдей соққан.*

БОРАСЫН *Қиыршықтанып соғатын сырғыма боран.*

БОРАСЫНДА *Желдің қарды сырғытып жай соғуы; қар борағыту.*

БОРАСЫНДЫ *Борасыны бар.*

БОРАТ I ***хим.*** *Бор қышқылының тұзы.*

БОРАТ II 1. ***өз. етіс*** 2. *Жаудыру, төпелету, төгілдіру.*

БОРБАЙ *Бұт, аяқ, сирақ.*

БОРБАЙЛА 1. *Атты үсті-үстіне қамшылау.* 2. *Аяқты әрең көтеру, малтығу.*

БОРБАҢ *Икемсіз, ебедейсіз, тоқтық, семіздік.*

БОРБАС 1. *Борпылдақ, бос, жұмсақ.* 2. *Жасық, бос, болбыр.*

БОРБАСТАН *Босау, жұмсау, үгілу.*

БОРБАСТЫҚ *Бостық, осалдық.*

БОРБИ *Ебедейсіз көріну, қорбию.*

БОРДАҚЫ *Жемге байлап семіртілген мал.*

БОРДАҚЫЛА *Малды жемге байлау, семірту.*

БОРДАҚЫЛЫҚ *Семіртуге бөлінген.*

БОРЖЫҚ *Боржиып семірген, бытиған.*

БОРКЕМІК 1. *Борпылдақ, жұмсақ, бос.* 2. ***Ауысп.*** *Ынжық, ез, жасық.*

БОРКӨЗ *Бұта тұқымдас өсімдік.*

БОРҚЫЛДА *Борп-борп ету, борпылдау.*

БОРҚЫЛДАҚ *Борпылдақ, іркілдек, семіз.*

БОРЛАТ *Қызыл түсті жұқа мата.*

БОРЛЫ *Бор қосылған, бор араласқан.*

БОРП: борп етті — *заттың жерге қатты түспей, жұмсақтау түсуі.*

БОРПЫЛДА *Борп-борп ету, босау, жұп-жұмсақ болу.*

БОРПЫЛДАҚ *Бос, жұмсақ.*

БОРС: борс етті — *а) сұйық нәрсе төгілгенде, оттың бұрқ етіп сөнуі; ә) заттың бірден борс еткен дыбыс шығарып жарылуы.*

БОРСАЛАҢДА *Борсаң-борсаң етіп жүгіру.*

БОРСАҢ-БОРСАҢ *Толық, семіз адамның жүгіргендегі ебедейсіз қозғалысы.*

БОРСАҢДА *Борсаң-борсаң ету, ырсылдап жүгіру.*

БОРСИ *Быртию, қампию.*

БОРСЫ *Иісі шығу, бұзылу.*

БОРСЫҚ *Сусар тұқымдас, қымбат терілі жыртқыш аң.*

БОРСЫҚТАЙ *Борсық тәрізді, семіз.*

БОРСЫЛДА *Борс-борс ету, ырсылдау.*

БОРТ *Кеме, автомашина, ұшақ тағы басқалардың бүйірі; шанақ қабырғасы.*

БОРТАҢДА *Бортаң-бортаң ету, борсаңдау.*

БОРТ-БОРТ *Бырт-бырт, сырт-сырт.* □ **Борт-борт желді** — *аттың жайсыз желуі.*

БОРТЫҚ *Борпиған, семіз.*

БОРТЫЛ *Бір нәрсе шорт сынғанда естілетін дыбыс, сыртыл.*

БОРТЫЛДА *Борт-борт сыну, бытырлау.*

БОРША I *Үлкен етіп кесілген бір бөлек кесек ет.* ◊ **Борша болды (боршасы шықты)** — *быт-шыты шықты.*

БОРША: борша тышқан — *Алтай мен Қалба тауларында таралған кішкентай аң; ала тышқан.*

БОРША-БОРША *Дал-дал, пәре-пәре, быт-шыт.*

БОРШАЛА 1. *Тұтас етті бұзу, мүшелеп бөлу, тілгілеп, жаймалау.* 2. *Быт-шытын шығару, мыж-мыж ету.*

БОРЫҚ *Сулы жерде өсетін, қамыс тәрізді өсімдік.*

БОРЫЛДА *Су төккендегі шоқтың бор-бор етіп сөнуі.*

БОРЫШ 1. *Қарыз, бересі, берешек.* 2. ***Ауысп.*** *Міндет, парыз.* ◊ **Борыш көрді** — *міндет деп санады.* **Борышқа батты [борышы басынан асты]** — *қарыздың астында қалды.* **Борышына берген жоқ** — *төлеуге берген жоқ, жауапты емес.*

БОРЫШҚОР *Біреуге берешек, қарыздар.*

БОРЫШҚОРЛЫҚ *Бересі болушылық, қарыздарлық.*

БОРЫШСЫЗ *Ақысыз, пұлсыз, тегін.*

БОРЫШТАН *Қарыздар болу, бересі болу.*

БОРЫШТАР *Берешек, қарыздар, борыштары.*

БОРЫШТЫ 1. *Қарыздар, бересілі, борыштар.* 2. *Біреуге міндетті, қарыздар.*

БОРЫШТЫҚ *Борышты болушылық.*

БОС I 1. *Ішінде еш нәрсе жоқ, құр тұрған.* 2. *Жабылмаған, байлаусыз.* 3. *Құр, бекер, жай.* 4. *Игерілмеген, пайдаға аспаған.* 5. *Жұмсақ, болбыр.* 6. *Еш нәрсемен шұғылданбаған, жұмыссыз.* ◊ **Босбелбеу** — *қатып піспеген, болбыр. Боскеуде, қолынан ештеңе келмейтін, құр көкірек.* **Бос қалды** — *а) иесіз қалды; ә) киімнің, жүзік-сақинаның қолқылдап қалуы; б) бір нәрсеге қолы жетпеді, мақұрым қалды.* **Бос сөз** — *мәнсіз, орынсыз сөз.*

БОС II *Ақысыз, пұлсыз, тегін.*

БОСА 1. *Бір нәрсенің ішінде ештеме қалмау, бос қалу.* 2. *Бір нәрсенің босап кетуі; сылқылдап қалу.* 3. *Қаңырап бос тұру, иесіз қалу.* 4. *Еркіндік алу, азат болу.* 5. ***Ауысп.*** *Көңілі бұзылу, елжіреу, егілу.* □ **Жер аяғы босады** — *Күн жылынды, жер жібіп, құрғады.* **Жұмыстан босады** — *қызметтен кетті, шықты.*

БОСАҒА I 1. *Есіктің екі жақтауы.* 2. *Төрге қарама-қарсы, төменгі есік жақ.* 3. ***Ауысп.*** *Үй, отбасы, табалдырық.* □ **Босаға аттады** — *ең алғаш келін болып түсті, үйге кірді.* **Босаға аттау** — *ұрын барған күйеу баланың қыз әкесінің үйіне әдеппен кіруін есік ашу немесе босаға аттау деп атайтын.* **Босаға аттамады** — *ешкімнің үйіне бас сұқпады, араласпады.* ◊ **Босаға аттар** — *қалыңдығын алуға келген күйеудің беретін кәдесі.* **Босағада жүрді** — *кісі үйінде жүрді, жалданды.*

БОСАҒА II ***астр.*** *Төрт жұлдыздан құралған шоқжұлдыз.*

БОСАҒАЛАС *Аралас-құралас, көршілес, іргелес.*

БОСАЛАҢ: босалаң түйе — *сүйегі бос, мініске шыдамсыз, азғындаған әлсіз түйе.*

БОСАЛҚЫ ҚОР 1. *Қор, жинақ.* 2. *Бір нәрсенің артығы, қосалқы.* 3. ***әск.*** *Әскерлік міндетін өтеген, керек уақытта қайта шақыруға дайын тұратын азаматтар.* □ **Босалқы бөлшектер** ***тех.*** *— түрлі машиналардың басы артық, қосымша тетіктері.*

БОСАН *Бала табу, туу.*

БОСАҢ 1. *Осалдау, бостау.* 2. *Ширақ емес, боркеміктеу.*

БОСАҢДА *Босаңдық жасау, осалдық істеу.*

БОСАҢДЫҚ *Бостық, бәсеңдік, әлсіздік.*

БОСАҢСЫ 1. *Болбырау, жұмсару.* 2. ***Ауысп.*** *Нашарлау, бәсеңсу.*

БОСҚА *Бекерге, текке, құр бекер.*

БОСҚЫН *Аштықтан, құғын-сүргіннен үркіп көшкен ел, босқан, қашқан ел.*

БОСҚЫНДА *Аштықтан, құғын-сүргіннен қашып көшу, босу.*

БОСҚЫНШЫЛЫҚ *Құғын-сүргінге ұшыраушылық.*

БОСТАН I *Бұтақ, берек, үрім.*

БОСТАН II *Басы бос, еркін, еріктi.* ◊ **Бостан қылды [етті]** — *еркіндік әперді, құтқарды.*

БОСТАН-БОС *Жайдан-жай, қараптан-қарап, тектен-тек.*

БОСТАН-БОСҚА *Бекерден-бекер, жайдан-жайға.*

БОСТАНДЫҚ *Тәуелсіздік, еркіндік, теңдік.*

БОСТОН *Жүннен тығыз тоқылған сырткиімдік қымбат мата.*

БОСТЫҚ *Осалдық, босаңдық, болбырлық.*

БОСЫ *Бір жерден екінші жерге еріксіз ауып шұбыру.*

БОТА *Түйенің жас төлі.* □ **Ботабүрген** — *бүрген тектес өсімдіктің түрі.* ◊ **Бота көз** — *а) мөлдіреген, үлкен, әдемі көз; ә) сұлу, сымбатты.* **Бота тірсек** — *ең жүйрік ат.* **Бота қылды** — *жуасытып алды.*

БОТАЖАН ***эмоц.*** *Қарағым, жаным.*

БОТАЖУСАН ***бот.*** *Жусан тәріздес майда, үлпілдек өсімдік.*

БОТАКӨЗ *Өсімдік түрі.*

БОТАҚАН ***эмоц.*** 1. *Ботаны кішірейтіп айтылатын сөз.* 2. *Баланы еркелеткенде айтылатын сөз.*

БОТАҚҰЛАҚ *Жапырақтары бота құлағына ұқсаған өсімдіктің халықтық атауы.*

БОТАЛА *Інгеннің бота тууы, төлдеуі.*

БОТАЛЫ *Ботасы бар.*

БОТАМ *Баланы жақсы көріп еркелете айтылатын сөз.*

БОТАНА ***жерг.*** *Тұнық емес, лай су.*

БОТАНИК *Ботаника ғылымының маманы.*

БОТАНИКА *Өсімдіктер дүниесін зерттейтін ғылым.*

БОТАТАБАН *Сазды жерде өсетін жапырағының көлемі бота табанына ұқсас, аласа өсімдік; түйетабан.*

БОТА-ТАЙЛАҚ *Түйенің жас төлдерінің жиынтық атауы.*

БОТАША *Ботаға ұқсап, бота тәрізді.*

БОТҚА *Әртүрлі жармадан бөктіріп жасалатын қою тамақ; каша.* ◊ **Ботқа бет** — *беті жалпақ, быттиған.*

БОТТАШЫҚ ***бот.*** *Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

БОТУЛИЗМ ***мед.*** *Бұзылған тамақты ішкеннен адамның улануы.*

БОЦМАН *Кеменің кіші команда құрамындағы шаруашылық жағын басқаратын адам.*

БОШАҚ *Қарбыздың дәні.*

БОШАЛА *Ұрғашы малдың (інген, сиыр, бие) төлдер алдындағы шыдамсызданып оңаша жерге кетіп қалуы.*

БОШАЛАҢ *Бос, болбыр.*

БОЯ 1. *Бояу жағу, сырлау.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені бүркемелеу, көлегейлеу.*

БОЯҒЫШ *Нәрсені бояйтын, сырлайтын.*

БОЯҚ I 1. *Боялаған затқа сіңіп әр алуан түр, түс, өң беретін сыр, бояқ.* 2. *Түрлі-түсті бояулы кездеме.*

БОЯҚ II *Батсайы тәріздес қалың кездеме.*

БОЯМА 1. *Боялған, бояулы.* 2. ***Ауысп.*** *Жасанды, жалған.*

БОЯМАЛА *Өңін өзгерту, түрлендіру.*

БОЯМАЛЫ *Боялған, бояма.*

БОЯМАЛЫҚ *Жасандылық, жалғандық.*

БОЯМАСЫЗ 1. *Бояу жағылмаған.* 2. ***Ауысп.*** *Таза, адал.*

БОЯН ***бот.*** *Арық жағалауында өсетін жапырақты өсімдік.*

БОЯҢ *Боялған бөздің бір түрі.*

БОЯУ 1. *Затты белгілі бір түске келтіру үшін жағылатын, жұқтырылатын сыр, бояқ.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің өңін айналдырушылық, жасандылық.* 3. ***Ауысп.*** *Өзіндік мәнер, ерекшелік.* □ **Бояу қарындаш** — *бояйтын, бояуы бар қарындаш.*

БОЯУЛЫ *Бояуы бар, боялған, сырлаған қағаз (мата).* □ **Бояулы ойран** — *ойраншөп тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

БОЯУЛЫҚ *Боғыштық қасиеті бар.*

БОЯУШӨП ***биол.*** *Қызыл түсті бояу алынатын, ойраншөп тұқымдас көпжылдық өсімдік.*

БОЯУШЫ *Затты түрлі түске келтіріп бояйтын маман.*

БОЯУШЫЛЫҚ *Бояу кәсібімен шұғылданушылық, бояқшылық.*

БӨБЕ: бөбежапырақ ***бот.*** — *Өсімдіктің негізгі жапырағы түбінен өсіп шығатын қосалқы жапырақ.*

БӨБЕК *Жас нәресте, сәби, емшектегі бала.*

БӨБЕКШЕ *Сәбише, нәрестеше, бөбекше үқсап.*

БӨБЕШІК 1. *Адамның жұмсақ таңдайының артқы тұсындағы томпақша, кішкене тілі.* 2. *Құлақтың төменгі жағындағы кішкене жұмсақ шеміршек.*

БӨГДЕ 1. *Жат, бөтен, бейтаныс.* 2. *Негізгі нәрсеге қатысы жоқ, қосалқы, басқа.*

БӨГДЕЛЕН *Бөлектену, бөтендену, оғаштану, өгейлену.*

БӨГДЕЛІК *Бөтендік, жаттық, өгейлік.*

БӨГЕ 1. *Өзенді бөгеп қою, тосқауылдау.* 2. *Біреуді жолынан қалдыру, тосқауылдап кідірту.* 3. *Қарсыласқан күштің бетін қайтару, тежеу.*

БӨГЕЛ *Күмілжіп қалу, кідіру, мүдіру.*

БӨГЕЛЕҢДЕ *Сәл бөгелу, бөгеліңкіреу, мүдіріңкіреу.*

БӨГЕЛМЕЛІ *Ұзаққа созылмалы.*

БӨГЕН I *Жылқының құйрық қылының түсіп қалуына байланысты қышыма ауру.*

БӨГЕН II *Қайықтың, шананың табаны мен екі қабырғасын бекітіп тұратын ағаш.*

БӨГЕНАЙ ***жерг.*** *Бір нәрсенің көзге түсер айрықша белгісі.*

БӨГЕНДЕ I *Бөген болған жылқының тынышсызданулы; тықыршуы.*

БӨГЕНДЕ II *Қайыққа, шанаға бөген салу.*

БӨГЕСІН 1. *Кішігірім бөгет.* 2. ***Ауысп.*** *Кедергі, тосқауыл.* ◊ **Бөгесін**

болды — *кедергі келтірді, тосқауыл болды.*

БӨГЕТ 1. *Өзен суын тоқтату үшін жасалатын бөгеу, тосқауыл.* 2. ***Ауысп.*** *Өтуге тосқауыл болатын кедергі.* ◊ **Бөгет (болды, етті, жасады, келтірді, қылды)** — *кедергі жасады, зиянын тигізді.*

БӨГЕТСІЗ *Тоқтаусыз, кідіріссіз, кедергісіз.*

БӨГЕТТІ *Бөгеті бар, тосқауыл, кедергі қойылған.*

БӨГЕТТІК *Бөгет бөларлық, тосқауыл, кедергі боларлық.*

БӨГЕУ 1. *Су қоймасы, бөгет.* 2. *Кідіріс, тосқауыл, іркіліс.* ◊ **Бөгеу болды (жасады)** — *кедергі келтірді.*

БӨГЕУЛІ *Тосқауылды, тежеулі, шектеулі.*

БӨГЕУСІЗ *Тосқауылсыз, іркіліссіз, кідіріссіз.*

БӨГУ ***вет.*** *Тез және созылмалы түрде өтетін сауын сиыр ауруы.*

БӨГІРЕ *Кішкене қолсандық, сандықша.*

БӨДЕНЕ *Кекілік тұқымдас, сұр түсті кішкентай дала құсы.* □ **Бөдене бота** — *азғын будандардан туған бота.*

БӨДЕНШӨП ***бот.*** *Далалы жайылымдарда өсетін аласа ғана жатаған шөп.*

БӨДЕС ***жерг.*** *Жүндес келетін мініске төзімді көнбіс (жылқы).*

БӨЖЕКТЕ *Бүгежектеу, қорғаншақтау.*

БӨЗ *Мақтадан тоқылатын, жұқа, арзанқолды ақ мата.* ◊ **Бөз орнына сөз берді** — *құр сөзбен шығарып салды.*

БӨЗДЕН *Бөз тәрізденіп өңі қашу, бозару.*

БӨК 1. *Астың не шөптің қарында бөртуі.* 2. *Суға қану, суға бату.* 3. ***Ауысп.*** *Тамақты (жемді) шамадан артық жеу; шеміршек атып, күпті болу.*

БӨКЕ ***кәс.*** *Қайық қабырғасының іш жағындағы тігінен салынған жұмыр ағаш.*

БӨКЕБАЙ *Жұмсақ жүннен, түбіттен тоқылған мойынорағыш, үлкен орамал, шәлі.*

БӨКЕН *Далалы жерде мекендейтін, аша тұяқты жүйрік аң; ақбөкен.* ◊ **Бөкен аяқ** — *жіңішке, ұзын аяқ.* **Бөкен бөксе** — *толық, жұп-жұмыр бөксе.* **Бөкен жақ** — *ат жақты, жағы ұзын.* **Бөкен желіс** — *екпінді, сар желіс.* **Бөкен қабақ** — *түксиген, тік қабақ.*

БӨКЕС *Аттырмамен не қолмен жиналған шөп үйіндісі.*

БӨККІШ *Тез бөгіп қалатын, тез тойынғыш.*

БӨКПЕН *Талқанды, қуырылған ұнды сүтке бөктіріп пісірген ас, тағам.*

БӨКСЕ *Адам мен жан-жануардың белінен төмен, жамбасының тұсы.* ◊ **Бөксебасты (басар) болды** — *жүріп-тұруы қиындады.* **Бөксе басып отырмайды** — *тыным таппайды, дамыл көрмейді.*

БӨКСЕЛІ *Бөксесі үлкен, қомақты.*

БӨКСЕР 1. *Жыртып, айыру.* 2. *Жарып жіберу, ақтарып тастау.* 3. ***Ауысп.*** *Жапыру, ығыстыру, бұзып-жару.*

БӨКТЕР I *Таудың, биік қапталдың, жотаның жоғарылау баурай жағы.*

БӨКТЕР II *Бір нәрсені ердің арт жағына көлденең салып қанжығамен байлау.*

БӨКТЕРГІ I *Ұсақ жәндіктерді аулайтын ақсары жүнді жыртқыш құс, ителгі.*

БӨКТЕРГІ II *Ердің қанжығалығы, зат бөктеретін тұсы.*

БӨКТЕРЛЕ *Таудың бөктерімен қабырғалай жүру.*

БӨКТЕРМЕ *Қанжығадағы бөктерілген зат, бөктерінді.*

БӨКТЕРМЕЛІ *Бөктермесі бар, бөктерілген.*

БӨКТЕРІНШЕК *Қанжығасына байлаулы, бөктерілген зат.*

БӨЛ 1. *Бір нәрсені екі бөліп, ортасынан айыру, жару.* 2. *Жіктеу, саралау, топтау.* 3. ***Ауысп.*** *Аражікті ажырату, айыру, бөлшектеу.* □ **Бөліп алды** — *жеке шығарды.* **Бөліп берді** — *үлестірді, та-*

ратты. **Ойын бөлді** – *айтпақ пікірінен шатастырды, адастырды.* **Сөзін бөлді** – *айтпақ сөзден жаңылыстырды, ортасынан киіп кетті.*

БӨЛГІШ 1. *Бөлу қызметін атқаратын, бөліп тұратын.* 2. ***мат.*** *Бөлінгішті бөлетін, бөлуші сан.*

БӨЛГІШТЕ *Жіктеу, бөлу, топтау.*

БӨЛДІРКЕ ***кәс.*** *Екі-үш кісі отыратын кішкене, жеңіл қайық.*

БӨЛЕ I *Апалы-сіңлілі адамдардың балаларының арасындағы туыстық атауы.*

БӨЛЕ II 1. *Жас баланы бесікке жатқызу, құндақтау.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге кенелу, жетісу.*

БӨЛЕ-ЖАРА *Ортақтасып, бөлісіп.*

БӨЛЕК I 1. *Өз алдына, жеке.* 2. *Оқшау, оңаша, шеткері.* 3. *Басқа, бөтен, өзге.* 4. *Ерекше, айырықша, өзгеше.*

БӨЛЕК II *Бүркіттің құндағы; бөлеу.*

БӨЛЕК-БӨЛЕК I *Жеке-жеке, дара-дара.* 2. *Әртүрлі, басқа-басқа.*

БӨЛЕК-САЛАҚ 1. *Бөлек жүрген, басы артық.* 2. *Буыншақ-түйіншек, ұсақ-түйек.*

БӨЛЕКСІ *Бөлектену, өзін бөлек сезіну.*

БӨЛЕКТЕ 1. *Бөлу, айыру, жіктеу.* 2. *Жатқа санау, бөтен көру.*

БӨЛЕКТЕҢ 1. ***ыр. етіс*** *Бөлекте-н.* 2. *Оқшаулану, шеттеу.*

БӨЛЕКТЕП *Оңаша, жеке.* □ **Бөлектеп жинады [орды]** – *егінді алдынала орып, содан кейін комбайнмен бастыру әдісі.*

БӨЛЕКТЕУ *Өзгешелеу, басқашалау.*

БӨЛЕКТІК *Ерекше, айрықша, өзгеше.*

БӨЛЕУ *Қыран құсты құндақтап алып жүретін бөлек ағаш.*

БӨЛЕУЛІ *Бөленіп қойған, бөленген.*

БӨЛКЕ *Пеште пісірген төртбұрышты нан.*

БӨЛМЕ *Пәтер ішіндегі жеке үй.*

БӨЛМЕЛЕ *Бірнеше бөлікке бөлу, бөлшектеу.*

БӨЛТЕК ***көне*** *Кішкентай, бір бөлшек жер.*

БӨЛТІРІК I *Қасқырдың қарақұлақтанып қалған күшігі.*

БӨЛТІРІК II ***бот.*** *Жазық жерде өсетін, бойы 15-20 см-дей улы шөп.*

БӨЛУ ***мат.*** *Санды санға тең етіп бөлудің теориясын үйретететін арифметикалық амал.*

БӨЛШЕК ***мат.*** *Бүтін санның (бірліктің не шаманың) белгілі бір не бірнеше бөлігін көрсететін сан атауы.*

БӨЛШЕКТЕ 1. *Бөліп тастау, бірнешеге бөлу.* 2. *Құрастырылған затты бөлек-бөлек етіп ажырату, айыру.* 3. *Сөзді үзіп-үзіп айту.* 4. ***Ауысп.*** *Жіктеу, даралау.*

БӨЛШЕКТІ: бөлшекті сан ***грамм.*** – *өлшем ретінде алынған бүтін шаманың (санның) бір бөлігін көрсететін сан есім.*

БӨЛІК 1. *Бірнешеге бөлінген бөлшектің бір бөлігі.* 2. *Екі аралықты бөліп тұрған зат, бөлінген жер.*

БӨЛІМ 1. *Белгілі бір мекеменің, ұйымның, өндіріс орнының құрамына кіретін жеке сала.* 2. *Әдеби шығарманың, концерт, театр, т. б. өнер салаларының бір бөлігі.* 3. ***әск.*** *Взводтың бір бөлігі, әскери шағын топ.*

БӨЛІМДІ *Бөлімнен тұратын.*

БӨЛІМШЕ 1. *Белгілі бір ұйымның, мекеменің бір бөлігі, саласы.* 2. *Шағын әскери топ, взводтың бір бөлігі.*

БӨЛІНГІШ ***мат.*** *Бөлгішке бөлінетін сан.*

БӨЛІНГІШТІК ***мат.*** *Бір санның екінші бір санға бөліну қасиеті.*

БӨЛІНДІ ***мат.*** 1. *Бөлінгішті бөлгішке бөлгеннен кейін шыққан сан.* 2. *Бүтін санның бөлшегін көрсететін сан; бөлшек.*

БӨЛІП-ЖАР 1. *Бөлшектеу, бөлек-бөлек ету.* 2. ***Ауысп.*** *Жікке бөлу, алалау, бөлу.*

БӨЛІС 1. *Бір нәрсені бөлу мәселесі.* 2. *Бөлінген нәрседен тиетін үлес.* 3. ***экон.*** *Қоғамдық өнімді ұдайы өндірудің, өндіріс пен тұтынуды байланыстырып тұратын сатысы.*

БӨПЕ *Нәресте, кішкентай сәби.*

БӨПЕЖАН ***экспр.*** *Бөпеш, бөпетай.*

БӨРДЕК ***көне*** *Қымыз немесе шарап ашытатын торсық.*

БӨРЕНЕ *Бұтақтары аршылып алынған жуан ағаш.*

БӨРЕНЕДЕЙ *Жұп-жуан, жұмыр.*

БӨРЛІК *Дүрлігу, дүркіреу, у-шу болу.* ◊ **Бөрліккен қойдай болды [қашты]** – *бытырай қашты, дүрліге қашты.*

БӨРТ I 1. *Дымқылды бойына сіңіріп бөрту, ісіну, ісіп-кебу.* 2. *Бүршік ату, көктеу.* 3. ***Ауысп.*** *Тамақты мол жеп, шеміршек ату.*

БӨРТЕ *Боз араласқан көкшіл, қызыл-күрең түс.*

БӨРТЕЖУСАН ***бот.*** *Сортаңды жерде өсетін кермек дәмді, бозғыл түкті, жатаған өсімдік.*

БӨРТПЕ I *Арпадан, бидайдан, тарыдан бөрттіріп істелген жеңіл тамақ.*

БӨРТПЕ II *Қыран құсқа беру үшін суға салып, қан-сөлінен айырған ет; ақжем.*

БӨРТПЕ III ***мед., вет.*** *Адамда, малда болатын жұқпалы ауру; індет.* **Бөртпе сүзек** – *денеге қызарып шығатын жұқпалы ауру; бөрткен.*

БӨРТПЕ: бөртпе шәлі – *жібек жіптен тоқылған шашақты орамал.*

БӨРТІН *Ызаға булығу, ісініп-кебіну.*

БӨРІ I *Қасқырдың екінші, қосымша аты.* ◊ **Бөрі айбат** – *қаһарын сыртқы түрғасын өзгерту арқылы білдірушілік.* **Бөрібасар** – а) *қасқыр алатын сырттан ит;* ә) *ожар, ұр да жық.* **Бөрі кеуде** – *кеудесі кең, алшақ.* **Бөріқұлақ** – *тікірейген үшкір құлақ.* **Бөріқұрсақ** – *бірде аш, бірде тоқ.* **Бөріойнақ** – *бөрілердің топ-топ боп асыр салатын ойыны.* **Бөрі құрсақтанды** – *ас орнына жел жұтты, ашықты.* **Бөрі тиген (бөріккен) қойдай** – *ойран-топырын шығарды.*

БӨРІ II ***астр.*** *Аспанның оңтүстік бөлігіндегі шағын шоқжұлдыз.*

БӨРІ III ***көне*** *Ежелгі түрік қағандарының дербес жасағына берілетін атақ.*

БӨРІАЯҚ *Өсімдік атауы.*

БӨРІБҰРШАҚ ***бот.*** *Кіндік тамырлы, бұршақ тұқымдас өсімдіктердің бір түрі.*

БӨРІЖӨКЕ ***бот.*** *Ұзындығы бір жарым метрдей, сабағы қатты өсімдік.*

БӨРІК *Елтіріден, аң терісінен жиек жүргізіп тігілген дөңгелек баскиім.* ◊ **Бөрік киген** – *еркек кісі туралы айтылады.* **Бөрікпен ұрып алды (жықты)** – *оп-оңай жеңіске жетті.* **Бөрік тастам жер** – *жақын жер.* **Бөрікті тастап, бөріден құтылды** – *жан сауғалады, қара басын құтқарды.*

БӨРІКБАС ***бот.*** *Биік болып өсетін өсімдіктердің жоғары дөңгеленген жағы.*

БӨРІКӨЗ ***бот.*** *Таулы аймақта өсетін буталардың бірі; бөркөз.*

БӨРІКТАСТАМАҚ *Жастар дөңгелене отырып ойнайтын ұлттық ойын.*

БӨРІКТЕППЕЙ *Балалар ойынының бір түрі.*

БӨРІҚАРАҚАТ ***бот.*** *Дәнегі майда, қара түсті әрі ащы жеміс.*

БӨРІ-ҚАРЫ *Бөрі, ұры сияқты мал жауларының жалпы атауы.*

БӨРІҚҰЛАҚ *Қасқырдың құлағына ұқсас жасалған ою-өрнек.*

БӨРІЛІ *Бөрісі көп, бөрі кескінді, бейнелі.* ◊ **Бөрілі байрақ** – *бөрі бейнесі салынған ежелгі түрік туы.*

БӨРІТІС ***зоол.*** *Усыз сарбас жыландардың бір туысы.*

БӨС *Асыра сілтеп мақтану, лепіру.*

БӨСПЕ *Өтірік қосып айтатын көпірме, мақтаншақ (кісі).* ◊ **Бөспе сөз** – *көпірме, бос сөз.*

БӨСТЕК *Жүнін үстіне қаратып, қой, ешкі т. б. терісінен жасалған төсеніш.*

БӨСТЕКІ *Бетімен бос жүрген.* ◊ **Бөстекі сөз** – *мәні жоқ, бос сөз.*

БӨСІР ***мед.*** 1. *Адамның тікішегінде өніп-өсетін жұмыр ақ құрт; аскарида.*

2. *Бөсір құртының қоздыратын ауруы; аскаридоз.*

БӨТЕГЕ *Құстың жем қорыту асқазаны.*

БӨТЕГЕЛІ 1. *Бөтегесі үлкен, шығыңқы.* 2. ***Ауысп.*** *Төсі шығыңқы, төсті.*

БӨТЕЛІКЕ 1. *Сұйық зат құю үшін жасалған шыны ыдыс; шөлмек.* 2. ***Ауысп.*** *Арақ, ішімдік.*

БӨТЕН 1. *Жат, бөгде.* 2. *Басқа, өзге.* ◊ **Бөтен көрмеді** — *теріс кетпеді, жат санамады.* **Бөтен сөз** — *бөгде, шет сөз.*

БӨТЕН-БӨГДЕ *Жат, басқа біреу.*

БӨТЕНДІК *Жаттық, бөгделік.*

БӨТЕНСІ *Жатсыну, бөтен санау.*

БӨТЕНСІРЕ *Бөтенсу, жатсыну.*

БӨТЕНШЕ *Ерекше, айрықша, өзгеше.*

БӨШКЕ 1. *Сұйық зат құю үшін ағаштан не темірден белдеу салынып жасалған үлкен ыдыс.* 2. ***Ауысп.*** *Тамақты көп ішетін мешкей.*

БӨШКЕДЕЙ *Жуан, домаланған, кеспелдек.*

БӨШКЕЛЕ *Бөшкесімен, әлденеше бөшкелеп.*

БРАКОНЬЕР *Тыйым салынған аңдарды, балықты, құсты заңсыз аулаушы; табиғат байлығына зиян келтіруші адам.*

БРАКОНЬЕРЛІК *Заңсыз құс, аң аулаушылық.*

БРАСС ***спорт*** *Аяқ пен қол бір мезгілде симметриялы түрде қимылдайтын жүзу әдісі, малтудың бір түрі.*

БРАУНИНГ *Қалтаға салып жүретін автоматты кішкене тапанша.*

БРАХМИ *Үндінің солдан оңға қарай жазылатын буындық жазуының ең көне екі түрінің бірі.*

БРЕЗЕНТ *Су өткізбейтін, тығыз әрі қалың кенеп.*

БРИГАДА 1. *Бір топ жұмысшы, қызметкер.* 2. ***әск.*** *Бірнеше батальон не полктен құралған әскери құрама.*

БРИГАДАЛЫҚ *Белгілі бір жұмысты бригада боп істеу әдісі; еңбекті ұйымдастырудың кең тараған жүйесі.*

БРИГАДИР *Бригада бастығы.*

БРИГАДИРЛІК *Бригадир міндетін атқарушылық.*

БРИГАНТИНА *Қос діңгекті, желкенді, тез жүретін жеңіл кеме.*

БРИДЖ *Жұқа матадан, балағын бүрмелі етіп тігілген шалбар.*

БРИКЕТ *Төрт бұрыштап текшеленіп байланған не қатырылған материал.*

БРИКЕТТЕ *Брикет жасау, престеу.*

БРИЛЛИАНТ *Арнайы өңдеуден өткен, қырналып жалтылдаған асыл тас, гауһар тас.*

БРИЛЛИАНТТАЙ *Бриллиант тәрізді.*

БРОЙЛЕР *Ет үшін өсірілетін екі айлық балапан.*

БРОМ 1. ***хим.*** *Галогендер тобына жататын химиялық элемент.* 2. *Ауру адамды тыныштандыратын бромды қоспа.* □ **Бром суы** — *бромның судағы ерітіндісі.*

БРОМДА *Бір нәрсеге бром қосу.*

БРОМДЫ *Құрамында бромы бар.* □ **Бромды калий** ***хим.*** — *бром мен калийдің қосылысы.* **Бромды натрий** — *бром мен натрийдің қосылысы.* **Бромды сутек** ***хим.*** — *түссіз газ, бром мен сутектің қосылысы.* **Бромды сутек қышқылы** ***хим.*** — *бромды сутектің судағы ерітіндісі.*

БРОН *Танктерді, бронепойыздарды, оқ өтпес үшін қаптайтын құрыш болат.*

БРОНЕВИК *Соғыс құралдарымен жабдықталған, бронмен қапталған автомобиль.*

БРОНЕПОЕЗД *Әскери қару-жарақ таситын бронды пойыз.*

БРОНЕТАНК *Бронмен қапталған танк.*

БРОНЕТРАНСПОРТЕР *Жаяу әскер мен оқ-дәрі тасуға арналған бронды автомобиль.*

БРОНХ ***анат.*** *Кеңірдектің өкпеге түйіскен жеріндегі екіге бөлінін тарамдалған тыныс жолы.* □ **Бронх**

демікпесі ***мед.*** *— адамды мезгіл-мезгіл булықтырып, тынысын тарылтатын аллергиялық ауру.*

БРОНХИТ ***мед.*** *Бронх (тыныс жолы) — тыныс жолдарының қабынуы салдарынан болатын ауру.*

БРОНЬ 1. *Белгілі бір мақсатпен сақталынатын арнаулы орын.* 2. *Белгілі бір адамды бір жерге бекітіп қою құқығы; құжат, қағаз.*

БРОШЮРА *Қабы жұқа, бет саны елуге дейінгі жұқа кітапша.*

БРУТТО *Заттың (жүктің, тауардың) сыртқы қабымен немесе қорабымен қоса есептегендегі барлық салмағы.*

БРУЦЕЛЛЕЗ ***мед., вет.*** *Малда, адамда болатын сырқырамалы сары ауру.*

БРЫНЗА *Сүттен, әсіресе қойешкі сүтін ұйытып, сүзіп, тұздап қатыратын сүзбе ірімшік.*

БУ I 1. *Сұйық заттың жылып, қызуынан, буланушынан пайда болатын тұман тәрізденген газ.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің желігі, әсері.* □ **Будиірмен** *— бу күшімен жүретін диірмен.* **Бу камерасы** *— бу сақталынатын орын.* **Бу күші (қуаты)** *— будың өндіріске, шаруашылыққа пайдалырақ қасиеті.* **Бу қазаны** *— атмосфера қысымынан жоғары қысымды бу алу үшін қолданылатын жылу алмастырғыш аппарат.* **Бу машинасы** *— будың қысым күшін пайдалану арқылы жұмыс істейтін жылу двигателі.* **Бу өлшегіш** *будың қысым күшін өлшейтін прибор.* **Бу турбинасы** *— бумен жұмыс істейтін жылу двигателі.* **Бу электр станциясы** *— бу күші арқылы жұмыс істейтін электр станция.* ◊ **Бу алды** *— есірді, қоқиланды.* **Буға (буына) семірді** *— бір нәрсенің деміне масаттанды, желікті.* **Буы басылды** *— желігі тарқады.* **Буына (буға) пісті** *— бір нәрсенің әсеріне масайрады, лепірді.*

БУ II 1. *Бір нәрсені қатты қысып пайлау.* 2. ***Ауысп.*** *Маза бермеу, тыныш тыптырмау.*

БУАЗ 1. *Құрсағында төлі бар; туатын мал, хайуан.* 2. ***қарап.*** *Екіқабат, аяғы ауыр.* **Буаз болды** ***бот.*** *— дән тола бастады, бас алды.*

БУАЗДЫҚ *Буаз малға тән физиологиялық жағдай.*

БУАЗЫ ***кәс., бот.*** *Пісіп жетілу, бас алу, дәндене бастау.*

БУАЛДЫР 1. *Сағым тәрізді күңгірт, бұлдыр.* 2. ***Ауысп.*** *Алды-арты көмескі, не болары белгісіз.* ◊ **Буалдыр тартты** *— күңгірт тартты, көмескіленді.*

БУАЛДЫРЛЫҚ *Бұлдырлық, көмескілік.*

БУБЕН ***муз.*** *Кіші барабанға ұқсас, төңірегіне сылдырмақ орналастырылған, ұрып ойнайтын аспап.*

БУДА *Шоғырланған бір топ зат, бума.*

БУДА-БУДА *Бірнеше буда; бума-бума.*

БУДАҚ *Шоғыр, бір топ.*

БУДАҚ-БУДАҚ *Шумақ-шумақ, леклек.*

БУДАҚТА *Түтіннің, шаңның шумақ-шумақ боп аспанға көтерілуі.*

БУДАЛА *Бөлек-бөлек етіп жинау, топ-топ ету, шоғырлау.*

БУДАН *Әртүрлі тұқымды бірінебірін будандастырудан шыққан жаңа түр; тұқым.*

БУДАНДА 1. *Әртүрлі мал тұқымын будандастыру арқылы жаңа тұқым шығару.* 2. *Әр сортты немесе әртүрлі өсімдіктерді тозаңдандыру ұластыру арқылы жаңа сорт шығару.*

БУДАНДЫ *Будандастыру жолымен алынған.*

БУДАНДЫҚ *Буданға тән қасиет.*

БУДДА *Қытай, жапон, үнді, монғол және басқа шығыс елдерінде кеңінен тараған будда діні.*

БУДДИЗМ ***діни*** *Будда дінінің көзқарасын білдіретін ағым.*

БУДДИСТ ***діни*** *Будда дінін жақтаушы, қолдаушы.*

БУДЫРА *Қобырау, дудырау.*

БУКИНИСТ *Ұсталған, ескірген, сирек кітаптарды сататын адам.*

БУКСИР *Жүре алмаған, бұзылған нәрселерді (кеме, машина) тіркеп сүйрету әрекеті.* ◊ **Буксирге алды** – а) *бір нәрсені машина не трактордың артына тіркеп сүйреді;* ә) *жұмыста артта қалушы адамға жәрдем етті.*

БУКСИРЛЕ *Буксирге алу.*

БУЛА 1. *Бір нәрсені буға ұстау.* 2. ***Ауысп.*** *Балқыту, елжіретy, маужырату.*

БУЛАҒЫШ ***тех.*** *Бір нәрсені булау үшін арнайы жасалған аппарат.*

БУЛАНДЫРҒЫШ 1. *Сұйықты тез буландыратын нәрсе.* 2. *Буландыру қызметін атқаратын аппарат; булағыш.*

БУЛЫ *Буы бар, буы көп.* ◊ **Булы сөз** – *мақтанмен бөсіп айтылған сөз.*

БУЛЫҚ I 1. *Самаурынның, шәугімнің, шәйнектің бу шығаратын тесігі.* 2. *Ауа тазару үшін ашық қалдырылған саңлау, бу шығарғыш.*

БУЛЫҚ II 1. *Үйықтап жатқан адамның жайсыз жағдайдан тыныcы тарылып қалуы, тұншығу.* 2. *Бір нәрсенің әсерінен тығылу, қыстығу.* 3. ***Ауысп.*** *Байыз таптырмау, тыныштын кетіру.*

БУМА *Буылған зат, нәрсе.*

БУМА-БУМА *Топ-топ етіп буылған.*

БУМАЛА *Бума-бума етіп топтау.*

БУНА 1. *Қатты буылған, байланған жерді қысу, қиып кету.* 2. *Таяқты, т. б. нәрсені сақина тәрізді бунақтап кесіп, керту.*

БУНАҚ I 1. *Бір нәрсенің сақиналанып, буын-буын болған жері.* 2. *Бір нәрсенің (таяқтың) оймышталып кесілген, кертілген жері.*

БУНАҚ II ***әдеб.*** *Өлең тармақтарындағы дауыс толқыны, сөз өлшемі; ырғақты пауза.*

БУНАҚТА 1. *Бір нәрсені сақина тәрізді етіп бунау.* 2. ***Ауысп.*** *Жіктжікке бөлу, топтау.*

БУНАҚТЫ *Бунағы бар.*

БУНКЕР ***әск.*** *Сарбаздар үшін жар астынан арнайы жасалған қуыс орын.*

БУНЧУК *Түркі халықтарының сылдырмақты, қоңыраулы аспабы.*

БУРА *Айыр түйенің келеге түсетін еркегі.* ◊ **Бурадай бұрқылдады [зіркілдеді, бұрқырады]** – *бұрқан-талқан боп ашуланды.*

БУРА-ҚОТАН ***көне*** *Алқа-қотан дөңгелене отырып ойнайтын қазақтың ұлттық ойыны.*

БУРАЛЫҚ *Бура боларлық.*

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ *Буржуазияға тән.*

БУРЖУАЗИЯШЫЛ *Буржуазияны жақтаушы, соны қолдаушы.*

БУРКА *Кавказ халқының жұқа киізден жасалған жеңіл желбегей сырткиімі.*

БУРЫЛ 1. *Ақ пен көк, аздап қара араласқан түс.* 2. *Сақал-шашына ақ кірген адам.* □ **Бурыл тартты** – *сақал-шашына ақ кірді.* 3. *Бурылдану, бурыл тарту, шашына, сақалына ақ кіру.*

БУРЯТ *Бурят-монгол АР-ның негізгі тұрғыны.*

БУСАН 1. *Жеңіл ғана терлеу, аздап жіпсу.* 2. ***Ауысп.*** *Жердің қары кетіп тоңы еру.*

БУТАФОРИЯ ***өнер.*** *Сахнаға лайықтап жасалынған жасанды жиһаз, бұйым.*

БУТАФОРИЯЛЫҚ *Бутафорияға тән.*

БУТЕРБРОД *Май жағып не сыр не колбаса салған бір тілім нан.*

БУТИЛ: бутил спирті ***хим.*** – *өткір иісті, түссіз сұйық спирт.*

БУТЦЫ ***спорт*** *Табанының бұдыры бар, футбол ойнағанда киетін аяққиім.*

БУФЕР ***тех.*** *Екі заттың бір-біріне соқтыққандағы күшін солғындату үшін жасалатын қондырғы.*

БУФЕТ 1. *Жеңіл-желпі тамақ не сусын сататын орын.* 2. *Ыдыс-аяқ, тағам сақталатын шкаф.*

БУФЕТШІ *Буфет ұстаушы әйел.*

БУХГАЛТЕР *Кәсіпорында, шаруашылықта есеп-қисап жұмыстарын жүргізуші қызметкер, бухгалтерия маманы.*

БУХГАЛТЕРИЯ 1. *Есеп-қисап жүргізудің теориясы мен практикасы.* 2. *Белгілі бір мекеменің, ұйымның, шаруашылықтың есеп-қисап жүргізетін бөлімі.*

БУХТА *Кеме тоқтауға жарайтын кішкене қойнау немесе шығанақ.*

БУШЛАТ *Матростардың шұғадан тігілген жылы курткасы.*

БУШМЕН *Оңтүстік және Шығыс Африканың ежелгі жергілікті халқы.*

БУЫЛДЫҚ ***бот.*** *Ақ гүлді, ұзын сабақты, сулы жерде өсетін тамыр — жемісті өсімдік.*

БУЫЛТЫҚ *Белгілі бір нәрсенің бойында томпақ, буынтақ боп өскен, шорланған жері.*

БУЫЛТЫҚ: буылтық құрт — *денесі сақина тәрізді буылтықтанған ұзын құрт.*

БУЫЛТЫҚТА *Буылтық-буылтық ету, бунақтау.*

БУЫН I 1. *Адам мен жануарлардың аяқ, бақай, тізе, жілік т. б. қозғалмалы түрде жалғасқан жері.* 2. ***бот.*** *Сабақтың жапырақ немесе бүршік орналасқан жері.* 3. ***Ауысп.*** *Тұтас бір нәрсенің жеке саласы, бөлімі, тармағы.* 4. ***Ауысп.*** *Үрпақ, үрім-бұтақ.* || **Буынаралық** ***бот.*** — *сабақтағы екі буынның арасы.* **Буынаяқтылар** ***зоол.*** — *жоғарғы сатыдағы омыртқасыз жәндіктердің ішіндегі ең көп тараған тобы.* ◊ **Буын иілу** — *буын сырқатын оташылықпен емдеу әдісі.* **Буыны бекіді [қатайды]** — а) *ержетті, есейді;* ә) *ысылды, шыңдалды.* **Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған** — *кемеліне келмеген, есеймеген.* **Буыны босады [құрыды]** — а) *денеден әл кетті, әлсіреді;* ә) *тұла бойын қорқыныш кернеді.*

БУЫН II ***лингв.*** *Сөздерді айту кезіндегі ауаның қарқынмен кілт үзіліп шыққан, не бірнеше дыбыстар тізбегі.* □ **Буын үндестігі** — *сөз ішіндегі, сөздердің аралығындағы буындардың бір-бірімен айтылуы жағынан өзара үйлесуі, үндесуі.*

БУЫН III *Буыну, қылқыну, тыныс ала алмау.*

БУЫНДА I ***бот.*** *Буын салу, буын пайда болу.*

БУЫНДА II ***филол.*** *Буын-буынға бөлу, ежіктеу.*

БУЫНДАС I *Жалғасу, қиюласу, түйісу.*

БУЫНДАС II *Құралпас, замандас, қатарлас, жалғас.*

БУЫНДЫ I 1. *Буыны бар, бунақталған, буын-буынға бөлінген.* 2. *Тармағы мол, тарады, тармақты.*

БУЫНДЫ II ***филол.*** *Буыннан тұратын, буынға бөлінген.*

БУЫНДЫ III *Буылған зат, бума.*

БУЫНДЫР *Қылғындыру, алқымнан қысу, тыныс алдырмау.*

БУЫНҚАП ***анат.*** *Жіліктердің бір-бірімен жалғасатын жеріндегі ақ шеміршек.*

БУЫНҚҰРТ 1. *Білдірмей жүріп, іштей жейтін жегі; ауру.* 2. ***Ауысп.*** *Көз құрты, ерікті билейтін сиқыр.*

БУЫНСЫЗ *Буыны жоқ, былқ-сылқ етіп бұралған, майысқан.* ◊ **Буынсыз жер** — *орынсыз; жөні жоқ жер.* **Буынсыз жерге пышақ ұрды [салды]** — *орынсыз талап, жөнсіз тілек қойды.* **Буынсыз тіл** — *шешен сөз, шебер тіл.*

БУЫНТЫҚ *Буылтық, буынтақ.*

БУЫНШАҚ *Буылған кішкентай нәрсе, түйіншек.*

БУЫНШАҚ-ТҮЙІНШЕК *Буылған-түйілген, ұсақ-түйек зат.*

БУЫП-ТҮЙ *Бір нәрселерді жинастыру, орап-байлау.*

БУЫРҚАН 1. *Желдің, дауылдың өршелене ұйтқи соғуы.* 2. *Өзеннің жағаға ұрып, көбік шашып ағуы.* 3. ***Ауысп.*** *Қаһарына мініп қатты ашулану, қатулану.* 4. ***Ауысп.*** *Бураның келеге түскен кезіндегі айбат шегіп құтырынуы.*

БУЫРҚАНЫС *Іштей ширығушылық, зығыры қайнап, кәрленушілік, қаһарланушылық.*

БУЫРШЫН *Аруана мен үлектен туған төрт жасар бура; інген бұзар.*

БҰҒАЗ ***геогр.*** *Екі мұхиттың не теңіздің бір-бірімен жіңішкеріп келіп қосылған жері.*

БҰҒАҚ *Адамның, иек астындағы салпыңқы тұсы, малдың әукесі, күпегі.* □ **Бұғақ ауруы** ***мед.*** *– қалқанша (тамақ) бездері қызметінің бұзылуынан болатын ауру; жемсау ауруы.* ◊ **Бұғағынан үзілген** *- толысып, бой жеткен (қыз).*

БҰҒАЛЫҚ 1. *Асау ұстауға ыңғайлап, ұш жағын ілмектеп, тұзақтап байлаған мықты қыл арқан.* 2. ***Ауысп.*** *Өз еркіне бағындыратын тосқауыл күш, қысым, тегеурін.* ◊ **Бұғалық салды [тастады]** *– тізгіндеді, еркіне жібермеді.* **Бұғалық тастам (жер)** *– бұғалық тастауға лайық, он-он бес метрдей аралық.*

БҰҒАЛЫҚТА 1. *Асауға бұғалық салу.* 2. ***Ауысп.*** *Өз еркіне көндіру, тізгіндеу, тежеу.*

БҰҒАЛЫҚТЫ *Бұғалық салынған.*

БҰҒАНА ***анат.*** *Жауырын мен төс сүйекті байланыстырушы, иіліңкі сүйек.* ◊ **Бұғанасы бекіді** *– өз-өзіне келді, ынғайды, күшейді.* **Бұғанасы қатпаған** *– тәжірибесіз, төселмеген.*

БҰҒАНАЛЫ *Мықты, қайратты, күшті.*

БҰҒАТ *Үй қабырғаларының жоғарғы жақ кенері.*

БҰҒАУ 1. *Қылмысты адамның екі қолына, мойнына, аяғына салатын шынжыр, металл шеңбер.* ***Ауысп.*** *Еркі, құқы жоқтық, құлдық, басыбайлық.* ***Ауысп.*** *Қапас, қамау, қоршау.* ◊ **Бұғау салды** *– еркіне көндірді, бағындырды.*

БҰҒАУЛА 1. *Бұғау салу, кісендеу, тұтқындау.* 2. ***Ауысп.*** *Бағындыру, еркіне көндіру.*

БҰҒАУЛЫ 1. *Бұғау салынған, бұғауланған.* 2. ***Ауысп.*** *Тәуелді, бағынышты, еріксіз.*

БҰҒЫ 1. *Күйіс қайыратын, сүтқоректі айыртұяқты, сала мүйізді ірі аң, тау, орман жануары.* 2. *Сол бұғы мүйізінен жасалған, созылмалы ауруға шалдыққандарға берілетін дәрі.* □ **Бұғы белбеу** *– қалың көннен істелген жалпақ белбеу.* **Бұғы қынасы** ***бот.*** *– тундрада торфты, батпақты жерлерде кездесетін сұр түсті майда бұта; бұғы мүгі.* **Бұғы мойын** *– жуан күжірейген мойын.*

БҰҒЫЗ *Диірменнің беткі тасындағы бидай түсіп тұратын кең ұңғы, тесік.*

БҰҒЫНБАҚ *Жасырынбақ, бұғынып ойнау ойыны.*

БҰҒЫНШАҚТА 1. *Қайта-қайта бұғу, жасырыну.* 2. ***Ауысп.*** *Қысылып-қымсыну, қорғаншақтау.*

БҰҒЫҢҚЫ *Ашық емес, жасырын. Елеусіз, көмескі.*

БҰҒЫШЫ *Бұғы бағушы адам, бақташы.*

БҰҒЫШАҚ ***көне*** *Қазақтың ертедегі музыкалық аспабы.*

БҰДЫР 1. *Кедір-бұдыр, бұжыр.* 2. *Жазық жердегі ойқыр, төбешікті, шоқатты жер.* 3. *Бедер.*

БҰДЫРАЙ *Бұдыр болу, бұртию.*

БҰДЫР-БҰДЫР *Тегіс емес, кедір-бұдыр.*

БҰДЫРҚАЙ *Бұдыр-бұдыр, кедір-бұдырлары көп.*

БҰДЫРЛА *Бұдыр салу, жасау; бедерлеу.*

БҰДЫРЛЫ *Бұдыры бар, бұдыры көп.*

БҰДЫРМАҚ 1. *Жер бетіндегі ойшұқыр, кедір-бұдыр.* 2. *Терінің сыртынан білініп тұратын бөртпен, бөртпе.*

БҰДЫРМАҚТЫ *Бұдырмағы бар.*

БҰДЫРСЫЗ *Кедір-бұдыры жоқ, теп-тегіс.*

БҰЖБАН ***жерг.*** *Бүйенге салып пісірген шұжық, шұжықтың үлкен жері.*

БҰЖЫ ***жерг.*** *Жаңа сойған қой етін бүйенге салып әзірлеген шұжық тәрізді тағам түрі.*

БҰЖЫР 1. *Тегіс емес, бұжыр-бұжыр.* 2. *Шешек ауруынан қалған адам бетіндегі дақ, таңба.* □ **Бұжыр қара** — *қара бұжыр адам.*

БҰЖЫРА *кәсіби. Етікшінің ұш жағы бұрандалы құралы.*

БҰЖЫР-БҰЖЫР 1. *Тегіс емес, кедір-бұдыр (жер, зат).* 2. *Шешек дағы бар (бет).*

БҰЖЫРЛА *Бұжыр-бұжыр ету.*

БҰЖЫРЛАУ *Аздап бұжыры, кедір-бұдыры бар.*

БҰЗ 1. *Қирату, сындыру, талқандау.* 2. *Бүлдіру, істен шығару.* 3. *Малдың етін мүше-мүшеге бөлу, жіліктеу, боршалау.* 4. *Біркелкі күйді [жайды] дағдылы қалпынан өзгерту.* 5. *Уәдені, салтты сақтамау.* 6. *Белгілі бір сөздермен тіркесіп мазаны алу сияқты ұғымды білдіреді.* 7. ***Ауысп.*** *Біреуді азғыру, айныту.* 8. ***Ауысп.*** *Адамдықтан ада ету, жақсы қасиеттен айыру.* 9. ***Ауысп.*** *Организмге бір нәрсенің жағымсыз әсер етуі, ауырту.*

БҰЗА-ЖАР *Киіп-жару, баса-көктеу.*

БҰЗАҚЫ *Бұзық, тентек, сотқар.*

БҰЗАҚЫЛАН *Бұзақы болу, сотқарлық көрсету.*

БҰЗАУ *Сиыр, марал т. б. мүйізді малдың алты айға толмаған жас төлі.* □ **Бұзаубас етік** — *жалпақ, доғал бас етік.* **Бұзау көз** — *өлімсіреген жанарсыз көз.* **Бұзау тұмсық (мұрын)** — *мұрны жалпақтау келген, таңқы танау.* **Бұзау тастады** — *мал іш тастады.* **Бұзаутіс** — *салалы, ірі.*

БҰЗАУБАЛЫҚ ***зоол.*** *Алабұға тәрізділер отрядына жататын балықтардың бірі.*

БҰЗАУБАС I ***зоол.*** *Басы үлкен, алдыңғы аяқтарымен жер қазатын түсі сары қоңыз.*

БҰЗАУБАС II ***бот.*** *Құмды жерде өсетін биіктігі 5—25 см-дей малға жұғымды шөп.*

БҰЗАУБАС: бұзаубас балық ***зоол.*** *Ащы суларда тіршілік ететін, басы жалпақ балық.*

БҰЗАУҚАН ***экспр., эмоц.*** *Жаңа туған жас бұзау.*

БҰЗАУЛА *Сиыр, марал, бұлан сияқты жануарлардың төлдеуі, тууы.*

БҰЗАУТАЗ *Барлық түлікте болатын жұқпалы ауру.*

БҰЗАУ-ТОРПАҚ *Сиырдың бір жасқа толмаған төлі.*

БҰЗАУТІС *Жалпақ таспадан 8—12-16 өрім етіп өрілген қамшы.*

БҰЗАУШЫ *Бұзау бағушы.*

БҰЗАУШЫҚ ***көне*** *Сақарға май қосып қайнатып жасаған қара сабынның кішірек бөлшегі.*

БҰЗҒЫНША *Зақымданған гүл орнына шығатын өсінді.*

БҰЗҒЫНША: бұзғынша кене ***зоол.*** *— өсімдік жапырақтарымен, қабығымен қоректенетін кене тәрізді кішкентай зиянкес жәндік.*

БҰЗҒЫНШЫ I ***бот.*** *Кейбір ағаштарда болатын желім тәрізді сұйық зат; шайыр.*

БҰЗҒЫНШЫ II *Қиратушы, бүлдіруші, іріткі салушы.*

БҰЗДЫР *Қаю мерзіміне бір жыл қалғанда інгендерге еріксіз бура шөгеру.*

БҰЗУСЫЗ *Бұзылмаған, бөлшектенбеген, мүшеленбеген.*

БҰЗЫҚ 1. *Бұзақы, тентек, сотқар.* 2. ***Ауысп.*** *Арам, қараниет.* 3. ***Ауысп.*** *Істен шыққан, бүлінген зат, нәрсе.*

БҰЗЫҚТЫҚ *Бұзақылық, тентектік, сотқарлық.*

БҰЗЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Бұзыл.* 2. *Белгілі бір заттың өзіндік ерекшелік қасиетін жоюы; дәмі, исі, түсі кету.* 3. *Бір нәрсенің өзгеріп кетуі; басқа түске ену.*

БҰЗЫЛУ, бүліну *Сыртқы күштің әсерінен қатты заттың көлемінің не болмаса формасының өзгеруі.*

БҰЗЫЛУ, бүліну *Бұрынғы қалыптан өзгеру, бұзылу.*

БҰЗЫЛҒАН *Жаман жолға түскен, азғындаған.*

БҰЗЫЛМАЛЫ *Бұзылғыш, айнып қалғыш.*

БҰЗЫЛЫҢҚЫ *Аздап бұзылған, өзгеріңкі.*

БҰЗЫЛЫС *Бұзылғандық, бүлінгендік.*

БҰЗЫП-ЖАР 1. *Бұзу, талқандау, қырату.* 2. *Баса көктеу, кимелеу.*

БҰЙДА *Түйе не өгіздің мұрындығына тағылатын бас жіп; бау.* ◊ **Бұйда беру** – *еркін, ықтиярын біреуге беру, неде болса көну.* **Бұйдасын мойнына іліп қоя берді** – *бетінен қақпады, еркіне жіберді.* **Бұйда тартты** – *жолға шықты, жол тартты.* **Бұйда тарту** – *жүк артылып тіркелген көп түйенің бұйдаларын тартып, жүрер жолға дайындау.*

БҰЙДА: **Бұйда пышақ** – *жалпақ келген, салалы ұзын пышақ.*

БҰЙДАГЕР 1. *Бұйдалы түйелерді алып жүруші.* 2. ***Ауысп.*** *Жетекші, дем беруші.*

БҰЙДАЛА *Түйеге бұйда тағу, байлау.* **Бұйдаланған [мұрнын тескен] түйедей [тайлақтай]** – *өз билігі жоқ, еріксіз, ырықсыз.*

БҰЙДАЛЫ *Бұйда тағылған, бұйдасы бар.*

БҰЙДАЛЫҚ *Бұйда болуға жарайтын.*

БҰЙҚЫТ ***жерг.*** *Кенеттен, күтпеген жерден.*

БҰЙРА 1. *Шиыршықтана ширатылған, бұралған (шаш, елтірі, жүн).* 2. ***Ауысп.*** *Толқынданған әдемі көрініс, толқынды.* □ **Бұйрабірқазан** ***зоол.*** – *желкесінде ұзын, бұйра қауырсыны бар бірқазанның түрі.* **Бұйразығыр** ***бот.*** – *биіктігі 30–50 см-дей бұйра жапырақты зығырдың бір түрі.* **Бұйра құм** – *сусымалы, шағыл құм.* **Бұйрасораң** ***бот.*** – *түбінен тармақталып өсетін, биіктігі 30–40 см көкшіл сұр өсімдік.* **Бұйратал** – *көбінесе өзен бойларында өсетін, жапырақты уақ тал.*

БҰЙРАЛА 1. *Бұйра жасау, бұйра ету.* 2. ***Ауысп.*** *Сәл ғана толқындандыру, әдемі түрге келтіру, сәндеу.*

БҰЙРАЛЫҚ *Бұйраланған, ширатылғыштық қасиет.*

БҰЙРАТ *Ойлы-қырлы созылып жатқан қырқа, адыр.* □ **Бұйрат құм** – *өркеш-өркеш, төбе-төбе құм.*

БҰЙРАТТАН *Ойлы-қырлы болу, бұйратқа айналу.*

БҰЙРЫҚ 1. *Әкімшілік орындары тарапынан берілетін әмір.* 2. ***діни*** *Алла тағаланың құдіреті, құдайдың салғаны; жазмыш.* 3. ***Ауысп.*** *Көңіл қалауы, жүректің әмірі.* ◊ **Бұйрық берді [етті]** – *әмір етті, жарлық қылды.* **Бұйрық болса** – *бұйырса, сәті түссе.*

БҰЙРЫҚСЫЗДЫҚ 1. *Бұйрықтың жоқтығы, әмір болмағандық.* 2. ***діни*** *Бұйырмағандық, маңдайға жазылмағандық.*

БҰЙРЫҚТЫ 1. *Әмірлі, бұйыра айтылған.* 2. ***діни*** *Құдайдың бұйрығы бойынша болған.*

БҰЙЫ ***көне*** *Елту, балқу, сезімге берілу.*

БҰЙЫҒЫ 1. *Ұяң, жуас, момын.* 2. ***Ауысп.*** *Енжар, мәргау.*

БҰЙЫҒЫЛАН *Тұйық болу, көп сөйлемеу.*

БҰЙЫҒЫЛЫҚ *Сөзге жоқтық, тұйықтық.*

БҰЙЫҒЫҢҚЫ 1. *Ұяңдау, тұйықтау.* 2. ***Ауысп.*** *Селсоқтау, енжарлау, мәргаулау.* ◊ **Бұйығыңқы тартты** – *енжарлау күйге түсті.*

БҰЙЫҚ I ***көне*** *Етік сыртынан жылылық үшін киетін қонышы қысқа, киіз байпақ.*

БҰЙЫҚ II *Бір-біріне тығыла түсу, бүрісу.* 2. ***Ауысп.*** *Іштей тыну, тымырау.*

БҰЙЫМ 1. *Мүлік, жиһаз, дүние.* 2. ***жерг.*** *Жұмыс, іс, шаруа.* □ **Бұйым ба [емес]** – *сөз емес, түк емес.* **Бұйым болып [боп] па** – *сөз болып па; оңай, жеңіл.* **Бұйымға аспады** – *қажетке жарамады.* **Бұйым демеді [көрмеді]** – *жүк көрмеді, елемеді.*

БҰЙЫМДАЙ *Бұйым күйінде, заттай төленетін еңбек табыстары.*

БҰЙЫМДЫҚ *Бұйым болғандық.*

БҰЙЫМТАЙ 1. *Біреудің сұрамақшы нәрсесі, қалауы, қолқасы.* 2. ***Ауысп.*** *Арнайы барған іс, шаруа.*

БҰЙЫМТАЙЛА *Бұйымтай сұрау.*

БҰЙЫМТАЙСЫЗ *Бұйымтайы жоқ, шаруасыз.*

БҰЙЫР 1. *Бұйрық беру, әмір ету.* 2. ***Ауысп. діни*** *Ырзық ету, нәсіп болу.*

БҰЙЫРҒЫН ***бот.*** *Тақыр, құмды жерлерде өсетін басы бүршікті, жапырағы жоқ, аласа өсімдік.*

БҰЙЫРМАСЫН *Қарғанып-сілену, ант-су ішу мәніндегі сөз.*

БҰЙЫРСА *Реті келсе, сәті түссе, болса.* □ **Құдай бұйырса** — *сәтін берсе.*

БҰҚ 1. *Бой тасалау, жасырыну, тасалану.* 2. ***Ауысп.*** *Көзге көрінбеу, жасырын жату.* ◊ **Бұға берсең, сұға береді** — *үндемесең басынады, басқа шығады.*

БҰҚА I 1. *Сиыр малының піштірілмеген еркегі; аталық ірі қара мал.* ◊ **Бұқаға жанасты** — *күйлеген сиырға бұқа жіберді.* **Бұқа көзденді** — *көзін сүзе қарады.* **Бұқа мойын** — *мойны жуан.* **Бұқа тамақ** — *алқымы салбыраған, бұғағы салыңқы.*

БҰҚА II ***кәс.*** *Су жолына қамыстан қойған бөгет, тосқауыл.* □ **Бұқа арық** — *суы мол бас арық, тоған.*

БҰҚАРА *Еңбекші қауым, жұртшылық.* □ **Бұқара халық** — *еңбекші қауым, көпшілік.*

БҰҚАРАЛЫҚ *Бұқараға тән, халықтық.* □ **Бұқаралық саяси жұмыс** — *көпшілік арасына жүргізілетін саяси жұмыс.*

БҰҚАРАШЫЛ *Бұқараның қамын ойлаушы, халықтың мүддесін қорғаушы, көпшіл.*

БҰҚАРАШЫЛДЫҚ *Бұқараның жоғын жоқтаушылдық, көпшілдік.*

БҰҚАРЖАЙ ***көне*** *Бұхар қаласында жасалған садақ.*

БҰҚАТАНА *Қаршыға құсының бір түрі.*

БҰҚАТАРТЫС *Үлкен тойларда екі кісі мойнына арқан салып тартысып, күш сынасатын ұлттық ойын.*

БҰҚАША *Екі жасар тана бұқа; жас бұқа, бұқашық.*

БҰҚАШЫҚ *Жас бұқа, бұқаша.*

БҰҚБАС ***зоол.*** *Өзен бойында жүретін қара қоңыр түсті торғай.*

БҰҚПА 1. *Жасырынуға болатын қалтарыс, таса.* 2. *Жасырын сыр, ішкі есеп.*

БҰҚПАЛА *Бас жасыру, тасалану.*

БҰҚПАЛАҚ *Бой жасырушылық.*

БҰҚПАЛАҚТА *Әр жерге бір бұғыну, бас бағу, жасырыну.*

БҰҚПАНТАЙ 1. *Бұғып жүретін, ешкімге ашық көрінбей тасада жүретін.* 2. ***Ауысп.*** *Жалтақтық, бұғып қалушылық.* 3. ***Ауысп.*** *Жымысқы, бықсық.*

БҰҚПАНТАЙЛА 1. *Тасалану, жасырыну, бұғу.* 2. *Жалтақтау, тайсақтау, жасқану.*

БҰҚПАНТАЙЛЫҚ *Бұққыштық, жасырынушылық.*

БҰҚПАНТАЙСЫЗ *Бүкпесіз, ашық, айқын.*

БҰҚТЫР I 1. ***өзг. етіс*** *Бұқтыр.* 2. ***Ауысп.*** *Сес көрсету, ықтыру, имендіру.* 3. ***Ауысп.*** *Дауылдың, боранның әрекетінен бүрісу, тоңу.*

БҰҚТЫР II 1. *Шайды, тамақты, қатты қайнатпау, отын аздап басу.* 2. *Тағамға әртүрлі тұздықтар салып, дәмін кіргізу үшін жауып қою; сіңіру.*

БҰҚТЫР III *Шамның білтесін төмен басып қою, жарығын азайту, көмескілеу.*

БҰҚТЫРМА *Самаурынның оттығындағы шоқты өшіру үшін жабатын қақпақ.*

БҰЛ I 1. *Кездеме, мата.* 2. *Пұл, ақша.*

БҰЛ II *Біреуді не бір нәрсені нұсқап көрсететін осы, мына мәніндегі сілтеу есімдігі.*

БҰЛА I *Ешкім бетінен қақпаған, еркін, ерке.*

БҰЛА II *Көзінен жас ағу, жылап-сықтау.*

БҰЛА III ***көне*** 1. *Ақ көбігін ағызу, қатты терлету.* 2. ***Ауысп.*** *Жанын аямау, құрбан ету.*

БҰЛАҒАЙ ***көне*** *Алай-түлей, опай-топай.* **Бұлағай салды** – *айғай-шуға басты, атойлады.*

БҰЛАЙ *Осылай, дәл осындай.*

БҰЛАЙША *Дәл осындай, осылайша.*

БҰЛАЙЫНША *Бұлайша, осылайша.*

БҰЛАҚ I 1. *Басы бастаулардан басталып, баяу ағатын кішігірім су.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің қайнар көзі, негізі.*

БҰЛАҚ II 1. *Құлақ ішінің қабынуынан болатын созылмалы іріңді ауру.* 2. *Құлақтың ішінен ағатын ірің.*

БҰЛАҚТАЙ 1. *Бұлақ тәрізді.* 2. ***Ауысп.*** *Сүті мол, көп.*

БҰЛАЛЫҚ *Бұла болып өскендік, еркіндік.*

БҰЛАМА ***көне*** *Сұйық тағам, бұламық.*

БҰЛАН I *Ашатұяқты, бұғы тектес ірі аң.* □ **Бұлан көз** – *бұланның көзіндей, көреген.*

БҰЛАН II *Бұла болып өскен; ерке.*

БҰЛАН-ТАЛАН 1. *Астан-кестен, аласапыран болу.* 2. *Бұлқан-талқан болып ашулану.*

БҰЛАҢ I 1. *Шубалаңқы нәрсенің арлы-берлі тербелуі; бұлғақ қағуы.* 2. ***Ауысп.*** *Бүлкіл жүріс, жортақ.* 3. ***Ауысп.*** *Түлкі құлық, айла.* □ **Бұлаң бел** – *белі майысқан, бұлаңдаған.* **Бұлаң етті** – а) *жалт берді, қараң етті;* ә) *көз алдына елестеді.* **Бұлаң жол** – *қиыр-шиыры мол жол.* **Бұлаңқұйрық** – а) *жүрдек, өнімді жүріс;* ә) *құу, айлакер, алдамшы.* **Бұлаңқұйрыққа салды** – а) *Жортып тез жүріп отырды;* ә) *айлаға көшті, құлық ойлады.*

БҰЛАҢ II 1. *Бұрылыс, бұлтарыс, қалтарыс.* 2. ***Ауысп.*** *Қиын-қыстау жол, ауыртпалығы мол өмір.*

БҰЛАҢ: бұлаң етті – *қылт етіп көрінді, сылаң етті.* **Бұлаң-бұлаң етті** – *бұлаңдады.*

БҰЛАҢДА 1. *Шұбалған ұзын нәрсенің ырғалып теңселуі; ерсілі-қарсылы қозғалуы.* 2. ***Ауысп.*** *Иттің құйрығын бұлғаңдатып еркелей қарауы.* 3. ***Ауысп.*** *Сылаң қағу, бұралып қылмыңдау, бұлаң қағу.* 4. ***Ауысп.*** *Көз алдында қараң беру, бұлдырау, елес беру.* 5. ***Ауысп.*** *Бұла болып өсу, бұраңдау.* 6. ***Ауысп.*** *Шайқалу, теңселу, бұлғаңдау.*

БҰЛАҢЫТ ***көне*** *Көмескілеу болу, қарауыту, буалдыр тарту.*

БҰЛАУ 1. *Ауырған жерді ыстық сумен булайтын халық емі.* 2. ***Ауысп.*** *Күн көзіне, ыстық құм, тасқа қыздырыну.* ◊ **Бұлау болды** – *бұлауға түскендей терледі.* **Бұлау тер** – а) *бұлаулағанда шығатын тер;* ә) *ақ көбік, ащы тер.* **Көз жасын бұлады** – *қатты жылады.*

БҰЛАУДАЙ *Жылай-жылай ісінген.*

БҰЛАУЛА *Бұлау жасау, бұлау істеп емдеу.*

БҰЛБҰЛ 1. *Торғай тұқымдас, қоңыр-қызғылт түсті әдемі сайрайтын құс; сандуғаш.* 2. ***Ауысп.*** *Дауысы әсем, әнші.* 3. ***Ауысп.*** *Шешен, сөзге жүйрік, тілмар.* □ **Бұлбұл көмей** – *әсем дауысты әнші.* **Бұлбұл үнді** – *үні бұлбұлдың үніндей, әсем.*

БҰЛҒА 1. *Қолмен бір нәрсені сермеп, сілтеп қимыл жасау, қозғау, белгі беру.* 2. *Бір затты басқа бір нәрсемен араластыру, шайқау.*

БҰЛҒАҚ I 1. *Бұлаң-бұлаң етушілік; бұлғалақ.* 2. ***Ауысп.*** *Еркін еркелік, найқалушылық.* □ **Бұлғақ бас** – *сыртын түзеп, сенделіп бос жүретін адам.* **Бұлғақ қақты** – а) *бұлаң-бұлаң етіп теңселді, тербелді;* ә) *сыртын түзеп былқ-сылқ етті.*

БҰЛҒАҚ II ***көне*** *Қозғалыс, көтеріліс, бүлік.*

БҰЛҒАҚТА 1. *Ары-бері теңселу, тербелу, бұлғаңдау, бұлаң-бұлаң ету.* 2. ***Ауысп.*** *Әрі-сәрі болу, солқылдақтық жасау.* 3. ***Ауысп.*** *Ешкім бетінен қақпау, бұла өсу.*

БҰЛҒАҚТЫҚ *Бұлаң-бұлаң етушілік.*

БҰЛҒАЛАҚ 1. *Бір нәрсені ары-бері қозғап белгі берушілік.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге бой ұсынбау, бұлаң-бұлаң*

етушілік. □ **Бұлғалаққа салды** — *бұлтаққа салды, жалтарды.*

БҰЛҒАЛАҚТА 1. *Әрі-бері сілтеу, сермеу.* 2. *Тұзу жүре алмау, ары-бері тербелу, шайқалу, теңселу, қисаң-қисаң ету.* 3. ***Ауысп.*** *Еркін жүру, бұлғаңдау.*

БҰЛҒАЛАҢДА 1. *Шайқалу, теңселу.* 2. *Біресе оңға, біресе солға қисалаңдау*

БҰЛҒАҢ *Бір нәрсенің олай-бұлай теңселуі, шайқалуы; бұлғақ.* □ **Бұлғаң етті** — *бұлғаңдады, теңселді.* **Бұлғаң қақты** — *бұлғақтады, ары-бері теңселді.*

БҰЛҒАҢ-БҰЛҒАҢ: бұлғаң-бұлғаң етті [қақты] — *бұлғақтады, бұлғаң қақты.*

БҰЛҒАҢДА 1. *Теңселу, тербелу, шайқалу.* 2. ***Ауысп.*** *Құйрығын бұлғаңдатып иесіне еркелеу.* 3. ***Ауысп.*** *Ерке өсу, бұлаңдау.* **Тұлкідей бұлғаңдады** — *қуланды, жылмыңдады.*

БҰЛҒАУЫШ 1. ***көне*** *Қазанда қуырылған дәнді араластыру үшін басына шүберек не киіз ораған таяқша.* 2. ***жаңа., тех.*** *Автомат машиналардың қоймалжың сұйықты бұлғап, араластыруға арналған тетігі.*

БҰЛҒЫН 1. *Терісі аса бағалы, қоңыр-күрең түсті кішірек жыртқыш аң.* □ **Бұлғын жаға, бұлғын бөрік** — *бұлғын терісінен жасалған жаға, бөрік.*

БҰЛДА 1. *Бір нәрсенің құнын көтеру, бағасын арттыру, асыра бағалау.* 2. ***Ауысп.*** *Әлдеқандай болу, бәлсіну.*

БҰЛДАН *Бәлсіну, міндетсіну.*

БҰЛДЫ 1. *Бұлы бар, ақшалы, малды.* 2. ***Ауысп.*** *Бағалы, қымбат, құнды.* 3. ***Ауысп.*** *Беделді, қадірлі, қасиетті.*

БҰЛДЫР 1. *Сағым тәрізді бұлыңғыр; буалдыр.* 2. *Көмескі, дүдәмал, екіұдай.* 3. ***Ауысп.*** *Еш нәрсе, ештеме; тұлдыр.* ◊ **Бұлдыр тартты** — а) *буалдыр күйге түсті, бұлдырланды;* ә) *көмескіленді, көмескі тартты.*

БҰЛДЫРА 1. *Мұнарту, мұнарлану, алыстан анық көрінбеу.* 2. *Күңгірт тарту, көмескілену, қарауыту.*

БҰЛДЫРАТ 1. ***өзг. етіс*** *Бұлдыра-т.* 2. *Шындықты жасырып бүркемелеу, анығын айтпау.*

БҰЛДЫР-БҰЛДЫР 1. *Айқын емес, көмескі, буалдыр.* 2. ***Ауысп.*** *Қиын-қыстаулы, қилы-қилы.*

БҰЛДЫРЛА *Қараң-қараң ету, күңгірт көріну.*

БҰЛДЫРЫҚ *Күр тұқымдас, сұр түсті қарабауыр кішкентай дала құсы.* □ **Бұлдырық оты** — *құм аралас шөлейт жерлерде өсетін тықыр аласа шөп.*

БҰЛДЫРЫҚТАЙ 1. *Көз ілеспейтіндей жылдам, шапшаң.* 2. *Кіп-кішкентай, шағын, шамалы.*

БҰЛЖЫМА *Бір қалыптан жылжымау, өзгермеу, қозғалмау.*

БҰЛЖЫМАС *Мызғымас, өзгермес.*

БҰЛЖЫТПАСТАН *Өз қалпынан айнытпай, ешбір өзгертпестен.*

БҰЛҚАН-ТАЛҚАН 1. *Астан-кестен, быт-шыт, бұлан-талан.* 2. *Астыүстіне шыққан, әлемтапырақ.*

БҰЛҚЫ *Бірден жұлқи қозғау, қалт тартып қалу.*

БҰЛҚЫН I 1. *Аласұрып босануға тырысу, жанталасу, жұлқынып қалу.* 2. *Аспанға шапшып буырқану.* 3. ***Ауысп.*** *Алай-түлей болу, жұлқыну.*

БҰЛҚЫН *Қайықтың жүрісін бағдарлайтын тетік (руль).*

БҰЛҚЫНТЫ *Суға ауды тастаған кезде қайық бұлқынын ұстаушы адам.*

БҰЛҚЫНЫС *Кенеттен болатын шұғыл қимыл, жұлқыныс.*

БҰЛТ 1. *Атмосферадағы қоюланған су буының топтанған жиыны.* 2. ***Ауысп.*** *Көңіл бұзатын кірбің, қаяу.* ◊ **Бұлт басты** — *ауыртпалық көбейе түсті.* **Бұлттан шыққан күндей** — *жарқ еткен, жайраң қаққан.*

БҰЛТ: бұлт берді [етті] — а) *бұлғаң етті, лып берді;* ә) *тайқып шыға келді, жалт берді.*

БҰЛТАҚ 1. *Қиыр-шиыры мол бұрма, бұрылыс.* 2. ***Ауысп.*** *Тұрақсыз, құбылмалы, бұрыс.* **Бұлтаққа салды** — *қулыққа басты, бұлтарды.*

БҰЛТАҚТА 1. *Тіке тартпай, бұралаң-бұрылыстармен жүру.* 2. *Қисалаң-қисалаң ету, бұлғаңдау.* 3. *Бұлтара қашу, жалтарып кету.* 4. ***Ауысп.*** *Солқылдақтық жасау, былқылдау.*

БҰЛТАЛАҚ 1. *Бұрылыс-бұрылысы көп жол.* 2. ***Ауысп.*** *Екіұшты сөйлеушілік, солқылдақтық.*

БҰЛТАЛАҚТА 1. *Бұлтақтау, бұлғақтау, әрі-бері шайқалу, теңселу, бұлғаландау,* 2. ***Ауысп.*** *Бұлтаққа салу, тайқақтау.*

БҰЛТАЛАҢДА *Бұлтаң-бұлтаң ету, бұлталақтау, әрі-бері теңселу.*

БҰЛТАҢ 1. *Бұлғалаң жүріс, бұлтақ, қыңыр-қисық.* 2. ***Ауысп.*** *Айласы, қулығы көп әрекет.*

БҰЛТАҢ-БҰЛТАҢ: бұлтаң-бұлтаң етті – *қайта-қайта бұлтаңдады.*

БҰЛТАҢДА 1. *Бұлтаң қағу, томпаңдау.* 2. *Қираландау, ірелеңдеу.* 3. ***Ауысп.*** *Солқылдақтық істеу, тайсақтау, жалтару.*

БҰЛТАР 1. *Жалт етіп, шұғыл бұрылу.* 2. ***Ауысп.*** *Басқа жаққа бұрын әкету, із жасыру, адастыру.* 3. ***Ауысп.*** *Сөзінен айнып кету, жалтару.*

БҰЛТАРҒЫШ *Тез жасырынып, бұға қоятын, айлакер.*

БҰЛТАРМА 1. *Бұралаңы мол, бұлтарыс.* 2. ***Ауысп.*** *Бүкпесі көп қулық, амал, айла.*

БҰЛТАРМАЛА *Бұрмалы, бұлтарысты жерлермен жүру.*

БҰЛТАРЫС 1. *Бұлтармалы, бұрылыс, қалтарыс.* 2. ***Ауысп.*** *Әрқилы қиыншылық, жалтарыс.*

БҰЛТАРЫССЫЗ *Бүкпесіз, тура, дәл.*

БҰЛТ-БҰЛТ: Бұлт-бұлт етті – *бұлтылдап тез қозғалды.* **Бұлт-бұлт ойнады** – *қозғалақ қақты, ойнақшыды.*

БҰЛТИ 1. *Томпаю, торсию.* 2. ***Ауысп.*** *Томпиып, сүп-сүйкімді көріну.*

БҰЛТТАН *Аспанды бұлт торлау, басу.*

БҰЛТЫҚ *Томпиып ісінген, буылтықтанған.*

БҰЛТЫЛДА 1. *Бұлт-бұлт ету.* 2. *Қалт-құлт ету, қалтылдау.*

БҰЛТЫЛДАҚ I *Бір қалыпта тұрмайтын, ойнақшып тұратын.*

БҰЛТЫЛДАҚ II *Түйенің аяқтарының жер басатын, жұмсақ қара тұқайлы табаны.*

БҰЛТЫҢ: бұлтың етті – *бұлт етті, бұлк етті.* **Бұлтың қақты** – *бұлт-бұлт етті, бұлтылдады.*

БҰЛТЫҢДА *Бұлтың-бұлтың ету, бұлтылдау.*

БҰЛҮЙРЕК *Үйректің ең ұшқырының аты.*

БҰЛШЫҚ: бұлшық ет – *сан етте, қолда, балтырда болатын қатты, шымыр ет.*

БҰЛЫҚ I *Ердің былғары көпшігі.*

БҰЛЫҚ II *Шалбардың сыртқы тігіс бойына ұзыннан салынатын жапсырма; лампас.*

БҰЛЫҚСЫ 1. *Ытқып, ақтарыла ағу.* 2. *Толықсу, толқу.*

БҰЛЫҢ *Бөлек, бұлтарыс, бұлтаң.* **Бұлың қақты** – *бұлғақтады, желбіреді.* **Бұлың тартты** – *анық емес, буалдыр күйге түсті.*

БҰЛЫҢ-БҰЛЫҢ *Бөлек-бөлек, бұрыш-бұрыш, қуыс-қуыс.*

БҰЛЫҢҒЫР 1. *Ашық емес, буалдыр, тұманды, сағымданған.* 2. ***Ауысп.*** *Көмескі, күңгірт, перделі.*

БҰЛЫҢҒЫРЛАН *Көмескіленіп көріну, буалдырлану, сағымдану.*

БҰР 1. *Бағытты, бетті басқа жаққа өзгерту.* 2. *Істің, сөздің беталысын, бағытын ауыстыру.* 3. *Өзіне жақын тарту, іш бұру, өзіне икемдеу.*

БҰРА *Дөңгелете, айналдыра бұрау, шиыру.*

БҰРАЛА 1. *Қайта-қайта орағыштау, жұмарлау.* 2. *Үсті-үстіне тықпалау, төпеу.*

БҰРАЛАҢ 1. *Бұлтарысы мол, қисық-қисық.* 2. ***Ауысп.*** *Шырғаланы мол, қиыншылығы көп.*

БҰРАЛАҢДА 1. *Шайқақ-шайқақ ету, қисаңдау.* 2. *Ірелеңдеп шұбалу.*

3. ***Ауысп.*** *Екіойлы болу, тайсақтау, толқу.*

БҰРАЛАҢҚЫ *Сәл бұралаңы бар.*

БҰРАЛЫҚЫ 1. *Иесіз қалған, қаңғыған (ит).* 2. ***Ауысп.*** *Шеттен келген, қаңғыбас, кірме (адам).* ◊ **Бұралқы сөз** – *орынсыз, қылжақ сөз.* **Бұралқы түйе** – *бөтен келеге қосылып кеткен не иесіз түйе.*

БҰРАМА *Бұралып, ширатылып істелген.*

БҰРАМАЛЫ *Бұралуға лайық.*

БҰРАҢДА 1. *Ортасындағы ойықтың ішкі бетінде спиральды сызығы бар қырлы темір кесінді, бұранда.* 2. *Кемелер мен ұшақтарды қозғалысқа келтіретін, білікке бекітілген қалақ тәрізді тетік.* ◊ **Бұрандасы босаған *қарап.*** – *есі дұрыс емес, жарымес.*

БҰРАНДАЛА *Бұранда жасау, бұрандамен бекіту.*

БҰРАНДАЛАУ *Бұрандамен бекіту.*

БҰРАҢ 1. *Бұрылыс-бұлтарысы көп, ирелеңді.* 2. ***Ауысп.*** *Қиын-қыстаулы.* ◊ **Бұраң басты** – *аяғы бұралып, созылып басты.* ◊ **Бұраң бел** – *талдырмаш, жіңішке бел.* **Бұраң қақты [етті]** – а) *ирелеңдеді, бұралаңдады;* ә) *әрлі-берлі қиралаңдады.*

БҰРАҢДА 1. *Әрлі-берлі теңселу, бұраң-бұраң ету, бұралаңдау.* 2. *Сәнмен, толықси қозғалу.* 3. ***Ауысп.*** *Ойын тіке айтпау, әр саққа жүгірту, түлкібұлаңға салу.*

БҰРАТАНА *Бодан, бағынышты, кірме, кіріптар.*

БҰРАУ 1. *Арқан-жіпті тартып тұратын кішкене жұмыр ағаш.* 2. ***мед.*** *Қанды тоқтату үшін, жарақаттанған жердің жоғарғы жағынан байланатын жіп (жгут).* ◊ **Бұрау басын сындырмады** – *қол ұшын қимылдатпады, бос жүрді.* **Бұрауын қалдырмады [тастамады]** – *тұқ тастамады, бәрін сыпырып алды.* **Бұрауы қашты** – *бабы келмеді, күйі кетті.*

БҰРАУБАС *Жүні өте тығыз, жұмсақ, түсі сұрғылт кейде жирен болып келетін кеміргіш.*

БҰРАУЛА *Бұрау салу, қысу.*

БҰРҒЫ *Ағашты, темірді ұңғып тесетін құрал.*

БҰРҒЫЛА *Бұрғымен тесу, ұңғу.*

БҰРҒЫЛАУШЫ ***тех.*** *Кен қопарушы, кен бұрғышысы.*

БҰРҒЫЛЫ *Бұрғысы бар.*

БҰРҒЫШЫ 1. *Ағаш, темір кесетін жұмысшы.* 2. *Кен бұрғылайтын маман.*

БҰРҚ: 1. **Бұрқ етті** – а) *кенеттен бір будақ шаң, түтін көтерілді;* ә) *шымыр етіп қайнады;* б) *тер не қан шып ете қалды;* в) *гүрс етіп құлап түсті;* г) *оқыс ашулана қалды;* д) *хабар дүңк етіп тарады;* е) *өсімдік дүр етіп көтерілді, қаулап өсті.* 2. **Бұрқ еткізді** – а) *алып ұрды, топ еткізді;* ә) *шымыр еткізіп, бір қайнатып алды.*

БҰРҚА 1. *Қар не топырақ-тозаңды жел үйіріп ұйтқу.* 2. *Түтеу, бораy.* 3. ***Ауысп.*** *Қайнау, өршелену.*

БҰРҚАҚ *Қарлы боран, бұрқасын.*

БҰРҚАҚТА *Жел ұйтқытып, дүркін-дүркін қар бораy.*

БҰРҚАН 1. *Долданып аласұру, өршелену.* 2. ***Ауысп.*** *Қатты ашулану, қаһарына міну.*

БҰРҚАН-ТАРҚАН *Тас-талқан, астан-кестен, алай-түлей.* ◊ **Бұрқан-тарқан болды** – а) *тас-талқан боп ашуланды;* ә) *астан-кестеңі шықты, бүлінді.*

БҰРҚАСЫН *Қарды жай сырғытып, ұйтқыта соғатын борасын.*

БҰРҚАСЫНДЫ *Қарлы-боран аралас.*

БҰРҚ-БҰРҚ: бұрқ-бұрқ етті – а) *бұрқылдап, көтерілді;* ә) *сарқылдап қайнады;* б) *қатты ашуланды.*

БҰРҚ-САРҚ: бұрқ-сарқ етті – а) *алай-түлей ашуға мінді;* ә) *долданып буырқанды.*

БҰРҚЫЛ 1. *Сұйық заттың қатты қайнағандағы қалпы, жай дыбысы.* 2. *Әр жерден бұрқ етіп көрінетін шаң-тозаң, түтін.*

БҰРҚЫЛДА 1. *Сұйық заттың қатты қайнағанда бұрқ-сарқ дыбыс*

шығаруы, сақырлап қайнау, бұрқ-бұрқ ету. 2. *Жоғарыға шаң-тозаң, түтін көтерілу, будақтау.* 3. *Жел, боран ышқынып, алай-түлей соғу.* 4. ***Ауысп.*** *Ашу шақыру, долдану.*

БҰРҚЫЛДАҚ *Бұрқ-сарқ еткен қалың шаң-топырақты.*

БҰРҚЫРА 1. *Шаң-топырақ, тозаң бұрқылдап көтерілу.* 2. *Қалың бу, қою түтін көріну.* 3. *Күшті жел көтеріліп, әлем-тапырық болу.* 4. *Қалай болса солай шашылу, дудырау.* 5. ***Ауысп.*** *Үстіүстіне үдеу, қаптау, төлеу.*

БҰРЛЫҚ 1. *Беті қайту, жалығу, титықтау, болдыру.* 2. *Дауыс қатты шықпай қарлығу.*

БҰРМА 1. *Бұрылыс, қалтарыс.* 2. ***Ауысп.*** *Өмірде кездесетін тосқауыл, кедергі.* ◊ **Бұрма мағына** — *ауыспалы мағына.* **Бұрма сөз** — *күлдіргі қыңыр сөз.* **Бұрмасы жоқ** — *бүкпесі жоқ, адал.*

БҰРМАЛА *Бұзып, бұрып айту, өңін теріс айналдыру.*

БҰРМАЛАУШЫЛЫҚ *Істің жайын теріс көрсету, өңін айналдырушылық.*

БҰРНАҒЫ *Кешегіден бұрынғы, алдыңғы, арғы.*

БҰРСАН ***фольк.*** *Айбат шегу, қаһар көрсету, қаһарлану.*

БҰРТАҢ *Өкпелеген, ренжіген кейіп, қылық, ашу.*

БҰРТАҢ-БҰРТАҢ: бұртаң-бұртаң етті — *қайта-қайта бұртаңдады.*

БҰРТАҢДА *Бұртаң-бұртаң етіп өкпелеу, бұртақтау.*

БҰРТИ 1. *Томпию, көмпию.* 2. *Тымырайып үндемей қалу.*

БҰРШАҚ I *Кішкентай домалақ боп, мұз күйінде түсетін атмосфералық жауын-шашын.* ◊ **Бұршақ соқты (ұрды)** — *егін-жайды бұршақ жауып ысырап етті.* **Бұршақ ұрды** — *он бір жасқа келген түйенің екі қасқа тісінің шеттері сынып ректеле бастауы.*

БҰРШАҚ II *Ұрығы қабық ішінде жататын, сопақша келген дақылды өсімдік және осы өсімдіктің дәні.*

БҰРШАҚ III 1. *Көгеннің желісіне тізбектелген, қозы-лақты мойнынан байлайтын, ұшы түйілген екі-үш қарыстай бүлдірге жіп.* 2. *Тізбектеліп түйілген түймек.*

БҰРШАҚТА 1. *Бұршақ жауып кету.* 2. *Көз жасы мөлт-мөлт төгілу, тер шұмектеп саулау.* 3. ***Ауысп.*** *Үсті-үстіне қаптау, төгіп жіберу, борау.*

БҰРШАҚТЫ *Бұршағы аралас.*

БҰРЫЛМА *Айналмалы бұрылыс, бұлтарыс.*

БҰРЫЛЫС 1. *Жолдың бұрылмасы, бұлтарысы.* 2. ***Ауысп.*** *Бір істің даму барысындағы түбегейлі өзгеріс, бетбұрыс.*

БҰРЫМ *Өрілген ұзын, қолаң шаш.*

БҰРЫМДА *Шашты екі бұрым етіп өру.*

БҰРЫМДЫ *Бұрымы ұзын, қолаң шашты.*

БҰРЫН 1. *Ілгері уақытта, бұрынғы кезде, ертеректе.* 2. *Алдымен, ертерек.* 3. *Алдын ала, ең әуелі.*

БҰРЫНҒЫ 1. *Баяғыдағы, ілгеріде болған; ертедегі, ескі.* 2. *Бастапқы, әуелгі, ежелгі.* ◊ **Бұрынғы бұрынғы ма** — *ол ол ма, одан бетер.*

БҰРЫНҒЫДАЙ 1. *Баяғыдай, ерте кездегідей, ілгері уақыттағыдай.* 2. *Әуелдегідей, ежелдегідей.*

БҰРЫНҒЫША *Әдеттегіше, бұрынғыдай.*

БҰРЫНДЫ-СОҢДЫ *Ілгерілі-кейінді, өткен-кеткен.*

БҰРЫНЫРАҚ *Сәл ертерек, ілгерірек.*

БҰРЫНЫРАҚТА *Ертеректе, ілгеріде, бұрын.*

БҰРЫС 1. *Келе жатқан бағыттан қиыс, шеткері бұрылыс.* 2. *Оғаш, теріс, дұрыс емес.*

БҰРЫШ I 1. *Үй қабырғаларының немесе заттың екі жағының үшкілдене түйіскен жері.* 2. *Көшенің түйіскен жері, мүйіс.* 3. *Бөлме ішінің көрме үйымдастыруға арналған бөлігі, мүйісі.* 4. ***мат.*** *Екі түзу сызықтың қиылысқан*

жеріндегі геометриялық жазықтық. 5. ***Ауысп.*** *Жан дүниесінің ішкі бір қалтарысы, бүкпесі.*

БҰРЫШ II *Тамаққа қосатын қызыл, қара түсті ащы өсімдік пен осы өсімдіктің үнтағы.*

БҰРЫШ-БҰРЫШ 1. *Ұңғыл-шұңғыл, көп қуыс.* 2. *Түкпір-түкпір; жан-жақ.*

БҰРЫШТА I *Бұрыш шығару, үшкілдеу.*

БҰРЫШТА II *Асқа бұрыш салу, қосу.*

БҰРЫШТАМА *Лауазымды адамның іскағаздарының шетіне қиғаштап жазатын белгісі.*

БҰРЫШТЫ I *Бұрыштап бүктелген, істелген.*

БҰРЫШТЫ II *Бұрыш салынған, бұрышы көп.*

БҮТ I 1. *Адам мен малдың жамбастан төмен тізеге дейінгі бөлігі, борбай.* 2. *Ошақтың, мосының т. б. аяғы.* ◊ **Бұтартар** – *мінуге жарайтын көлік, мініс ат.* **Бұты бес тиын** – *қадірсіз, керексіз.* ◊ **Бұтын бұт, қолын қол қылды** – а) *парша-паршасын шығарды;* ә) *түкке тұрғысыз етті.* **Бұты көктен келді** – *мерт болды, жеңілді.* **Бұтын көтерді** – *кісімсінді, қожаңдады.* **Бұтынан борсық (кесіртке) өткір** ***қарғ.*** – *жолы болмасын, қырсық шалсын.*

БҮТ II *діни. Будда дініндегі құлшылық етіп, сиынатын мүсін.*

БҰТА I *Жер бетінен биігірек түптүп боп өсетін бұталы өсімдік.* ◊ **Бұта басын сындырмады** – *ештеңеге қол ұшын тигізбеді, бос жүрді.*

БҰТА II 1. *Ағаштың бұтақтарын кесіп, шабу.* 2. *Ағаш бұтақтарын отқа жағуға ықшамдап кесу, шабу, сындыру.*

БҰТАҚ 1. *Ағаш діңінің бүйірінен өсетін тармақ-тармақ сабақ, өскін.* 2. *Кесілген бөрене мен тақтай бетінде қалған бұтақтың орны.* 3. ***Ауысп.*** *Белгілі бір атадан тарайтын ұрпақ, буын.*

БҰТАҚТА 1. *Жаңадан желі тартып, бұтақ жайып өсе бастау.* 2. *Ағаш, жеміс-жидек бұтақтарын шабу, кесу.* 3. ***Ауысп.*** *Бір-бірінен сараланып өрбу, таралу.*

БҰТАҚТЫ 1. *Бұтағы мол, қалың.* 2. *Бұтағы бар.*

БҰТАЛЫ *Бұтасы мол.*

БҰТАРЛА 1. *Ағаш бұтақтарын майдалап кесу, ұсақтау.* 2. *Бір нәрсені бөліп-бөліп жәукемдеу, мүшелеу, боршалау.*

БҰТАУЛЫ *Кесіліп, ықшамдалған, бұталған.*

БҰТЫП-ШАТЫП *Әр нәрсені бір айтып шатпақтау.*

БҮГЕ *Асықтың шігесіне қарсы дөңестеу жағы, бүк.* ◊ **Бүге деді, шіге деді** – *ананы бір, мынаны бір айтты.* **Бүгесі мен шігесі** – *белгілі бір істің бақайшағына дейін, түгел.*

БҮГЕЖЕК *Қаймыққыш, жасқаншақ.* ◊ **Бүгежек қақты** – а) *қалтырап, дірдектеп тоңды;* ә) *қалт-құлт етіп қорықты.*

БҮГЕЖЕКТЕ 1. *Бүгжең-бүгжең ету, бүкшеңдеу.* 2. *Қорғанып жасқаншақтау, қаймығу.* 3. ***Ауысп.*** *Дірдек қағу, қатты тоңу.*

БҮГЕЛЕК *Жылқы малын шағатын сона тәрізді жәндік.*

БҮГЕЛЕКТЕ *Бүгелектен қорғану, шыбындау, тынышсыздану.*

БҮГЕРЛЕ ***көне*** *Бүктей-мүктей мыжу, бүктеу.*

БҮГЕ-ШІГЕ *Бір нәрсенің анық-қанығы, егжей-тегжейі.*

БҮГЖЕҢ: бүгжең-бүгжең етті [қақты] – *қайта-қайта қозғалақтап қойды.*

БҮГЖЕҢДЕ *Бүкірею, бүкшию, бүгжең қағу.*

БҮГУЛІ 1. *Түзу қалпында емес, иілген, бүгілген.* 2. ***Ауысп.*** *Айқын емес, жасырын, құпиялы.*

БҮГІЛІС *Бүгіліп қалған, жазылмаған, қалтарыс.*

БҮГІН 1. *Бұл күн, осы күн.* 2. *Осы кезде, қазірде.*

БҮГІНГІ *Осы күнгі, дәл қазіргі.*

БҮГІНГІДЕЙ *Осы күнгі сияқты, қазіргідей.*

БҮГІНДЕ *Қазіргі кезде, бұл күнде.*

БҮГІНДІК 1. *Күні бойы, кешке шейін.* 2. *Осы күнге жететін.*

БҮГІН-ЕРТЕҢ *Я бүгін, я ертең, жақын арада.*

БҮГІНШЕ *Бір күнге ғана, осы күні.*

БҮГІҢКІ *Имиген, иіліңкі.*

БҮГІС *Бір нәрсенің бүгіліп тігілген жері.*

БҮЙЕН 1. *Тоқішектің ашішекке жалғасар шетіне түйықталып бітетін жуан ішек.* 2. *Жуан ішекті кептіріп ыдысқа айналдырғандағы атауы.* ◊ **Бүйен құрты** — *буылтықтанып келген, ұзындығы 2—2,5 сантиметрдей ақшыл құрт.* **Бүйен емшек** — *үрпі кең, үлкен емшек.*

БҮЙЕНҚҰРТ *Мал ауруы.*

БҮЙРЕК 1. *Несеп бөліп шығаратын ішкі мүше.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің өкпе тұсы, тұспа-тұс.* □ **Бүйрек бет** — *томпиған бет.* **Бүйрегі бітеу** — *майланып кеткен, семіз.* ◊ **Бүйректен сирақ шығарды** — *бұра тартты, орынсыз дау тудырды.*

БҮЙРЕКТЕН *Бүйрек сияқты болып бұлтия қалу.*

БҮЙРЕКШАЙ *Ерінгүл тектес, бұта болып өсетін көпжылдық шөп.*

БҮЙТ *"Бұлай ет" деген күрделі сөздің қысқарған түрі.*

БҮЙІ *Өрмекші тәрізді бунақ денелі улы жәндік.* ◊ **Бүйі тигендей (қылды) болды** — а) *опыр-топыр қылды, шақшәлекейін шығарды;* ә) *шиыршық атты, домаланып қалды.* **Бүйідей тиді** — *қыран жапқандай қылды, қырғидай тиді.*

БҮЙІР 1. *Дененің оң не сол жақ бүйрек тұсы.* 2. *Бір заттың орта тұсы.* 3. ***Ауысп.*** *Шеткері, оқшау тұс, бұрыс.* □ **Бүйір әңгіме** — *бөтен сөз.* ◊ **Бүйірі бұлк етпеді** — *қаймықпады, сескенбеді.* **Бүйірі қызды** — *елірді, делебесі қозды.* **Бүйірі шыққан емес** — *аузы асқа жарымаған.* **Бүйірі шықты** — а) *әбден тойды;* ә) *мал қоңданды, семірді.* **Бүйірін таянды** — *қасірет тартты, қайғырды.*

БҮЙІРЛЕ 1. *Бір бүйірге қарай қисаю, жығылу.* 2. *Бүйірден ұрғылау, төмпештеу.* 3. ***Ауысп.*** *Тұспа-тұс, қатарласа жүру.*

БҮЙІРЛЕН 1. *Жұмырланып домалана түсу.* 2. *Бүйірі шығу, тойыну.*

БҮЙІРЛЕУ *Өкпе тұсқа таман, шеттеу, бұрыстау.*

БҮЙІРЛІ *Бүйірі үлкен, сыйымды.*

БҮК I *Асықтың шігеге қарсы жағы, бүге.*

БҮК II 1. *Түзу қалыптан өзгерту, ию.* 2. *Бүктеп қайыру.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені ашық айтпай, жасырып қалу.* ◊ **Бүк түсті** — а) *асық дөңес жағымен түсті;* ә) *бүрісіп, бүктеліп қалды.*

БҮКЕҢ: бүкең жүріс — *бүлкілдеген бір қалыпты жүріс.* ◊ **Бүкең қақты** — *бүкең-бүкең етті.*

БҮКЕҢДЕ *Бүкең жүріске салу, бүкең-бүкең ету.*

БҮКІПЕ *Астарлы, құпия сыр.*

БҮКІПЕЛЕ *Құпиялап жасыру, сездірмеу.*

БҮКІПЕСІЗ *Ешқандай құпиясы жоқ, шынайы, қалтқысыз.*

БҮКСІ 1. *Мұңкіген нашар иіс жайылу.* 2. ***Ауысп.*** *Арам пиғылды болу.*

БҮКТЕ 1. *Қабаттап орау.* 2. ***Ауысп.*** *Тырп еткізбей басып қалу.* ◊ **Бүктеп салды** — а) *қылғытты, жалмап жұтты;* ә) *әй-шайға келтірмей, топ еткізді.*

БҮКТЕМЕЛІ *Тез жинауға ыңғайлы, ашпалы-жаппалы.*

БҮКТЕСІН 1. *Бір нәрсенің бүктеліп қалған жері.* 2. ***Ауысп.*** *Бүкпе, жасырын, құпия.* 4. ***полигр.*** *Баспа табақ қағазының бүгілген жері.* 4. ***тех.*** *Жұқа металдан, қаңылтырдан жасалған бұйымдардың өзара қиюласып, жалғасқан жеріндегі бүктесінді жік, жапсар.*

БҮКТЕЛЕУ ***полигр.*** *Баспа орындарында баспа табақ қағаздарды тиісті үлгіге келтіріп бүктеу әрекеті.*

БҮКТЕУЛІ *Қабаттап бүктелген, қаттаулы.*

БҮКТЕУШІ ***полигр.*** *Баспа орындарында баспа табақ қағаздарын белгіленген үлгіге келтіріп, буктеп тұратын маман қызметкер.*

БҮКШЕҢ: бүкшең қақты — *бүкірейіп алып, қақшаңдады, тез жүрді.*

БҮКШЕҢДЕ *Бүкірейіп еңкеңдеу, бүкшең-бүкшең ету.*

БҮКШИ *Бүкірею, бүгілу.*

БҮКІЛ *Түгел, тұтас, барлық, күллі.*

БҮКІЛДЕЙ *Түгелдей, тұтастай дерлік, біржола.*

БҮКІР *Бүкірейген, бүкіш, құныс.* ◊ **Бүкір жатып, шүкір тұрды** — *айтқанын екі етпеді, не десе де орындады.*

БҮКІРЕЙ *Еңкіш тарту, мықшию.*

БҮКІРЕҢДЕ *Бүкірең-бүкірең ету, бүкшеңдеу, мықшыңдау.*

БҮКІШ *Еңкіш, шамалы бүкірейген.*

БҮЛ ***көне*** *Бүліну, қирау.*

БҮЛДЕ ***көне*** *Қымбат бағалы, сапалы мата.* **Үлде мен бүлде** — *қымбат заттар.*

БҮЛДІР 1. *Істен шығару, қирату, бұзып тастау, талқандау.* 2. *Істің жөнін, қисынын таппау, ұқсата алмау.* 3. ***Ауысп.*** *Біреудің арасына іріткі салу, алауыздық туғызу.*

БҮЛДІРГЕ *Қамшы, шоқпар сабына тағылатын қайыс бау.*

БҮЛДІРГЕЛІ *Бүлдіргесі бар, бүлдірее тағылған.*

БҮЛДІРГЕН *Тау беткейлерінде не ойпаңдау жерлерде өсетін аласа бойлы, жапырақты өсімдік, сол өсімдік сабағындағы жеміс, жидек.*

БҮЛДІРГІШ 1. *Бір нәрсенің түрін, түсін бұзып, өзгертіп жіберетін, бүлдіретін.* 2. *Бүлік тудырғыш, бүлікші; бұзақы, ланшыл.*

БҮЛДІРШІН I 1. ***көне*** *Бөдене.* 2. ***Ауысп.*** *Жас буын, жеткіншек.*

БҮЛДІРШІН II *Үш жасқа шығар қайымаған.жігашы түйе.*

БҮЛДІРШІНДЕЙ *Кіп-кішкене, сүйкімді, уыздай жас.*

БҮЛК: бүлк етті — а) *қыбыр етті, сол қозғалды;* ә) *қазан аздап қайнады, шымырлады.*

БҮЛК-БҮЛК: бүлк-бүлк еткізді — *жай ғана бүлкілдеді, қозғалды.* **Бүлк-бүлк желді** — *майда жүріспен тепектеді.* **Бүлк-бүлк қайнады** — *жайымен шымырлады, бүлкілдеді.*

БҮЛКЕК *Желістен гөрі жай, аяңнан шапшаң бүлкіл жүріс.* ◊ **Бүлкек қақты** — *жайлы жүріспен жүріп отырды.*

БҮЛКЕКТЕ *Бүлкекке салу, жай жортаққа басу.*

БҮЛКІЛ *Аяңнан гөрі тездеу, желістен гөрі бәсеңдеу бүлкек желіс.* **Бүлкіл қақты** — *жылдам қимылдады, тез жүрді.*

БҮЛКІЛДЕ 1. *Аяң, жай жүріс, желгендей емес, бірқалыпты жортақтау.* 2. *Бүлк-бүлк ету.*

БҮЛІК *Дау-дамай, қақтығыс, сойқан, лаң, бүліншілік.* ◊ **Бүлік шалды [шығарды]** — *шырық бұзды, жанжал шығарды.*

БҮЛІКШІ *Дау-жанжал туғызушы, бүлік шығарушы, ойран салушы, лаңшы.*

БҮЛІКШІЛ *Жанжалқұмар, ұрыскерісшіл.*

БҮЛІН 1. *Бұзылу, құлау, қирау, астан-кестені шығу.* 2. *Жарамсыз болу, шіру, бұзылу, зақымдану.* 3. *Ластану, былғану.* 4. *Бұрқан-талқан болу, ашуға басу.*

БҮЛІНШІЛІК 1. *Тыныштықты кетірген дау-жанжал, лаң, бүлік.* 2. *Өкіметке қарсы ұйымдастырылған дүмпу, бүлік шығарушылық.* ◊ **Бүліншілікке ұшырады** — *қатты зардап шекті, бүлінді.*

БҮП-БҮТІН *Ешбір жері бұзылмаған, сынық-сызаты жоқ, сап-сау қалпында.*

БҮР I 1. *Өсімдіктер мен ағаш бұтақтарының сабағында болатын бүршік және жас жапырақ жаратын түйін.* 2. *Асқазан, ішек-қарынның іш жағындағы кілегейлі бүршік беті.* 3. *Біртегіс нәрсенің бетіндегі бұдырмақты түйін.* 4. *Аяққиім табанындағы бедер.*

БҮР II 1. *Шеңгелдеп бас салу, тырп еткізбеу, қатты қысу.* 2. *Киімнің,*

дорба, қап т. б. нәрселердің шетін, аузын жиыстыру, бүрмелеу. 3. *Бір нәрсенің әсерінен бүрісу, жиырылу.* 4. ***Ауысп.*** *Апшысын қуыру, тықсыру.* 5. ***Ауысп.*** *Күн қатты суытып қақау.*

БҮРГЕ *Қанмен қоректенетін, секіргіш кішкентай паразит жәндік.* □ **Бүрге дәні** — *жылтыр қара дәні бар, біржылдық шөп тектес өсімдік.* ◊ **Бүрге [бит] шаққандай көрмеді** — *селт етпеді, елемеді.*

БҮРГЕН *Аязға, ыстыққа төзімді, дәмі ащы, кішкене қызыл түсті жеміс өсетін, ақ шешекті бұта және соның жемісі.*

БҮРГЕШІК *Өсімдіктерді зақымдайтын кішкене жәндік.*

БҮРГІШТЕ 1. *Жиырғыштау, жиыру, бүру.* 2. ***Ауысп.*** *Қатты тықсыру, әлегін шығару.*

БҮРКЕ 1. *Тұмшалап орау, қымтап жабу.* 2. *Жабу, қаптау, түнеру, басу.* 3. ***Ауысп.*** *Шындықты жасыру, бүркемелеу.*

БҮРКЕК 1. *Бұлыңғыр, жауын-шашынды.* 2. *Майдалап, сіркіреп жауған жаңбыр.*

БҮРКЕМЕ 1. *Құпия, жасырын.* 2. *Бір нәрсемен жабылған, бүркелген.*

БҮРКЕМЕЛЕ 1. *Шындықты жасыру, ойын бүкпелеп білдірмеу.* 2. *Көзге түспес үшін көлегейлеу, тасалау.*

БҮРКЕМЕЛІ *Көзден қаға беріс, тасалау.*

БҮРКЕМЕСІЗ *Көңілінде бүкпесі жоқ, ашық.*

БҮРКЕНШІК 1. *Басқа жабатын жамылғы.* 2. *Самауырдың түтінін басатын бұқтырма.* ◊ **Бүркеншік ат** — *жасырын ат.*

БҮРКЕНІШКЕ *Орағыштап жабу.*

БҮРКЕНІШ *Бір нәрсені көрсетпейтін жамылғы.*

БҮРКЕНІШТІ *Ашық түрде емес, жасырын, құпия.*

БҮРКЕУ *Ашық емес, бұлыңғыр.*

БҮРКЕУЛІ *Жабылған, бүркелген.*

БҮРКЕУСІЗ *Жабылмай, ашық қалған.*

БҮРКІТ *Таулы, далалы жерлерді мекендейтін тегеурінді, имек тұмсық жыртқыш құс.* ◊ **Бүркіт көз** — *өткір, қырағы көз.* **Бүркіт қабақ** — *түксиген қалың қабақ.* **Бүркіт салды** — *бүркітпен аң аулады.*

БҮРКІТШІ *Бүркітті қолға үйретіп, аңға салушы адам.*

БҮРЛЕ *Бұтақ түйіршіктері бөртіп, жапырақ жаруға таяну.*

БҮРЛІ 1. *Үстіңгі беті бұдыр-бұдыр, тегіс емес.* 2. *Бүрі көп, бүртікті.*

БҮРЛІК *Абыр-дабыр, ию-қию болу, дүрлігу, бүлінү.*

БҮРМЕ *Жиырылып тігілетін тігіс.* ◊ **Бүрме ауыз** — *шүршиген кішкене ауыз.*

БҮРМЕЛЕ *Бүріп тігу, бүрме салу.*

БҮРМЕЛІ *Бүрмеленген, бүрмесі бар.*

БҮРМЕТІКЕН *Өсімдіктің бір түрі.*

БҮРСЕКТЕ *Бүрсең қағып тоңу.*

БҮРСЕҢ: бүрсең қақты — *дірілдеп қалтырады.*

БҮРСЕҢДЕ *Дірілдеу, қалтырау.*

БҮРСИ *Бойын жаза алмай бүрісу, бүкірею.*

БҮРСІГҮНІ *Ертеңнен арғы күн.*

БҮРТІК 1. *Өсімдік сабағында болатын ұсақ түйіншек.* 2. ***Ауысп.*** *Денеге түсетін ұсақ бөртken.*

БҮРТІКТЕ 1. *Түйін салу.* 2. ***Ауысп.*** *Денені ұсақ түйіршік басу.*

БҮРШІК *Өсімдіктер сабағындағы жапырақ өсетін, өркен жаяр жеріндегі түйіршек.* ◊ **Бүршік атты** — *бүршіктенді, гүл жарды.*

БҮРШІКТЕ *Өсімдік түйіндері жетілу, бүршік салу.*

БҮРШІКТІ *Бүршігі мол, бүршігі көп.*

БҮРІК I 1. *Сүндетке отырғызылмаған баланың жыныс мүшесінің қусырылған ұшы.* 2. *Сүндетке отырғызылмаған бала.* 3. *Бітеу, саңырау.*

БҮРІК II 1. *Сүйық зат шашырату, бүрку, себу.* 2. *Аздап себезгілеп, сіркіреп жауу.* 3. ***Ауысп.*** *Оқты себелету, борату.*

БҮРІККІШ *Газ я сұйық ерітінділерді тозаңдатып шашатын арнаулы құрал.*

БҮРІКПЕ *Алабұға тұқымдас балық түрі.*

БҮРІКТІР 1. ***өзг. етіс*** *Бүріктір.* 2. *Шәт-шәлекейін шығару, тықсыру.*

БҮРІС 1. *Құрысып-бырысып жиырылу.* 2. *Бір уыс боп шөгіп қалу, құнысу.*

БҮТІН 1. *Жыртық емес, тозбаған; бүлінбеген, сынбаған.* 2. *Түгелдей, тұтпас, бүкіл.* 3. ***мат.*** *Бөлшексіз, бүтін сан.* 4. ***Ауысп.*** *Сау-саламат, аман-есен.*

БҮТІНДЕ *Қалпына келтіру, жөндеу, жамап-жасқау.*

БҮТІНДІК 1. *Жамау-жасқауы жоқтық.* 2. ***Ауысп.*** *Бөлініп-жарымағандық; тұтастық.*

БЫҒЫ-ЖЫҒЫ *Қалай болса солай, ретсіз.*

БЫДЫҚ *Тілінің тұтықпасы бар, быдықтап сөйлейтін.*

БЫДЫҚТА *Сөзді анық айтпау, күмілжіту.*

БЫЖ: быж етті — *быжылдаған дыбыс шығарды.*

БЫЖ-БЫЖ *Быжылдақ дыбысын қайталай беру.*

БЫЖ-ТЫЖ: быж-тыж етті — а) *қайта-қайта быжылдады;* ә) *көпіршіп шымырлады;* б) *сансыз көп боп құжынады.*

БЫЖ-ТЫЖ *Қым-қуыт, бей-берекет, быт-шыт.*

БЫЖЫ 1. *Құжынап қаптау.* 2. *Бұрқырап қатты ашу.*

БЫЖЫЛ *Ызыңдап шығатын жағымсыз дыбыс, үн.*

БЫЖЫЛДА 1. *Быж-быж еткен дыбыс шығару.* 2. ***Ауысп.*** *Күйіп-пісіп, шыжбалақтау.*

БЫЖЫЛДАУЫҚ *Қайта-қайта быж-быж ететін, быжылдақ.*

БЫЖЫНА *Быж-быж етіп құжынау, қаптау.*

БЫЖЫҢ-БЫЖЫҢ *Быж-быж ету.*

БЫЖЫР *Ойлы-қырлы, жыралы жер.*

БЫЖЫР-БЫЖЫР *Шимайы мол, қисық.*

БЫЖЫРҚАЙ *Кедір-бұдыр, қисық, ретсіз.*

БЫЖЫРҚАЙЛАН *Кедір-бұдырлану, үйме-жүйме болу.*

БЫҚ-БЫҚТА *Бықылдаған дауысты қайталау.*

БЫҚ-БЫҚ: бық-бық етеді — *сансыз көп, қалың, быж-быж ету.*

БЫҚПЫРТ: бықпырт тиді (қылды) — *шәт-шәлекейін шығарды, қыран жапқандай болды.*

БЫҚСЫ 1. *Бықсып, әлсіз жану, түтеу, түтіндеу.* 2. *Қоқырсып, ыбырсып жату.* 3. ***Ауысп.*** *Арам ой, жаман пиғыл, ниет білдіру.*

БЫҚСЫҚ 1. *Тыныс тарылтатын бықсыған түтін, шала от.* 2. *Ыбырсып жатқан қоқырсық.* 3. ***Ауысп.*** *Үсақ сөз, арам пиғыл, бүкпе.*

БЫҚСЫМА *Пасық, арам ниетті сөз.*

БЫҚЫ *Быжынау, құжынау, лық толу.* ◊ **Бықып жатыр** — *есепсіз көп.*

БЫҚЫРЛА *Бықу, құжынау, қаптау.*

БЫҚЫТ: бықытын тапты — *ретін, қисынын келтірді.*

БЫЛАЙ 1. *Нұсқаған жаққа қарай, бөлек.* 2. *Мынадай, былайша, осылай.* 3. *Әншейін, былайша, жай.* ◊ **Былай да** — *қалай болғанмен, онсыз да.* **Былай қалды** — *ескерусіз қалды, санаспады.* **Былай қойғанда** — *оны айтпағанда, ол түгіл.* **Былай тұрсын** — *өзгені айтпағанда, есептемегенде.* **Былай шыға** — *біршама ұзаған соң.*

БЫЛАЙҒЫ 1. *Одан бөтен, өзге, басқа.* 2. *Белгілі бір мерзімнен кейінгі.* ◊ **Бұдан былайғы күндер** — *кейінгі уақыт, соңғы күн.*

БЫЛАЙДА *Былайша да, жайда.*

БЫЛАЙША 1. *Жай ғана, тек әншейін.* 2. *Былайынша, осылайша, осы тұрғыдан.* ◊ **Былайша айтқанда** — *анығырақ, дәл айтқанда.*

БЫЛАМЫҚ *Үннан, жармадан пісірілетін қатықсыз сұйық тағам.*

БЫЛАПЫТ 1. *Ұқыпсыз, салақ, нас.* 2. *Қалай болса солай, ретсіз, орынсыз, қисапсыз.* ◊ **Былапыт сөз** — *дөрекі, тұрпайы сөз.*

БЫЛАПЫТТА 1. *Ластап былғау.* 2. *Ретсіз шашу, рәсуалау.* 3. *Тілден балағаттау, боқтық сөз айту.*

БЫЛБЫРА 1. *Жұп-жұмсақ боп ылжырап езілу.* 2. ***Ауысп.*** *Ыбылжу, былжырау.*

БЫЛБЫРАҚ *Жұмсақ, былжырақ.*

БЫЛҒА 1. *Ластау, кірлету.* 2. *Әрлі-берлі қозғау, араластыру.* 3. ***Ауысп.*** *Ұятқа қалдыру, кір келтіру, шырық бұзу, бүлдіру.* 4. ***Ауысп.*** *Шырық бұзу, бүлдіру.*

БЫЛҒАҢЫШ 1. *Таза емес, кір-қожалақ, лас.* 2. ***Ауысп.*** *Жиіркеніштi, пасық, жексұрын.*

БЫЛҒАНЫШТЫ *Былғаныш болған, ластанған.*

БЫЛҒАРЫ *Өңделіп, киім тігуге арналған тері.*

БЫЛДЫР *Баланың жаңа шыға бастаған анық емес түсініксіз тілі.*

БЫЛДЫРАҚТА *Түсінікті айтпай былдырлау, шүлдірлеу.*

БЫЛДЫРЛА 1. *Былдыр-былдыр сөйлеу.* 2. ***Ауысп.*** *Әлденені шатпақтап айтқандай боп дыбыс шығару.*

БЫЛДЫРЛАҚ *Анық емес, былдыр-былдыр.*

БЫЛЖЫР 1. *Болбыраған босбелбеу, ынжық.* 2. *Бос сөз, бейпіл сөз.* 3. ***жерг.*** *Балшық, лай, батпақ.*

БЫЛЖЫРА 1. *Сылбыр тарту, босаңсу, селқос болу.* 2. *Шылқылдап су болу, шалпылдау.* 3. *Былбырап езілу.* 4. *Қисынсыз сөйлеп кету, танту, көку.*

БЫЛЖЫРАҚ 1. *Бос, мәнсіз сөз.* 2. *Сылпылдаған лай, лайсаң.*

БЫЛЫҚ: былық етті — а) *жұп-жұмсақ боп сезілді;* ә) *сылқ етіп құлап түсті.* ◊ **Былық еткізбеді** — *тырп еткізбеді, жібермеді.* **Былық етпеді** — а) *селт етпеді, елең қылмады;* ә) *тырп етіп қозғалмады.*

БЫЛЫҚ-БЫЛЫҚ: былық-былық етті — а) *былқылдап-сылқылдап тұрды;* ә) *семіздіктен ірк-ірк етті.*

БЫЛЫҚ-СЫЛЫҚ 1. *Буыны бос, әлсіз.* 2. *Денені бос тастап сәнмен жүру; сылқылдақ.* ◊ **Былық-сылық етті** — *солқылдақтық жасады.*

БЫЛЫҚЫ 1. *Шымырлап қайнау, бабымен пісу.* 2. *Тұнып толып тұру.*

БЫЛЫҚЫЛ 1. *Ірк-ірк еткен, жұп-жұмсақ күй.* 2. ***Ауысп.*** *Солқылдақтық, табансыз.*

БЫЛЫҚЫЛДА 1. *Жұп-жұмсақ, бос болу, солқылдау, ірк-ірк ету.* 2. *Буыны босау, әлсіздену.* 3. *Белгілі орнынан босап, қозғала беру.* 4. ***Ауысп.*** *Толықсып толқу, майысу.* 5. ***Ауысп.*** *Тәуекел ете алмау, босаңдық жасау.* ◊ **Буыны былқылдады** — а) *бойы бекімеді;* ә) *жүрексінді, жасқанды.*

БЫЛЫҚЫЛДАҚ 1. *Былық-былық еткен, жұмсақ, солқылдақ.* 2. *Былпылдаған жұмсақ, үлпілдек.* 3. ***Ауысп.*** *Табансыз, тұрақсыз, босаң.*

БЫЛЫҚЫЛДАҚТАУ *Анық емес, күмәнділеу.*

БЫЛЫҚЫМА *Былқып тұрған.*

БЫЛПЫЛДА 1. *Жұп-жұмсақ боп пісу, былбырау.* 2. *Сөздің майын тамызу, лыпыл қағу.*

БЫЛПЫЛДАҚ *Жұп-жұмсақ, үлпілдек.*

БЫЛПЫҢ: былпың қақты — *лыпылдап бәйек болды, жорғалады.*

БЫЛПЫҢДА *Былпың қағу, лыпылдау.*

БЫЛТЫҚ *Сексеуілдің шорлау біткен қысқа бұтағы.*

БЫЛТЫР *Өткен жыл.*

БЫЛТЫРҒЫ *Өткен жылғы.*

БЫЛШ: былш етті — а) *жалп етіп құлады;* ә) *бар пәрменімен тиді.* ◊ **Былш еткізді** — а) *түкіріп жіберді;* ә) *аузына келгенін лақ еткізді.*

БЫЛШ-БЫЛШ *Шылқылдаған, сылп-сылп.* ◊ **Былш-былш жеді** — *шылпылдатып жеді.* **Былш-былш ұрды [соқты]** — *үсті-үстіне соққылады.*

Былш-былш шайнады — *шылпылдатып шайнады.*

БЫЛШИ 1. *Быттию, жалпаю.* 2. *Қатты семіру, жуандап кету.*

БЫЛШЫ *Қатты шылқу.*

БЫЛШЫҚ *Көздің жиегінде пайда болатын кілегейлі зат.*

БЫЛШЫҚ-БЫЛШЫҚ *Былшық басқан.*

БЫЛШЫҚТАН *Көзге былшық түру.*

БЫЛШЫЛ *Бос мылжың, тантық сөз.*

БЫЛШЫЛДА 1. *Шылқ-шылқ су болу, малшыну.* 2. ***Ауысп.*** *Мылжыңдау, көку, танту.*

БЫЛШЫЛДАТ *Үсті-үстіне қойғылау, пергілеу.*

БЫЛЫҚ I *Шиеленіскен шатақ жағдай, былықпа.*

БЫЛЫҚ II 1. *Бейберекет, ретсіз, қалай болса солай.* 2. *Кір, лас.*

БЫЛЫҚ-ШЫЛЫҚ *Бытысып жатқан, шатақ.*

БЫП-БИЯЗЫ *Әп-әдемі, сүйкімді, биязы.*

БЫР: быр етті — а) *қырылдаған үн шығарды; ұйқыға кетті;* ә) *быр етіп үша жөнелді.*

БЫР-БЫР *Қайта-қайта бырылдау, қорылдау.*

БЫРЖИ *Быттию, тыржию.*

БЫРЖЫҚ *Быттиған, тыржиған.*

БЫРҚ: бырқ етті — а) *бұрқ етіп қайнады;* ә) *бырс еткен дыбыс шықты.*

БЫРҚ-БЫРҚ: бырқ-бырқ қайнады — *қатты қайнады, бұрқылдады.*

БЫРҚЫЛДА 1. *Бырқ-бырқ етіп қайнау.* 2. ***Ауысп.*** *Реніш білдіру, күңкілдеп сөйлеу, мыңқылдау.*

БЫРҚЫРА 1. *Жиылмай, шашылып-төгіліп жату.* 2. ***Ауысп.*** *Ашылып-шашылып алаңсыз ұйықтау.*

БЫРС: бырс етті — *оқыс жарылып, жел шықты.*

БЫРСЫЛДА 1. *Бырс-бырс жарылу.* 2. *Терлеп-тепшіп пысынау.*

БЫРТ: бырт етті — *тырс етіп үзілген, не морт сынған дыбыс.*

БЫРТ-БЫРТ *Күрт-күрт, сыртсырт.*

БЫРТИ *Қып-қысқа боп боржию, бытпию.*

БЫРТЫҚ *Тырбиған қысқа, аласа, домаланған жуан.*

БЫРТЫЛ *Бырт еткен дыбыс.*

БЫРТЫЛДА *Тырс-тырс, сыртсырт үзілген дыбыс естілу.*

БЫРШ: бырш етті — а) *шырт етіп шашырады;* ә) *үшкір зат денеге кірш етті.*

БЫРШЫ 1. *Бырқырап қатты ашып кету.* 2. ***Ауысп.*** *Пысынап қатты терлеу.*

БЫРШЫЛДА *Бырш-бырш терлеу.*

БЫРЫЛ *Быр-быр еткен дыбыс.*

БЫРЫЛДА *Быр-быр еткен дыбыс шығару.*

БЫТҚЫЛ *Бұтасы қалың жер.*

БЫТҚЫЛ-БЫТҚЫЛ *Ұңғыл-шұңғылды, қалтарысты.*

БЫТПЫЛДЫҚ 1. ***жерг.*** *Бөдене.* 2. *Бөдененің сайрағандағы не шақырғандағы үні.*

БЫТПЫЛДЫҚТА *Бөдененің бытпылдық деп үн шығаруы.*

БЫТПЫРАҚ 1. *Қою, үйірілген.* 2. ***Ауысп.*** *Мағынасыз балдыр-батпақ, сандырақ.*

БЫТПЫРАҚТА *Келсін-келмесін шатпақтау.*

БЫТТЫ *Толып тырсию, былшию.*

БЫТ-ШЫТ: быт-шыт болды — а) *астан-кестеңі шықты;* ә) *бейберекет, шым-шытырық.* ◊ **Быт-шыты шықты** — *күлпаршасы шықты.* **Быт-шыт қылды (болды)** — *тас-талқан етті.*

БЫТЫҚЫ-ШЫТЫҚЫ *Қым-қуыт, шым-шытырық.*

БЫТЫРА I *Аң ату үшін домалақтап жасалған кішкентай қорғасын оқ.* □ **Бытыра мылтық** — *оқ орнына бытыра салып ататын бытыралы мылтық.*

БЫТЫРА II *Шашырап ыдырау, бет-бетіне кету.*

БЫТЫРАНДЫ *Жеке-жеке, шашыранды, ыдыраңқы.*

БЫТЫРАҢҚЫ *Бір ортаға бірікпеген, шашыранды.*

БЫТЫРАҢҚЫЛЫҚ *Бір ортаға бірікпегендік, шашырандылық.*

БЫТЫР-БЫТЫР *Бырт-сырт, қатыр-құтыр.*

БЫТЫРЛА 1. *Бырт-бырт еткен дыбыс шығару.* 2. ***Ауысп.*** *Үсті-үстіне, бірінен кейін бірі атылу.*

БЫТЫС *Мидай араласып кету, шым-шытырық шатысу.*

БІЗ 1. *Ағаш, қаңылтыр, былғары сияқты заттарды тесу үшін жіңішке сым темірден үшкірлеп жасалған, сабы бар сайман.* 2. ***Ауысп.*** *Кейбір жәндіктердің шағып-шаншып алатын дене мүшесі.* □ **Бізөкше** — а) *үп-үшкір биік өкше;* ә) *тік бақай.* **Бізтұмсық (мұрын)** — *бас жағы сүйір, үшкір келген.*

БІЗ II *Жіктеу есімдігінің бірінші жағының ортақ түрі.*

БІЗБЕЛДІК ***бот.*** *Қой малы сүйсініп жейтін құм шөбі.*

БІЗГЕК *Жарғаққанатты кейбір жәндіктердің қорғаныш немесе шабуыл жасаушы мүшесі (шаншар).*

БІЗДЕЙ *Өп-өткір, үшкір.*

БІЗДИ *Үп-үшкір боп сүйірленіп, шаншылып тұру.*

БІЗДІК *Бізге тән.*

БІЗҚҰЙРЫҚ ***зоол.*** *Құйрығы ұзын сүйірлеу келген, өзен үйректері туысына жататын құс, сұқсыр.*

БІЗТҰМСЫҚ ***зоол.*** *Ұзын, жіңішке имек тұмсықты, сазды жерде тіршілік ететін жыл құсы.* 2. *Ауылшаруашылық өсімдіктеріне зиянды, тұмсығы ұзын түтік тәріздес қоңыз.*

БІЗШЕ I *Өзімізше, бізге ұқсас.*

БІЗШЕ II *Біз сияқты шаншылып.*

БІЛ 1. *Бір нәрсе жайында толық мағлұмат алу, ұғу, түсіну.* 2. *Жақсы, жете тану.*

БІЛГІР *Көп білетін, білімдар, білімді.*

БІЛГІРЛІК *Білімділік, білімдарлық, білгіштік.*

БІЛГІРСІ ***экспр.*** *Білімді болғансу, білгішсіну.*

БІЛГІШ 1. *Әр нәрседен хабары бар, білімді.* 2. ***Ауысп.*** *Бәрін білем деп кеуде қаққыш, даңғой.*

БІЛГІШСІ *Көп білетін болып көріну, білгірсу.*

БІЛГІШТІК *Жан-жақты білгірлік, білімділік.*

БІЛДЕЙ *Ірі, үлкен, бақандай.*

БІЛЕ 1. *Жанып қайрау, өткірлеу.* 2. *Салмақтап сайлап ұстау, кезену.*

БІЛЕЗІК 1. *Білектің қол басына жалғасқан жері.* 2. *Әйелдердің білекке салатын алтын, күмістен жасалған сәнді бұйымы.* 3. *Аяқбау байлайтын құс сирағының жіңішке жері.*

БІЛЕЗІКТЕ 1. *Бір нәрсеге дөңгелек, темір шеңбер кигізіп, айналдыра қатты қысу.* 2. *Құстардың аяғына шығыршық белгі салу.*

БІЛЕК 1. *Қолдың басы мен шынтақ аралығы.* 2. ***Ауысп.*** *Қара күш, мықты.* ◊ **Білегін сыбанды** — *іске құлшына кірісті.*

БІЛЕКТЕ *Басқан киізді әрлі-берлі домалатып білек сыртымен ығарлау.*

БІЛЕКТЕЙ *Жүп-жұмыр.*

БІЛЕКТЕС 1. *Бірінің білегінен бірі жалғаса ұстау.* 2. ***Ауысп.*** *Күш сынасу, күресу, арпалысу, шайқасу.*

БІЛЕКТІ *Күші мол, қарулы, мықты.*

БІЛЕМ *Тілімдеп кесілген қойдың құйрық майы.*

БІЛЕМ-БІЛЕМ *Сала-сала, бөлек-бөлек, бунақ-бунақ.*

БІЛЕМДЕ 1. *Тілімдеп бірдей етіп кесу.* 2. *Салалап ұстау, тарамдау.*

БІЛЕМДЕН *Бөлшек-бөлшек болу, бөлек-бөлек боп бунақтану.*

БІЛЕМЕ ***көне*** *Құм не тасқайрақ.*

БІЛЕУ I ***көне*** *Ұзынша келген жұқа тасқайрақ.*

БІЛЕУ II *Жүп-жұмыр, сом.*

БІЛЕУ-БІЛЕУ *Соя-соя, адырайған.*

БІЛЕУДЕЙ 1. *Жүп-жұмыр, жұп-жуан.* 2. *Адырайып кету, көмпиіп ісіп кету.*

БІЛЕУЛЕ *Мығымдап, нығарлай ұстау.*

БІЛЕУЛЕН *Сала-сала боп адыраю, шодыраю.*

БІЛМЕГЕНСІ *Түсінбегенсу, ұқпағансу.*

БІЛМЕСТІК 1. *Жете түсінбегендік, ұқпағандық, білімсіздік.* 2. *Байқамай істеген ағаттық.*

БІЛТЕ 1. *Майшамның тұтатқанда жарық беретін ширатылған талшығы.* 2. ***көне*** *Ертеректе зеңбіректі, мылтықты от алдыратын ширатылған жіп.* **Білте шам** — *сықсима майшам.*

БІЛТЕЛЕ 1. *Білте өткізу, білте салу.* 2. ***Ауысп.*** *Ұмыт болған жайды суыртпақтап жаңғырту.*

БІЛТЕЛЕН *Үйысып қалу, бытысу.*

БІЛТЕЛІ *Білтесі бар.*

БІЛІК I 1. *Екі доңғалақтың арасын қосып тұратын жуан темір.*

БІЛІК II ***тех.*** *Әртүрлі механизмдегі айналып тұратын бөлік.*

БІЛІК III *Зейін, білім.*

БІЛІК IV *Артқан жүк түйенің арқасына батпас үшін қоғадан, қамыстан тоқылған тоқым іспеттес төсеніш.*

БІЛІКТЕМЕ ***тех.*** *Жаныштап үгітетін машина.*

БІЛІКТІ *Жан-жақты түсінігі бар, білімді.*

БІЛІКТІЛІК *Көп білетіндік, білімділік.*

БІЛІМ 1. *Оқу, үйренумен санаға қонатын ақиқат жайлы түсінік.* 2. *Ақыл-парасат, ой-өріс.*

БІЛІМДАР *Көп білетін, білгір, білімді.*

БІЛІМДАРЛЫҚ *Ой-өрісі кеңдік, білгірлік, білімділік.*

БІЛІМДІ *Көп оқыған, білімдар.*

БІЛІМДІЛІК *Көп жайды жете білушілік, білгірлік.*

БІЛІМПАЗ *Көп оқыған ойшыл, оқымысты.*

БІЛІМПАЗДЫҚ *Білімдарлық, білгірлік.*

БІЛІМСІЗ *Сауаты жоқ, надан.*

БІЛІМСІЗДІК *Сауаты жоқ, надандық.*

БІЛІН *Сәл байқалып қалу, көріну, сезілу.*

БІЛІНЕР-БІЛІНБЕС *Сәл ғана, болар-болмас.*

БІЛІС *Таныс, танымал.*

БІНӘ: бінә қып — *аяқ астынан кез бола кету.*

БІП-БИІК *Әжептәуір биік.*

БІП-БІРДЕЙ *Біртектес, біркелкі.*

БІП-БИЯЗЫ *Сондай биязы, ұяң, момақан.*

БІР I 1. *Есептік санның ең алғашқысы.* 2. *Жалғыз жалқы.* ◊ **Біралуан** — а) *біртектес, біркелкі;* ә) *ерекше, өзгеше.* **Бірасар [асым] ет** — *бір асуға келетін ет.* **Біратым** — *бір атуға келетіндей.* **Бірауыз сөз** — *көп емес, азғана сөз.* **Бірауызды** — *ынтымақты, үйымшыл.* **Бір буда [будам]** — *шумақталған бір түйдек.* **Бір бұл емес** — *тек осы ғана емес, дәйім.* **Бір дүркін** — *бір рет, бір мезгіл.* **Бір елідей** — *саусақтың қалыңдығындай.* **Біржолға** — *осы сапарға, бір рет.* **Бір заманда** — *ертерек бір кезде.* **Бір заматта** — *әлден уақытта.* **Бір көш жер** — *көліктің болдырып бірінші тоқтайтын мөлшерлі жер.* **Бірқалыпты** — *бірсарынды, біркелкі.* **Бір қауым** — *біраз, бірсыпыра.* **Бір қора [отар] жан** — *топты жан, көп басты.* **Бір қос жылқы** — *бір үйір жылқы.* **Бір қоспақ түйе** — *бір топ түйе.* **Бір құлақ су** — *бір суаруға ғана келетін азғантай су.* **Бірсалар киіз (текемет, сырмақ)** — *анда-санда төселетін жаңа киіз.* **Бірсалым (нан) бауырсақ** — *бір салуға жарайтын мөлшер.* **Бірсығым (құрт)** — *бір сығуға жететін мөлшер.* **Бірсындырым нан** — *сындырылған кішкене бөлшек.* **Бір табын сиыр** — *бір табынға лайықты.* **Бір тай** — *бір бума, бір тең.* **Біртартым (ши) темекі** — *бір тартуға болатын жалғыз тал темекі.* **Бір тоғыз** ***этн.*** — *саны тоғыз затқа жететін сый, сыйлық.* **Біртурам [кесім]**

ет — *бір-ақ тұрауға келетін азғана ет.* **Біршайқам май** — *бір шайқауға лайық май мөлшері.* **Біршеңгел** — *бір шеңгелге сиятын, бір уыс.* **Бір шоқ гүл** — *бір буда гүл.* **Біржылдық** — *он екі ай болатын.* **Бір парақ қағаз** — *жалғыз парақ қағаз.* **Бір адамдай** — *ұйымдасқан түрде.* **Бір айналуға келмеді** — а) *сөзге келмей келісті;* ә) *тез ашуланды, шарт етті.* **Біраттам жер** — *жақын жер.* **Бірауыздан** — *бір кісідей, бәрі бірдей.* **Бірауыз сөзге келмеді** — а) *міс жармады, үндемеді;* ә) *ашуланып сала берді.* **Бір аяғы жерде, бір аяғы көрде** — *хал үстінде, өлім аузында.* **Бірбет** — а) *айтқанынан қайтпайтын, қайсар;* ә) *бірмойын, қыңыр.* **Бір болмаса бір** — *түбінде, әйтеуір бір.* **Бірді айтып, бірге кетті** — *ойы шашырады, бытыраңқы болды.* **Бірді бірге соқты** — а) *өйтіп-бүйтіп, оғып-бұғып; ә) айдап салды, атыстырды.* **Бірді екі етті** — *ретін тауып ұқсатты, жоқтан бар етті.* **Бір езу** — *бірмойын, қыңыр.* **Бір есептен** — *бір себептен, бір жағынан алып қарағанда.* **Бір жағына шықты** — а) *біржайлы болды;* ә) *қолғабысын тигізді, көмектесті.* **Біржақты** — *сыңаржақ, бірбеткей.* **Бір жапырақ қағаз** — *хат, хабар.* **Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарды** — *ауызбірлік, ұйымшылдық жасады.* **Бір күндей болмады** — *уақыт тез өте шықты.* **Бір кіндіктен жалғыз** — *бірге туған туысқаны жоқ.* **Бір кісіден туғандай** — *тату-тәтті, дос.* **Бір кіріп, бір шықты** — *тынышсызданды, әбігері шықты.* **Бір қайнауы ішінде** — а) *шала піскен;* ә) *бабына келмеген, шала.* **Бір қалыптан шыққандай** — *бір-бірінен аумайтын, бірдей.* **Бір құлаш** — *шұбалған, ұзын.* **Бір құшақ** — *екі қолдың аумағы толарлықтай.* **Бірқыдыру жан** — *бірсыпыра, едәуір.* **Бір мезет** — *бір кезде, бір уақытта.* **Бірмойын** — *дегенінен қайтпайтын қасарыспа, қыңыр.* **Бір мүшел** — *он екі жылға тән.* **Бір орайда** — *реті келгенде, ыңғайлы кезде.* **Бір сабақ жіп** — *қысқа ғана жіп.* **Бір сабақ жіп алмады** — *еш нәрсеге тимеді, қиянат етпеді.* **Бірсарынды** — *бір үнді, бір ыңғай.* **Бірсөзді** — *айтқанында тұратын, екі сөйлемейтін.* **Бір сөзге келмеді** — *шарт етіп ашуланды.*

БІР II 1. *Анық-қанығы дүдәмал, негайбіл.* 2. *Көптің құрамындағы жалғызы.* 3. *Ешқандай, ешбір, тіпті.*

БІР III *Пара-пар, тең, бірдей.*

БІР IV *Аралас-құралас, бірге.*

БІРАЗ 1. *Көп болмаса да, біршама, бірсыпыра, жеткілікті.* 2. *Көп емес, шамалы.* □ **Біраздан бері** — *бірталай уақыттан бергі жерде.* **Біраздан соң** — *аз уақыттан кейін.* ◊ **Біраз жерге апарып тастады** — *жер-жебіріне жеткізе қатты сөкті.*

БІРАҚ *Алайда, әйтсе де, дегенмен.*

БІР-АҚ 1. *Тек қана, жалғыз.* 2. *Дереу, табан астында, бірден.*

БІР-БІР *Жалғыздан гана, бірден.*

БІР-БІРДЕН *Жеке-жекеден, жалғыз-жалғыздан.*

БІР-БІРЛЕП *Бірінен соң бірі, біртіндеп, жалғыздап.*

БІР-БІРІ *Екеуара, өзді-өзі.*

БІРГЕ *Қоса қабат, қатар, бір жерде.* **Бірге туған** — *туысы бір, ағайынды.*

БІРДЕ I *Бір сапар, біржолы.*

БІРДЕ II *Кей кезде, кейде.* □ **Бірде болмаса бірде** — *әйтеуір бір.*

БІРДЕ-БІР *Ешқандай, ешбір.*

БІРДЕ-БІРЕУ *Ешқайсысы, ешбірі, ешкім.*

БІРДЕЙ 1. *Артық-кемі жоқ, тепе-тең.* 2. *Қатарынан, бірінің үстіне бірі.*

БІРДЕЙЛЕ *Тепе-тең ету, қатарлау.*

БІРДЕЙЛЕС I *Дәрежесі тепе-тең, қатарлас, терезесі тең.*

БІРДЕЙЛЕС II *Теңесу, бірдей түсу.*

БІРДЕЙЛІК *Тепе-теңдік, парапарлық, қатарластық.*

БІРДЕМЕ *Оны-мұны, бір нәрсе, әлдене, бірдеңе.*

БІРДЕН 1. *Салған жерден, кенеттен, тез, дереу.* 2. *Қатарынан, бір мезетте.*

БІРДЕН-АҚ *Салған жерден, тезінен.*

БІРДЕН-БІР *Ең басты, негізгі.*

БІРДЕН-БІРГЕ *Бірінен екіншісіне, қолдан-қолға.*

БІРДІ-БІРГЕ: бірді-бірге соқты — *біреуге біреуді айдап салды.*

БІРДІ-ЕКІЛІ *Санаулы ғана, азын-аулақ.*

БІРЕГЕЙ *Таңдаулы, жақсы, бірқалыпты, маңдайалды.*

БІРЕГЕЙЛІК *Таңдаулылық жақсылық, бірқалыптылық.*

БІР-ЕКІ *Аздаған, бірлі-жарым, көп емес.*

БІРДІ-ЕКІЛІ *Аз ғана, шамалы.*

БІРЕН-САРАН *Жалғыз-жарым, некен-саяқ.*

БІРЕН-САРАНДАП *Анда-санда бір, жалғыз-жарымдап.*

БІРЕР *Азын-аулақ, шамалы.*

БІРЕСЕ *Кезектестік мәнді білдіретін шылау сөз.*

БІРЕУ I *Белгісіз, әлдекім.*

БІРЕУ II *Жалғыз ұғымын білдіретін жинақтық сан.* ◊ **Біреуі бір, екеуі екі** — *қайта-қайта, арасын суытпай, кезекпе-кезек.*

БІРЕУ-АҚ *Тек қана жалғыз.*

БІРЕУДЕЙ 1. *Әлдекімдей, бөтен адамдай.* 2. *Жұрт қатарлы, әркімдейақ, бір кісідей.*

БІРЕУЛЕП *Жалғыз-жарымдап, жекелеп.*

БІРЕУ-МІРЕУ *Әйтеуір бір кісі, бейтаныс, әлдекім.*

БІРЖОЛА *Үзілді-кесілді, мүлдем; басыбүтін.*

БІРКЕЛКІ *Бірқалыпты, бірыңғай, бірдай.*

БІРКЕЛКІЛЕ *Теп-тегіс жасау, бірқалыпты ету.*

БІРҚАЗАН *Үзын тұмсығының астында қалтасы бар ірі су құсы.*

БІРҚАТАР *Бірсыпыра, біраз, едәуір, біршама.*

БІРҚИЛЫ *Ерекше бір, өзгеше біртүрлі.*

БІРҚЫДЫРУ *Бірсыпыра, біраз; едәуір, бірқатар.*

БІРЛЕП *Біріндеп, жалғыздап.*

БІРЛЕС *Тізе қосып бірігу, ұйымдасу.*

БІРЛЕСТІК *Бірнеше саладағы ұйымның, өндірістің ұйымдасқан түрі.*

БІРЛЕУ *Жалғыздау, даралау, сиретү.*

БІРЛІ-ЕКІЛІ *Бірлі-жарым, аздаған.*

БІРЛІ-ЖАРЫМ *Көп емес, біреннаран, азын-аулақ, бірлі-екілі.*

БІРЛІ-ЖАРЫМДЫ *Болмашы, біреннаран ғана, азын-аулақты.*

БІРЛІК 1. *Бір санының заттанған атауы.* 2. *Онға дейінгі бір таңбалы сандардың жалпы атауы.* 3. *Ынтымақтық, ауызбірлік, татулық.* 4. ***филос.*** *Іштей байланысты табиғи тұтастық.*

БІРЛІКШІЛ *Ынтымақшыл, ұйымшыл.*

БІРМЕ-БІР I *Жекпе-жек, бетпе-бет.*

БІРМЕ-БІР II *Бірде-бір.*

БІРНЕШЕ 1. *Бірсыпыра, бірқатар.* 2. *Әлденеше рет.*

БІРНЕШЕУ *Жалғыз-жарым емес, бірсыпыра, әлденеше.*

БІРӨҢКЕЙ *Кілең, бірыңғай.*

БІРСАРЫНДЫ *Біркелкі, бірыңғай, бірдей, жұмыла.*

БІРСӘРІ *Өз алдына, былай қойғанда, мейлі.*

БІРСЫДЫРҒЫ *Біркелкі, біршама.*

БІРСЫПЫРА *Біраз, бірқатар, бірқыдыру.*

БІРТАЛАЙ *Әжептәуір, бірсыпыра, бірқатар.*

БІРТАЛАЙДАН *Біраз уақыттан бері.*

БІРТЕ-БІРТЕ *Біртіндеп, жайлап, бара-бара.*

БІРТЕКТЕС *Құрамы жағынан ұқсас, бірыңғай, біркелкі.*

БІРТЕКТІ *Біркелкі, бірөңкей, бірыңғай.*

БІРТЕКТІЛЕУ *Түгелдей біркелкілеу, бірыңғайлау.*

БІРТЕКТІЛІК *Біркелкілік, бірыңғайлы.*

БІРТОҒА *Бірқалыпты, орнықты, тұрақты.*

БІРТУМА *Үлек пен айыр інген бұданынан болған бірінші ұрпақ.*

БІРТҰТАС *Бөлшектенбейтін, жымдасып кеткен; бір бүтін, ажырамас.*

БІРТІН-БІРТІН *Ақырындап, жайлап.*

БІРТІНДЕП 1. *Ақырын, жайлап, бірте-бірте.* 2. *Рет-ретімен, бір-бірлеп.*

БІРШАМА *Бірсыпыра, біраз.*

БІРЫҢҒАЙ 1. *Біркелкі, бірдей, біръдай.* 2. *Ылғи, тек.* 3. *Өз алдына бір бөлек, өзінше.* □ **Бірыңғай мүше** ***грамм.*** *– сөйлемде бірдей қызмет атқаратын біркелкі мүше.*

БІРЫҢҒАЙЛА *Біркелкі ету, жөнге келтіру.*

БІРЫҢҒАЙЛЫҚ *Өзара үйлестік, біркелкілік, бірдейлік.*

БІРІЗДІ *Бір-біріне ұқсас, бір сарындағы.*

БІРІК 1. *Қосылу, араласып кету, тұтасу.* 2. *Бірлесу, ұжымдасу, ортақтасу.* □ **Біріккен сөз** ***грамм.*** *– екі не одан да көп түбірлердің бірігуі арқылы жасалған сөз.*

БІРІМЕН-БІРІ *Өзімен-өзі, өзді-өзі, өзара.*

БІРІНЕ-БІРІ *Бірі екіншісіне, бір-біріне.*

БІРІНЕН-БІРІ: бірінен бірі өткен *– сайдың тасындай, ығай мен сығай.*

БІРІНШІ *Реттік сан есімнің ең бастапқысы, әуелгісі.*

БІРІНШІДЕН *Ең алдымен, ең әуелі.*

БІРІНШІЛІК 1. *Алғашқы болушылық, алдыңғы.* 2. ***спорт*** *Үздік болу, бірінші орынға ие болушылық жолындағы жарыс.*

БІСМІЛЛӘ ***діни*** *Алланың атымен бастаған ісінің сәтін тілеу*

БІТ 1. *Таусылу, түгесілу, аяқталу.* 2. *Қалпына келу, дайын болу, өңделіп біту.* 3. *Жетілу, жазылу.* 4. *Өніп-өсу, шығу.* 5. *Пайда болу, жаралу.* □ **Бітті дей бер** *– құрыды, жойылды деп ойла.* **Бітіп тұр** *– сыймай, тіреліп тұр.* **Бітім болмады** *– келісім орнамады, пәтуаласпады.* **Құлағы тарс бітті** *– естімей қалды.* **Мұрны бітті** *– демала алмай қалды.* **Демі бітті** *– тынысы тарылды.*

БІТЕ I 1. *Саңылау қалдырмай бекіту, тұмшалап жабу.* 2. *Басып қалу, көміп қалу, жабу.* ◊ **Біте қайнады** *– етене жақын болды, бірге өсті.*

БІТЕ II *Қаракүйе.*

БІТЕГЕНЕ ***жерг.*** *Жақынырақ, етене.*

БІТЕМЕ *Терезе саңлауларын бітейтін арнаулы жабысқақ зат.*

БІТЕМЕЛЕ *Замазкамен бітеу.*

БІТЕУ 1. *Жан-жағы жабық, бітелген, қымтаулы.* 2. *Сынық, кетігі жоқ, бүтін.* 3. *Бұзылмаған, бөлшектенбеген, бүтін, тұтас.* 4. ***Ауысп.*** *Жасырын, тұйық, бүкпе.* □ **Бітеубас** *– а) кеспей, тұтас пішілген (етік); ә) сөз мәніне құлақ аспайтын топас.* **Бітеу жара** *– а) аузы жарылмаған жара; ә) іштегі шер, қайғы.* **Бітеу кеуде** *– ойөрісі тайыз.* **Бітеу өркеш** *– нар түйе мен нар маялардың иығынан қомына дейінгі тұтасқан жалғыз өркеші.* **Бітеу сойды** *– а) терісін бүтін қалпында сыпырып алды; ә) мақтамен бауыздағандай қылды.*

БІТЕУДЕЙ *Бүтін қалпында, бұзбай, жармай.*

БІТЕУЛЕ 1. *Саңылау қалдырмай қымтау, тұмшалау.* 2. *Басып, көміп қалу, жауып тастау.*

БІТЕУЛІ *Бітелген, жабулы.*

БІТЕУЛІК ***вет.*** *Төлдің арты тесіксіз туылуы; бітеу туу.*

БІТИ *Көзді сығырайтып қарау.*

БІТКЕН *Тұтас, тегіс.*

БІТПЕС *Ою салған киіз, текемет.*

БІТУАЖА ***жерг.*** *Аралық дәнекер.*

БІТІК *Қалың, жиі өскен, қою.* □ **Бітік көз** *– сығырайған қысық көз.*

БІТІМ I 1. *Өзара келісім, тоқтам.* 2. *Әділдік, бейбітшілік жайлы келісім шарт, пәтуалы шешім.* ◊ **Бітім айтты** – *мәмілеге келтірді, келісім айтты.* **Бітімге келді** – *келісім тапты.*

БІТІМ II 1. *Дене-пішін, тұлға.* 2. *Егіннің, шөптің өсімі, бітіктігі.*

БІТІМДЕС *Пішін, құрылымы жағынан шамалас, ұқсас.*

БІТІМДІ *Тұлғасы келісті келген.*

БІТІМСІЗ *Келісімге, пәтуаға келмейтін, жараспайтын.*

БІТІМШІ *Екі жақты келістіруші, мәмілегер.*

БІТІМШІЛІК *Екі жақтың арасын бітістірушілік, жарастырып, келістірушілік.*

БІТІН *Діңкесі құру, әбден титықтау.*

БІТІНӘ сын. *Арам, ішмерез; пітінә.*

БІТІР *Аягына дейін жеткізу, тауысу, түгесу, аяқтау.*

БІТІРГІСІЗ *Бітпейтін, таусылмайтын; айтып жеткісіз.*

БІТІС 1. *Бейбіт жолмен келісу, тіл табысу.* 2. *Жымдасып қалу, кірігу.*

БІТПЕС *Ешбір ымырага, мәмілеге келмейтін, шартқа көнбейтін.*

БІТІСПЕСТІК *Ымырага келмейтін араздық.*

БЮДЖЕТ *Мемлекет пен әртүрлі мекемелердің кіріс, шығыстарының сметасы.* □ **Бюджет жиынтығы** – *халықтың тұтыну заттарының мөлшері мен құрылымын бейнелейтін тауар мен қызмет көрсетудің жиынтығы.*

БЮДЖЕТТІК *Кіріс-шығыс есебіне, бюджетке тәндік.*

БЮЛЛЕТЕНЬ 1. *Қоғамдық зор мәні бар оқиға туралы қысқаша мәлімдеме.* 2. *Уақытша шығып тұратын кейбір баспасөз атауы.* 3. *Дауыс беруге арналған сайлау қағазы.* 4. *Емхананың жұмысқа уақытша жарамсыздық жөнінде беретін куәлік қағазы.*

БЮРО 1. *Үйым, мекеме, съезд сайлаған басқарушы адамдардың органы.* 2. *Кейбір мекемелердің аты.*

БЮРОКРАТ *Бюрократияны қолдайтын төрешіл, кеңсешіл адам.*

БЮРОКРАТТАН *Бюрократтыққа салыну, бюрократ болу.*

БЮРОКРАТТЫҚ *Бюрократқа тән қасиет, мінез.*

В

В: в витамині – *денедегі зат алмасуына қажетті, суда еритін органикалық қосылыс.*

ВАГОН *Жолаушыларды және әр түрлі жүктерді тасу үшін рельспен жүруге арналған жол қатынас құралы.*

ВАГОНЕТКА *Жақын жерге жүк таситын, үсті ашық кішкене вагонарба.*

ВАГОН-РЕСТОРАН *Ресторан вагон.*

ВАГОНШЫ *Вагон жасайтын жұмысшы.*

ВАЗЕЛИН *Мұнайдан ажыратын алынатын май сияқты қоспа масса.*

ВАКАНСИЯ *Мекеме я оқу орындарындағы бос тұрған қызмет орны.*

ВАКУУМ ***физ.*** 1. *Бітеу сауыттың ішіндегі сиретілген газдың күйі.* 2. *Бос кеңістік, ауасыз қуыс.*

ВАКУУМ-АППАРАТ *Ерітінділерді буға айналдыратын аппарат.*

ВАКЦИНА ***мед.*** *Жұқпалы ауруларға қарсы алдын ала сақтану үшін қолданылатын дәрі; препарат.*

ВАЛ *Аса биік, күшті теңіз толқыны.*

ВАЛЕРЬЯН 1. *Медицинада жүрек ауруына қолданылатын дәрі.* 2. *Шүйгіншөп*

ВАЛЕРЬЯНКА *Валерьян тамшысы.*

ВАЛИДОЛ *Жүректің қан жолын кеңітетін дәрі.*

ВАЛИК 1. ***тех.*** *Бояуды жаятын, тегістейтін жұмыр білік.* 2. ***лингв.*** *Дыбыс жазуға арналған фонографтағы цилиндр.* 3. *Диванның екі басына қойылатын жұмыр жастық; шеттеме.*

ВАЛОКОРДИН *Жүрек соғуы жиілеп, шаншып ауырғанда ішетін дәрі.*

ВАЛТОРНА ***муз.*** *Мыстан жасалатын үрлемелі музыкалық аспап.*

ВАЛЬС ***муз.*** *Жұптасып билейтін бидің бір түрі.*

ВАЛЮТА ***экон.*** I. *Бір мемлекетте қабылданған ақша жүйесі (теңге, доллар, рупий т. б.).* 2. *Вексель бойынша төленетін ақшаның сомасы.*

ВАНДАЛ *Мәдениет мұраларын талқандаушы, бүлдіруші, тағы.*

ВАНДАЛИЗМ *Мәдениет мұраларын талқандаушылық, бүлдірушілік.*

ВАННА 1. *Жуынып-шайынуға арналған эмальды сопақша астау.* 2. *Осы астауда шомылу, сырқатты емдеу мақсатында алатын шипалы бу.* 3. ***тех.*** *Әртүрлі ерітінділер мен сұйық заттарды сақтау үшін арналған орын.*

ВАРВАР ***тар.*** 1. *Ежелгі гректер римдіктердің түсінігіндегі жат жұрт адамдары.* 2. ***ауысп.*** *Рақымсыз, қатыгез адам.*

ВАРВАРИЗМ 1. *Тағылық, жабайылық.* 2. ***лингв.*** *Белгілі бір тілге, сол тілдің заңдылығына бағынбай, өзгертілмей шет тілден кірген сөздер мен сөйлемшелер.*

ВАРВАРЛЫҚ *Мәдениетсіздік, тағылық, дөрекілік.*

ВАССАЛ 1. ***тар.*** *Орта ғасырлардағы өзінен гөрі ірі феодалға тәуелді жер иеленуші феодал.* 2. *Біреуге тәуелді мемлекет я адам.*

ВАТЕРПОЛО, СУ ДОБЫ ***спорт*** *Суда өткізілетін доп ойыны.*

ВАТМАН *Сызу жұмыстарына арналған жоғары сапалы, жылтыр ақ қағаз.*

ВАТТ ***тех.*** *Электр қуатын өлшеудегі бірлік.*

ВАТТМЕТР *Электр тізбегінің қуатын өлшейтін аспап.*

ВАФЛЯ *Ұнға жұмыртқа, қаймақ қосып жасаған жұқа тәтті нан.*

ВАХТА *Белгілі бір саяси оқиғаның қарсаңындағы өндіріс өнімдерін арттыру жолындағы қарқынды еңбек.* ◊ ***Вахталы әдіс*** *— жұмысшылардың апталап, айлап кезектесіп жұмыс істеу тәсілі.*

ВАХТЕР *Мекемелердегі бас күзетші.*

ВЕГЕТАЦИЯ ***бот.*** *Өсімдіктің өсіп жетілу мезгілі.*

ВЕДОМОСТЬ *Тізімдеме есеп-қисап, мәлімет жайындағы тізім.*

ВЕЙСМАНИЗМ *Органикалық дүниенің дамуы жөніндегі материалистік теорияға қарсы кертартпа-идеалистік, мистикалық ағым.*

ВЕКСЕЛЬ *Халықаралық саудадағы төлем міндеттемесінің кең тараған түрі.*

ВЕКТОР ***мат.*** *Сан жағынан ғана емес, амалының бағыты жөнінен де сипатталатын шама.*

ВЕЛОДРОМ *Велосипед жарысы өткізілетін алаң.*

ВЕЛОСИПЕД *Аяқпен жүргізетін екі я үш дөңгелекті жеңіл техника.*

ВЕЛОТРЕК ***спорт*** *Велосипед жарысына арналған айналмалы жолы бар құрылыс алаңы.*

ВЕНГР *Венгрия мемлекетінің негізгі халқы.*

ВЕНЕРОЛОГ *Жыныс мүшесіндегі жұқпалы ауруды емдейтін дәрігер.*

ВЕНЕРОЛОГИЯ *Жыныс мүшесіндегі жұқпалы ауруларды зерттейтін ғылым.*

ВЕРФЬ *Кеме жасайтын және жөндейтін орын.*

ВЕТЕРИНАР *Мал ауруларын емдейтін дәрігер.*

ВЕТЕРИНАРИЯ *Мал ауруларын зерттеу және оны емдеу жайындағы ғылым.*

ВЗВОД ***әск.*** *Ротаның, эскадронның, батареяның негізгі бөлімшесі.*

ВИЗА 1. *Қызметкердің ресми іс-қағаздарына қойған белгісі, бұрыштама.* 2. *Рұқсат белгі, қойылған қол. Басқа бір мемлекетке барып қайтуға, сол аумақты басып өтуге ресми рұқсат ретінде паспортқа қойылатын таңба, белгі.*

ВИКТОРИНА *Белгілі бір тақырып бойынша сұрақ-жауап түрінде өтетін сайыс.*

ВИЛЛА *Қала сыртына әдемі етіп салынған жаздық үй.*

ВИНЕГРЕТ I. *Әртүрлі көкөніс араластырған тағам; салат.* 2. ***Ауысп.*** *Бытысқан былық, бытықы-шытықы.*

ВИОЛОНЧЕЛЬ ***муз.*** *Дыбысының шығуы мен көлем, мөлшері жағынан скрипкадан үлкенірек, контрабастан кішілеу сияқты музыкалық аспап.*

ВИРУС ***мед.*** *Жұқпалы ауруларды қоздыратын микроб.*

ВИРУСОЛОГИЯ *Вирус туралы ғылым.*

ВИСКИ *Ағылшын күшті арағы.*

ВИСКОЗА 1. *Жасанды жібек өндіруде жұмсалатын қағаз текті нәрсе.* 2. *Жасанды жібек.*

ВИСМУТ 1. *Ақ түсті химиялық элемент.* 2. *Осы элементтен істелген дәрі-дәрмек.*

ВИТАМИН *Организмнің бірқалыпты тіршілігі үшін аса қажет органикалық зат және сондай заттан істелетін дәрі-дәрмек.*

ВИТАМИНДЕЛ *Витамин жасалу, витамин.*

ВИТАМИНДЕЛІН *Витамин салыну, қосылу.*

ВИТАМИНДІ *Витамині бар, витамин қосқан.*

ВИТАМИНДІК *Витаминге тән.*

ВИТАМИНОЗ *Витаминнің жетіспеуінен болатын ауру; витаминсіздік.*

ВОКАЛДЫ *Ән салу шеберлігіне қатысты.*

ВОКАЛДЫҚ *Жеке не бірнеше дауыспен орындауға лайық.*

ВОКАЛИЗ *Дауысты дыбысқа құрылған пьеса.*

ВОКАЛИСТ *Жеке орындаушы, әнші.*

ВОКАЛШЫ *Кәсіпқой әнші.*

ВОКЗАЛ *Теміржол, өзен бойындағы қатынастарды реттейтін станса; күту залы.*

ВОЛЕЙБОЛ ***спорт*** *Бір команда мен екінші команданың керіп қойған тордан допты асыра тастап ұрып ойнайтын спорт ойыны.*

ВОЛЕЙБОЛШЫ *Волейбол ойынына қатынасушы.*

ВОЛЬТ ***физ.*** *Электр тогы күшінің қысымын өлшеу бірлігі.*

ВОЛЬТМЕТР *Электрқозғалыс күшін, кернеуін өлшейтін аспап.*

ВОЛЬТТІ *Вольтқа лайық, вольтқа сай.*

ВОЛЬФРАМ ***хим.*** *Жоғары температурада ғана баяу балқитын химиялық элемент.*

ВОЛЮНТАРИЗМ ***филос.*** *Қоғамның дамуында жеке адам рөліне шешуші маңыз беретін, философиядағы субъективтік-идеалистік ағым.*

ВОЛЮНТАРИСТІК *Волюнтаризмге қатысты.*

ВУЛКАНИЗАЦИЯ *Каучуктен жасалған заттардың сәнділігін, беріктігін арттыру үшін қыздырып өңдеу шаралары.*

ВУЛЬГАРИЗМ ***лингв.*** *Әдеби тілде қолданылған дөрекі, тұрпайы сөз не сөз тізбегі.*

Г

ГАБАРДИН *Тығыз етіп жүннен тоқылған, сырткиімдік мата.*

ГАВАНЬ *Кеме тоқтауға, келіп-кетуге қолайлы теңіз жағасындағы айлақ.*

ГАГАУЗ *Жалпы саны 125 мыңдай түркі тілдес халық.* ◊ **Гагауз тілі** — *түркі тілдерінің оңтүстік-батыс огыз тобына жататын тіл.*

ГАЗ 1. ***хим.*** *Кеңістікке түгел жайылып, оны тегіс толтыратын физикалық дене, зат.* 2. *Тамақ дайындау үшін ыдысқа толтырылған газ тектес, отындық зат.* 3. *Жан-жануарлардың ішіне жиналатын жел.* ◊ **Газ қысымы** — *газдың шектен тыс көбеюі.* **Газ массасы** — *қысқан газдың түйдектеле жылжуы.* **Газ өнеркәсібі** — *табиғи газды барлау мен оның шыққан жерін пайдаланатын отын өнеркәсібінің саласы.* **Газ плита** — *газ отымен тағам пісіретін аспап.* **Газ аспаптар** — *тұрмыста тамақ пісіруге, үй жылытуға арналған жабдық.* **Газ шам** — *газбен жанатын шам.*

ГАЗДЫ *Газ араласқан, қосылған, газданған.*

ГАЗЕТ *Саяси-әлеуметтік өмірден мәлімет беріп отыратын мерзімді баспасөз.*

ГАЗЕТХАНА *Белгілі бір мерзімді басылымды (газетті) редакциялайтын қызметкерлер тобы және олар отыратын мекен-жай.*

ГАЗЕТТІК *Газетке лайықталған.*

ГАЗЕТШІ *Газет қызметкері, журналист.*

ГАЗИК *Жүрдек жедел автомашина.*

ГАЗОМЕР ***тех.*** *Газ шығынын өлшейтін аспап.*

ГАЗОМЕТР ***тех.*** *Газды жинайтын, өлшейтін, сақтайтын ыдыс.*

ГАЙМОРИТ ***мед.*** *Мұрын қуысының қабынуы, кеңсірік ауруы.*

ГАЛАКТИКА ***астр.*** *Аспан әлеміндегі жұлдыздар жүйесі.*

ГАЛАНТЕРЕЯ *Айна, тарақ, инежіп сияқты ұсақ-түйек заттар, сол заттарды сататын дүкен.* ◊ **Галантерея фабрикасы** — *ұсақ-түйек бұйымдар шығаратын фабрика.*

ГАЛЕРЕЯ 1. *Екі үйдің арасын қосатын қысаң жол не үйдің өн бойына созылған ұзын балкон.* 2. *Театрдың ең жоғарғы қатары; ярусы.* 3. *Суреттер көрмесіне арналған музей үйі.* 4. ***Ауысп.*** *Бірөңкей заттар тізбегі, тобы.*

ГАЛОШ *Тазалық үшін етік, бәтеңке, мәсі сыртынан киілетін кебіс тәріздес резеңке аяқкиім.*

ГАЛСТУК *Көйлек жағасының астынан сәндік үшін мойынға тағылатын түрлі-түсті матадан істелген зат.*

ГАЛЬВАНИЗАЦИЯ ***физ.*** *Емге я басқа бір қажетке электрдің тұрақты тогын өткізу.*

ГАЛЬВАНОМЕТР ***физ.*** *Әлсіз электр тогын өлшейтін аспап.*

ГАЛЬМАНИН ***мед.*** *Аяқты терлеуден сақтау үшін пайдаланатын ұнтақ дәрі зат.*

ГАМАК *Жатып демалу, отыру үшін бағана аралығына керіп байланған аспалы тор.*

ГАМБИТ ***спорт*** *Шахмат ойынының бас кезінде ойынды тездету үшін фигураның бірін беру, шығын ету.*

ГАММА 1. ***муз.*** *Дыбыстардың бірыңғай көтеріңкі я төменден келетін қатар тәртібі.* 2. ***Ауысп.*** *Әртүрлі өзге-*

ріп отыратын құбылыстардың рет қатары.

ГАММА-СӘУЛЕ ***физ.*** *Өте қысқа толқынды электромагниттік сәуленің бір түрі.*

ГАММАТЕРАПИЯ ***мед.*** *Гамма сәулесімен емдеу.*

ГАНГРЕНА ***мед.*** *Тән ұлпаларының өлі етте ніп жансыздануы, шіруі.*

ГАНГСТЕР *Мансап көздеу мақсатымен жалданған қарақшылар тобы.*

ГАРАЖ *Машиналар тұратын орын, жай.*

ГАРДЕРОБ 1. *Киім ілетін шкаф.* 2. *Көпшілік орындарда келушілердің сырткиімін ілетін жер, орын.* 3. *Жеке адамның, отбасының барлық киім-кешегі.*

ГАРДЕРОБШЫ *Гардероб қызметкері.*

ГАРМОНИЯ 1. *Дыбыс үндесуі, үндестік.* 2. ***муз.*** *Аккорд құрылысын баяндайтын музыка теориясының бөлімі.*

ГАРНИЗОН ***әск.*** *Қалада я қорғанда тұрған әскери бөлімдер.*

ГАРНИР *Ет я балықтан жасалған тағамға салып беретін қосымша күріш, капуста т. б.*

ГАРНИТУРА ***полигр.*** *Үлкенді-кішілі әріптердің толық жиынтығы.*

ГАРПУН *Теңіздегі ірі балықтар мен киттерді аулау үшін лақтырып, шаншитын ұшы ұшкір істік, найза, сүңгі.*

ГАРУС *Жүннен иірілген жұмсақ жіп.*

ГАСТРОЛЬ *Өзге жақтан келген артистер тобының, жеке өнер қайраткерлерінің ойын-сауық спектаклі.*

ГАСТРОЛЬШЫ ***театр*** *Уақытша ойын көрсетуге келген артист.*

ГАСТРОНОМ 1. *Дәмді тағамды жақсы айыра білетін, жақсы көретін адам.* 2. *Әртүрлі азық, тағам сататын дүкен*

ГАСТРОСКОП ***мед.*** *Қарынның кілегей қабығын қарайтын рентген аппараты.*

ГАУБИЦА ***әск.*** *Аспандата ататын қысқа оқпанды ауыр зеңбірек.*

ГАУПТВАХТА ***әск.*** *Айыпкер сарбазды уақытша қамайтын бөлме.*

ГАУҢАР 1. *Алуан түске еніп, құбылып тұратын бағалы асыл тас.* 2. ***Ауысп.*** *Әдемі, көркем, сұлу.*

ГАУҢАРДАЙ *Тап-таза, мөп-мөлдір.*

ГӘП 1. *Бір нәрсенің сыры, мәні.* 2. *Бір істің, нәрсенің себеп-салдары, тетігі.* ◊ **Гәп шертті** — *сыр айтып, мұңдасты.*

ГВАРДИЯ *Іріктелген, таңдаулы әскери бөлім.*

ГВАРДИЯШЫ *Гвардия құрамындағы жауынгер.*

ГЕКСАНБЕНЗАТ ***мед.*** *Тыныс демікпесі мен гипертония ауруларын емдейтін дәрі.*

ГЕКСАХЛОРАН *Жұқпалы ауру тараратын зиянды жәндіктерді құртуға арналған дәрі.*

ГЕКСОЗ ***биол.*** *Жүзім қанты; глюкоза.*

ГЕКТАР *10 000 шаршы метрге тең жер өлшемі.*

ГЕКТАРЛА *Гектарға бөліп өлшеу.*

ГЕКТАРЛЫҚ *Гектарға барабар.*

ГЕКТОВАТТ ***тех.*** *100 ваттқа тең ток қуатын өлшеу бірлігі.*

ГЕКТОВАТТ-САҒАТ ***тех.*** *Электр энергиясының бір сағаттағы шығын айналым өлшемі.*

ГЕКТОЛИТР ***тех.*** *Сұйық не ұсақ заттарды өлшейтін 100 литрлік өлшем.*

ГЕКТОМЕТР ***тех.*** *Ұзындық өлшемінің 100 метрге теңдігі.*

ГЕЛЕ *Інгенді бураға шөгеру ишараты.*

ГЕЛИЙ ***хим.*** *Әуеде ұшуға қолданылатын жеңіл газ.*

ГЕЛИКОПТЕР *Әуеге тік көтеріле ұшатын ауыр ұшқыш аппарат.*

ГЕЛИОТРОП 1. ***бот.*** *Күн сәулесіне бағыштала шырмалып өсетін гүл.* 2. ***мин.*** *Минералдың бір түрі.* 3. ***тех.*** *Бір*

жерден екінші жерге күн шұғыласын түсіру арқылы сигнал беретін геодезия аспабы.

ГЕЛИОФИЗИКА *Күн үстіндегі өзгерісті зерттейтін астрофизика саласы.*

ГЕЛЬМИНТОЛОГИЯ ***биол.*** *Ішек құрты ауруларын зерттейтін ғылым саласы.*

ГЕМ ***мед.*** *Гемоглобиннің белоксыз бөлігі; қан.*

ГЕМАТИТ ***хим.*** *Тотықтар класының минералы.*

ГЕМАТОГЕН ***мед.*** *Мал қанынан арнайы жасалатын қоңырқай қызыл түсті сұйық дәрі.*

ГЕМАТОЛОГИЯ ***мед.*** *Қанның құрамын, құрылысын және оның ауруын зерттейтін ілім.*

ГЕМАТУРИЯ *Үлкен дәретке қан бөліну; қан сию.*

ГЕМОГЛОБИН ***физ.*** *Қанның ішіндегі бояушы қызыл зат.*

ГЕМОТЕРАПИЯ ***мед.*** *Қан құю немесе қаннан жасалған препараттарды қолданып емдеу әдісі.*

ГЕНЕАЛОГИЯ ***тар.*** *Ру тарихы, шежіре.*

ГЕНЕЗИС ***биол.*** *Жанды не жансыз заттың алғаш пайда болу, шығу кезеңі, даму тарихы.*

ГЕНЕРАЛ ***әск.*** *Армиядағы командалық құрамның ең жоғарғы атағы және осы атақты иемденуші адам.*

ГЕНЕРАЛИССИМУС ***әск.*** *Ерекше сіңірген әскери қызметі үшін берілетін ең жоғары әскери атақ, сол атақты иеленуші адам.*

ГЕНЕРАЛИТЕТ *Армияның жоғарғы командованиесі, генералдар.*

ГЕНЕРАЛ-ФЕЛЬДМАРШАЛ ***әск.*** *Кейбір елдерде ең жоғары әскери шен.*

ГЕНЕРАТОР ***тех.*** *Механикалық энергияны электр энергиясына айналдыратын машина.*

ГЕНЕТИКА ***биол.*** *Организмнің өсіп-дамуын, тұқым қуалауын зерттейтін биология ғылымының бір саласы.*

ГЕНОЦИД *Нәсіліне, ұлтына, дініне қарай ұсақ халықтардың жекелеген тобын құрту, жою.*

ГЕОБОТАНИКА ***бот.*** *Жер бетіндегі өсімдіктер бірлестігін зерттейтін ғылым.*

ГЕОГРАФИЯ *Жер шарындағы құрлық пен судың орналасуын, жер бедерін, табиғат байлығы мен оның құрылымын жан-жақты зерттейтін ғылым.*

ГЕОДЕЗИЯ ***геол.*** *Жердің формасы мен көлемін зерттейтін, жердің бетін өлшейтін ғылым.*

ГЕОЛОГИЯ *Жер құрылысы мен қабатын, оның тарихын зерттейтін және ондағы пайдалы кендердің көзін табудың әдісі туралы ғылым.*

ГЕОМЕТРИЯ *Математика ғылымының бір саласы.*

ГЕОМОРФОЛОГИЯ *Жер бетінің көрінісін, оның жаратылыс тегін, өзгерісін тексеретін географияның бір саласы.*

ГЕОФИЗИКА *Жер шарының қатты, сұйық және газ тәрізді қабаттарындағы өзгерістер заңдылығын зерттейтін физика ғылымының саласы.*

ГЕОХИМИЯ *Жер шарындағы химиялық элементтердің орналасу тарихын, олардың жер қыртысындағы таралу, алмасу заңдылықтарын ашатын ғылым.*

ГЕПАРИН ***мед.*** *Қанды ұйытатын дәрі.*

ГЕПАТИТ ***мед.*** *Бауырға салқын тиіп ауыру.*

ГЕРБАРИЙ *Арнайы кептірілген өсімдіктердің коллекциясы.*

ГЕРМАНДАР 1. *Немістер.* 2. *Орталық батыс және оңтүстік-батыс Еуропада өмір сүрген көне тайпалардың жалпы аты.*

ГЕРМЕТИЗАЦИЯЛЫҚ ***тех.*** *Ауа кірмейтін, газ кірмейтін; саңылаусыз.*

ГЕРМОШЛЕМ ***тех.*** *Улы газдан сақтану үшін бетті жаба киетін баскиім.*

ГЕРЦОГ ***тар.*** *Батыс Еуропадағы жоғарғы дәрежелі дворяндық атақ.*

ГЕСТАПО *Фашистік Германияда болған жасырын полиция.*

ГЕТЕРОЗИС ***биол.*** *Будандастыру нәтижесінде өсімдік және жан-жануарлар ұрығының өміршеңдігін, өсімталдығын арттыру тәсілі.*

ГИББОН ***зоол.*** *Адам тәріздес маймылдың бір түрі.*

ГИБЕРЕЛЛА ***биол.*** *Саңырауқұлақтың бір түрі.*

ГИБРИД ***биол.*** *Жан-жануарлардың, өсімдіктердің тұқымын будандастыру, асылдандыру арқылы алынған будан тұқым, жаңа сорт.*

ГИБРИДОЛОГИЯ ***биол.*** *Будандастыру жайындағы биология ғылымының бір саласы.*

ГИГИЕНА ***мед.*** *Денсаулықты сақтау шарты және оны жұқпалы аурулардан алдын ала сақтандыру туралы ілім.*

ГИГРОМЕТР *Ауаның ылғалдылығын өлшейтін аспап.*

ГИГРОСКОП ***физ.*** *Ауаның ылғалындағы өзгерісті көрсететін аспап.*

ГИГРОСКОПТЫҚ *Кейбір заттың дым тартқыш қасиеті.*

ГИД *Туристерге қызмет ететін жол көрсетуші.*

ГИДРАВЛИКА ***физ.*** *Сұйықтардың қозғалысын және тепе-теңдік заңдарын зерттеу, іс жүзінде пайдалану тәсілдерімен шұғылданатын ғылым.*

ГИДРАДЕНИТ ***мед.*** *Тер шығаратын бездерге стафилококк түскеннен болатын ауру.*

ГИДРАТ ***хим.*** *Химиялық жолмен өзіне су қосылудан болатын зат.*

ГИДРОАГРЕГАТ ***тех.*** *Су шаруашылығына қажетті машиналар, агрегаттар.*

ГИДРОАКУСТИКА ***физ.*** *Дыбыс толқындарының суда таралуын және оларды су астындағы локация, байланыс мәселелерінде пайдалануды зерттейтін акустиканың бір саласы.*

ГИДРОАЭРОДРОМ ***авиац.*** *Су бетіндегі аэродром.*

ГИДРОАЭРОПЛАН ***тех.*** *Суға қонып, әрі одан ұша алатын аэроплан, ұшақ.*

ГИДРОАЭРОПОРТ ***тех.*** *Гидроұшақтарға қызмет көрсету үшін жабдықталған гидроаэродром.*

ГИДРОБАРЛАУШЫ *Жер астындағы және жер бетіндегі суды зерттеуші.*

ГИДРОБИОЛОГИЯ ***биол.*** *Биология ғылымының суда өмір сүретін организмді зерттейтін тарауы.*

ГИДРОГЕНЕРАТОР ***тех.*** *Гидротурбина көмегімен айналдырылатын электр генераторы.*

ГИДРОГЕОЛОГИЯ *Су кеңістігін және оның табиғаттағы қозғалысын зерттейтін ғылым.*

ГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ *Гидрогеологияға тән.*

ГИДРОГРАФ 1. *Су ағысының жылдамдығын өлшейтін аспап.* 2. *Гидрография маманы.*

ГИДРОГРАФИКАЛЫҚ *Гидрографикаға тән, қатысты.*

ГИДРОГРАФИЯ ***геол.*** *Жер бетіндегі суды ғылыми түрде зерттеп, оны картаға түсіретін географияның бір саласы.*

ГИДРОДИНАМИКА ***тех.*** *Белгілі бір күштің әсерімен сұйық заттың қозғалуын зерттейтін механика ілімінің бір саласы.*

ГИДРОДИНАМИКАЛЫҚ *Гидродинамикаға тән.*

ГИДРОКӨТЕРГІШ *Су арқылы күш алатын жылжымалы көтергіш.*

ГИДРОЛИЗ ***хим.*** *Тұздарды химиялық жолмен судан ажырату.*

ГИДРОЛИЗДІК *Гидролизге айналғандық.*

ГИДРОЛОГИЯ ***геогр.*** *Су кеңістігін және судың табиғаттағы қозғалысын зерттейтін ғылым.*

ГИДРОМЕХАНИКА ***физ.*** *Сұйық заттарды зерттейтін ғылым.*

ГИДРОСОРҒЫ ***тех.*** *Су ағызатын аспап; су бүріккіш.*

ГИДРОПОНИКА *Өсімдіктерді топырақсыз өсіру.*

ГИДРОПУЛЬТ ***тех.*** *Су бүркетін қол соргысы бар ыдысты аспап.*

ГИДРОҰШАҚ ***тех.*** *Суға қонып, ұша алатын ұшақ.*

ГИДРОСТАНЦИЯ ***тех.*** *Судың ағыс күшін электр қуатын өндіруге пайдаланатын станция.*

ГИДРОСФЕРА ***геогр.*** *Жер шарының сулы аудандарының жиынтық аты.*

ГИДРОТЕХНИКА ***тех.*** *Су күшін жан-жақты (канал, плотина т. б.) пайдалануды қарастыратын техника саласы.*

ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ *Гидротехникаға тән.* ◊ **Гидротехникалық құрылыс** — *суқаруашылығының техникалық құрылысы.*

ГИДРОФИЗИКА ***физ.*** *Жердің судан тұратын қабатында болатын физикалық процестерді зерттейтін ғылым.*

ГИДРОХИМИЯ ***хим.*** *Табиғи сулардың химиялық құрамын, оның өзгеруін зерттейтін ғылым.*

ГИМНАЗИЯ *Белгілі пәнді тереңдетіп оқытатын оқу орны.*

ГИМНАСТ ***спорт*** *Гимнастика шебері.*

ГИМНАСТЕРКА *Әскери нысанда тігілген сырт жейде.*

ГИМНАСТИКА ***спорт*** *Денені шынықтыру үшін жасалатын спорттық жаттығулар жүйесі.*

ГИНГИВИТ ***мед.*** *Қызылиектің қабынуы.*

ГИНЕКОЛОГ *Әйелдер ауруының маманы.*

ГИНЕКОЛОГИЯ *Әйелдер ауруы және оны емдеу туралы ғылым.*

ГИПЕРБОЛА I ***әдеб.*** *Бір нәрсенің жеке белгілері мен сипаттарын асыра дәріптеу, әсірелеу.*

ГИПЕРБОЛА II ***мат.*** *Қиюдан шығатын қисық сызықтың бірі.*

ГИПЕРБОЛИЗМ ***әдеб.*** *Әсірелеу тәсілі.*

ГИПЕРТОНИЯ ***мед.*** *Қан қысымы, қан тасу.*

ГИПЕРТРОФИЯ ***мед.*** *Мүше тіндерінің көлемі жағынан қалыптан тыс ұлғаюы.*

ГИПНОЗ ***мед.*** 1. *Адам мен жануарлардың жасанды ұйқыдағы күйі.* 2. *Арбап ұйықтату, ұйыту, еркінен айыру.*

ГИПНОЗДА *Гипнозды қолдану, арбау.*

ГИПНОЗШЫ *Гипноз өнерінің маманы.*

ГИПНОПЕДИЯ ***пед.*** *Шәкірттерді ұйқы кезінде оқытатын педагогикалық әдістің ерекше түрі.*

ГИПОВИТАМИНОЗ ***мед.*** *Организмде витамин жеткіліксіз болғанда пайда болатын ауру.*

ГИПОКСИЯ ***мед.*** *Организмде оттегінің жетіспеуі.*

ГИПОКСИЯЛЫҚ *Гипоксияға тән.*

ГИПОТЕНУЗА ***мат.*** *Тікбұрышты үшбұрыштың тікбұрышқа қарсы жағы.*

ГИПОТОНИЯ ***мед.*** *Қан қысымының төмендеуі.*

ГИПС, ҒАНЫШ 1. ***хим.*** *Сульфаттар класының минералы.* 2. *Дәрігерлік емдеу құралы.* 3. *Мүсін жасайтын материал.*

ГИПСТЕ *Гипске салу, гипске орау.*

ГИПСТЕУЛІ *Гипске ораулы.*

ГИПСТІ *Гипске салынған.*

ГИР *Таразының тасы.*

ГИПЮР *Әдемі бедерлі шілтер.*

ГИССАР: гиссар қойы — *құйрықты қойлардың арасындағы ең ірі тұқым.*

ГИСТОГЕНЕЗ ***биол.*** *Организмдегі ұлпалардың пайда болу, тіршілік ету, қайта түзілу процесі.*

ГИСТОЛОГ *Гистология маманы.*

ГИСТОЛОГИЯ ***анат.*** *Адам және көпклеткалы жануарлардың тінін тексеретін ғылым.*

ГИСТОЛОГИЯЛЫҚ *Гистологияға тән.*

ГИСТОХИМИЯ ***хим.*** *Гистологиялық химия.*

ГИТАРА ***муз.*** *Шанағы сегіздік есеп таңбасына ұқсас, музыкалық ішекті аспап.*

ГИТАРАШЫ *Гитараны жақсы ойнай, тарта білетін адам.*

ГЛАДИАТОР ***тар., көне*** *Рим елінде аренада басын өлімге тігіп, жеке адаммен не жабайы жыртқыш аңмен жекпе-жек сайысатын басыбайлы құл немесе соғыс тұтқыны.*

ГЛАУБЕР: глаубер тұзы ***мед.*** *– іш босатуға пайдаланатын ақ, қышқыл тұз; тұз сүргі.*

ГЛАУКОМА ***мед.*** *Көз ауруының бір түрі, су қараңғы.*

ГЛИСТ ***зоол.*** *Қара бас жыланқұрт; ішекқұрты.*

ГЛИЦЕРИН ***мед.*** *Әртүрлі майдан алынатын ақшыл сұйық зат.*

ГЛОБУС ***геогр.*** *Жер шарының кішірейтіп алынған шар тәріздес кейпі, көрнекі құрал.*

ГЛОССАРИЙ ***лингв.*** *Ескі мәтіндегі түсініксіз сөздерге берілетін түсінік; сөздік.*

ГЛОССИТ ***мед.*** *Тілдің талаурап ауруы.*

ГЛОТТОГОНИЯ ***лингв.*** *Тілдің шығуы және оның дамуы.*

ГЛОТТОГОНИЯЛЫҚ *Глоттогонияға тән.*

ГЛОТТОХРОНОЛОГИЯ ***лингв.*** *Тілдің шығуын, дамуын зерттейтін лингвистика ғылымының бір саласы.*

ГЛЮКОЗА ***мед.*** *Жүзім қантынан алынатын тәтті, дәмді ұнтақ дәрі.*

ГНӨСЕОЛОГИЯ ***филос.*** *Таным және оның түрлері, жолдары туралы философиялық ілім.*

ГНОСЕОЛОГИЯЛЫҚ *Гносеологияға тән.*

ГОБОЙ ***муз.*** *Ауызбен үрлеп ойналатын музыкалық аспап.*

ГОЛ ***спорт*** *Хоккей, футбол ойындарындағы ұпай.*

ГОЛЛАНД *Голландия мемлекетінің ұлты, халқы.* □ **Голланд пеші** *– Голландия елінде алғаш қолданған қақылтырлы дөңгелек пеш.* **Голландиялық сыр** *– сыр тағамының бір түрі.*

ГОЛЬФ I *Тізеден төмен киетін қысқа шұлық.*

ГОЛЬФ II ***спорт*** *Арнайы таяқ және доппен ойналатын спорт ойыны.*

ГОМИНДАН ***саяси*** *Қытайда болған ірі кертартпа ұлтшыл жер иелері, партиясы.*

ГОМОЗИГОТА *Тұқым қуалаушылық, бір-біріне ұқсаушылық.*

ГОНГ ***муз.*** *Соғып ойнайтын, музыка аспабының бір түрі, дабылқақпа.*

ГОНОН ***мед.*** *Жыныс мүшесінің қуатын қалпына келтіретін дәрі.*

ГОРИЗОНТ 1. ***геогр.*** *Көкжиек, көзжетер жер.* 2. ***геол.*** *Белгілі бір деңгейдегі қазбалы байлықтың қабаты.*

ГОРИЗОНТАЛЬ I ***геом.*** *Жазықтықтың бетіне жарыса сызылған көлденең сызық.*

ГОРИЗОНТАЛЬ II ***биол.*** *Кипаристің үйде өсірілетін бір түрі.*

ГОРИЗОНТАЛЬДЫ *Горизонталь болып келген.*

ГОРИЛЛА *Адамға ұқсас ірі маймыл.*

ГОРКА *Ыдыс-аяқ салатын шынылы шкаф.*

ГОРМОН ***физиол.*** *Ішкі секреция бездерінен бөлініп, белгілі бір ағза мүшелерінің қызметін қоздыратын, қанға қосылатын зат.*

ГОСПИТАЛЬ *Әскери аурухана.*

ГОСПИТАЛЬДЫҚ *Госпитальға тән.*

ГОТ: гот жазуы *– әріптері бұрыштанып, ұзынша болып келген латын жазуының графикалық бір түрі.*

ГОТИКА ***архит.*** *Орта ғасырлардың соңғы кезіндегі архитектура стилі.*

ГОТОВАЛЬНЯ *Сызу жұмысына қажетті керекті аспаптарды салатын ағаш құты.*

ГӨЙ-ГӨЙ 1. *Бірқалыпты сарын, дыбыс, үн.* 2. ***Ауысп.*** *Уайым-қайғы са-*

рыны, сарыуайым. **Гөй-гөйге басты** — *сары уайымға салынды.* ◊ **Гөй-гөй тартты** — *қатты қайғырды, зар иледі.*

ГӨЙ-ГӨЙЛЕ *Сарыуайымға салыну.*

ГӨР ***шыл.*** *Негізгі сөздің мағынасына орай өтініш, таңдану, кекету мәнін үстейтін шылау сөз.*

ГӨРІ *Шығыс септік жалғауындағы сөздермен тіркесіп, оған талғау, саралау мәнін үстейтін шылау сөз.*

ГРАДУС I 1. ***мат.*** *Тікбұрыштың тоқсаннан бір бөлігіне тең, жазық бұрыштың өлшеу бірлігі.* 2. *Ауа райы т. б. ыстықтығын я суықтығын есептейтін бірлік өлшем.*

ГРАДУС II *Арақ-шарап, сыра, т. б. ішімдіктердің ашу күшінің бірлік өлшемі.*

ГРАДУСТЫҚ *Градус өлшемдігіндей.* **Градустық өлшеу** ***астр.*** — *жердің пішіні мен өлшемін анықтау үшін жер бетінде жүргізілетін өте дәл астрономиялық және геодезиялық өлшеулер.*

ГРАМДА *Граммен өлшеу.*

ГРАМДАЙ *Грамм мөлшеріндей.*

ГРАМДЫҚ *Бір грамға тән.*

ГРАМЖАЗУ ***муз.*** *Музыкалық шығарманы, жеке адамдардың сөздерін қазқалпында арнаулы үлдір, күйтабаққа түсіріп жазып алу.*

ГРАММ *Метрлік өлшеу жүйесіндегі не салмақ өлшеміндегі кішкене бірлік.*

ГРАММАТИКА ***лингв.*** 1. *Тілдегі сөздердің өзгеруі мен түрленуін, сөздердің тіркесуі және сөйлем құру заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің саласы.* 2. *Тілдің дыбыстық жүйесін, сөз құрылысын олардың байланысу ережесін үйретететін оқулық.*

ГРАММАТИКАЛЫҚ *Грамматикаға тән, қатысты.* □ **Грамматикалық категория** ***лингв.*** — *формалары бір-бірімен ажыратылатын біртектес грамматикалық құбылыстардың жиынтығы, тобы.* **Грамматикалық мағына** — *сөздің сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсуі нәтижесінде туатын мағына.* **Грамматикалық тәсіл** — *сөз арасындағы әртүрлі қатынастарды, грамматикалық мағыналарды білдіру жолы.* **Грамматикалық форма** — *тілдегі сөздің лексикалық ұғымына қосымша мағына үстейтін түлға, морфема.*

ГРАММОФОН *Күйтабаққа жазылған дыбыстарды сөйлететін музыкалық аппарат.*

ГРАМОТА *Ерекше еңбек, зор жетістік үшін берілетін мақтау қағаз.*

ГРАНАТА *Жарылғыш снаряд.*

ГРАНАТОМЕТ ***әск.*** *Граната атқылайтын қару.*

ГРАНАТШЫ *Гранатпен қаруланған, гранат лақтырғыш.*

ГРАНИТ *Кварц қалпындағы қатты тау жынысы.*

ГРАНИТТЕЙ *Гранит сияқты мықты, қатты.*

ГРАНИТТІ *Гранитке өте бай, граниттен тұратын.*

ГРАНКА *Баспаханада терілген кітап, газет, мақалалардың беттелмеген түрі.*

ГРАНКАЛА *Гранкаға түсіру.*

ГРАФ ***тар.*** *Ұрпақтан ұрпаққа берілетін дворяндық атақ, осы атақты иеленуші адам.*

ГРАФАЛА *Қағаз бетіндегі сызықты белгілі бір мақсатқа арнап бөлу, бағаналау.*

ГРАФИК 1. ***мат.*** *Берілген функцияның өзгеру сипатын көрнекі түрде бейнелейтін қисық сызық.* 2. *Белгілі бір жұмыстың мерзімінде орындалуы үшін белгіленген жоспар.*

ГРАФИКА 1. ***лингв.*** *Жазу таңбалары.* 2. *Бірден қағазға түсіріліп көбейтілетін бейнелеу өнерінің бір түрі.*

ГРАФИКАЛЫҚ *Сызуға, жазуға тән.*

ГРАФИН *Сұйық зат құюға арналған жіңішке мойынды шыны ыдыс.*

ГРАФИТ ***геол.*** *Отқа төзімді заттар мен қарындаш жасау үшін пайдаланылатын қара не қарақошқыл түсті минерал.*

ГРЕЙДЕР 1. ***тех.*** *Жол сілемін белгілейтін, тегістейтін, жер қазатын ма-*

шина. 2. Осы машина көмегімен жасалып, қиыршық тас төселген жол.

ГРЕЙФЕР ***тех.*** *Көтергіш экскаватор және машинаның жүк қармағыш азулы құралы.*

ГРЕК *Грекияның негізгі халқы, ұлт.* ◊ **Грек жаңғағы** – *қос дәнді жаңғақ.*

ГРИБОК *Өсімдік клеткаларындағы іріп, ашуды қоздыратын, сондай-ақ дене, тері ауруларын асқындыратын өсімдік микроорганизмі.*

ГРИМ ***театр*** *Сахнада ойнау үшін қолданылатын бояу.*

ГРИМДЕ *Грим жағу.*

ГРИПП ***мед.*** *Тыныс жолдарының ауруымен байланысты болатын өте жұқпалы ауру.*

ГРОССМЕЙСТЕР ***спорт*** *Шахмат ойыны шеберлерінің ең жоғарғы атағы.*

ГРУЗИН *Грузияның негізгі халқы; ұлт.* ◊ **Грузин шайы** – *Грузия жерінде өсірілетін шай.*

ГУ *Кенеттен шыққан қатты үн, дыбыс.* ◊ **Гу ете қалды** – а) *жел, ауа бірден көтерілді, соқты;* ә) *хабар тез тарап, жұртты елең еткізді.*

ГУАШЬ ***хим.*** *Желім қосылып суға ерітілген, ақ сыр қосылған акварель бояуы.*

ГУ-ГУ 1. *Желдің толассыз ызыңдап, гүілдеп соғуы.* 2. *Қаптаған әңгіме-сөз, дабырлаған үн.*

ГУ-ГУЛЕ *Жапа-тармағай шулау, у да шу болу, гүілдеу.*

ГУДОК *Әртүрлі етіп берілетін механикалық ысқырық, сигнал.*

ГУДОКТЕТ *Гудок беру.*

ГУЛЕ 1. *Гу-гу дыбыс, үн шығару; үілдеу.* 2. *Дабыр-дүбыр сөйлесу, дуылдау.* 3. *Желдей есу, зулау.*

ГУЛЕМЕ *Бір сарынды гулеген үн, дыбыс.*

ГУМАНИЗМ *Адамға деген ізгі ниет, сүйіспеншілікпен қарайтын адамгершілік қасиет.*

ГУМАНИСТ *Гуманизмді уағыздаушы, қолдаушы.*

ГУМАНИСТІК *Гуманистке тән.*

ГУМАНИТАРЛЫҚ *Халықтың мәдениеті мен тарихын терең зерттеуге бейім қоғамдық ғылымға қатысты ғылым.*

ГУММА *Іріңдеген жара; теңге қотыр.*

ГУІЛ 1. *Бірыңғай толассыз, созыла шыққан, гу-гу дыбыс, үн.* 2. ***Ауысп.*** *Іштей тыну, егілу.*

ГУІЛДЕ 1. *Желдің, боранның үзілмей азынауы, ызыңдауы.* 2. *Дабырлап сөйлесу, шулау, дуылдау.* 3. *Гулеген дыбыс шығарып лаулау, тез жану.* 4. ***Ауысп.*** *Өсек-аяң көбею, дуылдау.*

ГУІЛДЕК 1. *Гуілдеп соққан, азынаған, ызыңдаған.* 2. ***Ауысп.*** *Боссөзділік, даурықпалық.*

ГҮЖ: гүж етті – а) *гүжілдей жуан дауыспен үн қатты;* ә) *гүр ете түсті, гүр етті.*

ГҮЖБАН *Жуан, дәу.*

ГҮЖБАНДАЙ *Тым жуан.*

ГҮЖ-ГҮЖ: гүж-гүж етті – *қайта-қайта гүжілдеді.*

ГҮЖ-ГҮЖДЕ *Айдап салу.*

ГҮЖДЕЙ *Гүжбандай, жұп-жуан.*

ГҮЖІЛ *Гүж-гүж еткен жуан дауыс; гуіл.*

ГҮЖІЛДЕ 1. *Гүж-гүж ету; гүрілдеп дыбыс шығару.* 2. *Судың бұрқ-сарқ қайнауы.* 3. ***Ауысп.*** *Дауыс көтеру, гүрілдеу.*

ГҮЖІЛДЕК *Жуан дауысты, гүжіл үнді, гүрілдек.*

ГҮЖІМ ***көне*** *Өте үлкен, зор.*

ГҮЛ 1. *Түрлі түсті, үлбіреген хош иісті өсімдіктің жалпы аты.* 2. ***Ауысп.*** *Жасөспірім, бүлдіршін.* 3. ***Ауысп.*** *Ажар, әр, көрік, келбет.* □ **Гүл алаңы** – *гүл өсірілген жер.* **Гүл бақша** – *неше түрлі гүл, алуан түрлі өсімдік өскен жер.* **Гүлдесте** – *байлам гүл, шоқ гүл.* **Гүл жазира** – *гүл жайнаған.* **Гүлжемір** ***биол.*** – *алма гүлін жейтін құрт, қоңыз.* **Гүлкіндік** ***биол.*** – *өнген гүлдің сабаққа орналасқан түбі, гүл табаны.* **Гүлтабан[тұғыры]** ***биол.*** – *гүлкіндік.* **Гүлтамақ** ***биол.*** – *гүл бүршігі.* **Гүл тостаған** ***биол.*** – *гүл тұқымын ораған қауыз, гүл қауызы.* **Гүлтостағанша** ***биол.***

– *жабық тұқымды өсімдіктер гүлінің сыртқы қабығы.* **Гүлшанақ** ***биол.*** – *гүл тостаған.* **Гүл шоғыры** ***биол.*** – *өсімдік өркендеріне немесе бұтағына топтанып орналасқан гүлдер.* **Гүлшоқ** – *бір жерде, бір түпте өскен топ гүл.* ◊ **Гүл атты (жарды)** – *гүлдеді, қалың гүл шашты.* **Гүл шашты** – а) *тегіс гүлдеді, гүл төкті;* ә) *жайнады, құлпырды.* **Гүл [гүлге] оранды [бөленді]** – *жаппай гүлдеді.* **Гүлі ерте ашылды** – *тым ерте есейді, өсті.* **Гүлі солды [гүлі ерте солды]** – *қайғы-қасіретке ұшырады, бағы тайды.*

ГҮЛ-БӘЙШЕШЕК *Түрлі түсті, көктем гүлі.*

ГҮЛ-ГҮЛ: гүл-гүл жайнады – *құлпырды, гүлденді.* **Гүл-гүл жанды** – *шексіз қуанышқа бөленді, шаттанды.*

ГҮЛДАР *Гүлі мол, көп гүлді.*

ГҮЛДЕ 1. *Гүл ашты, гүл шашты.* 2. ***Ауысп.*** *Құлпырып өсті, жайнады.* 3. *Өркендеді, өсті.*

ГҮЛДЕЙ *Гүл тәрізді, көркем, әдемі.*

ГҮЛДІ *Гүлі мол, қалың.*

ГҮЛДІК *Гүл егілетін алаң.*

ГҮЛДІР *Гүл салдыры, дыбыс.*

ГҮЛДІРЛЕ *Салдыр-гүлдір ету.*

ГҮЛЗАР *Гүл егілген алаң.*

ГҮЛКЕКІРЕ *Гүлдері уақ, көгілдір түсті, топтанып гүл себетін, биіктігі 30–60 см біржылдық шөптесін өсімдік.*

ГҮЛПАР ***биол.*** *Күлте жапырақшалары көп гүлдің бір түрі.*

ГҮЛСАУЫТ *Гүл салуға арналған өсімдік буйым.*

ГҮЛСТАН *Гүлденген, құлпырған жер, аймақ, ел.*

ГҮЛСТАНДАЙ *Гүлстан тәрізді.*

ГҮЛШЕҢ *Гүл өскіш, гүлді.*

ГҮЛ-ШЕШЕК *Гүл-бәйшешек, бүршік атқан гүл.* □ **Гүл-шешек атты** – *тегіс гүлдеп, құлпырды.*

ГҮМП: гүмп берді [етті] – *суға бірден қойып кетті, құлады.*

ГҮМП-ГҮМП: гүмп-гүмп етті – *гүмпілдеді, суға түсіп кетті.*

ГҮМПІ *Быршып ашып кету.*

ГҮМПІЛ *Гүмп-гүмп еткен дыбыс, дүмпіл.*

ГҮМПІЛДЕ *Гүмп-гүмп еткен; дүмпілден бірқалыпты дыбыс шығару.*

ГҮМПІТ *Суға гүмп еткізіп бірден батыру; гүмп еткізу.*

ГҮР: гүр етті – а) *гүрілдеген оқыс дауыс шығарды;* ә) *от лау етіп, бірден жанды*

ГҮР-ГҮР: гүр-гүр етті – а) *гүрілден жуан дауыс шығарды;* ә) *су сарқырап, долдана күркірей ақты.*

ГҮРЗІ ***көне*** *Ат үсті соғыста қолданылатын шоқпар тәрізді құрал.*

ГҮРКІЛ *Гүр-гүр еткен жуан дыбыс, дауыс.*

ГҮРС *Бір нәрсенің кенеттен құлауынан не қарудың атылуынан шыққан дыбыс, үн.*

ГҮРС-ГҮРС *Қайта-қайта гүрсілдеді.*

ГҮРСІЛ *Гүрс-гүрс еткен дыбыс.*

ГҮРСІЛДЕ *Гүрс-гүрс ету.*

ГҮРСІЛ-ДҮРСІЛ *Гүрс-гүрс, дүрс-дүрс еткен у-шу дыбыс.*

ГҮРТХАНА ***көне*** *Шығыс қалаларында шарап ішетін орын, шарапхана.*

ГҮРІЛ 1. *Гүр-гүр еткен, гүрілдеген дыбыс.* 2. *Судың қатты сарқырауы, гүрілі.* 3. *Айбат шегу, қаһарлану, күрілдеу, ырылдау.*

ГҮРІЛДЕ *Гүр-гүр ету, гүрілдеу, гүілдеу.*

ГҮРІЛДЕК *Дауысы жуан, гүрілдеп сөйлейтін.*

Ғ

ҒАЖАЙЫП *Ғажап, ғаламат.*

ҒАЖАП 1. *Ғажайып, тамаша, керемет.* 2. *Келісті, шебер.* ◊ **Ғажап қалды** — *қайран қалды, таңырқады.*

ҒАЖАПТАН *Таңдану, таңырқану.*

ҒАЗАЛ ***кітаб.*** *Соңғы екі жолы ұйқасып келетін түркі халықтарының лирикалық өлең өлшемі.*

ҒАЗАУАТ ***діни*** *Мұсылман діні жолындағы қасиетті соғыс.*

ҒАЙБАТ *Кісінің сыртынан айтылатын жалған сөз, өсек-аяң.* □ **Ғайбат айтты** — *өсекке таңды, орынсыз жамандады.*

ҒАЙБАТТА *Сыртынан жала жабу, даттау.*

ҒАЙБАТШЫ *Жала жабушы, өсекаяң таратушы.*

ҒАЙБАТШЫЛ *Өтірік-жала жапқыш.*

ҒАЙЫПАНА ***кіт.*** *Көзге көрінбейтін жасырын күш.*

ҒАЙЫП *Жоқ, жасырын, қияли, болжалды іс.* □ **Ғайып болды** — *ұшты-күйлі жоқ болды.*

ҒАЙЫПЕРЕН: Ғайыперен қырық шілтен ***діни*** — *Көзге көрінбей келіп, қысылған шақта демеу беретін пір.*

ҒАЙЫПТАН *Қапелімде, кенеттен.*

ҒАҚЛИЯ *Ой-пікірді философиялық тұрғыда тұжырымдайтын трактат; шығарма.* □ **Ғақлия сөз** — *өсиет, нақыл сөз.*

ҒАЛАМ *Бүкіл жер жүзі, әлем.*

ҒАЛАМАТ I *Таңғажайып, керемет, ғажайып.*

ҒАЛАМАТ II *Пәле.*

ҒАЛЫМ *Ақыл-ой иесі, ғұлама.*

ҒАНА *Шектеу, кішірейту мәніндегі демеулік шылау.*

ҒАНИБЕТ *Игілік, рахат, сәттілік, шүкіршілік.*

ҒАНЫШ *Ақ немесе сары түсті, құрамында әк бар минералды зат; гипс.*

ҒАПУ: ғапу ет — *кешірім ет.*

ҒАПЫЛ: ғапыл қалды — *қапы қалды, қапыда қалды, аңдамай қалды.*

ҒАРАП: ғарап болды — *апатқа ұшырады, талқаны шықты.*

ҒАРАПА ***діни*** *Айт болардан бір күн бұрын.*

ҒАРАСАТ: ғарасат майданы — *діни ұғым бойынша, қайта тірілген адамдардың о дүниеде жиналатын орны.*

ҒАРЫШ *Аспан әлемі, біртұтас әлем.* □ **Ғарыш кемесі** — *ғарышқа ұшатын көлік.*

ҒАРЫШАЙЛАҚ *Ғарышқа ұшатын аппараттарды жинап, даярлап ұшыратын құрылыс пен техникалық құрал-жабдықтар кешені.*

ҒАРЫШЖАЙ *Ғарыш кемелері мен жасанды жер серіктерін ұшыруға арналған арнайы алаң.*

ҒАРЫШКЕР *Ғарыш техникасын сынау мен ғылыми бақылауды жүргізу мақсатымен ғарышқа ұшушы адам.*

ҒАРЫШКЕРЛІК *Ғарыш туралы, планетаралық кеңістікке ұшу туралы ғылым.*

ҒАРЫШНАМА ***неол.*** *Аспан әлемі туралы ілім; космология.*

ҒАРЫШТА *Қарыштау, самғау, биіктеу, өрлеу.*

ҒАРЫШТЫҚ *Ғарышқа қатысты.*

ҒАРІП *Мүсәпір, міскін, бейшара.*

ҒАРІПТІК *Бейшаралық, мүсәпірлік.*

ҒАРІПХАНА ***неол.*** *Жасының ұлғаюына, еңбекке жарамсыздығына*

байланысты мемлекет қамқорлығына алынған панасыз адамдардың үйі.

ҒАСЫР 1. *Жүзжылдық мерзімді қамтитын уақыт өлшемі.* 2. *Белгілі бір тарихи дәуір, заман.*

ҒАСЫРЛАС *Бір ғасырда өмір сүрген, бір ғасырда туған замандас.*

ҒАСЫРЛЫҚ *Жүзжылдық мерзім.*

ҒАШЫҚ *Сүйіспеншілік, құштарлық, махаббат.* □ **Ғашық болды** — *құмартты, ынтықты.* **Ғашық жар** — *сүйіп қосылған, шын сүйген адам.*

ҒАШЫҚТЫҚ *Сүйіспеншілік, ынтызарлық.*

ҒИБАДАТ ***діни*** *Құдайға құлшылық, дінге бой ұсынушылық; ибадат.* □ **Ғибадат етті [қылды]** — *құлшылық етті, жалбарынды.*

ҒИБАДАТТЫҚ *Құдайға сиынушылық, жалбарынушылық.*

ҒИБАДАТХАНА ***діни*** *Құдайға құлшылық ету, сиыну, мінәжат үшін жиналатын орын, мешіт.*

ҒИБРАТ *Тәлім-тәрбиелік, өнегелік мәні бар нақыл сөз.* □ **Ғибрат алды** — *үлгі-өнеге тұтты.*

ҒИБРАТНАМА *Үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие болар лық пікір.*

ҒИБРАТТАН *Үлгі, өнеге алу.*

ҒИБРАТТЫ *Үлгілі, өнегелі.*

ҒИБРАТТЫҚ *Үлгілілік, өнегелілік.*

ҒИБРАТХАНА *Кесене, мавзолей.*

ҒИМАРАТ *Сәулетті құрылыс.*

ҒИНАЯТ ***көне*** *Жақсылық, рақым, қайырым.*

ҒОЙ *Демеулік шылау.*

ҒҰЛАМА *Асқан ой иесі, оқымысты, ғалым.*

ҒҰЛАМАЛЫҚ *Ғалымға тән ізгі қасиет.*

ҒҰРЛЫМ *Сияқты, секілді, тәрізді.*

ҒҰРПЫНША *Рәсімінше, салтынша, әдетінше.*

ҒҰРЫП *Салт-дәстур, әдет.*

ҒҰРЫПТЫҚ *Ғұрыпқа тән қасиет.*

ҒҰРЫПШЫЛ *Әдет сақтағыш, дәстүршіл.*

ҒЫЛЫМ *Табиғат пен қоғамның даму заңдылығы туралы білім жүйесі және сол ғылымның белгілі бір тарауы, саласы.* □ **Ғылым бақты** — *ғылымның соңына түсті, ізденді.* **Ғылым ордасы** — *ғылым-білім ошағы.*

ҒЫЛЫМ-БІЛІМ *Ғылым мен білім жиынтығы.*

ҒЫЛЫМДЫ *Көп оқыған, білімдар.*

ҒЫЛЫМДЫҚ *Ғылымға тән қасиет.*

ҒЫЛЫМИ 1. *Ғылымға қатысты, соған тән.* 2. *Ғылым принципіне негізделген, ғылым жолымен дәлелденген.* □ **Ғылыми атақ** — *ғылымның белгілі бір саласындағы еңбегі үшін берілетін ғалымдық лауазым.* **Ғылыми дәреже** — *белгілі ғылым саласын зерттеп мамандануына берілетін ғылыми дәреже.* **Ғылыми кеңес** — *жоғары оқу орны мен ғылыми-зерттеу мекемесі жұмыстарының негізгі бағыттарын қарайтын ұйым.*

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ *Ғылыми зерттеуге қатысты.*

ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК *Ғылым мен техниканың жетістіктерін ұғымды етіп таныстыратын.*

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ *Техника ғылымы саласына қатысшы.* □ **Ғылыми-техникалық прогресс** — *ғылым мен техника саласындағы алға басу.* **Ғылыми-техникалық революция** — *ғылымды қоғамдық өндірісті дамытудың жетекші факторына, нақты өндіргіш күштің өзіне айналдыру негізінде өндіргіш күштерді түбегейлі өзгерту, сапалық жағынан қайта құру.*

ҒЫЛЫМИ-ФАНТАСТИКАЛЫҚ *Ғылыми фантастикаға қатысты.*

ҒЫЛЫМПАЗ *Көп оқыған, білімді адам.*

ҒЫШ-ҒЫШ *Жылқы малын суарғанда айтылатын ишарат сөз.*

Д

ДА 1. *Сөз бен сөзді немесе сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын жалғаулық шылау.* 2. *Салыстыра айту үшін жұмсалатын шылау.* 3. *Сөйлеушінің сөзін, пікірін күшейту үшін қолданылатын шылау.* 4. *Күшейтпелі мағына беруге қолданылатын шылау.*

ДАБДЫРА *Абыржу, сасқалақтау.*

ДАБДЫРЛА *Дабдырау, даурығу.*

ДАБЫ *Тығыздау тоқылған ақшыл мата.*

ДАБЫЛ I 1. *Жорықта сарбаздарды, жұртты бір жерге жию үшін, саяткершілікте аңды үркіту үшін пайдаланатын дүңгіршек аспап.* 2. ***Ауысп.*** *Дақпырт, дабыс.* □ **Дабыл болды** — *түртікі, себеп болды.* **Дабыл жаңғыртқыш** — *дауысты күшейтуге арналған құрал.* **Дабыл жарғағы** ***анат.*** — *сыртқы есту жолын ішкі құлақ құрылысынан бөліп тұратын жұқа, сеппелі зат.* ◊ **Дабыл қақты [ұрды]** — а) *дабыл соқты, дабылдатты;* ә) *хабар берді, жар салды.* **Дабылы жер жарды** — *атақ-даңқы шартарапқа жайылды.*

ДАБЫЛ II ***муз.*** *Екі жақ беті көн терімен қапталып, саусақпен қағып ойнайтын музыкалық аспап.*

ДАБЫЛДА 1. *Жар салу, дабыл қағу, үндеу.* 2. *Қаңғыр-күңгір дыбыс шығару, дабылдау.*

ДАБЫЛДЫ *Дабыр-дүбірге толы.*

ДАБЫЛПАЗ *Дабыл қағушы, дабылшы.*

ДАБЫЛХАТ *Жұмыс бабындағы тиісті орындарға берілетін хабар; сигнал.*

ДАБЫЛШЫ *Дабыл ұрушы, дабыл қағушы, дабылпаз.*

ДАБЫР 1. *Даң-дүң, у-шу дыбыс.* 2. ***Ауысп.*** *Атақ, даңқ, дабыс.*

ДАБЫРА I *Даурықпа сөз, дақпырт.* ◊ **Дабыра болды** — *жария болды, әйгіленді.* **Дабыра етпеді [қылмады]** — *сыр шашпады, жұртқа жаймады.*

ДАБЫРА II ***муз.*** *Ұрып ойнайтын музыкалық аспап.*

ДАБЫРАЙ *Дардию, даурығу.*

ДАБЫРАЙТ *Дардиту, көтере, өсіре айту.*

ДАБЫРАЛА *Дабыра қылу, жариялау.*

ДАБЫРАЛЫ *Дабырайған, дардиған.*

ДАБЫРАСЫЗ *У-шусыз, дабырсыз.*

ДАБЫР-ДАБЫР *Қаңғыр-күңгір, дабыр-дүбір.*

ДАБЫР-ДҮБІР *Даң-дүң, дабыр-дабыр.*

ДАБЫРЛА *Улап-шулау, даурығу.*

ДАБЫРЛЫ *Дабыр-дүбірі көп, у-шуы мол.*

ДАБЫС 1. *Дауыс, үн.* 2. *Атақ, даңқ, абырой.* □ **Дабыс берді** — *дыбыстап үн шығарды.* ◊ **Дабысы жер жарды** — *атақ-даңқы елге жайылды, әйгіленді.*

ДАБЫСТА *Үн шығарып, дауыстау.*

ДАБЫСТЫ *Даңқты, атақты.*

ДАҒАЛАҢ *Егіз туған ешкінің соңғы лағы.*

ДАҒАР *Астық салуға арналған үлкен қап.*

ДАҒАРА I 1. *Бір центнердей астық сиятын үлкен қанар.* 2. *Рабайсыз үлкен, ебедейсіз.*

ДАҒАРА II *Кір жуатын леген, шылапшын.*

ДАҒАРАДАЙ *Абажадай, өте үлкен.*

ДАҒДАР *Не істерін білмей дал болу, абыржу.*

ДАҒДАРУШЫЛЫҚ *Не істерін білмей дал болушылық, абыржушылық.*

ДАҒДАРЫС 1. *Дағдарушылық, не істерін білмей абыржушылық, сасушылық.* 2. *Тығырыққа тірелушілік, қиыншылық.* 3. **экон.** *Тауарды артық өндіріп шығынға бату салдарынан экономикалық өмірдің құлдырап, жұмыссыздық пайда болып, күйзеліске ұшыраушылық.*

ДАҒДАРЫСТЫ: дағдарысты ахуал саяси – *түйыққа тірелген жағдай.*

ДАҒДЫ *Қалыпты әдет, машық.* □ **Дағдыға айналды** – *әдетке сіңді, машықтанды.* **Дағды алды** – *үйренді, көндікті.* **Дағды бойынша** – *жайшылықтағыдай, әдеттегіше.* **Дағдыдан тыс** – *ерекше, өзгеше.*

ДАҒДЫЛАН *Әдетке айналу, машықтану, үйрену.*

ДАҒДЫЛЫ 1. *Үйреншікті, машықты, әдетті.* 2. *Тәжірибелі, кәнігі, әккі.*

ДАҒДЫСЫНША *Әдетінше, қалпынша.*

ДАҒУА **көне** 1. *Уәж, дау, талас.* 2. *Атақ, даңқ, дәреже.* 3. *Мақсат, талап, іс-әрекет.*

ДАҒЫ *Демеулік шылау.*

ДАҒЫРА **муз.** *Барабан тектес ұрып-қағып ойнайтын аспап.*

ДАЙ-ДАЙ: дай-дай болды – *жақ-жақ болды, жік-жікке бөлінді.*

ДАЙРАҚТА: дайрақтай шапты – *түс-түстан андағайлап шапты.*

ДАЙЫН *Даяр, әзір.*

ДАЙЫНДА 1. *Қамдау, әзірлеу, реттеу.* 2. *Шикізатты, өнімді жинау, сұрыптау, өңдеу.* 3. *Белгілі бір мамандыққа, кәсіпке баулу, үйрету.*

ДАЙЫНДАУШЫ *Жинаушы, даярлаушы.*

ДАЙЫНДЫҚ 1. *Белгілі бір шараға әзірлік, қам жасаушылық.* 2. **театр** *Жаттығу процесі; репетиция.*

ДАЙЫНСЫЗ *Берекесіз, шалағай.*

ДАКТИЛОЛОГИЯ *Мылқау-саңыраулардың ымдап сөйлесетін саусақ әліппесі.*

ДАКТИЛОСКОПИЯ **заң** *Қылмыстыларды іздеу мақсатымен саусақтардың бедерін зерттейтін криминалистика ғылымының бір бөлігі.*

ДАҚ I 1. *Денеге түскен таңба, белгі.* 2. *Киімнің, не басқа бір заттың былғанған жерінде қалған тап.* 3. **Ауысп.** *Уайым-қайғының жарасы, реніш, қасірет.* ◊ **Дақ салды [түсірді]** – *а) бүлдірді, айғыздады; ә) атына кір келтірді.*

ДАҚ II *Дәл, нақ, тура, нағыз.*

ДАҚ III **көне** *Ой, ақыл.*

ДАҚ-ДАҚ: дақ-дақ басты – *тықтық басты.*

ДАҚПА-ДАҚ *Нақпа-нақ, дәлмедәл, түп-тура.*

ДАҚПА-ДАҚТАЛ *Тәптіштеп, нақтылап.*

ДАҚПЫРТ 1. *Алыпқашты даурықпа сөз, өсек-аяң.* 2. *Атақ, даңқ.*

ДАҚПЫРТСЫЗ *Ұ-шусыз, даурықпасыз.*

ДАҚПЫРТТА *Жариялау, әйгілеу, болымсыз істі өсіре жариялау.*

ДАҚПЫРТТЫ *Атақты, әйгілі.*

ДАҚСЫЗ *Таза, кірсіз.*

ДАҚТАН *Теңбіл-теңбіл болып дақ түсу.*

ДАҚЫЛ *Дәнді астық пен дәнді өсімдіктердің жалпы атауы.*

ДАЛ *Не қыларын білмей дағдарған, дел-сал.* ◊ **Дал болды** – *басы қатты, мәңгірді.* **Дал қылды** – *дағдартты, әрісәрі етті.*

ДАЛА I. *Кең-байтақ жазық өңір, құла түз. Сусыз шөл дала.* 2. *Есік алды, тыс.* 3. *Ауылды жер, қыр.* □ **Дала қосы** – *науқан кезіндегі уақытша баспана.* **Дала поштасы** – *әскери бөлімнің далаң жердегі поштасы.* ◊ **Далаға айтты** – *сөзі зая кетті.* **Далаға тастады** – а) *қараусыз қалдырды, қадірлемеді;* ә) *керексіз етті.* **Далада қалды** – а) *ешкімге қажеті болмады;* ә) *шаңына да ілеспеді, маңайламады.* **Даланы басына көтерді** – *қатты сөйлеп даурықты.*

ДАЛАДАЙ 1. *Кең-байтақ жазықтай.* 2. *Рабайсыз үлкен, кең.*

ДАЛА-ДАЛА *Сау-тамтығы жоқ, быт-шыт, пәре-пәре.* ◊ **Дала-даласын шығарды** – *парша-парша қылды.*

ДАЛАҚ *Үлкен алаша.*

ДАЛАҚ-ДАЛАҚ: далақ-далақ етті – *етегі жалп-жалп етіп жүгірді.*

ДАЛАҚТА 1. *Алды-артына қарамастан бей-берекет шабу.* 2. *Киімнің етек-жеңінің алқа-салқасы шығуы.* 3. ***Ауысп.*** *Жан-тәні қалмай елпелектеу, жалпаңдау.*

ДАЛАҚТАЙ *Үлкен, кең, мол.*

ДАЛАЛЫ *Жазық, кең жерге орналасқан, жері мол, үлкен.*

ДАЛАЛЫҚ *Далаға тән.* □ **Далалық госпиталь** – *әскери емхана.* **Далалық пошта** – *әскери бөлімнің шартты адресі.* **Далалық сот** – *армияда әскери тәртіпті бұзып қылмыс жасаған солдаттарды соттайтын орын.*

ДАЛАН *Қалыңдау етіп тоқылған ақ мата.*

ДАЛАҢ *Иесіз жер, иен дала.*

ДАЛАҢБАЙ *қарап.* *Істің жөнін білмейтін парықсыз.*

ДАЛАҢДА 1. *Далаң-далаң ету, далақтау.* 2. ***Ауысп.*** *Алды-артын ойламай, болмашыға мәз болу.*

ДАЛАҢҚАЙ *Жазық, ашық жер.*

ДАЛАҢҚЫЛАУ *Жазықтау, ашықтау.*

ДАЛАП *Әдемілік, сәндік үшін ерінге, бетке жағатын майлы қызыл бояу.*

ДАЛАПТА *Далаппен бояу, әдемілеу.*

ДАЛАПТАЙ *Далап секілді қып-қызыл.*

ДАЛАШЫҚ *Шағын гана жазықтық.*

ДАЛБА: далба ауыз – *далиған, үлкен ауыз.*

ДАЛБАҒАЙ *көне* *Күннен, жауыншашыннан қорғану үшін киетін жадағай баскиім, жалбағай.*

ДАЛБА-ДҰЛБА *Жұлма-жұлма, өрім-өрім, пәре-пәре.*

ДАЛБАЙ 1. ***кәс.*** *Бітеу сойылған аң терісі; тұлып.* 2. ***Ауысп.*** *Орынсыз бос дәлел, сылтау.*

ДАЛБАҚ *Үлкен, ірі, бейімсіз, далп-далп еткен; далбаңдаған.* ◊ **Далбақ қақты** – а) *құс қанатын сабалап, ұшуға талпынды;* ә) *киімнің шалғайы жиналмай, далпылдады.*

ДАЛБАҚТА 1. *Далп-далп ету, далбаңдау.* 2. ***Ауысп.*** *Қалбалақтап босқа мәз болу.*

ДАЛБАЛАҚТА *Дегбірі қалмай асып-сасу, қалбалақтау.*

ДАЛБАЛАН *Пәре-пәресі шығып жыртылу.*

ДАЛБАҢ: далбаң етті [қақты] – *далбаңдады, далп етті.*

ДАЛБАҢДА *Далбаң қағу, далбақтау.*

ДАЛБАҢ-ДАЛБАҢ: далбаң-далбаң етті – *далп-далп етті, далбаңдады.*

ДАЛБАСА *Болмас іске әуре болушылық, бос әурешілік, әбігершілік.*

ДАЛБАСАЛА 1. *Амалдап, айлалап әрекет істеу, тырбану, тырысу.* 2. *Сылтаурату, алдарқату.* 3. *Ептеп-септеп.*

ДАЛБАСАЛЫҚ *Болмас іске әуре болушылық, бос әурешілік.*

ДАЛДА 1. *Жасырын, таса жер, қаға беріс, қалтарыс.* 2. ***Ауысп.*** *Медеу, сүйеніш, тірек.*

ДАЛ-ДАЛ *Өрім-өрім, пәре-пәре, быт-шыт.* ◊ **Дал-дал қылды** – *быт-шыт етті, талқандады.* **Дал-далын шығарды** – *ойрандады, быт-шыт етті.*

ДАЛДАЛДА *Амалдау, айлалау.*

ДАЛДАЛЫ *Бой тасалайтын қалқалы, қалтарысты.*

ДАЛДАҢДА *Қақпай көрмей өсу; шолжаңдау.*

ДАЛ-ДҰЛ *Пәре-пәре, дал-дал, быт-шыт.*

ДАЛИ 1. *Кең жайылу, созылып жату.* 2. *Бір нәрсенің өте кең, үлкен болуы.* 3. ***Ауысп.*** *Көңілі шалқу, масаттану.*

ДАЛП: далп етті – *далпылдады, жалпылдады.*

ДАЛПЫЛДА 1. *Далбаң-далбаң ету, далақтау.* 2. *Құстың қанатын сабалап ұшуға әрекет жасауы.*

ДАЛПЫЛДАҚ *Далп-далп еткен, далпылдаған.*

ДАМБАЛ *Шалбар ішінен киетін жұқа ішкиім.*

ДАМЫ 1. *Қарқындап өсу, өркендеу.* 2. *Қалыптасу, жетілу.*

ДАМЫЛ 1. *Тыныштық, тыным.* 2. *Үзіліс.* ◊ **Дамыл алды** – *демалды, тыныстады.* **Дамыл бермеді** – *мазасын алды, мазалады.* **Дамыл көрмеді** – *тыныс таппады.* **Дамыл таппады** – *жаны қалмады, тыныштық көрмеді.*

ДАМЫЛДА *Демалу, тыныгу, тыныстау.*

ДАМЫЛ-ДАМЫЛ *Мезгіл-мезгіл, қайта-қайта.*

ДАМЫЛСЫЗ *Үздіксіз, толассыз, тынымсыз.*

ДАМЫЛСЫЗДАН *Тағатсыздану, шыдамсыздану.*

ДАНА I 1. *Кемеңгер, ақылды, данышпан.* 2. *Білгіш, ақылды адам.* □ **Дана сөз** – *өнегелі, үлгілі сөз.*

ДАНА II *Біртектес, біртүрлі заттардың сан мөлшері, дара саны.*

ДАНАГӨЙ *Болашақты болжай білетін ақылшы.*

ДАНАЛЫҚ 1. *Кемеңгерлік, данышпандық.* □ **Даналық сөз** – *тәлімдік мәні бар нақыл сөз.*

ДАНАСЫН *Білгішсіну, өзін ақылды санау.*

ДАНДАЙСУШЫЛЫҚ *Табысқа бас айналып асып-тасушылық, масаттанушылық.*

ДАНДАЙСУ *Кеудесіне нан пісіп, әлдеқандай болу, асып-тасу.*

ДАНДАН 1. *Пілдің сүйегі.* 2. *Піл сүйегінен жасалған тарақ.*

ДАНЫШПАН *Ақыл-білімі асқан ойшыл адам.*

ДАНЫШПАНДЫҚ *Данышпанға тән қасиет, кемеңгерлік.*

ДАНЫШПАНСЫ *Көп білгенсу, көсемсіну.*

ДАҢ *Айғай-ұйғай, у-шу.* □ **Даң болды [етті, қылды]** – *басы қатты, ашырады.*

ДАҢҒАЗА *Даурықпа, лепірме.* □ **Даңғаза дабыл** – *қатарынан бірнеше күс салатын саятшылық түрі.*

ДАҢҒАЗАЛЫҚ *Улап-шулап басына көтерушілік, даурығушылық.*

ДАҢҒАЙЫР 1. *Өз ісіне шебер, ерен жүйрік, жетік, білгір.* 2. *Даңғаза, лепірме, желікпе, даңғой, даукес.*

ДАҢҒОЙ *Есер, әулекі, мақтаншақ.*

ДАҢҒОЙЛАН *Есерсоқтану, әулекілену, бос мақтану.*

ДАҢҒОЙЛАУ *Есерсоқтау, есерлеу.*

ДАҢҒОЙЛЫҚ *Есерлік, желікпелік.*

ДАҢҒЫЛ 1. *Сайрап жатқан, бір тегіс.* 2. *Кең, ұзын көше.* ◊ **Даңғыл жол** – а) *кең, тегіс жол;* ә) *айқын бағыт.*

ДАҢҒЫЛАН *Даурығу, желігу, есерсоқтану.*

ДАҢҒЫР *Іші қуыс заттың басқа нәрсеге соғылуынан шығатын қаңғыр-күңгір дыбыс.*

ДАҢҒЫРА I ***муз.*** *Қазақтың қағып ойнайтын дыбысы күшті музыкалық аспабы.*

ДАҢҒЫРА II *Күмбірлеу, саңғырлау.* ◊ **Даңғыраған жол** – *сайрап жатқан даңғыл жол.*

ДАҢҒЫРАҚ *Даңғыр-дүңгір, даңғырлаған.*

ДАҢҒЫР-ДҰҢҒЫР *Даң-дұң, қаңғыр-күңгір.*

ДАҢҒЫРЛА 1. *Даңғыр-дүңгір; салдыр-гүлдір ету.* 2. *Дауысты көтеріңкіреп қатты сөйлеу.*

ДАҢҒЫРЛАҚ *Даңғыр-дүңгір еткен, қаңғырлақ, даңғырлақ.*

ДАҢ-ДҰҢ *Қаңғыр-күңгір, шаң-шүң.*

ДАҢҚ *Абырой-атақ; абырой.* □ **Даңқ мемориалы** – *белгілі бір тарихи уақиғаға не атақты адамға арнап қойылған ескерткіш тақта.* **Даңқ ордені** – *соғыста көрсетілген батырлығы үшін берілген орденнің түрі.* **Даңққа бөленді** – *құрметке ие болды.* **Даңқы асты [артты]** – *мәртебесі өсті.* **Даңқы жер жарды** – *атағы шықты.* **Даңқы шықты** – *атағы жайылды.*

ДАҢҚҚОЙ *Даңқшыл, атаққұмар.*

ДАҢҚҚОЙЛЫҚ *Даңққұмарлық, атаққұмарлық, мансапқорлық.*

ДАҢҚТЫ *Көпке аты жайылған, атақты, әйгілі.*

ДАҢЫЛДА *Даңғырлап қатты дауыс шығару.*

ДАП ***муз.*** *Үйғыр, әзірбайжан, армян халықтарының ұрып-қағып ойнайтын музыкалық аспабы.*

ДАП-ДАЙЫН *Дап-даяр, әп-әзір.*

ДАП-ДАРДАЙ *Әжептәуір, үп-үлкен, ересек.*

ДАР *Адам мойнына арқан, жіп салып, асып өлтіру үшін құрылған қос бағаналы ағаш.* ◊ **Дарға асты [тартты]** — *дар ағашқа асып өлтірді.*

ДАР: дар айырды — *киімді не матаны қақ айырып жыртты.* ◊ **Дар етті** — а) *қақ айырылып жыртылды;* ә) *гүр еткен дыбыс шықты.*

ДАРА 1. *Оңаша, жеке, оқшау.* 2. *Жалғыз, сыңар.* 3. ***Ауысп.*** *Басқадан артық, ерекше, өзгеше.* □ **Даражарнақты** — *тұқымы жалғыз жарнақтан тұратын.* **Жеке-дара** — *үздік, озық.*

ДАРА-ДАРА *Жеке-жеке, оқшау-оқшау, бөлек-бөлек.*

ДАРАҚ *Биік өскен, үлкен ағаш.*

ДАРАҚТА *Далаңдау, дараңдау.*

ДАРАҚЫ *Алды-артын байқамайтын, мақтаншақ, тыраш, әумесер, даңғой.*

ДАРАҚЫЛАН *Әумесерлену, даңғойлану.*

ДАРАҚЫЛАУ *Мақтаншақтау, әумесерлеу.*

ДАРАҚЫЛЫҚ *Есерсоқтық, әуегейлік, әумесерлік, тыраштық.*

ДАРАЛА 1. *Бір-бірлеп бөлу, жекелеу.* 2. *Өзгеден ерекшелеу, оқшаулау, өзгешелеу.*

ДАРАЛЫҚ 1. *Жалғыздық, жалқылық.* 2. *Ерекшелік, өзгешелік.*

ДАРАҢДА *Дарақтау, елпең қағу.*

ДАРАШЫЛ *Көпшіл емес, өзімшіл.*

ДАРАШЫЛДАУ *Өзімшілдеу, тәкаппарлау.*

ДАРАШЫЛДЫҚ *Томаға-тұйықтық, менменшілдік, өзімшілдік.*

ДАРБАЗА *Мекенжайдың, қораның үлкен қақпасы.* ◊ **Дарбаза ауыз** — *далиған үлкен ауыз.*

ДАРБАЗАЛЫ *Дарбазасы бар, дарбаза орнатқан.*

ДАРБАЗАШЫ *Қақпа күзетшісі.*

ДАРБАҚТА *Далбаңдау, жарбаңдау.*

ДАРБАҢДА *Далбаң-далбаң ету, қорбаңдау.*

ДАРВИНИЗМ *Тірі табиғат дамуының заңдары жөніндегі ілім.*

ДАРДАЙ *Үп-үлкен, соқталдай, бақандай.* ◊ **Дардай болды** — а) *масаттанып әлдеқандай болды;* ә) *көңілі көтеріліп риза болды.* **Дардай етті [қылды]** — *болмашыны үлкейтіп көтермелеп көрсетті.*

ДАРДАЙСЫ *Үлкен болғансу, кісімсу, әлдеқандай болу.*

ДАРДАҢ *Бетімен өскен дәлдүң, шолжың.*

ДАРДАҢ: дардаң-дардаң етті — *дарақыланды, дарақтады.*

ДАРДАҢДА *Емін-еркінсу, тайраңдау.*

ДАР-ДАР *Киімді, матаны, қағазды жыртқан кезде қайталанып шығатын дыбыс.*

ДАРДИ *Әлдеқандай болу, масаттану.*

ДАРИҒА *Шіркін, қайран, әттең.*

ДАРИҒА-АЙ *Дүние-ай, шіркін-ай.*

ДАРИЯ 1. *Ені кең, суы мол, терең үлкен өзен.* 2. ***Ауысп.*** *Есепсіз көп, қисапсыз мол.* ◊ **Дария шалқар көл** — *телегей-теңіз мол су.* **Дария кешті, тау өтті** — *қиын-қыстау жол кешті.*

ДАРИЯДАЙ *Дария сияқты ағылтегіл.*

ДАРҚАН 1. *Алаңсыз өмір, кең дүние, еркін, мол, бай.* 2. *Пейілі кең, жомарт, мырза.*

ДАРҚАНДЫ *Берекелі, кең, мол.*

ДАРҚАНДЫҚ *Жомарттық, кеңдік, байлық.*

ДАРҚАНСЫ *Жомартсыну, мырзасыну.*

ДАРҚОҢЫР ***зоол.*** *Жабайы үйрек.*

ДАРҚЫЛДАҚ *Қулығы жоқ, ақкөңіл.*

ДАРПЫЛ *Дарп-дарп еткен дыбыс.*

ДАРУ 1. *Емдік дәрі-дәрмек.* 2. *Шипа, ем, дауа.*

ДАРУ: Қыдыр дару – *шарапаты тию.*

ДАРУҒАШЫ ***көне*** *Ханның қаладағы тұрақты әкімі.*

ДАРУЛА *Емдеп-домдап дауалау, жазу.*

ДАРУЛЫҚ *Шипалық, емдік.*

ДАРУШЫ *Емші, емдеуші.*

ДАРШЫ *Биікке тартылған арқан үстінде цирк ойынын көрсететін өнерпаз, артис.*

ДАРЫ 1. *Оқтың т. б. қарудың денеші зақымдап, жарақаттауы.* 2. *Жақсы қасиеттің адам бойынан ерекше орын алуы, өнердің қонуы.* 3. *Дәрі-дәрмек, ем болу, қону.*

ДАРЫЛ *Дар-дар еткен дыбыс, гүріл.*

ДАРЫЛДА *Дар-дар, гүр-гүр еткен дыбыс шығару, барылдау.*

ДАРЫЛДАҚ *Дар-дар еткен, дарылдаған.*

ДАРЫМШЫ ***көне*** *Ем-дом жасаушы, халық емшісі, тәуіп.*

ДАРЫН *Адам бойындағы ерекше қабілет; талант.*

ДАРЫНДЫ *Асқан қабілетті, талантты.*

ДАРЫНДЫЛЫҚ *Дарыны барлық, қабілеттілік.*

ДАРЫНДЫРАҚ *Дарындылау, қабілеттірек.*

ДАРЫНСЫЗ *Қабілетсіз, талантсыз.*

ДАСТАН *Әдебиеттегі эпикалық жанр; сюжетті ұзақ жыр, қисса.*

ДАСТАНШЫ *Дастан жазушы, дастанды жатқа айтушы.*

ДАСТАР ***көне*** *Қымбат матадан орап жасалған, сәлдеден өзгеше, дайын күйіндегі баскиім.*

ДАСТАРҚАН 1. *Үстіне ас-тағам қою үшін жайылатын қалың мата.* 2. ***Ауысп.*** *Ішіп-жем, дәулет, ризық.* □ **Дастарқан мәзірі** – *ресторан, асханаларда тамақтардың түрі, бағасы көрсетілген тізім, меню.* ◊ **Дастарқан аттады** – *опасыздық жасады.* **Дастарқан байлығын берсін** ***алғ.*** – *ішіп-жемің мол болсын.* **Дастарқан қайырды** – *жақсы тілек айтып, бата берді.* **Дастарқанның жиылмасын** ***алғ.*** – *дәулетің мол болсын.*

ДАСТАРҚАНДАС *Дәмдес, тұздас, табақтас.*

ДАСТАРҚАНДЫ *Қашанда дастарқаны кең, мол, бай, берекелі.*

ДАТ I 1. *Тот.* 2. *Бір нәрсеге жұққан кір, дақ.* 3. *Өсімдікте болатын зардап; ауру.* 4. ***Ауысп.*** *Күйзеліс, реніш ізі.* 5. ***Ауысп.*** *Зіл, кек.*

ДАТ II ***көне*** *Тілек, өтініш айту мағынасын білдіретін қаратпа сөз.* □ **Дат айтты [алды]** – *тілек айтты.* **Дат сұрады** – *рұқсат сұрады, сөз сұрады.* **Дат етті** – *айтып жария етті; паш етті.* **Даты бар** – *шағынатын арыз сөзі бар.* ◊ **Дат дегізді** – *сан соқтырды, опық жегізді.*

ДАТА *Тарихи маңызы зор оқиғамен байланысты мерзім.*

ДАТҚА ***тар.*** *Қоқан мен Бұхара хандықтарындағы полковник дәрежесіне тең жоғары лауазым, атақ.*

ДАТТА *Ғайбаттау, жамандау, өсектеу.*

ДАУ 1. *Егес, керіс, жанжал.* 2. ***тар.*** *Ру ақсақалдарының алдына таластартысқа түскен мәселе.* ◊ **Дауға дамай** – *дауға қарсы бірдеме айту.* **Дауға қалды** – *жазықты болды.* **Дау салды [шығарды]** – *шатақ шығарды, жанжалдасты.*

ДАУА 1. *Жанға жағымды шипа, ем.* 2. *Амал, айла, лаж.* ◊ **Дауа бар ма, [болмас]** – *қолдан келер шара жоқ.* **Дауасы жеңіл** – *жарасы жеңіл, бір амалы табылар.*

ДАУАЛАМАҚ: көңілі [жүрегі] дауаламады – *батылы жетпеді, дәті шыдамады.*

ДАУАСЫЗ 1. *Жазылмайтын, ем қонбайтын.* 2. *Лажсыз, шарасыз.*

ДАУГЕР *Даулы істі қуушы, дау иесі.*

ДАУ-ДАМАЙ *Талас-тартыс, айтыс-тартыс.*

ДАУ-ДАМАЙСЫЗ *Талас-тартыссыз, айтыс-тартыссыз.*

ДАУДЫРЛА *Ашық-жарқын саудырлап сөйлеу.*

ДАУ-ЖАНЖАЛ *Талас-тартыс, ұрыс-керіс.*

ДАУКЕС *Даушыл, дауға жаны құмар.*

ДАУКЕСТІК *Дауласу, даушылдық, жанжалқұмарлық, дауқұмарлық.*

ДАУЛА *Біреуден аласысын талап ету; іздену.*

ДАУЛАС 1. ***орт. етіс*** *Дауласе.* 2. *Айтысып-тартысу, жанжалдасу, таласу.*

ДАУЛЫ *Таласты, дау-шарлы.*

ДАУРЫҚ *Дабырлап сөйлеу, лепіру.*

ДАУРЫҚПА *Бос, лепірме, көпірме сөз.*

ДАУСЫЗ 1. *Күмәнсіз, уәжсіз.* 2. *Жанжалсыз, тартыссыз, дау-дамайсыз.*

ДАУ-ШАР *Талас-тартыс, жанжал-керіс.*

ДАУШЫ *Дау қуушы, дауласушы адам.*

ДАУЫЛ *Жауын-шашынды кезде қатты үйтқып құтырына соғатын жел.*

ДАУЫЛДА 1. *Оттың лапылдай, лаулап жануы.* 2. *Құстың зуылдап ұшуы.*

ДАУЫЛДЫ *Боранды, бұрқасынды.*

ДАУЫЛПАЗ I 1. *Ұшқыр қыран құс, сұңқар.* 2. ***Ауысп.*** *Азаттық, бостандықтың жаршысы.*

ДАУЫЛПАЗ II 1. *Үлкен жорыққа қол аттанарда соғылатын дабыл.* 2. ***муз.*** *Соғып ойнайтын қазақтың көне музыкалық аспабы.*

ДАУЫС 1. *Таңдайдағы дауыс шымылдығының қозғалысы арқылы шығатын дыбыс, үн.* 2. ***муз.*** *Ән айтқанда шығатын музыкалық үн; музыкалық пьесадағы екі немесе бірнеше мелодияның бірі.* 3. *Қоғамдық, мемлекеттік мәселелерде өз пікірін білдіру құқығы, еркіндік үні, пікір.* □ **Дауыс шымылдығы** — ***лингв.*** *фонема, үн шығаруда үлкен қызмет атқаратын, жұтқыншақтың астына орналасқан мүше.* ◊ **Даусы жер астынан шықты** — *күміліжіп сөйлей алмады, міңгірледі.* **Даусы жер жарды** — *қатты айғайлады.* **Даусы сембеді** — *үні өшпеді, зарлады.* **Дауыс көтерді** — *ашумен қатты сөйледі.* **Дауысқа қойды [салды]** — *белгілі бір ұсынысты қабылдау үшін қол көтерді.* **Дауыс қойды** — *қаралы үйге жылап келді.* **Дауыс қосты** — *қолдады, қоштады.* **Дауыс қылды** — *жоқтау айтты, жоқтады.*

ДАУЫСТА *Қаттырақ сөйлеу, қаттырақ үн қату.*

ДАУЫСТЫ *Даусы бар, даусы күшті, зор.* □ **Дауысты дыбыстар** ***лингв.*** — *дыбыстау мүшелерінің бірыңғай толық қимылынан пайда болып, айтқанда фонациялық ауа кедергісіз шығатын, сөз ішінде буын жасайтын дыбыстар.*

ДАЯҒАШЫ ***көне*** *Даяшы.*

ДАЯР *Күнібұрын әзірленген; дайын.*

ДАЯРЛА 1. *Дайындау, қамдау, әзірлеу.* 2. *Белгілі бір мамандыққа, кәсіпке, өнерге үйрету.* □ **Даярлау бөлімі** — *жоғары оқу орнына емтихансыз түсу үшін оқушыларды оқытып, білім беретін дайындық бөлімі.*

ДАЯРЛЫҚ *Дайындық, әзірлік.* □ **Даярлық курсы** — *жоғары оқу орындарына түсетіндерге білім беру курсы.* **Даярлық тобы** ***пед.*** — *Балабақшада тәрбиеленуші 5–6 жастағы балалардың тобы.*

ДАЯШЫ 1. ***көне*** *Қожайынының жарлығын орындап отыратын басыбайлы қызметші.* 2. *Асхана, мейрамханада ас-тағам тасып, күтуші.* 3. *Ұлт ойындарын басқарушы.*

ДӘЙЕК *Дәлелді мағлұмат, дерек.* ◊ **Дәйек таппады [тұтпады]** — *тағат таппады, байыздамады.*

ДӘЙЕКСӨЗ *Белгілі бір ғалымның, не ақындар мен жазушылардың шығармаларынан сөзбе-сөз алынған үзінді.*

ДӘЙЕКСІЗ *Тұрақсыз, тағатсыз, тұрлаусыз.*

ДӘЙЕКСІЗДЕН *Дәйек таппау, тағатсыздану, тұрақтамау.*

ДӘЙЕКСІЗДІК *Берекесіздік, тағатсыздық, тұрақсыздық.*

ДӘЙЕКТЕ 1. *Анықтау, дәлелдеу.* 2. *Байыздау, тұрақтау.*

ДӘЙЕКТЕМЕ *Тиянақты тұжырымдама, дәлелдеме.*

ДӘЙЕКТІ 1. *Тиянақты, дәлелді, уәжді.* 2. *Табанды, тұрақты.*

ДӘЙЕКТІЛЕ *Тәптіштеп тиянақтау, дәлелдеу.*

ДӘЙЕКТІЛІК *Тыңғылықтылық, тиянақтылық.*

ДӘЙІМ *Әркез, әрқашан, үнемі, ылғи.* ◊ **Дәйім солай** — *үнемі сондай.*

ДӘКЕ *Селдір тоқылған жұқа, ақ мата.*

ДӘКЕЛЕ *Дәкемен таңу, орау.*

ДӘЛ 1. *Тура, дұрыс, анық, нақ.* 2. *Құйып қойғандай, шақ.*

ДӘЛДЕ 1. *Туралау, анықтау, сәйкестіру, үйлестіру.* 2. *Нысанаға алып тұптура көздеу; мүлт жібермеу.*

ДӘЛДЕГЕНДЕЙ *Тұп-тура көздегендей, дәлме-дәл, нақ.*

ДӘЛДЕСТІР *Тураластыру, теңестіру.*

ДӘЛДҮҢ *Есерсоқ, әумесер.*

ДӘЛДҮҢГІР *Шала естілеу, есерсоқ.*

ДӘЛДҮРІШ *Әр саладан үстірт қана білімі бар, ғылыммен не өнермен үстірт шұғылданатын адам; дүмше.*

ДӘЛДІ *Айқын, анық, нақтылы.*

ДӘЛДІК *Дұрыстық, нақтылық, анықтық.*

ДӘЛДІР I ***көне*** *Күміс ақша.*

ДӘЛДІР II *Әумесер, есірік.*

ДӘЛДІРЛЕ *Жоқты-барды теріп, шешенсіну.*

ДӘЛЕКУ ***қарап.*** *Дарақы, тыраш.*

ДӘЛЕКУЛЕН *Дарақылану, тыраштану, есерсоқтану.*

ДӘЛЕКІ: дәлекі түлкі — *жетілмеген, жүдеу, тықыр жүнді түлкі.*

ДӘЛЕЛ *Сылтау, айғақ; себеп.*

ДӘЛЕЛДЕ *Бір нәрсенің анық-қаныгына көз жеткізу, іспен анықтау, көрсету.*

ДӘЛЕЛДЕМЕ *Бір істің шындығына көз жеткізетін анықтама, куәлік.*

ДӘЛЕЛДІ *Нанымды, сенімді, орынды.*

ДӘЛМЕ-ДӘЛ *Тұп-тура, сайма-сай, нақпа-нақ.*

ДӘЛМЕ-ДӘЛДІК *Тұп-туралық, нақпа-нақтылық, сайма-сайлық.*

ДӘЛСІЗДІК *Дәл, тура еместік, жаңсақтық, үйлеспеушілік.*

ДӘЛУ: дәлу сөз — *өтірік-шыны аралас, дәмсіз сөз.*

ДӘЛІЗ ***жерг. 1.*** *Үйге кіре берісіндегі ауызүй; сенек. 2. Кеңсе, пәтер бөлмелерінің арасын қосатын тар ұзынша бөлме.*

ДӘЛІРЕК *Анығырақ, нақтырақ, айқынырақ.*

ДӘМ 1. *Таңдай, тіл арқылы сезілетін тағамдардың әртүрлі татымы.* 2. *Тамақ, тағам, ас.* ◊ **Дәм айдады [ауды, бұйырды, жазды, тартты]** — *баруға тура келді, сәті түсті.* **Дәм атсын [атқыр, ұрғыр]** — *жолы болмасын, ісі алға баспасын.* **Дәм ауыз тиді** — а) *астан дәм татып байқап көрді;* ә) *қонақ болды.* **Дәм бұйырса** — *дәм жазса, амандық болса.* **Дәм татқан құдығыңа түкірме** — *жақсылыққа жамандық істеме.* **Дәм татты** — а) *қонақ болды, тамақ ішті;* ә) *әр жерді көрді, аралады.* **Дәмі жоқ, татуы жоқ** — а) *тамақтың тұзы татымаған, дәмсіз;* ә) *мән-мағынасыз, мазмұнсыз.* **Дәмін арамдады** — *ойлаған жерден шықпады, үміт ақтамады.* **Дәмін татты** — а) *астың тұз-дәмін татып көрді;* ә) *өмірдің ащы-тұщысын басынан кешірді.* **Дәмі таусылды [бітті]** — *ажалы жетіп өлді.*

ДӘМ АЙЫРУШЫ *Тамақ, шай, шарап өнеркәсібінің сапасын айыратын дәмші маман.*

ДӘМАТА *Асаба, той басқарушы.*

ДӘМДЕ 1. *Тамақтың дәмін кіргізу, баптау.* 2. ***Ауысп.*** *Сөзді мәнерлеп айту.*

ДӘМДЕС *Дастарқандас, табақтас.*

ДӘМДЕС-ТҰЗДАС *Аралас-құралас, жақын-жуық, дос-жар.*

ДӘМДЕУІШ *Тамақтың дәмін келтіретін ащылы-тұщылы қосымша заттар.*

ДӘМДІ I. *Бабымен дайындалған татымды, тәтті (тағам).* 2. ***Ауысп.*** *Қызықты, мәнді, тартымды.*

ДӘМДІК *Тағамның дәміне қатысты ерекшелік.*

ДӘМДІЛІК *Нәрлілік, татымдылық, тәттілік.*

ДӘМДІРЕК *Татымдырақ, нәрлірек, дәмділеу.*

ДӘМЕ *Ниет, үміт, сенім.* □ **Дәме артты [етті, қылды]** — *үміттенді, сенді, күтті.* **Дәмесі зор** — *үміті, сенімі мол.* ◊ **Есек дәме** — *бос үміт, босқа емексу.*

ДӘМЕГӨЙ *Дәмесі зор, дәмелі, үміткер.*

ДӘМЕГӨЙЛЕН *Үміттену, дәмету.*

ДӘМЕГӨЙЛІ *Дәмесі, үміті бар, сенімі мол.*

ДӘМЕЛЕН *Сенім арту, үміттену.*

ДӘМЕЛІ *Үміткер, дәмегөй.*

ДӘМЕТ *Біреуден бірдеңе алғысы келу, дәмелену, үміттену.*

ДӘМЕТКІШ *Дәмеленгіш, дәмешіл.*

ДӘМҚОСАР *Тағамның дәмін кіргізу үшін пайдаланылатын қоспа.*

ДӘМСІЗ 1. *Ешқандай дәмі, татуы жоқ, ақау татыған.* 2. ***Ауысп.*** *Тартымсыз, мәнсіз (сөз).*

ДӘМСІЗДЕН *Тамақтың дәмі, татымы бұзылу.*

ДӘМСІЗДЕУ *Дәмі нашарлау.*

ДӘМСІЗДІК 1. *Тамақтың дәмді болмауы, татымсыздық.* 2. ***Ауысп.*** *Мәнсіздік, мағынасыздық.*

ДӘМ-ТҰЗ *Бабына келтіріп дайындалған тағам, ас.* ◊ **Дәм-тұз айдады [тартты]** — *дәм бұйырды, нәсібін жазды.* **Дәм-тұзы аралас** — *тату-тәтті, аралас-құралас.* **Дәм-тұз аттады** — *сенімді ақтамады, опасыздық жасады.* **Дәм-тұз атты** — *дәм ұрды, дәм атты; жолы болмады.* **Дәм-тұзы бітті [сарқылды, таусылды]** — *ажал жетті, дүние салды, өлді.* **Дәм-тұзы жарасты [қосылды]** — *бір-бірімен тіл табысып, тату-тәтті тұрды.* **Дәм-тұз тартса** — *аман-есен болса, амандық болса.*

ДӘМХАНА *Жеңіл-желпі тамақтанатын шағын қоғамдық орын.*

ДӘМІН ТАТУ *Азық-түліктің сапасын байқап дәмін айыру.*

ДӘН 1. *Өсімдіктің ұрығы, тұқымы.* 2. *Астық, дақыл, бидай.* 3. ***Ауысп.*** *Түйін, негіз, жүйе.* □ **Дән байлады** — *түйін салды.* **Дән салды** — *өсімдіктің дәні толыға бастады.* **Дәні толық** — *өсімдіктің дәні пісіп-жетілген, толыққан.*

ДӘН: дән риза [разы] — *мейлінше, шын көңілден.*

ДӘНДӘКУ I ***көне*** *Кісенің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы.*

ДӘНДӘКУ II *Нақұрыс, жындысүрей.*

ДӘНДЕ *Дәнігу, құныгу.*

ДӘНДЕН *Дән алу, дәні толу.*

ДӘНДІ I. *Жалпы астық тұқымдасына жататын (дақыл).* 2. *Дәні толық.*

ДӘНДІК *Азықтық, жемдік.*

ДӘНЕК *Жемістің сүйегінің ішіндегі дәні.*

ДӘНЕКЕР 1. *Біреу мен біреуді селбестіруші, жалғастырушы, тығыз байланыс.* 2. *Екі заттың арасын қосып біріктіруші, ұстатушы балқыған металл.* 3. *Себеп, айғақ, дәлел.* □ **Дәнекер болды** — *септестірді, жалғастырды.*

ДӘНЕКЕРЛЕ 1. *Біреу мен біреуді селбестіріп жақындастыру.* 2. *Заттарды балқытылған металмен — дәнекермен біріктіру.*

ДӘНЕКЕРЛІ *Дәнекер болғандай, байланысты.*

ДӘНЕКЕРЛІК *Дәнекер болғандық.*

ДӘНЕКЕРШІ 1. *Байланыстырушы, жалғастырушы.* 2. *Дәнекерлеуші адам.*

ДӘНЕКТІ *Дәнегі бар.*

ДӘНЕКҮС *Жарымес, делқұлы.*

ДӘНЕМЕ *Ештеме, еш нәрсе.*

ДӘНСЕПКІШ ***тех.*** *Дәнді топыраққа сеуіп, сіңіретін ауылшаруашылық машинасы.*

ДӘНТАЗАЛАҒЫШ ***тех.*** *Қырмандарда, элеваторларда астық тазалауға арналған машина.*

ДӘНІК 1. *Құмарту, құныгу, дәндеу;* 2. *Бір әдетке үйрену, берілу, машықтану.*

ДӘП *Тура, дәл, нақ.*

ДӘП-ДӘЛ *Құйып қойғандай, шапшақ, тұп-тура.*

ДӘП-ДӘМДІ 1. *Дәмі жақсы, тәптәтті.* 2. *Мәнді, мәнерлі.*

ДӘП-ДӘУ *Үп-үлкен, соқталдай.*

ДӘПТЕР *Жазуға ыңғайланып түптелген бірнеше беттен тұратын ақ қағаз.*

ДӘРЕЖЕ 1. *Мәртебе, даңқ, абырой.* 2. *Үкімет тарапынан берілетін атақ, шен, қызмет.* 3. *Мөлшер, шама, меже; деңгей.* 4. ***мат.*** *Өзара тең сандардың неше рет көбейтілгенін көрсететін мөлшер.* ◊ **Дәреже көреді** — *жақсылық деп түсінеді, мақтан етті, атақ алғандай көреді, шенді, атақты.*

ДӘРЕЖЕЛЕС *Шама-шарқы, дәрежесі бірдей, қатарлас.*

ДӘРЕЖЕЛЕУ: дәрежелеу амалы ***мат.*** *— өзара тең сандарды көбейту жолы, тәсілі.*

ДӘРЕЖЕЛІ 1. *Атағы, шені, қызметі жоғары.* 2. *Марапат, сыйлықтың айырмашылық белгісі.*

ДӘРЕТ 1. *Организмнен қорытылып шыққан артық зат; несеп.* 2. ***діни*** *Тазалық, тәртіп.* □ **Дәрет алды** — *намаз оқуға әзірленді.* **Дәретке отырды [дәрет сындырды]** — *түзге отырды, түзге шықты.* **Дәрет су** — *дәрет алуға дайындап қойған су.* **Дәреті бар** ***діни*** — *намаз оқу үшін қажетті тазалығы бар.* **Дәреті бұзылды** — *намаз оқуға әзірлігі, тазалығы болмай қалды.*

ДӘРЕТТЕ *Сүйекті жуып тазалау.*

ДӘРЕТТЕН *Дәрет алу.*

ДӘРЕТХАНА *Дәретке отыратын орын.*

ДӘРКЕР *Мұқтаж, зәру, қажет.*

ДӘРКҮМӘН *Шек, күдік, шүбә.*

ДӘРМЕН *Күш-қуат, шама.* ◊ **Дәрмені құрыды** — *діңкеледі, титықтады.*

ДӘРМЕНЕ ***бот.*** *Биіктігі 25—40 см келетін жусан тектес көпжылдық дәрі-дәрмектік өсімдік.*

ДӘРМЕНСІЗ *Күш-қуат, шамасы кем, әлсіз, қуатсыз.*

ДӘРМЕНСІЗДЕН 1. *Әлсіздену, қуатсыздану, қалжырау.* 2. *Нашарлау, шарасыздану.*

ДӘРМЕНСІЗДЕУ *Күшсіз, әлсіз.*

ДӘРМЕНСІЗДІК *Әлсіздік, қуатсыздық.*

ДӘРУМАЙ ***мед.*** *Жараны емдейтін май.*

ДӘРУІШ ***көне*** *Суфизм ағымын қолдаушы, дүние қызығынан безген адам; диуана, қайыршы, кедей.*

ДӘРІ 1. *Ауырған адамды емдеу үшін қолданылатын дәрі-дәрмек.* 2. *Мылтық ату, тау-тасты қопару үшін керекті тез тұтанғыш, оталғыш зат, химиялық элемент, қоспа.* 3. ***Ауысп.*** *Жанға жайлы, ем-шипа.* 4. *Қажет, зәру.*

ДӘРІБАЙ ***бот., көне*** *Сарыбас, шай шөп, шайқурай.*

ДӘРІГЕР *Жоғары дәрежелі медициналық білімі бар маман.*

ДӘРІГЕРЛІК *Дәрігерге тән.* □ **Дәрігерлік еңбек сараптау комиссиясы** — *азаматтың ұзақ мерзімге не біржола еңбекке жарамсыздығын анықтайтын комиссия.* **Дәрігерлік сараптама** — *кейбір мәселелерді шешуде медицина жетістіктерін пайдаланып қорытынды шығару, медициналық анықтама беру.*

ДӘРІ-ДӘРМЕК *Дәрі және емдеуге қажетті шипалы заттар.*

ДӘРІ-ДӘРМЕКТІК *Дәрі-дәрмекке қатысты.*

ДӘРІЛЕ 1. *Дәрі жағу, дәрі себу.* 2. *Мылтық оғына атылу үшін дәрі салу.*

ДӘРІЛІК *Дәріге тән емдік қасиет.*

ДӘРІПТЕ *Үлгі-өнеге тұту, мақтан ету, мадақтау.*

ДӘРІПТЕГІШ *Мақтағыш, мадақтағыш.*

ДӘРІС I *Арнаулы оқыған сабақ, лекция.*

ДӘРІС II *Оқу материалы бойынша немесе белгілі бір тақырыпқа жасалған арнаулы баяндама.*

ДӘРІСКЕР *Дәріс оқитын адам.*

ДӘРІСКЕРЛІК *Дәріскер болушылық, дәріс оқушылық.*

ДӘРІСХАНА *Лекция оқуға арналған бөлме, жай.*

ДӘРІХАНА *Дәрі-дәрмек даярлап және оны сататын орын; мекеме.*

ДӘРІХАНАШЫ *Дәріхана қызметкері.*

ДӘСЕР *Бәлсіну, бәлі болу, әлдеқандай болу.*

ДӘСЕРЛЕ *Масаттану, шаттану.*

ДӘСТҮР *Әдетке айналған салт-сана, ғұрып.*

ДӘСТҮРЛІ *Әдетке айналған, салтқа енген.*

ДӘСТҮРЛІК *Дәстүр болған, дәстүрге айналған.*

ДӘТ *Тағат, сабыр, шыдам, төзім.* ◊ **Дәтке қуат** – *көңілге демеу, медеу.* **Дәт қылмады [тұтпады]** – *сабыры жетпеді, шыдамады.* **Дәті бармады [жетпеді]** – *батылы жетпеді, жүрегі дауаламады.* **Дәті берік [мықты]** – *шыдамды, төзімді.*

ДӘТТЕ I. *Көздеу, діттеу, ойлау.* 2. *Жамандау, даттау.* 3. ***Ауысп.*** *Жеріне жеткізе айту, тәптіштеу.*

ДӘУ 1. *Үлкен, зор, ірі.* 2. *Аңыз-әңгімелерде кездесетін аса зор, алып.* 3. ***Ауысп.*** *Атақ-дәрежесі жоғары, үлкен, зор (адам).*

ДӘУ-ДӘУ *Үлкен-үлкен, ірі-ірі.*

ДӘУДЕ: дәу де болса – *әйтсе де, сірә, тегі.*

ДӘУЕМ *Ылғи, үнемі, дайым.*

ДӘУЛЕСКЕР ***муз.*** *Орындаушылық мүмкіндігі айрықша күшті, асқан шебер музыкант.*

ДӘУЛЕСКЕРЛІК *Музыкалық аспапта ойнаудағы не бір музыкалық шығарма орындаудағы асқан шеберлік.*

ДӘУЛЕТ 1. *Дүние-мүлік, байлық, қазына.* 2. ***Ауысп.*** *Талай, бақ, ырыс.* ◊ **Дәулет бітті [қонды]** – *қорланды, байыды.* **Дәулетке батты [кенелді]** – *дүние-мүлкі көбейді, байыды.* **Дәулеті қайтты [тайды]** – *басынан бағы ұшты.* **Дәулеті асқан** – *ырысы тасыған.* **Дәулеті [судай] тасыды [шалқыды]** – *бағы жанды, тасы өрге домалады.* **Дәулеті шайқалды** – *бағы қайтты.*

ДӘУЛЕТТЕН *Мал-мүлкі көбею, баю.*

ДӘУЛЕТТІ *Әлді, қуатты, ауқатты.*

ДӘУЛЕТТІЛЕУ *Әлділеу, ауқаттылау.*

ДӘУЛЕТТІЛІК *Әлділік, ауқаттылық.*

ДӘУПЕРІ 1. ***миф.*** *Ертектерде кездесетін алып денелі пері.* 2. ***Ауысп.*** *Өте күшті, аса зор сықырлы әулие.*

ДӘУПІРІМ *Өр кеуде, долы.*

ДӘУРЕН 1. *Өмір, заман, кезең.* 2. *Қызыққа толы бақытты шақ.* □ **Дәурен кешті [шекті]** – *өмір сүрді, тіршілік етті.* **Дәурені өтті** – *дүниенің қызығы кетті.* **Дәурен сүрді** – *өмірдің қызығын көрді.*

ДӘУРЕНДЕ *Бағы жанып дегені болу.*

ДӘУСІН *Өзін зор санау, мықтысыну, күштісіну.*

ДӘУІР I 1. *Тарихи кезең, заман.* 2. *Мөлшерлі уақыт, белгілі бір мерзім.* 3. *Білігі жүріп, дегені болып тұрған кез, мезгіл, уақыт.* □ **Дәуір сүрді** – *өмір кешті, дәурен сүрді.* **Дәуірі жүрді** – *билік өз қолында болды.*

ДӘУІР II ***діни*** *Жаназа шығарар алдында орындалатын діни салт.*

ДӘУІРЛЕ 1. *Қызық көру, рақат дәурен сүру, асқындау, дегені болу.* 2. *Күшею, шарықтау.*

ДӘУІРЛІК *Бір дәуірге тән, дәуір айырмашылығын танытарлық.*

ДӘУІРНАМА *Үлкен тарихи уақиғалар жайында жазылған көлемді шығарма; эпопея.*

ДӘУІТ I ***зоол.*** *Алдыңғы екі аяғы ұзын үлкен шегіртке тәріздес жәндік.*

ДӘУІТ II ***көне*** *Сиясауыт.*

ДЕ I 1. *Деу, бірдеме айту.* 2. *Солай деп есептеу, санау.* 3. *Тілеу, сұрау мағынасын білдіреді.* 4. *Есімді, атты.* 5. *Сөйлемнің бірыңғай мүшелері арасында қайталанып айтылып, күшейтпелі мән білдіреді.* 6. *Санаспай, есептеспей.*

ДЕ II *Шылау мәнін де береді.*

ДЕБЕТ ***қаржы.*** *Бухгалтерлік есептердің кіріс, қарыз, шығындар жазылатын сол жақ беті.*

ДЕБИТОР ***бухг.*** *Қарыздар, борыштар.*

ДЕБІСКЕ *Киіз бетін матамен оюлап жасаған жеңіл сырмақ.*

ДЕБЮТ 1. ***театр*** *Артистің театр сахнасына тұңғыш рет шығуы.* 2. ***спорт*** *Шахмат ойынының бастапқы жүрістері.*

ДЕВАЛЬВАЦИЯ *Қағаз ақша курсының төмендеп құнсыздануы.*

ДЕГБІР *Шыдам, тағат, төзім.* ◊ **Дегбірі қалмады [таппады]** — *әбігері шықты, абыржыды.* **Дегбірі кетті [қашты]** — *құты қашты, берекесізденді.* **Дегбірін алды** — *тағатсыздандырды, састырды.*

ДЕГБІРЕ *Асып-сасу, берекесі қашу.*

ДЕГБІРСІЗ *Тағатсыз, шыдамсыз, төзімсіз.*

ДЕГБІРСІЗДЕН *Тағатсыздану, шыдамсыздану.*

ДЕГБІРСІЗДЕУ *Шыдамсыздау, сабырсыздау, тағатсыздау.*

ДЕГБІРСІЗДІК *Тағатсыздық, шыдамсыздық, сабырсыздық.*

ДЕГДАР I *Асылтұқымды, жуан текті.*

ДЕГДАР II *Бейжай, дел-сал.*

ДЕГДАРЛЫ *Затты, текті.*

ДЕГДІ *Сорғу, құрғау, кебу, толарсу.*

ДЕГЕЛЕК ***зоол.*** *Көбіне сулы жерді мекен ететін, құтан тұқымдастарына жататын жыртқыш құс.*

ДЕГЕЛЕҢ: дегелең қақты — *елпең қақты; құрақ ұшты.*

ДЕГЕН *Көңілге түйген, ойлаған (мақсат, арман).*

ДЕГЕНДЕЙ *Ойлағандай, көңілдегідей.*

ДЕГЕНМЕН *Бірақ та, әйтсе де, алайда, сүйтсе де.*

ДЕГЕРЕС *Тауларда, кейде жазық далада көп кездесе беретін домалақ, тақия төбелер.*

ДЕДЕК: дедек қақты — *а) аягы-аягына тимеді, дедектеді; ә) тыныштық көрмеді, зыр жүгірді.*

ДЕДЕКТЕ *Қол-аягы жерге тимеу, дедек қағу.*

ДЕДУКЦИЯ ***психол.*** *Ойлаудың бүтіннен бөлшекке, жалпыдан жалқыға көшу жолы.*

ДЕЗИНФЕКЦИЯ *Ауру тудыратын микробтарды химиялық заттармен тазарту жолы.*

ДЕЗИНФЕКЦИЯЛА *Дезинфекция жүргізу, дәрілеу.*

ДЕЗИНФЕКЦИЯЛАҒЫШ *Ауру тудыратын микробтардан арылтқыш.*

ДЕИЗМ ***филос.*** *Құдайдың бар екендігін дүниенің бірінші себебі ретінде мойындайтын діни-философиялық ілім.*

ДЕЙІ: дейі қатты — *діні қатты, қатыгез.*

ДЕЙІН *Бір нәрсенің межесін, шегін танытатын шылау; шейін.*

ДЕЙІНГІ *Белгілі бір шамаға жеткендік, мөлшер, шейінгі.*

ДЕКАН *Жоғары оқу орындарындағы факультет меңгерушісі.*

ДЕКАНАТ 1. *Факультет басқармалар алқасы.* 2. *Факультет басқармасы орналасқан бөлме, орын.*

ДЕКЛАМАТОР *Көркем шығарманы шеберлікпен жатқа айтатын адам.*

ДЕКЛАМАЦИЯ *Көркемсөз оқу шеберлігі.*

ДЕКЛАРАЦИЯ *Жұртшылыққа бір шаруа жайлы жария ететін ресми мәлімдеме.*

ДЕКОРАЦИЯЛЫҚ *Сәндік үшін істелген, көркемдік.*

ДЕКОРАТОР 1. *Декорация жасап сурет салатын суретші.* 2. *Сахнаны безендіретін маман адам.*

ДЕКОРАЦИЯ *Спектакльде көрсетілген әрекеттің болған жерін, көркем-*

деліп жасалған архитектуралық бейнесімен сахнада көрсету; сахна көркі.

ДЕКРЕТ I *Жоғары өкімет орнының заң есебіндегі қаулысы, нұсқауы.*

ДЕКРЕТ II *Аягы ауыр әйелдерге берілетін заңды демалыс.*

ДЕЛБЕ I *Арба-шанаға жегілген атты жөнге сап отыратын қайыс божы.*

ДЕЛБЕ II *Жұқпалы мал ауруы; тентек, жынды.*

ДЕЛБЕ: көңілін делбеді – *көңілін аулады, ойын бөлді.*

ДЕЛБЕГЕЙ *Қолқылдаған кең.*

ДЕЛБЕГЕЙЛЕН *Киім етегінің желмен көтеріліп желпілдеуі.*

ДЕЛБЕЛЕКТЕ *Делбең-делбең ету, қалбалақтау.*

ДЕЛБЕҢДЕ *Желп-желп ету.*

ДЕЛБЕҢ: делбең етті – *серең ете түсті.*

ДЕЛБЕШІ *Божыны ұстап ат айдаушы адам; көшір.*

ДЕЛДАЛ 1. *Екі кісінің арасын келістіру үшін жүретін дәнекер, келістіруші адам.* 2. ***Ауысп.*** *Сатушы мен алушы арасында жүретін пайдакүнем.*

ДЕЛДАЛДЫҚ *Келістірушілік, дәнекерлік.*

ДЕЛДЕК *Делдиген үлкен, кең.*

ДЕЛДЕҢДЕ *Желдің әсерінен етекжеңнің жоғары көтеріліп желбіреуі.*

ДЕЛДИ 1. *Киімнің не басқа бір нәрсенің желбіреуі.* 2. *Мұрынның, құлақтың делдиюі.*

ДЕЛЕБЕ: делебесі қозды – *көңілі алыпұшты, желікті.*

ДЕЛЕГАТ *Белгілі бір жиынға мемлекеттің я ұжымның атынан сайланған өкіл.*

ДЕЛЕГАЦИЯ *Мемлекеті не болмаса істеп жүрген ұжымы атынан сайланған өкілдер тобы.*

ДЕЛЕГЕЙ ***көне*** 1. *Қыздардың киетін ұлттық баскиімі.* 2. *Екі құлағы түсіріңкі қыстығүні боранда киетін баскиім.*

ДЕЛЕҢ: делең етті [қақты] – *көлбең-көлбең етті, көлбеңдеді.*

ДЕЛЕҢДЕ 1. *Киімнің етегі желп-желп ету.* 2. *Алаңдау, елеңдеу.*

ДЕЛЕҢ-ДЕЛЕҢ: делең-делең етті – *делдең-делдең етті.*

ДЕЛИ 1. *Көңілі шалқып мағаттану, далию.* 2. *Не қыларын білмей дал болу.*

ДЕЛИКАТЕС *Жеңсік ас.*

ДЕЛҚҰЛЫ *Есі кіресілі-шығасылы, жындысүрей.*

ДЕЛ-САЛ *Меңзеңдік, бейжайлық, сүлесоқтық.*

ДЕЛЬФИН ***зоол.*** *Сүтқоректілер тобына жататын, кит, балық тектес, үлкен тісті теңіз жануары.*

ДЕМ 1. *Тыныс мүшелері арқылы сырттан ішке тартылатын не іштен сыртқа шығарылатын леп; тыныс.* 2. ***Ауысп.*** *Күш, қуат, бу.* □ **Демалды** – *сергіді, ес жиды, тынықты.* □ **Дем [нің] арасында** – *тез арада, лезде, дереу.* **Дем берді** – *рухтандырды, жігерлендірді.* **Демге келтірмеді** – *мұршасын келтірмеді.* **Дем жетпеді** – *ауа жетпей тынысы тарылды.* **Дем салды** – *емдеген боп ұшқырді.* **Демі бітті** – *дүние салды, қайтыс болды.* **Демі құрыды** – *шаршап-шалдықты, қалжырады.* **Демін басты** – *ентігін басып, тыныс алды.* **Деміне [кеудесіне] нан пісті** – *мақтанып ісіп-кепті.*

ДЕМАГОГ *Жұртты құрғақ сөзбен алдауға тырысатын адам; көпірме, даурықпа.*

ДЕМАГОГИЯ ***саяси*** *Жалған ұрандар мен бос сөзбен көпшілікті алдап, еліктіру саясаты.*

ДЕМАГОГТІК *Көпірме, боссөздік.*

ДЕМАЛЫС 1. *Тыныгатын күн, жексенбі.* 2. *Демалу үшін заңды түрде уақытша жұмыстан босатылатын мерзім.*

ДЕМБЕ: дембе қақты *діни* – *сусыз жерде намаз оқу үшін қолды жерге тигізіп алатын дәрет.*

ДЕМБЕ-ДЕМ *Ауық-ауық, әлсін-әлсін; үнемі.*

ДЕМБЕЛ *Шомбал ағаштың оқтауы.*

ДЕМБЕЛШЕ *Орта бойлы, етжеңді, мығым денелі.*

ДЕМБЕЛШЕЛЕУ *Орта бойлылау, мығымдау.*

ДЕМБІ ***этн.*** *Кереге желісінің көк (таспа) өтетін жеріне алдын ала салынатын белгі.*

ДЕМДЕ I *Әп-сәтте, лезде, шапшаң, жылдам, тез.*

ДЕМДЕ II 1. *Шай, шөп дәрі сияқтыларды қайнатып шығару, бұқтыру.* 2. *Көңілі орнына түсіп жайлану.* 3. *Мең-деу, жеңу.*

ДЕМДЕУЛІ *Шай шығарылған, бұқтырылған.*

ДЕМДІ: демді оркестр ***муз.*** *– үрлемелі оркестр.*

ДЕМЕ 1. *Жәрдем ету, сүйемелдеу* 2. *Қол ұшын беру, жәрдем беру, қолдау.* 3. *Жаңарту, еселеу.* 4. *Сөйлеме, үндеме, айтпа.*

ДЕМЕК *Олай болса, яғни д. м. қыстырма сөз.*

ДЕМЕСІН: демесін болды *– таяныш болды, сүйеніш болды.*

ДЕМЕУ *Сүйеніш; медеу.* ◊ **Демеу болды** *– тірек бөлды, сүйенді.*

ДЕМЕУЛІК ***грамм.*** *Толық мағыналы сөздер мен сөйлемдердің мағыналарына қосымша мән беру үшін жұмсалатын шылаулардың түрі.*

ДЕМЕУШІ *Қол ұшын беруші, жәрдем етуші, сүйемелдеуші; спонсор.*

ДЕМЕУҚАРЖЫ ***экон.*** *Шығынның орнын толтыру үшін берілетін мемлекеттік жәрдем қаржы.*

ДЕМОБИЛИЗАЦИЯ ***әск.*** *Әскери қызметкерлерді міндетті қызметтен босату, отставкаға не резервке шығару.*

ДЕМОГРАФ *Демографиямен шұғылданушы адам.*

ДЕМОГРАФИЯ *Халықтың өсу санын, құрамын зерттейтін статистиканың бір саласы.*

ДЕМОКРАТИЯ *Жоғарғы өкімет билігі халықтың қолында болатын саяси құрылыс, толық халық билігі.*

ДЕМОКРАТИЯЛАН *Өкімет билігі халықтың өз қолында болу.*

ДЕМОКРАТИЯЛЫ *Өкімет билігі халықтың өз қолына берілген.*

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ *Демократияға негізделген.*

ДЕМОКРАТИЯШЫЛ *Демократияны жақтаушы.*

ДЕМОНСТРАЦИЯ ***саяси*** 1. *Саясиқоғамдық көңіл-күйді білдіру үшін жасалатын жүртшылықтың салтанатты шеруі.* 2. *Қыр көрсетіп, наразылық білдіру әрекеті.* 3. *Халықтық үлкен маңызы бар бір шаруаны жүртшылыққа алғаш көрсету, жариялау әдісі.*

ДЕМОНСТРАЦИЯЛА *Көпшілік алдына әйгілеп көрсетіп, сипаттап беру.*

ДЕМПИНГ *Тауарлардың бағасын ел ішіндегі төмен құнмен шетелге шығару, арзан экспорт.*

ДЕМПФЕР ***муз.*** *Музыкалық аспаптарда дыбысты бәсеңдететін тетік.*

ДЕМШІ ***діни*** *Ауруды үшкіріп емдеп, дем салушы.*

ДЕМІК *Ентігіп алқыну, тынысы тарылу.*

ДЕМІКПЕ ***мед.*** *Жиі ентігіп, тынысы тарылып, демігіп қалатын.*

ДЕН I *Адамның он екі мүшесі, жан-тән, дене.*

ДЕН II 1. *Тура, дәл, нағыз.* 2. ***жерг.*** *Дән риза.*

ДЕН: ден қойды [салды] *– ықылас салды, көңіл бөлді.*

ДЕНДЕ 1. *Үлгая түсу, өршу, меңдеу.* 2. *Азаю, ортая түсу.* 3. *Дәлдеп, тура, толық тимеу.*

ДЕНДРАРИЙ ***бот.*** *Ғылыми-тәжірибелік мақсатта өсірілетін ағаштар мен бұта тектес өсімдіктер бар ботаникалық бақ.*

ДЕНЕ I 1. *Адамның бүкіл тұла бойы, өн бойы.* 2. ***астр.*** *Жұлдыздар мен планета аралығындағы зат.* ◊ **Дене бітімі** *– тұла бойы.* **Дене тәрбиесі** *– дене шынықтыру әрекеттері.* ◊ **Денесі түршікті** *– шошынды, тітіркенді.* **Дене шынықтыру** *– денсаулықты нығайту үшін дене күштерін дамыту жолдары.*

ДЕНЕ II *Басым келу, басым түсу.*

ДЕНЕЛЕП: денелеп білу — *бір-бірлеп білу.*

ДЕНЕЛІ *Сом тұлғалы, иықты, бойлы.*

ДЕНЕЛІЛЕУ *Ірі тұлғалылау, иықтылау.*

ДЕНЕЛІЛІК *Ірі тұлғалылық, иықтылық.*

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ *Түрлі жаттығулар, гимнастика жасау арқылы адам тәнін жан-жақты жетілдіріп, нығайта түсетін дене тәрбиесі.*

ДЕНСАУЛЫҚ *Ауру-сырқаудан аман болушылық, есен-саулық.*

ДЕНТИН ***анат.*** *Тістің негізгі бөлігін құрайтын сүйек тінінің бір түрі.*

ДЕНІ *Бір нәрсенің жартысынан артығы, басым көпшілігі, негізі.*

ДЕҢ 1. *Бір заттың жаны, тұсы, маңы.* 2. *Биік, шың.*

ДЕҢГЕЙ 1. *Таудың биіктік, алассалығын өлшейтін географиялық өлшем.* 2. *Белгілі бір мөлшер, шама.*

ДЕҢГЕЙЛЕ *Қамтып алу, еңсеру.*

ДЕҢГЕЙЛЕС I *Тұстас, қатарлас.*

ДЕҢГЕЙЛЕС II *Тұстас келу, болу, қатарласу, жақындасу.*

ДЕҢГЕЙЛЕУІШ ***тех.*** *Заттың тегістігін байқайтын аспап.*

ДЕҢГЕЙЛІК *Бір нәрсенің тегістігін өлшейтін аспап.*

ДЕҢГЕЛЕК: деңгелек айналдырды — *шаруаны үйіріп алып кетті.*

ДЕҢМЕНТ: деңмент белбеу — *күміспен әшекейленген, әдемі белбеу.*

ДЕПО 1. *Тепловоз, вагондардың тұратын, әрі жөндейтін орны.* 2. *Өрт сөндіру депосы.*

ДЕПОЗИТ *Банк немесе сақтық кассасы уақытша пайдалануға сеніп берген ақша немесе бағалы қағаздар.*

ДЕПОНЕНТ *Кәсіпорында және ұйымда уақытша сақталып тұрған ақшасы бар заңды адам.*

ДЕПОШЫ *Депода жұмыс істейтін адам.*

ДЕПУТАТ *Мемлекет парламентіне сайланған халық өкілі.*

ДЕПУТАТТЫҚ *Депутат міндетін атқарушылық.* □ **Депутаттық кеңес** — *белгілі бір мәселе жөнінде пікір алысу мақсатымен өткізілетін депутаттардың ресми отырысы.*

ДЕР: дер кезінде [шағында], дер кез [шақ] — *нағыз өз уақытында, мезгілінде.*

ДЕРБЕС *Бөлек, жеке-дара, тәуелсіз.* □ **Дербес зейнеткер** — *арнайы зейнетақы алатын адам.*

ДЕРБЕСТІК *Даралық, өзіндік.*

ДЕРЕ I *Мал суаратын науаның астынан қойылған төрт қазық, діңгекті қондырғы.*

ДЕРЕ II *Ат байлайтын діңгек, мамаағаш.*

ДЕРЕ III *Өзеннің аңғары, арнасы.*

ДЕРЕ IV *Мұз үстіне жиналған су.*

ДЕРЕК *Хабар-ошар, мағлұмат.*

ДЕРЕКНАМА *Белгілі бір ғылыми зерттеуге негіз болатын жазба дүниелер, ескерткіштер; мағлұмнама.*

ДЕРЕКСІЗ 1. *Хабар-ошарсыз, бейхабар.* 2. *Дәлелсіз, айғақсыз.*

ДЕРЕКСІЗДІК 1. *Хабар-ошарсыздық, бейхабарлық.* 2. *Нақты емес, айғақсыздық.*

ДЕРЕКТЕ *Бір нәрсе жайында анықтаныған дәлелдеу, айқындау.*

ДЕРЕКТЕМЕ *Белгілі бір істің барысы, жағдаяты жөнінде мағлұмат; хабар.*

ДЕРЕКТІ *Дәйекті, нақтылы.*

ДЕРЕКТІЛІК *Нақтылық, дәлдік, ақиқаттық.*

ДЕРЕКШІЛ *Әр нәрседен мағлұмат алғыш, ізденгіш.*

ДЕРЕУ *Шапшаң, жылдам, тез.*

ДЕРЖАВА *Ұлы, күшті мемлекет.*

ДЕРКҮМӘН *Істің жайын жетік білмеу.*

ДЕРЛІК *Түгелге жуық, тұтастай.*

ДЕРМАТИН *Былғарыға ұқсас материал.*

ДЕРМАТИТ ***мед.*** *Қабынуға ұшыраған тері ауруы.*

ДЕРМАТОЗ ***мед.*** *Тері ауруы.*

ДЕРМАТОЛОГ *Тері ауруының дәрігері.*

ДЕРМАТОЛОГИЯ ***мед.*** *Тері ауруын зерттейтін ғылым.*

ДЕРМЕНЕ *Сантонин дәрісі алынатын жусан тәрізді жабайы өсімдік.*

ДЕРТ 1. *Кесел, сырқат, ауру, науқас.* 2. ***Ауысп.*** *Қырсық, кесір.*

ДЕРТТІ *Аурулы, сырқат, кеселді.*

ДЕРІТ 1. *Желіннің сүтке толуы; сыздау.* 2. ***Ауысп.*** *Пісіп-жетілу, толысу.*

ДЕС: дес бермеді — *бой бермеді, теңдік бермеді.* ◊ **Дес етті** — *міндет етті, міндетсінді.* **Дес көрді** — *тірек етті, арқа сүйеді.* **Дес қойды** — *көңіл аударды, ықылас қойды.* **Дес тиді** — *ерік берілді, билік тиді.* **Десі басым** — *мысы басым.* **Десі жүрді** — *айтқаны екі болмады, әмірі жүрді.* **Десі қайтпады** — *тауы шағылмады, беті қайтпады.* **Десі қайтты** — *зәрі қайтты, уыты кетті.*

ДЕСАНТ ***әск.*** *Айрықша қиын тапсырмаларды орындауға жіберілетін әскери топ.*

ДЕСЕТІН *Келісетін, айтатын.*

ДЕСТЕ *Орган егіннің бір бумасы, бауы, бөкесі.*

ДЕСТЕ-ДЕСТЕ *Бау-бау, бума-бума.*

ДЕСТЕЛЕ 1. *Дестe-дестe етіп бөлектеу, бумалау.* 2. *Қабаттау, текшелеу.*

ДЕСТЕЛІ *Қаттаулы, реттеулі.*

ДЕТАЛЬ 1. *Машинаның ұсақ бөлшегі.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің я құбылыстың егжей-тегжейі.*

ДЕТЕКТИВ *Полицияның қылмысты ізденіп, тіміскілеп жүретін құпия тыңшысы, жасырын агенті.*

ДЕТЕКТИВТІ *Шытырман оқиғалы, қылмысты іске толы.*

ДЕТЕРМИНИЗМ ***филос.*** *Өмірдегі кездесетін құбылыстардың себептестігі мен шарттылығы туралы ілім.*

ДЕФЛЯЦИЯ ***экон.*** *Артық ақша сомасының бір бөлегін айналымнан әдейі алып тастау.*

ДЕЦИГРАММ *Грамның оннан бір бөлігі.*

ДЕЦИМА ***муз.*** *Берілген нотадан жоғары қарай санағанда оныншы болып келген дыбыстар аралығы.*

ДЕЦИМЕТР *10 сантиметрге тең ұзындық өлшемі.*

ДЖАЗ ***муз.*** *Жеңіл мазмұнды музыка жанры.*

ДЖЕМ *Жеміс-жидектен қант қосылып қайнатылған тәтті тағам.*

ДЖЕРСИ *Жүннен немесе жібектен тоқылған материал және осы материалдан тігілген киім.*

ДЖИНСЫ *Айрықша матадан тігілген шалбар.*

ДЖУНГЛИ *Тропиктік жерлерде адам өте алмайтын ну тоғайлы, сазды, шалшықты жер.*

ДЗОТ ***әск.*** *Жерді қазып, төбесін бөренемен жауып орнатқан атыс орны, бекініс.*

ДЗЮДО ***спорт*** *Жапондардан тараған еркін күрестің түрі.*

ДИАБАЗ ***геол.*** *Көшеге төсейтін тау жынысы және құрылыс материалы.*

ДИАБЕТ ***мед.*** *Организмде қант алмасуының бұзылуы; қант ауруы.*

ДИАГНОЗ ***мед.*** 1. *Ауырған адамды зерттеу негізінде науқасын табу.* 2. ***Ауысп.*** *Оқиғаның себеп-салдары.*

ДИАГНОСТИКА ***мед.*** *Ауруды анықтау және емдеу туралы ілім.*

ДИАГОНАЛЬ 1. ***мат.*** *Көпбұрыштың бір бұрышынан екінші қарама-қарсы бұрышына сызылған сызық.* 2. ***текст.*** *Бір түсті, қисық бедерлі, қалың жолмажол мата.*

ДИАГРАММА *Белгілі бір дәрежені көрсететін көрнекті сызық.*

ДИАЛЕКТ *Өзіндік ерекшелігі бар белгілі бір аймақта қолданылатын сөздердің жиынтығы.*

ДИАЛЕКТИЗМ *Белгілі бір аймақта ғана қолданылатын, таралу шегі бар тілдік ерекшелік.*

ДИАЛЕКТИКА ***филос.*** *Жаратылыстың, қоғамның, ой-сананың дамуындағы жалпы заңдылықтар туралы ілім.*

ДИАЛИЗ ***хим.*** *Еріген заттарды бірбірінен ажыратып алу әдісі.*

ДИАМЕТР ***геом.*** *Шеңберді қақ бөлетін түзу сызық.*

ДИАПАЗОН ***муз.*** 1. *Адам даусының дыбыс көлемі.* 2. *Музыкалық аспаптардың дыбыс аумағы.* 3. ***Ауысп.*** *Адамның білімінің, қабілетінің, іс-әрекетінің аумағы, шеңбері.*

ДИАСПОРА *Бұрынғы өз отанынан алыс жерлерге қоныстанған адамдар.*

ДИАСТАЗ ***хим.*** *Крахмалды қантқа айналдыратын фермент.*

ДИАСТОЛА ***мед.*** *Жүректің бұлшық етінің қалыпты жиырылудан кейін босаңсуы.*

ДИАФИЛЬМ *Суреті көрсетіліп, астына түсіндірме жазылған шағын фильм.*

ДИАФРАГМА 1. ***анат.*** *Көкірек қуысын іш қуысынан бөліп тұратын көк ет.* 2. ***физ.*** *Оптикалық прибордың ішіндегі (фотоаппаратқа) жарықты ықшамдап шашыратпай тұратын қалқан.*

ДИБАЗОЛ ***мед.*** *Күре тамыр түтігін кеңітетін дәрілік препарат.*

ДИВАКЦИНА ***мед.*** *Іш сүзегіне қарсы қолданылатын спиртті вакцина.*

ДИВАН *Әрі отыруға, әрі жатуға арналған арқалық сүйеніші бар жұмеақ жасау; жиһаз.*

ДИВЕРСАНТ ***саяси*** *Диверсия жасаушы.*

ДИВЕРСИЯ ***саяси*** *Қастандық пен астыртын істелетін бүлдіру әрекеті, зиянкестік.*

ДИВИДЕНД ***экон.*** *Акционерлер бөлісетін пайда, мүлік иесінің алатын табысы, кірісі.*

ДИВИЗИОН ***әск.*** *Бірнеше бөлімшеден құралған әскери құрама, бөлім.*

ДИВИЗИЯ ***әск.*** *Бірнеше полктардан құралған әскери бөлім.*

ДИВИЗМ ***муз.*** *Бір-бірімен қосылмайтын, жеке, бөлек.*

ДИГЕЗАН ***мед.*** *Ішек құрттарын түсіретін препарат.*

ДИДАКТИКА ***пед.*** *Педагогикалық ғылымның оқыту әдістерін баяндайтын бөлімі.*

ДИДАР *Жүз, түр, келбет.* □ **Дидар іздегіш** — *фотоаппараттың суретке түсірілетін объектіні табу үшін жасалған бөлшегі.*

ДИДАРЛАН *Көріктену, нұрлану.*

ДИДАРЛАС *Жүзбе-жүз кездесу.*

ДИДАРЛЫ *Нұрлы, көрікті; келбетті, ажарлы.*

ДИЕЗ ***муз.*** *Белгілі бір дыбыстың үнін жарты тон жоғарылататын таңба, белгі.*

ДИЕТАЛЫҚ ***мед.*** *Арнайы диетаға бөлінген.*

ДИЕТАСХАНА *Диеталық тамақ ішетін арнайы асхана.*

ДИЗЕЛЬ ***тех.*** *Мұнаймен жүретін іштен жанатын күрделі двигатель.*

ДИЗЕЛЬДІ ***тех.*** *Дизель орнатылған, дизелі бар.*

ДИКТАТОР ***саяси*** *Мемлекет ісін шексіз билеуге еркі бар әмірші.*

ДИКТАТОРЛЫҚ ***саяси*** *Шексіз үстемдік.*

ДИКТАТУРА *Қолында мемлекет билігі бар таптың шексіз үстемдігі.*

ДИКТОР *Микрофон алдында радио және телехабарларын оқитын, радио, теледидар қызметкері.*

ДИКТОФОН *Сөйлеген сөзді жазып алатын және қайта айтып беретін аспап.*

ДИКЦИЯ, МАҚАМ *Сөйлеген сөз, өлең, тақпақ айтқанда сөздің, буынның ашық, айқын айтылу нәші, мақам.*

ДИҚАН 1. *Егін шаруашылығымен айналысатын адам; егінші.* 2. ***көне*** *Дақыл, өнім.* □ **Диқан баба** — *егін еккен диқанды сыйлау.*

ДИҚАНШЫ *Егінші, егін кәсіпкері.*

ДИҚАНШЫЛЫҚ *Егін салушылық, егіншілік.*

ДИЛАН *Әлдену, тыңаю, қуаттану.*

ДИЛОГИЯ ***әдеб.*** *Сюжеті, мазмұны бір-бірімен байланысты, негізгі кейіпкерлері ортақ екі кітаптан тұратын әдеби шығарма.*

ДИЛЫ *Қоңды, әлді, күйлі.*

ДИМЕДРОЛ ***мед.*** *Ауру денені тыныштандыратын ақ түсті дәрі.*

ДИМИНУЭНДО ***муз.*** *Музыка орындағанда біртіндеп дыбыс күшін бәсеңдету.*

ДИНАМЕТР ***тех.*** *Мал жүнінің мықтылығын, созымдылығын анықтайтын аспап.*

ДИНАМИКА 1. ***физ.*** *Күштің әсерін және дене қозғалысын зерттейтін механика бөлімі.* 2. ***муз.*** *Дыбыстың шығу күші.* 3. *Қимыл-қозғалыстың, дамудың, өзгерістің қалып-күйі, ерекшелігі.*

ДИНАМИКАЛЫ *Өзгермелі, дамымалы, қозғалысты.*

ДИНАМИКАЛЫҚ ***тех.*** 1. *Физика динамикасына тән.* 2. *Музыка динамикасына тән.* 3. *Медициналық динамикаға тән.*

ДИНАМИТ *Күшті қопарылғыш зат.*

ДИНАМО ***тех.*** *Электр тогын өндіріп шығаратын машина; динамомашина.*

ДИНАМОМЕТР ***физ.*** *Механикалық күш-қуаттың шамасын өлшейтін аспап.*

ДИНАР ***тар.*** 1. *Шығыс мұсылман елдеріне ерте кезде кең тараған арабтың алтын ділдасы.* 2. *Кейбір қазіргі араб елдерінің ақша атауы.*

ДИНГО ***зоол.*** *Австралияның жабайы иті.*

ДИНОЗАВР ***палеонт.*** *Ертедегі жыртқыш, алып кесіртке.*

ДИПЛОМ 1. *Арнаулы оқу орнын бітіргендік туралы берілетін куәлік.* 2. *Белгілі табыс я жетістік үшін берілетін куәлік қағаз.*

ДИПЛОМАНТ 1. *Диплом жазушы адам.* 2. *Өнерімен диплом алған жүлдегер.*

ДИПЛОМАТ I 1. *Шет мемлекеттермен сыртқы қарым-қатынас ісін жүргізетін адам.* 2. ***Ауысп.*** *Әр шаруаның ішін келтіріп, қисынын табатын адам.*

ДИПЛОМАТ II *Портфель орнына қолға ұстауға ыңғайлы төртбұрышты қол сандықша.*

ДИПЛОМАТИЯ ***саяси*** 1. *Белгілі бір мемлекеттің сыртқы және халықаралық саясатын жүргізу жөніндегі үкімет әрекеті.* 2. ***Ауысп.*** *Қулық, айла-шарғы.*

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ***саяси*** *Дипломатияға қатысты.*

ДИПЛОМАТТЫҚ 1. *Дипломатияға байланысты.* 2. ***Ауысп.*** *Әр шаруаның тілін таба білушілік.*

ДИПЛОМДЫ *Жоғары білімді, дипломы бар.*

ДИПЛОМДЫҚ: дипломдық жұмыс – *диплом алуға еңбектенген жұмыс.*

ДИРЕКТОР *Өндіріс орнының, мекеменің басқарушысы, жетекшісі.*

ДИРЕКТОРАТ *Директор жетекшілік ететін ірі мекеменің басқару коллегиясы, дирекция.*

ДИРЕКЦИЯ *Белгілі бір мекеменің я өндірістің әкімшілік басқару орны.*

ДИРИЖАБЛЬ ***авиац.*** *Ауадан жеңіл, іші газға толтырылған ұшқыш аппарат.*

ДИРИЖЕР ***муз.*** *Оркестр немесе хор топтарын, ұжымдарын басқаратын адам.*

ДИСК ***спорт*** 1. *Ортасы дөңестеу, жалпақ, дөңгелек, лақтырып ойналатын зат.* 2. ***әск.*** *Қол пулеметтің оқ салатын бөлшегі.* 3. ***астр.*** *Күннің, айдың жерден қарағандағы беті.*

ДИСКАНТ ***муз.*** 1. *Ер балалардың жіңішке даусы.* 2. *Жіңішке дауысты әнші адам.*

ДИСКОТЕКА ***муз.*** 1. *Күйтабақтар мен магнитофон жазбаларының жиынтығы; дискілер қоймасы.* 2. *Би билеп, музыка тыңдайтын сауық кеші.*

ДИСПАНСЕР ***мед.*** *Белгілі бір ауруды емдейтін және одан алдын ала сақтандыратын арнаулы медициналық мекеме.*

ДИСПАНСЕРЛЕУ ***мед.*** *Аурудан алдын ала сақтандыру және емдеу үшін жүртшылықты үнемі дәрігер бақылауына алу.*

ДИСПАНСЕРЛІК *Диспансерге қатысты.*

ДИСПЕРСИЯ ***физ.*** *Сәуленің шағылысуы, сынуы.*

ДИСПЕТЧЕР *Өндіріс объектілеріндегі жұмыс барысын, көлік жүрісін*

бір орталықтан қадағалап, басқарып отыратын қызметкер.

ДИСПОЗИЦИЯ *әск. Соғыс жүргізу үшін әскердің белгілі бір жерге орналасуы немесе кемелердің тоқтайтын жерге жайғасу жоспары.*

ДИСПРОПОРЦИЯ *Жеке бөліктердің өзара сәйкеспеуі, үйлеспеуі, сай келмеуі.*

ДИСПРОПОРЦИЯЛЫҚ *Өндірістің жеке салалары мен элементтерінің арасында қажетті арасалмақтың бұзылуы; сәйкессіздік.*

ДИСПУТ *Жұртшылық алдында белгілі бір мәселені талқыға салатын ғылыми пікірталас.*

ДИССЕРТАНТ *Көпшілік алдында өзі жазған ғылыми еңбегін қорғаушы.*

ДИССЕРТАЦИЯ *Ғылыми дәреже алу үшін көпшілік алдында қорғайтын ғылыми-зерттеу жұмысы.*

ДИССИМИЛЯЦИЯ ***биол.*** 1. *Күрделі органикалық заттардың бойындағы энергияның таратылып, қарапайым заттарға бөліну үдерісі.* 2. ***лингв.*** *Сөз ішіндегі ұқсас дыбыстардың біреуінің өзге дыбысқа айналып кетуі.*

ДИССИМИЛЯЦИЯЛАН ***хим.*** *Молекулалардың бөлінуі, ыдырауы.*

ДИССОНАНС 1. ***муз.*** *Музыкалық үндердің (дыбыстардың) үйлеспеуі, бұзылуы, құлаққа жағымсыз естілуі.* 2. ***Ауысп.*** *Бір құбылыстың үйлесімсіздігі.*

ДИСТАНЦИЯ 1. *Белгілі бір аралық, қашықтық.* 2. ***тех.*** *Жол бойындағы бөлімше.*

ДИСТРОФИЯ ***мед.*** *Организмнің қоректену қызметінің бұзылуы.*

ДИСУЛЬФАН ***вет.*** *Іші өткен малға беретін дәрі.*

ДИТИМЕН ***мед., вет.*** *Организмді уақытша жансыздандыру препараты.*

ДИУАН ***тар.*** *Түрік сұлтандары кезіндегі төрелер кеңесі; дуан.*

ДИУАНА ***діни*** 1. *Ризығын көктен тілеп көсіпсіз жүретін адам; дәруіш.* 2. ***Ауысп.*** *Істеген шаруасының берекеті жоқ, ақылсыз, бәтуасыз адам.*

ДИУРЕТИН ***мед.*** *Күретамыр тұтігін кеңітетін дәрі.*

ДИФИНИН ***мед.*** *Дене құрысуын емдейтін дәрі.*

ДИФРАКЦИЯ ***физ.*** *Бөгетке кездескен сәуленің қисық таралуы, құбылуы.*

ДИФТЕРИЯ ***мед.*** *Балалардың жұқпалы тамақ ауруы; күл.*

ДИФФАМАЦИЯ *Біреуді масқаралайтын мәліметті баспаға жариялау.*

ДИФФЕРЕНЦИАЛ 1. ***мат.*** *Шексіз аз санның ерікті тұтасу функциясы.* 2. ***тех.*** *Бір біліктегі екі дөңгелектің екі түрлі шапшаңдығын басқаратын тетік.*

ДИФФУЗИЯ ***физ.*** *Екі заттың түйіскенде бір-біріне ауысуы, сіңісуі, араласуы.*

ДИФФУЗИЯЛАН *Сіңісіп кету, тоғысу.*

ДИІРМЕН *Дәнді дақылдарды тартып, ұн шығаратын кәсіпорын.*

ДИІРМЕНШІ 1. *Диірмен жүргізуші адам.* 2. *Диірмен жасаушы.*

ДИЮ ***миф.*** *Ертегілерде айтылатын алып түлғалы, сықырлы күш иесі; пері.*

ДО ***муз.*** *Музыка гаммасының бірінші нотасы және сол нотаның белгісі.*

ДОБАЛ *Икемсіз, ебедейсіз, қолапайсыз.*

ДОБАЛДА *Әйтіп-бүйтіп нұсқалай салу.*

ДОБАЛДАЙ *Домбалдай, өте ебедейсіз, үп-үлкен.*

ДОБИЯ *Білезікке орнатылған қызыл моншақ тас.*

ДОБЫРА *Қобырап босап қалу.*

ДОГМА *Шындықтан алыс, зерттеусіз, тексерусіз соқыр сенімге ғана сүйенген қағида.*

ДОГМАТ ***діни*** *Ақиқат делініп қабылданған діни қағида.*

ДОГМАТИЗМ *Белгілі бір ілімге сын көзбен қарамай, беталды бойұрушылық.*

ДОҒА 1. *Атты арба не шанаға жеккенде, екі жақ шеті төрте мен қамыттың құлақ бауын ұстап, бекітіп тұратын доғалдана иілген ағаш сай-*

ман. □ **Доға жал** — *доға сияқты иіліп, тік тұратын жал.*

ДОҒАБАС *Белдіктің, айыл-тұрманның бір жақ басына бекітілген дөңгелек айылбас.*

ДОҒАЛ 1. *Сүйрік емес, мұқыл.* 2. ***Ауысп.*** *Дөрекі, тұрпайы.* □ **Доғал бұрыш** ***геом.*** — *тікбұрыштан үлкен, жазық бұрыштан кіші бұрыш.*

ДОҒАЛАҚ *Қалай болса солай, добалдай салған.*

ДОҒАЛДАН *Мүжілу, мұқалу, кетию.*

ДОҒАЛДАУ 1. *Сүйір емес, мұқылдау, келтелеу.* 2. *Мінезі томырықтау, тұйықтау.*

ДОҒАЛДЫҚ *Тұйықтық, томырықтық.*

ДОҒАЛЫҚ ***жерг.*** *Түйеге отын артатын арқанның ұшына байлайтын қоянсүйек жиде, тобылғыдан жасалған тоғанақ.*

ДОҒАНАҚ *Сүйреткінің арқанын байлайтын ілгек ағаш.*

ДОҒАР 1. *Арбаға, шанаға жегілген көлікті ағыту, тоқтату, босату.* 2. *Кідіру, тыю, тоқтату.*

ДОҒАРА ***жерг.*** *Іші-сырты маймен сыланған жер кепе.*

ДОҒАРУЛЫ *Ағытулы, босатулы.*

ДОҒАША *Доғаға ұқсас, доға сияқты.*

ДОДА 1. *Ат үстінде көкпарға таласып, үймеленген көкпаршылар тобы, көкпар тартысы;* 2. ***Ауысп.*** *Өмір тартысы* □ **Додаға түсті [салды]** — *а) көкпаршылардың қалың үйілген тобына кірді; ә) ту-талапай болды, талапайлады.* ◊ **Додасы шықты** — *қобырап быт-шыт болды.*

ДОДА: дода бас [сақал] — *үрпиген қауқиған сақал-шаш.*

ДОДАГЕР *Көкпар тартқанда додаға түсетін адам.*

ДОДА-ДОДА *Үйпа-түйпа, тоз-тоз, түте-түте.* □ **Дода-дода болды** — *жан-жаққа бытырап тарап кетті.*

ДОДАЛА 1. *Түйдектеу, бұрқырата шошайтып қою.* 2. *Қара дүрсінге салу, долбарлау.*

ДОЗ *Ашу, ыза.*

ДОЗА ***мед.*** *Біржолғы ішілетін дәрінің тиісті мөлшері.*

ДОЗАҚ ***діни*** *О дүниеге барғанда күнәкар адамды жазалайтын, азаптайтын орын, жанып тұрған от, тамұқ.*

ДОЗАЛАУ *Доза-дозаға бөлу, мөлшерлеу.*

ДОЙБЫ ***спорт*** *Тақтасында 64 (кейде 100 не 144) ақ және қара түсті торкөздері бар 24 тас тігіп ойнайтын шатыраш.*

ДОЙБЫШЫ *Дойбы ойыншысы.*

ДОЙЫР *Дөкір, дөрекі, тоңмойын.*

ДОЙЫР: дойыр қамшы — *өзегіне қорғасын салып өрілген сабы қысқа, жуан өрмелі қамшы.*

ДОЙЫРЛА *Дойырмен ұрып-соғу.*

ДОЙЫРЛЫҚ *Тоңмойындық, дөкірлік.*

ДОКТОР 1. ***мед.*** *Арнаулы медициналық білімі бар маман; дәрігер.* 2. *Ғылыми дәреже.*

ДОКТОРАНТУРА *Докторлық диссертация жазуға берілетін уақыт, мерзім.*

ДОКТРИНА *Ғылыми немесе философиялық теория, саяси бағыт, ілім.*

ДОҚ: доқ көрсетті — *сес көрсетті, сес қылды; қоқаңдады.*

ДОҚАБА *Сырты түкті келген барқыттың жақсы түрі.*

ДОҚТАН *Сес көрсету, қорқыту.*

ДОЛАН *Айналасы шарбақпен қоршалған аула.*

ДОЛАНА ***бот.*** 1. *Раушангүлділер тұқымдасына жататын ұсақ домалақ жемісті ағаш.* 2. *Долана ағашының жемісі.* □ **Долана көбелек** — *ақ көбелек туысына жататын зиянды көбелек.*

ДОЛАНАЛЫ *Доланасы көп, долана қалың өскен.*

ДОЛАНТОПШЫ ***бот.*** *Бойы аласарақ, піскенде жемісі қызыл, қарағаштың ең қатты түрі.*

ДОЛБАЙ *Жоба, нұсқа, нобай.*

ДОЛБАР *Болжам, жорамал.*

ДОЛБАРЛА *Болжамдау, жорамалдау.*

ДОЛБАРЛЫ *Болжалды, болжамды, мөлшерлі.*

ДОЛБЫРА *Болбырау, босаңсу.*

ДОЛДАН 1. *Ашуға булығу, ыза болу, қатты ашулану.* 2. ***Ауысп.*** *Аласұрып құтырыну, өршелену.*

ДОЛДЫР *Ісіну, қабыну.*

ДОЛЛАР *Америка және кейбір елдердегі ақша бірлігі.*

ДОЛУЫР *Ызақор, шамшыл.*

ДОЛЫ I *Дауылмен қоса жауған нөсер жаңбыр.*

ДОЛЫ II *Ызақор, ашушаң.*

ДОЛЫҚ I ***көне*** *Малдың терісінен жасалған торсық сияқты көн ыдыс.*

ДОЛЫҚ II *Ашу қысып долдану, ызалану.* ◊ **Долығы басылды** — *аптығы басылды.*

ДОЛЫЛАН ***қ.*** *Долдан. Ашулану, долдану, ыза кернеу.*

ДОЛЫЛЫҚ *Ызақорлық, ашушаңдық.*

ДОЛЫР 1. *Ашу қысып, ісініп-қабыну.* 2. ***Ауысп.*** *Құтыру, буырқану.*

ДОЛЫРЫҚ: долырық атты — *қаны қайнап ызаланды, шиыршық атты.*

ДОМ ***жерг.*** *Қырғи ұстайтын ау; құрал.*

ДОМ: дом боп жарады — *семіз жылқыны барлығын, қызылмай болмас үшін мінер алдында бірер таң асырып, бабына келтіріп жарату.*

ДОМАЛА *Аунау, дөңгелеу.*

ДОМАЛАҚ 1. *Дөңгелек, жұмыр.* 2. *Томпиған, толық.* □ **Домалақ арыз** — *аты-жөні көрсетілмей жазылған шағым.*

ДОМАЛАҚТА *Дөңгелектеу, жұмырлау.*

ДОМАЛАҢДА *Домалақ-домалақ ету, томпаңдау.*

ДОМАЛАТПА ***бот.*** *Алабота тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

ДОМБАЗДА *Онан-мұнан құрастырып бірдеме жасау.*

ДОМБАЙ I *Жабайы есек.*

ДОМБАЙ II *Нұсқа, нобай; жоба.*

ДОМБАЙЛА *Бір нәрсені жобасына, нұсқасына келтіру, нобайлау.*

ДОМБАЛ I ***этн.*** *Ауыр шоқпар.*

ДОМБАЛ II *Әпербақан, ұрда-жық.*

ДОМБЫҚ *Білеулену, қабару, ісіну.*

ДОМБЫҚТА *Өсімдіктің түбіндегі топырақты қопсытып үю.*

ДОМБЫРА *Қазақ халқының екі шекті музыкалық аспабы.*

ДОМБЫРАШЫ 1. *Домбыраны шебер ойнайтын адам.* 2. *Домбыра жасайтын шебер.*

ДОМБЫРАШЫЛЫҚ *Домбырада шебер ойнай білушілік.*

ДОМБЫТ *Сес көрсету, сескендіру, қорқыту.*

ДОМБЫТПА *Қоқан-лоқы, сес.*

ДОМБЫТПАЛА *Қоқан-лоқы көрсету.*

ДОМДА *Ептеп лекерлей салу, ілдебайлау.*

ДОМИНАНТ 1. ***муз.*** *Әрбір ладтың гаммаңың бесінші дыбыстарының аталуы.* 2. ***мед., физиол.*** *Орталық нерв жүйесіндегі қоздырушы басты күш.* □ **Доминант сөз** — *ұйытқы сөз, тірек сөз.*

ДОМИНО ***спорт*** *28 сүйек таспен ойнайтын ұпайлы спорт ойыны.*

ДОМИНОШЫ ***спорт*** *Домино ойынын сүйіп ойнайтын адам.*

ДОМКРАТ ***тех.*** *Ауыр жүкті жоғарырақ көтеретін механизм.*

ДОМНА ***тех.*** *Шойынды темір кенінен қорытып шығатын пеш, арнаулы өндірістік құрылыс.*

ДОН ЖУАН 1. *Кісі аты.* 2. ***Ауысп.*** *Осы аттас кісінің іс-әрекетіне еліктеп, өмір бойы гажайып уақиға, шымшытырық іздеуші, әйелқұмар адамдар.*

ДОНОР ***мед.*** *Ауырған, жараланған адамдарға қанын беретін адам.*

ДОҢАЙБАТ *Біреуге көрсетілген сес, ашу, ызбар.* ◊ **Доңайбат көрсетті** — *бірбіріне қыр көрсетіп, қарсы келді.*

ДОҢҒАЛ *Дөңес жер.*

ДОҢЫЗ 1. *Шошқа.* 2. ***Ауысп.*** *Мінезі тұрпайы, дөрекі адам.* □ **Доңыз жылы** ***тар.*** — *қазақтың көне жылнамасында соңғы жыл атауы.*

ДОҢЫЗОТЫ ***бот.*** *Сулы, батпақты жерлерде өсетін сабағы сидам өлең шөп.*

ДОҢЫЗӨЛЕҢ ***бот.*** *Шалғындарда өсетін, мал жақсы жейтін шөп.*

ДОҢЫЗСЫРТ ***бот.*** *Биіктігі 15–30 см-дей көпжылдық қияқты өсімдік.*

ДОП ***спорт*** *Резеңке, пластмасса сияқты серіппелі нәрседен жасалған спорттық домалақ шар.* □ **Доп қылды** – *ойыншық қылды, доп сияқтандырды.*

ДОП-ДОМАЛАҚ *Шар тәрізді дөп-дөңгелек, жұп-жұмыр.*

ДОПИЯЗ ***бот.*** *Ақ түсті қышқыл дәмді өсімдік.*

ДОПТАЙ: доптай түсті – *мұрттай ұшты.*

ДОПТАЯҚ ***спорт*** *Хоккей, гольф ойындарына арналған басы иіңкі таяқ.*

ДОПТЫ: допты хоккей ***спорт*** – *мұз үстінде допты таяқпен қағып ойнайтын спорт ойыны.*

ДОРБА *Ұсақ-түйек заттар салуға арналған кішігірім қапшық.* □ **Дорба ауыз** – *салпиған, үлкен ауыз.* **Дорба сақал** – *қауқиған үлкен сақал.*

ДОРБАЛА *Дорба-дорба ету.*

ДОРБАЛАН *Дорба сияқты қатпарлану.*

ДОРБАЛАҢДА ***қарап.*** *Дорбаң-дорбаң ету.*

ДОРБАША *Кішігірім қалташа.*

ДОРБАШЫҚ *Кішкене қалташық.*

ДОРБИ *Сыртқа қарай томпию, дөңкию; дүрдию.*

ДОРДИ *Қалың етті, дүрдік.*

ДОРДИТ *Күдірейту, күжірейту.*

ДОС 1. *Сырлас, жора-жолдас, жақын адам.* 2. ***Ауысп.*** *Жанашыр, қамқоршы, ақылгөй.* □ **Дос болды** – *достасты.* **Дос қылды [етті]** – *дос деп санады, дос көрді.* **Дос көрді [тұтты, санады]** – *көңілі түсті, жақын тартты.*

ДОС-ДҰШПАН *Әркімнің өзіне ғана белгілі алыс-жақын адамдары.*

ДОС-ЖАР *Жора-жолдас, тату дос, ниеттес адамдар.*

ДОС-ЖАРАН *Дос-жар, жора-жолдастар.*

ДОС-ЖАРАНДАУ *Дос-жар, жора-жолдастар, тамыр-таныстар.*

ДОС-ЖОРА *Тілегі бір жора-жолдас.*

ДОССЫН *Дос болғансу, өзінше дос көру.*

ДОСТАС *Дос ету, дос қылу, дос болу.*

ДОСТЫҚ *Жақындастық, тілеулестік, ниеттестік, жора-жолдастық.*

ДОСТЫҚ-МӘДЕНИ: достық-мәдени байланыс – *екі елдің арасындағы бір ниеттегі мәдени қатынас.*

ДОСТЫМ *Жақын-жуық адамды өзіне жақындату ретінде айтылатын шартты сөз.*

ДОСША *Досқа ұқсап, дос сияқты.*

ДОТ ***әск.*** *Пулемет, зеңбірек бекінуіне арналған ұзақ мерзімдік атыс орны.*

ДОЦЕНТ *Жоғары оқу орнындағы оқытушылардың ассистенттен жоғары, профессордан төмен ғылыми атағы.*

ДӨДЕГЕ ***этн.*** *Киіз үйдің сыртын айналдыра сән үшін үзік етегіне салатын, жалпақтығы сүйем не қарыс мөлшеріндегі әшекейлі киіз.*

ДӨДЕҢ ***қарап.*** *Басқалардан өзін артық, жоғары етіп көрсеткісі келгенде айтылатын сөз.*

ДӨЙ 1. *Зор, үлкен, ірі.* 2. *Мықты, азулы, атақты.*

ДӨЙТ *Біреудің сөзін қошеметтеп көтермелегенде, біреуді-біреуге өшіктіріп айдап салғанда айтылатын сөз.*

ДӨКПЕКТЕ *Дөңгелене, ұшып-қона жүгіру, зыту.*

ДӨКІР 1. *Жүзі өткір емес, өтпейтін.* 2. *Дөрекі, тұрпайы.*

ДӨКІРЛЕУ *Дөрекілеу, тұрпайылау.*

ДӨКІРЛІК *Дөрекілік, тұрпайылық.*

ДӨМПИ *Қомпию, думпию.*

ДӨМБЕЙІЛ *Өте терең қазылған ор.*

ДӨНЕЖІН *Төрт жасар ұрғашы ірі қара.*

ДӨНЕН *Төрт жасар мал* □ **Дөнен атан** – *төрт жастағы қос өркешті еркек түйе.* **Дөнен бәйге** – *дөнен жарысы.* **Дөнен қымыз** – *ашығанына төрт күн болған қымыз.* **Дөнен шығар** – *үштен асып төрт жасқа толмаған.*

ДӨҢ 1. *Көтеріңкі биік жер, төбе.* 2. *Көтеріңкі, шығыңқы, дөңес.* 3. ***Ауысп.***

Дұңқ мінезді, қорс етпе. ◊ **Дөң жарау** — *бабына жетіңкіремеген, шала-шарпы жаратылған.*

ДӨҢБЕК 1. *Жуан ағаштың үлкен бір кесіндісі.* 2. **Ауысп.** *Азап, бейнет, мехнат.*

ДӨҢБЕКТЕЙ 1. *Дөңбек сияқты, төбедей.* 2. *Өлгенше үлкен, зор денелі.*

ДӨҢБЕКШІ 1. *Әрі-бері аунақшып мазасы кету, тынышсыздану.* 2. *Асты-үстіне шығып, астан-кестен болу.*

ДӨҢБІЛДІ *Дөңесі көп, дөңес-дөңес.*

ДӨҢГЕЙ *Дөңестеу жер.*

ДӨҢГЕЛЕ 1. *Дөңгелектің шыр айнала қозғалуы, зырлап кетуі, шыр айналу.* 2. *Домалақ қағу, домалау.* 3. *Дөңгелек пішінге келу, шыр айнала алқа-қотан қоршау.* 4. **Ауысп.** *Түлкі бұлтаққа салу, айналсоқтау.* 5. **Ауысп.** *Өмірдің алға қарай дамып жылжуы.*

ДӨҢГЕЛЕК I 1. *Арбаны не механизмді қозғалысқа келтіріп, айналып тұратын білікке киғізілген шеңбер.* 2. **мат.** *Геометрияда жазықтықтың шеңбермен шектелген және центрі бар бөлігі.*

ДӨҢГЕЛЕК II *Шар сияқты домалақ, сопақ емес.* □ **Дөңгелек үстел** — *белгілі бір мәселе жөнінде пікір алысу мақсатымен ұйымдастырылған шағын ресми жиын, отырыс.* ◊ **Дөңгелек есеп** — *нақтылы емес, мөлшермен алынған есеп, сан.* **Дөңгелек ойнатты [айналдырды]** — *күші емін-еркін жетті, бұйым көрмеді.* **Дөңгелек шаруа [дәулет]** — *өзіне-өзі жетерлік, орташа ауқаты бар.*

ДӨҢГЕЛЕКТЕ 1. *Шар тәріздес пішінге келтіру, жұмырлап ию.* 2. **мат.** *Нақтылы оң санды белгілі бір дәлдікпен оның жуық мәнімен шек келетін басқа бір нақтылы оң санмен ауыстыру.*

ДӨҢГЕЛЕКТЕУ *Дөңгелекше келген, домалақтау.*

ДӨҢГЕЛЕКТІ *Дөңгелегі бар.*

ДӨҢГЕЛЕКШЕ *Кішігірім шеңбер, шеңберше.*

ДӨҢГЕЛЕН 1. *Шеңбер сияқты дөңгелек пішінге келу.* 2. *Шыр көбелек айналу, шырқ айналу.*

ДӨҢГЕЛЕНТ 1. **өзг. етіс** *Дөңгелен-т.* 2. *Тез, емін-еркін игеріп кету; меңгеру.*

ДӨҢГЕЛЕҢДЕ *Домалаң-домалаң ету.*

ДӨҢДЕУ *Дөңестеу, биіктеу.*

ДӨҢДІ *Дөңесті, дөңес-дөңес.*

ДӨҢЕС 1. *Жерден биік, төбеден аласалау жер.* 2. *Дұңкиген, шығыңқы.*

ДӨҢЕСТЕУ *Дөңестеніп келген, дөңестенген.*

ДӨҢЕСТІ *Көтеріңкі, биіктеу.*

ДӨҢКЕС **жерг.** *Дөңкиген, дөңес.*

ДӨҢКИ 1. *Белгілі бір заттың жер бетінен томпайып көрінуі, оқшауланып шығып тұруы.* 2. *Күжірею, теңкию, күржию.*

ДӨП *Түп-тура, дәл, нақ.*

ДӨП-ДӨҢГЕЛЕК 1. *Доп-домалақ.* 2. *Жұп-жұмыр, тығыншықтай.*

ДӨПТЕ *Туралау, дәлдеу.*

ДӨРБІТ *Жұмыр денелі, құйрық-жалы қалың өскен жылқы.*

ДӨРЕКІ *Анайы, тұрпайы, ерсі; оғаш.*

ДӨРЕКІЛЕН *Оғаштық жасау, ерсі мінез көрсету.*

ДӨРЕКІЛЕУ *Оғаштау, өрескелдеу, ерсілеу.*

ДӨРЕКІЛІК *Ерсілік, тұрпайылық, оғаштық.*

ДРАМА **әдеб.** *Сахнада ойналатын, диалогке құрылған көркем шығарманың түрі.* **Драма үйірмесі** — *драмалық шығарманы оқып үйрену үшін жиналған адамдардың тобы.*

ДРАМАЛЫ *Драма жанрында жазылған, драмаға құрылған.*

ДРАМАЛЫҚ *Драмаға негізделген.*

ДРАМАТИЗМ *Шығармада іс-әрекеттің шиеленісіп күшеюі.*

ДРАМАТУРГ *Драмалық шығарма жазумен шұғылданатын жазушы.*

ДРАМАТУРГИЯ **әдеб.** 1. *Драмалық шығармалардың құрылысы жайлы теория, драмалық шығармаларды зерттейтін ғылым.* 2. *Драмалық шығармалардың жиынтығы.*

ДРАП *Жүннен тоқылған сырткиімдік қалың мата.*

ДРЕЗИНА *Рельстен жүргізілетін моторлы төрт дөңгелекті теміржол арбасы.*

ДРЕНАЖ 1. ***тех.*** *Жер астына қазып орнатылған құбырлар мен каналдар арқылы сазды жерді кептіру жүйесі.* 2. ***мед.*** *Жараның, іріңнің сары суын түтік арқылы шығару әдісі.*

ДРОССЕЛЬ ***тех.*** *Құбырмен мөлшерлеп газ, бу, су өткізіп тұратын механизмнің бөлшегі.*

ДУ 1. *У-шу, даң-дұң, дабыр-дүбір.* 2. ***Ауысп.*** *Дақпырт, дүрмек, дүбір.* ◊ **Ду түрегелді** — *Бірден іле көтеріліп, лап берді.* **Ду берді** — *дем берді, рухтандырды.* **Ду болды** — *ойын-күлкіге бөленді, думан қылды.* **Ду бітірді** — *қызық думан қылды.* **Ду етті** — *а) қызыққа батырды, думанға бөленді; ә) бірден дүрсе қоя берді, шу ете қалды; б) лап ете қалды, лаулап жанды; в) дүңк ете түсті; г) ұялғаннан екі беті қызарды.* **Ду күлді** — *тегіс, жаппай күлді.* **Ду қол шапалақтады [соқты]** — *жаппай қол соқты.* **Ду қойды** — *лап берді.* **Ду қылды** — *думан етті, дуылдатты.*

ДУА ***діни*** 1. *Біреудің басын айналдырып, жадылау үшін бақсы-балгерлердің ішірткісі.* 2. ***Ауысп.*** *Әсер, ықпал.* ◊ **Дуа берді** — *қуат берді, күш-жігер бітті.* **Дуа қонды [дарыды, тиді]** — *а) жасаған емі қонды, шипасы тиді; ә) бағы жанды, береке кірді.* **Дуа оқыды [етті, қылды]** — *дұға жасады.*

ДУАГӨЙ *Дуа қылғыш, дуалағыш.*

ДУАДАҚ *Қанаты үлкен, мойны ұзын ірі дала құсы.*

ДУАЛ *Үйдің, қораның сыртын айналдыра бекіткен қоршау.*

ДУАЛА *Ішірткімен жадылап, бас айналдыру.*

ДУАЛДЫ *Дуалы бар, дуалмен қоршалған.*

ДУАЛИЗМ ***филос.*** *Дүниенің негізі бір-біріне тәуелсіз екі бастама — материя мен рух дейтін философиялық ағым.*

ДУАЛИСТ *Дуализм идеясын жақтаушы, дамытушы адам.*

ДУАЛЫ *Дуасы бар, жадыланған, оқылған.* ◊ **Дуалы ауыз** — *айтқаны келетін, көріпкелі бар.* **Дуалы сөз** — *тап басып айтылған, берекелі, қонымды сөз.*

ДУАЛЫҚ *Дуалап берген тұмарша.*

ДУАН ***көне*** *Бір уездік көлемдегі ауқымдық бекініс; аймақ.* □ **Дуанбасы** — *бір дуанға басшылық ететін адам.*

ДУАНА *Диуана сөзімен мәндес.* ◊ **Дуана талағандай қылды** — *а) есін шығарды, берекесін кетірді; ә) удай ашытты, дуылдатты, қуырды.*

ДУАНБЕГІ ***көне*** *Азаматтық соттың бастығы.*

ДУАСЫЗ: дуасыз ауыз — *сөзін ешкімге өткізе алмайтын; пәтуасыз.*

ДУБЛЕТ 1. *Біртектес, екі заттың біреуі, соның екінші данасы.* 2. ***лингв.*** *Мағынасы бірдей жарыспалы сөз.*

ДУБЛЬ ***кәс.*** *Кинода, телефильмде бір көріністі бірнеше рет қайталап түсіру.*

ДУ-ДУ 1. *Гу-гу, у-шу, дабыр-дүбыр.* 2. *Азан-қазан, уда-шу.* **Ду-ду етті** — *дуылдады, дызылдады.*

ДУ-ДУМАН *Сауық-сайран, ойын-күлкі, тамаша.*

ДУ-ДҮРМЕК *Дабыр-дүбір, ырду-дырду.*

ДУДЫҒА ***көне*** *Батырлардың дабыл қағатын аспабы.*

ДУДЫРА *Қобырау, будырау, дода-додасы шығу.*

ДУЛА 1. *Улап-шулау, даурығу, дабырлау.* 2. *Сауық-сайран құрып қызықтау, шулау.* 3. *Ду-ду ету, дуылдау.*

ДУЛЫ *Ду-думанды, қызғылықты.*

ДУЛЫҒА 1. ***көне*** *Батырлар соғыста басына киетін темір баскиім.* 2. *Сарбаздар майданда киетін металдан жасалған баскиім.* 3. *Нар түйенің өркеші.*

ДУЛЫҒАЛЫ 1. *Басына дулыға киген.*2. *Өркеші биік, өркеші үлкен.*

ДУЛЫҚ *Даурығу, дуылдау, шулау.*

ДУЛЫ-ШУЛЫ *Шаң-шұңы көп, у-шулы.*

ДУМАН *Қызық, тамаша, ойын-сауық.* ◊ **Думанның гүлі** — *ойын-сауық құруға шебер, ұйытқы.*

ДУМАНГЕР *Ойын-сауықшыл, қызық, тамашақұмар, думаншыл.*

ДУМАНДА *Тамашалау, қызықтау, думан жасау, думандату.*

ДУМАНДЫ *Сауық-сайранды, тамашалы, көңілді.*

ДУМАН-ДЫРДУ *Ырду-дырду, у-шу, ду-думан.*

ДУМАН-ҚЫЗЫҚ *Ойын-сауық, тамаша, ырду-дырду.*

ДУМАН-САУЫҚ *Ойын-күлкі, той-думан, тамаша, сауық-сайран.*

ДУМАН-ТОЙ *Думан-қызық, думандырду, ойын-сауық.*

ДУМАН-ШУ *Ырду-дырду, қызық-сайран.*

ДУМАНШЫЛ *Сауық-сайранды жақсы көретін; сауықшыл.*

ДУПЛЕТ ***спорт*** *Бильярд ойынында — бір шармен басқа бір шарды қатты ұрғанда, ол шардың бортқа соғылып, оралып лузаға түсіретін айрықша ұрыс.*

ДУСТ ***хим.*** *Зиянды жәндіктерді құрту үшін жұмсалатын улы зат.*

ДУ-ТАЛАПАЙ: ду-талапай болды — *талапайға түсті, талапайға салды.*

ДУТАР ***муз.*** *Үйгыр, өзбек, түрікмен, тәжік халықтарының екі шекті шертпелі музыкалық аспабы.*

ДУХОВОЙ: духовой оркестр — *үрлемелі аспаптар оркестрі.*

ДУШ *Жаңбырлата құйылған сумен шомылатын орын.*

ДУШАР: душар болды — *а) кездесті, тап болды; ә) ұшырады, кез болды, шалдықты.*

ДУШАРЛАС *Кездесу, жолығысу.*

ДУЫЛ *Шуыл, у-шу.*

ДУЫЛДА 1. *Даурығу, қызынып сөйлеу.* 2. *Ұялғаннан, ауырғаннан т. б. дененің қызынуы.* 3. *Оттың лаулап жануы.*

ДУЫЛДАҚ *Ырду-дырду, шуылдақ.*

ДУЭТ ***муз.*** *Екі дауысқа арналып жазылған ән, музыка сазы.*

ДҰҒА ***діни*** *Аман-саулық, сау-саламаттықты тілейтін Құранның аяттары.* ◊ **Дұға айтты** — *Аллаға жалынды, тілек тіледі.* **Дұға етті [қылды, оқыды]** — *Құдайға жалынды, жалбарынды.*

ДҰҒАГӨЙ *Дұғашыл, дұға оқығыш, тілеу тілегіш.*

ДҰҒАГӨЙЛІК *Дұға етушілік, батагөйлік.*

ДҰҒАЙ: дұғай сәлем ***көне*** — *біреуге арнап сәлем жолдау.*

ДҰҒАЛА *Басын айналдыру, дуалау.*

ДҰҒАЛЫҚ ***діни*** *Қағазға т. б. затқа жазылған дұға.*

ДҰДЫҚ *Тұтығып сөйлейтін; быдық.*

ДҰДЫҚТА *Тұтығу, быдыңдау.*

ДҰРЫС 1. *Жөн, жөнді, әділ, түзу.* 2. *Орынды, ретті, заңды.*

ДҰРЫСТА *Тәртіпке келтіру, реттеу, жөндеу.*

ДҰРЫСТЫҚ 1. *Әділдік, ақиқаттық, шындық.* 2. *Дәлме-дәл келушілік.*

ДҰРЫСЫНДА *Әділдігінде, ақиқатында, шындығында.*

ДҰРЫСЫРАҚ 1. *Жөндірек, тәуірірек, дәлірек.* 2. *Қолайырақ, лайықтырақ.*

ДҰШПАН 1. *Дос емес, қас, жау.* 2. *Қырғиқабақ, араз.*

ДҰШПАНДАС *Қастасу, жауласу, өштесу.*

ДҰШПАНДЫҚ *Өшпенділік, қастық, жаулық.*

ДҮБӘРА 1. *Екі түрлі тұқымның будандасуынан туған төл.* 2. ***Ауысп.*** *Не ол емес, не бұл емес, шала.*

ДҮБІЛ *Дүрбелеңге түсу, аласапыран болу; дүрлігу.*

ДҮБІР 1. *Қимыл-қозғалыстан шыққан дыбыс, дүрсіл, тарсыл.* 2. ***Ауысп.*** *Жалпы дүрмек, хабар.* □ **Дүбір салды** — *а) ойнақ салды, дүбірлетті; ә) көңілге ой салды; жігерлендірді.*

ДҮБІРЛЕ *Дүрсілдеу, тарсылдау.*

ДҮБІРЛІ 1. *Думанды, дүрмекті* 2. ***Ауысп.*** *Қарқынды, пәрменді.*

ДҮДӘМАЛ 1. *Екіұшты, күмәнді, белгісіз.* 2. *Күмән, күдік, жорамал.* ◊ **Дүдәмал болды** — *сенер-сенбесін білмеді, күмәнданды.*

ДҮДӘМАЛДА *Тура тап басып айтпау, екіұшты қылу.*

ДҮДӘМАЛДАН *Шүбәлану, күмәндану.*

ДҮДӘМАЛДАУ *Екіұштылау, көмескілеу.*

ДҮДӘМАЛДЫ *Екіұшты, күмәнді.*

ДҮДӘМАЛДЫҚ *Селқостық, енжарлық, самарқаулық.*

ДҮЗ 1. *Жүз, бет.* 2. *Үйден сырт жер, ен дала; тыс.* ◊ **Дүзі жанбады** — *ойына кіріп те шықпады, шімірікпеді.* **Дүзге отырды [шықты]** — *дәрет сындырды.*

ДҮЗГЕН ***бот.*** *Құмды, шөлейтті жерде өсетін бұтақты тырбық өсімдік.*

ДҮЙСЕНБІ *Аптаның бірінші күні.*

ДҮЙІМ *Түгел, тұтас, тегіс.*

ДҮК: дүк етті — *дық етті, дүңк етті.*

ДҮК-ДҮК *Дүкілдеген дыбыс.*

ДҮКЕН 1. *Әртүрлі тауар сататын сауда орны.* 2. *Ұсталар темір соғатын орын; ұстахана.* □ **Дүкен құрды** — а) *ұстахана әзірледі;* ә) *сауық-сайран құрды, сөзге кенелтті.* **Дүкен ұстады** — *сауда жасайтын орынға ие болды.*

ДҮКІРТ *Пәле, кездейсоқ оқиға, қырсық.*

ДҮЛДҮЛ ***поэт.*** 1. *Жүйрік ат, сәйгүлік, пырақ.* 2. ***Ауысп.*** *Шешен, шебер.*

ДҮЛЕЙ 1. *Жарымес, нақұрыс, дөкір, ақылсыз.* 2. *Табиғаттың меңіреу, сұрапыл, долы күші.* 3. ***Ауысп.*** *Айт-үйтқа қарамайтын, киме, ұрма.* □ **Дүлей күш** — *көзсіз қажыр-қайрат.*

ДҮЛЕЙЛЕН *Долдану, алабұрттану, өршелену.*

ДҮЛЕЙЛІК *Дөкірлік, дөрекілік, ожарлық, ақылсыздық.*

ДҮМ I 1. *Бір заттың арты, түп жағы.* 2. *Мылтықтың иыққа тірейтін жері.*

ДҮМ II *Қалың, ну, сыңсыған.* □ **Дүм берді** — *қауырт лап берді.*

ДҮМБІЛ 1. *Пісуі жетпеген шикі.* 2. ***Ауысп.*** *Ысылмаған, өмірден көргені аз, шала (адам).* 3. *Жүгерінің әлі пісіп жетілмеген кезі.* **Дүмбіл тағам** — *пайдаланылуы үшін одан әрі толық пісіруді қажет ететін шала дайындалған тағам.*

ДҮМБІЛЕЗ 1. *Шала піскен.* 2. *Жетілмеген, шалағай, ісінде тиянақ жоқ.*

ДҮМБІЛЕЗДЕУ 1. *Бұлдырлау, көмескілеу.* 2. *Шикілеу.*

ДҮМБІЛЕЗДІК *Шалағайлық, шикілік.*

ДҮМБІРЛЕ 1. *Дүмбір ету, күмбірлеу.* 2. ***Ауысп.*** *Алыпұшу, лепіру.*

ДҮМБІТ *Жел беру, желіктіру.*

ДҮМГАН *Екіойлы, күмәнді.*

ДҮМДІ 1. *Ататегі мықты, белді, күшті, атақты.* 2. *Күшті, әлді, қайратты.*

ДҮМДІЛІК *Мықтылық, күштілік, әлділік.*

ДҮМП-ДҮМП *Гүрс-гүрс, тарс-тарс.*

ДҮМПІ *Дүңкию, күмпию.*

ДҮМПУ 1. *Қатты денелердің соғылысуынан, қозғалысынан пайда болған күшті жарылыс.* 2. *Бір нәрсенің еткен әсері, ықпалы.*

ДҮМПІ *Дүңкию, көтерілу, томпаю.*

ДҮМПІЛ *Дүңкіл, күрсіл, тарсыл.*

ДҮМШЕ *Білімсіз, шаласауатты.*

ДҮМШЕЛІК *Надандық, білімсіздік.*

ДҮНГЕН *Тілі қытай-тибет семьясына жататын мұсылман дініндегі халық.*

ДҮНГЕНШАЙ ***бот.*** *Биіктігі 20—30 см-дей тауда өсетін сарығүлді шөп.*

ДҮНИЕ 1. *Жержүзі, әлем.* 2. *Мүлік, жиһаз.* 3. *Қазына, қамба, көмбе.* 4. *Өмір, тіршілік.* 5. *Табиғат пен қоғамдағы белгілі бір ортада өмір сүретіндердің тобы, жиынтығы.* 6. ***Ауысп.*** *Белгілі бір сөздермен қосылып, көп, мол, бірталай деген ұғымды білдіреді.* ◊ **Дүние боқ** — *опасыз өмір, алдамшы тіршілік.* **Дүниеге келді** — *а) перзент өмірге келді, бала туылды; ә) іс жүзінде көрінді, пайда болды.* **Дүниеден қайтты [кетті, өтті]** — *қайтыс болды, өлді.* **Дүниеде теңдесі жоқ** — *еш нәрсе оған тең келмейді.* **Дүниежүзі** — *бар әлем, бүкіл әлем.* **Дүние кезек** — *өмір бірде олай,*

бірде былай, өзгермелі. **Дүниеқоңыз** – *дүниежанды, дүниеқор.* **Дүниені қарап қылды** – *әлемді тас-талқан етті.* **Дүниенің бұты – бір-ақ тиын** – *бәрібір, не болса ол болсын.* **Дүниенің тұтқасын ұстады** – *өмірдің билігі өз қолында болды.* **Дүниенің төрт бұрышы** – *бүкіл әлем, барлық жер шары.* **Дүние сөзі** – *күнделікті тіршілікке қатысты бос әңгіме.*

ДҮНИЕ-АЙ *Шіркін-ай, өмір-ай, заман-ай.*

ДҮНИЕЖАНДЫ *Дүниеқор, дүниеқоңыз.*

ДҮНИЕҚОР *Дүниеқұмар, дүниежанды.*

ДҮНИЕҚОРЛАУ *Дүниеқұмарлау, дүниежандылау, малқорлау.*

ДҮНИЕҚОРЛЫҚ *Дүниежандылық, дүниеқұмарлық.*

ДҮНИЕЛІ *Дүниесі көл, мүлікті, жиһазды.*

ДҮНИЕЛІК I *Бұйым, жиһаз, мүлік.*

ДҮНИЕЛІК II *Белгілі бір тіршілікке тән, заманалық.*

ДҮНИЕ-МАЛ *Қазына-байлық, дәулет.*

ДҮНИЕ-МҮЛІК *Бар дүниелік, дүние-байлық, бар жиһаз.*

ДҮНИЕТАНУ *Дүниенің даму заңдылығын білу қабілеті, жалпы ой-өріс.*

ДҮНИЕШІЛ *Дүниеқор, дүниеқұмар, дүниежанды.*

ДҰҒІР I *Қаңғыр-күңгір, даңғыр.*

ДҰҒІР II *Ішіне сұйық зат құйылатын темір ыдыс.*

ДҰҒІР-ДҰҒІР *Қаңғыр-күңгір, даңғыр-дұңғыр.*

ДҰҒІРЛЕ 1. *Даңғырлау, дұңғір-дұңгір ету.* 2. *Қаңғыр-күңгір ету, қаудырлау.*

ДҰҒІРЛЕК *Бітеу ағаштан ойып жасалған ұзынша ағаш шелек.*

ДҰҒІРШЕК I *Қаймақ, май салынатын шұңғыл ыдыс.*

ДҰҒІРШЕК II ***бот.*** *Судың тереңдеу жерінде қалқып жүретін су өсімдіктері.*

ДҰҒІРШЕК III ***муз.*** *Үріп ойналатын қазақтың ұлттық музыкалық аспабы.*

ДҰҢ 1. *Тарс, күрс, күмп.* 2. *Қорс етпе, томырық, торсылдақ.* □ **Дұңк дегізді** – *сарт етті, тарс дегізді.* **Дұңк етті** – а) *тарс ете қалды, гүрс етті;* ә) *күтпеген хабар жан-жаққа өрбіп тарады;* б) *қорс етті, дүрсе қоя берді.*

ДҰҢК-ДҰҢК *Тарс-тарс, тарс-тұрс, дүрс-дүрс.*

ДҰҢК: дұңк-дұңк хабар – *алып-қашты сөз, дүрілдеген хабар, дақпырт.*

ДҰҢКИ *Дөңкию, күжірею.*

ДҰҢКТЕУ *Мінезі томырықтау, дөң мінезділеу.*

ДҰҢКІ *Ісіну, қабыну, дұңкию.*

ДҰҢКІЛ *Тарсылдаған, дүрсілдеп дүрілдеген, гүілдеген қатты дыбыс.* □ **Дұңкілге салды** – *баяғы әдетіне басты.*

ДҰҢКІЛДЕ *Дұңк-дұңк, гүрс-гүрс еткен дыбыс шығару.*

ДҰҢКІЛДЕК *Дұңк-дұңк еткен, гүрілдек.*

ДҰП 1. *Мылтықтың, автоматтың дүмі.* 2. *Ең соңы.* □ **Дұп түсті** – *дәп түсті, дәл шықты.*

ДҰП-ТҰЗУ *Тартқан сымдай дүзу.*

ДҰПІЛДЕ 1. *Алыпұшу, лүпілдеу.* 2. *Дұңкіл шығару, әйгілеу.*

ДҰПІЛДЕК ***зоол.*** *Үлкендігі кептердей балықшылар отрядына жататын құс.*

ДҰР I *Маржан, інжу.* ◊ **Дұр шашты** – *гүл жайнады, құлпырды.*

ДҰР II *Күрт, қауырт, бірден.* ◊ **Дұр етті** – *ду етті, бұрқ етті.* **Дұр сілкінді** – а) *жан-жануар бойын жазып желпінді;* ә) *тебіренттті, тітіренттті.* **Дұр тітіренттті** – *тебіренттті, тітіренттті.*

ДҰР III *Атақты, даңқты, мықты.* ◊ **Дұр санады** – *өзін-өзі жоғары көтеріп көкірек керді.*

ДҰР: дұр жаңа – *су жаңа.*

ДҰРБЕЛЕҢ 1. *Күйзеліс кезең, лаң, әбігер, аласапыран.* 2. ***Ауысп.*** *Қым-қуғаш әуреге түсушілік, әбігерге салынушылық.* ◊ **Дұрбелең салды** – *әуре-сарсаң қылды, берекесін алды.*

Дүрбелеңге түсті – *аласапыран болды, күйзелді.*

ДҮРБЕЛЕҢДЕТ *Дүр сілкіндіру, дүрліктіру.*

ДҮРБЕЛЕҢДІК *Аласапыранға салынушылық, астан-кестендік, әбігерлік.*

ДҮРБІЛЖІҢ *Белі жоғалып, мықынымен бірігіп кеткен, белі мен кеудесі, кеудесімен бөксесі тұтасқан.*

ДҮРБІ *Алыстағыны жақындатып көрсететін оптикалық құрал.*

ДҮРБІТ *Дүрліктіру, дүрбелеңге түсіру.*

ДҮРДАРАЗ *Біржола араз емес, аз мерзімдік ренжісу, өзара өш, қас.*

ДҮРДАРАЗДЫҚ *Араз болушылық, өштесушілік, қастасушылық.*

ДҮРДЕЙ ***көне*** *Дардай.*

ДҮРДЕК: дүрдек ерін – *дүрдиген қалың ерін.*

ДҮРДИ 1. *Көнтию, дөңкию, ісіну.* 2. *Бір-бірін жақтыртпай сес көрсету, бұртиысу.*

ДҮР-ДҮР *Гүр-гүр, дар-дүр.*

ДҮРЕ ***көне*** *Қылмыскерді шыбыртқы не қамшымен сабайтын ауыр жаза.* □ **Дүренің астына алды** – *соққыға жықты.* **Дүре соқты [салды, жеді]** – *соққы берілді, жазалады.*

ДҮРЕГЕЙ 1. *Екі түрлі тұқымнан шыққан будан.* 2. ***Ауысп.*** *Некесіз туған бала.*

ДҮРЕЛЕ *Ұрып-соғып жазалау, дүре соғу.*

ДҮРЕШІ ***көне*** *Дүре соғушы адам.*

ДҮРИЯ *Жалтыраған, жібек мата.*

ДҮРК *Кенет, қауырт, бірден.*

ДҮРКІН *Мәрте, рет, қайтара.*

ДҮРКІНДЕ *Күшею, екпіндеу, қарқындау.*

ДҮРКІН-ДҮРКІН *Оқтын-оқтын, мезгіл-мезгіл, әлсін-әлсін, қайта-қайта.*

ДҮРКІНДІК *Күн сайынғы, күнделікті, мерзімді.*

ДҮРКІРЕ 1. *Дүр ете түсу, жапатармағай үрдіс қимыл жасау, тапырлау.* 2. *Дүрілдеу, күркіреу, екпіндеу.* 3. *Қаулап өсу, жайқалу.* 4. ***Ауысп.*** *Аты шығу, дәуірі жүріп тұру.*

ДҮРЛЕНТ *Дүр сілкіндіру, дүбір қақтыру.*

ДҮРЛІГІС *Абыржушылық, үрейленушілік, қорқушылық, әбігерленушілік.*

ДҮРЛІК 1. *Үрейлену, абыржу, шошыну.* 2. *Даурығу, желігу, желпіну.*

ДҮРМЕК *Үлкен сабылыс, мол топыр.*

ДҮРМЕК-ДҮРМЕК *Ауық-ауық, мезгіл-мезгіл, әлсін-әлсін.*

ДҮРМЕКТЕ *Шуылдау, дуылдау.*

ДҮРМЕКТІ *Улы-шулы, еліккен, дабыр-дүбірлі дүрбелең.*

ДҮРС *Тарс-түрс, гүрс.* ◊ **Дүрс еткізді** – *ойланбастан айтып салды, қойып қалды.* **Дүрс етпе** – *дөкір мінезді, қоңқ етпе.*

ДҮРС-ДҮРС: дүрс-дүрс етті [соқты] – а) *жүрегі лүп-лүп етіп ойнақшыды;* ә) *тарсылдады, гүрсілдеді.*

ДҮРСЕ: дүрсе қоя берді – а) *салған жерден тап берді, шап ете түсті;* ә) *тікелей шабуылға кірісті.*

ДҮРСІ 1. *Дәуірі жүру, кемеліне келу.* 2. ***Ауысп.*** *Қоқылану, кісімсу.*

ДҮРСІЛ *Тарсыл, тасыр-түсыр еткен дыбыс.* ◊ **Дүрсіл қақты** – *жүрегі алыпұшты, лүпілдеді.*

ДҮРСІЛДЕ 1. *Тарсылдау, лүпілдеу.* 2. ***Ауысп.*** *Өріс алып даму, қызу.* 3. ***Ауысп.*** *Ашулану, зіркілдеу.*

ДҮРСІН I *Ісініп-қабыну, күпіну.*

ДҮРСІН II *Дүбір, нөпір.*

ДҮРІЛДЕ 1. *Гүр-гүр, дүр-дүр еткен дыбыс шығару.* 2. *Дүркірей қашу.* 3. *Оттың маздап жануы, лаулауы.* 4. *Өсімдіктің қаулап өсуі.* 5. *Қарқыны күшею, қызу.* 6. ***Ауысп.*** *Аты шығып, даңққа бөлену.*

ДҮСІР *Тасыр-түсыр еткен дүбір.*

ДҮСІР-ДҮСІР *Тасыр-түсыр, дүбір-дүбір.*

ДҮСІРЛЕ *Тасыр-түсыр ету, дүбірлеу.*

ДЫБДЫР-ДЫБДЫР *Тыңдаушысына сөзін түсініксіз етіп жеткізу, анық сөйлей алмау.*

ДЫБДЫРЛА *Түсініксіз етіп дабдырлап сөйлеу.*

ДЫБЫР *Дабыр-дұбыр еткен дыбыс, дүбір.*

ДЫБЫР-ДЫБЫР *Күбір-күбір, дыбыр-дүбір.*

ДЫБЫРЛА 1. *Дабыр-дұбыр ету, дабырлау.* 2. *Сөзді анықтап сөйлей алмау, быдыңдау.*

ДЫБЫС 1. *Ауа толқыны арқылы құлаққа естілетін үн, дым.* 2. ***лингв.*** *Сөйлеу сөзді жік-жікке бөліп тұратын элемент.* □ **Дыбыс берді** — а) *үн қатты, ишарат білдірді;* ә) *белгі берді, хабарлады.* **Дыбыс біліңді** — *үні естілді, хабар алынды.*

ДЫБЫСТА 1. *Дыбыс шығару, үн қату, дауыстау.* 2. *Құлақ салып, тыңдау.*

ДЫБЫСТЫ *Дыбысы бар, дыбыс шығаратын.*

ДЫБЫСХАНА ***муз.*** *Музыка шығармалары мен жеке адамдардың сөздері жазылып алынған ленталар, пластинкалар сияқты техникалық құралдар сақталатын орын; фонотека.*

ДЫБЫСШЫЛ *Дыбысты тез сезгіш, абайлағыш, сақ.*

ДЫҒЫР: дығыр салды — *әлекке түсірді, әбігерледі.*

ДЫЗ: дыз етпе — а) *ұшпа, ұшқыр;* ә) *ашуы тез қайтатын, зілі жоқ адам.* □ **Дыз етті** — а) *ауырғаннан, үсіктен дене шым етті; ду етті;* ә) *жылдам қимыл жасады, лып етті.*

ДЫЗАҚ: дызақ қақты — *азарда-безер болды.*

ДЫЗАҚТА *Быжылдау, күйіп-пісу.*

ДЫЗАЛАҚТА *Күйіп-пісіп ашулану, шыж-быж болу.*

ДЫЗ: дыз-дыз етті — а) *шыж-быж болды;* ә) *қыз-қыз қайнады;* б) *удай ашып ауырды.*

ДЫЗЫЛ *Дыз-дыз етіп ауырған аурудың белгісі.*

ДЫЗЫЛДА 1. *Суықтан не аурудан дененің тыз-тыз етіп шымырлауы.* 2. ***Ауысп.*** *Қолды-аяққа түрмай шыдамсыздану.*

ДЫЗЫЛДАҚ ***экспр.*** *Мазасыз, шыдамсыз, ұшқалақ, алыпұшпа.*

ДЫҚ *Көңілге түскен қаяу, реніш, кірбің.*

ДЫҚСЫЗ *Ренішсіз, кексіз, зілсіз.*

ДЫҚТАН *Көңілге қаяу салу, қапа болу.*

ДЫҚТЫ *Өшті, кекті, зілді.*

ДЫҚШЫЛ *Көңіліне қаяу алғыш.*

ДЫМ I *Ылғал, сыз.* □ **Дым тартты** — *ылғалданды, суланды.*

ДЫМ II *Үн, дыбыс.* ◊ **Дымы құрыды** — а) *шаршап-шалдықты, діңкеледі;* ә) *мысы құрыды.* **Дымын ішіне бүкті** — *сыр бермеді, сырын ашпады.* **Дымын шығармады** — *үнін өшірді, үндетпеді.* **Дымың ішіңде болсын** — *пікірің ішіңде болсын; үндеме.*

ДЫМ III *Ештеңе, дәнеме, түк.* ◊ **Дым сызбады** — а) *тамақ ішпеді, нәр татпады;* ә) *ләм-мим демеді.*

ДЫМ IV *Тым, аса.*

ДЫМ: дым біткен — *мүлдем естімейді, керең, саңырау.*

ДЫМАҚ *Күш-жігер, қайрат, шама-шарық.*

ДЫМДА *Сулау, дымқылдау.*

ДЫМДЫ *Дымқыл, дымқос.*

ДЫМҚОС *Дымқыл, ылғалды, сулы.*

ДЫМҚОСТАН *Ылғалдану, дымқылдану, сулану.*

ДЫМҚОСТЫҚ *Ылғалдылық, дымқылдық.*

ДЫМҚЫЛ *Дымды, сулы, ылғалды, дымқос (тезек, жер).* ◊ **Дымқыл тартты** — *дымқылданды, суланды.*

ДЫМҚЫЛДА *Сулау, дымқылдандыру, ылғалдандыру.*

ДЫМҚЫЛДАУ *Дымқылырақ, ылғалдау.*

ДЫМҚЫЛДЫҚ *Сулылық, дымқостық, ылғалдылық.*

ДЫМЫҚ 1. *Дым тарту, дымдану.* 2. *Дымы құру, түншығу.*

ДЫҢ: дың етті — *а) домбыраның ішегі шыңылдап, дыбыс шығарды; ә) шың ете қалды, дыңылдады.*

ДЫҢҒЫР: дыңғыр етті — *қаңғыр етті, даңғырады.*

ДЫҢҒЫРА 1. *Дап-даңғыл боп тапталу, тегіс-тегіс болу.* 2. *Заулау, зауылдау, жүйткі.* 3. *Дүмбірлеу, күмбірлеу.*

ДЫҢҒЫР-ДЫҢҒЫР *Қаңғыр-күңгір, даңғыр-дүңгір.*

ДЫҢҒЫРЛА *Дыңғыр-дыңғыр, қаңғыр-күңгір ету.*

ДЫҢДАЙ 1. *Ортан қолдай, бақандай.* 2. *Күшті, қуатты, мықты.* 3. ***Ауысп.*** *Оңтайлы, епті, шебер.*

ДЫҢ-ДЫҢ *Дыңылдаған дыбыс, дыңғыл.* □ **Дың-дың еткізді** — *дыңғыр-дыңғыр үн шығарды, дыңылдатты.* **Дың-дың етті** — *басы дыңылдады, құлағы шыңылдады.*

ДЫҢҚ-ДЫҢҚ *Тыңқылдаған дыбыс.*

ДЫҢЫЛ *Дың-дың еткен дыбыс.*

ДЫҢЫЛДА 1. *Дыңылдаған дыбыс шығару.* 2. *Шың-шың ету, шыңылдау.*

ДЫР ***көне*** *Аса үлкен, ірі, зор.*

ДЫРАУ 1. *Жуан, үлкен, дөкір, дойыр.* 2. ***Ауысп.*** *Даңқты, атақты.*

ДЫРДАЙ *Дардай, білдей, соқталдай.*

ДЫРДИ *Ісініп-кебіну, көкірек керу.*

ДЫРДУ *У-шу, сауық-сайран.* □ **Дырду қылды** — *қызықтады, думандатты.*

ДЫРДУЛА *Даурығу, абыржу.*

ДЫРДУЛЫ *У-шулы, сауық-сайранды, думанды.*

ДЫР-ДУМАН *Ойын-сауық, тойдуман.* ◊ **Дыр-думан етті** — *тойлады, қызықтады.*

ДЫРДУШЫЛ *Ойын-сауықшыл, думаншыл.*

ДЫР-ДЫР *Дырылдаған, дарылдаған үн, дыбыс.*

ДЫРР: дырр еткізді — *жыртты, айырды, дар еткізді.*

ДЫРЫЛ *Дыр-дыр еткен дауыс, үн.*

ДЫРЫЛДА 1. *Гүр-гүр ету, дүрілдеу, пыр-пыр ету.* 2. *Дыр-дыр ету, дарылдау.* 3. *Дүр-дүр ету, дүркіреу.*

ДЫРЫЛДАҚ *Аңшылардың аңды үркітетін арнайы аспабы.*

ДЫТ: дыт дегізді — *ешкімге айтпастан, білдірместен жоқ болды.*

ДІГЕРЕКТЕ *Дік-дік ету, дікіңдеу.*

ДІГЕРЛЕ *Дікіңдеу, тықақтау, тақымдау.*

ДІГІР *Үстемдік, өктемдік, зорлық-зомбылық.* ◊ **Дігір салды** — *тықсырды, тықақтады.*

ДІГІРДЕЙ-ДІГІРДЕЙ *Соқталдай, сомадай, еңгезердей.*

ДІК: дік етті — а) *дәл түсті, тез жетті;* ә) *қыдыңдады, дікіңдеді;* б) *көңілге келді, өкпеледі.*

ДІК-ДІК 1. *Тық-тық, тырс-тырс, тұп-тура.* 2. *Дәлме-дәл, нақпа-нақ, дүрс-дүрс.* ◊ **Дік-дік етеді** — *қылқ-қылқ етеді, дікіңдеді.*

ДІКЕК: дікек қақты — *дікеңдеді, дікектеді.*

ДІКЕКТЕ *Дікің-дікің ету, тықақтау.*

ДІКЕҢ-ДІКЕҢ: дікең-дікең етеді— *дікілдеді, қожаң-қожаң етті.*

ДІКТЕС *Түс шайысу, ренжісу, ұрысу.*

ДІКІЛ *Тық-тық еткен дыбыс, тықыл.*

ДІКІЛДЕ *Қожаңдау, кіжіңдеу.*

ДІКІЛДЕТ *Бас-аяғына қаратпай асықтыру, жеделдету.*

ДІКІҢДЕ *Кіжіңдеу, дікеңдеу.*

ДІКІҢ-ДІКІҢ: дікің-дікің етеді — *қожаң-қожаң етті, кіжіңдеді.*

ДІКІРЕҢДЕ *Қоқаңдау, қожаңдау, әкіреңдеу.*

ДІЛ *Таза жүрек, терең ой.*

ДІЛБАС 1. ***мед.*** *Тамақтан ауыратын ауру, баспаның бір түрі.* 2. ***вет.*** *Түйенің тынысын тарылтатын ауру; тілбас, көмекей құрт.*

ДІЛГІР *Мұқтаж, зәру, қат.*

ДІЛГІРЛІК *Зәрулік, мұқтаждық.*

ДІЛДА ***көне*** *Алтын ақша.*

ДІЛДАР *Тілі мен жағына сүйенген берекесіздеу адам.*

ДІЛМАР *Тілге шешен, сөзге бай.*

ДІЛМАРЛАН *Тілі мен жағына сүйеніп білгішсіну, шешенсу.*

ДІЛМАРЛЫҚ *Шешендік, сөзуарлық.*

ДІЛМАРСЫ *Шешенсу, ділмарлану.*

ДІМКӘС *Жарымжан, кемтар, мүгедек.*

ДІМКӘСТАН *Ауыру, сырқаттану.*

ДІМКӘСТЫҚ *Аурушаңдық, жарымжандық.*

ДІН *Құдайға құлшылық етіп, бас идіруші идеологиялық қондырманың бір түрі.* ◊ **Дін аман** – *бәрі де аман, түгел.* **Дін қойды** – *бар көңілімен, ынты-шынтысымен.* **Діннен шықты [без-ді]** – *дін жолынан тайды.* **Діні қатты** – *мейірімсіз, қатыгез.* **Дін мұсылман [ислам]** – *мұсылман дініне енушілердің бәрі, ислам дінін қолдаушылар.*

ДІНДАР *Дінге сенгіш, құдайшыл.*

ДІНДАРЛЫҚ *Дінге берілгендік, діншілдік.*

ДІНДЕС *Бір дінге сенетін, діні бірге.*

ДІНИ *Дін тұрғысынан, дінге тән, діншіл.*

ДІНСІЗ 1. *Дінге сенбейтін, Құдайды мойындамайтын.* 2. *Мейірімсіз, қатыгез, кәпір.*

ДІНСІЗДІК *Құдайдың барлығын мойындамаушылық, дінге сенбеушілік.*

ДІНШІЛ *Құдайға сенгіш, дінге берілген.*

ДІНШІЛДІК *Құдайға сенушілік, дінге берілгендік.*

ДІҢ 1. *Ағаштың бұтақ тарайтын, жапырақ өсетін негізі, дүбі.* 2. **Ауысп.** *Тірек, таяныш.* ◊ **Дің қойды** – *аурудан құлан-таза айықты.* 3. *Жау әскерін қарауылдау үшін үйілген тас үйіндісі.*

ДІҢГЕК 1. *Жерге қазып орнатқан бағана, тіреу.* 2. **Ауысп.** *Арқа сүйер таяныш, тірек.*

ДІҢГЕКТЕ *Қатайып жуандап кету.*

ДІҢГЕКТЕЙ-ДІҢГЕКТЕЙ *Соқталдай, сырықтай, сойдауылдай.*

ДІҢГЕКШЕ *Кішігірім діңгек.*

ДІҢГЕНЕ *Зат алмасуының бұзылуынан тістің қызылиек еттерінің қанап ауыратын ауруы, қырқұлақ.*

ДІҢГІЛ-ДІҢГІЛ *Діңкілдеген жіңішке үн.*

ДІҢГІР *Дыңғырлаған жіңішке үн.*

ДІҢГІРЛЕ *Дікілдеу, тықақтау.*

ДІҢК-ДІҢК: діңк-діңк етті – *қоқаңдады, дікеңдеді.*

ДІҢКЕ *Жан-жүйе, жүйке.* ◊ **Діңкесі қатты** – *сілесі қатты, діңкеледі.* **Діңкесі құрыды** – *а) шаршап болдырды, діңкеледі; ә) не істерін білмей дал болды, мысы құрыды.* **Діңкесіне тиді** – *титығына жетті, ығыр қылды, мезі етті.* **Діңкесін тауысты** – *шаршап-шалдықтырды, діңкелетті.*

ДІҢКЕЛЕ *Шаршап-шалдығу, әлі кетіп титықтау.*

ДІҢКИ *Теңкию, дұңкию.*

ДІҢКІЛ *Дің-дің еткен дыбыс.*

ДІҢКІЛДЕ *Діңк-діңк етіп қоқаңлоқы жасау, күш көрсету.*

ДІҢКІЛДЕК *Діңк-діңк еткен мазасыз.*

ДІР: дір етті – *тітіркенді, қалтырады.* **Дір қақты** – *дірілдеді, қалтырады.* **Дір сілкінтті** – *елең-елең еткізді, дүрліктірді.*

ДІРДЕК: дірдек қақты – *қалш-қалш етті, бүрсеңдеді.*

ДІРДЕК-ДІРДЕК *Түйдек-түйдек, ағыл-тегіл, мол.* ◊ **Дірдек-дірдек етті** – *қалтырады, қалшылдады, дірдек қақты.*

ДІРДЕКТЕ 1. *Қалшылдап тоңу, бүрсеңдеу.* 2. *Сорғалау, құйылу.*

ДІР-ДІР: дір-дір етті – *қалш-қалш етті, қалшылдады.*

ДІРІЛ I *Дененің қалтырап тітіркенуінен пайда болатын қимыл.* ◊ **Діріл қақты** – *дір-дір етті, қалшылдады.*

ДІРІЛ II ***физ.*** *Дененің ырғақты тербелісінен пайда болатын діріл.*

ДІРІЛДЕ 1. *Дір-дір етіп қозғалу, қимылдау.* 2. *Тоңғаннан немесе қорыққаннан дененің түршігіп қалтырауы.*

ДІРІЛДЕҢКІ *Аздап дірілі бар.*

ДІРІЛДЕТКІШ ***физ.*** *Діріл, тербеліс, қозғалыс жасайтын аспап, аппараттың бөлігі.*

ДІРІЛДІ *Тітіркенген, қалтыраған.*

ДІТ *Мақсатты ой, көңіл, пікір.*

ДІТТЕ *Мақсат ету, көздеу.*

ДІТТЕТ *Мақұлдату, қолдату.*

Е

Е I 1. *Біреудің назарын өзіне аудару үшін қолданылатын одағай.* 2. *Болған уақиғаның байыбына барғандықты, қоштағандықты білдіретін шылау.* 3. *Тіліміздегі иә жалғаулығының орнына қолданылады.* ◊ **"Е" деді** — *ризалық білдірді, келісті.*

Е II *Негізгі сөзден болған баяндауышты немесе баяндауыштардың мазмұнын түрлендіру үшін жұмсалатын көмекші сөз.*

ЕБДЕЙ *Икем, ыңғай, еп.*

ЕБДЕЙЛЕ *Икемдеу, ыңғайлау,ептеу.*

ЕБДЕЙЛІ 1. *Икемді, ыңғайлы, оңтайлы.* 2. *Пысық, ширақ.*

ЕБДЕЙСІЗ *Икемсіз, епсіз.*

ЕБДЕЙСІЗДЕУ *Икемсіздеу, ыңғайсыздау, епсіздеу, қолайсыздау.*

ЕБДЕЙСІЗДІК *Икемсіздік, ыңғайсыздық, епсіздік.*

ЕБЕЙ I ***бот., көне*** *Ебелек.* ◊ **Ебей басты** — *басы қауқиған, селтиген.*

ЕБЕЙ II ***көне*** *Басыбайлы, еріксіз күң.*

ЕБЕҚАҢБАҚ ***бот.*** *Жапырақтары сағақсыз, гүлдері ұсақ, қалампыр тұқымдас көпжылдық шөп, аққаңбақ.*

ЕБЕЛЕК I 1. ***бот.*** *Құмды, шөбі тықыр жерлерде өсетін біржылдық шөптесін өсімдік.* 2. ***Ауысп.*** *Жеңілтек, қалбалақ, ұшқалақ.* ◊ **Ебелек қақты** — *асты-үстіне түсіп, бәйек болды, қалбалақтады.* **Ебелек ұшпас елсіз жер** — *құ медиен тақыр дала, шөл дала.*

ЕБЕЛЕК II ***тех.*** *Комбайнның астық сабағын жығу үшін арнайы жасалған ағаш қалақтары.*

ЕБЕЛЕК III ***физ.*** *Әйнектің жарыққа шағылысуынан пайда болатын сәуле.*

ЕБЕЛЕКТЕ 1. *Қалбалақтап, ұшқалақ қағып, қолды-аяққа тұрмау.* 2. *Елпек қағу, бәйек болу.*

ЕБСЕК *Епті қимыл, әрекет.*

ЕБІ: ебі желі — *Жоңғар Алатауының шығысында болатын дауылды, еспе қатты жел.*

ЕБІЛ-СЕБІЛ 1. *Ағыл-тегіл.* 2. *Абың-күбің, қарбалас, әбігер.* ◊ **Ебіл-себіл болды** — а) *сора-сорасы шығып жылады;* ә) *өрім-өрім, алба-жұлба;* б) *әбігер болды.* **Ебіл-себілі шықты** — *азып-тозды, жүдеді.*

ЕВРЕЙ *Шығу тарихы жағынан ежелгі семит тілдері тобына жататын, Израиль мемлекетінің негізгі халқы.*

ЕГДЕ *Жасы келген, ұлғайған, кексе, мосқал.* ◊ **Егде тартты** — *жасы ұлғайды, мосқал тартты.*

ЕГДЕЛЕ *Жасы ұлғаю, егде тарту, үлкендеу.*

ЕГДЕЛЕУ *Жасы келіп қалған мосқалдау, кекселеу.*

ЕГДЕЛІК *Жасы ұлғайғандық, мосқалдық, кекселік.*

ЕГДЕМ ***көне*** *Күші басым, үстем, зор.*

ЕГДЕРЕК *Жасы үлкендеу, егделеу, мосқалырақ.*

ЕГЕ *Егеумен егеу, өткірлеу.*

ЕГЕЙ ***көне*** *Мықты, ығай мен сығай, игі жақсы.* □ **Егей төс** — *кең кеуделі, мүсінді (жылқы).*

ЕГЕЙЛЕС ***көне*** *Бетпе-бет келу, қарсыласу, айқасу, ерегісу.*

ЕГЕК ***көне, муз.*** *Саз аспаптарының бір түрі.*

ЕГЕМЕН *Өз билігі, бас бостандығы өзінде, тәуелсіз.*

ЕГЕМЕНДІ *Тең құқықты, өз билігі өзінде, тәуелсіз.*

ЕГЕМЕНДІК *Бір мемлекеттің ішкі істерінде ешбір мемлекетке тәуелді болмауы және сыртқы саясат жүргізу еркінділігі, тәуелсіздігі.*

ЕГЕР I *Өш, қас, араз, жау.*

ЕГЕР II ***грамм.*** *Шарттық қатынасты білдіретін жалғаулық.*

ЕГЕС *Талас-тартыс, тайталас.* ◊ **Егес етті** — *таласты-тартысты, ерегісті.* **Егеске түсті** — *бәсекеге түсті, бәсекелесті.* **Егес шығарды** — *дау-дамай туғызды, керісті.*

ЕГЕСПЕ *Ерегіспе, таласпа.*

ЕГЕСТІ *Дау-дамайлы, бәсекелі.*

ЕГЕУ 1. *Металл заттарды егеп, өткірлейтін құрал.* 2. ***Ауысп.*** *Түрпідей қатты, жұмсақ емес.* □ **Егеу мұрт** — *мұрты егеудей, қайратты.* **Егеу сөз** — *қайрап салма сөз.*

ЕГЕУДЕЙ 1. *Түрпідей, қатты.* ***Ауысп.*** 2. *Уытты, өткір.* 3. ***Ауысп.*** *Мықты, қарулы, атпал.* □ **Егеудей тиді** — *көңіліне келді, түрпідей тиді.*

ЕГЕУҚҰЙРЫҚ ***зоол.*** *Ауылшаруашылығына зиянды, тұмсығы сүйір, құйрығы ұзын сұр тышқан.*

ЕГЕУҚҰМ *Металдың, тастың бетін тегістеуге, әрлеуге, тазалауға қолданылатын ұнтақталған минерал.*

ЕГЕУЛЕ 1. *Егеумен егеулеу.* 2. *Мезі қылу, ығыр қылу.*

ЕГЕУЛІ *Өткірленген, қайралған, егелген.*

ЕГЖЕЙ *Бір нәрсенің анық-таныгы, жай-жапсары.*

ЕГЖЕЙЛЕ *Тәптіштеп, анығына жету.*

ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙ *Бір нәрсенің жай-жапсар, анық-танық жағы.* □ **Егжей-тегжейіне жетті** — *бақайшағына дейін шақты, анықтады.*

ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛЕ *Анық-таныгына көзін жеткізу, айқындау.*

ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ *Жан-жақты, толық.*

ЕГУШІ ***мед.*** *Белгілі бір індеттен сақтау, қорғау үшін сол аурудың тұқымын (таяқшасын) адамға алдын ала жіберу, дәрілеу.*

ЕГІЗ I ***этн.*** *Белгілі бір бейненің не суреттің жұп-жұбымен, екі-екіден қайталанып келетін өрнек атауы.*

ЕГІЗ II 1. *Бір анадан немесе енеден бірге туған бала не төл.* 2. *Бір нәрсенің сыңары, жұбы.* 3. ***Ауысп.*** *Бірінен-бірін ажыратуға, бөліп қарауға келмейтін.* □ **Егіз ұйқас** ***әдеб.*** — *қатар тұрған екі жол ұйқасын келетін өлең өлшемі.* ◊ **Егіздің сыңарындай** — *бір-бірінен танып алғысыз, өте ұқсас.* **Егіз қозыдай** — а) *бір-бірінен айнымайтын, ұқсас;* ә) *тату-тәтті, ынтымақты.*

ЕГІЗДЕ 1. *Егіз туу, екі-екіден табу, төлдеу.* 2. ***Ауысп.*** *Екі еселеп өсу, еселену.*

ЕГІЗДЕЙ 1. *Егіз сияқты, егіз тәрізді.* ***Ауысп.*** 2. *Бір-бірінен айнымайтын, ұқсас.* 3. *Тату-тәтті, дос.*

ЕГІЗДЕН *Екі-екіден, қос-қостан.*

ЕГІЗДЕП 1. *Қос-қостап, жұптап, парлап.* 2. ***Ауысп.*** *Еселеп, үсті-үстіне.*

ЕГІЗДЕР ***астр.*** *Аспан күмбезінің солтүстік жарты шарындағы Зодиак шоқжұлдызы.*

ЕГІЗДЕС *Қабат, қатарлас, сыңарлас.*

ЕГІЗДЕТ *Екі-екіден табу, егіз туу, төлдеу.*

ЕГІЗДІК *Егіз болушылық, жұптық.*

ЕГІЗ-ЕГІЗДЕН *қос-қостан, екі-екіден.*

ЕГІЗЕКІ: егізекі болмағыр ***қарғ.*** — *өспегір, өнбегір.*

ЕГІЗШІЛ *Қос-қостан, егізден туғыш, табатын (қой, ешкі).*

ЕГІЛ 1. *Көңілі босап, қатты жылау.* 2. ***Ауысп.*** *Елжіреу, еру.*

ЕГІЛГІШ *Күйзелгіш, күйінгіш, елжіregіш, ерігіш.*

ЕГІЛМЕЛІ *Қолдан егетін, отырғызатын.*

ЕГІЛ-ТЕГІЛ *Көз жасы көл-көсір, ағыл-тегіл.* □ **Егіл-тегіл болды** — *пора-порасы шығып, қатты жылады.*

ЕГІН *Дәнді дақылдар егілген алқап, егіс.* □ **Егін айдады** — *жер жыртты, астық септі.* **Егін басты** — *орылған егінді қырманға сап, мал тұяғымен дәнін түсіріп алды.* **Егін екті [салды]** — *егін шаруашылығымен айналысты.* **Егін жинады [орды]** — *астық орды, бастырды.* **Егін көгі** — *еккен тұқымның жер бетіне көктеп шығуы.* **Егін орағы** — *егінді жинап, бастырып алу маусымы.* **Егін шаруашылығы** — *шаруашылықтың егін егу кәсібі.* ◊ **Егініне түскен жоқ** — *ешқандай жаманшылық жасаған жоқ.*

ЕГІНДІ *Егіс өскен, егісі мол.*

ЕГІНДІК *Егін егуге арналған, егін егілген жер, егістік.*

ЕГІНДІК-ШАБЫНДЫҚ *Егін егуге, шөп жабуға ыңғайлы құнарлы жер.*

ЕГІНЕК ***бот.*** *Орман ішінде, шабындықтарда өсетін, биіктігі 20—65 см-дей, ақ гүлді, біржылдық шөп.*

ЕГІНЖАЙ *Егін егілетін жер, егістік.*

ЕГІНШІ *Егін шаруашылығымен айналысатын адам, дикан.*

ЕГІС *Егін егіп, тұқым себілген жер.*

ЕГІСТІК *Егін егілген жер.*

ЕДӘУІР *Бірқатар, бірталай, әжептәуір.*

ЕДЕЛ-ЖЕДЕЛ *Бірінен кейін бірі, жедегабыл.*

ЕДЕН *Үй, жай, бөлме, ғимараттардағы аяқпен басып жүретін тақтай т. б. төсем.* □ **Еден жуғыш машина** — *еден жууға арналған машина.*

ЕДЕНДЕ *Еден салу, еден төсеу.*

ЕДЕНДІ *Едені бар, еден төселген.*

ЕДЕНДІК *Еден боларлық, еденге жарарлық.*

ЕДІЛБАЙ: еділбай қойы — *қазақтың құйрықты, етті, жүнді, денесі ірі қазақы қойы.*

ЕДІРЕЙ 1. *Көзі шатынап үрке қарау, адыраю, ежірею.* 2. *Түксию, тікірею.* □ **Едірейе қарады** — *одырайды, ежірейді, сүс көрсетті.*

ЕДІРЕҢДЕ 1. *Ежірею, одыраю.* 2. *Дікеңдеу, қожаңдау, қоқаңдау.*

ЕДІРЕҢ-ЕДІРЕҢ: едірең-едірең етті — а) *қожаңдады, дікіңдеді;* ә) *елеңдеді, селтеңдеді.*

ЕЖЕ I *Атасының, бабасының апақарындасы.*

ЕЖЕ II 1. *Құран сүрелерін буындап, ежелеп оқу жүйесі, тәсіл.* 2. ***Ауысп.*** *Бір істің алғашқы бастамасы, әліппесі.*

ЕЖЕҒАБЫЛ 1. ***этн.*** *Ішке жатқан балаларға күнілгері құдалыққа сөз байласу салты.* 2. ***Ауысп.*** *Асығыс-үсігіс, жедегабыл.*

ЕЖЕЛГІ 1. *Бұрыннан келе жатқан, байырғы, атам заманғы.* 2. *Ескі, дәстүрлі.*

ЕЖЕЛДЕ 1. *Баягыда, ертеде.* 2. *Әуелден, ертеден, бұрыннан.*

ЕЖЕЛДЕН *Атам заманнан, баягыдан, ерте кезден.*

ЕЖЕЛЕ 1. ***көне*** *Құран сүрелерін белгілі тәртіп (жүйе) бойынша оқу.* 2. *Сөзді, сөйлемді әріпке, буын-буынға бөліп, ежіктеп оқу.*

ЕЖЕЛЕС *Сөзге келісу, тәжікелесу.*

ЕЖЕТТЕС ***көне*** *Пікірлес, сырлас, әріптес.*

ЕЖІГЕЙ *Қайнатылған қатық пен сары ірімшіктің қоспасы, қышқылтым құрт.*

ЕЖІКТЕ 1. *Сөзді әріптеп, буынға бөліп, ежелеп оқу.* 2. ***Ауысп.*** *Қайталау, мыжыңдау, езбелеу.* 3. *Егжей-тегжейіне жету, тәптіштеу.*

ЕЖІЛ-КҮЖІЛ *Емін-еркін, апылгұпыл.*

ЕЖІРЕЙ *Екі көзін тікірейтіп тесірейе қарау, бақшию.*

ЕЖІРЕҢ: ежірең етті — *едірең етті, едіреңдеді.*

ЕЖІРЕҢДЕ *Едірең-едірең ету, әкіреңдеу.*

ЕЗ I 1. *Ынжық, жасық, шірік, бос.* 2. ***Ауысп.*** *Мүсәпір, бейшара, сорлы.*

ЕЗ II 1. *Қатты нәрсені сүйық күйге келтіру, еріту.* 2. *Бір нәрсені мыжу, мыжғылау.* 3. *Жол ұрып, жол соқты болу.* 4. ***Ауысп.*** *Болмайтынды мылжыңдап көп сөйлеу, қайта-қайта*

айта беру. ◊ **Езіп ішпейді** — *түкке де керек емес, қажеті жоқ.*

ЕЗ III *Біреудің еңбегін пайдалану, қанау.*

ЕЗБЕ ***қарап.*** *Мылжың, мыжыма, тантық.*

ЕЗБЕЛЕ *Көп сөйлеп мыжу, шатпақтау.*

ЕЗГЕК *Уайымға берілгіш.*

ЕЗГІ 1. *Қанаушылық, құлдықта ұстаушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Еңсені көтертпейтін тіршілік.*

ЕЗГІЛЕ 1. *Жаныштап, қайта-қайта мыжғылау.* 2. *Жұмарлау, илеу, илектеу, түймештеу.*

ЕЗГІШ *Езуші, қанаушы (тап).*

ЕЗГІШТЕ *Езгілей беру, әбден мыжып тастау.*

ЕЗДІК *Жасықтық, ынжықтық, бостық.*

ЕЗЕУРЕ *Екілене сөйлеу, өзеуреу.*

ЕЗМАЛТА *Көкмылжың, көп сөйлейтін езбе.*

ЕЗМАЛТАЛА *Мыжу, езу, шатпақтау.*

ЕЗУ *Ауыздың, еріннің екі жақ шеті.* ◊ **Езу жидырмады** — *жұртты күлкіге батырды, көп күлдірді.* **Езу тартты** — *сәби жымиды, күлімсіреді.*

ЕЗУЛЕ 1. *Езуінен тартқылау.* 2. ***Ауысп.*** *Даурығу, өңештеу, өзеуреу.*

ЕЗУЛЕН: көк езулен — *көпіріп көп сөйледі, мылжыңдады.*

ЕЗУЛІ *Езуі үлкен, жайыңдай.*

ЕЗУЛІК *Еріндердің екі шеті, жақтауы.*

ЕЗІЛ 1. ***ыр. етіс*** *Ез-іл.* 2. ***Ауысп.*** *Жұмсақ болып, балбырап пісу.*

ЕЗІЛГІШ 1. *Тез езілетін, оңай езілетін.* 2. ***Ауысп.*** *Еміренгіш, елжірегіш, мейірленгіш.*

ЕЗІМ: бір езім — *бір рет езуге жарайтын.*

ЕЗІНДІ *Бір нәрсенің езілген, сұйылған күйі, ерітінді.*

ЕЙ *Біреудің назарын өзіне аудару үшін айтылатын ишарат сөз.*

ЕК 1. *Егін егу, өсімдік өсіру.* 2. ***мед.*** *Белгілі бір аурудан алдын ала сақтандыру үшін жан-жануар қанына әлгі аурудың таяқшасын (тұқымын) жіберу.* 3. ***зоол.*** *Адам немесе жан-жануардың организміне қажетті зат (ұрық, қан т. б.) ендіру.* 4. ***Ауысп.*** *Ойды, идеяны, ғылым-білімді т. б. көпшілікке үгіттеу, насихаттау, санаға сіңіру.*

ЕКЕН *"Е" көмекші етістігінің өткен шақ есімше формасы.*

ЕКЕНШЕ *Екі ен етіп тігілген кішірек қап.*

ЕКЕР ***көне*** *Ағаш ер.*

ЕКЕУ *Екі, жұп мағынасындағы жинақтық сан.* ◊ **Екеуара** — а) *екі адамға ортақ, екі кісіге тән; ә) екеуінің арасында ғана.* □ **Екеу болды** — *отбасын құрды, үйленді, жұптасты.*

ЕКЕУДЕН *Екі-екіден, егізден.*

ЕКЕУДЕН-ЕКЕУ *Тек екеуі ғана.*

ЕКЕУ-ЕКЕУ *Екі-екіден, пар-пармен.*

ЕКЕУЛЕ *Екеуі бірігіп, бірлесу.*

ЕКЕШ *Ең аяғы, ең соңы, қала берді.*

ЕКПЕ I *Қолдан егіп өсірілетін, табиғи емес.*

ЕКПЕ II ***мед.*** 1. *Белгілі бір жұқпалы ауруға қарсы егу ісі.* 2. *Ине шаншу арқылы организмге белгілі бір қажетті дәрі құю ісі.*

ЕКПІН 1. *Белгілі бір күштің пәрменді серпіні.* 2. *Күш, қарқын, тегеурін.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің әсері, буы, қуаты.* 4. ***лингв.*** *Сөз ішіндегі белгілі бір буынның күшті, көтеріңкі айтылып, айқын естілуі.*

ЕКПІНДЕ 1. *Ентелей басу, тездету, жылдамдату.* ***Ауысп.*** 2. *Алға ұмтылу, қарыштау.* 3. ***Ауысп.*** *Қатты сөйлеу, екілену, еліру.*

ЕКПІНДІ 1. *Екпіні күшті, қарқынды, пәрменді.* 2. *Даусы көтеріңкі, жігерлі.* 3. *Алдыңғы қатарлы озат, озық.*

ЕКПІНДІЛЕУ *Екпіні күштірек, қарқындылау.*

ЕКПІНДІЛІК 1. *Екпіні күштілік, қарқындылық; пәрмеңділік.* 2. ***Ауысп.*** *Екпінді адамға тән қасиет; озаттық.*

ЕКПІНДІРЕК *Екпіні күштірек, қаттырақ.*

ЕКСЕ ***көне*** *Ересек, мосқал.*

ЕКСІМ 1. *Өктемдік, қарқын, екпін.* 2. *Өкпек, ызғарлы (жел).*

ЕКСІМДЕ 1. *Қарқындау, үдей түсу.* 2. ***Ауысп.*** *Астам сөйлеу, өктемсу.*

ЕКШЕ 1. *Дән, жарма т. б. майда дақылдарды желпіп іріктеп шығару.* 2. ***Ауысп.*** *Ойлаған нәрсені ой елегінен өткізу, саралау.*

ЕКШЕЛЕ *Мұқияттап екшеу, бірнеше рет іріктеу.*

ЕКШЕНДІ 1. *Екшеліп, іріктеліп шыққан.* 2. ***Ауысп.*** *Қорытынды, түйін, тоқетері.*

ЕКШЕУІШ ***тех.*** *Сусымалы заттарды ірілігіне қарай механикалық әдіспен сорттайтын машина.*

ЕКІ 1. *Бір мен үштің арасындағы есептік сан.* 2. *Белгілі бір сөздермен тіркесіп келіп мөлшер, шама, өлшем мәнінде қолданылатын сөз.* 3. *Жұп, қос; пар.* 4. *Оқушылар мен студенттердің нашар біліміне қойылатын ең төменгі баға.* □ **Екі айтпады** — *айтқанынан шықты, сөзінде тұрды.* **Екі ара** — а) *екі орта, арақашықтық;* ә) *арақатынас.* **Екі аттатпады** — *алысқа жібермей тез қуып жетті.* ◊ **Екі ауыз сөздің басын қоспады** — *сөз қисынын келтіре алмады, жөндеп сөйлей алмады.* **Екі аяғын бір етікке тықты** — *апшысын қуырды, састырды.* **Екібастан** — *ежелден, қашаннан.* **Екі бүктелді** — *қол-аяғын бауырына алып бүрісіп қалды.* **Екі дай болды** — *екі топқа бөлінді, жіктесті.* **Екіден бірі** — *бір заттың тең жарымы, жартысы.* **Екі дүниеде** — *өмір бақи, өмір бойы.* **Екі езуі екі құлағында** — *қуанышты, көңілді, мәз-мейрам.* **Екі елі ажырамады** — *үнемі жанында ілесіп жүреді.* **Екі елі ауызға төрт елі қақпақ** — *тіліне ие болу, сыр шашпау.* **Екі етегін түрінді** — а) *бел шешіп кірісті, білегін сыбанды;* ә) *ортаға алды, жабылды.* **Екіжақты** — а) *екі жағынан бірдей, екі жақтан;* ә) *ерсілі-қарсылы, қарама-қарсы;* б) *әрі-сәрі қайшылықты, солқылдақ.* **Екіжақты келісім** ***саяси*** — *екі жақ үшін де орындалуы міндетті келісім.* **Екі жапсақ, бір епсек** — *екі жеп біге шықты.* **Екі жарты бір бүтін болды** — а) *қауымдасты, бірікті;* ә) *ерлі-зайыпты болды.* **Екі жеп біге шықты** — *пайдасын асырып жіберді.* **Екіжүзді** — *айлакер, зымиян, опасыз адам.* **Екі иығына [иініне] екі кісі мінгендей** — *жауырынды, еңгезердей.* **Екі иығынан [иінінен] дем алып тұр** — а) *деміне нан пісіп болып-бітіп отыр;* ә) ***поэт.*** *бұрқ-сарқ қайнады, ашуланды.* **Екі иығын жұлып жеді** — а) *қатты долданып аласұрды, ашуланды;* ә) *пысықтық жасады.* **Екі иығына [иініне] су кетті** — *меселі қайтты, жүні жығылды.* **Екі кештің арасында** — *апақ-сапақта, қызыл іңірде.* **Екі көздің бірі** — *ең жақыны, досы.* **Екі көзі аспанда** — а) *алақ-жұлақ етті, адыраңдады;* ә) *дандайсыды, тәкаппарланды, паңсынды.* **Екі көзі атыздай болды** — *зәресі ұшты, қатты қорықты.* **Екі көзі бұлаудай** — *көп жылаған.* **Екі көзі жеп барады** — *тесіле көз тікті, сұқтана қарады.* **Екі көзін қан басты** — *қаны бетіне шапты, ашу кернеді.* **Екі көзін шарт [тарс] жұмды** — *еш нәрсені көргісі де, білгісі де келмеді.* **Екі көзі оттай жанды** — *көздері жалт-жұлт етті.* **Екі көзі төрт болды** — *зарыға, сарғая күтті.* **Екі көзі шарасынан шықты** — *үрейі ұшты, қатты қорықты.* **Екі күннің бірінде** — *құдайдың құтты күні, күнде.* **Екі қолға бір жұмыс** — *әйтеуір бір жұмыс табылар, өлмеспін.* **Екі қолы алдына сыймады** — *зеріктті, жалықты.* **Екі қолы жағасында болды** — *арпалысты, тайталасты, күресті.* **Екі қолым жағаңда** — *ісім сенімен болсын.* **Екі қолын құсырды** — *кішілік қылды, ізет жасады.* **Екі қолын мұрнына тығып қалды** — *құралақан қалды, қолына дәнеңе ілінбеді.* **Екі қолын төбесіне қойды** — *біржолата қол үзді, түңілді.* **Екі құлағынан басқа адал қарасы жоқ** — *тақыр кедей, құ кедей.* **Екі құлағынан күн көрінеді** — *қатты жүдеген, арықтаған.* **Екінің бірі, егіздің сыңары**

– а) *кез келген адам, жұрттың бәрі, әркім;* ә) *не ол, не бұл.* **Екінің бірінде** – *жұрттың бәрінде, әркімде.* **Екі оқты болды** – *екіойлы болды, дағдарды.* **Екіоқтылау** – *екіұштылау, әрі-сәрілеу.* **Екі орап алады** – *озып кетеді, асып түседі.* **Екі оттың ортасында қалды** – *күйіп-піскі, шыжалақтады.* **Екі өкпесін қолына алып жүгірді** – *апыл-ғұпыл, жан ұшыра тез жүгірді.* **Екі [бір] сөзге келмеді** – а) *келісе салды, көне кетті;* ә) *ай-шайға келмеді.* **Екі сөздің бірінде** – *әр кез, ұдайы, үнемі.* **Екі сөзге келмейді** – *сөзінде тұрады, серт-ке берік.* **Екіталайда [ұдайда], екіталай күн** – *қиын-қыстау, қысылшаң шақ.* **Екі туып бір қалғаны** – *жанашыр ең жақыны.* **Екі тізгін, бір шылбыр [айыл]** – *билік тізгінін ұстау, көпшіліктің басшысы болу.* **Екі ұдай** – а) *екі дай, екі жік;* ә) *әрі-сәрі, дүдәмал.* **Екі ұрты суалды [солды]** – *жүдеді, арыды.* **Екі ұрық** – а) *екіталай, негайбыл, дүдәмал;* ә) *бірде олай, бірде былай, өзгермелі, құбылмалы;* б) *есуас, жынды.* **Екіұшты болды** – *рас-өтірігі белгісіз, күмәнді.* **Екі үйге бір қазан астырды** – *орынсыз белсенділік жасады, асыра сілтеді.* **Екі шоқып бір қарады** – *сақтық жасады, абайлады.*

ЕКІАҒАЙЫНДЫ ***көне*** *Ақпан айы.*

ЕКІБАСТАН *О бастан, әуелден, ежелден.*

ЕКІДЕН *Екеуден, жұптасып.*

ЕКІ-ЕКІДЕН *Екеу-екеу етіп, қосар-лап.*

ЕКІЕСТІ *Жарымес, есі бірде бар, бірде жоқ, жындысүрей.*

ЕКІЛЕН 1. *Көтеріліп қызбалану, сөйлеу, еліру, өрегіту, өршелену.* 2. ***Ауысп.*** *қарқындау, үдей түсу, күшею.*

ЕКІЛЕС *Сөз таластыру, айтысу, дауласу.*

ЕКІЛІ: бірді-екілі – *бірлі-жарым, азын-аулақ.*

ЕКІЛІК *Оқушы, студенттердің на-шар тәртібі мен біліміне қойылатын ең төменгі баға.*

ЕКІМҮШЕЛІК ***мат.*** *Екі мүшеден құралатын сан.*

ЕКІНДІ 1. *Бесін мен ақшам ара-сындағы мезгіл.* 2. *Екінді кезінде оқы-латын намаз.*

ЕКІНШІ 1. *Заттың бірінен кейінгі есебін білдіретін реттік сан.* 2. *Бұдан соңғы, кейінгі.* 3. *Бір нәрсенің қарама-қарсы жағы, қарсы беті.* 4. *Бұдан бы-лай, ендігәрі, екіншілей.* 5. *Басқа, бөтен, бөлек.* □ **Екінші бір** – *тағы бір, басқа бір.* **Екінші жағынан** – *яғни, басқаша қарағанда.* **Екінші сөзбен айтқанда** – *не болмаса, басқаша айтқанда.*

ЕКІНШІДЕН *Сонымен бірге, екінші жағынан.*

ЕКІНШІЛЕЙ *Екінші мәрте, бұдан кейін, ендігәрі.*

ЕКІТАЛАЙ 1. *Белгісіз, негайбыл; күмәнді.* 2. *Не әрі, не бері емес, әрі-сәрі.* 3. ***Ауысп.*** *Қиын-қыстау кез, ауыр шақ.* ◊ **Екіталай іс болды** – *ел басына ауыртпалық түсті.*

ЕКІТҮГЕЙ *Сауырлы келген, екі аттың мінісін беретін, көбіне батырлар мінетін міністі ат.*

ЕКІҰШТЫ *Күмәндік, дүдәмал, күң-гірт, көмескі.*

ЕКІҰШТЫЛА *Дүдәмалдау, көмескілеу етіп көрсету.*

ЕКІҰШТЫЛАУ *Дүдәмалдау, күңгірт-теу.*

ЕКІҰШТЫЛЫҚ *Күмәнділік, дүдә-малдық, күңгірттік.*

ЕЛ 1. *Жұрт, халық, қауым.* 2. *Туған жер, өскен орта.* 3. *Негізі, шыққан тегі; заты, руы.* 4. *Отан, туып-өскен жер.* 5. ***Ауысп.*** *Туыс, дос-жар.* ◊ **Ел ағасы** – *жасы үлкен ел басшысы.* **Ел аман, жұрт тыныштa** – *бейбіт кезде, тыныштықта.* **Ел аузына қақпақ бола алмайсың** – *көпшілік тілегіне тый-ым сала алмайсың.* **Ел аузына ілікті** – *атағы жайылды, даңқы шықты.* **Ел аузынан** – *халықтан, жұрттан, әркімнен.* **Ел аулақта** – *көзден таса, оңашада.* **Ел аяғы басылды** – *ел орынға отырды, қараңғы түсті.* **Ел басқарды** – *көпшілікке, халыққа басшылық*

етті. **Ел бастады** — *жұртты соңына ертті.* **Ел басына күн туды** — *халық ауыр жағдайға душар болды.* **Ел бетін көрмеді** — *өскен ортаға оралмады.* **Ел бетіне қарай алмады** — *ұятқа қалды, жер болды.* **Ел билеп, жұрт ұстады** — *халыққа билік жүргізді, ел басқарды.* **Ел болды** — а) *халық болып бірікті, басын құрады;* ә) *тату-тәтті, ынтымақты өмір сүрді.* **Ел болып [боп]** — *бүкіл халық болып, қауым болып бірігіп, бірлесіп.* **Ел біткенді** — *барша халықты, бүкіл жұртты.* **Ел емес** — *қас, дұшпан, жау.* **Ел етті [қылды]** — *халықтың басын біріктірді, жинады.* **Ел жата** — *ұйықтайтын кез.* **Ел жиды жетті** — *асықтырды, тықсырды, қысты.* **Ел қамын жеді** — *жұрттың жайын ойлады.* **Ел қарасын көрмеді** — *ауылдан жырақ жүрді.* **Ел қатарлы** — *біреуден кейін, біреуден ілгері.* **Ел қорғаны** — *халық қамқоршысы.* **Ел құлағы елу** — *жұрт құлағы түріңкі.* **Ел қылды** — *жұрт қатарына қосты.* **Ел орынға отыра** — *кеш түсе, ымырт жабыла.* **Ел таныды** — *халықпен араласып, жақсылы-жаманды көріп білді.* **Ел таразысын андамады** — *талқыға түсіп, сөзге іліге ме деп ойламады.* **Ел ұйытқысын бұзды** — *көпшілікке іріткі салды, бүлдірді.* **Ел үстінде жүрді** — *басшылық қызметте болды.* **Ел үстінен күн көрді** — *халықты қанап тіршілік етті.* **Ел іргесін сақтады** — *халықтың бірлігін ойлады, тыныштық орнатты.* **Ел іші [ішінде]** — *ел ортасы, халық арасы, ауыл арасы.* **Елге жайды** — *даңғаза қылды, өсектеді.* **Елге қарар беті жоқ** — *масқара болды, ұятқа қалды.* **Елге сыймады** — *жексұрын болып аласталды.* **Елден алабөтен** — *жұрттан ерекше, өзгеше.* **Елден асқан** — *жұрттан озған, керемет.* **Елден ерек [ерекше]** — *елден алабөтен, айрықша.* **Елді аузына қаратты** — а) *ділмарлығымен жұрттың назарын өзіне аударды, сөзін тыңдата білді;* ә) *еркіне көндірді, айтқанын істетті.* **Елді құртқан** — *жексұрын, сұмырай, қу; сұм.* **Елдігі кетті** — *ел болудан қалды, елдіктен айырылды.* **Елдік етті [жасады]** — *көмектесті, жәрдемдесті.* **Елдің алды болды** — *алдына жан салмады, бәрінен озды.* **Елдің тұтқасын ұстады** — *ел биледі.* **Елінің елеулісі болды** — *халықтың қалаулысы, қадірлісі болды.* **Еліңнің көшін баста** — *жұрт иесі бол, көшбасы бол.*

ЕЛБЕГІ ***көне*** *Түркі тілдес халықтар арасындағы жергілікті әкімнің лауазымы.*

ЕЛБЕ-ДЕЛБЕ: елбе-делбе болып [боп] — *алқам-салқамы шығып, салдыр-салақ.*

ЕЛБЕК: елбек қақты — *ұшып қонды, елбелектеді.*

ЕЛБЕКТЕ 1. *Қаңғалақ қағу, жан ұшыру.* 2. ***Ауысп.*** *Жаны қалмай бәйек болу, қалбалақтау.*

ЕЛБЕЛЕК: елбелек қақты — *бәйек болып жалпылдады.*

ЕЛБЕЛЕКТЕ 1. *Ұшып қону, қаңғалақтау.* ***Ауысп.*** 2. *Асты-үстіне түсіп бәйек болу, жаны қалмау.* 3. *Асып-сасу, дегбірсіздену.*

ЕЛБЕҢ: елбең етті — *селтең қақты, ербеңдеді.*

ЕЛБЕҢ-ЕЛБЕҢ *Қаңғалақ қағып, елбеңдеп.* ◊ **Елбең-елбең етті** — а) *қараң-құраң етіп ербеңдеді;* ә) *жаны қалмай бәйек болды.*

ЕЛБЕ-СЕЛБЕ: елбе-селбе болып [боп] — *алқам-салқам боп, елбе-делбе.*

ЕЛБЕСІП-СЕЛБЕСІП *Бір-біріне қол ұшын беріп, көмектесу.*

ЕЛБІРЕ 1. *Жаны қалмай елпек қағу, елпілдеу.* 2. *Ет-бауыры езілу, елжіреу.* 3. *Қалт-қалт ету, дірілдеу, желбіреу.*

ЕЛГЕЗЕК 1. *Айтқанды екі етпейтін тілалғыш, пысық, ширақ.* 2. *Ұшқыр, жүйрік.* 3. *Сергек, сезімтал.*

ЕЛГЕЗЕКТЕН *Елпең қағу, лыпылдау.*

ЕЛГЕЗЕКТЕУ *Сезімтал, ширақ, сергек.*

ЕЛГЕЗЕКТІК *Екі айтқызбайтын тіл алғыштық, пысықтық, ширақтық.*

ЕЛГЕЙ ***көне*** *Ежелгі дәуірдегі күміс ақша, теңге; жамбы.*

ЕЛДЕ-КҮНДЕ *Елде, жұртта, халық әдетінде.*

ЕЛДЕС I *Ел-жұрты бір, отандас, рулас, жерлес.*

ЕЛДЕС II *Жарасу, табысу, татуласу, бітісу, келісу.*

ЕЛДЕТ *Елдік жасау, ел бірлігін сақтау.*

ЕЛДІ *Елі, халқы бар, жұрт орналасқан.* □ **Елді мекен** — *ауыл, қыстақ.*

ЕЛДІК 1. *Елге тән, халықтық.* 2. *Татулық, бірлік, ынтымақ.*

ЕЛДІ-КҮНДІ *Ел-жұрт орналасқан, мекендеген.*

ЕЛЕ I *Електен өткізу.*

ЕЛЕ II 1. *Көңіл бөлу, назар аудару, құнттау, ескеру.* 2. *Ілтипат көрсету, құрметтеу, сыйлау // Мән беру, ескеру, аңғару.*

ЕЛЕГІЗ 1. *Алаңдау, мазасыздану, тынышсыздану, әбігерлену.* 2. *Құлақ тігу, сақ болу, елеңдеу.*

ЕЛЕГІЗГІШ *Еліккіш, елеңдегіш.*

ЕЛЕГІШ *Аңғарғыш, ескергіш, құнттағыш.*

ЕЛЕК I 1. *Ұн т. б. заттар елейтін елеуіш.* 2. ***Ауысп.*** *Талғаушылық, іріктеу ісі.* ◊ **Елекке салды** — *сын көзімен қарады.* **Елекке түсті** — *сыннан өтті, сыналды.* **Електен өткізді** — *ақылға салды, сұрыптады.*

ЕЛЕК II ***көне, астр.*** *Зодиак шоқжұлдызы.*

ЕЛЕКШӨП ***бот.*** *Ылғалды, шөлейтті, сортаңды жерлерде өсетін көпжылдық шөп.*

ЕЛЕКШІ *Елек елейтін жұмыскер.*

ЕЛЕҢ I ***зоол.*** *Дене тұрқы 20 см, салмағы 200 г-ға жуық тұқы тұқымдас балық.*

ЕЛЕҢ II *Алаңдаушылық, секемденушілік, қорқыныш, үрей, сезік.* ◊ **Елең алды** — а) *секем алды, үрейленді;* ә) *желікті, желпінді.* **Елең болды** — *құлақ түрді, сұқтанды.* **Елең етті [қақты]** — а) *жалт қарады, елеңдеді;* ә) *көңіл бөлді, құлақ түрді.* **Елең құрлы көрмеді [қылмады]** — *ойына кіріп те шықпады, ескермеді.*

ЕЛЕҢ-АЛАҢ 1. *Алағеуім мезгіл, таңсәрі.* 2. ***Ауысп.*** *Күдік, түйткіл, алаңдаушылық.*

ЕЛЕҢДЕ 1. *Алаңдау, сезіктену, секемдену.* 2. ***Ауысп.*** *Айнала көз жіберу, жан-жаққа қарау.* 3. *Секем алу, қорқу, үрейлену.*

ЕЛЕҢДЕГІШ *Әр нәрсеге құлақ түргіш.*

ЕЛЕҢ-ЕЛЕҢ *Алақ-жұлақ, алаң-құлаң, жалтақ-жалтақ.* ◊ **Елең-елең етті** — *жан-жағына алақтап қарады, секемденді.*

ЕЛЕҢ-СЕЛЕҢ *Селтең-селтең етіп бос жүрушілік.*

ЕЛЕҢСІЗ *Жайбарақат, алаңсыз.*

ЕЛЕП-ЕКШЕ 1. *Тазалау, екшеу.* 2. ***Ауысп.*** *Сыннан өткізу, сұрыптау.*

ЕЛЕС 1. *Көмескі бұлдыр кескін, бейне.* 2. *Өткен күннің шым-шытырық суреті, көрінісі.* ◊ **Елес берді** — а) *көз алдына келді, елестеді;* ә) *бір көрінді де жоқ болды.*

ЕЛЕСТЕ *Көз алдына елес боп көріну.*

ЕЛЕСТЕУ *Көз алдына әр нәрсенің келу, елестеу құбылысы, галлюцинация.*

ЕЛЕСТІ *Көз алдына елестейтін, бұлдыраған.*

ЕЛЕУЛІ 1. *Көзге түсерліктей, көрнекті, белгілі.* 2. *Айтарлықтай, үлкен, ірі.* 3. ***Ауысп.*** *Қадірлі, сыйлы, құрметті, қалаулы.*

ЕЛЕУРЕ 1. *Қызбалану, қызулану.* 2. *Даурығу.*

ЕЛЕУСІЗ 1. *Көзге түсе бермейтін, еленбейтін, байқаусыз.* 2. *Назардан тыс, ескерусіз.* 3. *Жай ғана, самарқаулау.*

ЕЛЕУСІЗДЕН *Байқалмау, еленбеу.*

ЕЛЕУСІЗДЕУ 1. *Көзге түспейтін, байқалмайтын.* 2. *Жай ғана, самарқаулау.*

ЕЛ-ЖҰРТ *Бүкіл ел, туған-туыс, ауыл-аймақ.*

ЕЛЖІР *Ықылас, мейірім.*

ЕЛЖІРЕ I 1. *Мейірлену, еміреу.* 2. ***Ауысп.*** *Үлбіреу, уылжу.*

ЕЛЖІРЕ II *Бабына келіп былбырап пісу.*

ЕЛЖІРЕГІШ *Егіліп тұратын, еміренгіш, егілгіш, босағыш.*

ЕЛЖІРЕУІК *Егіліп тұратын, елжірегіш.*

ЕЛП: елп етті – а) *желп етті, байқалды, сезілді;* ә) *лып етіп тез жауап қатты, қоштады.* ◊ **Елп ете қалды [түсті]** – *бірден келісе кетті, сылқ етті.*

ЕЛПЕК *Елпілдеген, елгезек, тілалғыш* □ **Елпек қақты** – а) *ұшып-қонды, елпілдеді;* ә) *қас-қабағына қарап жаны қалмады, бәйек болды.*

ЕЛПЕК-ЕЛПЕК: елпек-елпек етті – *жаны қалмай елпектеді, ұшып-қонды.*

ЕЛПЕКТЕ *Елпек қағу, елпілдеу, бәйек болу.*

ЕЛПЕКТІК *Елгезектік, тілалғыштық.*

ЕЛП-ЕЛП: елп-елп етті – *елпең қақты, елпілдеді.*

ЕЛПЕҢ *Үлпілден тұрған, жеңіл.* □ **Елпең қақты** – а) *елпілдеп дедек қақты, зыр жүгірді;* ә) *жаны қалмай құрдай жорғалады.* **Елпең ете қалды [түсті]** – *құрақ ұшып елпілдеді.*

ЕЛПЕҢДЕ 1. *Елпең қағып қауқалақтау, елпілдеу, құрақ ұшу, бәйек болу.* 2. *Тез-тез басу, бүкең қағу.* 3. ***Ауысп.*** *Жалпаңдау, жарамсақтану.*

ЕЛПЕҢ-ЕЛПЕҢ: елпең-елпең басты – *елп-елп етті, елпеңдеді.* **Елпең-елпең етті** – *елпеңдеп тез жүрді, елпең қақты.*

ЕЛПЕУІШ: етегі елпеуіш, жеңі желпеуіш болып [боп] – *тыным таппай, жан аямай.*

ЕЛПІЛДЕ 1. *Жаны қалмау, бәйек болу, құрақ ұшу.* 2. *Ылдам-жылдам басу, елпек қағу, елпеңдеу.*

ЕЛПІЛДЕК 1. *Тілалғыш, елгезек.* 2. *Жеңілтек, ұшқалақ.*

ЕЛ-СЕЛ: ел-сел болды [етті, қылды] – а) *жер-көкті сел басты, сел боп ақты;* ә) *дүр сілкіндірді, елең қақтырды.* **Ел-селі шықты** – *пора-порасы шықты, қатты тербеді.*

ЕЛСІЗ 1. *Ел мекендемеген, адам тұрмайтын жер.* 2. *Ағайын-туғансыз, ел-жұртсыз.*

ЕЛСІЗДІК *Ел жоқтық, ел болмағандық.*

ЕЛСІЗ-ЖҰРТСЫЗ *Қу медиен, қу дала.*

ЕЛСІЗ-КҮНСІЗДЕ *Құла түзде, айдалада.*

ЕЛСІНБЕ *Ел-жұрт деп білмеу, танымау, мойынсұнбау.*

ЕЛТАҢБА *Белгілі бір мемлекеттің жалауында, ақшасында, мөрінде т. б. болатын елдік белгілердің бірі.*

ЕЛТЕҢ-СЕЛТЕҢ 1. *Босқа күн өткізушілік, селтеңбайға салынушылық.* 2. *Жеңілтектік, ұшқалақтық.*

ЕЛТІ 1. *Наша, апиын тартып бас айналу, дене улану, масайрау.* 2. ***Ауысп.*** *Бірдемеге ұю, елігу, балқу.*

ЕЛТІРІ 1. *Сойылған не өлген қозылақтың бұйра терісі.* 2. *Елтіріден дайындалған, елтіріден тігілген.*

ЕЛТІРІЛІ *Елтірісі бар, елтірісі көп.*

ЕЛТІРІЛІК *Елтірі алуға арналған, елтірі беретін.*

ЕЛУ *Жүз санының жартысы, бес он.*

ЕЛУБАСЫ *көне* 1. *Әрбір елу сарбаздың басшысы.* 2. *Патша жанындағы би-болыстың ел ішіндегі сайлап қойған уәкілі.*

ЕЛУЛІК *көне* *Елу-елуден бөлінген сарбаздар тобы.*

ЕЛУПАЙ *этн.* *Бес, жеті асықпен (таспен) ойналатын, қақпақыл ойынның бір түрі.*

ЕЛУІНШІ *Қырық тоғыздан кейінгі реттік сан.*

ЕЛШІ 1. *Мемлекеттераралығындағы жоғары рангтегі дипломатиялық өкіл.* 2. ***көне*** *Екіжақты бітімге келтіру үшін жүретін адам; делдал.*

ЕЛШІЛ *Ел қамын ойлаушы, қамқоршы.*

ЕЛШІЛІК *Екі елдің арасындағы өкілдік және өкілдік орналасқан үй.*

ЕЛІ I *Саусақтың жалпақтық өлшемі.*

ЕЛІ II *Ұзаққа созылатын көз ауруы.*

ЕЛІГУ *Еліккендік, елігушілік.*

ЕЛІК I *Таулы, орманды жерлерде мекендейтін киіктің бір түрі, бұғы тұқымдас аң.* ◊ **Елік ауыз болды жерг.** — *қисыны кетті, байланыспады.* **Еліктің лағындай [асығындай]** — *сымбатты, сүйкімді, әдемі.*

ЕЛІК II 1. *Бір нәрсеге еліктеу, қызығу.* 2. *Желігу, еліру.*

ЕЛІККІШ *Еліктеуге құмар, еліктегіш.*

ЕЛІКПЕ *Еліге кеткіш, елірме.*

ЕЛІКТЕ *Әлдебіреуге ұқсауға тырысу, дәл сондай болғысы келу, елігу.*

ЕЛІКТЕГІШ *Еліктеуге бейім, еліккіш.*

ЕЛІКТЕУ: еліктеу сөздер *лингв.* — *табиғат құбылыстарының алуан түрлі дыбыстарына еліктеуден пайда болған сөздер тобының жалпы атауы.*

ЕЛІЛЕ *Елімен өлшеу.*

ЕЛІР 1. *Елеңдеу, алаңдау.* 2. *Екілену, қызбалану, даурығу.*

ЕЛІРКЕТ *Еркелету, еркінсіту.*

ЕЛІРМЕ I *Даурықпа, әулекі, бөспе.*

ЕЛІРМЕ II ***мед.*** 1. *Көбіне жас балаларда болатын психикалық ауру.* 2. *Маскүнемдердің елесті ауруы.*

ЕЛІРМЕЛЕ *Даурығу, есіру, еліру.*

ЕЛІРМЕЛІ I *Есіріп, даурығып кететін, еліріп тұратын.*

ЕЛІРМЕЛІ II *Елірме ауруы бар, елірмесі бар.*

ЕЛІРУЛІ *Алаңдаулы, жалтақтаулы.*

ЕМ I 1. *Әртүрлі ауруға қарсы қолданатын емдеу әрекеті.* 2. *Сырқаттан айығуына себі тиетін дауа, шипа.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің амалы, айласы, шарасы.* ◊ **Ем болмады [болды]** — а) *ем қонбады, шипа болмады;* ә) *айтқан сөзі дауа болмады, миына да кірмеді.* **Емге жоқ** — *тұқ жоқ, ұшпайды.* **Емге табылмайды [ұшпайды]** — *еш жерде жоқ, қолға түспейді.* ◊ **Ем жасады** — *емдеді, дәріледі.* **Ем қонбады** — а) *емдеген емнен ешбір нәтиже шықпады;* ә) *сөз өтпеді, дауа болмады.* ◊ **Емі табылмады** — *амал-айласын таппады, дауа болмады.*

ЕМ II 1. *Уызға, сүтке тойдыру, емшек сору.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің қызығын көру, пайдаға асыру.*

ЕМАРША ***бот.*** *Таулы, тасты жерлерде өсетін, хош иісті, тікенек жапырақты бұта.*

ЕМДӘМ ***мед.*** *Науқас адамның белгілі бір мерзімде тамақтануы, тамақ жеу тәртібі.*

ЕМДЕ 1. *Ауру-сырқауға қарсы ем жасау, дәрілеу.* 2. ***Ауысп.*** *Қайғы-қасіреттен, мұңнан сейілту.*

ЕМДЕЛУ *Ем алу процесі, ем қабылдау.* □ **Емделу қағазы** — *сырқаттануға байланысты еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақша құжат.*

ЕМДЕУ *Ем жасау ісі, емдеу әрекеті.*

ЕМДЕУ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ *Емдейтін, дәрілейтін және аурудан алдын ала сақтандыратын орын, шара.*

ЕМДЕУ-САНИТАРЛЫҚ *Дәрігерлік жәрдем көрсететін, тазалық сақтайтын орын, пункт.*

ЕМ-ДОМ *Үшкіру, ұшықтау сияқты халықтық ем, шипа.*

ЕМ-ДОМДА *Ем-дом жасау, емдеу.*

ЕМ-ДОМДЫҚ *Емдік, дәрілік, шипалық.*

ЕМДІК *Ем боларлық, шипалық.*

ЕМЕГЕН *Еміп қоятын, емгіш.*

ЕМЕЙ *Болмағанда ше, болмағанда.*

ЕМЕКСІ 1. *Бір нәрседен үміттену, дәмелену.* 2. ***Ауысп.*** *Емеурін білдіру, ниет көрсету.* 3. *Бір нәрсеге сенім арту, көңіліне тоқ санау, сену.*

ЕМЕН I 1. ***бот.*** *Шамшат тұқымдасына жататын көпжылдық, бұтақты жуан ағаш.* 2. *Емен ағашының сүрегінен жасалған жабдық.* 3. ***Ауысп.*** *Қайыспайтын мықты, қайсар, берік.*

ЕМЕН II ***фольк.*** *Емес деген көмекші сөздің көнеленген, ықшамдалған түрі.*

ЕМЕН: емен де, семен де — *кім болса, сол, әркім.*

ЕМЕНДЕЙ *Мықты, берік, қайратты.*

ЕМЕН-ЖАРҚЫ 1. *Ашық-жарқын, емін-еркін, жарқырап.* 2. *Жасырмай-жалтармай, бүкпей.*

ЕМЕН-ЖАРҚЫЛАП *Тиіп-қашып, там-тұмдап, аздап.*

ЕМЕНТҰМСЫҚ ***зоол.*** *Омырауында қара дағы бар, жуан тұмсықты орман құсы.*

ЕМЕР *Бір заттың шетін бүгу, қаңылтыр сауыттардың жоғары жақ ернеуін ішіне қарай бүктеу, жеңнің ұшын ішіне қарай бүгіп тігу.*

ЕМЕС *"Е" көмекші етістігінің болымсыз түрі.*

ЕМЕСКІ *Көмескі, болар-болмас.*

ЕМЕСІН *Үміт, дәме.*

ЕМЕТАЙ: еметайы езілді [еріді] — *ынтықты, құмартты.*

ЕМЕУРІН *Ыңғай, бағыт, нышан, ниет.*

ЕМЕУРІНДЕ *Ыңғай, нышан білдіру, сыңай таныту.*

ЕМЕУРІНСІЗ *Ыңғай, нышан білдірмей, сыңай танытпай.*

ЕМЕШЕ: емешесі құрыды [үзілді] — *қатты ынтықты, жүрегі елжіреді.*

ЕМЛЕ *Дұрыс жазу ережелерінің жүйесі; орфография.*

ЕМСЕ ***көне*** *Аңсау, сағыну.*

ЕМСЕК *Шипагер, емші.*

ЕМСЕКТЕ ***көне*** *Емтеп-септеу, амалдау, айла-шарғы жасау.*

ЕМСЕКТІК *Шипалық, емшілік.*

ЕМСІЗ 1. *Ем-домсыз, дәрі-дәрмексіз.* 2. *Амалсыз, даусыз, шарасыз.*

ЕМСІН *Көңілі босау, жылағысы келу.*

ЕМТИХАН 1. *Белгілі бір пән бойынша білім дәрежесін анықтайтын сынақ.* 2. ***Ауысп.*** *Байқау, сынау, тексеру.* □ **Емтихан сессиясы** — *жоғары және арнаулы орта оқу орындарындағы емтихан тапсыру кезеңі.*

ЕМХАНА *Аурулар барып-келіп емделетін дәрігерлік мекеме.*

ЕМШЕК 1. *Әйелдердің кеудесіндегі мамасы.* 2. *Ер адамның кеуде тұсы.* 3. *Үргашы малдың сүт шығатын үрпі.* □ **Емшекқап** — *әйелдердің емшегінің ұшы жарылып кеткенде қолданылады.* ◊ **Емшегі иіді** — *емшекке сүт толды.* **Емшегін көкке сауды** ***қарғ.*** — *анасы баласын қарғап-сіледі.* **Емшегі істі** — а) *суық тиюден сүт бездерінің қабынуы, талаурауы;* ә) *емшекте баласы бар ананың дәме еткен астан ауыз тимей ауырып қалуы.* **Емшек баласы** — *емшек еметін бала.* **Емшек табы [сүті] аузынан кетпеген** — а) *тым жас;* ә) *тәжірибесіз, шалағай.* **Емшектен шығарды** — *баланы емізбейтін болды.*

ЕМШЕКТЕС *Бір анадан туған, бір емшекті еміскен.*

ЕМШЕКТІ 1. *Емшегі бар, емшегі үлкен.* 2. ***Ауысп.*** *Бұдырлы, бүрлі, бедерлі.*

ЕМШІ *Ауру адамды емдейтін тәуіп, шипагер, балгер.*

ЕМШІ-ДОМШЫ ***қарап.*** *Үшкіру, ұшықтау, аластау сияқты ем жасайтын халықтық шипагер, тәуіп.*

ЕМШІЛІК *Емдеу жұмысы, дәрігерлік, шипагерлік, балгерлік.*

ЕМІЗУЛІ *Емшектегі, еметін.*

ЕМІЗІК *Нәрестені емізу үшін пайдаланатын резеңке түтік.* □ **Емізік бота** — *емізікпен сүт ішіп өскен бота.*

ЕМІЗІКТЕ 1. *Шүпілдеп толу, лықылдау, иіндеу.* 2. *Жайлап сорап тап ішу.*

ЕМІН 1. *Жалынып-жалпаю, қиылып, ынтығып сұрау.* 2. *Киіп-жару, кимелеу, ентелеу.*

ЕМІН-ЕРКІН 1. *Ешқандай қағажу көрмей, өз бетімен.* 2. *Қалауынша, керегінше, мейлінше.*

ЕМІНШЕК *Сұраншақ, тілемсек.* □ **Еміншек бота** — а) *желіндемей боталаған түйенің ботасы;* ә) *сүтке тойса да адамның соңынан қалмайтын бота.*

ЕМІНШЕКТІК *Тілемсектік, сұраншақтық.*

ЕМІРЕН *Жақсы көріп мейірлену, тебірену.*

ЕМІРЕНГІШ *Бауырмал, мейірімді.*

ЕМІРІЛ *Ауыздық, еріннің ішіне қарай тартылуы, жымырылуы.*

ЕМІС *Баяу, ақырын, жай.*

ЕМІС-ЕМІС 1. *Болар-болмас, естілер-естілмес.* 2. *Шала-пұла, шала-шарпы, анда-санда.*

ЕН I *Бір заттың я болмаса нәрсенің көлденеңінің кеңдігі, жалпақтығы.*

ЕН II *Малдың құлағына тіліп, ойылып салатын белгі.* ◊ **Ен салды [тақты]** — *белгі жасады, таңбалады, атады.*

ЕН III *Жыныстық без.*

ЕН IV 1. *Телегей-теңіз, көл-көсір, ағыл-тегіл мол.* 2. *Кең-байтақ, шетсіз-шексіз.* ◊ **Ен дала** — *құла дүз, жапан дала.* **Ен жайлау** — *жазғы кең қоныс.* **Ен жайлады** — *емін-еркін билеп-төстеді, еркіндеді.*

ЕН V 1. *Ішіне кіру, өту.* 2. *Бату, сіңіру, бойлау.* 3. *Ішінде болу, қатысу, араласу.* 4. *Тәжірибеде қолдану, іске асыру.* 5. *Пайда болу, қосылу, көріну.* 6. *Анық-қанығына бару, байыптау.*

ЕНБАУ ***мед.*** *Венаның кеңеюі, түйінденуі.*

ЕНДЕ I 1. *Тереңдеу, бойлау.* 2. *Асқыну, дендеу, меңдеу.* 3. *Өркендеу, өсу, даму.*

ЕНДЕ II *Ен салу, меншіктену, иемдену.*

ЕНДЕ III 1. *Жалпақтығын, көлденеңін өлшеу.* 2. *Заттың белгілі бір кеңістікке көлденеңінен, жалпағынан сыйып орналасуы.*

ЕНДЕЙ *Кесілмеген қалпынша, бүтіндей, тұтас.*

ЕНДЕС *Ен-таңбалары ұқсас, таңбалас.*

ЕНДЕШЕ 1. *Олай болса, демек, яғни.* 2. *Білгің келсе, керек болса.*

ЕНДІ I *Кең, мол, тым жалпақ.*

ЕНДІ II *Ен салынған, таңбаланған, ені бар.*

ЕНДІ III 1. *Дәл қазір, осы кезде.* 2. *Бұдан былай, осыдан кейін.* 3. *Бұдан басқа, және де, тағы да.* 4. *Онда, әйтпесе // Сұраулық, қарсылық мәнде қолданылатын сөз.* □ **Енді айналып келгенше** — *тағы да, қайтадан, қайыра келгенше.* **Енді болмаса [болмағанда]** — *аз болғанда, сәл кідіргенде.* **Енді бүгін** — *осы күнде, бүгінде.* **Енді біразда** — *тағы да, және де.* **Енді қайтып** — *қайта айналып, екінші рет.*

ЕНДІГӘРІ *Бұдан былай, ендігіде, келесіде.*

ЕНДІГІ 1. *Бұдан былайғы, келесі, алдағы.* 2. *Бүгінгі, қазіргі // Осы уақытқа дейін.*

ЕНДІ-ЕНДІ *Жаңада ғана, таяу арада, жуықта, жуыр арада.*

ЕНДІК I ***геогр.*** *Экватордан меридианға дейін градус арқылы көрсететін қашықтық.* □ **Барлық ендіктегі** — *барлық Жер шарындағы, барлық жерде.* **Ендік қызметі** — *географиялық ендіктің орнын жүйелі түрде анықтау қызметі.*

ЕНДІК II *Заттың, матаның кеңдігі, молдығы.*

ЕНДІЛЕУ *Кеңдеу, көлденеңі жалпақтау.*

ЕНДІЛІК *Ені кең болып келушілік, жалпақтық.*

ЕНДІРЕК *Кеңірек, жалпақтау, енділеу.*

ЕНДІРМЕ I ***этн.*** *Қазақтың қолөнерінде кездесетін өрнектің аты.*

ЕНДІРМЕ II *Жеке адам тарапынан ұсынылған жаңалықты өндіріске, өнеркәсіпке енгізу тәсілі.*

ЕНДІРМЕ III ***мат.*** *Берілген бұрышты теңдей үшке бөлу үшін қолданатын математикалық әдіс.*

ЕНЕ 1. *Екі жағы да ене деп атайтын ерлі-зайыпты адамдардың анасы, шешесі.* 2. *Мал төлінің анасы.* □ **Ене қаз** — *қаздың ұрғашысы.* ◊ **Ене көрген** — *ата-ананың тәлім-тәрбиесін алған, үлгі-өнеге көрген.*

ЕНЕКЕ I ***зоол.*** *Жұптұяқты, мүйізді, дала сиырының бір түрі.*

ЕНЕКЕ II *Ене, ана сөзін құрметтеп атау түрі.*

ЕНЕЛІ *Енесі бар.*

ЕНЕЛІК *Ене болу дәрежесі, ене атанушылық.*

ЕНЕТАЙ *Енені сыйлап, жалбарына айту түрі.*

ЕНЖАР *Селсоқ, көңілсіз, немқұрайлы, ықылассыз, сүлесоқ.*

ЕНЖАРЛАН *Көңілсіздену, селсоқтану, ықылассыздану.*

ЕНЖАРЛАС *Бір-бірін іштей жаратпау, жараспау, келіспеу.*

ЕНЖАРЛАУ *Сүлесоқтау, селқостау, көңілсіздеу, ықылассыздау.*

ЕНЖАРЛЫҚ *Самарқаулық, селқостық, көңілсіздік, ықылассыздық.*

ЕНЖАРМА *Бір жарым еннен тұратын зат, мата.*

ЕНСІЗ *Ені тар, енсіз келген.*

ЕНСІЗДЕУ *Енді емес, ені тарлау.*

ЕН-ТАҢБА *Малға т. б. затқа салынатын шартты таңба, белгі.*

ЕН-ТЕГІН *Көл-көсір, мол.*

ЕНТАҢБА 1. *Автордың қолы қойылған қолжазбасының нұсқасын көрсететін мөр.* 2. *Кітаптар мен құжаттарға жазылатын арнайы жазба.*

ЕНТЕЛЕ *Кимелеу, аптығу, киіпжару.*

ЕНТЕЛЕТ 1. ***өзг. етіс*** *Ентеле-т.* 2. *Жақындату, тақалдыру.* 3. ***Ауысп.*** *Құйқылжыту, тамылжыту.*

ЕНТІК *Аптығу, алқыну, демігу.* □ **Ентігін басты** — *алқынып-аптыққанын қойды, тыныстады.*

ЕНШІ 1. *Бала жеке үй болып бөлек шыққанда, ата-анасы беретін мал-мүлік.* 2. *Иелігінде, меншігінде болу, тәнділік.* 3. ***Ауысп.*** *Міндет, борыш.* ◊ **Енші берді** — *баласына мал-мүлік бөліп берді, бөлек үй етіп шығарды.*

ЕНШІЛЕ *Иемдену, меншіктену.*

ЕНШІЛЕС *Еншісі ортақ, меншіктес.*

ЕНШІЛЕСТІК *Ортақтық, бірлестік.*

ЕНШІЛЕСТІР *Ортақтастыру, бірлестіру.*

ЕНШІЛІ *Еншісі бар, ортақтас.*

ЕҢ I. *Нағыз, барып тұрған, өтемөте.* 2. *Әуелі, алдымен, бірінші.* 3. *Тіптен болмаса, құрыса.*

ЕҢБЕК I 1. *Адамның өз қажетін қанағаттандыруға бағытталған жұмыс, қызмет.* 2. *Отанға, қоғамға көрсеткен қызмет, жақсылық.* 3. *Материалдық, мәдени игілік, шығарма.* □ **Еңбек армиялары** ***тар.*** — *соғыс жағдайы мен әскери тәртіпті сақтай отырып, құрылыста, өндірісте істеген армия.* **Еңбек биржасы** — *жұмыссыздарды тіркеп және жұмыс табу жөнінде делдалдық жасап отыратын мекеме.* **Еңбек гигиенасы** — *еңбек үстінде, жұмыс кезінде денсаулық сақтау, өндірістің зиянды факторларын жою жағдайы, шарты.* **Еңбек демалысы** — *орташа табысы сақталып, жыл сайын демалу үшін берілетін мерзім.* **Еңбек ері** — *еңбекте үздік шыққаны үшін берілетін құрметті атақ.* **Еңбек етті [қылды]** — *жұмыс істеді, еңбектенді.* **Еңбек мектебі** — *оқушыларды қоғамдық пайдалы еңбекке, оқуын жалғастыра беруге арналған және кәсіби мамандық орны.* **Еңбек өнімділігі** — *жұмыс уақытының бір мөлшері ішінде шығарылған өнім мөлшері, өндірісті еңбектің нәтижелігі.* **Еңбек өнімі** — *өндіріс құралдарының жәрдемімен адамның қажеттерін өтеуге даярланған табиғи заты, тұтыну құны.* **Еңбек резерві** — *арнаулы оқу орындарында халық шаруашылығының жетекші салалары үшін маман жұмысшыларды дайындау жүйесі.* **Еңбек өтілі** — *белгілі бір қоғамдық жұмыс салаларында еңбек еткен уақыттың мөлшері.* **Еңбек тәртібі** — *еңбек етушілердің арақатысын тиімді қалыпқа келтіріп отыратын жүйе.* **Еңбектегі қауырттық** ***филос.*** — *өндіріс процесіндегі еңбек өнімділігін арттырудың дәрежесі.* **Еңбекпен түзеу мекемесі** — *қоғамдық тәртіпті бұзған қылмысты адамдарды тәрбиелейтін орын.* **Еңбек шығыны** — *белгілі бір жұмысты орындауға жұмсалған күш пен қаржы.* ◊ **Еңбегі далаға кетті** —

істеген ісі зая болды. **Еңбегі еш, тұзы сор** – *босқа араптер болды.* **Еңбегі зая болды [кетті]** – *жақсылығы босқа кетті, еңбегі жанбады.* **Еңбегі жанды** – *еңбегінің рақатын көрді.* **Еңбегін ақтады** – *өзіне сенген біреудің қызметін өтеді.* **Еңбегін қанады [жеді, сорды]** – *біреудің күшін пайдаланды.* **Еңбегін сатты** – *еңбегіне сүйенді, еңбегін мақтан етті.* **Еңбегін сауды** – *адал еңбегімен күн көрді, күнелтті.* **Еңбегі сіңген** – а) *көп еңбектеніп, қызметі өткен;* ә) *қоғамдық жұмыстың бір саласында жемісті еңбек еткендікті аңғартатын құрметті атақ.*

ЕҢБЕК II *Жас сәбидің төбесіндегі былқылдап тұратын жері.*

ЕҢБЕКАҚЫ *Істеген қызметіне алатын ақшалай, я заттай құн.*

ЕҢБЕККЕР *Еңбексүйгіш, еңбекқор адам.*

ЕҢБЕККЕРЛІК *Еңбекқорлық, еңбексүйгіштік.*

ЕҢБЕКТЕ 1. *Тізерлеп етпеттей жүру.* 2. *Еңкейіп бой тасалап, бұғып жүру.*

ЕҢБЕКТЕН *Іздену, әрекеттену.*

ЕҢБЕКТЕС *Бірге қызмет етіп жүрген, қызметтес.*

ЕҢБЕКШІ 1. *Еңбек ететін жұмыс адамы.* 2. *Еңбексүйгіш, бейнетқор.*

ЕҢБЕКШІЛ *Еңбексүйгіш, еңбекқұмар.*

ЕҢГЕЗЕРДЕЙ *Алпамсадай, соқталдай, үлкен.*

ЕҢЕКЕ ***көне*** *Еңкеймей, иілмей, бүгілмей.*

ЕҢКЕЙ 1. *Басын төмен салып бүгілу, иілу.* 2. *Бүкірею, еңкектеу.* 3. ***Ауысп.*** *Кішірею, төмендеу, жібу.* ◊ **Күн еңкейді** – *түс ауып, күн кешкірді.*

ЕҢКЕК *Еңкіш, иіліңкі.* □ **Еңкек тартты** – *еңкейе түсті, бүгіле түсті.*

ЕҢКЕКТЕУ *Еңкіштеу, иіліңкілеу, бүгіліңкілеу.*

ЕҢКЕКТІК *Еңкіштік, еңістік.*

ЕҢКЕЛЕКТЕ *Еңкелең-еңкелең ету, еңкеңдеу.*

ЕҢКЕҢДЕ 1. *Иіліңкіреп жүру, бүкшеңдеу.* 2. ***Ауысп.*** *Елпеңдеу, бүгжеңдеу.*

ЕҢК-ЕҢК *Еңкілдеу, солқылдау.*

ЕҢКУ-ЕҢКУ 1. *Кедір-бұдыр, ойлы-қырлы.* 2. ***Ауысп.*** *Бірде олай, бірде былай.*

ЕҢКІЛ *Солық, өксік.*

ЕҢКІЛДЕ 1. *Еңк-еңк етіп, солқылдап жылау.* 2. ***Ауысп.*** *Екпінмен зырылдау, алыпұшу.*

ЕҢКІС *Аздап еңістеу, еңкек.*

ЕҢКІСТЕУ *Еңкектеу, еңістеу.*

ЕҢКІШ *Бүкірейіңкі, бүгіліңкі.* □ **Еңкіш тартты** – *белі бүгілді, қартайды.*

ЕҢКІШТЕ *Еңістеу ету, еңкейту, еңкектеу.*

ЕҢКІШТЕУ *Бүкіріштеу, еңкектеу.*

ЕҢЛІК *Еңіл гүлді өсімдіктен ашытып жасалатын, ерінге, бетке жағатын бояу.*

ЕҢЛІКГҮЛ *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын, биік тауларда өсетін өсімдік.*

ЕҢСЕ I *Сапыру, шайқау.*

ЕҢСЕ II 1. *Тұтас дене, бой, тұлға.* 2. *Тұрық, биіктік.* 3. *Күш, қуат, жігер.* ◊ **Еңсе бермеді** – *ұнжырғасы түспеді, мойымады, күш бермеді.* **Еңсесі көтеріңкі** – *көңілі шат, жадыраңқы.* **Еңсесі құрыды** – *арман етті, аңсады.* **Еңсесі түсіңкі** – *жабырқаңқы, түнеріңкі, көңілсіз.* **Еңсесін алды** – *еркін биледі, дегбірсіздендірді.* **Еңсесін басты [езді]** – *ұнжырғасын түсірді, жүнжітті.* **Еңсесін көтерді** – *бойын жазып сергіді, жадырады.*

ЕҢСЕГЕЙ *Ұзын бойлы, зор денелі.*

ЕҢСЕЙ I *Кішірею, еңкею.*

ЕҢСЕЙ II *Емсеу, аңсау.*

ЕҢСЕЛЕ 1. *Күні кему, әлсіздену.* 2. *Ентелеу, кемелеу.*

ЕҢСЕЛЕН 1. ***өзд. етіс*** *Еңселе-н.* 2. *Биіктеу, өрлеу, өсу.*

ЕҢСЕЛЕС *Деңгейлес, қатарлас, шендес.*

ЕҢСЕЛІ *Еңсесі биік, үлкен.*

ЕҢСЕЛІК *Маңдай мен қастың аралығы.*

ЕҢСЕЛІЛЕУ *Еңсесі көтеріңкі, биіктеу.*

ЕҢСЕР 1. *Апырып-жапырып істеу, ойсырату.* 2. *Дендеу, меңдеу, жеңу // Мөлшерлі жастың бел ортасынан асу.*

ЕҢСЕРІЛ 1. ***өзд. етіс*** *Еңсер-іл.* 2. *Тұла бойымен құлай аударылу.* 3. *Таусылу, түгесілу.*

ЕҢСЕТ *Еңселендіру, мойынсұндыру, бағындыру.*

ЕҢСІТ ***көне*** *Жұбату, көбіне жесір қалған әйелдерді есіркеп-мүсіркеу, қамқорлық жасап уату.*

ЕҢІЛ *Биік тау беткейінде өсетін ақ түкті көпжылдық гүл.*

ЕҢІРЕ 1. *Ағыл-тегіл егіліп жылау.* 2. *Қатты күйіну, күйзелу.* **Еңіреген [еңіреп туған] ер** — *Отан мен халқы үшін жан аямай күресетін ардагер азамат.* ◊ **Еңірегенде етегі толды** — *қамығып қан жұтты.*

ЕҢІРЕТ 1. ***өзг. етіс*** *Еңіре-т.* 2. *Әнді нақышына келтіре төгілту, құйқылжытy.*

ЕҢІРЕУІК *Қатты күйінгіш, қапалангыш.*

ЕҢІС 1. *Жотаның, өрдің түсе берісі, ылди.* 2. *Ойпаң жер, жазық, егістік.* 3. ***Ауысп.*** *Күн бесіннен ауған кез.*

ЕҢІСТЕ *Төмен түсу, ылдилау.*

ЕҢІСТЕУ I 1. *Ылдилау, ойпаңдау.* 2. *Аласалау, қортықтау.*

ЕҢІСТЕУ II ***астр.*** *Аспан шырағынан экваторға дейінгі бұрыштық қашықтық.*

ЕҢІСТІ *Еңістеу келген, ылдилау.*

ЕҢІСТІК 1. *Ылдилық, төмендік.* 2. *Ойпаң жер, жазықтық.*

ЕП 1. *Ыңғай, икем, оралым.* 2. *Жөн, лайық, рет.* ◊ **Ебі бар** — *епті, икемді.* **Ебі жоқ** — *орашолақ, икемсіз.* **Ебі кетті [қашты]** — а) *сасқалақтады, ыңғайсызданды;* ә) *кетеді, кетті, икемсізденді.* **Ебін тапты** — *ретін келтірді, орайы келді.*

ЕПЕЛЕК *Шегені қаққанда тұтас кіріп кетпеу үшін оның мойнына кигізілген қалпақша.*

ЕПЕЛЕК: епелек қақты — *бәйек болды, қалбалақтады, ебелектеді.*

ЕПЕЛЕКТЕ *Ұшып-қону, құрақ ұшу, ұшқалақтау.*

ЕПСЕК *Епті, ыңғайлы.*

ЕПСЕКТІ *Оңтайлы, епті, ыңғайлы.*

ЕПСЕКТІК *Оңтайлылық, ыңғайлылық,ептілік.*

ЕПСЕКТІЛЕУ *Оңтайлылау, икемділеу,ептілеу.*

ЕПСІЗ 1. *Епті емес, ебі жоқ, орашолақ.* 2. *Әдіс-айласы жоқ, айласыз.*

ЕПСІЗДІК *Икемсіздік, айласыздық, орашолақтық.*

ЕПСІН *Епті болғансу, пысықсу, қу болғансу.*

ЕПТЕ 1. *Ақырындау, жайлау.* 2. *Аздап мөлшерлеу, үнемдеу.* 3. ***Ауысп.*** *Пайда түсіру, амалдау.*

ЕПТЕЙЛЕ *Икемдеу, ыңғайлау.*

ЕПТЕП-СЕПТЕП *Өйтіп-бүйтіп, әйтіп-бүйтіп, амалдап.*

ЕПТІ 1. *Ыңғайлы, икемді.* 2. *Қу, айлакер, пысық.*

ЕПТІЛІК 1. *Бейімділік, икемділік.* 2. *Айлакерлік, қулық.*

ЕПТІРЕК *Икемдірек, бейімдірек.*

ЕПШІЛ *Айлакер, тәсілқой.*

ЕПШІЛДІК *Айлакерлік,ептілік, тәсілқойлық.*

ЕПІРШІК *Шұбатқа жаңа сауылған сүт қосқаннан кейін пайда болатын көпіршік.*

ЕР I 1. *Адамның еркек жыныстылары, еркек.* 2. *Әйелдің жұбайы, күйеу.* □ **Ер бала** — *еркек бала, ұл бала.* ◊ **Ерге шықты [тиді, барды]** — *тұрмыс құрды, күйеуге тиді.*

ЕР II *Жаужүрек батыр, қаһарман.* □ **Ердің құны көне** — *кісі қолынан өлген азаматқа төленетін ауыр айып.* **Ер басына күн туды** — *қиын-қыстау заман кез болды.* ◊ **Ердің сойы** — *ердің ері, төресі.* **Ер егесі еңісте** — *азаматтың тартысы сырт жерде.* **Ержетті** — *кәмелетке толып, азамат болды.* **Ержүрек** — *жүрекжұтқан, жүректі.* **Ер жігіт** — *ер мінезді азамат.* **Ер кезегі**

үшке дейін – *кезек алып үш қайталады.* **Ер келбетті** – *кесек тұлғалы.* **Еркөкірек** – *өр мінезді, намысшыл.* **Ер қара [болды]** – а) *ер-азамат қатарына қосылды, санатқа ілінді;* ә) *демеу, сүйеу, ес.* **Ер маңдайын баққа бер** – *батырды, ер-азаматты бақытқа баста.* **Ер мойнында қыл арқан шірімес** – *ер кісіде кісі ақысы кетпес.* **Ер ортасы жасқа келді** – *орта жасқа толды, ақыл тоқтатты.* **Ердің ері, егеудің сынығы** – *ерекше асыл туған.* **Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірді** ***көне*** – *шешімді сөз, ұтымды үкім айтты.*

ЕР III *Салт атқа мінгенде, тоқым үстінен салатын алдыңғы, артқы қасы бар үзеңгілі жабдық.* □ **Ер арқа бие** – *шоқтығы кең сауырлы бие.* ◊ **Ер әбзелін түзеді** – *ат-жабдығын сайлады.* **Ері мойнына кетті** – а) *шаруашылығы күйзелді, жадап-жүдеді;* ә) *ұнжырғасы түсті, қысылды, ұялды.* **Ерін бауырына алды** – *тас-талқан болып ашуланды, шала бүлінді.*

ЕР IV 1. *Біреудің соңынан ілесу, бірге еріп жүру.* 2. ***Ауысп.*** *Ырыққа көну, еліктеу, елігу.*

ЕР-АЗАМАТ *Бас көтерер еркек адам, жігіт.*

ЕР-АЗАМАТТЫҚ *Ер жігітке тән іс, қимыл.*

ЕРБЕЛЕҢ *Ербең-ербең, шошаң-шошаң.*

ЕРБЕЛЕҢДЕ *Ербелең-ербелең ету, ербию.*

ЕРБЕҢ: ербең қақты [етті] – *ербелеңдеді, қараңдады.*

ЕРБЕҢДЕ *Ербең-ербең ету, қараңдау.*

ЕРБЕҢ-ЕРБЕҢ *Ербеңдеген, шошаң-шошаң еткен.*

ЕРБИ 1. *Тікірею, селтию, шошаю.* 2. *Үрпе-түрпе болу, үрпию.*

ЕРБІК *Ербиген, тікірейген.*

ЕРГЕЖЕЙЛІ 1. *Бойы өспеген, кішкентай денелі адам.* 2. ***Ауысп.*** *Аласа, қортық.*

ЕРГЕНЕК 1. *Киіз үйдің есігіне көлденең қоя салатын тақтай.* 2. *Шөп шарбағының аузына арналған есік.* 3. *Сықырлауық есіктің көсігі.* ◊ **Ергенегі кетті** – *ерегешты болды.*

ЕРГЕНШЕК *Киіз үйдің киіз есігі.*

ЕРГІЗ *Жер астынан шығатын судың терең көзі.*

ЕРГІШ *Сөзге ілағыш. Кім не айтса соған нанып, сөзіне ергіш.*

ЕРГІШТЕ *Біреудің соңынан ілесу, қалмау.*

ЕРҒАШТЫ *Әбден ығыр, запы болған.*

ЕРДЕНЕ ***кәс.*** *Тұқым және т. б. дақыл салын қоятын орын, ыдыс.*

ЕРЕГІС I *Болмашы нәрсеге айтысып егесушілік, тартысушылық, қарыспалық, ұрыс-керіс, егес.*

ЕРЕГІС II *Егесіп таласу, айтысып-тартысу, егесу.*

ЕРЕГІСКІШ *Егескіш, айтысып-таласқыш, қарысып-тартысқыш.*

ЕРЕГІСПЕ *Қасарыспа, егеспе.*

ЕРЕГІСШІЛ *Қасарғыш, қарыспалы, ерегісқұмар.*

ЕРЕЖЕ 1. *Белгілі бір заңдылыққа негізделген жазбаша тәртіп, қағида.* 2. *Оқулықтағы белгілі бір анықтама, түсінік.*

ЕРЕЖЕЛІ *Ережеге негізделген, ережесі бар.*

ЕРЕЖЕП *діни* *Үш күндік ораза.*

ЕРЕК *Басқаша, бөлекше, дара.* ◊ **Елден ерек** – *бөлекше, айрықша, өзгеше.*

ЕРЕКТЕУ *Басқашалау, айрықшалау, ерекшелеу.*

ЕРЕКТІК *Айрықшалық, ерекшелік, өзгешелік.*

ЕРЕКШЕ *Айрықша, өзгеше, басқаша.*

ЕРЕКШЕЛЕ *Айрықшалау, бөлекше көрсету.*

ЕРЕКШЕЛЕУ *Айрықшалау, өзгешелеу, бөлекшелеу.*

ЕРЕКШЕЛІК *Өзгешелік, артықшылық, өзіндік қасиет.*

ЕРЕЛІГІ *Ерсілік, өрескелдік.*

ЕРЕН 1. *Ерекше, айрықша, керемет.* 2. *Ересен, орасан, зор.*

ЕРЕН-ҒАЙЫП *Көз ілеспейтін шапшаңдық, жылдамдық.*

ЕРЕҢ ***бот.*** *Денесінен оталғыш эфир майын бөліп шығаратын бұта.*

ЕРЕҢ-СЕРЕҢ: ерең-серең етті – *ербең-ербең етті, ербеңдеді.*

ЕРЕПЕЙСІЗ 1. *Қолапайсыз, ебедейсіз, икемсіз.* 2. *Есепсіз, қисапсыз.*

ЕРЕСЕК *Жас жағынан үлкенірек, есейген.* ◊ **Ересек тартты** – *ержетті, жасы ұлғайды.* **Ересек тұтты [санады]** – *ержеткен деп есептеді.*

ЕРЕСЕКТЕН *Ержету, есею, өсу.*

ЕРЕСЕКТЕУ *Жасы үлкендеу, ересек тартқан, мосқалдау.*

ЕРЕСЕКТІК *Өсіп ержеткендік, мосқалдық.*

ЕРЕСЕН *Орасан, ерекше, айрықша.*

ЕРЕУІЛ I 1. *Жаппай дүрлігушілік, дүрмек.* 2. ***саяси*** *Ұйымдасқан түрде жұмысқа шықпай бас көтерген қозғалыс.* ◊ **Ереуілге қарауыл** – *қысасқа қысас қылу.* **Ереуіл сөз** – *шошыта, үркіте айтылған сөз.*

ЕРЕУІЛ II *Ұзақ жортуға төзімді де шыдамды, берік, мықты.*

ЕРЕУІЛДЕ 1. *Жаппай қозғалу, дүрлігу.* 2. *Ереуіл жасау, ереуілге шығу.*

ЕРЕУІЛДІ *Дүрліккен, бас көтерген.*

ЕРЕУІЛШІ *Ереуілге шығушы, ереуіл жасаушы.*

ЕРЕУІЛШІЛ *Ереуілді қолдағыш, дүрліккіш.*

ЕРКЕ 1. *Ерекше әлпештеніп, бұла болып өскен, шолжаң, науетек.* 2. *Бетке ұстар, қадірлі, сыйлы.* ◊ **Ерке бұлан** – *біреудің әлпештеген аяулысы.*

ЕРКЕЖАН ***этн.*** *Жеңгесінің қайын сіңлісіне қоятын аты.*

ЕРКЕК 1. *Жан-жануарлардың ұрық шашатын жыныстылары.* 2. *Адам баласының ер жыныстылары.* 3. *Әйелдің некеленіп қосылған күйеуі, жұбай, бай.* □ **Еркек жіп** ***этн.*** – *өрмектің үстіңгі бой жібі, ерсі.* **Еркектас** ***этн.*** – *диірменнің үстіңгі тасы.* **Еркектіс** – *шаштарақтың ірі әрі сирек тістері.* ◊ **Еркек басыңмен** – *азамат бола тұрып.*

Еркек кіндік [кіндікті] – *еркек біткен, еркек атаулы.*

ЕРКЕКСІ 1. *Еркек болғансып қоқаңдау, билік жүргізу, айбат көрсету, дікілдеу.* 2. *Ересек ер адамға еліктеп, жас баланың өзін еркек санауы.*

ЕРКЕКСІРЕ *Ер-азаматты, еркекті аңсау, сағыну.*

ЕРКЕКТЕЙ *Ер-азамат сияқты.*

ЕРКЕКТІК *Еркек адамға тән мінез-құлық.*

ЕРКЕК-ҰРҒАШЫ 1. *Еркек пен әйел біткеннің бәрі.* 2. *Жануарлардың аталық, аналық жыныстылары.*

ЕРКЕКШЕЛЕП *Ер адам сияқтанып, еркектерге ұқсап.*

ЕРКЕК-ШОРА *Үл балаша киініп өскен қыз.*

ЕРКЕКШӨП ***бот.*** *Құмды жерде шоқ-шоқ болып өсетін астық тұқымдас көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ЕРКЕЛЕ *Баланың ата-анаға, жасы үлкендерге наздануы, еркінсу.*

ЕРКЕЛЕТУ *Бұла етіп өсіру, ерке қылу.*

ЕРКЕЛЕУ *Тентектеу, шолжаңдау.*

ЕРКЕЛІ *Назды, ерке мінезді.*

ЕРКЕЛІК *Еркелеушілік, ерке мінез білдірушілік, шолжаңдық.*

ЕРКЕМ ***экспр.*** *Жеңгесінің қайын сіңлісіне қоятын аты.*

ЕРКЕ-НАЗ *Еркелік көңілден туатын тілек, еркелік.*

ЕРКЕСІН *Ерке болғансу, еркелеу.*

ЕРКЕТАЙ ***экспр.*** *Ерке-тотай, еркешора, ерке-тәлпіш.*

ЕРКЕТАЙЛЫҚ *Ерке-шоралық, ерке-тотайлық, ерке-бұлалық.*

ЕРКЕ-ТОТАЙ ***экспр.*** *Еркін өскен, бұла, шолжаң.*

ЕРКЕШ *Еркежан, еркетай.*

ЕРКЕ-ШОРА *Бетімен еркін өскен, ерке-тотай, шолжаң, бұла.*

ЕРКӨБЕКТЕН ***жерг.*** *Ерсіну, батырсыну.*

ЕРКІМЕН *Өз қалауынша, өз өтініш-тілегімен.*

ЕРКІН 1. *Емін-еркін, қысылып-қымтырылмай өзін-өзі еркін ұстайтын азамат.* 2. *Өз тізгіні, еркі, құқы өзінде, тәуелсіз, егемен.* 3. *Оп-оңай, жеп-жеңіл, емін-еркін.* 4. *Ашық, айқын, анық, еркінше.* ◊ **Еркін алды** — *бойын биледі, маужыратты, ұйытты.* **Еркін биледі** — *айтқанына көнетіндей етті.* **Еркін тиді** — *билік алды, арманынан шықты.* **Еркіне қоймады** — *қоярда-қоймады, ерік бермеді.*

ЕРКІНДЕ *Өзін-өзі еркін ұстау, еш нәрседен қысылып-қымтырылмау, шолжаңдап кету.*

ЕРКІНДЕУ *Емін-еркіндеу, батылдау, өжеттеу.*

ЕРКІНДІК 1. *Қысылып-қымтырылмай өзін еркін ұстаушылық, еріктілік.* 2. *Тәуелсіздік, азаттық, бостандық, егемендік.*

ЕРКІНСІ *Өзін-өзі еркін ұстап дандайсу, тым асқақтап кету.*

ЕРКІНШЕ 1. *Өз еркімен, өз ықтиярымен.* 2. *Барынша, қалауынша.*

ЕРЛЕ I *Азаматтық жасады, жарады; үздік шығу, ер болу.*

ЕРЛЕ II *Атты ерттеу, атқа ер салу.*

ЕРЛІ *Ерттеулі, ер-тоқымды.*

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫ *Неке заңымен тұрмыс құрған жұбайлар.*

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛЫҚ *Некелі болушылық, үйлі-жайлылық.*

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫША *Некелі адамдарша, үйлі-жайлы жұбайларша.*

ЕРЛІК *Батылдық, батырлық, жүректілік.* ◊ **Ерлік буды [қысты]** — *қайраты тасыды.*

ЕРМЕК 1. *Алданыш, жұбаныш.* 2. *Қолы бос адамның уақыт өткізу үшін істейтін әрекеті, ісі.* ◊ **Ермек болды** — а) *жұбаныш етті, серік қылды;* ә) *тәлкек қылды, мазақ етті.* **Ермек қылды [етті]** — *алданыш етіп уақыт оздырды.* **Ермек қылуға жара таба алмады** — *ұрынарға қара таба алмады, ерігіп жүрді.*

ЕРМЕКТЕ *Ермек ету, уақыт оздыру.*

ЕРМЕН *Дәмі ащы, жусан тұқымдас көпжылдық құнарлы өсімдік.*

ЕРМЕНЕ *Далалық жерлерде өсетін, бозғылт түсті жатаған өсімдік; дермене.*

ЕР-МЕРІМЕН *Ер-сайманымен, жабдығымен қоса қабат.*

ЕРНЕК 1. *Бір заттың ернеуі, жиегі, ернеу.* 2. *Өзен-көлдің жағасы, жағалауы.*

ЕРНЕКТЕ *Ернеуіне дейін шүпілдеу, лықа толу.*

ЕРНЕУ *Бір нәрсенің шеті, жиегі, ернек.*

ЕРНЕУЛЕ 1. *Асып-төгілу, шүпілдеу.* 2. *Жағалап жүру, жиектеу.*

ЕРНЕУЛІ *Ернеуі бар, жиекті.*

ЕРСІ I *Өрнектің үстіңгі бой жібі, еркек жібі.*

ЕРСІ II 1. *Ұят, сөлекет, келіссіз, әдепсіз.* 2. *Қолайсыз, ыңғайсыз, оғаш.* ◊ **Ерсі болды [көрінді]** — *сөлекеттеу қылық жасады.* **Ерсі емес** — *сөкеттігі жоқ.*

ЕРСІ III *Ер болғансу, батырсыну, мықтысыну.*

ЕРСІЗ I *Ер-тоқымсыз, ер-тұрмансыз.*

ЕРСІЗ II *Күйеусіз, жұбайсыз, ерге шықпаған.*

ЕРСІЛЕН *Оғаштану, өрескел болу, сөлекеттену.*

ЕРСІЛЕУ *Оғаштау, өрескелдеу, ұяттылау.*

ЕРСІЛІК *Оғаштық, өрескелдік, сөкеттік.*

ЕРСІЛІ-ҚАРСЫЛЫ *Әрі-бері, ілгерілі-кейінді, әрлі-берлі.*

ЕРСІН *Ер болғансу, батырсыну, мықтысыну.*

ЕРСІРЕ *Еркекті қажет етіп құмарту, байсырау.*

ЕРТ *Өзімен бірге алып жүру, қасына ілестіру.*

ЕРТӘУІЛ ***көне*** *Барлаушы, шолғыншы.*

ЕРТЕ 1. *Таң сәріде, ертемен.* 2. *Өткен кезде, бұрын, баяғыда.* 3. *Күнібұрын, ертерек, алдымен.* □ **Ерте пар** — *ерте көктемде егілген егістік.* ◊ **Ертеден қара кешке [дейін]** — *таңертеңнен кешке*

дейін, күні бойы. **Ерте күнді кеш қылды** *– созбүйдаға салды, созды, кешіктірді.* **Ерте туып кеш қалған** *– өмірден бос қалған, уақытын босқа өткізген.*

ЕРТЕГІ 1. *Киял мен арманға, аңызға негізделген эпикалық шығарма.* 2. *Аңыз, тарихи оқиға, әңгіме.* ◊ **Ертегі қылды [етті]** *– аңыз етіп дәріптеді, әсіреледі.*

ЕРТЕГІШІ *Ертегі-аңыздарды көп білетін адам.*

ЕРТЕГІШІЛ *Ертегі-аңыздарды көп білетін, ертегі айтқыш.*

ЕРТЕДЕ *Баягы кезде, өткен заманда, көне дәуірде.*

ЕРТЕДЕН 1. *Ерте кезден, ежелден.* 2. *Таң атқалы бері, азаннан.* ◊ **Ертеден [ертеңнен] қара кешке** *– ұзақты күнге, күні бойы.* **Ертеден салса, кешке озған** *– шаршап-шалдығуды білмейтін жүйрік.*

ЕРТЕЛЕП 1. *Таң атысымен, ертемен.* 2. *Уақытынан бұрын, тездетіп.*

ЕРТЕЛЕУ *Ертерек, бұрынырақ.*

ЕРТЕЛІК *Ерте мезгіл, ертелеу, ертерек.*

ЕРТЕЛІ-КЕШ 1. *Ертеден қара кешке, күні бойы.* 2. *Ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір.* 3. *Ілгерінді-кейінді, бір уақытта, мезгілде.*

ЕРТЕЛІ-СОҢДЫ *Бұрын-соңды, өткен-кеткен.*

ЕРТЕМЕН *Таң атысымен, азаннан.*

ЕРТЕҢ 1. *Бүгіннен кейінгі келесі күн.* 2. *Болашақ күн, келешек.* ◊ **Ертеңнен қара кешке** *– таңертеңнен кешке дейін.*

ЕРТЕҢГІ 1. *Таңертеңгі, азанғы.* 2. *Келесі күнгі.* 3. *Алдағы, болашақтағы, келешектегі.*

ЕРТЕҢГІЛІК 1. *Таңертеңгі уақыт, азанғы мезгіл.* 2. ***жаңа.*** *Белгілі бір мереке алдында салтанатты өткізілетін балалар ойын-сауығы.* □ **Ертеңгілік ас** *– таңертең ішілетін тамақ.*

ЕРТЕҢГІСІН 1. *Таңертеңгі уақыт, ертеңгілік кез, мезгіл.* 2. *Келесі күні, ертеңгі күні.*

ЕРТЕҢШІЛ *Іс-әрекет, шаруаны ертеңге қалдырғыш, жалқау.*

ЕРТЕҢІНДЕ *Келесі күн, ертеңгі күн.*

ЕРТЕРЕК 1. *Алдын ала, бұрынырақ.* 2. *Мезгілінен бұрын, ертелеу.*

ЕРТЕРЕКТЕ *Баягы заманда, ертерек уақытта, ерте кезде.*

ЕРТЕРЕКТЕУ *Бұрынырақ, ертелеу.*

ЕР-ТОҚЫМ *Атқа салт міну үшін қажетті әбзел, жабдық.* ◊ **Ер-тоқымын бауырына алды** *– жатып кеп ашуланды, шала бүлінді.*

ЕРТӨЛЕ ***тар.*** *Жасауыл, төлеңгіт.*

ЕРТТЕ *Мінетін көлікке ер салу.*

ЕРТТЕУЛІ *Ерттелген, ерттеп қойған.* ◊ **Ерттеулі аттай** *– сақадайсай, дап-дайын.*

ЕР-ТҰРМАН *Салт атқа міну үшін қажетті әбзел-жабдықтар.*

ЕРУ *Тоқыған бүйымның шеті, жиегі.*

ЕРУ: еру болды *– көшіп-қонғанда, жол жүргенде жолаушылардың жолда демалып, аялдауы.* ◊ **Еру елдің ерулігі бар** *– еру қонған елге маңайындағы бұрыннан отырған ауылдың беретін ерулік дәстүрі.*

ЕРУЛЕ *Жолшыбай аялдап демалыс жасау, тыныстау.*

ЕРУЛІ: еруліге қарулы *– ісіне қарай іс істеу, есесін қайтару.*

ЕРУЛІК *Жаңадан көшіп келгендерге ауылдастардың, туыстардың не көршілердің сыбағалы тамағы.* □ **Ерулік берді** *– қонаққа шақырып, сый көрсетті.*

ЕРШЕ *Ержүрек адамша, батырларша.*

ЕРШЕҢ *Ер-тоқымымен, ерттеулі күйімен.*

ЕРШІ *Ер шабатын, жасайтын шебер, ісмер.*

ЕРШІК 1. *Арба-шанаға жеккен көліктің бел көтермесі тұратын ер сияқты жабдық.* 2. *Кішкентай ер.*

ЕРШІКТЕ *Жегілетін көлікке ершік салу.*

ЕРШІЛІК *Ер жасауды кәсіп етушілік.*

ЕРІ 1. *Жылу әсерімен сұйық күйге, суға айналу, жібу, балқу.* 2. ***Ауысп.*** *Елжіреу, мейірлену, егілу.*

ЕРІГУ *Іші пысу, зерігу.*

ЕРІГІШ *Сұйық күйге айналғыш, жібігіш, балқығыш.*

ЕРІГІШТІК 1. *Сұйық күйге айналғыштық, жібігіштік, балқығыштық.* 2. ***хим.*** *Бір заттың екінші затпен араласу мөлшерін сипаттайтын шама.*

ЕРІК I 1. *Ырық, ықтияр, билік.* 2. *Адамзатқа тән құқық, хақы.* 3. *Адам бойындағы психологиялық сезім, жігер, қайрат.* 4. ***Ауысп.*** *Мүмкіндік, кеңшілік, мұрсат.* ◊ **Еркі күшті** – *дегеніне жетпей қоймайтын жігерлі, қайратты.* **Еркін алды** – *бойын биледі.* **Еркіне жіберді [бағынды]** – *дегеніне көнді, ерік берді.* **Еркіне қоймады** – *ырық бермеді.* **Еркінен айырды *заң*** – *бас бостандығын жойды.* **Ерік алды** – а) *рұқсат алды;* ә) *теңдікке, бостандыққа ие болды.* **Ерік бермеді** – *ықтиярынан айырды, ырық бермеді.*

ЕРІК II *Іші пысу, зерігу.*

ЕРІК-ЖІГЕР *Адамның қабілеттілік қасиеті.*

ЕРІККЕНДІК *Не істерін білмей ермек іздеушілік, зеріккендік.*

ЕРІКСІЗ 1. *Лажсыз, амалсыз.* 2. *Ықтиярсыз, ырықсыз, еркінен тыс зорлап.* 3. *Басыбайлы, тәуелді.* 4. *Жігерсіз, ынжық.*

ЕРІКСІЗДІК 1. *Билігі болмаушылық, шарасыздық.* 2. *Еркі, хақы жоқтық, құқсыздық.*

ЕРІКТІ 1. *Өз еркі өзінде, тәуелсіз.* 2. *Келісіммен істелген, еркін.* 3. *Еркі күшті, жігерлі, табанды.*

ЕРІМТАЛ *Сұйық күйге айналғыш, ерігіш.*

ЕРІН I *Ауыздың астыңғы және үстіңгі екі жақ жиегі, ернеуі.* ◊ **Ерні аққа тиді** – *мал төлдеп, сүтке кенелді.* **Ерні кезерді [қаязыды]** – *шөлдеді, сусады.* **Ернінің емеурінінен түсінді** – *сыралғы адам бірден білді.* **Ернін шүйірді** – *жақтырмаған сыңай білдірді.* **Ернін шығарды** – *ұнатпаған кейіп білдірді, мазақтады.* **Қаймақ ерін** – *жұқа ерін.* **Түрік ерін** – *дүрдиген үлкен ерін.* **Салпы ерін** – *түріңкі қалың ерін.*

ЕРІН II *Мойны жар бермеу, жалқаулану.* ◊ **Ерінбеген арыстанның аузындағысын алады** – *жалықпай бейнет етсең, қолыңа түспейтін нәрсе жоқ.*

ЕРІНБЕЙ-ЖАЛЫҚПАЙ *Шаршап-шалдықпай, қажымай-талмай.*

ЕРІНДІ *Ерні дүрдиген қалың, ерні үлкен.*

ЕРІНДІКТЕ *Жылқының ерніне бұрау салу.*

ЕРІНДІЛЕУ *Ерні үлкендеу, қалыңдау.*

ЕРІНШЕК *Кежір, жалқау, бойкүйез.*

ЕРІНШЕКТЕУ *Жалқаулау, кежірлеу, бойкүйездеу.*

ЕРІНШЕКТІК *Жалқаулық, кежірлік, бойкүйездік.*

ЕРІС *Керегелік желінің ең ұзын ағашы.*

ЕРІТКІШ *Сұйық күйге айналдырғыш, жібіткіш, балқытқыш.*

ЕРІТКІШТІК *Сұйық күйге айналдырғыштық, жібіткіштік, балқытқыштық.*

ЕРІТПЕ *Балқытылған, ерітілген.*

ЕРІТІЛМЕЛІ *Ерітілген, ерітпе.*

ЕРІТІНДІ ***хим.*** *Химия элементтерін еріту (балқыту) арқылы алынатын сұйықтық.*

ЕС I 1. *Адамның естіген, көргенбілгенін ойда сақтау қабілеті; ақылой.* 2. ***Ауысп.*** *Серік, сүйеніш, медеу.* ◊ **Ес болды [көрді]** – *тірек етті, медеу қылды.* **Ес білгелі** – *ержеткелі, есейгелі.* **Ес біліп, етек жапқанша** – *жасынан есейгенше.* **Ес жиды [жинады]** – а) *адам өзіне-өзі келді, ақылы кірді;* ә) *ауыр тауқыметтен құтылды.* **Ес жоқ** – а) *албырттыққа бой ұрған, масаң;* ә) *асып-сасулы, есі әбден шыққан.* **Еске [есіне] алды** – *ойына түсірді, елеп-ескерді.* **Ес көрді** – *сүйеніш қылды,*

медеу тұтты. **Ес [есі] кірді** – а) *есі ауған адам өзіне-өзі келді, айықты;* ә) *ақыл кірді, есейді.* **Ес қалмады** – а) *барынша ынтықты, құмарланды;* ә) *зәре-құты қалмады.* **Ес таптырмады** – *састырды, абыржытты.* **Есте жоқ ескі мезгілде** ***фольк.*** – *баягыда, бағзы заманда.* **Естен [есінен] кетпеді** – *ойынан шықпады, ұмытылмады.* **Естен [есінен] танды [тандырды]** – а) *ойлау, тану қабілетінен айырылды, есеңгіреді;* ә) *асып-састы, абыржыды;* б) *ынтықтырды, елітті.* **Есте [еске, есіне] сақтады [ұстады]** – *жадынан шығармады, ұмытпады.* **Ес тоқтатты** – *ақылы кірді, есейді.* **Ес тұтты** – *арқа тұтты, пана көрді.* **Есін шығарды** – *мазасын алды, тынышын кетірді.* **Есі ауды** – а) *ақыл-естен айырылды;* ә) *аңсары ауды, құмар болды.* **Есін жиып, етегін жапты** – *өзіне-өзі келді, теңелді.* **Есің барда елің тап** – *дер кезінде қимылда.* **Есің барда етегің жап** – *ақылмен ойла, абыройыңды сақта.* **Есі шықты** – а) *үрейі ұшты, қатты састы;* ә) *қуанышы қойнына сыймады;* б) *ынтызар болды, құмартты.*

ЕС II 1. *Жіп, арқан жасау үшін жүнді жұмырлап, білемдеп бұрау, ширату.* 2. ***кәс.*** *Лағманның, бауырсақтың қамырын жіңішкерте созу.*

ЕС III 1. *Жел соғу, желпу.* 2. *Қайықты жүргізу үшін ескекті су ішінде ілгерінді-кейінді қимылдату, көсу.* 3. *Құмды, қарды ысыру.* 4. ***Ауысп.*** *Жүйткіту, заулау.* 5. *Көпіру, бөсу.*

ЕСАЛАҢ *Есі ауысқан, есуас, есерсоқ, делқұлы.*

ЕСАЛАҢДАН *Есінен айырылу, есуастану, есерсоқтану.*

ЕСАЛАҢДАУ *Есуастау, есерсоқтау, ақымақтау.*

ЕСАЛАҢДЫҚ *Есуастық, есерсоқтық, ақымақтық.*

ЕСАУЛ ***көне, әск.*** *Патша армиясындағы капитанмен барабар казак офицерінің шені.*

ЕСЕ I 1. *Тиесілі сыбаға, үлес.* 2. *Бөлшек, бөлік.* 3. *Ал оның орнына, есебіне.* ◊ **Есе алды** – а) *сыбағасына ие болды, иемденді;* ә) *қарымта қайтарды.* **Есе бермеді** – *теңдік бермеді.* **Есесі кетті** – *кегі кетті.* **Есесін берді** – *сазайын тарттырды, сыбағасын берді.* **Есесін бермеді** – *ақысын жібермеді.* **Есесін қайтарды** – *жазасын берді, орның толтырды.* **Есе тиді** – *теңдікке ие болды.*

ЕСЕ II *Бастапқы қалыппен салыстырғандағы заттың т. б. артық не кем мөлшері.*

ЕСЕБІНДЕ *Ретінде, қатарында, санатында.*

ЕСЕДЕЙ *Есеге жуық, есеге тарта.*

ЕСЕЙ 1. *Ержету, үлкею, өсу.* 2. *Ересек тарту, үлгаю.* 3. ***Ауысп.*** *Шыныгу, шыңдану.*

ЕСЕК 1. *Жылқы тұқымдас, аласа бойлы, ұзын құлақты күш көлігі.* 2. ***Ауысп.*** *Ақымақ, миғұла, кеще.* □ **Есектартыспақ** – *балалар бір-біріне мініп, тартысып ойнайтын ойын; аударыспақ.* ◊ **Есек бәсеке [үміт]** – *әулекі, есірік, бос бәсеке.* **Есек дәме** – *құрғақ қиял.* **Есек дәмеленді** – *босқа дәмеленді, жоқтан үміттенді.* **Есекке үкі таққандай** – *жарасымсыз қылық.* **Есекқұрты мұрнынан түсті** – *болып-толды, шалқыды.* **Есек миын жеді** – *ақымақ болды.* **Есектің [қара есектің] мойнына байлап жіберді** – *күлкі етті, мазақтады.*

ЕСЕКАРА ***зоол.*** *Кәдімгі балараның бір туысы.*

ЕСЕКЖЕМ ***мед.*** *Кенеттен қызарып бөртіп, күлбіреп шығатын қышымалы тері ауруы.*

ЕСЕККҰРТ ***зоол.*** *Дымқыл, қараңғы жерлерді мекендейтін көпаяқты құрт.*

ЕСЕККЫРҒАН ***астр.*** *Юпитер планетасының қазақша аты.*

ЕСЕКМИЯ ***бот.*** *Көпжылдық бұршақ тұқымдас улы өсімдік және соның дәні.*

ЕСЕКТАС ***этн.*** *Әсемдік үшін әдемілеп жонылған, жас балаға көз тимес үшін киіміне тағып қоятын көк түсті тас.*

ЕСЕКТЕЙ 1. *Топас, надан.* 2. *Жуас, момын.*

ЕСЕКТІК *Есекке лайық, есекке тән.*

ЕСЕЛЕ 1. *Үстемелеу, қосымшалау.* 2. *Үдеу, күшею, қайталау.* 3. *Бүктеу, қабаттау, қаттау.* 4. ***мат.*** *Көбейту.*

ЕСЕЛІ 1. *Тиісті, лайықты, сыбағалы.* 2. *Табысты, өнімді.* ◊ **Еселі ел** — *өскен-өнген, іргелі ел.* **Еселі еңбек** — *қарқынды, екпінді еңбек.*

ЕСЕЛІК ***мат.*** *Екі немесе бірнеше санға қалдықсыз бөлінетін сан.*

ЕСЕН *Аман-сау, сау-саламат.*

ЕСЕН-АМАН *Хал-жағдайы жақсы, аман-сау.*

ЕСЕНДЕС 1. *Сәлем беру, амандасу.* 2. *Қош айтысу, қоштасу.*

ЕСЕНДІК *Амандық, саулық, есен-амандық.* □ **Есендік сұрасты** — *хал-жағдай білісті, амандасты.*

ЕСЕН-САУ *Аман-есен, сау-саламат.*

ЕСЕҢГІРЕ 1. *Талықсып есінен айырылу, мәңгіру.* 2. ***Ауысп.*** *Ақылынан адасу, алжасу.*

ЕСЕП 1. *Бір нәрсенің цифрмен көрсетілген саны, мөлшері.* 2. *Төрт амал әдісімен, сан мөлшерін оқытатын пән аты.* 3. *Ой-пікір, болжам, амал-айла.* 4. *Жұмысшы, қызметкерлердің, жеке ұйымдар мен мекеме және тағы басқалардың айлық, тоқсандық, жылдық жұмысы туралы ақпар, мәлімет.* 5. *Бір нәрсеге парапар, тең.* 6. *Шамасы, тәрізі.* □ **Есеп айырысудың аккредитивтік түрі** — *қолма-қол ақшасыз есеп айырудың бір түрі.* **Есеп айырысу шоты** — *меншікті айналым қаржысы, дербес балансы бар шаруашылық есептегі кәсіпорындар мен мекемелердің банкіде ашатын шоты.* ◊ **Есебі бар [болды]** — *көзделген ойы бар.* **Есебінен жаңылды** — *ойлаганы болмады, қателесті.* **Есебін жібермеді** — *есесін қайтарды.* **Есебін тапты** — *ретін келтірді, амалын тапты.* **Есеп айырды [айырысты]** — а) *қарызын қайтарды;* ә) *сазайын берді, кегін алды.* **Есеп алды** — *іске қорытынды жасады, есептесті.* **Есеп берді** — а) *ақпар берді, мәлімдеді;* ә) *жауап берді, талдау жасады.* **Есеп емес** — *сөз емес, бәрібір.* **Есеп жасады** — а) *есептеді, шамалады;* ә) *аражігін ашты, біржола қоштасты.* **Есеп жетпес [жеткісіз]** — *қисапсыз, мол.* **Есепке алды** — а) *санады, есептеді;* ә) *ескерді, еледі, санасты;* б) *арнайы бақылауға алды, қадағалады;* в) *қатарға қосты, көңіл бөлді.* **Есепке жүйрік** — *есептегіш, білгіш.* **Есепке кірді** — *қатарға қосылды.* **Есепке қосылды** — *қатарға ілінді, теңелді.* **Есепке шақты** — *есепке алды, есептеді.* **Есеп қылды** — *санады, есептеді.* **Есеп қылмады** — *елеп-ескермеді.* **Есепте бар, елде жоқ** — *қақас қылды, ескерілмеді.* **Есепте болды** — *есте болды, ескерілді.* **Есептен тыс** — *нормадан артық, жоспардан тысқары.* **Есепте тұрды** — а) *мүше болды, мүшелікке алынды;* ә) *ерекше бақылауға алынды.*

ЕСЕПДАН *Есепті жақсы білетін, есепті жақсы шығарушы, есепке жүйрік.*

ЕСЕПДАНДЫҚ *Есепқорлық, есепшілдік, есепке жүйріктік.*

ЕСЕП-ҚИСАП 1. *Бір нәрсенің жалпы сан мөлшері, есебі.* 2. *Шаруашылық мекеменің кіріс-шығыс есебі.* 3. *Есеп, математика.* □ **Есеп-қисап айырысты** — *есеп айырысты, есептесті.*

ЕСЕП-ҚИСАПСЫЗ 1. *Есептемей, санаусыз, есебін жүргізбей.* 2. *Шамадан тыс көп, есепсіз.*

ЕСЕПҚОР *Есепші, пайдакүнем.*

ЕСЕПҚОРЛЫҚ *Есепшілдік, пайдакүнемдік.*

ЕСЕПСІЗ 1. *Есепке алынбайтын, есептелмейтін, беталды.* 2. *Аса мол, қисапсыз, сансыз, мол.*

ЕСЕП-ТАЯҚ ***кәс.*** *Өрмек адыргысының алдында тұратын, бой жіптерді санап байлап қойған таяқ.*

ЕСЕПТЕ 1. *Есептеп шығару, санау.* 2. *Санау, ойлау.*

ЕСЕПТЕГІШ I *Жұмсалған күш қуаттың мөлшерін, қуат санын көрсететін құрал.*

ЕСЕПТЕГІШ II *Жылдам есептейтін, тез ойлайтын.*

ЕСЕПТЕС 1. ***орт. етіс*** *Есепте-с.* 2. *Есеп айырысу.* 3. *Санасу, келісу.*

ЕСЕПТЕСКІШ *Елегіш, ойлағыш.*

ЕСЕПТЕУ *Бір нәрсенің есебін шығаруға арналған.*

ЕСЕПТЕУЛІ *Есепке алынған, санаулы.*

ЕСЕПТЕУІШ: есептеуіш машина — *информация өңдеу процестерін механикаландыруға, автоматтандыруға арналған құрылғы.*

ЕСЕПТІ 1. *Санаулы, есептеулі.* 2. *Іспетті, тәрізді.* □ **Есепті баяндама** — *шаруашылық ұйымның белгілі бір мезгілдегі жұмысының қорытындысы.* **Есепті дос айнымас** — *әр нәрсенің байыбын бағалайтын дос ажырамас; әр нәрсенің парқын, есебін білгеннің зияны жоқ.*

ЕСЕПШОТ ***бухг.*** *Арифметикалық есептеулер жүргізуге арналған аспап.*

ЕСЕПШІ 1. ***көне*** *Тоғыс есебін жүргізіп, ауа райы туралы болжам айтып отыратын адам.* 2. *Шаруашылық мекеменің кіріс-шығысын есептеп, санақ жүргізіп, тіркеп отыратын маман.* 3. ***кәс.*** *Өрмекті құрып, тоқу үстінде пайдаланатын жабдық.*

ЕСЕПШІЛ 1. *Пайдакүнемдік; есептен.* 2. *Есепке жүйрік, есеп шығарғыш.*

ЕСЕПШІЛДІК *Пайдакүнемдік, ұсақтық.*

ЕСЕР 1. *Делқұлы, ойына келгенін істейтін әумесер, сотқар.* 2. *Ақымақтау, әңгілеу.*

ЕСЕРЛЕН 1. *Әумесерлену, делқұлылану.* 2. *Ақымақтану, әңгілену, әумесерлеу.*

ЕСЕРЛІК *Делқұлылық, есіріктік, әумесерлік, ақымақтық.*

ЕСЕРСІҢ *Есалаң, нақұрыс, алаңғасарлану, жындану, құтырыну.*

ЕСЕРСОҚТАУ *Алаңғасарлау, әумесерлеу, ақымақтау.*

ЕСЕРСОҚТЫҚ *Алаңғасарлық, ақымақтық.*

ЕСКЕК I *Қайықты жылжыту үшін суды есуге арналған, бас жағы қалақша келген сырық, сырғауыл.*

ЕСКЕК II 1. *Салқын самал, жайлы жел.* 2. ***Ауысп.*** *Екпінді, қарқынды.* □ **Ескек жел** — *қоңыр салқын, жанға жайлы самал.*

ЕСКЕКПӘРЕ ***тех.*** *Қалақшасының беті винт тәрізді жасалып, көлденең оське орнатылған кеме қозғалтқыш.*

ЕСКЕКТЕ 1. *Жел тұру, желпу.* 2. ***Ауысп.*** *Жосыту, борату, екпіндету.*

ЕСКЕКТІ *Ескек орнатылған, ескекпен жүретін.*

ЕСКЕКШІ 1. *Қайықты жүргізуші, ескек есетін адам.* 2. ***спорт*** *Қайыққа мініп жарысатын спортсмен.*

ЕСКЕР *Еске алу, елеп-ескеру.*

ЕСКЕРТКІШ 1. *Даңқты адамдарды немесе тарихи уақиғаларды мәңгі есте қалдыру үшін жасалатын мүсіндік шығарма.* 2. *Ерте дәуірден қалған нұсқа, тарихи мұра.* 3. *Ұмытпау, естен шығармау үшін беретін естелік зат.*

ЕСКЕРТПЕ *Кеткен олқылық, кемістік туралы ескерту.*

ЕСКЕРТУ *Біреудің іс-әрекетіне байланысты ескертпе.*

ЕСКІ 1. *Тозығы жеткен, өңі кеткен, ұсталған.* 2. *Көне, баяғы, бұрынғы.* 3. *Көп сақталған, ұзақ тұрған.* ◊ **Ескі әуенге басты** — *баяғы әдетіне салды, қайталады.* **Ескі жара** — *көңілде жүрген түйткіл, қаяу.* **Ескі жараның аузын ашты [тырнады]** — *өткен-кеткенді қайта қозғады.* **Ескі көз** — а) *сыр мінез, сырлас дос-құрбы;* ә) *көнекөз қария.* **Ескі құлақ** — *көрген-білгені көп, кәрі құлақ.* **Ескі сүйек** — *сар сүйек ежелгі жегжат.* **Ескі тұяқ** — *ескіден қалған жұрнақ.*

ЕСКІ-ҚҰСҚЫ 1. *Тозығы жеткен, ұсталған көнетоз, қоқыр-соқыр.* 2. *Жаман-жәутік, көр-жер.*

ЕСКІЛЕ *Ескекті үсті-үстіне есе түсу.*

ЕСКІЛЕУ *Тозығы жеткен, көп ұсталған, көнетоз.*

ЕСКІЛІ-ЖАҢАЛЫ *Ескісі мен жаңасы аралас.*

ЕСКІЛІК I *Ескі қоғамның кертартпа сарқыншақтары, әдет-ғұрпы.*

ЕСКІЛІК II *Ескі әдет-ғұрпқа тән.*

ЕСКІЛІКТІ *Байырғы, бұрынғы.* ◊ **Ескілікті ауру [науқас]** — *бойға сіңген, үйреншікті дерт.*

ЕСКІР 1. *Өңі кету, көнеру, тозу.* 2. *Уақыты біту, күні өту.* 3. *Дәмі бұзылу, былғану.* **Ескіру мерзімі *заң*** — *қылмыстық және азаматтық істер бойынша заңда белгіленген мерзімнен кейін іс көтеруге болмайтын жағдай.*

ЕСКІСІН *Ескі көру, қомсыну.*

ЕСКІШЕ 1. *Ескі уақыттағыша, бұрынғыша.* 2. *Арабша, мұсылманша.*

ЕСКІШІЛ *Ескіні қолдағыш, кертартпа.*

ЕСКІШІЛДІК *Ескіні қолдаушылық, кертартпалық.*

ЕСПЕ 1. *Желпіп соққан жаңа жайлы, жылы жел.* 2. *Бортылдақ бос, сусымалы.* 3. *Жүрдек, екпінді, ақпа, төкпе.* 4. *Бөспе, көпірме, даңғой.*

ЕСПЕЛІ I *Екпінді, жүйрік.*

ЕСПЕЛІ II *Ширатылған, есілген, пысытылған.*

ЕССІЗ 1. *Ес-түссіз, есінен айырылған, таңған.* 2. *Жарымес, есер, есерсоқ.*

ЕССІЗДЕН *Есінен айырылу, есінен тану.*

ЕССІЗДЕУ *Әумесерлеу, делқұлылау, ақылсыздау.*

ЕССІЗДІК *Әумесерлік, делқұлылық, ақылсыздық.*

ЕССІЗ-ТҮССІЗ *Есеңгіреген, есінен айырылған, мең-зең боп талып қалған.*

ЕСТЕГІ 1. *Көңілдегі, ойдағы.* 2. ***Ауысп.*** *Естелік, әсер, сурет.*

ЕСТЕЛІК *Өмірдегі көрген-білген, ойда қалған нәрселерді еске түсіріп айту, елестету дағдысы.*

ЕСТЕН *Оң-солын тану, есі кіру.*

ЕСТИЯР 1. *Ержеткен, ересек, үлкен.* 2. *Елдің бас көтерер сақа адамы.* 3. ***Ауысп.*** *Түйсігі бар, сезінетін.*

ЕСТИЯРЛАН *Ержету, есею, естену.*

ЕСТИЯРЛАУ *Ересектеу, үлкендеу, сақалау.*

ЕСТИЯРЛЫҚ *Ержеткендік, үлкендік, сақалық.*

ЕСТИЯРСЫ *Үлкен болғансу, ержеткенсу.*

ЕС-ТҮС: ес-түсін білмеді — *есінен танды, есеңгіреді.* **Ес-түсінен айырылды** — *ақылынан адасты, мәңгірді.* **Ес-түсі жоқ** — *ұсқыны қашқан, сұрықсыз.* **Ес-түсі қалмады** — *құты қашты, үрейленді.*

ЕСТІ I 1. *Ақылды, саналы, парасатты.* 2. *Білімдар, ойшыл.*

ЕСТІ II 1. *Құлаққа шалыну, есту.* 2. *Үнін тыңдау, сөзін ұғу.* 3. *Құлақтану, хабардар болу, білу.* ◊ **Естіген жерде қалсын** — *ешкім білмесін, сыртқа таралмасын.*

ЕСТІГЕН-БІЛГЕН *Естіп-білгені бар.*

ЕСТІГІШ *Жақсы еститін, сақ құлақ.*

ЕСТІЛЕР-ЕСТІЛМЕС *Болар-болмас естілетін.*

ЕСТІЛІК *Ақылдылық, саналылық, парасаттылық.*

ЕСТІРЕК *Ақылдырақ, саналырақ, парасаттырақ.*

ЕСТІРТУ *Кісінің өлімі жайлы туған-туыстары мен ел-жұртына хабарлау, айту.*

ЕСУАС *Кіреспіл-шығасыл есі бар, жарымес.*

ЕСУАСТАН *Жарыместену, есерсоқтану, есерлену.*

ЕСУАСТАУ *Жарыместеу, есерсоқтау, есерлеу.*

ЕСУАСТЫҚ *Жарыместік, есерсоқтық, есерлік.*

ЕСІК *Үй мен бөлмеге кіріп-шығу үшін қабырғаны тесіп шығарған жер, соған салынған есік.* ◊ **Есік ашу *этн.*** — *күйеудің алғаш рет қалыңдығының үйіне бару кәдесі.* **Есік көзі** — *табалдырықтың қасы, босаға.* **Есігі ашық** — *пейілі кең, дастарқаны жаюлы.* **Есігін ашпады** — *келмеді, хабарласпады.* **Есігінде жүрді *көне*** — *біреудің босағасында қызмет*

етті. **Есігінде қалды** – *жанашыры болмай біреудің тәрбиесінде болды.* **Есігінен қарамады** – *араласпады, қатыспады.* **Есігін тоздырды** – *ығыр қылды, мазалады.* **Есігінің алдына келтірді** – *дегенін істетті, бас идірді.* **Есігі ойран, төрі талқан болды** – *шаңырағы ортасына түсті, отаны бұзылды.* **Есігі тар** – *пейілі тар, сараң.* **Есік көрген** – *бұрын күйеуге тиген.* **Есік көрсетті [ашты]** – а) *күйеу ұрын барды;* ә) *дәм ауыз тигізді, қонаққа шақырды.* **Есік қақты болды** – *қаңғыбастанды, кезбеленді.* **Есік пен төрдей** – а) *қолсозымдай, таяқтастам жер;* ә) *денелі, келіскен, зор.* **Есіктегі басы төрге жетті** – *құрметке ие болды, еленді.* **Есікте жүрді** – *біреуге жалданып жұмыс істеді.* **Есіктен шыққа тесіктен, тесіктен кетсе есіктен келді** – *мұнан кіріп, одан шыққан сұжұқпас қу.*

ЕСІКПЕ-ЕСІК *Есіктері қарамақарсы.*

ЕСІКТЕЙ *Үлкен, кең, зор.*

ЕСІКТЕС *Есігі жақын, көрші.*

ЕСІК-ТЕСІК *Саңылау біткен, барлық ашық жер.*

ЕСІКШІ *Есік алдында отыратын күзетші; вахтер.*

ЕСІЛ *Көңіл күйін білдіретін ишарат сөз.*

ЕСІЛ-ДЕРТІ *Бар ынта-жігері, арманы, ой-мақсаты.*

ЕСІМ *Адамның өз аты.*

ЕСІМДЕР ***грамм.*** *Есім сөздердің басын қосатын грамматикалық атау.*

ЕСІМДЕС *Есімі бірдей, ұқсас, аттас.*

ЕСІМДІ *Деп аталатын, атты.*

ЕСІМДІК ***грамм.*** *Есім сөздердің орнына қолданылатын сөз табы.*

ЕСІМНАМА *Ғылыми еңбектердің, журналдардың, көрсеткіштердің соңында берілетін, жеке адамның өмірі мен қызметі туралы жазылған мақалалар, хабарлама және басқа да мәліметтер.*

ЕСІНЕ *Шаршағанда, ұйқы келгенде ауывды кең ашып, ішке тартылған ауаны бірден серпіп шығару.*

ЕСІНЕК ***бот.*** *Арыстанның аузы тәрізді болып ашылатын гүлі бар бақша гүлі.*

ЕСІР I *Тентек, есірік, қияңқы.*

ЕСІР II 1. *Екілену, асып-тасу, дандайсу.* 2. *Есерсоқтану, аласұру, құтырыну, қағыну.* 3. *Елту, есеңгіреу, мас болу.*

ЕСІРКЕ *Жаны ашу, аяу, мүсіркеу.*

ЕСІРКЕГІШ *Жаны ашығыш, аягыш.*

ЕСІРТКІ *Көкнәр, наша.*

ЕСІРТКІШ *Тез есіртетін, еліттірегіш.*

ЕСІРІК I ***вет.*** *Жан-жануарларды жындандырып, құтыртатын ауру.*

ЕСІРІК II *Қыран құсты аң аулауға дағдыландыру үшін алдандырғыш.*

ЕСІРІК III 1. *Есерсоқ, есуас, ақымақ.* 2. *Есінен адасқан, шалықтаған, жындысүрей.*

ЕСІРІКТЕН *Есуастану, құтыру, ақымақтану, есерсоқтану.*

ЕСІРІКТЕУ *Есерсоқтау, есуастау, ақымақтау, жындысүрейлеу.*

ЕСІРІКТІК *Есерсоқтық, жындысүрейлік.*

ЕТ I 1. *Тамаққа жарату үшін сойылған малдың тұтас етінің бөлшектері.* 2. *Адамның жалаңаш денесі.* □ **Ет бұзды** – *етті жіліктеп бөлшектеді, мүшеледі.* ◊ **Ет алды** – *семірді, қоңданды.* **Ет асатты** ***этн.*** – *табақта қалған етті дастарқан басындағыларға шетінен бір-бір асату дәстүрі.* **Етасым [пісірім]** – *асқан ет пісетіндей уақыт.* **Ет ашумен** – *жаны ашып, күйіп, ашумен іс істеу.* **Ет бауыр [жақын, туыс]** – *ең жақын, бірге туған туыс.* **Ет бауыры елжіреді** – а) *іші жылыды, еміренді;* ә) *көңілі босады, егілді.* **Ет бітті** – *оңалды, жетілді.* **Ет желін** – *сүт аз шығатын мал.* **Ет жемесе де сорпа ішкендей болды** – а) *қара терге түсті;* ә) *ұялып қысылды.* **Етженді адам** – *семіз, толық кісі.* **Ет жүрегі езілді** – *іші күйді, уайымдады.* **Ет жүрек** – а) *рухани жан дүние;* ә) *қорқақ, жүрексіз.* **Еткөйлек** – *ең жақын, сырлас адам.* **Еткөректі** –

етпен қоректенетін, ет жеп күн көретін. **Ет қызу** – а) *алғашқы қарқын;* ә) *қатты жараланып қалғанын кезінде сезбей қалды.* **Етпен қайнап, сүйекке сіңген** – *әдетке айналған, үйреніскен.* **Еттен өтіп, сүйекке жетті** – а) *қатты батты;* ә) *төзбестік халге ұшырады.* **Еті ауыр** – а) *денелі, семіз;* ә) *жайбасар, жалқау.* **Еті ауырмады** – а) *жақын адамының ұрысқанын елемеді;* ә) *жаны ашымады.* **Еті қашты** – *арыды, жүдеді.* **Еті қызды** – а) *еліріп көтерілді;* ә) *қарқындады, шабытына келді.* **Етінен ет кессе де мыңқ [былқ] етпейді** – а) *мінезі салмақты, шыдамды;* ә) *безбүйрек.* **Еті ояздады** – *арықтады, қоңы түсті.* **Еті өлді** – *еті үйренді, көндікті.* **Еті тірі** – *пысық, ширақ.* **Еті тітіркенді** – *жиіркенді.* **Еті үйренді** – *көндікті, көнді.*

ЕТ II 1. *Істеу, жасау, орындау.* 2. *Сөздердің құрамында келіп, қосымша мағына үстейтін көмекші етістік.*

ЕТЕЙ *Ет алу, қоңаю, семіру.*

ЕТЕК 1. *Киім өңірінің төменгі жағы.* 2. *Тау т. б. заттың төменгі жағы.* ◊ **Етегі ашылды** – а) *абыройы көрінді;* ә) *күлкі болды, ұятқа қалды.* **Етегі [пұшпағы] қанамады** – *бала көтермеген, перзентті болмаған.* **Етегінен берді** – *балалы болды, нәрестелі болды.* **Етегін ашып күлді** – *масқара қылды, мазақ етті.* **Етегінен айырылмады** – *соңынан қалмады, жабысып алды.* **Етегінен басты [тартты]** – *кесір жасады, кедергі болды.* **Етегінен ұстады** – а) *соңынан ілесті;* ә) *тұрмысқа шықты.* **Етегінен ұшынды** – *жігітшілікке салынып, жеңіл жүріске салынды.* **Етегіне намаз оқыған** – *бөтен жүрісі жоқ, пәк, күнәсіз.* **Етегіне оралды** ***этн.*** – *жабысып соңынан қалмады.* **Етегіне сүрінді** – *жұмысбасты болды.* **Етегінің желі бар** – *аяғының желі бар, жүргіш.* **Етегін төсек, жеңін жастық қылды** – *қар төсеніп мұз жастанды.* **Етек алды** – а) *кең жайылды, тарады;* ә) *өркендеп өсті.* **Етекбасты болды** – а) *қағажу көрді;* ә) *балабасты болды.* **Етекбасты қылды** – *тартпаққа түсті.* **Етек жапты** – *өзіне-өзі келіп ес жиды.* **Етек жайды** – а) *кең тарады;* ә) *тіленді, сұрады.* **Етек-жеңі кең** – *пейілі кең, қолы ашық.* **Етектен алды** – *кедергі жасады, шалғайдан тартты.*

ЕТЕККІР *Қыз баланың бойжеткендігін көрсететін белгі, балиғатқа толудың белгісі.*

ЕТЕКТЕ 1. *Етекке салып жинау, теру.* 2. *Бір нәрсенің төменгі жағын ала, қуалай.*

ЕТЕКТЕЙ *Үлкен, көлемді, жалпақ.*

ЕТЕКТЕМЕ ***этн.*** *Түйенің үстіндегі жүк оның бүйіріне тимес үшін әдейі жасалған жазы жондығының төменгі жиектемесі (етек).*

ЕТЕКТЕП *Күреп, көптеп.*

ЕТЕКТІ *Етегі кең, жайылыңқы.* ◊ **Етекті ел** – *іргелі ел.*

ЕТЕНЕ 1. *Бірге өсіп, біте қайнаған.* 2. *Бірге, қоян-қолтық.* 3. *Әбден, жете, мейлінше.* ◊ **Етене болып кетті** – *әбден араласып, сіңісіп кетті.* **Етене көрді** – *жақын тұтты.*

ЕТЕНЕЛЕН *Бауыр басу, еті үйрену.*

ЕТЕНЕЛІК *Бауыр басушылық, ықыласы түсушілік.*

ЕТЖЕҢ *Етшең, жуан, семіз.*

ЕТЖЕҢДІ *Семіз, толық, жуан.*

ЕТЖЕҢДІЛЕУ *Семіздеу, толықтау, жуандау.*

ЕТЖЕҢДІЛІК *Семіздік, толықтық.*

ЕТПЕТ *Бетін жерге қарата.*

ЕТПЕТТЕ *Бетін жерге қаратып жату.*

ЕТПЕТІНЕН *Бетін жерге қаратып.*

ЕТСІЗДІК *Еті аздық, ашаңдық, арықтық.*

ЕТСІРЕ *Ет жегісі келу, етті сағыну.*

ЕТТАРТҚЫШ *Етті ұнтақтайтын машина.*

ЕТТЕ *Теріні еттен тазалау, шелдеу.*

ЕТТЕН *Семіру, толысу.*

ЕТТЕС *Шығу тегі бір, бауырлас, ағайындас.*

ЕТТІ 1. *Еті мол, бітімі зор, үлкен.* 2. *Толық, семіз.*

ЕТТІК I *Сойылған малдың етін сақтайтын салқын үй, шошала.*

ЕТТІК II *Етке тән қасиет.*

ЕТТІЛЕУ *Толықтау, жуандау, қоңдылау.*

ЕТТІЛІК *Еті молдық, кесімі үлкендік.*

ЕТТІРЕК *Еті молырақ, семізірек.*

ЕТХАНА *Ет сақтайтын бөлме; шошала.*

ЕТШАПҚЫ *Ет шабуға арнап жасалған қол балта; айбалта.*

ЕТШЕҢ *Етті, толық, жуан, семіз.*

ЕТШЕҢДЕУ *Толықтау, семізше.*

ЕТШІЛ *Етқұмар, қызылжанды.*

ЕТІК *Былғары, резеңке т. б. материалдардан жасалған қонышы ұзын аяққиім.*

ЕТІКШЕҢ *Етік киген күйінде, етігімен.*

ЕТІКШІ *Етік тігетін шебер адам.*

ЕТІКШІЛІК *Етік тігуді кәсіп ететін адам.*

ЕТІСТІК ***грамм.*** *Заттың қимылы мен іс-әрекетін білдіретін сөз табы.*

ЕУ *Біреудің назарын тікелей өзіне аудару үшін айтылатын одағай сөз.*

ЕУРОПА I ***геогр.*** *Жер шарының (Еуразия материгінің) батыс бөлігі.*

ЕУРОПА II ***астр.*** *Юпитер планетасының ең жарық төрт серігінің бірі.*

ЕУРОПАЛАН *Еуропа тіршілігіне (мәдениетіне, әдет, салтына) бейімделу.*

ЕФРЕЙТОР ***әск.*** *Кіші сержант пен қатардағы жауынгер аралығындағы әскери шен, атақ.*

ЕХ *Көңіл күйін білдіретін одағай сөз.*

Eh *Көңіл күйін, реніштi, өкінiштi білдіретін одағай сөз.*

ЕhЕ *Көтеріңкі көңіл күйін, таңдануды білдіретін одағай сөз.* ◊ **Ehe десті** – *уәделесті, келісті.*

ЕhЕЛЕС *Таласып-тартысу, ерегісу.*

ЕШ 1. *Еш нәрсе болмау, түк жоқ.* 2. *Ешқандай, ешбір, түк.* ◊ **Еш болмаса** – *ең құрыса, тіптен, түк болмаса.*

ЕШБІР *Ешқандай, бірде-бір.*

ЕШКІ *Ашатұяқты, күйіс қайыратын ұсақ мал және соның ұрғашысы.* □ **Ешкі бас** – *кішкене шақша бас.* **Ешкі сақал** – *шошайған селдір сақал.*

ЕШКІБҰРШАҚ ***бот.*** *Гүлінің түсі көк көпжылдық шөп.*

ЕШКІЕМЕР *Батпақты, құмды жерді мекендейтін кесіртке.*

ЕШКІЛІ *Ешкісі көп.*

ЕШКІМ *Ешбіреу, еш адам.*

ЕШКІМҮЙІЗ ***астр.*** *Зодиактың 12 шоқжұлдызының бірі.*

ЕШКІӨЛМЕС ***бот.*** *Қыста қойдың сүйсінін жейтін шөбі.*

ЕШКІСАБАҚ *Биіктігі бір, бір жарым метр боп өсетін, майлы жемісті бұта.*

ЕШКІСАСЫР *Құрайдың бір түрі.*

ЕШКІТАЛ *Басқа ағаштардай діңі болмай, ши сияқты түбінен бірнеше ақ шипая боп өсетін, бір түп сәмбіленген құба тал.*

ЕШҚАЙДА 1. *Еш жаққа, еш тарапқа.* 2. *Еш жерде, еш елде.*

ЕШҚАЙСЫ *Ешбірі, ешкімі, ешқайсысы.*

ЕШҚАЙСЫСЫ *Ешбірі, ешкім, ешқайсы.*

ЕШҚАНДАЙ *Бір, дәнеңе, түкте.*

ЕШҚАШАН *Еш уақытта, ешбір.*

ЕШТЕҢЕ *Ештеме, дәнеңе.*

Ж

ЖАБА I ***жерг.*** *Қыран құсты ұстау үшін торлап, шаңырақ тәрізді етіп жасалған құрал.*

ЖАБА II ***жерг.*** *Шөп суаратын құрал, шөп суарғыш.*

ЖАБАҒЫ I 1. *Қой мен түйенің көктемде қырқып алған қысқы жүні.* 2. ***Ауысп.*** *Бір-біріне жабысып, тұтасып қалған, үйысқан.*

ЖАБАҒЫ II *Тайдан кіші, бес-алты айлық ересек құлын.*

ЖАБАҒЫЛАН *Кірігіп, тұтасып, үйысып қалу, үйпақталу.*

ЖАБАҒЫЛАУ *Жабағыға жақындау.*

ЖАБАҒЫЛЫ I *Жабағысы бар, жабағы іліскен.*

ЖАБАҒЫЛЫ II *Қысқы үйысқан жабағы жүні түспеген (қой).*

ЖАБАҒЫЛЫҚ *Үйысып, тұтасып қалушылық.*

ЖАБАҒЫША *Жабағыға ұқсас, жабағы жүнше үйысқан.*

ЖАБАЗЫ *Аттың қамытын мойынына жібермес үшін салатын әбзел түрі.*

ЖАБАЙ *Қорғасын құйылмаған салмақты асық; кеней.*

ЖАБАЙЫ I. *Қолға үйренбеген даладағы, түздік, тағы.* 2, *Жұпыны, жай, қарапайым, дөрекі.*

ЖАБАЙЫЛАН 1. *Адамнан шеттеп, тағылану, жабайылыққа айналу.* 2. ***Ауысп.*** *Дөрекілену, тұрпайылану, әпербақандану.*

ЖАБАЙЫЛАУ *Тағылау, тұрпайылау, анайылау.*

ЖАБАЙЫЛЫҚ 1. *Тағылық, тұрпайылық, анайылық, дөрекілік.* 2. *Қарапайымдық, жұпынылық.*

ЖАБАН *Қыста мал жататын тепсең жер.*

ЖАБАСАҚ *Бөдене түстес, бірақ бөденеден құйрығы ұзын, тау баурайын мекендейтін құс.*

ЖАБА-САЛМА ***көне*** *Көшу кезінде екі керегеден немесе уықтардан уақытша басын біріктіре салған лашық, жаппа.*

ЖАББАР *Құдайдың көп атының бірі, жаратқан.*

ЖАБДАН *Ашық алаңқай, жазық жер.*

ЖАБДЫ *Қамдау, дайындау, әзірлеу.*

ЖАБДЫҚ I 1. *Қажетті құрал-сайман, әбзел, керек-жарақ.* 2. *Іске қажетті нәрсе, бұйым.* 3. *Қару-жарақ, құрал.* 4. *Әзірлік, дайындық, қам.*

ЖАБДЫҚ II ***этн.*** *Жұмсақ киізден қос қабаттап жазының астына салатын ішкілік.*

ЖАБДЫҚ-ЖАРАҚ *Түрліше құрал-сайман, қажетті мүлік.*

ЖАБДЫҚТА 1. *Құрал-сайман, керек-жарақпен қаруландыру, қамтамасыз ету.* 2. *Белгілі бір іс-әрекетке қажетті нәрселермен қамтамасыз ету.* 3. *Құрал-сайманмен қамтамасыз етілген.*

ЖАБУ 1. *Атқа, түйеге жабылатын жамылғы.* 2. *Сән үшін пайдаланылатын әшекейлі жапқыш.* ◊ **Жабуды жаба тоқыды** — *кемшілікті бүркемелеп жасырды.*

ЖАБУЛА 1. *Аттың, түйенің үстіне жабу салу, жамылғымен жабу.* 2. *Отынның, көмірдің үстін шөп не киізбен жауып, бүркемелеу.*

ЖАБУЛЫ I 1. *Үстінде жабуы бар.* 2. *Үсті бір нәрсемен бүркелген, жабылған.* 3. ***Ауысп.*** *Жасырын-жабық, бүркеулі.* ◊ **Жабулы қазан жабулы күйінде [қалды]** — *сыр шашпады, өзді-өзі біліп қоя салды.*

ЖАБУЛЫ II *Ашық емес, бекітулі, кілттеулі.*

ЖАБУСЫЗ 1. *Жабуы жоқ, жабу жаппаған.* 2. *Бекітілмеген, кілттенбеген, ашық.*

ЖАБЫ I *Қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы.* □ **Жабы түйе** – *өмірі мінілмей жүрген, қашаған, асау түйе.*

ЖАБЫ II *Жабырқаңқы, уайымды, мұңды.* ◊ **Жабы болды** – *қайғырып көңілсіз болды.*

ЖАБЫҒЫ *Жабырқаңқы, мұңды, уайымды, қамығыңқы.*

ЖАБЫҒУ 1. ***мед.*** *Жүйке ауруына байланысты адамдағы психикалық дерт.* 2. ***биол.*** *Малшаруашылығында туыстас төлдерді будандастыру кезеңінде жануарларға берілетін әсер.*

ЖАБЫҒЫЛЫҚ *Көңіл қамыққандық, жабырқаңқылық.*

ЖАБЫҒЫҢҚЫ *Бір нәрсеге көңілі жабырқаңқы, қамығыңқы.*

ЖАБЫҒЫП-ЖАБЫРҚА *Қапаланып ренжу, қамығып кею.*

ЖАБЫҚ I *Киіз үйдің үзігі мен қос туырлығының қосылған жері.*

ЖАБЫҚ II 1. *Ашық емес, жабулы, бекітулі.* 2. *Құпия, жасырын.* 3. ***Ауысп.*** *Елеусіз, ескерусіз, белгісіз.*

ЖАБЫҚ III *Көңілі қамығу, жабырқау.*

ЖАБЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Жап-ыл.* 2. *Жабылып қалу, бекітілу.* 3. *Үйымдасып, жұмыла әрекет жасау.*

ЖАБЫЛА *Бәрі бірдей бірлесе, жаппай, жапа-тармағай, тұтас жабылды.*

ЖАБЫНДЫ I 1. *Бастырманың, лапастың т. б. үстіне, төбесіне салынған қамыс, ағаш сияқты заттар.* 2. ***жерг.*** *Есік, терезе пердесі.*

ЖАБЫНДЫ II *Үсті тал, сабан, шөппен жабылған бастырма, лапас.*

ЖАБЫНДЫҚ *Жабуға, жамылуға болатындай нәрсе.* □ **Жабындық тін** – *өсімдік органдарының сыртын қаптап тұратын клеткалар тобы.*

ЖАБЫНҚЫШ *Саз балшықтан немесе цементтен науашық тәрізді етіп құйып, үй шатырын жабуға пайдаланылатын материал.*

ЖАБЫНЫШ *Үстіге жабатын жамылғы, жабынды.*

ЖАБЫҢҚЫ 1. *Мұңды, уайымды, жабырқаңқы.* 2. *Сәл жабылыңқы тұратындай, ашықтау.*

ЖАБЫРҚА *Көңілі босап жабығу, қамығу.*

ЖАБЫРҚАҒЫШ *Көңілі жасып қамыққыш.*

ЖАБЫРҚАҢҚЫ *Көңілі жабыңқы, мұңды.*

ЖАБЫРҚАҢҚЫЛАУ *Көңілі жабыңқылау, мұңдылау, қамығыңқылау.*

ЖАБЫРҚАҢҚЫЛЫҚ *Қамығып-жабығушылық, көңілі жабыңқылық.*

ЖАБЫРҚАУЛАУ *Көңілі жабыңқылау, жамығыңқылау, мұңлылау.*

ЖАБЫРҚАУЛЫ *Ойы, көңілі жабыңқы, шерлі.*

ЖАБЫРҚАУЛЫҚ *Мойып, түнеріп жабырқаушылық, қамығушылық.*

ЖАБЫРЛА *Тұс-тұстан қаптау, жапа-тармағай қаумалап кету.*

ЖАБЫС 1. ***орт. етіс*** *Жап-ыс.* 2. *Айырылмастай боп желімдену, шапталып қалу.* 3. *Бас салып жармасу, айырылмау.* ***Ауысп.*** 4. *Қиылып сұрау, жалыну.* 5. *Бәле-жалаға кезігу, душар болу.*

ЖАБЫСҚАҚ I 1. *Үстасып, ажырамай қалатын жабысқыш.* 2. ***Ауысп.*** *Кісіні жалықтырып, қыр соңынан қалмайтын.*

ЖАБЫСҚАҚ II *Сіркенің ұсақ кішкентай түрі.*

ЖАБЫСҚАҚТЫҚ 1. *Тиген жерінен айырылмай, ажырамай жабысып қалушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Кісіге жармаса кетіп, қыр соңынан қалмай мезі ететіндік.*

ЖАБЫСҚЫШ 1. *Жабысқақ, тез жұққыш.* 2. ***Ауысп.*** *Тез дарып, жармасқыш.*

ЖАБЫСҚЫШТЫҚ *Жабысқақтық, жұғысқыштық.*

ЖАҒА 1. *Сырткиім мен көйлек-көншектің жағасы.* 2. *Өзеннің, көлдің,*

арықтың т. б. жиегі. 3. ***Ауысп.*** *Ағадай қамқоршы, тірек, пана.* ◊ **Жағадан алды** — *дурсе қоя берді.* **Жаға жыртысты** — *ұрысып-керісті, дауласты.* **Жағасы бүтін** — *төрт құбыласы сай.* **Жағасы жайлау, төбесі қыстау [көктем] болды** — *қаннен-қаперсіз болды, бейқамдыққа салынды.* **Жағасы жайлауға кетті** — *уайым-қайғысыз, алаңсыз.* **Жағасына жармасты** — *тарпа бас салды, кеңірдектен алды.*

ЖАҒАЖАЙ *Өзен, көл, теңіз жағасындағы құмды алаң.*

ЖАҒАЛ *Жолақтанған қошқыл сары түс.*

ЖАҒАЛА 1. *Өзен, көлді жағалап жүру.* 2. *Айнала төңірек аралау.*

ЖАҒАЛАЙ *Шетінен, түгелдей, жаппай.*

ЖАҒАЛАҚ *Сақтиян былғарымен қапталған сандық.*

ЖАҒАЛАС I *Жанжалды тайталас, алыс-жұлыс, айқас.*

ЖАҒАЛАС II 1. ***орт. етіс*** *Жағала-с.* 2. *Тайталасып айқасу, арпалысып ұрысу, алысып-жұлысу.* 3. *Қосамжарланып араласу, қоса қабаттасу.*

ЖАҒАЛАТ 1. ***өзг. етіс*** *Жағала-т.* 2. *Бірдеңені білгісі келіп, ептеп-септеп, сипақтатып сұрау.*

ЖАҒАЛАУ *Сулы алқаптың жиегі.*

ЖАҒАЛДА *Айғыздап былғап тастау, ластау.*

ЖАҒАЛ-ЖАҒАЛ *Айғыз-айғыз, кір-кір, жолақ-жолақ.*

ЖАҒАЛТАЙ ***зоол.*** *Лашын тектес кішкене қара жағал құс.*

ЖАҒАЛЫ *Жағасы бар, жаға сыңған.* □ **Жағалы ел** — *іргелі, мықты халық.* **Жағалы жау** — *азулы, күшті дұшпан.* **Жағалы киім** — *құнды, қымбат киім-кешек.*

ЖАҒАЛЫҚ I *Сулы алап жанындағы жиек.* □ **Жағалық ойнады** — *су жиегінде бірін-бірі қуып жетіп, асыр салды.*

ЖАҒАЛЫҚ II *Жаға боларлық бұйым.*

ЖАҒДАЙ 1. *Хал-ахуал, жай-күй, тұрмыс-жай.* 2. *Уақыт, кез, мезгіл.*

ЖАҒДАЙЛА *Ыңғайлау, икемдеу, бейімдеу, қолайлы жағдай жасау.*

ЖАҒДАЙЛЫ *Қолайлы, ыңғайлы, тиімді.*

ЖАҒДАЙЛЫЛЫҚ *Ыңғайлылық, қолайлылық, тиімділік.*

ЖАҒДАЙСЫЗ *Ыңғайсыз, қолайсыз, тиімсіз.*

ЖАҒДАЙСЫЗДАН 1. *Өзінен-өзі ыңғайсыздану, қолайсыздану.* 2. *Бір нәрсеге мазасыздану.*

ЖАҒДАЙСЫЗДАУ *Ыңғайсыздау, қолайсыздау, жайсыздау, орынсыздау.*

ЖАҒДАЙСЫЗДЫҚ *Ыңғайсыздық, қолайсыздық, тиімсіздік, жайсыздық.*

ЖАҒДАН ***көне*** *Азық-түлік не киім кешек салатын, теріден істеліп, сыртын қаңылтырмен шегендеген сандық. Кей жерде жағылан деп те атайды.*

ЖАҒУЛЫ I ***фольк.*** *Жағымды, ұнамды, көңілден шыққан, ұнаған.*

ЖАҒУЛЫ II *Жанып тұрған.*

ЖАҒЫЗ *Сүтке жарымаған шала құрсақ жас төлді бір рет емізу, тойдыру.*

ЖАҒЫМ: бір жағым — *бір рет қана жағуға жарайтын.*

ЖАҒЫМДЫ 1. *Ұнамды, сүйкімді.* 2. *Жақсы, жайлы.*

ЖАҒЫМДЫЛЫҚ 1. *Ұнамдылық, сүйкімділік.* 2. *Жайлылық, жұғымдылық, ұнамдылық.*

ЖАҒЫМПАЗ *Жағынумен болатын жарамсақ, жағынымпаз.*

ЖАҒЫМПАЗДАН *Жағыну, жарамсақтану, жалбақтау.*

ЖАҒЫМПАЗДЫҚ *Жағынушылық, жарамсақтық.*

ЖАҒЫМСЫЗ 1. *Сүйкімсіз, ұнамсыз.* 2. *Қолайсыз, ыңғайсыз, лайықсыз.*

ЖАҒЫМСЫЗДАУ *Ұнамсыздау, сүйкімсіздеу, жайсыздау, ыңғайсыздау.*

ЖАҒЫМСЫЗДЫҚ 1. *Ұнамсыздық, сүйкімсіздік.* 2. *Жайсыздық, жағдайсыздық.*

ЖАҒЫМТАЛ *Жағынуға, жағымпаздануға бейім, жағымпаз.*

ЖАҒЫМТАЛДЫҚ *Жағымпаздық, жарамсақтық.*

ЖАҒЫН I 1. ***өзд. етіс*** *Жақ-ын.* 2. *Бір нәрсемен сүртіну, майлану.*

ЖАҒЫН II *Ұнауға тырысу, жағымпаздану.*

ЖАҒЫНҒЫШ *Жағымпаздағыш, жағымпаз.*

ЖАҒЫНДЫ *Бір нәрсенің жұққан жұғындысы.*

ЖАҒЫНУШЫ *Жағынғыш, жағымпазданушы.*

ЖАҒЫНЫП-ЖАЛПАЙ *Жалынып-жалбарыну, жалынышты болу.*

ЖАҒЫНЫШТЫ *Біреуге жалынышты, тәуелді.*

ЖАҒЫС 1. ***орт. етіс*** *Жақ-ыс.* 2. *Енесі төлін келіп емізу, жанасу.* 3. *Көмек беру, жәрдемдесу.*

ЖАҒЫСТЫР 1. ***өзг. етіс*** *Жағыс-ты-р.* 2. *Енесі емізгісі келмеген мал төлдерін бауырына сап емдіру.* 3. *Бірімен-бірін жақындату, табыстыру.*

ЖАД *Адам баласына тән ой, ес.* □ **Жадына алды** — *еске түсірді, ойлады.* **Жадынан шықты** — *естен шықты, ұмытты.* **Жадына сақтады [тоқыды, түйді, тұтты]** — *ұмытпастай ұғып алды.*

ЖАДА 1. *Арықтау, жүдеу, тарау.* 2. ***Ауысп.*** *Жабырқау, мұңаю, қамығу.*

ЖАДАҒАЙ I *Астар салмай тігілген жұқа сырткиім.*

ЖАДАҒАЙ II 1. *Жалаң, құрғақ, дәйексіз,* 2. *Орман-таусыз ашық, тақыр, тегіс.* 3. *Жай, қарапайым, таяз.* □ **Жадағай арба [шана]** — *үсті ашық, төбесі жабылмаған, қорабы жоқ арба, шана.*

ЖАДАҒАЙЛА 1. *Жерді жайпақтап тегістеу.* 2. ***Ауысп.*** *Ауыр, қатты сөзді жуып-шайып жұмсарту.*

ЖАДАҒАЙЛАУ *Жазықтау, тегістеу, жайпақтау.*

ЖАДАҒАЙЛЫҚ 1. *Тегістік, жазықтық.* 2. *Жай, қарапайымдылық, кішіпейілділік.*

ЖАДАП-ЖҮДЕ *Арып-ашу, азып-тозу.*

ЖАДАУ 1. *Арық, қоңсыз, күйсіз.* 2. *Азып-тозған, жүдеу.*

ЖАДАУ-ЖҮДЕУ *Азып-тозған, жүдеген.*

ЖАДАУЛАУ 1. *Арықтау, жүдеулеу.* 2. *Нашарлау, жұпынылау.*

ЖАДАУЛЫҚ 1. *Арығандық, жүдегендік.* 2. *Күйі жұтаң тартқандық, салғырттық.*

ЖАДНАМА *Еснама.*

ЖАДУ *Парсы тілінде жәдігер, жадығөй, сықыршы.*

ЖАДУАЛ *Бір нәрсені істеу туралы қысқа ереже нұсқау жазылған кішкене кітапша.*

ЖАДУЛАН *Сықырлану.*

ЖАДЫ 1. *Бас айналдырып, көз байлап дуалап арбаушы, сықыр.* 2. *Ескі наным бойынша сықырлы күштің әсерінен болатын сырқат.* □ **Жады қылды** — *сықырлады.*

ЖАДЫБАС *Сықырланған, нақұрыс.*

ЖАДЫГӨЙ *Әзәзіл, арбаушы, дуашы, сықыршы.*

ЖАДЫГӨЙЛІК *Әзәзілдік.*

ЖАДЫГӨЙСІ *Сықыршы болғансу, әзәзілсіну, дуашысыну.*

ЖАДЫГӨЙШЕ *Жадығөйге ұқсап, сықыршы сияқтанып, әзәзілше.*

ЖАДЫЛА *Сықырлау, дуалау.*

ЖАДЫЛЫҚ *Адамның басын айналдырып дуалаушылық, сықырлық.*

ЖАДЫРА I 1. *Шат-шадыман болып шаттану, рақаттанып масайрау, көңіл көтерілу.* 2. *Жайма-шуақтану, жарқырау.*

ЖАДЫРА II ***кәс.*** *Аудың түрі: балық аулайтын сүзгектің қоржыншасының аузы.*

ЖАДЫРАҢҚЫ 1. *Жарқын жүзді, көңілі көтеріңкі, жайдары.* 2. *Жаймашуақ, шайдай ашық.*

ЖАДЫРАҢҚЫЛЫҚ 1. *Көңіл күйі көтеріңкілік, шат-шадымандық, жайдарылық.* 2. *Жайма-шуақтылық, жайдарылық.*

ЖАЗ I 1. *Көктемнен кейінгі жыл мезгілі.* 2. ***Ауысп.*** *Жаңа жайлы жылылық, кеңдік, әдемілік.* ◊ **Жаз бойы** — *ала жаздай, жаз көлемінде.* **Жазға салым** — *жазға қарай, жазғытұрым.* **Жаз дидарлы** — *жүзі жылы, ашық-жарқын.* **Жаз-**

дың сарша тамызында — *шілденің нағыз ыстық кезінде.*

ЖАЗ II 1. *Ой-пікірді жазу таңбалары арқылы қағазға түсіру.* 2. **Ауысп.** *Діни наным бойынша, адам тағдыры оның маңдайына жазылып қойған деп есептеу.*

ЖАЗ III 1. *Жаймалап, тегістеу, жаю, жайып салу.* 2. *Бүктеулі не ораулы нәрсені жазу.* 3. *Бүгілген тізені, саусақты жазып жіберу.* 4. *Үйысқанды талдап ажырату.* 5. *Байлаулы қалыптан босату, шешу.*

ЖАЗ IV *Ауру-сырқаттан емдеу, дерттен жазып жіберу, сауықтыру.*

ЖАЗ V *Ризық, несібе, бұйрық.*

ЖАЗА *Қылмыс жасағандарға қолданылатын шара.* ◊ **Жазаға ұшырады [тартты]** — *сазайын тартты, көресісін көрсетті.*

ЖАЗАЛА *Ұры-қары, тентек, содырларды кінәлау, ұрып-соғу, айыптап соттау.*

ЖАЗАЛЫ *Кінәлі, жазықты, айыпты.*

ЖАЗАҢ *Жазық алқап, ашық жер.*

ЖАЗАҢДАУ *Айналасы теп-тегіс келген жазықтау.* □ **Жазаңдау жер** — *теп-тегіс, жазықтау жер.*

ЖАЗАҢҚАЙ *Жазықтау, үстіңгі жағы тегіс келген алаңқай жер.*

ЖАЗАСЫЗ *Кінәсіз, жазығы жоқ, айыпсыз.*

ЖАЗАТАЙЫМ *Қапелімде, қапылыста, байқаусызда, кездейсоқ.*

ЖАЗБА I *Ертедегі бір елдің не көне дәуірдің графикалық (тас не қағазға жазылған) жазулары.* □ **Жазба әдебиет** — *жазбаша түрде қағазға түсірілген көркем әдебиет.* **Жазба жұмыс** — *жазбаша түрде өткізетін емтихан.* **Жазба үстел** — *жазуға арналған, жазу үстелі.* **Жазба тіл** — *жазу негізінде қалыптасқан, өзіндік дәстүрі бар тіл.*

ЖАЗБА II *Қол үзбеу, ажырамау, жаңылмау.* ◊ **Жазбай таныды** — *жаңылмай, бірден дәл таныды.*

ЖАЗБАША *Жазба түрде.*

ЖАЗҒАН *Байғұс, бейшара, сорлы.* ◊ **Жазған құлда [жанда] шаршау жоқ** — *бейшара құлда тыным жоқ, шаршап-шалдыққанша еріксіз жұмыс істейді.*

ЖАЗҒЫ *Жаз кезіндегі, жазғы күнгі.*

ЖАЗҒЫР *Кінәлау, сөгу.*

ЖАЗҒЫРЫҢҚЫ *Кейісті, ызалы.*

ЖАЗҒЫТҰРҒЫ *Көктемгі, көктемдегі.*

ЖАЗҒЫТҰРЫ *Көктем кезі, жазғасалым, көктемде.*

ЖАЗҒЫШ *Қаламы жүйрік, тез, жылдам жазатын.*

ЖАЗҒЫШТА *Қайта-қайта жаза беру.*

ЖАЗҒЫШТЫҚ *Кітапты, романды т. б. тез жаза қоюшылық, қаламы жүйріктік.*

ЖАЗДА I *Жаз кезінде, жаздығүні.*

ЖАЗДА II *Етістіктерге тіркесіп, үстеме мән қосатын көмекші сөз.*

ЖАЗДАҒЫША *Жаз кезіндегіше, жаздағыдай.*

ЖАЗДАЙ *Жаз бойы, жаз баласына.*

ЖАЗДАЙҒЫ *Бүкіл жаз бойындағы.*

ЖАЗДЫГҮНІ *Жазда, жаз айында.*

ЖАЗДЫҚ 1. *Жаз мезгіліне лайық, жазға арналған.* 2. *Көктемде егілетін, жазда жиналатын (дақыл).*

ЖАЗДЫМ-ЖАҢЫЛДЫМ *Қателестім, жазықты болдым, жаза бастым.*

ЖАЗИРА *Кең-байтақ ен дала, ұшан-теңіз ұлы дала.*

ЖАЗМЫШ ***діни*** *Алла маңдайға жазған тағдыр, бұйрық, жазу.*

ЖАЗУ I *Адам ой-пікірінің қағаз бетіне түсірілген сөз, әріп таңбалар жүйесі.*

ЖАЗУ II *Бұйрық, жазмыш.*

ЖАЗУ-СЫЗУ *Жазу, жазба, жазу жүйесі.*

ЖАЗУСЫЗ 1. *Жазу-сызуы жоқ.* 2. *Жазылмаған, таза.*

ЖАЗУ-СЫЗУСЫЗ *Жазуы, жазба мәдениеті жоқ.*

ЖАЗУШЫ *Көркем шығарма жазумен айналысатын маман.*

ЖАЗУШЫЛЫҚ *Көркем шығарма жазумен шұғылданушылық.*

ЖАЗЫ 1. *Түйенің арқасына жүк батпау үшін қом астынан салынатын арнайы жабдық.* □ **Жазы ағаш** — *жазының астыңғы жағын ала екі жақтан бастыра жүргізілетін жұмыр ағаш.*

ЖАЗЫДА *Жазда, жаздыгүні.*

ЖАЗЫ-КҮЗІ *Бүкіл жаз бен күз бойы.*

ЖАЗЫҚ I *Кедір-бұдырсыз, жайдақ, теп-тегіс (жер).*

ЖАЗЫҚ II *Айып, кінә, мін.* ◊ **Жазығы жоқ** — *кінәсіз, жазығы жоқ.*

ЖАЗЫҚСЫЗ *Айып-кінәсіз, мінсіз.*

ЖАЗЫҚСЫЗДАН-ЖАЗЫҚСЫЗ *Тектен-тек, айып-кінәсіз.*

ЖАЗЫҚСЫЗДЫҚ *Айып-кінәсі жоқтық, бейкүнәлік, пәктік.*

ЖАЗЫҚТА *Жазғыру, кінәлау, күстаналау.*

ЖАЗЫҚТАН 1. ***өзд. етіс*** *Жазықта-н.* 2. *Біршама тегістеле түсу.*

ЖАЗЫҚТАУ *Кедір-бұдырсыз, тегістеу, жазаңдау келген.*

ЖАЗЫҚТЫ *Айыпты, кінәлі.*

ЖАЗЫҚТЫҚ 1. *Тегіс жазық жер.* 2. ***геом.*** *Кеңістікте берілген нүктелердің геометриялық орны.*

ЖАЗЫҚТЫЛЫҚ *Кінәлі, айыпты болушылық.*

ЖАЗЫҚША *Аумағы кішігірім теп-тегіс жер.*

ЖАЗЫ-ҚЫСЫ *Жыл бойы, ала жаздай, ала қыстай.*

ЖАЗЫЛ I 1. ***ыр. етіс*** *Жаз-ыл.* 2. *Жазылып болу.* 3. *Жазбаша жазылу.* 4. *Тіркелу, жазуға алыну.*

ЖАЗЫЛ II 1. *Керіліп-созылу, еміннеркін иіліп-бүгілу.* 2. *Өзін еркін сезіну, бос ұстау.*

ЖАЗЫЛ III *Аурудан сауығу, айығу, оңалу.*

ЖАЗЫЛА *Түйеге жазы салу, әбзел-жабдықтар салу.*

ЖАЗЫЛМА *Ашып жаюға болатын зат.*

ЖАЗЫЛМАЛЫ *Жаймалы, жиналмалы, бүктемелі.*

ЖАЗЫЛМЫШ *Жазылатын, жазылып отырған.*

ЖАЗЫЛЫ I *Жазысы бар.*

ЖАЗЫЛЫ II ***көне*** *Қылыштың, пышақтың сабы.*

ЖАЗЫЛЫҢҚЫРА 1. *Бүгіліп-бүріспей ашылыңқырай, жайдарылана түсу, өзін еркін сезіну.* 2. *Сауығыңқырай түсу, айығыңқырау.*

ЖАЗЫМ 1. *Кенеттен болған бақытсыздық, жазатайым жағдай.* 2. ***Ауысп.*** *Аяқ астынан болған ажал, өлім.* ◊ **Жазым басты** — *абайсызда мүлт жіберді, қате, жаза басты.* **Жазым қылды [етті, болды, жасады]** — *мерт қылды, өлтіріп жіберді.* **Жазым тапты** — *сәтсіздікке ұшырап, мерт болды.*

ЖАЗЫМДА *Зақымдау, мертіктіру.*

ЖАЗЫМПАЗ ***экспр.*** *Бұрқыратып жазып тастағыш, жазғыш.*

ЖАЗЫҢҚЫ *Сәл таралыңқы, жайылыңқы.*

ЖАЗЫҢҚЫРА *Жайыңқырау, жаймалаңқырау.*

ЖАЙ I *Аспан кеңістігінде болатын табиғат құбылысы, найзағай, нажағай.* □ **Жайтартқыш** — *найзағай түсірмеу үшін тігінен тартылып, жермен жалғастырылатын жіңішке темір.* ◊ **Жай отындай [оғындай]** — *қас қақканша жалт еткен.* **Жай соққандай [түскендей] болды** — *аяқ астынан болған жағдайдан шошынды, түршікті.*

ЖАЙ II 1. *Тұрмыстағы жағдай, жайкүй.* 2. *Әлдеқандай себеп, жайт, оқиға.* 3. *Мән-жай, маза.* 4. *Тыныш, жайбарақат.* □ **Жайы болмады** — *жағдайы келмей, күйі кетті, мазасы болмады.*

ЖАЙ III *Мекен, орын, тұрақ үй.* □ **Жай тапты** — а) *мекен тепті, орналасты;* ә) *жерленді, қойылды.* **Жайына жүре берді** — *өз бетінше тек кете барды.* **Жайына қалды** — *ескерілмеді, орындалмады.*

ЖАЙ IV ***көне*** *Кермесіне жебе салып тартатын садақ.*

ЖАЙ V *Әншейін, әдеттегі, жұпыны.* □ **Жай бөлшек** — *бірдің бір немесе*

бірнеше тең бөліктерінен құралған сан. **Жай көз** — *аспапсыз, әншейін көз.* **Жай сөйлем** — *аяқталған бір ғана ойды білдіретін, бір я бірнеше сөздің тізбегі.* **Жайтабан** — *жұқа теріден өкшесі аласа тігілетін аяққиім.*

ЖАЙ VI *Жайлы, ыңғайлы, қолайлы.*

ЖАЙ VII 1. *Асжаулық салу, тамақ беруге дайындалу.* 2. *Үйілген затты жаймалау, жазу.* 3. *Затты жазып салу, жерге төсеу.* □ **Жайып салды** — *жасырмай, ашық айтты.* **Атағын жайды** — *даңқын шығарды, көпшілікке белгілі етті.* **Кір жайды** — *жуылған киім-кешек, басқа да затты кептірді.*

ЖАЙ VIII *Емін-еркін, бос.*

ЖАЙ IX *Жайымен ғана, ақырын, баяу.*

ЖАЙ X *Тегін, бостан-бос, құр, құр бекер.* □ **Жай алды** — *ақысыз-пұлсыз, тегін берді.* **Жай жүрді** — *тұқ бітірмей, тектен-тек, бос жүрді.*

ЖАЙ XI *Әдеттегіден тым кеш, кейін.*

ЖАЙ XII *Өрісте мал бағу.*

ЖАЙБАҒЫС ***жерг.*** *Ақырын, асып-саспай істелген іс-әрекет.*

ЖАЙБАҒЫСТА ***жерг.*** *Ақырындап, асып-саспай, жайлап әрекеттену.*

ЖАЙБАҒЫСТАУ *Ақырындау, баяулау, жайлау.*

ЖАЙБАРАҚАТ *Бейқам, тып-тыныш, алаңсыз.*

ЖАЙБАРАҚАТСЫ *Бейқамсу, бейжайлықпен қамсыз болғансу.*

ЖАЙБАРАҚАТТАН *Бейжайлыққа салыну, асықпау, бейқамдану, алаңсыздану.*

ЖАЙБАРАҚАТТАУ *Алаңсыздау, бейқамдау, қаперсіздеу.*

ЖАЙБАРАҚАТТЫҚ *Бейқамдық, қамсыздық, алаңсыздық.* □ **Жайбарақаттыққа салынды** — *арқаны кеңге салды.*

ЖАЙБАРАҚАТШЫЛЫҚ *Қанненқаперсіздік, бейқамдық, алаңсыздық.*

ЖАЙБАСАР *Сылбыр, шабан, керенау.*

ЖАЙБАСАРЛАУ *Сылбырлау, шабандау, керенау.*

ЖАЙБАСАРЛЫҚ *Баяу қимылдаушылық, шабандық.*

ЖАЙҒА 1. *Шаруаны ретіне келтіріп жайластыру.* 2. ***Ауысп.*** *Қырып салу, өлтіру.*

ЖАЙҒАС 1. ***орт. етіс*** *Жайға-с.* 2. *Орналасу, жайласу.* 3. *Орын-орнына қойып реттеу.*

ЖАЙҒАУШЫ *Орнықтырушы, жайгастырушы, реттеуші кісі.*

ЖАЙДАҒЫДАЙ *Жайшылықтағыдай, әдеттегідей.*

ЖАЙДАЙ *Жай тәрізді.*

ЖАЙДАҚ I 1. *Жазық, жадағай-жайпақ, ашық.* 2. *Терең емес, жайылып жатқан саяз.* □ **Жайдақ арба [шана]** — *қанатсыз жадағай арба.* **Жайдақ базар** — *ашық алаңда жүргізілетін сауда-саттық.* **Жайдақ дастарқан** — *жадағай жерге салынған дастарқан.* **Жайдақ етік** — *өкшесі аласа, табаны тегіс етік.* **Жайдақ жер** — *жадағай, тақыр жер.* **Жайдақ жол** — *жазық, қара жол.* **Жайдақ қазан** — *жайпақ қазан.* **Жайдақ құдық** — *терең емес, саяз құдық.* **Жайдақ қора** — *төбесі ашық мал қора.* **Жайдақ өзен [өткел]** — *кешіп өтетін таяз өзен.* **Жайдақ вагон** — *жүк тасуға арналған үсті ашық вагон.* **Жайдақ тартты** — *деңгейі төмен түсу, тартылу.* **Жайдақ шай** — *жемсіз құр шай.* **Жайдақ шам** — *шынысы жоқ, білтелі шам.*

ЖАЙДАҚ II *Ері жоқ, ер-тоқымсыз.*

ЖАЙДАҚ III *Құр, жай, дәлелсіз.* □ **Жайдақ сөз [әңгіме, баяндау]** — *құр әшейін бос әңгіме.* **Жайдақ ұғым [білім]** — *бос түсінік, таяз білім.*

ЖАЙДАҚСЫ *Қорашсыну, қарапайым, жұпыны болғансу.*

ЖАЙДАҚТА I 1. *Жадағайлау, тегістеу.* 2. *Сылап-сипау, жуып-шаю.* 3. ***Ауысп.*** *Оңтайлап, жеңіл-желпіге санау.*

ЖАЙДАҚТА II *Көліктің үстіндегі ерді, ашамайды алып тастау.*

ЖАЙДАҚТАУ 1. *Жадағайлау, аласалау, жайпақтау.* 2. ***Ауысп.*** *Жеңіл-*

желпі, қағытпа, қарапайым.

ЖАЙДАҚТЫҚ *Жай қарапайымдылық, жұпынылық.*

ЖАЙДАҚЫ *Жеңіл-желпі, үстіртін, тайыз.*

ЖАЙДАН-ЖАЙ *Құр бекер, тектентек, бостан-бос.*

ЖАЙДАР ***көне*** *Бұхардың саудагер қазағы.*

ЖАЙДАРМАН *Аққөңіл, жарқын жүзді, жайдары.*

ЖАЙДАРЫ 1. *Жарқын жүзді, аққөңіл, ашық, кішіпейіл, мейірімді, мейірбан.* 2. ***Ауысп.*** *Маужырaған, тамылжыған шайдай ашық.*

ЖАЙДАРЫЛА *Айқындау, анықтау етіп.*

ЖАЙДАРЫЛАН 1. *Жабырқамау, көңілдену, мейірлену.* 2. ***Ауысп.*** *Жаймашуақтану, тамылжу.*

ЖАЙДАРЫЛЫҚ *Жарқын жүзділік, аққөңілділік, кішіпейілділік, мейірімділік.*

ЖАЙДАУЫТ *Жайдақтау, терең емес, таяздау.*

ЖАЙ-ЖАҒДАЙ *Хал-ахуал, жағдай, жай-күй.*

ЖАЙ-ЖАЙЫНА *Бет-бетіне, алды-алдына, түс-түсына.*

ЖАЙ-ЖАПСАР *Хал-жай, жай-жағдай, істің мән-жайы.*

ЖАЙ-ЖАПСАРЛА *Анықтап, тәптіштеп айту.*

ЖАЙ-ЖОСЫҚ *Мән-жай, хал-жағдай, істің мәні, жай-жапсары.*

ЖАЙ-КҮЙ *Хал-жай, хал-ахуал, жай-жапсар, тұрмыс жағдайы.*

ЖАЙҚА 1. *Қағу, жайқау, жайпау.* 2. *Бұлғау.*

ЖАЙҚАҒАН ***көне*** *Жайлаған, мекендеген.*

ЖАЙҚАҚТА *Паңданып шайқақтау, кердеңдеу, шайқаңдау.*

ЖАЙҚАЛ 1. *Егіннің не шөптің ырғалып шайқалуы, толқуы, тербеле теңселуі.* 2. *Желбіреу, желкілдеу.* 3. ***Ауысп.*** *Кердеңдеу, шайқақтау, шайқалу.*

ЖАЙҚАҢ *Шалқақтап кердеңдеген, қайқаңдаған, паң.*

ЖАЙҚАҢДА *Қайқаңдап жүру, кердеңдеу.*

ЖАЙҚУАТ *Жайбарақат, қанненқаперсіз, бейқам.*

ЖАЙҚЫ *Жапыру, басып-жаншу, таптау.*

ЖАЙҚЫН 1. *Кең жайылып жатқан, айдын, шалқар (егін, су).* 2. ***Ауысп.*** *Бітік, қалың, тығыз.*

ЖАЙҚЫНДАЙ *Жайқын сияқты.*

ЖАЙЛА I 1. *Орын тебу, қоныстау, мекендеу.* 2. *Жазды күнгі мал жайылымы, жайлау.* 3. ***Ауысп.*** *Қаптау, басып кету.*

ЖАЙЛА II 1. *Реттеп жайғастыру, жөндеу.* 2. ***Ауысп.*** *Жоқ қылу, жою, өлтіру.*

ЖАЙЛА III *Ептеп-септеп, ақырындап.*

ЖАЙЛАҚ ***жерг.*** *Кеме тоқтайтын жер, айлақ.*

ЖАЙЛАС 1. ***орт. етіс*** *Жайла-с.* 2. *Жайғасып орналасу, бірігіп жайлау.*

ЖАЙЛАСТЫР 1. ***өзг. етіс*** *Жайластыр.* 2. *Жөнге келтіру, реттеу, жайғастыру.* 3. ***Ауысп.*** *Жайрату, өлтіру, қыру.*

ЖАЙЛАУ I *Жазда жайлайтын, биік таудағы не шүйгін шөпті жазықтағы мал жайылымы.* ◊ **Жайлауы жарасты** — *бірін бірі түсініп, сыйлас болды.*

ЖАЙЛАУ II *Баяулау, ақырындау, солғындау.*

ЖАЙЛАУДАЙ *Жайлау сияқты.*

ЖАЙЛАУЛАС *Жаз жайылымы, жайлауы бірге, қатарлас, аралас.*

ЖАЙЛАУЛЫ *Жайғаулы, реттеулі, сайлаулы.*

ЖАЙЛАУЛЫҚ *Мал жайылым боларлық, мал бағуға лайықты (жер).*

ЖАЙЛАУЫТ *Жайдақтау, тегістеу, жайпақтау келген.*

ЖАЙЛАУЫШ *Көп мінілген арық, қоңсыз ат.*

ЖАЙЛЫ I 1. *Ыңғайлы, қолайлы, жағдайлы.* 2. *Ұнамды, жағымды.* ◊ **Жайлы [жақсы] жатып, жақсы [жай] тұрыңыз!** — *қайырлы түн болсын.* **Жайлы жүріп, жақсы жет (тілек)!** — *жолың болсын, аман-сау бар.*

ЖАЙЛЫ II *Бір құбылыс туралы, сол жайында.*

ЖАЙЛЫЛЫҚ *Ыңғайлылық, қолайлылық.*

ЖАЙЛЫРАҚ *Ыңғайлырақ, қолайлырақ, жағдайлырақ.*

ЖАЙМА I 1. *Құрт, ірімшік т. б. кептіру үшін жасалған өре.* 2. *Базарда киім-кешек, әртүрлі бұйымдарды жайып қойып сату үшін жасалған орын.* □ **Жайма базар** — *ескі-құсқы, ұсталған бұйымдарды жайып, сауда жасайтын орын.*

ЖАЙМА II *Жадағай, жайдақ, саяз.* □ **Жайма жал** — *жан-жағына жайыла төгілген қалың жал.* **Жайма төсек** — *жерге жайып салатын жер төсек.* **Жайма шана** — *қанатсыз жадағай шана.*

ЖАЙМА III *Жұқа ақ мата төсеніш; простыня.*

ЖАЙМА IV *Талдан торлап тоқыған құрал, зембіл.*

ЖАЙМА-ЖАЙ 1. *Бекерден-бекер, бостан-босқа.* 2. *Жайбарақат, тыптыныш.*

ЖАЙМА-ҚОҢЫР *Жайымен, бірқелкі, баяу.*

ЖАЙМА-ҚОҢЫРЛАТ *Домбыра не қобызды жайлап, баяу ойнау, бірсарында жайлап тарту.*

ЖАЙМА-ҚОҢЫРЛАУ *Жайлау, баяулау.*

ЖАЙМАЛА 1. *Жайпақтап жайып тегістеу, жаю.* 2. ***Ауысп.*** *Жалғастыру, сабақтау, қолпаштау.* 3. *Етті мүшемүшеге бөлу, бөлшектеу.*

ЖАЙМА-ШУАҚ 1. *Шуақты, тамылжыған, жадыраған, ашық,* 2. ***Ауысп.*** *Жылы лебізді, жайдары, ақжарқын.*

ЖАЙМА-ШУАҚТА *Жуып-шаю.*

ЖАЙМА-ШУАҚТАН 1. *Күн көзі жадырап ашық, жылы болу.* 2. ***Ауысп.*** *Көңілдену, жайнау, жадырау, ақкөңілдену.*

ЖАЙМА-ШУАҚТАУ *Күн көзі ашықтау, жылылау, күн шуақтылау.*

ЖАЙМА-ШУАҚТЫҚ *Жылылық.*

ЖАЙМАШЫ ***жерг.*** *Базардағы ұсақ-түйек сатып отыратын адам.*

ЖАЙНА 1. *Алуан түрге еніп құлпыру, жарқырау.* 2. *Көздің нұр шашып жайнаңдауы.* ◊ **Жайнап сала берді** — *масайрады, жайраң қақты.*

ЖАЙНАҚ 1. *Алуан түрлі түс.* 2. *Ақжарқын, ақкөңіл, жайдары.*

ЖАЙНАҚТА *Жарқылдау, жарқжұрқ ету.*

ЖАЙНАҚЫ *Жайнаң қаққан, жарқылдаған.*

ЖАЙНАҚЫЛЫҚ *Жарастық, ақжарқындық, ашықтық.*

ЖАЙНАМАЗ *Намаз оқитын кезде арнайы жерге жаятын кілемше, таза мата сияқты жайылғы.*

ЖАЙНАМАЗДЫҚ *Намаз оқуға керекті таза мата.*

ЖАЙНАҢ: жайнаң қақты — *құлпырып күлмең қақты, көзі жайнаңдады, күлім қақты.*

ЖАЙНАҢДА *Жайраң қағу, құлпыру.*

ЖАЙПА 1. *Жаппай қырып-жою, құрту, жамсату.* 2. *Жапырып-жаншу, таптау.* 3. *Сыпырып-сиырып жеу, тып-типыл ету.*

ЖАЙПАҚ 1. *Теп-тегіс, жалпиған.* 2. *Жайылып жатқан жайдақ, тайыз су.*

ЖАЙПАҚТА *Тегістеу, жаймалау.*

ЖАЙПАҚТАУ 1. *Тегіс келген, жалпақтау.* 2. *Жайдақтау, саяздау.*

ЖАЙПАҢ I *Бәйпең қаққан, жайдары.*

ЖАЙПАҢ II *Жайпақ, қайраң, таяз.*

ЖАЙПАҢДАУ *Жайпақтау, тегістеу.*

ЖАЙПИ ***экспр.*** *Тайпақ, тайпию, жалпию.*

ЖАЙРА I ***зоол.*** *Жүні ине тәрізді сүтқоректі кеміргіштер тобына жататын кірпінің бір түрі.*

ЖАЙРА II 1. *Қирау, бүліну, сыну.* 2. ***Ауысп.*** *Қырылу, өлу.* 3. *Сұлау, сілею.*

ЖАЙРА III *Жарқырап жайнау, жадырау, жайнаң қағу.*

ЖАЙРАҒЫР ***қарғ.*** *Жер жастанғыр, мүрдем кеткір, ішек-қарны ақтарылып қалғыр.*

ЖАЙРАН ***зоол.*** *Киік тобына жататын әдемі түз жануары, қарақұйрық.*

ЖАЙРАҢ *Көңілі шат, жайдары.* ◊ **Жайраң қақты** — *жайнаң қағу, жайнаңдады.*

ЖАЙРАҢДА *Көңілі жадырап, жайраң қағу, жайнаңдау.*

ЖАЙРАҢДЫҚ *Жайдарылық, жайнаңдаушылық.*

ЖАЙРАҢ-ЖАЙРАҢ: жайраң-жайраң етті — *шат-шадыман болды, жайнаң қақты, жайнаң-жайнаң етті.*

ЖАЙРАҢҚЫ *Жадыраңқы, жайдары, көңілді.*

ЖАЙРАТҚЫШ *Сұлатып, серейтіп салғыш, қиратқыш, қырып салғыш.*

ЖАЙРАТЫМПАЗ *Жойымпаз, қиратып салғыш, жойғыш.*

ЖАЙРАУЛЫ *Астан-кестен, бет-бетімен шашылған күйі, қираған қалпында.*

ЖАЙСАҢ *Жайдары жүзді, мейірімді, шапағатты.* ◊ **Жақсы мен жайсаңдар** — *атақты, белгілі адамдар, жақсылар.*

ЖАЙСАҢДЫҚ *Жайдарылық, жарқындық, мейірімділік, шапағаттылық.*

ЖАЙСЫЗ *Ыңғайсыз, лайықсыз, қолайсыз.*

ЖАЙСЫЗДАН 1. *Қолайсыздану, ыңғайсыздану, жағдайсыздану.* 2. *Тиышы кету, мазасыздану.*

ЖАЙСЫЗДАУ 1. *Ыңғайсыздау, лайықсыздау, қолайсыздау.* 2. *Беймазалау, тынышсыздау.*

ЖАЙСЫЗДЫҚ *Қолайсыздық, ыңғайсыздық, жағдайсыздық.*

ЖАЙТ *Жай-күй, жағдай.*

ЖАЙТАБАН: жайтабан етік — *аласа оқшелі қарапайым етік.*

ЖАЙТАҢ: жайтаң қақты — *жайраңдады, жайнаң қақты.*

ЖАЙҒАҢДА 1. *Жайраң қағу, жайнаңдау, нұрлану, мәз-мейрам болу.* 2. *Ойнақшу, ойнақтау.*

ЖАЙУАТ *Байсалды, сабырлы, жайбарақат.*

ЖАЙША I *Жай, жай ғана.*

ЖАЙША II *Нажағай сияқтанып, нажағайша, жай тәрізденіп.*

ЖАЙШЫ ***көне*** *Құдайға жалбарынып, дұға оқу арқылы ауа райын өзгертіп, жауын жаудыратын сиқыршы.*

ЖАЙШЫЛЫҚ *Жайбарақаттық, бейбітшілік, тыныштық.*

ЖАЙШЫЛЫҚТА *Жай уақытта, әншейінде, әдетте.*

ЖАЙШЫЛЫҚТАҒЫ *Жай уақыттағы, әншейіндегі, әдеттегі.*

ЖАЙШЫЛЫҚТАҒЫДАЙ *Әншейіндегідей, жай кездегідей, әдеттегідей.*

ЖАЙЫҚ 1. *Көңілі жайлану, жай табу, разы болу.* 2. *Мол болу, берекелі болу.*

ЖАЙЫЛ I 1. ***ыр. етіс*** *Жай-ыл.* 2. *Жазылу, жазу, жаю.* 3. *Таралу, таралып кету, жайылып кету.* 4. *Аты кеңінен белгілі болу, мәлім болу.* 5. *Құс қанатының жазылуы, созылып кетуі.*

ЖАЙЫЛ II *Жайылымда болу, өрісте оттау.*

ЖАЙЫЛҒЫ *Жерге төсейтін төсеніш.*

ЖАЙЫЛМА I *Жазғытұрым өзен, қар суы көп жайылатын алқап.* □ **Жайылма сөйлем** ***грамм.*** — *бастауыш, баяндауыштан басқа тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлемнің түрі.*

ЖАЙЫЛМА II *Жайылыңқы, шашыранды.*

ЖАЙЫЛМАЛЫ *Жайылған арнасынан асып, таралып, жайылып жататын.*

ЖАЙЫЛЫМ 1. *Ауыл маңынан шалғайлау жатқан оты мол өрістік жер; жайылыс.* 2. *Шөбі көк майса, шүйгін жайылма.* 3. *Судың арнасынан асып, жайылып жататын жері.*

ЖАЙЫЛЫМДЫ *Мал жайылатын шөбі шүйгін, көк майсалы.*

ЖАЙЫЛЫМДЫҚ *Мал жайылатын шөбі шүйгін, көк майсалы өрістік.*

ЖАЙЫЛЫҢҚЫ *Көптармақты, тарам-тарам, сала-сала.*

ЖАЙЫЛЫП-ЖАЛПАЙ *Асты-үстіне түсу, құрдай жорғалау.*

ЖАЙЫЛЫС 1. *Мал өрісі, жайылым.* 2. *Малдың өрісте жайылу, оттау кезі.*

ЖАЙЫМЕН 1. *Байсалды түрде, салмақты қалпында, баяу.* 2. *Алаңсыз, қаннен-қапersіз, жайбарақат.*

ЖАЙЫН 1. *Басы үлкен, ірі, жыртқыш балық; лақа.* 2. ***Ауысп.*** *Зор, керемет.* ◊ **Жайын ауыз** — *үлкен, лақа ауыз.*

ЖАЙЫНДА *Жөнінде, туралы, хақында.*

ЖАЙЫНДАЙ *Тым үлкен дағарадай.*

ЖАЙЫНДЫҚ *Жойқын ірілік, керемет қуаттылық.*

ЖАЙЫНША I *Жайын сияқты, жайындау.*

ЖАЙЫНША II *Алаңсыз, жайымен, өз беттерінше.*

ЖАЙЫҢҚЫРА 1. *Сәл, біраз уақыт оттата, жая түсу.* 2. *Кеңейтіңкіреу, созыңқырау.*

ЖАЙЫРАҚ 1. *Баяурақ, ақырынырақ, сәл бәсеңірек.* 2. *Кейінірек, кешірек.*

ЖАҚ I 1. *Адамның, жан-жануардың қызылиек пен тіс орналасқан бет сүйегінің төменгі бөлігі.* 2. *Кимешектің жағы, жиегі.* ◊ **Жағы жағына жұқпады [тимеді]** — *зыпылдап тез-тез сөйледі.* **Жағы жоқ** — *суырыла жөнелетін шешен, ақпа жүйрік.* **Жағы қарысты** — *сөзден тосылды, үні өшті.* **Жағына пышақ жанығандай** — *қу сүйек боп жүдеген, арық.* **Жағын аштырмады** —*сөйлетпей тастады, үндетпеді.* **Жағын сауды** — *тіл мен жағына сүйенді, зар қақсады.* **Жағы солды [суалды]** — *жүдеді, жадау тартты.* **Жағы талды** — *айтаайта қажыды, шаршады, көп сөйледі, зар қақты.* **Жағы түсті** — *қаусап, әбден қартайды.* **Жағы тынбады** — *сарнап, ауыз жаппады.* **Жақ ашпады** — *тіс жарып сөйлемеді, үндемеді.*

ЖАҚ II ***көне*** *Кермесіне жебе салып тартатын садақ, жай.*

ЖАҚ III 1. *Белгілі бір түс, тарап.* 2. ***грамм.*** *Сөйлеушіні және оның кіммен сөйлескенін білдіретін грамматикалық категория.*

ЖАҚ IV 1. *От жағу, тұтату, тамызу.* 2. *Қызу, күшейту, қыздыру.* 3. *Электр жарығын қосу, шам жағу.*

ЖАҚ V 1. *Жұғып сіңетіндей етіп үйкелеу, жағу.* 2. ***Ауысп.*** *Қаралау, жала жабу.*

ЖАҚ VI 1. *Жақсы көріну, ұнау, жағыну.* 2. *Ем болу, ас болу, сіңу.*

ЖАҚ VII *Бір нәрсенің жай-жапсары, жөні.*

ЖАҚ VIII *Біреуді қолдау, жақтау, жақ болу.*

ЖАҚ IX *Заттың, нәрсенің жиегі, қыры, шеті.*

ЖАҚАУРА *Емеурін білдіру, алдарқату, жақтыру.*

ЖАҚ-ЖАҚ *Жік-жік, топ-топ.*

ЖАҚҚЫШ I ***тех.*** *Электр тогын қосқыш, электр шамын жандыратын тетік.*

ЖАҚҚЫШ II *Көңілден шыққыш, ұнағыш, жағымтал.*

ЖАҚПАР *Қатпар-қатпар, текше.*

ЖАҚПАР-ЖАҚПАР *Қатпар-қатпар, текше-текше.*

ЖАҚПАРЛАУ *Қатпарлау келген, текшелеу.*

ЖАҚПАРЛЫ *Қабатты, қатпарлы, текшелі.*

ЖАҚСАР *Сапасы арта түсу, түзелу, оңалу.*

ЖАҚСАТ *Абырой, атақ.*

ЖАҚСАТТЫ *Жақсатқа ие. Атақты болды, сый-құрметке ілікті.* 2. *Жақсы көріну.*

ЖАҚСЫ 1. *Жаман емес, оңды, тәуір.* 2. *Ақылды, тәрбиелі, саналы, адамгершілік қасиеті мол (адам).* 3. *Ауылдың белді, беделді азаматы.* 4. *Иә, қош, мақұл деген сөздің орнына жүреді.* □ **Жақсы болды** — *дұрыс болды, оң болды.* **Жақсы болсын, жаман болсын** — *әйтеуір, қалай болмасын.* **Жақсы көрді** — *ұнатты, жаратты.* **Жақсы қарамады** — *жақсы көрмеді, ұнатпады, жақтырмады, жаратпады.*

ЖАҚСЫ-ЖАЙСАҢ *Ығай мен сығай, жайсаң мен қасқалар, таңдаулы адамдар.*

ЖАҚСЫ-ЖАМАН *Әрқилы, әртүрлі.* ◊ **Жақсы-жаманның біразын көрдік** — *қызық-қиыншылықтың, әртүрлі нәрсенің бәрін бастан кешірдік.*

ЖАҚСЫЗ *Жақтаусыз, жағы, жақтауы жоқ.* □ **Жақсыз сөйлем** — *үш жаққа тән белгілі бастауышы жоқ сөйлем.*

ЖАҚСЫЛА 1. *Дәріптеу, мақтау, мадақтау.* 2. *Әдемілеу, дұрыстау, оңдау.*

ЖАҚСЫЛАУ *Тәуірлеу, дұрыстау.*

ЖАҚСЫЛЫ-ЖАМАНДЫ *Жақсысы да, жаманы да бар, ірілі-ұсақты, әртүрлі, әрқилы.*

ЖАҚСЫЛЫҚ 1. *Қайырымдылық, рақымдылық, мейірімділік.* 2. *Белгілі бір заттың бойындағы тәуір қасиет, сапа.*

ЖАҚСЫРАҚ *Өзгеден гөрі дұрысырақ, тәуірірек.*

ЖАҚТА *Біреудің сөзін сөйлеу, қолдау, қоштау, қорғау.*

ЖАҚТАҒЫШ *Қолдағыш, қоштағыш, қорғағыш.*

ЖАҚТАС *Пікірлес, ниеттес, тілектес.*

ЖАҚТАСТЫҚ *Пікірлестік, ниеттестік, бірін-бірі қолдаушылық.*

ЖАҚТАУ I 1. *Есік-терезені, қақпаны орнықтыру үшін жасаған қорап.* 2. *Бір нәрсенің екі қыры, жиегі.* 3. *Жүгеннің екі жақ бойы.*

ЖАҚТАУ II *Сәнді сырткиімдердің жауырынына бастыра сыртынан қондырылған иініш есепті нәрсе.*

ЖАҚТАУЛЫ *Жақтау салынған, қорапты.*

ЖАҚТАУША *Кішірек жақтау.*

ЖАҚТАУШЫ *Бір нәрсені құптап қуаттаушы, мақұлдаушы, қолдаушы.*

ЖАҚТЫҚ *Белгілі бір жаққа қатысты, жаққа тән.* □ **Жақтық жалғау** — *істің кімге, қай жаққа тәндігін көрсететін грамматикалық қосымша.*

ЖАҚТЫР 1. ***өзг. етіс*** *Жақтыр.* 2. *Ұнату, жарату.*

ЖАҚТЫРМАҒАНДЫҚ *Жөн көрмегендік, ұнатпағандық.*

ЖАҚҰТ *Көк, жасыл, қызғылт түсті, қымбат бағалы асыл тас.*

ЖАҚҰТТАЙ *Жақұт тәрізді, жайнаған, жарқылдаған.*

ЖАҚҰТТЫ *Жақұты бар. Жақұт орнатқан.*

ЖАҚҰТША *Жақұт тәрізденіп құлпырып, жарқылдап.*

ЖАҚША I *Айшық түріндегі тыныс белгісі және математикалық таңба.*

ЖАҚША II *Жақ сияқты.*

ЖАҚШАЛА *Жақша ішіне алу.*

ЖАҚШАЛЫ *Жақшаға алынған.*

ЖАҚЫ *Құлын терісінен тігілген жеңіл сырткиім, тайжақы.*

ЖАҚЫН 1. *Арасы алыс емес, таяу.* 2. *Ағайын-туған, туысқан.* 3. ***Ауысп.*** *Көңілдес, ашына, тамыр.* □ **Жақын жүрді** — *бір ниеттес болды.* ◊ **Жақын тартты [тұтты, көрді]** — *жақын санады, іш тартты.*

ЖАҚЫНДА I *Таяп келу, жуықтау.*

ЖАҚЫНДА II *Таяуда, жуық арада.*

ЖАҚЫНДАУ 1. *Жақынырақ, таяуырақ, арасы қашық емес.* 2. *Тегі жағынан ағайындас, туыстас.* 3. ***Ауысп.*** *өзара көңілдестеу, сыбайластау.*

ЖАҚЫНДЫҚ 1. *Аралық байланысы жағынан жақын болушылық, таяулық, жуықтық.* 2. *Ағайын-туыстық, тумалық, ағайындастық.* 3. ***Ауысп.*** *Ашыналық, көңілдестік, сыбайластық.*

ЖАҚЫН-ЖАРАН *Туыс-жамағат, жолдас-жора.*

ЖАҚЫН-ЖОРА *Ағайын-туыс, дос-жаран.*

ЖАҚЫН-ЖУЫҚ *Ағайын-туыс, ағайын-жұрағат, жанашыр.*

ЖАҚЫН-ЖҰРАҒАТ *Жақын-жаран, туыс-жамағат, аталас ұрпақ.*

ЖАҚЫНСЫ *Іш тарту, жақын туыс болғансу.*

ЖАҚЫНША *Ағайыны сияқты, туысша.*

ЖАҚЫНШЫЛ *Бауырмал, ағайыншыл, туысшыл.*

ЖАҚЫНЫРАҚ *Арасы таяуырақ, жуығырақ.*

ЖАЛ I 1. *Кейбір хайуандардың желкесіне өскен қалың қыл.* 2. *Жылқының, құланның жал майы.* ◊ **Жал бітті** — а) *тойынып, қоңданып алды;* ә) *әл-ауқаты артты, тұрмысы жақсарды.* **Жалы бүтін** — *күйлі, қоңды.* **Жалы кетті** — *арықтап жүдеді, арыды.*

ЖАЛ II *Созылып жатқан биік қыраттың ең үстіңгі жақ қырпуы.* □ **Жал пеш** — *екі бөлмелі үйдің ортасынан салынған үлкен пеш.*

ЖАЛ III 1. *Жалданып істейтін жұмыс.* 2. *Біреудің үйін, еңбегін пайдаланғаны үшін төлейтін ақы.* □ **Жалға берді** — *төлем үшін пайдалануға тапсырды.* **Жалға жүрді** — *малайлықта болды, жалдашы.*

ЖАЛ IV *Жалған.* □ **Жал сөйлеме [айтпа]** — *жалған айтпа, сөйлеме.*

ЖАЛ V ***жаңа.*** *Жерді не басқадай шаруашылықты белгілі мерзімге берушілік, жалгерлік.*

ЖАЛ: жал тапты — *ыңғайын келтірді, жолын тапты.*

ЖАЛА I *Жалған, нақақ тағылған айып, бөле.* ◊ **Жала жапты** — *нақақ кінә тақты.* **Жаласы тиді** — *бәлесі жұқты.* **Жаласына қалды** — *нақақтан-нақақ айыпқа батты, босқа күйді, кінәлі болды.*

ЖАЛА II 1. *Тілмен жалау, жалап-жұқтау, жалап қою.* 2. *От-жалынның, будың шарпуы.* 3. ***Ауысп.*** *Жуықтап сүйкей өту.* 4. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің бетін қару, ауыртып ашыту.* 5. ***Ауысп.*** *Судың жерді шайып кетуі.* 6. ***Ауысп.*** *Сую, өбу.* ◊ **Жалап кетті** — *сыпырып-сиырып, түк қалдырмады, жалап-жұқтап кетті.*

ЖАЛАҒЫШТА *Қайта-қайта, үстіүстіне жалай беру.*

ЖАЛАҚ I 1. *Жемір мал.* 2. *Желқақты боп жалана бергеннен пайда болған еріндегі жара.* 3. *Жылқының арқасындағы жауыр жазылғаннан кейінгі кезі.* **Жалақ қақты** — *жаландады.*

ЖАЛАҚ II 1. *Ащылы сортаң жер.* 2. *Жалама, жалтыр.*

ЖАЛАҚ III ***мед.*** *Қарын түгінің түсуінен пайда болатын кесел.*

ЖАЛАҚ-ЖАЛАҚ *Ашыз-айғыз, тілім-тілім.* □ **Жалақ-жалақ етті** — *жалмаң қақты, жалақ-жұлақ етті.*

ЖАЛАҚ-ЖҰЛАҚ: жалақ-жұлақ қарады [етті] — *айналасына алақ-жұлақ қарады.*

ЖАЛАҚОР *Жала жапқыш, бәлеқор, бәле құғыш, өсекші (адам).*

ЖАЛАҚОРЛЫҚ *Жала жапқыштық, бәлеқорлық.*

ЖАЛАҚТА 1. *Жалмаң қағу, жаландау.* 2. *Ашқарақтану, қомағайлану.* 3. *Аяздың, жалынның шарпуы.* 4. *Жаландау, жалаң қағу.*

ЖАЛАҚТАН 1. ***өзд. етіс*** *Жалақта-н.* 2. *Жарылып жалақ болу, кебірсу.*

ЖАЛАҚЫ *Істеген еңбек үшін төленетін ақшалай қаражат, еңбекақы.*

ЖАЛАҚЫЛЫ *Еңбекақы төленетін, жалақысы бар.*

ЖАЛАЛА *Жала жабу, кінәлау, айыптау.*

ЖАЛАЛЫ *Айып тағылған, кінәлі, жазықты.*

ЖАЛАМА *Жылмағай, жып-жылтыр, жалтыр, жалақ.* □ **Жалама түз** — *малға берілетін кесек тұз.*

ЖАЛАМЫР 1. *Өзен жағасындағы су шайған жайдақ жер.* 2. ***Ауысп.*** *Үскірік аяз, суық жел.*

ЖАЛАМЫРЛА *Апшысын қуыру, берекесін кетіру.*

ЖАЛАМЫРЛЫҚ *Жебірлік, жемқорлық, жемпаздық.*

ЖАЛАН 1. ***өзд. етіс*** *Жала-н.* 2. *Жұтынып жалаң қағу, жалмаңдау, жалақтау.*

ЖАЛАҢ 1. *Жалаңқабат, жалаңқай, жадағай.* 2. *Жалаңаш, лыпасыз.* 3. *Жалған, өтірік.* ◊ **Жалаңаяқ жар кешті** — *жалшылықта жүрді, тұрмыс қиындығын көрді.* **Жалаң қабат** — *жұқа, астарсыз.* **Жалаң қақты** — а) *жалмаңдады;* ә) *жалмаң қақты,*

сумаңдады. **Жалаңтөс** — *ештеңеден тайынбайтын, аянбайтын.*

ЖАЛАҢАШ 1. *Үстінде лыпасы жоқ, тыржалаңаш, киімсіз.* **Ауысп.** 2. *Тақыр, ашық, жадағай, жазық.* 3. *Іске аянбай жанкешті кірісетін.*

ЖАЛАҢАШ-ЖАЙДАҚ *Қалай болса солай, жеңіл-желпі, салдыр-салақ, жалаңаш-жалпы.*

ЖАЛАҢАШ-ЖАЛПЫ *Жеңіл-желпі, қалай болса солай киіне салған, алба-жұлба.*

ЖАЛАҢАШТА 1. *Үстіндегі киімді шешіп тастау, шешіну.* 2. *Бір заттың сыртын аршып тастау.*

ЖАЛАҢАШТАУ 1. *Жадағайлау келген, ашықтау, тақырлау.* 2. **Ауысп.** *Жайдақ, жадағай, негізсіз.*

ЖАЛАҢАШТЫҚ *Жоқшылық, жетімсіздік.*

ЖАЛАҢДА 1. *Жалмаң қағу, сумаңдау.* 2. *Ашқарақтану, қомағайлану, тамақсаулану.*

ЖАЛАҢДЫҚ *Жадағайлық, жайдақтық, жұтаңдық.*

ЖАЛАҢ-ЖАЛАҢ: жалаң-жалаң етті [қақты] — *жалмаңдады, жалақтады.*

ЖАЛАҢ-ЖҰЛАҢ *Жалтаң-жұлтаң, алақ-жұлақ.*

ЖАЛАҢҚАЙ 1. *Жадағай, өсімдіксіз құ тақыр.* 2. **Ауысп.** *Қолы қысқа, жалғызбасты.*

ЖАЛАҢҚАТ I **көне** *Соғыс кезінде денеге киетін темір сауыт.*

ЖАЛАҢҚАТ II *Астарсыз, желең, жадағай.*

ЖАЛАҢҚАЯ *Кедей, жарлы.*

ЖАЛАҢҚИЯ *Шөп өспейтін тасты, таулы аймақ.*

ЖАЛАҢҚЫ 1. *Жалаңаштау, тақырлау, бостау.* 2. *Жалақтаған, жалмаңдаған.*

ЖАЛАП-ЖАЛМА *Түк қоймай сыпырып-сиыру, жалап-жұқтау, жайпау.*

ЖАЛАП-ЖҰҚТА *Түк қалдырмау, сыпырып-сиыру, жалап-жалмау, ішіп-жеу.*

ЖАЛАТ *Бір заттың үстіне бір нәрсені жағу, жүргізу, күптеу, аптау.*

ЖАЛАУ *Белгілі елтаңбасы бар, бір түстес маталардан істелген ту.* ◊ **Жалау етті [болды]** — *үлгі-өнеге тұтты, демеу қылды.*

ЖАЛАУЛА *Желбіреу, алаулау.*

ЖАЛАУЛЫ *Ту ілінген, байрағы бар.*

ЖАЛАУША I *Кішкентай жалау.*

ЖАЛАУША II *Жалауға ұқсап, жалау сияқты.*

ЖАЛАУША III. **спорт** *Бәсекеге түсетін командалардың бір-бірімен алмасатын жалаушасы.* 2. *Жарыста озып шыққандарға берілетін үшкіл кішкене жалауша.*

ЖАЛАУЫҚ *Бір нәрсені жалай бергіш.*

ЖАЛБА *Жыртық-жыртық, алба-жұлба, жұлмаланған, шоқпыт.*

ЖАЛБАҒАЙ 1. *Еркектердің жеңіл баскиімі, далбағай.* 2. *Жауын-шашыннан, ыстық пен шаңнан, желден қорғану үшін сырткиімдердің өзіне қоса тігілген тымақ.*

ЖАЛБАҒАЙ II *Сарғыш тұмсығы қалақ тәрізді, түсі біркелкі ақ, қауырсынсыз, қара сирақты ірі құс.*

ЖАЛБАҒАЙЛЫ *Жалбағайы бар киім.*

ЖАЛБА-ЖҰЛБА *Жұлым-жұлымы шыққан, алба-жұлба, далба-дұлба.*

ЖАЛБАҚ I *Жағымпаз, жарамсақ.* ◊ **Жалбақ қақты** — *қалбаң қақты.*

ЖАЛБАҚ II *Жалбыраған.*

ЖАЛБАҚАЙ **экспр.** *Жалбақ қаққан, жарамсақ.*

ЖАЛБАҚТА 1. **экспр.** *Асты-үстіне түсу, бәйек болу.* 2. **Ауысп.** *Қалбақтау, далбаңдау.*

ЖАЛБАЛАҚТА 1. *Жалбалақ қағу, бәйек болу.* 2. *Қалбалақтау, далбаңдау.*

ЖАЛБАЛАН *Жалба-жұлба болған, жырым-жырым болған.*

ЖАЛБАҢ *Өтірік қошемет.* ◊ **Жалбаң қақты [етті]** — *жалбақтау, қалбаң қақты.*

ЖАЛБАҢДА 1. *Жағымпаздық жасап, жағыну.* 2. *Жалбалақтау.* 3. *Жалпылдау, селтеңдеп, жалп-жалп ету.*

ЖАЛБАҢ-ЖАЛБАҢ: жалбаң-жалбаң етті – а) *желп-желп етіп қозғалақтады;* ә) *жалбақтап жалынды.*

ЖАЛБАҢ-ЖҰЛБАҢ *Далбаң-дұлбаң, асығыс-үсігіс.*

ЖАЛБАР *Жалбарыну, жалыну, жағыну.*

ЖАЛБАРЫН *Сиыну, сұрану, жалыну.*

ЖАЛБАРЫНҒЫШ *Сиынғыш, жалынғыш.*

ЖАЛБАРЫНДЫ *Жалынышты, кіріптар.*

ЖАЛБАРЫНЫШ *Жалбарынған өтініш, жалыныш.*

ЖАЛБАРЫНЫШСЫЗ *Жалынышсыз, кіріптарсыз.*

ЖАЛБАРЫНЫШТЫ *Кіріптар, жалынышты.*

ЖАЛБАРЫНЫШТЫЛЫҚ *Жалыныштылық, кіріптарлық.*

ЖАЛБИ ***экспр.*** *Жалпаю, жарбию.*

ЖАЛБЫЗ *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын сулы жерде, көбіне бұлақ бойында өсетін хош иісті, көпжылдық (дәрі-дәрмектік) өсімдік.*

ЖАЛБЫЗБАЛАП *Жайқалып, гүлгүл жайнап.*

ЖАЛБЫЗДАЙ *Жалбыз тәрізді, жайқалған, гүлденген.*

ЖАЛБЫЗДЫ *Жалбызы мол, жалбыз өскен.*

ЖАЛБЫЗТІКЕН *Құлқайыр тұқымдас өсімдіктердің бір түрі.*

ЖАЛБЫЛА *Жапсарлай, тасалана, жасырына жүру.*

ЖАЛБЫР 1. *Дудыраған, қобыраған.* 2. *Жырым-жырым боп жыртылған.*

ЖАЛБЫРА 1. *Желбіреу, желкілдеу.* 2. *Дал-дал болу, дода-додасы шығу.*

ЖАЛБЫРАҚ I 1. *Жалбыршақ, желбіршек.* 2. *Үйысып қобыраған.* ◊ **Жалбырақ қақты** – *жалпаңдап астыүстіне түсті, жалбақ қақты.*

ЖАЛБЫРАҚ II *Алабота тұқымдас өсімдік.*

ЖАЛБЫРАҚСЫЗ *Салпыншағы жоқ, желбірсіз.*

ЖАЛБЫР-ЖАЛБЫР *Сабалақ-сабалақ, жалбур-жалбур.*

ЖАЛБЫРШАҚ 1. *Күйіс қайтаратын малдардағы қатпаршақ, жұмыршақ.* 2. *Шет-шеті жұлым-жұлым, жалбыр-жұлбыр.*

ЖАЛБЫРШАҚТАН *Қабыршақтану.*

ЖАЛГЕР *Жерді не белгілі бір кәсіпорнын жалға алушы; арендатор.*

ЖАЛҒА 1. *Үзілген жіпті (сымды) біріктіру, септеу, түйістіру, ұштастыра байлау, қосу.* 2. ***Ауысп.*** *Сабақтау, жалғастыру.*

ЖАЛҒАМА *Бірі-біріне жалғас, жалғамалы.*

ЖАЛҒАМАЛЫ *Ұласпалы, құрамалы.*

ЖАЛҒАМАЛЫЛЫҚ *Құрамалылық, жалғанбалылық.*

ЖАЛҒАН I *Жарық дүние, өмір, тіршілік.* ◊ **Жалғанды жалпағынан басты** – *емін-еркін сайран салды, шалқыды.*

ЖАЛҒАН II 1. *Шын емес, алдамшы, өтірік.* 2. *Жай, жасанды.* ◊ **Жалған дүние** – *өткінші, опасыз ғұмыр.* **Жалған сөз** – *өтірік, бекер, бос сөз.*

ЖАЛҒАН III *Ұштасу, жалғасу, қосылу.*

ЖАЛҒАНДА *Жарық дүниеде, бұл өмірде, тіршілікте.*

ЖАЛҒАНДЫҚ I *Әсіре қызылдық, жасандылық.*

ЖАЛҒАНДЫҚ II *Бұл өмірлік.*

ЖАЛҒАНСЫЗ *Өтірігі жоқ, ақиқат, шынайы.*

ЖАЛҒАНШЫ 1. *Өтірікші, суайт, пәтуасыз.* 2. *Опасыз, алдамшы.*

ЖАЛҒАНШЫЛ *Алдампаз, өтірікшіл.*

ЖАЛҒАНШЫЛЫҚ *Жасандылық, өтірікшілік, пәтуасыздық.*

ЖАЛҒАНТЫС ***жерг.*** *Жадағай, астарсыз баскиім, күләпара.*

ЖАЛҒАС I *Қабырғалас, іргелес.*

ЖАЛҒАС II 1. ***орт. етіс*** *Жалға-с.* 2. *Біріне-бірі ұштасу, қосылысу, ұласу.* 3. *Бір істі жүргізе беру, сабақтастыру.* 4. *Бір-бірімен байланысып, хабардар болу.*

ЖАЛҒАСПАЛЫ *Біріне-бірі жалғасып жатқан, ұласпалы.*

ЖАЛҒАСТЫҚ *Бір-бірімен сабақтастық, ұластық, байланыстылық (тарихи романдар аралығында жалғастық бар).*

ЖАЛҒАСТЫРҒЫШ *Екі нәрсені бір-біріне байланыстырғыш, ұластырғыш.*

ЖАЛҒАСТЫРМАЛЫ *Біріне-бірі біріктіріле қосылған, жалғамалы, ұластырмалы.*

ЖАЛҒАСЫ *Заттың я уақиғаның ары қарайғы ұластығы.*

ЖАЛҒАУ-ЖАЛҒАУ *Үзік-үзік, қырық құрау.*

ЖАЛҒАУЛЫ *Біріктірілген құрамалы, жалғамалы.*

ЖАЛҒАУШЫ *Бір нәрсені екінші бір нәрсеге байланыстырушы, жалғастырушы.*

ЖАЛҒЫЗ 1. *Тек бір өзі ғана, дара, жалқы.* 2. *Бір өзі — салт қара басы.* ◊ **Жалғыз атты** — а) *салт жүргінші;* ә) *тұрмыс-күйі нашар, жарлы.* **Жалғыз ауыз** — *бір оқтық, бір атар.* **Жалғыз ауыз сөз** — *бірауыз сөз.* **Жалғыз аяқ жол** — *соқпақ жол.* **Жалғыз[жеке] басты** — *сыбай-салтаң, бойдақ.* **Жалғыз қабат** — *бір дүркін, бір-ақ рет, жадағай.* **Жалғыз үйлі** — *ел жоқ жерде бір өзі мекендеген, саяқ.*

ЖАЛҒЫЗДА 1. *Бір-бірлеп, біртіндеу.* 2. *Шеттету, шетке шығару, жалғызсырату.*

ЖАЛҒЫЗДАН-ЖАЛҒЫЗ *Жанында өзге ешкім жоқ, бір өзі ғана.*

ЖАЛҒЫЗДЫҚ *Жекелік, жалғызбастылық, саяқтық.* ◊ **Жалғыздық корді** — *жалғызбастылықтан жапа шекті.*

ЖАЛҒЫЗ-ЖАЛҒЫЗ *Бөлек-бөлек, жеке-жеке.*

ЖАЛҒЫЗ-ЖАЛҚЫ *Бойдақ, жалғызбасты.*

ЖАЛҒЫЗ-ЖАРЫМ *Бірен-саран, шекен-саяқ.*

ЖАЛҒЫЗ-ЖАРЫМДАП *Бірен-саран, бірді-екілеп.*

ЖАЛҒЫЗСЫ *Жалғызсырап елегізу, құлазу.*

ЖАЛҒЫЗСЫН *Жалғыз көру.*

ЖАЛҒЫЗСЫРА *Жалғызсы.*

ЖАЛҒЫЗІЛІК *Жалғыздық, жалғызбастылық.*

ЖАЛҒЫЗІЛІКТІ *Қарайласар көмекшісі жоқ, жалғызбастылық.*

ЖАЛҒЫЗІЛІКТІК *Қарайласары жоқтық, жалғызбастылық.*

ЖАЛДА I *Ақы төлеп, жалға алу, арендалау.*

ЖАЛДА II *Терең өзенді өрлеп, жағалай жүзу, таяз жерді қуалай өту.*

ЖАЛДА III *Жотаның үстімен, қырымен жүру.*

ЖАЛДА IV *Биіктеп, қырлап үю.*

ЖАЛДАЙ *Жал сияқты.*

ЖАЛДАМА I *Жалға алынған, жалдамалы, жалданушы.*

ЖАЛДАМА II ***жерг.*** *Тасқын судың кең жайылған түсы.*

ЖАЛДАМАЛЫ *Жалданған.* □ **Жалдамалы еңбек** — *жұмыс күшін сатып, еңбек етудің капиталистік қоғамдағы түрі.*

ЖАЛДАМШЫ *Жалдамалы, жалданушы.*

ЖАЛДАН I *Жалшы болу, жалданып жұмыс істеу.*

ЖАЛДАН II 1. ***өзд. етіс*** *Жалда-н.* 2. *Малдың қоңданып майлануы, семіруі.* 3. ***Ауысп.*** *Тұрмысы оңалу, күйлену.*

ЖАЛДАНУШЫ *Жалға тұрушы кісі, жалданба, жалдамшы.*

ЖАЛДАНУШЫЛЫҚ *Еңбегін сатып жалданып істеушілік, жалданбалық, жалданушылық.*

ЖАЛДАП 1. *Екі арада жүретін делдал, жылпос, ұры.* 2. *Қариет, залым, сұрқия, сұм.*

ЖАЛДАПТЫҚ *Алыпсатарлық, делдалдық, жылпостық.*

ЖАЛДАС *Қобыраған ұзын қалың жалды.*

ЖАЛДАСТАУ *Жалы тығыз, ұзындау.*

ЖАЛДАУШЫ *Жалдап алушы адам.*

ЖАЛДЫ 1. *Үзын, қалың жалы бар.* 2. *Қоңды, семіз.* 3. ***Ауысп.*** *Дәулетті, ауқаттыл.*

ЖАЛ-ЖАЛ *Төбе-төбе, жота-жота боп үйілген.*

ЖАЛ-ЖАЯ *Жылқының жалы мен жаясынан пісірілген дәмді тағам.*

ЖАЛҚАҚ *Көлкілдеп тұратын сұйқылтым жалқылдаған нәрсе, жалқаяқ.*

ЖАЛҚАҚТА *Жалқаяқтау, жалқаяқ боп ауыру, кеселге ұшырау.*

ЖАЛҚАУ *Мойны жар бермейтін еріншек, бойкүйез.*

ЖАЛҚАУЛАН *Еріншектену, бойкүйездену.*

ЖАЛҚАУЛАУ *Еріншектеу, кежірлеу.*

ЖАЛҚАУЛЫҚ *Еріншектік, бойкүйездік, жайбасарлық.* □ **Жалқаулығы ұстады** — *жұмыс істегісі келмеді, еріпді.* **Жалқаулыққа салынды** — *кежегесі кейін тартты, еріншектік жасады.*

ЖАЛҚАУСЫ *Жұмыс істегісі келмеу, салғыртсу, жалқаулану.*

ЖАЛҚАУЫРАҚ *Жалқаулау, салғыртырақ, еріншектеу, шабанырақ.*

ЖАЛҚАЯҚ *Түр бітімі үрлеп ұшырған сабын көпіршігіне ұқсас шырышты ақ шарбы ішіндегі жалқақ.*

ЖАЛҚАЯҚТА *Денені қанды ірің, сарысу, шырыш басып ауру, кеселге ұшырау.*

ЖАЛҚАЯҚТАН 1. *Көлкілдеп ісіну, шырыштану, жалқылану.* 2. ***Ауысп.*** *Тұтанып қозған жану.*

ЖАЛ-ҚҰЙРЫҚ 1. *Жылқының ұзын әрі қалың өскен жалы мен құйрық қылы.* 2. ***Ауысп.*** *Арқа сүйер тірек, таяныш, туған-туыс, аға-інісі.*

ЖАЛ-ҚҰЙРЫҚСЫЗ 1. *Жал-құйрығы жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Туған-туыс, бауыры, арқа сүйері жоқ, жалғызбас.*

ЖАЛҚЫ I *Біреу ғана, жалғыз, сыңар.* □ **Жалқы есім** ***лингв.*** — *жеке-дара заттардың атауы.*

ЖАЛҚЫ II *Көңілі қайтып жеру, айну.*

ЖАЛҚЫЛА *Жекелеп-даралау, бөлшектеу.*

ЖАЛҚЫЛДА *Ірк-ірк ету, күлтілдеу, ісіп-кебу, ісіну.*

ЖАЛҚЫЛЫҚ *Ешкімі жоқтық, жалғыздық, жалғызбастық.*

ЖАЛҚЫН 1. *Балқытылған металл.* 2. *Алқызыл алау.*

ЖАЛҚЫНДА *Алаулап қызару, жалындау.*

ЖАЛҚЫНДАЙ *Алаулаған жалындай.*

ЖАЛҚЫНДЫ *Алау атқан, жалынды.*

ЖАЛМА 1. *Жалап-жұқтап ашқарақтана жеу, жайпау.* 2. ***Ауысп.*** *Жоқ қылу, құрту, жою.*

ЖАЛМА-ЖАН *Шапшаң, жылдам, лезде.*

ЖАЛМАН *Қармаққа түскен балық шығып кетпеу үшін қайырып жасалған қармақ ұшындағы ілмек.*

ЖАЛМАНДЫ *Жалманы бар, жалман шығарылған.*

ЖАЛМАҢ I *Шайнаған шөпті жұта алмайтын жылқы ауруы.*

ЖАЛМАҢ II *Ауыздықпен алысып тықыршыған, ойнақтаған.* □ **Жалмаң қақты** — а) *ауыздықпен алысты, ырыққа көнбеді;* ә) *жалаң қақты, ашкөзденді.*

ЖАЛМАҢДА 1. *Жалаң-жұлаң етіп ашқарақтану, қомағайлану, ашкөздену.* 2. *Тамақ ішкенде жалақтау.* 3. ***Ауысп.*** *Қанағат қылмау, нысапсыздану.*

ЖАЛМАҢ-ЖАЛМАҢ *Тынымсыз, дамылсыз.*

ЖАЛМАҢҚҰЛАҚ ***бот.*** *Майда жапырақты, сортаңды, сорлы жерде өсетін дәмі ащы шөп.*

ЖАЛМАУЫЗ 1. ***миф.*** *Ертегілерде кездесетін ғажайып нәрсе, тажал (Жезтырнақ, Мыстан кемпір).* 2. ***Ауысп.*** *Қомағай, мешкей.* 3. *Оңбаған, сұм, жексұрын.*

ЖАЛМАУЫЗДАН *Қомағайлану, ашқарақтану, мешкейлену.*

ЖАЛМАУЫЗДЫҚ 1. *Ашқарақтық, тойымсыздық, ашкөздік.* 2. *Қараниеттілік, жауыздық.*

ЖАЛМАУЫҚ *Тойымсыз, ашқарақ, жалмағыш.*

ЖАЛП: жалп етті – а) *жалп-жалп етіп жалпылдады;* ә) *оқыстан құлап түсті;* б) *жинақы емес, қалай-болса солай.* □ **Жалп етіп [беріп] сөнді** – *бірден өшті, сөнді.*

ЖАЛП: жалп-жалп ет – *құстың қанатын сабалап жалпылдауы.*

ЖАЛПАҒЫНАН *Бір жағынан, көлденеңнен, жайпағынан.*

ЖАЛПАҒЫРАҚ *Жалпақтау, жайпақылау.*

ЖАЛПАЙ 1. *Жалпайып кету, жайылу.* 2. ***Ауысп.*** *Семіру, жуандау.*

ЖАЛПАҚ 1. *Ұлан-байтақ жазық, жайпақ, көлемді.* 2. *Көлденеңі аумақты, енді.* 3. *Үлкен, ірі, иықты.* □ **Жалпақ бет** – *үлкен дөңгелек жүзді.* **Жалпақ дүние** – *кең дүние.* □ **Жалпақ ел [жұрт]** – *күллі жұрт, бүкіл халық.* **Жалпақ қақты** – *жалпақтады, жалпаңдады.* **Жалпақ тіл** – *жұрттың бәріне түсінікті, қарапайым сөз.*

ЖАЛПАҚТА I 1. *Асты- үстіне түсіп жалпылдау, жалпаңдау.* 2. *Бәйек болып жағыну, жарамсақтану.*

ЖАЛПАҚТА II *Бір нәрсені соғып жалпайту.*

ЖАЛПАҚТАУ *Жалпақша келген, жалпағырақ.*

ЖАЛПАҚТЫҚ *Бір нәрсенің қалыңдығы, енділік.*

ЖАЛПАҚША *Жалпағырақ, ендірек келген.*

ЖАЛПАҢ *Қошеметшіл, құрметшіл.* □ **Жалпаң қақты** – *құрдай жорғалап, ықпипат көрсетті.*

ЖАЛПАҢДА 1. *Қалбақтау, жаны қалмай жалпаңдау.* 2. *Жалпаң қағу, қошемет көрсетіп жағымпаздану.* 3. *Құстың қанатын жайып жалпылдап ұшуы.*

ЖАЛПАСЫНАН: жалпасынан түсті – *қалпақтай ұшып түсті.*

ЖАЛП-ЖАЛП *Қайта-қайта, әлсін-әлсін.* □ **Жалп-жалп етті [ұшты]** – а) *желбіреді;* ә) *құстар еркін самғап ұша алмады;* б) *бір өшіп, бір жанды.*

ЖАЛП-ЖҰЛП: жалп-жұлп етті – а) *бір сөніп, бір жанды, жалпылдады (от жарық);* ә) *желп-желп етті.*

ЖАЛПИ 1. *Аласару, шөгу, жалпаю.* 2. ***Ауысп., экспр.*** *Былшиып жайыла түсу, жарбию.*

ЖАЛПОШ I *Жағымпаз, жарамсақ.*

ЖАЛПОШ II ***жерг.*** *Атқа жабатын өрнекті, әшекейлі жабу.*

ЖАЛПОШТА I ***жерг.*** *Атты жабулау, жамылғы жабу.*

ЖАЛПОШТА II *Жағымпаздану, жарамсақтану.*

ЖАЛПОШТЫҚ *Жағымпаздық, жарамсақтық.*

ЖАЛПЫ 1. *Барлығына ортақ, жаппай тегіс, түгел.* 2. *Шын мәнінде, тұтас.* 3. *Көпке тиістілік, ортақтық.* □ **Жалпы алғанда** – *барлығын жаппай қамтығанда, айтқанда.* **Жалпыға бірдей** – *көпшілікке ортақ, қатысты.* **Жалпы жиналыс** – *барлық ұжым мүшелеріне арналған мәжіліс.* **Жалпыхалықтық** – *бүкіл халыққа тән, көпшілікке ортақ.*

ЖАЛПЫЛ: жалпыл қақты – *жалпақтап ықылас білдірді, жалпаңдады.*

ЖАЛПЫЛА *Жаппай қамту, жалпыламалау.*

ЖАЛПЫЛАМА *Нақтылы емес, жаппай, тұтастай.*

ЖАЛПЫЛАМАЛАУ *Нақтылы, дәл емес, жалпылау.*

ЖАЛПЫЛАМАЛЫ *Барлығы қорытындылап айтылған, жаппай қамтылған.*

ЖАЛПЫЛАМАЛЫҚ *Бәріне бірдейлік, ортақтық.*

ЖАЛПЫЛАУЫШ ***лингв.*** *Жалпылама, жаппай.*

ЖАЛПЫЛДА 1. *Лаулап жану, лапылдау.* 2. *Жалп-жалп ету.* 3. ***Ауысп.*** *Асты-үстіне түсу, жаны қалмау, бәйек болу.*

ЖАЛПЫЛДАҚ I *Тез тұтанып, жылдам жанатын изен, жусан, қаңбақ сияқты шөп-шалам отын.*

ЖАЛПЫЛДАҚ II 1. *Лап-лап еткен, лапылдаған.* 2. *Жалбыраған, дудырап жайылған.* 3. ***Ауысп.*** *Жалп-жалп еткен, асты-үстіне түсіп жалпаңдаған, бәйек болған.*

ЖАЛПЫЛЫҚ *Көптік, жалпыламалық.*

ЖАЛСЫЗ 1. *Жал бітпеген, жалы жоқ.* 2. *Жал-майы жоқ.* 3. ***Ауысп.*** *Тұрмысы нашар, ауқатсыз, дәулетсіз, күйсіз.*

ЖАЛСЫМАҚ *Жал тәрізді, жалға ұқсас.*

ЖАЛТ: жалт берді – *шұғыл, тайып тұрды, тез жүзін бұрды.* □ **Жалт бұрылды** – *бұрыла қалды, жалт қарады.* **Жалт етті** – а) *қарай қалды;* ә) *жарқ етті, жарқылдады.* **Жалт қарады** – *бет бұрды.* **Жалт ойнады** – а) *жарқ-жұрқ етті, жарқылдады;* ә) *құлпыра түсті, жайнады.*

ЖАЛТАҚ *Қорқақ, жасқаншақ, именшек.*

ЖАЛТАҚ-ЖАЛТАҚ *Жалтаң-жұлтаң, алақ-жұлақ.* □ **Жалтақ-жалтақ етті** – *жалтақтады, жалтаңдады.*

ЖАЛТАҚСЫЗ *Қорқақтамай, жасқаншақтамай, батыл.*

ЖАЛТАҚТА 1. *Бір нәрсеге алаңдап жан-жағына қарай беру.* 2. *Көңілге секем алу, тайсақтау.*

ЖАЛТАҚТАҒЫШ *Секем алғыш, үрейшіл, тайсақтағыш.*

ЖАЛТАҚТАУШЫЛЫҚ *Алаңдаушылық, тартыншақтық, жасқаншақтық, жалтақтаушылық.*

ЖАЛТАҚТЫҚ *Қорқақтық, жасқаншақтық, батылсыздық.*

ЖАЛТАҚШЫЛ *Жалтарғыш, тұрақсыз, қорқақ.*

ЖАЛТАҢ I *Шөп шықпайтын тақыр, тықыр.*

ЖАЛТАҢ II *Жалтақ, жасқаншақ,* □ **Жалтаңкөз** – *жалтақ, тайсақ.* **Жалтаңкөздік** – *жалтақтық, тайсақтық.* **Жалтаң қақты** – *қайта-қайта қарай берді.*

ЖАЛТАҢДА 1. *Жалтақтау, жаутаңдау, жәудіреу.* 2. *Жасқаншақтау, жалтаңдау.* 3. ***Ауысп.*** *Бағынышты тәуелді болу.*

ЖАЛТАҢДЫҚ *Қорқақтық, жасқаншақтық.*

ЖАЛТАҢ-ЖАЛТАҢ *Жалтақ-жалтақ, елең-елең.*

ЖАЛТАҢСЫЗ *Жалтақсыз, қорқынышсыз.*

ЖАЛТАҢШЫЛ *Үрейшіл, қорқақ.*

ЖАЛТАР 1. *Жалт беріп қашу, бұлтару.* 2. *Алғашқы пікірден тану, қашқақтау.*

ЖАЛТАРҒЫШ 1. *Әдіской, епті, айлакер, бұлтарғыш.* 2. ***Ауысп.*** *Сенімсіз, тайсақ, бұлтарма.*

ЖАЛТАРҒЫШТЫҚ *Бұлтарғыштық, айлакерлік, ептілік, әдіскойлық.*

ЖАЛТАРМА 1. *Бұрылма, бұралаң, бұрылыс, бұлтарма.* 2. *Жалт беретін, тайып кететін, бүкпелі.*

ЖАЛТАРТ 1. ***өзг. етіс*** *Жалтар-т.* 2. *Басқа жаққа бұлтарту, бұрып әкету.*

ЖАЛТАРЫС *Айла-құлық, бұлтарыс.*

ЖАЛТ-ЖАЛТ: жалт-жалт етті – а) *жалтылдап, жарқ-жұрқ етті.* ә) *жалт-жұлт етіп жайнады, нұрланды, от шашты.*

ЖАЛТ-ЖҰЛТ: жалт-жұлт етті – *жарқылдап сәуле шашты, жылт-жылт етті.*

ЖАЛТЫЛ *Жалт-жұлт еткен көрініс, жарқыл.*

ЖАЛТЫЛДА 1. *Көзді шағылыстыра жарқылдау, жалтырау.* 2. *Жарқырау, жалт-жұлт ету.*

ЖАЛТЫЛДАҚ 1. *Жарқылдақ, жалт-жұлт еткен, жарқылдаған, жалтырауық.* 2. ***Ауысп.*** *Әдемі, әсерлі, бояулы.*

ЖАЛТЫР *Жарқыраған, жалтыраған, жылтыр.* □ **Жалтыр мұз** – *айнадай жалтыраған, жып-жылтыр мұз.*

ЖАЛТЫРА *Жалт-жұлт ету, жарқырау.*

ЖАЛТЫРАҚ 1. *Жарқ-жұрқ еткен, жарқырақ, жалтыраған, жылтырақ.* 2. ***Ауысп.*** *Мағынасыз, мәнсіз, жылтыр.* 3. *Сұйық, берекесіз, тиянақсыз.*

ЖАЛТЫРАУЫҚ 1. *Жалт-жұлт еткен, жарқырауық.* 2. ***Ауысп.*** *Сырты әдемі, жақсы киінген.* 3. *Берекесіз, пәтуасыз.*

ЖАЛТЫРБОЗ *Құмды жерде өсетін келіншекбоз, тарақбоз тәрізді шөптердің бір түрі.*

ЖАЛТЫР-ЖҰЛТЫР *Жалт-жұлт, жарқ-жұрқ.*

ЖАЛТЫРЛАУ *Жалтырауық, жалтырағыш.*

ЖАЛТАРМА 1. *Бұрылмалы, бұлтармалы, бұралаң, бұрылысты, айналмалы.* 2. ***Ауысп.*** *Тұрақсыз, табансыз, тиянақсыз.*

ЖАЛТАРМАЛАП *Тайқақтап кету, бұлталақтап қашқақтау.*

ЖАЛТАРМАЛЫ *Ауыспалы, айнымалы, айналмалы, құбылмалы, бұлтармасы көп.*

ЖАЛТАРЫМПАЗ *Жалтарғыш, бұлтарғыш.*

ЖАЛТАРЫС 1. *Бұлтарыс, қалтарыс, айналыс.* 2. ***Ауысп.*** *Қулық, әдіс-айла.*

ЖАЛТАРЫССЫЗ *Жалтарысы, бұлтарысы жоқ, қалтарыссыз, әдіс-айласыз, тайсақтаусыз, қулығы жоқ.*

ЖАЛТ-ЖАЛТ: жалт-жалт етті — *а) жарқ-жұрқ етті; ә) от шашты, жайнады.* □ **Жалт-жалт қарады** — *а) жалтаң-жалтаң етті, жалтақтады; ә) жаутаң-жаутаң етті, жаутаңдады.*

ЖАМАҒАТ *Аздаған жақындық, алыс туыстық.*

ЖАМАЛ ***поэт.*** *Ажар, көрік, келбет.*

ЖАМАН 1. *Сапасы төмен, жақсы емес, әсіре нашар.* 2. *Жағымсыз, ұнамсыз, кейіпсіз.* 3. *Өте, қатты.* 4. ***Ауысп.*** *Әбден, нәреste, бала.* □ **Жаман ауру** ***эвф.*** — *рак ауруының халық арасындағы аты.*

ЖАМАНАТ *Жағымсыз, жайсыз, жаман хабар.*

ЖАМАНАТТЫ: жаманатты болды — *босқа ұятқа қалды, жаман атқа қалды.*

ЖАМАНДА *Біреуді сыртынан даттау, өсектеу.*

ЖАМАНДАТ *Жылқыда болатын жұқпалы індет.*

ЖАМАНДАТҚЫР ***қарғ.*** *Жамандат ауруына шалыққыр.*

ЖАМАНДЫ-ЖАҚСЫЛЫ *Жаманы да, жақсысы да бар, жақсылы-жаманды.*

ЖАМАНДЫҚ 1. *Жағымсыз іс, оқиға, зұлымдық, қастық, жауыздық.* 2. *Жағымсыз жаман хабар.*

ЖАМАНДЫҚСЫЗ *Қастықсыз, жауыздықсыз, зұлымдықсыз.*

ЖАМАН-ЖӘУТІК 1. *Ескі-құсқы, жаман-жұман,* ***көне*** 2. *Арық-тұрық, нашар.*

ЖАМАН-ЖҰМАН *Ескі-құсқы, тозығы жеткен, нашар.*

ЖАМАНҚҰЛАҚ ***бот.*** *Сортаң жерлерде өсетін малазықтық, бұталы ащы өсімдік.*

ЖАМАНСЫН *Жаман деп санау, менсінбеу.*

ЖАМАНШЫЛЫҚ *Жамандық, қырсыздық, ұнамсыз іс-әрекет.*

ЖАМАНЫРАҚ *Нашарырақ, ескірек, жамандау, тәуір емес.*

ЖАМАП-ЖАСҚА *Тозығы жеткен, қираған ескі затты жамап бүтіндеу, түзеу.*

ЖАМАУ *Жыртылған, сынған затты бүтіндеу үшін жамалатын, жапсырылатын бір жапырақ материал (темір, қаңылтыр, ағаш, мата).*

ЖАМАУ-ЖАМАУ *Жамалған, әр жерден жамау түскен, шоқпыт-шоқпыт.*

ЖАМАУҚАТ ***бот.*** *Дала жемісі, жидек.*

ЖАМАУЛА *Жамап-жасқау, ескі-құсқыны бүтіндеу.*

ЖАМАУЛЫ *Жамауы бар, жамауы көп.*

ЖАМАУЛЫҚ *Жыртықты бүтіндеуге қажетті материал.*

ЖАМАУСЫЗ *Жамалмаған, жамауы жоқ.*

ЖАМАУШЫ *Ескі-құсқы жыртықты жамайтын, сынған, бүлінген затты шегенделп бүтіндейтін шебер.*

ЖАМБАЙЛА *Жанамалау, қабаттасу, қатарласу.*

ЖАМБАС 1. *Пісірген соң құрметті қонаққа тартатын ірі не ұсақ малдың сыйлы сан сүйегі.* 2. *Жан-жануарлардың саны, сан еті.* □ **Жамбасқа салу** – *күрес ойынының әдісі.* □ **Жамбасы жерге тиді** – *өлген адамды жерледі, қойды.* **Жамбасы жерге тимеген** – *жеңілмеген, атақты балуан.*

ЖАМБАСАҚЫ *Қонған, түнеген орынға төленетін ақшалай ақы.*

ЖАМБАСТА *Бір жақ қырынан қисаю, жантая жату.*

ЖАМБЫ 1. ***көне*** *Әртүрлі формада (тай, тайынша, қой тұғындай) құйылған, салмағы әрқалай ақша орнына жүрген таза, сом күміс.* 2. *Ойынтойларда мергендер атып түсіру үшін тігілетін сом күміс не қымбат металл.* □ **Жамбы атты** – *биік баганадағы жамбыны ат үстінен мергендікпен ататын спорт ойыны.* **Жамбы ілу** ***этн.*** – *атпен шауып келе жатып, жерден жамбыны алып кету.*

ЖАМБЫДАЙ *Жамбы тәрізді аса қымбат.*

ЖАМБЫЛ I *Кентті, қаланы айнала төңірек қоршаған қорған, бекініс.*

ЖАМБЫЛ II ***бот.*** *Шымқай қоңыр түсті гүл.*

ЖАМБЫЛДА *Әдемілеп әшекейлеу, сәндеу, қоргандау.*

ЖАМБЫЛША *Қауынның ертерек, тез пісетін сортының бірі.*

ЖАМИҒЫ *Бүкіл, барлық, күллі, жамағат.*

ЖАМПАЙЛА ***жерг.*** *Бір нәрсені төңіректеп жағалау.*

ЖАМПАҢ: **жампаң қақты [етті]** – *асты-үстіне түсті, жалпақтады, жағымпазданды, жарамсақтанды.*

ЖАМПАҢДА 1. *Тез-тез шайнаңдау.* 2. *Біреуге қошемет көрсетіп жалпылдау, асты-үстіне түсу, жалпаңдау.*

ЖАМПОЗ 1. *Нар мен айыр түйенің будандасуынан туған асылтұқымды түйе.* 2. ***Ауысп.*** *Жігіттің төресі, асылы.*

ЖАМПОЗДАН *Жалбақтап жаны қалмау, тырысу.*

ЖАМПОЗДЫҚ *Қошеметтеп жалпақтаушылық.*

ЖАМСА 1. *Жаппай қырылу, жусап қалу.* 2. *Жапырылып жатып қалу.* 3. *Көп болып қаптау.*

ЖАМСАҚТАН *Жағымпаздану, жарамсақтану.*

ЖАМШЫ ***көне*** *Жапқыш, жамылғы.*

ЖАМШЫДАЙ *Жамшы тәрізді, жабудай.*

ЖАМШЫЛА *Тасалау, көлегейлеу, көлбеңдеу.*

ЖАМЫҒА *Жаппай, сыпыра, бәрі жапырлай.*

ЖАМЫҚ *Қамығу, қапалану, мұңаю.*

ЖАМЫЛ 1. *Үстіне жамылу, орану.* 2. *Иыққа желбегей жабу, бүркену.* 3. ***Ауысп.*** *Айналаны тұтас қаптап жату, торлау.*

ЖАМЫЛҒЫ 1. *Төсекжапқыш, үстел бетіне жабатын жамылғыш.* 2. *Сыртқы қабық, қабыршақ.* 3. ***Ауысп.*** *Қорғаныш, пана.* □ **Жамылғы етті** – *желеу қылды, сылтауратты.*

ЖАМЫЛҒЫЛА *Жамыла-жамыла, бүркемелеу.*

ЖАМЫЛҒЫШ 1. *Бірдеңенің бетіне жабылатын зат, жапқыш, жамылғы.* 2. *Бір нәрсенің сыртқы қабаты, бетіндегі қабыршағы, жамылғы.* 3. ***Ауысп.*** *Бетке ұстау, бетперде.*

ЖАМЫЛТҚЫЛА *Жасыру, бүркемелеу.*

ЖАМЫЛУЛЫ: **қара жамылулы** – *қайғылы, қасіретті.*

ЖАМЫЛШЫЛА *Жабыңқырау, жамылыңқырау, бүркемелеу.*

ЖАМЫЛЫШСЫЗ *Бүркеуішсіз, жамылғысыз, бүркенішсіз.*

ЖАМЫРА 1. *Жас төлдердің өрістен қайтқан енелеріне маңырай жүгіріп келіп, жармасып емуі.* 2. ***Ауысп.*** *Жапатармағай, бәрі бірдей.*

ЖАМЫРАМА *Шашыраңқы, бытыраңқы.*

ЖАМЫРАНДЫ *Жамырап шыққан, сөйлеген сөз.*

ЖАМЫРАУЫҚ *Жамырай бергіш.*

ЖАН I 1. *Жан-жануарларға тіршілік беретін рух, өмір.* 2. *Адамның ішкі сарайы, ой-санасы.* 3. ***Ауысп.*** *Қадірлеу, құрметтеу ретінде айтылатын сөз.* **Жан азабын тартты** – *қатты қиналды.* **Жан алды** – *тірі қалдырмады, өлтірді.* **Жаналқымға алды** – *мұршасын келтірмеді, тықсырды.* **Жаналқымға таянды [кетті, тақалды, тірелді, тығылды]** – *қысылтаяңға кездесті, тықыр таянды.* **Жан дәрмен** – *жанталас, арпалыс.* **Жан дегенде жалғыз** – *ең жақын, адал, сенімді.* **Жан жүйесін босатты** – *сезімі толқыды, көңілін тербеді.* **Жан күйттеді** – *жан бақты, жанын күтті.* **Жан кірді** – а) *тірілді, есін жиды;* ә) *құлпырды, жайнады;* б) *риза болды, сүйсінді.* **Жанын қиды** – *жанын пида етті.* **Жаны төзбеді** – *жақтырмады, ұнатпады.* **Жаны түршікті** – *аза бойы тік тұрды, шошыды.* **Жаны тынды** – *көңілі орнына түсті.* **Жаны ұстараның жүзінде тұр** – *жаны өлім аузында.* **Жаны шошыды** – *зәресі ұшты, қорықты.* **Жаны шығып кетті** – *шыдай алмай қатты қорықты.* **Жаны шықсын** – *өлмесе өме қатсын.* **Жаны шықты** – а) *дәмі таусылды, өлді;* ә) *шамына тиді, ашуланды.*

ЖАН II 1. *Адам, кісі.* 2. *Тірі адам, пенде.* □ **Жан басына** – *әр адамға, кісі басына.* □ **Жан біткенді** – *бірін қалдырмай түгел, тегіс.* **Жаннан асқан** – *өзгеден ерекше, өзгеше.*

ЖАН III *Бүйір, бір жақ, қасы.*

ЖАН IV 1. *Отқа күю, өртену.* 2. *Лаулап жану, маздау.* 3. ***Ауысп.*** *Жайнап құлпыру, жарқырау.* 4. *Қайғыдан күйіп-жану, қасірет шегу.* □ **Жанып кетті** – а) *гүл-гүл жайнап, құлпыра түсті;* ә) *күйіп кетті.* **Жанып тұр** – *күйіп тұрған ыстық.*

ЖАНА I 1. *Сегіз жасар бүркіт.* 2. *Ең құрметті, тамаша адам.*

ЖАНА II *Қатарласа жүру, жанасу.* □ **Жанап [өтті] кетті** – *жақындап келді, жуысты.*

ЖАНАЗА ***діни*** *Өлген адамды жерлеу алдында оқылатын дұға.* □ **Жаназа [шығарды] оқыды** – *өлген адамға арнап Құран оқыды.*

ЖАНАЗАЛА *Жаназасын шығару, Құран оқыту.*

ЖАНАЗАЛЫ *Жаназасы оқылған.*

ЖАНАЗАШЫ *Жаназа оқушы, шығарушы адам.*

ЖАНАЗАСЫЗ *Жаназасы оқылмаған, Құран оқымаған, дұғасыз.*

ЖАНАМА *Қосымша, қосалқы, үстеме.*

ЖАНАМАЙЛА *Тасалау, жанамалау, төңіректеу.*

ЖАНАМАЛА 1. *Жағалау, жиектеу, жуықтау.* 2. *Жақындата айту, тұспалдау, жақаурату.* 3. *Қосалқылап қосымшалау, жақындату, қосарлану.*

ЖАНАМАЛЫ *Қосымшалы, үстемелі.*

ЖАНАМАСЫЗ *Қосалқысыз, қосымшасыз, үстемесіз.*

ЖАНАН ***жерг.*** *Үлкен кесе.*

ЖАНАП 1. *Төңірек, маңай, қасы, қатары.* 2. *Дидар, кескін, келбет.*

ЖАНАПАЙЛА 1. *Жанамайла.* 2. *Қосақталу, қосарлану.*

ЖАНАР 1. *Көз, көздің нұры, қарашық.* 2. *Күннің жарық нұры, сәулесі.* □ **Жанартас** – *қараңғыда сәуле шашып тұратын химиялық элемент, фосфор.*

ЖАНАРГҮЛ ***бот.*** *Ботаника ғылымында латынша coronaria деп аталатын, көктемде гүлдейтін ашықсары түсті өсімдік.*

ЖАНАРҒЫ *Газ, я жанар маймен от алатын арнаулы қыздырғыш құрал, оттық аспап.*

ЖАНАРДАЙ *Жанар тәрізді, көздің нұрындай.*

ЖАНАРЛАН 1. *Көздің нұрлана жайнауы, нұр шашуы.* 2. *Жарқырау, құлпыру.*

ЖАНАРЛЫ *Көз жанары үлкен, отты.*

ЖАНАРМАЙ ***тех.*** *Түрлі көліктерді жүргізуге пайдаланылатын техникалық (бензин, керосин т. б.) сұйық май.*

ЖАНАРСЫЗ *Көзінің жанары жоқ, жалынсыз, отсыз.*

ЖАНАРТАУ *Жер астынан дүркін-дүркін отты сұйық заттар атқылайтын жер.*

ЖАНАС 1. *Жақындау, жуысу, таяу келу.* 2. *Біреумен тығыз байланыс жасасу, қатынаста болу.* 3. *Мал төлінің байлаулы тұрған енесін емуі.*

ЖАНАСАЛА *Қабаттасу, жанамалау.*

ЖАНАСҚЫШ *Жақындағыш, жуықтағыш.*

ЖАНАСЫМ *Икем, бейім.*

ЖАНАСЫМДЫ *Үйлесімді, бейімді, икемді, ыңғайлы.*

ЖАНАСЫМДЫРАҚ *Лайығырақ, ыңғайлырақ, бейімдірек, икемдірек.*

ЖАНАСЫМПАЗ *Үйірсек, бейімдеу, жанасқыш.*

ЖАНАСЫМСЫЗ *Икемсіз, бейімі жоқ.*

ЖАНАТ I *Жұмсақ жүндес, терісі қымбат бағалы аң және сол аңның терісінен тігілген киім.*

ЖАНАТ II *Қабығын аршымай орып алған күйінде қора қалауға пайдаланылатын ши.*

ЖАНАТТА *Сырткиімінің жағасына, жеңіне жанат терісін сап жайнату, құлпырту, сәндеу.*

ЖАНАТТАЙ *Жанат тәрізді жайнаған, құлпырған.*

ЖАНАТТЫ *Жайнаған, құлпырған.*

ЖАНАУЫЗ *Өгіздің мойнын жармаға бекітіп тұратын ағаш.*

ЖАНАШЫР 1. *Үнемі қамқорлық ететін туыс, ет жақын адам.* 2. *Қорғаушы, қамқоршы, жақтаушы.*

ЖАНАШЫРЛЫҚ *Ниеттестік, тілектестік, қамқорлық, ет жақындық.*

ЖАНҒЫШ *От алғыш.*

ЖАНҒЫШТЫҚ *Тез жана бергіштік, тұтанғыштық.*

ЖАНДА ***көне*** *Қадағалау, қарау, қызмет жасау, күту.*

ЖАНДАЙ *Кісі тәрізді, адамдай.*

ЖАНДАЙШАП *Біреудің сөзін сөйлеп, сойылын соғушы, қолшоқпары.*

ЖАНДАЙШАПТА *Жанамалап, қатарласа шабу.*

ЖАНДАЙШАПТЫҚ *Біреудің сөзін сөйлеушілік, сойылын соғушылық, қолшоқпары болушылық.*

ЖАНДАМА: 1. **Жандама мүше** – *жанама, қосымша мүше.* 2. *Өлген кісіні жерлейтін қабірдің бір түрі.*

ЖАНДАН 1. *Жан біту, тірілу.* 2. ***Ауысп.*** *Дамып қыза түсу, удеу.* 3. *Түрлене құлпыру, жайнау.* 4. *Жақсару, жетілу.*

ЖАНДАРАЛ ***көне*** *Патша кезіндегі полиция қызметкерлеріне берілетін атақ, лауазым.*

ЖАНДАС 1. *Жақындасу, сыбайласу, достасу.* 2. *Бетпе-бет келіп алысу, соғысу, жауласу.* 3. *Жақындап жанамаласу, қатарласу.*

ЖАНДАТПА ***жерг.*** *Құлама жар.*

ЖАНДАУ *Таудың етегі, бөктері.*

ЖАНДЫ 1. *Жаны бар, тірі.* 2. *Негізді, жөні бар.* 3. *Аса құнды, маңызды.* 4. *Бір нәрсеге өте берілген, әуес, құмар.* □ **Жанды жер** – а) *талма жер;* ә) *арұятқа, намысқа тиетін, көңілге келетін сөз.* **Жанды жара** – *ауыр қасірет.*

ЖАНДЫ-ЖАҚТЫ *Үбірлі-шүбірлі, көп ағайынды, өрісі кең.*

ЖАНДЫ-ЖАНСЫЗ *Жаны бар да, жаны жоқ та, баршасы, күллісі.*

ЖАНДЫҚ ***жерг.*** *Үсақ мал, қой-ешкі.*

ЖАНДЫЛЫҚ *Жаны барлық.*

ЖАНДЫРҒЫШ *От алдырғыш, тұтандырғыш.*

ЖАНДЫРМА ***жерг.*** *Майсыз қарып пісіретін жұқа нан.*

ЖАН-ДІЛІ ***жерг.*** *Жаны-тәні, жан дүние.*

ЖАН-ДІЛІМЕН ***жерг.*** *Жан-тәнімен, жан дүниесімен.*

ЖАН-ЖАҚ *Маңай, төңірек, айнала.*

ЖАН-ЖАҚТАҒЫ *Төңіректегі, маңайдағы.*

ЖАН-ЖАҚТАН *Түс-түстан, әр тараптан.*

ЖАН-ЖАҚТАП *Түс-түстан қауымдап, тарам-тарам болып.*

ЖАН-ЖАҚТЫ *Әржақты, терең, толық, тұтас.* □ **Жан-жақты адам** – *әр саладан мол хабары бар, білгір кісі.*

ЖАН-ЖАҚТЫЛЫҚ *Әртараптылық, тереңділік, білімділік.*

ЖАНЖАЛ *Ұрыс-керіс, шатақ, дау, бөле.* □ **Жанжал салды [қылды]** — *шатақ шығарды, ерегіс туғызды.*

ЖАНЖАЛДАС *Бір-бірімен дауласу, шатақтасу, ұрысып-керісу.*

ЖАНЖАЛДЫ *Дау-дамайы мол, шатағы көп, ұрысшыл, шатаққұмар.*

ЖАНЖАЛҚОЙ *Шатаққұмар, жанжалшыл, даукес.*

ЖАНЖАЛСЫЗ *Шатақсыз, ұрыссыз, дау-дамайсыз.*

ЖАНЖАЛШЫЛ *Жанжалқой, шатақшыл, жанжалқұмар, даукес.*

ЖАНЖАЛШЫЛДЫҚ *Жанжалқойлық, жанжалқұмарлық, даукестік.*

ЖАН-ЖАНДАН *Жанына жан қосылу; адам басы көбею.*

ЖАН-ЖАНУАР *Адамнан басқа күллі мақұлықтар, тірі хайуанаттар.*

ЖАН-ЖӘНДІК *Бүкіл жанды-жансыз, барлық, күллі тіршілік атаулы.*

ЖАН-ЖҮЙЕ *Адамзаттың сезім жүйесі, бүкіл дене.* □ **Жан-жүйесін босатты** — *көңілді толқытты, сүйіндірді.*

ЖАНКЕНІТІ *Өлген-тірілгеніне қарамайтын, жанын аямайтын, еңбекқор.*

ЖАНКЕШТІЛІК *Аянбаушылық, өлген-тірілгеніне қарамаушылық, еңбекқорлық.*

ЖАНКҮЙЕР I *Жанашыр, қамқор туыс.*

ЖАНКҮЙЕР II ***спорт*** *Жақтаушы, қолдаушы.*

ЖАНҚИЯР *Жанын аямайтын, жан беруге дайын, батыл, жүректі, сержүрек.*

ЖАНҚИЯРЛЫҚ *Батылдық, берілгендік, ержүректік.*

ЖАН-ҚҰТЫ: жан-құты қалмады — *жан-тәнімен кірісті, аянбады.*

ЖАННАМ: жаны жаннамға кетті – *о дүниеге кетті, өлді.*

ЖАННАТ 1. ***діни*** *Жұмақ, бейіш.* 2. ***Ауысп.*** *Рақат, керемет.*

ЖАННАТТАЙ *Құлпырған, гүлденген, пейіштей.*

ЖАНР ***әдеб.*** *Әдеби шығарманың белгілі бір түрі.*

ЖАНРЛЫ ***әдеб.*** *Әртүрлі, көпсалалы.*

ЖАНРЛЫҚ *Жанрға қатысты, жанрға тән.*

ЖАНСАР *Шала, мардымсыз, болмашы, әлсіз.*

ЖАНСАРЛАУ *Нашарлау, әлжуаздау, әлсіздеу.*

ЖАНСЕБІЛ *Көнбіс, төзімді, шыдамды.*

ЖАНСЕБІЛДЕ *Шыдаңқырау, төзіңкіреу, көндігу.*

ЖАНСЕБІЛДІК *Көнбістік, төзімділік, шыдамдылық.*

ЖАНСЫЗ I 1. *Өмірі біткен, өлген, тірі емес.* 2. *Көзінің нұры, жанары тайған.* 3. *Құлазыған, мылқау, меңіреу.* 4. *Жаны жоқ.* 5. *Мәнсіз, мағынасыз.* 6. *Өлген-тірілгенді білмейтін мықты, төзімді.*

ЖАНСЫЗ II *Жау арасында жүріп, тың тыңдайтын адам, тыңшы.*

ЖАНСЫЗДАН *Жаны кетіп, қимылсыз қалу.*

ЖАНСЫЗДАУ *Жасандылау, мәнсіздеу.*

ЖАНСЫЗДЫҚ I *Жаны жоқтық, қозғалыссыз қалғандық.*

ЖАНСЫЗДЫҚ II *Жасырын әрекет, тыңшылық.*

ЖАНСЫН *Жақсы адам болғансу, жақсы көріну.*

ЖАНСЫРА *Қуаты кему, әлсіреу, әлі кету.*

ЖАНТАЙ *Жамбастап бір жақ қырына жату, қисаю.*

ЖАНТАЙЛА *Ұзап кете алмау, айналсоқтау.*

ЖАНТАЙМА *Таудың, шоқы, төбенің құлама жағы, қия қабағы.*

ЖАНТАҚ *Шөлейтте өсетін, көбіне түйе жейтін тікенекті өсімдік.*

ЖАНТАҚТЫ *Жантағы мол өсетін, жантағы көп.*

ЖАНТАЛАС 1. *Арпалысу, аласұру.* 2. ***Ауысп.*** *Әбігер болу, жанын салып тырысу.* 3. *Асығыс-үсігіс, қауырт, қарбаласу, жан-тәнімен кірісу, тез асығу.*

ЖАНТАҢДА *Бір жақ жамбасымен қираңдап жүру, қиралаң-қиралаң етіп жүру.*

ЖАН-ТӘНІ *Шын ықылас, ынта-ниет.* □ **Жан-тәнін салды** – *бар күшін жұмсады, аянбады.*

ЖАН-ТӘНІМЕН *Шын ниетімен, бар ынта-ықыласымен.*

ЖАНТЫҚ I *Адамдардың арақатысын бұзатын екіжүзді, жымысқы, әзәзіл.*

ЖАНТЫҚ II *Бір жағына қарай жапырайған, қисық.*

ЖАНТЫҚША *Жантық тәрізді, опасыз.*

ЖАНУАР 1. *Хайуанат, мал, аң.* 2. *Үй малдарын сыйлап, қадірлей атауда айтылатын сөз.*

ЖАНУЛЫ *Жанған күйі, жаққан қалпы, өшпеген.*

ЖАНУЫШ 1. *Құрал-сайманды қайрайтын, жанитын зат, қайрақ.* 2. ***Ауысп.*** *Қуат беруші, жігерлендіруші.*

ЖАНУЫШТАЙ *Жануыш тәрізді, қайрақтай.*

ЖАНША *Адам сияқты, адамша, кісіше.*

ЖАНШЫ 1. *Мыжғылау, езу, жаншу, жаныштау.* 2. *Құрғақ затқа басқа сұйық зат қосып араластыру, шылау.* 3. *Еңсесін көтертпеу, басып тастау, қысым көрсету.* 4. ***Ауысп.*** *Күшпен жеңіп бағындыру, таптау, езу.*

ЖАНЫ I 1. *Құрал-сайманның жүзін қайрау, өткірлеу.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуді біреуге айдап салу, өшіктіру.* 3. *Жігерлендіру, құптап қолдау, қайрау.*

ЖАНЫ II *Бір нәрсенің қасы, маңы, түсы.*

ЖАНЫҒЫШ *Құрал-сайманды жаныпөткірлейтін қайрақ.*

ЖАНЫҚ *Өзеуреу, өршелену, қызбалану, жанып түсу.*

ЖАНЫМ ***экспр.*** *Балаға не жас адамға еркелету мәнінде айтылатын сөз.*

ЖАНЫНДА I 1. *Қасында, маңында, түсында.* 2. ***Ауысп.*** *Жанқалтасында, қойын қапшығында.*

ЖАНЫНДА II *Салыстырып қарағанда, салыстырғанда.*

ЖАНЫНДАЙ: **жанындай жақсы көрді** – *өте жақсы көрді.*

ЖАНЫП-ЖАНЫП *Құрал-сайманды қайраққа әрі-бері сүйкеп-сүйкеп алу.*

ЖАНЫШҚЫЛА 1. *Қайта-қайта жаншу, мыжғылай түсу.* 2. ***Ауысп.*** *Адамды езіп, еңбекті қанау.*

ЖАНЫШПАЛЫ *Жанышпасы бар, жаншулы, мыжғыланған.*

ЖАНЫШТА 1. *Мыж-мыжын шығару, таптау, жанышқылау.* 2. *Жауды, дұшпанды басып таптау, күйрету.*

ЖАНЫШТАҒЫШ *Талқандағыш, мыжғылағыш, майдалағыш, құрал.*

ЖАҢА I 1. *Өңі түспеген, бұрын ұсталмаған.* 2. *Жуырда, жуықта, таяуда.* 3. *Тың, соны.* □ **Жаңа ай** – *жаңа айдың басы, жаңа туған ай.*

ЖАҢА II *Қазір, әлгінде.*

ЖАҢАҒЫ *Әлгі, қазіргі, әлгіндегі.*

ЖАҢАДА *Жақында, таяу уақытта.*

ЖАҢАДАН 1. *Тағы да, тағы.* 2. *Таяуда, жуырда, соңғы кезде, кейіннен.*

ЖАҢА-ЖАҢА *Енді ғана, енді-енді.*

ЖАҢАҚЫЗЫЛ *Қаракүйе баспайтын, кешірек жетілетін күшті бидай.*

ЖАҢАЛА *Бұрынғыны ауыстырып өзгерту, жаңарту, жаңғырту.*

ЖАҢАЛАҒЫШ *Жаңалай бергіш, өзгерткіш.*

ЖАҢАЛАУ *Жаңарақ, ескі емес, өңі түспеген.*

ЖАҢАЛЫҚ 1. *Қоғам не адам өміріндегі өзгеріс.* 2. *Ғылымда ойлап тапқан тың пікір, жаңа теория.* □ **Жаңалық ашты [енгізді, кіргізді]** – *жаңалық тапты, өндіріске жаңа идея енгізді.*

ЖАҢАЛЫҚСЫЗ *Жаңалығы жоқ, өзгеріссіз.*

ЖАҢАЛЫҚШЫЛ *Жаңалық пен ерекшелікке құмар, жаңалыққа бай.*

ЖАҢАР 1. *Көркею, өркендеп даму.* 2. *Бір нәрсені бұрынғы қалпынан қайтадан өзгерту.*

ЖАҢАРТҚЫШ *Өзгерткіш, құбылтқыш.*

ЖАҢАРТУШЫ *Өзгертуші, жаңалық әкелуші.*

ЖАҢАРЫС *Өзгеріс кіру, жаңалану.*

ЖАҢАША *Жаңа жолмен, басқаша.*

ЖАҢАШАЛА *Жаңа жолмен, жаңаша көзқараспен.*

ЖАҢАШЫЛ *Өндірісте, өнеркәсіпте, ғылымда тың идея ұсынып, үлкен жаңалық ашушы адам.*

ЖАҢАШЫЛДЫҚ *Жаңалық ашушылық, табушылық.*

ЖАҢБЫР *Аспаннан су тамшылары түрінде жерге түсетін атмосфералық ылғал, жауын-шашын.*

ЖАҢБЫРДАЙ: **жаңбырдай жауды** *үсті-үстіне төпеді, бұрқады.*

ЖАҢБЫРЛА *Жауын жауу, жаңбыр құю.*

ЖАҢБЫРЛАТҚЫШ *Суды жаңбырша жаудырып бүркуші, су шашқыш аппарат.*

ЖАҢБЫРЛЫ *Жаңбыры мол, нөсерлі, жаңбыр жауған.*

ЖАҢБЫРЛЫҚ I *Жаңбырдан қорғайтын, әрі қалың, әрі тығыз матадан тігілген сырткиім, сулық.*

ЖАҢБЫРЛЫҚ II *Жылқының сауырындағы ойыстау түсы, суағары.*

ЖАҢБЫРСЫЗ *Жаңбыры жоқ.*

ЖАҢҒАҚ *Жеміс ағашы және сол ағашқа шығатын сыртқы қабыршағы қатты жеміс.*

ЖАҢҒАҚТАЙ *Жаңғақ тәрізді, қатты, мықты.*

ЖАҢҒАҚТЫ *Жаңғағы бар, көп өскен.*

ЖАҢҒАҚША *Жапырағының ұзындығы 6-12 см, гүлі дара жыныссыз жеміс ағашы.*

ЖАҢҒАЛАҚ *Әңгүдік, ұмытшақ, алаңғасар, жеңілтек.*

ЖАҢҒАЛАҚТА 1. *Әңгүдіктену, жеңілтектену.*

ЖАҢҒАЛАҚТЫҚ *Әңгүдіктік, алаңғасарлық, жеңілтектік.*

ЖАҢҒЫР I *Жаңару, өзгеру.*

ЖАҢҒЫР II 1. *Дауыс, үннің күмбірлеп қайталанып шығуы.* 2. *Өзгеру, құбылу.*

ЖАҢҒЫРТҚЫШ *Өзгерткіш, құбылтқыш тетік.*

ЖАҢҒЫРЫҚ I 1. *Дауыстың, дыбыстың күмбірлеп екінші жерде қайталап естілуі.* 2. ***Ауысп.*** *Жараның, басқа да нәрсенің қайталануы, жаңаруы.*

ЖАҢҒЫРЫҚ II *Отын т. б. заттарды шапқанда оның астына қоятын дөңгелек ағаш.*

ЖАҢҒЫШАҚ *Жарғышақ, бомба, снаряд, ағаш т. б. заттардан бөлініп түскен сынықтар.*

ЖАҢҚА *Ағаш шапқанда, жарғанда ұшып түсетін ірілі-уақты жұқа шабындылар.*

ЖАҢҚАЛА *Ағашты т. б. нәрселерді майдалап, уақтап шабу, жаңқа түсіру.*

ЖАҢҚАША *Жаңқа сияқты етіп.*

ЖАҢСА *Балықтың жон еті.*

ЖАҢСАҚ *Теріс, жалған, қате, ұшқары.* □ **Жаңсақ [кетті] басты** – *дұрыс істемеді, теріс жасады, қателесті.*

ЖАҢСАҚТА *Қателесу, жаңылысу.*

ЖАҢСАҚТАУ *Жаңылыстау, ұшқарылау, ағаттау.*

ЖАҢСАҚТЫҚ *Ағаттық, қателік, ұшқарылық, жалғандық, терістік.*

ЖАҢЫЛ 1. *Қателесу, шатасу, жаңылысу.* 2. *Дұрыс істемеу, кінәлі болу.*

ЖАҢЫЛҒЫШ *Жаңыла бергіш, қателескіш, жаңғалақ.*

ЖАҢЫЛҒЫШТЫҚ *Жаңылғыштық, жаңғалақтылық.*

ЖАҢЫЛШАҚ *Көп жаңыла бергіш, қателескіш, жаңғалақ.*

ЖАҢЫЛТҚЫШ *Жаңылдыра бергіш.*

ЖАҢЫЛТПАШ 1. *Балалардың тілін жаттықтыру үшін құрылған бір шумақ тез айтатын жылдам сөз, шапшаң сөз.* 2. ***Ауысп.*** *Түсініксіздеу, көмескілеу, анық емес.*

ЖАҢЫЛУШЫЛЫҚ *Жаңылып кетушілік.*

ЖАҢЫЛЫС *Жаңсақ, қате, теріс.*

ЖАҢЫЛЫСТЫРҒЫШ *Жаңылыстыра бергіш, қателестіргіш.*

ЖАП I ***кәс.*** *Егістікке су жіберу үшін екі жиегіне топырақ үйілген жіңішке арық.* □ **Жап қазды** – *жіңішке арықша жасады.*

ЖАП II 1. *Бір нәрсені ашық қалдырмау, бекіту.* 2. *Адамның т. б. заттардың үстін жамылғымен бүркеу, жауып қою.* 3. *Мекеменің я ұйымның жұмысын тоқтату, доғару.* 4. *Аяқтау, тамамдау, бітіру.* 5. *Барлық күшті бір жерге шоғырландыру.* 6. *Басқа адамды кінәлі етіп көрсету.* 7. *Бұлт торлау, қар, шөп т. б. нәрселер басу, бүркеу.*

ЖАПА I *Сиыр мен бұғының жас не кепкен қиы.*

ЖАПА II *Басқа түскен қысым, зәбір, қыспақ, азап, қорлық, зорлық.* □ **Жапа [көрді, тартты] шекті** – *зорлық-зомбылық көрді.*

ЖАПАДАН-ЖАЛҒЫЗ *Жапа-жалғыз, бір өзі ғана.*

ЖАПАҚ ***бот.*** *Арша тұқымдас өсімдік.*

ЖАПАҚ-ЖАПАҚ *Жаутаң-жаутаң, жалтақ-жалтақ.* □ **Жапақ-жапақ етеді** – *жаутаң-жаутаң қарады.*

ЖАПАҚТА *Жаутаңдау, жалтаңдау.*

ЖАПАЛА *Сиырдың жапа тастауы.*

ЖАПАЛАҚ *Түнде ғана ұшатын, көзі бақырайған, имек тұмсық жыртыш құс.* □ **Жапалақ көз** – *бақырайған үлкен көз.*

ЖАПАЛАҚ; жапалақ-жапалақ қар – *ұлпа-ұлпа болып, жапалақтап жауған қар.*

ЖАПАЛАҚТА *Ұлпа қардың ірі-ірі болып жерге түсуі.*

ЖАПАЛАНУШЫ *Жәбір-жапа көруші, зәбірленуші, жәбірленуші, азаптанушы.*

ЖАПАЛЫ *Жапа шеккен, азап көрген.*

ЖАПАН *Құлазыған елсіз құба дала, шөл, сахара.* □ **Жапанды жұмақ етті** – *құлазыған кең даланы игерді, көркейтті.* **Жапан кезді** – *ел аралап, жер көрді, дала кезді.*

ЖАПАТАЙ ***жерг.*** *Ер адамның баскиімі.*

ЖАПА-ТАРМАҒАЙ *Жан-жақтан, түс-түстан, жаппай, бәрі бірдей.*

ЖАП-ЖАДАҒАЙ *Жап-жадағай, тептегіс, жап-жазық.*

ЖАП-ЖАЗЫҚ *Теп-тегіс, жап-жадағай.*

ЖАП-ЖАЙДАҚ *Жап-жадағай, тептегіс.*

ЖАП-ЖАЙЛЫ *Өте орнықты, қолайлы, тым ыңғайлы.*

ЖАП-ЖАҚСЫ *Тәп-тәуір, әжептәуір.*

ЖАП-ЖАҚЫН *Тым таяу, өте жақын.*

ЖАП-ЖАЛАҢАШ 1. *Киімсіз, лыпасыз, тыржалаңаш, тұттай.* 2. ***Ауысп.*** *Тап-тақыр, өсімдіксіз.*

ЖАП-ЖАЛПАҚ *Өте кең, жазық.*

ЖАП-ЖАЛТЫР 1. *Айнадай тептегіс.* 2. *Тым жалтыр, жалтыраған.* 3. *Қасқа.*

ЖАП-ЖАМАН 1. *Өте нашар, тым жаман.* 2. *Жағымсыз, сүйкімсіз.*

ЖАП-ЖАҢА 1. *Су жаңа, әлі ұсталмаған, мүлдем жаңа.* 2. *Әлгінде, жаңа ғана.*

ЖАП-ЖАРАСЫМДЫ *Жап-жақсы, ұнасымды, үйлесімді, сәп-сәнді.*

ЖАП-ЖАРҚЫН *Ап-ашық, ап-айқын, жайнап тұрған.*

ЖАП-ЖАРЫҚ 1. *Өте жарық, шуақты, сәулелі.* 2. ***Ауысп.*** *Нұрлы, ашық.*

ЖАП-ЖАС *Тым жас, балғын.* □ **Жап-жас басымен** – *жасы кіші болғанмен, әлі жас болса да.*

ЖАП-ЖАСЫЛ *Көкпеңбек, шымқай жасыл.*

ЖАП-ЖАТЫҚ 1. *Сып-сыпайы, мапмайда, тым жатық.* 2. *Икем, бейім, шебер.* □ **Жап-жатық мінез** – *жайдары, жұмсақ мінез.*

ЖАПҚЫ *Ауа, газ жүретін құбырлар мен түтіктерді жабатын металдан жасалған жұқа қақпақ.*

ЖАПҚЫШ 1. *Қазанның, ыдыс-аяқтың үстін жауып қоятын жамылғы, қақпақ.* 2. *Төсек-орынды жабатын мата жапқыш, жабын.*

ЖАПҚЫШТА *Бір нәрсенің үстін үсті-үстіне жабу, жабыққырай түсу, жапқылау.*

ЖАПОН *Жапонияның негізгі халқы.* □ **Жапон тілі** – *жапон халқының ұлттық тілі.*

ЖАПОНГҮЛ, ШЫҒЫСГҮЛІ ***бот.*** *Бақша және бөлмеде өсірілетін сәндік өсімдік.*

ЖАППА *Уық үстіне киіз жабылып не екі керегенің басын біріктіріп, үстін туырлықпен жапқан баспана, лашық.*

ЖАППА: жаппа нан – *табаға, қазанға не пешке жауып пісірілген нан.*

ЖАППАЙ *Тегіс, тұтас, бәрі, түгелдей.*

ЖАППАЛА *Жаппа тігу.*

ЖАППАЛЫ *Жаппасы бар, жаппа тіккен.*

ЖАППАЛЫ *Жауып қоятын, қақпақты.*

ЖАППАР ***діни*** *Бар әлемді жаратушы, құдіретті күш.* □ **Жаппар Алла [ием]** – *жаратушы жасаған, жан беруші.*

ЖАПСАР *Үзік пен туырлықтың түйісіп, қиылысқан жері, туырлықтың сыртын жауып тұратын үзіктің шет жағы.* 2. *Ел мен елдің, жер мен жердің, ауыл мен ауылдың ара шегі, шекарасы, екі арасы, жігі.* □ **Жапсарын ашты** – *аралары суыды, алыстады.*

ЖАПСАРЛА *Бір-бірімен ұластыру, қатарластыру, жалғастыру.*

ЖАПСАРЛАС *Аралары жақын қатарлас, шекаралас, іргелес.*

ЖАПСАРЛАСТЫҚ *Шекараластық, қатар, іргелестік, көршілестік.*

ЖАПСЫР 1. *Қағаз т. б. заттарды жабыстыру, бекіту, желімдеу.* 2. *Жаман тігу, ажырамастай етіп бекіту.* 3. ***Ауысп.*** *Барды үстіне жалтырата кию, пайдалану.*

ЖАПСЫРМА 1. *Бір заттың бетіне тігілген жіңішке бастырма, матаның жолағы, әдіп.* 2. *Көлемі әртүрлі, металдан істелген жұқа бастырғы.*

ЖАПТЫРМА ***жерг.*** *Бастырма үсті жабылған баспаналық қалқа, жарты үй.*

ЖАПЫР 1. *Басып-жаншу, қырату, құлату.* 2. *Баса-көктеу, қырып-жою, талқандау.* 3. *Жұмысты опыра істеу, айпап-жайпау.*

ЖАПЫРА 1. *Сыпырып-сиырып түк қалдырмай соғу.* 2. *Басып-көктеу, ойпап-жайпау.*

ЖАПЫРАЙҒАН ***қарап.*** *Мыжырайған, жалпиған.*

ЖАПЫРАҚ 1. *Өсімдіктердің көктеген жапырағы.* 2. *Бір заттың үзіндісі, бөлегі.* 3. *Кесте, ою-өрнектің жапыраққа ұқсас бір түрі.* □ **Жапырағы жайқалды** – *өсіп-өркендеді, көбейді.*

ЖАПЫРАҚ-ЖАПЫРАҚ *Жапалақ-жапалақ, ірі-ірі.*

ЖАПЫРАҚСЫЗ *Жапырағы жоқ, жапырақтамаған.*

ЖАПЫРАҚТА 1. *Көгеріп көктеу, жапырақ жаю.* 2. *Ірі-ірі етіп, жапырақ-жапырақ етіп тұрау.*

ЖАПЫРАҚТАЙ 1. *Жапырақ сияқты.* 2. *Кіп-кішкентай, кішкентай ғана.*

ЖАПЫРАҚТЕҢГЕ ***бот.*** *Таулы жерлерде өсетін кішілеу, аласа келген өсімдік.*

ЖАПЫРАҚТЫ *Жапырағы мол, жапырағы ірі, қалың.*

ЖАПЫРАҚША I *Үсақ, майда, кішірек жапырақ.*

ЖАПЫРАҚША II *Жапырақ сияқты.*

ЖАПЫРАҚШАЛЫ *Үсақтау келген жапырақшасы бар.*

ЖАПЫР-ЖҰПЫР *Үйме-жүйме, апыл-ғұпыл, сатыр-сұтыр, жапа-тармағай.*

ЖАПЫРЛА *Бәрі бірдей жабыла қимылдау, жапырлап-жұпырлау.*

ЖАПЫРЫҚ *Бір жағына қарай жапырайған, қисайған.*

ЖАПЫРЫЛА *Аударыла, қопарыла, жапырлай.*

ЖАПЫРЫЛЫСА *Жарыса, жапырыла.*

ЖАПЫРЫНДЫ *Әбден қапталған, жапырылған.*

ЖАР I *Өзеннің тік құлама жағасы, биік қабақ.* □ **Жарға жықты [итерді, соқты]** — *пәлеге ұшыратты, жаманшылыққа итерді.* **Жар [жарғақ] құлағы жастыққа тимеді** — *тыным таппады, мазасызданды.*

ЖАР II 1. *Жұбай, зайып, сүйікті, өте жақсы көретін.* 2. ***Ауысп.*** *Сүйеніш, таяныш, дос.* □ **Жар сүйді** — *ерлі-зайыпты болды, үйленді.* □ **Жар болды** — *сүйеді, демеді.* **Жар дегенде жалғыз** – *бар болғаны, бір ғана.* **Жар есігін бермеді** — *өмірлік серік бола алмады, қосыла алмады.*

ЖАР III 1. ***көне*** *Хабар, хабарлама, жария, құлақтандыру.* 2. *Бұйрық, жарлық, әмір.* □ **Жар салды [шашты]** — *жария етті, мәлімдеді.*

ЖАР IV 1. *Ағашты, отынды балтамен қақ айыру, бөліп-бөліп тастау.* 2. *Дал-дал қылу, жарып кету, жарақаттау, сою.* 3. *Шашты қақ жарып, ортасынан екіге бөлу, айыру.* 4. *Киіп жарып, бұзып өту.* □ **Жарып салды** — а) *малын сойып тастады;* ә) *бет-жүзіне қарамады, тура айтты.* **Жарып шықты** — *көзге түсті, танылды.*

ЖАР V ***жерг.*** *Жақ, топ, жік.*

ЖАР VI *Екі өркешті түйенің жалпы атауы.*

ЖАРА I 1. *Зақымданудың салдарынан денеде пайда болатын жарақат.* 2. ***Ауысп.*** *Қайғы-қасірет, ауыртпалық.* □ **Жараның аузын тырнады [ашты]** — *ескі қайғыны жаңғыртып еске салды.* **Жара [түсті] салды** — *қайғыға салды, уайымға қалдырды.* **Жарасы жеңіл** — *түк емес, қолдан келетін іс.*

ЖАРА II 1. *Іске асу, қажеттілікті өтеу.* 2. *Жұмсап қою, тұтыну.* 3. *Бәйгеге қосатын аттың қаншырдай қатып, бабына келуі.* 4. *Үлек пен бураның келеге түсер алдындағы қатып-семіп әбден аруы.*

ЖАРАҒЫСЫЗ: іске жарағысыз — *түкке тұрғысыз, жарамсыз.*

ЖАРА-ЖАРА *Үсті-басын жара басқан, қаптап кеткен.*

ЖАРАЙДЫ *Жақсы, мақұл, хош.*

ЖАРАҚ 1. *Әскери қару, соғыс жабдықтары, қару-жарақ.* 2. *Әртүрлі құрал-сайман, керек-жарақ.*

ЖАРАҚАТ *Денеге түскен жара, зақым.*

ЖАРАҚАТСЫЗ *Жарасы жоқ, жараланбаған.*

ЖАРАҚАТТА *Жаралау, зақымдау.*

ЖАРАҚАТТАУШЫ *Жаралаушы, жарақат салушы адам.*

ЖАРАҚАТТЫ *Жарақат алған, жаралы.*

ЖАРАҚ-ЖАБДЫҚ *Керекті құрал-сайман, әртүрлі заттар.*

ЖАРАҚСЫЗ *Қару-жарағы жоқ.*

ЖАРАҚСЫЗДАН *Қарусыздану.*

ЖАРАҚТА *Қару-жарақпен қаруландыру.*

ЖАРАҚТАС *Қарулас.*

ЖАРАҚТЫ *Қаруланған, қарулы, қару-жарағы бар.*

ЖАРАЛ *Дүниеге келу, туылу, пайда болу.*

ЖАРАЛА *Денені жарақаттау, зақымдау.*

ЖАРАЛЫ 1. *Жарадар, жарасы бар, жарақаттанған, зақымданған.* 2. ***Ауысп.*** *Қайғылы, қасіретті, мұңлы-зарлы.* □ **Жаралы жеріне тиді** — *жанына батты, ауыр тиді.*

ЖАРАЛЫС *Жаратылыс, болмыс.*

ЖАРА-МАРА *Бұза-жара, кимелей.*

ЖАРАМДЫ 1. *Жарайтын, пайдалы.* 2. *Іске татырлық, жарайтын, іліп алырлық.*

ЖАРАМСАҚ *Жағымпаз, жылмаң.*

ЖАРАМСАҚСЫ *Жағымпаздану, жағыну.*

ЖАРАМСАҚТАН *Жағымпаздану, жағыну.*

ЖАРАМСАҚТЫҚ *Жағынғыштық, жағымпаздық.*

ЖАРАМСЫЗ 1. *Түкке жарамайтын, керексіз, іске алғысыз.* 2. *Қолайсыз, жағымсыз, ұнамсыз.*

ЖАРАН I ***көне*** *Әлеумет, жұрт, қауым.*

ЖАРАН II *Жағыну, жалыну, жағымпаздану.*

ЖАРАҢҚЫ *Іші тартыңқы, жараңқыраған.*

ЖАРАПАЗАН ***діни*** *Ораза айында үй аралап, садақа жинап жүріп айтатын салт өлең.*

ЖАРАПАЗАНШЫ 1. *Жарапазан айтып, ауыл аралаушы.* 2. ***Ауысп.*** *Қыдырымпаз, қаңғыбас, кезбе.*

ЖАРАРҚА ***зоол.*** *Жоны қырлы жылан.*

ЖАРАРЛЫҚ *Іске татырлық, жарамды.*

ЖАРАС 1. *Үйлесу, келісті болу, шақ келу.* 2. *Өзара түсінісу, тіл табысу.*

ЖАРАСҚЫШ *Жараса кететін, үйлескіш.*

ЖАРАСТЫҚ 1. *Татулық, тыныштық, келісім.* 2. *Жарасымдылық, үйлесімділік, әдемілік.* □ **Жарастық тапты** *үйлесті, келісті, жарасты.*

ЖАРАСТЫҚТЫ *Ынтымақты, татту, сыйлы.*

ЖАРАСТЫЛЫҚ 1. *Жарасымдылық, сыйластық, татулық.* 2. *Үйлесімділік, әдемілік.*

ЖАРАСЫМ *Келісім, үйлесім, сән.* □ **Жарасым тапты** – *келісті, жарасты.*

ЖАРАСЫМДЫ *Келісімді, лайықты, қонымды, үйлесімді.*

ЖАРАСЫМДЫЛЫҚ *Үйлесімділік, қонымдылық, лайықтылық, сәнділік.*

ЖАРАСЫМСЫЗ *Жарасымы жоқ, үйлесімсіз, қонымсыз, лайықсыз.*

ЖАРАСЫМСЫЗДАУ *Ұнамсыздау, ерсілеу, лайықсыздау.*

ЖАРАСЫҢҚЫ *Ұнасыңқы, жарасыңқы, үйлесіңкі.*

ЖАРАТ I 1. *Ұнату, жақтыру, жақсы көру, жарасымды деп санау.* 2. *Қажетіне, керегіне пайдалану, қолдану.* 3. *Бәйгеге қосатын атты баптау, қатыру.*

ЖАРАТ II *Өмірге келтіру, тудыру, пайда ету.*

ЖАРАТА-ЖАРАТА *Жұмсай-жұмсай, пайдалана-пайдалана.*

ЖАРАТҚЫШ *Жасағыш, жаратушы.*

ЖАРАТУШЫ 1. ***көне*** *Діни ұғым бойынша бүкіл әлемді жаратқан ұлы күш, құдірет.* 2. *Дүниеге келтіруші, өмір беруші.*

ЖАРАТЫЛЫС 1. *Табиғи болмыс, табиғат.* 2. *Негізгі қасиет, табиғи бітім, келбет.* □ **Жаратылыс байлығы** – *табиғи, жер байлығы.*

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ *Табиғаттану, табиғат туралы ғылым.*

ЖАРАТЫЛЫСТЫҚ *Болмыстық, табиғилық.*

ЖАРАТЫЛЫСЫНАН *Туғаннан, о бастан, әуелден.*

ЖАРАТЫЛЫСЫНДА *Туысында, о баста, әуелде.*

ЖАРАУ *Қаншырдай қатып келген, жараған, ширыққан.* □ **Жарауы жетті** – *бабына келді, жарап болды.*

ЖАРАУЛАУ *Сәл бабына келіңкіреу, жараңқырау.*

ЖАРАУЛЫ *Жараған, жарамды, таңдаулы.*

ЖАРБАЙ *Нар маяға нар шөгеруден туған екінші ұрпақ буданы.*

ЖАРБАҚ *Жағымпаз, жарамсақ, жарбаң.*

ЖАРБАҚАЙ *Әркімге бір жарбақтап, қалбақтай беретін жарбаңқой, қалбақай.*

ЖАРБАҚТА *Қалбақтау.*

ЖАРБАҢ: жарбаң қақты [етті] – а) *құс қанатының жалпылдауы;* ә) *жалбақтау, қалбаңдау.*

ЖАРБАҢДА *Жалбаңдау, жалпылдау*

ЖАРБАҢ-ЖАРБАҢ *Далбаң-далбаң ету, далақтау.*

ЖАРБИ *Жапыраю.*

ЖАРГОН *Жалпыхалықтық тілден өзгеше, белгілі бір топтың арасында ғана қолданылатын әдеби нормадан тыс сөздер.*

ЖАРҒАҚ I 1. *Жүнін тақырлап қырып тастаған, илеп, өңделген тері.* 2. *Түгін сыртына қаратып тіккен сыртқиім.* 3. *Қамырды илейтін не орап қоятын түгі қырылған жұқа ешкі терісі.*

ЖАРҒАҚ II *Құлақты сыртқы әсерден қорғайтын жұқа, тербелмелі қабыршақ.* □ **Жарғақ [жар] құлағы жастыққа тимеді** – *тыным таппады, дамыл көрмеді.*

ЖАРҒАҚ *Еті арыған, арық, қатпа.* □ **Жарғақ бас** – *басы тақыр, қасқа бас.* **Жарғақ құлақ** – *жұқа құлақ.*

ЖАРҒАҚТАЙ *Жарғақ сияқты тап-тақыр.*

ЖАРҒАҚТАН 1. *Ақ қабыршақтанып жарылып кету.* 2. *Үні жарықшақтану.*

ЖАРҒАҚТЫ *Жарғақ киім киген.*

ЖАРҒАНАТ ***зоол.*** *Түнде ұшатын, үлкен қанаты бар, сүтқоректілерге жататын тышқан тәрізді жәндік.*

ЖАРҒАНАТША *Жарғанат тәрізді жалпиған.*

ЖАРҒЫ 1. ***көне*** *Қазақ қоғамының әкімшілік заңдарының жинағы.* 2. *Белгілі бір ұйымды құрудың, ұйымдастырудың, оның тәртібінің ережелер жинағы.*

ЖАРҒЫЛАС *Жарғыға жүгіну, заңдасу.*

ЖАРҒЫШ I *Қопарып тастайтын, талқандайтын, жаратын дәрімен бұзатын зат.*

ЖАРҒЫШ II *Қойдың өзінен-өзі іші жарылып өлетін ауруының аты.*

ЖАРҒЫШАҚТЫ 1. *Даусының, үнінің жарғышағы бар.* 2. ***Ауысп.*** *Екі арада жік салатын, қаяу, кірбің түсіретін.*

ЖАРДАЙ *Сеп-семіз, толық, жуан.*

ЖАРДЫ: жүрекжарды – *жүрек жаратындай, өте қуанышты.*

ЖАР-ЖАР 1. ***этн.*** *Үйлену тойында айтылатын тұрмыс-салт жыры.* 2. *Халық ауыз әдебиеті жанрының бір түрі.*

ЖАРИЯ 1. *Көпке мәлім, белгілі, әйгілі.* 2. ***көне*** *Жарнама, хабарлама.* □ **Жария болды** – *мәлім болды, белгілі болды.* **Жария етті [қылды]** – *хабарлады, әйгіледі.*

ЖАРИЯЛА 1. *Әйгілеу, хабарлау, жаю.* 2. *Жарыққа шығару, бастыру.* □ **Жариялап алды** – *сырын әйгілеп қойды, мәлімдеді.* **Жариялап тастады** – а) *баршаға тарады, жеткізді;* ә) *баспа бетінде шығарды.*

ЖАРИЯЛАМА *Теледидар, радио, баспасөзде жергілікті жайттар, күнделікті мәселелер жөнінде берілетін жаңалық хабар.*

ЖАРИЯЛАНЫМ *Баспасөз бен ғылыми басылымдарда еңбектер жариялау, шығару, жарық көрген ғылыми жұмыстар.*

ЖАРИЯЛАУШЫ *Таратушы, хабарлаушы, әйгілеуші адам.*

ЖАРИЯЛЫ *Әйгілі, белгілі.*

ЖАРИЯЛЫЛЫҚ *Ашық түрде кең таратушылық, мәлімділік, құпия болмаушылық.*

ЖАРИЯШЫ *Жариялаушы адам, хабарлаушы, әйгіші.*

ЖАРКҮШІКТЕН *Тайкүшіктену, жағымпаздана қызмет қылу, жарамсақтану.*

ЖАРҚ: жарқ етті – а) *жарық шашты, ұшқын атты;* ә) *көзге ыстық көрінді; б) ойламаған жерден жалт етіп көрінді.*

ЖАРҚА *Бір нәрседен сынып түскен бөлшек, жарықшақтанған тұсы, сызаттанған жері.*

ЖАРҚ-ЖАРҚ: жарқ-жарқ етті – *жалт-жұлт етті, жалтылдады.*

ЖАРҚ-ЖҰРҚ *Жалт-жұлт, жарқыл-жұрқыл.* □ **Жарқ-жұрқ етті** – *жалт-жұлт етті, жарқылдады.*

ЖАРҚИЯ *Тік қабақты жартас.*

ЖАРҚЫЛ *Жалт-жұлт еткен жарық, сәуле, нұрлы ұшқын, жалтыл.*

ЖАРҚЫЛДА *Жарқ-жұрқ ету, жалтырау, жарқырау.*

ЖАРҚЫЛДАҚ 1. *Жарқырауық жалтырақ зат.* 2. ***Ауысп.*** *Ашық-жарқын, жайдары.*

ЖАРҚЫЛДАҚТЫҚ 1. *Жалтылдақтық.* 2. *Ашықтық, жайдарылық.*

ЖАРҚЫЛДАУЫҚ *Жалтылдауық.*

ЖАРҚЫЛ-ЖҰРҚЫЛ *Жалт-жұлт еткен, жалтырап, жарқыраған, жарық, жалтыл-жұлтыл.*

ЖАРҚЫН 1. *Ашық, аққөңілді.* 2. *Анық, айқын.* 3. ***Ауысп.*** *Нұрлы, сәулелі, жарық.*

ЖАРҚЫНДЫЛЫҚ *Жайдарылық, аққөңілділік, ашық жүзділік.*

ЖАРҚЫРА 1. *Нұр шашу, жалтылдау, жалтырау.* 2. ***Ауысп.*** *Жайраңдау, ашық жарқын көңілдену.*

ЖАРҚЫРАҒЫШ *Жарық шығарғыш, сәуле түсіргіш.*

ЖАРҚЫРАУЫҚ *Жарқ-жұрқ еткіш, жарық шығарғыш.* □ **Жарқырауық жануарлар** – *денесінен жарық сәулесін шығаратын мақұлықтар.* **Жарқырауық оқ** – *жарық шығаратын, сәуле шашатын оқ.* **Жарқырауық тас** – *жүзіктің, шананың, қапсырманың көзіне, ортасына салатын зергерлік асыл тас.*

ЖАРЛА *Жар салу, әйгілеу, жария ету.*

ЖАРЛАУ I *Жар айту, арнау.*

ЖАРЛАУ II *Аздап жар, жарсымақ, жарлауыт.*

ЖАРЛАУЫТ *Онша биік емес, жарлау жер.*

ЖАРЛАУЫТТАН *Жарлану, тік қабақтану.*

ЖАРЛАУЫТТАУ *Аздап жарлауыт.*

ЖАРЛАУЫТТЫ *Жарлауыт болып өткен.*

ЖАРЛЫ I *Кедей, жоқ-жітік.*

ЖАРЛЫ II *Тік жары бар.*

ЖАРЛЫДАЙ *Жарлы адам сияқты.*

ЖАРЛЫ-ЖАҚЫБАЙ *Жоқ-жітік, кедей-кепшік*

ЖАРЛЫҚ *Заң күші бар өкіметтің жоғарғы органының қаулысы, әмірі.* □ **Жарлық шашты [етті, берді, қылды]** – *әмір етті, бұйрық берді.*

ЖАРЛЫЛАУ *Кедейлеу, дәулетсіздеу.*

ЖАРЛЫЛЫҚ *Кедейлік, жоқшылық, жетіспеушілік.*

ЖАРМА I *Дәннің майдаланып жарылған түрі майдасақ.*

ЖАРМА II *Өгіздің мойнына салатын, ағаштан жасалған мойынтұрық.*

ЖАРМА III ***көне*** *Сәндік үшін тағылатын әшекей зат.*

ЖАРМА IV ***жерг.*** *Өзеннен тура тартылған ор, үлкен канал.*

ЖАРМА V *Ортасынан екіге жарылып бөлінген.*

ЖАРМА VI *Тереңдігі 2 метрдей көрдің батыс жағынан жартыкештеп қазылған ақым түрі.*

ЖАРМАЖАЛ *Жүйрік ат туралы сын.*

ЖАРМАҚ ***көне*** *Бақыр тиын өлшемі, бір тиынның сегізден бір бөлігі.*

ЖАРМАЛА *Дақылдардың дәнін ұсақтап бөлу, жармаға айналдыру.*

ЖАРМАЛЫ *Екіге бөлінген, жарылған.*

ЖАРМАЛЫҚ *Дәнінен жарма даярлауға болатын екпе өсімдік.*

ЖАРМАС 1. *Тырмысып айрылмай ұстау, жабысу.* 2. ***Ауысп.*** *Орынсыз тиісу, жағаласу.*

ЖАРНА 1. *Белгілі бір ұйымның мүшесі ретінде төленетін мөлшерлі пай ақша.* 2. *Пайдадан түскен үлес, түсім.* □ **Жарна салды** – *ақшалай не мал түрінде көмек көрсету үшін қаржы жинады.*

ЖАРНАҚ ***бот.*** *Өсімдік тұқымындағы ұрық.*

ЖАРНАҚТЫ *Жарнағы бар, көп.*

ЖАРНАҚША *Өсімдік тұқымындағы кішкентай ұрықша.*

ЖАРНАЛАС *Жарнаға ортақтас, үлестес, сыбағалас.*

ЖАРНАМА *Белгілі бір нәрсе туралы хабарлама.* □ **Жарнама тақтасы** — *жарнама ілетін тақта, орын.*

ЖАРНАМАЛА *Жарнама арқылы насихаттау, мәлімдеу.*

ЖАРНАМАЛЫ *Жарнама ілінген, жарнамасы жазылған.*

ЖАРНАШЫ I *Жарна төлеуші, пайшы.*

ЖАРНАШЫ II *Жарна жинайтын қызметкер.*

ЖАРТАС *Көлемі мен ені әртүрлі, жалаң бетті тіп-тік биік тас.*

ЖАРТАСТАЙ *Жартас сияқты биік, тіп-тік.*

ЖАРТАСТЫ *Жартасты тау қойнауы.*

ЖАРТАСТЫЛАУ *Аздап жартасты болып келген.*

ЖАРТАСША *Жартас секілді тіптік, биік.*

ЖАРТЫ *Бүтін нәрсенің тең бөлігі, жарымы.*

ЖАРТЫКЕШ 1. *Бір жағы кетік, сынық, ойық, толық емес.* 2. ***Ауысп.*** *Толымсыз, жартылай, шала-шарпы.*

ЖАРТЫКЕШТЕН *Бір жағы кетіп көріну, жартылану.*

ЖАРТЫЛА *Орталау, жарымдау.*

ЖАРТЫЛАЙ *Толық емес, аздап, жарым есе, шала.* □ **Жартылай автомат** ***тех.*** — *біразы қолмен, қалған жұмыстары автоматтандырылған металл кескіш станок.* **Жартылай қорғаушы** ***спорт*** — *спорт ойындарында әрі қорғаушы, әрі шабуылға шығатын ойыншы.*

ЖАРТЫМДЫ *Көңіл толарлықтай, мардымды.*

ЖАРТЫМСЫЗ *Мардымсыз, болымсыз, болмашы, азғантай.*

ЖАРТЫСЫНДАЙ *Бір нәрсенің тең жартысына жуық.*

ЖАРУШЫ *Қопарушы, тауды, кен орнын қопару ісін атқарушы.*

ЖАРШЫ 1. ***тар.*** *Халыққа аса маңызды ресми оқиға туралы хабарды жеткізуші, хабаршы.* 2. *Халықаралық саяси мәселелерді уағыздаушы.*

ЖАРЫ 1. *Кенелу, жетісу.* 2. *Төлдің енесінің сүтіне тоюы.*

ЖАРЫҒЫМ ***эмоц.*** *Еркелету ретінде айтылатын "шырағым", "сәулем" мәніндегі сөз.*

ЖАРЫҒЫРАҚ *Жарығы көбірек, сәулесі молырақ.*

ЖАРЫҚ I 1. *Қараңғы емес, жарқыраған, ашық.* 2. ***физ.*** *Толқын ұзындықтары 400 км-ден 780 км-ге дейінгі электромагниттік толқындар.* □ **Жарық дүние** — а) *өмір, әлем, тіршілік;* ә) *еркіндік, бостандық.* **Жарық жұлдыз** — *асқан талантты, дарын иесі.* **Жарық көрді [жарыққа шықты]** — а) *көзі ашылды;* ә) *баспасөз бетінде жарияланды.* □ **Жарық күн** — *Жақсылық, қуаныш.* **Жарық түсіргіш аппарат** — *күшті жарық беретін аспап, құрал.*

ЖАРЫҚ II *Жарылған, сызатталған, жарығы бар.*

ЖАРЫҚ III ***мед.*** *Ішкі органдардың бірінің қарын терісінің астынан ыдырап кетуі арқылы пайда болатын ауру.*

ЖАРЫҚҚҮЛ ***бот.*** *Жапырағы тілімделген, гүлі ірі, сарғалдақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ЖАРЫҚ-ЖАРЫҚ *Тілім-тілім, тілімденіп әбден жарылып кеткен.*

ЖАРЫҚ-ЖҰРЫҚ: жарық-жұрық етті — *жалтылдады, жарқылдады.*

ЖАРЫҚҚОҢЫЗ *Түнде оттай жарқырап ұшып жүретін шыбыннан үлкенірек қоңыз.*

ЖАРЫҚТАН *Қараңғылық серпіліп, жарық түсе бастау.*

ЖАРЫҚТАНДЫРҒЫШ ***тех.*** *Ерекше қарқынды жарық шоғырын күшейтуге арналған аспап.*

ЖАРЫҚТАУ *Жарығырақ, жарығы молырақ.*

ЖАРЫҚТЫҒЫМ ***экспр.*** *Жарқыным, қарағым, шырағым.*

ЖАРЫҚТЫҚ I 1. *Қасиеттеу, құрметтеу мағынасында айтылатын сөз.*

2. ***экспр.*** *Кемсіту, шенеп-мінеу кезінде "шіркін", "жазған", мәнінде қолданылатын сөз.*

ЖАРЫҚТЫҚ II *Жарқырап сәуле шығарушылық, жарыққа тән.*

ЖАРЫҚТЫЛЫҚ ***физ.*** *Түрлі түсті кескін таратқыш түс сигналдары.*

ЖАРЫҚШАҚ I 1. *Саңылау, жарылып сызат түскен жер.* 2. ***Ауысп.*** *Көңілдегі қайғы, қаяу, кірбің.* □ **Жарықшақ дауыс** – *тарғылданып шығатын жағымсыз дауыс.* □ **Жарықшақ түсті** *көңілге қаяу, кірбің пайда болды.*

ЖАРЫҚШАҚ II *Катты заттардың ұшып түскен сынығы, жарқыншақ.* □ **Жарықшақ тас** – *тастарды ұсату, ұсақтау арқылы алынатын құрылыс материалы.*

ЖАРЫҚШАҚСЫЗ 1. *Саңылаусыз, жарықшағы жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Уайымсыз, кірбіңсіз, қаяусыз.*

ЖАРЫҚШАҚТА *Жарықшақ салып болу, шығару.*

ЖАРЫҚШАҚТАН 1. *Бөлшектеніп жарылу, шытынау.* 2. *Дауыстың ашық шықпай тарғылданып көмескілене шығуы, қырылдау.*

ЖАРЫҚШАҚТАНҒЫШ *Жарылуға, бөлшектенуге бейім, шатынағыш.*

ЖАРЫҚШАҚТАУ *Дауысы көмескілеу, тарғылдау.*

ЖАРЫҚШАҚТЫ *Саңылаулы, жарығы, сызаты бар.*

ЖАРЫҚШЫ ***мед.*** *Оташы.*

ЖАРЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Жар-ыл.* 2. *Қақ айырылу, бөлшек-бөлшегі шығу (ағаш, отын т. б.).* 3. *Жарықшақтану, сызатталу, шытынап кету.* 4. *Тілмелеу, жарылып-жарылып бөліну, жіктелу.* 5. *Ашу-ыза қысып булығу, ызалану. Қуанышқа бөлену, шаттану.* 6. *Сырын жасырмай ашып, ағынан ақтарылу.* 7. *Бомба, граната, снарядтардың атқанда не лақтырғанда быт-шыт болуы.* □ **Жүрегі жарылды** – а) *қатты қуанды;* ә) *қуанып, толқығаннан зақым болуы.* **Іші жарылды** – *Іші пысты, зеріктті.* **Жарылып кет** – *жанның шықсын, өліп кет.* **Ақ түйенің қарыны жарылды** – *молшылық болды, үлкен қуаныш болды.*

ЖАРЫЛҒАҚ *Жарылғыш, сынғыш.*

ЖАРЫЛҒЫШ 1. *Тез, оңай бөлінгіш; уатылғыш; сынғыш.* 2. *Оталып жарылуға бейім, қопарғыш.*

ЖАРЫЛҒЫШТЫҚ *Жарылуға, сынуға бейімділік, икемділік.*

ЖАРЫЛҚА 1. *Қарық қылу, кенелту, мүсіркеу, есіркеу.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуге алғыс, тілек айту, бата беру.*

ЖАРЫЛҚАҒЫШ *Біреуге жақсылық жасағыш, жарылқаушы.*

ЖАРЫЛҚАҒЫШТЫҚ *Жақсылық жасағыштық, қарық етушілік.*

ЖАРЫЛҚАУШЫ *Қарық қылушы, есіркеп, мүсіркеуші, кенелтуші.*

ЖАРЫЛМАЛЫ *Жарыла бергіш.*

ЖАРЫЛЫС *Бомба, газ сияқты заттардың жарылуынан пайда болған қопарылыс, дүмпу.*

ЖАРЫМ I 1. *Бүтіннің жартысы, тең бір бөлегі.* □ **Жарым күн** – *жарты күн.* **Жарым түн** – *жарты түн.* **Жарым көңіл** – *көңілі қамығыңқы.* **Жарымес** – *ақылы аз.*

ЖАРЫМ II *Жартылау, жартыкештеу, бөлшектеу.*

ЖАРЫМДАУ *Жарыместеу, есуастау.*

ЖАРЫМДЫҚ 1. *Жарым-жартылық, бүтіннің жартысы.* 2. *Есерсоқтық, есуастық.*

ЖАРЫМЕСТЕН *Есуастану, есаландану, есерсоқтану.*

ЖАРЫМЕСТЕУ *Есерсоқтау, есуастау, есаланбау.*

ЖАРЫМЕСТІК *Есерсоқтық, есуастық, есаландық.*

ЖАРЫМЖАН *Кембағал, кемтар, мүгедек, гәріп.* □ **Жарымжан көңіл [көңілі жарымжан]** – *көңілі жарым, қамкөңіл.*

ЖАРЫМЖАНДАН *Кембағалдан, аурудан кемтар болу, мүгедекке айналу.*

ЖАРЫМЖАНДАУ *Кемтарлау, дімкәстау, мүгедек.*

ЖАРЫМЖАНДЫҚ *Мүгедектік, кемтарлық, гаріптік.*

ЖАРЫМ-ЖАРТЫ *Түгелдей емес, жартылай.*

ЖАРЫМ-ЖАРТЫЛАЙ *Түгелдей емес, шала-шарпылау.*

ЖАРЫМ-ЖАРТЫЛАП *Аз-аздап, ептеп қана.*

ЖАРЫМҚҰРСАҚ *Құрсағы орта, тоя тамақ ішпеген, түлкі құрсақ.*

ЖАРЫС I 1. *Қазақ халқының дәстүрлі ат шабысы, бәйге.* 2. *Адамдар арасындағы өзара бәсеке, сайыс.*

ЖАРЫС II 1. *Бәйгеге, ат шабысына, өнер таласына түсіп, бәсекелесу, озат атану үшін күресу.* 2. *Озып шығу, жарысқа қатысу, сайысу, бәсекелесу.* 3. *Қатарласып қалыспау, қабаттасу.*

ЖАРЫСҚАЗАН ***этн.*** *Екіқабат әйелдің қиналмай босануы үшін жасалатын ырым.*

ЖАРЫСКЕР ***жаңа.*** *Сайысқа, жарысқа түсуші адамдар.*

ЖАРЫССӨЗ *Баяндамадан кейін шығып сөйлеушілердің қысқаша сөзі.*

ЖАРЫССЫЗ *Бәйгесіз, ат шабыссыз, бәсекесіз.*

ЖАРЫСТАС *Жарысқа түскен, бәсекелес.*

ЖАРЫСУШЫ *Жарысқа қатысушы, жарысқа түсуші.*

ЖАРЫТЫП *Үқсатып, мандытып.*

ЖАС I *Адамның, жан-жануардың т. б. өмір сүру мезгілін белгілейтін жыл саны, жас шамасы.* □ **Жас ортасына [жасы жер ортаға] келді** — *еде тартқан, біраз жаста.* **Жасы жетті [келді]** — а) *ержетті, кәмелетке толды;* ә) *қартайды, дәурені өтті.* **Жасы қатар [бір]** — *құрбылас, жасты, құрдас.* **Жасы ұзақ болсын!** ***алғ.*** — *көп жасасын, өмірлі болсын.*

ЖАС II 1. *Жаңа өсіп келе жатқан жасөспірім.* 2. *Әлі кеппеген, қатпаған, сұр болмаған.* □ **Жас босанған** — *бірінші босанған (әйел).* **Жас буын [ұрпақ]** — *жасөспірім.* **Жас ұлан [өрен]** — *ержетіп, есейіп қалған жеткіншек.*

ЖАС III *Жылағанда, қатты қуанғанда шығатын көз жасы.* □ **Көзі жасқа булықты** — *тығылып, қыстығып қатты жылай алмады.*

ЖАСА I *Өмір сүру, тіршілік ету, ғұмырлы болу.*

ЖАСА II 1. *Бір нәрсені дайындап, істеп шығару.* 2. *Ас-тағам пісіру, дайындау, дастарқан әзірлеу.* 3. *Той-думан өткізу, істеу, атап өту.* 4. *Есім сөздермен тіркесіп тындыру, істеу, атқару деген мағынаны білдіретін сөз.*

ЖАСАҒАН ***діни*** *Құдай, Алла, тәңірі, жаратушы, жаратқан.* □ **Жасаған ием** — *жаратушы, Құдайым, Аллам.*

ЖАСАҚ I 1. ***көне*** *Қару-жарақпен жабдықталған қол.* 2. *Жасақшы, дружина мүшесі.*

ЖАСАҚ II *Жеңілген елден заттай алынатын алым-салық.*

ЖАСАҚ III *Дымқылдау, жастау, көк сағал.*

ЖАСАҚСЫЗ *Қарулы қолсыз, әскерсіз.*

ЖАСАҚТА 1. *Әскерді қару-жарақтандыру, қаруландыру.* 2. *Топ құрып ұйымдастыру.*

ЖАСАҚТЫ *Қару-жарақты, қаруланған.*

ЖАСАҚШЫ *Қоғамдық тәртіпті бұзушылармен күресу мақсатында құрылған ерікті жасақ.*

ЖАСАҚШЫЛЫҚ *Жасақтық міндет атқарушылық.*

ЖАСАЛАП *Жаса-жаса деп айғайлап қошеметтеу.*

ЖАСАМАЛДАУ *Жасамыстау, мосқалдау, егеделеу.*

ЖАСАМАЛ *Ересек, жасамыс, орта жастағы егде кісі.*

ЖАСАМПАЗ *Шығармашылық жолмен белгілі бір нәрсені жасаушы.*

ЖАСАМПАЗДЫҚ *Еңбекте жаңалық атаулыны қалыптастырушылық.*

ЖАСАМЫС 1. *Ересек, орта жастан асқан, жасамал.* 2. ***Ауысп.*** *Қиын-қыстауды басынан өткізген, көпті көрген тәжірибелі кісі, маман.*

ЖАСАМЫСТАУ *Жасамалдау, ересектеу, үлкендеу.*

ЖАСАН 1. *Қарулану, ұрысқа әзірлену.* 2. *Барын киіп сәндену, безену.* 3. ***Ауысп.*** *Гүлденіп көркею, жайнау.*

ЖАСАНДЫ 1. *Табиғи емес, қолдан жасалған.* 2. *Қолдан жасалған жалған, түпнұсқа емес.* □ **Жасанды жер серігі [жердің жасанды спутнигі]** — *жер төңірегіндегі орбитаға шығарылып, әртүрлі ғылыми-техникалық мәселелерді шешуге арналған космостық аппарат.*

ЖАСАНДЫЛАУ *Табиғи емес, қолдан жасалғандай.*

ЖАСАНДЫЛЫҚ 1. *Табиғи еместік, жасанды болып көрінушілік.* 2. *Қолдан жасағандық.*

ЖАСАҢ I 1. *Жастау, жасырақ.* 2. ***Ауысп.*** *Жас, жаңа.* 3. *Кеппеген, су, көк.*

ЖАСАҢ II ***бот.*** *Қоян капустасы, қоянот.*

ЖАСАҢҒЫРА I 1. *Жасара түсу, уылжу.* 2. *Кеппей жасаң тарту, су болу.* 3. ***Ауысп.*** *Құлпыру, жайнау, жаңару.*

ЖАСАҢҒЫРА II *Көзге жас келу, жасаурау.*

ЖАСАҢДА *Жаңару, жаңғырығу, жаңалану.*

ЖАСАҢДАУ *Жастау, жасырақ.*

ЖАСАҢДЫҚ *Кемеліне жетпеген, жастық, жасырақты, жастық, жасырақ болушылық.*

ЖАСАҢСЫ *Көңілі жасу, босаңсу.*

ЖАСАҢШӨП ***бот.*** *Қосжарнақты шөптесін өсімдік.*

ЖАСАР I *Сан есімдермен тіркесіп, жас мөлшерін білдіретін сөз.*

ЖАСАР II 1. *Жас болып көріну.* 2. ***Ауысп.*** *Гүлденіп құлпыру, жайнау.*

ЖАСАРТУ ***мед.*** *Организмді жаңарту.*

ЖАСАС 1. ***орт. етіс*** *Жаса-с.* 2. *Бірөумен бірлесіп іс істесу.* 3. *Бірлесіп ұзақ уақыт өмір сүру.*

ЖАСАСЫН *Ұзақ уақыт жасай берсін, даңқы арта берсін.*

ЖАСАУ 1. ***этн.*** *Ұзатылатын қызға берілетін мүлік, дүниелік.* 2. *Үй ішіндегі жиһаз, дүние.* □ **Жасауына қарай қалыңы** — *берілетін дүние-мүлкіне лайық қалыңы.*

ЖАСАУ-ЖАБДЫҚ 1. *Ұзатылған қызға беретін дүние-мүлік.* 2. *Үй-ішіндегі бар жиһаз.*

ЖАСАУЛА 1. *Ұзатылатын қызға керекті дүние-мүліктерді сай етіп дайындау, әзірлеу.* 2. *Үйдің ішін дүние-мүлікпен сәндеу, безендіру.*

ЖАСАУЛАН *Сәндену, әсемдену.*

ЖАСАУЛЫ I 1. ***этн.*** *Бай жасауы бар, дүние-мүлкі көп (қалыңдық).* 2. *Үйі жиһазды, мол дүниелі, мүлікті.*

ЖАСАУЛЫ II 1. *Оқтаулы, дайын, әзір.* 2. *Қаруланған, жарақтанған.*

ЖАСАУРА *Көзі жастану, көзге жас үйірілу.*

ЖАСАУШЫ *Бір нәрсені жасаушы, істеуші не орындаушы.*

ЖАСАУСЫЗ 1. *Жасауы жоқ, қалыңсыз.* 2. *Жиһаз-дүниесіз.*

ЖАСАУЫЛ 1. *Әскербасының оң қолы, шабарманы.* 2. *Патша армиясындағы казак офицерлерінің капитан дәрежесіндегі шені.*

ЖАС-ЖЕЛЕҢ *Қыз-бозбала, жігіт-желең, жастар.*

ЖАС-КӨРІ *Үлкен-кіші, жастар мен жасы үлкендер.*

ЖАСҚА 1. *Бір нәрсемен қақпайлап сескендіру, тайсалдыру.* 2. ***Ауысп.*** *Бетін қайырып тастау.*

ЖАСҚАН 1. ***өзд. етіс*** *Жасқа-н.* 2. *Соққыдан тайсалу, сескену.* 3. *Ұялу, қысылып-қымтырылу.*

ЖАСҚАНШАҚ *Қорқақ, қорғаншақ, именшек.*

ЖАСҚАНШАҚТА 1. *Қорқу, сескену, именшектеу, қорғаншақтау.* 2. *Тартыншақтау, жасқану, тайсақтау.*

ЖАСҚАНШАҚТАУ *Именшектеу, тартыншақтау, ұяңдау.*

ЖАСҚАНШАҚТЫҚ *Қорғаншақтық, именшектік, ұялшақтық.*

ЖАСҚАНЫШ *Сескеніш, қорқыныш.*

ЖАСҚАША *Жасқа шейін.*

ЖАСҚЫЛТЫМ *Жаңадан тебінде өсіп келе жатқан жасаң жапырақ.*

ЖАСМИН ***бот.*** *Жұпар иісті, ақгүлді бау-бақшадағы бұталы өсімдік; ақжұпар.*

ЖАССЫН *Жас көру, жас деп қарау, баласыну.*

ЖАСТА *Суғару, суландыру, сулау.*

ЖАСТАЙ I *Жас кезінен, кішкене күнінен.*

ЖАСТАЙ II 1. *Жас шамасында, мөлшерінде.* 2. *Жас шағында, тым жас кезінде.*

ЖАСТАЙЫНАН *Кішкентайынан, қаршадайынан, жас кезінен.*

ЖАСТАЙҒЫ *Жас кездегі, жас шақтағы.*

ЖАСТАН 1. *Басының астына жастық т. б. салу.* 2. ***Ауысп.*** *Өзімен бірге өлтіріп кегін алу.* □ **Жер жастанды** — *өлді.*

ЖАСТАНЫШ *Басқа жастанатын жастық.*

ЖАСТАС *Жас жағынан қатарлас, құрдас.*

ЖАСТАУ I *Жасырақ, кішілеу.*

ЖАСТАУ II 1. *Ылғалдау, сулау.* 2. *Жасырақ, әлі балғын.*

ЖАСТЫ *Жастас, құрбы-құрдас.*

ЖАСТЫҚ I 1. *Ішіне құс мамығын салған, бас астына салу үшін жасалған үй бұйымы.* 2. ***жерг.*** *Ердің үстіне салатын көпшік.* □ **Жастығын ала өлді [жатты]** — *жауын жайратып, кегін алды.*

ЖАСТЫҚ II *Жас шақ, балғын кез.*

ЖАСТЫҚСЫЗ *Басына жастық салынбаған, жастығы жоқ.*

ЖАСТЫҚТА 1. *Жастыққа не басқа бір затқа сүйену, жастану.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуге арқа сүйеу, паналау.*

ЖАСТЫҚТАЙ *Қомақты, ірі, үлкен.*

ЖАСТЫҚША I *Кішкентай жастық, көпшік.*

ЖАСТЫҚША II *Жастық сияқты, соған ұқсас.*

ЖАСУ 1. *Иненің көзі.* 2. *Инені отқа салып жасытқанда иненің сыртында пайда болатын жыланның қабығындай қабыршақ.*

ЖАСУЫНДАЙ: иненің жасуындай — *титтей, кішкентай ғана.*

ЖАСЫ 1. *Көңілі босау, мұңаю, қамығу, беті қайту.* 2. *Темір, болат сияқты металдың қатты қыздырудан сууы, қызуы қайтып жұмсаруы.* 3. *Көздің көру қабілеті нашарлау, нұры қайту.* 4. ***Ауысп.*** *Жабығу, мұқалу, босау.*

ЖАСЫҚ I *Семіз емес, өте арық ет.*

ЖАСЫҚ II 1. *Жігерсіз, ынжық, былжыр.* 2. *Суарылмаған, жұмсақ.* 3. *Уытсыз, тартымсыз, әлсіз.* □ **Жасық көз** — *нұрсыз, отсыз көз.* □ **Жасығыңды жұбатпа** — *босқа әуреленіп, мәселіңді қайтарма.*

ЖАСЫҚТАН *Әлсіздену.*

ЖАСЫҚТАНДЫР *Құнсыздандыру, қадірін кетіру, бағасын түсіру, жұмсарту.*

ЖАСЫҚТАУ I *Арықтау, майсыздау.*

ЖАСЫҚТАУ II *Бостау, ынжықтау.*

ЖАСЫҚТЫҚ 1. *Арықтық, жілігі татымаушылық.* 2. *Ынжықтық, жігерсіздік.*

ЖАСЫЛ I *Найзағай, жасын, жай оты.* □ **Жасыл түсті** — *жай оты түсті.*

ЖАСЫЛ II 1. *Жапырақтың түсіндей түс.* 2. *Өсімдіктің құрамаған, сарғаймаған көк балауса кезі.* **Кеңсенің алды — ағаштар.** □ **Жасыл желек** ***поэт.*** — *жапырақ жайып, көктеп тұрған өсімдік.*

ЖАСЫЛДАЙ *Жай отындай, найзағайдай.*

ЖАСЫЛДАН 1. *Жасыл, найзағай, жай оты болып көріну.* 2. ***Ауысп.*** *Көгеріп жасыл түске бөлену.*

ЖАСЫЛДАУ *Жасылырақ.*

ЖАСЫЛДЫ *Жасыл түс аралас.*

ЖАСЫМЫҚ 1. ***бот.*** *Бұршақ тұқымдас, құрамында белогы көп шөп тектес өсімдік.* 2. *Тамаққа пайдаланылатын осы өсімдіктің дәні.*

ЖАСЫМЫҚША ***бот.*** *Өсімдіктің жас бұтақтарының газ алмастыратын органы.*

ЖАСЫМЫҚШЫ *Жасымық өсіруші.*

ЖАСЫН *Найзағай, жай, жасыл.*

ЖАСЫНА *Найзағай жарқылдау.*

ЖАСЫНАН *Жас кезінен, жастайынан, кішкене күннен.*

ЖАСЫНДА *Жас кезінде, балалық шағында, жасынан.*

ЖАСЫНДАЙ *Жасылдай, жай отындай.*

ЖАСЫР 1. *Көрсетпей тығып қою, козден тасалау.* 2. *Сыр бүгу, құпия устау.*

ЖАСЫРАҚ *Жастау, кішірек.*

ЖАСЫРАҚТАУ *Жастау.*

ЖАСЫРҒАНСЫ *Жасырмақ болғансу.*

ЖАСЫРҒЫШ *Жасыра білгіш, сездірмегіш.*

ЖАСЫРҒЫШТА *Тыққыштау.*

ЖАСЫРЫН I *Құпия, астыртын.* □ **Жасырын ат** — *шын аты емес, бүркеншік есім.*

ЖАСЫРЫН II *Көрінбей тығылу, бүгынып бой тасалау.*

ЖАСЫРЫНБАҚ *Жасырынғандарды іздеп табатын балалар ойыны.*

ЖАСЫРЫНДЫ *Ешкім білмейтін, құпия.*

ЖАСЫРЫП-ЖАП *Шынын айтпай, бүркемелеу.*

ЖАТ I 1. *Туыстық қатысы жоқ, бөтен, бөгде.* 2. *Жау, дұшпан, қас.* 3. *Лайықсыз, сөлекет, өрескел.* □ **Жат [тас] бауыр** — а) *бауырмал емес;* ә) *мейірімсіз, қатыгез.* **Жатжұрттыққа жаралған қыз баланың бөтен жаққа ұзатылуы.** **Жатпейіл** – *пиғылы арам, тар.* **Жат тіл** – *өз тілі емес, шет, басқа тіл.*

ЖАТ II 1. *Жамбастап, шалқалап, қырындап, не етпеттеп жату.* 2. *Төсекте жату, ұйықтау.* 3. *Бір жерде болу, жату.* 4. *Тән болу, қатысты болу.* 5. *Күрделі сөйлемнің құрамында көмекші қызмет атқаратын сөз.* □ **Жатқаннан тұрмасың! *қарғ.*** — *қайтып адам санатына қосылмасың.* **Жатыпатар** — *біреуді-біреуге атыстырғыш.* **Жатып жастық, иіліп төсек болды** — *асты-үстіне түсіп бәйек болды.* **Жатып кеп жабысты** — *ырыққа көнбей, тіпті қоймай.*

ЖАТ III: **жат жазу** — *мәтінді мұғалімнің айтуымен жазатын жазба жұмысы.*

ЖАТА: жата беріс — *күрес әдісінің бір түрі.* **Жата беріске тастау** — *қарсыласымен белдесіп күрескенде жата қалып, басынан лақтырып жіберу.*

ЖАТАҒАН I ***бот.*** *Жер бауырлап тырбиып өсетін шөптесін өсімдік.*

ЖАТАҒАН II *Биік емес, аласа.*

ЖАТАҒАНДАУ *Тапалдау, аласарақ.*

ЖАТА-ЖАСТАНА *Бірден емес, жаймен, біртіндеп, асықпай.*

ЖАТАҚ I *Орнынан тұрмай жатақтай беретін ауру.* □ **Жатақ келгір *қарғ.*** — *жата беретін ауруға ұшырағыр.*

ЖАТАҚ II *Көшіп-қонбайтын, отырықшы кедей шаруа.* □ **Жатақ бөлме** — *ұйықтайтын бөлме.* **Жатақ үй** — *жатақхана.* □ **Жатақ болды** — *жүргісі келмей, жата бергісі келді.*

ЖАТАҚТАС *Жатақханада бірге жататын, тұратын.*

ЖАТАҚХАНА *Бір жерде оқитын, я жұмыс істейтін адамдар тұруға арналған жатақ үй.*

ЖАТАҚХАНАЛАС *Жатақханасы бір, бірге тұратын.*

ЖАТАҚША *Жатақтарша, жатақ тәрізді.*

ЖАТАҚШЫ *Жатақ, кедей-шаруа.*

ЖАТАҚШЫЛЫҚ *Жатақ болушылық, отырықшылық.*

ЖАТАҚШЫП *Жата бергіштеп, жаталақтап.*

ЖАТАЛАҚ *Жем-судың нашарлығынан болатын жылқыдағы тышқақ ауруы.*

ЖАТАЛАҚТА *Жаталақ ауруымен ауыру, жаталақ болу.*

ЖАТАЛАҚШЫ *Жатақшу, мазасызданып тыпыршу, әрі-бері дөңбекшу.*

ЖАТАҢ *Бөтен, өзгеше, басқаша.*

ЖАТАР-ЖАТПАСТА *Елдің бірі жатып, бірі жатпай жатып.*

ЖАТ-ЖАҚЫН *Алыс-жақын.*

ЖАТ-ЖАЛА *Бөтен, бөгде, бәле-бәтер, басқа, жат-жаран.*

ЖАТ-ЖАРАН *Жат-жуық, бөтен, басқа адам.*

ЖАТ-ЖҰРАҒАТ *Сүйекшатыс, алыс-жақын, алыс туыс.*

ЖАТҚА *Ойша жаттап айту.* □ **Жатқа ал** – *еске сақта.* □ **Жатқа айтты** – *жазуға қарамай, оқымай, жаттап ойша айтты.* **Жатқа біледі** – *жадында сақтап, жаңылмай, шатаспай айтады.*

ЖАТҚЫЗ 1. ***өзг. етіс*** *Жат-қыз.* 2. *Жатуға мәжбүр ету.* 3. *Бір нәрсені біреуге тән еткізу.*

ЖАТҚЫЗЫП-ӨРГІЗ *Билеп төстеу, уысынан шығармау, айтқанын істету.*

ЖАТПАЙ-ТҰРМАЙ *Тыныштық көрмей, дамыл таппай.*

ЖАТСА-ТҰРСА *Қайда жүрсе де, әрдайым, үнемі, қашан болса да.*

ЖАТСЫН *Бөтенсіну, өгейсіну, жатырқау, тосырқау.*

ЖАТСЫРА *Жатырқау, бөтенсіну, жатсыну.*

ЖАТТА *Жазылған не айтылған нәрсені жатқа біліп алу.*

ЖАТТАҒЫШ *Жаттап алғыш, жаттауға бейім.*

ЖАТТАҒЫШТЫҚ *Жаттап алғыштық, жаттауға бейімділік.*

ЖАТТАЙ *Бөтен адамдай.*

ЖАТТАЛ 1. ***ыр. етіс*** *Жатта-л.* 2. *Есте мықты сақталу, ұмытылмай қалу.*

ЖАТТАМА *Жаттап алатын, жаттаратын, жаттанды.*

ЖАТТАМПАЗ *Жаттауға зерек, жаттағыш, бейімді, тез жаттап алғыш.*

ЖАТТАМПАЗДЫҚ *Жаттауға бейімділік, жаттағыштық, жаттай бергіштік.*

ЖАТТАН *Бөтенденіп, жат болу.*

ЖАТТАНДЫ *Жаттап алынған, жатқа білетін.*

ЖАТТАНДЫЛАУ *Жанынан шықпаған, жаттап алған.*

ЖАТТАНДЫЛЫҚ *Жаттап алуға әуестік. Жаттандылық.*

ЖАТТАУ 1. *Бөтендеу, бөгделеу, басқалау.* 2. ***Ауысп.*** *Салқындау, оғаштау.*

ЖАТТАУЛЫ *Есте сақтаулы, жаттанылған.*

ЖАТТАУСЫЗ *Жатталынбай, еске сақталмай.*

ЖАТТЫҒУ 1. *Дене шынықтырудың жүйелі түрде жиынтық кешені.* 2. *Оқушы жаңа материалды жақсы түсіну үшін жүргізілетін оқыту үрдісіндегі әдіс.*

ЖАТТЫҒУСЫЗ *Дайындықсыз, машықсыз, жаттықпай.*

ЖАТТЫҒУШЫ *Дайындалушы, дағдыланушы, машықтанушы.*

ЖАТТЫҚ I *Бөтендік, бөгделік, басқалық, жатырқаушылық.*

ЖАТТЫҚ II *Үйрену, машықтану, дағдылану.*

ЖАТТЫҚТЫРУШЫ *Спорт өнерінің әр түрінен маман ойыншы даярлайтын ұстаз, баулушы, үйретуші.*

ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛЫҚ *Жаттықтыру ісімен шұғылданушылық, ұстаздық.*

ЖАТША *Бөтен адамша, өзге кісіше.*

ЖАТЫҚ *Жатыңқы, тегіс, жазық.* 2. ***Ауысп.*** *Көңілге қонымды, үйлесімді, әдемі, мәнерлі.*

ЖАТЫҚТА *Бір нәрсені қонымдылау, жарасымды, әдемілеп жеткізу, жатық ету.*

ЖАТЫҚТЫҚ *Көкейге қонымдылық, әдемілік, мәнерлілік, үйлесімділік.*

ЖАТЫН I ***бот.*** *Өсімдіктің аналық мүшесінің негізгі бөлігі.*

ЖАТЫН II *Жатып-тұратын, ұйықтайтын (бөлме, үй).*

ЖАТЫҢҚЫ *Жатықтау, тегіс.*

ЖАТЫПАТАР *Қалжыңбас, өткір тілді, қуақы, сайқымазақ.*

ЖАТЫПІШЕР *Еңбек етпей күн көретін, араптамақ, масыл.*

ЖАТЫР I *Әйелдер мен ұрғашы жан-жануарлардың ұрық өсіп жетілетін ішкі органы, жатыны.* □ **Жатырына тартты** — *шешесіне, нағашы тегіне ұқсады.*

ЖАТЫР II *Күрделі етістіктің құрамында қолданылатын сөз.*

ЖАТЫРАҚ *Бөтендеу, жаттау, бөгделеу, басқа тәрізді.*

ЖАТЫРҚА *Тосырқау, жатсыну, бөтенсу.*

ЖАТЫРҚАУСЫЗ *Бөтенсінбей, жатсынбай.*

ЖАТЫРҚАУШЫ *Бөтенсінуші, жатсынушы, тосырқаушы адам.*

ЖАТЫРҚАУШЫЛЫҚ *Жатсынушылық, бөтенсінушілік.*

ЖАТЫРЛАС *Әкесі басқа, шешесі бір, кіндіктес.*

ЖАТЫРЛАСТЫҚ *Бір анадан туғандық, кіндіктестік, емшектестік.*

ЖАТЫС *Жатқан қалып, күй.* **Жатыс жалғау** — *көлемдік, мекендік, мезгілдік мағына беретін жатыс септігінің жалғауы.*

ЖАУ I 1. *Бір елге шабуыл жасаушы, шапқыншы, дұшпан.* 2. *Өштескен, қастасқан адам, дұшпан.* □ **Жау айдағыр [алғыр]** — *дұшпанның қолында кетпір.* **Жаубасар жүйрік** — *сайысқа шыгар сай тұлпар.* **Жаудан жағасы босамады** — *жаудан арылмады, дұшпаны көп болды.* **Жау алмайды [шаппайды]** — *ешкімге болмайды, ешкім де тимейді.* **Жау болды** — *жауықты, өштесті, қастасты.* **Жау етті** — *араздастырды, қастастырды, өштестірді.* □ **Жау жағадан алғанда** — *қиын-қыстау кезде, қысылтаяңда.* **Жау жегір қарғ.** — *дұшпанға жем болғыр, талауға түскір.* **Жаужүрек** *ажет, батыл, жүректі.* **Жаукөрді** — *дұшпан санады.* **Жау қабақ** — *туксиген, сұық қабақ.* **Жау қуғандай** — *асығыпүсіпсіп, асып-сасып.* **Жау тигендей** — *дүрлікіп, ту-талақайы шығып.* **Жау түсіргіш** — *батыл, ержүрек.*

ЖАУ II 1. *Жаңбыр не қардың аспаннан жерге түсуі; нөсерлеу.* 2. **Ауысп.** *Бір нәрсенің қаптап кетуі, көбеюі.* □ **Жауар күндей [бұлттай]** — *тұнжыраған, түнерген.*

ЖАУ: көздің жауын алады — *әдемілігімен көз тартады, көзді қызықтырады.*

ЖАУАП I 1. *Сұрауға жазба не ауызша түрде қайтарылатын түсінік, сөз жүзіндегі пікір.* 2. **мат.** *Шығарылған есептің шешуі, нәтижесі.* **Жауап алды** — а) *қойылған сұрақтың шешуін білді;* ә) *айыпкерге сұрақтар қойып тексерілді.* □ **Жауап берді** — а) *сұрауына түсінік берді, жауап қайтарды;* ә) *жауапкершілікті міндетіне алды.* **Жауап қайырды [қайтарды, қатты]** — *сөзге, сұраққа жауап берді.* **Жауап қылды [етті]** — *жауап берді.* **Жауапқа тартты [тартылды]** — *айыптады, жазалады.*

ЖАУАПКЕР 1. **заң** *Жазықты, қылмысты адам, айыпкер.* 2. *Белгілі бір істі орындау ретіндегі жауапты адам.*

ЖАУАПКЕРЛІК *Жауаптылық, жауапты болушылық, міндетіне алушылық.*

ЖАУАПКЕРШІЛІК *Бір іске жауаптылық, міндеттілік.*

ЖАУАПСЫЗ *Жауапкершілікті сезінбей іске қалай болса солай немқұрайды қарайтын.*

ЖАУАПСЫЗДАУ *Селқостау, немқұрайдылау, үстірттеу.*

ЖАУАПСЫЗДЫҚ *Іске немқұрайды қараушылық.* **Жауапсыздықпен қарады** — *немқұрайдылық етті, мән бермеді.*

ЖАУАПТА I 1. *Тергеу, тексеру, жауап алу.* 2. *Жауапқа тарту, айыптау.*

ЖАУАПТА II *Пікірлесе сөйлесу, тілдесу.*

ЖАУАПТЫ 1. *Тапсырылған іске тікелей жауап беретін (адам).* 2. *Айыпты, жазықты, кінәлі.* **Жауапты нұсқаушы** — *жауап беретін, істің дұрыс орындалуын қадағалап отыратын адам.* **Жауапты редактор** — *жауап беретін редактор, ең басты, негізгі редактор.* **Жауапты хатшы** — *ұйымның күнделікті іс-қағаз, ұйымдастыру жұмысын бас-*

қарушы, басшы. □ **Жауапты етті** — *міндеттеді, борышты етті.* **Жауапты қарады** — *жауапкершілікпен атқарады.*

ЖАУАПТЫЛЫҚ 1. *Тапсырылған іске тікелей жауап берушілік, жауапкершілік.* 2. ***Ауысп.*** *Мәнділік, маңыздылық.* □ **Жауаптылықпен қарады** — *өз ісін саналы түрде істеді.*

ЖАУБҮЙРЕК *Сойған қозы не лақтың бүйрегін арқа омыртқаларға жабысқан күйінде, сыртындағы майымен бүзбай пісірген тағам, майбүйрек.*

ЖАУГЕР 1. *Жаулаушы, жаушы.* 2. *Айбатты, қайратты.*

ЖАУГЕРЛІК 1. *Жаулаушылық, батылдық, ержүректік.* 2. ***Ауысп.*** *Араздық, өштік.*

ЖАУГЕРШІЛІК *Ұрыс-соғыс, шапқыншылық.*

ЖАУДАЙ *Жау сияқты, дұшпандай.* □ **Жаудай жапырды** — *апырып-жапырып істеді.* **Жаудай көрді** — *дұшпан санады, қас деп білді.* **Жаудай тиді** — *ойсыратты, жапырды.*

ЖАУҒЫШ *Жиі жауатын, жауа бергіш (күн).*

ЖАУДЫР I *Мөлдіреген, тұнық, таза.* **Жаудыр [қара] көз** — *әдемі, тұнық көз.*

ЖАУДЫР II 1. ***өзг. етіс*** *Жауды-р.* 2. *Қолдан күн жауғызу.* 3. ***Ауысп.*** *Сұрау қаптату, көбейту.*

ЖАУДЫРА 1. *Бейқұнә қарау, мөлдіреу.* 2. ***Ауысп.*** *Жаутаңдау, жалтақтау.*

ЖАУДЫРМАЛА *Үсті-үстіне төпелеу, жаудыру.*

ЖАУ-ЖАҒАЛАС *Алыс-жұлыс, тартыс.*

ЖАУ-ЖАЛАМ 1. *Қарбалас, аласапыран.* 2. *Лезде, әп-сәтте.*

ЖАУЖАНДЫ *Жаушыл, тайсалмайтын ер, батыл, ержүрек.*

ЖАУЖАПЫРАҚ ***бот.*** *Таулы жерде өсетін, көлемі үлкен, жалпақ жапырақ.*

ЖАУ-ЖОРЫҚ *Жаугершілік, жорық, аттаныс.*

ЖАУЖҰМЫР I *Күйіс қайтаратын жануарлардың асқазанының төрт бөлігінің бірі, жұмыршақ, жалбыршақ қарын.*

ЖАУЖҰМЫР II ***бот.*** *Құмды жерлер мен шөл, шөлейт өңірлерде өсетін көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ЖАУЖҮРЕК I *Батыр, батыл жауынгер.*

ЖАУЖҮРЕК II ***жерг.*** *Жаубүйрек.*

ЖАУҚӨБЕЛЕК ***зоол.*** *Ауылшаруашылық өсімдіктеріне зиян келтіретін көбелек.*

ЖАУҚАЗЫН I 1. *Лалагүлі тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік, соның ерте көктемде пісетін ақ түйнекті баданасы.* 2. ***Ауысп.*** *Жасөспірім, балғын, балауса, жас.*

ЖАУҚАЗЫН II *Жауқазын өсімдігінің гүлі тәріздес ою-өрнек.*

ЖАУҚАЗЫНДАЙ *Балғын, жапжас, балауса.*

ЖАУҚАРЫН *Жауқазын іспеттес өсімдік.*

ЖАУҚИЯҚ ***бот.*** *Тік, түзу сабақты, тамыры ұзын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ЖАУЛА 1. *Әскери күшпен бір елдің жерін шауып басып алу.* 2. ***Ауысп.*** *Ерікті билеу, үйіріп алу, баурап алу, бағындыру.* **Жаулап алды** — а) *басып алды, өзіне бағындырды;* ә) *көп жерге тарады, жайылды.*

ЖАУЛАН *Жауығу, айбындану, қатулану, өшігу, бұрқану, масаттану.*

ЖАУЛАС *Бір-бірімен қастасу, өштесу.*

ЖАУЛАСТЫР *Жауықтыру, жау қылу.*

ЖАУЛАУШЫ *Елді, жерді басып алушы, басқыншы.*

ЖАУЛЫ *Жауы бар, қас дұшпаны көп.*

ЖАУЛЫҚ I *Күйеуі бар әйелдердің басына салатын (көбіне ақ түсті) орамал.*

ЖАУЛЫҚ II *Қастық, дұшпандық, өштік, араздық.*

ЖАУЛЫҚТЫ *Жаулығы бар, жаулық салған.*

ЖАУЛЫҚТЫР *Қастастыру, өшіктіру.*

ЖАУПАЗАҚ ***бот.*** *Өріктің өте ерте пісетін сорты.*

ЖАУРА 1. *Тоңу, мұздау.* 2. ***жерг.*** *Жаңбырдың астында қалып дірдектеу, тоңу.*

ЖАУРАУЫҚ *Суыққа төзімсіз, тоңғақ; үнемі дірдектеп, тоңып жүретін адам.*

ЖАУСАТ *Жамсату, бір нәрсені қирату, талқандау, күйрету.*

ЖАУСЫЗ *Жауы жоқ, қас-дұшпансыз.*

ЖАУСЫН *Дұшпансыну, жау көру.*

ЖАУСЫРА *Соғысуды аңсап, жау, дұшпан іздеу.*

ЖАУТАҢ I *Түлкінің күшігі.*

ЖАУТАҢ II *Мөлтең, жаутаңдаған, жаудыраған (көз).* **Жаутаң етті** — *мөлдіреп қарады, жаутаңдады.* **Жаутаң қақты** — *мөлтең қақты, жалтақтап жаутаң-жаутаң қарады.*

ЖАУТАҢДА *Көздің төменшіктеп бір жерде тұрмай, жаудырай қарауы, жоутеңдеу, мөлтеңдеу.*

ЖАУТАҢ-ЖАУТАҢ: [мөлтең-мөлтең] жаутаң-жаутаң етті — *жаудырай қарады, жаутаңдады.*

ЖАУТЕРЕК *Кегей тұқымдас, таулы өлкеде өсетін майтерек.*

ЖАУТОРҒАЙ *Топтанып жүретін, тары егісіне зиянды торғай.*

ЖАУША I ***бот., жерг.*** *Қарабидай.*

ЖАУША II *Жау сияқты, қас дұшпанша.*

ЖАУШАЛҒЫН ***бот.*** *Ылғалды жерлерде биік боп өсетін балауса шөп.*

ЖАУШҰМЫЛДЫҚ ***бот.*** *Тармақталған жуан тамырлы, қоңыр қошқыл түсті сарғалдақ тұқымдас өсімдік.*

ЖАУШЫ I *Жаулап алған жаудан өшін алушы.*

ЖАУШЫ II 1. *Екі елдің арасын кепістіруші, елші.* 2. *Өте маңызды хабар-ошарды тез жеткізетін хабаршы, күзетші.* 3. *Құда түсер алдында қыздың әке-шешесіне барып, келісімін алып қайтатын адам.*

ЖАУШЫ-ЖАЛАМ *Шала-пұла, асығыс, атүсті.*

ЖАУШЫ-ЖАЛАМДА *Алыс-жұлыста, алыс-жұлыс кезінде.*

ЖАУШЫЛА *Жауласу, шабысу, соғысу.*

ЖАУШЫЛЫҚ 1. *Жаушы болу, өте маңызды іс-әрекет туралы хабар берушілік, қүзетшілік.* 2. *Құда болушылық, құдалық.*

ЖАУШЫМШЫҚ *Жауторғай тектес жіңішке ұзын құйрықты келген шымшық.*

ЖАУШЫМЫЛДЫҚ ***бот.*** *Әдемі, ақ қызыл гүлді ірі дала пионы.*

ЖАУЫЗ 1. *Қанішер, қанынезер, зұлым, қаскүнем.* 2. ***Ауысп.*** *Қайырымсыз, қатал.*

ЖАУЫЗДЫҚ *Зұлымдық, залымдық, қастандық, қаскүнемдік.*

ЖАУЫЗЫРАҚ *Зұлымырақ, залымырақ, қаталдау.*

ЖАУЫҚ I *Жауласу, қастасу, өштесу.*

ЖАУЫҚ II ***жерг.*** *Жабу.*

ЖАУЫҚҚЫШ *Жауыға беріліп, қастасқыш, жауласқыш, өштескіш.*

ЖАУЫЛША ***бот.*** *Таулы жерлерде өсетін, қой малына жүгымды шөп.*

ЖАУЫН *Су тамшылары түріндегі атмосфералық тосап, жаңбыр.*

ЖАУЫНГЕР 1. *Қатардағы әскер, шерік, сарбаз.* 2. ***Ауысп.*** *Батыл, қайсар, ержүрек.*

ЖАУЫНГЕРЛІК *Жауынгерге тән қасиет, әскери.* **Жауынгерлік листок** — *бригададағы күнбе-күнгі еңбек жетістіктерін жариялап отыратын жарнама қағаз.*

ЖАУЫНГЕРШЕ *Жауынгер тәрізді, сарбазша.*

ЖАУЫНГЕРШІЛІК *Батылдық, ерлік, жүректілік, жауынгерлік.*

ЖАУЫНДАТ 1. *Жаңбыр қатты жауу, жаңбырлату.* 2. *Жауын қатты жауып тұрған кезде бір жаққа бару, кету.*

ЖАУЫНДАТҚЫШ ***тех.*** *Суды жаңбырша жаудыратын, бүркетін машина, я жаңбырлатқыш.*

ЖАУЫНДАТЫП *Жауын жауып тұрғанда, жауын кезінде, жауын-шашындату, жаңбырлату.*

ЖАУЫНДЫ *Жауын-шашынды, жаңбырлы.*

ЖАУЫНДЫЛАУ *Жауыны көбірек, жауын-шашындылау.*

ЖАУЫНДЫ-ШАШЫНДЫ *Жауын-шашыны көп, жаңбыры мол, жаңбырлы, боранды-бұрқасынды.*

ЖАУЫНҚҰРТ *Топырақ жеп тіршілік ететін ұзынша келген қызыл құрт, шылаушын.*

ЖАУЫНША *Жаңбыр тәрізді бұрқырата, төге.*

ЖАУЫН-ШАШЫН *Жаңбыр, қар, жауын т. б. атмосфералық ылғал, тосап.*

ЖАУЫН-ШАШЫНДЫ *Жауын-шашыны мол, жаңбырлы.*

ЖАУЫР 1. *Мініс көлігінің арқасына ердің батуынан, қажалудан пайда болатын жарақат.* 2. ***Ауысп.*** *Арық, ыңыршағы шығып титықтаған арық күш көлігі.* **Жауыр болған** — *ығыр еткен, ерғашты.* □ **Жауыр болды** — *арқасы кетті, жара болды.* □ **Жауырды жаба тоқыды** — *кемшілікті жасырып жапты, бүркемеледі.* **Жауыр етті [қылды]** — а) *аттың арқасын жаралады, жарақаттады; ә) мезі етті, ығыр қылды.* **Жауыр сөз** — *жұртты мезі еткен, машықты әңгіме.*

ЖАУЫРА ***көне*** *Жауыр болу, ойылу.*

ЖАУЫРЫН 1. *Жануарлардың қол мүшесінде, адамның арқасының жоғары тұсында иықпен жалғасқан, жоғарғы жағы тоқпан жілікпен жалғасып тұратын қалақша сүйек.* 2. ***Ауысп.*** *Киімнің жауырын тұсына келетін, арқа жағы.* 3. ***Ауысп., этн.*** *Бал ашатын, жорамал айтатын сүйек.* □ **Жауырыны қақпақтай** — *денелі, иықты.* **Жауырынынан қақты** — *ризашылық білдірді, мақтады.* **Жауырын қарады** ***этн.*** — *бал ашты, бір нәрсені болжап, жорыды, жорамалдады.* **Жауырынын жерге тигізді** — *алып ұрды, жықты; жеңді.*

ЖАУЫРЫНДЫ *Иықты, денелі.*

ЖАУЫРЫНДЫЛАУ *Жауырыны үлкенірек, иықтылау.*

ЖАУЫРЫНТАҚ I *Жауырынның қалақ басындағы шеміршектің өсіп кетуінен болатын ауру.*

ЖАУЫРЫНТАҚ II ***жерг.*** *Иініш.*

ЖАУЫРЫНШЫ *Қойдың жауырынына қарап бал ашатын балгер.*

ЖАһАН: жаһан кешті — *жержүзін шарлады, күллі әлемді аралады.*

ЖАһАННАМ ***діни*** *Тамұқ, тозақ, діни мистикалық сенім бойынша, өлген адамның "жаны" ұшып баратын жеті тамұқтың ең жаманы.* □ **Жаһаннамға жан тапсырды** — *о дуниеге кетті, өлді.* **Жаһаннамға жөнелтті [жіберді]** — *о дуниеге аттандырды, өлтірді.*

ЖАһАТ I ***көне*** *Ниет, ықылас, ынта.* **Жаһат етті** — *ниет етті, көңіл қойды.*

ЖАһАТ II ***көне*** *Жақ, түс, түргы.*

ЖАһАТТА ***көне*** *Жақтау, қолдау.*

ЖАһАТТАС ***көне*** *Жақтас, ниеттес.*

ЖАһАТТЫ *Ниетті, ықыласты, ынталы.*

ЖАЙЫЛЫ *Жайып тасталған, қойылған, жазылған, жайылған; төсеулі.*

ЖАЙСЫЗ *Бір нәрсенің жайылмай қалуы.*

ЖАЯ 1. *Малдың сауырымен жалғасқан екі жамбасының тұтасқан жұпжұмыр майлы жері.* 2. *Жылқының екі жамбас сүйегінің түйіскен тұсындағы дәмді, майлы еті.*

ЖАЯДАЙ *Жая сияқты.*

ЖАЯЛЫ *Жая еті мол, семіз.*

ЖАЯЛЫҚ *Жас баланы орайтын жайма шүберек, жөргек.*

ЖАЯЛЫҚТАЙ 1. *Жалпақ, көлемді, үлкен, жаялықтың үлкендігіндей.* 2. *Аумақ, көлемі кішкентай, алақандай.* **Жаялықтай болды** — *жайылды, үлкейді.*

ЖАЯУ 1. *Астында мінген көлігі жоқ, көліксіз.* **Жаяу әнші [жыршы]** — *жай, қатардағы әнші.* **Жаяу әскер** — *қарулы күштердің жаяу қимыл жасайтын негізгі бөлімі.* **Жаяу бәйге [жарыс]** — *жаяулардың жарысы, жаяу жарыс.* □

Жаяу боран – *онша қатты соқпайтын боран.* **Жаяу бұрқасын** – *онша қатты емес, бәсең боран.* **Жаяу қалжың** – *жеңіл-желпі зілсіз әзіл.* **Жаяу өсек** – *ауыздан ауызға өтетін өсек сөз, пыш-пыш әңгіме.* **Жаяу төбелес** – *көліксіз жаяу жүріп, қолмен соғысатын төбелес, жеңіл-желпі төбелес.*

ЖАЯУ-ЖАЛПЫ *Көліктісі бар, жаяуы бар, барлығы.*

ЖАЯУ-ЖАЛПЫЛЫ *Жаяулап-жалпылап, амалдап.*

ЖАЯУЛА 1. *Көліксіз жаяу жүру.* 2. ***Ауысп.*** *Баяулап, жайлап, ақырындап.*

ЖАЯУЛАП-ЖАЛПЫЛАП *Жаяу-жалпылы, көлікті-көліксіз боп, әйтіп-бүйтіп.*

ЖАЯУЛАТА *Ақырындап, жайлап, баяулап.*

ЖАЯУЛАТЫП *Жаяу жүріп, баяулатып, жаяу-жалпылатып, ақырындатып.*

ЖАЯУЛЫ *Жаяулап, көліксіз.*

ЖАЯУЛЫҚ *Жаяу жүрушілік, көліксіздік.*

ЖАЯУСОҚПАҚ *Үйлерді бойлай, жол жиегінде салынған, жаяу адамдар жүретін жол; тротуар.*

ЖАЯУШЫЛЫҚ *Жаяу жүрушілік, көліксіздік.*

ЖӘ *Жетер, болар; жарайды, ия.*

ЖӘБІР *Зәбір, біреуге жасаған қиянат, қорлық-зорлық.* □ **Жәбір етті [жасады]** – *қиянат көрсетті, жәбірледі.* **Жәбір көрді [көрсетті, шекті]** – *жапа шекті, зорлық көрді.* **Жәбір тартты [қылды]** – *жапа шекті, қорлық-зорлық көрді.*

ЖӘБІР-ЖАПА *Зорлық-зомбылық, қорлық.* **Жәбір-жапа көрді [шекті]** – *зорлық көрді, жапа шекті.*

ЖӘБІРЛЕ *Зәбірлеу, зорлық-зомбылық жасау, қорлық көрсету. Көңіліне дақ түсіру, ренжіту.*

ЖӘБІРЛЕН 1. ***ыр. етіс*** *Жәбірле-н.* 2. *Қиянат көру, жапа шегу.*

ЖӘБІРЛЕНУШІ *Жапа шегуші, қорлық, қиянат көруші.*

ЖӘБІРЛЕНУШІЛІК *Жапа тартушылық, зорлық, қиянат көрушілік.*

ЖӘБІРЛЕУШІ *Зәбірлеуші, біреуге зәбір жасаушы, қорлық, қиянат көрсетуші.*

ЖӘБІРЛЕУШІЛІК *Зәбір көрсетушілік, қорлық көрсетіп, ұрып-соғушылық.*

ЖӘБІРЛІ *Жапа шеккен, жәбірленген.*

ЖӘБІРЛІЛІК *Жәбір көргендік, зәбірленгендік.*

ЖӘБІРСІЗ *Зәбірі жоқ, зілсіз.*

ЖӘБІРШІ *Қиянат жасаушы, зәбірлеуші.*

ЖӘБІРШІЛ *Зәбіршіл, қиянатшыл.*

ЖӘБІРШІЛІК *Зәбір көрушілік, қиянатшылдық.*

ЖӘДИТ 1. *Мұсылмандар арасындағы ұлттық қозғалыс, саяси ағым.* 2. *Осы ағымды жақтаушы адамдар.* 3. *Мұсылманша оқып білім алудың жаңа жүйесі.*

ЖӘДИТШЕ *Жәдит әдісінше, жаңаша, төтенше.*

ЖӘДИТШІЛ *Жәдитизмді жақтаушы.*

ЖӘДИТШІЛДІК *Жәдитизмді жақтаушылық.*

ЖӘДІГЕР 1. ***көне*** *Айтулы, тарихи жайға арналған архитектуралық не кескіндеме ескерткіш.* 2. ***Ауысп.*** *Жақсының көзі, тұяғы.*

ЖӘДІГЕРЛІК *Ескерткіш.*

ЖӘДІГӨЙ *Көзбояушы, сықыршы, азғырушы, әзәзіл.*

ЖӘДІКЕШ ***жерг.*** *Зерек, ұғымтал, жадына сақтағыш.*

ЖӘКЕ 1. *Әке, көке мағынасындағы айтылатын қошемет сөз.* 2. *Жалпы жасы үлкен ер кісілерге айтылатын құрметтеу сөз.* 3. ***жерг.*** *Қайын ата.*

ЖӘКЕТАЙ ***экспр.*** *Жәке сөзінің құрметтеу, жалыну, жалбарыну мәнінде айтылатын тұлғасы.*

ЖӘКЕТТІ ***кәс.*** *Қаракөл елтірісінің бір сорты.*

ЖӘМБІЛШЕ *Ерте пісетін кішірек, домалақ қауын.*

ЖӘМКЕ ***жерг.*** *Шымшуыр, қысқыш.*

ЖӘМПЕЙЛЕ *Алдап-сулап айналдыру.*

ЖӘМПЕЙЛЕС *Ауыз жаласу, әмпей-жәмпей болу.*

ЖӘМШІК 1. ***көне*** *Почта, жүк, жолаушы таситын арба.* 2. *Арба айдаушы, делбеші.*

ЖӘНЕ *Сөз бен сөзді не сөйлем мен сөйлемді байланыстырушы шылау.*

ЖӘНШАУ ***мед.*** *Көбіне жас балаларда кездесетін өте жұқпалы тамақ ауруы.*

ЖӘП: жәп ете қалды — *әңгімеге тез араласа кетті, іліп әкетті.*

ЖӘПІЛДЕ *Аузы-аузына жұқпай тез сөйлеу, жыпылдау.*

ЖӘРДЕМ 1. *Көмек, септік, қолғабыс.* 2. *Мүгедектер мен зейнеткерлерге мемлекет тарапынан берілетін жәрдем ақша.* **Жәрдем ақша** — *еңбек, соғыс мүгедектеріне мемлекет тарапынан берілетін ақшалай көмек.* **Жәрдем берді [етті, жасады, көрсетті]** — *көмектесті, жәрдем етті.* **Жәрдем бөлімі** — *әлеуметтік жәрдем беретін және қамсыздандыру ісін басқаратын мекеме.* **Жәрдемі тиді** — *көмек берді, болысты.*

ЖӘРДЕМАҚЫ *Бала туғанда немесе көмек ретінде бір рет берілетін жәрдем ақша.*

ЖӘРДЕМДЕС *Көмектесу, болысу, қолғабыс көрсету.*

ЖӘРДЕМСІЗ *Қолғабыссыз, көмексіз.*

ЖӘРДЕМШІ *Көмекші, қолғабыс көрсетуші.*

ЖӘРДЕМШІЛІК *Көмекшілік, қолғабыс етушілік.*

ЖӘРАКІМАЛЛА *Түшкірген кісіге айтылатын қошемет сөз.*

ЖӘРКЕУ ***кәс.*** *Балық аулауға рұқсат ететін мезгіл.*

ЖӘРКЕШ ***жерг.*** *Дөңбек ағаш, жаңғырық.*

ЖӘРМЕҢКЕ 1. *Мерзімді уақытта белгілі бір жерде болатын сауда орны, үлкен базар.* ***Ауысп.*** *Ойын-сауық, тойдуман. Айқай-ұйқай, у-шу.*

ЖӘРМЕҢКЕЛЕ *Жәрмеңкеге барып сауда жасау, базарлау.*

ЖӘРМЕҢКЕЛЕТ 1. *Сауда-саттық жасау, базарлату.* 2. ***Ауысп.*** *Ойнап-күлу, думандату.*

ЖӘРМЕҢКЕЛІ 1. *Жәрмеңкесі бар, базарлы.* ***Ауысп.*** 2. *Той-думанды, қызықты.* 3. *Азан-қазан, у-шулы.*

ЖӘРМЕҢКЕЛІК *Жәрмеңкеге тән, базарға қатысты.*

ЖӘРМЕҢКЕШІ *Жәрмеңкеге барушы, базаршы.*

ЖӘУКЕМ *Илеу, қыспақ, қысым.* □ **Жәукемге алды** — *қыспаққа алды, қысты.* **Жәукемін шығарды** — *быт-шытын, тас-талқанын шығарды.*

ЖӘУКЕМДЕ *Бір нәрсені тез тастау, әп-сәтте бітіру, еңсеру.*

ЖӘУТІК *Нашар, әлжуаз, жаман.*

ЖӘШІК *Түрлі зат салуға арналған төрт бұрышты ағаш не картон қорап.*

ЖӘШІК-ЖӘШІК *Бірнеше жәшік.*

ЖӘШІКТЕ *Бірдемені жәшікке салу, бекіту.*

ЖӘШІКТІ *Жәшігі бар, жәшік тиеген.*

ЖӘШІКШЕ *Кішірек етіп жасалған жәшік.*

ЖЕ 1. *Асты, тамақты шайнап жұту, тамақтану, ауқаттану.* 2. *Жеп қою, қылғыту.* 3. *Шірітіп жіберу, тот басу, бүлдіру, бұзу.* 4. ***Ауысп.*** *Алдау, арбау, еңбегін пайдалану, пайда түсіру.* 5. *Іштей күйзелу, өзін-өзі қинау.*

ЖЕБЕ I 1. *Садақ оғы.* 2. *Жау жолына құрылған кедергі.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің сүйір ұшы.*

ЖЕБЕ II *Демеу, сүйеу, жар болу, қолдау.*

ЖЕБЕЖАПЫРАҚ ***бот.*** *Жапырағы жебе тәрізді, суда немесе батпақты жерде өсетін шөптесін өсімдік.*

ЖЕБЕЙ: **жебей сауды** — а) *малды жеделдете жиілете сауды;* ә) *езді, қанады, сүліктей сорды.* **Жебей басты** — *тез-тез басты, ентелей жүрді.*

ЖЕБЕЛЕ I *Тездету, жылдамдату, шапшаңдату, жеделдету.* □ **Жебелей басты** — *аяғын жылдамдата басты.*

ЖЕБЕЛЕ II *Демеу, көтермелеу, қолдау.*

ЖЕБЕЛЕН *Бірдеменің ұшы сүйірлену, үшкірлену.*

ЖЕБЕЛІ 1. *Жебесі бар, ұшы үшкірленген.* 2. ***Ауысп.*** *Бірдеменің сүйір, үшкір келген ұшы.*

ЖЕБЕЛІК *Бір нәрсенің ұшы.*

ЖЕБЕП-ДЕМЕП *Қолдап, қолпаштап, қуаттап.*

ЖЕБЕУШІ *Қолдаушы, демеуші.*

ЖЕБІЛГЕН ***бот.*** *Гүлі үкі тәріздес шашақты көпжылдық өсімдік.*

ЖЕБІНДІ *Қайталап сауып алынған сүт.*

ЖЕБІР I ***бот.*** *Жатаған сабақты, хош иісті, құрай тектес шала бұта.*

ЖЕБІР II 1. *Мал азығында витаминдердің жетіспеуінен болатын ауру, індет.* 2. *Не болса соны жейтін жемқор (мал).* 3. ***Ауысп.*** *Парақор, жалмауыз, дүниеқор.*

ЖЕБІРЕЙІЛ ***діни*** *Адамға демеу, қорғаң болатын періште.*

ЖЕБІР-ЖЕСІР *Кедей-кепшік, ашарық.*

ЖЕБІРЛЕ *Жер-жебіріне жету, сөгу.*

ЖЕБІРЛЕН *Обырлану, қомағайлану.*

ЖЕБІРЛІК *Обырлық, жемқорлық, жалмауыздық.*

ЖЕБІРШЕ *Жебір, жемқор сияқты, обыр тәрізді.*

ЖЕГЕЛЕК ***кәс.*** *Қауынның кішкене түрі, жәмбілше.*

ЖЕГЕНЕ ***кәс.*** *Жалғыз, дара, жалқы.*

ЖЕГЕНЕЛЕ ***кәс.*** *Жекелеу, сиректету, даралау.*

ЖЕГЖАТ *Жамағайынды, құда-құдандалас адам.*

ЖЕГЖАТ-ЖҰРАҒАТ *Құда-құдандалас, нағашы-жиендес адамдар.*

ЖЕГЖАТСЫМАҚ *Аздап жегжаттық қатысы бар.*

ЖЕГЖАТТАП *Жегжат іздеп, жегжат аралап.*

ЖЕГЖАТТАС *Жегжат болысу, туыстасу.*

ЖЕГЖАТТАУ *Жегжаттық жағынан жақынырақ.*

ЖЕГЖАТТЫҚ *Жегжаттық қатыс, құда-құдандалық.*

ЖЕГЖАТШЫЛА *Жақын-жуықты аралау, бару.*

ЖЕГУЛІ *Арбаға, шанаға, жегілген.*

ЖЕГУСІЗ *Арба, шанаға жегілмеген.*

ЖЕГІ 1. ***мед.*** *Көбінесе бет терісіне түсетін тері туберкулезі, туберкулез ауруы.* 2. ***Ауысп.*** *Уайым қайғы, шер.* □ **Жегі құрт** — а) *жай көзге көрінбейтін құрт; микроб;* ә) *меңдеп алған іштегі қайғы, дерт.*

ЖЕГІДЕЙ *Жегі құртындай.* □ **Жегідей жеді [кемірді]** — *қатты уайымға түсті.*

ЖЕГІН 1. *Жегуге үйренген көлік.* 2. ***Ауысп.*** *Көнбіс, шыдамды, төзімді адам.*

ЖЕГІНДІ *Жегуге үйретілген, көндіккен.*

ЖЕГІНДІК *Көнбіс, төзімді, шыдамды, жегуге лайық.*

ЖЕГІР: жау жегір, жау айдағыр — *көбіне жылқы малына айтылатын қарғыс.*

ЖЕГІС *Жегін.*

ЖЕГІШІ 1. *Тамақсау, тамақты көп жейтін қомағай.* 2. ***Ауысп.*** *Біреудің еңбегін қанап алым алғыш, парақор.*

ЖЕГІШТІК *Қомағайлық, обырлық.*

ЖЕДЕҒАБЫЛ *Іле-шала, тез-тез.*

ЖЕДЕҒАБЫЛДАТА *Жылдамдату, тездету.*

ЖЕДЕЛ I 1. *Тез, жылдам, шапшаң.* 2. *Тығыз, асығыс.* □ **Жедел жәрдем [көмек]** — *қолма-қол берілетін көмек.* **Жедел жәрдем машинасы** — *қолма-қол көмек көрсететін машина.* **Жедел өткен шақ** ***грамм.*** — *етістіктің бастапқы қалпына және етістіктің етіс түріне жұрнақ жалғану арқылы жасалатын етістіктер.*

ЖЕДЕЛ II ***көне*** *Сәйгүлік, жүйрік.*

ЖЕДЕЛДЕ *Ілесе, тездету.*

ЖЕДЕЛДЕС ***көне*** *Тетелес, өкшелес.*

ЖЕДЕЛДЕТІЛ *Жылдамдатылу, шапшаңдатылу.*

ЖЕДЕЛДЕУ *Тездеу, жылдамдау, шапшаңдау.*

ЖЕДЕЛДІ ***көне*** *Тетелес, қатарлас.*

ЖЕДЕЛДІК *Тездік, шапшаңдық, жылдамдық.*

ЖЕДЕЛІРЕК *Шапшаңырақ, жылдамырақ, тезірек.*

ЖЕДЕШ ***жерг.*** *Тобық жасыру сияқты ойынның аты; сүйек асыру ойыны.*

ЖЕЗ 1. ***геол.*** *Мырыш пен мыстың және басқа элементтердің қосындысы.* 2. ***Ауысп.*** *Түбіне пистон, ішіне оқ салған патрон.* □ **Жезаяқ** — *қыдырымпаз, жүрдек.* **Жез бұйдалы** — *әдемі, әсем жездеген бұйдасы бар.* **Жез иық** — *жезді погон, оқалы иық.* **Жезкиік** ***поэт.*** — *сұлу, мүсінді жүйрік киік.* **Жез кірпік [мұрт]** — *тікірейген әдемі кірпік (мұрт).* **Жезқанат** — *қанаты әдемі, сұлу.* □ **Жезмойын** — *ұзын, әдемі мойын.* **Жезтаңдай [көмей]** — *суырып салма, шешен; асқан әнші, өлеңші.*

ЖЕЗАЙЫР ***көне*** *Мылтықтың бір түрі, аяқты мылтық.*

ЖЕЗДЕ *Жасы үлкен апаның күйеуі, ері.*

ЖЕЗДЕЙ *Жезде сөзінің балдыз тарапынан сыйлап, еркелете айтылатын түрі.*

ЖЕЗДЕКЕ *Жезде сөзінің сыйлау, құрметтеу мәнінде айтылу түрі.*

ЖЕЗДЕКЕЛЕ *Жездеке-жездеке деп қайта-қайта айту.*

ЖЕЗДЕЛЕ *Жезде-жезде деп қайта-қайта айту.*

ЖЕЗДЕЛІК *Жезде болушылық, жақындық.*

ЖЕЗДЕМСІ *Жезде болғансу.*

ЖЕЗДІ *Жезі бар, жезбен қапталған, жезделген.*

ЖЕЗЛ ***кәс.*** *Пойыз жүрісін реттеу үшін қолданылатын аспап.*

ЖЕЗӨКШЕ *Жеңіл жүрісті, сайқал, жүргіш, жәлеп.*

ЖЕЗТЫРНАҚ 1. ***миф.*** *Ертегі, аңыздарда айтылатын өткір жезтырнағы бар мыстан кемпір.* 2. ***Ауысп.*** *Қанішер, жауыз, бұзық.*

ЖЕЙДЕ ***жерг.*** *Ерлердің сырт көйлегі.*

ЖЕЙДЕЛІ *Жейдесі бар, жейде киген.*

ЖЕЙДЕШЕҢ *Жалаң ғана киген, көйлекшең.*

ЖЕК I *Жорға дуадақ.*

ЖЕК II 1. *Жегін көлікті арба-шанаға жегу, қосу.* 2. ***Ауысп.*** *Бір жұмысты орындауға міндеттеу, пайдалану.*

ЖЕК: жек көрді — *ұнатпады, жақтырмады.* **Жек көрінішті болды** — *абыройынан айрылды, қадірі кетті.*

ЖЕКЕ 1. *Дербес, бөлек, өз алдына.* 2. *Өзіндік, бір өзіне қатысты.* 3. *Оңаша, дара.* □ **Жекебасты** — *жалғызбасты; бойдақ, жесір.* **Жекеменшік** — а) *меншігінде мал-мүлкі бар шаруашылық;* ә) *біреудің қарауындағы, қарамағындағы.* **Жекеменшікшіл** — *жекеменшікке құштар, жақтайтын.* **Жеке шаруа** — *өз меншігінде мал-мүлкі бар шаруа.*

ЖЕКЕ-ДАРА 1. *Ерекше, елден ерек.* 2. *Оңаша, жападан-жалғыз, оқшау.*

ЖЕКЕ-ДАРАЛЫҚ 1. *Ерекшелік, даралық.* 2. *Өзгешелік, оқшаулық.*

ЖЕКЕ-ЖЕКЕ *Бөлек-бөлек, дарадара, бір-бірлеп.*

ЖЕКЕЙ *Түрлі ұлпаның (суырдың, құндыздың) терісінің қалдығынан істелген бұйым.* □ **Жекей тымақ [бөрік]** — *сәнді, келісті тігілген баскиім.* **Жекей басты** — *аягын ептеп, тежей басты.*

ЖЕКЕЛЕ 1. *Бір нәрсені даралау, оңашалау.* 2. *Арасын сиретү, алыстату.*

ЖЕКЕЛЕЙ *Бөлек, өз алдына, оңаша, дара.*

ЖЕКЕЛЕНУШІ *Өзгеленуші, бөлектенуші, оңашаланған.*

ЖЕКЕЛЕУ *Даралау, бөлектеу, оңашалау.*

ЖЕКЕЛІК *Даралық, өзіндік.*

ЖЕКЕН ***биол.*** *Сазды, батпақты жерлерде өсетін ұзын жіңішке жапырақты көпжылдық өсімдік.* □ **Жекен суында** — *әр нәрсе өз жерінде.*

ЖЕКЕНДІ *Жекені көп, жекен мол өскен.*

ЖЕКЕРЕК *Бөлегірек, оңашарақ.*

ЖЕКЕШЕ 1. *Өз алдына жеке малы, жері бар дербес шаруа.* 2. ***лингв.*** *Жекелік ұғымды білдіретін грамматикалық категория.*

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ *Мемлекеттік жерді, үйді не кәсіпорынды жекеменшікке беру, айналдыру.*

ЖЕКЕШЕЛІК *Меншігінде жеке шаруашылығы болушылық.*

ЖЕКЕШІЛ *Жекелікке құштар, оңаша болуға ынтызар.*

ЖЕКЕШІЛДІК *Жеке шаруа болушылық, жекешелік.*

ЖЕКПЕ-ЖЕК *Екі адамның бетпе-бет келіп, бір-бірімен күш сынасып шайқасуы, айқасы, бірме-бір.*

ЖЕКСЕН: жермен жексен болды [етті] — *жер бетімен бірдей тып-типыл болды.*

ЖЕКСЕНБІ *Күнтізбе бойынша бір аптаның жетінші күнінің аты, демалыс күні.*

ЖЕКСЕНБІЛІК *Жексенбі күні ұжымның өз еркімен істейтін қоғамға пайдалы жұмысы.*

ЖЕКСҰРЫН *Жеккөрінішті, сұмпайы, оңбаған, сүйкімсіз.*

ЖЕКСҰРЫНДАН *Сүйкімсіздену, жек көрінштену, сұмпайылану.*

ЖЕКСҰРЫНДАУ *Жеккөріністімсу, сүйкімсіздеу, сұмпайылау.*

ЖЕКСҰРЫНДЫҚ *Жеккөріністілік, сүйкімсіздік, сұмпайылық.*

ЖЕКІ *Біреуге қатты зеку, ұрысу.*

ЖЕКІР *Біреуге дауыс көтере қаттырақ ұрысу, зеку.*

ЖЕКІРІК *Біреуге дауыс көтерушілік.*

ЖЕКІРІС *Екі адамның бір-біріне дауыс көтеріп ұрсысуы, жекіруі.*

ЖЕЛ I 1. *Кейде қатты, кейде баяу горизонтальды бағытта қозғалып соғатын ауаның ағымы.* □ **Желаркан [бау]** — *қатты дауыл, боран соққанда киіз үйдің шаңырағынан қазыққа тартып байлайтын ұзын жіп, мықты бау.* □ **Желауыз [ауызды]** — *еспе шешен, көпсөзді.* **Желаяқ** — а) *алдына жан салмайтын жүйрік;* ә) *ертегі кейіпкері.* **Жел бақай** *өте жүйрік, ұшқыр.* **Желбас** — а) *басы ырық бермейтін мал, бас асау;* ә) *желікпе, әулекі.* **Желбастық** — *жеңіл мінезділікке салыну, бозбастық.* □ **Жел берді** — *айдап салды, еліктірді.* **Жел бітті** — *елірді, көтерілді.* **Желге кетті** — *зая болды, босқа кетті.* **Желдей есті** — *шарасына сыймай шалқыды.* **Жел жағынан жүргізбеді** — *маңайына жақындатпады, шеніне жолатпады.* **Желжетпес** — *ерен жүйрік, ұшқыр.* **Желқақты** — а) *жүзі күнге күйді, тотықты;* ә) *кепті, құрғады.* **Желкөз** — *керегенің кеңірек көзі.* **Желқобыз** — *үрлеп ойналатын музыкалық аспап.* **Желқуық** — *ұзақ жорыққа шыдамды, төзімді жылқы.* **Желқұйын** — *әнербақан, ұрдажық.* **Желсаңлақ** — *жараулы ат, сәйгүлік жүйрік.* **Желтабан** — *ерен жүйрік.* **Желтимес** — *мәпелеп өсірген, лүпілдек.*

ЖЕЛ II ***мед.*** *Суықтан болатын ауру, шаншу.* **Жел қарысты** — *шаншу қадалды.* **Желұшық** — *жел тиюден пайда болатын бөртпе.* **Желшешек** — *жұқпалы бөртпе ауруы.*

ЖЕЛ III *Шабудың алдындағы қатты жүріс, сар желу.*

ЖЕЛАЙДАР ***бот.*** *Сарғалдақ тұқымдасына жататын көпжылдық улы шөп.*

ЖЕЛБАҒАР *Желдің бағыты мен жылдамдығын білу үшін діңгек басына орнатылған айналмалы қалақшасы мен жалаушасы бар аспап.*

ЖЕЛБАС 1. ***бот.*** *Су жағасында өсетін, қамыс тектес өсімдік.* 2. ***Ауысп.*** *Желікпе адам.*

ЖЕЛБАСТЫҚ *Бетімен жүрушілік, желөкпелік.*

ЖЕЛБАУ *Шаңыраққа үш жерден байланып, керегеге асып қоятын, оюөрнекті, төгілме күлте шашақты құр.*

ЖЕЛБЕГЕЙ *Жеңін кимей, жамыла салған сырткиім.* □ **Желбегей жамылды** — *сырткиімін иығына жамыла салды.*

ЖЕЛБЕГЕЙЛЕН *Желбегей киіну, киімді иығына жаба салу.*

ЖЕЛБЕЗЕК ***анат.*** 1. *Балық, шаян сияқты су хайуанаттарының тыныс алатын мүшесі.* 2. ***Ауысп.*** *Мұрын қуысы, танау жиегі.*

ЖЕЛБЕЗЕКТЕН *Делдию, кебіну.*

ЖЕЛБЕЙ ***жерг.*** *Жауыннан қорғану үшін жамылатын жамылғы.*

ЖЕЛБЕҢ: желбең қақты [етті] — *желп-желп етті, желпілдеді.*

ЖЕЛБЕҢДЕ I *Желбіреу, желпілдеу, желп-желп ету, желбең-желбең ету.*

ЖЕЛБЕҢДЕ II *Бәйек болу, құрдай жорғалау.*

ЖЕЛБУАЗ ***мед.*** *Ұрық жатырдан тыс дамитын жүктілік.* □ **Желбуаз болды** — *үміттенді, дәмелі болды.* **Желбуаз әңгіме** — *дүдәмал, күмәнді бос сөз.*

ЖЕЛБІР 1. *Әйелдердің көйлегінің етегіне, иығына жапсыра қатар-қатар тігілген бүрме, желбіршек.* 2. ***бот.*** *Күлте жапырақшаларының бір бөлігінің атауы.*

ЖЕЛБІР: желбір етті [қақты] — *желп-желп етті, желпілдеді.*

ЖЕЛБІРЕ *Желкілдеу, желпілдеу.*

ЖЕЛБІРЕГІШ *Желбірей беретін, желпілдегіш.*

ЖЕЛБІРЛЕ *Желбір салу, бүрмелеу.*

ЖЕЛБІРЛІ *Желбірі бар, бүрмелі.*

ЖЕЛБІРСІЗ *Желбірі жоқ, бүрмесіз.*

ЖЕЛБІРШЕКТІ *Желбіршек салынған, желбірі бар.*

ЖЕЛГЕК *Тынымсыз, мазасыз, елегезек.*

ЖЕЛГӨЗ ***көне*** *Торлама, торгөз.*

ЖЕЛГІР I *Желісті, жүрдек.*

ЖЕЛГІР II ***жерг.*** *Ұры, алаяқ, алдамшы.*

ЖЕЛГІШ *Желісі күшті, желісті, жүрдек.*

ЖЕЛГІШТЕ *Желе жорту, желіңкіреу.*

ЖЕЛГІШТІК *Желісі қаттылық, желістілік.*

ЖЕЛҒАБЫЗ I 1. *Жазғы қоңырсалқын самалды, аса ыстық емес.* 2. *Көз ілеспес жүйрік.* 3. *Жеңіл, шапшаң, самдағай, қағілез.*

ЖЕЛҒАБЫЗ II *Балықтың ішіндегі жел толып, оның жүзуіне әсер ететін, үрген қарын тәрізді зат, торсылдақ.* □ **Желғабыз болды** — *желдену, іші кепті.*

ЖЕЛДЕ 1. *Желге қарсы жүру, жел қуалап кету.* 2. ***Ауысп.*** *Шабыттану, бабына келу.*

ЖЕЛДЕЙ *Жел сияқты тез, жылдам.* □ **Желдей гуледі** — *екпіндеді, қарқындады, есті.* **Желдей жүйткіді [заулады]** — *зулады, зымырады.*

ЖЕЛДЕН I 1. *Жел тұру, жел соғу.* 2. ***Ауысп.*** *Желігу, желпіну, арқасы қозу, менменсу, дандайсу.*

ЖЕЛДЕН II *Суық тиіп ауыру; жел ауруы көтерілу.*

ЖЕЛДЕСІН *Желдеу, аздап соғып тұрған жел, желді мезгіл.*

ЖЕЛДЕТ 1. *Жел тұру, жел соғу.* 2. *Жел енгізу, ауа тазарту, салқындату.* 3. *Желге қақтыру, желге кептіру.* 4. ***Ауысп.*** *Қарқындату, екпіндету.*

ЖЕЛДЕТКІШ 1. *Бөлмедегі ауаны салқындататын, тазартып, жаңартып тұратын аспап.* 2. *Терезенің ашпалы-жаппалы көзі.*

ЖЕЛДІ *Желі бар, жел соғып тұратын.*

ЖЕЛДІК *Тоқым мен ердің екі қапталына салынатын қалың киіз.*

ЖЕЛДІКТЕ *Желдік салу.*

ЖЕЛДІКШЕ ***жерг.*** *Аттың кішірек жабуы.*

ЖЕЛДІРМЕ ***әдеб.*** *Белгілі бір ырғақ, мақаммен төгілтіп айтылатын терме өлең.*

ЖЕЛДІРМЕЛЕ *Желдірте, желдірме түрінде айту, жылдам-жылдам, тездете, үдете, желдірмеге салу.*

ЖЕЛЕГЕЙ-ЖЕЛПІ *Жеңіл-желпі.*

ЖЕЛЕГЕЙЛЕП *Желбегейлеп, түймесін ағытып жіберіп.*

ЖЕЛЕ-ЖОРТУ *Сар желіспен қатты жүру.*

ЖЕЛЕК 1. ***көне*** *Жас келіншектердің кәмшат бөрік сыртынан басына салатын орамалы.* ***2.*** *Қалыңдықтың үйлену тойы кезінде киюі үшін, жұқа жібек кездемеден, шілтерден тігілетін жамылғы.* 3. *Тудың шашағы.*

ЖЕЛЕКСІЗ *Желегі (орамал, шәлісінің шашағы) жоқ.*

ЖЕЛЕКТЕ *Желбіреу, желпілдеу.*

ЖЕЛЕКТІ *Желегі бар, шашақты.*

ЖЕЛЕКШЕ *Желек секілді, желек тәрізді.*

ЖЕЛЕМІК ***жерг.*** *Желсымақ, сәлпәл соққан жел.*

ЖЕЛЕҢ I *Ер адамдардың жеңіл, жұқа сырткиімі.*

ЖЕЛЕҢ II *Жеңіл-желпі, жұқа, жалаң қабат.*

ЖЕЛЕҢ: желең қақты — *желп-желп етті, желпілдеді.*

ЖЕЛЕҢДЕ *Желең-желең ету, желбеңдеу, желпілдеу, желп-желп ету, көлбеңдеу.*

ЖЕЛЕҢДЕТ 1. ***өзг. етіс*** *Желеңдет.* 2. *Жел туру, желдету.*

ЖЕЛЕҢДЕУ I *Жеңілдеу, жұқалау.*

ЖЕЛЕҢДЕУ II *Желкемдеу, аздаған желі бар, салқындау.*

ЖЕЛЕҢДІ *Үстінде жеңіл шапаны бар.*

ЖЕЛЕҢ-ЖЕЛЕҢ желең-желең етті — *желбеңдеді, желп-желп етті.*

ЖЕЛЕҢСІЗ *Желеңі жоқ, жеңіл шапансыз.*

ЖЕЛЕҢ-ЖЕБЕ ***діни*** *Қолдау-қолпаштау, демеу, қамқорына алу.*

ЖЕЛЕТ *Костюм ішінен киетін жұқа көкірекше; жилет.*

ЖЕЛЕТКЕ *Қой терісінен, не маталан тігілетін жеңсіз жылы кеудеше.*

ЖЕЛЕУ *Сылтау, дәлел, себеп.* □ **Желеу болды** — *бірдемеге сылтау, дәлел болды.*

ЖЕЛЕУЛЕТ *Желеу ету, сылтаурату.*

ЖЕЛЕУСІЗ *Бүкпесіз, айла-шарғысыз.*

ЖЕЛЕУШІ *Қолдаушы, демеуші, жебеуші.*

ЖЕЛЖАЛАҚ *Жел, боран, ыстық аптап салдарынан бүлінген жер аңызағы; эрозия.*

ЖЕЛКЕ 1. *Бас сүйектің қарақұстан төменгі жері, кежеге.* 2. *Мойын отте болатын талшықты сіңір.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің сырт жағы.* □ **Желке түс [жақ]** — *сыртқы бет, артқы жақ.* **Желке шаш** — *қарақұстан төменгі шыққан шаш.* □ **Желке жүндері үрпиісті** — *дүрдараз болды, араздасты.* **Желкең қиылғыр [жетпей желкең үзілгір]** — *өлім келгір, арманыңа жетпегір.* **Желке суы** — *егіннің екінші суы, бірінші суын — жер суы дейді.* **Желкесіне мінді** — *иығынан түспеді, қанады.* **Желкесін көрсетті** — *сырт айналды, қарамай кетті.* **Желкесін қасыды** — *ойланып қалды, не істерін білмеді.* □ **Желкесін қиды [үзді]** — *көзін жойды, жоқ етті.*

ЖЕЛКЕБАУ *Пальто, костюм тәрізді сырткиімдердің желкесіндегі ілгек бау.*

ЖЕЛКЕК *Тамыры сопақша келген, сабағынан сүт шығып тұратын өсімдік.*

ЖЕЛКЕК: желкек қағады — *желк-желк етеді, желпілдеді, желкілдеді.*

ЖЕЛКЕКТІ *Желкек өскен, желкегі бар.*

ЖЕЛКЕЛЕ *Желкесінен итеру, соққылау.*

ЖЕЛКЕЛІ *Желкесі күжірейген, шығыңқы.*

ЖЕЛКЕЛІК 1. *Жүгеннің, ноқтаның екі жақтауының желкеде түйісетін тұсы.* 2. *Сырткиім жағасына желке тұсы астынан тігілген ілгек, желкебау.*

ЖЕЛКЕМ *Желемік, жайлап соғатын, самал, салқын жел.*

ЖЕЛКЕМДЕН *Желеміктену, аздап жел тұру, жел соғып, желдену.*

ЖЕЛКЕМДЕУ *Желеміктеу, шытымырлау, салқындау, желі өткірлеу.*

ЖЕЛКЕМДІ *Желеміктік, желді, желі бар.*

ЖЕЛКЕН *Кеменің жылдам жүруі үшін діңгекке керіп қойылатын қалың мата.*

ЖЕЛКЕНДІ *Желкені бар, желкен орнатылған.*

ЖЕЛКЕНШІ *Желкен керуші әрі түсіруші.*

ЖЕЛК-ЖЕЛК: желк-желк етті — *желп-желп етті, желкілдеді.*

ЖЕЛКӨЗ КЕРЕГЕ *Көзі үлкен, арасында бір желі көктелмей азат қалдырылатын, жазуға ыңғайлы, 11—15 көкті, 75—90 басты кереге.*

ЖЕЛКІЛ: желкіл қақты — *желк-желк етті, желкілдеді, желпілдеді.*

ЖЕЛКІЛДЕ *Желпілдеу, желбіреу.*

ЖЕЛКІЛДЕК *Желбіреп тұрған, желпілдек.*

ЖЕЛҚОБЫЗ *Ішіне жел толтырылған мес, әуез, саз аспабы.*

ЖЕЛҚОМ 1. *Жауыр аттың арқасына ер батпау үшін желдік үстінен қабаттап салынған қалың киіз, жауыр атқа салынатын ортасы ойық тоқым.* 2. *Жүк арту үшін түйенің қомына салынатын қалың киіз.* □ **Желқом қора** — *жайдақ қора.*

ЖЕЛҚОМДА *Желқом салып ерттеу.*

ЖЕЛҚУЫҚ *Ұшқыр, жүйрік (ат).*

ЖЕЛҚУАР *Жеңілтек, жеңіл мінезді, ұшқалақ.*

ЖЕЛ-ҚҰЗ I *Қатты, үдей соққан жел, боран.*

ЖЕЛ-ҚҰЗ II *Жел ауруы, желқұяң.*

ЖЕЛҚҰЯҢ *Ет пен терінің арасын кеулеген ауру.*

ЖЕЛМАЯ *Шөлге төзімді, күшті де жүйрік түйе.*

ЖЕЛМАЯДАЙ *Желмая секілді жүйрік, тез, шапшаң.*

ЖЕЛМАЯША *Желмая тәрізді, тез, жылдам.*

ЖЕЛОРАЙ *Есік-терезені айқара ашқан кездегі ауа ағымы, жел өті, азынақ.*

ЖЕЛӨКПЕ *Жеңілтек, алып-ұшпа, желікпе.*

ЖЕЛӨКПЕЛЕН *Желігу, желпіну, ұшқалақтану.*

ЖЕЛӨКПЕЛЕУ *Жеңілтектеу, ұшқалақтау.*

ЖЕЛП: желп етті — *желпілдеді, желбеңдеді.*

ЖЕЛПЕЙ *Көйлектің етек-жеңіне салынатын желбір.*

ЖЕЛПЕЙЛІ *Желпейі бар, желбір салынған.*

ЖЕЛПЕН *Жеңіл баскиім.*

ЖЕЛПЕҢ: желпең етті [қақты] — *желп-желп етті, желпеңдеді.*

ЖЕЛПЕҢБАЙ *қарап. Жеңіл мінезді ұшқалақ, желпілдек адам.*

ЖЕЛПЕҢДЕ 1. *Желп-желп ету, желпілдеу.* 2. ***Ауысп.*** *Елпеңдеу, ұшқалақтану, дегбірсіздену.*

ЖЕЛПЕҢ-ЖЕЛПЕҢ: желпең-желпең етті — *желпеңдеді, желбеңдеді.*

ЖЕЛП-ЖЕЛП: желп-желп етті — *желпеңдеді, қалбалақ қақты.*

ЖЕЛПУІШ *Жиылмалы әрі бүктемелі, етіп жасалған желпігіш.*

ЖЕЛПІ 1. *Желдің баяу соғуы; есу.* 2. *Бетті желпуішпен, қолмен не орамалмен желпу.* 3. *Астықты желге ұшырып шаң-тозаңынан арылту, тазарту.*

ЖЕЛПІЛДЕ 1. *Желп-желп ету, желбіреу.* 2. ***Ауысп.*** *Жаны қалмай елпілдеу.*

ЖЕЛПІЛДЕК *Желпілдеген, желбіреген.*

ЖЕЛПІН 1. ***ыр. етіс*** *Желпі-н.* 2. *Салқындау, тыныстау, терін басу.* 3. ***Ауысп.*** *Көңілі көтеріліп, желігу, қызыну.*

ЖЕЛПІНГІШ *Желіккіш, лепіргіш.*

ЖЕЛПІНШЕКТІ *Желбіршегі бар, желбірлі.*

ЖЕЛПІНІС *Ауаға шығып бой жазу.*

ЖЕЛСІЗ *Жел жоқ, тым-тырыс, жел соқпаған.*

ЖЕЛТАБАН ***спорт*** *Желаяқ, жүйрік, желбақай.*

ЖЕЛТЕҢ *Желемік, аздаған желі бар, желді.*

ЖЕЛТЕҢДЕУ *Желкемдеу, желемiктеу.*

ЖЕЛТОҚСАН ***көне*** *Қазақша он екінші айдың аты.*

ЖЕЛТОҚЫМ I *Ыстық-суықтан болатын жылқыдағы ауру; ісік.*

ЖЕЛТОҚЫМ II *Жауыр атқа салынатын ортасы ойық тоқым.*

ЖЕЛІ I 1. *Құлындарды байлау үшін екі қазыққа кере тартылған арқан.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің бағыты, ұзын-ырғасы.* 3. *Электр жүйесі; телефон торабы.* 4. *Негіз, арқау, өзек.* □ **Желі арқан** — *желіге арналып есілген, жуан арқан.* **Желібау** — *балақ баудың қос шығыршығынан өткізетін ұзын шымшым жіп.* □ **Желі етті** — *негіз етті, жүйе қылды.* **Желіқағар** ***этн.*** — *жаңадан бие байлаған күні беретін ас-су, кәде.* □ **Желі**

тартарың көбейсін *алғ.* — *құлынды желіге алғаш байларда айтылатын тілек.*

ЖЕЛІ II ***бот.*** *Жатаған сабақты өсімдік.*

ЖЕЛІ III *Керегенің жеке-жеке, әрбір ағашы.*

ЖЕЛІГІҢКІРЕ *Аз-аздап желігу, елігіңкіреу, қызыңқырау.*

ЖЕЛІК I 1. *Денеге шығатын бөртпе.* 2. ***Ауысп.*** *Қызбалық, қызулық, желікпе.* □ **Желігі басылмады** — *қызуы қайтпады.*

ЖЕЛІК II ***бот.*** *Жапырақтары ірі әрі сопақша, шаршыгүлділер тұқымдасына жататын бақшалық өсімдік.*

ЖЕЛІК III *Бір нәрсеге елігу, қызу, қозу, құмарлану.*

ЖЕЛІКПЕ *Елігіш, елікпе, ұшқалақ, жеңілтек (қасиет).*

ЖЕЛІКПЕЛІ *Желікпе, елірмесі бар.*

ЖЕЛІКПЕЛІК *Желігушілік, еліріп кетушілік, елірмелік.*

ЖЕЛІКТЕН *Желігу, желік пайда болу, еліру.*

ЖЕЛІКТІ *Желігі бар, желіккен, қызбалы сөз.*

ЖЕЛІКТІРУШІ *Еліктіруші, қоздырушы.*

ЖЕЛІКШІЛ *Желігуге құмар, еліккіш.*

ЖЕЛІЛЕ 1. *Желі толтыра, топтау.* 2. ***Ауысп.*** *Бір-бірімен байланыстыру, жалғастыру, сабақтастыру.*

ЖЕЛІЛЕС *Бір желіде байланған.* 2. ***Ауысп.*** *Сабақтас, өзектес.*

ЖЕЛІЛІ 1. *Желі толған.* 2. *Бір-бірімен байланысты, жүйелі.*

ЖЕЛІМ *Бір нәрсені ажырамастай етіп ұстап қалатын жабысқақ зат.* □ **Желімауыз** — *көп сөйлейтін, сақұлақ.*

ЖЕЛІМДЕ *Желіммен жабыстыру, желімдеп ұстату.*

ЖЕЛІМДЕГІШ *Жапсырғыш, ұстатқыш.*

ЖЕЛІМДЕЙ: желімдей жабысты — *желімше жабысты, жармаса кетті, айырылмады.*

ЖЕЛІМДЕУЛІ *Желімдеп қойған, желімделген, жапсырулы.*

ЖЕЛІМДЕУІШ *Желімдеп, жабыстырып қойғыш.*

ЖЕЛІМДІ *Желімденген, желім жағылған, жабысқақ.*

ЖЕЛІМШЕ *Желімдей, желім сияқты, желім тәрізді жабысып қалатын.*

ЖЕЛІН I *Сүтқоректі жануарлардың сүт бездері.*

ЖЕЛІН II 1. ***ыр. етіс*** *Желін.* 2. *Тамақтың желінің болуы, тауысылуы.* 3. *Тоза бастау, кетілу.*

ЖЕЛІНДЕ 1. *Буаз малдың төлдеу алдындағы сүт безінің толып, толысуы.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің пісіп-жетілуі, толығуы.*

ЖЕЛІНДІ *Желіні үлкен, сүтті.*

ЖЕЛІНҚАП *Сауын малдың желіні жарылмауы әрі төлі ембеуі үшін желінге байлап қоятын қап.*

ЖЕЛІНҚҰРТ *Құлынды биенің желіні ісіп, тесіліп ауыратын ауру.*

ЖЕЛІНСАБА *Желіннің сыртқы терісі.*

ЖЕЛІНСАУ ***мед.*** *Желіннің ісіп, талаурап кетуінен, көбіне қойда болатын ауру.*

ЖЕЛІС *Ат жүрісінің бір түрі.* □ **Сар желіс** — *желістен таймай, үнемі желіп отыратын бірыңғай желіс.*

ЖЕЛІСКЕР *Желгіш, желгір, желісті.*

ЖЕЛІСКЕРЛІК *Жақсы желетіндік, желісқойлық, желісқорлық.*

ЖЕЛІСТІ *Желісі қатты, желгіш, желіскер.*

ЖЕЛІШЕ *Желі тәрізді, желі сияқты, созыла тартылған.*

ЖЕМ 1. *Мал азығының жалпы атауы, жемшөп.* 2. *Аң, құс, балық атаулының тамағы, азығы.* □ **Жембұршақ [қарбыз]** — *мал жейтін малға азықтық бұршақ.* □ **Жем болды** — *біреуге қор болды, шашылды.* **Жем қылды [етті]** — *олжа етті, пайдаланды.*

ЖЕМБАСАР ***зоол.*** *Қыран құстың тегеурінге қарсы біткен алдыңғы үш тырнағы.*

ЖЕМДЕ 1. *Жем беру, семірту, бордақылау.* 2. *Қармаққа жем ілу.*

ЖЕМДІК *Жем боларлық, жемге арналған.*

ЖЕМЕДЕ: итжемеде — *қорлықта, азапта.*

ЖЕМЕ-ЖЕМ: жеме-жемге келгенде — *шынтуайтқа келгенде.*

ЖЕМЕ-ЖЕМДЕ *Керек кезде, дәл уақытысында, дер кезінде.*

ЖЕМЕКІЛ ***жерг.*** *Бірнеше адам ойнайтын асық ойыны.*

ЖЕМЕЛЕК ***жерг.*** *Өрілген бұрым ұшын бекітетін жіп, лента.*

ЖЕМЖЕМІЛ ***көне*** *Шөп тамырынан алынған дәрі.*

ЖЕМҚОР 1. *Жемге үйренген құс, мал, жем тілегіш.* 2. ***Ауысп.*** *Жегіш, парақор, пара алғыш.*

ЖЕМҚОРЛАН *Ашкөздену, қомағайлану.*

ЖЕМҚОРЛЫҚ 1. *Тамақсаулық, тамақты көп жеушілік, жалмауыздық.* 2. ***Ауысп.*** *Парақорлық, пара алғыштық.*

ЖЕМПАЗ 1. *Көп жегіш, мешкей, қомағай, тамақсау.* 2. *Парақор, пара алғыш.*

ЖЕМСАУ I 1. *Құстың жеген жемі жиналатын, сіңірілетін өңештің ұлғайған жері, бөтеке.* 2. ***Ауысп.*** *Қарын, құрсақ, құлқын.*

ЖЕМСАУ II ***мед.*** *Кеңірдек, қалқанша безінің ісіп, қабынуынан болатын ауру.*

ЖЕМСАУЛЫ 1. *Жемсауы кең, үлкен.* 2. *Алқымды, бұғақты.*

ЖЕМСАУЫТ *Дала құстарына жем салуға арналған ыдыс.*

ЖЕМСЕ *Жемсіну, жем тілеу.*

ЖЕМСІЗ 1. *Жемі жоқ, жем салынбаған, шөпсіз.* 2. *Тұзақ, қақпан құрғанда қоятын алдамшы жем.*

ЖЕМСІРЕ *Жем іздеу, жемтік қарау.*

ЖЕМТІК *Арам өлген малдың өлексесі.* □ **Жемтік болды** — *біреуге жем болды.*

ЖЕМТІКТЕЙ *Жемтік тәрізді, өлексе сияқты.*

ЖЕМТІК-ЖЕМТІК *Жыртық-жыртық, жырым-жырым, шоқпыт-шоқпыт.*

ЖЕМТІКТЕС 1. *Жейтін жемтігі бір, жемдес.* 2. ***Ауысп.*** *Сыбайлас, құлқындас.*

ЖЕМТІР ***жерг.*** *Ақ жем боп жұлмалану, арса-арса болып, желініп қалу.*

ЖЕМТІРІЛГЕН ***жерг.*** *Жемірілген, қырқылған, жыртылған, тозған.*

ЖЕМХАНА *Малдың жемін сақтайтын орын; кілет.*

ЖЕМШӨП *Мал азығының жалпы атауы.*

ЖЕМШӨПТІК *Жемшөпке лайық, жемшөпке жарамды.*

ЖЕМШІЛ *Жемқұмар, жемқор, пәреқор.*

ЖЕМІР I *Жебір, көзіне көрінгеннің барлығын талғамай жей беретін, обыр (мал).*

ЖЕМІР II 1. *Біртіндеп бітіру, мұжу.* 2. ***Ауысп.*** *Жұту, сіміру.*

ЖЕМІС 1. *Жеміс беретін ағаштар мен сабақты өсімдіктер басына шығатын шырынды мәуе, миуа.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің, еңбектің табысты нәтижесі, қорытындысы.*

ЖЕМІС-ЖИДЕК *Бау-бақша өсімдіктер өнімінің жалпы атауы.*

ЖЕМІСТІ 1. *Жемісі мол, жемісі бар, жеміс шығатын.* 2. ***Ауысп.*** *Нәтижелі, өнімді.*

ЖЕМІСТІК *Жеміс өсетін жер, жеміске тәндік.*

ЖЕМІСТІЛІК 1. *Жеміс көп өсушілік.* 2. *Істің жемісті болушылығы, нәтижелілік.*

ЖЕМІТ *Қанағатсыз, тойымсыз, Қомағай, обыр.* □ **Жеміт болды** — *жем болды, талауға түсті.*

ЖЕНДЕ *Түрлі түсті матадан құрап тігілген бақсылар мен серілердің сырткиімі.*

ЖЕНДЕТ 1. *Өлім жазасын орындаушы, баскесер.* 2. *Рақымсыз, қатаң, қанқұмар.*

ЖЕНДЕТТІК *Баскесерлік, қанішерлік, қатыгездік.*

ЖЕНТ *Тары жармасына май мен дәл қосып жасалған тәтті тағам; қоспа.*

ЖЕНТЕК *Бір-біріне кірігіп түйдектелген құм, тас, топырақ кесегі.*

ЖЕНТЕК-ЖЕНТЕК *Кесек-кесек, түйдек-түйдек.*

ЖЕНТЕКТЕ 1. *Ұсақ затты сығымдап, кесек күйге келтіру.* 2. ***Ауысп.*** *Езілеу, жаныштау, түймештеу.*

ЖЕНТТЕЙ *Жент тәрізді, жентке ұқсас, тәтті.*

ЖЕНЬШЕНЬ 1. ***бот.*** *Тамыры дәрі ретінде пайдаланылатын, көбіне Қиыр Шығыста өсетін көпжылдық өсімдік.* 2. ***мед.*** *Осы өсімдіктің тамырынан алынатын дәрі.*

ЖЕҢ I 1. *Киімнің иықтан бастап қолдың білезігіне дейінгі бөлігі.* 2. ***Ауысп.*** *Қол мәніндегі сөз.* □ **Жең ұшынан жалғасты** — *астыртын келісті, бірлесті.* **Жең ұшын берді** — *жәрдем берді, көмек етті.* **Жеңімен сәлем берді** — *дандайсыды, кеудесін көтерді.* **Жеңінен тартты** — *біреудің назарын өзіне аударды, қаратты.* **Жеңін жастық қылды** — *жаугершілікте жүріп, ауыртпалыққа төзді.* **Жеңін сыбанды** — *іске құлшына кірісті.*

ЖЕҢ II 1. *Жеңіске ие болу, жеңіп шығу.* 2. *Меңдеу, билеу, басым болу.*

ЖЕҢГЕ *Жасы үлкен ағаның, туыстардың әйелі, жұбайы.*

ЖЕҢГЕДЕЙ I *Ағасы қайтыс болған соң жеңгесіне үйлену.*

ЖЕҢГЕДЕЙ II *Жеңге сияқты, жеңгеге тәрізді.*

ЖЕҢГЕЙ 1. *Жасы үлкен ағасының әйелін сыйлап, құрметтей айтылатын сөз.* 2. *Жасы үлкен әйелдерді құрметтеп, сыйлап айту түрі.*

ЖЕҢГЕЛЕ 1. *Қайта-қайта жеңге деу.* 2. *Жеңгені сыйлап, алдында құрдай жорғалау.*

ЖЕҢГЕЛЕТ ***көне*** *Қалыңдықты күйеуіне көрсету.*

ЖЕҢГЕЛІ *Жеңгесі бар, жеңгеге ие.*

ЖЕҢГЕЛІК I *Жеңгеге тән қасиет, жеңгеге қатысты.*

ЖЕҢГЕЛІК II 1. *Қыз бен күйеу жігіттің арасында делдал болып жүрушілік.* 2. *Күйеу жігіттің қыз жеңгесіне беретін сый-сияпаты, ырым-кәдесі.* □ **Жеңгелік етті** — *жеңгетайлық жасады.* **Жеңгелікке жүрді** — *қыз бен жігіттің арасын байланыстырды, жеңгелік етті.*

ЖЕҢГЕТАЙ I *Жеңгей сөзінің еркелете айту түлғасы.*

ЖЕҢГЕТАЙ II ***этн.*** *Қызбен кездестіргені үшін күйеу баланың жеңгелеріне беретін тарту-таралғысы.*

ЖЕҢГЕТАЙЛЫҚ 1. *Қыз бен жігітті таныстыруға, келістіру үшін арада жүрушілік, жеңгелік.* 2. *Күйеубаланың қыз жеңгесіне беретін жеңгетайы, сыйлық-тартуы.* 3. *Адамдар арасында байланысшы, дәнекерші болушылық.*

ЖЕҢГІШ *Жеңе білетін жеңімпаз, жеңуші.*

ЖЕҢГІШТІК *Жеңе білгіштік, жеңімпаздық.*

ЖЕҢДЕС *Теңесу, тең келу.*

ЖЕҢДІ *Жеңі бар, жең тігілген.* □ **Жеңді білектей** — *жуан, жұп-жуан.*

ЖЕҢЕШЕ *Жеңгей, жеңге.*

ЖЕҢЕШЕЛЕ *Жеңешетайлау, жеңгетайлау.*

ЖЕҢЕШЕТАЙ *Жеңешежан, жеңгежан.*

ЖЕҢСЕ *Жеңнің кірлемеуі, тозбауы үшін жең үстінен киетін бөлек жең.*

ЖЕҢСІЗ I *Жеңі жоқ, жең салынбаған.*

ЖЕҢСІЗ II *Шолақжең киім, кеудеше.*

ЖЕҢСІЗ III *Сауыт. Жеңсіз берен.*

ЖЕҢСІК 1. *Әуес, құмар, таңсық.* 2. ***Ауысп.*** *Зәру, қат.*

ЖЕҢСІККОЙ *Құмар, ынтызар, әуесқой.*

ЖЕҢСІККОЙЛЫҚ *Құмарлық, әуесқойлық, құштарлық.*

ЖЕҢСІКТЕН *Әуестену, құмарлану, құштарлану, ынтығу.*

ЖЕҢСІКТІ *Әуес, ынтызар, құмарлы, құштарлы.*

ЖЕҢСІКШІЛ *Жеңсіккой, әуесқой, таңсықшыл, жеңсікқұмар.*

ЖЕҢУШІ *Жеңіске жетуші, жеңіске ие болушы.*

ЖЕҢҰШЫ *Көйлек пен жейде жеңінің білезігіндегі түймеленген не жапсыра тігілген қайырмасы.*

ЖЕҢІЛ 1. *Салмағы аз, салмақсыз.* ***Ауысп.*** 2. *Оп-оңай, болмашы, қиындығы жоқ.* 3. *Жеңіл-желпі, атүсті.* 4. *Жеңілтек, ұшқалақ, шошақай.* □ **Жеңіл машина** — *бес кісілік, ауыр жүк тасымайтын машина.* □ **Жеңіл ауыз** — *аузында сөз тұрмайтын (адам).* □ **Жеңіл атлетика** — *жүгіру, секіру, лақтыру, көпсайыс сияқты спорт түрлерінің жалпы атауы.* □ **Жеңіл жолға түсті** — *жан қинамай оңай олжа табуға кірісті.* **Жеңіл жүрісті** — *жат мінезге түскен кісіге айтылады.* □ **Жеңіл индустрия** — *киім-кешек, ыдыс-аяқ т. б. тұрмыс қажетіне керекті түрлі заттарды шығаратын кәсіпорын.* **Жеңіл ойлы** — *байыптап ойламайтын, алаңғасар.* **Жеңіл өнеркәсіп** — *халық тұтынатын көпшілікқолды заттарды өндіретін кәсіпорын.*

ЖЕҢІЛГЕНСІ *Жеңіліп қалғансу, ұтылғансу.*

ЖЕҢІЛДЕ 1. *Салмағы азаю, жеңілдеп қалу, жеңіл тарту.* 2. ***Ауысп.*** *Жеңіл тию, сергу, жадырау.*

ЖЕҢІЛДЕУ 1. *Салмағы аздау, кемдеу.* 2. ***Ауысп.*** *Жинақылау, сергектеу.*

ЖЕҢІЛДІК 1. *Салмағы аздық, ауыр еместік.* 2. *Оңайлық, ауырлығы жоқтық.* 3. *Бір нәрседен жартылай босатушылық, жеңілдік, кеңшілік.* 4. *Жаны қиналып, өлейін деп жатқан адамға оқылар иман.* 5. ***Ауысп.*** *Жеңілтектік, ұшқалақтық.*

ЖЕҢІЛДІЛІК *Жеңілтектілік, ұшқалақтылық, шошақайлық.*

ЖЕҢІЛЕЙ *Жеңілдену, жеңіл тарту.*

ЖЕҢІЛ-ЖЕЛПІ 1. *Болмашы, азғантай, желең.* ***Ауысп.*** 2. *Қиындығы жоқ, жеңіл, ұсақ-түйек.* 3. *Жүрдім-бардым, шала-шарпы, үстіртін.* □ **Жеңіл-желпі қарады** — *аса көңіл бөлмей, немқұрайды қарады.*

ЖЕҢІЛ-ЖЕЛПІЛЕУ *Ауыр емес, оңайлау, жеңілдеу.*

ЖЕҢІЛ-ЖЕЛТЕҢ *Оңай, жан қинамайтын, жеңілтек.*

ЖЕҢІЛТЕК *Ұшқалақ, ұшып-қонба.*

ЖЕҢІЛТЕКТЕН 1. *Жеңілденіп, ықшам киіну.* 2. ***Ауысп.*** *Жеңіл мінез көрсету, ұшқалақтану.*

ЖЕҢІЛТЕКТЕУ *Жеңіл мінездеу, ұшқалақтау.*

ЖЕҢІЛТЕКТІК *Жеңіл мінезділік, алып-ұшпалық, ұшқалақтық.*

ЖЕҢІЛІРЕК *Жеңілдеу, оңайырақ, жеңіл-желпірек.*

ЖЕҢІЛІС *Соғыста, саяси күресте жеңіліске ұшыраушылық, жеңілгендік, ұтылғандық.* □ **Жеңіліс тапты** — *жеңілді, тізе бүкті.*

ЖЕҢІЛІССІЗДІК *Жеңілмей, жеңіліске ұшырамай, ұтылмай.*

ЖЕҢІМПАЗ *Шайқасты жеңіспен аяқтайтын, жеңіске ие болатын, жеңгіш.*

ЖЕҢІМПАЗДЫҚ *Жеңіске ие болушылық, жеңгіштік.*

ЖЕҢІС 1. *Қырғын соғыста жауды жеңіп, тізе бүктіріп, толық жеңіске ие болушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір мақсатты жүзеге асырудың зор нәтижесі, табысы, жемісі.*

ЖЕҢІСКЕР *Жеңуші, жеңіп шығушы, жеңгіш.*

ЖЕҢІСТІ *Жеңген, жеңіске жеткен.*

ЖЕҢІСТІК: жеңістік бермеді — *сөзге қонақ бермеді, айтқанға көнбеді, бой бермеді.*

ЖЕПЕЛДЕТ *Аяқты тез-тез басу, жылдамдату, шапшаңдату.*

ЖЕПЕҢДЕ *Алып ұшу, дедек қағу, қаздаңдау.*

ЖЕП-ЖЕҢІЛ 1. *Өте жеңіл, қаңбақтай.* 2. ***Ауысп.*** *Оп-оңай, ешбір қиындықсыз.*

ЖЕППЕЛЕТ *Тез-тез, асығып-аптығып, жылдамдату.*

ЖЕПІР *Қыспаққа алу, қысу, тықсыру.*

ЖЕР 1. *Күнді айнала қозғалатын Күннен кейінгі үшінші планета.* 2. *Жер қаты, қабаты, құрлық, топырақ.* 3. *Белгілі бір ел, мемлекет.* 4. *Біреудің пайдалануындағы, қарамағындағы аумақ.* 5. *Мекен, жай, орын.* 6. ***Ауысп.*** *Ел-жұрт, өмір сүрген орта.* 7. *Мезет, кез, уақыт, мезгіл, орын, тұс.* □ **Жерден жеті қоян тапқандай** — *қатты қуанды, мәз болып шаттанды.* □ **Жердің жасанды серігі** — *жер төңірегіндегі орбитаға шығарылып, әртүрлі ғылыми-техникалық мәселелерді шешуге арналған космостық аппарат.* **Жер аударды [айдады, ауды]** — *еркінен айырып, итжекке жіберді.* **Жер аяғы кеңіді [босады]** — *қар кетіп, күн жылынды.* **Жер аяғы қиянда [құрымда]** — *ат тұяғы жеткізбес алыс шет.* **Жер бастырмады** — *тыныштық бермеді.* **Жер болды [жер болып қалды]** — а) *тып-типыл болды, жермен-жексен болды;* ә) *абыройы түсті, ұятқа қалды.* □ **Жербүрге** *зоол.* — *жапырақ жегіш тұқымдасына жататын қоңыздың бір түрі.* **Жерге қарады [қаратты]** — а) *ұятқа қалдырды;* ә) *ішерге үнем таппады.* **Жерге отырғызып кетті** — *алдап соқты, айласын асырды.* **Жерге түкірді** — *түңілді, шошынды.* **Жер ғып кетті** — *абыройды айрандай төкті, масқаралады.* **Жерден алып, жерге салды** — *қатты ұрысты, тіледі, сөкті.* □ **Жеркепе** — *жер үй, тапшық.* □ **Жер жаңғырықтырды** — *атағы, даңқы көп жерге тарады.* **Жержүзі [шары]** — *бүкіл әлем, күллі дүние.* □ **Жер қайысқан** — *тым көп, қисапсыз мол.* **Жер қойнына кірді** — *өлді, о дүниеге кетті.* **Жер қылды [етті]** — а) *қатты ұялтты, жерге қаратты;* ә) *тас-талқанын шығарды, жермен-жексен етті.* **Жер мойны қашық** — *тым алыс, шалғай.* **Жерортасынан асқан [келген]** — *егде тарта бастаған адам.* **Жер сабады [сабап қалды]** — *ашуға булығып, өкініп қалды.* **Жер синап қалды** — *құралақан қалды, алданды.* **Жер соқты [соқтырды, соққызды]** — *қапыда қалды, алданды.* **Жер тепкіледі** — *қатты ызаланды, долданды.* **Жер тепсінді** — *қатты кейіді, кіжіне ұрысты.* **Жер түбі [түбінен ойлады]** — а) *қиян шет, жырақ;* ә) *арыдан, тереңнен түйді.* □ **Жер үй [там]** — *жерден қазылып жасалынған үй.* □ **Жеруйық [үйек]** — *малға, жанға құт, шұрайлы жер.* **Жер шұқыды [шұқылады]** — *қатты ұялды, бетінен оты шықты.* **Жер шұрайы** — *жердің жақсысы, құнарлы жер.* **Жері кеңіді** — *дегені болды, көңілі орнына түсті.* **Жеріне жеткізді** — *бір нәрсені аяғына дейін істеді, тындырды.*

ЖЕРАҒАШ ***көне*** *Ертеректегі ағаш соқа.*

ЖЕРАЛМҰРТ ***бот.*** *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын, күнбағыс туыстас, көпжылдық, тамыр жемісті өсімдік.*

ЖЕР-АНА *Тіршілік көзі, өмір негізі.*

ЖЕРБАРАҚ *Жерден қазып, төбесін жапқан жер үй, жеркепе.*

ЖЕРБАС ***бот.*** *Тамырынан қызыл бояу алатын шөптесін өсімдік.*

ЖЕРБҰРШАҚ *Қой жейтін шөп.*

ЖЕРГІЛІКТІ *Белгілі бір жерге тән тұрғылықты, тұрақты, тұрғын.* □ **Жергілікті комитет** — *жергілікті кәсіподақ ұйымы.* **Жергілікті халық** — *сол жердің тұрақты жұрты, халқы.*

ЖЕР-ДҮНИЕ *Барша әлем, бүкілдүниежүзі, айнала-төңірек.*

ЖЕРЖАҢҒАҚ ***бот.*** *Бұршақ тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік және оның жемісі, дәнегі.*

ЖЕР-ЖЕБІР: жер-жебіріне жетті — *қатты ұрысты, сөкті.*

ЖЕР-ЖЕРГЕ *Әр жаққа, жан-жаққа, әртарапқа.*

ЖЕР-ЖЕРДЕ *Әр жерде, жан-жақта, әртарапта.*

ЖЕР-ЖЕРДЕН *Әр жерден, жан-жақтан, әртараптан.*

ЖЕР-ЖИһАН *Бүкіл әлем, дүниежүзі.*

ЖЕРКЕН 1. *Лас нәрседен, сасық иістен жирену, жиіркену.* 2. ***Ауысп.*** *Сескену, секемдену.* □ **Жеркене қарады** — *жақтырмады, ұнатпады.*

ЖЕРКЕНГІШ *Жиренгіш, жиіркенгіш, жеркене бергіш.* 2. ***Ауысп.*** *Сескенгіш, секемденгіш.*

ЖЕРКЕНШЕК *Жиіркеншек, жиреншек.*

ЖЕРКЕНІШТІ *Жиіркенетіндей, сүйкімсіз.*

ЖЕРКЕНІШТІЛЕУ *Жиіркенерліктей, ұнамсыздау, сүйкімсіздеу.*

ЖЕРКЕНІШТІЛІК *Жек көрушілік, ұнатпаушылық.*

ЖЕРКЕПЕ 1. *Жерден қазып, төбесі жабылған жер үй, жертөле.* 2. *Әскерлердің соғыс даласында снарядтардан қорғануы үшін жасалған баспана; блиндаж.*

ЖЕР-КӨК *Жер де, көк те — бәрі, бүкіл әлем.* □ **Жер-көкке сыйғызбады** — а) *тым асыра мақтады, мадақтады, көтермелеп дәріптеді;* ә) *құдалап еш жерде тұрақтатпады.* **Жер-көкте жоқ** — *ешкімде, еш жерде кездеспейтін.* **Жер-көкті шарлады [кезді]** — *көп жерді аралады.*

ЖЕРҚОЙМА *Азық-түлік сақтайтын жер астынан қазылған салқын қойма; погреб.*

ЖЕРЛЕ I 1. *Өлген кісіні көму, қою.* 2. ***Ауысп.*** *Жер-жебіріне жетіп қатты үрсу, жазғыру, сөгу.*

ЖЕРЛЕ II *Белгілі бір жерді мекендеу, қоныс ету, сонда тұру.*

ЖЕРЛЕС *Бір жерде өскен ауылдас, елдес, мекендес, отандас.*

ЖЕРЛЕСТІК *Бір жерде өскендік, мекендестік, елдестік.*

ЖЕРЛЕУШІ *Өлген адамды азалап көмуші, қоюшы.*

ЖЕРЛІ *Жер аумағы үлкен, кең, мол.*

ЖЕРЛІК *Белгілі бір жердің тұрғыны, соған тән.*

ЖЕРМАЙ *Керосин сөзінің қазақша баламасы.*

ЖЕРМЕН-ЖЕКСЕН *Тіпті аласа, тап-тапал.* □ **Жермен-жексен болды** — *жоғалып, құрып кетті.* **Жермен-жексен қылды [етті]** — *тып-типыл етіп құртты, жоқ етті.*

ЖЕРМЕШЕЛ *Екі аяғы бірдей кем мүгедек, кемтар.*

ЖЕРОРТА *Орта жастағы.*

ЖЕРОШАҚ *Қазан асу үшін жерден қазып, от жағатын шұңқыр, ошақ.*

ЖЕРСАҒЫЗ ***бот.*** *Өсімдіктің сүтін кептіріп жасаған сағыздың бір түрі.*

ЖЕРСОҒАР *Ат тұяғының арт жағындағы қатты жері, өкшелігі.*

ЖЕР-СУ 1. *Шаруашылыққа кеңінен пайдаланылатын орман, тау, көл, өзен, дала тәрізді жер аумағы; аумақ.* 2. *Туған өлке, өскен жер.*

ЖЕРСІЗ *Қарауында жері жоқ, жерге ие емес.*

ЖЕРСІЗДІК *Қарауында жері жоқтық, жерге ие еместік.*

ЖЕРСІН *Жаңа жер жағдайына, ол жердің ауарайына көндігу, үйреніп, бейімделу.*

ЖЕРТАҒАН *Аласа, пәстеу, төмен.*

ЖЕРТАҒАНДАП 1. *Жер бауырлап, жерге жабысып.* 2. ***Ауысп.*** *Екі қолымен жер тірей еңбектеу.*

ЖЕРТАҒАНДАУ *Аласалау, тапалдау, төмендеу, бәсеңдеу.*

ЖЕРТАНУ *Жер туралы ғылым.*

ЖЕРТАРТҚЫШ *Артық токты реттеп, жерге сіңіргіш.*

ЖЕРТЕЗЕК *Батпақты жерлерде болатын отындық, әрі тыңайтқыш зат; шымтезек.*

ЖЕРТЕСЕР ***зоол.*** *Жәндіктермен қоректенетін, тышқанға ұқсас сүтқоректілер.*

ЖЕРТӨЛЕ *Жеркепе, жербарақ, жерден қазған үй.*

ЖЕРУЙК *Төлін қабыл алмай жери бергіш, жерігіш.*

ЖЕРҰЙЫҚ ***миф.*** *Жұмақ жер, бейіш, жайлы қоныс, құтты мекен.*

ЖЕРҰЙЫҚТАЙ *Жерұйық сияқты, жайлы, жұмақ жердей.*

ЖЕРШӨП *Бас жағындағы күлтесінен сыпырғыш жасайтын, биіктеу өсетін өсімдік.*

ЖЕРШІЛ II 1. *Жердің ой-қырын, жолын жақсы білетін (адам).* 2. *Үйренген жеріне тарта беретін.* 3. **Ауысп.** *Жерге бөлгіш, жікшіл.*

ЖЕРШІЛДІК 1. *Жер таныгыштық, бағдарлағыштық.* 2. *Жерлестік, жерлестеріне бүйрегі бұрыштық.*

ЖЕРІ I 1. *Енесінің (мал, аң т. б.) төлін өзіне жуытпауы, қақшалақтауы.* 2. **Ауысп.** *Бір нәрседен жирену, аулақ болу.*

ЖЕРІ II **жерг.** *Жерік болу.*

ЖЕРІГІШ 1. *Жиренгіш, малдың төлінен безгіш, қашқыш болуы.* 2. *Жиіркенгіш, секемденгіш.*

ЖЕРІК 1. *Екіқабат әйелдің белгілі бір тағам түріне аңсары ауып, құмарлануы.* 2. **Ауысп.** *Бір нәрсеге құштарлық, құмарлық, ынталық.*

ЖЕРІКТІК *Жерік болушылық, тамақ талғағыштық.*

ЖЕСІР *Күйеуі жоқ, күйеуі өлген әйел.* □ **Жесір дауы көне** — *күйеуі өлген әйелдің, қалың малы төленген қыздың бас бостандығына байланысты әмеңгерлік даушар.*

ЖЕСІРЛЕС 1. *Күйеуі өлген әйелдің қайғысын бөлісу ортақтас болу.* 2. *Мұңдас, пікірлес.*

ЖЕСІРЛІК *Жесір болушылық, күйеусіз қалғандық.*

ЖЕСІРШІЛІК *Жесір қалушылық, жесірлік.*

ЖЕТ 1. *Бір жерден екінші жерге бару.* 2. *Белгілі бір мерзімге, кезге келу, санға толу.* 3. *Ойлаған ойы, мақсат-мұраты орындалу, дегені болу.* 4. *Сөз тіркестері құрамында келіп әр алуан мағынада қолданылатын сөз.* 5. **Ауысп.** *Қоғар, тоқтат, болар, болды.* □ **Жетіп барды** — *белгілі бір жерге тез келді (жетті).* **Жеткен жері** — *қолынан келгені, шамасының жеткені.* **Жетпей желкесі қышысын қарғ.** — *жасына келмей өлсін.* **Жетіп жығылды** — *әрең дегенде жетті, зорға келді.* **Жетіп келді** — *аяқ астынан тап болды, сау ете қалды.*

ЖЕТЕ I 1. *Орақтың, пышақтың т. б. сабы мен жүзінің қосылған жері, сағағы, мойны.* 2. *Адамның (малдың) желке, мойын тұсы.*

ЖЕТЕ II 1. *Адамға ғана тән ақыл, сана, ұғым.* □ **Жетесіне жетті** — *бір нәрсенің байыбына барды, мәніне түсінді.*

ЖЕТЕ III *Арғы тегі, жеті атасы, жетпіс жеті пұстысы.*

ЖЕТЕ IV *Әбден, егжей-тегжейлі, түбіне, байыбына бара.*

ЖЕТЕК 1. *Арбаның, шананың алдынан орнатылған, ат жегілетін оқағаш, тәрте, арыс.* 2. *Қосарға алынған мал, жетектеген жылқы.* 3. **Ауысп.** *Ықпал, ырық, тізгін.* □ **Жетекке алды** — *қосарға алды, жетектеді.* **Жетекке ерді** — *біреудің айтқанына көнді, ырқына жүрді.*

ЖЕТЕКСІЗ *Жетегі жоқ.*

ЖЕТЕКТЕ 1. *Малды мойнына байлаған жіптен ұстап жетелеу.* 2. *Қолынан ұстап жетелеу, ерту.* 3. **Ауысп.** *Сүйемелдеу, көмектесу, тәрбиелеу, баулу.*

ЖЕТЕКТЕУШІ *Бастаушы, бағыт беруші, жетекке алушы.*

ЖЕТЕКШІ I 1. *Бастаушы, жол басшы адам.* 2. *Құрылған ұйымның басқарушысы, ұйымдастырушысы.* 3. **Ауысп.** *Негізгі, басты, белді.* □ **Жетекші құрал** — *басшылыққа алынатын негізгі кітап.* **Жетекші сұрақ пед.** — *сүйемел сұрақ, оқытушы тарапынан еске салу, жауабын толықтыру үшін қойылатын бағыттаушы сұрақ.*

ЖЕТЕКШІ II **астр.** *Аспанның солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыздың аты.*

ЖЕТЕКШІЛ 1. *Жетекке жүргіш, ергіш мал.* 2. **Ауысп.** *Біреудің соңынан ілескіш, ырқымен кеткіш.*

ЖЕТЕКШІЛІК *Белгілі бір іске жасайтын басшылық, жол-жоба көрсетушілік.* □ **Жетекшілік етті [жасайды]** — *басшылық жасады, жол көрсетті.*

ЖЕТЕЛЕ 1. *Адамды қолынан ұстап, ертіп жүру, жетектеу.* 2. *Малдың бас*

жібінен ұстап жетелеу. 3. ***Ауысп.*** *Ойға берілу, жетегінде кету.*

ЖЕТЕЛЕУШІ *Жетектеуші, жетегіне алушы, соңынан ертуші.*

ЖЕТЕЛІ 1. *Ақылды, саналы, ойлы.* 2. *Нәрлі, мәнді, жігерлі.*

ЖЕТЕЛІЛІК *Ақылдылық, саналылық, ойлылық.*

ЖЕТЕР-ЖЕТПЕС *Толар-толмас, шамалас, жуықтағанда, жақындағанда.*

ЖЕТЕРЛІК *Жеткілікті, мол.*

ЖЕТЕСІЗ *Санасыз, ойсыз, жігерсіз.*

ЖЕТЕСІЗДІК *Санасыздық, ақылсыздық, жігерсіздік.*

ЖЕТЕУ *Жеті санының жинақтау мәніндегі айтылу тұлғасы.*

ЖЕТКІЗБЕС *Қуғанда жеткізбейтін жүйрік, жылдам, ұшқыр.*

ЖЕТКІЗГІСІЗ: айтып жеткізгісіз — *айтып бітпайтын, тіл жетпейтін.*

ЖЕТКІЛІКСІЗ *Жетпейтін, жетіспейтін, тапшы, жетімсіз, аз.*

ЖЕТКІЛІКСІЗДЕУ *Аздау, жетімсіздеу, тапшылау.*

ЖЕТКІЛІКСІЗДІК *Аздық, жетіспейтіндік, жетімсіздік, тапшылық.*

ЖЕТКІЛІКТІ *Жетерлік, мол, көп, баршылық.*

ЖЕТКІЛІКТІЛІК *Жететіндік, молдық, көптік.*

ЖЕТКІНШЕК *Өсіп келе жатқан жас ұрпақ, жасөспірім.*

ЖЕТКІСІЗ: баға жеткісіз — *баға жетпейтін, қымбат, құнды.* **Көз жеткісіз** — *көз көрмес, шетсіз, шексіз.* **Қол жеткісіз** — *қиын, қол жетпейтін.* **Сан жеткісіз** — *есепсіз, тым көп.* **Сөз жеткісіз** — *айтып болмайтын, тіл жетпейтін.*

ЖЕТОН 1. *Ақша орнына жүретін дөңгелек жұқа темір.* 2. *Белгілі бір ұйымның мүшелері тағатын белгі.*

ЖЕТПЕГІР ***қарг.*** *Өспегір, жасына жетпей қалғыр.*

ЖЕТПІС *Алпыс тоғыз бен жетпіс бірдің арасындағы сан, жеті он.*

ЖЕТПІСІНШІ *Жетпіс санының реттік түрі.*

ЖЕТТІК: әлімжеттік [жеттілік] — *қоқан-лоқылық, күш көрсетушілік.*

ЖЕТІ I *Алтыдан кейінгі сан.* □ **Жеті ата [атасы]** — *ата-баба, жетінші буын.* **Жеті атасынан қара көк** ***көне*** — *арғы аталарынан бері қарай аты шулы бай, шынжыр балақ, шұбар төс.* **Жеті басты дәу [жалмауыз]** ***миф.*** — *ертегілерге тән жеті басты мақұлық, кейіпкер.* **Жеті ғалам** — *бүкілдүниежүзі, шартарап.* **Жеті кентті құртты** — *неше түрлі жақсыны жалмады, жойды.* **Жеті қабат [қат] жер астында** ***миф.*** — *тым терең де.* **Жеті қараңғы түн** — *тастай қараңғы беймезгіл уақыт.* **Жеті қырдың астында** — *адам жетуі қиын, алыс жер.* **Жеті нан** ***діни*** — *кездескен қиындықтан сақтауын тілеп, нан пісіріп, мал, ақша атау.* **Жетісін берді** ***діни*** — *өлген кісіні еске алу үшін жұрт жинап ас береді.* **Жеті түнде [жеті түн ішінде]** — *түн ортасында, мезгілсіз кезде.* **Жеті тылсым** — *құпиясы мол, қауіпті.*

ЖЕТІ II *Жеті күн, бір апта.*

ЖЕТІГЕН I ***муз.*** *Жеті қыл ішегі бар, байырғы музыкалық аспап.*

ЖЕТІГЕН II ***астр.*** *Жетіқарақшы жұлдызының халық арасындағы аты.*

ЖЕТІДЕЙ: бір жетідей — *жеті шамасында, бір аптадай.*

ЖЕТІ-ЖЕТІДЕН *Жетеу-жетеуден бөлініп.*

ЖЕТІЖЫЛДЫҚ 1. *Халық шаруашылығындағы жеті жылға есептеліп жасалған жоспар.* 2. *Еліміздегі орталау дәрежелі білім беретін оқу орны.*

ЖЕТІК *Бір нәрсені жете білетін, білгір.*

ЖЕТІКТЕУ *Біліктілеу, қабілеттілеу, білгірлеу, толықтау.*

ЖЕТІКТІК *Жақсы білетіндік, білгірлік.*

ЖЕТІҚАРАҚШЫ ***астр.*** *Аспанның солтүстік жарты шарындағы шоғырланған шоқжұлдыз.*

ЖЕТІЛ 1. *Өсу, көтерілу, даму.* 2. *Ел қатарына қосылу, қалыптасу.*

ЖЕТІЛГІШ *Өскіш, өнгіш, өсімтал.*

ЖЕТІЛГІШТІК *Өнгіштік, өскіштік, өсімталдық.*

ЖЕТІЛЕП *Апталап, бір жеті бойы, жеті сайын.*

ЖЕТІЛІК I *Жеті саны жазылған карта.* □ **Жетілік шам** — *шишасының түбінің аумағы жеті сантиметр болатын шам.*

ЖЕТІЛІК II 1. *Бір апталық, бір жұмалық.* 2. ***эт н.*** *Адам қаза болғаннан кейін жеті күн толғанда берілетін жоралғы, жоқтау жетісі.*

ЖЕТІЛІҢКІ *Өсіңкі, жетілген.*

ЖЕТІМ 1. *Ата-анасы өлген не тастап кеткен бала.* 2. ***Ауысп.*** *Арқа сүйері жоқ, панасыз, қамқорсыз.* □ **Жетім ақы** *айырылысып кеткен әке-шешенің балаға төлеп тұратын жалақысы, алимент.* **Жетім бауыр** — *бауырдың ұшындағы кішкене бөлігі.* **Жетім босаға** — *киіз үйдің кіре берісіндегі сол жақ босаға.* **Жетім шеге** — *пышақтың сапқа отырғызылған жерін ұстату үшін қағылған жалғыз шеге.*

ЖЕТІМДЕН 1. *Жетім болып қалу.* 2. *Батылы жетпеу, жасқаншақтау.*

ЖЕТІМДІК 1. *Әке-шешеден айырылғандық, жетім болушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Қамқоршысы жоқтық, панасыздық, жалғыздық.* □ **Жетімдіктің тақсіретін тартты** — *жоқшылықтың ауыр азабын басынан өткізді.*

ЖЕТІМЕК ***экспр.*** *Жетім сөзінің кішірейтілген түрі.*

ЖЕТІМ-ЖЕСІР *Әке-шешеден, бас иеден айырылған бала-шаға.*

ЖЕТІМ-ЖЕСІРЛІК *Жетім-жесір болып қалушылық.*

ЖЕТІМСІЗ *Жартымсыз, жеткіліксіз, мардымсыз.*

ЖЕТІМСІЗДЕУ *Аздау, тапшылау, мардымсыздау, жеткіліксіздеу.*

ЖЕТІМСІЗДІК *Аз болушылық, жетіспеушілік, тапшылық, жеткіліксіздік.*

ЖЕТІМСІРЕ 1. *Жетім халінде болу, жетімдік күнін көру.* 2. ***Ауысп.*** *Жалғызсырау, елегізу.* 3. *Қаңырап бос қараусыз қалған, азып-тозған.*

ЖЕТІМХАНА *Жетім балаларды бағып, тәрбиелейтін үй.*

ЖЕТІМШЕ *Жетім тәрізді, панасыздарша.*

ЖЕТІМШІЛІК *Жетімдік, әке-шешесі жоқтық, панасыздық.*

ЖЕТІНШІ *Жеті санының реттік түрі.*

ЖЕТІС 1. *Мәз болу, қуану, рақаттану.* 2. *Бір нәрсеге жару, жетілу, табысқа қол жету.*

ЖЕТІСКЕНДІК *Жеткіліктілік, жетілгендік, жетісушілік.*

ЖЕТІСПЕУШІЛІК *Жетпеушілік, жетпегендік.*

ЖЕТІСТІК *Қол жеткен табыс, жеңіс.*

ЖЕТІСТІКТІ *Жетістігі бар, қол жеткен табысы бар, табысты.*

ЖЕТІСІНЕ *Бір жетіде, бір аптада, жеті сайын.*

ЖЕУСІЗ *Желінбей қалған, желінбеген.*

ЖИ 1. *Жию, жинау, жинап алу.* 2. *Бір жерге шақырып жинау, бас қосу, біріктіру, шоғырлау.* 3. *Жеке бөлшектерді біріктіріп, басын қосу, құрау.* 4. *Әртүрлі мағлұматтар мен ақпарды бір ізге түсіру, топтау.* □ **Денесін жиды** — *өзіне-өзі келді, шырады.* **Жағын жиды** — *кимешектің жиегін бүкті, көмкерді.* **Күлкісін жиды** — *күлкісін тыйды.* **Ішін жиды** — *ішін тартты, ышқынды.*

ЖИҒАН-ТЕРГЕН *Ұзақ уақыт, өмір бойы, күні бойы жиыстырған, құрастырған.*

ЖИҒЫШ *Жинағыш, жиятын.*

ЖИҒЫШТА *Қайта-қайта жинау, ретке келтіру.*

ЖИДАШЫ 1. ***көне*** *Алым-салық жинаушы.* 2. *Біреуге ақыл бергіш жол көрсеткіш жырынды адам.*

ЖИДЕ *Ыстық жерде өсетін, жіңішке жапырақты биік жеміс ағашы және оның жемісі.*

ЖИДЕК *Таңқурай, бұлдірген, құлпынай өсімдіктері жемісінің жалпы атауы.*

ЖИДЕКТІ *Жидегі бар, жидегі көп, қалың.*

ЖИДЕЛІБАЙСЫН ***миф.*** *Берекелі, қасиетті, шұрайлы (жер).*

ЖИДЕЛІК *Жиде қалың өсіп тұрған жер.*

ЖИДІ 1. *Тері жүнінің іріп сыпырылып түсуі.* 2. *Белгілі бір себептен шаштың, қылдың түсіп қалуы.* 3. *Іріп-шіру, иістену, сасу.* 4. *Әбден езіліп, былбырап пісу.* 5. ***Ауысп.*** *Жүнжіп жудеу, болбырау.*

ЖИДІРМЕЛЕТ *Жиілету, жеделдету, тездету.*

ЖИЕК 1. *Теңіздің, өзеннің жағасы, жағалауы.* 2. *Бір нәрсенің шеті, кенересі.* 3. *Ыдыстың ернеуіне жүргізілген сызық.* 4. *Сырмақтың шетіне бастырыла салынатын түрлі түсті жіп, шеттік.*

ЖИЕКТЕ 1. *Жағалау, жиек бойымен жүру.* 2. *Бір нәрсеге жиек салу, көмкеру.*

ЖИЕКТЕМЕ *Шыжымдап өрген не тоқылған бау, таспа.*

ЖИЕКТЕС *Жалғасу, ұштасу, шектесу.*

ЖИЕКТІ *Жиегі бар, жиектелген.*

ЖИЕН *Қыздан туған ер не қыз бала.*

ЖИЕНДІК *Жиенге тән қылық, іс.* □ **Жиендік жасады** — а) *нағашыларына еркелік жасады; ә) нағашыларынан бірдеңені сұраусыз қымқырып алып кету, олжалану.*

ЖИЕНҚҰРЫҚ *Жиеніне атап беретін сый малы, ырым.*

ЖИЕНШАР *Жиеннен туған ер не қыз бала.*

ЖИМА *Жиналмалы, жималы.*

ЖИМАЛЫ *Жиып қоюға ыңғайлы, жиналмалы.*

ЖИМАТАРҒАҚ ***бот.*** *Шабындықта және жайылымда өсетін көпжылдық, бағалы өсімдік.*

ЖИНА 1. *Жию, жиып алу.* 2. *Адамдардың басын қосу, топтау.* 3. *Ретке келтіру, тәртіптеу.*

ЖИНАҒЫШ: картоп жинағыш — *картоп жинауға арналған машина.*

ЖИНАҚ 1. *Барлық санның қосындысы.* 2. *Бір я бірнеше авторлардың еңбектерінің жиынтығы, топтама.* 3. *Жинақы, ықшам.* □ **Жинақ банкі** — *басы артық ақшаны жинақтап сақтайтын мекеме.*

ЖИНАҚСЫЗДЫҚ *Жинақы болмаушылық, салақтық.*

ЖИНАҚТА 1. *Бір нәрсені қорытындалау, негіздеу.* 2. *Бір нәрсенің бас-аягын жинақтау, қосу.* 3. *Топтау, типтендіру, жалпылау.*

ЖИНАҚТАЛЫМ *Бір бүтін заттың толық жиынтығы, жинағы.*

ЖИНАҚТАУШЫ *Жинаушы, топтаушы.*

ЖИНАҚТЫҚ: жинақтық сан — *заттарды саралап санау есебін білдіретін сандар.*

ЖИНАҚШЫ ***жаңа.*** *Сақтық банкасына ақша салушы; вкладчик.*

ЖИНАҚЫ *Ұқыпты, ықшам.*

ЖИНАҚЫЛА *Жинақтау, ықшамдау.*

ЖИНАҚЫЛАУ *Ықшамырақ, жинақырақ.*

ЖИНАҚЫЛЫҚ *Жинақы болушылық, ұқыптылық.*

ЖИНАЛ 1. ***өзг. етіс*** *Жинал.* 2. *Дайындалу, әзірлену.*

ЖИНАЛМАЛЫ *Жинап қоюға болатын, жиналатын.*

ЖИНАЛЫП-ТЕРІЛ *Керекті нәрсені түгел қамтып жиналу, дайындалу, әзірлену.*

ЖИНАЛЫС *Белгілі бір мекемедегі адамдардың қажетті мәселелерді талқылайтын кеңесі; мәжіліс.*

ЖИНАҢҚЫ *Бытыраңқы емес, ықшам.*

ЖИНАП-ТЕР *Түгін қалдырмау, барлығын жинау.*

ЖИНАУЛЫ *Жиналып қойылған, тәртіпке түскен.*

ЖИНАУСЫЗ *Жиылмаған, шашылып жатқан.*

ЖИНАУШЫ *Бір нәрсені жинаушы адам.*

ЖИНАУЫШ *Дестеге салынған*

сілді комбайннық молотилкасына беріп тұратын машина.

ЖИРАФ *Мойны мен сирақтары ұзын келетін теңбіл түсті тағы хайуан.*

ЖИРАФТАЙ *Жираф сияқты биік, ұзын.*

ЖИРЕН I ***бот.*** *Таудың күнгей жерлерінде өсетін қызыл тікенді шөп.*

ЖИРЕН II *Қызғылт сары түс (көбінесе жылқы түсіне байланысты айтылады).*

ЖИРЕН III *Жиіркену, сескену, айну.*

ЖИРЕНГІШ *Жағымсыз нәрседен сескенгіш, жиіркенгіш.*

ЖИРЕНДЕУ *Қызғылт сарылау, жиреніреу.*

ЖИРЕНШЕ *Жирен түстес, жирен тәріздес.*

ЖИРЕНІШ *Жиіркеніш, жек көргіш.*

ЖИРЕНІШТІ *Жеркеніштті, жек көрінішті.*

ЖИРЕНІШТІК *Жеркеніштік, жек көрінішті к.*

ЖИһАЗ *Үй бұйымы, мүлік, дүниелік.*

ЖИһАЗДА 1. *Үйге дүние-мүлік жию, жабдықтау, жасауын толтыру.* 2. *Үйді әдемілеу, сәндеу, безендіру.*

ЖИһАЗДАУЛЫ 1. *Жиһаздалған, дүние-мүлік толып, жабдықталған, жасаулы.* 2. *Сәнделген, әдеміленген, безенген.*

ЖИһАЗДЫ *Дүние-мүлікке толы, жиһазы мол.*

ЖИһАЗСЫЗ *Жиһазы, дүние-мүлкі аз.*

ЖИһАН *Бүкілдүниежүзі, әлем.*

ЖИһАНГЕР *Жер шарын аралаушы, дүшені шарлаушы, жиһанкез, саяхатшы.*

ЖИһАНГЕРЛІК 1. *Жиһангерге тән, дүниежүзілік, әлемдік.* 2. *Дүниежүзін кезушілік, саяхатшылық, жиһанкездік.*

ЖИһАНКЕЗ *Жер жүзін кезуші, аралаушы, жиһангер.*

ЖИЫЛ *Бір жерге жиналу, топталу.*

ЖИЫЛЫҢҚЫ *Жиылған, ықшамдалған, жиыңқы.*

ЖИЫЛЫП-ТЕРІЛ *Жиналу, даярлану, әзірлену.*

ЖИЫЛЫС *Бас қосқан топ, көпшілік қатысқан жиналыс.*

ЖИЫН 1. *Бір жерге жиналған топ, адам.* 2. *Бір нәрсенің жиынтығы, қосындысы.* 3. *Жиналыс, мәжіліс.*

ЖИЫНДЫ 1. *Жиыны көп болатын, думанды.* 2. *Бір нәрсенің топтануы, жиынтығы.*

ЖИЫН-ТЕРІН *Егін, бау-бақша т. б. өнімдерін жинап алу жұмысының мерзімі.*

ЖИЫН-ТОЙ *Ойын-сауық, той-думан, тамаша.*

ЖИЫНТЫҚ 1. *Бір нәрсенің қосындысы, қорытындысы.* 2. *Жинақталған, сомдалған, типтік.*

ЖИЫНТЫҚТА *Жинақтау, қорытындылау.*

ЖИЫНЫП-ТҮЙІНІП *Буынып-түйініп, даярланып, әзірленіп.*

ЖИЫҢҚЫ *Жиылыңқы, жинақы.*

ЖИЫП-ТЕРІП *Түк қалдырмай, жинап-теріп.*

ЖИЫР 1. *Қабағын тыржиту, қатпарландыру, мұрнын шүйіру.* 2. *Бір нәрсені ысыру, сыру.* 3. *Бір нәрсенің шетін бүру, жымыру.*

ЖИЫРМА *Он тоғыздан кейінгі есептік сан.*

ЖИЫРМА БІР *Құмаройынның бір түрі, карта ойыны.*

ЖИЫРМАДАЙ *Жиырма шақты, жиырмаға жуық.*

ЖИЫРМАЛАҒАН *Жиырма шамалы, жиырма шақты.*

ЖИЫРМАЛАП *Жиырма-жиырма етіп, жиырмадан.*

ЖИЫРМАСЫНШЫ *Он тоғыздан кейінгі реттік сан.*

ЖИЫРЫЛ 1. ***өзг. етіс*** *Жиырыл.* 2. *Сығылу, бүрісу.* 3. *Жылан, құрт т. б. осы сияқты жәндіктердің жиырылып-созылуы, бүктетілуі.* 4. ***Ауысп.*** *Жақтырмау, жаратпау, ұнатпау.*

ЖИЫРЫЛҒЫШ *Жиырыла бергіш, созылғыш.*

ЖИЫРЫЛҒЫШТЫҚ *Жиырыла бергіштік, жиырылатын қасиет.*

ЖИЫРЫЛМАЛЫ *Жиналып тұратын, жиырылғыш.*

ЖИЫРЫҢҚЫ *Жиырылған, жинақы.*

ЖИЫРЫҢҚЫЛЫҚ *Жиырылғандылық, жинақылық.*

ЖИІ 1. *Үнемі, үзбей, дүркін-дүркін.* 2. *Тығыз, қалың, көп.*

ЖИІ-ЖИІ *Қайта-қайта, дүркін-дүркін, жиілете.*

ЖИІЛЕ 1. *Жиі-жиі қайталану, жылдамдау.* 2. *Көбейіп кету, молаю.*

ЖИІЛЕУ *Тығыздау, қалыңдау, молдау.*

ЖИІЛІК 1. *Жылдамдық, тездік, шапшаңдық.* 2. *Тығыздық, қалыңдық, көптік.* 3. ***физ.*** *Токтың ағым күші.* □ **Жиілік сөздік** — *сөз қолданысының жиілігін анықтайтын сөздік.*

ЖИІРЕК 1. *Жақынырақ, тығызырақ, қалыңырақ.* 2. *Жиілеу, молырақ, көбірек.*

ЖИІРКЕН 1. *Лас, кір нәрседен сескену, жирену.* 2. *Жақтырмау, ұнатпау.*

ЖИІРКЕНШЕК *Жиіркене бергіш, жиреншек.*

ЖИІРКЕНІШ *Жиреніш, жек көрушілік, жақтырмаушылық.*

ЖИІРКЕНІШТІ *Жиреніштi, жек көрінішті.*

ЖИІРКЕНІШТІЛЕУ *Жек көрінштілеу, жиреніштілеу.*

ЖИІРКЕНІШТІЛІ *Жек көрінштілік, жиреніштілік.*

ЖИЮЛЫ *Жиналып қойылған, реттелген.*

ЖИЮСЫЗ *Жиналмаған, реттелмеген.*

ЖОБА 1. *Бір істі жүзеге асыру, орындау үшін жасалған нұсқа.* 2. *Нышан, түр, пошым, пішін, кескін.*

ЖОБАЛА 1. *Бір нәрсенің жобасын жасау.* 2. *Жорамалдау, тұспалдау, топшылау.*

ЖОБАЛАС *Шамалас, үндес, сарындас.*

ЖОБАЛАУШЫ *Бір нәрсенің жобасын жасаушы, жоспарлаушы.*

ЖОБАЛҒЫ *Жұпыны, қарапайым, жөндем.*

ЖОБАЛҒЫЛАУ *Жұпынылау, қарапайымдылау, жөндемдеу*

ЖОБАЛЫ *Жобаланған, жоспарланған.*

ЖОБАЛЫҚ *Жобада көрсетілгендей, жоспарға сай.*

ЖОБАСЫЗ *Жобасы жоқтық, негізсіз.*

ЖОҒАЛ 1. *Жоқ болу, ұрлану.* 2. *Бір жаққа кетіп қалу, көзден таса болу, аулақ кету.* 3. *Жойылу, құру, бітy.*

ЖОҒАЛҒЫР ***қарғ.*** *Жоқ болғыр, атың өшкір.*

ЖОҒАЛТ 1. ***өзг. етіс*** *Жоғал-т.* 2. *Жоқ қылу, жою, құрту.* □ **Жоқ жоғалт** — *малдан айырылу, мал жоғалту.* **Көзін жоғалт** — *жоқ қыл, құрт, жой.* **Сенім жоғалт** — *сенімнен айырылу.*

ЖОҒАРҒЫ 1. *Ең басқы, басты, басшы.* 2. *Ең биік, үстіңгі.*

ЖОҒАРҒЫДАЙ *Басында көрсетілгендей, жоғарыда айтылғандай.*

ЖОҒАРЫ 1. *Үсті, бас жағы.* 2. *Биік, басым, артық.* 3. *Көтеріңкі, мөлшерден тыс дауыс, үн; тон.* 4. *Ең үлкен, құрметті, бағалы, басым.* 5. *Жетекшілік ететін басшы орын.* □ **Жоғары көрсеткіш** — *ең озық көрсеткіш.* **Жоғары шық** — *құрмет білдірді, ізет көрсетті.*

ЖОҒАРЫДА 1. *Жоғары жақта, биікте.* 2. *Алдында, бұдан бұрын.*

ЖОҒАРЫЛА 1. *Биіктеу, өрлеу.* 2. *Төрге шығу, төрлету.* 3. *Арту, жоғары көтерілу, жақсару.* 4. ***Ауысп.*** *Дәрежесі, қызметі, лауазымы өсу.*

ЖОҒАРЫЛАУ *Аздап жоғары, жоғарырақ, биіктеу.*

ЖОҒАРЫЛЫҚ 1. *Өзін артық, жоғары санаушылық.* 2. *Жоғары, биік болушылық.* 3. *Қызметі, дәрежесі үлкендік.* 4. *Бір нәрсенің артықтығы, күштілігі.* 5. *Дауыстың, үннің ашықтығы, үнділігі.*

ЖОҒАРЫ-ТӨМЕН *Жоғарыдан-төменге, төменнен-жоғарыға.*

ЖОҒАРЫЛЫ-ТӨМЕНДІ *Ілгерікейінді, төменнен-жоғарыға қарай.*

ЖОҒАРЫРАҚ *Жоғарылау, биігірек.*

ЖОЗЫ ***жерг.*** *Жерге отырып, тамақ ішуге арналған аласа үстел.*

ЖОЙ *Жоқ ету, құрту, жоғалту.*

ЖОЙҒЫШ *Жоқ қылғыш, қырғыш, жойып жібергіш.*

ЖОЙДАСЫЗ 1. ***жерг.*** *Үлкен, ерен, орасан.* 2. ***Ауысп.*** *Қолайсыз, орынсыз.*

ЖОЙДАСЫН *Ерен, мықты, күшті.*

ЖОЙҚЫН 1. *Қырып-жойып кететін, алапат, сұрапыл.* 2. ***Ауысп.*** *Кереметт, сұмдық, орасан.*

ЖОЙҚЫНДЫ *Орасан мықты, күшті.*

ЖОЙҚЫНДЫҚ *Орасан күштілік, алапаттық.*

ЖОЙҚЫТ ***жерг.*** *Жосылту, көсілту.*

ЖОЙПАҢ ***жерг.*** *Адуын, мықты, батыл.*

ЖОЙЫТ 1. *Қара күшке мығым, алапат.* 2. ***Ауысп.*** *Барып тұрған жыртқыш, жауыз.*

ЖОЙЫТТЫҚ *Жойытқа тән қасиет.*

ЖОҚ-І *Жоғалған мал, қолды болған мал.*

ЖОҚ II 1. *Бар сөзінің қарсы мағынасы.* 2. *Мақұлдамау, теріске шығарған сөз.* □ **Жоқ боп кетті** — *із-түзсіз құрыды, жоғалды.* **Жоқ етті [қылды]** — *жойды, жоғалтты.* **Жоқ жерден** — *аяқ астынан, ойда жоқта.* **Жоқтан-барды құрады** — *оннан-мұннан жинады, әзер етті.* **Жоқты-барды сөз қылды** — *жоқтан өзгені сөйледі.* **Жоқтың қасы** *жоққа тән, өте аз, болар-болмас.*

ЖОҚ-ЖҰҚАНА ***жерг.*** *Жадау-жүдеу, кедей.*

ЖОҚ-ЖҰТАҢ *Жарлы-жақыбай, жоқ-жітік.*

ЖОҚ-ЖҰТАҢДЫҚ *Жарлылық, кедейлік.*

ЖОҚ-ЖІТІК *Кедей-кепшік, кембағал, жоқ-жұтаң.*

ЖОҚСЫН *Бір нәрсенің жоқтығын, жетпей тұрғанын сезіну.*

ЖОҚТАҒАНСЫ *Бір нәрсені іздегенсу, мүддесін қорғағансу.*

ЖОҚТАН-БАРДАН *Бар-жоқтан бір нәрсе етіп құрау. Жақсылы-жаманды жасау.*

ЖОҚТАТПА *Жоқ екенін білдірмеу, орнын басу.*

ЖОҚТАУ I 1. *Қазаға ұшыраған адамның артында қалған жақындарының қайғылы сарынмен айтатын зары, мұң сөзі.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің іздеуі, сұрауы.*

ЖОҚТАУ II *Бір нәрсеге үйір емес, шорқақтау.*

ЖОҚТАУСЫЗ *Іздеусіз, із-түзсіз, сұраусыз.*

ЖОҚТАУШЫ I 1. *Іздеуші, сұрау салушы адам.* 2. ***Ауысп.*** *Біреудің сөзін сөйлеуші, қолдаушы.*

ЖОҚТАУШЫ II ***этн.*** *Қайтыс болған адамның артынан дауыс айтып жылаушы.*

ЖОҚТЫ-БАРДЫ *Не болса соны, анау-мынауды.*

ЖОҚТЫҚ 1. *Болмағандық, жоқ болушылық.* 2. *Кедейлік, жетіспеушілік.*

ЖОҚШЫ 1. *Жоқ іздеуші, жоқ қараушы.* 2. *Бір нәрсені жоқтаушы, іздеуші, қамқоршы.*

ЖОҚШЫЛЫҚ *Кедейшілік, жетіспеушілік.*

ЖОЛ 1. *Қатынас жасап әрі-бері жүріп-тұруға арналған ұзын желілі сұрлеу.* 2. *Ұзақ сапар.* 3. *Сөздердің жазба не баспа түріндегі қағазға түскен ізі.* 4. *Салт, әдет-ғұрып // Кәде, сый, ырым.* 5. *Кезек, рет, жөн, орын, жайы.* **Ауыс.** 6. *Амал, айла, әдіс.* 7. **Ауыс.** *Шама-шарық, жөн-жоба.* □ **Жол азабы** — *жолда кездесетін қиындық, қиыншылық.* **Жолазық** — *жолға арналып алынған тамақ.* **Жолайырық** — *жолдың бөлінетін, айырылатын жері.* **Жол байлау болды** — *бөгет жасады.* **Жол бастады** — а) *жолға шыққан топты соңынан ертті;* ә) *бағыт-бағдар сілтеді, жол көрсетті.* **Жол белгі** — *көлік қозғалысын реттеу мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілер.* **Жолға қойды** — *жөнге келтірді, тәртіпке келтірді.* **Жолға салды** — *дұрыс бағыт сілтеді.*

Жол көрген — *көпті көрген, ысылған.* **Жолкөрсеткіш** — *жол сілтеуші.* **Жолкілем** — *еденге төселетін ені қысқа төсеніш.* **Жолқағаз** — *жүргізушілердің қайда баратыны, не таситыны көрсетілген қағаз.* **Жолсоқты** — *қалжырады, шаршады.* **Жолсілтеуші** — *жол көрсетуші.* **Жолында тұрды** — *кедергі болды.* **Жолын қуды [ұстады]** — *еңбегін жалғастырды.* **Жолыңа [қадамыңа] гүл бітсін!** *алғ.* — *қадамың құтты, сапарың сәтті болсын!* **Жолы үлкен** — *сыйлы, құрметті.*

ЖОЛА *Жақындау, жуықтау, қасына келу.*

ЖОЛАЙ *Жол-жөнекей, жолшыбай.*

ЖОЛАҚ *Жол-жол, алабажақ.*

ЖОЛАҚ ЖЫЛҚЫ, АЛАЙ ***зоол.*** *Африкада тіршілік ететін ала жолақты, жылқы тектес жануар.*

ЖОЛАҚТА *Жолақ жүргізу, жолақ-жолақ ету.*

ЖОЛАҚТЫ *Жолағы бар, алабажақты.*

ЖОЛАҚТЫҚ *Алабажақтық, жолжолдық.*

ЖОЛАМАЙ ***көне*** *Көш-жөнекей уақытша тігілетін шағын баспана.*

ЖОЛАН ***көне*** *Мықты, әлді, күшті.*

ЖОЛАУШЫ *Сапар шегуші, жол жүруші адам.*

ЖОЛАУШЫЛА *Жол жүру, сапарға шығу.*

ЖОЛАУШЫЛЫҚ *Жол жүрушілік, жолаушы болушылық.*

ЖОЛАШАР ***этн.*** *Жолға шығар алдындағы жасалатын ырым.*

ЖОЛАЯҚ *Ұзақ сапарға, жолға шығатын адамның жора-жолдасына беретін дәмі, ырым.*

ЖОЛБАРЫС 1. *Мысық тұқымдасына жататын, жолақ терілі ірі жыртқыш аң.* 2. ***Ауысп.*** *Ержүрек, батыл, мықты.*

ЖОЛБАРЫСТАЙ *Жолбарыс тәрізді батыл, мықты, күшті.*

ЖОЛБАРЫСТЫҚ *Жолбарысқа тән батылдық, жүректілік.*

ЖОЛБАСАР ***көне*** *Жол тосып, жолаушыны тонайтын қарақшы, ұры.*

ЖОЛБАСАРЛЫҚ *Жол торушылық, тонаушылық, қарақшылық.*

ЖОЛБАСШЫ *Жолдың ой-қырын жақсы білетін, жол бастаушы, бағыт сілтеуші.*

ЖОЛБАСШЫЛЫҚ *Жолбасшы болушылық, бағыт сілтеушілік, жөн көрсетушілік.*

ЖОЛБАСЫ *Жол бастаушы, көрсетуші маман.*

ЖОЛБАСЫЛЫҚ *Жол көрсетушілік, жолбасшылық.*

ЖОЛБИКЕ 1. *Жолдан қосылған, жолай кездескен серік.* 2. ***Ауысп.*** *Ку, сұм, сұрқия.*

ЖОЛБИКЕЛІК *Жолдан қосылғандық, жолай кездесушілік.*

ЖОЛГЕР *Жөн-жобаны білетін ақылды, білгір.*

ЖОЛГЕРЛІК *Жөн-жобаға жетіктік, біліктілік.*

ЖОЛҒЫ: бұл (осы, сол, ана т. б.) жолғы — *осы реткі, кезектегі.* **Біржолғы** — *бір реткі, бір мәрте.*

ЖОЛДА *Бір нәрсені арнап жіберу, жөнеу.*

ЖОЛДАҒЫШ *Бір нәрсені жібергіш, жөнегіш, жолдай бергіш.*

ЖОЛДАМА I *Қызметке не демалысқа жіберілу үшін арнайы берілетін куәлік қағаз, құжат.*

ЖОЛДАМА II 1. *Санаторий, курорт, демалыс үйі немесе алып құрылыс сияқты жерлерге барушыларға берілетін жолдама қағаз.* 2. *Жүргізушілердің барар маршруты, артар жүгі көрсетілген рұқсат қағаз.*

ЖОЛДАМАЛЫ *Жолдамасы бар, жолдамамен келген.*

ЖОЛДАН 1. ***ыр. етіс*** *Жолда-н.* 2. ***көне*** *Жолға шығу, сапарға аттану.*

ЖОЛДАС I 1. *Жолға шыққан адамның қасындағы серігі.* 2. *Қоғамдық ортасы бір, пікірлес, сыйлас кісі.* 3. *Ерлі-зайыпты адамның біреуі.*

ЖОЛДАС II *Құрсақтағы бала кіндігі арқылы жалғасып жатқан ішкі*

муше.

ЖОЛДАС III 1. ***орт. етіс*** *Жолда-с. 2. Жолға кәдеге таласу, тартысу.*

ЖОЛДАС-ЖОРА *Сыйлас, пікірлес дос-жар, құрбы-құрдас.*

ЖОЛДАССЫН *Жолдас болғансу, өзін жолдас деп санау, білу.*

ЖОЛДАСТЫҚ *Жолдас болушылық, жақындық.* □ **Жолдастық кездесу** — *екі команданың арасындағы спорттық бәсеке.* **Жолдастық сот** — *әртүрлі жат қылықтарды жолдастар арасына салатын арнаулы талқы.*

ЖОЛДАСШЫЛ *Жолдас сыйлағыш, көпшіл.*

ЖОЛДАСШЫЛЫҚ *Жолдастық қасиетке берік болушылық.*

ЖОЛДАУХАТ *Арнайы жіберілген хат.*

ЖОЛДАУШЫ *Бір нәрсені арнап жіберуші.*

ЖОЛДОРБА *Иыққа арта салатын жүккап.*

ЖОЛДЫ 1. *Жолы бар, жол салынған.* 2. ***Ауысп.*** *Жолы болғыш, табысты.*

ЖОЛДЫ-ЖОЛСЫЗ *Жөнді-жөнсіз, орынды-орынсыз.*

ЖОЛДЫҚ I 1. *Жолға керекті, жолға арналған.* 2. *Бірнеше сөйлемдік, сөздік.*

ЖОЛДЫҚ II ***этн.*** *Бойжеткен қыздардың айт күндері жақсы көретін жігіттеріне сыйға беретін, кестелеп тіккен қалта орамалы.*

ЖОЛЖАЗБА *Жолсапарда, саяхатта жүргенде көрген-білгендерін жазған жазбалар.*

ЖОЛЖЕЛКЕН ***бот.*** *Көбіне жол жиегінде, арық бойларында өсетін, тартар тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік, иманжапырақ.*

ЖОЛ-ЖОБА 1. *Бағыт-бағдар, жөн-жора.* 2. *Әдет-ғұрып, дағдылы дәстүр, салт.*

ЖОЛ-ЖОЛ *Ала-құла, жолақ-жолақ.*

ЖОЛ-ЖОЛАЙ *Жолүсті, жол-жөнекей.*

ЖОЛ-ЖОРА *Әдет-ғұрып, салт-сана, ырым, кәде.*

ЖОЛ-ЖОРАЛҒЫ *Салт, әдет, дәстүр.*

ЖОЛ-ЖӨНЕКЕЙ 1. *Жол бойы, жолүсті.* 2. ***Ауысп.*** *Ара-арасында, әңгіме үстінде.*

ЖОЛМА-ЖОЛ *Жол-жолымен, ретретімен.*

ЖОЛСАПАР ***жаңа.*** *Бір жаққа барумен байланысты жұмыс бабындағы тапсырма, іссапар.*

ЖОЛСЕРІК 1. *Жол жүргендегі серік, жолдас.* 2. *Вагондағы тәртіпті реттеуші теміржол қызметкері.*

ЖОЛСЫЗ 1. *Жолы жоқ, жол түспеген.* 2. ***Ауысп.*** *Жөнсіз, ретсіз, қисынсыз.*

ЖОЛСЫЗДЫҚ *Жөнсіздік, әдепсіздік, тәртіпсіздік.*

ЖОЛСІЛТЕМЕ ***жаңа.*** *Темір жолдың жол көрсеткіші.*

ЖОЛТОСПАЙ *Жол тосатын, кедергі болатын.*

ЖОЛШЫ 1. *Жол салушы, жол жөндейтін адам.* 2. *Жол жүруші, жолаушы.*

ЖОЛШЫБАЙ *Жол бойы, жол-жөнекей.*

ЖОЛШЫБАЙҒЫ *Жол бойындағы, жол үстіндегі.*

ЖОЛШЫЛ *Жол танығыш, жол тапқыш.*

ЖОЛШЫЛДЫҚ *Жол танығыштық, жол білгіштік.*

ЖОЛЫҚ *Жүзбе-жүз көрісу, кездесу; ұшырасу.*

ЖОЛЫМ: жолым үй *жерг.* — *керегесіз уықпа киіз жауып, уақытша тігілген шошақ жаппа.*

ЖОМ 1. *Дәннің майын, сөлін сығып алғаннан кейінгі қалдық, күнжара.* 2. *Майлы дақылдардың майын, қызылшаның сөлін сығып алатын аспап.*

ЖОМАРТ 1. *Қолы ашық, береген, мырза.* 2. ***Ауысп.*** *Дарқан, бай, кең.*

ЖОМАРТТАН *Мырзалану, қолы ашық, береген болу.*

ЖОМАРТТЫҚ 1. *Мырзалық, берегендік, қолы ашықтық.* 2. ***Ауысп.*** *Дарқандық, кеңдік, молдық.*

ЖОН I 1. *Арқа, ту сырты, жота.* 2. *Тау қырқасы, қырат, үстірт.* □ **Жон арқа**

— *жота, арқа жон.* **Жон терісін сыпырды [сыдырды, сойды]** — *өлердей етіп сабады, азаптады.* **Жоны астаудай** — *әбден семірген, нән семіз.* **Жонынан жарылған** — *семіз, қоңды.* **Жонынан жарылды** — *май басты, семірді.* **Жонын көрсетті** — *теріс сыңай білдірді.* **Жонын сыртқа салды** — *іргесін аулақ салды, қақшалақтады.* **Жонын тілді [тіліңді]** — *жазасын берді, сабады.* **Жонын тіреді** — *арқа сүйеді, арқаланды.* **Жоны таймады** — *арықтамады, жүдемеді.*

ЖОН II 1. *Ағашты жоңқалау, сүргілеу, шауып тегістеу.* 2. ***Ауысп.*** *Өңдеу, түзеу.* □ **Жонып жеді** — *там-тұмдап пайдаланды, үнемдеді.*

ЖОНА ***жерг.*** *Тоқым мен ердің екі қапталының арасына салатын, сыртын қайыспен қаптаған тоқым.*

ЖОНГЛЕР *Бірнеше затты жеделдете лақтырып, лезде қағып алатын ойыншы, цирк артисі.*

ЖОНГЛЕРЛІК *Жонглерге тән қасиет; шапшаңдық.*

ЖОНҒЫ *Ағаш жонатын құрал, сүргі.*

ЖОНҒЫЛА *Ағашты қайта-қайта жону, шауып тегістеу, сүргілеу.*

ЖОНҒЫШ *Ағашты өңдеп, тегістеп, сүргілейтін құрал.*

ЖОНҒЫШТА *Қайта-қайта жону.*

ЖОНДА 1. *Қырқалап, қырлап, жоталап жүру.* 2. *Қырын шығарып қырлау.* 3. ***Ауысп.*** *Жонына дүре соғу, сабау, ұру.*

ЖОНДАН 1. *Жон-жон болып үйілу, жоталану.* 2. *Айбат шегу, қаһарлану.* 3. ***Ауысп.*** *Ет алып семіру.* 4. ***Ауысп.*** *Аукаттану, әлдену.*

ЖОНДАП-ЖОНДАП *Ұрып-ұрып, соғып-соғып.*

ЖОНДЫ *Жоны бар, арқалы, семіз.*

ЖОНДЫҚ *Арқа тұсы, жота, иық.*

ЖОН-ЖОН *Жота-жота, қырқа-қырқа.*

ЖОН-ЖОНАС ***жерг.*** *Жота, белес, қырат.*

ЖОН-ЖОТА *Жонды, жоталы биік жер.*

ЖОНСАУ *Халық мекендеген, қоныска жайлы ауыз суы да, ағын суы да бар, жон арқа.*

ЖОНСЫМАҚ ***экспр.*** *Жон тәріздес, жотасымақ.*

ЖОНТАРЫЛ ***жерг.*** *Бар денесімен төңкерілу, жөңкерілу.*

ЖОҢҚА *Ағашты, темірді сүргілегенде түсетін ұсақ қиқым, жаңқа.*

ЖОҢҚАЛА 1. *Ағашты, темірді жұқалап шабу, сүргілеу, жаңқалау.* 2. *Бір нәрсені жұқалап турау, ұсақтау, қиқымдау.*

ЖОҢЫШҚА *Бұршақ тұқымдастар тобына тән жемдік екпе шөп.*

ЖОҢЫШҚАЛЫ *Жоңышқа қалың өскен жер.*

ЖОҢЫШҚАЛЫҚ *Жоңышқа өскен жер.*

ЖОРА 1. *Әдет, ғұрып, жоралғы.* 2. *Қатар өскен замандас, тең-құрбы, жолдас.*

ЖОРА-ЖОЛДАС *Дос-жаран, құрбы-құрдас.*

ЖОРА-ЖОРАЛҒЫ *Жалпы салт-сана, әдет-ғұрып, ырым.*

ЖОРАЛАС 1. *Замандас, құрбы-құрдас.* 2. *Ұрыптас, ырымдас.*

ЖОРАЛҒЫ 1. *Әдет-ғұрып, салт дәстүр.* 2. *Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың дәл өзі емес, соның орнына жүретін, соның есебіне жасалатын ырым.*

ЖОРАЛҒЫЛЫ *Жөн-жобалы, кәделі.*

ЖОРАЛҒЫШЫЛ *Дәстүршіл, салтшыл.*

ЖОРАЛЫ ***жерг.*** *Үлгілі, өнегелі.*

ЖОРАМАЛ *Шама, түспал, болжам.*

ЖОРАМАЛДА *Ойша жорамал жасау, болжау, түспалдау.*

ЖОРАМАЛДЫ *Болжамды, түспалды, жорамал жасаған.*

ЖОРАМАЛСЫЗ *Болжамсыз, түспалсыз, жорамал жасаусыз.*

ЖОРАМАЛШЫЛ *Болжамшыл, түспалшыл.*

ЖОРАШЫЛ *Әдет-ғұрыпшыл, ырымшыл, дәстүршіл.*

ЖОРҒА 1. *Ырғатыла, теңселе, тайпала басылатын жүріс, майда текірек шабыс.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге жүйрік, жетік, майталман.*

ЖОРҒА-ЖОРТАҢ *Жорғасы аралас, жорғалай түсіп, жортып кететін аттың жүрісі.*

ЖОРҒАЛА 1. *Жылқының жорға жүрісімен тайпала теңселіп, шайқала басуы.* 2. *Бауырымен жылжитын жәндік атаулының қозғалысы, жылжуы.*

ЖОРҒАЛАҒЫШ *Жорғалап тез жүретін, жорғалай беретін.*

ЖОРҒАЛАҚТА *Бәйек қағу, жағымпаздану, елбектеп кету.*

ЖОРҒАЛАУШЫ ***зоол.*** *Бауырымен жорғалап жүретін жәндіктер класы.*

ЖОРҒАЛЫ *Жорғасы бар, жорға мінген.*

ЖОРҒАЛЫҚ 1. *Жорғаға тән жүріс.* 2. ***Ауысп.*** *Шешендік, сөзге жүйріктік.*

ЖОРҒАСЫЗ *Жорға жүрісі жоқ, жорғасы жоқ.*

ЖОРҒАТАЯҚ *Қазақтың ұлттық ойынының бір түрі.*

ЖОРҒАША *Жорға секілді тайпалаған.*

ЖОРТ 1. *Жаугершілікке аттану.* 2. *Жемтік іздеп кезу, шарқ ұру.* 3. *Желуге дейінгі аттың жүрісі, желістен төмен.*

ЖОРТА *Қасақана, әдейі.*

ЖОРТАҚ 1. *Аттың, аңның, т.б. бұлкіл жүрісі.* 2. ***Ауысп.*** *Айла, қулық, бұлтақ.*

ЖОРТАҚТА *Жортақ жүріске басу, жорту.*

ЖОРТАҚТЫҚ *Жортаққа басушылық, айлакерлік.*

ЖОРТАҚЫ 1. *Жортақтап жүретін, жорға жүрісті.* 2. ***Ауысп.*** *Бұлтақшыл көп, астарлы, ойнақы (сөз).*

ЖОРТАҚЫЛАУ *Аздап жортаңы бар, жүрдектеу.*

ЖОРТҚЫШ *Жортушы, жорта беретін.*

ЖОРТУШЫ *Жортып жүруші, кезуші.*

ЖОРТУЫЛ 1. *Тонау, ұрлау, шабу мақсатында жасалатын шапқын, шапқыншылық жорық.* 2. *Бір нәрсені іздеп кезушілік, жорыққа шығушылық.*

ЖОРТУЫЛДА 1. *Тонау, ұрлау, шапқылдау мақсатымен жорыққа, жортуылға шығу.* 2. ***Ауысп.*** *Шарқ ұру, шарлау, кезу, шапқылау.*

ЖОРТУЫЛСЫЗ *Жортуылға шықпай.*

ЖОРТУЫЛШЫ *Жорыққа аттанушы, жорықшы.*

ЖОРУШЫ *Болжаушы, тұспалдаушы, байыптаушы.*

ЖОРЫ *Бір нәрсені болжалдау, тұспалдау, байыптау, шешу.*

ЖОРЫҒЫШ *Бір нәрсені тұспалдап жори беретін, болжалдағыш.*

ЖОРЫҚ *Шабуыл, аттаныс, шайқас.* 2. *Саяхат, серуен, сапар.* 3. *Белгілі бір мақсат үшін жұмыла кіріскен іс.* □ **Жорық әні** — *жорыққа шыққанда айтылатын марш, қарқынды сарбаздар әні.*

ЖОРЫҚСЫЗ 1. *Жөн-жосықсыз.* 2. *Ретсіз, орынсыз.*

ЖОРЫҚТАС 1. *Жорықта, шайқаста бірге болған, майдандас.* 2. *Сапарға, саяхатқа бірге баратын, серіктес.*

ЖОРЫҚТЫ *Жорығы көп, шайқасы мол.*

ЖОРЫҚТЫҚ *Жорыққа, аттанысқа керекті зат.*

ЖОРЫҚШЫ *Жорыққа аттанушы, сапарға шығушы.*

ЖОРЫҚШЫЛ *Жорыққа шыға беретін, саяхатты жақсы көретін, ұнататын, жорыққұмар.*

ЖОСА *Қызғылт-сарғыш түсті бояу топырақ.* □ **Жоса болды** — *қызыл ала қан болды, қаны көп төгілді.*

ЖОСАДАЙ *Қып-қызыл.*

ЖОСА-ЖОСА *Айғыз-айғыз, жолжол, ағыл-тегіл.*

ЖОСАЛА *Жосамен бояу, қып-қызыл етіп бояу.*

ЖОСАЛАУ 1. ***қ. атау.*** *Жосала-у.* 2. *Жоса бояумен бояу, сырлау.*

ЖОСАШЫ *Жоса даярлаушы, жосамен бояушы.*

ЖОСҚЫН *Жосыған топ, шұбырған лек, босқын.*

ЖОСҚЫНДА *Жосу, жөңкілу, шапқылау.*

ЖОСПАҚТА *Болжау, шамалау, тұспалдау.*

ЖОСПАР *Белгілі бір жұмыстың алдын-ала жасалған жобасы.*

ЖОСПАРЛА *Істелетін істі жобалау, белгілеу.*

ЖОСПАРЛАМА *Жоспарды орындау барысына арналған жұмыс мәжілісі.*

ЖОСПАРЛАУШЫ *Жоспар жасаушы, жобалаушы.*

ЖОСПАРЛЫ *Жобаланған, жоспарланған.*

ЖОСПАРЛЫЛЫҚ *Жоспар жасаушылық, болжаушылық, жобалылық.*

ЖОСПАРСЫЗ *Жоспарланбаған, жоспары жоқ, жүйесіз, жобасыз.*

ЖОСПАРСЫЗДЫҚ *Жоспары жоқтық, жүйесіздік.*

ЖОСЫ 1. *Шұбыру, ағылу, сабылу, жорту.* 2. *Сұйық заттардың ағыл-тегіл ағуы, құйылуы.* 3. *Есу, зулау, зымырау.* □ **Жосып кетті [өтті]** — *осып кетті, тіліп түсті.*

ЖОСЫҚ I 1. *Түрлі ырым мен салт, әдет-ғұрып.* 2. *Жөн, ыңғай, қисын.*

ЖОСЫҚ II *Қырғын, қанды соғыс, қан майдан.*

ЖОСЫҚСЫЗ *Орынсыз, жөнсіз, қисынсыз.*

ЖОСЫҚСЫЗДЫҚ *Жөнсіздік, ретсіздік, қисынсыздық.*

ЖОСЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Жосыл.* 2. *Төмен қарай құйылу, ағу, сорғалау.* 3. *Іздің анық, айқын көрінуі.*

ЖОСЫЛТУ ***эти.*** *Үй жиһаздарының, сәндеген бұйымдардың бетіне жарыстыра сызықтардан өрнек салу, сыру.*

ЖОСЫМАЛЫ *Көшпелі, жосып жүретін.*

ЖОСЫН I *Жосыған топ, жөңкілген лек.*

ЖОСЫН II ***жерг.*** *Бұрыннан қалыптасқан істің, заттың реті, жөні, әдет-ғұрып, салт.*

ЖОСЫН III *Бөтенше, ерекше, өзгеше.*

ЖОСЫТ 1. ***өзг. етіс*** *Жосыт.* 2. *Екпіндетіп шабу, ағызу.* 3. *Жамсатып қырып салу, жусату.* 4. *Ұрып-соғу, қамшылау.*

ЖОТА 1. *Биік жер, төбе.* 2. *Адамның, малдың арқасы, жоны.* □ **Жотасын көрсетті** — *күш көрсетті, мықтылық білдірді.*

ЖОТА-ЖОН *Арқа-жон, ту сырт.*

ЖОТА-ЖОТА *Қырат-қырат, жалжал.*

ЖОТАЛА 1. *Жота қып қырлан үю, биіктету.* 2. *Жота үстімен, қыратпен жүру.*

ЖОТАЛАН 1. *Жота болу, жондану, жалдану, дөңкию.* 2. ***Ауысп.*** *Ныгайып ұлғаю, белдену, қуаттану.*

ЖОТАЛАП *Қырқалап, жалдап, жота үстімен жүру.*

ЖОТАЛЫ 1. *Жонды, қырлы, жалды, белді.* 2. *Жауырынды, иықты, денелі.*

ЖОТАСЫЗ *Қыр-қырқасыз, жонсыз, тегіс.*

ЖОТАШЫҚ *Кішірек келген қырқа, жота.*

ЖОШУ *Көңілдің шаттанып көтерілуі, асып-тасуы.*

ЖОШЫН *Керемет, сұмдық.*

ЖОЯ ***көс.*** 1. *Қауын, қарбыз, т.б. егетін жер.* 2. *Мақта қатарларының арасындағы кішкене жүйек.*

ЖОЯН 1. *Ешкім тең келмейтін қарулы, өте күшті.* 2. *Ерекше, керемет, орасан, зор, үлкен.*

ЖӨГІ ***жерг.*** *Айлакер, қу.*

ЖӨГІЛЕН *Қулану, айлакерлену, сұмдану.*

ЖӨГІЛІК *Айлакерлік, арамдық, қулық.*

ЖӨДЕМЕЛЕТ *Тездету, жылдамдату, жеделдету.*

ЖӨКЕ I 1. *Жапырағының жиектері тіс-тіс болып келген, хош иісті, бал шырынды гүлі бар ағаш.* 2. *Осы ағаштың қабығынан жасалған бұйымдар.*

ЖӨКЕ II ***экспр.*** *Көке, ата.*

ЖӨКЕЙ *Арбаушы, айлакер, сықыр.*

ЖӨКІТ ***жерг.*** *Әбігер ету, мазалау.*

ЖӨЛЕК *Жан-жануарлардың қанын, өсімдіктің сөлін соратын таскене.*

ЖӨЛКЕ ***бот.*** *Жапырақтың нәр алатын өзегі, тарамы.*

ЖӨЛКЕЛІ *Өзекті, тарамды.*

ЖӨМДЕ ***жерг.*** *Жұмарлау; көндіру.*

ЖӨН I *І.Мән, мәніс, жағдай, рет, орын.* 2. *Дұрыс, ақиқат.* 3. *Кім екендігі, шыққан тегі, аты-жөні.* □ **Жөнге салды [келді]** — а) *жолға қойды, түзеді;* ә) *тәртіпке шақырды, тәрбиеледі.* **Жөн көрсетті [сілтеді]** — *бағыт-бағдар берді, жол сілтеді.* **Жөн сұрады** — *хал-жағдайды сұрап білді.* **Жөні келді** — *реті болды, сәті түсті.* **Жөнін айтты** — *бір нәрсенің мән-жайын айтты.* **Жөніңді тап** — *жайыңа кет, өз жайыңды ойла.*

ЖӨН II *Жөн-жоралғы, салт.*

ЖӨНДЕ 1. *Жөнге келтіру, дұрыстау, реттеу.* 2. *Қираған, бүлінген затты қалпына келтіру, жөндеу.*

ЖӨНДЕКІЛЕУ *Нашарлау, жөнсіздеу.*

ЖӨНДЕЛІС *Дұрысталу, реттелу.*

ЖӨНДЕМ I *Дұрыс, жөнді, жарамды.* □ **Жөндемге келді** — *реттелді, жөнделді, дұрысталды, жөнге келді.*

ЖӨНДЕМ II *Иненің бір түрі, жуантық ине.*

ЖӨНДЕМДІ *Дұрыс, ретті, жөнді.*

ЖӨНДЕМДІК *Дұрыстық, жөнділік, парасаттылық.*

ЖӨНДЕМДІЛЕУ *Дұрыстау, орындылау.*

ЖӨНДЕМІРЕК *Дұрысырақ, дұрыстау.*

ЖӨНДЕҢКІРЕП *Дұрыстаңқырап, тәуірлеп.*

ЖӨНДЕП *Дұрыстап, оңдап.*

ЖӨНДЕУ I *Белгілі бір заттарды жөндеп қалпына келтіретін орын.*

ЖӨНДЕУ II *Нашарлау, жөндекілеу.*

ЖӨНДЕУСІЗ 1. *Өңдеусіз, түзетілмеген, жетілдірілмеген.* 2. *Жөндеу жасалмаған, жөнделмеген.*

ЖӨНДЕУШІ *Бүлінген, бұзылған заттарды жөндейтін, ремонттайтын маман.*

ЖӨНДЕУЛІ *Жөнделген, түзетілген, оңдалған.*

ЖӨНДІ *Жөні түзу, дұрыс, тәуір.*

ЖӨНДІ-ЖӨНСІЗ *Орынды-орынсыз.*

ЖӨНДІК *Дұрысталу, жөнделу, реттелу.*

ЖӨНДІЛЕУ *Тәуірлеу, дұрыстау.*

ЖӨНДІЛІК 1. *Дұрыстық, туралық, орындылық, тыңғылықтылық.* 2. *Тек, тыныштық, жөндік.*

ЖӨНЕ 1. *Жүріп кету, жолға шығу, жөнелу, кету.* 2. *Зыту, зулау, зымырау.*

ЖӨНЕК: жөнек нар — *бекбатша мен қолбатша нар бурасы аруанаға не жамбозға шөгіп кетуінен пайда болатын түйе тұқымы.*

ЖӨНЕЛ *Тез, шұғыл кету.*

ЖӨНЕЛТ 1. ***өзг. етіс*** *Жөнелт.* 2. *Құрметтеп аттандыру, жіберу.* 3. *Өлікті шығарып салу, жерлеу.*

ЖӨНЕЛТУШІ 1. *Бір нәрсені тиісті орынға, белгілі жаққа жіберіп тұрушы қызметкер.* 2. *Жиынды, той-думанды басқарушы, өткізуші, атқарушы адам.*

ЖӨНЕУ *Ақыл-кеңес, жөн.* □ **Жөнеу қағаз** — *қызметке я іссапарға жіберу туралы берілген жолдама құжат.*

ЖӨНЕҢДЕУ *Нашарлау, жөндеу, ескілеу.*

ЖӨНЕРЕ ***көне*** *Жөн-жоба, әдет-ғұрып.*

ЖӨН-ЖОБА 1. *Дәстүрлі әдет-ғұрып, жол-жора, жөн-жосық.* 2. *Істің мән-жайы, реті, ыңғайы.* 3. *Үлгі-өнеге, ақыл-кеңес.* 4. *Жоспар, жоба, үлгі.* 5. *Бағыт-бағдар, ыңғай.*

ЖӨН-ЖОРАЛҒЫ *Ғұрыпқа байланысты қалыптасқан дағды, әдет.*

ЖӨН-ЖОСЫҚ 1. *Әдет-ғұрып, салт-сана, жөн-жоба.* 2. *Істің мәні, жай-жапсары.* 3. *Ақыл-кеңес, бағыт-бағдар, үлгі-өнеге.*

ЖӨН-ЖОСЫҚСЫЗ *Орынсыз, жөнсіз, ретсіз.*

ЖӨН-ЖӨНІНЕ *Жай-жайына, бет-бетіне.*

ЖӨНСУ ***жерг.*** *Қарапайым, жұпыны.*

ЖӨНСІЗ *Орынсыз, қисынсыз, ретсіз.*

ЖӨНСІЗДІК *Орынсыз іс, теріс қылық, оғаштық.*

ЖӨНСІЗДЕУ *Орынсыздау, қисынсыздау, оғаштау.*

ЖӨНТЕМ ***жерг.*** *Жүдеу, азыңқы.*

ЖӨНТІККЕН *Көндіккен, мойынсынған, үйренген.*

ЖӨНІК *Дұрыс жолға түсу, түзелу.*

ЖӨНІНДЕ *Жайында, турасында, туралы.*

ЖӨНІНДЕГІ *Жайындағы, туралы.*

ЖӨҢ *Нар мая мен үлектен туған будан түйе.*

ЖӨҢКЕРІЛ 1. *Толық адамның ырғала, төңкеріле қозғалуы.* 2. *Ауытқу, ауу, ойысу.* 3. ***Ауысп.*** *Жөңку, жосу, қаптау.*

ЖӨҢКІ *Қопарыла көшу, жосу, жүйтку.*

ЖӨҢКІЛНС *Шұбырыс, жосылыс, қозғалыс.*

ЖӨПЕЛДЕМЕДЕ *Табан астында, кенеттен, асығыста, тез арада.*

ЖӨПЕЛДЕМЕЛЕТ *Жылдамдату, жеделдету.*

ЖӨП-ЖӨҢДІ *Жап-жақсы, тәптәуір.*

ЖӨПШЕҢДІ *Анау-мынау, жеңіл-желпі.*

ЖӨПШЕҢДІЛІКПЕН *Оңайшылықпен, жеңіл-желпілікпен.*

ЖӨПІЛДЕП ***жерг.*** *Жалпылдап, желпілдеп, далақтап.*

ЖӨРГЕК *Жас нәрестені бөлеп орайтын жаялық.*

ЖӨРГЕКТЕ *Жас сәбиді құндақтау, жаялыққа орау.*

ЖӨРГЕМ I *Будақтап өрілген ішек.*

ЖӨРГЕМ II ***көне*** *Пайда, олжа.* □ **Жүрген аяққа жөргем ілінеді** — *еңбек еткен адам пайдаға, олжаға кенеледі.*

ЖӨРГЕМДЕ *Жуып, тазартқан ішекті будақтап өру.*

ЖӨРГЕМДЕЙ *Бір тұтам ішектей, қысқа.*

ЖӨРГЕМІС *Басқа бір өсімдікке оралып өсетін, шырмауық.*

ЖӨРГЕП: жөргеп тігу — *жыртылған, тілінген терінің, матаның, етінің т. б. жыртығын жалғастыра тігу.*

ЖӨРЕМЕЛДЕТ *Тездету, жылдамдату, шапшаңдату.*

ЖӨРМЕ *Арасын сирек етіп, андыздата тігу.*

ЖӨРМЕЛЕ I ***жерг.*** *Өрмелеу, жоргалау.*

ЖӨРМЕЛЕ II ***көне*** *Әдемілеу, әсемдеу, сәндеу, өрнектеу.*

ЖӨТЕЛ I *Тыныс жолдары қабынғанда пайда болатын ауру; тұмау.*

ЖӨТЕЛ II *Тыныс жолы қабынып, күркілдеу, тұмау тию.*

ЖӨТЕЛШАЙ ***бот.*** *Көпжылдық дәрілік өсімдік.*

ЖӨТЕЛІС *Үсті-үстіне дүркін-дүркін болатын жөтел.*

ЖӨТКІР *Тамақты кенеп дыбыс шығару, жөтелу.*

ЖУ 1. *Бір нәрсенің кірін кетіру, тазарту.* 2. ***Ауысп.*** *Жаңадан сатып алған затты, жақсылықты атап өту, тойлау, қызықтау.*

ЖУА *Далада өсетін жабайы пияз.*

ЖУАДАЙ *Жуа сияқты; ащы.* □ **Жуадай солғыр!** ***қарғ.*** — *көктей солғыр, желкең үзілгір, қыршынынан қиылғыр.*

ЖУАЗ ***көне*** *Май айыратын құрал, бұйым.*

ЖУАЛАП *Жуа қосып, жуа салып.*

ЖУАЛДЫЗ *Үлкен қанар мен дағар қаптың аузын тігетін, ағаштан не сүйектен жасалған жуан ине, тебен.*

ЖУАН I 1. *Ені, көлденеңі жағынан үлкен, қалың, көлемді.* 2. *Толық, етжеңді, семіз.* 3. ***Ауысп.*** *Күшті, мықты, зор.* □ **Жуан ортасында** — *дәл ортасында, арасында.* **Жуан тұғыр** — *жүріске шыдамды, мініске бекем ат.* □ **Жуанның созылып, жіңішкенің үзілген шағы [кезі, мезгілі]** — *азық-түліктің таусылған көктем мезгілі.*

ЖУАН II *Үстем тап өкілдері: бай, би, төре.* □ **Жуан ата** — *үстем тап ұрпағы, тұқымы.* **Жуан жұдырық [таяқ]** — *зорлықшыл, озбыр.*

ЖУАНДА 1. *Бір нәрсенің көлемінің я енінің үлғаюы, қалыңдауы.* 2. *Толыса түсу, толу, семіру.* 3. ***Ауысп.*** *Мықты, ірі болу, күшею.*

ЖУАНДАУ 1. *Жуанырақ, көлемділеу.* 2. *Етжеңділеу, толықтау.* 3. ***Ауысп.*** *Зор, күштірек.*

ЖУАНДЫ-ЖІҢІШКЕЛІ *Жуаны мен жіңішкесі аралас, әртектес.*

ЖУАНДЫҚ 1. *Белгілі бір заттың не адам денесінің толықтығы, көлемділігі.* 2. ***Ауысп.*** *Мықтылық, күштілік.*

ЖУАНСЫ *Мықтысыну, күштісіну.*

ЖУАНТЫҚ 1. *Толықша келген.* 2. *Жуандау, жуанырақ.*

ЖУАНТЫҚТАУ *Жуанша келген, толықтау.*

ЖУАНЫМСЫ *Мықтымсыну, күштіжіну, жуансу.*

ЖУАНЫРАҚ *Сәл жуандау, жоғарырақ.*

ЖУАС 1. *Момын, момақан.* 2. *Үйретілген, көндіккен, бас білген мал.*

ЖУАС-ҚОҢЫР *Мопмомақан, момын.*

ЖУАСТАУ 1. *Момындау, жуасырақ.* 2. *Аздап бас білетін жуасырақ.* 3. ***Ауысп.*** *Сәл басыңқы, бәсеңдеу, солғындау.*

ЖУАСТЫҚ *Момындық, ынжықтық.*

ЖУАСЫ 1. *Мопмомақан болу, басылу.* 2. *Бастығу, көндігу.* 3. ***Ауысп.*** *Ашуы басылу, райынан қайту.*

ЖУАСЫҢҚЫ *Жуастау, момындау.*

ЖУАСЫРАҚ 1. *Момындау, момақандау.* 2. *Жуастау, асау емес.*

ЖУАШЫҚ *Шөптесін өсімдіктердің түбіндегі түйнегі, баданасы.*

ЖУАШЫҚТЫ *Баданалы, түйнекті.*

ЖУҒЫ *Қылдан, кендірден не жіңішке сым темірден жасалған ыдыс жуғыш.*

ЖУҒЫШ *Ыдыс-аяқты жууға арналған зат.*

ЖУМАҚ *Белгілі бір нәрсенің жалпы жиыны, аумағы.*

ЖУМАҚТА *Жинақтау, жию, топтау.*

ЖУРНАЛ 1. *Мақалалар мен көркем шығармалар жариялап тұратын, кітапша түріндегі мерзімді басылым.* 2. *Белгілі бір мәліметтерді, мектеп оқушыларының үлгерімін жазып отыратын кітапша, дәптер.*

ЖУРНАЛИСТ *Журналистикамен шұғылданушы маман, әдеби қызметкер.*

ЖУРНАЛИСТИКА 1. *Газет-журналдардағы әдеби-публицистикалық қызмет.* 2. *Күнделікті баспасөз, басылым.*

ЖУРНАЛИСТИКАЛЫҚ *Журналистикаға тән, қатысты.*

ЖУРНАЛИСТІК *Журналистке тәндік.*

ЖУСА 1. *Малдың бір мезгіл күйіс қайтарып тыныстауы, тыныгуы.* 2. ***Ауысп.*** *Жапырыла қирау, қырылу.*

ЖУСАН *Ащы дәмді, көкшіл бозғылт түсті аласа шөп.*

ЖУСАНДЫ *Жусаны мол, жусаны қалың.*

ЖУСАНДЫҚ *Жусаны мол өскен жер.*

ЖУУЛЫ *Жуылған, тазартылған.*

ЖУУСЫЗ *Тазартылмаған, жуылып-шайылмаған.*

ЖУУШЫ *Ыдыс-аяқтың, кір киімнің т. б. кірін кетіруші, тазартушы.*

ЖУЫ *Қасына жақын келу, жуықтау, жолау.*

ЖУЫҚ I *Өлген адамды жуу рәсімі.*

ЖУЫҚ II *Жақын, таяу, шамалас.* □ **Жуық арада** — *таяуда, жақын уақытта.* **Жуық маңда** — *жақын жерде.*

ЖУЫҚТА I *Жақын арада, таяуда, таяу уақытта.*

ЖУЫҚТА II *Жуық, таяу келу, жақындау, таяу.*

ЖУЫҚТАС 1. ***орт. етіс*** *Жуықтас.* 2. *Жақындасу, жуық келу.*

ЖУЫҚТАСТЫҚ *Жақындасқандық, жақын жүргендік.*

ЖУЫҚТАУ *Жақындау, таяулау.*

ЖУЫҚТЫҚ *Жақындық, таяу тұргандық.*

ЖУЫЛУЛЫ *Тазартылған, жуылған.*

ЖУЫНҒЫШ *Беті-қолды жуу үшін ішіне су құйып қоятын ыдыс, қолжуғыш.*

ЖУЫНДЫ *Ыдыс-аяқты жуғаннан кейінгі шайынды.*

ЖУЫНЫП-ШАЙЫН *Беті-қолды жуу, тазарту.*

ЖУЫП-ШАЙ 1. *Жуу, тазарту.* 2. ***Ауысп.*** *Кінәні, сөзді, т. б. жұмсарту, жеңілдету.* □ **Кінәсін жуып-шайды** — *айыбын жеңілдетті, жұмсартты.*

ЖУЫР: жуыр арада — *жақында, жуырда, таяу уақытта; жуығырақ-панда, жуыр маңда.*

ЖУЫРДА *Жақында, таяуда.*

ЖУЫС I *Бір нәрсені жууға жәрдемдесу, көмектесу.*

ЖУЫС II *Жақындау, жуықтау.*

ЖУЫС III *Қиылысу, қиюласу.*

ЖУЫСЫҢҚЫ *Сәл жақындау, аздап жуысқан.*

ЖУЫТ *Жанына жақындату, жолату, келтіру.*

ЖҰБА *Жұбату, көңілін аулау.*

ЖҰБАЙ *Ерлі-зайыпты екі адамның бірі.*

ЖҰБАЙЛАН *Бірігу, қосақтасу, жұптасу.*

ЖҰБАЙЛАС I *Бір үйдегі ерлі-зайыпты адам.*

ЖҰБАЙЛАС II *Қосылу, қосақтасу.*

ЖҰБАН *Жылағанды қойып уану, жуану.*

ЖҰБАНҒАНСЫ *Уанғансу, жұбанған болғансу.*

ЖҰБАНҒЫШ *Тез жуанатын, уанғыш.*

ЖҰБАНЫШ *Көңілге сүйеніш, алданыш, медет.*

ЖҰБАТ *Жылаған баланы уату, көңілін аулау.*

ЖҰБАТҚАНСЫ *Уатқансу, жуатқансу, көңілін аулағансу.*

ЖҰБАТҚЫШ *Көңіл аулағыш, жұбата бергіш.*

ЖҰБАТУШЫ *Уатушы, жуатушы адам.*

ЖҰБАУ 1. ***жерг.*** *Жүдеу, жадау, мұңды, қайғылы.* 2. *Ақырын, жай, баяу.*

ЖҰБАУЛАУ ***жерг.*** *Жадаулау, жүдеулеу, мұңдылау.*

ЖҰҒЫМ 1. *Астың, тағамның, не мал жейтін шөптің құнарлылығы, нәрлілігі.* 2. ***Ауысп.*** *Қадір-қасиеті, беделі бар.*

ЖҰҒЫМДЫ 1. *Сіңімді, нәрлі, құнарлы.* 2. *Жүккыш, жүге бергіш.* 3. ***Ауысп.*** *Жағымды, ұнамды, сүйкімді.*

ЖҰҒЫМДЫЛЫҚ 1. *Сіңімділік, нәрлілік, қоректілік.* 2. ***Ауысп.*** *Жағымдылық, ұнамдылық, сүйкімділік.*

ЖҰҒЫМДЫРАҚ *Сіңімдірек, нәрлірек.*

ЖҰҒЫМПАЗ *Жанасымпаз, үйірсек.*

ЖҰҒЫМСЫЗ 1. *Жүгымы аз, нәрсіз, құнарсыз.* 2. ***Ауысп.*** *Бірден жұғысып, араласып кете алмайтын сіңімсіз, сүйкімсіз.*

ЖҰҒЫМСЫЗДАУ *Бірден сіңісіп кете алмайтын жұғымсыздау, сүйкімсіздеу.*

ЖҰҒЫМТАЛ 1. *Жүккыш, жабысқақ.* 2. *Жүгымды, нәрлі, құнарлы.* 3. *Жүккыш, тез тарағыш (ауру).*

ЖҰҒЫМТАЛДЫҚ 1. *Жүккыштық, жабысқыштық.* 2. *Жүгымдылық, құнарлылық.*

ЖҰҒЫН 1. *Тамақтың, айранның, сүттің ыдыс қабырғасына жұғып қалғаны, жұғындысы.* 2. ***Ауысп.*** *Із-түз, жұрнақ, қалдық.* □ **Жұғын болмады** — *дым да болмады, түкке жетпеді.*

ЖҰҒЫНДЫ 1. *Тамақтың не басқа заттың ыдыста қалған қалдығы, жуынды.* 2. ***Ауысп.*** *Жұрнақ, сарқыншақ, қалдық.*

ЖҰҒЫН-ЖҰРНАҚ *Қалдық, сарқыншақ.*

ЖҰҒЫС 1. *Жақындасу, жанасу, араласу.* 2. ***Ауысп.*** *Соқтығысу, ұрыну, килігу.*

ЖҰҒЫСҚЫШ *Жұғыса бергіш, жақындағыш.*

ЖҰДА *Құралақан, жүрдай, мақұрым.* □ **Жұда болды** — *жүрдай болды, құралақан қалды.*

ЖҰДЫРЫҚ 1. *Саусақты бүгіп жұмғандағы қолдың жұмылған басы.* 2. ***Ауысп.*** *Күш, тоқпақ, таяқ.* □ **Жұдырық ала жүгірді** — *ұрмақшы болды, күш көрсетті.* **Жұдырық басындай** — *жұдырықтың үлкендігіндей, жұдырықтай.* **Жұдырық жеді** — *соққыға жығылды, таяқ жеді.* **Жұдырық жұмсады** — *ұрды, соқты, сабады.* **Жұдырық көрсетті** — *күш көрсетті, қорқытты.*

ЖҰДЫРЫҚТА *Жұдырықпен ұру, тоқпақтау, төмпештеу.*

ЖҰДЫРЫҚТАЙ *Кіп-кішкентай, құрттай.*

ЖҰДЫРЫҚТАС 1. ***орт. етіс*** *Жұдырықта-с.* 2. *Қол сілтеп төбелесу, соғысу.*

ЖҰДЫРЫҚТАТ 1. ***өзг. етіс*** *Жұдырықта-т.* 2. *Біреуді жұдырықпен соқтыру, ұрғызу.*

ЖҰҚ 1. *Бір нәрсенің екінші бір нәрсеге жағылуы, жабысуы.* 2. *Тамақтың бойға тарауы, сіңуі.* 3. *Жұқпалы аурудың басқаларға жұғуы, ауысуы, таралуы.*

ЖҰҚ: жұқ болмады — *місе тұтпады, түк болмады.*

ЖҰҚА 1. *Қабыршақтай, қалың емес.* 2. ***Ауысп.*** *Қағылез, өлжуаз, нәзік.*

ЖҰҚАЛА 1. *Жұқа қалыпқа келтіру.* 2. ***Ауысп.*** *Жайлап, ептеп айту, жеткізу.*

ЖҰҚАЛАҢ 1. *Жұп-жұқа, жұқалау келген.* 2. ***Ауысп.*** *Қағілездеу, нәзіктеу.*

ЖҰҚАЛАҢДАУ 1. *Жұқалау келген, жұқа ғана, жұқаланқы.* 2. ***Ауысп.*** *Ашандау, қағілездеу.*

ЖҰҚАЛАУ 1. *Жұқарақ, жұқаланданау, жұқалтаң.* 2. ***Ауысп.*** *Арықша, жұқалаң.*

ЖҰҚАЛЫҚ 1. *Қалың еместік, жұп-жұқа болушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Ашаңдық, қағілездік.*

ЖҰҚАНА I *Тұтас үлкен нәрседен қалған қалдық, белгі.*

ЖҰҚАНА II ***жерг.*** *Қарапайым, жұпыны, кедей, жарлы.*

ЖҰҚАР 1. *Жұқалану, жұқа қалыпқа түсу.* 2. ***Ауысп.*** *Сиреу, азаю, тозу.* 3. ***Ауысп.*** *Жүдеу, ару, азу.*

ЖҰҚАРАҚ 1. *Жұқалау келген, жұқалтаңдау.* 2. ***Ауысп.*** *Нәзіктеу, әлсіздеу.*

ЖҰҚАРЫҢҚЫ *Ашаңдау, нәзіктеу.*

ЖҰҚҚЫШ *Жұғымпаз, жұғымтал.*

ЖҰҚҚЫШТЫҚ *Жұға бергіштік, тез тарағыштық.*

ЖҰҚПАЛЫ *Тез жұғатын, жұққыш, тарағыш.*

ЖҰҚСЫЗ *Жұғымы жоқ, жұғымсыз.*

ЖҰҚТЫРҒЫШ *Жұқтыра бергіш, тез жұқтыратын.*

ЖҰҚТЫРУШЫ *Ауру таратушы, жұқтыратын.*

ЖҰЛ 1. *Суыру, тарту, жұлып алу.* 2. ***Ауысп.*** *Тоз-тозын шығару, ұрып-соғу.* □ **Жұлып алды** — *тартып алды.* **Жұлып жеді** — *зорлық-зомбылық көрсетті, үстемдік етті.* **Жұлып тастады** — *сыпырып тастады.* **Жұлып түсті** — *ұшырып түсірді, қағып жіберді.*

ЖҰЛА-МҰЛА *Жұлқи-жұлқи, ілеміле.*

ЖҰЛҒЫЛА *Әрі-бері тартқылау, жұлқылау.*

ЖҰЛҒЫШ *Шөп жұлатын, суыратын құрал.*

ЖҰЛДЫЗ I 1. ***астр.*** *Түнде жарқырап көкте нүктедей болып, көрінетін аспан денесі.* 2. ***көне*** *Жылдың он екіден бір бөлігі, ай.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің ең озығы, майталманы, шам-шырағы.* □ **Жұлдыздай ақты** — *қатты жүгірді, оқша атылды.* **Жұлдыздай самсады** — *жұлдызша жапырлады, жайнады.* **Жұлдызы жанды** — *бақыты артты, мәртебесі жоғарылады.* **Жұлдызы оңынан туды** — *сәті түсті, жолы болды.* **Жұлдызы жоғары** — *мерейі үстем.* **Жұлдызы қарсы** — *бір-біріне өш, қас.* **Жұлдызы ыстық** — *кісіні өзіне тартатын қасиеті бар, сүйкімді.*

ЖҰЛДЫЗ II 1. *Бесбұрыш етіп жасалған мемлекеттік айырым белгісі.* 2. ***Ауысп.*** *Әскери дәрежеге байланысты погонға тағылатын жұлдыз бейнелі белгі.*

ЖҰЛДЫЗГҮЛ ***бот.*** *Жұлдызға ұқсас гүлі бар өсімдік.*

ЖҰЛДЫЗДАЙ *Жұлдыз тәрізді, жарқыраған.*

ЖҰЛДЫЗДАЙЫН *Жұлдыздай, жұлдыз тәрізді ағу.*

ЖҰЛДЫЗДАН *Жұлдыз сияқты тармақталу.*

ЖҰЛДЫЗДЫ 1. *Жұлдызы бар, жұлдыз таққан.* 2. ***Ауысп.*** *Атақ алып, бақыты жанған.*

ЖҰЛДЫЗДЫҚ *Жұлдызға қатысты, жұлдыздық жүйе.* □ **Жұлдыздық тәулік** — *уақыттың астрономиядағы негізгі өлшемі.*

ЖҰЛДЫЗҚҰРТ *Денесі буынтық-буынтық, түк-түк, жасыл жапырақ түстес жәндік.*

ЖҰЛДЫЗСЫЗ *Жұлдызы жоқ, қараңғы.*

ЖҰЛДЫЗША 1. *Түнде аспан әлемінде жарқырап көрінетін кішкентай планеталар.* 2. ***полигр.*** *Жұлдыз тәрізді баспа белгісі.*

ЖҰЛДЫЗШӨП *Қалампыр туысына жататын біржылдық арамшөп.*

ЖҰЛДЫЗШЫ *Аспан денелерінің қозғалыстарын бақылаумен шұғылданатын оқымысты, астроном.*

ЖҰЛҚАР *Түйенің алдыңғы екі күрек тісі.*

ЖҰЛҚЫ *Қатты сілке тарту, жұлқын қалу.*

ЖҰЛҚЫЛА *Тартқылау, жұлқылау.*

ЖҰЛҚЫС *Алыс, тартыс, күрес.*

ЖҰЛМА I *Қойдың терісінен жұлып алған өлі жүн.*

ЖҰЛМА II *Жұлым-жұлымы шыққан, жыртық.*

ЖҰЛМА-ЖҰЛМА *Жұлым-жұлым, жыртық.*

ЖҰЛМАЛА *Жұлқылау, тартқылау.*

ЖҰЛЫҚ *Аяқ киімнің ұлтаны мен басының және жиегінің ұштасқан, жалғасқан жері, сыздық.* □ **Жұлығынан келмеді** — *елең қылмады, мән бермеді.* **Жұлығы ұшыққан** — *тозығы жеткен.*

ЖҰЛЫҚТА 1. *Аяқ киімге жұлық салу, тігу.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені жағалатып жиектеу.*

ЖҰЛЫМ *Жұлынып алған бір буда, бір үзім, бір шоқ.*

ЖҰЛЫМДА *Үзіп-үзіп, бөліп-бөліп алу, бөлшектеу.*

ЖҰЛЫМДАН *Жұлым-жұлымы шығып жыртылу, тозу.*

ЖҰЛЫМ-ЖҰЛЫМ *Жұлма-жұлма, алба-жұлба, жыртық-жыртық.*

ЖҰЛЫМЫР *Іліп-қағып кететін қу адам, сұғанақ, олжақор.*

ЖҰЛЫН I 1. *Арқа омыртқа өзегіндегі мимен жалғасқан ми мен нерв жүйесінің бөлігі.* 2. ***Ауысп. жерг.*** *Жақын санаған адамға, баласына еркелете айтылатын жылы сөз.* □ **Жұлыны үзілді** — *тірегі құлады, таянышы жоқ болды.* **Жұлының үзілгір қарғ.** — *опат болғыр, қыршының нан қиылғыр.*

ЖҰЛЫН II 1. ***ыр. етіс*** *Жұл-ын.* 2. *Жұлынып қалу, түсу.* 3. *Жұлқыну, ілгері ұмтылу, сілке тарту.* 3. ***Ауысп.*** *Ашулану, ыза болу.*

ЖҰЛЫНДАЙ 1. *Ұзыннан ұзақ, созылған.* 2. ***Ауысп.*** *Өрімдей жап-жас.* 3. ***Ауысп.*** *Жүнттай, семіз, томпиған.* □ **Жұлындай ұшырды [түсірді]** — *мұрттай ұшырды.*

ЖҰЛЫН-ЖҮЙКЕ *Жан-жүйе, нерв.*

ЖҰЛЫНҚҰРТ 1. *Жұлын ауруының аты.* 2. ***Ауысп.*** *Іштей жейтін жегі, іш мерезі.*

ЖҰЛЫС 1. ***орт. етіс*** *Жұл-ыс.* 2. *Таласып-тартысып шайқасу, ұрысып-керісу.*

ЖҰМ I 1. *Қолдың саусақтарын ішке қарай бүгіп, түю, жұмып алу.* 2. *Кірпіктерді, ерінді айқастыра жабу.* □ **Жұмған аузын ашпады** — *жақ ашпады, сөйлемеді, үндемеді.* **Көз жұмды** — а) *ашық көзін жасырды;* ә) ***Ауысп.*** *Әлдебір жайтқа мән бермеді; тәуекелге бел байлады;* б) ***Ауысп.*** *Өлді, о дүниеге кетті.*

ЖҰМ II *Ойын бастаушының белгісі бойынша жаппай үндемей қалатын халық ойыны; тымпи, үндемес.*

ЖҰМА 1. *Бір аптадағы бесінші күннің аты.* 2. ***Ауысп.*** *Жеті күн, бір жеті.* □ **Жұма намаз** — *жұма күні мешітте оқылатын намаз.*

ЖҰМАҚ 1. ***діни*** *О дүниедегі рақат орын: пейіш.* 2. ***Ауысп.*** *Тұрмысқа қолайлы жер, жайлы мекен.*

ЖҰМАЛАП *Апталап, бірнеше жұма бойына.*

ЖҰМАЛЫҚ 1. *Белгілі бір шараны апта сайын өткізу, жетілік.* 2. *Бір жұмаға жететін, апталық.* 3. ***көне*** *Молдалардан оқыған шәкірттердің жұма сайын апаратын сыйы.*

ЖҰМАРЛА 1. *Умаждау, мыж-мыжын шығару.* 2. ***Ауысп.*** *Басу, жаншу, илеу.*

ЖҰМАРШАҚ *Жұмарланған, жұмыр, домалақ.*

ЖҰМАРШАҚТАН *Жұмарлану, домалану.*

ЖҰМАСЫНА *Бір жұмада, жұма сайын.*

ЖҰМБАЙ: көзжұмбай — *не болса о болсын, нар тәуекелге бел байлау.*

ЖҰМБАҚ 1. *Жасырын құпия жайды ойлап табу, шешу үшін астарлап айтылатын қысқаша өлең не әңгіме түріндегі шығарма.* 2. ***Ауысп.*** *Жасырын ой, сыр.*

ЖҰМБАҚСЫЗ *Бүкпесіз, астарсыз.*

ЖҰМБАҚТА *Астарлап сөйлеу, айту.*

ЖҰМБАҚТАҒЫШ *Жұмбақтап айтуға шебер, астарлағыш.*

ЖҰМБАҚТАУ 1. *Жасырындау, белгісіздеу, құпиялау.*

ЖҰМБАҚТЫ *Астарлы, бүкпелі, түспалды.*

ЖҰМБАҚТЫҚ *Бір нәрсенің мәнжайының түсініксіздігі, астарлылық, бүкпелік, құпиялылық.*

ЖҰМБАҚШЫ *Жұмбақ айтқыш адам.*

ЖҰМСА 1. *Біреуді бір жерге жіберу, бір жұмысты орындауға, атқаруға жегу.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені пайдалану, жарату.*

ЖҰМСАҒЫРАҚ 1. *Жұмсақтау, жайлырақ.* 2. ***Ауысп.*** *Бостау, көңілшектеу.*

ЖҰМСАҒЫШ *Жұмсай беретін.*

ЖҰМСАҚ 1. *Мамық, ұлпа, үлпілдек.* 2. *Қатты емес, былқылдақ, жұмсағырақ.* 3. ***Ауысп.*** *Жағымды, сүйкімді (дауыс, үн).* 4. ***Ауысп.*** *Жайлы, жайдары, майда.* 5. ***Ауысп.*** *Жағдайлы, қолайлы, жылы.*

ЖҰМСАҚТА 1. *Жұмсақ ету, жұмсарту.* 2. *Жағымды етіп айту.*

ЖҰМСАҚТАУ *Қатты емес, жұмсағырақ.*

ЖҰМСАҚТЫҚ 1. *Жұмсақтыққа тән қасиет, былқылдақтық.* ***Ауысп.*** *Бостық, қатаң еместік.*

ЖҰМСАР 1. *Жұмсақ болу, босау.* 2. ***Ауысп.*** *Райынан қайту, басылу, бәсеңдеу.*

ЖҰМСАРҒЫШ *Жұмсара беретін, жақсы жұмсаратын.*

ЖҰМСАРТҚЫШ *Жібіткіш, жұмсартатын.*

ЖҰМСАУЛЫ *Жұмсалынған, жұмсап қойылған.*

ЖҰМСАУСЫЗ *Іске аспайтын, пайдаға жарамсыз.*

ЖҰМСАУЫҚ *Біреуді жұмсай беретін, жұмсағыш.*

ЖҰМУЛЫ *Көздің, ауыздың ашық болмауы, жабық, жұмылған қалпы.*

ЖҰМУСЫЗ *Ашық, жабық емес.*

ЖҰМЫҚ *Жұмылыңқы, сәл сығырайған қысыңқы.*

ЖҰМЫЛ 1. ***ыр. ет.*** *Жұмыл.* 2. *Саусақ, көздің жұмылуы.* 3. *Бір нәрсені орындауға бірлесе кірісу, жабыла істеу.* □ **Жұмыла кірісті** — *бір істі жабыла істеді.*

ЖҰМЫЛДЫР 1. ***өзг. ет.*** *Жұмылдыр.* 2. *Көпшілікті бір нәрсені орындауға, істеуге жаппай тарту, ұйымдастыру.*

ЖҰМЫЛДЫРҒЫШ *Ұйымдастырғыш, бірлестіргіш.*

ЖҰМЫЛДЫРУШЫ *Ұйымдастырушы, біріктіруші.*

ЖҰМЫЛУШЫЛЫҚ *Бірлесушілік, ұйымдасушылық.*

ЖҰМЫЛЫҢҚЫ *Жабылыңқы, қысылыңқы.*

ЖҰМЫҢҚЫРА *Көзін сығырайту, жабыңқырау.*

ЖҰМЫР I 1. *Жұмыртқа сияқты жұп-жұмыр, домалақ.* 2. ***Ауысп.*** *Тығыршықтай, толық, жуан, семіз.* □ **Жұмыр құрт** — *адамның, малдың асқазанында болатын құрт; аскарида.* □ **Жұмыр басты пенде** — *адам атаулы.* **Жұмыр жер** — *жер шары, жер беті.*

ЖҰМЫР II 1. *Күйіс қайыратын малдардың қарынының бір бөлігі, түрі.* □ **Жұмырына жұқ болмады** — *қарны тоймады, жүгын болмады.* 2. *Малдың қарнынан жасалған, сусын құятын ыдыс.*

ЖҰМЫРЛА *Бір нәрсені домалақтау, жұмыр ету.*

ЖҰМЫРЛАУ 1. *Аздап жұмыр келген, домалақтау.* 2. *Толықтау, жуандау.*

ЖҰМЫРЛАУЫШ *Жұмырлайтын, домалақтайтын зат.*

ЖҰМЫРЛЫҚ *Жұмырға тән ерекшелік.*

ЖҰМЫРТҚА *Құстың, кейбір бауырымен жорғалаушылардың сопақша келген тұқымы, мәйек.* □ **Жұмыртқа басты** — *балапан шығару үшін жұмыртқа шайқады.* **Жұмыртқа салды** — *жұмыртқалады, тұқым қалдырды.* □ **Жұмыртқадан жүн қырқады** — *бір нәрсені үнемдейтін, шебер.*

ЖҰМЫРТҚАДАЙ *Жұмыртқа тәрізді аппақ.*

ЖҰМЫРТҚАЛА *Тұқымдау, жұмыртқа салу.*

ЖҰМЫРТҚАЛАҒЫШ *Жұмыртқа салғыш.*

ЖҰМЫРТҚАЛАҒЫШТЫҚ *Жұмыртқа салушылық.*

ЖҰМЫРШАҚ I *Күйіс қайыратын мал қарнының бір бөлігі.* □ **Жұмыршағына жұқпады** — *жұғын болмады, жұмырына жұқ болмады, тоймай қалды.*

ЖҰМЫРШАҚ II ***бот.*** *Үсақ ақ гүлді, сидам сабақты біржылдық өсімдік.*

ЖҰМЫРЫЛ *Уқаланып мыжылу, умаждану, жымырылу.*

ЖҰМЫС 1. *Іс, қызмет, шаруа, еңбек.* 2. *Іс, шара, жай.* □ **Жұмыс адамы** — *жұмыс істеуші еңбеккер.* □ **Жұмысбасты болды — қолы тимеді. Жұмыс күні** — *қызмет істейтін күн, еңбек күні.* **Жұмыс күші [қолы]** — *жұмыс істейтін адам, еңбеккер.* **Жұмысың болмасын** — *тиіспе, жайыңа жүр.*

ЖҰМЫСКЕР *Жұмысшы, еңбеккер.*

ЖҰМЫСКЕРШЕ *Жұмыскер сияқты, еңбек адамынша.*

ЖҰМЫССЫЗ *Жұмысы жоқ, қызметсіз, еңбексіз, қарекетсіз.*

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ *Істейтін жұмысы жоқтық, қызметсіздік, қарекетсіздік.*

ЖҰМЫСТА *Жұмыс жасау, еңбек ету.*

ЖҰМЫСТАН *Жұмыс істеу, еңбектену, қарекеттену.*

ЖҰМЫСТАС *Бірге жұмыс істейтін, қызметтес.*

ЖҰМЫСШЫ *Өндірісте жұмыс істейтін адам, жұмыскер.*

ЖҰНТ I *Ұлпаны жып-жылтыр, суда мекендейтін итбалық тәрізді мақұлық.*

ЖҰНТ II ***көне*** *Жылқы, ат.* □ **Жұнт жылы** — *жылқы жылы.*

ЖҰНТИ 1. *Жұнттай болып семіру,* 2. *Жып-жылмағай болу, жылмию.*

ЖҰНТТАЙ 1. *Жұнт секілді.* 2. *Жұп-жұмыр семіз.* 3. ***Ауысп.*** *Жып-жылмағай, тап-таза.*

ЖҰҢҚАШ ***бот.*** *Тоғайлы жерде өсетін құрақ шөп.*

ЖҰП 1. *Екеу, қос, пар.* 2. *Бір-бірине тең, жұбайлар.* □ **Жұбын жазбады** — *бір-бірінен ажырамады, үнемі бірге болды.*

ЖҰПАР I 1. *Ерекше жағымды хош иіс.* 2. *Әтір, иіс су.* □ **Жұпар сабын** — *хош иіс сабын.*

ЖҰПАР II *Хош иісті қарақұлпы жасыл түсті, түкті жылан.*

ЖҰПАР III ***зоол.*** *Терісі аса бағалы аң.*

ЖҰПАР IV ***бот.*** *Ерекше хош иісті шөп.*

ЖҰПАРГҮЛ *Хош иісті, аса көрікті ақ гүлді бұта.*

ЖҰПАРЛА *Әтір бүрку, иіссу жағу.*

ЖҰПАРТЫШҚАН *Көртышқан тұқымдас, кішкене денелі су тышқаны.*

ЖҰПАРША *Жұпар иісі сияқты, хош иісті.*

ЖҰП-ЖУАН 1. *Өте жуан, тым толық.* 2. ***Ауысп.*** *Қалың, тоқпақтай.*

ЖҰП-ЖУАС *Мол-момын, момақан, тым жуас.*

ЖҰП-ЖҰБЫМЕН *Екі-екіден, қос-қосымен, парымен.*

ЖҰП-ЖҰҚА 1. *Тым жұқа, қалың емес.* 2. ***Ауысп.*** *Әдемі, нәзік, сүйкімді, үлбіреген.*

ЖҰП-ЖҰМСАҚ 1. *Мамықтай жұмсақ, үлпілдек.* 2. **Ауысп.** *Жайдары, жайлы.*

ЖҰП-ЖҰМЫР 1. *Тығыршықтай, топ-толық.* 2. **Ауысп.** *Жып-жинақы, ықшам.*

ЖҰП-ЖҰП *Қос-қос, екеу-екеу.*

ЖҰППА-ТАҚ *Бір затты жасырып, екінші біреуден соның жұп я тақтығын сұрап ойнайтын ойын.*

ЖҰПТА 1. *Қосарлау, пар-парлау.* 2. **Ауысп.** *Бір нәрсені қиыстыру, құрастыру, жаттау.*

ЖҰПТАС 1. **орт. етіс** *Жұптас.* 2. *Қосақтасу, қосарласу, бірлесу.*

ЖҰПТАСТЫҚ *Бірлестік, қосарластық, жұптылық.*

ЖҰПТЫ *Серіктес, қосақтас, ерлі-зайыпты.*

ЖҰПТЫЛЫҚ *Ерлі-зайыптылық, серіктестік.*

ЖҰПЫНЫ *Сыпайы, қарапайым, қораш.*

ЖҰПЫНЫЛАУ *Сыпайылау, қарапайымдау, қораштау, сүреңсіздеу.*

ЖҰПЫНЫЛЫҚ *Сыпайылық, қарапайымдылық, қораштылық, сүреңсіздік.*

ЖҰР 1. *Шөп шықпаған құ тақыр.* 2. *Суы тартылған көлдің орны.*

ЖҰРАҒАТ 1. *Үрім-бұтақ, әулет.* 2. *Алыс-жақын туыс, ағайын.*

ЖҰРАҒАТТЫҚ 1. *Үрім-бұтаққа тәндік.* 2. *Ағайындық, туыстық.*

ЖҰРДАЙ *Тұк жоқ, құралақан, мақрұм.* □ **Жұрдай болды** — *бәрінен айырылды.*

ЖҰРДАЙЛЫҚ *Тұк жоқтық, дым қалмаушылық, құралақандық, мақрұмдық.*

ЖҰРҚА **көне** *Бір нәрсенің қалған қалдығы, тамтығы.*

ЖҰРНАҚ 1. *Бұрынғыдан қалған қалдық, тұяқ.* 2. *Бір сөзге жалғап жаңа сөз, жаңа ұғым туғызу үшін қолданатын қосымша.*

ЖҰРНАҚСЫЗ *Тұяқсыз, белгісіз, ұрпақсыз.*

ЖҰРТ I *Ел-жұрт, халық.* □ **Жұрт қатарлы** — *ел сияқты, басқалар тәрізді.* **Жұрттан ала бөтен** — *елден ерекше.* □ **Жұрт аяғы басылды** — *ел орынға отырды, тыныштанды.* **Жұрт болмайды** — *ел болмайды, адам болмайды.*

ЖҰРТ II *Көшіп кеткен ауылдың, үйдің орны.* □ **Жұрт жаңғыртты** — *қоныс аударды.* **Жұртта қалған жұрын** — *түкке тұрмайтын, кәкір-шүкір нәрсе.* **Жұртта қалғыр (қарғ.)** — *қаңғырып кеткір.* **Жұртта қалды** — *бәрінен айырылды, басы қаңғырды.*

ЖҰРТТЫҚ *Жұртқа тәндік, елдік, татулық, бірлік.* □ **Жат жұрттық** — а) *бөтен елдің адамы;* ә) **Ауысп.** *Басқа, бөтен ел үшін жаралған, соған тән мәнінде (қыздарға айтылады).*

ЖҰРТША *Басқаларша, өзге жұрттар сияқты.*

ЖҰРТШЫЛЫҚ *Ел, халық, көпшілік.*

ЖҰРЫМ **көне** *Жұлын, өмір.* □ **Жұрым берсін** ***(тілек)*** — *өмір берсін.*

ЖҰРЫН *Тігілген киімдерден қалған не иленген терінің қиындысы: шап, бақай, мойын терілері.* □ **Жұрын бөрік** — *жұрыннан тігілген бөрік.* **Жұрын ішік** — *жұрыннан тігілген ішік.*

ЖҰРЫНДА *Киімнің етек-жеңіне жұрын жүргізу.*

ЖҰРЫНДАЙ: жұрындай ұшырды — *қалпақтай түсірді.*

ЖҰРЫНДЫ *Жұрын жүргізілген, жиектелген.*

ЖҰРЫНСЫЗ *Жұрын жүргізілмеген, салынбаған.*

ЖҰТ I *Қыс қатты болған жылдары аштықтан, суықтан малдың қырылуы, мал өлімі, індет.* □ **Жұт жылы** — *жұт болған жыл, жұтаған жыл.* **Жұт құрығынан құтылды** — *жұттан аман қалды.*

ЖҰТ II 1. *Тамақты, жұтып жіберу, қылғу, обу.* 2. *Сіңіру, бойына тарту.* 3. **Ауысп.** *Жою, жоқ қылу, жалмау.* □ **Жұтып жібергендей қарады [қадалды]** — *тесіле, сұқтана көз тікті.*

ЖҰТА 1. *Жұт салдарынан малдан айырылу, жоқшылыққа душар болу.*

2. *Құру, бітү, таусылу. Бір нәрсенің жетпеуі.*

ЖҰТАҢ *Азып-тозған жүдеу, жадау, мардымсыз.*

ЖҰТАҢДАН *Жұтаң тарту, жүдеу тарту, азып-тозу.*

ЖҰТАҢДАУ *Жұпынылау, жүдеулеу.*

ЖҰТАҢДЫҚ *Тапшылық, кедейлік, жүдеулік.*

ЖҰТАҢШЫЛЫҚ *Жоқшылық, жүдеушілік, азып-тозушылық, кедейлік.*

ЖҰТАУШЫЛЫҚ *Жүдеп-жадаушылық, азып-тозушылық.*

ЖҰТ-ЖАЛАҢ *Кедейлік, тапшылық, жоқшылық.*

ЖҰТҚЫН I ***қарап.*** *Құлқын, тамақ.*

ЖҰТҚЫН II *Жұтыну, қомағайлану.*

ЖҰТҚЫНШАҚ *Ауыз қуысын өңешпен жалғастыратын, тамақ өтетін жол, өзек.*

ЖҰТҚЫР: жер жұтқыр ***қарғ.*** *— өлгір, құрығыр.*

ЖҰТҚЫШ *Жұта бергіш, обыр.*

ЖҰТПА I *Балық ұстайтын қармақтың бір түрі.*

ЖҰТПА II *Бір нәрсені өзіне тартып алатын, бойына тартатын, оппа.*

ЖҰТШЫЛЫҚ *Ашаршылық, жоқшылық.*

ЖҰТЫҚҚАН *Ашыққан, аштыққа ұшыраған.*

ЖҰТЫМ: бір жұтым *— бір ұрттам, бір жұтатын, бір жұтарлық, азғантай.*

ЖҰТЫН 1. ***өзд. ет.*** *Жұтын.* 2. *Тамсану, сұқтану.* 3. ***Ауысп.*** *Құлпыру, көз тарту.*

ЖҮГЕН *Жылқының басына кигізетін, ауыздық пен тізгіні бар қайыстан істелген әбзел.*

ЖҮГЕНДЕ 1. *Аттың басына жүген салу.* 2. **Ауыс**. *Бір нәрсені ырыққа көндіру, бағындыру, меңгеру.*

ЖҮГЕНДЕТ 1. ***өзг. ет.*** *Жүгенде-т.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуді ауыздықтау, бағындыру, ырыққа көндіру.*

ЖҮГЕНДЕУЛІ *Жүген салынған, басында жүгені бар.*

ЖҮГЕНДЕУСІЗ *Жүген салынбаған, жүгенделмеген.*

ЖҮГЕНДІ *Жүгені бар, жүген салынған.*

ЖҮГЕНДІК *Бастың жүген тұратын жері, желке тұсы.* 2. *Жүген жасауға жарайтын; жүген боларлық.*

ЖҮГЕН-ҚҰРЫҚ: жүген-құрық көрмеген [тимеген] *— үйретілмеген, мінілмеген, жүгенделмеген шу асау.*

ЖҮГЕНСІЗ 1. *Жүгені жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Бетімен кеткен өнегесіз, әдепсіз, көргенсіз, тәрбиесіз.* □ **Жүгенсіз кеткен** *— бетімен кеткен, тәртіпсіз.*

ЖҮГЕНСІЗДЕН *Бетімен кету, әдепсіздену.*

ЖҮГЕНСІЗДІК *Бетімен кеткендік, әдепсіздік, тәртіпсіздік.*

ЖҮГЕРМЕК ***қарап.*** *Бала мінезін ұнатпағанда айтылатын сөз.*

ЖҮГЕРІ *Собығында сарғыш ірі дәні бар жуан сабақты дақыл және сол өсімдіктің дәні.*

ЖҮГЕРІЛІК *Жүгері егілген, өсіп тұрған жер.*

ЖҮГЕРІШІ *Жүгеріні баптап өсіруші.*

ЖҮГЕРІШІЛІК *Жүгерімен көсіптенушілік.*

ЖҮГІН I 1. *Екі аяғын астына баса тізерлеп жүресінен отыру.* 2. ***Ауысп.*** *Арадағы дау-жанжалды, айтыс-тартысты дұрыс шешуі үшін әділдік тілеп төрешіге жүгіну, өтіну, бас ию, табыну.*

ЖҮГІН II *Баланың көлденең бітуі.*

ЖҮГІНДІР 1. ***өзг. етіс*** *Жүгін-дір.* 2. *Тізесін идіру, тізерлету.* 3. ***этн.*** *Бас игіздіру, бағындыру.* 4. *Әділдік ізден, үкім шығарту.*

ЖҮГІНУШІ *Әділдік ізден барушы адам.*

ЖҮГІНУШІЛІК *Әділдік іздеушілік.*

ЖҮГІНІС 1. ***орт. етіс*** *Жүгініс.* 2. *Әділдікке, билікке келісу.*

ЖҮГІР 1. *Аяғын жылдам басу, зымырау.* 2. *Көз тоқтатпай қыдырта, шола қарап шығу.*

ЖҮГІРГІШ *Жылдам жүгіре алатын, жүгіретін.*

ЖҮГІРГІШТЕ *Әрлі-берлі шапқылау, жүгіре беру.*

ЖҮГІРТ 1. *өзг. етіс Жүгірт.* 2. *Жүгіруге мәжбүр ету.* □ **Көз жүгіртті** — *көз салды, байқады.* **Қол жүгіртті** — *қол салды, қалтаны ақтарып-төңкеріп қарады.* **Ой жүгіртті** — *ойланды, толғанды.*

ЖҮГІРІНДІ *Әрлі-берлі жүгіріп жүретін, бір жерде тұрақталып отырмайтын.*

ЖҮГІРІС 1. *Ары-бері жүгірген сапырылыс.* 2. *Сергелдең, абыр-тұбыр жүріс.*

ЖҮДӘ ***жерг.*** *Аса, өте, қатты.*

ЖҮДЕ 1. *Арықтау, азу, еттен арылу.* 2. ***Ауысп.*** *Жұпыны тарту, нашарлап кету.*

ЖҮДЕМЕЛДЕТ *Үсті үстіне бастырмалату.*

ЖҮДЕҢДЕУ *Азғындау, жүдеулеу.*

ЖҮДЕҢКІ *Азыңқы, жүдеубастау,*

ЖҮДЕП-ЖАДАП *Арып-ашу, шаршап шалдығу.*

ЖҮДЕУ 1. *Арық, жүдеңкілеу,* 2. ***Ауысп.*** *Жабырқау, мұңды, көңілсіз.* 3. *Жұпыны, жұтаң, нашар.* □ **Жүдеу тартты** — *аздап жүдеген, азып-тозды.*

ЖҮДЕУБАС *Азған, азып-тозған, жүдеген.*

ЖҮДЕУБАСТАУ *Арықтау, жүдеулеу.*

ЖҮДЕУБАСТЫҚ *Жүдегендік, азғандық.*

ЖҮДЕУ-ЖАДАУ *Жүдеген, азып-тозған.*

ЖҮДЕУ-ЖАДАУЛЫҚ *Жүдегендік, азып-тозғандық.*

ЖҮДЕУЛЕН *Жүдеу тарту, азу, арықтау.*

ЖҮДЕУЛЕУ 1. *Арықтау, қоңсыздау,* 2. ***Ауысп.*** *Жұпынылау, жұтаңдау, нашарлау.*

ЖҮДЕУЛІК 1. *Жүдегендік, арығандық, азып-тозушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Жұпынылық, жұтаңдық, күйсіздік.*

ЖҮДЕУШІЛІК *Жүдеулік, азып-тозушылық, жетіспеушілік.*

ЖҮЗ I *Адамның бет-әлпеті, өңі,* □ **Жүз аудара алмады** — *бетін бұра алмады.* **Жүз жыртысты** — *айтысты, тартысты, араздасты.* **Жүз көрісті [көрсетті]** — *кездесті, жолықты.* **Жүз таса қылды** — а) *жасырынды;* ә) *бойын аулаққа салды, безе бастады.* **Жүз тоқтатты** — *көз тоқтатып қарады.* **Жүз шайысты** — *бір-бірімен сөзге келді, ренжісті.* **Жүзі ашық** — *жылыжүзді, ашық-жарқын.* **Жүзі жылыды** — *көңілденді, мейірленді.* **Жүзі қайтты** — *тайсалды, қаймықты.* **Жүзіқара** — *ұятсыз, арсыз.* **Жүзін аударды** — *бетін басқа жаққа бұрды.* **Жүзіне шіркеу болды** — *істеген оғаш қылығы үшін ұялды, қаймықты.* **Жүзін құбылаға берді** ***діни*** — а) *Құдайға сыйынды, намаз оқыды;* ә) *мәйіттің басын батысқа қаратты.*

ЖҮЗ II *Пышақ, ұстара, қылыш сияқты заттардың өткір жағы.*

ЖҮЗ III ***тар.*** *Қазақ халқының жер аумағын үш аймаққа бөліп айтумен байланысты қалыптасқан саяси-экономикалық термин; ұлыстық одақ.*

ЖҮЗ IV *Тоқсан тоғыздан кейінгі сан.* □ **Жүзден озған жүйрік** — *топтан суырылып шыққан өнерпаз, саңлақ.* **Жүзді айдап, бірді жетеледі** — *мыңғырған өте бай.* **Жүз жиырма төрт әнбие [пайғамбар]** ***діни*** — *күллі пайғамбар атаулы.* **Жүз құбылды** — *сан қилы өзгерді.* **Жүз саққа жүгіртті** — *неше түрлі етіп айтты, құбылтты.* **Жүз толғанды** — *қатты ойланды.*

ЖҮЗ V 1. *Суда малту, жылжу, қозғалу.* 2. *Жеңіл заттың батпай су бетінде қалқып, жылжып жүруі.*

ЖҮЗБАСЫ ***көне*** *Әрбір жүз әскердің, қолдың басшысы.*

ЖҮЗБЕ-ЖҮЗ *Бетпе-бет, көзбе-көз.*

ЖҮЗБЕЛІ *Жүзіп жүре алатын (зат).*

ЖҮЗГЕН ***бот.*** *Шөл-шөлейтті жерлерде өсетін, құрғақшылыққа төзімді өсімдік.*

ЖҮЗГІШ *Жақсы жүзе білетін, жақсы малтитын.*

ЖҮЗГІШТІК *Жүзе білгіштік, жақсы малтушылық,*

ЖҮЗДЕГЕН *Бірнеше жүз.*

ЖҮЗДЕЙ *Жүз шақты, жүз шамалы, жүзге тарта.*

ЖҮЗДЕП *Жүз-жүздеп, жүз-жүзден.*

ЖҮЗДЕП-МЫҢДАП *Жүз-жүздеп, мың-мыңдап.*

ЖҮЗДЕС *Бетпе-бет кездесу, жолығу.*

ЖҮЗДЕТ *Жүз-жүзден бөліп-бөліп жіберу.*

ЖҮЗДІ I *Тұрпатты, сипатты, өңді.*

ЖҮЗДІ II *Өткір жүзі бар.*

ЖҮЗДІК I *Жүз адамнан құралған жасақ, топ.*

ЖҮЗДІК II *Математикадағы кластар тобының бірі.*

ЖҮЗДІК III *Жүз теңгелік бүтін ақша.*

ЖҮЗДІК IV ***кәс.*** *Бір топ адам бірігіп, шауып, жинайтын жүз шөмеле шөп.*

ЖҮЗДІКШІ *Жүз шөмеле шөп шабуға келіскен пішеншілер.*

ЖҮЗЕ: жүзеге асты [асырды] — *пайдаға жарады, іске асты.*

ЖҮЗ-ЖҮЗДЕН *Әрқайсысы жүзден, жүз-жүзге бөлініп, топталып (бөлініп, топтап).*

ЖҮЗ-ЖҮЗДЕП *Жүз-жүзден топтап, көптеп.*

ЖҮЗЖЫЛДЫҚ *Жүз жылға толғандық, бір ғасыр.*

ЖҮЗІ *этн.* *Адамның қайтыс болғанына жүз күн толуына байланысты берілетін ас.* □ **Жүзін берді *этн.*** — *өлген кісіге арнап, жүз күннен кейін ас береді.*

ЖҮЗІК *Көзіне асыл тас орнатқан қолға салатын сақина.* □ **Жүзіктықпақ** — *екі алақанының ортасына сақина салып, жастардың ойнайтын ойыны.* □ **Жүзік көзінен өткендей** — а) *сұлу, сәнді, мүсінді;* ә) *еті тірі, пысық.*

ЖҮЗІМ *Оңтүстік аймақтарда өсетін тәтті, шырынды жемісі бар бұталы өсімдік, сол өсімдіктің шырынды жемісі.*

ЖҮЗІМДІК *Жүзім өсірілетін жер.*

ЖҮЗІМПАЗ *Жүзгіш, жақсы малтитын жүзуге маман.*

ЖҮЗІМШІ *Жүзім шаруашылығында жұмыс істейтін адам.*

ЖҮЗІМШІЛІК *Жүзім шаруашылығымен айналысушылық.*

ЖҮЗІНДІ *Суда, ауада жүзіп жүретін зат.*

ЖҮЗІНШІ *Жүз санының реттік түрі.*

ЖҮЗІС *Суға жүзгендік, малтушылық, жүзу.*

ЖҮЙЕ I 1. *Буын, сала, тарау.* 2. *Жөн, рет, тәртіп.* 3. ***Ауысп.*** *тех. Жем, торап.* □ **Жүйеге келтірді [салды, түсірді]** — *тәртіпке түсірді, жөнге келтірді.* **Жүйесі босады** — *егілді көңілденді, көңілі босады.*

ЖҮЙЕ II 1. *Әлеуметтік, қоғамдық, мемлекеттік құрылыс.* 2. *Белгілі бір заттың құрамы.*

ЖҮЙЕ-ЖҮЙЕ *Сала-сала, тарау-тарау, рет-рет.*

ЖҮЙЕК 1. *Егістікке су жіберу үшін арнайы жасалған атыз.* 2. *Бақша дақылдарын (қауын, қарбыз, қияр, т. б.) отырғызуға арналған қатар.*

ЖҮЙЕКСІЗ *Жүйегі жоқ, жүйек салынбаған.*

ЖҮЙЕКТЕ *Жүйек жасау, қатар жүргізу.*

ЖҮЙЕКТІ *Жүйек салынған, жасалған.*

ЖҮЙЕЛЕУ *Жүйеге түсіру, ретке келтіру.*

ЖҮЙЕЛЕС *Жүйесі бір, бір сарындас.*

ЖҮЙЕЛІ 1. *Тиянақты, сатылы.* 2. *Белгілі бір жүйеге тән, арнаулы стандартпен шығарылған.*

ЖҮЙЕЛІЛІК *Жүйесі барлық, реттілік.*

ЖҮЙЕМЕЛЕТ *Бірінен соң бірін жиілете, үсті-үстіне төпелету.*

ЖҮЙЕСІЗ *Жүйеге түспеген, жүйесі жоқ, ретсіз.*

ЖҮЙЕСІЗДІК *Жүйе жоқтық, ретсіздік.*

ЖҮЙКЕ 1. *Адам денесінің ағзалары мен ұлпаларын мимен байланыстырып тұратын тармақталған жүйені құрайтын нәзік өсінді талшықтар.* 2. *Адамның көңіл күйінің бұзылған шағы, ашулы, беймаза сәті* ◊ **Жүйкесіне тию** — *біреудің намысына тие сөйлеу, ашуын келтіру.* **Жүйкесі босады** — *егіліп елжіреді, жылағысы келді.*

ЖҮЙКЕЛЕ *Шаршау, титықтау.*

ЖҮЙРІК 1. *Жылдам шапқыш, ұшқыр.* 2. ***Ауысп.*** *Шешен, білгір, жетік.*

ЖҮЙРІКСІ *Өзін жүйрік деп санау, шешенсу.*

ЖҮЙРІКТІК 1. *Ұшқырлық, шапқыштық, жылдамдық.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге жетіктік, білгірлік.*

ЖҮЙТКІ *Зымырау, заулау, қатты жүгіру.*

ЖҮК 1. *Әртүрлі салмағы бар зат.* 2. *Реттеліп жиналған үй мүлкі, жиһаз.* 3. ***Ауысп.*** *Бейнет, азап, мехнат.* 4. ***Ауысп.*** *Талап, міндет.* □ **Жүк көлігі** — *жүк тасу үшін пайдаланатын шаруашылық малы.* **Жүк машинасы** — *әртүрлі жүктерді, заттарды тиейтін ашық машина.* **Жүксалғыш** — *жүк қоятын орын.* □ **Жүк болды** — *ауыртпалығын түсірді, салмағын салды.* **Жүк артты** — *талап қойды, міндет жүктеді.*

ЖҮКАЯҚ *Үстіне жүк жинап қоятын, ағаштан жасалған жүк жиғыш.*

ЖҮККАП *Жолға шыққанда керек-жарақ заттарды салатын қап.*

ЖҮК-МҮК *Жүк және басқа да заттар.*

ЖҮКСАЛҒЫШ *Автобустағы, ұшақтағы басқа да көліктердегі жүк қоюға, салуға арналған орын.*

ЖҮКСІЗ *Жүгі жоқ, бос.*

ЖҮКТЕ 1. *Көлікке, машинаға жүк арту, тиеу.* 2. ***Ауысп.*** *Міндетті тапсырма беру.*

ЖҮКТЕЙ *Көлемі жиналған жүктей, қомақты, үлкен.*

ЖҮКТЕЛІ *Міндеттелу, тапсырма берілу.*

ЖҮКТЕМЕ *Жұмыс, сабақ сағатының тиісті мөлшері; нагрузка.*

ЖҮКТЕУЛІ *Жүк артылған, тиеулі.*

ЖҮКТІ I *Жүк артылған, жүк тиелген, жүгі бар.*

ЖҮКТІ II *Аягы ауыр, екіқабат (әйел).*

ЖҮКТІК *Жүк артуға арналған көлік.*

ЖҮКТІЛІК *Екіқабаттық, аягы ауырлық.*

ЖҮКШЕ *Кішігірім жүк.*

ЖҮКШІ *Жүк тиеуші адам.*

ЖҮКШІЛІК *Жүкші болушылық.*

ЖҮЛГЕ 1. *Тау аңғары, алқап, алап.* 2. *Жазық дала, тегістік.*

ЖҮЛГЕЛЕ *Өзек, жыра бойымен жүру, жағалау, бойлау.*

ЖҮЛГЕЛЕН *Жүлге-жүлге болып бөліну, салалану.*

ЖҮЛГЕЛЕС *Қатар жатқан, салалас.*

ЖҮЛДЕ *Жарыста озғандарға берілетін бәйге, сыйлық; приз.* □ **Жүлде алды** — *төптан озып, бәйге алды.*

ЖҮЛДЕГЕР *Жарыста озып шығып, сыйлық алған адам.*

ЖҮЛДЕГЕРЛІК *Жүлделі орынға ие болушылық.*

ЖҮЛДЕЛІ *Жүлдеге ие болған, жүлде берілген.*

ЖҮЛДЕСІЗ *Сыйлықсыз, бәйгесіз.*

ЖҮЛКЕУІР ***бот.*** *Таулы жерге өсетін, мал сүйіп жейтін шөптің бір түрі.*

ЖҮН *Хайуанаттардың терісін жауып тұратын түк, қылшық.* □ **Жүн болды** — *ұнжырғасы түсті, азып-тозды.* **Жүндей түтті [сабады]** — *әбден ұрып-соқты.* **Жүн жеп кетті** — *азып-тозды, жүнжіді.* **Жүні жығылды** — *беті қайтты, сағы сынды.* **Жүнін жұлған тауықтай [тырнадай]** — *берекесі қашқан, ұсқынсыз.* **Жүнін сыртқа түкситті** — *қоқан-лоқы жасап, қыр көрсетті.*

ЖҮНДЕ 1. *Түйенің жүнін көктемде күзеу, түтеу.* 2. ***Ауысп.*** *Қатты ұрысу, іреп сою.*

ЖҮНДЕЙ *Жүн сияқты.* □ **Жүндей түтті** — *түте-түтесін шығарды, жұлма-жұлма етті.*

ЖҮНДЕС 1. *Жүні қалың, жүні көп.* 2. *Түкті, түк басқан.*

ЖҮНДЕСТЕУ *Жүні қалыңдау, түктілеу.*

ЖҮНДЕСТІК *Түктілік, жүні қалыңдық.*

ЖҮНДІ *Жүндес, жүні өсік.*

ЖҮНДІЛЕУ *Жүні қалыңдау, тығыздау, жүндірек.*

ЖҮН-ЖҰРҚА *Жүн-жыбыр, жүн сияқты түрлі нәрселер.*

ЖҮНЖІ *Азып-тозу, жүдеп-жадау.*

ЖҮНСІЗ *Жүні жоқ, тығыз емес, тықыр.*

ЖҮПТІ *Некесі қиылған, некелі.* □ **Жүпті болды** — *некелі болды, ерлі-зайыпты болып заңды түрде қосылды.*

ЖҮПІРЛЕ *Жан-жақтан топырлау, жапырлау.*

ЖҮР 1. *Тұрған жерден екінші жерге жету, бару.* 2. *Көлік пен машинаның т. б. заттардың орнынан қозғалуы, қимылдауы.* 3. *Бір жаққа бет алу, жолға шығу.* 4. *Карта, шахмат т. б. спорт ойындарындағы жүріс.* 5. *Толық мағыналы тіркесіп, белгілі мағына білдіретін көмекші етістік.* 6. ***Ауысп.*** *Біреумен көңілі жақын болу.*

ЖҮРГЕН-ТҰРҒАН *Туып-өскен, қызмет еткен.*

ЖҮРГІЗГІШ *Бір нәрсені қозғалысқа келтіргіш машина.*

ЖҮРГІЗУШІ I *Бір істі басқарып алып барушы.*

ЖҮРГІЗУШІ II *Троллейбус, машина, трамвайларды айдаушы, соларды жүргізетін адам.*

ЖҮРГІНШІ *Жол жүруші, жолаушы.*

ЖҮРГІШ 1. *Жүрдек, қатты жүретін.* 2. *Жеңіл жүріске салынған, жезөкше.*

ЖҮРГІШТЕ *Жүре беру, шапшаңдау.*

ЖҮРГІШТІК 1. *Жүрдектік, жақсы жүретіндік.* 2. *Жезөкшелік.*

ЖҮРДЕК 1. *Жылдам жүретін, ұшқыр.* 2. ***Ауысп.*** *Жүйрік, білгір.*

ЖҮРДЕКТЕ *Жүрдектеу, шапшаңдау, жылдамдау.*

ЖҮРДЕКТЕУ *Шапшаңдау, жүрістілеу.*

ЖҮРДЕКТІК *Жылдамдық, шапшаңдық, жүйріктік.*

ЖҮРДІМ-БАРДЫМ *Қалай болса солай, немқұрайды, көңілсіз.*

ЖҮРЕ-БАРА *Біртіндеп, жүре келе, бара-бара.*

ЖҮРЕ-БІТТІ *Бірден емес, біртіндеп пайда болу.*

ЖҮРЕГЕН *Жүрдек, жүйрік (адам, мал).*

ЖҮРЕЖАТ *Туажаттан туған бала.*

ЖҮРЕ-ЖҮРЕ 1. *Көп жүру.* 2. *Барабара, келе-келе, соңында.*

ЖҮРЕК 1. *Бойға қан жүргізуші басты орган.* 2. ***Ауысп.*** *Кісінің жан дүниесі, рухани сезімі.* □ **Жүрегі айныды** — а) *құсқысы келді;* ә) *мезі болды, ығыр болды.* **Жүрегі аласұрды** — *тынышсызданып алып-ұшты.* **Жүрегі аттай тулады [дүрсілдеді]** — *жүрегі қатты соқты, дүрсілдеді.* **Жүрегі аузына тығылды** — *жүрегі өрекпіп қатты соқты.* **Жүрегі бүлк етпеді** — *еш нәрсені сезінбеді, селт етпеді.* **Жүрегі дауаламады** — *батылы бармады, тайсалды.* **Жүрегі дір етті** — *қорықты, селк етті.* **Жүрегі елжіреді [еріді, езілді]** — *жаны ашыды, аяды.* **Жүрегі зу ете қалды** — *қатты шошыды.* **Жүрегі зырқ ете қалды** — *бір нәрсе жанына жайсыз тиді.* **Жүрегі күпті болды** — *көңілі дүдәмал болып қорықты.* **Жүрегі қарайды** — а) *қарны ашты, жүрегі сазды;* ә) *жамандық ойлады.* **Жүрегі қарс айрылды** — а) *қатты қуанды;* ә) *қайғыдан қатты күйінді.*

ЖҮРЕКЖАРДЫ ***этн.*** *Сүйіншіге, қуанышты хабарға берілетін сыйлық; кәде.* □ **Жүрекжарды хабар [қуаныш]** — *зор қуаныш, керемет қуанышты хабар.*

ЖҮРЕККАП *Жүректің сыртын қаптап тұратын жұқа қабық.*

ЖҮРЕКСІЗ 1. *Сұжүрек, қорқақ.* 2. ***Ауысп.*** *Мейірімсіз, қайырымсыз.*

ЖҮРЕКСІЗДЕН *Жүрегі дауаламау, батылы жетпеу, жүрексіну.*

ЖҮРЕКСІЗДЕУ *Батылсыздау, қорқақтау.*

ЖҮРЕКСІЗДІК *Қорқақтық, батылсыздық.*

ЖҮРЕКСІН *Батылы жетпеу, қорқыңқырау, жүрексіздену.*

ЖҮРЕКТЕН *Батырлану, қайраттану.*

ЖҮРЕКТЕС *Тілектері, мақсаттары бірге, жақын.*

ЖҮРЕКТІЛЕУ *Батылдау, қайраттылау, жүрек-тірек.*

ЖҮРЕКТІЛІК *Батылдық, қайраттылық, ерлік.*

ЖҮРЕКТІРЕК *Батылдау, қорықпайтын, батылырақ.*

ЖҮРЕКШЕ I *Жүректің қан келіп құятын бөлімі.* □ **Жүрекше ен** — *еннің жүрекшеге ұқсайтын түрі.* **Жүрекше ою** — *жүрекшені бейнелеген ою түрі.*

ЖҮРЕКШЕ II *Жүрек сияқты, жүрек тәрізді.*

ЖҮРЕКШЕ III *Таулы жердегі биікшеу жер, төскей.*

ЖҮРЕЛЕ I *Екі тізесін бүгіп, жүресінен отыру.*

ЖҮРЕЛЕ II 1. *Жылқының не түйенің болдырып, діңкелеп шаршап қалуы, зорығуы, табалау.* 2. *Аштықтан, соғыстан т. б. титықтап қалу, діңкесі құру.*

ЖҮРЕЛЕТ 1. ***өзг. етіс*** *Жүрелет.* 2. *Жүресінен отырғызу, бүкшіту.* 3. *Атты не түйені ақсату.* 4. *Тұралату, әбден арықтату, титықтату, қайыршылыққа ұшырату.*

ЖҮРЕМЕТЕ *Жепелдеметту, жеделдету.*

ЖҮРЕСІНЕН: жүресінен отыру — *екі тізені бүгіп, тізерлеп отыру.*

ЖҮР-ЖҮРЛЕ *Жүр-жүрдің астына алу, қайта-қайта жүр деу, асықтыру.*

ЖҮРУ-ТҰРУ *Қимыл-қозғалыс жасау, жатып қалмау.*

ЖҮРІМ ***жерг.*** 1. *Барыс, келіс, жүріс.* 2. *Барар, жүрер жер.* □ **Жүрімің қысқарғыр** ***қарғ.*** — *жүруден қалғыр, жүре алмай қалғыр.* **Жүрімің үзілгір** ***қарғ.*** — *өліп қалғыр, өшкір.*

ЖҮРІМПАЗ 1. *Жылдам жүретін, жүрдек.* 2. ***Ауысп.*** *Жүруге құмар, жүргіш, жезөкше, жеңіл жүріске салынған кісі.*

ЖҮРІМПАЗДЫҚ 1. *Тез жүргіштік, жүргектік.* 2. *Нәпсіқұмарлық, жезөкшелік.*

ЖҮРІП-ЖҮРІП 1. *Көп жүріп, кезіп-кезіп.* 2. *Көп жасап, көп өмір сүріп.*

ЖҮРІП-ТҰР *Ары-бері жүру, тұрған жерден қозғалу, қимылдау, жүріс-тұрыс.*

ЖҮРІС 1. *Бір жерден екінші жерге бару үшін жасалынған қимыл-қозғалыс.* 2. ***спорт*** *Шатыраш ойынындағы кезекті ойын жолы.* 3. *Мақсатсыз бос сенделіс.* **Жүрісі суық** — *асығыс, тығыз.* **Жүрісі сұйық** — *жеңіл жүрісті.*

ЖҮРІСКЕР *Жақсы жүретін, жүрісті.*

ЖҮРІСКЕРЛІК *Төзімді тез жүргендік.*

ЖҮРІССІЗ *Жүріс болмайынша; жүріс жоқ жерде.*

ЖҮРІС-ТҰРЫС *Қимыл-қозғалыс, әрекет, жүріп-тұру.*

ЖҮРІС-ТҰРЫССЫЗ *Қимыл-қозғалыссыз, әрекетсіз.*

ЖҮРІСТІ 1. *Жүрісі жылдам, жүріскер.* 2. *Асығыс, сезікті жүріс-тұрыс.*

ЖҮРІСТІЛЕУ *Жүрісі жақсырақ, желістілеу, аяңшыл.*

ЖҮРІСТІЛІК *Жақсы жүретіндік, жүрдектік, аяңшылдық.*

ЖЫБЫР *Болар-болмас ақырын, жай қыбыр, қозғалыс.* □ **Жыбыр етті** — *қимылдады, қозғалды, қыбырлады.*

ЖЫБЫР-ЖЫБЫР *Ақырын, қыбыр-қыбыр.*

ЖЫБЫРҚАЙ *Ұсақ, майда, бір-біріне қосылып кеткен.*

ЖЫБЫРЛА 1. *Қимылдау, қозғалу, жыбыр-жыбыр ету, қыбырлау.* 2. ***Ауысп.*** *Құжынау, быжынау.*

ЖЫБЫРЛАҒАН *Қаптаған, құжынаған, мол, көп.*

ЖЫБЫРЛАҒЫШ *Қыбырлағыш, қимылдағыш, қозғалғыш.*

ЖЫБЫРЛАҚ I *Қойда болатын ауру аты; ішекқұрт, жұқпалы індет.*

ЖЫБЫРЛАҚ II 1. *Жыбыр-жыбыр еткен, кібіртіктеген.* 2. ***Ауысп.*** *Аузында сөз тұрмайтын, көп сөйлегіш, көп сөйлейтін.*

ЖЫБЫРЛАУЫҚ *Жыбырлап сөйлей беретін, өсекші.*

ЖЫБЫРШЫ 1. *Жыбыр-жыбыр етіп, қозғалақтау, қыбырлау-жыбырлау.* 2. *Тыпыршу, тықыршу.*

ЖЫҒА I 1. ***көне*** *Патшалар мен хандардың соғыста киетін баскиімі.* 2. *Хандар мен қолбасылар айырым белгісі ретінде дулығаның төбесіне қауыр-

сын қадап, оны жыға атаған. □ **Жығасы жығылды [құлады]** — *бағы тайды, тауы шағылды.*

ЖЫҒА II *Ылғи, бірыңғай, бірсыпыра.*

ЖЫҒА III жыға танымады — *жете, аның білмеді, жай шырамытты.*

ЖЫҒАУЫЛ *Қаршығаның мойнына шалқаймау үшін киғізіп қоятын зат.*

ЖЫҒУ 1. ***атау*** *Жықу.* 2. *Құлату, сұлату.* 3. *Күрес ойынында алып ұру, жеңу.* 4. *Тігулі тұрған киіз үйді жию, жинау.*

ЖЫҒЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Жықыл.* 2. *Құлау, мұрттай ұшу омақасу.* 3. *Бір жағына қарай қисая жату.* 4. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің билігін сұрау, жүгіну.* □ **Жығылғанға жұдырық** — *сорға сор қосып бұрынғының үстіне жаңа бәле жабысты.* **Жығылған сүрінгенге күледі** — *өзіне қарамай біреуді менсінбей, мінейді.* **Жығылсаң нардан жығыл** — *жеңсең де, жеңілсең де күштіден құла.* **Жығып берді** — *біреудің алдында кінәлі етті, жеңілдірді.*

ЖЫҒЫЛА *Әбден, барынша, құлағанша.*

ЖЫҒЫЛА-СҮРІНЕ *Сүрініп-қабынып, асып-сасып.*

ЖЫҒЫЛЫҢҚЫ: жүні жығылыңқы — *беті қайтыңқы, еңсесі түсіңкі.*

ЖЫҒЫЛУШЫ *Құлап қалушы, омақаса құлаған адам.*

ЖЫҒЫЛЫП-СҮРІНІП *Бір құлап, бір тұрып, сүрініп-қабынып.*

ЖЫҒЫЛЫС 1. *Жығылғандық.* 2. *Жеңіліс.*

ЖЫҒЫНДЫ ***жерг.*** *Бір нәрсеге міндетті, қарыздар.*

ЖЫҒЫҢҚЫ *Жығылыңқы, басыңқы.*

ЖЫҒЫС: итжығыс — *күрескен екі адамның тең, бірдей жығылуы, бірдей құлап түсуі, не бірін-бірі жеңе алмауы.*

ЖЫҚ 1. *Күресте қарсыласын құлату, алып ұру.* 2. *Киіз үйдің уық-керегесін жию, жинау.* 3. ***Ауысп.*** *Жеңу, біреуден басым түсу, устем болу.* 4. ***Ауысп. кәс.*** *Арықтағы суды басқа жаққа қарай бұрып жіберу.*

ЖЫҚ-ЖЫҚ: жық-жық боп — *құжынап, қайнап толып тұр.*

ЖЫҚПЫЛ 1. *Агаш-бұтасы қалың өскен быжырқай жер.* 2. ***Ауысп.*** *Қалтарыс, бұлтарыс.*

ЖЫҚПЫЛДЫ *Агашты-бұталы сай-саласы көп, жыралы қалтарысты.*

ЖЫҚПЫЛ-ЖЫҚПЫЛ *Қалың бұта өскен сай-сала, жыра-жыра.*

ЖЫЛ *Он екі айлық мерзім, уақыт.* □ **Жыл мезгілдері** — *бір жыл ішіндегі төрт мезгіл.* □ **Жыл басы *көне*** — *жылдың бастапқы айы; наурыз.* **Жыл бойы** — *бүкіл жыл ішінде; үнемі.* **Жыл қайырды** — *ескіше жыл санау жүйесі бойынша біреудің жасын есептеп шығарды; жыл санады.* **Жыл он екі ай [айда]** — *жыл бойы.* **Жыл санап** — *жыл өткен сайын.* **Жыл шықты** — *ауыр қысты бастан өткізді.* **Жылын берді** — *өлген адамның жылға толған уақытын атап өтті, ас берді.*

ЖЫЛА 1. *Көзден жас шығару, еңіреу.* 2. ***Ауысп.*** *Қайғыру, ренжу.* 3. ***Ауысп.*** *Табиғаттың, жануарлардың боздауы, зарлауы.* **Жыламаған балаға емшек бермейді** — *өзі талпынбаса, біреуге біреу қол ұшын бермейді.*

ЖЫЛАМСЫРА *Мұңаю, көңілі босау, жылармандолу.*

ЖЫЛАН I 1. *Бауырымен жорғалаушылар тобына жататын, уы бар жәндік.* 2. ***Ауысп.*** *Арага іріткі салатын арамза, зәлім адам.* □ **Жыланбауыр** — а) *жылан сияқты ирелеңдеген қамшы;* ә) *шынжыр табанды (трактор).* **Жылан жылы** — *ескіше жыл аты.* □ **Жыландай жиырылды** — *жақтырмады, ұнатпады.* **Жылан жайлап барады** — *қомағайланды, ашқарақтанды.* **Жылан жалағандай** — а) *еш нәрсе жоқ, тақ қалдырмаған;* ә) *тап-таза, мұнтаздай.* **Жылан жүріс** — *ізін білдіртпейтін әрекет.*

ЖЫЛАН II *Көп жылана беру, күйіну.*

ЖЫЛАНБАЛЫҚ *Терісі тегіс, қабыршақсыз жылан тәрізді балық.*

ЖЫЛАНБАС I ***бот.*** *Басында жүгері сияқты дәні бар, мысыққұйрық тектес шөп.*

ЖЫЛАНБАС II 1. ***этн.*** *Жыланның басына ұқсастау болып келетін өрнектің бір түрі.* 2. *Балалардың тақиясына тағатын жыланның бас сүйегі.*

ЖЫЛАНБАУЫР 1. *Қамшы өрімінің бір түрі.* 2. *Табанында шынжыры бар трактор.*

ЖЫЛАНБӨКТЕРГЕН ***астр.*** *Экваторлық шоқжұлдыз.*

ЖЫЛАНЖУА *Оңтүстік далаларда өсетін жуаның бір түрі.*

ЖЫЛАНКӨЗ I *Сығырайған жыланның көзіндей, жылтылдап жылтыраған.*

ЖЫЛАНКӨЗ II ***мед.*** *Әртүрлі патологиялық жағдайға байланысты адам денесінде пайда болатын тесік.*

ЖЫЛАНКӨЗДЕН *Жылтырау, жылтылдау.*

ЖЫЛАНҚАРАҚ *Жылт етер майы жоқ, арық ет.*

ЖЫЛАНҚИЯҚ ***бот.*** *Көк гүл жаратын дара жарнақты көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ЖЫЛАНҚҰРТ 1. *Адам мен малдың ішінде болатын жұмыр құрт.* 2. *Осы құрттан пайда болатын ауру.*

ЖЫЛАНТАМЫР *Тамыры шұбар ала жыланға ұқсайтын өсімдік аты.*

ЖЫЛАҢҚЫ 1. *Көп жылайтын, жылай беретін жылауық (бала).* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені жоқ деп зарлап қыңқылдай жылана беретін зарлауық.*

ЖЫЛАНҚЫЛАН *Жылану, жылай беру.*

ЖЫЛАҢҚЫШӨП ***бот.*** *Күрең қызыл түсті біржылдық немесе көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ЖЫЛАП-ЕҢІРЕ *Көз жасын көл қылып төгу, боздау.*

ЖЫЛАП-КӨРІС *Бір-бірін қатты сағынысып жыласып көрісу.*

ЖЫЛАП-СЫҚТА *Қайғырып-қамығу, уайымдау.*

ЖЫЛАРМАН *Жылауға жақын, жылайтындай.*

ЖЫЛАРМАНДАЙ: жылармандай болды — *әбден ашуға булықты.*

ЖЫЛАТҚЫШ *Жылата бергіш, жылатуға әуес.*

ЖЫЛАТЫП-ЕҢІРЕТІП *Жылатып-сықтатып, боздатып.*

ЖЫЛАУЛЫ *Жылап-сықтаған, қайғылы қасіретті.*

ЖЫЛАУСЫЗ *Жыламайтын, сықтамайтын.*

ЖЫЛАУЫҚ I *Жан-жануарлардың ішкі құрылысында, басында болатын су кеселі, құрт жиналатын кішкене қалташық.*

ЖЫЛАУЫҚ II *І.Жылауға бейім, жыланқы.* 2. ***Ауысп.*** *Барды жоқ деп жыланып отыратын (адам).* 3. ***Ауысп.*** *Семірмейтін, ет алмайтын (мал).*

ЖЫЛАУЫҚТЫҚ *Жылай бергіштік; жоқтан өзгені уайым қыла берушілік.*

ЖЫЛБАҒЫСТА *Шет пұшпақтау, епте суыртпақтау.*

ЖЫЛБЫСҚЫ 1. *Шала туған төлдің жасық еті мен терісі.* 2. *Малдың ұрығы.* 3. ***Ауысп.*** *Бос, ынжық, жасық.* 4. ***Ауысп.*** *Былжырақ, жабысқақ.*

ЖЫЛБЫСҚЫЛАН *Ылжырау, былжырау.*

ЖЫЛҒА *Қар, жаңбыр суы ағатын кішкене жыра, өзек.*

ЖЫЛҒАЛА *Сай-сай, тарам-тарам болып бөліну.*

ЖЫЛҒАЛАП 1. *Жылға-жылғамен бойлап ағып.* 2. ***Ауысп.*** *Тасаланып, жасырынып.*

ЖЫЛҒАЛЫ *Сай-сала, өзегі, жылғасы көп.*

ЖЫЛҒАШЫҚ *Көлемі кішірек жылға.*

ЖЫЛДА *Жыл сайын, жылма-жыл.*

ЖЫЛДАҒЫ *Жыл сайын болатын, жыл бойындағы.*

ЖЫЛДАҒЫДАЙ *Жылдағыша, әдеттегідей.*

ЖЫЛДАҒЫША *Әдеттегіше, бұрынғыша, жылдағыдай.*

ЖЫЛДА-ЖЫЛДА *Жыл сайын, жылма-жыл.*

ЖЫЛДАЙ 1. *Жылға жуық, жыл мөлшеріндей.* 2. ***Ауысп.*** *Тым ұзақ мерзім, соншалықты ұзақ.*

ЖЫЛДАМ *Тез, шапшаң, лезде, көзді ашып-жұмғанша.*

ЖЫЛДАМДА *Тездеу, шапшаңдау, жеделдеу.*

ЖЫЛДАМДАТҚЫШ *Бір нәрсені, істі жылдамдататын зат.*

ЖЫЛДАМДАУ *Тездеу, шапшаңдау, жеделірек.*

ЖЫЛДАМДЫҚ 1. *Шапшаңдық, тездік, жеделдік.* 2. *Бір нәрсенің жүру шапшаңдығы.*

ЖЫЛДАМЫРАҚ *Тезірек, шапшаңырақ, жеделірек.*

ЖЫЛДАН-ЖЫЛҒА *Жыл өткен сайын, жылма-жыл.*

ЖЫЛДАП *Ұзақ уақыт бойы, жыл бойы.*

ЖЫЛДАС *Бір жылда туған, құрдас.*

ЖЫЛДЫҚ 1. *Бір жылға арналған, жыл бойғы.* 2. *Жылдық мереке.*

ЖЫЛДЫМ I *Ұзақ уақыт сауылатын (мал).*

ЖЫЛДЫМ II 1. *Икемді, іскер, пысық.* 2. *Іс-әрекеті тез, жылдам, ширақ.*

ЖЫЛДЫМДЫҚ *Көп сауылатындық.*

ЖЫЛДЫРМАЛАТ *Тездету, шапшаңдату.*

ЖЫЛЖЫ 1. *Бір нәрсенің бір жерден екінші жерге қарай ақырындап баяу сырғуы, қозғалуы.* 2. *Орнынан қозғалу, сырғу.* 3. *Төмен қарай ағу.* 4. ***Ауысп.*** *Уақыттың озуы, өтуі.*

ЖЫЛЖЫҒЫШ *Жылжымалы, сырғыма, жылжитын.*

ЖЫЛЖЫМАЛЫ 1. *Ары-бері жылжытуға болатын, жылжығыш, қозғалмалы.* 2. *Бір жерден екінші жерге көшіріп орнатуға оңай; көшпелі.*

ЖЫЛЖЫТ 1. ***өзг. етіс*** *Жылжы-т.* 2. *Орнынан қозғау, ауыстыру.*

ЖЫЛЖЫТПА *Жылжытпалы, қозғалмалы.*

ЖЫЛЖЫТПАЛА *Әне-міне деп соза беру.*

ЖЫЛЖЫТПАЛЫ *Ары-бері қозғауға болатын, қозғалтпалы.*

ЖЫЛҚЫ *Тақ тұяқты ірі қара, төрт түлік малдың бірі.*

ЖЫЛҚЫЛЫ *Жылқысы көп, жылқыға бай.*

ЖЫЛҚЫЛЫҚ *Жылқыға тәндік, жылқы болардық.*

ЖЫЛҚЫСЫЗ *Жылқысы жоқ.*

ЖЫЛҚЫША *Жылқы тәрізді, жылқы сияқты.*

ЖЫЛҚЫШЫ I 1. *Жылқы бағатын адам.* 2. ***Ауысп.*** *Жаңа туған жас бала, ұл.* □ **Жылқышы ата** — *жылқы малының пірі, иесі.*

ЖЫЛҚЫШЫ II *Сұлы жерде өмір сүретін, тұмсығы ұзын, сұрғылт түсті құс.*

ЖЫЛҚЫШЫЛЫҚ *Жылқы бағуды кәсіп етушілік.*

ЖЫЛМА *Жел ауруына қолданылатын халықтық ем, дәрі.*

ЖЫЛМАҒАЙ 1. *Кедір-бұдыры жоқ, теп-тегіс.* 2. ***Ауысп.*** *Түк қалдырмау, ішіп-жеп кету.* 3. ***Ауысп.*** *Жылпос, жылмың, пысық, жылмақай.* 4. ***Ауысп.*** *Сақал-мұрты жоқ, көсе.* □ **Жылмағай сөз** — *мағынасыз жылтыраған бос сөз.*

ЖЫЛМАҒАЙЛА *Тегістеп тазалау, жып-жылмағай ету.*

ЖЫЛМА-ЖЫЛ *Әр жылда, жыл сайын.*

ЖЫЛМА-ЖЫЛҒЫ *Әр жылдағы, жыл сайынғы.*

ЖЫЛМА-ЖЫЛДЫҚ *Әр жылдық, жыл сайынғы.*

ЖЫЛМАЙ: жылмай ақты — *ішке ас тұрмады, бойларына жұқпады.*

ЖЫЛМАҚАЙ *Жылпос, пысық, сұмдау, ылдым-жылдым.*

ЖЫЛМАҚАЙЛАН *Қулану, жылпостану, сұмдану.*

ЖЫЛМАҚАЙЛЫҚ *Жылпостық, сумақайлық.*

ЖЫЛМАҢ *Жылпос, қу, жылмақай.* □ **Жылмаң** етті — *лып етті, жып етті.* **Жылмаң қақты** — *жылмаңдады, жалаңдады, жалақтады.*

ЖЫЛМАҢДА 1. *Жылмақайлану, құтың қағу, сумаңдау.* 2. *Біреудің ішібауырына кіріп жағыну, жарамсақтану.*

ЖЫЛМАҢДЫҚ *Жылмаң-жылмаң етушілік.*

ЖЫЛМАҢ-ЖЫЛМАҢ *Қылмың-қылмың, сумаң-сумаң, қулана.* □ **Жылмаң-жылмаң етті** — *жылмаңдады, жылмаң қақты.*

ЖЫЛМАС *Таймас, тайсалмас.*

ЖЫЛМИ 1. *Қутыңдап езу тартып күлу, жылтию, қылмың-қылмың ету.* 2. *Жып-жылмағай, теп-тегіс болу.*

ЖЫЛМИТ 1. ***өзг. етіс*** *Жылмит.* 2. ***Ауысп.*** *Ізін білдірмеу, қиыстыра білу.*

ЖЫЛМЫҚ *Мұз-қар еріп, күн шуақтанып, жылынған кез.*

ЖЫЛМЫҚТАН *Қардың жылымдап баяу еруі.*

ЖЫЛМЫҢ: жылмың етті — *жылмыңдады, жылпың қақты.* **Жылмың қақты** — *жылмыңдады, жылп-жылп етті.*

ЖЫЛМЫҢ-ЖЫЛМЫҢ: жылмың-жылмың етті — *жылмыңдады, жылмың қақты.*

ЖЫЛМЫРЛЫҚ ***экспр.*** *Зұлымдық, құлық, жылмақайлық, жылпостық.*

ЖЫЛМЫСҚЫ *Шынайы емес, жалған; арам.*

ЖЫЛНАМА *Әр жылда болып өткен елеулі оқиғаларды баяндайтын кітап.*

ЖЫЛНАМАШЫ *Жылнама жазатын адам, жылнамамен айналысатын оқымысты.*

ЖЫЛПАРАҚ *Бір жылдағы 12 айдық, ондағы күндердің кестесін көрсететін кітапша не қабырға парақ, күнтізбе.*

ЖЫЛП: жылп етті — *жылпылдап тұрмады, зып ете түсті.*

ЖЫЛП-ЖЫЛП: жылп-жылп етті — *жылпылдап тұрмады, лыпылдады.*

ЖЫЛПОС 1. *Ылпың-жылпың, су жүқпас, пысықай, қу.* 2. *Ширақ, ұшқыр, жүрдек.*

ЖЫЛПОСТАН *Пысықсу, ширақсу.*

ЖЫЛПОСТАУ *Ылпың-жылпыңдау, пысықайлау.*

ЖЫЛПОСТЫҚ *Пысықайлық, ептілік, құлық.*

ЖЫЛПЫҢ: жылпың сары — *шикіл сары.*

ЖЫЛПЫЛ *Лыпылдап, жылп-жылп етушілік, жылмаңдаушылық.*

ЖЫЛПЫЛДА 1. *Жылп-жылп ету, жылтылдап тайғанақтап тұрмау.* 2. *Жып-жып ету, зыпылдау.* 3. *Жылпаң қағу, жағыну.*

ЖЫЛПЫЛДАҚ 1. *Жылп-жылп еткен, жылпылдап тұрған.* 2. *Біреудің асты-үстіне түсетін жылпың адам.* 3. *Майшамның бір түрі.*

ЖЫЛПЫҢ 1. *Пысық, ширақ, жылпос.* 2. *Тез қимылдайтын, жүрісті, ылдым-жылдым.*

ЖЫЛПЫҢДА *Жылп-жылп ету, пысықсу, жылпостану.*

ЖЫЛПЫҢДЫҚ *Пысықтық, ширақтық, жылпостық, жылдамдық..*

ЖЫЛПЫҢ-ЖЫЛПЫҢ: жылпың-жылпың етті — *жылпыңдады, жылпостанды.*

ЖЫЛТ: жылт етті — а) *бір нәрсенің кепет жылтырап көрінуі;* ә) *бір нәрсенің оқыстан кездесуі.* **Жылт еткен** — *көрінген, жаңадан пайда болған; кез келген.*

ЖЫЛТ-ЖЫЛТ: жылт-жылт етті — *жалт-жұлт етті, жылтырады.*

ЖЫЛТИ *Қылтиып көріну, жылтырау.*

ЖЫЛТЫЛ *Бір нәрсенің жылтылдаған көрінісі.* □ **Жылтыл қақты** — *жалт-жалт етті.*

ЖЫЛТЫЛДА 1. *Жылт-жылт етіп жылтырап жарық көріну.* 2. *Жалтырау, жарқырау, жылтырау.*

ЖЫЛТЫЛДАҚ *Жылт-жылт еткен, жылтыраған.*

ЖЫЛТЫҢ: жылтың етті — *жылмаң етіп көрінді.* **Жылтың қақты** — *жылт-жылт етті.*

ЖЫЛТЫҢДА 1. *Жылтың-жылтың етіп көріну.* 2. ***Ауысп.*** *Жылмаңдау, қылмаңдау.*

ЖЫЛТЫҢ-ЖЫЛТЫҢ: жылтың-жылтың етті — *жылтыңдады.*

ЖЫЛТЫР 1. *Жалтырауық, жылтырақ.* 2. ***Ауысп.*** *Жылпос, су жүқпас.* □ **Жылтыр сөз** — *мәнсіз, мағынасыз сөз.*

ЖЫЛТЫРА 1. *Жалт-жұлт ету, жалтырау, жылт-жылт ету.* 2. *Жарқырау, жылтырау.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрседен елес беру, үміттендіру.*

ЖЫЛТЫРАҚ I *Жылт-жылт еткен, жылтырауық.*

ЖЫЛТЫРАҚ II *Іске татыр жарқырауық бүйімдар.*

ЖЫЛТЫРАҚТЫҚ *Жылтырақ затқа тән қасиет.*

ЖЫЛТЫРАҚШЫЛ *Жылтыраққа құмар.*

ЖЫЛТЫРАС 1. ***орт. етіс*** *Жылтырас.* 2. *Бірін-бірі өп-өтірік жақсы көргенсу.*

ЖЫЛТЫРАУЫҚ 1. *Жылт-жылт еткен.* 2. ***Ауысп.*** *Сән үшін тағынатын нәрселер.* □ **Жылтырауық сөз** — *жылтыр сөз.*

ЖЫЛТЫРАУЫҚТЫҚ *Жылтырауық затқа тән қасиет.*

ЖЫЛТЫРЛАН *Жылтыр түске ену, жылтырауық болу.*

ЖЫЛТЫРЛАУ *Аздап жылтыр, жылтырауық.*

ЖЫЛТЫРЛЫҚ *Жылтыр затқа тән қасиет.*

ЖЫЛТЫРСЫЗ *Майсыз, көже қатықсыз.*

ЖЫЛУ I 1. *Күннен, оттан бөлінетін қызу.* 2. *Адам денесінде, киімде, топырақта сақталатын жылылық.* 3. ***Ауысп.*** *Мейірімділік, қайырымдылық.* □ **Жылу алмасу** — *жылудың қызуы мол денеден қызуы кем денеге таралу процесі.* **Жылу берді** — а) *жылытты, қыз-қыз қайнатты;* ә) *күш-қуат берді, қайраттандырды.* **Жылуы жоқ** — *сүйкімі, жанасымы жоқ.*

ЖЫЛУ II ***көне*** *Біреу шығынға, ауыр жағдайға ұшырағанда ел жиып беретін көмек, жәрдем.*

ЖЫЛУАН ***жерг.*** *Жылға, жыра.*

ЖЫЛУЛА *Жылу жию, жылу сұрау.*

ЖЫЛУЛЫ *Жылуы бар, жүзі жылы.*

ЖЫЛУЛЫҚ *Жылылық, жылу.*

ЖЫЛУСЫЗДЫҚ *Жылуы жоқтық, жылу болмағандық.*

ЖЫЛУСЫРА *Жылығысы келу, жылылықты қалау.*

ЖЫЛША: бір жылша — *бір жыл бойына, бір жылға дейін.*

ЖЫЛШЫЛЫҚ: жылшылық жер — *жыл бойы жүретін алыс жер.*

ЖЫЛЫ I 1. *Ыстық пен салқын күйдің аралық қалпы.* 2. *Денені суықтан қорғайтын, суық өткізбейтін.* 3. ***Ауысп.*** *Жағымды, мейірімді, сүйкімді.* □ **Жылы ажар [кескін, рай, шырай]** — *адал пейіл, мейірбан кейіп.* **Жылы жауып қойды** — а) *елеп ескермеді, атаусыз қалдырды, бүркеп қойды;* ә) *қолға алмады, атамады.* **Жылыжүзді [шырайлы]** — *кішіпейіл, мейірбанды.* **Жылы қабақ білдірді [көрсетті]** — *ілтипатпен жақсы қарсы алды.* **Жылы орын тапты** — *тұрақты, жайлы мекен-жайға жайғасты.* **Жылы сөз** — *жанға жайлы, жағымды пікір.* **Жылы сөйлесті** — *ашылып тіл қатты.* **Жылы суға қолын малып отыр** — *молшылыққа кенелді, рақатқа батты.* **Жылы тартты** — а) *жақын көрді, іш тартты;* ә) *көзге жылы ұшырады.* **Жылы тиді** — *көңілге ұнады, жанға жайлы болды.* **Жылы ұшырады** — а) *көзге ыстық көрінді;* ә) *жайдары кейіп білдірді, мейірбандық көрсетті.* **Жылы ізін суытпады** — *кейінге қалдырмады, ескіртпеді.*

ЖЫЛЫ II 1. *Күннің, оттың, дененің қызуымен жылы қалыпқа келу, жылыну.* 2. ***Ауысп.*** *Мейірлену, елжіреу.*

ЖЫЛЫДАЙ *Жылы күйінде, суытпай.*

ЖЫЛЫЖАЙ *Қыстығуні өсімдіктер өсіретін, ішіне жылу жүйесін орнатқан кеңдігі әр алуан жай; теплица.*

ЖЫЛЫ-ЖҰМСАҚ 1. *Мал мен аң етінің майлы, дәмді жері.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің тәуірі, жақсысы.*

ЖЫЛЫ-ЖҰМСАҚТАП *Тәуір, оңды нәрселерді қосып араластырып.*

ЖЫЛЫҚАНДЫЛАР ***зоол.*** *Жылықандылар тобына жататын жануарлар мен жәндіктер.*

ЖЫЛЫЛА *Жылы етіп жабу, орау.*

ЖЫЛЫЛЫҚ 1. *Ауа мен дененің жылыған қалпы.* 2. ***Ауысп.*** *Мейірімділік, жақсылық, ілтипаттық.*

ЖЫЛЫМ 1. *Өзен мен көл бетінің қыстығүні қатпай, қабыршақтанып жатқан жері, терең жері, ирім.*

ЖЫЛЫМДАП *Аз-аздап, там-тумдап.*

ЖЫЛЫМДАУ *Жылымырақ. Жылым сияқтанған, жылымға ұқсаған.*

ЖЫЛЫМДЫ *Жылымы, ирімі бар.*

ЖЫЛЫМҚҰРТ 1. ***зоол.*** *Білдірмей ішінен жайлап жейтін құрт.* 2. ***Ауысп.*** *Зымиян, сұмдығын ішіне бүккен адам.*

ЖЫЛЫМСЫ *Сұрқиялану, қылымсу, жылмию.*

ЖЫЛЫМША *Жылымға ұқсап, жылым сияқтанып.*

ЖЫЛЫМШЫ I 1. *Татымсыз, жағымсыз дәм.* 2. *Жылылау, жылырақ, қанжылым.* 3. ***Ауысп.*** *Пасық, арамза, құ.* □ **Жылымшы татиды** — *жылып кеткен, дәмі бұзылып татып кетті.*

ЖЫЛЫМШЫ II *Жылымшы тату.*

ЖЫЛЫМШЫЛА *Суық суға ыстық су қосып, сәл жылылау ету.*

ЖЫЛЫМШЫЛАН 1. *Жылымық тату.* 2. *Шылаулану, дымқылдану.*

ЖЫЛЫМШЫЛАП *Сәл ғана жылырақ боп, жылымшып.*

ЖЫЛЫМШЫЛАУ *Жылымшы татығандау.*

ЖЫЛЫМШЫП *Жылымшы татып, жылымшыланып.*

ЖЫЛЫМЫҚ *Жылылау, жылырақ.* □ **Жылымық тартты** — *күн жылына бастады.*

ЖЫЛЫНА *Жыл бойына, жылында.*

ЖЫЛЫНДА *Жыл сайын, жылына, жыл бойына.*

ЖЫЛЫРАҚ *Аздап жылыңқы, жылылау.*

ЖЫЛЫС I ***көне*** *Атамекеннен босып кеткен кез.*

ЖЫЛЫС II 1. *Ақырын, баяу жылжу, қозғалу, сырғу.* 2. *Ақырын шығып кету, тайып тұру.*

ЖЫЛЫСТА 1. *Ақырындап баяу қозғалу, жылжу.* 2. *Білдірмей кетіп қалу, тайып тұру.*

ЖЫЛЫТ 1. ***өзг. етіс*** *Жылыт.* 2. *Отқа, күнге жылыту, қыздыру.* □ **Ауыз жылытты** — *ас ішті, тамақтанды.* **Бой жылытты** — *тамақ ішіп, жылынып, әлденді.* **Жүзін жылытты** — *мейірленді, көңілденді.*

ЖЫЛЫТҚЫ *Денені емдеу, жылыту мақсатында қолданылатын, ішіне ыстық су құйылған резеңке ыдыс.*

ЖЫЛЫТҚЫЛА *Ыстық затты суытыңқырап жылы қалыпқа келтіру, жылытыңқырау.*

ЖЫЛЫТҚЫШ ***тех.*** *Жылу беретін, жылытатын аспап.*

ЖЫЛЫТПА *Кештен қалған тамақ.*

ЖЫЛЫТЫЛМАЛЫ *Жылытылған, жылы қалыпқа келтірілген.*

ЖЫМ I 1. *Аңның жүрген жолында қалған із.* 2. ***Ауысп.*** *Істің қисыны, қиюы, заттың жігі.* □ **Жымын білдірмеді** — *адамға сездірмеді, басқан ізін көрсетпеді.*

ЖЫМ II *Алқа-қотан отырып ойнайтын халық ойыны; үндемес.*

ЖЫМ III 1. *Үні шықпау, үндемеу, ауыз жабу.* □ **Жым болды [басылды]** — *бірден тына қалды, дыбыс шықпады.* **Жым қылды** — *аузын ашқызбады, сөйлетпеді.* 2. *Жануарлардың құлағын салпайтып, құйрығын қысуы.*

ЖЫМБА *Қалтарыс, астыртын, таса, жасырын.*

ЖЫМДА *Қисынын келтіру, үйлестіру, жымдастыру.*

ЖЫМДАЙ *Тып-тыныш, моп-момақан, жұп-жуас.* □ **Жымдай болды** — *үні өшті, дымы шықпады.* **Жымдай қылды [етті]** — *тыныштандырды, жуасытты.*

ЖЫМДАС *Ымы-жымы бір, ниеттес, пікірлес.*

ЖЫМ-ЖЫЛАС 1. *Із-түзсіз, қайда кеткені белгісіз.* 2. *Теп-тегіс, жыпжылмағай, тып-типыл.*

ЖЫМ-ЖЫРТ *Үн жоқ, түн жоқ, үн-түнсіз, тып-тыныш.*

ЖЫМ-ЖЫРТТЫҚ *Тым-тырыс болушылық, тып-тыныштық, үн-түнсіздік.*

ЖЫМИ *Ақырын езу тартып, күлімсіреу.*

ЖЫМИҒАНСЫ *Езу тартып күлгенсу.*

ЖЫМИТ 1. ***өзг. етіс*** *Жымит.* 2. *Езу тарттыру, күлімсіретту.* 3. *Малдың құлағын жымырайтуы.*

ЖЫМИЫС *Жымиып күлген күлкі.*

ЖЫМҚЫР 1. *Жымыру, бір заттың етегін, шетін ішке қарай қайыру, бүгу.* 2. ***Ауысп.*** *Бір затты тығып қою, ұрлау.*

ЖЫМҚЫРМА *Ұрлықшы, сұғанақ.*

ЖЫМҚЫРТУЛЫ *Жымырылған, жымырып алған.*

ЖЫМПИ *Дым болмағандай тымпиған түр көрсету, тымыраю.*

ЖЫМПИТ 1. ***өзг. етіс*** *Жымпи-т.* 2. *Жып-жылмағай ету.* 3. *Құлағын жымыру.*

ЖЫМЫҢ *Жымиған назды күлкі, күлім.* □ **Жымыңға басты** — *жымың-жымың етті, жымыңдай берді.* **Жымың етті** — *жымиды, күлгендей болды.* **Жымың қақты** — а) *күлімсіреді, жымың-жымың етті;* ә) *жарқырап көрінді, жалт-жұлт етті.*

ЖЫМЫҢДА 1. *Жымың қағу, күлімдеу.* 2. ***Ауысп.*** *Сәуле шашып жарқырау, жалт-жұлт ету.*

ЖЫМЫҢ: жымың-жымың қақты [етті] — *күлім қақты, жымыңдады.*

ЖЫМЫР 1. *Бір заттың шетін ішке қарай жымқыру, қайыру, бүктеу.* 2. *Аттың құлағын жымып, жыпырып алуы, жымитуы.*

ЖЫМЫРАЙ 1. *Ішіне қарай бүктелу, қисаю.* 2. *Мыжыраю, мыж-мыж болу.*

ЖЫМЫРУЛЫ *Жымырылған, қайырулы, бүктелген.*

ЖЫМЫРЫҢҚЫ *Қайырыңқы, жымырылған, бүгілген.*

ЖЫМЫСҚЫ *Іш мерез, арам, пасық.*

ЖЫМЫСҚЫЛА *Білдірмей астыртын, жасырын қимылдау.*

ЖЫМЫСҚЫЛАУ *Аздап жымысқысы бар, пасықтау, қулау.*

ЖЫМЫСҚЫЛЫҚ *Бақай қулық, пасықтық, арамдық.*

ЖЫН I 1. *Діни сенім бойынша көзге көрінбейтін жын-шайтан, әзәзіл, пері.* 2. ***этн.*** *Бақсыларды екілендіріп қоздыратын, құтыртатын, оның бойында сиқырлық бар деп сендіруші рухани қасиет.* □ **Жын буды** — *ашуға булықты, долданды.* **Жын буған бақсыдай** — *бұлқан-талқан болды, күйіп-пісті.* **Жын қақты [соқты, ұрды]** — *ақылынан алжасты, жынданды.* **Жын құғандай** — *асып-сасып, опыр-топыр.* **Жын ойнағындай қылды** — *астан-кестеңін шығарды.* **Жынын алдырған [айырылған] бақсыдай** — *сең соққандай, меңзең.* **Жыны басылды** — *жуасыды, жөнге келді.* **Жынына тиді** — *ашуын келтірді, намысына тиді.* **Жынын құсты [шашты]** — *аузына келгенін сөйледі.* **Жынын шақырды *көне*** — а) *жынданды, құтырды, елірді;* ә) *киелі иесіне сыйынды.*

ЖЫН II *Жануарлардың асқазанындағы қорытылып бітпеген күйіс.*

ЖЫНДАЙ 1. *Қорытылып бітпеген күйістей.* 2. *Жын, ібіліс тәрізді.*

ЖЫНДАН 1. *Жын соғып ауыру, жынды боп кету.* 2. ***Ауысп.*** *Ашуға булығу, долдану.* 3. ***Ауысп.*** *Табиғаттың аласұрып құтыруы.*

ЖЫНДЫ 1. *Ақылдан адасқан, есуас, жарымес.* 2. ***Ауысп.*** *Тентек, әумесер, есерсоқ.* 3. ***Ауысп.*** □ **Жынды көбелек** — *жарық қуып, шыр айналып ұшатын түн көбелегі.* □ **Жынды қойдың миын жеген** — *жынданған, есі ауысқан.*

ЖЫНДЫБАС *Әумесер, жынды, тентек адам.*

ЖЫНДЫДАЙ *Жынды сияқты, есі кем секілді.*

ЖЫНДЫЛАУ *Есі кемдеу, әпенділеу, әумесерлеу, есерсоқтау.*

ЖЫНДЫЛЫҚ *Есерлік, тентектік, дүмесерлік.*

ЖЫНДЫХАНА *Жынданған адамдарды емдейтін аурухана.*

ЖЫНДЫША *Жынды адамға құсап, жынды кісі сияқтанып.*

ЖЫН-ЖЫБЫР *Жын-шайтан, пері.*

ЖЫН-ПЕРІ *Жын мен перілердің жиынтығы, тобы.*

ЖЫНША *Жын сияқты, жын тәрізді.*

ЖЫН-ШАЙТАН 1. *Албасты, пері сияқты қас күштердің жиынтық аты.* 2. ***Ауысп.*** *Азғырушы, әзәзіл.*

ЖЫНЫС I 1. *Адам мен жан-жануарлардың, өсімдіктердің аталығы мен аналығы.* 2. *Тұқым, нәсіл, зат.* □ **Жыныс бездері** — *әр жынысты зат түзейтін бездер.* **Жыныс клеткалары** — *жыныстық жолмен көбейетін аталық және аналық клеткалар.*

ЖЫНЫС II *Жер қабатының әртүрлі құм-тастары.*

ЖЫНЫС III *Ағаш қалың, ну өскен орман-тоғай.*

ЖЫНЫСҚАН *Ну, қалың боп өсу, сыңсыған.*

ЖЫНЫССЫЗ *Жыныстық қатынассыз, жыныстық қатыс болмаса да.*

ЖЫНЫСТАЙ *Ну, қалың өскен ағаштай, тоғайдай.*

ЖЫНЫСТАН *Қалың жынысқа, орманға айналу, ну болу.*

ЖЫНЫСТАС *Бір жынысқа жататын; туыстас, тектес.*

ЖЫНЫСТЫ I *Белгілі бір жынысқа қатысты.*

ЖЫНЫСТЫ II *Қалың ну ағаш өскен, орман-тоғайлы.*

ЖЫНЫСТЫҚ *Жынысқа тән қасиет, ерекшелік.*

ЖЫҢ *У да шу, ың, үн.* □ **Жың атылды** — *у-шу шықты, дабыр-дүбыр басталды.*

ЖЫҢҒЫЛ *Шөл, шөлейт жерлерде өсетін алқызыл немесе ақ гүлді бұта.*

ЖЫҢҒЫЛДАЙ *Жыңғыл тәрізді, алқызыл түстеніп жайнап тұрған.*

ЖЫҢҒЫЛДЫ *Жыңғылы қалың, жыңғылы көп өскен.*

ЖЫҢ-ЖЫҢ *Күж-күж, у-шу.*

ЖЫҢЫЛДА *Жың-жың етіп дауыс шығару, шыңылдау.*

ЖЫП: жып еткізді — *тез қимылдады, лып еткізді.* **Жып берді** — *лып етті, тез қимылдады.*

ЖЫП-ЖИНАҚЫ *Әдемілеп жиылған, ықшам.*

ЖЫП-ЖЫЛДАМ *Тез-тез, жылдам-жылдам.*

ЖЫП-ЖЫЛМАҒАЙ *Теп-тегіс, тып-типыл, жылан жалағандай түк жоқ.*

ЖЫП-ЖЫЛТЫР *Тым жылтыр, жылтыраған.*

ЖЫП-ЖЫЛЫ 1. *Тым жылы, өте жылы.* 2. ***Ауысп.*** *Мейірімді, қайырымды.*

ЖЫП-ЖЫЛЫМШЫ *Сәл ғана жылылау, жылымыштау.*

ЖЫП-ЖЫП *Тез-тез, көз ілеспей, жылдам.* □ **Жып-жып етті** — *тез-тез сөйледі, көз ілеспей қимылдады.*

ЖЫПСЫҚ: жыпсық көз — *сығырайған қысық көз.*

ЖЫПЫҚ *Көзін қайта-қайта жыпықтата беру.*

ЖЫПЫҚ-ЖЫПЫҚ: жыпық-жыпық етті — *жыпылықтады.*

ЖЫПЫҚТА 1. *Көздің тез-тез бір ашылып, бір жұмылуы; жыпық-жыпық етуі.* 2. *Жарықтың бір жанып, бір сөнуі.*

ЖЫПЫЛДА 1. *Жып-жып етіп, ерні-ерніне жұқпай сөйлеу.* 2. *Көз ілеспестей, тез-тез, қимыл жасау.*

ЖЫПЫЛДАҚ *Жып-жып еткен зыпылдақ.*

ЖЫПЫЛЫҚ *Көздің қайта-қайта жыпықтауы.* □ **Жыпылық көз [көздеу]** — *жыпық-жыпық етіп тұратын көз.* **Жыпылық шам** — *сықсима шам.* **Жыпылық атты** — *көздері жыпылықтады.*

ЖЫПЫЛЫҚ-ЖЫПЫЛЫҚ: жыпылық-жыпылық етті — *көзі жыпылықтады.*

ЖЫПЫЛЫҚТА 1. *Көзді бір ашып, бір жұмып отыру, жыпықтау.* 2. *Жарықтың бір жанып, бір өшуі.*

ЖЫПЫҢДА *Сыпсыңдау, сумаңдау.*

ЖЫПЫР 1. *Жымырайту, мыжырайту.* 2. *Жымыру, бүктеу.*

ЖЫПЫР-ЖЫПЫР *Жыпырлаған, құжынаған.*

ЖЫПЫРЛА *Қаптау, быжынау, құжынау.*

ЖЫР I *Әнге қосып айтуға ыңғайлы ұзақ өлең.* □ **Жыр болды** — *аты аңызға айналды.* **Жырға қосты** — *жыр етті, әнге салды, жырлады.* **Жыр етті [қылды]** — а) *жырлады, өлеңге қосты;* ә) *қызық әңгіме етіп айтты.* **Жыры жетті** — *айтудай-ақ айтылды; әңгімесі бітті.*

ЖЫР II 1. *Жырту, кесу, тілу.* 2. *Бөлу, бөлектеу, айырып алу.*

ЖЫРА *Қар суы жырып кеткен ойдым, ойпат, шұңқыр.*

ЖЫРАҒЫРАҚ *Алысырақ, қашықтау.*

ЖЫРА-ЖЫҚПЫЛ *Ойлы-қырлы, жарлауытты жер.*

ЖЫРА-ЖЫЛҒА *Жыра мен жылға, сай-сала.*

ЖЫРА-ЖЫРА *Жырасы көп.*

ЖЫРАҚ *Шалғай, алыс, қашық.*

ЖЫРАҚТА *Алыстау, шалғайлау, ұзағырақ.*

ЖЫРАҚТАУ *Алыстау, шалғайлау, ұзақтау.*

ЖЫРАҚТЫҚ *Алыстық, қашықтық, ұзақтық.*

ЖЫРАЛАП 1. *Жыра бойлап.* 2. *Жыра етіп, сай-сай етіп, кеулеп.*

ЖЫРАЛЫ *Жырасы бар, жырасы көп.*

ЖЫР-АҢЫЗ *Аңызға айналған жыр, өлең.*

ЖЫРАСЫЗ *Жырасы жоқ, жыра, сай-сала кездеспейтін (жер).*

ЖЫРАУ *Жырды көп білетін және жанынан өлең шығаратын жыршы адам.*

ЖЫРАУЛЫҚ *Жырауға тән қасиет, соған лайық өнер.*

ЖЫРАУША *Жырауға ұқсап, жырау сияқтанып.*

ЖЫРАША *Кішірек жыра; жырашық.*

ЖЫРАШЫҚ *Кішірек келген жыра; жыраша.*

ЖЫРБАҚАЙ ***қарап****. Орынсыз жырбаңдап, жыртаңдап күле беретін, күлегеш, жеңілтектеу (әйел).*

ЖЫРБАҚАЙЛЫҚ *Жырбаңдай берушілік, күлегештік.*

ЖЫРБАҢ: жырбаң етті — *жырбақтады, жырбаңдады.*

ЖЫРБАҢДА ***қарап****. Жыртақтап күле беру.*

ЖЫРБЫҢДА ***қарап****. Орынсыз күлу, жыртақтау.*

ЖЫРБЫҢ-ЖЫРБЫҢ: жырбың-жырбың етті — *орынсыз ыржақтап күлді.*

ЖЫРҒА *Қарық болып кенелу, жетісу.*

ЖЫРҒАУЛЫ *Болып толу, жетіскен, жырғаған.*

ЖЫРДАЙ *Жыр сияқты, жыр тәрізді.*

ЖЫР-ДАСТАН *Жыр мен дастан, желілі ұзақ әңгіме.*

ЖЫР-ДУМАН *Жыр айтылатын ойын-сауық, сауық-сайран.*

ЖЫРҚ: жырқ етті — *оқыс күліп жіберу.*

ЖЫРҚ-ЖЫРҚ: жырқ-жырқ күлді — *қайта-қайта жырқылдай берді.*

ЖЫРҚҰМАР *Жырды сүйіп айтқыш, жырды жақсы көретін.*

ЖЫРҚЫЛ *Мәнсіз, орынсыз бос күлкі.*

ЖЫРҚЫЛДА *Жырқыл-жырқыл күлу, мәнсіз, тектен-текке күле беру.* □ **Жырқылдап күлу** — *қайта-қайта күлу.*

ЖЫРҚЫЛДАҚ *Күле бергіш, күлегеш.*

ЖЫРЛА 1. *Жыр айту, жырды әнге қосу.* 2. *Жыр қылып айту, жырға, өлеңге қосу.* 3. ***Ауысп.*** *Құстың қиқу салып үн шығаруы.*

ЖЫРЛАҒЫШ *Жырлампоз, жырлай бергіш, көп жырлағыш.*

ЖЫРЛАМПАЗ *Жырлауға шебер, жырлағыш.*

ЖЫРЛАМПАЗДЫҚ *Жырлағыштық, жыршылық.*

ЖЫРЛАУШЫ *Жыр айтушы, жыр жырлаушы.*

ЖЫРМА *Етегі жырық, айыр, жырылған.*

ЖЫРМАЛА *Жырым-жырым ету, бөлшектеу.*

ЖЫРНАҚ *Ұшы ілмек темір таяқ.*

ЖЫРПЫЛДА 1. *Жырп-жырп етіп сөйлей беру.* 2. *Жылп-жылп ету.*

ЖЫРСЫЗ *Жыр болмайынша.*

ЖЫРСЫМАҚ *Жырға ұқсас бірдеңе, татымайтын, құнсыз, сүреңсіз.*

ЖЫРСЫРА *Жырды сағыну, аңсау, құмарту.*

ЖЫРТ 1. ***өзг. етіс*** *Жырт.* 2. *Егін егу үшін жерді соқа, трактормен айдау, өңдеу.* □ **Бетін жыртты** — *ескі әдет бойынша күйеуі өлген әйелдің бетін дал-дал ғып тырнап қатты жылап, жоқтау дәстүрі.*

ЖЫРТА: жырта қарыс — *кере қарыс.*

ЖЫРТАҚАЙ ***қарап.*** *Жыртақтай беретін, күлегеш.*

ЖЫРТАҚТА *Ыржақтап орынсыз күле беру, жыртаңдау.*

ЖЫРТАҚЫ ***қарап.*** 1. *Күлегеш, күле беретін.* 2. *Сөзі өткір, уытты.*

ЖЫРТАҚЫЛАН *Жыртаң-жыртаң ету, жеңілтектікке салыну.*

ЖЫРТА-МЫРТА *Жұла тартып, жыртып.*

ЖЫРТАҢДА *Ыржаңдап, орынсыз күле беру, жыртақтау.*

ЖЫРТАҢ-ЖЫРТАҢ *Ыржаң-ыржаң, қылжаң-қылжаң.*

ЖЫРТИ *Сықсиып, сығырайып қарау.*

ЖЫРТҚЫШ 1. *Етпен қоректенетін жыртқыш айуандар.* 2. ***Ауысп.*** *Қашішер, жауыз.*

ЖЫРТҚЫШТЫҚ *Жыртқышқа тән қасиет.*

ЖЫРТУЛЫ 1. *Жыртылып дал-дал болған күйінде.* 2. *Айдалған, өңделген.*

ЖЫРТУСЫЗ 1. *Дарылдатып жыртылмаған, дал-дал болмаған.* 2. *Жыртылмаған, айдалынбаған.*

ЖЫРТЫҚ *Жыртылып тозған, жыртылған.*

ЖЫРТЫҚ-ЖАМАУ *Алба-жұлба, жыртылған, тозған.*

ЖЫРТЫҚ-ЖЫРТЫҚ *Жыртылып тозған, далба-дулба.*

ЖЫРТЫҚТАУ *Аздап жыртығы бар, көнелеу.*

ЖЫРТЫҚ-ТЕСІК *Жыртылып тозған, жамау-жасқау.*

ЖЫРТЫЛ 1. **Жыртылып айырылады** — *аяқ алып жүргісіз, сансыз көп.* 2. ***Ауысп.*** *Мақтаншақ, жыртыл.*

ЖЫРТЫЛҒЫШ ***қағаз.*** *Жыртылуға бейім, жыртыла беретін.*

ЖЫРТЫНДЫ 1. *Жыртылған нәрсенің қалдығы, бөлшектері.* 2. *Трактормен айдалған, жыртылған жер.*

ЖЫРТЫҢ *Жыртақтаған — күлкі.*

ЖЫРТЫҢДА *Жыртың-жыртың ету, жыртақтау.*

ЖЫРТЫҢ-ЖЫРТЫҢ *Жыртыңдау, жыртақ-жыртақ күлкі.*

ЖЫРТЫС 1. *Матаның жыртылу қалпы, жыртылған бөлшегі.* 2. ***көне*** *Есік көре барған күйеудің қыз жеңгелеріне үлестіру үшін апарған матадай сыйлығы, кәдесі.* 3. *Қарт, еде адамдар қайтыс болғанда тәбәрікке жыртып тарататын мата, кездеме.* □ **Жыртыс жыртты** — *жыртысқа арналған матаны елге үлестірді.* **Жыртысын жыртты** — *сөзін сөйледі, жоғын жоқтады.*

ЖЫРША *Жыр тәрізді, жыр сияқты.*

ЖЫРШЫ 1. *Өлең-жырды көп білетін, оны елге тарататын жырау.* 2. ***Ауысп.*** *Тамылжытып сайрайтын әнші құс.*

ЖЫРШЫЛ *Жырды жақсы айтатын, жырқұмар.*

ЖЫРШЫЛЫҚ *Жыршыға тән, жыршы болушылық, жырқұмарлық.*

ЖЫРЫҚ *Бір нәрсе кесіп, тіліп не жырып кеткен, жыртылған, жырылған.*

ЖЫРЫҚТАУ *Аздап жырығы бар.*

ЖЫРЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Жырыл.* 2. *Шеттеп кету, бөлініп шығу, сытылу.*

ЖЫРЫМ I *Айылдың, тартпаның ұшына жалғанатын не ердің қаптасындағы жіңішке білеу қайыс.* □ **Жырым жеді** — *ұсақ-түйек дүниелерді ұрлап-қарлап кәсіп етті.*

ЖЫРЫМ II *Жырылған, жырық, тілік.*

ЖЫРЫМДА 1. *Жырту, тілгілеу, жырым-жырым ету.* 2. *Бөлшектеу, бөлу, жырмалау.*

ЖЫРЫМ-ЖЫРЫМ 1. *Жыртық-жыртық, тілім-тілім, жырымдалған.* 2. *Быт-шыт, бөлек-бөлек.*

ЖЫРЫН *Өз алдына бөлек, аулақ, алшақ, жеке-дара.*

ЖЫРЫНДА *Бөлектену, оғаштану, даралану, жекелену.*

ЖЫРЫНДЫ 1. *Жырылып қалған, бөлек тілімденген.* 2. *Көпті көрген қу, айлакер.*

ЖЫРЫНДЫЛЫҚ *Айлакерлік, әккілік.*

ЖЫТ *Қашу, безу, зыту.*

ЖЫТҚЫР *Алғыр, өткір, өжет.*

ЖЫТҚЫРЛЫҚ *Алғырлық, өткірлік, өжеттік.*

ЖЫТҚЫШ *Жытқыр, жытқақ.*

ЖЫТЫР *Тығу, жасыру; жоғалту.*

ЖІБЕК 1. *Жібек құрты ораған жіп, сол жіптен жасалған жылтыр мата.* 2. ***Ауысп.*** *Жұмсақ, биязы, майда.* □ **Жібек жолы** ***тар.*** *— ертедегі Қытай мен Византия және Орта Азия арасындағы жібек таситын керуен жолы.* **Жібек көбелек** *— қанаты жылтыр сары түсті көбелек.* **Жібек құрты** *— түт ағашы жапырағымен қоректеніп, жібек талшықтарын шығаратын құрт.*

ЖІБЕКТЕЙ 1. *Жібек тәрізді әдемі, сұлу.* 2. *Жұмсақ, биязы, майда.*

ЖІБЕКТІК 1. *Жібек жібінен жасалғандық.* 2. *Биязылық, нәзіктік.*

ЖІБЕКШЕ *Жібек секілді, жібек сияқты.*

ЖІБЕКШІ *Жібек құртын өсірушілер, жібек талшығын өндірушілер, жібек мата шығарушы маман.*

ЖІБЕР 1. *Біреуді бір жаққа жұмсау, аттандыру.* 2. *Босату, қоя беру.* 3. *Басқадай етістіктермен тіркесіп тездік, жылдамдық мән білдіретін сөз.* □ **Жіберіп қалды** *— қолындағыны лақтырды, ұрды.*

ЖІБЕРГІШ *Ағытқыш, бір нәрсені жіберіп тұратын зат.*

ЖІБІ 1. *Жылылықтық, будың әсерінен не су тигеннен заттың жұмсаруы, еруі // Құрғаған бір нәрсені жіпсітіп сулау.* 2. ***Ауысп.*** *Мейірі түсу, көңілдену, мейірлену.*

ЖІГЕР *Қажыр-қайрат, күш-қуат.* □ **Жігер берді** *— рухтандырды, қайраттандырды.* **Жігер салды** *— күш жұмсады, еңбектенді.* **Жігері құм болды** *— мысы құрыды, тауы шағылды.*

ЖІГЕР-КҮШ *Күш-қайрат, әл-қуат.*

ЖІГЕР-ҚАЙРАТ *Қажыр-қайрат, күш-қуат.*

ЖІГЕРЛЕН *Қайраттану, қуаттану, қажырлану.*

ЖІГЕРЛЕНУШІЛІК *Қайраттанушылық, қуаттанушылық, қажырланушылық.*

ЖІГЕРЛІ *Қажырлы, қуатты, қайратты, батыл.*

ЖІГЕРЛІЛІК *Қажырлылық, қуаттылық, қайраттылық.*

ЖІГЕРЛІРЕК *Қажырлырақ, қуаттырақ, қайраттырақ.*

ЖІГЕРСІЗ *Қажыр-қайратсыз, қуатсыз, жасық.*

ЖІГЕРСІЗДЕН *Үнжырғасы түсу, босау, қайратсыздану, қажырсыздану.*

ЖІГЕРСІЗДЕУ *Қайратсыздау, ынжықтау, жасықтау.*

ЖІГЕРСІЗДІК *Қайратсыздық, бостық, ынтасыздық.*

ЖІГІТ *Кәмелетке толған ер-азамат; бозбала.* □ **Жігіт ағасы** *— ақыл тоқтатып, есейген кез.* **Жігіт болды** *— ержетіп, өмірге араласты.*

ЖІГІТ-ЖЕЛЕҢ *Бозбала, жасөспірім.*

ЖІГІТСІ *Жігіт болғансу; батылсыну.*

ЖІГІТСІЗ *Жігіті жоқ, жігітін ертпеген.*

ЖІГІТТІК 1. *Жігітшілік, жігітке тән қасиет.* 2. ***Ауысп.*** *Батырлық, батылдық, ерлік.*

ЖІГІТШЕ *Жігіт сияқты, жігіт тәрізді.*

ЖІГІТШІЛІК 1. *Жігіттік, жігітке тән қасиет.* 2. ***Ауысп.*** *Бозбалашылық,*

жастық. □ **Жігітшілік құрды** — *жастықтың әуеніне салынды.*

ЖІГІТІМСІ *Жігіт болғансу, жігітсымақтану.*

ЖІК 1. *Екі нәрсенің түйіскен жері, тұсы, шегі.* 2. *Топ, жақ бөлініс.* □ **Жік жазбады** — *бір-бірінен айырылмады, жұбын жазбады.* **Жікке бөлді** — *айырып қарады, алалады.* **Жік салды [тастады]** — *бүлдірді, араздастырды.* **Жік түсті [тудыі]** — *араздасты, жауласты.*

ЖІК-ЖАППАР: жік-жапар болды — *асты-үстіне түсті; өліп-өшті, жалыну.*

ЖІК-ЖІК 1. *Бөлек-бөлек, тарам-тарам, сала-сала.* 2. *Топ-топ, жақ-жақ.*

ЖІКСІЗ *Жігі білінбейтін, жігі жоқ.*

ЖІКСІЗДІК *Жік болмаушылық, ала-құласыздық.*

ЖІКТЕ *Бөлу, саралау, талдау.*

ЖІКТЕЛГІШ *Жіктелуге бейім, икем.*

ЖІКТЕЛІС *Жікке бөлінушілік, топтасушылық.*

ЖІКТЕУШІЛІК *Саралаушылық, талдаушылық.*

ЖІКШІЛ *Жік салғыш, жікке бөлгіш.*

ЖІКШІЛДІК *Жікке бөлінушілік, ел арасына іріткі салушылық.*

ЖІЛІК *Жан-жануарлардың саны мен қолындағы түтік тәрізді сүйек.* □ **Жілігі татиды** — а) *союға жарайды, арық емес; ә) кәдеге асарлық, жарамды.* **Жілігі шағылды** — *беті қайтты, болдырды.* **Жілік майы таусылды [үзілді]** — *арып-ашты, жүдеп-жадады.* **Жілігін шақты** — *егежей-тегжейлі, жанжақты қарады.*

ЖІЛІКТЕ 1. *Малдың тұтас етін мүше-мүшеге бөлу, бөлшектеу.* 2. ***Ауысп.*** *Талдау, саралау, жіктеу.*

ЖІЛІКТІ 1. *Жілігі үлкен.* 2. *Күшті, төзімді, ірі.*

ЖІЛІНШІК *Аяқ жіліктің тобықтың үстін ала балтыр етпен жалғасқан жіңішке жері.*

ЖІНІК 1. *Жылылықтың әсерінен бүліну, бұзылу, борсу.* 2. ***Ауысп.*** *Жындану, нақұрыстану, астаң-кестеңі шығу, қарбалысу.*

ЖІНТІКТЕП ***жерг.*** *Тәптіштеп, анықтап.*

ЖІНІКТІР 1. ***өзг. етіс*** *Жініктір.* 2. *Атты болдырту, зорықтыру.*

ЖІҢІШКЕ 1. *Жалпақ емес, енсіз, сидам.* 2. *Нәзік, бәсең, әлжуаз.* □ **Жіңішкенің үзіліп, жуанның созылған кезі** — *жазға салымғы қаравөзек шақ, ұзын сары.*

ЖІҢІШКЕЛЕ 1. *Жіңішке қалыпқа келтіру, созу.* 2. ***Ауысп.*** *Ақырындау, жайлау, баяулау, біртіндеу.*

ЖІҢІШКЕЛЕУ 1. *Жіңішкерек, енсіздеу.* 2. *Жуан емес, сәл жіңішке.*

ЖІҢІШКЕЛІ *Жіңішкесі бар, жіңішкесі аралас.*

ЖІҢІШКЕЛІК 1. *Жуан емес, жіңішке болушылық.* 2. *Дауыстың нәзіктігі, жуан еместік.* □ **Жіңішкелік белгі** — *орыс әліпбиінің отызыншы әрпі (ь).*

ЖІҢІШКЕР 1. *Жіңішке қалыпқа келу.* 2. ***Ауысп.*** *Кішірею, бәсеңдеу, азаю.*

ЖІҢІШКЕРЕК *Жіңішкелеу, нәзіктеу.*

ЖІП 1. *Жүн, мақта, кендір сияқты нәрседен заттарды тігу, тоқу, байлау үшін жіңішке етіп, иірілген бау, зат.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені байланыстырушы дәнекері, шет жағасы.* □ **Жібі бос [бостау]** — *иі жұмсақ, көңілшек.* **Жібі босады** — а) *ұнжырғасы түсті; ә) бәсеңсіп, істі босаңсытты.* **Жібін ағытты** — *ішіндегісін ақтарып салды.* **Жібін тартып көрді** — *байқады, сынады:* **Жібін ширатты** — *пысытты, сергітті.* **Жібі түзу** — *а) тәп-тәуір, жөнді; ә) жарамды, жақсы.* **Жіпке тізді** — *жоқ-барды есептеп тізіп отырды.* **Жіп сабақтап көрмеген** — *өмірінде еш нәрсе істемеген.* **Жіп тақты *этн.*** — *еншіленді, иеленді, иемденіп алды.*

ЖІП-ЖИРЕН *Нағыз жирен, аса жирен, бірыңғай жирен, тұтас жирен.*

ЖІП-ЖИІ *Өте жиі, тым жиі.*

ЖІП-ЖІҢІШКЕ *Өте жіңішке, тіпті жіңішке, қылдырықтай.*

ЖІПСЕ *Екі тақтайды қырынан қосқанда үстінен ұстататын көлденең ағаш (ағаш).*

ЖІПСЕЛЕ *Білдірмей қозғау, жіптіктеу.*

ЖІПСІ 1. *Терлей бастау, бусану.* 2. *Қар еріп, жердің босай бастауы.*

ЖІПСІЗ *Жіп байланбаған, жібі жоқ.* □ **Жіпсіз байлады [байланды]** — *текке уақыт өткізді.*

ЖІПСІК 1. *Жасаураған, сулы.* 2. *Жібіген, ери бастаған.*

ЖІПСІКТЕУ *Аздап жасаурап, суланып тұратын.*

ЖІПТЕЙ *Жіп сияқты, өте жіңішке.*

ЖІПТЕСТІР *Жалғастыру, байланыстыру, сабақтастыру.*

ЖІПТЕСІН *Жіп тектес, жіп сияқты.*

ЖІПТІК *Ширатылған жіңішке жіп немесе сол сияқты басқа бір зат; талшық.*

ЖІПТІКТЕЙ *Жіп-жіңішке, тал шыбықтай.*

ЖІПТІКТЕП *Жайлап, ептеп, суыртпақтап.*

ЖІППІШЕ I *Жіңішке талшық.*

ЖІППІШЕ II *Жіп тәрізді, жіп сияқты, жіңішке, ұзын.*

ЖІП-ШУ *Киіз үйге, мал байлауға, отын-су тасуға қажетті баулардың жиынтығы.*

ЖІППІШІК *Жіп сияқты жіңішке зат.*

ЖІТІ 1. *Қырағы, батыл, байқағыш.* 2. *Ширақ, тез, шапшаң.* 3. *Жете, жақсы.* 4. *Мұқият, ұқыпты.* □ **Жіті көз** — *көреген, өткір көз.*

ЖІТІК: жітікке саяқ — *дөп қосылған, біріне-бірі сайма-сай.*

ЖІТІЛЕН *Тездеу, жиілену.*

ЖІТІЛЕУ *Жылдамдау, жиілеу.*

ЖІТІЛІК 1. *Қырағылық, көрегендік.* 2. *Жылдамдық, шапшаңдық.*

ЖІТІРЕК 1. *Көрегендеу, қырағылау.* 2. *Тезірек, жылдамырақ, шапшаңдау.* 3. *Мұқияттырақ, ұқыптырақ жігіттер.*

ЖЮРИ, Қазылар алқасы *Жарысқа түскендерге, көрмелер мен конкурсқа қатысқандарға жүлде беретін сарапшылар тобы.*

З

ЗАБОЙ, Үңгубет *Шахтада кен, таскөмір қопаратын орын.*

ЗАБОЙЛА *Кенді не таскөмірді үңгіп қазу.*

ЗАҒИП 1. *Көзі көрмей қалған, су қараңғы, соқыр.* 2. *Көріп, кемтар, жарымжан, мүгедек.*

ЗАҒИПТАН 1. *Көзі көрмей қалу, соқыр болу.* 2. *Мүгедек болу.*

ЗАҒИПТЫҚ 1. *Көзі көрмей қалушылық, соқырлық.* 2. *Кәріптік, кемтарлық, жарымжандық, мүгедектік.*

ЗАҒПЫРАНГҮЛ *Оңтүстікте өсетін шөптесін өсімдік; осы өсімдіктің кептіріліп, ұнтақталған күйде дәмдеуіш және бояу ретінде пайдаланылатын гүлкүлтелері.*

ЗАДА 1. *Шыққан тегі, нәсілі, тұқымы.* 2. *Жақсы, асыл.*

ЗАДЫ *Тегі, негізі, тұқымы.*

ЗАДЫНДА *Тегінде, негізінде.*

ЗАЙЫҒЫ *Күр, бос, тек, зая.*

ЗАЙЫП *Жар, жұбай.*

ЗАЙЫПТЫ *Жұбайлы, жұпты, некелі.*

ЗАЙЫПТЫЛЫҚ *Жұбайлылық, некелілік.*

ЗАЙЫР *Анық, айқын, ашық.*

ЗАЙЫРЛЫ *Білгір, білімдар.*

ЗАЙЫРЫ *Сірә, тегінде.*

ЗАҚЫМ 1. *Жара, жарақат.* 2. ***Ауысп.*** *Зиян, зардап, залал.*□ **Зақым болды** — *жаралы болды, жарақаттанды.* **Зақым келтірді [тигізді]** — *мертіктірді, жаралады.* **Зақым қылды [етті, жасады]** — *жаралады, жарақаттады.*

ЗАҚЫМДА 1. *Зақым келтіру, жаралау.* 2. ***Ауысп.*** *Зиянын тигізу, зиян келтіру, бүлдіру.*

ЗАҚЫМДАУШЫ *Зиянын тигізуші, зиян келтіруші.*

ЗАҚЫМДЫ *Зақымданған, бүлінген.*

ЗАЛ 1. *Көпшілік жиналыс, жиын өткізетін үлкен үй.* 2. *Қонақ қабылдайтын кең бөлме.*

ЗАЛАЛ *Зиян, кесір.* □ **Залал келтірді [тартты]** — *кесірін тигізді, зиян жасады.*

ЗАЛАЛДЫ *Кесірі көп, зиянды.*

ЗАЛАЛДЫЛЫҚ *Зияндылық, кесірлік.*

ЗАЛАЛКЕС *Залалын тигізетін, зиянкес.*

ЗАЛАЛСЫЗ *Залалы жоқ, кесірі тимейтін.*

ЗАЛАЛСЫЗДА 1. *Залалын жою.* 2. *Зиянсыздау.*

ЗАЛЫМ 1. *Қу, сұм, сұмырай.* 2. *Жауыз, қанипезер, арам.*

ЗАЛЫМДЫҚ 1. *Қулық-сұмдық, сұмырайлық.* 2. *Жауыздық, арамдық, қанипезерлік.*

ЗАМАН 1. *Дәуір, кезең.* 2. *Уақыт, мезгіл, кез.* □ **Заманақыр** — *тар кезең, зобалаң шақ.* **Заманы бір** — *бір дәуірде өмір сүрген адамдар.* **Заманы жүріп тұр [туды]** — *дегеніне жетті, күні туды.* **Заманы өтті** — *күні бітті, дәурені өтті.*

ЗАМАНА *Ғасырлар, тұтас дәуір.*

ЗАМАНАУИ *Әр заманға тән; осы заманғы.*

ЗАМАНҒЫ *Белгілі кездегі, дәуірдегі.*

ЗАМАНДАС *Қатар өскен, заманы бір.*

ЗАМАНДАСТЫҚ *Заманы бір, қатар өскендік.*

ЗАМАНДЫҚ *Мезгілдік, дәуірлік.*

ЗАМАНХАТ *Әдебиеттануға А. Байтұрсынов енгізген термин. Жеке адамның тарихи оқиғалар барысындағы қызметі сарапталынып, іс-тәжірибелері замандастары мен келер ұрпаққа аманатталынатын, негізінен өмірбаян-*

дық оқиғалар қамтылатын әдеби шығармалар жанрын білдіреді.

ЗАМАНЫНДА *Кезінде, өз дәуірінде.*

ЗАМАРТАС *Минерал, силикаттар класына жататын берилдің жасыл мөлдір түрі.*

ЗАМАТ 1. *Уақыт, кез, мезгіл.* 2. *Лезде, тез, жылдам.*

ЗАМАТТА 1. *Уақытта, кезде, мезгілде.* 2. *Лезде, демде.*

ЗАМҒА *Зымырау, зыту.*

ЗАҢ ***филос.*** 1. *Объективтік өмірдің, заттардың, құбылыстардың белгілі қалыпта көрінетін өзара байланыстылығы, олардың бір-біріне тәуелділігі.* 2. *Мемлекеттің ең жоғарғы өкімет орындары қабылдайтын, ерекше заңдылық күші бар акт; қаулы-қарарлар; декрет.* 3. *Жалпыға ортақ жоба, ереже.* 4. *Қалыптасқан белгілі бір тәртіп, жүйе.* 5. ***Ауысп.*** *Орындалуы шарт, міндетті іс.* 6. ***Ауысп.*** *Әдет-ғұрып, салт-сана.* □ **Заң бойынша** — *заң жүзінде, заңға сәйкес.* **Заңға тартты** — *заңға берді, заңға тапсырды.* **Заңға тұмпақ** — *заңға сай келмейтін, заңға қарсы.* **Заң жолымен** — *заң жөнімен, заң орнымен.* **Заң жүзінде** — *заң бойынша, заңға сәйкес.* **Заң орны** — *қоғамдық тәртіпті қадағалап, заңдастырып отыратын мекеме.*

ЗАҢГЕР *Заң ғылымы мен мәселелері жөніндегі маман.*

ЗАҢҒАР 1. *Зәулім, биік.* 2. ***Ауысп.*** *Зор, үлкен, мықты.*

ЗАҢҒАРЛАН *Асқақтау, шарықтау, биіктеу.*

ЗАҢҒАРЛЫҚ *Биіктік, зәулімдік.*

ЗАҢДАНДЫР *Заңдастыру, заңға сыйдыру, заңға сәйкестендіру.*

ЗАҢДАС *Заңдандыру, заңға сүйеніп дауласу, заңға жүгіну.*

ЗАҢДАСТЫР *Заңға сәйкес келтіру, заңға сыйдыру.*

ЗАҢДЫ *Заңға сәйкес келетін; орынды.* □ **Заңды түрде** — *заң жүзінде, заң бойынша.*

ЗАҢДЫЛЫҚ *Белгілі бір заң жүйелері, заңдар жиынтығы,*

ЗАҢҚОЙ *Заң айтқыш, заңшыл.*

ЗАҢҚОЙЛЫҚ *Заң айтқыштық, заңшылдық.*

ЗАҢНАМА *Мемлекеттегі өкілетті заң шығарушы органдар қабылдаған нормативтік актілер (көбінесе заңдар) кешені; сол мемлекеттегі саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани, отбасылық, т. б. қарым-қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы.*

ЗАҢИ ТҰЛҒА *Заң бойынша азаматтық құқықтар мен міндеттердің субъектісі болып табылатын кәсіпорын, мекеме, ұйым, фирма, т. б.*

ЗАҢСЫЗ *Заңға қайшы, сәйкес емес.*

ЗАҢСЫЗДЫҚ *Заңға қайшылық, сәйкес еместік.*

ЗАҢҚ-ЗАҢҚ: заңқ-заңқ етті — *арс-арс етті, үрді.*

ЗАҢШЫЛ 1. *Заңға жүйрік, заңқой.* 2. *Заңды жақтаушы, тек заңмен жүретін.*

ЗАПЫ: Запы болды — *ығыр болды, зықысы шықты.* **Запы етті [қылды]** — *зәрезап болды, ығыр қылды.* **Запы көрді [шекті]** — *қорлық көрді.* **Запысы шықты** — *жалықты, әбігер болды.*

ЗАПЫЛАН *Ызалану, қорлану.*

ЗАПЫЛЫҚ *Запы болғандық, запы шеккендік.*

ЗАПЫРАН 1. *Асқазанда болатын ащы, сарғылт түсті сұйық зат.* 2. ***Ауысп.*** *Ыза, ашу, кек.*

ЗАПЫС: запыс болды [қылды] — *ығыр болды, жүрегі шайлықты.* **Запыс көрді [шекті]** — *қорлық көрді.*

ЗАР I *Қайғы, қасірет, мұң, шер.* □ **Зар [зарын] айтты** — *іштегі шерін шығарды, мұңын шақты.* **Зар еңіреді** — *зар жылады.* **Заржақ** — а) *тілі мен жағына сүйенген, сарнауық;* ә) *зарлап жылай беретін; жылауық.* **Заржақ бота** — *сүтке жарымағандықтан енесі қасында болсын-болмасын жиі-жиі зарланып, боздай беретін жас ботаға таңылған атау.* **Зар жұтты** — *қайғы-қасірет шекті.* **Зар жылады** — *зар иледі, зар еңіреді.* **Зарзаман** — *елді еңіретін, жылатқан*

қиын заман. **Зар иледі [қақсады]** – а) *өбебу қақты, безілдеді;* ә) *зар еңіреді, зар жылады.* **Зар күйге түсті** – *қайғы-қасіретке тап болды.* **Зар күйінде** – *шабытты шағында.* **Зар қақсатты** – *зар жылатты; зар илетті.* **Зар қақты** – *безілдеді, зар қақсады.* **Зар салды** *дауыс қылды, зарлады.* **Зар [зарын] токті** – *мұңын шақты, қайғы-қасіретін айтты.* **Зар ұрды** – *безектеді, ойбай салды.* **Зар шекті** – а) *қайғы-қасірет тартты, азап шекті;* ә) *зар иледі, зар еңіреді.* **Зар шығарды** – *зар айтты, зарлады.* **Зарын шақты** – *зарын айтты, мұңдасты.* **Зары өтті** – *зардабын көрді, қорлығы өтті.*

ЗАР II *Ділгір, мұқтаж; зәру, қат.* □ **Зар болды** – *зәру болды, ынтықты.* **Зар етті [қылды]** – *мұқтаж етті, зәру қылды.* **Зарын көрді** – *зардабын тартты, азабын көрді.* **Зарын тартты** – *азабын көрді, тақсіретін тартты.*

ЗАРАР *Зиян, залал, шығын.* **Зарар болды [қылды, тигізді]** – *зиян келтірді, кесірі тиді.*

ЗАРАРЛАН *Зияндану, залалдану, ақымдану.*

ЗАРАРЛЫ *Зиянды, залалды.*

ЗАРАРСЫЗ *Зиянсыз, залалсыз.* □ **Зарарсыз қылды** – *залалсыздады, зиянсыздады.*

ЗАРАРСЫЗДАН *Залалсыздану, зиянсыздану.*

ЗАРАРСЫЗДЫҚ *Зиянсыздық, залалсыздық.*

ЗАРДАЛЫ ***жерг.*** *Өріктің басында пісіп тұрғандағысы.*

ЗАРДАП 1. *Әсер, салдар.* 2. *Зиян, кесір; кесел, қырсық.* □ **Зардабы өтті** *қорлығы өтті, зары өтті.* **Зардабын тартты** – *бейнетін шекті, азабын көрді.* **Зардабы тиді [зардабын тигізді]** *зияны тиді, кесір келтірді.* **Зардап [зардабын] шекті** – *зиян шекті, азап көрді.*

ЗАРДАПСЫЗ *Зиянсыз, кесірсіз.*

ЗАРДАПТАН *Зардабы тию, зияндану.*

ЗАРДАПТЫ *Кеселді, кесірлі, зиянды.*

ЗАРЗАМАН *Ресей империясының отарлау саясаты салдарынан Қазақ хандығындағы бұрынғы ел басқару жүйесінің жойылып, халықтың саяси, экономикалық және рухани езгіге ұшыраған кезең.*

ЗАРЗАМАН АҚЫНДАРЫ *Қазақ әдебиеттану ғылымына алғаш рет (1927) М. Әуезов енгізген термин, зарзаман кезеңінде ғұмыр кешіп, отарлық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұң-зармен жырлаған ақындар шоғыры.*

ЗАР-ЗАР: зар-зар етті – *еңіреді, дауыстап жылады.*

ЗАРҚҰМ *Мұсылман әскерлерінің жеңісі мадақталатын, әлемнің көптеген елдеріне кеңінен таралған діни қисса.*

ЗАРҚЫН ***бот.*** *Айлауықтар тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ЗАРЛА 1. *Сарнау, қақсау, зар илеу.* 2. *Мұң-шерін айтып жылау; зар еңіреу.*

ЗАРЛАУЫҚ 1. *Қақсауық, сарнай бергіш.* 2. *Зар айтқыш, жылауық.*

ЗАРЛЫ 1. *Қайғылы, мұңды, шерлі.* 2. *Мұң мен зарға толы, зарлаған (дауыс).*

ЗАР-МҰҢ *Мұң-шер, қайғы-қапа.*

ЗАРҰРАТ ***көне*** *Зәрулік, бір нәрсеге ділгер, қатты қажетсіну.*

ЗАРШЫ *Зар айтушы, заржақ.*

ЗАРЫҚ 1. *Аңсау, сағыну, зар болу.* 2. *Тарығу, мұқтаж болу.* 3. ***Ауысп.*** *Жалығу, зерігу.*

ЗАРЯД 1. *Атылатын не жарылатын құралға от беретін зат; дәрі.* 2. ***физ.*** *Белгілі бір денедегі, заттағы электр қуаты.*

ЗАРЯДТА 1. *От беру, оқтау.* 2. *Белгілі бір денеге электр қуатын енді-ру, заряд беру.*

ЗАРЯДТЫ *Зарядталған, заряды бар.*

ЗАСТАВА *Шекара сақшысы қызметін атқаратын бөлімше, әскери орын.*

ЗАТ 1. *Табиғаттағы барлық жанды-жансыз нәрселер.* 2. *Адамның күн-*

делікті тұрмысқа қажетті керек-жарақтары; дүние-мүлік, бұйым. □ **Зат алмасу** — *барлық тірі организмдердің тіршілігі үшін қажетті биохимиялық реакциялар мен химиялық өзгерістер.* **Зат есім** ***лингв.*** — *заттың атын білдіретін сөз табы.* **Заты басқа** — *ерекше, бөлекше, өзгеше.*

ЗАТҚАПШЫҚ *Ішіне әртүрлі заттар салып алып жүруге арналған қапшық, дорба.*

ЗАТҚҰМАРЛЫҚ, ДҮНИЕҚОҢЫЗДЫҚ *рухани құндылықтарға мән бермей, дүние, байлық жию мүдделерін жоғары қоюшылық.*

ЗАТОН 1. *Кемелер тұратын және оларды жөндейтін орын.* 2. *Көлдің, өзеннің, теңіздің ағыны баяу жері, шығанақ қойнау.* 3. *Шығанақ жүкшілері тұратын жер; жұмысшылар кенті.*

ЗАТСЫЗ 1. *Дүние-мүліксіз, ақшасыз, нәрсесіз.* 2. ***Ауысп.*** *Негізсіз, тексіз, жетесіз.*

ЗАТСЫЗДЫҚ *Тексіздік, жетесіздік.*

ЗАТТАЙ *Ақшалай емес, зат түрінде.*

ЗАТТЫ 1. *Қасиетті, жақсы.* 2. *Текті, нәсілді, атаулы.*

ЗАТТЫҚ *Затқа тән, затқа қатысты.*

ЗАТТЫЛЫҚ *Тектілік, қасиеттілік.*

ЗАТШЫЛ *Затқа жақын, затқұмар.*

ЗАТЫ I 1. *Бір нәрсенің негізі, мәні, мазмұны.* 2. *Адамның шыққан тегі, нәсілі.*

ЗАТЫ II *Заты, негізінде, тегінде; асылы.*

ЗАТЫМЕН *Біржола, мүлде, бүтіндей.*

ЗАТЫНДА *Негізінде, тегінде, асылында.*

ЗАУ *Зәулім, шыңырау, биік.*

ЗАУАЛ I 1. *Аптапты түс мезгіл, түс кезі.* 2. *Күн батар кез, кешкілік.* □ **Зауал шақ** — *жас ұлғайып, қартайған кез.* **Зауал кездесті [төнді]** — *басына қиын-қыстау күн туды.*

ЗАУАЛ II *Жаза, сазай, азап.* □ **Зауалын берді** — *сазайын тартты, жазасын алды.* **Зауалын тартты [тапты]** *жазасын алды, сазайын тартты.* **Зауалың болғыр** ***қарғ.*** — *сазайыңды тартқыр, жазаңды алғыр!* **Зауалыңды берсін** ***қарғ.*** — *сазайыңды тарт, жазаңды ал.*

ЗАУАЛДЫ *Қауіпті, қатерлі.*

ЗАУАЛСЫЗ *Қауіпсіз, жазықсыз.*

ЗАУЗА I *Мамыр айының арабша аты.*

ЗАУЗА II ***зоол.*** *Дене тұрқы 22—29 мм-дей, түсі қара, шаруашылыққа зиянды қоңыз.*

ЗАУЛА 1. *Желдей ұшып зымырау, зулау.* 2. *Жалындап қатты жану, лаулау, маздау.* 3. *Тоқтамай тез айту, ағытылып сөйлеу.* // *Мүдірмей таза сөйлеу.*

ЗАУЫҚ *Ықылас, ынта, ниет, көңіл.* □ **Зауқы ауды [соқты]** — *көңілі түсті, ниеттенді.* **Зауқы болмады [жоқ]** — *көңілі соқпады.* **Зауқы түсті [шапты]** — *ықыласы ауды, көңілі түсті.* **Зауқын басты** — *көңілін көншітті, мауқын басты.*

ЗАУЫҚСЫЗ *Ықылассыз, ынтасыз, көңілсіз.*

ЗАУЫҚТАН *Ынталану, көңілдену, насаттану.*

ЗАУЫҚТАС *Көңіл көтерісу, қуанышқа бөленісу.*

ЗАУЫҚТЫ *Ықыласты, ынталы.*

ЗАУЫҚШЫЛДЫҚ *Ынтызарлық, көңілі түскендік.*

ЗАУЫМ: зауым мезгіл — *бір сәт, азғана уақыт.*

ЗАУЫТ I *Алтын, күміс, қорғасын қорытатын ожау.*

ЗАУЫТ II *Ірі, үлкен өнеркәсіп орны.*

ЗАУЫТ-ЖТОО *Ірі өнеркәсіп орындары жанында жұмыс істеген дербес техникалық жоғары оқу орындарының атауы.*

ЗАһАР 1. *У, улы зат.* 2. ***Ауысп.*** *Айбат, айбар, айбын, қаһар.* □ **Заһар төкті [шашты]** — *қатты ашуланды, қаһарланды.* **Заһары жоқ** — *ашу қаһары жоқ, зәрсіз.* **Заһарын жайды** — *зәрін төкті, ызғарын шашты.*

ЗАҺАРЛЫ 1. *Улы, уытты, зәрлі.* 2. ***Ауысп.*** *Қаһарлы, айбатты, айбарлы.*

ЗАЯ *Бос, текке, құр, бекер.* □ **Зая болды [кетті]** — *босқа кетті, текке құрыды.* **Зая етті [жіберді]** — *текке жұмсады, босқа жіберді.*

ЗӘБІР *Жапа, азап, қорлық, қиянат.* □ **Зәбір етті [шекті]** — *азап көрсетті, жапа шектірді.* **Зәбір көрді [тартты]** — *қиянат көрді, жапа шекті.*

ЗӘБІР-ЖАПА *Зорлық-зомбылық, қорлық.* □ **Зәбір-жапа көрді (шекті)** — *қиянат көрді, азап шекті.*

ЗӘБІРЛЕ *Қинау, қорлық көрсету, азаптау.*

ЗӘБІРЛІК *Зорлық-зомбылық, қорлық.*

ЗӘБІРСІЗ *Кісіге жамандығы жоқ, қиянатсыз.*

ЗӘЙТҮН ***бот.*** *Үнемі көгеріп тұратын ағаш; сол ағаштың жемісі.* □ **Зәйтүн майы** — *зәйтүн ағашының ұрығынан алынатын иіссіз май.*

ЗӘЙТҮН ТҰҚЫМДАСЫ *Қосжарнақты өсімдіктер, негізінен тропиктік, субтропиктік аймақтар мен қоңыржай белдеулерде өседі.*

ЗӘКІР *Кемені суда ұстап тұратын темір.*

ЗӘМБІЛ: зәмбіл гүл — *бүршік-бүршік болып дөңгеленіп келген, қауқиған гүл.*

ЗӘМЗӘМ 1. ***діни*** *Меккедегі қасиетті құдық, сол құдықтан алатын киелі, шарапатты су.* 2. ***Ауысп.*** *Шипалы, емдік қасиеті бар су.* □ **Зәмзәм су** — *қасиетті, қастерлі, шарапатты, шипалы су.*

ЗӘНДЕМ I *Айлакер, сұм, қу, залым.*

ЗӘНДЕМ II *Түпсіз, тұңғиық зындан.*

ЗӘНЖІР *Жіңішке шынжыр.*

ЗӘИТАЛАҚ *Арамза, қараниет.*

ЗӘҢГІ I ***көне*** 1. *Жергілікті әкімдердің ең кішісі.* 2. *Қытай қазақтары арасында қолданылған ең төменгі әкімшілік лауазым.*

ЗӘҢГІ II 1. *Қара түсті адам, негр.* 2. ***Ауысп.*** *Үлкен, қара, дәу.*

ЗӘҢГІ III *Саты, басқыш. Бұл атау көбінесе Қазақстанның оңтүстік аймағында қолданылады.*

ЗӘҢКИГЕН *Еңселі, биік.*

ЗӘР 1. *Организмде зат алмасудан пайда болған қажетсіз сұйық зат, несеп.* 2. ***Ауысп.*** *Қайғы-қасірет, мехнат, азап.* 3. ***Ауысп.*** *Айбат, айбын, қаһар.* 4. ***Ауысп.*** *Суық, аяз, ызғар.* □ **Зәр жұтты** — *ішкені ірің, жегені желім болды.* **Зәр сындырды** — *түзге отырды, дәрет сындырды.* **Зәр [зәрін] төкті [ашты]** — *қаһарына мінді, қатты ашуланды.* **Зәрі жоқ** — *кекссіз-шексіз, зілсіз.* **Зәрі қайтты** — *күннің ызғары қайтты, жылынды.* **Зәріне мінді** — *қаһарланды, қатайды.* **Зәрін тікті** — *қаһарланды, қатуланды.* **Зәрі сынды** — *жылынды, ызғары басылды.* **Зәр ішкір** — *у ішкір, өлгір.*

ЗӘРАҒАР *Несептің бүйрек астаушаларынан қуыққа барар жолы.*

ЗӘРДЕЙ *Удай, ащы.*

ЗӘРЕ *Үрей, қорқыныш.* □ **Зәресі зәр түбіне кетті [жетті]** — *үрейі ұшты, қатты қорықты.* **Зәресі [құты] қалмады [ұшты]** — *қатты қорықты, үрейі қашты.*

ЗӘРЕДЕЙ *Кішкентай, титтей.* □ **Зәредей көрді [қорықты]** — *жақтырмады, сескенді.*

ЗӘРЕЗАП *Ығыр, мезі, запыс.* □ **Зәрезап болды [етті, қылды]** — *запы болды, мезі етті.*

ЗӘРЕ-ҚҰТ: зәре-құты қалмады [қашты, жоқ] — *қатты қорықты, үрейленді, шошыды.*

ЗӘРЛЕ *У қосу, у салу, улау.*

ЗӘРЛЕН *Ашу шақыру, зілдену, ызалану.*

ЗӘРЛІ 1. *Улы, уытты.* 2. ***Ауысп.*** *Сұсты, айбатты, қаһарлы, ызғарлы, суық.* 3. ***Ауысп.*** *Мысқылды, кекесінді (сөз, күлкі).* □ **Зәрлі ісік** ***мед.*** — *өте қауіпті, қатерлі ісік.*

ЗӘРЛІЛІК *Зарарлылық, зияндылық.*

ЗӘРСІЗ 1. *Қауіпсіз, қатерсіз.* 2. ***Ауысп.*** *Зілсіз, кекссіз.* 3. ***Ауысп.*** *Суық емес, ызғарсыз.*

ЗӘРУ *Мұқтаж, қажет, ділгер.*

ЗӘРУЛІК *Мұқтаждық, ділгерлік.*

ЗӘРУШІЛІК *Мұқтаждылық, ділгершілік.*

ЗӘТТЕ: зәтте болды – *запы болды, ығыр болды.*

ЗӘУДЕ 1. *Әлдеқалай, алда-жалда; алайда.* 2. *Ешбір, ешқашан.* 3. *Оқтатекте, анда-санда.* 4. *Сірә, тегінде.* □ **Зәуде бір** – а) *алда-жалда, әлдеқалай;* ә) *кейде, анда-санда.*

ЗӘУЗАТ *Үрім-бұтақ, ұрпақ, нәсіл, әулет, тұқым.*

ЗӘУҚАЙЫР *Әлдеқалай, ойламаған жерде.*

ЗӘУЛІ *Қауіп, қатер, апат.*

ЗӘУЛІМ *Биік, заңғар, асқар.*

ЗӘУЛІМДЕН *Биіктену, заңғарлану.*

ЗӘУЛІМДІК *Биіктік, заңғарлық.*

ЗӘУМЕТТЕ *Лезде, демде, тез.*

ЗӘУІМЕН *Белгілі бір мақсатпен, арнайы.*

ЗӘУІ-САЙТАН *Күтпеген жерде, аяқасты.*

ЗВЕНО, Топ, Буын *Белгілі бір іспен айналысатын шағын топ.*

ЗВЕНОЛЫҚ *Звенога бөлінген, звено-звено болып топтасқан.*

ЗВЕНОШЫ *Звено бастығы, звено жетекшісі.*

ЗЕБУ, Өркешті сиыр ***зоол.*** *Азия мен Африкада мекендейтін сиыр сияқты, өркешті жануар.*

ЗЕВС ***миф.*** *Ежелгі грек мифологиясындағы жоғары әмірші құдай, барлық құдайлар мен адамдардың ең мәртебелісі.*

ЗЕЙНЕТ 1. *Сұлулық, сымбат, көрік.* 2. ***Ауысп.*** *Еңбек рақаты, жемісі, игілік.*

ЗЕЙНЕТАҚЫ *Еңбегі сіңген, мүгедек болған, асырайтын адамынан айырылған азаматтарды қоғамдық тұтыну қорларынан ақшалай қамсыздандыру түрі.*

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ *Зейнетақы төлеуге арналған мақсатты қор.*

ЗЕЙНЕТКЕР *Зейнетақы алатын адам.*

ЗЕЙНЕТТЕ *Әдемілеу, әшекейлеу, сымбаттау.*

ЗЕЙНЕТТЕНДІРУ *Көрсеткен қызметіне, істеген жұмысына сыйлық беру, ақы төлеу.*

ЗЕЙНЕТТІ 1. *Көрікті, сымбатты, әдемі.* 2. *Рақатты, жақсылықты.*

ЗЕЙІН 1. *Ынта, ықылас, көңіл.* 2. ***психол.*** *Адам санасының айналасындағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған бағыттала тұрақтылу қабілеті.* □ **Зейін аударды [қойды, салды** – *көңіл қойды, ынтасын салды.*

ЗЕЙІНДІ *Қабілетті, дарынды, алғыр, ынталы.*

ЗЕЙІНДІЛІК *Қабілеттілік, алғырлық, дарындылық, зеректік.*

ЗЕЙІН-ЗЕРДЕ *Ақыл-ой, ынта-жігер.*

ЗЕЙІНСІЗ *Көңілсіз, ықылассыз, ынтасыз.*

ЗЕЙІНСІЗДІК *Ынтасыздық, ықылассыздық.*

ЗЕЙІР ***көне*** *Қойдың мұрнына өткізілетін зерлі шығыршық.*

ЗЕКЕТ 1. ***діни*** *Шариғат бойынша жоқ-жітік, кемтар, кедей адамдарға берілетін садақа.* 2. ***тар.*** *Қоқан хандығы кезіндегі малға салынған салық.* □ **Зекетің кетейін [болайын]** – *садағаң кетейін, құрбандығың болайын.*

ЗЕКЕТШІ *Зекет жинаушы, салық алушы.*

ЗЕКІ *Жекіріп тастау, ұрсу, ақыру.*

ЗЕКІР *Зекіп тастау, ұрсу.*

ЗЕМБІЛ *Ауыр заттарды салып, екі кісілеп көтеруге арналған құрал.*

ЗЕҢ I *Ылғалдың әсерінен пайда болатын көгеру.* □ **Зең саңырауқұлақтары** – *төменгі сатыдағы хлорофилсіз өсімдіктердің жеке бір тобы.*

ЗЕҢ II *Басы айналу, мең-зең күйде болу.* 2. *Басы ауған жаққа жүру, қаңғыру.*

ЗЕҢБІРЕК *Алысқа атылатын үлкен соғыс құралы.*

ЗЕҢГІ I ***көне*** *Ірі қара, сиыр малы.* □ **Зеңгі баба** ***діни*** – *сиыр малының иесі, пірі.*

ЗЕҢГІ II *Басы айналу, мең-зең болу, мәңгіру.*

ЗЕҢГІЛЕУ *Алыс жолға, кіреге шыққанда теңді, жүкті әуелі саты ағашқа байлап, содан соң түйеге арту.*

ЗЕҢГІР 1. *Аспанмен таласқан биік; заңғар.* 2. *Аспан түстес, көк, көкшіл.* □ **Зеңгір [аспан]** — *заңғар аспан, зәулім көк.* **Зеңгір құз [шың]** — *биік жартас, түңғиық шыңырау.* **Зеңгір орман** — *мәңгі көгеріп тұратын қалың, ну орман.* **Зеңгір тартты** — *биіктеді, зәулімденді.*

ЗЕҢГІРЛЕН *Зәулімдену, биіктеу.*

ЗЕҢГІРЛІК *Биіктік, зәулімдік, заңғарлық.*

ЗЕҢ-ЗЕҢ САЛУ *Түйенің жазғы өріске шығарда не өрістен ауылға қайтарда ойнақтауы, құйрығын қайырып, шаншып тұмсығын көтеріп, тайрақтауы.*

ЗЕҢКИ *Зораю, үлкею, биіктеу.*

ЗЕР 1. *Әшекей, сән бұйымдарын жасауға пайдаланатын әдемі, сары түстес қымбат металл.* 2. *Алтын, күміс, мыс талшықтарынан тоқылған қымбат кесте, оқа.* 3. *Зер талшықтарынан алынған жылтыр жіп.* 4. *Зермен безендірілген ою, өрнек, әшекей.* □ **Зер салды [төкті]** — *зермен әшекейледі, зерледі.* **Зер белбеу** — *алтын белбеу; алтынды белбеу.* **Зер жіп** — *алтын немесе күміс сымы; алтын мен күмістің жіңішке талшығы.* **Зер шашақ** — *алтынды шашақ; түсті металл сияқты жіптен түйген шашақ.*

ЗЕР: зер салды — *назар аударды, көңіл бөлді.*

ЗЕРБАРАҚ *Шашағы зерлі, түкті кілем.*

ЗЕРГЕР 1. *Сәндік бұйымдарды зерлеп, айшықтап жасаушы шебер, ұста.* □ **Зергер балға** — *ағаш сапты жеңіл балға.* **Зергер төс** — *алып жүруге жеңіл, қалаған жерге қойып істеуге ыңғайлы, шағын төс.* 2. *Кеннің түр-түсін ажырата білетін маман.* □ **Сөз зергері** — *сөз шебері, тілмар.*

ЗЕРГЕРЛЕ *Сәндеу, әсемдеу, мәнерлеу, әшекейлеу.*

ЗЕРГЕРЛІК *Әшекейлі бұйым жасау өнері.*

ЗЕРГЕРХАНА *Әртүрлі әшекей заттар мен бұйымдар жасайтын шебердің орынжайы, шеберханасы.*

ЗЕРДЕ *Ақыл-ес, сана, зейін.* □ **Зерде салды [қойды]** — *зейін қойды, көңіл бөлді.* **Зердесі жүйрік [ашық]** — *тоқуы көп, аңғарған.* **Зердесіне құйды [қондыды]** — *санасына жеткізді, көкейіне қондырды.* **Зердесіне тоқыды [тұтты]** — *есіне сақтады, көңіліне түйді.*

ЗЕРДЕ: Зерде саяжолы — *ескерткіштер саяжолы.*

ЗЕРДЕЛЕ 1. *Ақылға тую, көңілге тоқу.* 2. *Зер салу, ойлану, зейін қою.*

ЗЕРДЕЛІ *Ақылды, саналы, зейінді, есті.*

ЗЕРДЕЛІЛІК *Ақылдылық, естілік, саналылық.*

ЗЕРДЕСІЗ *Санасыз; зейінсіз.*

ЗЕРДЕСІЗДІК *Санасыздық, зейінсіздік.*

ЗЕРЕ I ***көне*** *Іші қуыс, ұзын келген, сәукелемен бірге киетін баскиім.* □ **Зере сауыт** — *кейбір киреукелердің кеуде мен арқа жақтарына темір не болат тақташалар қосылып өрілетін сауыт.*

ЗЕРЕ II *Бір нәрсенің астына қойылған тіреу.*

ЗЕРЕ III *Азия, Африка елдерінің салты бойынша адам мұрнына өткізілетін шығыршық.*

ЗЕРЕК I ***бот.*** *Оңтүстік аудандардың тау бөктерлерінде өсетін тікенді бұта; сиырқарақат.*

ЗЕРЕК II *Алғыр, зейінді, ұғымтал.*

ЗЕРЕКТІК *Зерделілік, алғырлық, зейінділік.*

ЗЕРЕЛІ *Тіреуіші бар, тұғырлы.*

ЗЕРЕН I *Қымыз құятын сәнді, зерен аяқ, сырлы тостаған.*

ЗЕРЕН II ***көне*** *Таулы жерлерде болатын киік тектес аң.*

ЗЕРЗАТ *Белгілі бір қарастырылатын немесе зерттелетін құбылыс не зат; объект.*

ЗЕРИЗА *Асыл тас.*

ЗЕРЛЕ I *Әшекейлеу, сәндеу, әсемдеу.*

ЗЕРЛЕ II *Ден қою, көңіл аудару.*

ЗЕРЛІ *Зерлеп тігілген, зерленген.*

ЗЕРТЕҢ *Суық тиюден болатын өкпе ауруы.*

ЗЕРТТЕ 1. *Бір нәрсенің мән-жайын анықтау; іздену.* 2. *Байқау, бақылау, тексеру.*

ЗЕРТТЕМЕ *Белгілі бір тақырып бойынша ірі ғылыми жұмысты байыпты, баянды түрде зерттеу тәсілі.*

ЗЕРТТЕУШІ *Зерттеу жұмысын жүргізуші, тексеруші.*

ЗЕРТТЕУШІЛІК *Зерттеу жұмысын жүргізушілік.*

ЗЕРІК *Іші пысу, мезі болу, жалығу.*

ЗЕРІККЕНДІК *Іші пысушылық, мезі болушылық, жалығушылық.*

ЗЕРІККІШ *Зеріге беруші, жалыққыш.*

ЗЕФИР *Жұмыртқаның ағы мен қант және сіркесу қосып, араластырып пісірген, тәтті шай тағамы.*

ЗИККУРАТ *Текше тәрізді таған ға тұрғызылып, биіктеген сайын сүйірлене түсетін параллелепипед немесе қиық пирамида түрінде қаланған баспалдақты алып мұнаралардың ғылымдағы атауы.*

ЗИНА *Жезөкшелік, неке бұзушылық, бұзықтық.*

ЗИНАҚОР *Неке бұзар, тұрақсыз, жүрімпаз, нәпсіқұмар.*

ЗИНАҚОРЛЫҚ *Жүрімпаздық, тұрақсыздық, нәпсіқұмарлық.*

ЗИНДЖАНТРОП *Ежелгі адамдардың арғы тегі болып саналатын австралопитектердің бір түрі.*

ЗИПА *Көрікті, шырайлы, сымбатты, сұлу.* □ **Зипа бойлы [бой]** — *сымбатты, сұлу, мүсінді.*

ЗИРАТ *Өлген кісіні жерлейтін орын; мола, бейіт, қабір.* □ **Зират етті [қылды]** — *бас ұрып табынды.*

ЗИРАТШЫ *Көр қазушы, қабірші.*

ЗИРЕ ***бот.*** *Биіктігі 30—80 см, сабағы тік, жоғары жағы бұтақтанып келген өсімдік.*

ЗИЯГҮЛ ***(сарбас)*** *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын бір, екі және көпжылдық шөптесін өсімдік, кейде сүректенген сабағы бар шырмауық немесе аласа ағаштар. Қазақстан жерінде зиягүлдің жиырма алты түрі өседі.*

ЗИЯЛЫ 1. *Ізетті, әдепті, білімдар.* 2. ***Ауысп.*** *Оқыған сауатты азамат.*

ЗИЯЛЫЛЫҚ *Ізеттілік, білімдарлық.* □ **Зиялылық қуат** — *ақыл-ой пәрменділігі, күші.*

ЗИЯН *Залал, зарар, кесір.* □ **Зиянға [белшеден] батты** — *шығынға ұшырады, зиян шекті.* **Зиян етті [келтірді, тигізді]** — *шығынға батырды, кесірі тиді.* **Зиян шекті [көрді, тапты]** — *пайда көрмеді, шығынға ұшырады.*

ЗИЯНДА *Залал келтіру, бүлдіру.*

ЗИЯНДЫ 1. *Пайдасыз, залалды.* 2. *Кесірлі-кесапатты, қаскөй.*

ЗИЯНДЫЛЫҚ *Зияны барлық, залалдылық.*

ЗИЯНКЕС 1. *Қаскөй, арамниет; дұшпан.* 2. *Егістің жауы; зиянкес.*

ЗИЯНКЕСТІК *Қастық, қаскөйлік, жаулық.*

ЗИЯНСЫЗ *Зияны жоқ, залалсыз.*

ЗИЯНСЫЗДАН *Зиянынан арылу, залалсыздандыру.*

ЗИЯНСЫЗДЫҚ *Зияны жоқтық, залалсыздық.*

ЗИЯПАТ *Біреудің немесе бір нәрсенің құрметіне берілетін қонақасы, салтанатты кеш; банкет.*

ЗИЯРАТХАНА *Зиярат қылатын жай, орын.*

ЗИЯРАТШЫ *Зиярат қылушы, сыйынушы.*

ЗИЯТ ***кіт.*** *Артық, жақсы.*

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК *Азаматтық мүліктік құқықтар нысаны, жеке немесе ұжымдық зияткерлік еңбектің нәтижелеріне айырықша меншік.*

ЗИЯТТАН *Құлпыру, әдемілену.*

ЗИЯТТЫ *Сыпайы, ізетті, әдепті.*

ЗНАК ***көне*** *Би-болыстарға арнайы берілетін, металдан істелген белгі.*

ЗОБ, Жемсек ***мед.*** *Қалқан безінің ауруымен байланысты тамақтың сырт жағында ісік пайда болу кеселі.*

ЗОБАЛАҢ *Зорлық-зомбылық, құрын-сүргін.* □ **Зобалаң туды** — *ауыртпалық күн туды.* **Зобалаң шақ** — *құрын-сүргін кезең.*

ЗОБАЛАҢДЫҚ *Зорлық-зомбылық, ауыртпалық.*

ЗОДИАК ***астр.*** *Күннің жүрісін көрсетіп* 12 *айдың басы болған жұлдыздардың ортақ аты.*

ЗОМБЫЛЫҚ *Қорлық-зорлық, қиянат.*

ЗОНА *Аралық бос жер, алаң.*

ЗОНАЛЫҚ *Зонаға қатысты, зонаға тән.*

ЗОНД ***мед.*** *Ішкі органдарды зерттеу және емдеу үшін қолданылатын түрлі аспаптардың аты.*

ЗОНДЫЛАУ *Ішке зонд жіберу, зондпен тексеру.*

ЗОҢ *Ақ мата.*

ЗООЛОГИЯ 1. *Жануарларды зерттейтін ғылым.* 2. *Мектептерде, оқу орындарында оқытылатын пәндердің бірі.*

ЗООПАРК *Түрлі хайуанаттар топтастырылатын орын, зоологиялық парк.*

ЗООТЕХНИК *Мал өсіру маманы.*

ЗООТЕХНИКА *Мал өсіру шаруашылығы туралы ғылым.*

ЗОР 1. *Ірі, нән, үлкен, дәу.* 2. *Мықты, күшті.* 3. *Айрықша, ерекше, орасан.* □ **Зор келді** — *ауыртпалық түсті, күш келді.* **Зорлық күшімен** — *әрең-әрең, зорға дегенде.* **Зор көкірек [кеуде]** — *кеудесіне нан піскен, өркеуде.* **Зор тұтты [санады]** — *артық көрді, мығым санады.* **Зор шықты** — *мықты шықты, асып түсті.*

ЗОРАЙ 1. *Үлкею, ұлғаю.* 2. *Күшею, үдей түсу.*

ЗОРҒА *Әрең, әзер; зордың күшімен.*

ЗОРКИІК *Шығыс Африкада тіршілік ететін, ұзын тік мүйізді, ашатұяқты түз жануары.*

ЗОРЛА 1. *Мәжбүр ету, еріксіз көндіру, күшке салу.* 2. ***Ауысп.*** *Әйелдің намысына тию, күштеу, қорлау.*

ЗОРЛАП-ЗОМБЫЛАП *Күш көрсету, зорлық жасау.*

ЗОРЛАУ *Үлкенірек, дәуірек, зорырақ.*

ЗОРЛЫҚ *Қиянат, әділетсіздік, күштеулік.*

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ *Қорлық-қиянат, зәбір-жапа.*

ЗОРЛЫҚСЫЗ *Күштемей, жәбір көрсетпей, қиянатсыз.*

ЗОРЛЫҚШЫ *Зәбір көрсетуші, қиянат жасаушы, күш көрсетуші.*

ЗОРЛЫҚШЫЛ *Қиянатшыл, зорлағыш, зорлық көрсеткіш.*

ЗОРМАН ***зоол.*** *Дене тұрқы 30-38 см-дей, арқа жоны қоңырлау, бауыры сарғыш ірі тышқан; сартышқан.*

ЗОРСЫН *Өзін зор санау, мықтымсу.*

ЗОРЫҚ *Шамадан тыс күш жұмсағандықтан шаршау, болдыру.*

ЗОРЫРАҚ *Үлкенірек, дәуірек; мықтырақ, күштірек.*

ЗОРІНДЕТ *Жұқпалы кеселдің бүкіл елге тарап, аса ұлғайған індетке айналуы; пандемия.*

ЗУ: Зу етті — а) *тез өтті;* ә) *тітіркенді, шымырлады, үрейленді.* □ **Жүрегім зу етті** — *қатты қорықты, жүрегі зуылдады.*

ЗУАЛА *Иленген қамырдың қиғаштап не төрт бұрыштап кесілген бөлегі не үзінділер.*

ЗУБР ***зоол.*** *Бизон тәрізді ірі денелі жабайы хайуан.*

ЗУЗА ***көне*** *Мертіккен немесе жүре алмай қалған адамды алып жүретін зембіл тәрізді құрал.*

ЗУ-ЗУ *Зымырау, зу ете қалу.* □ **Зу-зу етті** — *ары-бері зымырады, зулады.*

ЗУЛА *Зымырау, заулау.*

ЗУРНА ***муз.*** *Таяу Шығыс және Орта Азия халықтарының үрлеп тартатын музыкалық аспабы.*

ЗҮhРА *Зергерлік бұйымдарға пайдаланатын асыл тастардың бір түрі.*

ЗУЫЛ *Қатты ұшудан шығатын дыбыс, үн.*

ЗУЫЛДА 1. *Зу-зу еткен шуыл дыбыс шығару.* 2. *Тез жүру, зымырау.*

ЗУЫЛДАҚ *Зып-зып етіп сөйлей беретін, зыпылдақ.*

ЗҰЛМАТ *Алапат, ауыр, қиын, зобалаң.*

ЗҰЛМАТТЫҚ *Зұлымдыққа бейімділік, зобалаңдық, жауыздық.*

ЗҰЛПЫ *Асылтұқымды үлектің екі жауырынынан тізесіне қарай ұйыса бітken жүні.*

ЗҰЛЫМ *Сұм, сұрқия, жауыз.*

ЗҰЛЫМДЫҚ *Жауыздық, сұрқиялық, сұмырайлық.*

ЗҰБӘРЖАТ *Асыл тастың бір түрі; изумруд.*

ЗҰРИЯТ ***көне*** *Тұқым, ұрпақ.*

ЗЫҒЫР I ***бот.*** *Сабағынан тоқыма талшық, дәнегінен май алатын екпе дақыл.* □ **Зығыр бүргесі** ***зоол.*** *— зығыр жапырақтарын зақымдайтын жәндік, жегі.* **Зығыр майы** *— зығырдан алынатын сұйық май.*

ЗЫҒЫР II *Ыза, кек, ашу.* □ **Зығыры қайнады** *— ыза кернеді, ашуланды.*

ЗЫҒЫРДАН: Зығырданы қайнады *— ашу ызасын келтірді.*

ЗЫҒЫРЛАН *Ызалану, ашулану.*

ЗЫҚЫ: зықысын алды [келтірді] *— әуреге түсірді, мазасын кетірді.* **Зықысы шықты** *— тынышы кетті, мазасы кетті.*

ЗЫМ-ЗИЯ *Дерексіз, із-түзсіз, белгісіз.*

ЗЫМИЯН *Залым, сұрқия, қу.*

ЗЫМИЯНДАН *Сұрқиялану, залымдану.*

ЗЫМИЯНДЫҚ *Жауыздық, зұлымдық, сұрқиялық.*

ЗЫМП: зымп берді *— зып берді, зып етті.*

ЗЫМЫРА *Зулау, зырқырау.*

ЗЫМЫРАН ***зоол.*** 1. *Дене бітімі кішірек, ұшқыр құс.* 2. *Реактивті қозғалтқышты, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараты.*

ЗЫМЫРАУЫҚ *Зуылдап тез ұшатын, ұшқыр.*

ЗЫМЫСТАН 1. *Адам төзгісіз, қатты.* 2. *Қорлық, дозақ.* 3. ***Ауысп.*** *Айлакер, қу, сұм.*

ЗЫНДАН 1. *Тұтқындарды жазалау үшін жер астынан қазылған терең қараңғы ор, апан.* 2. *Түрме, абақты.* 3. ***Ауысп.*** *Түнек, қапас; қараңғылық,*

ЗЫҢ: зың етті *—* а) *Металдың соғылуынан шыққан дыбыс;* ә) *басы зеңіп ауырды.*

ЗЫҢ-ЗЫҢ *Даң-дұң, у-шу.* □ **Зың-зың етті** *— зыңылдап ауырды, дыңылдады.*

ЗЫҢҚ: зыңқ етті *— шаңқ етті, саңқ етті.*

ЗЫҢЫЛ *Зың-зың еткен үн, дыбыс.*

ЗЫҢЫЛДА 1. *Зың-зың ету, ызылдау.* 2. *Дыңылдау, басы зеңіп ауыру.* 3. *Сыңғыр қағу, зыңғырлау.*

ЗЫҢЫРАНУ *Күңірену; зілзала кезінде шығатын дыбыс.*

ЗЫП: зып берді [қойды] *— жүрісіне көз ілеспеді; жалт берді.* **Зып дегізді** *—* а) *бірденені білдірмей қағып кетті;* ә) *сөз тасыды, жұпылдады.* **Зып етті** *— шапшаң қимылдады, лып етті.*

ЗЫП-ЗЫП: зып-зып етті *— зу-зу етті, зуылдады.*

ЗЫПЫЛДА *Зып-зып етіп, тез сөйлеу.*

ЗЫПЫЛДАҚ *Зыпылдап аузы-аузына жұқпайтын өсекші.*

ЗЫР: зыр айналды *— шыр көбелек айналды.* □ **Зыр ете қалды** *— зар қақты, безектеді.* **Зыр етті** *— лезде жетіп келді.* **Зыр жүгірді [қақты]** *— зымырады, заулады.*

ЗЫРҒЫ *Зымырау, зырқырау.*

ЗЫР-ЗЫР *Қатты зымыраганда, айналганда шығатын дыбыс, үн.* □ **Зыр-зыр етті** *—* а) *шыр-шыр етті, зырылдады;* ә) *безектеді, зер қақты.* □ **Зыр-зыр қақты** *— зыр жүгірді, зырылдады.*

ЗЫРҚ-ЗЫРҚ: зырқ-зырқ етті *— солқ-солқ етті.*

ЗЫРҚЫЛ *зырқ-зырқ еткендік, солқыл.*

ЗЫРҚЫЛДА *Зырқ-зырқ ету, солқылдау.*

ЗЫРҚЫРА 1. *Заулау, зулау, зымырау, зырылдау.* 2. ***Ауысп.*** *Сырқырау, қақсау.*

ЗЫРЛА *Зымырау, заулау; зулау.*

ЗЫРЫЛ *Зырылдаған дыбыс, үн.* □ **Зырыл қақты** — *тыным таппады; зырылдады.*

ЗЫРЫЛДА 1. *Зымырау, заулау.* 2. *Зыр айналу, зыр қағу.* 3. ***Ауысп.*** *Зауылдау, тез өту.* 4. ***Ауысп.*** *Сырқырау, дуылдау.*

ЗЫРЫЛДАУЫҚ I 1. ***көне*** *Дабыл беру үшін, мал үркіту үшін ағаштан жасалған құрал.* 2. *Желге қарсы зырылдатып ойнайтын айналмалы ойыншық.* 3. ***Ауысп.*** *Зыр-зыр еткен, мазасыз.*

ЗЫТ *Тез қашу, кету.* 2. ***Ауысп.*** *Тайып тұру, кетіп қалу.* □ **Зыта жөнелді [зытып отырды]** — *тайып тұрды, тайқыды.*

ЗЫТТЫР *Жымқыру, көзден таса қылу, жасыру, жымқыру.*

ЗЫТЫР 1. *Қашырып жіберу, жасырын жөнелту, жытыру.* 2. ***Ауысп.*** *Тығу, қымқыру, жасыру.*

ЗІК: зік етті — *шаңқ етті, дүрсе қоя берді.*

ЗІКІР ***көне*** *Бақсылардың ауру адамды емдеу үшін айтылатын діни сарыны.* □ **Зікір салды** — *бақсылық етті, ем-дом жасап үшкірді.*

ЗІКІРЛЕ *Зікір айтты, зікір салды.*

ЗІКІРХАНА ***көне*** *Зікір айтатын арнаулы орын.*

ЗІКІРШІ *Зікір салушы адам.*

ЗІЛ I *Бақша дақылдарын зақымдайтын ауру.*

ЗІЛ II 1. *Ауыр салмақ.* 2. ***Ауысп.*** *Ашу, ыза, кек.* □ **Зіл қара тас** — *зіл көтерем, ап-ауыр.* **Зіл салды [тастады]** — *сес қылды, кәрін төкті.* **Зіл түсті [басты]** — *уайым-қайғы басты.* **Зілі қатты** — *діні қатты.*

ЗІЛ III *Піл тұқымдасына жататын, ертеде жоғалып біткен, ұзын жүнді, ет тұмсықты ірі азулы жануардың бір түрі; мамонт.* □ **Зіл батпан** — *ап-ауыр, зіл көтерем.*

ЗІЛБАЛҒА *Үлкен балға*

ЗІЛДЕЙ *Зіл батпан ауыр.*

ЗІЛДЕН *Сес көрсету, кәрін төгу.*

ЗІЛДІ *Ашулы, ызғарлы, сұсты.*

ЗІЛДІЛЕУ *Зілдірек, қатаңдау.*

ЗІЛДІРЕК *Зілі басымдау, зілділеу.*

ЗІЛЗАЛА 1. *Апат, өте қатты жер сілкінісі.* 2. ***Ауысп.*** *Бақытсыздық, қырсық, пәле.*

ЗІЛ-ЗАПЫРАН *Ыза, ашу, кек.*

ЗІЛМАУЫР *Зілбатпан, ауыр.*

ЗІЛМАУЫРДАЙ *Ап-ауыр, батпандай, зілдей.*

ЗІЛСІЗ *Зілі жоқ, кексіз.*

ЗІЛСІЗДЕУ *Жеңілдеу, бүкпесіз.*

ЗІМПАРА *Металл, ағаш, т. с. с. заттарды өңдеп тегістейтін, бетін тегістеп, тазалауға арналған жабдық; қажақ.*

ЗІН ***кіт.*** *Көңіл, ықылас, зейін.* □ **Зіні кетті** — *ықыласы түсті, аңсары ауды.*

ЗІҢГІТТЕЙ *Соқталдай, дардай.*

ЗІП-ЗІЛДЕЙ *Ап-ауыр, батпандай.*

ЗІРК: Зірк етті — *зекіді, зіркілдеді.*

ЗІРК-ЗІРК: зірк-зірк етті — *зіркілдеді, зекіп ұрысты.*

ЗІРКІ *Солқ-солқ ету, желу.*

ЗІРКІЛ *Зірк-зірк еткен үн.*

ЗІРКІЛДЕ *Ашу шақыру, зірк-зірк етіп қатты үрсу.*

И

И I *Мал терісін өңдеу үшін айран, қатықтан дайындалған малма.* □ **И болды** — *жуасыды, басылды.* **И қылды** — *езді, қорлады.* **Иі жұмсақ** — *көңілшек, жуас; босаң.* **Иі жұмсарды** — *көңілденді, жібіді.* **Иі қанды** — а) *әбден жұмсарды, өңделді;* ә) *піспе-жетілді, шыңдалды.* **Иі қатты** — *қатыгез, бірбет.*

И II 1. *Ағаш, темір сияқты заттарды майыстырып бүгу.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге икемдеп келтіру, көндіру.* 3. ***Ауысп.*** *Орағыту, айналдыру, бүру.*

ИАНАЛДЫРЫҚ ***көне*** *Ерте кезде жауын-шашыннан қорғану үшін баскиімнің үстінен киген жамылғы, башлық.*

ИӘ 1. *Келісу, мақұлдау ретінде айтылатын ишарат сөз.* 2. *"Е", "Ә" мәнінде қолданылатын шылау сөз.* 3. *Үстемелеп айту мәніндегі шылау сөз.* 4. *Не, немесе, яки мәніндегі шылау сөз.* 5. **Кәне, кәнеки** *мәндес шылау сөз.* 6. *Бәсе, солай мәнінде қолданылатын шылау сөз.* 7. *Мақұл, жарайды деген мәнді білдіретін шылау сөз.*

ИБА *Инабат, ұят, сыпайылық.* □ **Иба жасады [қылды, етті]** — *ізет, құрмет, сыпайылық көрсетті, ұялды.* **Иба сақтады** — *кішіпейілділік көрсетті.* **Иба тұтты** — а) *тәртіп сақтады, ізетті болды;* ә) *құрметтеді, қадірледі.*

ИБА-ӘДЕП *Ар-ұят, ізет-құрмет.*

ИБАЛЫ *Әдепті, инабатты, сыпайы.*

ИБАЛЫЛЫҚ *Әдептілік, инабаттық, сыпайылық.*

ИБАСЫЗ *Әдепсіз, инабатсыз.*

ИБАСЫЗДЫҚ *Әдепсіздік, инабатсыздық.*

ИБЕЙ ***жерг.*** *Шығырдың тіреу ағашы.*

ИГЕР 1. *Белгілі бір мамандық пен шаруашылықтың амал-тәсілін жақсы білу; меңгеру.* 2. *Іске асыру, пайдалану.*

ИГЕРУСІЗ *Әлі іске қосылмаған, игерілмеген.*

ИГЕРУШІ *Бір нәрсені толық меңгеруші, бағындырушы.*

ИГЕРІМ *Бір істің қыр-сырын жақсы білуі, меңгерім.*

ИГЕРІС *Бір-біріне септесіп бірлесіп игеру.*

ИГІ 1. *Жақсы, ізгі.* 2. *Қайырымды, адал, таза.* 3. *Күрделі сөздің құрамында жұмсалып, қалау, тілек мәнді білдіретін көмекші сөз.* □ **Игі бастама** — *оң істің бастамасы.* □ **Игі жақсы** ***көне*** — а) *үстем-тап өкілдері, бай, манап;* ә) *ізгі ниетті адамдар.* **Игі ниет** — *ақпейіл, ізгі тілек.*

ИГІЛІК 1. *Қайырымды іс, жақсылық.* 2. *Бақыт, дәулет, ырыс.* 3. *Қажетті жағдай, пайда.* □ **Игілігін көрді** — *қызығын көрді, пайдаланды.* **Игілікке жаратты [жұмсады]** — *пайдасына жаратты, кәдеге асырды.* **Игілікке жетті** — *жақсылыққа қолы жетті.* **Игілікке ұстады** — *қажетіне жаратты, пайдаланды.*

ИГІЛІКТІ 1. *Шапағатты, қайырымды, рақымды.* 2. *Маңызды, мәнді, нәтижелі.*

ИДА ***этн.*** *Ері өлгеннен кейінгі немесе талақ етіп тастап кеткеннен соңғы жүз күндік мерзім.*

ИДАРА *Бір орынға қарайтын мекемелер.*

ИДЕАЛИЗМ *Философиядағы бар нәрсенің бәрінің негізі материя деп санамай, идея, жан деп санайтын, ғылымға қарсы кертартпа бағыт.*

ИДЕАЛИСТ *Идеалистік философияны қуаттаушы, жақтаушы.*

ИДЕАЛИСТІК I *Идеализмге тән.*

ИДЕАЛИСТІК II *Идеалистке тән, соған қатысты.*

ИДЕОГРАММА ***лингв.*** *Ұғымды білдіретін жазу таңбасы.*

ИДЕОГРАФИЯ *Идеограмма тәсілімен жазылған жазу.*

ИДЕОЛОГ *Бір таптың идеологиясын таратушы және қорғаушы.*

ИДЕОЛОГИЯ *Белгілі бір таптың яки саяси партияның өзі өмір сүрген қоғамның мүдделерін білдіретін саяси, діни, философиялық көзқарастарының жүйесі, жиынтығы.*

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ *Идеологияға тән, соған қатысты.*

ИДЕЯ 1. *Адам санасындағы бір нәрсенің бейнесі, сол нәрсе туралы таным, ұғым.* 2. *Адам ойының логикалық процесі, жоспар, жоба.* 3. *Белгілі бір ой, пікір; мақсат, мұрат.* 4. ***өнер.*** *Көркем әдебиеттің, өнердің мәнін, мазмұнын айқындайтын басты ой, түпкі ниет.*

ИДЕЯЛАС *Идеясы, арман-тілегі бір, пікірлес.*

ИДЕЯЛЫ 1. *Алдына мақсат қойған, өзіндік ой-пікірі бар.* 2. *Ойлы, парасатты, мазмұнды.*

ИДЕЯЛЫҚ 1. *Алдыңғы қатарлы ой-мақсатқа, идеяға тәндік.* 2. *Көркемдік, мазмұндылық.*

ИДЕЯЛЫЛЫҚ *Идеясы жоғарылық, мазмұны тереңдік.*

ИДИЛЛИЯ ***әдеб.*** *Табиғаттың жанға рақат көркін суреттейтін поэтикалық шығарма.*

ИДИОАДАПТАЦИЯ ***биол.*** *Эволюция процесінде организмдердің әрқилы орта жағдайына бейімделуі.*

ИДИОМА ***лингв.*** *Басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейтін, лексика-грамматикалық тұрақты сөздер түйдегі.*

ИДІР *Желінге жиналған сүтті сауып алу үшін жасалатын тәсіл.*

ИЕ 1. *Қожа, қожайын.* 2. *Үстемдік жүргізуші адам, әкім.* 3. *Жалдап адам ұстаушы жеке шаруа, өндіріс иегері.* 4. ***діни*** *Алла тағала, жаратушы Құдай, тәңір.* □ **Ие болды** — а) *қожа болды, иеленді;* ә) *қолы жетті, кенелді.*

ИЕГЕР ***жаңа.*** *Орденмен марапатталған адам; лауреат.*

ИЕК 1. *Ауыздың төменгі жағындағы сүйектің сүйір ұшы.* 2. ***Ауысп.*** *Өзеннің, теңіздің т. б. тереңдік өлшемі.* □ **Иекағаш** — *қада ағаштың араларын біріктіретін ұзын ағаш.* □ **Иекартпа** — а) *асу, кезең;* ә) *таяу, жақын жер.* **Иегі иегіне тимеді** — *қалш-қалш етіп дірілдеді, денесі қалтырады.* **Иегі кемсеңдеді** — *өксік қысты, жыламсырады.* **Иегі қышыды** — *үміттенді, дәметті.* **Иегін көтерді** — а) *белгі берді, ишарат білдірді;* ә) *қадірін арттырды, бәлсінді.* **Иек артты** — а) *асылды, сүйенді;* ә) *белден асты;* б) *жалғасты, жақындады, жетті;* в) *арқа сүйеді, сенді;* г) *белгілі бір жасты ауқымдады.* **Иекасты** — *асып түсті, ілінді, жетті.* **Иек астында [астынан]** — *жуық маңда, жақында.* **Иекке алды** — а) *бағыт алды, беттеді;* ә) *қатты қысты, қыспаққа алды.* **Иек қақты** — а) *белгі берді, ымдады;* ә) *амандасудың, есендесудің ишаратын жасады;* б) *жан тапсырар алдында оқыс қимыл жасап, белгі берді.* **Иек сүйеді** — а) *арқа тұтты, сенді;* ә) *жанасты, жалғасты, тіреледі;* б) *жуықтады, жақындады.*

ИЕКТЕ 1. *Төңіректеу, айналдыру.* 2. *Жақындау, жуықтау.* 3. ***Ауысп.*** *Үстемдік көрсету, басыну.*

ИЕКТЕН: құлан иектенді — *тақ қыланданды, бозарды.*

ИЕКТЕС *Іргелес.*

ИЕКТІ *Иегі шығыңқы, үлкендеу.*

ИЕКТІК ***жерг.*** *Кимешектің жағы.*

ИЕЛЕН *Иемдену, меншіктену.*

ИЕЛЕНУШІЛІК *Ие болушылық, меншіктенушілік, қожалық.*

ИЕЛІ I *Бас иесі бар, қожалы.*

ИЕЛІ II ***көне*** *Киесі бар, киелі.*

ИЕЛІК 1. *Ие болушылық, қожалық, басшылық.* 2. *Иемденушілік, меншіктенушілік.* □ **Иелік қағаз** — *бір затқа ие екендігі куәландырылған құжат.*

ИЕМДЕН *Бір нәрсені меншіктену, иелену.*

ИЕН I *Айдала, құла түз.* □ **Иен дала** — *кең, жазық жер, айдала.*

ИЕН II 1. *Ұшы-қиыры жоқ кең, мидай.* 2. *Қисапсыз көп, қалың, ну.* 3. *Көлкөсір, мол.*

ИЕН III *Иесіз, бос, оңаша.*

ИЕРАРХИЯ *Қызметі, шен-дәреже, атағы төменгілердің өзінен жоғарыларға бағыну тәртібі.*

ИЕРОГЛИФ *Идеограмма жазуына негізделген қытай, жапон, корей халықтарының белгілі ұғымды білдіретін өрнекті жазуы.*

ИЕСІЗ *Ешкім иеленбеген, меншіктенбеген.*

ИЕСІЗДЕН *Бос қалу, қаңырау.*

ИЕСІЗДІК 1. *Қожасы, иесі жоқтық.* 2. *Бассыздық, ысырапқоршылық.*

ИЕСІСІН *Иесі болғансу, иемденгенсу.*

ИЕШІЛДІК *Ие болушылық, басшылық.*

ИЕШІЛІК *Басшылық, қожалық, иелік.*

ИЗЕ *Басын шұлғу, ию.* □ **Бас изеді** — а) *құптады, қостады, келісті;* ә) *сәлем берді, амандасты.*

ИЗЕК *Жай, баяу қозғалған, иектеген (жүріс).* □ **Изек қақты** — а) *иектеді;* ә) *қалғып-шұлғыды, мызғыды.*

ИЗЕКТЕ *Басты қайта-қайта изеу, шұлғу.*

ИЗЕН *Жіңішке жапырақты алабұта тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік.*

ИЗЕНДІ *Изені қалың, изені мол.*

ИЗЕҢ *Жай, ақырын, ілбіген, иектеген жүріс.*

ИЗЕҢДЕ *Ілгері-кейін ақырын қозғалу, ырғалу.*

ИЗЕҢ-ИЗЕҢ *Ырғаң-ырғаң, итең-итең.* □ **Изең-изең етті [басты]** — *ілгерілі-кейінді изеңдеп ырғатылды.*

ИЗОГЛОССА ***лингв.*** *Сөздердің таралу шегін картаға түсіру.*

ИЗОТЕРМА ***геогр.*** *Температура бірдей жерлерді географиялық карталарда көрсететін сызықтар.*

ИЗОТОП ***хим.*** *Атом ядролары бірбірінен нейтрон санымен ғана ажыратылатын, ал протон саны бірдей химиялық элементтер.*

ИКЕМ *Бейім, ыңғай, еп.* □ **Икемге келді** — а) *ыңғайға көнді, көндікті;* ә) *тіл тапты, келісті.* **Икемге көндірді** — *ыңғайға келтірді.* **Икем көрсетті** — *ыңғай білдірді.*

ИКЕМДЕ 1. *Бейімдеу, ыңғайлау.* 2. *Өзіне тарту, меншіктеу, телу.* 3. *Бір істің қыр-сырын жақсы меңгеру, игеру.*

ИКЕМДЕЛГІШ *Бейімделгіш, көнгіш.*

ИКЕМДЕЛГІШТІК *Өзгергіштік, бейімделгіштік.*

ИКЕМДІ 1. *Ыңғайлы, ықшамды, бейімді.* 2. *Епті, іскер.*

ИКЕМДІЛІК 1. *Бір істі орындауға тәнептілік, шеберлік.* 2. *Белгілі бір іске оралымдылық, шеберлік.*

ИКЕМДІРЕК *Бейімдірек,ептірек.*

ИКЕМСІЗ 1. *Бейімі жоқ, епсіз.* 2. *Икемге, епке келмей ұлікпейтін, епсіз.*

ИКЕМСІЗДЕН *Қабілетінен айырылу, әлсіздену, нашарлану.*

ИКЕМСІЗДЕУ *Епсіздеу, бейімсіздеу.*

ИКЕМСІЗДІК *Епсіздік, бейімсіздік, қабілетсіздік.*

ИКЕМШІК ***тех.*** *Егістік жерлерге дән, тұқым сепкенде боразда түзу болу үшін қолданылатын ауылшаруашылық құралы.*

ИКЕМШІЛ *Епшіл, икемді.*

ИКС 1. *Латын әліпбиіндегі жиырма төртінші әріптің аты.* 2. *Белгісіз санды немесе басқа бір беймәлім нәрсені белгілейтін шартты белгі.*

ИҚУ-ҚИҚУ *Айғай-ұйғай, ию-қию, у-шу.*

ИЛА *Амал, шара, айла.* □ **Илаға жарамады** — *іске аспады, түкке жарамады.* **Ила қылмады** — *арамдық жасамады, қулық қылмады.*

ИЛАЛА *Амалдау, айлалау, ілдалдалау.*

ИЛАН I ***бот.*** *Сабағының ұзындығы 30—40 см-дей, құмды, жусанды жер-*

ге шығатын сасыр тәрізді көпжылдық шөптесін өсімдік.

ИЛАН II *Біреудің айтқанына сену, нану.*

ИЛАНАРЛЫҚ *Сенерлік, нанарлық.*

ИЛАНҒЫСЫЗ *Нануға болмайтын, сенімсіз.*

ИЛАНҒЫШ *Біреудің айтқанына көнгіш, нанғыш.*

ИЛАНҒЫШТЫҚ *Біреудің айтқанына сенгіштік, нанғыштық.*

ИЛАНДЫРҒЫШ *Сендіргіш, нандырғыш.*

ИЛАНЫМ *Дүниетаным, наным, сенім.*

ИЛАНЫМДЫ *Сенімді, нанымды.*

ИЛАНЫМДЫЛЫҚ *Сенімділік, нанымдылық.*

ИЛЕ 1. *Теріні пайдалану үшін ұн қандырып уқалап жұмсарту, өңдеу.* 2. *Қамыр, балшық т. б. араластыру, иі қанғанша жұмсарту.* 3. ***Ауысп.*** *Басып-жаншу, таптау.* 4. ***Ауысп.*** *Қанау, езу.*

ИЛЕК *Әжуа, тәлкек.*

ИЛЕКТЕ *Бір нәрсені жұмарлау, бүктеу, умаждау.*

ИЛЕН *Мыжылу, ұйпалақталу.*

ИЛЕМ *Металдарды арнаулы әдіспен өңдеу процесінен кейін алынатын өнім.* **Илем орнағы** — *металдарды өңдеуге арналған машина.*

ИЛЕМДЕУ *Металдар мен қорытпаларды илем орнағында өңдеу.*

ИЛЕМДЕУШІ *Илемдеу өндірісіндегі жұмысшы.*

ИЛЕУ *Құмырсқаның ұясы, илеуі.*

ИЛЕУ: илеуге келді [көнді] — *икемге келді, ыңғайға көнді.* **Илеуі жетті [қанды]** — *иі қанды.*

ИЛЛЮЗИЯ *Алдамшы елес, болмас іс.*

ИЛЛАһИ *Құдай, тәңірі, құдайшыл.*

ИЛЛЮМИНАТОР *Кеменің, ұшақтың дөңгелек қалың әйнекті терезесі.*

ИЛЛЮСТРАЦИЯ 1. *Көрнекілік үшін салынған сурет.* 2. *Келтірілген мысалдар.*

ИЛІ 1. *Иге салынған, иі бар.* 2. *Иі қанған, иі жұмсақ.* □ **Илі қайыстай болды** — *биязы, жұмсақ болды.*

ИЛІК 1. *Икемге келу, ыңғайлану, иілу.* 2. ***Ауысп.*** *Елжіреу, жібу, көну.*

ИЛІК: илік зат — *раушаштың тамырында немесе шырынында болатын, тері илеуде қолданылатын химиялық зат.*

ИЛІККІШ *Бір нәрсеге икемделгіш, ыңғайлы.*

ИМА *Түйенің биязы жүнінен жіңішке етіп иіріліп, сәндеп тоқылған, ер кісілерге арналған жеңіл киім.*

ИМАМ ***діни*** *Мешітті басқаратын және намаз оқығанда алда тұратын дін басшысы, жетекші.* □ **Имам ағзам** — *ұлы құдірет, таза ниет.*

ИМАМДЫҚ 1. *Мұсылмандарға мирасқорлық жолымен ең жоғары басшы болуға ерік беретін ислам догмасы.* 2. *Исламға тән атақ, дәреже.* 3. *Мешіт имамдарының жалақысынан басқадай алып отыратын сыбағасы.*

ИМАН ***діни*** 1. *Ислам дінінің бес парызының бірі, діншілдік наным.* 2. *Адам бойына тән изгілік, адамгершілік.* 3. *Белгілі бір іс-әрекетпен байланысты серт, уәде, үміт.* □ **Иман айтты** — *құдайға құлшылық етті, дұға оқыды.* **Иманды адам [кісі]** — *ұятты кісі, таразысы тең ақыл иесі.* **Иманды құлға жолықсын!** ***(тілек)*** — *ізгі ниетті пенделерге кездессін!* **Иманжүзді** — *кішіпейілді, жылыжүзді.* **Иман келтірді** — *шариғат заңы бойынша аят оқыды.* **Иманмен қаптап қойғандай** — *бір көргенге мұнтаздай.* **Иман салды** — *құран аятын оқып, иманын үйірді.* **Иман сұрады [тіледі]** — *құдайына жалбарынды.* **Иман таразыға салды** — *бағдарлады, байқады.* **Иман таразы қалыпқа келді** — *жөнге келді.* **Иманы бетінде үзіліп тұр** — *ұяң, ибалы, тәрбиелі.* **Иманы жоқ** — *ар-ожданнан айырылған, имансыз.* **Иманы жолдас болсын!** ***тілек*** — *жатқан жері жайлы болсын.* **Иманы кәміл болды** — *ақиқат сенді, нанды.* **Иманы**

күйсін – *жаны шықсын, тұқымы құрысын.* **Иманы қалмады** – *құты қашты, қатты қорықты.* **Иманы қасым болды** – *зәре-құты қалмады, үрейі ұшты.* **Иманын айтты** – *үрейі ұшты, қатты қорықты.* **Иманына қамшы баспайын** – *сыйласып өтейін.* **Иманын сатты** – *ар-ұятын сатты.* **Иманын ұшырды** – *үрейін алды, қорқытты.* **Иманын үйірді** – а) *өлер алдында кісіге Құран оқытты;* ә) *үрейін ұшырды.* **Иманы саламат болсын** – *иманы жолдас болсын, иманды болсын.* **Иманы тас төбесіне шықты** – *зәресі ұшты, қатты қорықты.* **Иманы түршікті** – *төбе шашы тік тұрды.* **Иманы ұшты [иманын ұшырды]** – *қатты қорқытты, зәресін алды.*

ИМАНДАЙ *Шын, адал, рас.* □ **Имандай сенді [ұйыды]** – *бар ынтаықыласымен иланды, сенді.*

ИМАНДАС *Пікірі бір, ниеттес.*

ИМАНДЫ 1. *Дінге берілген, иманы бар.* 2. ***Ауысп.*** *Ар-ұяты мықты, адал.* □ **Иманды болғыр [бол]** – *иманы кәміл болсын.*

ИМАНДЫЛЫҚ *Адамгершілік және адамгершілік ережелері.*

ИМАНЖАПЫРАҚ ***бот.*** *Жол бойына немесе басқа да жерлерге шығатын, үлкен жапырақты көпжылдық өсімдік.*

ИМАНИН ***мед.*** *Сырт жарақаттарды емдеуге қолданылатын антибиотик, күрең түсті ұнтақ.*

ИМАНСЫЗ 1. *Діннен безген, дінсіз.* 2. ***Ауысп.*** *Ұятсыз, арсыз, оңбаған.* □ **Имансыз кеткір** ***қарғ.*** – *иман бұйырмағыр.*

ИМАНСЫЗДЫҚ *Діннен безгендік, дінсіздік.*

ИМАНШАРТ 1. *Иманға (адамгершілік, адалдық, ізгілік т. б.) байланысты уағыздардың жалпы жиынтығы; заң, ереже.* 2. *Араб әрпімен жазылған діни оқулық, әліппе.*

ИМЕ *Құлыптың, кісеннің кілттеуге арналған доға сияқты иілген жері.*

ИМЕК 1. *Доға тәрізді ішке қарай иілген, бүгілген.* 2. *Бүкірейген, еңкіш.*

ИМЕКТЕ *Иірілдіру, ию.*

ИМЕКТЕУ 1. *Доға тәрізді дөңестеу, сәл иіңкі.* 2. *Еңкіштеу, еңкектеу.*

ИМЕН 1. *Біреуден жасқану, қаймығу, тайсалу.* 2. *Ұялу, қысылу, қымсыну.*

ИМЕНШЕК 1. *Жасқаншақ, қорқақ.* 2. *Тым ұялшақ, ұяң, тартыншақ.*

ИМЕНШЕКТЕ 1. *Жасқаншақтық білдіру, қорғаншақтау.* 2. *Ұялыңқырау, қымсыныңқырау.*

ИМЕНШЕКТІК 1. *Жасқаншақтық, қорқақтық.* 2. *Ұялшақтық, ұяңдық, қымсынғыштық.*

ИМЕНІС *Именіңкіреу, именшектеңкіреу, қысылу.*

ИМЕҢ: имең қақты – а) *бүрсеңдеді, дірілдеді;* ә) *құрдай жорғалады, майманданды.*

ИМЕҢ-ИМЕҢ: имең-имең етті – *маймаң-маймаң жүрді, имеңдеді.*

ИМЕҢДЕ *Имең-имең ету, еңкеңдеу.*

ИМИ 1. *Иіңкі келу, ішке қарай иілу.* 2. *Бүкшию, бүгілу, еңкіштену.*

ИМИГЕНДЕУ *Сәл иіңкі, дөңестеу.*

ИМИНДЕР ***хим.*** *Имин тобы NH құрамында көп кездесетін органикалық қосылыстар.*

ИМИТАЦИЯ, Ұқсату ***муз.*** *Көп дауысты шығармаларда негізгі тақырыптың әуелі бір дауыста, кейіннен басқа дауыстарда кезекпен қайталануы.*

ИММИГРАЦИЯ *Шетел азаматтарының екінші бір басқа елге көшіп баруы, қоныстануы.*

ИММУНДЫ: иммунды денелер ***биол.*** – *жұқпалы ауру туғызатын бактериялардың өсіп-өнуіне бөгет жасайтын немесе оларды өлтіріп тастайтын, организмде түзілген ерекше заттар.*

ИММУНИЗАЦИЯ ***биол.*** *Адам мен жануарлар организміне жұқпалы ауруды дарытпау шарасын қолдан жасау құбылысы; егу қызметі.*

ИММУНИТЕТ *Организмде бар, ауру қоздырғыштарына қарсы тұратын, олардың уыттылығына төтеп беретін қасиет.*

ИММУНИТЕТТЕ *Адам мен жануарлар организмінде жасанды иммунитет туғызу.*

ИММУНОТЕРАПИЯ ***мед.*** *Ем вакцинасымен жұқпалы ауруларды емдеу.*

ИМПЕРАТОР *Монархиялық мемлекет басшыларының мирасқорлық, мұрагерлік атағы, сол атаққа ие адам.*

ИМПЕРИАЛИЗМ *Марксизм іліміндегі капитализм дамуының монополистік стадиясы, оның ең жоғары және соңғы сатысы; капиталистік мемлекеттердің басқа бір елді басып алу мақсатын көздеген ішкі саясаты.*

ИМПЕРИАЛИСТ *Империализмнің саясатын қолдаушы, соны іске асырушы.*

ИМПЕРИЯ 1. *Ірі монархиялық мемлекет.* 2. *Отарлары бар ірі империалистік патшалықтар.*

ИМПОРТ *Шетелден екінші бір елге әкелінген тауар, капитал.*

ИНАБАТ 1. *Адамгершілікке тән сезім, ізгі қасиет.* 2. *Ар-ұждан, ұят.* □ **Инабат тұтты** — ізет *білдірді, әдеп сақтады.*

ИНАБАТСЫЗ *Ұятсыз, арсыз, әдепсіз.*

ИИАБАТТЫ *Ибалы, әдепті, ізетті, ілтипатты.*

ИНАБАТТЫҚ *Адамгершілікке тән ізгілік, әдептік.*

ИНАБАТТЫЛЫҚ *Әдептілік, ибалылық, ізеттілік.*

ИНАБАТШЫЛ *Ибашыл, әдеп сақтағыш.*

ИНВАЗИЯ ***биол.*** *Адамның, жануардың және өсімдіктердің белгілі бір паразитпен зақымдануы.*

ИНВЕРСИЯ 1. ***лингв.*** *Сөйлемдегі сөздердің дағдылы орын тәртібін өзгерту, алмастыру.* 2. ***лог.*** *Ақиқат пікірден жалған пікір туу, логикада берілген шартты пікірді жаңадан шартты пікір етіп құру амалы.*

ИНВЕСТИЦИЯ *Табыс алу, меншікті капитальп молайту, елдің материалдық байлығы мен бейматериалдық сипаттағы қоғамдық құндылықтарын еселей түсу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілер салатын инвестициялық қаражат.*

ИНВЕСТОР *Инвестицияны жүзеге асыратын жеке немесе заңи тұлға, мемлекет. Ол ең алдымен үнемі табыс алуға, күрделі қаржысының қауіпсіз болуына және капитал құнының өсуіне мүдделі.*

ИНГАЛЯТОР ***мед.*** *Дәрілік ерітінділерді ауаның ағымы немесе бу арқылы шашырататын аппарат, медициналық құрал.*

ИНГАЛЯЦИЯ, Деммен қабылдау *Демді ішке тарту, ауаны ішке жұту арқылы дәріні организмге жіберу, оны тыныс жолдарына енгізіп емдеу жолы.*

ИНГАЛЯЦИЯЛЫҚ *Ингаляцияға тән, соған қатысты.*

ИНГИБИТОР, Тежегіш ***хим.*** *Химиялық реакция жылдамдығын баяулататын немесе ферменттердің әсерін азайтатын қосылыстар.*

ИНДЕКС 1. *Белгілі бір заттардың аттары, кісі есімдері тізімінің жалпы реттік көрсеткіші.* 2. *Бір нәрсенің сандық көрсеткіші.*

ИНДЕТЕРМЕНИЗМ ***филос.*** *Табиғат пен қоғамдағы жалпы заңдылықты және еріктің абсолюттік бостандығын жоққа шығарушы идеалистік философиядағы көзқарас, ағым.*

ИНДЕТЕРМЕНИСТ *Индетерменизмді қуаттаушы, соны жақтаушы.*

ИНДИВИДУАЛИЗМ, Дарашылдық ***филос.*** *Барлық нәрсені жеке адамға табындыруға бағытталған идеалистік ұғым, буржуазиялық көзқарас.*

ИНДИЙ ***хим.*** *Химиялық элемент; қорғасыннан жұмсағырақ сирек металл.*

ИНДИКАТОР 1. ***тех.*** *Машина құрылыстарында қолданылатын нұсқарлы өлшем аспап.* 2. ***физ.*** *Радиоқабылдағышта, т. б. қолданылатын электрондық шамдар.* 3. ***хим.*** *Қышқылдар мен сілтілер әсерінен өздерінің түсін өзгертетін, түрлі түске құбылтатын зат.*

ИНДИКАТОРЛЫ *Индикатор орнатылған, индикаторы бар.*

ИНДУИЗМ *Үндістанда тараған, дүниежүзіндегі ірі діндердің бірі.*

ИНДУКТОР ***физ.*** *Ауыспалы токты шағын электрмагнит машинасы.*

ИНДУКЦИЯ 1. ***филос.*** *Жалқыдан жалпыға, белгіліден белгісізге қарай ой қорыту тәсілі.* 2. ***физ.*** *Электр тогының магнит жолында немесе магнит өрісінің өзгеру кезіндегі, белгілі бір өткізгіштегі қозуы.* □ **Индукция заряды** — *электр тогы жүрген кезде пайда болатын уақытша зарядтар.*

ИНДУС *Индуизмді уағыздаушы адам.*

ИНДУСТРИЯ *Техника жетістіктерімен жабдықталған фабрика, зауыт өнеркәсібі; өнеркәсіп деген сөзбен бірдей.*

ИНЕ 1. *Жіп сабақтап іс тігетін, металдан істелген ұшы ұшкір құрал, аспап.* 2. ***мед.*** *Ауруларды емдейтін алтын, күміс т. б. металдардан жасалған, ұзындығы 5—10 см ұшы ұшкір ине.* 3. *Жануарлар мен жәндіктердің денесінде болатын ұшкір тікенек.* 4. *Қарағай, шырша сияқты т. б. қылқан жапырақты ағаштардың немесе өсімдіктердің тікен сияқты қылқандары.* □ **Инеқармақ** — *иненден иіп жасаған қармақ.* **Ине салды** ***мед.*** — *ине терапиясымен емдеді.* **Ине сұғып алғандай** — *бірден шым етіп ауырды.* □ **Ине жұтқан иттей** — *жүдеу, қатып қалған.* **Ине жұтып қойғандай** — *байыз таба алмады.* **Ине қадалғандай болды** — *қатты шаншыды, жаңға қатты батты.* **Инемен құдық қазғандай** — *өте ауыр, тым қиын.* **Инені жіпке тізді** — *тәптіштеп санады, термеледі.* **Иненің жасуындай** — *бір мысқал, кішкентай болмашы.* **Иненің көзінен оқ өткізген** — *құралайды көзге атқан мерген.* **Иненің көзінен өткендей** — *айла мен ақылға бірдей пысық.* **Инешаншар жер [орын] жоқ** — *ішін тірескен көп, тығыз.* **Инешаншым еті жоқ** — *арық, жүдеу, қатпа.*

ИНЕДЕЙ 1. *Ине сияқты; үшкір.* 2. ***Ауысп.*** *Титтей, кішкентай, болмашы.* □ **Инедей қадалды [шаншыды]** — а) *қатты батты, жанына тиді;* ә) *жайсыз тиді, түршіктірді.* **Инедей түзу** — *атқан оқтай, түп-түзу.*

ИНЕ-ЖІП 1. *Ине мен жіптің жинақталған атауы.* 2. *Ұсақ-түйек, көржер, зат.* □ **Ине-жіпке тізді** — *барын есепке алды.* **Ине-жіптен жаңа шыққан** — *су жаңа, жаңадан тігілген.* **Ине-жіп сабақтап көрмеген** — *іс тігіп көрмеген, ақсаусақ, көкине.*

ИНЕЛІ 1. *Ине салынған, инесі бар.* 2. ***Ауысп.*** *Қылтанды, тікенекті.*

ИНЕЛІК I *Қанаттарында торланған сызықтары бар, өте жіңішке, бунақ денелі жәндік.*

ИНЕЛІК II ***жерг.*** *Ау тоқитын ағаш ине.*

ИНЕЛІКТЕЙ 1. *Жіп-жіңішке, кішкентай.* 2. ***Ауысп.*** *Етінен арылған арық; жүдеу.* □ **Иненіктей бұралған [ілмиген, қатқан]** — *әбден қатып семген, жүдеген, арыған.*

ИНЕМЕН ЕМДЕУ, Акупунктура *Дененің жұмсақ тіндерінің белгілі бір нүктелеріне арнайы жасалған инелерді шаншу арқылы емдеу әдісі.*

ИНЕТҰТҚЫШ *Әртүрлі құралдардың ине бекітілетін тетігі.*

ИНЕШЕ: инеше қадалды — *қатты батты, түйреді.*

ИНЖЕНЕР 1. *Техникалық жоғары білімі бар маман.* 2. ***Ауысп.*** *Өз ісінің шебері, жетік маманы.*

ИНЖИНИРИНГ *Маман-кеңесшілердің кәсіпорындар құру, өнімдер шығару, жобалар жасау мәселелерін талдап, әзірлеу жөніндегі қызметінің аясы.*

ИНКАССАТОР *Банкке апарып өткізу үшін ұйымдардан ақша қабылдап алатын лауазымды тұлға.*

ИНКАССО ***экон.*** *Ақшалай қаражатты бір тапсырыскерлерден екіншілеріне, төлемшілерден алушыларға табыстау жөніндегі банк операцияларының бір түрі.*

ИНКВИЗИТОР *Инквизиция сотының мүшесі немесе соты.*

ИНКУБАТОР *Жұмыртқадан балапан шығаратын аппарат.* □ **Инкубатордан шыққан балапандай** — *бәрі бірдей, бірінен-бірі айырғысыз, ұқсас.*

ИНКУБАЦИЯ *Балапандарды жасанды жолмен инкубатордан шығару.*

ИНКУБАЦИЯЛА *Инкубациядан өткізу.*

ИНСПЕКТОР *Белгілі бір жұмыстың дұрыс орындалғанын бақылап, тексеріп отыратын қызметкер.*

ИНСПЕКТОРЛЫҚ *Инспекторға тән қызмет лауазымы.* □ **Инспекторлық тексеріс [тексеру]** — *бақылау, тексеру негізінде жүргізілетін жұмыс.*

ИНСПЕКЦИЯ 1. *Белгілі бір істің дұрыс орындалуын тексеру ісі; тексеріс.* 2. *Белгілі бір тәртіпті, заңдылықты бақылаушы мекеме; тексеру орны.*

ИНСТАНЦИЯ *Бір-біріне бағынатын мекемелер жүйесіндегі төменнен жоғары қарай бағыну сатысы.*

ИНСТИНКТ ***биол.*** 1. *Жан-жануарлар организмінің табиғи тіршілігіне тән, тұқым қуалайтын қасиет, қабілеттілік.* 2. *Ырықсыз сезім, түйсік.*

ИНСТИТУТ 1. *Жоғары оқу орны.* 2. *Ғылыми-зерттеу мекемесі.* 3. *Қоғамдық құрылымның бір нысаны.*

ИНСУЛИН ***мед.*** *Үйқы безінің организмдегі көмірсу алмасуын реттейтін гармоны.*

ИНСУЛЬТ ***мед.*** *Мидың қан тамырларының зақымдануымен байланысты болатын ауру.*

ИНТЕГРАЛ ***мат.*** *Кері дифференциялау арқылы шыққан шама.*

ИНТЕГРАЦИЯ 1. ***экон.*** *Мемлекетаралық экономикалық одақтардың құрылуы.* 2. ***мат.*** *Интеграл шығару, интеграл табу.*

ИНТЕНДАНТ *Армияда әскери бөлімдерді азық-түлік, қару-жарақ, киіммен жабдықтап тұратын әскери қызметкер.*

ИНТЕРВАЛ 1. *Әскер қатарының арақашықтығы.* 2. *Жол қатынасының жиілігі.* 3. *Музыкада екі түрлі үннің арасы.*

ИНТЕРВИДЕНИЕ *Халықаралық телевизия хабарлары және сол хабарлар жүйесі.*

ИНТЕРМЕДИЯ ***театр.*** *Сахнада, драмалық шығарманың көрінісі арасында ойналатын қысқа комедиялық пьеса немесе көрініс.*

ИНТЕРНЕТ *Компьютерлік желілердің ақпарат алмасуға арналған бүкіләлемдік қауымдастығы; бір-бірімен телекоммуникация арналары (телефон, радио және жасанды жер серігі көмегімен байланыс) арқылы мәлімет алмасатын әртүрлі аймақтағы компьютерлік желілердің біріктірілген торабы.*

ИНТЕРПОЛ *(Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы) Халықаралық қылмыстық істермен күресу мақсатында құрылған халықаралық полиция ұйымы. Қазақстан Республикасы оған 1992 жылдан мүше. Жалпы 155-тен астам мемлекет интерпол мүшесі.*

ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ *Сәуле, дыбыс т. б. толқындарының түйіскенде өзара әсер ету құбылысы.*

ИНТЕРЬЕР 1. *Бөлменің ішкі көрінісі.* 2. *Бөлменің ішкі бейнесі.*

ИНТОКСИКАЦИЯ ***мед.*** *Организмнің уытталуы.*

ИНТОНАЦИЯ, Дауыс ырғағы *Дауыс екпінінің біресе жоғарылап, біресе бәсеңдеп айтылуы.*

ИНФАРКТ ***мед.*** *Тіннің өлі етенуі.*

ИНФЕКЦИЯ, Жұқпа *Организмнің аурутудырғыш микробтарды жұқтыруы.*

ИНФЕКЦИЯЛЫ *Жұқпалы, қоздырғышты.*

ИНФЛЯЦИЯ ***экон.*** *Айналыстағы қағаз ақшаның шамадан тыс көбейіп кетіп құнсыздануы.*

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ *Өндіріске қызмет көрсететін және қоғамның тіршілік әрекетіне жағдай жасайтын шаруашылық салаларының кешені.*

ИНФРАҚЫЗЫЛ: инфрақызыл сәулелер ***физ.*** — *спектрде, оның қызыл ұшында болатын, көзге көрінбейтін сәулелер.*

ИНШАЛЛА ***діни*** *Құдай қаласа, Алла бұйыртса.*

ИНІШ *Көйлек, жейденің иығының ішінен салынатын астар.*

ИОН ***физ.*** *Бойында электр зарядтары бар атомдар мен молекула, электрмен зарядталған бөлшектер.*

ИОНДАНУ *Белгілі бір ортада ионның пайда болуы, иондалу.*

ИОНДЫҚ *Ионға қатысты, соған тән.*

ИОНОСФЕРА *Иондалған атомдардан құралған сирек газ қабаты.*

ИППОДРОМ *Ат жарыстары мен бәйгелерін өткізу үшін арнайы жасалған орын, алаң.*

ИПОТЕКА *Жылжымайтын мүліктерді кепіл етіп несие алу.*

ИРАНБАҚ ***көне*** *Шығыс ертегілеріндегі әсем бақ.*

ИРЕК I 1. *Түзу емес, иреңделген, иір-иір.* 2. *Айқыш-ұйқыш, шимай.*

ИРЕК II ***этн.*** *Қолөнерінде немесе кесте тігісінде тігу өнерінің бір түрі.* □ **Ирекгүл** ***бот.*** — *гүл бұтақшаларының бірі оң жағынан, екіншісі сол жағынан ауысып келген гүл шоғыры.* **Ирек қалып** — *күміс бетіне иір-иір, толқынды ою, бедер түсіруге арналған соқпа қалып.*

ИРЕК-ИРЕК *Айқыш-ұйқыш, қисық-қисық.*

ИРЕКЖАПЫРАҚ *Қоргасын шөптер тұқымдасына жататын көпжылдық шала бұта. Қазақстанда бір түрі өседі.*

ИРЕКТЕ 1. *Ирек салу, ирек шығару.* 2. *Айқыш-ұйқыш етіп жазу, қазу.*

ИРЕКТІ *Иректі бар.*

ИРЕЛЕҢ *Түзу емес, иреңдеген, бұралаң.* □ **Ирелең етті** — *ирең етті, ирелеңдеді.*

ИРЕЛЕҢДЕ 1. *Сүйретілу, бұралаңдау.* 2. *Бойын жаза алмай ирең-ирең ету, ирелеңдеу.*

ИРЕҢ ***Ауысп.*** *Ирек, ирелең.* □ **Ирең етті** — *ширатыла жиырылды, иреңдеді.* **Ирең қақты** — *бұралаңдады, ирелеңдеді.*

ИРЕҢДЕ *Ирең-ирең ету, бұралаңдау, қираң-қираң ету.*

ИРЕҢ-ИРЕҢ: ирең-ирең етті — *бүлгаңдады, қираңдады, ирелеңдеді.*

ИРИДИЙ ***мин.*** *Күміс тәрізді жалтыраған, аса қатты, балқуы қиын металл.*

ИРИС *Сүт пен қанттан жасалған қоңыр түсті кәмпит.*

ИРРИГАЦИЯ *Жерді қолдан суару жүйесі.*

ИСЛАМ *Дүниежүзіне кең таралған төрт ірі әлемдік діндердің бірі.*

ИСІ *Барлық, күллі, дүйім.*

ИСІН *Сауын малдарының июін кенет тоқтатуы; сүт бермей қоюы.*

ИСІНШЕК *Үнемі исінуге бейім тұратын сауын мал.*

ИТ 1. *Қасқыр тұқымдас сүтқоректі үй хайуаны.* 2. ***көне*** *Қазақша жыл қайырудың он бірінші жылы.* 3. ***Ауысп.*** *Оңбаған, жауыз.* 4. ***Ауысп.*** *Қатар-құрбылардың жасы кіші бала-шағаға өзімсініп зілсіз айтатын сөзі.* □ **Итарба** — а) *аягы жаңа шыққан баланы жүруге дағдыландыру үшін әдейі жасалған қоларба;* ә) *екі дөңгелекті жеңіл қоларба.* **Ит ауруы** — *мешел сияқты созылмалы бала ауруы.* **Итбүлдірген** ***бот.*** — *қысыжазы көгеріп тұратын аласа бұталы, жемісінің дәмі ащы өсімдік.* **Ит бүлкіл [бүлкек]** — а) *көлік малының бірқалыпты баяу, жай жүрісі;* ә) *өндімейтін, өнбейтін жүріс.* **Ит жон** — *онша биік емес, дөңгелектеу жер.* **Итжуа** — *саздау жерде өсетін жуаның ұсақ түрі.* **Ит жүзіс [малту]** — *жүзе білмейтін адамның жүзуі.* **Иткөйлек [жейде]** — *жаңа туған балаға кигізетін, тігісі сыртына қараған көйлек.* **Итошаған** ***бот.*** — *тікенді шөптесін өсімдік.* **Ит тіс** — а) *күрек тіс пен азу тістердің арасындағы қисық біткен сойдақ тіс;* ә) *ою-өрнектің қолмен тігілетін түрінің атауы.* **Итшабақ** — *құрбақаның әлі*

үлкеймеген, уылдырықтан жаңа шыққан кезі. **Итшана** — а) *кішкене қолшана;* ә) *солтүстік жақта ит жегетін шана.* □ **Ит арқасы қиян** — *өте алыс, ит өлген жер.* **Ит арқасы құрысты** — *қаһарланып қайратқа мінді.* **Ит [тазы] ашуын тырнадан алады** — *әлі жеткеніне күш жұмсайды.* **Ит өлегін шығарды** — *апшысын қуырды, берекесін кетірді.* **Ит байласа тұрғысыз** — *адам тұрып болмайтындай; жайсыз, жағдайсыз.* **Ит басына іркіт төгілді** — *аспа-төк, ағыл-тегіл молшылық.* **Ит болды** — а) *адамшылықтан кетті, абыройы төгілді;* ә) *қор болды, ыті шықты.* **Итжанды** — *жаны сірі, өлермен.* **Ит жегір [жесін] қарғ.** — *бұйырмағыр, қызығын көрмегір.* **Ит жем болды** — а) *рәсуа, ысырап болды;* ә) *қадірі болмады, қор болды.* **Итжерік** — *толғағы қатты болып, көпке созылатын жерік.* **Ит жүрек** — *қызық-қуанышы жоқ, құлазуға көнген көңіл.* **Ит жыны келді [ұстады]** — *күйіп-пісіп ыза болды.* **Ит жыныс** — *ит тұмсығы отпейтін қалың ну (орман, тоғай).* **Итке бермесін [берсін]** — адам *баласының басына бермесін.* **Ит кемірген асықтай** — *өте жүдеу, арық, мұқалған, мыжырайып кеткен.* **Ит кешуге салды** — *азап тарттырды.* **Ит көзі түтін танымас болды** — *қалай болса солай, бәрібір болды.* **Иткөйлекті бұрын тоздырды** — *аз да болса жасы үлкен.* **Ит көрген ешкі көзденді** — *ежірейді, үрікті.* **Иткорлығын көрсетті** — *азап тарттырды, қиыншылық көрсетті.* **Ит қосты** — а) *итпен аң аулады;* ә) *біреуді мұқатты, сын тақты.* **Ит [иттей] қылды** — *абыройын түсірді, қорлады.* **Итмінез** — *дөрекі, жағымсыз қылық.* **Ит мініп, ирек қамшылады** — а) *жол азабын тартты;* ә) *өлмешінің күнін көрді.* **Ит өлген жер** — *тым қашық алыс жер.* **Ит өлім** — *қадірсіз, жиіркеніштті өлім.* **Ит өмір** — *қорлықпен өткен тұрмыс.* **Ит пен құсқа жем болды** — а) *айдалада көмусіз қалды;* ә) *кім көрінгеннің қолында кетті.* **Ит пен мысықтай** — *бір-біріне өш, араз.* **Ит рәсуасы шықты** — а) *босқа шашылды, ысырап болды;* ә) *берекесі кетті, мазасын алды.* **Ит салпақ** — *ертеден қара кешке дейін біреудің жұмысын істеу.* **Ит сорпасын шығарды** — *діңкесін құртты, титықтатты.* **Ит сілікпесі шықты** — а) *титықтап тұралады, шаршады;* ә) *өрім-өрім болып, тамтығы қалды.* **Ит талағандай** — *үсті-басының сау тамтығы жоқ, өрім-өрім.* **Иттартыс** — а) *бірін-бірі жеңе алмау, итжығыс;* ә) *ұрыс-керіс.* **Ит те болса** — *қанша жаман болса да.* **Иттей ұлып қалды** — *жападан-жалғыз зарлап қалды.* **Иттен де көп** — *өте мол, тым көп.* **Ит терісін басына қаптады** — *жер-жебіріне жетті, масқарасын шығарды.* **Ит тиген арам ас** — *керексіз, қадірсіз.* **Иттің баласы қарап.** — а) *ұрысқанда, кейігенде айтылатын балағат сөз;* ә) *немере-шөберені жақсы көргенде айтылады.* **Ит тиген күшіктей** — *көрінгенге жалтақ.* **Ит тиген табақтай қарады** — *жеккөрінішті сезіммен жиіркене қарады.* **Ит тиді** — *жас балаға біреудің сұқтануынан көз тиіп ауырды.* **Ит тұмсығы [мұрны], батпайтын [өтпейтін]** — *қалың ну орман-тоғай.* **Иттүйнек** — *піспей, өспей қалып қойған қауын.* **Иттігі ұстады** — *қырсықты.* **Ит тілеуін тіледі** — *жамандық тіледі.* **Иттің [ит] етінен [етіндей]** — *жек көрді.* **Иттің итақайы** — *кім болса сол, кім көрінген.* **Ит ырғаққа [ырғылжыңға] салды [түсірді]** — *әуре-сарсаң етті, ары тарт, бері тартқа салды.* **Ит ырғын болды** — *мол олжаға кенелді, олжаға батты.* **Ит ырылдар *көне*** — *күйеуден алатын кәде.* **Іті қырын жүгірді [жүрді]** — *жолы болмады; ісі оңына баспады.* **Итін шығарды** — *берекесін алды, мазасын кетірді.*

ИТАҚАЙ *Иттің күшігі.* □ **Иттің итақайы** — *Кім көрінген, кім болса сол.*

ИТАЛА: итала қаз *зоол.* — *қара қауырсынды, жемсауы мен арқасы ақ ірі құс.*

ИТАРҚА *Көшіп-қонып жүргенде екі керегенің басын қосып жасаған уақытша баспана.*

ИТАРҚАЛА *Итарқа сияқтандырып, үстінен қыр, жал шығару.*

ИТАРҚАЛАУ *Арқасы шығыңқы, биіктеу.*

ИТАРШЫ 1. ***көне*** *Кішкене, шәуілдек қанден ит.* 2. ***Ауысп.*** *Біреудің сойылын соғушы; жағымпаз, жарамсақ, құйыршық.* □ **Итаршы болды** — *жағымпаздаңды, жарамсақтанды.*

ИТАРШЫЛАН *Жарамсақтану, жағымпаздану.*

ИТАРШЫЛЫҚ *Біреудің сойылын соғушылық, жарамсақтық.*

ИТАЮ *Сүтқоректілер класы сусарлар тұқымдасына жататын аң. Негізінен Африкада, Азияда, Қазақстанда Батыс Үстірт құмдары мен Қарынжарық ойысында кездеседі.*

ИТАЯҚ *Итке тамақ құйып беретін ыдыс.* □ **Итаяқ болды** — *жарамсыз болып істен шықты.* **Итаяқтан сарысу ішкізді** — *азаптады, қорлады.*

ИТАЯҚТАЙ *Итаяқ сияқты үлкен.*

ИТБАЛЫҚ 1. *Мұхитта, теңізде тіршілік ететін жарғақ табанды хайуанат.* 2. *Қарасуларда кездесетін бақабас ұсақ балық.*

ИТБЕГІ *Әртүрлі саят иттерін үйретуші, баптаушы.*

ИТЕЛГІ *Сары шұбар, қанаты ұзын, мойны ақ жағал, кішкене қыран құс.*

ИТЕЛГІДЕЙ: ителгідей жұтынды — *сұқтанды, жаландады.*

ИТЕЛЕГЕН *Иленген терінің шелін сүргілеп айыру үшін қолданылатын теңіз түбінің кеуек, үгілмелі қожыр ақ не сұр тасы.*

ИТЕМШЕК *Тері бездерінің іріңдеп қабынуы.*

ИТЕҢ *Өнбес жүріс, изең.*

ИТЕҢДЕ *Ілгерілі-кейінді кетіп, изеңдеу.*

ИТЕПЕ ***көне*** *Түйені бас білдіріп үйретерде пайдаланылатын, бір басы ашалы ұзын істік таяқ.*

ИТЕР 1. *Бір нәрсені тұрған орнынан қозғап жылжыту, сырғыту.* 2. *Бар пәрменімен серпіп тастау, итеріп қалу.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге ұрындыру, арандату.* □ **Итеріп салма сөз** — *шығарып салма, сырғытпа сөз.*

ИТЕРГІШТЕ *Үсті-үстіне итермелеу.*

ИТЕРМЕ I *Түрткі, айдап салма.* □ **Итерме кіре** — *итерме арбамен жүк тасу, көшіп-қону.* □ **Итерме болды** — *түрткі болды.*

ИТЕРМЕ II *Балара ұясының (омартаның) аузын жапқыш.*

ИТЕРМЕЛЕ 1. *Үсті-үстіне итеру, ілгері бастыру.* 2. *Киіп-жару, қағып-соғу.* 3. ***Ауысп.*** *Бір іске жетектеу, бастау.*

ИТЖЕККЕН *Ресей империясында қылмыс жасағандар және саяси қылмыс жасады деп айыпталғандар жазасын өтейтін қиыр терістіктегі аймақтың қазақ тілінде қалыптасқан атауы.*

ИТЖИДЕК *Алқа тұқымдасына жататын көпжылдық жарық сүйгіш шөптесін өсімдік.*

ИТ ЖҮГІРТУ *Қазақ халқының дәстүрлі аңшылық кәсібінің бір түрі.*

ИТЖҮЗІМ *Асқабақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарындағы жазық жерлер мен тау аңғарларында, сондай-ақ орман шеті мен бұталар арасында өсетін үш түрі бар.*

ИТЖЫҒЫС *Қазақша күреста екі балуанның бірін-бірі жеңе алмай, қатар жығылғанын, жекпе-жектің тең аяқталғанын білдіретін термин.*

ИТ ЖЫЛЫ *Тауық жылынан кейін, доңыз жылынан бұрын келетін мүшел есебінің он бірінші жылы.*

ИТИ 1. *Ілгері қарай еңкею, итіну.* 2. ***Ауысп.*** *Өте жүдеу көрінү; имию.*

ИТКІРМЕС *Киіз үй сүйегінің бөлігі, киіз есік, ергенек.*

ИТҚОҒА ***бот.*** *Сулы жерде өсетін, қоға тұқымдас өсімдік.*

ИТҚОНАҚ ***бот.*** *Көбінесе тарымен бірге өсетін біржылдық арамшөп.*

ИТҚҰЛАҚ ***бот.*** *Жазық жерлерде өсетін, иттің құлағына ұқсас өсімдік.*

ИТ-ҚҰС ***табу.*** *Қасқырдың бұрмалап айтылған аты.* □ **Ит-құсқа жем болды** а) *қасқырға азық болды;* ә) *кім көрінгеннің қолында кетті.*

ИТМИЯ ***бот.*** *Мияның күнгей жерде өсетін бір түрі.*

ИТМҰРЫН ***бот.*** *Суық пен құрғақшылыққа шыдамды, тікенді, витамині көп бұта.*

ИТПЕКТЕ *Жүрісі өнбеу, митыңдау, итшілеу.*

ИТПЕЛЕ *Итпемен түйені бас білдіре бастау.*

ИТСИГЕК ***бот.*** *Тамыры жуан, көпжылдық, жартылай бұталы өсімдік.*

ИТТАБАН I ***бот.*** *Қалампыр тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ИТТАБАН II ***этн.*** *Ою-өрнектің аты.*

ИТТЕЙ 1. *Ит сияқты.* 2. ***Ауысп.*** *Мейлінше, әбден; мықтап.* □ **Иттей арсылдады** — *жөн-жосықсыз беттен алды.* **Иттей болды** — *қор болды; иті шықты.* **Иттей қылды** — *масқарасын шығарды, қорлады.* **Иттей сүйреді** — *адам демеді, елемеді.* **Иттей талады** — *бәрі жабылып есін шығарды.* **Иттей ұлыды** — *зар қақты, жылады.*

ИТТЕН *Итшілеу, ит-қор болу.*

ИТТЕПКІ: иттепкісін шығарды — *парша-паршасын шығарды, қор қылды.*

ИТТЕС *Алакөздену, араздасу.*

ИТТИМЕ: иттиме тиді — *көз, сұқ тиді; ауруға шалдықты.*

ИТТҮЙНЕК *Күзде пісіп-жетілмей қалған кішкене қауын.*

ИТТІ *Иті бар, ит ерткен.*

ИТТІК 1. *Итке тән.* 2. ***Ауысп.*** *Адамшылыққа жатпайтын қылық; оңбағандық.* □ **Иттігі жоқ** — *таршылық көрмейді; қызғанбайды.* **Иттік жасады** — *залымдық етті, арамдық жасады.*

ИТШЕ *Ит сияқты, ит тәрізді.* □ **Итше жұлқысты** — *алысты, жағаласып-таласты.* **Итше сүйреді** — *масқаралады, қорлады.* **Итше талады** — *жанжақтан анталады, түгін қалдырмады.* **Итше таласты** — *жағаласты, араз болды.* **Итше тепкіледі** — *бас-көз демей ұрды, аямай соқты.* **Итше ұлыды** — *қоймастан жылады.* **Итше ырылдады** — *ызыңдап көп жылады.* **Итше ырылдасты** — *жүз шайысты, ұрысты.*

ИТШОМЫРТ ***бот.*** *Жемісі домалақ, шырынды, бұталы өсімдік.*

ИТ-ШОШҚА ***экспр.*** *Адам емес, оңбаған.*

ИТШІЛ *Итті жақсы көретін, итке үйір, иткүмар.*

ИТШІЛЕ 1. *Мазасы болмай берекесі кету, ит әуреге түсу.* 2. *Қиындық көру, азап шегу.*

ИТШІЛІК 1. *Қарапайымдық, оңбагандық; иттік.* 2. *Қиыншылық, ауыр бейнет.*

ИТ-ЫРҒЫН ***қарап.*** *Орасан көп, мол.* □ **Ит-ырғын болды** — *мол олжаға кенелді, олжалы болды.*

ИТ ЫРҚЫЛЖЫҢ *Өзара түсінбеушілік; әуре-сарсаң, қырсық.* □ **Итыржыңға салды [түсірді]** — *әуре-сарсаң етті, шаршатты.*

ИТЫРЫҚТА *Титықтап шаршау, болдыру.*

ИТІН 1. *Алға қарай ұмтылу, ұмсыну, төну.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуден бірдеме дәмету, еміну.*

ИТІНШЕК *Тартыншақ, шегіншек.*

ИТІНШЕКТЕ *Тартыншақтау, шегіншектеу.*

ИТІНІП-ТАРТЫНЫП *Біресе ілгері, біресе кейін кетіп.*

ИТІС-ТАРТЫС 1. *Іркес-тіркес, қабаттас.* 2. ***Ауысп.*** *Дау-дамай, ұрыс-керіс.*

ИХАНА *Тері илеу жұмыстары атқарылатын жай, кәсіпорын.*

ИХТИОЛ ***фарм.*** *Жараға жағатын қара қоңыр түсті қою дәрі.*

ИХТИОЛОГ *Ихтиология маманы.*

ИХТИОЛОГИЯ *Балықтардың тіршілігін зерттейтін ғылым.*

ИШАН ***діни*** *Дін басшыларының жоғары атақтарының бір атауы.* □ **Ишанға қол тапсырды** ***діни*** *– ишанның жолын қуған.*

ИШАНДЫҚ *Ишанға тән.*

ИШАНША *Ишанға ұқсап, ишан сияқты.*

ИШАРА *Түрлі ым-белгі, тұспал, ишарат кейіп.*

ИШАРАЛА *Ишарамен тұспалдап, мегзеп түсіндіру.*

ИШАРАТ *Ойды түрлі ым-белгі арқылы білдіру әдісі, тұспал.*

ИШАРАТТА *Ишаратпен білдіру.*

ИШІ *Тері илеуші адам.*

ИШІМТАС *Асыл тас; нефрит.*

ИЩА: ища [ищай] деспеді *– әй-шай деспеді, ынтымақты болды.*

ИЩАЙ *Дене тоңып қатты тұршіккенде айтылатын сөз.*

ИЫҚ I 1. *Жауырын мен тоқпан жіліктің астасқан жері; иін.* 2. *Жең түбінің үстіңгі жағы, киімнің иіні.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің жотасы, биіктеу жоғарғы жері.* □ **Ығы асты** *– тұлғасы зор көрінді, еңсесі биіктеді.* **Ығы босады** *– уһ деп дем алды, жеңілдеді.* **Ығы бүтінделді** *– а) киімі түзелді, тәуір киінді; ә) тұрмысы түзелді, оңалды.* **Ығы жауыр болды** *– әбден азаптанды, қажыды.* **Ығы көтерілді** *– мерейі өсті.* **Ығымен көтерді** *– бар ауыртпалықты көрді.* **Ығына асылды** *– еркеледі, назданды.* **Ығына мініп алды** *– а) басқа шықты, басынды; ә) біреудің арқасында күн көрді.* **Ығынан дем алды** *– а) ауырып әзер тыныстап отыр; ә) ісініп-кебінді, мақтанды.* **Ығынан түспеді** *– ығыр қылды, шаршатты.* **Ығына [екі ығына] су кетті** *– салы суға кетті, еңсесі түсті.* **Ығына шықты** *– ықтап алды, басынды.* **Ығы салбырады** *– жүні жығылды, еңсесі түсті.* **Ығы тең** *– терезесі тең; ешкімнен кем емес.* **Ығы түсті** *– ұнжырғасы түсті; жасыды.* **Ыықбасты болды** *– бейнет көрді, азап шекті.* **Ыық көрсетті [көтерді]** *– күш көрсетті, кеуде көтерді.* **Ыық қағысты** *– қақтығысып-соқтығысты.* **Ыыққа шықты** *– басынды, ықтап алды.* **Ыық сүйесті** *– селбесіп бір-біріне көмектесті.* **Ыықтан басты** *– еңсесін көтертпеді, жадыратпады.* **Ыық теңесті [теңестірді]** *– күш салыстырды, бәсекелесті.* **Ыық түйістірді** *– қатарласып жүрді, жұбын жазбады.* **Ыық тіресті** *– а) ықтасын қатар отырды; ә) күш қосты, бірікті.*

ИЫҚ II ***этн.*** *Өрнек пен өрнек арасын қосып тұратын ою-өрнек элементі.*

ИЫҚСЫЗ *Ығы құшық келген.*

ИЫҚТА 1. *Ығымен соғу, итеру.* 2. *Ық түйістіру, жанасу, сүйкену.* 3. *Ыққа салып көтеру.* 4. *Белгілі бір жерді басып өту, бөктерлеу.* 5. ***Ауысп.*** *Баса көктеу, омыраулау, ықтыру.* 6. ***Ауысп.*** *Ығынан басу, еңсесін көтертпеу.* □ **Ыықтап алды** *– басынды, иектеді.*

ИЫҚТАН *Биік болып көріну, ерекшелену.*

ИЫҚТАС I 1. *Ығымен бірдей, бойы қатарлас.* 2. ***Ауысп.*** *Тең-түстас, қатар.*

ИЫҚТАС II 1. *Теңесу, қатарласу.* 2. ***Ауысп.*** *Терезесі тең, қатарлас.*

ИЫҚТЫ 1. *Қапсағай денелі, жауырынды.* 2. ***Ауысп.*** *Күшті, мықты.*

ИЫҚТЫҚ *Ық түсы.*

ИЫҚТЫЛАУ *Кең ықты, ығы үлкендеу.*

ИЫҚТЫЛЫҚ *Қақпақ жауырындылық, ығы үлкендік.*

ИІ 1. *Малдың сауар алдында сүтінің емшек үрпіне жиналып келуі.* 2. ***Ауысп.*** *Емірену, елжіреу, мейірлену.* □ **Иіп кетті** *– иіді.*

ИІК 1. *Икемге келу; илігу.* 2. ***Ауысп.*** *Мойынсұну, көндігу.*

ИІЛ 1. *Белі бүгілу, еңкею.* 2. ***Ауысп.*** *Кішірею, кешірім жасау.* □ **Иіліп жастық, жайылып төсек болды** *– астыүстіне түсіп күтті, тік тұрды.*

ИІЛГІШ 1. *Солқылдақ, майысқақ.* 2. **Ауысп.** *Күні үшін жалпылдап астыүстіне түсетін; пайдакүнем.*

ИІЛГІШТІК 1. *Жұмсақтық, майысқыштық, солқылдақтық.* 2. **Ауысп.** *Бейімделгіштік, көнгіштік.*

ИІЛМЕЛІ *Жұмсақ, майысқақ, солқылдақ.*

ИІЛМЕЛІК *Жұмсақтық, майысқақтық, солқылдақтық.*

ИІЛІК *И боларлық, иге жарамды.*

ИІЛІМ: иілімге келді – *айтқанға көнді; икемге келді.*

ИІЛІҢКІ *Аздап иілген, имектеу.*

ИІЛІҢКІЛІК *Аздап иілгендік, имектік.*

ИІЛІП-БҮТІЛ *Еңкейіп сәлем жасау, тағзым ету.*

ИІЛІС *Бір нәрсенің иілген жері, иіні.*

ИІН 1. *Иық.* 2. *Киімнің жең түбі.* 3. *Өзен, жол т. б. бұрылыс жасаған жері, иіліс.* 4. **Ауысп.** *Бір нәрсенің жайы, ыңғайы, қисыны.* □ **Ін қағысты** – *иық түйістірді, қатарласты.* □ **Ін тіресті** – а) *өте көп, тығыз;* ә) *күш теңестірді.* **Іні босады** – *жүгі жеңілдеді, жайланды.* **Іні келді** – *реті, қисыны келді.* **Ініне көндірді** – *ырқына жүргізді, дегенін істетті.* **Іні қақпақтай** – *жауырынды, иықты.* **Інінен дем алды** – а) *аптығын баса алмай ентікті;* ә) *бұрқ-сарқ қайнады, буы бұрқылдады.* **Ініне су кетті** – *жүні жығылды, еңсесі түсті.* **Ін тапты** – *ретін келтірді, есебін тапты.* **Іні салыңқы** – *көңілі жабыңқы, ренжулі.* **Іні тартты** – *иық тартқанда жаңа киім кием деген ескі наным.* **Іні түсті [салбырады]** – *жүні жығылды, еңсесі түсті.*

ИІНАҒАШ *Екі жағына шелек іліп, иыққа салып су таситын құрал; күйенте.*

ИІНДЕ 1. *Бұрылыс жасау, иілу.* 2. *Сабаның, местің қымызға, сүт, су сияқты сұйыққа лықа толуы, шұпілдеуі.*

ИІНДЕС *Жалғасу, қатарласу, иықтасу.*

ИІНДІ I *Малдың соңғы сауылған сүті; екінші рет төліне емізіп барып сауылуы.*

ИІНДІ II 1. *Иіні үлкенірек, кеңірек.* 2. *Иін жасаған, иілген (жер, өзен т. б.).* 3. **Ауысп.** *Ұрымтал, ретті, қолайлы.*

ИІНДІК көне *Бешпенттің сыртынан, екі иықтың екі жағынан сәл төмендеу тағатын әшекей.*

ИІНСІЗ *Иіні жоқ, иін жасалмаған.*

ИІНТІРЕК *Жылжымайтын тіреуіштен айнала қозғалатын қатты дене.*

ИІҢКІ *Иіліңкі, иілген, ішке тартыңқы.*

ИІР I *Иіріліп келген, қисық, ирек.*

ИІР II 1. *Жүннен, мақтадан ұршықпен жіп есу, ширату.* 2. *Малды, суды т. б. бір жерге шоғырландырып жинау, топтау.* 3. *Асықты тұрғызу үшін іріп тастау; шыру.* 4. **Ауысп.** *Сөзбен үйіріп алу.*

ИІР-ИІР *Ирек-ирек, бұрыс-бұрыс.*

ИІР-ҚИЫР *Иір-иір, буылтық-буылтық.*

ИІРЛЕ *Иір жасау, иректеу.*

ИІРЛІК *Иір болушылық.*

ИІРМЕК *Имектеліп, иіріліп келген (зат).*

ИІРМЕЛЕ *Бір жерге топтау, алқа-қотан жинау.*

ИІРУ *Тоқыма өнеркәсібінің негізгі өндірісінің бірі, жіп жасаудың жиынтық процесі.*

ИІРУЛІ 1. *Иіру процесінен өткен, ірілген.* 2. *Ошарылған, топталған күйінде.*

ИІРІЛ 1. *Бір жерге жиналу, топталу, үймелеу.* 2. *Иреленделу, ирендеу.*

ИІРІЛГІШ *Иірілуге бейім.*

ИІРІЛІМДІК *Тез иірілгіштік қасиет.*

ИІРІМ 1. *Судың дөңгелене шымырлап иіріліп аққан терең жері.* 2. *Дөңгелене иіріліп келген жер.* 3. *Жымиғанда, күлгенде пайда болатын беттің шұқыры.* 4. **муз.** *Ырғақ, нақыш.*

ИІРІМДЕН *Судың ірім болғаны, ірім жасап ағуы.*

ИІРІМДІ *Иірімі бар.*

ИІРІС *Бәрі бір жерге жинала топталғандық, иірілгендік.*

ИІС *Адамның, жан-жануарлардың сезім мүшесіне әсер ететін нәрселердің қасиеті.* □ **Ісі қазақ** — *қазақ атаулының бәрі, күллі қазақ біткен.* **Иіссабын** — *беті-қол жуатын жұпар сабын.* **Иіс сезу органдары** — *адам мен жануарлардың иіс қабылдайтын органы.* □ **Иіс алды** — а) *ішіл итке іздетті;* ә) *жас бала біреуге бауыр басып үйренді.* **Иіс алмас** — а) *шыдамды, көнтерілі адам;* ә) *ештеңені сезбейтін, надан.* **Иіс білмес** — *еш нәрсенің парқын айырмайтын топас.* **Иіс жасады [қылды]** — *марқұмдарға арнап шелпек пісіріп, иіс-қоңыс шығарды.* **Иіс тиді** — *организм иіс газымен уланды.* **Иісі [жұпар] аңқыды** — *хош иіс мұрын жарды.* **Иісі аңқып кетті** — *иісі мұңкіп тарады, жайылды, иісі бұрқырады.* **Иісі мұрнына бармайды [кірмейді]** — *еш нәрсе сезбейді, түсінбейді.* **Иісі мұрын жарды** — *иісі аңқыды, мұрынға келді.* **Иісі мұңкіп тұр [қолқа атты]** — *жағымсыз иіс шығып жиіркеніштігі мұрын жарды.* **Иісін алды** — *иісін біліп қалды, иісін сезінді.* **Иісін сезді** — *бір сырдың ұшығын аңғарды.* **Иісін шығарды** — *бірдеменің басын бастады, шет пұшпақтап сездірді.* **Иісі сіңді** — *бауыр басты, үйренді.* **Иісі шықты** — а) *иістенді, бұзылды (тағам т. б. жайында);* ә) *бір ойдың шет пұшпағы көрінді.*

ИІСКЕ 1. *Мұрын арқылы бір заттың иісін сезу, иіс алу.* 2. ***Ауысп.*** *Мейірлену, емірену, аймалау.*

ИІСКЕЛЕ *Қайта-қайта иіскеу, иіскей беру.*

ИІС-ҚОҢЫС *Жағымсыз иіс, кір-қоңыс.*

ИІС-ҚОҢЫСТЫ *Жағымсыз иісі бар.*

ИІСМАЙ *Беті-қолға, шашқа жағатын май; крем.*

ИІСМАЙЛЫ *Иісмай жаққан, иісмай иісі бұрқыраған.*

ИІССУ *Үстіге жағынатын хош, жұпар иісті; әтір.*

ИІСТЕН *Иісі шығып бұзылу, сасып кету.*

ИІСТІ *Иісі бар, иісі күшті.*

ИІСШІЛ *Иіс сезгіш.*

ИІСШІЛДІК *Иіс сезгіштік.*

ИЮ I 1. *Бір нәрсені майыстыру, бүгу.* 2. ***Ауысп.*** *Икемдеу, көндіру.*

ИЮ II *Сауын малдың сүтінің үрпіне жиылуы.*

ИЮ-ҚИЮ *Азан-қазан, у да шу; шаң-шұң.*

ЙОГ *Йогамен шұғылданушы.*

ЙОГА 1. *Адамның өз организмінің психологиялық және физиологиялық атқарымдарын басқаруға мүмкіндік беретін өзін-өзі танып-білу әдістәсілдерінің жүйесін қалыптастырған діни-философиялық ілім.* 2. *Осы ілімді ұстанушылар қалыптастырған дене жаттығуларының жүйесі.*

ЙОД 1. ***хим.*** *Түсі қара қоңыр химиялық элемент.* 2. ***мед.*** *Спиртке еріткен қызғылт күрең түсті сұйық дәрі.*

ЙОДОФОРМ ***мед.*** *Жарақаттар мен іріңді жараларға себілетін, иісі күшті, жылтыр ашық сары ұнтақ.*

К

КАБА *Дәмі жартылай ащы жаңа шараб сорты.*

КАБАК ***көне*** *Әртүрлі ішімдік сататын шарапхана.*

КАБАРЕ *Кейбір елдердегі арнайы эстрадасы бар шағын ресторан.*

КАБЕЛЬ *Электр энергиясын жер я су астымен жеткізетін радио, телевизор, телеграф т. б. сымы, желісі.*

КАБИНА *Машина, ұшақ т. б. жүргізушілер үшін арналған шағын орын.*

КАБИНЕТ 1. *Қызмет, жұмыс істеуге арналған оңаша бөлме.* 2. *Оқу орындарында белгілі бір пән бойынша сабақ өткізу үшін арнайы жабдықталған бөлме.* 3. *Кейбір елдегі министрлер құрамы, үкімет.*

КАБИНЕТТІК *Кабинетке қатысты, кабинет боларлық.* □ **Кабинеттік жүйе** — *талапқа сай жабдықталған бөлмеде оқыту жүйесі.*

КАБЛОГРАММА *Кабель арқылы берілген телеграмма.*

КАВАЛЕР I *Әйел адаммен жұптасып би билеуші; оны көпшілік орындарда күтуші ер адам.*

КАВАЛЕР II *Орденмен және жоғарғы атақтармен марапатталған адам.*

КАВАЛЕРИСТ *Атты әскер.*

КАВАЛЕРИЯ *Атты әскерлерден құралған қарулы топ.*

КАВАТИНА ***муз.*** *Операдағы лирикалық сипаттағы шағын ария.*

КАВКАЗДА *Кавказ жерін мекендеуші халықтардың үлгісімен ою-өрнек салу, әшекейлеу.*

КАГОР *Қызыл-қоңыр түсті десертті шарап.*

КАДАСТР ***кәс.*** *Бір нәрсе жанындағы мәлімет, тізім, анықтама.*

КАДЕТ ***тар.*** *Революциядан бұрынғы Ресейдегі либерал-монархиялық буржуазия партиясы*

КАДЕТ: кадет корпусы — *революциядан бұрынғы Ресейдегі дворян балаларын офицерлік қызметке даярлайтын жабық орта әскери оқу орны*

КАДМИЙ ***хим.*** *Мырыш рудасы құрамындағы ақ түсті, жылтыр, жұмсақ металл.*

КАДР I *Халық шаруашылығында түрлі ұйымдар мен мекемелерде істеуге даярланған қызметкерлер құрамы.*

КАДР II *Кинодағы, фотопленкадағы жеке суреттер, көрініс.*

КАДРИЛЬ *Алты түрлі фигурадан тұратын, жұптасып билейтін би; сол биге тән музыка.*

КАЗАКТАР 1. *Ертеде Украина мен Ресей жерлерінен қашып келіп, өз ерік-терімен орналасқан ауғындардан құралған әскери жер шаруашылық ұйымының мүшесі, сословие.* 2. *Осы ауғындардың тұқымдары, шаруалар және солардан құрылған әскер құрамындағы бөлімдер.*

КАЗАРМА *Әскери бөлімшені орналастыруға арналған жатақ үй.*

КАЗЕИН *Сүтте болатын белоктық зат.*

КАЗЕМАТ ***әск.*** 1. *Артиллерия атқылауы мен авиабомбадан сақтану мақсатымен салынған қорғаныс құрылысы.* 2. *XX ғасырдың басына дейінгі түрмедегі бір адамдық камера.*

КАЗУИСТ *Жалған, теріс пікірді дәлелдеуге шебер адам.*

КАЙНЕК *Сиыр мен сарлық (қодас) бұқасының буданы.*

КАЙНОЗОЙ: кайнозой эрасы — *жердің геологиялық тарихының ең жас, қазіргі кезеңді қамтитын дәуірі.*

КАКАДУ ***зоол.*** *Қызыл түсті үрпекбас тотықұстың бір түрі.*

КАКАО ***биол.*** 1. *Дәнінен шоколад жасайтын тропиктік аймақта өсетін ағаш.* 2. *Сол ағаш жемісінің ұнтағынан әзірлейтін кофе тәрізді ұнтақ.*

КАКТУС *Жылы жақта өсетін, қуаңшылыққа төзімді, тікенек жапырақты көпжылдық өсімдік.*

КАЛАМБУР *Сөздің әртүрлі мағынасын я дыбыс ұқсастығын пайдаланып күлдіргі сөз айтушылық.*

КАЛҒАН ***бот.*** *Тамырын дәрі-дәрмекке пайдаланатын өсімдік.*

КАЛЕЙДОСКОП *Ішінде құбылып, өзгеріп тұратын түрлі-түсті өрнекті көріністері бар цилиндр формалы оптикалық аспап.*

КАЛИБР *Мылтық пен зеңбірек ұңғысының кеңдігі, диаметрі.*

КАЛИЙ *Күміс түстес ақшыл, жұмсақ металл, химиялық элемент.* □ **Калий селитрасы** — *күрделі тыңайтқыш түрі.* **Калий карбонаты** — *көмір қышқылының калий тұзы.*

КАЛОРИМЕТР *Калория өлшеуге арналған құрал.*

КАЛОРИЯ ***физ.*** *Жылылық мөлшерін өлшейтін бірлік.*

КАЛОРИЯЛЫҚ *Қуаттылық, қоректік.*

КАЛЬКА 1. *Сурет пен сызбаның көшірмесін түсіру сияқты сызу жұмысына пайдаланылатын мөлдір қағаз немесе мата.* 2. ***лингв.*** *Бір тілдегі сөздерді я сөз тіркесін басқа тілге сөзбе-сөз аудару.*

КАЛЬКУЛЯТОР *Калькуляция жұмысымен шұғылданатын адам, есептеу құралы.*

КАЛЬКУЛЯЦИЯ *Тауардың сататын және сатып алатын бағасын, өнімнің өзіндік құнын есептеп шығару ісі.*

КАЛЬКУЛЯЦИЯЛА *Өнімнің өзіндік құнын есептеп шығару ісі.*

КАЛЬМАР ***зоол.*** *Теңізде тіршілік ететін ұзындығы 25—50 сантиметрдей моллюска.*

КАЛЬЦЕКС ***мед.*** *Тұмауға, сүзекке т. б. қолданатын ақ дәрі.*

КАЛЬЦИЙ ***хим.*** *Табиғатта әктас, мәрмәр құрамында кездесетін ақшыл металл.*

КАЛЬЦИ ***хим.*** *Әк пен мәрмәрдің негізін құрайтын ең кең тараған минерал.*

КАМЕРА 1. *Қайсыбір мекемелерде арнайы бір мақсатта пайдаланатын жеке үй, бөлме.* 2. *Түрмедегі жеке бөлме.* 3. *Фотоаппараттың пластинка не үлдір салынатын ішкі жабық бөлімі.* 4. *Ішіне ауа толтыратын шинаның резеңкелі қабаты.*

КАМЕРАЛЫҚ ***муз.*** *Музыкант солистер мен шағын ансамбльге арнап жазылған аспаптық немесе вокалдық шығарма.*

КАМЕРГЕР *Кейбір монархиялық мемлекеттердегі ағa сарай қызметшінің атағы, шені; сондай-ақ сол атаққа ие адам.*

КАМЕРТОН *Музыкалық аспаптардың құлақ күйін келтіру үшін пайдаланатын екі түсті шағын болат аспап.*

КАМФОРА *Медицинада, техникада қолданылатын өткір иісті, түссіз кристалл.*

КАНАЛ 1. *Су ағатын жасанды арна.* 2. *Байланыс, коммуникация желісі.*

КАНАЛИЗАЦИЯ *Түрлі лас суларды ағызып әкететін, тазартатын, жерасты құбырлары мен каналдарының жүйесі.*

КАНАТ *Болат сымнан жасалған жуан мықты арқан.* □ **Канат жолы** — *вагонеткамен жолаушыларды, жүкті тасу үшін болат сымнан жасалған аспалы жол.*

КАНДИДАТ 1. *Депутаттыққа сайлауға, тағайындауға, өтуге лайықтап мекеме, үйым, ұжымнан ұсынылған адам.* 2. *Диссертация қорғау негізінде берілген кіші ғылыми атақ, сондай-ақ осы ғылыми атаққа ие болған адам.*

КАНДИДАТТЫҚ *Кандидат болуға жарайтын, соған лайық.* □ **Кандидаттық минимум** — *кандидаттық диссертацияны қорғау құқығын алу үшін аспиранттардың тапсыратын емтиханы.*

КАНДИДАТУРА 1. *Кандидат болу құқығы мен мүмкіндігі бар және соған тілек білдіруші адам.*

КАНИЗАК ***көне*** *Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі ел билеушілері көңілін аулау үшін сарайда арнайы ұстайтын қызметші әйел.*

КАНИКУЛ *Оқушылар мен студенттерге берілетін мерзімді демалыс.*

КАНИСТРА *Бензин, су және басқа сұйық заттар сақтайтын ыдыс.*

КАНИФОЛЬ *Шырша ағаштарының шайырынан алынатын омырылғыш ашық түсті сарғыш зат.*

КАНОНАДА ***әск.*** *Өте күшті әрі жиі зеңбірек атысы.*

КАНОЭ *Бір тізерлеп тұрып есетін тұмсығы үшкір, кішігірім спорт қайығы.*

КАНОЭШЫ *Каноэ қайығымен жарысқа түсуші адам.*

КАНТАТА ***муз.*** *Жеке әншілер мен ансамбльге, хорға арнап жазылатын салтанатты не лирика-эпикалық түрдегі көлемді шығарма.*

КАНЦЛЕР *Кейбір мемлекеттердегі жоғары дәрежелі билік, атақ.*

КАПЕЛЛА ***муз.*** *Әншілер хоры, сондай-ақ әншілер мен музыкалық аспапта ойнайтын артистердің аралас ансамблі.*

КАПЕЛЬМЕЙСТЕР *Хор я оркестрді басқарушы дирижер.*

КАПИЛЛЯР 1. ***анат.*** *Қан айналуы мен лимфа жүйелерінің өте жіңішке қан тамырлары.* 2. *Тар түтікше.*

КАПИТАЛ 1. *Жалдамалы жұмысшы сіңбеген қанау арқылы алатын қосымша табыс құны.* 2. *Мол ақша.*

КАПИТАЛИЗМ *Өндіріс құрал-жабдығының жеке меншіктігі мен капиталдың жалдамалы еңбекті қанауына негізделген қоғам құрылысы.*

КАПИТАЛИСТ *Капиталистік қоғамдағы үстем тап өкілі, жалдамалы еңбекті қанаушы капитал иесі.*

КАПИТАЛИСТІК *Капитализм принциптеріне негізделген, соған қатысты.*

КАПИТАН ***әск.*** 1. *Армия мен флоттағы офицерлік атақ, шен.* 2. *Кеме командирі.* 3. ***спорт*** *Команда жетекшісі, басшысы.*

КАПОТ *Мотор мен түрлі механизмдерді шаң-тозаңнан сақтау үшін жауып тұратын жапқыш.*

КАПРАЛ *XVII—XIX ғасырдағы орыс армиясының кіші командиріне берілетін әскери атақ және сол атаққа ие адам.*

КАПРОН *Полиамидтен даярлаған синтетикалық талшықтың бір түрі және содан тоқылған мата.*

КАПСУЛА 1. ***анат.*** *Кейбір дәрілерді бүлінбеу үшін орайтын жабдық.* 2. *Дене мүшелерінің немесе олардың бөлшектерінің аты.*

КАПЮШОН *Сырткиімнің жағасымен бірге тігілген қайырмалы баскиім.*

КАРАБИН *Ұстауға қолайлы, жеңіл етіп жасалған, қысқа ұңғылы винтовка.*

КАРАМЕЛЬ *Ішіне әртүрлі тәтті салынған сырты қатты кәмпит.*

КАРАНТИН 1. *Жұқпалы аурудың тарамауы үшін науқасы жазылып кеткенше басқалардан бөлек ұстау тәртібі.* 2. *Эпидемияға ұшыраған ауданнан келген тауарларды, адамдарды қарайтын санитарлық орын.*

КАРАТ *0,2 грамға тең бағалы тастар мен інжу-маржандардың салмағын анықтайтын өлшем.*

КАРАТЭ *Қару қолданбай өзін-өзі қорғаудың жапондық үлгісі.*

КАРБИД ***хим.*** *Металдың я металлоидтердің көміртегімен қосылысы.*

КАРБОНАТ ***хим.*** *Көмір қышқылының тұзы; сода.*

КАРБЮРАТОР *Іштен жанатын қозғалтқыштағы сұйық отын мен ауаны араластырып жанғыш қоспа даярлауға арналған аспап.*

КАРДИОГРАММА ***мед.*** *Жүрек қозғалысын сызықтар жүргізу арқылы анықтау тәсілі.*

КАРДИОГРАФ ***мед.*** *Жүрек қозғалысын жазатын аспап.*

КАРДИОЛОГ *Жүрек ауруының маман дәрігері.*

КАРДИОЛОГИЯ *Жүрек ауруын зерттейтін медицина саласы.*

КАРЕЛЬ *Карелияны мекендеуші халық, сондай-ақ сол халықтың өкілі.*

КАРЕТА *Төбесі жабық төрт дөңгелекті, рессорлы атпы экипаж (арба).*

КАРИКАТУРА *Біреуді күлкі, мазақ, әжуалай салған сурет.*

КАРИКАТУРАШЫ *Карикатуралық бейнелер салушы суретші.*

КАРКАС 1. *Құрылыстың негізгі қаңқасы.* 2. ***биол.*** *Оңтүстікте өсетін қатты қарағаш; тасағаш.*

КАРНАВАЛ *Нықап киіп көшеде шеру жасап өткізетін жиын-той; би кеші.*

КАРНИЗ 1. *Үй қабырғасының жоғарғы сырт ернеуі.* 2. *Перде ілу үшін терезе мен есіктің жоғарғы жағына қойылатын көлденең таяқша.*

КАРОТИН *Сәбізде, жуада, сүтте т. б. болатын қызғылт сары түсті пигмент.*

КАРС *Жылтылдаған жібек араласқан мата.*

КАРТА I 1. *Жер бетінің сызбасы.* 2. *Әр алуан фигуралар бейнеленген картон қағаздан төрт бұрыштап жасалған ойын қағазы.*

КАРТА II *Ойнайтын карта.*

КАРТВЕЛЬ *Грузиндердің өзін-өзі атауы.*

КАРТЕЛЬ ***экон.*** *Өндіріс саласындағы ірі кәсіп иесінің нарыққа үстемдігін және келісушілердің тауарға бірыңғай нарық қойып, пайда түсіруін қамтамасыз ету үшін жасалатын монополиялық келісім түрі.*

КАРТЕР ***тех.*** *Ішten жанатын қозғалтқышты бүлінуден сақтайтын жабық металл қорап.*

КАРТЕЧЬ 1. *Жарылғанда жан-жаққа шашырай атылатын бытыра оқтары бар артиллерия снаряды.* 2. *Аңшы мылтығының ірі бытыра оғы.*

КАРТИНА 1. *Майлы бояумен салынған көркемдік мәні бар сурет туындысы.* 2. *Өзіндік декорациясы бар драмалық шығарма актісінің бөлімі.*

КАРТОГРАФ *Географиялық карта жасайтын маман.*

КАРТОГРАФИЯ *Географиялық карталар жасау жөніндегі ғылым.*

КАРТОДИАГРАММА *Статистикалық мағлұматтар диаграмма түрінде көрсетілген карта.*

КАРТОН *Қалың қатырма қағаз.*

КАРТОП ***бот.*** *Алқа тұқымдас бақша өсімдігі (көкөніс)* 2. *Осы өсімдіктің асқа пайдаланатын, крахмалға бай түйнегі.*

КАРТОПЕККІШ *Картоп егетін машина.*

КАРТОПҚАЗҒЫШ *Картоп қазатын машина.*

КАРТОТЕКА 1. *Анықтама немесе есеп тәрізді мәліметтер жазылған карточкалардың жүйеге келтірілген жиыны.* 2. *Осы карточкалар сақталатын жәшіктер.*

КАРТОЧКА 1. *Төрт бұрыштап қиылған кішірек қатты қағаз.* 2. *Шағындау фотосурет.*

КАРТУЗ *Ерлердің күнқағары бар баскиімі.*

КАРУСЕЛЬ *Серуендеуге арналған, ат, піл, қайық т. б. формалы отырғышы бар ойнамалы әткеншек.*

КАРЦЕР *Жазықты болған адамды уақытша қамап ұстайтын жалғыз кісілік бөлме.*

КАРЬЕР *Жер бетіне жақын жатқан кен байлықтарын ашық әдіспен өндіретін жер.*

КАСКА *Металдан істелген дулыға тәрізді баскиім.*

КАССА 1. *Бағалы, құнды қағаздар мен ақша сақтайтын жәшік, шкаф.* 2. *Мекемелер мен өндіріс орындарының қолда бар ақшасы.*

КАССАЦИЯ *заң Күшіне енбеген сот үкімі мен қарарына келіспей жоғарғы сот орындарына берілетін шағым.*

КАССЕТА *Фотосурет үлдірі, пленка, кинофильм таспасы орналасатын сәуле өткізбейтін жеңіл қорап.*

КАССИР *Ақша қабылдайтын, беретін, билет сататын касса қызметкері.*

КАССИРЛІК *Кассир болушылық, касса қызметін атқарушылық.*

КАСТА *Кейбір шығыс елдерінде тегіне, дорежесіне қарай басқалардан ерекше орындағы қоғамдық топ.*

КАСТРӨЛ *Темірден жасалған, цилиндр формалы, тамақ пісіруге арналған ыдыс.*

КАТАКЛИЗМ *Табиғаттағы, қоғамдағы қауырт, тосыннан болған өзгеріс, төңкеріс, күйзеліс.*

КАТАЛАЖКА ***көне*** *Тұтқынды қамайтын үй, түрме.*

КАТАЛИЗ ***хим.*** *Катализатордың әсерінен химиялық реакцияның шапшаңдауы я баяулауы.*

КАТАЛИЗАТОР ***хим.*** *Химиялық реакцияны тездететін, баяулататын зат.*

КАТАЛОГ *Бірыңғай заттардың белгілі бір тәртіппен жасалған тізімі.*

КАТАРАКТА ***мед.*** *Көздің мөлдір қабатының бұлдырланып, жанар нашарлайтын, көрмей қалатын ауру.*

КАТЕГОРИЯ ***филос.*** *1. Болмыстың жалпы белгілері мен байланысын сипаттайтын ұғым. 2. Әр алуан пәндер мен құбылыстардың жалпы белгісін білдіретін ғылыми терминология атауы.*

КАТЕГОРИЯЛЫ *Категориясы бар.*

КАТЕР *1. Жақын қашықтыққа жүретін ескекті немесе моторлы шағын кеме.*

КАТЕТ ***мат.*** *Тікбұрышты үшбұрыштың тікбұрыш жасап тұрған екі жақ қабырғасының бірі.*

КАТОД ***физ.*** *Теріс зарядты электрод.*

КАТОК *1. Конькимен сырғанап ойнайтын мұз алаңы. 2. Айналмалы цилиндрмен жол тегістейтін, таптайтын ауыр машина. 3. Егістіктегі топырақты уату, тегістеу жұмысында пайдаланатын шаруашылық құралы.*

КАТОЛИК ***діни*** *Католик діні және сол дінді ұстаушы адам.*

КАТОЛИЦИЗМ ***діни*** *Христиан дінінің негізгі бағытының бірі.*

КАТОРГА *Сотталған адамды аса ауыр тәртіптememен жұмыс істететін ерекше жаза түрі.*

КАТОРГАЛЫҚ *Каторгаға қатысты, соған лайықты; азапты, ауыр.*

КАТУШКА *1. Жіп, сым темір сияқты заттарды орап төгу үшін ағаштан жасалған шарық. 2.* ***тех.*** *Электртехника мен радиотехникада қолданылатын цилиндр формалы аспап.*

КАУЧУК *Тропиктік өсімдік сөлінен немесе химиялық тәсілмен алынатын резеңке өндіруге қажетті серіппелі зат.*

КАФЕ *Шай, кофе, сусын, жеңіл-желпі тағам сататын шағындау мейрамхана.*

КАФЕДРА *1. Сөз сөйлеушілерге арналған биік орын, мінбе. 2. Жоғарғы оқу орындарында белгілі бір ғылым саласына қатысты пәндер оқытушылары мен профессорлар құрамын біріктіретін оқу бөлімі.*

КАФЕЛЬ *Қабырға мен пешке нақыштап жапсыратын шынытаспен қапталған сырлы жұқа кірпіш.*

КАФЕТЕРИЙ *Керекті тамағын әркім өзі алып ішетін орын.*

КАШЕМИР *Жұмсақ, жұқа етіп саржа жіптерінен тоқылған мата.*

КАЮТА *Кемедегі адамдарға арналған жеке бөлме.*

КАЮТ-КОМПАНИЯ *Кемеде тамақ ішетін, демалатын ортақ бөлме.*

КӘ *Итті шақырғанда айтылатын одағай сөз.*

КӘДЕ *Қалыптасқан дәстүр, жөн-жора, салт-жоба.* □ **Кәдеге жарады [асты]** — *бір пайдаға асты, қажетке*

жарады. **Кәдесін алды [берді]** – *салтқа байланысты жол-жоралғысын алды.*

КӘДЕЛІ 1. *Жөн-жоралғылы, сыйлы.* 2. *Әдетке айналған, дағдылы.*

КӘДЕСЫЙ *Естелік үшін берілетін сыйлық; сувенир.*

КӘДЕСІЗ *Сый-сияпатсыз, жөн-жоралғысыз.*

КӘДЕШІЛ *Жөн-жоралғыны ескергіш.*

КӘДУІЛГІДЕЙ *Кәдімгідей, әдеттегідей.*

КӘДІ ***биол.*** *Асқабақ тұқымдас біржылдық өсімдік.*

КӘДІК 1. *Күмән, шүбә, күдік.* 2. *Қауіп-қатер.*

КӘДІКСІЗ 1. *Күмәнсіз, шүбәсіз, күдіксіз.* 2. *Қауіп-қатерді ойламағандықтан.*

КӘДІКТЕН *Шүбәлану, күдіктену, сескену.*

КӘДІКТІ *Күмәнді, күдікті, сезікті.*

КӘДІКШІЛ *Күмәншіл, күдікшіл, секем алғыш.*

КӘДІКШІЛДЕУ *Күмәншілдеу, секем алғыштау.*

КӘДІМГІ 1. *Әдеттегі, үйреншікті,* 2. *Нағыз, дәл.*

КӘДІМГІДЕЙ 1. *Әжептеуір, біраз.* 2. *Әдеттегідей, күндегідей.*

КӘДІМГІШЕ *Әдеттегіше, қалыптағыдай.*

КӘЗЕКЕЙ *Жеңсіз камзол.*

КӘЗЗАП *Оңбаған, сұрқия, жексұрын, алаяқ.*

КӘЗЗАПТАН *Сұрқиялану, алаяқтану.*

КӘЗЗАПТЫҚ *Сұрқиялық, алаяқтық.*

КӘЗИНЕК *Пышақтың, қылыштың әдемілігі үшін жазылының немесе сабының дүміне, көбіне күмістен қапталатын қақталған металл.*

КӘКПІР *Сүзгіш, кепсер.*

КӘКІР-ШҮКІР *Үсақ-түйек, көржер, анау-мынау.*

КӘЛ *Бүркітті шақырғанда айтылатын одағай сөз.*

КӘЛДЕ *Адамның, жан-жануардың басы.*

КӘЛИМА: кәлима қайырды – *тілін кәлимаға келтірді; Құдайға сыйынды.*

КӘЛҮНГІР *Өте жұқа, жұмсақ жібек; кездеме.*

КӘМЕЛЕТ *Жетілген, толыққан кез, өсіп ержеткен шақ.* □ **Кәмелетке толды [жетті, келді]** – *есейіп ержетті.*

КӘМЕЛЕТТІК *Өсіп ержеткен, азамат атанған.* □ **Кәмелеттік аттестат** – *онжылдық мектепті бітірген оқушыларға берілетін куәлік қағаз.*

КӘМЕЛЕТТІЛІК *Өсіп, ержеткендік, таласкандық.*

КӘМЕЛЕТТЕН *Өсіп жетілу, ержету.*

КӘМПИТ *Тәтті етіп жасалған кондитер өнімі, тағам.*

КӘМШАТ *Кеміргіштер тұқымдасына жататын терісі бағалы аң, құндыздың бір түрі.* □ **Кәмшат бөрік** – *кәмшат терісінен жасалған баскиім.*

КӘМІЛ *Рас, шын, ақиқат, сөзсіз, әбден.*

КӘН ***жерг.*** *От жағатын пештен бастап, төрге дейін түтін мен жалын жүретін ұңғы үстінің қызуы, жылуы, ыстығы.*

КӘНЕ I *"Қайда", "қайсы" магынасындағы сұрау есімдігі.*

КӘНЕ II *Бұйрық, сұрау мәнді ишарат одағайы.*

КӘНИЗАК *Хан сарайындағы (тұтқын) қызметші әйел.*

КӘНИПАС *Жібек матаның бір түрі.*

КӘНІГІ *Әбден төселген, машықтанған.*

КӘНІГІЛЕН *Әбден төселу, машықтану.*

КӘНІГІЛІК *Әбден төселгендік, машықтангандық.*

КӘНІК *Дәнігу, дәндеу.*

КӘП-КӘРІ *Біраз жасқа келген, егде тартқан, мыжырайған, шаруасы біткен.*

КӘПІР 1. *Мұсылман дінінен басқа діндегілер; дінсіз.* 2. ***Ауысп.*** *Оңба-*

ған, қанықпезер, жексұрын // Соққан, ақтырған.

КӘПІРЛІК 1. *Мұсылман дініне жат нәрсе, дінсіздік.* 2. **Ауысп.** *Оңбағандық, қатыгездік.*

КӘР 1. *Қаһар, ашу-ыза, ызбар.* 2. *Қиыншылық, таршылық.* □ **Кәрін қайтарды** — *жуып-шайып ашуын басты.* **Кәр қылды [көрсетті]** — *ашу шақырды, сес көрсетті.* **Кәр қысты** — *ашу-ыза кернеді.* **Кәріне мінді** — *қаһарланды, қатуланды.* **Кәрін төкті [шашты, шақырды, қадады, тікті]** — *бар ашу-ызасын білдіріп қатуланды, қаһарына көшті.* **Кәріне ұшырады [ілікті, кезікті, түсті, қалды]** — *қаһарына тап болды, қатты ашу-ызасын келтірді.*

КӘРДЕН *Үлкен кесе, шыны ыдыс.*

КӘРЕНЕЙ ***бот.*** *Кішкене жапырақты, сары гүлді өсімдік.*

КӘРЗЕҢКЕ *Түрлі заттар салу үшін қоға, ши, тал шыбықтан тоқып жасалған бұйым (ыдыс).*

КӘРКИДЕН *Пілдің ең үлкен түрі.*

КӘРЛІ *Қаһарлы, ашулы, ызбарлы.*

КӘРТЕМІШ *Мосқал тартқан, бойы, дене бітімі жасына сай емес, жетілмей қалған (адам, бала).*

КӘРІ 1. *Көп жасаған, қартайған, қария, қарт.* 2. *Көне, ескі, атам заманғы, ежелгі.* 3. ***Ауысп.*** *Бұрыннан келе жатқан, қалыптасып қалған.* □ **Кәрі жілік** — *тоқпан жілікпен түйіскен жілік.* □ **Кәрі боз** — *ысылған, тәжірибелі.* **Кәрі көз** — *көпті көрген, кәнігі.* **Кәрі қойдың жасындай** — *күні сануалы.* **Кәрі құлақ** — *әңгімені көп білетін адам, өткен-кеткеннен хабары мол.* **Кәрі тарлан** — *көп нәрсені бастан кешірген, ысылған, тәжірибелі.*

КӘРІ-ЖАС *Үлкен-кіші аралас, барлығы.*

КӘРІЗ *Жерасты суларын жер бетіне шығарып, су жүру үшін көлбей қазылған арық, канал.*

КӘРІ-ҚҰРТАҢ 1. *Жасы жеткен, қартайған адамдар.* 2. *Арық-тұрық, кәрі мал.*

КӘРІҚЫЗ ***бот.*** 1. *Дәнінің сыртында киімге т. б. жабысқыш қармақ тәрізденген ілмешекті жемісі бар көпжылдық өсімдік.* 2. *Тұрмысқа шықпай, оң жақта көп отырып қалған бойжеткен.*

КӘРІЛЕУ *Қартайыңқырап қалған, қартаңдау.*

КӘРІЛІ-ЖАСТЫ *Кәрі-жасы аралас, үлкенді-кішілі.*

КӘРІЛІК *Жасы үлғайғандық, қартайғандық.* □ **Кәрілік жеңді [келді, жетті]** — *қартайды, қартаң тартты.*

КӘРІП 1. *Мүсәпір, бейшара, сорлы, гәріп.* 2. *Кемтар, мүгедек.* □ **Кәріп болды** — *сорлады, бейшара болды.*

КӘРІП-ҚАСЕР *Мүсәпір, кемтар адам.*

КӘРІПТІК *Мүсәпірлік, кемтарлық, мүгедектік.*

КӘРІС *Өрнекті селдір жібек мата.*

КӘРІСІП *Кәрі санау, қомсыну, жаратпау.*

КӘС ***кәс.*** *Жер айдағанда борозда арасында кейде қалып қоятын шым.*

КӘСЕ ***кәс.*** *Теңізде ау салуға қолайлы таяздау жер.*

КӘСЕК *Терезе мен есік ойықтарына қағылатын жақтау ағаш.*

КӘСІБИ *Белгілі бір кәсіпке, мамандыққа тән.* □ **Кәсіби сөздер** — *нақтылы бір мамандықпен байланысты айтылатын сөз.* □ **Кәсіби-техникалық училище** — *белгілі бір жұмысшы мамандығына баулитын орта оқу орны.*

КӘСІП 1. *Тіршілік әрекеті, мамандық.* 2. **Ауысп.** *Жұмыс, еңбек, іс.* □ **Кәсіп етті [қылды]** — *шұғылданды, әуестенді.* **Кәсіп иелері** — *мамандар.*

КӘСІПКЕР 1. *Кәсіпші, кәсіп істеуші, кәсіпқой мамандық иесі.* 2. **Ауысп.** *Істі, кәсіпті ұйымдастырушы, бизнесмен.* □ **Кәсіпкер спортшы** — *қайсыбір елдердегі спорттың бір түрімен қаражат табу мақсатымен жарысқа түсуші адам.*

КӘСІПКЕРЛІК *Кәсіпқорлық, кәсіпқойлық.*

КӘСІПҚОЙ I 1. *Белгілі бір мамандықпен, кәсіппен шұғылданушы адам;*

профессионал. 2. *Қара басына ғана пайдалы іс-әрекетшіл.*

КӘСІПҚОЙ II *Белгілі бір кәсіпке мамандanған адам.*

КӘСІПҚОЙЛЫҚ, КӘСІПҚОЙ III *Кәсіпқой болып қалыптасқандық.*

КӘСІПОДАҚ *Кәсіптік одақ.*

КӘСІПОРЫН *Түрлі бұйымдар, шаруашылыққа, тұрмысқа қажетті заттар шығаратын, өндіретін өндіріс орны.*

КӘСІПСІЗ *Тиянақты кәсібі жоқ, жұмыссыз, еңбексіз.*

КӘСІПТЕН *Мамандану, кәсіпке айналдыру.*

КӘСІПТЕС *Істес, қызметтес, мамандас.*

КӘСІПТІК 1. *Кәсіпке, мамандыққа баулитын, үйрететін.* 2. *Шаруашылық үшін маңызы бар.*

КӘСІПШІ *Белгілі бір кәсіппен шұғылданушы, кәсіпқор.*

КӘСІПШІЛ *Кәсіпке икемді, жақсы маман.*

КӘСІПШІЛІК *Кәсіп етушілік.*

КӘТЕП ***көне*** *Жүк артқанда нардың өркешіне ауыр салмақ түспеу үшін салынатын қом, тазы.*

ҚАУАП ***жерг.*** *Істікке түйреп, шоқтың қызуына қақтап пісіретін ет.*

ҚАУМІС *Астаубас, ірі, үлкен, дәу бас.*

ҚАУСАР 1. ***діни*** *Суы сүттен аппақ, қардан таза, қанттан тәтті, табаны толған інжу, мыс деп саналатын аңыздағы жұмақ суының аты.* 2. ***Ауысп.*** *Кіршіксіз таза, мөлдір.*

ҚАУСАРЛЫ *Шипалы, қасиетті.*

ҚӨШЕК *Мал жегеннен кейінгі қалған қалдық шөп.*

КВАДРАТ ***мат.*** 1. *Барлық қабырғалары тең тік төртбұрыш; шаршы.* 2. *Санды өзіне-өзін көбейткенде шығатын көбейтінді.*

КВАДРАТТА *Санды өзіне-өзін көбейту; шаршылау.*

КВАДРАТТЫ *Квадраты бар, квадратқа лайық.*

КВАНТ ***физ.*** *Молекулалық атомдық және ядролық жүйенің өзгеру барысында бөлінетін қуаттың ең аз бөлігі.*

КВАРТЕТ ***муз.*** 1. *Төрт адам жеке партияда орындайтын музыкалық шығарма.* 2. *Төрт орындаушыдан құрылған ансамбль.*

КВАРЦ ***хим.*** *Кремнеземнің кристалл күйінде кездесетін күйі, минерал.* □ **Кварц шамы** — *кварцты электр шамы.* **Кварц сәулесі** — *медицинада емге пайдаланатын ультракүлгін сәуле.*

КВАС *Қара нанға ашытқы салып, және жеміс-жидек қоспасынан ашытып даярлайтын қышқылтым сусын.*

КВИНТА ***муз.*** *Гаммадағы бесінші басқыш және бірінші мен бесінші басқыштың аралығы.*

КВИНТЕТ ***муз.*** 1. *Бес орындаушы жеке-жеке партияда ойнайтын музыкалық шығарма.* 2. *Сондай шығарманы ойнайтын бес орындаушыдан тұратын ансамбль.*

КВИТАНЦИЯ *Ақша, құжат, бағалы заттар қабылданғаны жайлы берілетін түбіртек қағаз.*

КЕБЕЖЕ *Тамақ, азық-түлік салу үшін әшекейлеп, оюлап жасайтын ағаш сандық.* □ **Кебеже шана** ***жерг.*** — *шөп таситын қанатты шана.* **Кебеже қарын (құрсақ)** — а) *денелі әрі семіз, қарыны үлкен адам;* ә) *мама биелердің ауыз әдебиетінде айтылатын баламасы.*

КЕБЕЖЕДЕЙ *Бүйрегі шығыңқы, үлкен, рабайсыз.*

КЕБЕЖЕҚАП *Түсті матаны киізге оюлап жапсырған кебеженің қабы.*

КЕБЕЖЕЛІ: кебежелі стол — *азық-түлік салатыны бар кең үстел.*

КЕБЕК *Бидай ұнының үрпағы, қауыз.* □ **Кебек жұтсын** ***қарғ.*** — *қақалып-шашалсын, қарасы батсын.*

КЕБЕКТЕ *Кебегінен ажырату, тазарту.*

КЕБЕКТІ *Кебегі мол, кебегінен ажыратылмаған.*

КЕБЕН ***жерг.*** *5—6 тонналық үйілген шөп, мая.*

КЕБЕНЕК 1. ***көне*** *Малшылар аязда, жауын-шашында киетін жұқа киізден тігілген сырткиім.* □ **Кебенек киген** — *тірі жүрген, бұл дүниеде бар адам.*

КЕБЕНЕК II 1. *Ешкіде болатын жұқпалы індет.* 2. ***экспр.*** *Ешкіге айтылатын зеку, қарғыс.* □ **Кебенек келгір [тигір, алғыр]** — *кебенек індетіне ұшырағыр.*

КЕБЕНЕКТЕ *Кебенек ауруына ұшырау.*

КЕБЕР *Жарылу, кеберсу, қабару, ісіну.*

КЕБЕРСІ *Кебу, құрғау.*

КЕБУ *Кепкен, құрғақ, құрғаған.*

КЕБУЛІК *Кебу болушылық, құрғақтық.*

КЕБІН I 1. *Өлген адамның денесін орайтын ақ мата; ақырет.* 2. ***Ауысп.*** *Жақтырмағанда, ренжіп зекігенде киім мағынасында қолданылады.* □ **Кебін киген** — *қайтыс болған адам.* **Кебін кидірді** — а) *жанын жаһаннамға жіберді;* ә) *аяғын құштырды.* **Кебіні жоқ, көрі жоқ** — *өлігі көмусіз, ораусыз қалды.* **Кебініңді жалмағыр *қарғ.*** — *жатқаныңнан тұрмағыр.*

КЕБІН II *Мойны, маңдайы тегіс жабық болатын бәйге атының жабуы.*

КЕБІНДЕ *Кебінге орау, кебін киғізу.*

КЕБІНДІ *Кебін киген, кебіні бар.*

КЕБІНДІК *Кебінге жарарлық, соған жетерлік.*

КЕБІНСІЗ *Ақ жауып, арулап көмілмеген.*

КЕБІҢКІ *Аздап кепкен, кебіңкіреген.*

КЕБІР 1. *Шөлді жердегі бетіне тұзы шығып жататын сортаң жер, құтақыр.* 2. *Құрғақ, кебу.*

КЕБІРЕ *Сортаңдану, кені кеуіп құрғау.*

КЕБІРТЕК 1. *Қабыршықтанып қатқан.* 2. ***Ауысп.*** *Жентектелген, құрғаған.*

КЕБІРТЕКСІ *Қабыршықтанып қата бастау.*

КЕБІРТЕКТЕН *Кебу, құрғау.*

КЕБІРТЕҢ 1. *Беті қабыршықтанып қата бастаған.* 2. ***Ауысп.*** *Қарлыққан, құрғаған, кебірсіген.*

КЕБІРТЕҢДЕУ *Кеуіп қата бастаған, кебіртең тартқан.*

КЕБІС ***көне*** *Мәсінің сыртынан киетін былғарыдан тігілген аяққиім.* **Кебіс ауыз** — *итаяқтай үлкен ауыз.*

КЕБІСТЕЙ *Кебіс сияқты үлкен, қолқылдаған.*

КЕБІСШЕҢ *Кебіс киіп шыққан қалпында.*

КЕГЕЖЕКТЕ *Ілгері баспай артқа қарай шегіншектеп, шалқая беру.*

КЕГЕЙ I *Арба доңғалағының шабағы.*

КЕГЕЙ II *Қызылтал сияқты бұтағы шашырай өсетін, құрылысқа жарамсыз терек тұқымы.*

КЕГЕР 1. *Кішірек келген, сұр түсті сүңгуір үйрек.* 2. ***Ауысп.*** *Сұр, сұрғылт.*

КЕГЖЕҢ: басын кегжең еткізді — *басын оқыс көтеріп шалқайды.*

КЕГЖЕҢДЕ *Басын жоғары көтеріп шалқайта беру.*

КЕДЕЙ 1. *Күнкөріс, тұрмысы нашар, байлығы жоқ адам.* 2. *Жұтаң, қайыршы, тіленші, тапшы.*

КЕДЕЙ-КЕПШІК *Жарлы-жақыбай, жоқ-жітік.*

КЕДЕЙЛЕН *Күнкөрісі, тұрмысы нашарлау, жарлылану.*

КЕДЕЙЛЕУ *Жоқ-жітіктеу, тапшылау, жұпынылау.*

КЕДЕЙЛІК *Кедей болушылық, жоқшылық, тапшылық.*

КЕДЕЙСІ *Өзін-өзі жарлы етіп көрсету, кедей күйде болғансу.*

КЕДЕЙСІН *Кедей деп санау, менсінбеу, қомсыну.*

КЕДЕЙШІЛІК *Кедей болушылық, жарлылық, жоқшылық.*

КЕДЕН I *Шетелге шығаратын немесе шетелден әкелетін заттарды мұқият тексеретін, байқап өткізетін орын, мекеме.*

КЕДЕН II ***көне*** *Ұрыс-керіс, қақтығыс.*

КЕДЕРГІ 1. *Бөгет, тосқауыл, бөгеу.* 2. ***физ.*** *Жылдамдықты тежейтін қарсы*

күш. 3. ***Ауысп.*** *Қиыншылық, қиындық, ауыртпалық.* □ **Кедергі болды [етті, жасады, келтірді, туғызды]** — *бөгет болды, кесір келтірді.*

КЕДЕРГІЛІ *Кедергісі бар, тосқауылды, бөгетті.*

КЕДЕРГІСІЗ *Бөгетсіз, тосқауылсыз, қиындықсыз.*

КЕДЕРГІСІЗДІК *Кедергі болмаушылық, бөгетсіздік.*

КЕДЫ *Бұжырлы жұмсақ резеңке табаны бар спорттық аяққиім.*

КЕДІР *Бұдыр-бұдыр, тегіс емес.*

КЕДІР-БҰДЫР 1. *Ойлы-қырлы, ойқыш-ойқыш.* 2. *Бұжыр-бұжыр, қатпарлы, тегіс емес.* 3. ***Ауысп.*** *Бұрылысы мен бұралаңы мол, қилы-қилы.*

КЕДІР-БҰДЫРЛЫ *Ойлы-қырлы; кедір-бұдыры көп.*

КЕДІР-БҰДЫРЛЫҚ 1. *Ойлы-қырлылық, тегіс еместік.* 2. ***Ауысп.*** *Үйқасы мен жатықтығының жетпеушілігі.*

КЕДІР-БҰДЫРСЫЗ 1. *Кедір-бұдыры жоқ, теп-тегіс.* 2. *Бұлтарыс-қалтарысы, бұралаңы жоқ, даңғыл.* 3. ***Ауысп.*** *Жатық, жүйелі.*

КЕЖ *Қиқар, қыңыр, қырсық, қасарыспа.*

КЕЖДЕН *Қиқарлану, қырсығу, ерегісу, қасарысу.*

КЕЖЕГЕ *Бас сүйектің желке тұсы; шүйде.* □ **Кежегесі кейін тартты [сүйреді, кетті]** — *жалқауланды, мойны жар бермеді.*

КЕЖЕК *Үйректің еркегі.*

КЕЖЕУІЛ ***жерг.*** *Күзет, қарауыл, шолғын, торуыл.* □ **Кежеуіл салды** — *қарауылдады, шолды, торуылдады.*

КЕЖЕУІЛДЕ *Қарауылдау, шолу, тору.*

КЕЖЕУІЛШІ *Қарауылдаушы, шолғыншы, торушы.*

КЕЖІК *Қыңырлану, қырсығу, бәлі болу, бәлдемсу.*

КЕЖІЛДЕ *Керілдесу, керісу.*

КЕЖІМ *Кестелеп, оюлап әшекейлеген сәнді атжабу.*

КЕЖІМДЕ *Өрнек жасап сәндеу, әшекейлеу.*

КЕЖІМДЕУЛІ *Кежім жауып ертелген.*

КЕЖІР 1. *Қыңыр, кертартпа, қияс, жалқау, еріншек.*

КЕЖІРЕЙ 1. *Қыңыраю, қиястану.* 2. *Тұмсығын көкке көтеру, бәлдену, кекірею.*

КЕЖІРЛЕН 1. *Қыңыраю, кертартпалану.* 2. *Жалқаулану, керенаулану.*

КЕЖІРЛЕУ *Қыңырлау, қиқарлау, қырсықтау, кертартпалау.*

КЕЖІРЛІК 1. *Қыңырлық, қырсықтық, қиқарлық.* 2. *Керлік, керенаулық, қасарғыштық.*

КЕЗ I *Мерзім, мезгіл, уақыт.* □ **Кез болды** — *кезікті, жолықты, ұшырасты.* **Кез келген** — а) *кім болса сол, кім көрінген;* ә) *аяқ астынан тап болған, кездейсоқ.* **Кез қоспақ** — *нар мая мен бурадан туған тұқым.* **Кез өркеш** — *бура мен аруанадан туған нардың асыл тұқымы.* **Кезі [кезегі келді]** — а) *мезгілі жетіп уақыты туды;* ә) *реті түсті, орайы келді.* **Кезін берді** — *сәтін түсірді, орайын келтірді.*

КЕЗ II ***көне*** *71,12 см-ге тең ұзындық өлшемі, аршын.*

КЕЗ III 1. ***көне*** *Жебенің ашаланып келген, серіппеге ілінер жері.* 2. *Айыр түйенің екі өркешінің аралығындағы ойыс, қосылған жері.*

КЕЗ IV *Шарлау, қыдыру, аралау.*

КЕЗБАС *Қас, өш, араз.*

КЕЗБАСТАУ *Дүрдараз, бірде олай, бірде былай.*

КЕЗБАСТЫҚ *Араздық, өкпе.*

КЕЗБЕ 1. *Қаңғыбас, қыдырымпаз.* 2. ***Ауысп.*** *Өткінші, ауыспалы.*

КЕЗБЕЛЕ *Шарқ ұру, шарлау, кезу.*

КЕЗБЕЛІ *Көшіп-қонып кезіп жүретін.*

КЕЗБЕЛІК 1. *Байыз таппай шарқ ұрып қыдырушылық.* 2. *Қаңғыбастық, үйсіз-күйсіз, тентіреушілік.*

КЕЗБЕШІЛ *Қыдыруға жаны құмар.*

КЕЗГІШ *Аралағыш, кезіп жүргіш.*

КЕЗГІШТЕУ *Аралап қыдырғанды ұнатыңқырайтын.*

КЕЗГІШТІК *Кезгіш болушылық, кезбелік.*

КЕЗДЕ *Кезбен өлшеу, метрлеу.*

КЕЗДЕГІ *Сол шақтағы, уақыттағы.*

КЕЗДЕЙ *Кезге жуық, соған шамалас.*

КЕЗДЕЙСОҚ 1. *Күтпеген жерден, аяқ астынан, тосыннан.* 2. *Абайсызда, аңдаусызда, байқамай.*

КЕЗДЕЙСОҚТАУ *Ойламаған жерден, кенет.*

КЕЗДЕЙСОҚТЫҚ 1. *Аяқ астынан, күтпеген жерден, тосыннан.* 2. ***филос.*** *Қажеттілікке қарама-қарсы ұғым.*

КЕЗДЕМЕ *Мата, бұл.*

КЕЗДЕС *Жолығу, кезігу, ұшырасу.*

КЕЗДЕСКЕНДІК *Жолыққандық, кезіккендік, ұшырасқандық.*

КЕЗДЕСКЕНШЕ *Жолыққанша, кезіккенше, тап болғанша.*

КЕЗДЕСУ 1. *Біреумен танысу, әңгімелесу мақсатымен өткізетін жиын.* 2. *Жарыс, бәсеке.*

КЕЗДІК I *Қысқа сапты кішірек пышақ.*

КЕЗДІК II *Бір аршынға, кезге тең, соған жуық.*

КЕЗДІКШЕ I *Кішірек кездік.*

КЕЗЕ *Қолдағы мылтық, найза т. б. қаруды біреуге қарай көздеу, бағыттау, оңтайлау.*

КЕЗЕГЕН: кезеген торғай — *сарғылт, жылтыр қара түсті торғай.*

КЕЗЕК I 1. *Бір нәрсені жасау немесе алу үшін келер сәтін, уақытын, күтіп тұрған адамдар тізбегі.* 2. *Жұмыс уақытының алмасу жүйесі.* 3. *Белгілі бір істің жөні, реті, ыңғайы.* 4. *Бірінен кейін бірі, алма-кезек.* □ **Кезегін алды** — *бір істі я сөзді бастау рәсімін істеді, жолын алды.* **Кезек берді** — *бір нәрсені айтуға я істеуге мүмкіндік жасады.* **Кезекке қойды [тұрды]** — *кезек тәртібімен тізімге кіргізу.* **Кезек келді [жетті, тиді]** — *сәті түсті, кезі келді.* **Кезек күттірмейтін** — *шұғыл орындалуға тиісті, бірінші кезектегі.* **Кезектен тыс** — *жоспарланбаған, белгіленген мерзімнен бұрын.*

КЕЗЕК II *Әлдеқандай денеге түскен, ұзақ уақыт жазылмай жүретін жарақат.*

КЕЗЕКПЕ-КЕЗЕК *Бірінен кейін бірі.*

КЕЗЕКСІЗ *Кезекке тұрмай, кезек күтпей.* 2. *Кезектен тыс.* 3. ***Ауысп.*** *Ретсіз, орынсыз.*

КЕЗЕКТЕГІ 1. *Кезекте тұрған, ретімен келген.* 2. *Кезекшілік міндетін атқарып тұрған.*

КЕЗЕКТЕП *Бірін-бірі алмастырып, рет-ретімен.*

КЕЗЕКТЕС 1. ***орт. етіс*** *Кезектес.* 2. *Кезектесіп істеуші.*

КЕЗЕКТІ 1. *Алда тұрған, алдын ала белгіленген. Бірінен кейін бірі келетін, келесі.* 2. *Реті келген, орынды, қажетті.* 3. *Күнделікті, күндегі, үйреншікті.*

КЕЗЕКШІ 1. *Кезектілік тәртібімен қоғамдық қызметін орындаушы адам.* 2. *Басқа мекемелер жабық кезде жұмыс уақыт кестесінен тыс жұмыс істеуші.*

КЕЗЕКШІЛІК *Кезекші болушылық.*

КЕЗЕН 1. ***өзд. етіс*** *Кезең.* 2. *Бір нәрсе істеуге оқталу, оңтайлану, ыңғайлану.*

КЕЗЕНУЛІ *Кезеніп тұрған, көздеулі.*

КЕЗЕҢ I 1. *Кез, уақыт, мезгіл.* 2. *Белгілі бір оқиғаның, істің дамуымен ерекшеленетін аралық // Даму сатысы, асу.*

КЕЗЕҢ II 1. *Таулы жердегі екі жағы түйетайлы болып келген аласа бел, белес.* 2. ***Ауысп.*** *Асар асу, сыналар шақ.*

КЕЗЕҢДЕН *Екі жағы белдену, кезең болу.*

КЕЗЕҢДІ 1. *Кезеңі бар, белесті.* 2. ***Ауысп.*** *Қиын-қыстау, сыналар шақ.* □ **Кезеңдіге кез болды [ұшырады]** — *қауіп-қатері көп жағдайға душар болды.* **Кезеңді жау** — *ежелден көз тіккен, аңдысқан дұшпан.*

КЕЗЕҢДІК *Белгілі бір кезеңге лайық, соған қатысты.*

КЕЗЕҢШЕ *Кішірек, тарлау, шағын кезең.*

КЕЗЕР *Шөлдегендіктен еріннің кебуі, құрғап тобарсуы.*

КЕЗЕРІҢКІ *Аздап кезерген.*

КЕЗЕРІҢКІРЕ *Аздап кезеру, құргаңқырап тобарсу.*

КЕЗЕТ *Су жырған жер, жырашық.*

КЕЗЕУЛІ 1. *Атуға даярланған, кезелген.* 2. *Дәттеген, көзделген.*

КЕЗ-КЕЗІМЕН *Мезгілімен, кезегімен, ретіменен.*

КЕЗҚҰЙРЫҚ *Ұсақ жәндіктермен, өлекселермен қоректенетін жыртқыш дала құсы.*

КЕЗНАР *Мырзақоспақ пен үлекті шағыстырып алынған ұрпақ; еркек түйе.*

КЕЗПАР *Лөк пен маядан туған түйе тұқымы, будан.*

КЕЗНЕС *Қысылу, қымсыну, қызару.*

КЕЗУШІЛІК *Тыным таппай толассыз аралаушылық, шарлаушылық.*

КЕЗІК *Жолығу, кездесу, ұшырасу.* □ **Кезік аяқ** — *тыным таппайтын, дамыл көрмейтін.*

КЕЗІНДЕ *Мезгілінде, өз уақытында.*

КЕЙ *Қайсыбір, қайбір, бағзы бір.* □ **Кей кезде [мезгілде, сәтте, уақытта, шақта]** — *қайсыбірде, ара-тұра.*

КЕЙБІР *Қайсыбір, өзге бір.*

КЕЙБІРЕУ *Қайсыбір адам, әлдекім.*

КЕЙДЕ *Кей уақытта, кейбір кезде.*

КЕЙ-КЕЙДЕ *Оқта-текте, андасанда, кейбір кезде.*

КЕЙКЕҢ *Кегжең, кекең.*

КЕЙКЕҢДЕ 1. *Керілу, қырсығу,* 2. *Кегжию, кейкию, кекеңдеу.*

КЕЙКИ 1. *Басты жоғары көтеріп кекшию, кегжию.* 2. *Тәкаппарланып көзге ілмеу, менсінбеу, меншенсу.* 3. *Маңғаздану, өзін жоғары ұстау, кекірею, нығызсу, бұлдану.*

КЕЙКІ *Қайқы, таңқы.*

КЕЙКІЛЕУ *Таңқылау, қайқылау.*

КЕЙКІШ *Таңқыш, қайқы.*

КЕЙУАНА 1. *Жалғыз өркешті көп боталаған ұрғашы түйе тұқымының құрметті кәрісі.* 2. *Жасы ұлғайған кәрі ана, кемпір.* 3. ***Ауысп.*** *Мейірімді, шапағатты.*

КЕЙУАНАЛЫҚ *Ақылгөйлік, данышпандық.*

КЕЙІ *Налу, ренжу, күйіну, қынжылу.*

КЕЙІГЕНДІК *Ренжігендік, налығандық, қынжылғандық.*

КЕЙІГЕНСІ *Ренжігенсу, налығансу, қынжылғансу.*

КЕЙІГІШ *Әр нәрсеге бір ренжи бергіш, налығыш.*

КЕЙІГІШТЕН *Кейи беру, жоқтан өзгеге ренжи беру.*

КЕЙІН 1. *Соң, соңыра, соңынан.* 2. *Сонан соң, сонан кейін, соңынан.* 3. *Арт жағына қарай, кері.* □ **Кейін келе** — *соңыра, соңынан барып.* **Кейін шегінді** — *кері тартты.* □ **Кежегесі кейін тартты** — *ындысы құрып жалқауланды, ерінді.*

КЕЙІНГІ 1. *Арт жақтағы, соңғы, арттағы.* 2. *Бір нәрседен соңғы.*

КЕЙІНДЕ 1. *Баяулау, артта қалыңқырау.* 2. *Бөгелу, кешіктіру.*

КЕЙІНДЕГІ *Арт жақтағы, кейінгі, соңғы.*

КЕЙІНДЕУ 1. *Артқа таман, кейінірек // Біраз уақыт өткен соң барып.* 2. *Көрсеткіші төмендеу, мешеулеу.*

КЕЙІННЕН *Біраз уақыт өткен соң, кейінгі кезде.*

КЕЙІНШЕКТЕ 1. *Артқа тарту, шегіншектеу.* 2. ***Ауысп.*** *Тартыншақтау, қаймығу.*

КЕЙІНШЕКТЕГЕНДІК *Артқа тартушылық, шегінушілік, тартыншақтағандық.*

КЕЙІНІРЕК 1. *Біраз уақыт өткеннен кейін, соңырақ.* 2. *Соңын ала, арт жақта.*

КЕЙІНІРЕКТЕУ *Арт жаққа тамандау, кейіндеу.*

КЕЙІҢКІРЕ *Риза болмай, ренжіңкіреу.*

КЕЙІП 1. *Бет пішін, кескін-келбет // Сырт, бейне, тұр-тұрпат.* 2. *Бір нәрсеге лайықты белгі, ұқсас бейне, көрініс.* 3. *Бейне, образ.* □ **Кейпі кетті [қашты]** — *өңі бұзылды, түсі қашты.*

КЕЙІПКЕР ***әдеби.*** *Көркем шығарма қаһарманы.*

КЕЙІП-КЕСКІН *Түр-тұрпат, түр-өңет, кейіп, пішін, келбет, бейне.*

КЕЙІПСІЗ *Түр-тұрпаты нашар, ұсқынсыз.*

КЕЙІПСІЗДЕНУ *Түр-тұрпаты нашарлану, ұсқыны кету, бұзылу.*

КЕЙІПСІЗДЕУ *Ажарсыздау, ұсқынсыздау.*

КЕЙІПСІЗДІК *Кейіпсіз болушылық, ұсқынсыздық.*

КЕЙІПТЕ *Кейпін бейнелеп суреттеу, кескіндеу.*

КЕЙІПТЕН I. *өзд. етіс Кейіптен.* 2. *Түр-тұрпатын өзгертіп белгілі бір кейіпке түсу.* 3. *Ажарлану, нұрлану.*

КЕЙІПТЕС *Кескін-келбеті ұқсас.*

КЕЙІПТЕУ *Жаратылыстағы жанды-жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіре бейнелейтін көркемдік тәсіл.*

КЕЙІПТЕУСІЗ *Кейпін бейнелеп суреттеусіз, келбетін келтірусіз.*

КЕЙІПТЕУШІ *Кескін-келбетін бейнелеуші, сипаттаушы.*

КЕЙІПТЕУШІЛІК *Кескін-келбетіне ұқсатып бейнелеушілік, суреттеушілік.*

КЕЙІПТІ *Кескін-келбетіне ұқсас, кейіптес.*

КЕЙІПТІЛЕУ *Кескін-келбеті тәуірлеу, бет ажары дұрыстау.*

КЕЙІС *Ренжіс, қынжылыс, налыс.*

КЕЙІССІЗ *Ренжусіз, кеюсіз, налыссыз.*

КЕЙІСТЕН *Көңілі толмау, ренжу, кейіңкіреу.*

КЕЙІСТЕУ *Кейіңкіреген, налыған.*

КЕЙІСТІ *Риза болмаған, кейіген.*

КЕЙІСТІК *Риза болмағандық, налығандық, наразылық.* □ **Кейістік танытты [білдірді]** — *кейіді, ренжіді.*

КЕЙІТ I *Дабыс, даңқ, атақ, лақап, дәріп.*

КЕЙІТ II *Біреуді ренжіту, ашуландыру.*

КЕК 1. *Ашу, ыза, қаһар.* 2. *Өшпенділік, өштік, қастық.* □ **Кек алды** — а) *өшін алды, намысын жібермеді,* ә) *көңіліне алды, кек тұтты;* **Кек жібермеді** — *кегін қайтарды, өшін алды;* **Кек кернеді [биледі, қысты, қайнады]** — *тісін қайрады, қаһарына мінді.* **Кек қылды [тұтты, көрді, сақтады, түйді]** — *намысына тиіп ашуланды.*

КЕКЕ *Қағытып мұқату, келемеждеу.*

КЕКЕК *бот. Жоңышқаға ұқсас көпжылдық шөп.*

КЕКЕКТЕ 1. *Кегжеңдеу, кекеңдеу.* 2. *Ауысп. Кекең-секең ету, бәлдену.*

КЕКЕҢ *Кекіген, кекірейген, кегжиген, кербез.*

КЕКЕҢДЕ 1. *Кекең-кекең ету, кекіреңдеу.* 2. *Ауысп. Кеуде керу, кекию, кербездену.* □ **Кекең қақты** — *кекең-секең етті.*

КЕКЕҢКІРЕ *Қағытып мұқатыңқырау, кекете түсу.*

КЕКЕҢ-СЕКЕҢ *Ылдым-жылдым, елтең-селтең, ұшқалақтық.*

КЕКЕП-МҰҚА *Сөзбен қағытып мұқату, келемеждеу.*

КЕКЕСІН *Қағытпа сөз, шымшыма.*

КЕКЕСІНДЕУ *Аздап кекесінді, кекетінді, мысқыл аралас.*

КЕКЕСІНДІ *Ажуасы мен мысқылы аралас.*

КЕКЕСІНДІЛЕУ *Аздап кекесінді, кекесін аралас.*

КЕКЕСІНШІЛ *Кекеп-мұқағыш, мысқылшыл.*

КЕКЕТКЕНДІК *Сөзбен шалып қағытқандық, қағытып мұқатқандық.*

КЕКЕТКІШ *Сөзбен шалып қағытқыш, мұқатқыш.*

КЕКЕТІНДІ *Кекетіп мұқатқан, кекетпе.*

КЕКЕТІНДІЛЕУ *Аздап кекетінді, кекесіндеу, мысқылдау.*

КЕКЕШ *Сөйлеу мүшелерінің кеміс болуынан тілі мүкіс адам, тұтықпа.*

КЕКЕШТЕН *Сөздерді дұрыс айтпау, тұтығу.*

КЕКЕШТЕУ *Аздап кекештенін сөйлейтін, тұтықпалау.*

КЕКЕШТІК *Дыбыстарды дұрыс айта алмаушылық, тұтықпалық.*

КЕКИ 1. *Басын шалқайтып кекшию, кекірею.* 2. ***Ауысп.*** *Әлдеқандай болып бұлдану, бәлсіну.*

КЕКС *Мейіз салып пісірген тәтті нан.*

КЕКСЕ 1. *Орта жастан асқан, жасы ұлғайған, сақайған, мосқал.* 2. ***Ауысп.*** *Талайды көрген қу, әккі.*

КЕКСЕЛЕҢ *Біразға келген, есею, мосқал тарту.*

КЕКСЕЛЕУ *Жасы үлкендеу, мосқалдау.*

КЕКСЕЛІК *Кексе болушылық, мосқалдық.*

КЕКСІЗ *Дықсыз, зілсіз, кек сақтамайтын.*

КЕКТЕ *Кек санау, кек тұту.*

КЕКТЕС *Өштес, қастас.*

КЕКТЕСТІК *Өштестік, қастық, кектес болушылық.*

КЕКТЕСУШІЛІК *Араз болушылық, кек сақтаушылық.*

КЕКТІ *Кегі бар, кекке толы, өшпенді.* □ **Кекті сырқат [науқас, жара]** — *қатерлі кесапатты ауру.*

КЕКТІЛІК *Кекті болушылық, өшпенділік.*

КЕКШЕҢ: кекшең етті — *кегжең еткізді.*

КЕКШЕҢДЕ *Басын оқыс көтеріп шалқайта беру.*

КЕКШИ 1. *Басын шалқақтату, қақшию, кегжию.* 2. ***Ауысп.*** *Менменсу, шікірею, кекірею.*

КЕКШІЛ *Кек сақтағыш, кек алғыш.*

КЕКШІЛДІК *Кек сақтағыштық, намысқойлық.*

КЕКІЛ *Адамның маңдайына қойған бір шоқ шаш пен жылқы, түйенің маңдайындағы бір шоқ қыл, шуда.* □ **Кекіл қақты** — *басын шұлғыды, изеді.* **Кекіл қақпай аяң** — *тез-тез жүретін жылдам аяң.* **Кекіл қойды [жіберді]** — *маңдайына бір уыс шаш қалдырды.*

КЕКІЛДІ *Кекіл қойған, кекілі бар.*

КЕКІЛДІРІК *Аттың кекілі көзін жауып тұрмас үшін жүгеннің маңдай тұсынан басып тұратын кекілдік, кекілбасар деп те аталатын қайыс.*

КЕКІЛІК *Көбінесе таулы, тасты жерді мекендейтін көк сұр түсті жабайы кішірек құс.*

КЕКІР I *Қисық-қыңыр, кесір, қырсық, қарыспа.*

КЕКІР II *Асқазаннан бөлінген иісі жаман ауаны ауыз жолы арқылы шығару.*

КЕКІРДЕЙ 1. *Кекір сияқты.* 2. ***жерг.*** *Дардай, еңгезердей, сойталдай.*

КЕКІРЕ I ***биол.*** *Тікенжапырақты көпжылдық арамшөп.* □ **Кекіреге тойған текедей** — *қорazданып маза бермейді, өкіреңдеді.*

КЕКІРЕ II: **кекіре балық** ***зоол.*** — *уылдырығы қымбат бағаланатын қызылбалықтың бір түрі.*

КЕКІРЕБАС ***биол.*** *Тік сабақты, қоңыр түсті үлпілдек, белогы мол көпжылдық өсімдік.*

КЕКІРЕГҮЛ ***биол.*** *Биіктігі 20—30 см-дей тікенжапырақты гүлді өсімдік.*

КЕКІРЕЙ 1. *Басын жоғары көтеріп кейкию, кегжию.* 2. *Әлдеқандай болып бәлдену, бұлдану, тәкаппарлану.*

КЕКІРЕЛЕ *Тойыну, тояттау.*

КЕКІРЕҢ: кекірең етті — *шалқақтады, кегжиді.*

КЕКІРЕҢДЕ 1. *Кекірең-кекірең ету, шалқақтау, кегжию.* 2. ***Ауысп.*** *Кердеңдеу, бәлдену, бұлдану, паңсыну.*

КЕКІРЛІК *Кесірлік, тәкаппарлық.*

КЕКІРСІ *Менменсу, паңсыну.*

КЕКІРТ *Кесірлі, кесапатты, астамшыл.*

КЕКІРТТЕН *Кесірлену, тәкаппарлану.*

КЕКІРТТІК *Кесірлік, кесапаттық.*

КЕКІРІК 1. *Ауыз жолмен шығатын иісті ауа.* 2. ***Ауысп.*** *Тәкаппар, кекір, кекірт.* □ **Кекірігі азды** — *майлы тамақты артық жеп күпті болды.* **Кекірік атты** — а) *мөлшерден тыс тамақтанды;* ә) *ішкені алдында, ішпегені артында болды.* **Кекірік мінез** — *өркөкіректік, кесапаттық.*

КЕКІРІКТЕ *Кекіру, кекірік ату.*

КЕЛ 1. *Бері қарай бет алып жүру, жылжу.* 2. *Жеткізілді, қолына тиді.* 3. *Белгілі бір жасқа толу, жету.* 4. *Мерзімі болу, уақыты жету.* 5. *Бір әрекетке құлқы болу, керексіну.* 6. *Нәзіргі етістік пен есім сөздердің жетегінде айтылып көмекші қызмет атқарады.* 7. *Үздіксіз болу, жалғаса түсу.* 8. *Ұқсау, сәйкес келу.* □ **Келген бойда [бетте]** — *келе салысымен, дереу.* **Келе сала** — *келген бойда.* **Келмеске кетті** — а) *құрыды, жойылды;* ә) *дүниеден өтті, өлді.* □ **Келсең келдің өзі** — *еш нәрседен тайынбайтын, қызба.*

КЕЛБЕТ 1. *Түр-тұрпат, кейіп-кескін.* 2. *Бейне, көрік.* □ **Келбеті [келімі] келген [келіскен]** — *сымбатты, сұлу.* **Келбеті толған айдай** — *келісті өң, балғын түр.*

КЕЛБЕТСІЗ *Көріксіз, ұсқынсыз.*

КЕЛБЕТТЕН *Көріктену, ажарлану, әрлену.*

КЕЛБЕТТЕС *Келбет-кескіні ұқсас, түстес.*

КЕЛБЕТТІ *Көрікті, ажарлы.*

КЕЛГЕН-КЕТКЕН *Келіп-кетіп жатқан.*

КЕЛГІНШІ ***жерг.*** *Сырттан жолаушылап келуші; ізденіп келуші.*

КЕЛГІШТЕ *Қайталап келе беру, жиі келу.*

КЕЛДЕК I *Ағаштан жасалатын жуан, қысқа таяқ.*

КЕЛДЕК II *Бидай, арпа, тары т. б. топталған дәнді дақыл сабағының басы, масақ.*

КЕЛДЕКТЕ *Сабақтың басын қосып топтау.*

КЕЛДІ-КЕТТІ *Сырттан келіп кеткен, уақытша келген.*

КЕЛЕ I 1. *Жылқы үйірі сияқты бір топ түйе, бір қора інген.* 2. **Ауысп.** *Ел арасы, көпшілік ортасы.* □ **Келеге келді** — *қалыбына түсті, өзіне-өзі келді.* **Келеге кеңес киргізді** — *ортаға ақыл салды.*

КЕЛЕ II *Келешілердің бәйге атына жанамалап қосылатын жері.*

КЕЛЕК *Қураған өсімдіктерден құралған қалың жыныс; қалтқы арал.*

КЕЛЕКЕ *Мазақ, тәлкек; келемеж.* □ **Келеке етті [қылды, жасады, болды]** — *мазақтады, келемеждеді.*

КЕЛЕКЕ-КЕКЕСІН *Әзіл-оспақ, қағытпа сөз.*

КЕЛЕКЕЛЕ *Мазақтау, келемеждеу, тәлкек қылу.*

КЕЛЕ-КЕЛЕ *Жүре келе, бірте-бірте.*

КЕЛЕКЕЛІ *Келеке ететін, ажуалы, сықақты*

КЕЛЕКШЕ *Келекке ұқсап.*

КЕЛЕЛЕ *Түйелерді үйірлеп топтау.*

КЕЛЕМЕ ***көне*** *Әйелдердің әсіресе ақын, өнерпаз қыз-келіншектердің күлапаралы, жібек, шәйіден тігілген киімі.*

КЕЛЕЛІ *Аса күрделі, маңызды.*

КЕЛЕМЕЖ *Келеке, мазақ, тәлкек.* □ **Келемеж етті [қылды, жасады, болды]** — *мазақтады, келемеждеді.*

КЕЛЕМЕЖДЕ *Мазақтау, ажуалау, қағыту.*

КЕЛЕМЕЖШІЛ *Мазақтағыш, ажуалағыш.*

КЕЛЕҢСІЗ *Орынсыз, жөнсіз, ретсіз.*

КЕЛЕҢСІЗДЕУ *Орынсыздау, оғаштау.*

КЕЛЕҢСІЗДІК *Жөнсіздік, оғаштық, ерсілік.*

КЕЛЕП *Иірілген жіптің шумағы.*

КЕЛЕПАН *Қойды қырыққан кезде қошқардың құйрық жағында, күйек байлар бел тұсында қалдырылған жүн.*

КЕЛЕПАҢДАЙ *Кетпектей дәу, соқтандай.*

КЕЛЕПТЕ I *Келеп жасап жіпті шумақтау.*

КЕЛЕПТЕ II *Жіпті шумақтап жинау.*

КЕЛЕПТЕУЛІ *Шумақтап жинаған.*

КЕЛЕР-КЕЛІМЕС *Келетіні я келмейтіні белгісіз.*

КЕЛЕР-КЕТЕР *Келер пайда, шегер зиян, пайда зиян.*

КЕЛЕСАУ *Жарыместеу, нақұрыстау, есерсоқ.*

КЕЛЕСАУЛАН *Есерсоқтану, нақұрыстану.*

КЕЛЕСАУЛАУ *Есерсоқтау, епсіз келесау.*

КЕЛЕСАУЛЫҚ *Есерсоқтық, келесау болушылық.*

КЕЛЕСАУША *Келесауға ұқсап.*

КЕЛЕСІ *Ендігі, алдағы, келер.*

КЕЛЕШЕК *Алдағы уақыт, болашақ.*

КЕЛЕШЕКСІЗ *Болашағы жоқ, алдағы уақыттан үміт күттірмейтін.*

КЕЛЕШІ *Бәйгіден келе жатқан аттардың алдынан шығушы.*

КЕЛСАП *Келіге салған дәнді түйгіштеп уататын аспап, түйгіш.* □ **Келсаппен салып жібергендей [соққандай]** — *жай соққандай етті.* **Келсап жалап күн көре алмас** — *мардымсыз нәрсе пайда бермес.* **Келсаппен түйгендей** — *дәл, анық, түсінікті.* **Келсаптың басындай** — *үлкен, дәу.*

КЕЛСАПТАЙ *Үлкен, жуан, қолағаштай.*

КЕЛТЕ *Қысқа, шолақ.* □ **Келте бақай** — *бойы бір тұтам, бәкене.* □ **Келте қайырды [тұжырды, түйді]** — *көпке созбай, тез доғарды, толықтырмай айтты.* □ **Келте пішу** — *асығыс шешім қабылдады.*

КЕЛТЕК 1. *Шоқпардың қысқа, шағын түрі.* 2. *Жуан таяқ.*

КЕЛТЕЛЕ *Қысқарту, шолтиту.*

КЕЛТЕЛЕУ *Қысқалау, шолақтау.*

КЕЛТЕЛІ *Келтеленген, қысқаша.*

КЕЛТЕҢ: келтең етті — *шолтаң етті.*

КЕЛТЕҢДЕ *Қысқалық қылу, шолақ болу.*

КЕЛТЕСІНЕН 1. *Төтесінен, тігінен, тура.* 2. *Қысқа етіп, көп созбай.*

КЕЛТИ *Қысқалық қылу, шолақ болу.*

КЕЛІ *Дәнді дақылдарды түйіп ұнтақтау үшін ішін қуыстап жасаған ағаш құрал.* □ **Келі түбі** — *келі түйіскен адамға берілетін сыбаға.* **Келі түйді** — *келіге салып ұнтақтады, жаныштады.*

КЕЛІДЕЙ *Үлкен, добалдай.*

КЕЛІ-КЕЛСАП *Келі мен келсап сөздерінен жасалған қос сөз.*

КЕЛІМ ***көне*** *Кескін, келбет, түр.* □ **Келімі келген** — *келбетті, сымбатты, көрікті.*

КЕЛІМ: келім-кетім кісі — *келіп-кетушілер.*

КЕЛІМ: келімге келмеді ***жерг.*** — *ырыққа көнбеді, айтқанды істемеді.*

КЕЛІМДӘРІ ***жерг.*** *Тілді удай ашытатын қызыл қабықты бұрыш, лазы.*

КЕЛІМДІ ***көне*** *Келбетті, бітімі жақсы.*

КЕЛІМДІ-КЕТІМДІ *Келіп кетіп жатқан.*

КЕЛІМПАЗ *Келе бергіш, жиі-жиі қатынап тұратын.*

КЕЛІМПАЗДАН *Жиі-жиі келе беру.*

КЕЛІМПАЗДЫҚ *Келе бергіштік, келімпаз болушылық.*

КЕЛІМСЕК *Шеттен келген, кірме.*

КЕЛІМСЕКТЕ *Қайта-қайта келгіштеу, кезбелікке салыну.*

КЕЛІМСІЗ *Келіссіз, жарасымсыз, ұсқынсыз.*

КЕЛІН 1. *Ұлдың әйелі, келіншегі.* 2. *Інісінің, сондай-ақ жасы кіші басқа да ағайын-тумалардың әйелі.* □ **Келін түсірді [алды]** — *ұлына әйел алып берді.* **Келіннің бетін ашты** — *дәстүр бойынша жаңа түскен келінді өлең айтып таныстырды.*

КЕЛІНДЕЙ *Келін сияқты ізетті, ұялшақ.*

КЕЛІНДІ *Келін түсірген, келіні бар.*

КЕЛІНЖАН *Келінді еркелетіп айтылған сыпайы сөз.*

КЕЛІН-КЕПШІК *Жас әйелдер, келіншектер.*

КЕЛІНСЫМАҚ *Келін аты бар.*

КЕЛІНСІ *Келін болғансу.*

КЕЛІНСІЗ *Келіні жоқ; келіннің қатысуынсыз.*

КЕЛІНШЕК *Жаңа түскен жас әйел.*

КЕЛІНШЕКБОЗ ***бот.*** *Қырда өсетін, малға жұғымды шөп.*

КЕЛІНШЕКСІ *Келіншек болғансу.*

КЕЛІНШЕКСІЗ *Келіншегі жоқ; келіншегінің қатысынсыз.*

КЕЛІП-КЕЛІП *Жүріп-жүріп; ақыр аяғында.*

КЕЛІП-КЕТЕРІ 1. *Басып жүру, қатынап тұру.* 2. ***Ауысп.*** *Содан болатын, содан келетін.*

КЕЛІС I *Келушілік, келгендік.*

КЕЛІС II 1. *Өзара пікірлесіп бір тоқтамға келу, пәтуаласу, сөз байласу, уәделесу.* 2. *Келісімге келу, бітім жасау.* 3. *Жарасу, үйлесу.*

КЕЛІСКЕН 1. *Көз тартарлық, әдемі.* 2. *Үлкен, зор.*

КЕЛІССӨЗ *Мәселені талқылау, пікір алысумен шектелген келісім сөз.*

КЕЛІССІЗ 1. *Орынсыз, лайықсыз, ұнамсыз, келімсіз.* 2. *Ұсқынсыз, келбетсіз.*

КЕЛІССІЗДЕУ *Келімсіздеу, ұнамсыздау, жарасымсыздау, ұсқынсыздау.*

КЕЛІСТІ 1. *Көз тартарлық, келіскен.* 2. *Үйлесімді, лайықты.*

КЕЛІСТІЛЕУ *Келбеттілеу, келімділеу, сымбаттылау, әп-әдемі, келістірек.*

КЕЛІСТІЛІК *Келбеттілік, сымбаттылық.*

КЕЛІСТІРЕК *Келбеттірек, әдемірек, сымбаттырақ.*

КЕЛІСТІРУШІ *Екі арада жүріп жарастырушы, татуластырушы.*

КЕЛІСТІРУШІЛІК *Екі араны жарастырушылық, келістіруші болушылық.*

КЕЛІСУШІ 1. *Келісімге келуші.* 2. *Ақылдасушы, кеңесуші.*

КЕЛІСІМ 1. *Екеуара байласқан сөз, уәде.* 2. *Шарт, бітім, келіссөз.* 3. *Үйлесім, жарасым, ұнасым.* □ **Келісім алды [берді]** — *рұқсат етілді, мақұлданды.* ◊ **Келісімге бармады** — *қоштамады, ризашылық білдірмеді.* **Келісімге келді** — *келісті, жарасты.* **Келісім жасады** — *шартқа қол қойды.* **Келісімхат** — *келіссөзді құжатқа жазылған бітім, шарт.*

КЕЛІСІМДІ 1. *Келісіп қойған, келіскен.* 2. *Жарасымды, үйлесімді, ұнасымды.*

КЕЛІСІМПАЗ *Ымырашыл, келіскіш.*

КЕЛІСІМПАЗДЫҚ *Мәмілеге келгіштік, ымырашылдық ағым.*

КЕЛІСІМСІЗ 1. *Келісім алмай, рұқсатсыз.* 2. *Тартымсыз, ұнамсыз; ұсқынсыз.*

КЕЛІСІМСІЗДЕУ *Тартымсыздау, ұнамсыздау.* 2. ***Ауысп.*** *Орынсыздау, жараспайтын.*

КЕЛІСІМСІЗДІК 1. *Ымыраға келмегендік, келіспеушілік; алауыздық.* 2. ***Ауысп.*** *Үйлесімсіздік, ұнамсыздық.*

КЕЛІСІМШАРТ *Келісуші жақтардың алған өзара міндеттерін белгілейтін шарт түрі.*

КЕЛІСІМШІЛ *Келіскіш, ымырашыл.*

КЕМ 1. *Аз, толмаған, жетімсіз, кеміс.* 2. *Сапасы төмен, нашар, осал.* 3. *Мүсәпір, кәріп, мүгедек.* ◊ **Кем қылмады** — *қор қылмады.* **Кем санады [тұтты]** — *менсінбеді, қораш көрді.* **Кем соқты [шықты]** — *кемістігі болды, аз болды.* □ **Кем тимеді [түспеді]** — *қалыспады, төмен болмады.*

КЕМБАҒАЛ 1. *Мүгедек, жарымжан.* 2. *Кедей, жарлы.*

КЕМБАҒАЛСЫ *Кембағал болғансу.*

КЕМДЕ-КЕМ *Өте сирек, ілуде бірөу.*

КЕМДЕТ *Кемсіту, кеміту.*

КЕМДЕУ 1. *Аздау, кемірек, жетімсіздеу.* 2. *Мүгедектеу, жарымжандау; жетімсіздеу.*

КЕМДІ *Кем, аз, шамалы, шағын.*

КЕМДІК 1. *Аздық, жетімсіздік.* 2. *Кемістік, кінәрат, мін.* 3. *Тапшылық, жоқшылық, зәрулік.* 4. *Мүкістік, ақаулық, мүгедектік.* ◊ **Кемдік көрді** — *зардап тартты, қысылды.* **Кемдік қылды** — *аздық етті.*

КЕМЕ 1. *Теңіз бен мұхиттарда жүзіп жүретін көлік түрі.* 2. *Қуаты зор ұшқыш аппарат.*

КЕМЕЛ 1. *Әбден толып жетілген, өскен, ержеткен. Асқан шебер, жетік, алғыр.* 2. *Шама-шарық, өлшем.* ◊ **Кемеліне келді [жетті, толды]** — *әбден толып жетілді, толысты.*

КЕМЕЛДЕН *Толысу, жетілу.*

КЕМЕЛДЕНУШІЛІК *Толып жетілушілік, кәмелетке толушылық.*

КЕМЕЛДІ *Толып жетілген, кемелге келген.*

КЕМЕҢГЕР *Дана, данышпан.*

КЕМЕҢГЕРСІ *Ақылгөйсу, кемеңгер болғансу.*

КЕМЕР 1. *Өзен, көлдің су орып кеткен жарлау жағасы.* 2. *Бір нәрсенің жақтауы, жиегі, жарқабағы.* 3. **Кемерінен асты** — *деңгейінен асып төгілді.* **Кемеріне түсті** — *басылды, тыныштанды.*

КЕМЕР: кемер белбеу — *жағалы киімдердің сыртынан буынатын, өрнекнақышпен бедерленген әсем, жалпақ, былғары белбеу.*

КЕМЕРЛЕ 1. *Ернеуіне жету, лықсып толу.* 2. *Өзен жағалауын тегістеп, биіктеп қалау.*

КЕМЕРЛІ *Кемері бар, жарқабақты.*

КЕМЕРСІЗ *Кемері жоқ, жарқабақсыз.*

КЕМЕШ *Іші кең, сыйымды ыдыс.*

КЕМЕШІ 1. *Су жолы қызметкері, кемеде жұмыс істеуші.* 2. *Кеме жасаушы.*

КЕМЕШТЕЛ *Кемеш етіп жасалу.*

КЕМИЕК *Астыңғы иегі тартыңқы кем, кеміс не шығыңқы.*

КЕМИЕКТЕУ *Астыңғы иегі тартыңқылау немесе шығыңқылау.*

КЕМДІК 1. *Кем болушылық.* 2. *Кемтарлық.* ◊ **Кемдікте ұстады** — *қажау көрсетті; қор тұтты.*

КЕМ-КЕМДЕП *Аз-аздап, біртіндеп.*

КЕМ-КЕТІК 1. *Кемшілік, олқылық, жетімсіздік.* 2. ***Ауысп.*** *Ғәріп-ғасер, жарлы-жақыбай.*

КЕМПІР *Жасы ұлғайған, қартайған әйел.*

КЕМПІРАУЫЗ *Шеге суыратын құрал; тістеуік.*

КЕМПІРҚОСАҚ *Жаңбырдан кейін күн сәулесінен пайда болатын доға тәріздес түрлі түсті, жарық жолақ.*

КЕМПІРҚОСАҚТАН *Кемпірқосақ сияқтану, түрлі түске бояну.*

КЕМПІРӨЛДІ ***этн.*** *Жаңа үйленген жастарға "өзгелер ұйықтады, жата берулеріңе болады" деп білдірген әзіл белгісі үшін күйеу жігіттің қалыңдық жеңгесіне беретін кәдесі.*

КЕМПІР-ШАЛ *Жасы ұлғайып қартайған әйел-еркек.*

КЕМПІРШӨП ***бот.*** *Көпжылдық шөптесін өсімдік.*

КЕМСЕҢ: кемсең қақты — *иегі мен ернін қозғап жыламсырады.*

КЕМСЕҢДЕ *Үнін онша шығармай жыламсырау.*

КЕМСЕҢ-КЕМСЕҢ: кемсең-кемсең етті — *иегін қозғай түсіп үнсіз, егіліп жылап жіберу.*

КЕМСИ *Тісі опырылып, аузы жапыраю.*

КЕМСІ *Кем деп білу; қомсыну.*

КЕМСІНГЕНДІК *Кем тұтқандық, көңілге тоқ санамағандық.*

КЕМСІТУ ***саяси*** *Империалистік қанау қысымында езілген жеке ұлттарды, ұлттық топтарды, отар халықтарды алалап, құқынан айыру.*

КЕМСІТУШІЛІК *Кем тұтушылық, көңілге тоқ санамаушылық.*

КЕМТАЛАП *Талаптанбайтын, талапсыз.*

КЕМТАР 1. *Жарымжан, мүгедек.* 2. *Кедей, тапшы, жетімсіз.* 3. ***Ауысп.*** *Кем, кемшін.* □ **Кемтар соқты** — *мұқтаж болды, жетіспеді.*

КЕМТАРЛЫҚ 1. *Мүгедектік, жарымжандық.* 2. *Жоқшылық, кедейлік.* □ **Кемтарлық көрді** — *мұқтаж болды, жетіспеді.*

КЕМТАРСЫ *Мүгедексу, жарымжансу.*

КЕМТІК 1. *Кем-кетік, жетімсіздік.* 2. *Кемтар, мүсәпір.*

КЕМТІКТІ *Кемтар, кембағал.*

КЕМШІЛ *Жетпей жатқан, кем соғатын, жетіспейтін.* □ **Кемшіл соғады** — *кем түседі.*

КЕМШІЛДЕУ *Аздау, кемдеу.*

КЕМШІЛІК 1. *Кемістік, олқылық, жетімсіздік.* 2. ***Ауысп.*** *Жоқшылық, тапшылық.* ◊ **Кемшілік көрді** — *жоқшылық пен қиыншылықтың азабын тартты.*

КЕМШІН 1. *Олқылық, кемшілік.* 2. *Кемдеу, аздау.*

КЕМІ I *Аз дегенде, жоқ дегенде.*

КЕМІ II 1. *Азаю, кем тарту; қысқарту.* 2. *Бәсең тарту, құны төмендеу.*

КЕМІК I *Сүйектің кеміруге болатын борбас, жұмсақ, майлы жері.*

КЕМІК II 1. *Кемдеу, кемтарлау.* 2. *Толық емес, жартыкеш.*

КЕМІНДЕ *Жоқ дегенде, аз дегенде.*

КЕМІР 1. *Сүйектің кемігін шайнап, майын сору, мүжу.* 2. *Бір нәрсені күрек тістерімен қажау.* 3. ***Ауысп.*** *Жегідей жеу, мазалау.*

КЕМІРЕК *Азырақ, кемдеу.*

КЕМІРУШІ *Алдыңғы тісі жетілген өткір, суыр, күзен сияқты шөп жейтін сүтқоректі жануарлардың жалпы атауы.*

КЕМІС 1. *Аз, тапшы, жетімсіз.* 2. *Мүгедек жарымжан.* 3. *Кемшілік, жетіспеушілік.*

КЕМІСТЕУ 1. *Кемдеу, тапшылау, аздау.* 2. *Мүгедектеу, жарымжандау.*

КЕМІСТІК 1. *Кемшілік, мін.* 2. *Мүкістік, кемдік.*

КЕМІСТІКСІЗ *Кемшіліксіз, ақаусыз, кемістігі жоқ.*

КЕМІТ 1. ***өзг.етіс*** *Кеміт.* 2. *Кем санау, қорлау.* 3. *Азайту, шегеру.*

КЕМІТУШІЛІК *Азайтушылық, төмендетушілік, кем санаушылық.*

КЕН 1. *Жер астынан қазылып алынатын пайдалы қазба байлық, руда.* 2. ***Ауысп.*** *Қайнар көзі, мол жер.* ◊ **Кен байлық** — *пайдалы қазбалар.*

КЕҢГУРУ *Артқы аяқтары ұзын, сүтқоректі қалталы жануар.*

КЕҢДЕ 1. *Мұқтаж, тапшы, зәру.* 2. *Саяз, кем, олқы, аз.* ◊ **Кенде қалды** — *мешеулеп артта қалды.* **Кенде қылмады** — *тарлық көрсеткен жоқ; құралақан емес.*

КЕҢДІР 1. *Сабағының талшығынан арқан, жіп есіп, дәнінен май алатын өсімдік.* 2. *Кендірден есіп жасалған жіп, арқан.*

КЕҢЕ I *Өрмекші тектес қансоргыш, кішкентай жәндік.*

КЕҢЕ II *Байыту, жарылқау, қарық қылу.*

КЕҢЕ III *Жөткіріну, жұтыну тамағын кеңеу.*

КЕҢЕДЕЙ *Титімдай, кішкентай, құрттай.* **Кенедей жабысты [қадалды]** — *ұстаған жерінен айырылмады, жібермеді.*

КЕҢЕЗЕ *Жердің үстіңгі қабаты, қыртысы.* ◊ **Кенезесі кепті (құрады)** — а) *тілі аузына сыймады, қатты шөлдеді;* ә) *ындыны кепті.*

КЕҢЕЙ *Асықтың сақадан басқасы, ұтысқа тігілетін асық.* ◊ **Кенейі түгел** — *тамағы тоқ, киімі көк, уайым-қайғысыз.*

КЕҢЕЛ 1. ***ыр. етіс*** *Кене-л.* 2. *Қарық болу, рахатқа бату, баю.*

КЕҢЕН *Кең, дархан; өте бай, мол.*

КЕҢЕП 1. *Талшықты өсімдік.* 2. *Кендір талшығынан тоқылған дөрекі мата.*

КЕҢЕПТІ *Кеңеппен қапталған.*

КӨНЕРЕ *Бір нәрсенің ернеуі, шеті, жиегі.*

КӨНЕРЕЛЕ 1. *Ернеуіне дейін толу.* 2. *Жағалау, жиектеу.*

КӨНЕРЕЛІ *Көнересі бар, жиектелген.*

КӨНЕРЕСІЗ *Үшан-теңіз; көнересі жоқ.*

КЕНЕТ *Күтпеген жерден, қапелімде.* 2. *Жедел, шұғыл, тығыз.*

КЕНЕТТЕН *Ойда жоқта, аяқ астынан.*

КЕНЕУ *Күш-қуаты, қауқары, нәрі барлық.* ◊ **Кенеуі кетті** — *берекесі кет-*

ті, күйі болмады. **Кенеуі кем (жоқ)** – а) *жүгымдылығы, сенімділігі жоқ, дәмсіз;* ә) *бейберекет берекесіз.*

КЕНЕУЛІ 1. *Күш-қуатты, нәрлі.* 2. ***Ауысп.*** *Маңызды, мәнді.*

КЕНЕУСІЗ 1. *Күш-қуаты, нәрлілігі төмен.* 2. ***Ауысп.*** *Мәнсіз, маңызсыз.*

КЕНЕШЕ *Кенеге ұқсап жабысып.*

КЕНЖЕ 1. *Баланың ең кішісі.* 2. *Кеш туған төл.* 3. *Артта қалған, мешеу.* ◊ **Кенже қалды** – *кейіндеп артта қалды.*

КЕНЖЕЛЕ 1. *Артта қалу, кейіндеу.* 2. *Төлдің кеш туылуы.* 3. *Үлгіре алмай кешігіп кірісу, кешеуілдеу.*

КЕНЖЕЛЕУ *Кейіндеу, кештеу.*

КЕНЖЕЛЕУШІТІК *Артта қалушылық, кейіндеушілік, кешігушілік.*

КЕНЖЕЛІК 1. *Баланың ең кішісі болғандық.* 2. *Артта қалғандық, кейіндегендік.....*

КЕНЖЕТАЙ *Баланың кішісі ретінде әлпештеген, еркелеткен атау.*

КЕНТ ***көне*** *Қала, шаһар.*

КЕНТАВР ***миф.*** *Ертедегі грек аңыздарында айтылатын басы адам, денесі ат тәріздес мақұлық.*

КЕНШІ *Кеніште жұмыс істеуші, кен өндіруші, қазушы.*

КЕНІШ I *Молшылық, байлық, береке.*

КЕНІШ II *Кен шығаратын жер, бір не бірнеше шахтадан және жер үстіндегі әртүрлі цехтардан құралған кен кәсіпорны.*

КЕҢ 1. *Көлемді, аумақты, үлкен.* 2. *Қолқылдаған, мол, байтақ.* 3. *Кеңінен, молынан, көптен.* 4. ***Ауысп.*** *Ақпейіл, мейірбан, кішіпейіл.* ◊ **Кең-байтақ** – *шексіз, шетсіз, ұлан-байтақ.* **Кең балақ, салпы етек** – *қолынан іс келмейтін, олақ.* **Кең дүние тар болды** – *барар жері қалмады, дүниеден түңілді.* **Кең есік** – *кең қолтық, бауырмал.* **Кең етек** – *ақкөңіл, дарқан.* **Кең жауырынды** – *зор кеуделі, иықты.* **Кең жүрек** – *шапағаты мол, бауырмал.* **Кең кеуде** – *мейірімді, кеңпейіл.* **Кең көмей** – *тойымсыз, обыр.* **Кең құлай *діни*** – *кешірімді, рақымы мол тәңірі, Алла тағала.* **Кең қолтық [кең есік]** – *аңқылдақ, бауырмал.* **Кең құлашты** – *парасатты, білімді.* **Кең құшақты (ықылас)** – *кеңпейіл.* **Кеңпейіл** – *кішіпейіл, шапағаты мол.* **Кең толғады** – *терең ойлап ақылға салды.*

КЕҢГІР *Басы мең-зең боп айналу, мәңгіру.*

КЕҢДІК 1. *Тар еместік, көлемділік, ептілік.* 2. ***Ауысп.*** *Кешірімділік, мейірімділік.*

КЕҢЕЙ 1. *Үлкею, ұлғаю, молаю.* 2. *Өсіп-өркендеу, даму.*

КЕҢЕС I *Бас қосқан мәжіліс, жиын.* ◊ **Кеңес берді [айтты]** – *пікір ұсынды, ақыл айтты.* **Кеңес құрды [өткізді, шақырды]** – *ақылдасты, пікір алысты.*

КЕҢЕС II ***тар.*** *Бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік үкімет орны; совет.*

КЕҢЕС III 1. *Бас қосып ақылдасу, ойласу.* 2. *Әңгімелесу, сұхбаттасу.*

КЕҢЕСҚОР ***экспр.*** *Кеңесқұмар, кеңесшіл.*

КЕҢЕССІЗ *Ақылдаспай, келісімсіз.*

КЕҢЕСТІ *Ақылдасып отыратын, келісіммен шешетін.*

КЕҢЕСШІ *Ақыл беруші, пікір айтушы.* □ **Кеңесші дауыс** – *қосымша дауыс.*

КЕҢЕСШІЛ *Ақыл бергіш, пікірлескіш.*

КЕҢЕСІМПАЗ *Кеңеске құмар, кеңесшіл.*

КЕҢК: кеңк етті – *күлгенде я жылағанда дауыстың үзік-үзік шығуы.*

КЕҢКЕК: кеңкек төс – *шалқақтөс.*

КЕҢКЕЛЕС *Есалаң, жарымес, әпербақан.*

КЕҢКІ *Көкірегін көтеру, кекірею, керденделу.*

КЕҢК-КЕҢК *Жылағанда я күлгенде дауыстың үзік-үзік шығуы.*

КЕҢКІЛ *Күлгенде я жылағанда үзік-үзік шығатын үн.*

КЕҢКІЛДЕК *Кеңк-кеңк еткіш.*

КЕҢКІШ *Таңқы, кертпе.*

КЕҢСЕ *Белгілі бір істі басқаратын, жүргізетін мекеме.*

КЕҢСЕСЫМАҚ *Мекеме бөлімшесі орналасқан шағын үй, шағын кеңсе.*

КЕҢСЕШІЛ *Кеңсеқұмар, әкімшіл.*

КЕҢСЕШІЛДІК *Кеңсешіл болушылық, қағазбастылық.*

КЕҢСІРІК *Мұрынның жоғары жағындағы шеміршек сүйегі.* ◊ **Кеңсірік жарды** — *исі аңқып, танауды қытықтады.*

КЕҢШАР ***тар.*** *Өндірілген өнім мемлекеттік меншік болып табылатын ауылшаруашылық кәсіпорны.*

КЕҢШІЛІК 1. *Кең дүние, еркіндік.* 2. *Көлемділік, аумақтылық, кеңдік.* 3. ***Ауысп.*** *Жақсылық, рақымдылық.* ◊ **Кеңшілік берді** — *ерік берді.* **Кеңшілік етті [жасады, қылды]** — *кеңпейілділікпен жақсылық білдірді, мейірім түсті.*

КЕҢІ *Көлемі арту, аумағы ұлғаю, кеңею.*

КЕҢІРДЕК 1. *Көмейден басталып, өкпемен ұштасатын тыныс түтігі.* 2. ***Ауысп.*** *Жемқор, тойымсыз.* ◊ **Кеңірдегінен алды** — а) *буындыра қысты, қылғындырды;* ә) *қыспаққа алып састырды.* ◊ **Қызылкеңірдек болды** — *ұрысып-таласты, керісті.* **Кеңірдегін майлады** — *пара берді, аузын алды.* **Кеңірдек барқыт** — *жол-жол барқыт.* **Кеңірдек жыртысты** — *қызылкеңірдек болды.* **Кеңірдектей тойды** — *аузы-мұрнынан шыға тамақтанды.* **Кеңірдектен келді** — *белшесінен батты.*

КЕҢІРДЕКТЕ 1. *Суда кеңірдегінен келе тұру, жүзу.* 2. ***Ауысп.*** *Екілену, өзеуреу.* ◊ **Кеңірдектеп тастады** — *сойды, бауыздады.* **Кеңірдектеп тойды** — *көп жеді.*

КЕҢІРДЕКТІЛЕР ***зоол.*** *Буынаяқтылардың бір тобы.*

КЕҢІРЕК 1. *Көлемдірек, үлкенірек.* 2. *Толығырақ, байыптырақ.*

КЕҢІС 1. *Ашық жер, кең алаң.* 2. ***Ауысп.*** *Кеңшілік, еркіндік.*

КЕҢІСТІК 1. *Ашық жер, кең алқап.* 2. *Аумақпен, көлеммен белгіленетін материяның өмір сүру формасы.*

КЕП I *Кейіп, қалып, сиық.* ◊ **Кебін киді [құшты]** — *сиқына түсті, ұқсады.*

КЕП II 1. *Құрғау, дегду, сорғу.* 2. *Ашық жерде немесе ыстыққа құрғау, қақтау.*

КЕП III 1. *Іші желге толу, қампаю; ісіну.* 2. ***Ауысп.*** *Асып-тасу, бөсу, мақтану.*

КЕПЕ I *Уақытша баспана, лашық, күрке.*

КЕПЕ II *Ерте қыста туған марқа қозы.*

КЕПЕ III *Тезектің бір түрі.*

КЕПЕДЕЙ *Кепе сияқты, дұңкиген.*

КЕПЕЛЕ *Жапалап көп қылып жү.*

КЕПЕЛЕН *Көп болып үйіліп жату.*

КЕПЕШ *Сырып я кестелеп тігілген тақия.*

КЕПИЕТ 1. *Кие, құпия қасиет.* 2. *Кесір, кесапат.* ◊ **Кепиет атқыр [соққыр, ұрыңғыр]** — *киесі ұрғыр, бір бөлеге ұшырағыр.*

КЕПИЕТСІ *Кесірлену, кесапаттану.*

КЕПИЕТСІЗ *Ұсқынсыз, сүйкімсіз.*

КЕПИЕТТІК *Кекірейгендік, кесірлік.*

КЕПКІ *Күнқағары бар жұқа баскиім.*

КЕП-КЕЛТЕ *Қып-қысқа, шоп-шолақ.*

КЕП-КЕҢ *Әжептәуір кең, үлкен.*

КЕП-КЕСЕК *Әжептәуір кесек, ірі.*

КЕПКІШ *Тез кеуіп кететін, құрғағыш.* □ **Кепкіш май** — *мүсәтір спирті мен өсімдік майының қосындысы.*

КЕППЕ *Мақтаншақ, бөспе.* □ **Кеппе кеуде** — *ісіп-кеппе, мақтаншақ.*

КЕППЕЛЕУ *Мақтаншақтау, бөспелеу.*

КЕПСЕР *Қазандағы тағамды араластырып сүзуге пайдаланатын тесік ожау, кәкпір.*

КЕПСЕРЛЕ *Қаңылтырдан істелген заттардың шет-шетін қабыстырып ұстату, дәнекерлеу.*

КЕПСІ *Кебіңкіреу, дегду.*

КЕПТЕ 1. *Сықитып тығыздау, нығырлау, толтыру,* 2. ***Ауысп.*** *Бастыру, баса кию.*

КЕПТЕР *Қанатының қауырсыны түрлі-түрлі, үлкен жемсаулы құс, көгершін.*

КЕПТЕРХАНА *Кептерге арнап жасалған үйшік, кептер өсіретін орын.*

КЕПТІРГІШ *Белгілі бір затты кептіруге арналған құрал, орын.*

КЕПШІК I *Қарын немесе жұқа тері қаптап, шеңбер түрінде жасаған, ұрып ойнайтын дабылды саз аспабы; даңғыра.*

КЕПШІК II *Астықты елеп тазалайтын ыдыс.*

КЕПІЛ *Дәлел, айғақ, куә, растаушы.* □ **Кепіл болды** — *жауапкершілігіне алды.* ◊ **Кепілге алды [шығарды]** — *түрмедегі адамды өз жауапкершілігімен уақытша босатып алды.*

КЕПІЛДЕМЕ I *Белгілі бір затқа, іс-әрекетке жасалатын кепілдік.*

КЕПІЛДЕМЕ II *Кепілдікке алу куәлігі, кепілдік хат.*

КЕПІЛДЕМЕ III *Біреудің жеке басына берілген мінездеме, сипаттама.*

КЕПІЛДЕНДІРУ *Растандыру, куәландыру, айғақтау.*

КЕПІЛДІ 1. *Тиянақты, тұрақты.* 2. *Міндеттеген, уәде еткен.*

КЕПІЛДІК 1. *Бір нәрсенің құнына уақытша қалдырылған адам.* 2. *Жауапкершілік, куәлік.* 3. *Бір нәрсе істеуге, алуға еркіндік беретін куәлік қағаз.* □ **Кепілдік берді [етті]** — *өз атынан сенім білдірді, растады.* **Кепілдікке алды** — *жауапқа тартылған адамды өз жауапкершілігімен босатып алды.*

КЕПІРЕШ *Халық емінде қолданатын дәрі.*

КЕР I *Ашу, ыза, қаһар.*

КЕР II ***этн.*** *Күйеуі қайтыс болған әйелдің қасірет белгісі ретінде басына байлап алатын екі елі ақ шүберек.*

КЕР III *Қарсы, кері; кедергі.*

КЕР IV *Құла мен күрең аралығындағы жылқы түсі.*

КЕР V 1. *Далдиған кең, кең байтақ.* 2. ***Ауысп.*** *Үлкен, кере қарыс.* □ **Кері айыл** — *ердің үстінен бастыра тартатын төсайыл.* **Кер дала** — *шексіз, ұшы-қиыры жоқ кең жазық.* **Кер жол** — *жалғызаяқ қаптал жол.*

КЕР VI *Менменсінген, тәкаппар.* 2. *Қырсық, қыңыр.* ◊ **Керазу [ауыз]** — *бірбет, қыңыр, қырсық.* **Кер заман** — *қиыншылығы көп дәуір, уақыт.* **Кер кеуде [көкірек]** — *тәкаппар, өркөкірек.* ◊ **Кер маралдай керілді *фольк.*** — *бойына әсемдік жарасқан, майысып бұралана басқан.* **Кермиық** — *кербез, сәнқой.*

КЕР VII *Бір нәрсені күшпен тартып созу.* **Аузын кере ашты** — *аузын кең ашты.* **Жел керді** — *кеуледі, кернеді.*

КЕРАЛАҢ *Қиын-қыстау, қысылтаң.*

КЕРАМИКА 1. *Күйдірген балшықтан, қыштан жасалған бұйымдар.* 2. *Қыштан әртүрлі заттар жасау өндірісі мен өнері.*

КЕРБАҚ *Ерегіскіш, кертарта, қасарыспа.*

КЕРБАҚТАН *Ерегісу, кертартпалау, қасарысу.*

КЕРБЕЗ *Керіліп-созылған, сәнқой.*

КЕРБЕЗДЕН *Сәндену, паңдану.*

КЕРБЕЗДІЛІК *Сәнқойлық, сылқымдық.*

КЕРБЕЗСЫМАҚ *Сәнқойлау, кербезсіген, кербездеу.*

КЕРБЕЗСІ *Кербез болгансу, кергу, қылымсу.*

КЕРБЕТЕГЕ ***бот.*** *Бетегенің бір түрі, өсімдік.*

КЕРГІ I *Бір нәрсені жаю, кептіру үшін керіп жасаған аспап; кергіш.* **Кергіге түсті [салды]** — *талқыға түсті, сыналып-мінелді.*

КЕРГІ II *Қыңыраю, бұлдану, бәлдену.*

КЕРГІЛЕ 1. *Жан-жаққа тартқылау, созғылау.* 2. *Жұлқылау, түрткілеу.*

КЕРГІМЕ *Бәлсінген, кісімсіген.*

КЕРГІШ *Кесте тіккенде, көрпе қабығанда керіп қоятын арнаулы аспап*

КЕРГІШТЕ *Созғылау, барынша кере түсу.*

КЕРҒАЙЗАҢ *Терінің көпке дейін иі қанбай, көк аязданып түру қалпы.*

КЕРҒАЙЗАҢДАН *Кергу, қырсығу.*

КЕРДЕН: кердең басу — *аягын ширақ емес, жай аттап басу.*

КЕРДЕҢ 1. *Керіліп-созылған, кербез, паң.* 2. *Ақылсыз, зердесіз, жөнсіз, қисынсыз.* ◊ **Кердең басты** — *маңғаздана, шірене басты.* **Кердең қақты** — *кердең-кердең етті, кердеңдеді.* **Кердең мойын** — *бірбет, тоңмойын.*

КЕРДЕҢДЕ *Бойын жоғары ұстап кекірею.*

КЕРДЕҢДІК *Маңғаздық, шалқақтық, кербездік.*

КЕРДЕҢСІ *Бәлсіну, кербезсу, маңғазсу.*

КЕРДЕРІ *Біртума нармая мен жөң буданы, нармаядан туса екінші, жөннен туса — үшінші ұрпағы. Кейде кердары деп те аталады.*

КЕРДИ *Кекірею, кекшию, кердеңдеу.*

КЕРЕ I *Атау-кере адамның өлер алдында ішетін соңғы асы.*

КЕРЕ II *Кейбір сөздермен тіркесіп өлшем атауын білдіреді.*

КЕРЕГЕ *Киіз үйдің ағаштан жасаған жиналмалы торкөзді сүйегі, қаңқасы.* □ **Кереге басы** — *кереге желісінің айқасып көктелген, уық байлайтын тұсы.* **Кереге жал** — *жалы биік, күдірейіп тік, қалың біткен.* **Кереге көз [жол]** — *торкөз.* ◊ **Керегесін тұрғызды** — а) *үй қып бөлек шығарды;* ә) *іргесін қалады;* **Кереге тас** — *оқшау біткен, үлкен де биік тас.* **Керегесі кеңіді** — *шаңырағы биіктеді, тұрмысы жақсарды.*

КЕРЕГЕҚАП *Жинаулы керегені көлікке артарда бас-аягына киғізетін орнектелген киіз.*

КЕРЕГЕЛЕ *Айқыш-ұйқыш етіп төртбұрыштап торлау.*

КЕРЕГЕЛІ 1. *Керегесі бар, іргесі қаланған.* 2. *Дәулеті шалқыған; іргелі.*

КЕРЕГЕШІ *Кереге жасайтын шебер.*

КЕРЕГЕ КӨЗ I *Айқыш-ұйқыш, төрт бұрышты тор.* **Кереге көз дәптер** — *торкөзді дәптер.*

КЕРЕГЕКӨЗ II *Далалы жерде өсетін қызыл-жасыл түсті гүл.*

КЕРЕГІ 1. *Керек болу, жетіспеу.* 2. *Қажеті, іздегені.*

КЕРЕГІНШЕ *Қанша керек болса сонша, қалауынша, қажетінше.*

КЕРЕҒАР *Бір-біріне қарама-қарсы, қашық, шалғай, алшақ.*

КЕРЕҒАРЛЫҚ *Қарама-қарсылық, қайшылық, алшақтық, шалғайлық.*

КЕРЕК 1. *Қажет, тиіс, мұқтаж.* 2. *Басқа сөздермен тіркесіп айтылатын көмекші сөз.* □ **Керегі жоқ** — *қажет емес.* **Керек болса (десе)** — а) *тіптен, ол аздай;* ә) *қажет болса.*

КЕРЕК-ЖАРАҚ *Күнделікті жұмысқа қажетті нәрселер.*

КЕРЕКСІЗ *Керегі жоқ, қажеті болмайтын.*

КЕРЕКСІН *Қажетті санау, мұқтаж тұту.*

КЕРЕКТІ *Керегі бар, қажетті.*

КЕРЕКТІК *Керегі барлық, қажеттік.*

КЕРЕМЕТ 1. *Өте жақсы, тамаша, гажап.* 2. *Зор, күшті.* 3. *Ғаламат, гажап.* □ **Керемет болды** — *өте тамаша, жақсы іс болды.* **Кереметтің күші** — *құдіреттің ісі.* **Кереметі бар** — *сиқырлы сыры бар.*

КЕРЕМЕТСІ *Әлдеқандай болу, кегірсу.*

КЕРЕМЕТТЕЙ 1. *Ғажап, таң қаларлықтай.* 2. *Өте, тым, әбден.*

КЕРЕМЕТТІ *Кереметі бар, кереметі күшті.*

КЕРЕМЕТТІК *Таң қаларлық, гажаптық.*

КЕРЕН *Қазақстан жерінде бұрын өмір сүрген, көбіне батпақта жүретін мүйіз сыртты, ит тұяқты, қорқау, қомағай мақұлық.*

КЕРЕНАУ *Енжар, самарқау, жалқау.*

КЕРЕНАУЛАН *Енжарлан, еріншектен, жалқаулан, самарқаулан.*

КЕРЕНАУЛЫҚ *Енжарлық, еріншектік.*

КЕРЕНАУСЫ *Енжарлану, керенау тарту.*

КЕРЕҢ 1. *Құлағы естімейтін, саңырау.* 2. ***Ауысп.*** *Меңіреу, дүлей.*

КЕРЕҢДЕН *Естімеу, саңырау боп қалу.*

КЕРЕУЕТ *Үстіне көрпе, жастық салып, адам жатып ұйықтайтын төсек.*

КЕРЕШІ *Аттарды бәйге жолына шығарып салушы.*

КЕРЖЕҢДЕ *Кержең-кержең ету, қираңдау.*

КЕРЖИ *Кертию, кекірею, кекию.*

КЕРЖУСАН ***бот.*** *Жусанның бір түрі.*

КЕРЖІК *Кері қарай жиырыла бітken, таңқы, кержиген.*

КЕРЗІ *Су өтпейтін тығыздау, қалың материал.*

КЕРКИ *Кекірею, кержию, кекию.*

КЕРКІЛ *Ұрыс-керіс, кейіс.*

КЕРКІЛДЕ *Ұрысып-керісу, дауласу.*

КЕРМЕ 1. *Бір нәрсе ілу, байлау үшін тартылған жіп, арқан.* 2. *Бір нәрсені тасалап тұратын жиналмалы қалқа, далда.* 3. *Садақтың тартылған жібі.* □ **Керме арқан** — **а) (ырым)** ***этн.*** — *қайын жұртына алғаш барғанда күйеу мен құдалар алдынан керілетін арқан;* ә) *арасы қашықтау жерге екі қазық қағып, ат байлау үшін тартылған арқан.* **Кермеге түсті** — *қиын-қыстау жағдайға тап болды.* **Керме иық** — *кең жауырынды, келбеті келіскен.* **Керме қас** — *келіскен әдемі қас.*

КЕРМЕК ***бот.*** 1. *Тамырынан сары түсті бояу алынатын көпжылдық өсімдік.* 2. *Жағымсыз қышқылтым, ащы сор татыған дәм, иіс.*

КЕРМЕКТЕ *Кермек тату, бұзылу.*

КЕРМЕКТЕУ 1. *Кермек татыңқыраған, кермек иісі шығыңқы.* 2. ***Ауысп.*** *Кекесіндеу: мысқыл уыты аралас.*

КЕРМЕКТІК *Кермек дәмі болушылық.*

КЕРМЕЛЕ 1. *Жіп, арқан, сым, т.б. тартып, керіп тастау, созғылау.* 2. ***Ауысп.*** *Алдын орау, бөгеу, тежеу.*

КЕРМЕЛІ *Керіп қойған, созып тастаған.* □ **Кермелі төсек** — *екі баған арасына құрылған аспалы жататын орын.*

КЕРМЕШЕ ***кәс.*** *Керіп қойып балық аулайтын шағын тор, ау.*

КЕРМЕШІ *Керме төгіп балық аулаушы.*

КЕРНЕ 1. *Әбден толу, сыймай кету.* 2. ***Ауысп.*** *Көңіл тасу, шаттану.* 3. ***Ауысп.*** *Буу, қысу, булықтыру.*

КЕРНЕЙ I *Темір пештің, самауырдың түтіні шығатын мұржасы.*

КЕРНЕЙ II ***муз.*** *Жезден жасаған, мойны ұзынша келген үрмелі музыкалық аспап, сырнай.*

КЕРНЕЙЛЕ I *Керней салу, орнату.*

КЕРНЕЙЛЕ II *Керней тарту, ойнау.*

КЕРНЕЙШІ *Керней тартушы, музыкант.*

КЕРНЕУ I *Істелетін жұмыстың электр зарядына қатынасымен анықталатын физикалық шама.* ◊ **Кернеу атты** — *әбден толды, сыймады.* **Кернеуі жоқ** — *шексіз, ұзын, ұзақ.*

КЕРНЕУ II *Өзеннің, теңіздің, көлдің көнері, жиегі, шет жағасы.*

КЕРНЕУЛІ *Ток қосылған, ток жіберілген.*

КЕРОГАЗ *Керосин жағып тамақ істейтін примус тәрізді аспап.*

КЕРОСИН *Мұнайдан айырып алатын жанармай.*

КЕРСЕҢ *Ағаштан дөңгелектеп істеген үлкен шара, тегеш, тегене.*

КЕРСЕҢДЕП *Керсеңді толтыра, керсең-керсең етіп.*

КЕРСОҚПАҚ *Қиын-қыстауы көп.*

КЕРСІ *Кергу, кекірею, кісімсу.*

КЕРТ I *Бунақтап кесу, бунақтау.*

КЕРТ II *Түйе жейтін өсімдік.*

КЕРТ: керт басты [қара басты] — *сүйенер ешкімі жоқ жалғыз өзі.*

КЕРТАБАН *Кертақыс, шектен шыққан тілазар.*

КЕРТАҒЫ *Түгі кер түстес тағы аңдардың жалпы атауы: кербұғы, кертағы, кертарлан.*

КЕРТАҚЫС *Барып тұрған қырсық, қыңыр, қияңқы, кертабан.*

КЕРТАҚЫСТАН *Қырсығу, қыңыраю, кертабандану.*

КЕРТАРТА 1. *Кері кеткен, реакцияшыл.* 2. ***Ауысп.*** *Қыңыр, қырсық,*

КЕРТАРТПАЛЫҚ *Кері кеткендік, ескі пиғылды жақтаушылық.*

КЕРТАРТПАШЫЛ *Ескі пиғылды жақтағыш.*

КЕРТЕ ***жерг.*** 1. *Малға шөп салу үшін сырғауыл ағаштарды көлденең байлап жасаған қоршау, ақыр.* 2. ***Ауысп.*** *Өресі.*

КЕРТИ *Кекірею, кегжию.*

КЕРТКІЛЕ *Кертіп жонғылау, кескілеу.*

КЕРТЕ 1. *Кертіп алынған кесінді бөлік.* 2. *Кесіп, тіліп түсірген ойық, із.*

КЕРТЕК *Бунақтап кесілген жер, түс.*

КЕРТЕШ *Кертілген жер, кертік.* □ **Кертеш мұрын [танау, тұмсық]** – *таңқы мұрын.*

КЕРТЕШТЕ *Керту, жонғылау, тілгілеу.*

КЕРТҰҚЫЛ *Басбармақпен бастан ұпай алу әдісі; тоқай.*

КЕРТІК *Кертілген жер, тілік, кесік.*

КЕРТІҢДІ *Кертік-кертік, кертілген.*

КЕРУЕН ***тар.*** *Алыс жерге жүк тасуға немесе сауда жасауға арналған көлік тізбегі.* □ **Керуенбасы** – *керуенді бастаушы адам.* **Керуен жолы** – а) *құс жолы;* ә) *керуен қатынайтын жол.* **Керуен сарай** – *жолаушылар түсіп демалатын арнаулы жай.*

КЕРУЕНДЕ 1. *Керуенмен бірге жүру, кіре тарту.* 2. ***Ауысп.*** *Сапар шегу.*

КЕРУЕНШІ *Керуен тартушы адам.*

КЕРУЕНШІДЕЙ *Керуенші сияқты.*

КЕРУЛІ *Керіп ұсталған, тартылған.*

КЕРУШ ***көне*** *Екі басы кере тартылған, садақ нұсқалы музыка аспабы, адырна.*

КЕРШЕ *Қоңыр түсі басым, керге жақын түс.*

КЕРШЕУ 1. *Сүйектердің түйіскен жеріндегі дәнекер шеміршек.* 2. ***Ауысп.*** *Жылқыда болатын ауру, шеміршекқата.*

КЕРШЕУЛЕ 1. *Турау, қазу, үңгу.* 2. *Жарықсызатты қиюластырып бекіту; құрсаулау.*

КЕРІ I 1. *Артқа қарай, кейін.* 2. *Қарама-қарсы, қайшы.* ◊ **Кері бақты** – *ерегісті, қасарысты.* **Кері кетті** – а) *нашарлады оңбады;* ә) *ілгері баспады, қырсықты.* **Кері сөйледі** – *тетір, теріс айтты.* **Кері тартты** – а) *кейін бұрылды, қайта қайтты;* ә) *бөгет болды, тежеді.* **Кері тепті** – *жуытады, жолатады.*

КЕРІ II *Істің ыңғайы, кебі, сыңайы.* ◊ **Керін киді** – *сыңайына кезікті.*

КЕРІК I ***көне*** *Жүптұяқты күйіс қайыратын жануардың бір тұқымдасы.*

КЕРІК II *Салт мінілетін, жұмысқа пайдаланылатын көлік.*

КЕРІК III ***астр.*** *Аспанның жарты шарындағы терістік полюс үстіне орналасқан шоқжұлдыз.*

КЕРІК IV *Әлдеқандай болып бұлдану, бәлсіну, керіліп-созылу, кердию.*

КЕРІКТІК *Кербездік, керіліп-созылғандық.*

КЕРІЛ I *Ұрыс-керіс, дау-жанжал, айтыс-тартыс.*

КЕРІЛ II 1. ***ыр. етіс*** *Кер-іл.* 2. *Созылу, шегі мен шетіне көз жеткізбеу.* 3. ***Ауысп.*** *Кербездену, шірену, маңғаздану.*

КЕРІЛДЕ *Дауыс көтеріп дауласу, ұрысу.*

КЕРІЛДЕС 1. ***орт. етіс*** *Керілде-с.* 2. *Айтысу, таласып, дауласу.* 3. *Ұрысып-керісу, жанжалдасу.*

КЕРІЛІП-СОЗЫЛУ *Дененің құрыстырысын жазу; шірену, шалқаю.*

КЕРІМ *Кербез, паң, маңғаз; сылқым.* 2. *Тамаша, керемет.*

КЕРІМСАЛ I *Қазақстанның оңтүстігінде шілде көзінде соғатын аңызақ, ыстық жел.*

КЕРІМСАЛ II *Кербез, паң, маңғаз.*

КЕРІМСІ *Керім, кербез, паң болғансу.*

КЕРІС I ***көне*** *Серіппелі ағаш шыбығының екі ұшын қайыспен тартып, доғаша иіп жасаған қол қару, садақ.*

КЕРІС II *Салғыласқан дау-дамай, ереғіс, ұрыс.*

КЕРІС III 1. ***орт. етіс*** *Кер-іс.* 2. *Салғылысу, жанжалдасу, ұрсысу.*

КЕРІСКЕДЕЙ ***жерг.*** *Келіскен, көз тартатын, үлкен.*

КЕРІСКЕК *Ұрысқақ, керіскұмар.*

КЕРІСКІ *Жұқа етіп басылған, қалпақ, сырмақ сияқты сәнді киім, бұйым тігуге арналған ақ киіз.*

КЕРІССІЗ *Керіске бармайтын, ұрыспайтын.*

КЕРІСІНШЕ *Қарама-қарсы, мүлде, басқаша.*

КЕРІС-ШАЛЫС *Қажасқан сөз, кикілжің.*

КЕРІШ *Топырақ пен құмнан бірігіп, қатып қалған тас; жер қыртысы.*

КЕС 1. *Өткір құралмен шорт қию, тілу, кесіп алу, тастау.* 2. *Межелеп бөлу.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені басып өту, қию.* 4. ***Ауысп.*** *Үкіммен жазаға тарту, соттау.* □ **Кесе өткен жоқ** — *кішілікпен ізет көрсетті.* **Кесіп айтты** — *тоқетерін тура айтты, бетін күрт қайтарды.* **Баға кесті** — *баға қойды, баға белгіледі.* ◊ **Кесіп алса, қан шықпайды** — а) *безбүйрек, қатал;* ә) *түк тамбас сараң; терісі сүйегіне жабысқан арық.* **Кесіп өтеді** — *қарсы келмеді.* ◊ **Кіндік кескен жер** — *туған жер.* **Пышақ кескендей тыйылды** — *жым болды.*

КЕСАПАТ *Бәлелі қырсық, кесір.* ◊ **Кесапаты тиді** — *жаман әсері болды, қырсығы тиді.*

КЕСАПАТТЫ *Бәлелі, қырсықты.*

КЕСАПАТТЫҚ *Бәлелілік, қырсықтық, кесірлілік.*

КЕСЕ I *Шай ішуге арналып фарфордан жасалған ыдыс, пиала, шыныаяқ.*

КЕСЕ-АЯҚ *Шай ішетін түрлі шыны ыдыстар.*

КЕСЕК 1. *Балшықтан құйған кірпіш.* 2. *Үлкен, ірі, бір бөлшек, түйір.*

КЕСЕКТІК *Ірілік, сомдық.*

КЕСЕ-КӨЛДЕНЕҢ *Қарсы алдынан кес-кестеген, қиғаштаған.* ◊ **Кесе-көлденең тартты [ұстады]** — *бетке ұстады, қарсы қойды.*

КЕСЕ-КӨЛДЕНЕҢДЕ *Алдынан кес-кестеу, көлбеңдеу, қиыс шығу.*

КЕСЕКТЕ *Майдаламай ірілеу ету, кесек-кесек турау.*

КЕСЕКТЕУ I 1. *Ірілеу, кесегірек.* 2. *Дөрекілеу, анайылау; тұрпайылау.*

КЕСЕҚАП *Көшіп-қонғанда ыдыс-аяқ сынбас үшін киізден жасалатын ыдыс қапшық.*

КЕСЕЛ 1. *Ауру, сырқат, дерт.* 2. ***Ауысп.*** *Ұнамсыз дағды, жаман әдет.* 3. ***Ауысп.*** *Қайғы-қасірет, мұң.* ◊ **Кесел болды** — *кедергі болды.* **Кесел жасады [келтірді, тигізді]** — *зиян жасады.*

КЕСЕЛДЕН 1. *Дертке шалдығу, ауыру.* 2. ***Ауысп.*** *Кесірлену, қырсығу.*

КЕСЕЛДІ 1. *Сырқатты, аурулы.* 2. *Кесірлі, қырсықты.* □ **Кеселді ісік** — *қауіпті ісік.*

КЕСЕЛДІК *Кеселге тән, соған қатысты.* ◊ **Кеселдік келтірді** — *залалын тигізді, кедергі болды.*

КЕСЕЛЕ I *Кесемен үстемелеп, кесені толтыру.*

КЕСЕЛЕ II 1. *Кесе-көлденеңдеу.* 2. *Төтелей жүру, кесіп өту.*

КЕСЕЛЕТ ***өзг. етіс*** *Кеселе-т.*

КЕСЕЛЕУ ***қ. атау.*** *Кеселе-у.*

КЕСЕЛ-КЕСАПАТ *Кедергі, кесір.*

КЕСЕЛСІЗ *Кеселі, дерті, ауруы жоқ, құлантаза.*

КЕСЕНЕ *Қабір басындағы ғимарат, кешене; мавзолей.*

КЕСЕР *Кілемнің жібін кесіп отыратын ілмек пышақ.*

КЕСКЕК 1. *Бұйда есебінде түйенің мұрындығына байлайтын ұзындау жұмыр таяқ.* 2. *Мал жауыр болғанда, құрттағанда басын бұра алмайтындай етіп мойнына байлап қоятын таяқ.*

КЕСКЕКТЕ 1. *Алдын орау, кесе-көлденеңдеу.* 2. *Асқақтау, кесірлену, дандайсу.*

КЕСКЕКТІ 1. *Мойнында кескегі бар, кескек байлаған.* 2. ***Ауысп.*** *Түптегі мықты, азулы, қарулы.*

КЕС-КЕСТЕ *Алдын орағыту, кесе-көлденеңдеу.*

КЕСКІЛЕ 1. *Туралау, тілгілеу, боршалау.* 2. ***Ауысп.*** *Тілмелеу, жанын жегідей жеу.*

КЕСКІЛЕСКЕН *Қырқысқан, жан беріскен..,*

КЕСКІН *Бет-әлпет, пішін, көрік.*

КЕСКІНДЕ *Бейнелеп көрсету, мүсіндеу.*

КЕСКІНДЕМЕ *Белгілі бір нәрсенің бет-әлпетін, кейпін бояумен түсіретін бейнелеу өнерінің бір түрі.*

КЕСКІНДЕС *Пішін-нобайы ұқсас, нобайлас.*

КЕСКІНДІ *Бет-әлпеті келіскен, келбетті, әрлі, реңді.*

КЕСКІН-КЕЛБЕТ *Сырт пішін, түр-әлпет.*

КЕСКІНСІЗДЕУ *Реңсіздеу, келбетсіздеу.*

КЕСКІР 1. *Лыпылдаған өткір, кесіп түсетін* 2. ***жерг.*** *Темір кесетін асыл, шапқы.*

КЕСПЕ *Үнды илеп, жұқалап жайып, жіңішкелеп кесіп істелетін тағам, салма.*

КЕСПЕК 1. *Сұйық зат құйып сақтайтын ағаш ыдыс, бөшке.* 2. ***жерг.*** *Жуандау келген қысқа келдек.*

КЕСПЕЛЕ *Тілім-тілім ету, кескілеу, турау.*

КЕСПЕЛТЕК 1. *Жуантық келген қысқа, келте.* 2. *Аласа бойлы, жалпақ жауырынды.*

КЕСПЕЛТЕКТЕ *Кеспелтек-кеспелтек етіп кесу.*

КЕСПІР *Кескін, тұрпат, ұсқын.*

КЕСПІРСІЗ *Кескінсіз, ұсқынсыз.*

КЕСТЕ I *Мата бетіне түрлі түсті жіппен тоқыған, тіккен әшекейлі өрнек.* ◊ **Кестесі келісті** — *істің реті, қиюы келді.*

КЕСТЕ II *Бір нәрсенің орындалу, оту уақыты, мерзімі көрсетілген график.*

КЕСТЕК *Құрал ретінде қолға ұстайтын таяқ.*

КЕСТЕЛЕ 1. *Мата бетіне түрлі-түсті жіппен әшекейлі өрнек салу, кесте тігу.* 2. *Нақыштау, суреттеу, бейнелеу.*

КЕСТЕЛІ 1. *Кестесі бар, өрнек салынған.* 2. *Әшекейлі, өрнекті.*

КЕСТЕШІ *Кесте тігудің шебері.*

КЕСТЕШІЛ *Кесте тоқығыш.*

КЕСТІР 1. ***өзг. етіс*** *Кестір.* 2. *Еркек төлдің ендерін сылып тастау, піштіру.*

КЕСІК I *Қиылған, тілік, кертік.*

КЕСІК II *Жаза тартқызу кесімі.* 2. *Келісіп қойған баға, құн.*

КЕСІКТІ *Нақты, тұжырымды.*

КЕСІЛ 1. ***ыр. етіс*** *Кесіл.* 2. *Жауаптау, жазалану, сотталу.*

КЕСІМ I *Айыптау үкімі, үйғарым.* ◊ **Кесім қылды** — *үкім шығарды.*

КЕСІМ II *Кесілген, тілінген.*

КЕСІМДІ *Нақты, тұжырымды, шешімді, тиянақты.*

КЕСІМДІЛІК *Нақтылық, тұжырымдылық.*

КЕСІНДІ *Заттың кесілген бөлігі, тілімі.*

КЕСІП-ЖАРЫП *Анық етіп, тиянақты етіп.*

КЕСІП-ПІШ 1. *Матаны т. б. өлшеп, қиып, бір нәрсе тігуге, жасауға әзірлеу.* 2. ***Ауысп.*** *Алдын ала ұйғарып қою, шамалау, тиянақтау.*

КЕСІР 1. *Залал, зиян, зардап.* 2. *Қырсық, қыңыр, кежір, тәкаппар.* ◊ **Кесір болды [қылды, жасады, келтірді]** — *кедергі жасады, зиянын тигізді.* **Кесірі тиді** — *зиянын тигізді, кедергі болды.* **Кесірі ұрды** — *қаһарына ұшырады.*

КЕСІРЛЕН 1. *Тәкаппарлану, кесапаттану, менменсу.* 2. *Қиқарлану, қырсығу, кежірлену.*

КЕСІРЛІ 1. *Тәкаппар, кесапатты, менмендігі күшті.* 2. *Қырсық, қиқар.* 3. *Зиянды, зардапты.*

КЕСІРЛІК 1. *Тәкаппарлық, кесапаттық.* 2. *Зияндылық, зардаптылық, кертартпалық.*

КЕСІРТКЕ *Терісі ұсақ қабыршақты, құйрығы ұзынша, бауырымен жорғалайтын жәндік.*

КЕТ 1. *Бір жаққа кетіп қалу, шығып кету, ұзап кету // Жоғалу, көзге түспеу.* 2. *Белгілі бір себеппен не біреудің кінәсінен тайып түру, босап кету.* 3. *Есім сөздермен тіркесіп, бір нәрсенің бітуін, таусылуын білдіреді.* 4. *Қолдағы барын жұмсап бітіру, тауысу, жарату.* 5. *Белгілі бір қалыптан алға озу, алда болу, жылжу.* 6. *Шығыс септігі жалғанған сөзге тіркесіп, болып өткен жайды білдіреді.* 7. *Көсемшемен тіркесіп, қимыл-әрекеттің кенет, бірден болғанын білдіреді.* ◊ **Кет әрі емес** — *онша теріс көрмейді, ұнатады.* **Кете барды** — *жүре берді.* **Кетер аяғым, кете таяғым** — *не қылса да өзіме, әуре болсам өзімнен.* **Кетсең кет, керегеден өт** — *атамнан әрі.*

КЕТА *Албырт тұқымдасына жататын еті қызғылт ірі балық.*

КЕТЕГЕН *Қолда тұрмай кете беретін, қашаған.*

КЕТЕУ *Әлсіз, әлжуаз, осал.* ◊ **Кетеуі кетті** — *шырқы бұзылды, адам болудан қалды.*

КЕТИ 1. *Заттың шетінің сынуы, кертіліп кемік болу.* 2. *Кетік болу.*

КЕТҚҰДА *Бұрынғы өткен құдандалықтар.*

КЕТПЕКТЕЙ *Қолағаштай, үлкен.*

КЕТПЕН *Жер қазуға, өңдеуге жұмсалатын құрал.*

КЕТПЕНДЕ *Кетпенмен жерді шауып босату, өңдеу.*

КЕТПЕНДЕЙ *Үлкен, ірі, сойталдай.*

КЕТПЕНШОТ *Шағын кетпен.*

КЕТЕСТЕЙ *Ұмытылмастай, жоғалмастай.*

КЕТУЛЕН ***жерг.*** *Әр жері кетіңкіреген, тозған.*

КЕТІК 1. *Заттың бір шетінің сынып, опырылып кеміген жері.* 2. *Түскен тістің орны.* 3. ***Ауысп.*** *Кемшілік, олқылық, жетімсіздік.*

КЕТІКТЕН 1. *Шеті сыну, опырылу.* 2. *Тісі түсіп кетік болып қалу, кетию.*

КЕТІКТЕУ *Аздап кемірілген, опырылған.*

КЕТІКТІК *Кемік болушылық.*

КЕТІНЕ *Кему, азаю.*

КЕТІС 1. ***орт. етіс*** *Кетіс.* 2. *Басқа бір жаққа беталыс, жөнеліс.*

КЕУДЕ 1. *Дененің белден мойынға дейінгі бөлігі.* 2. *Тән, дене, бой.* 3. ***Ауысп.*** *Менмен, тәкаппар.* ◊ **Кеуде көрсетті** — *көкірек көрсетті, тәкаппарланды.* **Кеуде көтерді [қақты, керді]** — *өрмінездікке салынды, дандайсыды.* **Кеудемен соқты** — *өркөкірекке салды, омырауға алды.* **Кеуде соғар батыр** — *өр кеуде батыр.* **Кеудесі жоғары** — *менмен, паң, өзімшіл.* **Кеудесі қарс айрылды** — *қатты қайғырды.* **Кеудесімен жер соққан** — *адуынды, ожар, даңғой.* **Кеудесіне сыймады** — а) *алқынды, демікті;* ә) *ісіп-кепті, мақтанды.*

КЕУДЕЛЕ 1. *Кеудесіне дейін бату; бойлау.* 2. *Омыраулау, екпіндеу, ентелеу.* 3. *Бой бермеу, ырқына жібермеу.*

КЕУДЕЛЕУ *Көкіректеу, менмендеу.*

КЕУДЕЛІ 1. *Сом денелі, иықты.* 2. ***Ауысп.*** *Менмен, паң, тәкаппар.*

КЕУДЕМСОҚ *Әпербақан, есерсоқ, ожар.* ◊ **Кеудемсоққа салды** — *ожар мінез көрсетті.*

КЕУДЕМСОҚТАН *Есерсоқтану, ожар мінез көрсету.*

КЕУДЕМСОҚТЫҚ *Есерлік, ожарлық.*

КЕУДЕШЕ *Кеудеге киюге арналып түйе жүнінен не түбіттен тоқылған, жаға, жеңсіз, жылы, жұқа киім.*

КЕУДІР 1. *Құрғап кеуіп қалған, қатқан.* 2. *Қуаты кеткен, кеудіреген, қаусаған.*

КЕУДІРЕ 1. *Кебу, құрғау, қаудырау.* 2. *Күр сүлдесі қалу, қаусап қартаю.*

КЕУДІРЛЕ *Кеудір-кеудір ету, кеудіреу.*

КЕУДІРЛЕК *Кеудір-кеудір еткен, кеудірлеген.*

КЕУЕК 1. *Ішінде ештеңе жоқ бос жер, қуыс.* 2. *Қоян паналайтын үңгір, ін.* ◊ **Кеуек бас** – *ақылы аз, қуыс кеуде.*

КЕУЕКТЕ *Үңгірлеу, қуыстау.*

КЕУЕКТІ *Қуысты, үңгірлі; саңылауы бар.*

КЕУЕКШЕ *Шағын қуыс, кішірек кеуек.*

КЕУЖІРЕ *Босау, кеудіреу, күйреу.*

КЕУЗЕ 1. *Дәнді дақылды қабығынан тазарту; қауыздау.* 2. ***Ауысп.*** *Жегідей жеп қинау, азаптау.*

КЕУКЕЛЕК *Безек қаққыш, бәйек болғыш.*

КЕУКЕЛЕКТЕ *Безек қағу, бәйек болу.*

КЕУКЕРІН ***көне*** *Құман тәрізденіп жасалған сусын құятын ыдыс, жаңторсық.*

КЕУ-КЕУ 1. *Құсты шақырғанда айтылатын одағай сөз.* 2. *У-шу, ырду-дырду, абыр-дабыр.*

КЕУ-КЕУЛЕ 1. *Түс-түстан даурығу, көтермелеп қыздырмалау.* 2. *Бастырмалату, түс-түстан ентелеп, ес жинатпау.* 3. *Көтермелеп айғай-ұйғай салу, қиқулау.*

КЕУЛЕ 1. *Қуыстану, үңгу, үңгірлеу.* 2. *Кернеу, сыздау; толып кету.* 3. *Үрлеп толтыру, есу, кіру.* 4. *Жайылу, таралу, меңгеру.* 5. ***Ауысп.*** *Әрлеу, дүрілдеу.*

КЕУРЕ *Қурау, кебу.*

КЕУРЕК I *Түйе жейтін шөптесін өсімдік.*

КЕУРЕК II *Қаудырап қатқан, кепкен.*

КЕУСЕН *Қырманда кемтарларға, дәстүр бойынша ауыл адамдарына дәндей берілетін сыбаға, үлес.*

КЕУІЛЖІР *Кеңсірік тұсының жоғарғы жағында болатын жұмсақ шеміршек.*

КЕУІМ *Қараөлеңке, алагеуім.* ◊ **Кеуім тартты** – *қараңғы түсе бастады.*

КЕУІТ *Адам денесінің кеудеге дейінгі скульптуралық мүсіні.*

КЕШ I *Ымырт жабылып, қараңғы түскен уақыт. Кешке қарай болатын жиын, ойын-сауық.* ◊ **Кеш батты** – *ымырт үйірілді, көз байланды.* **Кеш жарық** – *кешкі амандасу, қайырлы кеш.* **Кешке дейін** – *күні бойы, күн ұзаққа.* **Кешке таман [қарай, жақын]** – *ымырт жабыла, кешқұрым.*

КЕШ II *Дер кезінде емес, соңынан.* ◊ **Кеш қалды** – *кешікті, үлгермеді.*

КЕШ III *Суды, қарды т. б. жаяу кешіп ету, я көлікпен жүріп өту.*

КЕШ IV *Кешіру, ғапу ету.*

КЕШЕ I 1. *Бүгінгі күннен бір күн бұрын өткен күн.* 2. ***Ауысп.*** *Бұдан бұрын, өткенде.*

КЕШЕ II *Ай көрінбей қалатын қараңғы кез, түн.*

КЕШЕГІ 1. *Бұдан бір күн бұрынғы.* 2. *Ауыс. Бұдан бұрынғы, өткендегі.*

КЕШЕЛ *Кешеуіл, соң.*

КЕШЕЛДЕ *Кешігу, кідіру.*

КЕШЕЛІ *Кешеден бері.*

КЕШЕЛІ-БҮГІН *Таяу арада, күні кеше.*

КЕШЕЛІ-БҮГІНДІ *Таяу арада, кеше ғана.*

КЕШЕН I ***көне*** *Өлген кісінің моласын қоршап жасаған ескершкіш.*

КЕШЕН II *Заттардың, іс-әрекет пен құбылыстың жиынтығы, үйлесімі.*

КЕШЕҢ *Кештеу, кешеуілдеу.*

КЕШЕҢДЕ *Кешіңкіреп қалу, баяулау, кідіру.*

КЕШЕУ *Кештеу, кешең.*

КЕШЕУЛЕ *Кешігіңкіреу, кешеңдеу.*

КЕШЕУЛЕУ *Кешеуірек, кешіңкіреп қалған.*

КЕШЕУСІЗ *Кідіріссіз, кешігусіз.*

КЕШЕУІЛ *Кешігіңкірегендік, кідіріңкірегендік.*

КЕШЕУІЛДЕ *Кешігіңкіреу, кеш қалыңқырау.*

КЕШЕУІЛДЕУ *Кешірек, кешеуілірек.*

КЕШЕУІЛДІК *Кешігіңкірегендік, кештеу қалғандық.*

КЕШКЕ *Кешқұрым, кешкі уақыт, кешкі мезгіл.*

КЕШКІ *Қараңғы түскендегі, түнгі уақыттағы* ◊ **Кешкі салым** — *кешқұрым, кешке қарай.*

КЕШКІЛІК *Кешке қарай, кешқұрым.*

КЕШКІЛІКТІ *Кешқұрым, кеш сайын.*

КЕШКІР *Уақыт кешке таяну, қараңғы түсе бастау.*

КЕШКІСІН *Кешке таман, кешкілік уақытта.*

КЕШҚҰРЫМ *Кешке таман, кешкілік уақытта.*

КЕШПЕ *Жаяу кешіп ететін өткел, таяз су.*

КЕШПЕС *Кешуге болмайтын, ауыр.*

КЕШСІЗ *Кеш болмай, қараңғы түспей.*

КЕШТЕТ *Кеш қалыңқырау, түнделету.*

КЕШТЕУ *Уақытын оздырыңқырап, соңырақ.*

КЕШТІК *Кешкі уақыт, алдағы, ертеңгі күн.*

КЕШУ: кешу айтысты [сұрады] — а) *адамның өлер алдындағы арыздасып, қоштасуы;* ә) *кеш деп өтіну, аяғына жығылу.*

КЕШУСІЗ 1. *Кешіп өте алмайтын, өткелі жоқ.* 2. *Кешіруге болмайтын, кешірілмес.*

КЕШІГУШІЛІК *Кеш қалушылық, кешіккендік.*

КЕШІК *Уақытынан кеш қалу, кідіру.*

КЕШІЛ *Өмір бойы үйленбеген, сүр бойдақ.*

КЕШІР 1. ***өзг. етіс*** *Кешір.* 2. *Кешірім ету, ғапу ету; айыпқа бұйырмау.*

КЕШІРГІШ *Көңіліне кек сақтамайтын, кешірімпаз.*

КЕШІРЕК *Соңырақ, кейінірек.*

КЕШІРІЛМЕС *Кешіруге болмайтын, ауыр.*

КЕШІРІМ 1. *Біреудің істеген қылмысын, жаман қылығын бетіне баспағандық, рақым, мархабат.* 2. *Жауапқа тартылған адамды жоғарғы өкімет орнының жазадан ақтауы.* ◊ **Кешірім берді [жасады, етті, қылды]** — *айыпқа бұйырмады, ғапу етті.*

КЕШІРІМДІ *Кешіре білетін, кек сақтамайтын.*

КЕШІРІМДІЛІК *Кешірімді болушылық, кешіргіштік.*

КЕШІРІМСІЗ 1. *Кешіре білмейтін, қатыгез.* 2. *Кешірілмейтін, кешірілмес.*

КЕШІРІМШІЛ *Кешірімпаз, кешіргіш.*

КЕШІРІМШІЛДІК *Кешірімшіл болушылық.*

КЕЩЕ *Ақыл-ойы кем, ұғым-түсінігі нашар, мигұла.*

КЕЩЕЛЕУ *Ақыл-ойы кемдеу, топастау.*

КЕЩЕЛІК *Топастық, мигұлалық, надандық.*

КЕЮЛІ *Реніште, өкпелі, күйініште.*

КИ 1. *Киім кию.* 2. ***Ауысп.*** *Орану, жамылу, бүркену.* 3. *Тағу, салу.*

КИ: кие жөнелді [киіп кетті] — *омыраулады; қосарланып сөзін бөлді; киежара өте шықты.*

КИБЕРНЕТИКА *Басқару процесінің жалпы заңдылығы мен ұйымдасқан жүйенің байланысы туралы ғылым.*

КИЕ ***көне*** *Бірдеңенің пірі, иесі, қасиеті.* ◊ **Киесі атты [ұрды]** — *қарғысына ұшырады.* **Киесіне жолықты [ұшырады]** — *кесапаты тиді.*

КИЕЛЕ *Жадылау, арбау, дуалау.*

КИЕЛІ *Киесі бар, қасиетті.*

КИЕЛІРЕК *Қасиеттірек, құдіреттірек.*

КИЕ-МИЕ *Киген бойда.*

КИЕҢКІ *Биенің, байталдың несебі бұзылып ауыратын ауру; қарақаптал.*

КИЕСІЗ *Киесі жоқ, қасиеті шамалы.*

КИЙ *Бильярд ойнауға арналған ұзын таяқ.*

КИКІЛЖІҢ *Ұрыс-керіс, кейіс.* ◊ **Кикілжің туды [болды, кірді]** — *кейіс сөздер болды.*

КИКІЛЖІҢДЕ *Реніш білдіру, ұрыс-керіске* бару.

КИЛОВАТТ *1000 ватқа тең электр тогы қуатының өлшем бірлігі.*

КИЛОВАТТ-САҒАТ *Ток қуаты бір киловатқа тең энергия көзінің бір сағат бойы істеген жұмыс өлшемінің жүйеден тыс бірлігі.*

КИЛОГРАММ *1000 грамға тең өлшемнің метрикалық жүйедегі салмақ бірлігі.*

КИЛОВОЛЬТ *1000 вольтқа тең электр қуатының бірлігі.*

КИЛОМЕТР *1000 метрге тең ұзындық өлшемінің бірлігі.*

КИЛОМЕТРАЖ *Қашықтықтың километрмен берілетін өлшемі.*

КИЛІГУШІ *Омыраулаушы, соқтыушы; араласа кетуші.*

КИЛІК 1. *Біреудің ісіне, сөзіне кіріcу, араласу.* 2. *Дүрсе қоя беру, тиісу, соқтығу // Бас қою, тап беру.* 3. *Ауысп. Тосыннан келіп ұшырасу, тап болу, душар болу.*

КИЛІККІШ *Тап болғыш, ұшырасқыш.*

КИЛІКПЕ *Не болса соған кіріскіш, киліккіш.*

КИЛЬКА *Кәсіптік маңызы бар, майшабақ тұқымдас балық.*

КИМЕ: киме сөз — *көлденең, қағытпа сөз.*

КИМЕЛЕ 1. *Жұртты, қалың топты, нөпірді итермелеп алға ұмтылу.* 2. *Не болса соған беталды араласа кету.*

КИМЕШЕК ***көне*** *Ақ матадан беті дөңгеленіп ойылып істелінетін әйелдің баскиімі.*

КИМЕШЕКТІК *Кимешек тігуге арналған, соған жетерлік.*

КИМОНО *Жеңі кең халат түріндегі жапонның ұлттық киімі.*

КИНЕМАТОГРАФ *Кинофильмді түсіріп, оны көрсететін аппарат.*

КИНЕМАТОГРАФИЯ *Кинофильмдерді дайындап, көрермендерге көрсететін мәдениет пен өндірістің бір саласы.*

КИНЕСКОП *Теледидардағы магнитпен басқарылатын электронды сәулелі түтік.*

КИНО *Кинематография, киноөнер, кинотеатр, кинофильм.*

КИНОАППАРАТ *Киноға түсіретін, кино көрсететін аппарат.*

КИНОАППАРАТУРА *Кинематографияда қолданылатын түрлі аппараттардың жиынтық аты.*

КИНОҚҰЖАТ *Құжаттарға негізделген кинофильм, құжатты кинокадр.*

КИНОЖАРНАМА *Кино жөніндегі хабар.*

КИНОЖУРНАЛ *Күнделікті өмір тақырыбына арналған қысқа метражды кинофильм.*

КИНОЗАЛ *Кино көрсететін үлкен кең бөлме, жайлы орын.*

КИНОКАМЕРА *Киноға түсіретін аппарат.*

КИНОҚОНДЫРҒЫ *Кино көрсететін аппарат.*

КИНОЛАНДЫР *Киномен қамтамасыз ету.*

КИНОТАСПА *Кинофильм, кинокартина.*

КИНОМЕХАНИК *Кино қоюшы маман.*

КИНООПЕРАТОР *Киноға түсіретін маман.*

КИНОҰЛДІР *Кино кадрлары түсірілетін таспа.*

КИНОПРОКАТ *Киномен қамтамасыз ететін мекеме.*

КИНОРЕЖИССЕР *Фильмді қоюшы, кинокартинаның режиссері.*

КИНОСЕАНС *Кинофильмді көрсетуге кеткен уақыт, сондай-ақ кинофильмді көрсету.*

КИНОСТУДИЯ *Кинофильмдер шығаруды ұйымдастыратын мекеме.*

КИНОТЕАТР *Көпшілікке кинофильм көрсететін үй.*

КИНОФЕСТИВАЛЬ *Кинофильмдерді сұрыптап, сыннан өткізу үшін арнайы көрсету.*

КИНОФИЛЬМ *Экранда көрсету үшін түсірілген кинематография туындысы; кинокартина.*

КИНОШЕЖІРЕ *Қоғамдық өмірдегі күнделікті оқиғаға арналған киножурнал немесе кинофильм.*

КИОСК *Ұсақ сауда жүргізетін дүкенше, дүңгіршек.*

КИПАРИС, Сауыр *Жылы жақта өсетін мәңгі жасыл шырша ағашы.*

КИРЕЛЕҢ *Кирең-кирең еткен, қисалаң.*

КИРЕЛЕҢДЕ *Кирең-кирең ету, қисаландау.*

КИРЕҢ *Жылқының бел омыртқасы шойырылып жүре алмай қалатын ауруы, шойырылма.*

КИРЕҢДЕ *Кирең-кирең ету; қисаңдау.*

КИРИЛЛИЦА *Орыс және басқа славян халықтары әліпбиіне негіз болған ескі славян әліпбиінің бірі.*

КИСЕЛЬ *Жеміс-жидек шырынын, тағы басқаларын крахмал қосып қайнату арқылы даярлайтын қоймалжың тағам.*

КИТ ***зоол.*** *Теңіз бен мұхитта тіршілік ететін ең ірі сүтқоректі жануар (балықтың ең ірі түрі).*

КИТЕЛЬ *Тік жағалы формалы пиджак.*

КИТІҢ *Кібіртік, мардымсыздық, өнімсіздік.*

КИТІҢДЕ *Кібіртіктеу, мардымсыз жүріс жүру.*

КИІЗ *Малдың жүнінен қалың, тығыз етіп басылған бұйым, төсеніш.* □ **Киіз басу** — *киіз жасап шығару.* **Киіз есік** — *сықырлауықты сыртынан жауып тұратын, ортасы ши, астары жарғақ теріден істеліп, пісірілген ақ киізден жасалған есік.* **Киізкітап** — *жеке адамның өзі ғана пайдаланатын жазбалары.* **Киіз пісіру** — *киіз басып жатқан шиге ыстық су құйып киізді ширатып алу.* **Киіз тебу** — *киізді жасау, тығыздау үшін жүнді ораған шиді аунатып теуіп басу.* **Киіз үй** — *киізден жасалған қазақ үйі.* **Киіз үйдің сүйегі** — *киіз үйдің кереге, уық, шаңырақ, сықырлауықтан тұратын негізгі қаңқасы.*

КИІЗДЕЙ *Киіз сияқты тығыз, қалың.*

КИІЗДЕН *Үйысу, тұтасу, нығыздану.*

КИІЗКИІК ***бот.*** *Шөптің бір түрі.*

КИІК ***зоол.*** *Айыр тұяқты, ешкі тұқымдас жабайы дала аңы.* □ **Киік емшек** — *сүтті емшек.* **Киік желін** — *тез иіғіш, бойындағы сүтін иіп бергіш.* **Киіктің асығындай** — *кішкентай, сүйкімді, оңтайлы, пысық, ширақ.*

КИІКОТЫ ***бот.*** *Киік жейтін, иісті шөп.*

КИІКТЕЙ *Киік сияқты, жүйрік.*

КИІКТЕН *Кісіге үйір болмау, тағылану.*

КИІКТЕУ *Кісіге онша үйір емес, тағылау.*

КИІМ *Адам денесіне киюге арналған бұйымдардың жиынтық аты.*

КИІМДІ *Үстінде киімі бар, киінген.*

КИІМДІК *Киім боларлық, соған жарарлық.*

КИІМ-КЕШЕК *Әртүрлі киім.*

КИІМСІЗ *Үстінде киімі жоқ, киім кимеген.*

КИІМШЕҢ *Үстіндегі киіммен, шешінбестен.*

КИІМІЛГІШ *Киім-кешек ілуге арналған ілмешегі бар тағаң (сөре, сәкі).*

КИІҢКІ *Киіп-жарып кеткіш, кимелегіш.*

КИІП-ЖАР *Топтың арасын жарып кимелеу, омыраулау.*

КИІТ *Құдандалы адамдардың бір-біріне киім-кешек түрінде беретін сыйлығы, сый-сияпаты.* □ **Киіт киді** — *құдалардан сыйлыққа киім-кешек алды.*

КЛАВИАТУРА ***муз.*** *Клавишті музыкалық аспаптардан және кейбір механизмдердің клавиштерінің жиынтығы.*

КЛАВИШ ***муз.*** *Кейбір музыка аспаптарындағы саусақпен басып үн шығаратын тетік.*

КЛАПАН 1. *Газ, сұйық өтетін механизмдегі қақпақ.* 2. *Қанның кері қозғалысын болдырмайтын жүректегі қақпақ, тетік.*

КЛАРНЕТ ***муз.*** *Ағаштан жасалған музыкалық аспап.*

КЛАСС *Қоғамдық топ.*

КЛАССИК *Ғылымның, өнердің, әдебиеттің т. б. жұрт таныған ең көрнекті, үлгілі қайраткері.*

КЛАССИКА *Әдебиет пен өнердің үлгілі туындысы.*

КЛАССИКАЛЫҚ *Классикаға жататын, соған қатысты.*

КЛАССИЦИЗМ *XVII—XVIII ғасырлардағы әдебиет пен өнердегі ежелгі грек, рим өнерін үлгі етіп алған бағыт.*

КЛЕЕНКА *Су өткізбейтін заттар қосып жасаған мата тәрізді нәрсе.*

КЛЕЙСТЕР *Крахмал мен ұнды араластырып жасаған желім.*

КЛЕТКА 1. *Протоплазма, ядро мен қабыршақтан тұратын тірі организм құрылымының ең кішкентай бөлшегі.* 2. *Заттың бетіне салынған төртбұрыш немесе квадрат.*

КЛЕТКААРАЛЫҚ *Клеткалар арасындағы.*

КЛЕТКАЛА *Жеке төртбұрыштарға немесе квадратқа бөлу.*

КЛЕТКАЛЫ *Клеткасы бар, клеткадан құралған.* 2. *Жеке клеткаларға бөлінген.*

КЛЕТКАСЫЗ *Клеткасы жоқ.*

КЛИЕНТ 1. *Зат сатып алу, заказ беру үшін немесе басқа да бір шаруамен ісі түсіп келген адам.* 2. *Адвокат, нотариус тағы басқаға өз ісін жүргізуді тапсырған адам.*

КЛИЗМА ***мед.*** *Артқы жақтан ректа түтікпен жылы су жіберіп, ішекті тазалауға арналған аспап.* □ **Клизма жасады** — *жылы су жіберіп ішекті тазалады.*

КЛИМАТ *Белгілі бір жердің географиялық ерекшелігін танытатын ауа райының көп жылғы жағдайы.*

КЛИМАТОЛОГ *Климатология маманы.*

КЛИМАТОЛОГИЯ *Климатты зерттейтін ғылым саласы.*

КЛИНИКА, Емхана. *Ауруларды емдейтін әрі студенттік тәжірибе мен ғылыми зерттеу жұмысы қоса жүргізілетін емдеу мекемесі.*

КЛИНИКАЛЫҚ *Клиникаға қатысты.* □ **Клиникалық өлім** — *жүрек соғуының тоқтағанынан бастап мидың жансызданауына дейінгі адам халі.*

КЛОУН, Майрампаз *Күлкілі, сықақ, әзілдік нөмірлерді орындайтын цирк артисі.*

КЛУБ 1. *Саяси білім, тәрбие беру үшін, еңбекшілердің мәдени дәрежесін көтеру, демалысын ұйымдастыру үшін қызмет ететін қоғамдық ұйым.* 2. *Осы ұйым орналасқан, жұмыс жүргізетін үй.*

КНОПКА 1. *Қағаз, мата тағы басқаларын қатты бір затқа бекітіп, іліп қоюға керек жалпақ басты кішкене шеге.* 2. *Саусақпен басу арқылы электр тогын, әртүрлі механизмдерді іске қосу я тоқтату үшін қолданылатын жылжымалы түйме.*

КНЯЗЬ 1. *Ескі феодалдық Русьтегі әскер басшысы әрі өлке билеушісі.* 2. *Князь ұрпақтарына берілген атақ.*

КНЯЗЬДЫҚ *Князь билеген, қожалық еткен аймақ, князь қарауындағы өңір.*

КОАЛИЦИЯ ***саяси*** *Жеке партиялардың, мемлекеттердің ортақ мақсатқа жету жолындағы бірлестігі, одағы.*

КОБАЛЬТ ***хим.*** *Темірден гөрі қатырақ, қызғылттанып тұратын күміс түстес металл, химиялық элемент.*

КОБАЛЬТТЫ *Кобальт араластырылған.*

КОБЗАРЬ *Кобзаның сүйемелдеуімен ән айтатын украинның халық жыршысы.*

КОБРА, Кеңалқым жылан *Ыстық жақты мекендейтін, басының артқы жағында теңбілі бар, өте улы, ірі жылан.*

КОД *Әртүрлі ақпарат беретін шартты белгілер жүйесі.*

КОДЕИН ***мед.*** *Жөтелді басуға қолданылатын ақ түсті ұнтақ дәрі.*

КОДЕКС *Белгілі бір жүйе бойынша тізілген құқықтың тиісті саласы жөніндегі заңдар жиынтығы.*

КОДИФИКАЦИЯ *Құқықтың жеке тарауларына жататын мемлекет заңдарын бірыңғай жүйеге келтіріп біріктіру.*

КОКАИН ***мед.*** *Есірткілік мақсатта, ауырғанды сездірмеу мақсатында қолданылатын улы зат.*

КОКА-КОЛА *АҚШ және басқа бірсыпыра елдердегі сергітетін, салқын сусын.*

КОКАРДА *Әскери фуражкадағы арнайы үлгімен жасалған металл белгіше.*

КОКС *Таскөмірді, шымтезекті қыздыру арқылы алатын қатты отынның түрі.*

КОКСТЕ *Кокске айналдыру.*

КОКТЕЙЛЬ 1. *Шараптар қосындысынан қант, татымды заттар араластырып бапталған ішімдік.* 2. *Жеміс шырынына қант, жидек қосып даярлайтын сусын.*

КОЛЕНКОР *Киім астарына, кітап мұқабасына жарататын мақтадан тоқыған матаның бір түрі.*

КОЛЛЕДЖ *Англия, АҚШ, тағы бірсыпыра елдердегі жоғары және орта оқу орны.*

КОЛЛЕЖ *Франция, Бельгия, Швейцариядағы орта оқу орны.*

КОЛЛЕКТОР I 1. *Белгілі бір нәрсені жинап таратумен шұғылданатын мекеме.* 2. *Белгілі бір нәрсенің үлгілерін жинаушы, құрастырушы, сақтаушы адам.*

КОЛЛЕКТОР II 1. ***тех.*** *Айналмалы токты тұрақтандыратын динамомашинаның бір бөлігі.* 2. ***тех.*** *Канализациядағы сұйық зат пен базды шығарып тұратын кең құбыр.*

КОЛЛЕКЦИЯ *Біртектес заттардың жүйеге келтірілген жиынтығы.*

КОЛЛЕКЦИЯШЫ *Коллекция жинаушы.*

КОЛЛОДИЙ ***мед.*** *Медицина мен фотографияда қолданылатын эфир мен спирттің қосындысынан жасалған қою, жабысқақ, түссіз ерітінді, сұйықтық.*

КОЛЛОИД ***хим.*** *Жан-жануардың көк етінен, өсімдік қабықтарынан өтпейтін, кристалданбайтын химиялық зат.*

КОЛЛОКВИУМ 1. *Студенттердің білімін тексеру, көтеру мақсатымен оқытушының олармен жүргізетін әңгімесі.*

КОЛОНКА 1. *Автокөлікке жанармай беретін құрал.* 2. *Жер астынан суды жоғары шығарып тұратын құбыр.* 3. *Баспа беттеріндегі ұзынша басылған жеке материалдар.*

КОЛОННА 1. *Үстын. Арқалықты тіреп тұратын дөңгелек тіреуіштің таянышы.* 2. *Бірінен соң бірі лек-легімен қатарласқан шеру.*

КОЛОРИТ *Бояулар мен түстердің суретте құбылып өзара үйлесуі.*

КОМАНДА 1. *Пәрмен. Әскери тәртіппен берілетін бұйрық, әмір.* 2. *Белгілі бір істі орындау үшін кем дегенде үш және одан да көп адамнан құралған топ.*

КОМАНДАШЫ *Команда беруші; әскери бөлімнің бастығы.*

КОМАНДИР *Әскери бөлімнің бастығы.*

КОМБАЙН 1. *Әр алуан дақылдарды жинап, бастыруға арналған күрделі машина.* 2. ***тех.*** *Жүйелі процестерді орындайтын күрделі машина.*

КОМБАЙНШЫ *Комбайн жүргізуші, айдаушы.*

КОМБАТ 1. *Батальон командирі.* 2. *Батарея командирі.*

КОМБИНАТ 1. *Түрлі өндіріс салаларын бірлестіретін ірі өнеркәсіп бірлестігі.* 2. *Түрлі дәрежелі оқу орындарының бірлестігі.*

КОМБИНАТОРЛЫҚ *Ұластыруға негізделген, қиыстыруға негізделген.*

КОМБИНАЦИЯ 1. *Біртектес нәрсенің белгілі бір тәртіппен тіркесуі, бірігуі.* 2. *Тақта және спорт ойындарында қолданылатын айла, тәсіл.*

КОМБИНАЦИЯЛА *Түрлі амал-тәсілдер қолданып әрекет жасау.*

КОМБИНЕЗОН *Бешпеті мен шалбары тұтастырылып тігілген өндірістік костюм.*

КОМБРИГ *әск. Бригада командирі.*

КОМЕДИЯ 1. *Күлкілі, сықақ, әзіл сюжетті драмалық шығарма.* 2. *Күлкілі оқиға.* 3. *Қасақана білмегенсіген екіжүзділік.*

КОМЕНДАНТ 1. *Әскери бекініс-тің, қорғанның, қалалық гарнизонның бастығы.* 2. *Тұрғын үй, жатақхана, театр т. б. мекеме үйлерінің ісін, тәртібін бақылап, басқарушы.*

КОМЕНДАНТТЫҚ *Комендантқа тән, соған қатысты.* □ **Коменданттық сағат** — *жүріп-тұруға уақыт жағынан шек қоюшылық.*

КОМЕНДАТУРА *Комендант кеңсесі.*

КОМЕТА *астр. Күн сәулесі әсерімен жарқырайтын ядросы бар тұманды дақ пен құйрық тәрізді аймыштардан құралған аспан денесі; құйрықты жұлдыз.*

КОМИНТЕРН *Коммунистік интернационал.*

КОМИССАР *Айрықша уәкілдік берілген, үкімет жүктеген ерекше, ресми қызметті атқаратын адам.*

КОМИССАРИАТ *Кейбір мемлекеттік, әкімшілік мекемелерінің атауы.*

КОМИССИОНЕР *Сауда ісін келістіруші делдал.*

КОМИССИЯ *Бір мәселені тексеріп шешу үшін құрылған арнайы уәкілдікке ие адамдар тобы.*

КОМИТЕТ *Жеке бір жұмысты басқару үшін сайланған мемлекеттік немесе партиялық алқалы ұйым.*

КОММЕНТАТОР *Түсінік беруші, түсіндіруші; комментарийдің авторы.*

КОММЕРСАНТ *Сауда-саттықпен шұғылданушы.*

КОММЕРЦИЯ *Сауда-саттық әрекеттері, сауда операциясы.*

КОММУНА *Еңбек, мүлік ортақтығы бойынша бірлескен адамдар ұжымы.*

КОММУНАЛДЫҚ 1. *Коммунаға қатысты.* 2. *Қала шаруашылығына қатысты, сонымен байланысты.* □ **Коммуналдық үй** — *қала шаруашылығы мекемесі берген, бірнеше отбасы тұратын үй.*

КОММУНАР *1871 жылғы Париж Коммунасына қатынасқан революционер.*

КОММУНИЗМ *Қоғамдық-экономикалық құрылыстың бір түрі.*

КОММУНИКАЦИЯ *Жол қатынасы, бір орынның басқа орынмен байланысы; байланыс желісі.*

КОММУТАТОР 1. *Электр тогын жіберіп, тоқтатып тұратын, оның бағытын реттейтін құрал.* 2. *Телефон байланысын ретке келтіретін арнаулы құрал.*

КОММЮНИКЕ *Халықаралық маңызы бар мәселе жөніндегі үкіметтің ресми мәлімдемесі.*

КОМОД *Киім-кешек салуға арналған тартпалы аласа шкаф.*

КОМПАНИЯ 1. *Уақыттарын бірге өткізетін немесе белгілі бір мақсатпен біріккен адамдар тобы, жиыны.* 2. *Кәсіп иелерінің сауда немесе өндірістік бірлестігі.*

КОМПАНЬОН *Компанияға қосылушы, серіктес.*

КОМПАС *Әрдайым терістікті көрсетіп тұратын магниттік тілі бар, жер жағдайын анықтайтын аспап.*

КОМПЕНСАТОР *Белгілі бір механизмнің жұмыс жағдайын теңестіретін, бірыңғайландыратын әр алуан аспаптардың аты.*

КОМПЕНСАТОРЛЫҚ *Компенсаторға тән, соған қатысты.*

КОМПОЗИТОР *Музыкалық шығарманың авторы.*

КОМПОЗИЦИЯ 1. *Әдебиет пен өнердің құрама бөліктерінің құрылысы, орны, арақатысы.* 2. ***муз.*** *Музыкалық шығарманы жазу теориясы.*

КОМПОНЕНТ *Бір нәрсенің құрамды бөлшегі.*

КОМПОТ *Көбінесе кептірілген жеміс-жидекке қант қосып, қайнатып даярлайтын сусын.*

КОМПРЕСС *Емдеу мақсатымен ауырған жерге тартатын сулы, сорғыш бинт, шүберек.*

КОМПРОМИСС, *Ымыраласу Өзара келісуден туатын келісім, ымыраға келушілік.*

КОНВЕЙЕР *Бір жұмысшының істеген материалын қолдан-қолға жеткізу үшін тынымсыз жүріп тұратын машина; транспортер.*

КОНВЕНЦИЯ *Арнайы бір мәселе жөніндегі мемлекеттердің өзара келісімі.*

КОНВЕРГЕНЦИЯ 1. *Бір-біріне тәуелсіз құбылыстардың бірлі-жарым белгілерінің сәйкес келуі.* 2. ***биол.*** *Әр алуан организмнің ұқсас тіршілік жағдайына бейімделуге байланысты пайда болған белгілерінің ұқсастығы.*

КОНВЕРТ 1. *Почтамен бір жаққа жіберу үшін төрт бұрышты етіп қағаздан жасалған пакет.*2. *Емшектегі баланы орау үшін кездемеден жасайтын пакет түріндегі орауыш.*

КОНВОЙ, Айдауыл *Тұтқындарды сақтап я қашырмай алып жүруші отряд.*

КОНГРЕСС 1. *Көбінесе халықаралық көлемдегі кең құрамды жиналыс, съезд.* 2. *АҚШ және басқа кейбір елдердегі парламент палатасының аты.*

КОНДЕНСАТОР 1. *Электр қуатын жинақтаушы құрал.* 2. *Пайдаланған ыстық буды салқындатып суға айналдыратын аппарат.*

КОНДИТЕР *Конфет, торт т. б. тәтті тағамдарды даярлайтын маман.*

КОНДИЦИЯ *Белгілі бір нәрсенің сапасы мен нормасының талапқа сай болуы.*

КОНДУКТОР *Теміржол пойызында, сондай-ақ трамвай, троллейбус, автобустарда жолаушыларға қызмет етуші.*

КОНКУРС *Қатысушылар арасынан ең лайықты, үздік шыққандарын анықтауға мүмкіндік беретін жарыс.* □ **Конкурстан тыс** — *конкурсқа түспейақ.* **Конкурстан өтті** — *сынақтан сүрінбей өтіп, қабылданды.*

КОНСЕРВ *Ауа кірмейтіндей етіп жабылатын құты, қалбырларда сақталатын азық-түлік.*

КОНСЕРВАТИЗМ *Ежелгі, көнерген құрылысқа, тәртіпке бой ұрушылық, ескілікті сақтауға тырысушылық.*

КОНСЕРВАТОР *Консервативтік пиғылдағы адам.*

КОНСЕРВАТОРИЯ *Музыкалық білім беретін жоғары дәрежелі оқу орны.*

КОНСЕРВАЦИЯ 1. *Бір нәрсені бұзылып бүлінбеуі үшін арнайы түрде өңдеп сақтау жағдайы.* 2. *Басталған жұмысты белгілі бір себеппен уақытша тоқтату.*

КОНСИЛИУМ *Аурудың хал-жағдайы мен ерекшелігін, емдеу әдістерін белгілеу үшін дәрігердің жүргізетін кеңесі.*

КОНСПЕКТ *Бір нәрсенің қысқаша жазылған мазмұны.*

КОНСПИРАЦИЯ *Астыртын жұмыс істейтін ұйымның және оған қатысушылардың жұмысын құпияда сақтауға мүмкіндік беретін шаралар.*

КОНСТИТУЦИЯ 1. *Белгілі бір елдің мемлекеттік және қоғамдық құрылысының принциптері мен негізгі тұжырымдарын, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын негізгі заңы.* 2. *Организмнің, дене құрылысының бітімі.*

КОНСТРУКТОР *Бір нәрсенің конструкциясын жасаушы, құрастырушы.*

КОНСТРУКЦИЯ ***тех.*** 1. *Машина мен түрлі құрылыс бөлшектерінің түзілісі, үйлесімі, құрамы.* 2. ***лингв.*** *Сөздердің грамматикалық құрылысы.*

КОНСУЛ *Шет мемлекеттің белгілі бір қаласында немесе ауданында өз елі мен оның азаматтарының әкімшілік-құқықтық және экономикалық мүддесін қорғайтын тұрақты өкіл, ресми адам.*

КОНСУЛЬТАНТ *Өз мамандығына қатысты мәселелерден ақыл-кеңес беруші.*

КОНСУЛЬТАЦИЯ 1. *Белгілі бір мәселеге байланысты мамандардың кеңесі.* 2. *Белгілі бір мәселе бойынша ма-*

мандар тарапынан берілетін көмекті ұйымдастыратын мекеме. 3. *Белгілі бір пәнді ұғындырып түсіндіру үшін өткізілетін түсінік.*

КОНТАКТ ***тех.*** *Түйісу, жалғасу, жанасу.*

КОНТЕЙНЕР 1. *Мұнай өнімдерін құятын ыдыс.* 2. *Жүк тасуға арналған жабдық.*

КОНТИНГЕНТ 1. *Бірыңғай топ, категория түзетін адамдар құрамы.* 2. *Заттың әлдебір мақсатпен белгіленген шектік мөлшері, нормасы.*

КОНТИНЕНТ *Құрлық, құрғақ жер бөлігінің бірі.*

КОНТРАБАНДА *Тыйым салынған немесе салық салуға жататын тауарлар мен бағалы заттарды мемлекеттік шекарадан құпия түрде алып өтушілік.*

КОНТРАБАНДАШЫ *Контрабандамен шұғылданушы адам.*

КОНТРАБАС *Ең жуан дауысты, көлем жағынан ең үлкен ішекті, қылды музыкалық аспап.*

КОНТРАМАРКА *Театрға, киноға т. б. кіру үшін билеттің орнына берілетін талон.*

КОНТРАСТ *Айқын көрінетін қарама-қарсылық.*

КОНТРИБУЦИЯ *Жеңген елдің жеңілген мемлекеттен ақшалай немесе заттай алатын алымы.*

КОНТУЗИЯ *Снарядтың жарылуы, топырақтың үстінен басып қалуынан дененің сырт көрінісінен білінбейтін организмнің зақымдануы, ұрылып шайқалуы.*

КОНТУР, Қарам, Сұлба *Заттың сыртқы пішіні, нобайы, нұсқасының сызықпен көрсетілген нұсқасы.*

КОНУС *Тік үшбұрыш катеттерінің бірінің айналасында айналу арқылы жасалған геометриялық дене.*

КОНФЕДЕРАЦИЯ *Тәуелсіз мемлекеттердің белгілі бір ортақ мақсатқа жету үшін жасасқан тұрақты одағы.*

КОНФЕРАНС *Эстрадалық концертті жүргізумен байланысты сахнада айтылатын сөз.*

КОНФЕРАНСЬЕ *Эстрадалық концертті жүргізетін, арасында дербес күлдіргі нөмірлерді орындайтын артист.*

КОНФЕРЕНЦ-ЗАЛ *Салтанатты кеш, мәжіліс өткізетін үлкен, кең бөлме.*

КОНФЕРЕНЦИЯ *Саяси, мемлекеттік, қоғамдық, ғылыми т. б. ұйымдар өкілдерінің белгілі бір мәселені талқылап шешуге арналған мәжілісі.*

КОНЦЕНТРАТ *Кептіріліп нығыздалған даяр азық, тамақ.*

КОНЦЕНТРАЦИЯ 1. *Бір жерге шоғырлау, топтау, жию.* 2. ***хим.*** *Құрамындағы ерітуші заттың артығын алып тастау жолымен ерітіндінің қоюлануы.*

КОНЦЕРН *Қаржы ретінен бір банк басқаратын империалистік елдердегі капиталистік өндіріс орындарының монополистік бірлестігі.*

КОНЦЕРТ 1. *Белгілі бағдарлама бойынша жұрт алдында жеке адамның я бір топ адамның музыкалық шығарманы орындауы.* 2. *Оркестрдің сүйемелдеуімен жеке аспапқа арнап жазылған үлкен музыкалық шығарма.*

КОНЦЕРТМЕЙСТЕР 1. *Оркестрде ойнайтын топтың басқарушысы.* 2. *Симфониялық немесе опералық оркестрдің солисі.* 3. *Әншіні музыкамен сүйемелдейтін пианист.*

КОНЦЕССИЯ *Бір мемлекеттің өз өндіріс орнын, пайдалы кендерін, жерін, жеке адамға, бірлестікке я басқа мемлекетке пайдалану үшін арнаулы мерзімге жалға беру шарты.*

КОНЦЛАГЕРЬ *Концентрациялық лагерь.*

КОНЬКИ *Мұз бетінде сырғанақ тебуге арналған, аяқкиімге бекітілген жіңішке сырғанақ темір.*

КОНЬЮНКТУРА, Жағдаят *Қоғамдық өмірдің белгілі бір аумағында туған жағдай.*

КОНЬЯК *Жүзім спиртінен жасалған ішімдік.*

КООПЕРАТИВ *Мүшелерінің қаражатын ортақтастыру принципіне негізделген ұйым.*

КООПЕРАТОР *Кооперация қызметкері.*

КООПЕРАЦИЯ *Шаруашылықты бірлесіп жүргізу үшін материалдық немесе ақшадай жарна қосып, еркімен біріккен адамдар бірлестігі, еңбек ұйымы.*

КООПТАЦИЯ *Жаңадан сайлаусыз-ақ белгілі бір сайлау органының құрамын толықтыру; жаңа мүшелерді сайлаусыз құрамға өткізу.*

КООРДИНАТА *Жазықтықтағы я кеңістіктегі нүктенің орнын анықтайтын шама.*

КООРДИНАТОР *Жазықтықтағы я кеңістіктегі белгілі бір нәрсені координациялаушы адам.*

КОРД *Жүн матаның бір түрі.*

КОРДОН *Шекара күзетінде я тосқауылда тұратын отряд.*

КОРЕЙ *Кореяны мекендеуші ұлт; сол ұлттың өкілі.*

КОРИФЕЙ 1. ***тар.*** *Ертедегі грек трагедиясында хорды басқарушы.* 2. *Кемеңгер. Ғылымның, көркемөнердің аса көрнекті қайраткері.*

КОРНЕТ *Үрлемелі музыка аспабы.*

КОРОЛЬ 1. *Кейбір феодалдық, капиталистік мемлекет басшысының титулы.* 2. *Шахмат ойынындағы басты фигура.*

КОРПОРАЦИЯ *Кәсіптік, сословиелік мүдделері ортақ адамдардың біріккен тобы, одағы.*

КОРПУС 1. *Тұрық. Кеменің, механизмнің, аппараттың сыртқы тұрқы; қабы.* 2. *Белгілі бір алқапқа орналасқан үлкен үйлердің бірі.* 3. *Армия бөлімшесі.* 4. *Баспаханалық қаріп — кегль.*

КОРРЕКТОР *Корректурамен айналысушы баспахана қызметкері.*

КОРРЕКТУРА *Баспаханада әріптерді теруден кеткен қателерді түзетіп жөндеу жұмысы.*

КОРРЕЛЯЦИЯ *Заттардың, ұғымдардың өзара қарым-қатыстылығы, байланыстылығы.*

КОРРЕСПОНДЕНТ, Тілші *Газет пен журнал, радио т. б. ақпарат органдарының меншікті тілшісі, қызметкері.*

КОРРОЗИЯ *Металдың және басқа кейбір қатты денелердің сыртқы жағдайдың әсерінен шіріп бүлінуі.*

КОСИНУС ***мат.*** *Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышына қарсы жатқан катеті мен оның гипотенузасының жанай қатынасы.*

КОСМЕТИКА 1. *Бет-ауызды, денені, гигиенаны сақтай отырып әдемілеу, өңдеу.* 2. *Бет-ауызды, денені әдемілеп өңдеуге керек заттар.*

КОСМОГОНИЯ *Әлемнің, соның ішінде Жердің, Айдың, Күн мен жұлдыздың пайда болуын, дамуын зерттейтін астрономияның саласы.*

КОСМОГРАФИЯ *Астрономия мен физикалық география мағлұматтарына сүйенген әлем туралы сипаттама.*

КОСМОПОЛИТИЗМ *Ұлттық мәдениет пен дәстүрді, өз отанын қорғау идеясын мойындамайтын, патриотизмге қарама-қарсы түрған реакцияшыл буржуазиялық көзқарас.*

КОСТЮМ *Пиджак пен шалбардан немесе жакет пен юбкадан құралған сырткиім.*

КОТАНГЕНС ***мат.*** *Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышына қарсы жатқан катетінің қатынасы.*

КОТЛЕТ *Еттартқыштан өткізіп нан ұнтағын араластырып қуырып пісіретін тағам.*

КОФЕ 1. *Қайнатып сусын дайындайтын, тропиктік белдеуде өсетін ағаштың дәні.* 2. *Сол ағаштың ұнтақталған дәнін қайнатып даярлаған сусын.*

КОФЕИН *Кофе дәні мен шай жапырағынан жасалатын қоздырғыш зат.*

КОФТЫ *Әйелдер киетін жұқа, жылы кеудеше.*

КОЭФФИЦИЕНТ 1. ***мат.*** *Алгебра формуласындағы цифрмен көрсетілетін көрсеткіш.* 2. *Физикалық дененің белгілі бір қасиетін анықтайтын шама.*

КӨБДІК *Ерте туған қозы.*

КӨБЕ I 1. *Тырнақтың айналасындағы жиек ет.* 2. *Бір нәрсенің жиегі, шеті.* ◊ **Көбе құйрық** — *бүркіттің құйрығының дәл ортасында болатын екі тал*

қауырсын құйрық. **Көбесі сөгілді** – а) *тігісі сетінеді;* ә) *қар ери бастады.*

КӨБЕ II ***көне*** *Көбесі болаттан немесе темірден жасалған сауыт түрі.*

КӨБЕБҰЗАР *Кез оқтың бір түрі.*

КӨБЕГЕН *Ерте туған қозы.*

КӨБЕЙ *Сан жағынан өсу, молаю, үлеаю, арту.*

КӨБЕЙТКІШ ***мат.*** *Бір санды еселей көбейтетін екінші бір сан.*

КӨБЕЙТІНДІ ***мат.*** *Екі не одай да көп санды көбейткенде шығатын нәтиже.*

КӨБЕЛЕ ***көне*** *Жағалап жүру, жиектеу.*

КӨБЕЛЕК *Әсем түсті екі қанаты бар ұшатын насеком.*

КӨБЕЛЕКТЕЙ *Көбелек сияқты ұрыншақ.*

КӨБЕЛІ 1. ***көне*** *Көбесі бар, қаптама сауытты.* 2. ***Ауысп.*** *Мықты, берік.*

КӨБЕЛІК *Жиек, жағалық.*

КӨБЕНДЕ 1. *Аздап семіру, оңала түсу.* 2. *Мақтаның ісініп-кебіну.*

КӨБЕҢ 1. *Ептеп оңалған, ет алған.* 2. ***Ауысп.*** *Борпылдақ, босаң, жетілмеген.* □ **Көбең бие** – *қонданып, тойына бастаған бие.*

КӨБЕҢДЕУ *Қоңдылау, еттілеу.*

КӨБЕҢСІ *Өзін-өзі көбең санау.*

КӨБЕШІК *Үйілген шөп, шағын шөмеле.*

КӨБІ *Көбісі, көпшілігі, басым тобы.*

КӨБІК 1. *Сұйық зат қайнағанда, шайқалғанда бетіне шығатын жеңіл көпіршік.* 2. *Малдың аузынан көпіріп шығатын сілекей.* □ **Көбік ауыз** – *көп сөйлейтін мылжың, көкіме.* **Көбік қар** *жаңа жауған, әлі жел қағып қатпаған бос қар.* **Көбік өкпе** – *ештемеге икемі жоқ, шалағай.* **Көбік сөз** – *мылжыма, лепірме сөз.* ◊ **Көбік шашу (ату)** *көбігі мол шықты, бөлінді.*

КӨБІКСІЗ 1. *Көбігі жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Ешнәрсе қоспай, әсірелемей айтатын.*

КӨБІКТЕ *Өсіру, дандайсыту.*

КӨБІКТІ *Көбігі мол, көбігі бар.*

КӨБІНЕ-КӨП *Көбінесе, көптен-көп.*

КӨБІНЕСЕ *Көп жағдайда, көп уақытта, ылғи да.*

КӨБІНШЕ *Көбінесе, көбінекей.*

КӨБІРЕК *Молырақ, көптеу.*

КӨБІРЕКТЕУ *Біршама көп.*

КӨБІРШІК *Көпіршік, көбікше.*

КӨБІРШІКТЕН *Көбіршік ату.*

КӨБІСІ *Көбі, көпшілігі.*

КӨГАЛ 1. *Жайқалған көк шөпті жер, көк майса.* 2. *Бақтағы, парктегі, сквердегі көк шөп егілген алаң.*

КӨГАЛА ***мед.*** 1. *Адам денесіне көк таңдақ боп шығатын ауру.* ◊ **Көгала келсін қарғ.** – *көгаламен ауырғыр, өлгір.* 2. **Көк ала** – *жылқының түсі.*

КӨГАЛДАН *Көк шөп өсу, жасылдану, гүлдену.*

КӨГАЛДАУ *Көгалы молдау.*

КӨГАЛЖЫМ *Көкшіл.*

КӨГАРЫШ *Көк шөп, көгал.*

КӨГАШ *Кірді әрлендіру үшін пайдаланатын ашық түсті көк бояу.*

КӨГАШТА *Көк бояуға малу, көгерту.*

КӨГЕН *Қой, қозы-лақтарды мойындарынан тізбектеп, желі арқанға қатарлап байлайтын бұршақтар (бір ұшы ілмекті, бір ұшы түйілген бау жіптер) тізбегі. Қысқа жіптер тағылған, ұшы түйілген ұзын арқан.* ◊ **Көген бойы** – *көгеннің ұзындығындай жақын.* ◊ **Көген көз** – *өңкей қыршын, өрім жас.* **Көген көзденді** – *телмірді, жәудіреді.* **Көгенсабақ** – *түйнектен өсіп таралған сабақ.* **Көгентамыр** – *мақтаның қосалқы тамырлары мен бұршақтары.* **Көген тастам** – *көген бойы, жақын.* **Көгенін үзді** – *басымдық етті, жеңді.*

КӨГЕНДЕ 1. *Қозы-лақты қатарлата тізіп көгендегі бұршаққа байлау.* 2. ***Ауысп.*** *Басымдық ету, жеңу.* ◊ **Көгендеген қозыдай** – а) *тізіп байлангандай;* ә) *сыпыра, түгелдей.*

КӨГЕНДЕЙ *Көген сияқты.*

КӨГЕНДЕУЛІ *Көгендегі бұршаққа қатарлата тізіп байланған, байлаулы.*

КӨГЕНДІ *Көгенге байлаулы, тізбектеулі.*

КӨГЕНШЕ *Кішкене көген, шағын көген.*

КӨГЕР 1. *Көк түске айналу, көк түске кіру.* 2. *Гүлдену, жайлау, көктеу, өркен жаю.* 3. *Суықтан, әртүрлі көңіл-күйден адам өңінің өзгеруі, бозаруы.* 4. *Ұрып соғудан денеге түскен дақ.* 5. *Ылғалдық әсерінен заттың бұзыла бастауы.*

КӨГЕРТКІШ *Түсін көк етуші, көкке бояушы.*

КӨГЕРШІН *Көкшіл сұр түсті, ақ қауырсынды, үлкен жемсаулы құс.*

КӨГЕРІҢКІ *Көкшілдеу, көгірек.*

КӨГЕРІС 1. ***орт. етіс*** *Көгер-іс.* 2. *Көк шөп, бау-бақша.*

КӨГЕРІСТІ *Көгерісі мол, бау-бақшалы.*

КӨГІЛДІР I *Аққудың балапаны.*

КӨГІЛДІР II *Көкшіл.* ◊ **Көгілдір тартты** – *көкшілденді.*

КӨГІЛДІРЛЕН *Көкшілдену, көгілдір тарту.*

КӨГІЛДІРІК *Құйысқанның, өмілдіріктің түйіскен жеріне, жүгеннің кеңсірігіне қондыратын тас.*

КӨГІЛЖІ *Көкшілдеу түске ену, көгілдірлену.*

КӨГІЛЖІМ *Көкшілтімдеу, көгілдірлеу.* ◊ **Көгілжім тартты** – *көгілдірленді, көгілжімденді.*

КӨГІЛЖІМДЕН *Көгілжім түске ену, көгілжім тарту.*

КӨГІРЕК *Сәл көкшіл түстілеу.*

КӨГІС *Көкшілтім, көгілжім.*

КӨГІСТЕН *Көгілжімденді, көкшілтім түске ену.*

КӨДЕ *Далалы жерде шоқ-шоқ болып өсетін қысқа жапырақты, сұлы тұқымдас майда шөп.*

КӨДЕК 1. *Есектің төлі, қодығы.* 2. ***Ауысп.*** *Сенгіш, аңғал.* 3. *Жасөспірім бала, сәби.*

КӨДЕЛІ *Көде мол өскен, көдесі бар.*

КӨДІК *Қарағайлы орман, қорыс.*

КӨДІРЕ *Төзімді нәрседен жасалған бау, тиек.*

КӨЖЕ *Дәнді дақылдардан сұйық етіп пісірілген ас, тағам.* ◊ **Көжекатық** – *көже жасауға нәр болатын ет, сүт, май т. б.* **Коже буаз қылды** – *болымсыз, сәл нәрсеге риза етті.*

КӨЖЕК *Қоянның баласы.* ◊ **Көжек жарыс** – *балалардың жарысып ойнайтын ойыны.*

КӨЖЕКТЕ *Аналық қоянның балалауы.*

КӨЖЕЛІК *Көже жасауға жетерлік.*

КӨЖЕ-МӨЖЕ *Көже және сол сияқты ас, тағам.*

КӨЗ 1. *Адамның, жан-жануардың көру мүшесі.* 2. *Заттың жіп я басқа да бір нәрсе өткізетін тесігі.* 3. *Бір нәрсенің шығар жері, қойнауы.* 4. *Бір нәрсенің нақты өз басы.* 5. *Өткеннен қалған нәрсе; біреуге арналған ескерткіш, мұра, үрпақ.* 6. ***Ауысп.*** *Ақыл, ес, сана.* ◊ **Көз айырмады [жазбады, алмады, аударымады]** – *қадалып көп қарады, тесіле қарады.* **Көзақы алды** – *көргені үшін төлеу алды, құр қалмады.* **Көз алартты** – *қарсылық білдірді, сүс көрсетті.* **Көз алдына келді [елестеді]** – *ойына алды, ойша елестетті.* **Көз алмады** – *тесіле, ұзақ қарады.* **Көзтаныс** – *көрісіп жүретін, бірақ жете білмейтін адам.* **Көз байлады** – *алдап арбады, сиқырлады.* **Көз байланды** – *ымырт жабылды, қас қарайып қараңғы түсті.* **Көз байлаушы [бояушы]** – *арбаушы сиқыршы, фокус көрсетуші.* **Көзбен шолды** – *жалпылама шолып қарады, бағдарлады.* **Көз болды** – а) *басы-қасында жүрді, байқай жүрді;* ә) *куә болды, қарауыл болды.* **Көз бояды** – *алдады, өтірік айтты.* **Көзбояушы [байлаушы]** – *сиқыршы, алдағыш.* **Көзге көрінді** – *жұрт көзіне түсті, ауызға ілікті.* **Көзге күйік болды** – *көзге шықпақап сүйелдей болды, жексұрын көрінді.* **Көзге қораш** – *сырт кейпі келіссіз, көрер көзге нашар.* **Көзге оттай [шоқтай] басылды** – *көзге ыстық көрінді.* **Көзге түртсе көргісіз [көз түрткісіз]** – *тастай қараңғы, жеті қараңғы түн.*

Көзге түсті [шалынды, ілікті] — а) *көрінді, көрініп қалды;* ә) *жақсы танылды, көңіл аудартты.* ◊ **Көзге шұқыды [түртті]** — а) *бетіне шыжғырып басты;* ә) *көзге күйік етті.* **Көзге шыққан [біткен, түскен] сүйелдей** — *елден ерекше жеккөрініштей болды.* **Көзге [көзіне] ілмеді** — *елемеді, менсінбеді.* **Көзге ілінді** — а) *көзге түсті;* ә) *ісімен, ерекшелігімен елеулі болды.* **Көзден ғайып [таса, жоқ] болды** — *зым-зия жоғалды, көрінбеді.* **Көзден [екі елі] таса қылмады** — *аягын қия бастырмады.* **Көзді ашып-жұмғанша** — *қас пен көздің арасында, әп-сәтте.* **Көздің жасын бұлады [көлдетті, көл қылды, төкті, сел етті]** — *ағыл-тегіл жылады, еңірегенде етегі толды.* **Көздің жауын алды** — *әдемілігімен тартымды.* **Көздің қарашығындай сақтады** — *жоғалтпады, сары майдай сақтады.* **Көздің құртын жеді** — *қызықтырды, еліктірді.* **Көзді жұмды [жұмып жіберді]** — *алды-артына қарамады; ештеңемен санаспады.* **Көз жазбады** — а) *қарасынан адасып қалмады;* ә) *көз айырмай, тесіле қарады.* **Көз жазып қалды** — *қапелімде айрылып қалды, жоғалтты.* **Көз жасы жең бермеді** — *сазайын тартты, қарысы жібермеді.* **Көз жасы қабыл болды** — *көз жасын көрді.* **Көз жасын тыйды** — а) *жылағанын қойды;* ә) *жұбанышы болды, қайғыдан арылды.* **Көзжетер [көрім, шалым] жер** — *шолып көре алатын жер.* **Көзі жетті** — а) *ақиқатына қанды, көмілсенді;* ә) *анықтап ажыратты, таныды.* **Көз жұмды** — а) *нар тәуекелге басты;* ә) *марқұм болды, өлді.* **Көз жүгіртті** — *тез шолып қарады.* **Көз жіберді** — *шола іздеді, ой жіберді.* **Көзкөрген** — *бірін-бірі білетін, етене таныс.* **Көз көрмес, құлақ естімес жер** — *жетуі қиын қиыр шет.* **Көзкөрім** — *көрінетіндей қашықтық; алыс емес.* **Көз қарықтырды** — *күнге шағылысып қаратпады.* **Көз қиығын тікті** — *қырындай, тесіле қарады.* **Көз қырын салды** — а) *көмектесті, жәрдем берді;* ә) *жайлап назар аударды.* **Көз қыспайы бар** — *ымы-жымы бір.* **Көз қысты** — *көзімен белгі берді, келісім білдірді.* **Көз қысты, бармақ басты** — *жасырын алыс беріс жасады.* **Көз майын тауысты [сарғайтты, ағызды]** — *егілді, елжіреді;* ә) *қадалып кеп еңбектенді.* **Көз салды [тастады]** — а) *көңіл бөліп қарады, көзін тікті;* ә) *жәрдемдесті, көмектесті.* **Көзін сатты** — *телміріп қарады.* **Көз сүрінеді** — *көптігінен көз жаңылысады, аса мол.* **Көз тартады** — *көңіл аудартады, қызықтырады.* **Көз тиді** — *біреудің назары түсіп ауырды.* **Көз тоймады** — а) *қараған сайын қызыға түсті;* ә) *қанағат тұтады.* **Көз тоқтатты** — *анықтап қарады, кідіріп көңіл бөлді.* **Көзтүрткі болды [қылды, етті]** — *шет қақпай қылды.* **Көзтүртікі** — *көзге күйік, жексұрын.* **Көз тікті [қадады]** — *тесіле, қадала қарады.* **Көз ұшында** — *көз жетер-жетпес жерде.* **Көз үйренді** — *жаттығып алды.* **Көзі шалды** — *көз қиығы түсіп кетті.* **Көз шарасы** — *көз алмасының орны, көз ұясы.* **Көз шырымын алды** — *сәл ғана мызғып алды.* **Көзі ашық** — *әр нәрседен хабары бар, білімді.* **Көзі ашылды** — а) *санасы оянды, өмірді біліп таныды;* ә) *сордан, пәледен арылды;* б) *жолы ашылды;* в) *сауаттанды, білім алды;* **Көзі бұлаудай болды** — *көп жылағаннан көзі күп боп ісіп кетті.* **Көзі бұлдырады** — *көзі қарауытып анық көре алмады.* **Көзі жайнады** — *қуанышқа бөленді, жаны рахат тапты.* **Көзі жаудырады [мөлдіреді, жаутаңдады]** — *қиылып қарады, телмірді.* **Көзі қарақты** — *көзі жіті, білімді, сауатты.* **Көзі қимады** — а) *бергісі келмеді, сараңдық жасады, қызғанды;* ә) *дәті шыдамады, ар-ұяты жібермеді.* **Көз ілеспеді** — *қас қаққанша шапшаң қимылдады.* **Көз ілмеді** — *ұйқы көрмеді, ұйықтамады.* **Көзін ала алмады** — *еріксіз қарай берді.* **Көзін аша алмады** — а) *қиындықтан құтылмады;* ә) *паңсып, маңғазсып болып қалды.* **Көзін бақырайтып қойып** — *көз алдында, көзінше.* **Көзіне көк шыбын үймелетті** — *қорлады, азапқа түсірді.* **Көзінен**

таса қылмады – *қасынан тастамады, жіті бақылады.* **Көзін шел басты [бітті]** – *ешкімді менсінбеді, көкірек керді.* **Көзіне шөп салды** – *басқа біреумен көңілдес болды.* **Көзін жоғалтты** – *жойды, құртты, жоқ қылды.* **Көзін құртты** – *аластады, жоқ қылды.* **Көзін малмен ашқан** – *ес білгелі малмен айналысқан.* **Көзін сатты** – *телмірді, тіленді, көз сүзді.* **Көзін тапты** – *істің ретін, орайын келтірді.* **Көзінің ағы мен қарасындай** – *әлпештеп өсірген сүйіктісі.* **Көзінің жасы кеппеді [құрғамады]** – *жылаудан көз ашпады.* **Көзін көріп қолың ұстамағыр қарғ.** – *өзіңе бұйырмағыр.* **Көзі өңменінен өтті** – *ашу-ызамен тесіле қарады.* **Көзі тойды** – *қанағаттанды, нысап етті.* **Көзі түсті** – *көріп қалды, қызықты.* **Көзі тірісінде** – *дәм-тұзы бітпей тұрып.* **Көзі шайдай ашылды** – *ұйқысы тарап кетті, сергіп сала берді.* **Көзі шарасынан [ұясынан] шықты** – *үрейі қалмады, зәресі ұшты, қатты састы.* **Көзі шүңірейді** – *арықтап жүдеді, азып-тозды.* **Көзі шырадай жанды** – *қуанғаннан көзі жайнап сала берді.*

КӨЗАЙЫМ: көзайым болды [етті] – *сағынған, күткен адамы келіп, қуанышқа бөленді.*

КӨЗӘЙНЕК *Көзге киетін көзілдірік.*

КӨЗБЕ-КӨЗ *Бетпе-бет, жүзбе-жүз.*

КӨЗГЕЛДЕК ***жерг.*** *Көздей ғана кішкентай ыдыс.*

КӨЗДЕ 1. *Нысанаға алып дәлдеу.* 2. *Белгілі бір нәрсені мақсат ету.*

КӨЗДЕЙ *Кіп-кішкентай, өте шағын.* ◊ **Көзіндей көрді** – *дәл өзіндей санады, қадір тұтты.*

КӨЗДІ 1. *Көзі бар.* 2. *Суы мол.* 3. ***Ауысп.*** *Білімпаз, көзі ашық.*

КӨЗЕ I *Қышты күйдіріп жасаған құмыра.*

КӨЗЕ II *Жөн сілтеу, бағыт беру.*

КӨЗЕК *Күлдіреуіш мықты болу үшін екіншісінен өткізетін және тиегіндегі тесік.*

КӨЗЕЛ I *Ешкі терісінен істелген жұмсақ былғары мәсі.*

КӨЗЕЛ II *Көпті көрген, сұңғыла.*

КӨЗЕЛ III *Ашылу, айқындалу, жадырау.*

КӨЗЕМЕЛ *Иненің бір түрі.*

КӨЗЕМЕЛДЕ ***жерг.*** *Жөн сілтеу, бағыт беру; меңзеу.*

КӨЗЕШІ *Көзе жасаушы шебер.*

КӨЗҚАРАС *Ой-пікір, ұғым, түсінік т. б.*

КӨЗСІЗ 1. *Көзі жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Алды-артын ойламайтын, албырт.* ◊ **Көзсіз ерлік** – *қайтпас ержүрекке тән батылдық іс.* **Көзсіз көбелек** – *от пен суға түсерін білмейтін, еш нәрседен тайынбайтын.*

КӨЗСІЗДІК 1. *Көзі жоқтық.* 2. ***Ауысп.*** *Алды-артын ойламаушылық, албырттық.*

КӨЗТАНА *Бетіне асыл тас орнатқан сәндік үшін тағатын үлкен жарқырауық түйме.*

КӨЗТЕСІК *Сығалап көру үшін жасалған есіктегі кішілеу дөңгелек тесік.*

КӨЗІНЕ *Сабақ пен жапырақтың біріккен жеріндегі жанама бүршік, қолтық бүршік.*

КӨЗІК *Кезігу, табысу.*

КӨЗІКТІРУ 1. *Бура мен інгенді қол көмегімен шағыстыру.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуді біреуге жолықтыру, кезіктіру.*

КӨЗІЛДІРІК *Көзге киетін екі әйнекті оптикалық аспап; көзәйнек.*

КӨЗІНШЕ *Көзіне көрсетіп, ашықтан-ашық, көзбе-көз.*

КӨЙЛЕК *Адам денесіне шақтап тігілген жұқа киім.* ◊ **Көйлек көк, тамақ тоқ** – *ішіп-жемі мол, әлді, аукатты.*

КӨЙЛЕК-ДАМБАЛ *Көйлек және дамбал сөзінен жасалған қос сөз, ішкиім.*

КӨЙЛЕК-КӨНШЕК *Адамның жеңіл-желпі жұқа киімдері.*

КӨЙЛЕКСІЗ *Көйлегі жоқ, көйлек кимеген, жалаңаш.*

КӨЙЛЕКТІ *Көйлегі бар, көйлек киген.*

КӨЙЛЕКТІК *Көйлек тіктіруге жарарлық.*

КӨЙЛЕКШЕҢ *Көйлек қана киген; көйлек киген бойда.*

КӨЙІН *Алды аласа, арты биік, аяғы жіңішке, басы үлкен, мойны ұзын, ішек келген, тұтас өркеш, биіктігі кіші тайлақтай ғана нар будандарының бірі.* **Көйін бота** — *денесі аласа, жүні тықыр, мойны ішек, — үлек пен кердері маядан туатын сидаң аяқ бота.*

КӨЙІТ *Тоқтамай көп сөйлеу.*

КӨК I *Түпсіз тұңғиық аспан әлемі, әуе.* ◊ **Көк аспан [зеңгір]** — *көк жүзі; аспан күмбезі.* **Көк бойлады** — а) *биікке шапшып өсті;* ә) *көкпен жүзді, көкте самғады.* **Көкке атылды** — *аспанға шапшыды.* **Көкке жетті** — а) *әуеледі, аспанмен таласты;* ә) *қуанды, шаттанды.* **Көк көбесі сөгілді** — *найзағай жарқылдап, төңіректі сілкіндірді.* **Көк күмбезі** — *аспан әлемі.* **Көксоққан** — *оңбаған, құдай атқан.* **Көк соққыр** — *Алла тағаланың кәріне тап болғыр.* **Көктен сұрағаны жерден табылды** — *армандай боп тілегені аяқ астынан кезіге кетті, орындалды.* **Көктен түсті** — *тұтқиылдан пайда болды, ойламаған жерден келе қалды.* **Көкте тұрған жұлдыз** — *қол жетпес арман.*

КӨК II *Киіз үйдің керегесін т. б. көктейтін түйенің терісінен істелген таспа, қайыс.*

КӨК III 1. *Заттың көгілдір аспан тәрізді түсі.* 2. *Көгеріп шыққан өсімдік; өскен шөп.* 3. *Жеміс-жидек, көкөніс.* □ **Көкет** — *ішек-қарын мен өкпе-бауырды бөліп тұратын жұқа көк шандыр, бауыр ет.* **Көктамыр** — *күретамыр.* **Көкшай** — *шөлді тез басу үшін ішетін шай түрі.* ◊ **Көкайыл [долы]** — *ұрысқақ көкбет әйел.* **Көк ала жамшы жамылды** *эти.* — *ертедегі батыр киген киімді қастерледі.* **Көк ала қойдай [торғайдай] қылды [етті, сойды, сабады]** — *көк-жоса етіп ұрып-соқты.* **Көкауыз [езу]** — а) *көкмылжың;* ә) *аузына келгенін айта беретін ұрысқақ.* **Көкаяз** — *борсып көгерген, қатқыл; шикі.* **Көкбақа** — а) *тырбиған арық (кісі);* ә) *жылт етер майы жоқ арық ет.* **Көк бөрі** — *азулы, адуынды.* **Көк бурыл** — *көкшіл тартып ағара бастаған.* **Көк етікті** — *басқалардан тәуір, өзгелерден артық.* **Көк [көкей] жасық** — а) *жіліггі татымаған арық ет;* ә) *ештеңеге арзымайтын.* **Көк желке** — а) *қарақұс, шүйде жалғасқан сырт мойын;* ә) *арқа түс, ту сырт.* **Көк жұлын болды** — *әбден қалжырады, шаршап-шалдықты.* **Көк ине** — *ине атаулы.* **Көккаска айтты** *діни* — *құрбандыққа ірі мал шалып құдайы берді.* **Көк майда** — *айдын шалқар.* **Көк майса** — *шөбі мол, жасыл шалғынды.* **Көкмылжың** — *езмалта, сөзуар, қырт.* **Көк найза** — а) *найзаның сапалы асыл түрі;* ә) *қарабидай.* **Көк сағал** — *енді-енді ғана саргая бастаған, піспеген.* **Көк сеңгір** — *биік шың, мұзарт.* **Көксерек** — *мал қоритын ит.* **Көксоқта** — *күрт ерігеннен суы бетіне шығып көкшіл тартқан қар.* **Көк сүңгі** — *бұрынғы батырлардың найза іспетті бес қаруының бірі; асыл найза.* **Көк тайғақ** — *жауын-шашын мен ауа райының суық болуының қатар келуінен болатын жылтыр сырғанақ.* **Көк тиын** — *түкке тұрмайтын, бағасы жоқ, соқыр тиын.* **Көк түйнек** — а) *пісіп жетілмеген;* ә) *ішті бүріп ауыртатын ауру.* **Көкшешек келгір** *қарғ.* — *шешекпен ауырғыр.* **Көк шалғын** — *жайқалған көк майса, қалың өскен шөп.* **Көк ішек болды** — а) *қара суды көп ішкеннен қарны кепті;* ә) *ішек-сілесі қатты.*

КӨКБАЗАР *Жеміс-жидек, көкөніс өнімдерін, сондай-ақ басқа да азық-түлік түрлерін сататын үлкен сауда орны.*

КӨКБАЛАУСА *Өсіп жетілген балғын шөп.*

КӨКБАРАЗДА *Таза етіп крахмалдап жуу.*

КӨКБАС *бот. Биіктігі жарты метрге жуық көпжылдық шөп.*

КӨКБАУЫР *Түйеде болатын, бауыры көгеріп өлетін ауру.*

КӨКБИІК ***бот.*** *Қыраттау, қуаң жерге шығатын шөп.*

КӨКБОЗАТ *Темірқазық пен Жетіқарақшының аралығындағы қос жұлдыздың бірі.*

КӨКЕ 1. *Баланың үлкен ағаларын не әкесін құрметтегенде айтатын атауыш сөз.* 2. *Бір нәрсенің ең зоры, мықтысы, бәрінен асқаны.* ◊ **Көкесін көзіне көрсетті [таныты]** – *сазайын берді.* **Көкесін таныта істеді** – *жамсата істеді, қирата, опырып-жапырып істеді.*

КӨКЕБАС *Өзінен көп кішкене адамға еркелете қаратып айту, әкетай.*

КӨКЕЖАН ***экспр.*** *Әкеге не ағаға еркелеп, жалынып-жалбарына қарата айту, көкетай, көкебас.*

КӨКЕЙ *Ішкі сезім билеген ақыл-ой, ес, мақсат, мүдде.* ◊ **Көкейге қонды [ұялады]** *ұнады, ойдан шықты.* **Көкейден кетеді** – *ойда болды, ойдан шықпады.*

КӨКЕЙКЕСТІ *Бүгінгі күн үшін өте маңызды, зәру, өзекті, ойда жүрген, діттеген, басты.* ◊ **Көкейкесті күй** – *халық шерін, арманын білдіретін сезімді, әсерлі күй.*

КӨКЕЙКЕСТІЛІК *Өмірге қажеттілік, маңыздылық.*

КӨКЕК I *Тұмсығы мен қанаты ұзын, тікше біткен айдары бар сарыала түсті құс.* ◊ **Көкек зығыры** – *дымқыл, батпақты жерде өсетін жасыл мүк.*

КӨКЕК II *Қазақша жыл санаудағы наурыздан кейінгі ай (сәуір).*

КӨКЕКТЕ *Көкек, көкек деп ән шығару.*

КӨКЕЛЕ *Көке-көке деу.*

КӨКЕМАРАЛ ***бот.*** *Көкпектің бүрі тәрізді, емге пайдаланатын шөп.*

КӨКЕСІНДЕЙ *Ең зор, ең иықты, бәрінен асқан.*

КӨКЕТАЙ 1. *Әкесіне не ағасына еркелеп айтатын атау; жалынып-жалбарынған сөз.* 2. *Жасы кішіні еркелете айтатын атау сөз.*

КӨКЕТАЙЛА *Көкетай, көкетай деп жалынып-жалбарыну, еркелету.*

КӨКЕШ 1. *Әкесіне еркелей, сағына айтатын атау.* 2. *Жасы кішіні еркелетіп атау.*

КӨКЖАЛ 1. *Азулы жыртқыш, қасқырдың арланы.* 2. ***Ауысп.*** *Барынша өктем, бет қаратпас озбыр.*

КӨКЖАЛДЫҚ *Көкжал болушылық; озбырлық, өктемдік, азулылық.*

КӨКЖЕЛКЕ *Майынның ту сырты.*

КӨКЖЕЛІК *Малдың көктемде түлеуі.*

КӨКЖИЕК *Аспан мен жердің көз жететіндей түйіскен жері.*

КӨКЖОРҒА *Түйе кеселі.*

КӨКЖӨРЕ *Қаршыға тұқымына жататын жыртқыш құс.*

КӨКЖӨТЕЛ ***мед.*** *Үсті-үстіне жөтелдіретін балалардың жұқпалы ауруы.*

КӨККАСҚА: көккаска шегіртке – *топ-топ боп ұшып жүретін ауыл-шаруашылығына, әсіресе егінге зиянды жәндік.*

КӨККАУЫС ***бот.*** *Өсімдік аты.*

КӨККҰТАН ***зоол.*** *Ұзын сирақты көк түсті құс*

КӨКНӘР 1. *Апиын шығаратын өсімдік, апиынның көк қауашағы.* 2. *Көкнәр өсімдігінің қауашағын қайнатқанда шығатын сөл.* 3. *Ұзын сабақты қызыл гүлдің, анардың басы, дәні.* 4. *Апиын.*

КӨКОРАЙ *Жайқалған көк шөпті, шалғынды жер.*

КӨКӨНІС *Тамаққа пайдаланылатын сәбіз, қырыққабат, қызылша сияқты бақша дақылдарының ортақ атауы.*

КӨКПАР *Бауыздаған ту серке не ешкіні, екі жіккке бөлініп, ат үстінде тартысатын ұлттық ойын.* ◊ **Көкпар тартты** – *көкпар сайысына түсті.*

КӨКПАРЛА *Көкпар ету, көкпар тарту.*

КӨКПАРЛЫ *Көкпар тартатын, көкпары бар, көкпар сайысына түсетін.*

КӨКПАРШЫ *Көкпар тартушы, көкпар сайысының шебері.*

КӨКПАРШЫЛ *Көкпарды ұнататын, көкпаркұмар, көкпар ойынының шебері.*

КӨКПАРШЫЛА *Көкпар сайысына түсу.*

КӨКПЕК ***бот.*** *Аласа боп өсетін, дәмі ащы, қатты шөп.*

КӨКПЕКТЕН *Көкпек басу.*

КӨКПЕКТІ *Көкпек мол өскен, көкпегі көп.*

КӨКПЕҢБЕК 1. *Ашық көк, тым көк.* 2. *Көкорай, жасыл шалғынды.*

КӨКСАҒАЛ ***бот.*** *Тарының әлі пісіп жетілмеген, сарғыш тартқан түрі.*

КӨКСАҒЫЗ ***бот.*** *Каучук жасайтын конжылдық шөпті бақбақ өсімдігі.*

КӨКСАУ *Өкпесін суық шалып көп жөтелетін көкірек ауруы.*

КӨКСАУЛАН *Көп жөтелу, көксауға айналу.*

КӨКСАУЛЫҚ *Көксау болушылық, көп жөтелушілік.*

КӨКСАУЫР *Көк бояумен боялған былғары.*

КӨКСАУЫРЛА *Көксауыр былғарымен әшекейлеу, ою-өрнек салу.*

КӨКСЕ *Аңсау, армандау.*

КӨКСЕРЕК I *Ұлттық спорт ойындарының бір түрі.*

КӨКСЕРЕК II *Жас қасқырдың мықты, қайраттысы.*

КӨКСЕРКЕ I *Қызылбалық тұқымдасына жататын жыртқыш балық.*

КӨКСЕРКЕ II *Қауынның дәмі тәтті бір түрі.*

КӨКСЕУШІЛІК *Арман етушілік, аңсаушылық.*

КӨКСҮҢГІ *Жаңбыр аралас қар жауып, шөп басына мұз қатуы.*

КӨКСІГЕН *Жерінен жеріген, безген, туған жер өлкесін тастап кететіндер.*

КӨКСІЛ 1. *Алғыр қыран.* 2. ***Ауысп.*** *Қажымас қайсар.*

КӨКСІРЕ *Көк жегісі келу, көкті құмарту.*

КӨКСІРЕУ *Көксіреу мұз; тұтасқан қалың мұз.*

КӨКТАС *Көмір қышқылды, мыс тұзынан құралған ашық жасыл түсті минерал (малахит).*

КӨКТЕ I 1. *Шөптің, тағы басқа өсімдіктің көгеріп шығуы.* 2. ***Ауысп.*** *Өсіп-өркендеу, жетілу, даму, гүлдену.*

КӨКТЕ II 1. *Турасынан кесіп өту.* 2. *Киіп-жару, кесе-көлденең өту.*

КӨКТЕ III 1. *Инемен сирек етіп тігу, қабу.* 2. *Керегені т. б. затты қайыспен, таспамен бекіту.*

КӨКТЕГІШ *Өсіп-өнгіш, тез көктеп шығатын.* 2. *Кереге көгін өткізуге машыққан, көрпені көктеуге шебер адам.*

КӨКТЕЙ *Көк күйінде, шикідей; кеппеген, көк қалпы.* ◊ **Көктей қатқыр [солғыр]** — *қыршынынан қиылғыр.*

КӨКТЕМ *Қыстан кейін келетін жыл мезгілі, жазғытұрым.*

КӨКТЕМГІ *Көктем кезіндегі, сол уақыттағы.*

КӨКТЕМДЕЙ *Көктем сияқты құлпырған.*

КӨКТЕМДІК 1. *Көктемге тән, соған қатысты.* 2. *Көктемде көшіп-қонып көктейтін жер.*

КӨКТЕМЕ *Көктелген, топсалап жалғастырған.* ◊ **Көктеме білезік** — *ортасын топсалап жасаған білезік.*

КӨКТЕМЕГІР ***қарғ.*** *Қыршыныңнан қиылғыр.*

КӨКТЕМСІЗ *Көктем болмай жатып, көктем шықпай-ақ.*

КӨКТЕН *Көк түске айналу, көкшілдену.*

КӨКТЕСІН *Көгалды, көк шөпті жер.*

КӨКТЕУ I 1. *Көгірек, түсі көкшіл.* 2. *Пісіңкіремеген.*

КӨКТЕУ II *Көктемде қоныстайтын аймақ, көктемгі жайылым.*

КӨКТЕУ III *Жазының жондығын, шыбығын, етегін реттеп ұстап тұру үшін тігілген жуан жіп.*

КӨКТЕУ IV *Алыс шаншылып, әр жерінен ілінген уақытша тігіс.*

КӨКТЕУЛІ *Көктеу салынған, көктелген.*

КӨКТӨБЕТ 1. *Дәрілік улы қасиеті бар, маңқа ауруына қарсы қолданылатын шөп.* 2. *Қырма сақал қырқылжың адамға ұрысқанда қолданылатын сөз.*

КӨКТІК 1. *Көк түсті болушылық.* 2. *Пісіп-жетілмегендік, әлі жастық.* 3. *Ызақорлық, долылық.*

КӨКТІКЕН ***бот.*** *Өсімдік аты.*

КӨКТІЛІ *Көк түс аралас.*

КӨКШАҒЫР *Жусан тұқымдас өсімдік түрі.*

КӨКШЕ I *Көгілдір түсті, орташа салмағы 600 грамға жететін балық.*

КӨКШЕ II *Көкшіл түсті, көгілдір тартқан.*

КӨКШЕШЕК 1. *Екіжылдық шөптесін өсімдік.* 2. *Сақа жеңгелердің ұрысқанда айтатын сөзі.*

КӨКШІ *Көкшілдену, көгеру.*

КӨКШОЛАҚ ***бот.*** *Жайылымдық шөп.*

КӨКШУЛАН *Көкшіл тартқан, бурыл.*

КӨКШІЛ *Көк түстілеу, көгілдір.* **Көкшіл тартты** – *көгілдір түске көшті.*

КӨКШІЛДЕН *Көкшіл түске ену, көкшіл тарту.*

КӨКШІЛДЕУ *Көкшіл түстілеу, көгілдірлеу.*

КӨКШІЛТІМ *Көкшіл тартқан, көгілдір түстілеу.*

КӨКІ *Әр нәрсені бір шатып-бұтып артық сөйлеу, бетімен лагу.*

КӨКІГІШ *Жөн-жосықсыз көп сөйлегіш, бөспе, көкіме.*

КӨКІЛТАШ ***көне*** *Бірге тумаған, бірақ хан шешімі бойынша жас балаға ата саналған адам.*

КӨКІМЕ *Мыжып, өрекпіп көп сөйлейтін, мақтаншақ, бөспе.*

КӨКІРЕК 1. *Омырау тұс, кеуде.* 2. *Көңіл, көкей, ой-сана.* 3. *Менмен, тәкаппар, өркеуде.* □ **Көкірек ауруы** – *өкпе сырқаты, туберкулез.* **Көкірек маңқа** – ***ветер.*** *Жылқыда болатын жұқпалы ауру.* ◊ **Көкірегі ашық** – *білімді, оқыған, саналы. Көкірегі жүйрік, сезімтал, түсінігі мол.* **Көкірегі жылады** – *ет жүрегі езілді, егілді.* **Көкірегі кең** – *кеңпейілді, дарқан.* **Көкірегі көзді** – *көзі ашық, зерделі.* **Көкірегі қарс (қақ) айрылды** – *қайғырды, қасірет шекті.* **Көкірегімен көк тіреді** – а) *аспанмен таласты, биік, зәулім;* ә) *дегені болып асып-тасты.* **Көкірегінде оты бар** – *еті тірі, жігерлі.* **Көкірегінде сайрап тұр** – *көңілге айқын байқалып тұр.* **Көкірегіне құйды [тоқыды]** – *ұғып алды, түсінді.* **Көкірегіне нан пісті** – *өркөкіректенді, ісініп-кебінді.* **Көкірегіне ұялады** – *көңіліне қонды, ұқты, түсінді.* **Көкірегі ояу** – а) *парасатты, саналы;* ә) *ұйқыға кетпеген, ұйықтамаған.* **Көкірек бітті [керді, көрсетті, қақты, көтерді]** – *өркөкіректеніп дандайсыды.* **Көкірек көзі ашылды** – *санасезімі оянды, зерделі болды.* **Көкіректе сайрап тұр** – *бәрі есінде, көз алдынан кетпеді.*

КӨКІРЕКСІЗ *Жетесіз, көр соқыр, надан.*

КӨКІРЕКСІН *Өзін-өзі көтермелеу, әлдеқандай болып дандайсу.*

КӨКІРЕКТЕ *Күшке салып кеуделеу, кимелеу, өзеуреу.*

КӨКІРЕКТЕУ *Тәкаппарлау, өр кеуделеу.*

КӨКІРЕКТІ 1. *Кең кеуделі.* 2. ***Ауысп.*** *Көзі ашық, есті, тәжірибелі.*

КӨКІРЕКТІК *Тәкаппарлық, өрлік, паңдық.*

КӨКІРЕКШЕ *Костюмнің ішінен киетін жеңсіз, жылы киім, кеудеше.*

КӨЛ 1. *Айналасы тұйықталған су тоспасы.* 2. ***Ауысп.*** *Мол, асып-тасыған көп.* ◊ **Көз жасы көл болды** – *көп жылады.*

КӨЛБАҚА ***зоол.*** *Көлде, шалшықты жерде тіршілік ететін бақа.*

КӨЛБАР *Мойынға салып жүретін, көннен тігілген дорба.*

КӨЛБАРЖЫЛАН *Улы жылан, табыт жылан.*

КӨЛБЕ 1. *Бір жамбастап жантайып жату.* 2. *Көп жерді алып созылу.*

КӨЛБЕГЕЙ *Көзді күн нұрынан қалқалайтын нәрсе.*

КӨЛБЕГЕЙЛЕ 1. *Көзді күн нұрынан, сәуледен қалқалау.* 2. *Тасалау, жасыру.*

КӨЛБЕК *Көлбектеген қимыл.* ◊ **Көлбек қағу** — *көлбек-көлбек ету, көлбектеу.*

КӨЛБЕКТЕ *Көлбек-көлбек ету.*

КӨЛБЕЛЕҢДЕ *Көлбең-көлбең ету.*

КӨЛБЕҢ: көлбең қақты — *шайқақтап көлбеңдеді.*

КӨЛБЕҢДЕ *Ебедейсіз қимылдау, көлбең қағу.*

КӨЛБЕҢКІ *Көлбей жатқан, көлбеу.*

КӨЛБЕҢКІРЕ *Көлбей түсу.*

КӨЛБЕТ 1. ***өзг. етіс*** *Көлбе-т.* 2. *Сұлату, жайрату.*

КӨЛБЕУ *Көлбей жатқан, көлбеңкі.*

КӨЛБЕУЛЕ *Көлбеу ету.*

КӨЛБЕУЛЕУ *Созылыңқылау, сүйірлеу.*

КӨЛБЕУЛІК *Көлбей жатқандық, созылыңқылық.*

КӨЛБЕУІТ *Өзеннің кешіп өтуге болатын көлбей түскен таяздау жері.*

КӨЛБІРЕ *Үлбіреу, көлкілдеу.*

КӨЛГЕКТЕ *Бұлтаққа салу, жалтару.*

КӨЛГІР *Кекесін, сайқал.*

КӨЛГІРЛЕН *Сайқалдану, біліп тұрып білмегенсу.*

КӨЛГІРЛІК *Көлгір болушылық.*

КӨЛГІРСІ *Бір нәрсені білмегенсу, жасанды қылық байқату.*

КӨЛ-ДАРИЯ 1. *Телегей-теңіз су, айдын-шалқар су.* 2. *Аса мол, ағыл-тегіл.*

КӨЛДЕ *Көл-дария, көл болу, айнала-төңірек су болу.*

КӨЛДЕЙ *Көл тәрізді кең, мол.*

КӨЛДЕН *Кең жайылу, шалқу, кеңею.*

КӨЛДЕНЕҢ I *Белгілі бір заттың сөзі.*

КӨЛДЕНЕҢ II 1. *Кесе, көлбеу, тік емес.* 2. ***Ауысп.*** *Тосын, кездейсоқ.* 3. *Бөтен, жат, суық.* ◊ **Көлденеңді көк атты** — *кім көрінген, кездейсоқ адам.* ◊ **Көлденең жүріс** — *сезік тудыратын жүріс.* **Көлденең кәсіп (табыс)** — *қосымша табыс беретін жұмыс.* **Көлденең келді** — *қарсы тұрды, кедергі болды.* **Көлденең қонақ** — *күтпеген жерден келген мейман.* **Көлденең тартты [қойды]** — а) *алдына салып білдірді, сездірді;* ә) *арнады, сыйлады, ұсынды.* **Көлденең тұрды** — *қарсы келді, кедергі жасады.*

КӨЛДЕНЕҢДЕ 1. *Қиғаштау, кескестеу.* 2. *Қарсы тұру, кесе көлденең келу, тосқауылдау.*

КӨЛДЕУІК *Су жайылып кеткен жер, шалшық.*

КӨЛДЕУІТ *Суы мол, балшықты, ылғалды жер.*

КӨЛЕГЕЙ *Көзден таса, қалқалау.* ◊ **Көлегей қабақ танытты** — *ұнатпады, жақтырмады.*

КӨЛЕГЕЙЛЕ *Тасалау, қалқалау.*

КӨЛЕГЕЙЛІ *Күннің көзі тасаланып түспейтін, жарығы аз.*

КӨЛЕМ *Белгілі бір заттық аумағы, үлкендігі.*

КӨЛЕМДЕН *Үлкею, ұлғаю, кеңею.*

КӨЛЕМДІ *Көлемі үлкен, аумақты.*

КӨЛЕМДІК *Көлемге қатысты, аумақтық, мөлшерлік.* □ **Көлемдік меншікті энергия *физ.*** — *сыртқы тізбекке берілетін электр мөлшері.*

КӨЛЕМДІЛЕУ *Аумақтылау, көлемдірек.*

КӨЛЕМДІЛІК *Көлемді болушылық.*

КӨЛЕМДІРЕК *Көлемі үлкенірек, аумақтырақ.*

КӨЛЕМСІЗ *Көлемі шағын, аумақсыз.*

КӨЛЕҢ 1. *Ерке, шолжаң.* ◊ **Көлең берді [етті]** — *жалт етті, елестеді.* **Көлең қақты** — *көлбең қақты, көлбеңдеді.*

КӨЛЕҢДЕ *Кесе-көлденеңде, көлбеңде.*

КӨЛЕҢКЕ 1. *Заттың жарық түсіп түрған жағына қарама-қарсы жағы.* 2. *Бір нәрсенің бейнесі, суреті, елесі.* 3. *Күн көзінен, жауын-шашыннан саялайтын пана, қорғаныш.* 4. ***Ауысп.*** *Та-*

са, қалқа. ◊ **Көлеңкеде қалды** — *елеусіз қалды, ескерілмеді.* **Көлеңкесінде күн көреді** — *қамқорлығында болды.* **Көлеңкесінен қорықты** — *не болса содан сескенді, үрейленді.*

КӨЛЕҢКЕЛЕ 1. *Көлеңке түсіру, қалқалау.* 2. *Күн көзі түспейтін саяда демалу.* 3. ***Ауысп.*** *Жасыру, бүркемелеу.*

КӨЛЕҢКЕЛЕУ 1. *Күннің көзі азырақ түсетін, ықтасындау, салқындау.* 2. ***жерг. Ауысп.*** *Ескерусіз, елеусіз.*

КӨЛЕҢКЕЛІ 1. *Көлеңкесі бар, көлеңке түсіп тұрған.* 2. ***Ауысп.*** *Кемшілікті, олқылықты.*

КӨЛЕҢКЕСІЗ 1. *Көлеңкесі жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Бүкпесіз, ашық.* 3. *Кемшіліксіз, міні жоқ.*

КӨЛКЕК: көлкек қақты — *көлкектеді, майман қақты.*

КӨЛКЕКТЕ *Ырғалу, теңселу, толықсу.*

КӨЛ-КӨСІР *Ағыл-тегіл, аса мол.*

КӨЛКІ 1. *Сұйық заттың көлдей жайылып сел болуы; қалқу.* 2. ***Ауысп.*** *Жұқа матадан тігілген бүйымның желкілден төгіліп тұруы.*

КӨЛКІЛДЕ 1. *Сұйық заттың шамадан тыс көп болып жайылуы, лықылдап тұруы, шарасынан аса жиналуы // Жиналу, іркілу.* 2. ***Ауысп.*** *Қолқылдау, кең болып қолпылдау.*

КӨЛКІЛДЕК *Көлк-көлк еткен, көлкілден тұратын.*

КӨЛМЕК *Көлшік, тоспа.*

КӨЛМЕКШЕ *Шағын көлмек.*

КӨЛПАЛ *Бос көпірме, лепірме.*

КӨЛПЕК *Үлпек, көлп-көлп еткен.*

КӨЛПІЛДЕ *Үлпілдеу, көлкілдеу.*

КӨЛТАБАН I *Суы тартылған көлдің орны.*

КӨЛТАБАН II ***зоол.*** *Балықтың бір түрі.*

КӨЛТАБАНДА *Суды жазық жерге жайып жіберу.*

КӨЛТЕКТЕ *Бұлтақтау, көлгірсу.*

КӨЛТІЛДЕ *Көлпілдеу, көлкілдеу.*

КӨЛШІК *Шағын көл, тоспа.*

КӨЛШІКТІ *Су жиналған ой-шұңқырлы.*

КӨЛШІКТЕН *Су жиналып, көлшікке айналу.*

КӨЛІК *Әуеде, жерде және суда жолаушылар мен жүк тасымалдайтын қатынас құралдары.*

КӨЛІК-САЙМАН *Көлік пен оның жабдықтары.*

КӨЛІКСІЗ *Көлігі жоқ, жаяу.*

КӨЛІКТІ *Көлігі бар, көлікке мінген.*

КӨЛІКШІ *Көлік жүргізуші, жолаушы мен жүкті тасушы.*

КӨМ 1. *Затты топырақпен жауып жасыру.* 2. *Өлген адамды жерлеу.* 3. ***Ауысп.*** *Қоршау, басу.*

КӨМБЕ 1. *Жасырып көмген қымбат заттар қоймасы.* 2. *Астық, жеміс т. б. қоректік затты сақтайтын ұра, қойма.* 3. *Атжарыстағы мәре, сөре.* 4. ***Ауысп.*** *Адам ойында сақтаған құпия сыр.*

КӨМБЕЛЕ *Көмбе жасау, көму.*

КӨМЕЙ 1. *Ауыз қуысын өңешпен жалғастырып тұратын мүше, жұтқыншақ.* 2. ***Ауысп.*** *Өзгелерге белгісіз ішкі ой, сыр.* 3. *Бір нәрсенің шыққан жері, көзі.* □ **Көмейқұрт** — *малдың көмейін құрттататын ауру.*◊ **Көмейі [көмекейі] бүлкілдейді** — а) *шешен сөйлейді;* ә) *бірдеме дегісі келеді;* б) *біреуден бірдеңе дәметті.* **Көмейі жоқ** — *талмай айтатын суырып салма.* **Көмейі жыбырлады** — *аңсары ауды, құмартты.* **Көмейі кең** — *түйені түгімен жұтатын.* **Көмейі байқалды [көрінді]** — *не дегісі келгені айтпай-ақ белгілі болды.* **Көмейінен бал тамады** — *әнді құйқылжыта, тамылжыта салады.* **Көмейіне тас тығылды** — *дыбысы шықпады, үні өшті.* **Көмейіне (көмекейіне) тіреліп** — *айта алмай, бөгеліп қалды.*

КӨМЕЙЛЕ *Асап, қомағайлана жеу.*

КӨМЕЙЛІ 1. *Көмейі кең, үлкен.* 2. *Зор дауысты, асқақ үнді.*

КӨМЕК *Бір нәрсеге көрсетілген жәрдем, қолғабыс.*

КӨМЕКЕЙ 1. *Көмей.* 2. *Адамның ішкі ойы, көңілі.* □ **Көмекей безі** — *топалаң ауруының бар-жоғын анықтайтын без.* **Көмекейі белгілі** — *не дегісі келгені айтпай-ақ түсінікті.* **Көмекейі көрінді** — *ойы белгілі болды.*

КӨМЕКСІЗ *Жәрдемсіз, қолғабыссыз.*

КӨМЕКТЕС *Қолғабыс тигізу, қол үшын беру.*

КӨМЕКШІ *Бір істі тындыруға қолғабыс тигізуші, жәрдем беруші; Басқарушы адамға тікелей бағынып, оған жәрдемдесетін қызмет адамы.* □ **Көмекші құрал** — *оқушыларға білім беруде пайдаланатын оқулық, әдебиет, көрнекі құрал.*

КӨМЕКШІЛ *Жәрдемдескіш, қайырымды.*

КӨМЕКШІЛІК *Көмек берушілік, жәрдемшілік.*

КӨМЕСКІ 1. *Бұлыңғыр, күңгірт, буалдыр.* 2. *Анық, ашық емес, түсініксіз.*

КӨМЕСКІЛЕ 1. *Бұлыңғыр ету, күңгірт тарту.* 2. *Ашып-жарып айтпау, елеусіз қалдыру.*

КӨМЕСКІЛЕУ *Бұлыңғырлау, күңгірттеу.*

КӨМЕСКІЛІК *Бұлыңғырлық, күңгірттік.*

КӨМЕШ *Күлге көміп пісірген көмбе нан.*

КӨМКЕР 1. *Заттық шетін, жиегін қайырып, бүгіп тігу.* 2. ***Ауысп.*** *Қоршау, орау, сәндеу.*

КӨМКЕРМЕ *Үйге су, дымқыл жібермес үшін айналасына биіктеп үйілген топырақ.*

КӨМКЕРУ *Төсек жапқыш.*

КӨМКЕРУЛІ *Көмкерілген, жиектелген.*

КӨМПЕК *Денесі шынықпаған, бос.*

КӨМПЕҢ *Ширақ, шымыр.*

КӨМПИ *Ісіп кету, кумпию.*

КӨМУСІЗ *Жерлеусіз.*

КӨМІР 1. *Отқа жанатын, қара түсті органикалық қатты зат.* 2. *Жанып біткен ағаштың сөнген шоғы.* ◊ **Көмір қышқыл газы** ***хим.*** — *қатты күйінде оңай бұзылатын заттарды сақтауда қолданылатын қышқылдық тотық.*

КӨМІРДЕЙ *Көмір сияқты, қап-қара.*

КӨМІРЛЕН *Көмірге айналу.*

КӨМІРЛІ *Көмірі мол, көмірге бай.*

КӨМІРТЕГІ ***хим.*** *Органикалық заттардың ең маңызды құрамы болатын химиялық элемент.*

КӨМІРШІ *Көмір қазатын шахтада жұмыс істеуші.*

КӨМІС *Көмуі, жерленуі, жөнелтуі.*

КӨН I *Ірі қараның иленген (етік тігетін) қатты терісі.* ◊ **Көн етікті** — *кедей-кепшік, жарлы-жақыбай.* **Көн қотыр болды** — *терінің жүні түсіп, беті қабыршақтанды.* **Көн тақым [болды]** — *көлікпен жүруге әбден үйренген, дағдыланған.* **Көн тулақ** — а) *көнбіс, илеуге түскен;* ә) *арық, сартап мал.* **Көні жібіді** — *тұла бойы жіпсіді, терлеңкіреді.*

КӨН II 1. *Айтқанды істеу, тіл алу; бағыну, мойынсұну.* 2. *Қиындыққа төзу, шыдау.*

КӨНБІС *Төзімді, шыдамды.*

КӨНБІСТЕН *Көндігу, шынығу.*

КӨНБІСТЕУ *Төзімділеу, шыдамдылау.*

КӨНБІСТІК *Шыдамдылық, төзімділік.*

КӨНГІШ *Тілалғыш, төзгіш.*

КӨНГІШТІК *Тілалғыштық, төзімді болушылық.*

КӨНДЕ *Көнмен тыстау.*

КӨНДІК *Үйреніп кету, бейімделу, мойынсұну.*

КӨНДІККІШ *Төзгіш, бейімделгіш.*

КӨНЕ 1. *Ертеде болған, бұрынғы, ежелгі, ескі.* 2. *Тозығы жеткен, әбден ескірген.* 3. *Көпті көрген, тәжірибелі.* ◊ **Көнекөз** — *көп жасап көпті көрген қарт.* **Көне [кәрі] құлақ** — *есіткені, көкірекке түйгені көп.* **Көненің көзі** — *өткен өмірдің куәгері.*

КӨНЕК I *Көбінесе бие саууға арналған, көннен жасалған шүмегі бар ыдыс.* ◊ **Көнекке тас салғандай** — *та-*

маққа тоймайтын обыр. **Көнекті сырттан сұрады [салды]** — *сырғақтады, жоламады.*

КӨНЕК II *Ісіп-кеуіп кететін ауру.* ◊ **Көнек жара** — а) *бітеу жара;* ә) *асқынып түйыққа тірелген мәселе.*

КӨНЕ-КӨСКІ *Тозығы жеткен, ескі-құсқы.*

КӨНЕКТЕ *Көп-көптен, шелектеу.*

КӨНЕКТЕЙ *Көнек сияқты, далиған, үлкен.* ◊ **Көнектей болды [қылды]** — *күп боп ісіп кетті.*

КӨНЕЛЕ ***сөйл.*** *Көнелену, көнеру.*

КӨНЕЛЕН *Ескіру, тозу.*

КӨНЕЛЕУ 1. *Ертеректегі, ежелгі.* 2. *Ескілеу, тозыңқыраған.*

КӨНЕЛІК 1. *Бұрынғы заманнан қалған қалдық, ескілік.* 2. *Тозып, ескіргендік.* 3. *Көпті көріп оң-солын жете таныгандық.*

КӨНЕР 1. *Тозу, ескіру.* 2. *Беттің әжімденіп, әрі кетуі.*

КӨНЕТОЗ *Ескі, ұсталған, киілген, көнеріп тозған.*

КӨНПІ *Ісіну, қампию, көтерілу.*

КӨНСІ *Ындыны құрғау, шөлдеу.*

КӨНТАҚА 1. *Терінің әбден қажалып мүйізденуі, күстенуі.* 2. *Кепкен, мүлде құраған.*

КӨНТАҚАЛАН *Қажала-қажала сүйелдену, мүйіздену.*

КӨНТЕ: көнте белбеу — *көн теріден жасалған қалың, жалпақ күдері белбеу.*

КӨНТЕК I *Қойдың жүнін күпсітіп түсіретін қышыма, қотыр ауруы.*

КӨНТЕК II *Қалың, дүрдиген, томпақ.*

КӨНТЕКТЕН *Дүрдию, баттию.*

КӨНТЕКТЕУ *Дүрдиіңкі, қалыңдау.*

КӨНТЕРІ 1. *Жүнін қырып, күнге қақтаған сірі тері, көн.* 2. *Терісі қалың, бетпақ.* 3. ***Ауысп.*** *Ыстық-суыққа төзімді, көнбіс.*

КӨНТЕРІЛІ *Шыдамды, төзімді, көнбіс, мықты.*

КӨНТЕРІЛІК *Шыдамдылық, көнбістік.*

КӨНТІ *Дүрдию, ісіну, томпию.*

КӨНІШІ: көңілі көншу — *көңілі жай табу, риза болу.*

КӨНІК *Белгілі бір жағдайға бейімделу, мойынсұну, көндігу.*

КӨНІККІШ *Бейімделгіш, дағдыланғыш.*

КӨНІМДІ *Шыдамды, көнбіс.*

КӨНІМПАЗ *Көнгіш, мойынсұнғыш, бейімделгіш.*

КӨҢ 1. *Қатып тұтасқан, қордаланып байланған мал қиы.* 2. *Ескі қоныс, қыстау.*

КӨҢҚАРҒА ***жерг. көне*** *Жайлаудан ескі жұртқа көшетін кез.*

КӨҢ-ҚОҚЫР 1. *Қи аралас шөпшалам.* 2. ***Ауысп.*** *Ескі-құсқы, көржер.*

КӨҢСІ *Күлімсі иістің шығуы.*

КӨҢІЛ 1. *Ішкі эмоциялық сезім, сана.* 2. *Ой, қиял, арман.* ◊ **Көңілі алаң болды [алабұртты]** — *ойы бөлінді, алаңдады.* **Көңілі ауды [бөлінді, кетті, құлады]** — *құштар болды, ықыласы түсті.* **Көңілі бар** — *ұнатады, сүйеді.* **Көңілі босады [бұзылды]** — *қобалжыды, толқыды.* **Көңілі жабықты [тарықты, қамықты]** — *қайғырды, уайымдады.* **Көңілі жай [тоқ]** — *ойында алаңы жоқ.* **Көңілі жақын** — а) *еркек пен әйелдің арасындағы жақындық;* ә) *тату, сырлас.* **Көңілі жарасты** — *ұнатты, тіл тапты.* **Көңілі жарым [жарымжан]** — *қайғылы, жарым көңіл.* **Көңілі қалды [қайтты, суынды]** — *ренжіді, өкпеледі.* **Көңілі құлазыды** — *жалғызсырады, зерікті.* **Көңілін аулады [алдады]** — *көңілін тауып, ойын бөлді.* **Көңіліне алды [келді]** — *реніш білдірді.* **Көңіліне дақ салды** — *ренжітті, өкпелетті.* **Көңіліне қарады** — *ренжіткісі келмеді.* **Көңіліне ұнады [жақты, үйлесті]** — *жаратты, жақсы көрді.* **Көңілін қалдырды [қайтарды, жықты]** — *бетін қайтарды, ренжітті.* **Көңілі соқты [шапты]** — *тәбеті тартты.* **Көңілі толмады [тоймады]** — *ойындағыдай болмады, қанағат таппады.* **Көңілі түсті** — *ықыласы ауды, ұнатты.* **Көңілі хош болды** — *шат-ша-*

дыман болды. **Көңіл айтты** — *марқұмның туғандарына жұбаныш білдірді, қайырлы болсын айтты.* **Көңіл бөлді [қойды, бұрды, аударды]** — *зер салды, ден қойды.* **Көңіл білдірді** — *сыңайын танытты.* **Көңілге қарады** — *ренжіткісі келмеді.* **Көңілге қонымды** — *үйлесімді, ұнамды.* **Көңілге қуат [медет, медеу] тұтты** — *іштей жұбаныш етті.* **Көңілге тоқыды** — *жақсылап түсінді, ойда сақтады.* **Көңілге ұялады** — *орынды көрінді.* **Көңілдегі жерінен шықты** — *ойлағандай, діттегендей болды.* **Көңілді алаң етті** — *көңілдің тынышын алды.* **Көңілдің тынышын алды** — *алаң етті, мазалады.* **Көңіл жетер** — *қадір білер, сыйласатын.* **Көңіл жұбатары** — *ойға медет тұтары, алданыш етері.* **Көңіл жыртады** — *сөзге келмеді, бетін қақпады.* **Көңіл көтерді [сергітті]** — *ойнап-күлді.* **Көңіл күйі [қошы]** — *ішкі сезімі, ой дүниесі, зауқы.* **Көңіл — қазы, көз — таразы** — *адал ниет, әділ іс.* **Көңіл қосты** — *бірін-бірі ұнатып, ерлі-зайыпты болды.* **Көңіл сұрады** — *ауру кісінің жағдайын, халін білді.* **Көңіл сүйер** — *ең жақын дос-жар кісі.*

КӨҢІЛДЕН *Жадырау, қуану, шаттанып жайраңдау.*

КӨҢІЛДЕС 1. *Тілегі бір, ниеттес;* 2. *Көңілі жақын, ашына.*

КӨҢІЛДЕСТІК *Ниеттестік, пікірлестік, көңілі жақындық.*

КӨҢІЛДЕТ *Жадырату, қуанту.*

КӨҢІЛДІ 1. *Қуанышты, шат-шадыман.* 2. *Қызықты, сауықты.*

КӨҢІЛДІЛІЕУ *Көңіл-күйі жақсырақ.*

КӨҢІЛСІЗ 1. *Көңіл-күйі мәз емес, жабырқау.* 2. *Шабытсыз, ықылассыз.*

КӨҢІЛСІЗДЕН *Зауқы болмау, ықыласы түспеу.*

КӨҢІЛСІЗДЕУ *Жабырқаңқылау; сиырлау.*

КӨҢІЛШЕК *Аққөңіл, қайырымды.*

КӨҢІЛШЕКТІК *Аққөңілділік, мейірімділік.*

КӨҢІРСІК *Көңірсіген, қолқаны жаратын, қоңырсық.*

КӨП 1. *Едәуір, бірсыпыра; мол, қыруар.* 2. ***Ауысп.*** *Үнемі, ұзақ уақыт.* 3. *Халық, көпшілік, қауым.* **Көпаяқтылар *биол.*** — *дене пішіні құрт тәрізді бунақты, бірнеше аяғы бар жәндік.* **Көп аузы әулие (уәлі)** — *көпшіліктің айтқаны келеді.* **Көп болса** — *мықтағанда, әрі кеткенде.* **Көп жаса *алғ.*** — *өмірлі бол, өмірің ұлғайсын.* **Көп ретте** — *әдетте, әшейінде.* **Көптен бері** — *ерте заманнан; ұзақ уақыт.* **Көпті көрген** — *көп нәрсені басынан өткерген, тәжірибелі.*

КӨПЕ *Кішігірім үйілген шөп.*

КӨПЕЙ 1. *Ең соңғы ұрпақ; кенже.* 2. *Кеш, кенжелеп туған қозы, көрпелдес.*

КӨПЕК *Тапал, аласа, кішкене.*

КӨПЕ-КӨРІНЕУ *Көз алдында, көрер көзге.*

КӨПЕНЕ *Кішігірім үйме шөп, көпе.*

КӨПЕНЕЛЕ *Кішігірім етіп шөп жю.*

КӨПЕС *көне* *Меншігінде сауда жасайтын кәсіпорны бар бай саудагер.*

КӨПСІ 1. *Көпсу, көтерілу.* 2. *Шымшым етіп көпіршу.*

КӨПСІК *Борпылдақ, қопсыған.*

КӨПСІН *Көп көру, артық деп санау.*

КӨПТЕ *Көп боп бірігу, қауымдасып жұмыла кірісу.*

КӨПТЕГЕН *Бірталай, едәуір.*

КӨПТЕН *Баягыдан, ертеден, ежелден.*

КӨПТЕН-КӨП *Аса мол, ырғын.*

КӨПТЕП *Молынан, көп етіп.*

КӨПТЕП-КӨЛЕМДЕП *Жабыла кірісіп, қауымдасып.*

КӨПТЕУ *Көбірек, артығырақ.*

КӨПТЕУІЛ *Әскери тұңғі күзетші, қарауыл.*

КӨПТІК 1. *Көп, мол болушылық.* 2. *Грамматикалық категория.* □ **Көптік жалғау** — *сөзге көптік мағына үстейтін қосымша.*

КӨПТІР *Асыра сілтеу, бөсу.*

КӨПТІРМЕ *Көпсөзді, бөспе.*

КӨПШЕ 1. *Көпке ұқсап.* 2. ***лингв.*** *Көптік ұғымды білдіретін грамматикалық категория.*

КӨПШІК *Ішіне жүн, мамық т. б. салып тігілген, өрнектелген жастықша.* ◊ **Көпшік қойды** — *көтермелеп, мадақтап сөйледі.*

КӨПШІЛ *Көп көңілінен шығатын, қауымшыл, қоғамшыл.*

КӨПШІЛДІК *Адамға үйір болушылық, қауымшылдық.*

КӨПШІЛІК 1. *Қалың жұртшылық, ел-жұрт, қауым.* 2. *Артығырағы, молы, көбісі.* ◊ **Көпшілік дауыс** — *көптің қолдауы, қостауы.* **Көпшілікқолды** — *жұртшылыққа керекті, мұқтаж.*

КӨПІР I 1. *Үлкен өзен, сулардан өту үшін салынған құрылыс.* 2. ***Ауысп.*** *Жалғастырушы, байланыстырушы.*

КӨПІР II 1. *Көбігі шығу, көбіктену, көпіршу.* 2. ***Ауысп.*** *Мақтану, бөсу.*

КӨПІРГІШ *Тез, мол көпіретін.*

КӨПІРМЕ 1. *Көпсөзді, бөспе.* 2. *Көбік атқан, көпіршіген.*

КӨПІРШІ I *Көпір салушы, жөндеуші.*

КӨПІРШІ II *Көбіктену, көпіру.*

КӨПІРШІК I *Судың т. б. сұйықтықтың бетіндегі көбігі.*

КӨПІРШІКТЕН *Көпіршікке айналу, көбіктену.*

КӨР I *Қайтыс болған адамды жерлеу үшін қазылған жер, қабір.* ◊ **Көр аузында** — *хал үстінде, өлім халінде.* **Көрге тықты** — *құртты, жойды.* **Көрден шыққандай [тұрғандай]** — *түрі адам шошырлық.* **Көріңде өкір [өкіргір]** ***қарғ.*** — *жазаңды тартқыр.*

КӨР II *Суқараңғы, соқыр.* 2. ***Ауысп.*** *Түйсіксіз, надан.* □ **Көршеге** — *қолдан соққан ірі шеге.* **Көр шиқан** — *аузы ашылмаған жара, бітеу ісік.* **Көр болғыр** ***қарғ.*** — *соқыр болғыр.* **Көр көзін ашты** — *зердесін оятты, білмегенін білдірді.* **Көр мылқау** — *екі сөздің басын құрап сөйлей алмайтын.* **Көр ошақ** — *ешқайда шықпай, от басында қалып қойған.* **Көр соқыр** — а) *суқараңғы соқыр;* ә) *парықсыз, түйсіксіз.*

КӨР III 1. *Қарау, көз салып байқау.* 2. *Кездесу, жолығу.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені бастан кешу, білу.* 4. *Айыптау жазғыру, кінәлау.* 5. *Балау, санау, білу, тану.* 6. *Қосымша мағына үстейтін көмекші етістік.* ◊ **Көргеннен көзақы алды [сұрады]** — *тілемсектенді, жоқтан өзгеден дәметті.* **Көрген күн** — *тіршілік, өмір.* **Көрген күні қараң болды** — *қорлық көрді, азап шекті.* **Көре алмады** — *қызғанды, күндеді.* **Көре білді** — *түсінді, болжады.* **Көрейін де өлейін** — *бір көргеннен жабысып айырылмады.* **Көрер [көрінер] көзге** — *ашықтан ашық, көз алдында.* **Көрер таңды көзімен атқызды** — *түнімен ұйықтамады, көз ілмеді.* **Көре тұра** — *біле тұра, әдейі.* **Көрмес түйені де көрмес** — *әдейі байқамады, көрмегенсіді.* **Көрсем көзім шықсын [ақсын, бұйырмасын]** — *көрмегенім үшін ант ішейін.* **Көрінгенге көз сүзді** — *телмірді, тіленді.* **Көрінгенге көзтүрткі болды** — *жеккөрінішті болды, жаманатты болды.*

КӨРБАЛА *Көргені жоқ, білімсіз, надан, түйсіксіз.*

КӨРБІЛТЕ *Көмескі, сілемі ғана бар.*

КӨРБІЛТЕЛЕ *Көмескілеу, ұмытыла бастау.*

КӨРБІЛТЕЛЕУ *Көмескілеу, болар-болмас.*

КӨРГЕН-БАҚҚАН *Үйреншікті әдет, дағды.*

КӨРГЕНДІ *Әдепті, тәрбиелі, білімді.*

КӨРГЕНДІЛІК *Тәрбиелілік, әдептілік.*

КӨРГЕНСІ *Көп нәрсені білетін болғансу, білгірсу.*

КӨРГЕНСІЗ *Тәрбие көрмеген, әдепсіз.*

КӨРГЕНСІЗДІК *Тәлім-тәрбие көрмегендік, әдепсіздік.*

КӨРГІСІЗ *Көруге жарамайтын, көруге тұрғысыз.*

КӨРГІШ *Танығыш, сезгіш, қырағы.*

КӨРГІШТЕ *Қарай беру, көрген үстіне көре түсу.*

КӨРГІШТІК *Байқампаздық, қырағылық.*

КӨРДЕЙ *Көр сияқты, тастай қараңғы.*

КӨРДЕМШЕ ***жерг.*** *Некесіз туылған жас нәресте, бала.*

КӨРЕ-БІЛЕ *Біле тұра, көріне көзге.*

КӨРЕГЕН 1. *Көргіш, қырағы.* 2. *Алдағыны байқағыш, болжағыш.*

КӨРЕГЕНДІК *Қырағылық, болжағыштық, даналық.*

КӨРЕГЕНСІ *Көреген болғансу.*

КӨРЕР КӨЗГЕ *Қарауға, байқап көруге.* ◊ **Көрер көзге ұят** — *тура қарауға ыңғайсыз.*

КӨРЕРМЕН *Көруші, байқаушы.*

КӨРЕСІ *Қорлық, қиыншылық, азап.* ◊ **Көресіні көрсетті** — *көзіне көкшыбын үймелетті, әбден қорлады.*

КӨРЕШЕК *Бастан өткізер іс-әрекет.*

КӨР-ЖЕР *Ұсақ-түйек, кәкір-шүкір.*

КӨРКЕЙ 1. *Гүлдену, көріктену, құлпыру.* 2. *Барынша даму, әлдену, аукаттану.*

КӨРКЕМ *Көрікті, әдемі, сұлу.* □ **Көркем әдебиет** — *әдеби шығарма.* **Көркем гимнастика** ***спорт*** — *әдемі қимылмен орындалатын көркемөнер элементі бар гимнастика.* **Көркем жазу** — *таза, әдемі етіп жазылған жазу.* **Көркем бейне** ***әдеб.*** — *әдеби шығарма кейіпкерлерінің тұтас тұлғасы.* **Көркемсөз [тіл]** — *келісті қиыстырылған әдеби тіл.* **Көркем суретті фильм** — *әдеби жанрда шығарылған фильм.*

КӨРКЕМДЕ *Әдемілеу, құлпырту, өсендіру, мәнерлеу.*

КӨРКЕМДЕУШІ *Әдемілеуші, көркем етуші.*

КӨРКЕМДІК *Көріктілік, әдемілік, сымбаттылық.*

КӨРКЕМШЕ *Әдемілеу келген, көріктірек.*

КӨРКЕМӨНЕР *Әуесқой ұжымның орындауындағы өнер шығармалары.*

КӨРКЕМӨНЕРПАЗ *Әуесқой ұжымның орындауындағы еліміздегі халық шығармашылығының бір түрі.*

КӨРКЕМӨНЕРПАЗДЫҚ *Көркемөнерпазға қатысты, соған тән.*

КӨРКЕМӨНЕРШІ *Көркемөнер шебері.*

КӨРЛАТ *Еш тәрбие көрмеген, тебір, тәрбиесі аз, көрбілте адам.*

КӨРМЕ *Қоғамның не жеке адамның материалдық я рухани жетістіктерін жұртқа көрсететін орын.*

КӨРМЕ: бір көрмеге — *алғаш көруге, әуелгі көзге түскенде.*

КӨРМЕГЕНСІ *Әдейі көрмеген болу.*

КӨРНЕК 1. *Белгілі бір заттың үлгісі қойылған жер.* 2. *Көрік, бейне, келбет.*

КӨРНЕКСІЗ *Көріксіз, сиықсыз, келбетсіз.*

КӨРНЕКСІЗДЕУ *Көріксіздеу, сиықсыздау.*

КӨРНЕКТЕ *Әдемілеу, сәндеу, көркемдеу.*

КӨРНЕКТІ 1. *Белгілі, танымал, әйгілі.* 2. *Көз тартатын әдемі.*

КӨРНЕКТІЛЕУ *Анығырақ, әжептеуір көрнекті.*

КӨРНЕКТІЛІК *Көрнекті болушылық, нақтылық.*

КӨРНЕКІ *Түсінікті болу үшін көрсетуге негізделген, оқытудың әдісі.* 2. **Көзге анық, әдемі көрінетін.** □ **Көрнекі құрал** ***пед.*** — *өтілетін тақырыпты оқушыларға анық та тартымды етіп жеткізу үшін көрсетілетін қосымша құрал.*

КӨРНЕКІЛЕ *Көрнекі ету, әдемілеу.*

КӨРНЕКІЛЕУ *Көрнектілеу, тартымдылау.*

КӨРНЕКІЛІК *Көрнектілік, тартымдылық.*

КӨРПЕ *Жамылып жату, төсену үшін матаның арасына мақта не жүн салып, қабып тіккен үй мүлкі, жұрқан.* □ **Көрпеқимылдатар** ***этн.*** *Ескі дәстүр бойынша күйеу жігіттің қалыңдығымен алғаш кездесуінде қайын жұрт жеңгелеріне беретін ырым-жоралғысы.* ◊ **Дала ақ көрпеге оранды** — *кең жазық*

дала ақ қарға бөленді. **Көрпесіне қарай көсілді** — *шама-шарқына қарай әрекет қылды, іс істеді.* **Түн көрпесін жамылды** — *қараңғы түсті.*

КӨРПЕ-ЖАСТЫҚ *Төсек-орын жабдығы.*

КӨРПЕҚАП *Тер сіңіп, кірлемес үшін көрпені матамен қаптап қоюға шақтап тігілген қап.*

КӨРПЕЛДЕС *Жүндес, ет алған марқа қозы.*

КӨРПЕЛЕН *Көрпеге ұқсап жайылып, қопсып-қобырау.*

КӨРПЕЛІК *Көрпе жасауға лайық, соған жетерлік, көрпе боларлық мата, жүн.*

КӨРПЕСІЗ 1. *Көрпесі жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Жамылғысы жоқ, жалаңаш.*

КӨРПЕ-ТӨСЕК *Жатар орынға қажетті мүлік.*

КӨРПЕШЕ *Төсеуге арналған шағын көрпе.*

КӨРПІЛДЕ *Көрп-көрп ету.*

КӨРПІЛДЕК *Қатпаған, жаңа жауған қар.*

КӨРСЕТ 1. *Көргізу, қарату, қаратып алу.* 2. *Білдіру, байқату, аңғарту.* 3. ***Ауысп.*** *Жасау, істеу.* 4. *Сілтеу, нұсқау, айыптау, қаралау.*

КӨРСЕТКІШ *Орындалған істің, жұмыстың нәтижесі.* ◊ **Көрсеткіш тақта** — *еңбек нәтижесін көрсететін тақта.*

КӨРСЕТУШІ 1. *Көрсетіп беруші, нұсқаушы.* 2. *Ұстап беруші.*

КӨРСЕТІҢКІРЕ *Көрсете түсу.*

КӨРТ ***құрт.*** *Үлек пен кердеріден туған еркек түйенің азғын ұрпағы, нашар тұқым.*

КӨРТЫШҚАН ***зоол.*** *Жер астын мекендейтін кемірушілер тобына жататын ұсақ сүтқоректі жыртқыш жәндік.*

КӨРУ ***қ. атау.*** *Көр-у.* □ **Көру жүйкесі [қабілеті, мүшелері, өңірі, сезімі, түйсігі]** — *тірі организмдегі көру қызметін атқарушы орган.* **Көру өрісі** — *оптикалық аспаптардың кеңістікті қамту шеңбері.* **Көру құралы** — *дүрбі, телескоп, микроскоп тәрізді оптикалық аспаптардың жалпы атауы.*

КӨРШЕҢГЕЛ *Тағдырдың құрған тұзағы.*

КӨРШІ 1. *Үйлері қатарлас, есіктес тұратын адам, қоңсы.* 2. *Кеңістіктегі немесе жазықтықтағы екі обьектінің басқалардан гөрі бір-біріне жақын орналасуы.*

КӨРШІ-КӨРШІ ***этн.*** *Қазақтың халықтық ойынының аты.*

КӨРШІ-ҚОЛАҢ *Ауылдас, іргелес отырған көршілердің жиынтық аты.*

КӨРШІЛЕС *Көрші тұратын, іргелес.*

КӨРШІЛІК *Көрші тұрушылық.*

КӨРІК I *Ұста дүкеніндегі көмірді үрлеп темірді қыздыру үшін теріден жасалған үрлеуіш.*

КӨРІК II *Ажар, өң, келбет.* ◊ **Көркі енді [кірді]** — *ажарланды, құлпырды.*

КӨРІКСІЗ *Ажарсыз, өңсіз, сүреңсіз.*

КӨРІКСІЗДЕН *Ажарсыздану, сұрықсыздану.*

КӨРІКСІЗДЕУ *Ажарсыздау, өңсіздеу.*

КӨРІКСІЗДІК *Ажарсыздық, өңсіздік.*

КӨРІКТЕ *Көріктендіру, ажарлау.*

КӨРІКТІ *Ажарлы, өнді, көркем.*

КӨРІКТІЛІК *Көрікті болушылық.*

КӨРІКШІ-*Көрік басушы адам.*

КӨРІМ 1. *Көресі, көрешек өмір.* 2. *Пәле, жаманшылық.* 3. ***диал.*** *Көрікті, әсем, сұлу.*

КӨРІМДІК *Жас нәрестені, жаңа түскен келінді т. б. бірінші рет көргендігі үшін дос-жараның дәстүр бойынша беретін кәдесі.*

КӨРІМДІК: *Көзкөрімдік, көзбен көрерліктей, көзбен шалғандай.*

КӨРІН 1. ***өзд. етіс*** *Көр-ін.* 2. *Есім, есімше сөздермен тіркесіп айтылатын көмекші етістік.* 3. ***Ауысп.*** *Мәлім болу, танылу.*

КӨРІНГЕН *Кез келген, кім болса сол.*

КӨРІНГІР *Есім сөздермен тіркесіп келіп қаргыс мәнін үстемелейді.*

КӨРІНГІШ *Көзге түскіш, танылғыш.*

КӨРІНЕ *Көрер көзге, көзбе-көз, көне-көрінеу.*

КӨРІНЕР-КӨРІНБЕС *Болар-болмас, көмескі.*

КӨРІНЕУ *Ашықтан-ашық, анық, айқын.*

КӨРІНІС 1. *Бір нәрсенің түр-тұрпаты, бейнесі.* 2. *Көркем әдебиетте, бейнелеу өнерінде суреттелетін біртұтас оқиғаның жеке бөлімі.*

КӨРІНІШТІ: жеккөрінішті — *жағымсыз, сүйкімсіз, жексұрын.*

КӨРІПКЕЛ *Болашақты болжайтын сәуегей.*

КӨРІНКЕЛДІК *Көріпкел болушылық.*

КӨРІС 1 ***орт. етіс*** *Көр-іс.* 2. *Кездесу, жүздесу.* 3. *Амандасу, сәлемдесу.* 4. *Ұзатылатын қыздың төркін жұртымен қоштасып жылауы.*

КӨС *Бір нәрсеге қолды немесе қолындағы ыдысты батыра мол етіп күреп алу.*

КӨСЕ I *Теңіздің, айдын көлдің табанын жал-жал етіп көтеріп тұратын су түбінің шөгіндісі, дөңес арал.*

КӨСЕ II *Жарытып сақал-мұрт шықпайтын, бет-аузы жылмағай еркек.*

КӨСЕ III *Жанып жатқан отынды, күлді көсеумен қағыстыру, қозғау.*

КӨСЕГЕ *Игі ниетті танытатын сөз; құт, береке.* ◊ **Көсегесі көгерді** — *өркені өсіп, дегеніне жетті.*

КӨСЕК ***кәс.*** *Мақта қозапаясының өнім беретін түйнегі, дәнінің сыртындағы қабығы.*

КӨСЕКТЕ *Мақта бұтағына кесек байлану, түйнектеу.*

КӨСЕМ *Белгілі бір әлеуметтік таптың идеялық, саяси жетекшісі, дем берушісі.* ◊ **Көсем ат** — *тіркестіре жеккен аттың алдыңғысы.* **Көсем жеккен** — *қос атқа бір атты көсем етіп жеккен.* **Көсем тіл** — *сара, шешен тіл.*

КӨСЕМДЕ *Көсем жегу, көсем салу.*

КӨСЕМДІК *Көсемге тән қылық, іс-әрекет.* **Көсемдік етті [қылды, жасады, құрды]** — *жөн-жосықты білетін көсемдігін көрсетті.*

КӨСЕМСІ *Ақылгөйсіну, білгішсіну.*

КӨСЕМШЕ ***грамм.*** *Етістік категориясына қатысты тұлға, етістіктің амалдық жанама түрі.*

КӨСЕМШІ *Көсемді жақтағыш, көсемге табынғыш.*

КӨСЕМШІЛДІК *Көсемшіл болушылық.*

КӨСЕҢКІРЕ *Көсей түсу, одан әрі көсей беру.*

КӨСЕУ *Отты көсейтін құрал.* ◊ **Көштен қалып, көсеу мінген** — *көлігі жоқ, қара жаяу.*

КӨСЕУДЕЙ *Көсеу сияқты, ұзын, сыйдиған.*

КӨСЕУЛЕ *Отты, қоламтаны қағыстырып қозғау.*

КӨС-КӨС *Түйе малын шақырғанда айтылатын одағай сөз.*

КӨС-КӨСТЕ *Көс-көс деп айту, түйені шақыру.*

КӨСТЕК *Кеспелтек ағаш, жуан таяқ, келтек.*

КӨСТЕҢДЕ 1. *Көстең-көстең ету, ебедейсіз қозғалу.* 2. ***Ауысп.*** *Сүйреңдеу, сөз бермеу.*

КӨСТЕҢ-КӨСТЕҢ *Сораң-сораң еткен, көстеңдеген қимыл.*

КӨСТИ *Сораю, қоқию, оқшию.*

КӨСТИТ 1. ***өзг. етіс*** *Көстит.* 2. *Согу, қонжиту, көкжиту.* 3. ***Ауысп.*** *Төпеп айта беру.*

КӨСІК ***биол.*** *Далалықта, құмдақ жерде өсетін сәбіз тәрізді жабайы өсімдік.*

КӨСІКТЕЙ *Көсік сияқты; салалы, көз тартатын.*

КӨСІЛ 1. *Отырғанда, шалқасынан жатқанда тізені бүкпей, аяқты созып жіберу.* 2. *Бауырын жаза құйғыта шабу, жосыту.* 3. *Шабыттана шешіліп кірісу, өндіре қимылдау.* 4. ***Ауысп.*** *Ұзыннан ұзаққа созылу; кең алқапты қамту.* ◊ **Көсіле алмады** — *еркіндей алмады.* **Көсіле түсті** — *қыза түсті, көсіліңкіреді.*

КӨСІЛІҢКІ *Әжептәуір көсілген, созыла түскен.*

КӨТЕР 1. *Бір нәрсені арқаға салып не қолмен жоғары көтеру.* 2. *Бір затты тұрған орнынан алу.* 3. *Бір нәрсенің деңгейін өсіре, жоғарылата түсу.* 4. ***Ауысп.*** *Жоғары бағытпен қозғау, төменнен жоғарыға көшіру.* 5. *Дене мүшелерін дағдылы қалыптан қозғау, қағу.* 6. *Жөндеу, дамыту, өркендету.* 7. *Лауазым, атақ, дәрежені жоғарылату, арттыру.* 8. *Төтеп беру, шыдау, төзу, көну.* 9. *Іздеу, қайта қарау.* 10. ***Ауысп.*** *Дерексіз зат есіммен тіркесіп келіп, белгілі бір іс-әрекетке итермелеу, жұмылдыру.* ◊ **Көтер қолыңды** — *бағын, беріл.* **Көтеріп әкетті** — *одан әрі өршітті, қолдап кетті.* **Көтеріп қойды** — *алып жіберді, ішіп қойды.*

КӨТЕРГІШ *Жүкті көтеруге, тиеуге, түсіруге арналған құрал.*

КӨТЕРЕМ *Етінен әбден арылған, өздігінен тұрудан қалған арық мал (адам).*

КӨТЕРЕМДІК *Көтерем болушылық, арықтаушылық, қатты жүдеушілік.*

КӨТЕРЕ-МӨТЕРЕ *Көтерген бойда.*

КӨТЕРМЕ 1. *Арбаның не шананың жетегін ершік үстінен сап көтеретін қайыс бау.* 2. *Көбірек мөлшердегі, үстеме, көтеріңкі.* 3. ***көне*** *Қарақшыға жетіп қалған бәйге атын шаужайлап жетелей көрсететін көмек.* ◊ **Көтерме сауда** — *тауарды бөлшектемей, тұтасымен саудалау.*

КӨТЕРМЕЛЕ 1. *Сүйемелдеу, көтерісу.* 2. *Қолдау, мадақтау // Дем беру, кеу-кеулеу.*

КӨТЕРМЕЛЕУШІ *Қолдаушы, сүйемелдеуші.*

КӨТЕРМЕЛІ *Көтермесі бар, көтерме орнатылған.*

КӨТЕРМЕШІ 1. *Шаршап келе жатқан бәйге атына шылбыр тастап сүйреп көмек беруші адам.* 2. ***Ауысп.*** *Көтерме саудамен кәсіп етуші саудагер, алыпсатар.* ◊ **Көтермеші ұйым** — *шарт бойынша белгілі бір мекеменің жұмысын орындаушы ұйым.*

КӨТЕРУЛІ *Жоғарылатылған, көтерілген.*

КӨТЕРУШІ *Орнынан қозғап жоғарыға қоюшы, сүйемелдеп қолдаушы.*

КӨТЕРІЛІС *Халық бұқарасының яки белгілі бір көпшілік топтың саяси, әлеуметтік мәні бар құралды күресі, қарулы ереуілі.*

КӨТЕРІЛІСШІ *Көтеріліске қатысушы.*

КӨТЕРІМПАЗ *Көтергіш, шыдамды, төзімді, мықты.*

КӨТЕРІҢКІ 1. *Еңсесі биіктеу, жоғарылау.* 2. *Әдеттегі шамадан, мөлшерден артығырақ.* ◊ **Көңіл күйі көтеріңкі** — *көңілді, шабыты жақсы.*

КӨТЕРІҢКІРЕК *Сәл көтеріңкілеу.*

КӨТЕУ *Тікішектің қан тамырлары кеңейіп ауыратын сырқат; геморрой.*

КӨТКЕНШЕКТЕ *Тартыншақтау, шегіншектеу.*

КӨШ I 1. *Қоныс, орын аударған үйлер, ауыл тобының тізбегі, кіресі.* 2. ***Ауысп.*** *Өмір кезеңі, ұлы тарихи белес.* ◊ **Көш аман болсын!** — *қоныс аударушыларға амандық тілеу.* **Көш артық [ілгері, төмен]** — *анағұрлым, әлдеқайда.* **Көшбасы** — а) *көшті бастаушы адам, керуенбасы;* ә) ***спорт*** *жарыста бірінші келе жатқан команда.* **Көш бойы** — *жаңа қонысқа жеткенге дейін.* **Көш ілгері** — *әлдеқайда, анағұрлым.* **Көш жер** — а) *көш жолының ұзына бойымен өлшенетін халықтың қашықтық өлшемі;* ә) *алыс, ұзақ жер.*

КӨШ II 1. *Бір жерден екінші жерге ауысу, қоныс аудару.* 2. *Бір орыннан жылжып қозғалу.* 3. ***Ауысп.*** *Бастан өткізу, кешу.* 4. *Амал-тәсілді өзгерту, ауысу.* 5. *Сыры ұшу, бояуы кету.*

КӨШБАСШЫ *Көшті бастаушы адам, жолбасшы.*

КӨШБАСЫ 1. *Көшті бастаушы адам, керуенбасы.* 2. ***Ауысп.*** *Үлгі-өнеге беруші, жаңа бағыттың бастаушысы, төлбасы.* 3. *Жарыста алда келе жатқан жеке адам яки команда.*

КӨШЕ *Екі қатар боп тізілген үйлердің арасындағы жүруге, қарым-қатынасқа арналған кеңістік.*

КӨШЕЛЕС *Бір көшеде тұратын.*

КӨШЕЛІ 1. *Көшесі бар.* 2. ***Ауысп.*** *Байсалды, ой-өрісі кең.*

КӨШЕТ *Көшіріп егу мақсатымен өсірілген жас өсімдіктер, шыбықтар, көкөніс екпелері.*

КӨШЕТХАНА *Көшет өсіретін қора-жай.*

КӨШ-ЖӨНЕКЕЙ *Жол бойында, жол үстінде.*

КӨШ-КӨЛІК *Көшіп-қонуға пайдаланылатын көлік.*

КӨШКІН *Таудан төмен қарай сырғып түсетін лек-лек қар.*

КӨШКІНДЕ *Жылжу, қалықтау.*

КӨШПЕЛІ 1. *Көшіп-қонып тіршілік ететін.* 2. *Жылжымалы, әр жерге ауысып отыратын.*

КӨШПЕЛІЛІК *Көшпелі өмір.*

КӨШТЕС *Көшіп-қонымы бір.*

КӨШТІК *Кешке жуық, бір көш жерлік.*

КӨШІЛ *Шошқаның ұрғашысы, мегежін.*

КӨШІП-ҚОН *Көшіп-қонып жүру, көшпенді болу.*

КӨШІР 1. ***өзг. етіс*** *Көш-ір.* 2. *Бір жазғанды екінші қайталап жазу.*

КӨШІРГІ *Көшпелі, жылжымалы.*

КӨШІРҒІШ *Көшіріп жазушы.*

КӨШІРМЕ *Түпнұсқа жазудан көшіріп алынған дана.*

КӨШІРМЕ НҰСҚА *Түпнұсқамен күші барабар, белгілі бір құжаттың екінші данасы.*

КӨШІРМЕШІ *Түпнұсқаны көшіріп жазушы.*

КРАН 1. *Әр алуан жүктерді көтеруге, тиеп түсіруге арналған механизм.* 2. *Сұйық зат ағатын құбырлардағы, жүйелердегі бұрандалы шүмектер.*

КРАНШЫ *Кранда істейтін жұмысшы.*

КРАТЕР *Жанартаудың аузы, аумағы.*

КРАХМАЛ *Өсімдіктен алынатын, ұн тәрізді майда ақ ұнтақ.*

КРАХМАЛДА *Крахмал қосу, крахмал салып ағарту.*

КРЕДИТ *Тауардай не ақшалай берілетін несие.*

КРЕДИТОР *Несиеге тауар не ақша беруші.*

КРЕЙСЕР *Шапшаң жүзетін үлкен соғыс кемесі.*

КРЕМ 1. *Шоколадқа жеміс шырынын қосып даярлайтын қою тәтті тағам.* 2. *Бетке, теріге өң беретін, оларды жұмсартатын косметикалық майлы зат.* 3. *Аяққиімді күту үшін жағылатын жоғары сапалы етік майы.*

КРЕМЛЬ *Орыс қалаларының ескі ішкі бекінісі.*

КРЕМНИЙ ***хим.*** *Тас, шыны, құм, тау жыныстары құрамында кездесетін химиялық элемент.*

КРЕП *Жұқа шайы кездеме, қара түсті жұқа мата.*

КРЕПДЕШИН *Креп негізді жұқа жібек мата.*

КРЕСЛО *Арқасы және шынтақ тірейтін екі жақтауы бар кең, жұмсақ, сырты қапталған орындық.*

КРЕСТ *Қосу белгісіндей бірін-бірі кесіп өтетін өзек түріндегі христиан дінінің символы, шоқынатын нәрсесі.*

КРИМИНАЛИСТ ***заң*** *Криминалистика маманы.*

КРИМИНАЛИСТИКА ***заң*** *Қылмысты істі анықтап, тексерудің тәжірибесі мен әдісін белгілейтін ғылым саласы.*

КРИМИНОЛОГИЯ ***заң*** *Қылмысты әлеуметтік құбылыс деп танитын, оны болдырмаудың шарасын анықтайтын ғылым саласы.*

КРИПТОГРАФИЯ *Шартты белгілермен жазылған құпия жазу.*

КРИСТАЛДАН *Заттың кристалдық күйге көшуі.*

КРИСТАЛДЫ *Кристалы бар.*

КРИСТАЛЛ *Қырлы, біртекті дене.*

КРИТЕРИЙ *Бір нәрсені айқындаудың, тұжырымдаудың негізгі өлшемі, шегі.*

КРИТИЦИЗМ ***фил.*** *Ақиқат болмысты білуге болмайды дейтін реакцияшыл идеалистік философиялық ағым.*

КРИТОН *Тыстық мата.*

КРОКЕТ ***спорт*** *Сым темірлі қақпалардан асыра допты өткізіп ойналатын ойын.*

КРОСС ***спорт*** *Жаяу жарыс; сондайақ тосқауылы бар жерден жүгіріп не атпен шауып өтетін жарыс.*

КРОССВОРД *Квадратқа бөлінген фигураны әріптермен толтыратын атау сөздер ойыны; сөзжұмбақ.*

КСИЛОФОН ***муз.*** *Ағаш тілікшелерден белгілі тәртіппен құралған, соғып ойнайтын музыка аспабы.*

КУӘ 1. *Бір нәрсеге айғақ болушы, растаушы.* 2. *Некесін қиғанда айтылады — куә, куә куә-дүрміз, куәдірге жүре-дүрміз.* ◊ **Куә болды** — *көзімен көрді; айғақ болды.* **Куәға тартты** — *куә етті.*

КУӘГЕР *Куәлікке жүретін адам я белгілі бір нәрсе.*

КУӘЛА *Растығына кепіл болу, айғақтау.*

КУӘЛІ *Куәсі бар, айғақты.* ◊ **Куәлі ауыз** — *істің анық-қанығын жете білетін адам.*

КУӘЛІК 1. *Белгілі бір нәрсені, жағдайды растайтын құжат.* 2. *Куә, айғақ болушылық.* ◊ **Куәлік айтты [куәлікке жүрді]** — а) *ескі дәстүр бойынша жаңа түскен келіннің бетін ашу жорасы;* ә) *айғақ болды, растады.*

КУБ I 1. ***геом.*** *Алты жағы да квадрат болып келетін түзу бұрышты геометриялық фигура, текше.* 2. ***мат.*** *Үшінші дәрежелі сан, бір санды өзінеөзін екі рет көбейту.* 3. *Көлем өлшеуіші, кубометр.*

КУБОК ***спорт*** *Жеңімпаз спортшыға, озған командаға жүлдеге берілетін әшекейлі ваза.*

КУБОМЕТР *Текше метр.*

КУЛАК ***тар.*** *Адам еңбегін жалдаушы ауқатты шаруа, жекеменшік иесі.*

КУЛИНАР *Тағамдарды жақсы, дәмді пісіре білетін шебер.*

КУЛИНАРИЯ *Аспаздық өнер.*

КУЛЬМИНАЦИЯ ***астр.*** 1. *Күннің меридианды бойлап өтуі.* 2. ***Ауысп.*** *Дамудың, өрбудің ең биік кезеңі, шиеленісудің ақтық нүктесі.* 3. ***әдеб.*** *Оқиға желісінің шарықтау шегі.*

КУЛЬТИВАТОР, Қожытқыш *Егістік жердің топырағын жұмсартып өңдейтін ауылшаруашылық құралы.*

КУЛЬТИВАЦИЯ, Қопсыту *Егістік жерді жұмсартып өңдеу, қопсыту жұмысы.*

КУПЕ *Бірнеше жолаушыға арналған пойыз вагонындағы жеке бөлме.*

КУПОН 1. *Бағалы қағаздардың кесіп алынатын талоны.* 2. *Театр ложасында отыруға арналған билет.*

КУРАНТ *Музыкалы дыбыс шығаратын мұнара сағаты.*

КУРАТОР *Біреулерді я бір нәрсені бақылап, соған қамқор болу тапсырылған адам.*

КУРОРТ *Шипалы суы, тұзы, батпағы т. б. емдеу, демалу үшін пайдаланылатын орын; санаторий.*

КУРС 1. *Жоғары оқу орнында білім беру жүйесінің жекелеген жылдық оқу баспалдағы, сатысы.* 2. *Қысқа мерзім ішінде белгілі бір мамандық беретін немесе білімін жетілдіретін орын, мекеме.* 3. *Емдеу жүргізудің толық мерзімі, мөлшері.*

КУРСАНТ *Курста оқып білім алушы, курстың оқушысы.*

КУРСИВ ***полиг.*** *Жазба әріп тәрізді көлбеу қаріп.*

КУРТКА *Кеудеге киетін шолақ сырткиім; кеудеше.*

КУРЬЕР 1. *Мекеменің ресми іскағаздарын таситын адам.* 2. *Шұғыл жеделл тапсырмалармен жүріп тұратын адам.* □ **Дипломатиялық курьер** — *шетелдік ведомостволарда дипломаттық іскағаздарын тасушы қызметкер.*

КҮБЕЖЕКТЕ *Күбежеңдеу, жасқаншақтау.*

КҮБЖЕҢДЕ *Күбжең-күбжең ету, күбжіңдеу.*

КҮБЖІҢДЕ *Күбжің-күбжің ету, күйбеңдеу.*

КҮБІК *Мысықтың еркегі.*

КҮБІ *Іркіт пісетін, көже ашытатын, агаштан жасалған ыдыс, бөшке.* ◊ **Күбі бел** – *жұп-жуан, добалдай.* **Күбі кеуде** – *дәу, үлкен кеуде.*

КҮБІДЕЙ *Күбі сияқты үлкен, жуан, семіз.*

КҮБІЖІК *Қыштан жасалған, ішіне астық сақтайтын құмыра ыдыс.*

КҮБІН 1. *Мақтану, асып-тасу, күпіну.* 2. *Ыза кернеу, ашулану.*

КҮБІР *Сыбырласып сөйлескенде еміс-еміс естілетін дыбыс, сөз.*

КҮБІР-ЖЫБЫР *Өсек сөз; ыбыр-жыбыр.*

КҮБІР-КҮБІР *Тынымсыз күбірлеген үн, дыбыс.*

КҮБІРЛЕ *Дауысты естілер-естілмес етіп сыбырлай сөйлеу, міңгірлеу.*

КҮБІР-СЫБЫР *Күбірлеген, сыбырлаған үн, өсек-әңгіме.*

КҮБІРТКЕ *Аяқ-қол тырнақтарының түбінің ісіп іріңдеуі, тырнақтың астына түсетін іріңді жара.*

КҮБІШЕК ***көне*** *Ішіне жанатын май құйып, соғысқа пайдаланатын құрал.*

КҮБІШЕКТЕЙ *Күбішек сияқты.*

КҮДЕ *Жинаулы шөп, үйме к.*

КҮДЕР: күдер үзді – *орындауға, болмасына көзі жетті, түңілді.*

КҮДЕРІ 1. *Әбден иі қанып жұмсартылған бұлан не бұғы терісі.* 2. *Күдеріден жасалған, күдеріден тігілген.* ◊ **Күдері бел [жал]** – *ұзыннан-ұзақ қайқаң қырқа, асу.*

КҮДИТ *Жалған нәрсені көптіріп, сылдата соғу, асыра айту.*

КҮДІК *Сезік, секем, шүбә.*

КҮДІКСІЗ *Шүбәсіз, қаперсіз, алаңсыз.*

КҮДІКТЕН *Сезіктену, секем алу, күмәндану.*

КҮДІКТЕНГІШ *Секем алғыш, күмәнданғыш.*

КҮДІКТІ *Сезікті, шүбәлі, күмәнді.*

КҮДІКТІЛЕУ *Сезіктілеу, күмәнділеу.*

КҮДІКШІЛ *Күмәншіл, сезіктенгіш.*

КҮДІКШІЛДІК *Күмәншілдік, күдікшіл болушылық.*

КҮДІР I ***зоол.*** *Алтай тауында кездесетін елік тәрізді жүйрік, тарғыл түсті аң.*

КҮДІР II *Тегіс емес, кедір-бұдыр.* **Күдір желке** – *желкесі шығыңқы, күдірейген.*

КҮДІРЕ *Төзімді, мықты.*

КҮДІРЕЙ *Күжірею, дөңкию.*

КҮДІРЛЕН *Жоталану, жондану.*

КҮДІРЛІ *Жоталанған, шығыңқы.*

КҮДІРСІЗ *Тегіс, жатық.*

КҮДІС *Имек, еңкек, бүкір.*

КҮДІСТЕН *Бүкірею, еңкею, иілу.*

КҮДІСТЕНУ ***қ. атау.*** *Күдістену.*

КҮДІСТЕУ *Еңкектеу, бүкірлеу.*

КҮДІСТІК *Еңкектік, имектік бүкірлік, күдіс болушылық.*

КҮЖ *Жуан, қатты шыққан үн.* □ **Күж қара** – *толық, еңгезердей.*

КҮЖБАН *Төрсиған, жуан.*

КҮЖДЕЙ *Жуан, толық.*

КҮЖДІ *Күжірею, күжірею, дүрдию.*

КҮЖ-КҮЖ 1. *Қайталанып шыққан күжілдеген жуан үн.* 2. *Бірді-бірге егестіргенде айтылатын сөз.*

КҮЖІЛ *Қатты шыққан жуан дауыс.*

КҮЖІЛДЕ *Жуан дөрекі дауыспен қатты сөйлеу.*

КҮЖІРЕЙ 1. *Дөңкию, қоржию, күдірею.* 2. ***Ауысп.*** *Айбаттану, сес көрсету.*

КҮЗ *Жаздан кейін келетін жылдың төрт маусымының бірі.* ◊ **Күзге салым** – *күз түсер шақта, күзге қарай.*

КҮЗГІ *Күз уақыты, күз мезгілі.*

КҮЗДЕ *Күз айында қыстауға көшерге дейін мал жайылымын қоныстану.*

КҮЗДЕЙ *Күз бойына.*

КҮЗДЕЙГІ *Күз бойғы.*

КҮЗДЕУ *Малшылардың мал күздетуге арналған мекен-жайы, күздік.*

КҮЗДІГҮНІ *Күз айлары мезгілі.*

КҮЗДІК 1. *Жаз жайлаудан қайтқан елдің мал күздетуге арналған мекен-*

жайы. 2. *Күзде егілетін дәнді дақыл.* 3. *Күз мезгіліне арнап сойылатын согым — күздікке бір тай сойдық.*

КҮЗДІКТЕ *Күздік қоныста отыру.*

КҮЗЕ I 1. *Жылқы малының жалқұйрығын қырқу, кесу.* 2. *Шаш, сақал т. б. түзету, түзеп алу.*

КҮЗЕК 1. *Күзгі күнгі мал қырқатын маусым.* 2. *Күзде, күзем алатын жер, қоныс.*

КҮЗЕКТЕ *Күзекте отыру, мекендеу.*

КҮЗЕМ *Қойдың күзгі қырқымы.* ◊ **Күзем алды** — *күздігүні қойды қырқып, жүнін алды.* **Күзем жүн** — *қойдың күзгі қырқылған жүні.* **Күзем үсті** — *қойдың күзгі қырқымы кезі.*

КҮЗЕМДІК *Күземде алынған.*

КҮЗЕМЕ *Күзеп тасталған, күзелген.*

КҮЗЕН *Сусар тұқымдас, терісі бағалы жыртқыш аң.*

КҮЗЕР ***көне*** *Терең құз.* ◊ **Күзер жол** — *үлкен, кең де даңғыл жол.*

КҮЗЕРЛІ *Басты, негізгі.*

КҮЗЕТ I *Қарауыл, сақшылық.*

КҮЗЕТ II 1. *Сақшылық ету, қарауылдау.* 2. *Аңду, із бағу, тору.*

КҮЗЕТСІЗ *Күзеті жоқ, күзет қойылмаған.*

КҮЗЕТШІ *Қарауылшы, сақшы.*

КҮЗЕТШІЛІК *Күзетші болушылық, қарауылшылық.*

КҮЗЕУЛІ *Жал-құйрығы күзелген.*

КҮЗЕУСІЗ *Күзелмеген, қысқартып түзелмеген.*

КҮЗУ *Өрмектің үстіңгі жіптерін тізіп шалып қоятын ширақ ірілген, ыспаланған жіп.*

КҮЙ I *Қазақ халқының музыкалық шығармасының бір түрі.* □ **Күй аспабы** — *күй орындалатын музыкалық аспап.* ◊ **Күйге келтірді** — *домбыраны күй тартуға бейімдеді.* **Күй тартты [шертті]** — *музыкалық шығарманы орындады.*

КҮЙ II 1. *Хал-ахуал, тұрмыс-тіршілік.* 2. *Іс-әрекеттің белгілі бір қалпы.* 3. ***Ауысп.*** *Ой, тебіреніс.* 4. ***Ауысп.*** *Зар, мұң, күйініш.* ◊ **Күй таңдады** — *бап іздеді, күтім қажет етті.* **Күйі бірдің күні бір** — *тұрмысы, жағдайы шамалас адамдардың көретіні де бірдей, мұндас.* **Күйі кетті [тайды]** — *халі нашарлады, жағдайы болмады.* **Күйіне келді** — *бабына келді.*

КҮЙ III 1. *Жану, өртену.* 2. *Қатты ысып кету, аптап ыстық болу.* 3. ***Ауысп.*** *Қатты ашулану, терісіне сыймау.* ◊ **Күйіп кетті** — *зая кетті, ұтылды, ұпайы босқа күйді.* **Күйіп тұр** — *өте қымбат, удай қымбат.*

КҮЙБЕЖЕК *Күйбең, күйбек, күйбелек.*

КҮЙБЕЖЕКТЕ *Күйбектеу, күйбеңдеу.*

КҮЙБЕКТЕ *Күйбең-күйбең ету, қыбыжықтау.*

КҮЙБЕЛЕКТЕ *Күйбелек-күйбелек ету, күйбеңдеу.*

КҮЙБЕЛЕҢДЕ *Күйбең-күйбең ету.*

КҮЙБЕҢ *Тынымсыз күйкі тіршілік.*

КҮЙБЕҢДЕ *Күйбең-күйбең ету, қипаңдау.*

КҮЙБІЖІКТЕ *Қипақтау, кібіртіктеу.*

КҮЙГЕЛЕК *Ашушаң, шамшыл.*

КҮЙГЕЛЕКТЕ *Жоқтан өзгеге күйіп-пісу, сабырсыздану.*

КҮЙГЕЛЕКТЕУ *Ұстамсыздау, шыдамсыздау.*

КҮЙГЕЛЕКТІК *Күйгелек болушылық.*

КҮЙДІРГІ I *Денені қатты күйдіріп шығатын іріңді жара.*

КҮЙДІРГІ II *Адамды босқа күйдіретін, шамдандыратын.*

КҮЙДІРГІДЕЙ *Күйдіргі сияқты жанға бататын.*

КҮЙДІРГІШ *Тез, оңай күйдіретін, күйдіруге бейім, күйдіру қасиеті басым.*

КҮЙДІРЕ-МҮЙДІРЕ *Күйдірген бойында.*

КҮЙДІРУШІ *Күйдіретін, өртейтін адам, нәрсе.*

КҮЙДІРІП-ЖАНДЫР *Адамды қатты ызаландыру.*

КҮЙЕ I *Маңайындағы заттарға жұққан оттың қара дағы.* ◊ **Күйе жақты** – *босқа күйдірді, қаралады.*

КҮЙЕ II *Астықты, әртүрлі затты жеп құртатын микроб.* ◊ **Күйедей жеді** – *түк қалдырмай жойды, сыпырып-сиырды.*

КҮЙЕЗ *Бұлшық ет тканьдерінің қабынуынан мойынды бұрғызбай ауыртатын ауру.*

КҮЙЕК 1. *Қойдың шағылысу мерзімі.* 2. *Қойдың мезгілсіз шағылыспауы үшін қошқардың беліне байлайтын арнаулы киіз.* ◊ **Күйек алды** – *қойды ұрықтандырды.* **Күйекасты болды** – а) *мезгілсіз қашты;* ә) *астыртын байланысты.* **Күйекке түсті** – *қой ұрықтандырылды, қашты.*

КҮЙЕКТЕНДІР *Күйек алу, күйектен өткізу, қашыру.*

КҮЙЕЛЕ 1. *Күйе жағу.* 2. ***Ауысп.*** *Жала жабу, қаралау, пәле салу.*

КҮЙЕЛЕШ *Күйе-күйе, әбден күйе жағылып, алабажақ болу.*

КҮЙЕЛЕШ-КҮЙЕЛЕШ *Әбден күйелеш болған.*

КҮЙЕЛЕШТЕУ *Күйелеш болыңқыраған.*

КҮЙЕЛІ 1. *Күйе басқан, күйеленген.* 2. ***Ауысп.*** *Кінәлі, ұятты.*

КҮЙЕУ 1. *Әйелдің ері, жұбайы.* 2. *Қыз айттырған, үйленген жігіттің қайын жұртына туыстық қатысы.* ◊ **Күйеу аттандырар *көне*** – *қайындап барған күйеудің салт-жорасы.* **Күйеубала** – *ерге шыққан қыздың жолдасы.* **Күйеуге тиді [шықты]** – *тұрмыс құрды, ерге шықты.* **Күйеу есік аша келді** – *үйленген жігіттің қайын жұртына жол-жорамен алғаш рет келуі.* **Күйеужолдас [жігіт]** – *әйел алуға барған жігіттің қасына ерген серігі.* **Күйеу қазық** – *үй артындағы жел арқан байлайтын қазық.* **Күйеуқосшы** – *күйеудің айналасындағы жора-жолдас.* **Күйеу мұңлық, бұзау мұңлық *көне*** – *күйеудің жолы тар.* **Күйеу түсті** – *күйеу жол-жорасын жасап, қыздың үйіне келді.*

КҮЙЕУСЫМАҚ *экспр.* *Күйеуді қорашсыну, кемсіну мағынасындағы сөз.*

КҮЙЕУСІП *Күйеу деп санау, күйеу болғансу.*

КҮЙЕУСІРЕ *Күйеу іздеу, күйеуге шыққысы келу.*

КҮЙЕУШІЛЕ *Қыздың ауылына күйеу болып аттану.*

КҮЙ-ЖАЙ *Хал-ахуал, жағдай.*

КҮЙЗЕ *Қинау, қажу, езу.*

КҮЙЗЕЛТКІШ *Күйзелтетін, қайғыртатын.*

КҮЙЗЕЛІС I 1. *Күйзелушілік, жан азабы.* 2. *Шаршағандық, қажығандық.*

КҮЙЗЕУ *Жүдеу, жабырқау, күйзелген.* ◊ **Күйзеу тартты** – *жүдеді, күйзелді.*

КҮЙКЕНТАЙ *Орманды дала алқабын мекендейтін қырғи тұқымдас қыран құс.*

КҮЙКЕНТАЙДАЙ *Күйкентай сияқты, кіп-кішкентай.*

КҮЙКИ *Бір уыс боп шөгу.*

КҮЙКІ *Көзге қораш, сиықсыз.* 2. *Тапшы, кем, мардымсыз.* ◊ **Күйкі тірлік [өмір]** – *көңілсіз, өнбес тұрмыс.*

КҮЙКІЛЕН 1. *Күйгелектену; уайымдану, қапалану.* 2. *Қораштану, сиықсыздану.*

КҮЙКІЛЕУ *Көзге қораштау, сиықсыздау.*

КҮЙКІЛІК *Көзге қораштық, сиықсыздық.*

КҮЙ-ҚОҢ *Күй-жай, тұрмыс.*

КҮЙ-ҚУАТ *Күш қайрат, әл.*

КҮЙЛЕ I 1. *Ұрғашы жануардың жыныстық шабытының қозу кезеңі.* 2. ***Ауысп.*** *Қызықтау, аңсау.*

КҮЙЛЕ II *Домбыраның құлағын бұрап, тартуға келтір.*

КҮЙЛЕС *Қызықтау, әуейілікке салыну.*

КҮЙЛІ 1. *Ауқатты, жағдайлы, жайлы.* 2. *Семіз, қоңды.*

КҮЙЛІ II *Күйге толы, сазды, әуезді.*

КҮЙЛІ-ЖАЙЛЫ *Қуатты, ауқатты.*

КҮЙЛЕ-ҚУАТТЫ *Күшті, әлді, мықты.*

КҮЙЛІЛЕУ *Ауқаттылау, әлділеу, жағдайлырақ.*

КҮЙЛІЛІК *Қоңдылық, семіздік.*

КҮЙМЕ *Төбесі жабық сәнді арба.*

КҮЙМЕЛЕ *Күйме жасау, күйме етіп жарақтау.*

КҮЙМЕЛІ *Күймесі бар, күйме орнатқан.*

КҮЙМЕШІ *Күйме жасайтын шебер.*

КҮЙРЕ *Қырау, сыну, бұзылу, бүліну.*

КҮЙРЕК *Жасық, бос, сылбыр.*

КҮЙРЕКСІ *Жасу, босаңсу, боркемiктену.*

КҮЙРЕКТЕН *Босаңсу, боркемiктену, күйрексу.*

КҮЙРЕКТЕУ *Жасықтау, боркемiктеу.*

КҮЙРЕКТІК *Жасықтық, боркемiктік.*

КҮЙРЕҢДЕ *Күйрең-күйрең ету.*

КҮЙРЕТКІШ *Бұзып-жойғыш, талқандағыш.*

КҮЙРЕТУШІ *Бұзып-жоюшы, талқандаушы.*

КҮЙРЕУІК I ***бот.*** *Малға жұғымды, көбіне қой жейтін шөп.*

КҮЙРЕУІК II *Жасық, боркемік; уайымшыл.*

КҮЙРЕУІКТІ *Күйреуік мол өскен.*

КҮЙСЕ *Жеген жем-шөбін шайнау, күйіс қайыру.*

КҮЙСЕГІШ *Күйіс қайыруға бейім.*

КҮЙСІ *Күйіне келу, күйлі болу.*

КҮЙСІЗ 1. *Күйі жоқ, жағдайсыз.* 2. *Қоңсыз, күтімсіз.* ◊ **Күйсіз көлік** — *арық мал.*

КҮЙТ *Малдың қашу, күйлеу кезеңі.* ◊ **Күйті келді** — *қашар уақыты болды.*

КҮЙТАБАҚ *Радиоқабылдағыш құрылғысында ойналатын дыбыс жазылған дөңгелек табақша.*

КҮЙТСІЗ *Жайсыз, күйі жоқ.*

КҮЙТТЕ I *Күту, баптау, қарау.*

КҮЙТТЕ II *Малдың күйлеуі, қашуы.*

КҮЙТІҢДЕ *Күйбеңдеу, күйтің-күйтің ету.*

КҮЙШІ *Күй тартушы, шебер домбырашы.*

КҮЙШІЛ *Күй таңдағыш, бапшыл.*

КҮЙШІЛІК *Күйші болушылық.*

КҮЙШІЛ *Күйге, сазға жаны құмар.*

КҮЙШІЛІК *Күйші болушылық.*

КҮЙІК 1. *От тиіп күйген жер, соның орны.* 2. ***Ауысп.*** *Қайғы-қасірет, күйініш.* ◊ **Күйік болды** — *уайым болды.* **Күйік тартты** — *қайғырды, қасірет шекті.*

КҮЙІКБАС ***биол.*** *Дәнді дақылдарды зақымдайтын ұсақ жәндік, күйе.*

КҮЙІКТЕН *Жалын шалып күю.*

КҮЙІКТІ *Күйігі бар, қайғылы, шерлі.*

КҮЙІН 1. *Ашу-ызаға булығу, ызалану.* 2. *Торығу, уайымдау.*

КҮЙІНДІ *Күйген, өрт шалған нәрсенің орны, қалдығы.*

КҮЙІНШЕ *Сол бойынша, сол қалпымен.*

КҮЙІНІШ *Қайғы, уайым, реніш.*

КҮЙІНІШ-СҮЙІНІШ *Қуаныш пен реніш, рақат пен бейнет.*

КҮЙІНІШСІЗ *Күйініші жоқ, күйінішті емес.*

КҮЙІНІШТІ *Күйініші бар.*

КҮЙІП-ЖАН 1. *Күю, жану, түгі қалмау.* 2. *Денесі қызып, ыстығы көтерілу.* 3. ***Ауысп.*** *Ынтызары ауу, өліп-өшу.*

КҮЙІП-ПІС *Ашу-ызаға булығу, ренжу.*

КҮЙІС *Күйіс қайыратын жан-жануардың жеген шөбін қайталап шайнауы.* ◊ **Күйіс қайырды** — *мал жеген жемін қайтадан шайнап бойына сіңірді.*

КҮЙІСТЕ *Күйіс қайыру, ішіп-жегенін бойына сіңіру.*

КҮЙІСТІ *Күйіс қайыратын.*

КҮКІРТ ***химия.*** *Медицинада, техникада қолданылатын иіссіз, сарғыш түсті тұтанғыш химиялық элемент.* □ **Күкірт қышқылы** — *май тәрізді, түссіз минералды сұйық зат.*

КҮКІРТСІЗДЕН *Күкірттен тазарту.*

КҮКІРТТІ *Күкірт қосылған, күкірті бар.*

КҮЛ I *Заттың жанғаннан кейінгі шоқ, тозаң тәрізді минералды қалды-*

ғы, ◊ **Күл болды [қылды]** — *быт-шыты шықты.* **Күл болмаса, бұл болсын** — *не болса, о босын, күл талқан болсын.* **Күлге аунаған [шөккен] түйедей** — *үсті-басы шаң-тозаң.* **Күлге шөккен кәрі бура** — *қаруы қайтқан, қуаты тайған.* **Күл қылды** — *быт-шытын шығарды, талқандады, құртты.* **Күлі көкке [аспанға, желге] ұшты** — *талқаны шықты, жоқ болды.* **Күл шашты** — а) *жамандық тілеп қарғады;* ә) *болымсыз, татымсыз әрекет етті.*

КҮЛ II 1. *Малдың қарнына, желіпіне шығатын қотыр.* 2. ***мед.*** *Көбінесе жас балаларда болатын жұқпалы ауру; дифтерия.*

КҮЛ III *Қуанып, шаттану кезінде өзу тартып түрлі үн шығару.* ◊ **Күле кіріп, күңірене шықты** — *екі жүзділік етті.* **Күлкі болды [етті, қылды]** — *күлкіге айналды, мазақ болды.* **Күлкінің ерні кезерді** — *мұң-шерге батты.* **Күлкің көмір болғыр *қарғ.*** — *бір бәлеге душар болғыр.*

КҮЛӘ *көне* *Ханшаның киетін қалпақ сияқты баскиімі.*

КҮЛӘБІ *Жаздың орта кезінде ерте пісетін қауын.*

КҮЛӘПАРА *Су өтпес үшін тымақтың үстінен бастыра киетін баскиім.*

КҮЛБІЛТЕ *Жасырын іс-әрекет.*

КҮЛБІЛТЕЛЕ *Жасырып-жабу, бүркемелеу.*

КҮЛБІРЕ *Күлтілдеп ісу, күлдіреу, қолдырау.*

КҮЛГІН *Күл түстес, күлге ұқсас түс.*

КҮЛГІНДЕ *Күлгін түске ену.*

КҮЛГІНДЕУ *Күлгін түстілеу.*

КҮЛГІШ 1. *Күлегеш.* 2. *Әжуалағыш, мысқылдағыш.*

КҮЛДӘРІ *Үлбіреген жұмсақ жібек мата.*

КҮЛДЕ *Күлмен ысып тазарту, жуу.*

КҮЛДЕЙ *Күл сияқты үп-ұсақ.*

КҮЛДЕН *Күлге айналу.*

КҮЛДІБАДАМ 1. *Анық, ашық емес күлгін түс.* 2. ***Ауысп.*** *Шала-шарпы, нашар.*

КҮЛДІБАДАМДА 1. *Арзанқол болу, нашар болу.* 2. *Көмескілену, бұлыңғырлану.*

КҮЛДІ-КӨМЕШ *Күлге көміп пісірген көмеш нан.*

КҮЛДІ-КҮЙЕЛЕШ *Кір-кір, күйе-күйе.*

КҮЛДІРА *Шаңырақтық шеңберіне, уықтың қарына шашақтап, тоғанақтап, түйіндеп, сән үшін байлайтын, қолдан термелеп тоқыған енсіз құр.*

КҮЛДІРГІ I *Күлкі келтіретін, күлкілі, күлдіргіш.*

КҮЛДІРГІ II 1. *Күлкілі рөлдерде ойнайтын актер.* 2. *Күлдіргіш, юморға икемді адам, қуақы.*

КҮЛДІРГІЛЕУ *Күлкілілеу; қу тілділеу.*

КҮЛДІРГІШ *Күлкілі әңгіме айтқыш, әзілқой, қуақы.*

КҮЛДІРЕ 1. *Қолдырау, күлбіреу, күлтілдеу.* 2. ***Ауысп.*** *Тозығы жетіп үлбіреу.*

КҮЛДІРЕ II *Салдыр-гүлдір ету.*

КҮЛДІРЕУІК *Сулы бөрткен.*

КҮЛДІРЕУІШ *Шаңырақ тоғынының үстінен түндікті көтеріп тұратын, түтін шығып, жарық түсу үшін айқастыра бекітілген ағаш, шаңырақтың керегекөз боп түйісетін шыбықтары.*

КҮЛДІР-КҮЛДІР *Күлдіреп шығатын үн, сылдыр-гүлдір еткен дыбыс.*

КҮЛДІРЛЕ *Күлдір-күлдір ету.*

КҮЛЕГЕШ *Көп күлетін, күлкішіл.*

КҮЛЕГЕШТЕ *Орынды-орынсыз күле беру; дамылсыз күлу.*

КҮЛ-КҮБІР *Шаң-тозаң, қоқыр-соқыр.*

КҮЛКІ 1. *Адамның шаттану, масаттану күйін беретін, көмейден шығатын үн.* 2. *Әзіл-сықақ, мысқыл.* ◊ **Күлкі болды** — *мазақ болды, ұятқа қалды.*

КҮЛКІЛДЕ *Көлкілдеу, ісіну.*

КҮЛКІЛДЕК *Күлкілдеген, ісіңкі жер.*

КҮЛКІЛІ 1. *Күлдіргі, көңілді, қызықты.* 2. *Мазақ боларлық, күлкі боларлық.*

КҮЛКІСІЗ 1. *Күлкісі жоқ, күлкінің қатысынсыз.* 2. *Көңілсіз, жабырқаңқы.*

КҮЛКІШІ *Күлдіргі, күлкішіл, ойын-сауықшыл.*

КҮЛКІШІЛ *Күлкіге әуес, күліп жүретін.*

КҮЛ-ҚОҚЫР *Күл-қоқыс, қоқсық, шаң-тозаң.*

КҮЛ-ҚОҚЫС *Шаң-тозаң, сыпырынды, қоқсық.*

КҮЛЛІ *Барлық, бүкіл.*

КҮЛМАН: күлманын ашты – *абыройы айрандай төгілді.*

КҮЛМЕҢ: күлмең қақты – *күлім қақты, күлімдеді.*

КҮЛМЕҢДЕ *Күлімсіреу, күлімдеу, жымыңдау.*

КҮЛМЕТ *Қылмысты іс, айып.*

КҮЛПАРА: Күлпара болды – *быт-шыт, күлпарша болу, күйреу.*

КҮЛПАРША *Тас-талқан, быт-шыт.*

КҮЛПАРШАЛА *Тас-талқандау, быт-шытын шығару.*

КҮЛПЕТ *Уайым, қайғыға ұшырау, тарығып-тарыну, шерлену, күстана болу.*

КҮЛСАУЫТ *Темекінің күлін, шылым тұқылын салатын сауыт, ыдыс.*

КҮЛ-ТАЛҚАН *Күлпарша.* ◊ **Күл-талқан болды** – а) *быт-шыты шықты;* ә) *шала бүлінді, бүлкан-талқан болып ашуланды.* **Күл-талқаны шықты** – *быт-шыт болып қирады.*

КҮЛТЕ I *Шоқталып түйілген бір буда жіп.* ◊ **Күлте құйрық [жал]** – *жылқының т. б. сәндікпен тарамдалған қалың, тығыз қыл будасы.*

КҮЛТЕ II ***биол.*** *Аталық пен аналықты түрлі зақымнан қорғайтын гүл серігі.*

КҮЛТЕКТЕ *Бүкпелеу, жасыру.*

КҮЛТЕЛЕ *Шоқтау, шоғырлау.*

КҮЛТЕЛІ *Күлтеленген, күлтесі бар.*

КҮЛТІЛДЕ *Күлт-күлт етіп ісіну.*

КҮЛТІЛДЕК *Күлт-күлт еткен, күлтілдеген.*

КҮЛШЕ *Қоламтаға көміп пісірген нан.*

КҮЛШЕДЕЙ *Күлшенің көлеміндей ғана, кішкентай.*

КҮЛШЕЛІ *Күлшесі бар.*

КҮЛШЕШЕК *Малда болатын жұқпалы кесел.*

КҮЛШІК *Темекінің күлін салатын ыдыс, күлсалғыш.*

КҮЛШІН *Етіктің өкше сірісінің орнына салынған жылтыр былғары.*

КҮЛІК 1. *Сәйгүлік, жүйрік, шапшаң.* 2. *Атты санатқа қосуға байланысты ат сыны.*

КҮЛІМ: күлім қақты – *жайдарлана жымыңдады, құлпырып жайнай түсті.* **Күлім көз** – *күлімдеген сүйкімді көз.*

КҮЛІМДЕ 1. *Күлім қағу, күлімсіреу.* 2. ***Ауысп.*** *Жайнап-жарқырау, құлпыру.*

КҮЛІМПАЗ *Күлегеш, күлкішіл.*

КҮЛІМСІ *Сасық, қолаңса, жағымсыз иіс.*

КҮЛІМСІЛЕУ *Сасықтау, қолаңса иіс.*

КҮЛІМСІРЕ *Езу тартып күлімдеу, күлім қағу.*

КҮЛІҢГІР *Күлгін, сұлғын.*

КҮЛІП *Ойнап әзіл-қалжың айту, күлісу.*

КҮМӘН *Сезікті ой, шүбә, күдік.*

КҮМӘНДАН *Күдіктену, сенімсіздік білдіру.*

КҮМӘНДАНҒЫШ *Күмән келтіргіш, күдіктенгіш.*

КҮМӘНДІ *Күмән келтіретін, күдікті, күдігі мол.*

КҮМӘНДІЛІК *Күмәнді болушылық, сезіктілік.*

КҮМӘНСІЗ *Күмәні жоқ, күдіксіз.*

КҮМӘНШІЛ *Күмәнданғыш.*

КҮМБЕЗ 1. *Үлкен құрылыстың әшекейленген шаңырақ тәрізді төбесі, мұнара.* 2. *Күмбезден жасалған мола.*

КҮМБЕЗДЕ *Күмбез тұрғызу.*

КҮМБЕЗДІ *Күмбезі бар.*

КҮМБІР *Домбыра үніне ұқсас дыбыс, күңгірлеген дауыс.*

КҮМБІР-КҮМБІР *Кейде бәсең, кейде көтеріңкі шыққан, қайталай күңгірлеген үн.*

КҮМБІРЛЕ *Жай, қоңыр үн шығару, күңгірлеу.*

КҮМБІРЛЕК *Күмбір-күмбір етіш, күмбірлегіш.*

КҮМБІРЛІ *Күмбір-күмбір еткен, күмбірлеген.*

КҮМІ *Тереңге шолп етіл батып кету, қойып кету, құлай кету.*

КҮМПЕК *Күмпиген, ісінген, қампиған.*

КҮМПИ 1. *Қоржию, қампию, ісіну.* 2. ***Ауысп.*** *Өз-өзінен ісіп-кебу, кісімсу.*

КҮМПИІҢКІРЕ *Көзге үлкенірек көрініп күмпие түсу, күржиіңкіреу.*

КҮМП-КҮМП *Сұйығы мол затты піскенде, шалшық суға құлағанда шығатын дыбыс.*

КҮМПІЛ *Күмп еткен дыбыс.*

КҮМПІЛДЕ 1. *Күмп-күмп ету, күмбірлеу.* 2. *Күмбірлеу, күңкілдеу.* 3. ***Ауысп.*** *Мақтанып бөсу, көпіру.*

КҮМПІЛДЕК *Бөспе, лепірме.*

КҮМІЛЖІ *Қипақтап, кібіртіктеп сөйлеу.*

КҮМІЛЖІМ *Көмескі, күмілжіңкі.*

КҮМІЛЖІҢДЕУ *Кібіртіктеген, аздап күмілжіңкі.*

КҮМІЛЖІҢКІ *Кібіртік, көмескі.*

КҮМІРЕМ ***көне*** *Уайым, қайғы.*

КҮМІС *Жылтыр, ақ түсті қымбат бағалы металл.* □ **Күміс медаль** — *мектепті үздік бітіргені үшін берілетін медаль.* ◊ **Күміс көмей** — *тілінен бал тамған, жез таңдай.* **Күміс күлкі** — *сыңғырлаған сүйкімді күлкі.* **Күмістой** — *ерлі-зайыптылардың үйленгендеріне ширек ғасыр толуына арналған мерекелі жиын.*

КҮМІСҚҰЙРЫҚ *Тышқанның бір түрі.*

КҮМІСТЕ *Күміс жалату, күміспен қаптап әшекейлеу.*

КҮМІСТЕЙ I *Күміс сияқты жалтыраған.* **Алтындай шайып, күмістей еледі** — *барынша қадірлеп, қастерледі.* **Сымға тартқан күмістей** — *келісті, сымбатты, сүйіктей.*

КҮМІСТЕЙ II *Күміс ақшалай.*

КҮМІСТІ *Күміс жалатқан, күміспен қапталған.*

КҮН 1. *Әлемге жарық, қызу беріп тұратын жұлдыз.* 2. *Таңның атуы мен күннің батуы аралығындағы тәулік уақыты; күндіз. Жиырма төрт сағатқа тең уақыт, тәулік.* ***Ауысп.*** *Уақыт, мезгіл, кез, дәуір.* 5. ***Ауысп.*** *Ауа райы, табиғат құбылысы.* ◊ **Күн айықты [ашылды]** — *күн ашылды, бұлт сейілді.* **Күн көзі** — *күннің сәулесі, нұры.* **Күнкөріс** — *тұрмыс, тіршілік жайы.* **Күншуақ** — *күн сәулесі, жылуы.* **Күнара** — *екі күннің бірінде.* **Күн арқан [қазық, найза, тұсау] бойы көтерілді** — *ұясынан шыққан күннің көмкеріле көтерілу мөлшері.* **Күн батты** — *күн ұясына кірді, кеш түсті.* **Күн батқанша** — *күні бойы, күн ұясына кіргенше.* **Күн жауды** — *жаңбыр болды, жауын-шашындатты.* **Күн жаумай су болды** — *берекесі кетті, ұнжырғасы түсті.* **Күн кешті [көрді]** — *өмір сүрді, тіршілік етті.* **Күн күркіреді** — *найзағай шатырлап, жаңғырықты.* **Күнқақты болды** — *күнге күйді тотықты.* **Күн құлақтанды** — *қызыл күрең түске бөленіп, мұнарланып тұрды.* **Күн құрғатпай** — *араға күн салмай, күн сайын.* **Күн сайын** — *әр күні, күнде.* **Күн сынды** — *суықтың беті қайтып, күн жылыңқырады.* **Күн тәртібі** — *түрлі мәжілістерді өткізу реті мен ондағы қаралатын мәселелер.* **Күн тиді** — *күн өтті.* **Күн тұтылды** — *ай күннің көзін көлегейледі.* **Күн ұзаққа [ұзынға]** — *ертеден қара кешке дейін, күні бойы.* **Күн ұзарды** — *күннің шығуы мен батуы аралығындағы уақыт артты.* **Күн шайдай [ашық]** — *аспанда бұлт жоқ.* **Күн шұғыласы** — *күннің сәулесі, қызуы.* **Күн шықты** — *күн ұясынан көтерілді.* **Күні бойы** — *таң атқаннан кешке дейін, күн ұзаққа.* **Күні бүгін** — *дәл қазір, нақ осы кезде.* **Күні ертең** — *таяу уақытта, көп ұзамай.* **Күні кеше** — *осыдан біраз бұрын, таяу ғана.* **Күні қараң** — *халі мүшкіл, көр-*

гені азап. **Күні туды** – а) *теңдікке қолы жетті;* ә) *ісінің сәті түсті, жолы болды.* **Күні түсті** – *ісі түсті, кіріптар болды.*

КҮНӘ 1. *Айып, қылмыс, жаза.* 2. ***діни*** *Дінге, шариғатқа қайшы іс, теріс әрекет.*

КҮНӘКАР *Күнәсы бар, күнәлы.*

КҮНӘКАРЛА *Күнәкар ету, айыптау.*

КҮНӘКАРЛЫҚ *Күнәкар болушылық, айыптылық.*

КҮНӘЛА *Айып тағу, жазғыру.*

КҮНӘЛІ *Күнәсі бар, айыпты.*

КҮНӘМШЫЛ *Кінә таққыш, секемшіл, шүбәшіл.*

КҮНӘСІЗДАН-КҮНӘСІЗ *Нақақтан-нақақ, текке.*

КҮНӘСІЗДІК *Күнәсіз болушылық, айыпсыздық.*

КҮНБАҒЫС ***бот.*** 1. *Ірі жапырақты, сары гүлді, дәні майлы биік өсетін дақыл.* 2. *Осы өсімдіктің дәні, шекілдеуік.*

КҮНБАЛЫҚ ***зоол.*** *Сирек кездесетін, сырты жылтыр, үлкен теңіз балығы.*

КҮНБАТЫС *Жердің төрт тарапының шығысқа қарама-қарсы жағы, батыс.*

КҮНБЕ-КҮН *Күн сайын, күнде, күніге.*

КҮНБЕ-КҮНГІ *Күн сайынғы, әр күнгі жұмыс, қам, хабар.*

КҮНБЕ-КҮНДІК *Әр күндік, күнделікті.*

КҮНГЕЙ 1. *Күн жақ, күн көзі көбірек түсетін жақ.* 2. *Оңтүстік тарап, күн сәулесі мол түсетін алқап.*

КҮНГЕЙЛЕ 1. *Күнгейге шығу, шуақтау.* 2. *Күн сәулесін қалқалау, көлегейлеу.*

КҮНГЕЙЛЕУ *Күнгейге, оңтүстікке таман.*

КҮНГЕЙЛІ *Күн сәулесі мол түсетін, шуақты.*

КҮНГІ *Белгілі бір күнге тән, соған қатысты.*

КҮНДЕ I *Қызғану, көре алмау.*

КҮНДЕ II *Бір-бір күнмен есептеу, күндемелеу.*

КҮНДЕ III 1. *Күн сайын, күніге.* 2. *Етістіктермен тіркесіп, жағдайда, өзінде деген мағына үстемелейді.*

КҮНДЕБАУ ***көне*** *Екі рулы ел арасындағы татулықты нығайту үшін берілетін қыз.*

КҮНДЕГІ *Күн сайынғы, әдеттегі.*

КҮНДЕГІЛІК ***жерг.*** *Кіндіктің төменгі жағына орнатқан көлденең ағаш; үя ағаш.*

КҮНДЕЙ *Күн сияқты.* ◊ **Күндей балқып, майдай еріді** – *ұнамды қылық, жақсы мінез таныtты.*

КҮНДЕ-КҮНДЕ *Күн сайын, күн құрғатпай.*

КҮНДЕЛЕ *Мінезі шәлкес биенің мойнына жіп салып сауу.*

КҮНДЕЛЕТ *Арага күн салмау, күн құрғатпау.*

КҮНДЕЛІК 1. *Жеке адамның белгілі бір мекеме ісін үзбей жазып отыратын дәптері.* 2. *Оқушының сабақ кестесін, үй тапсырмасын жазатын, алған бағасын қондыратын дәптері.*

КҮНДЕЛІКТІ *Күн сайынғы, әр күнгі.*

КҮНДЕМЕ *Бір күнге арналған, жеке күндерге бөлінген.*

КҮНДЕМЕЛЕ *Бір-бір күнде, күн сайын ету.*

КҮНДЕС 1. *Бір еркектің бір-біріне өш, бақас әйелінің бірі.* 2. ***Ауысп.*** *Бақталас, бәсекелес, күншіл.*

КҮНДЕСТІК *Бақталастық, күндес болушылық.*

КҮНДЕУШІЛІК *Бақталастық, көре алмаушылық, күншілдік.*

КҮНДІЗ *Түнге қарама-қарсы күн жарығындағы тәуліктің жаршысы.* ◊ **Күндіз баласы** – *ертеден қара кешке дейін, күні бойы.* **Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмеді** – *әбден мазасызданды, дбігерге түсті.*

КҮНДІЗГІ *Күн бар кездегі.*

КҮНДІЗГІДЕЙ *Күндізгі сияқты жап-жарық.*

КҮНДІЗДЕТІП *Күндіз жарықта.*

КҮНДІЗ-ТҮНІ *Күндіз де, түнде де, тәулік бойы.*

КҮНДІК I ***этн.*** *Егде әйелдер киімшектің сыртынан күн тимеу үшін, кейде сәнге сәлде сияқты етіп ораған ақ мата, баскиім.*

КҮНДІК II *Бір күнге жетерлік, әр күнгі.* ◊ **Күндік жер** – *таңертеңнен кешке дейін жүріп өтер жер.*

КҮНДІКТЕП *Әр күнді есептеп шартпен жұмыс істеу.*

КҮНДІКШІ ***кәс.*** *Күндіктеп жұмысқа жалданатын адам.*

КҮНЕЛТ *Күн көру, өмір сүру.*

КҮНЕС *Күн сәулесі мол түсетін жер, күншуақ, күнгей.*

КҮНЕСТЕ *Күн көзіне қыздырыну, шуақтау.*

КҮНЕСТЕУ *Шуақтау, күнгейлеу.*

КҮНЖАРА *Майлы дақылдардың майын алғаннан кейінгі мал азығы ретінде пайдаланылатын қалдығы.*

КҮНЖІТ ***бот.*** *Дәнінен май алынатын, ыстық жақта өсетін техникалық дақыл.*

КҮНКӨРІС *Тіршілік, тұрмыс.*

КҮНҚАҒАР *Маңдай тұсты күннен қалқалайтын баскиімнің алғы тұсы.*

КҮНҚАЛҚА *Жеке үйлердің алдында, саяжайларда жаңбырдан, күннен қорғануға жапсыра салынған, төбесі жабық орын.*

КҮННЕН-КҮНГЕ *Күн асқан сайын.*

КҮНПАРАҚ *Бір жылдық барлық мезгілі, айы мен аптасы белгілі бір жүйемен көрсетілген анықтама кітапша.*

КҮНСІ *Күнге күю, күн өту.*

КҮНСІЗ 1. *Жарқырамаған күні жоқ, қараңғы.* 2. ***Ауысп.*** *Кедей-кепшік, панасыз.*

КҮНТАЙЫМ ***эмоц.*** *Күнім, жаным, шырағым.*

КҮНТАРТҚЫШ *Үлкейткіш әйнек.*

КҮН-ТҮН *Күндіз-түні, күні-түні.*

КҮНТІЗБЕ 1. *Жыл ішіндегі күндер мен айлар ретімен көрсетілген анықтама кесте немесе кітапша.* 2. *Белгілі бір жұмыс түрін жеке күндер мен айларға бөліп көрсететін парақша.*

КҮНТІЗБЕЛІК *Күнтізбе бойынша белгіленген.*

КҮНШАШ ***биол.*** *Өсімдік аты.*

КҮНШЕ 1. *Күнге ұқсап, күн тәрізді,* 2. *Тәулік шамасында.* ◊ **Күнше бат** ***қарғ.*** – *құрып кет, қараң батсын.*

КҮНШЫҒАР *Күннің шығу сәтін бейнелейтін өрнек, үлгі.*

КҮНШЫҒЫС *Жердің төрт тарапының күн батысқа қарама-қарсы бағыты, шығыс.*

КҮНШІЛ *Іші тар, қызғаншақ.*

КҮНШІЛДІК *Күншіл болушылық.* ◊ **Күншілдік етті** – *күндеді, іш тарлық істеді.*

КҮНШІЛІК *Бір күндік арақашықтық, күндік.*

КҮНІГЕ *Күн сайын, күн құрғатпай.*

КҮНІМ ***эмоц.*** *Баланы, жақсы көрген адамын еркелеткенде айтылатын сөз.*

КҮНІМЕН *Күні бойы, күн ұзағына.*

КҮНІНДЕ *Күн сайын, күн құрғатпай.*

КҮНІНЕ *Әр күні, күнде.*

КҮНІ-ТҮНІ *Күндіз де, түнде де, күн-түн.*

КҮҢ ***көне*** *Бас бостандығынан айырылған басыбайлы әйел.*

КҮҢГІР *Күмбірлей шығатын күшті дыбыс, үн.*

КҮҢГІР-КҮҢГІР *Күмбірлеген даңғырлаған дыбыс, үн.*

КҮҢГІРЛЕ 1. *Күмбірлеген күшті дыбыс шығу.* 2. *Сәулетті, әсем.*

КҮҢГІРТ 1. *Жарығы аз, бұлыңғыр; бұлдыр.* 2. *Әлсіз, көмескі.* 3. *Белгісіз, жұмбақ.* ◊ **Күңгірт тартты** – *қарауытты, көмескіленді.*

КҮҢГІРТТЕ 1. *Бұлыңғыр тарту, көмескілену.* 2. *Түсініксіз ету, жұмбақтау.*

КҮҢГІРТТЕУ 1. *Бұлыңғырлау, көмескілеу.* 2. *Түсініксіздеу, көмескілеу.*

КҮҢГІРТТІ *Күңгірт тартқан.*

КҮҢДІК *Күң болушылық.*

КҮҢК *Қысқа айтылған түсініксіздеу көмескі дыбыс, үн.* ◊ **Күңк етті** — *жақтырмаған пиғылмен сыбырлай сөйледі.*

КҮҢКІЛ 1. *Наразылықты, реніштi білдіретін күбір сөз.* 2. *Біреудің сыртынан айтылатын өсек-аяң.*

КҮҢКІЛДЕ 1. *Ақырын, естілер-естілмес етіп сөйлеу.* 2. *Реніш білдіріп міңгірлеп сөйлеу.*

КҮҢКІЛДЕК *Ұсақ сөзді, пәлекөр.*

КҮҢКІЛ-СҮҢКІЛ *қарап. Өсек-аяң, күңкіл-шүңкіл.*

КҮҢКІЛСІЗ *Күбір-сыбырсыз, өсек-аяңсыз.*

КҮҢСІ *Жағымсыз иіс шығару, көңірсу.*

КҮҢСІК *Қоңырсыған, көңірсіген.*

КҮҢШІЛІК *Күң болушылық, күңдік.*

КҮҢІРЕН 1. *Күйініп зарлану, зар жылау.* 2. *Айналаны жаңғырықтыра күшті үн шығару.*

КҮҢІРЕНІС 1. ***орт. етіс*** *Күңірен-іс.* 2. *Қайғы, шер.*

КҮП I *Суға сүңгіп кеткеннен шығатын дыбыс.*

КҮП II ***жерг.*** *Сайдың түйық, ойпақ жеріне іркілген су.*

КҮП III *Күдік, дүдәмал, қобалжу.*

КҮП: күп болды — *дүрдиіп ісінді, томпайды.*

КҮПЕК *Еркек малдың жыныс мүшесін қаптап тұратын тері.*

КҮПИ *Өзінше ісіп-кебу, мардымсу.*

КҮП-КҮҢГІРТ *Барынша күңгірт, қап-қараңғы.*

КҮП-КҮРЕҢ *Қызыл қоңыр, қызыл қошқыл.*

КҮПКІ *Жүнін қырыққан қойды дәрілеген суға тоғытатын жер.*

КҮПСЕК I *Өсік жүнді теріден жасалған төсеніш.*

КҮПСЕК II *Үлпілдек, жұмсақ, бос.*

КҮПСЕКТЕ *Босату, қопсыту.*

КҮПСЕР ***көне*** *Судан өткенде пайдаланылатын үрленген тері торсық.*

КҮПСІ *Ісіп-кебу, күпіну.*

КҮПТЕ *Бір заттың сыртын бірдеңемен қаптау.*

КҮПТЕЙ *Быртиған, үлкен, күмпиген.* ◊ **Күптей болды** — *быртиыпісті, торсиды.*

КҮПТЕН 1. *Күмәндану, қобалжу.* 2. *Күпіну, бөсіп мақтану, масаттану.*

КҮПТІ 1. *Шамадан тыс тойған, кекірік атқан.* 2. ***Ауысп.*** *Күдікті, күмәнді, дудамал.* ◊ **Күпті көңіл** — *күмәнды, күдікті көңіл.*

КҮПТІЛЕУ *Күдіктілеу, дүдәмалдау.*

КҮПТІЛІК *Күпті болушылық, күмәнданушылық.*

КҮПШЕК *Арба дөңгелегінің білігін кигізетін, ортасында тесігі бар, шабақтарды қондыратын ортасындағы бөлігі.*◊ **Күпшек сан** — *саны жуан, жұмыр.*

КҮПШЕКТЕЙ *Күпшек сияқты, жуан, үлкен.*

КҮПШЕКТЕН *Жуандау, жұмырлану.*

КҮПІ I *Ішіне жабағы салып, сыртын матамен тыстап тіккен қыстық жылы сырткиім.*

КҮПІ II *Лепіру, бөсу, мақтану.*

КҮПІЛ *Бөспе сөз, орынсыз мақтан.*

КҮПІЛДЕ *Лепіру, бөсу.*

КҮПІЛДЕК *Мақшаншақ, лепірме, бөспе.*

КҮПІР 1. *Құдайға қарсылық сөз.* 2. ***Ауысп.*** *Артық іс, астамшылық.* ◊ **Күпір болды** — *күнәлі, жазықты болды.*

КҮПІРЛІК *Күпірлі болушылық.*

КҮПІРШІЛІК *Күнәға батушылық, күпірлік.*

КҮР ***кәс.*** *Теңіз жағасында пайда болатын мұз шоғыры.*

КҮРБЕЛЕКТЕ *Күйбежектеу, тартыншақтау, күйбеңдеу.*

КҮРБИ *Күжірею, күржию, қорбию.*

КҮРБІК ***кәс.*** *Қабығы қалың, еті жұқа тәтті қауын.*

КҮРБІН *Күйбежектеу, тартыншақтау, қорыну.*

КҮРГЕЙ *Таса, қоршау.*

КҮРГЕЙЛЕ *Көлегейлеу, тасалау, қоршалау.*

КҮРД *Кіші Азияны, ішінара Кавказбен Орта Азияны мекендеуші халық.*

КҮРДЕ *Асау биені сауарда, теуіп жібермеу үшін артқы аяқтың шашасынан іліп алып, мойнына сап байлап қоятын жіп, арқан.*

КҮРДЕК ***жерг.*** *Жас төл мен арық малға арналған қора.*

КҮРДЕК-КҮРДЕК *Топ-топ, шоқ-шоқ.*

КҮРДЕЛЕН *Қиындау, шиеленісе түсу.*

КҮРДЕЛІ *Іргелі, негізгі, маңызды (еңбек, жұмыс, мәселе).* 2. ***Ауысп.*** *Қиын, ауыр, қауіпті.*

КҮРДЕЛІЛІК *Күрделі болушылық.*

КҮРДЕЛІРЕК *Ауырырақ, қиынырақ.*

КҮРДЕМШІЕ ***жерг.*** *Некесіз туған бала, шата.*

КҮРЕ I *Негізгі, басты, өзекті.* ◊ **Күре жол** — *үлкен, даңғыл жол.* **Күретамыр** — *қан жүретін үлкен тамыр.*

КҮРЕ II *Күрекпен бір жерге жинау, ысыру.* ◊ **Күреп алды** — *молшылыққа белшеден батты.*

КҮРЕК *Ұзындау етіп сапталған, жер қазуға арналған шаруашылық құрал.* **Күрек тіс** — *қасқа тіс, маңдай тіс.*

КҮРЕКТЕ *Күрекпен тазалау, жинау.*

КҮРЕКТЕЙ *Күрек сияқты үлкен.*

КҮРЕҢ 1. *Қызыл қоңыр, қошқылтым түс.* 2. ***Ауысп.*** *Жабырқаңқы, тұнжыраңқы.* ◊ **Күрең жол** — *кең, даңғыл жол.* **Күреңқабақ болды** — *ренжісті, ұрысты.* **Күрең тартты** — *күреңдене түсті.*

КҮРЕҢДЕУ *Күрең тартқан, солғын күрең түсті.*

КҮРЕҢОТ ***бот.*** *Астық тұқымдас өсімдік.*

КҮРЕҢСЕ ***бот.*** *Саздау жерге шығатын шабындық шөп.*

КҮРЕҢІТ *Күрең тарту.*

КҮРЕС 1. *Палуандардың белдесіп, бір-бірін жығуға тырысуы.* 2. *Белгілі бір мақсатты жүзеге асыру үшін алысу, арпалысу.* 3. ***Ауысп.*** *Аңдысу, таласу, тартысу.*

КҮРЕСКЕР 1. *Күреске түсуші, күресші балуан.* 2. *Халық мүддесін қорғау жолында тынымсыз еңбектеніп әрекет жасаушы қайраткер.*

КҮРЕСКЕРЛІК *Күрескер болушылық.*

КҮРЕСШІ *Күрескер, күрес жүргізуші.*

КҮРЕСІН *Бір жерге үйіліп қалған қоқыр-соқыр.*

КҮРЖЕҢДЕ *Қалбалақтау, бүрсеңдеу.*

КҮРЖІ *Күжірею, қорбию.*

КҮРЖІ *Қоржынның аузындағы ілгек.*

КҮРЖІК *Күржиген, қорбиған.*

КҮРЖІКТЕУ *Күржиіңкіреген, қорбиыңқы.*

КҮРЖІҢДЕ *Күржің-күржің ету, құржыңдау.*

КҮРЗІ ***көне*** *Салмақты болу үшін бір басына қорғасын құйып жасалған сабы қысқа шоқпар.*

КҮРЗІДЕЙ *Салмақты, ауыр, зілдей.*

КҮРКЕ 1. *Шағын баспана, қос.* 2. *Төл қора.*

КҮРКЕЛЕ 1. *Күркеше етіп жасау.* 2. ***Ауысп.*** *Қорғалау, тасалау, бүркемелеу.*

КҮРКЕЛІ *Күркесі бар, күрке тіккен.*

КҮРКЕТАУЫҚ *Мойны мен сирағы ұзындау үй құсы.*

КҮРКЕШІК *Кішкене күрке.*

КҮР-КҮР *Күркілдеген, күркіреген дыбыс, гүр-гүр.*

КҮРК-КҮРК *Күрк еткен дыбыстың дүркін-дүркін қайталануы.*

КҮРКІЛ *Күрк-күрк еткен дыбыс.*

КҮРКІЛДЕ 1. *Күрк-күрк жөтелу.* 2. *Тауықтық, кептердің т. б. құстардың үн қатуы, дыбыс білдіруі.* 3. *Күркілдеу, күжілдеу.*

КҮРКІЛДЕК *Күркілдей беретін, көп жөтелетін.*

КҮРКІР *Күркілдеп жаңғыра шығатын дыбыс, шуыл, гүріл.*

КҮРКІРЕ 1. *Жаңғыра күрілдеу, гүрсілдеу.* 2. ***Ауысп.*** *Асып-тасу, болып-толу.* ◊ **Күн күркіреді** – *найзағай ойнады, жарқ-жүрк етті.*

КҮРКІРЕУІК *Тынымсыз күркірей беретін.* 2. *Таулы жердегі аққан судың биіктіктен төмен құлаған сарқырамасы.*

КҮРМЕ 1. *Тез шешіп алатындай етіп ілмектеп байлау.* 2. ***Ауысп.*** *Кедергі жасау, тежеу.*

КҮРМЕК *Күріш арасында өсетін арамшөп және соның дәні.*

КҮРМЕКТЕ *Күрмектеп, ілгішектеп.*

КҮРМЕЛЕ *Күрмек жасап байлау.*

КҮРМЕУЛІ *Күрмеліп байланған.*

КҮРМЕЛІ *Күрмектеліп байланған.*

КҮРМЕУ *қ. атау. Күрме-у.* ◊ **Күрмеуге келмеді** – *келте, қысқа, шолақ.* **Күрмеу салды** – а) *тұзақ салды, күрмеп байлады;* ә) *аяқ байлау, жіпсіз байлады.*

КҮРМЕУЛІ *Күрмеп байланған.*

КҮРП: күрп етті – *қарқ болды, кенелді.*

КҮРП-КҮРП *Сүт сауғанда, сүтті піскенде шығатын үн.*

КҮРПІЛ *Күрп-күрп еткен үн, дыбыс.*

КҮРПІЛДЕ 1. *Мал сауғанда сүттің ыдысқа күрп-күрп етіп құйылуы.* 2. *Қорпылдау, борпылдау.*

КҮРПІЛДЕК *Күрп-күрп ете беретін.*

КҮРС *Салмақты нәрсе құлағанда шығатын дыбыс.*

КҮРС-КҮРС *Бірінен соң бірі құлағанда, қатты жөтелгенде шығатын дыбыс.*

КҮРСІ ***көне*** 1. *Орындық, отырғыш.* 2. *Тақ, мінбе.*

КҮРСІЛ *Қатты шығатын дыбыс, гүрсіл, тарсыл.*

КҮРСІЛДЕ 1. *Күрс-күрс ету, тарсылдау.* 2. *Тымау тигенде қатты жөтелу.*

КҮРСІН *Сан қилы сезімдерді дем алысы арқылы білдіру.*

КҮРСІНІС *Алуан түрлі сезімдерге толы дем алыс.*

КҮРТ I *Айыр түйе мен үлектен туған түйе.*

КҮРТ II *Кенет, бірден.* 2. *Морт, тез.* ◊ **Күрт сынды** – *бірден сынды, опырылды.* **Күрт түсті** – *жүні жығылды, жасыды.*

КҮРТЕ *Арасына мақта салып матадан не былғарыдан тігілген қысқа жылы киім.*

КҮРТЕШЕ *Қысқалау, кішірек күрте.*

КҮРТ-КҮРТ *Қатты нәрсені шайнағанда, не бір зат сынғанда шығатын дыбыс.*

КҮРТАН *Айыр інген мен нар бурадан туылған түйе, қоспақ бура.*

КҮРТІК *Жел үріп әкеп, бір жерге үйіп кеткен, бекіп үлгірмеген қар.*

КҮРТІКТЕН *Ныгыздалу, қасаттану.*

КҮРТІЛДЕ *Күрт-күрт еткен дыбыс шығу, қытырлау.*

КҮРТІЛДЕК *Күртілдеуге бейім жусан.*

КҮРШЕК 1. *Құмыра тәріздес ыдыс.* 2. *Ілгішек, ілгек.*

КҮРК I *Жұмыртқа басушы мекиен.* ◊ **Күрк болды** – *мекиен тауықтың жұмыртқа басатын уақыты болды.*

КҮРК II *Сыннан өту үшін айнала тұру; алқа-қотан шеңбер.*

КҮРІЛ *Күр-күр еткен дыбыс, гүріл.*

КҮРІЛДЕ 1. *Жаңғырықкан күшті дыбыс шығу, күркіреу.* 2. *Дүрілдеу, сарқырау, гүрілдеу.* 3. *Ақыру, айбат шегу.*

КҮРІЛДЕК *Толассыз, жиі күрілдейтін; жуан дауысты.*

КҮРІЛДЕУІК *Күрілдеп шығашын, күрілдек.*

КҮРІШ *Суда өсетін дәнді дақыл және соның сопақша келген дәні.*

КҮРІШТЕЙ *Аппақ, таза.*

КҮРІШТІ *Күріші мол, күріш егетін.*

КҮРІШТІК *Күріш егілген алқап, танап.*

КҮРІШШІ *Күріш өсіруші.*

КҮС I *Адам денесіне сіңіріліп қатып қалған кір.*

КҮС II *Ысқылап жуу.*

КҮС III *Безу, түңілу, жеру.*

КҮС IV *Киімнің арасына, астарына жүн тарту.*

КҮС-КҮС *Қаптаған, қалың күс.*

КҮСТАНА *Кінәсыз, жазықсыз.* ◊ **Күстана қылды** — *орынсыз жазғырды, кінәлады.*

КҮСТАНАЛА *Кінәлау, айыптау, жазғыру.*

КҮСТЕМЕ *Тұрып қалған судың бетінде болатын өңез, қойыртақ.*

КҮСТЕН *Күс басу, кірлену.*

КҮСТІ *Күсі бар, күс басқан.*

КҮТ 1. *Біреуді тосу, аялдау, кідіру.* 2. *Құрмет көрсету, сыйлау.* 3. *Бағу, қарау, қаптау.* ◊ **Күтпеген жерден** — *кенеттен аяқ астынан.* **Күтіп алды** — *сый-сияпат жасады, құрметтеді.*

КҮТКІШ 1. *Күтуге бейім, күтуден жалықпайтын.* 2. *Үміт артқыш, дәмешіл.* 3. *Жақсы күтетін, баптағыш, сыйлағыш.*

КҮТУЛІ 1. *Күту үстінде, тосулы.* 2. *Сайлы, күтімді, күтілген.*

КҮТУСІЗ 1. *Қараусыз, күтімсіз.* 2. *Күтпеген, тоспаған.*

КҮТУШІ *Күтетін адам, қызметші.*

КҮТУШІЛІК *Күтуші болушылық.*

КҮТІМ *Арнайы жасалған бап, жағдай.* ◊ **Күтімге алды [күтім жасады]** — *аялап күттіп бағып-қақты.*

КҮТІМДІ *Күтімі бар, күтімі жақсы.*

КҮТІМДІЛІК *Күтімді болушылық.*

КҮТІМСІЗ *Күтімі жоқ, бапсыз.*

КҮТІМСІЗДІК *Күтімсіз болушылық.*

КҮТІМШІЛ *Күтім жасай алатын, бапшыл.*

КҮТІН 1. ***өзд. етіс*** *Күт-ін.* 2. *Қамдану, әзірлену, сайлану.*

КҮТУЛІ *Күтініп отырған, дайын, сай.*

КҮТІҢКІРЕ 1. *Күте түсу, тоса түсу.* 2. *Күтім жасаңқырау, баптаңқырау.*

КҮТІП-БАПТА *Жағдай жасау, қарау, баптау.*

КҮТІР *Қатты нәрсені шайнағанда, уатқанда, сындырғанда шығатын дыбыс.*

КҮТІР-КҮТІР *Күтірлеп шығатын дыбыс.*

КҮТІРЛЕ *Күтір-күтір ету, қатырлау, шытырлау.*

КҮТІРЛЕК *Күтір-күтір еткіш, қатырлақ.*

КҮТІРЛЕУІК *Күтірлек, күтірлегіш.*

КҮШ 1. *Әл, шама, қуат, қайрат.* 2. *Бір заттың өзгеге етер физикалық әсері, жұмыс істеу энергиясы.* 3. *Физикалық денелердің бір-біріне әсер ету энергиясының күш-қуаты, шамасы.* 4. *Әскер, қол.* 5. *Ауыр салмақ қиындық.* ◊ **Күш алды** — а) *әлденді, қуаттанды, күшейді;* ә) *жыққан адамның басынан атап кетті.* **Күш-көлік** — *шаруашылық жұмысына пайдаланатын көлік.* **Күш жиды** — *әлденді, қуаттанды, күшейді.* **Күшке мінді** — *қайраттанды, қанаттанды, күшейді.* **Күш көрсетті** — *қоқанлоқы жасады, қорқытты.* **Күш салды** — *аянбай еңбектенді.* **Күш сынасты [таластырды]** — *бәсекелесті, жарысты.*

КҮШАЛА *Ыстық жақта өсетін, улы дәнді, емдік қасиеті бар өсімдік.*

КҮШЕЙ 1. *Күші арту, нығаю, үдеу.* 2. *Үдей түсу, қатаю, шиеленісу.*

КҮШЕЙТКІШ 1. *Күшейтетін.* 2. ***тех.*** *Электр тогын, дыбыстың күшін реттейтін тетік.*

КҮШЕЙТПЕЛІ *Күшейткіш, үдемелі.* ◊ **Күшейтпелі шырай *грамм.*** — *заттың бастапқы сындық қасиетін күшейте түсетін шырай.*

КҮШЕЙТІҢКІРЕ *Күшейте түсу.*

КҮШЕН 1. *Организмге т. б. салмақ салу, ышқыну.* 2. ***Ауысп.*** *Тыраштану, әлі келмеске ұмтылу.*

КҮШЕНШЕК *Шамасына қарамайтын тыраш.*

КҮШ-ЖІГЕР *Бойдағы әл, қайрат, қуат.*

КҮШТЕ *Күш жұмсау, зорлау, қинау.*

КҮШТІ 1. *Күші мол, әлді, қуатты.* 2. *Мықты, өктем, берік.* 3. *Өткір, қатты, әсерлі.*

КҮШТІЛЕУ *Күші басымдау, мықтылау.*

КҮШТІЛІК *Күшті болушылық.*

КҮШТІМСІ *Күшті болғансу, мықтысыну.*

КҮШТІРЕК *Күші басымырақ, мықтырақ.*

КҮШТІСІН *Күшті болып көрініу, мықтысыну.*

КҮШІГЕН ***зоол.*** *Бүркіт тұқымдас жыртқыш қаракүс.*

КҮШІГЕНДЕЙ *Күшіген сияқты.*

КҮШІК ***зоол.*** 1. *Иттің және ит тұқымдас жыртқыш аңдардың баласы.* 2. ***Ауысп.*** *Кішкене жас бала.* 3. *Адамды кемсіткенде айтылатын сөз.* ◊ **Күшік күйеу** ***көне*** *– үйленіп, ата-енесінің қолына кірген күйеу жігіт.*

КҮШІКТЕ *Иттің, тағы басқа жыртқыш аңдардың балалауы.*

КҮШІКТЕЙ 1. *Күшік сияқты.* 2. *Күшік кезінен, күшігінен.*

КІБІРТІК 1. *Баяу қимыл, сылбыр жүріс.* 2. *Мүдіріс, күмілжушілік.*

КІБІРТІКТЕ 1. *Баяу жүру, еркін қимылдамау.* 2. *Мүдіру, күмілжу.*

КІБІСЕ: I **кібісе жыл** *– 365 күнге тең, арабша толық жыл.*

КІБІСЕ II *Төрт жылда бір қайталанып келетін ұзақ ай; 29 ақпан.*

КІДІ *Сәл нәрседен секем алғыш, кілт етпе.*

КІДІКШІЛ ***жерг.*** *Көңіліне кіді алғыш, өкпелегіш.*

КІДІЛЕН *Көңіліне кіді алу, кілт ету.*

КІДІЛЕУ *Кілт етелеу, өкпешілдеу.*

КІДІЛІК *Кіді болушылық.*

КІДІҢДЕ 1. *Аяқты тез-тез басып, жедел жүру.* 2. *Кідің-кідің ету, қожаңдау.*

КІДІР *Бөгелу, мүдіру, сәл кешігу.*

КІДІРУСІЗ *Тоқтаусыз, дамылсыз.*

КІДІРІҢКІРЕ *Кідіре түсу, бөгеліңкіреу, тоқтаңқырау.*

КІДІРІС *Бөгеліс, үзіліс.*

КІДІРІССІЗ *Бөгеліссіз, мүдіріссіз.*

КІДІРІСТЕ *Кідіре түсу, бөгеліңкіреу.*

КІЖІКТЕ *Кіжіңдеу, қожаңдау, қоқақтау.*

КІЖІН *Ызалану, ашулану.*

КІЖІНУЛІ *Ызалы, ашулы.*

КІЖІНІС *Реніш, ашу, ыза.*

КІЖІҢ *Кірбің, кикілжің.*

КІЖІҢДЕ *Қоқан-лоқы жасау, кіжіну.*

КІЖІРЕЙ *Күжірею, қыжыраю.*

КІЛБІ *Ілбіу, кіртию, кілмию.*

КІЛБИГЕНДЕУ *Жұқа өңді, нәзік сүйекті.*

КІЛЕГЕЙ 1. *Шикі суттің бетінде пайда болатын майлы қабат.* 2. *Әр алуан сұйық заттың бетінде пайда болатын жұқа қабат.* □ **Кілегей қабық** *– ас қорыту мүшелерінің сілекей, сөл шығаратын ішкі қабаты.* ◊ **Кілегей тартты** *– қатыңқырады, қабыршықтанды.*

КІЛЕГЕЙЛЕ *Қабыршықтану, көлегейлеу.*

КІЛЕГЕЙЛІ *Сулы, ылғалды.*

КІЛЕМ *Түрлі түсті жіптерден өрнек сала тоқылып, еденге я қабырғаға пайдаланатын үй жиһазы.*

КІЛЕМДЕЙ *Кілем тәрізді, құлпырған, әдемі, әсем.*

КІЛЕМДІ *Кілемі бар, кілем төселген.*

КІЛЕМШЕ *Шағын, кішірек кілем.*

КІЛЕМШІ *Кілем тоқушы.*

КІЛЕҢ I *Ылғи, үнемі, әрқашан.*

КІЛЕҢ II ***көне*** *Жер асты топырағының сумен араласып, мәңгі қатып жатуы.*

КІЛЕТ 1. *Азық-түлік, тағы басқа заттар сақтайтын бөлмеше.* 2. ***кәс.*** *Шахтаға түсіп-шығуға арналған қорап.*

КІЛЕТШІ *Шахтадағы кілетті бақылаушы жұмысшы.*

КІЛК-КІЛК ЕТТІ *Шынымайдың жүрекке тиюі.*

КІЛКІ *Қалқу, шылқу, жүзу.*

КІЛКІЛДЕ 1. *Кемеріне жетіп толу, шұпілдеу.* 2. *Бір нәрсенің бетінде май қалқып жүзу, шылқу.* 3. *Лық-лық ету, ірк-ірк ету.*

КІЛКІЛДЕК *Кілкілдеп тұратын, кілкіп тұратын.*

КІЛКІНДЕЙ *Өрімдей, жайсаң.*

КІЛМИ *Жүдеп-жадау, кілбию, кіртию.*

КІЛТ I *Құлыпты, есікті, сандықты ашып-жабатын ашқыш.* 2. **Ауысп.** *Белгілі бір нәрсені бұрап бекіту не босату үшін жұмсалатын құрал.* 3. *Бір нәрсені түсініп-білудің, іске асырудың тетігі, түйіні.*

КІЛТ II **муз.** *Нота жолының басында тұрып, нотаның мәнін айқындайтын белгі.*

КІЛТ III *Шұғыл, тез.* ◊ **Кілт етпе** — а) *бел, аяқ буындарының ауруы;* ә) *аяқ астынан лезде өкпелегіш.* **Кілт етті** — *өкпеледі, ренжіді.*

КІЛТЕҢ 1. *Түйткіл, қаяу.* 2. **Ауысп.** *Кінсіз, қысқа, тар.*

КІЛТИ *Кілт ете болу, өкпелеп қылтия қалу.*

КІЛТИМЕ *Кілт етпе, өкпешіл.*

КІЛТИПАН 1. *Мән-мағына, гәп, сыр.* 2. *Кемістік, ақау.*

КІЛТТЕ *Кілтен бұрап жабу, құлыптау.*

КІЛТТЕУЛІ *Кілттелген, құлыпталған.*

КІЛТТЕУСІЗ *Кілттелмеген, ашық.*

КІЛТШІ 1. *Кілт жасаушы ұста.* 2. *Бірнеше есіктің кілтіне ие адам, күзетші, қоймашы.*

КІЛТІЛДЕ *Кілт-кілт ету.*

КІМ *Адамға қатысты айтылатын сұрау есімдігі.* ◊ **Кім білсін** — *білмеймін, қайдам.* **Кім де болса** — а) *әркім-ақ;* ә) *кім болса, ол болсын.* **Кім көрінген** — *кез келген, әркім.* **Кімнің тарысы піссе, соның тауығы** — *өзінде еркі жоқ, көрінгенінің жетегінде кетеді.*

КІМДЕ-КІМ *Кез-келген біреу.*

КІНӘ *Кемшілік, мін, ағаттық, айып.* ◊ **Кінә қойды [тақты, қылды]** — *жазғырды, айыптады.* **Кінәсін мойнына алды** — *айыбын мойындады.*

КІНӘЗ *Ақсүйек, кербез, кердең.*

КІНӘЛА *Мінеу, айыптау, жазғыру.*

КІНӘЛАҒЫШ *Кінә таққыш, мінеуші, айыптағыш.*

КІНӘЛАУШЫ *Кінә тағушы, айыптаушы.*

КІНӘЛЫ *Кінәсі бар, жазықты.*

КІНӘМСЫ *Айыпты болу, жазықты болу.*

КІНӘМШІЛ *Кінә таққыш, шамшыл.*

КІНӘМШІЛДЕН *Шамдану, ренжу, өкпелеу.*

КІНӘМШІЛДІК *Кінәмшыл болушылық мінез.*

КІНӘРАТ 1. *Кемістік, ақау, мін.* 2. *Ауру, сырқат, кесел.* 3. *Қаяу, кірбің.*

КІНӘРАТСЫЗ *Кінәратсыз таза, кінәсіз.*

КІНӘРАТТА *Сөгу, кінәлау, жазғыру.*

КІНӘРАТТАН *Кесел табу, ауруға шалдығу.*

КНІӘРАТТЫ *Кінәраты бар, кінәлі.*

КІНӘРАТШЫЛ 1. *Кінәрат таққыш, кінәмшыл.* 2. *Ауруға шалдыққыш, әлсіз, нәзік.*

КІНӘСІЗ *Кінәсі жоқ, айыпсыз.*

КІНӘСІЗДІК *Кінәсіз болушылық, айыпсыздық.*

КІНДІК 1. *Адамның, малдың қарнындағы ішкі дене мүшесімен жалғасатын ішек // Қарынның орта тұсындағы шұқыр жер, кесілген ішектің орны.* 2. **Ауысп.** *Орталық, түйін, тірек.* □ **Кіндігінен жарады** — *бауырын тартып жарады.* **Кіндік ата [әке]** — а) *нәрестенің кіндігін кескен ер адам;* ә) *бір істің бастаушысы.* **Кіндік бала** — *туған кездегі кіндігін кескен бала.* **Кіндік бойы** — *белуарға дейінгі өлшем.* **Кіндіккесер** **этн.** — *нәрестенің кіндігін кескенде берілетін кәде.* **Кіндік кесіп, кір жуған жер**— *туған жер, атамекен.* **Кіндік тұс** — *дәл, нақ орта.* **Кіндік темір** — *арбаның, диірменнің т. б. тетігін қосып, жалғастырып тұратын өзек темір.* **Кіндік шеше** — *нәрестенің кіндігін кескен әйел адам.*

КІНДІКСІЗ 1. *Кіндігі жоқ.* 2. **Ауысп.** *Ұрпақсыз, тұқымсыз.*

КІНДІКТЕС *Бір анадан туған, туыстас.*

КІНДІКТІ 1. *Бірге туған, туыс.* 2. ***Ауысп.*** *Ұрпақты, өсіп-өнген.*

КІП-КІШКЕНЕ *Тым кішкентай, титімдей.*

КІП-КІШКЕНТАЙ *Кіп-кішкене, титімдей.*

КІР I *Өлшеуіш, таразы.*

КІР II 1. *Таза емес, былғаныш, лас.* 2. *Ауыс. Кірлеген, жуылған киім-кешек.* ◊ **Кір басты** – *әбден кірледі, шаң-тозаңға батты.* **Кірбоқша** – *кір салатын қалта.* **Кір жуып, кіндік кескен жер** – *атамекен, туған ел.* **Кір жуытпады** – *жаманат келтірмеді, ұятқа қалдырмады.*

КІР III 1. *Ену, келу, бару.* 2. ***Ауысп.*** *Пайда келу, олжа түсу.* 3. *Белгілі бір нәрсеге тән болу, жету.* ◊ **Кіреберіс** – *үйдің, мекен-жайдың алды.* **Кісі кірсе шыққысыз** – *жиһаз-мүлкі көз тартатын, әдемі.* **Кірерге тесік [саңылау, жер] таппады** – *ұялғаннан не істерін білмеді.*

КІРАПАТ *Көлденең бөгет, ілдәлдалап қолбайлау, тосқауыл.*

КІРБЕЛЕҢ *Реніш, кейіс, кірбің.*

КІРБІҢДЕ *Кірбіңдеу, кіржіңдеу, кібіртіктеу.*

КІРБИ *Кіртию, кірбіңдеу.*

КІРБІК *Жұқа ғана түскен кірбік (қар).*

КІРБІҢ *Реніш, кейіс, қаяу.*

КІРБІҢДЕ *Күмілжу, кібіртіктеу, міңгірлеу.*

КІРБІҢДЕУ *Кабағы қатыңқылау, ренжіңкілеу.*

КІРБІҢДІК *Кірбің болушылық.*

КІРБІҢСІЗ *Кірбіңі жоқ, ренішсіз.*

КІРБІҢШІЛ *Не болса соған кейігіш, ренжігіш.*

КІРГЕН-ШЫҚҚАН *Кіріп, шығып жатқан.*

КІРГІЗУЛІ *Кіргізіп қойылған, кіргізілген.*

КІРГІШТЕ *Қайта-қайта кіре беру.*

КІРДЕЙ 1. *Кір сияқты.* 2. *Кір күйінде, қалпында.*

КІРЕ I ***көне*** *Жалдамалы күш көлігі.* ◊ **Кіре айдады [тартты, салды]** – *кіремен жүк тасыды.*

КІРЕ II ***көне*** *Жебені садақтың адырнасына салып тартқанда кіргізетін кертік.*

КІРЕ: кіреберіс – *төрге қарамақарсы есік жақ, табалдырық маңы.*

КІРЕАҚЫ *Кіре жалдап жүк тасығаны үшін төлейтін ақы.*

КІРЕБЕРІС *Көп пәтерлі үйлердің кіреберіс бөлігі.*

КІРЕЙ ***жерг.*** *Күш көлігін жалдап табатын пайда.*

КІРЕКЕЙ *Аюдың ұрғашысы.*

КІРЕКЕСТЕН *Бәлсіну, кейкию, кекірею.*

КІРЕКЕШ *Кіремен жүк тасушы, жүкші, кіреші.*

КІРЕЛЕ 1. *Кіремен жүк тасу, тасымалдау.* 2. ***Ауысп.*** *Топтап алу, молынан жинау, құрау, құрастыру.*

КІРЕҢКЕ *Сүт құю үшін жасалған ұзынша келген қыш құмыра.*

КІРЕСІЛІ-ШЫҒАСЫЛЫ 1. *Есі бір кіріп, бір шыққан.* 2. ***Ауысп.*** *Тұрақсыз, өзгермелі, құбылмалы.*

КІРЕУ *Көңілге түскен қаяу, мұң.*

КІРЕУКЕ 1. ***көне*** *Оқтан, найзадан қорғану үшін жорыққа киетін темір сауыт.* 2. *Алтын жіппен тігілген қымбат, сәнді жібек шапан.* 3. ***Ауысп.*** *Бұлыңғыр, күңгірт болушылық.* ◊ **Киреуке басты [тартты]** – *күңгірт шалды, бұлыңғыр тартты.* **Киреуке сауыт** – *болат не темір сымнан шығыршықтап істеп, өріп жасайтын торлы сауыт.* **Киреуке тон** – *әсемдеп, сәнмен тігілген сырткиім.* **Киреуке түсірді** – *қылау салды, қаяу түсірді.*

КІРЕУКЕДЕЙ *Киреуке сияқты, мықты, берік.*

КІРЕУКЕЛЕ *Бүркемелеу, көлегейлеу, бұлдырау.*

КІРЕУКЕЛІ 1. *Киреуке киген, киреукесі бар.* 2. *Көңілінде кірбіңі бар, кейісті, мұңды.*

КІРЕУКЕЛЕН *Жұқа боп кебіру, кеуіп қалу.*

КІРЕУКЕСІЗ 1. *Киреукесі жоқ, киреуке кимеген.* 2. ***Ауысп.*** *Кіршіксіз, таза.*

КІРЕШІ *Кіре тартушы, кірекеш.*

КІРЕШІЛЕ *Кіреші болып еңбек ету.*

КІРЖАҒАЛ *Кірқожалақ, сатқалданған.*

КІРЖИ 1. *Көңілсіз, ренжіген пішін көрсету, тыржию.* 2. *Кіртию, кірбию.*

КІРЖИҢКІ *Реніштi, көңілсіз, кейіңкі.*

КІРЖУҒЫШ *Кір жуатын машина.*

КІРЖІК *Кіржиген, тыржиған.*

КІРЖІКТЕ *Кіржию, тыржию, кірбию.*

КІРЖІҢ *Жақтырмаған, жаратпаған нышан, белгі.*

КІРЖІҢДЕ *Жақтырмау, тыржыңдау, ренжу.*

КІРЖІҢ-КІРЖІҢ *Жақтырмай, ренжіп тыңдаушылық.*

КІР-КҮЙЕЛЕШ *Кір-қожалақ.*

КІР-КІР *Әбден кірлеген, лас, саталақ.*

КІР-ҚОЖАЛАҚ *Әбден кірлеген, сатал-сатал.*

КІР-ҚОҚЫС *Кір-қоқыр, кір-қолаң.*

КІР-ҚОЛАҢ *Кір қоқыс, кір-қоң.*

КІР-ҚОЛАҢДАУ *Кірлеңкіреген, ластау.*

КІР-ҚОҢ *Кірлеген киім-кешек.*

КІРЛЕ 1. *Кір болу, ластану, былғану.* 2. ***Ауысп.*** *Даттау, жамандау.*

КІРЛЕУ I *Сәл кір болған, кірлей бастаған.*

КІРЛЕУ II *Өрнектеліп болған текеметті ыстық су құйып, бір нәрсемен орап білектеу.*

КІРЛІ ***Ауысп.*** *Айыпты, кінәлі, жазықты.*

КІРМЕ *Басқа елден, сырт жақтан ауып келіп сіңген адам, келімсек.* ◊ **Кірме жол** ***кәс.*** *– темір жол стансаларындағы жол тарамдары.* **Кірме сөз** *– басқа тілден енген сөз.*

КІРМЕМБЕС *Самсаған, қаптаған, қалың қорыс.*

КІРНЕ ***мед.*** *Соқырішек бөлшегінің асқынып ауруы.*

КІРПИЯЗ 1. *Талғампаз адам.* 2. *Жиіркеншек, секемшіл.*

КІРПИЯЗДАН 1. *Кербездену, пақдану.* 2. *Жиіркеншек, секем алғыш болу.*

КІРПІ *Терісін тікенек басқан кішігірім жәндік.* **Кірпі қабақ** *– туксиген ашулы кейіп, түр.* **Кірпі шаш** *– тікірейіп тұратын қайратты шаш.*

КІРПІДЕЙ *Кірпі сияқты.* ◊ **Кірпідей [кірпіше] жиырылды [көрді]** *– жақтырмай тыжырынды.*

КІРПІК *Көз жиегіндегі қылшық.* ◊ **Кірпігі айқаспады [қақпады]** *– түн баласы ұйқы көрмеді, көз ілмеді.* **Кірпігі зорға [әрең] қимылдайды** *– әл үстінде, өлім алдында жатыр.* **Кірпігіне мұз қатты** *– ұзақ жол жүргіншіліктен жол азабын тартты.* **Кірпігінен қырау тамған** *– ашулы, қаһарлы.* **Кірпік жұлды** ***этн.*** *– боталайтын түйелерді мүйізкөк ауруынан сақтау үшін қолданылатын халық емі.* **Кірпік қаққанша** *– көзді ашып-жұмғанша, лезде.* **Кірпік қақтырмады** *– қимылдатпады, тапжылтады.* **Кірпік санайды** ***этн.*** *– ескі наным бойынша, айда кемпір бар, ол сиқырлайды, жадылап өлтіреді деген наным.*

КІРПІКШЕЛІ *Кірпікшесі бар, талшықты.*

КІРПІЛЕН *Түксию, тікірею, тікенектену.*

КІРПІШ *Балшықты қалыпқа салып құйған, күйдірген қыш, құрылыс материалы.* ◊ **Кірпіш қалаушы** *– кірпіш қалайтын құрылысшы.* **Кірпіш шай** *– тақта шай, құйма шай.*

КІРПІШЕ *Тікендей өткір ұсақ түктіктер.*

КІРПІШШІ *Кірпіш құюшы, кірпіш даярлаушы.*

КІРСІЗ *Кірі жоқ, таза.*

КІРСІН *Кір санау, лас деп жирену.*

КІРТ I *Қатты, морт етіп, затты қиғанда, тістегенде шығатын дыбыс.* ◊ **Кірт етті** *– кірт етіп сынды.*

КІРТ II ***көне*** *Қоныс, мекен, тұрақ.*

КІРТИ *Шаршап қажудан көздің кірбиюі.*

КІРТИІҢКІ *Қабағы түсіңкі, жүзі жабыңқы.*

КІРТ-КІРТ *Күрт-күрт, қырт-қырт.*

КІРТІК *Іріміттік-іріміттік, іртік-іртік.*

КІРТІЛДЕ *Кірт-кірт ету, қытырлау, күтірлеу.*

КІРТІЛДЕК *Кірт-кірт еткіш, қыртылдақ.*

КІРТІҢДЕ *Кірбің-кірбің ету, кірбіңдеу.*

КІРТІҢ-КІРТІҢ *Кірбің-кірбің, кіржің-кіржің.*

КІРХАНА *Кір-қоң жуатын орын.*

КІРШ *Қатты нәрсенің кірт етіп кіруінен шығатын дыбыс.*

КІРШЕҢ *Кір көтермейтін, тез кірлегіш, кіршіл.*

КІРШЕҢДЕУ *Онша кір көтермейтін, кірлегіштеу.*

КІРШЕҢДІК *Кіршең болушылық.*

КІРШ-КІРШ *Кірт-кірт, қарш-қарш, қашыр-құшыр.*

КІРШІ I *Кір жуатын ыдыс, шылапшын.*

КІРШІ II *Таразы ұстайтын адам, таразышы.*

КІРШІК 1. *Кір, дақ.* 2. ***Ауысп.*** *Жамандық, арамдық.*

КІРШІКСІЗ 1. *Кір жұқпаған қылаусыз таза.* 2. *Мұнтаздай, мүлтіксіз.* 3. *Шайдай ашық, мөлдір.* 4. ***Ауысп.*** *Мейлінше адал, таза, ақ.*

КІРШІКТЕЙ 1. *Аппақ, тап-таза, мұнтаздай.* 2. ***Ауысп.*** *Адал, ақ.*

КІРШІЛ I *Өткір заттың бір нәрсенің денесіне кіргендегі дыбысы.* ◊ **Кіршіл қақты** — *кірш-кірш етіп кесіп түсті.*

КІРШІЛ II 1. *Тез кірлегіш, кіршең.* 2. *Кінәмшыл, дықшыл.*

КІРШІЛДЕ *Кірш-кірш ету, қыршылдау.*

КІРШІЛДЕК *Кірш-кірш еткіш, қыршылдақ.*

КІРШІЛДЕУ *Онша кір көтермейтін, кіршеңдеу.*

КІРІК 1. *Жымдаса бірігу, тұтасып кету.* 2. *Ширау, басылу, тапталу.* 3. *Сөз тіркесінің фонетикалық өзгеріске түсу арқылы бірігуі.*

КІРІККІШ *Жымдаса біріккіш, тұтасқыш.*

КІРІКТІРУШІ 1. *Біріктіруші, жымдастырушы.* 2. *Темір я бетонды дәнекерлеуші маман.*

КІРІҢКІ *Кіре түскен, батыңқы.*

КІРІПТАР *Тәуелді, бағынышты, қиын халге ұшыраған.* ◊ **Кіріптар болды [қылды]** — *тәуелді етті.*

КІРІПТАРЛЫҚ *Кіріптар болушылық.*

КІРІП-ШЫҚ 1. *Бір кіріп, бір шығу.* 2. *Келіп кету, барып қайту.*

КІРІС I *Садақтың керме бауы.*

КІРІС II *Ердің қастарының қиысқан тұсы.*

КІРІС III *Белгілі бір кәсіптен түсетін ақшалай я заттай табыс, түсім.* ◊ **Кіріс келтірді [кірді]** — *пайда түсірді.*

КІРІС IV *Белгілі бір істі орындауға араласу, жұмылу.*

КІРІСПЕ *Сөз басы, алғы сөз.*

КІРІС-ШЫҒЫС *Табыс пен шығын; бюджет.*

КІРІШ *Ақ балшық, ақ бор.*

КІРІШТЕЙ *Кіріш сияқты аппақ.*

КІС ***зоол.*** *Орман-тоғайда тіршілік ететін терісі бағалы аң, бұлғын.*

КІСӘПІР ***жерг.*** *Қалтаға түсетін ұры, қалта, кісе кесуші.*

КІСЕ *Күміспен, жезбен әшекейлеп істеген, пышақ қыны, шақпақ салатын қалташалары бар қайыс белбеу.* ◊ **Кісе нан** — *ішіне ет, картоп, қырыққабат салып пісіретін нан.* **Кісесінен белгілі** — *туысынан, жетесінен әйгілі, анық.* **Кісесінен басты** — *белінен басты, белін үзді.*

КІСІГЕ ***көне*** *Жылқы қарнының майлы бөлегі.*

КІСЕЛЕ ***жерг.*** *Қауынды жалпақ етіп тіліп, етін пышақпен торлап керту.*

КІСЕН *Қолға, аяққа салынатын темір бұғау.*

КІСЕНДЕ *Қол-аяққа бұғау салу, кісен салу.*

КІСЕНДЕУЛІ *Кісен салынған, тұсалған.*

КІСЕНДІ *Кісені бар, кісен салынған қол, аяқ-қолы.*

КІСЕУ ***жерг.*** *Суық тию салдарынан пайда болатын жөтел.*

КІСІ 1. *Адам, пенде, жан.* 2. ***Ауысп.*** *Бөтен біреу, бөгде адам.* 3. *Қонақ, мейман.* ◊ **Кісі [жұрт] аяғы басылды** – а) *адамдардың жүріс-тұрысы азайып, тыныштады;* ә) *беймезгіл уақыт болды, кешкірді.* **Кісі бетіне қарамады** – *ұялды, қысылып-қымтырылды,* **Кісі бойы** – *биіктік, ұзындық, тереңдікті білдіретін халықтық өлшем.* **Кісі болар бала** – *келешегінен үміт күттірер жеткіншек.* **Кісі босағасы [үйі]** – *бөтен адамның үйі, біреудің есігі.* **Кісідегінің кілті аспанда** – *біреуге ісі түскенің қиындығы көп.* **Кісі есігінде жүрді [өтті]** – *жалшылықта жүрді.* **Кісі жұтып қойғандай** – *сүйкімді, келісті.* **Кісі қолына қарады** – *өз бетімен күн көре алмады.* **Кісі құрлы [ғұрым] көрмеді** – *адам орнына санамады, менсінбеді.* **Кісі қызығарлық** – *назар аударарлық.* **Кісі салды** – *араға елші жұмсады.* **Кісі санатына кірді** – *адам қатарына қосылды.* **Кісі сыртынан тон пішті** – *біреу жайында өзінше пікір айтты, мінеді.* **Кісі тіліне ерді** – *біреудің сөзіне сенді, жетегінде кетті.* **Кісі шақырды** – а) *басқа жақтан кісі келтірді;* ә) *қонақ шақырды.*

КІСІКИІК *Тағы, жабайы, жатырқағыш.*

КІСІКИІКТЕН *Жабайы боп кету, оқшаулану.*

КІСІЛІК 1. *Адамгершілік, азаматтық.* 2. *Әлдеқандай болған, дандайсыған, кісімсіген мінез.*

КІСІЛІКТІ *Адамгершілігі мол, нағыз азамат.*

КІСІМСІ *Әлдеқандай боп дандайсу, бәлсіну, адамсу.*

КІСІМШІЛІК *Кісімсіген, дандайсыған мінез.*

КІСІНЕ 1. *Жылқы малының қатты дыбыс шығаруы, оқыранып шұрқырауы.* 2. *Қатты күлу.*

КІСІСІЗ *Келімді-кетімді кісісі жоқ, қонақсыз.*

КІСІШЕ *Кісіге ұқсап, адамша.*

КІТАБИ *Сөйлеу тіліне емес, тек жазбаша тілге қатысты.*

КІТАП 1. *Баспадан түптеліп шығарылған мәдени рухани қазына.* ◊ **Кітап сөзіндей** – *айтқан ойы, сөзі анық, тиянақты.* **Кітап ұстады** ***діни*** – а) *Құран оқыды;* ә) *қолына Құран алып ант берді, шынын айтты.*

КІТАПҚҰМАР *Кітапты көп оқитын; кітапты сүйетін.*

КІТАПХАНА *Көпшілік тұтынуына керекті кітаптар сақталып тұратын үй, мекеме.*

КІТАПХАНАШЫ *Кітапхана қызметкері.*

КІТАПША *Көлемі шағын, жұқа кітап.*

КІТІР *Құрғақ, қатыңқыраған затты кескенде, шайнағанда шығатын дыбыс.*

КІТІРЛЕ *Кітір-кітір ету, қытырлау.*

КІТІРЛЕК *Кітір-кітір ететін, кітірлейтін.*

КІШКЕНЕ 1. *Үлкен емес, титімдей, кішкентай.* 2. *Азғантай, шағын, аздап, сәл.* 3. *Сәби, жас бөпе.* □ **Кішкене тіл** – *артқы таңдаймен жалғасып жатқан бөпешік.*

КІШКЕНЕМ ***этн.*** *Жеңгесінің кенже қайнысына қоятын аты.*

КІШКЕНТАЙ 1. *Үлкен емес, титтей, құрттай.* 2. *Жас, өрімдей, бүлдіршіндей.*

КІШКЕНТАЙЛЫ *Кішкентайы бар, сәбилі, бөпелі.*

КІШ-КІШТЕ *Кіш-кіш деп дыбыс шығару.*

КІШТ-КІШТ *Ұсақ малды айдап қайырғанда шығаратын дыбыс.*

КІШІМІШ *Сүйексіз майда мейіз.*

КІШІ 1. *Үлкен емес, шағын.* 2. *Кенже, соңғы, жас.* 3. *Қызмет бабы, лауазымы жағынан төмен.* ◊ **Кіші бесін** – *күн төбеден ауып кешкірген кез.* **Кіші жүз** ***этн.*** – *Қазақстанның батыс аймағын мекендеген рулар мен тайпалар одағы. Қазақ халқының этностық құрамына енеді.* **Кішіпейіл** – *әдепті, инабатты, сыпайы, ақкөңіл, қарапайым.*

КІШІГІРІМ *Шамалы, орташа, кішіректеу.*

КІШІК 1. *Кіши.* 2. ***Ауысп.*** *Сыпайы, қарапайым.*

КІШІЛЕУ *Кішірек, шағындау, шамалылау.*

КІШІЛІК 1. *Кіші болушылық, шағындық.* 2. ***Ауысп.*** *Сыпайылық, қарапайымдылық, ізгілік, ізеттілік.* ◊ **Кішілік қылды [етті]** – *ізеттілік көрсетті.*

КІШІМСІ *Кіші болғансу, кішірейгенсу.*

КІШІРЕЙ 1. *Кішкентай болу, шөгу, азаю.* 2. *Қызмет дәрежесі, лауазымы жағынан төмендеу.* 3. ***Ауысп.*** *Өзін төмен ұстау, ибадат қылу, бас ию.*

КІШІРЕК *Кішілеу, шағындау.*

КІШІСІН *Кіші санау.*

Қ

ҚАБА *Қалың, тығыз, қою, қауқиған.* ◊ **Қаба сақал** — *қауқиған, қалың сақал.*

ҚАБАҒАН *Қауып алатын, қапқыш.*

ҚАБАҒАТ 1. *Орасан, керемет, қатты; өте, тез.* 2. *Ірі, үлкен, мол.*

ҚАБАДАН ***кәс.*** *Шіліктен, жас талдан тоқылған, балық аулайтын құрал.*

ҚАБАДАНШЫ *Қабаданмен балық аулаушы.*

ҚАБАҚ I 1. *Көз аңғалағының үстіңгі жағындағы қас өскен шығыңқы сүйек.* 2. ***Ауысп.*** *Адамның көңіл күйі, мінезқұлқы.* ◊ **Қабағы ашылды [жазылды]** — *көңілі көтерілді, жаны жадырады.* **Қабағы жылыды** — *жылы шырай көрсетті, мейірімі түсті.* **Қабағы жібімеді** — *жылы шырай бермеді, көңілденбеді.* **Қабағы келіспеді** — *көңіл-күйі болмады, жабырқады.* **Қабағы кіржиді** — *ұнатпады, жақтырмады.* **Қабағы кірбің тартты [қабағын кірбің шалды]** — *көңіліне қаяу түсті, бір нәрсеге ренжіді.* **Қабағы қатыңқы [жабыңқы, салыңқы, түнеріңкі, түсіңкі]** — *көңілі жабырқаңқы, ренжулі.* **Қабағым тартты** ***(ырым)*** — *қуанышқа не ренішке жору ретінде айтылады.* **Қабағына [қас-қабағына] қарады** — *көңілін аулады, ренжітпеді.* **Қабағынан қар жауды** — *қаһарына міңді, сұстанды.* **Қабағын аңдыды [бақты]** — *көңіл-күйіне қарай әрекет етті.* **Қабағын [қабақ] ашпады** — *көңілденбеді, түнерді, түксиді.* **Қабағында кірбің бар** — *бір нәрсеге ренжулі, көңілсіз.* **Қабағын қарс жапты** — *қатты ашуланды, түнерді, түксиді.* **Қабағын [қабақ] түйді** — *ашуланды, ренжіді, жақтырмады.* **Қабағының астымен қарады** — *ұрлана көз тастады.* **Қабағы түсті [салбырады]** — *ренжіді, түнерді.* **Қабағы тырысты** — *ұнатпады, жақтырмады.* **Қабақ бермеді** — *жылы шырай көрсетпеді.* **Қабақ білдірді** — *сыңай таныттты, аңғартты.* **Қабақ қақты** — *ымдады, белгі берді.* **Қабақ [қабағын] түйді** — *қой деген белгі берді, қорқытты.* **Қабақ [қабағын] шытты [шытысты]** — *бір нәрсеге ренжіді, кейіді.*

ҚАБАҚ II *Жардың, шатқалдың екі жағасындағы биік жер, үсті.*

ҚАБАҚ III 1. *Бақша өсімдігі (асқабақтың қысқартып айтылған түрі).* 2. *Асқабақтың желінбейтін түрінен жасалған ыдыс.*

ҚАБАҚТАЙ *Үлкен, дәу, теңкиген.*

ҚАБАҚТЫ *Қабақтылау келген, қабағы қалың.*

ҚАБАҚТЫЛАУ *Қабақты келген, қабағы шытыңқы.*

ҚАБАҚТЫЛЫҚ *Қабағы қалыңдық, қабағы шытыңқылық.*

ҚАБАЛАН *Қалың болып бітту, тығыз өсу.*

ҚАБАЛАУ *Қалыңдау, тығыздау.*

ҚАБАН 1. *Жабайы шошқа, жалпы үй шошқасының еркегі.* 2. ***Ауысп.*** *Аяу дегенді білмейтін, жыртқыш, қорқау.* ◊ **Қабан қанжар** — *қанжардың үлкен бір түрі.* **Қабан құлақ** — *әрі қысқа, әрі үлкен құлақ.* **Қабан тұмсық** — *жалпиған үлкен тұмсық.* **Қабан тіс** — *сойдиған ірі, өткір тіс.*

ҚАБАНДЫҚ 1. *Қабанға тән қасиет, жыртқыштық.* 2. ***Ауысп.*** *Жауыздық, зұлымдық.*

ҚАБАР 1. *Ісіну, көптию, дүрдию.* 2. *Түсі бұзылу, өңі өзгеру, қызару.* 3. ***Ауысп.*** *Ашулану, ызалану; түнеру.*

ҚАБАРЖЫ *Көңілі қалу, ренжу; налу.*

ҚАБАТ I 1. *Қат-қат заттың бір қатары, қаты; қатпар.* 2. *Заттың қабатталған жері, арасы, бүктесіні.* 3. *Бірнеше қабат.*

ҚАБАТ II *Рет, дүркін, мәрте; қайта, қайыра.*

ҚАБАТ III *Бірге, қатар, қоса.*

ҚАБАТ-ҚАБАТ *Бірнеше қабат, қалың.*

ҚАБАТТА 1. *Бірінің үстіне бірін қаттап салу, қабат-қабат ету.* 2. *Бірінің қатарына бірін қою, қосу, қос-қостау.*

ҚАБАТТАС 1. *Қабатына, түсына келу, түру, қатарласу.* 2. *Екі-үш оқиға, іс қат-қабат келу, жарысу.* 3. ***Ауысп.*** *Кимелесу, қосамжарласу.*

ҚАБАТТАСТЫҚ *Қабаттасқандық, қос-қабат келгендік.*

ҚАБАТТАСУШЫЛЫҚ *Қабат келгендік, қабаттасқандық.*

ҚАБАТТЫ *Қабаты бар, қабаттап салынған.*

ҚАБЫ *Арасына салынған мақтасы сырғып кетпес үшін көрпенің, шапанның тысы мен астарын қабаттастыра тігу.*

ҚАБЫҚ *Белгілі бір заттың (ағаштың, жемістің т. б.) сыртқы қабы.*

ҚАБЫҚТА *Қабығын аршу, сыдыру.*

ҚАБЫҚТАЙ *Жұқа, үлбіреген.*

ҚАБЫҚТАН *Қабық, қабыршық пайда болу.*

ҚАБЫҚТЫ *Сыртын қабық қаптаған, қабығы бар.*

ҚАБЫҚША *Өте жұқа сыртқы қап.*

ҚАБЫҚШАЛЫ *Қабықшасы бар, сыртын қабықша қаптаған.*

ҚАББЫЛ *Бір нәрсенің қабылданғандығы, құпталынушылық.* **Қабыл алды** — *мақұл көрді, келісті.* **Қабыл болсын** — *ниетің, игі тілегің орындалсын.* **Қабыл етті [қылды]** — *мақұлдады, келісті, қолдады.* **Қабыл көрді [көрмеді]** — *мақұл көрді, келісті.*

ҚАБЫЛАН ***зоол.*** 1. *Жолбарыстан сәл аласалау, теңге шұбар түсті мысық тұқымдасына жататын жыртқыш аң.* 2. ***Ауысп.*** *Ержүрек, батыл адам.* ◊ **Қабылан қабақ** — *сұсты, түсі суық.*

ҚАБЫЛАНДАЙ *Айбатты, қайратты.*

ҚАБЫЛАНДЫҚ 1. *Қабыланға тән қасиет, мінез.* 2. ***Ауысп.*** *Ержүректік, батылдық, өжеттік.*

ҚАБЫЛДА 1. *Бір нәрсені қабыл алу, өткізіп алу.* 2. *Біреуді мекеменің, ұйымның мүшесі етіп алу.* 3. *Мекеме басшысының қызмет бабында біреумен кабинетінде ресми түрде кездесіп сөйлесуі.* 4. ***Ауысп.*** *Дұрыс көру, мақұлдау, құптау.*

ҚАБЫЛДАҒЫШ I *Қашықтықтан электр-магниттік толқындар арқылы түрлі дыбыстар мен хабарлар қабылдайтын арнаулы аспап.*

ҚАБЫЛДАҒЫШ II *Тез қабылдайтын; алғыр, зерек.*

ҚАБЫЛДАУ *Адам миында болатын түйсіну, сезіну процесі.* **Қабылдау бөлмесі** — *келушілерді қабылдайтын арнайы орын; қабылхана.* **Қабылдау емтиханы** — *оқу орнына түсушілерге жүргізілетін сынақ.* **Қабылдау комиссиясы** — *бір нәрсені қабылдау үшін арнайы құралған адамдар тобы.* **Қабылдау күні** — *лауазымды басшылардың азаматтарды өтініші бойынша белгіленген мерзімде қабылдайтын уақыты.* **Қабылдау пункті** — *белгілі бір затты қабылдап алатын жер.*

ҚАБЫЛДАУШЫ *Бір нәрсені қабылдайтын адам.*

ҚАБЫЛХАНА *Келген кісілерді қабылдайтын бөлме; қабылдау бөлмесі.*

ҚАБЫН 1. *Суық тигендіктен немесе микроб түскендіктен белгілі бір дене мүшесінің қызарып ісінуі.* 2. ***Ауысп.*** *Желігу, желпіну.* 3. *Ашу қысу, түнеру; түтігу.*

ҚАБЫНА-СҮРІНЕ *Асып-сасып, асығыс-үсігіс.*

ҚАБЫНДА 1. *Қаулап өсу, қаптау; көбею, молаю.* 2. *Үдей түсу, күшею, өршу.*

ҚАБЫНУ *Белгілі бір дене мүшесінің ауруға шалдығып ісінуі; асқыну процесі.*

ҚАБЫРҒА I 1. *Омыртқа мен төс сүйекті ұштастырып тұратын имектеу келген жіңішке сүйек.* 2. ***Ауысп.*** *Жан-жануарлар қабырғасының екі жақ қапталы.* 3. *Бір нәрсенің оң не сол жақ қанаты.* ◊ **Қабырға ағайын** — *алыстау, жанама туыс.* **Қабырғадан қан кешті** — *қырғын соғысқа тап болды.* **Қабырғаңмен кеңес [ақылдас]** — *ақылға сал, ойлан.* **Қабырғасы жабық** — *семіз, қоңды (мал).* **Қабырғасы қайысты** — *қатты қайғырды, уайымдады.* **Қабырғасы қатпаған [қатаймаған]** — *ержетпеген, әлі жас.* **Қабырғасы қатып, бұғанасы бекіді** — *кемел жасқа толды, келді.* **Қабырғасына [аяздай] батты** — *ауыр соқты, қиын тиді.* **Қабырғасына қол батпайды** — *семіз, жүнттай.* **Қабырғасын жапты** — *жыртығын бүтіндеді, кемін толтырды.* **Қабырғасын қаусатты [күйретті]** — *ауыр тиді, жанға батты.* **Қабырғасы сөгілді [қақырады]** — *қабырғасы қайысты, жаны ашыды.*

ҚАБЫРҒА II 1. *Үйдің, қораның т.б. құрылыстың тік келген төрт жақтауы.* 2. *Геометриялық фигуралардың жақтаушалары.* □ **Қабырға газеті** — *белгілі бір ұйымның я ұжымның өздері шығарып тұратын газеті.* **Қабырға сағаты** — *қабырғаға іліп қоятын үлкен сағат.* ◊ **Қабырғасын көтерді** — *белгілі бір құрылыстың негізгі қаңқасын қалап бітірді.*

ҚАБЫРҒАЛАП 1. *Қабырғасын жерге төсеп, жантайып.* 2. *Көлденеңдеп, қапталдап.*

ҚАБЫРҒАЛАС I 1. *Қабырғасы ортақ (қатар); қанаттас.* 2. ***Ауысп.*** *Жанама, жақын.*

ҚАБЫРҒАЛАС II *Жанамалай жүру, қатарласу.*

ҚАБЫРҒАЛЫ 1. *Қабырғасы бар.* 2. ***Ауысп.*** *Әлді, мықты, күшті.*

ҚАБЫРҒАЛЫҚ 1. *Жан-жануарлардың қабырға тұсы; қаптал.* 2. *Қабырғаға ілініп қойылатын.*

ҚАБЫРШАҚ 1. *Бір нәрсенің бетіне қатқан жұқа қабат.* 2. *Ұлудың, теңіз жәндіктерінің сыртындағы қатты қорабы.* 3. *Балық денесін жауып тұратын, бөлек-бөлек жұқа, қатты қабықша.* 4. *Жұқалау болып қатқан.*

ҚАБЫРШАҚТА *Қабыршағын алу, сындыру.*

ҚАБЫРШАҚТАН *Қабыршақ пайда болу, қабыршақ қату.*

ҚАБЫРШАҚТЫ *Қабыршағы бар, қабыршақ қатқан.*

ҚАБЫРШАҚША *Қабыршақ тәрізді, қабыршақ секілді.*

ҚАБЫРШӨП ***бот.*** *Кішкене жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, тарамданған сабақтары жерге жайыла өсетін, гүлдері ашық жасыл түсті көпжылдық шөп.*

ҚАБЫС 1. *Ыдыс бүйірінің ішке қарай майысуы.* 2. ***Ауысп.*** *Жан-жануарлардың аштықтан екі бүйірінің ішке кіруі.* 3. *Екі-үш түрлі нәрсенің бір-бірімен сәйкес келуі; жымдасу.*

ҚАБЫСУ ***грамм.*** *Сөз бен сөздің жалғаусыз, қатар тұру арқылы байланысы.*

ҚАБЫСЫҢҚЫ *Аздап қабысқан, ішке қарай ойыстау.*

ҚАБІЛЕТ *Адам бойындағы бір нәрсеге деген бейімділік қасиет, іскерлік.*

ҚАБІЛЕТСІЗ *Қабілеті жоқтық, икемсіздік.*

ҚАБІЛЕТСІЗДЕУ *Қабілеті аздау, икемсіздеу.*

ҚАБІЛЕТТІ *Қабілеті мол, іскер.*

ҚАБІР *Өлген адамды көму үшін қазылған жер; көр.*

ҚАБІРЛЕ *Өлікті қабірге салу, көму.*

ҚАБІРШІ *Қабір қазушы; өлікті жерлеуші, сүйекші.*

ҚАҒАБЕРІС *Қалтарыс, таса.* ◊ **Қағаберіс қалды** — *елеусіз, ескерусіз қалды.*

ҚАҒАБЕРІСТЕ *Көзден тасада, оңашада.*

ҚАҒАБЕРІСТЕУ *Көзден тасалау, қалтарыстау.*

ҚАҒАЖУ *Сырт, шет; шетқақпай.* ◊ **Қағажу көрді** – *тұртпекке түсті.* **Қағажу қалды** – *естен шығарылды, ұмытылды.*

ҚАҒАЖУЛА *Шетқақпайлау, шеттету.*

ҚАҒАЖУЛАУ *Шеттеу, бөлектеу, оқшаулау.*

ҚАҒАЗ 1. *Жазуға, бір нәрсе орауға арналған жұқа зат.* 2. ***Ауысп.*** *Қолжазба, газет-журнал, кітап.* 3. ***Ауысп.*** *Белгілі бір мекеменің мөрі басылып, қол қойылған куәлік; құжат.* 4. *Қағаздан жасалған, қағаздан істелген.* ◊ **Қағазға [қағаз бетіне] түсірді** – *жазып қалдырды, жазды.* **Қағаз кемірген** ***экспр.*** – *үнемі қағазбен жұмыс істеген.* **Қағаз қарады** – *кітап оқыды.* **Қағаз шай** – *қағаз қорапты үкпе шай.*

ҚАҒАЗБАСТЫ *Қағаз жұмысы көп.*

ҚАҒАЗБАСТЫЛАУ *Қағазбасты жұмысы көптеу.*

ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚ *Қағазбасты жұмысының көптігі.*

ҚАҒАЗДА 1. *Қағазға түсіріп, тізіп жазу, хаттау.* 2. *Акт жасау, актілеу.*

ҚАҒАЗДАЙ 1. *Қағаз сияқты аппақ.* 2. *Қағаз тәрізді жұқа.*

ҚАҒАЗДАС *Бірінің үстінен бірі арыз жазысу, арыздасу.*

ҚАҒАЗ-ҚАЛАМ *Жазу-сызуға арналған керек-жарақ.*

ҚАҒАЗ-ҚАРЫНДАШ *Қағаз бен қарындаш, екеуі де.*

ҚАҒАЗСЫЗ 1. *Қағазға жазып алмай, ауызша.* 2. ***Ауысп.*** *Куәлік қағазынсыз, құжатсыз.*

ҚАҒАЗТЕСКІШ *Газет-журналдарды түптегенде, тіккенде қолданылатын аспап.*

ҚАҒАЗШЫЛ *Не болса соған қағаз (құжат) талап ететін, қағазқұмар.*

ҚАҒАЙ ***көне*** *Жат, бөтен.*

ҚАҒА-МАҒА 1. *Қағып-соғып, кимелеп.* 2. *Үстінің шаңын жолай қағып, қаққыштап.*

ҚАҒАН ***көне*** *Ертедегі түркі қағанаттарының басшыларына берілетін ең үлкен атақ, хандардың ханы.*

ҚАҒАНАҚ 1. *Малдың іште жатқан төлін қоршап тұратын, іші мөлдір сұға толы, түссіз жұқа қабық.* 2. ***Ауысп.*** *Тез жарылып кететін, әрең тұрған нәрсе.* **Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ** – *уайым-қайғысы жоқ, мәз-мейрам.* **Қағанағын қақ жарып шыққан** – *іштен шыққан, өзі туған.* **Қағанағы қарс айырылды [қақ жарылды]** – *қатты ашуланды, бұлқан-талқан болды.* **Қағанақ бас** – *құйқасы жұқа, тез жарылатын бас.*

ҚАҒАНАҚТАЙ *Шытырлап тұрған, жұп-жұқа.*

ҚАҒАНАҚША *Қағанақ тәрізді, қағанақ секілді.*

ҚАҒАНАТ ***көне*** *Қаған иелігіне қарайтын жер; саяси бірлестік, мемлекет.*

ҚАҒАНДЫҚ *Қаған болғандық; хандық.*

ҚАҒАР: бір қағары бар – *а) бір рет қағып тастауға жарайтын; ә) бір нәрсеге ікемді, епті.*

ҚАҒАС *Шет, аулақ, тыс.* ◊ **Қағас қалды [қалдырды]** – *тыс қалды, шеттеді.*

ҚАҒА-СОҒА *Еш нәрсеге қарамай, ентелеп.*

ҚАҒАСТАУ *Шеттеу, тасалау, оңашалау.*

ҚАҒБА ***діни*** *Мұсылмандар аспаннан түсті, Құдай жіберді деп қасиеттейтін Меккедегі үлкен қара тас.*

ҚАҒИДА *Әбден қалыптасқан барлық адамдарға ортақ заңдылық, бұлжымайтын тұжырым.*

ҚАҒИДАЛЫ *Белгілі бір қағидаға негізделген, заңдылыққа сүйенілген.*

ҚАҒИДАЛЫҚ *Қағидаға негізделген, қағидаға тән.*

ҚАҒУ: қағу көрмеді – а) *бұла болып емін-еркін өсті;* ә) *еш тежеусіз, өз бетімен өсті.*

ҚАҒУСЫЗ *Емін-еркін, тежеусіз.*

ҚАҒУШЫ *Аң жүретін жерді тінте сүзіп шығушы; айдаушы.*

ҚАҒУШЫЛЫҚ 1. *Аңды айдап беру шілік, айдаушылық.* 2. *Бір нәрсені қолмен қаққандық.*

ҚАҒУЫЛДА *Аңды қуып, үркітіп айдау.*

ҚАҒЫЛ *Құрғақ, дегдіген (жер).*

ҚАҒЫЛҒАН-СОҒЫЛҒАН *Онан-мұнан шыққан, қашқан-пысқан (адамдар).*

ҚАҒЫЛДАУ *Құрғақтау, аздап дегдіген.*

ҚАҒЫЛЫС 1. ***орт. етіс*** *Қағылыс.* 2. *Ығысып орнынан қозғалу, сығылысу.*

ҚАҒЫМ: қас қағымда [қас қағым сәтте] — *көзді ашып жұмғанша, лезде.*

ҚАҒЫН 1. *Қағынды ауруына ұшырау; ұшыну, асқыну.* 2. ***Ауысп.*** *Өз-өзінен біреуге тиісу, ұрыну, соқтығу.* 3. *Әдеттегіден күшейіп кету, өршу; бұзылу.* ◊ **Қағынып өлгір** — *қағынды келіп, өліп қалғыр.*

ҚАҒЫНҒАН *Қағынып кеткен, есірген, құтырынған (адам).*

ҚАҒЫНҒЫР *Қағынып кеткір (зілсіз қаргыс).*

ҚАҒЫНДЫ 1. *Халық түсінігі бойынша ем қонуы қиын, асқынған, ұшынған ауру.* 2. ***Ауысп.*** *Қағынып-ұшынып қалған адам; құдай атқан, оңбаған.* ◊ **Қағынды алмайды** — *ештеңесі кетпейді, ешқандай пәле жоқ.* **Қағынды келгір [алғыр, тигір]** — *қағынды болып ауырғыр; жетпегір.* **Қағындысы бар ма?** — *не жыны бар.*

ҚАҒЫНДЫ-СОҒЫНДЫ *Елден шыққан, оңбаған, жарамсыз адамдар.*

ҚАҒЫП-СОҒУ ***қ. атау.*** *Қағып-соғу.*

ҚАҒЫП-СОҚ *Біреуді соғып кету, қағысып қалу.*

ҚАҒЫП-СІЛКІ *Бір нәрсені қағу; сілку; тазарту.*

ҚАҒЫРЛАУ *Тақырлану, түк таба алмай сандалып қалу (көбінесе азық-түліктің таусылғанына байланысты айтылады).*

ҚАҒЫС I *Бір нәрсені (домбырасының ішегін, есікті т. б.) қағу, соғу ісі, әдісі.*

ҚАҒЫС II *Қаға беріс, қалтарыс.* ◊ **Қағыс естіді** — *жаңылыс, жаңсақ естілді.* **Қағыс жібермеді** — *қағып алды, қалт жібермеді.* **Қағыс қалды [қалдырмады]** — *назардан тыс қалды, елеусіз қалды.*

ҚАҒЫС III 1. ***орт. етіс*** *Қақыс.* 2. ***Ауысп.*** *Сөзге келу, керісу.* 3. *Сырғып орын беру, ығысу.*

ҚАҒЫСТАУ *Көзден тасалау, шеттеу (жер).*

ҚАҒЫСТЫР 1. ***өзг. етіс*** *Қағыстыр.* 2. ***Ауысп.*** *Есебін келтіру, ретін табу.*

ҚАҒЫТ *Сөзбен шалу, кекету-мұқату.*

ҚАҒЫТПА *Қағытқан, кекеткен, әзіл-қалжыңы аралас.*

ҚАҒЫТПАЛА *Қайта-қайта қағыту, сөзбен тиісу.*

ҚАҒІЛЕЗ 1. *Арықша, жұқалтаң, талдырмаш.* 2. *Жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы шапшаң, тез қимылдайтын.*

ҚАҒІЛЕЗДЕУ 1. *Талдырмаштау, жұқалтаң.* 2. *Ширақтау, ылдым-жылдым.*

ҚАҒІЛЕЗДІК 1. *Жұқалтаңдық, талдырмаштық.* 2. *Ширақтық, сергектік.*

ҚАДА I. *Бір нәрсені ілу, байлау үшін жерге қадалған ұзын ағаш.* ◊ **Қада қақты** — *келешек салынар құрылыстың орнына белгі соқты.*

ҚАДА II 1. *Ұзын нәрсені жерге тік тұрғызып қағу, орнату; тігу.* 2. *Ұшты нәрсенің ұшын бір жерге кіргізу, сұғу, шаншу.* 3. *Бір нәрсені омырауға тағу, ілу.* 4. *Киімге түйме тағу.* 5. *Бір нүктеге тесіле қарау, көзін алмау.* ◊ **Қадап айтты** — *ныгырлай, тәптіштеп айтты.*

ҚАДАҒАЛА *Белгілі бір істі, нәрсені бақылау, тексеру.*

ҚАДАҒАЛАУШЫ *Бір нәрсені қадағалайтын адам, бақылаушы.*

ҚАДАҚ I *Жарты килограмға жуық (тең) салмақ өлшемі, фунт.*

ҚАДАҚ II *Суық тигендіктен өкпенің қабынып ауруы.*

ҚАДАҚ-ҚҰДАҚ *Әр жерде бір, сирек; қадау-қадау.*

ҚАДАҚТА *Қадақпен өлшеу.*

ҚАДАҚТАЙ *Қадақ шамасында.*

ҚАДАЛ 1. ***ыр. етіс*** *Қадал.* 2. *Бір нәрсені қазбалай сұрау.* ◊ **Қадалған жерінен қан алды** — *айтқанын істетпей қоймады.*

ҚАДАЛА *Қада қағу, қада орнату.*

ҚАДАМ 1. *Жүру кезіндегі екі аяқтың аралық қашықтығы, адым.* 2. ***Ауысп.*** *Жаңадан басталған іс-әрекет.* ◊ **Қадам басқан сайын** — *сәт сайын, әр уақыт.* **Қадам басты** — а) *бір жаққа қарай кетті, жүрді, бет алды;* ә) *белгілі бір әрекетке тәуекел етті, бел байлады.* **Қадамын [әр қадамын] аңдыды** — *біреудің әрбір іс-әрекетін, жүрген жүрісін бақты.* **Қадамын ілгері аттатпады** — *ісіне кедергі жасады, аяғынан шалды.* **Қадамыңа гүл бітсін [нұр жаусын]** — *ісің сәтті болсын, бақытқа жет.* **Қадамың құтты [қайырлы, баянды] болсын** — *мақсат-мұратыңа жет.*

ҚАДАМДА *Аяқты кере басып жүру, адымдау.*

ҚАДАМДЫ *Қадамы үлкен; ісі ілгері басқан, өнімді.*

ҚАДАРИ-ХАЛІНШЕ *Өз әлінше, шама-шарқынша.*

ҚАДАРЫНША *Шама-шарқынша, мүмкіндігінше.*

ҚАДАУ *Қадалған сырық, тіреу, таяныш.*

ҚАДАУБАС *Темір тесетін үшкір құрал; қадау.*

ҚАДАУ-ҚАДАУ *Әр жерде бір, сирек.*

ҚАДАУЛЫ *Қадалған, қадалып қойылған.*

ҚАДЫМ: қадым заман — *өткен дәуір, баяғы заман.*

ҚАДІМ 1. *Революциядан бұрын қазақтар пайдаланған көне араб оқуы мен жазуы.* 2. ***Ауысп.*** *Ежелгі, баяғы, бұрынғы.*

ҚАДІМШЕ *Көне арабша, ескіше.*

ҚАДІМШІЛ *Қадім оқуын жақтайтын (адам).*

ҚАДІР *Жақсы қасиет, бедел, сый, құрмет.* ◊ **Қадір түні *діни*** — *рамазан айының соңғы түндеріне сай келетін қасиетті түн.* **Қадір түніндей күтті** — *Қадір түнін ұйықтамай өткізеді.* **Қадір тұтты** — *қадірледі, қастерледі, құрметтеді.* **Қадірі артты [асты]** — *абырой-атағы, беделі өсті.* **Қадірі кетті [түсті]** — *абыройдан айырылды, беделі қалмады.* **Қадірі қалмады** — *қадір-қасиетінен айырылды, құны түсті.* **Қадірі қашты** — *қадірі кетті, сый-құрметтен айырылды.* **Қадіріне жетті [жетпеді]** — *қастерледі, қадірледі.* **Қадірі өтті** — *зарын тартты, құнын білді.*

ҚАДІР-ҚАСИЕТ *Сый-құрмет, абырой-атақ.*

ҚАДІРЛЕ *Қадір тұту, қастерлеу.*

ҚАДІРЛЕС 1. *Қадірлейтін, сыйлас.* 2. *Жора-жолдас, қатар-құрбы, досжаран.*

ҚАДІРЛІ 1. *Құрметті, сыйлы, беделді (адам).* 2. *Қасиетті, құнды, бағалы (зат).*

ҚАДІРЛІЛІК *Сыйлылық, құрметтілік, бағалылық.*

ҚАДІРЛІРЕК *Сыйлырақ, құрметтірек; құндырақ.*

ҚАДІРМЕНДІ *Қадірлі, сыйлы, құрметті.*

ҚАДІРМЕНДІЛІК *Қадірлілік, сыйлылық, құрметтілік.*

ҚАДІРСІЗ *Қадір-қасиеті жоқ; құрметсіз.*

ҚАДІРСІЗДЕН *Қадір-қасиетінен айырылу, сыйы кету.*

ҚАДІРСІЗДІК *Қадір-қасиеті жоқтық.*

ҚАЖА 1. *Қатты заттың үйкеп, теріні сыпырып кетуі.* 2. *Бір нәрсенің қабығын сындыру; мүжу, кеміру.* 3. ***Ауысп.*** *Біреудің жанына тие сөйлеу.*

ҚАЖАҚ-ҚҰЖАҚ: қажақ-құжақ етті — *қажақтады, талғажау жасады.*

ҚАЖАҚТА 1. *Мардымсыз бір нәрсені қажалау, кеміру, талғажау ету.* 2. ***Ауысп.*** *Көп сөйлеп, қажыту, мыжу, мазалау.*

ҚАЖАЛА *Қайта-қайта қажай беру, көп қажау.*

ҚАЖАС 1. ***орт. етіс*** *Қажас.* 2. *Айтысу, сөз таластыру.*

ҚАЖЕТ *Керек, мұқтаж, ділгір, зәру.* ◊ **Қажет деп тапты [санады]** — *керек деп білді.* **Қажет етті** — *керексінді, мұқтажсынды.* **Қажетке [қажетіне] жарады [асты]** — *керекке жұмсалды, пайдаға асты.* **Қажеті жоқ** — *керек емес.* **Қажеті қанша [не]** — *керегі шамалы, қажеті жоқ.* **Қажеті шамалы** — *зәрулігі жоқ, керек емес.*

ҚАЖЕТСІН *Қажет ету, керексіну.*

ҚАЖЕТТІ *Қажеті бар, керекті.*

ҚАЖЕТТІЛІК *Керектілік, мұқтаждылық.*

ҚАЖЕТТІРЕК *Қажеті молдау, керегірек.*

ҚАЖЕТІНШЕ *Қанша қажет болса, сонша, керегінше.*

ҚАЖУШЫЛЫҚ *Қажығандық, шаршағандық, шалдыққандық.*

ҚАЖЫ I 1. ***діни*** *Құдайға құлшылық етіп, қажы атану үшін Меккеге бару ісі.* 2. *Меккеге барып, құдайға құлшылық етіп келген кісі.*

ҚАЖЫ II *Шаршау, шалдығу, қалжырау.*

ҚАЖЫҒАНДЫҚ *Қажушылық, шаршап-шалдыққандық.*

ҚАЖЫЛЫҚ *Қажы болушылық, қажы атанушылық.* ◊ **Қажылық құрды** — *қажылық етті, қажы болды.*

ҚАЖЫМАЙ-ТАЛМАЙ *Шаршамай, шалдықпай.*

ҚАЖЫМАС *Қайтпас, қайсар; шаршамас.*

ҚАЖЫМАСТЫҚ *Шаршамастық, шалдықпастық.*

ҚАЖЫП-ТАЛ *Шаршап-шалдығу, қажу, болдыру.*

ҚАЖЫР *Қайрат, күш, жігер.*

ҚАЖЫР-ҚАЙРАТ *Күш-қуат, жігер.*

ҚАЖЫР-ҚУАТ *Әл-қуат, қайрат-жігер.*

ҚАЖЫРЛАН *Қайраттану, жігерлену.*

ҚАЖЫРЛЫ 1. *Күш-қуаты мол, қайратты.* 2. *Қажымас, қайтпас; табанды, жігерлі.*

ҚАЖЫРЛЫЛЫҚ; қажырлылық көрсетті — *күш-қуаты молдық, қайраттылық.*

ҚАЖЫРСЫЗ *Қайратсыз, жігерсіз.*

ҚАЖЫРСЫЗДЫҚ *Қажыр-қайраты жоқтық, жігерсіздік.*

ҚАЗ I *Суда жақсы жүзетін, мойны ұзын, табаны жалпақ құс.* ◊ **Қаз баяуыр** — *үйдек-түйдек.* **Қаз мойын** — *иіліп келген әдемі мойын.* **Қаз омырау** — *кеудесі шығыңқы; омырауы көтеріңкі.*

ҚАЗ II 1. *Жерді күрекпен, кетпенмен ою, шұқырлау.* 2. *Ін жасау үшін жерді аяғымен тырмалап үңгу, қуыстау.* 3. ***Ауысп.*** *Өткенді тәптіштеп айту, қазбалау.*

ҚАЗ: қаз басты — а) *жас сәби қаз тұрып, аяғын апыл-тапыл басты, енді ғана жүре бастады;* ә) *бір нәрсенің жаңадан қатарға қосылуы, енді ғана қалыптаса бастауы.* **Қаз тұрды** — а) *сәби алғаш рет өз аяғымен тұрды;* ә) *бір нәрсе жаңадан ғана пайда болды, енді ғана қалыптаса бастады.*

ҚАЗ: қаз қалпы — *ешбір өзгеріссіз, сол күйі.* **Қаз қалпында** — *ешқандай өзгеріссіз, сол күйінде.* **Қаз қалпынша** — *сол күйінше, еш өзгеріссіз.*

ҚАЗА I 1. *Өлім-жітім, ажал.* 2. ***Ауысп., діни*** *Намаздың уақтысымен өтелмей қалуы.* ◊ **Қаза болды [тапты]** — *өлді, қайтыс болды.* **Қазаға ұшырады** — *қайтыс болды, өлді.* **Қаза жетті** — *ажал келді, өлді.* **Қаза қылмады [жібермеді]** — *намазын уақытылы оқып отырды, парызын өтеуді ұмытпады.* **Қазаның арты қайырлы болсын *(тілек)*** — *артының қайырын берсін.* **Қаза тапты** — *өлді, қайтыс болды.*

ҚАЗА II ***кәс.*** *Балық аулау үшін нар қамыстан, талдан қошқармүйіздендіре кең гып тоқылған тор көзді қоршау.*

ҚАЗАҚ *Қазақстан Республикасының негізгі тұрғын халқы.* ◊ **Қазақ әліпбиі**

[алфавиті] — *қазақ тіліне тән дыбыстарды таңбалауға арналған әріптердің рет-ретімен тізілген жиынтығы.* **Қазақ арба** — *жайдақ, үлкен арба.* **Қазақ әдебиеті** — *қазақ халқының әдеби қазынасы.* **Қазақ ері** — *екі қасы да иіліп келген жайлы ер.* **Қазақ тілі** — *қазақ халқының ұлттық тілі.* **Қазақ үй** — *киіз үй.*

ҚАЗАҚБАЙ ***экспр.*** *Қазаққа тән қарапайым қасиет.*

ҚАЗАҚБАЙЛАУ *Қарапайымдау, жұпынылау.*

ҚАЗАҚБАЙШЫЛА *Қазаққа тән мінез, қылық көрсету.*

ҚАЗАҚБАЙШЫЛЫҚ *Қазаққа тән қасиет, ерекшелік.*

ҚАЗАҚСТАН *Қазақстан Республикасы, қазақ жері, Қазақ елі.*

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ 1. *Қазақстанға тән, Қазақстанда тұратын.* 2. *Қазақстан тұрғыны, Қазақстан азаматы.*

ҚАЗАҚСЫН *Қазақ деп білу, қазақ деп санау.*

ҚАЗАҚТЫҚ 1. *Қазаққа тән, қазаққа қатысты.* 2. *Қазаққа тән қасиет, қазақ болғандық.*

ҚАЗАҚУАР *Қазақ өмірімен, тіршілігімен таныс, оның тілін, әдет-ғұрпын жақсы білетін (басқа ұлт өкілі).*

ҚАЗАҚША 1. *Қазақ тілінде.* 2. *Қазақ құсап, қазақ тәрізді.* ◊ **Қазақшаға судай** — *қазақ тілін жақсы біледі.* **Қазақша күрес** — *белбеуден ұстап, аяқтан шалып күресетін ұлттық ойын.*

ҚАЗАҚШАЛА 1. *Қазақша айту, қазақ тілінде сөйлеу.* 2. *Қазақ тіліне аудару, тәржімелеу.*

ҚАЗАҚШАЛАП *Қазақ тәрізді; қазақ дәстүрімен.*

ҚАЗАҚШЫЛЫҚ 1. *Қазаққа тән әдет-ғұрып, қалыптасқан дәстүр.* 2. ***Ауысп.*** *Қазақтық тұрмыс-тіршілікке ғана тән ақ ниет, аңғал мінезі.*

ҚАЗАҚЫ 1. *Қазақ үлгісі бойынша істелген.* 2. *Ауыс. Қазақтық қасиеттері мол; қарапайым (кісі).* ◊ **Қазақы бөрік** — *қазақ үлгісімен тігілген бөрік.* **Қазақы ер** — *ердің қазақ халқына тән үлгісі.* **Қазақы етік** — *қонышы ұзын былғары етік; саптама етік.* **Қазақы жылқы** — *жылқының қазақ жеріне бейімделген түрі.* **Қазақы қой** — *Қазақстан табиғатына бейім, қылшық жүнді, құйрықты қой.*

ҚАЗАҚЫЛАН *Қазақ арасында өсіп, оның әдет-ғұрпын, салтын, дәстүрін игеру.*

ҚАЗАҚЫЛАУ *Қазақтық қасиеті молдау, ескілікті, қарапайым.*

ҚАЗАҚЫЛЫҚ *Қазаққа тән қасиет, мінез; қарапайымдылық, кеңдік.*

ҚАЗАЛЫ *Кісісі өлген, өлімді-жітімді.* ◊ **Қазалы болды** — *өлімге душар болды, қазаға кездесті.*

ҚАЗАН I 1. *Тамақ пісіруге арналған үлкен шойын ыдыс.* 2. *Метал. Кен қорытатын үлкен шойын ыдыс; багранка.* 3. ***кәс.*** *Судың балық көп жүретін, қыста қатпайтын, терең жері.* ◊ **Қазан асты** — *тамақ жасады, ет салды.* **Қазан бас** — *басы қазандай үлкен (кісі).* **Қазан көтерді** — *тамақ әзірлеуге кірісті, қазан асты.* **Қазан құйрық** — *құйрығы қазандай, үлкен (қой).* **Қазаны басқа** — *өз алдына бөлек үй, жеке отбасы.* **Қазаны майланды** — *қазанына семіз ет асты.* **Қазаны оттан түспейді** — *бір тамақтан кейін бір тамақ пісіріп үнемі ас әзірлейді.* **Қазан аузынан бөлісті [бөліп ішті]** — *бар тапқанын ортаға салды.* **Қазан бұзарлық** — *содырлық, сотқарлық, тентектік.* **Қазан құлағын [тұтқасын] ұстады** — *билікке қолы жетті.* **Қазанның түп күйесіндей** — *қап-қара, тіптен қара.* **Қазан үстінен күн көрді** — *біреудің еңбегі есебінен күнелтті.*

ҚАЗАН II 1. *Күздің екінші айы; қазан.* 2. ***Ауысп.*** *Ескінің жойылып, жаңаның жаңғыруы, өзгеру кезеңі.* ◊ **Қазан соқты** — *аяз ұрды, суық шалды.* **Қазан ұрды** — *қазанның қара суығы ұрып, көк біткенді солдырды.* **Қазан болды** — *бақшадағы қауын-қарбыз таусылды, бітті.*

ҚАЗАНАҚ ***бот.*** *Сабағы тік, сарғылт түсті ірі гүлі бар, улы өсімдік.*

ҚАЗАНАМА *Біреудің қайтыс болғандығы туралы хабар; некролог.*

ҚАЗАНАСПА *Қазан асатын ошақ; қазандық.*

ҚАЗАНАТ *Ұзақ жолға шыдамды, мықты ат, қазақ жылқысының байырғы бір тұқымы.*

ҚАЗАН-АЯҚ *Ыдыс атаулы; аяқ-табақ, шыны-шәйнек т. б.* ◊ **Қазан-аяғы бір** — *бір үйден тамақ ішетін, тату-тәтті (көрші).*

ҚАЗАНДАЙ *Үлкен, дәу.*

ҚАЗАНДАЙЫН ***поэт.*** *Қазандай.*

ҚАЗАНДАП *Қазан-қазан етіп; көптеп, молдап.*

ҚАЗАНДОП *Жерден бірнеше шұңқыр қазып, олардың үстінен доп домалатып ойнайтын балалар ойыны.*

ҚАЗАНДЫҚ 1. *Асүй, кухня.* 2. *Қазан асатын ошақ; қазанаспа.*

ҚАЗАНЖАППА *Қазанға шаптап пісіретін нан.*

ҚАЗАН-ҚАЗАН *Бірнеше қазан; көп, мол.*

ҚАЗАНҚАП ***этн.*** *Көшкенде басқа заттарды күйелемес үшін қазанды салып қоятын қап.*

ҚАЗАН-ОШАҚ *Тамақ пісіруге қажетті ыдыс-аяқтың жалпы атауы.*

ҚАЗАНПЕШ *Үй жылытатын, тамақ пісіретін дөңгелек темір пеш.*

ҚАЗАНТОЙ *Әйелдер босанар алдында берілетін ырымтамақ.*

ҚАЗАНТОЛМАС ***анат.*** *Адамның кеудесі мен қарнының түйіскен жеріндегі ойыс жері, жүрек тұсы.*

ҚАЗАНША *Қазанға ұқсас кішкене ыдыс.*

ҚАЗАНШҰҢҚЫР ***геогр.*** *Жер бедерінің ойыс келген жері.*

ҚАЗАНШЫ 1. *Шойыннан қазан құятын (жасайтын) маман.* 2. *Қоста қалып тамақ әзірлейтін адам.* ◊ **Қазаншы бала** ***кәс.*** — *балықшыларға тамақ пісіретін бала.*

ҚАЗАУЫЗ ***тех.*** *Шөп машинасының шалғысы ары-бері сырғып тұру үшін жасалған, арасы қуыс тістер.*

ҚАЗБА I *Археологиялық мақсаттағы жер қыртысын қазу, тексеру жұмыстары.* **Қазба байлық** — *жер қойнауынан қазылып алынған кең руда, әртүрлі металл.*

ҚАЗБА II *Қазбалап көп сөйлейтін, мыжыма.*

ҚАЗБАЛА 1. *Бір нәрсені қайта-қайта сұрау немесе айту; қазымырлану.* 2. *Бір нәрсеге жан-жақты тоқталу, тәптіштеу.*

ҚАЗБАЛЫ *Қазылып алынған (алынатын).*

ҚАЗҒЫЛА 1. *Әр жерді бір қазу, қайта-қайта қазу.* 2. ***Ауысп.*** *Қазбалап сұрау; шүйілу, қадалу.*

ҚАЗҒЫШ *Жер қаза білетін.*

ҚАЗДАЙ *Каз сияқты, қаз тәрізді.* ◊ **Қаздай тізілді** — *қаз-қатар тұрды, сап түзеді.*

ҚАЗДАҢ: қаздаң қақты [басты] — *аяғын тік ұстап, тез-тез жүрді.*

ҚАЗДАҢДА *Қаздаң-қаздаң етіп, тез-тез жүру.*

ҚАЗДАҢ-ҚАЗДАҢ: қаздаң-қаздаң басты [етті] — *аяғын тез-тез басып жүрді.*

ҚАЗДИ 1. *Қаққан қазықтай тікесінен тік тұру немесе тік отыру.* 2. *Бір орнынан тапжылмау, қақию.*

ҚАЗЕКЕ *"Қазақ" сөзінің құрметпен айтылуы.*

ҚАЗЖУА ***бот.*** *Гүлі майда, сары түсті көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ҚАЗИ ***діни*** *Шариғат заңдылықтарының сақталуын қадағалайтын дін адамы; дінбасы.*

ҚАЗИНЕК ***кәс.*** *Шығырдың кегейіне айнала бекітілген қысқа ағаштар.*

ҚАЗКӨЗ *Ірілігі қаздың көзіндей бытыра.*

ҚАЗ-ҚАЗ *Жаңадан жүре бастаған сәбиге айтылатын ишарат сөз.* ◊ **Қаз-қаз басты** — а) *аяғын апыл-тапыл басып, жаңадан жүре бастады; ә) жаңа ғана ұйымдасты, жұмысты енді-енді ғана бастады.* **Қаз-қаз тұрды** — а) *аяғын әнтек-әнтек жаңадан басты, ен-*

ді-енді жүре бастады; ә) *жаңа құралды, қалыпқа енді ғана келе бастады.*

ҚАЗ-ҚАТАР *Қатар-қатар, бірінен кейін бірі.*

ҚАЗМОЙЫН I *Торсықтың мойны ұзындау келген түрі.*

ҚАЗМОЙЫН II *Әсем, ұзын мойын.*

ҚАЗОТЫ ***бот.*** *Өзен бойында, арық жағаларында ұйыса тығыз өсетін, алаша әрі майда шөп.*

ҚАЗТАБАН I ***бот.*** *Гүлдері сары, көпжылдық дәрілік шөп.*

ҚАЗТАБАН II *Қаздың табанына ұқсас ою-өрнек.*

ҚАЗТАБАН III ***тех.*** *Егістік жерді культивациялауға арналған үш тағанды қайырмасыз соқа.*

ҚАЗТАБАНДЫ I *Қазтабан өсімдігі өскен, қазтабаны мол.*

ҚАЗТАБАНДЫ II *Қазтабан соқасы тіркелген, қазтабан соқасы бар.*

ҚАЗТАМАҚ ***бот.*** *Эфир майы алынатын, хош иісті көпжылдық не біржылдық шөптәрізін өсімдік; қазоты.*

ҚАЗТАҢДАЙ I ***бот.*** *Шалғынды жерлерде өсетін шөп.*

ҚАЗТАҢДАЙ II ***тех.*** *Шөп машинасының шалғысы астындағы таңдайша; қазауызға бекітілген жұқа темір.*

ҚАЗУАР ***зоол.*** *Ірі су құсы.*

ҚАЗУЛЫ *Қазылып қойылған, қазылған.*

ҚАЗША *Қаз тәрізді, қаз сияқты.* ◊ **Қазша қаңқылдады** — *шу-шу етті; у-шу болды.* **Қазша таранды** — *асықпай-саспай байыппен таранды, әдемі-ленді.* **Қазша тізілді** — *бірінің артынан бірі жүрді, тізбектелді.*

ҚАЗЫ I 1. *Жылқының төстіктен төменгі майлы еті.* 2. *Жылқының майлы қабырғасын етегімен қосып тіліп алып, оны тұздап, бұрыштап, ішекке тығып жасаған ұлттық тағам.* ◊ **Қазы байлады** — *семірді, май бітті.*

ҚАЗЫ II 1. ***көне*** *Жүгініске келгендерге төрелік айтатын әкім.* 2. ***Ауысп.*** *Билік айтушы, төреші.* 3. ***жаңа.*** *Спорт ойындарындағы төреші, судья; арбитр.* ◊ **Қазыға жүгінді** — *қазы алдына барып, арыз айтты.*

ҚАЗЫ III ***діни*** *Ар-ождан жолында күресуші, қазы.*

ҚАЗЫҚ 1. *Бір нәрсені байлауға арналған үшкір, кішірек келген жұмыр ағаш я темір.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің негізгі сүйеніші, тіregі.* ◊ **Қазық аяқ** — *тіптік, түп-түзу аяқ.* **Қазық бас** — *басы қақиып қалған.* **Қазық бас ер** — *алдыңғы қасы (басы) қақиған, сүйір бас ер.* **Қазығына қара айналды** — *мал бітті, жари бастады.*

ҚАЗЫ-ҚАРТА 1. *Қазы мен қарта, екеуінің жалпы атауы.* 2. ***Ауысп.*** *Дәмді, құнарлы тамақ.*

ҚАЗЫҚБАУ *Қазақша жіп байлаудың бір әдісі, орай байлау.* ◊ **Қазықбау шалды** — *жіпті, арқанды, т. б. қазықбау әдісімен байлады.*

ҚАЗЫҚБАУЛА *Қазықбау әдісімен байлау, қазықбау шалу.*

ҚАЗЫҚТА *Қазық қағу, қазықпен бекіту.*

ҚАЗЫҚТАЙ 1. *Қазық сияқты, қазық тәрізді.* 2. ***Ауысп.*** *Түп-түзу, тіптік, қақиған.*

ҚАЗЫҚТАУЛЫ *Қазыққа байланған.*

ҚАЗЫҚҰРТ ***бот.*** *Сабағы тік, өзі ақшыл не сұр біржылдық шөп.*

ҚАЗЫҚША I *Кішкене қазық.*

ҚАЗЫҚША II *Қазық тәрізді, қазық сияқты.*

ҚАЗЫЛЫ *Қазы байлаған, семіз; қазысы мол.*

ҚАЗЫЛЫҚ I 1. *Жылқы етінің қазы айналдыруға жарамды бөлігі.* 2. *Қазы боларлық, қазы шығарлық.*

ҚАЗЫЛЫҚ II 1. *Қазы міндетін атқарушылық.* 2. *Билік, төрелік.* 3. *Төреші болушылық.* ◊ **Қазылық етті [жасады]** — *билік айтты, төрелік жасады.*

ҚАЗЫМЫР *Көп сөйлейтін, мазасыз.*

ҚАЗЫМЫРЛА *Қазбалап көп сөйлеу, мазалау.*

ҚАЗЫМЫРЛАУ *Аздап қазымыр, мазасыздау.*

ҚАЗЫМЫРЛЫҚ *Қазбалап көп сойлеушілік.*

ҚАЗЫНА I 1. *Түрлі бағалы заттар, дүние-мүлік; материалдық байлық.* 2. *Жер қойнауындағы қазба байлық; кен, руда.* 3. ***Ауысп.*** *Асыл мұра, мәдени-әдеби ескерткіш; рухани байлық.*

ҚАЗЫНА II *Мемлекет, өкімет, қоғам.*

ҚАЗЫНАЛЫ *Қазынасы мол, қазынаға бай.*

ҚАЗЫНАЛЫҚ *Мемлекет қарамағындағы, өкіметке қарасты; қоғамдық.*

ҚАЗЫНА-МҮЛІК *Асыл зат, дүние-мүлік, жиһаз.*

ҚАЗЫНАШЫ *Мекемелер мен қоғамдық үйымдардағы жарна жинаушы, ақша мен қымбат бұйымдарды сақтаушы; қазына ұстаушы.*

ҚАЗЫНДЫ *Қазылған, қазылып тасталған.*

ҚАЗІР 1. *Осы шақ, осы кез.* 2. *Тез; жылдам, дереу.*

ҚАЗІРГЕ *Осыған дейін, әзірше.*

ҚАЗІРГІ *Осы күнгі, ендігі.* ◊ **Қазіргі таңда** — *осы кезде, бүгінде.*

ҚАЗІРЕТ *Имамнан кейінгі жоғары дінбасы.*

ҚАЗІРШЕ *Әзірше, уақытша.*

ҚАЙ *Сұрау есімдігі.* ◊ **Қай білгені?** — *не қылғаны, не істегені.* **Қай заман** — *талай уақыт өтті.* **Қай теңі** — *үйлесетін нәрсе емес.* **Қай уақыт [уақ]** — *қай кез, қай заман.*

ҚАЙБАТ *Сырттан айтылған өсек сөз, гайбат.*

ҚАЙБІР *Қаншалықты, нендей бір.*

ҚАЙБІРДЕ *Кейде, оқта-текте.*

ҚАЙБІРЕУ *Кейбіреу, қайсыбіреу.*

ҚАЙҒЫ 1. *Қасірет, күйік, шер.* 2. *Уайым, мұң.* ◊ **Қайғы жеді [тартты]** — *мұңға батты, уайымдады.* **Қайғымен қан жұтты** — *қатты қайғырды, уайымдады.* **Қайғы шекті** — *күйік-шерге батты.*

ҚАЙҒЫ-ҚАСІРЕТ *Уайым, мұң, шер.*

ҚАЙҒЫЛАН *Қайғыру, қамығу, мұңаю.*

ҚАЙҒЫЛЫ *Қасіретті, аянышты.*

ҚАЙҒЫ-МҰҢ *Қасірет, уайым, күйік.*

ҚАЙҒЫР *Қамығу, мұңаю.*

ҚАЙҒЫСЫЗ *Мұңсыз, уайымсыз.*

ҚАЙҒЫСЫЗДЫҚ *Уайымсыздық, мұңсыздық.*

ҚАЙҒЫ-ШЕР *Уайым, мұң, қасірет.*

ҚАЙҒЫШЫЛ *Қайғыра беретін, мұңайғыш, қамыққыш.*

ҚАЙДА 1. *Бір нәрсені білу, анықтау үшін қолданылатын сұрау есімдігі.* 2. *Қолдан келмейді, мүмкін емес. д. м.* ◊ **Қайда барсаң, бытпылдық** — *қайда да сол бір сарын.*

ҚАЙДАҒЫ 1. *Қай жердегі, қай жақтағы.* 2. *Не қылған, неткен.* 3. *Түкке тұрмайтын, ескерусіз, елеусіз.* ◊ **Қайдағы бір** — *бөгде, бөтен.*

ҚАЙДАҒЫ-ЖАЙДАҒЫ *Қай-қайдағы, өткен-кеткен.*

ҚАЙДАЛА *"Қайда", "қайда" деп бірнеше рет сұрау.*

ҚАЙДАМ *Анық еместікті, белгісіздікті білдіреді.*

ҚАЙДАН 1. *Қай жақтан, қай жерден.* 2. *Қайтып, қалай.* ◊ **Қайдан білейін** — *кім білсін, қайдам.* **Қайдан шықса, онан шықсын** — *не болса, сол болсын; тәуекел.*

ҚАЙҚАЙ 1. *Ағаш, темір т. б. заттардың майысып, бір басының көтеріліп қалуы.* 2. *Адамның, малдың белі иіліп, басының кекжиюі.* 3. ***Ауысп.*** *Тайып тұру, кету.* 4. *Менменсу, кекірею, кегжию.*

ҚАЙ-ҚАЙДАҒЫ 1. *Неше түрлі, қайдағы-жайдағы.* 2. *Мәнсіз, мағынасыз бірдеңе.*

ҚАЙҚАЙМА I *Өкшесі аласа, тұмсығы қайқиған сәнді етік.*

ҚАЙҚАЙМА II *Ернеуінен аса толған, үйме.*

ҚАЙ-ҚАЙСЫ *Кез келгені, бәрі түгел.*

ҚАЙҚАҚ *Аздап қайқиған, иіліңкі.*

ҚАЙҚАҚТА 1. *Басын шалқайта, кегжите жүру.* 2. *Белі майысу, қай-*

қаңдау. 3. **Ауысп.** *Бір нәрсені істегісі келмей бұлтақтау.*

ҚАЙҚАҚТЫҚ *Қайқиып қалғандық, қайқығандық.*

ҚАЙҚАЛАҚ 1. *Қайқалаң-қайқалаң еткендік; бұлталақ.* 2. **Ауысп.** *Бұлтаңға салғандық, көнгісі келмегендік.*

ҚАЙҚАЛАҚТА 1. *Қайқаң-қайқаң ету, әрі-бері бұлтақтау.* 2. **Ауысп.** *Естігісі келмеу, бұлтақтау.*

ҚАЙҚАҢ I *Тау қыратындағы биіктеу жер, белең.*

ҚАЙҚАҢ II **Қайқаң қақты [етті]** — а) *қайқаң-қайқаң етті, қайқақтады;* ә) *төмендеп барып тік көтеріледі.*

ҚАЙҚАҢДА 1. *Басын кегжитіп, шалқая жүру.* 2. *Белі майысып, маймаң қағу.* 3. **Ауысп.** *Паңсыну, кергу.*

ҚАЙҚАҢДАУ *Сәл биіктеу, тіктеу келген, өрлеу.*

ҚАЙҚАҢ-ҚАЙҚАҢ: қайқаң-қайқаң етті — *қайқаңдап жүрді, қайқаңдады.*

ҚАЙҚЫ 1. *Кейін қарай иіле, шалқая түсу; қайқаю.* 2. **Ауысп.** *Кегжию, кейкию.*

ҚАЙҚЫЫҢҚЫ *Кейін қарай сәл иіліңкі, шалқайыңқы.*

ҚАЙҚЫЫҢҚЫЛАУ *Сәл иіліңкілеу, шалқайыңқылау.*

ҚАЙҚЫ I *Қайқиған, имек.*

ҚАЙҚЫ II *Таудың тік беті; тіктеу өр, қайқаң.*

ҚАЙҚЫ III *Қылыштың бір түрі.*

ҚАЙҚЫЛА *Қайқы ету, имектеу; қайқиту.*

ҚАЙҚЫЛАУ *Кейін қарай сәл иіле түскен, имектеу; қайқырақ.*

ҚАЙҚЫЛЫҚ *Қайқиып қалған күй, имектік.*

ҚАЙЛА *Кен, көмір қазу жұмыстарына пайдаланылатын ағаш сапты темір құрал.*

ҚАЙЛАЛА *Қайламен ұру, соғу, жер қазу.*

ҚАЙЛАШЫ *Қайламен кен (жер) қазатын жұмысшы.*

ҚАЙМАҚ 1. *Сүттің бетіне жиналған майлы қабаты.* 2. **Ауысп.** *Ел ішіндегі беткеұстары, таңдаулысы.* ◊ **Қаймағы бұзылмаған** — *бүлінбеген, бұрынғы қалпы сақталған; тату-тәтті, ынтымақты.*

ҚАЙМАҚТА 1. *Қаймақ пайда болу.* 2. *Қаймақ қосу, қаймақ қату.*

ҚАЙМАҚТАЙ *Қаймыжықтай, жұқа (ерін).*

ҚАЙМАҚТАН *Сүттің бетіне қаймақ тұру.*

ҚАЙМАҚШЫ 1. *Су бетінің дір-дір етіп, шымырлап тыныш жатуы.* 2. *Су бетінің жайлап қана қата бастауы.*

ҚАЙМАНА *Танымайтын, бөтен, бөгде.*

ҚАЙМЫЖЫҚ *Жұқа; қалың емес.*

ҚАЙМЫЖЫҚТАЙ *Жұп-жұқа, үлбіреген; қаймақтай.*

ҚАЙМЫҚ *Жүрегі дауаламау, бата алмау.*

ҚАЙНА 1. *Қатты қызудың әсерінен сұйықтықтың бұрқылдауы.* 2. **Ауысп.** *Күннің қатты ысып кетуі; шыжу.* 3. *Күшею, қыза түсу.* 4. *Қаптап кетуі, құжынау, сапырылысу.*

ҚАЙНАҒА *Қайын жұрт жағының жасы үлкен еркектерінің ерлі-зайыптыларға туыстық қатысы.*

ҚАЙНАҚ *Қайнаған, қайнаудан өткен.*

ҚАЙНАР 1. *Судың жерден шымырлап шығып жататын көзді жері, бастау.* 2. **Ауысп.** *Береке көзі, молшылық қоры.* ◊ **Қайнар бұлақ [көзі]** — а) *судың қайнап шығып жатқан жері, бастау;* ә) *бір нәрсенің негізі, сарқылмас қоры.*

ҚАЙНАС *Бірігу, жымдасу, тұтасу.*

ҚАЙНАТҚЫШ *Су қайнататын электр аспап.*

ҚАЙНАТПА I *Қайнатып жасалған, қайнатылған.*

ҚАЙНАТПА II 1. *Бір нәрсенің қайнатқаннан кейінгі нәрі, маңызы.* 2. *Жеміс-жидектен қайнатып жасалған тәтті тағам.*

ҚАЙНАТЫМ: бір қайнатым — *бір рет қайнатуға жарайтын, бір салым.*

ҚАЙНАТЫНДЫ *Қайнатқан нәрсенің сөлі, маңызы; қайнатпа.*

ҚАЙНАУ: бір қайнауы кем — *кемшілігі бар, шала.*

ҚАЙНАУЛЫ *Қайнаған, даяр тұрған.*

ҚАЙРА 1. *Кескіш құралдардың жүзін қайрақпен еген, өткір ету.* 2. ***Ауысп.*** *Қуат беру, жігерлендіру.* 3. *Біреудің қолтығына дым бүрку, айдап салу, ошіктіру.*

ҚАЙРАҒЫШТА 1. *Қайта-қайта қайрау, қайрай түсу.* 2. ***Ауысп.*** *Жігерлендіру, күш-қуат беру.*

ҚАЙРАҚ *Кескіш құралдарды өткірлеу үшін арнайы дайындалған білеу.* ◊ **Қайрақ тас** — *қайрақ ретінде пайдалануға жарайтын кішірек келген жұқалау тас.*

ҚАЙРАҚТЫҚ *Қайрақ боларлық, қайраққа жарарлық.*

ҚАЙРАҚШЫ *Кескіш құралдарды қайраушы, өткірлеуші адам.*

ҚАЙРАН I *Күш-қуат, дәрмен.*

ҚАЙРАН II *Таң, дал.* ◊ **Қайран қалды [болды]** — *дал болды, таңданды.*

ҚАЙРАН III *Әттең, шіркін, есіл.*

ҚАЙРАНСЫЗДЫҚ *Дәрменсіздік, әлсіздік.*

ҚАЙРАҢ *Өзен-көлдің, теңіздің құмды, батпақты таяз жері; қайыр.* ◊ **Қайраңға отырды** — *қиын-қыстау жағдайға душар болды.*

ҚАЙРАҢДА *Қайраңға кездесіп, жүре алмай қалу.*

ҚАЙРАҢДЫ *Қайраңы бар, қайраңы көп.*

ҚАЙРАТ *Күш, қуат, қажыр, жігер.* ◊ **Қайрат берді** — *жігерлендірді, дем берді.* **Қайрат көрсетті** — *қажырлылық танытты.* **Қайрат қылды [етті]** — *қарсылық көрсетті, күш жұмсады.* **Қайраты қайтты [қашты]** — *күш-қуаты кетті, әлсіреді.* **Қайратына мінді** — *жігерленді, қайраттанды.*

ҚАЙРАТ-ЖІГЕР *Адам бойындағы күш, қуат.*

ҚАЙРАТКЕР *Қоғамдық қызметке, саясатқа белсене қатысушы адам.*

ҚАЙРАТКЕРЛІК *Қайраткер болушылық.*

ҚАЙРАТ-КҮШ *Қуат, артықша күш.*

ҚАЙРАТСЫЗ *Қайраты аз, әлсіз.*

ҚАЙРАТСЫЗДЫҚ *Күш-қуаты аздық, әлсіздік, қауқарсыздық.*

ҚАЙРАТТАН 1. *Күш-қуат жию, қуаттану.* 2. *Жігерлену, құлшыну; бір іске бар ынтасымен кірісу.*

ҚАЙРАТТЫ 1. *Қайраты мол, күшті, қуатты.* 2. *Қажырлы, жігерлі.* 3. ***Ауысп.*** *Жұмсақ емес, қатты.*

ҚАЙРАТТЫЛЫҚ *Жігерлілік, қажырлылық.*

ҚАЙРАУЛЫ *Қайралып даяр тұрған, қайралған.*

ҚАЙСАР *Алған бетінен қайтпайтын, бірбет.*

ҚАЙСАРЛАН *Алған бетінен қайтпау, тайсалмау.*

ҚАЙСАРЛАУ *Аздап қайсар, қайсарырақ.*

ҚАЙСАРЛЫҚ *Қайсар болғандық, бірбеттік.*

ҚАЙСЫ *Сұрау есімдігі.*

ҚАЙСЫБІР 1. *Бәрі емес, кейбір.* 2. *Қандай, нендей, қайбір.*

ҚАЙСЫБІРДЕ *Кейде, бірде, оқтатекте.*

ҚАЙТ I 1. *Артқа қарай жүру, кері бұрылу.* 2. *Кему, бәсеңдеу.* 3. *Өтпей қалу, мұқалу.* 4. *Шығыс септігінде тұрған абстракты ұғымдағы кейбір сөздермен тіркесіп келіп, "айну", "таю", "өзгеру" деген мағынада жұмсалынады.* 5. ***Ауысп.*** *Қайтыс болу, өлу.*

ҚАЙТ II *"Қалай ет" деген күрделі сөздің қысқарған түрі.* ◊ **Қайтсе де [қайткен күнде де]** — *қалай да, негылса да.*

ҚАЙТА I *Тағы да, қайтадан, қайыра.*

ҚАЙТА II *Керісінше, қарама-қайшы.*

ҚАЙТАДАН *Қайыра, тағы да; жаңадан.*

ҚАЙТА-ҚАЙТА *Әлсін-әлсін, жиі.*

ҚАЙТАЛА 1. *Бір айтқанды екінші рет айтып шығу.* 2. *Белгілі бір әрекетті тағы да жасау, қайыра істеу.* 3. ***пед.*** *Өткен сабақты тағы да оқу, пысықтау.*

ҚАЙТАЛАМА *Бірнеше рет қайталанған.* ◊ **Қайталама қос сөз** ***грамм.*** *— бір сөздің қайталануы арқылы жасалған қос сөз.*

ҚАЙТАР 1. *Әлденені кері қайыру.* 2. *Малдың алдын басқа жаққа бұру.* 3. *Құран сүресін қайталап айту, қайыру.*

ҚАЙТАРА *Қайта, қайыра.*

ҚАЙТАРМА *Қайтарып қоюға болатын, қайтарылатын.*

ҚАЙТАРЫМ *Қайта алынған, қайтарылған нәрсе; өнім.*

ҚАЙТА ҚҰРУ *Белгілі бір құрамды қайта құру, жабдықтау, өзгерту.*

ҚАЙТКЕН: қайткен күнде *— қалай өткен күнде де.*

ҚАЙТКЕНДЕ *Қалай өткенде де.*

ҚАЙТКЕНМЕН *Қалай өткенмен, қалай да.*

ҚАЙТ-ҚАЙТ *Қайт-қайт деп дауыстау, кейін қарай жасқау.*

ҚАЙТПАС I *Қайта келмейтін, қайта оралмас.*

ҚАЙТПАС II *Алған бетінен қайтпайтын.*

ҚАЙТСЕ *Қалай етсе.*

ҚАЙТЫМ *Райынан қайтып, сабасына түсу.* ◊ **Қайтымы тез** *— тез қайтатын, кек сақтамайтын.*

ҚАЙТЫМДЫ *Ашуының басылуы оңай.*

ҚАЙТЫМДЫЛЫҚ *Қайтымы тездік, кек сақтамаушылық.*

ҚАЙТЫП *Екінші рет, қайтадан, қайта.*

ҚАЙТЫС *Дүние салу, дүниеден қайту.* ◊ **Қайтыс болды** *— өлді, о дүниеге аттанды.*

ҚАЙШЫ I *Бір нәрсені қию үшін жүздерін қарама-қарсы етіп бекіткен металл құрал.*

ҚАЙШЫ II *Бір-біріне қарама-қарсы, керегар.* ◊ **Қайшы келді** *— пікірлері, сөздері бір-біріне қарама-қарсы болды.*

ҚАЙШЫЛА *Қайшымен кесу.*

ҚАЙШЫЛАН *Ерсілі-қарсылы қозғалу; айқасу.*

ҚАЙШЫЛАС I *Ерсілі-қарсылы қозғалу, ары-бері жүру.*

ҚАЙШЫЛАС II *Қарама-қарсы, қайшы.*

ҚАЙШЫЛАУ *Қарама-қарсылау, керегарлау.*

ҚАЙШЫЛЫҚ *Қарама-қарсылық, керегарлық.*

ҚАЙШЫЛЫҚТЫ *Қайшылығы бар, қайшылығы жетерлік.*

ҚАЙЫ I *Астыңғы жіптің ілмегінен үстіңгі жіпті өткізіп алып тігу.*

ҚАЙЫ II *Інгеннің бурага шөгерілгеннен кейін ұрықтанып кетуі.*

ҚАЙЫЗҒАҚ *Құйқада болатын ақтаңдақ қабыршық.*

ҚАЙЫЗҒАҚТАН *Қайызғақ пайда болу, қайызғақ түсу.*

ҚАЙЫЗҒАҚТЫ *Қайызғағы бар, қайызғағы мол.*

ҚАЙЫҚ *Суда жүзуге арналған, сүйір тұмсықты қатынас құралы.*

ҚАЙЫҚША *Қайық тәрізді, қайық секілді.*

ҚАЙЫҚШЫ 1. *Қайық есуді кәсіп етуші, қайық есуші.* 2. *Қайық жасаушы, қайық жасаудың шебері.*

ҚАЙЫЛ: қайыл болды *— разы болды, риза-қош бейіл көрсетті.*

ҚАЙЫЛЫҚ *Қодас пен сиырды шағыстыру нәтижесінде алынған будан мал.*

ҚАЙЫМ: қайым өлең *— бір-екі ауыз өлеңмен қысқаша қайырып, алма-кезек жауаптасып отыратын айтыс өлеңі.* **Қайым айтыс** *— бір-бір ауыз өлеңмен қайырып отыратын айтыстың шағын, жеңіл түрі.*

ҚАЙЫМАЛ *Бурага шөгерілген, қайып кеткен.*

ҚАЙЫМАЛША *Тұмса түйе, қайымал тұмса.*

ҚАЙЫМАЛЫ *Боталай алатын інгеннің жалпы атауы.*

ҚАЙЫМДАС 1. *Қайым өлең айтып айтысу, қақтығысу.* 2. ***Ауысп.*** *Сөзбен айтысу, тартысу; жауаптасу.*

ҚАЙЫН *Екі ел адамдарының күйеу мен келінге жақындық қатысын білдіретін атауыш сөз, туыстық термин.*

◊ **Қайын аға [қайнаға]** — *жасы үлкен ағаларының ерлі-зайыптыларға жақындық қатысы.* **Қайын ата [қайната]** — *ерлі-зайыптыларға туған әкелерінің жақындық қатысы.* **Қайын ене [қайнене]** — *ерлі-зайыптылардың туған шешелерінің оларға жақындық қатысы.* **Қайын жұрт** — *әйелінің төркіні күйеуге қайын жұрт болады.* **Қайын сіңлі** — *күйеуінің қарындастары әйелге қайын сіңлі болады.* **Қайын іні [қайніні]** — *ерлі-зайыптылар інілерінің жезде мен жеңгеге жақындық қатынасы; қайны.*

ҚАЙЫНДА *Қайын жұртын аралау.*

ҚАЙЫНДЫҚ *Қайын болғандық; қайын інілік.*

ҚАЙЫНСАҚ *Қайын жұртына бара беретін, қайыншыл.*

ҚАЙЫНШЫЛ *Қайын жұртын жақсы көретін.*

ҚАЙЫНШЫЛА *Қайын жұртына бару, қайындау.*

ҚАЙЫҢ 1. *Қабығы тегіс, жылтыр, жүрекше жапырақты, қатты сүректі ағаш.* 2. *Қайыңнан істелген, қайыңнан жасалған.*

ҚАЙЫҢДЫ *Қайың мол өскен.*

ҚАЙЫР I 1. *Кетіп бара жатқан малдың алдын басқа жаққа бұру, бағытын өзгерту.* 2. *Бір нәрсенің шетін, етегін үстіне қарай тұру, көтеру.* 3. *Кері қарай бүктеу.* 4. *Бір нәрсені кері тартып қою.* 5. *Біреудің затын өзіне қайтарып беру, иесіне тапсыру.* 6. *Келген адамды ауылына қарай қайта жіберу.* 7. *Өткір не үшкір заттың жүзін майыру, мұқалту.* 8. ***Ауысп.*** *Ұзақ әңгіменің (жырдың) тоқетерін айту, аяқтау, доғару.* 9. *Аңға салу үшін қыран құсты күту, баптау.*

ҚАЙЫР II *Толқын алып келіп, су түбіне үйіп тастаған қайран.*

ҚАЙЫР III 1. *Жақсылық, шапағат.* 2. ***Ауысп.*** *Тиын-тебен, ақша; садақа.* ◊ **Қайыр жоқ** — *одан ешқандай жақсылық күтпе д. м.* **Қайыр кетті** — *мейірім жоғалды.* **Қайырын берсін** — *арт жақсылығын берсін д. м.*

ҚАЙЫР IV 1. *Хайыр.* 2. *"Қайта көріскенше сау бол" деген ишарат сөз.*

ҚАЙЫРА *Қайта, қайталап.*

ҚАЙЫРҒЫШТЫҚ *Қайыра бергіштік, қайырып тастағыштық.*

ҚАЙЫР-ЗЕКЕТ 1. ***көне*** *Мал санына қарай әр түтіннен алынатын діни салық; зекет.* 2. *Жетім-жесірге, қарып-қасірге берілетін тиын-тебен, садақа.*

ҚАЙЫРЛА *Қайырға тап болып, жүре алмай қалу.*

ҚАЙЫРЛЫ I *Қайыры, қайраңы бар (мол).*

ҚАЙЫРЛЫ II *Қайыры, жақсылығы бар, шапағаты мол.* ◊ **Қайырлы болсын** — *қуанышқа, жақсылыққа айтылатын игі тілек.* **Қайырлы күн [таң, кеш]** — *күннің қай мезгілінде кездескеніне қарай айтылатын сәлемдесу рәсімі.* **Қайырлы сапар** — *сапарың сәтті болсын.* **Қайырлы түн** — *жақсы жатып, жайлы тұрыңыз д. м.*

ҚАЙЫРМА I *Әннің әр шумақтан кейін қайталанып отыратын бөлігі.*

ҚАЙЫРМА II *Қайырылып қойылған, қайырылған // Киімнің кері қайырылған немесе қайтарылып тігілген жері.*

ҚАЙЫРМА III ***кәс.*** *Соқаның топырақты аударып тастайтын қайқы темірі.*

ҚАЙЫРМАЛА *Ары-бері қайта-қайта қайыру, қайтармалау.*

ҚАЙЫРМАЛЫ *Қайырмасы бар; қайырма орнатылған.*

ҚАЙЫР-САДАҚА *Жетім-жесірге, жоқ-жітікке берілетін зат.* ◊ **Қайыр-садақа сұрады [тіледі]** — *қайыршылық қылды, тіленді.*

ҚАЙЫРСЫЗ *Қайыры жоқ, жақсылығы, шапағаты тимейтін.*

ҚАЙЫРСЫЗДЫҚ *Қайыры жоқтық, шапағатсыздық.*

ҚАЙЫРУЛЫ *Қайырылған, қайырылып қойылған.*

ҚАЙЫРУСЫЗ *Қайырылмаған; бетімен кеткен, иесіз.*

ҚАЙЫРШЫ 1. *Қайыр сұрап күнелтуге мәжбүр болған адам, тіленші.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуден сұрауды әдетке айналдырған адам; сұраншақ, тіленшек.*

ҚАЙЫРШЫЛА *Қайыр сұрау, тілену.*

ҚАЙЫРШЫЛЫҚ *Қайыр сұрап күн көрушілік, мүсәпірлік.*

ҚАЙЫРЫЛЫС I 1. ***орт. етіс*** *Қайырылыс.* 2. *Қол ұшын беру, көмектесу, жәрдемдесу.*

ҚАЙЫРЫЛЫС II *Көшенің, жолдың қайырылатын жері; бұрылыс.*

ҚАЙЫРЫМ I *Жақсылық, шапағат; мейірім.*

ҚАЙЫРЫМ II *Қайыруға, қайтаруға көнгендік, бағынғандық.* ◊ **Қайырымға келмеді** — *анау-мынауға қарамады, айтқанға көнбеді.*

ҚАЙЫРЫМ III *Екінші дүркін, екінші мәрте.*

ҚАЙЫРЫМДЫ *Қайырымы мол, мейірімді, шапағатты.*

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ *Қайырымы молдық, мейірімділік.*

ҚАЙЫРЫМСЫЗ *Қайырымы жоқ, мейірімсіз; қатыгез.*

ҚАЙЫРЫМСЫЗДЫҚ *Қайырымы жоқтық, мейірімсіздік; қатыгездік.*

ҚАЙЫРЫМШЫЛ *Қайырым жасайтын, қайырымы мол.*

ҚАЙЫС I *Ер-тұрман әбзелдерін жасау үшін арнайы өңделген мал терісі.*

ҚАЙЫС II *Ауыр жүк көтергеннен белі майысу, иілу.*

ҚАЙЫСПАС *Мойымайтын, жігерлі; қайсар.*

ҚАЙЫСТАЙ *Әбден пісіп-қатқан, мықты, төзімді.* ◊ **Қайыстай қатты [қатқан]** — *әбден шыныққан, шыраған.*

ҚАЙЫСША *Қайыс тәрізді, қайыс секілді.*

ҚАҚ I *Шөл жерлердегі шұқанақтарға іркіліп қалған жауын-шашын суы; атмосфералық тосап.* ◊ **Қақ тұрды** — *жауын-шашын суы іркіліп қақ пайда болды.* **Қағынан жеріді** — *жылы орнын суытты, безді.*

ҚАҚ II *Су қайнатқан ыдыстардың түбіне тұрып қалатын қатты зат, шөгінді.*

ҚАҚ III *Кептірілген жеміс.*

ҚАҚ IV 1. *Үшкір затты бір жерге ұрып кіргізу, сіңіру.* 2. *Бір затпен екінші нәрсені жайлап ұру, тықылдату // Алақанымен біреудің сырт жағынан жайлап қақпалау.* 3. *Бір нәрсені саусақтың ұшымен іліп қағу.* 4. *Жабысқан затты қолмен ажырату, тазарту.* 5. *Төсеніште я жамылғыны, затты шетінен үстап жерге ұру, сілку.* 6. *Ағашын қатты сілкіп, жемісін жерге түсіру.* 7. *Бір нәрсені қатты ұрып, жұлып түсіру.* 8. *Тік тұрған бір затты екпінменен келіп соғып кету.* 9. ***Ауысп.*** *Есебін тауып, біреуден бір нәрсені түсіру, олжалау // Ұрлап кету, жымқыру.* 10. ***Ауысп.*** *Біреуді құралақан қалдыру.* ◊ **Қағып алды** — а) *лақтырған нәрсені іліп түсті, қақшыды;* ә) *айтқанынды ұғып ала қойды.* **Қағып салды** — *бір нәрсені ішіп жіберді; алып қойды.* **Қаққанда қанын, соққанда жанын алды** — *қатты қысып ұстады, ұрып-соқты.* **Қаққан қазықтай [қағып қойған қазықтай]** — *тікесінен тік, тіп-тік.*

ҚАҚ V *Дәл, нақ, тұп-тура.* ◊ **Қақ айырды [бөлді, жарды, тілді]** — *ортасынан тең бөлді екіге жарды.*

ҚАҚА *Күннің қатты суып кетуі.*

ҚАҚАЙ 1. *Денесін тіп-тік ұстап, қатып қалу, сіресу.* 2. ***Ауысп.*** *Жөнге келмеу, көнбеу, иілкпеу.* ◊ **Қақиып қалғыр *қарғ.*** — *сіресіп қатып қалғыр.*

ҚАҚАҚ: қақақ қақты — *қақақтады, қақаңдады.*

ҚАҚАҚТА *Қақаң-қақаң етіп, мазасын алу, тынышын кетіру; қақылдау.*

ҚАҚАЛ 1. *Тамағына бірдеңе тұрып қалу.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге тұншығу, дем ала алмау.* 3. *Техниканың бір нәрсеге кептеліп, тұрып қалуы.*

ҚАҚАЛЫП-ШАШАЛЫП *Ас тамағынан жөнді өтпей, берекесі кету.*

ҚАҚАҢ: қақаң қақты — *қақаң-қақаң етті, қақшаңдады.*

ҚАҚАҢДА *Қақаң-қақаң ету, қақшаңдау.*

ҚАҚАҢ-ҚАҚАҢ: қақаң-қақаң етті – *қақаңдады, қақшаңдады.*

ҚАҚАҢ-СҰҚАҢ *Жат мінез, ерсі қылық.*

ҚАҚАС I *Тыс, тысқары, қағыс.* ◊ **Қақас қалды [қалдырды]** – *назардан тыс қалды.* **Қақас жібермеді** – *көңілден, көзден таса етпеді.*

ҚАҚАС II *Жаңылыс, басқаша; дәл емес // Мүкіс.*

ҚАҚАТҰЯҚ *Қу, сұм, сұмырай.*

ҚАҚБАС 1. *Баласы жоқ, жалғызбасты кәрі адамды кемсіту үшін қолданылатын сөз.* 2. ***Ауысп.*** *Жексұрын, сұмырай, оңбаған.*

ҚАҚБАСТЫҚ *Сұмырайлық, оңбагандық, балаға мейірімсіздік.*

ҚАҚИ 1. *Қаздиып қатып қалу, тікесінен тік тұру.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге көнбеу, иілкпеу.*

ҚАҚҚЫ: қаққы көрді [жеді] – *біреуден зәбір шекті, қорлық көрді.* **Қаққыға ұшырады** – *әркімнің қаққысына душар болды.*

ҚАҚҚЫЗ ***өзг. етіс*** *Қаққыз.*

ҚАҚҚЫЛА *Қайта-қайта қағу, қағa түсу.*

ҚАҚҚЫ-СОҚҚЫ: қаққы-соққы көрді – *зәбір-жапа шекті.*

ҚАҚҚЫШ 1. *Бір нәрсені қағатын, қағып жіберетін.* 2. ***Ауысп.*** *Қағып түскіш, алғыр.*

ҚАҚҚЫШТА *Қайта-қайта қағу, үсті-үстіне қағу.*

ҚАҚҚЫШТАУ ***қ. атау.*** *Қаққыштау.*

ҚАҚПА I 1. *Үй, мекеме ауласының көлік кіретін үлкен есігі; дарбаза.* 2. ***Ауысп.*** *Екі ел аралығындағы қатынаста маңызды рөл атқаратын географиялық орын.*

ҚАҚПА II ***спорт*** *Футболшылар доп соғу үшін арнайы жасалған торлы тосқауыл.*

ҚАҚПА III 1. *Қағып тартылатын, қағып істелген.* 2. *Қағыта сөйлеген, өзіл-қалжыңы аралас.*

ҚАҚПАЙ 1. *Қақпалап, ыңғайға көндіру ісі.* 2. ***Ауысп.*** *Ары итеріп, бері жығу әрекеті.* ◊ **Қақпайға түсті** – *әркімнің қаққысына ұшырады.* **Қақпай көрді** – *зәбір-жапа шекті, түрткі көрді.* **Қақпай сөз** – *қақпайлаған, іліп-қаққан сөз.*

ҚАҚПАЙЛА 1. *Малды жасқап, керекті бағытқа қарай жүргізу, айдау, бұру.* 2. *Біреуді еркіне жібермеу, тежеу.*

ҚАҚПАЙ-СОҚПАЙ *Қақпайлаған, соқтыққан қылық.*

ҚАҚПАҚ *Әртүрлі ыдыстар мен іші қуыс заттардың аузын жабатын жапқыш.*

ҚАҚПАҚТА *Қақпақ жасау, қақпақпен жабу.*

ҚАҚПАҚТАЙ *Үлкен, дәу, жалпақ.*

ҚАҚПАҚТЫ *Қақпағы бар, қақпағы жабылған.*

ҚАҚПАҚША *Кішкене қақпақ.*

ҚАҚПАҚЫЛ 1. *Домалақ келген бес тасты қолмен қағып ойнайтын ойын; бестас, қақпатас.* 2. *Допты бірден-бірге жүгіртіп, әрі-бері тебу әдісі.* 3. ***Ауысп.*** *Біреулерден көрген түртпек; қақпай.* ◊ **Қақпақылға салды** – *әрі итеріп, бері жықты.* **Қақпақылға түсті** – *көпшіліктің қаққысына ұшырады.* **Қақпақыл етті [қылды]** – *біреуді қаққыға ұшыратты, зәбір-жапа шектірді.*

ҚАҚПАҚЫЛДА 1. *Бір нәрсені аспанға атып, қайтып қағып алу; қақпақыл етіп ойнау.* 2. *Допты бір-біріне қақпайлап тебу, қарсыласына алдырмау.*

ҚАҚПАҚЫЛША *Қақпақыл тәрізді, қақпақыл секілді.*

ҚАҚПАЛА 1. *Малды ықпалап, бір жаққа қарай айдау, бұру.* 2. *Бірін-бірі қағу, мұқату.* 3. ***Ауысп.*** *Біреуді еркіне жібермеу, тежеу; әр нәрседен тыйым салу.*

ҚАҚПАЛЫ *Қақпасы бар, қақпа орнатылған.*

ҚАҚПАЛЫҚ *Қақпа боларлық, қақпаға жарарлық.*

ҚАҚПАН 1. *Аң аулау үшін темірден жасалған шаппалы құрал.* 2. **Ауысп.** *Айла-шарғы, алдау, арбау ісі.* ◊ **Қақпан бел** – *белі қайқиған, жалпақтау (бие).* **Қақпанға түсті [түсірді]** – *алданып қалды, шырмалды.* **Қақпан құрды** – *біреуді алдамақ болды, қолға түсіргісі келді.*

ҚАҚПАНДАЙ 1. *Қақпан тәрізді, қақпан секілді.* 2. *Жалпақ, үлкен.* 3. *Мықты, күшті.*

ҚАҚПАНДАП *Қақпан құрып; мықтап, матап.*

ҚАҚПАНДЫ *Қақпаны бар, аягына қақпан түскен.*

ҚАҚПАНШЫ *Қақпан құрып, аң аулайтын адам.*

ҚАҚПАНШЫЛ *Қақпан құрғыш, қақпан құрғанды ұнататын.*

ҚАҚПАШЫ I ***көне*** *Қалалар мен бекініс сарайларының қақпасын күзетуші адам; қақпа қараушылы.*

ҚАҚПАШЫ II ***спорт*** *Футбол қақпасын доптан қорғайтын ойыншы.*

ҚАҚПЫШ 1. *Түздалып кептірілген сүрпы ет; борша.* 2. *Кеуіп кеткен, сүр болған.* 3. *Арық, қатпа.*

ҚАҚПЫШТАҢ *Қатып-семіп қалу; кебу, құрғау.*

ҚАҚСА I *Құлақ етін жеу, сарнау, зарлау.*

ҚАҚСА II *Сырқырап ауыру, жанға бату.*

ҚАҚСАЛ 1. *Кексе тартқан, егде.* 2. **Ауысп.** *Тіскаққан, қу, залым.*

ҚАҚСАУЫҚ *Заржақ; сарнауық.*

ҚАҚ-СОҚ *Арам ой, қулық-сұмдық.*

ҚАҚТА I *Оттың қызуына ұстап пісіру.* 2. *Күннің, оттың қызуына ұстап кептіру.* 3. *Өткір жылыну, қыздырыну.* 4. *Аптап ыстықтың (күннің) күйдіруі.*

ҚАҚТА II *Малдың желініндегі сүтті түк қалдырмай сауу.*

ҚАҚТА III *Бір нәрсенің бетіне күмісті оюлап, өрнектеп, әшекейлеп бекіту, күптеу.*

ҚАҚТАЛҒАН *Түздалған, ысталған, сүрленген ет, балық.*

ҚАҚТАМА *Қазанға қарып пісірілген жұқа нан.*

ҚАҚТАН *Қақ пайда болу, қаққа айналу.*

ҚАҚТЫ *Қағы бар, қақ жиі кездесетін.*

ҚАҚТЫ: күн [жел] қақты – *күннің қызуы өтіп тотыққан (жүз, өң).*

ҚАҚТЫҒЫП-СОҚТЫҚ *Біреуге тиісу, қақтығысу, соқтығысу.*

ҚАҚТЫҒЫС I 1. *Айқас, шайқас.* 2. *Қағысып, керісіп қалу; пікір таласы.*

ҚАҚТЫҚ 1. *Бір нәрсеге соқтығып қалу.* 2. **Ауысп.** *Біреуге тиісу, бәле іздеу.*

ҚАҚШАҢ: қақшаң қақты – *қақшаң етті, қақшаңдады.*

ҚАҚШАҢДА 1. *Басы қақшаң-қақшаң ету, қақаңдау.* 2. **Ауысп.** *Қақшаң қағу, қақаңдау.*

ҚАҚШАҢ-ҚАҚШАҢ: қақшаң-қақшаң етті – *қақшаңдады, қақшаң қақты.*

ҚАҚШЫ *Тікесінен тік тұру; қақию.*

ҚАҚШЫ *Лақтырған затты жерге түсірмей қағып алу.* ◊ **Қақшып кетті** – *ұрлады, іліп кетті.*

ҚАҚЫ I *Ерік, құқы; құқ.*

ҚАҚЫ II ***бот., көне*** *Өгейшөп.*

ҚАҚЫЛДА 1. *Құстың қақаңдаған дыбыс шығаруы.* 2. **Ауысп.** *Көп сөйлеу, жағы тынбау.*

ҚАҚЫЛДАҚ *Қақылдап қалған, қақылдай беретін.*

ҚАҚЫЛДАУЫҚ *Қақылдай беретін, қақылдағыш.*

ҚАҚЫЛЫ *Қақысы бар, құқылы.*

ҚАҚЫЛЫҚТА 1. *Құстың қақылық-қақылық еткен дыбыс шығаруы; қақылдау.* 2. **Ауысп.** *Қарқ-қарқ күлу, қарқылдау.*

ҚАҚЫНДА *Туралы, жөнінде, жайында.*

ҚАҚЫР *Тамақты қырнай жөткірініп, қақырық шығару.*

ҚАҚЫРА I 1. *Заттың қақ айырылып бөлінуі, ажырап кету, сөгілу.* 2. **Ауысп.** *Жарылу, ажырау.*

ҚАҚЫРА II ***жерг.*** *Ағаштан, қамыстан қаланып, уақытша жасалған баспана; күрке.*

ҚАҚЫРЫҚ *Қақырғанда ішкі ағзалардан бөлініп шығатын, организмге қажетсіз түкірік.*

ҚАҚЫРЫҚТЫ *Қақырық бөлінетін, қақырық араласқан.*

ҚАҚЫРЫН 1. ***өзд. етіс*** *Қақыр-ын.* 2. ***Ауысп.*** *Тамағын қырнау, дыбыс беру.*

ҚАҚЫРЫНЫП-ЖӨТКІРІНІП *Тамағын қырнап жөтеліп-жөткірініп.*

ҚАЛ I *Адам денесіндегі басқа түсті (қара, қоңыр, қызыл) таңба, мең.*

ҚАЛ II 1. *Бұрынғы орында болу; еш жаққа кетпеу.* 2. *Бар болу, сақталу.* 3. *Мезгілді уақытынан кешігу, үлгермеу.* 4. *Жарыста, бәсекеде оза алмау; соңы болу.* 5. ***Ауысп.*** *Керексіз болу, кәдеге аспау.* 6. *Дағдылы іс-әрекеттен тыйылу, істей алмау.* 7. ***Ауысп.*** *Негізгі етістіктермен тіркесіп келіп, көмекшілік қызмет атқарады.*

ҚАЛА I *Әкімшілік, мәдени және өнеркәсіптік орындары бар, ірі елді мекен; шаһар.*

ҚАЛА II *Біртектес заттарды бірінің үстіне бірін қиюластырып қою, тәртіппен орналастыру.*

ҚАЛА III 1. *Бір нәрсеге қолқа салу, сұрау.* 2. *Бір нәрсені мақұл көру, дұрыс санау, ұнату.*

ҚАЛА: қала берді [берсе] – *былайша айтқанда, тіптен.*

ҚАЛААРАЛЫҚ *Екі қала аралығындағы.* **Қалааралық телефон пункті** – *алыс жерлерге телефон соғатын орын, телефон жүйесі.*

ҚАЛАБАСЫ *Қала әкімі, мэр.*

ҚАЛАЙ *Сұрау есімдігі.* ◊ **Қалай айтсаң олай айт** – *не десең де өзің біл.* **Қалай болса солай** – *ұқыпсыз, бейберекет.* **Қалай дегенмен** – *қайткенмен, қалайда.*

ҚАЛАЙДА *Қалай болғанда да, қайткен күнде де.*

ҚАЛАЙСАН ***кәс.*** *Қауынның еті дәмді, әрі ірі сорты.*

ҚАЛАЙША *Қалай етіп, қайтіп.*

ҚАЛАЙЫ *Тез балқитын, ақ түсті (жылтырақ), жеңіл металл.*

ҚАЛАЙЫҚ *Көпшілік, халық.*

ҚАЛАЙЫЛА *Қалайы арқылы ұста, қалайымен дәнекерлеу.*

ҚАЛАЙЫШЫ *Қалайы қорытушы, қалайымен жұмыс істеуші.*

ҚАЛАҚ 1. *Екі жақ бүйірі жоғары қарай қайырылған, қоқыр-соқыр салуға арналған, күрек іспеттес зат.* 2. *Сылақшылар үй сылағанда пайдаланатын құрал; күрекше.* ◊ **Қалақ бас** – *қалақ сияқты жалпақтау болып келген бас.*

ҚАЛАҚАЙ *Тиген жерін дуылдатып ашытатын көпжылдық өсімдік.*

ҚАЛАҚТАЙ *Кішкентай, жеп-жеңіл, жұп-жұқа.*

ҚАЛАҚША I 1. *Кішкентай қалақ.* 2. *Механизмнің жалпақтау келген кішірек тетігі.*

ҚАЛАҚША II *Қалақ тәрізді, қалақ секілді.*

ҚАЛАЛЫ *Қаласы бар, қала салынған.*

ҚАЛАЛЫҚ *Қалаға тән, қалаға қарайтын.*

ҚАЛАМ I *Ұшында қаламұшы бар, сиямен жазатын құрал.* ◊ **Қалам қайраткері** – *жазу ісімен айналысушы адам.* **Қалам қас** – *жіңішке, қиылған қас.* **Қаламтартты** – *жазушылықпен айналысты.* **Қаламы жүйрік [қаламының желі бар]** – *жазуға төселген, жазғыш.* **Қаламы төселді** – *жазу ісіне шеберленді.*

ҚАЛАМ II *Уықтың шаңырақ көзіне кіретін қырлы сүйір бұрышты ұшы.*

ҚАЛАМА *Қаттау, қатипа сияқты қаттылау кездеме.*

ҚАЛАМАҚЫ *Басылып шыққан еңбегі үшін авторға төленетін ақша.*

ҚАЛАМГЕР *Ақын-жазушы, журналист; әдебиет майданының өкілі.*

ҚАЛАМГЕРЛІК *Жазу жұмысымен айналысушылық, жазушылық.*

ҚАЛАМДА *Уықтың басын төрт қырлап, қалам шығару.*

ҚАЛАМДАС *Жазушылық жұмыста бірге жүрген; әріптес.*

ҚАЛАМДЫҚ *Уықтық төрт қырлы етіп жонылған сүйір ұшы (басы).*

ҚАЛАМ-ҚАҒАЗ *Жазу-сызуға қажетті құрал-сайман.*

ҚАЛАМПЫР ***бот.*** 1. *Әсемдік, сәндік үшін өсірілетін иісі әдемі көпжылдық өсімдік.* 2. *Осы өсімдіктің хош иісті дәні мен гүлі.*

ҚАЛАМПЫРЛА *Қалампыр қосу, қалампыр араластыру.*

ҚАЛАМПЫРЛЫ *Қалампыр қосқан, қалампыр араластырған.*

ҚАЛАМСАП *Қаламның қаламұш қыстыратын сабы.*

ҚАЛАМҰШ *Қаламның сияға батырып, жазу жазатын ұшы.*

ҚАЛАМША *Уықтың төрт қырлап шығарған ұшы.*

ҚАЛАС: қалас болды – *құтылды, босанды.*

ҚАЛАСТЫР *Қалап қою, қалау.*

ҚАЛАУ *Біреудің қимас нәрсесін қолқалап сұрағандық, қалағандық; қолқа.* ◊ **Қалауың болсын [білсін]** – *ұнатқаныңды, қалағаныңды таңда; ерік өзіңде.*

ҚАЛАУ: қалау райы ***лингв.*** – *сөйлеушінің бір іске деген ықыласын, тілегін білдіретін грамматикалық тәсіл.*

ҚАЛАУЛЫ *Көпшілік қалаған, ұнамды, сүйікті.*

ҚАЛАУШЫ *Құрылыс жұмысында үйдің іргесін, қабырғасын қалайтын маман.*

ҚАЛАУЫНША *Қалауы бойынша, қалағанынша, еркінше.*

ҚАЛАШ *Ортасы ашық дөңгелек нан; калач.*

ҚАЛАША *Қала тәрізді; қаланың үлгісінше.*

ҚАЛАШЫ *Қалаға барып, базарлап қайтқан адам.*

ҚАЛАШЫҚ I *Шағын қала, кішкене ғана қала.*

ҚАЛАШЫҚ II ***спорт*** *Екі топқа бөлінген ойыншылардың кеспелтек ағаштарды таяқпен соғып, құлатып ойнайтын ойын түрі.*

ҚАЛАШЫЛ *Қалаға бара беріш.*

ҚАЛАШЫЛА *Қалаға барғыштау, қаланы аралап қайту.*

ҚАЛБАҒАЙ I *Шу асауды ұстау үшін қолданылатын құрал; шалма.* ◊ **Қалбағай ойнатты** – *қаңғалақ қақтырды, ала жөнелді.*

ҚАЛБАҒАЙ II 1. *Жамбастың үстіңгі жағындағы сыртқа шығыңқырап тұрған омыртқа; ұша.* 2. *Қалқиған, делдиген.*

ҚАЛБАҒАЙ III ***тех.*** *Комбайнның егіс сабақтарын шалғысына қарай жығып беріп тұратын айналмалы тетігі.*

ҚАЛБАҒАЙ IV ***зоол.*** *Желкесінде сарғыш тұлымы бар, жалпақ қара тұмсықты аққұтанға ұқсас құс.*

ҚАЛБАҒАЙЛА *Қалбалақтау, қалбалақ қағу.*

ҚАЛБАҒАЙЛЫ *Қалбағайы үлкен, қалбағайы шығыңқы.*

ҚАЛБАҚ: қалбақ қақты – а) *қалбаңдады, далп-далп етті;* ә) *жаны қалмады, бәйек болды.*

ҚАЛБАҚТА 1. *Қалбалақтау, далпылдау.* 2. ***Ауысп.*** *Бәйек болу, жаны қалмау.*

ҚАЛБАЛАҚ: қалбалақ қақты – а) *қалбаландап ұшты, далпылдады;* ә) *асып-састы, дегбірсізденді;* б) *жаны қалмады, құрдай жорғалады.*

ҚАЛБАЛАҚТА 1. *Қалбаң-қалбаң ету, жалп-жалп ету.* 2. ***Ауысп.*** *Дегбірсіздену, сасқалақтау.* 3. ***Ауысп.*** *Құрақ ұшу, бәйек болу, жаны қалмау.*

ҚАЛБАЛАҢ: қалбалаң қақты – а) *қалбалақтады, қалбаң-қалбаң етті;* ә) *құрақ ұшты, жаны қалмады.*

ҚАЛБАЛАҢДА 1. *Қалбаң-қалбаң ету, далпылдау.* 2. ***Ауысп.*** *Құрақ ұшу, бәйек болу.*

ҚАЛБАЛАҢ-ҚҰЛБАЛАҢ: қалбалаң-құлбалаң етті – а) *қалбақтады, далп-дұлп етті;* ә) *құрақ ұшты, бәйек болды.*

ҚАЛБАҢ: қалбаң қақты [етті] – а) *жалп-жалп етті; далбаңдады;* ә) *бәйек болды, құрақ ұшты.*

ҚАЛБАҢДА 1. *Қалбаң-қалбаң ету, жалпылдау.* 2. ***Ауысп.*** *Асты-үстіне түсу, құрақ ұшу.*

ҚАЛБАҢ-ҚҰЛБАҢ: қалбаң-құлбаң етті — а) *қалбалақтады, жалп-жұлп етті;* ә) *асып-састы, дегбірі кетті.*

ҚАЛБИ *Қалқию, жарбию.*

ҚАЛБЫР I *Дәнді дақылдарды елеп, қиқымнан тазартатын құрал.*

ҚАЛБЫР II *Қаңылтырдан жасалған ыдыс.*

ҚАЛБЫРЛА *Қалбырмен дән тазарту, елеу.*

ҚАЛҒА ***тар.*** *Орта ғасырлардағы кейбір түрік ұлыстарында (Қырым, Қазақ Ордасы) ханнан соңғы үшінші дәрежедегі ұлық, кіші уәзір.*

ҚАЛҒАН-ҚҰТҚАН *Қалып қалған, артылған; қалдық.*

ҚАЛҒЫ 1. *Көзі ілініп кету, мүлгу.* 2. ***Ауысп.*** *Тыныштың құшағына ену, маужырау.*

ҚАЛҒЫП-МҮЛГІ *Үйқысы келу, маужырау.*

ҚАЛҒЫСЫЗ: естен қалғысыз — *ұмытылмайтын, естен шықпайтын.*

ҚАЛҒЫШТА *Қайта-қайта қала беру.*

ҚАЛДА ***кәс.*** *Диірменшінің диірменге астық (ұн) тартып бергені үшін алатын ақысы.*

ҚАЛДАЙ I *Арба мен шананың жүк құлап кетпес үшін жасалған шарбақты қоршауы.*

ҚАЛДАЙ II ***тар.*** *Шығыс Түркістандағы Қытай билігі негізіндегі ұлық.*

ҚАЛДАЙША *Кішігірім қалдай, кішірек қалдай.*

ҚАЛДЫ *Қалы бар.*

ҚАЛДЫҚ I *Бір нәрсенің қалған бөлігі, сарқыншағы.*

ҚАЛДЫҚ II ***мат.*** *Бір санды екінші санға бөлгеннен кейінгі бөлінбей қалған сан.*

ҚАЛДЫР-ҚҰЛДЫР: қалдыр-құлдыр етті — *қалдырлады, қалдыр-қалдыр етті.*

ҚАЛЕМШЕ ***бот.*** *Өсімдіктің бойында бүршік көздері бар бір жылдық сабақ не тамыр кесіндісі.*

ҚАЛЕМШЕЛЕ *Қалемше арқылы көбейту, қалемшеден өсіру.*

ҚАЛЕНДАР *Ел ақтап, қайыр-садақа жинап, бал ашып, көріпкелдік жасап жүретін арқалы адам.*

ҚАЛЖА *Жас босанған әйелге арналып сойылған малдың жас еті.*

ҚАЛЖАҚ *Қылжақ, тәлкек.*

ҚАЛЖАҚБАС *Қалжақтай беретін, тәлкекшіл, қылжақбас.*

ҚАЛЖАҚБАСТЫҚ *Қалжақбас болушылық, қылжақбастық.*

ҚАЛЖАҚТАТ *Қалжаққа айналдыру, қылжақтау; тәлкек ету.*

ҚАЛЖАҚТЫҚ *Қалжақтағандық, қылжақ-қылжақ еткендік.*

ҚАЛЖАЛА *Босанған әйелге қалжа жегізу.*

ҚАЛЖАЛЫҚ *Қалжаға жарарлық.*

ҚАЛЖАУРА *Діңкесі құру, шаршап-шалдығу.*

ҚАЛЖУАР *Қақпа есігін іш жағынан көлденең өткізіп, бекітіп қоятын жуан ағаш.*

ҚАЛЖУЫР I ***көне*** *Ішінде салдырлайтын заты бар қаңылтыр қорап (қалбыр).*

ҚАЛЖУЫР II *Садақтың оғының бір түрі.*

ҚАЛЖЫҢ *Ойын-күлкі үшін айтылатын әзіл сөз.* ◊ **Қалжыңға айналдырды [сүйеді, шаптырды]** — *сөзін әзілге бұрды.* **Қалжыңға басты** — *әзілдеді, қалжыңдады.*

ҚАЛЖЫҢБАС *Әзілқой, күлдіргі.*

ҚАЛЖЫҢБАСТАН *Қалжыңбастық көрсету, қалжыңдау.*

ҚАЛЖЫҢБАСТАУ *Қалжыңшыл, әзілкештеу.*

ҚАЛЖЫҢБАСТЫҚ *Әзілкештік, қалжыңқойлық.*

ҚАЛЖЫҢДА *Қалжың айту, әзілдеу.*

ҚАЛЖЫҢДЫ *Қалжың аралас.*

ҚАЛЖЫҢҚОЙ *Қалжыңбас, әзілшіл.*

ҚАЛЖЫҢҚОЙЛЫҚ *Қалжыңқой болушылық, әзілкештік.*

ҚАЛЖЫҢҚҰМАР *Қалжыңқой, әзілшіл.*

ҚАЛЖЫҢШЫЛ *Қалжыңбас, әзілқой.*

ҚАЛЖЫҢШЫЛДЫҚ *Қалжыңбастық, әзілқойлық.*

ҚАЛЖЫР ***зоол.*** *Дала құстарының бірі.*

ҚАЛЖЫРА *Шаршап-шалдығу, титықтау.*

ҚАЛҚА I *Бір нәрсенің ық жағы, тасасы.*

ҚАЛҚА II ***эмоц.*** *Жасы үлкен адамның өзінен кішіге еркелете айтатын ишарат сөзі.*

ҚАЛҚАБАС ***эмоц.*** *Қалқатай, қалқажан.*

ҚАЛҚАЖАН ***эмоц.*** *Қалқаш, қалқатай.*

ҚАЛҚАЙ 1. *Бір орында қозғалмай тұру, қақию.* 2. ***Ауысп.*** *Аман-есен тірі жүру.*

ҚАЛҚАЙМА ***карап.*** *Қалқайтып тұрғызылған нәрсе; жауынқағар.*

ҚАЛҚАҚТА 1. *Теңселу, шайқалу, ырғалу.* 2. ***Ауысп.*** *Қалт-құлт етіп тіршілік ету.*

ҚАЛҚАЛА I 1. *Бір нәрсенің қалқасына тығылу, тасалану.* 2. *Көлегейлеу, тасалау; қорғау.*

ҚАЛҚАЛА II *"Қалқашым, қалқашым" деп қайта-қайта айту.*

ҚАЛҚАЛЫ *Қалқасы бар, қалқа жасалған.*

ҚАЛҚАН I ***көне*** *Батырлар оқтан, найзадан қорғанатын соғыс құралы.* ◊ **Қалқан болды [етті]** — *қорғады, сақтап қалды.*

ҚАЛҚАН II *Арбаның, шананың жүк үшін жасалған шарбақты қорабы; қалдай.*

ҚАЛҚАН III ***анат.*** *Құлақтың қалқиған сыртқы бөлігі.* ◊ **Қалқан құлақ** — *қалқиған үлкен құлақ.*

ҚАЛҚАНДЫ *Қалқаны бар.*

ҚАЛҚАНҚҰЛАҚ *Атжалман деп аталатын тышқан.*

ҚАЛҚАНША I 1. *Кішірек келген қалқан.* 2. *Бір нәрседен қорғайтын зат.*

ҚАЛҚАНША II ***бот.*** *Өсімдік дәніндегі түрін өзгерткен тұқым жарнағы.*

ҚАЛҚАНША III *Қалқан тәрізді, қалқан секілді.*

ҚАЛҚАНША: қалқанша безі ***анат.*** — *жан-жануарлар организмінің зат алмасуын ретке келтіретін ішкі секреция безі.*

ҚАЛҚАҢДА *Қалқақ-қалқақ ету.*

ҚАЛҚАТАЙ ***эмоц.*** *Қалқажан, қалқаш.*

ҚАЛҚАТАЙЛА *Қалқатай, қалқатай деп қайта-қайта айту.*

ҚАЛҚАШ ***эмоц.*** *Қалқажан, қалқатай.*

ҚАЛҚИ 1. *Көзге оқшау көріну, қалқаю.* 2. ***Ауысп.*** *Тірі жүру, өлмеу.*

ҚАЛҚИТ 1. ***өзг. етіс*** *Қалқи-т.* 2. ***экспр.*** *Баспана жасап алу, үй тұргызу.*

ҚАЛҚЫ 1. *Бір нәрсенің су бетінде жүзіп жүруі.* 2. *Бір нәрсенің аспанда баяу жылжуы, қалықтауы.* 3. *Сұйықтықтың бетіне шыққан затты бөліп алу.*

ҚАЛҚЫМА *Қалқып жүретін, қалқитын.*

ҚАЛМАҚ *Қалмақ елінің негізгі тұргыны (халық).* ◊ **Қалмақ ер** — *қалмақ халқына тән ер үлгісі.* **Қалмақ жүріс** — *еш жерге тоқтамайтын, аялдамайтын жортуыл жүріс.* **Қалмақ сиыр** — *негізінен қалмақ жерінен тараған сиыр тұқымы.*

ҚАЛМАҚША *Қалмақ тілінде.* ◊ **Қалмақша байлады [байластырды]** — *аттарды айқастырып, бірінің тізгінін екіншісінің құйысқанына байлады.*

ҚАЛМАҚШАЛА *Қалмақ тілінде сөйлеу, аудару.*

ҚАЛМАҚШЫЛАП *Қалмақтар құсап, матастырып.*

ҚАЛМАҚЫ *Қалмақ үлгісінде жасалған.*

ҚАЛПАҚ 1. *Жұқа ақ киізден, шұғадан тігілген еркектердің етегі түрік*

жеңіл баскиімі. 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің үстіне төңкерілген сауыт.* ◊ **Қалпағын аспанға атты** — *қатты қуанды, мәз болды.* **Қалпақ құрлы көрмеді** — *қайырылып та қарамады, менсінбеді.* **Қалпақпен ұрып алды [қағып түсірді]** — *бір нәрсені қолға оп-оңай түсірді.*

ҚАЛПАҚТАЙ *Қалпақ секілді, қалпақ тәрізді.* ◊ **Қалпақтай түсті [ұшты]** — а) *жалп етіп құлап түсті; мұрттай ұшты;* ә) *қатты ауырып қалды.*

ҚАЛПАҚТЫ *Қалпақ киген, басында қалпағы бар.*

ҚАЛПАҚША I *Кішірек келген қалпақ сияқты зат.*

ҚАЛПАҚША II *Қалпақ секілді, қалпақ тәрізді.*

ҚАЛПАҚШАҢ *Басында қалпағы бар, қалпақ киген.*

ҚАЛПЕ ***діни*** *Ислам дініндегі қазіреттен кейінгі атақ.*

ҚАЛПЫ I *Өтірік, жалған, теріс, бұрыс.*

ҚАЛПЫ II ***қ.*** *Қалып.* ◊ **Қалпына келді** — *бұрынғы күйіне түсті.*

ҚАЛПЫНДА *Бұрынғы күйінде; ешбір өзгерісі жоқ.*

ҚАЛПЫМЕН *Сол күйінде; бүтіндей.*

ҚАЛПЫНША 1. *Ешбір өзгеріссіз, әдеттегідей.* 2. *Бастан аяқ, бүтіндей, түгелдей.*

ҚАЛТ *Аяқ астынан, кенет; кілт.* ◊ **Қалт айтпайды** — *жалған (бекер) айтпайды.* **Қалт етпеді [еткізбеді]** — *тырп етпеді, орнынан қозғалмады.* **Қалт етсе [еткенде]** — *қолы сәл босай қалса.* **Қалт жібермеді** — *мұқият қадағалады.*

ҚАЛТА I 1. *Киімнің екі жанына, омырау тұсына тігіліп, уақ-түйек зат салып жүруге арналған бөлігі.* 2. ***Ауысп.*** *Ақша, қаржы, байлық.* 3. ***биол.*** *Кейбір сүтқоректі жануарлардың күшігін салып өсіретін дене мүшесі.* ◊ **Қалтаға түсті** — *біреудің қалтасынан ақша ұрланды.* **Қалтасы жұқа [жұқарды]** — *ақшасы аз, қаражаты мардымсыз.* **Қалтасы қағылды** — *ақшасы таусылды, бітті.* **Қалтасы қалың [тоқ]** — *қаражаты көп, ақшасы мол.* **Қалтасы құрғамады** — *жанынан ақша үзілмеді.* **Қалтасына басты** — *қалтасына салып, алып кетті.* **Қалтасы [қалтасының түбі] тесік** — *ақшаның бетіне қарамайтын (адам).*

ҚАЛТА II 1. *Азық-түлік, оны-мұны салатын кішкене дорба.* 2. ***анат.*** *Кейбір органдардың сыртқы қабы.*

ҚАЛТАГҮЛ ***бот.*** *Мамыр-маусым айларында гүлдейтін көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ҚАЛТАҚ *қалт-қалт еткен, қалтылдақ.* ◊ **Қалтақ қақты** — *қалт-қалт етті, қалтылдады.*

ҚАЛТАҚ-ҚАЛТАҚ: қалтақ-қалтақ етті — *қалтақтады, қалтақ-құлтақ етті.*

ҚАЛТАҚ-ҚҰЛТАҚ ***қ.*** *Қалтақ-қалтақ.*

ҚАЛТАҚТА 1. *Қалт-қалт ету, қалтылдау.* 2. ***Ауысп.*** *Өйтіп-бүйтіп күн кору; бірде жетіп, бірде жетпеу.*

ҚАЛТАЛАҚТА 1. *Басы қалтылдау, қалтақтау.* 2. *Аягын нық баса алмау, тәлтіректеу.*

ҚАЛТАЛАН 1. *Киімнің қатпарлануы.* 2. *Адамның көз алды терісінің ісініп, күлтілдеуі.*

ҚАЛТАЛАҢДА *Қалталаң-қалталаң ету, қалталақтау.*

ҚАЛТАЛЫ 1. *Қалтасы бар, қалта салынған.* 2. ***Ауысп.*** *Ақшасы көп, бай.* ◊ **Қалталы қасқыр** ***зоол.*** — *өте сирек кездесетін, дене тұрқы 100—130 см-дей жыртқыш аң.*

ҚАЛТАЛЫЛАУ *Ақшасы көптеу, байырақ.*

ҚАЛТАҢ *Қалтаңдаған күй, қалтақ.* ◊ **Қалтаң еткізді** — *басын қалт көтеріп алды.* **Қалтаң қақты** — *қалт-құлт етті, қалталаңдады.*

ҚАЛТАҢДА 1. *Қалтаң-қалтаң ету, қалталақтау.* 2. *Аягын нық баса алмау, тәлтіректеу.*

ҚАЛТАҢ-ҚАЛТАҢ: қалтаң-қалтаң етті — *қалтаңдады, қалталақтады.*

ҚАЛТАҢ-ҚҰЛТАҢ: қалтаң-құлтаң етті — *қалт-құлт етті, қалтаңдады.*

ҚАЛТАР *Бір нәрсені жасыру, сыр бүгу.*

ҚАЛТАРЫС 1. *Жұрт көзінен таса жер, қағаберіс.* 2. ***Ауысп.*** *Жасырын сыр, құлық.*

ҚАЛТАРЫССЫЗ *Бүкпесіз, қалтқысыз, адал.*

ҚАЛТАРЫСТАУ *Тасалау, оңашалау.*

ҚАЛТАШЫҚ *Кішкентай қалта.*

ҚАЛТИ *Бір орында сілейіп тұрып қалу, қозғалмау.*

ҚАЛТ-ҚАЛТ: қалт-қалт етті — а) *қалтылдады, дірілдеді, селкілдеді;* ә) *қатты қорықты, зәресі қалмады.*

ҚАЛТ-ҚҰЛТ 1. *Тәлтірек қағып, қалтырақтап.* 2. *Әрең-пәрең, зорға.* ◊ **Қалт-құлт етті** — а) *қалтылдады, қалтыл қақты;* ә) *әрең-пәрең тіршілік етті.*

ҚАЛТҚЫ I *Нәрсенің біріне-бірінің тимей тұрған жеріне қойылатын, соған лайықталған зат; кепіл.*

ҚАЛТҚЫ II 1. *Қармаққа, ауға байланатын жеңіл зат.* 2. ***Ауысп.*** *Күдік, күмән, шүбә.*

ҚАЛТҚЫСЫЗ *Бүкпесіз, адал.*

ҚАЛТЫЛ *Қалтылдағандық күй; діріл.*

ҚАЛТЫЛДА 1. *Бір нәрсенің қалтқұлт етуі, селкілдеу.* 2. *Мұздау, тоңу; дірілдеу.* 3. ***Ауысп.*** *Қорқу, үрейлену.* 4. ***Ауысп.*** *Ептеп-септеп тіршілік ету, күнелту.*

ҚАЛТЫЛДАҚ *Қалт-қалт еткен, қалтылдап қалған.*

ҚАЛТЫЛДАУЫҚ *Қалтылдап қалған, қалт-құлт еткен.*

ҚАЛТЫР *Діріл, қалтыл.*

ҚАЛТЫРА 1. *Дірілдеу, селкілдеу.* 2. *Тоңу, мұздау.* 3. ***Ауысп.*** *Қорқып кету, үрейлену.* 4. ***Ауысп.*** *Қатты ашулану, ызаға булығу.* 5. ***Ауысп.*** *Сараңдық жасау.*

ҚАЛТЫРАҚ *Қалтыраған күй, қалтыр, қалтыл.*

ҚАЛТЫРАҚТА 1. *Қалтырау, дірілдеу.* 2. ***Ауысп.*** *Қорқу, зәресі ұшу.*

ҚАЛТЫРАП-ДІРІЛДЕ 1. *Мұздау, тоңу, тісі-тісіне тимеу.* 2. ***Ауысп.*** *Қорқу, зәресі ұшу.*

ҚАЛТЫРАУЫҚ *Қалтырап қалған, қалтылдақ.*

ҚАЛУЕН ***бот.*** *Бойы биік, тікенді арамшөп.*

ҚАЛШАДАЙ: қалшадай қатты — *қақиып, сілейіп қатты да қалды.*

ҚАЛШАҢ *Өскелең, өсіңкіреп кеткен.*

ҚАЛШАУ *Құсқа құстың шүйілуі, қайтпай түсуі.*

ҚАЛШЫ *Үнсіз сілейіп тұрып қалу.*

ҚАЛШ-ҚАЛШ: қалш-қалш етті — а) *қалшылдады, дірілдеді;* ә) *қатты қорықты, зәре-құты қалмады.*

ҚАЛШЫЛ *Қатты діріл, селкіл.* ◊ **Қалшыл қақты** — *қалш-қалш етті, қалшылдады.*

ҚАЛШЫЛДА 1. *Қалш-қалш етіп, қатты қалтырау, дірілдеу.* 2. *Суыққа тоңу, мұздау.* 3. ***Ауысп.*** *Қатты ашулану, ыза кернеу.*

ҚАЛЫ: қалы кілем — *түрлі түсті ою-өрнектермен безендірілген, қымбат бағалы кілем.*

ҚАЛЫҚ *Қалып қойған, озық емес.*

ҚАЛЫҚПАН *Тазқара, сақалтай, құмай деп те аталатын бүркіт тұқымдас құс.*

ҚАЛЫҚТА 1. *Құстың қанатын қақпай, бірқалыпты самғай ұшуы.* 2. ***Ауысп.*** *Ән әуенінің шарықтап көкке көтерілуі, алысқа тарауы.*

ҚАЛЫҚТАУ *Аздап қалық, сәл ғана қалған.*

ҚАЛЫНДЫ ***мат.*** *Бір санды бір саннан алғаннан кейінгі қалған сан, қалдық.*

ҚАЛЫҢ I *Айттырылған қалыңдық үшін төленетін мал-мүлік.*

ҚАЛЫҢ II 1. *Жұқа емес; қабат-қабат.* 2. *Көп, мол, нөпір.* 3. *Қою, тығыз, жиі.* 4. *Бітік, ну, жайқалған.*

ҚАЛЫҢДА 1. *Астына қалың етіп төсеу, қабаттау.* 2. *Бір нәрсенің қалыңдығы өсу, биіктей түсу.* 3. *Көбею,*

молаю. 4. *Қоюлану, тығыздалу.* 5. *Бітік шығу, жиі өсу.*

ҚАЛЫҢДАУ *Қалыңдығы әжептәуір, қалыңырақ.*

ҚАЛЫҢДЫ-ЖҰҚАЛЫ *Қалың не жұқа күйінде.*

ҚАЛЫҢДЫҚ I 1. *Заттың қырынан алып қарағандағы қабаты.* 2. *Көптік, молдық.* 3. *Жиілік, тығыздық.*

ҚАЛЫҢДЫҚ II *Біреуге атастырылған оң жақтағы қыз.* ◊ **Қалыңдық ойнады** — *күйеу жігіттің қалыңдығымен жасырын кездесіп, ойнап-күліп жүруі.*

ҚАЛЫҢҚЫ *Сәл қалған, қалып қойған, қалық.*

ҚАЛЫҢМАЛ *Күйеу жағының қалыңдық үшін беретін малы; қалың.*

ҚАЛЫҢЫРАҚ *Аздап қалың, қалыңдау.*

ҚАЛЫП 1. *Балқыған заттарды, кірпішті қатыруға арналған белгілі бір формадағы зат.* 2. ***көне*** *Етік, кебіс тігу үшін пайдаланылатын құрал.* 3. ***Ауысп.*** *Түр, пішін, кейіп.* 4. *Адамның не басқа бір заттың белгілі сәттегі күй-жайы, шағылы.* ◊ **Қалпына [қалыбына] келді [түсті, көшті]** — *әуелгі күйіне қайта түсті, бұрынғыдай болды.* **Қалып алды** *бір нәрсеге дағдыланды, төселді.*

ҚАЛЫПТА *Балқыған металды, балшықты қалыпқа құйып (салып), белгілі бір формаға келтіру.*

ҚАЛЫПТАС I 1. *Белгілі бір формаға келу, қалып алу.* 2. *Орнығу, тұрақталу.* 3. *Дағдыға айналу, үйреншікті болу.*

ҚАЛЫПТАС II *Ұқсас, тектес.*

ҚАЛЫПТЫ 1. *Белгілі бір қалыпқа түсірілген; өлшемді (аяқкиім).* 2. *Қалыпқа түскен, тұрақты, өзгермейтін.* 3. *Үйреншікті, дағдылы.*

ҚАЛЫПТЫЛЫҚ *Қалыпқа түскендік; тұрақтылық.*

ҚАЛЫПША I *Кішкене қалып.*

ҚАЛЫПША II *Бұрынғысынша, әдеттегіше.*

ҚАЛЫПШЫ *Зауыттың құю цехында балқытылған металды қалыпқа құятын маман жұмыскер; қалыптаушы.*

ҚАЛЫС I *Ешқандай қатысы жоқ, бейтарап.* ◊ **Қалыс қалды [қалмады]** — *еш нәрсеге араласпады, шет қалды.*

ҚАЛЫС II 1. ***орт. етіс*** *Қал-ыс.* 2. *Болымсыздық мәніндегі сөздермен тіркесіп келіп, "кем түспеді" дегенді білдіреді.*

ҚАЛЫСТАУ *Қалысырақ, бейтараптау.*

ҚАЛЫСТЫҚ 1. *Қалыс болушылық, қалыс қалғандық.* 2. ***Ауысп.*** *Әділдік, дұрыстық.*

ҚАМ I 1. *Бір нәрсенің жай-күйі, жағдайы.* 2. *Іс, әрекет, амал, айла.* ◊ **Қам жасады** — *бір нәрсеге алдын ала әзірледі.* **Қам [қамын] жеді [жемеді]** — а) *біреудің жайын ойлады, қамқорлық жасады;* ә) *уайымдады, қайғырды.* **Қамын ойлады** — *біреуге қамқорлық етті, жағдай жасады.*

ҚАМ II 1. *Өңделген, иі қанбаған, шикі.* 2. ***Ауысп.*** *Шала, піспеген.*

ҚАМ III *Қайғы-шер, мұң, уайым.* ◊ **Қам болды** — *қайғырды, қапаланды.* **Қамкөңіл [көңілді]** — *мұңды, шерлі.*

ҚАМА I 1. *Бір нәрсені ұстау үшін жан-жақты қоршау, қыспаққа алу.* 2. *Малды қорада кіргізіп, бекітіп қою.* 3. *Түрмеге отырғызу, абақтыға жабу.*

ҚАМА II *Кішірек келген, жылтыр қара түсті, суда жүретін, терісі бағалы аң; кәмшат.*

ҚАМА III ***кәс.*** *Балық ұстау үшін шіліктен, қамыстан тоқып жасалған ау.*

ҚАМАЖАУ *Айнала қоршалғандық.*

ҚАМАЖАУЛА 1. *Жан-жақтан қамау, қоршау.* 2. *Ортаға алу, қаумалау.*

ҚАМАҚ: мырзақамақ — *қылмысты адамның үйінен ешқайда шықпау керектігі ескертілген жағдай.*

ҚАМАЛ 1. *Қорған, бекініс.* 2. ***Ауысп.*** *Кедергі, тосқауыл, бөгет.* ◊ **Қамал бұзар** — *ержүрек, батыл, ер.*

ҚАМАЛА *Жан-жақтан қоршап, қаумалау.*

ҚАМАЛҚА *Амал, айла, тәсіл.*

ҚАМАР ***кәс.*** *Қаракөл елтірісінің құлпырып тұратын қымбат бағалы түрі.*

ҚАМАР: қамар белбеу — *әшекейлі, зерлі белбеу; кемер белбеу.*

ҚАМАУ 1. *Қылмысты адамды ұстап, абақтыға отырғызу әрекеті.* 2. *Біреуді жан-жақтан қоршау ісі.*

ҚАМБА *Астық сақтайтын арнаулы орын; қойма.* ◊ **Қамба егеуқұйрығы** ***зоол.*** — *егеуқұйрықтың көбінесе дәнмен қоректенетін түрі.* **Қамба кенесі** ***зоол.*** — *дәнді дақылдарға зиян келтіретін, кене тәрізді кішкене жәндік.*

ҚАМБАЛА *Астықты қамба-қамба етіп құйып алу, қамбаны толтыру.*

ҚАМБАРАТА ***миф.*** *Жылқы малының пірі, киесі.*

ҚАМБАШЫ *Қамбаға иелік ететін, соны ұстайтын адам.*

ҚАМДА *Бір нәрсеге қам жасау, әзірлік істеу; дайындау.*

ҚАМ-ЖАЙ *Бір нәрсенің қамы, жайы, жағдайы.*

ҚАМЗОЛ *Әйелдер көйлек сыртынан киетін жеңсіз, жеңіл сырткиім.*

ҚАМЗОЛДЫ *Қамзол киген, үстінде қамзолы бар.*

ҚАМЗОЛДЫҚ *Қамзол тігуге жарарлық, қамзолға лайықты.*

ҚАМЗОЛШАҢ *Сыртынан қамзол ғана киіп, қамзолмен ғана.*

ҚАМҚА ***көне*** *Зер талшықтары қосылып тоқылған жібек мата.*

ҚАМҚАП ***көне*** *Қама терісінен істелген қымбат бағалы сырткиім, ішік.*

ҚАМ-ҚАРЕКЕТ *Іс-әрекет, дайындық, әзірлік.*

ҚАМҚОР *Біреудің қамын ойлайтын, оған тірек болатын.* ◊ **Қамқорына алды** — *қамқорлық етті, пана болды.*

ҚАМҚОРЛЫҚ *Қамқор болушылық, қамын ойлаушылық.* ◊ **Қамқорлыққа алды** — *қамқорлық, тәлім-тәрбие берді, көмектесті.*

ҚАМҚОРСЫ *Қамқоршы болғансу, қорғағансу.*

ҚАМҚОРШЫ 1. *Біреудің қамын ойлаушы, біреуге қамқорлық жасаушы.* 2. ***заң*** *Біреуді қамқорына алушы адам.*

ҚАМҚОРШЫЛ *Біреуге қамқорлық еткіш, біреудің қамын жегіш.*

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ *Қамқоршы болушылық, қамқорлық етушілік.*

ҚАМПАЙ 1. *Бір нәрсенің қампиюы, тырсиюы.* 2. ***Ауысп.*** *Мақтану, бөсу.*

ҚАМПИ 1. *Қампаю, торсию, тырсию.* 2. *Көлемі өсу, үлкею.* 3. ***Ауысп.*** *Әлдеқандай болу, мақтану.*

ҚАМСАУ *Суықтан, желден қорғаныш боларлық зат, лыпа.*

ҚАМСЫЗ 1. *Жайбарақат, бейқам.* 2. *Дайындықсыз, әзірліксіз.*

ҚАМСЫЗДАН *Қамсыз болмау.*

ҚАМСЫЗДАНДЫР 1. *Қамсыз ету; бір нәрсемен қамтамасыз ету.* 2. *Адам өмірін, дүниені, мал-мүлікті әлеуметтік тұрғыдан қорғау.*

ҚАМСЫЗДАНДЫРУ *Республика азаматтары еңбекке жарамсыз болып қалған жағдайда материалдық жағынан қамтамасыз етіліп отыратын әлеуметтік жәрдем.* ◊ **Қамсыздандыру мекемесі** — *жеке азаматтарды, кәсіпорындар мен шаруашылықтарды қамсыздандырумен шұғылданатын арнаулы орын (мекеме).*

ҚАМСЫЗДАУ *Жайбарақаттау, бейқамдау.*

ҚАМСЫЗДЫҚ 1. *Ешбір қам жасамаушылық, әзірленбегендік.* 2. *Жайбарақаттық, бейқамдық, қаперсіздік.*

ҚАМТАМА *Керек-жарақ, жабдық.*

ҚАМТАМАСЫЗ: қамтамасыз етті [қылды] — *керек-жарақпен қамтыды, жабдықтады.*

ҚАМТЫ 1. *Белгілі бір іске тұтастай қатыстыру.* 2. *Бір нәрсені қолмен ұстау, қармау.*

ҚАМШЫ I *Қайыстан өрген, тобылғы сабы бар, көлік жүргізу үшін пайдаланылатын құрал.* ◊ **Қамшы бойы** — *қамшының сабы мен өрімінің ұзындығындай.* **Қамшы болды** — *бір нәрсеге тұрткі болды.* **Қамшы жеді** — *таяқ жеді, соқ-*

қы көрді. **Қамшы жұмсады** — *қамшымен сабады, соқты.* **Қамшының астына алды** — *қамшымен ұрды, соқты.* **Қамшының сабындай** — *өте қысқа, шолтиған.* **Қамшы ойнатты** — *қоқаңдады, қорқытты, сабамақ болды.* **Қамшы салдырмады** — *тапсырылған істі ынта-жігерімен тез істеді.* **Қамшысынан қан сорғалаған [тамған]** — *қатыгез, қатал, жауыз.* **Қамшы тастады** ***этн.*** *дауласкан жақтардың билер алқасынан рұқсат сұрау дәстүрі.* **Қамшы үйірді** — *қорқытты, үрейлендірді.*

ҚАМШЫ II ***анат.*** *Еркек малдың жыныс мүшесі; шыбығы.*

ҚАМШЫГЕР *Қамшы ұрысына мықты (шебер) адам.*

ҚАМШЫГЕРЛІК *Қамшы ұрысына мықтылық.*

ҚАМШЫКЕСТІ *Әбден қамшы откен.*

ҚАМШЫЛ *Қамын ойлайтын, қам жасайтын.*

ҚАМШЫЛА 1. *Көлікті қамшымен соғу, ұру.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуді сөзбен қайрау, жігерлендіру.* ◊ **Қамшылар жақ** — *малдың оң жақ қапталы.*

ҚАМШЫЛЫ *Қамшысы бар, қамшы ұстаған.*

ҚАМШЫЛЫҚ *Қамшы боларлық, қамшыға жарарлық.*

ҚАМШЫСАП *Қамшыға сап боларлық тобылғы; қамшының сабы.*

ҚАМЫҒУШЫЛЫҚ *Қамыққандық, қайғырғандық; жабырқаушылық.*

ҚАМЫҒЫҢҚЫ *Аздап қамыққан, жабырқаңқы.*

ҚАМЫҚ *Бір нәрсеге қатты қайғыру, мұңаю, жабырқау.*

ҚАМЫҚҚАНДЫҚ *Қамығушылық, мұңайғандық, жабырқағандық.*

ҚАМЫР *Суға, сүтке илеген ұн; шикі нан.*

ҚАМЫРЛАН *Астық дәннің сүттеніп толысуы.*

ҚАМЫРЛЫҚ *Қамыр боларлық, қамырға жарарлық.*

ҚАМЫРЛЫЛЫҚ *Қамырлы болғандық.*

ҚАМЫРША *Қамыр тәрізді, қамыр секілді.*

ҚАМЫРЫҚ 1. *Мұң, уайым, қайғы.* 2. *Мұңаю, қамығу.*

ҚАМЫРЫҚТЫ *Мұңлы, шерлі; қажығыңқы.*

ҚАМЫС *Батпақты, сулы жерлерде өсетін, қияқ жапырақты көп жылдық өсімдік.* ◊ **Қамыс мысығы** — *қамыс арасында жүретін, ірірек келген жабайы мысық.* **Қамыс құлақ** — *әдемі, тік құлақ.*

ҚАМЫСАҚ *Қамысты, қамысы мол.*

ҚАМЫССЫРНАЙ *Қамыстан жасалған сырнай.*

ҚАМЫСТЫ *Қамыс көп өскен, қамысы мол (қалың).*

ҚАМЫТ 1. *Аттың мойнына кигізілетін, имектеу келген ағаш жақтаулары бар арба-шана әбзелі.* 2. ***Ауысп.*** *Ауыр азап, ауыртпалық.* ◊ **Қамыт аяқ** — *екі бұтының арасы имиген, талтақ.*

ҚАМЫТБАУ *Қамыттың екі басын біріктіріп байлайтын бау.*

ҚАМЫТБАУЛЫҚ *Қамытбау боларлық, қамытбауға жарарлық.*

ҚАМЫТТА *Аттың мойнына қамыт кіргізу, салу.*

ҚАМЫТТЫҚ *Қамытқа жарарлық, қамыт боларлық.*

ҚАН I 1. *Денедегі барлық клеткаларға қорек беріп тұратын қызыл түсті сұйық зат.* 2. ***Ауысп.*** *Тұқым, тек, туыс; негіз.* ◊ **Қан аздық** ***мед*** — *денедегі қан мөлшерінің әдеттегіден кемуі.* **Қан айналымы** — *ағзадағы қан айналу жүйесі.* **Қан алды** — а) *кеселге шалдыққан адамның, малдың белгілі бір жерінен қан ағызып, сол жердегі арам қанның мөлшерін азайту арқылы емдеу әдісі;* ә) *аурудың түрін анықтау үшін денеден қан алып, оны анализге жіберу ісі.* **Қан берді** — *қан өткізіп, ауруға жәрдемдесті.* **Қан кетті** — *қан тамырларының жарақаттануынан денеден қан ақты.*

Қан құйды – *қансыраған адамның денесіне дәрігерлік әдіспен қосымша қан ендірді.* **Қан қысымы** ***мед.*** – *қан тамырларының қабырғаларына түсетін қысым күшінің мөлшері.* **Қан плазмасы** ***биол.*** – *қан құрамындағы сұйық зат.* **Қансорғыштар** ***зоол.*** – *жан-жануарлардың қанын сорып, тіршілік ететін насекомдар.* **Қан тамырлары** – *қанның денеге тарайтын жолдары.* **Қан түйіршіктері** ***биол.*** – *қан құрамындағы қызыл және ақ түйіршіктер.* **Қан тышқақ** ***мед.*** – *қан аралас өтетін тышқақ ауруы; дизентерия.* **Қаны тасыды** ***мед.*** – *қан қысымы артты.* ◊ **Қан айдады [тартты, түртті]** – *ажал құды, өлім айдады.* **Қанға жерік** – *қанқұмар, мейірімсіз.* **Қанға қан** – *қанды қанмен жуу.* **Қанға малды [бояды]** – *қырып-жойды, өлтірді.* **Қанға сіңген әдет** – *жастайынан қалыптасқан, үйреншікті дағды.* **Қанмен жуды** – *өшпенділікті қанмен, өліммен қайтарды.* **Қан жалатты** – *аузы-басын шиедей қан етті.* **Қан жауғыр** – *қан болғыр, қанға батқыр.* **Қан жоса қылды [болды]** – *сабап, қызыл жоса қанға бояды.* **Қан жұтты** – *қатты қайғырды, құсаланды.* **Қан жылатты** – *зар еңіретті, қан қақсатты.* **Қан қақсатты** – *зар еңіретті, зар илетті.* **Қан құстырды** – *қорлық көрсетті, азап тартқызды.* **Қан қылды** – *қанға бояды, қырып-жойды.* **Қан майдан** – *майданның қызған кезі; қырғын соғыс.* **Қан сасыды [сасытты]** – *қырғынға ұшыратты, қырды, жойды.* **Қан сиді [сигізді]** – *зар қақты, зар иледі.* **Қан сорпа болды [қан сорпасы шықты]** – *үсті-басын тер басты.* **Қан төкті** – *жанын құрбан етті, өлді.* **Қаны бұзық** – *арам ниет, жауыз.* **Қаны бір** – *бір кісіден тараған, қандас.* **Қаны қайнады** – *ашу қысты, ызаланды.* **Қаны қара** – *қара ниет, арам.* **Қаны [қанына] қарайды** – *ызаға булықты; кектенді.* **Қаны қашты** – *өңі қуарды, сұрланды.* **Қаны қызды** – *делебесі қозды, елікті.* **Қаны мойнында кетті** – *күнәкар болды; қанын жүктеді.* **Қанына сіңді** – *үйреншікті болып кетті, әдетке айналды.* **Қанына тартты** – *тегіне бұрды, туысын жақтады.* **Қанын жүктеді** – *біреуді өлтіріп, обалына қалды.* **Қанын қиды** – *жазадан босатты, өлтірмеді.* **Қанын торсыққа құйды** – *еш нәрседен тайынбады, қорықпады.* **Қанын [сүліктей] сорды** – *біреудің еңбегін қанады.* **Қанын судай ағызды [ішті]** – *қырып-жойды, өлтірді.* **Қанын ішіне тартты** – *түсін суытты, сұрланды.* **Қаны сұйық** – *төбелескіш, бұзық.* **Қанішер** – *қанқұйлы, жауыз.*

ҚАН II ***көне*** *Нағыз.* ◊ **Қан базар** – *әбден қызған, қайнаған базар.* **Қан жайлау** – *жайлаудың нағыз қызған кезі.* **Қан майдан** – *майданның нағыз қызған кезі; атыс, шабыс.* **Қан сәске** – *ұлы сәске.* **Қансонар** – *ең аулауға болатын, нағыз қолайлы кез.*

ҚАН III 1. *Шөлі басылу, сусындау.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге қанағаттану, құмардан шығу.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің 'анық-қанығына көзі жету; ұлану.*

ҚАНА I 1. *Өсімдіктің ұрығы, дәні орналасқан қуыс, солардың сыртын қоршап тұрған сауыт.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің сыртқы қабы, жамылғысы.* ◊ **Қанасынан [қанадан] асты [шықты]** – а) *шектен шықты, әдептен озды;* ә) *асып-тасты, дандайсыды.* **Қанасына сыймады** – *асып-тасты, дандайсыды.* **Қанасын жарып шыққан** – *іштен шыққан (перзент).*

ҚАНА II *Жеті жасар бүркіт.*

ҚАНА III *Қан ағу, қан шығу.*

ҚАНА IV *Тегін пайда табу, біреудің еңбегін жеу.*

ҚАНА V *Толық мағыналы сөздерден кейін келіп, тежеу реңкін қосу үшін қолданылатын демеулік; ғана.*

ҚАНАҒАТ *Барға ризалық; нысап, тойым.* ◊ **Қанағат етті [қылды, тұтты]** – *барға риза болды, қанағаттанды.*

ҚАНАҒАТСЫЗ *Тойымсыз, нысапсыз.*

ҚАНАҒАТСЫЗДЫҚ *Тойымсыздық, нысапсыздық.*

ҚАНАҒАТТАН 1. *Қанағат алу, тояттау.* 2. *Риза болу, көңілі көншу.* 3. **Ауысп.** *Бір нәрсемен ғана шектелу, тоқталу.*

ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ 1. *Көңіл тоярлық, риза боларлық.* 2. *Іске тарырлық, жарамды.* 3. **пед.** *Жаманнан жоғары, жақсыдан төмен; орташа.*

ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚСЫЗ 1. *Іске алғысыз, жарамсыз.* 2. *Нашар, жаман.*

ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚТАЙ *Көңіл тоярлықтай, риза боларлықтай.*

ҚАНАҒАТТАНҒАНДЫҚ *Бір нәрсеге риза болғандық.*

ҚАНАҒАТТАНҒЫСЫЗ 1. *Көңіл тоярлықтай емес.* 2. *Нашар, жаман.*

ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ *Көңіл толғандық, риза болғандық.*

ҚАНАҒАТТЫ *Қанағаты бар, қанағат боларлық.*

ҚАНАҒАТТЫЛЫҚ *Қанағаты барлық, нысаптылық.*

ҚАНАҒАТШЫЛ *Барға риза болғыш, мәсе тұтқыш, нысапшыл.*

ҚАНАҒАТШЫЛДЫҚ *Барға риза болушылық, мәсе тұтушылық.*

ҚАНАҒЫШ *Біреудің еңбегін жегіш.*

ҚАНАҒЫШТЫҚ *Біреудің еңбегін жегіштік.*

ҚАНАЛУШЫ *Біреудің езгісінде болған, қаналған.*

ҚАНАЛУШЫЛЫҚ *Қанауда болғандық.*

ҚАНАР *Жүн, мақта, астық салуға арналған үлкен қап.*

ҚАНАР-ҚАНАР *Бірнеше қанар, көп қанар.*

ҚАНАРЛА *Қанарға салу, қанарды толтыру.*

ҚАНАТ I 1. *Құстың, шыбын-шіркейдің, т. б. жәндіктердің ұшу қызметін атқаратын дене мүшесі.* 2. *Ұшақтың жерден көтерілуіне, ұшып-қонуына қажетті негізгі бөлшегі.* 3. *Балықтың жүзуіне көмектесетін дене мүшесі.* 4. *Арба-шананың үстін кеңейту үшін жасалған шарбақ ағаш.* 5. *Шепте тұрған әскердің, футбол, волейбол алаңының екі жақ бөлігі.* 6. **Ауысп.** *Таяныш, тірек.* ◊ **Қанат байлап ұшты** — *асығып жетті, аяқ-қолы жерге тимеді.* **Қанат бітті [бітірді]** — *шабыттанды, рухтанды.* **Қанат жайды** — а) *өсті, өркендеді, дамыды;* ә) *етек алды, жайылды, таралды.* **Қанат қақты** — *талпынды, ұмтылды.* **Қанаты бекіді** — *бұғанасы қатты, ержетті.* **Қанаты қайырылды** — *амалы таусылды, мысы құрыды.* **Қанатын жайды** — *екі қолын жайып жіберді.* **Қанатын қиды** — *үмітін кесті.* **Қанатының астына [қанатына] алды** — *қамқорлық жасады, пана болды.*

ҚАНАТ II *Керегенің көктелген әрбір, жеке бөлігі.*

ҚАНАТТАН 1. *Қанат өсіп шығу, қанаты қатаю.* 2. **Ауысп.** *Шабыттану, рухтану, жігерлену.*

ҚАНАТТАС I. *Іргелес, көршілес.*

ҚАНАТТАС II 1. *Жалғасу, шектесу, іргелесу.* 2. *Қатарласу, жарысу.*

ҚАНАТТАСТЫҚ *Іргелестік, шектестік, көршілестік.*

ҚАНАТТЫ *Қанаты бар.* ◊ **Қанатты сөз** — *ойды қысқа түрде дәл беретін бейнелі сөз; афоризм.* **Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай** — *бағып-қағып, аялап өсіреді.*

ҚАНАТТЫҚ *Қанаттан тұратын.*

ҚАНАТША *Қанатқа ұқсап, қанат сияқтанып.*

ҚАНАУШЫ *Біреудің еңбегін қанау арқылы пайда табатын үстем тап өкілі.*

ҚАНАУШЫЛЫҚ *Біреудің еңбегін жеп, пайда табушылық.*

ҚАНДА *Қанға бояу, қанға батыру.*

ҚАНДАЙ I *Бір нәрсенің түр-түсін, белгілерін білу үшін қойылатын сұрау есімдігі.*

ҚАНДАЙ II 1. *Ерекше, айрықша, тіптен, өте.* 2. *Белгілі бір істің нақтылы болғандығын білдіреді.*

ҚАНДАЙЛЫҚ *Қалай болушылық, қандай екендік.*

ҚАНДАЛА *Адам қанын сорып тіршілік ететін жәндік.*

ҚАНДАС *Шығу тегі, қаны бір; бауырлас.*

ҚАНДАСТЫҚ *Қандас болушылық, туыстық.*

ҚАНДАУЫР 1. *Денеден қан алуға арналып, ұшын имештеу етіп, үшкірлеп жасалған бәкінің басындай кішкене құрал.* 2. *Операцияға арналған хирург пышағы; скальпель.* 3. *Шағын қанжар, кездік.*

ҚАНДЕЛ *Балауыз шамын орнататын арнаулы қондырғы; шамдал.*

ҚАНДЕН *Бойы аласа, кішкене келген ит тұқымы.*

ҚАНДЫ 1. *Қаны бар, қан араласқан.* 2. *Қан аққан, қан төгілген.* **Қанды жексенбі** ***тар.*** *— патша армиясы шеруге шыққан бейбіт халыққа оқ жаудырып, қырып тастаған күн.* ◊ **Қандыауыз** *— ұстаған аңын жібермейтін (қақпан, мылтық).* **Қанды балақ** *— а) шүйілгенін іліп түсетін (қыран); ә) жырынды, әккі, ақ қаптал (қарақшы).* **Қанды көйлек** *— жорықта бірге болған, майдандас.* **Қандықол [мойын]** *— кісі өлтірген, құныкер (адам).* **Қанды шелек** *— опасыз, жырынды, қу.*

ҚАНДЫАҒАШ *Қабығы қара қоңыр түсті, жалпақ жапырақты ағаш.*

ҚАНДЫМ ***бот.*** *Далалы аймақта, шөлді жерлерде өсетін, майда жапырақты бұта немесе ағаш.*

ҚАНДЫШӨП ***бот.*** *Шабындық жерлерде өсетін, қауырсын жапырақты көпжылдық шөп.*

ҚАНДІКЕ *Садақ оғының (жебенің) жақтан шығар жері, кіріс.*

ҚАНЕ 1. *Біреуден бір нәрсе жайында білгісі келгенде қолданылатын сұрау есімдігі.* 2. *"Келіңдер, іске кіріселік" деген мәндегі ишарат сөз.*

ҚАНЖАР *Белге байлап жүретін, қос жүзді үлкен пышақ (қару).*

ҚАНЖАРЛА *Қанжар салу, қанжар сұғу.*

ҚАНЖАРЛЫ *Қанжары бар, қанжар ұстаған.*

ҚАНЖАРША *Қанжар тәрізді, қанжар секілді.*

ҚАНЖЕЛ *Тіс етінің ісініп, қабынып кететін, қышып, қанайтын ауруы; парадонтоз.*

ҚАНЖЫҒА *Бір нәрсе байлау, бөктеру үшін ердің екі жақ қапталының арт жағына өткізілген жіңішке, ұзын қайыс.* ◊ **Қанжығада көрісті [кездесті]** *— өмір бойы дүрдараз болып өтті.* **Қанжығадан қан кешті** *— кескілесіп соғысты, қырқысты.* **Қанжығаң майлансын [қандансын]** *— аң көп іліңсін, олжалы бол!* **Қанжығасында кетті** *— біреуге олжа (жем) болды, біреудің иелігінде кетті.*

ҚАНЖЫҒАЛАП *Қанжығаға байлап.*

ҚАНЖЫҒАЛАС I *Бірге жүрген, жорықтас, майдандас.*

ҚАНЖЫҒАЛАС II 1. *Үзеңгілесіп бірге жүру, жанынан қалмау.* 2. ***Ауысп.*** *Қатарласу, теңесу, жарысу.*

ҚАНЖЫҒАЛЫ *Қанжығасы бар, қанжыға таққан.*

ҚАНЖЫҒАЛЫҚ 1. *Ердің қанжыға тағылған жері, қанжыға тұсы.* 2. *Қанжыға боларлық, қанжығаға жарарлық.*

ҚАНЖЫЛЫМ *Аздаған жылы, жылымшы.*

ҚАН-ЖЫН *Сойылған малдың ішінен шыққан артық заттар.* ◊ **Қан-жыны араласқан** *— жүріс-тұрысы бір, сыр мінез (адам).* **Қан-жынын төкті** *— аузына келгенін айтып, тілдеді.*

ҚАНЖЫР *Түлкінің қаншығы.*

ҚАНКӨБЕЛЕК *Түнде ұшатын, жарыққа, отқа үйір көбелек.* ◊ **Қанкөбелек ойнатты [ойнады]** *— шыр көбелек айналдырды, ұршықтай үйірді.*

ҚАНҚҰЙЛЫ *Қанышпезер, қанішер, жауыз.*

ҚАНҚҰМАР *Қанішер, қанышпезер.*

ҚАНҚҰМАРЛЫҚ *Жауыздық, қанішерлік.*

ҚАНҚҰРТ *Тіс ауруы; қанжел.*

ҚАННЕН-ҚАПЕРСІЗ *Алаңсыз, бейқам.*

ҚАНСИГЕК *бот. Тау бөктерлерінде өсетін, гүл шоғыры масақ тәрізді шөп.*

ҚАНСОҚТА I *Жаңа сойылған малдың таза қанына іш май, аздаған ет, дән қосып, түздықтап, бүйенге салып пісірген шұжық.*

ҚАНСОҚТА II ***эти.*** *Қыран құсты дәріктіру үшін, өзі алған аңының етінен жылыдай жегізген жем.*

ҚАН-СӨЛ: қан-сөл жоқ — *өңі құпқу, жүдеу.* **Қан-сөлі қашты** — *боп-боз болып қуарды, бозарды; жүдеу тартты.*

ҚАН-СӨЛСІЗ *Жүдеу, арық; құп-қу.*

ҚАНСЫЗ 1. *Қаны жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Сүп-сүр, жүдеу.*

ҚАНСЫЗДАН 1. *Қаны азаю, қаны тауысылу.* 2. ***Ауысп.*** *Қаны қашу, сұрлану.*

ҚАНСЫЗДАУ *Өңі бозарыңқы, сұрғылттау.*

ҚАНСЫЗДЫҚ *Қаны аздық, қаны жоқтық.*

ҚАНСЫРА *Қан көп кетіп, әлсіреу, талықсу.*

ҚАНТ *Қант қызылшасынан жасалған ақ түсті, кристалды тәтті зат.* ◊ **Қант диабеті** ***мед.*** — *организмдегі зат алмасуының бұзылуынан болатын ауру.* **Қант қызылшасы** — *қызылшаның қант алынатын түрі.*

ҚАНТАЛА *Қан тамырларының жақымдануынан дененің қатты қызаруы.*

ҚАНТСЫЗ *Қанты жоқ, қант салынбаған.*

ҚАНТТАЙ *Қант секілді, қант тәрізді.*

ҚАНТТАН *Қант түйіршіктерінің түзілуі; қантқа айналу.*

ҚАНТТЫ *Қанты бар, қанты көп.*

ҚАНТТЫЛЫҚ *Құрамында қанты көптік.*

ҚАНТҮБІТ *Екі жасар бүркіт.*

ҚАНТША *Қант тәрізді, қант сияқты.*

ҚАНТ-ШАЙ *Шай жабдығына қажетті тағамдар.*

ҚАНТ-ШАЙЛЫҚ *Қант пен шайға жарарлық.*

ҚАНТЫШҚАҚ *Іштің қан аралас өтіп ауыруы; дизентерия.*

ҚАНША 1. *Бір нәрсенің сан мөлшерін білу үшін қолданылатын сұрау есімдігі.* 2. *Қаншама, қаншалықты.* 3. *Бір нәрсені жоққа шығару үшін қолданылады.* ◊ **Қанша дегенмен** — *не дегенмен.*

ҚАНШАЛЫҚ *Қаншама, қаншалықты.*

ҚАНШАЛЫҚТЫ *Қаншалық, қаншама.*

ҚАНШАМА 1. *Қаншалықты, қаншалық.* 2. *Өте көп, сансыз.*

ҚАНШЫҚ 1. *Ит тұқымдас хайуандардың ұрғашысы.* 2. ***Ауысп.*** *Әйел адамға айтылатын балағат сөз.*

ҚАНШЫҚТАН: ала қаншықтанды — *боран бір күшейіп, бір басылды.*

ҚАНШЫЛ *Қанға тартушы, рушыл.*

ҚАНШЫЛДЫҚ *Қанға тартушылық, рушылдық.*

ҚАНШЫР I *Арыстанның ұрғашысы.*

ҚАНШЫР II *Далалы жерде тіршілік ететін, кішірек келген жіп-жіңішке сұр түсті құс.*

ҚАНШЫРДАЙ *Қаншыр сияқты жіп-жіңішке, сыптай.* ◊ **Қаншырдай қатқан** — *жіп-жіңішке, сып-сидам.*

ҚАНЫҚ 1. *Бір нәрсенің мән-жайына, егжей-тегжейіне көзі жету.* 2. *Бір нәрсенің бабына жетуі, кемеліне келуі.* ◊ **Қанықкан ауа** — *бір нәрсені бойына әбден сіңірген ауа.* **Қанықкан бу** — *молекулалары көбейіп шегіне жеткен бу.* **Қанықкан ерітінді** — *одан әрі ери алмайтын ерітінді.* **Қанықкан көмірсутегі** — *өз күйіне жеткен көмірсутегі.*

ҚАНЫҚТА *Анық-қанығына көзі жету, түсіну.*

ҚАНЫҚТАУ *Сырына аздап болса да қанық, қанығырақ.*

ҚАНЫҚТЫ *Әбден белгілі, таныс.*

ҚАНЫҚТЫҚ 1. *Мән-жайды жете білгендік.* 2. *Кемеліне келгендік, бабына жеткендік.*

ҚАНЫПЕЗЕР *Қанқұйлы, жауыз, қанішер.*

ҚАНЫПЕЗЕРЛЕН *Қаны қараю, безеру.*

ҚАНЫПЕЗЕРЛІК *Қанқұйлылық, жауыздық.*

ҚАНЫСҰЙЫҚ *Қанипезер, зиянкес, зұлым.*

ҚАНІШЕР *Қанипезер, жауыз, қанқұйлы.*

ҚАНІШЕРЛІК *Жауыздық, қанипезерлік, қанқұйлылық.*

ҚАҢБАҚ 1. *Шөлді, шөлейтті жерлерде, далалы аймақтарда өсетін, шар тәрізді қауқиып біткен өсімдік.* 2. ***Ауысп.*** *Қаңбақ сияқты қалбалаңдаған жеп-жеңіл, салмақсыз.*

ҚАҢБАҚТАЙ 1. *Қаңбақ сияқты, жеп-жеңіл.* 2. *Қаңбақ тәрізді, қаңбақ секілді.* ◊ **Қаңбақтай ойнатты** — *әңгелек қақтырды, ұшырды.* **Қаңбақтай ұшырды** — *жалп етті.*

ҚАҢБАҚТЫ *Қаңбағы мол, қаңбақ өскен.*

ҚАҢБАҚША *Қаңбақ тәрізді, қаңбаққа ұқсап.*

ҚАҢҒАЛАҚ 1. *Үршықтың дөңгелек басы.* 2. ***тех.*** *Машина моторының айналатын қалағы.* 3. ***Ауысп.*** *Жеңілтек, жеңіл; жаңғалақ.* ◊ **Қаңғалақ қақты [қақтырды]** — *ұшып-қонды, зыр жүгірді.* **Қаңғалақ ойнады [ойнатты, ұшырды]** — *онда бір, мұнда бір соқтықты.*

ҚАҢҒАЛАҚТА *Үшып-қону, жаңғалақтау.*

ҚАҢҒАЛАҚТАУ *Үшқалақтау, жеңілтектеу.*

ҚАҢҒЫ I 1. *Бетімен лагып кету, кезу, тентіреу.* 2. *Барар жер, басар тауы қалмау.*

ҚАҢҒЫ II *Қаңғырып жүрген, қаңғыған.*

ҚАҢҒЫБАС *Кезбе, қыдырымпаз.*

ҚАҢҒЫБАСТАН *Кезу, тентіреу; қаңғыру.*

ҚАҢҒЫБАСТАНУ ***қ. атау.*** *Қаңғыбастану.*

ҚАҢҒЫБАСТЫҚ *Ел кезушілік, кезбелік.*

ҚАҢҒЫМА *Кезбе, қаңғыбас.*

ҚАҢҒЫР I 1. *Қаңғырлап шыққан дыбыс.* ◊ **Қаңғыр етті [еткізді]** — *қаңғырлаған дыбыс шықты, қаңғырлады.*

ҚАҢҒЫР II *Тентіреу, ел кезу.*

ҚАҢҒЫРА *Үйдің, қораның, т. б. ішінде еш нәрсе қалмай, бос тұруы.*

ҚАҢҒЫР-КҮҢГІР *Даңғыр-дұңғыр, салдыр-күлдір.* ◊ **Қаңғыр-күңгір етті [еткізді]** — *қаңғырлаған, күңгірлеген дыбыс шықты.*

ҚАҢҒЫРЛА *Қаңғырлаған дыбыс шығару.*

ҚАҢҒЫРЫҚ: қаңғырығы түтеді [қаңғырығын түтетті] — *қатты шаршады, қаны кепті.*

ҚАҢҒЫРЫС *Қаңғыбастық, кезбелік.*

ҚАҢҚ: қаңқ етті [еткізді] — *"қаңқ" деген дыбыс шығарды.*

ҚАҢҚА 1. *Жан-жануарлардың бүкіл дене құрылысын құрайтын сүйектер жиынтығы.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің жалпы құрылысы, сыртқы бітімі.*

ҚАҢҚАЙ *Қақию, қаңқию.*

ҚАҢҚАЙМА ***экспр.*** *Қаңқайып тұрған зат.*

ҚАҢҚАҚ *Қаңқайып қалған, қаңқиған.*

ҚАҢҚ-ҚАҢҚ: қаңқ-қаңқ етті [еткізді] — *қаңқылдаған дыбыс шығарды, қаңқылдады.*

ҚАҢҚЫ *Қаңқаю, қақию.*

ҚАҢҚУ *Алыпқашпа, өсек-аяң.* ◊ **Қаңқу сөз** — *алыпқашпа сөз.*

ҚАҢҚУЛА *Өсек-аяң айту.*

ҚАҢҚЫЛ *Қаңқ-қаңқ еткен дыбыс.*

ҚАҢҚЫЛДА 1. *Ит пен құстың қаңқ-қаңқ еткен дыбыс шығаруы.* 2. ***Ауысп.*** *Қазымыр адамның көп сөйлеп, мазаны алуы.*

ҚАҢҚЫЛДАҚ *Қаңқылдап қалған, қаңқылдай беретін.*

ҚАҢҚЫЛДАУЫҚ *Қаңқ-қаңқ етіп дыбыс шығаратын, қаңқылдай беретін.*

ҚАҢСЫ 1. *Құрғау, кебу.* 2. *Тілі ауызына сыймау, шөлдеу, сусау.*

ҚАҢСЫҚ 1. *Қаңсып кеткен, құрғақ.* 2. *Күн қақтап тоздырған зат (бұйым).*

ҚАҢСЫҚТАУ *Аздап қаңсыған, құрғақтау.*

ҚАҢСЫЛА *Иттің қатты (ащы) дауыс шығаруы.*

ҚАҢТАР I *Қыстың екінші айы.*

ҚАҢТАР II 1. *Шөп жегізбес үшін аттың басын кегжите байлау.* 2. ***Ауысп.*** *Ешнәрсе бермеу, құр тастау.* 3. ***Ауысп.*** *Жұмыссыз бос қою.*

ҚАҢТАРУЛЫ *Қаңтарылып қойылған, қаңтарылған.*

ҚАҢЫЛТАҚ *Жұқа, қалың емес.*

ҚАҢЫЛТАҚТАЙ *Жұп-жұқа.*

ҚАҢЫЛТЫР *Жалпақ келген жұқа темір.*

ҚАҢЫЛТЫРЛА *Қаңылтырмен қаптау (жабу).*

ҚАҢЫЛТЫРЛЫ *Қаңылтырмен қапталған.*

ҚАҢЫЛТЫРША *Қаңылтыр тәрізді, қаңылтыр секілді.*

ҚАҢЫЛТЫРШЫ *Қаңылтырдан әртүрлі бұйым жасайтын маман.*

ҚАҢЫРА *Иесіз қалу, құлазу.*

ҚАҢЫРАЙ *Қаңырап бос тұру, иесіз қалу.*

ҚАҢЫРЫҚ: қаңырығы түтеді [кепті] — *шөлдеді, қаталады.*

ҚАП I 1. *Әртүрлі заттар салуға арналған ыдыс.* 2. *Бір нәрсені қаптап қоятын қорғаушы зат.* 3. *Белгілі бір анатомиялық дене мүшесінің сыртқы жамылғышы.* ◊ **Қап түбін қақты** — *тамақ қорының ең соңғысын пайдаланды; түгі қалмады, бәрін бітірді.*

ҚАП II 1. *Иттің (адамды, малды) тістеп алуы.* 2. *Балықтың қармақтағы жемді жеуі.* 3. ***Ауысп.*** *Шаң-тозаңның, шістің бір нәрсені тұтып қалуы.*

ҚАП III *Өкінгенде, опық жегенде айтылатын ишарат сөз.*

ҚАПА I *Қайғы, шер, мұң.* ◊ **Қапа болды [шекті]** — *қайғырды, қамықты.*

ҚАПА II *Қапырық, ыстық, тымырсық.*

ҚАПАДАР ***диал.*** *Қапалы.*

ҚАПАЗ *Қараторғайға арнап, қолдан жасалған ұя.*

ҚАПАҚ ***көне*** *Жазалы адамның мойнына кигізетін дөңгелек тақтай.*

ҚАПАЛА *Ыстыққа шыдай алмау, күйіп-жану.*

ҚАПАЛАҚ 1. ***сөйл.*** *Қардың жерге ұшып түсіп жатқан әрбір түйірі; жапалақ.* 2. ***Ауысп.*** *Қалбалақ, елпелек, епелек.*

ҚАПАЛАҚТА 1. *Қардың жапалақ-жапалақ жаууы.* 2. ***Ауысп.*** *Қалбалақтау, елпелектеу, елпілдеу.*

ҚАПАЛАН *Қамығу, қайғыру.*

ҚАПАЛАНУШЫЛЫҚ *Қапаланғандық, қайғырғандық.*

ҚАПАЛЫ *Қайғылы, реніштті.*

ҚАПАЛЫЛЫҚ *Қапа болғандық, реніштілік.*

ҚАПАС 1. *Жазалы адамдарды қамайтын орын.* 2. ***Ауысп.*** *Ауыр азапты өмір, қиыншылық.* 3. ***Ауысп.*** *Таршылық, қыспақ.*

ҚАПАШ-ҚҰПАШ *Апыл-ғұпыл, асығыс-үсігіс.*

ҚАПЕЛІМДЕ *Кенеттен, жөпелдемеде.*

ҚАПЕР *Ес, жад, ой.* ◊ **Қаперінде болмады [жоқ]** — *есінде тұрмады, ұмытылды.* **Қаперіне алмады [ілмеді]** — *есептеспеді, санаспады.* **Қаперіне келмеді [кірмеді]** — *ойына кіріп те шықпады, ескермеді.* **Қаперінен шықты** — *есінен шықты, ұмытты.*

ҚАПЕРСІЗ *Бейқам, қамсыз; жайбарақат.*

ҚАПЕРСІЗДІК *Бейқамдық, жайбарақаттық.*

ҚАПИЯДА *Қапелімде, қапылыста.*

ҚАП-ҚАЛЫҢ *Әжептәуір қалың.*

ҚАП-ҚАП *Бірнеше қап, сансыз көп қап.*

ҚАП-ҚАРА 1. *Тым қара, өте қара.* 2. *Ештеңе көрінбейтін, көзге түртсе көргісіз.*

ҚАП-ҚАРАҢҒЫ *Көзге түртсе көргісіз, өте қараңғы.*

ҚАП-ҚАТТЫ *Әжептәуір қатты, өте қатты.*

ҚАПҚЫР: жер [тас] қапқыр – *өле қалғыр.*

ҚАПҚЫШ *Қабатын, қаба беретін.*

ҚАПСАҒАЙ *Зор денелі, ұзын бойлы; сүйегі ірі.*

ҚАПСАҒАЙЛАН *Денесі ірілену, бойы зораю.*

ҚАПСАҒАЙЛАУ *Денесі ірілеу, мықтылау.*

ҚАПСАҒАЙЛЫҚ *Денелілік, ірілік, ұзын бойлылық.*

ҚАПСЫР 1. *Есікті, киімнің алдыңғы екі бойын бір-бірімен қиюластыра жабу, қымтау.* 2. *Екі қолмен құшақтау, қысу.*

ҚАПСЫРМА 1. *Әйелдердің сыртқы киімінің екі өңірін бір-біріне қапсырып тұратын, күмістен жасалған әшекейлі сәнді ілгек.* 2. ***тех.*** *Екі затты бір-біріне қысып бекітетін қондырғы.*

ҚАПСЫРМАЛА *Қайта-қайта қапсыра беру...*

ҚАПСЫРМАЛАН *Бір-біріне қапсырылу, жымдасу.*

ҚАПСЫРМАЛЫ *Қапсырмасы бар, қапсырма тағылған.*

ҚАПСЫРЫҢҚЫ *Аздап қапсырылған.*

ҚАПТА I 1. *Бір нәрсені қапқа салу.* 2. *Бір нәрсенің сыртынан қап жасау.*

ҚАПТА II 1. *Жайылу, басып қалу.* 2. *Толып кету, көп болу.*

ҚАПТАҒАЙ ***көне*** *Жабайы түйе.*

ҚАПТАҒАЙЛА *Жан-жақтан аңдыздау, андағайлау.*

ҚАПТАЙ: бір [екі, жарты] қаптай – *қап шамасындай (мөлшер, өлшем).*

ҚАПТАЛ I 1. *Таудың екі жақ қия беті.* 2. *Малдың екі жақ қабырғаларының үсті (тұсы).* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің екі жағы (жаны), өкпе тұсы.* ◊ **Қаптал жол** – *қапталдай салынған жол.*

ҚАПТАЛ II *Ат қапталына үйлестіріп жонылған, ердің екі қасына бекітілген, екі бөлек қисықтау шабылған ағаш.*

ҚАПТАЛ III *Молынан пішілген, кең етіп тігілген (киім).*

ҚАПТАЛ IV ***әск.*** *Сапта тұрған немесе бір жерге орналасқан әскерлердің оң жақ, сол жақ қанаты.*

ҚАПТАЛДА *Тау беткейінен қиялай жүру.*

ҚАПТАЛДАС I *Қатарласу, қабаттасу, жарысу.*

ҚАПТАЛДАС II 1. *Қатарлас, тең.* 2. *Іргелес, көрші.*

ҚАПТАЛДАСЫП *Қабаттасып, бір-бірінен қалмай, жарыса.*

ҚАПТАЛДЫ *Қапталы бар.*

ҚАПТАЛДЫҚ 1. *Малдың қаптал тұсы.* 2. *Ердің қаптал орналасқан жері.*

ҚАПТАМА *Бір нәрсенің сыртын қаптаған зат; қабы.*

ҚАПТАМАЛЫ *Сырты қапталған; қаптамасы бар.*

ҚАПТАУЛЫ *Қаптап қойылған, қапталған.*

ҚАПТЕСЕР *Кішкене үй тышқаны.*

ҚАПТЫ *Қабы бар, қапталған.*

ҚАПША *Қап тәрізденіп, қап секілденіп.*

ҚАПШЫҚ *Кішірек қап.*

ҚАПШЫҚТАП *Қапшыққа салып, қапшыққа толтырып.*

ҚАПШЫҚША *Қапшық тәрізді, қапшық секілді.*

ҚАПЫ I 1. *Абайсыз, аңдаусыз, байқаусыз.* 2. *Жаңсақтық, қателік; жаңылыс.* 3. *Ыңғай, сәт.* ◊ **Қапы [қапысын] жібермеді** – *қапы қалмады, мүлт кетпеді.* **Қапы қалды [қалдырды, кетті]** – *опық жеді, өкінді;* **Қапы соқты [соқтырды]** – *опық жеді, өкінді; сан соқты.* **Қапысын аңдыды** – *сәтін күтті, ыңғайын тосты.* **Қапысын тапты** – *ыңғайлы сәтін кезіктірді.*

ҚАПЫ II *Екі беті ашық, терең сай, каньон.*

ҚАПЫДА *Абайсызда, аңдаусызда; қапылыста.* ◊ **Қапыда қалды [кетті]** – *санын соқты, өкінді.*

ҚАПЫЛ *Асып-сасу, әбігерге түсу.*

ҚАПЫЛДЫҚ *Қапы қалушылық, опық жеушілік.*

ҚАПЫЛ-ҚҰПЫЛ *Асығыс-үсігіс, апыл-құпыл.*

ҚАПЫЛТ: қара аспанды қапылтты — *бір нәрсені төндірді.*

ҚАПЫЛЫҚ *Қапы қалушылық, опық жеушілік.*

ҚАПЫЛЫС *Ойламаған жерден, шұғаусызда.*

ҚАПЫЛЫСТА *Абайсызда, аңдаусызда.*

ҚАПЫРЫҚ *Тымырсық, ыстық.* ◊ **Қапырық атты** — *қапырықтанды, басыды.*

ҚАПЫРЫҚҒАН *Тымырсықтану, ауасы тарылу.*

ҚАПЫРЫҚТАУ *Ыстығырақ, тымырсықтау.*

ҚАПЫРЫҚТЫҚ *Тымырсықтық, ыстықтық.*

ҚАПЫСЫЗ 1. *Қамсыз, әзірліксіз, дайынсыз.* 2. *Тиянақтап, мұқияттап.* 3. *Қалт жібермей, мұлтіксіз.* 4. ***Ауысп.*** *Қалтқысыз, риясыз, шынымен.*

ҚАПЫСЫЗДА *Абайсызда, аңдаусызда, кенеттен.*

ҚАПЫСЫЗДЫҚ *Қапы қалмаушылық, өкінбестік.*

ҚАР I *Қыста жауатын, ақ түсті кристалдардан тұратын атмосфералық жауын-шашын.* ◊ **Қар төктатты** — *өліс алқаптарына қарды жалдап үйді.* **Қар төсеніп, мұз жастанды** — *қиыншылыққа көнді, азап шекті.*

ҚАР II 1. *Жағымсыз мінезді, суық жүрісті әйел.* 2. *Оңбаған, бұзық.*

ҚАРА I 1. *Көмірдің, күйенің түсіндей (аққа қарама-қарсы түс).* 2. *Қарапайым көрінген нәрсе, қарайған зат.* 3. *Бір нәрсенің нобайы, пішімі, аумақ, көлемі, сан мөлшері.* 4. ***этн.*** *Өлікті аза тұтудың белгісі ретінде басқа салатын қара түсті орамал.* 5. *Халық арасынан шыққан қарапайым адам; бұқара халық.* **Қара ажырық** *ажырықтың қоңырқай түсті түрі.* **Қара алқа** — *жемісі қара түсті алқа.* **Қара бұрыш** — *бұрыштың қара қошқыл түсті, хош иісті түрі.* **Қара қоңыз** — *қоңыздың қара түсті үлкен түрі.* **Қара өлең** — *өлең өсімдігінің қара қоңыр түсті түрі.* **Қара шыбын** — *үйде, қорада жүретін әдеттегі үй шыбыны.* **Қара ырғай** — *ырғайдың қабығы қара қоңыр түсті түрі.* ◊ **Қара ала** — *қара және ақ түстер аралас.* **Қара албасты** — *албастының дөкейі; нағыз албасты.* **Қара алтын *экспр.*** — а) *тас көмір;* ә) *мұнай.* **Қара аруақ** — *киелі, қасиетті аруақ.* ◊ **Қара аспанды төндірді [суға алдырды, жаудырды]** — *ақырзаман орнатты.* **Қара басы** — *жеке өзі, соқа басы.* **Қара басыңа көрінгір *қарг.*** — *жаманшылық тек өз басыңа келгір!* **Қара басын күйттеді** — *өз басын ғана ойлады.* **Қарабауыр** — *тасбауыр, мейірімсіз.* **Қарабет [жүз]** — *ұятсыз, арсыз, жексұрын.* **Қара борандатты** — *қатты ашуланды, зіркілдеп ұрысты.* **Қара бұқара [халық]** — *қарапайым еңбек адамы, шаруа.* **Қара домалақ** — *аласа бойлы, топ-толық (бала).* **Қара дүрсінге басты [салды]** — *дөрекілік көрсетті, тұрпайылық танытты.* **Қараға ерді** — *топқа қосылды, дүрмекке ерді.* **Қара жаңбыр [жауын, нөсер]** — *ұзаққа созылған суық жаңбыр.* **Қара жарыс** — а) *бәйгесіз жарыс;* ә) *байқау, барлау; шағын сынақ.* **Қара жаяу** — а) *атсыз, көліксіз (адам);* ә) *ештеңесі жоқ, кедей.* **Қара жер болды** — *қатты ұялды.* **Қара жерге қаратты [отыртты]** — *ұятқа қалдырды.* **Қара жол** — *жүргінші көп жүретін үлкен жол.* **Қара жон** — *дәл жоны, арқа жоны.* **Қара жұдырық** — *ұрда-жық; жуан жұдырық.* **Қара жұмыс [жұмысшы]** — *дене күшін (еңбегін) қажет ететін жұмыс.* **Қара киді *этн.*** — *қара киім киіп, аза тұтты.* **Қара көбейтті** — *көппен бірге болды, қатарға қосылды.* **Қара көбең [көбеңде]** — *іңір қараңғысы; ала көбең.* **Қара көбең тартты** — *іңір түсіп, қарауыта бастады.* **Қаракөлеңке** — *күңгірт, қа-*

рауытқан; көмескі. **Қара көрдей** – *қап-қараңғы, тастай қараңғы.* **Қара көрмегір** ***қарғ.*** – *тұлдырсыз қалғыр.* **Қаракөрім [көрінім] жер** – *біраз қашықтық.* **Қара күз** – *нағыз күз; суық күз.* **Қара күйе жақты** – *масқарасын шығарды, абыройын төкті.* **Қара күңгірт** – *қарауытқан, бұлыңғыр.* **Қара күшке басты [салды]** – а) *ешбір әдіс-айласыз, дене күшіне ғана сүйенді;* ә) *зорлық жасады, белден басты.* **Қара қазан** – а) *күнде ошақтан түспейтін үлкен қазан;* ә) *шық бермес шығайбай, сараң (адам).* **Қара қазанның [қара қазан, сары баланың] қамы [қайғысы]** – *үй ішінің жайы, тіршіліктің қамы.* **Қара қарғадай [өрттей] қаптады** – *көп болып келіп, құжынап кетті.* **Қара қасқа кедей** – *түгі жоқ, тақыр кедей.* **Қара қатқақ** – *жер беті тобарсыған, тоңазыған кез.* **Қара қоңыз** – *дүниеқор, пасық.* **Қаракөрім [құрым]** – *есепсіз көп, қаптаған.* **Қара қотыр болды** – *жараның беті қабыршақтанып қатты.* **Қара қошқыл** – *қызыл не қоңыр реңді қара түс.* **Қаракұлақ [қаракұлақ болды]** – *есейген (марқайған) төл.* **Қаракұрым** – а) *тозығы жеткен ескі (киіз);* ә) *қаптаған, көп.* **Қара қылды қақ жарған [тілген]** – *өте әділ, адал.* **Қара нар** – *түйенің ең күштісі, мықтысы.* **Қараниет [пейіл]** – *арам ойлы, залым, сұм.* **Қара нөпір** – *қалың, көп.* **Қараң өшкір [батқыр]** – *жоғалғыр, жоқ болғыр.* **Қара орман** – а) *ағашы қалың өскен орман;* ә) *есепсіз көп дүние.* **Қараөзек шақ** – *мал мен адамның азығы таусылған көктем кезі.* **Қара өлең** – *әр жолы он бір буынды болып келетін өлең түрі.* **Қараөкпе** – *жылқының жөткірініп ауыратын ауруының аты.* **Қара пар** – *жыртылған, бірақ әлі егіс егілмеген жер.* **Қара саба** – *үлкен, кең саба.* **Қара сабын** – *сақар қайнату арқылы алынатын сабын.* **Қара сан** – *санның орта тұсы, дәл ортасы.* **Қара сорпа болды [қара сорпасы шықты]** – *әбден терледі; шаршады.* **Қара сорпасын ұртта [ұрттағыр]** – *өліп қалғыр.* **Қарасөз** – а) *жай сөз, қарапайым сөз;* ә) ***әдеб.*** *Әңгіме, повесть, роман сияқты шығармалардың жалпы аты; проза.* **Қара суға түсті** – *қатты терледі, пора-порасы шықты.* **Қарасуық** – *жауын-шашынсыз қатты суық.* **Қара сүмек болды** – *терге шомды, малшынды.* **Қарасы батты [қарасын батырды]** – *жоғалды, құрыды.* **Қарасы жоғалды** – *көзден ғайып болды, құрыды.* **Қарасы көрінді [қарасын көрді]** – *нобайы көзге шалынды, төбесі көрінді.* **Қарасын көрмеді** – *маңайына жоламады, жуықтамады.* **Қарасын көрсетпеді** – а) *ғайып болды, жоғалды; төбесін көрсетпеді;* ә) *жеткізбеді, ұзап кетті.* **Қарасы өшті [қарасын өшірді]** – *жоқ болды, құрыды.* **Қара сіңір** – *қажырлы, қайратты.* **Қара табан болды** – *өсті, есейді, марқайды.* **Қара тақым** – а) *қара жаяу, кедей;* ә) *алаяқ, қу.* **Қара таласты** – *қабаттасты, қатарласты.* **Қара тартты [тұтты, көрді]** – *ес көрді, қара санады.* **Қара тас** – а) *сараң, қатты;* ә) *қатыгез, мейірімсіз.* **Қара тер болды [қара терге түсті]** – а) *қатты терледі;* ә) *босқа зорықты, құр әуре болды.* **Қара торы** – *ашық қоңыр, қоңырқай.* **Қара төбел** – *маңдайында кішкене ағы бар қара түсті (мал).* **Қара тұяқ болды** – *буыны бекіп, есейді.* **Қара түн** – а) *көзге түртсе көргісіз, қараңғы түн;* ә) *ауыр азап, ауыртпалық.* **Қара түнек** – а) *қап-қараңғы (түн);* ә) *әділетсіздік, жоқшылық жайлаған (заман, өмір).* **Қара түтін** – *кір, лас, қою түтін.* **Қаратізім** – *айыптылардың, кінәлілердің тізімі.* **Қара тікті** ***этн.*** – *өлік жатқан үйдің белдеуіне қара ту байлау салты.* **Қара тіл** – а) *сөзі өңменіңнен өтетін, өткір;* ә) *сөзге жүйрік, шешен, ділмар.* **Қара үзді [қарасын үзді, қарасы үзілді]** – а) *көзге көрінбей кетті, ұзады;* ә) *алға шықты, озды.* **Қара шаңырақ** – а) *үлкен атасы, әке-шешесі отырған үлкен үй;* ә)

ең алғашқы мәдени ошақ, мекеме. **Қара шаруа** — *малшы, жалшы, дикан.*

ҚАРА II *Жылқы, түйе, сиыр малдарының жалпы аты.*

ҚАРА III 1. *Назар аудару, көз жіберу.* 2. *Іздеу, қарастыру.* 3. *Көру, тексеру, аңғару, бағу, байқау, бақылау.* 4. *Ескеру, елеу, ден қою.* 5. *Күту, тосу, ойлау.* 6. *Бағып-қағу, күту, баптау.* 7. *Біреудің қол астында болу.* 8. *Есептеу, санау, ойлау.* 9. *Ауу, өту, қадам басу.* 10. *Арнайы сөз ету, талқылау.* ◊ **Қарайтын бет қалған жоқ** — *ұятты болды.* **Қарап жатты [отырды, тұрды, жүрді, қалды]** — а) *бір нәрсеге көз салды; байқады, барлады;* ә) *еш нәрсе істемеді, әрекеттенбеді.* **Қарап жүрмеді [жатпады, отырмады, тұрмады, қалмады]** — *бір нәрсе істеді; тыныш жүрмеді.*

ҚАРАБАЙ I ***экспр.*** *Дүниеқор, сараң, қайырымсыз.*

ҚАРАБАЙ II ***зоол.*** *Басында қызыл айдары бар, қоңыр түсті, қауырсыны қап-қара, ұзын жіңішке тұмсықты қаз тектес құс.*

ҚАРАБАЙЛЫҚ *Дүниеқорлық, сарыңдық.*

ҚАРАБАЙЫР *Жай, қарапайым, қарадүрсін.*

ҚАРАБАЙЫРЛАН *Жұпыны тарту, қарапайымдану.*

ҚАРАБАЙЫРЛАУ *Қарапайымдау, жұпынылау.*

ҚАРАБАЙЫРЛЫҚ *Қарапайымдық, жұпынылық.*

ҚАРАБАҚЫР *Жай металдан жасалған ұсақ тиын.*

ҚАРАБАЛЫҚ ***зоол.*** *Кәсіпшілік маңызы зор, қара қоңыр түсті балық.*

ҚАРАБАРАҚ ***бот.*** *Шөлді жерлерде өсетін бұта.*

ҚАРАБАРҚЫН I *Қарасы басым қоңыр түс; қара қоңыр.* ◊ **Қарабарқын тарту** — *қара қоңыр түске енді, қарабарқындады.*

ҚАРАБАРҚЫН II *Түйе жейтін өсімдік.*

ҚАРАБАРҚЫНДАН *Қарабарқын түске ауысу.*

ҚАРАБАС ***бот.*** *Астық тұқымдас ірі шөп.*

ҚАРАБАУЫР ***зоол.*** *Денесі тығыз, аяқтары қысқа, кептер тәрізді кішкене құс.*

ҚАРАБЕЗ *Омырау, шап бездері ісіп, қарайып кететін, жұқпалы түйе ауруы.*

ҚАРАБИДАЙ 1. *Егістіктерде өсірілетін, сабағы тік, жапырақтары таспа тәрізді, астық тұқымдас дәнді дақыл.* 2. *Осы дақылдың кенеулі нан пісіретін қоңырқай түсті дәні.*

ҚАРАБИЕ ***этн.*** *Түнде ойналатын балалар ойынының бір түрі.*

ҚАРАБОТА ***бот.*** *Көл жағаларында өсетін, ала бота тектес өсімдік.*

ҚАРАБУРА ***кәс.*** *Су жолына тосқауыл, бөгет етіп қою үшін белінен буылған шыбық (қамыс, құрай).*

ҚАРАБУРАЛА *Карабурамен бөгеу, тосқауыл жасау.*

ҚАРАБҰҒА *Қара қоңыр түсті алабұға тектес балық.*

ҚАРАБҰЛДІРГЕН ***бот.*** *Өзен жағаларында өсетін тікенекті, жабайы өсімдік және сол өсімдіктің шырынды жемісі.*

ҚАРАҒАЙ *Таулар мен ормандарда тұзу әрі биік болып өсетін, қысы-жазы көгеріп тұратын, қылқан жапырақты ағаш.* ◊ **Қарағай басын шортан шалды** — *заман өзгерді, қилы-қилы оқиғалар болды.* **Қарағай мүйіз [мүйізді]** — *арбиған үлкен мүйіз.*

ҚАРАҒАЙДАЙ 1. *Арбиған, үлкен, зор.* 2. *Тік-тік, туп-тұзу.* 3. *Сіресіп, қатып тұрған; тік-тік.*

ҚАРАҒАЙЛЫ *Қарағай өскен, қарағайы қалың.*

ҚАРАҒАЙШЫ *Орманнан қарағай кесетін, дайындайтын адам.*

ҚАРАҒАН *Суыққа төзімді, топырақ талғамайтын жіңішке бұта.*

ҚАРАҒАНДЫ *Қараған көп өскен, қарағаны қалың.*

ҚАРАҒАНСЫ *Қарағандық кейіп таныту, қараған болу.*

ҚАРАҒАШ *Қуаңшылыққа төзімді, қатты ағаш.*

ҚАРАҒАШТЫ *Қарағаш өскен, қарағашы қалың.*

ҚАРАҒҰС *Бас сүйектің желке жақтың шығыңқы тұсы; шүйде.*

ҚАРАҒЫМ ***экспр.*** *Үлкен адамның жасы кішіге еркелетіп айтатын сөзі.*

ҚАРАҒЫМДА *"Қарағым" деп, қайта-қайта айту.*

ҚАРАҒЫМ-ШЫРАҒЫМ *Айналып толғанған жылы сөз.*

ҚАРАҒЫСЫЗ: ел бетіне қарағысыз етті [қылды] — *ұятқа қалдырды, масқара қылды.*

ҚАРАҒЫШТА *Қайта-қайта қарай беру.*

ҚАРАДАЙ *Тектен-текке, қарадан-қарап.*

ҚАРАДАН-ҚАРАП *Бостан-босқа, жайдан-жай.*

ҚАРАЖАТ *Қаржы, ақша, пұл.*

ҚАРАЖАТСЫЗ *Қаражаты жоқ, ақшасыз, пұлсыз.*

ҚАРАЖАТСЫЗДЫҚ *Қаражаты жоқтық, пұлсыздық.*

ҚАРАЖАТТЫ *Қаражаты бар, ақшалы, пұлды.*

ҚАРАЖАТТЫҚ *Қаражат болар-лық, қаражатқа жарайтын.*

ҚАРАЖЕМІС ***бот.*** *Кара түсті жемісі бар дәрілік өсімдік.*

ҚАРАЖИДЕК ***бот.*** *Ірі сабақты, қара домалақ жемісі бар көпжылдық өсімдік.*

ҚАРАЙ I 1. *Түсі қара тарту, қарага айналу.* 2. *Бір нәрсенің нобайы ғана көріну, қарауыту.* 3. *Көп уақыт қағазға қарамай кеткендіктен оқығанын, білгенін ұмыта бастау.* 4. ***Ауысп.*** *Күнәға бату, былығу.*

ҚАРАЙ II *Барыс жалғаулы есім сөздерді меңгеріп, оларды етістіктермен байланыстыру үшін жұмсалатын демеулік.*

ҚАРАЙЛА 1. *Қайта-қайта қарау, тастап кете алмау.* 2. *Күту, тосу, бөгелу.*

ҚАРАЙЛАС I *Шамалас, мөлшерлес.*

ҚАРАЙЛАС II *Біреуге жәрдемдесу, көмектесу.*

ҚАРАЙЛАСТЫҚ *Шамаластық, жуықтастық.*

ҚАРАЙТ I. ***өзг. етіс*** *Қарайт.* 2. *Қалқайту, шошайту.*

ҚАРАЙЫМ *Түркі тілдерінің ішіндегі қыпшақ тобына жататын халық.* ◊ **Қарайым тілі** — *қарайым халқының ұлттық тілі.*

ҚАРАКЕУІМ *Іңір қараңғысы түскен кез, ымырт шақ.* ◊ **Қаракеуім тартты** — *кеш батып, төңірек қарауыта бастады.*

ҚАРАКЕУІМДЕН *Қаракеуім тарту, күңгірттену.*

ҚАРАКӨЗ *Теңізде тіршілік ететін шабақтан сәл үлкенірек, ұсақ балық; вобла.*

ҚАРАКӨЛ *Төлінің жүні қара, көк, қоңыр түсті болып келетін қойдың ерекше бір түрі және сол қой төлінің қымбат бағалы бұйра елтірісі.*

ҚАРАКӨЛЕҢКЕ *Қарауытқан, күңгірт.* ◊ **Қаракөлеңке тартты** — *қарауытты, күңгірттенді.*

ҚАРАКӨЛЕҢКЕЛІЕН *Қаракөлеңке тарту, қарауыту, күңгірттену.*

ҚАРАКӨЛЕҢКЕЛЕУ *Аздап қарауытқан, күңгірттеу.*

ҚАРАКӨЛШЕ *Қаракөл елтірісінің орташа сапалы түрі.*

ҚАРАКҮЗЕН ***зоол.*** *Жүні қалың, жылтыр, қара түсті, терісі бағалы су күзені.*

ҚАРАКҮЙЕ I *Жүннен жасалған киімдерді, бұйымдарды жеп, тіршілік ететін көбелек құрты.*

ҚАРАКҮЙЕ II *Саңырауқұлақ (гриб ок) тарататын өсімдік ауруы.*

ҚАРАКҮЙЕШЕ *Каракүйе тәрізді, қаракүйе секілді.*

ҚАРАҚ I ***экспр.*** *Қалқа, шырақ.*

ҚАРАҚ II ***көне*** *Ашқарақ, ашкөз, тойымсыз.*

ҚАРАҚ III *Көздің қарасы, қарашығы.*

ҚАРАҚАҒАЗ *Майдандағы жауынгерлердің мерт болғандығы туралы хабар жазылған қағаз.*

ҚАРАҚАЗ ***зоол.*** *Балықпен қоректенетін, суда жақсы жүзетін, түсі қара су құсы.*

ҚАРАҚАЛ ***зоол.*** *Құлағының сыртқы қара, ұшы шашақты, мысық тұқымдас, жыртқыш аң.*

ҚАРАҚАЛПАҚ *Қарақалпақ елінің жергілікті халқы.* ◊ **Қарақалпақ тілі** — *қарақалпақ халқының ұлттық тілі.*

ҚАРАҚАН: **қарақан [құ] басы** — *жеке басы, қара басы.*

ҚАРАҚАПТАЛ *Жылқының айғырында болатын жұқпалы жыныстық ауру.*

ҚАРАҚАС ***зоол.*** *Көбінесе орманды жерде кездесетін, күндіз ұйықтап, түнде тіршілік ететін кеміргіш.*

ҚАРАҚАТ *Жабайы және мәдени түрде кездесетін шала бұта және осы бұтаның домалақ келген кішкене жемісі.* ◊ **Қарақат көз** — *мөлдіреген қара көз.*

ҚАРАҚАТТАЙ *Қарақат сияқты қап-қара, мөлдір.*

ҚАРАҚАТТЫ *Қарақат өскен, қарақаты бар.*

ҚАРАҚОҒЫР ***бот.*** *Сарғалдақтар тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ҚАРАҚТА *Көзінің сұғын қадау, аңду.*

ҚАРАҚТЫ 1. *Қырағы, көреген, көзі көргіш.* 2. ***Ауысп.*** *Түйгені мол, көзі ашық, білімдар (адам).*

ҚАРАҚТЫЛЫҚ *Қырағылық, зеректік.*

ҚАРАҚҰЙРЫҚ *Далалы жерді мекендейтін, аша тұяқты, сұт қоректі аң.*

ҚАРАҚҰЛАҚ I *Төлдің ширап, отыра бастаған кезі.*

ҚАРАҚҰЛАҚ II *Мысық тұқымдас дене тұрқы 80—85 см-дей жыртқыш аң.*

ҚАРАҚҰМЫҚ ***бот.*** *Астық тұқымдас мәдени дақыл және осы дақылдың арпаға ұқсас ірі дәні.*

ҚАРА-ҚҰРА 1. *Қарауытып көрінген жан-жануарлар; адам, мал т. б.* 2. *Қараңғыда қарауытып көрінген нәрселер.*

ҚАРАҚҰРТ I *Түрі өрмекші тәрізді, түсі қара, улы жәндік.*

ҚАРАҚҰРТ II ***астр.*** *Аспанның солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз.*

ҚАРАҚҰРТТАЙ *Өте көп, есепсіз.* ◊ **Қарақұрттай қаптады** — *быжынады, құжынады.*

ҚАРАҚҰРТША *Қарақұрт тәрізді, қарақұрт құсап.*

ҚАРАҚҰРЫМ *Есепсіз көп, қаптаған.*

ҚАРАҚҰС ***зоол.*** *Жемтікке үйір, ірі келген жыртқыш құс.*

ҚАРАҚҰСША *Қарақұс тәрізденіп, қарақұсқа ұқсап.*

ҚАРАҚШЫ I 1. *Ит-құсты, ұрықарыны шошыту үшін қотанның, бау-бақшаның басына жарбайта қойылған адам пошымдас бейне.* 2. *Меншікті жердің шекарасын белгілеу үшін орнатылған арнайы белгі.* 3. *Бәйгеге (жарысқа) түскен аттар келіп тоқтайтын мәре.*

ҚАРАҚШЫ II 1. *Жол торып, керуен тонаушы.* 2. ***Ауысп.*** *Елді талаушы; қанынепезер, жауыз.*

ҚАРАҚШЫЛЫҚ 1. *Ел талаушылық, тонаушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Жауыздық, қанынепезерлік.*

ҚАРАЛ 1. ***ыр. етіс*** *Қара-л.* 2. *Денсаулығын тексерту, емделу.*

ҚАРАЛА I 1. *Қара түске бояу, қара ету.* 2. *Тарыны келіге түйіп, сыртқы қауызынан айыру.* 3. ***Ауысп.*** *Дақ түсіру, былғау.* 4. ***Ауысп.*** *Айыптау, кінәлау.*

ҚАРАЛА II ***этн.*** *Күмістің бетіне жүргізілген ою-өрнек.*

ҚАРАЛАҚ ***этн.*** *Үй арасында ойналатын балалар ойынының бір түрі.*

ҚАРАЛАУ *Қарага жуық, аздап қара.*

ҚАРАЛАУШЫ *Біреуді айыптаушы (адам).*

ҚАРАЛАУШЫЛЫҚ *Жала жабушылық, кінәлаушылық.*

ҚАРАЛТЫМ *Аздап қара, қаралау.* ◊ **Қаралтым тартты** — *қара қошқылданды, қарайды.*

ҚАРАЛТЫМДАУ *Қаралау, қара қошқылдау.*

ҚАРАЛЫ I *Азалы, қайғылы.* ◊ **Қаралы ат** ***этн.*** — *жал-құйрығы күзелген, өлген адамның асына сойылатын ат.* **Қаралы жиын [митинг]** — *өлген адамның қайғылы қазасына арналған жиын.* **Қаралы ту** ***этн.*** — *өлген адамның жасына қарай түсі әртүрлі болып келетін ту.*

ҚАРАЛЫ II *Шақты, шамалы, жуық.*

ҚАРАЛЫҚ I 1. *Қара түстілік, қара болып көрінушілік.* 2. ***Ауысп.*** *Арамдық, зұлымдық.*

ҚАРАЛЫҚ II *Қараға (мал) татырлық, қара боларлық.*

ҚАРАЛЫЛЫҚ *Қаралы болушылық, азалылық.*

ҚАРАМАҒЫ *Иелік, меншік, қол асты.*

ҚАРАМАЙ *Арбаның доңғалағын майлайтын қара түсті қоймалжың зат.*

ҚАРАМА-ҚАЙШЫ *Бір-біріне қарсы, қайшы; қарама-қарсы.*

ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ *Қайшылық, қарсылық, сәйкессіздік.*

ҚАРАМА-ҚАРСЫ I *Бір-біріне қайшы, қарсы; керегар.*

ҚАРАМА-ҚАРСЫ II 1. *Ерсілі-қарсылы, әрлі-берлі, олай-бұлай.* 2. *Бетпе-бет, жүзбе-жүз.*

ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚ *Керегарлық, сәйкессіздік.* ◊ **Қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күрес заңы** ***филос.*** — *даму атаулының негіздерін, оның қозғаушы күштерін ашып көрсететін диалектикалық заңдардың бірі.*

ҚАРАМАЛА ***бот.*** *Гүлі ұсақ, сарғыш жасыл бұта.*

ҚАРАМАЛЖЫН *Күміс қара түсті түлкі.*

ҚАРАМАТАУ ***бот.*** *Сортаң жерлерде өсетін, түйе мен уақ мал сүйсініп жейтін шөп.*

ҚАРАМЫ 1. *Көлемі, үлкендігі.* 2. *Саны, мөлшері, шамасы.*

ҚАРАМЫҚ I ***бот.*** *Егістік жерлерде өсетін, біржылдық арамшөп.*

ҚАРАМЫҚ II ***жерг.*** *Шеңгел деп аталатын бұтаның жемісі.*

ҚАРАНДЫЗ *Тамыры жуандау қысқа, сабағының жоғарғы жағы бұтақты, сырты түкті, ашық сары гүлді, биіктігі 10—15 см көпжылдық өсімдік.*

ҚАРАҢ 1. *Қараңғы, түнек.* 2. ***Ауысп.*** *Ауыр, қиын; азапты.* ◊ **Қараң етті [қараң ете қалды]** — *қарайып кенеттен көрінді де, жоқ болды.* **Қараң қалғыр** ***қарғ.*** — *иесіз қал, қаңырап қал.* **Қараң қалды** — *иесіз, бос қалды, қаңырап қалды.*

ҚАРАҢҒЫ 1. *Қараңғылыққа шомған, түнек.* 2. ***Ауысп.*** *Беймәлім, белгісіз, күмәнді.* 3. ***Ауысп.*** *Оқымаған, сауатсыз, білімсіз.* ◊ **Қараңғы тартты** — *ымырт үйірілді.* **Қараңғы түсті** — *кеш болды.*

ҚАРАҢҒЫЛА *Үйдің, бөлменің ішін қараңғы ету.*

ҚАРАҢҒЫЛАУ 1. *Жарық аздау, күңгірттеу.* 2. ***Ауысп.*** *Белгісіздеу, беймәлімдеу.* 3. ***Ауысп.*** *Сауатсыздау, білімсіздеу.*

ҚАРАҢҒЫЛЫҚ 1. *Қараңғы түскендік, түнектік.* 2. ***Ауысп.*** *Сауатсыздық, надандық.* ◊ **Қараңғылық басты** — *қараңғы түсті, түнек басты.*

ҚАРАҢДА *Қараң-қараң етіп көріну.*

ҚАРАҢ-ҚАРАҢ: қараң-қараң етті — *қараңдап көрінді, қараңдады.*

ҚАРАҢ-ҚҰРАҢ *Қараң-құраң еткен, қараңдаған.* ◊ **Қараң-құраң етті** — *қараңдап көрінді.*

ҚАРАОТ *Далалы жерде өсетін қоңырқай түсті шөптердің жалпы атауы.*

ҚАРАӨКПЕ *Өкпесі қарайып кететін мал ауруы.*

ҚАРАӨРІК ***бот.*** *Бау-бақшаларда өсірілетін, раушангүлділер тұқымдасына жататын жеміс ағашы және осы ағаштың қара көк түсті, ірі сүйекті жемісі.*

ҚАРАП: қарап болды — *құрыды, жоқ болды.*

ҚАРАПАЙЫМ *Жұпыны, жай; қатардағы.*

ҚАРАПАЙЫМДАН *Қарапайым болу, жұпынылану.*

ҚАРАПАЙЫМДАУ *Аздап қарапайым, жұпынылау.*

ҚАРАПАЙЫМДЫҚ *Қарапайым боушылық, жұпынылық.*

ҚАРАПТАН-ҚАРАП *Бостан-бос, жайдан-жай.*

ҚАРАР I *Белгілі бір мәселеге байланысты жоғарғы органдар қабылдаған шешім.*

ҚАРАР II *Қанағат, тойым.* ◊ **Қарар таппады [қылмады]** — *қанағат қылмады, тоймады.*

ҚАРАРСЫЗ *Еш нәрсеге қанағат қылмайтын, тойымсыз.*

ҚАРАС I 1. ***орт. етіс*** *Қара-с.* 2. *Біреуге қарайласу, қол ұшын беру.*

ҚАРАС II *Бір нәрсеге тесіле қарағандық, назар аударғандық.*

ҚАРАСАН *Сиыр малында болатын өте қауіпті жұқпалы ауру.* ◊ **Қарасан келгір [тигір]** — *қарасан ауруымен ауырғыр.*

ҚАРАСОРА ***бот.*** *Сортаң жерлерде өсетін кендір сияқты ірі құрай.*

ҚАРАСӨЗ 1. *Жай, қарапайым сөз, ауызекі әңгіме.* 2. *Шешендік сөз, тақпақтап айтылған афоризм.* 3. *Проза, әңгіме, повесть, роман.*

ҚАРАСТЫ *Біреуге қарайтын, соның иелігіне жататын.*

ҚАРАСТЫР 1. *Бір нәрсені іздестіру, табуға тырысу.* 2. *Амалын ойлау, қам жасау.* 3. *Талдау, анализ жасау.*

ҚАРАСУ *Жерден шығып, жайлап ағып жатқан су.*

ҚАРАСЫ *Алыстан қарағандағы бір нәрсенің қалқиған бойы, нобайы.* ◊ **Қарасын батырды** — *кетіп қалды, жоқ болды; құрыды.* **Қарасын көрмеді** — *тең келмеді, шендесе алмады.* **Қарасын көрсетпеді** — а) *ұзап кетті, жеткізбеді;* ә) *алысқа, аулаққа, көз көрмес жерге кетті.* **Қарасы өшті** — *құрыды, жоқ болды.*

ҚАРАСЫН 1. *Бір нәрсенің алыстан қарайып көрінген бейнесі; қарасы.* 2. ***Ауысп.*** *Біреудің қасында ес, серік болып, қарайып отырған адам.*

ҚАРАСЫРА *Жалғызсырау, елегізу.*

ҚАРАТ 1. ***өзг. етіс*** *Қара-т.* 2. *Біреуге қарай бағыттау, тікелей арнау.* 3. *Белгілі себептермен бір нәрсені кейінге қалдыру, тоқтызу.* 4. ***Ауысп.*** *Күшпен жаулап алу, бағындыру.* 5. *Табыс табу, пайда түсіру.*

ҚАРАТАЛАҚ *Сиыр малының талағы ісіп кететін қатерлі ауруы.* ◊ **Қараталақ келгір** — *сиыр малына айтылатын қарғыс.*

ҚАРАТАМАҚ ***зоол.*** *Наурызек.*

ҚАРАТАМЫР *Жапырағы ұзын, гүлі қызыл қоңыр, 60—90 см келетін өсімдік.*

ҚАРАТАЯҚ ***экспр.*** *Ертеректе қалада оқығандарға қойылатын атау.*

ҚАРАТОРҒАЙ *Көктемде ұшып келетін, кішірек келген, қара түсті жыл құсы.*

ҚАРАТПА: **қаратпа сөз** ***лингв.*** — *біреудің назарын өзіне аудару үшін жұмсалатын оқшау сөз.*

ҚАРАТҰЯҚ *Малдың тұяғы қарайып, ақсап қалатын жұқпалы ауруы.*

ҚАРАТҮЙНЕК *Адамда, малда болатын, ішек түйіліп қалатын ауру.*

ҚАРАТІКЕН: қаратікен тұз — *тұздың ірі-ірі келген, түсі жылтыр татымды сорты.*

ҚАРАУ 1. *Әділ емес; қиянатшыл, зорлықшыл.* 2. ***Ауысп.*** *Қараниет, арам.*

ҚАРАУЛЫҚ 1. *Әділетсіздік, қиянатшылдық.* 2. *Қараниеттік, арамдық.*

ҚАРАУСЫЗ I *Ешкім қарамаған, күтімсіз.*

ҚАРАУСЫЗ II *Талқыланбай, қаралмай, сөз етілмей.*

ҚАРАУСЫЗДЫҚ *Бағусыздық, күтімсіздік.*

ҚАРАУЫ *Қол асты, қарамағы.*

ҚАРАУЫЛ I 1. *Бір нәрсені қорғау, сақтау ісі; күзет.* 2. *Күзетте тұрған*

адам, күзетші; сақшы. ◊ **Қарауыл қарады** — *биік жерге шығып, жан-жағына көз салды, қарады.*

ҚАРАУЫЛ II 1. *Мылтық ұңғысының үшына орнатылып, көзделетін нысанаға қарай дәл бағытталатын кішірек белгі.* 2. *Қаншалықты мергендігін байқау үшін көзден ататын нысана.* ◊ **Қарауылға алды** — *нысанаға алды, көзделі.*

ҚАРАУЫЛДА *Бір нәрсені қарау, бақылау, күзету.*

ҚАРАУЫЛДЫҚ *Бір нәрсеге қарауыл болушылық, күзетші міндетін атқарушылық.*

ҚАРАУЫЛШЫ *Бір нәрсені қарайтын, бағатын адам; күзетші.*

ҚАРАУЫЛШЫЛЫҚ *Қарауыл қараушылық, күзетшілік.*

ҚАРАУЫТ *Қарайып көріну, күңгірттену.*

ҚАРАША I *Күздің соңғы айы.*

ҚАРАША II *Қара қоңыр, қарага жақын (түс).*

ҚАРАША III *Қарапайым қара халық.*

ҚАРАШАЙ *Қарашай-черкес автономиялық облысында тұратын түркі тілдес жергілікті халық.*

ҚАРАШЕКПЕН ***қарап.*** *Қара шаруа, кедей.*

ҚАРАШУЛАН *Қара дағы басым сұр түс.*

ҚАРАШЫ ***көне*** *Хан ордасындағы ақылшы, кеңесші.*

ҚАРАШЫҒЫМ ***экспр.*** *Қарағым, қалқам, күнім.*

ҚАРАШЫҒЫН ***көне*** *Патшалық Ресей тұсында соғысқа жәрдем ретінде халықтан жиналатын қосымша салық.*

ҚАРАШЫҚ *Көздің ортасындағы қара түсті кішкене ноқат.*

ҚАРАШЫҚТАЙ *Кішкентай, болар-болмас.*

ҚАРАШЫЛ *Жалғыз-жарым малға, қарага үйір.*

ҚАРАШЫЛДЫҚ *Қарашыл болғандық, қарага үйірлік.*

ҚАРАШІРІК I *Топырақтың үстіңгі қабатында болатын өсімдік қалдықтарының шіріндісі.*

ҚАРАШІРІК II ***биол.*** *Кейбір бақша дақылдарында кездесетін ауру.*

ҚАРБАЛАС I 1. *Асығыс-үсігіс, тығыл-таяң.* 2. *Қызу, қауырт.* 3. *Асығыс-үсігіс қимыл, жанталасқан әрекет.*

ҚАРБАЛАС II *Жанталасу, аласұру.*

ҚАРБАЛАСТА *Асығыста, қысылтаяңда.*

ҚАРБАЛАСТАУ *Қысылтаяңдау, тығыздау.*

ҚАРБАЛАСТЫҚ *Асығыстық, қауырттық.*

ҚАРБАН *Талпыну, тырысу, тырбану.*

ҚАРБАҢ-ҚҰРБАҢ *Арбаңдаған, қорбаңдаған қимыл.* ◊ **Қарбаң-құрбаң етті** — *арбаңдады, қорбаңдады.*

ҚАРБЫ 1. *Бір нәрсені молынан асау, жеу.* 2. ***Ауысп.*** *Көбірек алып қалу, қамту.*

ҚАРБЫЗ *Домалақ келген, қабығы қатты, тәтті шырынды бақша дақылы; дарбыз.*

ҚАРҒА I *Қара немесе сұр қауырсынды тамақ талғамайтын еті арам құс.* ◊ **Қарға адым жер** — *өте жақын қашықтық.* **Қарға адым жер мұң болды** — *қарыс жер жүре алмады.* **Қарға тамыр [қарға тамырлы]** — *бір-бірімен аралас-сыпжатқан, ілік-шатыстығы мол (ел, халық).* **Қарға тұяқ** — *қатып-семген, ұсқынсыз (қол, саусақ).*

ҚАРҒА II *Ойын картасының бір түсі.*

ҚАРҒА III *Біреуге қарғыс жаудыру, нәлет айту.*

ҚАРҒАДАЙ 1. *Қарға секілді, қарға тәрізді.* 2. *Кіп-кішкентай, жап-жас.* ◊ **Қарғадай шулады** — *у-шу болды, шу-шу етті.*

ҚАРҒАДАЙЫНАН *Кішкентай кезінен бастап, жастайынан.*

ҚАРҒАКӨЗ ***бот.*** *Ылғалды жерлерде өсетін, қара домалақ жемістері бар өсімдік.*

ҚАРҒА-ҚҰЗҒЫН *Қарға мен құзғын, екеуі де.*

ҚАРҒАМ ***экспр.*** *Қарағым, қалқам.*

ҚАРҒАП-СІЛЕ *Қаргау, лағынет айту.*

ҚАРҒАТАБАН ***бот.*** *Басындағы бүрі қарғаның табанына ұқсас бұжыр-бұжыр өсімдік.*

ҚАРҒАТАЙ ***экспр.*** *Қарағым, қалқам.*

ҚАРҒАТҰЯҚ ***бот.*** *Топырақ бетіне жақын жатқан тамыры мен түсі қарғаның тұяғына ұқсас өсімдік.*

ҚАРҒАШ ***экспр.*** *Қарғатай, сәулетай.*

ҚАРҒАША I *Қарға секілді, қарға тәрізді.*

ҚАРҒАША II 1. *Екі бөлек нәрсені біріктіріп ұстап тұратын екі басы иілген темір.* 2. *Қатар тұрған ағаштарды бір-бірімен байланыстыра қағылған көлденең ағаш.* 3. *Шытынап кеткен, сынған ыдысқа салынатын құрсау, шеңбер.*

ҚАРҒАША III *Өрт жайылып кетпеу үшін, өрт келетін жақтың шөбін жағып жіберу әрекеті.*

ҚАРҒАШАЛА *Қарғаша салу; қапсыра қағу.*

ҚАРҒАШЫМ ***экспр.*** *Қарағым, қалқам.*

ҚАРҒЫ I *Иттің мойнына тағатын жалпақ қайыс.* ◊ **Қарғы тақты** — *итінің мойнына қарғы байлады.*

ҚАРҒЫ II *Секіру, ырғу.*

ҚАРҒЫБАУ 1. *Құда түскен адамның болашақ келінін иемденгеннің белгісі болсын деп қолына тағатын білезік, не мойнына алқа тағу рәсімі.* 2. *Біреудің затын сұрап алғаны үшін қарымта ретінде беретін сыйақы.* 3. *Иттің мойнына тағатын жалпақ қайыс.* ◊ **Қарғыбау тақты** — *қарғыбау байлады.*

ҚАРҒЫЛА I *Қайта-қайта қаргу, секіру.*

ҚАРҒЫЛА II *Итінің мойнына қарғы тағу.*

ҚАРҒЫЛЫ 1. *Қарғысы бар, қарғы тағылған.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуге берілген, ырым, ожданын сатқан.*

ҚАРҒЫМПАЗ *Қарғығыш, қарғи беретін.*

ҚАРҒЫН *Сай-сайдан, жылғалардан тасқындап аққан жаңбыр немесе еріген қар суы.* ◊ **Қарғын жүрді** — *сарқырап жаңбыр (еріген қар) суы ақты.*

ҚАРҒЫС *Біреуге айтылған зәрлі сөз; лағынет, нәлет.* ◊ **Қарғыс алды** — *лағынет естіді.* **Қарғыс атты [ұрды]** — *біреудің қарғысына қалды.* **Қарғыс атқан** — *құдай ұрған, оңбаған.* **Қарғыс атқыр [атсын]** — *айтылған қарғыс дөп келгір, қарғыс ұрғыр.* **Қарғыс жаусын** — *қарғыстың астында қал.* **Қарғысқа [қарғысына] ұшырады [қалды]** — *біреудің қарғысын арқалады, қарғысталды.* **Қарғыс тиді** — *біреудің қарғысына ұшырады.*

ҚАРҒЫСТА *Қарғыс айту, жаманшылық тілеу.*

ҚАРҒЫСШЫЛ *Қарғысты көп айтатын, қарғыстай беретін.*

ҚАРДАЙ 1. *Қар сияқты, қар тәрізді аппақ, таза.* 2. ***Ауысп.*** *Аппақ, кіршіксіз, таза.*

ҚАРЕКЕТ *Іс-әрекет.*

ҚАРЕКЕТШІЛ *Іссіз тыныш отырмайтын, әрекетшіл.*

ҚАРЖАЛ *Болдыру, шаршау, титықтау.*

ҚАРЖАС 1. *Айтысу, таласу, тартысу.* 2. ***Ауысп.*** *Шайнасу, жұлысу.*

ҚАРЖЫ I *Ақша, қаражат, пұл.*

ҚАРЖЫ II *Қағып алу, ұстау, тұту.*

ҚАРЖЫЛА *Қаржы беру, қаржымен қамтамасыз ету.*

ҚАРЖЫЛАЙ *Ақшалай, пұлдай.*

ҚАРЖЫЛАН *Қаржымен қамтамасыз етілу.*

ҚАРЖЫЛАНДЫР *Шаруашылыққа ақшалай қаржы бөлу.*

ҚАРЖЫЛЫ *Қаржысы мол, қаржыланған.*

ҚАРЖЫСЫЗ *Қаржысы жоқ, ақшасыз, пұлсыз.*

ҚАРЖЫСЫЗДЫҚ *Қаржысы жоқтық, қаражатсыздық, пұлсыздық.*

ҚАРИ ***көне*** *Құранды жатқа білетін дін адамына берілетін атақ.*

ҚАРИЯ *Көп жасаған адам; қарт.*

ҚАРИЯЛЫҚ 1. *Көп жасағандық, қарттық.* 2. ***Ауысп.*** *Көрген-білгені молдық, парасаттылық.*

ҚАРИЯША *Қария тәрізді, қария секілді.*

ҚАРҚ: қарқ етті – *қарқ-қарқ еткен үн шығарды, қарқылдады.*

ҚАРҚАРА I 1. *Ерте кездегі тырна тектес, сирағы ұзын, қауырсыны әдемі құс.* 2. *Қыздардың баскиіміне сәндік үшін тағылатын құс қауырсыны.*

ҚАРҚАРА II ***көне*** 1. *Жас әйелдердің, қыздардың төбесі биік, шошақтау келген, салтанатта киетін баскиімі.* 2. ***Ауысп.*** *Мәртебе, мерей.*

ҚАРҚАРАДАЙ 1. *Қоңиған, қоңырайған, биік.* 2. *Үлкен, ірі.*

ҚАРҚАРАЛЫ *Қарқарасы бар, қарқара киген.*

ҚАРҚ-ҚАРҚ: қарқ-қарқ етті – *бірнеше рет қарқылдады.* **Қарқ-қарқ күлді** – *қарқылдап қатты күлді.*

ҚАРҚЫЛ 1. *Қарғаның қарқылдаған дыбысы.* 2. *Қатты күлген күлкі.*

ҚАРҚЫЛДА 1. *Қарғаның қарқ-қарқ етіп үн шығаруы.* 2. *Қарқ-қарқ етіп қатты күлу.*

ҚАРҚЫЛДАҚ *Қарқылдап күле беретін (адам).*

ҚАРҚЫН *Екпін; жылдамдық, шапшаңдық.* ◊ **Қарқыны басылды [қайтты]** – *екпіні бәсеңдеді, саябырлады.*

ҚАРҚЫНДА 1. *Үдеу, екпіндеу.* 2. *Тездетіп даму, еселену.*

ҚАРҚЫНДЫ *Қарқыны күшті, екпінді.*

ҚАРҚЫНДЫЛЫҚ *Қарқыны күштілік, екпінділік.*

ҚАРЛА *Қар жеп, шөлін қандыру.*

ҚАРЛАТ 1. ***өзг. етіс*** *Қарла-т.* 2. *Қар жауу, қар түсу.*

ҚАРЛЫҚ *Ертедегі халық аты.*

ҚАРЛЫ *Қары бар, қары мол.* ◊ **Қарлы боран** – *қар жауып түрған кезде соққан боран.*

ҚАРЛЫҒАН ***бот.*** *Орманды алқаптарда өсетін, ұсақ жапырақты, жемісті бұта.*

ҚАРЛЫҒАШ 1. *Қанаттары ұзын айыр құйрықты, кішкене ала құс.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір жаңалықтың, істің алғашқы бастаушысы.*

ҚАРЛЫҒАШТАЙ *Қарлығаш тәрізді, қарлығаш секілді.*

ҚАРЛЫҒАШША *Қарлығаш тәрізді, қарлығаш секілді.*

ҚАРЛЫҒАШЫМ *Қыз, әйел баланы қарлығашқа теңеу мәнінде айтылатын сөз.*

ҚАРЛЫҒЫҢҚЫ *Аздап қарлыққан, қарлығып қалған.*

ҚАРЛЫҚ I 1. *Суық тигенде дауыстың бұзылып, қырылдаңқырап шығуы.* 2. *Күшті жарықтың әсерінен көздің қызарып ауруы.*

ҚАРЛЫҚ II *Жезөкшелік, суық жүрістілік.*

ҚАРМА I 1. *Қазанға қарылып пісірілген қатырма нан.* 2. *Май салып, ыдысқа қарып пісірілген балық.*

ҚАРМА II 1. *Бір нәрсені ұстау, тұту.* 2. *Жел тию, суық ұстау.*

ҚАРМАҚ *Балық аулау үшін ілмек тәрізді етіп жасалған құрал.* ◊ **Қармағына [қармаққа] ілінді [ілікті, түсті]** – *біреудің алдауына түсті.* **Қармаққа шаншар еті жоқ** – *өте арық.* **Қармақ салды [тастады]** – а) *қармақпен балық аулады; ә) біреуді алдап қолға түсіруге әрекеттенді.*

ҚАРМАҚБАУ *Қармаққа тағу үшін арнайы жасалған жіңішке капрон жіп.*

ҚАРМАҚСАП *Қармақбау байланатын ұзын шыбық.*

ҚАРМАҚТЫ *Қармағы бар, имек.*

ҚАРМАҚША *Қармақ тәрізді, қармақ секілді.*

ҚАРМАҚШЫ *Қармақ салып балық аулаушы.*

ҚАРМАЛА *Екі қолмен жан-жағындағы заттарды сипалау.*

ҚАРМАЛЖЫҚ *Мойны шымқай қара емес, аздаған көк қылшығы бар қара түлкі.*

ҚАРНА ***диал.*** *Шаншы, түйре.*

ҚАРАӨКПЕ *Жылқы мен түйеде болатын өкпе ауруы.*

ҚАРАӨРІК ***бот.*** *Бау-бақшаларда өсірілетін мәдени жеміс ағашы және осы ағаштың қара көк түсті жемісі.*

ҚАРПЫ I 1. *Ауызды толтыра жеу, молынан асау.* 2. ***Ауысп.*** *Көбірек алып қалу, молынан қамту.*

ҚАРПЫ II *Басылып жатқан киізді кіріктіру үшін, білекпен баса шырату, доңгелете айналдыру.*

ҚАРПЫМ *Қарпу мүмкіндігі; қамтым, алым.*

ҚАРПЫМДЫ *Қарпымы мол, алымды.*

ҚАРПЫМДЫЛЫҚ *Қарпымы молдық; алымдылық.*

ҚАРПЫС 1. ***орт. етіс*** *Қарпы-с.* 2. *Қақтығысу, соқтығысу.*

ҚАРС: қарс айырды [айырылды] — *екіге бөлді, қақ айырды.*

ҚАРСАҚ *Түлкі тұқымдас, терісі бағалы кішкене жыртқыш аң.* ◊ **Қарсақ жон** — *сары ала майлы сорпа.* **Қарсақ жортпас** — *аң жүрмес жер.*

ҚАРСАҚТЫ *Қарсақ жортқан, қарсағы бар.*

ҚАРСАҚША *Қарсақ тәрізді, қарсақ секілді.*

ҚАРСАҢ I *Белгілі бір уақыттың алдындағы мезгіл.*

ҚАРСАҢ II *Қарсы жақ беткей.*

ҚАРСАҢЫНДА *Белгілі бір уақыттың алдында.*

ҚАРС-ҚАРС: қарс-қарс айырды [айырылды] — *қарсылдатып айырды, қақ бөлді.*

ҚАРСЫ I 1. *Бір нәрсенің қарсы жағы, бет алды.* 2. *Қарама-қарсы, бетпе-бет.* 3. *Іс-әрекеттің, қимылдың бір нәрсеге қарай бағытталғанын білдіреді.* 4. *Барыс жалғаулы сөздермен тіркесіп келіп, "қарай", "қарсаң" д. м. жұмсалады.* ◊ **Қарсы айдап салды [қарсы қойды]** *біреуге біреуді егестірді.* **Қарсы алды** *біреуді тосып алды, күтіп алды.* **Қарсы алдында** — *дәл алдында, қарсысында.* **Қарсы келді [тұрды, шықты]** — *қарсылық көрсетті, қарсыласты.*

ҚАРСЫ II *Белгілі бір іс-әрекетке қайшы келу.*

ҚАРСЫЛА 1. *Қарсы алу, күту, тосу.* 2. *Отқа қақтау, ұстау.*

ҚАРСЫЛАС I *Қарсы әрекет істеу, қарсы тұру.*

ҚАРСЫЛАС II *Қарсыласқан адам; қарсы жақ.*

ҚАРСЫЛАСУШЫ *Қарсыласқан адам, қарсы болушы, қарсы тұрушы.*

ҚАРСЫЛЫҚ *Қарсы тұрушылық, қарсыласушылық.* ◊ **Қарсылық жасады [көрсетті, етті, қылды]** — *қарсы тұрды, қарсыласты.*

ҚАРТ *Жасы ұлғайған, қартайған.*

ҚАРТА *Жылқының қатпар-қатпар болып келген майлы ішегі және осы майлы ішектен жасалған дәмді тағам.*

ҚАРТАЙ *Жасы келу, ұлғаю.*

ҚАРТАЛАН 1. *Қартасы майлану; семіру.* 2. ***Ауысп.*** *Қатпарлану, бұжырбұжыр болу.*

ҚАРТАЛЫ *Қартасы майлы, семіз.*

ҚАРТАМЫС *Мосқал тартқан; кәрілеу.* ◊ **Қартамыс тартты** — *мосқалданды, қартая бастады.*

ҚАРТАМЫСТАУ *Мосқалдау, егделеу.*

ҚАРТАМЫСТЫҚ *Мосқал тартқандық, егделік.*

ҚАРТАҢ *Жасы келген, қартайған.* ◊ **Қартаң тартты** — *қартайды, жасы келді.*

ҚАРТАҢДАУ *Жасы келіп қалған, қартая бастаған.*

ҚАРТАҢДЫҚ *Қартаң тартқандық, мосқалдық.*

ҚАРТАҢҚҰЛАҚ ***бот.*** *Түбін қазып жеуге болатын пиязшықты өсімдік.*

ҚАРТСЫН *Қарт деп білу, қарт деп қомсыну.*

ҚАРТТАУ *Аздап қартаң тартқан, егделеу.*

ҚАРТТЫҚ *Жасы келгендік, егде тартқандық.*

ҚАРУ 1. *Ұрыста қолданылатын шабуыл және қорғаныс құралдары.* 2. *Белгілі бір еңбек өнімін өндіретін құрал-сайман.* 3. ***Ауысп.*** *Күш-жігер, қайрат.* ◊ **Қаруын қайтарды** — *есесін, қарымын қайтарды.*

ҚАРУ-ЖАРАҚ *Соғыс кезінде қолданылатын құралдардың жалпы атауы.*

ҚАРУ-ЖАРАҚТАН *Қару-жарақ алу, қарулану.*

ҚАРУЛАН 1. *Қолына қару алу, қаруға ие болу.* 2. ***Ауысп.*** *Жігерлену, рухтану.*

ҚАРУЛАС *Соғыста бірге болған, бірге соғысқан.*

ҚАРУЛЫ 1. *Қаруы бар, қару асынған.* 2. ***Ауысп.*** *Қайратты, күшті.* ◊ **Қарулы көтеріліс** — *қолға қару алып қарсы шыққан күрес.*

ҚАРУЛЫЛЫҚ 1. *Қаруы барлық, қару-жарағы молдық.* 2. ***Ауысп.*** *Күштілік, қайраттылық.*

ҚАРУЛЫРАҚ *Күштірек, әлдірек.*

ҚАРУ-САЙМАН *Қару-жарақ, құрал-жабдық.*

ҚАРУСЫЗ 1. *Қаруы жоқ, қаруланбаған.* 2. ***Ауысп.*** *Күш-қайраты аз, әлсіз.*

ҚАРУСЫЗДАН *Қарулы күштерді қысқарту, жою.*

ҚАРУЫ: қаруы қайтты [қаруын қайтарды] — *есесі қайтты.*

ҚАРШ: қарш етті — *қарш еткен дыбыс шықты.*

ҚАРШАДАЙ *Кішкентай, жас.* ◊ **Қаршадай басынан** — *жастайынан, кішкентайынан.*

ҚАРШАДАЙЫНАН *Кішкентайынан, жастайынан.*

ҚАРШАҚЫЗ ***жаңа.*** *Жаңа жылды қарсы алу кезінде Аяз атаның қасына ілесіп жүретін қыз; Ақшақар.*

ҚАРШ-ҚАРШ: қарш-қарш шайнады — *қаршылдата шайнады.*

ҚАРШЫ ***көне*** *Ішіне көрпе-жастық салу үшін арнайы тігілген қап; ұлттық жиһаз.*

ҚАРШЫҒА *Шағын денелі, имек тұмсықты қыран құс.* ◊ **Қаршыға көзді** — *көзі өткір.* **Қаршыға төс** — *төсі шығыңқы.* **Қаршыға тұмсық** — *тұмсығы ішке қарай иіліп келген.*

ҚАРШЫҒАША *Қаршыға тәрізді, өткір, ұшқыр.*

ҚАРШЫЛ *Қарш-қарш еткен дыбыс.*

ҚАРШЫЛДА *Қарш-қарш еткен дыбыс шығу.*

ҚАРЫ I 1. *Қолдың иық пен білек аралығы, ішкі жағы, иіні.* 2. ***Ауысп.*** *Уықтың жоғарғы түзу жағы.* ◊ **Қары талды** — *екі қолы салдырап қалды.*

ҚАРЫ II 1. *Қыздырылған темірдің денені күйдіруі.* 2. ***Ауысп.*** *Қатты аяз ұрып, денені тоңдыруы.*

ҚАРЫ: қарына тартты — *туған-туысына, тамыр-танысына бұрды.*

ҚАРЫЗ I 1. *Біреуден алған немесе біреуге уақытша берген несие.* 2. ***Ауысп.*** *Адамгершілік парыз.* ◊ **Қарызға батты** — *көп қарыздар болды.* **Қарызын өтеді** — *парызынан құтылды.*

ҚАРЫЗ II *Белгілі шартпен алынатын қаріз ақша, қаржы-қаражат ісі.*

ҚАРЫЗДАН *Біреуден қарыз алу, борыштану.*

ҚАРЫЗДАР 1. *Біреуге борышты; қарыз алған.* 2. ***Ауысп.*** *Өзіне тиісті міндетін өтей алмаған; міндетті.*

ҚАРЫЗДАРЛЫҚ *Қарыздар болғандық, борыштарлық.*

ҚАРЫҚ I *Көздің суықтан, әсіресе шаққан қарлы далада жүруден болатын ауруы.*

ҚАРЫҚ II ***кәс.*** *Бау-бақша, егін арасындағы арықтан тартылған қысқа арық.*

ҚАРЫҚ: қарық болды — *жарыды, кенелді.*

ҚАРЫҚТА *Қарық жүргізу, қарық қазу.*

ҚАРЫҚТЫҚ *Денеден қан алу үшін қолданылатын түтік, аспап.*

ҚАРЫМ I *Қарымта.*

ҚАРЫМ II 1. *Күш, қуат, әл.* 2. ***Ауысп.*** *Ауқым, ая.*

ҚАРЫМА *Қазанға, табаға қарып пісірілген тағам, ас; қарма.*

ҚАРЫМДЫ 1. *Күшті, қарулы, әлді.* 2. ***Ауысп.*** *Құлашы кең, ауқымды.*

ҚАРЫМДЫЛАУ *Күштілеу, қарулану, әлділеу.*

ҚАРЫМДЫЛЫҚ 1. *Күштілік, қарулылық, әлділік.* 2. ***Ауысп.*** *Құлашы кеңдік, ауқымдылық.*

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС *Байланыс, алыс-беріс.*

ҚАРЫМТА *Біреудің жасаған жақсылығы немесе қылған қиянаты үшін қайтарылған есе; қарымта.* ◊ **Қарымтасын қайтарды [қайырды]** — *есесін, қарымын қайтарды.*

ҚАРЫМТАШЫЛ *Қарымта қайтарғыш.*

ҚАРЫН 1. *Адамның, жан-жануарлардың ас қорытатын мүшесі; асқазан.* 2. *Сойылған қойдың қарнынан өңделіп, май салуға, сусын құюға арналған ыдыс.* ◊ **Қарны ашты** — *тамақ ішкісі келді, жүрегі сазды.* **Қарны қабақтай** — *қарны тым үлкен, шермиген.* **Қарны қабысты** — *бүйірі орта түсті, ашықты.* **Қарны кампиды** — *бүйірі шықты, тойынды.* **Қарын аршыды** — *малдың ішек-қарнын тазалады.* **Қарын безі** ***анат.*** — *қарын астында болатын секрециялық без.* **Қарын бөле** — *емшектес қыздардан туған балалар.* **Қарын қышқылы** ***биол.*** — *қарында бөлініп шығатын қышқыл.* **Қарын салды** — *қарны шықты, семірді.* **Қарын сөлі** ***биол.*** — *қарыннан алынатын сөл.* **Қарын ұйқысы** — *жас сәбидің дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы ұйқысы.*

ҚАРЫНАЯҚ *Біреудің меншікті, мөлшерлі ыдысы.*

ҚАРЫНБАЙ ***экспр.*** *Шектен тыс сараң, қытымыр.*

ҚАРЫНБАЙЛЫҚ *Сараңдық, дүниеқоңыздық.*

ҚАРЫНБҮРМЕ ***этн.*** *Қарынның ішіне ұсақталған ет, май, пияз, бұрыш т. б. қосып жасаған ұлттық тағам.*

ҚАРЫНДАҒАН *Бірнеше қарынға толтырылған.*

ҚАРЫНДАЙ: үрген қарындай — *торсиған, тырсиған.*

ҚАРЫНДАС 1. *Бірге туған ағасынан жасы кіші қыз.* 2. *Жасы үлкен ер адамның айтатын қаратпа сөзі.* 3. ***көне*** *Ағайын-туған, бауыр.*

ҚАРЫНДАСТЫҚ 1. *Қарындас болушылық; қарындасқа тән қасиет.* 2. ***көне*** *Ағайындық, туыстық, бауырлық.*

ҚАРЫНДАШ *Өзегі графиттен жасалған жазу-сызу құралы.*

ҚАРЫНДЫ *Қарны үлкен, қарны жуан.*

ҚАРЫНДЫЛАУ *Қарны үлкендеу, қарны жуандау.*

ҚАРЫН-ҚАЖАҚ *Оны-мұны, ұсақ-түйек ет; ішек-қарын.*

ҚАРЫН-ҚАРЫН *Бірнеше қарын; көп, мол.*

ҚАРЫНСА *Атты бөгелек шақпау үшін бауырына кигізілетін арнайы қап.*

ҚАРЫНСАУ *Қарны үлкен, қарны жуан.*

ҚАРЫНША ***анат.*** *Жүректің қолқа арқылы бөлінетін жеке-жеке бөлігі.*

ҚАРЫС I *Бас бармақ пен ортан қолдың аралығымен өлшенетін ұзындық өлшемі.* ◊ **Қарыс аттам шықпады** — *ешқайда бармады.* **Қарыс жер** — *өте жақын қашықтық.* **Қарыс сүйем** — *бас бармақ пен сұқ саусақтың аралық мөлшері.*

ҚАРЫС II 1. *Жағы, қолы сіресіп, ашылмай қалу.* 2. ***Ауысп.*** *Қасарысу, көнбеу.*

ҚАРЫСҚАҚ *Қарысып қалғыш, қасарысқыш.*

ҚАРЫСПА *Қарысып қалған, қасарыспа.*

ҚАРЫСПАЛЫҚ *Қарысып қалғандық, қасарыспалық.*

ҚАРЫСТА *Қарыспен өлшеу.*

ҚАРЫСТАЙ *Ұзындығы қарыс шамасындай, қарыс мөлшеріндей.*

ҚАРЫСТАП *Аз-аздап, әрең дегенде.*

ҚАРЫШ ***көне*** *Адым, қадым.*

ҚАРЫШТА ***поэт.*** 1. *Адымдау, ілгері басу.* 2. ***Ауысп.*** *Еселеп өсу, өркендеу, қарқындау.*

ҚАРЫШТЫ *Қарқынды, екпінді.*

ҚАРІП *Белгілі бір әліпбилік және сандық таңбаларды түсіретін литералар жиынтығы.*

ҚАС I *Қабақтың үстіне шығатын түк.* ◊ **Қас қағымда [қаққанша]** — *лезде, тез, жылдам.* **Қас қағым сәтте [уақытта, арасында]** — *көзді ашып-жұмғанша, лезде.* **Қас қақпады [қас қақпастан қарады]** — *тесірейе қарады, көзін тайдырмады.* **Қас қарайды** — *кеш түсті, ымырт жабылды.* **Қас пен көздің арасында [арасынша]** — *лезде, тез арада, жылдам.* **Қасын керді** — *кербезденді, маңғазданды.*

ҚАС II *Ердің алдыңғы басы мен артқы басы.*

ҚАС III *Үзіктің шаңыраққа жетіп тұратын шеті.*

ҚАС IV 1. *Біреуге жамандық ойлаушы, өш.* 2. *Дұшпан, жау.* ◊ **Қас көрді** — *қас деп білді, дұшпан санады.* **Қас қылғандай [қас қылғанда]** — *әдейі, жорта істегендей.* **Қас қылды** — *қастық жасады, дұшпандық істеді.*

ҚАС V *Нағыз, тым, аса; қаса.*

ҚАСА *Жылқы мен есек айғырларының ұрықтық жыныс мүшесі.*

ҚАСАБА I 1. *Батырлар киетін дулығаның төбесінің үстіндегі шошағы.* 2. *Ерте кезде әйелдер киетін ұзын төбелі баскиім.*

ҚАСАБА II 1. *Шошақбас ердің басы.* 2. *Ошақтың үш бұтының ішкі жағына орнатылған қайқы бас темір.*

ҚАСАБА III *Жасамыс, мама (бие).*

ҚАСАБАЛЫ *Жасы талайға келген, жасамыс.*

ҚАСАБДАР *Қымбат бағалы қалың мата.*

ҚАСАҒА *Ошақтың қазан тұратын шеңбері.*

ҚАСАҚАНА *Әдейі, біле тұра.*

ҚАСАҚАНАЛЫҚ *Біле тұра әдейі істеушілік, қасақылық.*

ҚАСАҚЫ *Ерегіспе; зиянкес.*

ҚАСАҚЫЛАН *Әдейі істеу, ерегісу.*

ҚАСАҚЫЛЫҚ *Әдейі істеушілік, ерегісушілік; қастық.*

ҚАСАЛЫҚТЫ ***көне*** *Байсалды, парасатты.*

ҚАСАМ ***көне*** *Ант, серт.* ◊ **Қасам ішті** — *ант-су ішті, қарғанды.*

ҚАСАҢ 1. *Қатып қалған, қатты.* 2. ***Ауысп.*** *Қатал, қатыгез; мейірімсіз.* ◊ **Қасаң қабық** ***анат.*** — *көз алмасының сыртқы қатты қабығы.* **Қасаң тартты** — *қатайды.*

ҚАСАҢ *Жылқы бедеулігінің екінші атауы.*

ҚАСАҢДА 1. *Қатып кету, қатаю.* 2. ***Ауысп.*** *Жан жылуын азайтып алу, мейірімсіздену.*

ҚАСАҢДАУ 1. *Қаттылау, аздап қатайған.* 2. ***Ауысп.*** *Қаталдау, қатаңдау.*

ҚАСАҢДЫҚ *Қатып, сіресіп қалғандық.*

ҚАСАҢСЫ *Қату, қатаю.*

ҚАСАП 1. *Малды сойып сату ісі.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге епті, шебер.*

ҚАСАПТА *Қасап жасау.*

ҚАСАПТЫҚ *Қасапқа арналған.*

ҚАСАПХАНА *Мал соятын арнаулы орын.*

ҚАСАПШЫ *Мал соятын маман.*

ҚАСАПШЫЛЫҚ *Қасапшы болушылық.*

ҚАСАР *Айтқанға көнбеу, қасарысу.*

ҚАСАРМА *Қасарып қалған, қыңыр, қырсық.*

ҚАСАРМАЛЫҚ *Қасарып қалушылық, қасарушылық.*

ҚАСАРЫС 1. *Айтқанға көнбеу, қасару.* 2. *Жан ұшыра қарсылық көрсету, қарысу.*

ҚАСАРЫСПА *Өз айтқанынан қайтпайтын, қисық, қыңыр.*

ҚАСАРЫСПАЛЫҚ *Айтқанға көнбеушілік, қасарушылық.*

ҚАСАС ***көне*** *Қас, өш.*

ҚАСАСТЫҚ *Қастық, өштік.*

ҚАСАТ *Тығыздалып қалған, қатқыл.*

ҚАСАТТА *Қасат жасау, тығыздап үю.*

ҚАСБЕТ *Бір нәрсенің маңдай алды, алдыңғы жақ беті.*

ҚАСИДА ***кіт.*** *Көтеріңкі пафоспен жазылған, діни мазмұнды мақтау өлең; ода.*

ҚАСИЕТ *Әрбір затқа тән айрықша белгі, ерекшелік, жақсы белгі.* ◊ **Қасиет тұтты** — *қадірледі, қастерледі.* **Қасиеті кетті** — *қадірі түсті.*

ҚАСИЕТСІЗ *Сүйкімсіз, жексұрын.*

ҚАСИЕТСІЗДІК *Жексұрындық, сүйкімсіздік.*

ҚАСИЕТТЕ *Қадірлеу, қастерлеу, құрметтеу.*

ҚАСИЕТТЕС *Қасиеті бір-біріне жақын.*

ҚАСИЕТТІ *Қасиеті мол, қастерлі; қадірлі.*

ҚАСИЕТТІЛІК *Қастерлілік, қадірлілік.*

ҚАСКӨЙ *Қаскүнем, зиянкес.*

ҚАСКӨЙЛІЕН *Қаскөй болу, қаскүнемдік ету.*

ҚАСКӨЙЛІК *Қаскүнемдік, зиянкестік.*

ҚАСКҮНЕМ *Қаскөй, зиянкес.*

ҚАСКҮНЕМДІК *Зиянкестік; жауыздық.*

ҚАСҚА *Малдың маңдайында болатын, ұзынша келген ақ түсті жолақ.* ◊ **Қасқа бас** — *маңдай шашы жоқ адам.* **Қасқа тіс** — *адам мен малдың алдыңғы төрт тісі.*

ҚАС-ҚАБАҚ 1. *Кас пен қабақ.* 2. ***Ауысп.*** *Көңіл күйі, ішкі толғанысы.* ◊ **Қас-қабағына қарады** — *көңілін аулады.* **Қас-қабағын бақты [аңдыды]** — *ойтқанына көнді, ыңғайына жүрді.*

ҚАСҚАЙ 1. *Көзге анық көрініп, түп-түзу жату.* 2. ***Ауысп.*** *Қаймықпай тура қалу, тайсалмау.*

ҚАСҚАЙТ *Тура көздеу, дәлдеу.*

ҚАСҚАЛА *Маңдай шашын тықырлап алу.*

ҚАСҚАЛАН *Маңдай шашы түсу.*

ҚАСҚАЛАУ *Аздап қасқалана бастаған.*

ҚАСҚАЛДАҚ *Қара қоңыр түсті, маңдайы ақшылдау келген су құсы.* ◊ **Қасқалдақтың қанындай** — *өте тапшы, зәру, қат.*

ҚАСҚАЛЫ *Қасқасы бар; қасқа ат мінген.*

ҚАСҚАН *Мәнті пісіретін арнаулы ыдыс.*

ҚАСҚАР *Қасқайып қарсы тұру, қасарысу.*

ҚАСҚАРША *Жіңішке келген, ұзын мойынды, тұтқалы, құман тәрізді су құятын ыдыс.*

ҚАСҚИ 1. *Анық, айқын көріну, сайрап жату.* 2. ***Ауысп.*** *Тайсалмау; қасқаю.*

ҚАСҚЫР 1. *Ит тұқымдас жыртқыш бөрі.* 2. ***Ауысп.*** *Жауыз, жыртқыш.* 3. *Өжет, батыл.* ◊ **Қасқыр тартты** — *малды қасқыр тістеп кетті, талады.* **Қасқыр шапты [тиді]** — *малға қасқыр тиді, шабуыл жасады.* **Қасқыр ішік** — *қасқыр терісінен жасалған сырткиім.*

ҚАСҚЫРЛЫҚ 1. *Қасқырға тән қасиет, іс-әрекет.* 2. ***Ауысп.*** *Жауыздық, жыртқыштық, қанипезерлік.* 3. *Өжеттік, өткірлік.*

ҚАСҚЫРТАҢДАЙ *Жас баланың таңдайында болатын кемістік.*

ҚАСҚЫРША *Қасқыр тәрізді, қасқыр секілді.* ◊ **Қасқырша талады** — *талан-таражға салды, тонады.*

ҚАСПАҚ 1. *Сүт пісіргенде ыдыстың түбіне жабысып қалатын маңызды қалдық.* 2. ***Ауысп.*** *Танауға, бетке жабысып қалған мұрынбоқ.* ◊ **Қаспақ бет [мұрын]** — *мұрынбоқ жабысқан, сатпақ-сатпақ бет.*

ҚАСПАҚ-ҚАСПАҚ *Сатал-сатал, кір-қожалақ.*

ҚАСТАН ***көне*** *Қас, өш, жау.*

ҚАСТАНДЫ *Қастық ойлаған, зиянды.*

ҚАСТАНДЫҚ *Қаскүнемдік, зиянкестік.*

ҚАСТАНШЫЛ *Қаскөй, қаскүнем.*

ҚАСТАС *Өштесу, өшігу.*

ҚАСТАУЫШ I *Егістікті зияндайтын қаракүйенің бір түрі.*

ҚАСТАУЫШ II *Қасқа жағатын бояу.*

ҚАСТЕР *Қадір, қасиет, құрмет.* ◊ **Қастер тұтты** — *қастерледі, ардақта-*

ды. **Қастерін арттырды** – *қадірін көтерді, қастерледі.*

ҚАСТЕРЛЕ *Қадір тұту, құрметтеу.*

ҚАСТЕРЛІ *Қадірлі, қасиетті, ардақты.*

ҚАСТЕРЛІЛІК *Қадірлілік, қасиеттілік, ардақтылық.*

ҚАСТЫ *Қасы бар, қасы қалың.*

ҚАСТЫҚ *Өштік, жаулық, дұшпандық.* ◊ **Қастық қылды [жасады, етті, істеді]** – *дұшпандық жасады, зиянкестік етті.*

ҚАСША *Қас адамша, дұшпанша.*

ҚАСЫ I *Ердің алдыңғы және артқы жақтауы.*

ҚАСЫ II *Жаны, маңы, тұсы.*

ҚАСЫҒЫШТА *Қайта-қайта қасу, қаси беру.*

ҚАСЫ-КӨЗІ: қасы-көзі қимылған – *бет пішіні келіскен, әдемі.* **Қасы-көзін төңкерді** – *қасын керіп, қылмың қақты.*

ҚАСЫҚ *Ас алып ішуге арналып жасалған, жіңішке сапты бұйым.* ◊ **Қасық басындай** – *онша үлкен емес, кішкентай.* **Қасық қаны қалғанша** – *ең соңғы демі біткенше.*

ҚАСЫҚТАЙ *Қасық мөлшеріндей, азғана.*

ҚАСЫҚТАП *Қасықпен алып, қасықпен мөлшерлеп.*

ҚАСІРЕТ *Басқа түскен уайым-қайғы.* ◊ **Қасірет тартты [шекті]** – *қасіретке душар болды, қайғыға ұшырады.*

ҚАСІРЕТТІ *Қайғылы, уайымды, мұңды.*

ҚАТ I *Қабат, қатпар.*

ҚАТ II *Мұқтаж, зәру, ділгір.*

ҚАТ III 1. *Кеуіп, қатып-семіп қалу; қатаю.* 2. ***Ауысп.*** *Бір қалыптан шықпау, өзгермеу.* 3. *Қыбыр етпеу, қозғалмау.* 4. *Өлу, тыраю.* ◊ **Қата қалғыр** ***қарғ.*** – *өлім келгір, өле қалғыр.* **Қатқан қазықтай** – *тіп-тік.* **Қатқан қара** ***экспр.*** – *ұзындау келген арық адам.* **Қатып кетті** ***эмоц.*** – *дұрыс болды, жақсы болды.*

ҚАТ IV 1. *Температураның төмендеуінен сұйық заттың тоңазып мұзға айналуы.* 2. *Қатты суықтан адам денесінің тоңуы; мұздау.*

ҚАТ V *Сұйық тағамға айран, сүт қосу.*

ҚАТ: жауап қатты – *жауап берді, тіл қатты.*

ҚАТ: түн қатты – *түнімен жүрді, түнделетті.*

ҚАТА *Ешкінің ауруы.* ◊ **Қата келгір** – *Ешкіге қарғыс ретінде айтылатын, "ауырғыр, өлім келгір" мәніндегі сөз.*

ҚАТАЙ 1. *Жұмсақ күйден қатты күйге көшу.* 2. ***Ауысп.*** *Өсіп жетілу, шырау, шығыу.* 3. *Беки түсу, қайраттану.* 4. *Үдей түсу, күшею.*

ҚАТАЛ 1. *Біреуге қатаң талап қойғыш, тәртіп сақтағыш.* 2. *Рақымсыз, мейірімсіз, қатыгез.* 3. ***Ауысп.*** *Зілді, қаһарлы; қатаң.* 4. *Қиыншылығы мол, азапты, ауыр.* 5. *Қолайсыз, жайсыз; қатты.*

ҚАТАЛА *Ыстықтан таңдайы кеуіп, қатты шөлдеу.*

ҚАТАЛАҒЫШ *Шөлдегіш, сусағыш.*

ҚАТАЛДАН *Қатая түсу, қаһарлану.*

ҚАТАЛДАУ *Қаталырақ, қатаңдау.*

ҚАТАЛДЫҚ 1. *Қатаң талап қойғыштық.* 2. *Қатыгездік, мейірімсіздік.*

ҚАТАЛЫРАҚ *Қаталдау, қатаңдау.*

ҚАТАҢ 1. *Қатал, қатты.* 2. *Қаһарлы, зілді, зәрлі.* 3. ***Ауысп.*** *Жайсыз, қолайсыз.* ◊ **Қатаң сөгіс [ескерту]** – *айыпты ісі үшін берілетін жазаның түрі.*

ҚАТАҢДА *Күшею, үлғаю; қатаю.*

ҚАТАҢДАУ *Қаталдау, қаттырақ.*

ҚАТАҢДЫҚ 1. *Қатаң мінез көрсетушілік, қаталдық.* 2. ***Ауысп.*** *Жайсыздық, қолайсыздық.*

ҚАТАҢЫРАҚ *Қаталырақ, қаттырақ.*

ҚАТАР I 1. *Бірыңғай заттың тәртіппен тізілген тізбегі.* 2. *Бір нәрсенің жаны, қасы.* 3. *Белгілі бір топтың бір мүшесі, құрамы.* 4. ***Ауысп.*** *Жасы теңдес, құрбы-құрдас.* ◊ **Қатарға қосылды** – а) *басқа жұртпен теңелді, адам болды;* ә) *пайдалануға берілді, іске қосылды.* **Қатар түзеді** – *сап құрды, қатарға тұрды.*

ҚАТАР II *Қоса қабат, бірге.*

ҚАТАР III *Матаны жиырып, бүріп тігу.*

ҚАТАРАРАЛЫҚ *Екі қатардың арасындағы жер, кеңістік.*

ҚАТАРДАҒЫ 1. *Көптің бірі, ел қатарлы.* 2. *Командир не басшы емес, жай.*

ҚАТАР-ҚАТАР *Қаз-қатар тізілген, бірнеше қатар.*

ҚАТАР-ҚҰРБЫ *Жас жағынан теңдес адам, құрбы-құрдас.*

ҚАТАРЛА *Бірінен соң бірін қою, тізбектеу.*

ҚАТАРЛАС I *Жас жағынан теңдес адам, құрбы-құрдас.*

ҚАТАРЛАС II 1. ***орт. етіс*** *Қатарлас.* 2. *Қатарға жету, қатарда жүру.*

ҚАТАРЛЫ 1. *Қатары бар; қатарластыра егілген, көп.* 2. ***Ауысп.*** *Жас жағынан шамалас, жасты.*

ҚАТАРМА *Киімнің қатарып тігілген жері.*

ҚАТАРСЫН *Қатар құрбы санау.*

ҚАТАРЫНАН 1. *Бір мезгілде, бірден.* 2. *Бірінен кейін бірін.*

ҚАТЕ 1. *Теріс іс, жаңылыс әрекет.* 2. *Біреудің жазба жұмысында жіберген кемшілігі.*

ҚАТЕЛЕС *Қате жіберу, жаңылу.*

ҚАТЕЛЕСКІШ *Қателесе бергіш, қате жібергіш.*

ҚАТЕЛЕУ *Аздап қате.*

ҚАТЕЛІК *Дұрыс еместік, терістік.*

ҚАТЕР *Тосыннан кездесетін қиындық, қауіп.* ◊ **Қатерге ұшырады** — *қатерге душар болды, кезікті.*

ҚАТЕРЛЕН *Қауіптену, сақтық ойлау.*

ҚАТЕРЛІ *Қауіп-қатері мол.* ◊ **Қатерлі ісік [дерт]** — *рак ауруы.*

ҚАТЕРЛІЛІК *Қатері молдық, қауіптілік.*

ҚАТЕРЛІРЕК *Қатері молдау, қауіптірек.*

ҚАТЕРСІЗ *Қауіп-қатері жоқ.*

ҚАТЕРСІЗДІК *Қатері жоқтық, қауіпсіздік.*

ҚАТЕСІЗ *Қатесі жоқ, кемшіліксіз.*

ҚАТИПА *Сай-сай жолағы бар қалың мата.*

ҚАТ-ҚАБАТ 1. *Бірінің үстіне бірі жиналған, үйілген, қабат-қабат.* 2. *Үсті-үстіне қабаттасқан, көп.*

ҚАТҚАҚ 1. *Жер бетінің суықтан тоңазып, қатқан күйі.* 2. *Жер қатқан кез, мезгіл.*

ҚАТҚАҚСЫ *Аузы кеберсу, таңдайы кебу.*

ҚАТҚАҚСЫРА *Аздап шөлдеу, шөліркеу.*

ҚАТҚАҚТАН *Суықтан қату, тоңазу.*

ҚАТҚАҚТАУ *Аздап қатқан, қата бастаған.*

ҚАТҚАН-ҚҰТҚАН *Көп сақталынып, кебіңкіреп қалған (ет) // Қатып қалған, қалған-құтқан.*

ҚАТ-ҚАТ *Бірнеше қабат, қабат-қабат.*

ҚАТ-ҚАТТАП *Қат-қат етіп, қабаттап.*

ҚАТ-ҚАТЫМЕН *Қатталған күйінде, рет-ретімен.*

ҚАТҚЫЛ 1. *Қаттылау, қатыңқыраған // Топырағы берік, қыртысты жер.* 2. ***Ауысп.*** *Қатал, зілді.*

ҚАТҚЫЛДАН 1. *Қату, қатаю.* 2. ***Ауысп.*** *Даусы қаттырақ шығу, қатаңдану.* 3. ***Ауысп.*** *Күн суытып, қақап кету.*

ҚАТҚЫЛДАУ 1. *Қаттылау, қаттырақ.* 2. ***Ауысп.*** *Қатаңдау, қаталдау.*

ҚАТҚЫЛДЫҚ 1. *Қатқыл тартқандық, қаттылық* 2. ***Ауысп.*** *Қатаңдық, қаталдық.*

ҚАТПА 1. *Ішек қызметінің бұзылуынан үлкен дәрет жүрмей қалатын адам және мал ауруы.* 2. *Жіңішке келген, арық.* ◊ **Қатпа келгір** — *қатпа болып ауырғыр.* **Қатпа қара** — *жіңішке, арық қара кісі.* **Қатпа бота** — *кесел салдарынан ет алмайтын немесе қатпа ауруымен ауырған бота.*

ҚАТПАЛАУ *Қатпа келген, арықтау.*

ҚАТПАР 1. *Бір нәрсенің қабатталған, бүктелген жері.* 2. *Бет, мойын терісіндегі қыртыстанған жер; әжім.* 3. ***Ауысп.*** *Адамның ішкі дүниесіндегі қалтарыс, бүкпе.*

ҚАТПАР-ҚАТПАР *Бірнеше қатпар, қатпары мол.*

ҚАТПАРЛА *Қатпар-қатпар ету, қатпар жасау.*

ҚАТПАРЛЫ *Қатпары бар, қыртыс-қыртыс.*

ҚАТПАРШАҚ *Қатпар-қатпар қарын, жалбыршақ.*

ҚАТТА I 1. *Бір нәрсені бірінің үстіне бірін қойып реттеп қою, қатпарлау.* 2. ***Ауысп.*** *Есепке (тізімге) алу, тіркеп жазу.*

ҚАТТА II *Мал-мүлікті кәмпескелеу, тәркілеу.*

ҚАТТАМА *Жебе, найзалардан қорғану үшін киетін сауыт түрі.*

ҚАТТАУЛЫ *Қаттап қойылған, реттеулі.*

ҚАТТЫ I 1. *Жұмсақ емес; тастай.* 2. ***Ауысп.*** *Күшті, ащы, зор.* 3. ***Ауысп.*** *Дәті берік, мықты; қатал.* 4. ***Ауысп.*** *Сараң, шығайбай.*

ҚАТТЫ II 1. *Өте, тым, аса.* 2. *Мықтап тұрып, жеріне жеткізе.* 3. *Еш нәрсені сезбей, тырп етпей.* ◊ **Қатты айтты** — *бет-жүзіне қарамады, тура сөйледі.* **Қатты батты** — *күшті әсер етті.* **Қатты кетті** — *ашуланды, мінез көрсетті.* **Қатты қайырымға келмеді** — *ауыр жұмыс істеуге жарамады.*

ҚАТТЫҚ *Қат болғандық, тапшылық.*

ҚАТТЫЛАН *Қатты болу, қатаю.*

ҚАТТЫЛАП *Қатты етіп, мықтап.*

ҚАТТЫЛАУ 1. *Қаттырақ, мықтырақ.* 2. ***Ауысп.*** *Қатаңырақ, қаталырақ.*

ҚАТТЫЛЫ-ЖҰМСАҚТЫ *Қаттысы мен жұмсағы аралас.*

ҚАТТЫЛЫҚ 1. *Мықтылық, беріктік.* 2. ***Ауысп.*** *Күштілік, қарқындық.* 3. ***Ауысп.*** *Қаталдық, қатыгездік.* 4. ***Ауысп.*** *Ащылық, зорлық.* 5. ***Ауысп.*** *Сараңдық, шығайбайлық.*

ҚАТТЫРАҚ 1. *Қаттылау, бекіту.* 2. *Басымырақ, күштілеу.*

ҚАТУ 1. *Қатаң, қатал.* 2. *Көңіл қалдыратын, қатты.*

ҚАТУЛАН *Түсін суыту, ызғарлану.*

ҚАТУЛЫ *Қатуланған, ренжулі.*

ҚАТУЛЫҚ *Ызбар, реніш, кейіс.*

ҚАТШАП ***көне*** *Құран сүрелерін оқығанда қолға ұстайтын таяқша.*

ҚАТ-ШОТ *Есеп-қисап, санақ.*

ҚАТШЫЛЫҚ *Тапшылық, жеткіліксіздік.*

ҚАТЫБАС *Қатыгез, мейірімсіз, қайырымсыз.*

ҚАТЫБАСТАН *Қатыгездену, мейірімсіздену.*

ҚАТЫБАСТЫҚ *Қатыгездік, қаталдық.*

ҚАТЫГЕЗ *Қатыбас, мейірімсіз.*

ҚАТЫГЕЗДЕН *Қатыбастану, мейірімсіздену.*

ҚАТЫГЕЗДЕУ *Мейірімсіздеу, қатыбастау.*

ҚАТЫГЕЗДІК *Мейірімсіздік, қатыбастық.*

ҚАТЫҚ I 1. *Тамаққа қосатын ет, май, сүт сияқты нәрлі тағамдар.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің нәрі, дәм-татуы; тұздығы.* ◊ **Ас қатық** — *асқа қатық болар-лық тағам.* **Көжеқатық** — *көжеге қатық болар-лық ет, май.* **Шайқатық** — *шайға қатық болар-лық сүт, кілегей, қаймақ.*

ҚАТЫҚ II *Құрт жасау үшін айранды сүзу арқылы алынған қоймалжың сұзбе.*

ҚАТЫҚСЫЗ 1. *Қатығы жоқ, қатық қосылмаған.* 2. *Дәмді, сөлді тағам қосылмаған.*

ҚАТЫҚТАЙ *Қатық сияқты, қатық тәрізді.* ◊ **Қатықтай ұйыған** — *тату-тәтті, ұйымшыл.*

ҚАТЫҚТЫ *Қатығы бар; нәрлі, дәмді.*

ҚАТЫҚТЫҚ *Қатық боларлық, қатыққа жарарлық.*

ҚАТЫМ ***діни*** *Қайтыс болған адамға бағыштап, Құранды түгел оқып шығу немесе оқыту парызы.*

ҚАТЫН 1. *Зайып, жар, жұбай.* 2. *Жалпы әйел атаулы.* 3. ***Ауысп.*** *Сүжүрек, қорқақ.* ◊ **Қатын алды** — *үйленді, отбасылы болды.* **Қатын ашу** — *болар-болмас нәрсеге шап ете қалатын ашу.* **Қатын болды** — *күйеуге тиді, ерге шықты.* **Қатын өсек** — *шындыққа жанаспайтын бос сөз.* **Қатын үстіне барды [алды, тиді]** — *әйелі бар адамға күйеуге шықты.*

ҚАТЫНА *Барып-келіп тұру, әрі-бері қатынасу.*

ҚАТЫНАС I 1. *Әрі-бері жүріп тұру, барып-келу ісі; қатыс.* 2. *Қарым-қатынас, байланыс.* **Қатынасқағаз** — *бір нәрсе жайындағы ресми, жазба құжат.*

ҚАТЫНАС II 1. *Бір-біріне барып-келіп тұру, келіп-кету.* 2. *Бір нәрсеге араласу, қатысу.*

ҚАТЫН-БАЛА *Қатыны мен баласы; үй іші.*

ҚАТЫНБАСША *Қатын-қалаштың ісін істеуші, қазан-аяққа араласушы ер адам.*

ҚАТЫНБАСШАЛЫҚ *Қатын ісіне араласушылық.*

ҚАТЫНДЫҚ 1. *Қатынға тән қасиет (мінез).* 2. *Қатын болушылық, әйелдік.*

ҚАТЫНЖАНДЫ *Қатынды жақсы көретін.*

ҚАТЫН-ҚАЛАШ *Үлкенді-кішілі әйелдер.*

ҚАТЫНҚҰМАР *Қатынға әуестенуші ер адам.*

ҚАТЫНСЫРА *Қатын алғысы келу.*

ҚАТЫНШЫЛ *Қатынжанды, қатынқұмар, қатынды жақсы көретін адам.*

ҚАТЫҢҚЫ: қабағы қатыңқы [қатыңқылау] — *жүзі сынық, реніштті.*

ҚАТЫҢҚЫРА *Аздап қату, қатая түсу.*

ҚАТЫП-ПІСІП *Ысылып, жаттығып, үйреніп.*

ҚАТЫП-СЕМІП *Әбден кеуіп, құрап, қатып.*

ҚАТЫР 1. ***өзг. етіс*** *Қатыр.* 2. ***Ауысп.*** *Жерге отырғызып кету, алдау.*

ҚАТЫРҒЫ 1. *Қалыңдау, қатты.* 2. *Киімнің ығына, жағасына крахмалдап салған қатты зат.*

ҚАТЫРҒЫШ *Бір нәрсені қатыра алатын, қатыратын.*

ҚАТЫР-ҚҰТЫР *Қатты затты басқанда, шайнағанда шығатын қатырлаған дыбыс.*

ҚАТЫРЛА *Қатырлаған дыбыс шығару.*

ҚАТЫРЛАҚ *Қатырлай беретін, қатырлағыш.*

ҚАТЫРМА 1. *Қатырылған, қатты.* 2. *Қатырылған зат, қатты нәрсе.*

ҚАТЫРМАҚАҒАЗ *Сызуға, сурет салуға, тағы басқа нәрселер жасауға арналған қатты, қалыңдау қағаз; картон.*

ҚАТЫРМАЛА 1. *Қатты күйге өзгерту, қатайту.* 2. *Крахмалға салу, крахмалдау.*

ҚАТЫРМАЛЫ 1. *Қатырма қағаздан жасалған.* 2. *Крахмалдап қатырған.*

ҚАТЫРМАШ ***жерг.*** *Қатырлақ жұқа нан.*

ҚАТЫС I 1. *Бір нәрсеге араласу, көппен бірге болу.* 2. *Барып-келіп тұру, қатынасу.*

ҚАТЫС II 1. *Бір нәрсеге қатысушылық, араласқандық.* 2. *Қатынас, байланыс.*

ҚАТЫССЫЗ *Қатынассыз, байланыссыз.*

ҚАТЫСТЫ *Байланысты, қатынасты.*

ҚАТЫСТЫҚ *Қатынастық, байланыстылық.* ◊ **Қатыстық сын есімдер** ***лингв.*** — *өзге сөз таптарынан жасалған туынды сын есімдер.*

ҚАТЫСТЫЛЫҚ *Қатысы барлық, байланыстылық.*

ҚАУ *Тығыз өскен қалың ну шөп, боз.*

ҚАУАШАҚ *Өсімдік тұқымы, дәнегі жататын кішкене сауыт; қауашық.* ◊

Қауашақ ашты [жарды] – *өсіп-жетілді, жеміс салды.*

ҚАУҒА *Құдықта су тартып алуға арналған көнтеріден жасалған шелек.* ◊ **Қауға бас [сақал]** – *қауқиған, үлкен бас.* **Қауға тартты** – *құдықтан қауғамен су құйды.*

ҚАУҒАДАЙ *Қауқиған, үлкен.*

ҚАУҒАЛАП *Қауғамен тартып, қауғамен алып.*

ҚАУҒАША *Қауға тәрізді, қауғаға ұқсап.*

ҚАУҒАШЫ *Қауғамен құдықтан су алушы адам.*

ҚАУДАН I ***бот.*** *Далалы жерде өсетін, ұзын ақ шөп.*

ҚАУДАН II *Капустаның байланған басы; кочан.*

ҚАУДАНДЫ *Қаудан өскен, қауданы бар.*

ҚАУДЫР 1. *Қаудырап кепкен, құраған.* 2. ***Ауысп.*** *Қан-сөлден айырылған, қатқан.* ◊ **Қаудыр ете қалды [түсті]** – *қаудырлады, қаудыр-қаудыр етті.*

ҚАУДЫРА 1. *Әбден кеуіп кету, қаудырлау.* 2. ***Ауысп.*** *Әбден қартаю, қаусау.*

ҚАУДЫРАҚ *Қаудырап кеуіп қалған, қаудырлақ.*

ҚАУДЫР-ҚАУДЫР: қаудыр-қаудыр етті – *қаудырлады.*

ҚАУДЫРЛА *Қаудыр-қаудыр ету, қаудырау.*

ҚАУДЫРЛАҚ *Қаудыр-қаудыр еткен, қаудырлаған.*

ҚАУЕСЕТ *Алыпқашпа сөз, өсекаяң.*

ҚАУЕСЕТШІЛ *Алыпқашпа сөзге жаны құмар.*

ҚАУЖА 1. *Бір нәрсені малжаңдап жеу, талшық ету.* 2. ***Ауысп.*** *Сөзбен тиісу, қажау.*

ҚАУЖАҢДА *Қаужаң-қаужаң етіп жеу, тамақтану.*

ҚАУЖАҢ-ҚАУЖАҢ: қаужаң-қаужаң етті [еткізді] – *қаужаңдады.*

ҚАУЗА I 1. *Бір іске қозғау салу.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуге көмектесу, жәрдемдесу.* 3. ***Ауысп.*** *Күту, баптау, жайлау.*

ҚАУЗА II *Арпаны не бидайды қауызынан айыру; кеузеу.*

ҚАУҚАЛАҚ: қаукалақ қақты – *қауқалақтады, қауқаңдады.*

ҚАУҚАЛАҚТА *Ебелек қағу, қалбалақтау.*

ҚАУҚАР *Әл, күш, қуат.* ◊ **Қауқары кетті [қашты]** – *күші азайды.*

ҚАУҚАРЛАН *Әл, күш біту, қуаттану.*

ҚАУҚАРЛЫ *Күш-қуаты мол; қарулы, әлді.*

ҚАУҚАРЛЫҚ *Қуаттылық, әлділік.*

ҚАУҚАРСЫЗДЫҚ *Әлсіздік, күшсіздік, дәрменсіздік.*

ҚАУ-ҚАУ *Қау-қаулаған, қаумалаған.* ◊ **Қау-қауға алды** – *қаумалады, қолпаштады.*

ҚАУ-ҚАУЛА *Ортаға алып, жан-жақтан көтермелеу, қолпаштау.*

ҚАУҚИ *Бір нәрсенің үлкен болып көрінуі; қауқаю.*

ҚАУҚЫЛДА *Ағынан жарылу, қауқалақтау.*

ҚАУҚЫЛДАҚ *Қауқылдап қалған, ақ көңіл; аңқылдақ.*

ҚАУЛА 1. *Жаппай тез өсу, көктеу.* 2. ***Ауысп.*** *Сан жағынан өсу, қауырт көбею; қаптау.* 3. *Лаулап тез жану, лапылдау.* 4. ***Ауысп.*** *Күшейе түсу, өршу, үдеу.*

ҚАУЛЫ I *Жиналыста алынған шешім.* ◊ **Қаулы алды [қабылдады]** – *белгілі бір шешімге келді.* **Қаулы етті [шығарды]** – *қаулы қабылдады, қаулы алды.*

ҚАУЛЫ II *Қау өскен, қауы көп.*

ҚАУЛЫ-ҚАРАР *Қабылдаған қаулылар мен қарарлардың жиынтығы.*

ҚАУМА ***көне*** *Жиын, мәжіліс, кеңес.*

ҚАУМАЛА *Қаумалау, қоршау, ортаға алу.*

ҚАУМЕТ I ***көне*** *Тірі жан, тіршілік иесі.*

ҚАУМЕТ II ***жерг.*** *Күш, шама, әл.*

ҚАУМЕТ III *Құлақтың сырғалығы, жұмсақ етті жері.*

ҚАУМЕТТІ *Күшті, әлді, қауқарлы.*

ҚАУПАЛАҚ; қаупалақ қақты – *елпектеді, қалбалақтады.*

ҚАУПАЛАҚТА *Елпек қағу, қалбалақтау.*

ҚАУПИ *Көзге үлкен болып көріну, қауқию.*

ҚАУСА 1. *Әбден ескіру, тозығы жету.* 2. ***Ауысп.*** *Қартайып, күш-қуатынан айырылу.*

ҚАУСЫР 1. *Киімнің екі бойын (өңірін) бір-біріне айқастыра қымтау.* 2. ***Ауысп.*** *Қысу, ығыстыру; қусыру.* 3. ***Ауысп.*** *Белгілі бір жасты дендеу, еңсеру.*

ҚАУСЫРМА I *Әшекейлі ілгек, қапсырма.*

ҚАУСЫРМА II *Айқасып келген, қаусырылған.*

ҚАУСЫРМАЛА 1. *Қайта-қайта қаусыра беру.* 2. ***Ауысп.*** *Қысу, ығыстыру, тықсыру.*

ҚАУСЫРМАЛЫ 1. *Екі жағы бір-бірімен айқасып келген, қаусырылған.* 2. *Екі жағына ашылатын, жарма.*

ҚАУСЫРУЛЫ *Қаусырылып қойылған, айқастырылған.*

ҚАУТАП *Дәмдеп, тұздап, отқа қақтап пісіретін тағам.*

ҚАУЫЗ 1. *Астық дәнінің сыртқы қабығы.* 2. *Ашылайын деп тұрған гүл басының жұқа қабы.* ◊ **Қауыз жарды [ашты]** – *гүл ашты, гүлдеді.*

ҚАУЫЗДАН *Қауыз пайда болу.*

ҚАУЫЛДЫРЫҚ *Қамыс сабағының қабығы.*

ҚАУЫМ *Ерікті түрде ұйымдасқан, бірлескен адамдар тобы.*

ҚАУЫМДАС *Ұйымдасу, бірігу, топтану.*

ҚАУЫМДАСТЫҚ *Қауымдасқан тірлік.*

ҚАУЫМДЫҚ *Қоғамдасқан, бірлескен.*

ҚАУЫМШЫЛ *Қауымның мүддесін ойлайтын, көпшіл.*

ҚАУЫМШЫЛДЫҚ *Қауымның мүддесін көздегендік, көпшілдік.*

ҚАУЫН *Асқабақ тұқымдасына жататын, оңтүстік аймақта өсетін бақша өсімдігі және осы өсімдіктің тәтті жемісі.*

ҚАУЫНДЫ *Қауыны көп, қауын көп өсетін.*

ҚАУЫНДЫҚ *Қауын егілген немесе қауын егуге арналған жер.*

ҚАУЫНҚАҚ *Қауынды жұқалап тіліп, кептіріп алған тәтті тағам.*

ҚАУЫН-ҚАРБЫЗ *Қауын мен қарбыздың жалпы атауы.*

ҚАУЫНҚҰРТ *Қауынды қайнатып, содан шыққан қоймалжыңнан сықпалап жасаған тағам.*

ҚАУЫНША *Қауын тәрізді, қауын секілді.*

ҚАУЫНШЫ *Қауын егуші, қауын өсіруші.*

ҚАУЫНІШЕК *Қауынды жіңішкелеп тіліп, ішекше өріп, кептіріп алған тағам.*

ҚАУЫРСАҚ *Бұлбұлша сайрайтын, дауысы өте сүйкімді, қараторғайдан үлкендеу, құйрығы ұзын, тау баурайын мекендейтін құс.*

ҚАУЫРСЫН *Құс қанаты мен құйрығының ұзын талшықтары.* ◊ **Қауырсын қалам** – *қауырсыннан жасалған қалам.*

ҚАУЫРСЫНДАН *Қауырсын өсіп шығу, қауырсыны жетілу.*

ҚАУЫРСЫНДЫ *Қауырсын өсіп шыққан.*

ҚАУЫРТ *Бәрі бірдей, жаппай; тез, жылдам.*

ҚАУЫРТТЫҚ *Асығыстық, жылдамдық, қарбаластық.*

ҚАУЫС I ***көне*** *Қараша айының арабша атауы.*

ҚАУЫС II *Жақын адаммен кездесу, қаушу.*

ҚАУІП *Қатерлі жағдай; қатер, қорқыныш.* ◊ **Қауіп етті [қылды]** – *қауіптенді, қорықты.* **Қауіп туды [төнді]** – *қауіп пайда болды, қатер төнді.*

ҚАУІП-ҚАТЕР *Қатерлі жағдай, қорқыныш.*

ҚАУІПСІЗДЕН *Қауіптен құтылу, қауіпсіз болу.*

ҚАУІПСІЗДЕУ *Қаупі аздау, қатерсіздеу.*

ҚАУІПСІЗДІК *Ешқандай қауіп жоқтық, қатерсіздік.*

ҚАУІПСІН *Қауіп ойлау, қауіптену.*

ҚАУІПТЕН *Қауіп ойлау, күдіктену.*

ҚАУІПШІЛ *Қауіптенгіш, қауіп ойлағыш.*

ҚАһАР 1. *Ашу, ыза, айбар; кәр.* 2. ***Ауысп.*** *Ызғар, суық.* ◊ **Қаһар шашты** – *қатты ашуланды, қаһарланды.* **Қаһарына мінді** – *кәріне мінді, ашуланды.* **Қаһарына ұшырады [ілікті]** – *ашуына душар болды.* **Қаһарын төкті [тікті]** – *ашуланды, ызғар шашты; кәрін төкті.*

ҚАһАРЛАН *Қатты ашулану, кәрлену.*

ҚАһАРЛЫ 1. *Ашулы, ызалы, кәрлі.* 2. ***Ауысп..*** *Ызғарлы, қатал.*

ҚАһАРЛЫЛЫҚ *Қаһарлы болғандық, қаһарланғандық.*

ҚАһАРМАН *Батыр, ер.*

ҚАһАРМАНДЫҚ *Батырлық, ерлік.*

ҚАШ I 1. *Бір нәрседен қорқып безу, зыту.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені істегісі келмеу, бас тарту.* 3. ***Ауысп.*** *Кету, құру, азаю.* ◊ **Қаша жөнелді [тұра қашты]** – *бірден қашты, безді.*

ҚАШ II *Қой, ешкі, сиыр малдарының ұрықтануы.* ◊ **Қашпаған қара сиырдың уызына қаратты** – *екіталай нәрсені күттірді, босқа емексітті.*

ҚАША I 1. *Тіреулерге екі басын көлденең өткізіп қоятын ұзын ағаш.* 2. *Осындай қашалардан жасалған қоршау.*

ҚАША II 1. *Ағашты қашаумен тесу.* 2. *Тасты шапқымен шеку.*

ҚАШАҒАН *Қашып ұстатпайтын, тұра қашатын.*

ҚАШАҒАНДЫҚ *Қашып ұстатпайтындық, қашқыштық.*

ҚАШАҚ *Қашқын, босқын.* ◊ **Қашақ қиял** – *жеткізбейтін, жүйрік ой.*

ҚАШАҚТА *Аздап қашу, қашқалақтау.*

ҚАШАҚТЫҚ *Қашып тоқтамайтындық.*

ҚАШАЛА *Қаша орнату, қашамен қоршау (бекіту).*

ҚАШАЛЫ *Қашасы бар, қашаланған.*

ҚАШАН 1. *Бір нәрсенің уақытын, мезгілін білу үшін қойылатын сұрау есімдігі.* 2. *"Оған дейін", "соған дейін" деген үстеулік мағынада жұмсалады.* 3. *"Көп уақыт болды", "талай уақыт өтті" д. м. білдіреді.* ◊ **Қашан болсын [қашан болса да]** – *әр уақытта, әр кез.* **Қашан да болса** – *қай уақытта да.*

ҚАШАНҒА *Қай уақытқа дейін, қай мезгілге шейін?*

ҚАШАНҒЫ *Баяғы, ежелгі, бұрынғы.*

ҚАШАНҒЫСЫНША *Баяғысынша, бұрынғысынша.*

ҚАШАНДА *Әр кез, қашан болса да.*

ҚАШАННАН *Баяғыдан, ежелден, көптен.*

ҚАШАҢ: қашаң тартты – *алыстады, жырақтады.*

ҚАШАҢДА *Алыстау, жырақтау.*

ҚАШАҢДАУ *Алысырақ, қашығырақ; жырақтау.*

ҚАШАР I *Сиырдың екі жасар ұргашысы.*

ҚАШАР II ***жерг.*** *Қысқа арналған жылы мал қора.*

ҚАШАУ *Балғамен ұрып, ағаш, тас тесетін құрал.*

ҚАШАУА *Сәндеп жасалған жеңіл ат шанасы.*

ҚАШАУЛА *Қашаумен кесу, тесу, қашау.*

ҚАШАУШЫ *Бір нәрсені қашаумен қашайтын адам.*

ҚАШҚАҚ *Қаша беретін, қашатын, қашқыш.*

ҚАШҚАҚТА *Бір нәрседен қашу, жуымау.*

ҚАШҚАЛАҚ *Қаша беретін, қашқақ.*

ҚАШҚАЛАҚТА *Жоламау, қашқақтау.*

ҚАШҚАР: қашқар құман – *Қашқар қаласында жасалған, мойны ұзын құман.*

ҚАШҚАРГҮЛ ***бот.*** *Қашқар жерінде өсіп, басқа жерлерге тараған мәдени өсім.*

ҚАШҚЫН *Қашып кеткен, қашып жүрген.*

ҚАШҚЫНДЫҚ *Бой тасалаушылық, қашып жүргендік.*

ҚАШҚЫН-ПЫСҚЫН *Қашып-пысып жүрген.*

ҚАШЫ *Су бөгеу үшін жасалған бөгет; дамба.*

ҚАШЫҒЫРАҚ *Алыстау, жырағырақ.*

ҚАШЫҚ *Алыс, жырақ, шалғай.*

ҚАШЫҚСЫН *Қашық деп санау, алыссыну.*

ҚАШЫҚТА *Алыс кету, жырақтау.*

ҚАШЫҚТАУ *Алыстау, жырағырақ, шалғайлау.*

ҚАШЫҚТЫҚ *Алыстық, жырақтық, шалғайлық.*

ҚАШЫҢҚЫ: өңі [түсі] қашыңқы — *адам түсі бозарған.*

ҚАШЫП-ПЫСЫП *Бой тасалап, тығылып.*

ҚАШЫР *Есек айғыры мен биенің шағылысуынан туған будан мал.*

ҚАШЫР-ҚҰШЫР *Қашырлаған, құшырлаған дыбыс.*

ҚАШЫРЛА *Қашырлаған дыбыс шығару, қашыр-қашыр ету.*

ҚАШЫРТҚЫ *Су жерге жайылу, тарау, сіңу үшін, құлақтағы суды ағызға тарам-тарам етіп бөліп, бұрып жіберетін көмей.*

ҚАШЫРТҚЫЛА *Құлақтағы суды тарам-тарам етіп бөлу.*

ҚАЮ *Ілмек біз арқылы екі тарамыс (жіп) бір-біріне ілмеленіп тігілетін тығыз тігіс.*

ҚАЯЗ *Көбінесе теңізде жүретін етті тәтті, ірі балық.*

ҚАЯЗЫ *Тері сияқты заттардың суда көп уақыт болғандығынан әбден су сіңді болып ылбырап кетуі.*

ҚАЯУ *Қайғы, мұң, реніш.*

ҚАЯУЛАН *Ренжу, қайғыру, уайымдау.*

ҚАЯУЛЫ *Реніштті, мұңды, шерлі.*

ҚАЯУЛЫҚ *Мұңлылық, шерлілік.*

ҚАЯУСЫЗ *Қайғысыз, мұңсыз, уайымсыз.*

ҚАЯУСЫЗДЫҚ *Қайғысыздық, мұңсыздық, уайымсыздық.*

ҚИ I *Малдың қорадағы тұяғымен тапталған нәжісі.* ◊ **Қи садырасы** — *қидың суы, ерітіндісі.*

ҚИ II 1. *Бір нәрсені кесу, шабу.* 2. *Қиюын келтіру, қиюластыру.* 3. ***Ауысп.*** *Жолды, көшені кесіп өту.*

ҚИ III *Қымбат затын біреуге беруге тура келу.*

ҚИБАСПАҚ *Уақ малда болатын бақай ауруы.*

ҚИБЫЖЫҚ *Қипақтаған, сипақтаған қозғалыс.* ◊ **Қибыжық қақты** — *қибыжықтады, шыдамсыздық танытты.*

ҚИБЫЖЫҚТА *Қозғалақтау, қипақтау.*

ҚИҒАШ *Қисық, түзу емес.* ◊ **Қиғаш келді** — *қарсы тұрды, теріс деп білді.* **Қиғаш қабақ көрсетті** — *қыңыр қарады, жақтырмады.* **Қиғаш қас** ***фольк.*** — *иіліп келген әдемі қас.*

ҚИҒАШТА *Қиғаш жүру, бір жағына қисық кету.* ◊ **Қиғаштай салды [тартты]** — *қиғашынан жүрді, қиғаш тартты.*

ҚИҒАШТАУ *Сәл қиғаш; қисығырақ.*

ҚИҒАШТЫҚ *Қиғаш болғандық, қисықтық.*

ҚИҒАШЫРАҚ *Сәл қиғаштау, қисығырақ.*

ҚИҒЫЛА *Қайта-қайта қию, кескілеу.*

ҚИҒЫЛЫҚ *Қиқарлық мінез, бұзықтық.* ◊ **Қиғылық салды** — *шатақ шығарды, қиқар мінез көрсетті.*

ҚИҒЫР *Қиып түсетін, қиғыш, кескіш.*

ҚИДАЙ *Қи секілді, қи тәрізді.* ◊ **Қидай сыпырды** — *түгін қоймай алып кетті, ештеңесін қалдырмады.*

ҚИДА-ҚИДА *Сан жерден қиылған, бөлінген; бөлек-бөлек.* ◊ **Қида-қидасы шықты** — *жұлма-жұлмасы шықты.*

ҚИДАЛА *Қида-қидасын шығарып кесу, бөлшектеу.*

ҚИДАЛАС *Қырқысу, шабысу, кескілесу.*

ҚИДАС *Сусар мен бұғынның буданы.*

ҚИДАСЫН *Әбден бекіген, шыныққан, қайнасып қатқан.*

ҚИҚ *Қиқ-қиқ еткен, қиқылдаған дыбыс.* ◊ **Қиқ етті [қиқ ете қалды]** — *қиқ етіп дыбыс шығарды.*

ҚИҚА *Бірнеше бөлшекке бөлінген, жұлма-жұлма зат.*

ҚИҚАЙ *Қисаю, қыңыраю; ырыққа көнбеу.*

ҚИҚАҚ *Бір нәрсені істегісі келмегендік, қиқақтық.*

ҚИҚАҚ-СИҚАҚ *қарап. Бір нәрсені істегісі келмеушілік, қиқақтағандық.*

ҚИҚАҚТА 1. *Қиқақ-қиқақ етіп жүру, қисаландау.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені істегісі келмеу, қырсығу.*

ҚИҚАҚТЫҚ 1. *Қиқаландағандық, бұлтақ қаққандық.* 2. *Бір нәрсені істегісі келмегендік.*

ҚИҚАЛА *Қиқа-қиқа етіп кесіп тастау, ретсіз бөлшектеу.*

ҚИҚАЛАҚ 1. *Қиқаң-қиқаң еткендік, қисаландық.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені істегісі келмегендік, бұлталақ.* ◊ **Қиқалаққа басты [салды]** — *қиқалақтады, бұлтарды, жалтарды.*

ҚИҚАЛАҚТА 1. *Қиқаң-қиқаң ету, қисаландау.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені істегісі келмеу, қиқаңдау.*

ҚИҚАҢ *Қисықтық, қиқарлық; қиқаң.* ◊ **Қиқаң етті** — *қисалаң ете қалды.*

ҚИҚАҢДА 1. *Қиқаң-қиқаң ету, қисаландау.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені істегісі келмеу, жөнге көнбеу.*

ҚИҚАҢДЫҚ *Қиқаңдағандық, істегісі келмегендік.*

ҚИҚАҢ-ҚИҚАҢ *Қиқаңдаған қимыл.* ◊ **Қиқаң-қиқаң етті [еткізді]** — *қиқаңдады, істегісі келмеді.*

ҚИҚАҢ-СИҚАҢ *Қиқаңдағандық, қиқарлық.*

ҚИҚАР *Қисық, қыңыр.*

ҚИҚАРЛАН *Қырсығу, қыңырлану.*

ҚИҚАРЛАУ *Қыңырлау, бірбеттеу.*

ҚИҚАРЛЫҚ *Қыңырлық, қисықтық.* ◊ **Қиқарлыққа басты [салды]** — *қиқарлық жасады, қыңырлық көрсетті.*

ҚИҚАРСЫ *Қиқарлану, қыңырлану.*

ҚИҚА-СИҚА *Қиқиып-сиқиып қалған, қисық-қисық.*

ҚИҚИ 1. *Қисаю, қиқаю.* 2. ***Ауысп.*** *Қырсығу, қыңыраю.*

ҚИҚИЫП-ЖИҚИЫП *Қисайып, мыжырайып.*

ҚИҚ-ҚИҚ: қиқ-қиқ етті — *қиқылдады, қиқылдаған дыбыс шығарды.*

ҚИ-ҚОҚЫС *Сыпырынды, қиқымсиқым.*

ҚИҚУ *Қиқуланған дыбыс, айқайшу.* ◊ **Қиқуға басты [қиқу салды]** — *айқайлады, шулады, қиқулады.*

ҚИҚУЛА *Қиқу салу, айқайлау.*

ҚИҚУШЫЛ *Қиқу салғыш, қиқулағыш.*

ҚИҚ-ШИҚ *Қиқ-шиқ еткен дыбыс.* ◊ **Қиқ-шиқ етті** — *қиқылдады, шиқылдады.*

ҚИҚЫ-ЖИҚЫ *Қиқайған, қисайған; ретсіз.*

ҚИҚЫЛ *Қиқылдаған дыбыс, ун.*

ҚИҚЫЛДА 1. *Қиқылдаған дыбыс шығару.* 2. ***Ауысп.*** *Деміге күлу, қиқ-қиқ ету.*

ҚИҚЫЛДАП-ШИҚЫЛДАП *Қиқ-қиқ етіп, шиқылдап.*

ҚИҚЫМ *Бір нәрсенің майда, ұсақ қалдығы; қоқым.*

ҚИҚЫМДА *Майдалау, ұсақтау.*

ҚИҚЫМ-СИҚЫМ *Ұсақ-түйек, майда-шүйде; көр-жер.*

ҚИЛА *Қи тастау; бұлғау.*

ҚИЛЫ I *Түрлі, әрқалай.* ◊ **Қилы заман [кезең]** — *бұралаңы көп, қиынқыстау уақыт.*

ҚИЛЫ II *Қиы бар, қиы көп.*

ҚИЛЫ-ҚИЛЫ *Сан алуан, түрлі, алуан-алуан.*

ҚИМА I 1. *Бір нәрсенің қиып келтірілген, қиюластырған жері.* 2. *Арба доңғалағы шеңберінің құрастырмалы жеке бөлшектері.* 3. ***физ.*** *Дененің көлденең қиылғандағы көрінісі.*

ҚИМА II *Түйе, сиыр сияқты ірі қараның бүйенге жалғас майлы ішегі.* ◊ **Қимағы қышыды** — *жанына батты; іш тартты, іш бұрды.*

ҚИМАЙ *Малдың қиынан жасалынып, емдік мақсатта қолданылатын май.*

ҚИМАҚ *Ертеректе қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген түрік тектес халық.*

ҚИМАҚЫ *Қимақ үлгісіндегі, қимаққа тән.*

ҚИМАЛЫ *Қиып келтірілген, қиюластырылған.* ◊ **Қималы құдық** — *қиыстырып шегенделген құдық.*

ҚИМАС *Қымбат, асыл, ардақты.*

ҚИМАСТЫҚ *Қимағандық, көңіл жықпастық.*

ҚИМЫЛ 1. *Қозғалыс, қыбыр-жыбыр.* 2. *Іс-әрекет, жұмыс, еңбек.*

ҚИМЫЛДА 1. *Қыбырлау, қозғалу.* 2. *Жұмыс істеу, еңбек ету.*

ҚИМЫЛСЫЗ *Қыбыр етпей, қозғалмай.*

ҚИМЫЛСЫЗДЫҚ *Қимылдамағандық, қыбыр етпеушілік.*

ҚИНА 1. *Жанын көзіне көрсету, азаптау.* 2. *Мазасын кетіру, тынышын алу.*

ҚИНАЛЫС *Қиналғандық, қиындыққа душар болғандық.*

ҚИНАУШЫ *Қинаған, қиындық көрсеткен адам.*

ҚИНАУШЫЛЫҚ *Қинағандық, қинау көрсетушілік.*

ҚИПАҚ *Қипақ-қипақ еткендік, қипақтағандық.*

ҚИПАҚ-СИПАҚ *Қипақтағандық, сипақтағандық.*

ҚИПАҚСЫЗ *Қипақтамай, қипақ-сипақты білмей.*

ҚИПАҚТА 1. *Тынышы кету, мазасыздану; қозғалақтау.* 2. *Сипақтау, батылы бармау.*

ҚИПАҚТЫҚ *Қипалақтағандық, қипақ-қипақ еткендік.*

ҚИПАҢ-ҚИПАҢ: қипаң-қипаң етті — *қипақтады, қипаңдады.*

ҚИПЫҢДА *Қипың-қипың ету, қиқақтау.*

ҚИРА 1. *Быт-шыты шығу, сыну.* 2. *Күл-талқан болу, бұзылу.* 3. ***Ауысп.*** *Құру, жойылу.*

ҚИРАҒАТ ***діни*** *Құранның мақамдап оқылатын белгілі бір сүресі, аят.*

ҚИРАҒАТТАП *Мақамдап, нәшіне келтіріп.*

ҚИРАЛАҢ *Қиралаңдаған қозғалыс.* ◊ **Қиралаң етті** — *қисаң етті, қиралаңдады.*

ҚИРАЛАҢДА *Қиралаң-қиралаң ету, қисалаңдау.*

ҚИРАҢ *Қираңдаған қозғалыс.* ◊ **Қираң [қираң-қираң] етті** — *қираңдады, қиқаңдады.*

ҚИРАҢДА *Қиралаңдау, қиқалаңдау, қисалаңдау.*

ҚИРАТҚЫШ *Қирататын, бұзғыш.*

ҚИРАТУШЫ *Бұзушы, бүлдіруші, сындырушы.*

ҚИСАЙ 1. *Бір жағына қарай ауытқу, ауу.* 2. ***Ауысп.*** *Жамбастап жату, жантаю.* 3. ***Ауысп.*** *Қырсығу, қиқарлану.* 4. ***Ауысп.*** *Өлді, қайтыс болды.*

ҚИСАЙЫС *Қисайып қалғандық, қисайғандық.*

ҚИСАҚ *Қиқалаң, қисаң.*

ҚИСАҚТА *Қисаңдау, қиқалақтау, қиқаңдау.*

ҚИСАЛАҚТА *Қисалаңдау, қиқалаңдау, қисаңдау.*

ҚИСАЛАҢ *Қисалаңдаған қимыл.* ◊ **Қисалаң [қисалаң-қисалаң] етті** — *қисалаңдады, қиқаң-қиқаң етті.*

ҚИСАЛАҢДА *Қисаңдау, қисалаңдау.*

ҚИСАҢ *Қисаңдаған қимыл.* ◊ **Қисаң [қисаң-қисаң] етті** — *қисаңдады, қиқаң-қиқаң етті.*

ҚИСАҢДА 1. *Қисалаңдау, қираңдау.* 2. ***Ауысп.*** *Істегісі келмеу, қиқалақтау.*

ҚИСАП ***көне*** *Есеп.* ◊ **Қисап жоқ** — *өте көп, есепсіз.*

ҚИСАПСЫЗ 1. *Өте көп, есепсіз.* 2. ***Ауысп.*** *Қанағатсыз, тойымсыз.*

ҚИСАПСЫЗДЫҚ 1. *Есепсіз көптік, молдық.* 2. ***Ауысп.*** *Қанағатсыздық, тойымсыздық.*

ҚИСАПТА ***көне*** *Есебін алу, есебін шығару.*

ҚИССА *Ауыз әдебиетіне тән сюжетті жыр, дастан.*

ҚИССАШЫ *Қиссаны жатқа айтушы, қисса жырлаушы.*

ҚИССАШЫЛ *Қиссаны жақсы көретін, қиссақұмар.*

ҚИСЫҚ 1. *Бір жағына қарай қисайып кеткен; түзу емес.* 2. ***Ауысп.*** *Қырсық, қитар.* 3. ***Ауысп.*** *Дұрыс емес, теріс, қыңыр.*

ҚИСЫҚ-ҚЫҢЫР *Түзу емес; қисайған, қыңырайған.*

ҚИСЫҚТАУ *Аздап қисайған, қисайыңқыраған.*

ҚИСЫҚТӨС *Қоспақ пен айыр түйенің арасынан шыққан, суыққа шыдамсыз, өзі әлсіз түйе тұқымы.*

ҚИСЫҚТЫҚ 1. *Бір жағына қисайып кеткендік, қисайғандық.* 2. ***Ауысп.*** *Қырсықтық, қыңырлық.*

ҚИСЫН *Бір нәрсенің ыңғайы, жөні, реті.* ◊ **Қисыны келді** — *реті табылды, жөні түсті.* **Қисыны кетті** — *берекесі кетті, сәті түспеді.*

ҚИСЫНДА *Қисынын келтіру, жүйелеу.*

ҚИСЫНДАС *Қисыны келе кету, үйлесу.*

ҚИСЫНДЫ *Орынды, жүйелі.*

ҚИСЫНДЫЛЫҚ *Қисыны келгендік.*

ҚИСЫНСЫЗ *Жөнсіз, ретсіз, орынсыз.*

ҚИСЫНСЫЗДАУ *Жөнсіздеу, орынсыздау, ретсіздеу.*

ҚИСЫНСЫЗДЫҚ *Жөнсіздік, орынсыздық, ретсіздік.*

ҚИТ: қит етсе — *бірдеңе десе, сәл нәрсе істесе.*

ҚИТАР 1. *Екі көзінің жанары бір-біріне қиғаштала біткен, қисық.* 2. ***Ауысп.*** *Жөнге көнбейтін, қырсық, қиқар.*

ҚИТАРЛАН 1. *Көзі қисаю, қылилану.* 2. ***Ауысп.*** *Қырсығу, қиқарлану.*

ҚИТАРЛАУ *Көзі сәл қисықтау, қылилау.*

ҚИТАРЛЫҚ 1. *Көзі қисықтық, қылилық.* 2. ***Ауысп.*** *Қиқарлық, қырсықтық.*

ҚИТИ *Қитығу, қырсығу.*

ҚИТ-ҚИТ *Қит-қиттаған сөз, өсек.*

ҚИТ-ҚИТТА *Жел беру, қоздыру.*

ҚИТҰРҚЫ *Құлық-сұмдығы, айласы басым.*

ҚИТҰРҚЫЛАН *Құлық істеу, айлакерлену, сұрқиялану.*

ҚИТҰРҚЫЛЫҚ *Құлық істегендік, айлакерлік.*

ҚИТЫҚ I *Қырсығу, қыңырлану.*

ҚИТЫҚ II *Қырсықтық, қиқарлық.* ◊ **Қитығына тиді** — *ызасын келтірді, ашуландырды.*

ҚИТЫҚТАН *Қырсығу, қыңырлану.*

ҚИТЫҢ *Қитың-қитың еткен жүріс.*

ҚИТЫҢДА *Қитың-қитың ету.*

ҚИУА *Алыс жер, қиян, шалғай.*

ҚИЫҚ I 1. *Белгілі бір затты қиғаннан кейінгі қалған қалдық.* 2. *Бір нәрсенің еті, шет пұшпағы.*

ҚИЫҚ II *Қиылған, қиғаш.* **Қиық ен** — *мал құлағындағы қиықша етіп салынған ен.* ◊ **Қиық көз** — *сығырайған, қысық көз.*

ҚИЫҚТАН *Қиықшалану, сығыраю.*

ҚИЫҚТАУ *Сәл сығырайған, қиықшалау.*

ҚИЫҚША I 1. *Қиғаштау кесіліп, майға пісірілген нан.* 2. *Қиықшалап жасалған әшекейлік зат, ою-өрнек.*

ҚИЫҚША II *Қиғаштalып келген, қиықшаланған.*

ҚИЫҚШАЛА *Қиық етіп кесу.*

ҚИЫҚШАЛАУ *Қиықша болып келген, қиықшалана түскен.*

ҚИЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Қиыл.* 2. *Қиып қойғандай сұлу көріну.* 3. ***Ауысп.*** *Көзін сүзе, наздана қарау.* 4. ***Ауысп.*** *Жалыну, қиылу, жалбарыну.*

ҚИЫЛЫС *Екі жолдың немесе екі көшенің бірін-бірі қиып өткен жері.*

ҚИЫН I 1. *Машақаты көп, жеңіл емес.* 2. *Оңайшылықпен бола қоймайтын, оңай емес.* 3. *Қыр-сыры мол, күрделі, ауыр.* ◊ **Қиын бала [класс]** — *тәлім-тәрбиеге оңай көне қоймайтын бала (класс).* **Қиынға түсті [айналды, соқты]** — *қиындады, ауырлады.* **Қиынға құлаш ұрды [сермеді]** — *ұлы мақсатқа талпынды.* **Қиынға салды [жұмсады]** — *жауапты жұмысқа жекті.* **Қиыннан қиыстырды** — *қисынын тапты, үйлесімін келтірді.* **Қиынның [дүниенің, қияметтің] қиыны** — *өте қиын жұмыс.* **Қиын тиді [соқты]** — *ауыртпалығы күшті болды; оңайға түскен жоқ.*

ҚИЫН II *Бір нәрсенің қиюласқан, қиысқан жері, тұсы.* ◊ **Қиыны қашты** — *қисыны кетті, берекесі қашты.*

ҚИЫНДА 1. *Қиындық молая түсу, кедергі көбею.* 2. *Оңайлықпен істемеу, күрделену, ауырлау.* 3. ***Ауысп.*** *Нашарлау, әлсіреу.*

ҚИЫНДАС *Қиыны келу, жымдасу.*

ҚИЫНДАУ 1. *Қиынырақ, күрделірек; ауырлау.* 2. ***Ауысп.*** *Мінезі шәлкем-шалыстау, шатақтау.* ◊ **Қиындау болды [соқты, тиді]** — *ауырлау соқты, қиынға түсті.*

ҚИЫНДЫ 1. *Мата, былғары, киіз т. б. заттарды кесіп-пішкеннен, қиғаннан кейін қалған қалдық.* 2. *Қиып алынған зат, нәрсе.*

ҚИЫНДЫҚ 1. *Азап, бейнет; қиыншылық.* 2. *Жоқшылық, мұқтаждық.* 3. ***Ауысп.*** *Кедергі, бөгет.* ◊ **Қиындық әкелді [келтірді]** — *қиындық туғызды, қиындатты.* **Қиындық көрді** — *азап шекті, бейнет көрді.* **Қиындыққа ұшырады** — *ауыртпалыққа кездесті, азап көрді.*

ҚИЫНДЫҚСЫЗ *Азап көрмей, оңай.*

ҚИЫН-ҚЫСПАҚ *Үргін-сүргін, қыстылтаяң.*

ҚИЫЙ-ҚЫСТАУ *Ауыр азапты, қиыншылықты.*

ҚИЫНСЫН *Қиын көру, ауырсыну.*

ҚИЫНШЫЛЫҚ 1. *Қиындық, ауыртпалық.* 2. *Бейнет, азап, мехнат.*

ҚИЫНЫРАҚ *Бейнеті көптеу, қиындау; ауырлау.*

ҚИЫР 1. *Алыс, жырақ, шалғай.* 2. *Шет, түкпір, бұрыш.* ◊ **Қиырға құлаш ұрды [қиырға шапты]** — *алысқа талпынды (ұмтылды), қиянға самғады.* **Қиырдың қиыры** — *алыстың алысы, шеттің шеті.* **Қиыр жайлап, шет қонып** — *ел-жұрттан бөлек, оқшау.* **Қиыр шет** — *шалғай жер.* **Қиыр шығыс *геогр.*** — *Азияның шығыс бөлігі.*

ҚИЫРСЫЗ *Шетсіз-шексіз.*

ҚИЫРСЫН *Алыссыну, қашықсыну, шетсіну.*

ҚИЫР-ШИЫР *Шым-шытырық, иір-қиыр.*

ҚИЫРШЫҚ *Ұсақ түйіршікті, түйір-түйір.*

ҚИЫРШЫҚТА *Түйір-түйір ету, түйіршіктеу.*

ҚИЫРШЫҚТАС *Ірі құм, қиыршық тас.*

ҚИЫРШЫҚТАУ *Аздап қиыршық, сәл қиыршықтанған.*

ҚИЫРШЫҚТЫ *Түйірлі, қиыршығы бар.*

ҚИЫС I 1. *Қиюласу, қиындасу.* 2. *Үйлесу, жымдасу, байланысу.* 3. *Үйқасу, үндесу.*

ҚИЫС II 1. *Қисық, қиғаш.* 2. *Қырын, қиялай.* 3. *Бұрыс, бір бүйір.* ◊ **Қиыс қабақ** — *қырын қабақ, жаратпаған сыңай.* **Қиыс қарады** — *теріс қабақ көрсетті, жақтырмады.*

ҚИЫСПАС *Бірінен-бірі жанын аямайтын, қимас.*

ҚИЫСПАСТЫҚ *Қимастық, қимаушылық.*

ҚИЫСТА 1. *Қиыс жүру, қиялай кету.* 2. ***Ауысп.*** *Бұра тарту, лағу.* ◊ **Қиыстай тартты** — *қиялай, қиғаштай жүрді.*

ҚИЫСТАН *Қырсығу, қырсықтану.*

ҚИЫСТАУ 1. *Қиғаштау, бір бүйірлеу, қырынырақ.* 2. *Бұрыстау, шеткерірек.*

ҚИЫСТЫҚ *Қисықтық, қыңырлық.*

ҚИЫСУ ***лингв.*** *Сөз бен сөздің жіктік жалғаулар арқылы байланысқан түрі.*

ҚИЫСЫРАҚ *Сәл қиыстау, бұрысырақ.*

ҚИЮ *Бір нәрсенің қиюласқан жері, қиыны.* ◊ **Қиюы келді** – *сәті түсті, орайы келді.* **Қиюы қашты [кетті]** – *берекесі кетті, сәті түспеді.* **Қиюын тапты [келтірді]** – *қиюластырды, үйлестірді.*

ҚИЮЛА *Қиюын келтіру, қиюластыру.*

ҚИЮЛАС *Қиюы келу, сәйкесу.*

ҚИЮЛЫ *Қиюын тапқан, қисынды.*

ҚИЯ I 1. *Таудың, шыңның тік құлама беті.* 2. ***Ауысп.*** *Аспан, көк, биік.* 3. ***Ауысп.*** *Алыс жер, шалғай; қиян.* ◊ **Қияға көз салды** – *алысқа қарады, алдын болжады.* **Қияға қанат қақты [қияға құлаш ұрды, сермеді]** – *алыс армандарға талпынды.* **Қияға самғады** – *биікке көтерілді, шарықтады.*

ҚИЯ II *Бір жағына қарай қисайған, құлама, тік.*

ҚИЯ III *Қиғаш, көлденең; қиялай.* ◊ **Қия баспады [бастырмады]** – *ешқайда шықпады, тырп етпеді.* **Қия өтпеді** – *сыйлады, құрметтеді.*

ҚИЯҚ I 1. ***бот.*** *Шалғынды жерлерде өсетін, сабағы жіңішке, жапырақтары таспа тәрізді ұзын болып келген шөп.* 2. *Өсімдік жапырақтарының үш жағы сүйір түрі.* ◊ **Қияқ мұрт [мұртты]** – *жіңішке сүйір мұрт.*

ҚИЯҚ II *Құстың қанаты, қанат қауырсыны.*

ҚИЯҚ III *Қыл қобыздың ысқышы.*

ҚИЯҚТА 1. *Қияқ (жапырақ) шығару.* 2. *Қияқ тәрізді ету, сүйірлеу.*

ҚИЯҚТАЙ *Қияқ тәрізді, жіңішке, үшкір, сүйір.*

ҚИЯҚТЫ I *Қиығы бар, қияқ, көп өскен.*

ҚИЯҚТЫ II *Ұшы екі жүзді, өткір найза.*

ҚИЯЛ 1. ***психол.*** *Адамның ойлау жүйесіне ғана тән психикалық процесс.* 2. *Қиялданудан туған ой жемісі; фантазия.* 3. *Орындалуы қиын, шындыққа жанаспайтын арман, мақсат, тілек.* ◊ **Қиялға батты [шомды, шомдырды]** – *қиялға бой ұрды, қиялдады.* **Қиял құсы** ***поэт.*** – *жүйрік ой, сана.*

ҚИЯЛА *Қиямен жүру, қиғаштай қапталдау.*

ҚИЯЛАУ *Аздап қана қия, қиярақ.*

ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП: Қиял-ғажайып ертегі – *ертегінің ғажайып оқиғаларға толы түрі.*

ҚИЯЛДА 1. *Қиялға берілу, санамен шолу.* 2. *Бір нәрсені армандау, көксеу.*

ҚИЯЛДАС *Қиялы бір, армандас.*

ҚИЯЛДЫ *Қиялға бай, ойлы.*

ҚИЯЛДЫҚ *Қиялға тән, қияли.*

ҚИЯЛИ 1. *Қиялға тән, фантастикалық.* 2. ***Ауысп.*** *Ақылынан, есінен адасқан.*

ҚИЯЛИЛАУ *Қиялға беріліңкіреген, аздап есінен адасқан.*

ҚИЯЛИЛЫҚ *Қияли болғандық, қиялшылдық.*

ҚИЯЛШЫЛ *Қиялға берілгіш, қиялдағыш.*

ҚИЯЛШЫЛДЫҚ *Қиялға берілгіштік, қиялдағыштық.*

ҚИЯМЕТ 1. *Діни сенім бойынша, о дүниеге барған әрбір адам өтетін қыспақ.* 2. ***Ауысп.*** *Ауыр азап, бейнет.* ◊ **Қияметтің қыл көпірі** – *қиынның қиыны.*

ҚИЯМЕТ-ҚАЙЫМ 1. *Діни сенім бойынша, жер бетіндегі тіршіліктің күл-талқан болып күйреуі, құруы.* 2. ***Ауысп.*** *Басқа түскен қиыншылық, ауыртпашылық, азап.*

ҚИЯМЕТТЕЙ *Өте қиын, азапты.*

ҚИЯМЕТТІК *Мәңгілік, өмір бақилық.*

ҚИЯМЕТШІЛ *Қияметке сенетін.*

ҚИЯМПҰРЫС *Қырсық, қыңыр, кесірлі.*

ҚИЯМПҰРЫСТАН *Қырсықтану, қыңырлану.*

ҚИЯМПҰРЫСТЫҚ *Қырсықтық, қисықтық, қыңырлық.*

ҚИЯН *Алыс жер, шалғай; жер түбі.*

ҚИЯНАТ *Зорлық-зомбылық, озбырлық.* ◊ **Қиянат көрді** — *зәбір-жапа шекті, қорлық көрді.*

ҚИЯНАТКЕР *Озбыр, қиянатшыл.*

ҚИЯНАТКЕРЛІК *Зорлық-зомбылық жасаушылық, қиянатшылдық.*

ҚИЯНАТҚОР *Қиянатшыл, зорлықшыл, озбыр.*

ҚИЯНАТҚОРЛЫҚ *Озбырлық, қиянатшылдық.*

ҚИЯНАТСЫЗ *Ешбір қиянаты жоқ.*

ҚИЯНАТСЫЗДЫҚ *Қиянаты жоқтық, зорлықсыздық.*

ҚИЯНАТТАП *Қиянат көрсетіп; кінәлап.*

ҚИЯНАТТЫ *Қиянатқа толы, әділетсіз.*

ҚИЯНАТТЫҚ *Қиянатшылдық; әділетсіздік.*

ҚИЯНАТШЫЛ *Зорлық-зомбылық жасаушы, зорлықшыл.*

ҚИЯНАТШЫЛДЫҚ *Қиянат көрсеткендік, зорлықшылдық.*

ҚИЯНДАП *Алыстап, шығандап.*

ҚИЯҢКЕС *Қияңқы, бұзық.*

ҚИЯҢ-КЕСКІ *Кескілескен, қырқысқан.*

ҚИЯҢКЕСТІК *Қияңқылық, бұзықтық.*

ҚИЯҢҚЫ *Қыңыр, қырсық, бұзық.*

ҚИЯҢҚЫЛАН *Қырсығу, қитығу.*

ҚИЯҢҚЫЛЫҚ *Қырсықтық, қыңырлық.* ◊ **Қияңқылыққа басты** — *қияңқылық істеді, қияңқылық көрсетті.*

ҚИЯПАТ I *Кескін, кейіп, пішін.* ◊ **Қиапат білдірді** — *сыңай танытты.*

ҚИЯПАТ II 1. *Алапат, сұрапыл, галамат.* 2. *Ауыртпалық, қиыншылық, азап.*

ҚИЯПАТСЫЗ *Кескінсіз, ұсқынсыз.*

ҚИЯПАТСЫЗДАН *Ұсқыны кету, өңі қашу.*

ҚИЯПАТТАН *Кейпі өзгеру, нұрлану.*

ҚИЯПАТТЫ *Кескінді, келбетті.*

ҚИЯР *Асқабақ тұқымдас, жатаған сабақты, біржылдық бақша дақылы.*

ҚИЯС 1. *Қиғаш, қиыс.* 2. *Қисық, бұрыс, бір қырын.* 3. ***Ауысп.*** *Қыңыр, қырсық, қиқар.*

ҚИЯСТА 1. *Қиғаштау, қиыстау.* 2. ***Ауысп.*** *Қашу, қашқалақтау.*

ҚИЯСТАН *Қырсығу, қитықтану.*

ҚИЯСТАУ 1. *Қиғаштау, ойыстау.* 2. *Бұрыстау, шалғайлау; шеткерірек.* 3. ***Ауысп.*** *Қыңырлау, қырсықтау.*

ҚИЯСТЫҚ 1. *Қиғаштық, бұрыстық.* 2. *Қыңырлық, қиқарлық.*

ҚИЯУ ***көне*** *Қыстау, тұрақ, мекен.*

ҚОБАҒАН *Қоңқиған, дөңес.*

ҚОБАЛАҚ *Қолапайсыз, икемсіз; қолбаңдаған.*

ҚОБАЛЖУ *Ел ішіндегі толқу; бас көтеру.*

ҚОБАЛЖУШЫЛЫҚ *Қобалжығандық, толқушылық.*

ҚОБАЛЖЫ 1. *Ішкі дүниесі әлем-жәлем болу, қатты толқу.* 2. ***Ауысп.*** *Құбылу, айну.* 3. ***Ауысп.*** *Зәресі қалмау, қорқу, үрейлену.*

ҚОБАЛЖЫҢҚЫ *Қобалжыған, қобалжып тұрған.*

ҚОБАЛЖЫС *Қобалжығандық, толқығандық.*

ҚОБАҢ *Жаздық ақ бидайдың Кубаннан тараған дәні ірі сорты; кубанка.*

ҚОБДИ 1. *Әр алуан ұсақ-түйек зат салуға арналған кішкене жәшік.* 2. *Әйелдер сәндік бұйымдар салып жүретін әшекейлі кішкене сауыт; шкатулка.*

ҚОБДИША *Кішкене, шағын қобди.*

ҚОБЫ ***геогр.*** *Тау аңғарындағы астау тәрізді болып біткен ойпаң, кейде жазық жер.*

ҚОБЫЗ *Мойны имек, шанағы ожаудың басы тәрізді, ысқышпен ысып ойналатын екі-үш ішекті ұлттық музыка аспабы.*

ҚОБЫЗША *Қобыз тәрізді, қобыз секілді.*

ҚОБЫЗШЫ *Қобыз ойнаушы, қобыз шалушы.*

ҚОБЫЗШЫЛЫҚ *Қобыз ойнаушылық.*

ҚОБЫЛА *Қобы салу, сай жүргізу.*

ҚОБЫЛАУ *Аздап қобы, қобы болып келген.*

ҚОБЫЛЫ *Қобысы бар, қобы салынған.*

ҚОБЫРА 1. *Үрпию, қодию, ербию, көтерілу.* 2. *Қоқсу, шашылу.* 3. ***Ауысп.*** *Өре түрегелу, көтерілу, дүрлігу.*

ҚОБЫРАЙ *Қомақты көріну, қорбию.*

ҚОБЫРСЫ *Бей-берекет шашылу, қоқырсу, қоқсу, ыбырсу.*

ҚОҒА *Өзен-көл жағаларында өсетін, ұзын жапырақты, бойшаң өсімдік.*

ҚОҒАДАЙ *Қоға секілді, қоға тәрізді.* ◊ **Қоғадай жапырды** — *қырып-жойды, баудай түсірді.* **Қоғадай жапырылды** — а) *бірін-бірі баса көктеп кейін қарай ықты;* ә) *бәрі бірдей иіліп ізет етті, құлдық ұрды.* **Қоғадай иілді** — *асты-үстіне түсті.*

ҚОҒАЖАЙ ***бот.*** *Орман ішінде өсетін, көк гүлді, шипалы өсімдік.*

ҚОҒАЖАЙЛЫ *Қоғажай қалың өскен, қоғажайы мол.*

ҚОҒАЛЫ *Қоғасы бар, қоға қалың өскен.*

ҚОҒАМ 1. ***саяси*** *Тарихи дамудың белгілі бір кезеңіндегі қауымдасқан адамдардың материалдық игіліктерді өндіру әдісі мен өндірістік қатынастарына негізделген қарым-қатынастарының жалпы жиыны.* 2. *Белгілі бір мақсатта топтасқан, ынтымақтас, ниеттес адамдардың ерікті бірлестігі; қауым, әлеуметтік топ, шығармашылық одақ.*

ҚОҒАМДА *Басын біріктіріп топтау, жинастыру.*

ҚОҒАМДЫҚ *Қоғамға тән, қоғамға қатысты.* ◊ **Қоғамдық айыптаушы** ***заң*** — *сот мәжілісінде қылмыскерді жұртшылық атынан кінәлаушы адам; бұқаралық ұйым өкілі.* **Қоғамдық байлық [дәулет, игілік]** — *көпке ортақ қазына, халық табысы.* **Қоғамдық бақылаушы** — *сауда орындарының, көліктің, т. б. халыққа қызмет етуші мекемелердің жұмысын тексеруші жұртшылық өкілі.* **Қоғамдық еңбек** — *қоғам мүддесі үшін істелген еңбек.* **Қоғамдық меншік** — *қоғам мүшелерінің барлығына ортақ материалдық игілік.*

ҚОҒАМИ *Қоғамдық, қоғамға тиесілі, соған тән.*

ҚОҒАМТАНУ *Қоғамның даму заңдылықтарын зерттейтін пән.*

ҚОҒАМШЫЛ *Қоғам мүддесін көздейтін, қоғамды сүйетін.*

ҚОҒАМШЫЛДЫҚ *Қоғамды сүюшілік, көпшілдік.*

ҚОҒАША *Қоға тәрізді, қоға секілді.*

ҚОҒЫР ***бот.*** *Қызыл күрең түсті әдемі гүлі бар шөптесін өсімдік.*

ҚОДАҢ *Біреуге қоқаңдап сес көрсетушілік, қодырақ.*

ҚОДАҢДА *Сес көрсету.*

ҚОДАҢ-ҚОДАҢ *Қайта-қайта қодаңдаған әрекет.* ◊ **Қодаң-қодаң етті** — *қодаңдады, қодыраңдады.*

ҚОДАС *Орта Азияның таулы аймақтарында өсетін, сиыр тұқымдас ұзын жүнді үй жануары.*

ҚОДИ 1. *Қодыраю, қоқию.* 2. ***Ауысп.*** *Қыр көрсету, паңдану.*

ҚОДЫҒА *Маралдың, бұланның төлі; бұзауы.*

ҚОДЫҚ *Құланның төлі, есектің, қашырдың тақайы, көдегі.*

ҚОДЫРАЙ 1. *Қоқию, кідірею.* 2. ***Ауысп.*** *Сес көрсету, қоқилану.*

ҚОДЫРАҢ I *Біреуге қоқаңдаған, едіреңдеген қылық.* ◊ **Қодыраң қақты** — *қодырақтады, едіреңдеді.*

ҚОДЫРАҢ II *Бұрынғы егіннің орнына өз бетімен шыққан жабайы бидай.*

ҚОДЫРАҢДА *Қоқаңдау, қожаңдау.*

ҚОДЫРАҢ-ҚОДЫРАҢ *Қайта-қайта қодыраңдаған, едіреңдеген қимыл.* ◊ **Қодыраң-қодыраң етті** — *қодыраңдады, едіреңдеді.*

ҚОЖ I *Тас көмірдің жанып болып, қайнасып қорып қалған қоқысы.*

ҚОЖ II *Ұсталар мен зергерлер көрік көлгейіне көмір салу, ыстық шоқты көсеп алу, күл шығару үшін жылқының жауырын сүйегінен жасалған қалақ.*

ҚОЖА I 1. *Белгілі бір заттың, нәрсенің иесі, бастығы.* 2. *Үй иесі, от басы.*

ҚОЖА II ***діни*** *Ислам дінін таратушы, уағыздаушы; дінбасы.*

ҚОЖАҒАЙ *Қайнатқан, әлі еруі жетпеген металл.*

ҚОЖАЙЫН 1. *Белгілі бір шаруашылықтың иесі, бастық.* 2. *Үй иесі, отағасы.*

ҚОЖАЙЫНДЫҚ *Бірдемеге ие болушылық, қожалық, басшылық.*

ҚОЖАЙЫНСЫ *Қожайын болғансу, бастықсыну.*

ҚОЖАҚ *Қожақтағандық, қожаң.*

ҚОЖАҚАТ ***бот.*** *Майда тікенді құрай тектес өсімдік және сол өсімдіктің жеуге жарайтын қара көк түсті жидегі.*

ҚОЖАҚ-ҚОЖАҚ *Қайта-қайта қожаңдағандық.* ◊ **Қожақ-қожақ етті** — *қожақтады, қожаңдады.*

ҚОЖАҚТА *Қожаңдау, қоқаңдау.*

ҚОЖАЛАҚ *Айғыз-айғыз, кір-кір, сатпақ-сатпақ.*

ҚОЖАЛАҚ-ҚОЖАЛАҚ *Өне бойы қожалақ, сатпақ-сатпақ.*

ҚОЖАЛАҚТА *Қожалақ-қожалақ ету, сатпақтау.*

ҚОЖАЛЫҚ I *Қожа болғандық, иелік.*

ҚОЖАЛЫҚ II *Қожа деген атаққа ие болғандық; дінбасы болушылық.*

ҚОЖА-МОЛДА *Дінді уағыздаушылар, дін иелері.*

ҚОЖАНАСЫР *Аңқау, аңғал, ақкөңіл.*

ҚОЖАНАСЫРЛАУ *Аңқаулау, аңғалдау.*

ҚОЖАНАСЫРЛЫҚ *Аңғалдық, аңқаулық.*

ҚОЖАНАСЫРША *Қожанасыр тәрізді, қожанасыр сияқты.*

ҚОЖАҢ *Қожаңдаушылық, қожаң-қожаң етушілік.*

ҚОЖАҢДА *Қожаң-қожаң ету, қодыраңдау, әкіреңдеу.*

ҚОЖАҢ-ҚОЖАҢ: қожаң-қожаң етті — *қожаңдады, қодыраңдады.*

ҚОЖАСЫН *Қожа болғансу, қожайынсыну.*

ҚОЖБАН *Аса ірі, дәу, күжірейген.* ◊ **Қожбан қара дәу** — *еңгезердей бұжыр адам.*

ҚОЖЫР *Бұжыр, бұдыр.*

ҚОЖЫРА 1. *Бір нәрсенің берекесі кету, құру, сұйылу.* 2. *Малдың сүті кему, азаю, суалу.*

ҚОЖЫРАЙ *Қожыраю, күжірею, қоржию.*

ҚОЖЫРАҢҚЫ *Қожыраған, берекесі жоқ.*

ҚОЖЫР-ҚОЖЫР *Бұжыр-бұжыр, тегіс емес.*

ҚОЖЫРЛАН *Қожыр-қожыр болу, бұжырлану.*

ҚОЖЫРЛАУ *Аздап қожыр, бұжырлау.*

ҚОЖЫРМАҚ *Бұжыр-бұжыр, тегіс емес.*

ҚОЖЫРМАҚТАН *Қожырмақ болу, қожырлану, бұжырлану.*

ҚОЖЫРМАҚТЫ *Қожырмағы бар; қожыр-қожыр.*

ҚОЗ I *Шоғы сөнбеген ыстық күл.*

ҚОЗ II *Бір нәрсенің, істің, уақиғаның өрши түсуі, асқынуы.*

ҚОЗА I *Зергерлер жасаған әртүрлі әшекейлі сырға, алқа сияқты зат.*

ҚОЗА II ***кәс.*** *Мақта өсімдігінің сабағы; қозапая.*

ҚОЗАЛЫ *Қозасы бар, қоза таққан.*

ҚОЗАЛЫҚ *Мақта егілген немесе егілетін жер.*

ҚОЗАПАЯ *Мақтаның қозасы.*

ҚОЗБА 1. *Мезгіл-мезгіл қозып кететін ауру; ұстама.* 2. ***Ауысп.*** *Ұнамсыз мінез.*

ҚОЗҒА 1. *Бір нәрсені қимылдату, қыбырлату.* 2. *Бір нәрсені орнынан*

жылжыту, сырғыту. ◊ **Қозғау салды** — *бір нәрсенің ілгері жылжуына түрткі болды.*

ҚОЗҒАҒЫШ *Бір нәрсені қозғайтын, қозғай беретін.*

ҚОЗҒАҒЫШТЫҚ *Қозғай беретіндік.*

ҚОЗҒАЛАҚ; қозғалақ қақты — *қозғалақтады, тыпыршыды; мазасызданды.*

ҚОЗҒАЛАҚТА *Қайта-қайта қозғала беру, тынышсыздану.*

ҚОЗҒАЛҒЫШ *Қозғала беретін, қимылдағыш.*

ҚОЗҒАЛҒЫШТЫҚ *Қозғала бергіштік, қимылдағыштық.*

ҚОЗҒАЛМАЛЫ *Әрі-бері қозғалып тұратын.*

ҚОЗҒАЛТҚЫШ *Бір нәрсені қозғалтып тұратын, қимылдатқыш.*

ҚОЗҒАЛЫС 1. *Қимыл, іс-әрекет, жүріс-тұрыс.* 2. ***филос.*** *Материя болмысының мәңгілік формасы, оның өмір сүру тәсілі; өзгерісі, дамуы.* 3. ***Ауысп.*** *Халықтың жаппай наразылығы; ереуіл, көтеріліс.*

ҚОЗҒАУСЫЗ *Ешқандай қозғалысқа түсірілмеген, қимылсыз.*

ҚОЗҒАУШЫ *Бір нәрсені қозғалысқа келтіруші, түрткі болушы.* ◊ **Қозғаушы күш** — *бір нәрсеге қозғау салатын негіз.*

ҚОЗҒЫШ *Тез қозып кететін, тітіркенгіш.*

ҚОЗҒЫШТЫҚ *Тез қозып кеткіштік, қозатындық.*

ҚОЗДА I 1. *Қойдың қозы табуы, төлдеуі.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің туындап көбеюі; өсу, молаю.*

ҚОЗДА II 1. *Қоз пайда болу, қоз көбею.* 2. ***Ауысп.*** *Тұтану, жану, өршу.*

ҚОЗДЫРҒЫШ *Бір нәрсені қоздырып жіберетін, өршіткіш.*

ҚОЗДЫРҒЫШТЫҚ *Қоздырып жіберетіндік, әсерлендіргіштік.*

ҚОЗДЫРУШЫ *Қоздырып жіберуші, өршітуші, әсерлендіруші.*

ҚОЗДЫРУШЫЛЫҚ *Қоздырып жіберушілік, қоздырғандық.*

ҚОЗЫ 1. *Қойдың жас төлі.* 2. ***Ауысп., эмоц.*** *Жас бала.* ◊ **Қозы алды** — *саулықтарды түгел қоздатып, төлін аман өсірді.* **Қозы бөлді [айырды]** — *күз түскеннен кейін қозыны енесінен ажыратып, бөлек бақты.* **Қозы қарын** — *кішкентай ғана қарын.* **Қозыкөш жер** — *онша қашық емес жер; жақын жер.*

ҚОЗЫГҮЛ ***бот.*** *Кішірек келген әдемі қызыл гүл.*

ҚОЗЫДАЙ *Қозы сияқты, қозы тәрізді.* ◊ **Егіз [тел] қозыдай** — *жұп жазбайтын; тел өскен.* **Қозыдай жамырады [шулады]** — *у-шу болды, улап-шулады.*

ҚОЗЫЖАУЫРЫН *Масағы болаттан жасалған, жалпақ басты садақ оғы; жебе.*

ҚОЗЫЖЕГІШ ***зоол.*** *Денесі ірі келген жыртқыш құс; сақалтай.*

ҚОЗЫҚА *Арқардың (муфлон, дала жабайы қойы) төлі, қозысы.*

ҚОЗЫҚҰЙРЫҚ *Саңырауқұлақтың басы доғаланып келген түрі.*

ҚОЗЫҚҰЛАҚ *Жолжелкен өсімдігі.*

ҚОЗЫҚҰЛАҚТАН *Өсімдіктің жаңадан жапырақ жарып өсіп келе жатуы.*

ҚОЗЫҚҰМАЙ *Тау құздарын мекендейтін ең ірі жыртқыш құс.*

ҚОЗЫ-ЛАҚ *Қой мен ешкінің төлі.*

ҚОЗЫЛЫ *Қозысы бар, соңына қозы ерткен.*

ҚОЗЫМ ***эмоц.*** *Жас баланы жақсы көру, еркелету кезінде айтылатын ишарат сөз; балақаным, ботам.*

ҚОЗЫОШАҒАН ***бот.*** *Егін арасында өсетін көк гүлді, тікенді арамшөп.*

ҚОЗЫШЫ *Қозы бағатын бақташы.*

ҚОЙ I *Күйіс қайыратын уақ мал.* ◊ **Қой аузынан шөп алмайтын** — *өте момын, жуас.* **Қой бас жамбы** — *қойдың басына ұқсас етіп құйылған жамбы.* **Қойдан қоңыр [қойдан қоңыр, жылқыдан торы]** — *моп-момақан, жұп-жуас.* **Қой жылы** — *ескі жыл санау есебі*

бойынша сегізінші жыл аты. **Қой көз [көзді]** — *әдемі, үлкендеу қоңыр көз.* **Қой қора** — *қойға арналған, қой жататын қора.* **Қой мойын [мойынды]** — *қойдың мойнындай әдемі мойын.* **Қой торы** — *өте жуас әрі шабан мініс аты.* **Қой тіс [тісті]** — *бір өңкей уақ тіс.* **Қой үстіне бозторғай жұмыртқалады** — *бейбіт заман орнады, тыныштық болды.*

ҚОЙ II 1. *Қолындағы затты бір жерге қалдыра тұру, орналастыру // Қалдыру, сақтау.* 2. *Күзеттіру, бақтыру.* 3. *Біреуді қызметке алу, жұмысқа орналастыру.* 4. *Бір нәрсені істемеу, тыйылу, тастау.* 5. *Еркіне жіберу, өсіру.* 6. *Бағалау, баға беру.* 7. *Өлген кісіні жерлеу, көму.*

ҚОЙ III *Ұру, соғу, періп жіберу.*

ҚОЙ IV *"Болмайды" деген тыйым сөз.* ◊ **Қой, болды** — *ешбір нәтиже шықпады, аяқсыз қалды.*

ҚОЙ V *Бір нәрсенің, істің растығын, дұрыстығын күшейте түсу үшін қолданылатын көмекші сөз.*

ҚОЙБАЛЫҚ ***зоол.*** *Карп тұқымдасына жататын балықтардың бағалы бір түрі; семга.*

ҚОЙБҮЛДІРГЕН ***бот.*** 1. *Тау бөлдеулерінде өсетін жатаған сабақты шөптесін өсімдік.* 2. *Осы өсімдіктің топталып біткен маржандай уақ, қызыл түсті жемісі.*

ҚОЙҒЫЛА *Бірнеше рет қойып-қойып жіберу, соққылау.*

ҚОЙҒЫШТА *Қойып-қойып жіберу, соққылау, қойғылау.*

ҚОЙ-ЕШКІ *Қой мен ешкі; уақ малдардың жалпы атауы.*

ҚОЙҚАҚ *Асып-тасушылық, қойқаң.*

ҚОЙҚАҚТА *Қойқақ-қойқақ ету, қойқаңдау.*

ҚОЙҚАЛАҚ *Қойқалақ-қойқалақ еткендік, қойқаң.*

ҚОЙҚАЛАҚТА *Қойқалақ-қойқалақ ету, қойқаңдау.*

ҚОЙҚАЛАҢ *Қойқалақ-қойқалақ еткендік, қойқаң.*

ҚОЙҚАЛАҢДА *Қойқалақ-қойқалақ ету, қойқаңдау.*

ҚОЙҚАҢ *Қолапайсыз қозғалыс, ерсі қимыл; қойқаң.* ◊ **Қойқаң ете қалды** — *қолапайсыз қозғалды, қойқаңдады.*

ҚОЙҚАҢДА *Қойқаң-қойқаң етіп, одыраңдап жүру; қойқақтау.*

ҚОЙҚАҢ-ҚОЙҚАҢ *Қайта-қайта қойқаңдағандық; қойқақ-құйқақ.* ◊ **Қойқаң-қойқаң етті** — *қойқаңдады, қойқақтады.*

ҚОЙҚАП ***миф.*** *Бақсылардың жыны мекендейтін жер.*

ҚОЙҚАРАҚАТ ***бот.*** 1. *Таулы жерде жабайы түрде өсетін жемісті бұта.* 2. *Осы бұтада өсетін, домалақ келген, уақ, мойылдай қара түсті жеміс.*

ҚОЙ-ҚОЗЫ *Қой мен қозы; қой және оның төлі.*

ҚОЙ-ҚОЙЛА *"Қой, қой" деп айту, тыңыштандыру.*

ҚОЙҚЫН ***көне*** *Жуан жіптен тоқылған қалың мата.*

ҚОЙЛЫ *Қойы бар, қойы көп.*

ҚОЙЛЫҚ 1. *Қойдың құнындай, қойдың құнына тұрарлық.* 2. *Қойға арналған, қой сыярлық.*

ҚОЙМА 1. ***көне*** *Қымбат дүниелер, қазына жасырылған жер.* 2. *Зат сақталатын арнаулы орын; склад.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің өте көп, мол сақталған жері; қор.*

ҚОЙМАЛЖЫ *Қоймалжың тарту, қойылу.*

ҚОЙМАЛЖЫҢ *Аздап қоюлау; сұйық емес.*

ҚОЙМАЛЖЫҢДАН *Қоймалжың тарту, қоюлану.*

ҚОЙМАЛЖЫҢДАУ *Аздап қоймалжың; қоюлау.*

ҚОЙМАШЫ *Қойма ұстаушы.*

ҚОЙНАУ 1. *Таудың жан-жағы биіктеу аңғары, іші.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің қойны, құшағы.*

ҚОЙНАУЛАП *Қойнау бойын қуалап, сұғына кіріп.*

ҚОЙНАУЛЫ *Қойнауы бар, қойнауы мол.*

ҚОЙТАС *Қойдың үлкендігіндей ірі тас.*

ҚОЙТ-ҚОЙТ *Екі қошқарды не текені сүзістіру үшін айтылатын ишарат сөз.*

ҚОЙТ-ҚОЙТТА 1. *Қошқар, текелерді бір-біріне айдап салғанда қойт-қойт деп айту.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуді біреуге айдап салу, ерегістіру, өшіктіру.*

ҚОЙТҰТҚЫ *Қойды артқы аяғынан іліп ұстауға арналған шопан құралы.*

ҚОЙТҰЯҚ *Қой тұяғындай етіп құйылған кесек алтын немесе күміс.*

ҚОЙША *Қой тәрізді, қойға ұқсап.* ◊ **Қойша бауыздады [қырды]** — *қырып-жойды, өлтірді.* **Қойша жамырады** — *жан-жақтан шулады, у-шу болды.* **Қойша иірді** — *дегеніне көндірді, айтқанын істетті.*

ҚОЙШЫ *Қой бағатын кісі, шопан.*

ҚОЙШЫ-ҚОЛАҢ *Қойшы, малшы-жалшы.*

ҚОЙШЫЛА *"Қойшы", "қойшы" деп айту.*

ҚОЙШЫЛЫҚ *Қой бағушылық, шопандық.*

ҚОЙЫЛ 1. *Қоюлана түсу, қоюы көбею.* 2. ***Ауысп.*** *Үдей түсу, күшею.*

ҚОЙЫЛЫМ *Спектакльдің кезекті көрсетілуі.*

ҚОЙЫЛЫС *Мәселенің қойылу тәртібі, реті.*

ҚОЙЫН 1. *Үстідегі киімнің кеуде тұстағы ішкі жағы.* 2. *Кең құшақ.* 3. ***Ауысп.*** *Жер қойнауы, асты, қуыс.* **Қойын дәптер [кітапша]** — *қойын қалтаға салып жүретін кішірек дәптер; блокнот.* **Қойын қалта** — *киімнің кеуде тұсындағы ішкі қалтасы.* ◊ **Қойына барды** — *төсекте жатқан әйелге (қызға) қол салды.* **Қойнын ашты** — *қарсы алды, жылы қабылдады.* **Қойынан бөзі, аузынан сөзі түскен** — *болбыр, бос.* **Қойына салды** — *біреудің баласын бауырына басты, бақты.* **Қойнын құтты қылсын** — *тұрмыс құрған жастарға айтылатын тілек.* **Қойның құр жатпасын** — *көп балалы бол деген тілек.*

ҚОЙЫНДАС 1. *Құшақтасып бірге жату, бір төсекте жату.* 2. ***Ауысп.*** *Өштесу, астасу, байланысу.*

ҚОЙЫН-ҚОЛТЫҚ *Қойын мен қолтық.*

ҚОЙЫРТПАҚ 1. *Сүт араластырған (қосқан) айран немесе қымыз; сусын.* 2. ***Ауысп.*** *Екінші нәрсенің араласып кетуі, қоспа, былық.*

ҚОЙЫРТПАҚТА *Әр нәрсені араластыру, шатпақтау.*

ҚОЙЫРТПАҚТАУ *Қойыртпағы басым, былығы көбірек.*

ҚОҚАЙ 1. *Сораю, сойдию.* 2. *Қоқыраю, қодыраю.* 3. ***Ауысп.*** *Серейіп қатып қалу, қоқию.*

ҚОҚАЙЛАН *Қодыраңдау, қоқақтау, қыр көрсету.*

ҚОҚАЙМА *Қоқиған, қодырайған, қоқима.*

ҚОҚАЙМАЛЫ *Қоқаймасы бар, қоқайған.*

ҚОҚАҚ *Қоқаңдаған мінез, қодыраң.*

ҚОҚАҚ-СОҚАҚ *Қоқақтап көтерілу, орынсыз доңайбат.*

ҚОҚАҚТА *Қодыраңдау, қоқаңдау.*

ҚОҚАЛАҚ 1. *Қоқалақтап, тыныш отыра алмаушылық.* 2. *Наразылық, дүрбелең, қозғалыс.*

ҚОҚАЛАҚТА *Тыныш отыра алмау, қоқалақ-қоқалақ ету.*

ҚОҚАН: қоқан арба — *үлкен қос доңғалақты жеңіл арба.* **Қоқан ер** — *қоқандықтардың стилінде жасалған ер.*

ҚОҚАН-ЛОҚЫ *Әншейін құр далбаса, сес, қоқақ; қорқытқандық.* ◊ **Қоқан-лоқы жасады** — *қорқытты, айбат шекті.* **Қоқан-лоқы көрсетті** — *қоқаңдады, сес көрсетті.*

ҚОҚАН-ЛОҚЫЛЫҚ *Қорқытушылық, сес көрсетушілік.*

ҚОҚАҢ *Қодыраң, едірең, қоқаң.*

ҚОҚАҢДА 1. *Қоқаң-қоқаң ету, қопаңдау.* 2. ***Ауысп.*** *Едіреңдеу, сес көрсету.*

ҚОҚАҢ-ҚОҚАҢ *Қопаң-қопаң, қопақ-қопақ.* ◊ **Қоқаң-қоқаң етті** — *қоқаңдады, сес көрсетті.*

ҚОҚИ 1. *Қоқаю, қодыраю, дүңкию.* 2. ***Ауысп.*** *Едірею, қораздану, сестену.* ◊ **Қоқиды көрді** — *біреуден қорлық көрді, қиянат шекті.*

ҚОҚИҚАЗ ***зоол.*** *Сирағы ұзын, тұмсығы ішке қарай иілген, қызғылт түсті, ірі су құсы.*

ҚОҚИЛАН *Қодыраңдау, едіреңдеу, қораздану.*

ҚОҚИМА *Қоқиған, қодырайған*

ҚОҚИТ 1. ***өзг. етіс*** *Қоқи-т.* 2. ***Ауысп.*** *Үлкейтіп көрсету, зорайту.*

ҚОҚСЫ *Ыбырсу, шашылу, былығу.*

ҚОҚСЫҚ *Ескі-құсқы заттар, қыл-қыбыр.*

ҚОҚСЫТ 1. ***өзг. етіс*** *Қоқсы-т.* 2. ***Ауысп.*** *Шатып-бұту, былықтыру.*

ҚОҚТЫ *Өзен, көл жағалауындағы қалың өскен, малға пана боларлық жер; жыныс.*

ҚОҚТЫҚ *сыпырынды зат, күл-қоқыр, қоқсық.*

ҚОҚСЫҚ-СОҚТЫҚ *Қоқыр-соқыр, ескі-құсқы.*

ҚОҚШИ *Қоқию, қодыраю.*

ҚОҚЫЛ *Тауықтың қоқылдаған дыбысы, үні*

ҚОҚЫЛДА *Әтеш пен тауықтың қоқ-қоқ етіп дыбыс шығаруы.*

ҚОҚЫЛЫҚ *Қоқылықтаған дыбыс; қоқыл.*

ҚОҚЫЛЫҚТА *Қоқылықтаған дыбыс; қоқыл.*

ҚОҚЫМ *Белгілі бір заттың ұсақ-түйек қиқымы.*

ҚОҚЫМДА *Қоқым ету, уату.*

ҚОҚЫМ-СОҚЫМ *Әртүрлі ұсақ-түйек қалдық.*

ҚОҚЫР I *Әртүрлі сыпырынды зат, ұсақ-түйек, қоқсық.*

ҚОҚЫР II ***көне*** *Хан-сұлтандар киетін, оқалы, зерлі баскиім.*

ҚОҚЫРАЙ 1. *Қоқаю, қодыраю, қоқию.* 2. ***Ауысп.*** *Менменсу, әлдеқандай болу*

ҚОҚЫРАЙМА *Қоқырайған, қоқиған, қоқайма.*

ҚОҚЫРАҚ *Шоқаң-шоқаң, ербең-ербең еткендік, қоқырақтағандық.*

ҚОҚЫРАҚТА 1. *Қоқыраң-қоқыраң етіп шабу.* 2. ***Ауысп.*** *Қоқаңдау, күш көрсету.*

ҚОҚЫРАҢ *Қоқыраң-қоқыраң еткендік, қоқыраңдағандық.*

ҚОҚЫРАҢДА 1. *Қоқаңдап шабу, қоқаң-қоқаң ету.* 2. ***Ауысп.*** *Қодыраңдау, қоқаңдау, қодаңдау.*

ҚОҚЫРСАУЫТ ***жаңа***. *Қоқыр-соқыр салатын ыдыс.*

ҚОҚЫР-СОҚЫР 1. *Әртүрлі сыпырынды зат; қоқтық-соқтық.* 2. ***Ауысп.*** *Үйдегі әртүрлі ескі-құсқы, ұсақ-түйек зат.*

ҚОҚЫРСЫ *Үйдің іші шашылып жатуы, қоқсу.*

ҚОҚЫРСЫҚ *Әртүрлі тастанды зат, қоқыр-соқыр.*

ҚОҚЫРШЫ ***жаңа***. *Елден ескі-құсқы зат қабылдап алатын адам.*

ҚОҚЫС *Керексіз, әртүрлі тастанды зат, қоқыр-соқыр.*

ҚОҚЫТ 1. *Қоқырсыту, қоқсыту, ыбырсыту.* 2. ***Ауысп.*** *Бықсытып бір нәрсені айту, қоңырсыту.*

ҚОЛ I 1. *Адамның бір нәрсені ұстайтын, жұмыс істейтін дене мүшесі.* 2. ***Ауысп.*** *Қолтаңба, жазу.* 3. *Жұмыс күші, адам.* □ **Қолайна** — *алып жүруге ыңғайлы кішірек айна.* **Қолара** — *бір ғана адам кесе алатын кішірек ара.* **Қолбұран** ***кәс.*** — *қолмен бұрау арқылы шахта үстіне көмір шығаратын қарапайым құрал.* **Қолдобы** ***спорт*** — *қарсы жақтың қақпасына допты қолмен лақтыру арқылы кіргізуге тырысатын ойын; гандбол.* **Қолкілем** — *үй жағдайында қолдан тоқылған кілем.* **Қолқырықтық** — *малдың жүнін қолмен қырқатын қайшы.* **Қолорақ** — *егін, шөп оратын орақ.* **Қолорамал** — *кішкене орамал; беторамал.* **Қол пулемет** — *қолмен сүйреп жүруге ыңғайлы кішкене пулемет.* **Қолсағат** — *қолға тағатын сағат.* **Қолшатыр** — *жауында қолға ұстап жүретін шатыр.* **Қолшалғы** — *қолмен шөп*

шабатын шалғы. **Қолшығыр** — *қолмен бұрау арқылы су шығаратын шығыр.* ◊ **Қол алды** — *сәлемдесті, амандасты.* **Қол алысты** — *уәделесті, серттесті.* **Қол артты** — *арқа сүйеді, тірек етті.* **Қол астында** — *қарамағында, билігінде.* **Қол байлау [болды]** — *кедергі, бөгет.* **Қолбала** — а) *барып кел, алып кел-ге жұмсалатын бала;* ә) *қолда өскен; үйреншікті.* **Қол асындай** — *жұдырықтай, кішкентай.* **Қол батпайды** — *тығыз, қатты, тығыршықтай.* **Қол бөгеу** — *бөгеу болатын (іс).* **Қол бұлғады** — *а) қолын әрі-бері бұлғақтатып, қоштасты; ә) істі орындауға кірісті; айналысты, шұғылданды.* **Қолға [қолына] қарады** — *а) жайылымға шықпай, қорада болды (мал); ә) біреуге кіріптар болды (адам); б) дәме етті.* **Қолға қондырды [түсірді]** — *қызды айналдырып, өзіне қаратты; үйленді.* **Қолға түсті** — *ұсталды, тұтқын болды.* **Қолдан берді** — *а) қызды той жасап, күйеуге берді; ә) көріп-біліп тұрып, айырылып қалды.* **Қолдан шығармады** — *уысынан босатпады; еркіне жібермеді.* **Қолды болды** — *із-түзсіз жоғалды, ұрланды.* **Қолдың [бес қолдың] саласындай** — *біркелкі, әдемі, әсем.* **Қол еңбегі** — *қолмен орындалатын жұмыс.* **Қол жайды** — *а) қолын көтеріп, бата тіледі; ә) бір нәрсені емініп сұрады, тіледі.* **Қол жетпес** — *орындалуы қиын, арман болған.* **Қол жұмсады** — *ұрды, соқты.* **Қол көтерді** — *а) бағынды, тізе бүкті; берілді; ә) ұрды, соқты; қол жұмсады.* **Қол күші** — *қолмен істелінетін еңбек.* **Қол қойды** — *а) қағазға қолтаңбасын салды; растады; ә) қолдады, құптады.* **Қол қуатты болсын** — *бір нәрсе істеп жатқанда айтылатын тілек.* **Қол қусырды** — *бағынды, тағзым етті.* **Қол қусырып отыр** — *еш нәрсе істемей тек-ке отыр.* **Қол салды** — а) *ұрлады; жымқырды;* ә) *біреудің қойнына бармақ болды.* **Қол созды [сермеді]** — *бір нәрсеге талап-танды, ұмтылды.* **Қолсозым [ұсыным] жер** — *онша алыс емес жер.* **Қол соқты [ұрды, шапалақтады]** — *қол ұрып, қошемет көрсетті.* **Қол сұқты** — а) *біреудің ішкі ісіне араласты;* ә) *сұғанақтық етті, ұрлады.* **Қол тапсырды *діни*** — *тәуеп етті, сиынды.* **Қол тигізбеді** — а) *бір жері зар қақсап ауырды; ә) еш нәрсеге жәрдем етпеді, көмегі болмады.* **Қол ұстасын** — *тізе қосын, бірігін.* **Қол ұстату** — *күйеу баланың киіз үйдің сыртында, қыздың үйдің ішінде тұрып, киіз үйдің жабығынан бір-біріне қолдарын ұстату салты.* **Қол ұшын берді** — *қолғабыс етті, көмек көрсетті.* **Қол үзді** — *байланыс жасаспай кетті; аралары суыды.* **Қолы алдына сыймады** — *не істерін білмеді, жалықты.* **Қолы аузына жетті [өз қолы өз аузына жетті]** — *өзін-өзі асырайтын дәрежеге жетті.* **Қолы ашық [сақи]** — *мырза, жомарт; береген.* **Қолы бармады** — *батылы жетпеді.* **Қолы батпады** — *ұруға, соғуға аяды.* **Қолы [қол] бос** — *істейтін ешқандай жұмысы жоқ.* **Қолы епті** — *бір нәрсені істеуге шебер, икемді.* **Қолы жеңіл** — *істеген ісі оңға басатын, сәті түсетін.* **Қолы [қол] жетті [жетпеді]** — *бір нәрсеге ие болды, арманы орындалды.* **Қолы жүйрік** — а) *бір нәрсені тез істеп тастайтын, тындырымды;* ә) *біреуді ұрып жіберуге дайын тұратын.* **Қолы кесілді** — *еш нәрсе істей алмады, мысы құрыды.* **Қолы қалт етсе** — *қолы сәл босап қалса.* **Қолы қатты** — а) *қолы қатты тиетін; ә) еш нәрсесін бермейтін сараң.* **Қолы қолына жұқпайды [тимейді]** — *жұмысты жылдам істейді.* **Қолы құтаймайды** — *берекесі болмайды, байымайды.* **Қолы [қол] қысқа** — *кедей, жарлы.* **Қолымен күл көседі** — *біреудің бар жұмысын істеді.* **Қолымен қойғандай** — *дәл, нақтылы.* **Қолымен істегенді мойнымен көтерді** — *өз күнәсін өзі тартты.* **Қолынан боқ та [тұк те] келмейді** — *бір нәрсе істеуге шамасы жетпейді.* **Қолынан екі келсе, бірін қылсын** — *қолынан келгенін істесін, аямасын.* **Қолынан келгенше** — *мүмкіндігінше, өз әлінше.* **Қолына түкіріп отыр** — *әлекедей жалаңып, дайын отыр.* **Қолын**

[жіпсіз] байлады — *бір нәрсені істеуге кедергі болды, бөгет жасады.* **Қолында болды [өсті, жүрді]** — *біреудің тәрбиесінде болды, қарамағында өсті.* **Қолын жылы суға малды** — *тұрмыстың қызығын көрді.* **Қолын қақпады** — *бетін қайтармады; қарсы тұрмады.* **Қолының жымысқысы [сұғанақтығы] бар** — *бірдеңені қымқырып кететін, жымқырма (адам).* **Қолы тар** — *сараң, қытымыр.* **Қолы [қол] тиді [тимеді]** — *жұмыстан қолы босады; бос уақыты болды.* **Қолы тиді** — *ұрды, соқты, сабады.* **Қолы ұзарды** — а) *біреу жәрдемдесті, көмекке жарыды;* ә) *байыды, әлденді.* **Қолы ұзын** — *беделді; сөзі өтімді.*

ҚОЛ II ***көне*** *Әскер, жасақ, жауынгер.*

ҚОЛ III *Жөн, ыңғай, лайық.* ◊ **Қол көрді** — *дұрыс деп тапты, мақұл көрді.*

ҚОЛА *Мыс пен басқа бір химиялық элементтің қосындысынан алынған металл; қорытпа.* □ **Қола дәуірі** — *тұрмыста қола металы кең тараған тарихи-мәдени кезең; тас дәуірінен кейінгі дәуір.* **Қола жүлдегері** — *қола медальмен марапатталған спортшы.* **Қола медаль** — *үшінші орын алған жүлдегерге берілетін, қоладан жасалған медаль.*

ҚОЛАБА ***көне*** *Ат үстінде қолға ұстайтын, бір басы шоқпар сияқты үлкен, сабы қысқа ұшқыр қару.*

ҚОЛАБАДАЙ *Үлкен, дәу; домалақ.*

ҚОЛАҒАШ *Қазық қағуға арналған бір басы жуан құрал; қолтоқпақ.* ◊ **Қолағаш мұрын** — *қоңқиған, үлкен мұрын.*

ҚОЛАҒАШТАЙ *Үлкен, жуан, қоңқиған.*

ҚОЛАЙ *Жөн, ыңғай.* ◊ **Қолай көрмеді** — *ыңғайсыз деп санады, қолайсыз көрді.* **Қолайы келсе** — *реті, жөні келсе.*

ҚОЛАЙЛА *Ыңғайлау, әзірлеу.*

ҚОЛАЙЛЫ *Ыңғайлы, жөнді, тиімді.*

ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ *Ыңғайлылық, жайлылық.*

ҚОЛАЙСЫЗДАН *Ыңғайсыздану, қысылу.*

ҚОЛАЙСЫЗДАУ *Ыңғайсыздау, жөнсіздеу.*

ҚОЛАҚПАНДАЙ *Үлкен, дәу.*

ҚОЛАҚЫ *Бір іске көмектескені үшін берілетін ақы, төлем.*

ҚОЛАМТА *Жанып біткен оттың ыстық күлі.*

ҚОЛАМТАЛАН *Оттың сөніп, ыстық күлге айналуы.*

ҚОЛАМТАЛЫ *Қоламтасы бар.*

ҚОЛАҢ *Қалың, тығыз өскен; жуан.*

ҚОЛАҢСА I *Аттың алдыңғы аяғының ішкі жағындағы мүйізгек.*

ҚОЛАҢСА II *Терлегенде қолтықтан шығатын жағымсыз иіс.*

ҚОЛАПАЙСЫЗ *Икемсіз, ебедейсіз; ыңғайсыз.*

ҚОЛАПАЙСЫЗДАН *Ыңғайсыздану; қысылу, қымтырылу.*

ҚОЛАПАЙСЫЗДАУ *Ыңғайсыздау, икемсіздеу.*

ҚОЛАПАЙСЫЗДЫҚ *Ебедейсіздік, икемсіздік.*

ҚОЛАТ *Тау беткейлеріндегі сай-жыралардың арасында жатқан ұзынша келген, дөңестеу, кең аңғар.*

ҚОЛАТ-ҚОЛАТ *Бірнеше қолат; қолаты көп.*

ҚОЛАУ *Көп мінілген тай-құнанның аяғынан ақсап қалуы.*

ҚОЛ-АЯҚ *Қол мен аяқтың жалпы атауы.* ◊ **Қол-аяғы жерге тимеді** — *зыр жүгірді, елпең қақты.* **Қол-аяғын бауырына алды [жиды]** — *аман-есен босанды.* **Қол-аяғы ұзарды** — *біреуді анда-мұнда жұмсап жетісіп қалды.*

ҚОЛБАҚЫР *Сабы бар, кішкене металл ыдыс.*

ҚОЛБАҢ *Олпы-солпы, кең; қолапайсыз.*

ҚОЛБАҢДА *Қолбаң-қолбаң ету, далбаңдау.*

ҚОЛБАСШЫ *Қол бастаушы, қолға басшылық етуші; әскербасы.*

ҚОЛБАСШЫЛЫҚ *Қолбасшы болушылық, армияны басқарушылық.*

ҚОЛБАСЫ *Қолды, әскерді бастаушы, қолбасшы.*

ҚОЛБАУ *Бесікте жатқан жас баланың қолын бастырып байлап қоятын жалпақ бау.*

ҚОЛБЫРА *Олпы-солпы болу, сөлбіреу.*

ҚОЛҒАБЫС *Көмек, жәрдем.* ◊ **Қолғабыс берді [етті, тигізді]** — *көмектесті, көмек көрсетті, жәрдемдесті.*

ҚОЛҒАНАТ *Бір нәрсеге болысушы, жәрдемші бала.*

ҚОЛҒАНАТТЫҚ *Қолғанат болушылық, жәрдемшілік.*

ҚОЛҒАП *Суықтан қорғау үшін қолға киетін киім.*

ҚОЛҒАПТЫҚ *Қолғап боларлық, қолғап тоқуға жарарлық.*

ҚОЛДА I *Бағымда, күтімде.*

ҚОЛДА II *Біреуді жақтау, айтқанына қосылу.* ◊ **Қолдай гөр** — *жалбарыныштты тілек.*

ҚОЛДАЙ *Қол қалпында, бойынша, қол күйінде.*

ҚОЛДАМПАЗДЫҚ *Шетелден әкелінетін тауарларға жоғары баж салығын салу, кейбір тауарларды әкелуге тыйым салу саясаты.*

ҚОЛДАН *Бір нәрсені пайдалану, жұмсау, іске асыру.*

ҚОЛДАНБАЛЫ ***жаңа***. *Практикалық мәні күшті, шаруашылыққа пайдасы зор.*

ҚОЛДАН-ҚОЛҒА *Бір қолдан екінші қолға, бірден-бірге.* ◊ **Қолдан-қолға ауысты** — *бірден-бірге өтті.* **Қолдан-қолға тигізбеді** — *бірінен кейін бірі іліп әкетті, қастерледі.*

ҚОЛДАНУШЫЛЫҚ *Қолданғандық, пайдаланғандық, жұмсаушылық.*

ҚОЛДАНЫС *Қолдану ісі, пайдалану әдісі.*

ҚОЛДАП: екі [қос] қолдап — *екі (қос) қолмен ұстап.*

ҚОЛДАП-ҚОШТАП *қуаттап, жақтап, мақұлдап.*

ҚОЛДАС 1. *Екі кісі қолдарын айқастырып ұстау.* 2. ***Ауысп.*** *Бірігу, бірлесу, күш қосу.*

ҚОЛДАСЫП *Бір-біріне қол беріп, қол алысып.*

ҚОЛДАУ I 1. ***қ. атау.*** *Қолда-у.* 2. *Жақтау, қуаттау.* ◊ **Қолдау тапты** — *қолдаушылар көбейді.*

ҚОЛДАУ II *Малдың алдыңғы аяғының (қолының) қолтықпен ұштасқан түсы, бұлшық етті жері.*

ҚОЛДАУ: арзан [төмен] қолдау — *құны төмендеу, арзандау.*

ҚОЛДАУЛЫҚ *Мал аяғының қолдау түсы.*

ҚОЛДАУШЫ *Жақтаушы, қуаттаушы.*

ҚОЛДАУШЫЛЫҚ *Қолдағандық, жақтағандық.*

ҚОЛ ДОБЫ ***спорт*** *Допты қолмен қағып ойнайтын ойын.*

ҚОЛДЫ I *Тез өтіп кететін, сұранысты, өтімді.* ◊ **Қолды болды** — *ұрланды, ұрлап кетті.* **Қолды етті [қылды]** — *ұрлатты, алғызып қойды.*

ҚОЛДЫ II *Жайлы, қолайлы, оңды.*

ҚОЛДЫ-АЯҚ: қолды-аяққа тұрғызбады — *дегбірін алды, асықтырды.* **Қолды-аяққа тұрмады** — *шыдамсызданды, тыпыршыды.*

ҚОЛДЫ-АЯҚТЫ *Бір нәрсеге оңтайлы, ыңғайлы; тіл алғыш.*

ҚОЛДЫЛАУ: жеңіл қолдылау — *онша қымбат емес, арзандау.*

ҚОЛДЫЛЫҚ: ала қолдылық — *бәрін бірдей көрмеушілік, алалаушылық.*

ҚОЛДЫРА *Терісі күлдіреп, ісініп кету.*

ҚОЛДЫРАҚ *Қолдырап ісініп кеткен тері; күлдірек.*

ҚОЛЖАЗБА *Біреудің қолмен жазған, я машинкаға бастырған туындысы; шығармасының түпнұсқасы.*

ҚОЛЖАУЛЫҚ *Қол сүртетін орамал; қолорамал.* ◊ **Қолжаулық болды** — *біреудің мазағында болды, илеуінде жүрді.* **Қолжаулық етті [қылды]** — *мазақтады, қорлады.*

ҚОЛЖУҒЫШ *Беті-қол жуу үшін арнайы жасалған су ағатын түтігі бар бұйым.*

ҚОЛКЕСЕР *Мал сойған адамға берілетін ырым ет.*

ҚОЛҚ: қолқ етті — *кең киімді кигендегі қолайсыз күй; күп етті.*

ҚОЛҚА I 1. *Жүрек қарыншаларынан басталып, дененің әртүрлі мүшелеріне қан тарататын ең ірі және басты тамыр.* 2. *Кеңірдек пен өкпенің түйіскен жері; тыныс органдарының негізгі бөлігі.* ◊ **Қолқаны алды [қапты]** — *дем алуын қиындатты, тұншықтырды.* **Қолқаны атты** — *мұрынға жаман иіс келді.* **Қолқаңды құрт жесін** *қарғ.* — *қолқа құртына ұшыра!* **Қолқасын суырды [үзді]** — *екі аяғын бір етікке тықты, тықсырды.*

ҚОЛҚА II 1. *Жақын адамның бір нәрсені қалауы, сұрауы.* 2. ***Ауысп.*** *Өтініш, тілек.* ◊ **Қолқа салды** — *бір нәрсені қалады, сұрады.*

ҚОЛҚА III *Жүк артқан түйенің тарту арқанының дәл төске келетін жеріне өткізіліп қоятын жең сияқты киіз.*

ҚОЛҚАЙЫР *Тапқан табыстан берілетін садақа.*

ҚОЛҚАЛА *Бір нәрсені қалап сұрау, өтіну.*

ҚОЛҚАЛЫҚ *Қалауға тұрарлық, өтініш етерлік.*

ҚОЛҚАН *Көп боталаған кәрі інген.*

ҚОЛҚА-НАЗ *Назды өтініш, тілек.*

ҚОЛҚАШЫЛ *Қолқа салғыш, қолқалағыш.*

ҚОЛҚ-ҚОЛҚ: қолқ-қолқ етті — *қолқылдады, қолпылдады.*

ҚОЛҚЫЛДА *Қолқ-қолқ ету, қолпылдау.*

ҚОЛҚЫЛДАҚ *Қолқылдап қалған, кең.*

ҚОЛМА-ҚОЛ *Бірден, дереу, ілешала.* ◊ **Қолма-қол есеп айырысу** — *басына-бас бірден нақты ақша немесе басқа зат беру арқылы есептесу.*

ҚОЛӨНЕР *Қарапайым еңбек құралдарының көмегімен қолдан жасалған бұйым, зат.* ◊ **Қолөнер училищесі** — *түрлі шеберлікке үйрететін орта дәрежелі оқу орны.*

ҚОЛӨНЕРЛІК *Қолөнерге қатысты; қолөнеріне үйрететін.*

ҚОЛӨНЕРШІ *Қолөнерімен айналысушы шебер, маман.*

ҚОЛӨНЕРШІЛІК *Қолөнерімен айналысушылық.*

ҚОЛП: қолп етті — *қолқ етті, қолқылдады.*

ҚОЛПАШ *Біреуге көрсетілген қошемет, құрмет.*

ҚОЛПАШТА *Көтермелеу, дәріптеу, қолдау, құрметтеу.*

ҚОЛПАШТАУШЫ *Қолпаш көрсетуші, көтермелеуші, дәріптеуші, қолдаушы.*

ҚОЛПАШТАУШЫЛЫҚ *Қолпаш көрсетушілік, көтермелеушілік, дәріптеушілік, қолдаушылық.*

ҚОЛПАШШЫЛ *Біреуді қолпаштауды ұнататын.*

ҚОЛП-ҚОЛП: қолп-қолп етті — *қолпылдады, қолқылдады.*

ҚОЛПЫЛДА *Кең болғандықтан қолп-қолп ету, қолқылдау.*

ҚОЛСОҚПАҚ *"Күнәсі" үшін біреудің қолын (алақанын) белдікпен соғып ойнайтын ұлттық ойын.*

ҚОЛТАҢБА 1. *Автордың кітап бетіне өз қолымен жазған жазуы.* 2. *Өнер шеберлерінің құрылыс, өнер, мәдениет істеріндегі өзіндік ерекшелігі, стильдік өрнегі.*

ҚОЛТОҚПАҚТАЙ *Қолтоқпақ тәрізді шағын, кіп-кішкентай.*

ҚОЛТУМА 1. *Қолда туып-өскен.* 2. ***Ауысп.*** *Өзіне тән, өзіндік.*

ҚОЛТҰЗАҚ *Ұштары түйықталған жіңішке жіпті екі қолдың саусақтарына іліп алып ойнайтын ойын; шалма.*

ҚОЛТЫҚ I 1. *Адам, жан-жануарлар қолының төспен ұштасқан жерінің асты, иық пен иінінің ішкі жағы.* 2. *Киім жеңінің боймен жалғасқан жерінің асты; қолтық тұсы.* ◊ **Қолтығына кірді [тығылды]** — *біреуді арқа тұтты, қорғаныш етті.* **Қолтығынан демеді [сүйеді]** — *біреуге қамқоршы, жебеуші*

болды, жәрдемдесті. **Қолтығына су [дем] бүрікті** — *айдап салды, желіктірді.* **Қолтығында кетті [кете барды]** — *біреудің еркіне көнді.*

ҚОЛТЫҚ II ***геогр.*** 1. *Белгілі бір мекенжайдың немесе орман-тоғай, сайсаланың тасалау, ықтасындау жері.* 2. *Мұхит, теңіз, көл суының құрлыққа ішкерілей кірген жіңішке бөлігі; қойнау.*

ҚОЛТЫҚСҮЙЕР ***этн.*** *Құданың қолтығынан сүйегені үшін алатын кәде.*

ҚОЛТЫҚТА 1. *Біреудің қолтығынан сүйемелдеу, ұстау.* 2. *Бір нәрсені қолтығына қысу.*

ҚОЛТЫҚША I *Ою-өрнектің иіліп келген ішкі жағы.*

ҚОЛТЫҚША II *Қолтық тәрізді, қолтық секілді.*

ҚОЛТЫРАУЫН *Тропиктік ендіктің суларын мекендейтін, тас қабыршағы бар бауырымен жорғалайтын ірі жыртқыш.*

ҚОЛТЫРМА *Қолға ұстап шөп тырмалайтын тырма.*

ҚОЛТЫРМАШ *Арқаға көтерген жүкті қолтықтың астынан алып, байлап қоятын жіп.*

ҚОЛТЫРМАШТА *Арқадағы жүкті бастырып, байлап қою, таңу.*

ҚОЛҰСТАТАР ***этн.*** *Жеңгесіне күйеу бала тарапынан берілетін кәде.*

ҚОЛҮЗДІК *Соғым сойып берген кісіге еттей берілген ақы; қолақы.*

ҚОЛХАТ *Бір нәрсені алғандығын жазбаша түрде растап, қол қойған құжат қағаз.*

ҚОЛШАТЫР *Жауыннан, күн көзінен қорғану үшін қолға ұстап жүретін, әдемі жеңіл шатыр.*

ҚОЛШОҚПАР 1. *Қару ретінде пайдаланылатын басы жұдырықтай таяқ.* 2. ***Ауысп.*** *Біреудің сойылын соғатын адам.* ◊ **Қолшоқпар болды** — *біреудің сойылын соқты, сөзін сөйледі.*

ҚОЛЫ-ҚОЛЫНА: қолы-қолына жұқпай [тимей] — *тез, көз ілеспей.*

ҚОЛЫНДА *Қарауында, қамқорында, билігінде.*

ҚОМ 1. *Түйе өркештерінің түп жағындағы тұтаса біткен жота тұсы, майлы жері.* 2. *Түйеге жүк арту үшін, оның жотасына (қомына) орай салынған қабат-қабат киіз.* **Қом арқан** — *екі ұшы қомға бекітілген арқан.* ◊ **Қом байлады [жиды]** — *семірді, қоңданды.*

ҚОМАҒАЙ 1. *Тамақсау, ашқарақ.* 2. ***Ауысп.*** *Нысапсыз, қанағатсыз.*

ҚОМАҒАЙЛАН 1. *Бір нәрсені апылғұпыл жеу, ашқарақтану.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге нысапсыздық көрсету, қанағатсыздану.*

ҚОМАҒАЙЛАУ *Тамақсаулау, ашқарақтау.*

ҚОМАҒАЙЛЫҚ 1. *Ашқарақтық, тамақсаулық.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге нысапсыздық, тойымсыздық.*

ҚОМАҚТА 1. *Шашырап кеткен нәрселерді бір жерге жинау, шоғырлау.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені үлкейтіп көрсету, ұлғайту.*

ҚОМАҚТЫ *Аумақты, көлемді, үлкен.*

ҚОМАҚТЫЛАУ *Аумақтылау, көлемдірек, үлкендеу.*

ҚОМАҚТЫЛЫҚ *Аумақтылық, көлемділік, үлкендік.*

ҚОМАҚТЫРАҚ *Көлемдірек, аумақтырақ, үлкенірек.*

ҚОМДА I *Түйенің үстіне қом салу.*

ҚОМДА II *Екі қолын қимыл-қозғалысқа ыңғайлау.*

ҚОМДАН *Түйенің қом жиюы, семіруі.*

ҚОМДАУЛЫ *Қом салынған.*

ҚОМДЫ 1. *Қом салынған, қомданған.* 2. *Қоңды, семіз, күйлі.*

ҚОМДЫҚ *Түйенің қом орналасқан жері, жотасы.*

ҚОМПАЙ 1. *Бір нәрсенің аумағы өсу, үлкею.* 2. *Аузы томпаю, ұрты бұлтию.*

ҚОМПАҢ: қомпаң етті — *орнынан қозғалақтады.*

ҚОМПАҢДА 1. *Қомпаң-қомпаң ету, орнынан қозғалақтау.* 2. ***Ауысп.*** *Аузы томпайып сөйлеу, өкпелеу.*

ҚОМПАҢ-ҚОМПАҢ: қомпаң-қомпаң етті – *қопақтады, қомпаңдады.*

ҚОМПИ 1. *Қомпию, торсию, ісіну.* 2. ***Ауысп.*** *Аузы томпаю, бұлтию, өкпелеу.*

ҚОМП-ҚОМП: қомп-қомп етті – *аузын бұлтитып сөйледі, қомпылдады.*

ҚОМПЫЛ *Қомпаңдап сөйлегендік, өкпелегендік.*

ҚОМПЫЛДА *Аузын томпайтып сөйлеу, өкпелеу.*

ҚОМСЫН *Көңілі толмау, олқысыну, менсінбеу.*

ҚОМША 1. *Түйенің қомы; кішірек қом.* 2. ***Ауысп.*** *Тозығы жеткен, ескі-құсқы киіз, төсеніш.*

ҚОМЫЗ *Қырғыз халқының ағаштан шыып жасалған үш ішекті, пернесіз, шертіп ойналатын ұлттық музыкалық аспабы.*

ҚОМЫЗШЫ *Қомызда ойнаушы, қомыз тартушы.*

ҚОМЫТ ***көне*** *Тозығы жеткен, ескі-құсқы киім-кешек.*

ҚОН 1. *Ұшып келе жатқан қанатты нәрсенің бір жерге келіп түсуі, отыруы.* 2. *Көшкен ел-жұрттың белгілі бір жерге келіп, үй тігуі.* 3. *Адамның бір үйге немесе бір жерге түнеп шығуы.* 4. *Белгілі бір жерге жайғасу, орналасу.* 5. ***Ауысп.*** *Белгілі бір қасиеттің адам бойынан орын алуы; дару.* 6. ***Ауысп.*** *Киімнің құйып қойғандай дәл келуі.*

ҚОНАҒА *Кешке қарай, кешкұрым.*

ҚОНА-ЖАТ *Қонай-түней біраз күн жату.*

ҚОНАҚ I 1 *Жолаушылап келе жатып үйге түскен адам, мейман.* 2. *Сый-сияпат көрсету үшін үйге, елге арнайы шақырылған адам.* **Қонақ бөлме** – *қонаққа арналған, қонақ жататын бөлме.* **Қонақүй** – *қалалар мен ауылдарда жолаушылардың уақытша тұруына, түнеуіне арналған мекенжай; мейманхана.* ◊ **Қонақ болды** – *мейман болды, қонды.* **Қонақ етті [қылды]** – *сыйлады, құрметтеді.* **Қонақ күту** – *қонақты сыйлау, құрметтеу салты.* **Қонақ басты болды** – *қонақ көп келіп, әбден шаршатты*

ҚОНАҚ II ***бот.*** *Дәні тары тәрізді, бір жылдық шөптесін өсімдік.*

ҚОНАҚАСЫ 1. *Қонаққа арнап әзірленген тағам, ас.* 2. *Өлген адамға арнайы сойылған мал.* ◊ **Қонақасы берді** – *қонақтың құрметіне арнайы ас, тағам берді.*

ҚОНАҚЖАЙ I *Қонақуар, мейман-дос.*

ҚОНАҚЖАЙ II *Қонақүй, мейманхана.*

ҚОНАҚЖАЙЛЫ *Мейман-дос, қонақуар.*

ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ *Қонақуарлық, мейман-достық.*

ҚОНАҚ ЖҮГЕРІ ***бот.*** *Астық тұқымдасына жататын, жүгеріге ұқсас көпжылдық өсімдік.*

ҚОНАҚҚӘДЕ 1. *Тамақ ішіп болғаннан кейін, мейман тарапынан істелетін өлең-жыр айту, домбыра тарту салты.* 2. *Қонақтың жатар алдында сыртқа шығу әдеті.*

ҚОНАҚ-ҚОПСЫ *Келімді-кетімді кісі, мейман.*

ҚОНАҚҚҰМАР *Қонаққа барғыш, қонақжай.*

ҚОНАҚОТ *Қонаққа ұқсас жабайы шөп.*

ҚОНАҚТА I *Құстың белгілі бір жерге қонып отыруы.*

ҚОНАҚТА II *Қонақ болып жату, мейман болу.*

ҚОНАҚТЫҚ *Қонаққа арналған, қонаққа тән.*

ҚОНАҚУАР *Қонақжай, мейман-дос, қонақуар.*

ҚОНАҚУАРЛЫҚ *Қонақжайлылық, мейман-достық.*

ҚОНАҚШЫЛ 1. *Қонақуар, қонақжай.* 2. *Қонаққа барғыш, қонаққа барғанды ұнататын.*

ҚОНАҚШЫЛДЫҚ *Қонақжайлылық, мейман-достық.*

ҚОНАЛҚА *Қонып шығатын жер, түнейтін орын.*

ҚОНАЛҚАЛЫҚ *Коналқа боларлық, қоналқаға жарайтын.*

ҚОНАР-ҚОНБАСТАН *Қона салып, қонысымен.*

ҚОНДЫРҒЫ ***тех.*** *Белгілі бір аппарат (прибор) орнатылған арнаулы механизм.*

ҚОНДЫРМА I *Бір нәрсенің үстіне қондырыла орнатылған зат.*

ҚОНДЫРМА II ***саяси*** *Белгілі бір қоғамның экономикалық базисіне негізделген қоғамдық идеялар мен көзқарастардың жиынтығы.*

ҚОНДЫРМАЛЫ *Қондырылған, алып-салуға ыңғайлы.*

ҚОНДЫРМАЛЫҚ *Қондырмаға тән, қондырмаға жататын.*

ҚОНЖИ ***экспр.*** 1. *Жалпиып отырып алу, жапырайып жайғасу.* 2. *Атылып барып, бір нәрсенің үстіне қона түсу, міниып алу.*

ҚОНЖИТ 1. ***өзг. етіс*** *Қонжи-т.* 2. *Қойып қалу, салып жіберу.*

ҚОНЖЫҚ *Аюдың баласы.*

ҚОНТАЙШЫ *Жоңғар ханы, қоңтажы.*

ҚОНЫМ *Киімнің денеге шақ (тура) келуі, жарасуы.*

ҚОНЫМДЫ *Үстіне қона кететін, жарасымды.*

ҚОНЫМДЫЛЫҚ 1. *Киімнің қона кететіндігі; жарасымдылық.* 2. ***Ауысп.*** *Ұғынықтылық, түсініктілік.*

ҚОНЫМСЫЗ *Шақ емес; үйлесімсіз.*

ҚОНЫМСЫЗДЫҚ *Қонымды еместік, үйлесімсіздік.*

ҚОНЫС *Малды ауылдың жылда қонып жүрген жері; жайлы орын.* ◊ **Қоныс аударды** — *мекенжайын ауыстырды, қонысын өзгертті.* **Қоныс етті** — *мекендеді, жайлады.* **Қоныс құтты [жайлы] болсын** — *жаңа мекенжайға көшіп келген адамға айтылатын тілек.* **Қоныс тепті** — *бір жерге келіп орналасты, орнықты.*

ҚОНЫСЖАЙ *Мекенжай, орын.*

ҚОНЫСМАЙЛАР *Жаңа қонысқа көшіп келгенде жасалатын тамаққа шақыру ырымы.*

ҚОНЫСТА *Қоныс тебу, мекендеу.*

ҚОНЫСТАНУШЫ *Қоныс тебуші, мекендеуші.*

ҚОНЫСТАС *Қонысы бір, қонысы іргелес.*

ҚОНЫСТАСТЫҚ *Қонысы бірлік, мекендестік.*

ҚОНЫСТОЙ *Жаңа үйге кіру қуанышына арналған той-томалақ.*

ҚОНЫСТЫҚ *Қоныс боларлық, мекендік.*

ҚОНЫШ *Аяққиімдердің балтырды жауып тұратын бөлігі.* ◊ **Қонышынан басты** — *ойына келгенін істеді, шалқыды.* **Қонышынан кешті** — *белшесінен батты.*

ҚОНЫШТЫ *Қонышы бар, қоныш салынған.*

ҚОҢ 1. *Малдың жоны, сауыр еті.* 2. *Малдың күйі, семіздігі.* **Қоң ет** — *сауырдың қалың еті.* ◊ **Қоң алды [алмады]** — *ет алды, семірді.* **Қоң бітті [жинады]** — а) *семірді, ет алды;* ә) *тұрмысы оңалды, әлденді, байыды.* **Қоң етін кесіп [ойып] берді** — *жанын аямады.* **Қоңы таймады** — *арықтамады, жүдемеді.* **Қоңы түзу** — *семіз, күйлі.*

ҚОҢАЙ 1. *Ет алу, семіру.* 2. ***Ауысп.*** *Оңалу, әлдену, тыңаю.*

ҚОҢАШ *Түрткі, мүшек.*

ҚОҢАШТА *Жан-жақты тиісу, мүшектеу.*

ҚОҢДАН 1. *Ет алу, семіру.* 2. ***Ауысп.*** *Қор жию, әлдену, баю.*

ҚОҢДЫ 1. *Қоңы бар, семіз; арық емес.* 2. ***Ауысп.*** *Ауқатты, күйлі, әлді.*

ҚОҢДЫҚ *Малдың сауыр тұсы, жамбастың еті қалың жері.*

ҚОҢДЫЛАУ 1. *Семіздеу, күйлілеу, еттілеу.* 2. ***Ауысп.*** *Ауқаттылау, әлділеу; байырақ.*

ҚОҢДЫЛЫҚ *Семіздік, күйлілік, еттілік.*

ҚОҢДЫРАҚ 1. *Семізірек, күйлірек.* 2. ***Ауысп.*** *Ауқаттырақ, әлдірек.*

ҚОҢҚАЙ *Бір нәрсенің дөңкиіп көрінуі; қоңқақ тарту.*

ҚОҢҚАЙМА *Қоңқайған, қоңқайып қалған.*

ҚОҢҚАҚ *Ортасы көтеріңкі, дөңес.*

ҚОҢҚАҚТАУ *Мұрны аздап қоңқиған, дөңестеу.*

ҚОҢҚИ *Дөңкию, қоңқаю.*

ҚОҢҚЫЛДА 1. *Бір нәрсесін жоғалтқандай болу, көңілі құлазу.* 2. *Қарны ашу, ішегі шұрылдау.*

ҚОҢСЫ 1. *Кедей ауыл; кірме.* 2. *Бірге отырған ауыл-үй, көрші-қолаң.* ◊ **Қоңсы қонды [болды]** — *қатар отырды, көрші болды.*

ҚОҢСЫЗДЫҚ *Қоңы жоқтық, күйсіздік.*

ҚОҢСЫ-ҚОЛАҢ *Қоңсы отырған ауылдас адамдар, көрші.*

ҚОҢСЫЛАС *Қоңсы отырған, көршілес.*

ҚОҢСЫЛАСТЫҚ *Қоңсы отырғандық, көршілестік.*

ҚОҢСЫЛЫҚ *Қоңсы отырғандық, көршілестік.*

ҚОҢТАРАЗ *Еті семіз емес, арықтау.*

ҚОҢТАРЫС *Көңіл-күйі нашар, көңілі құлазыған.*

ҚОҢТОРҒАЙ *Жадау, жүдеу, орташа ғана.*

ҚОҢТОРҒАЙЛАУ *Жадаулау, жүдеулеу.*

ҚОҢТОРҒАЙЛЫҚ *Жадаулық, жүдеулік.*

ҚОҢЫЗ *Сырт пішіні әртүрлі порымды, қанатты жәндік (насеком).*

ҚОҢЫЗДЫҚ: дүниеқоңыздық — *дүниеқорлық, дүниеқұмарлық.*

ҚОҢЫЗША *Қоңыз тәрізді, қоңыз сияқты.*

ҚОҢЫЛТАҚ 1. *Сырткиімнің ішінен басқа киім кимеген; жалаңқабат, жадағай.* 2. ***Ауысп.*** *Көңілі жабырқаңқы, жүдеу.*

ҚОҢЫЛТАҚСЫ 1. *Киімі жұқа болып, тоңа бастау.* 2. ***Ауысп.*** *Көңілі құлазу, жабырқау.*

ҚОҢЫЛТАҚТАУ *Жадағайлау, жұқалау.*

ҚОҢЫЛТАҚТЫҚ *Жалаң қабаттық, жадағайлық.*

ҚОҢЫЛТАЯҚ *Аяққиімді жалаң аяққа шұлықсыз кию.*

ҚОҢЫР 1. *Қара мен қызылдың аралығындағы қою күрең түс.* 2. ***Ауысп.*** *Жұтаң, жадау.* 3. *Ықылассыз, көңілсіз, салқын.* □ **Қоңыр аю** — *аюдың қоңыр түсті түрі.* **Қоңыр бұйра шай** — *шайдың қоңыр түсті бұйра түрі.* **Қоңыр қаз** — *өзендерді мекендейтін қоңыр түсті жабайы қаз.* **Қоңыр торғай** — *шағын, тым жұпыны торғай.* ◊ **Қоңыр дауыс [үн]** *бірқалыпты ырғақпен айтылатын құлаққа жағымды үн.* **Қоңыр жаз [күз]** *жаздың ауа райы жанға жайлы кезі.* **Қоңыр жел [самал]** — *жанға жайлы салқын жел.* **Қоңыр күй** — *қарапайым, орташа тіршілік.* **Қоңыр қызыл [қызыл қоңыр]** — *қоңыры басым қызыл түс.* **Қоңыр салқын** — *суық та, жылы да емес; жанға жайлы.*

ҚОҢЫРАЙ *Қоңыр тарту, қоңыр түске ену.*

ҚОҢЫРАЙЫС *Бір-біріне дұрдараз қарау.*

ҚОҢЫРАУ 1. *Ішіндегі тербеліп тұратын білеу арқылы дыбыс шығаратын құрал.* 2. *Шырылдап дыбыс беру үшін жасалған техникалық құрал.*

ҚОҢЫРАУБАС ***бот.*** *Гүлі қоңырау пішіндес көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ҚОҢЫРАУЛА 1. *Қоңырау соғу, қоңырау қағу.* 2. *Малдың мойнына қоңырау тағу.*

ҚОҢЫРАУЛЫ 1. *Қоңырау тағылған, қоңырауы бар.* 2. *Соңынан сөз, өсек ерген.*

ҚОҢЫРАУША I *Кішкентай қоңырау.*

ҚОҢЫРАУША II *Қоңырау тәрізді, қоңырау секілді.*

ҚОҢЫРАУШЫ *Қоңырау соғушы, қоңырау қағушы адам.*

ҚОҢЫРБАС ***бот.*** *Далалы жерде өсетін көпжылдық шөп.*

ҚОҢЫРЖАЙ *Ыстық та емес, суық та емес; қоңыр салқын.*

ҚОҢЫРЖАЙЛАН *Қоңыржай тарту.*

ҚОҢЫРҚАЙ 1. *Қоңыр күрең, қошқылдау.* 2. ***Ауысп.*** *Қарапайым, жұпыны.* 3. ***Ауысп.*** *Жағымды, жайлы.*

ҚОҢЫРҚАЙЛАН *Қоңыр күрең тарту, қоңыраю.*

ҚОҢЫРҚАЙЛАУ *Аздап қоңырқай тартқан, қоңырлау.*

ҚОҢЫРЛАУ 1. *Қоңыр түске бояу, қоңырайту.* 2. *Қоңыр тарту, қоңыр түске ену.*

ҚОҢЫРЛАУ *Сәл ғана қоңыр, қоңырқай.*

ҚОҢЫРЛЫҚ *Шөп нашарлау өсетін шөл жер.*

ҚОҢЫРСЫ *Күйген заттан жағымсыз иіс шығу; көңірсу.*

ҚОҢЫРСЫҚ *Қоңырсыған иіс.*

ҚОҢЫРСЫТ *Жағымсыз нәрсені айтып көку, бықсыту.*

ҚОҢЫРША *Қоңырқай, сәл ғана қоңыр.*

ҚОПА ҚОҒА *Құрақ өскен қорысты жер.*

ҚОПАҚ-ҚОПАҚ: қопақ-қопақ етті *– қопақтады, қопаң-қопаң етті.*

ҚОПАҚТА 1. *Қопақ-қопақ ету.* 2. ***Ауысп.*** *Тынышсыздану, мазасыздану.*

ҚОПАЛАҚ *Қопаңдап қалған, елпілдек, асып-сасып жүретін.*

ҚОПАЛАҚТА *Қопалақ-қопалақ ету, елпелектеу.*

ҚОПАЛЫ *Қопасы бар, қопа баскан.*

ҚОПАҢ: қопаң етті *– орнынан оқыс көтеріліп барып, қайта отырды.*

ҚОПАҢДА *Қопаң-қопаң ету, қозғалақтау.*

ҚОПАР 1. *Жер қыртысын аудару, астын үстіне шығару.* 2. ***Ауысп.*** *Өткенді қазбалау, қайта жаңғырту.*

ҚОПАРҒЫШ *Бір нәрсені қопарып тастайтын.*

ҚОПАРЫЛЫС *Бір нәрсенің қопарылуы; жарылыс.*

ҚОПАРЫНДЫ *Қопарылған жер, топырақ.*

ҚОПАШЫҚ *Көлемі шағын қопалы жер.*

ҚОПАЮ *Күдірею, күжірею, қодыраю.*

ҚОП-ҚОҢЫР *Өте қоңыр.*

ҚОП-ҚОЮ *Өте қою.*

ҚОПСЫ *Тығыз нәрсенің көпсіп көтерілуі.*

ҚОПСЫҚ *Борпылдақ, жұмсақ, бос.*

ҚОПСЫҢҚЫ *Қопсыған, бостау.*

ҚОПСЫТҚЫШ *Бір нәрсені босатып, қопсытуға арналған.*

ҚОР I *Қымыздың ашытқысы.*

ҚОР II 1. *Белгілі бір мақсат үшін жиналған ақша қаражаты, дүние-мүлік.* 2. *Мол жиналған қазына, байлық.* 3. *Бір нәрсенің жиналып қалған қоры.*

ҚОР III *Сорлы, бейшара, байғұс.* ◊ **Қор болды** *– сорлады, соры қайнады.* **Қор етті [қылды]** *– сорын қайнатты, сорлатты.* **Қор тұтты** *– мансінбеді, Төмен санады.*

ҚОР: қор етті *– қорылдап ұйықтап кетті.*

ҚОРА 1. *Мал қамауға арналған орын, жай.* 2. *Есік алдындағы төңірегі қоршалған ашық жер; аула.*

ҚОРАБА *Жиналған байлық; қор.*

ҚОРАБАЛАН *Қорлану, баю.*

ҚОРАБАЛЫ *Қоры мол, бай, дәулетті.*

ҚОРА-ЖАЙ *Мал қамауға, отын-шөп үюге арналған орын, жай.*

ҚОРАЗ *Тауықтың еркегі; әтеш.*

ҚОРАЗДАН 1. *Қоқырайып, қоқиып қимыл көрсету.* 2. ***Ауысп.*** *Мақтанып, масаттану.*

ҚОРА-ҚОПСЫ *Мал қамауға арналған орын; қора-жай.*

ҚОРА-ҚОРА *Өте көп, мол.*

ҚОРАЛА 1. *Малды қорада иіру, қамау.* 2. *Белгілі бір жерді айналдыра қоршау, бекіту.*

ҚОРАЛАН 1. ***ыр. етіс*** *Қорала-н.* 2. *Көпшіліктің әлдебір себеппен белгілі бір жерге жиналып қалуы; топтасу.*

ҚОРАЛАН: күн [ай] қораланды – *күннің айналасы бозғылт сәулесімен шеңберленді.*

ҚОРАЛАП *Қора-қорасымен, топ-тобымен.*

ҚОРАЛАС *Мекенжайы іргелес, қатар жатқан.*

ҚОРАЛЫ *Қорасы бар, қорамен қамтамасыз етілген.*

ҚОРАЛЫҚ *Қора боларлық, қорага жарарлық.*

ҚОРАМ *Көлем, аумақ.*

ҚОРАМА ***көне*** *Оқ құюға арналған қалып.*

ҚОРАМСАҚ *Жебе салып жүруге арналған арнайы қалта.*

ҚОРАП 1. *Бір нәрсенің қатты заттан жасалған сыртқы қабы.* 2. *Арба, шана, машина үстіне орнатылған қоршау.*

ҚОРАПТА *Сыртына қорап жасау.*

ҚОРАПТЫ *Қорабы бар, қорап орнатылған.*

ҚОРАПША *Шағын, кішірек қорап.*

ҚОРАСАН 1. *Шешек ауруын тұңғыш рет емдеп жазған әулие адамның аты.* 2. *Сол адам атымен аталған ауру аты.* ◊ **Қорасанға қой айтты** ***көне*** – *Құдайға жалынып-жалбарынды.*

ҚОРАШ *Көзге олқы көрінетін, жұпыны.*

ҚОРАШСЫН *Көңілі толмау, олқысыну.*

ҚОРАШТАН *Қораш көру, қорашсыну.*

ҚОРАШТАУ *Көзге олқы, жұпынылау.*

ҚОРАШТЫҚ *Қораш болғандық, жұпынылық.*

ҚОРАШЫЛ *Қорага жайлы, қорадан шықпайтын.*

ҚОРБАЛАҢ *Қорбаң-қорбаң еткен қозғалыс; қорбаң.*

ҚОРБАҢ: қорбаң қақты – *қорбаңдады, қорбаң-қорбаң етті.*

ҚОРБАҢДА *Қорбаң-қорбаң ету, ебедейсіз қозғалу.*

ҚОРБАҢ-ҚОРБАҢ: қорбаң-қорбаң етті – *қорбаңдады, қорбалаңдады.*

ҚОРБИ *Кең киім кигендіктен қомпиып көріну.*

ҚОРҒА 1. *Бір нәрсені қауіп-қатерден аман алып қалу, сақтау.* 2. *Біреуге болысу, көмектесу, жақтау.* 3. *Ғылыми атақ алу үшін ғылыми кеңесте өз пікірлерін дәлелдеп шығу.*

ҚОРҒАЛА 1. *Бір нәрсені пана тұту; қорғаныш іздеу.* 2. *Бір нәрсені қорғаштап сақтау.*

ҚОРҒАЛАҚ *Жасқаншақ, именшек, қорғаншақ.*

ҚОРҒАЛАҚТА *Жасқаншақтау, именшектеу.*

ҚОРҒАМПАЗ *Қорғаншақ, бассаугалағыш.*

ҚОРҒАМПАЗДЫҚ *Қорғаншақтық, бассаугалағыштық.*

ҚОРҒАН I 1. *Жау шабуылынан қорғану үшін жасалған қамал, бекініс.* 2. *Бір нәрсені айналдыра соққан қоршау, дуал.* 3. ***Ауысп.*** *Арқа сүйер тірек; пана.*

ҚОРҒАН II 1. ***өзд. етіс*** *Қорға-н.* 2. *Жасқаншақтау, имену, сескену.*

ҚОРҒАНДА *Қорған салу; қоршау, бекіту.*

ҚОРҒАНСЫЗ *Арқа сүйенері, тірегі жоқ, панасыз.*

ҚОРҒАНСЫЗДЫҚ *Қорғаны жоқтық.*

ҚОРҒАНША *Қорған секілді, қорған тәрізді.*

ҚОРҒАНШАҚ *Жасқаншақ, именшек.*

ҚОРҒАНШАҚТА *Қорғану, жасқаншақтау.*

ҚОРҒАНШАҚТЫҚ *Қорғана бергіштік, жасқаншақтық, именшектік.*

ҚОРҒАНЫС *Қорғану бағытында жүргізілетін ұрыс.*

ҚОРҒАНЫСТЫҚ *Қорғай алатындық.*

ҚОРҒАНЫШ 1. *Қорғап, сақтап қалатын нәрсе.* 2. *Қамқоршы, таяныш, сүйеніш.*

ҚОРҒАНЫШТЫҚ *Қорғаныш боларлық, қорғап қаларлық.*

ҚОРҒАСЫН *Сұрғылт түсті, жұмсақ әрі салмақты металл.*

ҚОРҒАСЫНДА *Қорғасын қосу, қорғасын салу..*

ҚОРҒАСЫНДАЙ *Ауыр, салмақты.*

ҚОРҒАСЫНДЫ 1. *Қорғасыны бар, қорғасыны мол.* 2. *Қорғасын қосылған, қорғасын құйылған.*

ҚОРҒАСЫНША *Қорғасын тәрізді, қорғасын секілді.*

ҚОРҒАУШЫ 1. *Біреуді қауіп-қатерден сақтаушы.* 2. *Белгілі бір мүдделі жақтаушы; қамқоршы.* 3. ***заң*** *Сот процесінде қылмысты адамның құқығын жақтаушы; адвокат.* 4. ***спорт*** *Қарсыластар шабуылына тойтарыс беретін ойыншы.*

ҚОРҒАУШЫЛЫҚ *Қорғаушы болушылық, қорғағандық.*

ҚОРҒАУЫШ *Сыртқы әсерлерден сақтайтын жамылғы зат.*

ҚОРҒАШТА *Бір нәрсені қорғау, қору.*

ҚОРДА *Көң, қи т. б. заттардың бірнеше жыл бойы жатқан үйіндісі.*

ҚОРДАЛАН *Көп уақыт бойы жиналу, үйілу.*

ҚОРДАЛЫ 1. *Қорда жиналған, қордасы мол.* 2. ***Ауысп.*** *Қоры көп, қазыналы.*

ҚОРЕК *Өмір сүріп, өсіп-өнуіне қажетті азық, тамақ.*

ҚОРЕКСІЗ *Азықсыз, тамақсыз.*

ҚОРЕКТЕН *Қорек, нәр алу, тамақ жеу.*

ҚОРЕКТІ *Азықтық сапасы мол, кенеулі.*

ҚОРЕКТІК *Қорек боларлық, азықтық.*

ҚОРЕКТІЛЕУ *Қоректік қасиеті молдау, құнарлылау.*

ҚОРЕКТІЛІК *Жүгымдылық, құнарлылық, нәрлілік.*

ҚОРЖАҢ *Қимылы ебедейсіз, қоржиған (адам).*

ҚОРЖАҢДА *Қоржаң-қоржаң ету, ебедейсіз қимылдау.*

ҚОРЖИ *Қорбию, күжірею.*

ҚОРЖЫН *Жолаушы жүргенде әртүрлі нәрсе салу үшін иірген жүннен тоқылған екі басты қап.* □ **Қоржын үй [қора]** — *екі бөлмесі бір-біріне қарама-қарсы салынған үй.* ◊ **Қоржын түбі қағылды** — *азықтары таусылды, сарқылды.* **Қоржыны тоқ** — *табысы мол, олжалы.*

ҚОРЖЫНДА *Қоржын сияқты етіп екі бөлікке бөлу.*

ҚОРЖЫНДАП *Қоржын-қоржын етіп, қоржынын толтырып.*

ҚОРЖЫНША *Қоржын тәрізді, қоржын секілді.*

ҚОРҚ: қорқ еткізді — *қорқылдатты, қорқ-қорқ еткізді.*

ҚОРҚАҚ *Жүрексіз, сүжүрек.*

ҚОРҚАҚТА *Жүрексіздену, сүжүректену.*

ҚОРҚАҚТАУ *Жүрексіздену, сүжүректену.*

ҚОРҚАҚТЫҚ *Жүрексіздік, батылсыздық.*

ҚОРҚАУ 1. *Нағыз жыртқыш қасқыр.* 2. ***Ауысп.*** *Жауыз, залым, озбыр.*

ҚОРҚАУЛАН *Аранын аша түсу, ашкөздену.*

ҚОРҚАУЛЫҚ 1. *Жыртқыштық, қасқырлық.* 2. ***Ауысп.*** *Жауыздық, озбырлық.*

ҚОРҚОР *Темекі, есірткі салып тартатын трубка.*

ҚОР-ҚОР: қор-қор етті — *қорылдаған дыбыс шықты, қорылдады.*

ҚОРҚ-ҚОРҚ: қорқ-қорқ етті — *қорқылдады, қорқырады.*

ҚОРҚЫЛ *Қорқ етіп шыққан дыбыс.*

ҚОРҚЫЛДА *Қорқ-қорқ ету.*

ҚОРҚЫНЫШ *Бір нәрседен қорыққанда пайда болатын сезім; үрей.*

ҚОРҚЫНЫШТЫ *Кісі шошынарлық, үрейлі.*

ҚОРҚЫНЫШТЫЛЫҚ *Зәре-құтын кетіргендік, үрейлілік.*

ҚОРҚЫРА *Қорқылдаған дыбыс шығару, қорқ-қорқ ету.*

ҚОРҚЫТ ***фольк.*** *Халық ауыз әдебиетіндегі ажалдан қашып құтылу*

жолын іздеуші бейне. ◊ **Қайда барсаң Қорқыттың көрі** — *өлімнен қашып құтыла алмайсың.* **Қорқыттың көрі** — *үрей, қайғы-қасірет.*

ҚОРЛА 1. *Қорлық көрсету, жәбірлеу.* 2. ***Ауысп.*** *Біреудің ар-намысына тию, басыну.*

ҚОРЛАН I *Ашу-ыза кернеу, кекке булығу, намыстану.*

ҚОРЛАН II *Мол етіп қор жиып алу, баю.*

ҚОРЛАУШЫ *Қорлық көрсетуші, зорлық-зомбылық етуші.*

ҚОРЛАУШЫЛЫҚ *Қорлық көрсетушілік, азаптаушылық, жәбірлеушілік.*

ҚОРЛЫ *қоры бар; бай, дәулетті.*

ҚОРЛЫҚ 1. *Күштінің әлсізге көрсеткен озбырлығы; жәбір, жапа.* 2. ***Ауысп.*** *Ар, ұят, намыс.* ◊ **Қорлығы өтті** — *намысына әбден тиді, ызасы өтті.*

ҚОРЛЫҚ-ЗОРЛЫҚ *Қиянат, азап, жәбір, жапа.*

ҚОРМАЛ *Қамқор адам.*

ҚОРПЫЛ *Қорп-қорп еткен дыбыс.*

ҚОРПЫЛДА *Қорп-қорп ету.*

ҚОРС: қорс етті — а) *ұшкір нәрсені сұғып алғанда шығатын дыбыс;* ә) *әзіл-оспақты, қалжыңды көтере алмай ашуланып, дүңк ете түсті.*

ҚОРС-ҚОРС: қорс-қорс етті — *жиі қорсылдады.*

ҚОРСАҢ *Қорс-қорс еткендік.* ◊ **Қорсаң етті** — *ашуланды, торсаңдады.*

ҚОРСАҢДА *Ашулану, торсаңдау.*

ҚОРСЫЛ *Шошқаның қорс-қорс еткен үні.*

ҚОРСЫЛДА 1. *Қорс-қорс ету.* 2. ***Ауысп.*** *Мұрнын үздік-үздік тартып жылау.*

ҚОРСЫЛДАҚ *Қорс-қорс етіп қалған, қорсылдаған.*

ҚОРСЫН *Қор санау, қомсыну.*

ҚОРТАҢДА *Қортаң-қортаң ету.*

ҚОРТИ *Бойы қысқа болу, мыртию.*

ҚОРТПА *Бекіре тұқымдас, кәсіптік маңызы зор ірі балық.*

ҚОРТЫҚ *Аласа бойлы, тапал, мыртық.*

ҚОРТЫҚТАУ *Аласалау, тапалдау.*

ҚОРУШЫ *Бір нәрсені қоритын адам.*

ҚОРУЫЛДА *Қору, күзету.*

ҚОРУЫШТА *Қайта-қайта қору, қорғаштау.*

ҚОРША 1. *Бір нәрсені айналдыра бекіту, қоршау жасау.* 2. *Жанжағынан қамап алу.* 3. *Біреуді ортаға алу, қаумалау.*

ҚОРШАМА *Айналасы қоршалған жер; қоршау.*

ҚОРШАМАЛА *Қоршама жасау, қоршау.*

ҚОРШАУ I 1. *Бір нәрсені айнала жасалған шарбақ, бөгесін.* 2. *Бір нәрсені шеңбер жасап қысу әдісі.* 3. *Түс-түстан қаумалағандық, ортаға алғандық.*

ҚОРШАУ II *Көшкенде түйе үстіне балалы әйел отыруға арналған орын; қоршама.*

ҚОРШАУЛА *Қоршау жасау, қоршама қою.*

ҚОРШАУЛЫ *Қоршауы бар, қоршалған.*

ҚОРЫ I *Бір нәрсені басқадан қорғау, қорғаштау, қарауылдау.*

ҚОРЫ II *Асқазандағы тамақтың, түрлі сөлдердің өттің әсерінен еріп, бойға сіңуі.*

ҚОРЫ III *Кен рудасының, металдың жоғары температурада балқуы.*

ҚОРЫҒЫШ *Жақсы қоритын.*

ҚОРЫҒЫШТА *Қайта-қайта қору, қорып жүру.*

ҚОРЫҚ ***I*** 1. *Малға жайлы, шөбі, суы мол жер.* 2. *Шөбін шауып алу үшін, малдың жайылуына уақытша тыйым салынған жер; шабындық.* 3. *Сирек кездесетін аңдар мен жануарларды, құнды өсімдіктерді қорғап өсіретін арнаулы аймақ.*

ҚОРЫҚ II *Бір нәрседен қатты зәресі қалмау, шошу.*

ҚОРЫҚТЫҚ I *Шошынған баланың төбесіне су толтырылған ыдыс қойып, соған ерітілген қорғасынды шыж еткізіп құю арқылы емдеу ырымы.*

ҚОРЫҚТЫҚ II *Отқа қыздырылған тастарды сүт құйылған ыдысқа салып пісірілген сүт.*

ҚОРЫҚТЫҚ III *Қорық боларлық, қорыққа жарарлық.*

ҚОРЫҚШЫ *Қорық қараушы, қарауыл.* 2. *Қорықтардың сақшы күзетшісі, аң шаруашылығының қызметкері.*

ҚОРЫҚШЫЛЫҚ *Қорықшы болушылық.*

ҚОРЫЛ *Қор-қор еткен, қорылдаған дыбыс.*

ҚОРЫЛДАҚ *Үнемі қорылдай беретін, қорылдап ұйықтайтын адам.*

ҚОРЫЛДА *Қорылдаған дыбыс шығару.*

ҚОРЫМ I *Тас, топырақ үйіліп жасалған ежелгі мола, бейіт, қабір.*

ҚОРЫМ II *Өлген адамдардың сүйегі қойылған қалың бейіт.*

ҚОРЫМ III *Тау беткейлеріндегі есіліп, үйіліп жатқан жарықшақ тастар жиыны.*

ҚОРЫМАЛ *Қорымал адам.*

ҚОРЫМДЫ *Қорымы бар, қорымы көп жер.*

ҚОРЫН 1. ***өзд. етіс*** *Қоры-н.* 2. *Бір нәрседен жасқану, тайсалу.*

ҚОРЫНШАҚ *Қорғаншақ, жасқаншақ.*

ҚОРЫНШАҚТА *Қорғаншақтау, жасқаншақтау.*

ҚОРЫС *Бірнеше жыл бойы адам аяғы баспаған, қамысты жер.*

ҚОРЫТ 1. *Ой-пікірді тұжырымдау.* 2. *Бір нәрсенің жалпы есебін шығару, жинақтау.*

ҚОРЫТҚЫШ *Қорытып жіберетін, қорытатын.*

ҚОРЫТПА *Қорытылып алынған металл.*

ҚОРЫТУШЫ *Қорытқан, қорытатын адам.*

ҚОРЫТЫНДЫ *Белгілі бір шешім, байлам, тұжырым.*

ҚОРЫТЫНДЫЛА *Қорытындысын шығару; жинақтау.*

ҚОС I 1. *Бір нәрсеге екінші нәрсені әкеліп біріктіру // **мат.** Бір санды екінші бір санға қосып есептеу.* 2. *Бір нәрсенің үстіне екінші нәрсені үстеу, араластыру.* 3. *Екі жасты үйлендіру.* 4. *Біреуге ақшалай не малдай жәрдем беру.*

ҚОС II *Пар, екі, егіз.* ◊ **Қос бармақ** — *бір бармағы егіз біткен.* **Қос етек** — *етегіне желбір жүргізген, сәнді (көйлек).* **Қос қабат** — *қосарланған, екі қабат.* **Қос қазы *этн.*** — *екі қабырғаны ұштастыра жасалған қазы.* **Қос қолдап** — *екі қолмен ұстап.* **Қос нүкте *лингв.*** — *бірыңғай мүшелердің алдынан келген жалпылауыш сөзден соң қойылатын тыныс белгісі.* **Қос сөз *лингв.*** — *екі сөздің қосарланып айтылуынан жасалған сөз.*

ҚОС III 1. *Белгілі бір жұмысты істеуге шыққан адамдар тобы.* 2. *Осы топтағы адамдар тұратын уақытша баспана.* ◊ **Қос айдады** — *жер жыртты, егін екті.*

ҚОСА *Бірге, үстіне.* ◊ **Қоса қабат** — *қабаттасып, бірге.*

ҚОСАҒАСЫ *Қосқа басшылық етуші адам.*

ҚОСАҚ 1. *Сауу үшін ұзын арқанмен мойындарынан қосақтай байланған қой мен ешкілер тобы.* 2. *Қосақталған мал.* 3. ***Ауысп.*** *Ерлі-зайыпты кісілердің бірі, жары.* ◊ **Қосағынан айырылды** — *жұбайы қайтыс болды.* **Қосағын жазбады** — *үнемі бірге болды, бірге жүрді.* **Қосақ арасында кетті** — *бекерден-бекер күйді.*

ҚОСАҚТА 1. *Қойды қосаққа байлау.* 2. *Екі малды бір-біріне қосып байлау.* 3. ***Ауысп.*** *Біреуге жұбай етіп қосу.*

ҚОСАҚТЫ *Қосағы бар; қосақталған, қосақтаулы.*

ҚОСАЛҚЫ 1. *Қосымша, жанама.* 2. ***спорт*** *Қажет кезінде негізгі ойыншыларды ауыстыратын.*

ҚОСАЛҚЫЛАН *Қабаттасу, қосылу.*

ҚОСАМЖАРЛА *Қабаттасу, қатарласу, килігу.*

ҚОСАР *Атты адамның қатары, жаны.*

ҚОСАРЛА *Парлау, жуптау; қосағына алу.*

ҚОСАРЛАН *Қоса қабаттасу, қосамжарласу.*

ҚОСАУЫЗ *Екі ұңғылы мылтық.*

ҚОСАЯҚ *Екі артқы аяғы мен құйрығы ұзын келген, секектеп жүретін дала тышқаны.*

ҚОСКІНДІК *Жас төлдің кіндігі ісіп ауыратын ауру.*

ҚОС-ҚОС *Екеу-екеу, жүп-жұп.*

ҚОС-ҚОСТАП *Қосарлап, қос-қосымен.*

ҚОСҚЫШ *Екі нәрсені бір-бірімен қосып, жалғастырып тұратын нәрсе.*

ҚОСМҮЙІЗ ***этн.*** *Арқардың, қошқардың мүйізіне ұқсатып салынған ою, өрнек.*

ҚОСПА I *Тары жармасына май мен қант қосып жасалған ұлттық тағам; жент.*

ҚОСПА II 1. *Әртүрлі заттардан қосылған қосынды.* 2. *Бір нәрсенің құрамына қосылған зат.* 3. ***Ауысп.*** *Өтірік, жалған.*

ҚОСПА III *Екі нәрсенің қосылған, түйіскен жері.*

ҚОСПАЖЕМ *Әртүрлі минералды заттардың қоспасынан тұратын жем.*

ҚОСПАҚ I *Айыр түйе мен нарды будандастырудан алынған түйе тұқымы.*

ҚОСПАҚ II *Қосарланған, қатар тұрған.*

ҚОСПАҚТА *Қосарлау, қосақтау.*

ҚОСПАЛЫ *Қоспасы бар, қосылған.*

ҚОССАЙЫС ***спорт*** *Белгілі бір спорттың екі түрі бойынша өткізілетін жарыс.*

ҚОССАЙЫСШЫ *Қоссайыспен айналысатын спортшы.*

ҚОСТА I *Біреудің сөзін мақұлдау, қолдау.*

ҚОСТА II *Қос-қос етіп бөлу, топтау.*

ҚОСТАБАН *Екі тұяқтың арасы ісініп, ірінге толып кететін қой ауруы.*

ҚОСТАС *Бір қостағы, қосы бірге (адам).*

ҚОСТОТЫҚ ***хим.*** *Екі тотықтың қосындысы.*

ҚОСУ ***мат.*** *Сандарды бір-біріне қосатын арифметикалық амал.*

ҚОСШЫ *Біреуге қызмет етуші, күтуші адам.* ◊ **Қосшы одағы [ұйымы]** — *Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ауылды жерде алғаш ұйымдасқан кедей шаруалар ұйымы.*

ҚОСШЫ БИ ***заң*** *Мекемелердің белгілі бір ісіне қатысу үшін сайланылған халық өкілі.*

ҚОСШЫ БИЛІК *Қосшы бидің міндетін атқарушылық.*

ҚОСШЫ-ҚОЛАҢ *Біреудің қасына еріп, қызметін істеп жүрген адамдар.*

ҚОСШЫЛЫҚ *Біреуге қосшы болушылық.*

ҚОСЫЛҒЫШ ***мат.*** *Қосылатын сандар.*

ҚОСЫЛЫС *Бірнеше нәрседен біріккен қосынды, қоспа.*

ҚОСЫМША I *Қосалқы, жанама.* ◊ **Қосымша ақы** ***экон.*** — *нормадан тыс істелген жұмыс үшін төленетін ақша.* **Қосымша бет** — *құжаттарды толтырғанда, жазғанда орын болмағанда жапсырылатын қосымша парақ.* **Қосымша еңбек** — *жұмыскерлердің қосымша жұмыс уақыты ішінде істеген еңбегі.* **Қосымша құн** ***экон.*** — *жалдама жұмысшының еңбегі арқылы оның күшінің құнынан артық алынатын құн.* **Қосымша өнім [табыс]** — *жоспардан тыс алынатын түсім; табыс.* **Қосымша төлем** — *устеп, қалғанын қосып төлеу.*

ҚОСЫМША II ***лингв.*** *Түбір сөзге қосылып, оған жаңа мағына үстейтін морфема.*

ҚОСЫМШАЛЫ *Қосымшасы бар; жалғау немесе жұрнақ жалғанған.*

ҚОСЫН ***көне*** 1. *Жауынгерлер тобы, әскер.* 2. *Жауынгерлер тобы тұратын жер.*

ҚОСЫНДЫ 1. *Әртүрлі нәрседен қосылған қоспа.* 2. ***мат.*** *Бірнеше қосылғыштарды қосқаннан шыққан нәтиже.*

ҚОТАН *Мал түнейтін орын; қора.*

ҚОТАНДА *Малды қорага иіру, қоралау.*

ҚОТАНДАС *Қотаны іргелес, қоралас.*

ҚОТАН-ҚОТАН *Бірнеше қотан, қора-қора.*

ҚОТАНШЫЛ *Қотанды жақсы күзететін, қотан қорығыш.*

ҚОТАР 1. *Сұйық затты бір ыдыстан екінші ыдысқа бірден аудара құю.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір мәтінді бір тілден екінші тілге аудару.*

ҚОТЫР *Адам мен хайуандардың терісінде болатын жұқпалы, қышыма ауру.*

ҚОТЫРАШ *Қотыр-қотыр, бұжыр-бұжыр.*

ҚОТЫРЛАН: **қара қотырланды** — *жарасы жазыла бастады.*

ҚОШ I *Бір-бірінен айырылысар, қоштасар кезде айтылатын сөз.* ◊ **Қош айтты** — *аман-саулық тілеп қоштасты.* **Қош бол!** — *қоштасар кезде амандық, саулық тілеп айтылатын сөз.*

ҚОШ II *Ұнамды, жағымды; құптаған.* ◊ **Қош алды** — *құптады, мақұлдады.* **Қош көрді** — *ұнатты.*

ҚОШАҚАН 1. *Қойдың жас, кішкене қозысы.* 2. ***Ауысп., экспр.*** *Кішкене баланы еркелеткенде айтылатын сөз.*

ҚОШЕМЕТ *Біреуге жасалған сый, құрмет, қолпаш.* ◊ **Қошемет білдірді [көрсетті]** — *құрметтеді, сыйлады.*

ҚОШЕМЕТТЕ *Құрмет білдіру, сыйлау.*

ҚОШЕМЕТШІ *Қошемет еткен, сыйлаған; құрметтеуші.*

ҚОШЕМЕТШІЛ *Қошемет ете білетін, қошеметқұмар.*

ҚОШ-ЕСЕН: қош-есен бол — *қош-сау бол.*

ҚОШҚАР *Қойдың күйекке түсетін піштірілмеген еркегі.* ◊ **Қошқартұмсық** — *мұрны қоңқиған.*

ҚОШҚАРДАЙ *Ірі, үлкен.*

ҚОШҚАРЛЫҚ *Қошқар болғандық.*

ҚОШҚАРМҮЙІЗ *Қошқардың мүйізі тәрізді ою, өрнек.*

ҚОШҚАРША *Қошқар тәрізді, қошқар секілді.*

ҚОШ-ҚОШ *Қойды тыныштандыру немесе иіту үшін айтылатын ишарат сөз.*

ҚОШҚЫЛ *Қара қоңыр; күреңдеу.*

ҚОШҚЫЛДАН *Қошқыл тарту, күреңдену.*

ҚОШҚЫЛДАУ *Қара қоңырлау, күреңдеу.*

ҚОШҚЫЛТ *Сұйықтау қара қоңыр; ақшыл күрең.*

ҚОШ-САУ: қош-сау бол — *аман-есен бол.*

ҚОШТА *Біреудің пікірін қолдау, құптау.*

ҚОШТАС *Қош айтысу, "қош бол" деу.*

ҚОШТЫҚ: көңіл қоштығы — *көңілдің жай тапқандығы.*

ҚОЮ 1. *Сұйық емес.* 2. ***Ауысп.*** *Қалың, тығыз, жиі.*

ҚОЮЛА *Қою ету, қойылту.* 2. ***Ауысп.*** *Жиілену, тығыздалу.*

ҚОЮЛАУ *Қоюланыңқырап кеткен, қоюырақ.*

ҚОЮЛЫҚ 1. *Сұйық еместік.* 2. ***Ауысп.*** *Жиілік, тығыздық, қалыңдық.*

ҚОЯ 1. *Құстың бөтегесі мен иттің асқазанында қорытылмай қалып қойған жарамсыз зат.* 2. ***Ауысп.*** *Іште жасырын жатқан сыр, былық.* ◊ **Қоясын шығарды [ақтарды]** — *жасырын сырын ашып масқара қылды, әшкереледі.*

ҚОЯБА *Құстың қоясы.*

ҚОЯЛА *Қоя жиналып қалу.*

ҚОЯЛАТ *Қоясын түсіру, құстыру.*

ҚОЯН 1. *Кеміргіштер тобына жататын ұзын құлақ сүтқоректі жабайы әрі үй хайуаны.* 2. *Ескіше жыл қайырудағы төртінші жылдың аты.* □ **Қоян ерін** — *қоянның ерні сияқты жырық ерін.* **Қоян жақ** — *қоянның жағы сияқты шығыңқы жақ.* **Қоян жон** — *Қоянның жоны тәрізді дөңес келген.* ◊ **Қоян жүрек** — *қорқақ, сүжүрек.*

ҚОЯНЕРІН ***бот.*** *Жапырақтарының жиегі қоянның ерні сияқты дәрілік шөп.*

ҚОЯНЖЫРЫҚ I *Адамның үстіңгі ерні жырық болып біткен кемістік.*

ҚОЯНЖЫРЫҚ II *Жапырақтары сопақша, үш-беске тармақталған, гүлдері жиналып, масақ тәрізденіп сабақ басына орналасқан, биіктігі 25–45 см, кішілеу келген тікенді бұта.*

ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ *Аралас-құралас, тығыз бірлікте.*

ҚОЯН-ҚОЛТЫҚТАС *Араласу, тығыз бірлікте болу.*

ҚОЯНҚҰЙРЫҚ ***бот.*** *Астық тұқымдасына жататын шөп.*

ҚОЯНСҮЙЕК ***бот.*** *Құмды жерлерде өсетін бұта.*

ҚОЯНТОБЫҚ ***бот.*** *Тамыр түйнегі жеуге жарамды, көпжылдық құм өсімдігі.*

ҚОЯНШӨП ***бот.*** *Лалагүл тұқымдасына жататын, көген тамырлы көпжылдық өсімдік.*

ҚОЯНШЫҚ 1. *Аузынан ақ көбік ағып, талып жығылатын ұстамалы ауру; талма.* 2. ***Ауысп.*** *Жынды, есер, есалаң.* ◊ **Қояншығы ұстады** – *қырсығып қалды, жынданды.*

ҚОЯРДА-ҚОЙМАЙ *Жалынып-жалбарынып, қыр соңынан қалмай.*

ҚУ I *Иілген ұзын мойынды, әдемі су құсы; аққу.*

ҚУ II 1. *Кеуіп кеткен, құрғақ // Әбден кеуіп кеткен, құрғақ.* 2. ***Ауысп.*** *Құрғыр, құрып кеткір.* 3. ***Ауысп.*** *Опасыз, баянсыз, жалған.* □ **Қу басы** – *бір өзі, қарақан басы.* **Қу дала [медиен, жапан]** – *елсіз, сусыз құла түз.* ◊ **Қу ауыз** – *бардың өзін жоқ деп отыратын адам.* **Қу аяқ** – *залым, зымиян, сұмырай.* **Қу бас** – *балалары өлген немесе бала көрмеген адам.* **Қу бастан қуырдақ ет алды** – *жоқтан бар жасайтын адам.* **Қу борбай** – *құшиған, келісімсіз.* **Қу жақ** – *сарнап-қақсап қалған.* **Қу жаны қуырдақ болды** – *жаны қалмады, бәйек болды.* **Қу құдай** – *ренжігенде айтылатын сөз.* **Қу маңдай** – *бағы ашылмаған, сорлы.* **Қу мүйіз** – *әккі болған, ысылған (адам).* **Қу сирақ** – *дөнеқесі жоқ, кедей; жарымаған.* **Қу сүйек** – *арық, еті қашқан.* **Қу тақым** – *мінген аты өле беретін сұмырай.* **Қу таңдай** – *таңдайы тақылдап қалған, сөзуар.* **Қу тұяқ** – *қу, сұм, сұмырай.* **Қу тізесін құшақтады** – *әйел алмады, үйленбеді.* **Қу тілденді** – *қуланды, қуақыланды.* **Қу тілді** – *күлдіргі, әзілқой.*

ҚУ III *Темір, тас шақпақпен от тұтату үшін, арнайы мақтадан әлде сиырқұйрық сияқты шөптің бүрінен әзірлеп қойған зат.*

ҚУ IV 1. *Айлакер, амал тапқыш.* 2. ***Ауысп.*** *Алаяқ, сұм, сұмырай.*

ҚУ V 1. *Біреудің соңына түсу, жүгіру.* 2. *Біреуді жүрген жерінен кетіру.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің соңына түсу, ынтығу.*

ҚУАҚЫ *Әзілқой, күлдіргі, қалжыңбас.*

ҚУАҚЫЛАН *Қулану, құтыну қағу.*

ҚУАҚЫЛАУ *Қу тілділеу; аздап қуақы.*

ҚУАҚЫЛЫҚ *Қуақы болғандық, қу тілділік.*

ҚУАЛА 1. *Ұстап алу үшін қашқанның артынан қуу.* 2. *Бір нәрсенің ізіне түсу, өкшелеу.* 3. *Малды алдыға салып жеделдете айдау, тез жүргізу.* 4. *Малды, құсты бір жаққа айдап тастау; үркіту.* 5. *Біреуді тұрған жерінен күшпен айдап шығу.* 6. ***Ауысп.*** *Қызметтен қуу, жұмыстан шығару.* 7. *Бір жаққа еріксіз жіберу, жұмсау.* 8. *Бір нәрсенің бойын бойлау, жағалау.* 9. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің соңына түсу, соны діттеу.*

ҚУАЛАҒЫШ: тұқым қуалағыш – *тұқымнан тұқымға ауысатын, тегіне тартатын.*

ҚУАЛАҢДЫ *Көп қуылған, қуғынды.*

ҚУАЛАСПАҚ *Балалардың бірін-бірі қуалап ойнайтын ойыны.*

ҚУАН *Бір нәрсеге мәз болу, шаттану.*

ҚУАНЫШ 1. *Бір нәрсеге қуану сезімі; шаттық.* 2. ***Ауысп.*** *Біреудің көңілге медеу тұтарлық жұбанышы, қызығы.*

◊ **Қуаныш әкелді** – *қуантты, қуанышқа кенелтті.* **Қуанышқа батты [бөленді, кенелді]** – *мәз болды, шаттанды.* **Қуанышқа бөледі** – *қуантты, мәз етті.* **Қуаныш білдірді** – *бірге қуанды, қосыла қуанды.* **Қуаныш етті [қылды, көрді]** – *қуанды, мәз болды.* ◊ **Қуаныш құтты [қайырлы] болсын** – *қуанышты адамға айтылатын игі тілек.* **Қуанышында шек жоқ [шек болмады]** – *қатты қуанды, шаттанды.* **Қуанышын жасыра [ішіне сыйғыза] алмады** – *мәз болды, шаттанды.* **Қуанышыңды жер көргір** ***қарғ.*** – *жастай солғыр!* **Қуаныштан жүрегі жарылып кете жаздады** – *қатты қуанды, шаттанды.* **Қуанышы қойнына сыймады** – *мәз болды, шаттыққа бөленді.*

ҚУАНЫШТА *Қуаныш ету, қуану.*

ҚУАНЫШТЫ *Қуанышы мол; ризалық сезімге бөленген.*

ҚУАНЫШТЫЛЫҚ *Қуанышқа бөленгендік, қуангандық.*

ҚУАҢ 1. *Ылғалы тапшы, шөлшөлейтті.* 2. *Жауын-шашынсыз, құрғақ.* 3. ***Ауысп.*** *Құқыл тартқан, бозарған.* ◊ **Қуаң тартты** – *а) жауын-шашын болмай, жер беті сарғайып кетті; ә) өңі құқылданды, түсі қашты.*

ҚУАҢДАНУ 1. *Жауын-шашын болмай құрғай бастау, сарғаю.* 2. ***Ауысп.*** *Өңі қашу, бозару.*

ҚУАҢДАУ 1. *Жауын-шашыны аздау, құрғақтау.* 2. ***Ауысп.*** *Жүзі құқылдау, бозарыңқы.*

ҚУАҢДЫҚ 1. *Жауын-шашынсыздық, құрғақшылық.* 2. ***Ауысп.*** *Өңі қашқандық, құқыл тартқандық.*

ҚУАҢШЫЛЫҚ *Жауын-шашынсыздық, құрғақшылық.*

ҚУАР 1. *Күнге күйіп қуару, сарғаю.* 2. ***Ауысп.*** *Өңі қашу, бозару, құқылдану.* 3. ***Ауысп.*** *Бала-шағасынан айырылып, жалғыз басы қалу.*

ҚУАРҒАН *"Қуарған", "соры қайнаған".*

ҚУАРҒЫР *"Қуарып қалғыр", "құрығыр".*

ҚУАРЛА *Бір нәрсені қазбалау, қудалау.*

ҚУАРЫҢҚЫ 1. *Аздап қуара бастаған, қуаң тартқан.* 2. ***Ауысп.*** *Өңі құқыл тартқан, бозарыңқы.*

ҚУАТ 1. *Күш, әл, дәрмен.* 2. *Күнделікті ішетін астан алынатын, адам тіршілігіне қажетті нәр; каллорий.* 3. ***физ.*** *Нақты уақыт бірлігі ішінде істелген жұмысқа тән физикалық шама; энергия.* 4. ***экон.*** *Өндіргіш күш; пәрмен, қарқын.* 5. ***Ауысп.*** *Медеу, тірек, сүйеніш.* ◊ **Қуат алды** – *қуаттанды, жігерленді.* **Қуат берді** – а) *әлдендірді, күш қосты;* ә) *қайраттандырды, жігерлендірді.* **Қуат болды** – *медеу тұтты, сүйеніш етті.* **Қуат етті [қылды]** – *көңіліне демеу тұтты, дәтке қуат етті.* **Қуат кетті** – *күші кеміді, әлсіреді.* **Қуат көрді [тұтты]** – *демеу санады, тірек тұтты.* **Қуаты артты** – *шамашарқы өсті, күшейді.* **Қуаты қайтты** – *әлі кетті, күші азайды.*

ҚУАТСЫЗ 1. *Күш-қуаты аз, әлсіз, қайратсыз, жігерсіз.* 2. *Қауқары жоқ, нәрі аз.*

ҚУАТСЫЗДЫҚ 1. *Күшсіздік, әлсіздік.* 2. *Қауқарсыздық, нәрсіздік.*

ҚУАТТА *Біреудің пікірін қолдау, қоштау.*

ҚУАТТАН 1. *Әлдену, күш жию.* 2. *Жігерлену, қайраттану.*

ҚУАТТЫ 1. *Қуаты мол; әлді, қайратты, қауқарлы (адам).* 2. *Ауыр жұмыс атқаратын, мүмкіндігі мол (техника).* 3. *Экономикалық жағынан күшті дамыған мықты (ел).* 4. *Энергиясы өте жоғары.* 5. *Калориясы мол, майлы.* 6. *Қарқынды, пәрменді.* ◊ **Қуатты ма?** – *аман-есен бе, сау-саламат жүр ме?*

ҚУАТТЫЛАУ *Күштірек, әлдірек.*

ҚУАТТЫЛЫҚ 1. *Қайраттылық, әлділік.* 2. *Күштілік, мықтылық.* 3. *Экономикалық жағынан күшті дамығандық.* 4. *Энергия молдығы.* 5. *Калориясының көптігі; майлылық.* 6. *Қарқындылық, пәрмендік.*

ҚУАТТЫРАҚ *Күштірек, әлдірек, мықтырақ.*

ҚҰҒЫН 1. *Қуушылық, қуу әрекеті.* 2. *Біреудің соңына түсушілік, құдалаушылық.* ◊ **Құғынға салды** — *біреуді құғындады, құдалады.* **Құғынға түсті [ұшырады]** — *құғын көрді.* **Құғында болды** — *құғында жүрді, құғын көрді.* **Құғында жүрді** — *құдаланды, қашып-пысып күн көрді.* **Құғын көрді** — *құғынға түсті.*

ҚҰҒЫНДА 1. *Құғын салу, қуу.* 2. ***Ауысп.*** *Құдалау, соңына түсу.*

ҚҰҒЫН-СҮРГІН *Аласапыран кез.* ◊ **Құғын-сүргінге түсті [салды, ұшырады]** — *құғын көрді, құдаланды.* **Құғын-сүргін көрді** — *құғындалды, құдаланды.*

ҚҰҒЫНШЫ *Қуып келе жатқан адам; қуушы.*

ҚҰҒЫНШЫЛЫҚ *Біреудің соңына түсушілік; құдалаушылық.*

ҚҰҒЫШТА *Қайта-қайта қуу, қуа беру.*

ҚҰДАЙ *Аппақ, ақ.*

ҚҰДАЛА 1. *Біреудің артына түсу, қыр соңынан қалмау.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені қазбалап сұрау.*

ҚҰДЫРЛА *Құдыр-құдыр ету, қаудырлау.*

ҚҰЖАҢ *Қутың қаққан, жылмыңдаған.*

ҚҰЖАҢДА *Қутыңдау, жылмың қағу.*

ҚҰЖАУЫРЫН *Жөнсіз міністен болатын жылқы ауруы.*

ҚҰЖЫҢДА ***қ.*** *Кужаңда.*

ҚҰЗА 1. *Бір нәрсені қозғау, ысыру, қаузау.* 2. *Бір нәрсені реттеу, жинастыру.* 3. *Көлікті жеделдете бастыру, тездету.*

ҚҰҚҰМАЛАҚ *Уақ малда болатын ауру.*

ҚҰҚЫЛ *Қан-сөл жоқ, бозарған.* ◊ **Құқыл жүзді [өңді]** — *жүзі құқыл тартқан.*

ҚҰҚЫЛДАН *Өңі бозару, сұрлану.*

ҚҰҚЫЛДАУ *Аздап бозарған, сұрқай.*

ҚҰЛА 1. *Бір нәрсенің бойын жағалау; қуалау.* 2. *Бір нәрсені кеулеу, үңгу.*

ҚҰЛАН *Қуақылану, айлакерлену.*

ҚҰЛАУ *Аздаған құлығы бар, айлакерлеу.*

ҚҰЛЫҚ I 1. *Алдамшы іс-әрекет; амал, айла, тәсіл.* 2. *Залымдық, арамдық.* ◊ **Құлығы көген басынан аспады** — *құлығы алысқа бармады, тез әшкере болды.* **Құлығына құрық [найза] бойламас** — *нағыз алаяқ, қу, сұм.* **Құлыққа салды [барды, көшті]** — *құлық істеді, амалдады.* **Құлық сақтады** — *арамдық ойлады, айла жасады.* **Құлық сауды [қуалады]** — *үнемі арамдық етті.*

ҚҰЛЫҚ II *Тұмса құлындаған жас бие.* ◊ **Құлық құлындады** — *бірінші рет құлындады.*

ҚҰЛЫҚ-СҰМДЫҚ 1. *Амал-айла, айлакерлік.* 2. *Залымдық, зұлымдық.* ◊ **Құлық-сұмдығы жоқ [құлық-сұмдықты білмейтін]** — *ақпейіл, адал, жаны таза.*

ҚҰЛЫҚШЫЛ *Қу, айлакер, алдамшы.*

ҚҰЛЫҚШЫЛДАУ *Аздап қу, айлакерлеу.*

ҚҰМА *Бірден-бірге ауысқан, бір-біріне жалғас.* ◊ **Құма құдалық** — *үш-төрт адамның бір-біріне қыз беріп-қыз алысатын құдалығы.*

ҚҰМАДАН *Қам кірпішті өртеп, қыш жасайтын пеш.*

ҚҰМАЛА *Қуа беру; қазбалау.*

ҚҰНА 1. *Демалу, тыныгу.* 2. *Тыңаю, ширау, құлпыру.* 3. ***Ауысп.*** *Құлпыру, жайнау, тазару.*

ҚҰНАҚ *Тың, ширақ, құнақы.*

ҚҰНАҚТЫҚ *Ширақтық, құнақылық.*

ҚҰНАҚЫ *Ширақ, тың, сергек.*

ҚҰНАҚЫЛАН *Тыңаю, ширау, құлпыру.*

ҚҰНАҚЫЛАУ *Ширақтау, тыңырақ, пысықтау.*

ҚҰНАҚЫЛЫҚ *Ширақтық, сергектік, пысықтық.*

ҚҰНАҢ: құнаң қақты — *ойнақ салды, секектеді.*

ҚҰНАҢДА *Ойнақ салу, секектеу.*

ҚҰРА 1. *Ылғалдың жетіспеуі салдарынан өсімдіктің құрап кетуі; солу, сарғаю.* 2.

Бір нәрсенің күнге қақталып, қатты кеуіп кетуі; құрғау. 3. **Ауысп.** *Құру, жоқ болу.* ◊ **Қурап қалсын** — *қараң қалсын, құрысын.* **Қурап отыр** — *түгі жоқ, жетіспейді.*

ҚУРАЙ ***биол.*** I 1. *Биік болып өсетін шөп тектес, ірірек өсімдіктердің жалпы атауы.* 2. *Осы өсімдіктердің мал жемейтін қатты сабағы.* ◊ **Қурай басын сындырмайды** — *тұк істемейді, еңбек етпейді.*

ҚУРАЙ II ***муз.*** *Көне музыкалық аспап.*

ҚУРАЙДАЙ *Жіп-жіңішке; ұп-ұзын, сойдиған.*

ҚУРАЙ ЖУСАН ***бот.*** *Жусан туысына жататын бір не екі жылдық шала бұта.*

ҚУРАЙЛАН *Шөп тектес өсімдіктер іріленіп, қатайып кетуі.*

ҚУРАЙЛЫ *Курайы бар, курай өскен.*

ҚУРАЙ-СУРАЙ ***қарап.*** *Курай және тағы басқа сол сияқты заттар.*

ҚУРАЙШЫ *Курай музыкалық аспабында ойнаушы адам.*

ҚУРАҚ *Кеуіп кеткен, құраған; құрғақ.*

ҚУРАТ 1. ***өзг. етіс*** *Кура-т.* 2. **Ауысп.** *Сорын қайнату, сорлату, құрту.*

ҚУРЫЛ *Құрысу, бүрісу; кішірею.*

ҚУСАҚ *Тұмса бұзаулаған сиыр.*

ҚУСЫН *Ку болғансу, өзін-өзі қу санау.*

ҚУСЫР 1. *Екі нәрсені айқастыра қосу, біріктіру.* 2. *Бір нәрсені шетінен бастап ысыру, бөксеру.* 3. *Қысу, ығыстыру, тықсыру.* 4. *Белгілі бір жас мөлшеріне жақындау, алқымдау.*

ҚУСЫРМА *Кусырылған, құсырылып келген.*

ҚУСЫРМАЛА *Екі жақтан қысу, құсыру.*

ҚУСЫРЫҢҚЫ *Аздап құсырылған, қысыңқы.*

ҚУТҰМСЫҚ ***зоол.*** *Тропиктік аймақта өсетін қаздың бір түрі.*

ҚУТҰҚ *Тұяқтың сырты қабыршақтанып, жарылып, айналасы білеуленіп ісіп кететін жылқы ауруы.*

ҚУТҮЛЕК *Кейде жаңа деп те аталатын сегіз жасар бұркіт.*

ҚУТЫҢ *Куланған адамның сырт пішініндегі өзгеріс.* ◊ **Қутың қақты** — *қутың-қутың етті, қуланды.*

ҚУТЫҢДА 1. *Қутың қагу, қулану; ойнақылану.* 2. *Құлдыраңдау, бұлтаңдау; қунақылану.*

ҚУТЫҢ-ҚУТЫҢ *Қайта-қайта қутыңдаған кейіп.* ◊ **Қутың-қутың етті** — *қутыңдады, қуланды.*

ҚУШИ *Кішірею, бүрісу, тарылу.*

ҚУШИЫҢҚЫ *Қушиған, бүріскен.*

ҚУШЫКЕШ *Әзілқой, күлдіргі.*

ҚУШЫКЕШТЕН *Қулану, әзіл айту.*

ҚУШЫКЕШТЕУ *Аздап сайқымазақтау, күлдіргі.*

ҚУШЫКЕШТІК *Кулангандық, қушыкештенгендік.*

ҚУШЫҚ *Кушиган, тар; бүрісіңкі.* ◊ **Қушық бет** — *беті сопиган.* **Қушық шеке** — *шекесі қушиган, тар маңдайлы.*

ҚУШЫҚТАЛ *Кусырылу, тарылу.*

ҚУШЫҚТАУ *Аздап қушиган, кусырылыңқы.*

ҚУШЫҚТЫҚ *Кушигандық, бүрісіңкілік.*

ҚУЫҚ *Адам мен жан-жануарлардың несеп жиналатын ішкі органы.* ◊ **Қуық байлану** — *қуыққа жиналған несептің бөлініп сыртқа шыға алмау кеселі.* **Қуық бас** — *кішкене, шақша бас.*

ҚУЫҚТАЙ *Жіңішке, тар, қушиган.*

ҚУЫМПАЗ *Бір нәрсені қуа беретін, қуганды жақсы көретін.*

ҚУЫМПАЗДЫҚ *Қуа бергіштік, қуганды ұнатушылық.*

ҚУЫНДЫ *Әрі-бері қуылған, тыным көрмеген.*

ҚУЫНЫМ: қуынум жасау — *қайтадан іс қозгау, шағымданып тергеуге беру.*

ҚУЫР I 1. *Бір нәрсені қызған қазанға салып, араластыра отырып пісіру.* 2. *Етті, картопты қыздырылған майға су қоспай пісіру.* 3. ***Ауысп.*** *Күннің қатты қыздыруы; күйдіру.* 4. ***Ауысп.*** *Екі аягын бір етікке тығу, жанын шығару.*

◊ **Қуырып жеді** — *жанын шығарды, апшысын қуырды.*

ҚУЫР II *Ащы заттың тілді, ауызды тызылдатып ашытуы.*

ҚУЫРДАҚ *Туралып, майға қуырып пісірілген ет, тағам.*

ҚУЫРДАҚТЫҚ *Қуырдақ болар лық, қуырдаққа жарарлық.*

ҚУЫРДАҚШЫЛ *Қуырдақты жақсы көретін, қуырдақты ұнататын.*

ҚУЫР-ҚУЫР: қуыр-қуыр қуырмаш — *балалардың қуырмаш ойынын ойнау кезінде айтылатын сөз.*

ҚУЫРМАШ *Балалар ойынының аты.*

ҚУЫРШАҚ I 1. *Сәби бейнесіндегі қыз балалар ойыншығы.* 2. *Осы ойыншықпен ойнайтын ойын.* 3. ***Ауысп.*** *Әркімнің еркінде кететін, біреудің айтқанын істейтін адам.* ◊ **Қуыршақ театры** — *қуыршақтар арқылы ойын көрсететін балалар театры.*

ҚУЫРШАҚ II *Жәндіктер дамуының дернәсіл мен жанды жәндік аралығындағы қозғалмайтын, қоректенбейтін даму сатысы.*

ҚУЫРШАҚТАЙ *Кіп-кішкентай, әдемі.*

ҚУЫРШАҚТАН *Жәндік дернәсілінің қуыршақ сатысына өтуі.*

ҚУЫРШАҚША *Қуыршақ тәрізді, қуыршақ секілді.*

ҚУЫРЫМ: бір қуырым — *бір рет қуыруға жарарлық.*

ҚУЫС 1. *Бір нәрсенің ішіндегі бос жер; кеуек.* 2. *Ішіне бір нәрсе қою үшін жасалған бір жағы ашық ойық.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің көзден таса, қалтарыс жері; түкпір.* □ **Қуыс ине** ***мед.*** — *укол салу немесе қан алу үшін қолданылатын медициналық құралдың үш жағы.* **Қуыс үй** — *үй аты бар жай; үй атаулы.* ◊ **Қуыс кеуде** — *қолынан еш нәрсе келмейтін, дәрменсіз.* **Қуыс қурай** — *еш нәрсеге шамасы келмейтін, қауқарсыз, бос.*

ҚУЫС-ҚУЫС *Қуысы көп, бірнеше қуысы бар.*

ҚУЫСҚҰЛАҚ I *Ағашты үңгіп шабу үшін, екі жақтауы ішіне қарай иілдіре жасалған шот.*

ҚУЫСҚҰЛАҚ II *Екі шеті (жақтауы) ішке қарай иіліп келген үлкен күрек.*

ҚУЫСҚҰЛАҚ III *Үшы қуыс жуан біз.*

ҚУЫСПАҚ *Бірін-бірі қуалап ойнайтын балалар ойыны.*

ҚУЫСТА 1. *Қуыс жасау, қуыс ету.* 2. *Үңгу, үңгірлеу.*

ҚУЫСТАН 1. ***ыр. етіс*** *Қуыста-н.* 2. *Бір нәрседен сезіктену, күдіктену, секем алу.*

ҚУЫСТАУ *Аздаған қуыс, қуысырақ.*

ҚУЫСТЫ *Қуысы бар, қуыс жиі кездесетін.*

ҚУЫСТЫҚ 1. *Қуыс болар лық.* 2. *Сезіктілік, күдіктілік.*

ҚҰБА *Ақшыл сұр, бозғыл, сұрқай (түс).* □ **Құба жон** — *сұрқай тартқан үстірт (дөңес).* **Құба қалмақ** ***көне*** — *ойраттардың ерте кездегі аты.* **Құба тал** ***бот.*** — *сабағы жіңішке, әрі майысқақ боз түсті тал.* **Құба түз [дүз]** — *қу медиен, шөл дала.* ◊ **Құба төбел** — *жұпыны, орташа.*

ҚҰБАҚАН 1. *Ақ пен боздың аралығындағы түс; сұр.* 2. ***Ауысп.*** *Қарапайым, жұпыны; орташа.*

ҚҰБАҚАНДАУ *Сұр, сұрғылт, сұрқай.*

ҚҰБА-ҚҰП *Жақсы, дұрыс, орынды.*

ҚҰБАЛАН *Құба түске ену, сұрғылтану, сұрлану.*

ҚҰБАЛАУ *Құбаға жақын; ақшыл сұр.*

ҚҰБАҢ 1. *Ақшыл, бозғылт; құба.* 2. *Сұр, сұрғылт.* ◊ **Құбаң тартты** — *ақшыл тартты, бозарды.*

ҚҰБАРЛАН ***көне*** *Құмай тазы.*

ҚҰБАША *Аққұба, ақшыл.*

ҚҰБЫЖЫҚ 1. ***миф.*** *Қорқынышты бейнелі мақұлық.* 2. ***Ауысп.*** *Қорқынышты зат, шошынарлық нәрсе.* ◊ **Құбыжық болды** — *қорқынышты көрінді, шошыт-*

ты. **Құбыжық көрді** — *қорықты, шошынды. Құбыжық қып [етіп] көрсетті.*

ҚҰБЫЖЫҚТАН *Қорқынышты болу, шошыту.*

ҚҰБЫЖЫҚТЫҚ *Қорқыныштылық, үрейлілік.*

ҚҰБЫЛ 1. *Әлденеше түске ену, сан түрлі бояумен түрлену.* 2. *Бір қызарып, бір бозару; түсі өзгеру.* 3. *Тұрақсыз күй таныту.* 4. ***Ауысп.*** *Жалт-жұлт ету, құлпыру.* 5. ***Ауысп.*** *Айнып қалу, жалт беру.*

ҚҰБЫЛА 1. *Намаз оқыған кезде бет қарататын жақ, Мекке жақ.* 2. ***Ауысп.*** *Оңтүстік-батыс жақ.* ◊ **Құбылаға бас қойды [берді]** — *басын құбыла жаққа қаратып, намаз оқыды.*

ҚҰБЫЛАНАМА 1. *Дүниенің төрт жағын көрсететін аспап; компас.* 2. ***Ауысп.*** *Бағыт сілтер, жол көрсетер белгі.*

ҚҰБЫЛҒЫ 1. *Тіршілік ететін орта жағдайына сәйкес түсін тез құбылтатын ыстық жақты мекендейтін кесірткенің бір түрі.* 2. ***Ауысп.*** *Жеке басының пайдасы үшін ой-пікірін, көзқарасын өзгерте қоятын тұрақсыз, құбылмалы адам.*

ҚҰБЫЛҒЫШ *Жиі-жиі құбылып тұратын, өзгергіш, айнығыш.*

ҚҰБЫЛҒЫШТЫҚ *Құбыла бергіштік, айнығыштық.*

ҚҰБЫЛЖЫ 1. *Құбылу, өзгеру.* 2. *Дауыстың түрліше толқуы; тамылжу.*

ҚҰБЫЛМАЛЫ 1. *Түрлі түске еніп, құбылып тұратын.* 2. *Бірде олай, бірде бұлай болып өзгеріп тұратын, өзгергіш.* 4. *Түрліше ырғақпен, сазбен айтылатын; құйқылжыған.*

ҚҰБЫЛМАЛЫЛЫҚ *Жиі өзгеріп, құбылып тұратындық; құбылғыштық.*

ҚҰБЫЛТАС *Сан түрлі түске еніп, құбылып тұратын асыл тас; александрит.*

ҚҰБЫЛЫМПАЗ *Құбыла беретін, өзгерімпаз.*

ҚҰБЫЛЫС 1. *Қоршаған ортада болып тұратын әртүрлі өзгеріс.* 2. *Адамның бет-бейнесіндегі, ішкі дүниесіндегі өзгеріс.*

ҚҰБЫР *Сұйық заттарды жер асты арқылы өткізу үшін металдан жасалған іші қуыс зат; труба.*

ҚҰДА *Ерлі-зайыпты адамдардың ата-аналары, ересек туған-туыстары бір-біріне құда болып саналады.* ◊ **Құда болды** — *қыз беріп, қыз алысты.* **Құда тарту** ***этн.*** — *қыз ұзату тойында құдаларды суға сүйрел, ырым алатын ойын-сауық.* **Құда түсті** — а) *біреудің қызын баласына айтты ра барды;* ә) *бір нәрсені қолқалап сұрады.* **Құда да тыныш, құдағи да тыныш** — *ешқандай дау-дамай жоқ; бәрі де орнында.*

ҚҰДА БАЛА *Құдасының баласы (ұлы), құдасының жасы кіші туысы.*

ҚҰДАҒИ *Күйеу мен қалыңдықтың шешелері бір-біріне құдағи саналады.*

ҚҰДАҒИЛЫҚ *Құдағи болғандық.*

ҚҰДАЖАН *"Құда" сөзінің сыпайы түрде айтылуы.*

ҚҰДА-ЖЕГЖАТ *Құда және оның туыстары.*

ҚҰДАЙ 1. ***діни*** *Бүкіл ғаламды жаратушы; Алла тағала, Құдірет.* 2. ***Ауысп.*** *Ең мықты, әмірші, бастық.* ◊ **Құдай айдап** — *тәңірдің жазуымен, дәм бұйырып.* **Құдай ақы [ақына]** — *ешқандай өтірігі жоқ, шын.* **Құдай алдында сұраусыз** — *ешбір сұрауы жоқ.* **Құдай алмады** — *өлмеді, құрымады.* **Құдай атқан [атқыр]** — *құраған, оңбаған, құдай ұрған.* **Құдай атты [ұрды]** — *ісі оңға баспады, қырсық шалды.* **Құдай басқа бермесін [салмасын]** — *ешкімнің басына кезіктірмесін.* **Құдай берді** — *сәті түсті, ыңғайы келді.* **Құдай бетін көрсетпесін** — *бетін аулақ қылсын.* **Құдай бұйырса [бұйыртса]** — *сәті түссе, орайы келсе; Тәңір жазса.* **Құдай біледі** — *анығын қайдам, менің ойымша.* **Құдай білсін [бір Құдайдың өзі білсін]** — *негайбыл, белгісіз.* **Құдайға аманат** — *бір Құдайға тапсырдым.* **Құдайға жазған** — *айыпқа батқан, күнәкар.* **Құдайға жазды** — *күнәлі, жазықты*

болды. **Құдайға құлшылық қылды [етті]** – *Аллаға жалбарынды.* **Құдайға [бір құдайға] тапсырды** – *біреудің амандесен болуын құдайдан тіледі.* **Құдайға тәубе [шүкір]** – *қанағат тұтқан жағдайда айтылады.* **Құдайға шет болма** – *құдай алдында айыпты, күнәкар болма.* **Құдайдан безген *қарғ.*** – *қадір-қасиеттен жұрдай, оңбаған.* **Құдайдан қайтсын *(тілек)*** – *есесін құдай қайтарсын:* **Құдайдан қорықпады** – *ұялмады, қызармады.* **Құдай деген** – *бәріне де көне беретін.* **Құдай дескен** – *құдайдың атын атап, уәделескен.* **Құдайдың еркесі *экспр.*** – *өз еркімен жүретін, ешкімге бағынбайтын адам.* **Құдайдың зарын қылды** – *бір нәрсені қайта-қайта айтты, зарлады.* **Құдайдың күдіреті** – *бір нәрсеге таңданғанда, таңырқағанда айтылады.* **Құдайдың құтты күні** – *күнде, күн сайын.* **Құдай жарылқады** – *ісі оңға басты, сәті түсті.* **Құдай [алдыңнан] жарылқасын** – *құдай оңдасын, сәтін берсін.* **Құдай көз жасын иді** – *тілегі орындалды, арманына жетті.* **Құдай көрді** – *пір тұтты, табынды.* **Құдай қаласа** – *сәті түссе, орайы келсе.* **Құдай қосқан** – *шариғат жолымен қосылған; бұйрықты (жар, қосақ).* **Құдай оңдады** – *ісі оңға басты, сәті түсті; құдай жарылқады.* **Құдай сақтай көр [құдай сақтасын]** – *бетін аулақ қылсын, көрсетпесін.* **Құдай сүйер қылығы жоқ** – *оңып тұрған жоқ; сүйкімсіз.* **Құдай тапсын [тапқыр]** – *жаманшылыққа ұшыра, оңба.* **Құдай тілеуіңді берсін *(тілек)*** – *тілегің орындалсын, арманыңа жет.* **Құдай ұрған** – *құдай атқан, аруақ соққан, оңбаған.* **Құдай [төбеңнен, тас төбеңнен] ұрғыр [ұрсын]** – *құдай жазаңды бергір, тәнір атқыр.* **Құдай ұрды** – *ісі оңға баспады, құдай атты.* **Құдай үшін** – *өтіну, жалыну кезінде айтылатын сөз.* **Құдайын танымады [ұмытты]** – *көзінің еті өсті, асып-тасты.*

ҚҰДАЙДАЙ 1. *Құдай сияқты, құдай тәрізді.* 2. ***Ауысп.*** *Мықты, керемет, сұмдық.* ◊ **Құдайдай көрді [сенді]** – *мықты деп білді, бас иді.*

ҚҰДАЙЕКЕ *Құдай сөзінің құрметпен айтылуы.*

ҚҰДАЙЛАП: а құдайлап – *Тәңірге сиынып, тілеу тілеп.*

ҚҰДАЙЛЫҚ *Құдай болушылық, құдайға тәндік.*

ҚҰДАЙСЫ *Өзін-өзі құдай санау, мықтысыну.*

ҚҰДАЙСЫЗ *Құдайдың барлығына шек келтірушілік.*

ҚҰДАЙШЫЛ *Құдайға сенуші, діндар.*

ҚҰДАЙШЫЛДЫҚ *Құдайға сенушілік, діндарлық.*

ҚҰДАЙШЫЛЫҚ: құдайшылығын айтты – *дурысын, шындығын айтты.*

ҚҰДАЙЫ *Құдай жолына беретін қайыр-садақа.* ◊ **Құдайы берді** – *құдайы ас таратты.* **Құдайы шалды** – *мал атап сойып, құдайы берді.*

ҚҰДАЙЫ: құдайы көрші – *құдай қосқан көрші.* **Құдайы қонақ** – *кез келген үйге қонуға кездейсоқ түскен қонақ.*

ҚҰДА-ҚҰДАҒИ *Құда мен құдағи, екеуі де.*

ҚҰДАЛАС *Ұл мен қызын атастыру, құда болу.*

ҚҰДАЛЫҚ *Құда болушылық, құда түсушілік.* ◊ **Құдалыққа барды** – *біреудің қызына құда түсті.*

ҚҰДАНДА *Құда, жегжат.*

ҚҰДАНДАЛЫ *Қыз алысып, қыз берискен, сүйек шатысы бар.*

ҚҰДАНДАЛЫҚ *Құданда болушылық, жегжаттық.*

ҚҰДАСЫН *Құда болгансу, құда санау.*

ҚҰДА ТАРТЫС *Қыз алуға келген құдалар жағы айтыс, өлең айта алмаса, жұмбақ шеше алмаса, оларды ортаға салып, әжуалаған қыз-келіншектерден құтылу үшін, құдалар жағынан берілетін рәсім, кәде.*

ҚҰДАУАНДА – *Құдай тағала; о, Құдай.*

ҚҰДАША *Ерлі-зайыпты адамдардың жасы кіші әйел туыстары; қыздары.*

ҚҰДАШАЛАП *Құдаша, құдаша деп қайта-қайта айтып.*

ҚҰДАШАЛЫҚ *Құдаша болғандық*

ҚҰДАЯ *О, Құдай. Құдай тағала.* ◊ **Құдая тоба [тәубе]** — *шүкіршілік еткенде айтылатын қошемет сөз.*

ҚҰДЕКЕ *"Құда" сөзінің құрметпен айтылуы.*

ҚҰДДЫ *Дәл, нақ, бейнебір.*

ҚҰЛДИ *Бір нәрсенің жоғарыдан төмен қарай шаншыла төнуі.*

ҚҰДЫҚ *Жердің су шығатын қабатына дейін қазылып су шыққан жер, тік шұңқыр.*

ҚҰДЫҚШЫ *Құдық қазуды кәсіп еткен адам, құдық қазушы.*

ҚҰДЫР *Денесінің алдыңғы бөлігі артынан қарағанда аласалау бұғы тектес кішірек аң. Күдір деп те аталады.*

ҚҰДІРЕТ 1. *Құдай, Алла, Жаратушы.* 2. ***Ауысп.*** *Керемет күш, гажайып қасиет.*

ҚҰДІРЕТТЕН 1. *Айбындану, шабыттану, күшею.* 2. ***Ауысп.*** *Тәкаппарлану, паңсыну.*

ҚҰДІРЕТТІ 1. *Құдіреті күшті, кереметі мол.* 2. *Айбынды, қаһарлы.*

ҚҰДІРЕТТІЛІК 1. *Құдіреті күштілік. Кереметтілік.* 2. *Айбындылық, қуаттылық.*

ҚҰДІРЕТТІРЕК *Құдіреті күштірек.*

ҚҰЖ I *Бәрін керісінше жасайтын аңыздық алып, дәу.*

ҚҰЖ II *Бұжыр, бұжыр-бұжыр.* ◊ **Құж қара** — *жуан қара, бұжыр (кісі).*

ҚҰЖАТ *Белгілі бір жайды я фактіні сипаттап куәландыратын іскағаз.* ◊ **Құжат тігілетін папка** — *іскағаздарын тігіп қоятын жабдығы бар мұқаба.*

ҚҰЖ-ҚҰЖ I *Бұжыр-бұжыр, қатпар-қатпар.*

ҚҰЖ-ҚҰЖ II *Быж-быж, қыж-қыж.* ◊ **Құж-құж етті** — *бірі кіріп, бірі шықты, құжынады.* **Құж-құж қайнады** — *араның ұясындай бызылып сапырылысты.*

ҚҰЖТЕКЕ ***этн.*** *Отырып ойнайтын асық ойындарының бір түрі.*

ҚҰЖЫНА *Жапырлау, қаптау, бықу.*

ҚҰЖЫРА 1. *Мешіт, медресе жанындағы шәкірттер тұратын кішірек бөлме.* 2. *Іші тар, кішкене ғана аласа үй; баспана.*

ҚҰЖЫРАЙ *Тұқыраю, тұқшию.*

ҚҰЖЫРАЛЫ *Құжырасы бар, құжырасы көп.*

ҚҰЖЫРАҢДА *Құжыраң-құжыраң ету, құнжыңдау.*

ҚҰЖЫРЛАН *Бір нәрсеге іштей ызалану, кектену.*

ҚҰЗ 1. *Таудың биік шыңы, тік жартас.* 2. *Терең, тұңғиық, шыңырау.*

ҚҰЗАР *Асу бермес биік, заңғар.*

ҚҰЗАРТ *Тасты, жақпарлы биік шың.*

ҚҰЗҒЫН 1. *Көбіне өлексені жемтік ететін қарға тұқымдас құс.* 2. ***Ауысп.*** *Жауыз, озбыр, қанішер.*

ҚҰЗҒЫНДЫҚ *Құзғынға тән қасиет; тойымсыздық.*

ҚҰЗҒЫНША *Құзғын секілді, құзғын тәрізді.*

ҚҰЗДЫ *Құз болып біткен, құзы бар.*

ҚҰЗ-ҚИЯ *Құз бен қия, екеуі де.*

ҚҰЗЫР I *Әмір, билік.*

ҚҰЗЫР II *Белгілі бір адамның жетік білетін мәселесі, хабардарлық.*

ҚҰЗЫРЕТ *Белгілі бір мекеме немесе қызметкер уәкілдігінің міндеті.*

ҚҰЙ I 1. *Сұйық затты екінші ыдысқа қопару.* 2. *Сұйық тағамды ыдыстарға бөліп, ішуге әзірлеу.* 3. *Өзен суларының бір-біріне немесе көл-теңізге келіп қосылуы.* 4. *Жауын-шашынның нөсерлетіп қатты жауып кетуі.* 5. *Балқытқан металдан бір заттың бейнесін, мүсінін қалыпқа құйып жасау.* ◊ **Құйып қойғандай** — *киімі дәп-дәл, шап-шақ.* ◊ **Құя беріс** — *өзеннің басқа бір суға құйылар жері.*

ҚҰЙ I *Өзінен су шықпайтын, суды қолдан құйып толтыратын құдық.*

ҚҰЙ II *мейлі, не.*

ҚҰЙ: төбеңе құй қаздым ба? – *саған не жаздым, қастандық еттім бе?*

ҚҰЙҒАН *Өзен-судың құя берісі.*

ҚҰЙҒЫЗ ***өзг. етіс*** *Құй-ғыз.*

ҚҰЙҒЫТ *Құйындатып қатты шаба жөнелу.*

ҚҰЙҒЫШТА *Қайта-қайта құя беру, жиі құю.*

ҚҰЙҚА 1. *Адам басының шаш өсетін терісі.* 2. *Мал басының үйтілген етті терісі.* 3. ***Ауысп.*** *Жердің өсімдік өсетін сыртқы қабаты.* ◊ **Құйқа тамыры құрысты** – *жақтырмады, суқаны сүймеді.* **Құйқа тамыры шымырлады** – *жаны түршікті.*

ҚҰЙҚАЛАҚ *Мал сойғанда төстің үстіңгі жағындағы етті терісімен қоса кесіп алып, отқа қақтап пісірген тағам.*

ҚҰЙҚАЛАҚТА *Отқа қақтап құйқалақ жасау.*

ҚҰЙҚАЛЫ 1. *Құйқасы қалың.* 2. ***Ауысп.*** *Құнарлы, тың.*

ҚҰЙҚЫЛЖЫ 1. *Бір нәрсенің құбылып, өзгеріп тұруы; ойнақшу.* 2. *Күстың аспанда әрі-бері жалтжұлт бұрылуы.* 3. ***Ауысп.*** *Ән-күйдің төгілдіре айтылуы; тамылжу.*

ҚҰЙМА I *Құйылып жасалған, құйылған.* ◊ **Құйма алтын [күміс]** – *құйылған кесек алтын (күміс).* ◊ **Құймақұлақ** – *тез ұққыш, зерек, зерделі.*

ҚҰЙМА II *Балқытылған металды қалыпқа құйып, қатайту нәтижесінде алынған зат; кесек метал.*

ҚҰЙМАҚ *Айранға не сүтке ұнды қоймалжың етіп езіп, майға пісірген жұмсақ нан.*

ҚҰЙМАЛА *Сұйық затты қайта-қайта құю.*

ҚҰЙМАЛАС *Бірге құйылған, іргелес, қанаттас.*

ҚҰЙМАЛЫ *Құйылып жасалған.*

ҚҰЙМЫР *Ойнақшыған, жайнақ, ойнақы.*

ҚҰЙРЫҚ 1. *Жан-жануарлар денесінің арт жағында орналасқан, үстіне жүн, қыл шыққан мүшесі.* 2. *Адамның отыратын дене мүшесі.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің үшкірленіп, сүйірленіп келген шет жағы, ұшы.* ◊ **Құйрығы жерге тимеді [құйрығы жер ніскеме-ді]** – *зыр жүгірді, дамыл таппады.* **Құйрығын басты** – *жаңа отыра бастады, жаңадан отырды.* **Құйрығын бұлаңдатты [бұлғаңдатты]** – *алдап-арбады, құлыққа басты.* **Құйрығын қысты** – *жым болды; қорықты.* **Құйрығын майлады** – *жаңа мінген атына ырым ретінде сый көрсету салты.* **Құйрығын сүзді [тарады]** – *бәйге атындай жаратты, баптады.* **Құйрығын сыртқа салды** – *тайқып шыға келді, жонын көрсетті.* **Құйрығын ұстатпады [шалдырмады]** – *тұлкібұлаңға салды.* **Құйрығын шаншып [тігіп]** – *асыр салып, ойнақтап.* **Құйрық тістесіп келді** – *бәйгеге қосылған аттар бірінен соң бірі келді.*

ҚҰЙРЫҚ-БАУЫР *Қойдың піскен бауыры мен құйрығынан жасалған дәмді тағам.*

ҚҰЙРЫҚ-ЖАЛ 1. *Жыңқының құйрығы мен жалы.* 2. ***Ауысп.*** *Арқа сүйер тірек, сүйеніш.* ◊ **Құйрық-жалы төгілген [сүзілген]** – *өте сұлу, әдемі (жылқы).*

ҚҰЙРЫҚТАН *Құйрық пайда болу, құйрығы өсу.*

ҚҰЙРЫҚТАС *Құйрық тістесу, бірінің ізін бірі басу.*

ҚҰЙРЫҚТЫ 1. *Құйрығы бар.* 2. *Құйрығы үлкен.* ◊ **Құйрықты жұлдыз** ***астр.*** – *кометаның қазақ арасындағы ежелгі аты.* **Құйрықты жұлдыз секілді** – *жарқ етіп көзге түскен, таланттy (адам).*

ҚҰЙТАҚАНДАЙ *Құйттай, кішкентай, титтей.*

ҚҰЙТТАЙ *Кіп-кішкентай, титтей.*

ҚҰЙТЫМДАЙ ***қ.*** *Құйттай.*

ҚҰЙТЫҢ: құйтың етті [қақты] – *құйтыңдады, құйтың-құйтың етті.*

ҚҰЙТЫНДА *Құйтың қағу, құйтың-құйтың ету.*

ҚҰЙЫ ***көне*** *Шұңқыр жер; ұйық.*

ҚҰЙЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Құй-ыл.* 2. ***Ауысп.*** *Қаптап кету, ағылу.*

ҚҰЙЫЛТ 1. ***өзг. етіс*** *Құйыл-т.* 2. *Қатты екпінмен құйындата шабу.* 3. *Ән-күйді төгілте шырқау.*

ҚҰЙЫЛЫС *Өзеннің көлге немесе бір-біріне құятын жері; құйған.*

ҚҰЙЫМШАҚ *Омыртқаның жамбаспен жалғасқан жеріндегі бөлігі.* ◊ **Құйымшағынан майы шыққан** — *өте семіз, майдан жүре алмайтын.* ◊ **Құйымшағы тесілді [ойылды]** — *көп отырып еңбектенді.*

ҚҰЙЫМШАҚТА: **сиыр құйымшақтады** а) *бірте-бірте кішірейді, жіңішкерді;* ә) *істің соңы сұйылды, берекесізденді.*

ҚҰЙЫН *Үйіріле, ұйытқи соғатын екпіні қатты жел.* ◊ **Құйын болып [боп]** — *көз ілеспей, жылдам, тез.* **Құйын соққандай** — *ұйқы-тұйқы, астан-кестең.*

ҚҰЙЫНДА 1. *Желдің ұйтқи соғуы, құйынға айналуы.* 2. ***Ауысп.*** *Заулау, зымырау.*

ҚҰЙЫНДАЙ *Құйын секілді, тез, жылдам.* ◊ **Құйындай ақты [жүйткіді]** — *желдей есті, зымырады.* **Құйындай ұшты [ұшырды]** — *заулады, зымырады.*

ҚҰЙЫНДАТ 1. ***өзг. етіс*** *Құйында-т.* 2. ***Ауысп.*** *Екпіндете шабу, заулату, зымырау.*

ҚҰЙЫНДЫ *Қорытылып, белгілі бір қалыпқа құйылған металл.*

ҚҰЙЫНША *Өте тез, жылдам, лезде.*

ҚҰЙЫРШЫҚ 1. *Құйымшақтың сүйірленіп келген үш жағы.* 2. ***Ауысп.*** *Біреудің қолшоқпары, сойылын соғушы.*

ҚҰЙЫРШЫҚТАН *Жарамсақтану, жағымпаздану.*

ҚҰЙЫСҚАН *Ердің еңіс жерлерде ат мойнына түспеу үшін былғары не қалың қайыстан жасалатын әбзел.* ◊ **Құйысқанға қыстырылды** — *өзіне қатысы жоқ іске араласты.* **Құйысқан тістесті** — *бірінің соңынан бірі келді, қалыспады.* **Құйысқаны берік** — *өзіне-өзі сенімді, мықты.*

ҚҰЙЫСҚАНДА *Құйысқан тақты, құйысқан салды.*

ҚҰЙЫСҚАНДАСЫП *Құйрық тістесіп; қалыспай.*

ҚҰЙЫСҚАНДЫҚ 1. *Құйысқан боларлық, құйысқанға жарарлық.* 2. *Аттың (ердің) құйысқан тұратын жері.*

ҚҰҚ *Жас баланы қорқытқанда айтылатын сөз.*

ҚҰҚАЙ *Азап, бейнет, қиындық.*

ҚҰҚЫ ***көне*** *Адамның қақы, еркі.*

ҚҰҚЫҚ *Мемлекет тарапынан, болмаса тиісті қаулы, заңмен әрбір адамға берілген ерік, бостандық.*

ҚҰЛ 1. *Құлдық дәуірде басында еркі жоқ, иесіне бүтіндей тәуелді шаруа адамы.* 2. ***Ауысп.*** *Пенде, пақыр.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге табынушылық, соның жетегінде кетушілік.* □ **Құл иеленуші** — *құлдың еңбегін қанаушы, құл иесі.* **Құл иеленушілік құрылыс** — *құлдарды қанауға негізделген қоғамдық-экономикалық формация.* **Құл қылды [етті]** — *еркінен айырды, тәуелді етті.*

ҚҰЛА I *Сары мен жиреннің арасындағы жылқы түсі.* ◊ **Құла түз [дала]** — *елсіз, иен дала.* **Құла кер** — *құла мен кердің арасындағы жылқы түсі.* **Құла қасқа [төбел]** — *қасқасы бар құла жылқы.*

ҚҰЛА II 1. *Жығылу, сүрініп етпетінен түсу.* 2. *Қирау, опырылу, бұзылу.* 3. *Биіктен төмен қарай ұшып түсу.* 4. ***Ауысп.*** *Тақтан түсу, орнынан айырылу.* 5. *Емтиханнан өте алмай қалу.*

ҚҰЛАБА *Көнерген, егде тартқан, қақсал.*

ҚҰЛАҒДАР *Хабардар, құлақтанған.*

ҚҰЛАДЫН *Қаршыға тұқымдас кішірек келген жыртқыш құс.* ◊ **Құладын жортпас [ұшпас] шөл дала** — *елсіз, сусыз құ медиен.*

ҚҰЛАЗЫ 1. *Игерілмей, пайдаға аспай, құр бекер жату.* 2. *Иесіз, қаңырап бос тұру.*

ҚҰЛАҚ I 1. *Адам мен жануарлардың есту мүшесі.* 2. *Баскиімнің құ-*

лақты жауып тұратын бөлігі. 3. *Белгілі бір заттың үстауға арналған жері, тұтқасы.* 4. *Музыка аспабының ішегін қатайтатын немесе босататын тетігі.* □ **Құлағы елең етті** — *құлағын тіге қойды.* **Құлағы қанды** — *көп естіп, құлағы үйренді.* **Құлағы мүкіс [құлағының мүкісі бар]** — *құлағы нашар естиді.* **Құлағына жақты [жылы тиді]** — *айтқаны ұнады, көңілінен шықты.* **Құлағына қонды** — *айтқанын ұқты, түсінді.* **Құлағына құйды** — *қайта-қайта айтып түсіндірді.* **Құлағына мақта тықты** — *естімеді, тыңдамады.* **Құлағынан кетпеді [құлағында қалды]** — *даусы есте қалды, ұмытылмады.* **Құлағына салды** — *естіртті, айтты.* **Құлағына тиді [жетті]** — *естіді, хабарланды.* **Құлағын сарсытты [сасытты]** — *айта-айта мезі қылды.* **Құлағын түрді [салды, тосты, төседі, тікті]** — *сөзге ден қоя тыңдады, зейін салды.* **Құлағы тарс [тас] бітті** — *тұк естімей қалды.* **Құлағы тыныш** — *ешкім мазасын алмайды.* **Құлағы шалды [құлағына шалынды]** — *естіді, хабардар болды.* **Құлақбау** — *а) баскиімнің құлағына тағылған бау; ә) доға мен тәртені бекітіп, байластыратын қайыс.* **Құлақ жарды [түндырды]** — *даусы қатты шығып, құлақтан өтті.* **Құлақ күйін келтірді** — *музыкалық аспаптың құлағын бұрап, нәшіне келтірді.* **Құлақ шеке** — *құлақтың үстіңгі жағы.* ◊ **Құлағыңа алтын сырға** — *естіп, ұғып ал.* **Құлағынан ағып кетті** — *айтқан сөзді ұқпады, тыңдамады.* **Құлағынан күн көрінеді** — *өте жүдеу, арық.* **Құлағынан тартып түрғызғандай** — *әлсіз, көтерем.* **Құлағына [құлағының ұшына] шейін қызарды** — *қатты ұялды, жер болды.* **Құлағына ілмеді** — *тыңдамады, естігісі келмеді.* **Құлағын шулатты** — *біреуді сыртынан сөз қылды, өсектеді.* **Құлағының етін [құртын] жеді** — *мезі етті, ығыр қылды.* **Құлағы түрік [түріңкі]** — *әр нәрседен хабардар.* **Құлақ асты [қойды]** — *тыңдады, санасты.* **Құлақкесті құл [күң]** — *басыбайлы құл, меншікті малай.* **Құлақ қақпады** — *тыныш отырды, үн шығармады.* **Құлаққа түрпідей тиді** — *сөзі өрескел естілді.* **Құлаққа ұрған танадай [құлақ кескендей]** — *тып-тыныш, жым-жырт.* **Құлақ құрышын қандырды** — *құмардан шықты, айызын қандырды.*

ҚҰЛАҚ II *Арықтағы суды бөліп беру үшін әр жерден қойылған тоспа, бұрма.*

ҚҰЛАҚҚАҒЫС *Шет пұшпақтап есіне салу.*

ҚҰЛАҚТА *Құлағынан ұстау, құлағына жармасу.*

ҚҰЛАҚТАН *Хабарлану, есту.*

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ *Белгілі бір жағдай туралы хабарландыру.*

ҚҰЛАҚТАНДЫРЫЛ ***ыр. етіс*** *Құлақтандыр-ыл.*

ҚҰЛАҚТАС: құлақтас болды — *жай-жапсарынан хабардар болды.*

ҚҰЛАҚТЫ 1. *Құлағы бар.* 2. *Құлағы үлкен.* 3. ***Ауысп.*** *Ұғымтал, зерек.* □ **Құлақты жарғанат** — *дене тұрқы кішкентай, құлағы үлкен жарғанат.*

ҚҰЛАҚША *Заттың кішірек келген тұтқасы.*

ҚҰЛАҚШЫН *Құлағы бар жылы баскиім; малақай.*

ҚҰЛАЛЫ *Құласы бар.*

ҚҰЛАМА 1. *Таудың, жардың тік беті.* 2. *Судың құлап аққан тұсы.*

ҚҰЛАМАЛЫ *Құламасы бар, құлама болып келген.*

ҚҰЛАН *Есектен сәл үлкенірек, жылқы тектес тағы аң.* □ **Құлан аяқ** — *аягы әсем, мүсінді келген.* **Құлан жал [құйрық]** — *әдемі, төгіліп тұрған жал.* ◊ **Құланбұлкекке басты** — *жорта жөнелді.* **Құлан жортпас, құладын ұшпас дала** — *құ дала, елсіз, сусыз жер.*

ҚҰЛАНДАЙ *Құлан сияқты; жүйрік.*

ҚҰЛАНИЕК *Таң жаңа сыз беріп ата бастаған кез.*

ҚҰЛАНИЕКТЕ *Таң жаңа ата бастау, бозару.*

ҚҰЛАНҚҰЙРЫҚ I ***бот.*** *Сабағы түп жағынан бұтақтанып өсетін улы өсімдік.*

ҚҰЛАНҚҰЙРЫҚ II *Бұршақ тұқымдасына жататын бұта.*

ҚҰЛАНТАЗА *Бүтіндей, мүлде, біржолата.*

ҚҰЛАНША *Құлан тәрізді, құлан секілді.*

ҚҰЛАТЫ *Соны, тың, бұрын ешкімнің қолы жетпеген.*

ҚҰЛАШ 1. *Керіле созылған екі қол ұшының арасы.* 2. *Екі қол ұшының арақашықтығына тең ұзындық өлшемі.* ◊ **Құлаш бойы** — *бір құлаштай; құлаш созым.* **Құлаш жазды [жайды]** — *а) барынша әрекет етті, көсілді; ә) дамыды, өркендеді.* **Құлаш жайып қарсы алды** — *шын көңілмен қуанып қабылдады.* **Құлашсозым жер** — *жап-жақын, қол жетер жер.* **Құлаш ұрды [созды, сермеді]** — *талаптанды, талпынды, ұмтылды.* **Құлашын кең [алысқа] тастады [сілтеді]** — а) *қарқынын үдетті, арындады;* ә) *көсіліп сөйледі: тереңнен толғады.*

ҚҰЛАШ-ҚҰЛАШ *Бірнеше құлаш, әлденеше құлаш.*

ҚҰЛАШТА *Құлашын керу, құлашын созу.* ◊ **Құлаштап жүзу *спорт*** — *екі қолды кезекпе-кезек ілгері созып жүзу әдісі.*

ҚҰЛАШТАЙ *Ұзындығы құлаш созым.*

ҚҰЛҒАНА *Қауіпті жара түрінде білінетін жұқпалы ауру.* ◊ **Құлғана болғыр *қарғ.*** — *құлғана ауруымен ауырғыр.*

ҚҰЛДАН *Біреудің еңбегін қанау.*

ҚҰЛДАНУШЫ *Біреудің еңбегін қанаушы, езуші үстем тап өкілі.*

ҚҰЛДИ *Шығырау құздың құлай беріс төменгі жағы.*

ҚҰЛДИЛА 1. *Ылдиға, еңіске қарай түсу.* 2. *Аспаннан төмен қарай сорғалау.* 3. ***Ауысп.*** *Кері кету, құлдырау.*

ҚҰЛДЫҚ 1. *Құл болушылық, тәуелділік.* 2. ***Ауысп.*** *Бас иіп қостаушылық, ризашылық.* ◊ **Құлдығың болайын** — *садағаң кетейін, құрбаның болайын.* **Құлдыққа салды** — *тәуелді етті, қанады.* **Құлдық қылды** — *бас иді, табынды.* **Құлдық ұрды** — *құрдай жорғалады; бас иді.*

ҚҰЛДЫРА 1. *Төмен қарай екпінмен құлау.* 2. *Көз ілеспей зымырау, заулау.* 3. ***Ауысп.*** *Күрт төмендеу, кейін кету.*

ҚҰЛДЫРАҢ *Құлдыраңдап жүгіргендік, құлдырағандық.* ◊ **Құлдыраң қақты** — *тез-тез жүгірді, құлдыраңдады.*

ҚҰЛДЫРАҢДА *Құлдыраң қағып жүгіру, құлдыраң-құлдыраң ету.*

ҚҰЛЖА 1. *Арқардың қошқары.* 2. *Құлжаның асығы, сақа.*

ҚҰЛЖАЛЫ *Құлжасы көп, құлжасы бар.*

ҚҰЛҚАЙЫР ***бот.*** *Үлкен жапырақты, биік өсетін, ашық гүлді өсімдік.*

ҚҰЛ-ҚҰТАН 1. *Малшы-жалшы, кедей-кепшік.* 2. ***Ауысп.*** *Сансыз, ойсыз тобыр.*

ҚҰЛҚЫН 1. *Тамақ, кеңірдек.* 2. *Қара бастың қамы, өз пайдасы.* ◊ **Құлқыны құрыды** — *ынтасы ауды, есі кетті.* **Құлқының құрғыр** — *ындының құрысын, тамағыңа тас тығылғыр.*

ҚҰЛҚЫН: құлқын сәрі — *таң жаңа атып келе жатқан кез.*

ҚҰЛҚЫНДАС *Ымы-жымы бір, жемтіктес.*

ҚҰЛҚЫНҚҰМАР *Қара басының қамын ойлаушы; пайдакүнем.*

ҚҰЛҚЫНШЫЛ *Бас пайдасын ойлайтын, құлқынқұмар.*

ҚҰЛМАҚ ***бот.*** *Шырмалып өсетін, жіңішке сабақты, ашытқылық қасиеті бар көпжылдық өсімдік.*

ҚҰЛПАТША *Үлек пен айыр інгеннен туған біртуманың екінші атауы.*

ҚҰЛПЫ ***көне*** *Өңі құлпырып тұратын жібек мата.*

ҚҰЛПЫНАЙ *Жұпар иісті, қызыл түсті тәтті жемісі бар көпжылдық шөптесін өсімдік, соның жемісі.*

ҚҰЛПЫР 1. *Құбылу, жайнау, түрлену.* 2. ***Ауысп.*** *Көркімен көз тарту.*

ҚҰЛПЫРҒЫШ *Неше түрлі болып құбылғыш, түрленгіш.*

ҚҰЛПЫРМА *Құлпырып тұрған; құбылмалы.*

ҚҰЛПЫРМАЛЫ *Құлпырып тұратын, құбылғыш, құлпырғыш.*

ҚҰЛПЫРЫС *Құлпырған түр; қайта түлеушілік.*

ҚҰЛПЫТАС *Қабір басына орнатылған ескерткіш тас.*

ҚҰЛТҰҒЫР *Ергашты, шабан ат.*

ҚҰЛТЫЛДА *Құлт-құлт ету, ойнақшу.*

ҚҰЛШАР ***көне*** *Құлдың баласы.*

ҚҰЛШЫЛЫҚ 1. *Құлдық, тәуелділік.* 2. *Құдайға сиынып, табынушылық.* ◊ **Құлшылық қылды [етті, ұрды]** — *Құдайға табынды, сиынды.*

ҚҰЛШЫН *Ықыласпен жігерлене кірісу, жанын сала ұмтылу.*

ҚҰЛШЫНЫС *Ұмтылыс, талпыныс.*

ҚҰЛЫҚ I *Адамның мінез-құлқын, ниетін білдіретін психологиялық қасиеттердің жиынтығы.* ◊ **Құлқы кетті [ауды]** — *ынтасы ауды, ниеті кетті.* **Құлқы сүймеді [соқпады]** — *көңілі қаламады, ұнатпады.*

ҚҰЛЫҚ II *Құлақтың ішіне жиналып, қатып қалатын бұлық.*

ҚҰЛЫҚ III ***көне*** *Қойдың бақай безі ісініп ауыратын ауру.*

ҚҰЛЫҚСЫЗ *Ынтасыз, селқос.*

ҚҰЛЫҚСЫЗДАУ *Ынтасыздау, селқостау.*

ҚҰЛЫҚСЫЗДЫҚ *Ынтасыздық, селқостық.*

ҚҰЛЫҚТАН *Ниет қою, ынтасын салу.*

ҚҰЛЫҚТЫ *Ынталы, ниетті, ынтық.*

ҚҰЛЫҚТЫЛЫҚ *Ынталылық, ниеті барлық.*

ҚҰЛЫН *Жылқының алты айға дейінгі төлі.* □ **Құлын жарғақ** — *құлын терісінен жүнін сыртына қаратып тіккен сырткиім.* **Құлын тастады** — *іш тастады, құлыны өлі туды.* ◊ **Құлындағы даусы [құраққа] шықты** — *жан даусы шығып айқайлады.* **Құлын мүшесі бұзылмаған** — *уыздай жап-жас; балғын.*

ҚҰЛЫНДА *Биенің құлын тууы.*

ҚҰЛЫНДАЙ *Құлын сияқты; әдемі, сұлу, мүсінді.* ◊ **Құлындай шырқырады [шыңғырды]** — *қатты айқайлады.*

ҚҰЛЫНДЫ *Құлыны бар, құлын ерткен.*

ҚҰЛЫН-ТАЙ *Жылқының үлкенді-кішілі төлдері.*

ҚҰЛЫН-ТАЙДАЙ *Құлын, тай секілді; тату-тәтті, ынтымақты.* ◊ **Құлын-тайдай алысты [тебісті]** — *жұбын жазбай, бірге өсті.* **Құлын-тайдай шұрқырасты** — *улап-шулап мәз болысып қалды.*

ҚҰЛЫНША *Құлын секілді, құлын тәрізді.*

ҚҰЛЫНШАҚ ***экспр.*** 1. *Құлынның әдемілігіне, сүйкімділігіне қарай айтылатын ишарат сөз.* 2. ***Ауысп.*** *Жас балаға еркелете айтылған сөз.*

ҚҰЛЫНШАҚТАЙ *Құлыншақ секілді сүп-сүйкімді; жап-жас.*

ҚҰЛЫНЫМ ***экспр.*** *Баласына айтылатын еркелету сөз.*

ҚҰЛЫНЫМДА *Құлыным-құлыным деп емірену, елжіреу.*

ҚҰЛЫП *Есікті бекітіп қоюға арналған, кілтпен жабылып-ашылатын құрал.*

ҚҰЛЫПТА *Құлып салу, бекіту.*

ҚҰЛЫПТАУЛЫ *Құлып салынған, бекітулі.*

ҚҰЛЫПТЫ *Есігінде құлып бар, құлып салынған.*

ҚҰМ *Түрлі тау жыныстарының, тастың өте майда түйіршіктері; борпылдақ, шөгінді жыныс.* □ **Құмбетеге** ***бот.*** — *құмды жерде өсетін бетеге.* **Құмбидайық** ***бот.*** — *құмды жерде өсетін бидайық.* **Құм бұлау** — *қыздырған құммен емдеу.* **Құмебелек** ***бот.*** — *құмды жерде өсетін ебелек.* **Құмжілік** — *майы кетіп, қара кемігі қалған жілік.* **Құмқайрақ** — *ұстара, бәкі т. б. қайрауға ар-*

налған жұмсақ қайрақ. **Құмсағат** — *уақытты мөлшерлейтін қарапайым аспап.* **Құмтышқан** ***зоол.*** — *сыртқы түрі егеуқұйрыққа ұқсас, құмды жерді мекендейтін тышқан.* ◊ **Құмжілік болды** — *әбден арыды, арықтады.*

ҚҰМА ***көне*** *Некесіз, құқығы кемшін әйел.*

ҚҰМАЙ I *Таулы жерді мекендейтін ірі жыртқыш құс.*

ҚҰМАЙ II *Тазы иттің ең жүйрік, шалымды түрі.*

ҚҰМАЙ III ***бот.*** *Тары тәріздес, көпжылдық арамшөп.*

ҚҰМАЙ IV ***бот.*** *Оңтүстікте өсетін жүгері тәрізді малға жұғымды көк шөп.*

ҚҰМАЙТ *Құмды жер, құмдауыт.*

ҚҰМАЙТТЫ *Құмды, құмдауытты.*

ҚҰМАҚТАТ *Құмды жермен жүру.*

ҚҰМАҚТАУ *Құмдақтау, құмдауыттау.*

ҚҰМАҚТЫ *Құмды, құмдақты.*

ҚҰМАЛАҚ *Қой, ешкі сияқты жануарлардың домалақ қиы.* ◊ **Құмалақ ашты [салды, тартты]** — *бал ашып, сәуегейлік жасады.*

ҚҰМАЛАҚТА *Құмалақ тастау.*

ҚҰМАЛАҚТАЙ *Кішкентай, ұсақ, майда.* ◊ **Құмалақтай шашылды** — *басы бірікпеді, шашырап кетті.*

ҚҰМАЛАҚШЫ *Құмалақ салып бал ашушы.*

ҚҰМАЛАҚШЫЛ *Құмалақ ашуға, аштыруға әуес.*

ҚҰМАН *Қолға су құюға арналып, мыстан не шойыннан істелген шүмегі мен түтқасы бар шәугім.* ◊ **Бұхар құман** — *Бұхарада жасалған құман.*

ҚҰМАР I 1. *Ынтық, ынтызар, асық.* 2. *Әуес, құштар, қызықтағыш.* ◊ **Құмардан шықты** — *бір нәрседен ләззат алды, құмары қанды.* **Құмары қанды [басылды, тарқады]** — *көңілі жай тапты, мауқы басылды.*

ҚҰМАР II *Ақша, мал-мүлік салып ойнайтын карта ойыны.*

ҚҰМАРЛАН *Құмарту, қызығу.*

ҚҰМАРЛАУ *Әуестеу, үйірлеу.*

ҚҰМАРЛЫҚ *Бір нәрсеге құмартушылық, қызығушылық.*

ҚҰМАРПАЗ 1. *Бір нәрсеге қызыққыш, әуесқой.* 2. *Құмар ойынына берілген адам.*

ҚҰМАРПАЗДЫҚ *Бір нәрсеге қызығушылық, әуесқойлық.*

ҚҰМАРТ 1. *Ынтызар болу, ықыласы ауу.* 2. *Көксеу, қызығу.*

ҚҰМАРТҚЫШ *Бір нәрсеге қызыққыш, әуесқойлық.*

ҚҰМАРТУШЫЛЫҚ I *Қызығушылық, әуесқойлық.*

ҚҰМАРТУШЫЛЫҚ II *Қызығушылық, әуестік.*

ҚҰМАРШЫҚ ***бот.*** *Құмды жерде өсетін, тары тектес дәні бар жабайы өсімдік.*

ҚҰМБЕРІШІ ***бот.*** *Тау беткейлерінде, тасты жерде өсетін жапырағы жіңішке таспа пішінді көпжылдық өсімдік.*

ҚҰМДАЙ 1. *Құм сияқты, ұсақ, майда.* 2. *Есепсіз көп, сансыз.*

ҚҰМДАҚ *Құмдауыт, құмайт.*

ҚҰМДАҚТАУ *Құмайттау, құмдауыттау.*

ҚҰМДАҚТЫ *Құмдауытты, құмайтты.*

ҚҰМДАСЫН *Құмды, құмайтты.*

ҚҰМДАУ *Құмайттау, құмдақтау.*

ҚҰМДАУЫТ *Құмдақты, құмдасын.*

ҚҰМДЫ *Құмы көп, құм араласқан.*

ҚҰМДЫҚБОЗ ***бот.*** *Құмды жерлерде өсетін шөптесін өсімдік.*

ҚҰМҚАТА *Малдың шөппен араластырып құм жеп қоюынан болатын кесел.*

ҚҰМҚҰРТ ***зоол.*** *Теңіз жағалауындағы құмда тіршілік ететін бунақденелі құрт.*

ҚҰМСАҒЫЗ ***бот.*** *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ҚҰМТАС ***геол.*** *Құм шөгінділерінің байланысып, қатып қалуынан пайда болған жыныс.*

ҚҰМШАЙҒЫШ ***тех.*** *Сумен жуу арқылы құмды бөгде заттардан айыратын машина.*

ҚҰМШЫҚ *Кішігірім құмды төбешік, төмпешік.*

ҚҰМЫҚ I *Түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын, негізінен Дағыстан жерінде тұратын халық.*

ҚҰМЫҚ II ***бот.*** *Құмды жерде өсетін, дәні тарыға ұқсас шөптесін өсімдік.*

ҚҰМЫҚ III *Дауыстың, үннің еркін, ашық шықпай тұншығып шығуы.*

ҚҰМЫР I ***зоол.*** *Бұлбұлша сайрайтын, торғайдай ғана кішкене құс.*

ҚҰМЫР II *Кеңсірікті құрт жайлап, малды (қой, ешкі, түйе) пысқырта беретін індет.*

ҚҰМЫРА 1. *Гүл, жеміс-жидек салып қоюға арналған өрнекті әсем ыдыс.* 2. *Саз балшықтан күйдіріліп жасаған, ауыз жағы ықшамды келген ыдыс.* □ **Қыш құмыра** — *қыштан жасалған құмыра.*

ҚҰМЫРАШЫ *Құмыра жасайтын шебер.*

ҚҰМЫРАШЫЛЫҚ *Құмыра жасауды кәсіп етушілік.*

ҚҰМЫРСҚА *Топтанып тіршілік ететін бунақденелі жәндік.* **Құмырсқа қышқылы** ***хим.*** — *суда, спиртте еритін, өткір иісті, түссіз зат.* ◊ **Құмырсқа бел** — *жіп-жіңішке, нәзік, қыпша бел.* **Құмырсқажегіш** ***зоол.*** — *тропиктік Американың тіршілік ететін, тек құмырсқа жеп күн көретін жануар.* **Құмырсқаның илеуіндей** — *құж-құж қайнаған, қалың.*

ҚҰМЫРСҚАДАЙ 1. *Құмырсқа тәрізді, құмырсқа секілді.* 2. ***Ауысп.*** *Жіңішке, нәзік.* 3. *Қаптаған, құжынаған.* ◊ **Құмырсқадай қаптады [құжынады, быжынады, қайнады]** — *қаптап кетті, ығы-жығы, нөпір болды.*

ҚҰМЫТЫ *Шіркейден кішірек келген қанатты жәндік.*

ҚҰН I ***тар.*** *Ерте кезде кісі өлтірген адам тарапынан төленетін айып мал; төлем.* ◊ **Құн даулады [сұрады]** — *өлтірілген адамы үшін төлем беруді талап етті.* **Құн дауы** — *өлтірілген адамның құнын талап еткен дау.* **Құнына қалды** — *біреудің пәле-жаласына жолықты.* **Құнын алды** — *өлтіргені үшін құнын төлетіп алды.* **Құнын жоқтады** — *біреудің құнын төлеуді талап етті.* **Құнын тартқызды [тартты]** — *өлтірген адамы үшін малдай құн төледі; айып тартты.*

ҚҰН II ***экон.*** 1. *Тауарға сіңген қоғамдық еңбекті көрсететін экономикалық категория.* 2. *Белгілі бір затқа тән баға, нарық; ақы.* 3. ***Ауысп.*** *Белгілі бір затқа тән қадір-қасиет.* ◊ **Құн заңы** — *қоғамдық еңбек негізінде жүргізіліп отыратын экономикалық заң.* **Құны бір тиын** — *қадір-қасиеті жоқ, түкке тұрмайтын.* **Құны кетті [түсті]** — *қадір-қасиеті жоғалды, беделі түсті.*

ҚҰНАЖЫН *Үш жасқа аяқ басқан ұрғашы сиыр.*

ҚҰНАЙ *Құндыздың күшігі.*

ҚҰНАН *Үш жасқа аяқ басқан еркек жылқы.* □ **Құнанбәйге [жарыс]** — *тек құнандар ғана қатыстырылатын ат жарысы.* **Құнан қой** — *қойдың екі жастан асып, үшке аяқ басқан піштірілген еркегі.* **Құнан қымыз** — *екі түн асқан күшті қымыз.* **Құнан өгіз** — *ірі қара малдың екі жастан асқан піштірілген еркегі.* ◊ **Құнаншаптырым** — *шамамен 4—5 шақырымдай жер.* **Құнаншығар** — *құнан жасына таяп қалған мал.*

ҚҰНАНША I *Құнан жасындағы кішірек мал.*

ҚҰНАНША II *Құнан тәрізді, құнан секілді.*

ҚҰНАР 1. *Жердің өсімдікке нәр беретін қоректік қуаты.* 2. *Тамақтың, астың қоректік қуаты, нәрі.*

ҚҰНАРЛАН *Жердің шұрайлана түсуі; тыңаю.*

ҚҰНАРЛЫ 1. *Топырағы шұрайлы.* 2. *Жүгімды, нәрлі.* 3. ***Ауысп.*** *Мазмұнды, мәнді.*

ҚҰНАРЛЫЛЫҚ 1. *Жерге, топыраққа тән шұрайлылық қасиет.* 2.

Тағамның, мал азығының нәрлілігі, жұғымдылығы.

ҚҰНАРСЫЗ 1. *Өсімдік жақсы өспейтін, құнары төмен.* 2. *Жұғымы төмен; нәрсіз.* 3. ***Ауысп.*** *Әсерсіз, мәнсіз.*

ҚҰНАРСЫЗДАН *Жердің, топырақтың тозуы, мол өнім беруге жарамай қалуы.*

ҚҰНАРСЫЗДАУ 1. *Құнары кемдеу, шұрайсыздау.* 2. *Күш-қуаты аздау, нәрі төмендеу; жұғымсыздау.*

ҚҰНАРСЫЗДЫҚ 1. *Жердің, топырақтың құнары аздық, шұрайсыздық.* 2. *Тағамның, мал азығының жұғымы аздық; нәрсіздік.*

ҚҰНАРТ *Құнарлылығын арттыру, шұрайлылығын жақсарту.*

ҚҰНДА I *Бір нәрсенің құнын арттыру, бағасын өсіру; қадірлеу.*

ҚҰНДА II ***көне*** *Өлген адамның құнын сұрау, даулау.*

ҚҰНДАҚ I 1. *Сәбиді бесікке салғанға дейінгі жаялыққа сап, жұмсақтап ораған бөлеуі, жөргек.* 2. ***Ауысп.*** *Жаңа ұсталған бүркіттің қанаты сынбау үшін арнайы жасалған қорап.* ◊ **Құндағында қағынған** — *кішкентай күнінен-ақ бұзылған.*

ҚҰНДАҚ II *Мылтықтың оқпанды бекітетін, үстіңгі жағы ойық, ағаш бөлігі.*

ҚҰНДАҚТА 1. *Сәбиді жөргекке орау; бесікке бөлеу.* 2. *Қыран құсты құндағына салып орап алу.*

ҚҰНДАҚТАУЛЫ 1. *Құндақталған, бөленген.* 2. *Құндаққа салынған, қорапталған.*

ҚҰНДАУШЫ *Өлген кісінің құнын даулаушы.*

ҚҰНДЫ 1. *Бағалы, қымбат.* 2. *Аса маңызды, мәнді, қажетті.*

ҚҰНДЫЗ 1. *Өзен-көлде тіршілік ететін терісі өте бағалы аң.* 2. *Осы аңның қымбат бағалы терісі.*

ҚҰНДЫЗДА *Құндыз терісімен әдіптелген, жиектелген.*

ҚҰНДЫЗДАЙ *Жалт-жұлт еткен, әдемі, сәнді.*

ҚҰНДЫЗДЫ 1. *Құндызы бар, құндызы көп.* 2. *Құндыз терісімен жиектелген.*

ҚҰНДЫЗДЫҚ *Мал аяғындағы шаша мен тұяқтың екі ортасындағы жіңішке жер.*

ҚҰНДЫЛАУ *Бағалырақ, қымбаттау.*

ҚҰНДЫЛЫҚ 1. *Қымбаттылық, бағалылық.* 2. *Маңыздылық, мәнділік.*

ҚҰНДЫРАҚ 1. *Бағалырақ, қымбатырақ.* 2. *Маңыздырақ, мәндірек.*

ҚҰНЖИ *Мойыны ішіне кіре иілу, бүкшию.*

ҚҰНЖЫҢ: құнжың қақты — *құнжың-құнжың етті, құнжыңдады.*

ҚҰНЖЫҢДА 1. *Екі иығы ішке кіріп, құнжың-құнжың ету.* 2. ***Ауысп.*** *Қутыңдау, қулану.*

ҚҰНЖЫҢ-ҚҰНЖЫҢ: құнжың-құнжың етті [қақты] — *бүгжеңдеп қозғалақтады, құнжыңдады.*

ҚҰНСЫЗ I 1. *Құны төмен, бағасыз.* 2. *Қадір-қасиеті жоқ, қадірсіз.* 3. *Мәнсіз, мағынасыз.*

ҚҰНСЫЗ II ***тар.*** 1. *Егер өліп кетсе, құн төлем сұрамайтын.* 2. ***Ауысп.*** *Іздеусіз, сұраусыз, жоқтаусыз.*

ҚҰНСЫЗДАН *Бағасы кему, құны төмендеу.*

ҚҰНСЫЗДЫҚ 1. *Бағасы төмендік, кемдік.* 2. *Құны жоқтық, қасиетсіздік.*

ҚҰНТ *Адамның ұқыптылық, жинақылық қасиеті.* ◊ **Құнт [құнты] жоқ** — *ұқыптылық жетіспейді.* **Құнт қойды [қоймады]** — *зейін салды, ықылас қойды.* **Құнт қылмады** — *көңіл бөлмеді, құнттамады.*

ҚҰНТИ 1. *Мейлінше қысқару, шолтию, шонтию.* 2. *Қушию, кішірею.*

ҚҰНТСЫЗ *Құнты жоқ, ұқыпсыз.*

ҚҰНТСЫЗДЫҚ *Құнты жоқтық, ұқыпсыздық.*

ҚҰНТТА 1. *Бір нәрсеге құнт қою, ұқыптау.* 2. *Тәптіштеу, қадағалау.*

ҚҰНТТЫ *Ұқыпты, жинақы.*

ҚҰНТТЫЛЫҚ *Ұқыптылық, жинақылық.*

ҚҰНТЫҢ: құнтың қақты — *құнтың-құнтың етті, құнтыңдады.*

ҚҰНТЫҢДА *Құнтың қағу, тез-тез қимылдау.*

ҚҰНУ ***зоол.*** *Түр-тұлғасы жағынан сусарға ұқсас, сирек кездесетін аң.*

ҚҰНЫКЕР ***тар.*** *Өлтірген кісі үшін құн төлейтін адам; айыпкер.*

ҚҰНЫКЕРЛІК *Құныкер болғандық, айыпкерлік.*

ҚҰНЫҚ 1. *Бір нәрсеге мейлінше берілу, құмарту.* 2. ***Ауысп.*** *Дәндеу, дәнігу.*

ҚҰНЫС 1. *Әлдебір аурудың салдарынан омыртқаның сыртқа қарай шығып, күдірейіп, бүкірейіп қалуы.* 2. ***Ауысп.*** *Денені тік ұстамай, бүкірею, бүкшию.* □ **Құныс балық** — *албырт тұқымдасына жататын балық; горбушка.*

ҚҰНЫСТАУ *Аздап құныс, бүкірлеу.*

ҚҰНЫСТЫҚ *Құныс болғандық, бүкірлік.*

ҚҰП 1. *Мақұл, жарайды, жақсы.* 2. *Дұрыс, жөн.* ◊ **Құп алды** — *мақұл көрді, жөн көрді.* **Құп болады** — *жарайды, жақсы, мақұл.* **Құп көрді** — *мақұлдады, қоштады.*

ҚҰПИЯ *Кез келген адамға айтылмайтын жасырын сыр.*

ҚҰПИЯЛА *Жария етпеу, жасыру.*

ҚҰПИЯЛАС *Ымы-жымы бір, сырлас.*

ҚҰПИЯЛАУ *Жасырындау, жұмбақтау.*

ҚҰПИЯЛЫ *Құпиясы бар, жасырын.*

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ *Құпия болғандық, жасырындық.*

ҚҰПИЯСЫЗ *Ешқандай құпиясы, жасырыны жоқ.*

ҚҰПИЯСЫЗДЫҚ *Құпиясы жоқтық, жасырын сыры жоқтық.*

ҚҰПИЯШЫЛ *Құпияны сақтағыш, сыр түйгіш.*

ҚҰП-ҚҰ 1. *Құрғақ, кебу, кепкен.* 2. *Құрап тұрған, тап-тақыр.* 3. ***Ауысп.*** *Өңі қашқан, бозарған; боп-боз.*

ҚҰП-ҚҰНАҚ *Сергек, ширақ, тың.*

ҚҰП-ҚҰРҒАҚ *Құрғақ, кебу, күп-күп.*

ҚҰПТА *Бір нәрсені мақұлдау, қоштау.*

ҚҰПТАРЛЫҚ *Қоштарлық, мақұлдарлық.*

ҚҰР I *Киіз үйдің керегелері мен уықтарын таңып, байланыстырып тұратын жалпақ бау.*

ҚҰР II *Тауық тұқымдас жабайы тау құсы.*

ҚҰР III *Мінілмеген, семіз, қоңды.* ◊ **Құр атқа мінгендей болды** — *тынықты, сергіп қалды.*

ҚҰР IV 1. *Бір нәрсені жасау, орнықтыру, орнату.* 2. *Бір нәрсені көлденең ұстау, тұту.* 3. ***саяси*** *Қоғамдық, әлеуметтік күштер негізінде бір істі ұйымдастыру, бір нәрсенің негізін қалау.*

ҚҰР V *Бекер, бос, жай, әншейін.* ◊ **Құралақан** — а) *Қолында дымы жоқ, құр қол; ә) қара жаяу, бос.* **Құр ауыз кетті [қайтты, шықты]** — *тамақ ішпей кетті.* **Құр әшейін** — *жай ғана, бекер, босқа.* **Құр бекер [босқа]** — *бекерден-бекер, бостан-босқа, тектен-текке.* **Құр далбаса** — *бос әуре, жай сөз.* **Құрдан-құр** — *бостан-босқа, тектен-текке.* **Құр долбар** — *жай сөз, әншейін болжал.* **Құр жібермеді** — *өткізбеді, тегін жібермеді.* **Құр кетті** — *а) дәм татпай кетті; ә) еңбегі зая кетті.* **Құркеуде [көкірек]** — *мақтаншақ, даурықпа; бос адам.* **Құркөкірекке [кеудеге] салды** — *бостан-бос мақтанды, даурықты.* **Құр қалды** — *үлес алмады, бос қалды.* **Құрқол** — *қолында еш нәрсесі жоқ.* **Құр сөз** — *бос әңгіме, жай сөз.* **Құр сүлдері қалды** — *әбден арықтады, жүдеді.* **Құр текке** — *бекерден-бекер, бостан-бос.*

ҚҰР VI *Жылқыны шақырғанда, тоқтатарда, ұстарда айтылатын ишарат сөз.*

ҚҰРА 1. *Матаның, терінің қалған қиындысынан құрастырып, іс тігу.* 2. *Бір нәрселердің басын қосып, топтастыру, жинау.*

ҚҰРАҒЫТ *Бір нәрсеге құмарту; талпыну.*

ҚҰРАЙЛА *Жылқыны құрайлап айдау.*

ҚҰРАЙТ *Айғырдың күйін келтіру үшін айтылатын ишарат сөз.*

ҚҰРАЙТТА *Айғырға "құрайт", "құрайт" деп дыбыс беру.*

ҚҰРАЙЫШ *Жүнін сыртына қаратып, сеңсеңнен тіккен түрікмен халқының ұлттық баскиімі.*

ҚҰРАҚ I *Матадан, теріден қалған әртүрлі қиынды, қалдық.* ◊ **Құрақ құрады** — *құрақтарды қиюластырып тікті.*

ҚҰРАҚ II 1. *Су жиегіне жайқалып қалың өсетін балауса шөп; жас қамыс.* 2. ***Ауысп.*** *Жасөспірім, балдырған.* ◊ **Құрақ ұшты** — *жаны қалмай қызмет етті.*

ҚҰРАҚ-ҚҰРАҚ *Жамау-жамау, шоқпыт-шоқпыт.*

ҚҰРАҚТАЙ 1. *Құрақ сияқты, құрақ тәрізді.* 2. ***Ауысп.*** *Жас, балғын, балауса.* ◊ **Құрақтай жапырылды** — *жік-жапар болды, құрақ ұшты.*

ҚҰРАҚТЫ *Құрақ мол өскен, құрағы қалың.*

ҚҰРАЛ 1. *Белгілі бір шаруашылық үшін қажетті аспап, сайман.* 2. *Соғыста, ұрыста пайдаланылатын әскери қару.*

ҚҰРАЛАЙ 1. *Киіктің төлі, лағы.* 2. ***Ауысп.*** *Сүйкімді, көрікті, сұлу.* 3. *Мамыр айының екінші жартысында болатын, киіктің төлдеу уақытына сай келетін, жауын-шашынды мезгіл; амал.* ◊ **Құралайды көзге атқан** — *атқан оғы дәл тиетін, мерген.* **Құралай көз** — *мөлдіреген әдемі көз.* **Құралай [құралайдың] салқыны** — *киіктің төлдейтін кезіне сәйкес келетін жауынды-шашынды суық.*

ҚҰРАЛАЙДАЙ *Әдемі, сұлу, сүйкімді.*

ҚҰРАЛАЙГҮЛ ***бот.*** *Таулы жерлерде, шабындықтарда өсетін, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ҚҰРАЛДАН *Құрал-сайманмен қамтамасыз етілу, жабдықтану.*

ҚҰРАЛДЫ *Құралы бар, құралмен қамтамасыз етілген.*

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚ 1. *Құралдар мен жабдықтар жиынтығы.* 2. *Соғысқа қажетті қару-жарақ жиынтығы.*

ҚҰРАЛПЫ *Жас шамасы, мөлшері тең, қатар, тұстас.*

ҚҰРАЛ-САЙМАН 1. *Әртүрлі іске қажетті құралдар мен саймандар.* 2. *Түрлі шаруашылыққа, өндіріс орындарына қажетті техникалық жабдықтар.* 3. *Соғысқа қажетті әскери қару-жарақтар.*

ҚҰРАЛСЫЗ *Тиісті аспаптан, қару-жарақтан айырылу; құралсыз қалу.*

ҚҰРАЛСЫЗДАН *Құрал-сайманнан, қару-жарақтан айырылу, құралсыз қалу.*

ҚҰРАЛЫПТАС *Жас жағынан шамалас, құралпы.*

ҚҰРАМ *Бір бүтін нәрсенің барлық бөлшектері, жиынтығы.*

ҚҰРАМА 1. *Жеке, бөлек нәрселерден құралған, құранды.* 2. *Әртүрлі топтан құралған бірлестік, топ.* □ **Құрама команда** ***спорт*** — *спорттың белгілі бір түрі бойынша әр жақтан шақыртылған спортшылардан құралған команда.* **Құрама отряд** — *түрлі маман иелерінен құралған отряд.* **Құрама сан** ***мат.*** — *кем дегенде үш не одан да көп бөлшектері бар сан.*

ҚҰРАМА: түті [ештеңесі, қылшығы] құрамады — *еш нәрсесі кетпеді.*

ҚҰРАМАЛЫ *Құрастырмалы, жинамалы, алмалы-салмалы.*

ҚҰРАМДАС *Бір құрамдағы; бір-бірімен тығыз байланысты, сабақтас.*

ҚҰРАН *Ислам дінінің негізгі ережже, уағыздары жазылған діни кітап.* ◊ **Құран аударды [шығарды]** — *өлген адамның аруағына арнап Құранды бастан-аяқ оқып шықты.* **Құран оқыды [қайтарды]** — *өлген адамның аруағына арнап Құраннан аят оқыды.* **Құран түсірді** — *өлген адамға арнап Құран оқытты, аударды.* **Құран ұстады** — *ант-су ішті, ант берді.*

ҚҰРАНДАЙ 1. *Құран сияқты, Құран секілді.* 2. ***Ауысп.*** *Имандай, құдайдай.*

ҚҰРАНДЫ 1. *Әр нәрседен құралған, қосылған, біріккен; құрама.* 2. *Құрастырмалы, жинамалы.* ◊ **Құранды азық** — *түрлі концентраттың қосындысынан жасалған құрама жем.* **Құранды ер** ***этн.*** — *әр бөлшегі жеке-жеке жасалынып, содан кейін құрастырылған ер.*

ҚҰРАСТЫР *Бөлшектерден құрап, бір нәрсе жасау.*

ҚҰРАСТЫРМАЛЫ *Құрамалы, жинамалы.*

ҚҰРАСТЫРУШЫ 1. *Бір нәрсені құрастырып жасайтын адам.* 2. *Әдеби нұсқаларды жинап, жүйелеп, кітап етіп шығарушы.*

ҚҰРАУ I *Құралған, жамау.* ◊ **Құрау түспеді** — *еш жері жамалған жоқ; бүтін.*

ҚҰРАУ II *Жылқы малын шақыру одағайы.*

ҚҰРАУ-ҚҰРАУ I *Жамап-жасқап қойған, қырық құрау.*

ҚҰРАУ-ҚҰРАУ II *Жылқыны құраулап шақыру.*

ҚҰРАУЛА *Жылқы малын шақыру, құрау-құрау деу.*

ҚҰРАУЛЫ *Құралған, жамауы көп.*

ҚҰРБАҚА *Көбінесе құрлықта тіршілік ететін бақа.*

ҚҰРБАН 1. *Құдай жолына арнап сойған мал.* 2. *Бір нәрсенің жолына арналған садақа.* 3. ***Ауысп.*** *Белгілі бір мақсатты орындау жолында жанын қиған адам.* 4. *Шығын, зиян.* ◊ **Құрбан айт** ***діни*** — *ораза өткен соң, жетпіс күннен кейін болатын мұсылмандардың діни мейрамы.* **Құрбан болды [етті, қылды]** — *жанын қиды, пида етті.* **Құрбан шалды** — *аруаққа арнап мал сойды.*

ҚҰРБАНДЫҚ 1. *Құдай жолына мал айтып сою әдеті.* 2. *Бір нәрсенің жолына бағышталған садақа.* 3. *Белгілі бір мақсат үшін жан қиюшылық.* ◊ **Құрбандығың болайын** — *садағаң кетейін, жолыңда өлейін.* **Құрбандық берді** — *құдай жолына құдайы берді.* **Құрбандыққа шалды [қиды]** — *а) өлімге қиды; ә) біреу үшін текке күйдірді.* **Құрбандық шалды** — *құдай жолына арнап мал сойды.*

ҚҰРБЫ *Жасы қатар, шамалас адам, құрдас.*

ҚҰРБЫ-ҚҰРДАС *Жас жағынан шамалас, тұстас.*

ҚҰРБЫЛЫҚ *Құрбы болғандық, құрбыға тән қасиет.*

ҚҰРҒА 1. *Кеуіп кету, кебу.* 2. *Кеберсу, кезеру.*

ҚҰРҒАҚ 1. *Құрғап қалған, құрғаған.* 2. *Кебу, қу, қурап қалған.* 3. *Жауын-шашыны аз, ылғалсыз.* 4. ***мед.*** *Қақырықсыз, түкіріксіз.* 5. ***Ауысп.*** *Бос, жай, жалаң.*

ҚҰРҒАҚСЫ *Құрғақ тарту, кеберсу.*

ҚҰРҒАҚТА *Құрғату, құрғақ ету.*

ҚҰРҒАҚТАЙ 1. *Құрғақ күйінде, кебудей.* 2. ***Ауысп.*** *Өзін ғана, жалаң.*

ҚҰРҒАҚТАУ 1. *Құрғағырақ, кебуірек.* 2. *Жауын-шашыны азырақ; ылғалды.*

ҚҰРҒАҚТЫҚ *Құрғақ болғандық, кебулік.*

ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ *Жауын-шашын аз болушылық, қуаңшылық.*

ҚҰРҒАМА *Құр болмау, босамау.*

ҚҰРҒАТҚЫШ *Бірдемені құрғататын нәрсе.*

ҚҰРҒАТПА *Құр қоймау, бос қалдырмау, босатпау.*

ҚҰРҒЫР 1. *Құрып кеткір, жоғалғыр.* 2. *Құдай ұрғыр, оңбағыр.*

ҚҰРДАЙ 1. *Құр сияқты, құр тәрізді.* 2. *Құр құсап, құрша.* ◊ **Құрдай жорғалады** — *аяғынан тік тұрып қызмет етті, жаны қалмады.*

ҚҰРДАН-ҚҰР *Бостан-бос, тектен-тек.*

ҚҰРДАС *Бір жылы туған, жасты, құрбы.*

ҚҰРДАССЫН *Құрдас санау, құрдас болғансу.*

ҚҰРДАСТЫҚ *Құрдас болғандық, бір жылы туғандық.*

ҚҰРДЫМ 1. *Өзен суын бойына сіңіріп алып жатқан құмды жер.* 2. *Өзен, көл түбіндегі түпсіз терең жер; оқпан.* 3. ***Ауысп.*** *Тұңғиық, шыңырау.* ◊ **Құрдым болды [құрдымға айналды]** —

жоқ болды, жоғалды. **Құрдымға кетті** – *құрыды, жоғалды.*

ҚҰРЖИ *Күнжию, бүрісу.*

ҚҰРЖЫҢ *Күржиған қалып, күнжың.* ◊ **Құржың қақты** – *күржыңдады, күнжың-күнжың етті.*

ҚҰРЖЫҢ-ҚҰРЖЫҢ *Күнжың-күнжың, бүкшең-бүкшең.* ◊ **Құржың-құржың етті** – *күнжыңдады, бүкшең-бүкшең етті.*

ҚҰРЖЫҢДА *Күнжыңдау, бүкшеңдеу.*

ҚҰРҚҰЛАҚ *Ағзада "С" витамині жетіспеушіліктен болатын адам ауруы; дерт, кесел.*

ҚҰР-ҚҰР *Жылқыны ұстар кезде тоқтату үшін айтылатын ишарат сөз.*

ҚҰР-ҚҰРЛА *Жылқыны тоқтату, тыныштандыру үшін, "құр", "құр" деп айту.*

ҚҰРҚЫЛ *"Құрқ", "құрқ" еткен дыбыс.*

ҚҰРҚЫЛДА *"Құрқ", "құрқ" еткен дыбыс шығару.*

ҚҰРҚЫЛТАЙ ***зоол.*** *Дене түрқы торғайдан да шағын кішкентай құс.* ◊ **Құрқылтайдың ұясындай** – *өте тар, кішкентай.*

ҚҰРЛЫ *Тәрізді, сияқты.*

ҚҰРЛЫҚ ***геогр.*** *Жан-жағын мұхит пен теңіз қоршап жатқан қара жер.*

ҚҰРМА *Тропиктік аймақта өсетін пальма ағашы және сол ағаштың дәмді жемісі.*

ҚҰРМА: **құрма ау** – *көлге, теңізге құрылатын үлкен ау.*

ҚҰРМАЛА *Қайта-қайта арқан құру, керу.*

ҚҰРМАЛАС *Бір-бірімен байланысу, сабақтасу.* ◊ **Құрмалас сөйлем** ***лингв.*** – *екі не одан да көп жеке сөйлемдерден құралып, құрмаласа байланысқан күрделі сөйлем.*

ҚҰРМАЛАУ *Ұзын арқанды құрып тұрып, жылқыны ұстау әдісі.*

ҚҰРМАЛЫ *Құрылып қойылатын, құрылған.*

ҚҰРМЕТ *Қадір, қастер, сый.* ◊ **Құрмет грамотасы** – *республикаға сіңірген ерекше еңбегі үшін берілетін ресми марапат.* **Құрметке бөледі [бөленді]** – *қадірледі, қастерледі.* **Құрмет көрсетті** – *құрметтеді, сыйлады.* **Құрмет етті [қылды, жасады]** – *құрметтеді, сыйлады.* **Құрмет тұтты [санады]** – *бедел көрді, абырой-атақ санады.* **Құрмет тақтасы** – *еңбек ардагерлерінің суретін іліп, аты-жөнін жазатын тақта.*

ҚҰРМЕТТЕ *Сыйлау, қастерлеу.*

ҚҰРМЕТТІ *Аса қадірлі, сыйлы, бағалы.* ◊ **Құрметті атақ** – *сіңірген жемісті еңбегі үшін берілетін ресми атақ.* **Құрметті қарауыл** – *арнаулы қонақтардың құрметіне қойылған әскери сап.*

ҚҰРМЕТТІЛЕУ *Қадірлілеу, сыйлылау.*

ҚҰРМЕТТІЛІК *Қадір-қасиеті барлық, сыйлылық.*

ҚҰРСАҚ 1. *Асқазан, қарын.* 2. *Бала не төл жатқан іш құрылысы, жатыр.* 3. ***Ауысп.*** *Бала, перзент.* ◊ **Құрсақ көтерді** – *перзент көрді, бала туды.* **Құрсақ шашу** ***этн.*** – *көптен бала көтермеген әйел екіқабат болғанда жасалатын ырым.*

ҚҰРСАҚТАН *Құрсақ көтеру, буаз болу.*

ҚҰРСАУ 1. *Белгілі бір затты қысып тұру үшін, сыртынан айналдыра ұстатқан темір шеңбер.* 2. ***Ауысп.*** *Қыспақ, қамау, қоршау.*

ҚҰРСАУДАЙ *Құрсау сияқты, мықты.* ◊ **Құрсаудай қысты** – *қыспаққа алды, қысты.*

ҚҰРСАУЛА 1. *Сыртынан темір шеңбермен қысып бекіту, құрсау салу.* 2. ***Ауысп.*** *Қыспаққа алу, қысу.*

ҚҰРСАУЛЫ *Құрсауы бар, құрсау салынған.*

ҚҰРТ I *Қатықтан (сүзбеден) әртүрлі етіп жасалып, кептірілген сүт тағамы.* ◊ **Құрт жайды** – *құрт жасап, кептіруге қойды.* **Құрт қайнатты** – *құрт жасау үшін іркітті қазанға құйып қайнатты.*

ҚҰРТ II *Денесі жұмыр, ұзынша келген, ирелеңдеп жылжитын омыртқасыз кішкентай жәндік.*

ҚҰРТ III *Туберкулез ауруының халықтық атауы.* ◊ **Құрт ауруы** – *өкпе ауруы, туберкулез.*

ҚҰРТ IV *Көзін жою, жоқ қылу.* 2. *Жазасын беру, сазайын тартқызу.*

ҚҰРТАҚАНДАЙ *Титімдей, құрттай, кішкентай.*

ҚҰРТАҢ *Құрт ауруына шалдыққан мал.*

ҚҰРТҚА ***зоол.*** *Терең суларда тіршілік ететін, еті дәмді, ірі балықтың бір түрі.*

ҚҰРТҚАШАШ ***бот.*** *Жапырағы таспа тәрізді көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ҚҰРТ-ҚҰМЫРСҚА *Әртүрлі ұсақ жәндіктер.*

ҚҰРТ-МАЙ *Құрт және май, екеуі де.*

ҚҰРТПА ***зоол.*** *Бекіре тұқымдас, өте құнды, ірі балық; белуга.*

ҚҰРТТА 1. *Хайуандар денесіне етке құрт түсу, құрттап кету.* 2. *Құрттаған малдың құртын алу, құрттан тазарту.*

ҚҰРТТАЙ *Өте кішкентай, құртақандай.* ◊ **Құрттай қаптады** – *құжынап кетті, қаптады.*

ҚҰРТТАП-БИТТЕП *Үсті-басын бит басып, азып-тозып.*

ҚҰРТТАУЫШ *Мал құрттау үшін, ағаштан жонып жасап алған қалақша.*

ҚҰРУ-ҚҰРУ *Жылқы малын құрулап шақыруған ишарат сөз.*

ҚҰРУ-ҚҰРУЛА *"Құру-құру" деп дыбыс беру.*

ҚҰРУЛА *"Құру-құру" деп шақыру.*

ҚҰРУЛЫ 1. *Құрылып қойылған, ілінген, ұсталған.* 2. *Орнатып қойылған, дайындалған.*

ҚҰРША *Құр тәрізді, құр секілді.* ◊ **Құрша жорғалады** – *құрақ ұшты, жарамсақтанды.*

ҚҰРШАЯН ***зоол.*** *Шаянның құрғақ жерде тіршілік ететін түрі.*

ҚҰРЫ *Жоқ болу, жоғалу, жойылу.* ◊ **Құрып кет [құрып кеткір]** – *жоқ бол, құры.*

ҚҰРЫҒАН *Құрып қалған, оңбаған.*

ҚҰРЫҚ 1. *Жылқы ұстау үшін ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық.* 2. ***Ауысп.*** *Айла-шарғы, қулық-сұмдық.* ◊ **Құрығы ұзын** – *айла-шарғысы мол, қулығы жетерлік.* **Құрық әкетті** – *бой бермеді, ерікке көнбеді.* **Құрық берді** – *бір нәрсеге итермеледі, жел берді.* **Құрық бойламады** – *тереңдігі құрықтан асты.* **Құрық бойы [құрық бойындай]** – *қашықтығы құрық бойымен бірдей.* **Құрыққа сырық жалғады** – *есебін тапты, амалдады.* **Құрық салды [тастады]** – *қолға түсіруге әрекет етті, ұстамақ болды.* **Құрық сілтем [тастам, созым] жер** – *жақын аралық, таяу маң.*

ҚҰРЫҚТА 1. *Құрық салу, құрық тастау.* 2. ***Ауысп.*** *Еркіне жібермеу, тежеу.*

ҚҰРЫҚТАЙ 1. *Ұзын, сұңғақ.* 2. ***экспр.*** *Сорайған, сидиған.*

ҚҰРЫҚША *Кішірек келген құрық.*

ҚҰРЫҚШЫ *Құрық салушы, құрықпен жылқы ұстаушы.*

ҚҰРЫЛ *Құрылдаған дыбыс.*

ҚҰРЫЛҒЫ ***тех.*** *Жүйе, құрылым.*

ҚҰРЫЛДА *Құр-құр еткен дыбыс шығару.*

ҚҰРЫЛДАҚ *Құрылдай беретін, құрылдап қалған.*

ҚҰРЫЛТАЙ *Көп адам қатысып, халықтық мәселелер қаралатын үлкен жиналыс.*

ҚҰРЫЛЫМ *Бір нәрсенің құрылысы, құрамы.*

ҚҰРЫЛЫМДАС *Құрылымы жағынан ұқсас, құрылымы жағынан бір-бірімен жақын.*

ҚҰРЫЛЫМДАСТЫҚ *Құрылымдас болушылық, құрылымы бірегейлік.*

ҚҰРЫЛЫМДЫ *Құрылымы бар, құрылымы бір.*

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ *Құрылымға тән, соған қатысты.*

ҚҰРЫЛЫС 1. *Белгілі бір жобамен салынып жатқан әртүрлі мекеме жайы, түрғын үй.* 2. *Бір нәрсенің белгілі құрамы.* ◊ **Құрылыс банкісі** — *құрылыс үшін күрделі қаржы бөлетін банк.* **Құрылыс материалдары** — *әртүрлі құрылыс салуға қажетті материалдар.* **Құрылыс машиналары** — *құрылыс жұмыстарына қажетті техника.*

ҚҰРЫЛЫСТЫҚ *Құрылысқа жарамды, құрылыс үшін қажетті.*

ҚҰРЫЛЫСШЫ *Құрылыста жұмыс істейтін адам, құрылыс маманы.*

ҚҰРЫМ I *Күн қақтап, ыс сіңіп, қарайған киіз.*

ҚҰРЫМ II *Қызыл қоңыр немесе қара түсті бояу.* ◊ **Құрым етік** — *құрымға боялған былғарыдан тігілген етік.*

ҚҰРЫМДАЙ *Құрым сияқты; қызыл қоңыр, қара қошқыл.*

ҚҰРЫМДАН *Күреңіту, қараю.*

ҚҰРЫС 1. *Денесі сіресу, бой жаздырмау.* 2. ***Ауысп.*** *Кіржиіп қалу, жаратпау.*

ҚҰРЫСҚАҚ *Кіржиіп қалғыш, тырысқақ.*

ҚҰРЫСТА *Бойын жаздырмай қою, сірестіру.*

ҚҰРЫС-ТЫРЫС 1. *Киімнің қыртыстанып, ұйпаланып қалған жері.* 2. ***Ауысп.*** *Жаратпаушылық, кіржің.*

ҚҰРЫСЫП-ТЫРЫС 1. *Сірестіріп ұстап қалу.* 2. ***Ауысп.*** *Жақтырмау, ұнатпау.*

ҚҰРЫШ *Болаттың ең берік түрі.*

ҚҰРЫШТАЙ *Құрыш сияқты берік, мықты.*

ҚҰРЫШТАН *Мықты, берік болу, шыңдалу.*

ҚҰРЫШШЫ *Құрыш балқытушы, құрыш құюшы.*

ҚҰС I *Дене аумағы әртүрлі, қанаты, қауырсыны бар, ұшып-қонып жүріп тіршілік ететін жәндік.* □ **Құсбазары** — *құстардың көп болып бір жерге жиналған тобы.* **Құсжастық [төсек]** — *құстың мамығынан жасалған жастық.* **Құс қалам** — *құстың қауырсынынан жасалған қалам.* **Құсмұрын [тұмсық]** — *орта шені дөңкиіп келген мұрын.* **Құс мылтық** — *оғы онша алысқа ұшпайтын, көбінесе құс ататын мылтық.* **Құсойнағы** — *құстардың жүп құру кезіндегі түрлі ойыны.* **Құс салды [құс салып, ит жүгіртті]** — *қыран құстармен саят құрды.* **Құс төс** — *алға шығыңқы, бұлтиып тұрған төс.* **Құс фабрикасы [фермасы]** — *құс өсірумен, оның өнімдерін өндірумен айналысатын арнаулы орын.* ◊ **Құс болып ұшты** — *самғады, зымырады, зулады.* **Құсұйқы** — *сергек ұйқы, аз ұйықтайтын ұйқы.* **Құсың құтты болсын** ***(тілек)*** — *жаңа үйленген ер адамға айтылады.*

ҚҰС II 1. *Ішкен ас сіңбей, жүрегі айнып, кері шығу.* 2. ***Ауысп.*** *Үрлаған дүниелері сіңбей, иесіне қайтарып беру.*

ҚҰСА *Қайғы-қасірет, уайым-шер.* ◊ **Құса болды [құса жеді]** — *қайғы-қасіреттің зардабын шекті.*

ҚҰСАҒАШ *Саят құстарын отырғызу үшін жасалған тұғыр.*

ҚҰСАЛАН *Құса болу, шерлену.*

ҚҰСАЛЫ *Қайғы меңдеген, мұңды, шерлі.*

ҚҰСАЛЫҚ *Құса болғандық, қасіретке батушылық.*

ҚҰСА-ШЕР *Қайғы-қасірет, уайым, шер.*

ҚҰСБЕГІ *Әртүрлі саят құстарын қолға үйретіп, баптаушы.*

ҚҰСБЕГІЛІК *Құсбегі болушылық, құс баптаушылық.*

ҚҰСЖОЛЫ *Аспандағы ұзыннан-ұзақ созылып жатқан ақшыл жолақ; алыс жұлдыздар сілемі.*

ҚҰСҚАНАТЫ *Қысқы қар еріп кеткеннен кейін жазғытұрым жауатын қар.*

ҚҰСҚОНБАС *Құс қонбайтын тікенді өсімдік.*

ҚҰСТАЙ *Құс секілді, құс тәрізді.* ◊ **Құстай ұшты** — *заулады, зымырады.*

ҚҰСТАНДАЙ *Құстың таңдайындай; бұжыр-бұжыр.*

ҚҰСТАҢДАЙЛАП *Таңдай-таңдай етіп, бұжырлап.*

ҚҰСТЫ *Құсы бар, құсы көп.*

ҚҰСХАНА *Құстар тұратын қора.*

ҚҰСША *Құс тәрізді, құс секілді.*

ҚҰСШЫ *Құс салатын, құс аулайтын адам.*

ҚҰСЫҚ *Ас сіңбегендіктен асқазаннан кері қайтқан.*

ҚҰТ *Береке, байлық.* ◊ **Құт болды [құт дарыды]** — *береке орнады, байлықтың басы болды.*

ҚҰТАН *Сулы, сазды жерді мекендейтін, сирағы мен тұмсығы ұзын құс; ләйлек.*

ҚҰТАЮ *Тұрақтау, орнығу.*

ҚҰТ-БЕРЕКЕ *Байлық, береке, ырыс.* ◊ **Құт-береке дарыды** — *береке кірді, ырысқа кенелді.*

ҚҰТЕКЕЙ *Құт қонған адам (жер).*

ҚҰТҚАР 1. *Бір нәрседен аман алып қалу, сақтау.* 2. ***Ауысп.*** *Азат ету, босату.*

ҚҰТПАН I *Құт-береке, ырыс, құт.* ◻ **Құтпан айғыр** — *құтты айғыр; байлық басы.*

ҚҰТПАН II ***діни*** *Бес уақыт оқылатын намаздың ең соңғысы; бесінші намаз.*

ҚҰТПАН III *Асыл тұқымды қой.*

ҚҰТПАН IV *Қалың, қаба; тығыз.*

ҚҰТСЫЗ *Құты жоқ; жолы ауыр, қырсық.*

ҚҰТТЫ *Құт қонған, берекелі.* ◊ **Құтты болсын айтты** — *қуанышқа, жақсылыққа ізгі тілек білдірді.* **Құтты жеріне [орнына] қондырды** — *қызын күйеуге берді, узатты.* **Құтты қонақ болды** — *ақжолтай болды.*

ҚҰТТЫҚТА *Біреуге құтты болсын айту, тілек білдіру.*

ҚҰТТЫЛЫҚ *Құтты болушылық.*

ҚҰТХАНА *Құтты үй, игілікті мекенжай.*

ҚҰТЫ 1. *Түрлі дәрі-дәрмек салынатын, аузы тар, іші бүйірлі, кішкене шыны ыдыс.* 2. *Жауынгерлер ішіне сусын құйып, белбеуіне бекітіп жүретін жарты литрлік металл адыс; фляга.*

ҚҰТЫ: құты қашты — *берекесі кетті, асып-састы.* **Құтын алды** — *қатты қорқытты, шошытты.*

ҚҰТЫЛ *Бір нәрседен азат болу, босану.*

ҚҰТЫЛА *Құты-құтыға бөліп салу.*

ҚҰТЫЛЫ *Құтысы бар, құтыға салынған.*

ҚҰТЫР 1. *Орталық нерв жүйелерінің бұзылуынан жүйкесіздік ауруына ұшырау.* 2. ***Ауысп.*** *Орынсыз желігу, елігу.* ◊ **Құтырған қасқырдай** — *жанын жеді, арпалысты.*

ҚҰТЫРУ *Нерв жүйесінің бұзылуынан болатын ауру; жындану.*

ҚҰТЫРЫҚ *Құтырып кеткен, құтырған; жынды.*

ҚҰТЫША *Кішкентай құты.*

ҚҰШ 1. *Құшақтап сүю, аймалау.* 2. ***Ауысп.*** *Жар ету, үйлену.*

ҚҰШАҚ 1. *Екі қолдың ішкі жағын қамтитын адамның алдыңғы иіні.* 2. ***Ауысп.*** *Мейірім, шапағат.* 3. *Бір нәрсенің ырқы, ықпалы, шырмауы.* ◊ **Құшағына алды** — *құшақтады; аясына алды.* **Құшақ жайды** — а) *құшағын кең ашып, қарсы алды; ә) қанат жайды, өркендеді.* **Құшақ жайып қарсы алды** — *шын көңілмен қабылдады, ризашылықпен қатты сыйлады.*

ҚҰШАҚ-ҚҰШАҚ *Бірнеше құшақ; көп.*

ҚҰШАҚТА 1. *Құшағына алу, қапсыра қысу.* 2. ***Ауысп.*** *Қолынан алу, қапсыра қысу.* 2. ***Ауысп.*** *Қолынан тастамау, айырылмау.*

ҚҰШБЕГІ ***көне*** *Белгілі бір аймаққа билік жүргізуші адамға берілетін лауазым.*

ҚҰШНАШ ***көне*** *Ем-дом жасаушы; балгер, тәуіп.*

ҚҰШТАР *Бір нәрсеге құмар, ынтық, әуес.* ◊ **Құштар болды** — *аңсары ауды, құмартты.*

ҚҰШТАРЛАН *Құмарту, ынтығу, қызығу.*

ҚҰШТАРЛЫ *Құштар, ынтық, іңкәр.*

ҚҰШТАРЛЫҚ *Құмарлық, ынтықтық, іңкәрлік.*

ҚҰШХАНА *Мал соятын қасапхана.*

ҚҰШЫП-СҮЙІП *Құшақтап, сүйіп, аймалап.*

ҚҰШЫР *Жан басынан астықтай алынатын діни салық; ұшыр.*

ҚҰШЫР: *Айызы қанды, құмардан шықты.*

ҚҰШЫРЛАН 1. *Айызын қандыру, құмарын тарқату.* 2. ***Ауысп.*** *Жігерлену, қайраттану; өшігу, өршелену.*

ҚҰШЫРЛЫ *Құшыры мол; өршеленген, өршіген.*

ҚҰЮЛЫ *Құйылып қойылған, құйылулы.*

ҚҰЯҢ *Жұлын (жүйке) талшықтарына суық тиюден болатын бел ауруы; радикулит.*

ҚЫБЫ *Бір нәрсенің орайы, реті, ыңғайы.* ◊ **Қыбын тапты** — *жөнін, ретін келтірді.*

ҚЫБЫ: **қыбы қанды** — *айызы қанды, рақаттанды.*

ҚЫБЫЖЫҚ *Қыбыжықтағандық, қипақ.* ◊ **Қыбыжық қақты** — *қыбыжықтады, қипақтады.*

ҚЫБЫЖЫҚТА *Бір нәрсені батып айта алмау, жасқаншақтау.*

ҚЫБЫР *Баяу қимыл, сылбыр қозғалыс.* ◊ **Қыбыр еткен жан жоқ** — *тырс еткен пенде жоқ, ешкім жоқ.* **Қыбыр етті [еткізбеді]** — *қимылдады, қозғалды.*

ҚЫБЫР-ЖЫБЫР *Баяу қимылдаған қозғалыс, қыбыр-қыбыр.*

ҚЫБЫРЛА 1. *Қимылдау, қозғалу.* 2. ***Ауысп.*** *Жайлап жұмыс істеу, еңбектену.*

ҚЫБЫР-СЫБЫР *Әртүрлі сөз, өсек-аяң.*

ҚЫБЫРСЫЗ *Ешбір қозғалыссыз, қимылсыз.*

ҚЫДИ ***экспр.*** 1. *Қақию, қаздию.* 2. ***Ауысп.*** *Шекірею, сәндену.*

ҚЫДЫҢ *Есектің екпінді, бірақ өнімсіз жүрісі.*

ҚЫДЫҢДА 1. *Қыдың-қыдың ету, тықақтау.* 2. ***Ауысп.*** *Қодыраңдау, қоқақтау, қоқаңдау.*

ҚЫДЫР I 1. *Біреудің үйіне шақырусыз барып, ас ішу, әңгімелесу.* 2. *Аралап, әр нәрсені көру, бой жазу, серуендеу.* 3. ***Ауысп.*** *Біреумен көңіл қосу, жүру.*

ҚЫДЫР II ***миф.*** *Халық аңызында ақ сақалды қарт бейнелі ел аралап жүретін "әулие", Қызыр.* ◊ **Қыдыр дарыды [шалды]** — *бақ қонды, ісі ілгері басты.*

ҚЫДЫРЛЫ *Қыдыры бар; әулиелі.*

ҚЫДЫРМА 1. *Ауыл-үй арасында шақырусыз қыдырып жүретін адам, қыдырымпаз.* 2. *Жөңкіліп жүрген, көшпелі.*

ҚЫДЫРМАШЫ *Қыдыргыш адам, қыдырымпаз.*

ҚЫДЫРЫМПАЗ 1. *Орынды-орынсыз қыдыра беретін адам, қыдыргыш.* 2. ***Ауысп.*** *Қыз-келіншектерге көп баргыш, жүрімпаз.*

ҚЫДЫРЫМПАЗДЫҚ *Қыдырымпаз болушылық, көп қыдыргыштық; кезбелік.*

ҚЫДЫРЫС *Қыдыруға шыққандық, қыдыргандық.*

ҚЫДЫРЫСТА 1. *Біраз жерлерге арнайы барып қыдыру.* 2. *Бой жазу, серуендеу; аралау.*

ҚЫЖЫЛ *Ашу, ыза, кек.* ◊ **Қыжылы түсті [келді]** — *ашуы келді, ызаланды.*

ҚЫЖЫЛДА I *Ашу қысу, ызадан жарыла жаздау.*

ҚЫЖЫЛДА II *Ішкен тамағы жақпаған жағдайда кеудесін тырнап, аузынан қара су ағып ауыру.*

ҚЫЖЫЛДЫ *Қыжылы бар, кекті.*

ҚЫЖЫМ *Әдемі, түкті мата; плюш.*

ҚЫЖЫРА ***көне*** *Ескіше жыл санау жүйесі.*

ҚЫЖЫРЛАН *Кектену, ызалану.*

ҚЫЗ I 1. *Ұрғашы жынысты сәби, әйел бала.* 2. *Балиғатқа толған қыз бала; бойжеткен.* ◊ **Қыз айттырды** — *қызға құда түсті, сөйлесті.* **Қыз алып қашты** ***көне*** — *қызды әке-шешесінің ке-*

лісімінсіз зорлықпен алып кетті. **Қыз алып, қыз берісті** — *бір-бірімен құдаласқандалы болды.* **Қыздан туғандай [қыздың баласындай]** — *өте сүйкімді, әдемі.* **Қыздың жиған жүгіндей** — *өте әдемі, жинақы.* **Қыз көрді [қарады]** — *ауыл аралап, қалыңдық іздеді.* **Қызқуу** ***этн.*** — *қыз бен жігіт бірін-бірі кезекпен қуып ойнайтын ұлттық ойын.* **Қызмінезді** — *мінезі биязы, жұмсақ.* **Қыстанысу** ***этн.*** — *ұзатылатын қыздың ел-жұртымен қоштасу салты.* **Қыз ұзатты** — *қызды күйеуге берді, құтты орнына қондырды.* **Қызын қияға, ұлын ұяға қондырды** — *қызын күйеуге берді, ұлын үйлендірді.*

ҚЫЗ II 1. *Оттың, күннің қызуынан ысып кету.* 2. *Адам денесінің ыстығы көтерілу.* 3. ***Ауысп.*** *Ішімдік ішіп масаю, масаңсу.* 5. *Көтеріліп кету, өршелену.*

ҚЫЗ III *Жылу әсерінен бір нәрсенің көгеріп, дәмінің бұзылуы; бүлiну.*

ҚЫЗА-ҚЫЗА *Өрши-өрши, үдей-үдей.*

ҚЫЗАЛАҚ *Өсіп қалған, бірақ әлі балигатқа толмаған қыз.*

ҚЫЗАМЫҚ I ***мед.*** *Денесіне қызарған бөртken шығып ауыратын, жұқпалы балалар ауруы; скарлатина.*

ҚЫЗАМЫҚ II ***бот.*** *Қызыл қоңыр түсті домалақ жемісі бар көпжылдық бұта.*

ҚЫЗАМЫҚТАН 1. *Қызамық сияқты бөртken шығу.* 2. ***Ауысп.*** *Қызару, қызғылт түске ену.*

ҚЫЗАНАҚ *Қызыл түсті жемісі тағамға пайдаланылатын біржылдық көкөніс.*

ҚЫЗАР 1. *Қызыл түске ену.* 2. *Қаны бетке тебу, жүзінде қан ойнау.* 3. ***Ауысп.*** *Қысылу, ұялу.* ◊ **Қызара бөртті** — *қаны бетіне тепті.*

ҚЫЗАРАҚТА *Ыза болу, шамдану, намыстану.*

ҚЫЗАРЫҢҚЫ *Аздап қызарған, сәл қанталаған.*

ҚЫЗАУ *Диірмен тасының бетіне шекіген сызаттар.*

ҚЫЗБА I *Қызып, көтеріліп кететін, қызуқанды.* ◊ **Қызба қанды [қызба қандылық]** — *қызып кететін, албырт.*

ҚЫЗБА II ***мед.*** *Қан қысымы бірде көтеріліп, бірде кеміп кететін ауру.*

ҚЫЗБАЛАН *Қызып кету, өршелену, өрекпу.*

ҚЫЗБАЛАУ *Аздап қызып кететін, қызба қандылау.*

ҚЫЗБАЛЫҚ *Қызып кетушілік, ұстамсыздық.* ◊ **Қызбалық етті [жасады, көрсетті]** — *ұстамсыздық көрсетті, сабырсыздық жасады.* **Қызбалыққа салынды** — *ашуға бой ұрды.*

ҚЫЗҒАЛДАҚ *Жіңішке ұзын сабақты, ал қызыл түсті, үлбіреген әдемі дала гүлі.* ◊ **Қызғалдақ атты** — *қызғалдақ құлпырып гүл шашты, жайқалды.*

ҚЫЗҒАЛДАҚТАЙ *Желкілдеп құлпырған, әдемі.*

ҚЫЗҒАН *Жақын адамды басқадан қорғаштау, қызғаныш сезімі басым болу.*

ҚЫЗҒАНҒАНДЫҚ *Қызғаныш білдірушілік.*

ҚЫЗҒАНДЫҚ 1. *Қызып, ысып кеткендік.* 2. *Дене қызуы көтерілгендік.* 3. ***Ауысп.*** *Жұмыс қарқыны артқандық, үдей түскендік.* 4. *Мас болғандық, масайғандық.*

ҚЫЗҒАНШАҚ *Қызғаныш сезімі күшті, іші тар.*

ҚЫЗҒАНШАҚТАУ *Қызғанып қалатын, іші тарлау.*

ҚЫЗҒАНШАҚТЫҚ *Қызғаншақ болғандық, іші тарлық.*

ҚЫЗҒАНЫШ *Бір нәрсені қызғану сезімі, қызғаншақтық қасиет.*

ҚЫЗҒАНЫШТЫ *Қызғанышы бар, қызғаныш сезімі билеген.*

ҚЫЗҒАНЫШТЫҚ *Қызғаныш білдіргендік.*

ҚЫЗҒЫЛТ *Ақшылдау келген қызыл түс, солғын қызыл.*

ҚЫЗҒЫЛТТАН *Қызғылт түске ену, қызғылт тарту.*

ҚЫЗҒЫЛТТАУ *Аздап қызғылт; солғын қызылдау.*

ҚЫЗҒЫЛТЫМ *Жұқалаң, солғын қызыл түс.*

ҚЫЗҒЫЛЫҚТЫ *Қызықты, тартымды.*

ҚЫЗҒЫШ *Желкесінде қара қауырсынды айдары бар, кішкентай қоңыр ала құс.*

ҚЫЗҒЫШТАЙ: қызғыштай қорыды [қорғады] — *қорғаштады, ара түрды.*

ҚЫЗДАЙ *Жібектей сызылған, сыпайы, биязы.* ◊ **Қыздай алды [қосылды]** — *қыз кезінде қосылды, үйленді.*

ҚЫЗДЫҚ 1. *Қызға тән, қызға қатысты.* 2. ***мед.*** *Қыз баланың қынап қуысын жауып тұратын жұқа перде; қыздың қыздық белгісі.*

ҚЫЗДЫРМА *Әңгімені қыздырып жіберетін қызық сөз.* ◊ **Қыздырманың қызыл сөзі** — *біреуді біреуге айдап салатын жел сөз.*

ҚЫЗДЫРМАЛА *Қыздыру, елірту, құтырту.*

ҚЫЗ-КЕЛІНШЕК *Қыз-қырқыны аралас жас әйелдер жиыны.*

ҚЫЗҚАШАР ***этн.*** *Қызды қашырып жіберуге сеттігі тиген адамға жігіт тарапынан берілетін кәде, сый-сияпат.*

ҚЫЗ-ҚЫЗ: қыз-қыз қайнады — *қатты ысып кетті.*

ҚЫЗ-ҚЫРҚЫН *Қыз балалар тобы.*

ҚЫЗМЕТ 1. *Еңбек ету аясындағы жұмыс, кәсіп.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің мәні, маңызы, орны.* ◊ **Қызмет бабы** — *жұмыс жағдайы.* **Қызмет қылды [етті, істеді, жасады, көрсетті]** — *а) еңбек етті, жұмыс істеді; ә) сый көрсетті, күтті.*

ҚЫЗМЕТКЕР *Белгілі бір мамандық бойынша кеңсе жұмысында істейтін кісі.*

ҚЫЗМЕТТЕС *Бірге қызмет істейтін, қызмет орны бір.*

ҚЫЗМЕТТЕСТІК *Қызметтес болушылық, бірге қызмет істеушілік.*

ҚЫЗМЕТШІ *Біреуге қызмет қылушы, қызмет етуші.*

ҚЫЗОЙНАҚ ***этн.*** *Бозбалалар мен бойжеткендердің бас қосып өткізетін ойын-сауық кеші.*

ҚЫЗСАУСАҚ *Жүзімнің сүйірленген, сопақша тәтті сорты.*

ҚЫЗТАЛАҚ *Жолың болғыр, бәтшағар д. м. налыс.*

ҚЫЗТЕКЕ *Еркектік те, әйелдік те жыныстық белгісі бар адам; гермофродит.*

ҚЫЗУ 1. *Оттың, күннің табы, ыстық леп.* 2. *Дененің ыстығы, температурасы.* 3. *Ішімдіктің әсері, уыты.* 4. ***Ауысп.*** *Қауырт, қарқынды.* ◊ **Қызу еңбек** — *қарқынды, қызған еңбек.* **Қызу қолдады [қуаттады]** — *бірауыздан мақұлдады.* **Қызуқанды** — *тез көтеріліп кететін, қызба.*

ҚЫЗУЛАН *Қызып кету, өршелену.*

ҚЫЗУЛАУ *Аздап мас, масаңдау.*

ҚЫЗУЛЫ 1. *Қызған, қызып тұрған.* 2. ***Ауысп.*** *Қарқыны күшті, қайнаған.*

ҚЫЗУЛЫҚ 1. *Қызып тұрғандық, қызғандық.* 2. ***Ауысп.*** *Тез көтеріліп кететіндік, қызбалық.* 3. ***Ауысп.*** *Мастық, масаңдық.*

ҚЫЗУЛЫРАҚ 1. *Қызуы күштірек, ыстығырақ.* 2. ***Ауысп.*** *Қарқыны күштірек, қарқындырақ.*

ҚЫЗУӨЛШЕГІШ *Дене қызуын, сондай-ақ су мен ауа температурасын өлшейтін термометр, аспап.*

ҚЫЗШЫЛ *Қызқұмар, қызжанды.*

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ *Бір нәрсеге құмартушылық, ынтығушылық.*

ҚЫЗЫҒЫРАҚ *Қызықтау, тартымдырақ.*

ҚЫЗЫҚ I 1. *Қызықты, тартымды, тамаша көрініс // Той-думан, ойын-сауық.* 2. ***Ауысп.*** *Жан рақаты, ләззат.* 3. *Таңғаларлық, кездейсоқ жай.* ◊ **Қызығына [қызыққа] батты** — *тамашасын көрді, қызықтады.* **Қызығына түсті** — *бір нәрсенің қызығына елітті.* **Қызығын көрді** — *рақатына батты, жақсылығын көрді.* **Қызық көрді** — *а) қызықтады, тамашалады; ә) қызық дәурен сүрді, рақатқа батты.*

ҚЫЗЫҚ II *Құмарту, ынтығу, әуестену.*

ҚЫЗЫҚ-ДУМАН *Ойын-сауық, тамаша, дырду.*

ҚЫЗЫҚҚАНСУ *Қызыққан түр көрсету, құмартқансу.*

ҚЫЗЫҚҚОЙ *Қызыққа жаны құмар, әуесқой.*

ҚЫЗЫҚҚЫШ *Бір нәрсеге қызығатын, құмартқыш.*

ҚЫЗЫҚҚЫШТЫҚ *Бір нәрсеге әуестенгіштік, құмартқыштық.*

ҚЫЗЫҚСЫН *Қызық көру; қызыққан пішін көрсету.*

ҚЫЗЫҚТА 1. *Қызық көру, тамашалау.* 2. *Қызығын көру, қуанышына қуану.*

ҚЫЗЫҚТЫЛАУ *Қызығырақ, тартымдылау, әсерлілеу.*

ҚЫЗЫҚТЫЛЫҚ *Тартымдылық, әсерлілік.*

ҚЫЗЫҚТЫРАҚ *Тартымдырақ, қызықтылау.*

ҚЫЗЫҚШЫЛ *Қызық десе делебесі қозатын, сауыққой.*

ҚЫЗЫҚШЫЛЫҚ *Қызық дүние, рақат өмір.*

ҚЫЗЫЛ 1. *Қанның түсіндей түс; қырмызы.* 2. *Жылқыдан басқа малда болатын ашық қоңыр түс.* 3. *Жылқы малында болатын ағы басым көкшіл түс.* 4. ***Ауысп.*** *Малдың, аңның еті.* 5. *Адам жүзіндегі қызғылт рең, шырай.* 6. *Қырмандағы ұшырылған, тазартылған астық, дән.* 7. *Шайдың күрең түсті қоюы, шығымы.* ◊ **Қызыл ағаш** — *сүрегінен жиһаз жасайтын бағалы ағаш.* **Қызыл балдыр** — *теңізде өсетін балдыр өсімдігінің бір түрі; багрянка.* **Қызыл бұрыш** — *жемісті бақша өсімдігі.* **Қызыл крест** — *табиғат апатына тап болған адамдарға, елге көмек көрсететін халықаралық ерікті қоғам.* **Қызыл кітап** — *тұқымы азайып, құрып бара жатқан хайуанаттар мен құстарды, өсімдіктерді тіркейтін арнаулы кітап.* **Қызылқасқыр** — *жүні қызыл қоңыр түсті қасқыр тұқымдас жыртқыш аң.* **Қызылтүйіршік** ***биол.*** — *қан құрамындағы гемоглобинді қызыл талшық; эритроцит.* ◊ **Қызыл ала** — *қызыл аралас ақ түс.* **Қызыл ала қылды [етті]** — *қанға боялды, қан-қан етті.* **Қызыл ауыз [езу]** — *көп сөйлейтін, көк мылжың.* **Қызыл балақ** — *алғыр құс, қыран.* **Қызыл борбай** — *буыны бекіп, бұғанасы қатпаған, жас.* **Қызыл жон етті [қылды]** — *қызыл ала қан қылды, сабады.* **Қызылкеңірдек болды** — *керісті, айтысты, жанжалдасты.* **Қызыл көбейсін** — *қырманшыларға айтылатын тілек.* **Қызыл көз** — *барып тұрған жалақор, бәле күғыш.* **Қызыл көрген құзғындай [қарғадай]** — *ашқарақ, ашкөз.* **Қызыл көрмеді [тістемеді]** — *көп уақыттан бері ет жемеді.* **Қызыл қанға боялды [батты, бөкті, малынды]** — *төбелестен үсті-басы қан болды.* **Қызыл қарын жас бала** — *үйелмелі-сүйелмелі сәби.* **Қызыл қоңыр** — *қызылы басым қоңыр түс.* **Қызылқұлақ** — *алыпсатар, саудагер.* **Қызыл қырғын** — *кескілескен соғыс, қан майдан.* **Қызылмай болды** — а) *көліктің қатты жүрістен майы іріп кетуі;* „) *арам тер болды, босқа сабылды.* **Қызылөңеш болды** — *керілдесті, дауласты.* **Қызылсирақ** — *жүлығы шыққан кедей, жарлы.* **Қызыл сөз** — *байлауы жоқ жылтыр сөз.* **Қызылтабан болды** — *көп жүріп шаршады, қалжырады.* **Қызылтанау болды** — *аласұрды, жанталасты.* **Қызыл тер болды** — *терлеп-тепшіді, шаршап-шалдықты.* **Қызыл тілді** — *сөзге жүйрік, шешен.* **Қызылшеке болды** — *бет-аузы қан болғанша төбелесті.* **Қызыл шұнақ аяз** — *бет қаратпайтын аяз, үскірік.* **Қызыл шырайлы** — *өңі қызғылт тартқан.* **Қызыл іңір** *ымырт түсіп, қас қарайған кез.*

ҚЫЗЫЛ АСЫҚ *Аяқтың тобықтан төменірек тұсы.*

ҚЫЗЫЛАША *Ойын картасының жүрек белгісі салынған түрі; түйетабан.*

ҚЫЗЫЛБАЛЫҚ *Еті мен уылдырығы бағалы, кәсіптік маңызы зор ірі балық.*

ҚЫЗЫЛБАС *Қазақ эпостарында суреттелетін басқыншы, жау елдің аты.*

ҚЫЗЫЛДА 1. *Қызыл түске бояу, қызыл жағу.* 2. ***Ауысп.*** *Бастырылған астықты тазалау, үшыру.* 3. *Ет жеу.*

ҚЫЗЫЛДАУ *Сәл қызыл, жұқалаң қызылмен жабу, қызарыңқы.*

ҚЫЗЫЛДЫ-ЖАСЫЛДЫ *Қызылы, жасылы аралас.*

ҚЫЗЫЛДЫҚ *Қызыл болғандық, қызыл түс.*

ҚЫЗЫЛЖАНДЫ *Етті жақсы көретін, еткұмар.*

ҚЫЗЫЛ-ЖАСЫЛ *Қызыл, жасыл түске малынған, қызылды-жасылды.*

ҚЫЗЫЛ-ЖАСЫЛДАН *Қызыл-жасыл түске ену, құлпыру.*

ҚЫЗЫЛ-ЖОСА *Қып-қызыл, шиедей.*

ҚЫЗЫЛИЕК ***анат.*** *Тіс түбірлерін жауып, бекітіп тұратын ет.* **Қызыл иек болды** — *тісі түсіп қалды, қартайды.*

ҚЫЗЫЛИЕКТЕН 1. *Тісі түсіп, қызыл иегі қалды, қызыл иек болып қалды.* 2. *Күннің таңертеңгі қызарып шығуы.*

ҚЫЗЫЛҚАЗ *Қауырсындары қызғылтым келген, мойны, сирағы ұзын су құсы.*

ҚЫЗЫЛҚАНАТ ***зоол.*** *Тұщы суларда өсіп-өнетін, қанаты қызыл түсті балық түрі.*

ҚЫЗЫЛҚҰДА *Әйелдері әлі жүкті емес адамдардың алдын ала құда түсу кәдесі.*

ҚЫЗЫЛСУ *Қыста қатып қалған өзендердегі мұз үстіне шығып кеткен су.*

ҚЫЗЫЛСЫРА *Етті аңсау, ет жегісі келу.*

ҚЫЗЫЛША I *Балалардың денесіне бөртіп, қызарып шығатын жұқпалы ауру.*

ҚЫЗЫЛША II *Тамыр түйнегі тамаққа, қант дайындауға пайдаланылатын бақша өсімдігі.*

ҚЫЗЫЛШАҚ 1. *Әлі өсіп жетілмеген.* 2. ***Ауысп.*** *Жаңа туған, жас.*

ҚЫЗЫЛШАШЫ *Қызылша егуші, қызылша өсіруші.*

ҚЫЗЫЛШАШЫЛЫҚ *Қызылшашы болушылық, қызылша өсірумен айналысушылық.*

ҚЫЗЫЛШЫ *Аңшыға ілесіп, атқан аңын жинап, алып жүретін адам.*

ҚЫЗЫЛШЫЛ 1. *Ет жеуді жақсы көретін, еткұмар.* 2. *Жылтыраған құмар.*

ҚЫЗЫМПАЗ *Тез қызып кететін, қызба.*

ҚЫЗЫН *Делебесі қозу, еліру.*

ҚЫЗЫҢҚЫ *Аздап ішімдік ішкен, масаңдау.*

ҚЫЗЫР ***миф.*** *Халық аңыздарында көбінесе ақ сақалды шал бейнесінде елес беретін әулие; қыдыр* ◊ **Қызыр қонды [шалды, дарыды, қолдады]** — *тілегі орындалды, жолы болды.*

ҚЫҚЫҚТА *"Қық-қық" деп көмейінен күлу.*

ҚЫҚЫЛЫҚТА *"Қықылық-қықылық" еткен дыбыс шығару.*

ҚЫЛ *Жалдың, құйрықтың жіңішке әрі ұзын бір талы.* □ **Қыл арқан** — *қылдан есілген арқан.* **Қыл мойын** — *жіңішке, ұзын мойын.* ◊ **Қылға тізді** — *түгін қалдырмай жиып-терді, жіпке тізді.* **Қылға ілініп тұр** — *жағдайы нашар, қауіпті.* **Қылдай бөлді** — *бірдей етіп, тепе-тең бөлді.* **Қылдан тайды** — *жаңсақ кетті, жаңылды.* **Қыл жуытпады** — *жуыпшайды, ақтады.* **Қыл кеңірдектен алды [қысты]** — *жаналқымға алды, қысты.* **Қылқұйрық** — *жылқы малы.* **Қыл мойынға тақалды** — *өлер халге жетті.* **Қыл үстінде** — *мүшкіл халде, қиын жағдайда.* **Қылы қисаймады [сынбады]** — *түгі құрымады, мұрты сынбады.*

ҚЫЛ II *Жасау, істеу, ету.* ◊ **Қылмағанды [қыласыны] қылды** — *көрмеген қорлықты көрсетті, істемегенді істеді.*

ҚЫЛАҒАЙ I *Қоспақ пен айыр түйеден туған әлсіз, осал, бақырауық түйе тұқымы.*

ҚЫЛАҒАЙ II *Шортанның шорағайдан кішірек түрі.*

ҚЫЛАМЫҚ *Жұқалаң түскен, қылауланған.*

ҚЫЛАМЫҚТА *Қылаулап, жайлап қар жауу.*

ҚЫЛАҢ I *Бозғыл түсі басым, ақшыл.* ◊ **Қылаң берді** — *бозғылт тартты, ағарып көрінді.*

ҚЫЛАҢ II *Қылт-жылт етіп тез қозғалатын, бұлтақ, жылпос.* ◊ **Қылаң етті** – *қылт етіп көрінді.* **Қылаң қақты [ұрды]** – *тез-тез қозғалып, сыпсың қақты.*

ҚЫЛАҢДА I *Айнала бозғылт тарту, жарық түсе бастау.*

ҚЫЛАҢДА II *Бір сәтке қылт етіп көріну, қылаң ете қалу.*

ҚЫЛАҢДАУ *Бозғылдау, ақшылдау.*

ҚЫЛАҢ-ҚЫЛАҢ: **қылаң-қылаң етті** – *бозараңдап көрінді, ағараңдады.*

ҚЫЛАҢ-СЫЛАҢ *Қылаңдап-сылаңдап қалған, қылмың қаққан.*

ҚЫЛАҢЫТ *Ақшыл тарту, бозару.*

ҚЫЛАП *Өз ісіне шебер, ұста; ұқыпты.*

ҚЫЛАУ I 1. *Сілбілеп, ұшқындап түскен ұлпа қар.* 2. ***Ауысп.*** *Шашқа, сақал-мұртқа түсе бастаған ақ.* ◊ **Қылау шалды** – *шашқа, сақал-мұртқа ақ түсе бастады.*

ҚЫЛАУ II 1. *Керексіз, босқа жатқан, кішкентай нәрсе.* 2. ***Ауысп.*** *Бөтен ой, жат пікір.* ◊ **Қылау түсті [түспеді]** – *дақ түсті, нұқсан келді.*

ҚЫЛАУ III *Пышақ, қанжар, қылыш сияқты өткір құралдарды қайраганда жүзінде қалатын уақ бүршік.* ◊ **Қылауы түспеген** – *жап-жаңа, судай жаңа; өткір.*

ҚЫЛАУ IV *Мал төлінде, әсіресе жас бұзауда кездесетін жұқпалы індет; ауру.*

ҚЫЛАУДАЙ *Титтей, зәредей.*

ҚЫЛАУЛА *Үшқындап қар жауу, қылау түсу.*

ҚЫЛАУСЫЗ *Кіршіксіз, таза; мінсіз.*

ҚЫЛАУЫТ *Қылау түсу, қылаулау.*

ҚЫЛБҰРАУ *Қинау, жазалау кезінде санды, тақымды буып, азаптайтын қылдан есілген арқан.* ◊ **Қылбұрау салды** – *тақымын қыл бұраумен буып, қатты қинады, азаптады.*

ҚЫЛҒЫ 1. *Жұтып жіберу, жалмап қою.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені өз пайдасына асыру, жеп қою.*

ҚЫЛҒЫН 1. *Тынысы тарылып, үні шықпай қалу; буыну.* 2. ***Ауысп.*** *Жан даусы шығу, қатты айқайлау.*

ҚЫЛДА *Қылын алу, қылдан тазарту.*

ҚЫЛДАЙ 1. *Қылдырықтай, жіпжіңішке; нәзік.* 2. ***Ауысп.*** *Титтей, зәредей.* ◊ **Қылдай болды** – *тепе-тең етті, қақ жарды.* **Қылдай бөлді** – *теңдей бөлді.*

ҚЫЛДЫРЫҚ I *Тырнаның, сұқсырдың мойыны.*

ҚЫЛДЫРЫҚ II *Қыл сияқты, жіңішке.*

ҚЫЛДЫРЫҚТАЙ *Жіп-жіңішке, қылдай; нәзік. Қылдырықтан жіңішкере түсу, қушию.*

ҚЫЛЖАҚ *Орынсыз, жөнсіз айтылған тәлкек сөз.* ◊ **Қылжаққа айналдырды** – *әзілдеген болып, тәлкек етті.* **Қылжақ қылды [етті]** – *мазақ етті, келемеждеді.*

ҚЫЛЖАҚБАС *Жөнсіз әзілдейтін, әр нәрсені айтатын қылжақшыл, бейпіл ауыз адам.*

ҚЫЛЖАҚБАСТАУ *Ылғи қылжақтап жүретін, бейпіл ауыздау.*

ҚЫЛЖАҚБАСТЫҚ *Қылжақбас болушылық, қылжақтағандық.*

ҚЫЛЖАҚТА *Әзілдеген болып, бейпіл сөйлеу.*

ҚЫЛЖАҚШЫЛ *Қылжақтай беретін, қылжаққұмар.*

ҚЫЛЖАЛАҚ 1. *Бір нәрсені істегісі келмей, әртүрлі сылтау айтушылық, қиқақ.* 2. ***Ауысп.*** *Әзілдегенсіп, жөнжосықсыз сөйлегендік.*

ҚЫЛЖАЛАҚТА 1. *Қылжалақ-қылжалақ ету, қисаңдау.* 2. *Бір нәрсені істегісі келмеу, қиқаңдау.* 3. *Әзілдегенсіп, жөн-жосықсыз сөйлеу, қылжалақтау.*

ҚЫЛЖАҢ 1. *Әрі-бері қисаландағандық, қылжаңдағандық.* 2. ***Ауысп.*** *Орынсыз қалжың, қылжақ.* ◊ **Қылжаң етті** – *қиқаң етіп, құлап түсті.*

ҚЫЛЖАҢДА 1. *Әрі-бері теңселу, қылжаң-қылжаң ету.* 2. ***Ауысп.*** *Әзілдеген болып, аузына келгенін айту, жөн-жосықсыз сөйлеу.*

ҚЫЛЖИ 1. *Әлі құрып, қалай болса солай қисайып, жата кету.* 2. ***Ауысп.*** *Өлу, жан тапсыру.*

ҚЫЛЖИЫС *Қалай болса солай қылжия кеткен күй, қылжигандық.*

ҚЫЛЖУҒЫШ *Қазан жуу үшін арнайы жасалған бұйым.*

ҚЫЛИ *Қисық, қиғаш (көз).*

ҚЫЛИЛАН *Көзі қыли болып қалу.*

ҚЫЛИЛАУ *Көзі аздап қисықтау, қиғаштау.*

ҚЫЛИЛЫҚ *Қыли болғандық, көзі қисықтық, қиғаштық.*

ҚЫЛКӨПІР *Діни наным бойынша жаны жаннатқа барар жолдағы азапты, ауыр өткел; қиямет.*

ҚЫЛҚ: **қылқ етқізді** — *қылғытып жұтып жіберді.*

ҚЫЛҚА *Қылдырықтай, жіп-жіңішке жер.* ◊ **Қылқа мойын** — *жіп-жіңішке, қылдай мойын.*

ҚЫЛҚАЛАМ *Сурет өнерінде қағазға, кенепке бояу жағу үшін қолданылатын құрал.*

ҚЫЛҚАН 1. *Мәңгі жасыл ағаштарда жапырақ орнына өсетін тікенек.* 2. *Балықтың ұсақ тікенек сүйегі; қылтан.*

ҚЫЛҚЫ I 1. *Бір нәрсенің үп-ұзын болып сораюы; сидию.* 2. *Бір нәрсеге көзін тігіп, кетпей қою.*

ҚЫЛҚЫ II *Енесі жампоз мая, атасы таза үлек, жалғыз өркеш буданның төртінші ұрпағы.*

ҚЫЛҚ-ҚЫЛҚ: **қылқ-қылқ жұтты** — *үсті-үстіне жұта берді, қылқылдатты.*

ҚЫЛҚОБЫЗ *Шанағын тізеге сүйеп қойып, ысқымен тартылатын екі ішекті музыка аспабы.*

ҚЫЛҚҰЙРЫҚ ***зоол.*** *Құйрық қауырсыны үшкір келген, шіл тектес дала құсы.*

ҚЫЛҚҰРТ ***зоол.*** *Тоспа суда, арықта болатын, қыл сияқты жіңішке әрі ұзын құрт.*

ҚЫЛ-ҚЫБЫР *Жүн-жұрқа, қылшық.*

ҚЫЛҚЫЛДА *Бір нәрсені қайта-қайта талап етіп сұрау, әбден мезі ету.*

ҚЫЛҚЫЛДАТ 1. ***өзг. етіс*** *Қылқылда-т.* 2. *Қылқ-қылқ еткізіп жұту, ішу.*

ҚЫЛҚЫҢ: **қылқың етті** — *қылт етіп көрінді.*

ҚЫЛҚЫҢДА *Қайта-қайта мойнын созып қарау.*

ҚЫЛҚЫҢ-ҚЫЛҚЫҢ: **қылқың-қылқың етті** — *мойнын қылқыңдатып, қайта-қайта қарады.*

ҚЫЛМАЙҚАН *Жанды еркек жыныстардың жыныс мүшесінің денеге ұласар жері.*

ҚЫЛМИ *Жылмиып әсем көрініу, қылтиып сәндену.*

ҚЫЛМЫҚ *Мойны ұзын, түгі тықырлау, сүті мол нар маяның бір түрі (түйе).*

ҚЫЛМЫҢ *Күлім қағып, жағымды қылық көрсеткендік; қылмыңдағандық.* ◊ **Қылмың қақты [етті]** — *күлмеңдеп, жылмың қақты.*

ҚЫЛМЫҢДА *Қылмың-қылмың ету, күлмеңдеу.*

ҚЫЛМЫҢ-ҚЫЛМЫҢ: **қылмың-қылмың етті** — *қылмыңдады, күлмеңдеді.*

ҚЫЛМЫС 1. *Қоғамдық құрылыс пен жеке бастың мүддесіне қарсы бағытталған айыпты іс-әрекет.* 2. ***Ауысп.*** *Адамгершілікке жат қылық, жарамсыз іс.* **Қылмыс кодексі** — *айыпты іске қолданатын заңдар жиынтығы.*

ҚЫЛМЫСКЕР *Қылмысты іс істеген адам; айыпкер.*

ҚЫЛМЫСКЕРЛІК *Қылмыскер болушылық, айыптылық.*

ҚЫЛМЫСТАС *Істеген қылмысы, айыбы бір.*

ҚЫЛМЫСТЫ 1. *Қылмысы бар, қылмыс істеген.* 2. ***Ауысп.*** *Айыпты, жазықты, күнәлі.* ◊ **Қылмысты іс** — *қоғам мүддесіне, біреудің жеке басына қастандық жасағаны үшін жүргізілетін іс.*

ҚЫЛП: қылп етқізбеді — *а) қыбыр еткізбеді, тапжылтпады; ә) бұлжытпай таныды, тап басты.* **Қылп етті [қылп ете қалды]** — *сезіктенді, секем алды.*

ҚЫЛП-ҚЫЛП: қылп-қылп етті — *қылпылдады.*

ҚЫЛПЫ *Өте өткір болып тұру, қылпылдау.*

ҚЫЛПЫҚ *Қылтиып көрінген болмашы нәрсе; қылтық.* ◊ **Қылпық жуытпады** — *еш нәрсе жұқтырмады; таза ұстады.*

ҚЫЛПЫЛДА I *Лыпылдап тұру, қылпу.*

ҚЫЛПЫЛДА II *Сезіктену, секемдену.*

ҚЫЛТ: қылт етті — *а) қылаң етіп көрінді; ә) бұртия қалды, өкпеледі.*

ҚЫЛТА I *Тізенің астыңғы жағындағы сіңірлі тірсек* ◊ **Қылтасын қиды** — *мысын құртты, мүсәпір етті.*

ҚЫЛТА II ***геогр.*** 1. *Өзеннің, көлдің жіңішкеріп келген жері.* 2. *Бұрылысты, қалтарысты тар жер.*

ҚЫЛТАЛАН *Қылта болу, тарылу.*

ҚЫЛТАЛАУ *Ені тарлау, жіңішкелеу.*

ҚЫЛТАМАҚ *Тамақтан ас өтпей қалатын ауру.*

ҚЫЛТАН *Балық етінің арасындағы жіңішке сүйек.*

ҚЫЛТАНАҚ 1. *Дақылды өсімдіктердің масағы мен селеу басына сорайып біткен жіңішке қылтық.* 2. *Балықтың қылқаны, ет арасындағы тікенек сүйегі.*

ҚЫЛТАНАҚТА *Әр жерден сойдиып жіп-жіңішке болып көріне бастау.*

ҚЫЛТАНАҚТАЙ 1. *Тікірейген, қатты.* 2. ***Ауысп.*** *Титтей, құрттай, зәредей.*

ҚЫЛТИ 1. *Бір нәрсенің төбесі гана көріну.* 2. ***Ауысп.*** *Қылт ете қалу, өкпелеу.*

ҚЫЛТИМА *Қылт ете қалғыш, өкпелегіш.*

ҚЫЛТ-ҚЫЛТ: қылт-қылт етті — *төбесі анда-санда бір көрінді.*

ҚЫЛТ-СЫЛТ: қылт-сылт етті — *тез өкпелеп, тез райынан қайтты.*

ҚЫЛТЫҚ *Қылтиып көрінетін кішкене нәрсе.*

ҚЫЛТЫЛДА 1. *Қылт-қылт етіп көріну, қылтыңдау, қылтию.* 2. ***Ауысп.*** *Қылт ете түсу, өкпелеу.*

ҚЫЛТЫҢ *Қылт етіп көрінгендік.*

ҚЫЛТЫҢДА 1. *Қылтың-қылтың етіп көріну.* 2. ***Ауысп.*** *Сан құбылып, қылтың-қылтың ету.*

ҚЫЛТЫҢ-ҚЫЛТЫҢ: қылтың-қылтың етті — *қылтыңдап әлсін-әлсін көрініп қалды.*

ҚЫЛТЫҢ-СЫЛТЫҢ *Қылтың-сылтың еткендік, жеңілтектік.* ◊ **Қылтың-сылтың етті** — *жеңілтектік көрсетті, қылтыңдады.*

ҚЫЛША I *Тау беткейлерінің тастақты жерлерінде тарам-тарам болып өсетін, эфир майына бай, дәрі жасайтын жасыл өсімдік.* ◊ **Қылша мойны талша** — *бәріне де көнген, көнбіс.*

ҚЫЛША II *Қызылша сөзінің халықтық айтылу нұсқасы.*

ҚЫЛШАН ***көне*** *Жебе салып жүру үшін, жылқының қылынан тоқып жасалған оқ қабы; қорамсақ.*

ҚЫЛШЫҚ 1. *Жүннің ірі әрі қатқыл талшығы.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге жабысып қалған қыл-қыбыр, жүн-жұрқа.* ◊ **Қылшығы жығылмады [қисаймады, құрымады, сынбады]** — *түгі кетпеді, мұрты қисаймады.* **Қылшығына қылау түсірмеді [қылшық жұқтырмады]** — *шаң жуытпады, кір келтірмеді.*

ҚЫЛШЫҚТА 1. *Қылшығын ажырату, айыру.* 2. *Қыл-қыбырдан тазарту, қылын алу.*

ҚЫЛШЫҚТЫ *Қылшығы бар, қылшығы мол.*

ҚЫЛШЫЛДА 1. *Өткір болып, қылпып тұру.* 2. ***Ауысп.*** *Жас шамасы кемеліне келу, толықсу.*

ҚЫЛЫ *Екі алапты қосып тұрған ені тар жіңішке жар.*

ҚЫЛЫҚ 1. *Кісінің жеке басына тән мінез-құлық.* 2. ***Ауысп.*** *Біреу тарапынан істелген ұнамсыз іс-әрекет.* ◊ **Қылығы өтті** — *ызасы өтті.* **Қылығы тәтті** — *мінез-құлқы сүйкімді, қылықты.* **Қылық көрсетті [шығарды]** — *а) қылығымен сүйкімді көрінді; ә) оқыс мінез танытты.*

ҚЫЛЫҚТАН *Қылық шығару; мінезімен сүйкімді көріну.*

ҚЫЛЫҚТЫ *Мінез-құлқы сүйкімді, тартымды.*

ҚЫЛЫҚТЫЛЫҚ *Мінез-құлықтағы сүйкімділік, ұнамдылық, тартымдылық.*

ҚЫЛЫМСЫ *Қысылған болып сызылу, бәлсіну, тәлімсу.*

ҚЫЛЫШ 1. *Болаттан істелген, өткір жүзді.* 2. *Өрмек арқауын ұрып, тығыздай түсу үшін арнайы жасалған, жалпақтау ағаш құрал.* **Қылыш жүзінде** – *қиын-қыстау жағдайда; қыл үстінде.* **Қылыштың жүзі, найзаның ұшымен** – *күшпен, қарумен қорқытып.* **Қылыштың жүзіндей** – *кесіп түсерлік, өткір.* **Қылышынан қан тамған** – *қаһарлы, зәрлі, жауыз.* **Қылышын сүйретіп қыс келді** – *шаруашылыққа қиындық келтіретін кезең тақалды.*

ҚЫЛЫШБАЛЫҚ ***зоол.*** *Дене тұрқы ұзын болып келген, тұқы тұқымдас балық.*

ҚЫЛЫШКЕР *Қылыш шабуға маманданған сарбаз, жауынгер.*

ҚЫЛЫШТА *Қылышпен шабу, кесу.*

ҚЫЛЫШТАЙ *Қылыштың жүзіндей, өткір.*

ҚЫМБАТ 1. *Құнды, бағалы.* 2. ***Ауысп.*** *Аса қадірлі, қасиетті, аяулы.* ◊ **Қымбат көрді** – *а) нарқы артық деп есептеді; ә) қадірледі, қастерледі.* **Қымбатқа түсті** – *бағасы жоғарылау болды.*

ҚЫМБАТСЫН *Заттың нарқы жоғары деп білу, қымбат санау.*

ҚЫМБАТТА *Заттардың, тамақтың өзіндік құны жоғарылап, нарқы көтерілу.*

ҚЫМБАТТАУ *Бағасы белгілі шамадан артықтау, құны жоғарылау.*

ҚЫМБАТТЫ 1. *Өте құнды, бағалы.* 2. ***Ауысп.*** *Аса құрметті, қадірлі.*

ҚЫМБАТТЫҚ 1. *Бағасы жоғарылық; құндылық.* 2. ***Ауысп.*** *Қадірі артықтық, жоғарылық.*

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ *Заттардың, тамақтың бағасының, нарқының тым қымбаттап кеткендігі.*

ҚЫМБАТЫРАҚ 1. *Бағасы артығырақ, құны жоғарырақ.* 2. ***Ауысп.*** *Қадірі артығырақ, орны бөлегірек.*

ҚЫМ-ҒУЫТ *Бей-берекет, шым-шытырық; қарбалас.* ◊ **Қым-ғуыт болды** – *аласапыран болды, қарбаласқа айналды.*

ҚЫМҚАП *Алтын немесе күміс жіп араластырып тоқылған қалың жібек мата.*

ҚЫМ-ҚИҒАШ *Шым-шытырық, шытырман, қым-ғуыт.*

ҚЫМҚЫ *Бір нәрсені жасырып қалу, ұрлау, жымқыру.*

ҚЫМҚЫР 1. *Бір нәрсенің шетін ішке қарай жымыру, бүгу.* 2. *Бір нәрсені қағып кету, жымқыру.*

ҚЫМҚЫРМА *Ұсақ-түйекті іліп кететін жымысқылық.*

ҚЫМС: қымс етсе – *бірдеме деп айта қалса, қит етсе.*

ҚЫМСЫН *Имену, ұялу, қысылып-қымтырылу.*

ҚЫМТА 1. *Киімнің етегін, көрпенің шетін қайырып, айнала бітеу.* 2. *Басып қалу, буркеу, тұмшалау.*

ҚЫМТАЛА *Қайта-қайта қымтау, қымтай түсу.*

ҚЫМТАП-ШЫМҚА 1. *Саңылау қалдырмай қымталау; тұмшалап тастау.* 2. ***Ауысп.*** *Жабу, жасыру, бүркемелеу.*

ҚЫМТЫ 1. *Бір нәрсені тежеп, қысып ұстау.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені бүгу, жасыру.*

ҚЫМТЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Қымты-л.* 2. *Ұялып қалу, қысылу.*

ҚЫМТЫР *Ұрлап алу, жымқыру.*

ҚЫМТЫРЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Қымтыр-ыл.* 2. *Ұялып, қысылып қалу.*

ҚЫМЫЗ *Бие сүтінен ашытылып жасалған тағамдық әрі дәрілік қасиеті күшті, қышқыл дәмді сусын.*

ҚЫМЫЗДЫҚ *Жапырағы сопақша келген, жеуге жарамды, қышқылтым дәмді жабайы шөп.* **Қымыздық қышқылы** – *қымыздың сөлінен бөлінетін қышқылтым дәмді зат.*

ҚЫМЫЗҚОР *Қымызды жақсы көретін, қымызқұмар.*

ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ ***этн.*** *Бие байлағаннан кейінгі ауылдастарын алғашқы қымыз ішуге шақыру салты.*

ҚЫМЫЗСЫРА *Қымыз ішкісі келу, қымызға аңсары ауу.*

ҚЫМЫЗХАНА *Көпшілік келіп, қымыз сатып алып, сусындайтын орын.*

ҚЫМЫЗШЫ *Бие сауып, қымыз ашытатын адам.*

ҚЫМЫЗШЫЛ *Қымызды жақсы көретін, қымызқұмар.*

ҚЫМЫЗШЫЛА *Ел қыдырып, қымыз ішу.*

ҚЫМЫҢ *Қылмыңдаған көңіл күйі.*

ҚЫМЫҢДА *Қымың-қымың ету; қозғалақтау.*

ҚЫМЫҢ-ҚЫМЫҢ: қымың-қымың етті – *қымыңдады, қымың қақты.*

ҚЫМЫРАН *Түйе сүтінен жасалған тағам, әрі шипалық қасиеті күшті сусын; шұбат.*

ҚЫН *Қылыш, пышақ сияқты өткір құралдарды салып қою үшін жасалған қынап.*

ҚЫНА I 1. *Топырақ бетіне, тасқа қабыршақ тәрізденіп жабысып өсетін, споралы өсімдік.* 2. *Сол өсімдіктен жасалған, шашқа жағатын бояу.*

ҚЫНА II 1. *Киімнің белін жиырып, бүгіп тігу.* 2. *Белін қатты қысып буу.*

ҚЫНАДАЙ *Қына түстес; қызыл күрең.*

ҚЫНАЙ: қынай бел – *жіп-жіңішке, талдырмаш бел.*

ҚЫНАЛА 1. *Қынамен бояу, қына жағу.* 2. *Қына өсіп шығу.*

ҚЫНАМА *Белі бүгіліп, жиырылып тігілген.*

ҚЫНАМАЛА *Белін қынама етіп тігу, қынау.*

ҚЫНАМЕНДЕ ***этн.*** *Күйеу жігіт қалыңдық отауына алғаш келгенде жасалынатын жастардың ойын-сауығы.*

ҚЫНАП 1. *Қылыштың қабы, қын.* 2. ***анат.*** *Сүтқоректілердің ұрғашыларындағы жыныс жолының алғы қуысы.* 3. ***бот.*** *Өсімдік жапырағының сабақты орап тұратын төменгі бөлігі.*

ҚЫНЖЫЛ *Бір нәрсеге кею, ренжу, налу.*

ҚЫНЖЫЛЫС *Қынжылғандық күй, реніш.*

ҚЫҢ *Қыңқ етпеу, айылын да жимау.* ◊ **Қың демеді** – *қыңқ етпеді, былқ етпеді.*

ҚЫҢБА *Айылын да жимау, былқ етпеу.*

ҚЫҢҚ: қыңқ етпеді – *төзді, шыдады.*

ҚЫҢҚ-ҚЫҢҚ: қыңқ-қыңқ етті – *қыңқылдады.*

ҚЫҢҚЫЛ *Қыңқылдап айта бергендік, қыңқылдағандық.*

ҚЫҢҚЫЛДА *Қайта-қайта айта беру, мазалау.*

ҚЫҢҚЫЛ-СЫҢҚЫЛ 1. *Мазаны алатын қыңқыл сөз.* 2. ***Ауысп.*** *Жеңілжелпі ауру.*

ҚЫҢСЫЛ *Иттің, қасқырдың көмейінен шығатын аянышты үні.*

ҚЫҢСЫЛА 1. *Иттің, қасқырдың көмейінен аянышты дыбыс шығару.* 2. ***Ауысп., экспр.*** *Бірдеңені ызыңдап айтып, жылана беру.*

ҚЫҢЫР 1. *Бір жағына қарай қисық.* 2. ***Ауысп.*** *Қырсық, қиқар.* ◊ **Қыңыр кетті [тартты]** – *бұра тартты, қисайды.* **Қыңыр қарады** – *жақтырмады, ұнатпады.* **Қыңыр сөз** – *іліп-шалған қырсық сөз.* **Қыңыр сөйледі** – *қиқарланып, қырсығып айтты.*

ҚЫҢЫРАЙ 1. *Бір жағына қарай қисаю.* 2. *Қасарысу, қиқарлану, қырсығу.*

ҚЫҢЫРЛАН *Қиқарлану, қасарысу.*

ҚЫҢЫРЛАУ 1. *Бір жағына қарай қисықтау.* 2. ***Ауысп.*** *Қырсықтау, қиқарлау.*

ҚЫҢЫРЛЫҚ 1. *Қисықтық, түзу еместік.* 2. ***Ауысп.*** *Қиқарлық, қасарысқандық.* **Қыңырлыққа [қыңырлығына] басты** – *қиқарлық істеді, қырсықтық жасады.*

ҚЫП: іші қып ете қалды – *сезіктенді, қауіптенді.*

ҚЫП-ҚЫЗЫЛ 1. *Шиедей, нарттай.* 2. ***Ауысп.*** *Нағыз, барып тұрған.*

ҚЫП-ҚЫСҚА *Тым келте, шолақ.*

ҚЫПША: **қыпша бел** — *нәзік, жіңішке бел.*

ҚЫПЫЛ *Бір нәрсені күте-күте тынышы кету.*

ҚЫПЫЛЫҚ *Қыпыл қаққандық, тынышы кеткендік.* ◊ **Қыпылық қақты** — *қыпылықтады, дегбірі кетті.*

ҚЫПЫЛЫҚТА *Тынышы кету, дегбірсіздену.*

ҚЫР I 1. ***геогр.*** *Созылып жатқан биік жер.* 2. *Қырлы нәрсенің сырт жақ шеті.* 3. *Киімге үтік басқанда пайда болатын түзу қатпар.* 4. ***Ауысп.*** *Адам бойындағы қасиеттердің бір сыры.* 5. *Біреуге көрсетілген сес, айбат.* 6. *Бір нәрсеге деген икем, еп.* **Қыр астында** — *алыс емес, жақын.* ◊ **Қыр көрсетті** — *қоқан-лоқы жасады, қорқытты.* **Қыр мұрын [мұрынды]** — *қырланып келген әдемі мұрын.* **Қыры жоқ** — *икемсіз, епсіз.* **Қыры кетті** — *ісі оңға баспады.* **Қыр соңынан қалмады** — *соңына түсті, құдалады.* **Қыры сынды** — *беті қайтты, тауы шағылды.* **Қыры тайды** — *күйі кетті, нашарлады.* **Қырына алды** — *біреудің соңына түсті, ерегісті.*

ҚЫР II 1. *Сақал-мұртты, шашты ұстарамен алу, сыпыру.* 2. *Өткір құралмен бір заттың бетіндегі нәрсені қырнап кетіру, қырғыштау.*

ҚЫР III *Жаппай өлтіру, жойып жіберу.*

ҚЫРАҒАТ *Құран сүрелерін оқудағы дауыс ырғағы, мәнері.*

ҚЫРАҒАТТА *Құран сүрелерін ырғағына келтіріп, мақамдап оқу.*

ҚЫРАҒЫ 1. *Тез байқайтын, көреген.* 2. *Өте сақ.* ◊ **Қырағы көз** — *бір нәрсені тез байқайтын, көреген.*

ҚЫРАҒЫРАҚ *Тез байқағыштау, көрегендеу.*

ҚЫРАҒЫЛАН *Қырағы болу, көргіш болу.*

ҚЫРАҒЫЛАУ *Көргіштеу, көрегендеу.*

ҚЫРАҒЫЛЫҚ 1. *Көргіштік, байқағыштық.* 2. *Сақтық, сезімталдық.*

ҚЫРАН 1. *Алғыр құстардың жалпы атауы.* 2. ***Ауысп.*** *Батыр, ержүрек, алғыр.* ◊ **Қыран жапқандай қылды [дүрліктірді]** — *әлек-шәлегін шығарды.* **Қыран көз [көзді]** — *тез байқайтын, алғыр.* **Қыран қабақ** — *қабағы түксиген, сұсты.* **Қыран құс** — *алғыр құс.* **Қыран күлкі** — *ішек-сілесі қатып, жаппай күлген күлкі.*

ҚЫРАНДЫҚ 1. *Қыран құсқа тән қасиет; алғырлық.* 2. ***Ауысп.*** *Ерлік, батырлық.*

ҚЫРАНҚАРА *Қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс.*

ҚЫРАНОТ ***бот.*** *Қауырсын жапырақты, гүлсіз өсімдік; папоротниктің бір түрі.*

ҚЫРАН-ТОПАН: қыран-топан күлкі — *ішек-сілелері қатып жаппай күлкі.*

ҚЫРАҢ *Сәл биіктеу, дөңес жер; қырат.*

ҚЫРАҢДАУ *Биіктеу, дөңестеу.*

ҚЫРАТ *Биіктеу, дөңес жер.*

ҚЫРАТТЫ *Қырат-қырат, қыраты көп.*

ҚЫРАУ 1. *Тоңазыған дымқыл ауаның жерге, ағашқа қар тәрізді болып ағарып қонған күйі.* 2. ***Ауысп.*** *Қартайған адамның сақалы мен шашына, самайына түскен ақ.*

ҚЫРАУЛА *Қырау түсу, қырау басу.*

ҚЫРАУЛЫ *Қырауы бар, қырау қатқан.*

ҚЫРАУЫТ *Ақшыл тарту, қырау түсу.*

ҚЫРБАЙ 1. *Қырғи қабақ, дүрдараз.* 2. *Шаруаға қыры жоқ, орашолақ.* ◊ **Қырбай қабақ** — *қырғиқабақ, араз.*

ҚЫРБАЙЛЫҚ *Қырғиқабақтық, араздық.*

ҚЫРБЫҚ *Үшқындап жауған жаңа қар, қырбақ.*

ҚЫРБЫҚТА *Үшқындап қар жауу.*

ҚЫРҒАУЫЛ *Жылы жақты мекендейтін тауық тұқымдас қызғылт не сұр түсті әдемі құс.*

ҚЫРҒИ *Имек тұмсық, өткір тырнақты қарлығаштың бір түрі.* ◊ **Қырғиқабақ** — *бір-бірімен араз, дүрдараз.*

ҚЫРҒИДАЙ: қырғидай тиді — *әптер-тәптерін шығарды, дүрліктірді.*

ҚЫРҒИЛЫҚ 1. *Қырғиға тән қасиет.* 2. ***Ауысп.*** *Ұшқырлық, алғырлық.*

ҚЫРҒИША *Қырғи тәрізді, қырғи секілді.* ◊ **Қырғиша тиді** — *опыр-топырын шығарды.*

ҚЫРҒЫ *Ағаш өңдейтін темір құрал.*

ҚЫРҒЫЗ *Қырғыз Республикасының жергілікті халқы; ұлт.* □ **Қырғыз өрім** — *өрімі қырғыз қамшысының өріміндей өрілген (қамшы).*

ҚЫРҒЫН *Киян-кескі ұрыс, қантөгіс.* ◊ **Қырғынға ұшырады** — *жаппай өлді, қырылды.* **Қырғын келгір** — *жаппай қырылғыр, өлім келгір.*

ҚЫРҒЫН-СҮРГІН *Ел тынышын кетірген шапқыншылық, бүліншілік.*

ҚЫРҒЫНШЫЛЫҚ *Қырып-жоюшылық, шапқыншылық.*

ҚЫРҒЫШ *Бір нәрсені қыру үшін темірден жасалған жүзі бар құрал.*

ҚЫРҒЫШТА *Қырғышпен қайта-қайта қыру.*

ҚЫРЖИ 1. *Қыртыстану, қатпарлану.* 2. ***Ауысп.*** *Ұнатпау, тыржию.*

ҚЫРЖЫҚ 1. *Қатпарланған, қыртыстанған; қыржиған.* 2. ***Ауысп.*** *Қырсық, қыңыр; бірмойын.*

ҚЫРЖЫҢ *Қыржыңдаған күй, қыржыңдаған қалып.* ◊ **Қыржың етті** — *тыржыңдады, жақтырмады.*

ҚЫРЖЫҢДА *Қыржың-қыржың ету, ұнатпау, жақтырмау.*

ҚЫРКҮЙЕК *Күздің алғашқы айы; сентябрь.*

ҚЫРҚА 1. *Ұзыннан-ұзақ созылып жатқан биік жер; қыр.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір мөлшер, шама; белес.*

ҚЫРҚАЙ *Бәрі, түгел, жаппай, шетінен.*

ҚЫРҚАЛА *Қырқаның үстімен жүру, жотамен жүру.*

ҚЫРҚАЛАН *Қырқа болу, жоталану.*

ҚЫРҚАЛАУ *Аздап қырқа, сәл ғана қырқа.*

ҚЫРҚАЛЫ *Қырқасы бар, қырқа-қырқа болып келген.*

ҚЫРҚАР *Ку, айлакер.*

ҚЫРҚАРЛЫҚ *Кулық, сұмдық, айлакерлік.*

ҚЫРҚАСЫН *Кішігірім қырқа, қырқашық.*

ҚЫРҚАСЫНДАУ *Аздап қырқасын, сәл биіктеу.*

ҚЫРҚ-ҚЫРҚ: қырқ-қырқ етті — *қырқылдаған үн шығарды.*

ҚЫРҚЫ ***эти.*** *Өлген адамның қайтыс болғанына қырық күн толуына байланысты берілетін құдайы ас.* ◊ **Қырқынан шықты [шығарды]** — *жаңа туған балаға қырық күн толғаннан соң, ырымдап, көрші-қолаңына тамақ беру салты.*

ҚЫРҚЫЛҒЫР: тілің қырқылғыр қарғ. — *тілің кесілгір.*

ҚЫРҚЫЛДА *Қырқылдау, қырқырағаң дыбыс шығару, қырқ-қырқ ету.*

ҚЫРҚЫЛДАҚ: қырқылдақ торғай ***зоол.*** — *өзен, көл жағаларында тіршілік ететін кішкене сұр құс.*

ҚЫРҚЫЛДАУЫҚ *Қырқылдай беретін, қырқылдағыш.*

ҚЫРҚЫЛЖЫҢ I *Ұсақ-түйек ұрыс-керіс.*

ҚЫРҚЫЛЖЫҢ II *Жасы есейіп қалған көп сөзді адам.* ◊ **Қырқылжың тартты** — *жасы келіп, істен гөрі сөзге көбірек бой ұрды.*

ҚЫРҚЫМ *Қой қырқатын науқан, қырықтық кез.*

ҚЫРҚЫМШЫ *Қой қырқатын адам; қырқымға қатысушы.*

ҚЫРҚЫНДЫ *Өрмек жіптерінің тоқуға келмей қалғандықтан қырқып тасталынған жері.*

ҚЫРҚЫШШЫ *Қырық санының реттік түрі.*

ҚЫР-ҚЫР: қыр-қыр етті — *даусы қырылдап шықты, қырылдады.*

ҚЫРҚЫС I *Киян-кескі ұрыс, соғыс.*

ҚЫРҚЫС II *Өзара таласу, тартысу, айтысу.*

ҚЫРЛА *Қыр шығару, қыр түсіру.*

ҚЫРЛАУ *Қыр болып келген, аздап қыры бар.*

ҚЫРЛЫ *Бірнеше қыры бар.*

ҚЫРЛЫҚ *Қырға тән, қырға қатысты.*

ҚЫРЛЫЛЫҚ *Қырлы болып келушілік.*

ҚЫРМА: қырма сақал — *жігіт ағасы болып қалған, егде тартқан.* **Қырма таз** — *шашы түсіп, селдіреп қалған таз.*

ҚЫРМАЛА *Қайта-қайта қыру, қыра беру.*

ҚЫРМАН *Астық бастыратын, тазалайтын ашық алаң.* ◊ **Қырман басты** — *дәнді масағынан бөлді, қауызынан ажыратты.* **Қырман толсын** ***(тілек)*** — *астық мол болсын.*

ҚЫРМАНДАП *Қырман-қырман етіп, мол қып.*

ҚЫРМАНТҰП ***этн.*** *Қырман аяқталар кезде кәде бойынша елге берілетін азын-аулақ астық.*

ҚЫРМАНШЫ *Қырманда жұмыс істейтін адам.*

ҚЫРМЫЗЫ *Ашық қызыл.*

ҚЫРНА *Бір нәрсені қырып тазарту.*

ҚЫРНАҒЫШ *Асыл темірден жасалған сүйек, тас өңдейтін құрал.*

ҚЫРНАП-ЖОН *Қырнау, жону; өңдеу.*

ҚЫРНАУЫШ *Қырып тазалайтын, қырнайтын құрал.*

ҚЫРПУ *Бір нәрсенің жиегі, етегі.*

ҚЫРПУЛА I *Тегістеп кесу, қыс-қарту.*

ҚЫРПУЛА II *Жиектеу, жағалау.*

ҚЫРПЫ *Бір нәрсенің іш жағын тегістеп кесу, қырқу.*

ҚЫРСАУ *Шабан, кежір, жалқау.*

ҚЫРСАУЛАН *Қырсығу, кежірлену.*

ҚЫРСАУЛАУ *Шабандау, жалқаулау.*

ҚЫРСАУЛЫҚ *Жалқаулық, кежірлік.*

ҚЫРСЫЗ *Еш нәрсеге ебі жоқ, икемсіз.*

ҚЫРСЫЗДАН *Қыры жоқ болу, икемсіздену.*

ҚЫРСЫЗДАУ *Икемсіздеу, епсіздеу.*

ҚЫРСЫЗДЫҚ *Икемсіздік, епсіздік.*

ҚЫРСЫҚ I *Адамға кездейсоқ кездесетін кесір-кесапат, пәле.* ◊ **Қырсығы тиді** — *кесірі, залалы тиді.* **Қырсық айналдырды** — *пәлеге ұшырады, қырсыққа кездесті.* **Қырсық сөз** — *қыңыр сөз, кекесін.* **Қырсық шалды** — *пәлеге тап болды.*

ҚЫРСЫҚ II *Өзінің айтқаны болмаса басқаға көнбейтін, қыңыр, кертақыс.*

ҚЫРСЫҚ III *Қиқарлану, қисаю.*

ҚЫРСЫҚТАН *Қырсығу, қыңырлану.*

ҚЫРСЫҚТАУ *Қырсығып қала беретін, қыңырлау.*

ҚЫРСЫҚТЫҚ *Қыңырлық, қисықтық; кесапаттық.*

ҚЫР-СЫРЫ *Бір нәрсенің өзіне тән қасиеті, ерекшелігі.*

ҚЫРТ I *Мылжың, езбе, сөзуар.*

ҚЫРТ II *Бір нәрсені тістеп, бөліп түскенде шығатын дыбыс.*

ҚЫРТ III *Көп сөйлеу, мылжыңдау; оттау.*

ҚЫРТИМА *Қыртиып қалғыш, қырсық.*

ҚЫРТ-ҚЫРТ *Қаттырақ затты тістегенде не шайнағанда шығатын дыбыс.*

ҚЫРТТЫҚ *Мылжыңдық, сөзуарлық, езбелік.*

ҚЫРТЫЛ *Қыртып көп сөйлегендік; мылжың.*

ҚЫРТЫҢДА *Тыржыңдап жақтырмау, кіржіңдеу.*

ҚЫРТЫС 1. *Жердің сыртқы қабаты, беті.* 2. *Заттың бүктеуінен пайда болатын қатпар.* 3. *Адамның маңдайына, бетіне түскен әжім, сызық.* ◊ **Қыртысы жазылды [тарады]** — *қабағы ашылды, ашуы тарқады.*

ҚЫРТЫС-ҚЫРТЫС 1. *Киімнің қатпарланған, тыртысқан жері.* 2. ***Ауысп.*** *Өкпе, реніш.*

ҚЫРТЫСТА *Бір нәрсенің қыртысын аршу, бетін жұқалап алу.*

ҚЫРТЫСТАН *Қыртыс пайда болу, қатпарлану.*

ҚЫРТЫСТАУ *Қыртысы қалыңдау.*

ҚЫРТЫСТЫ *Қыртысы бар, қыртысы қалың.*

ҚЫРУАР *Сансыз көп, мол.*

ҚЫРШ: қырш етті — *бір нәрсені тістегенде не кескенде шығатын дыбыс.*

ҚЫРШАҢҚЫ 1. *Жылқыда болатын тері ауруы; індет, қышыма, қотыр.* 2. ***Ауысп.*** *Қырсық, қыңыр, шақпа тілді.*

ҚЫРШАҢҚЫЛАН *Қырсықтану, қыңырлану.*

ҚЫРШАҢҚЫЛЫҚ *Қырсықтық, қыңырлық.*

ҚЫРШ-ҚЫРШ *Тістегенде, шайнаганда шығатын дыбыс.*

ҚЫРШУЫШ ***тех.*** *Жер өңдейтін, тісті құрал, машина.*

ҚЫРШЫ *Тістеп, жұлып алу.*

ҚЫРШЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Қыршы-л.* 2. *Киімнің қайырылған, бүктелген жерлерінің әр нәрсеге тиіп, үйкеліп қырқылуы.*

ҚЫРШЫЛДА *Қырш-қырш ету, қыршыл қағу.*

ҚЫРШЫН *Жасөспірім, боздақ.* ◊ **Қыршын жас** — *өрімдей жас, жапжас.* **Қыршын кетті [қыршынынан қиылды]** — *дүниеден жастай кетті, мезгілсіз қайтыс болды.* **Қыршыныңнан қиылғыр** — *дегеніңе жетпей кеткір, жуадай солғыр.*

ҚЫРШЫНДАЙ *Өрімдей, жапжас.*

ҚЫРШЫНДЫҚ *Жас болгандық, боздақтық; қыршындай кеткендік.*

ҚЫРЫҚ I *Отыз тоғыздан кейінгі есептік сан.* ◊ **Қырық жамау** — *тозығы жеткен, ескі.* **Қырық жыл қырғын болса да** — *қандай қиын жагдай болса да.* **Қырыққжілік болғыр** ***қарғ.*** — *сойылғыр, олгір.* **Қырық күн шілде** — *жаздың нагыз ыстық кезі.* **Қырық күншілік жер** — *ұзақ, алыс жер.* **Қырық қадам** — *онша алыс емес (жер).* **Қырық құбылды** — *сан рет өзгерді, айныды.* **Қырық құрау** — *а) тозығы жеткен, ескі-құскы; ә) жанжақты жиналған, құрама.* **Қырықпышақ болды [қылды]** — *өзара таласып, тартысты, қырқысты.* **Қырық ру** — *әр рудан құралған, құрама.* **Қырық саққа жүгіртті** — *сан құбылтты; түрлендірді.* **Қырық сідік** ***экспр.*** — *жасырын жүріс-тен туған бала.*

ҚЫРЫҚ II *Майда, жұмсақ затты қырықтықпен, қайшымен қию.*

ҚЫРЫҚАЯҚ ***зоол.*** *Өсімдік жапырақтарымен қоректенетін көп аяқты құрт.*

ҚЫРЫҚБУЫН ***бот.*** *Дымқыл жерде буын-буын болып өсетін көпжылдық шөп.*

ҚЫРЫҚ-ЕЛУ *Қырық пен елудің төңірегіндегі болжамды сан.*

ҚЫРЫҚЖЕТІ ***көне*** *Айттырылған қыз үшін төленетін қалыңмал мөлшері.*

ҚЫРЫҚҚАБАТ ***бот.*** *Қауданы тамаққа пайдаланылатын бақша дақылы; өсімдік.*

ҚЫРЫҚҚҰЛАҚ I ***бот.*** *Папоротниктердің бір түрі.*

ҚЫРЫҚҚҰЛАҚ II ***бот.*** *Жогары сатыдагы өсімдіктердің бір тобы, сораллы, гүлсіз өсімдік; қырыққұлақ.*

ҚЫРЫҚПА *Қырқылған, қиылған.*

ҚЫРЫҚТАП *Қырық-қырықтан; көптеп, молдап.*

ҚЫРЫҚТЫҚ 1. *Қой, ешкі малдарының жүнін қырқатын қайшы.* 2. *Койды, ешкіні жаппай қырқу науқаны.*

ҚЫРЫҚТЫҚШЫ *Қырықтықпен қой қырқатын адам.*

ҚЫРЫҚТЫҚШЫЛЫҚ *Қой қырқатын мамандық, қой қырыққандық.*

ҚЫРЫҚ ШІЛТЕН *Мифологиялық түсінік бойынша адамды қолдап жүретін, бірақ көзге көрінбейтін рух; Қыдыр.*

ҚЫРЫЛ *Тыныс тарылганда немесе тамақ ауырганда шығатын қырылдаган дыбыс.*

ҚЫРЫЛДА *Қыр-қыр еткен дыбыс шығару.*

ҚЫРЫЛДАҚ *Даусы қырылдап қалган, қырылдап шығатын.*

ҚЫРЫЛДАҢҚЫ *Қырылдап қалган, қырылдаган.*

ҚЫРЫЛДАУЫҚ *Қырылдап қалган, қырылдаган.*

ҚЫРЫЛ-СЫРЫЛ *Қырылдаган, сырылдаган дыбыс.*

ҚЫРЫЛЫС *Қырқысу, соғысу, таласу.*

ҚЫРЫМ *Алыс жер, қия шет.*

ҚЫРЫМ: қырым ет жоқ – *қырып алар ет жоқ; арық.*

ҚЫРЫМОШАҒАН ***бот.*** *Сортаң жерлерде өсетін, көп бұтақты, тікенді өсімдік.*

ҚЫРЫМПОЗ *Жинақы, таза жүретін; сылаң.*

ҚЫРЫМПОЗДАН *Таза, жинақы жүру, сәндену, әсемдену.*

ҚЫРЫМПОЗДЫҚ *Әсемпаздық, кербездік, сәнқойлық.*

ҚЫРЫН 1. *Оң не сол бүйірі алға қарағаң; түзу емес.* 2. ***Ауысп.*** *Теріс, қисық, қыңыр.* ◊ **Қырын келді** – *қолайсыз болды, жайсыз тиді.* **Қырын қабақ** – *дүрдараз, реніштi, кейісті.* **Қырын қарады** – *жақтырмады, ұнатпады.*

ҚЫРЫНДА 1. *Бір қырымен отыру, тұру.* 2. ***Ауысп.*** *Қызға ұнау үшін сәндену, қырымпоздану.*

ҚЫРЫНДАУ *Сәл қырын, қырыныраң.*

ҚЫРЫНДАУШЫ *Қызға қырындаған жігіт.*

ҚЫРЫНДЫ *Ішек-қарынның ішкі жағындағы кілегей қабаты.*

ҚЫРЫП-ЖОЮ *Құрту, жою.*

ҚЫРЫС 1. *Бырысып-тырысып, қатпарланған.* 2. ***Ауысп.*** *Қисық, қыңыр, қырсық.* ◊ **Қырыс қабақ** – *қабағы түсіңкі, реніштi.*

ҚЫРЫСТАН *Қабағы түсу, қырсығу.*

ҚЫРЫСТАУ *Сәл қыңырлау, қырсықтау.*

ҚЫРЫСТЫҚ *Қыңырлық, қырсықтық.*

ҚЫРЫС-ТЫРЫС *Бүктетілген, қатпарланған жер.* ◊ **Қырыс-тырысы жазылды** – *реніші тарқады, көңілденді.*

ҚЫС I *Ең суық жыл мезгілі.* ◊ **Қыс бойы** – *ала қыстай.*

ҚЫС II 1. *Бір нәрсені екі заттың арасына салып сығу, жаншу.* 2. *Қапсыра құшақтау, бауырына басу.* 3. ***Ауысп.*** *Жаналқымға алу, қинау.*

ҚЫСА I *Қыспақ, қиындық.*

ҚЫСА II *Қатты қыстау, қинау, зорлау.*

ҚЫСАҒА *Ұзақ, созылмалы, ет алдырмайтын қылқұрт сияқты мал ауруы.*

ҚЫСАҢ *Ені тар, енсіз.* ◊ **Қысаң дыбыс** ***лингв.*** – *ауыз қуысының тар ашылуынан жасалған келте дыбыс.*

ҚЫСАҢШЫЛЫҚ *Қиын-қыстау заман, тар кезең.*

ҚЫСАС *Қас, өш.*

ҚЫСАСТАН *Қастасу, өштесу.*

ҚЫСАСТЫҚ *Қастық, өштік.*

ҚЫСҚА *Келте, шолақ, шорт.* ◊ **Қысқа күнде қырық жерге қойма қойды** – *айла-шарғы жасады, құлық сауды.*

ҚЫСҚАЛАУ *Ұзын емес, келтелеу.*

ҚЫСҚАЛЫҚ *Келтелік, шолақтық.*

ҚЫСҚАР *Қысқа болып қалу, шолтию.*

ҚЫСҚАРАҚ *Онша ұзын емес, қысқалау.*

ҚЫСҚАРТ 1. ***өзг. етіс*** *Қысқар-т.* 2. *Сөзді тоқтат, сөйлеме.*

ҚЫСҚАСЫ *Тоқетерін айтқанда.*

ҚЫСҚАШ 1. *Оттан шоқ алатын, сабы бар қысқыш темір құрал; шымшуыр.* 2. *Ұстаның қызған темірді қысып ұстайтын құралы.*

ҚЫСҚАША *Қысқа түрде; тұжырымдап, қысқартып.*

ҚЫСҚАШАЛАП *Қысқартып, төтесінен.*

ҚЫСҚЫ I *Бір нәрсені қатты қысып қоятын құрал.*

ҚЫСҚЫ II 1. *Қыс кезіндегі.* 2. *Қысқа арналған.*

ҚЫСҚЫШ I *Бір нәрсені қысып қоятын құрал.*

ҚЫСҚЫШ II ***мед.*** *Металдан т. б. істелген кішкене аспап.*

ҚЫСПА *Жүрегі қысылып қалатын ауру.*

ҚЫСПАҚ 1. *Екі жағы қысылған, тар.* 2. *Айналасы түйықталған, қамау жер.* 3. ***Ауысп.*** *Қысым, зорлық.* ◊ **Қыс-**

паққа алды [салды] – *қысым көрсетті, қысты.* **Қыспаққа түсті** – *қысым көрді, жаны қиналды.*

ҚЫСПАҚТА 1. *Екі жағынан қысу, қамау.* 2. ***Ауысп.*** *Қыстау, қинау.*

ҚЫСПАЛА *Қысу, сығылыстыру.*

ҚЫСТА I *Қыстап шығу.*

ҚЫСТА II *Жаналқымға алу; қинау, зорлау.*

ҚЫСТАЙ *Қыс бойы, қыс өткенше.*

ҚЫСТАҚ *Ауылды жердегі елді мекен; поселок.*

ҚЫСТАЛА *Қыстау, қинау, жаналқымға алу.*

ҚЫСТАЛАҢ *Қиын-қыстау кезең; қысылтаяң, қысылшаң.*

ҚЫСТАЛАҢДЫҚ *Қысылғандық, қиындық, таршылық.*

ҚЫСТАС *Мөр, ұршық, мүштек жасайтын, пышақпен жонып, кесуге ыңғайлы жұмсақ тас.*

ҚЫСТАУ *Малшылардың мал қыстататын қысқы мекені.*

ҚЫСТАУЛАС *Қыстауы бірге, қатар.*

ҚЫСТАУЛЫҚ *Қыстау боларлық, мал қыстатуға жарарлық.*

ҚЫСТЫГҮНІ *Қыс күндері, қыс кезі.*

ҚЫСТЫҚ I *Қысқа арналған, қыста пайдаланылатын.*

ҚЫСТЫҚ II *Ашуға булығу, ыза кернеу.*

ҚЫСТЫР 1. ***өзг. етіс*** *Қыс-тыр.* 2. *Қосып айту.* 3. *Бір нәрсені жоғарыға іліп қою.*

ҚЫСТЫРҒЫШ *Бір нәрсені қыстырып қоятын, қыстыратын.*

ҚЫСТЫРҒЫ *Бір нәрсені қыстырып қоятын зат.*

ҚЫСТЫРМА *Бір нәрсенің арасына қосылған, қыстырылған.*

ҚЫСТЫРЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Қыстыр-ыл.* 2. *Бір жерге сығылысу, қысылысу.* 3. ***Ауысп.*** *Өзіне қатысы жоқ іске орынсыз араласу.*

ҚЫСЫ-ЖАЗЫ *Бүкіл жыл бойы.*

ҚЫСЫҚ *Сығырайған, қысыңқы.*

ҚЫСЫҚТЫҚ *Сығырайғандық, қысыңқылық.*

ҚЫСЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Қыс-ыл.* 2. *Екі заттың арасынан өте алмай кептелу, сыймау.* 3. ***Ауысп.*** *Ұялу, қызару, ыңғайсыздану.* 4. *Сасу, қиналу.*

ҚЫСЫЛА-ҚЫМТЫРЫЛА 1. *Қысылып, сыймай, әрең дегенде.* 2. ***Ауысп.*** *Ұяла, қызара, қымсына.*

ҚЫСЫЛТАЯҢ *Аласапыран, қарбалас, асығыс.*

ҚЫСЫЛТАЯҢДЫҚ *Асығыстық, қарбаластық; қиыншылық.*

ҚЫСЫЛШАҢ 1. *Аласапыран, қарбалас, қысылтаяң.* 2. *Қиын-қыстау, ауыр.*

ҚЫСЫЛШАҢДЫҚ *Қиыншылық, таршылық, ауыртпалық.*

ҚЫСЫЛЫҢҚЫ *Қысылған, ұялған, именген.*

ҚЫСЫЛЫП-ҚЫМТЫРЫЛ 1. *Қысылу, таршылық көру.* 2. ***Ауысп.*** *Ұялу, қымсыну, қымтырылу.*

ҚЫСЫЛЫС *Қысылғандық, ұялғандық.*

ҚЫСЫМ 1. ***физ.*** *Белгілі бір ауданға түсіп тұрған күш, физикалық шама.* 2. ***Ауысп.*** *Қорлық, зорлық, қиянат.* ◊ **Қысымға алды** – *қысты, қорқытты.* **Қысымға түсті** – *қысылды, қиналды.* **Қысым көрді** – *зорлық көрді, қиыншылық тартты.*

ҚЫСЫМДЫ *Қысымы мол, қысымы бар.*

ҚЫСЫМДЫЛЫҚ *Бір нәрсенің қысым күші, қысымы.*

ҚЫСЫМШЫЛЫҚ *Жәбір-жапа, зорлық.*

ҚЫСЫҢҚЫ 1. *Ені тар, құшиған.* 2. *Сығырайған, қысық.*

ҚЫСЫҢҚЫЛАУ *Сәл қысық, қысығырақ.*

ҚЫСЫР *Қашпай қалған, бойдақ.* **Қысыр әңгіме [кеңес, сөз]** – *бос сөз, жай әңгіме.* **Қысыр емген** – *семіз, жұнттай.*

ҚЫСЫРА 1. *Малдың қысыр қалуы, төлдемеу.* 2. ***Ауысп.*** *Жердің тусырап жатуы.*

ҚЫСЫРАҚ *Үйірге қосылмағандықтан қысыр қалып құлындамаған жас байтал не бие.*

ҚЫТАЙ *Қытай Халық Республикасының байырғы халқы.* ◊ **Қытай пияз** — *иісті, өте ащы пияз; чеснок.*

ҚЫТҚЫЛ *Қыт-қыт еткен дыбыс.*

ҚЫТҚЫЛДА *Қыт-қыт деген дыбыс шығару.*

ҚЫТ-ҚЫТТА 1. *Қыт-қыт деген дыбыс шығару.* 2. ***Ауысп., экспр.*** *Қиқшық етіп күлу.*

ҚЫТЫҚ *Қолтыққа, тамақ астына біреудің қолы тигенде күлкі келтіретін сезім.* ◊ **Қытығына тиді** — *жынын келтірді, ызаландырды.*

ҚЫТЫҚСЫЗ *Қытығы жоқ; қытығы келмейтін.*

ҚЫТЫҚСЫН *Қытығы келу.*

ҚЫТЫҚТА *Қолтығын, тамағын қолмен жыбырлатып, қытығын келтіру.*

ҚЫТЫҚШЫЛ *Қытығы тез келетін.*

ҚЫТЫҚШЫЛДЫҚ *Қытығы тез келетіндік.*

ҚЫТЫМЫР 1. *Қатал, қатты.* 2. ***Ауысп.*** *Суық, аязды, ызғарлы.*

ҚЫТЫМЫРЛАН *Бір нәрсеге тарлық ету, қытымыр болу.*

ҚЫТЫМЫРЛАУ 1. *Қаталдау, қаттылау.* 2. *Суықтау, ызғарлылау.*

ҚЫТЫМЫРЛЫҚ *Қаттылық, қаталдық.*

ҚЫТЫР *Жұқа, қатты нәрсе сынғанда шығатын дыбыс.*

ҚЫТЫР-ҚЫТЫР: **қытыр-қытыр етті** — *қытырлады, қытырлаған дыбыс шықты.*

ҚЫТЫРЛА *Қытыр-қытыр ету, қытырлаған дыбыс шығару.*

ҚЫТЫРЛАҚ *Қытыр-қытыр ететін, қытырлайтын.*

ҚЫШ 1. *Балшықты отқа күйдіру арқылы алынған қатты зат.* 2. *Күйдірілген кірпіш.*

ҚЫША I 1. *Қолдан егілетін біржылдық техникалық дақыл өсімдік.* 2. *Далада өсетін, сарғыш гүлді жабайы шөптесін өсімдік.* 3. *Қыша өсімдігінің дәнегінен жасалатын асқа пайдаланатын ащы дәмді азық қатығы, тұздық.* ◊ **Қышақағаз** — *бір бетіне қыша жағылған дәрілік қағаз.*

ҚЫША II *Жаналқымға алып қыстау, қатты қыспаққа алу, қинау, зорлау.*

ҚЫШАҚАҒАЗ ***мед.*** *Қыша қабаты жапсырылған қағаз.*

ҚЫШКЕР *Қыш құюшы маман.*

ҚЫШҚЫЛ I ***хим.*** *Құрамында сутегі бар, металдармен қосыла алатын, қышқыл дәмді химиялық қоспа.*

ҚЫШҚЫЛ II *Ашқылтым, кермек дәмді.*

ҚЫШҚЫЛДА *Қышқыл дәмін тату, ащылау.*

ҚЫШҚЫЛДАН *Қышқылы көбею, қышқылға айналу.*

ҚЫШҚЫЛДАУ *Аздап қышқыл, ащылау, кермектеу.*

ҚЫШҚЫЛДЫ *Қышқылы бар, ашқылтым, қышқыл дәмді.*

ҚЫШҚЫЛДЫҚ *Қышқылы барлық, ащылық, кермектік.*

ҚЫШҚЫЛТЫМ *Аздап қышқылы бар, ашқылтым.*

ҚЫШҚЫЛТЫМДАУ *Аздаған қышқылтым, ашқылтымдау.*

ҚЫШҚЫР *Айқайлау, бақыру.*

ҚЫШШЫ *Күйдірген балшықтан түрлі бұйым жасайтын маман.*

ҚЫШЫ *Адам денесінің жүйке талшықтарының тітіркенуінен пайда болатын жайсыз сезім.* ◊ **Қышыған жеріне** — *осал жерін дөп басты.* ◊ **Қышыған жеріне тиді** — *осал жерін дөп басты.*

ҚЫШЫМА *Жұқпалы тері ауруы, қотыр.*

ҚЫШЫР I *Былғарының бедері, терінің қатпары.*

ҚЫШЫР II *Қышырлап шыққан дыбыс.* ◊ **Қышыр етті [еткізді]** — *қышырлап кетті, қышырлады.*

ҚЫШЫР-ҚЫШЫР: **қышыр-қышыр етті** — *қышырлаған дыбыс шықты.*

ҚЫШЫРЛА *Қышыр-қышыр ету, шықырлау.*

Л

ЛАБОРАНТ *Ғылыми мекемелердегі, лабораториялардағы ғылыми-техникалық қызметкер.*

ЛАБОРАНТТЫҚ *Лаборант қызметін атқарушылық.*

ЛАБОРАТОРИЯ *Техникалық және ғылыми-зерттеу тәжірибелерін жасайтын, арнайы жабдықталған орын.*

ЛАВА I *Жанартау атқылаған кезде шығатын отты қоймалжың қоспалар.*

ЛАВА II *Шахтадағы көмір оятын орын.*

ЛАВР ***бот.*** *Жапырақтары үнемі көгеріп тұратын, хош иісті, бұталы ағаш.* ◊ **Лавр веногы** — *лавр жапырағынан өрілген венок.* **Лавр жапырағы** — *тағамға пайдаланатын хош иісті лавр ағашының жапырағы.*

ЛАВСАН *Синтетикалық матаның бір түрі.*

ЛАГЕРЬ 1. *Шатыр тігіп уақытша тұрақтап тұратын, демалатын орын.* 2. *Әскерлердің елді мекеннен тысқары, уақытша орналасқан орны.* 3. *Соғыста қолға түскен тұтқындарды, қылмыстыны деп табылған, айдалған адамдарды ұстап, қамайтын жазалау орны.* 4. ***саяси*** *Белгілі бір бағыт ұстаған қоғамдық-саяси ұйым, топ.*

ЛАҒМАН *Қамырдан жіңішкелеп созып, үстіне бөлек әзірленген ет пен түрлі көкөніс қосып берілетін ұлттық тағам.*

ЛАҒЫЛ *Қызыл түсті, қымбат бағалы асыл тас, жақұт.* ◊ **Лағыл алқа** — *лағыл тасты алқа, өңіржиек.* ◊ **Лағыл тұмар** — *лағыл тас орнатылған тұмар.*

ЛАҒЫНЕТ *Жек көрген адамға айтылатын теріс тілек; қарғыс.* ◊ **Лағынет айтты [жаудырды]** — *жамандық тіледі, қарғады.* **Лағынет атсын *қарғ.*** — *қарғыс ұрсын!* **Лағынет қамытын киді** — *қарғысқа белшесінен батты, қарғыс арқалады.* **Лағынет соқсын!** — *қарғыс атсын!*

ЛАҒЫНЕТТЕ *Балағаттау, қарғап-сілеу.*

ЛАДЬЯ ***спорт*** *Шахматтың мұнара тәріздес тасы; тура.*

ЛАЖ *Айла, амал, шара.* ◊ **Лаж бар ма?** — *қолдан келер шамасы қалмады, айласы таусылды.* **Лаж [лажы] болса** — *ыңғайы келсе, мүмкін болса.* **Лаж жасай алмады** — *ретін келтіре алмады.* **Лаж [лажы] жоқ [қалмады]** — *шарасыз, амалсыз.* **Лажы бітті [құрыды]** — *амал-айласы таусылды.* **Лажын тапты** — *ыңғайын тапты, ретін келтірді.*

ЛАЖДА *Амалдау, есебін табу.*

ЛАЖСЫЗ *Амалсыз, шарасыз.*

ЛАЖСЫЗДАН *Шарасыздан, амалсыздан.*

ЛАЖЫ *Эмаль; тыныке.*

ЛАЖЫЛАУ *Көгілдір шыны түстес еріткіндімен бояу.*

ЛАЗЕР ***физ.*** *Атомдар мен молекулалардан шығатын электрмагниттік қуатты сәуле көзі; оптикалық квантты генератор.*

ЛАЗЫМ *Дұрыс, жөн, лайық.*

ЛАЙ 1. *Тұнық, таза емес; былғаныш.* 2. *Үй салуға, кірпіш құюға иленген балшық.*

ЛАЙЛА *Суды лай араластырып былғау.*

ЛАЙЛАУ *Ластау, былғаныштау.*

ЛАЙЛЫ *Батпақты, балшықты.*

ЛАЙНЕР 1. *Жолаушы және жүк таситын үлкен мұхит кемесі.* 2. *Рейс*

бойынша ұшатын үлкен жолаушылар ұшағы.

ЛАЙСАҢ *Жауын-шашыннан жердің миы шығып езіліп жатуы, батпақ.*

ЛАЙСАҢДАН *Лайға айналу, былғану.*

ЛАЙСАҢДАУ *Лайсаңды, батпақты.*

ЛАЙСАҢДЫ *Батпақты, лайлы.*

ЛАЙСАҢДЫҚ *Батпақ болғандық; ластық.*

ЛАЙСЫЗ *Мөлдір, тұнық, таза.*

ЛАЙЫҚ *Ыңғайлы, дұрыс, сай.* ◊ **Лайық санады [көрді]** — *ыңғайлы деп санады, қолайлы көрді.*

ЛАЙЫҚСЫЗ *Ыңғайсыз, қолайсыз, тең емес, сай емес.*

ЛАЙЫҚСЫЗДАУ *Ыңғайсыздау, қолайсыздау.*

ЛАЙЫҚСЫЗДЫҚ *Жөнсіздік, қолайсыздық.*

ЛАЙЫҚСЫН *Ыңғайлы деп табу.*

ЛАЙЫҚТА *Сай ету, ыңғайлау.*

ЛАЙЫҚТАУ *Өзінің қолайына ыңғайлырақ, қолайлырақ.*

ЛАЙЫҚТЫ *Орынды, қолайлы, ыңғайлы.*

ЛАЙЫҚТЫЛАУ *Орындылау, қолайлылау, ыңғайлылау.*

ЛАЙЫҚТЫЛЫҚ *Ыңғайлылық, қолайлылық, орындылық.*

ЛАЙЫМ *Әрқашан, әрдайым, үнемі, әмсе.*

ЛАЙЫМДА *Әр уақытта, әрқашанда.*

ЛАК ***хим.*** *Заттарға әдемі жылтыр түс беретін түссіз шайыр ерітіндісі.*

ЛАКМУС ***хим.*** *Қышқылдың әсерімен өзі сіңген қағазды қызыл түске, ал сілтінің әсерімен оны қайтадан көк түске өзгертіп бояйтын зат.*

ЛАКТА *Лак жағу, лакпен сырлау.*

ЛАҚ I *Ешкінің жасқа толмаған төлі.* ◊ **Лақтай ырғыды [секірді]** — *асыр салды, ойнақтады.*

ЛАҚ II ***Ауысп.*** *Не болса соны айту, бөсу.*

ЛАҚ: лақ еткізді [етті] — *сұйық затты ақтарып алды.*

ЛАҚА *Бауыры теңбіл келген, басы жалпақ, мұрты бар, қоңыр түсті үлкен балық.* □ **Лақа бас** — *доғалдау келген жалпақ басты.* **Лақа мұрт** — *мұрты лақаның мұрты сияқты едірейген.*

ЛАҚАП *Жалған хабар, қауесет.* □ **Лақап ат** — *жалған есім.* **Лақап сөз** — *алыпқашты дақпырт сөз, жалған хабар.*

ЛАҚАТ *Қабірдің өлік денесі қойылатын қуысы; ақымы.*

ЛАҚАТТА *Қабірдің бір жақ қабырғасын кеуектеп қазу.*

ЛАҚ-ЛАҚ: лақ-лақ төгілді — *лақылдап, асып-тасып төгілді.*

ЛАҚПА 1. *Лағып бетімен кететін, көпіріп бос сөйлейтін.* 2. *Топтан оза шабатын, өрен жүйрік ат.* □ **Лақпа ат** — *жүйрік, бәйгеден (дара, оқшау) келген.*

ЛАҚСА I ***бот.*** *Түйе жейтін тікенді шөп.*

ЛАҚСА II *Тісі түсіп, әбден қартайған.*

ЛАҚТА *Ешкі малының төлдеуі.*

ЛАҚТЫ *Соңынан лақ ілескен, лағы бар.*

ЛАҚТЫҚ *Лаққа тұрарлық, лаққа татырлық.*

ЛАҚТЫР *Бір затты белгілі қашықтыққа қолмен ытқытып жіберу, тастау.*

ЛАҚША *Лақ сияқты, лақ секілді.*

ЛАҚЫЛДА 1. *Жиегінен, кемерінен асып төгілу.* 2. ***Ауысп.*** *Өршелене түсу, лепіру.*

ЛАҚЫЛДАҚ *Лақ ете қалған, лепірме.*

ЛАЛАҒҮЛ ***бот.*** *Су ішінде өсетін ақгүлді, жалпақ жапырақты, пиязшығы бар, көпжылдық шөптесін өсімдік. Әсемдік үшін өсіріледі.*

ЛАМА I *Оңтүстік Американы мекендейтін, жүні аса құнды түйе тұқымдас жануар.*

ЛАМАИЗМ *Тибет пен Моңғолиядағы буддизмнің бір тармағы.*

ЛАНДШАФТ ***геогр.*** *Белгілі бір аймақтың жалпы көрінісі, жер бедері.*

ЛАҢ *Елді дүрліктіріп, обігер қылатын әрекет.* ◊ **Лаң салды** — *ойрандады, бүлдірді.*

ЛАҢДА *Ойрандау, бүлдіру.*

ЛАҢКЕСТІК *Саяси-әлеуметтік себептерге байланысты жеке адамға, көпшілікке немесе мемлекетке қысым жасау, үрей туғызу мақсатында қасақана жасалатын қылмыстық іс-әрекет.*

ЛАҢСА ***бот.*** *Итсигек тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

ЛАҢСЫЗ *Бүліксіз, жанжалсыз.*

ЛАҢШЫЛ *Жанжалқұмар, бүлікшіл.*

ЛАП *Бұрынғы уақытта тізгін босат, аттан, тұра шап деген мағынада айтылған жарлық сөз.*

ЛАП: лап берді [қойды] — *жапа-тармағай ұмтылды, жүгірді.* **Лап етті [еткізді]** — *лезде жанды, бірден тұтанды.*

ЛАПАС I *Төбесі жабық, жан-жағын ашық етіп жасаған жай, бастырма.*

ЛАПАС II *Лыпа, киім.*

ЛАПАСТА *Лапас етіп жабу, көлегейлеу.*

ЛАП-ЛАП: лап-лап етті — *лаулап, шалқып жанды.*

ЛАПЫЗ ***бот.*** *Лалагүлділер тұқымдасына жататын сабағы қысқа, гүлі ірі, ашық түсті, көпжылдық өсімдік.*

ЛАПЫЛ 1. *Лаулап жанған оттың алауы.* 2. ***Ауысп.*** *Жүрек отының жалыны, сезім қуаты.* ◊ **Лапыл қаққан** — *жалындаған, отты (жүрек).*

ЛАПЫЛДА 1. *Жалындап жоғары көтерілу, алаулау.* 2. ***Ауысп.*** *Дененің қызуы көтеріліп, күйіп-жану.* 3. *Жүрегі алабұртып, алыпұшу.*

ЛАПЫЛДАҚ *Лаулап жанғыш, алаулағыш.*

ЛАС 1. *Таза емес, былғаныш, кір.* 2. ***Ауысп.*** *Пасық, арамза.*

ЛАСТА *Лас ету, былғау, кірлету.*

ЛАСТЫҚ *Былғаныштық, ластық.*

ЛАСЫ ***көс.*** *Каракөл елтірісінің тықыр жүнді жылтыр жері.*

ЛАТЫН: латын тілі — *үндіеуропалық өлі тілдердің бірі, Ежелгі Рим жұртының көне тілі.* **Латын әліпбиі** — *Ежелгі Римде қалыптасқан, дүниежүзіне кең тараған әліпбидің бірі.* **Латын әрпі** — *латын әліпбиінің белгілі бір әрпі.*

ЛАТЫНША *Латын тілінде, латын алфавитінде.*

ЛАТЫШ *Латвия Республикасының жергілікті халқы, негізгі тұрғыны; ұлт.*

ЛАУ ***көне*** *Қызмет бабымен жолаушылап жүрген адамдарды бір ауылдан екінші ауылға жеткізіп салатын көлік.* ◊ **Лау тартты** — *жолаушы тасыды.*

ЛАУ: лау етті — *бірден тұтанды, лап етті.*

ЛАУАЗЫМ *Қызмет бабындағы дәреже, атақ.*

ЛАУАЗЫМДЫ *Жоғары атақты, дәрежелі.*

ЛАУАЗЫМШЫЛ *Атаққұмар, шенші л.*

ЛАУЛА 1. *Оттың маздап жануы, лапылдау.* 2. ***Ауысп.*** *Өрбу, өршу.*

ЛАУ-ЛАУ: лау-лау етті — *әңгіме дуду етіп қызды.*

ЛАУРЕАТ *Ғылым, өнер, ауылшаруашылық саласында айрықша сыйлыққа ие болған адам.*

ЛАУШЫ *Лау айдаушы.*

ЛАШЫҚ *Уақытша тұруға арналған күрке, сиықсыз, кедейқолды баспана.*

ЛАШЫН ***зоол.*** *Жыртқыш құстар тұқымдасына жататын саят құсы.* ◊ **Лашын құстай шүйілді** — *қаһарланды, көрін төкті.*

ЛӘББАЙ *Құп, мақұл.*

ЛӘБЛЕМЕ *Асханада тағам дайындағанда пайдаланылатын қызыл қызылша.*

ЛӘЗЗАТ *Жан рақаты; сүйсінгендік.* ◊ **Ләззат алды [тапты]** — *рақаттанды, сүйсінді.*

ЛӘЗЗАТСЫЗ *Рақатсыз, қызғылықсыз.*

ЛӘЗЗАТТАН *Рақат табу, сүйсіну.*

ЛӘЗЗАТТЫ *Рақатты, қызғылықты.*

ЛӘЗЗАТТЫҚ *Рақат табушылық, сүйсінушілік.*

ЛӘЙЛЕК *Сидам сиракты жыл құсы.*

ЛӘЙЛІ I ***бот.*** *Ұзын сабақты, гүлдері ақ, құлқайыр түсті көпжылдық өсімдік.*

ЛӘЙЛІ II 1. *Басы ауған жаққа лағып сенделу, бос жүру.* 2. *Арақ ішіп мас болу, теңселу.*

ЛӘКІР *Таза қанды бура мен аруанадан туған ұрпақ.*

ЛӘМ: ләм демеді — *үндемеді, тіл қатпады.*

ЛӘМБӨК *Сырткиімдік судыраған жылтыр қара мата.*

ЛӘМ-МИМ: ләм-мим демеді — *тіл қатпады, үндемеді.*

ЛӘМІ: сөз ләмі *жерг.* — *сөз саптауы, айтар ойы, емеуріні.*

ЛӘҢГІ *Аяқпен теуіп ойнайтын балалар ойыны.*

ЛӘҢКЕ *Тыстық матаның бір түрі; сорты.*

ЛӘСТІК *Сырткиімнің астарына, көрпе тысына қолданылатын атлас тоқылымды жылтыр қара мақта мата.*

ЛӘУЛІК *Ақық, жақұт сияқты асыл тас.*

ЛӘШКЕР *көне* *Сарбаз, қол, әскер.*

ЛЕБІЗ *Сөйленген сөз, үн.*

ЛЕБІЗДЕС *Өзара пікірлесу, сөйлесу.*

ЛЕБІЗДІ: лебізді сөз — *жағымды, жанға демеу боларлық жылы сөз.*

ЛЕГЕН *Кір, қол жуатын кішірек шылапшын.*

ЛЕГИОН *әск.* *Кейбір елдердегі ерекше әскер бөлімдерінің аты.*

ЛЕЗГИН *Әзірбайжан мен Дағыстанның құрамындағы тұрғын халық.*

ЛЕЗДЕ *Тез, жылдам, шапшаң.*

ЛЕЗДЕМЕ *Күнбе-күнгі тығыз шараларды шешу үшін өткізілетін қысқа жиналыс.*

ЛЕЗДІК *Жылдамдық, шапшаңдық.*

ЛЕЙКОЗ *мед.* *Аққан ауруы. Қан құрамындағы эритроциттердің азаюынан болатын ауру; қанның ағаруы.*

ЛЕЙКОЦИТ *биол.* *Қандағы ақ түйіршік.*

ЛЕЙТЕНАНТ *әск.* *Орта дәрежедегі офицерлік атақ, шен.*

ЛЕЙТМОТИВ *муз.* 1. *Музыкалық шығармалардың ән бойынша қайталанып отыратын негізгі әуені, басты сарыны.* 2. ***әдеб.*** *Көркем шығармадағы желісін үзбейтін басты пікір, негізгі ой.*

ЛЕК *Топ, қатар, сап.*

ЛЕКЕР *Бірдемеге әсері тиетін дәнекер, байланыс, ілдалда.*

ЛЕКЕРЛЕ *Ілдалдалау, дәнекерлеу.*

ЛЕК-ЛЕГІМЕН *Топ-тобымен, тізбек болып.*

ЛЕКСЕМА *лингв.* *Тұтас бір ұғымға не магынаға ие сөз.*

ЛЕКСИКА *лингв.* *Белгілі бір тілдегі сөздердің жалпы жиынтығы, тілдің сөздік құрамы.*

ЛЕКСИКАЛАН *Өз алдына жеке магынаға ие болу.*

ЛЕКСИКАЛЫҚ *Белгілі бір тілдің сөз байлығына, лексикасына қатысы барлық, соған тәндік.* □ **Лексикалық мағына** — *әрбір сөздің өзге сөздермен қарым-қатынасқа түспей тұрғандағы негізгі магынасы.*

ЛЕКСИКОГРАФ *лингв.* *Сөздік жасаумен айналысатын тіл маманы.*

ЛЕКСИКОГРАФИЯ *лингв.* *Сөздік жасаудың теориясы мен практикасы.*

ЛЕКСИКОЛОГ *лингв.* *Тілдің сөздік құрамын, тілдегі сөз байлығын зерттейтін маман.*

ЛЕКСИКОЛОГИЯ *лингв.* *Тілдің сөздік құрамы мен сөздік қорын зерттейтін тіл білімінің саласы.*

ЛЕКСИКОН *Жеке адам қолданатын сөздер жиынтығы, сөздік қор.*

ЛЕКЦИЯЛЫҚ *Дәрістік, дәріске тән, дәріс оқу арқылы жүзеге асатын.*

ЛЕКІ 1. *Заулау, зырғу.* 2. *Үдей түсу, күшею.* 3. ***Ауысп.*** *Алыпұшу, лепіру.*

ЛЕКІЛДЕ 1. *Екпіндеу, зырлау, арындау.* 2. *Еркіндеу, үдей түсу, күшею.* 3. ***Ауысп.*** *Желпіну, елпілдеу.*

ЛЕКІЛДЕК *Лек-лек еткен, лекілдеген.*

ЛЕКІТПЕ *Жүйткіп кететін, төкпе (күй).*

ЛЕМІШ *Соқаның жер жыртатын тісі, пышағы.*

ЛЕНТА 1. *Бағалы маталардан жасалып, әдемілік үшін қолданылатын, шашқа тағатын жалпақ әрі ұзындау мата.* 2. *Техникаға және басқа нәрселерге қолданылатын ұзын әрі жұқа таспа.*

ЛЕНТАЛЫ *Лента байлаған, лента таққан.*

ЛЕҢГІР *Кемені тоқтататын ыргақ темір.*

ЛЕП 1. *Жайлап соққан майда жел, самал.* 2. ***Ауысп.*** *Жігер, екпін, қуат.* ◊ **Леп белгісі** ***грамм.*** *– лепті сөйлемнің соңынан қойылатын тыныс белгісі.*

ЛЕҢЕС *Сөз, лебіз.*

ЛЕП-ЛЕЗДЕ *Жылдам, әп-сәтте.*

ЛЕПТІ *Жалынды, қуатты, екпінді.* ◊ **Лепті сөйлем** ***грамм.*** *– кісінің қорқу, қуану, таңдану сияқты ерекше сезімін білдіретін сөйлем.*

ЛЕПТІЛІК *Екпінділік, қарқындылық.*

ЛЕПІЛДЕ *Ұшып-қону, елпілдеу.*

ЛЕҢІЛДЕК *Елпілдеген, ұшып-қонба.*

ЛЕПІР 1. *Күпсіну, бөсу, есу.* 2. ***Ауысп.*** *Алыпұшқан, асып-тасқан.*

ЛЕПІРМЕ *Құр күпсінген, бөспе.*

ЛЕПІРІС *Лепіргендік, көңілі тасығандық.*

ЛИБЕРАЛ ***саяси*** *Либерализмді жақтаушы, либерал партиясының мүшесі.*

ЛИБЕРАЛДЫҚ *Либералға тән қасиет; ымырашылдық, келісімпаздық.*

ЛИБЕРАЛИЗМ *Демократиялық бостандықтар мен еркін кәсіпкерлікті жақтаушыларды біріктіретін идеологиялық және саяси ағым.*

ЛИБЕРАЛШЫЛ *Либерализмді жақтаушы, соның жолын қуушы.*

ЛИБРЕТТО ***муз.*** *Күрделі музыкалық шығармалардың мазмұны, әдеби мәтін (тексі).*

ЛИГА *Одақ, бірлестік.*

ЛИДЕР 1. *Саяси партияның немесе қоғамдық ұйымның басшысы, жетекшісі.* 2. ***спорт*** *Жарыста бірінші орында келе жатқан спортшы немесе команда.*

ЛИКЕ *Сиырдың шап майы.*

ЛИКЕР *Хош иісті, тәтті шарап.*

ЛИМИТ *Бір нәрсенің шекті мөлшері, бекітіп белгілеген өлшемі.*

ЛИМИТТЕ *Бір нәрсеге лимит белгілеу, шектеу.*

ЛИМИТТІ *Шек қойылған, шектелген.*

ЛИМОН 1. *Оңтүстікте өсетін мәңгі жасыл түсті цитрус тектес жеміс ағашы.* 2. *Осы ағаштың қабығы сары, шырынды, хош иісті жемісі.*

ЛИМОНАД *Лимон немесе басқа жемістердің шырынынан жасалған салқын сусын.*

ЛИМФА ***анат.*** *Адамның, жануардың денесінде болатын түссіз сұйық зат.*

ЛИНГАФОН *Тіл заңдылықтарын жазатын аппарат.*

ЛИНГВИСТ *Тіл заңдылықтарын зерттейтін маман.*

ЛИНГВИСТИКА *Ғылымның тіл заңдылықтарын қарастыратын саласы; тіл білімі.*

ЛИНЗА *Екі жағы да жарық сәулесін өткізетін оптикалық әйнек.*

ЛИНКОР *Қару-жарақпен жабдықталған үлкен соғыс кемесі.*

ЛИНОЛЕУМ ***хим.*** *Еденге төселетін қатты, қалың төсеніш.*

ЛИНОТИП ***тех.*** *Әріптерді жол-жолымен тұтастырып тізіп құятын машина.*

ЛИНОТИПШІ ***тех.*** *Линотип машинасында әріп теруші.*

ЛИРА I ***муз.*** *Көне дәуірдегі музыкалық ішекті аспап.*

ЛИРА II *Түркияның, Италияның ақша өлшемі.*

ЛИРИЗМ *Нәзік сезімге толы көңіл күйі.*

ЛИРИК *Көңіл қылын шертетін, нәзік, сыршыл сезімді.*

ЛИРИКА *Ақынның нәзік сезімін, көңіл күйін суреттейтін поэзия түрі.*

ЛИРИКАЛЫ *Нәзік сезімді, сыршыл.*

ЛИРИКАЛЫҚ *Нәзік сезімге толы, сыршыл.*

ЛИРО-ЭПИКАЛЫҚ *Сыршыл эпос шығармаларына тән, соған қатысты.*

ЛИРО-ЭПОС *Эпостық және лирикалық, сыршыл суреттеу әдісі астасып келетін, өлеңмен жазылған шығарма.*

ЛИРО-ЭПОСТЫҚ *Лиро-эпостық шығармаларға тән.*

ЛИТВАЛЫҚ *Литва Республикасының жергілікті халқы, негізгі тұрғыны, ұлт.*

ЛИТИЙ ***хим.*** *Менделеевтің периодты системасының 1 тобына жататын химиялық элемент; күміс түсті ақ, жеңіл металл.*

ЛИТОСФЕРА ***геол.*** *Жер шарының сыртқы қатты қабаты, қыртысы.*

ЛИТР *1000 куб. см-ге тең сұйықтықтық мөлшері; сыйымдылық өлшеуіші.*

ЛИТРЛЕ *Литрмен өлшеу.*

ЛИТРЛІК *Литр болар лық; литрге тең.*

ЛИФТ *Көпқабатты үйлер мен басқа да орындарда жоғары шығарып, төмен түсіретін жылжымалы құрылғы.*

ЛИЦЕЙ *Балаларға білім беретін орта оқу орны.*

ЛИЦЕНЗИЯ *Мемлекет орындарының сыртқы сауда шараларын жүргізу үшін беретін рұқсаты.*

ЛОБЛЫ 1. *Жүрегі айнып лоқсу.* 2. *Әлдебір қиын іске дауаламай алдын ала тітіркену.*

ЛОБОГРЕЙКА ***көне*** *Егінді орып жинайтын алғашқы қарапайым машина.*

ЛОГАРИФМ ***мат.*** *Сандардың дәреже көрсеткішін есептеп шығару амалы.* □ **Логарифм сызғышы** — *сандардың дәреже көрсеткішін есептеп шығаратын құрал.*

ЛОГАРИФМДЕ *Белгілі бір санның логарифмін табу.*

ЛОГАРИФМДІК *Логарифмге қатысты, логарифмге тән.*

ЛОГИКА 1. *Ойлаудың жолдары мен оның формалары туралы ғылым.* 2. *Ойлану барысы, ой қорытындысы.*

ЛОГИКАЛЫ *Қисынды, ойлы, жүйелі.*

ЛОГИКАЛЫҚ *Ойға қонымды, қисынды.*

ЛОГИКАСЫЗ *Қисынсыз, жүйесіз.*

ЛОГОПЕД *Тіл кемістігін, сақау, кекеш адамдарды емдейтін маман.*

ЛОГОПЕДИЯ *Педагогика ғылымының тілде болатын кемістіктерді зерттеп, оны жоюдың жолдарын іздестіретін бір саласы.*

ЛОЖА 1. *Театр залының қабырғасына жанай салынған, құрметті адамдарға арналған оңаша орын.* 2. *Құпия ұйым бөлімшесі, солардың жиналатын орны.*

ЛОКАТОР *Дыбыстық не электрмагниттік толқындар арқылы объектінің орнын анықтайтын қондырғы.*

ЛОКОМОТИВ *Рельсті жолдармен теміржол вагондарын сүйрейтін машина (паровоз, тепловоз, электровоз).*

ЛОҚСЫ *Жүрегі айну, көтерілу.*

ЛОҚСЫҚ *Жүрегі көтерілгендік, құсқысы келгендік.*

ЛОҚЫ I *Мініс мал жауырының әбден ірің кеулеп жазылмас жарағa, мандамға айналған шағы.*

ЛОҚЫ II 1. *Айну, жылысу, ығысу.* 2. *Бір жағына қарай ауып кету, ауытқу.*

ЛОҚЫЛДА *Ішті солқылдата жайсыз желу.*

ЛОҚЫЛДАҚ *Лоқ-лоқ етіп, ішті ауыртатын, желісі жайсыз.*

ЛОМБАРД *Кепілдікке мүлік алып, қарыз ақша беретін мекеме; несие орны.*

ЛОҢҚА I *Ыстықтай отқа қойғандықтан шоқтығы ісіп, іріңдеп кететін жылқы ауруы.*

ЛОҢҚА II *Суық тиіп ауырған адамды емдеу үшін қолданылатын медициналық жабдық.*

ЛОТЕРЕЯ *Арнайы билеттер бойынша ақшалай-заттай ұтыс ойыны.*

ЛОТО *Ағаш текшелермен жауып ойнайтын, әртүрлі нөмірлері бар ерекше ойын.*

ЛОТОС ***бот.*** *Ақ түсті ірі гүлі бар, жұпар иісті көпжылдық су өсімдігі.*

ЛОЦМАН *Кеме жүзе алатын жерлерді жақсы білетін, жолбасшы маман.*

ЛӨК *Аруананың еркегі.*

ЛӨКЕТ *Үлкен жалпақ пышақ.*

ЛУПА *Ұсақ нәрсені үлкейтіп көрсететін оптикалық құрал.*

ЛҰҒАТ ***кіт.*** 1. *Көне әдебиеттерде сөздік мағынасында қолданған сөз; сөздік.* 2. ***Ауысп.*** *Сөз, лепес.*

ЛҰҒАТТЫ: лұғатты сөз — *өнегелі, ойлы, парасатты сөз.*

ЛҮП: лүп етті — а) *жүрек дір етіп, сезе қойды;* ә) *ақырын ғана леп желпіді.*

ЛҮП-ЛҮП: лүп-лүп соқты — *алып-ұшып, үсті-үстіне дүрсілдеді.*

ЛҮПІЛ *Жүрек қағысының бүлкілі.* ◊ **Лүпіл қақты** — *жүрек соғысы жиілеп кетті.*

ЛҮПІЛДЕ 1. *Жүректің дүрсілдеп қатты соғуы.* 2. ***Ауысп.*** *Толқу, сезімге берілу.*

ЛЫҚ: лық етті — *екпіннің, салмақтың әсерінен кенет іркіле қалды.*

ЛЫҚ: лық [лықа] тойды — *аузымұрнынан шыға тойды.* **Лық [лықа] толды [толтырды]** — *кемеріне дейін толды, шүпілдеді.*

ЛЫҚИ *Мейлінше ішіп-жеу, тыңқия тою.*

ЛЫҚ-ЛЫҚ: лық-лық етті — *аузымұрнынан шықты.*

ЛЫҚСЫ *Кедергіден аса алмай, қайта ығысу.*

ЛЫҚЫЛ *Солқ-солқ еткізген ауру.*

ЛЫҚЫЛДА 1. *Шүпілдеп толу, керней түсу.* 2. *Босап кету, солқылдау.*

ЛЫП: лып етті — *жып берді, тез қимылдады.*

ЛЫПА *Денесін жабардай болар-болмас жұқа бірдеме.* ◊ **Лыпасы қалмады** — *киімі әбден тозды, киерге түгі қалмады.*

ЛЫПАСЫЗ *Киімі жоқ, киімсіз.*

ЛЫП-ЛЫП: лып-лып етті — *шапшаң, ширақ қимылдады.*

ЛЫПЫ: лыпып тұр — а) *шапшаң, ылдым-жылдым қимылдады;* ә) *қайралып, өткірленген пышақ туралы.*

ЛЫПЫЛ: лыпыл қақты — *шапшаң қимылдады, дедек қақты.*

ЛЫПЫЛДА 1. *Зыр қағу, зуылдау.* 2. *Өткір болу, жалаңдау.* 3. *Өшіп барып қайта жану, сығыраю.*

ЛЫПЫҢ: лыпың қақты — *лыпылдап тез жүрді, ылдым-жылдым басты.*

ЛЮК *Кеме, танк, ұшақ ішіне кіріп-шығуға арналған қақпақты ашық есік.*

ЛЮКС *Жақсы жабдықталған қонақүй (бөлме), вагон.*

М

МА *Сұраулық мағына тудыратын шылаудың бір варианты.*

МАВЗОЛЕЙ *Ұлы адамның қабірі үстіне тұрғызылған монументті құрылыс.*

МАГИСТР *Білім беру жүйесінде берілетін ғылыми атақ.*

МАГМА *Жердің терең қойнауында пайда болатын отты қоймалжың; балқыған жыныс.*

МАГНЕЗИЯ *Магний тотығы.*

МАГНИТ *Темір немесе болаттан істелген нәрсені өзіне тартып алатын қасиеті (магниттік өрісі) бар минерал; магнетит.*

МАГНИТОФОН *Магниттік тәсілмен дыбыс жазуға, әрі оны қайта жаңғыртуға арналған аппарат.*

МАҒЗҰМ *Жас молда, бала молда.*

МАҒЛҰМАТТЫҚ *Маглұмат болар лық; мәліметтік.*

МАҒЛҰМДА *Маглұм ету, мәлімдеу.*

МАҒЛҰМХАТ *Бір нәрсені маглұмдап жазған хат.*

МАҒЫНА *Белгілі бір сөзге тән ұғым, мән.* 2. *Мазмұн, маңыз.* ◊ **Шын мағынасында** — *шынында, шын мәнінде.*

МАҒЫНАЛАС *Магынасы жағынан жақын, үйлес.*

МАҒЫНАЛЫ 1. *Магынасы терең, кең.* 2. *Мәнді, мазмұнды.*

МАҒЫНАЛЫЛЫҚ *Магынасы тереңдік, мәнділік.*

МАҒЫНАСЫЗ 1. *Ұғымсыз, түсініксіз.* 2. *Мәнсіз, мақсатсыз.*

МАҒЫНАСЫЗДЫҚ *Магынасы, мәні жоқтық.*

МАҒРЫП ***көне*** *Батыс.*

МАДАҚ *Біреуге қарата айтылған сөз, жоғары баға.*

МАДАҚТА *Біреудің жақсы қасиетін мақтап, көкке көтеру, дәріптеу.*

МАДАҚТАУШЫЛЫҚ *Мадақтагандық, мақтагандық.*

МАДАҚШЫ *Біреуді орынсыз мадақтаушы, мақтаушы.*

МАДЬЯР *Венгр халқының байырғы атауы, мажар.*

МАЖАР *Мадияр (венгр) халқының Алтын Орда заманындағы аталу нұсқасы.*

МАЖЫРА 1. *Күннің жайма-шуақтанып, жыли бастауы.* 2. ***Ауысп.*** *Адам көңіл күйінің жадырауы; көңілдену.*

МАЖЫРА-ЖАЙ *Жайма-шуақ, жайдары, жарқын.*

МАЗА *Тыныштық, тыным.* ◊ **Маза бермеді** — *тынышын кетірді, мазалады.* **Мазаны [мазасын] алды [кетірді]** — *тынышын кетірді, маза бермеді.*

МАЗАҚ *Келеке, келемеж.* ◊ **Мазақ болды** — *күлкілі халге ұшырады.* **Мазаққа қалды** — *күлкіге ұшырады.*

МАЗАҚТА *Біреуді келемеждеу, келекелеу, қытығына тию.*

МАЗАҚТАҒЫШ *Біреуді мазақ етқіш, келемеждегіш.*

МАЗАҚТАМА *Әзіл-қалжың, келемеж.*

МАЗАҚШЫЛ *Келекешіл, келемеждегіш.*

МАЗАЛА *Тыныштық бермеу, тыным таптырмау.*

МАЗАЛЫ *Жайлы, тыныш.*

МАЗАҢ *Мазасыз, беймаза.*

МАЗАҢДЫҚ *Беймазалық, мазасыздық.*

МАЗАР *Қабір басына тұрғызылған сәнді құрылыс.*

МАЗАСЫЗ 1. *Тыным таппайтын, тынышсыз.* 2. *Сапырылысқан, қарбалас шақ.* 3. *Жайсыз, жағдайсыз.*

МАЗАСЫЗДАН *Мазасы кету, тынышсыздану.*

МАЗАСЫЗДАУ *Тынышсыздау, беймазалау.*

МАЗАСЫЗДЫҚ *Тынышсыздық, беймазалық.*

МАЗАТТАН ***көне*** *Масаттану, рақаттану.*

МАЗДА 1. *Жалындамай, бықсымай бірқалыпты еркін жану.* 2. ***Ауысп.*** *Жайнау, жарқырау.*

МАЗДАҚ *Маздап жанған от.*

МАЗМҰН 1. *Белгілі бір шығармадағы айтылмақ түйінді ой, пікір.* 2. ***Ауысп.*** *Мән, мағына.*

МАЗМҰНДА *Шығарманың мазмұнын баяндап айтып беру.*

МАЗМҰНДАМА I *Оқушылардың шығарма мазмұнын баяндаған жазба жұмысы.*

МАЗМҰНДАМА II ***саяси*** *Екі мемлекет арасында болған дипломатиялық келіссөздер туралы ресми хабар; коммюнике.*

МАЗМҰНДАН *Мазмұнның ашыла түсуі.*

МАЗМҰНДАС *Мазмұны үйлес, ұқсас.*

МАЗМҰНДЫ *Мәнді, маңызды, мағыналы.*

МАЗМҰНДЫҚ *Мазмұнға сай, мазмұнға қатысты.*

МАЗМҰНДЫЛЫҚ *Мазмұны терендік, мән-мағынасы жоғарылық.*

МАЗМҰНСЫЗ *Мазмұны жоқ, мәнсіз.*

МАЗМҰНСЫЗДЫҚ *Мазмұны жоқтық, мәнсіздік.*

МАЗУРКА ***муз.*** *Жылдам екпінмен биленетін поляк халқының биі.*

МАЗУТ *Мұнайдан бензинді, керосинді айырып алғаннан кейінгі қалдық май.*

МАЙ 1. *Жан-жануарлардың денесіне жиналған, суда ерімейтін, органикалық табиғи зат.* 2. *Малдың сүтінен алынатын жоғары сапалы тағам.* 3. *Өсімдіктерден алынған жоғары сапалы тамақ.* 4. ***тар.*** *Көлік күші.* □ **Майқарағай** — *қарағайдың Сібірде өсетін бір түрі.* **Майтабан** — *май басқан қалың табан.* **Майшабақ** — *кішірек келген майлы балық.* **Майын тамызды [ағызды]** — *мәнерлеп, шебер сөйледі.*

МАЙБАЛЫҚ ***зоол.*** *Теңізде тіршілік ететін балықтың бір түрі.*

МАЙДА 1. *Ұсақ, уақ.* 2. ***Ауысп.*** *Биязы, жұмсақ, әдепті, сыпайы.* ◊ **Майда қоңыр [шуақ]** — *а) жанға жайлы (үн, дыбыс); ә) қоңырсалқын, шуақты кез (ауа райы, күн).*

МАЙДАГЕР ***тар.*** *Ұсақ қолөнермен шұғылданушы.*

МАЙДАЙ *Жағымды, жайлы.* ◊ **Майдай жақты** — *жанға жақты, ұнады.*

МАЙДАЛА 1. *Бір нәрсені ұсақтау, уату, үгу.* 2. ***Ауысп.*** *Сыпайылап, бипаздап сөйлеу.*

МАЙДАЛАҒЫШ *Майдалағыш, үгіткіш.*

МАЙДАЛАН 1. ***ыр. етіс*** *Майдала-н.* 2. *Тым ұсақтанып кету, майда-шүйдемен айналысу.*

МАЙДАЛЫҚ *Ұсақтық, уақтық.*

МАЙДАН 1. *Соғыс жүріп жатқан жер, соғыс шебі.* 2. *Соғыс, ұрыс.* 3. *Алаң, ашық жер.* 4. ***Ауысп.*** *Белгілі бір қызу іс-әрекет.*

МАЙДАНГЕР *Майданда болған, жауынгер.*

МАЙДАНДАС I *Майданда бірге болған, бірге соғысқан.*

МАЙДАНДАС II *Соғысу, айқасу, шайқасу.*

МАЙДАСЫН *Баласыну, жассыну, кішкенесіну.*

МАЙДА-ШҮЙДЕ *Уақ-түйек, болмашы.*

МАЙҚАН *Қырмандағы бастырылған астықты шөп-шалаңынан, шарынан тазарту ісі.*

МАЙҚАНА: майқана көрмеген — *үлгі, тәртіп, жиын-топ отырысын көрмеген.*

МАЙҚАНДА *Қырмандағы астықтың бетін сыпырып, оны шөп-шарынан тазарту.*

МАЙҚАРА ***бот.*** *Шөл-шөлейтті жерлерде өсетін қаражусан.*

МАЙҚАРАЛЫ *Майқара өскен, майқарасы бар.*

МАЙҚУРАЙ *Ылғалды жерде өсетін құрай тектес өсімдік.*

МАЙ ҚҰЮ *Жанармай құйып, дайындайтын орын.*

МАЙЛА 1. *Бір нәрсеге май жағу, сылау.* 2. *Үйдің іші-сыртын сылау, әктеу.*

МАЙЛАН 1. ***ыр. етіс*** *Майла-н.* 2. *Май жию, қондану, семіру.*

МАЙЛАУЛЫ *Майлап қойылған, майланған.*

МАЙЛАУШЫ *Бір нәрсені майлайтын адам, майлау ісімен айналысушы.*

МАЙЛЫ 1. *Майы мол, майы көп.* 2. ***Ауысп.*** *Жақсы өнім беретін, құнарлы.* ◊ **Майлы қасықша [қасықтай] жылпылдады** — *ылп-жылп етіп, іші-бауырына кіріп алды.*

МАЙЛЫҚ *Майлы нәрсені сүртетін орамал.*

МАЙЛЫЛАУ *Майы көптеу, семіздеу.*

МАЙЛЫЛЫҚ *Майы көптік, майы молдық.*

МАЙЛЫРАҚ *Майлылау, семіздеу.*

МАЙ-МАЙ *Үсті-басына, бет-аузына май жағылған, былғаныш.*

МАЙМАҚ I *Аяқ сүйегінің қисайып бітуі, маймиған.*

МАЙМАҚ II *Түйенің аяғына түсетін ауру.*

МАЙМАҚТАН *Аяқ сүйегінің қисаюы; маймақ болу.*

МАЙМАҚТАУ *Аздап қисықтау, қисайған.*

МАЙМАҚТЫҚ *Қисық аяқтық, аяқтың қисықтығы.*

МАЙМАҢ: маймаң басты — *ырғатыла, шайқала басты.* **Маймаң қақты** — *а) маймаң-маймаң етті, маймаңдады; ә) құрдай жорғалады, бәйек қақты.*

МАЙМАҢДА 1. *Маймаң-маймаң ету, маймаң қағу.* 2. ***Ауысп.*** *Құрдай жорғалау, бәйек болу.*

МАЙМИ *Қисаю, майысу.*

МАЙМИТ *Қисайту, майыстыру.*

МАЙМӨҢКЕ I *Тоқымашылық ісінде кілемнің, алашаның жіптерін теріп отыратын қайқы басты, ағаштан істелген жұқа қалақша.*

МАЙМӨҢКЕ II *Жұмсартып, жағымды сөйлеуге тырысушылық.*

МАЙМӨҢКЕЛЕ *Жуып-шаю, жұмсарту, бұлталақтау.*

МАЙ-МҮЙ *Май-пай, оны-мұны.*

МАЙМЫЛ *Дене құрылысы жағынан адамға ұқсас келетін сүтқоректі жануар; мешін.*

МАЙМЫЛДАН *Біреудің істегенін істеу, еліктеу.*

МАЙОНЕЗ *Жұмыртқаның сары уызынан, қышадан, шекілдеуік майынан сіркесу қосып жасаған тағам дәмдендіргіш, тұздық.*

МАЙОР *Капитаннан дәрежесі жоғары әскери атақ.*

МАЙПАЗДА *Бипаздау, майдалау, жұмсақтау.*

МАЙПАҢ *Биязы, жұмсақ, байпаң.*

МАЙПАҢДА 1. *Майпаң қағу, байпаңдау.* 2. ***Ауысп.*** *Біреудің асты-үстіне түсу, жағыну.*

МАЙРЫЛ *Өткір заттың жүзінің мұқалуы.*

МАЙСА *Қаулап өскен майда көк шөп.*

МАЙСАЛЫ *Майса өскен, майсасы қалың.*

МАЙСАҢ 1. *Майсалы, көгалды.* 2. ***Ауысп.*** *Жұмсақ, жанға жайлы.*

МАЙСАҢДА *Жайтаңдау, жайнаңдау, шалқу, масайрау.*

МАЙСАҢДАТ ***өзг. етіс*** *Майсаңда-т.*

МАЙСӨК *Ақталып, майға шыланған тары.*

МАЙСЫЗ *Майы жоқ.*

МАЙСЫЗДАН *Майы азаю, майы жоғалу.*

МАЙСЫЗДАУ *Майы аздау, майы кемдеу.*

МАЙТАЛМАН *Өз ісінің асқан шебері.*

МАЙТАЛМАНДЫҚ *Бір нәрсеге асқан шеберлік.*

МАЙТАМЫР *Гүлдері ақшыл көк түсті, тамыры жуан тарамдалған,*

биіктігі 30—100 см көпжылдық шөптесін өсімдік.

МАЙШОҚЫРАҚ *Шабыстың жай, баяу түрі.*

МАЙШЫ *Май жинайтын, май таситын кісі.*

МАЙШЫЛ *Май жегіш, майқұмар.*

МАЙЫ: майын мінді — *біреудің атын сұрап алып, уақытша пайдаланды.* ◊ **Майып қылды [етті]** — *мертіктірді, кемтар қылды.*

МАЙЫР *Бір нәрсенің жүзін қайыру.*

МАЙЫС 1. *Қалыпты, түзу нәрсенің бір жағына қарай қисаюы.* 2. ***Ауысп. экспр.*** *Қылымсу, сызылу.*

МАЙЫСҚАҚ *Майысқыш, иілгіш.*

МАЙЫСҚАҚТЫҚ *Майысқыштық, иілгіштік.*

МАЙЫСҚЫШ *Майысқақ, иілгіш.*

МАЙЫСҚЫШТЫҚ *Майысқақтық, иілгіштік.*

МАКАРОН *Түтік сияқты іші қуыс, кепкен қамыр кеспе.*

МАКЕТ *Бір нәрсенің кішірейтіп істелген үлгі жобасы.*

МАКИНТОШ *Берік, тығыз матадан пальто сияқты етіп тігілген жеңіл сырткиім.*

МАКЛЕР *Тауар және валюта биржаларында келісім жасау кезіндегі делдал.*

МАКРОЭКОНОМИКА *Бүкіл елдің экономикасы мен шаруашылығына қатысты құбылыстар мен үдерістерді зерттейтін экономика ғылымының ірі салаларының бірі.*

МАҚАЛ *Үлгі-өнеге ретінде айтылатын, әрі қысқа, әрі нұсқа нақыл сөз.*

МАҚАЛА *Газет-журнал үшін жазылған, көлемі шағын ғылыми-публицистикалық шығарма.*

МАҚАЛДА *Сөйлеген сөзінде мақал келтіріп сөйлеу, нақылдау.*

МАҚАЛНАМА *Мақалдар жиыны; мақалдар жинағы.*

МАҚАЛШЫЛ *Мақалдағыш, нақылшыл, мақалға үйір.*

МАҚАМ *Әуез, мәнер, нақыс, ырғақ.*

МАҚАМДА *Мақамына келтіріп айту, мәнерлі ырғаққа салу.*

МАҚАМДЫ *Нақысты, әуенді.*

МАҚАМШЫЛ *Мақамдағыш, мақамын келтіргіш, нақысшыл.*

МАҚАТ *Аюдың еркегі, кей жерлерде сіті деп те аталады.*

МАҚАУ 1. *Сөйлеу қабілетінен айырылған, мылқау.* 2. ***Ауысп.*** *Еш нәрседен хабары жоқ, түйіксіз.*

МАҚАУЛАН 1. *Кекештену, мылқаулану.* 2. ***Ауысп.*** *Білмегенсу, түсінбегенсу, сезбегенсу.*

МАҚАУЛАУ *Тілінің аздап мүкістігі бар, мылқаулау.*

МАҚАУЛЫҚ *Мақау болғандық, мылқаулық.*

МАҚАУПЕС *Адам денесі шіріп ауыратын науқас, қатерлі ауру.*

МАҚПАЛ 1. *Жылтыр, түкті, жұмсақ қалың мата; плющ.* 2. ***Ауысп.*** *Жұмсақ, майда.*

МАҚПАЛДАЙ *Жұмсақ, майда.*

МАҚПАЛДАН *Жұп-жұмсақ болу, жұмсару.*

МАҚРҰМ *Құралақан, бос, жұрдай.*

МАҚСАРЫ ***бот.*** *Екпелі дәнді дақыл.*

МАҚСАТ *Бір нәрсеге (нәтижеге) жету үшін алға қойылған міндет.*

МАҚСАТКЕР *Алдына мақсат қойған адам.*

МАҚСАТСЫЗ *Алға қойған белгілі міндеті, ой-арманы жоқ, қалай болса солай.*

МАҚСАТСЫЗДЫҚ *Мақсаты жоқтық, мақсат қоймағандық.*

МАҚСАТТАН *Алдына мақсат қою.*

МАҚСАТТАС *Мақсаты бір, бір мақсаттағы.*

МАҚСАТТЫ *Мақсат еткен, мақсат етіп қойылған.*

МАҚСАТТЫЛЫҚ *Мақсат қоя білгендік, мақсаты барлық.*

МАҚСАТШЫЛ *Мақсатқойғыш, мақсаты көп.*

МАҚТА I 1. *Басында қауашақты ақ ұлпа өсетін техникалық дақыл.* 2. *Осы өсімдіктің ақ ұлпа талшығы.*

МАҚТА II *Біреуді немесе бір нәрсені мадақтау, дәріптеу.*

МАҚТАЛЫ 1. *Мақта көп өсетін, мақтасы мол.* 2. *Арасына мақта салған.*

МАҚТАЛЫҚ *Мақта егетін егістік жер.*

МАҚТА-МАТА: мақта-мата комбинаты – *мақтадан мата тоқитын комбинат.*

МАҚТАН *Мақтаныш.* ◊ **Мақтан етті [тұтты]** – *мақтанды, мақтаныш қылды.*

МАҚТАНАРЛЫҚ *Мақтан тұтарлық, дәріптерлік, мақтаныш етерлік.*

МАҚТАНТОРҒАЙ ***зоол.*** *Өте әдемі кішкене торғай.*

МАҚТАНШАҚ *Мақтана беретін, мақтанғанды тәуір көретін, бөспе.*

МАҚТАНШАҚТАУ *Аздап мақтансүйгіш, бөспелеу.*

МАҚТАНШАҚТЫҚ *Мақтансүйгіштік, бөспелік.*

МАҚТАНШЫЛЫҚ *Мақтанғандық, мақтанушылық, бөспелік.*

МАҚТАНЫШ *Бір нәрсеге ризашылықтан туатын көңіл-күй, сезім; мақтан.*

МАҚТАУ *Біреудің істеген ісіне, еңбегіне берілген жоғары баға.* ◊ **Мақтау қағаз** – *оқудағы, еңбектегі үздік еңбегі үшін берілетін грамота.*

МАҚТАУЛЫ *Алдыңғы қатарлы, беткеұстар, озат.*

МАҚТАШЫ *Мақта өсірумен шұғылданатын адам.*

МАҚТАШЫЛЫҚ *Мақташы болу, мақта шаруашылығымен айналысушылық.*

МАҚҰЛ 1. *Күп, жақсы, жарайды.* 2. *Дұрыс, жөн.*

МАҚҰЛДА *Бір нәрсені құптау, қоштау, жөн көру.*

МАҚҰЛДЫҚ *Бір нәрсеге келісушілік, құптаушылық.*

МАҚҰЛЫҚ 1. *Жан-жануар, құрт-құмырсқа, жәндік.* 2. ***Ауысп.*** *Надан, топас, сезімсіз.*

МАҚҰЛЫҚТЫҚ *Мақұлыққа тән қылық.*

МАҚШАР: мақшар күні ***діни*** – а) *өлген кісіден жауап алатын күн;* ә) *қиын-қыстау кез.*

МАЛ I 1. *Төрт түлік үй жануарлары.* 2. *Дүние, мүлік, дәулет.* 3. *Зат, тауар.* 4. ***Ауысп.*** *Табыс, кіріс, пайда.* 5. *Надан, топас, сезімсіз* □ **Мал базары** – *мал сататын базар.* ◊ **Малшаруашылығы** – *көбіне мал өсірумен айналысатын шаруашылық.* **Мал болмайды** – *тірі қалмайды, өледі.* **Мал бітті** – *байыды, дәулетке кенелді.* **Мал құлағы саңырау** – *ешкім есті көрмесін.*

МАЛ II 1. *Бір нәрсенің ұшын суйық заттың ішіне салу, батыру.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің екінші бір нәрсеге басқаша рең беріп тұруы.*

МАЛА *Жыртылған жердің топырағын майдалау үшін пайдаланатын қарапайым құрал.* □ **Малаағаш** – *ағаштан жасалған мала.* **Малатас** – *тастан жасалған мала.*

МАЛАЙ *Бай есігінде жүріп, қара жұмысын істейтін, малын бағатын жалдамалы қызметші, жалшы.*

МАЛАЙЛЫҚ *Кісі есігінде жүргендік, малай болғандық, жалшылық.*

МАЛАҚАЙ *Құлағы бар жылы баскиім, құлақшын.*

МАЛАЛА *Бір нәрсені (топырақты) маламен ұсату, майдалау.*

МАЛАХИТ ***мин.*** *Ашық жасыл түсті асыл тас.*

МАЛ-БАС *Үй іші мен мал-жаны.*

МАЛҒҰН *Адамгершіліктен жұрдай, қайырымсыз, опасыз.*

МАЛДАН 1. *Мал ету, малға ие болу.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені өзіне меншіктеу, иелену, сіңіріп кету.*

МАЛДАС *Екі аяқты айқастыра отырыс.*

МАЛДЫ *Малы көп, малға бай.*

МАЛДЫ-ЖАНДЫ *Малы да, жаны да көп.*

МАЛДЫҚ *Малға тән қасиет, малға тән қылық.*

МАЛДЫЛАУ *Малы көптеу, малы барлау.*

МАЛДЫЛЫҚ *Малы көптік, малы барлық.*

МАЛ-ЖАЙ *Малы-жайы; екеуі де.*

МАЛ-ЖАН *Үй іші, мал-басы.*

МАЛЖАНДЫ *Малқұмар, малсақ.*

МАЛЖАНДЫЛЫҚ 1. *Малқұмарлық, малсақтық.* 2. **Ауысп.** *Дүниеқоңыздық, сараңдық.*

МАЛЖАҢДА *Малжаң-малжаң ету, шайнаңдау.*

МАЛЖАҢ-МАЛЖАҢ: малжаң-малжаң етті — *бір нәрсені малжаңдап көп шайнады.*

МАЛҚОР *Малқұмар, малсақ.*

МАЛҚОРЛЫҚ *Малқұмарлық, малсақтық.*

МАЛҚҰМАР *Малқор, малжанды.*

МАЛМА *Үлкен ыдысқа құйылып, тері илейтін и.* ◊ **Малма тымақ** — *ші түскен, ынта-жігерінен айрылған ынжық адам.*

МАЛМАН *Малмада тұрған, иге салынған тері.*

МАЛМАНДАЙ *Үсті-басы су-су, белшесінен суға малынған.*

МАЛ-МҮЛІК *Жеке адамның иелігіндегі мал, дүние-мүлік.*

МАЛ-ПҰЛ *Дүние-мүлік, қаражат.*

МАЛСАҚ *Малжанды, малқұмар.*

МАЛСАҚТЫҚ *Малжандылық, малқұмарлық.*

МАЛСЫЗ *Малы жоқ, кедей.*

МАЛСЫЗДЫҚ *Малы жоқтық, кедейлік.*

МАЛТА *Сүзбеден сығып, домалақтап дайындаған уақ құрт.* □ **Малтатас** — *теңіз толқыны, су ағынымен мұжылып, жұмырланып қалған майда тас.*

МАЛТЫ *Адамның, малдың суда жүзуі.*

МАЛТЫҒЫШ *Малтуға шебер, жүзгіш.*

МАЛТЫҒЫШТЫҚ *Жақсы малти алатындық, жүзгіштік.*

МАЛТЫҚ *Қалың қарда, балшықты, батпақты жерде ілініп-салынып жүрге жүру.*

МАЛШЫ I *Мал бағатын кісі, бақташы.*

МАЛШЫ II *Суға малыну, су-су болу.*

МАЛШЫ-ЖАЛШЫ *Байдың малжайын бағып-қағып күтуші малайы.*

МАЛШЫЛА *Бір нәрсені сүйыққа қайта-қайта малу.*

МАЛШЫЛЫҚ *Мал кәсібімен айналысу, мал бағушылық.*

МАЛЫНУ 1. *Суға, сүйықтыққа түсу.* 2. **Ауысп.** *Өне бойын жауып кету.*

МАМА I *Ат байлайтын діңгек ағаш.*

МАМА II *Ананың емшегі.* ◊ **Мама бие** — *сүтті, сарықарын, үлкен бие.*

МАМА III *Апа, шеше.*

МАМАН *Белгілі бір кәсіп иесі, қызметкер.*

МАМАНДАН *Белгілі бір кәсіптің маманы болу, үйрену.*

МАМАНДАС *Мамандығы бір.*

МАМАНДЫҚ *Белгілі бір кәсіптің түрі, қызмет.*

МАМОНТ, ЗІЛ *Ежелгі заманда тіршілік еткен, піл тұқымдас ірі денелі, сүтқоректі жануар.*

МАМЫҚ 1. *Құстың үлпілдеген жұмсақ жүні.* 2. *Сол мамық жүннен жасалған жұмсақ жастық, төсек-орын.*

МАМЫҚЖЕГІ *Құстың мамығын жейтін құрт.*

МАМЫҚТАЙ *Жұп-жұмсақ, мақтадай.*

МАМЫҚТАН *Жұмсару, былпылдау.*

МАМЫҚТЫҚ *Мамыққа тән қасиет; жұмсақтық.*

МАМЫР I *Көктемнің сәуірден кейінгі соңғы айы.*

МАМЫР II 1. *Адамның, малдың қартайған кездегі аяғының ауырлығы, зіл батпан кезі.* 2. *Күздігүні май басып ұша алмай қалған үйрек, қаздарда болатын семіздік.*

МАМЫР III: **мамыр асып ай болды** — *шалқыған дәулетке кенелді.*

МАМЫРА *Жаймашуақ, жадыраңқы.*

МАМЫРА-ЖАЙ *Жайма-шуақ, жадыраңқы; маужыраған.*

МАМЫРГҮЛ *Ақшыл көк түсті немесе ақгүлді, хош иісті мәдени өсімдік.*

МАМЫРЛА *Жайлап, маймаңдап басу, ырғатыла баяу қозғалу.*

МАМЫРЛАС *Табысу, қауышу, көрісу.*

МАМЫРСТАН *Мамыра-жай, жайма-шуақ, бейбіт.*

МАНА I *Бағана, біраз бұрын.*

МАНА II *Барқыт тәріздес, жүннен тоқылған сырткиімдік мата.*

МАНАҒЫ *Бағанағы, бұрынғы.*

МАНАҒЫДАЙ *Әлгіндегідей, бағанағыдай.*

МАНАҒЫДАН *Бағанадан, манадан.*

МАНАДАН *Бағанадан, манағыдан.*

МАНАЛЫ: маналы бері [берлі] – *біраздан бері, бағанадан бері.*

МАНАП *Феодалдық-рулық қоғам кезіндегі дәулетті тап өкілі, билік иесі, бай.*

МАНАПТЫҚ *Манапқа тән қасиет, жай-жағдай.*

МАНАР: **манар тау** – *кең алқапты, салқар тау.*

МАНАСШЫ *Манас жырын жырлаушы, жыршы.*

МАНАТ I *Ақша, алтын теңге.*

МАНАТ II *Сырткиімдік құнды мата.*

МАНАУРА *Керіліп-созылу, есінеп қалғып-мұлгу, маужырау.*

МАНАУРАҢҚЫ *Манаураған, керіліп-созылған.*

МАНГО *Тропикте өсетін мәңгі жасыл өсімдік және сол өсімдіктің сарғыш көк, тәтті жемісі.*

МАНДАМ *Жылқының мойнының екі жағын және тамағының астын без басып, уытты жарақа айналатын індет.*

МАНДАРИН *Жемісті цитрус ағашы және соның сарғыш қызыл түсті домалақ жемісі.*

МАНДАТ *Уәкілділік туралы құжат қағаз.*

МАНДАТТЫ *Мандаты бар, мандатпен қамтамасыз етілген.*

МАНДОЛИН *Шанағы домалақ, көп сым ішекті музыкалық аспап.*

МАНДЫ *Ілгері басу, өну, өнді.*

МАНДЫМА *Бір нәрсенің өндімеуі, өнбеуі, ілгері жылжымауы.*

МАНДЫМДЫ *Өнімді, жартымды.*

МАНДЫМСЫЗ *Өнімсіз, жартымсыз.*

МАНДЫРЫМДЫ *Мардымды, мандымды.*

МАНЕКЕН, СҰЛДЕР *Үстіне киім кигізіп, үлкен-кішілігін білу үшін жасалған адам бейнелі үлгі, қалып.*

МАНЕКЕНШІ *Көрмеде жаңа киім үлгілерін киіп көрсететін адам.*

МАНЖАҚЫ *Бедеу сөзінің синонимі, екінші аты.*

МАНИФЕСТ *Саяси партиялардың немесе қоғамдық ұйымдардың белгілі бір маңызды мәселе туралы халыққа арнаған жазбаша үндеуі.*

МАНОМЕТР *Сұйық пен газ қысымын өлшейтін құрал.*

МАНСАП *Атақ-дәреже, лауазым, шен.*

МАНСАПҚОР *Шенқұмар, атаққұмар.*

МАНСАПҚОРЛЫҚ *Шенқұмарлық, атаққұмарлық.*

МАНСАПҚҰМАР *Мансапқор, әкімшіл, шенқұмар.*

МАНСАПШЫЛ *Мансапқұмар, шенқұмар.*

МАНСҰҚ *Жоқ қылу әрекеті, жарамсыз ету ісі.* ◊ **Мансұқ болды** – *қажетсіз, жарамсыз болды.*

МАНСҰҚТА *Жоққа шығару, жарамсыз ету.*

МАНСҰҚТЫҚ *Жоққа шығарғандық.*

МАҢ I *Маңай, аймақ, айнала.* ◊ **Жуыр маңда** – *жақында, таяу уақытта.*

МАҢ II *Жай, ақырын, баяу.*

МАҢ III *Жайлап жүріп кету.*

МАҢАЙ *Бір нәрсенің төңірегі, маңы.*

МАҢАЙЛА *Бір нәрсенің маңына жақындау, жуық келу.*

МАҢАЙЛАС 1. *Жуықтас, жапсарлас, іргелес.* 2. *Жақындас, жуықтас.*

МАҢҒАЗ *Кербез, паң, тәкаппар.*

МАҢҒАЗДАН *Кеудесін көтеру, паңдану, паңсыну, тәкаппарлану.*

МАҢҒАЗДАУ *Кербездеу, паңдау, тәкаппарлау.*

МАҢҒАЗДЫҚ *Кербездік, паңдық.*

МАҢҒАЗСЫ *Маңғаздану, паңсыну, кекірею.*

МАҢДАЙ 1. *Бастың алдыңғы бөлігінің жоғарғы, екі көздің үстіңгі жағы.* 2. *Есіктің жоғарғы жағы; маңдайша.* 3. *тар. Әскердің алғы бөлігі; алғыншы.* 4. *Ауысп. Бір нәрсенің ең жақсысы, таңдаулысы, алдыңғы қатарлысы.* ◊ **Маңдайалды** — *ең үздігі, озығы.* **Маңдайға жазған** — *бұйыртқан, өзіне тиесілі.* **Маңдайдан сипады** — *іш тартты, есіркеді.* **Маңдай тер** — *істеген адал еңбек, жұмсалған күш.* **Маңдай тіреді** — *бір нәрсеге таяу келіп тоқтады.* **Маңдайы жарқырады [ашылды, жарылды]** — *бағы ашылды, жолы болды.* **Маңдайынан шертпеді [шерткізбеді]** — *бетінен қақпады, еркіне жіберді.* **Маңдайынан шертіп жүріп** — *таңдап, талғап жүріп.* **Маңдайына сыймады** — *жоғалтып алды; өлді.* **Маңдайының соры бес елі** — *барып тұрған бақытсыз, бағы жанбаған.*

МАҢДАЙЛА *Бір нәрсені бетке алып жүру, нысана ету.*

МАҢДАЙЛЫ *Маңдайы үлкен, маңдайы кең.*

МАҢДАЙЛЫҚ *Баскиімнің маңдайы, маңдай жағы.*

МАҢДАЙША 1. *Екі босағаның үстіңгі жағын бекітіп тұратын көлденең ағаш.* 2. *Есіктің үсті, үстіңгі жағы.* 3. *Мекеменің аты жазылған жазу тақтасы.*

МАҢҚ: маңқ етті — *түйенің, иттің бір дүркін тұншыққан дыбыс шығаруы.*

МАҢҚА I *Малдың мұрнынан қан аралас жалқаяқ ағып тұратын ауру.*

МАҢҚА II *Жылқы малында болатын жұқпалы ауру.*

МАҢҚИ *Еш нәрсемен ісі жоқ, жайбарақат тұру.*

МАҢҚ-МАҢҚ: маңқ-маңқ етті — *маңқылдаған дыбыс шығарды.*

МАҢҚЫЛДА *Маңқ-маңқ еткен дыбыс шығару, ұру.*

МАҢ-МАҢ: маң-маң басты — *аспай-саспай жайлап жүрді.*

МАҢЫЗ I *Бір нәрсенің өмірде алатын орны, мәні.*

МАҢЫЗ II *Сүттің кілегейі.*

МАҢЫЗДАН *Мәні арта түсу, бағасы көтерілу, жоғарылау.*

МАҢЫЗДЫ *Аса құнды, мәнді, маңызы зор.*

МАҢЫЗДЫЛЫҚ *Маңызы зорлық, мәнділік.*

МАҢЫЗСЫ *Әлдекандай болу, паңсыну.*

МАҢЫРА *Қой мен ешкінің "мә-ә-ә" деген дыбыс шығаруы.*

МАҢЫРАМА *Қой мен ешкінің ортақ атауы, тұяқ.*

МАҢЫРАУЫҚ *Маңырай беретін, маңырағыш.*

МАҢЫСТА *Аспай-саспай жүру, маң-маң басу.*

МАП-МАЙДА 1. *Тым ұсақ, уақ.* 2. *Ауысп. Сыпайы, әдепті.*

МАР *Ірі, үлкен; нар.* ◊ **Марқасқа** — *көрнекті, мақтаулы, таңдаулы.*

МАРАЙМА *Жайдары, жадыраңқы, кеңпейіл.*

МАРАЛ *Ашатұяқтылар тобына жататын сүтқоректі, салалы мүйізді ірі аң; бұғының ұрғашысы.*

МАРАЛДЫ *Марал өскен, маралы көп.*

МАРАЛОТЫ *Сарғалдақтар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

МАРАЛШЫ *Марал өсіретін адам, марал бағушы.*

МАРАПАТ *Қошемет, құрмет, мадақ.*

МАРАПАТТА *Мадақтау, мақтау, дәріптеу.*

МАРАФОН ***спорт*** *Алыс қашықтыққа жүгіру жарысы.*

МАРАФОНШЫ *Алыс қашықтыққа жүгіруші.*

МАРГАНЕЦ ***хим.*** *Суда жақсы еритін, көкшіл түсті химиялық элемент.*

МАРГАНЦОВКА *Марганецтің судағы ерітіндісі.*

МАРГАРИН *Сарымай мен өсімдік майын араластырып жасаған май.*

МАРҒАУ 1. *Сылбыр, селқос, самарқау.* 2. *Мүлгіп жатқан, құлазыған.* 3. *Дәйексіз, белгісіз бағыт, алыс жақ.*

МАРҒАУЛАН *Жайбарақаттану, самарқаулану.*

МАРҒАУЛАУ *Самарқаулау, селқостау.*

МАРҒАУЛЫҚ *Жайбарақаттық, самарқаулық, сылбырлық.*

МАРҒАУСЫ *Марғау тарту, сылбырсу.*

МАРДАН ***кәс.*** *Тірі балық сақтау үшін шыбықтан тоқып, су ішіне қоятын ыдыс.*

МАРДЫМ *Өнім, мардым.*

МАРДЫМА *Өндімеу, өнбеу.*

МАРДЫМДЫ *Өнімді, жарытымды; мандымды.*

МАРДЫМДЫЛЫҚ *Өнімділік, мардымдылық.*

МАРДЫМСЫ *Тәкаппарлана қарау, әлдеқандай болу.*

МАРДЫМСЫЗ *Аз, шамалы, болмашы.*

МАРДЫМСЫЗДАУ *Жартымсыздау, шамалылау.*

МАРДЫМСЫЗДЫҚ *Жартымсыздық, өнімсіздік.*

МАРЖАН 1. *Ашық қызыл, қызғылт не ақ түсті тас, ұсақ моншақ.* 2. ***Ауысп.*** *Қолға түсе бермейтін, қымбат, асыл.*

МАРЖАНДА *Бір нәрсеге маржандарды бастырып тігу, маржанмен көмкеру.*

МАРЖАНДАЙ *Біркелкі, майда, әдемі.*

МАРКЕТИНГ *Тұтынушылардың, бизнестің және мемлекеттің сұранысын қанағаттандыру мақсатын көздейтін, тауарларды өткізу, қызмет көрсету кешені.*

МАРКА 1. *Конвертке жапсырылатын, бет жағында түрлі суреттері бар, көлемі шағын ғана төрт бұрышты қағаз.* 2. *Шаруашылық орындарының өз өніміне соғатын фирмалық белгісі; таңба.* 3. *Батыс Еуропаның кейбір елдеріндегі ақша өлшемі.*

МАРКЕР *Егістік жерге борозда жүргізу үшін пайдаланылатын құрал.*

МАРКЕРЛЕ *Тұқым себу үшін жерді маркермен белгілеп алу.*

МАРКШЕЙДЕР *Жер қойнауындағы пайдалы қазбаларды зерттеу және оны өндіру үшін геодезиялық, геологиялық жұмыстармен айналысатын адам; инженер.*

МАРҚА *Ерте туған үлкен қозы.*

МАРҚАЙ 1. *Есею, өсу, үлкею.* 2. *Өркендеп-өсу, ілгерілеу, алға басу.*

МАРҚАСҚА *Нағыз мықты, зор.*

МАРҚҰМ *Қаза болған, дүние салған адам.*

МАРЛАТ *Мардымсыған, кекірейген адам, бюрократ.*

МАРМЕЛАД *Жеміс шырыны мен картоп ұнынан жасалатын кондитерлік тағам.*

МАРС ***астр.*** *Күн жүйесіндегі төртінші планета.*

МАРТЕН: мартен пеші – *болат қорытуға арналған пеш.*

МАРТЕНШІ *Мартен пешінде болат қорытушы.*

МАРТУ ***миф.*** *Жын-шайтан, албасты.* ◊ **Марту басты [басқыр]** – *албасты басты, шайтан иектеді.*

МАРХАБАТ *Рақым, қайырым.* ◊ **Мархабат етіңіз** – *ризашылық етіңіз, қайырымдылық жасаңыз.*

МАРХАБАТСЫЗ *Мейірсіз, құлықсыз.*

МАРХАБАТТЫ *Қайырымды, рақымды.*

МАРХАБАТТЫЛЫҚ *Қайырымдылық, рақымдылық.*

МАРШ I *Әскери адамдардың қатар түзеп, ұйымшылдықпен сапта жүретін жүрісі.*

МАРШ II *Жігерлі, екпінді ырғақпен орындалатын музыкалық шығарма.*

МАРШАЛ *Генералдан жоғарғы әскери атақ, шен.*

МАС 1. *Спиртті ішімдікті көп ішудің салдарынан өзін-өзі билей алмай қалған жағдай.* 2. ***Ауысп.*** *Есінен айырылған, ынтық, құштар.*

МАСА *Қанаты бар қансорғыш жәндік.*

МАСАЙ *Аздап мас болу, қызу, елту.*

МАСАЙРА *Рақаттану, шаттану, қатты қуану.*

МАСАЙРАУШЫЛЫҚ *Мәз болушылық, қуанушылық.*

МАСАҚ I *Астық дақылдарының дәнді басы.* ◊ **Масақ терді** — *дәнді дақылдардың аңызда қалған масағын жинады.*

МАСАҚ II ***көне*** *Садақ оғының түп жағы, ұшына кері аша жағы.*

МАСАҚТА *Масақ теру, масақ жинау.*

МАСАҚТАН *Егіннің бас алуы; масақ пайда болу.*

МАСАҚТЫ *Масақ пайда болатын, масағы бар.*

МАСАҚША *Кішкене масақ.*

МАСАҚШЫ *Масақ теруші.*

МАСАЛА *Масадан қорғану, масадан сақтану.*

МАСАҢ *Аздап мас, масайған; қызу.*

МАСАҢДА *Масаң болу, масаң тарту.*

МАСАҢДЫҚ *Масайғандық, қызып қалғандық.*

МАСАҢСЫ *Мас болғансу, мас адамға ұқсау.*

МАСАТ *Көтеріңкі көңіл, масайраған күй.*

МАСАТТАН *Рақаттану, шаттану.*

МАСАТЫ 1. *Жұмсақ түкті жібек мата, барқыт.* □ **Масаты кілем** — *жұмсақ, түкті кілем.* 2. *Күдеріге ұқсас, тегіс, тығыз былғары.*

МАСАХАНА *Масадан қорғану үшін, дәкеден тігілген бітеу шымылдық.*

МАСКҮНЕМ *Ішкілікке салынған адам, араққұмар, ішкіш.*

МАСКҮНЕМДІК *Ішкілікке салынғандық, араққұмарлық, ішкіштік.*

МАСҚАРА *Ар-намысқа тиетін өрескел іс, ұят.* ◊ **Масқара болды** — *ұятқа қалды, күлкі болды.*

МАСҚАРАЛА *Масқарасын шығару, ұятқа қалдыру.*

МАСҚАРАЛЫҚ *Масқара болғандық, ұят жағдай.*

МАСҚАРАПАЗ *Күлкілі ойын көрсететін сайқымазақ, цирк артисі.*

МАСҚАРАШЫЛЫҚ *Масқаралық, ұятқа қалғандық, сорақылық.*

МАССА ***физ.*** *Белгілі бір нәрсенің (материяның) негізін құрайтын заттардың барлық көлемі, мөлшері, шамасы.*

МАССАТ *Болаттан жасалатын төрт қырлы оқ, сайгез деп те аталады.*

МАСТАН *Бір нәрсеге масаттану, даңдайсу.*

МАСТЫҚ *Мас болушылық, есіріктік.*

МАСЫҚ *Мақтану, дандайсу; желігу.*

МАСЫЛ *Жатыпішер, араптамақ.* ◊ **Масыл болды** — *біреуге ауыртпалығын түсірді; зиянын тигізді.*

МАСЫЛДЫҚ *Масыл болушылық, араптамақтық.*

МАТ 1. *Шахмат ойынындағы лажсыз жеңіліс.* 2. *Жеңіліс, ұтылыс.* ◊ **Мат болды** — *шахмат ойынында жеңіліс тапты.*

МАТА I *Мақтадан, жүннен тоқылған кездеме.*

МАТА II 1. *Қатты байлау, бекіту.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге тыйым салу, жол бермеу.*

МАТАСУ ***лингв.*** *Сөз тіркесіндегі анықтауыш пен анықталатын сөздердің арасындағы грамматикалық байланыс.*

МАТАУЛЫ *Матап байланған, бекітулі.*

МАТЕМАТИК *Математика маманы, математика мұғалімі.*

МАТЕМАТИКА *Сандық қатынастар жайлы ғылым.*

МАТЕРИАЛ 1. *Құрылысқа қажетті керек-жарақ, зат, бұйымдар.* 2. *Баспасөз бетінде жарияланған мақала, шағын көлемді шығарма.* 3. *Белгілі бір адамға, іске қатысты жиналған факт.* 4. *Мата, кездеме, бұл.*

МАТЕРИАЛДЫҚ *Заттық, күнделікті тұрмысқа қажетті.*

МАТЕРИАЛИЗМ *Материя, табиғат, болмыс — алғашқы, ал сана, рух, ой — туынды (екінші) деп санайтын ғылыми-философиялық бағыт.*

МАТЕРИАЛИСТ *Материяны танып-білуге болады деп санайтын және материализмнің ғылыми философиясын мойындайтын адам.*

МАТЕРИЯ ***филос.*** *Адам санасынан тыс және оған тәуелсіз өмір сүретін объективтік шындық, дүниенің түпнегізі.*

МАТРИАРХАТ *Алғашқы қоғамның бір сатысы. Аналық дәуір, әйелдер үстемдігі басым болған дәуір.*

МАТРИАРХАТТЫҚ *Матриархатқа тән (ерекшеліктер, дәуір).*

МАТРОС *Әскери-теңіз флотындағы ең кіші әскери атақ, теңізші.*

МАТТАҚАМ *Қу, айлакер, мұттайым.*

МАТЫР *Бір нәрсені суға тұтастай салу, батыру.*

МАУ *Бір нәрсенің өсіп, жетілу кезеңі, жыныстық кәмелет.*

МАУБАС I 1. *Ылғи тұйық, мәңгіріп бей-жай күйде жүретін, мәнжу, болбыр адам.* 2. ***Ауысп.*** *Көп ұйықтайтын, ұйқышыл.*

МАУБАС II *Ағашты, орманды жерді мекендейтін, түнде үнемі шақырып жүретін байғыз тәріздес құс.*

МАУБАСТАН 1. *Меңіреулену, мәңгіру, болбырау.* 2. ***Ауысп.*** *Ұйқысы келу, қалғып-мүлгу.*

МАУБАСТАУ *Жуастау, момындау, бостау, болбыр.*

МАУБАСТЫҚ *Маубас болғандық; бостық, бұйығылық, мең-зеңдік.*

МАУЖЫР *Дел-сал, тып-тыныш, тылсым.*

МАУЖЫРА *Балбырап ұйқысы келу.*

МАУЖЫРАҢҚЫ *Мең-зең, дел-сал.*

МАУҚЫ: маукы басылды [маукын басты] – *құмары қанды, сағынышы басылды.*

МАУСЫМ I *Жаздың алғашқы айы.*

МАУСЫМ II *Белгілі бір межелі мезгіл, кезең.*

МАУСЫМДЫҚ *Мерзімдік, кезеңдік (іс, жұмыс).*

МАУСЫМДЫЛЫҚ *Кезеңге бөлінушілік, мерзімділік.*

МАУЫЗДАЙ *Ірі, алпамсадай.*

МАУЫҚ *Жыртқыш аңдардың жыныстық қатынасқа құмартып, желігу кезеңі.*

МАФИЯ *Билікті адамдардың ұйымдасқан түрдегі жасаған қылмысы.*

МАХАББАТ 1. *Әйел мен еркектің бір-біріне деген құштарлық сезімі, сүйіспеншілік.* 2. *Ата-ананың балаға, адамдардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілік ыстық ықыласы.*

МАХАББАТТЫ *Құштарлы, құмарлы.*

МАХАББАТШЫЛ *Махаббатқұмар, сүйіспеншіл.*

МАХОРКА *Сапа жағынан төмен сұрыпты темекі.*

МАХПУЗ *Пешене, тағдыр, жазмыш.*

МАХШАР *Діни ұғым бойынша өлген адамның күнәсі тексерілетін кезең, ақырет.*

МАШАЙЫҚ ***көне*** *Ақылды адам, абыз.*

МАШАҚАТ *Адам басына түсетін бейнет, азап, қиыншылық.*

МАШАҚАТТАН *Машақатын көру, әуреге түсу.*

МАШАҚАТТАУ *Машақаты молырақ, бейнеті көбірек.*

МАШАҚАТТЫ *Машақаты мол, бейнетті, азапты.*

МАШИНА *Іштен жанатын қозғалтқыш арқылы механикалық қозғалысқа түсетін көліктің жалпы атауы; автомобиль.*

МАШИНАЛАН *Машинамен қамтамасыз ету, машинамен жабдықтау.*

МАШИНАЛЫ *Машинасы бар, машина иемденген, машиналанған.*

МАШИНАСЫЗ *Машинасы жоқ.*

МАШИНИСТ *Паровоз немесе тепловоз жүргізуші маман.*

МАШИНКА *Қолжазбаны таңбалы әріптермен басатын машина.*

МАШЫҚ *Қалыптасқан дағды, үйреншікті әдет.*

МАШЫҚТА *Әдет ету, дағдылану.*

МАШЫҚТЫ *Әбден қалыптасқан, үйреншікті, дағдылы.*

МАШЫҚТЫҚ *Машықтылық, үйреншіктілік, дағдылық.*

МАШЫРЫҚ ***көне*** *Шығыс, араб шығысы.*

МАЯ I *Әрі биік, әрі ұзынша етіп, жондандыра үйілген мая шөп, астық.* ◊ **Мая жон** — *дөңкиген, жұмыр.*

МАЯ II *Жалғыз өркешті нар түйенің інгені, аруана.*

МАЯК 1. *Өзен-көлдің, теңіздің жағасын бағдарлау үшін арнайы жасалған мұнара шам.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге жөн сілтеуші, бағыттаушы.*

МАЯКТЫ *Маягы бар, маяк қойылған.*

МАЯЛА *Пішен мен сабанды мая етіп үю, жинау.*

МАЯЛАУЫШ *Пішен, сабан маялайтын машина.*

МАЯЛЫ *Маясы бар, мая салынған.*

МАЯ-МАЯ *Бірнеше мая, көп мая.*

МАЯТНИК *Белгілі бір осьтің маңында тербеліп тұратын ұзынша келген тілше темір.*

МАЯТНИКТІ *Маятнигі бар, маятник орнатылған.*

МАЯШЫ *Мая салатын адам.*

МӘ *"Ал", "ала гой" деген мағынадағы ишарат сөз.* ◊ **Мә, саған** — *міне, саған.*

МӘДЕНИ *Мәдениетке, мәдениеттілікке катысты.*

МӘДЕНИ-АҒАРТУ *Халықтың мәдениеті мен білімін, сауатын арттыру орны.*

МӘДЕНИЕТ 1. *Адамзаттың өндірістік, когамдық және ақыл-ой жетістігінің жиынтығы.* 2. *Аса жоғары мәдениеттілік.* 3. *Бір нәрсенің жоғары сатысы, шарықтап даму күйі.* ◊ **Мәдениет сарайы** — *мәдени жиындар өтетін үлкен де жарық, кең үй.* **Мәдениетін көтерді** — *мәдени дәрежесін жақсартты, арттырды.*

МӘДЕНИЕТСІЗ *Мәдениеті жоқ, мәдениетсіз, дамымаған.*

МӘДЕНИЕТСІЗДІК *Мәдениеті жоқтық, мәдени дәрежесі төмендік.*

МӘДЕНИЕТТЕН *Мәдениетке жету, мәдениетті болу.*

МӘДЕНИЕТІ *Мәдениеті жоғары, мәдени дәрежесі дамыған.*

МӘДЕНИЕТТІК *Мәдениетке қатысты, мәдениетке тән, байланысты.*

МӘДЕНИЕТТІЛІК *Мәдениеті жоғарылық, мәдениеті молдық.*

МӘДЕНИЕТТІРЕК *Мәдениеті жоғарырақ, мәдениеті басымдау.*

МӘДЕНИЕТШІЛ *Мәдениетке әуес, мәдениетқұмар.*

МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК *Көпшіліктің мәдениетін арттыратын.*

МӘДЕНИ-ТҰРМЫСТЫҚ *Күнделікті тұрмыс-тіршілікке қажетті.*

МӘЖБҰР *Істеуге, істелуге тиіс, еріксіз міндетті.* ◊ **Мәжбүр етті [қылды]** — *амалсыздан істеуге тиіс болды.*

МӘЖБҰРЛЕ *Мәжбүр қылу, шарасыз ету.*

МӘЖБҰРЛІК *Мәжбүр болғандық, шарасыздық, амалсыздық.*

МӘЖНҮН *Есуас, жынды; түсініксіз мінезді.*

МӘЖНҮНДЕУ *Есуастау, жындылау.*

МӘЖНҮНДІК *Жындылық, есуастық.*

МӘЖІЛІС I *Белгілі бір мәселені талқылау үшін бас қосатын отырыс, кеңес.*

МӘЖІЛІС II ***жаңа****. Қос палаталы парламенттің бір палатасының аты.*

МӘЖІЛІСҚОР *Мәжілісқой, мәжіліске құмар.*

МӘЖІЛІСҚҰМАР *Мәжілісқор.*

МӘЖІЛІСТЕС *Мәжілісте бірге болып жүрген, пікірлес.*

МӘЗ *Қуанышты, көңілді, шат.* ◊ **Мәз болды** — *қуанды, көңілденді, шаттанды.* **Мәз емес** — *айтарлықтай емес, шамалы.* **Мәз қылды** — *а) риза етті, қуантты; ә) ішек-сілесін қатырды, күлдірді.*

МӘЗДЕН *Мәз болу, масаттану.*

МӘЗ-МЕЙРАМ *Шат-шадыман, мәре-сәре.* ◊ **Мәз-мейрам болды** — *күлкіге қарық болды, қуанды.* **Мәз-мейрам етті [қылды]** — *ішек-сілесін қатырды, күлдірді; риза етті.*

МӘЗІР *Дастарқандағы, асханадағы тағамдардың жиынтық көрінісі.*

МӘЗІР: бар мәзірі – *қолдан келер сый-сияпат, құрмет.*

МӘЙЕК 1. *Жас төлдің ұлтабарынан алынып, сүттен ірімшік жасауға пайдаланылатын ұйытқы, қорытқы.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір нәрсеге арқау боларлық зат, ұйытқы.* ◊ **Мәйегі аузынан шықты** – *қатты семірді; тойынды.*

МӘЙКІ *Жұқа әрі жеңіл матадан тігілген, кеудеге киетін ішкиім.*

МӘЙКІШЕҢ *Тек мәйкі киген қалпында.*

МӘЙІТ *Өлген кісінің денесі, сүйегі.*

МӘЙІТХАНА *Өлген адамды уақытша сақтайтын салқын орын, суық жер; морг.*

МӘКҮРІК *Зиянды, арам зат.*

МӘЛІК I *Әмірші, патша.*

МӘЛІК II *Қара малда болатын жұпалы ауру.* ◊ **Мәлік келгір!** – *сиыр малына айтылатын қарғыс.*

МӘЛІМ *Аян, белгілі, анық.*

МӘЛІМДЕ *Болған оқиғаны хабарлау, айтып жеткізу.*

МӘЛІМДЕМЕ *Белгілі бір оқиға туралы жазбаша не ауызша хабарлама.*

МӘЛІМДІК *Мәлім болғандық, белгілілік, маглұмдық.*

МӘЛІМЕТ *Маглұмат, ақпар, дерек.*

МӘЛІМЕТСІЗ *Дерексіз, ақпарсыз, хабарсыз.*

МӘЛІМЕТСІЗДЕУ *Мәліметі аздау, белгісіздеу.*

МӘЛІМЕТСІЗДІК *Мәлім еместік, белгісіздік.*

МӘЛІМЕТТІ *Мәліметі бар, деректі.*

МӘЛІМСІЗ *Мәлім емес, белгісіз.*

МӘЛІМСІЗДІК *Мәлім еместік, белгісіздік.*

МӘЛІН *Орман-тоғай арасында өсетін, сырт пішіні үй мысығына ұқсас, кішірек аң.*

МӘЛІСКЕН *Сырткиімдік қалың матаның бір түрі.*

МӘЛІШ I *Ұсақ-түйек, өнімсіз іс.*

МӘЛІШ II *Салпақ құйрықты қой тұқымы.*

МӘМПӘСИ *Түрлі түсті, кішірек, қатты кәмпит.*

МӘМІЛЕ *Келісім, бітім.* ◊ **Мәмілеге келді [келмеді]** – *бітімге келді, келісті.*

МӘМІЛЕГЕР *Екі елді, екі адамды келістіруші, ара ағайын (би).*

МӘМІЛЕЛЕС *Келісу, бітісу.*

МӘМІЛЕШІЛ *Бітімшіл, келісімпаз.*

МӘМІЛЕШІЛДІК *Келісімпаздық, бітімшілдік.*

МӘН *Бір нәрсенің сыр-сипаты, магынасы, маңызы.* ◊ **Мән бермеді** – *көңіл қоймады, назар аудармады.*

МӘНБІ *Шын болған оқиға, ақиқат іс; факт.*

МӘНБІР *Белгілі бір оқиғаның қозгаушы күші, себебі; фактор.*

МӘНДАЛА *Көбіне сырткиім тігетін, сапалы да бағалы шұға.*

МӘНДЕН *Мәнге ие болу, мән алу.*

МӘНДЕС *Мән-магынасы жақын, магыналас.*

МӘНДІ *Мәні бар, мәні зор.*

МӘНДІЛІК *Мәні зорлық, маңыздылық.*

МӘНДІР *Ірімшік жасауға дайындалған сүтті ұйытатын мәйек.*

МӘНДІРЕК *Мәні үлкенірек, маңыздырақ.*

МӘНЕР 1. *Әшекейлеп, оюлап салынған өрнек.* 2. *Ән салу, айту, келісті ырғақ.*

МӘНЕРЛЕ 1. *Әшекейлеу, өрнектеу.* 2. *Сөзді нақышына келтіріп сөйлеу, әдемілеп оқу.*

МӘНЕРЛІ *Әшекейлі, өрнекті, ырғақты, нақыстық.*

МӘН-ЖАЙ *Бір нәрсенің мәні, жай-жапсары, қыр-сыры.*

МӘНЖУ *Бос, болбыр, момын.*

МӘНЖУБАС *қ. Мәнжу.*

МӘНЗЕЛ *Мәніс, мән.*

МӘНЗЕЛДЕС *Тәріздес, сияқты.*

МӘНЗЕЛДІ *Тәрізді, сияқты.*

МӘНЗҮР: мәнзүр қылмады – *елемеді, ескермеді, елең қылмады.*

МӘН-МАҒЫНА *Бір нәрсенің мәні, мағынасы, маңызы.*

МӘНСІЗ *Мәні, мағынасы жоқ.*

МӘНСІЗДЕН *Мағынасыздану, мәнінен айрылу.*

МӘНСІЗДІК *Мәні жоқтық, мағынасыздық, маңызсыздық.*

МӘНТІ *Еттурағыштан өткізген етті қамырға орап, судың буына пісірген тағам.*

МӘНІС *Бір нәрсенің мәні, жай-жапсары, сыры.* ◊ **Шын мәнісінде** – *шын мәнінде, шынында.*

МӘНІССІЗ *Мағынасыз, мәнсіз, маңызсыз.*

МӘҢГҮРТ *Жарымес, топас, есуас.*

МӘҢГҮРТТІК *Топастық, есуастық, ессіздік.*

МӘҢГІ I 1. *Өмір бақи, ылғи, үнемі.* 2. *Біржола, мүлдем, үзілді-кесілді.* ◊ **Мәңгі бақи** – *өмір бойы, мәңгілік.* **Мәңгі от** – *даңқты ерлер құрметіне үнемі лаулап жанып тұратын алау от.*

МӘҢГІ II *Есеңгіреу, мең-зең болу, мәңгіру.*

МӘҢГІЛІК 1. *Мәңгі бақилық, өмірлік.* 2. *Мүлдем, біржолата.*

МӘҢГІР *Басы зеңгу, мең-зең болу, есеңгіреу.*

МӘПЕ *Ерекше күтім, бағым, бап.*

МӘПЕЛЕ *Аялап күту, бағып-қағу, әлпештеу.*

МӘПЕЛІ *Күтімді, бапты.*

МӘРЕ 1. *Сөре, көмбе.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір межеге.*

МӘРЕЛІ *Мәре қойылған, келісілген, межелі.*

МӘРЕ-СӘРЕ *Мәз-мейрам, шат-шадыман.* ◊ **Мәре-сәре болды** – *қатты қуанды, мәз болды.*

МӘРЕМ *Бүлінген, талқан болған, быт-шыты шыққан.*

МӘРМӘР *Жылтыр әрі қатты қымбат тас.*

МӘРМӘРЛА *Мәрмәрмен көркемдеу, айшықтау, безендіру, әрлеу, сәндеу.*

МӘРМӘРЛІ *Мәрмәр тастан жасалған; мраморлы.*

МӘРТ *Ер көңілді, кеңпейілді, батыл, жомарт.*

МӘРТЕ *Рет, қайтара.*

МӘРТЕБЕ *Абырой-атақ, даңқ, дәреже.* ◊ **Мәртебе көрді** – *мақтаныш етті, мастанды.* **Мәртебең өссін алғ.** – *дәрежең биік болсын, абыройың артсын.* **Мәртебесі артты [асты]** – *беделі өсті, абыройы артты.* **Мәртебесі биік [жоғары]** – *дәреже-даңқы артық, беделі жоғары.*

МӘРТЕБЕЛІ *Мәртебесі жоғары, абыройлы, сыйлы.* ◊ **Мәртебелі бол!** – *қадір-қасиетің артсын, дәрежең биік болсын!*

МӘРТЕБЕЛІЛІК *Мәртебесі биіктік, абыройлылық, қадірлілік.*

МӘРТТІК *Жомарттық, мырзалық, кеңдік.*

МӘСЕЛЕ *Шешімін табуды керек ететін іс.* ◊ **Мәселе көтерді** – *бір іске қозғау салды, қолға алды.*

МӘСЕЛЕН *Айтылған ойды түсіндіру, дәлелдеу үшін қолданылатын қыстырма сөз; мысалы.*

МӘСЛИХАТ *Мәжіліс, кеңес.* ◊ **Мәслихат құрды** – *бас қосып әңгімелесті, кеңесті.*

МӘСЛИХАТТАС I *Мәжілістес, мәслихатта бірге болған адамдар.*

МӘСЛИХАТТАС II *Ақылдасу, кеңесу, пікірлесу.*

МӘССАҒАН *Таңдану кезінде айтылатын ишарат сөз.* ◊ **Мәссаған, безгелдек** – *міне, керек болса; міне, саған.*

МӘСТЕК 1. *Бой-тұрқы тапалдау, тегі нашар жылқы.* 2. ***Ауысп.*** *Аласа бойлы, кішкене, шағын денелі адам.*

МӘСТЕКШЕ *Мәстек тәрізді, мәстек сияқты.*

МӘСУЕК *Тісті, тістің етін ысқылап тазартатын құрал.*

МӘСІ *Жұқа былғарыдан тігілген, кебіспен киетін, өкшесіз, қонышты аяққиім.*

МӘСІЛІ *Мәсісі бар, мәсі киген.*

МӘСІЛІК *Мәсі тігетін, мәсіге лайықты.*

МӘСІШЕҢ *Мәсі киген қалпында.*

МӘТЕК *Төбеден не шекеден саусақпен шертіп алатын ұпай.*

МӘТЕЛ *Тұжырымды әрі ықшам нақыл сөз.*

МӘТЕЛДЕ *Мәтел қосып, мәнерлеп сөйлеу.*

МӘТКЕ I *Үйдің төбесін жабу үшін көлденеңінен салынатын мықты белагаш; арқалық.*

МӘТКЕ II *Ойын картасының бетінде әйел суреті бейнеленген қағазы.*

МӘТКЕЛІК *Мәтке боларлық, белагаштық, арқалықтық.*

МӘТТАҚЫМ *Ку, айлакер мұттайым.*

МӘТІБИ *Қожа, би.*

МӘТІБИЛЕУ *Қожалау, биірек.*

МӘТІН *Белгілі бір жазылған шығарма немесе соның үзіндісі; әңгіме.*

МӘТІНТАНУ *Әр алуан әдеби мұралар мен тарихи құжаттардың мәтінін анықтайтын филология ғылымының бір саласы.*

МӘТІНТАНУШЫ *Мәтінтану ғылымының маманы.*

МӘУ: мәу демеді – *үндемеді, жауап қатпады.*

МӘУЕ 1. *Жеміс, жидек, миуа.* 2. ***Ауысп.*** *Еңбек нәтижесі, жемісі.*

МӘУЕЛЕ *Қаулап өсу, толысып пісу.*

МӘУЕЛІ 1. *Жеміс-жидекті, миуалы.* 2. ***Ауысп.*** *Нәтижелі, табысты, жемісті.*

МӘУЛЕТ *Мұрсат, мүмкіндік, еркіндік.* ◊ **Мәулет алды** – *мүмкіндікке қолы жетті, мұрсат берілді.* **Мәулет берді** – *мүмкіндік жасады, мұрша берді.*

МӘУЛІМ *Торғынға тұк қондырылған мата.*

МӘУЛІТ: мәуліт күні – *Мұхаммед пайғамбардың туған күні.*

МӘУРІТ *Белгілі бір уақыт, кесімді мезгіл, кезең.*

МӘУІТІ *Оң жағы майда түкті келген қалың мата, шұға.*

МӘШ *Дәл, дәп, үйлес, үндес, сәйкес.*

МӘШҺҮР ***кіт.*** *Аты әйгілі, даңқты.*

МӘШҺҮРЛІК *Көпке белгілілік, әйгілілік.*

МӘШІ *Есектің, қашырдың ұрғашысы.*

МЕ *"Ма" демеуінің жіңішке сыңары.*

МЕГАВАТТ ***физ.*** *1 000 000 ваттқа тең бірлік.*

МЕГАГЕРЦ ***физ.*** *Тербеліс жиілігін анықтайтын өлшем бірлігі.*

МЕГАФОН *Дауысты күшейтіп естірту үшін пайдаланылатын конус пішінді құрал.*

МЕГЕЖІН *Шошқаның ұрғашысы.*

МЕГЗЕ *Бағыттау, нұсқау.*

МЕДАЛЬДЫ *Мектепті үздік бітіріп, медальға ие болған оқушы.*

МЕДАЛЬ *Құнды металдан дөңгелек етіп істеліп, беті әртүрлі суреттермен бейнеленген марапат белгісі немесе мерекелік сувенир.*

МЕДАЛЬОН *Ішінде біреудің келбеті не бірдеменің суреті бар, сопақша я дөңгелек келген, мойынға асып жүретін бұйым.*

МЕДБИБІ *Емдеу орындарындағы кіші медициналық персонал; медбике.*

МЕДЕТ *Демеу, сүйеніш, таяныш.* ◊ **Медет берді [болды]** – *қуат берді, демеді.* **Медет етті [қылды]** – *арқа тұтты, сүйеніш көрді.*

МЕДЕТКЕР *Демеуші, жәрдемші, сүйеніш.*

МЕДЕУ *Көңілге сүйеніш, тірек, медет.* ◊ **Медеу болды** – *тірек, сүйеніш болды.* **Медеу етті [қылды]** – *көңілге тоқ санады, сүйеніш етті.* **Медеу тұтты [көрді]** – *көңілге қуат санады, тірек етті.*

МЕДЕУЛІК *Медеу боларлық, сүйеніш етерлік.*

МЕДИАТОР *Темір ішекті музыкалық аспаптарды ойнағанда пайдаланатын, мүйізден не пластмассадан жасалған зат.*

МЕДИЕН *Ұшы-қиыры жоқ елсіз иен дала.*

МЕДИЦИНА *Түрлі ауруларды емдеу жолы және олардан алдын ала сақтандыру туралы ғылым.*

МЕДРЕСЕ *Ислам дінін оқытатын орта және жоғары дәрежелі оқу орны.*

МЕДРЕСЕЛІК *Медресеге қатысты, соған тән.*

МЕЖЕ *Мөлшер, шама, шек.*

МЕЖЕЛЕ 1. *Мөлшерлеу, шамалау.* 2. *Шек қою, белгілеу.*

МЕЖЕЛІ *Алдын ала белгіленген, мөлшерлі, нысаналы.*

МЕЖЕСІЗ *Межесі жоқ, шексіз.*

МЕЗГЕ *Нұсқау, бағыттау, мезгеу.*

МЕЗГІЛ *Күннің, айдың, жылдың белгілі бір кезеңіне сай келетін кез, уақыт, мерзім.* ◊ **Мезгіл бағыныңқы сабақтас [сөйлем]** — *басыңқыдағы оқиғаның мезгілін білдіретін бағыныңқы сөйлем.* **Мезгіл пысықтауыш** — *баяндауыш қызметіндегі етістіктің қашан, қай мезгілде болғанын білдіретін пысықтауыш.* **Мезгіл үстеу** — *қимылдың мезгілін, уақытын, мерзімін білдіретін үстеу.*

МЕЗГІЛДЕС *Бір мезгілге тән, бір уақытқа қатысты.*

МЕЗГІЛДІ *Мерзімді, белгілі мөлшерлі.*

МЕЗГІЛДІК *Белгілі бір мезгілге, уақытқа тән, қатысты.*

МЕЗГІЛ-МЕЗГІЛ *Дамыл-дамыл, жиі-жиі, ауық-ауық.*

МЕЗГІЛСІЗДЕУ *Мерзімге сай еместеу; жағдайсыздау.*

МЕЗЕТ *Бір сәт, кез, мезгіл.*

МЕЗЕТТЕ 1. *Кезде, мезгілде, әпсәтте.* 2. *Лезде, тез, жылдам.*

МЕЗЕТТІК *Бір сәттік, әп-сәттік.*

МЕЗОЗОЙ *геол. Палеозой мен кайнозой аралығындағы дәуір, эра.*

МЕЗОЛИТ *Палеолит пен неолит аралығындағы тас дәуіріне жататын кезең.*

МЕЗІ: мезі болды [қылды, етті] — *ығыр қылды, запыс болды.*

МЕЗІЛЕ *Мезі ету, ығыр қылу.*

МЕЗІЛЕУ *Аздап мезі болған, ығырлау.*

МЕЗІРЕТ *Ықылас білдіру, ілтипат көрсету ишараты.* ◊ **Мезірет етті [жасады, қылды]** — *ілтипат көрсеткен болды, көңіл білдіргенсіді.*

МЕЙЛІ *Жарайды, бәрібір, өзің біл.*

МЕЙЛІНШЕ *Бар мүмкіндігінше, барынша, сонша, тым.*

МЕЙМАН *Үйге келген қонақ.* ◊ **Мейман етті [қылды]** — *құрметтеп сыйлады, қонақ етті.*

МЕЙМАНА: мейманасы асты [тасыды] — *көңілі өсті, масаттанды.*

МЕЙМАНГЕРШІЛІК *Қонақ күте білушілік, қонақжайлылық.*

МЕЙМАНДОС *Қонақты жылы жүзбен, кеңпейілмен қарсы алатын, қонақжай.*

МЕЙМАНДОСТЫҚ *Қонақжайлылық, кеңпейілділік.*

МЕЙМАНДЫҚ *Қонақтық, қонаққа барушылық.*

МЕЙМАНХАНА *Қонақ келіп түсетін көпшілік үйі.*

МЕЙМАНШЫЛ *Қонақжай, қонақшыл, меймандос.*

МЕЙРАМ *Салтанатты мереке, той.*

МЕЙРАМДА *Мейрамға қатынасу, мерекелеу, тойлау.*

МЕЙРАМДЫҚ *Мерекелік, шаттшадымандық.*

МЕЙРАМШЫЛ *Мерекешіл, тойдуманшыл.*

МЕЙІЗ *Кептірілген жүзім.*

МЕЙІЗДЕЙ *Мейіз сияқты, тәтті.* ◊ **Мейіздей қатқан** — *әбден бабына келген, жараған ат.*

МЕЙІЗДЕН *Әбден кепкен, қатайған.*

МЕЙІЛ *Ерік, ырық, ықылас.* ◊ **Мейлің білсін** — *еркің білсін, қалауың болсын.*

МЕЙІР *Ықылас, ынта, ниет, көңіл.* ◊ **Мейірі қанды** — *құмарынан шықты, шөлі басылды.* **Мейірі қатты** — *мейірімсіз, қатыгез, рақымсыз.* **Мейірі түсті** — *ықыласы түсті, ниеті ауды.*

МЕЙІРБАН *Рақымы мол, қайырым, шапағаты зор.*

МЕЙІРБАНДЫ *Рақымды, мейірімді, шапағатты.*

МЕЙІРБАНДЫЛЫҚ *Мейірімділік, қайырымдылық, шапағаттылық.*

МЕЙІРБАНСЫ *Өзін шапағатты етіп көрсету.*

МЕЙІРИЕ ***мед.*** *Емдеу орындарындағы ауруларды бақылап, белгіленген емді беруші кіші медицина қызметкері.*

МЕЙІРЛЕН *Мейірі, көңілі түсу, ықыласы ауу, емірену.*

МЕЙІРЛІ *Рақымды, қайырымды, шапағатты, мейірімді.*

МЕЙІРСІЗ *Рақымсыз, қатыгез, қатал.*

МЕЙІР-ШАПАҒАТ *Рақым, ықылас, ілтипат.*

МЕЙІРІМ *Қайырымды көңіл, мейірлі пейіл, ықылас.* ◊ **Мейірімі түсті** – *көңілі түсті, ықыласы ауды.*

МЕЙІРІМДЕН *Ықыласы ауу, пейілдену, іші жылу, көңілі түсу.*

МЕЙІРІМДІ *Мейірлі, мейірбанды.*

МЕЙІРІМДІЛІК *Мейірбандылық, қайырымдылық, рақымдылық.*

МЕЙІРІМСІЗ *Қайырымсыз, рақымсыз.*

МЕЙІРІМСІЗДЕН *Рақымсыз болу, қатыгездену.*

МЕЙІРІМСІЗДІК 1. *Қайырымсыздық, рақымсыздық.* 2. *Қаталдық, қатыгездік.., .*

МЕЙІРІМШІЛ *Қайырымшыл, шапағатты, мейірбанды.*

МЕЙІРІМШІЛДІК *Мейірбаншылық, қайырымдылық.*

МЕККЕ ***діни*** *Мұхаммед пайғамбар туған, Мекке қаласының атынан қалыптасқан атау.*

МЕКЕМЕ *Белгілі бір шаруашылық саласы, мәдени-ғылыми қызметпен шұғылданатын орын, үйым.*

МЕКЕМЕАРАЛЫҚ *Мекеме мен мекеме арасында болатын.*

МЕКЕН *Қоныс, тұрақ, орын, жай.* ◊ **Мекен пысықтауыш** ***лингв.*** – *қимылдың, іс-әрекеттің орнын білдіретін пысықтауыш.* **Мекен етті [қылды]** – *орын тепті, қоныстанды.*

МЕКЕНДЕ *Белгілі бір жерді қоныстау, жайлау, тұрақтану.*

МЕКЕНДЕС *Мекені бір, қоныстас.*

МЕКЕНДЕСТІК *Мекені, тұрағы бір болушылық, қоныстастық.*

МЕКЕНДЕУШІ *Белгілі бір орынды қоныстанушы, жайлаушы.*

МЕКЕНДІ *Елді мекенді жер.*

МЕКЕНДІК *Мекен болармлық, қоныстық.*

МЕКЕНЖАЙ 1. *Қоныс, тұрақ, орын, жай.* 2. *Үй-жай, құрылыс, гимарат.*

МЕКЕНСІЗ *Тұрақ-жайы, қонысы жоқ.*

МЕКЕР *Қу, залым, айлакер.*

МЕКЕРЛЕН *Қулық-сұмдыққа салыну, қулану, айла жасау.*

МЕКЕРЛІК *Қулық, айлакерлік, залымдық.*

МЕКИЕН *Тауық тұқымдас құстардың жұмыртқалайтын үргашысы.*

МЕКТЕП 1. *Оқыту-тәрбие мекемесі, осындай мекеменің гимараты.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені үйреніп шығу, тәжірибе алу орны.* ◊ **Мектеп көрген** – *жүйелі білім алған, оқыған.*

МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ *Жанында жатақханасы бар жалпы білім беретін мектеп.*

МЕКТЕПТАНУ *Балаларға жалпы оқу әдісін, тиянақты білім беру жағын зерттеу, мұғалімдерді соған даярлау, баулу жайлы педагогика ғылымының саласы.*

МЕКТЕПТЕС *Бір мектепте қатар оқыған.*

МЕКІРЕН *Малдың төліне мейірі түскендегі ыңырануы.*

МЕЛДЕК ***көне*** *Кеңірдек, тамақ.* ◊ **Мелдек атты** – *шамадан тыс тойды, ықылық атты.*

МЕЛДЕКТЕ *Қатты тою, аузы-мұрнынан шыға ішу.*

МЕЛЖЕМДЕ *Мыжу, мылжалау, жоқ қылу.*

МЕЛЖЕМДІ *Мықты, қарулы, күшті.*

МЕЛИОРАТОР *Жер суландыру жұмысының маманы.*

МЕЛИОРАЦИЯ *Жерді суландыру жұмысы.*

МЕЛИОРАЦИЯЛЫҚ *Жерді суландырумен байланысты, суландырушылық.*

МЕЛОДИЯ, ӘУЕН *Белгілі бір музыкалық тұтастықты құрайтын дыбыстар жүйелігі, ырғақ сазы.*

МЕЛОДРАМА ***әдеб.*** *Эмоциялық сезімге, шиеленіскен тартысқа құрылған пьеса.*

МЕЛОДРАМАЛЫҚ *Мелодрамаға қатысты ерекшелік.*

МЕЛШИ *Ун-түнсіз сілейіп қалу, сазару.*

МЕЛЬХИОР *Мыс пен никельдің қосындысынан тұратын, күміске ұқсас қымбат құйма.*

МЕМЛЕКЕТ *Қоғамды басқаратын, оның экономикасы мен әлеуметтік құрылымын қорғайтын негізгі саяси-қоғамдық ұйым.*

МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ *Екі мемлекет арасындағы.*

МЕМОРАНДУМ 1. *Дипломатиялық жазбаша қатынастың тақырыбы болып табылатын, мәселенің мәнін егжей-тегжейлі ашып көрсететін дипломатиялық құжат.* 2. *Белгілі бір мәселе бойынша баяндау жазбасы, қызмет анықтамасы.*

МЕМОРИАЛ *Бір нәрсенің құрметіне орнатылған жазуы бар ескерткіш.* □ **Мемориал тақта** — *бір нәрсенің құрметіне арнап бекітілген ескерткіш тақта.*

МЕМУАР *Естелік түрінде жазылған өмірбаяндық әдеби шығарма.*

МЕМУАРЛЫҚ *Мемуарға тән, мемуар сипатты.*

МЕМУАРШЫ *Мемуар жазушы, мемуар жазумен айналысатын адам.*

МЕН I *Бірінші жақты білдіруші жіктеу есімдігі.* ◊ **Мен мұндалап** — *ерекше көрініп, оқшауланып.*

МЕН II *Сөйлем мен сөйлемді, сөйлемдегі сөздерді өзара байланыстыратын жалғаулық.*

МЕНДІК *Маған тән, маған тиісті, маған қатысты.*

МЕНЕДЖМЕНТ *Өндірісті басқарудың принциптері, әдістері, құралдары мен түрлерінің жиынтығы.*

МЕНЕДЖЕР 1. *Жалдамалы кәсіби басқарушы.* 2. *Өндірісті басқару жөніндегі маман.* 3. *Кәсіби спорттағы жаттығуды, спортшылардың ойынын, тағы басқаларын ұйымдастыратын іскер адам.*

МЕНЕН *Бенен, пенен жалғаулықтарының ұяң сыңары.*

МЕНИНГИТ ***мед.*** *Менингоккок инфекциясының салдарынан болатын ми қабының ауруы.*

МЕНМЕН *Тәкаппар, өзімшіл, өркөкірек.*

МЕНМЕНДІК *Тәкаппарлық, өркөкіректік.*

МЕНМЕНСІ *Көкірегін көтеру, тәкаппарлану, даңдайсу.*

МЕНМЕНШІЛ *Тәкаппар, өзімшіл, менмен.*

МЕНМЕНШІЛДІК *Өзімшілдік, тәкаппаршылық, менмендік.*

МЕНСІН *Ұнату, жақтыру, тәуір көру.*

МЕНСІНБЕУШІЛІК *Өзгені жаратпай паңдануышылық, жақтырмаушылық.*

МЕНШІК *Біреудің жеке өзіне тән иелігі.*

МЕНШІКТЕ *Өзі ие болу, иелену.*

МЕНШІКТІ *Белгілі бір қоғамға, қоғам мүшесіне, жеке адамға тиісті, солардың иелігіндегі.* □ **Меншікті салмақ** — *тиісті салмақ.* ◊ **Меншікті тілші** — *газет пен журналдардың белгілі бір жерден хабар жазып тұратын тұрақты қызметкері.*

МЕНШІКТІЛІК *Біреуге тиістілік, соған тәнділік.*

МЕНШІКШІЛ *Меншіққұмар, жекешіл.*

МЕНШІКШІЛДІК *Меншіққұмарлық, жекешілдік.*

МЕНІҢШЕ *Менің ойымша, өз шамалауымша.*

МЕҢ *Адамның денесінде болатын кішкене қара дақ.*

МЕҢГЕР 1. *Бір істі игеру, оның қыр-сырын жақсы білу.* 2. *Бір нәрсені басқару, басшылық ету.*

МЕҢГЕРУШІ *Мекеме, ұйым басшысы, жетекшісі.*

МЕҢГЕРУШІЛІК *Мекеме, ұйым ісін басқарушылық, жетекшілік.*

МЕҢДЕ 1. *Басу, билеу.* 2. ***Ауысп.*** *Ауруы күшею, асқыну.*

МЕҢДУАНА *Үлкен жапырақты, дәрі-дәрмек ретінде пайдаланылатын ақгүлді улы өсімдік.*

МЕҢЗЕ *Нұсқау, бағыттау, мегзеу.*

МЕҢЗЕЛДЕС *Секілді, сияқты, тәрізді.*

МЕҢ-ЗЕҢ *Дел-сал, әрі-сәрі.*

МЕҢ-ЗЕҢДЕН *Дел-салдану, әрі-сәрі болу.*

МЕҢ-ЗЕҢДІК *Дел-салдық, әрі-сәрілік.*

МЕҢЗІ *Басы мең-зең болу, қатты ауыру.*

МЕҢСІЗ 1. *Меңі жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Ешқандай дақ жоқ, кіршіксіз.*

МЕҢІРЕЙ *Есеңгіреу, аңыраю, аңқию.*

МЕҢІРЕУ 1. *Делқұлы, дел-сал.* 2. *Қалың орман, ну тоғай; джунгли.* 3. ***Ауысп.*** *Тып-тыныш, жым-жырт.*

МЕҢІРЕУЛЕН *Меңіреу күйге түсу, жым-жыпт, құлазыған күй кешу.*

МЕҢІРЕУЛЕУ *Аздап меңіреу, сәлпәл мәңгірген.*

МЕҢІРЕУЛІК *Тыныштық, жым-жырттық.*

МЕҢІРЕУСІ *Меңіреу болғансу, түк білмегенсу.*

МЕРГЕН *Атқан оғы мұлт кетпейтін, көздеген жеріне тигізетін, дәл атқыш.*

МЕРГЕНДІК *Көздегеніне дәл тигізе алатындық, дәл атқыштық.*

МЕРДІГЕР *Белгілі бір жұмысты орындап шығуды міндетіне алушы, міндеткер, міндеттенуші.*

МЕРДІГЕРЛІК *Шартпен белгілі бір жұмысты орындауды міндетіне алғандық, міндеткерлік.*

МЕРЕЗ 1. *Денені іріпіп-шіріпіп жіберетін аса жұқпалы ауру.* 2. ***Ауысп.*** *Арам, қараниет.*

МЕРЕЗДЕН *Арамдық ойлау, қараниеттену.*

МЕРЕЗДІК *Қараниеттілік, арамдық.*

МЕРЕЙ *Абырой, атақ, мәртебе.* ◊ **Мерей тұтты** – *абырой санады, мәртебе көрді.* **Мерейі артты [асты]** – *абыройы артты, беделі өсті.* **Мерейін көтерді** – *мәртебесін жоғарылатты, беделін арттырды.* **Мерейің үстем болсын *алғ.*** – *абыройың артсын, беделің көтерілсін.* **Мерейі тасыды** – *қуанышқа бөленді.*

МЕРЕЙГЕР *Белгілі бір мүшел жасқа толған адам.*

МЕРЕЙЛЕН *Мерейі өсу, көңілі көтерілу, тасу.*

МЕРЕЙЛІ *Мәртебелі, абыройлы.*

МЕРЕКЕ *Салтанатты той, мейрам.*

МЕРЕКЕЛЕ *Мейрамдау, тойлау.*

МЕРЕКЕЛІ *Той-думанды, салтанатты.*

МЕРЕКЕЛІК *Мерекеге арналған, салтанатты.*

МЕРЗІМ *Мезгіл, уақыт.*

МЕРЗІМДІ *Мөлшерлі, кесімді, уақтылы.* ◊ **Мерзімді баспасөз** – *күнделікті шығып тұратын газет-журналдар.*

МЕРЗІМДІК *Белгілі бір уақыттық, мезгілдік.*

МЕРИДИАН ***геогр.*** *Жер шарының полюстері арқылы экваторды тура көлденең кесіп өтетін түзу сызық.*

МЕРИНОС *Биязы жүнді қой тұқымы.*

МЕРТ: мерт болды – *қаза тапты, өлді.*

МЕРТІК *Бір жері сыну, шығу, майып болу.* ◊ **Мертік ас *этн.*** – *мертіккен адамға жинайтын ас, тағам.*

МЕРУЕРТ *Әсемдік, сәндік үшін қолданылатын қымбат бағалы асыл тас.* □ **Меруерт моншақ** – *меруерттен тізген асыл моншақ.* **Меруерт жүзік** – *көзіне меруерт қойған жүзік.* **Меруерт сырға** – *меруерттен жарқыраған көзі бар алтын яки күміс сырға.*

МЕРУЕРТГҮЛ ***бот.*** *Жұпар иісті, ақгүлді, шашақтала өсетін көпжылдық гүл.*

МЕРУЕРТТЕЙ *Меруерт сияқты өте әсем, әдемі.*

МЕРУЕРТТІ *Меруерті бар, меруерт таққан.*

МЕС *Ешкінің бітеу терісінен қымыз, айран құю үшін жасалған ыдыс.* □ **Мескөрік** — *ұста көрігі; үлкен көрік.* ◊ **Мес қарын** — *тамақты көп ішетін, жуан қарын.*

МЕСЕЛ *Көңіл, пейіл, ниет.* ◊ **Месселі[н] қайтты [қайтарды]** — *көңілі қалды, тауы шағылды.*

МЕСТЕЙ *Жуан, семіз, торсиған.*

МЕТАЛЛ *Балқығыштық, созылғыштық қасиеті бар, жылылық пен электр тогын өткізетін химиялық элементтердің жалпы атауы.*

МЕТАЛЛУРГ *Металлургия маманы.*

МЕТАЛЛУРГИЯ *Металл өндіретін, оларды өңдейтін өнеркәсіп орны.*

МЕТАН *Көміртегі мен сутегінің қосылуынан пайда болған химиялық қосна; түссіз және иіссіз газ.*

МЕТАТЕЗА ***лингв.*** *Бір сөз ішіндегі дыбыстардың орын алмастыруы.*

МЕТАФОРА *Сөздің ауыспалы, бейнелі мағынада қолданылу құбылысы.*

МЕТЕЙ ***жерг.*** *Ағаштан жасалған кішкене күбі; ыдыс.*

МЕТЕОРИТ *Аспан әлемінен орасан зор жылдамдықпен жерге келіп түсетін физикалық дене.*

МЕТЕОРОЛОГ *Метеорология маманы.*

МЕТЕОРОЛОГИЯ *Ауа райы мен басқа да атмосфералық құбылыстарды зерттейтін ғылым.*

МЕТЕОСТАНСА *Метеорологиялық зерттеулер жүргізетін станса.*

МЕТИЛ: метил спирті — *көміртегінің бір атомы мен сутегінің үш атомының қосындысынан тұратын химиялық зат; спирт.*

МЕТИС *Екі түрлі нәсілдің арасынан шыққан тұқым, будан.*

МЕТКЕЛ *Дөрекі тоқылған мата.*

МЕТОНИМИЯ ***филол.*** *Екі ұғымның жақындығына, ұқасастығына, көршілестігіне қарай бір сөздің орнына екінші сөзді ауыстырып қолдану тәсілі.*

МЕТР *Ұзындық өлшемінің жүз смге тең өлшем бірлігі.*

МЕТРЛЕ *Метрмен өлшеу.*

МЕТРЛІК *Бір метрге тән, метр шамасында.*

МЕТРО *Қалада жер астында салынған электр теміржол және сол жолда жүретін электр пойызы.*

МЕТРОПОЛИТЕН *Ірі қалаларда жер астынан салынған электр теміржол жүйесі.*

МЕТРОШЫ *Метро салушы, метро қызметкері.*

МЕХАНИЗАТОР *Техника тілін білетін маман.*

МЕХАНИЗАЦИЯ *Механикаландыру жүйесі.*

МЕХАНИЗАЦИЯЛА *Қолмен істелетін жұмыстарды машинамен істейтіндей ету, машиналандыру.*

МЕХАНИЗМ *Машинаны қозғалысқа келтіретін қозғаушы күш, тетік.*

МЕХАНИК *Механика маманы.*

МЕХАНИКА *Денелерді механикалық қозғалысқа келтіретін техника саласы.*

МЕХНАТ *Ауыр азап, бейнет, қиыншылық.* ◊ **Мехнат кешті [шекті]** — *азап көрді, бейнет шекті.*

МЕХНАТСЫЗ *Бейнетсіз, азапсыз.*

МЕХНАТТАН *Бейнеттену, азаптану.*

МЕХНАТТЫ *Азапты, бейнетті.*

МЕШЕЛ ***мед.*** *Организмде қажетті витаминдердің жетіспеуі салдарынан сүйектің дамуы бұзылатын балалар ауруы.* 2. ***Ауысп.*** *Артта қалған, мешеу.*

МЕШЕЛДІК 1. *Мешел болушылық, мешел ауруына шалдығушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Артта қалушылық, мешеулік.*

МЕШЕУ *Артта қалған, дамымаған, кенде.* ◊ **Мешеу қалды** — *кейін қалды, дамымады.*

МЕШЕУЛЕ *Кенде қалу, кейіндеу.*

МЕШЕУЛЕУ *Аздап мешеу; дамыңқырамай қалған.*

МЕШЕУЛІК *Артта қалғандық, дамымағандық.*

МЕШКЕЙ *Тамақты көп ішетін, тойымсыз, обыр.*

МЕШКЕЙЛІК *Тамақсаулық, обырлық.*

МЕШІН I 1. ***көне*** *Маймыл.* 2. *Ескіше жыл қайырудағы тоғызыншы жылдың аты.*

МЕШІН II *Суда жүретін қоңыз.*

МЕШІТ *Мұсылман қауымының намаз оқуға жиналатын, Құдайға сиынатын орны.*

МЕЩАН *Ой өрісі тар, тоғышар адам.*

МЕЩАНДЫҚ *Ой өрісі таяздық, тоғышарлық.*

МИ I 1. *Адамның және жан-жануарлардың орталық жүйке жүйесінің ең басты мүшесі.* 2. ***Ауысп.*** *Ақыл, ой, сана.* ◊ **Миға [миына] кірмеді** — *ұқпады, түсінбеді.* **Миға [миына] қонды** — *ұғынды, ұқты, түсінді.* **Ми қайнатты** — *өте ыстық болды.* **Миы ашыды [қатты]** — *басы қатты, не істерін білмеді.* **Миы жетпеді [жетті]** — *есебін таба алмады, ақылы жетпеді.* **Миына қонды [жетті]** — *санасына жетті, түсінді.* **Миына құйды** — *ұғындырды, түсіндірді.* **Миына сыймады** — *көңіліне қонбады, ақылы жетпеді.* **Миын жеді** — *қайта-қайта айтып, миын ашытты.*

МИ II *Батпақты жер, ұйық, тартпа.* ◊ **Мибатпақ** — *езіліп жатқан батпақ.* **Ми қылып жіберді** — *езіп жіберді, мыжыды.* **Миы шықты** — *езілді, батпақ болды.*

МИҒҰЛА *Ақылсыз, мисыз, су ми.*

МИҒҰЛАЛЫҚ *Ақылсыздық, мисыздық, есуастық.*

МИДАЙ: мидай дала [жазық] — *жазық дала, құла түз.*

МИЗАМ I *Қыркүйек айының ескіше атауы.*

МИЗАМ II *Қыркүйек айында өсімдіктердің үлпаларынан пайда болатын, өрмекшінің торы сияқты, үшталы ақ сілбі.*

МИЗАМ III ***көне*** *Низам, заң, үкім.*

МИКРОАВТОБУС *Ішіне аз ғана адам сыятын кішкене, шағын автобус.*

МИКРОАМПЕР ***физ.*** *Ампердің миллионнан бір бөлшегі.*

МИКРОБ *Жай көзге көрінбейтін, өте ұсақ тірі организм.*

МИКРОБИОЛОГ *Микроорганизмдерді зерттейтін адам, микробиология маманы.*

МИКРОБИОЛОГИЯ *Микробтардың тіршілігін зерттейтін ғылым.*

МИКРОКЛИМАТ *Белгілі бір шағын көлемді аймаққа ғана тән ауа райы.*

МИКРООРГАНИЗМ *Жай көзге көрінбейтін бір клеткалы, өте ұсақ тірі организм; микроб.*

МИКРОСКОП *Көзге көрінбейтін заттарды үлкейтіп көрсететін оптикалық құрал.*

МИКРОСКОПИЯ *Көзге көрінбейтін заттарды микроскоппен зерттеу әдістерінің жалпы атауы.*

МИКРОФОН *Үнді, сөзді зорайтып, алысқа жеткізетін құрал.*

МИКСТУРА *Емдік қасиеттері бар заттардың қоспасынан тұратын сұйық дәрі.*

МИҚАТА *Кеще, милау.* ◊ **Миқата болды** — *басы қатты.*

МИҚИ *Қисаю, мыжыраю.*

МИҚҰРТ *Мига түскен микробтан пайда болатын ауру; менингит.*

МИЛАС *Араласу, баттасу, қосылу.*

МИЛАУ *Кеще, мигұла, су ми.*

МИЛАУЛЫҚ *Кещелік, мигұлалық.*

МИЛАУЫТ *Батпағы шығып, езіліп жатқан.*

МИЛИТАРИЗМ *Согыс қуатын күшейту, басқыншылық согыстарға әзірлену жөнінде ірі капиталистік мемлекеттер жүргізетін саясат.*

МИЛИТАРИСТ *Милитаризмді жақтаушы, милитаризм саясатын жүзеге асырушы.*

МИЛИЦИОНЕР *Милиция қызметкері.*

МИЛИЦИЯ ***тар.*** *Қоғамдық меншікті, азаматтардың қауіпсіздігін, дүние-*

мүлкін қорғайтын, тәртіп сақтайтын әкімшілік мекеме.

МИЛЛӘТ ***тар.*** *Ұлт.*

МИЛЛИАРД *Мың миллион.*

МИЛЛИАРДЕР *Монополистік капиталдың өкілі, ірі капиталист.*

МИЛЛИГРАММ *Грамның мыңнан бір бөлігі.*

МИЛЛИГРАМДЫҚ *Миллиграмм мөлшеріндегі.*

МИЛЛИМЕТР *Метрдің мыңнан бір бөлігі.*

МИЛЛИМЕТРЛІК *Миллиметр мөлшері.*

МИЛЛИОН *Мың мыңға тең.*

МИЛЛИОНДАҒАН *Сан миллион, бірнеше миллион.*

МИЛЛИОНЕР *Байлығы миллионмен есептелетін адам.*

МИЛЫ *Миы көп, ақылды, ойлы.*

МИЛЫҚ 1. *Маңдайдың баскиім жауып тұратын жері.* 2. *Баскиімнің милықты жауып тұратын жері.*

МИЛЫҚТА *Баскиімді милығына түсіріп, баса кию.*

МИЛЫРАҚ *Миы көбірек, ақылдырақ.*

МИЛЬ *Су бетінің қашықтық өлшемі.*

МИМЫРТ *Баяу, шабан, жай.*

МИМЫРТТА *Жай жыбырлап жүру, шабан қозғалу.*

МИМЫРТТЫҚ *Шабандық, баяулық, сылбырлық.*

МИНА *Жарылған жеріндегі нәрселерді қопарып, талқандап тастайтын соғыс қаруы.*

МИНАЛА *Мина қою, мина құру.*

МИНАЛЫ *Минасы бар, мина қойылған.*

МИНАРЕТ *Елді намазға шақыру үшін азаншыға арнап жасалған мешіт мұнарасы.*

МИНАШЫ *Мина қою ісінің маманы.*

МИНЕРАЛ *Табиғи түрде өзара қосылған химиялық элементтер жиынтығы.*

МИНЕРАЛДА *Минерал қосу, минерал беру.*

МИНЕРАЛДАН *Минерал пайда болу.*

МИНЕРАЛДЫ *Минералы бар, минерал қосылған.*

МИНЕРАЛОГ *Минералогия маманы.*

МИНЕРАЛОГИЯ *Минералдар туралы ғылым.*

МИНИМУМ I *Ең кіші, ең аз мөлшер, шама.*

МИНИМУМ II *Белгілі бір пән бойынша тапсырылатын емтихан.*

МИНИСТР *Мемлекеттік лауазым иесі, үкімет мүшесі.*

МИНИСТРЛІК *Мемлекеттік басшылық жасайтын мекеме.*

МИНОМЕТ *Мина ататын зеңбірек.*

МИНОМЕТШІ *Миномет бөлімшесінде қызмет атқаратын әскери минометатқыш адам.*

МИНУС *Математикада азайту, шегеру белгісі (—) немесе теріс шаманы білдіретін таңба.*

МИНУТ *Алпыс секундқа тең уақыт мөлшері, өлшемі.*

МИНУТСЫЗ *Минуты кем.*

МИНУТТАЙ *Минут мөлшерінде, минут шамасында.*

МИНУТТЫҚ *Минутқа тең, 60 секундтық уақыт мөлшері.* ◊ **Минуттық үнсіздік** — *қаза болған адамдарға құрмет көрсету мақсатымен өткізілетін бір минуттық үнсіздік сақтау салты.*

МИПАЛАУ *Пісірілген бастың миын алып, оған ет, құйқа, май қосып, үстіне тұздық құйып жасалған тағам.*

МИРАС *Атадан әкеге, әкеден балаға қалатын мұра.*

МИРАСҚОР *Мирас иесі, мұрагер.*

МИРАСҚОРЛЫҚ *Мұрагерлік.*

МИСАҚ ***зоол.*** *Қазақстанды мекендейтін үйректің бір түрі.*

МИССИОНЕР *Басқа діндегілер арасына өз дінін, әдет-ғұрпын уағыздайтын, насихаттайтын адам.*

МИССИОНЕРЛІК *Миссионер міндетін атқарушылық, миссионер болушылық.*

МИСТИК *Табиғаттан тыс күшке, кереметке сенетін адам.*

МИСТИКА *Табиғаттан тыс күшке сенушілік; мистицизм.*

МИСЫЗ *Миы жоқ, ақылсыз, есуас.*

МИСЫЗДЫҚ *Ақылсыздық, есуастық.*

МИТИНГ *Белгілі бір саяси оқиғаларға арналған жиын.*

МИТЫҢ *Титықтаған қозғалыс, қыбыр, мардымсыз жүріс.*

МИТЫҢДА *Мардымсыз қыбырлау, өнімсіз жүру.*

МИТЫҢ-МИТЫҢ *Қыбыр-қыбыр, титың-титың.*

МИУА *Мәуе, жеміс.*

МИУАЛА *Жеміс өсу, жеміс шығу.*

МИУАЛЫ *Миуасы бар, жемісті.*

МИФ *Дүниенің шығуы туралы, табиғат құбылыстары туралы аңыз-әңгімелер.*

МИФОЛОГИЯ *Мифтердің жиынтығы, миф туралы ілім.*

МИХРАБ *Мешіттегі құбыла жаққа қаратылып жасалған имам тұратын орын.*

МИЧМАН *Әскери-теңіз флотындағы офицерлік атақ және сол атаққа ие адам.*

МИШЫҚ *Мидың артқы бөлігі; кішкене ми.*

МИЫҚ *Мұрт өсетін жер.* ◊ **Миығынан күлді** — *мұртынан күлді, езу тартты.*

МИЯ *Дәні ашы, ақшыл я қызыл түсті өсімдік.*

МИЯЛЫ *Мия өскен, миясы көп.*

МИЯСАР ***көне*** *Көңіліне жаққан, лайықты; бейім.*

МИЯТ *Көңілге медеу, тірек, сүйеніш.* ◊ **Мият тұтты** — *медет етті, арқа сүйеді.*

МИЯУ *Мысықтың миялаған дыбысы.*

МИЯУЛА *Мысықтың миялау-миялау деп дыбыстауы.*

МОДА, СӘН *Киімнің, тұрмыс заттарының сыртқы пішіні жағынан өз заманына сай сәні.*

МОДАЛЫ, СӘНДІ *Модамен тігілген, сәнді.*

МОДАЛЬДЫ: модальды сөз ***лингв.*** — *сөйлеушінің айтайын деген ойға қатысын, көзқарасын білдіретін сөз.*

МОДАШЫЛ *Сәнқой, модақұмар.*

МОДЕЛЬ *Үлгі; макет.*

МОДЕЛЬШІ *Бір нәрсенің үлгісін (макетін) жасау.*

МОДЕЛЬЕР *Сәнді модельді заттың жеке үлгісін дайындайтын маман; модельші.*

МОЖА *Мыж-мыж болған, әбден қартайған.*

МОЖА-МОЖА *Әбден қартайған, мыж-мыж.*

МОЖАНТОПАЙ *Қақ-соқпен ісі жоқ, қарапайым.*

МОЖАНТОПАЙЛЫҚ *Қарапайымдылық, жуастық.*

МОЖЫҒАН *Мүжіліп әбден қартайған, еңбекке жарамай қалған.*

МОЖЫҚ *Кетік, басы мүжілген, шолақ.*

МОЗАИКА *Әртүрлі тас қиындыларынан, шыны сынықтарынан өрнектеп жасалған көркемөнер туындысы.*

МОЙНАҚ I 1. *Түйенің мойны т. б. малдың алқымынан басына дейінгі мойын терісі.* 2. *Тау басының түйе мойнына ұқсас иіліп келген жері.*

МОЙНАҚ II 1. *Көріктің отқа жел үрлейтін өңеші, үрімпар.* 2. *Пышақ т. б. сабына салынатын сақина шығыршық.*

МОЙЫ *Қиыншылық көріп қажу, жасу.*

МОЙЫЛ *Діңі мен бұталары қара сұр түсті, қабықты, гүлі ақ, биіктігі 2—10 метрдей өсімдік және осы ағаштың жемісі.* ◊ **Мойыл көз [көзді]** — *қара көз.* **Мойыл қара** — *мойылдай шымқай қара.*

МОЙЫЛДАЙ *Қап-қара.*

МОЙЫМА *Қиыншылыққа иілікпеу, жасымау.*

МОЙЫН 1. *Басты кеудемен жалғастырып тұратын дене мүшесі.* 2. *Бір нәрсенің басымен жалғасқан жері.* □ **Мойын жіп** — *мойынға байланатын жіп.* **Мойын омыртқа** — *мойын тұстағы омыртқа.* ◊ **Мойны астына келді** — *оңбай құлады; ойсырай жеңілді.* **Мойны босады** — *қолы тиді, арқа-басы кеңіді.*

Мойны жар бермеді – *кежегесі кейін тартты, ерінді.* **Мойны жуан** – *әлді, күшті.* **Мойнымен көтерді** – а) *қиыншылыққа төзді; ә) өз қатесін өзі түзеді.* **Мойнына алды [алмады]** – а) *күнәсін, айыбын мойындады; ә) бір нәрсені міндетіне алды.* **Мойнына арқан салды** – *дегеніне көндірді, бағындырды.* **Мойнына артты [жүктеді]** – *міндеттеді, жүктеді, борышты етті.* **Мойнына бұршақ [шылбыр] салды** – *Құдайдан тіледі, жалбарынды.* **Мойнына қоржын салды [ілді]** – *қайыр тіледі, тентіреді.* **Мойнына құрық түсті** – *құтыла алмастай болды.* **Мойнына құрым ілді** – *көпке масқара етті, қорлады.* **Мойнына мінді** – *қарыздар болды, жауапкер болды.* **Мойнына мініп алды** – *біреуге масыл болды, даярға ие болды.* **Мойнына салды** – *күнәсін мойнына қойды, мойындатты.* **Мойнына су кетті [құйылды]** – *үнжырғасы түсті, жүні жығылды.* **Мойнына түсті** – *мойнына жүктелді, міндетті болды.* **Мойнын бұрады [қайырды]** – *ырқына көндірді, дегенін істетті.* **Мойнын бұрды** – *көңіл бөлді, қарады.* **Мойнын ішіне тықты** – *үнжырғасы түсті, жасыды.* **Мойны ырғайдай, биті торғайдай болды** – *азып-тозды, жүдеп-жадады.* **Мойын бермеді** – *ырыққа көнбеді, келіспеді.* **Мойынды қашыққа [сыртқа] салды** – *сырттады, алыстады, қашты.* **Мойын қойды** – *ынта қойды, белсене кірісті.*

МОЙЫНАҒАШ *Мойынға салып, шелекпен су әкелетін құрал, иінағаш.*

МОЙЫНДА *Бір нәрсені мойынға алу, көну.*

МОЙЫНДАС *Мойындарын тиістіру, қатар қою.*

МОЙЫНДАУШЫЛЫҚ *Мойынға алушылық, бойұсынушылық.*

МОЙЫНДЫ *Мойны бар, мойны ұзын.*

МОЙЫНДЫҚ *Пештің мойны, мойын түсы.*

МОЙЫНСЕРІК ***тар.*** *Алғаш ұйымдасқан шаруалар ұйымы; артель.*

МОЙЫНСҰН *Бір нәрсеге көну, бағыну.*

МОЙЫНТҰМАР *Шынжырға өткізіп, мойынға тағатын әйелдердің сәндік бұйымы.*

МОЙЫНТҰРЫҚ *Арба, шана, соқа тартатын өгіздердің мойнына салатын арнаулы ағаш құрал.*

МОЙЫНТІРЕК ***тех.*** *Механизмнің айналып тұратын бөлшегін тіреп тұратын тетік.*

МОҚАЛ *Доғал, тұқыл.*

МОҚАЛДАУ *Доғалдау, тұқылдау.*

МОЛ *Аса көп.* ◊ **Мол қол** – *қолы ашық, жомарт, береген.*

МОЛА *Өлген адамды жерлейтін көр, бейіт.*

МОЛАДАЙ *Мола сияқты, дөңкиген, қоқиған.*

МОЛАЙ *Көбею, ұлғаю.*

МОЛАҚ *Шолақ, қысқа.*

МОЛАЛЫ *Мола бар, моласы көп.*

МОЛАСЫНДАЙ: бақсының моласындай – *бұл жерде күлкі болып, жеке-дара қалуды айтып отыр.*

МОЛДА *Құранды, діни ғибадатты жақсы білетін дін адамы.* ◊ **Молда болды** – *жуасыды, момын болды.*

МОЛДАВАН *Молдова Республикасының жергілікті халқы.*

МОЛДАЛЫҚ *Молдаға тән іс-әрекет, мінез-құлық.* ◊ **Молдалық құрды** – *молданың міндетін атқарды, молда болды.*

МОЛДАТОРҒАЙ *Сексеуіл арасында жорғалап жүріп тіршілік ететін сұр торғай.*

МОЛДАШЫЛ *Молдаға бағынғыш, сенгіш.*

МОЛДЫҚ *Мол болушылық, көптік, байлық.*

МОЛЕКУЛА *Заттардың ең кішкентай бөлшегі.*

МОЛИБДЕН *Күміс түсті жылтыр металл.*

МОЛЛЮСКА ***зоол.*** *Жұмсақ денелі жәндік.*

МОЛОТИЛКА ***көне*** *Астық бастыратын алғашқы машина.*

МОЛТАҚ *Келте, шолақ, молақ.*

МОЛТАҚТАУ *Шолақтау, келтелеу.*

МОЛШЫЛЫҚ *Байлық, көптік, молдық.*

МОЛЫҚ *Көбею, баю, молаю.*

МОЛЫНАН *Молдап, көптеп, кеңінен.*

МОМАҚАН *Момын, жуас.*

МОМАҚАНСЫ *Момақан болгансу, жуас болып көріну.*

МОМЫН *Момақан, жуас.*

МОМЫНДЫҚ *Жуастық, момақандық.*

МОМЫНСЫ *Момын болгансу, жуас болгансу.*

МОНАРХ *Монархия билеп-төстеген елдің өкімет басында отырган жеке-дара билеушісі; император, патша, король, т. б.*

МОНАРХИЯ *Мемлекетті басқару ісі мұрагерлік дәстүрмен жеке адамның әкімшілігіне негізделген мемлекет.*

МОНАРХИЯШЫЛ *Монархияны жақтаушы, соның мүддесін көздеуші.*

МОНАСТЫРЬ *Меншігінде шіркеу мұқтажына пайдаланатын жер мен қаржысы бар діни орталық.*

МОНАХ *Шіркеу ережелерінің негізінде сопылық, тақуалық парыздарын айнытпай орындап жүрген діни адам.*

МОНАХТЫҚ *Монахқа қатысты, соган тән.*

МОНДАНАҚ *Жастардың дөңгелене отырып ойнайтын халық ойыны.*

МОНДАНАҚТАЙ *Әп-әдемі, сүп-сүйкімді.*

МОНДЫБАЙ ***экспр.*** *Жуас, момын.*

МОНДЫБАС ***қарап.*** *Қой аузынан шөп алмайтын жуас.*

МОНИЗМ ***филос.*** *Дүниенің негізінде бір гана бастама бар деп танитын философиялық ілім; идеалистік ұғымда бұл бастама рух, материалистік ұғымда — материя.*

МОНОГРАФИЯ *Белгілі бір мәселе бойынша жан-жақты жазылган ғылыми еңбек.*

МОНОЛОГ *Драматургиялық шығармалардағы кейіпкерлердің өзімен-өзі сырласа айтқан сөзі, ой желісі.*

МОНОПОЛИСТ *Монополия өкілі; ірі капиталист.*

МОНОПОЛИЯ *Көп пайда табу үшін тауар өндіруді не оны өткізуді өз қолдарына шоғырландырган капиталистер бірлестігі.*

МОНТАЖ *Машинаның, құрылыстың жеке бөлшектерін (тетіктерін) құрастырып, бүтін бір нәрсе жасау жұмысы.*

МОНТАЖДА *Монтаж жасау, жүргізу.*

МОНТАЖШЫ *Монтаж жасаушы, монтаждаушы.*

МОНТАНСЫ *Білмегенсу, сезбегенсу.*

МОНТАНЫ *Жүзі сынық, жымпиган.*

МОНТАҢ: **монтаң қақты** — *алдыга түсіп алып, құрдай жорғалады.*

МОНТАҢДА *Монтаң қагу, бүлкілдеп жүріп отыру.*

МОНТЕР *Машиналардың бөлшектерін жинап, монтаж жасаушы адам.*

МОНТИ *Момақан болу, томпию.*

МОНУМЕНТ *Елеулі оқиганы мәңгі есте сақтау үшін арнайы салынган ірі ескерткіш.*

МОНУМЕНТАЛДЫ *Монументті, ірі, кесек, асқақ.*

МОНУМЕНТАЛДЫҚ *Асқақты, асқаралы, кесек.*

МОНУМЕНТТІК *Монументке тән.*

МОНША *Жуынып-шайынатын, бу бұлауына шабынатын орын.*

МОНШАҚ *Жіпке тізіп, әсемдік үшін мойынга салып жүретін түрлі-түсті, уақ асыл тас.*

МОНШАҚТА 1. *Моншақ тагу, моншақпен безендіру.* 2. ***Ауысп.*** *Көзінен моншақ тәрізді жас агу.*

МОНШАҚТЫ *Моншагы бар, моншақ таққан.*

МОНШАШЫ *Монша жағушы, монша дайындаушы.*

МОҢҒОЛ *Моңголия жерін мекендейтін тұрғылықты халық.*

МОП-МОМАҚАН *Өте жуас, мопмомын.*

МОП-МОМЫН *Тым жуас, аса момын.*

МОР I *Қисық не қатты ағашты ию, түзету үшін жаққан көң я ағаштың ыстық қозы, қоламта.*

МОР II *Түтін, ыс.* ◊ **Мор салды** — *түтін салды, ыстады.*

МОРАЛЬ, АҚЫЛАҚ *Адамдардың бір-біріне, қоғамға деген қатынасын ретке келтіретін тәртіптердің, принциптердің, ережелердің жиынтығы; қоғамдық сана.*

МОРДВА *Мордва елінің жергілікті халқы.*

МОРЖ, СОЙДАҚТІС *Солтүстік теңіздерде тіршілік ететін сүтқоректі ірі хайуан.*

МОРЗЕ: морзе әліппесі — *физик Морзе ойлап тапқан телеграфтық аппаратқа қажетті тире мен нүктеден тұратын шартты белгілер жүйесі.*

МОРЛА *Ағашты морға салып қыздыру, балқыту.*

МОРТ 1. *Бірден шорт үзілетін, күрт сынатын.* 2. ***Ауысп.*** *Күрт кететін, томырық.* ◊ **Морт кетті** — *қатты ашуланды.*

МОРТТЫҚ *Шорт сынғыштық, күрттік.*

МОРТЫҚ ***бот.*** *Құмды жерлерде өсетін құнарлы шөп.*

МОРФЕМА ***лингв.*** *Сөздің мағыналы бөлшегі.*

МОРФИЙ ***мед.*** *Көкнәрдан алынатын күшті дәрі.*

МОРФОЛОГИЯ ***лингв.*** *Грамматиканың сөз формаларын зерттейтін, үйретететін саласы.*

МОРЫ *Шіріп тозу, омырылу.*

МОСҚАЛ *Біраз жасқа келген, егде, қартамыс.* ◊ **Мосқал тартты** — *қартайды, қартамыс болды.*

МОСҚАЛДАН *Жасы келу, қартаю.*

МОСҚАЛДАУ *Мосқал тартқан, қарттау.*

МОСҚАЛДЫҚ *Жасы келгендік, егделік, қартаңдық.*

МОСЫ *Ілгегіне шелек, шәугім іліп тамақ пісіретін, үш таған темір құрал.*

МОТОБОЛ *Мотоциклмен доп ойнау.*

МОТОБОЛШЫ *Мотобол ойнаушы.*

МОТОКРОСС *Мотоциклшілер жарысы.*

МОТОР *Машинаның қозғаушы күші, тетігі.*

МОТОРЛЫ *Мотары бар, мотор қойылған.*

МОТОРОЛЛЕР *Мотоцикл іспетті шағын көлік түрі.*

МОТОРШЫ *Моторды іске қосушы, мотор жөндеуші адам.*

МОТОЦИКЛ *Екі не үш доңғалақты, іштен жанатын қозғалтқышы бар шағын көлік түрі; машина.*

МОТОЦИКЛШІ *Мотоцикл жүргізуші.*

МОһ-МОһ *Жылқыны шақырғанда айтылатын ишарат сөз.*

МОШҚА *Қасақана тексеру, сынап байқау.*

МӨЙМІЛДЕ *Шүпілдеу, лық толу.*

МӨЛДЕК 1. *Бау-бақша егуге арналған шағындау бөлек жер.* 2. ***Ауысп.*** *Кішкене, кішігірім.*

МӨЛДІР *Тұнық, кіршіксіз таза.*

МӨЛДІРЕ 1. *Түп-тұнық болып жату, жарқырау.* 2. *Көзі жайнау, мөлтілдеу.*

МӨЛДІРЛЕН *Мөлдір болу, тұну.*

МӨЛДІРЛЕУ *Аздап мөлдір, тұнықтау.*

МӨЛДІРЛІК *Тұнықтық, тазалық.*

МӨЛИ *Көзін төмен салып сүмірею.*

МӨЛТ: **мөлт етті** — *мөлдіреп көрінді, мөлдіреді.*

МӨЛТЕК: **мөлтек аудан** — *үлкен қалалардың жаңадан салынған, тұтас архитектуралық кешенді аймағы.*

МӨЛТЕКТЕ *Жаутаңдау, жалтжалт қарау.*

МӨЛТЕҢ: **мөлтең қақты** — *мөлтеңдеді, жаудырады.*

МӨЛТЕҢДЕ *Жаудырау, жаутаңдау.*

МӨЛТ-МӨЛТ: **мөлт-мөлт етті** — *екі көзінен жас мөлтілдеп ақты.*

МӨЛТІЛДЕ *Мөлт-мөлт ету, мөлдіреу.*

МӨЛТІЛДЕК *Мөлтілдеген, мөлдіреген.*

МӨЛШЕР *Белгілі бір заттың, нәрсенің сандық шамасы; аумақ, көлем.*

МӨЛШЕРЛЕ *Шамалау, болжалдау.*

МӨЛШЕРЛЕС *Шамалас, көлемдес, қаралас.*

МӨЛШЕРЛІ *Болжамды, өлшемді.*

МӨЛШЕРСІЗ *Өлшеусіз, ағыл-тегіл, мол.*

МӨНДІН *Суырдың күшігі.*

МӨҢКЕ *Сазанның кішірек түрі.*

МӨҢКІ 1. *Тұлау, әлем-тапырық, шат-шәлекей болу.* 2. **Ауысп.** *Қатты ашулану, шамдану.*

МӨҢКІГІШ *Тұлағыш, мөңки беретін.*

МӨҢІРЕ *Сиыр малының, бұғының үн шығаруы, дыбыс беруі.*

МӨҢІРЕУІК *Мөңірей беретін, мөңірегіш.*

МӨП-МӨЛДІР *Түп-тұнық, таптаза.*

МӨР 1. *Бетінде ойып жазылған жазуы бар, бір нәрсені растау, куәландыру үшін басатын мемлекеттік мекеме белгісі.* 2. *Сол мөрдің қағазға түскен таңбасы.* □ **Мөр басты** — *мөрінің таңбасын түсірді, мөрледі.* **Мөрі өшті** — *таңбасы көрінбей қалды.*

МӨРЛЕ *Мөр басу, мөр соғу.*

МӨРТАБАН *Мөр басуға арналған құрал; штемпель.*

МӨРЛІ *Мөрі бар, мөрленген.*

МӨШКЕ: **мөшке сиыр** — *сүтті, сауын сиыр.*

МУЗЕЙ 1. *Әртүрлі жадығаттық заттар мен бұйымдарды жинап, жүйелеп, олардан көрме ұйымдастырумен айналысатын мәдени мекеме.* 2. *Сол мекеме орналасқан ғимарат.*

МУЗЫКА *Жан сырын ән, әуен, ырғақ арқылы бейнелейтін көркемөнер саласы.*

МУЗЫКАЛАТ *Музыка ойнату; музыка тартқызу.*

МУЗЫКАЛЫ *Музыка ойнаған, сазды, әуезді.*

МУЗЫКАЛЫҚ *Музыкаға қатысты, музыкамен байланысты.*

МУЗЫКАШЫ *Музыка аспабында ойнайтын маман.*

МУЗЫКАТАНУ *Халықтың байырғы және қазіргі әуенін, ән ырғағын зерттеу, көркемөнер саласын жан-жақты саралау, жүйелеу кешені.*

МУЗЫКАШЫЛ *Музыкамен әуестенуші, музыкақұмар.*

МУЛЬТФИЛЬМ *Жас балаларға арналған суретті кино.*

МУМИЕ, ТАСДӘРІ I *Тау жыныстарының арасынан шығатын, дәрілік қасиеті бар табиғи қоспа.*

МУМИЯ II *Мумие жағылып, бальзамдалғандықтан көп уақыт бүлінбей сақталған мәйіт.*

МУНДИР *Әскери киім.*

МУСКАТ 1. *Жүзімнің жұпар иісті сорты.* 2. *Жүзімнің осы түрінен жасалған шараптың аты.*

МУСКУС, ЖҰПАР *Бірқатар жануарлардың ұрық безінен алынатын хош иісті зат.*

МУССОН *Өзінің бағытын маусым сайын өзгертіп тұратын күшті теңіз желі.*

МУТАЦИЯ ***биол.*** *Генотиптің өзгеруіне байланысты организмде болатын тұқымқуалау өзгергіштігі.*

МУФЛОН, АРҚАР *Таулы, қыратты жерлерде болатын жабайы қой, арқардың бір түрі.*

МУФТА ***тех.*** *Машинаның мотор күшін артқы белтетікке қосатын жалғастыру тетігі.*

МҰҒАЛІМ *Оқушыларға сабақ беретін оқытушы, ұстаз.* □ **Мұғалімдер бөлмесі** — *мектептегі оқытушыларға арналған бөлме.*

МҰҒАЛІМДІК *Оқытушылық, ұстаздық.*

МҰҒДАР ***көне*** *Шама, мұрша, мөлшер.*

МҰҒДАРЛА *Шамалау, мөлшерлеу, болжау.*

МҰҒДАРЛАС *Шамалас, мөлшерлес, қарайлас.*

МҰҒДАРЛЫ *Мөлшерлі, болжалды.*

МҰЖҒЫЛА *Мұжи түсу, ұзақ мұжу.*

МҰЖЫ 1. *Сүйектің етін тазарта жеу.* 2. **Ауысп.** *Құлақтың құрт етін жеу, қажау.*

МҰЖЫҚ I *Шеті мұжілген, кемірілген.*

МҰЖЫҚ II **тар.** *Орыс шаруасы, қарашекпен.*

МҰЖЫЛ 1. **ыр. етіс** *Мұжы-л.* 2. *Бір нәрсенің қажалып тозуы, жемірілуі.*

МҰЗ *Аяздан, суықтан қатқан су.* □ **Мұз айдыны** — *конькимен сырғанақ тебу үшін арнайы жасалған алаң; мұзойнақ.* ◊ **Мұзға отырғызып кетті** — *жер соқтырып кетті, алдады.* **Мұзжүрек** — *жібімейтін тасжүрек.* **Мұз қара көк жерг.** — *мүлде; тегіс.*

МҰЗАРТ *Таудың мұз қатқан шыңы; мұзтау.*

МҰЗАРТТЫ *Мұзарты бар, мұзарт басқан.*

МҰЗБАЛАҚ *Алғыр, қыран, бес жасар бүркіт.*

МҰЗДА *Тоңу, жаурау, қалшылдау.*

МҰЗДАЙ I *Суп-суық, тастай.*

МҰЗДАЙ II *Тегіс, тұтас.* ◊ **Мұздай киінді** — *тегіс киінді.*

МҰЗДАЙЛЫҚ *Суықтық, тастайлық.*

МҰЗДАҚ 1. *Мұз түскен, мұз қатқан.* 2. *Тау шыңдарындағы мәңгі қатып жатқан мұз; мұзарт.*

МҰЗДАҚТА *Тоңазу, қату.*

МҰЗДАТҚЫШ *Ет, балық тағы басқа тағамдарды мұздатып, қатырып сақтауға арналған жабдық.*

МҰЗДЫ *Мұз қатқан, мұз басқан.*

МҰЗЖАРҒЫШ *Мұзды бұзып, жол ашатын арнаулы кеме, мұзбұзғыш.*

МҰЗОЙНАҚ *Көпшіліктің сырғанақ теуіп бой жазуы үшін арнайы жасалған орын, мұзайдын.*

МҰЗХАНА *Мұз сақтайтын орын (жай).*

МҰҚА *Мінеу, кемсіту, кекетіп қағыту.*

МҰҚАБА *Кітаптың, дәптердің сыртқы қалың қабы, тысы.*

МҰҚАБАЛА *Кітапты, дәптерді қаптау, тыстау.*

МҰҚАБАЛЫ *Тысты, қабы бар, тысталған.*

МҰҚАБАСЫЗ *Мұқабасы, тысы жоқ, тысталмаған.*

МҰҚАБАШЫ *Кітап қаптаушы, кітап тыстаушы.*

МҰҚАЛ 1. *Бір нәрсенің жүзі майырылу, тойтарылу, тұқылдану* 2. **Ауысп.** *Сағы сыну, беті қайту.*

МҰҚАТ *Кекету, кемсіту.*

МҰҚАТҚЫШ *Мұқата бергіш, кекеткіш.*

МҰҚАТУШЫЛЫҚ *Мұқатқандық, кекеткендік.*

МҰҚИЯТ *Бір нәрсеге ұқыпты қарайтын, тыңғылықты, тиянақты.*

МҰҚИЯТТА *Ұқыптау, құнттау, қадағалау.*

МҰҚИЯТТЫ *Ұқыпты, тыңғылықты, тиянақты.*

МҰҚИЯТТЫЛЫҚ *Ұқыптылық, тиянақтылық.*

МҰҚТАЖ *Қажет, зәру, ділгер.*

МҰҚТАЖДАН *Бір нәрсеге ділгер болу, қажетсіну.*

МҰҚТАЖДЫҚ *Зәру болушылық, ділгерлік.*

МҰҚТАЖСЫЗ *Қажетсіз, ділгерсіз.*

МҰҚТАСАР *Құраннан кейінгі шариғат ережелері толық жазылған діни кітап.*

МҰҚЫЛ *Үшкір емес; догал.*

МҰҚЫЛДАН *Үшы қайту, доғалдану.*

МҰҚЫЛДЫҚ *Доғалдық, шолақтық, тұқылдық.*

МҰҚЫМ I *Тіптен, мүлдем, біржола.*

МҰҚЫМ II *Бүкіл, күллі, түгел.*

МҰҚЫР *Тұқыл, тоқал.*

МҰНАЙ *Әртүрлі жанармай алынатын қара түсті, сүйық, табиғи шикізат.*

МҰНАЙЛЫ *Мұнайға бай, мұнай шығатын.*

МҰНАЙШЫ *Мұнай өндіру ісімен шұғылданушы, мұнай шығарушы.*

МҰНАР *Күн ашық кездегі ауаның күңгірттігі, буалдырлығы.* ◊ **Мұнар басты** – *күңгірттенді, мұнарланды.* **Мұнар тартты [шалды]** – *бұлыңғырланды, бұлдырланды.*

МҰНАРА 1. *Өте биік етіп тұрғызылған арнайы минарет.* 2. *Мешіттің елді намазға шақыруға арналған биік тұғыры.*

МҰНАРАЛЫ *Мұнарасы биік, мұнара салынған.*

МҰНАРЛА *Буалдыр тарту, күңгірттену.*

МҰНАРЛАН *Буалдырлану, күңгірттену.*

МҰНАРЛАУ *Буалдырлау, күңгірттеу.*

МҰНАРЛЫ *Мұнар басқан, мұнартқан.*

МҰНАРСЫЗ *Буалдырсыз, бұлыңғыр емес, ашық ауа.*

МҰНАРТ *Буалдырлану, күңгірттену.*

МҰНДА *Осында, бұнда.*

МҰНДАҒЫ *Осындағы, бұндағы.*

МҰНДАЙ *Бұл сияқты, дәл осындай, бұндай.*

МҰНДАЙДА *Осындай кезде, мұндай жағдайда.*

МҰНДАЙЛЫҚ *Дәл осындай, бұл сияқты, осыншалық.*

МҰНДАЛАП *Осындалап, өзіне тартып, еліктіріп.*

МҰНДАР *Бейшара, сорлы, мүсәпір.*

МҰНТАЗДАЙ *Тап-таза, кіршіксіз.* ◊ **Мұнтаздай таза** – *тіптен таза, кір шалмаған.*

МҰНТАЗДАН *Кірінен арылу, тазалану.*

МҰНША *Осынша, сонша, бұнша.*

МҰНШАЛЫҚ *Осыншалық, сонша-лық.*

МҰНШАЛЫҚТЫ *Осыншалықты, сонша-лықты.*

МҰНШАМА *Осыншама, сонша-ма.*

МҰҢ 1. *Қайғы, шер, қасірет.* 2. ***Ауысп.*** *Қиын, азап, күш.* ◊ **Мұңға батты** – *қайғырды, күйзелді, шерленді.* **Мұң екен** – *іле-шала, артынша, күтіп отырғандай.* **Мұңын мұндады** – *біреудің қайғысына бірге қайғырды.* **Мұңын шақты** – *біреуге мұңын айтты, зарын шақты.*

МҰҢАЙ *Қайғыру, уайымдау.*

МҰҢАЮШЫЛЫҚ *Мұңайғандық, қайғырғандық.*

МҰҢҒЫЛ *Дым білмес, мигұла.*

МҰҢДА: **мұңын мұндады** – *қайғысына қайғырды, мұңына ортақтасты.*

МҰҢДАР *Қайғысына қайғыратын, қуанышына ортақтас*

МҰҢДАС I *Уайым-қайғысы, мұңы ортақ адам.*

МҰҢДАС II *Бір-біріне мұңын шағу, сырласу.*

МҰҢДАСТЫҚ *Мұңы ортақтастық, уайым-қайғысы бірлігі.*

МҰҢДЫ *Қайғылы, шерлі, зарлы.*

МҰҢДЫҚ *Мұңлы, шерлі адам.*

МҰҢДЫЛЫҚ *Зарлылық, шерлілік.*

МҰҢ-ЗАР *Қайғы-қасірет, мұң-шер.*

МҰҢ-МҰҚТАЖ *Тілек-талап, өтініш.*

МҰҢ-НАЛА *Қайғы-қасірет, шер-шемен.*

МҰҢСЫЗ *Қайғысыз, уайымсыз; төрт құбыласы тең.*

МҰҢСЫЗДЫҚ *Уайымсыздық, қайғысыздық.*

МҰҢСЫЗ-ҚАМСЫЗ *Еш мұң-қамы жоқ, төрт құбыласы түгел.*

МҰҢ-ШЕР *Қайғы-зар, зар-зала, уайым-қайғы.*

МҰҢШЫЛ *Уайымшыл, қайғышыл.*

МҰП-МҰЗДАЙ *Сұп-суық, тастай.*

МҰРА 1. *Ата-бабадан, әке-шешеден балаға қалған дүние-мүлік, мирас.* 2. *Ежелден келе жатқан мәдени нұсқалар.*

МҰРАГЕР 1. *Мұраға ие, мирасқор.* 2. *Белгілі бір істі жалғастырушылық, өнегелі жолды қуушы.*

МҰРАГЕРЛІК *Мұрагер болушылық, мирасқорлық.*

МҰРАҒАТ 1. *Ескірген құжаттарды, жазба мұраларды сақтайтын мекеме.* 2. *Жеке адамдарда сақталған қолжазбалар, жадығаттар, хат-хабарлар жиынтығы.*

МҰРАҒАТТЫҚ *Мұрағатта бар, мұрағаттағы.*

МҰРАҒАТШЫ *Мұрағат ісіне маман адам.*

МҰРАЛА *Мұра ету, мирас ету.*

МҰРАЛЫҚ *Мұра болушылық, мирас ретінде қалдырушылық.*

МҰРАП *Егін суару ісін басқаратын адам, су иесі, сушы.*

МҰРАПТЫҚ *Мұрап қызметін атқарушылық, сушылық.*

МҰРАТ 1. *Белгілі бір істі, жоспарды орындау жолындағы ойлы мақсат, асқақ арман.* 2. *Бір нәрсе туралы жақсы үлгі-өнеге.* ◊ **Мұрат етті [тұтты]** — *алдына мақсат етіп қойды.* **Мұратына жетті** — *арманына жетті.*

МҰРАТТАС *Мұраты бір адам; мақсаттас, армандас.*

МҰРАТТАСТЫҚ *Мұраты ортақтық, мақсаттастық.*

МҰРАТТЫ *Мақсатты, арманды.*

МҰРАТШЫЛ *Мақсатшыл, арманшыл.*

МҰРАШЫЛ *Мұрагер, мұрақұмар.*

МҰРЖА *Пештің, ошақтың түтін шығаратын мойны, түтіндік.*

МҰРЖАЛЫ *Мұржасы бар, мұржа орнатылған.*

МҰРСАТ *Рұқсат, мерзім.* ◊ **Мұрсат берді [бермеді]** — *рұқсат берді, мүмкіндік туғызды.*

МҰРТ *Ер адамдардың жоғары ернінің үстіне шығатын түк.* □ **Мұрт қойды** — *мұрт өсірді, мұрт жіберді.* **Мұрт шықты** — *ержетті, есейді.* ◊ **Мұрты бұзылмады [кетілмеді]** — *азаймады, кемімеді.* **Мұрты қисаймады** — *ештеңесі кетпеді, түгі құрымады.* **Мұртынан күлді** — *күлімсіреді, мырс етті.* **Мұртын балта шаппады [кеспеді]** — *ештеңесі құрымады, түгі кетпеді.* **Мұртын басты** — а) *сақал-мұртын түзеді;* ә) *тігісін жатқызды.* **Мұртын майлады** — *бір нәрсе берді, аузын алды.* **Мұрты сынбады [кетілмеді]** — *ортаймады, азаймады.* **Мұрты тікірейді** — *ашу шақырды.*

МҰРТТАЙ: мұрттай ұшты — а) *жалп етіп құлады;* ә) *қатты ауырып, жатып қалды.*

МҰРТТАН *Себілген тұқымның жер бетіне қылтиып шығуы, өскінге айналуы.*

МҰРТТЫ *Мұрты бар, мұрт өскен. Мұрт қойған адам.*

МҰРТША ***бот.*** *Бір нәрсеге жармасып өсу үшін өсімдік сабақтарында болатын кішкене өскін.*

МҰРША *Шама-шарық, күш, мүмкіндік.* ◊ **Мұрша бермеді** — *шамасын келтірмеді.* **Мұршасы болмады [келмеді]** — *мүмкіндігі келмеді, жағдайы болмады.*

МҰРЫН *Адам мен жан-жануарлардың негізгі дем алу, дем шығару органы және иіс сезу мүшесі.* ◊ **Мұрны қышыды** — *бір нәрседен дәме етті.* **Мұрнымды кесіп берейін** — *осылай болуына күмәнім жоқ, дәл солай.* **Мұрнына иісі де келмеді** — *сезбеді, ештеңеден хабары жоқ.* **Мұрнынан міңгірледі** — *күмілжіп, естілер-естілмес етіп сөйледі.* **Мұрнынан су кетті** — *жұмыстан босамады, қолы тимеді.* **Мұрнынан тізді** — *түгін қалдырмай бәрін айтып берді.* **Мұрнынан шаншылды** — *жұмыстан босамады, қолы тимеді.* **Мұрнына су жетпеді** — *уақыты болмады, қолы тимеді.* **Мұрнын бет қылды** — *аузымұрнын қан қылды, соққыға жықты.* **Мұрнын [көкке] көтерді** — *өзін басқадан артық санады, паңсынды.* **Мұрнын тескен тайлақтай [өгіздей]** — *жуас, момын.* **Мұрнын тыржитты [шүйірді]** — *ұнатпады, жақтырмады.* **Мұрнының астындағыны көрмеді** — *ештеңені сезбейді, білмейді.* **Мұрын жарды** — *иісі кең жайылды, аңқыды.* **Мұрын сіңбіруге мұршасы жоқ** — *жұмыстан қолы босамады, уақыты болмады.*

МҰРЫНДЫҚ 1. *Түйенің я өгіздің екі танауының арасындағы шемішегін тесіп өткізетін істік ағаш.* 2. *Жіпті іліп алып иіру үшін, үршық басына көлденең өткізілген кішкентай жіңішке ағаш.* 3. *Арбаның доңғалағы шығып*

кетпеу үшін, біліктемірдің ұшына көлденең өткізіп қоятын кішкене темір таяқша. 4. ***Ауысп.*** *Басшы, жетекші, ұйытқы.* ◊ **Мұрындық болды** — *бір істі ұйымдастырушы, ұйытқы болды.*

МҰРЫНДЫҚСЫЗ 1. *Мұрындығы жоқ, мұрындық тағылмаған.* 2. ***Ауысп.*** *Бетімен кеткен, жүгенсіз.*

МҰРЫНДЫҚТА 1. *Мұрындық өткізу, мұрындық тағу.* 2. ***Ауысп.*** *Еркіне көндіру, билеу.* 3. *Беталды жібермеу, тежеу.*

МҰРЫНДЫҚТЫ *Мұрындығы бар, мұрындық тағылған.*

МҰСЫЛМАН 1. *Ислам дінін мойындаған, соның шарттарын орындайтын адам.* 2. ***Ауысп.*** *Қайырымды кісі, мейірбанды жан.*

МҰСЫЛМАНДЫҚ *Мұсылман жолын қуу, мұсылманшылық.*

МҰСЫЛМАНША 1. *Мұсылман оқуы бойынша; арабша.* 2. *Мұсылман дәстүрі бойынша, мұсылман салтынша.*

МҰСЫЛМАНШЫЛЫҚ *Қайырымдылық, мейірімділік.*

МҰХИТ *Жер шарының 70%-ын алып жатқан, құрлықты материктерге және аралдарға бөліп тұрған су қабаты.*

МҰХРАБ *Мешіт ішіндегі намаз оқылатын жер.*

МҰХТАСИБ *Мұсылман елдерінде дін қағидаларының орындалуын бақылайтын адам.*

МҰШ ***көне*** *Жұдырық.*

МҰШТА *Жұдырықтау.*

МҰБАДА *Алда-жалда, егерде.*

МҰБАРАК *Қайырымды, мейірман, қайырлы.* ◊ **Мұбарак болсын!** — *құтты болсын, қайырлы болсын.*

МҮГЕДЕК *Кемтар, жарымжан, он екі мүшесінің біреуі кем.* ◊ **Мүгедек етті [қылды, болды]** — *майып қылды, мертіктірді.*

МҮГЕДЕКТІК *Жарымжандық, кемтарлық, кемдік.*

МҮДӘЙІ *Алдау-арбауға әзір тұратын адам.*

МҮДДЕ *Алға қойған мақсат, тілек, арман.*

МҮДДЕЛЕС *Мүддесі бар; мақсаты ортақ, тілектес.*

МҮДДЕЛЕСТІК *Мүддесі бірлік, тілектестік.*

МҮДДЕЛІ *Арман-тілегі бір, мақсатты.*

МҮДДЕЛІЛІК *Ортақ мүддесі болғандық.*

МҮДДЕШІЛ *Өз мүддесін қорғайтын.*

МҮДІР I 1. *Сөзден тосылу, жауап таба алмай жаңылып қалу.* 2. *Кідіру, тоқтау.*

МҮДІРІССІЗ *Тоқтаусыз, бөгетсіз, кідіріссіз.*

МҮЙЕТ *Бір нәрсенің төңірегіндегі көтеріңкі зат.*

МҮЙЕТТЕ *Жан-жағын қоршау, биіктету.*

МҮЙІЗ *Сиыр, ешкі малдарының және жабайы жануарлардың бас сүйегіндегі қатты өсінді.* ◊ **Мүйіз шақша** — *мүйізден жасалған шақша.* **Мүйіз шықты** — *қарық болды, кенелді, жетісті.* **Мүйізі қарағайдай болды** — *мәртебесі өсті, табысқа жетті.* **Мүйізі сырқырады** — *жаны ашыды, есіркеді.*

МҮЙІЗГЕК *Қолдың ойылуы, аяқтың қажалуы салдарынан мүйізденіп кеткен қатты тері.*

МҮЙІЗГЕКТЕН *Терінің көн болып, қатайып кетуі.*

МҮЙІЗДЕ 1. *Мүйізбен қағып жіберу, сүзу.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуді қағып-соғу, түрткілеу, сыйдырмау.*

МҮЙІЗДЕН *Көңдену, сірілену, қатаю.*

МҮЙІЗДЕП *Мүйіз салып, мүйізбен әрлеп.*

МҮЙІЗДІ 1. *Мүйізі бар, мүйіз өскен.* 2. *Мүйізден жасалған, мүйізбен өрнектелген.* ◊ **Мүйізді ірі қара** — *сиыр малы, қара мал.*

МҮЙІЗЖАПЫРАҚ ***бот.*** *Жапырақтары бұтақты, көпжылдық су өсімдігі.*

МҮЙІЗКЕСЕР ***этн.*** *Мүйізден әртүрлі бұйым жасайтын ұстаға қолақы ретінде берілетін кәде.*

МҮЙІЗКӨК *Інгеннің жиыс мүшесінде болатын түйін, беріш, кесел.*

МҮЙІЗТҰМСЫҚ ***зоол.*** *Ыстық жақта мекендейтін, тұмсығының үстінде бір, я екі мүйізі бар сүтқоректі ірі жануар.*

МҮЙІС 1. *Құрлықтың теңізге, көлге сұғына еніп жатқан бөлігі.* 2. *Мектеп жанындағы тірі хайуанаттар орналастырылған бұрыш.*

МҮК ***бот.*** *Көбіне дымқыл жерлерде өсетін, көгеріңкі, майда, қалың түкті, қарапайым өсімдік.*

МҮКӘММАЛ 1. *Қандай да бір заттың есебі, тізімі.* 2. *Белгілі бір мекемеге тән бұйымдар, саймандар, жабдықтар. Дүние-мүлік, қазына-байлық.*

МҮКЖИДЕК ***бот.*** 1. *Батпақты, дымқыл жерде өсетін мәңгі жасыл бұта.* 2. *Осы өсімдіктің қызыл түсті жидегі.*

МҮКТЕН *Мүк басу, мүк өсіп кету.*

МҮКТІ *Мүк өскен, мүгі көп.*

МҮКІС *Тіл, құлақ сияқты дене мүшелерінің азын-аулақ кемістігі, ақаулығы.*

МҮКІСТЕН *Мүкіс пайда болу, мүкіс тарту.*

МҮКІСТІК *Кемістік, ақаулық.*

МҮЛӘЙ *Мүләйген күйге ену.*

МҮЛӘЙІМ *Құлық-сұмдықтан ада, бейкүнә.*

МҮЛӘЙІМДІК *Мүләйген пішін, кейіп.*

МҮЛӘЙІМСІ *Дым білмегенсу, мүсәпірсу, момақансу.*

МҮЛГІ 1. *Үйқылы-ояу бей-жай күйде болу, қалғу.* 2. ***Ауысп.*** *Маужырау, жым-жырт қалыпта болу.*

МҮЛГІП-ҚАЛҒЫП *Үйқылы-ояу, бей-жай күйде болу.*

МҮЛДЕ 1. *Біржолата, үзілді-кесілді.* 2. *Тіптен, еш.*

МҮЛТ *Қиыс, жаңсақ, жаңылыс.* ◊ **Мұлт кетті** — а) *дәл тигізе алмады;* ә) *қателесті, жаңылды, дөп баспады.*

МҮЛТІК *Ақау, кінәрат, мін.*

МҮЛТІКСІЗ *Кемістіксіз, мінсіз.*

МҮЛІК *Дүние, жиһаз, бұйым.*

МҮЛІКБАСЫ *Тауар жайын айыра білетін білгір маман.*

МҮЛІКТІК *Мүлік болармық, дүниелік.*

МҮМКІН *Белгілі бір істің болу-болмау ықтималдығы; бәлкім.* ◊ **Мүмкін емес** — *болу мүмкіндігі жоқ, шүбәлі.*

МҮМКІНДІК *Қолайлы жағдай, мүмкіншілік.* ◊ **Мүмкіндік болмады [бермеді]** — *жағдайы келмеді.* **Мүмкіндік туғызды [тудырды]** — *жағдай жасады.*

МҮМКІНШІЛІК *Мүмкіндік жағдай.*

МҮНАФИҚ *Екіжүзді (адам), имансыз.*

МҰҢ: мұң ете қалды — *жағымсыз иіс шықты.*

МҰҢКІ *Жағымсыз иістің айналаға таралуы, жайылуы.*

МҰҢКІР-НӘҢКІР ***діни*** *Діни уағыз бойынша өлген адамнан сұрақ-жауап алушы және оны қолма-қол жазалаушы періште.*

МҰҢКІТ *Жағымсыз сасық иіс шығару, бықсыту.*

МҰҢСІК *Мұңкіген, сасық.*

МҰРДЕ *Өлік, мәйіт, өлген адамның денесі.*

МҰРДЕМ: мұрдем кет [кеткір] — *сеспей қат, қазаға ұшыра.*

МҰРДЕШІ *Көр қазушы, мәйітті, мұрдені көрге түсіріп, баптап қоюшы.*

МҰРИТ *Діни лауазымды адамдарға қол тапсырып, солардың ісін дәріптеуші шәкірт; ізбасар.*

МҰСӘПІР *Бейшара, байғұс, сорлы.* ◊ **Мұсәпір болды** — *кіріптарлық күйге түсті, бейшара халге түсті.*

МҰСӘПІРХАНА *Мүгедектерді бағып-күтуге арналған орын.*

МҰСӘПІРШІЛІК *Мүсәпір болғандық, бейшаралық.*

МҰСӘТІР I ***хим.*** *Суда жақсы еритін мөлдір түсті, кристалды зат; аммиак.* ◊ **Мұсәтір спирті** — *аммиактың судағы ерітіндісі.*

МҰСӘТІР II *Жүрек ауырғанда, иіс тигенде қолданылатын, ащы иісті дәрілік спирт.*

МҮСІН I 1. *Дене, бәден; фигура.* 2. *Біреудің пішінін металл тектес заттан құйып, я ағаштан ойып жасаған бейне.*

МҮСІН II *Әртүрлі заттарды (балшық, балауыз, тас, металл, ағаш) кесу, ою, жабыстыру арқылы жасалған сәулет өнері.*

МҮСІНШІ *Сәулет өнерін жасаушы, мүсінші.*

МҮСІНДЕ *Тастан, шойыннан мүсінін салу, кескінін түргызу.*

МҮСІНДЕМЕ *Бір нәрсенің мүсіні, кескіндеме.*

МҮСІНДЕС *Бейнелес, пішіндес, келбеттес.*

МҮСІНДІ *Сымбатты, кескінді, келбетті.*

МҮСІНДІЛІК *Келбеттілік, әдемілік, әсемдік.*

МҮСІНСІЗ *Келбетсіз, кескінсіз, көріксіз.*

МҮСІНХАНА *Мүсін жасайтын орын; шеберхана.*

МҮСІНШІ *Мүсін жасаушы; скульптор.*

МҮСІНШІЛІК *Мүсін жасаумен айналысушылық.*

МҮСІРКЕ *Есіркеу, жаны ашу, аяу.*

МҮСІРКЕГІШ *Есіркегіш, аяғыш.*

МҮСІРКЕУШІЛІК *Есіркеушілік, аяушылық.*

МҮТТАЙЫМ *Қу, сұм, зұлым.*

МҮФТИ *Шариғат жолын, дін қағидаларын сақтауды қадағалайтын дін адамы.*

МҮШӘЙРА *Өнер жарысы, жазба ақындар сайысы.*

МҮШЕ I 1. *Адам, жан-жануар денесінің бөлігі.* 2. ***этн.*** *Сойылған мал етінің қонағына қарай тартар негізгі бөлшегі (жамбас, жілік, сүбе, бұғана, т. б.).* 3. *Белгілі бір ұйымның құрамына енетін адам.* 4. *Алғашқы, табиғи қалпы, уыз күйі.*

МҮШЕ II ***этн.*** *Тарту-таралғы, сыйлық.*

МҮШЕ-КОРРЕСПОНДЕНТ *Ғылымға сіңірген еңбегіне қарай сайлау арқылы өтетін, академикке дейінгі ғылыми атақ.*

МҮШЕЛ *Адам жасының әрбір 12 жылдан тұратын бөлігі (13, 25, 37...).* ◊ **Мүшел жас** — *12 жылдан тұратын циклды жас.*

МҮШЕЛДІ *Мүшел жасына келген, мүшелге толған.*

МҮШЕЛЕ *Мал етін мүше-мүшеге бөліп бұзу; жіліктеу.*

МҮШЕЛЕН *Дене мүшесі толысу.*

МҮШЕЛТОЙ *Белгілі бір межелі жасқа* (50, 60, 70, 80) *толғанда жасалатын мерейтой.*

МҮШЕЛІ 1. *Ішіне малдың бас, жамбас, жілік сияқты бір мүшесі салынған.* 2. *Сымбатты, келісті, денелі.*

МҮШЕЛІК *Белгілі бір ұйымға мүше болғандық.* ◊ **Мүшелік билет** — *белгілі бір ұйымға қатысты екендігін білдіретін ресми құжат.* **Мүшелік жарна** — *бір нәрсеге мүше ретінде төленетін қаржы.*

МҮШКІЛ *Ауыр, қиын, нашар.*

МҮШКІЛДЕН *Жағдайы ауырлану, қиындалу.*

МҮШКІЛДІК *Халі ауырлық, қиындық, нашарлық.*

МҮШТІК *Темекі тартуға арналған түтік.*

МЫҒЫМ 1. *Шымыр, тығыршықтай мықты.* 2. *Қуатты, күшті.* 3. *Өз ісіне мұқият, ұқыпты, тыңғылықты.*

МЫҒЫМДА 1. *Мықтау, қатты тежеп ұстау.* 2. *Нықтап, ныгарлап айту.*

МЫҒЫМДЫҚ *Мықтылық, беріктік.*

МЫҒЫМСЫ *Мықтымсу, мықтысыну, күштісіну.*

МЫЖ-МЫЖ 1. *Мыж-тыж, құрыс-тырыс, ұйпа-түйпа боп мылжаланған.* 2. ***Ауысп.*** *Беті шалбар-шалбар әжім басқан.* ◊ **Мыж-мыж болды** — *мылжа-мылжа болды, қыртыстанды.* **Мыж-мыжы шықты** — *ұйпа-тұйпа болды, мылжа-мылжасы шықты.*

МЫЖ-ТЫЖ *Мыжылған, қыртыстанған.*

МЫЖЫ 1. *Мыжғылау, жаныштау, мылжалау, езу.* 2. **Ауысп.** *Мылжыңдап көп сөйлеу, жалықтыру, мезі ету.*

МЫЖЫМА *Мылжың, көкезу, тантық.*

МЫЖЫҢ *Бір айтқанын қайталап, мәнсіз көп сөйлейтін адам, тантық.*

МЫЖЫҢДА *Мылжыңдау.*

МЫЖЫРАЙ 1. *Әбден тозығы жетіп мүжілу, басылу.* 2. **Ауысп.** *Шөгу, мыж-мыж болу.*

МЫЗҒЫ *Көз шырымын алу, көз іліп алу.*

МЫЗҒЫМА *Орнынан қозғалмау, тапжылмау, былқ етпеу.*

МЫЗҒЫМАС *Тапжылмайтын, өзгермейтін; берік.*

МЫЗҒЫМАСТЫҚ *Беріктік, мықтылық.*

МЫҚ *Уақ ағаш шеге.*

МЫҚИ ***зоол.*** *Арқасы қара қоңыр, бауыры ақ, қоңыр жолақты жыртқыш құс.*

МЫҚТА 1. *Бір нәрсені тас қылып бекіту, мықты ету.* 2. *Бар күш-жігерін жұмсау, қатыру.*

МЫҚТАҒАНДА *Ең әрі кеткенде.*

МЫҚТАСА *Әрі кетсе, асып кетсе.*

МЫҚТЫ 1. *Берік, бекем, нығыз.* 2. *Күшті, қуатты, әлді.*

МЫҚТЫЛЫҚ *Беріктік, бекемдік, күштілік, қуаттылық.*

МЫҚТЫМСЫ *Күштімсу, күштісіну.*

МЫҚТЫСЫН *Мықты болғансу, күштісіну.*

МЫҚШЫ *Мықшыңдау, зорға көтеру.*

МЫҚШЫМА *Өкшесін мықшита, маймита тіккен.*

МЫҚШЫҢДА *Бар күшін жиып тырбану, мықшың-мықшың ету.*

МЫҚЫН *Бел омыртқаның екі жағы.*

МЫҚЫНДЫ *Мықыны шығыңқы.*

МЫҚЫНДЫҚ *Мықын тұсы.*

МЫҚЫР *Тапал, тайпақ, аласа, қортық, мыртық.*

МЫҚЫРАЙ *Қортию, мыртию, тайпию.*

МЫҚЫРАЙТ *Мыржиту, қоржиту.*

МЫҚЫРЛЫҚ *Тайпақтық, қортықтық, тапалдық.*

МЫЛЖА: **мылжа-мылжасы шықты** — *быт-шыты шықты, мылжасын шығарды.*

МЫЛЖАЛА *Мылжа-мылжасын, шығару, езгілеу.*

МЫЛЖА-МЫЛЖА *Мыж-мыжы шыққан, мылжаланған.*

МЫЛЖЫҢ 1. *Мыжып, көп сөйлейтін адам.* 2. *Ешқандай мән-мағынасы жоқ, көпірме бос сөз.*

МЫЛЖЫҢДА *Не болса соны айтып мыжу, тантау.*

МЫЛЖЫҢДАУ *Бос сөзге үйірлеу, көп сөзділеу.*

МЫЛЖЫҢДЫҚ *Көкезулік, мыжымалық, тантықтық.*

МЫЛҚАУ 1. *Сөйлеу қабілеті жоқ, құлағы естімейтін (адам).* 2. **Ауысп.** *Керең, мақау (адам).*

МЫЛҚАУЛАН *Мылқау қалпына түсу, сөйлей алмау.*

МЫЛҚАУЛАУ *Жақсы сөйлей алмайтын, тілі кемістеу.*

МЫЛҚАУЛЫҚ *Тілсіздік, мақаулық.*

МЫЛҚАУСЫ *Мылқау болғансу, мылқау тәріздену.*

МЫЛТЫҚ *Оқ-дәрімен атылатын қару.*

МЫЛТЫҚТЫ *Мылтығы бар, мылтық асынған.*

МЫНА *Сілтеу есімдігі; осы, мынау.*

МЫНАДАЙ *Мына сияқты, осындай.*

МЫНАУ *Мына, осы.* ◊ **Мынау деген** — *таңдаулы, мақтаулы, айтулы.*

МЫҢ *Он жүздің қосындысынан тұратын есептік сан.* ◊ **Мың алғыс [мың да бір рахмет]** — *көп рахмет.* **Мың батпан** — *өте ауыр, салмақты.* **Мың болғыр [мың жаса!]** — *көп жаса, ұзақ өмір сүр.* **Мыңға балады** — *аса қатты қадірледі, ешкімге теңгермеді.* **Мың да бір ем [дауа]** — *ең бір пайдалы да қажетті ем.* **Мың құбылды [құлпырды]** — *түрленді, алуан түске енді.*

Мың саққа жүгіртті – *неше құбылтты, түрлендірді.*

МЫҢБАС: мыңбас шырмауық ***бот.*** – *түймеге ұқсас көп дән салып, жанындағы өсімдікке шырматылып өсетін өсімдік.*

МЫҢБАСЫ ***көне*** *Ерте кездегі әскери лауазым, мың жауынгердің басшысы.*

МЫҢБЕГІ ***көне*** *Мыңбасы, мың адамнан құралған әскери топтың басшысы.*

МЫҢҒЫР *Қаптау, қаулап өсу.*

МЫҢҒЫРҒАН *Жер қайысқан, нөпір.* ◊ **Мыңғырған бай** – *мыңды айдаған бай.*

МЫҢДАҒАН *Бірнеше мың, сан мың.*

МЫҢДАЙ *Мыңға жуық, мың шамасындай.*

МЫҢДАП *Мың-мыңдап, қаптап.*

МЫҢЖАПЫРАҚ ***бот.*** *Ашқылтым дәмі бар, хош иісті, гүлі уақ, биіктігі 20–120 см көпжылдық шөптесін өсімдік.*

МЫҢҚ: мыңқ етті – 1. *Иттің ақырын ғана, бір рет дыбыс шығаруы.* 2. *Күңк етіп, түсініксіз бірдеңе деп сөйлеу, міңгірлеу.* ◊ **Мыңқ етпеді** – *а) жақ ашпады, мелшиді; ә) былқ етпеді, елең қылмады.*

МЫҢҚ-МЫҢҚ: мыңқ-мыңқ етті – *бір нәрсені міңгірлеп айтты, мыңқылдады.*

МЫҢҚЫЛ *Міңгір, мұрнынан шыққан түсініксіз сөз.*

МЫҢҚЫЛДА *Мыңқ-мыңқ ету, міңгірлеу.*

МЫҢҚЫЛДАҚ *Мыңқылдап қалған, мыңқ-мыңқ еткен.*

МЫҢ-МӘРТЕБЕ *Шексіз көп, мың сан.*

МЫҢ-МИЛЛИОН *Сан мыңдаған, миллиондаған, көп.*

МЫҢ-МЫҢДАП *Әлденеше мыңдап, бірнеше мың.*

МЫҢТАМЫР ***бот.*** *Жол бойында, арық жиегінде өсетін дәрілік өсімдік; жолжелкен.*

МЫРҒАМ: мырғамға батты – *қарық болды, кенелді.*

МЫРЖИ *Қыжыраю, мықыраю.*

МЫРЖЫҚ *Мыжырайған, быржиған.*

МЫРЗА 1. *Құрметтеуді, сыпайыгерлікті білдіру мақсатында сауатты, білімді адамдардың есімдеріне және әмірші әулеттері аттарына қосылып айтылатын сөз.* 2. ***Ауысп.*** *Қолы ашық, жомарт адам.* ◊ **Мырзатерек** – *түзу өскен, сымбатты ақтерек.*

МЫРЗАҚОСПАҚ *Бура мен балқоспақтан туған будан; нардың үшінші ұрпағы.*

МЫРЗАЛЫҚ 1. *Жомарттық.* 2. ***Ауысп.*** *Қолы ашықтық, кеңпейілдік.*

МЫРЗАСЫ *Мырза болу (болғансу); жомартсыну.*

МЫРЗАСЫН *Мырзасу, мырза болғансу.*

МЫРҚЫМБАЙ 1. *Жалшы-жақыбай, жұпыны, қарапайым.* 2. *Кім болса сол.*

МЫРС: мырс етті – *миығынан күлді, жымың етті.*

МЫРС-МЫРС: мырс-мырс күлді – *мырсылдап күлді, жымың-жымың етті.*

МЫРСЫЛ *Мырс-мырс еткен күлкі.*

МЫРСЫЛДА *Мырс-мырс ету.*

МЫРСЫН *Үргашы мысық.*

МЫРСИ *Алдану, санын соғып қалу.*

МЫРТИ *Қортию, тайпию.*

МЫРТЫҚ *Қортық, тайпақ, тапал.*

МЫРТЫҢ: мыртың-мыртың етті – *митың-митың етті, мыртыңдады.*

МЫРТЫҢДА *Митыңдау.*

МЫРШЫМ *Жастардың алқа-қотан отырып жүзікті аузына жасырып ойнайтын ұлттық ойыны.*

МЫРЫШ *Сұрғылт көгілдір түсті, балқығыш металл.* ◊ **Мырыш тотығы** – *иіссіз, дәмсіз, ақ ұнтақ.*

МЫРЫШТА *Мырыш қосылған, мырыштаған.*

МЫРЫШШЫ *Мырыш өндіруші, мырыш қорытушы.*

МЫС *Қызғылт-сары түсті, созып, қақтауға төзімді металл.* ◊ **Мыс қазан** – *мыс қорытатын қазан.* **Мыс қазандай қайнады** – *бұрқ-сарқ етіп буырқанды.*

МЫСАЛ I *Бір нәрсенің анық-қанығын түсіндіру үшін сөз аралығында келтірілетін дәлел.*

МЫСАЛ II ***әдеб.*** *Тәрбиелік мәні бар, астарлы сықақ өлең, әңгіме.*

МЫСАЛГЕР *Мысалшыл, сықақшыл.*

МЫСАЛДА *Мысал келтіре отырып айту.*

МЫСАЛДАС *Тәріздес, сияқты.*

МЫСАЛШЫ 1. *Мысал жазушы, сықақшы.* 2. *Мысалқой, мысалқұмар, мысал келтіруге әуес.*

МЫСАЛЫ *Мәселен деген магынадагы қыстырма сөз.*

МЫСКЕР *Мыстан түрлі заттар жасайтын адам, мыс шебері.*

МЫСҚАЛ 1. *Жиырма бес грамға тең салмақ өлшемі.* 2. ***Ауысп.*** *Болар-болмас, шамалы.*

МЫСҚАЛДАЙ *Болар-болмас, аз-ғантай, кішкентай.*

МЫСҚАЛДАП 1. *Мысқал-мысқал етіп.* 2. ***Ауысп.*** *Аз-аздап, там-тұмдап.*

МЫСҚЫЛ *Әжуа, сықақ, келеке.* ◊ **Мысқыл етті** — *мысқылдады, шенеді.* **Мысқыл садағына түйреді** — *ащы мысқылмен әжуа етті.*

МЫСҚЫЛДА *Әжуалау, келемеждеу.*

МЫСҚЫЛДЫ *Әжуалы, кекесінді.*

МЫСҚЫЛСЫЗ *Кекесінсіз, әжуасыз.*

МЫСҚЫЛШЫ *Сықақшы, сықақ жазатын.*

МЫСҚЫЛШЫЛ *Әжуашыл, сықақшыл.*

МЫСҚЫЛШЫЛДЫҚ *Сықақшылдық, әжуашылық.*

МЫСТАН *Айлакер, аяр.* ◊ **Мыстан кемпір** ***миф.*** — *ертегілерде кездесетін, жауыздықтың, зұлымдықтың символы ретіндегі мифтік кейіпкер.*

МЫСТАНДЫҚ *Арамзалық, зұлымдық.*

МЫСТЫ *Мысы бар, мыс шығаратын.*

МЫСЫ *Бір нәрсенің сесі, күші, пысы.* ◊ **Мысы басты [жеңді]** — *сесі жеңді, сесі басты.* **Мысы құрыды** — *әлі құрыды, лажы таусылды.* **Мысын басты**— *кеудесін басты, бетін қайтарды.*

МЫСЫҚ *Жолбарыс тұқымдас сүтқоректі үй жануары.* ◊ **Мысық дөме** — *болымсыз нәрседен үмітті.* **Мысық көз** — *көзінің қиығы қиғаштау біткен (адам).* **Мысық мұрт** — *мұрты мысықтың мұртындай, тікірейген.* **Мысық табандады** — *ақырын басып, бұқпантайлады.* **Мысық тілеу** — *тілеуі жаман, қараниет.*

МЫСЫҚҚҰЙРЫҚ ***бот.*** *Далалы жерде өсетін, тары тәрізді дәні бар жабайы өсімдік.*

МЫСЫҚТОРҒАЙ *Зор дауысты, кішірек келген әнші құс; сарғалдақ.*

МЫТ *Үш саусақпен қатты шымшып алу.*

МЫТҚЫЛА *Шымшылау, қайта-қайта нұқу.*

МЫШ *Дәні піспей солып, мейіз болып қатып қалған бидай.*

МЫШТАЙ*:* **мыштай болды** — *жымдай болды.*

МІЗ*:* **міз бақпады** — *шімірікпеді, селт етпеді, былқ етпеді.*

МІН I *Кем-кетік, кінәрат, ақау.* ◊ **Мін жоқ** — *кемшілігі жоқ, мінсіз.* **Мін көрді** — *кемшілік деп санады.* **Мін тақты** — *кінәлады, айыптады.* **Мінін бетіне басты** — *кемшілігін көзіне айтты.* **Мінін қазды [терді]** — *мін табуға тырысты, мін іздеді.*

МІН II 1. *Көлікке отыру, атқа қону.* 2. *Автобусқа, машинага, ұшаққа т. б. отыру.*

МІНАЖАТ ***діни*** *Құдайға сиынушылық, құлшылық етушілік.*

МІНАЖАТХАНА *Құдайға құлшылық етіп, тілеу тілейтін орын.*

МІНАЖАТШЫЛ *Құдайға мінажат қылғыш, сиынғыш.*

МІНӘСӘР *Жарасымды, үйлесімді, мінәсіп.*

МІНӘСІП *Лайықты, жарасымды, мінәсәр.*

МІНБЕ *Көпшіліктің алдына шығып сөз сөйлейтін, арнайы орнатылған биік мінбер.*

МІНБЕЛЕ *Бір нәрсеге ентелеп, жақындай түсу.*

МІНГЕС *Ат, түйе т. б. үстінде отырған адамның артына міну.*

МІНГІ *Мінетін көлік.*

МІНДЕ *Мін тағу, мінеу.*

МІНДЕТ *Парыз, борыш.* ◊ **Міндет артты** — *қызмет жүктеді, іс тапсырды.* **Міндет қылды [етті]** — *міндетсіді.* **Міндетіне алды** — *мойнына алды.*

МІНДЕТСІ *Істеген ісін бұлдау, бәлсіну.*

МІНДЕТТЕ *Біреуге шаруа жүктеу, тапсыру.*

МІНДЕТТЕМЕ *Сөзсіз орындаймын деп жазбаша түрде берілген уәде, жүктеме.*

МІНДЕТТІ *Орындауға тиісті, борышты.*

МІНДЕТТІЛІК *Міндетті болу, міндетіне алу, борыштылық.*

МІНЕ I *Сілтеу есімдігі.*

МІНЕ II *Біреудің кемшілігін көрсету, сынау, шенеу.*

МІНЕГІШ *Мін тағқыш, сынағыш, шенегіш.*

МІНЕЗ *Әр адамға тән, лайық психикалық қасиеттердің жиынтығы.* ◊ **Мінезге бай** — *мінезі жақсы, салмақты.* **Мінез көрсетті [шығарды]** — *ашу шақырды, оқыс қылық көрсетті.* **Мінезі ауыр** — *салмақты, байыпты.*

МІНЕЗДЕ *Біреудің мінез-құлық, іс-қимылын сипаттау.*

МІНЕЗДЕМЕ *Жеке адамның өз басына тән қасиеттерін, қызметіне қатысты мәліметтерді жан-жақты талдап баяндайтын жазбаша сипаттама, құжат.*

МІНЕЗДЕС *Мінездері бірдей, мінездері ұқсас.*

МІНЕЗДІ *Өзіндік жағымды мінезі бар.*

МІНЕЗДІК *Мінезге тән, мінезге қатысты.*

МІНЕЗДІЛІК *Жағымды мінез.*

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ *Адамның іс-әрекетінен, жүріс-тұрысынан байқалатын өзіндік қасиет.*

МІНЕЗСІЗ *Мінезі нашар.*

МІНЕЗСІЗДЕУ *Мінезі нашарлау, ұрма-соқпа.*

МІНЕЗСІЗДІК *Мінезі нашарлық.*

МІНЕКИ *Міне.*

МІНЕП-ШЕНЕ *Мінеп-сынау, кемкетігін айту, кемшілігін көрсету.*

МІНЕР *Мінуге жарайтын, мініле-тін.* ◊ **Мінер жақ** — *көліктің сол жағы, адам мінетін жағы.*

МІНЕУШІ *Мінші, сын айтушы.*

МІНСІЗ 1. *Кем-кетігі, міні жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Кіршіксіз, мұлтіксіз, қалтқысыз.*

МІНСІЗДІК 1. *Міні жоқтық, мін болмаушылық.* 2. *Кіршіксіздік, қалтқысыздық.*

МІНШІ *Сыншы, мінеуші.*

МІНШІЛ *Мін таққыш, сыншыл.*

МІНІС *Мінетін ат, мінуге жарайтын көлік*

МІНІСКЕР 1. *Мінуге төзімді, көнбіс.* 2. ***Ауысп.*** *Қолынан бәрі келетін, өнерлі, шебер, майталман.*

МІНІСКЕРЛІК 1. *Мініске төзімділік, көнбістік.* 2. ***Ауысп.*** *Шеберлік, майталмандық.*

МІҢГІР *Ашық-анық естілмейтін күбір, күңкіл.* ◊ **Міңгір етті** — *күңк етті, міңгірледі.*

МІҢГІРЛЕ *Бір нәрсені естілер-естілмес етіп күбірлеу, анық айтпай міңгір-міңгір ету.*

МІҢГІР-МІҢГІР: міңгір-міңгір етті — *күбір-күбір етті, міңгірлеп сөйледі.*

МІР I *Өте тұзу тиетін садақ.* ◊ **Сөзі мірдің оғындай** — *сөзі өңменіңнен өтетін, жанға қатты бататын.*

МІР II ***көне*** *Моншақ тізетін жіп.* ◊ **Мірге тізген моншақтай** — *біркелкі, сүйкімді.*

МІРДЕЙ *Мірдің оғындай, өткір.*

МІРІ ***көне*** *Ескіше бес тиындық ақша.* ◊ **Мірге өтпеді** — *бес тиынға жарамады.*

МІСЕ: місе қылды [тұтты] — *барға қанағат қылды, риза болды.*

МІСКІН *Бейшара, мүсәпір.*

МІСКІНДІК *Бейшаралық, мүсәпірлік.*

Н

НАҒАШЫ *Шеше жағынан туысқан адамдар.*

НАҒАШЫЛА *Жиендердің нағашыларына қыдырып баруы.*

НАҒАШЫЛЫҚ *Нағашы болғандық.*

НАҒЫЗ *Шын, дәл, тура.*

НАҒЫЛЕТ *Қарғыс атқан, Құдайдан безген жексұрын, найсап.* □ **Нағылет айтты** — *қарғап-сіледі, қарғады.*

НАҒЫП *Неге, неліктен, қалайша, не себепті; негып.*

НАДАН 1. *Көрсоқыр, топас.* 2. ***Ауысп.*** *Хат танымайтын қараңғы.*

НАДАНДЫҚ 1. *Топастық, көрсоқырлық; білімсіздік.* 2. ***Ауысп.*** *Қараңғылық; сауатсыздық.*

НАДАНШЫЛЫҚ *Бір нәрсенің байыбына бармайтын надандық, білместік.*

НАДҰРЫС ***көне*** *Дұрыс емес, қате, теріс.*

НАЗ I *Әйел қауымынан шыққан сері, сал, ерке-тотай әнші, керімсал.*

НАЗ II 1. *Өкпе, базына, реніш.* 2. *Әзіл, қалжың.* ◊ **Наз айтты** — *өкпесін айтты.*

НАЗ: наз бедеу — *әсем, сұлу жүрісті жарау бие.*

НАЗА *Күйініш, нала, реніш, кейіс, ыза.* ◊ **Наза болды** — *қапаланды, ренжіді.* **Назасына қалды [жолықты]** — *біреуді ренжітіп алды; қарғысына қалды.*

НАЗАЛАН *Қапалану, күйіну, налу.*

НАЗАЛЫ *Реніштi, қапалы.*

НАЗАР 1. *Зейін, ықылас.* 2. ***Ауысп.*** *Көз, жанар.* ◊ **Назар аударды [салды]** — *көңіл қойды; қарады.*

НАЗАРЛА *Назар салу, зейін қою.*

НАЗДАН *Еркелеу, мейірлену.*

НАЗДЫ 1. *Базыналы, өкпелі, қылықты.* 2. *Әзілді, қалжыңды.*

НАЗДЫҚ *Базыналық, еркелік.*

НАЗДЫЛЫҚ *Ынтызарлық, еркелік, қылықтылық.*

НАЗҚОЙ *Назданғыш, еркелегіш.*

НАЗШЫЛ *Назқой, назданғыш.*

НАЗЫМ ***көне*** *Нәзік сезімді, наз түрінде, шығыстық дәстүрде жазылған өлең түрі.*

НАЗЫМШЫ *Назым өлеңдерін айтушы, орындаушы адам.*

НАЗЫРҚА *Місе тұтпау, кею, ренжу.*

НАЙ I *Үрлеп тартатын көне музыкалық аспап.*

НАЙ II *Темекі тартатын түтік.*

НАЙЗА *Ұшын темірден істіктеп жасаған ұзын сапты ескі соғыс құралы, сүңгі.* ◊ **Найза бойы** — *найзаның ұзындығымен шамалас келетін өлшем.* **Найза кірпік** — *тікірейген ұзын кірпік.* **Найзатас** — *шаншыла біткен сүйір тас.*

НАЙЗАГЕР *Найзашы, найза өнеріне шебер.*

НАЙЗАГЕРЛІК *Найзашылық.*

НАЙЗАҒАЙ *Ыстық және суық ауаның соқтығысуынан пайда болатын күшті жарқыл; жай.* ◊ **Найзағай түсті** — *жай түсті.*

НАЙЗАҒАЙЛЫ *Найзағай жарқылдаған.*

НАЙЗАҒАЙША *Найзағай сияқты, найзағай тәрізді.*

НАЙЗАЛА 1. *Найза салу, найзамен шаншу, түйреу.* 2. ***Ауысп.*** *Сынап-мінеу, тілімен түйреу.*

НАЙҚАЛ 1. *Ырғалу, теңселу, жайқалу.* 2. ***Ауысп.*** *Ырғалып-жырғалу, асықпау.*

НАЙСАП *Оңбаған, жексұрын, арамза.*

НАЙСАПТАН *Оңбағандық істеу, сұрқиялану.*

НАҚ *Дәл, тура, дәлме-дәл.* □ **Нақ өзі** — *дәл өзі.*

НАҚАҚ *Бостан-бос, жазықсыз.*

НАҚАҚТАН-НАҚАҚ *Бекерден-бекер, бостан-бос.*

НАҚАҚТЫҚ *Күнәсі жоқтық, пәктік, кінәсіздік.*

НАҚПА-НАҚ *Тұпа-тура, дәлме-дәл.*

НАҚПА-НАҚТЫҚ *Дәлме-дәлдік, нақтылық.*

НАҚСҮЙЕР *Қадірлі, ең сүйікті жар.*

НАҚТЫ *Дәл, тура, айқын.*

НАҚТЫЛА *Дәлдей түсу, анықтау, айқындау.*

НАҚТЫЛЫ *Дәл, нақты, айқын.*

НАҚТЫЛЫҚ *Дәлдік, анықтық, айқындық.*

НАҚТЫРАҚ *Дәлірек, айқынырақ, анығырақ.*

НАҚҰРЫС *Есалаң, жынды, жарымес.*

НАҚҰРЫСТАН *Есерсоқтану, жындану.*

НАҚҰРЫСТАУ *Есалаңдау, есерсоқтау.*

НАҚҰРЫСТЫҚ *Есерсоқтық, жындылық, жарыместік.*

НАҚЫЛ *Ғибрат, өнеге, ақыл сөз.*

НАҚЫЛДА *Ғибрат айту, тақпақтау, нақыл айту.*

НАҚЫЛШЫ *Ғибрат айтушы, ақылгөй.*

НАҚЫШ 1. *Ою-өрнек, нақыс, әшекей.* 2. *Саз, ырғақ, мәнер.* 3. ***өнер.*** *Оюланып, бедерленіп салынған сурет.*

НАҚЫШТА 1. *Оюлау, өрнектеу, әшекейлеу.* 2. *Ән-күйді құйқылжыта орындау.*

НАҚЫШТАУ ***өнер.*** *Қатты материалдардың бетіне ою, өрнек, әшекей т. б. бедерлеп салу, көшіру әдісі.*

НАҚЫШТЫ 1. *Оюлы, өрнекті, әшекейлі.* 2. *Сазды, ырғақты, әуезді.*

НАҚЫШШЫ *Металл, ағаш, сүйек т. б. нәрселерге ойып жазушы, өрнек салушы ұста.*

НАҚЫШТЫЛЫҚ *Нақышына келгендік, әшекейлілік.*

НАЛА 1. *Қарғыс, лағнет.* 2. *Қайғы-қасірет, мұң-шер.* ◊ **Нала болды** — *кейіді, ашуланды, қапаланды.*

НАЛАЛЫ *Қапалы, қайғылы, құсалы, шерлі.*

НАЛЫ *Күйіну, қамығу, ренжу.*

НАЛЫС *Реніш, күйініш.*

НАМ ***көне*** 1. *Арғы тегі, негізі.* 2. *Ат, есім.*

НАМА ***көне*** *Жазу, хат.*

НАМАЗ *Мұсылмандардың Құдайға бағыштап күніне бес рет оқитын дұғасы.* ◊ **Намазы бұзылды** — *намазын басқа бір бөгде нәрсе бөліп кетті.* **Намазы қаза болды** — *намазын өткізіп алды.*

НАМАЗДЫГЕР 1. *Кешке таман.* 2. *Күн батар алдында оқылатын үшінші намаз мезгілі.*

НАМАЗШАМ *Кешкі намаз уақыты, ақшам.*

НАМАЗШЫ *Намаз оқитын адам.*

НАМАЗШЫЛ *Намазқой, намазын қаза жібермейтін адам.*

НАМЫС 1. *Адамгершілік, ар, абырой.* 2. *Ұят, ождан.*

НАМЫСҚОЙ *Ар-абырой, намысшыл.*

НАМЫСҚОЙЛЫҚ *Намысшылдық, ар-абырой сақтағыштық.*

НАМЫССЫЗДЫҚ *Намысы жоқтық, ынжықтық.*

НАМЫСТАН *Намыс қылу, арлану.*

НАМЫСТЫ *Намысы зор, намысқой.*

НАМЫСШЫЛ *Намысқой, ұяты зор.*

НАМЫСШЫЛДЫҚ *Намысқойлық, арлылық.*

НАН I 1. *Ұнды илеп, қамыр болған соң табаға, тандырға, пешке пісірілген тағам.* 2. *Иленген ұн, қамыр.* ◊ **Нан атсын [ұрсын]** — *нанның кесіріне жолығайын.* **Нансоғар** — *арамтамақ, жатыпішер.*

НАН II *Бір нәрсеге сену, лану.*

НАНҒЫСЫЗ *Нанымсыз, сенімсіз, ланауға болмайтын.*

НАНҒЫШ *Сенгіш, ланғыш.*

НАНДЫҚ *Нанға жететін, азықтық.*

НАНКЕ *Сарғылт түсті қалың мата.*

НАНЫМ *Бір нәрсеге ланғандық, сенім.*

НАНЫМДЫ *Сенімді, иланымды, күмәнді емес.*

НАНЫМДЫЛЫҚ *Сенімділік, иланымдылық.*

НАНЫМСЫЗ *Сенуге болмайтын; шынайы емес.*

НАНЫМСЫЗДАУ *Сенімсіздеу, күмәнділеу.*

НАНЫМСЫЗДЫҚ *Сенімсіздік, шүбәлілік.*

НАР I 1. *Жалғыз өркешті, асылтұқымды түйе.* 2. ***Ауысп.*** *Нән, ірі, үлкен.* 3. ***Ауысп.*** *Нән қайратты, күшті, мықты.* □ **Нарқоспақ** — *аруана мен бураның буданы.* ◊ **Нар тәуекел** — *бір іске батыл кірісіп кету.*

НАР II *Адам жату үшін арнайы жасалған сәкі, сөре.*

НАРАЗЫ *Бір нәрсеге разы емес, қарсы.*

НАРАЗЫЛАУ *Разы еместеу, реніштілеу.*

НАРАЗЫЛЫҚ *Бір нәрсеге келіспеушілік, қарсылық.*

НАРАУ *Әлсіз, нашар.*

НАРБОТА *Бір жасқа толмаған аруана төлі.*

НАРҒЫЗГҮЛ ***биол.*** *Жаз бойы гүлдейтін, ірі гүлді бақша өсімдігі.*

НАРДАЙ *Түйедей, таудай, алпамсадай.* ◊ **Нардай шөгіп қалды** — *қартайды, жүріп-тұра алмай қалды.*

НАРЗАН *Шипалы минералды су.*

НАРКЕСКЕН *Болаттан соғылған екі жүзді алмас қылыш.*

НАРКОЗ *Операция кезінде уақытша ұйықтатып тастайтын, адам денесінің белгілі бір бөлігін біраз уақыт жансыздандыратын амал.*

НАРҚАЙСАР *Сарғыш қызыл гүлді, биіктігі бір метр шамасында, жоғарғы жағы бұтарланып, тік өсетін өсімдік.*

НАРЛЫҚ *Ерлік, батырлық; күштілік, мықтылық.*

НАРТ I *Қып-қызыл, шымқай қызыл.*

НАРТ II *Сібір халқының итке не бұғыға жегетін ұзынша шанасы.*

НАРТТАЙ *Қып-қызыл, албыраған.*

НАРТТАН *Қызару, албырау.*

НАРУАНА ***көне*** *Нарға жүкті арту үшін бастары айқастырылған екі аша саты.*

НАРША *Жас нар, буыршын нар.*

НАРЫҚ 1. *Заттың кесімді бағасы, құны.* 2. ***Ауысп.*** *Қадір-қасиет, құн, парық.*

НАРЫҚНАМА *Заттың бағалары жазылған қағаз; калькуляция.*

НАРЫҚСЫЗ 1. *Заттың нарқы жоқ.* 2. *Құнсыз, бағасыз.*

НАРЫҚСЫЗДЫҚ *Құнсыздық, зат бағасының арзандауы, бағасыздық.*

НАРЫҚТА 1. *Заттың құнын белгілеу, бағалау.* 2. ***Ауысп.*** *Құнын білу, қадірлеу, қастерлеу.*

НАРЫҚТЫ *Құнды, бағалы.*

НАРЫН *Піскен ет пен қамыр ұсақталып туралып, үстіне сорпа құйылып араластырылған тағам.*

НАС *Былғаныш, лас; тазалық жоқ.*

НАСАЙ-ТОПЫР *Насаттанып топырлаған, ретсіз, тәртіпсіз.*

НАСАР *Жібек мата, кездеме.*

НАСАТ ***жерг.*** *Керемет, шектен тыс, тым.*

НАСАТТАН *Көңілі тасу, қуану, шаттану.*

НАСАТТЫ *Көңілді, қуанышты, шат-шадыман.*

НАСИХАТ 1. *Ақыл-кеңес, өсиет.* 2. *Белгілі бір жаңа идеяны немесе ғылым жетістіктерін елге тарату ісі.*

НАСИХАТТА *Белгілі бір жаңа идеяны не ғылым жетістіктерін елге айтып түсіндіру, үгіттеу.*

НАСИХАТТЫҚ *Насихаттауды талап ететін, үгіттік.*

НАСИХАТШЫ *Насихат жүргізуші, бір нәрсені уағыздаушы; үгітші.*

НАСИХАТШЫЛЫҚ *Үгітшілік, уағызшылық.*

НАСТАУ *Тазалығы нашарлау, былғаныштау, ластау.*

НАСТЫҚ *Ластық, таза еместік.*

НАСЫБАЙ 1. *Тіл астына, ерінге салып ату үшін үгітілген темекіге қыл-*

ша, арша т. б. өсімдіктің күлін қосып жасаған зат. 2. ***Ауысп.*** *Кішкене сәбидің шүметейі.* □ **Насыбай уқалады** — *темекі үгіп, күл қосып, насыбай жасады.*

НАСЫБАЙШЕЛЕК *Насыбай уқалайтын арнаулы ыдыс; үкіш.*

НАСЫБАЙШЫ *Насыбай ататын адам.*

НАСЫБАЙШЫЛ *Насыбай атқыш, насыбайқұмар.*

НАСЫР: насырға шапты — *бір нәрсенің бағдары шиеленісіп, соңы үлкен лаңға айналды.*

НАТРИЙ ***хим.*** *Ақ түсті, жұмсақ әрі жеңіл химиялық элемент.*

НАТУРАЛИСТ *Табиғат зерттеуші.*

НАТЮРМОРТ *Сурет өнеріндегі адамның қатысынсыз өз бетімен өсетін жеміс және гүл түрлерін бейнелейтін жанр.*

НАУ ***көне*** *Дау, жала.*

НАУ: нау тарту — *гүлдің, өсімдіктің жаңадан өсіп, шешектенуі.*

НАУА 1. *Малдың су ішуіне, жем, тұз жеуіне арналған үлкен, ұзынша астау.* 2. *Астық, көмір т. б. заттар ағып тұратын арнаулы нәрсе.*

НАУАДАЙ: науадай құйды — *табысты көп тапты.*

НАУАЛАП *Науа-науа етіп, толтырып.*

НАУАН *Үлкен, биік.*

НАУАНДА *Үлкею, биіктеу.*

НАУАТ *Қайнатып барып қатырған мұз түсті мөлдір қант.*

НАРУАН *Көбіне түйе жүнінен иірілген жіптен қолдан тоқыған кілем.*

НАУБАЙ *Нан пісіретін орын, наубайхана.*

НАУБАЙХАНА *Нан пісіретін орын, нан жабатын орын.*

НАУБАЙШЫ *Наубайханада нан пісіретін адам.*

НАУБАЙШЫЛЫҚ *Нан пісірумен айналысушылық.*

НАУҒЫ *Арғы тек, тұқым.*

НАУҚАН I 1. *Әскери операцияның белгілі бір әскер театрындағы соғыс, жорық.* 2. *Кезектегі бір саяси-қоғамдық не шаруашылық мақсатты орындау барысындағы науқан.*

НАУҚАН II *Қауырт істелетін мерзімді іс.*

НАУҚАНДЫ *Науқанмен істелетін, қауырт, қат-қабат.*

НАУҚАНШЫ *Науқан кезінде жұмыс істеуші, науқанға қатысушы.*

НАУҚАНШЫЛЫҚ *Науқанбастылық, науқангершілік.*

НАУҚАС 1. *Ауру, сырқау, кесел.* 2. *Ауру адам, сырқат кісі*

НАУҚАСТАН *Сырқаттану, ауыру.*

НАУҚАСТАУ *Денсаулығы нашарлау, сырқаттау.*

НАУҚАСТЫ *Аурулы, аурушаң, дімкәс.*

НАУҚАСТЫҚ *Аурушаңдық, дімкәстік, сырқаттық.*

НАУРЫЗ *Жыл басы, жаңа жыл.* □ **Наурыз көже** — *жаңа жылдың құрметіне арналған дәстүрлі тағам.*

НАУРЫЗДАМА: наурыздама қылу — *жаңа жылда болатын мерекені мейрамдау, тойлау.*

НАУРЫЗЕК *Наурыз айында келетін аяғы жіңішке, құйрығы ұзын көк ала торғай; қаратамақ.*

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ *Шығыс халықтарының жаңа жыл мерекесі.*

НАУРЫЗНАМА *Наурыз мейрамына арналған мерекелік тағам; наурызкөже.*

НАУРЫЗШЕШЕК *Наурыз айында гүлдейтін гүлді өсімдік.*

НАУША 1. *Жаңа.* 2. *Жас жігіт, бозбала.* 3. ***Ауысп.*** *Бойшаң, бойжеткен, сымбатты.*

НАФТАЛИН *Техникада, шаруашылықта қаракүйеден қорғауға қолданылатын, сасық иісті ақ кристалл.*

НАФТАЛИНДЕ *Қаракүйе түспеу үшін, киімге нафталин себу, салу.*

НАША *Белгілі бір өсімдіктерден жасалған, есірткі, адамды еліртетін зат.*

НАШАҚОР *Нашашы, наша тартушы.*

НАШАҚОРЛЫҚ *Наша тартқыштық, нашақұмарлық.*

НАШАЛЫ: нашалы болу – *мастану, көңілі тасу, шалқу.*

НАШАР 1. *Шамалы, осал, жаман.* 2. ***Ауысп.*** *Жарлы-жақыбай, жоқ-жітік.*

НАШАРЛА 1. *Бастапқы қалпынан төмендеу, бәсеңдеу, азаю.* 2. ***Ауысп.*** *Ауруы асқыну.*

НАШАРЛАУ 1. *Сапасы төмендеу, жаманырақ.* 2. ***Ауысп.*** *Тұрмысы жүдеулеу, кедейлеу.*

НАШАРЛЫҚ *Жамандық, осалдық, шамалылық.*

НАШАРСЫ *Нашар болып көріну, нашар болғансу.*

НАШАРСЫН *Біреуді жамансыну, кемсіну.*

НӘЖІС *сып.* *Жеген тамақтың қорытылғаннан кейінгі қалдығы.*

НӘЗІК 1. *Үзіліп тұрған, жіп-жіңішке, талдырмаш.* 2. *Әсем, көркем, сәнді.* 3. ***Ауысп.*** *Берік емес, әлсіз; осал.*

НӘЗІКТЕН *Нәзік тарту, әлжуаздану.*

НӘЗІКТЕУ *Талдырмаштау, нәзігірек.*

НӘЗІКТІК *Жіңішкелік, талдырмаштық, биязылық.*

НӘЗІР *Құдай жолына берілетін садақа, қайыр.*

НӘК *Алмұрттың бір түрі.*

НӘЛ *Аяққиімнің өкшесі мен тұмсығына қағылатын кішкене темір тақа.*

НӘЛДЕ *Аяққиімге нәл қағу.*

НӘЛІМ *Жіңішкелеу келген, теңбіл дақты балық.*

НӘМӘРТ *Тексіз, жетесіз, нашар.*

НӘН 1. *Үлкен, дәу, зор.* 2. ***Ауысп.*** *Мықты, күшті.* 3. *Семіз, майлы.*

НӘНДІК 1. *Үлкендік, дәулік.* 2. ***Ауысп.*** *Күштілік, мықтылық.*

НӘНСІ *Ірісіну, мықтысыну.*

НӘПАҚА *Табыс, ризық.*

НӘПАҚАЛЫ *Табысы азғантай, күнкөрістік, талғажау болармық.*

НӘП-НӘЗІК *Жіп-жіңішке, өте әлсіз.*

НӘПСІ *Жыныстық сезім, ындын, құмарлық.*

НӘПСІҚҰМАР *Нәпсінің құлы, нәпсіқор.*

НӘПСІҚҰМАРЛЫҚ *Нәпсінің құлы болғандық, нәпсіқорлық.*

НӘПІЛ *Бес уақыт намаздан тыс, қосымша намаз.*

НӘПІЛШІЛ *Артық, қосымша намаз оқығыш.*

НӘР *Ас болармық талшық, қорек.* ◊ **Нәр татпады [сызбады]** – *еш нәрсе жемеді, түк ішпеді.*

НӘРЕГЕЙ *Әлсіз, нашар, әлжуаз.*

НӘРЕСТЕ *Жаңа туған жас бала, сәби, бөпе.*

НӘРЕСТЕЛІ *Кішкене сәбиі бар, нәрестелі, бөпелі болған.*

НӘРЕСТЕЛІК *Сәбилік.*

НӘРКЕС *бот.* *Бақшада өсірілетін, күлтесі ақ немесе сары түсті, хош иісті әдемі гүл.* ◊ **Нәркес көз** – *әдемі, сұлу көз.*

НӘРКЕСТІК 1. *Нәркеске тән қасиет.* 2. ***Ауысп.*** *Әдемілік, сұлулық.*

НӘРКҮМӘН *Әрі-сәрі, дүдәмал.*

НӘРЛЕН *Нәр алу, қоректену.*

НӘРЛІ 1. *Құнарлы, қуатты; нәрі көп.* 2. ***Ауысп.*** *Мәнді, маңызды.*

НӘРЛІЛІК 1. *Қуаттылық, жүгымдылық.* 2. ***Ауысп.*** *Құнарлылық, шұрайлылық.*

НӘРСЕ *Әртүрлі зат, іс-әрекет, мәселе.*

НӘРСІЗ 1. *Қорексіз, тамақсыз.* 2. *Нәрі аз, қуаты шамалы.*

НӘРСІЗДЕН *Қоректік қасиетінен, құнарынан айырылу, құнарсыздану.*

НӘРСІЗДЕУ *Құнары аздау, сапасы нашарлау.*

НӘРСІЗДІК 1. *Құнарсыздық, қуатсыздық.* 2. ***Ауысп.*** *Сапасыздық, құнсыздық, әсерсіздік.*

НӘСІЛ 1. *Тұқым, урпақ, тек.* 2. *Тегі, тұқымы жағынан бір-біріне ұқсас келетін адамдар тобы.*

НӘСІЛДЕС *Шыққан тегі, тұқымы жағынан бір-біріне жақын, тектес, тұқымдас.*

НӘСІЛДЕСТІК *Шыққан тегі, негізі бір, тектестік.*

НӘСІЛДІ *Нәсілі бір; текті.*

НӘСІЛШІЛ *Өз нәсілін басқадан артық деп санаушы, өктемшіл.*

НӘСІЛШІЛДІК ***саяси*** *Бір нәсіл артық, бір нәсіл кем деп есептейтін адамгершілікке жат, ғылым жолына қарсы реакцияшыл теория.*

НӘСІП *Несібе, ризық.*

НӘТИЖЕ *Белгілі бір іс-әрекеттің қорытындысы, жемісі.*

НӘТИЖЕЛІ *Нәтижесі мол, табысы көп.*

НӘТИЖЕЛІЛІК *Жемістілік, табыстылық.*

НӘТИЖЕСІЗ *Жеміссіз, пайдасыз.*

НӘТИЖЕСІЗДІК *Жеміссіздік, пайдасыздық.*

НӘТІ I *Нәсілі, тегі.*

НӘТІ II *Шамасы, сірә.*

НӘУБЕТ *Апат, кесапат, ауыртпалық.* ◊ **Нәубет келді [түсті]** — *басқа ауыртпалық түсті, қиыншылық келді.*

НӘУЕТЕК *Еш нәрсеге икем-бейімі жоқ, болбыр.*

НӘУЕТЕКСІ *Ештеңеге икем-бейімі жоқ болып көріну.*

НӘУЕТЕКТІК *Икемсіздік, бейімсіздік, қырсыздық.*

НӘУМЕЗ *Өкпелі, қапалы.*

НӘУМЕЗДЕН *Қапалану, қорлану.*

НӘШ *Нақыш, ырғақ, мәнер.* ◊ **Нәшін келтірді** — *сәндеп, мәнерлеп орындады.*

НӘШТЕ *Нақышына келтіру, сәндеу, мәнерлеу.*

НӘШТІ *Нақышты, сәнді, өрнекті.*

НЕ I *Сұрау есімдігі.* ◊ **Не әкеңнің құны [көз құны] бар** — *қандай өшің бар еді.* **Не бетін айтады [бетімен қарайды]** — *ұялмай қалай тіл қатады.* **Не жазды [не жазып қалды]** — *қандай жазығы бар.* **Не көрінді** — *басыңа не күн туды.* **Не қара басты** — *жаңылыс басуына не себеп болды.*

НЕ II *Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын жалғаулық.*

НЕБІР *Не қилы, не түрлі.*

НЕВРОЛОГИЯ *Медицина ғылымының жүйке жүйесі ауруларын зерттейтін саласы.*

НЕГАТИВ *Суретке тартылған заттың ақ жері қара, қара жері ақ болып көрінетін жарық сезгіш үлдірге түскен бейнесі.*

НЕГЕ *Неліктен, не себепті.*

НЕГЕШ *Әр нәрсені білуге құмар бала, сұрауы таусылмайтын бала.*

НЕГР *Африканың жергілікті қара түсті халқының жалпы атауы; зәңгі.*

НЕГІЗ *Бір нәрсенің түп-төркіні, тегі.* ◊ **Негізі жарымаған** — *арғы тегі тұк көрмеген.*

НЕГІЗГІ *Басты, әуелгі.*

НЕГІЗДЕ *Бір нәрсені дәлелдеу.*

НЕГІЗДЕМЕ *Айғақтама, дәлелдеме, дәйектеме.*

НЕГІЗДЕС *Тектес; төркіндес.*

НЕГІЗДЕУ *Айғақтау, дәлелдеу, негізделе.*

НЕГІЗДІ *Дәлелді, дәйекті.*

НЕГІЗСІЗ *Дәлелсіз, айғақсыз.*

НЕГІЗСІЗДІК *Дәлелсіздік, дәйексіздік.*

НЕГІЗІНДЕ *Сайып келгенде, шын мәнінде, шындығында, асылында.*

НЕГІЗІНЕН *Түптеп келгенде, асылында.*

НЕҒАЙБЫЛ *Істің жүзеге асу-аспауы белгісіз, күмәнді.*

НЕҒҰРЛЫМ *Мүмкін болғанша, мүмкіндігінше.*

НЕЙБЕТ *Құралақан, бос.*

НЕЙЛОН *Жасанды талшық және содан тоқылған синтетикалық мата.*

НЕЙРОН *Жүйке клеткасының ғылыми атауы.*

НЕЙТРОН ***физ.*** *Атом ядросындағы электрлік зарядынан айырылған материалдық бөлшек.* ◊ **Нейтрон бомбасы** — *нейтрон зарядтарының ыдырауына негізделген қару.*

НЕКЕ *Ер адам мен әйелдің ерлі-зайыпты болып бас қосуы.* □ **Неке жүзігі [сақинасы]** — *жаңа үйленген ерлі-зайыпты адамдардың бір-біріне сыйға*

тартатын жүзігі. **Неке куәлігі [қағазы]** – *жұбайлардың некеленгендігін растайтын ресми құжат.* **Неке сарайы** – *жас жұбайлардың некесін қию дәстүрі өтетін орын.* **Неке суы** – *некесі қиылғаннан кейін жас жұбайларға ішкізетін ырым су.* ◊ **Неке бұзды** – *ерлі-зайыптылар ажырасты, айырылысты.* **Некесін қиды** – *жұбайлардың ерлі-зайыпты болғандығын заңдандырды.*

НЕКЕҚИЯР *Жас жұбайлардың некесін қиған адамға берілетін сый жоралғы, ырым.*

НЕКЕЛІЕ *Некесін қию, заңдандыру.*

НЕКЕЛІ *Некесі қиылған, заңды түрде үйленген.*

НЕКЕН ***көне*** *Жалғыз-жарым, жеке; жалқы.*

НЕКЕН-САЯҚ *Жалғыз-жарым, бірен-саран.*

НЕКЕС *Жексұрын, сұм; арам.*

НЕКЕСТІК *Жексұрындық, арамзалық.*

НЕКЕСІЗ *Некесі қиылмаған, заңсыз.*

НЕКЕСІЗДІК *Некесі қиылмағандық, заңсыздық.*

НЕЛІКТЕН *Қалайша, неге, не себептен.*

НЕМЕ ***қарап***. 1. *Олқысынған, қомсынған кезде айтылатын сөз.* 2. *Жек көргендіктен айтылатын ишарат сөз.*

НЕМЕНЕ I *Ұл жағынан туған бесінші ұрпақ; шөпшектен туған бала.*

НЕМЕНЕ II *Не, не нәрсе.*

НЕМЕРЕ *Ұлынан туған бала.*

НЕМЕРЕ-ШӨБЕРЕ ***зат***. *Үрім-бұтақ, өрен-жаран.*

НЕМЕРЕЛЕС *Әкелері бір туысқан адамдар.*

НЕМЕРЕЛІ *Немересі бар, немере көрген.*

НЕМЕСЕ *Не болмаса, яки, яғни, не.*

НЕМЕУРІН ***этн***. *Алыс ағайындардың жаңа отауға қосқан заттай көмегі, жәрдемі.*

НЕМКЕТІ *Қалай болса солай, селқос, немқұрайлы.*

НЕМКЕТТІЛІК *Немқұрайдылық, селқостық.*

НЕМҚҰРАЙДЫ *Қалай болса солай, немкетті.*

НЕМҚҰРАЙДЫЛЫҚ *Селқостық, немкеттілік.*

НЕМІС *Алманияның негізгі тұрғын халқы.*

НЕНДЕЙ *Қандай, не.*

НЕНДЕЙБІР *Не бір, қандай бір.*

НЕНДЕЙЛІК *Қандайлық, қандай бір.*

НЕНЕЦ *Ресей Федерациясының құрамына кіретін Таймыр автономиялы округінің негізгі халқын құрайтын ұлт.*

НЕОЛИТ: неолит дәуірі – *тас дәуірінің соңғы кезеңі.*

НЕОЛОГИЗМ ***лингв***. *Тілдегі жаңа сөз бен жаңа мағына.*

НЕСЕП ***сып***. *Адамдар мен жануарлардың кіші дәреті; зәр.*

НЕСИЕ *Біреуден уақытша қарызға алған немесе біреуге уақытша қарызға берген ақша, зат.*

НЕСИЕ *Мекемеге не жеке адамға мемлекет тарапынан берілетін қарыз ақша.*

НЕСІБЕ *Сыбаға, ризық, үлес.*

НЕСІНЕ *Неге, неге бола.*

НЕТКЕН ***қарап***. *Негылған, өзгеше, қандай.*

НЕТКЕНМЕН *Қайткенмен, қалай еткенмен де.*

НЕШЕ *Сұрау есімдігі, қанша?* □ **Неше алуан [түрлі, қилы]** – *әртүрлі, сан салалы.*

НЕШЕМЕ *Қаншама, талай.*

НЕШЕУ *Қанша, қаншасы.*

НЕШІК: амал нешік – *амал қанша.*

НЕШІНШІ *Реті, саны жағынан қаншасыншы.*

НИГИЛИЗМ *Қалыптасқан қоғамдық норманы жоққа шығарушы, қарсы болу ісі.*

НИЕТ *Бір нәрсеге деген пейіл, ықылас, ынта.* □ **Ниет білдірді** – *ықыласын аңғартты, көңілін танытты.* **Ниеті ақ [жақсы, түзу, дұрыс]** – *көңілі адал.* **Ниеті ауды** – *көңілі кетті, ықыласы түсті.* **Ниеті жаман [қара]** – *арам ойлы, ойы бұзық.*

НИЕТТЕН *Ниет білдіру, ықыластану.*

НИЕТТЕС *Тілектес, көңілдес.*

НИЕТТЕСТІК *Тілектестік, көңілдестік.*

НИЕТТІ *Ниеті бір, тілегі бір.*

НИЕТТІЛІК *Тілеулестілік, пейілділік.*

НИЗАМ ***көне*** *Заң, ереже.*

НИЗАМНАМА ***көне*** *Заң ережелерінің жиынтығы.*

НИКЕЛЬ *Күміс түсті, тотықпайтын қатты металл.*

НИКЕЛЬДЕ *Бір нәрсенің бетіне никель жалату, никельмен қаптау.*

НИКЕЛЬДІ *Никель жалатқан, никельмен қапталған.*

НИКОТИН *Жүйкеге әсер ететін, өткір иісті улы зат.*

НИЯЗ ***көне*** *Құдай жолына берілетін қайыр-садақа.*

НОБАЙ *Бір нәрсенің жалпылама алғандағы жобасы, сұлбасы.*

НОБАЙЛА *Шамалау, жобалау, долбарлау.*

НОВЕЛЛА *Қарасөзбен жазылған қысқа көлемді әдеби шығарма, шағын әңгіме.*

НОВЕЛЛАШЫ *Шағын повесть, әңгіме жазумен айналысатын жазушы.*

НОВОКАИН *Ауруды басатын, бәсеңдететін қасиеті бар дәрі.*

НОҒАЙ *Негізінен Ставрополь өлкесі мен Дағыстан жерінде тұратын түркі тектес халық.*

НОҒАЛА *Көздің қарашығына түскен ақ шел.*

НОҒАТЫҚ *Біржылдық дәнді-бұршақты екпе дақыл.*

НОЙЫС *Дойыр мінезді, дөрекі, дөкір.*

НОЙЫСТАН *Дөкір мінез көрсету, дойырлану.*

НОЙЫСТАУ *Дөкірлеу, шадырлау, дойырлау.*

НОЙЫСТЫҚ *Дөкірлік, дөрекілік, дойырлық.*

НОКАУТ ***спорт*** *Қарсы соққыдан боксшының естен танып құлап түсуі, жеңілуі.*

НОҚАЙ *Түк білмейтін, ожар, ұрдажық, дүлей.*

НОҚАЙЛАН *Ожарлану, дүлейлену.*

НОҚАЙЛАНУ *Ожарлану, дүлейлену.*

НОҚАЙЛАУ *Топастау, надандау, дүлейлеу.*

НОҚАЙЛЫҚ *Топастық, надандық, дүлейлік.*

НОҚАТ I *Кішкентай ғана қара дақ, нүкте.*

НОҚАТ II *Бұршақ тұқымдас мәдени дақыл, соның ішіндегі домалақтау дән.*

НОҚТА *Мал басына кигізетін ауыздығы жоқ жүген тәрізді әбзел.* ◊ **Ноқта киді [салды]** — *еркінен айрылды, ырқына көндірді.* **Ноқта түсті** — *басы байланды, кіріптар болды.*

НОҚТАЛА 1. *Малдың басына ноқта кигізу.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуді өз ырқына бағындыру, еркіне көндіру.*

НОҚТАЛАН *Екіқабат әйелдің бетіне жолақтанып көлденең дақ түсу.*

НОМЕНКЛАТУРА 1. *Белгілі бір пән атаулары, терминдерінің жиынтығы немесе тізбесі.* 2. *Жинақ, номенклатуралық қызметкерлер.*

НОМИНАЛ *Тауарда, ақша белгісінде көрсетілген баға.*

НОМИНАЛДЫ *Нақтылы көрсетілген, тиісті құнмен белгіленетін.*

НОРВЕГ *Норвегияның негізгі тұрғын халқы.*

НОРМА 1. *Мөлшер, өлшем, шама.* 2. *Қалыптасқан заңдылық, тәртіп, ереже.*

НОРМАЛА *Норма қою, мөлшерлеу, шамалау.*

НОРМАЛЫ *Нормаға түскен, мөлшерлі, өлшеулі.*

НОРМАЛЫҚ *Нормаға тән, нормаға қатысты.*

НОРМАТИВ *Жұмыс уақытының, материалдық және ақша ресурстарының есептеліп белгіленген мөлшері.*

НОРМАТИВТІ *Нормативі бар, нормаға түскен, жүйеленген.* □ **Нормативті грамматика** — *тіл нормалары үлгілерін белгілейтін грамматика.*

НОРМАТИВТІК *Нормативке қатысты, нормативке тән.*

НОТА I 1. *Музыкалық дыбыстарды жазу үшін пайдаланылатын графикалық белгілер жүйесі.* 2. *Музыкалық шығарманың мәтіні.*

НОТА II *Бір мемлекеттің екінші бір мемлекетке ресми түрде берген дипломатиялық актісі.*

НОТАРИАЛДЫҚ *Түрлі заңды актілер мен құжаттарды куәландыратын (мекеме).*

НОТАРИУС *Заңды актілер мен құжаттарды куәландыруға уәкілдігі бар адам.*

НОЯН I *Монғолия мен Жоңғар қалмақтары әскерлерінің ішіндегі басшы адам, ақсүйек, феодал.*

НОЯН II 1. *Ірі, ер кейіпті, батыр тұлғалы адам.* 2. ***Ауысп.*** *Орасан, қыруар, үлкен.*

НӨКЕР *Хан мен бек, сұлтандардың қасында жүретін қызметшісі, серігі.*

НӨЛ *Жоқ ұғымын білдіретін сандық белгі.*

НӨМІР 1. *Біртекті заттардың реттік саны.* 2. ***Ауысп.*** *Қонақүйлердегі жеке бөлме.* 3. ***Ауысп.*** *Концерттік бағдарламадағы кезекті ән, күй, би реті.*

НӨМІРЛЕ *Бірыңғай заттардың реттік санын көрсету.*

НӨМІРСІЗ *Арнайы белгіленген саны жоқтық (болмау).*

НӨПІР *Қалың, қаптаған, қарақұрым, көп.*

НӨСЕР *Шелектеп құйған қатты жаңбыр.*

НӨСЕРЛЕ *Нөсерлеп жауу, шелектеп жауу.*

НУ *Арасынан ит тұмсығы өтпейтін, қалың жыныс.*

НУЛАН *Қалың болып бітік өсу, ну болу.*

НУЛЫ *Арасынан адам жүре алмайтындай қалың ағашты орман, ну тоғайлы.*

НҰҒАРА *Былғарыдан, көннен жасалған әуездік аспап; дабылдың бір түрі.*

НҰҚСАН *Зиян, залал, кемістік, кінарат.*

НҰҚЫ *Бір нәрсені қолмен, таяқпен түрту.*

НҰҚЫЛА *Қайта-қайта нұқу, түрткілеу.*

НҰР *Сәуле, жарық, шұғыла.* □ **Нұр жайнады** — *жарқырады, жайнады.* **Нұр жаусын [жауғыр]** — *жақсылық болсын, жаның жадырасын.* **Нұр үстіне нұр** — *одан да жақсы, одан да тамаша.* **Нұр шашты** — *шұғыласын төкті, нұрға бөледі.*

НҰРА *Су шайып, қазылып кеткен терең жыра.*

НҰРЛАН *Нұрға бөлену, жайнау.*

НҰРЛЫ *Нұрға бөленген, шұғылалы, сәулелі.*

НҰРЛЫЛЫҚ *Нұрлы, шұғылалы күй.*

НҰРСЫЗ *Нұры жоқ, шұғыласыз, сәулесіз.*

НҰРСЫЗДАН *Нұры сөну, нұры таю.*

НҰРСЫЗДАУ *Нұры аздау, жанарсыздау.*

НҰРШАШУ *Мереке, салтанат кездерінде әуеге атқылайтын түрлі-түсті сәндік ұшқындар.*

НҰСҚА I 1. *Белгілі бір заттың ең алғашқы түпнегізі.* 2. *Ұзынырға, негіз.* 3. ***Ауысп.*** *Үлгі, өнеге.* 4. *Тұр-тұлға, кескін-келбет.*

НҰСҚА II *Бір нәрсені көрсетіп жіберу, жөн сілтеу.*

НҰСҚАЛЫ *Үлгілі, өнегелі, ғибратты.*

НҰСҚАМА *Кітап бетінің астыңғы жағына жеке берілетін қосымша мәлімет.*

НҰСҚАУ 1. *Ақыл-кеңес, жөн-жоба.* 2. ***Ауысп.*** *Тапсырма.*

НҰСҚАУЛЫҚ *Бір іске байланысты ережелер жиынтығы.*

НҰСҚАУШЫ *Белгілі бір істің дұрыс орындалуын қадағалап, жөн сілтеп отыратын ресми адам.*

НҰТ *Бұршақ тұқымдас біржылдық дәнді дақыл.*

НҮКТЕ 1. ***грамм.*** *Ойдың аяқталғанын білдіретін, сөйлем соңына қойылатын тыныс белгі.* 2. ***Ауысп.*** *Кішкене*

ғана қара дақ, ноқат. **Нүкте қойды** – *бір істі тамамдап шықты, аяқтады.*

НЫҒА *Нығыздау, нықтау.*

НЫҒАЙ *Беки түсу, күшею.*

НЫҒАРЛА 1. *Таптау, жаншу, ныгыздау.* 2. *Қатты басу, түйгіштеу.* 3. ***Ауысп.*** *Әр сөзін тәптіштей, қадай айту.*

НЫҒЫЗ 1. *Тығыз.* 2. *Мықты, берік.*

НЫҒЫЗДА *Нықтау, тығыздау.*

НЫҒЫЗДАУ *Тығыздау, мықтырақ.*

НЫҒЫЗДЫҚ 1. *Тығыздық.* 2. *Мықтылық, беріктік, мығымдық.*

НЫҒЫЗСЫ *Ныққу, мығымсу, мықтысыну.*

НЫҚ *Берік, бекем, орнықты.*

НЫҚА *Тығыздау, мөлдектетіп толтыру.*

НЫҚАП *Өзін танытпау үшін бетке киіп алатын киім; бетперде.*

НЫҚТА 1. *Ныгыздау, тығыздау.* 2. *Қадап айту; ныгырлау.*

НЫҚТАУ *Беріктеу, мықтылау, бекемдеу.*

НЫҚТЫҚ *Мықтылық, беріктік, бекемдік.*

НЫҚЫР *Сөзбен ныгырту, батыра айту, ықтыру.*

НЫМША *Кеудеге киетін жеңсіз киім, кеудеше.*

НЫП-НЫҚ *Берік, бекем, ныгыз.*

НЫСАЙ 1. *Пигыл, ниет.* 2. *Сыңай, түр, қалып.*

НЫСАН I 1. ***филос.*** *Бізден тыс өмір сүретін материалдық дүние.* 2. *Зерттеуге, бақылауға арналған зат, құбылыс, объект.*

НЫСАН II *Аспан денелері, планета.*

НЫСАНА 1. *Көзден ату үшін қойылған белгі, меже.* 2. ***Ауысп.*** *Алға қойған мақсат.* □ **Нысанаға алды** – а) *мылтығын бір нәрсеге қарай бағыттады, көздеді;* ә) *мақсат етті, межеледі.*

НЫСАНАЛА *Бір нәрсені нысана ету, көздеу.*

НЫСАНАЛЫ *Нысанаға алынған, көзделген, белгіленген.*

НЫСАП *Тойымдық, қанағат, ынсап.*

НЫСАПСЫЗ *Қанағатсыз, тойымсыз.*

НЫСАПСЫЗДЫҚ *Тойымсыздық, қанағатсыздық, ашкөздік.*

НЫСАПТЫ *Қанағатшыл, көзі тойғыш.*

НЫСАПТЫЛЫҚ *Барға қанағаттылық.*

НЫСПЫ I *Адамның аты-жөні, есімі.*

НЫСПЫ II *Мүлде, түк, құралақан, атымен.*

НЫШАН *Бір нәрсенің белгісі.*

НІЛ 1. *Көк шөптің шырынды бояуы.* 2. *Көк түсті бояу.* □ **Ніл қара көк** – *шымқай қара көк, көкпеңбек.*

НІЛДЕ *Нілге салу.*

НІЛДЕЙ *Ніл сияқты ашық көк.* ◊ **Нілдей бұзылды** – *аяқ астынан айнып қалды, тез өзгерді.*

О

О I 1. *Адамның алуан түрлі сезімімен байланысты айтылатын одағай сөз.* 2. *Ренжігенде, кейігенде, есіркеп-мүсіркегенде аяушылықты білдіретін.* ◊ **О, бәрекелді** – *бір нәрсені сүйсініп ризалық білдіру, құптау барысында айтылады.* **О, дариға** – а) *таңғалу, мадақтау;* ә) *өкіну мағынасында айтылады.* **О, жасаған [тәңірі]** – *жалыну-жалбарыну, өтіну мағынасын білдіреді.* **О, тоба [тәубе]** – а) *бір нәрсеге таңдану;* ә) *өзіне-өзі шүкіршілік ету кезінде айтылады.*

О II *"Ол" жіктеу есімдігінің сөйлеу тіліндегі ықшамдалған варианты.* □ **О баста [бастан]** – *әуелде, алғашқы кезден.* **О бір** – *сонау, анау кез.* **О дүние діни** – *адам өлгеннен кейін де тіршілік етеді-міс дейтін ұғым, ақиреттік өмір.* **О дүниеге аттанды [кетті, сапар шекті]** – *қайтыс болды, өлді.* **О заман да, бұ заман** – *бұрын-соңды, ілгерілі-кейінді.* **О қып, бұ қып** – *өйтіп-бүйтіп, ұлалап.*

ОБА I *Тастан, топырақтан үйіп жасалған көлемі мен биіктігі әртүрлі төбешік, төмпешік, қорым.*

ОБА II ***мед.*** *Өте қауіпті, қатерлі жұқпалы ауру, індет.*

ОБАҒАН ***этн.*** *Қамыстың ішін үңгіп, қамысты найза сияқты бәсекелесе атып ойнайтын балалар ойыны.*

ОБАДАЙ *Ірі, дөңкиген, үлкен, нән.*

ОБАДАЙ: обадай опты – *түк қалдырмай сыпырып-сиырды, жалмады.*

ОБАЛ *Қиянат, айып, күнә.* □ **Обал болды** – *қиянат болды, қиын болды.* **Обал жасады [қылды]** – *қиянат етті, жәбірледі.* **Обал жоқ** – *сауап болды, өзіне де сол керек.* **Обалы жібермеді** – *тақсіретін тартты, зардабын шекті.* **Обалы қанша** – *жазығы не.* **Обалы не керек [нешік]** – *орынсыз жазғырудың керегі жоқ.* **Обалына қалды** – *көз жасына қалды, қиянат, жасады.* **Обалын көтерді** – *айыпты болды, күнәлі болды.* **Обалы [өз обалы] өзіне** – *өзінен көрсін, обал жоқ.*

ОБАЛДАУ *Әділетсіздеу, қиянаттау.*

ОБАЛСЫ *Жаны ашып аяу, мүсіркеу.*

ОБАЛЫ *Обасы бар, оба қойылған.*

ОБАШЫҚ *Кішігірім оба.*

ОБЕЛИСК *Ұшар басы сүйірленіп келген қырлы тас бағана, ескерткіш.*

ОБЕРТОН ***муз.*** *Ән үндестігіне жаңа реңк беретін қосымша дауыс ырғағы.*

ОБИ *Дөңкию, дұңкию, күжірею.*

ОБЛИГАЦИЯ *Мемлекеттік заемның билеті.*

ОБЛЫС *Республика құрамындағы ең ірі әкімшілік-аумақтық бөлік, аймақ.*

ОБЛЫСАРАЛЫҚ *Облыс арасында болған, істелген (іс).*

ОБЛЫСТЫҚ *Облыс көлеміндегі, облысқа қатысты.*

ОБОЙ *Тұрғын үйлердегі пәтерлердің қабырғасына жабыстыратын әшекейлі жапсырма қағаз (мата), түсқағаз.*

ОБОЙМА ***әск.*** *Оқ сауыты. Қорамсақ.*

ОБРАЗ *Өмір шындығының көркем шығармадағы, өнердегі жинақталған әдеби бейнесі.*

ОБРАЗДЫ *Бейнелі, айшықты.*

ОБРАЗДЫЛЫҚ *Бейнелілік, көркемдік.*

ОБСЕРВАТОРИЯ ***астр.*** *Астрономиялық, метеорологиялық, геофизикалық бақылау жүргізетін арнаулы үй не мекеме.*

ОБСТРУКЦИЯ *Кедергі, кедергі жасау.*

ОБСТРУКЦИЯЛЫҚ *Мәжілісті болдырмау үшін әдейі айқай-шу көтеріп кедергі жасаушылық.*

ОБЪЕКТ 1. ***филос.*** *Адам санасынан тыс және оған тәуелсіз өмір сүретін материалдық дүние, ақиқат.* 2. *Белгілі бір жұмыс (құрылыс) істеліп жатқан жер.*

ОБЪЕКТИВИЗМ ***саяси*** *Тарихи оқиғаларға, қоғам өміріндегі жайттарға бұның бәрі қажеттілік деп қарайтын және бәрін ақтауға тырысатын, оқиғаларды қарадүрсін, енжарлықпен баяндап отыратын көзқарас тұрғысы.*

ОБЪЕКТИВТІ 1. *Объект ретінде адамның санасынан тыс, оған тәуелсіз, өз бетінше өмір сүретін, материалдық дүниеге тән ақиқат.* 2. **Ауысп.** *Дәлелді, нақтылы, әділ.*

ОБЪЕКТИВТІЛІК *Дәлелді нақтылық, ақиқаттық.*

ОБЫҚ 1. *Ашқарақтану, қомағайлану.* 2. **Ауысп.** *Араны ашылу, ашкөздену.*

ОБЫЛ ***жерг.*** *Сүріну, жығылу, құлау.*

ОБЫР *Ашқарақ, қомағай, жебір.*

ОБЫРДАЙ: обырдай опты — *сүліктей сорды, жалмады.*

ОБЪРЛАН *Ашқарақтана қомағайлану, жемқорлану.*

ОБЫРЛЫҚ 1. *Қомағайлық, жемқорлық, жыртқыштық.* 2. ***Ауысп.*** *Місе тұтпаушылық, қанағатсыздық,*

ОВАЦИЯ *Салтанатты түрде ұзақ ду қол шапалақтау.*

ОВЧАРКА *Қасқыр тектес иттің бір түрі.*

ОҒАШ 1. *Ерсі, дөрекі, өрескел.* 2. ***Ауысп.*** *Оқшау, бөлек, жеке, дара.*

ОҒАШТАН 1. *Ерсі, өрескел қылық көрсету.* 2. *Даралану, бөлектену.*

ОҒАШТАУ *Ерсілеу, өрескелдеу.*

ОҒАШТЫҚ *Іс-әрекеттегі өрескелдік, ерсілік.*

ОҒЫЗ *Ежелгі түрік тайпасы.* □ **Оғыз тобы** — *түрік халықтарының (түрік, түріқмен, әзербайжан, гагауз) бір тобы.* **Оғыз тілі** — *түркі тайпаларының бірі — оғыздардың тілі.*

ОҒЫП-БҰҒЫП *Өйтіп-бүйтіп, ілдалдалап.*

ОДА ***әдеб.*** *Көркем әдебиеттегі көтеріңкі пафоста жазылған поэзиялық шығарма; мадақ өлең, қошемет.*

ОДАҒАЙ 1. *Тұрпайы, анайы, өрескел.* 2. ***грамм.*** *Адамның көңіл-күйін, сезімін білдіретін сөз табы.*

ОДАҒАЙЛА *Өз алдына жеке дараланып бөлектену, оқшаулану.*

ОДАҒАЙЛАУ *Ерсілеу, дөрекілеу, оғаштау, өрескелдеу.*

ОДАҒАЙЛЫҚ *Ерсілік, дөрекілік, өрескелдік.*

ОДАҚ 1. *Қоғамдық топтардың, жеке адамдардың тығыз ұйымдасқан бірлестігі.* 2. *Мемлекеттік бірлестік.* 3. *Ұйым, қоғамдық бірлестік.* 4. *Белгілі бір мақсатты бірлесіп жүзеге асыру үшін мемлекеттер арасында жасалатын бітім, келісім, шарт.*

ОДАҚТАС I 1. *Бір одаққа енетін, бір одақ құрайтын.* 2. *Ниеті бір, жақтас, серіктес.*

ОДАҚТАС II *Бір одаққа бірігу, топтасу, ұйымдасу.*

ОДАҚТАСТЫҚ *Одақ болушылық, ұйымдасушылық.*

ОДАН-БҰДАН *Анадан-мынадан, әр жерден бір.*

ОДЫР *Ұрда-жық, дүңк етпе, томырық.*

ОДЫРАЙ *Адыраю, едірею, ежірею, ожыраю.*

ОДЫРАҢ *Дөрекі, тұрпайы, өрескел.*

ОДЫРАҢДА 1. *Оқыс қимылдап одыраң-одыраң ету.* 2. ***Ауысп.*** *Қоқаңдау, қожаңдау, дікіңдеу.*

ОДЫРАҢДАУ *Ерсілеу, өрескелдеу.*

ОДЫРЛЫҚ *Тоң мінезділік, дүңк етпелік, дөкірлік.*

ОЖАР I *Бас-көзіне, алды-артына қарамайтын ұрда-жық, одыр.* 2. *Оғаш, дөрекі, ерсі.*

ОЖАРЛАН *Дөрекі мінез көрсету, дөрекілену.*

ОЖАРЛАУ *Мінезі, қимыл-әрекеті дөрекілеу, ерсілеу.*

ОЖАРЛЫҚ *Дөрекілік, ерсілік, өрескелдік.*

ОЖАУ 1. *Сүйық затты құюға арналған сабы бар ыдыс; шөміш.* 2. ***тех.*** *Түрлі өндірісте қолданылатын металл шөміш.*

ОЖАУЛА *Ожаумен құю, шөміштеу.*

ОЖАУША I *Кішкене ожау.*

ОЖАУША II *Ожау сияқты.*

ОЖЫРАЙ I 1. *Бақырайып қарау, адыраю, одыраю.* 2. *Оқшаулана көзге түсу, бадыраю.*

ОЖЫРАҢДА *Ерсі мінез көрсетіп адыраңдау, едіреңдеу.*

ОЗ 1. *Алға озып шығу, ілгері кету.* 2. ***Ауысп.*** *Еңбек жарысында табысқа қолы жету, үздік шығу.* 3. *Ерен шығу, асу, арту.* 4. *Уақыт жылжып, заман ілгері кету.* ◊ **Оза көшіп, кең жайлады** — *арқаны кеңге салып, емін-еркін дәурен сүрді.* **Оза шапты** — *қатардан озды, асып түсті.*

ОЗАН I ***көне*** *Ежелгі түрік жырауы.*

ОЗАН II ***жерг.*** *Ащы дауыс, айқай.*

ОЗАНДА *Дауыстап қатты жылау, ойбайлау.*

ОЗАТ *Алдыңғы қатарлы, үздік, озық.* □ **Озат ойлы** — *өресі биік, білімді.*

ОЗАТТЫҚ *Үздік шығушылық, озықтық.*

ОЗБЫР *Ешкіммен санаспайтын озбыр, қатал, рақымсыз адам. Біреуге жәбір көрсетуші, зорлықшы, қатыгез, зұлым.*

ОЗБЫРЛАН *Озбырлық көрсету, қатыгездену.*

ОЗБЫРЛАУ *Зорлықшылдау, қатыгездеу, залымдау.*

ОЗБЫРЛЫҚ *Ешнәрсемен санаспайтын, озбырлық жасайтын әкімшілік құрылыс. Баса көктеп жәбір көрсетушілік, зұлымдық.*

ОЗБЫРШЫЛ *Зұлымдық жасаушы, зорлық-зомбылық етуші.*

ОЗҒЫН *Алдыңғы қатарлы, озық, озат.*

ОЗЫНДА *Алға таман озып шығу, ілгерілеу.*

ОЗМЫШ: жазмыштан озмыш жоқ — *тағдырдың дегеніне көнесің, бұйрығына бас иесің.*

ОЗОН ***хим.*** *Оттегінің үш атомынан құрылатын көгілдір түсті газ; ауа.*

ОЗОНАТОР ***тех.*** *Бұзылған ауаны озонмен жаңарту үшін қолданылатын аспап.*

ОЗЫҒЫРАҚ 1. *Алға шығыңқылау, ілгерірек.* 2. *Үздіктеу, озаттау.*

ОЗЫҚ 1. *Алдыңғы қатарлы, үздік, озат.* 2. *Мезгіл жасынан алда, ерте.* 3. *Ерекше, артық.* 4. *Алда, ілгері.*

ОЗЫҚТАУ *Ерекшелеу, артықтау, үздіктеу.*

ОЗЫҚТЫҚ *Алдыңғы қатарда болушылық, үздік шығушылық.*

ОЗЫҢҚЫ *Ілгерірек, озықтау.*

ОЗЫҢҚЫЛАУ *Сәл-пәл артықтау, ілгерірек.*

ОЙ I 1. *Объективтік шындық туралы түсінік, пікір, ұғым.* 2. *Ақыл, ес, сана.* 3. *Көңіл, ниет, пейіл.* □ **Ой болжамы** — *әртүрлі деректердің негізінде объектінің өмір сүруі, құбылыстың байланысы мен себебі туралы қорытынды жасау.* **Ой еңбегі [жұмысы]** — *шығармашылық еңбек.* **Ой желке** — *желкесі ойқы, аласа.* **Ой тиянағы** — *бір немесе бірнеше пікірден жаңа пікір алудың логикалық ойлау амалы.* ◊ **Ой ауды** — *көңіл бөлінді.* **Ой басты** — *қалың ойға қалды.* **Ойға алды [салды]** — *а) есіне түсірді, ойлады;* ә) *мақсат тұтты, көздеді.* **Ойға батты [кетті, қалды, түсті]** — *неше түрлі ой ойлады, ойланды.* **Ойға кетті** — *өткен-кеткенді еске түсірді.* **Ойға қонымды** — *ақылға сыйымды, түсінікті.* **Ойға олақ [тапшы]** — *ойға шолақ; топас.* **Ойға оралды [түсті]** — *ұмытқаны еске түсті.* **Ойда жоқ жерден [жерде, жоқта]** — *аяқ астынан, тосыннан.* **Ойдан кетпеді [шықпады]** — *ұмытылмай есінде қалды, ұмытпады.* **Ойдан шығарды** — *а) өзі ойлап құрастырды, өтірік айтты;* ә) *есіне алмады, ұмытты.* **Ойды қозғады** — *көңілге түрткі салды.* **Ой жүгіртті [жіберді]** — *әр жайды ой-*

ша барлады. **Ой келді** – *жаңа бір пікір туды.* **Ой салды [түсірді, тастады]** – *әртүрлі пікір туғызды, ой ұялатты.* **Ой тоқтатты** – *а) бір тоқтамға келді; ә) ержетті, ақылы кірді.* **Ой туды [түсті]** – *жаңа пікір пайда болды.* **Ой түбіне жетпеді** – *көп ойланды, ой ұшығын ұстай алмады.* **Ойы ауды** – *көңілі бөлінді, алаң болды.* **Ойы басқа [бөлек]** – *жұрт ұйғарған пікірден тыс, өзге пікірде.* **Ойы бұзылды** – *а) айныды; ә) көңілі жамандыққа ауды.* **Ойы ойран, ақылы айран** – *көңілі әркі-тәркі; бейжай.* **Ойы онға, санасы санға бөлінді** – *не істерін білмей дел-сал болды, басы қатты.* **Ойына кіріп шықпады** – *елең де қылмады, елемеді.* **Ойынан шықты** – *көңіліндегідей болды, діттегені болды.* **Ойына сап ете қалды [түсті]** – *есіне бірден келді.* **Ойын онға, санасын сан саққа жүгіртті** – *қиялға батты, ойға қалдырды.* **Ойын тербетті** – *сезімін оятты, жүрегін қозғады (Абай).*

ОЙ II 1. *Шұңқыр жер, ойпаң, ойпат.* 2. ***Ауысп.*** *Қалалы жер.*

ОЙ III 1. *Жерді, мұзды т. б. шұңқырлап қазу, үңгу.* 2. *Оймыштау, нақыштау.* □ **Ойып алды** – *мол нәрседен қалауынша бөліп алды.* ◊ **Ойып алғандай** – *әдемі, дөп-дөңгелек (көз).*

ОЙ IV *Қуанып-сүйінгенді, таңданғанды, өкініп-күйінгенді білдіретін одағай сөз.*

ОЙ-АРМАН *Мүдделі арман-тілек, мақсат.*

ОЙБАЙ *Қорыққанда, сасқанда айтылатын одағай сөз.* ◊ **Ойбай салды [ойбайға басты]** – *айқайлап жылады, бақырды.*

ОЙБАЙ-АЙ *Үрейленгендік, шошығандық сезімді білдіру.*

ОЙБАЙ-АУ *Таңдану, таңырқау сөз.*

ОЙБАЙЛА 1. *Даусыты қатты шығарып бақыру, айғайлау* 2. ***Ауысп.*** *Байбалам салу, шыр-шыр ету.*

ОЙБАЙШЫЛ *Айқайшыл, даурықпа.*

ОЙ, БАУЫРЫМДА *Өлген кісіге бауырым-бауырым деп жылап келу, жоқтау.*

ОЙҒЫЛА *Оя түсу, қаза түсу, қазғылау.*

ОЙДАҒЫДАЙ *Көңілдегідей, ойлағандай.*

ОЙДАҒЫ: ойдағы ел – *бауырдағы ел.*

ОЙДА-ЖОҚТА *Аяқ астынан, кенеттен.*

ОЙДАН-ҚЫРДАН *Әр жақтан, оннан-мұннан.*

ОЙДА-ҚЫРДА *Ойда да, қырда да, бәрінде бірдей.*

ОЙДАҒЫ-ҚЫРДАҒЫ *Алыс-жақындағы, андағы-мұндағы, әр жердегі.*

ОЙДАУЫТ *Ойпаттау жер, ойпаң.*

ОЙДЫМ *Ойылған, шұңқырлау жер, ойыңқы жер.*

ОЙДЫМ-ОЙДЫМ 1. *Ойлы-қырлы, ойқы-шойқы.* 2. *Бөлек-бөлек, ала-құла.*

ОЙДЫМША *Күлгенде білінетін бет шұңқыры.*

ОЙ-ЖОТА *Сайлы, шұңқырлы, дөңесті жер.*

ОЙҚАНАҚ *Шұқанақ.*

ОЙҚАСТА 1. *Бір жерде тұрмай ойнақшу, орағыту.* 2. ***Ауысп.*** *Біреудің көңілін аудару үшін қыр көрсету, қойқаңдау.*

ОЙ-ҚИЯЛ *Ой-арман.*

ОЙҚОЙ *Көңіл күйіне байланысты айтылатын одағай сөз.*

ОЙҚЫ *Түтін үйтқып шығу.*

ОЙҚЫЛ *Ойдым, ойыс жер.*

ОЙҚЫЛДАН *Ойыстану, шұңқырлану.*

ОЙ-ҚЫР *Ойы да, қыры да, түгел.*

ОЙҚЫЛЫҚ *Жер бетінің ойыстығы.*

ОЙҚЫ-ШОЙҚЫ 1. *Кедір-бұдыр, тегіс емес, шұқанақ.* 2. ***Ауысп.*** *Қалай болса солай, қиқы-жиқы.*

ОЙЛА 1. *Бір нәрсені ақылға салу, ойланып толғану.* 2. *Біреу жайлы ескеру, қам жеу.* □ **Ойлаған жерден шықты** – *ойындағыдай болды, ойына дөп келді.* **Ойламаған жерден** – *кенеттен, қапелімде.*

ОЙЛАҒЫШ *Үнемі ой үстінде жүретін, көп ойлайтын, ойлампаз.*

ОЙЛАС *Ойы бір жерден шығатын, пікірлес.*

ОЙЛАУ I ***филос.*** *Адамның сыртқы дүниенің заттары мен құбылыстарының өздеріне тиісті қарым-қатынастарын жалпылап миында бейнелеу.*

ОЙЛАУ II *Шұңқырлау, төмендеу, ойпаңдау.*

ОЙЛАУЫТ *Ойлау жер, ойпаң.*

ОЙЛЫ I 1. *Сана-сезімі мол, ақылды, саналы.* 2. *Мағыналы, мәні терең.*

ОЙЛЫ II *Ой-шұңқыры көп, тегіс емес.*

ОЙЛЫ-ҚЫРЛЫ *Кедір-бұдыр, тегіс емес.*

ОЙЛЫЛЫҚ *Саналылық, ақылдылық, естілік.*

ОЙМА I *Қымбат металдан, ағаштан ойып жасалған, оюланған, әшекейленген, бедерленген.* □ **Ойма домбыра** — *шанағын ағаштан ойып жасаған домбыра.* **Ойма ен** — *құлақтың шетінен шаршылап кесіп алу арқылы салынатын белгі.* **Ойма жаға** — *дөңгелек етіп төменірек ойылған жаға.* **Ойма күміс** — *ағаш ерге ойып салған күміс әшекей.* **Ойма таз** — *шашы әр жерінен ойдым-ойдым болып түсіп қалған таз.*

ОЙМА II ***этн.*** *Етіктің қоныш пен басы қосылатын жері.*

ОЙМА III ***мед.*** *Ем қонбайтын қарын жарасы.*

ОЙМАҚ *Іс тіккенде ине кірмес үшін саусаққа киетін жез, темір не былғарыдан жасалған кішкентай саусаққап.* ◊ **Оймақ ауыз [ерін]** — *дөңгелене біткен әдемі ауыз.*

ОЙМАҚТА *Оймақпен өлшеу, тамтұмдау.*

ОЙМАҚТАЙ *Кішкентай ғана, шағын ғана.*

ОЙМАҚШЫ *Тігіншілікті кәсіп ететін, ісмер.*

ОЙМАҚШЫЛ *Оймақпен іс тігуді сүйетін.*

ОЙМАЛА *Бір нәрсені ойып кесу.*

ОЙМАУЫТ I *Ойдым, ойпат, ойпаң.*

ОЙМАУЫТ II *Аңызда қазақпен жауласқан жат жұрт.*

ОЙМАЛЫ *Оюлы, өрнекті, бедерлі.*

ОЙМАШЫ ***этн.*** *Ағаш ұқсату қолөнерінің көне түрлерінің бірі.*

ОЙМЫШ *Ойып түсірген ағаштың, сүйектің, тастың бедері.*

ОЙМЫШ-ӨРНЕК *Зергерлердің шеберлігімен жасалатын ою-өрнек.*

ОЙМЫШТА *Оюлау, өрнектеу, әшекейлеу.*

ОЙМЫШТЫ *Бедерлі, оюлы, өрнекті.*

ОЙНА 1. *Жас балалардың түрлі ойындарды ойнауы, сауық-сайран құруы, асыр салу.* 2. ***Ауысп.*** *Әзілдеу, қалжыңдау.* 3. *Белгілі бір аспапты тарта білу, орындау.* 4. *Белгілі бір кейіпкердің ролін сахнада бейнелеу.* 5. ***Ауысп.*** *Белгілі бір мамандықтың техника тілін меңгеру.*

ОЙНАҒЫШ 1. *Ойыншыл, ойынқұмар.* 2. *Қалжыңдағыш, қалжыңбас.*

ОЙНАҚ *Асыр салып ойнайтын ашық, кең жер, жайлы орын.* ◊ **Ойнақ қақты** — *а) қолды-аяққа тұрмады; ә) жайдары, ойнақы қылық көрсетті.* **Ойнақ қылды** — *астан-кестеңін шығарды, опыр-топыр етті.* **Ойнақ салды** — *асыр салды, секірді.*

ОЙНАҚТА 1. *Асыр салып, әрі-бері жүгіру, ойнақ салу, секіру.* 2. *Бір орында тұрмау, тайраңдау.* 3. ***Ауысп.*** *Арлы-берлі қозғалақтап ойнақшу.* 4. ***Ауысп.*** *Лаң шығару, ойран салу.*

ОЙНАҚШЫ 1. *Бір орында тұрмау, тыпыршу.* 2. *Бір қалыпта тыныш тұрмау, қозғалақтау.*

ОЙНАҚЫ 1. *Қалжыңбас, қуақы.* 2. ***муз.*** *Жеңіл ойналатын музыка сазы, музыка ырғағы.* □ **Ойнақы көз** — *ойнақшып, құбылып тұратын көз.*

ОЙНАҚЫЛАН *Ойнақшып, қуақыланып.*

ОЙНАҚЫЛАУ *Аздап ойнақы, қуақылық, құбылмалылау.*

ОЙНАҚЫЛЫҚ *Қуақылық, ойнап тұрушылық, құбылмалылық.*

ОЙНАМАЛЫ *Құбылмалы, өзгермелі.*

ОЙНАМПАЗ *Ойыншыл, әзілқой.*

ОЙНАП-КҮЛ 1. *Ойын-сауық құрып, көңіл көтеру.* 2. ***Ауысп.*** *Жасырын жүріп көңіл қосу, тамыр болу.*

ОЙНАС *Жасырын жүретін көңілдес әйел, некесіз жыныстық қатынас, суық жүріс.*

ОЙНАСШЫЛ *Ойнасқа берілген, көлденең жүрісі көп адам, ойнасқор.*

ОЙ-ОЙ *Таңдану, өкіну, күмәндану мағынасын білдіретін одағай сөз.*

ОЙ-ӨРІС *Білім шамасы, дүниетаным аясы.*

ОЙПАҢ *Төмен, ойлау жер.*

ОЙПАҢДАУ *Ойлау, ойыстау.*

ОЙПАҢДЫ *Ойлы, ойысты.*

ОЙПАҢ-ТОЙПАҢ *Астан-кестен, ойран-топыр.*

ОЙПАТ ***геогр.*** *Теңіз бетінен төмен жатқан жазықтық.*

ОЙПАТТАН *Ойпаң тарту, төмендеу, шұңқырлану.*

ОЙПАТТАУ *Ойпаңдау, төмендеу.*

ОЙПАТТЫ *Ойдым, ойпаң.*

ОЙПЫЛ-ТОЙПЫЛ 1. *Астан-кестен, опыр-топыр.* 2. *Үйқы-түйқы, алай-түлей.* □ **Ойпыл-тойпылын шығарды** — *астан-кестең етіп, быт-шыт қылды.*

ОЙПЫР-АЙ *Таңданғанды білдіретін көңіл-күй одағайы; апырай.*

ОЙПЫРЫМ-АЙ *Бір нәрсеге таңырқағанда айтылатын сөз.*

ОЙ-ПІКІР *Бір нәрсе жайындағы жалпы түсінік, ұғым.*

ОЙРАН I *Опыр-топыр әлек, бүліншілік.* □ **Ойран болды** — *астан-кестені шықты, қирады, бүлінді.* **Ойран етті [қылды]** — *тас-талқанын шығарды, бүлдірді.* **Ойран салды** — *бүлдірді, қиратты.* **Ойраны шықты** — *қирады, бүлінді.*

ОЙРАН II *Ылғалды, түбіртекті, томарлы, шалғыны мол жер.*

ОЙРАН-АСЫР *Әлем-тапырық, ойран топыр.* □ **Ойран-асыр болды [етті]** — *астан-кестенін шығарды, быт-шыт етті.* **Ойран-асырын шығарды** — *тас-талқан етті, талқандады.*

ОЙРАН-БОТҚА *Астан-кестен, быт-шыт.* ◊ **Ойран-ботқа болды** — *астан-кестені шықты, бүлінді.* **Ойран-ботқасы шықты** — *быт-шыт болды, күйреді.*

ОЙРАҢДА *Талқандау, қирату, бүлдіру.*

ОЙРАН-ТОЙЫР *Астан-кестен, быт-шыт, ойран-асыр.* ◊ **Ойран-топыр қылды** — *тас-талқанын шығарды, бүлдірді.* **Ойран-топырын шығарды** — *күл-талқан етті, бүлдірді. Ойран-топыры шықты — астан-кестен, быт-шыт болды.*

ОЙРАНШӨП ***бот.*** *Қызыл түсті бояу алынатын және дәрілік шөп.*

ОЙРАНШЫ *Тас-талқан қылып ойран салушы адам.*

ОЙРАТ *Алтайлықтардың көне атауы.*

ОЙСАНА *Білім-ғылымнан жан-жақты біліктілік, білімділік.*

ОЙСОҚТЫ: ойсоқты болды — *көп ойлап ергашты болды, шаршады.*

ОЙСЫЗ 1. *Ақылсыз, зердесіз, санасыз.* 2. ***Ауысп.*** *Уайымсыз, қайғысыз, алаңсыз.* ◊ **Ойсыз құлақ** — *топас, надан.*

ОЙСЫЗДАУ *Ақылы аздау, уайымсыздау, қайғысыздау.*

ОЙСЫЛҚАРА ***миф.*** 1. *Түйенің пірі, сақтаушысы, атасы.* 2. ***Ауысп.*** *Түйе малы.*

ОЙСЫРА 1. *Бір нәрсенің күрт төмендеуі, азаюы.* 2. *Олқылану, кемдігі біліну.*

ОЙ-ХОЙ *Шіркін-ай, дүние-ай.*

ОЙША *Ойлау арқылы, оймен.*

ОЙШАҢ *Зерделі, ойлы, ақылды.*

ОЙ-ШҰҚЫР 1. *Ойлы-қырлы, кедір-бұдырлы жер.* 2. ***Ауысп.*** *Кем-кетік, кемістік, олқылық.*

ОЙШЫЛ *Көп ойлайтын, данышпан, дана.*

ОЙШЫЛДЫҚ *Даналық, кемеңгерлік, данышпандық.*

ОЙЫҚ I 1. *Жартылай дөңгелене ойылған.* 2. *Мұздың ойылған жері, суат.* □ **Ойық ен** — *малдың екі құлағының алдыңғы не артқы жақтарынан оя кесіп алған түрі.*

ОЙЫҚ II ***мед.*** *Теріде немесе органдардың кілегей қабығында әртүрлі жағдайларға байланысты пайда болатын жара.*

ОЙЫҚТАЛ *Сәл ғана ойылу, оймыштану.*

ОЙЫҚТАУ *Сәл ғана ойық.*

ОЙЫҚША *Кішігірім ойық, шұңқырша.*

ОЙЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Ойыл.* 2. *Көп жүруден, қара жұмысты көп істеуден аяқтың, қолдың, малдың арқасының жарақаттануы, жауыр болуы, үлдіреуі.* 3. ***мед.*** *Жас балаларда көп кездесетін ауыз қуысының шырышты қабығының қабынуы; стоматит.*

ОЙЫН I 1. *Ойнау үшін жасалатын әрекеттер, қимылдар.* 2. *Әзіл, қалжың, әжуа.* □ **Ойын алаңшасы** — *түргын үйлердің қораларындағы балалар ойнайтын арнаулы орын.* ◊ **Ойын баласы** — *он үш жасқа дейінгі жас бала.* **Ойынға салынды [ойын құды]** — *көп ойнайтын болды, ойынға берілді.* **Ойын көтермеді** — *қалжыңға түсінбей ашу шақырды, өкпеледі.* **Ойын салды** — а) *асыр салды, сайрандады;* ә) *ұрыс салды, соғысты.* **Ойынға келеді** — *әзілдегісі келеді.* **Ойының осылсын [осылғыр]** ***қарғ.*** — *ойынға салынған балаға айтылатын кейіс сөз.*

ОЙЫН II ***арх.*** *Ұрыс, соғыс.*

ОЙЫН-ДУМАН *Ойын-сауық, тойдуман.*

ОЙЫНДЫ I *Киімнің жаға мен жең қондыратын жері.* □ **Ойынды ет** — *кесек ет, санның бұлшық еті.*

ОЙЫНДЫ II *Тірі малдың сыртқы көрінісіне айтылатын сөз.*

ОЙЫНДЫ III *Құйқалы, шұрайлы.*

ОЙЫНДЫ-ШЫНДЫ *Қалжың-шыны аралас.*

ОЙЫН-КҮЛКІ *Сауық-сайран, әзіл-қалжың.*

ОЙЫНПАЗ *Ойынқұмар, ойынға берілгіш.*

ОЙЫН-САУЫҚ *Дәстүрлі ұлттық ойындардың жалпылама атауы.* ◊ **Ойын-сауық құрды** — *думандатты, сауық-сайран салды.*

ОЙЫНСЕРІК ***спорт*** *Спорттық ойынға қатысушы; қарсылас, әріптес.*

ОЙЫН-ТОЙ *Той-думан, ойын-сауық.*

ОЙЫНШЫ *Ойынға қатынасушы, ойын ойнайтын адам.*

ОЙЫНШЫҚ 1. *Балалар үшін жасалған әртүрлі ойын заттары.* 2. ***Ауысп.*** *Түкке тұрмайтын, болмашы, оңай.* ◊ **Ойыншық болды** — *келемежге айналды, ерікке-ннің ермегі болды.* **Ойыншық емес** — *ойнауға болмайды; көңіл бөлетін нәрсе.* **Ойыншық етті [қылды]** — *келемеждеді, ажуалады.* **Ойыншық көрді** — *оңай санады, елемеді.* **Ойыншыққа айналды** — *мазақ қылды, келемеж етті.*

ОЙЫНШЫҚТАЙ *Кіп-кішкентай, сүп-сүйкімді.* ◊ **Ойыншықтай көрді [көрінді]** — *елемеді, жеңіл деп санады.*

ОЙЫНШЫЛ 1. *Ойынды жақсы ойнаушы, жақсы көретін.* 2. *Әзілқой, қалжыңбас, қуақы.*

ОЙЫН-ШЫНЫ: **ойын-шыны аралас** — *қалжыңы бар, шыны бар.*

ОЙЫҢҚЫ *Жартылай дөңгелене ойылған, ойықтау.*

ОЙЫС I 1. *Оян, ойлау келген жер, ойпаң.* 2. *Сәл ғана ойық, иіліңкі.*

ОЙЫС II *Көшу, жылжу, бет алу, бұрылу.*

ОЙЫСТА *Бұрылу, ауысу.*

ОЙЫСТАУ *Ойлау, ояңдау келген, ойпаңдау.*

ОЙЫСЫҢҚЫ *Шұңқырлау, ойықтау, ойыңқы, ойыстау.*

ОКЕАНАРИУМ ***зоол.*** *Мұхит зерттеу ғылымдарының теңіз жануарлары мен жәндіктерін зерттейтін орны; әрі көрме ретіндегі бітімі аквариум сияқты үлкен арнайы орын.*

ОКЕАНОГРАФ *Мұхит табиғатын зерттеуші.*

ОКЕАНОГРАФИЯ *Мұхит табиғатын зерттейтін ғылым.*

ОКЕАНОЛОГ *Мұхит зерттеушісі, океанология маманы.*

ОКЕАНОЛОГИЯ *Дүниежүзі мұхиттарындағы әртүрлі процестерді зерттейтін ғылымдар жиынтығы.*

ОККУПАНТ *Басып алушы, басқыншы.*

ОККУПАЦИЯ *Бір мемлекеттің аумағын басқа мемлекеттің әскер күшімен басып алуы, басқыншылық.*

ОККУПАЦИЯЛА *Жаулап алу, басып алу.*

ОКОП *әск. Жаяу әскер оқтан қорғану үшін қазған ор тәріздес бекініс.*

ОКРУГ *Аумақтық-әкімшілік бөлік.*

ОКРУГТІК *Аумақтық-әкімшілік бөлікке тән.*

ОКТАВА 1. ***муз.*** *Гамманың сегізінші дәрежесі, аттас дауыстардың түрлі жоғарылық интервалы.* 2. ***әдеб.*** *Сегіз жолды өлеңнің алғашқы алты жолы шалыс ұйқас болып, соңғы екі жолы бір ұйқасты болуы.*

ОКУЛИСТ ***мед.*** *Көз ауруын емдейтін дәрігер.*

ОҚ I 1. *Дәрімен атылатын қарудың жез гильзаларына ыңғайлап салынған ұшы доғал немесе сопақша қорғасын.* 2. ***көне*** *Садақ жебесі.* □ **Оқ арық жерг.** — *бас арықтан егін арасына қарай жүргізілген түзу арық.* ◊ *Оқ астына алды — оқ жаудырып жіберді.* **Оқ атым [жетер] жер** — *мылтық, садақ оғының жетер шамасындағы аралық.* **Оққа байлады** — *өлімге басын тікті, жанын аямады.* **Оқжыландай көрді [көрінді]** — *жек көрді, ұнатпады.* **Оқты көзбен [көзімен] атты [қарады]** — *айбар шеге көз тастады.* **Оқ тістесті** — *ант етісті, серттесті.*

ОҚ II *Арбаның доңғалағы салынатын жұмыр темір, білік.*

ОҚ III ***көне*** *Қыпшақтардың мыңдық саны.*

ОҚА *Жібек және зер жіптерден өрнектеле тоқылған зер.*

ОҚА: оқа емес [оқасы жоқ] — *ештеңе етпейді, түк те емес.*

ОҚАЛА *Зермен көмкеру, әдемілеу.*

ОҚАЛАҚ *Оқыра, сәйгел.* ◊ **Оқалақ тиген сиырдай** — *адыраңдаған, елірген.*

ОҚАЛАҚТА 1. *Оқыра (сәйгел) тигеннен тыныштап тұра алмау, ойға-қырға безу.* 2. ***Ауысп.*** *Тасыраңдап зыр жүгіру.*

ОҚАЛЫ *Зерлі, зер басқан, зермен көмкерген.*

ОҚАП 1. *Кедір-бұдыр, ойлы-қырлы, бөгеті көп жер.* 2. ***Ауысп.*** *Бейнет, мехнат, қиыншылық.*

ОҚБАҚ *Қырысты қоспақты қылағай нар мен қоспақты қылағай нардың бурасын шағылыстырудан туған түйе.*

ОҚБАҚЫР *Металл қорытатын, ернеуінде суағары бар тұтқалы ыдыс.*

ОҚ-ДӘРІ *Атыс қаруына қажетті оқ, дәрі, мылтық, снаряд т.б. жабдықтар.*

ОҚЖЫЛАН *Оқша атылып шағатын жіңішке улы жылан.*

ОҚИҒА *Болып өткен іс, елеулі құбылыс.*

ОҚИҒАЛЫ *Уақиғаға толы, уақиғаға мол.*

ОҚҚАҒАР *Оқтан қорғану мақсатымен киетін темір сауыт.* ◊ **Оққағары бар** — *үнемі сәтіне кезігіп, бәле-жала жуытпайтын.*

ОҚПАҚ I ***зоол.*** *Балшық, батпақты қамыс арасында тіршілік етіп, түнде жүретін ұзын сирақты көккұтан тұқымдас құс.*

ОҚПАҚ II ***зоол.*** *Дене бітімі қораш, аяқтары сорайған ұзын, жапырақ өркеш, жүні сұйық, сіңіре будандастырудан алынған түйе.*

ОҚПАН 1. *Ойылып түскен жер қуысы, шұқыр.* 2. *Ердің астындағы қол сыятындай қуыс.* 3. *Дәрімен атылатын қарудың іші қуыс, түтік тәрізді бөлігі.* 4. *Шахтадағы кен өндіретін қуыс жер.*

ОҚПАНДА 1. *Қуыс етіп қазу, үңгірлеу.* 2. ***Ауысп.*** *Ойша тұжырымдау, пайымдау.*

ОҚПАНДЫ *Ыңғайлы, қолайлы.*

ОҚТА 1. *Ату үшін қарудың ұңғысына оқ салу.* 2. ***Ауысп.*** *Арнау, бағыштау.*

ОҚТАЙ *Тіп-тік, түп-түзу.* ◊ **Оқтай атылды** — *бірден қарсы шапты.* **Оқтай зулады** — *көз ілеспей зымырады.* **Оқтай**

қадалды [қадады] – *қаһарлы раймен тікірейе қарады.* **Оқтай тиді** – *шаншудай қадалды.* **Оқтай ұшты** – *жұлдыздай ақты, зымырады.*

ОҚТАЛ 1. ***ыр. етіс*** *Оқта-л.* 2. *Бірдеңе айтпақ, жасамақ боп ұмтыл.*

ОҚТАЛЫС *Ілгері ұмтылған талпыныс.*

ОҚТА-ТЕКТЕ *Анда-санда бір, кей-кейде.*

ОҚТАУ *Қамыр жаятын ұзынша жұмыр ағаш.* ◊ **Оқтау жұтқандай** – *қақайып, сіресіп қатып қалған, тіп-тік.*

ОҚТАУДАЙ 1. *Түп-түзу, тіп-тік.* 2. *Сүмбілдей қатқан, жұп-жұмыр.* ◊ **Оқтаудай боп жараған** – *қаншырдай қатып, әбден бабына келген (ат).* **Оқтаудай ойнады** – *зыр қақты.*

ОҚТАУЛА 1. *Оқтаумен қамыр жаю, жұқалау.* 2. *Оқтаудай етіп жұмырлап орау.*

ОҚТАУЛЫ *Қаруға оқсалулы, атуға әзір.*

ОҚТЫ *Огы бар, оқталған.* ◊ **Оқты көзімен атты [қарады]** – *қаһарлана, зәрлене қадалды.*

ОҚТЫҚ 1. *Арба, шананың жетегі, тертесі.* 2. *Мылтықтың оқ салатын қуысы.* 3. *Шідердің балағының аралығы.*

ОҚТЫН-ОҚТЫН *Әлсін-әлсін, ауық-ауық, дамыл-дамыл.*

ОҚУ 1. *Тиісті оқу орнында берілетін білім.* 2. *Белгілі оқу орнында күнделікті өтетін сабақ.* □ **Оқу бөлімі** – *белгілі бір мекеменің білім беру жүйесін меңгеретін бөлігі.* **Оқу жылы** – *оқып үйрену барысында жоспармен шектелген бірнеше айлық мерзім.* **Оқу құралы** – *білім беру ісіне қажетті оқулық пен басқа да бұйымдар.* **Оқу орны** – *білім, мамандық беретін, ағарту мекемесі.* **Оқу бағдарламасы** – *оқу жылында әр пәннен берілетін білім мен игерілетін дағдылардың мазмұны мен көлемін белгілейтін жоспар.* **Оқу шеберханасы** – *жалпы білім беретін мектептерде оқушыларды қарапайым құралдармен үйретуге арналып жабдықталған бөлме.* **Оқу ісінің меңгерушісі** – *мектептегі педагогикалық процестің ұйымдастырушысы, әрі басқарушысы.*

ОҚУ-АҒАРТУ *Хат таныту, сауаттандыру, білім беру ісі.*

ОҚУ-БІЛІМ *Ізденумен, үйренумен жинақталған білім, мағлұмат жиыны.*

ОҚУЛЫ *Көп оқыған, білімдар.*

ОҚУЛЫҚ *Бағдарлама мен дидактика талаптарына сай нақты оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде жүйелеп, баяндайтын оқу кітабы.*

ОҚУ-ТӘРБИЕ: оқу-тәрбие жұмысы – *әрі білім беру, әрі тәрбие беру жұмысы.*

ОҚУ-ТОҚУ *Оқу арқылы білім алу, зердедегі білім.*

ОҚУШЫ 1. *Мектеп қабырғасында немесе белгілі бір мамандық алатын оқу орнында оқитын жасөспірім.* 2. *Газет-журнал, кітап оқитын адамдар, оқырман.*

ОҚУШЫЛЫҚ *Оқушыға тән, тиісті.*

ОҚША *Көз ілеспестей тез.* ◊ **Оқша атылды** – *бірден ытқып түсті.* **Оқша қадалды** – *шаншыла, тесіле қарады.* **Оқша борады** – *жаңбырдай жауды.*

ОҚШАНТАЙ 1. ***этногр.*** *Былғарыдан тігіліп, белдікке тағып оқ-дәрі, құрал салып жүретін қалта; кісе.* 2. *Мылтық оғын салып жүретін, жалпақша келген оқ салғыш қорамсақ.*

ОҚШАУ *Жеке-дара, бөлек, оңаша.* □ **Оқшау сөз** ***лингв.*** – *сөйлемдегі басқа сөздермен байланысқа түспей, өз алдына бөлектене жұмсалатын сөз.*

ОҚШАУЛА *Даралап бөлу, оңашалау, бөлектеу.*

ОҚШАУЛАМА ***тех.*** *Электрдің сымдары мен басқа заттарын айыру, жекелеу.*

ОҚШАУЛАНУШЫЛЫҚ *Даралануышылық, бөлектенушілік.*

ОҚШАУЛАТҚЫШ ***тех.*** *Электр тогын өткізбейтін зат.*

ОҚШАУЛАУ *Өзгеден шеткерірек, оңашалау.*

ОҚШАУЛЫҚ *Шеттеушілік, өзімен-өзі болушылық.*

ОҚШАУЛАУЫШ ***мед.*** *Ауруларды оңашалайтын бөлме.*

ОҚШАУ-ОҚШАУ *Бөлек-бөлек, дарадара, жеке-жеке.*

ОҚШАУЫРАҚ *Елден бөлегірек, оңашарақ, шеткерірек.*

ОҚШИМА *Төбесі сүйірлеу, етек жағы қайқы келген бөрік қалпақ.*

ОҚШЫРАЙ 1. *Едірейе, одырая қарау, қоқыраю.* 2. *Тіп-тік болып оқшию, биікше болу.*

ОҚЫ 1. *Жазылған сөздерді дауыстап не іштей қайталап шығу.* 2. *Белгілі бір оқу орнында білім алу, ілім-білімді меңгеру.* 3. *Ішінен дұға айтып, арбау, дуалау.*

ОҚЫҒАН *Көзі ашық білімді адам, зиялы.*

ОҚЫҒАНДЫҚ *Көп білім алғандық, білімділік....*

ОҚЫҒАНСЫ *Оқып тұрған адам болып көрінү.*

ОҚЫҒЫШ 1. *Кітапты көп оқитын.* 2. *Нақышына келтіріп, бабымен оқитын.*

ОҚЫЛЫМ *Белгілі бір құжаттың мәжілісте, жиналысқа дауысқа салып бекіту үшін оқылған нұсқасы.*

ОҚЫМЫСТЫ *Ғалым, ғұлама.*

ОҚЫМЫСТЫЛЫҚ *Білімге, ғалымға тән қасиет.*

ОҚЫРА 1. *Сиыр малының терісінің астында өсіп жетілетін өте зиянды сәйгегл құрт, оқалақ.* 2. ***Ауысп.*** *Агаш діңіндегі бұтақ орны, без, өзек.* 3. ***мед.*** *Көзге түскен шел, шодырая тұтасқан ақ.* ◊ **Оқыра тигендей қылды [болды]** — *ойран-топыр болды, астан-кестенін шығарды.*

ОҚЫРАЙ *Бір жақ шекесінен одырайып қарау.*

ОҚЫРАҚТА *Одырайып, үркектену, оқыс жалтару.*

ОҚЫРАЛА *Сиыр малына сәйгегл тиіп, құйрығын тігіп алып, тымтырақай қашуы.*

ОҚЫРАН *Жылқы малының еміренгенде не бір нәрсені сезгенде дыбыс білдіріп, осқыруы.*

ОҚЫРАҢДА *Орынсыз оқырақтау, қожаңдау, әкіреңдеу.*

ОҚЫРМАН *Әдебиет оқитын қауым, жұртшылық.*

ОҚЫС 1. *Күтпеген жерде, кенет, шұғыл.* 2. *Естуге, көруге ерсі, өрескел, тұрпайы, дөрекі.* ◊ **Оқыс кетті** — *жаңсақтық істеді, қателесті.*

ОҚЫСТАН *Күтпеген жерден, кенеттен.*

ОҚЫСТАУ *Ерсілеу, өрескелдеу, тұрпайылау.*

ОҚЫСТЫҚ *Оғаштық, тосыннан, кенеттен болған ерсілік, өрескелдік.* □ **Оқыстық болды** — *қате кетті, жаңсақ басты.*

ОҚЫТУ *Білім беру, шеберлікке, іс-әрекет дағдыларына үйрету және оларды меңгеру процесі.*

ОҚЫТУШЫ *Оқу орындарында сабақ беретін, дәріс оқитын, семинар өткізетін, лаборатория жұмыстарын басқаратын оқу пәнінің маманы, мұғалім.*

ОҚЫТУШЫЛЫҚ *Оқытушыға тән қасиет, мұғалімдік, ұстаздық.*

ОЛ 1. *Үшінші жақты білдіретін жіктеу есімдігі.* 2. *Едәуір қашығырақтағыны, алысырақтағыны нұсқайтын сілтеу есімдігі.*

ОЛАЙ *Дәл соншалық, ондай.* □ **Олай [болатын] болса** — *ондай жағдайда, ендеше, демек.*

ОЛАЙ-БҰЛАЙ *Біресе олай, біресе бұлай, әрлі-берлі.* ◊ **Олай-бұлай болып кетсе** — *қапелімде өле қалса.*

ОЛАЙША *Дәл сол сияқты, солайша.*

ОЛАҚ I *Іске икемі жоқ, ебедейсіз, епсіз.*

ОЛАҚ II *Малға (қойға) құлақтың ұшының алдыңғы жағынан орай кесіп алып салынатын ен.*

ОЛАҚТАУ *Іс істеуге икемсіздеу, қырсыздау, епсіздеу.*

ОЛАҚТЫҚ *Іске, шаруаға қыры жоқтық, епсіздік, ебдейсіздік.*

ОЛБЫР-СОЛБЫР *Алқам-салқам, олпы-солпы.*

ОЛДА-БІЛДӘ *"Құдай ақы", "құдай біледі".*

ОЛЖА 1. *Күтпеген жерде пайда болған көлденең табыс.* 2. *Тиімді, жағымды.* □ **Олжа бала** — *некелі әкесіз туған сәби.* **Олжа болды** — *пайда етті, пайдаланды.* **Олжаға [белшесінен, шаш етектен] батты [кенелді]** — *байлыққа қарық болды да қалды.* **Олжа қылды [түсірді]** — *қажетке жаратты, пайдаланды.* **Олжа салды** — *қарсы жақты жеңіп, тігілген бәйгені бөлісті, иеленді.*

ОЛЖАЛА *Олжаға түсіру, иелену.*

ОЛЖАЛАС 1. *Күтпеген жерде түсімізге еншілес, ортақтас.* 2. ***Ауысп.*** *Жемтіктес, мүдделес.*

ОЛЖАЛЫ *Түскен кірісі бар, табысты.*

ОЛЖАСЫЗ: **олжасыз емес** — *қолы құр емес; олжалы.*

ОЛЖАШЫЛ *Олжа тапқыш, олжақұмар.*

ОЛИГАРХИЯ 1. *Ат төбеліндей ақсүйектердің я капиталистердің, қаржы магнаттарының саяси және экономикалық үстемдігі.* 2. *Ақсүйектер я капиталистер, қаржы магнаттары билеген мемлекет.*

ОЛИМПИАДА 1. *Ежелгі грек олимпия ойындарының үлгісімен 4 жылда бір өткізілетін халықаралық спорт ойындар жарысы.* 2. *Жалпы сахналық ойындар мен түрлі бәсеке, жарыстар.*

ОЛИМПИАДАШЫ *Олимпия ойындарына қатысқан спортшы.*

ОЛИФА *Зығыр не кендір шайырларын қайнатып, майлы бояулар жасауға пайдаланылатын қабыршық түзгіш сүйық зат; зәйтүн майы.*

ОЛҚЫ 1. *Ныгыздалмаған, орта, бос.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің кем соғуы, кемістігі.* ◊ **Олқы көрді** — *азырқанды, қомсынды.* **Олқы соқты [түсті]** — *жетімсіздігі, кемшілігі болды, кемістік жасады.*

ОЛҚЫЛА *Онша кемітпей бостау, орталау ету.*

ОЛҚЫЛАУ *Жетіспей жатқан, кемдеу.*

ОЛҚЫЛЫҚ 1. *Ныгыздалып толмағандық.* 2. ***Ауысп.*** *Іс-әрекеттегі жетіспегендік, кемшілік.*

ОЛҚЫЛЫ-ТОЛҚЫЛЫ *Әрі-сәрі, екіойлы, делсал.*

ОЛҚЫРАҚ 1. *Аса толмаған, босырақ, ортарақ.* 2. ***Ауысп.*** *Кемірек, төменірек.*

ОЛҚЫСЫН *Місе тұтпау, қомсыну.*

ОЛЛАҺИ діни. *Құдай ақы, шыныменен.*

ОЛ-ПҰЛ *Ұсақ-түйек, жеңіл-желпі, анау-мынау.*

ОЛПЫ-СОЛПЫ 1. *Жинақы емес; қалай болса солай, қиқы-жиқы.* 2. ***Ауысп.*** *Ширақ емес, болбыр, бос.*

ОЛПЫ-СОЛПЫЛЫҚ *Болбырлық, бостық.*

ОМ ***физ.*** *Электр кедергісінің халықаралық жүйедегі бірлігі.*

ОМА: ома қапты — *жер жастанды, өліп түсті.*

ОМАҚА *Белгіленген жерді, шекараны көрсету үшін топырақтан, тастан т. б. үйілген шағын үйінді.*

ОМАҚАЛА *Омақаға ұқсатып үю.*

ОМАҚАС *Кенет ұшып түсу, мұртай ұшу.*

ОМАЛ *Бір жерде отырып қалу, еш нәрсеге араласпау.*

ОМАН ***көсіб.*** *Үлкен, кең.*

ОМАРТА 1. *Балара өсіретін шаруашылық.* 2. *Балараның бал жиятын үйшігі.*

ОМАРТАШЫ *Балара өсіруші, омарта ұстаушы адам.*

ОМАШ ***көне*** *Ерте заманда жер жыртуға пайдаланылған ағаш соқа.*

ОМБЫ *Жел, боран үйіп, тапталған күртік, қасат қар.*

ОМБЫЛА *Күртік, қасат қарға белуардан батып малтығу, зорға жүру.*

ОМЛЕТ ***тағам.*** *Жұмыртқадан істелген тамақ.*

ОММЕТР ***физ.*** *Әрекетті электр кедергілерін тікелей өлшейтін аспап.*

ОМОГРАФ ***грамм.*** *Жазылуы бірдей болғанмен, айтылуы мен мағынасы әртүрлі сөздер мен сөз формалары.*

ОМОНИМ ***лингв.*** *Айтылуы мен жазылуы бірдей болғанмен, мағыналары әртүрлі сөздер мен сөз тіркестері.*

ОМПА 1. *Асықтың аша жағын төмен қарата тік түскен кейпі.* 2. ***Ауысп.*** *Істің күтпеген жерден, қиыннан сәті келуі.* **Асығы омпа түсті** – *ойламаған сәттілік болды.* 3. *Асықты омпа тігіп ататын ойын.*

ОМСЫРАЙ *Опыраю, бір нәрсенің орны омырайып, бос қалу, ойсырау.*

ОМЫҚ *Құш-қайраты біткен отырып қалу, омалу.*

ОМЫР 1. *Шорт сындыру, опырып жіберу.* 2. *Бір шетінен опырып алу, сындыру.*

ОМЫРАЙ *Ішке қарай ойысып, орны үңірейіп қалу, опыраю.*

ОМЫРАУ 1. *Жан-жануардың, адамның көкірегі, кеудесі, алқымы.* 2. *Киімнің кеуде тұсы.* 3. ***Ауысп.*** *Әйелдің төсі, емшегі.* 4. ***Ауысп.*** *Бірбет, өр кеуде, менмен.* ◊ **Омырауға алды [салды]** – *тықсырды, киіп жарды.* **Омырау жасады [көрсетті]** – *кие жөнелді, кеудеге салды.* **Омырауы жасқа малынды [боялды]** – *қайғыға батты, зар еңіреді.*

ОМЫРАУЛА 1. *Айтқанға көнбеу, бой бермеу.* 2. *Күш көрсету, кеудеге салу, басып көктеу.* 3. *Еңсеру, алқымдау.*

ОМЫРАУЛЫ *Алқымы кең, кеуделі, апайтөсті.*

ОМЫРАУЛЫҚ 1. *Малдың көкірек тұсы, кеуде ауқымы.* 2. *Киімнің қайырып тігілген кеуде тұсы.* 3. ***этн.*** *Әшекейлік үшін аттың омырауына ұстайтын қайыс*

ОМЫРАУША I 1. ***көне*** *Төсінің өскендігін білдірмес үшін қыздар киетін тар кеудеше.* 2. *Алжапқыш.*

ОМЫРАУША II *Алқа, өңірше, өңіржиек.*

ОМЫРҒЫШ *Шорт сындырғыш, опырып жібергіш.*

ОМЫРТҚА *Бір-бірімен шеміршек буындар арқылы жалғасып, ортасындағы өзегінде жұлын болатын, жан-жануарлардың қаңқа негізі саналатын арқа сүйегі.* ◊ **Омыртқасы бекімеген** – *буыны қатпаған, жас.* **Омыртқасын омырды [үзді]** – *белін сындырды, құртты.*

ОМЫРТҚАЛА *Мал сойғанда омыртқаны жіктеп бөлу.*

ОМЫРТҚАЛЫЛАР ***зоол.*** *Дене тіректері омыртқалардан тұратын ең жоғарғы сатыдағы жануарлар тобы.*

ОМЫРТҚАСЫЗДАР ***зоол.*** *Омыртқасы жоқ жануарлар тобы; ұсақ жәндіктер.*

ОМЫРЫҚ *Омырылып түскен, опырылған.*

ОМЫРЫЛҒЫШ *Опырылғыш, опырылып кететін, тез сынғыш.*

ОМЫРЫЛҒЫШТЫҚ *Омырылғыштық, омырыла бергіштік, морттық.*

ОН *Тоғыздан кейінгі есептік сан.* □ **Он күндік** – *он күнмен шектелетін уақыт аралығы.* **Он шақты** – *шамасы онға жуық.* ◊ **Он екіде бір гүлі ашылмаған** – *кіршіксіз таза, беті ашылмаған.* **Он екіде бір нұсқа жоқ** – *еш нәрсенің әлі басы да құралмағаны.* **Он екі мүше** – *түп-түгел тұтас дене.* **Он екі саққа [әр саққа, неше саққа] жүгіртті** – *неше түрлі құбылтты.* **Он қолынан [саусағынан] өнері тамған** – *ағаштан түйін түйетін, өте шебер, ісмер.* **Он салса бір баспайды** – *іске бейімі жоқ, жалқау.* **Он сан** – *қисынсыз көп, қырық рудан құралған.* **Он саусағындай біледі** – *бәрін жыға таниды, жете түсінеді.* **Он сегіз мың ғалам [әлем]** – *жержүзі, күллі әлем.*

ОНАН-МҰНАН *Әр жерден бір.*

ОНБАСЫ ***көне*** *Орта Азия мен Қазақ хандықтарындағы он сарбаз (әскер) үстінен қарайтын әскери лауазым.*

ОНБАСЫЛЫҚ ***көне*** *Он сарбаз үстінен қараушылық, онбасы болушылық.*

ОНДА 1. *Ол нәрседе, ол істе, ол жерде.* 2. *Ол кезде, сол уақытта.* 3. *Олай болған жағдайда, олай еткенде.*

ОНДАҒАН *Үзын ырғасы он шақты, көптеген.*

ОНДАҒЫ *Ол жақтағы, жердегі.*

ОНДАҒЫ-МҰНДАҒЫ *Арғы-бергідегі, анау-мынау.*

ОНДАЙ *Ол секілді, соған ұқсас.*

ОНДАЙ-МҰНДАЙ *Анау-мынау, ұсақ-түйек, оны-мұны.*

ОНДА-МҰНДА *Әр жерге (жерде) бір, әрлі-берлі.*

ОНДАТРА ***зоол.*** *Сазды, шалшықты суларды мекендейтін, терісі бағалы кішігірім жыртқыш аң.*

ОНДЫҚ 1. *Саны он кісіден тұратын сарбаз, әскер.* 2. *Алғашқы он саннан тұратын жиын.* 3. *Карта ойынындағы тоғыздықтан кейінгі реттік қағаз.* 4. ***тар.*** *Он сарбаздың үстінен қарайтын басшы; онбасы.* □ **Ондық бөлшек** ***мат.*** *— бөлімі 10 санының бүтін дәрежесі болатын бөлшек.* **Ондық логарифм** *— негізі 10-ға тең болатын логарифм.* **Ондық санау жүйесі** *— санаудың кең тараған жүйесі.* **Ондық шам** *— білтесінің ені өзгелеріне қарағанда жалпақтау болатын шынылы майшам.*

ОНЖЫЛДЫҚ: онжылдық мектеп *— жалпы білім беретін орта мектеп.*

ОНКОЛОГ *Қатерлі ісік ауруларын емдейтін маман дәрігер.*

ОНКОЛОГИЯ *Қатерлі ісік ауруларының пайда болу себептерін анықтайтын, емдейтін медицина ғылымының саласы.*

ОНКҮНДІК 1. *Айдың он күн аралығындағы мерзімі.* 2. *Бір нәрсеге арналған сондай он күн.* 3. *Әдебиет пен өнер жетістігінің көрермендер қауымына салтанатпен паш етілуі.*

ОНОМАСТИКА ***грамм.*** *Тіл білімінің жалқы есімдер жиынтығын зерттейтін саласы.*

ОН-ОНДАП *Он-оннан топтап.*

ОНСАЙЫС ***спорт*** *Жеңіл атлетиканың он түрі бойынша өтетін спорт жарысы.*

ОНСАЙЫСШЫ *Онсайыс жарысына қатысатын спортшы.*

ОНТОЛОГИЯ *Жалпылық негізін, болмыс принциптерін, оның құрылымы мен заңдылықтарын қарастыратын философия саласы.*

ОНША *Бәлендей дерлік, соншалықты.* ◊ **Оншадан мұнша жүріп** *— жүріп-жүріп кеп, өзі-өз болғалы.* **Онша емес** *— көңілдегідей емес, шамалы.*

ОНШАЛЫҚ *Оншама, соншалық.*

ОНШАЛЫҚТЫ *Соншалықты, оншама.*

ОНШАМА *Бәлендей, соншама.*

ОНША-МҰНША *Жеңіл-желпі, анау-мынау.*

ОНЫ-МҰНЫ *Болмашы, анау-мынау, ол-пұл.*

ОНЫНШЫ *Тоғыздан кейінгі реттік сан.*

ОНІКІ *Ол кісінікі.*

ОҢ I 1. *Солға қарама-қарсы жақ.* 2. *Дұрыс, жөн, түзу.* □ **Оң дамыту** ***саяси*** *— алға қарай, жағымды түрде дамыту.* **Оң өзгеріс** ***қор.-саяси*** *— бұрынғы күйінен жағымды жаңалығымен ерекшеленіп тұратын өзгеріс.* ◊ **Оң батасын берді [алды]** *— ризашылығын білдірді, сәт сапар тіледі.* **Оңға баспады** *— а) жолы болмады; ә) ісі оңбады.* **Оң жағына қондырды** *— қамқорына алды, пана болды.* **Оң жағынан тұрды** *— істің сәті түсті.* **Оң жақ** ***этн.*** *— бойжеткен қыздың ұзатылғанға дейін жүретін туған үйі, төркіні.* **Оң жол** *— дұрыс бағыт.* **Оң көзі** *— сенімді адамы, жанашыры.* **Оң көзімен қарады** *— шын пейілмен күтті.* **Оң қабағын берді** *— жылы шырай көрсетті, жақсы көңіл білдірді.* **Оң қолы** *— сенімді көмекшісі, сойыл соғары.* **Оң мен солын айырды [таныды, білді, аңғарды]** *— ержетіп есейді.* **Оң мен солына қарады** *— өмірге абайлап назар салды.* **Оң толғағын берсін** ***тілек*** *— оңай босансын, толғағы жеңіл болсын.*

ОҢ II *Жөнді болу, жетісу.*

ОҢ III 1. *Бояуы кету, өңі түсу.* 2. ***Ауысп.*** *Өзгеру, құбылу.*

ОҢАЗА 1. *Қомағай, ашқарақ, тамақсау.* 2. ***Ауысп.*** *Ындыны құрыған, аңсары ауған.*

ОҢАЗАЛАН 1. *Араны ашылып, ашқарақтану, обырлану.* 2. ***Ауысп.*** *Ындыны құру, құмарту.*

ОҢАЗАЛЫҚ *Обырланған ашқарақтық, тамақсаулық.*

ОҢАЙ *Қиындығы, ауырлығы жоқ, жеңіл.*

ОҢАЙЛА *Іс қиындай түспей жеңілдену.*

ОҢАЙЛАУ *Қиын болмайтындай, жеңілдеу.*

ОҢАЙЛЫҚ *Қиынға соқпайтындық, жеңілдік.*

ОҢАЙЫРАҚ *Басқаларға қарағанда жеңілірек.*

ОҢАЛ 1. *Оңдалып жөніне келу, түзелу.* 2. *Қатарға қосылу, жетілу.* 3. *Етейіп қоңдану, семіру.* 4. ***Ауысп.*** *Сырқатынан жазылу, сауығу.*

ОҢАША *Өзгелерден оқшау, жекедара, бөлек.* □ **Оңашаланған мүше (*грамм.*)** — *айқындауыштың бір түрі.*

ОҢАШАЛА *Жеке шығару, даралау, оқшаулау.*

ОҢАШАЛАУ *Жұрт назарынан тыс, бөлектеу, оқшаулау.*

ОҢАШАР *Жұрт тарап, үй іші босау, кеңу.*

ОҢАШАРАҚ *Басқалардан шеттеу, бөлектеу.*

ОҢБА I *Өркендемеу, өспеу, жетіспеу.*

ОҢБА II *Түсі өзгермеу, қалпынша тұру.*

ОҢБАҒАН *Ниеті қара, жексұрын, сұрқия.*

ОҢБАҒАНДЫҚ *Қараниеттік, жексұрындық, сұрқиялық.*

ОҢБАҒЫР *Қарғыс, лағнет атқыр.*

ОҢҒАҚ I ***зоол.*** *Судан шығарғанда түсі оңып кететін, денесі ұсақ қабыршықты, шырышы мол тұқы тұқымдас балық.*

ОҢҒАҚ II 1. *Өңін тез өзгертетін, оңғыш.* 2. *Айнығыш, өзгергіш, тұрақсыз.*

ОҢҒАР I *Жолы болып, ісі оңға басу.*

ОҢҒАР II ***тар.*** *Оң қол, оң қанат.*

ОҢҒЫШ 1. *Түсі тез оңып кететін, оңғақ.* 2. ***Ауысп.*** *Айнығыш, өзгергіш, тұрақсыз.*

ОҢДА 1. *Дұрыстау, жөнге келтіру, түзеу.* 2. *Сәті түсу, жолы болу, жарылқау.*

ОҢДЫ *Жөнді, жақсы, дұрыс, тәуір.*

ОҢДЫЛАУ *Басқасынан гөрі тәуірлеу, жақсылау.*

ОҢДЫЛЫҚ *Жөні түзулік, құрылымы дұрыстық.*

ОҢДЫРМА 1. *Еш нәрсе тындыра алмау, түк бітірмеу.* 2. *Рақым етпеу, аямау.*

ОҢДЫ-СОЛДЫ *Ерсілі-қарсылы, әрлі-берлі.*

ОҢЖАҢБЫРЫҚ *Саңырауқұлақтың бір түрі.*

ОҢҚА I *Асықтың аша жағының жоғары қарап тік тұру қалпы.*

ОҢҚА II ***мед.*** *Суық тиіп ауырғанда арқаға қоятын банка.*

ОҢҚАЙ 1. *Тек оң қолымен іс істейтін, жазатын (адам).* 2. *Малдың оң жақ аягының асығы.* ◊ **Оңқай асықтай** — *шаруаға епті, ыңғайлы, оңтайлы.*

ОҢҚА-ШОҢҚА: оңқа-шоңқа болды [-сы шықты] — *аягы аспаннан келді, омақаса құлады.*

ОҢ-СОЛЫ: оң-солын таныды [білді] — *жақсы-жаманды айырды.*

ОҢСЫН *Өз ісін, өз қылығын жөнсіну.*

ОҢТАЙ *Шаруаның реті, қисыны, жөні.*

ОҢТАЙЛА *Қолайлы ету, ыңғайлау, икемдеу.*

ОҢТАЙЛЫ *Ыңғайлы, икемді, епті.* □ **Оңтайлы ету** — *барынша қолайлы жасау.*

ОҢТАЙЛЫҚ *Бір нәрсеге икемділік, ыңғайлылық.*

ОҢТАЙЛЫЛАУ *Икемдігі бар, қолайлылау.*

ОҢТАЙСЫЗ *Ыңғайсыз, қолайсыз.*

ОҢТАЙСЫЗДЫҚ *Икемі жоқтық, ебедейсіздік.*

ОҢ-ТЕРІС *Істің ақиқатқа қатысы, дұрыс-бұрысы.*

ОҢТҮСТІК 1. *Әлемнің төрт бұрышының бірі, солтүстікке қарама-қарсы*

жағы. 2. *Өте ыстық жылы жер, жылы өлке.*

ОҢТҮСТІК-БАТЫС *Бір заттың оңтүстік жағының батыс түсы.*

ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС *Бір нәрсенің оңтүстік жағының шығыс түсы.*

ОҢЫҢҚЫ *Түсі бозарыңқы, қашыңқы, солыңқы, өңі қуарыңқы.*

ОП I *Өте терең қазылған шұңқыр, ор.*

ОП II 1. *Қомағайлана асау, жұту.*2. ***Ауысп.*** *Жеп қою, жалмау, сіңіру.*

ОПА I *Қыз-келіншектер бетіне жағатын майда, жұмсақ, иісті ақ ұнтақ.*

ОПА II *Мейір, шапағат, ізгілік.* ◊ **Опа бермеді [көрсетпеді, қылмады]** — *қайыр, шапағаты тимеді.* **Опасы жоқ сұм жалған [дүние]** — *тұрлауы жоқ пәни жалған.* **Опа таппады** — *жақсылық көрмеді.*

ОПА III ***көне*** *Алтын, күміс, шыны секілді заттардың жарқырауық беті.*

ОПА-ДАЛАП *Бет-ауызға жағатын, жұпар иісті түрлі косметикалық заттар.*

ОПАДАР *Сөзге берік, опалы, баянды.*

ОПАЙ-ТОПАЙ 1. *Ұмар-жұмар, опыр-топыр.* 2. *Астаң-кестең, бей-берекет.*

ОПАҚ: отырса опақ, тұрса сопақ — *іс-әрекеті, жүріс-тұрысы ұнамсыз, жағымсыз.*

ОПАЛ *Түссіз не сүттей ақшыл, сарғыш қызыл түсті минерал.*

ОПАЛА *Бетіне опа жағу, әдемілену.*

ОПАЛЫ *Баянды, тұрақты, тұрлаулы.*

ОПАСАУЫТ *Опаға арналған қорап.*

ОПАСЫЗ 1. *Екіжүзді, сатқын.* 2. *Тұрақсыз, тұрлаусыз.* ◊ **Опасыз дүние** — *жалған, фәни дүние.*

ОПАСЫЗДЫҚ 1. *Сатқындық, екіжүзділік, оңбағандық.* 2. *Жауыздық, дұшпандық.* ◊ **Опасыздық етті [жасады, қылды, істеді]** — *тұрлаусыздық істеді, алдады.*

ОПАТ *Өлім, қырғын.* ◊ **Опат болды** — *мезгілсіз қазаға ұшырады, мерт болды.* **Опат қылды [етті]** — *өлім құштырды, мерт қылды.*

ОПАШЫЛ *Айтқанын екі етпей орындайтын, мейірімшіл, сертшіл.*

ОПЕРА *Сахнадағы артистердің оқиғаны оркестрдің сүйемелдеуімен орындайтын, сахналық музыкалы-драмалық шығарма.*

ОПЕРАТОР 1. *Кино түсіруге арналған техникалық құралдардың қызметін реттейтін адам, маман.* 2. *Өнеркәсіп пен әскери техниканың тетігін басқарушы, бақылап ретке салушы.*

ОПЕРАЦИЯ 1. ***мед.*** *Адам не жануар денелеріндегі кеселді жою үшін жасалатын хирургиялық емдеу тәсілі.* 2. *Белгілі бір жұмыстың орындалу барысы, атқарылу процесі.* □ **Операция бөлмесі** — *ауруларға операция жасалынатын арнаулы бөлме.* **Операция жасады** — *ауруды не жараны хирургиялық жолмен кесті.* **Операция үстелі** — *ауру адамға операция жасау үшін дайындалған орын, арнаулы үстел.*

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ *Операция жасауға арналған, соған лайық.*

ОПЕРЕТТА *Музыкалы комедия араласатын, операның шағын түрі.*

ОП-ОҢАЙ *Ешбір қиындықсыз, жеп-жеңіл.*

ОҢ-ОҢАША *Жеке, оңаша.*

ОП-ОҢДЫ *Тәп-тәуір, жап-жақсы.*

ОППА I *Қатты бораннан соң ойшұңқырларға үйілген борпылдақ, бос қар.*

ОППА II *Адамды, малды тартып кететін ми батпақ, тартпа.*

ОППАЛЫ *Қалың оппа қар жиналған, оппасы бар.*

ОППОЗИЦИЯ *Билеуші партияға не үкімет саясатына өз көзқарасын қарсы қоюшы, күресуші адам не партия.*

ОППОНЕНТ *Белгілі бір ғылыми зерттеулерге талдау жасап, баға беруші лауазымы бар адам, ғалым.*

ОПТИКА ***физ.*** *Жарықтың таралуын, жарық пен зат арасындағы*

құбылыстарды зерттейтін физика ғылымының бір саласы.

ОПТИКАЛЫҚ *Оптикалық жүйе; оптикалық кескіндер құрайтын, әйнекті аспаптардың жиынтығы.* □ **Оптикалық кескін** — *бір бейнені қалаған формада жасайтын әйнекті аспаптағы көрініс.*

ОПТИМЕТР *Дененің ұзындығын өте дәлдікпен өлшейтін оптика-механикалық аспап.*

ОПТИМИЗМ *Болашаққа, өмірге сеніммен қарайтын бағыт, өршіл көзқарас.*

ОПТИМИСТ *Болашаққа жарқын сенім артатын, өршіл көзқарасты адам.*

ОПТИМИСТІК *Оптимизмге толы, өршіл ойлы; сенімді.*

ОПТЫҚ *Күші әлсіреу, шаршау, діңкелеу.*

ОПЫҚ I *Қапы қалушылық, өкініш.* ◊ **Опық жеді [жегізді]** — *бармағын тістеді, өкінді.*

ОПЫҚ II *Санын соғып қалу, өкіну*

ОПЫҚТЫ *Опық жеген, өкінішті.*

ОПЫН *Опық жеу, өкіну, опығу.*

ОПЫР 1. *Бүтін затты бөлу, бөлшектеу, үзу.* 2. *Бір нәрсені қырату, сындыру, шағу.* 3. ***Ауысп.*** *Белгілі бір істі жапырып істеу, тындыру.*

ОПЫРАЙ 1. *Тісі түсіп қалу, қызылиек болу.* 2. *Орны өгейсіп олқы көріну.*

ОПЫРАҢДА *Аузын опырақ-опырақ еткізу.*

ОПЫРМАЛЫ *Орта тұсынан опырып екіге бөлетін, бүктемелі.*

ОПЫРЫҚ I *Жер қабаттарының жарылуы әсерінен тау жыныстарының табиғи алғашқы қалпының бұзылуы.*

ОПЫРЫҚ II *Тісі түсіп қаусаған, омырайған.*

ОПЫРЫЛҒЫШ *Опырылып қалғыш, опырыла бергіш; морт.*

ОПЫРЫЛМАЛЫ *Опырылған, опырыла беретін.*

ОР I 1. *Табиғат әсерінен болған немесе қазылған шұңқыр жер.* 2. *Соғыс алаңдарында арнайы қазылған бекініс; окоп.* □ **Ор қазғыш** — *жер суландыру, құрғату және т. б. мақсаттарда пайдаланылатын ор қазуға арналған машина.* ◊ **Орға жығылды [құлады, түсті]** — *басына іс түсті, істі болды.* ◊ **Орға жықты [итерді, құлатты]** — *мерт қылды, апатқа ұшыратты.* **Ор қазды** — *біреуге жаманшылық істеді, қастандық жасады.*

ОР II 1. *Тектес жан-жануарлардың ішіндегі ең ірісі, ең үлкені.* 2. *Қызғылтым қоңыр түс.*

ОР III 1. *Егін, шөп тағы басқаларды орақпен ору.* 2. *Егін бастыру, астық жинау.* ◊ **Орып жіберді [түсті]** — *тартып жіберді, тіліп түсті.*

ОР IV *Су ағысының қазып кетуі, жыру.*

ОРА 1. *Бір затты қағазға не матаға көрінбейтін етіп қымтау, орап алу.* 2. *Бір нәрсені айналдыра домалақтап түю.* 3. *Шанду, бүркеу.* 4. ***Ауысп.*** *Айнала жүру, бір айналып келу.* ◊ **Орап алды** — *асып түсті, басым болды.*

ОРАҒЫТ 1. *Алдын орап ойқастау, кескестеу.* 2. ***Ауысп.*** *Әр нәрсені бір шолып, сөзін ұстатпау.*

ОРАҒЫШ *Орауға икемді, орайтын.*

ОРАҒЫШТА *Айналыңқырап жүру, орала өту.*

ОРАҒЫШТЫҚ *Орауға шеберлік, орай алатындық.*

ОРАЗА ***діни*** *Жылына бір ай бойы күндіз тамақ ішпей ауыз бекітетін діни парыз.* □ **Ораза айт** ***діни*** — *ораза айы біткен соң үш күн бойы ауыл аралап, дәм тататын діни мейрам.* ◊ **Оразасын ашты** — *таңертеңгі асын іште.* **Ораза тұтты [ұстады]** — *ауыз бекітті, діни парызын өтеді.*

ОРАЗДЫ *Басына жақсылық үйір, құт-берекелі, бақытты.* ◊ **Оразды-ның баласы он үшінде баспын дер** — *ынтымақ-берекесі бар, бақытты адамның ұрпағы ерте жетіліп, тез өседі.*

ОРАЗДЫҚ ***жерг.*** *Тамақты дәмдендіретін хош иісті дәмдеуіш.*

ОРАЙ I *Адамның төбесіндегі шаштың үйіріліп өскен жері.*

ОРАЙ II 1. *Бір іс-әрекеттің реті, ыңғайы, жөн-жосығы.* 2. *Белгілі бір жағдайға сай, соған лайық.* ◊ **Орайы келді [болды, түсті]** – *реті келді, сәті түсті.* **Орайын тапты** – *қисынын келтірді.*

ОРАЙ III *Үйірілген, оратыла айналған қозғалыс, қимыл.*

ОРАЙЛА *Туралау, ыңғайлау, көздеу.*

ОРАЙЛАН *Ретіне келу, жөнге түсу.*

ОРАЙЛАС *Ұқсас, сай; сәйкес.*

ОРАЙЛЫ *Ретті, қолайлы, ыңғайлы.*

ОРАЙСЫЗДЫҚ *Жайсыздық, қолайсыздық, ыңғайсыздық.*

ОРАЙЫНДА *Реті, қолайы келгенде, ыңғайында.*

ОРАҚ 1. *Егін, шөп оруға арналған жарты ай тәрізді имек өткір жүзді сүбек құралы.* 2. *Егін ору кезі; науқан.* □ **Орақ мұрын [тұмсық]** – *ортасы дөңестене келген имектеу үлкен мұрын.* ◊ **Орақ ауыз, от тілді [орақ тілді, от ауыз]** – *өткір, тұрашыл, тілді кісі.* **Орақ-ға береке *тілек*** – *егіннің түсімі мол болсын!* **Орақ салды [түсті]** – *егін ору кезі басталды.*

ОРАҚ АУЫЗ *Шешен, өткір тілді адам.*

ОРАҚТАЙ 1. *Имиген, қисық.* 2. ***Ауысп.*** *Батыл, өткір.*

ОРАҚҒҰМСЫҚ ***зоол.*** *Биік тауды мекендейтін құс.*

ОРАҚШЫ *Орақ оруға шебер адам.*

ОРАҚШЫЛЫҚ *Орақ ору кәсібі, шеберлігі.*

ОРАЛ I 1. *Белгілі бір жерден қайту, қайтып келу.* 2. *Екінші рет соғу, көңіл бөлу.*

ОРАЛ II *Сәтті кез, ыңғай, ыңғайлы жай, жағдай.* ◊ **Оралының барында** – *дәуренің жүріп тұрғанда; кезінде.*

ОРАЛ III *Күш, шама, әл-қуат, мүмкіндік.*

ОРАЛҒЫ I *Кедергі, бөгет.* ◊ **Оралғы болды** – *бөгет жасады, кедергі келтірді.*

ОРАЛҒЫ II *Қайтқан қарым, төлем, өтем.* ◊ **Оралғысы болсын *тілек*** – *өткен-кеткеннің өтеуі, қайтуы болсын!*

ОРАЛМА *Алыстан орағытатын, айналма, бұрылыс, орағытпа.*

ОРАЛМАЛЫ *Оралып өсетін, оратылған.*

ОРАЛУЛЫ *Орап қойған, ораулы тұрған.*

ОРАЛЫМ I 1. *Сөз саптау; қисын.* 2. *Ер, икем.* ◊ **Оралымға келмеді** – *а) уақыт тығыз, қысқа болды; ә) аузына сөз түспеді, сөзі қиыспады.*

ОРАЛЫМ II *Бұрылыс, квартал.*

ОРАЛЫМ III *Айналмалы алаң, шеңбер.*

ОРАЛЫМДЫ 1. *Өрісі кең, икемді.* 2. *Іске, өнерге бейім, шебер.*

ОРАЛЫМДЫЛЫҚ *Ой-өрісі кеңдік, тапқырлық, алғырлық.*

ОРАЛЫМСЫЗДЫҚ 1. *Келте қайырушылық, өресіздік.* 2. *Икемсіздік, пайымсыздық.*

ОРАМ I 1. *Заттың сыртын ораған бума, байлам.* 2. *Сөз саптауы; оралым.*

ОРАМ II *Қиғаш, бұрыс көше (квартал).*

ОРАМА I *Бір затты, бұйымды орайтын қағаз.*

ОРАМА II *Жайма қамыр мен тартылған ет араластыра, бүктеп орам жасаған тағам.*

ОРАМА: орама білезік – *орап тұратын, жұмыр білезік.* **Орама нан** – *арасына ет салып, қамырға оратылған, буға пісетін дәмді тағам.* **Орама пеш** – *сырты қаңылтырмен қапталған дөңгелек пеш: голланд пеші.* **Орама теру *эти.*** – *өрмектің ерсісі, қарсысы және арқауы бәрі бір түсті жіптен тоқылатын тәсіл.*

ОРАМАЛ 1. *Бет және қол сүртуге арнайы жасалған, төрт бұрышты мата.* 2. *Әйелдер басына салатын жаулық; бас орамал, жаулық.* □ **Орамалтастамақ *эти.*** – *дөңгелене отырғандарды айналып жүріп, қалаған адамның сыртынан орамал тастап ойнайтын жастар ойыны.*

ОРАМАЛА 1. *Қайта-қайта орағыштау, орай беру, айналсоқтау.* 2. ***Ауысп.*** *Сынап-мінеу, шалыстыру.*

ОРАМДАС *Араласу, астасу.*

ОРАМДЫ 1. *Көкейге қонымды, орынды.* 2. *Икемді, ыңғайлы, бейімді.*

ОРАМДЫЛЫҚ *Бір іске қабілеттілік; ептілік, икемділік.*

ОРАМ-ОРАМ *Буда-буда, шүйде-шүйде, келде-келде.*

ОРАМСЫЗ 1. *Икемі жоқ, ебедейсіз.* 2. *Орынсыз қылық, әрекет.*

ОРАМСЫЗДЫҚ *Бейімі жоқтық, ыңғайсыздық.*

ОРАНГУТАНГ ***зоол.*** *Үстін тұк басқан, адам тәрізді, құйрықсыз маймыл.*

ОРАНЖЕРЕЯ *Өсімдіктер өсіру үшін арнайы жасалған, бірқалыпты температура сақталатын жарық орын.*

ОРАНЫП-ҚЫМТАН *Жылы киініп тұмшалану, орану.*

ОРАНЫШ *Бір нәрсенің сыртын ораған зат.*

ОРАҢ: ораң етті – *қолапайсыз қимылдады; арбаң етті.*

ОРАҢДА *Ораң-ораң ету, қолайсыз қимылдау, сораңдау.*

ОРАСАН 1. *Өте, аса, тым.* 2. *Ерекше, айрықша, гажайып.*

ОРАСАНДЫҚ *Таңғаларлық, молдық, көптік.*

ОРАТОРИЯ ***муз.*** *Жеке дауысқа, хорға не симфониялық оркестрге арналып жазылған, көп бөлімді музыкалық шығарма.*

ОРАУ *Бір нәрсенің сыртын ораған зат, орам.* □ **Орау машинасы** – *көптеп шығарылатын тағамдық заттарды даналап немесе белгілі мөлшермен топтап орауға арналған автомат.* ◊ **Орау болды [аяғына орау болды]** – *қолбайлау болды; кедергі жасады.* **Орауда отырған әйел** – *жас босанған, емшекте баласы бар әйел.*

ОРАУЛЫ 1. *Сыртында орауы бар, оралған.* 2. *Таңулы, байлаулы.* □ **Ораулы ши** ***этн.*** – *түрлі түсті жіппен оралып тоқылған шым ши.*

ОРАУШЫ *Затты буып-түйетін, байлайтын қызметкер.*

ОРАУЫШ *Бір затты сыртынан орауға арналған мата, қағаз.*

ОРАШОЛАҚ *Еш нәрсеге бейімі жоқ, епсіз, ебедейсіз, олақ.*

ОРАШОЛАҚТАН *Ебедейсіздену, олақтану.*

ОРАШОЛАҚТАУ 1. *Іске қыры жоқтау, епсіздеу.* 2. *Үстірттеу, қысқалау, жүйесіз.*

ОРАШОЛАҚТЫҚ *Сөзге, іске олақтық, қырсыздық.* ◊ **Орашолақтық жасады [көрсетті]** – *қырсыздық, олақтық істеді.*

ОРБИТА *Аспан планеталарының Күнді айналу жолы; планета сыртындағы кеңістік.* □ **Орбитаға шықты** – *спутник не корабль жерден ажырап, планетаның сыртына шықты.* **Орбита стансасы** – *орталық телевизия хабарларын алысқа таратуға әрі алыстан қабылдауға арналған байланыс жүйесі.*

ОРБИТАЛЫҚ *Орбита үшін жұмыс істеуге арналған, орбитаға шығарылатын.*

ОРГАН I ***муз.*** *Ішіне көрікпен сығымдалған ауа толтырылатын кернейлер жиынтығынан тұратын көлемі үлкен, үрлемелі клавишті музыка аспабы.*

ОРГАН II *Белгілі бір мекеме, ұйым, әкімшілік орын.*

ОРГАН III *Жануарлар мен өсімдіктің белгілі бір қызмет атқаратын мүшесі.*

ОРГАНИЗМ *Адам және жан-жануарлар денесі, ағза.* □ **Организмді тірілту** – *тыныс алу органдары, жүрек және орталық жүйке жүйесінің баяулаған не жаңа тоқтаған жұмысын қалпына келтіру.*

ОРГАНИКАЛЫҚ 1. *Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне жататын.* 2. *Организмге тән, денеде болатын.* □ **Органикалық зат** – *белгілі бір дене, құрылым.* **Органикалық қосылыстар** – *құрамында көміртегі, сутегі, азот бар химиялық қоспа.* **Органикалық қышқылдар** – *құрамында карбоксил тобы (COOH) бар органикалық қосылыс.* **Органикалық тыңайтқыш** – *жерді құнарландыру үшін пайдаланатын, жай және химиялық қоспалар.* **Органикалық химия** – *көміртекті химиялық қосылыстардың өзгеру*

заңдылықтарын зерттейтін химияның бір саласы.

ОРҒЫ *Секіру, ырғу.*

ОРҒЫЛ-ОРҒЫЛ *Қырат-қырат, белес-белес.*

ОРҒЫЛА 1. *Қаргу, секіру, ыршу.* 2. *Ора түсу, жапыру.*

ОРҒЫШ *Оруға шебер, ұста.*

ОРДА 1. *Орта ғасырлардағы көшпелі елдердің ұлыстық, мемлекеттік атауы, әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы.* 2. ***Ауысп.*** *Өнер, білім, мәдениет т. б. топталған орны, қайнаған ортасы.* 3. ***Ауысп.*** *Үлкен еңселі, салтанатты үй.* **Орда бұзды** – *хан сарайына шапты, қамал бұзды.*

ОРДАЛЫ 1. *Кең сарайдай үйі бар.* 2. ***Ауысп.*** *Өскен-өнген, тұқым-тұқияны көп, әулетті.* □ **Ордалы жылан** – *бір жерге үймелеп жиылған жылан.*

ОРДАҢ *Тәкаппар, кердең; өрескел.* ◊ **Ордаң етті** – *тәкаппарлық жасады, кердеңдеді.*

ОРДАҢДА *Кердеңдеу, маңғаздану, паңсыну, тәкаппарсыну.*

ОРДЕН *Отан қорғауда және қоғамға сіңірген ерекше еңбегі үшін берілетін үкімет наградасы.* □ **Орден алды [тақты]** – *орденге қолы жетті.*

ОРДЕР 1. *Пәтер алғанда не басқа бір затқа иелік етканде берілетін куәлік қағаз; құжат.* 2. *Біреуді ұстауға, қамап қоюға үкімет жағынан шығарылған арнаулы шешім қағаз.*

ОРДИНАТОР ***мед.*** *Емханадағы, ауруханадағы емдеуші дәрігер.*

ОРКЕСТР *Музыкалық шығарманы әр алуан аспаптарда орындайтын музыканттар тобы.*

ОРКЕСТРЛІК *Оркестрге арналған, оркестр үшін.*

ОРҚАШ *Өркеш-өркеш, ойлы-қырлы.*

ОРҚЫРА *Жылқының шұрқырауы, қатты кісінеуі.*

ОРЛА *Ор, шұңқыр қазу, орға айнала төңірек топырақ ую.*

ОРЛЫ 1. *Оры бар, ор қазылған.* 2. *Ойшұңқырлы, шұқанақты.*

ОРМА I *Астығы орылған атыз, егінжай.*

ОРМА II *Судың орып кеткен жері.*

ОРМАН *Кең алқапта өскен көп ағаш, қалың тоғай.* □ **Орман сусары** – *ақшыл қоңыр түсті, құйрығы ұзын, бағалы аң.* **Орман шаруашылығы** – *ағаш өсіру, күту, оны пайдалану жүйелерін қамтитын ауылшаруашылығының бір саласы.*

ОРМАНДАН *Орман пайда болу, орманға айналу.*

ОРМАНТАНУ *Орман жайлы түсінік беретін ғылым, пән.*

ОРМАНША *Аумағы шағындау орман.*

ОРМАНШЫ *Орман қызметкері.*

ОРМАНШЫЛЫҚ *Орман шаруашылығымен айналысушылық, орман егушілік.*

ОРНА 1. *Қоныс тебу, орнығу.* 2. *Қалыптасу, беку, құрылу.*

ОРНАЛАС 1. *Орнығу, жайғасу.* 2. *Жұмысқа, қызметке тұру.*

ОРНИТОЛОГ ***зоол.*** *Құстар тіршілігін зерттеуші ғалым.*

ОРНИТОЛОГИЯ *Зоологияның құстар тіршілігін зерттейтін саласы.*

ОРНЫҚ 1. *Бір жерге мекендеу, қоныстану.* 2. ***Ауысп.*** *Көңілі орнына түсу, жайлану, тыныштану.*

ОРНЫҚСЫЗ *Нықтап орнықпаған, орны жайсыз.*

ОРНЫҚТЫ 1. *Тиянақты, жайлы, қолайлы.* 2. ***Ауысп.*** *Байыпты, салмақты.*

ОРНЫ-ОРНЫМЕН *Жөнімен, ретімен.*

ОРНЫ-ОРНЫНА: орны-орнына қойды – *бір затты өз ретімен орналастырды.*

ОРПА ***жерг.*** *Құмды, шөлейтті жерлерден қазылған бастау, таяз құдық.*

ОРТА I 1. *Белгілі бір мөлшерге жетпеген, толық емес, жартылай.* 2. *Бір мезгілдің аралығы, жартысы.* 3. *Белгілі бір жердің деңгейі.* □ **Орта бойлы** – *онша биік те емес, аласа да емес, орташа.* **Орта білім** – *он жылдық білім дәрежесі.*

Орта ғасырлар ***көне*** — *көне дәуір мен жаңа дәуір аралығы.* **Орта есеппен** — *шамамен, орташасын алғанда.* **Орта жүз** — *қазақ халқының этностық құрамына енген рулар мен тайпалардың саяси, экономикалық және мәдени бірлестігі.* **Орта мектеп** — *онжылдық білім беретін оқу жүйесі.* **Ортаға алды** — *қаумалады, кеу-кеуледі.* **Ортаға салды** — *а) көрген-білгенін басқаларға айтты; ә) өз мүлкін көпшілікпен бөлісті.* **Орта жол [жол ортасы]** — *баратын жеріне дейінгі жол аралығы.* **Ортақолды жұмыс** — *қиын да емес, оңай да емес, орташа.* **Орта толсын!** ***тілек*** — *бас көбейсін, жан көбейсін!* **Орта шаруа** — *әл-ауқаты орташа адам.*

ОРТА II *Адам қоршаған, қатынас жасайтын адамдар тобы.*

ОРТАЙ 1. *Деңгейі төмендеу, қайту, тартылу.* 2. ***Ауысп.*** *Бәсеңдеу, саябырлау, басылу.*

ОРТАҚ I ***тар.*** *Бірнеше адамнан немесе көп адамдардан құралған бірлестік, шаруашылық.*

ОРТАҚ II *Көпшілікке арналған, баршаға тән.* □ **Ортақ етіс** ***лингв.*** — *екі не одан да көп адамдардың қимыл-әрекетін бейнелейтін етіс категориясы.* ◊ **Ортақ болды** — *қожалық етісті, бөлісті.* **Ортақ тіл тапты** — *ойлары бір жерден шықты, пікірлес болды.*

ОРТАҚТАС I *Еншілес, иелес.*

ОРТАҚТАС II *Бір нәрсеге ортақ болу, бірлесу, ұжымдасу.*

ОРТАҚТЫҚ *Ортақ болушылық.*

ОРТАҚШЫЛ *Қолында барын ортаға салғыш, көпшіл.*

ОРТАҚШЫЛДЫҚ *Қоғамшылдық, көпшілдік.*

ОРТАЛА *Толы затты азайту, тең жартысына жету.*

ОРТАЛАУ 1. *Толы емес, жартылау, аздау.* 2. ***Ауысп.*** *Нашарлау, орташа.* □ **Орталау мектеп** — 8 *сыныптық білім беретін толымсыз орта мектеп.*

ОРТАЛЫҚ 1. *Белгілі бір аралықтың бел ортасы, орта тұсы.* 2. *Саясәкімшілік орындар орналасқан басты қала.* ***Ауысп.*** *Негіз, тірек, күш.* □ **Орталық баспасөз** — *орталықтан басылып шығатын газет-журнал.*

ОРТАЛЫҚТАНДЫР *Бір ортаға жинақтау, топтау, біріктіру.*

ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ 1. ***қ. атау.*** *Орталықтандыру.* 2. *Белгілі бір қызмет түрін бір орталыққа шоғырландыру, бір орталыққа бағындыру.*

ОРТАН: **ортан бел** — *дәл ортасы, тең жартысы.* **Ортан жілік** — *жамбас пен асықты жілікті ұштастыратын аралық жілік.* **Ортан қол [саусақ]** — *бес саусақтың ортасындағы, үшіншісі.* **Ортан қолдай** — *сайдың тасындай мықты.*

ОРТАҢҒЫ *Орта шеніндегі, орта тұсындағы аралық.*

ОРТАНШЫ 1. *Бір нәрсенің ортасындағы, ортаңғы.* 2. *Үлкен де емес, кіші де емес, шағын.* 3. *Бірге туған үш баланың екіншісі.*

ОРТАНШЫМ ***этн.*** *Жеңгесінің ортаншы қайнысына қойған аты.*

ОРТАША I *Жақсы да, жаман да емес; қанағаттанарлық.*

ОРТАША II ***тар.*** *Шаруашылығы жағынан бай-кулак пен кедейдің аралығындағы шаруа.*

ОРТАШАЛАН 1. *Азаю, кему.* 2. *Орта шаруаға айналу.*

ОРТАШАЛАУ 1. *Орта бағамен, нашарлау.* 2. *Шаруа жайы орташаға жете қабыл болу.*

ОРТАШЫЛ *Көпшілік қауымға бейім, көпшіл.*

ОРТҚЫ *Секіру, ырғу, шоршу.*

ОРТОДРОМИЯ *Жер бетіндегі екі нүктенің арасындағы ең қысқа сызық.*

ОРТОПЕДИЯ ***мед.*** *Адам организмінің кемістігін түзеу үшін, емдеу және профилактикалық шараларды жүргізетін хирургияның бір саласы.*

ОРУЛЫ *Орылған, шабылған.*

ОРУСЫЗ *Орылмай қалған, орылмаған.*

ОРФОГРАФИЯ ***лингв.*** *Тілдегі сөздерді дұрыс қолдану және дұрыс жазу ережелерінің жүйесі.*

ОРФОГРАФИЯЛЫҚ *Орфография тән, соған қатысты.* □ **Орфографиялық сөздік** — *белгілі бір тілдегі сөздердің дұрыс жазылуын көрсететін емле сөздігі.*

ОРФОЭПИЯ *Сөзді әдеби тілдің нормасына сай етіп дұрыс айта білу қағидасы.*

ОРХОН: орхон жазуы — *Орхон өзенінің бойынан табылған түркі ескерткіштері жазылған, көне түркі жазуы.*

ОРШЫ *Бір орында тұрмай ыршу, ытқу.*

ОРЫМ *Ору ісі, орақ кезі.*

ОРЫН 1. *Бір нәрсені қоятын, орналастыратын кеңістік; отыратын, тұратын, жататын жер.* 2. *Белгілі бір мәртебе, қызмет, жұмыс.* 3. **Ауысп.** *Бір нәрсені екінші нәрсемен салыстырғанда алатын ерекшелік, салмағы, реті.* ◊ **Орны бөлек** — *басқадан ерекше, жөні басқа.* **Орны біткен ескі жара** — *қасіреті, күйігі басылған ескі әңгіме.* **Орнына егін [жуа, пияз] ек** — *орнымды меншіктеп иемдене берсін, не істесе, өз еркі.* **Орнына келді** — *өз қалыбына түсті, тәртіпке келді.* **Орнынан алды [алынды]** — *қызметінен түсірді.* **Орнынан тұрғызып етті** — *қатты ұялтты, масқаралады.* **Орнын сипап [сипалап] қалды** — *орнынан таба алмай қалды.* **Орнына жалғыз [қуыс] құрай** — *қолыңнан ештеңе келмейді барың да, жоғың да бірдей.* **Орны үңірейді** — *жоқтығы білінді.* **Орын алды** — *белгілі бір өзіндік сипатқа ие болды.* **Орын тепті** — *бір жерге тұрақтады, қоныстанды.*

ОРЫНБАСАР *Мекеме бастығының бірінші көмекшісі, оның қызметін атқаратын адам.*

ОРЫНБАСАРЛЫҚ *Орынбасар қызметін атқарушылық.*

ОРЫНДА 1. *Тиісті бір міндетті, жұмысты бір іске асыру, атқару.* 2. *Белгілі бір рольде ойнау, ән айту, күй шерту.*

ОРЫНДАУ *қ. атау. Орында-у.* □ **Орындау қағазы** — *соттың шешімін іске асыру үшін жасалатын құжат.*

ОРЫНДАУШЫ 1. *Белгілі бір жұмысты, шаруаны атқарушы, істеуші, орнына келтіруші.* 2. *Рөлде ойнаушы, күй шертуші, ән айтушы.*

ОРЫНДАУШЫЛЫҚ *Шаруаны атқарушылық, істеушілік.*

ОРЫНДЫ 1. *Орны бар.* 2. *Ретті, жөнді, қисынды.* □ **Орынды жерінде** — *кезі келгенде, ретті жерінде.*

ОРЫНДЫҚ *Кісі отыратын отырғыш.*

ОРЫНДЫ-ОРЫНСЫЗ *Жөнді-жөнсіз, қисынды-қисынсыз, реттіретсіз.*

ОРЫН-ОРНЫМЕН *Белгілі тәртіппен, жүйемен.*

ОРЫН-ОРНЫНА 1. *Өз тұрған жеріне, ретімен.* 2. *Ыңғайына, жөніне, ретіне қарай.*

ОРЫНСЫЗ *Жөн-жосықсыз, ретсіз, қисынсыз.*

ОРЫНСЫЗДАУ *Ретсіздеу, қисынсыздау.*

ОРЫНША *Баяғы қалпында, өзгеріссіз.*

ОРЫС *Ресей Федерациясын мекендеуші негізгі тұрғын халық.*

ОРЫСША 1. *Орыс тілінде.* 2. *Орыс сияқты.*

ОС 1. *Қамшы, шыбық сияқты заттармен тартып жіберу, салып қалу.* 2. *Сойылған малдың етін жайғау, боршалау.*

ОСАЛ *Мықты емес күші аз; әлсіз.*

ОСАЛДА *Күш-қуаты азаю, әлсіздену.*

ОСАЛДАУ *Күш-қуаты аздау, бостау, болбырлау.*

ОСАЛДЫҚ *Осал болушылық, бостық, босаңдық, болбырлық.*

ОСЕТИН *Солтүстік Осетин республикасының негізгі тұрғын халқы.*

ОСҚЫЛА *Бір нәрсемен осып-осып жіберу.*

ОСҚЫР *Жылқы малының бір нәрседен шошынып, қатты пысқыруы, үркуі.*

ОСҚЫРЫҚ *Осқырған үн, дыбыс.*

ОСМА ***бот.*** *Қасты өсіру әрі қарайтып әдемі көрсету үшін езіп пайдаланатын зат; қара бояу.*

ОСМАН ***зоол.*** *Уылдырығы жеуге жарамайтын ірі балық.*

ОСМИЙ ***мин.*** *Платина тобына жататын дүниедегі ең ауыр металл.*

ОСПАДАР *Өрескел қылықты, ожар, ұрда-жық мінезді адам.*

ОСПАДАРЛАН *Ұрда-жық мінез көрсету, дөрекілік істеу.*

ОСПАДАРЛАУ *Өрескел мінезділеу, тұрпайылау.*

ОСПАДАРЛЫҚ *Тұрпайы қылық, дөрекілік, сөлекеттік.*

ОСПАДАРСЫЗ *Сөкет, сөлекет, келеңсіз.*

ОСПАДАРСЫЗДЫҚ *Тұрпайылық, сөлекеттік, келеңсіздік.*

ОСПАҚ *Тура айтпай, астарлап сөйлеген сөз, тұспал.*

ОСПАҚСЫЗ *Әзіл-қалжыңсыз, тұспалсыз.*

ОСПАҚТА *Астарлай айту, жұмбақтап сөйлеу.*

ОСПАҚШЫЛ *Оспаққа жаны құмар, өзілқой.*

ОСТЕОЛОГИЯ ***биол.*** *Анатомияда дененің сүйек құрылысын зерттейтін бөлім.*

ОСТЕОМИЕЛИТ ***мед.*** *Жілік майы немесе сүйек қабынып кететін жұқпалы ауру; сүйекте болатын зәрлі ісік.*

ОСТЕОХОНДРОЗ ***мед.*** *Сүйектердің буын араларына минералды тұз жиналатын ауру.*

ОСТЕРТАГИОЗ *Күйіс қайыратын малда жұмыр құрттар қоздыратын кесел.*

ОСЫ *Нақтылықты, дәлдікті білдіретін сілтеу есімдігі.*

ОСЫЛАЙ *Қимылдың алуан түрлі сапасын, тәсілін білдіретін сын және бейне үстеулерінің бірі.*

ОСЫНДА *Қимылдың орнын, мекенін білдіретін мекендік үстеу.*

ОСЫНДАҒЫ *Осы жердегі.*

ОСЫНДАЙ *Осы сияқты, осы тәрізді.*

ОСЫНДАЙДА *Осы уақытта, осындай кезде.*

ОСЫНША *Соншама, соншалықты.*

ОСЫНШАЛЫҚ *Сондайлық, соншама.*

ОСЫНШАЛЫҚТЫ *Сондайлықты, соншалықты.*

ОСЫНШАМА *Осы сияқты, осындай, соншама.*

ОСЫР *Арттан жел жіберу.*

ОСЫРАҚ *Арттан жел жібергіш адам, мал.*

ОТ I 1. *Қызуы аса күшті алаулаған жалын.* 2. ***Ауысп.*** *Күш-қуат, қажыр-қайрат, жігер.* □ **От киіз** — *киіз үйдің төрінен от басына дейін жететін астыңғы беті қара жүннен, үстіне өрнек салған сырмақ, әшекейлі текемет.* ◊ **От ала келгендей** — *өте асығыс жүрген адамға айтылады.* **Оталғалы тұр** — *бәле іздеуге, бүлдіруге дайын тұр.* **От алып орақ түсті** — *ештеңеден тайынбады.* **От ауызды [от ауызды, орақ тісті]** — *өткір тілді, ділмар, шешен.* **Отбасы [отбасы, ошақ қасы]** — *үй іші, бала-шаға.* **Отбасында отыр** — *үйкүшік болып, күйбің шаруамен айналысты.* **Отбасыңнан өрт шықсын!** ***қарғ.*** — *үй-ішіңнің астаң-кестеңі шықсын, ойран болсын!* **От берді [қойды, салды]** — *желіктірді, өшіктірді.* **От боп жанды [күйді]** — *қатты күйінді, күйзелді.* **От жағып, күл шығарды** — *үй ішінің күйкі жұмысымен айналысты.* **Отжүрек** — *еш нәрседен қорықпайтын батыл, қайсар.* **От кешіп, мұз төсенді** — *өмірдің ащы-тұщысын көп көрді, азап шекті.* **От көзді** — *жанары өткір, айбатты.* **Отқа итерді** — *пәлеге айдап салды.* **Отқа күйіп, суға батуға бар** — *жанын пида етуге дайын.* **Отқа күймейтін, суға батпайтын [отқа салса жанбайды, суға салса батпайды]** — *жаны сірі, мықты.* **Отқа май құйды** — *дау-дамайды өршітті, жел берді.* **Отқа оралып, суға сүрінбе!** — *пәле-жаладан аулақ бол!* **Отқа салды** —

азап тартқызды, қинады. **Отқа табынды** – *отты пір тұтып, соған сыйынды.* **Отқа түсті** – *біреу үшін жанын пида етті.* **Отпен ойнады** – *пәлеге ұрынды, соқтықты.* **Отқа салды [тастады] тұтатты [үрледі, жақты]** – *араларына жік салды, араздық тудырды.* **Отымен [отпен] кіріп, күлімен [күлмен] шықты** – *есікте жүрді, күң болды.* **Отымның алды, суымның тұнығы** – *тұңғыш, ең алғашқы бала, келін.* **Оты өшпеді** – *шаңырағы иесіз қалмады, аты ұмытылмады.*

ОТ II *Малға азық боларлық шөп.* ◊ **Отқа қойды** – *малды шөпке жіберді.* **Оттан қалды** – *шөп жей алмады, жайылмады.* **Оты қанды** – *тойынды.* **Оты қашты** – *жердің шөбі таусылды.* **Отын оттап, суын ішті** – *біреудің жерін мекендеді.*

ОТА 1. *Егінді арамшөптен тазарту, шөптеу.* 2. *Қырып жою, жоқ қылу, құрту.*

ОТАҒАСЫ *Отбасының, үй ішінің иесі.*

ОТАЙ *Шөп қаулап шығу, құнарлану.*

ОТАҚ 1. *Егін арасынан шыққан арамшөпті құрту, тазарту, отау шарасы.* 2. *Егін арасына шыққан арамшөп.*

ОТАҚТА *Арамшөпті құрту, жою, жұлу.*

ОТАҚШЫ *Егінді арамшөптен тазартушы, отаққа қатысушы.*

ОТАМАЛЫ I *Көктемнің бас кезіндегі ауа райының ең жайсыз, сәуір айының мерзімі.*

ОТАМАЛЫ II *Арамшөбін отауды қажет ететін, оталуға тиісті, оталатын.*

ОТАМАН ***көне*** *Орта ғасырларда белгілі бір топтың, басшысы. Атаман.*

ОТАН 1. *Туған ел, өскен жер.* 2. ***жерг.*** *Үй іші, отбасы, жанұя.* □ **Отан соғысы** – *Отанды қорғайтын әділетті соғыс.*

ОТАНДАС I *Отаны бір, бір отанда өмір сүретін.*

ОТАНДАС II *Бірге өмір сүру, отбасын құру.*

ОТАНСЫЗ *Отаны жоқ; опасыз, сатқын.*

ОТАНШЫЛ *Өз отанын сүйген, отанына шын берілген.*

ОТАНШЫЛДЫҚ *Отанды сүюшілік, отаншыл болушылық.*

ОТАР I 1. *Империалистік мемлекеттің басып алып, саяси және экономикалық бостандығынан айырған елі.* 2. *Басқа елден, өлкеден қоныс аударушылардың қонысы, елді мекені.* 3. *Арнаулы мақсатпен бірге тұратын адамдар тобының мекені, жатақханасы.*

ОТАР II 1. *Бөлек бағылатын бір қора қой.* 2. *Мал бағылатын жайылым.*

ОТАР III *Белгілі бір мемлекетке бағынышты, соның қарауындағы, тәуелді бодан ел.*

ОТАРБА ***тар.*** *Пойыздың ең алғашқы қазақша аты.*

ОТАРЛА I *Малды жайылымға топтап жаю, бағу.*

ОТАРЛА II *Бір мемлекеттің екінші мемлекетті өзіне тәуелді етуі, бодан ету.*

ОТАРЛАС *Бір отарда бағылатын, отары бір.*

ОТАРЛАУШЫЛЫҚ *Отар етушілік.*

ОТАРЛЫ I *Қоралы қойы бар.*

ОТАРЛЫ II *Өзіне тәуелді елі бар.*

ОТАРЛЫҚ *Отарлау саясатына қатысты (іс).*

ОТАР-ОТАР *Қора-қора, бірнеше қора.*

ОТАРШЫ *Басып алып, отар етуші.*

ОТАРШЫЛ *Өзіне тәуелді етіп, бағындыруға бейім, отарлауға құмар.*

ОТАРШЫЛДЫҚ *Тәуелді етушілік, отар етіп билеушілік.*

ОТАС *Ерлі-зайыпты болып өмір сүру, тұрмыс құру.*

ОТАУ I *Жаңадан тұрмыс құрып, енші алып бөлінген ұлдың үйі; отау үй.* □ **Отау иесі** – *жеке шаңырақ иесі, кіші үйдің иесі.* ◊ **Отау жабар** ***көне*** – *ұзатылатын қалыңдықтың отауын тіккенде әйелдердің күйеу шешесінен алатын кәдесі.*

ОТАУ II ***спорт*** *Тоғызқұмалақ тақтасындағы құмалақтар орналасқан 9 ұяның жалпы атауы.*

ОТАУ III ***жерг.*** *Біраз шөмеленің жиынтығы.*

ОТАУЛА *Отау етіп бөлек шығару, отау тұргызу.*

ОТАУЛАН 1. ***ыр. етіс*** *Отау-лан.* 2. *Кермек тату, тамақты қырнау.*

ОТАУЛЫ *Отауға ие болған, отау тіккен.*

ОТАШЫ *Сынған жерді орнына сала білетін адам; сыныкшы.*

ОТАШЫЛЫҚ *Сынықты орнына салушылық, оташы болушылық.*

ОТБАСЫ қ. *Жанұя.*

ОТ-ЖАЛЫН *Өмір мен өлім арпалысы, алапат соғыс.*

ОТ-ЖІГЕР *Күш-қуат, қайрат.*

ОТҚАСАЛАР ***эти.*** *Жаңа түскен келіннің үлкен үйлердің босағасын аттағанда апаратын ілуі, кәде.*

ОТҚЫСҚАШ *Шымшыуыр, от көсеу үшін, шоқ қысып ұстау үшін темірден жасалған қысқаш.*

ОТСЫЗ I 1. *Оты жоқ, от жақпай.* 2. ***Ауысп.*** *Жігерсіз, қуатсыз, жалынсыз.*

ОТСЫЗ II *Жайылымдық шөбі аз, шөпсіз (жер).*

ОТТА 1. *Мал жайылу, шөп жеу, отыгу.* 2. ***Ауысп.*** *Аузына келгенді сөйлеу, көку, мылжыңдау.*

ОТТАЙ *От сияқты, от тәрізді.*

ОТТАР *Қысқаш, көсеу.*

ОТТЕМІР *Шымшуыр, отқысқыш.*

ОТТАУЫҚ *Көп сөйлейтін, көкіме.*

ОТТЕГІ ***хим.*** *Дем алу, оттың жануы үшін қажет ауа құрамына кіретін химиялық элемент, газ.*

ОТТЫ I *Шөбі мол, қалың өскен.*

ОТТЫ II 1. *Оты сөнбеген, ыстығы бар, қызулы.* 2. ***Ауысп.*** *Жігерлі, қайратты.* ◊ **Отты жылдар** — *азабы көп, қиыншылығы мол кез.*

ОТТЫҚ I *Малға жемшөп салатын арнаулы орын, ақыр.*

ОТТЫҚ II 1. *Пештің, самауырынның от жағатын жері.* 2. *Сіріңкенің шиін оталдыратын жері; күкірт.*

ОТШАҢ *Жайылуға құмар, отшыл.*

ОТШЫЛ *Отқұмар, отшаң.*

ОТЫЗ *Жиырма тоғыздан кейінгі есептік сан.*

ОТЫЗДАЙ *Отыз шамасындай, отызға жуық.*

ОТЫЗ-ҚЫРЫҚ *Отыз бен қырық шамасында.*

ОТЫЗЫНШЫ *Жиырма тоғызыншыдан кейінгі реттік сан.*

ОТЫҚ 1. *Төлдің шөп жей бастауы, жайылу, оттау.* 2. ***Ауысп.*** *Шөп қаулап шығу.*

ОТЫН *Жағу үшін кесілген, жарылған агаш, дайындалған көмір, тезек, мұнай т.б.*

ОТЫНДЫҚ *Отынға жарайтын, отын боларлық.*

ОТЫН-СУ *Ас-тағам дайындауға қажетті заттар.*

ОТЫНСЫЗ 1. *Жағатын отыны жоқ.* 2. *Отын жақпастан, отын болмай-ақ.*

ОТЫНШЫ *Отын-су дайындайтын адам.*

ОТЫР 1. *Белгілі бір жерге жайғасу.* 2. *Көлікке, машинаға түсу, міну.* 3. *Бір жерге қоныс тебу, мекендеу.* 4. ***Ауысп.*** *Түрмеге қамалу, сотталу.*

ОТЫРАР-ОТЫРМАСТАН *Отырмай жатып, іле-шала.*

ОТЫРҒЫЗ 1. ***өзг. етіс*** *Отыр-ғыз.* 2. *Агаш тігу, жеміс өсімдік егу.*

ОТЫРТ: отыртып кетті — *айласын асырды, жер соқтырды.*

ОТЫРЫҚШЫ *Бір жерді тұрақты мекен етіп, қоныс тепкен, орныққан.*

ОТЫРЫҚШЫЛАН *Отырықшылыққа айналу, қоныстану.*

ОТЫРЫҚШЫЛЫҚ *Отырықшы болушылық.*

ОТЫРЫС 1. *Отыру, отырған күйі, қалпы.* 2. *Көп адам бас қосқан көңіл көтеріс ойын-той.* 3. *Мәжіліс, жиылыс.*

ОТЫРЫС-ТҰРЫС *Отыру, тұру қимылының жалпы атауы, жүріп-тұру*

ОУ 1. *"Ау" сөзімен мәндес сөз.* 2. *"Пәлі" сөзі сияқты сүйсінгендікті, таңданушылықты білдіреді.*

ОФИЦЕР *Армия мен флоттағы, полициядағы басшы құрамға қатысты, әскери атағы бар тұлға.*

ОФСАЙД ***спорт*** *Футбол ойынында ойыншының ойыннан тыс деп саналатын жағдайы.*

ОФТАЛЬМОЛОГ ***мед.*** *Көз ауруының маман дәрігері.*

ОФТАЛЬМОЛОГИЯ ***мед.*** *Көз аурулары және оны емдеу туралы ілім.*

ОХ 1. *Сүйсінгенде, таңданғанда айтылатын қошемет сөз.* 2. *Қатты күйінгенде, өкінгенде айтылатын сөз.*

Оһ *Қысылғанда, қорыққанда, қуанғанда айтылатын сөз.*

ОһО *Таңданғанда, қуанғанда айтылатын одағай сөз.*

ОЧЕРК *Болған оқиғаны қысқаша суреттейтін, көлемі шағын, әдеби, публицистикалық шығарма.*

ОШАҒАН *Үлкен жапырақты, домалақ дәнді, тікенекті өсімдік.*

ОШАҒАНДАЙ *Ошаған тәріздес.*

ОШАҚ 1. *Үстіне қазан қойып, тамақ пісіруге арналған үш аяқты қоршау темір.* 2. *Қазан асып, тамақ пісіретін қазылған орын; жерошақ.* 3. ***Ауысп.*** *Үй іші, балашаға.* 4. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің шоғырланған, шоқталған жері.* ◊ **Ошағын талқандады** *– ойран салды, қиратты.* **Ошағының басы аман** *– үй іші, ауыл-аймағы есен-сау.* **Ошақ басы [бұты]** *– үй іші, отбасы.* **Ошақ құрды** *– үй болды, түтін түтетті.* **Ошақтың үш бұты деп отыр** ***көне*** *– өз үй ішінің амандығын тіледі, қамын жеді.* **Ошақтың үш бұтына берсін!** *– біреуге кіріптар болмай, іздегені өз үйінен табылсын!*

ОШАҚСЫЗ 1. *Ошағы жоқ, ошақ орнатылмаған.* 2. ***Ауысп.*** *Үйсіз-күйсіз, отбасысыз.*

ОШАҚТАЙ 1. *Ошақтың аумағындай, көлеміндей.* 2. ***Ауысп.*** *Үлкен, кең, аумақты.*

ОШАҢ: ошаң етті – а) *қараң-құраң етті, қараңдады;* ә) *сытылып шықты.*

ОШАР *Бір жерге иіру, топтау.*

ОШАР: бір ошар жан – *бір топ жан, бір қора адам.*

ОШАРЛАН *Бір жерге жиналу, топталу, шоғырлану.*

ОШАРЛЫ *Қалың топ, бір қора жан.*

ОШАРЫЛ 1. *Бір нәрсеге бөгеліп қалу, тоқталу.* 2. *Түгелімен қопарылу, жөңкілу.*

ОЮ *Бір нәрсенің бетіне түсірілген түрлі нақыс, бедер, өрнек.* □ **Ою ойды [салды]** *– әдемі, әшекейлі өрнектер жасады.*

ОЮЛА *Ою салу, өрнектеу, әшекейлеу.*

ОЮЛЫ I *Оюы бар, оюланған, өрнектелген.*

ОЮЛЫ II *Бөлшектеп ойып қойған.*

ОЮ-ӨРНЕК *Әсем әшекей, нақыш.*

ОЮШЫ *Түрлі түсті өрнек үлгілерін жасаушы, ою өрнегінің шебері.*

ОЮШЫЛЫҚ *Ою-өрнек оя білушілік, оюшы болушылық.*

ОЯ I ***көне*** *Балиғат, кәмелет.*

ОЯ II *Малдың өрістігінің айнала төңірегі.*

ОЯЗ ***тар.*** 1. *Ресейдегі губернияның құрамына кіретін әкімшілік-аумақтық бөлік (уезд).* 2. *Оязды басқарушы, әкім.*

ОЯЗ *Босаң, болбыр, кемшін.*

ОЯЗДА *Етінен арылып аз-маз жүдеу, сәл-пәл арықтау, ояз болу.*

ОЯЗДАУ *Арықтау, жүдеулеу.*

ОЯЗДЫҚ *Жүдеулік, босаңдық, арықтық.*

ОЯН 1. *Ұйқыдан тұру, ұйқысын ашу.* 2. ***Ауысп.*** *Жандану, тірілу.* 3. ***Ауысп.*** *Ойсанасы жетілу, оң-солын білу, түсіну.*

ОЯҢ *Шұңқырлау ой жер.*

ОЯҢДА *Ойпаң тарту, шұңқырлану.*

ОЯҢДАУ *Ойыстау, шұңқырлау.*

ОЯСТА *Бір жаққа ығысу, ойысу.*

ОЯТ 1. *Ұйқыдан тұрғызу, ұйқысын ашу.* 2. ***Ауысп.*** *Сана-сезімін жетілдіру, көзін ашу.*

ОЯТ: қыз оятты ***этн.*** *– қызға сөз айтты, сөз салды.*

ОЯТАР *Қоңыраулы сағат, оятқыш сағат.*

ОЯУ 1. *Ұйықтамаған қалыпта.* 2. ***Ауысп.*** *Сезімтал, сезгіш.*

ОЯУЛЫҚ *Ояу болушылық.*

Ө

Ө *Көңіл-күйін білдіретін одағай.*

ӨБЕК: **өбек болды** – *жаны қалмады, бәйек болды.* ◊ **Өбек қақты [ұшты]** – *жаны қалмады, қалбалақтады.*

ӨБЕКТЕ 1. *Аялау, әлпештеу, бәйек қағу.* 2. ***Ауысп.*** *Қалбалақтап асып-сасу, құрдай жорғалау.* 3. ***Ауысп.*** *Жағыну, жағымпаздану.*

ӨБЕКТЕГІШ *Өбектей беретін, жаны қалмайтын.*

ӨБЕРЕ ***жерг.*** *Шөберенің баласы.*

ӨБІС 1. ***орт. етіс*** *Өп-іс.* 2. ***Ауысп.*** *Сүйісу, аймалау.*

ӨБІСТІРМЕ ***этн.*** *Екі өңірді қабыстырып алып желбегей жамылып жүретін жеңсіз киім.*

ӨГЕЙ 1. *Өзі тумаған, өз кіндігінен емес.* 2. *Асырап алған, өзінен тумаған (ұл, қыз).* 3. ***Ауысп.*** *Бөтен, жат.* ◊ **Өгей көрмеді [санамады, тұтпады]** – *жатсынбады, жатырқамады.*

ӨГЕЙЛЕ 1. *Тосырқау, жатырқау, бөтенсіну.* 2. *Аңсау, сағыну.* ◊ **Өгейлеп қалды** – *жатырқап қалды.*

ӨГЕЙЛЕУ *Жаттау, бөтендеу, оғаштау.*

ӨГЕЙЛІК 1. *Өз әке-шешесі емес, бірге тумағандық.* 2. ***Ауысп.*** *Бөтендік, жаттық, басқалық.* ◊ **Өгейлік етті [жасады, қылды, істеді]** – *өгей екенін көрсетті, бөтендік қылды.* **Өгейлік көрді [көрмеді]** – *тұрмыстан жапа шекті, соққы көрді.*

ӨГЕЙСУШІЛІК *Жатсынғандық, жатырқағандық.*

ӨГЕЙСІ 1. *Бөтенсу, жатсыну, жатырқау.* 2. *Аңсау, сағыну.*

ӨГЕЙШӨП ***бот.*** *Ылғалды жерлерде өсетін, бас жағы күнбағардың басына ұқсас, сары гүлді, көпжылдық аласа шөп.*

ӨГЕЙШІЛІК *Жаттық, бөтендік, қақтық.*

ӨГІЗ 1. *Сиыр малының піштірілген еркегі; күш көлігі.* 2. ***Ауысп.*** *Ірі, дөңкиген, дәу.* 3. ***Ауысп.*** *Топас, доңыз.* □ **Өгіз арба** – *өгізге жегілетін ырдуаны бар үлкен арба.* **Өгіз соқа** – *өгізге жегілген соқа.* ◊ **Өгіз аяң** – *өте шабан, баяу жүріс, іс.* **Өгіз аяңға басты [салды, кірісті]** – *өте, баяу қозғалды, жай жүрді.* **Өгіз жон** – *дөңкиген, күжірейген.* **Өгіз олжа** – *мол олжа.* **Өгіз терісі талыс** – *мықты берік, көнбіс.*

ӨГІЗАЙ *Алабұғаның үлкені.*

ӨГІЗДЕЙ 1. *Өгіз сияқты, өгіз тәрізді.* 2. ***Ауысп.*** *Ірі үлкен, дәу, еңгезердей.* ◊ **Өгіздей өкірді** – *даусын шығарып қатты жылады, бақырды.* **Өгіздей өңкиген** – *денесі ебедейсіз үлкен, еңгезердей.* **Өгіздей өңмендеді** – *жолындағыны баса-жаншa, кимеледі.*

ӨГІЗТАРТЫС ***этн.*** *Екі адам еңбектеп тұрып, мойындарына арқан салып тартысатын ойын, бұқа тартыс.*

ӨГІЗШАҒАЛА ***зоол.*** *Балықпен қоректенетін, құйрығы қысқа, ақ бауыр үлкен құс; шағаланың бір туысы.*

ӨГІЗШЕ I *Сиыр малының екі жастан асқан піштірілген тайыншасы, еркек тана.*

ӨГІЗШЕ II *Өгіздей, өгіз сияқты.* ◊ **Өгізше [өгіздей] өкірді** – *қатты дауыс шығарып жылады, бақырды.*

ӨЖЕТ *Алған бетінен қайтпайтын қайсар, батыл, бірбет, өр.*

ӨЖЕТСІН *Батылсыну, қайсарсыну, өрсіну.*

ӨЖЕТТЕН *Батылдану, қайсарлану, жігерлену.*

ӨЖЕТТЕУ *Батылдау, қайсарлау, ержүректеу.*

ӨЖЕТТІК *Батылдық, ержүректік, қайсарлық.*

ӨЖЕТТІЛІК *Батылдылық, ержүректілік, қайсарлылық.*

ӨЗ *Басқа емес, тек өзі ғана.* □ **Өз алдына** — а) *дербес, жеке, бөлек;* ә) *ерекше, басқаша.* **Өз әлінше** — *шама-шарқынша, әлі келгенше.* **Өз бетімен [бетінше]** — а) *өздігінен, өзінше;* ә) *жайына, жөніне.* **Өз билігі өзінде** — *ешкімге тәуелді емес, ерікті.* **Өз дегенінен қайтпайды** — *өз айтқанын істеп, бетінен қайтпады.* **Өзін-өзі басқару** *пед.* — *өздерін-өздері билеу, ұйымдасып істеу.* **Өз жөніне [жайына] кетті** — *өзінше бөлек кетті.* **Өз обалы өзіне** — *біреуге өкпелемесін, өзінен көрсін.* **Өзімен кетсін!** — *жаманшылық соның өзінен айрылмасын.* **Өзі-өз болып [болғалы]** — а) *туғаннан, жаратылғаннан бері;* ә) *өз қолы өз аузына жеткелі.* **Өз қолы өз аузына жетті** — а) *тұрмысы түзелді, шаруасы оңалды;* ә) *азамат болды, есейді.* **Өз қотырын өзі қасыды** — *өзіне тиісті істі өзі істеді.* **Өз табағын өзіне тартты** — *өзі істегенді өзіне біреу істеді.* **Өз тізгіні өзіне тиді** — *өзі би, өзі қожа болды.* **Өзі илейтін [уқалайтын] терінің пұшпағы** — *түбінде өзі істейтін жұмыс.* **Өзім білем** — *менмен, тәкаппар.* **Өзіне-өзі келді [келе алмады]** — *ес жиды, әлденді.* **Өзіне қарап тон пішті** — а) *өзін жұртқа өлшем қылды;* ә) *бар нәрсені өзімен өлшейді.* **Өзінен-өзі қуыстанды** — *секем алды, сезіктенді.*

ӨЗАРА *Бірімен-бірі, екеуара.* □ **Өзара әсер** — *заттар мен құбылыстардың өзара байланыс негізін құрайтын қозғалыс.* **Өзара байланыс** — *заттар мен құбылыстардың әртүрлі қасиеттері мен сыр-сипаттарының бір-бірімен байланысын білдіретін ұғым.* **Өзара сын** — *бірінің кемшілігін бірі көрсететін жолдастық сын.*

ӨЗБЕК *Өзбекстан Республикасының негізін құрайтын, түркі тілдес халық.*

ӨЗГЕ *Бөлек, бөтен, басқа.* ◊ **Өзгеге [басқаға] не жорық** — *бұл солай болғанда, басқа не істемейді.*

ӨЗГЕЛЕН *Басқаша боп өзгеру, ерекшелену.*

ӨЗГЕЛЕУ *Бөлектеу, басқашалау, ерекшелеу.*

ӨЗГЕЛІК *Бөлектік, бөтендік, жаттық* □ **Өзгелік етіс** ***грамм.*** — *істің басқа біреу арқылы істелетіндігін білдіретін етіс.*

ӨЗГЕР 1. *Жаңа сапаға көшу, басқа түрге ауысу, құбылу.* 2. *Бірінің орнына бірі келу, алмасу, жаңару.*

ӨЗГЕРГІШ *Өзгере беретін, алмасып тұратын, құбылғыш.*

ӨЗГЕРГІШТЕУ *Жиі өзгеретін, құбылмалылау.*

ӨЗГЕРГІШТІК *Басқа түрге, сапаға ауысушылық, өзгеріп тұрушылық, құбылғыштық.*

ӨЗГЕРЕК *Басқашалау, өзгешелеу, ерекшерек.*

ӨЗГЕРМЕЛІ *Өзгеріп тұратын, құбылмалы, тұрақсыз.*

ӨЗГЕРМЕЛІЛІК *Өзгергіштік, құбылмалылық.*

ӨЗГЕРТКІШ *Өзгерте беретін, құбылтқыш.*

ӨЗГЕРУШІЛІК *Өзгеріске түсушілік, өзгергендік.*

ӨЗГЕРІМПАЗ *Өзгере бергіш, өзгергіш.*

ӨЗГЕРІМПАЗДЫҚ *Өзгере бергіштік, өзгергіштік.*

ӨЗГЕРІС *Бұрынғы қалыптан басқаша айырмашылық, өзгерген жайт.* □ **Өзгеріс енгізді** — *өзгертті, жаңартты.* **Өзгеріске түсті [ұшырады]** — *жаңа күйге ауысты, өзгерді.*

ӨЗГЕРІССІЗ *Бәз-баяғы қалпы, ешқандай өзгерісі жоқ.*

ӨЗГЕРІССІЗДІК *Еш өзгерісі жоқтық.*

ӨЗГЕШЕ *Әдеттен тыс, ерекше, бөлекше, айрықша.*

ӨЗГЕШЕЛЕ *Басқаша ету, ерекшелеу.*

ӨЗГЕШЕЛЕН *Ерекшелену, бөлектену.*

ӨЗГЕШЕЛЕУ *Басқарақ, ерекшелеу.*

ӨЗГЕШЕЛІК *Заттың өзіне тән айырмашылық белгісі, ерекшелік.*

ӨЗГЕШЕРЕК *Басқашарақ, ерекшелеу.*

ӨЗДЕН ***көне*** *Хан уәзірлері, бегі әлде дубірі.*

ӨЗДІГІНЕН *Өз бетімен, өзінше.* □ **Өздігінен сәулелену** ***физ.*** *— сыртқы электрмагниттік өріс кванттарының әсерінсіз-ақ атом жүйесінің сәуле шығаруы.*

ӨЗДІГІНШЕ *Ешкімнің көмегінсіз, өз бетімен.*

ӨЗДІК *Өзі істейтін, өзіндік.* □ **Өздік есімдік** ***грамм.*** *— тек тәуелдік жалғауының бірінде тұрып қана көптеліп, жіктеліп қолданылатын есімдік.* **Өздік етіс** ***грамм.*** *— істің, әрекеттің өз субъектісіне жұмсалуын көрсететін етіс.*

ӨЗЕК I *Бір кезде су ағып, кейіннен құрғап қалған көгалды, жыралы сайсала, өзен арнасы.*

ӨЗЕК II 1. *Өсімдік пен ағаштың ортасындағы жұмсақтау бөлік, жіңішке қуыс.* 2. *Қамшы өрімінің арасына салынатын қатты зат.* 3. *Сыздауықтың ортасындағы жұлын сияқты ақ зат.* 4. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің негізі, арқауы, түйіні.* □ **Өзек болды [етті]** *— негіз болды, арқау етті.*

ӨЗЕК III ***анат.*** *Жұтқыншақтан асқазанға дейінгі ас өтетін жол, өңеш.* ◊ **Өзегі жанды [күйді]** *— өзегі өртенді.* **Өзегіне от [өрт] салды** *— ішкі сезімін қозғады, жүрегін тербеді.* **Өзегіне өрт [шоқ] түсті** *— қызғаныш оты лаулады, іші күйді.* **Өзегін жарып шыққан** *— өзінен туған перзент.* **Өзегін тілді** *— ішін өртеді, күйіндірді.* **Өзегі өртенді [өзегін өртеді]** *—* а) *іші күйді, қызғанды; ә) қасірет шекті, күйінді, қайғырды;* б) *жанына батты, күйінді.* **Өзегі талды [үзілді]** *— қарны ашты, ашықты.* **Өзегі үзілді** *— жаны ашыды, егілді, елжіреді.* **Өзек жалғады** *— аздап тамақ ішті; жүрек жалғады.* **Өзекжарды** *— таңдаулы, озық.* **Өзекке тепті** *— қастық ойлады, жаманшылық істеді.*

ӨЗЕКТЕ *Өзек салу, өзек жүргізу.*

ӨЗЕКТЕН *Өзек пайда болу, өзек жару.*

ӨЗЕКТЕС I *Бір-бірімен тығыз байланысты, сабақтас.*

ӨЗЕКТЕС II *Сабақтасу, байланысу, үндесу.*

ӨЗЕКТЕСТІК *Сабақтастық, байланыстылық.*

ӨЗЕКТЕУ *Өзексымақ, шұңқырлау, ойлау (жер).*

ӨЗЕКТІ I *Сай-салалы, ой-шұңқырлы (жер).*

ӨЗЕКТІ II 1. *Сабағының ортасы қуыс, өзегі бар (өсімдік)* 2. ***Ауысп.*** *Ең басты, негізгі; келелі (мәселе).*

ӨЗЕКТІ: Өзекті жан *— бойында жаны бар тірі адам.*

ӨЗЕКШЕ *Кішігірім сай-сала, кішкене терең сай.*

ӨЗГЕЛЕН *Өңештеу, барын салу, айтқанынан қайтпау.*

ӨЗЕН *Белгілі арнамен ағатын табиғи су.*

ӨЗЕНШЕ *Кішігірім өзен, кішкене өзен.*

ӨЗЕНШІ *Өзен бойында (пароходта, кемеде т. б.) жұмыс істейтін адам.*

ӨЗЕУРЕ 1. *Бір нәрсені қайта-қайта сұрай беру, өңештеу.* 2. *Көзімен ішіп-жеу, ынтығу, құмарту.* 3. *Астыүстіне түсу, бәйектеу, өбектеу.*

ӨЗ-ӨЗІ *Бірімен-бірі, өзара өзді-өзі.*

ӨЗ-ӨЗІНЕН *Өзінен-өзі, қараптан-қарап тұрып.*

ӨЗІМ: өзім деген *— айтқанына көнетін, сенімді.*

ӨЗІМЕН-ӨЗІ *Еш нәрсемен ісі жоқ.*

ӨЗІМСІ *Өзіне жақын тұту, өзім деп санау.*

ӨЗІМШІЛ 1. *Өз қара басының ғана қамын көздейтін, өз мүддесін қоғам мүддесінен жоғары санайтын.* 2. ***Ауысп.*** *Өркөкірек, менмен, тәкаппар.*

ӨЗІМШІЛДЕУ *Өркөкіректеу, менмендеу, тәкаппарлау.*

ӨЗІМШІЛДІК 1. *Жеке бастың мүддесін өзгелердің мүддесінен, қоғамдық мүдделен артық санайтын қылық,*

өзімшілдік. 2. Өркөкіректік, менмендік, такаппарлық.

ӨЗІНДЕЙ *Өзің сияқты, өзің тәрізді.*

ӨЗІНДІК 1. *Өзіне ғана тән; дербес, жеке. 2. Өзіне жетерлік, өзіне лайық.* □ **Өзіндік құн** *экон.* — *кәсіпорынның белгілі бір өнімді өндіруге жұмсаған жалпы шығыны, сомасы.*

ӨЗІНЕ-ӨЗІ: өзіне-өзі қызмет ету — *халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің жетілдірілген әдістерінің бірі; дүкен.*

ӨЗІНЕН-ӨЗІ 1. *Қарантан қарап, жайдан-жай. ашуланды. 2. Айтпаса да, онсыз да.*

ӨЗІН-ӨЗІ 1. *Өз басын өзі, бір өзі. 2. Жақынын, ең жақынын, ет жақынын, ағайынын.* □ **Өзін-өзі бақылау** — *адамның өз жан дүниесін, психикасын танып-білудегі зерттеу әдісінің бір түрі.* **Өзін-өзі тәрбиелеу** — *теріс қылықтарды жоюға бағытталған адамның жүйелі және саналы әрекеті.* ◊ **Өзін-өзі биледі** — а) *өзінше билік құрды;* ә) *ұстамдылық көрсетті.*

ӨЗІНШЕ 1. *Өз шамалауынша, өз түсінігінше. 2. Өз шама-шарқынша, әлінше. 3. Жеке дара, дербес, өз бетінше, өз алдына.*

ӨЗІТҰСІРГІШ *Қорабындағы жүкті техника тетігімен өзі түсіретін машина.*

ӨЙ *Таңданғанда, таңырқағанда айтылатын одағай сөз.*

ӨЙ-ДӘЙТ *Біреуді көтермелеу, қоштау, кекету кезінде айтылатын сөз.*

ӨЙТКЕНМЕН *Олай болғанмен, қанша дегенмен.*

ӨЙТКЕНШЕ *Әйткенмен, олай еткенше.*

ӨЙТКЕНІ *Олай болған себебі, ұйткені.*

ӨЙТШ-БҰЙТІП *Әйтіп-бұйтіп, амалдап, лаждап.*

ӨК *Сиыр малын қайыру, айдап жіберу үшін қолданылатын одағай сөз.*

ӨКПЕ I *Адам мен жан-жануарлардың тыныс алу мүшесі.* □ **Өкпе ауруы** — *өкпеге суық тиіп, қабынудан пайда болатын жұқпалы ауру; өкпе туберкулезі.* **Өкпе қабынуы** — *әртүрлі аурулардың асқынуы салдарынан пайда болған ауру.* ◊ **Өкпемен қақты** (*этн.*) — *ұшынғанда, қорыққанда қолданатын халықтық ем.* **Өкпесі аузына [алқымына] тығылды [күйді]** — *ентікті, өкпесі өшті.* **Өкпесі қабынды [өшті]** — *ентікті, алқынды.* **Өкпесін [екі, қос] қолына алып** — *асығып-үсігіп, бар пәрменімен.* **Өкпе тұс** — *қаптал жақ, түспа-түс жақ.*

ӨКПЕ II *Кісіге көңілі қалғанда айтылатын наз, реніш.* ◊ **Өкпе жұрмейді** — *ренжуге, өкпелеуге болмайды.* **Өкпе сақтады** — *ренжіді, өкпеледі.* **Өкпесі қара қазандай** — *қатты өкпелі, ренжулі.*

ӨКПЕ-БАЗЫНА *Еркелей айтылған наз, әзіл-қалжың.*

ӨКПЕ-БАУЫР *Өкпесі мен бауыры аралас.* ◊ **Өкпе-бауыры езілді** — *ықыласы түсті, еміренді, мейірленді.*

ӨКПЕК: өкпек жел — *өңменнен өтіп кететін суық жел.*

ӨКПЕКТЕ *Үйлден екпінден соғу.*

ӨКПЕҚҰРТ *Адамның, малдың өкпесінде болатын ауру.*

ӨКПЕЛЕ 1. *Біреуге ренжу, налу. 2. Аузын бұртитып, томсырау, қылтию.*

ӨКПЕЛІ *Біреуден көңілі қалған, өкпелеген, реніштi.*

ӨКПЕЛІК *Адамның, малдың өкпесі жатқан тұс, бүйір.*

ӨКПЕ-НАЗ *Өкпе-реніш, өкпе-базына.*

ӨКПЕШІЛ *Өкпелегіш, ренжігіш.*

ӨКСІ 1. *Солығын баса алмай қатты жылау, еңіреу. 2.* ***Ауысп.*** *Дүниеден опық жеу, налу.*

ӨКСІК 1. *Қатты күйініп жылаған кездегі солық. 2.* ***Ауысп.*** *Қайғы-қасірет, өкініш, күйік.*

ӨКСІКТІ 1. *Қайғы-қасіретті, мұңды, шерлі.*

ӨКТЕ 1. *Күштеу, өктемдік жасау, өршелену. 2. Суыт жүру, тездету.*

ӨКТЕМ *Тегеурінді, пәрменді, батыл күшті.* ◊ **Өктем келді [қылды]** – *күш көрсетті, басым түсті.* **Өктем сөз** – *күш көрсете сөйлеген қоқан-лоқы сөз.*

ӨКТЕМДЕ *Күшею, өршелену.*

ӨКТЕМДЕУ *Басымдау, үстемірек.*

ӨКТЕМДІ *Қарқынды, пәрменді, тегеурінді.*

ӨКТЕМДІК *Күш-қуаттың басымдылығы, үстемдік.*

ӨКТЕМДІЛІК *Үстемділік, басымдылық.*

ӨКТЕМСІ 1. *Менменсіну, әлдеқандай болу.* 2. ***Ауысп.*** *Бой бермеу, өршелену.*

ӨКТЕМШІЛ *Өктем сөйлейтін үстемшіл.*

ӨКТЕМШІЛДІК *Өктем сөйлейтіндік, үстемшілдік.*

ӨКТЕМІРЕК *Үстемірек, басымырақ.*

ӨКТІМ-ӨКТІМ *Ауық-ауық, дамылдамыл.*

ӨКШЕ 1. *Табанның артқы жағы, бөлігі.* 2. ***Ауысп.*** *Аяқкиімнің өкше тұратын бөлігі.* ◊ **Өкше аударды** – *басқа жаққа көшті; қоныс аударды.* **Өкше басар** – *жас мөлшері жақын, тетелес.* **Өкшелеп қуды** – *ізбе-із, қалмай қуды.* **Өкшеңді жалтырат** – *бұл арадан тез кет, тайып тұр!* **Өкшесі жерге тимейді** – *шапшақ жүгірді, дамыл таппады.* **Өкшесі қанамады** – *құрсақ көтермеді, бала таппады.* **Өкшесін жерге тигізбеді** – а) *аяғының ұшымен жүрді;* ә) *жаяу жүргізбеді, көтермеледі;* б) *қуып жіберді.* **Өкше [табан] тіреді** – а) *берік бекіп қарсы тұрды;* ә) *бір жерге тұрақтап мекен қылды.*

ӨКШЕЛЕ 1. *Өкшесімен басу, өкшесімен жүру.* 2. ***Ауысп.*** *Қарасынан көз жазып қалмай соңына түсу, тақымдау.*

ӨКШЕЛЕС *Жасы шамалас, тетелес, қатарлас.*

ӨКШЕЛІК *Аяқкиімнің сірісі, сірілік.*

ӨКІЛ 1. *Белгілі бір елдің, ұйымның мүддесін білдіретін, оны жүзеге асыратын ресми адам.* 2. *Белгілі бір топтың, ұйымның, таптың атынан келген кісі.* □ **Өкіл ата** – *тумаған қамқор ата, әке.* **Өкіл әке** – *жастар қосылғанда туған әкенің орнына әке болған адам.* **Өкіл бала [қыз]** – *тумаған, бірақ туған баласынан кем көрмейтін баласы, қызы.* **Өкіл күйеу** – *қызды қолынан алған бөтен кісіге жігіт "өкіл күйеу" болады.*

ӨКІЛ II ***көне*** *Көкей, ой, көңіл.* **Өкіліне түспеді** – *көкейіне қонбады, көңіліне орнықпады.*

ӨКІЛДІК 1. *Белгілі бір қызметті атқаруға берілген билік, құқық.* 2. *Бір елдің, мемлекеттің мүддесін қорғайтын мекеме.*

ӨКІЛЕТТІ 1. *Толық ерікті, құқықты.* 2. ***Ауысп.*** *Қадірлі, беделді.* 3. *Қажетті деп танылған мекемелердің бәрінен тиісті өкілдер қатыстырылған жиын.* □ **Өкілетті елші** – *шетелде өз елінің мүддесін қорғауға толық құқығы бар елші.* **Өкілетті өкіл** – *белгілі бір құқық берілген өкіл.*

ӨКІЛЕТТІК *Белгілі бір міндеттелінген істі орындаудағы құқықтылық.*

ӨКІЛСІ *Өкіл болғансу, өкілмін деп мығымсыну.*

ӨКІМ *Белгілі бір мәселе жөнінде шығарылған үкім, шешім, байлам.* ◊ **Өкім қылды** – *бұйырды, өктемдік жасады.*

ӨКІМДЕ *Өктемдік жүргізу, зорлау.*

ӨКІМЕТ 1. *Мемлекет басқарудың билігі.* 2. *Билік иесі, әкім.* 3. *Мемлекеттік құрылысты басқару жүйесі.* □ **Өкімет ісі** – *мемлекет жұмысы.*

ӨКІМЕТТІК *Әкім болушылық.*

ӨКІМСІ *Күш көрсету, баса-көктеу.*

ӨКІМШІ *Билік айтушы, үкім шығарушы.*

ӨКІН *Опық жеу, қапы қалу.*

ӨКІНІШ *Белгілі бір сәтсіздікке байланысты болған уайым, опық, реніш, кейіс.*

ӨКІНІШСІЗ *Уайымсыз, опықсыз, кейіссіз.*

ӨКІНІШТІ *Өкінішке толы, опыққа толы, кейісті, реніштi.*

ӨКІР 1. *Сиыр малының күжілдеп-күрілдеп азан-қазан дыбыс шығаруы.*

2. ***Ауысп.*** *Қатты айғайлап бақырып жылау.*

ӨКІРЕК 1. *Ақырған, бақырған (дауыс).* 2. ***Ауысп.*** *Айтқанынан қайтпайтын өркеуде, ұрда-жық.*

ӨКІРЕКТЕ 1. *Қатты айту, әкіреңдеу.* 2. ***Ауысп.*** *Өршелене өзеуреу, кеңірдектеу.*

ӨКІРЕҢДЕ *Өзінікі жөн деп, өзгеге бой бермеу, өңмендеу.*

ӨКІРІК *Қатты өкірген дыбыс, дауыс.*

ӨЛІ *Жүректің соғуы тоқталып, өмірі таусылу; қаза болу.* ◊ **Өлгенде көрген** — *зарығып жүріп көрген, тапқан.* **Өлген жері осы** — *қатты ұятқа қалды.* **Өлгенше [өлердей]** — *жақсы көрді, сүйді, қадір тұтты.* **Өлгені тірілді, өшкені жанды** — *жоғы орнына түсіп, түгелденді.* **Өл деймісің** — *не қыл дейсің, қайтейін.* **Өл десең өліп, тіріл десең тірілейін** — *не десең де айтқаныңды істейін.* **Өле жаздады** — *а) жаны қиналды, қысылды; ә) жаны қалмады, бәйек болды.* **Өлердегі сөзін айтты** — *қиыла, таусыла сөйледі.* **Өлердей қорқады** — *зәресі қалмайды; қатты қорқады.* **Өлер жерін білмейді [өлерін білмейді]** — *ойламай, абайламай әрекет етті.* **Өлермендік қылды** — *қара күшке салып біреуге қысым көрсетті.* **Өліне көрінді** — *дүние салған адамның артық әрекеті туралы айтылады.* **Өлмегенге өлі балық жолығады** — *қисыны келейін десе, қиыннан қиысады.* **Өлмес күнінді көр** — *тіршілік қамыңды ойла.* **Өлі бойға жан жүтірді** — *күш-қуаты кірді, әлденді.*

ӨЛАРА *Ескі ай мен жаңа айдың аралығындағы мерзім, уақыт, түн қараңғылығы.*

ӨЛГЕН-ЖІТКЕН *Әртүрлі себептермен өлген, жоғалған адам немесе мал.*

ӨЛГЕН-ТІРІЛГЕН: өлген-тірілгеніне қарамайды — *ештеңені елең қылмайды, ескермейді.*

ӨЛГЕНШЕ 1. *Өмірінің соңғы демі біткенше, мәңгі бақи.* 2. ***Ауысп.*** *Ұзақ, көп, сарыла.*

ӨЛ ДЕ МАҒАН *Күл болмаса, бұл болсын, одан арман.*

ӨЛДІМ-ТАЛДЫМ: өлдім-талдым дегенде — *әйтіп-бүйтіп, әрең дегенде.*

ӨЛЕКСЕ 1. *Жан-жануардың көмілмей қалған өліктігі, жемтік.* 2. ***Ауысп.*** *Қолынан еш нәрсе келмейтін жасық адам.* ◊ **Өлексесін сүйретті** — *көнін көтере алмады, қалқиып бос жүрді.*

ӨЛЕКСЕЛЕН *Дәрмені кету, өлімсіреу.*

ӨЛЕКСЕЛЕУ *Жанары тайған, өлімсіреген.*

ӨЛЕКСЕЛІК *Құр кеудесін сүйреткен өліктік.*

ӨЛЕКШІН I *көне* *Қасқыр мен иттің, жолбарыстың ұрғашысы.*

ӨЛЕКШІН II *Өлексеге үйір үлкен қарақұс, күшіген.*

ӨЛЕҢ I *бот.* *Ылғалды жерде өсетін, жапырағы қатты көпжылдық майда нәрлі шөп.*

ӨЛЕҢ II 1. *Белгілі буын өлшемі бар, ыргаққа, ұйқасқа құрылған көркем сөз, поэзия.* 2. ***Ауысп.*** *Нотаға түскен ән, әуен.*

ӨЛЕҢДЕТ *Әндетіп өлең айту, думан құру.*

ӨЛЕҢ-ЖЫР *Өлеңмен жазылған шағын және ұзақ көлемді көркем шығарма.*

ӨЛЕҢШІ *Өлең айтушы, таратушы.*

ӨЛЕҢШІЛ *Өлеңді сүйетін, өлеңқұмар, өлең айтқыш.*

ӨЛЕҢШІЛДІК 1. *Өлең жазғыштық, ақындық.* 2. *Өлең айтқыштық, әнқұмарлық, әншілік.*

ӨЛЕ-ӨЛГЕНШЕ *Ақырғы демі біткенше; өмір бақи.*

ӨЛЕРДЕЙ *Аса қатты, егде, шамадан тыс.*

ӨЛЕРЛІК *Өліп кететін, өлетін.*

ӨЛЕРМЕН 1. *Өлу халіне жеткен, өлмеші.* 2. *Өлген-тірілгеніне қарамайтын, жансебіл.*

ӨЛЕРМЕНДЕН *Өлген-тірілгеніне қарамау, жансебілдену.*

ӨЛЕРМЕНДІК 1. *Өлім халіне жетушілік, арып-ашып жүдеушілік.* 2. ***Ауысп.*** *Өлген-тірілгендігіне қарамаушылық, жанкештілік.* ◊ **Өлермендік**

жасады [қылды, етті] – *қара күшке салды, жанкештілік жасады.*

ӨЛЕР-ӨЛМЕС *Өлме-талма, әрең-әрең.*

ӨЛЕРШЕ *Өлердей, әбден, қатты.*

ӨЛЕУСІРЕ 1. *Өлім халіне жету, өлермен болу, әлсіреу.* 2. *Болар-болмас жылтылдау (от, шам).*

ӨЛКЕ I *Аймақ, өңір, атырап.*

ӨЛКЕ II *Өзен, сала.*

ӨЛКЕЛЕС *Бір өлкеде, бір жерде тұратын; жерлес.*

ӨЛКЕЛІ *Өлкеге бай, аймақты, көлемді.*

ӨЛКЕТАНУ *Белгілі бір аймақты танып-білудің жиынтық ұғымы.* □ **Өлкетану музейі** – *белгілі бір өлкені жан-жақты танып-білуге арналған музей.*

ӨЛКЕТАНУШЫ *Елдің белгілі бір аймағын танып-білуші адам.*

ӨЛМЕЛІ I *Жасы жетіп өлуге тақалған, әбден қаусаған.*

ӨЛМЕЛІ II *Шықпа жаным шықпамен күн көрген, мүшкіл.* ◊ **Өлмелінің күнін көрді** – *өйтіп-бүйтіп күн көрді.*

ӨЛТІР *Тірі қоймау, өмірін жою.* ◊ **Өлтіре әшкереледі** – *қатты ұялтты, масқара етті.* **Өлтіре сабады** – *өлім халіне жеткізе ұрып-соқты.* **Өлтіре сынады** – *мінін бетіне басты.*

ӨЛТІРІ ***этн.*** *Қалыңдықтың үйіне күйеу жағы әкелетін ең алғашқы дәстүрлі кәде, құдайы мал.* ◊ **Өлтірісін берді** – *құдайысын таратты.*

ӨЛШЕ 1. *Заттың көлемін, ауданын, салмағын белгілі өлшем арқылы анықтау, мөлшерлеу.* 2. *Киімді бойға шақтап көру.* □ **Өлшеп тіккендей** – *шап-шақ, дәп-дәл, құйып қойғандай.* ◊ **Өлшеу қылды** – *ақыл таразысына сап салыстырды, салмақтады.*

ӨЛШЕГІШ *Бір нәрсені өлшейтін.*

ӨЛШЕМ I *Киімнің адамға дәлдігін көрсететін шама.*

ӨЛШЕМ II 1. *Бір нәрсенің көлемін, салмағын анықтайтын өлшеу бірлігі.* 2. ***Ауысп.*** *Меже.*

ӨЛШЕМДЕС *Мөлшерлес, теңдес, шамалас.*

ӨЛШЕМДЕСТІК *Бір шамада болушылық, мөлшерлестік, теңдестік.*

ӨЛШЕМДІ *Өлшемі бір, мөлшерлі.*

ӨЛШЕМДІК *Өлшемділік, өлшейтін.*

ӨЛШЕМСІЗ 1. *Өлшем бірлігімен шектелмейтін.* 2. ***Ауысп.*** *Шектен тыс, мөлшерден артық.* 3. *Мөлшерленбеген, өлшемдестірілмеген.*

ӨЛШЕП-ПІШ 1. *Тігілген киімді үлгіге салып лайықтап мөлшерлеп кесу.* 2. ***Ауысп.*** *Ой елегінен өткізу; шамалау, болжау.*

ӨЛШЕУЛІ *Өлшеніп қойылған, мөлшерлі, санаулы.* ◊ **Өлшеулі күні бітті [жетті]** – *діни сенім бойынша о баста ұйғарылған өмір сүру мерзім күні бітті.*

ӨЛШЕУСІЗ *Шектен тыс, көп, қисапсыз.*

ӨЛШЕУІШ 1. *Бір заттың салмағын, көлемін, ауданын өлшеу үшін қолданылатын аспап.* 2. ***Ауысп.*** *Меже, шек; өлшем.*

ӨЛІ I 1. *Қаза тапқан, өмірі таусылған, өлген.* 2. ***Ауысп.*** *Санасыз, надан, топас.* □ **Өлі аруақ** – *діни ұғымда өлген ата-бабаның рухы.* **Өлі бой** – *тіршіліктен түңіліп суыған "құр" сүлде.* **Өлі бұйым** – *үйдегі дүние-мүлік.* **Өлі ет** – а) *тірі денедегі тіндері шіріген жансыз ет;* ә) *қонақ келместен бұрын сойылған малдың еті, ескі ет.* **Өлі жұн** – *малдың түлеп түспеген қысқы жүні.* **Өлі су** – а) *қайнамаған, шикі су;* ә) *ағыны жоқ, бөгелген қара су.* ◊ **Өлі бойға жан жүгірді** – *өшкен үміті жанды.* **Өлі төсекте жатқанда** – *өтірік айтатын жер емес.*

ӨЛІ II *Жылқының түйнек сияқты ауруы.*

ӨЛІДЕЙ *Өлік қалпында, өлік күйінде.*

ӨЛІК 1. *Өлген адам мен жан-жануардың жансыз денесі, сүйегі.* 2. ***Ауысп.*** *Қолынан еш нәрсе келмейтін қауқарсыз.*

ӨЛІМ 1. *Тіршіліктің бітуі, ажал, қаза.* 2. ***Ауысп.*** *Ар, ұят, намыс.* ◊ **Өлім аузынан қалды [қайтты]** — *өле жаздап барып, аман қалды.* **Өлім аузында жатыр** — *ауруы меңдеді, әл үстінде жатыр.* **Өлім болды** — *ұят, масқара болды.* **Өлімге бел байлады** — *тәуекелге барды.* **Өлімге көзі қимады** — *есіркеді, аяды.* **Өлім түртті** — *ажал айдады, өлімге бастады.* **Өлім халіне жетті** — *ауыр қиыншылық кешті.*

ӨЛІМДІ *Өлім-жітімді, қаралы, қазалы.*

ӨЛІМ-ЖІТІМ *Ығын-шығын, қаза.*

ӨЛІМ-ЖІТІМСІЗ *Ығынсыз-шығынсыз.*

ӨЛІМСЕК *Шыдамды, төзімді, жаны сірі.*

ӨЛІМСІРЕ 1. *Өлетін адамдай әрең қимылдау, жай сөйлеу.* 2. *Болар-болмас жылтырау, әрең жану.* 3. *Әрең естілу, өлсіреп жету.*

ӨЛІМТІК 1. *Өлі дене, өлесе, жемтік.* 2. *Қолынан ештеңе келмейтін өлмеші, шала-жансар, олақ.* ◊ **Өлімтігін артты** — а) *салмағын салды, ауыртпалығын арттырды;* ә) *кінәсін жуды, айыбын төлетті.*

ӨЛІМШІ 1. *Өлудің аз-ақ алды, өлетін жағдай.* 2. *Өлеусіреп әрең көрінген (сәуле, жарық).* ◊ **Өлімші болды** — *халі нашарлады, өлер болды.*

ӨЛІП-ӨШІ 1. *Шаршап-шалдығу, өлермен болу.* 2. *Жалбақтап астыүстіне түсу.* 3. ***Ауысп.*** *Тағаты таусылу, ынтығу, құмарту.*

ӨЛІП-ТАЛЫП *Аса қатты қиналу, діңкесі құру.*

ӨЛІП-ТІРІЛ *Жан-тәнін салу, барынша, қатты қоргау.*

ӨЛІ-ТІРІСІ *Бары-жоғы, аман-жаманы.*

ӨМІЛДІРІК *Былғары не қайыстан жасалған, аттың ерінің артқа кетпеуі үшін тағылатын әбзел.*

ӨМІЛДІРІКТЕ *Атқа өмілдірік салу.*

ӨМІР 1. *Материяның қозғалу, даму, өсу көріністерінің жалпы жиынтығы, тіршілік.* 2. *Адам мен жануарлардың, өсімдіктердің физиологиялық тіршілік ету, өсу процесі.* 3. *Өсу, даму процесінің белгілі бір кезеңі, сатысы; тірі организмнің тіршілік ету мерзімі; ғұмыр.* 4. ***Ауысп.*** *Ешқашан, еш уақыт.* ◊ **Өмір бақи [бойы]** — *ылғи, үнемі, әрқашан.* **Өмір берді** — *жаратты, дүниеге келтірді.* **Өмірге бойлады** — *өмірге үңіле қарады, өмірді терең түсінді.* **Өмірге қадам басты** — *жаңадан тіршілік ете бастады.* **Өмірден тепкі жеді** — *тұрмыстың соққысын көрді, азап шекті.* **Өмірдің ащы-тұщысын көрді** — *тұрмыстың жақсы-жаманын басынан кешірді.* **Өмір жасың ұзақ болсын!** ***алғ.*** *— көп жаса!* **Өмірзайғы [зая] өтті [болды]** — *өмірі бос, текten-текке кетті.* **Өмір серік** — *жұбай, жар, ерлі-зайыпты.* **Өмір тауқыметін көп көрген** — *тұрмыстың соққысына ұшыраған, өмірдің зардабын көп тартқан.* **Өмір шамы сөнді** — *өлім сағаты жетті, тіршілік оты өшті.* **Өмірі кісі есігінде өтті** — *жалшылықпен күн кешті.* **Өмірі өксіді** — *қайғы-қасіретте күн кешті.*

ӨМІРБАЯН *Жеке адамның өмір тарихы.*

ӨМІРЗАЯ 1. *Таңға жақын көрініп, ағып түсетін жұлдыз.* 2. *Кеспелтек шоқпар.*

ӨМІРЕМ: өмірем қап! ***қарғ.*** *— жер қап, мүрдем кет!*

ӨМІРЛЕС *Тіршілігі бір, тағдырлас.*

ӨМІРЛІ: өмірлі бол! ***әдеб.*** *— көп жаса, ұзақ өмір сүр!*

ӨМІРЛІК 1. *Тұрмысқа пайдалы, өмірге қажетті.* 2. ***Ауысп.*** *Өмір бақи, мәңгілік, тұрақты.*

ӨМІРШЕҢ *Өмірге бейім, икемді, өмір сүргіш.*

ӨМІРШЕҢДІК *Өмірге бейімділік, икемділік.*

ӨМІРІ *Өмір бойы, әрқашан, ылғи да.*

ӨМІРІНШЕ *Өмір бойы, өмір бақи.*

ӨН 1. *Өсімдіктің тамыр тартып көгеріп шығуы; өсуі.* 2. *Өсу, туу, пайда*

болу. 3. ***Ауысп.*** *Істің нәтижелі болуы, ілгері басуы.*

ӨН: өн [өне] бойы — а) *тұла бойы, бүкіл денесі;* ә) *әрдайым, үнемі;* б) *түгелімен, тұтасымен.*

ӨНБЕС: өнбес іс — *өнімсіз, мардымсыз іс.*

ӨНГІШ *Жақсы өнетін, тез шыққыш.*

ӨНГІШТІК *Жақсы өнетіндік, тез шығатындық.*

ӨНДІ *Өнімді болу, маңду.*

ӨНДІР I *Уылжыған, қыршын жас.*

ӨНДІР II 1. ***өзг. етіс*** *Өн-дір.* 2. *Бір нәрсені құлшына, жігерлене істеу.* 3. *Қайтарып алу, төлеттіру.*

ӨНДІРГІШ: өндіргіш күш ***экон.*** — *өндіріс құрал-жабдықтары мен қоғамның материалдық байлығын жасайтын адам еңбегі.*

ӨНДІРДЕЙ *Жап-жас, өрімдей.* ◊ **Өндірдей жас** — *балғын балауса, сындарлы сұлулық.*

ӨНДІРУШІ *Белгілі бір өнім өндіретін адам.*

ӨНДІРШЕК *Жұтқыншақтан басталатын өңештің бойы, алқым.* ◊ **Өндіршегі үзілді** — *діңкесі құрыды, зорланды.*

ӨНДІРШЕКТЕ 1. *Өндіршектен ұстау, жармасу.* 2. ***Ауысп.*** *Өзінікін құптап орынсыз дауласу, таласу.*

ӨНДІРШІН *Жас буын, жеткіншек.*

ӨНДІРШІНДЕЙ *Өрімдей, жап-жас.*

ӨНДІРІМДІ *Өндіріп істейтін, қарымды.*

ӨНДІРІС *Тұтынуға қажетті материалдық игіліктерді, құнды заттарды жасап шығаратын өнеркәсіп саласы.* □ **Өндіріс анархиясы** ***экон.*** — *тауар өндірісінің жоспарсыздығы, қоғамдық шаруашылықтың бет-бетімен кетуі.* **Өндіріс қуаты** — *өнеркәсіп салаларының кәсіпорын, оның бөлімшелерінің белгілі бір уақыт өлшемі ішінде барынша көп, сапалы өнім шығаруы.* **Өндіріс құрал-жабдықтары** — *еңбек жұмсалатын зат пен сол затты өңдейтін құрал.* **Өндіріс әдісі** — *өндірістік қатынастардың өндіргіш күштермен біртұтастығы.*

ӨНДІРІСТІК *Өндіріске тән, өндіріске қатысты.* □ **Өндірістік қатынас** — *қоғамның экономикалық базисі болып табылатын материалдық игіліктер өндірісінің процесіндегі адамдардың біріне-бірінің қатынасы.*

ӨНЕ: өне бойы — *үнемі, әрқашан, әрдайым.*

ӨНЕГЕ *Тәлім-тәрбие, үлгі, ақыл.* ◊ **Өнеге алды [тұтты]** — *үлгі, нұсқа, тәрбие алды, үйренді.*

ӨНЕГЕЛЕ *Үлгі көрсету, игі әсерін тигізу.*

ӨНЕГЕЛІ *Үлгілі, көргенді, тәрбиелі.*

ӨНЕГЕЛІК *Көпшілікке үлгі болушылық, ұнамдылық.*

ӨНЕГЕЛІЛІК *Жағымды ісімен жұрт ілтипатына ие болушылық, үлгілік.*

ӨНЕГЕСІЗ *Тәлім-тәрбиесіз, үлгісіз, көргенсіз, білімсіз.*

ӨНЕГЕСІЗДІК *Тәрбиесі жоқтық, үлгісіздік.*

ӨНЕР 1. *Бір шаруаны ұқсатып жасау қабілеті, шеберлік, іскерлік.* 2. *Шындық өмірді шығармашылық жолмен, көркем образдар арқылы суреттейтін көркем өнердегі жанр.* 3. ***Ауысп.*** *Кәсіп, қарекет.* ◊ **Өнер көрсетті [бастады, шығарды]** — *тосын қылық жасады.* **Өнері тасыды** — *асқан шеберлік көрсетті, шеберлігін танытты.*

ӨНЕРБЕТ *Қолынан әртүрлі іс келетін шебер адам, өнерлі кісі.*

ӨНЕР-БІЛІМ *Өнер мен білімнің жымдасып ұштасқан жиынтығы.*

ӨНЕРЖАЙ: өнержай үйі — *қаламгерлердің, өнер адамдарының демалуына және шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік жасайтын қоғамдық жай, орын.*

ӨНЕРКӘСІП *Халық шаруашылығының шикізатты өңдейтін және одан жаңа бұйымдар жасайтын саласы; кәсіпорын.*

ӨНЕРКӘСІПТІ *Зауыт-фабрикалы, өндірісті.*

ӨНЕРКӘСІПТІК *Өнеркәсіпке қажетті, өндірістік.*

ӨНЕРЛІЕ 1. *Көркемдеп әшекейлеу, әрлеу.* 2. ***Ауысп.*** *Амалдау, құбылту, оңін айналдыру.*

ӨНЕРЛЕН *Өнерге ие болу, білу.*

ӨНЕРЛІ *Талантты шебер, ісмер, өнерпаз.*

ӨНЕРЛІЛІК *Бір нәрсеге жетіктілік, іскерлілік.*

ӨНЕРНАМА *Адамның мәдени және рухани қызметтерді орындауға бағытталған ісі.*

ӨНЕРПАЗ *Қолынан әр алуан іс келетін, ісмер, шебер, өнерлі.*

ӨНЕРПАЗДЫҚ *Шеберлілік, өнерлілік.*

ӨНЕРСІЗ *Қолынан ештеңе келмейтін, өнері жоқ, орашолақ.*

ӨНЕРСІЗДІК *Қолынан ештеңе келмеушілік, орашолақтық.*

ӨНЕРТАБЫС *Ғылымда, шаруашылықта, техникада өнімді көбейтерлік мәні бар, бір нәрсені жетілдіру арқылы ойлап табылған жаңалық.*

ӨНЕРТАНУ *Өнерді зерттейтін қоғамдық ғылымдар жиынтығы.*

ӨНЕРТАНУШЫЛЫҚ *Өнер зерттеушілік.*

ӨНЕРТАПҚЫШ *Өндіріс пен шаруашылыққа қатысты жаңалықтар ұсынушы.*

ӨНЕРТАПҚЫШТЫҚ *Өндіріс пен шаруашылыққа қатысты жаңалық ашушылық.*

ӨНЕРШІ 1. *Қолынан алуан түрлі іс келетін адам.* 2. *Әнші-күйші, өнерпаз.*

ӨНЕРШІЛІК *Әртүрлі іс істей білушілік, өнерге әуестенушілік.*

ӨНЖОРҒА ***этн.*** *Әйелдер тағатын, күміс шолпы, алқа.*

ӨНІК 1. *Жер бетіне көктеп шыққан алғашқы өнім.* 2. *Өнімді, қарқынды, нәтижелі.*

ӨНІКТІ 1. *Егуге қолайлы, өнімді.* 2. *Пәрменді, қарқынды.*

ӨНІМ 1. *Егілген дақылдардан алынатын түсім (астық, жеміс-жидек, көкөніс).* 2. *Малшаруашылығынан түсетін пайда, табыс (ет, сүт, жүн).* 3. *Өнеркәсіп орындары өндіретін зат.*

ӨНІМДІ 1. *Шығымы, өнімі мол.* 2. *Нәтижелі, табысты.*

ӨНІМДІЛІК *Түсімді мол берушілік, нәтижелілік.*

ӨНІМДІРЕК *Ұтымдырақ, тиімдірек, өнімділеу.*

ӨНІМСІЗ *Нәтижесіз, құнарсыз, мардымсыз.*

ӨНІМСІЗДЕУ *Өнімді емес, мардымсыздау.*

ӨНІМСІЗДІК *Өнбей жатқандық, нәтижесіздік.*

ӨНІМТАЛ 1. *Жақсы өнім беретін, өсімтал.* 2. *Тез көбейгіш, өнгіш.*

ӨНІМТАЛДЫҚ *Өсімталдық, өнгіштік.*

ӨНІП-ӨСУ 1. *Өсіп-өну, өркен жаю.* 2. *Басына бас қосылып көбею, өрбу.* 3. ***Ауысп.*** *Шарықтап даму, өркендеу.*

ӨҢ 1. *Ажар, көрік, жүз, реңк, бет-пішін.* 2. *Заттың теріс жағына қарама-қарсы жылтыр жағы; оң жағы.* 3. *Түрі-түсі бояуы.* 4. ***Ауысп.*** *Адамның ұйықтамаған, ояу кезі.* □ **Өң киім** ***жерг.*** *– өңі бүтін жаңа киім.* ◊ **Өң алды** *– белгілі бір түске енді.* **Өң [өңін] алдырмады [бермеді]** *–* а) *сыр бермеді;* ә) *реңін, көркін сақтады.* **Өң берді** *– ажар берді, көркейтті.* **Өң жоқ, түс жоқ** *– сүреңсіз, көріксіз; үрейі ұшқан.* **Оң мен түстей** *– айқын емес, бұлыңғыр.* **Өңі бұзылды [жібіметі]** *– өңі қашып сұрланды.* **Өңі бүтін** *– жаңа, өңі түзу, киілмеген (киім).* **Өңі кетті** *– оңды, түсі өзгерді.* **Өңі кірді [енді]** *– бетіне қан жүгірді, ажарланды.* **Өңі қашты** *–* а) *өңі бұзылды, боп-боз болды;* ә) *маңызы, мәні кетті.* **Өңін айналдырды** *– дұрыс айтпады, бұрмалады.* **Өңін бермеді** *– әуелгі қалпын сақтады, бояуы оңбады.* **Өңі сынық** *– өңі солғын, жүзі жүдеу.* **Өңі тайды [түсті]** *– а) бояуы оңды, түсі кетті; ә) ажары кетті, көріксізденді.*

ӨҢГЕ *Бұдан басқа, бөтен, өзге.*

ӨҢГЕЛЕ *Басқашалау, жаңарту.*

ӨҢГЕР *Көлік үстінде отырып бір нәрсені ердің алдыңғы жағына көлденең салу.*

ӨҢДЕ 1. *Әдемілеу, әсемдеу.* 2. *Бір нәрсенің кемшілігін түзеу, ретке келтіру.* 3. *Заттың сапасын арттыру, құрамын жақсарту.* 4. *Егін егу үшін топырақты майдалап, жерді тыңайту.*

ӨҢДЕГІШ *Заттың сапасын арттырғыш, жақсартқыш.*

ӨҢДЕС *Өңі бір, түстес, ұқсас.*

ӨҢДЕУ: өңдеу өнеркәсібі — *өндірістің өнеркәсіп пен ауылшаруашылық шикізаттарын өңдеумен айналысатын саласы.*

ӨҢДЕУШІ *Өңдеу жұмысын жүргізуші адам.*

ӨҢДІ *Реңді, ажарлы, көрікті.*

ӨҢДІЛЕУ 1. *Ажарлылау, көріктілеу.* 2. *Өңі ұқсас, өңдес, түстес.*

ӨҢДІЛІК *Реңділік, көріктілік, сұлулық.*

ӨҢЕЗ *Көп тұрып қалғандықтан ыдыстың ішінде, жиегіне базданып қалған жұғынды.*

ӨҢЕЗДЕН *Өңез пайда болу, баздану.*

ӨҢЕЙ *Реңі кіріп, ажарлану.*

ӨҢЕШ 1. *Жұтқыншақ пен асқазан арасындағы ас жүретін жол.* 2. ***Ауысп.*** *Ішіп-жейтін ас, құлқын.* □ **Өңеш рағы** — *өңештен тамақ өтпейтін ауру; қылтамақ.* ◊ **Өңеші кең** — *парақор, жемқор.* **Өңеші кепті** — *сусады, шөлдеді.* **Өңеш қызартты** — *таласып-тармасты, дауласты.* **Өңешіне тықты** — *аузын алды, пара берді.* **Өңешінен [өңештен] өтіп кетті** — *ішіп-жеп қойды, қажетке жаратты.* **Өңешін жыртты** — *бақырды, айғайлады.* **Өңешін жібітті** — *сусын, ішімдік т. б. іште.* **Өңешін созды** — *айғайға басты, өзеуреді, даурықты.*

ӨҢЕШТЕ *Даурығып дауыс көтере сөйлеу, айқайлау.*

ӨҢЕШТІК *Киімнің (көйлектің) жоғары түймесі; алқымға, тағатын түйме.*

ӨҢКЕЙ *Жаппай, өңшең, кілең.*

ӨҢКЕҢДЕ *Ыңғайсыз қозғалу, еңкең-еңкең ету.*

ӨҢКИ *Денелі адамның дөңкиіп көрінуі.*

ӨҢКИГЕН *Денесі қорбиған, дөңкиген.*

ӨҢК-ӨҢК: өңк-өңк етті — *желе жортты, өңкілдеді.*

ӨҢКІЛДЕ 1. *Өңк-өңк етіп қатты желу.* ***Ауысп.*** *Бар денесімен өңкілдеп жылау.*

ӨҢМЕҢ I *Көкірек, кеуде.* ◊ **Өңменінен [көзі, жел, сөзі] өтті** — *а) оқты көзін қадады; ә) суық жел сүйектен өтті; б) ар-ұятына тиді.* **Өңменің созды** — *мойның соза қарады.*

ӨҢМЕҢ II: өңмең қақты — *кеуделеп киіп-жарды, өзеуреді.*

ӨҢМЕҢДЕ *Кие-жара ұмтылу, ентелеу, кеуделеу.*

ӨҢСІЗ 1. *Бояуы оңған, өңі түскен.* 2. *Өңі қашқан, аппақ құдай.* 3. ***Ауысп.*** *Реңсіз, ажарсыз, пішінсіз.*

ӨҢСІЗДЕН 1. *Бояуы кетіп өңі түсу, оңу.* 2. *Бетінің ажары кетіп, өңі қашу.*

ӨҢСІЗДЕУ 1. *Реңсіздеу, көріксіздеу; ажарсыздау.* 2. *Күйсіздеу, жүдеулеу, жадаулау.*

ӨҢСІЗДІК *Өңі нашарлық; реңсіздік.*

ӨҢ-ТҮС *Бет-бейне, келбет.* ◊ **Өң-түс жоқ** — *өң жоқ, түс жоқ, аппақ құдай.* **Өң-түсі бұзылды [қашты]** — *реңінен қаны қашты, бозарды.*

ӨҢШЕҢ *Кілең, біркелкі, өңкей.*

ӨҢІР I 1. *Киімнің алдыңғы екі бойы.* 2. ***эти.*** *Көйлектің омырау тұсына, кимешектің жағына жапсыратын әшекейлі, өрнекті қымбат мата, өңіржиек.* 3. *Көкірек, кеуде, омырау.*

ӨҢІР II *Атырап, аймақ, өлке.*

ӨҢІРЕ *Еңіреп жылау, өкіру.*

ӨҢІРЕҢДЕ *Едіреңдеу, қодыраңдау.*

ӨҢІРЖИЕК *Көйлектің омырауына, кимешектің жағына жапсыратын әшекейлі, өрнекті өңір.*

ӨҢІРЛЕ 1. *Жеке-жеке өңірлерге бөліну.* 2. *Белгілі бағытпен беттеу, бойлау, жағалау.*

ӨҢІРЛЕС *Аймақтас, өлкелес.*

ӨҢІРЛІК *Белгілі бір өңірге, аймаққа тән.*

ӨҢІРТАЛ *Екі тақталы, ортасында бір қарыс күміс шынжыры бар қымбат бағалы алқа; өңіржиектің бір түрі.*

ӨҢІРШЕ 1. *Түрлі түсті тастармен әшекейленген үш тақталы алқа.* 2. *Оқа, зер.*

ӨП *Беттен сүю.*

ӨП-ӨҢДІ *Әп-әдемі, сымбатты.*

ӨП-ӨТІРІК *Көрінеу өтірік, жалған.*

ӨПШІН ***көне*** *Атжабу.*

ӨР I 1. *Ылдиға қарама-қарсы тіктеу келген биіктік.* 2. ***Ауысп.*** *Жоғарғы нысана, мақсат, мүдде.* 3. ***Ауысп.*** *Батыл, өжет, ер.* ◊ **Өрге бастырмады** — *жеңістік бермеді, есе бермеді.* **Өркеуде** — *а) бірбет, өркөкірек; ә) еңсесі биік.* **Өркөкірек** — *менмен, тәкаппар.* **Өркөкіректенді** — *менменсіді, тәкаппарлыққа салынды.* **Өркөкіректік** — *өзімшілдікке салынушылық, тәкаппарлық.* **Өрмінезді** — *өжет, өткір.*

ӨР II 1. *Малдың жайылымға беттеп шығуы.* 2. ***Ауысп.*** *Көп адамның бір жерден топталып шығуы.* ◊ **Өре түрегелді** — *бәрі орындарынан сау етіп тұрды.* **Өріп жүр** — *қаптап, толып жүр.*

ӨР III 1. *Жіпті, шашты, қайыстың жеке талдарын бір-біріне айқастыра орап тоқу.* 2. *Салынып жатқан құрылыстың іргесін көтеру, қалау.*

ӨР: аман-сау өрді — *жақсы жатып жайлы тұрды.*

ӨРБІ *Көбею, өсіп-өну, даму.*

ӨРБІГІШ *Өрбуге бейім.*

ӨРГЕК *Өркөкірек, батыл.*

ӨРЕ I 1. *Құрт-ірімшік, жеміс-жидек біртегіс кебу үшін жасалған биік сөре; жайма.* 2. ***Ауысп.*** *Адамның білім-дәрежесі, ой-өрісі.* ◊ **Өре бастырды** — *іске асырды, қуаттады.* **Өресі биік** — *адамгершілік сезімі жоғары, өресі биік кең.* **Өресі жазылды** — *көңіл-күйі көтерілді, көңілденді.* **Өресі жетпеді** — *білім деңгейі ой-өрісі жетіспеді.*

ӨРЕ II *Бір шетін аттың алдыңғы оң аяғына, екінші шетін артқы сол аяғына салатын тұсау.* □ **Өре жіп** — *жылқы малының құрал-жабдығы.* **Өре салды** — *өреледі, тұсады.*

ӨРЕ: өре киіз — *киіз үйдің сыртына сәндік үшін жабатын ақ киіз.*

ӨРЕКПУЛІ *Әлденеден қобалжулы, үрейлі.*

ӨРЕКПІ 1. *Даурығу, еліру, өршелену, екілену.* 2. *Әлденеге өкпесі қабыну, жүрегі қобалжу.*

ӨРЕКТІКЕН *Түйе малы сүйсініп жейтін өсімдік.*

ӨРЕЛЕ 1. *Малдың алдыңғы және артқы бір аяғын шалыс байлау, матау.* 2. ***Ауысп.*** *Алдаусыратып ұстау, еркіне жібермеу.*

ӨРЕЛЕС *Қатарлас, теңдес, шамалас.*

ӨРЕЛЕУЛІ *Өре салулы, тұсаулы.*

ӨРЕЛІ *Келелі, кең көлемді, ауқымды.*

ӨРЕЛІК *Билік, тыйым, шек.*

ӨРЕЛІЛЕУ *Жан-жақты, тереңдеу, ауқымдылау.*

ӨРЕЛІЛІК *Жан-жақтылық, тереңділік, ауқымдық.*

ӨРЕМ: өрем қапты [қап] — *сеспей қатты, мүрдем кетті.*

ӨРЕН I *Жасөспірім ұрпақ, жеткіншек.*

ӨРЕН II *Жүрттан асқан, озат, үздік.*

ӨРЕН-ЖАРАН *Ағайын-туған, бауырбақ.*

ӨРЕҢ *Өрлеуіт, өр сымақ.*

ӨРЕСКЕЛ *Сөлекет, ерсі, оғаш.*

ӨРЕСІЗ *Ой-өрісі тар, білімсіз.*

ӨРЕСІЗДІК *Ауқымы тарлық, білімсіздік.*

ӨРЕШЕ *Киіз үйдің босаға жағында шимен қоршалған ас-су, қазан-аяқ тұратын бұрыш, орын.*

ӨРЕШЕЛЕ *Өреше құру, өрешемен қоршалу.*

ӨРЕ-ШӨРЕ: өре-шөремен жүрді — *анау-мынауға алданып, абыр-сабыр болып.*

ӨРКЕН I *Өсімдік сабағындағы бұршіктер түбінен пайда болатын желі, өре.* ◊ **Өркен жайды** — *а) бұтақ жайды, көгерді; ә) өсіп-өрбіді, көбейді.*

ӨРКЕН II *Ботаның іште жатып жинаған нәрі, тоңғағы.*

ӨРКЕНДЕ 1. *Өсімдіктердің желі тартуы, көктеу.* 2. ***Ауысп.*** *Ілгері басу, даму, көркею.*

ӨРКЕНДІ *Өркені өскен, табысқа жеткен.*

ӨРКЕНИЕТ *Белгілі бір қоғамдық-саяси құрылыс кезіндегі және материалдық мәдениеттің даму сатысы, өркениет.*

ӨРКЕНИЕТТЕНУ *Белгілі бір қоғамдық-саяси құрылыс кезінде рухани және материалдық жағынан дамып өркендеу; өркениеттену.*

ӨРКЕШ *Түйенің арқасына бір не екі айыр болып тік шаншылған қомы.*

ӨРКЕШ-ӨРКЕШ *Дөңес-дөңес, шоқы-шоқы.*

ӨРКЕШТЕН 1. *Төбе-төбе, жалжал, жота-жота болу.* 2. *Ет алу, май басу, қоңдану.* 3. ***Ауысп.*** *Көңілі өсіп, тасу, өршелену.*

ӨРКЕШТІ 1. *Өркеш біткен, өркеші бар.* 2. *Дөңес-дөңес, өркеш-өркеш.*

ӨРКЕШТІК *Жүк батып, қажамас үшін өркешке киізетін түйе әбзелі.*

ӨРКӨКІРЕК *Даңғой, мақтаншақ*

ӨРЛЕ 1. *Жоғарылап жүру, өрге көтерілу.* 2. *Көкке көтерілу, аспандау, әуелеу.* 3. ***Ауысп.*** *Ілгері басу, даму, өсу.*

ӨРЛЕМЕ: өрлеме қазба — *жер астынан кен қазып алу жұмысы кезінде кеннің ұзын бойымен жүргізілетін тік немесе көлбеу қазба.*

ӨРЛЕН *Өрмінездену, өршу.*

ӨРЛЕУІТ *Шамалы биіктеу, өрлеу жер.*

ӨРЛІ *Өрі бар, көтеріңкі, биіктеу.*

ӨРЛІК *Өжеттілік, өрмінездік, бірбеттілік.*

ӨРМЕ *Өріп жасалған, өрілген.*

ӨРМЕК *Алаша, шекпен тоқу үшін қазыққа керіліп, желісі жерге реттеліп тартылған тоқыма құралы (білдек).* □ **Өрмек ағаш** — *өрмек тоқу станогының барлық әбзелдері.* **Өрмек [құзу] жіп [шыбық]** — *жүннен екі қабатталып иірілген, ерсі жіптерді тізіп мосы көтермеге (арқалыққа) ілінген тік кергіш.* **Өрмек құрды** — *өрмек жіптерін тоқуға даярлап білдекке орналастырды.* **Өрмек қылыш** — *ерсі жіп пен қарсы жіптің арасындағы арқауды бекітетін, нықтайтын қылыш пішіндес ағаш.* **Өрмек мосы** — *үш аяқты көтерме мосы, арқалық.*

ӨРМЕКШІ I *Тор құрып, шыбын-шіркейді аулап қоректенетін буынаяқты жәндік.*

ӨРМЕКШІ II *Өрмек тоқушы адам (маман).*

ӨРМЕЛЕ 1. *Биікке тырмысып шығу, өрге көтерілу.* 2. *Жоргалау, тырбану.*

ӨРМЕЛІ *Өріліп жасалған, өрілген.*

ӨРМЕШІ *Шебер өретін адам, өрімші.*

ӨРНЕК 1. *Оюлы бедер, әшекей, нақыш.* 2. ***Ауысп.*** *Үлгі, өнеге, тәжірибе.* □ **Өрнек салды** — *өрнектеді, әшекейледі, бедерледі.*

ӨРНЕКСІЗ *Өрнек салынбаған, нақышсыз.*

ӨРНЕКТЕ 1. *Өрнек салу, бедерлеу, нақыштау, әшекейлеу.* 2. ***Ауысп.*** *Қиыстырып мәнерлеу, әдемілеу.*

ӨРНЕКТЕС *Ою-өрнегі бір, ұқсас.*

ӨРНЕКТЕУШІ *Өрнек салушы, өрнектейтін адам.*

ӨРНЕКТЕУІШ *Өрнек жасайтын, саламатын аспап.*

ӨРНЕКТІ *Бетіне ою-өрнек салынған, әшекейленген.*

ӨРНЕКТІЛІК 1. *Ырғағы әртүрлілік, әрқилылық.* 2. *Көркемділік, нақыштылық.*

ӨРНЕКШІ *Өрнек салушы, оюшы.*

ӨРСІЗ *Өрі жоқ, түзу.*

ӨРСІН *Тәкаппарсу, менменсіну.*

ӨРТ 1. *Айналаны түгел шарпып қаулап жанған от.* 2. ***Ауысп.*** *Кенеттен болған қауіп-қатер.* 3. *Уайым, қайғы.* □ **Өртсөндіргіш** — *өрт сөндіруге арналған техника.* ◊ **Өрт болып жанды** — *тула бойы күйіп-жанды, қызды.* **Өрт мінезді** — *өткір, өжет.*

ӨРТЕ 1. *От қойып жандыру, күйдіру, жағу.* 2. ***Ауысп.*** *Уайымға салу, қайғыға батыру.* 3. *Дуылдату, тызылдату, ашыту.*

ӨРТЕГІШ *Өрт салғыш, күйдіргіш, жандырғыш.*

ӨРТЕҢ *Бұрынғы шөбі өртеліп, орнына шыққан балауса көк шөп.*

ӨРТТЕЙ *Қып-қызыл, нарттай.*

ӨРТХАБАРЛАҒЫШ *Өрт және оның орнын хабарлайтын техникалық құралдардың жиынтығы.*

ӨРУЛІ *Өріп қойған, өрілген.*

ӨРШЕЛЕН *Ерегісу, шабалану; екілену.*

ӨРШІ 1. *Қалыпты жағдайдан қарқыны арту, үдеу, күшею.* 2. *Өріс алып кету, жан-жаққа жайылу, қаулай түсу.*

ӨРШІК 1. *Бір нәрсенің күшеюі, бой бермей өршелеуі.* 2. *Өзеуреу, өңештеу, екілену.*

ӨРШІЛ *Алған бетінен таймайтын бірбет, қайсар.* **Өршіл ат** — *шоқтығы аласа, өрге қарай жақсы шабатын ат.*

ӨРШІЛДЕН *Қайсарлану, қасарысу.*

ӨРШІЛДЕУ *Өркөкіректеу, қайсарлау.*

ӨРШІЛДІК *Қайсарлық, батылдық, өжеттік.*

ӨРІК *Жеміс ағашы және сол ағашқа шығатын сары, қара түсті, шырынды домалақ жеміс.*

ӨРІК-МЕЙІЗ *Алуан түрлі жеміс-жидек.*

ӨРІМ 1. *Жұмырлап өрілген шаш, бұрым; таспа.* 2. ***Ауысп.*** *Жасөспірім, жеткіншек.*

ӨРІМДЕ *Тарамдап өру, талдау.*

ӨРІМДЕЙ *Жап-жас, уыздай жас.*

ӨРІМ-ӨРІМ *Жалба-жұлба, далдұл, пәре-пәре.*

ӨРІМШІ *Өргіш, өрудің маманы.*

ӨРІМШІЛІК *Өру ісімен шұғылдану-шылық.*

ӨРІС I 1. *Ауыл маңынан шалғайлау оты мол, мал жайылымдық жер.* 2. ***Ауысп.*** *Білім дәрежесі, дүниетанымы.* 3. *Үрім-бұтақ, жегжат-жұрағат.* ◊ **Өріс алды** — *ілгері басты, дамыды.* **Өріс бермеді** — *мүмкіндік бермеді, қақпайлады.* **Өрісі кеңейді [кеңіді]** — *а) жан-жақты өсті, дамыды; ә) жан-жақты болып, өсіп-өнді.* **Өрісіңді өрт алғыр, жайлауыңды жау алғыр! *қарғ.*** — *жамандық айнала шырмасын!*

ӨРІС II ***кәс.*** *Құрылған өрмек жібінің ұзындығы.*

ӨРІССІЗ 1. *Мал жайылатын жері жоқ, жайылымсыз.* 2. ***Ауысп.*** *Ағайын-туғансыз, жұрағатсыз.*

ӨРІСТЕ 1. *Жайылымға шығу, өріске кету.* 2. ***Ауысп.*** *Алға басу, өркендеу, даму.*

ӨРІСТЕС 1. *Жайылымы бір, қатар.* 2. ***Ауысп.*** *Ой-өрісі, дүниетанымы бір, үндес, өрелес.*

ӨРІСТІ 1. *Жайылымы кең.* 2. *Ағайын-туғаны көп, жегжат-жұрағатты.* 3. *Өнегелі, өрелі.*

ӨРІСТІК *Өріс бола алатын, өріске жарамды, шүйгін.*

ӨРІСТІЛІК *Өресі кеңдік, өрелілік.*

ӨРІСШІЛ *Өрісқұмар, жайылымпаз.*

ӨРІСШІЛДІК *Өрісқұмарлық, жайылымпаздық.*

ӨС 1. *Өсімдіктің, шаш, сақал-мұрттың жетілуі.* 2. *Адамзат, жан-жануарлардың үлкеюі, ержетуі.* 3. *Сан жағынан арту, молаю.* ***Ауысп.*** *Қызмет дәрежесінің, атақ-лауазымының жоғарылауы.* ***Ауысп.*** *Алға басу, өркендеу, ілгерілеу.* □ **Өсе келе** — *дами келе, қалыптаса келе.* ◊ **Өспей өндіршегің үзілгір! *қарғ.*** — *қыршыныңнан қиылғыр, желкең үзілгір!*

ӨСЕК *Біреуді сыртынан даттап, кінәлап айтқан жалған сөз.* ◊ **Өсек бақты [қуды, аңдыды]** — *жұртты шағыстыруды күйттеді.* **Өсекбасты болды** — *қаңқу сөзге, жаманатқа ілікті.* **Өсек гуледі [гүілдеді, лаулады]** — *өсек үсті-үстіне айтылды, жайылды.* **Өсек ерді** — *артынан сөз ерді, өсекке ілінді.* **Өсек жүргізді** — *дос-жараннның*

арасына от жақты, жауықтырды. **Өсекке ерді** – *жалған сөзге сенді, алданды.* **Өсекке қалды** – *сөзге қалды, жамандалды.* **Өсекке шалынды [шырмалды, ілінді]** – *сөзге қалды, сөзге ұрынды.* **Өсек тасыды [терді]** – *біреуді біреуге шағыстырды, даттады.* **Өсекті жүндей сабады** – *жалған сөзді үстіүстіне төпеді.* **Өсекті қарша боратты [судай сапырды]** – *өтірік сөзді үстіүстіне айтты, бұрқыратты.*

ӨСЕК-АЯҢ *Жаңсақ пікір, қауесет сөз.* □ **Өсек-аяңға үйір** – *өсекқұмар, өсекке әуес.*

ӨСЕК-ЖАЛА *Тағылған айып, кінә, өсек-өтірік.*

ӨСЕККҰМАР *Қауесет сөзге әуес, өсекшіл.*

ӨСЕК-ӨТІРІК *Біреудің сыртынан айтылған өсек-аяң.*

ӨСЕКТЕ *Біреуді сыртынан орынсыз даттау, жамандау.*

ӨСЕКШІ *Өсек тасушы, өсек айтушы.*

ӨСЕКШІЛ *Өсекқұмар, лақапшыл, қауесетшіл.*

ӨСЕКШІЛДІК *Өсек сөзге құмарлық, өтірік айтушылық.*

ӨСЕР *Өсетін, көркейетін, гүлдейтін, дамитын.*

ӨСЕР: өсер көбейсін! *алғ.* – *балашаға, мал-жанның көп болсын!*

ӨСИЕТ *Кейінгі ұрпаққа айтылған ақыл-кеңес, ғибрат, өнеге.* □ **Өсиет айтты [қалдырды]** – *өзінен кейінгіге ақыл, кеңес берді.*

ӨСИЕТНАМА *Жазылған, хатқа түскен өсиеттер жиынтығы.*

ӨСИЕТТЕ *Үлгі-өнеге айту, ғибраттау.*

ӨСИЕТШІ *Өсиет айтушы, ақылшы.*

ӨСИЕТШІЛ *Өсиет айтқыш, ғибратшыл.*

ӨСКЕЛЕҢ 1. *Тез өскіш, өсімтал, жетілгіш.* 2. ***Ауысп.*** *Жан-жақты өскен, ілгері дамыған, өркендеген.*

ӨСКЕЛЕҢДЕ *Денесі ұзару, биіктеп өсу.*

ӨСКЕЛЕҢДЕУ *Ұзындау, өсіңкі.*

ӨСКЕЛЕҢДІК 1. *Тез өскіштік, өсімталдық.* 2. ***Ауысп.*** *Қарқындап алға дамушылдық, өркендеп жетілгендік.*

ӨСКІН *Тұқымнан өсіп шыққан өсімдік көгі, өнік.*

ӨСКІНДЕУ *Өсіңкіреп кеткен.*

ӨСКІНШЕ ***бот.*** *Өсімдіктің өркен алар жеріндегі бүршік; өскін.*

ӨСКІШ *Тез өсіп жетілгіш, өсімтал, дамығыш.*

ӨСІПІРІМ: жас өспірім – *жас түлек, жеткіншек.*

ӨСТІ *Осылай істеу, сөйту.*

ӨСІК *Өсіп кеткен, өсіңкі.*

ӨСІМ 1. *Адам, жан-жануарлардың, өсімдіктің көбейіп өсуі; өнім.* 2. ***экон.*** *Қосымша түсетін жанама пайда, өнім.* □ **Өсімге берді** – *артығымен көбейтіп қайтаруға келісті, шарт жасады.*

ӨСІМДІ *Өсімтал, өнімді, өсуге бейім.*

ӨСІМДІК *Жер бетіне өніп-өсіп шығатын ағаш, бұта, шөп тәрізді тірі организмдер.* □ **Өсімдік анатомиясы (*биол.*)** – *өсімдіктердің органдары мен тіндерінің микроскоптық құрылысын зерттейтін ботаниканың бір бөлімі.* ◊ **Өсімдік зиянкестері** – *өсімдіктің өсіп-өнуіне, зақым келтіретін немесе мүлде құртып жіберетін жәндіктер.* **Өсімдік кенесі** – *кенелер отрядына жататын кәдімгі өсімдік қоректі кенелердің бірнеше тұқымдасы.* **Өсімдік майы** – *алуан түрлі өсімдіктер дәнегінен техникалық жолмен алынатын табиғи өнім.* **Өсімдік морфологиясы** – *ботаника ғылымының өсімдіктердің дамуындағы сыртқы, ішкі құрылысын, форма түзілуі заңдылықтарын зерттейтін саласы.* **Өсімдік селекциясы** – *ауылшаруашылық өсімдіктерінің жаңа сорттарын, гибридтерін шығаратын ғылыми әдісі.*

ӨСІМДІЛІК *Өнімділік, шығымдылық, түсімділік.*

ӨСІМҚОР *Мұқтаждарға өсімімен қайтаруға қарыз ақша, зат, мал беріп содан пайда табатын адам.*

ӨСІМҚОРЛЫҚ *Несиеге қарыз беріп, пайда табумен шұғылданушылық.*

ӨСІМСІЗ *Қосымшасыз, үстемесіз.*

ӨСІМТАЛ *Тез өскіш, көбеюге бейім, жетілгіш.*

ӨСІМТАЛДЫҚ *Тез өскіштік, көбейгіштік.*

ӨСІНДІ *Жан-жануарлар денесіндегі өсіп шыққан артық ет.*

ӨСІҢКІ 1. *Аздап өскен, ұзынырақ.* 2. ***Ауысп.*** *Өскелең, қажетті.* 3. ***Ауысп.*** *Көңілі көтеріңкі.*

ӨСІҢКІЛЕУ *Аздап өскен, үлкендеу.*

ӨСІП-ӨН 1. *Өсімдіктің бүршік жаруы, жапырақ жаюы, өнім беруі.* 2. *Ұрпақ жаю, көбею, көркею.*

ӨСІП-ӨНУШІЛІК *Дамуға бейімділік, өсушілік, жетілушілік.*

ӨСІП-ӨРБІ *Ел қатарына қосылу, даму.*

ӨСІРУШІ *Баптаушы, күтуші.*

ӨТ I *Бауырдан бөлінетін, ас қорытуға қажетті сарғылт түсті, ащы сұйық зат.* ◊ **Өті жарылды** — а) *өліп кетті, мерт болды; ә) қатты ашуланды, бұлқан-талқан болды.*

ӨТ II 1. *Бір нәрсенің арасынан жүру, кешу, өзеннің екінші жағасына шығу.* 2. *Шекарадан асу, бөтен жерден қоныс тебу.* 3. *Қоғамның белгілі бір ұйымына мүше болу.* 4. *Белгілі бір әрекеттің, уақиғаның іске асуы, болуы.* 5. ***Ауысп.*** *Қаза болу, демі бітуі; өлу.* 6. ***Ауысп.*** *Уақыттың, мезгілдің жылжуы.*

ӨТ III *Қайралған құрал-жабдықтың өткірленуі, кесуі.*

ӨТЕ I *Парызын, міндетін, борышын қайтару, атқару.*

ӨТЕ II *Ерекше, тым, аса, сонша.*

ӨТЕЛ *Әбден пайдаланып тозығы жеткен көр-жер, ескі-құсқы.*

ӨТЕМ *Қарымта, қайтарым, өтеу.*

ӨТЕМАҚЫ *Келтірген зиянның, шығынның есесін қайтарып, төлеуін берушілік, айыппұл.*

ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕУ *Шығынның орнын толтыру.*

ӨТЕ-МӨТЕ *Ерекше, айрықша, аса, тым.*

ӨТЕН ***жерг.*** *Үй, шаңырақ, баспана.*

ӨТЕСІН *Бір нәрсенің қарымтасы, есесі, төлемі.*

ӨТЕУЛІ *Төленген, өтелінген.*

ӨТЕУСІЗ *Өтеуі жоқ, теңдесі жоқ, өтелмеген.*

ӨТЕУШІЛІК *Парызын, міндетін, борышын орындаушылық.*

ӨТЕУІ *Бір нәрсенің төлемі, ақысы, қарымтасы.* ◊ **Өтеуі қайтты** — *төлеуі орнына келді, есесі қайтты.*

ӨТКЕЛ 1. *Өзеннен өтетін таяз жер, кешу.* 2. ***Ауысп.*** *Қиын іс, ауыр жағдай, тар кезең.* ◊ **Өткел бермеді** — *өзеннен жалдап өту қиынға соқты.*

ӨТКЕЛ: өткел қағаз ***жерг.*** — *рұқсат етілген қағаз (пропуск).*

ӨТКЕЛЕК 1. *Малды жеке-жеке өткізу үшін ағаштан жасалған тар, қыспақ жол.* 2. ***Ауысп.*** *Қиын-қыстау жағдай, қысылшаң кезең.* ◊ **Өткелектен өтті [өткізді]** — *қиындық көрді, азап шекті.*

ӨТКЕЛСІЗ *Кешіп, жалдап өтетін жері, өткелі жоқ.*

ӨТКЕН-КЕТКЕН I *Ары-бері жол жүрген адам, жолаушы, жүргінші.*

ӨТКЕН-КЕТКЕН II *Бұрынды-соңды, ілгері-кейінді.*

ӨТКЕР 1. *Белгілі бір жұмысты, шараны атқару, орындау.* 2. *Өмір өткізу, тіршілік кешу.*

ӨТКЕРМЕ I *Қазақша жіп байлаудың бір түрі.*

ӨТКЕРМЕ II *Теміржолдан кесе өту үшін кемеге мінуге т. б. арналып салынған көпір.*

ӨТКЕРМЕЛЕ *Бірнеше рет ары-бері өткізіп ілу, тоқу.*

ӨТКИІЗ ***этн.*** *Оттың орнын ойық етіп қалдырып, суық өтпеу үшін айнала төңірек жерге (бірінші қабатқа) жаюға арналған киіз.*

ӨТКІЗГІШ ***физ.*** *Өз бойынан электр тогы мен ылғалды өткізетін зат.*

ӨТКІЗГІШТІК *Токты, жарықты, жылуды өткізетін қасиеттің барлығы.*

ӨТКІН: **өткін жел** – *өңменнен өтетін, ызғырық жел.*

ӨТКІНШІ 1. *Тез арада, уақытша (құбылыс).* 2. *Олай-бұлай жүретін, өте шығатын, жүргінші.*

ӨТКІНШІЛІК *Қысқа мерзімдік, уақытшылық.*

ӨТКІР 1. *Қайралып жүзі өткірленген, бірден кесіп түсетін.* 2. ***Ауысп.*** *Өжет, батыл, пысық (адам).* ◊ **Өткір тіл [сөз]** – *бетің бар, жүзің бар демей тура сөйлейтін.*

ӨТКІРЛЕ 1. *Құрал-саймандардың жүзін қайраққа, шарыққа салып қайрау, шыңдау.* 2. ***Ауысп.*** *Ойды жинақтап тұжырымдау, жетілдіру, құлпырту.*

ӨТКІРЛЕУ 1. *Күштірек, өтімді.* 2. ***Ауысп.*** *Өжеттеу, батылдау.*

ӨТКІРЛІК 1. *Кесіп түсушілік, өтімділік.* 2. ***Ауысп.*** *Батылдық, өжеттік, мықтылық.*

ӨТКІШТІК *Өту қасиеті молдық, өтіп кететіндік.*

ӨТПЕЖЕЛ *Желдің өтуі, желорай.*

ӨТПЕЛІ *Ауыспалы, өткінші, құбылмалы.* □ **Өтпелі жас** – *балалардың 11–12 жастан 15–16 жасқа дейінгі өсу кезеңі.* **Өтпелі турнир** – *төменгі дәрежелі топтан жоғары дәрежелі топқа өту үшін іріктеу ойындар.*

ӨТТІ: **өтті жел** – *суық жел.*

ӨТТІ-КЕТТІ 1. *Өтпелі, өкініштті.* 2. *Өтіп кеткен, өтесілі.*

ӨТІЛ I *Тілек, талап, өтініш.* □ **Өтіл қылды** – *рұқсат сұрады, өтінді.*

ӨТІЛ II *Берген дүниесі, өткен заты.* ◊ **Өтілі өтті** – *біреуге жақсылығы өтті, қызметі сіңді.*

ӨТІЛ III *Белгілі бір жұмыс саласындағы қызмет істеген уақыт мөлшері, стажы.*

ӨТІМ *Бір нәрсенің өту қарқыны; өтімділік.*

ӨТІМДІ *Қолдан-қолға тез өтетін; базарлы.* ◊ **Сөзі өтімді** – *сөзі нанымды, қадірлі, жетімді.*

ӨТІМДІЛЕУ 1. *Сөзі жүретін, айтқанын істете алатын (адам).* 2. *Жоғары бағамен сатылатын нарықтылау, құндылау.*

ӨТІМДІЛІК I *Қадірлілік, қасиеттілік.*

ӨТІМДІЛІК II *Жұмсалған шығынның (қаражат т. б.) ақталуы, қайта өндірілуі.*

ӨТІМДІРЕК *Өтімділеу, өтімді.*

ӨТІМПАЗ *Өтуге бейім, өткіш.*

ӨТІМСІЗ *Тез өтпейтін, құнсыз.*

ӨТІН *Жалынып-жалбарыну, қиылып сұрау.*

ӨТІНІШ *Арыз, тілек, шағым.*

ӨТІНІШТІ *Жалынышты, өтінген.*

ӨТІРІК *Шындықтан алшақ, жалған.* □ **Өтірік өлең** – *қазақ халқының тұрмыс салтына байланысты шығарылған өлең түрі.* ◊ **Өтірік пен өсекті жүндей сабады** – *жалған сөзді қарша боратты, біреуді гайбаттады.* **Өтірікті шындай, ақсақты тұндай қылды** – *жалған сөзді шын қылып айтты, көзбен көргендей баяндады.*

ӨТІРІКСІЗ *Жалғаны жоқ, бүкпесіз, қоспасыз.*

ӨТІРІК-ШЫНДЫ *Өтірігі бар, шыны бар.*

ӨТІРІКШІ *Үнемі өтірік айтатын адам; алдампаз.*

ӨТІРІКШІЛ *Өтірік айтуға бейім, алдамшыл.*

ӨТІС *Алыс-беріс, ауыс-түйіс.*

ӨШ I 1. *Араз, қас, жау.* 2. ***Ауысп.*** *Бір затқа әуес, құмар, ынтық.* □ **Өш болды** – *жауықты, қастасты, өштесті.* ◊ **Өш [өшін] алды** – *қарымын қайтарды, кек алды.* **Өші кетті** – *есесі қайтпады, кегін ала алмады.*

ӨШ II 1. *Жанбай қалу, сөну.* 2. *Бір заттың бетіндегі жазуы, бояуы кету, жойылу.* 3. ***Ауысп.*** *Құру, кему, жоғалу.* ◊ **Өшкені жанып, өлгені тірілді** – *үзілген үміті қайта жанды, қуанышқа кенелді.*

ӨШПЕНДІ *Дұшпан, қас, жау.*

ӨШПЕНДІЛІК *Дұшпандық, қастық, көре алмаушылық.*

ӨШПЕС *Ойдан, естен кетпес, ұмытылмас.*

ӨШТЕС *Дұшпан болып қастасу, жауласу.*

ӨШТЕСТІРУШІ *Жауластырушы, қастастырушы (адам).*

ӨШТІК *Өшігушілік, қастық.*

ӨШТІ-ҚАСТЫ *Жау, дұшпан, көре алмаушылық.*

ӨШІГУЛІ *Жауығулы, өштесулі.*

ӨШІК *Егесу, ерегісу, қастасу.*

ӨШІР 1. *Отты, шамды, өртті сөндіру.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені жоқ ету, жою, жоғалту.* 3. ***Ауысп.*** *Даусын басу, үнін шығармау.* ◊ **Өшір үніңді!** – *даусыңды шығарушы болма, сөйлеме!*

ӨШІРГІШ *Қағазға жазылған жазу-сызу, шимайды өшіруге арналған резеңке құрал.*

П

ПА I *Сөйлемге не сөзге сұраулық мағына үстейтін демеулік.*

ПА II *Адамның көңіл-күйін, ішкі сезімін, сүйініп-сүйсінуін, таңдануын білдіретін одағай сөз.*

ПАВИАН *Негізінде Африканы мекендейтін тұмсығы ұзын, денесі ірі маймыл.*

ПАВИЛЬОН 1. *Бақтың ішінде немесе аулада төбесі жабық, жеңіл-желпі салынған сәнді, шағын үй; саябақ.* 2. *Көрмелерде экспонаттар қоятын және кино, фото түсіруге арналған үй.*

ПАГОДА *Будда дінінің мінәжатханасы.*

ПАҒАЛ ***кәс.*** *Мақтаның сыртқы қабығы, қауашағы.*

ПАДИША ***тар.*** *Патша сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгертіп айтылған түрі.*

ПАДА *Ірі қара мал табыны, бір қора сиыр.*

ПАДАШЫ *Мал бақташысы, сиыр бағушы.*

ПАЕК *Белгілі бір мерзімді күнге арнап, тиісті мөлшерде берілетін азық-түлік.*

ПАЙ *Мүдделі ортақ іске мүше боп кіргендердің өз тараптарынан беретін, төлейтін үлесі, жарнасы.*

ПАЙҒАМБАР 1. *Әулие, көріпкел, Алланың дінін, уағызын қауымға таратушы.* 2. ***Ауысп.*** *Өзінше білгір, әулие.* ◊ **Пайғамбар жасы** — *алпыстан асқан шақ.* **Пайғамбардың үмбеті** — *пайғамбар жолын қуушы, мұсылман.*

ПАЙДА 1. *Өндіріс, ауылшаруашылық өнімдерінен, саудадан түсетін мол табыс, таза кіріс; түсім.* 2. *Адамға тиімді, жағымды іс-әрекет, олжа.* 3. *Жәрдем, көмек, сеп.* ◊ **Пайда болды** — *кезікті, тап болды, көрініс берді.* **Пайдаға асты** — *қажетке жарады, іске татыды.* **Пайда келтірді** — *артық үнем түсірді.* **Пайда көрді [тапты]** — *табысқа қарық болды, олжа тапты.* **Пайда қылды** — а) *олжа етті, үнем тапты;* ә) *кәдесіне жаратты.* **Пайдасы тиді** — *себі болды, жақсылығы тиді.*

ПАЙДАКҮНЕМ *Оңай олжа табуды құптайтын адам, пайдақұмар.*

ПАЙДАҚОР I *Жоқ жерден пайда табуды мақсат ететін пайдақұмар.*

ПАЙДАҚОР II ***жаңа.*** *Сауда-саттық жасап пайда түсіруші саудагер.*

ПАЙДАҚОРЛЫҚ *Пайдакүнемдік, пайдақұмарлық.*

ПАЙДАҚҰМАР *Пайдакүнем, пайдакеш.*

ПАЙДАЛАН *Қажетіне жарату, пайдаға асыру.*

ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚ *Белгілі бір затты пайдаға асырушылық, қажетке жаратушылық.*

ПАЙДАЛАНЫМ ***жаңа.*** *Белгілі бір нәрсені пайдалану; эксплуатация.*

ПАЙДАЛЫ 1. *Тиімді, пайдасы мол.* 2. *Қажетті, керекті, жарамды.* □ **Пайдалы қазындылар** ***геол.*** — *жер қыртысында органикалық не органикалық жолдармен жаралған және өнеркәсіпте қолданылатын табиғи минералдық шикізаттар.*

ПАЙДАЛЫЛЫҚ 1. *Белгілі бір іске тікелей пайдасы барлық.* 2. *Тиімділік, қажеттілік, қолайлылық.*

ПАЙДА-ПАҚЫРШЫЛЫҚ *Пендешілік жасап пайда тапқысы келушілік.*

ПАЙДАСЫЗ 1. *Түкке қажеті жоқ, керексіз, пайдасы жоқ.* 2. *Қажетсіз, тиімсіз.*

ПАЙДАСЫЗДЫҚ *Қажеті жоқтық, керексіздік.*

ПАЙДАШЫЛ *Пайдакүнем, пайдақор.*

ПАЙДАШЫЛДЫҚ *Болмашыны пайда көрушілік.*

ПАЙЛА *Пайымдап ойлау, ақылға салу.*

ПАЙ-ПАЙ *Әлдебір нәрсеге таңғалғанда, таңырқағанда, сүйініп-сүйсінгенде көңіл-күйді білдіре айтылатын ишарат сөз.*

ПАЙРА *Сиырдың бітеу жапасынан не көң жаққаннан болатын күл.*

ПАЙШЫ *Тұтынушылар одағының мүшесі, жарнашы.*

ПАЙЫ *Сырткиімдік жеңіл мата.*

ПАЙЫЗ: пайыз тапты – *тағат етті.* □ **Пайызторғай** ***зоол.*** – *шымшық тұқымдас торғайлардың бір түрі.*

ПАЙЫМ *Ақыл, парасат, түсінік.*

ПАЙЫМДА *Бір нәрсенің жайын ой елегінен өткізіп байқау, бағдарлау.*

ПАЙЫМДАҒЫШ *Бір нәрсені байқағыш, аңғарғыш.*

ПАЙЫМДАУ *Белгілі бір нәрсе жайлы топшылау пікір, тиісті түйін, қорытынды.*

ПАЙЫМДЫ *Байсалды, тыңғылықты, тиянақты, байыпты.*

ПАЙЫМДЫЛЫҚ *Адам мінез-құлқына тән байсалдылық, тиянақтылық, орнықтылық.*

ПАЙЫМСЫЗ *Байлам-байыбы, жөн-жобасы жоқ, берекесіз, пәтуасыз.*

ПАЙЫМШЫЛ *Бір нәрсеге мән беріп пайымдағыш, тез аңғарғыш, байқағыш.*

ПАКЕТ 1. *Сырты ораулы үлкенді-кішілі бума, түйіншек.* 2. *Ресми хат салынған конверт.*

ПАКЕТТЕ *Ресми хабарды пакетке салу.*

ПАКТ ***саяси*** *Мемлекеттер арасында жасалатын өзара ынтымақ-достық, сауда-саттық жайлы келісім.*

ПАҚЫР *Халі мүшкіл байғұс, сорлы.*

ПАҚЫРЛЫҚ *Халі мүшкілдік, кедейлік.*

ПАҚЫРШЫЛЫҚ *Жоқшылық, зәрушілік, мұқтаждылық.*

ПАЛ ***жерг.*** 1. *Бақша ішіндегі суаруға ыңғайлап бөлген жер.* 2. *Мақта, қызылша т. б. егілген жүйек, атыз.*

ПАЛАС *Еденге төсейтін алуан түсті алаша тәрізді төсеніш.*

ПАЛАТА I *Ауруханалар мен емдеу орындарындағы аурулар жататын арнаулы бөлме.*

ПАЛАТА II 1. *Жоғарғы мемлекеттік заң шығару орындарының аты.* 2. *Кейбір ұйымдардың, мекеменің аты.*

ПАЛАУ *Ішіне ет, сәбіз, кейде мейіз салып, күріштен басқан түркі халықтарының ұлттық тағамы.*

ПАЛЕОАНТРОПОЛОГИЯ ***антр.*** *Қазғанда табылған адам сүйектерінің физиологиялық типі мен эволюциясын зерттейтін антропология ғылымының бір саласы.*

ПАЛЕОГРАФ *Палеография маманы.*

ПАЛЕОГРАФИЯ *Көне жазба ескерткіштердің қай жерде, қашан жазылғанын зерттейтін тарихи филологиялық ғылым.*

ПАЛЕОЗОЙ *Жердің үшінші заманындағы, ертедегі тіршілік эрасы.*

ПАЛЕОЗОЙЛЫҚ *Палеозой эрасына тән.*

ПАЛЕОЛИТ *Ежелгі тас дәуірі.*

ПАЛЕОНТОЛОГ *Палеонтология ғылымының маманы.*

ПАЛЕОНТОЛОГИЯ *Өткен дәуірлерде тіршілік етіп, қалдықтары жер астында сақталған, тек қазба түрде табылған жануарлар мен өсімдіктерді зерттейтін ғылым.*

ПАЛИТРА 1. *Суретшілер бояу езетін тақтайша.* 2. ***Ауысп.*** *Көркемөнер шеберлерінің, ақын-жазушылардың мәнерлі, көркем стилі; шеберлік бейнесі.*

ПАЛЛАДИЙ ***хим.*** *Менделеевтің периодты системасының тобындағы химиялық элемент.*

ПАЛУБА 1. *Кеме түрқының өн бойын алып жататын көлбеу жабын.* 2. ***архитек.*** *Биік ғимараттар салғанда айналдыра құрылған тақтайлар.*

ПАЛЬМА *Тропиктік жерлерде өсетін мәңгі жасыл ағаш.*

ПАЛЬТО *Етегі тізеден төмен түсіп тұратын жағалы киім.*

ПАМПА *Оңтүстік Американың өсімдіктер өсетін жазық бөлігінің жалпы аты.*

ПАМФЛЕТ ***әдеб.*** *Бір нәрсені мінеп-сынап, әшкерелеп жазылған, көбінесе саяси бағытқа негізделген, өткір де уытты мақала.*

ПАНА 1. *Адамзат, жан-жануарлар паналайтын, қорғалайтын орын, баспана.* 2. ***Ауысп.*** *Тірек, қамқор, сүйеніш.* ◊ **Пана болды** — *қорғаныш болды, қолтығына алды.* **Пана қылды** — *арқа сүйеу етті, қорғаныш тапты.*

ПАНАЖАЙ *Уақытша баспана.*

ПАНАЛА 1. *Бас сауғалау, қорғалау, бой тасалау.* 2. ***Ауысп.*** *Тірек ету, қорғану, саялау.*

НАНАЛЫ *Тасасы, ығы бар; саялы.*

ПАНАЛЫҚ *Көлеңкесі мол, пана болар-лық.*

ПАНАМА *Жазда ыстыққа киетін жиегі жалпақ, көбіне ақ матадан тігілген жеңіл баскиім.*

ПАНАСЫЗ 1. *Баспанасы жоқ, үйсіз, қалқасыз.* 2. *Қамқоршысы жоқ, әке-шешесіз, жетім.*

ПАНАСЫЗДЫҚ 1. *Баспанасы жоқтық, үйсіздік.* 2. *Қорғансыздық, қамқорсыздық, сүйенері жоқтық.*

ПАНАШЫ *Біреудің жағдайын ойлайтын, қамын жейтін қамқоршы.*

ПАНАШЫЛ *Біреуге жақсылық, қамқорлық жасауға бейім тұратын, қамқоршыл.*

ПАНБАРҚЫТ *Жібек жіптен биязы әрі тұқтілеу етіп тоқылған мата.*

ПАНЕЛЬ *Үй жасауға қолайлы, дайын қалпында пайдаланылатын ірі плита.*

ПАНЖАРА *Шамның сыртындағы шынысы.*

ПАНИ ***көне*** *Жалған, опасыз, тұрақсыз.*

ПАНИСЛАМИЗМ *XIX г. соңында ислам діні үстем болған елдерде қалыптасқан діни-саяси ағым.*

ПАННО 1. *Сәндеу, көрік беру мақсатымен сырлы бояу арқылы үй қабырғасына өрнектеп салынған бейнелер, суреттер.* 2. *Сурет, өрнек салынған, график сызылған үлкен материя.*

ПАНОРАМА 1. *Жоғары биік жерден қарағанда төмен жатқан жердің жалпы көрінісі, аумағы.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің кесек тұлғасы, аумақты бейнесі мен көрінісі.*

ПАНСИОН *Мемлекет қамқорлығына алынған, тегін тамақ, тегін киім беріп оқытатын, жатақханасы бар арнаулы орын.*

ПАНСИОНАТ *Емделуге немесе демалуға келген адамдарды толық қамқорлығына алатын мемлекеттік санаторий, демалыс үйі.*

ПАНСЛАВИЗМ *XIX г. екінші жартысы мен XX г. басында орыс дворяндары мен буржуазиясы арасындағы ұлттық идеология және соған ұқсас саяси ағым.*

ПАНТЕИЗМ ***филос.*** *Құдайды табиғатпен тең санап, табиғатты құдайдың бейнесі деп танитын философиялық бағыт.*

ПАНТЕОН *Ежелгі Рим архитектурасындағы бүкіл құдайларға арналып жасалған ескерткіш; гибадатхана.*

ПАНТОГРАФ *Жоспар мен сызбаларды және карталарды кішірейтілген масштабпен қайта сызуға арналған аспап.*

ПАНТОКРИН ***мед.*** *Марал, теңбіл бұғының қатаймаған мүйізінен дайындалған дәрі.*

ПАНТОМИМИКА *Сөзсіз ымдау, бас изеу, ишарат көрсету, мәнерлі дене қозғалысы.*

ПАНТЫ *Қымбат бағалы дәрі жасау үшін дайындалатын марал мен теңбіл бұғының қатаймаған жас мүйізі.*

ПАҢ *Тәкаппар, керім, кербез.*

ПАҢДАН *Тәкаппарлану, менменсу, кербездену.*

ПАҢДАУ *Тәкаппарлау, менмендеу, кербездеу.*

ПАҢДЫҚ *Менмендік, тәкаппарлық, кербездік.*

ПАҢСЫ *Менменсу, тәкаппарсыну, кербезсу.*

ПАҢШЫЛДЫҚ *Менмендік, кербездік, тәкаппарлық.*

ПАПА *Католик шіркеуіндегі ең жоғарғы билік иесі.*

ПАПАХА *Әртүрлі елтіріден жақтауын биіктеп, тікірейте тігілген баскиім.*

ПАПИРУС, КҮЛӘН ***бот.*** *Тропиктік Африкада өзен, көл жиегінде өсетін көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ПАПКА *Қағаз, құжаттар сақтау үшін картоннан, былғарыдан жасалған мұқаба.*

ПАР I *Күздік, жаздық дәнді дақылдар егу үшін жыртылатын, ауыспалы егіс танабы.*

ПАР II 1. *Екі, қос, жұп.* 2. *Біріне бірі тең, сай, қатар, лайық.* ◊ **Пар келді** — *біріне-бірі сай, лайық болды.*

ПАРА I *Өз мүддесі үшін біреуге жасырын түрде берілетін ақша, қымбат зат, алым.*

ПАРА II ***көне*** *Бір нәрсенің бөлшегі, бөлігі, саласы.*

ПАРА: бір пара — а) *бірсыпыра, біраз, бірталай;* ә) *бір бөлек, бір топ.*

ПАРАБЕЛЛУМ *Автомат-тапаншаның бір түрі.*

ПАРАБОЛА ***мат.*** *Дөңгелек конустың кез келген жанама жазықтығына параллель болатын жазықтық пен сол конустың қиылысатын сызығы.*

ПАРАД *Ұлы мерекелерде әскерлердің, спортшылардың, сондай-ақ жалпы көпшіліктің лек-лек боп саппен тізіліп өтетін салтанатты көрінісі.*

ПАРАДОКС *Әдеттен тыс, күтпеген, ойда жоқ оғаш пікір, оқиға, көрініс.*

ПАРАЗИТ ***биол.*** 1. *Басқа организмде тіршілік етіп, соның қанының не шырынының есебінен қоректенетін өсімдіктер мен жәндіктер, микробтар мен құрттар.* 2. ***Ауысп.*** *Біреудің еңбегін қанаушы жатыпішер, масыл.*

ПАРАЗИТИЗМ 1. ***биол.*** *Екі организмнің қатар өмір сүру барысында, біреуінің екіншісін пайдаланып өсіп дамуы, қоректенуі.* 2. ***Ауысп.*** *Біреудің еңбегін қанау, басқаның еңбегі есебінен өмір сүрушілік, арамтамақтық.*

ПАРАЗИТОЛОГ *Паразиттердің шығуы, пайда болуы және биологиялық процестерін зерттейтін биология ғылымының бір саласы.*

ПАРАЗИТОЛОГИЯ *Биология ғылымының паразитизм құбылысын жан-жақты зерттейтін бір саласы.*

ПАРАЗИТТІК 1. *Бір организмнің екінші организмді жеп қоректенуі, соның пайдасынан тіршілік ету тәсілі.* 2. ***Ауысп.*** *Арамтамақтық, жатыпішерлік, тоғышарлық.*

ПАРАҚ 1. *Дәптердің, кітаптың бір парақ қағазы, беті.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір оқиғаның тарихи желісінің беті, белгісі.*

ПАРАҚОР *Пара алғыш, парашыл, жемқор.*

ПАРАҚТА 1. *Дәптердің, кітаптың бетін әрі-бері аударыстыру, ашу.* 2. ***Ауысп.*** *Өткенге зер салу, бағдарлау.*

ПАРАЛА I *Пара беріп аузын алу.*

ПАРАЛА II *Пара-парасын шығарып жырту, талқандау.*

ПАРАЛИНГВИСТИКА ***лингв.*** *Тіл білімінің фонациялық сипатын, қасиетін зерттейтін бөлімі.*

ПАРАЛЛЕЛЕПИПЕД ***геом.*** *Қарама-қарсы жақтары өзара қос-қостан параллель тік төртбұрыш болатын призма тікбұрыш.*

ПАРАЛЛЕЛОГРАМ *Қабырғалары екі-екіден тең болатын төртбұрыш.*

ПАРАЛЛЕЛЬ 1. ***мат.*** *Бір жазықтықта жататын әрі өзара қиылыс-*

пайтын қос сызық. 2. ***геогр.*** *Жер шарында экватормен қатарластыра сызылған сызықтар.* 3. *Бір нәрсеге тең, барабар, қатар.*

ПАРАМАГНЕТИЗМ ***физ.*** *Сыртқы магнит өрісіне орналастырылған кейбір денелердің сол өріс бағыты бойынша магниттелу қасиеті.*

ПАРАМЕТР *Мәні, көлемі мен мөлшері әртүрлі элементтерді бір-бірінен ажырату үшін қолданылатын өлшем.*

ПАРАНЖЫ *Орта Азияда әйелдердің жүзін басқа адамдарға көрсетпеу үшін жамылып жүретін, торлы жамылғы, бетперде.*

ПАРА-ПАР *Барлық жағынан тең, бірдей, тепе-тең.*

ПАРА-ПАРА *Быт-шыт, күл-талқан, дал-дал.*

ПАРАСАТ *Ақыл-ой, сана-сезім.*

ПАРАСАТСЫЗДЫҚ *Ессіздік, парықсыздық, түйсіксіздік; ақылсыздық.*

ПАРАСАТТА *Ақыл сала ойлану, толғану.*

ПАРАСАТТЫ *Ақылды, ойлы, білімді, зерделі.*

ПАРАСАТТЫЛЫҚ *Адамға тән байыптылық, байсалдылық.*

ПАРАФИН *Мұнайдан, көмірден алынатын, сарғыштау түсті, ісі, дәмі жоқ, балауыз тәрізді ерігіш зат.*

ПАРАФРАЗА ***лингв.*** *Өзге бір мәтінді, басқа біреудің ойын өз сөзімен айтып беру амалы.*

ПАРАШЫЛ *Пара алғыш, парақор.*

ПАРАШЮТ *Ұшақтан секіріп түсуге арналған құрылғы аспап.*

ПАРАШЮТШІ *Парашютпен секіруді жақсы игерген адам, парашютпен секірудің шебері.*

ПАРДА ***көне*** *Айла, әдіс, еп.*

ПАРИК *Басқа киетін жасанды шаш.*

ПАРК 1. *Халықтың тынығуына, демалуына, серуендеуіне арналған саябақ.* 2. *Машина, трактор, трамвай, тролейбустар тұратын, айналасы қоршалған кең алаң.*

ПАРКЕТ *Жіңішке әрі қысқа етіп, емен, қайың т. б. ағаштардан дайындалған, тақтайлардан қиюластырып төселген еден.*

ПАРҚАДАР: парқадар тапты – *тыныштық тапты, береке көрді, тұрақтады.*

ПАРЛА I 1. *Екі-екіден жұптау, қос-қостан қосарлау.* 2. *Біркелкі қылу, теңдей ету.*

ПАРЛА II 1. *Денеден қатты тер шығу, буы бұрқырау.* 2. *Көзден ағылтегіл жас ағу.*

ПАРЛА III *Аспанда қалықтап ұшу.*

ПАРЛАМЕНТ *Мемлекеттердегі заң шығаратын жоғарғы өкілдік жиналыс.*

ПАРЛАМЕНТАРЛЫҚ *Біріккен Ұлттар Ұйымының үкіметтен тыс, халықаралық одағы.*

ПАРЛАМЕНТЕР *Жауласушы екі ел тарапынан дұшпанымен келіссөз жүргізуге жіберілген адам.*

ПАРЛАМЕНТТІК *Парламентке тікелей қатысты, соның қызметіне, іс-әрекетіне тиісті.*

ПАРЛАН 1. ***ыр. етіс*** *Парла-н.* 2. *Буы бұрқырау, пар шығу, булану.*

ПАРОВОЗ *Рельсті темір жолда бу күшімен жүретін дөңгелекті локомотивтің бір түрі.*

ПАРОДИЯ ***әдеб.*** *Жазушының туындысының, алған әдеби бағытының стилін, жанрын сынау, соған ұқсатып жазылған әдеби-көркем жанр.*

ПАРОЛЬ *Әскери қызметтегілердің өз адамы екенін білуі үшін қолданылатын жасырын шартты белгі, сөз.*

ПАРОМ *Жүктер мен көлікті, адамдарды тасып, өзеннің арғы жағына өткізетін үлкен сал.*

ПАРОМШЫ *Паромды жүргізуші, паром жұмысшысы.*

ПАРОХОД *Бу машинасының немесе атомның күшімен жүретін кеме.*

ПАР-ПАРДАН *Екі-екіден, қос-қостан, жұбымен.*

ПАРСЕК ***астр.*** *Шамасы 206, 265 астрономиялық бірлікке тең астрономиядағы қашықтықтық өлшеуі.*

ПАРСЫ *Иранның негізгі халқы.*

ПАРТА *Сыныптағы мектеп балалары отыратын орын.*

ПАРТЕР *Театрлар мен концерт залдарындағы көрермендер отыратын орталық орын.*

ПАРТИЗАН *Партизан соғысына қатысушы, партизан отрядының жауынгері.* □ **Партизан қозғалысы** — *жау басып алған жерлерде халық ерікті түрде қатысып ұйымдастырылған, өз Отанының бостандығымен тәуелсіздігін қорғауға белсене атсалысқан күрестің бір түрі.*

ПАРТИЗАНДЫҚ: партизандық соғыс — *жау армиясының тылында әрекет жасаушы және қарулы жасақтың күресі.*

ПАРТИЗАНШЫЛЫҚ *Партизан болушылық, соған лайық іс-әрекет етушілік.*

ПАРТИТУРА ***муз.*** *Көп дауысты музыкалық шығарманың жиынтығы.*

ПАРТИЯ I 1. *Қандай да бір қоғамдық таптың мүддесін қорғап, күресін басқаратын, өкімет билігіне ұмтылатын саяси ұйым;* 2. *Іштей жікке, саяси екі жаққа бөлінген топ, одақ, жік.*

ПАРТИЯ II 1. ***муз.*** *Музыкалық шығармалардағы әрбір жеке үн, жеке адам орындайтын бөлім.* 2. ***спорт*** *Шахмат ойыны.*

ПАРТИЯҚОР ***қарап.*** *Жікке, топқа бөлінуге құмар, топқұмар.*

ПАРТИЯЛАС *Жақтас, топтас.*

ПАРТИЯЛЫҚ *Партияға, партия мүшесіне тікелей қатысты, соған тән.*

ПАРТИЯШЫЛДЫҚ *Өзара жақ-жақ болып айтысудан туатын жікшілдік, топшылдық.*

ПАРТЫЛ *Жағымсыз қатты дыбыс.*

ПАРТЫЛДА *Парт-парт ету: бартылдау.*

ПАРФЮМЕР *Парфюмерия өндіріс орнының қызметкері.*

ПАРФЮМЕРИЯ 1. *Гигиеналық және косметикалық мәні бар парфюмериялық бұйымдар жасайтын өнеркәсіптің бір саласы.* 2. *Шашқа, бетіқолға, киімге жағатын хош иісті әтір, иіссу, иісмай сияқты заттар.*

ПАРФЮМЕРИЯЛЫҚ *Парфюмерия бұйымдарын жасауға қажетті, парфюмерия боларлық.*

ПАРША I *Алтын мен күмісті араластыра отырып тығыз тоқыған жылтырауық жібек мата және сол матадан тігілген қымбат бағалы киім.*

ПАРША II *Бір бөлек, бір кесек.*

ПАРШАЛА *Быт-шыт қылу, бөлшек-бөлшек ету, тілгілеу, кескілеу.*

ПАРША-ПАРША *Бөлшек-бөлшек, быт-шыт, тілім-тілім, жырым-жырым.* ◊ **Парша-парша болды [етті, қылды]** — *быт-шыты шықты, тілім-тілім болды.* **Парша-паршасы шықты** — *быт-шыт болды, пара-парасы шықты.*

ПАРЫЗ I ***діни*** *Мұсылмандықтың міндетті түрде өтейтін борышы.* □ **Бес парыз:** *Иман келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, ғұшыр-зекет беру, қажыға бару.*

ПАРЫЗ II *Адам бойына тән азаматтық борыш, қастерлі міндет.*

ПАРЫЗДАР *Борыштар, қарыздар.*

ПАРЫЗ-ҚАРЫЗ *Адамгершілік, азаматтық борыш, міндет.*

ПАРЫҚ 1. *Бір нәрсенің екінші нәрседен айырмасы, айырмашылық, ерекшелік.* 2. *Бір нәрсенің қадір-қасиеті, мән-жайы, жай-жапсары.* 3. *Белгілі бір істің байыбы, пайымы.* 4. ***Ауысп.*** *Белгілі бір затқа тән бағa, құн.* ◊ **Парқына жетпеді** — *мәнісін түсінбеді, бағаламады.* **Парық айырды [етті]** — *бір нәрсені айыра білді, жақсы-жаманның парқын ажыратты.*

ПАРЫҚСЫЗ *Жақсы мен жаманды ажырата алмайтын, еш нәрсеге мән бермейтін, жосықсыз, жөнсіз.*

ПАРЫҚСЫЗДЫҚ *Еш нәрсенің қадір-қасиетін, мән-жайын білмеушілік, жосықсыздық, жөнсіздік.*

ПАРЫҚТА 1. *Бір нәрсенің мән-жайын, жай-жапсарын тереңнен ұғынып ажырата білу, анықтау.* 2. *Белгілі бір нәрсені қадірлеп-қастерлеу, жоғары бағалау.*

ПАРЫҚТЫ 1. *Мәнді, мағыналы, мазмұнды.* 2. *Қадірлі, қастерлі, парасатты.*

ПАРЫЛДА *Пар-пар еткен қатты дыбыс, үн шығару.*

ПАС I *Карта ойынында қолым келмеді, ойнамаймын деген мағына.*

ПАС II ***спорт*** *Спорт ойынында допты серіктесіне қарай беру әдісі.*

ПАСПОРТ 1. *Жеке адамның атыжөнін және тұрақты тұрғын орнын растайтын ресми құжат.* 2. *Машина, техника құралдарын тіркейтін, соған берілген құжат.* □ **Паспорт жүйесі** — *халықтың өсуін, орын ауыстыруын есепке алып, реттеуге негізделген құқық нормаларының жолы.* **Паспорт үстелі** — *паспорт беретін жер.*

ПАСПОРТШЫ *Паспортты жазып, толтырып отыратын қызметкер.*

ПАССАЖ ***муз.*** *Жылдам, тез ойнайтын музыкалық шығарма.*

ПАССИВ *Бір нәрсеге немқұрайды қарайтын, енжар, селқос (адам); актив емес.*

ПАСТА *Түрлі ұнтақ заттар араластырылған қамыр тәрізді косметикалық және кулинариялық заттардың аты.*

ПАСТЕРЛЕУ *Сүт, шарап, сыра сияқты сұйық тағамдарды белгілі бір температурада қыздыру әдісі.*

ПАСХА 1. *Еврейлер мен христиандардың көктемгі мейрамы.* 2. *Осы мейрамға арнап, төрт бұрышты мұнара тәрізді етіп ірімшіктен істелген тәтті тағам.*

ПАСЫҚ *Надан, топас, оңбаған, арам.*

ПАСЫҚТЫҚ *Надандық, топастық, оңбағандық, арамдық.*

ПАТЕНТ 1. *Белгілі бір ғылым, өнер салаларында жаңалық ойлап тапқан адамды растайтын куәлік қағаз.* 2. *Сауда жасауға, болмаса белгілі бір кәсіп қылуға құқық беретін куәлік.*

ПАТЕНТТІ *Патенті бар, патентке ие.*

ПАТЕТИКА ***әдеб.*** *Аса жоғары, көтеріңкі, масаттанған серпін, салтанат.*

ПАТЕТИКАЛЫҚ *Жоғары, көтеріңкі ырғақты, серпінді, салтанатты.*

ПАТИССОН, САМСАР ***бот.*** *Жапырағы жалпақ, үш не бесбұрышты, асқабақ тұқымдасына жататын біржылдық өсімдік.*

ПАТИХА ***діни*** 1. *Құранның бірінші сүресі, кіріспе.* 2. *Діни сенімге негізделген бата, дұға, тілек.*

ПАТОГЕНЕЗ *Аурудың пайда болу және асқыну процесі.*

ПАТОЛОГ ***мед.*** *Патология ғылымының маманы; дәрігер.*

ПАТОЛОГИЯ ***мед.*** *Мал және адам организмдерінің ауруға шалдығуын, физиологиялық процестерінің өзгерісін зерттейтін медицина ғылымының бір саласы.*

ПАТОЛОГИЯЛЫҚ *Патологияға жататын, соған тән.* □ **Патологиялық анатомия** — *адам мен мал денесіндегі әртүрлі сырқаттардың әсерінен болатын өзгерістерді зерттейтін ғылыми пән.* **Патологиялық физиология** — *аурудың пайда болу себептерін, оның құбылысын және ауру организмнің процесін зерттейтін ғылыми пән.*

ПАТРИАРХ 1. ***тар.*** *Рулық қоғамдағы рубасы, ақсақал.* 2. *Православие шіркеуінде жоғары діни билікте болған адамның лауазымы, атағы.*

ПАТРИАРХАЛДЫ 1. *Ескі рулық қоғам.* 2. ***Ауысп.*** *Ескі салт, әдет-ғұрыппен бірге, біте қайнаған.*

ПАТРИАРХАТ *Отбасы билігі ру, ақсақалға көшкен рулық қоғам формасы.*

ПАТРИАРХАТТЫҚ 1. *Рулық, рубасылық.* 2. ***Ауысп.*** *Ескі салт-санаға берілгендік, ескі әдет-ғұрыптан айырылмаушылық, кертартпалық.* □ **Патриархаттық шаруашылық** — *ежелгі егіншілік пен малшаруашылығы.*

ПАТРИОТ *Өз Отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам.*

ПАТРИОТИЗМ *Өз Отанын, халқын шексіз сүюшілік, барша күш-қуатын Отан мүддесіне арнаған адамға тән терең сезім.*

ПАТРИОТТЫҚ *Патриотқа тән қасиет, іс-әрекет, Отаншылдық.*

ПАТРУЛЬ ***әск.*** *Белгілі бір тәлімдегі, аудандағы тәртіпті, қауіпсіздікті байқап шолуға, қарауылға шыққан қарулы әскерлер, күзетшілер тобы.*

ПАТСАЙЫ I *Тығыз тоқылған жібек матаның бір түрі.*

ПАТСАЙЫ II *Қауынның тәтті түрі.*

ПАТША 1. *Революцияға дейінгі Ресей монархының титулы.* 2. ***Ауысп.*** *Ел басқарушы, әмірші.* 3. ***Ауысп.*** *Құны, бағасы артық, ең құнды, ең асыл.* □ **Патша ағзам** – *мәртебелі, құдіретті патша.*

ПАТШАҒАР 1. *Оңбаған, жексұрын, тентек, бұзық.* 2. *Біреуге риза болғанда айтылатын ишара сөз.*

ПАТШАЛЫҚ 1. *Бір патша билеген, патшаға тәуелді, қатысты.* 2. *Патшаның қол астындағы мемлекет, патша өкіметі, патша үстемділігі.*

ПАТЫРЛА *Патыр-патыр ету, пыштырлау, сарылдау.*

ПАУ *Бір нәрсеге риза болғанда, көңілденгенде айтылатын одағай сөз.*

ПАУЗА 1. *Сөйлеу кезінде болатын сәл кідіріс, үзіліс.* 2. ***муз.*** *Музыканттардың ойын арасында тоқтап-тоқтап тыныс алуы.*

ПАФОС *Ақын, жазушы, әнші, күйші, композитор т.б. өнер қайраткерлерінің ерекше шабыттанып, жігерленетін кезі, ынта, зауық, ықылас.*

ПАФОСТЫ *Пафосқа, яғни ынта-жігерге, зор шабытқа толы.*

ПАФОСТЫҚ *Пафосқа, зор шабыт, ынта-жігерге лайық.*

ПАһ *Па, пау сияқты одағай сөз.*

ПАһ-ПАһ *Па-па, пай-пай, о шіркін.*

ПАЦИЕНТ *Дәрігерге қаралушы, емделуші адам.*

ПАЦИФИЗМ ***саяси*** *Бейбітшілікті сақтау ұранын қуаттай отырып, әділ соғысқа да, ұлт бостандығы соғысына да қарсы шығатын ағым.*

ПАШ *Анық, айқын, ашық, әйгілі, белгілі.* ◊ **Паш етті [қылды]** – *сырын ашып әйгілеу, жұртқа мәлім қылу.*

ПАША *Осман империясындағы азаматтық және әскери атақ.*

ПАШАҚ I ***жерг.*** 1. *Қауын-қарбыз тұқымы.* 2. *Қауын-қарбыздың қабығы.*

ПАШАҚ II ***жерг.*** *Кішкене, ұсақ.*

ПАШАҚ-ПАШАҚ ***жерг.*** *Быт-шыт, пәре-пәре.*

ПАШПЫРТ: пашпырты бітті – *халжағдайы мүшкіл болды, саудасы бітті.*

ПАШТЕТ *Қара еттен, бауырдан, құс етінен ұнтақталып істелген тамақ.*

ПАШЫРЛАТ *Бырт-бырт ету, бытырлату, қытырлату.*

ПАЯ *Өсімдік сабағы.*

ПӘЙКЕ *Бұғының танасы.*

ПӘЙКЕЛ *Маралдың тайыншасы.*

ПӘК *Кіршіксіз таза, адал, бұзылмаған, бүлінбеген.*

ПӘКТІК *Тазалық, адалдық, бұзылмағандық.*

ПӘЛЕ I *Қырсық, кесел, жала.*

ПӘЛЕ II *Пысық, қу, шебер.*

ПӘЛЕК *Қауын-қарбыз, асқабақ, қияр тәрізді өсімдіктер мен жеміс дақылдарының көлбей өскен өркені.* □ **Пәлекжинауыш** – *орылған пәлек жинайтын машина.* **Пәлектерауыш** – *пәлекті малға берер алдында немесе сүрлемге салар алдында турайтын машина немесе тетік.*

ПӘЛЕҚОР *Жалақор, пәле іздегіш, пәле құғыш.*

ПӘЛЕҚОРЛЫҚ *Жалақорлық, пәле құғыштық.*

ПӘЛЕЛІ *Пәлесі көп, дау-шары, қырсығы мол.* ◊ **Пәлелі сөз** – *даудамайға, жамандыққа толы әңгіме.* **Пәлелі жерге бармақ сұқпа** – *қырсығы тиетін істен (кісіден) аулақ жүр.*

ПӘЛЕЛІК *Ниеті жамандық, құлық, сұмдық.*

ПӘЛЕН 1. *Белгісіздікті, түспалдап айтуды білдіретін есімдік.* 2. *Әлдебіреу,*

әлдекім, белгісіз адам. ◊ **Пәлен демеді** – *тіс жарып сөйлемеді, тұк айтпады.*

ПӘЛЕНДЕЙ *Айтарлықтай, дегендей, оншама, соншалықты.*

ПӘЛЕН-ПӘШТУАН *Анау-мынау, өйтіп-бүйтіп.*

ПӘЛЕН-ТҮГЕН *Анау-мынау, пәлен-пәштуан.*

ПӘЛЕНШЕ *Әлдекім, пәлен адам, әлдебір нәрсе.*

ПӘЛЕНШЕ-ТҮГЕНШЕ *Пәлендей-түген, анау-мынау, анадай-мынадай.*

ПӘЛШЕ *Айла, амал.*

ПӘЛІ *Адамның көңіл-күйін, ішкі сезімін білдіретін одағай сөз.*

ПӘМЛЕ *Ойлау, пайымдау, байыбына жету.*

ПӘН *Мектеп оқушыларына арналған білімнің бір саласы, жеке сабақ.* □ **Пән анталығы** – *барлық көңілді бір пәнге бөлу.*

ПӘНАРАЛЫҚ: пәнаралық байланыс – *мектепте өтетін сабақтарды өзара тығыз, байланыста өткізу тәсілі.*

ПӘНДІК *Әрбір жеке пәнге лайық, соған арналған, белгілі бір пән өтетін.*

ПӘРАМАШ *Ішіне тартылған ет салып майға пісірген дөңгелек күлше нан.*

ПӘРМЕН 1. *Қарқынды екпін, тегеурінді қуат.* 2. *Күрделі бір істі орындату үшін берілетін әмір, бұйрық.* ◊ **Пәрмен етті** – *жарлық етті, әмір берді, бұйырды.* **Пәрмені күшті Құдай-ай діни** – *құдіреті күшті, Жаратқан ие.*

ПӘРМЕНДЕ *Екпіндеу, қуаты тасу, қарқындау.*

ПӘРМЕНДІ *Қарқынды, екпінді, күшті.*

ПӘРМЕНДІЛІК *Қарқындылық, қуаттылық, екпінділік.*

ПӘРМЕНСІЗ *Қуаты аз, қарқыны төмен, қауқарсыз.*

ПӘРМЕНСІЗДІК *Күші жоқтық, қарқынсыздық, дәрменсіздік.*

ПӘРМЕНІНШЕ *Бар екпінімен, бар күшімен.*

ПӘРУАЙ *Сана, сезім, ес, қапер.*

ПӘРУАЙСЫЗ *Қамсыз, қаперсіз.*

ПӘРУАЙСЫЗДЫҚ *Қамсыздық, қаперсіздік.*

ПӘРУАНА *Түнде отқа түсетін "жынды" көбелек.*

ПӘРУАР *Тәрбиеші, жетекші, алға бастаушы.*

ПӘРУАРДІГЕР ***діни*** *Жаратушы Алла, Құдай.*

ПӘРІМ *Ителгі тұқымдасына жататын қыран, жыртқыш құс.*

ПӘС I ***көне*** *Шашақты биік тақия.*

ПӘС II *Бір затқа тән қасиет, құн, бага.* □ **Бір пәс** – *бір сәт.* ◊ **Пәсі қайтты** – *көңілі қалды, десі қайтты.* **Пәсін басты** – *десін қайтарды, көңілін қалдырды.*

ПӘС III 1. *Биік емес, аласа, пәкене.* 2. ***Ауысп.*** *Нашар, кем, төмендеу, басыңқы.* ◊ **Пәс болды** – *ада болды, басылды.* **Пәс тартты** – *солғындады, қабаржыды.*

ПӘСТІК 1. *Биік емес аласалық, пәкенелік, төмендік.* 2. ***Ауысп.*** *Пасықтық, арамдық.*

ПӘТЕР *Қаладағы елді мекендердегі тұрғын үй.*

ПӘТЕРАҚЫ *Тұрғын үйге ай сайын төленетін төлем.*

ПӘТЕРШІ *Пәтерді жалға алушы, пәтерде тұрушы адам.*

ПӘТУА 1. *Белгілі бір іс жөнінде бітім, келісім, уәде.* 2. *Тұрақ, тиянақ, береке, тұрлау.*

ПӘТУАЛА *Мақұлдау, растау.*

ПӘТУАЛАС *Бір сөзге тоқтасу, келісу.*

ПӘТУАЛЫ 1. *Нәтижелі, келісімді, шешімді.* 2. *Уәдеде нық тұратын, уәдеге берік.* 3. *Ісіне тиянақты, тұрақты, берекелі.*

ПӘТУАСЫЗ 1. *Тұрақсыз, табансыз, уәдеде тұрмайтын.* 2. *Дәйегі, берекесі жоқ.*

ПӘТУАСЫЗДЫҚ *Табансыздық, тұрақсыздық, тұрлаусыздық.*

ПӘУЕСКЕ *Төбесін, сыртын былғарымен жапқан, ою-өрнек сап сәнден жасаған, күймелі жеңіл арба.*

ПӘУЕСКЕЛЕТ *Пәуескемен сән түсіп жүру.*

ПЕ *Ба, па сұраулық шылауының фонетикалық варианты.*

ПЕДАГОГ *Мектепте, техникумдар мен училище және жоғары оқу орындарында студенттер мен оқушыларға білім, тәрбие беретін оқытушы, мұғалім.*

ПЕДАГОГИКА *Оқыту, білім беру және тәлім-тәрбие жұмысын жүргізудің әдісі туралы ғылым.*

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ *Педагогика әдісіне тікелей байланысты, соған қатысы бар мамандық (ұжым).* □ **Педагогикалық кеңес** — *мектеп, техникум, училищелердегі ұжымды басқару және сол мекемелерінің маңызды мәселелерін кеңеске салып, шешіп отыратын басқару орны.* **Педагогикалық оқу** *мұғалімдер, халық ағарту жүйесі қызметкерлерімен және ата-аналармен жыл сайын өткізілетін кеңес.* **Педагогикалық практика** — *жоғары оқу орындары студенттерінің алған ғылыми-теориялық білімдерін және практикалық дайындықтарын педагогтік қызметте қолдануға үйретететін оқу процесінің бір бөлімі.*

ПЕДАГОГТІК *Мұғалімдік, оқытушылық, тәрбиешілік.*

ПЕДИАТР ***мед.*** *Балалар ауруын емдейтін дәрігер, балалар дәрігері.*

ПЕДИАТРИЯ ***мед.*** *Медицина ғылымының бала ауруларын емдеу және оларды зерттеу саласы.*

ПЕЙЗАЖ 1. *Табиғаттың сұлу көрінісі.* 2. *Табиғат көрінісін бейнелеген сурет, картина және табиғатты көркем тілмен суреттеу.*

ПЕЙЗАЖДЫҚ *Табиғатқа, оның көрінісіне тән.*

ПЕЙІЛ I *Ниет, пиғыл, ықылас.* ◊ **Пейілі ауды** — *көңілі кетті, ықыласы түсті.* **Пейілі бұзық** — *ниеті жаман, қараниет.* **Пейілі кең** — *қолы ашық, жомарт, мырза.* **Пейілін кеңге салды** — а) *таршылық, саранлық қылмады;* ә) *кеңшілік жасады, кешірім етті.* **Пейілі тар** — а) *қытымыр, сараң;* ә) *ниеті жаман, қараниет, қызғаншақ.* **Пейілі түсті** — *назары, ықыласы ауды.*

ПЕЙІЛ II *Ынтық, бейім, сыңай.*

ПЕЙІЛДЕН *Шын ниетімен көңілдену, мейірі түсу, ықыластану.*

ПЕЙІЛДЕС *Ниеттес, көңілдес, тілеулес.*

ПЕЙІЛДІ *Көңілі кең, адалниетті.*

ПЕЙІЛДІЛІК *Көңілі кеңдік, адалниеттілік.*

ПЕЙІЛСІЗ *Ықылассыз, ынтасыз, көңілсіз.*

ПЕЙІШ 1. ***діни*** *"О дүниедегі" ұжмақ, жаннат.* 2. ***Ауысп.*** *Керемет ғажап нәрсе, рақат.*

ПЕЛЕНГ *Компастың магнитті тілінің бағдарымен қажетті зат көрінген я дауыс, дыбыс шыққан жақтың арақатысы.*

ПЕЛЕНГАТОР *Пеленгімен шұғылданушы яки жау жағының сигналын, хабарын ұстаушы маман.*

ПЕЛЕНГАЦИЯ *Пеленгімен анықтау, туралап есептеп шығару ісі.*

ПЕЛЕНГІЛЕ *Компас тілінің бағытымен кез келген зат немесе естілген дыбыс бағытының арасындағы бұрышты анықтау.*

ПЕМЗА *Бір нәрсені тазартуға, ажарлауға қолданылатын жеңіл кеуек тас.*

ПЕН *Бен, пан жалғаулық шылауларының фонетикалық варианты.*

ПЕНДЕ 1. *Тірі жан, адам, адамзат.* 2. *Өз басында еркі жоқ, біреуге тәуелді адам, Құдайдың құлы.* ◊ **Пенде болды [қылды]** — а) *бейшара, мүсәпір халге түсті;* ә) *қолды болды, тұтқынға түсті.*

ПЕНДЕШІЛІК 1. *Адамға тән осалдық, қателік, күнәкарлық.* 2. ***Ауысп.*** *Бос әурешілік, бекершілік.*

ПЕНИЦИЛЛИН ***мед.*** *Әртүрлі өсімдіктің көгеріндісінен жасалатын, түрлі микробқа қарсы қолданылатын антибиотик.*

ПЕР *Қолмен, таяқпен немесе басқа да затпен ұрып жіберу, салып қалу, соғу.*

ПЕРГАМЕНТ ***тар.*** *1. Ертеде қағаз орнына пайдаланылған жас мал терісі, жарғақ. 2. Жарғаққа жазылған ерте дәуірге тән жазу, қолжазба. 3. Май мен ылғал өткізбейтін жылтыр қағаз.*

ПЕРГІЛЕ *Соққылау, үсті-үстіне ұрғылау, тоқпақтау, пергіштеу.*

ПЕРҒАУЫН *Ертедегі Мысыр патшаларының атағы, титулы.*

ПЕРДЕ *1. Есік-терезеге, театр сахнасына құрылатын шымылдық. 2. Әйелдер бетіне салатын бүркеншік; танытпау үшін киетін нықап. 3.* ***театр.*** *Операның, балеттің, драманың бөлімі, акт. 4.* ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің жұқа қабыршығы, шарана.* ◊ **Перде жыртты** – а) *бытшытын шығарды, тас-талқан етті;* ә) *көңіл қалдырды, бет ашты.* **Пердесі жыртылмаған** – *ұяң, әдепті.*

ПЕРДЕЛЕ *1. Бір нәрсенің бетін жабу, бүркеу. 2. Бетті көрінбейтіндей, танымайтындай етіп тұмшалау, нықап кию.*

ПЕРДЕЛІ *1. Перде тұтылған, перде ұстаған. 2.* ***театр.*** *Бір немесе бірнеше бөлім, актіден тұратын.*

ПЕРДЕЛІК *1. Перде тігетін, перде жасайтын, пердеге жетерлік. 2.* ***театр.*** *Бір бөлімнен тұратын, бір актілік.*

ПЕРЕН *Барқыттың қалыңдау түрі.*

ПЕРЗЕНТ *1. Бала, сәби, ұрпақ. 2.* ***Ауысп.*** *Тұңғыш іс, бастама.*

ПЕРЗЕНТСІЗ *Баласыз, ұрпақсыз.*

ПЕРЗЕНТТІ *Балалы, сәбілі, ұрпақты.*

ПЕРЗЕНТХАНА *Әйелдерге босану кезінде, босанғанға дейін, одан кейін көмек көрсететін және нәрестені күтіп бағатын стационарлық медициналық мекеме.*

ПЕРИГЕЙ ***астр.*** *Ай орбитасының не жердің жасанды серігі орбитасының Жерге ең жақын нүктесі.*

ПЕРИГЕЛИЙ *Орбитаның Күнге ең жақын нүктесі.*

ПЕРИЗАТ *1. Періден туған, пері тектес. 2.* ***Ауысп.*** *Көркем сұлу.*

ПЕРИЗАТТАЙ *Перінің қызындай әдемі, көркем, нұрлы.*

ПЕРИМЕТР ***мат.*** *Түйық контурдың ұзындығы.*

ПЕРИОД ***физ.*** *Қозғалыс қайталап отыратын уақыт аралығы.*

ПЕРИОДТЫҚ: периодтық система – *Д. И. Менделеев ойлап тапқан химиялық элементтер заңының графиктік түрі.*

ПЕРИСКОП *Бекіністерде, сүңгуір қайықтар, бұғонды машиналар ішінде отырып сырттағыны байқайтын оптикалық құрал.*

ПЕРИФЕРИЯ *Орталықтан қашық шеткері жер, шет аймақ.*

ПЕРНЕ *1. Домбыра, гитара сияқты ішекті аспаптарды ойнағанда дыбысты күшейту үшін саусақпен басатын тетік. 2.* ***Ауысп.*** *Нәзік сезім, көңіл күйі.*

ПЕРНЕЛЕ *Ішекті аспаптарға перне тағу.*

ПЕРНЕЛІ *Пернесі көп, көп перне тағылған.*

ПЕРПЕНДИКУЛЯР ***геом.*** *Берілген түзумен тікбұрыш жасайтын сызық.*

ПЕРРОН *Вокзалдың пойыз тоқтайтын, жолаушылар жүріп-тұратын алаңы.*

ПЕРСОНАЖ ***әдеб.*** *Драма, роман, повестердің және поэмалардың кейіпкерлері.*

ПЕРСПЕКТИВА *Болашақта істелетін іс туралы жоспар.*

ПЕРСПЕКТИВАЛЫ *Дамудың, өсудің, істелетін істің я шаруаның болашағын ескеретін, оларды толық қамтитын, келешекті болжайтын.*

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ *Болашақта, келешек жағдайда істелетін іс жоспарына тікелей қатысты.*

ПЕРФОКАРТА *Перфорациялық карта; перфорациямен тесілген парақ.*

ПЕРФОТАСПА *Арнайы құрылғымен тесіктер тесу арқылы әртүрлі ақпарат түсіруге я жазуға арналған таспа түріндегі қағаз.*

ПЕРФОРАТОР 1. *Есептеу цифрларын арнайы код бойынша перфокартаға немесе перфотаспаға тесік түрінде түсіруге арналған көмекші машина.* 2. ***геол.*** *Тау жыныстарын, кенді ұңғылайтын машина.*

ПЕРФОРАЦИЯ *Перфоратормен тесік тесу және сол тесілген тесік.*

ПЕРІ ***миф.*** 1. *Діни сенім бойынша, аспанда, су ішінде тіршілік ететін жамандық пен зұлымдықтың күш иесі.* 2. ***Ауысп.*** *Сайтан, жынды, есерсоқ.* ◊ **Перінің салқыны тиді** — *жын ұрды, есуас болды.* **Пері қақты [шалды, соқты, неленді]** — *есі ауысты, жынданды.*

ПЕРІШТЕ ***діни*** 1. *Мифология мен діни ұғымдар бойынша, құдайдың әмірін жеткізіп тұратын, табиғаттан тыс мифтік көмекшілер.* 2. ***Ауысп.*** *Күнәдан пәк уыз жас, сәби бала.* 3. ***Ауысп.*** *Кіршіксіз адал жан, таза адам.* 4. ***Ауысп.*** *Асқан сұлу, көркем, әдемі ару.* ◊ **Періште қақты** — *құдай сақтады, оңдады.* **Періштенің құлағына шалынды** ***діни*** — *айтқаны келді, тілегі орындалды.*

ПЕРІШТЕСІН *Періште болғансу, ұлиесу.*

ПЕССИМИЗМ *Болашаққа сенімсіздікпен қарап, сарыуайымшылдыққа салынушылық.*

ПЕТИТ ***полигр.*** *Өте ұсақ типографиялық қаріп.*

ПЕТИЦИЯ *Мемлекет басшысына немесе жоғары өкімет органының атына көпшілік атынан тапсырылатын жазбаша өтініш.*

ПЕТРОГЛИФ *Көне тарихи ескерткіштердің бір саласы; тасқа салынған суреттер.*

ПЕТРОГРАФИЯ ***геол.*** *Геология ғылымының тау жыныстарын зерттейтін бөлімі.*

ПЕЧЕНЬЕ *Сүт, жұмыртқа, май, қант т. б. қажетті заттар қосып илеген қамырдан пісірілетін түрлі өтімді кондитер тағамы.*

ПЕШ I. *Тамақ пісіруге, үй жылытуға арналған, темірден не кірпіштен жасалған құрылыс.* 2. *Ерітінділерді буландыруға, материалдарды қыздыруға, балқытуға, металл қорытуға пайдаланылатын өнеркәсіптік орын.*

ПЕШЕНЕ *Жазмыш, тағдыр.* ◊ **Пешенеге бітті [тиді]** — *нәсіп болды, бұйырды.* **Пешенеге жазған** — *маңдайға жазған, бұйырған.*

ПЕШКІ 1. *Шахматтың ең әлсіз, қарапайым ойын тасы.* 2. ***Ауысп.*** *Елеусіз, кішкене.*

ПЕШПІ 1. *Пеш салатын адам.* 2. *Өндіріс орнындағы пеш жұмысшысы.*

ПИАНИНО *Тігінен тұрған сандыққа ұқсас, басып ойнайтын тілдері бар музыкалық аспап, фортепьяноның бір түрі.*

ПИАНИСТ *Пианинода ойнайтын музыкант.*

ПИГМЕНТ ***биол.*** *Клетка мен түрлі органдарда болатын боягыш зат.*

ПИҒЫЛ *Ішкі ой, ниет, пікір.*

ПИҒЫЛДАС *Ниеттес, пікірлес.*

ПИДА *Құрбан, садақа.*

ПИЖАМА *Үйде киетін жадағай жеңіл киім.*

ПИКЕТ 1. ***әск.*** *Барлаушы топ.* 2. ***саяси*** *Үкіметке талап қоя шыққан ереуілші топ.* 3. *Километрдің оннан біріндей теміржол өлшеуіші.* 4. ***геод.*** *Геодезистердің жер өлшегенде жерге қағып кетіп отыратын нөмірлі ағаш немесе темір қазығы.*

ПИКТОГРАФИЯ *Көне замандағы суретті жазу.*

ПИЛОТАЖ *Ұшақтың не планердің ұшып жүріп әртүрлі фигуралар жасау үшін қолданатын маневрлік қозғалыстары.*

ПИЛОТКА *Әскери жеңіл баскиім.*

ПИМА *Жүннен басылған қысқы аяқкиім.*

ПИНГВИН ***зоол.*** *Суда да, құрлықта да жүре алатын, бірақ ұша алмайтын құс.*

ПИРАМИДА I ***архитек.*** *Ежелгі Египет пергауындарының қабіріне ескерткіш белгі ретінде орнатылған ерекше құрылыс.*

ПИРАМИДА II ***мат.*** *Жақтарының бірі көп бұрыш, қалғандары үшбұрыш болып келетін геометриялық фигура.*

ПИРАМИДОН ***мед.*** *Дәмі ащылау, суда еритін, кристалды ақ таблетка.*

ПИРАТ *Теңіз қарақшысы, кеме тонаушы.*

ПИРИТ ***хим.*** *Темір мен күкірттің химиялық қосылысы.*

ПИРОМЕТР ***тех.*** *Күшті қызулықты өлшейтін аспап.*

ПИРС *Екі жағынан кемелер келіп тоқтау үшін жағалаудан суға қарай сұғындырыла салынған құрылыс.*

ПИСТОН *Патрондағы дәріге от беретін арнаулы зат.*

ПИЯЗ *Тағамды дәмдендіретін аса пайдалы бақша дақылы.*

ПИЯЗШЫҚ *Кейбір көпжылдық өсімдіктердің түйнегі, топырақ астындағы бөлігі.*

ПИЯЛА 1. *Кесе, шыны-аяқ.* 2. *Білтелі шамның шынысы.*

ПЛАГИАТ *Басқа біреудің шығармасын, тапқан жаңалығын өзімдікі деп иемденіп кететін әдеби ұрлық.*

ПЛАКАТ *Үгіт-насихат, көрнекі оқу құралы ретінде пайдаланылатын қысқа мәтінді сурет.*

ПЛАНЕТА ***астр.*** *Күнді айналатын, Күннен жарық және жылу алатын үлкен аспан денелері.*

ПЛАНЕТААРАЛЫҚ *Екі не үш-төрт планеталар аралығын зерттейтін.*

ПЛАНТАТОР *Басыбайлы жалшылардың еңбегін қанап, плантациядан пайда тауып байыған үстем тап өкілі.*

ПЛАНТАЦИЯ *Ерекше күтім қажет ететін дақылдар егілген арнаулы жер.*

ПЛАНШЕТ 1. *Топография, геология, география карталарын салып жүруге арналған, беті жылтыр жалпақ папка.* 2. *Бетіне сызба сызуға, сурет салуға арналған жиналмалы тақта.*

ПЛАСТИКАЛЫҚ: пластикалық хирургия – *денедегі кемістікті түрлі әдіспен түзейтін хирургияның бір саласы.*

ПЛАСТИЛИН *Балшық пен балауыз қосындысынан тұратын, түрлі мүсін жасауға керекті жұмсақ материал.*

ПЛАСТМАССА *Химиялық жолмен алынған әрі жеңіл, әрі төзімді материал.*

ПЛАТИНА ***мин.*** *Алтыннан да қымбат бағаланатын түсі ақ, сирек кездесетін металл.*

ПЛАТФОРМА I 1. *Пойызға мінетін жердегі биіктеу алаң.* 2. *Тауар тиейтін жайдақ вагон.*

ПЛАТФОРМА II ***саяси*** *Белгілі бір партияның, ұйымның ұстаған жолы, бағыты; іс-әрекетінің бағдарламасы.*

ПЛАЦДАРМ ***әск.*** *Соғыс ашуға, шабуыл жасауға даярлық жүргізілетін жер.*

ПЛАЦКАРТ *Әрбір төрт кісілік орны нөмірленіп бөлінген пойыз вагоны.*

ПЛАЩ *Су өткізбейтін жеңіл сырткиім.*

ПЛАЩ-ПАЛАТКА *Су өткізбейтін матадан жасалған үлкен шатыр.*

ПЛЕВРА ***анат.*** *Өкпе мен кеуде қуысының ішкі бетін жауып тұратын сірі қабық.*

ПЛЕВРИТ ***мед.*** *Өкпе қабынып, суық тиюден болатын ауру.*

ПЛЕНУМ *Белгілі бір ұйымның немесе партияның сайланып қойылған басшы органы мүшелерінің толық құрамды жиналысы.*

ПЛИТА I *Тастан не металдан жасалған шаршы тақта.*

ПЛИТА II *Ас пісіретін пеш.*

ПЛОМБА 1. *Тауарға, не басқа бір затқа тағылатын кішкентай қорғасын белгі.* 2. *Тіске түскен ақауды бітейтін зат.*

ПЛОМБАЛА *Пломба салу.*

ПЛОМБИР *Балмұздақтың шоколад қосқан түрі.*

ПЛУТОНИЙ ***хим.*** *Радиоактивті химиялық элемент.*

ПЛЮРАЛИЗМ *Пікір бостандығы, көзқарастардың әр алуандығы.*

ПНЕВМОНИЯ ***мед.*** *Өкпенің қабынуы.*

ПО *Құсты ұшыру үшін айтылатын одағай сөз.*

ПОВЕСТЬ ***әдеб.*** *Романға қарағанда сюжеті жағынан онша күрделі емес әдеби шығарма; прозалық жанр.*

ПОВИДЛО *Жемістен қант қосып қайнатылған қою, тәтті тағам.*

ПОГОН *Әскери киімнің иығына тағылатын белгі.*

ПОДПОЛКОВНИК *Майор мен полковник аралығындағы аға офицерлік әскери атақ.*

ПОЗИТИВ *Негативтен қағазға не арнаулы шыныға түсірілген фотографиялық сурет.*

ПОЗИТИВИЗМ ***филос.*** *Буржуазиялық философияда кең өріс алған идеалистік бағыт.*

ПОЗИЦИЯ 1. ***әск.*** *Ұрыста әскер орналасқан жер.* 2. ***саяси*** *Белгілі бір мәселе жөніндегі көзқарас, беталыс.* 3. ***спорт*** *Денені ұстау қалпы.* 4. ***муз.*** *Қолды, саусақтарды ыңғайлап ұстау қалпы.*

ПОЙЫЗ *Бір не бірнеше локомотивке тіркелген вагондар тізбегінен тұратын темір жол құрамы.*

ПОЛИАТРИТ ***мед.*** *Буын ауруы.*

ПОЛИГЛОТ ***әск.*** *Көп тілді білетін маман.*

ПОЛИГОН ***әск.*** *Әскери жаттығулар, сынаулар жүргізілетін орын, жер.*

ПОЛИГРАФ ***тех.*** *Бір жазуды екінші көшіретін аспап я көшіру ісі.*

ПОЛИГРАФИСТ *Полиграф ісінің маманы.*

ПОЛИГРАФИЯ *Мәтіндік және графикалық материалдарды басып шығаруға арналған техникалық құралдар жиынтығы.*

ПОЛИМЕР ***хим.*** *Молекулалары қайнатылып топтасатын, молекулалық массасы үлкен химиялық қосылыстар.*

ПОЛИМЕТАЛЛ ***мин.*** *Қорғасын мен мырыш, мыс, алтын, күміс, кадмий, кейде висмут, қалайы, индий, галлийден тұратын кешенді рудалар.*

ПОЛИНЕВРИТ ***мед.*** *Бірнеше жүйке талшықтарының қабынуынан болатын ауру.*

ПОЛИОМИЕЛИТ ***мед.*** *Жүйке жүйесінің зақымдануынан қол-аяқтың қозғалмай қалуына апарып соғатын ауру.*

ПОЛИСЕМИЯ ***лингв.*** *Бір сөздің бірнеше мағынаға ие болуы; көп мағыналылық.*

ПОЛИТЕИЗМ *Көп құдайға табынушылық.*

ПОЛИТЕХНИЗАЦИЯ *Политехникалық білім беру жүйесіне көшу, соны іске асыру ісі.*

ПОЛИТЕХНИКА *Техниканың барлық саласын қамтып, өндірістің негізгі ғылыми принциптерімен таныстыратын білім жүйесі.*

ПОЛИТЕХНИКАЛАНДЫР *Политехникалық білім беру жүйесін іске асыру.*

ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ *Техниканың әр саласынан білім беріп, өндіріске маман кадрлар дайындайтын, көпсалалылық (институт, техникум).*

ПОЛИФОНИСТ *Композитор, полифониялық музыканың авторы.*

ПОЛИФОНИЯ *Музыкадағы көп дауыстылықтың түрі, яғни бірнеше дауыстың бірігіп көп дыбысты болып үндесуі.*

ПОЛИЦИЯ *Қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыспен күресу, мемлекет пәрменін орындату, халық пен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық және мемлекеттік құрылысты қорғау міндеттері жүктелген мекемелер мен лауазымдардың және әскерилендірілген жасақтардың жиынтық атауы.*

ПОЛИЭТИЛЕН ***хим.*** *Этилен газынан алынатын термопластикалық полимер.*

ПОЛК ***әск.*** *Әкімшілік, шаруашылық жағынан дербес басқарылатын әскери бөлім.*

ПОЛКОВНИК ***әск.*** *Подполковниктен жоғары офицерлік атақ.*

ПОЛОНЕЗ ***муз.*** 1. *Поляк халқының салтанатты биі.* 2. *Сол биге арнап шығарған музыка.*

ПОЛОНИЙ ***хим.*** *Сирек кездесетін, радиоактивті химиялық элемент.*

ПОЛОТНО 1. *Тығыз тоқылған, қалыңдау мата.* 2. *Майлы бояумен салынған сурет.*

ПОЛЬКА ***муз.*** *Карқынды би, соған арналған музыка.*

ПОЛЮС 1. ***геогр.*** *Жердің айналу осінің ең қиыр нүктесі және соның төңірегі.* 2. ***физ.*** *Магниттің я электрмагниттің екі басының бірі.*

ПОЛЯК *Польшаның негізгі тұрғыны.*

ПОЛЯР: поляр түні — *полюсте бірнеше ай бойына үнемі түн болып тұратын мезгіл.*

ПОЛЯРИЗАТОР ***физ.*** *Толық не жартылай поляризацияланған оптикалық жарық сәулесін алуға арналған құрылғы.*

ПОЛЯРИЗАЦИЯ ***физ.*** *Жарық толқындарының белгілі бір жазықтықта жату қасиеті.*

ПОЛЯРИЗАЦИЯЛАН *Поляризация пайда болу.*

ПОМЕЩИК *Басыбайлы шаруаның еңбегін қанап байыған ірі жер иесі, үстем тап өкілі.*

ПОП *Шіркеудегі дін өкілі.*

ПОРА-ПОРА *Ағыл-тегіл, борша-борша.* ◊ **Пора-порасы шықты** — а) *ағыл-тегіл жылады;* ә) *қара терге түсті, тер шүмектеді.*

ПОРОЛОН *Жұмсақ жиһаз, киім, кілем т. б. заттар жасауда кең қолданылатын, химиялық жолмен алынған зат.*

ПОРТ *Кеме, пароход тоқтап, жүк алып, жүк түсіретін жағалаудағы орын.*

ПОРТАЛ, БЕТШЕ БОСАҒА ***архитек.*** *Ғимаратқа салтанатты сипат беру үшін қолданылатын архитектуралық элементтің түрі.*

ПОРТВЕЙН *Жүзім шарабының күшті түрі.*

ПОРТРЕТ 1. ***өнер.*** *Бейнелеу өнерінде: кескіндеме, мүсін, графика, фото өнерінің басты жанрының бірі.* 2. ***әдеб.*** *Көркем әдебиеттегі кейіпкерлердің түр-түсін, кескін-келбетін, жүріс-тұрысын суреттеушілік.*

ПОРТСИГАР *Шылым салатын сауыт.*

ПОРТФЕЛЬ *Кітап, қағаз т. б. салып алып жүруге арналған қолайлы сөмке.*

ПОРТЬЕРА *Қалың матадан істелген есік я терезе пердесі.*

ПОРУЧИК ***әск.***, ***көне*** *Орыс армиясында XVII ғ-дан бастап қолданылған офицерлік шен, немесе подпоручиктен бір дәреже жоғары атақ.*

ПОРШЕНЬ ***тех.*** *Қозғалтқыш цилиндрінің ішінде оның осі бойынша қозғалатын жылжымалы деталь.*

ПОСТСКРИПТУМ *Хаттың аяқ жағына қол қойғаннан кейін "PS" таңбаларын қойып тұрып, одан кейін жазылған сөздер.*

ПОСТУЛАТ *Сипаттауды керек етпейтін жорамал.*

ПОТЕНЦИОМЕТР ***физ.*** *Ток күшін, электр қуатын өлшейтін құрал.*

ПОЧТАМТ *Қалалық жердегі орталық пошта.*

ПОШТА *Хат, ақша, газет-журнал, т. б. заттарды бір жерден екінші жерге жеткізу ісімен айналысатын мекеме.*

ПОШТАШЫ *Поштаға келген хат, газет-журналдарды мекенжай бойынша тарататын пошта қызметкері.*

ПОШТАБАЙ ***көне*** *Би-болыстардың тапсырмасымен жүріп-тұратын, іскағаздарын тиісті жерге жеткізіп келетін шабарман.*

ПОШЫМ ***қарап.*** *Сыртқы пішін, түр-тұлға.*

ПОЭЗИЯ 1. ***әдеб.*** *Өлеңмен жазылған көркем шығарма.* 2. ***Ауысп.*** *Көркемдік, сұлулық.* □ **Поэзия күні (кеші)** — *ақындар мен оқырман қауымының әдеби дәстүрге айналған кездесу күні.*

ПОЭМА ***әдеб.*** *Белгілі бір оқиғаны өлеңмен баяндайтын, сюжетті көркем шығарма.*

ПОЭТИКА ***әдеб.*** *Поэзиялық шығарманың құрылысын, суреттеу, бейнелеу тәсілдерін зерттейтін ғылым.*

ПРАГМАТИЗМ ***филос.*** *Ақиқатты практикалық пайдалылық тұрғысынан түсінетін философияда кең таралған субъективті-идеалистік бағыт.*

ПРАГМАТИКА *Логикада пайдаланылатын таңбалар жүйесіне адамның қатынасын зерттейтін семиотиканың бөлімі.*

ПРАКТИКА *Теорияның іс жүзіне асуынан туған тәжірибе; қалыптасқан дағды.*

ПРАКТИКАЛЫҚ *Іс жүзіне асатын, өмірмен байланысты.*

ПРАКТИКАНТ *Практикада жүрген адам.*

ПРАКТИКУМ *Жаттықтыру сабағы.*

ПРАПОРЩИК 1. *Армияда мерзімді уақытын өтегеннен кейін одан ары қарай өз еркімен қызмет етіп жүрген адамға берілетін әскери атақ және осы атаққа ие адам.* 2. ***көне*** *Патша армиясындағы ең кіші офицерлік шен.*

ПРЕЗИДЕНТ 1. *Республикалық басқару нысанына негізделген елдердің мемлекет басшысы, ел ағасы, ел басшысы.* 2. *Кейбір қоғамдық, ғылыми ұйымдардың басшысы,*

ПРЕЙСКУРАНТ *Тауар және қызмет көрсету түрлеріне қойылған бағалардың (тарифтердің) жиынтық көрсеткіші.*

ПРЕЛЮДИЯ ***муз.*** *Аспапты музыкалық пьеса жанры.*

ПРЕМЬЕРА, БІРІНШІ ҚОЙЫЛЫМ *Жаңа спектакль, кинофильм т. б. көпшілікке арналған ойын-сауық түрінің алғаш қойылуы.*

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР *Үкімет басшысы; Министрлер кабинетінің төрағасы.*

ПРЕПАРАТ 1. ***мед.*** *Арнаулы фабрикада, лабораторияда әзірленген химиялық не фармацевтік дәрі-дәрмек.* 2. *Химиялық зерттеуге әзірленген зат.*

ПРЕСС-АТТАШЕ *Дипломатиялық өкілдіктің (елшілік, миссия т. б.) баспасөз жөніндегі қызметкерінің атауы.*

ПРЕСС-КОНФЕРЕНЦИЯ *Қоғамдық-саяси мәселелер жөнінде пікірлесу үшін баспа орындарының уәкілдері мен үкімет, қоғам қайраткерлерінің бас қосқан жиналысы.*

ПРЕФЕРАНС *Ақша салып ойнайтын карта ойынының түрі.*

ПРЕФИКС ***лингв.*** *Түбір сөздің алдынан жалғанатын қосымша.*

ПРИЗМА 1. ***мат.*** *Көлемі табанының ауданы мен биіктігінің көбейтіндісіне тең келетін геометриялық дене.* 2. ***физ.*** *Оптикалық аспаптың мөлдір шынысы.*

ПРИМА *Мандолин тәрізді музыкалық аспап.*

ПРИМУС *Керосинмен жағып ас пісіруге пайдаланылатын құрал.*

ПРИНЦ, ХАНЗАДА *Ел билеуші патшаның, корольдің, ханның және т. б. ұлына берілетін атақ; титул.*

ПРИНЦЕССА, ХАНША, ХАНШАЙЫМ *Ел билеуші патшаның, корольдің, ханның және т. б. қызына берілетін атақ; титул.*

ПРИНЦИП, ҚАҒИДАТ *Саясаттағы, ғылымдағы негізгі қағида; іс-әрекеттегі жетекші ереже.*

ПРОБИРКА *Лабораторияларда пайдаланылатын шыны түтікше.*

ПРОБЛЕМА *Зерттеуді, шешуді қажет ететін күрделі мәселе.*

ПРОБЛЕМАЛЫҚ *Проблема болар-лық, проблемаға қатысты.* □ **Проблемалық оқыту әдісі** ***пед.*** *— мектеп оқушыларын шығармашылық ойлауға баулып, дүниетанымын кеңейтетін тәсіл.*

ПРОГРЕСС *Бүкіл адамзат тарихы мен қоғамның заңды түрде дамып, алға басу процесі.*

ПРОГРЕСТІК *Алға басқандық, ілгері дамығандық.*

ПРОГРЕСШІЛ *Алдыңғы қатарлы, озық.*

ПРОЕКЦИЯ ***мат.*** *Бір нәрсенің түзу сызықтар арқылы жазықтыққа түскен кескіні.*

ПРОЕКЦИЯЛА 1. *Проекциясын сызып кескіндеу.* 2. *Проекцияны экранда үлкейтіп көрсету.*

ПРОЖЕКТОР *Күшті жарық беретін құрал.*

ПРОЗА ***әдеб.*** *Қарасөзбен жазылған көркем шығарма; әдебиет жанры.*

ПРОЗАШЫ *Шығарманы проза жанрында жазушы.*

ПРОКУРАТУРА ***заң.*** *Мемлекеттік заңның орындалуын бақылау және заңды бұзушыларды сотқа тарту міндеті жүктелген орын.*

ПРОКУРОР *Мемлекеттік заңдардың дұрыс орындалуын бақылап отыратын прокуратура қызметкері.*

ПРОЛЕТАРИАТ *Марксизм қағидаларында буржуазиялық қоғамдағы жалдамалы, қаналушы жұмысшы табы.* □ **Пролетариат диктатурасы** — *социалистік революция нәтижесінде орнайтын социализм құрылысы мен коммунистік қоғам құруға көшуді көздейтін жұмысшы табының өкіметі.*

ПРОЛЕТАРЛЫҚ *Пролетар басшылығымен, солардың қатысуымен.*

ПРОЛОГ ***әдеб.*** *Көркем шығарманың кіріспе бөлімі.*

ПРОПАН ***хим.*** *Мұнай және табиғи газдар құрамында болатын түссіз, иіссіз, жанғыш зат.*

ПРОПЕЛЛЕР *Ұшақ, диражабль т. б. айналғыш тетігі.*

ПРОПОРЦИОНАЛ ***мат.*** *Екі шаманың бір-біріне теңдігі, тәуелділігі.*

ПРОПОРЦИЯ 1. *Екі қатынас арасындағы теңдік.* 2. *Заттың бөліктерінің шама жағынан өзара қатысы, сай келушілігі...*

ПРОПОРЦИЯЛЫ *Мөлшер, шама жағынан үйлесімді, сәйкес.*

ПРОРАБ *Құрылыс жұмысын басқарушы инженер.*

ПРОРЕКТОР *Жоғары оқу орны ректорының орынбасары.*

ПРОСПЕКТ *Еңбектің алғашқы жобасы, нобайы.*

ПРОТЕЗ *Адамның кеміс мүшелерінің (аяқ, қол т. б.) орнына қойылатын жасанды зат.*

ПРОТЕИН ***биол.*** *Белоктың бір түрі.*

ПРОТЕКТОРАТ *Империалистік мемлекеттің құрамындағы тәуелді мемлекет.*

ПРОТЕРОЗОЙ: протерозой эрасы — *жер тарихының археозой мен палеозой арасындағы эрасы.*

ПРОТЕСТАНТ *Христиан дінінің бір саласы және соның қағидаларын орындаушы адам.*

ПРОТИВОГАЗ *Улы газдан қорғау үшін басқа киетін зат.*

ПРОТОН ***физ.*** *Атом ядросының құрамына кіретін оң зарядты кішкене бөлшек.*

ПРОТОПЛАЗМА ***биол.*** *Тірі организмдегі клетка құрамының негізгі бөлшегі.*

ПРОТОТИП *Әдеби кейіпкердің өмірде болған нақтылы түп тұлғасы.*

ПРОФЕССОР *Жоғары оқу орны оқытушысы мен ғалым ұстаздарға берілетін үлкен ғылыми атақ.*

ПРОФИЛАКТИКА *Денсаулық сақтау ісінде түрлі аурудан сақтандыру, аурудың алдын алу шаралары.*

ПРОФИЛАКТОРИЙ *Профилактикалық шаралармен айналысатын мекеме.*

ПРОЦЕДУРА 1. *Бір істі орындау, атқару тәртібі.* 2. ***мед.*** *Емдеу ісі, шаралары.*

ПРОЦЕНТ, ПАЙЫЗ *Бірлік ретінде алынатын бүтін санның жүзден бір бөлігі.*

ПРОЦЕСС, ҮДЕРІС 1. *Іс-әрекеттің даму барысы, қимылдың өрістеу қалпы.* 2. *Белгілі бір нәтижеге жету үшін жасалатын әрекеттердің жиынтығы.*

ПСИХИАТР ***мед.*** *Психикалық ауруларды емдейтін маман дәрігер.*

ПСИХИАТРИЯ ***мед.*** *Психикалық аурулардың себебін, емдеу әдістерін зерттейтін медицина ғылымының бір саласы.*

ПСИХИКА *Белгілі бір адамға тән ішкі сезімдер дүниесі.*

ПСИХИКАЛЫҚ *Психикамен байланысты.*

ПСИХОЗ ***мед.*** *Елегізіп, есаланданып ауыру.*

ПСИХОЛОГ 1. *Психология маманы.* 2. *Адамның көңіл-күйін, жан дүниесін танығыш, жетік білетін адам.*

ПСИХОЛОГИЗМ ***әдеб.*** *Кейіпкердің ішкі жан сезімін тереңдете бейнелеу әдісі.*

ПСИХОЛОГИЯ 1. *Ой, сезім, түйсік, елес, тілек, ерік, қабілет, мінез, әдет сияқты психикалық әрекеттердің заңдылықтары туралы ғылым, пән.* 2. *Адамның мінез-құлқы, сана-сезімі, ой-өрісі.*

ПСИХОПАТОЛОГИЯ ***мед.*** *Жалпы психика аурулары туралы ілім.*

ПСИХОТЕРАПЕВТ *Психотерапия амалы арқылы емдеу жүйесі.*

ПСИХОТЕРАПИЯ *Психикалық ықпал ету әдісі.*

ПСИХРОМЕТР ***физ.*** *Ауа дымқылдығын өлшейтін аспап.*

ПУ *Бір нәрсені ұнатпаған, жақтырмаған кезде айтылатын ишарат сөз.*

ПУБЛИЦИСТ, КӨСЕМСӨЗШІ *Көсемсөз маманы.*

ПУБЛИЦИСТИКА, КӨСЕМСӨЗ *Қоғамдық саяси мәселелер жөнінде жазылған әдеби жанр.*

ПУДИНГ ***кулин.*** *Ұн немесе күрішке жұмыртқа, сүт, жүзім т. б. араластырып пісірілген тағам.*

ПУЛЕМЕТ *Жердегі және әуедегі нысананы көзден атуға арналған автоматтық қару.*

ПУЛЕМЕТШІ *Пулеметтен оқ атушы жауынгер.*

ПУЛЬТ 1. ***муз.*** *Нота қойылған тұғырық, сүйеніш.* 2. *Электр стансасын басқаруға арналған аппараттар орнатылған орын.* 3. *Өндірістік процестерді басқаруға арналған пункт.*

ПУНКТ, ТАРМАҚ 1. *Өзіне жүктелген тиісті міндеті бар белгілі бір атқару орны.* 2. ***эск.*** *Бақылау жүргізетін, басшылық жасайтын жер.* 3. *Заң жобасының, қаулы-қарардың, ережелердің белгілі бір тармағы, бөлімі.*

ПУНКТИР *Бір-біріне жақын орналасқан нүктелерден не қысқа сызықтардан тұратын үзік-үзік сызық.*

ПУНКТУАЦИЯ ***лингв.*** *Тыныс белгілерін қою ережелері және оның жүйесі.*

ПҰЛ *Ақша, қаржы-қаражат.*

ПҰЛДЫ *Бағалы, құнды, нарықты.*

ПҰРҚЫ *Шайқы, диуана, дуана, бақсы.*

ПҰТ *Салмағы 16 килограмға тең ауырлық өлшемі.*

ПҰТ: пұтқа табыну – *құлшылық ететін, табынатын жасанды мүсінге сыйыну.*

ПҰТТА *Пұт мөлшерімен өлшеу.*

ПҰТТЫҚ *Пұттың салмағындай, пұт боларлық.*

ПҰШАЙМАН *Бейшара, сорлы, мүсәпір.* ◊ **Пұшайман болды [жеді]** – *опық жеді, қапа болды, өкінді.*

ПҰШАЙМАНДЫҚ *Мүсәпірлік, сорлылық.*

ПҰШАЙТ-ПҰШАЙТ *Қойды шақырғанда, қозысын телігенде айтылатын сөз.*

ПҰШИМАН *Қайғы, қасірет, қапа.*

ПҰШПАҚ 1. *Малдың, аңның сирақ терісі.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір кеңістіктің, мекеннің, көшенің бір шеті, бөлігі.* 3. ***Ауысп.*** *Әңгіменің, сөздің шет жағасы, бір ұшы.* ◊ **Пұшпағы қанамаған** – *бала көтермеген, бала сүймеген.* **Пұшпағына да татымайды [тұрмайды]** – *ширегіне де келмейді.* **Пұшпағынан сабылды** – *болдырды, шаршады.* **Пұшпағын ұстады** – *бір билікке ие болды.* **Пұшпақ алдырмады** – *малдан шығын шығармады, мал басы аман болды.*

ПҰШПАҚТА 1. *Өңшең пұшпақтан құрап киім тігу.* 2. ***Ауысп.*** *Болшектеу, жырымдау.*

ПҰШТИ *Мұрны тыңқию, келтию.*

ПҰШЫҚ 1. *Жұқпалы ауру салдарынан мұрны кем болып қалған; самал түскен, таңқы.* 2. ***Ауысп.*** *Шұмегі кетілген, сынық.*

ПҰШЫҚТАУ *Мұрны сәл пұшық, таңқылау.*

ПҰШТЫҢДА *Пұштию, пұштаңдау.*

ПҰЛІШ *Түкті, бағалы барқыт мата.*

ПЫР: пыр етті – *құс табан астынан бірден көтеріліп ұша жөнелді.*

ПЫРАҚ I 1. ***фольк.*** *Қиял-ғажайып ертегілерде, эпостарда кездесетін қанатты тұлпар.* 2. *Жүйрік ат, сәйгүлік, арғымақ.*

ПЫРАҚ II ***астр.*** *Экваторлық шоқжұлдыз.*

ПЫРАН *Батырлардың соғысқа арнап киер киімі – көбе (сауыт) т. б.*

ПЫР-ПЫР *Пырылдап шыққан дыбыс.*

ПЫР-ПЫРЛА *Пыр-пыр етіп ұшу.*

ПЫРЫЛ *Бірқалыпты пыр-пыр еткен дыбыс.*

ПЫРЫЛДА *Пыр-пыр еткен дыбыс шығу.*

ПЫРЫЛДАУЫҚ ***муз.*** *Үрмелі музыкалық аспаптың бір түрі.*

ПЫС *Зәресі ұшу, қорқу.*

ПЫС: пыс етті – *пысылдаған дыбыс шықты.*

ПЫСҚЫР *Жылқының танау арқылы кенет қатты дем шығаруы.* ◊ **Пысқырып та қарамады** – *көзге ілмеді, керек те қылмады.*

ПЫСҚЫРЫҚ I *Пысқырған дыбыс; пысқырғандық.*

ПЫСҚЫРЫҚ II ***вет.*** *Қойдың танауында болатын ауру.*

ПЫС-ПЫС *Пысылдаған дыбыс.*

ПЫСТАН *Ердің үстіндегі көпшікті алды-артынан бастырып қоятын, үстін жез, күміспен қақтаған былғары.*

ПЫСЫ I *Сұсы, мысы, сесі.* ◊ **Пысы басты [жеңді]** – *мысы басты, үстем түсті, тайсалтты.*

ПЫСЫ II 1. *Есілген, ширген жіптің, басылған киіздің қатты ширауы, шымырлана түсуі.* 2. ***Ауысп.*** *Ысылу, шыныгу, ширау.*

ПЫСЫҒЫРАҚ *Пысықтау, ширақтау.*

ПЫСЫҚ 1. *Қатты ширатылған, ширақ (жіп, арқан), не өте шымыр басылған (киіз).* 2. ***Ауысп.*** *Епті тірі, епті, іскер, ширақ.*

ПЫСЫҚАЙ *Пысықсымақ, жылпос, қу.*

ПЫСЫҚСЫ *Пысық болып көріну, пысықсыну.*

ПЫСЫҚСЫМАҚ ***экспр.*** *Пысық болып көрінуші, пысықай.*

ПЫСЫҚТА 1. *Бос басылған киізді шидің үстіне салып, ыстық су құйып, білектеп пысыту, шымырлай түсу* 2. *Қайтақайта тәптіштеп жетілдіре түсу, мұқияттау.* 3. *Сабақты, оқыған жаттаған нәрсені еске түсіру, қайталау.*

ПЫСЫҚТАУ *Ширақтау, пысығырақ.*

ПЫСЫҚТАУЫШ ***грамм.*** *Баяндауыштың әр алуан белгілерін айқындап, іс-әрекеттің сапасын білдіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.*

ПЫСЫҚТЫҚ *Қолынан іс келіп, ұқсатушылық, епті тірілік, ширақтық.*

ПЫСЫҚША *Пысықтау, ширақтау, пысықсымақ.*

ПЫСЫЛ *Пыс-пыс еткен дыбыс, мұрыннан шыққан дем.*

ПЫСЫЛДА *Дыбыстың үздік-үздік шығуы.*

ПЫСЫНА *Қапырықтан күйіп-жану, ыстықтау.*

ПЫСЫТҚЫЛА *Ыстық тағамды, суды т. б. затты сапырыстырып, салқындату, суыту.*

ПЫШАҚ 1. *Мал союға, нан т.б. кесуге арналған жүзі өткір, сабы бар құрал.* 2. ***тех.*** *Кейбір машиналар мен түрлі құралдың кескіш бөлігі.* ◊ **Пышақ жұмсады [салды]** – *пышақ салды, пышақтады.* **Пышақ жүзі, қыл үсті** – *қиыншылық кез, қауіп-қатерлі кезең.* **Пышақ кескендей тыйылды [үзілді, тоқтады, басылды]** – *бірден тыйылды, сап болды.* **Пышақкесті** – *үзілді-кесілді, біржола.* **Пышаққа ілікті [ілінді]** – *бауыздады, сойды.* **Пышаққа ілінгір**

[түскір] *қарғ.* — *сойылғыр, бауыздалғыр.* **Пышақ сыртындай [қырындай]** *жұп-жұқа (өлшем).* **Пышақ үстінен болді [үлестірді, талады]** — *қолма-қол, табан астында бөлісті.*

ПЫШАҚСЫЗ *Пышағы жоқ: пышақ ұстамайтын.* ◊ **Пышақсыз бауыздады** — *қатты ұялтып жазғырды, жерге кіргізді.*

ПЫШАҚТА *Пышақ салып жарамау, тілгілеу.*

ПЫШАҚТАЙ 1. *Тіліп түсетін, өткір.* 2. *Тыртиған арық.*

ПЫШАҚТАСТЫР 1. ***өзг. етіс*** *Пышақтас-тыр.* 2. *Біреумен біреуді өштестіру, жауықтыру.*

ПЫШАНА ***тар.*** *Пешене, маңдай, тағдыр, жазмыш.*

ПЫШҚЫ *Ағаш кесетін кішірек арамемір.*

ПЫШ-ПЫШ *Өсек сөз, алыпқашпа әңгіме, күңкіл.*

ПЫШ-ПЫШТА *Біреуді сыртынан жамандау, өсектеу.*

ПЫШТУ *Жақтырмағанда, менсінбегенде айтылатын сөз.*

ПЫШЫЛ *Пыш-пыш еткен дыбыс; пысыл.*

ПЫШЫЛДА *Пыш-пыш ету, пысылдау.*

ПЫШЫЛДАҚ *Пыш-пыш еткіш, пышылдауық, пышылдағыш.*

ПЫШЫРА *Басы бірікпей бөлек-бөлек болып бөлінуі, шашырау.*

ПІДИЯ ***діни*** *Ислам діні бойынша өлген адамның күнәсін ақтау үшін молдаларға берілетін құдайы (мал, ақша, т. б.) зат.*

ПІДИЯЛЫҚ *Підияға байлайтын, підияға арналған (мал, ақша).*

ПІКІР *Өмірдегі заттар мен құбылыстар туралы көзқарас, тұжырым, пайымдау.*

ПІКІРЛЕС I *Ойы, көзқарасы бір жерден шығатын, ниеттес.*

ПІКІРЛЕС II *Пікір алысу, ақылдасу, кеңесу.*

ПІКІРЛЕСТІК *Бір пікірде болушылық.*

ПІКІРЛІ *Белгілі бір пікірі бар.*

ПІКІРТАЛАС *Белгілі бір қоғамдық мәні бар мәселені, болмаса ғылыми жұмысты талқылау барысындағы айтыс-тартыс, дау.*

ПІКІРІНШЕ *Біреудің көзқарасынша, ойлауынша.*

ПІЛ *Екі үлкен сойдақ тісі бар, ұзын тұмсықты, Африка мен Азияда мекендейтін, сүтқоректі аса ірі хайуан.*

ПІЛДЕЙ *Піл сияқты ірі, үлкен.*

ПІЛЛӘ *Жібек құртының талшық алынатын ұясы.*

ПІЛМАЙ *Арал теңізінде және оған құятын өзендерде таралған көшпелі балық.*

ПІР 1. ***діни*** *Қолдап-қорғаушы рух, аруақ.* 2. ***Ауысп.*** *Демеуші, қолдаушы, сүйеуші.* ◊ **Пірге қол берді [тапсырды]** ***діни*** — *қазірет, ишан сияқты дінбасының патиқасын алды, дін жолына түсті.* **Пір тұтты** — *әулиедей бас иді, құрмет тұтты.*

ПІРӘДАР ***діни*** *Пірге барып қол беріп келген, діндар, сопы.*

ПІС I 1. *Шикі тамақтың отқа қайнап, қақталып піскен соң жеуге жарауы.* 2. *Жемістің, егіннің, бау-бақша өсімдіктерінің дәні толып жеуге жарауы.* 3. ***Ауысп.*** *Малдың семіріп ет алып жетілуі, қоңдануы.* 4. ***Ауысп.*** *Кемеліне келіп, әбден ші қану, шегіне жету.* 5. ***Ауысп.*** *Көнбіс болып шығу, ширау; пысу.*

ПІС II *Саба мен күбінің ішіндегі қымыздың, іркітті, қаймақты піспекпен күрпілдетіп, бабына келтіре шайқау.*

ПІС III 1. *Ұшы үшкір құралмен түйреу, шаншу.* 2. ***Ауысп.*** *Сөзбен қадау, бетін қайтару.*

ПІСКІЛЕ *Ине, найза сияқты үшкір затпен бір нәрсені сұққылау, тыққылау.*

ПІСМІЛЛӘ *Бір нәрсеге кірісер алдында айтылатын, Алланың атымен дегенді білдіретін ишарат сөз.*

ПІСПЕК *Мес, саба, күбі сияқты ыдыстардың ішіне салып қымыз, іркіт, қаймақ пісетін сабы бар құрал.*

ПІСПЕКТЕ 1. *Піспекпен піскілеу, ию қандыру.* 2. ***Ауысп.*** *Шанышқылау, сұққылау.*

ПІСТЕ ***бот.*** *Ыстық жақта өсетін аласа бұта және осы бұтаның бір жағы сүйір жемісі.* ◊ **Пісте мұрын** — *ұзындау, үшкір мұрын.*

ПІСТЕЛЕН *Сүйірлену, қырлану.*

ПІСТЕЛЕУ *Сүйірлеу, үшкірлеу.*

ПІСТИ *Бір нәрсенің сүйірленуі, үшкірленуі.*

ПІСТІК: пістік мұрын (танау) — *үшкір, сүйір мұрын.*

ПІСІ АС *Ірімшік, сарсу, қатық сияқты сүттен жасалған дайын тағамдар.*

ПІСІКТІК ***мед.*** *Организмнің жұқпалы ауруды, кейбір улы заттарды қабылдамаушылық қасиеті (иммунитет).*

ПІСІКШІЛІК *Күзгі жиын-терін мезгілі.*

ПІСІП-ҚАТ *Қиындыққа көндігу, шыныгу, шыраю.*

ПІСІР 1. ***ыр. етіс*** *Піс-ір.* 2. *Киізді шиге орап, үстіне ыстық су құйып, тепкілеп ширықтыру, ширатып қатайту.* 3. *Металды отқа қыздыру, балқыту.* 4. ***Ауысп.*** *Ойға алған нәрсені жетілдіру, жеріне жеткізу, шыңдау.* ◊ **Пісіріп же** — *не істесең де мейлің, не қылсаң о қыл.*

ПІСІРУШІ 1. *Ас-тағамды әзірлеп дайындаушы; аспаз.* 2. *Металды балқытып біріктіруші.*

ПІСІРІМ: сүтпісірім — *жарты сағаттық мерзім.*

ПІТІНӘ *Аласа, қортық, мәстек.*

ПІТІР ***діни*** *Ораза айында жан басынан берілетін қайыр.*

ПІШІ I 1. *Киімді тігер алдында өлшеп, не үлгіге салып кесу.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені жобалау, мөлшерлеу.*

ПІШ II *Еркек малдың енін сылып алып тастау, ақтау.*

ПІШ III *Таңданушы, таңырқауды білдіретін ишарат сөз.*

ПІШЕН *Мал азығы үшін шабылатын шөп.*

ПІШЕНДЕМЕ *50—55 пайызға дейінгі ылғалдылықта кептірілетін және сақлаусыз етіп жабылған темір-бетон қоймаларда сақталатын малазықтық шөп.*

ПІШЕНДІК *Пішен шабылатын жер.*

ПІШЕНШІ *Пішен шабатын адам, шөпші.*

ПІШІПЕ *Тарттырылған, піштірілген ақта мал.*

ПІШТУ *Мәнсінбегендікті, жақтырмағандықты білдіретін ишарат сөз.* ◊ **Пішту құрлы көрмеді** — *елемеді, ескермеді.*

ПІШІМ *Киімнің үлгісі, пішілуі.*

ПІШІН *Заттың сыртқы түрі, кейіп тұлғасы, бітімі.*

ПІШІНДЕ *Бейнелеу, кескіндеу.*

ПІШІНДЕМЕ ***этн.*** *Оюлау, өрнектеу, бейнелеу.*

ПІШІНДЕС *Бейнелес, тұлғалас, кейіптес.*

ПІШІНДІ 1. *Түрі ұқсас, пішіндес.* 2. *Сымбатты, келбетті, кескінді.*

ПІШІНСІЗ *Түрсіз, келбетсіз, өңсіз.*

ПЬЕСА 1. *Театрда көрсетуге арналған драмалық шығарма.* 2. ***муз.*** *Көлемі шағын музыкалық шығарма.*

ПЮРЕ, ЕЗБЕ *Пісірілген жемістен, көкөністен езіп жасалған тағам.*

Р

РА *разы, риза.*

РАБАЙ *Кейіп, бет-келбет, бейне, рай.*

РАБАЙДА *Анда-санда, оқта-текте.*

РАБАЙСЫЗ *Қолапайсыз, жөнсіз.*

РАБАТ ***көне*** *Қаланың шетіндегі абатты мекенжай.*

РАББЫ ***діни*** *Жасаған ие, жаратушы.*

РАГУ *Ірірек етіп туралған еттен (балықтан, көкөністен) жасалған тамақ.*

РАДИАТОР ***тех.*** *Іштен жанатын қозғалтқышты судың, желдің көмегімен салқындататын тетік.*

РАДИАЦИЯ *Күн қызуынан, қуатты жарылыстан шығатын күшті сәуле, жарқыл.*

РАДИАЦИЯЛЫ *Радиациясы бар, радиациясы күшті.*

РАДИЙ ***хим.*** *Радиоактивті химиялық элемент; металл.*

РАДИКАЛ 1. ***мат.*** *Математикалық таңба, санның түбірін есептеп шығару белгісі.* 2. ***хим.*** *Химиялық бір қоспадан екіншісіне өзгеріссіз көшетін молекуладағы атом тобы.*

РАДИО *Арнаулы стансалардан электрмагнит толқындары арқылы алыс қашықтыққа хабар беретін және қабылдайтын сымсыз аппарат.*

РАДИОАКТИВТЕН *Радиоактивті қасиетке ие болу.*

РАДИОАКТИВТІ *Радиоактивтілік қасиеті бар.*

РАДИОАКТИВТІЛІК *Кейбір химиялық элементтердегі атомдық ядроның күшті жарық (сәуле) шығару арқылы ыдырауы, өздігінен түрлену құбылысы.*

РАДИОЖУРНАЛ *Радио арқылы эфирден берілетін әр алуан жанрлық хабарлар.*

РАДИОКОМЕНТАТОР *Саяси, экономикалық және мәдениет, спорт тақырыптарына радиодан шығып сөйлеуші журналист немесе маман; шолушы.*

РАДИОКОМИТЕТ *Радиохабарларды таратып отыратын орталық мекеме.*

РАДИОҚАБЫЛДАҒЫШ *Сигналдар мен дыбыстарды, түрлі хабарларды беретін аппарат.* □ **Радиоқабылдағыш құрылғылар** — *радиоқабылдағышпен байланысты техникалық механизм.*

РАДИОЛА *Өзінде радиоқабылдағышы мен электр ойнатқышы бірге жабдықталған аппарат.*

РАДИОЛАНДЫР *Радиотрансляция желілері тораптарын салу, радиоқабылдағыштарды қондыру.*

РАДИОЛОГИЯ *Радиоактив құбылыстарын зерттейтін ғылым.*

РАДИОЛОКАТОР *Радиотолқындар арқылы алыстағы түрлі объектілердің тұрған орнын білдіретін қондырғы.*

РАДИОЛОКАЦИЯ *Радио толқыны арқылы бір объектінің арақашықтығын не тұрған жерін анықтау.*

РАДИОМОНТАЖ *Пьесадан және әдеби шығармалардан үзінділер мен эпизодтарды құрастырып, радио арқылы беру.*

РАДИООЧЕРК *Шындықты қысқаша суреттеп, радио арқылы берілетін, көлемі шағын әдеби шығарма.*

РАДИОСИГНАЛ *Радио арқылы берілетін белгі, сигнал.*

РАДИОСТАНСА *Радио арқылы хабар таратуға және қабылдауға арналған станса.*

РАДИОТЕЛЕГРАФ *Радио арқылы телеграмманы беретін және қабылдайтын байланыс жүйесі.*

РАДИОТЕЛЕСКОП *Ғарыштық радиосәулелерді қабылдауға және осы сәулелердің сипаттамаларын зерттеуге арналған құрал.*

РАДИОТЕЛЕФОН *Телефон хабарларын радиотолқындар көмегімен таратуға әрі қабылдауға арналған аппарат.*

РАДИОТЕХНИК *Радио аспаптарының маманы.*

РАДИОТЕХНИКА *Радио диапазонындағы электрмагниттік тербелістер мен толқындарды генерациялау және күшейту, тарату, қабылдау тәсілдері мен оларды пайдалану жолдарын зерттейтін ғылым.*

РАДИОТОЛҚЫН *Белгілі бір қашықтықтағы сигналды сымсыз тарататын электрмагнитті толқын.*

РАДИОТОРАП *Орталық радиохабарлардың бағдарламасы мен жергілікті хабарларды таратуға арналған қабылдағыш, күшейткіш т. б. аппараттардың жиынтығы.*

РАДИОХАБАР *Радио арқылы берілетін қоғамдық-саяси, көркем және музыкалық хабар.*

РАДИОЭЛЕКТРОНИКА *Хабар беру және қабылдау үшін электрмагниттік өріс энергиясын пайдалану мәселелерін қарастыратын ғылым мен техниканың саласы.*

РАДИСТ *Радио арқылы дыбыс сигналымен хабар беретін және қабылдайтын маман.*

РАДИУС ***геом.*** *Шеңбердің кез келген нүктесін оның центрімен қосатын түзу кесінді.*

РАДОН *Техника мен медицинада пайдаланылатын радиоактивті химиялық элемент, газ.*

РАДОНДЫ *Құрамында радоны бар, радонданған.*

РАЗРЯД *Белгілі заттар мен құбылыстардың қалпын ерекшелеудегі дәреже көрсеткіші; категория.*

РАЗЪЕЗД *Қарсы келе жатқан пойызды өткізіп жіберу үшін темір-жол бойындағы бір бүйірге қарай айырылған бұрылыс жол және осындай жердегі станса.*

РАЗЫ *Адамның бір нәрсеге қанағаттанғандығын білдіретін қуаныш, сүйініш сезімі, ырза, риза.* □ **Разы болды** — *көңілі тойды, көңілі құп алды.*

РАЗЫЛЫҚ *Бір нәрсеге көңіл толғандық, қанағаттанғандық, ырзалық, ризалық.*

РАЙ I *Адамның көңіл күйі, ыңғай, кейіп.* ◊ **Рай берметі** — *жылы қабақ көрсетпеді; ыңғай бермеді.* **Райынан қайтты** — *сабасына түсті, ашуы басылды.*

РАЙ II ***грамм.*** *Іс-әрекеттің, қимылдың не бұйрық мағынасын, не қалау, тілек мағынасын, не шартын білдіретін етістік категориясы.*

РАЙЛАН *Бетіне қан жүгіріп нұрлану, ажарлану, жадырау, жайнау.*

РАЙЛАС I *Бір нәрсеге ұқсас, сәйкес, түстес.*

РАЙЛАС II *Біреумен ой-пікірі бір болу, үйлесу, сыбайласу.*

РАЙЛАСТЫҚ *Үйлесімі бір, үндестік, сыбайластық.*

РАЙЛЫ *Келбетті, көрікті, әдемі.*

РАЙХАНГҮЛ *Сабағының тікенектері бар, хош иісті әдемі алқызыл гүл.*

РАЙЫС I ***көне*** *Бастық, басқарма, билеуші, төраға.*

РАЙЫС II ***көне*** *Рақат, жұмақ.*

РАК *Организмде болатын қатерлі ісік.*

РАКЕТА 1. *Атылғанда әуеге жарық шашатын, нұршашу жасау және түрлі белгілер беруде қолданатын, ішінде оталғыш дәрі толтырылған гильза түріндегі снаряд.* 2. *Өз массасын біртіндеп бөліп шығару нәтижесінде пайда болатын, реактивті күш әсерінен қозғалатын ұшу аппараты.*

РАКЕТАЛЫҚ *Ракетаға қатысы бар, ракетамен байланысты, соған тән.* ◊ **Ракеталық қару** — *басқарылатын немесе басқарылмайтын раке-*

талар арқылы нысанаға жеткізілетін қырып-жою құралының жүйесі.

РАКЕТАШЫ *Ракетаатқыш; ракета бөліміндегі жауынгер.*

РАКЕТКА *Теннис ойынында қолданылатын қалақ.*

РАКЕТАДРОМ *Ракета ұшыратын алаң.*

РАҚАТ *Жантыныштық, ләззат.* ◊ **Рақатқа батты [рақат құшағына батты]** — *жантыныштығына бөленді.* **Рақат тапты** — *қызық дәурен сүрді.*

РАҚАТТАН *Рақатқа бату, сүйсіну.*

РАҚАТТЫ *Ләззаты мол, қуанышқа толы.*

РАҚМЕТ *Ілтипат білдіріп айтылатын ризалық алғыс.*

РАҚЫМ *Қайырым, мейірім, шапағат.* ◊ **Рақым етті [қылды]** — *мархабат етті, қайырымдылық жасады.* **Рақым шақат [шапағат] жоқ** — *мейірім, бейіл жоқ.* **Рақымынан үмітті** — *қайырымынан дәмеленді.* **Рақымы [рақымшылығы] түсті** — *мейірімі түсіп, жанашырлық жасады.*

РАҚЫМДЫ *Мейірімді, мейірбан, қайырымды.*

РАҚЫМСЫЗДЫҚ *Өте қаталдық, мейірімсіздік.*

РАҚЫМШЫЛ *Мейірбан, қайырымшыл.*

РАҚЫМШЫЛДЫҚ *Қайырымы молдық, мейірімділік.*

РАҚЫМШЫЛЫҚ ***заң.*** *Қылмыс жасаған азаматтарға жоғарғы өкімет органдары тарапынан берілетін кешірім.*

РАМАЗАН *Мұсылман күнтізбесінің 9-айының аты, діни ораза айы.* □ **Рамазан айы** — *бұл айда мұсылман халқы отыз күн ораза ұстап, намаз оқиды (таң намазы, бесін намазы, асыр намазы, ақшам намазы, құтпан намазы).*

РАМАТ ***көне*** *Бұрын үй басынан, әрбір түтіннен алынатын шаңырақ салығы, түтін салығы.*

РАМПА ***театр.*** *Сахнаға жарық түсіретін электр шамдарын жасырып тұратын қалқа.*

РАНГ ***әск.*** *Арнайы берілетін атақ, әскери дәреже.*

РАҢ *Көктемнің басында қар суымен өсіп шығатын, бойы аласа майда шөп.*

РАҢДЫ *Раң шөбі өскен, раң шөбі бар.*

РАПА ***мед.*** *Емдік мақсатқа пайдаланатын, көлдер мен теңіздердің қанықкан тұзды суы.*

РАПС *Май және жем алынатын сары жапырақты өсімдік.*

РАПСОДИЯ *Халық ән-билерінің тақырыбы негізінде жазылған музыкалық шығарма.*

РАС *Өтірік емес; ақиқат, дұрыс, тура, шын.*

РАСТА *Бір нәрсенің шындығын, дұрыстығын қуаттау, дәлелдеу, мақұлдау.*

РАСТЫҚ *Ақиқаттық, шындық, дұрыстық.*

РАСЫМЕН *Шынымен, шындығында.*

РАСЫНДА *Шындығында, асылында.*

РАСЫТХАНА *Астрономиялық, метеорологиялық т. б. бақылау жүргізетін гимарат; обсерватория.*

РАТИН *Сырткиімге арналған жүн мата.*

РАТИФИКАЦИЯ *Белгілі бір халықаралық шартты жоғарғы өкімет органының бекітіп, оған заңды күш беруі.*

РАТИФИКАЦИЯЛА *Мемлекеттер арасында жасалған шартты жоғарғы өкімет орындарының бекітуі.*

РАУА *Орынды, лайықты, жөн.*

РАУАН *Таңғы жарық, сәуле, нұр.*

РАУАНДА *Таң бозарып ата бастау, қылаңдау.*

РАУАНДЫ *Жарық, сәулелі, нұрлы.*

РАУАЯТ *Ақыл, жөн, жоба.*

РАУҒАШ ***бот.*** *Көбінесе тау күңгейлерінде өсетін көпжылдық қышқылтым дәмді өсімдік.*

РАУЛАНУ *Жалтырау, сәуле шашып жайнау, шұғылалану.*

РАУНД ***спорт*** *Бокс шаршыалаңында жұдырықтасып сайысуға берілетін белгілі мөлшер, уақыт.*

РАУШАН *Риза, хош, разы.*

РАУШАНГҮЛ *Әдемі, ашық түсті алқызыл гүл.*

РАУШАНДАЙ *Раушан гүліне ұқсас, сұлу, көрікті.*

РАФИНАЦИЯ *Қалыпқа түсіру, тазарту, аршу, қорыту ісі.*

РАФИНАЦИЯЛА *Тазартылмаған заттарды олардың құрамындағы бөгде қоспалардан ажырату, айыру, аршу.*

РАЦИОН *Адамға я малға белгілі мерзімде берілетін азықтың мөлшері мен құрамы.*

РАЦИОНАЛДЫ *Пайдалы, орынды, тиімді.*

РАЦИОНАЛИЗАТОР *Өндіріс барысын жақсартумен шұғылданатын адам, жаңашыл.*

РАЦИОНАЛИЗАТОРЛЫҚ *Түрлі әдісті қолданып, жұмыстың сапасын жақсартушылық, жаңашылдық.*

РАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛА *Өндіріс орнындағы жұмыс процестерін жетілдіре, жақсарта түсу.*

РАЦИОНАЛИЗМ ***филос.*** *Ойлауды сезім қабылдауынан айырып қарап, білудің бірден-бір бұлағы ақыл деп есептейтін философиялық идеалистік бағыт.*

РАЦИЯ *Бір жерден екінші жерге алып жүретін тасымалды радиостанса.*

РӘМІЗ *Қазақстанның мемлекеттік нышандары:* а) *Мемлекеттік ту;* ә) *Елтаңба;* б) *Мемлекеттік әнұран.*

РӘПАТ *Тұр-келбет, өң, кейіп, пішін.*

РӘСУА *Орынсыз шашылып төгілу, ысырап, шығын.* ◊ **Рәсуа болды [қылды]** *– босқа шашылды, ысырап болды.*

РӘСУАГЕРШІЛІК *Ысырап етушілік, төгіп-шашушылық.*

РӘСУАЛА *Ысырап қылу, төгіп-шашу, шығындау.*

РӘСІМ 1. *Салт, әдет-ғұрып, дәстүр.* 2. *Белгіленген тәртіп бойынша өтетін салтанатты ресми акт.*

РӘУІШТЕС *Сипаттас, тәріздес, ұқсас.*

РӘУІШТІ *Сипатты, тәрізді, сияқты.*

РЕАКТИВ ***хим.*** *Химиялық реакцияны жүзеге асыруға қолданылатын зат.*

РЕАКТИВТІ 1. *Химиялық талдауда реактив қызмет атқарушы.* 2. *Сатылап шығатын газдың серпуімен қозғалатын түрі.*

РЕАКТОР *Әртүрлі типтегі физика, химиялық реакциялар негізінде жұмыс істейтін қондырғы; аппарат.*

РЕАКЦИОНЕР *Алдыңғы қатарлы, прогресшіл нәрсенің бәріне қарсы кертартпа адам.*

РЕАКЦИЯ I 1. ***физиол.*** *Организмнің ішкі және сыртқы тітіркендіргіштерге әр кезде беретін жауабы.* 2. ***хим.*** *Заттардың өзара химиялық әсерлестігі.*

РЕАКЦИЯ II ***саяси*** *Күні бітуге айналған таптардың қоғамдық прогреске жасайтын қарсылығы.*

РЕАКЦИЯЛЫҚ *Қоғамдық дамуға қарсы кертартпалық.*

РЕАКЦИЯШЫЛ *Кертартпа, қаскүнем.*

РЕАЛДЫ 1. *Іске асатын, шын, ақиқат.* 2. *Іс жүзіндегі, нақтылы.*

РЕАЛДЫҚ *Іске асатын, шындық.*

РЕАЛИЗМ *Әдебиет пен көркемөнердегі шындықты кейіптік бейне арқылы толық және дұрыс етіп суреттейтін әдіс.*

РЕАНИМАЦИЯ ***мед.*** *Ауру ауыр халде жатқан кезде организмді жандандыру, тірілту әрекеті.*

РЕВАНШИЗМ ***саяси*** *Соғыста жеңілгендердің кек қайтаруға құмарлығы, өшпенділік, кекшілдік.*

РЕВАНШИСТІК *Өш алуға құмартушылық, кек алушылық.*

РЕВМАТИЗМ, ҚҰЗДАМА ***мед.*** *Дене буын-буыны мен сүйекте болатын, шаншып, сырқырап ауыратын дерт.*

РЕВОЛЮЦИОНЕР *Революция ісіне жан-тәнімен берілген адам, революцияны жақтаушы.*

РЕВОЛЮЦИЯ 1. *Дәурені өткен қоғамдық және саяси құрылысты жоюға және жаңа прогрестік қоғам орнатуға әкеліп жеткізетін, қоғам өміріндегі түбірлі өзгеріс; төңкеріс.* 2. ***Ауысп.*** *Прогрессивті дамытуға ықпал жасайтын әрекет.*

РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ *Революция жолын қуған, революцияны жақтайтын.*

РЕВОЛЮЦИЯШЫЛДЫҚ *Революция жолын қуушылық, революция ісіне берілгендік.*

РЕГЕНЕРАТОР *Зауыттың газ және басқа пештерінде қызған ауаның жылуын пайдалануға арналған жабдық.*

РЕГЕНЕРАЦИЯ 1. ***тех.*** *Пайдаланылған өндіріс бұйымдарын белгілі операциялар арқылы өндіріс процесінің бастапқы бұйымдарына айналдыру ісі.* 2. ***биол.*** *Дене мүшелерінің жойылған бөлшектері клеткаларының қалпына келу құбылысы.*

РЕГИОН, АЙМАҚ *Белгілі бір елге, облысқа я құрамды мемлекетке тиісті жер, аймақ.*

РЕГИОНДЫҚ, АЙМАҚТЫҚ *Белгілі бір елге, облысқа, я бірнеше мемлекетке қатысы бар.*

РЕГЛАМЕНТ *Мәжілісті жүргізудегі келісілген уақыт мөлшері, өлшемі.*

РЕГРЕСС *Дамудың кері кетіп құлдырауы, кері шегінушілік, шегініс.*

РЕДАКТОР *Баспада, радиохабар мен телевизияда мәтінді әдеби тілдің стильдік нормаларына түсіріп өңдеуші, газет-журнал редакциясының басшы қызметкері.*

РЕДАКТОРЛЫҚ *Редактор болушылық, редакция ісімен шұғылданушылық.*

РЕДАКЦИЯ 1. *Түрлі газет, журнал, кітаптарды, басқа да баспа материалдарын өндіріске әзірлейтін ұйым, мекеме.* 2. *Редакторлық ұжым орналасқан үй.*

РЕДАКЦИЯЛА *Авторлық шығарманы баспасөзде, радиода, телевизияда жариялауға әзірлеу, түзетіп жөндеу, өңдеу.*

РЕДАЛҚА *Газеттер мен журналдарды, кітаптарды шығару қызметін ұжым болып басқару органы, редакциялық алқа.*

РЕДУКЦИЯ 1. ***биол.*** *Дене мүшелерінің күрделіліктен қарапайым түрге қарай дамуы, шөгуі.* 2. ***лингв.*** *Екпінсіз даусты дыбыстардың әлсіздену.*

РЕДУКЦИЯЛАН *Редукцияға ұшырауы; кішірею, шөгу.*

РЕЕСТР, ТІЗІЛІМ *Адамның, малмүлік, дүниенің қағаз бетіне рет-ретімен тізімдеп жазған аты.*

РЕЕСТРЛІК *Әліпби ретімен жазылған сөздер.*

РЕЖИМ *Мемлекеттік құрылыс.*

РЕЖИССЕР *Театр мен киноларда қойылатын ойын-сауықтардың көркемдік жағын басқарушы әрі ұйымдастырушы.*

РЕЖИССЕРЛІК *Режиссер болушылық, режиссурасын басқарушылық.*

РЕЗЕҢКЕ *Каучуктан вулканизациялау арқылы алынған өнім; жұмсақ, майысқақ, жұмсақ материал.*

РЕЗЕРВ 1. *Кейбір заттардың қоры; шығатын жері, қайнар көзі.* 2. ***әск.*** *Запастағы әскер, әскери адам.*

РЕЗЕРВАЦИЯ *Кейбір капиталистік елдерде жергілікті елді атамекенінен күштеп көшіріп қоныстандыру үшін бөлінген құнарсыз жер.*

РЕЗЕРВИСТ ***әск.*** *Міндетті әскери қызметтен босатылып, резервке шығарылған әскери қызметкер.*

РЕЗЕРВУАР *Сұйық заттар мен газдарды сақтайтын үлкен ыдыс.*

РЕЗЕРПИН ***мед.*** *Гипертония ауруына қарсы пайдаланылатын дәрі.*

РЕЗИДЕНТ *Белгілі бір елде тұрақты орналасқан шетелдік дипломатиялық өкіл.*

РЕЗИДЕНЦИЯ *Мемлекет басшысының, үкіметтің, оның басшысының немесе жоғары лауазым иесінің тұрақты орны.*

РЕЗОНАНС *Дыбыстың жақсы ашық естілуі.*

РЕЙД I ***теңіз.*** *Порттың кіреберісіндегі кеме тоқтайтын қолайлы жер.*

РЕЙД II 1. ***әск.*** *Жауынгерлік әрекеттер жүргізу үшін әскер бөлімдерінің жаудың тылына кіріп кетуі.* 2. ***Ауысп.*** *Тұтқиылдан жүргізілетін тексеру ісі.*

РЕЙС *Белгілі бір маршрут бойынша кеменің, ұшақтың, автобустың жүріп-тұруы.*

РЕКОРД *Еңбекте, спортта қол жеткен ең үздік, ең жоғары табыс.*

РЕКОРДТЫҚ *Рекорд болар лық, үздік.*

РЕКОРДШЫ *Үздік табысқа жетуші, рекорд жасаушы.*

РЕКТОР *Университет және басқа жоғары оқу орнының жетекшісі, басшысы.*

РЕКТОРАТ *Университет және кейбір жоғары дәрежелі оқу орындарының басшы, жетекші, әкімшілік тобы.*

РЕЛИКТ *Ескі замандардан сақталған зат; қалдық, жұрнақ.*

РЕЛЬЕФ *Жер бетінің ой-қыры; құрлық беті және мұхит түбі бедерлерінің жиынтығы.*

РЕЛЬС *Үстінен пойыз, трамвай тағы басқа көлік доңғалағы жылжып жүретін болат білеу жол.*

РЕМАРКА *Автордың пьеса жөніндегі жазған түсініктері, ескертпелері.*

РЕНЕССАНС *Қайта өркендеу дәуірі.*

РЕНЖУЛІ *Қабағы қатыңқы, кеюлі, өкпелі.*

РЕНЖУШІЛІК *Абыржушылық, көңілсіздік, кеюшілік.*

РЕНЖІ *Кею, қапа болу, қынжылу.*

РЕНЖІГІШ *Өкпелегіш, жабырқағыш, қапаланғыш, кейігіш.*

РЕНТА ***экон.*** *Капиталдан, мүліктен, жерден түсетін табыс, кіріс, өсім.*

РЕНТАБЕЛЬ *Табыс, кіріс, өнім.*

РЕНТАБЕЛЬДІ *Пайдалы, тиімді, табысты.*

РЕНТАБЕЛЬДІЛІК *Тиімділік, өнімділік, табыстылық.*

РЕНТГЕН *Рентген және гамма сәулелері экспозициялық дозасының жүйеден тыс бірлігі.*

РЕНТГЕНОГРАММА *Рентген сәулесі арқылы үлдірге түсірілген фотографиялық кескін.*

РЕНТГЕНОГРАФИЯ *Рентген сәулесі арқылы күңгірт заттардың ішкі құрылысын фотоға түсіру тәсілі.*

РЕНТГЕНОЛОГ *Рентгенологияның жайын білетін маман дәрігер.*

РЕНТГЕНОЛОГИЯ *Рентген сәулесін қолдану жайлы ғылым.*

РЕНТГЕНОТЕРАПИЯ *Рентген сәулесімен емдеу әдісі.*

РЕНІШ *Бір нәрсеге риза болмаудан, көңіл қалудан туған кейіс, өкпе.*

РЕНІШСІЗ *Өкпе-наласыз, кейіссіз; ренжусіз.*

РЕНІШТІ *Жабырқаңқы, көңілсіз.*

РЕҢ *Келбет, өң, шырай, рай.*

РЕҢДЕН *Ажарлану, әрлілену, райлану..*

РЕҢДЕС *Түстес, өңдес, пішіндес.*

РЕҢДІ *Ажарлы, әрлі, нұрлы.*

РЕҢДІЛІК *Ажарлылық, әрлілік, нұрлылық.*

РЕҢК 1. *Түр, түс, келбет, әр, өң.* 2. ***лингв.*** *Мағыналық ерекшелік, сәл ғана өзгешелік.*

РЕҢСІЗ *Өңсіз, түрсіз, сұрықсыз.*

РЕПАРАЦИЯ *Соғыстың шығуына кінәлі болған мемлекет жеңілгенде, соғыстың барысында өзі келтірген зиянды жеңген мемлекетке толық немесе жартылап төлеуі.*

РЕПАТРИАЦИЯ *Соғыс тұтқындарын, тұтқындалған азаматтарды, қашып көшкендерді, қоныс аударғандарды соғыстан кейін отанына қайтару.*

РЕПЕРТУАР *Әншілердің, музыканттардың, артистердің негізгі, ұдайы орындайтын шығармалары, рөлдері.*

РЕПЕРТУАРЛЫҚ *Репертуарға арналған, соған тән.*

РЕПЕТ *Әлпет, түр, түс.* ◊ **Репеті қашты** – *түрі бұзылды, сұрланды.*

РЕПЕТИТОР *Сабақты үлгере алмайтын оқушыға, артық білгісі келетін оқушыға үйде қосымша сабақ оқытатын мұғалім.*

РЕПЕТИЦИЯ *Театрда ойын көрсету немесе көп алдында шығып сөйлеу үшін күнібұрын жүргізілетін дайындық.*

РЕПЕТСІЗ *Сұрықсыз, сүреңсіз.*

РЕПЛИКА *Сөйлеп тұрған кісінің сөзін бөліп айтылған қақпа сөз, ілікпе сөз.*

РЕПОРТАЖ *Баспасөз бетінде, радиода, теледидарда берілетін күнделік-*

ті жаңалықтар туралы әсерлі суреттеме түрінде баяндау.

РЕПОРТЕР *Жергілікті оқиғаларды, хабарларды жазып тұратын, радио, теледидардан беретін хабаршы.*

РЕПРЕССИЯ *Жаппай қуғын-сүргін, жазықсыз жазалау.*

РЕПРОДУКТОР Дыбысты күшейтіп шығаратын құрылғы, тетік.

РЕПРОДУКЦИЯ *Суреттерді фотография, клише арқылы дәл өзіндей етіп түсіру, көшіру, көбейту ісі.*

РЕПС *Бетінде аздап кеңірдек бедері бар мата.*

РЕПУТАЦИЯ *Атақ, даңқ, абырой.*

РЕСМИ *Айрықша, ерекше, арнаулы.*

РЕСМИЛЕУ *Ресми заңдарды сақтағыш.*

РЕСМИЛІК *Қызмет бабына байланысты ресми заңдардың бәрін сақтағандық.*

РЕСПУБЛИКА *Барлық билік белгілі мерзімге сайлангандардың қарамағына берілетін мемлекеттік билік формасы.*

РЕССОР ***тех.*** *Арбаның, вагонның, машинаның т. б. шанағы мен білік арасына орнатылған солқылдақ серіппелі темір тетік.*

РЕСТАВРАТОР, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУШІ *Көркемөнер ескерткіштерін әуелгі қалпына келтіруші маман.*

РЕСТАВРАЦИЯ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ *Бастапқы сәнін жоғалтқан архитектуралық ескерткіштер мен бейнелеу өнері туындыларын, қолжазбалар мен киноқұжаттарды қалпына келтіру, өңдеу ісі.*

РЕСТАВРАЦИЯЛА, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ *Реставрация жасау; бір нәрсені қайтадан қалпына келтіру.*

РЕСТОРАН, МЕЙРАМХАНА *Тамақ, ішімдік сататын, билеп, демалатын асхана тектес қоғамдық орын.*

РЕСУРС *Қаражат қор.*

РЕТ 1. *Белгілі бір нәрсеге тән, тәртіп, қатар.* 2. *Істің жөні, ықғайы.*

РЕТ-РЕТІМЕН *Тәртіппен, бірінен соң бірі, қатар-қатарымен.*

РЕТСІЗ *Қалай болса солай, орынсыз, ыңғайсыз, жөнсіз.*

РЕТСІЗДЕУ *Орынсыздау, ыңғайсыздау, жөнсіздеу.*

РЕТСІЗДІК *Жүйелі тәртіптің жоқтығы, жөнсіздік.*

РЕТТЕ *Ыңғайлау, жөндеу, тәртіпке келтіру.*

РЕТТЕГНШ *Белгілі бір істі тәртіпке келтіретін тетік.*

РЕТТЕУЛІ *Жүйеге келтірулі, жинақтаулы, тәртіпке келтірулі.*

РЕТТЕУШІ *Тәртіпке келтіруші, ретке салушы, жүйелеуші.*

РЕТТЕУШІ *Бір нәрселерді реттеп тұруға арналған тетік.*

РЕТТІ *Орынды, тиісті, ыңғайлы.*

РЕТТІК *Заттың орналасу тәртібін білдіретін, есептік, қатарлық.*

РЕТТІЛЕУ *Тәртіптілеу, тәуірлеу.*

РЕТТІЛІК *Тәртіптілік, ұқыптылық.*

РЕТУШЬ *Суреттегі, фотосуреттегі, негативтегі кескінді қаламмен, бояумен түзету немесе химиялық жолмен өңдеу ісі.*

РЕФЕРАТ *Ғылыми еңбектің, мақаланың немесе баяндаманың қысқаша жазылған мазмұндамасы.*

РЕФЕРЕНДУМ *Дауыс бергізу арқылы төтенше маңызды мәселе туралы халықтың пікірін білу әдісі.*

РЕФЕРЕНТ *Белгілі бір мәселе жөнінде ақыл-кеңес, түсінік беріп отыратын немесе баяндама әзірлейтін қызметкер, көмекші.*

РЕФЛЕКС ***физиол.*** *Тірі организмнің сыртқы әсерге (тітіркендіргіштерге) орталық жүйке жүйесі арқылы қайтаратын реакциясы.*

РЕФЛЕКТОР 1. *Кішкене ойыс айна орнатылған телескоп түрі.* 2. *Ойыс айна тәріздес келген сәуле таратқыш.*

РЕФОРМА *Өмір сүріп отырған әлеуметтік құрылым негіздерін жоймай, қоғамның, өмірдің кейбір жағын жетілдіру, дамыту мақсатында қайта өзгерту.*

РЕФОРМАТОР *Бір нәрсені өзгертуші, қайта құрушы.*

РЕФОРМАШЫ *Реформаны жүргізуші, өзгертуші.*

РЕФОРМИСТІК *Реформаны жақтаушылық, реформашылдық.*

РЕФРАКТОР *Сәулені сындыруға бейімделген линзасы бар телескоп.*

РЕФРАКЦИЯ *Атмосферада жарық сәулелерінің сынуы және дыбыс қозғалысының өзгеру бағыты.*

РЕЦЕНЗИЯ *Көркем шығарма, ғылыми еңбек, спектакль т. б. туралы жазылған сын, пікір.*

РЕЦЕНЗИЯЛА *Біреудің еңбегіне сын пікір айтып талдау, бағалау.*

РЕЦЕПТ 1. *Дәрігердің дәрі беру, әзірлеу және оны қолдану туралы жазбаша нұсқау қағазы.* 2. *Бірдеңені дайындаудың жолы; ереже, норма.*

РЕЦЕПТОР ***биол.*** *Тітіркенуді қабылдайтын жүйке талшықтары.*

РЕЦИДИВ *Белгілі бір құбылыстың қайталануы.*

РЕЦИДИВИСТ *Бірнеше рет қылмыс істеген адам.*

РИЗА *Адамның көңіл күйінің қанағаттанғандығын, ұнатқандығын білдіретін сүйсіну белгісі; разы.* □ **Риза болды** — *қанағаттанды, көңілі толды.*

РИЗАЛА *Риза ету; көңілдендіру.*

РИЗАЛЫҚ *Көңіл толушылық, разы болушылық, ризашылық.*

РИЗАШЫЛЫҚ *Риза болушылық, ризалық.*

РИЗЫҚ *Бұйырған нәсіп, ырыс.*

РИЗЫҚСЫЗ *Несібесіз, ырзықсыз.*

РИЗЫҚТЫ *Аузының салуы бар, несібелі.*

РИКША *Шығыс және Оңтүстік Азияда адам жегіліп жүк, кісі таситын жұмсақ рессорлы, екі доңғалақты жеңіл арба.*

РИНГ, ШАРШЫАЛАҢ ***спорт*** *Бокс-шылардың жекпе-жекке шығуы үшін арқанмен қоршалған ойын алаңы.*

РИТМ, ЫРҒАҚ *Музыканың, бидің, жұмыстың ырғағы, үйлесімі.*

РИТМДІК, ЫРҒАҚТЫҚ *Ритмге тән, ырғақтылық.*

РИТМИКА *Ырғақ, үйлесім жайындағы ілім, ритм жүйесі.*

РИТОРИКА *Шешендік өнер теориясы.*

РИТОРИКАЛЫҚ *Риторика ережесіне негізделген, риторикаға байланысты.*

РИФ ***геогр.*** *Су астында, я су деңгейінен сәл шығып тұратын құз жартас.*

РИЯ *Бірдеңені шын көңілімен емес, тек басқаға көз қылып көрсету үшін ғана істелген іс; екіжүзділік.*

РИЯЛЫ *Шын ниетпен емес, көлгірсу.*

РИЯСЫЗ *Шын ықыласпен істелген, қалтқысыз, бүкпесіз.*

РИЯСЫЗДЫҚ *Қалтқысыздық, бүкпесіздік, шынайылық.*

РИЯШЫЛ *Жәдігөй, сұрқия, зымиян.*

РИЯШЫЛДЫҚ *Жәдігөйлік, зымияндық.*

РОБОТ, ҚҰЛТЕМІР *Сырт көрінісі адам бейнесін елестететін, адам істейтін жұмысты орындайтын автомат.*

РОК-ТОП *Музыкалық ансамбльдің бір түрі.*

РОМ *Алкоголі күшті ішімдіктің бір түрі.*

РОМАН *Күрделі сюжетті, кесек тұлғалы әдеби шығарма.*

РОМАНШЫ I *Роман жазушы, романшы.*

РОМАНИСТ II *Роман тілдері мен әдебиетінің маманы.*

РОМАНС *Жеке дауысқа не жеке аспапқа арналып жазылған, әннен гөрі күрделі, шағын лирикалық музыкалық шығарма.*

РОМАНТИЗМ *XIX ғасырдың бас кезінде әдебиетте және көркемөнерде классицизмнің жүйесіне қарсы шыққан ағым; әдебиеттегі романтикалық бағыт.*

РОМАНТИК 1. *Романтизмді қолдаушы.* 2. ***Ауысп.*** *Арманшылдық, қиялшылдық.*

РОМАНТИКА *Асқақ арман, тәтті қиял.*

РОМАНТИКАЛЫ *Асқақ арман, тәтті қиял қуған.*

РОМАНТИКАЛЫҚ *Асқан арманшылдық, қиялшылдық.*

РОМБ 1. ***мат.*** *Төрт жағы бірдей, тең параллелограмм.* 2. *Төрт бұрышты қиықша.*

РОТА *Батальон құрамына енетін әскери бөлімше.*

РОТАЛАС *Бір ротада қызмет істеген, ротада бірге болған.*

РОТАТОР *Мәтіндік материалдың, схеманың т. б. көшірмесін басып шығаруға арналған аппарат.*

РОТАЦИЯ *Көп таралымды кітаптарды, газеттерді басып шығаратын айналмалы баспа машина.*

РОЯЛЬ *Клавишті музыкалық аспап, фортепьяноның бір түрі.*

РОЯЛЬШЫ *Рояльда ойнаушы.*

РӨЛ 1. *Актердің театрда ойнайтын әдеби образы.* 2. *Маңыз, мән.*

РӨМКЕ *Арақ-шарап ішетін кішірек шыны ыдыс.*

РУ *Бір әулеттен тараған туыстық, қандастық топ, үлкен тайпаның бір тармағы.*

РУБАСЫ *Бір рулы елді басқарушы, ру бастығы.*

РУБАЯТ *Таяу және Орта Шығыс поэзиясында кең тараған өлең түрі; төрттаған.*

РУБЕРОИД *Картон қағаздан жасалып, бетіне мұнай битумы сіңірілген материал.*

РУДА *Металдар бөлініп алынатын табиғи шикізат, кен.*

РУДИМЕНТ ***биол.*** *Организмдегі дамып жетіле алмай, өзінің маңызын жойған соқырішек, құйыршық сүйек сияқты мүшелер.*

РУДИМЕНТТІ *Өсе алмаған, жетіле алмаған, маңызын жойған.*

РУЛАС *Туыстас, қандас, аталас.*

РУЛАСТЫҚ *Туысқандық, туыстық, қандастық.*

РУЛЕТ, ОРАМА *Сопақша етіп тураған ет не картоптан істелген дәмді тағам.*

РУЛЕТКА ***тех.*** *Бетіне метрлік және сантиметрлік бөліктер сызылған, дөңгелете оралған өлшеуіш металл таспа.*

РУЛОН *Шырышықтап оралған қағаз, мата т. б.*

РУЛЫ *Бір әулеттен тараған, бір ру (ел).*

РУЛЫҚ *Руға қатысты, соған тән.*

РУЛЬ, МЕҢГЕРІК *Машинаны, ұшақты, кемені басқаратын тетік, тұтқа.*

РУНА *Жазудың өте ескіден келе жатқан бір түрі.*

РУХ 1. ***филос.*** *Табиғи материалдық бастамадан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы білдіретін философиялық ұғым.* 2. ***Ауысп.*** *Рухани күш-қуат, батылдық.* ◊ **Рухын көтерді** — *жігерлендірді, аруақтандырды.* **Рухы түсті** — *еңсесі түсті, жүні жығылды.*

РУХАНИ *Адамның ой санасына, ішкі дүниесіне байланысты, соған тән.*

РУХТАН *Қайраттану, жігерлену, шабыттану.*

РУХТАНҒЫШ *Жігерленгіш, қайраттанғыш, шабыттанғыш.*

РУХТАНДЫРҒЫШ *Күш-жігер беретін, шабыттандырғыш.*

РУХТАС *Рухы бір, бір рухтағы.*

РУХТЫ *Рухы көтеріңкі, шабытты, жігерлі.*

РУШЫЛ *Рулық жікке, атаға бөлінгіш.*

РУШЫЛДЫҚ *Руға бөлінушілік, ру муддесін жақтаушылық.*

РҰҚСАТ *Басқа біреудің тарапынан екінші кісіге берілетін ризалық, келісім.*

РҰҚСАТНАМА *Бір жерге кіру немесе басқа жаққа бару үшін берілетін рұқсат қағаз, куәлік.*

РЫЦАРЬ *Феодалдық Еуропадағы әскери-дворян төбына жататын адам.*

РЭКЕТ *Біреулерді қорқытып, қымбат зат не ақшасын тартып алушы, бопсалаушы.*

С

САБА I 1. *Жылқының тұтас терісінен жүнін қырып илеп, ыстап жасалған, қымыз ашытатын сыйымды ыдыс.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің шеңбері, арнасы, көлемі, аясы.* ◊ **Саба бие** — *көп құлындаған, сары қарын үлкен бие.* **Саба құрсақ** — *кең құрсақ, үлкен қарын.* **Сабасына қарай піспегі** — *біріне-бірі лайық, сайма-сай.* **Сабасына түсті (келді)** — *ақылы орнына түсті, ашуы тарқады, басылды.*

САБА II 1. *Ұрып-соғу, жазалау.* 2. ***Ауысп.*** *Желдің, боранның қатты соғып үйтқуы.* 3. ***Ауысп.*** *Бөсу, өтірікті көпірту.*

САБА III *Өзендердің, ағын сулардың суы азайып, ең төменгі межеге жететін кезеңі.*

САБАҒАТ *Халықаралық келісімшарт түрлерінің бірі*

САБАДАЙ *Үлкен, мол, кең.*

САБАЗ *Біреудің іс-қылығына, мінез-құлқына, кеңпейілдігіне риза болғанда айтылатын көтерме сөз.*

САБАЗДЫҚ 1. *Асқан батылдық, өжеттік, табандылық.* 2. *Азаматтық, кеңдік.*

САБАҚ I 1. *Өсімдіктің тамырынан басына дейінгі бұтақты, жапырақты бөлігі, негіз.* 2. *Нәзік келген кішкентай тарам, желі.* □ **Бір сабақ жіп** — *ұзындау қып сабақтаған жіп.*

САБАҚ II 1. *Мектеп жүйесінде белгілі бір пәнді өткізетін оқу сағаты және пән.* 2. *Оқушыға үйде орындауға тапсырған оқу жұмысы.* 3. ***Ауысп.*** *Үлгі-өнеге, мысал, тәжірибе.* ◊ **Сабақ алды** — *тәлім алды, үйренді.* **Сабақ болды** — *қорытынды шығаратындай ой салды.*

САБАҚ ЕГЕУШІЛЕР *Жарғаққанаттылар отряды, қондырма құрсақтылар отряды тармағының бір тұқымдасы. Жер шарына кең тараған 7000-нан астам түрі белгілі.*

САБАҚТА 1. *Жіпті иненің көзінен өткізу.* 2. ***Ауысп.*** *Сөзді, әңгімені одан әрі жалғастыру, дамыту.*

САБАҚТАН *Сабақ пайда болу.*

САБАҚТАС I 1. *Бір сабақтан өсіп-өнетін, бұтағы бір.* 2. *Бір-бірімен жалғас, сарындас, үндес.* □ **Сабақтас құрмалас сөйлем** — *құрамындағы жай сөйлемдер біріне-бірі бағынып құрмаласқан сөйлем.*

САБАҚТАС II *Бірге сабақ оқитын, сыныптас, парталас.*

САБАҚТАС III *Бір-бірімен ұштасу, жалғасу.*

САБАҚТАСТЫҚ *Сарындастық, үндестік, жалғастық, байланыстылық.*

САБАҚТАУЛЫ *Иненің көзінен сабақ өткізілген, сабағы бар.*

САБАҚТЫ 1. *Сабағы ірі, үлкен (өсімдік).* 2. *Инеге өткізілген жібі бар, жіп тағылған.* □ **Сабақты етістік** ***лингв.*** — *табыс септіктегі тура толықтауышқа мағынасы сабақталып тұратын етістік.* ◊ **Сабақты ине сәтімен** — *орайы келген іс оңады.* **Сабақты жіп қалдырмады** — *еш нәрсені тастамады, түгелдей сыпырды.*

САБАҚША *Негізгі сабақтан өскен қосымша кішірек сабақ.*

САБАЛА I *Саба-саба ету, саба толтыру.*

САБАЛА II 1. *Ұрғылау, соққылау.* 2. *Үсті-үстіне төпелеу, бастырмалату, борату.*

САБАЛАҚ *Түте-түте ұйпалақтанған, үрпиген.*

САБАЛАҚТА *Ұйпалақтау, түтелеу.*

САБАЛЫ 1. *Сабасы мол, саба-саба.* 2. ***Ауысп.*** *Етек-жеңі кең, мол денелі.*

САБАН *Дәнді дақылдардың бастырылып, дәні алынғаннан кейін қалған сабағы.*

САБАНТОЙ *Астықты жинап алған соң өткізілетін мереке, қызық-думан.*

САБАНХАНА *Сабан жиналған жер.*

САБАНШЫ ***зоол.*** *Жабайы дала мысығы.*

САБАТ I *Шөбі шүйгін, салқын жер, көгал.*

САБАТ II ***бот.*** *Қымыз дәмдес қышқыл өсімдік; қымыздық.*

САБАТТА *Көлеңкелеу, саялау, салқындау.*

САБАТТЫ *Саялы, көгалды (жер).*

САБАУ *Жүннің ұйысқанын жазып, тазарту үшін пайдаланатын жіңішке таяқ.*

САБАУДАЙ 1. *Ұп-ұзын, салалы, сойдиған.* 2. ***Ауысп.*** *Мықты, берік, күшті.*

САБАУДАЙ-САБАУДАЙ *Ірі, мықты.*

САБАУҚОЙ *Қуысмүйізділер тұқымдасына жататын сүтқоректі. Солтүстік Шығыс Азия және Солтүстік Америка жерінде кездеседі.*

САБАУҚҰЙРЫҚ *Құйрығы ұзын кеміргіш тышқан.*

САБАУЛА *Сабаумен ұру, соғу.*

САБАУША *Кішігірім, қысқа сабау таяқ.*

САБАУШЫ *Сабау сабаушы.*

САБАЯҚ *Сабаның астына қойылатын ағаштан жасалған түғыр.*

САБЫЛ 1. *Әуре-сарсаңға түсу, бос сандалу.* 2. *Әрлі-берлі жүріс, сапырылыс.*

САБЫЛМА *Құр сапырылыс, сабылыс, бос дүрлігіс.*

САБЫЛЫС *Бос жүріс, құр әуре, сапырылыс.*

САБЫН *Кірді, беті-қолды жууға арналған май мен сілті қосындысынан тұратын ерігіш зат.*

САБЫНДА *Сабынмен жуу, тазалау.*

САБЫНСУ *Сабынның сұйықтау, қоймалжың түрі.*

САБЫНСАУЫТ *Сабынды салуға лайықталған құты.*

САБЫНШӨП *Биіктігі 80 сантиметрге дейін жететін, көпжылдық шөп тектес майда жапырақты өсімдік.*

САБЫНШЫ *Сабын қайнатушы, сабын жасаушы.*

САБЫР *Шыдам, тағат, төзім.* ◊ **Сабыр етті [қылды]** — *шыдамдылық жасады.* **Сабыр таппады** — *дегбірі қашты, тағатсызданды.* **Сабыр түбі сары алтын** — *шыдам арты жақсылық, игілік.* **Сабыры қалмады [таусылды]** — *шыдамы таусылды.*

САБЫР: сабыр болды — *жауын-шашыннан жер батпағы шықты, лайсаңға айналды.*

САБЫРЛА I *Саябырлау, баяулау.*

САБЫРЛА II *Сазды, балшықты жермен жүру; аяқты ауыр алу.*

САБЫРЛАН *Сабырлы қалыпқа түсу, байсалдану.*

САБЫРЛЫ *Салмақты, ұстамды, байыпты.*

САБЫРЛЫЛЫҚ *Ұстамдылық, шыдамдылық, салмақтылық.*

САБЫРСЫЗ *Шыдамсыз, тағаты жоқ.*

САБЫРСЫЗДАН *Шыдамы кету, төзімі таусылу, тағатсыздану.*

САБЫРСЫЗДАУ *Шыдамсыздау, төзімсіздеу.*

САБЫРСЫЗДЫҚ *Шыдамы жоқтық, тағатсыздық.*

САБЫТ *Тауқымет, ауыртпалық.* ◊ **Сабытын [сабағатын] салды [артты]** — *ауыртпалық түсірді, біреуге масыл болды.*

САГО *Пальма ағашының өзегіндегі крахмалдан жасалған жарма.*

САҒА I 1. *Өзеннің не тау сілемінің түйіскен жері.* 2. *Қылыштың, пышақ т. б. нәрселердің сабы мен темірінің қосылған жері.* 3. *Домбыраның перне орналасқан жіңішке мойны.*

САҒА II *Жазғытұрым және жаздығүні түйе жейтін өсімдік.*

САҒАЙЛАР *Ежелгі түркі тайпасы.*

САҒАҚ 1. *Жылқының сағалдырық тұратын тамағының астыңғы жағы.* 2. *Бір нәрсенің екінші нәрсемен түйіскен жері.*

САҒАЛ *Сарғыш, сарғылтым, жолақ.*

САҒАЛАС *Сағасы бір, бір сағаға баратын.*

САҒАЛАТ *Бір нәрсені сағасына дейін бойлата кіргізу.*

САҒАЛДА *Сағал-сағал болу, кір-қожалақтану.*

САҒАЛДЫРЫҚ *Аттың сағасына дәл келетін жүгеннің астыңғы жағынан тартып байлайтын қайыс бау.*

САҒАЛ-САҒАЛ *Сағалдану, кір-қожалақ тарту.*

САҒАЛЫ *Сағасы үлкен, сағасы бар.*

САҒАН *Қымыз құйған ыдыс.*

САҒАНА ***көне*** *Күмбез үй, ғимарат.*

САҒАНАҚ *Керегелік желінің ең қысқа ағашы.*

САҒАНАТАМ ***көне*** *Маңғыстау ескерткіштерінің бір түрі. Негізінен Маңғыстау түбегінде Жем бойы мен Үстірт өңірінде кездеседі.*

САҒАТ 1. *Тәуліктегі уақытты есептейтін тетік.* 2. *Алпыс минутқа тең уақыт өлшемі.* 3. *Белгілі бір мерзім, уақыт.* ◊ **Сағаты бітті** (*жетті*) — *өмірі таусылды, ажалы жетті.*

САҒАТСЫЗ 1. *Сағат жоқ.* 2. *Белгілі уақыты, мерзімі жоқ, мөлшерсіз.*

САҒАТТАП *Сағат бойы, бірнеше сағат.*

САҒАТШЫ *Сағат жөндеуші шебер.*

САҒДАР ***жерг.*** *Малға шашқан шөптің сояу қалдығы.*

САҒДАРЛАН *Сағдар қалу, сояулану.*

САҒЫ: сағы сынды — *тауы шағылды, беті қайтты.*

САҒЫЗ *Каучук бөлетін өсімдік шайыры.*

САҒЫЗДАЙ: сағыздай созылды [созды] — *бір мәселені тез шешпеді, созбақтады.*

САҒЫЗДАУ *Шабандау, баяулау, сылбырлау.*

САҒЫЗДАН *Қоюлану, қатаю, созылыңқы тарту.*

САҒЫМ 1. *Ауаның біркелкі қызбауына байланысты табиғатта болатын құбылыс.* 2. ***Ауысп.*** *Бұлдыр, күңгірт, бұлыңғыр.* ◊ **Сағым құды** — *қол жетпеске ұмтылды, болмастан дәметті.*

САҒЫМДАЙ I *Сағым сияқты.*

САҒЫМДАЙ II *Мұнарту, бұлдырау, бұлыңғырлану.*

САҒЫМША *Сағым тәрізденіп, сағымға ұқсап.*

САҒЫН *Көруге құмарту, аңсау.*

САҒЫНҒЫШ *Аңсағыш, зарыққыш.*

САҒЫНЫШ *Құмартқан сезім, аңсаған тілек.*

САҒЫНЫШТЫ *Сағына күткен, зарыққан.*

САҒЫР *Қола дәуірі мен орта ғасырлар аралығындағы тастарға шекілген суреттер.*

САДАҒА *Бір нәрсенің жолына айтылған, құрбан етілген зат, бұйым.* ◊ **Садаға кет (кеткір)** — *татымады, жарамады.* **Садағаң (садаға) кетейін** — *біреуге ризашылық білдіргенде, құрбанын болайын деген магынада жұмсалады.*

САДАҒАЛА *Садаға қылып шығарып тастау, құрбан ету.*

САДАҚ ***көне*** *Ағаштан иіп жасаған соғыс құралы, жақ.* ◊ **Садақ сыртты күпшек сан** — *жотасы күжірейген, күшті.*

САДАҚА *Жоқ-жітіктерге ақшалай не заттай берілетін қайыр, Құдайы.* ◊ **Садақа етті (қылды)** — *Құдайы үлестірілді.* **Садақа шалды** — *Құдай жолына мал сойды.*

САДАҚБОЗ *Шөбі қалың шабындық, құнарлы жайылымдық жер.*

САДАҚКӨДЕ ***бот.*** *Тікенекті шөптің бір түрі.*

САДАҚСАН *Бүркіттің бір тегінің атауы.*

САДАҚТАЙ: садақтай атылды — *зу етті, зымырады.*

САДАҚ ТАРТУ *Мергендік спортының бір түрі.*

САДАҚШЫ *Садақты жақсы тартатын адам.*

САДАН *Бет-жүзі, келбет-әлпет, түр-түсі, сұрпы еті.*

САДЫРА I *Мал үйірі, шағын дәулет.*

САДЫРА II *Малдың қиы мен зәрі араласқан қоймалжың зат.*

САДЫРАЛА *Малдың іші өту, тышқақтау.*

САДЫРАЛЫ *Лас, былғаныштық.*

САЖЫН *Үш кезге пара-пар ұзындық өлшемі.*

САЗ I 1. *Су араласып, батпаққа айналған топырақ.* 2. *Көгалы қалың, дымқыл алқап.* ◊ **Сазбет** — *ұялмайтын, бетсіз.* **Сазбеттенді** — *сұрланды, сазарды.* **Сазға отырғызды** — *сан соқтырды, алдап кетті.*

САЗ II ***муз.*** 1. *Музыкалық дыбыстардың, ырғақтың өзара байланысу жүйесі.* 2. *Сырнай мен үрмелі музыка аспаптары басқыштарының аты.*

САЗ III 1. *Үн, әуез, ырғақ.* 2. ***Ауысп.*** *Мәнді, мағыналы, маңызды,*

САЗ IV *Шығыс халықтарының шертіп ойнайтын шекті аспабы.*

САЗАЙ: *Жаза, зауал, сыбаға.* ***қарғ.*** *Құдай сазайыңды берсін!*

САЗАН *Тұщы суда мекендейтін, еті тығыз, бағалы кәсіптік балық.*

САЗАНДАЙ: ақ сазандай — *толық, аппақ.*

САЗАР *Мелшиіп қалу, бедірею.*

САЗАРЫҢҚЫ *Түнеріңкі, ашулы, ызалы.*

САЗАРЫС *Ашулы күй, ызалы қалып.*

САЗГЕН *Саздан жасалған сырнай сияқты үрлемелі аспап.*

САЗҒЫЛТ *Саздауыт, саздау.*

САЗДА I 1. *Жердің сызданuы, ылғалдануы, дымқылдануы.* 2. *Батпаққа батту, балшықтау.*

САЗДА II *Нәшіне келтіру, баптау.*

САЗДАЙ: саздай иледі — *дегеніне көндірді, айтқанын істетті.*

САЗДАҚ *Ылғалды, саздауыт, дымқыл.*

САЗДАҚТЫ *Ылғалы мол, сазды.*

САЗДАУЫТ *Сазы көп, саздақ.*

САЗДЫ I *Балшық араласқан, батпақты.*

САЗДЫ II *Ырғақты, мәнерлі, әуезді.*

САЗДЫЛЫҚ *Әуезділік, ырғақтылық, әуенділік.*

САЗҚҰНДЫЗ *Суда да, құрғақта да жүре алатын терісі бағалы аң.*

САЗСЫРНАЙ *Үйдек аспаптар тобына жататын қазақтың ұлттық аспабы.*

САЗШӨП *Өзен жағалауларында, ойпаттарда, сазды жерлерде өсетін жабайы өсімдік.*

САЗЫҒЫРЛАН *Саз сияқты болып тұтқырлану.*

САЗЫРАЙ *Бедірейіп сазару, сазбеттену.*

САЙ I 1. *Өзегі мен табаны жазық келетін, жары жоқ ойпаң жер.* 2. *Баскиімнің құранды бөліктері.* ◊ **Сайда саны, құмда ізі жоқ** — а) *қайда екені белгісіз, дерексіз;* ә) *берекесіз, шашыранды, есепте жоқ.* **Сайдың тасындай** — *таңдаулы, ірі, мықты.* **Сай-сүйекті (сүйегін) сырқыратты [шымырлатты]** — *қайғыртып егілтті, қатты күйзелтті.*

САЙ II 1. *Сәйкес, лайық, дәл.* 2. *Дайын, әзір.*

САЙ III *Белгілі бір межеге тоқталу, тірелу.*

САЙГЕЗ *Садақ оғының бір түрі.*

САЙГҮЛІК *Шашасына шаң жұқпас жүйрік ат.*

САЙҒАҚ I *Жапан түз, кең далада үйір-үйір болып өмір сүретін аң; ақбөкен.*

САЙҒАҚ II 1. *Қару ретінде жұмсайтын қатты ағаш; сойыл.* 2. *Зираттың басына белгі ретінде қойылған діңгек ағаш.*

САЙДАҚ ***көне*** *Ылғай мен сығай, саңлақ.*

САЙДАҚТАЛ *Іріктелу, оқшаулану.*

САЙДАҚТАТ *Айбақ-сайбақ ету, арбиту.*

САЙДАҚЫ ***жерг.*** *Сұм, қу, сайқал.*

САЙДАУЫЛ *Таңдаулы, сайдақ, іріктелген.*

САЙҚАЛ 1. *Жеңіл жүріске салынған жезөкше, жәлеп, жүргіш.* 2. ***Ауысп.*** *Алдамшы, әзәзіл, жалған, сықыр.*

САЙҚАЛДАН *Өтірік көлгірсу.*

САЙҚАЛДАУ *Сықырлау, көлгірлеу.*

САЙҚАЛДЫҚ *Әзәзілдік, құйтырқылық.*

САЙҚАЛСЫ *Өтірік көлгірсу, әзәзілдену.*

САЙҚЫЛ *Су жиналған шұңқыр, ой жер.*

САЙҚЫМАЗАҚ *Әжуа, келеке, келемеж.*

САЙҚЫМАЗАҚТА *Әжуалау, келемеждеу, мысқылдау.*

САЙҚЫМАЗАҚТЫ *Қуақылық, қалжыңбастық.*

САЙҚЫН *Мидай кең, ен дала.*

САЙЛА 1. *Дауыс беру жолымен басқару ісіне өкіл ету, дауыс беру.* 2. *Дайындау, әзірлеу.*

САЙЛАНБАЛЫ *Сайлайтын, сайлауға тиісті.*

САЙЛАУ *Дауыс беріп, басқару ісіне өкіл тандау ісі.*

САЙЛАУЛЫ *Дайын, әзір.*

САЙЛАУШЫ *Сайлауға қатысушы, дауыс беруші.*

САЙЛАУЫТ I *Сайы көп, сайлы.*

САЙЛАУЫТ II *Сақадай сайланған, әбден іріктелген.*

САЙЛЫ I *Сайы көп, қалың сай.*

САЙЛЫ II *Керек-жарағы сай, бәрі түгел, лайық,*

САЙЛЫҚ *Керек-жарағы сай болар лық, түгелдік.*

САЙМАН *Құрал, аспап, керек-жарақ, бөлшек, құрал.*

САЙМАНДА *Жарақтау, сайлау, әзірлеу.*

САЙМА-САЙ *Дұп-дұрыс, түгел, лайық.*

САЙРА I *Сарғантәрізділер отрядының макрельшортандар тұқымдасына жататын теңіз балығы.*

САЙРА II 1. *Бұлбұл сияқты әнші құстардың құйқылжыта әдемі ән шығаруы.* 2. *Сарнап, тынбай сөйлеу, жағы сембеу.* 3. ***Ауысп.*** *Анық-айқын көрініу, қасқаю.*

САЙРАҒЫШ *Сайрай алатын, әнші, шешен.*

САЙРАҒЫШ ҚҰСТАР *Торғайтәрізділердің отряд тармағы.*

САЙРАҚ *Ұзаққа апарар күре жол.*

САЙРАМПАЗ *Көп сөйлейтін сөзуар, сөйлемпаз, тілмар.*

САЙРАН *Ойын-сауық, думан, қызық.* ◊ **Сайран салды** — *қызық дәурен сүрді, ойнап-күлді, думандатты.*

САЙРАНДА *Сауық-сайран салу, думандату.*

САЙРАНШЫЛ *Думанқұмар, сауыққой.*

САЙРАУЫҚ *Сайрағыш, әнші.*

САЙСАҒЫЗ *Еріндігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік, кейде жартылай бұта.*

САЙ-САЛА *Су жүретін жыра, ойпаң жер.*

САЙ-СҮЙЕК: сай-сүйегі сырқырады [шымырлады] — а) *қатты күйзелді, түршікті;* ә) *тұла бойы қатты ауырды.*

САЙТ *Компьютерлік желідегі дүниежүзілік мәліметтер өрмегінің негізгі құрылымдық элементі болып табылатын мәтін немесе графикалық ақпарат сақталатын гиперсілтемелік құжат, белгілі бір гипермәтіндік ақпарат жазылатын орын.*

САЙТАН ***діни*** *Діни ұғым бойынша адамзатқа қарсы күш; жын-пері.* 2. ***Ауысп.*** *Бірді-бірге соғатын сайқымазақ (адам).* ◊ **Сайтан білсін** — *кім екені белгісіз, кім білсін.* ◊ **Сайтанның сабалағындай** — *ойда жоқ жерден, түтқиылдан.*

САЙТАНДАН *Сайтан мінезге салыну, сайтан тәріздену.*

САЙТАНДЫҚ *Алдамшы, жалғаншы.*

САЙТАНСЫ ***экспр.*** *Өтірік монтансу, көлгірсу.*

САЙТАНША: сайтанша жетіп келді — *кенеттен сап ете түсті.*

САЙЫН *Істің дүркіндік созылыңқылығын білдіретін шылау.*

САЙЫП: сайып келгенде – *қорыта айтқанда, түптеп келгенде.*

САЙЫПКЕР *Сайысқа түсуге жетік адам; сайысшы.*

САЙЫПКЕРЛІК *Сайысқа түсуге жетілгендік, шеберлік.*

САЙЫПҚЫРАН *Асқан батыр, мықты, ер.*

САЙЫПҚЫРАНДЫҚ *Орасан ерлік, мықтылық.*

САЙЫС I *Адамдардың өзара күш, өнер салыстырып сайысқа түсуі, жарыс.* ◊ **Сайысқа салды** – *жарысқа түсірді, жіберді.*

САЙЫС II *Тартысу, таласу, айтысу.* ◊ **Сайысқа түсті** – *күш сынасты, таласып-тартысты.*

САЙЫСКЕР *Сайыс өнеріне шебер.*

САЙЫСТЫҚ *Сайысқа жарайтын.*

САЙЫСШЫ *Сайыс шебері.*

САКСОФОН ***муз.*** *Үрлемелі музыкалық аспап.*

САҚ I *Қырағы, абай, көреген.* ◊ **Сақ құлақ** – *бәрін біліп, сезіп отыратын адам.*

САҚ II ***жерг.*** *Ірі етіп жармаланған арпа, бидай, тары т. б. дақылдар дәні.*

САҚ: сақ етті – а) *саңқ етті;* ә) *сарт етті, дөп тиді.*

САҚА 1. *Асықтың ең үлкені, ірісі.* 2. ***Ауысп.*** *Жасамыс, үлкен, ірі, тәжірибелі.* □ **Сақа тартты** – *қартайды, жасы келді.* ◊ **Сақа түйе** – *10 жастан асқан ірі түйелердің жалпы атауы.*

САҚАДАЙ *Ірі, үлкен, мықты.* ◊ **Сақадай сай [сайланды]** – *тас түйін, өжір, дайын.*

САҚАЙ I *Есею, ержету, үлкею.*

САҚАЙ II ***жерг.*** *Аурудан жазылып келу, сауығу.*

САҚАЛ *Еркек адамның иегіне, жағына шығатын түк.* ◊ **Сақалға ақ кірді** – *қартайды, мосқал тартты.* **Сақалды басымен [сақалы сапсиып]** –*үлкен басын кішірейтіп, дап-дардай боп.* **Сақалды құл жарытпас [кекесін]** – *кәнігі пысықайдың іс-әрекеті туралы айтылады.* **Сақал сипады [сақал сипап қалды]** – *құралақан қалды, бәрінен жұрдай болды.* **Сақалын бұлдады [сатты]** – *үлкендігін бетке ұстады.* **Сақалын жұлды** – *күйіп-пісті, долданды.* **Сақалын сыйлады** – *жасы үлкендігін құрметтеді.*

САҚАЛАН *Есею, ержету, үлғаю.*

САҚАЛАУ *Ересектеу, үлкендеу, мосқалдау.*

САҚАЛДЫ *Сақал шыққан, сақалы бар.* ◊ **Сақалды басымен** – *жасы үлкендігіне қарамастан.*

САҚАЛ-МҰРТ *Жоғарғы еріннің үстіне, жаққа, иекке шығатын түк.*

САҚАЛТАЙ *Болар-болмас сақалы бар жыртқыш құс; қозықұмай.*

САҚАЛ-ШАШ *Иек пен басқа шыққан түк.*

САҚАЛЫҚ I *Сақа болуға жарайтын (асық).*

САҚАЛЫҚ II *Ержеткендік, есейгендік, мосқалдық.*

САҚАР I *Алабота, қалақай, торгайот т. б. ащы шөптердің қайнатылған күлінен сүзіп алынған ұнтақ.* ◊ **Сақар қайнатты** – *сақарға май, су қосып қайнатып, сабын жасады.* **Сақарға қайнатып алған [салған] сүйектей** – *өңі қашқан, құп-қу.*

САҚАР II ***діни*** *Ораза кезінде таң атпай ішетін ас; сәресі.*

САҚАРШАМ ***жерг.*** *Сәресі ішетін мезгіл.*

САҚАУ I *Тілінің мүкісі, ақауы бар.* □ **Сақаулар мектебі** – *сақау балаларды оқытатын арнайы мектеп.*

САҚАУ II *Құлын мен тайда болатын, тіл асты бөртіп, алқымы ісіп кететін жұқпалы ауру.*

САҚАУЛАН *Сөздерді дұрыс айта алмау, тілі мүкістену.*

САҚАУЛЫҚ *Тілдегі кемістік, мүкістік.*

САҚАУШӨП ***бот.*** *Шөптің бір түрі; қансигек.*

САҚБОЗ *Өте сақ, үркек.*

САҚЕТЕР *Денеге қатты тиетін босмойын шоқпар.*

САҚИ I *Қолы ашық, жомарт, мырза.*

САҚИ II *Қақайып тік тұру, сіресу.*

САҚИЛЫҚ *Жомарттық, мырзалық.* ◊ **Сақилыққа қол салды** — *қолы ашылды.*

САҚИНА I 1. *Сәндік үшін саусаққа салынатын, таза металдан жасалатын жүзік.* 2. *Құс аяғына салатын мыс, қаңылтыр т. б. жасалған дөңгелек шеңбер.*

САҚИНА, алгебрада II *Қазіргі алгебраның негізгі түсініктерінің бірі.*

САҚИНА III *Ұстамалы бас ауруы (мигрень).* ◊ **Сақинасы ұстады** — *басы ауырып қалды.*

САҚИНАЛА *Шеңбер салу, дөңгелектеу, сақина кигізу.*

САҚИНА ТАСТАУ, АҚШЫМШЫҚ *Қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойындарының бірі.*

САҚИНЕК *Қылыштың, пышақтың, біздің сапқа жетесі сұғынған жерін қысып ұстап тұратын шығыр.*

САҚПАН I *Төл алу кезіндегі қойшылардың жәрдемшісі.*

САҚПАН II **көне** *Тас атуға арналған ойыншық құрал.*

САҚПАНШЫ *Жаңа туған қозылақты бағып-қағушы адам.*

САҚПАНШЫЛЫҚ *Төл алуға көмектесушілік.*

САҚ-САҚ: сақ-сақ күлді — *сақылдап қатты күлді.*

САҚСИ *Тістердің ақсиып көрінуі, ақсию.*

САҚСЫЗДЫҚ *Бейқамдық, қамсыздық.*

САҚСЫН *Қырағы, сақ болғансу.*

САҚТА 1. *Қолда ұзақ ұстау, көп тұру.* 2. *Аман алып қалу.*

САҚТАҒЫШ *Бір нәрсені сақтайтын.*

САҚТАНДЫРҒЫШ *Электр тізбектерін ток күшінің рауалы мөлшерден асып кетуінен қорғауға арналған тетік.*

САҚТАНДЫРУ *Сақтандыру ұйымдары (сақтандырушылар) мен жеке заңи тұлғалар арасындағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының өздерінің арасындағы жеке және заңи тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі құқықтық қатынастар.*

САҚТАНЫС *Сақтанғандық, қорғаныс, сақтық.*

САҚТАР *Ерте темір дәуірінде Қазақстан жерін мекендеген тайпаларға байланысты көне дәуірден жеткен жазба деректер арқылы танымал жалпы атау.*

САҚТАУШЫ *Бір нәрседен сақтап қорғаушы.*

САҚТЫҚ *Сақ болушылық, қырағылық, абай болушылық.* □ **Сақтық банкі** — *ақша сақтайтын халық банкісі.* **Сақтық қор** — *сақтап қойылған қажетті дүние.* ◊ **Сақтық жасады** — *абай болды, сақтанды.*

САҚУАТТЫ *Бесаспап, өнерлі.*

САҚШЫ *Бір нәрсені қорғаушы, сақтаушы; Отан шекарасын қорғаушы әскер.*

САҚШЫЛЫҚ *Қырағылық, күзетшілік.*

САҚЫЛДА 1. *Сақ-сақ еткен дыбыс шығару.* 2. *Сұйық заттың қатты бұрқылдауы, қайнауы.* 3. *Қатты күлу* ◊ **Сақылдаған сары аяз** — *өте қатты суық.*

САҚЫЛДАҚ *Сақылдаған қатты дыбыс.*

САҚЫН *Сақтық, қырағылық.*

САҚЫР: сақыр етті — *сақылдаған дыбыс шығарды.*

САҚЫРЛА *Сақыр-сұқыр дыбыс шығару.*

САҚЫР-САҚЫР *Сақырлаған дыбыс; сақыр-сұқыр.*

САҚЫР-СҰҚЫР: сақыр-сұқыр етті — *сақырлады, сақыр-сақыр етті.*

САЛ I *Терең сулардан өту үшін бірін-біріне байластырған бөрене кеспелтек ағаштар.* ◊ **Сал ағызды** — *кесілген ағаштарды өзен бойымен жіберді.* **Салы суға кетті** — *еңсесі түсті, ренжіді.*

САЛ II *Денені жансызданды-рып, қозғалтпай тастайтын ауру.* ◊ **Салбоксе болды [етті]** – *әбден қалжы-рады, шаршады.* **Салбөкселік** – *орны-нан тез тұра алмаушылық, сылбырлық.* **Сал сүйек** – *селқос, жалқау.* **Сал төсек болды** – *тұра алмай, төсек тартып жатып қалды.*

САЛ III ***көне*** *Сәнді киініп, ерекше-ленің жүретін сері әнші, мырза.*

САЛ IV 1. *Затты, нәрсені бір жерге қою, орналастыру* 2. *Үй жасау, құру* 3. *Көмекші сөздермен тіркесіп келіп пері-ні қалу, ұру мағынасын білдіреді.* 4. *Зат есіммен тіркесіп айту, мәлімдеу мағы-насын білдіреді.* 5. *Етістік сөздермен тіркесіп, көмекшілік қызмет атқарады.* ◊ **Салған бетте [бойда]** – *бірден, алғаш бастағанда.* **Салған бойы [бойымен]** – *тоқтамай жүріп, тура жүріп.* ◊ **Салған жерден** – *ә дегеннен, бірден.* ◊ **Салып ұрып [отырып]** – *тез, шапшаң жүріп.*

САЛА 1. *Қатарласа созылған сай-дың тізбегі, өзен арнасының тарауы, айырығы.* 2. *Тармақ, тарау, бөлік.*

САЛА: сала құлаш – *кере құлаш, ұзын.*

САЛАБА 1. *Тозығы жеткен, ал-ба-жұлба.* 2. *Лас, кір-қожалақ.* ◊ **Са-лабасы шықты** – *быт-шыты шықты, тозды.*

САЛАҚ *Шаруаға ыңғайы жоқ қыр-сыз, ұқыпсыз.*

САЛАҚ: салақ-салақ етті – *салпақ-тады, салақтады.*

САЛАҚПАН ***көне*** *Садақ тәрізді атылатын қарудың түрі.*

САЛАҚСЫ *Бір нәрсеге мән бермеу, немкетті қарау.*

САЛАҚТА 1. *Салақ-салақ ету, сал-бырау, шұбатылып бұлғаңдау.* 2. *Бос-тан-бос жүру, салпақтау.*

САЛАҚТАУ *Шаруаға икемі жоқ, ұқыпсыздау.*

САЛАҚТЫҚ *Ұқыпсыздық, немкет-тілік.*

САЛАЛА *Сала-салаға бөлу, жүйе-леу, тармақтау.*

САЛАЛАС *Тармақтас, құрамдас.* □ **Салалас құрмалас** ***грамм.*** – *құрамын-дағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі.*

САЛАЛЫ 1. *Ұзындау болып келген, тарамды.* 2. *Тармағы мол, көп та-раулы.*

САЛАЛЫҚ *Аймақтық, кәсіптік.*

САЛАЛЫШӨП *Астық тұқымда-сына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

САЛААРАЛЫҚ *Ғылымның, өндірістің т. б. салалардың тоғыспалы аралығы.*

САЛАҢ: салаң ете қалды – *аяқ ас-тынан сопаң етті.*

САЛАҢДА *Салаң-салаң ету, сал-паңдау.*

САЛА-САЛА *Тарам-тарам, тар-мақ-тармақ, бөлім-бөлім.*

САЛАТ *Жеміс-жидектен әртүрлі тұздық құйылып жасалған тәбет аша-тын салқын тағам.*

САЛАУАТ I *Шүкір, қанағат.* ◊ **Са-лауат жасады** – *қоштасты.* **Салауат күтіп тұр** – *ұлықсат күтіп тұр.*

САЛАУАТ II ***көне*** *Текке, босқа.*

САЛАУАТТАС *Қоштасу, тілдесу.*

САЛАУАТТЫ *Парасатты, байыпты.*

САЛАУАТТЫҚ *Саулық, амандық.*

САЛАУАТТЫЛЫҚ *Парасатты-лық, байыптылық.*

САЛАУБАС *Күрделігүлділер тұқым-дасына жататын біржылдық және көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

САЛАУМАЛЕЙКУМ *Сәлеметсіз бе? Амансыз ба?*

САЛБАҢДА *Салбаң-салбаң, жал-баң-жалбаң ету, салбаңдау.*

САЛБУРЫН *Көп адамның қос тіг-іп, бүркітпен аңға шығуы.*

САЛБЫР *Салбыраған, салыңқы.*

САЛБЫРА 1. *Төмен қарай түсіп тұру, салақтау.* 2. ***Ауысп.*** *Еңсесі түсу, тұнжырау.*

САЛБЫРАҢҚЫ 1. *Сәл түсіңкі, са-лыңқы, салбыраған.* 2. ***Ауысп.*** *Еңсесі түсіңкі көңілсіз, тұнжыраңқы.*

САЛБЫР-САЛАҚ *Қалай болса солай, іркіс-тіркіс.*

САЛҒАННАН *Салған жерден, ә дегеннен, бірден, басталысымен.*

САЛҒАСТЫР *Салыстыру, теңестіріп көру.*

САЛҒЫЛА *Қайта-қайта салып жіберу, ұрғылау.*

САЛҒЫЛАС *Айтысу, пікір таластыру.*

САЛҒЫР *Ежелгі түркі, оғыз тайпасы.*

САЛҒЫРТ I *Немқұрайды, селқос, көңілсіз.*

САЛҒЫРТ II ***көне*** *Салық, алым.*

САЛҒЫРТ-САЛАҚ *Селсоқ, бейқам.*

САЛҒЫРТТАН *Енжарлану, селсоқтану, көңілсіздену.*

САЛҒЫРТТАУ *Селқостау, сүлесоқтау.*

САЛҒЫРТТЫҚ *Селсоқтық, енжарлық.* ◊ **Салғырттыққа салынды** — *немқұрайды істеді.*

САЛҒЫШ 1. *Бірдеме (зат, нәрсе) салынатын ыдыс.* 2. *Белгілі бір сөздермен тіркесіп шебер, майталман мағынасын білдіреді.*

САЛҒЫШТА *Тықпалау, тықпыштау.*

САЛДАҚЫ *Сайқал, жүзіқара, залым.*

САЛДАҚЫЛЫҚ *Жүзіқаралық, сайқалдық.*

САЛДАМА ***көне*** *Әбден тозған, ескі.*

САЛДАМАЛЫҚ *Ескілік, кертартпалық.*

САЛДАН *Сал тарту, денесі ауырлау.*

САЛДАР *Нәтиже, себеп.*

САЛДАРЛАС *Себептес, байланысты.*

САЛДАРЛЫ *Байыпты, салмақты, салауатты.*

САЛДАРЛЫҚ *Байсалдылық, салмақтылық.*

САЛДАУ I *Сырық, сырғауыл.*

САЛДАУ II *Аздаған салдығы бар, кербездеу.*

САЛДАУЫР *Салмағы бар ауыр зат.*

САЛДУАР *Аудың астына байлайтын, қармақтың ілмесінің сағасына тағатын ауыр зат.*

САЛДЫҚ *Салға тән мінез.* ◊ **Салдық құрды** — *салдарша киініп, қызық қуды.*

САЛДЫР *Заттардың бір-біріне соқтығысуынан болатын дыбыс, қаңғыр-күңгір.*

САЛДЫРА 1. *Қаңғыр-күңгір ету, қаңғырлау.* 2. ***Ауысп.*** *Әлсіреу, босау.*

САЛДЫРАҚ *Салдыр-гүлдір еткен, салдырлақ.*

САЛДЫРАУЫҚ *Салдыр-салдыр ететін, салдырлақ.*

САЛДЫР-ГҮЛДІР *Қаңғыр-күңгір, тарсыл-гүрсіл.*

САЛДЫРЛА *Заттардың бір-біріне соқтығысуынан болатын қаңғырлау.*

САЛДЫРЛАҚ *Ауызын ашса көмекейі көрінетін аңқау, аққөңіл.*

САЛДЫР-САЛАҚ *Не нәрсеге де атүсті қарайтын ұқыпсыз, орашолақ.*

САЛДЫР-САЛАҚТЫҚ *Немқұрайдылық, ұқыпсыздық.*

САЛДЫР-СҰЛДЫР *Салдыр-күлдір, қаңғыр-күңгір.*

САЛДЫРТЫП *Қатты жүріп, салып-ұрып.*

САЛИҚАЛАН *Салмақтану, байсалдану.*

САЛИҚАЛЫ *Байсалды, ұстамды.*

САЛҚА: салқа жортты — *жедел шапшаң жүрді.*

САЛҚАЛА ***көне*** *Айқын көріну, қалқу.*

САЛҚАМ *Тозығы жеткен, алқам-салқам.*

САЛҚАМДАН *Дал-дал болған қирап қалған.*

САЛҚАМСОҚ *Салдыр-салақ, алқам-салқам.*

САЛҚАМСОҚТАУ *Қалай болса солай, алқам-салқамдау.*

САЛҚАР *Кең, мол, шалқар.*

САЛҚИ *Солпаю, салпшю.*

САЛҚЫ: салқы төс — *төсі түсіңкі, салпиған.*

САЛҚЫЛДА *Салқ-салқ ету; солқылдау.*

САЛҚЫЛЫҚ *Селсоқтық, босаңдық, енжарлық.*

САЛҚЫНДА 1. *Суық тарту, күн суыту.* 2. ***Ауысп.*** *Адамдар арасындағы қатынастың сиреуі, нашарлауы.*

САЛҚЫНДАТҚЫШ *Өндіріс салалары мен тұрмыс қажетінде ауаны салқындату үшін қолданылатын құрал.*

САЛҚЫНДАУ 1. *Суықтау, ызғарлылау.* 2. ***Ауысп.*** *Селқостау, көңілсіздеу.*

САЛҚЫНДЫҚ 1. *Суық болушылық, ызғары барлық.* 2. ***Ауысп.*** *Енжарлық, салғырттық, селқостық.* 3. ***Ауысп.*** *Ренiш, араздық.*

САЛҚЫНҚАНДЫ ЖАНУАРЛАР *Дене температурасы тіршілік ортасының температурасына байланысты өзгеріп отыратын жануарлар.*

САЛҚЫН-САЛҒЫРТ *Немқұрайды, селқос.*

САЛМА I ***кәс.*** *Егінге су жіберетін арық.*

САЛМА II *Құлып салу үшін есікті бастырып тұратын темір.*

САЛМА III ***жерг.*** *Терең құдықтан қауға шелекті көтеріп шығару үшін жасалған аумалы ағаш құрал.*

САЛМА IV *Жайған қамырды үзіп-үзіп суға салып қайнатып жасалған тағам.*

САЛМАҚ 1. *Заттың, нәрсенің ауырлығы.* 2. *Ауыртпашылық, қиыншылық.* 3. ***Ауысп.*** *Атақ-абырой, бедел.* ◊ **Салмағы артты** — *ауырлады, семірді.* **Салмақ салды** — *бір нәрсені орындауды міндеттеді, жүктеді, міндет артты.*

САЛМАҚПЕН *Байсалдылықпен, байыппен.*

САЛМАҚСЫЗДЫҚ *Гравитациялық тартылыс өрісіндегі механикалық жүйенің бөліктері бір-біріне қысым түсірмейтін және бірін бірі деформацияламайтын күй.*

САЛМАҚТА 1. *Ауырлығын байқап көру, салмағын сынау.* 2. ***Ауысп.*** *Ақыл таразысына салу, ойлану.*

САЛМАҚТАН *Байсалды болғансу, қадірін арттыру.*

САЛМАҚТЫ 1. *Салмағы көп, салмағы ауыр.* 2. ***Ауысп.*** *Байсалды, байыпты, орнықты.*

САЛМАҚТЫҚ *Ауырлық, салмақтылық.*

САЛМАҚТЫЛАУ *Ауырлау, салмағы артықтау.*

САЛМАҚТЫЛЫҚ 1. *Салмағы ауырлық, артықшылық.* 2. ***Ауысп.*** *Байсалдылық, байыптылық.*

САЛМАҚТЫРАҚ *Ауырырақ, күштірек, маңыздырақ.*

САЛОН *Кеме, ұшақ, автобус т. б. ішінде жолаушылар отыратын орын.*

САЛП: салп етті — *заттың, нәрсенің жерге түсіп кеткендегі шығатын дыбысы.*

САЛПАҚ *Әрлі-берлі бос сабылғандық, салпақ.*

САЛПАҚТА *Сабылып көп жүру, сандалу, салпаңдау.*

САЛПАҢБАЙ *Құр сандалатын, пәтуасыз, берекесіз.*

САЛПАҢДА 1. *Салпаң-салпаң ету, салбырау.* 2. ***Ауысп.*** *Сандалып бос жүру, әуре болу.*

САЛПИ *Салбырау, төмен түсу.*

САЛПЫ *Салбыраған, төмен түсіңкіреген.* ◊ **Салпыетек** — *жинақы емес; салақ.*

САЛПЫЛ *Салпылдаған қозғалыс.*

САЛПЫЛАУ *Салпыңқылау, салбыраңқы.*

САЛПЫЛДА 1. *Салақтау, салбырау.* 2. ***Ауысп.*** *Бос сандалу, салпаңдау.*

САЛҢЫЛДАҚ *Салп-салп еткен; салпыншақ.*

САЛПЫНШАҚ *Ат әбзелдерінде үзбелі, өрнекті, салбырап тұратын әшекейлер.*

САЛПЫС *Салпыстар тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер.*

САЛ-САЛ *Быт-шыт, дал-дал.*

САЛ-СЕРІ *Әнші-күйші бозбала, сылқым жігіт.*

САЛ: салсойыл — *әпербақан, үрдажық.*

САЛТ I *Ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын әдет-ғұрып, дәстүр.*

САЛТ II *Жеке, жалғыз; бір өзі.* □ **Салт атты** — *атқа салт мінген.* **Салтбасты, сабау қамшылы** — *бір өзі, бойдақ.*

САЛТ АЙТЫСЫ *Айтыстың ежелгі түрі. Салт айтысы халықтың әдет-ғұрпы мен сенім-нанымына, күнкөріс кәсібіне байланысты қалыптасқан.*

САЛТ-ДӘСТҮР *Әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы.*

САЛТАҚ *Былғанған, лас, кір, сағалсағал.*

САЛТАҚ-САЛТАҚ *Кір-кір, жағалжағал.*

САЛТАҚТА *Ластау, былғау.*

САЛТАНАТ *Мейрамда, тойда болатын сәулетті, сәнді көрініс.* □ **Салтанат сарайы** — *мерекелі жиындарды өткізетін сәнді сарай.* ◊ **Салтанат құрды** — *мерейі үстем болды, дәуірледі.*

САЛТАНАТТА *Мерекелеу, мейрамдау, тойлау, тамашалау.*

САЛТАНАТТЫ *Сәнді, сәулетті, тамашалы.*

САЛТАНАТТЫЛЫҚ *Сәнділік, әдемілік.*

САЛТАҢ *Жеке, жалғыз бас.* ◊ **Салтаң жүріс** — *жүксіз бос жүріс.*

САЛТҚЫ *Қақпаны ішінен жабатын көлденең ағаш.*

САЛТ-САНА *Қоғамдық ойдың, дәстүрдің, әдет-ғұрыптың жиынтығы.*

САЛТТА *Салт, жеке-дара жүру.*

САЛУАЛЫ қ. *Салауатты.*

САЛУАТ *Біреуден алашақ еңбегін, ақысын алмай бос жіберу; кешіру.*

САЛУЛЫ *Жайып қойған, төселген.* ◊ **Салулы төсек, салқын үй** — *жайлы, қолайлы жағдай.*

САЛУЫ: аузының салуы бар — *несібелі нәсіпті, бір нәрсенің сәті түскіш, салымды.*

САЛЫҚ *Жеке адамдар мен кәсіпорындардан міндетті түрде алынатын мемлекеттік алым.* ◊ **Салық етті (қылды)** — *кінә қойды, бетіне басты.* **Салық салды** — *алым алатын болды.*

САЛЫҚШЫ ***көне*** *Салық жинаушы.*

САЛЫМ I *Екі мәре аралығында тартылатын көкпар.* ◊ **Салым** — *көкпар тартты, салымға қатысты.*

САЛЫМ II *Бұйырған нәрсе, ырзық, несібе.* ◊ **Салымы жоқ** — *жолы болмайтын, несібесіз.*

САЛЫМ III *Қарай, таман, жуық.*

САЛЫМДЫ *Жолы болғыш, несібелі.* ◊ **Салымды бол** ***тілек*** — *жолы болсын, табысты бол.*

САЛЫМСЫЗ *Жолы болмайтын, жолы ауыр.*

САЛЫН 1. ***ыр. етіс*** *Сал-ын.* 2. *Бір нәрсенің соңына қатты түсу, берілу.*

САЛЫНДЫ *Су тасыған кезде жағаға шығып қалатын ағаш, шөп-шалам.*

САЛЫҢҚЫ 1. *Түсіңкі, салпы, салбыраңқы.* 2. ***Ауысп.*** *Пәс, қатыңқы, тұнжыраңқы.*

САЛЫҢҚЫЛАУ *Сәл түсіңкі, салбыраңқы, қатыңқылау.*

САЛЫП-ҰРЫП *Асығып-үсігіп, тез, шапшаң.*

САЛЫС 1. ***орт. етіс*** *Сал-ыс.* 2. *Бәсекеге түсу, жарысу, салғыласу.*

САЛЫСТЫР *Екі не одан да көп нәрселер мен құбылыстардың артықкемдігін сарапқа салу, салғастыру.*

САЛЫСТЫРМАЛЫ *Бірімен-бірі салыстыратын.*

САЛЫСТЫРУШЫ *Салыстыра қараушы, сарапшы.*

САЛЬДО *Кіріс пен шығыс арасындағы айырма.*

САЛЬМОНОЛЛЕЗ *Жұқпалы ішек ауруы. Аурудың қоздырғы — сальмонелла туысына жататын таяқшалы бактериялар.*

САЛЮТ 1. *Салтанатты жағдайда не мереке құрметіне арнап аспандата атылатын қызылды-жасылды отшашу және әскери адамдардың қолын шекесіне қойып құрмет көрсету, сәлемдесу белгісі.*

САМ *Кешкі шам жағылар кез; ымырт, бейуақ.* ◊ **Сам жамырады** — *ымырт түсті, қараңғылық қоюланды.*

САМАЙ *Бас сүйектің құлақ пен маңдай аралығындағы екі жақ бөлігі.*

САМАЙЛАТ *Бүкіл самайын жауып, самайын бастыру.*

САМАЙЛЫ – *самайына ақ түскен, самай шашы ағарған.*

САМАЙЛЫҚ *Кимешектің, баскиімнің самай тұсы.*

САМАЛ I *Жанға жайлы қоңырсалқын жел.* ◊ **Самалы оңынан туды** – *ісі оңға басты.*

САМАЛ II *Мұрын сүйегін үңірейтіп жеп қоятын жұқпалы ауру.*

САМАЛ III ***жерг.*** *Жынды, делқұлы.*

САМАЛА *Жан-жаққа шашылған нұр, сәуле.*

САМАЛАДАЙ 1. *Жап-жарық, жарқыраған, сәуле шашқан.* 2. ***Ауысп.*** *Сансыз көп, қаптаған.*

САМАЛАЛЫ *Жарығы мол, нұр шашқан.*

САМАЛДА *Салқын самалмен дем алу, салқындау.*

САМАЛДАЙ *Самал сияқты, салқын.*

САМАЛДАЙ ***өзг. етіс*** *Самалда-т.*

САМАЛДАУ ***қ. атау*** *Самалдау.*

САМАЛДЫ *Самалы, желі бар.*

САМАЛДЫҚ ***бот.*** *Сабағы қысқа, бұтақтары көп, жапырақтары кезектесіп орналасқан біржылдық шөп тектес өсімдік.*

САМАН *Сабан араластырған балшықтан құйылған шикі кірпіш.*

САМАР I *Қымыз құятын, ет жасайтын үлкен астау, тегене.*

САМАР II *Тіл мен жағына сүйенген, шешен.* ◊ **Самар жақ** – *тілін безеген, сөзуар.*

САМАРҚАУ 1. *Жай, баяу, жайбарақат.* 2. *Енжар, керенау, селқос.*

САМАРҚАУЛАН *Селқос тарту, немқұрайдылыққа салыну.*

САМАРҚАУЛАУ 1. *Баяулық, жайлау, жайбарақаттау.* 2. *Селқостау, көңілсіздеу.*

САМАРҚАУЛЫҚ *Адам бойындағы жігерсіздікті білдіретін ұғым. Іс-әрекетке ынтасыздық, қайратсыздық самарқаулықтың белгілері болып табылады.*

САМАРҚАУСЫ *Самарқау тарту.*

САМАУРЫН *Оттығы ішінде, шай қайнатуға арналған металл ыдыс.*

САМБО ***спорт*** *Әртүрлі қиын тәсілдер қолданатын күш сайысы.*

САМБОШЫ *Самбомен шұғылданушы.*

САМБЫР *Қатты сөйлегенде шығатын дыбыс.*

САМБЫРЛА *Қатты дабырлап сөйлеу.*

САМБЫР-СҰМБЫР *Дабыр-дүбір, у-шу.*

САМҒА 1. *Қатты екпінмен ұшу, шарықтау.* 2. ***Ауысп.*** *Шарқ ұру, қарқындау, қарыштау.*

САМҒАҚ *Самғайтын, самғауыш.*

САМҒАУЫҚ *Самғай түсетін.*

САМДАҒАЙ *Тез қимылдайтын, ширақ, жылдам.*

САМДАҒАЙЛЫҚ *Жылдамдық, ширақтық, ептілік.*

САМДАУ *Бағдарлау, аңдау, байқау, аумағын айыру.*

САМИЯН I *Өгіз жеккенде мойынтұрықты бекітіп қоятын жұмыр темір.*

САМИЯН II *Жанға жайлы, самал жел.*

САМИЯН III ***жерг.*** *Үшы-қиыры жоқ, елсіз, сусыз кең дала.*

САМП *Дауысы ашық естілді, көтеріңкі шықты.*

САМПЫЛДА *Дауысты көтеріңкі шығара сөйлеу, самп-самп ету.* ◊ **Сампылдап қоя берді** – *даусын көтере сөйлеп кетті, саңқылдады.*

САМСА I 1. *Жұқа жайылған қамырға майда ет пен пияз салып, майға пісіретін тағам.* 2. *Жайылған қамырдың арасына ірімшік, жидек салып суға қайнатып пісіретін тағам түрі.*

САМСА II *Бірінен соң бірі тізіліп, қазқатар тұру.* 2. *Сансыз көп, қаптап кету.*

САМСАМ *Діни қиссаларда, ауыз әдебиетінде көбірек айтылатын қылыштың төрт түрінің бірі.*

САМСАР *Асқабақ тұқымдасына жататын біржылдық көкөніс.*

САМСАШЫ *Самса пісіруші, самсаны шебер пісіретін адам.*

САМСОЗ ***жерг.*** *Сүлесоқ, дел-сал.*

САМУРАЙ *Жапониядағы ірі князьдар мен ұсақ дворяндардың әскери-феодалдық тобы.*

САМҰРЫҚ *Мифологиялық ұғым бойынша бүркіт атаулының ең зоры.*

САМҮЙРЕК *Қазақстанда мекендейтін сұқсыр, шүрегей, бұла сияқты үйректердің бір түрі.*

САМЫР *Торғайтәрізділер отрядына жататын құс. Дене тұрқы 15—18 см, аяғы қысқа.*

САМЫРКЕШ, САМЫРСЫН ҚҰС *Торғайтәрізділер отрядының қарғатұқымдасына жататын құс.*

САМЫРСЫН *Өте биік өсетін қылқан жапырақты ағаш; қарағайдың бір түрі.*

САН I *Мал мен аңдардың артқы аяғының тірсегіне дейінгі, адам аяғының тізесіне дейінгі бөлігі.* ◊ **Санын соқты [ұрды]** — *алданды, өкініште қалды.* **Санын шапалақтады** — *қуанды, шаттанды.*

САН II 1. *Белгілі бір заттың, құбылыстың есеп мөлшері.* 2. *Есеп мөлшерінің таңбалау, жазу белгісі.* 3. *Газет-журналдардың нөмірі.* 4. ***көне*** *Он мың деген мағынадағы сөз.* **Сан алуан [қилы]** — *толып жатқан, әртүрлі.* **Сан есім** ***грамм.*** — *заттың санын, ретін, есебін білдіретін сөз табы.* ◊ **Санда бар, санатта жоқ** — *еске алмайтын, ескермейтін.* **Сан рет** — *өте көп, әлденеше қайта.* **Сан саққа жүгіртті** — *әртүрлі айып тақты, кінәлады, әуреге түсірді, мың құбылтты.*

САНА I *Объективті шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғарғы формасы.* ◊ **Санамен сарғайды** — *ой азабына түсті, қатты уайымдады.* **Санасы оянды [санасын оятты]** — *ойы дамыды, санасы жетілді.*

САНА II *Санын анықтау, есептеу.*

САНА III *Бағалау, қатарға қосу, есептеу.*

САНА IV ***көне*** *Тілек, өтінішті білдіретін -шы, -ші орнына қолданатын жұрнақ.*

САНАГЕР *Ойшыл, дана адамдар.*

САНАҒЫШ *Есебін алатын, санауға шебер.*

САНАҒЫШТА *Қайта-қайта санай беру.*

САНАҚ *Белгілі мақсатпен жүргізілетін есеп, сан анықтау.* ◊ **Санақта бар, санатта жоқ** — *бар-жоғы белгісіз, ескерусіз.*

САНАҚШЫ *Санақ жүргізуші, бір нәрсенің есебін алушы.*

САНАЛАН *Санасы өсу, ақылы молаю.*

САНАЛЫ *Санасы молдық.*

САНАМАҚ *Қазақтың жас балаларға (4—7 жас) арналған ұлттық ойыны. Зеректікті, ептілік пен икемділікті қажет ететін ойындардың қатарына жатады.*

САНАМАЛА *Анықтап, тәптіштеп санау, есептеу.*

САНАМАЛЫ *Санаулы ғана, аз.*

САНАС 1. ***орт. етіс*** *Сана-с.* 2. *Есептесу, ескеру.*

САНА-СЕЗІМ *Ойлау қабілеті, ақыл-ой, пікір.* ◊ **Сана-сезімі оянды** — *ой түсті, түсінігі молайды.*

САНАСЫЗ *Санасы кем, ақылсыз, ойсыз.*

САНАСЫЗДЫҚ *Ақылы кемдік, ойсыз.*

САНАТ *Бір нәрсенің қатары, есеп.* ◊ **Санатқа қосылды [ілікті]** — *қатарға қосылды, теңелді.*

САНАТКЕР *Алдыңғы қатарлы, басты, таңдаулы.*

САНАТОРИЙ *Табиғи шипалы емдері бар, демалатын орын.*

САНАТТАЛ *Санатқа іліғу, қатарға кіру.*

САНАТТЫ *Жұрт есептесетін, алдыңғы қатарлы.*

САНАУЛЫ *Азғантай, көп емес.* ◊ **Санаулы дем [күн]** — *қысқа өмір, азғантай тіршілік.*

САНАУШЫ *Санақ жүргізуші, есептеуші.*

САНАУЫШ *Газды, электр қуатын есептеуге арналған арнайы құрал.*

САНАЦИЯ *Кәсіпорындарды банкрот болудан құтқару немесе бәсекелестік қабілетін арттыру мақсатында банктер жүргізетін шаралар жүйесі.*

САНБАТ *әск. Санитарлық батальон.*

САНДАҒАН *Өте көп, толып жатқан.*

САНДАҚТАЛ *Бөліну, айрықшалану, ерекшелену.*

САНДАЛ I *Жазда киетін жеңіл аяқкиім.*

САНДАЛ II *Жуан боп өсетін өте қатты ағаш.*

САНДАЛ III 1. *Қаңғу, тентіреу.* 2. *Ауысп. Жоқтан өзгені айтып бос сөйлеу, былжырау.*

САНДАЛАҚТА *Арлы-берлі шайқалу, теңселу.*

САНДАЛМАЛЫ *Тентіреулі, салпақтаулы.*

САНДАЛЫС *Сандалған жүріс, сенделіс.*

САНДАН *Сан еті қалыңдану, қоңдану.*

САНДУҒАШ 1. *Неше түрлі құбылтып сайрайтын құс; бұлбұл.* 2. ***Ауысп.*** *Ұзын жақсы салатын адам, шебер әнші.*

САНДЫ *Саны етті, жуан.*

САНДЫҚ *Әртүрлі бұйым салуға арналған, ағаштан жасалған үй жиһазы, мүлік.* **Сандықтас** — *текшеленіп бітken, үсті тегіс тас.*

САНДЫҚҚАП *Сандықтың сыртынан кигізілетін, кестеленген киіз қап.*

САНДЫҚТАЛ *Текшеленіп жиналу.*

САНДЫҚША *Кішкене сандық.*

САНДЫҚШАЛАН *Сандықша тәрізді текшелену.*

САНДЫРА *Әбден шаршау, қалжырау.*

САНДЫРАҚ 1. *Қатты ауырып, есінен танып жатқанда адамның шатасып сөйлеген сөзі.* 2. ***Ауысп.*** *Қалай болса солай айтылатын сөз.*

САНДЫРАҚТА 1. *Қатты ауырып, есінен танғанда шатасып сөйлеу.* 2. *Ешбір жүйесіз бос сөйлеу, оттау, шатасу.*

САНИТАР *Ауруларға, жаралыларға жедел жәрдем көрсететін медициналық кіші қызметкер.*

САНИТАРИЯ *Санитарлық-гигиеналық және жұқпалы ауруларға қарсы шараларды белгілеп, жүзеге асыратын денсаулық сауғау саласы.*

САНКЦИЯ, ЫҚПАЛШАРА *Жоғары заң орнының бір іске ризалық беруі.*

САН-САПАЛАҚ *Алуан түрлі, шымшытырық.*

САНСКРИТ *Ежелгі және орта ғасырлардағы үнділердің діни әдебиет пен философиялық, көркем әдебиет пен ғылыми әдебиетінің тілі.*

САНСЫЗ *Есебі жоқ, көп.*

САНСЫРА *Шаршап-шалдығу, болдыру; дел-сал болу.*

САНТЕХНИК *Тұрғын үй мен мекемелерде техникалық реттілікті сақтайтын маман.*

САНТИМЕТР *Метрдің жүзден бір бөлігі.*

САҢ I *Пышақ тигізбей бітеу сойылған мал терісі.*

САҢ II *Көңіл, ықылас.*

САҢ III *Шыттан қалыңдау келген ақ түсті мата.*

САҢҒУЫР *Құстың саңғитын мүшесі.*

САҢҒЫ *Құстың нәжіс шығаруы.*

САҢҒЫР *Саңғырлаған дыбыс.*

САҢҒЫРЛА 1. *Саңғыр-саңғыр ету; салдырлау.* 2. *Күмбір-күмбір ету, жаңғырығу.*

САҢҒЫРУ *Қола дәуірінде тас қоршаулардан тұрғызылған обалар.*

САҢҒЫРЫҚ *Құстың нәжісі, қиы.*

САҢҒЫТ *Аңдар мен құстардың нәжісін шығаруы; қи шығару.*

САҢҚ: саңқ етті — *әртүрлі дыбыстардың қатты шығуы.*

САҢҚЫ *Мұрынға самалжел түсіп пұштиып қалу.* 2. *Ашық-шашық болу, аңқаю.*

САҢҚ-СҰҢҚ: саңқ-сұңқ етті — *саңқылдаған үн шығарды.*

САҢҚЫЛ *Саңқылдаған қатты дауыс, үн.*

САҢҚЫЛДА 1. *Қатты дабырлау, даңғырлап үн шығару.* 2. *Сампылдап қатты сөйлеу.*

САҢЛАҚ 1. *Ұшқыр, жүйрік.* 2. ***Ауысп.*** *Елден ерек, озат, шебер.*

САҢЛАҚТА *Елден ерек шығу, озу.*

САҢЛАҚТЫ *Озат шыққан, алдыңғы қатарлы.*

САҢЫЛАУ 1. *Қабыстырылған екі заттың қиыспай қалған ашық жері; жырықша тесік.* 2. *Түйсік, сана, сезім.* ◊ **Саңылау тапты** — *ыңғайын келтірді, жолын тапты.*

САҢЫЛАУЛА *Саңылау жасау, қиюын сәл ашу.*

САҢЫЛАУЛАҒЫШ: саңылаулағыш агрегат — *аңыз топырағын аудармай жыртатын агрегат.*

САҢЫЛАУЛАУ *Ылғал үшін аңыз топырағын аудармай жырту.*

САҢЫЛАУСЫЗ 1. *Саңылауы жоқ, тесіксіз.* 2. ***Ауысп.*** *Түйсігі жоқ, санасыз.*

САҢЫЛАУСЫЗДАН *Есерлену, түйсіксіздену, ақымақтану.*

САҢЫРАЙ *Танауға зақым келуден үңірейіп қалу, таңқыып сиқы бұзылу.*

САҢЫРАУ 1. *Құлағы естімейтін, керең.* 2. ***Ауысп.*** *Еш нәрсені құлаққа ілмейтін, елемейтін меңіреу.*

САҢЫРАУҚҰЛАҚ ***биол.*** *Ылғалды жерде өсетін, қалпақ тәрізді қалқаны бар, гүлдемейтін өсімдік.*

САП I *Пышақ, балта, қамшы т. б. құралдардың қолға ұстайтын жері.*

САП II *Бірінің жанына бірі тізбектеле тұратын қатар.* ◊ **Сап түзеді** — *қатарланып тізілді.*

САП III ***көне*** *"Айту" деген мағынада қолданылады.*

САП IV *Таза, ешбір қоспасыз.*

САП V *"Тоқта", "сабыр ет", "тыйыл" мағынасында жұмсалатын сөз.* ◊ **Сап болды [басылды, тыйылды]** — *мүлде бітті, жойылды.*

САП: сап ете қалды [түсті] — *табан астында пайда болды, аяқ астынан тап болды.*

САПА 1. *Белгілі бір заттың, құбылыстың басқа бір заттар мен құбылыстардан айырылатын ерекше қасиеті, белгісі.* 2. ***филос.*** *Заттың ішкі елеулі байланыстары мен қасиеттерінің тұрақты жүйесі.*

САПАЛДЫРЫҚ *Будандастырған түйеден тараған үшінші және одан кейінгі ұрпақтары.*

САПАЛЫ *Сапасы артық, сапасы жоғары.*

САПАН: басы бапан, аяғы сапан — *берекесі кетіп, әбігерге түскен жағдай.*

САПАР *Бағыт алып шыққан мақсатты алыс жол.* ◊ **Сапарың оң [сәтті] болсын** — *жолға шыққан адамға айтылатын изгі тілек.*

САПАРЛА *Сапарға шығу, жол жүру, саяхаттау.*

САПАРЛЫҚ: — сапарлық билет — *көлікпен жүруге құқық беретін арнайы билет.*

САПАРНАМА *Сапар кезінде көрген-білген уақиғаларды жазып отыратын жолжазба.*

САПАРШЫ *Жолға шыққан адам, жолаушы.*

САПЕР ***әск.*** *Инженерлік құрылыс жұмысымен айналысатын әскери қызметкер, маман.*

САПЕРЛІК *Саперге тән, сапер жұмысымен айналысатын.*

САПИЯН *Ешкі терісінен жасалған былғарының ең сапалы түрі.*

САПҚЫР: табаныңнан сапқыр — *табаныңнан таусылғыр.*

САППАС *Парықсыз, тоңас, санасыз.*

САППАСТЫҚ *Оңбағандық, парықсыздық, санасыздық.*

САПСАЛҒЫ I ***көне*** *Аузын ағашпен тиектеп, көннен жасалған, сайман салғыш қалта.*

САПСАЛҒЫ II *Еркек малды пішерде қылтадан қысып ұстау үшін арнайы жасалған қысқаш.*

САП-САЛҚЫН *Сұп-суық, мұздай.*

САПСАҢДА: *сапсаң-сапсаң ету, селтеңдеу.*

САП-САРЫ *Ашық сары, нағыз сары.*

САП-САУ *Денсаулығы жақсы, дін аман.*

САПСИ *Қаулап өсіп кету, қауқию.*

САПСЫ *Иге салған теріні, жуған кірді ары-бері аударыстыру, қозғау.*

САПТА I *Белгілі бір құрал-сайманға сап жасау.*

САПТА II *Іріктеу, таңдау, саралап алу.* ◊ **Сөз саптады** — *сөз құрастырды, сөз айтты.*

САПТАМА *Ішінен киіз байпақ киетін, қонышы жуан қара санға жететін қазақы былғары етік.*

САПТАН *Қатар түзеу, сапқа тұру.*

САПТАС *Бір саптағы, қатарлас.*

САПТАУЛЫ *Сапталған, сапты, даяр.*

САПТЫАЯҚ *Ағаштан шауып жасалған аяқ, ыдыс.*

САПФИР *Мөлдір, көк түсті әдемі табиғи асыл тас.*

САПЫ *Кішкене өткір қылыш, семсер.*

САПЫЛДА *Сап-сап етіп қатты сөйлеу, сампылдау.*

САПЫЛДАҚ *Сапылдап қатты сөйлейтін адам.*

САПЫР 1. *Сұйық затты, дәнді жоғарыдан төмен қарай бірнеше рет төгу, ағызу, құю.* 2. ***Ауысп.*** *Алай-түлей ету, астан-кестенін шығару.* 3. ***Ауысп.*** *Көпіртіп сөйлеу, көйіту.*

САПЫРҒЫШТА *Қайта-қайта сапыру.*

САПЫРУЛЫ *Сапырып қойылған, сапырылған.*

САПЫРЫЛЫС 1. *Ығы-жығы, ары-бері, бейберекет қозғалыс.* 2. *Шым-шытырық, қым-қиғаш.*

САПЫРЫНДЫ *Аумалы-төкпелі, шым-шытырық, аласапыран.*

САР: сар желді — *бір қалыппен көсіле желді, ағындата жөнелді.* **Сар желіс** — *ағыны күшті желіс.* **Сар жол** — *үлкен, кең жол.*

САР: сар етті — *бірден сарқырап төгілді.*

САРА 1. *Ашық, айқын, таза, анық.* 2. *Асыл, үздік, озық, ерен.* **Сара жол** — *мақсаты айқын дұрыс жол.* ◊ **Сараға салды** — *ретке келтірді.* **Сара тілді [тілген]** — *түп-түзу, ап-айқын.*

САРАБДАЛ 1. *Байсалды, салмақты.* 2. *Әбден ысылған, кәнігі.*

САРАҒАШ ***бот.*** *Биіктігі 2—3 метрдей, қара қызыл түсті жидегі бар, шоқ-шоқ болып өсетін тікенді бұта.*

САРАДЖА: сараджа қойы — *уяң жүнді, құйрықты қойдың тұқымы.*

САРАЙ 1. *Іші әшекейлі әсем, салтанатты ғимарат.* 2. *Ұсақ-түйек заттар қоятын, мал байлайтын, шөп сақтайтын қарапайым жабдық.* 3. ***Ауысп.*** *Адамның ішкі жан түкпірі.* **Сарай ақыны *көне*** — *ханды мадақтап өлең шығаратын, ханның жанында жүретін ақыны.* ◊ **Жансарай** — *адамның ішкі сезімі, жан дүниесі.*

САРАЙЛАП *Сарай толтырып.*

САРАЛА *Жеке-жеке талдау, іріктеу.*

САРАЛЖЫН ***бот.*** *Басы бүрлі болып өсетін, сыпыртқы жасауға қолайлы құрай.*

САРАЛЖЫҢ: *түлкінің бір түрі.*

САРАЛЫ *Сараланған, сұрыпталып реттелген.*

САРАЛЫҚ *Анықтық, айқындық.*

САРАЛЫП *Тұқы тұқымдас балық.*

САРАМАС *Бас жарадан қатты ісіп, адамды қазаға ұшыратын ауру.*

САРАМАС I *Біреуді ит етінен жек көретін адам.*

САРАМАС II *Алды-артын ойламайтын, парықсыз, жеңілтек.*

САРАМЖАЛ *Істі орын-орнына келтіріп тұратын ұқыпты, бесаспап.*

САРАҢ 1. *Ешнәрсесін бермейтін қытымыр, қарынбай.* 2. ***Ауысп.*** *Іске, сөзге, қимылға шабан, баяу.*

САРАҢДАН *Сараң тарту, сараң болу.*

САРАП *Талқы, сын, талдау.* ◊ **Сарапқа салды** — *талқыға түсірді, талдады.* **Сарапқа түсті** — *бәйгеге түсті, сыналды.*

САРАПТА *Сарапқа салу, талдау.*

САРАПТАМА *Ғылым, техника, өнер, т. б. салаларда арнайы таным, білім мен білік талап ететін қандай да бір мәселеге зерттеу жүргізу.*

САРАПШАҢ *Бетті күннен, шаңнан қорғау үшін бетке жауып жүретін тор.*

САРАПШЫ *Қайсыбір дүдәмал мәселенің басын ашып беруші. Сарапқа салушы, бағалаушы, сыншы.*

САРАПШЫЛ *Жақсылап талдай білгіш, сыншыл.*

САРАПШЫЛЫҚ *Сыншы болушылық, жақсы талдай білушілік.*

САРАСАНА *Өмірдегі өз орны мен рөлін, міндетін толық түсінушілік.*

САРАТАН *Маусым айының ескі аты.*

САРАФАН *Әйелдер киетін жеңі жоқ, жеңіл көйлек.*

САРБАЗ *Жасақшы қол; әскер, жауынгер.*

САРБАЗДЫҚ *Әскерлік, жауынгерлік.*

САРБАЛАҚ *Балақ жүні сарғыш келетін қыран құс.*

САРБӨРТПЕ *Суға бірнеше рет шайып, қан-сөлінен арылтқан, қыран құсқа беретін ет.*

САРБУЫН *Буында сарсу жиналып іскен ауру.*

САРБҰҒА *Дәрілік шөптің тамыры.*

САРГІДІР: саргідір тартты – *егде тартты, жасы ұлғайды.*

САРҒАЙ 1. *Сары түске айналып өзгеру.* 2. ***Ауысп.*** *Сарыла күту, сағыну, зарығу.*

САРҒАЙЫҢҚЫ *Сәл сарғыш тартқан, сарғылтым.*

САРҒАЛДАҚ 1. *Көкек, мамыр айларында гүлдейтін сары түсті гүл.* 2. *Қараторғайдан ірілеу, қалың ағаш бұтақтарында бүгып жүретін құс.*

САРҒАҚ *Дәнді дақылдардың басы толып, көксағал боп піскен кезі.*

САРҒЫЛТ *Сарыға жақын түр, сарғыш.*

САРҒЫЛТТАУ *Сарғылт тартқан, сарғыштау.*

САРҒЫШ *Жұқалтым сары, сарғылт.* □ **Сарғыш күрең** – *сары реңді, күрең түс.* ◊ **Сарғыш қоңыр** – *сарғыштау қоңыр түс.*

САРДАР ***көне*** 1. *Сарбаздардың басшысы, офицер.* 2. ***Ауысп.*** *Көшбасы, жетекші.*

САРДИНА *Шабақ тұқымдас кішкентай теңіз балығы.*

САРДОБА *Су сақтау үшін жер астынан жасаған құрылыс; резервуар.*

САРЖА I ***көне*** *Сүйекпен әшекейленген әдемі садақ; жақ.*

САРЖА II *Астарлық матаның сусылдақ жылтыр түрі.*

САРЖАҚ *Мал төлінің тамағы ісіп кететін ауруы, шығу.*

САРЖАЛҚЫН *Қызғылт реңді сары түс.*

САРЖАН 1. *Циркуль тәрізді бір, екі метрлік жер өлшеу құралы.* 2. *Осы құралмен өлшенетін, арасы үш кезге (2 м 13 см-ге) тең ұзындық өлшемі.*

САРЖАНДА *Жерді саржанмен өлшеу.*

САРЖАУ *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

САРЖҰЛДЫЗ ***астр.*** *Аспан әлемінің солтүстігінен қыс айларында анық көрінетін сары түсті жұлдыз.*

САРКАЗМ ***әдеб.*** *Зілді кекесін, өткір күлкі.*

САРКЕБІР *Әбден кеуіп, құрғап, сарғайып кеткен.*

САРКОФАГ *Құнды, бағалы материалдардан безендіріліп жасалған, мавзолейлер мен гибадатханаларда сақталатын тастабыт.*

САРКҮЙІК ***бот.*** *Тау беткейлерінде өсетін, аласа жұмыр шөп.*

САРҚ-СҰРҚ *Сұйық заттың қатты қайнауы, бұрқ-бұрқ етуі.*

САРҚЫ 1. *Сұйық затты түк қалдырмай құйып алу.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені түгесу, тауысу.*

САРҚЫЛДА *Бұрқ-сарқ қайнау, сақырлау.*

САРҚЫН 1. *Ыдыстың түбінде қалған сұйық зат; сарқынды.* 2. *Бір нәрсенің қалдығы, жұрқаны, сарқыншақ.*

САРҚЫНДЫ 1. *Сарқылған сұйық зат.* 2. *Бір нәрсенің ақырғы қалдығы, соңғы сарқыны.*

САРҚЫНШАҚ 1. *Бір нәрсенің ыдыс түбінде қалған қалдығы; сарқынды.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің соңы, аяғы, арты.* 3. ***Ауысп.*** *Күні өткен зиянды іс-әрекет.*

САРҚЫРА 1. *Судың биіктен төмен қарай күшті сарынмен құлай ағуы; сарылдау.* 2. ***поэт.*** *Сұйық заттың қатты құйылуы; сорғалау.*

САРҚЫРАМА *Биіктен құлай аққан су.*

САРҚЫТ 1. *Үлкен кісілерден, қонақтан қалған тамақ.* 2. *Тойға, қонаққа барған адамдардың алып келетін тағамы, дәмі.*

САРЛЫҚ *Таулы Алтай мен Монголия жерінде таралған, сүті аз болғанымен, өте майлы сиырдың ерекше түрі.*

САРМАН ***миф.*** *Жын аты.*

САРМАТ *Ежелгі заманда өмір сүрген тайпалардың жалпы аты.*

САРНА 1. *Ауыз жаппай сампылдау, қақсау.* 2. *Жан қатты қиналғанда шығатын бебеу, зарлау.* 3. *Желдің, боранның дамылсыз соғуы.*

САРНАУ I *Керегеге сызық салу, сыздықтау, жолақтау.*

САРНАУ II *Мұңлы зар, шер.*

САРНАҚ *Киіз үй сүйегіне сызық салатын, әр жерінде 3—4 тісі бар, жоңғы құрал.*

САРНАУЫҚ *Сарнай беретін, зарлауық.*

САРП: сарп ұрды — *әбден салпақтады, шаршады, титықтады.*

САРПАЙ *Үргашы малдың жыныс мүшесінің жан-жағындағы бұлшық — сіндік.*

САРПЫЛ *Бос сандалыс, сабылыс, көп жүріс.*

САРПЫЛДА *Табанынан таусылу, сабылу.*

САРПЫШТАҚ *Бүркітке өте ұқсас құстың бір түрі.*

САРСАЗАН ***бот.*** *Биіктігі 5—40 см, алабота тұқымдасына жататын шала бұта.*

САРСАҢ *Әуре, әбігер, сергелдең.* ◊ **Сарсаң болды** — *әуреге түсті, әбігерленді.* **Сарсаңға салды** — *әбігерге түсірді.* **Сарсаң етті** [**қылдың**] — *әбден әуреледі, сабылтты.*

САР-САР *Сарқырап шыққан дыбыс.*

САРСОЛМА ***бот.*** *Шөлейтті жерде өсетін малазықтық шөп.*

САРСУ I 1. *Ағзаның кеселге шалдығуына байланысты, әсіресе буынға жиналатын сарғыш түсті сұйықтық.* 2. *Іш қуысына, буындарға сарсу жиналып қалатын ауру, дерт.* 3. *Малдың, жануарлардың қанынан алынып, жұқпалы ауруларға егілетін сұйық зат.*

САРСУ II 1. *Ұйытқан айраннан, іріткен сүттен бөлінетін сары түсті су.* 2. *Сарсуды ұзақ қайнатқан соң, кептірген құрт тәрізді тағам.*

САРСЫ *Сарсу байлану.*

САРСЫ: құлағы сарсыды — *бір айтқанды қайта-қайта естіп мазасы кетті, ығыр болды.*

САРСЫҚ I *Буыны кілтілдеп ауыратын ауру, сарып.*

САРСЫҚ II 1. *Сасып кеткен іс, шірік зат.* 2. ***Ауысп.*** *Күні біткен, ескінің қалдығы.*

САРСЫЛ 1. *Тырп етпеу, тапжылмау; сарылу.* 2. *Зарығу, сарғаю.* 3. *Әбден шаршау, сандалу.*

САРСЫЛЫС *Бір нәрсені сарғая күткендік, зарығушылық.*

САРТ I *Екі заттың қатты соқтығысынан шығатын дыбыс.* ◊ **Сарт ете түсті** [**қалды**] — а) *бір нәрсе сарт етіп қатты тиді; ә) сап ете қалды, тез жетті.* **Сарт еткізді** [**етті**] — *тарс ете қалды.*

САРТ II ***көне*** *Саудагер, бақалшы.* 2. ***Ауысп.*** *Үйғыр, өзбек, тәжік секілді саудамен айналысатын қала жұрты.*

САРТАБАН ***зоол.*** *Тұрқы қысқа, жалпиған, сары түсті балық.*

САРТАҢДАҚ *Теңбіл-теңбіл, таңдайланған сарғыш түсті.*

САРТАП 1. *Жел қағып, күн қақтап, қатып-семген, сарғыш тартқан.* 2. ***Ауысп.*** *Әбден жараған, шыныққан.*

САРТАПТАН *Тапталып, шиыршықтанып қатып қалу.*

САРТАПТАУ *Сарғыш тартып, қатып-семген.*

САРТАПТЫҚ *Қатып-семгендік, шиырлық.*

САРТ-СҰРТ *Екі нәрсенің жиі соқтығуынан шығатын сартылдаған дыбыс.* ◊ **Сарт-сұрт етті** — *қатты сартылдады.*

САРТҰҚЫШ *Балық тұқымдасына тән, соның бір түрі.*

САРТЫЛ *Бір нәрсенің сартылдаған дыбысы.*

САРТЫЛДА 1. *Сарт-сұрт еткен дыбыс шығару, сартылдау.* 2. *Еш нәрседен қаймықпай, қысылмай, бөгелмей ашық айту.*

САРУАР ***көне*** *Қожа, ие, пір.*

САРША *Шілденің аяқ кезі мен тамыздың бас кезіндегі ми қайнататын ыстық, аптап.* □ **Сарша тамыз** — а) *аспан айналып жерге түсетін ыстық;* ә) *тамыз айының ескіше аталуы.*

САРШҰНАҚ *Ашық далалы, шөлейтті жерлерде мекендейтін, құлақ қалқаны кішірек, түсі қоңыр сары тышқан.* ◊ **Саршұнақ аяз** — *сақылдаған сары аяз, қатты суық.*

САРЫ 1. *Піскен егіннің немесе апельсиннің түріндей түс.* □ **Сарыала қаз** — *шағын көлдерде тіршілік ететін, сауыр жүні ақ, сарғыш реңді жабайы қаз.* **Сары (саф) алтын** — *қоспасыз таза алтын.* **Сарыатан** — *үлкен атан түйе.* ◊ **Сары жел** — *тоқтаусыз соққан жел.* **Сар желіс** — *шаппай желген қатты желіс.* **Сар (бұлкекке) желіске салды** — *желе жортты, көсіле шапты.* ◊ **Сары жон** — *шөбі ерте піскен үстірт.* ◊ **Сары құлақтанды** — *өсімдік сабақтары мен жапырақтары сарғайып, пісе бастады.* **Сарымия** ***бот.*** — *жемісі сары түсті мия.* **Сарышымшық** ***зоол.*** — *құрт-құмырсқамен қоректенетін кішкене торғай.* **Сары таң** — *жаздың ұзақ таңы.* ◊ **Сарыауыз балапан** — а) *жас бала, сәби;* ә) *түкке түсінбейтін, тәжірибесіз.* **Сары (шұнақ) аяз (қызыл шұнақ сары аяз, сақылдаған сары аяз)** — *қақаған суық, қатты аяз.* **Сарыбалақ тартты** — *егін пісе бастады, сарғайды.* **Сары (сар) дала** ***поэт.*** — а) *ұшы-қиыры жоқ, шетсіз-шексіз, кең дала, мидай жазық;* ә) *сусыз, елсіз, қаңырап бос жатқан жер.* **Сары езу** — *аузынан уыз дәмі кетпеген балғын жас.* **Сары жамбас болды** — *науқастанып ұзақ төсек тартты.* **Сары жол (жолды)** — *жолы қиын, қырсықты адам.* **Сары жол (жолды)** — *жолы қиын, қырсықты адам.* **Сары жілік** — *егде тартқан, сары қарын.* **Сарықарын** — *мосқал тартқан (әйел).* □ **Сары самқай** — *жылқының алдыңғы және артқы аяғының тұсамысы тұсындағы сақина тәріздес сүйек өсіндісі.* ◊ **Сары тап болды** — *ысылды, қатып-семді.* **Сары шора шақ** — *тоқтасқан кез.* **Сары тұғыр** — *әбден әккі болған айлалы құ.* **Сары тіс** — *біраз жасқа келген, жасамыс.* **Сарыуайым** — *жанды жегідей жеген қайғы-қасірет.* **Сары үрпек балапан** — *жас сәби.* **Сары ізіне шөп салды** — *жамандық істеді.*

САРЫ II *Ит тұқымдастарының зәр, сарық шығаруы.*

САРЫАЛА ҚАЗ ***зоол.*** *Қазтәрізділер отряды, үйректұқымдасына жататын құс.*

САРЫАНДЫЗ ***бот.*** *Қазақстандағы жабайы өсімдіктің бір түрі.*

САРЫАРҚАИТ *Силикаттар класының сирек жер элементтерінің минералы.*

САРЫБАС: сарыбас жоңышқа [**беде**] — *сары гүлді жоңышқаның бір түрі.*

САРЫБАСША *Орамжапырақ тұқымдасына жататын көпжылдық су өсімдігі.*

САРЫБАСШӨП, АҚБАСҚҰРАЙ ***бот.*** *Орамжапырақ тұқымдасына жататын бір, екі, көпжылдық өсімдіктер.*

САРЫБАУЫР ҚАРАШҰБАР ЖЫЛАН ***зоол.*** *Қабыршақтылар отряды, сүйыландар тұқымдасына жататын бауырымен жорғалаушы.*

САРЫЖЫЛАН ***бот.*** *Қабыршақтылар отрядына жататын сарыбауыр кесіртке.*

САРЫРАУШАН ***бот.*** *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер мен бұталар. Дүниежүзінде 100-ге жуық түрі белгілі.*

САРЫҚ I *Салпақ (ұзын) құйрықты мойыш қой.*

САРЫҚ II *Иттің зәрі.*

САРЫҚ III *Буындары ісіп кететін ауру; сарбуын.*

САРЫҚ IV ***көне*** *Тыныгу, тыныстау.* ◊ **Сарығын басты** — а) *демін алды, тынықты;* ә) *шөлін қандырды, сусындады;* б) *құмарынан шықты, мауқын басты.*

САРЫҚАЛУЕН ***бот.*** *Қазақстандағы жабайы өсімдіктің бір түрі.*

САРЫҚАНАТ *Байқалда кездесетін балықтың түрі.*

САРЫҚАС: сарықас торғай ***зоол.*** — *түрқы 10—14 см-дей, көзінің үстіңгі жағы (қасы) сарғыш келген кішірек қоңыр құс.*

САРЫҚПА *Ыдыстағы сұйық заттың қалдығы; сарқынды.*

САРЫЛ I *Сар-сар еткен дыбыс, сырыл.*

САРЫЛ II *Бірнәрсені ұзақ күту, сарғаю, зарығу.*

САРЫЛДА *Сар-сар еткен дыбыс шығару, сарқырау.*

САРЫЛЫҚ *Сарғыштық, сары түстілік.*

САРЫЛЫС *Ұзақ тосушылық, сарғайып зарығушылық.*

САРЫМАЙ *Кілегейді күбіде пісу арқылы немесе қаймақты шайқау арқылы алатын май.*

САРЫМАҚ *Жолбарыстың күшігі.*

САРЫМСАҚ 1. *Тау беткейлерінде өсетін, ұзынша ақ сүйрікті жабайы өсімдік, жуа, пияздың бір түрі.* 2. *Бірнеше бөлектен тұратын, ақ сұр қабықты түйнекті ащы дәмді бақша дақылы.*

САРЫМСАҚТА *Тамаққа сарымсақ қосу, араластыру.*

САРЫМСАҚТЫ *Сарымсағы көп.*

САРЫН I 1. ***көне*** *Ән жанрының бірқалыпты дауыспен, ырғақты айтылатын түрі.* 2. *Әуен, саз, ырғақ.* 3. ***Ауысп.*** *Қисын, ыңғай, желі, жоба.* 4. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің нобайы.*

САРЫН II *Сарылдап, күрілдеп дыбыс шығарған ағын.*

САРЫНДА I 1. *Белгілі бір сарынға салу, әуендету.* 2. *Бір нәрсенің ұзынырғасын баяндау, хабарлау.*

САРЫНДА II *Құлаққа ызыңдаған дыбыс келу, сарын естілу.*

САРЫНДАМА ***әдеб.*** *Батыс әдебиетіндегі реакцияшыл, кертартпа бағыт.*

САРЫНДАС *Бір сарындағы, үндес, негіздес.*

САРЫНДАСТЫҚ *Үндестік, ұқсастық, жақындық*

САРЫНДЫ 1. *Сазды, әуенді, үнді.* 2. *Үндес, негіздес, ұқсас.*

САРЫНДЫЛЫҚ *Саздылық, әуезділік.*

САРЫП *Малда, адамда болатын жұқпалы ауру.*

САРП: сарп қылды [**етті**] — *өмірін, күш-жігерін құрбан етті, тауысты.*

САРЫСОЯУ *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік. Жержүзіне тараған 25-тей түрі бар.*

САРЫСУ *Әртүрлі потологиялық процестердің салдарынан тіндер мен органдарда пайда болатын қуыс.*

САРЫТҰҢҒИЫҚ ***бот.*** *Тұңғиықтар тұқымдасына жататын көпжылдық су өсімдігі. Қазақстанның су айдындарында өседі.*

САРЫТҮТІК ***бот.*** *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.*

САРЫТІКЕН ***бот.*** *Алабұталар тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

САРЫШАТЫР ***бот.*** *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Дүниежүзінде 1000-ға жуық түрі белгілі.*

САРЫШАЯН *Аспан экваторынан оңға таман, Құсжолының ең жиі бөлігінде орналасқан зодпактық шоқжұлдыз.*

САРЫШЕШЕК ***бот.*** *Орамжапырақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер, кейде бұта.*

САРЫШОЛАҚ ***бот.*** *Еріндігүлділер тұқымдасына жататын бір, көпжылдық өсімдік, кейде жартылай бұта.*

САС *Абдырап сасқалақтау, абыржу.*

САСАЙ 1. *Аталық малдардың күйек алу кезінде іске жарамай қалуы.* 2. ***Ауысп.*** *Түкке тұрғысыз, жарамсыз.*

САСҚАЛАҚ *Болар-болмасқа сасып қалатын, абдырағыш.*

САСҚАЛАҚТА *Асып-сасу, абдырау, абыржу.*

САСҚАЛАҚТЫҚ *Асып-сасушылық, әбігері шығушылық.*

САСЫ 1. *Бұзылу, былығу, иістену.* 2. *Жаман иісі шығу, мұнқу.*

САСЫҚ 1. *Сасып кеткен, иістенген, мұнқіген.* 2. ***Ауысп.*** *Пасық, арам.* □ **Сасыққуа** ***бот.*** — *жеуге жарамсыз, иісі сасық жуа.* **Сасыққөкек** ***зоол.*** — *төбесінде айдары бар, ұзын тұмсықты сары шұбар жыл құсы.* **Сасыққүзен** ***зоол.*** — *қызғылт сары қылшықты, сасық иісі шығып тұратын дала күзені.* **Сасыққоңыз** ***зоол.*** — *дене тұрқы 17—23 мм қара түсті қоңыз.* **Сасықмендуана** ***бот.*** — *гүлі күлгін сары түсті, улы өсімдік.* **Сасық тұмау** — *тұмаудың ауыр түрі.* ◊ **Сасық ауыз** — *әр нәрсені қоңырсытып жүретін өсекшіл.* **Сасық құлық** — *ішкі есебі пайдакүнемдік қана, жымысқы мінез.*

САСЫҚКЕКІРЕ ***бот.*** *Айлауық тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер.*

САСЫҚҚҰРАЙ ***бот.*** *Ақ гүлді, жағымсыз иісі бар құрай.*

САСЫҚМЕНДУАНА ***бот.*** *Алқа тұқымдасына жататын, өте жағымсыз иісі бар, біржылдық шөптесін өсімдіктер, кейде бұталар.*

САСЫҚТАБАН *Жылқы тұяғы ірің-деп, сасып кететін ауру.*

САСЫҚТАУ *Аздап сасыған, иістенген.*

САСЫҚШӨП ***бот.*** *Қызғылт гүлі бар, шөп тектес көпжылдық жабайы өсімдік.*

САСЫП-ПЫСЫП *Асығып-үсігіп, асып-сасып.*

САСЫП-САБДЫРАП *Асып-сасу, абдырау, асығып-үсігу.*

САСЫР ***бот.*** *Сабағы жуан, сары гүлді, жағымсыз иісі бар құрай.*

САТ 1. *Затты өз құнына тұратын ақшаға беру, саудалау.* 2. ***Ауысп.*** *Құндау, бұлдау.* 3. *Бас пайдасын көздеп біреуге опасыздық істеу.* ◊ **Сатып алды** — *пара беріп, істі өз пайдасына шешті.*

САТАЛ *Кір, лас, сатпақ.*

САТАЛА *Сатал-сатал ету, ластау.*

САТАЛАҚ *Кір-қожалақ, сатал.*

САТАЛДА *Сатал-сатал ету, былғау, ластау.*

САТАЛ-САТАЛ *Сауыс-сауыс, кір-қожалақ, сатпақ-сатпақ.*

САТАРМАН *Сатушы адам, саудагер.*

САТЕЛЛИТ 1. *Сөз жүзінде тәуелсіз, ал шын мәнінде күшті бір мемлекетке бағынышты мемлекет.* 2. *Тәуелді, бағынышты адам.* 3. *Өз қожасын қорғаушы қарулы адам.* 4. *Планета серігі.* 5. *Тісті дөңгелек.*

САТИРА ***әдеб.*** *Тұрмыста кездесетін кемшіліктерді сынай, әжуалай суреттейтін әдеби жанр; сықақ, мысқыл.*

САТИРАЛЫ *Сатира араласқан, күлкілі.*

САТИРАЛЫҚ 1. *Сатира жанрында жазылған.* 2. *Әзіл-сықағы араласқан, әжуалы.*

САТИРАШЫ *Сатира жанрында еңбек етуші, сықақшы.*

САТҚА: сатқа ұрғандай — *арықтау, жүдеу, шөжу, кіртию.*

САТҚАҚ *Іш ауруының асқынған түрі; тышқақ.* ◊ **Сатқақ келгір** ***қарғ.*** — *сатқақ болып ауырғыр.*

САТҚЫН *Адалдығы жоқ, опасыз, арсыз.*

САТҚЫНДЫҚ *Сатып кеткендік, опасыздық.*

САТПАҚ *Кір-қожалақ, лас.*

САТПАҚ-САТПАҚ *Сатал-сатал, кір-қожалақ.*

САТПАҚТА *Сатпақ-сатпақ ету, тастау.*

САТУЛЫ *Есебі бар, ақылы; сатылатын.*

САТУРН ***астр.*** *Күн жүйесіндегі ірі планета; Көкбозат.*

САТУСЫЗ *Ақысыз, пұлсыз, тегін.*

САТУШЫ *Дүкенде зат сататын адам; дүкенші.*

САТУШЫЛЫҚ *Сауда қызметкері болушылық.*

САТЫ 1. *Үйдің, қораның төбесіне шығу үшін жасалған екі таянышы бар баспалдақ.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің даму, өсу кезеңі, мерзімі.* 3. ***Ауысп.*** *Дәреже, атақ, шен.*

САТЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Сат-ыл.* 2. *Өз мүддесін ғана ойлап, біреуге опасыздық жасау, сатқын болу.*

САТЫЛЫМ *Сауда, тауар айналымы.*

САТЫЛА *Бірінен соң біріне біртіндеп өту, бірте-бірте өсу.*

САТЫЛҒЫШ *Сатылып кететін, сатқын, сатынды.*

САТЫЛҒЫШТЫҚ *Сатылып кеткендік, сатылушылық, опасыздық.*

САТЫЛЫ 1. *Сатысы бар.* 2. *Бірнеше сатыдан тұратын.*

САТЫЛЫЛЫҚ *Сатылы болғандық, біртіндік.*

САТЫМДЫҚ *Сатылатын, сататын, сатуға арналған.*

САТЫМСАҚ *Сатқын, арсыз.*

САТЫН *Сатуға арналған, сатылатын.*

САТЫНДЫ *Сатқын, опасыз.*

САТЫР *Сатырлаған дыбыс, тарсыл.* ◊ **Сатыр ете қалды [етті]** – *сатырлаған дыбыс шықты, сатырлады.*

САТЫРЛА *Сатыр-сатыр еткен дыбыс шығару.*

САТЫР-СҰТЫР *Сатырлаған-шатырлаған дыбыстың естілуі.* ◊ **Сатыр-сұтыр етті** – *сатырлады, тарс-тұрс етті.*

САТЫС *Сатылатын, сататын.*

САУ I 1. *Ауру-сырқаудан аман, дені таза.* 2. ***Ауысп.*** *Дені бүтін, бүлінбеген.* ◊ **Сау басына сақына тіледі** – *өзіне-өзі істеді.* **Сау басын саудаға салды** – *даушатақты өзі тілеп алды.* **Сау желді** – *қатты екпіндеп желді.* ◊ **Сау сиырдың боғы емес** – *анау-мынаудан құр емес, қатысы бар.*

САУ II *Емшекті саумалап тартып, сүт шығару.*

САУ: сау ете түсті [қалды] – а) *тұтқиылдан пайда болды; ә) бұрқ ете түсті.*

САУАЛ *Біреуге қойылған сұрақ.*

САУАЛДА *Қайта-қайта сұрағыштау.*

САУАЛДАМА *Сұраулық.*

САУАП *Шапағатты, игілікті іс, сауап.* ◊ **Сауабына қалды (сауабын алды)** – *алғысына бөленді, рақметін алды.* **Сауап болды** – *өзіне де сол керек.*

САУАР: сауар көбейсін *тілек* – *сүт мол болсын, мал көбейсін.*

САУАРЛЫҚ *Саууға болатын, саууға жарайтын.*

САУАТ *Оқи-жаза білетіндік, хат танығандық.* ◊ **Сауат ашты** – *хат таныды.* **Сауаты ашылды** – *ой-өрісі, түсінігі кеңіді.*

САУАТСЫЗ 1. *Хат танымайтын, оқымаған.* 2. *Білімі нашарлау, белгілі бір нәрседен түсінігі, сауаты шамалы, шорқақ.*

САУАТСЫЗДАУ 1. *Шаласауаттылау, сауаты кемдеу.* 2. *Хабары шамалылау, білімсіздеу.*

САУАТСЫЗДЫҚ 1. *Хат танымаушылық, сауаты жоқтық.* 2. *Білімі саяздық, нашарлық.*

САУАТТЫ 1. *Дұрыс оқып, дұрыс жаза білетін, білімді.* 2. *Жан-жақты хабардар, көзі ашық.* 3. *Қатесіз жазылған, мұлтіксіз.*

САУАТТЫЛАУ *Сауаты жоғарылау.*

САУАТТЫЛЫҚ 1. *Хат тани біле-тіндік.* 2. *Әр жайдан хабары барлық, көзі ашықтық.*

САУҒА 1. *Соғыстан түскен олжа-дан не ауланған аңнан берілетін сый.* 2. ***Ауысп.*** *Араша сұрау, біржолға ашуды қи деген мағынада айтылады.*

САУҒАЛА *Бір нәрсені пана етіп сақтану, қорғаштану.*

САУҒАШЫ *Түскен олжадан сый сұраушы, сый алушы.*

САУДА 1. *Затты сату мен сатып алу айналымы жөніндегі шаруашылық әрекеті.* 2. ***Ауысп.*** *Бәсеке, талас-тар-тыс.* ◊ **Саудаға салды** — а) *сатпақшы болды, саудалады;* ә) *сөз қылды, әңгіме етті.* ◊ **Саудасы бітті (шешілді)** — *іс бітті, шешілді.* **Саудасы бітті** — *құры-ды, қатардан шықты, жұмысы бітті.*

САУДА: сауда нүктесі — *сауда жа-сайтын, оны іске асыратын арнаулы орын.*

САУДАГЕР *Заттың тұрақты, өзіндік бағасын асырып қайта сата-тын сатарман, алыпсатар.*

САУДАГЕРЛІК *Заттың құнын арт-тырып сатушылық, алыпсатарлық.*

САУДАЙЫ *Бетімен кеткен, алаң-ғасар, жеңілтек.*

САУДАЙЫЛЫҚ *Алаңғасарлық, па-рықсыздық.*

САУДАЛА *Затты сату немесе алу үшін нарқын белгілеу, бағасына келісу.*

САУДАЛАС 1. ***орт. етіс*** *Саудала-с.* 2. *Сөз жарыстыру, егесу, сөз талас-тыру.*

САУДАЛЫ *Саудасы қызған, сауда-сы бар.*

САУДАЛЫҚ *Саудаласуға жарай-тын, саудалауға тұратын.*

САУДА-САТТЫҚ *Сатып алу, сату сияқты алыс-беріс іс.*

САУДАСЫЗ *Ақысыз, пұлсыз; тегін.*

САУДЫР 1. *Саудыр-саудыр ету, саудырлаған дыбыс шығару.* 2. ***Ауысп.*** *Құр сүлдері қалу, зорға ілініп тұру.*

САУДЫРАҚ *Саудыр-саудыр еткен, қаудырлақ.*

САУДЫРЛА 1. *Саудырау, қаудыр-қаудыр ету.* 2. ***Ауысп.*** *Салдырлап, аң-қылдап қатты сөйлеу.*

САУҚАТ *Бір жақтан заттай жібе-рілген сәлемдеме.*

САУҚЫМ: сауқым салды — *дуыл-дасып әңгіме құрды.*

САУЛА 1. *Заулап ағу, қатты құ-йылу.* 2. *Зу-зу ету, жөңкіліп есу.*

САУЛЫҚ I *Үш жастан асқан қо-зылы қой.*

САУЛЫҚ II *Ауру-сырқаудан аман болушылық.*

САУМА *Сауатын аппарат.*

САУМАЛ *Әлі ашуы жете қоймаған бие сүті.*

САУМАЛА 1. *Арқан не жіпті сы-ғымдап, сырып тарту.* 2. *Аз-аздап икемге келтіру, суыртпақтап тарту.*

САУМАЛДАУ *Шала ашыған.*

САУМАЛДЫҚ ***бот.*** *Ақ гүлді, биік-тігі 5—10 см-дей, қышқылтым жапы-рақты жабайы өсімдік.*

САУСАҚ *Қол басының алақанға қо-сылған салалы бөлігінің бірі.* ◊ **Саусағы-нан (бармағынан) бал тамған** — *асқан өнерлі, бесаспап.*

САУСАҚҚАНАТ БАЛЫҚТАР *Ба-лықтардың бір түрі.*

САУ-СӘЛЕМЕТ *Аман-есен, дін аман.*

САУ-САУ *Қайта-қайта сауылдау, сауылдап құйылу.*

САУСЫЛДА *Сеңдей соғылысу, бір-бірімен қақтығысу.*

САУ-ТАМТЫҚ: сау-тамтығы қал-мады — *дал-дұлы шықты, әбден тозды.*

САУУЛЫ *Әлі сауылып отырған мал.*

САУШЫЛЫҚ *Ден тазалық, аман-дық.*

САУЫҚ *Ойын-тамаша, көңіл кө-теретін думанды жиын-той.*

САУЫҚ *Ауру-сырқаудан жазылу, айығу.*

САУЫҚҚОЙ *Ойын-сауыққа құмар, думаншыл.*

САУЫҚҚОЙЛЫҚ *Ойын-тойды, тамашаны жақсы көретіндік.*

САУЫҚ-САЙРАН *Қызығы мол, дырдулы той-думан.*

САУЫҚ-САЙРАНШЫЛ *Сауықшыл, думаншыл.*

САУЫҚТА *Ойын-тамаша жасау, думандау.*

САУЫҚТЫ *Думаны мол, қызықты.*

САУЫҚШЫ *Той-думаншыл, ойын-тамашаға құмар.*

САУЫҚШЫЛ *Той-думаншыл, тамашашыл.*

САУЫҚШЫЛДЫҚ *Ойын-тамашаға құмартқыштық.*

САУЫЛДА 1. *Саулап құйылып кету, төгілу.* 2. *Жапырлап, қаптап келу.*

САУЫМ *Сүт сауып алу мерзімі.* ◊ **Бие сауым (уақыт)** — *биенің екі сауымының аралығы, бір сағаттай уақыт.*

САУЫН 1. *Сүт беретін, сауылатын мал.* 2. *Сүт сауып алу мерзімі.*

САУЫН *Ас берумен байланысты күшілгері немесе бір жыл бұрын айтылатын хабар.*

САУЫНДЫҚ *Сауып ішуге лайық.*

САУЫНШЫ *Мал сауумен шұғылданатын кәсіп иесі.*

САУЫНШЫЛЫҚ *Мал сауумен шұғылданушылық.*

САУЫР 1. *Малдың бел омыртқасынан құйымшақ тұсына дейінгі жерінің үсті.* 2. *Малдың белдеме мен сан үсті терісінен жасалатын былғарының қалың түрі.* 3. ***Ауысп.*** *Көгорай шөбі мол, шұрайлы, құнарлы жер.* ◊ **Ат сауырын берді** — *қол ұшын берді, қарайласты.* **Көксауыр етік** — *сауыр терісінен өңделіп, көк түске боялған былғарыдан тігілген қонышты аяққиім.*

САУЫРАҒАШ *Қылқан жапырақты ағаш түрі.*

САУЫРЛА 1. *Көлікті қамшы не шыбықпен сауырдан тартып-тартып қалу.* 2. *Айғырдың өзге жылқыны сауырынан тістелеуі.* 3. ***Ауысп.*** *Біреудің қыр соңына түсіп, құдалау.*

САУЫРЛЫ *Сауыры кең, жалпақ.*

САУЫРСЫН *Май жамбас, сауыр.*

САУЫС *Әбден баттасып қатып қалған кір, қатқан мұз-қар.*

САУЫСҚАН *Қарға тұқымдас, ала қанатты, ұзын құйрықты құс.*

САУЫС-САУЫС *Әбден кір болған, лас.*

САУЫСТАН *Әбден кір болып баттасу, ластану.*

САУЫТ I *Оқ-найзадан сақтану үшін денеге киетін торкөзді киреуке.*

САУЫТ II *Әртүрлі заттарды салуға арналған кішігірім ыдыс, құты.*

САУЫТ-САЙМАН *Әртүрлі құрал-жабдық.*

САФ *Қоспасыз, таза.*

САФТАН *Тап-таза болу, бүкпесіз көріну.*

САХАБА ***діни*** *Ислам дінін таратқан Мұхаммед пайғамбардың серіктері.*

САХАР *Таң алды мезгілі, алағөбең кез.*

САХАРА 1. *Ауа райы қуаң, шөлді аймақ.* 2. *Кең байтақ жазық дала.*

САХНА *Театрдағы ойын-сауық көрсетуге лайықталған орын.* **Сахна шебері** — *сахна өнерінің үздігі, майталманы.*

САХНАЛА *Сахнаға қоюға лайықтау, сахнада көрсету.*

САХНАЛАУ ***театр.*** *Белгілі бір көркем шығарманы сахнаға, радиоға лайықтап жазу.*

САХНАЛЫҚ *Сахнаға көрсетуге лайық.*

САһАР *Аққудың қоразы.*

САЯ 1. *Жанға жайлы, көлеңкелі салқын жер.* 2. ***Ауысп.*** *Арқа сүйер, қамқор, пана.* ◊ **Сая болды (қылды)** — *пана тұтты.* **Сая тапты** — *жаны рақатқа бөленді, жаны жадырады.*

САЯБАҚ *Бақтың ішінде дем алуға арналған орын.*

САЯБЫР *Ақырын, баяу, сәл толастаған.* ◊ **Саябыр тапты** — *толас тапты, тыншыды.* ◊ **Саябыр тартты** — *бәсеңдеді, сиреді, баяулады.*

САЯБЫРЛАУ *Жиі емес, баяулау.*

САЯБЫРЛЫ *Баяу, тыншыған.*

САЯБЫРЛЫҚ *Баяулағандық, бәсеңдік.*

САЯБЫРСЫ *Жайлап бәсеңдеу, біртіндеп басылу.*

САЯЖАЙ *Жаз айларында демалу үшін қала сыртында салынған шағын үй; бау-бақша.*

САЯЖОЛ *Екі жағын ағаш көмкерген жол.*

САЯЗ 1. *Терең емес, таяз.* 2. ***Ауысп.*** *Ой-өрісі тар, білімі шала.*

САЯЗДА 1. *Таязданып қалу, су тартылу.* 2. ***Ауысп.*** *Терең бойламау, ой-өрісі кемдеу.*

САЯЗДАУ 1. *Онша терең емес, таяздау.* 2. ***Ауысп.*** *Ой-өрісі тарлау.*

САЯЗДЫҚ 1. *Терең еместік, таяздық.* 2. ***Ауысп.*** *Түсінігі, білімі төмендік.*

САЯҚ 1. *Өз алдына бөлек жүретін, тусыған, бойдақ.* 2. *Ешкімге қосылмай жеке жүретін, дара, оқшау.*

САЯҚ, ШЕГІРТКЕ *Көптеген екпе өсімдіктерді зақымдайтын обыр шегіртке сияқты зиянды жәндік.*

САЯҚСЫ 1. *Үйірге қосылмау, оқшаулану, бөлектену.* 2. ***Ауысп.*** *Өзгеден оңашалап шеттеу, жеке дара болу, оқшау жүру.* 3. ***Ауысп.*** *Саябырсу, азаю, бәсеңдеу.*

САЯҚТА *Өзгелерден жекелену, оқшаулану.*

САЯҚТЫҚ *Өзгеден оңашаланғандық, даралық.*

САЯЛА 1. *Көлеңкелі жерде тыныстау, салқындау.* 2. ***Ауысп.*** *Қамқор тұту, паналау.*

САЯЛЫ *Салқыны мол, көлеңкелі.*

САЯСАТ *Белгілі бір мүдделерді қорғауға бағыштalған, ел басқарудағы ішкі және сыртқы қарым-қатынастардың әрекеті, ұстаған бағыты.*

САЯСАТТАНУ *Саясат туралы ғылым.*

САЯСАТШЫ *Саясатпен айналысушы. Саясатты жақсы білетін саясаткер.*

САЯСАТШЫЛ *Саясат жөнінде көп айтқыш, саясатқа құмар.*

САЯСАТШЫЛДЫҚ *Саясатқа құмарлық.*

САЯСИ *Саясатқа қатысты, саясатпен байланысты.* □ **Саяси ахуал** — *саяси хал-жағдай.* **Саяси хабарламашы [саяси хабаршы]** — *саяси тақырыпқа хабарлама жасаушы.* ***Саяси экономия*** — *материалдық игіліктерді өндіру мен бөлу, оны айырбастау мен тұтынуға байланысты қоғамдық қатынастарды жан-жақты зерттейтін ғылым.*

САЯТ 1. *Құс салып, аң аулаушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Серуен, сейіл.*

САЯТКЕР *Құс салып, аң аулауға әуес, соған машықтанған адам.*

САЯТКЕРЛІК *Құс салып, аң аулауға машықтанғандық*

САЯТТА 1. *Құс салып, аң аулау.* 2. *Серуендеу, қыдыру.*

САЯТТЫҚ *Құс салып, аң аулаушылық.*

САЯТШЫ *Құс салып, аң аулауды кәсіп еткен аңшы.*

САЯТШЫЛ *Құс салып, аң аулауға әуес.*

САЯТШЫЛА *Саятқа шығу, саяттау.*

САЯТШЫЛЫҚ *Құс салып, аң аулаушылық.*

САЯХАТ 1. *Зерттеу не танысу мақсатымен алыс жерге, ел аралауға шыққан сапар.* 2. *Жақын жерде құратын сейіл-серуен, бой жазу.*

САЯХАТТА 1. *Алыс жерлерге сапарға шығу, ел аралау.* 2. *Серуендеу, сейіл құру.*

САЯХАТШЫ *Саяхат жасаушы адам.*

СӘБИ *Жас нәреске, бүлдіршін, бөбек.*

СӘБИЛІК *Буыны бекімеген бүлдіршін кез, бөбектік.*

СӘБИХАНА *Емшек жасындағы сәбилерді күтіп-бағатын мекеме.*

СӘБІЗ *Қызғылт сарғыш түсті, тәтті дәмді, біржылдық бақша өсімдігі.*

СӘБІЗШӨП *Шатыршағүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер. Қазақстанда үш түрі өседі.*

СӘБІР *Кішкентай, ұсақ, башақ. Картоптың ұсақ сәбірі ғана қалыпты.*

СӘДЕП ***көне*** *Теңіз түбінен алынатын асыл тастардың сыртқы қабығы, қабыршағы.*

СӘЖДЕ *Құдайға құлшылық етіп, намаз оқығанда жерге жайылатын жайма мата; жайнамаз.* ◊ **Сәждеге бас үрды (басын қойды, басын салды)** – *құдайға құлшылық етті, намаз оқыды.*

СӘЙГЕЛ *Жазда сиыр малына маза бермейтін сона.*

СӘЙГҮЛІК I *Жүйрік жылқы.*

СӘЙКЕС I *Бір нәрсемен ыңғайлас, үйлес, ұқсас.*

СӘЙКЕС II *Сай түсу, үйлесе кету.*

СӘЙКЕССІЗ *Ешбір ретке, ыңғайға келмейтін, үйлессіз.*

СӘЙКЕССІЗДІК *Біріне-бірі үйлеспейтін, сай келмейтін, үйлесімсіздік.*

СӘЙКЕСТЕ *Бір нәрсенің ретіне сай келтіру, лайықтау, үйлестіру.*

СӘЙКЕСТІК *Бір-біріне сай үйлестік, ұқсастық.*

СӘЙКЕСТІР *Ыңғайға, жөнге келтіру, үйлестіру.*

СӘКӘКУ *Селтеңдеген нәтижесіз ойын-күлкі.*

СӘКІ *Отыруға, жатуға арналған, тақтайдан биіктеу жасалған орын, нар.*

СӘЛ I *Азғана, шамалы, болмашы.* **Сәл болмағанда** – *енді кешіккенде, аз кідіргенде.*

СӘЛ II *Халі нашар, жаман.*

СӘЛБЕН *Еріндігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер, жартылай бұта, бұта. Қазақстанның барлық аймақтарына тараған 8 түрі бар.*

СӘЛДЕ *Қожа-молдалар бастарына орайтын ақ мата, шалма.*

СӘЛДЕГҮЛ *Жазық жерде өсетін гүлді өсімдік.*

СӘЛЕМ 1. *Шын көңілден білдірген ниет, тілек, сәлемет.* 2. *Біреудің біреуге жеткіз, айт деген аманаты, ауызша хабары.* □ **Сәлем хат** – *есен-саулық сұрасқан, жазбаша хабар.* ◊ **Сәлем берді** – *есен-саулық сұрасты, амандасты.* **Сәлем етті** – *иіліп тәжім етті, құрмет білдірді.*

СӘЛЕМШӨП *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

СӘЛЕМДЕМЕ *Біреу арқылы беріп жіберген сыбаға, сәлем-сауқат.*

СӘЛЕМДЕС *Есен-саулық білісу, амандасу.*

СӘЛЕМЕТ *Аман-есен, сау-саламат.*

СӘЛЕМЕТТЕН *Сауығу, жазылу.*

СӘЛЕМЕТТІК *Ден тазалығы; есен-саулық.*

СӘЛЕМ-САУҚАТ *Біреу арқылы жіберілген аздаған сыбаға, сәлемдеме.*

СӘЛЕМШІ *Сәлем бере, айта кірген адам.*

СӘЛ-КЕМ *Аздап қана, болмашы ғана.*

СӘЛ-ПӘЛ *Шамалы, болмашы ғана, азғантай.*

СӘЛІРЕК *Азырақ, кішкене ғана.*

СӘМБІ: сәмбі тал – *иіліп майысатын, солқылдақ қызыл шілік.*

СӘМЕК ***бот.*** *Мақта түбінде өсетін арамшөп.*

СӘН I. *Әдемі, жарасымды өң беріп, жайнатып жіберетін көрік.* 2. *Жарасым, салтанат.* □ **Сән ательесі** – *жаңа үлгілі киімдер тігетін ателье.* ◊ **Сән құды** – *әсіре әсемдіктің, жылтырап көрінудің соңына түсті.* **Сәні болмады [кетті]** – *қызығы, жайы, қасиеті болмады.* **Сәнін кетірді** – *берекесін алды, шырқын бұзды.*

СӘНГЕР *Киім үлгілерін пішіп, жасайтын маман.*

СӘНДЕ *Әсемдеу, әдемілеу, әшекейлеу.*

СӘНДІ *Көрікті, әдемі, әсем.*

СӘНДІК *Әсемдік, әдемілік.*

СӘНДІЛЕУ *Келістілеу келген, әдемілеу.*

СӘНДІЛІК *Келістілік, әдемілік.*

СӘНҚОЙ *Әдемілікке әуес, сән құғыш.*

СӘНҚОЙЛЫҚ *Жылтыраған құмарлық, сән құғыштық.*

СӘН-САЛТАНАТ *Жарасымды ажар-көрік, сәулет.*

СӘН-САЛТАНАТТЫ *Көрікті, келісімді, сәулетті.*

СӘН-СӘУЛЕТ *Әсем көрік, құлпырған көрініс.*

СӘНСІ *Әдемі болғансу, сәнденгенсу.*

СӘНСІЗ *Ажар-көркі жоқ, көріксіз, келіссіз.*

СӘНХАНА *Киім тігетін жер; сән ательесі.*

СӘНШІЛ *Жылтыраған жаны құмар, сәнқой.*

СӘҢКЕ *Жоғарғы сортты ақ ұн.*

СӘҢКИ *Кетіп қалу, пұштию.*

СӘРЕСІ 1. *Ораза кезінде аузы берік адамның таң алдында ішіп-жейтін тамағы.* 2. *Таң алдындағы алағеуім кез.*

СӘРПЕҢКЕ *Жұқа, астарлық жібек мата.*

СӘРСЕНБІ *Аптаның үшінші күні.*

СӘРІ *Таң бозарып келе жатқан алағеуім кез.*

СӘРІ: бірсәрі — *жөні басқа.*

СӘСКЕ *Күн арқан бойы көтерілген кез.* □ **Сәске түс** — *шаңқай түс мезгілі.*

СӘСКЕЛЕТ *Күн арқан бойы көтеріле, сәскеге жақын.*

СӘСКЕЛІК 1. *Күн жоғары көтеріліп қалған кез.* 2. *Сәске кезінде берілетін тамақ.*

СӘТ 1. *Ыңғайлы бір мезет; белгілі бір кез.* 2. *Істің қолайлы кезі, орайы, оңтайы.* ◊ **Сәт сапар** — *жолы оңынан келсін, жолы болсын.* **Сәті түсті** — *ыңғайы, орайы келді.*

СӘТЕН *Сапалы мақта жібінен тығыз етіп тоқылған жылтыр мата.*

СӘТСІЗ *Ойдағыдай емес, нәтижесіз.*

СӘТСІЗДІК *Іс-әрекет ойдағыдай болмағандық, сәті түспегендік.*

СӘТТЕ *Көзді ашып-жұмғанша, лезде.*

СӘТТЕМЕ *Белгілі уақытты көрсететін сағат; құмсағат.*

СӘТТІ *Ойдағыдай, нәтижелі, ұтымды.*

СӘТТІК *Қас қаққандай ғана бір демдік, мезгілдік.*

СӘТТІЛІК *Ойдағыдай болған жетістік, сәті түскендік, орайы келгендік.*

СӘУЕ *Аян беру, түске кіру, нышан.*

СӘУЕГЕЙ *Алдын ала не боларын болжай білетін көріпкел "әулие" адам.*

СӘУЕГЕЙЛЕН *Алдын ала болжай білгенсіну, әулиесіну.*

СӘУЕГЕЙЛІК *Болашақты болжай алатындық, көрегендік.*

СӘУКЕЛЕ ***көне*** *Қазақ қыздары ұзату тойында киетін оқалаған сәнді, әшекейлі баскиім.*

СӘУЛЕ 1. *Шашырап түскен жарық, нұр.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің жалт еткен нышаны, елесі.* 3. ***Ауысп.*** *Түйсік, сана, сезім.* □ **Сәуле ауруы** — *рентген сәулесінің денеге мөлшерден тыс өтіп кетуінен болатын сырқат.*

СӘУЛЕГҮЛ *Шегіргүлдер қатарына, ладандықтар тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.*

СӘУЛЕЛЕ *Сәулесін түсіру.*

СӘУЛЕЛЕН 1. *Жарық түсу, нұрлану.* 2. ***Ауысп.*** *Жарқырау, айқындалу.*

СӘУЛЕЛІ 1. *Сәулесі мол, нұрлы.* 2. ***Ауысп.*** *Қуанышты, қызығы көп.*

СӘУЛЕЛІК: сәулелік әдіс — *рак ауруын рентген сәулесімен күйдіріп емдеу.*

СӘУЛЕМ ***экспр.*** *Шырағым, қалқам, жарығым.*

СӘУЛЕСІЗ 1. *Жарықсыз, жарық түспейтін.* 2. ***Ауысп.*** *Түйсіксіз, санасыз.*

СӘУЛЕТ *Сән-салтанат, көрік.* □ **Сәулет өнері** — *құрылыстағы айшықты өнер; архитектура.* ◊ **Сәулет құрды** — *салтанатты, сәнді етті.*

СӘУЛЕТАЙ ***экспр.*** *Жігіт тарапынан қызға еркелете айтылатын "қалқатай", "шырағым" мәніндегі сыпайы сөз.*

СӘУЛЕТКЕР *Сәулет өнерінің маманы, сәулетші, архитектор.*

СӘУЛЕТКЕРЛІК *Сәулет өнерімен шұғылданушылық, архитекторлық.*

СӘУЛЕҚАНАТТЫЛАР *Сүйектібалықтардың класс тармағы. Қазіргі балықтардың шамамен 97%-ын құрайды.*

СӘУЛЕТСІЗ *Сәнсіз, көріксіз, ажарсыз.*

СӘУЛЕТТЕ *Әдемілеп безендіру, сәндеу.*

СӘУЛЕТТЕН *Гүл-гүл жайнау, құлпыру.*

СӘУЛЕТТІ 1. *Салтанатты, көрікті.* 2. *Қызығы мол, көрікті.*

СӘУЛЕТТІК *Сәулетке тән, көркемдік.*

СӘУЛЕТТІЛІК *Сәнділік, әсем көріктілік.*

СӘУЛЕТШІ *Сәулет өнерінің маманы, архитектор.*

СӘУЛЕШ ***экспр.*** *Сәулетай, қалқаш.*

СӘУЛІМ *Сойталдай, солқылдаған, зіңгіттей.*

СӘУЛІМДЕН *Бойжету, есею.*

СӘУМЕҢ: сәумең қақты — *сумаң-сумаң етті, телмірді.*

СӘУМЕҢДЕ *Телміру, телмеңдеу.*

СӘУРІК *Үйірге түсе қоймаған жас айғыр.*

СӘУІР *Жылдың көктем маусымына сай келетін төртінші айдың аты.*

СЕАНС *Белгілі мерзімде болатын істің, шараның бір-бірінің арасын алшақтатпай көрсетудің реті, жөні.*

СЕБЕБІ *Бір нәрсенің уәжін, себебін түсіндіретін шылау сөз.*

СЕБЕЗГІ *Жуынып-шайынуға арналған, жоғарыдан су шашатын тетік.*

СЕБЕЗДЕ *Жайлап бұрку, баяулап жауу.*

СЕБЕЛЕ 1. *Үздіксіз жауу, нөсерлеу, тұру.* 2. *Сепкілеу, бұрку.*

СЕБЕНЕЛЕ *Аздап шашыратып бөлу.*

СЕБЕП *Бір құбылыстың болу-болмауына сылтау болатын дәлелді уәж, дәйек.* □ **Себеп бағыныңқы сөйлем** ***грамм.*** — *басыңқының алдына келіп, баяндауышы тиянақсыз формада тұрып байланысқан сөйлем.*

СЕБЕПКЕР *Бір нәрсенің болу-болмауына себепші; дәнекер болушы.*

СЕБЕПКЕРЛІК *Бір нәрсенің болу-болмауына себепкерлік.*

СЕБЕП-САЛДАР *Бір нәрсеге ұйытқы болған іс-әрекет.*

СЕБЕПСІЗ *Ешбір негізсіз, жайдан-жай, дәлелсіз.*

СЕБЕПТЕС *Бір нәрсенің іске асуына негіз, түрткі болу.*

СЕБЕПТЕСТІК *Өзара байланыстық, сабақтастық.*

СЕБЕПТІ *Себебі бар, себепке қатысты.*

СЕБЕПШІ *Бір нәрсенің болу-болмауына себепкер.*

СЕБЕПШІЛ *Себеп іздей беретін, сылтаушыл.*

СЕБЕТ *Жас шыбықтан өріп тоқыған, зат салатын бұйым.*

СЕГМЕНТ ***мат.*** 1. *Шеңбердің доғасымен және оның хордасымен шектелген бөлігі.* 2. *Дене мүшесіндегі жеке бөлік, бөлікше.*

СЕГРЕГАЦИЯ *Нәсілге қарап кемсіту, қорлау түрі.*

СЕГІЗ *Жетіден кейінгі есептік сан.* □ **Сегіз жылдық мектеп** — *сегіз жылда бітетін орталау оқу орны.* **Сегіз өрім [сегіз өрім] бұзау тіс** — *сегіз таспадан өрілген қамшы.* ◊ **Сегіз сай** — *төбесі сегіз бөлік болып тігілген баскиім (тымақ).* ◊ **Сегіз бейіш** ***діни*** — *"Күнәсіз жандардың" о дүниедегі жайы.* **Сегіз кессе, сіркедей қан шықпайды** — *безеріп қалған, қатыгез.* **Сегіз қырлы, бір сырлы** — *жан-жақты, қолынан да, тілінен де келетін.* **Сегіз саққа жүгіртті** — *мың құбылтты, сан өзгертті.*

СЕГІЗАЯҚ ***зоол.*** *Сегіз тармақты мүшесі бар теңіз жәндігі.*

СЕГІЗДІК *Карта ойынындағы жетіліктен кейінгі қағаз.*

СЕГІЗКӨЗ *Белдің төменгі тұсы мен жамбас сүйектерінің жалғасқан аралығы.*

СЕГІЗІНШІ *Жетіден кейінгі реттік сан.*

СЕЗ *Бір нәрсені іштей байқау, сезу, білу.*

СЕЗГІШ *Бір нәрсенің рет-жөнін байқай қойғыш, аңғаргыш.*

СЕЗГІШТІК *Іштей түсіне қоятын байқағыштық, білгіштік.*

СЕЗІК *Бір нәрседен күдіктенуден туған күмән, шүбә, секем.*

СЕЗІКСІЗ *Сезік алмайтындай, күдіксіз, күмәнсіз.*

СЕЗІКТЕН *Әлденеден күдік алу, қауіптену, күмәндану.*

СЕЗІКТЕНГІШ *Секем алғыш, күмәншіл.*

СЕЗІКТІ *Күмәнді, секемді, күдікті.*

СЕЗІКШІЛ *Әр нәрседен секем алғыш, күдікшіл.*

СЕЗІМ 1. *Сыртқы дүние мен құбылыстардың адамға еткен іс-әрекетін сезіну, байқау, қабылдау қабілеті.* 2. *Түрліше түсінудің әсерінен болатын түсінік, ұғым, ой, сана-сезім.* □ **Сезім мүшесі** — *сыртқы дүниені танып түсіне білудің көзі.*

СЕЗІМДІ *Сезу қабілеті мол, сезімтал.*

СЕЗІМДІЛІК *Тез аңғара қойғыштық, сезімталдық.*

СЕЗІМПАЗ *Сезе қоятын, сезімтал.*

СЕЗІМСІЗ *Ештеңені түйсіне қоймайтын ойсыз, түйсіксіз.*

СЕЗІМСІЗДЕН *Сезу қабілетінен айырылу, жансыздану.*

СЕЗІМСІЗДІК *Сезімі жоқтық, түйсіксіздік.*

СЕЗІМТАЛ *Бір нәрсені тез сезіне, байқай қоятын, байқампаз.*

СЕЗІМШІЛ *Сезімге берілгіш, әсершіл.*

СЕЗІНГІШ *Сезімтал, байқағыш, аңғарғыш.*

СЕЗІНГІШТІК *Тез түсіне қойғыштық, аңғарғыштық.*

СЕЗІНІС *Сезе, байқай қоятын қасиет.*

СЕЙДІН *Көңіл-күйі көтеріңкі, сергек.*

СЕЙСЕНБІ *Аптаның дүйсенбіден кейінгі екінші күні.*

СЕЙСЕП *Көрпе кірлемес үшін қаптап қоятын астар.*

СЕЙСМИКА *Жер сілкінісі.*

СЕЙСМИКАЛЫҚ *Жер сілкініске қатысты.*

СЕЙСМОГРАММА *Жердің жоғарғы қабатының қозғалу жиілігін көрсететін, қағазға түскен ирек-ирек белгі.*

СЕЙСМОГРАФ *Жердің жоғарғы қабатының қозғалысын жазып алатын аспап.*

СЕЙСМОГРАФИЯ *Жердің жоғары қабатының қозғалысын сейсмографпен жазу ісі.*

СЕЙСМОЛОГ *Жер сілкінісін қадағалап, зерттеу жұмыстарын жүргізетін галым.*

СЕЙСМОЛОГИЯ *Жердің жоғарғы қабатының тербеліс қозғалысын зерттейтін ғылым.*

СЕЙСМОМЕТР *Жер тербелісін зерттейтін құрал.*

СЕЙФ *Құнды заттар, құжаттар сақталатын, ашылуы өте күпия темір жәшік.*

СЕЙІЛ I *Таза ауада, таза жерде бой жазып, көңіл көтеретін серуен.* ◊ **Сейіл құрды** — *көңіл көтерді, сайрандады.*

СЕЙІЛ II 1. *Бір нәрсенің саябырлап басылуы, азаюы.* 2. *Бір нәрседен айығу, тарқау, тазару.*

СЕЙІЛДЕ *Бой жазу, серуендеу, қыдыру.*

СЕЙІЛМЕЛІ *Сейілуі тез, сейілгіш.*

СЕЙІЛШІ *Серуен құрушы, бой жазып қыдырушы.*

СЕЙІЛШІЛ *Сейілшіл, сауықшыл.*

СЕЙІС ***көне*** *Жүйрік атты жаратушы, бапкер.*

СЕКЕК *Секең-секең еткен қимыл.* ◊ **Секек қақты** — *ұшып-қонды, секеңдеді.*

СЕКЕК-СЕКЕК: секек-секек етті — *ербең-ербең етті, секеңдеді.*

СЕКЕКТЕ *Секең-секең ету, секеңдеу.*

СЕКЕЛЕК *Секең-секең еткен, орнықсыз.*

СЕКЕЛТЕ *Секелек қағу, секең-секең ету.*

СЕКЕМ *Күдік, сезік, үрей.* ◊ **Секем алды** — *сезіктенді, қауіптенді.*

СЕКЕМАЛ *Секем алғыш, үркек.*

СЕКЕМДЕН *Әлденеден секем алу, күдіктену.*

СЕКЕМДІ *Сезікті, күдікті, үрейлі.*

СЕКЕМДІК *Сезік туғызатын күмәндық, күдіктік.*

СЕКЕМДІЛІК *Күдіктілік, шүбәлылық.*

СЕКЕМСІЗ *Ешқандай күдігі жоқ, шүбәсіз.*

СЕКЕМШІЛ *Күдікшіл, қауіптенгіш.*

СЕКЕМШІЛДІК *Секем ала бергіштік, күдікшілдік.*

СЕКЕҢ *Секеңдеген, селтеңдеген үшқалақ қимыл.* ◊ **Секең етті [қақты]** — *секеңдеді, селтеңдеді, шошаңдады.*

СЕКЕҢДЕ *Секең-секең ету, секектеу, шоқаңдау.*

СЕКИ *Қозғалмай серейіп тұру, селтиіп қалу.*

СЕКПІЛ *Бетке шашырап түсетін ұсақ-ұсақ қоңыр дақ.*

СЕКПІЛДЕН *Секпіл түсу, секпіл пайда болу.*

СЕКПІЛДІ *Бетінде секпілі бар*

СЕКРЕТЕР *Арнайы жазу үлгісі.*

СЕКРЕЦИЯ ***физиол.*** *Без клеткаларынан организмге берілетін маңызды зат.*

СЕКСЕК: *Сексек ата* ***көне*** — *ешкі малының пірі деген ұғым.*

СЕКСЕН *Жетпіс тоғыздан кейінгі есептік сан.*

СЕКСЕНШОҚ ***бот.*** *Тамырдан өсетін шырмауық тәрізді шөп.*

СЕКСЕНІНШІ *Сексен санының реттік түрі.*

СЕКСЕУІЛ *Құмды жерлерде өсетін, діңі бұраң-бұраң боп келетін қылқанжапырақты қатты ағаш.*

СЕКСИ *Селтиіп оғаш көріну, состию.*

СЕКСТЕТ ***муз.*** *Алты адамдық музыкалық топ.*

СЕКТА *Бір діннің ішіндегі өзіндік ауытқушылығы бар діни топ.*

СЕКУНД *Минуттың алпыстан бір бөлігіне тең уақыт өлшемі.*

СЕКУНДОМЕР *Уақытты нөлден бір секундқа дейін дәл көрсететін құрал.*

СЕКЦИЯ 1. *Үйымның, мекеменің құрамындағы бөлік, бөлімше.* 2. *Бүтін нәрсенің бір бөлігі.*

СЕКІЛДЕН *Бір нәрсеге ұқсау, сол тәріздену.*

СЕКІЛДІ *Екінші бір нәрсеге ұқсаған, сол сықылды.*

СЕКІР *Бір жерден екінші жерге қарғу, ырғу.*

СЕКІРГІШ *Қарғығыш, ырғығыш.*

СЕКІРЕКТЕ *Қайта-қайта ыршу, шоқырақтау.*

СЕКІРМЕ *Жердегі торлана сызылған сызықтан секіріп ойнайтын балалар ойыны.*

СЕКІРМЕК *Жіпті айналдырып, секіретін қыз балалар ойыны.*

СЕКІРМЕЛІ *Ырғып өтетін, қарғымалы.*

СЕКІРТПЕ *Аузынан көбік ағып, секіріп, тыпырлап ауыратын жұқпалы ауру.*

СЕКІРТПЕЛІ *Секіріп кететін, қаргымалы.*

СЕКІРІС ***спорт*** *Биіктікке немесе ұзындыққа секіретін спорт ойынының түрі.*

СЕЛ *Қар мен мұздың еруінен, қатты нөсердің әсерінен болатын су тасқыны.* ◊ **Сел ағызды [қылды]** — *тасқындатты, молайтты.* **Сел [сел-сел] болды** — *қара терге түсті, жан тері шықты.*

СЕЛБЕ *Біреуді демеу, қолдау.*

СЕЛБЕҢДЕ *Селтек-селтек етіп ұшып-қону, ебелек қағу.*

СЕЛБЕС *Бір-біріне көмектесу, септесу.*

СЕЛБІ *Ағаштың қу бұтағы, беregі, бостаны.*

СЕЛДЕ 1. *Қатты жауу, сел боп ағу.* 2. ***Ауысп.*** *Ағыл-тегіл тасқындау, төгіле жөнелу.*

СЕЛДІР 1. *Қалың емес, сирек.* 2. *Тығыз емес, жұқа.*

СЕЛДІРЕ *Жиілігі сиреу, сұйылу, азаю.*

СЕЛДІРЕК ***бот.*** *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

СЕЛДІРЛЕУ *Сиректеу, сеп-селдір.*

СЕЛДІР-СЕЛЕУ *Сирек, қалың емес.*

СЕЛЕБЕ I *Үшы үшкір, жүзі өткір ұрыс қаруы.*

СЕЛЕБЕ II ***көне*** *Басқа түскен апат, қиын-қыстау кезең.*

СЕЛЕБЕ III *Қатты жауған жауын.*

СЕЛЕКТОР *Мекеме ішіндегі қызметкерлермен хабарласып отыратын*

электрмеханикалық байланыс құрылғысы.

СЕЛЕКЦИЯШЫ *Селекция жөніндегі маман.*

СЕЛЕКЦИЯ *Будандастыру арқылы малдың не өсімдіктің жаңа түрлерін шығару, жақсарту, сұрыптап алу әдісі.*

СЕЛЕКЦИЯЛА *Будандастыру әдісімен өсімдіктің жаңа сорттарын, мал тұқымын жақсарту, сұрыптау.*

СЕЛЕҢДЕ *Селтең-селтең ету, бос жүру.*

СЕЛЕУ *Шөл далада өсетін, бас жағы үлпілдеген селдіреуік ақ шөп.*

СЕЛЕУЛЕН 1. *Селдір тартып сұйылу.* 2. ***Ауысп.*** *Ақшыл тартып көріну, бозарып көріну.*

СЕЛИТРА *Азот қышқыл тұздарының жалпы атауы.*

СЕЛК: селк етті [ете қалды, ете түсті] – *дене дір етіп, оқыс шошынды.*

СЕЛКЕУ 1. *Жібі жақсылап тартылмай, бос қалған.* 2. *Селтиіп бөлек шыққан, оқшау, жеке, шеті.* 3. ***Ауысп.*** *Оғаш, өрескел, ерсі.*

СЕЛКЕУЛЕ *Бос қалу, тартылмау.*

СЕЛКЕУЛІК *Олпы-солпылық, бостық.*

СЕЛК-СЕЛК *Әлсін-әлсін селкілдеу.* ◊ **Селк-селк етті** – *денесі қатты селкілдеді.*

СЕЛКІЛ *Селк-селк еткен қозғалыс.* ◊ **Селкіл қақты** – *дір-дір етті, селкілдеді.*

СЕЛКІЛДЕ 1. *Селк-селк етіп қозғалу.* 2. *Қатты тоңып қалтырау, қалшылдау.* 3. ***Ауысп.*** *Селтең-селтең етіп, бос жүру, селтеңдеу.*

СЕЛКІЛДЕК *Селк-селк ететін, секілдеген.*

СЕЛҚОС *Немқұрайды, енжар, ықылассыз.*

СЕЛҚОСТАН *Енжар тарту, немқұрайды қарау.*

СЕЛҚОСТАУ *Көңілсіздеу, енжарлау, ықылассыздау.*

СЕЛҚОСТЫҚ *Енжарлық, салақтық.*

СЕЛ-СЕЛ: сел-сел болды – а) *әбден шылқып терледі;* ә) *көз жасы көл болды.*

СЕЛСОҚ *Енжар, ықылассыз, селқос.*

СЕЛСОҚТАН *Көңіл-күйі болмау, енжарлану, селқостану.*

СЕЛСОҚТАУ *Ықыласы жоқ, енжарлау, селсоқтау.*

СЕЛСОҚТЫҚ *Енжарлық, ықылассыздық салғырттық селқостық.*

СЕЛТ: селт етер – *бір нәрсеге құлақ асатын, сөз түсінетін есті.*

СЕЛТ: селт етті – *оқыс қозғалды, шошып кетті.*

СЕЛТЕК *Селтең-селтең еткен, бос селтиген.* ◊ **Селтек қақты** – *селтеңдеп бос жүрді.*

СЕЛТЕКТЕ *Қалбалақтап ұшып-қону, босқа жүгіру.*

СЕЛТЕҢ *Ұшып-қону, секектеген бос қимыл.* ◊ **Селтең етті** – *шошаң етті, секең етті.*

СЕЛТЕҢДЕ *Селтең-селтең етіп бос жүру.*

СЕЛТИ *Қозғалмай тұрып қалу, состию, қалшию.*

СЕЛІК ***жерг.*** *Суға малшыну, су болу.*

СЕМ 1. *Еті қашу, солу.* 2. *Жоқ болу, құру, өшу.*

СЕМАНТИКА ***лингв.*** *Тілдегі жеке сөздер мен сөз тіркестерінің магынасы, мәні.*

СЕМАСИОЛОГИЯ ***лингв.*** *Сөздердің магынасын зерттейтін тіл білімінің бір саласы.*

СЕМАФОР *Теміржолдың бос я бос еместігін машиниске білдіріп тұратын сигнал.*

СЕМЕСТР *Жоғары оқу орнындағы жартыжылдық оқу мерзімі.*

СЕМИНАР 1. *Жоғары оқу орындарындағы оқытушының басшылығымен студенттерді топқа бөліп өткізілетін практикалық сабақ.* 2. *Белгілі мамандық бойынша ұйымдастырылатын арнаулы оқу жүйесі.*

СЕМИНАРИСТ *Семинарияда оқушы.*

СЕМИНАРИЯ ***тар.*** *Орта білім беретін арнайы оқу орны.*

СЕМСЕР 1. *Болаттан істелген екіжүзді өткір қару.* 2. ***спорт*** *Сайыста қолданылатын ұзын, үшкір қару.*

СЕМСЕРБАЛЫҚ *Тұрқы төрт метрге жуық, алабұға тұқымдасына жататын балық түрі.*

СЕМСЕРЛЕ *Семсермен шаншу, семсер жұмсау.*

СЕМСЕРЛЕСУ ***спорт*** *Сапы (эскадрон, рапира) арқылы спорттық мақсатта сайысу.*

СЕМСЕРШӨП *Қияқөлеңдер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

СЕМСЕРШІ ***спорт*** *Семсерлесу спортына қатынасушы.*

СЕМІЗ *Денесі толық, май басқан.* ◊ **Семіз сөз** — *батыл әрі ірі айтылған сөз.*

СЕМІЗДЕУ *Қоңдылау, толықтау.*

СЕМІЗДІК 1. *Толықтық, етженділік.* 2. ***Ауысп.*** *Асып-тасушылық, дандайсушылық.*

СЕМІЗОТ *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

СЕМІЗШЕ *Жуандау, толықша.*

СЕМІК *Семіңкіреген, бүріскен, қатыңқылау.*

СЕМІР 1. *Май басу, қоңдану.* 2. ***Ауысп.*** *Дандайсып мақтану, масаттану.*

СЕМІРГІШ *Тез ет алғыш, тез толатын.*

СЕН I *Екінші жақтағы жіктеу есімдігі.* ◊ **Сенен аяғанды ит жесін** — *сіз аяған қимағаным өзіме бұйырмасын.*

СЕН II *Бір нәрсеге илану, нану.*

СЕНАТ *Кейбір елдердегі парламенттің заң шығаратын жоғарғы палатасының аты.*

СЕНАТОР *Сенат мүшесі.*

СЕНБЕСТІК *Нанбастық, иланбаушылық.*

СЕНБЕУШІЛІК *Нанбаушылық, иланбаушылық.*

СЕНБІ *Аптаның алтыншы күні.*

СЕНБІЛІК *Белгілі бір сенбі күні көпшілік боп істейтін жұмыс.*

СЕНГІСІЗ *Адам сенбейтіндей, нанғысыз.*

СЕНГІШ *Әр нәрсеге нанғыш, иланғыш.*

СЕНГІШТЕУ *Нанғыштау, иланғыштау.*

СЕНГІШТІК *Нанғыштық, иланғыштық.*

СЕНДЕЛ 1. *Текке сандалу, әуре болу.* 2. ***Ауысп.*** *Мең-зең болу, дел-сал күйге ену.*

СЕНДЕЛМЕ *Желдиірменнің жел қағып, оның жұмыс істеуіне бірден-бір күш беретін дөңгелекке орнатылған қалағы.*

СЕНДЕЛМЕЛІ *Қалақтары бар.*

СЕНЕК *Үйдегі кіреберіс бөлме, дәліз.*

СЕНСАЦИЯ *Таң қаларлық оқиға, естімеген тосын хабар.*

СЕНІМ 1. *Жеке адамдар арасындағы, не жеке адамдар мен қоғам арасындағы қатынастардың сапалық өлшемі, наным.* 2. *Күткен үміт ықылас, ниет.* □ **Сенім ақтады** — *сенімінен шықты.* ◊ **Сеніміне ие болды [сенімге кірді]** — *сенімнен шықты.*

СЕНІМДІ *Сенім артуға болатын, іске, сөзге берік.*

СЕНІМДІЛІК *Сенім артушылық, мығымдық.*

СЕНІМДІРЕК *Сенімді ақтайтын, сенімділеу.*

СЕНІМПАЗ *Сенгіш, иланымпаз.*

СЕНІМСІЗ *Тұрлаусыз, опасыз.*

СЕНІМСІЗДЕН *Күдіктену, қауіптену.*

СЕНІМСІЗДЕУ *Онша сенімді емес, күдіктілеу.*

СЕНІМСІЗДІК *Сенімнен айрылушылық, сенбеушілік.*

СЕНІМХАТ *Біреуге тиесілі ақшаны не бір затты екінші адамның алуы үшін расталған куәлік қағаз.*

СЕНІМШІЛ *Сенімге берік, сенгіш.*

СЕНІСТІК *Бір-біріне риясыз сенгендік, сенім білдіргендік.*

СЕҢ *Көлдер мен теңіз, өзендердің беттерінде қатып қалған мұздардың көктемде еріп сынған бөлшектері, мұз ағыны.* ◊ **Сең жүрді** — *қатқан мұз жа-*

рылып, ағыспен жылжыды. **Сең соққан балықтай [жайындай]** – *ес жия алмады, дел-сал болды.*

СЕҢГІР *Зәулім, биік, заңғар.*

СЕҢГІРЛЕН *Зәулімденіп биіктеу, әуелеу.*

СЕҢГІР-СЕҢГІР *Биік-биік, зәулім-зәулім.*

СЕҢДЕЙ: сеңдей соғылысты [соқтығысты] – *аласапыран болды, сапырылысты.*

СЕҢКЕ *Кебегінен арылтып еленген ақ бидай ұны.*

СЕҢСЕҢ *Марқайған қозының қырқылмаған өскелең жүн терісі.*

СЕП I *Күш, жәрдем, көмек.*

СЕП II 1. *Айдалған жерге ұрық шашу, дән себу.* 2. *Тағамның дәмін келтіру үшін әртүрлі дәмдеуіш араластырып қосу.* 3. ***Ауысп.*** *Қатты төгу, бұрқырау.*

СЕПАРАТИЗМ ***саяси*** *Бөлінушілікке, оқшаулыққа бой ұратын саяси ағым.*

СЕПАРАТИСТ *Сепараттық ағымға қосылған.*

СЕПАРАТОР *Сүттен қаймақ айыратын сүтмәшине.*

СЕПКІШ *Жерге тұқым себетін ауылшаруашылық машинасы.*

СЕПСЕҚҰЫР ***бот.*** *Алақан жапырақты, емдік қасиеті бар, құрай тәптес өсімдік.*

СЕП-СЕЛДІР *Сұп-сұйық, қадау-қадау, сирек.*

СЕП-СЕМІЗ *Денесін май басқан, жақсы семірген.*

СЕП-СЕРГЕК *Жып-жинақы, шыпшырақ.*

СЕПСИС ***мед.*** *Іріңдеткіш микробтардың қанға еніп, организмді уландыруы.*

СЕПСІ 1. *Тырп етпеу, қозғалмау, тапжылмау.* 2. *Апшу, азаю, кеміп қалу.*

СЕПТЕ 1. *Есілген жіптердің үзілген жерлерін қайта ширатып жалғау; біріктіру.* 2. ***Ауысп.*** *Байланыстыру, жалғастыру, ұластыру.*

СЕПТЕС 1. *Бір-біріне қол ұшын беру, көмектесу.* 2. ***Ауысп.*** *Ұласу, жалғасу.*

СЕПТЕСТІК *Жалғастырушылық, септеушілік; тұтастық.*

СЕПТІК *Көмек, жәрдем.*

СЕПТІК: септік жалғау ***лингв.*** – *сөздерді септеу кезіндегі жалғанатын қосымшалар.*

СЕРБЕК *Бел омыртқаның сыртқа шығатын жері.*

СЕРБИ *Ербию, селтию.*

СЕР: сер бойдақ – *үйленбеген сұр бойдақ.*

СЕРВАНТ *Әртүрлі ыдыс-аяқтар қою үшін жасалған, беті әйнекті шкаф.*

СЕРВИЗ *Асқа, шайға арналған ыдыс-аяқтардың толық жиынтығы.*

СЕРВИС *Тауарларды өткізумен және пайдаланумен байланысты қызметтер кешенін қамтамасыз ететін маркетинг атқарымы.*

СЕРГЕК 1. *Сақ ұйықтайтын, сезімтал.* 2. ***Ауысп.*** *Жеңіл, ширақ.*

СЕРГЕКТЕН *Серги түсу, ширау.*

СЕРГЕКТЕУ *Қимылы, іс-әрекеті жылдамдау, ширақтау.*

СЕРГЕКТІК *Ширақтық, сезімталдық.*

СЕРГЕЛДЕҢ *Әуре-сарсаң, әбігер.* ◊ **Сергелдеңге салды [түсті]** – *әуреге, әбігерге түсірді.*

СЕРГЕЛЕН *Ширау, сергу.*

СЕРГІ *Денесі сергек тарту, ширау, тыңаю.*

СЕРГІТКІШ *Көңіл жадырататын, ширатқыш.*

СЕРЕ *Бір сүйем ұзындыққа тең өлшем.* □ **Сере қазы** – *семіздігі бармақ пен шынашақ аралығына тең қазы.*

СЕРЕЙ 1. *Ұзынынан сұлап жату, тыраю.* 2. *Қақиып қатып қалу, сораю, состию.*

СЕРЕЙГЕН *Бойшаң келген ұзын тұра.*

СЕРЕК *Сыриған ұзын, серейген.* □ **Серек құлақ** – а) *ұзынша келген, тікше құлақ; ә) қызбөрі ойынының екінші аты.*

СЕРЕНАДА ***муз.*** *Сүйіспеншілік әні, лирикалық ән.*

СЕРЕҢ: серең етті [еткізді, серең ете қалды] – *тырақ асты, сұлап түсті.*

СЕРЕҢДЕ 1. *Сораң-сораң етіп жүру.* 2. *Ербең-ербең ету, сөлеңдеп ебедейсіз қозғалу.*

СЕРЕҢ-СЕРЕҢ: серең-серең етті – а) *сораң-сораң етті, сораңдады;* ә) *ербең-ербең етті, ербеңдеді.*

СЕРЕТЕ *тар. Үстінде үйілген қорымы бар, адам қойылған жер.*

СЕРЖАНТ *Әскерлер мен милиция қатарындағы кіші командирлік атақ.*

СЕРИЯ 1. *Бір нәрсенің ретімен келетін жалғасы.* 2. *Бір маркамен шығарылатын ұқсас бұйымдар.*

СЕРИЯЛАП *Топ-тобымен, көптеп.*

СЕРИЯЛЫҚ *Серия бойынша, сериядағы тән.*

СЕРКЕ 1. *Бес-алты жастағы тартпырылған теке.* 2. ***Ауысп.*** *Ел ағасы, беделді азамат.*

СЕРКЕЛІК 1. *Серкеге лайық қылық, мінез.* 2. ***Ауысп.*** *Жұртқа бас болушылық.*

СЕРКЕШ *Ешкінің бір мен екі жас аралығындағы тарттырылған еркегі.*

СЕРЛЕТ *Жаңбырдың, жауынның нөсерлете екпінмен жаууы.*

СЕРМЕ 1. *Құлаш керіп сілтеу, ұру.* 2. ***Ауысп.*** *Көсілте түсу, төгілту.*

СЕРМЕЛЕ *Қайта-қайта сермеу.*

СЕРНЕ *Бірнеше адам бірігіп бас қосып, мал сойып жеу салты.*

СЕРПІ 1. *Аяқ не қолды шұғыл сермеу, сілтеу.* 2. *Бір нәрсені, затты ысырып тастау, итеру, кері қайтару.* 3. ***Ауысп.*** *Жоқ қылу, аластау.*

СЕРПІЛ 1. ***ыр. етіс*** *Серпі-л.* 2. ***Ауысп.*** *Сергу, бой жазу.*

СЕРПІЛІС I. *Көтеріңкі көңіл-күй, шабыт.* ◊ **Серпіліс жасады [таныпты, тапты]** – *қарқын көрсетті, шабыттанды.*

СЕРПІЛІС II *Серпіп тастайтын, серіппелі.*

СЕРПІМДІ *Иілгіш, созылмалы, серпінді.*

СЕРПІМДІЛІК *Сыртқы күштің әсері тоқтағанда денелердің пішіні мен өлшемдерінің бастапқы қалпына оралуын көрсететін сипаттама.*

СЕРПІН 1. *Сыртқа тебетін күш.* 2. ***Ауысп.*** *Қарқын, екпін.*

СЕРПІНДЕ *Жаңа күшпен арындау, екпіндеу.*

СЕРПІНДІ *Қарқынды, үдемелі.*

СЕРПІНДІЛЕУ *Қарқындылау, екпінділеу.*

СЕРТ *Уағдалы сөз, ант.* ◊ **Серт байлады [берді, етті, қылды]** – *уәде берді, серттесті.*

СЕРТИФИКАТ *Иеленушіде белгілі бір білім мен біліктілік бар екенін куәландыратын құжат; белгілі бір фактіні растайтын құжат; тауардың сапасын, салмағын, шығу тегін және басқа қасиеттерін растайтын құжат.*

СЕРТТІ *Уәделі, анты бар.*

СЕРТШІЛ *Уәдеге берік, сертте тұрғыш.*

СЕРТШІЛДІК *Сөз бергіштік, уәдешілдік.*

СЕРУ *Өрмек тоқығанда астыңғы жіп пен үстіңгі жіпті жұптап тізу үшін қолданылатын жіңішке жұмыр ағаш.*

СЕРУЕН *Бой жазып қыдырушылық.* ◊ **Серуен жасады** – *қыдырыстады, бой жазды.*

СЕРУЕНДЕ *Бой жазып қыдырды.*

СЕРУЕНДІ *Серуен құрған, серуендеген.*

СЕРУЕНДІК *Серуенге лайық, ойын-күлкілік.*

СЕРУЕНШІ *Серуен құрушы, қыдырушы.*

СЕРУЕНШІЛ *Серуенге шыққыш, серуенге жаны құмар.*

СЕРУЛЕН *Жігерлену, күшке ену.*

СЕРІ *Сәнді киініп, салдық құратын өнерлі сал жігіт.* 2. ***Ауысп.*** *Нағыз жігіт, шынайы мырза.*

СЕРІК 1. *Сапарға бірге шығатын не бірге жұмыс істейтін тағдыры ортақ адамдар.* 2. ***Ауысп.*** *Ермек, алданыш.*

СЕРІКСІЗ *Серігі жоқ, жалғыз.*

СЕРІКТЕС *Бір-біріне серік болған, пікірлес (адам).*

СЕРІКТЕСТІК *Коммерциялық ұйымдар қызметінің негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны.*

СЕРІКТІК *Серік болушылық, серіктікке жараушылық.*

СЕРІЛЕУ *Аздаған серілігі бар.*

СЕРІЛІК *Ойын-сауыққа әуесшілдік, сауыққойлық.* ◊ **Серілік құрды** — *сән түзеп, салдық құрды.* **Серілікке салынды** — *салдыққа, сәнқойлыққа бой ұрды.*

СЕРІППЕ I *Спираль тәрізді оратылып жасалған болат темір.*

СЕРІППЕ II *Ату құралдарының оталдыратын тетігі; шүріппе.*

СЕРІППЕЛІ *Серіппесі бар, серіппе орнатылған.*

СЕС *Сұс, айбат, ызғар.* ◊ **Сес алды** — *қауіптенді, сезіктенді.* **Сес берді** — *белгі жасады.* **Сес білдірді [жасады, көрсетті, қылды]** — *айбат көрсетті, қорқытты.* **Сесі қайтты [сесін қайырды]** — *беті қайтты, сағы сынды.*

СЕСКЕН 1. *Жасқаншақтап қорқу, қаймығу.* 2. *Көңілге күдік алу, қауіптену.*

СЕСКЕНГІШ *Сескеніп қалғыш, күдік алғыш.*

СЕСКЕНУШІЛІК *Қаймығушылық, қорқушылық.*

СЕСКЕНШЕК *Жасқаншақ, қорқақ.*

СЕСКЕНШЕКТЕ *Жасқаншақтап қорқу, қаймығу.*

СЕСПЕЙ: сеспей қатты [қатырды] — *дереу жан тапсырды, бірден өліп кетті.*

СЕССИЯ 1. *Қайсыбір мекеменің, ұйымның, органның ауық-ауық қайталанып отыратын жұмыс бабындағы мәжілістері.* 2. ***пед.*** *Жоғары оқу орындарындағы студенттердің жылына екі рет қайталанып отыратын емтихан тапсыру мерзімі.*

СЕСТЕН *Түсін суыту, сұстану, қатулану.*

СЕСТІ *Түсі суық, сұсты.*

СЕСТІЛІК *Түрі суықтық, сұстылық.*

СЕТІ *Түйенің не жылқының танауына пышақ ұшымен белгі салу, жыру.*

СЕТІК *Танауы жыртылған, жырық.*

СЕТІЛ 1. *Қырқылу, сетінеу, тарқатылу.* 2. ***Ауысп.*** *Ыдырау, сейілу, сиреу.*

СЕТШЕ 1. *Ыдырап тарқатылу, сөгілу.* 2. ***Ауысп.*** *Сұйылу, сейілу, тарқау.* 3. ***Ауысп.*** *Жырылып шетке шығу, шеттеу.*

СИ ***муз.*** *Музыкалық дыбыстардың жетінші нотасы.*

СИГАРА *Темекі жапырағынан жуан етіп оралған шылым.*

СИГАРЕТА *Жұқа қағазға жіңішке етіп оралған фильтрлі не фильтрсіз темекі.*

СИГЕКТЕ 1. *Дәретке қайта-қайта отыру.* 2. ***қарап.*** *Тоқтамай ағу, саулау.*

СИГНАЛ 1. *Автомобиль, мотоциклдердің дыбыс беру тетігі.* 2. *Қимыл-әрекетті бастау үшін не хабарды екінші жаққа білдіру үшін берілетін шартты белгі.*

СИГНАЛДЫ *Сигнал орнатылған, сигналы бар.*

СИГНАЛИЗАЦИЯ, ДАБЫЛДАМА *Дүкендер мен үйлерге, мекемелерге орнатылатын дабылдама беру жүйесі.*

СИГНАЛСЫЗ 1. *Сигналы жоқ, сигнал орнатылмаған.* 2. *Ешбір белгісіз, хабарсыз.*

СИДА I 1. *Биік өскен, бұтақсыз.* 2. ***Ауысп.*** *Ұзын бойлы, арық, серейген.*

СИДА II *Әр жерден қағып қойып тал тоқитын қазықша.*

СИДАҚТА *Сидаң-сидаң ету, тайраңдау.*

СИДАЛАН *Жіңішкеру, сидию.*

СИДАЛАУ *Жіңішкерек келген, сидамдау.*

СИДАМ 1. *Сидаланып өскен, ұзын.* 2. *Жинақы, ықшам; ашаңдау.*

СИДАМДА *Ағаштың бұтақтарын шауып тегістеу.*

СИДАМДЫҚ *Сидамдық, жіңішкелік, ашаңдық.*

СИДАҢ 1. *Жапырақтары сирек, сида.* 2. ***Ауысп.*** *Жіңішкелеу, ұзындау.* ◊ **Сидаң тартты** — *жапырақтары сиреді, селдіреді.*

СИДАҢДА *Сидаң-сидаң ету, сораю.*

СИДИ *Сыриып ұзару, арықтау.*

СИҚЫР 1. *Көз байлау қабілеті бар адам, жәдігер.* 2. ***Ауысп.*** *Құпия сыр, жұмбақ.*

СИҚЫРЛА 1. *Сиқырлық жасау, көз байлау.* 2. ***Ауысп.*** *Басын айналдыру, алдап-арбау.*

СИҚЫРЛЫ 1. *Сиқыры бар, айлалы.* 2. ***Ауысп.*** *Жұмбақ сиқырлы, құпиялы.*

СИҚЫРЛЫҚ *Алдап-арбаушылық айлакерлік.*

СИҚЫРСЫ *Айла жасау, қулану.*

СИҚЫРСЫЗ *Айла-шарғысыз, қуныққыз, бүкпесіз.*

СИҚЫРСЫН *Айлакерсіну, қуланғансыну.*

СИҚЫРШЫ 1. *Сиқырлық жасаушы, көз байлаушы.* 2. ***Ауысп.*** *Айлакер, қу, сұм.*

СИҚЫРШЫЛЫҚ *Алдап-арбаушылық, көз байлаушылық.*

СИЛИКАТ ***мин.*** *Құрамында оттекті кремний бар минерал.*

СИЛИКОЗ ***мед.*** *Жерасты кенінде істейтін адамдардың ауруы.*

СИЛЛАБИКАЛЫҚ ***әдеб.*** *Тұрақты буын ырғағына негізделген (өлең ұйқасы).*

СИЛЛОГИЗМ ***филос.*** *Екі пікірден жаңа үшінші пікір алынатын тиянақты ой қорытындысы.*

СИМБИОЗ ***бот.*** *Екі организмнің селбесуі, бірігіп тіршілік етуі.*

СИМВОЛ *Белгілі бір құбылыс не ұғымның орнына балама ретінде алынған екінші бір зат не құбылыс.*

СИММЕТРИЯЛЫ *Теңдік, мөлшерлестік заңына бағынған, симметрияға құралған.*

СИМПОЗИУМ *Халықаралық көлемдегі пікір алысу, сұхбаттасу.*

СИМПТОМ ***мед.*** *Аурудың не бір құбылыстың сыртқы белгісі, нышаны.*

СИМФОНИЯ ***муз.*** *Оркестрге арналып жазылған көлемді музыкалық шығарма.* □ **Симфония оркестрі** — *музыкалық аспаптардың бірлестігінен құралған үлкен оркестр.*

СИНАНТРОП *Бұдан 400 мың жыл бұрын шығыста өмір сүрген адам тектерінің бірі.*

СИНГАРМОНИЗМ ***лингв.*** *Сөз ішіндегі не сөздер аралығындағы дауысты дыбыстардың үндесу заңы.*

СИНДРОМ *Белгілі бір ауруға жатпайтын, бірнеше ауру белгілерінің кездесуі.*

СИНЕКДОХА *Жекенің орнына көпше, жалқының орнына жалпының не осылардың керісінше айтылу ерекшелігін көрсететін стильдік белгі.*

СИНОЛОГ *Қытай тілін, әдебиетін, тарихын зерттеуші маман, шығыстанушы.*

СИНОЛОГИЯ *Шығыстану ілімінің бір саласы, қытайтану ілімі.*

СИНОНИМ *Айтылуы басқа болғанмен, мағынасы бір-біріне жуық, бірінің орнына бірі жүре алатын лексикалық топ.*

СИНОПТИК *Ауа райының өзгерістерін зерттейтін маман, метеоролог.*

СИНОПТИКАЛЫҚ *Синоптикаға негізделген, соған сүйенген.* □ **Синоптикалық карта** — *әртүрлі шартты белгілермен жасалған, белгілі бір аймақтың, елдің ауа райындағы өзгерісті білдіретін схема.* **Синоптикалық метеорология** — *жоғарғы кеңістіктердің атмосфералық ерекшеліктерін зерттеу арқылы ауа райын болжайтын метеорологияның бір саласы.*

СИНТАКСИС ***лингв.*** *Сөз тіркесі мен сөйлем құрылысын зерттейтін грамматиканың бір саласы.*

СИНТЕЗ 1. ***филос.*** *Анализге қарама-қарсы логикалық процесті білдіретін, заттарды өзара бірлікте қарайтын ұғым.* 2. ***хим.*** *Химиялық реакция жолымен әртүрлі заттардан белгілі бір химиялық қосылыс алу тәсілі.*

СИНТЕЗАТОР *Қазіргі заманғы музыкада көп қолданылатын электронды музыка аспабы.*

СИНТЕЗДЕ *Бір затты екінші бір затпен араластыру, қосу, жаңа қоспа алу.*

СИНТЕЗДІ *Синтезге түскен, бірігіп қосылған.*

СИНТЕТИКА *Химиялық жолмен алынатын талшықтардан тоқылған жасанды мата.*

СИНТЕТИКАЛЫҚ: *синтетикалық тілдер* ***лингв.*** *– сөйлем құрамындағы сөздердің өзара байланысы ішкі флексия, екпін түсу жолдарымен және жалғау жалғану арқылы болатын ішкі тілдер.*

СИНТОИЗМ *Жапон еліндегі діни сенім.*

СИНУС ***мат.*** *Тригонометриялық синус, косинус, тангенс, котангенс ұғымдарының бірі.*

СИОНИЗМ ***саяси*** *XIX г. аяғында еврейлердің буржуазияшыл, ұлтшыл шовинизмін дәріптеуден туған реакцияшыл ағым.*

СИОНИСТ *Сионизмді қолдайтын, сол жолды қуушы адам.*

СИПА *Бір нәрсені, денені қолмен сылау.* ◊ **Сипап кетті** *– жылан жалағандай қылды, дымын қалдырмады.*

СИПАҒЫШТА *Қайта-қайта сипалау.*

СИПАҚ: сипақ қақты *– не істерін білмей сипақтады, қипақтады.*

СИПАҚТА *Батылы бармау, кібіртіктеу.*

СИПАЛА 1. *Бір нәрсені әрлі-берлі сипау.* 2. ***Ауысп.*** *Қараңғыда бір нәрсені іздеп қарману.*

СИПАЛАҚТА *Қыбыжықтау; сипақтау.*

СИПАЛАН 1. ***өзд. етіс*** *Сипала-н.* 2. ***Ауысп.*** *Әдемілену, сәндену.*

СИПАҢДА *Сипаң-сипаң ету, бұлғақтау.*

СИПАТ 1. *Кейіп-кескін, келбет.* 2. *Ерекшелік белгі, қасиет.* ◊ **Сипат алды** *– дәстүрді қалыпқа түсті, белгілі бағыт алды.*

СИПАТТА *Бір нәрсені жан-жақты суреттеу, жазу, баяндау.*

СИПАТТАМА *Бір нәрсені толық, жан-жақты қамтитын ауызша не жазбаша анықтама.*

СИПАТТАС *Бір-біріне ұқсас, типтес.*

СИПАТТЫ *Сипатқа ие, сипаты бар.*

СИПАТТЫЛЫҚ *Сипат алушылық.*

СИРАҚ 1. *Адамның, хайуанның тізесі мен тобығының арасы, жіліншік.* 2. *Сойылған малдың үйітіліп пісірілген, тұяғы алынған жіліншігі.* 3. ***Ауысп.*** *Үстел, орындық т. б. нәрселердің жерге тіреітін аяқтары.* ◊ **Сирағы шыққан кедей** *– құ кедей, тақыр кедей.*

СИРАҚТЫ 1. *Сирағы бар, сирақ орнатылған.* 2. *Аяғы ұзын, сыриған.*

СИРАТ *Діни ұғым бойыншы күнәсін анықтау үшін өткізетін қиямет-қайымның қылкөпірі.*

СИРЕ 1. *Сиректену, селдіреу.* 2. *Саны кему, азаю.*

СИРЕК 1. *Жиі емес, селдір.* 2. *Ілеуде бір, аз, анда-санда.* □ **Сирек металдар** *– қымбат бағалы, техникалық маңызы зор металдар.*

СИРЕКСІ *Жиілігі кему, азаю.*

СИРЕКТЕ 1. *Сирек тарту, селдіреу.* 2. *Саны азаю, кему.*

СИРЕКТЕУ 1. *Онша жиі емес, селдірлеу.* 2. *Анда-санда, оқта-текте.*

СИРЕКТІК 1. *Арасы қашық болушылық, селдірлік. Жеміс ағаштарын әртүрлі* 2. *Өте аздық, кемдік, көп еместік.*

СИРЕТ *Арасын сиректендіру, жиілетпеу.*

СИРЕТКІШ *Жиі затты сиретуге арналған, сүйылтқыш машина.*

СИСА *Мақтадан тоқылатын, арзан бағалы, түрлі түсті, жұқа шыт мата.*

СИЫҚ *Түр-түрпат, көрік, түр-сұрық.*

СИЫҚСЫЗ *Кескін-келбет нашар, көріксіз, сұрықсыз.*

СИЫҚСЫЗДАН *Сұры қашу, көріксіздену, ажарсыздану.*

СИЫҚСЫЗДАУ *Ұсқынсыздау, көріксіздеу.*

СИЫҚСЫЗДЫҚ *Көзге қораштық, сұрықсыздық.*

СИЫҚТЫ *Көрікті, келісті.*

СИЫН 1. ***діни*** *Жаратушы құдірет бар деп табыну, бас ию. Құдайға құл-*

шылық ету. 2. ***Ауысп.*** *Қадірлеу, ардақтау, қастерлеу.*

СИЫНУШЫ 1. *Құдайға табынушы, сенуші.* 2. *Біреуге құдайдай сеніп, пір тұтушы.*

СИЫР I. 1. *Қара мал, мүйізді ірі қара; төрт түліктің бірі.* 2. *Осы түліктің ұрғашысы, аналығы.* □ **Сиырбұршақ** ***бот.*** *— жапырағы ірі, сарғылт жасыл гүлді, бұршақ тұқымдасының бір түрі.* ◊ **Сиырбұлдірген** *— ылғалды жерде өсетін бұлдіргеннің жабайы түрі.* **Сиыржоңышқа** *— бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.* **Сиыр жылы** *— "он екі мүшел" жыл жүйесінің екінші жылы.* **Сиырқарақат** *— басына жеміс шығатын тікенекті бұта; барбарис.* **Сиыр сәске** *— сиыр сауатын түс мезгілі.* **Сиырқұйымшақтанды** *— бір нәрсе үзаққа созылды, аяқсыз қалды.*

СИЫР II *Бір затты орнынан сыпырып алу, сыдыру.*

СИЫРБҰРШАҚ ***бот.*** 1. *Бұршақ тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік; фасоль.* 2. *Осы өсімдіктің бүйрек пішіндес дәні.*

СИЫРДАЙ *Дардай, ебетейсіз үлкен.* ◊ **Сиырдай мүйіздесті** *— өзара қырқысты, тұртпектесті.*

СИЫРҚҰЙРЫҚ ***бот.*** *Басы шашақты ұзын құрай.*

СИЫРСІЛЕКЕЙ ***бот.*** *Ұсақ гүлді, күңгірт қызыл түсті, раушан гүлділер тұқымдас көпжылдық өсімдік.*

СИЫРШЫ I *Сиыр бағатын кісі, бақташы.*

СИЫРШЫ II ***астр.*** *Аспанның солтүстік шарындағы шоқжұлдыз.*

СИЯ *Жазуға арналған әртүрлі бояулы сұйық зат.*

СИЯЗ ***көне*** *Съезд сөзінің бұрынғы кездегі айтылу тұлғасы.*

СИЯКӨК *Егін арасында өсетін арамшөп.*

СИЯҚ *Адамға не басқа бір затқа тән түр-тұлға, келбет, пішін.*

СИЯҚТАН *Бір нәрсеге ұқсау, сол секілдену, тәріздену.*

СИЯҚТЫ *Тәрізді, секілді.*

СИЯЛА *Сиямен былғау, сия тию.*

СИЯСАУЫТ *Сия құятын кішкене құты, дәуіт.*

СКАЛЬПЕЛЬ, ҚАНДАУЫР *Операцияда қолданатын кішкентай пышақ; құрал.*

СКАФАНДР *Ғарышта, су астында, зерттеу жұмысын жүргізу үшін лайықталып тігілген киім, костюм.*

СКЕТЧ ***әдеб.*** *Әзіл-қалжыңға құрылған кішкене пьеса.*

СКИПИДАР *Қылқанды өсімдіктердің шайырын қайнату арқылы айырылып алынған ащы иісті сұйық зат.*

СКИФ *Біздің дәуіріміздің бірнеше ғасыр бұрын Қазақ даласында, Қара теңіз бойында өмір сүрген көшпенді дала тайпасының ерекше жалпы аты.*

СКРИПКА ***муз.*** *Төрт ішекті, ысқышпен ысып ойналатын музыкалық аспап.*

СКРИПКАШЫ *Скрипкада ойнаушы.*

СЛАЙД *Негатив түріндегі фотосурет.*

СЛАЛОМ ***спорт*** *Биік таудан, әртүрлі кедергілерден өтетін шаңғы спорты.*

СЛЕСАРЬ, ТЕМІРШЕБЕР *Темірден жасалған нәрселерді жөндейтін маман.*

СЛЕТ *Белгілі бір көпшілік ұйым мүшелерінің мәжілісі.*

СЛЮДА ***мин.*** *Металлургия, химия өнеркәсібінде машина үшін қажетті, түсі сарғыш жалтыр болып келетін минерал.*

СМЕТА ***бухг.*** *Алдын ала жасалатын кіріс пен шығыс есебі.*

СНАЙПЕР *Көздеген нысанасына дәл тигізетін мерген.*

СНАЙПЕРЛІК *Мерген болушылық.*

СОБАЛАҚ I 1. *Әбден үйысқан, ширатылған (жүн).* 2. ***Ауысп.*** *Бос белбеу ынжық, былжыр (адам).*

СОБАЛАҚ II *Отқа көміп пісірілген нан.*

СОБАЛАҢ *Шұбалған ұзын.*

СОБОР *Қаладағы не монастырьдегі ең үлкен шіркеу.*

СОБЫҚ *Жүгері өсімдігінің дән байлайтын жері; сота.*

СОБЫҚТАН *Собық салу, собық баулау.*

СОБЫҚША *Кішкене собық.*

СОҒЫМ *Қыста сойылуға арналған, бағып-күтілген семіз мал.* □ **Соғымбасы** — *соғым сойған үйдің көрші-қоланды асқа шақыру салты.*

СОҒЫМДЫҚ *Соғымға союға жарайтын семіз мал.*

СОҒЫС I *Мемлекеттердің және бір-біріне қайшы таптардың арасындағы болатын қарулы күрес, ұрыс.* ◊ **Соғыс қылды [салды]** — *соғысқа шықты, соғысты.*

СОҒЫС II 1. ***орт. етіс*** *Соқ-ыс.* 2. *Ұрысу, шекісу; түйісу.*

СОҒЫСҚҰМАР *Соғыс ашуға дайын тұратын, соғысты тілейтін.*

СОҒЫСҚҰМАРЛЫҚ *Соғыс тілейтіндік, соғысты жақтаушылық.*

СОҒЫССЫЗ *Соғыс салмай, соғыс ашпай; шатақсыз.*

СОДА *Қышқылтым дәмі бар, иіссіз, ақ түсті кристалды ұнтақ; натрий карбонаты.*

СОДАН *Сол уақыттан, сол кезден деген сөздердің қысқарған түрі.*

СОДАНА *Қазақстандағы жабайы өсімдіктің бір түрі.*

СОДЫР *Сотқар, тентек, бұзақы.*

СОДЫРҒЫ ***зоол.*** *Еуразияны, Солтүстік-батыс Африканы мекендейтін, торғайтәрізділер тұқымдасына жататын әнші құстар.*

СОДЫРЛАУ *Тентектеу, бұзақылау.*

СОДЫРЛЫ *Тентектігі басым, бейбастығы мол.*

СОДЫРЛЫҚ *Тентектігі, бұзақылығы барлық.*

СОДЫР-СОЙҚАН *Бұзақы, лаң салғыш, бүлікші.*

СОЗ I ***мед.*** *Адамның жыныс мүшесінен ірің ағып ауыратын жұқпалы ауру.*

СОЗ II 1. *Бір нәрсені тарту, ұзарту.* 2. *Сөзді көбейту, жалғастыра түсу.* 3. *Бір істі уақытында бітірмеу, кешеуілдету.*

СОЗАҚ *Адырна, садақтың жағының екі басын тартып байлаған кермесі.*

СОЗАҚТА *Көпке созылу, кешеуілдеу, созалақтау.*

СОЗАЛАҢ *Созаландаған жай, сылбыр қимыл.*

СОЗАЛАҢДА *Жай қимылдау, баяу қозғалу.*

СОЗАЛАҢДЫҚ *Шұбалаңқылық, сылбырлық.*

СОЗАЛАҢҚЫ 1. *Баяу, сылбыр, маргау.* 2. *Ұзаққа созылған, кешеуілдеген.*

СОЗАЛАҢҚЫЛАУ *Сәл соза түсу, созылыңқылау, баяулау.*

СОЗАЛАҢҚЫЛЫҚ *Шұбалаңқылық, баяулық, сылбырлық.*

СОЗАН *Түйенің ауытын тігетін, ағаштан немесе темірден жасалған үлкен ине.*

СОЗБАЙ: *созбайға салды — ұзаққа созды, кешеуілдетті.*

СОЗБАЙЛА 1. *Созғылау, тартқылау.* 2. *Баяулату, соза түсу.*

СОЗБАҚ: созбаққа салды — *бір нәрсені ұзаққа созды, кешеуілдетті.*

СОЗБАҚТА *Бір нәрсені соза түсу, ұзарту.*

СОЗБАЛА 1. *Бір нәрсені созғылау, тартқылау.* 2. *Ұзаққа созыңқырау, кешеуілдетіңкіреу.*

СОЗБАЛАҚ: созбалаққа салды — *қ. созбаққа салды.*

СОЗБАЛАҚТА *Созалаңға салу, кешеуілдету.*

СОЗҒЫЛА *Қайта-қайта созу, соза түсу.*

СОЗҒЫШТА *Қайта-қайта созу, соза беру.*

СОЗУЛЫ *Созылған, керілген.*

СОЗЫЛҒЫШ *Созылуға бейім, созылымды.*

СОЗЫЛҒЫШТЫҚ *Созылатын қасиеті болушылық, созылымдылық.*

СОЗЫЛМА *Ұзаққа созылатын, көпке баратын.*

СОЗЫЛМАЛЫ 1. *Ұзаққа созылған, созылыңқы.* 2. *Жай, баяу.*

СОЗЫЛМАЛЫҚ *Созылуға бейімділік, созылғыштық.*

СОЗЫЛУЛЫ *Созылған, керілген.*

СОЗЫЛЫМДЫ *Созылуы жақсы, созылғыш.*

СОЗЫЛЫМДЫЛЫҚ *Созылуға бейімділік, созылушылық.*

СОЗЫЛЫҢҚЫ 1. *Созылған, ұзындау.* 2. *Ұзағырақ, баяу.*

СОЗЫЛЫҢҚЫЛЫҚ *Созуға, ұзартуға болатындық.*

СОЗЫМ: қолсозым — *жап-жақын жер.*

СОЗЫМДЫ 1. *Жақсы созылатын, созылғыш.* 2. *Баяу, жай, созылып айтылатын.*

СОЗЫМДЫЛЫҚ 1. *Созымды болушылық, созылғыштық.* 2. *Созылып орындалатын баяу, жай.*

СОЗЫМТАЛ 1. *Созылғыш, созылуға бейім.* 2. *Созылыңқы айтылатын, баяулау.*

СОЗЫМТАЛДЫҚ *Созымтал болушылық, созылғыштық.*

СОЗЫНДЫ *Бір нәрсенің ұзартылған жалғасы.*

СОЗЫҢҚЫ 1. *Созылған, керілген.* 2. *Жай, баяу.*

СОЗЫҢҚЫЛАУ *Сәл созыңқы, ұзыншалау.*

СОЙ I *Арғы заты, тегі.*

СОЙ II 1. *Малды бауыздау, терісін іреп сыдыру.* 2. *Қатты тіліп түсу, кесіп кету.* ◊ **Сойып қаптап қойғандай [қаптағандай]** — *айнымаған дәл өзі, аузынан түскендей.*

СОЙҒЫЛА *Жырым-жырым ету, тілгілеу.*

СОЙҒЫШ *Малды жақсы соя білетін қасапшы.*

СОЙДАҚ *Сойдиған, сойдиып тұрған.* □ **Сойдақ тіс** — *сойдиған ұзын тіс.*

СОЙДАҚТА *Айқыш-ұйқыш ету, сойдию.*

СОЙДАҚТАЙ *Арбиған ұзын.*

СОЙДАҚТАУ *Сойдиған, ірілеу, ұзындау.*

СОЙДАҢДА *Сойдию, сораю, көстеңдеу.*

СОЙДАУЫЛ *Үлкен, ірі.*

СОЙДАУЫЛДАЙ *Зіңгіттей, еңгезердей.*

СОЙДИ *Сорайып шығып тұру.*

СОЙҚАН 1. *Бүлік, лаң, ойран.* 2. *Сойқан салғыш адам.*

СОЙҚАНДА *Лаң салу, бүлік шығару.*

СОЙҚАНДЫ *Сойқаны мол, бүлік салғыш.*

СОЙҚАНДЫҚ *Лаң салушылық, бүлікшілдік.*

СОЙҚАНШЫ *Бүлік салғыш, лаңдаушы.*

СОЙҚАНШЫЛ *Сойқан салуға әуес, лаңшыл.*

СОЙҚЫ *Тұрпайы, дөрекі.*

СОЙЛЫ ***көне*** *Текті нәсілді.*

СОЙТАЛ *Төрт жасқа шығар, яғни байталдан бір жас үлкен ұрғашы дөнежін жылқы.*

СОЙТАЛДАЙ *Еңгезердей, ірі сорайған, биік.*

СОЙЫЛ *Қару ретінде ыңғайлы етіп жонып жасалған мықты, ұзын ағаш.* ◊ **Сойылсалым** — *сойыл жететіндей жақын жер.* **Сойылсоғар** — *біреудің сөзін сөйлеуші, шашбауын көтеруші.* **Сойылын соқты** — *біреудің сөзін сөйлейді, жыртысын жыртты.*

СОЙЫЛДА *Сойылмен соғу, сойылмен ұру.*

СОЙЫЛДАЙ *Еңгезердей, үлкен.*

СОЙЫЛДЫ *Сойыл ұстаған, сойылы бар.*

СОЙЫЛДЫҚ *Сойыл жасауға жарайтын, сойыл боларлық.*

СОЙЫЛШЫ *Сойыл соғуға мықты адам.*

СОЙЫМ *Сойылатын мал, сойыс.*

СОЙЫМДЫҚ *Союға лайықты, жарамды мал.*

СОЙЫМПАЗ *Мал союға епті, мал сойғыш.*

СОЙЫС *Союға жарайтын мал, сойым.* ◊ **Сойыс көбейсін** — *мал сойылып жатқанда айтылатын жақсы тілек.*

СОЙЫСТЫҚ *Союға жарайтын.*

СОҚ 1. *Періп жіберу, ұру.* 2. *Аттың сауырына қамшы басу.* 3. *Тарсыл-*

дату, қағу. 4. *Бір жерге бару, аялдау, тоқтау.* 5. *Металдан әртүрлі бұйым, құралдар жасау.* 6. *Ғимарат, үй құрылыстарын түргызу, салу.* 7. ***Ауысп.*** *Тамақты арықарақтана жеу, қомағайлана асау.* 8. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені көйіту, бөсу.* □ **Соғып алды** — *аңды ұрып ұстап алды.* **Соғып салды** — а) *сойып салды, ұрып тастады; ә) сөзбен аузын аштырмады.*

СОҚА *Жер жыртуға арналған ауыл-шаруашылық құралы.*

СОҚА: соқа басы — *ешкімі жоқ, жалғыз басы.*

СОҚАЛА *Соқамен жер жырту.*

СОҚАЛЫ *Соқа тіркелген, соқасы бар.*

СОҚА-САЙМАН *Соқасы, сайманы — барлығы.*

СОҚАШЫ *Соқа айдаушы, соқа жүргізуші.*

СОҚИ *Сопайып жалғыз қалу.*

СОҚҚАН 1. *Жынды, әумесер.* 2. *Ант атқан, оңбаған.*

СОҚҚЫ *Жаудың бетін қайтарып тойтарыс, шабуыл.* ◊ **Соққы берді** — *бетін қайтарды, тойтарыс берді.* **Соққыға жықты** — *өлімші етіп ұрды.* ◊ **Соққы жеді** — *таяқ жеді, сазайын тартты.*

СОҚҚЫЛА 1. *Қайта-қайта ұру, соғу.* 2. *Үсті-үстіне тарсылдатып қағу.* 3. *Үсті-үстіне шабуыл жасау, соққы беру.*

СОҚПА I *Қолдан соғылған үй, там, пеш.*

СОҚПА II *Аурудың оқта-текте қатты ауырып кететін кезі; ұстама.*

СОҚПАҚ *Жалғызаяқ жол, алғашқы із, сүрлеу.*

СОҚПАҚТЫ *Соқпақ салынған, соқпағы бар.*

СОҚПАҚШЫЛ *Соқпақпен жүргіш.*

СОҚПАЛЫ 1. *Анда-санда ұстап қалатын, ұстамалы (ауру).* 2. *Ұрып-соғып ойналатын аспап.*

СОҚПАН ***көне*** *Ертедегі ұрыс құралы.*

СОҚТА 1. *Сыздауықтың, шиқанның ортасындағы өзегі, өлі ет.* 2. *Иленген қатты зат.* ◊ **Соқтасы суыды** — *көңілі қалды, ренжіді.*

СОҚТАЛ *Үлкен, дәу, ірі денелі адам.*

СОҚТАЛА *Жұмбаздау, улеу, шылау.*

СОҚТАЛЫ 1. *Иленген, тығыздалған.* 2. *Үлкен кесек, ірі.* 3. *Дәу, биік.*

СОҚТАН *Төрт жасқа шығар дөнен бура.*

СОҚТАНДАЙ *Денелі, ірі, үлкен денелі.*

СОҚТАУЫЛДАЙ *Дардай, үлкен, зор.*

СОҚТЫҒЫС *Қақтығыс, шайқас.*

СОҚТЫҚ 1. *Бір нәрсеге соғылысу, қақтығысу.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуге тиісу, өз-өзінен ұрыну.*

СОҚТЫҚҚЫШ *Әр нәрсеге соқтығып жүретін, жанжалшыл.*

СОҚТЫҚПА *Әр нәрсеге тиіскіш, ұрыншақ.*

СОҚТЫҚПАЛЫ 1. *Соқтыққыш, ұрынғыш.* 2. ***Ауысп.*** *Қиын-қыстауы, кедергісі мол.*

СОҚЫР 1. *Көру мүшесінен айырылған, жанары жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Ештеңені білмейтін надан, топас.* □ **Соқыр тұман** — *ештеңе көрінбейтін қою тұман.* ◊ **Соқырға таяқ ұстатқандай** — *тайға таңба басқандай; айқын, анық.* ◊ **Соқыр сенім** — *білім-ғылымға сүйенбеген дүниетаным.* ◊ **Соқыр тиынға татымайды [тұрмайды]** — *түкке тұрмады, татымсыз.*

СОҚЫРАЙ *Соқырлану, көзді тер басу.*

СОҚЫРЛАУ *Көзі нашар көретін.*

СОҚЫРЛЫҚ 1. *Көре алмаушылық, соқыр болушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Надандық, топастық.*

СОҚЫРЖЫЛАН *Өзі аттас туысқа жататын ұсақ жылан. Қазақстанда Маңғыстаудың тасты шатқалдарында ғана кездеседі.*

СОҚЫРТЕКЕ *Көзі байланған адамның өзін қоршаған адамдарды қолмен қармалап ұстауға тырысатын ойын түрі.*

СОҚЫРТҮЙЕ *Түйе санының бір жүзге толғанын аңғартатын сөз.* □ **Бір соқыр** — *жүз түйе;* **екі соқыр** — *екі жүз түйе,* **үш соқыр** — *үш жүз түйе.*

СОҚЫРТЫШҚАН *Жүні сары, әрі өте жұмсақ кішкентай тышқан.*

СОҚЫРІШЕК 1. *Адамның оң жақ бүйірінде ашішектің тоқішекке келіп жалғасқан жеріндегі өсінді.* 2. *Соқырішек ауруының асқынған түрі; аппендицит.*

СОЛ I *Оңға қарама-қарсы жақ.*

СОЛ II *Анау, осы мағынасында жұмсалатын сілтеу есімдігі.*

СОЛ III 1. *Құрау, сему.* 2. *Қиыншылықтан, аурудан әбден жүдеп, бозарып қалу.*

СОЛАЙ 1. *Бір бағытқа қарай, сол жаққа қарай.* 2. *Осылай, сондай.*

СОЛАҚ *Қойдың құлағының артын ой кесіп салатын ен.*

СОЛАҚАЙ 1. *Оң қолынан сол қолы бұрын қимылдайтын, сол қолы икемді.* 2. *Асыра сілтеуші, ұрда-жық (адам).*

СОЛАҚАЙЛАН *Қисық кету, бұра тарту.*

СОЛАҚАЙЛАУ *Кертартпайлау, солшылдау, бірбеткейлеу.*

СОЛАҚАЙЛЫҚ *Асырасілтеушілік, теріс бақайлық.*

СОЛАҢ: солаң етті — *сөлекет шапшаң қозғалды, шұбалаң етті, аяқ астынан шыға келді.*

СОЛБАҢ *Солбаң-солбаң ету, солбыраю.*

СОЛБАҢДА 1. *Солаң-солаң ету, солпеңдеу.* 2. *Солбыраю.*

СОЛБЫР *Босаң, ынжық, былжыр.*

СОЛБЫРА 1. *Ұзынды-қысқалы болу, жинақы болмау.* 2. ***Ауысп.*** *Еңсесі түсу, сүмірею.*

СОЛБЫРАЙ 1. *Ұзынды-қысқалы болу, шұбатылу.* 2. ***Ауысп.*** *Үнжырғасы түсу, сүмірею.*

СОЛБЫРЛАУ *Бәсеңдеу, солғындау, өсалдау.*

СОЛҒҰРЛЫМ *Соншалық, сондай.*

СОЛҒЫН 1. *Бәсең, баяу, сылбыр.* 2. *Анық емес, күңгірт, көмескі.* 3. ***Ауысп.*** *Өз деңгейінен төмен, әлсіз.* ◊ **Солғын тартты** — *көмескіленді, күңгірттенді.*

СОЛҒЫНДА 1. *Бәсеңдеу, баяулау, әлсіздеу.* 2. *Көмескі тарту, күңгірттену.*

СОЛҒЫНДАУ *Әлсіздеу, баяулау.*

СОЛҒЫНДЫҚ *Жүдеулілік, жұтаңдық, күңгірттік.*

СОЛҒЫР: көктей солғыр — *"Қыршыныңнан қиылғыр" мағынасындағы қарғыс.*

СОЛДАТ *Қатардағы әскери адам, сарбаз, жауынгер.*

СОЛДАТТЫҚ *Солдатқа қатысты, солдатқа тән.*

СОЛИДОЛ *Машина, трактор т.б. тетіктерін майлайтын қоймалжың қоңыр май.*

СОЛИСТ *Музыкалық шығарманы жеке орындайтын адам.*

СОЛҚ: солқ етті [еткізді] — *сыртқы күштің әсерімен бір нәрсе кенеттен қозғалды, зірк етті.*

СОЛҚ-СОЛҚ: солқ-солқ етті — а) *солқылдады, селкілдеді;* ә) *басы қатты ауырды, зырқылдады.*

СОЛҚЫЛ *Секілдеген, солқылдаған күй.*

СОЛҚЫЛДА 1. *Солқ-солқ ету, селкілдеу.* 2. *Іріңнен не басқа бір себептен адам мүшесінің қатты ауруы.* 3. *Жылау, өксу, еңіреу.* 4. ***Ауысп.*** *Тәуекелге келе алмай, босаңдық білдіру.*

СОЛҚЫЛДАҚ 1. *Солқылдаған, майысқақ, иілгіш.* 2. ***Ауысп.*** *Құбылмалы өзгермелі.*

СОЛҚЫЛДАҚТАУ 1. *Бостау, майысқақтау.* 2. *Нақтылы емес, екіұштылау.*

СОЛҚЫЛДАҚТЫҚ 1. *Майысқақтық, иілгіштік.* 2. ***Ауысп.*** *Тұрақсыздық, құбылмалық.*

СОЛМА ***вет.*** *Қара малда кездесетін ауру; пироплазмоз.*

СОЛО ***муз.*** *Көпдауысты шығарманы орындау үстінде бір аспаптың басқа аспапқа қарағанда ерекше бөлініп ойнауы.*

СОЛПАҢДА *Солпаң-солпаң ету.*

СОЛПИ 1. *Етек-жеңінің олпы-солпы болуы* 2. *Мойнына су кету, сүмірею.*

СОЛПЫ 1. *Жерге сүйретілген, шұбатылған.* 2. ***Ауысп.*** *Ойқы-шойқы, кедір-бұдыр.*

СОЛПЫЛАУ *Шұбалаңқылау, сүйретіңкілеу.*

СОЛПЫЛДА *Солп-солп ету, солпию.*

СОЛПЫЛДАТ *Емшекті солп-солп сору.*

СОЛТАҚ *Аяғын сылтып басатын; сылтық.*

СОЛТАҚТА *Сылти басу, ақсаңдау.*

СОЛТҮСТІК *Оңтүстікке қарсы жақ; терістік.*

СОЛТҮСТІК-БАТЫС *Солтүстік пен батыстың аралығындағы бағыт.*

СОЛЫҚ: солығын басты – а) *тынықты, демалды;* ә) *жылағанын, өксігін қойды.*

СОЛЫҚТА *Бүйірін соғу, ентігу.*

СОЛЫҢҚЫЛЫҚ *Әбден жүдеп солғандық, арығандық.*

СОЛЫРҚА *Қатты шаршап демігу, ентігу.*

СОЛЬФЕДЖИО ***муз.*** *Музыкалық есту қабілетін арттыру, дамыту үшін өтілетін пән. Әннің нотасын оқыту, айту, әндету ісі.*

СОЛЯРКА *Трактор мен машинаның жүруі үшін қажетті сұйық май.*

СОМ I *Жүз тиынға тең бұрынғы ақша құны.*

СОМ II *Жылқы малында кездесетін жара, ауру.*

СОМ III *Мықты, жуан, күшті.*

СОМА *Белгілі бір мөлшердегі ақша.*

СОМАДАЙ *Үлкен, дәу, еңгезердей.*

СОМАЛЫ *Ақшалы, қаражатты.*

СОМАТОЛОГИЯ ***мед.*** *Адамның дене құрылысын, оның түрлері мен ерекшеліктерін зерттейтін медицина саласы.*

СОМБАЛ *Тиеуге бейімдеп, қысқалап кескен жуан бөрене.*

СОМБРЕРО *Етегі кең жасалған қамыс қалпақ.*

СОМДА 1. *Берік те бекем етіп жасау.* 2. ***Ауысп.*** *Келісті, әдемі етіп мүсіндеу.*

СОМДАЙ *Сом мөлшеріндей.*

СОМДЫҚ *Бір сомға тән, сомға жететін.*

СОМПАЙ *Сомпиып шығып тұру, солпаю.*

СОМПАҢ: сомпаң етті – *сопаң етті, сойдиды.*

СОМПИ *Сойдию, сидию.*

СОМЫН ***тех.*** *Бұрандамаға кигізілетін әртүрлі тетік.*

СОНА *Жануарларды шағатын қосқанатты қансорғыштардың ішіндегі ірісі.* ◊ **Сона көзденді** – *тікірейді, ежірейді.* **Сона тигендей жыбырлады** – *ыршып түсті.*

СОНАҒҰРЛЫМ *Анағұрлым, едәуір, әлдеқайда.*

СОНАДА *Баяғыда, ерте кезде.*

СОНАДАЙДАН *Анадайдан, көзкөрім жерден, алыстан.*

СОНАЛА *Сонадан қорғану, қашу.*

СОНАН *Сонан бері, сол кезден бастап, қазірге дейін.* ◊ **Сонан кейін (сонан соң)** – *сол кезден кейін.*

СОНАР *Қалың қар жауып ашылғаннан кейінгі аңға шығуға қолайлы тынық күн.* ◊ **Ұзын сонар** – *ұзаққа созылған.*

СОНАРЛА *Аңды жаңа жауған қардағы ізіне түсіп аулау.*

СОНАРЛЫ *Сонарлатып аң аулауға қолайлы күндері мол.*

СОНАРШЫ *Сонарда аңға шығушы.*

СОНАТА ***муз.*** *Бірнеше бөлімнен құралған, ырғағы күрделі музыкалық шығарма.*

СОНАУ 1. *Анау деген сілтеу есімдігі.* 2. *Баяғы ерте, бағзы.*

СОНДА 1. *Сол кезде, сол уақытта.* 2. *Сол жерде, сол жақта.*

СОНДА *Сонда да.*

СОНДАҒЫ *Сол кездегі, сол мезгілдегі.*

СОНДАЙ I *Сол сияқты, сол тәрізді.*

СОНДАЙ II *Соншалықты, кереметтей, соншама.*

СОНДАЙ-АҚ *Сонымен бірге, соған қоса.*

СОНДАЙЛЫҚ *Сондай, соншалықты.*

СОНДЫҚТАН *Сол себепті, солай болғандықтан.*

СОНЕТ ***әдеб.*** *Екі төрт шумақты, екі үш шумақты – он төрт жолды өлең.*

СОНША *Соншалықты, соншама, кереметтей.*

СОНШАЛЫҚТЫ *Осыншама, сонша.*

СОНШАМА *Соншалықты, сонша.*

СОНЫ 1. *Бұрын таныс емес, жаңа.* 2. *Ешкім аяқ баспаған, тың.*

СОНЫЛА *Соны жерге жайылу.*

СОНЫЛАУ *Жаңалау, өзгешелеу.*

СОНЫЛЫҚ *Соны болушылық, жаңалық.*

СОНЫМЕН *Қысқасы, сөйтіп.* ◊ **Сонымен бірге [қатар]** – *сонымен қоса, сонымен қабат.*

СОНЫРҚА 1. *Соны қуып жайылу, сонырқалау.* 2. ***Ауысп.*** *Қызығу, таңдану, таңырқау.* 3. ***Ауысп.*** *Бөтенсіну, жатсыну, тосырқау.*

СОНЫРҚАЛА *Соны қуу, жүре жайылу.*

СОҢ *Бір нәрседен кейін.*

СОҢҒЫ *Кейінгі, ақырғы.*

СОҢЫ *Арты, ақыры, аягы.* ◊ **Соңына шырақ алып түсті** – *а) ізін бақты, аңдыды, құдалады; ә) бір нәрсеге құмартты, қызықты.*

СОҢЫНАН *Кейіннен, артынан.*

СОҢЫНША *Іле-шала, соңына.*

СОҢЫРА *Кейін, соңынан.*

СОП *Өгізді жүргізу үшін айтылатын дыбыс.*

СОПА: сопа басы – *соқа қара басы.*

СОҢАЙ 1. *Бір нәрсенің сопақ болып ұзаруы.* 2. *Қалтию, қалқию.* ◊ **Сопайғаннан сопайып [жалғыз] қалды** – *өзінен басқа ешкім қалмады.*

СОПАҚ *Дөңгелек емес, ұзынша.*

СОПАҚТАУ *Сопақшалау, ұзыншалау.*

СОПАҚША *Сопайған ұзынша келген.* □ **Сопақша ми *анат.*** – *жұлынның бастағы тікелей жалғасы.*

СОПАҚШАЛА *Сопақтау, ұзыншалау.*

СОПАҚ: сопаң етті – *кенеттен пайда болды, қылт шыға келді.*

СОПАҢДА *Сопаң-сопаң ету.*

СОПРАНО ***муз.*** *Әйелдердің ең биік даусы.*

СОП-СОЛҒЫН *Түсі тым солғын, күңгірт, көмескі.*

СОП-СОПАҚ *Өте сопақ, тым сопайған.*

СОПЫ *Дін жолына түскен құдайшыл адам, тақуа.*

СОПЫЛЫҚ *Сопы болушылық.*

СОР I *Кесір-кесапат, бақытсыздық, ауыртпалық.* ◊ **Сорға айналды** – *бақыты тайды, қырсық шалды.* **Сор айдады** – *қырсық шалды.* **Сор жеңді** – *соры қайнады.* **Соры арылмаған** – *қырсыққа белшесінен батқан.* **Соры қайнады** – *қайғыға душар болды. Соры қайнап, сорпасы төгілді* – *бақытсыздыққа ұшырап, берекесі қашты; күні қараң болды.* **Сорың құрғыр *қарғ.*** – *бақытың кесілгір (күйгір).* **Сорың құрғыр** – *қаргыс емес, жанашырлық, мүсіркеуді білдіреді.*

СОР II *Аяқ батып кететін тұзды батпақ.*

СОР III 1. *Бір нәрсені ерін арқылы ішке тарту, ему.* 2. *Бір нәрсені ауызға салып талмау, жалмау.* 3. *Шаң, түтін, газ, су т. б. заттарды арнаулы түтік арқылы тарту, сыртқа шығару.* 4. *Бір нәрсені ақжем қылу, бозарту.* 5. *Біреудің еңбегін қанау, жатып жеу.*

СОРА I *Көзден аққан жас, мұрыннан аққан су.*

СОРА II ***бот.*** *Сортаң жерге шығатын алабота тәрізді өсімдік.*

СОРАҒЫТ *Сорғалау, құйылу.*

СОРАБА *Қыздар киетін тақия тәріздес, бірақ артында салпыншағы, төңірегінде шашағы бар баскиім.*

СОРАЙ *Биіктеп ұзару, сырию, сойдию.*

СОРАҚЫ *Шектен шыққан, өрескел.*

СОРАҚЫЛАУ *Ерсілеу, өрескелдеу.*

СОРАҢ I *Топырағы сор, сортаң жер.*

СОРАҢ II *Алабота тәрізді сортаңга шығатын өсімдік.*

СОРАҢ III *Биік шың, сорайған биік құз.*

СОРАҢ: сораң етті – *ербең етті, шошаң етті.*

СОРАҢДА *Сораң-сораң ету, арбаңдау.*

СОРАҢДЫ *Сор топырақты, сортаңды.*

СОРАҢША *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

СОРАҢШӨП *Алабұта тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік. Сораңшөпті бұзаубас сораң деп те атайды.*

СОРАҢЫТ *Сор пайда болу, сор басу.*

СОРАП I 1. *Ескі жолдың сүрлеуі, сілемі.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің ізі, жобасы.*

СОРАП II 1. *Түйені суару кезінде су ішкізу үшін айтылатын сөз.* 2. ***Ауысп.*** *Ыстық нәрсені сыздықтатып сорып ішкенде шығатын дыбыс.*

СОРАПТА *Сұйықты сыздықтатып сорып ішу, ұрттау.*

СОРБОТҚА *Сарбуын, сарып ауруынан болған ісікке тартатын тұз қосып шыланған ұнның ұнтағы.*

СОРБЦИЯ *Қатты заттардың, газдар түсін немесе еріткіндегі бояулардың түсін өз бойына сіңіруі.*

СОРҒАЛА 1. *Төмен қарай агу, саулау, құйылу.* 2. ***Ауысп.*** *Төмен қарай құлдилау.*

СОРҒЫ I *Суы тартылып, құрғай бастау; дегду, кебіңкіреу.*

СОРҒЫ II ***тех.*** *Сұйықтықты, газды соратын және айдайтын құрылғы не машина.*

СОРҒЫЛА *Қайта-қайта сору, сора түсу.*

СОРҒЫШ I *Ылғалды өз бойына сіңіріп алатын құрғатқыш.*

СОРҒЫШ II ***бот.*** *Ылғалды жерде өсетін, тәтті дәмі бар шөптің бір түрі.*

СОРҒЫШТА *Бір нәрсені сора түсу, қайта-қайта сору.*

СОРҒЫШТЫҚ *Сорып алатын, сіңіретін.*

СОРЛА *Соры қайнау, азап көру.*

СОРЛАН *Сор пайда болу, түздану.*

СОРЛЫ I *Бақытсыз, мүсәпір, бейшара.*

СОРЛЫ II *Соры, тұз еріткіндісі мол.*

СОРЛЫЛЫҚ *Бағы жанбаушылық, мүсәпірлік, бейшаралық.*

СОРЛЫ-СОРТАҢ *Шаруашылыққа қолайсыз, соры мол жер.*

СОРМАҚТА *Сыздап ауырған жерге тартып байлайтын шипасы бар қайнатылған түйе жүні.*

СОРМАҢДАЙ *Қайғы-қасіретке батқан, әбден сорлы болған шерменде.*

СОРПА *Суға қайнап піскен еттің сұйық сөлі.* ◊ **Сорпаға шығары** – *беткеұстар, жақсысы, беделдісі.* **Сорпалығы бар** – *жілігі татыр мал.*

СОРПАЛА *Сорпа-су ішкізу, қалжалау.*

СОРПАЛАН *Сорпа ішу, әл жинау.*

СОРПАЛЫҚ *Сорпа боларлық, сорпа-сулық.*

СОРПА-СУ *Тамақтық маңызы шамалы, сорпа-морпа.*

СОРПА-СУЛЫҚ *Сорпа боларлық.*

СОРП-СОРП: сорп-сорп етті – *қайта-қайта сорпылдатты.*

СОРПЫЛДА *Сорп-сорп ету.*

СОРТАҚЫМ: сортақым пенде – ***жерг.*** *Өмірде көп бейнет шеккен адам.*

СОРТАҢ *Тұзы молдау жер.*

СОРТАҢДА *Сортаң тату, сортаңдау.*

СОРТАҢДЫ *Сортаңы мол, ащылау.*

СОРТАҢДЫҚ *Сортаң болушылық.*

СОРТІКЕН ***бот.*** *Шөлді жерде өсетін тікен шөп.*

СОРЫҚ *Суы тартылып құрғай бастау, дегду, соргу.*

СОРЫНДЫ *Сорылып алынған сұйықтық.*

СОСТИ *Урке қарау, үдірею, едірею.*

СОТ 1. *Азаматтық дау-таластарды тексеріп, шешім қабылдайтын, қылмысты істерді қарайтын мемлекеттік заң орны.* 2. *Дау-талаастар мен қылмысты істерді қарайтын мәжілістің ресми бастығы.*

СОТА I *Қысқалау келдек, таяқ.*

СОТА II *Жүгері собығы.* □ **Сота тілік ен** – *ұзыннан тілінген ен.*

СОТАНАҚ *Сотқар, тентек, құяңқы, бұзақы.*

СОТАНАҚТАУ *Бұзақылау, сотқарлау, қияңқылау.*

СОТАНАҚТЫҚ *Тентек болушылық, сотқарлық.*

СОТҚАР *Бұзақы мінезі бар, шектен шыққан содыр, тентек.*

СОТҚАРЛАН *Бұзақылық жасау, сотанақтық істеу, қиқарлыққа салу.*

СОТҚАРЛЫҚ *Тентек, бұзақы болушылық, сотанақтық.*

СОТТА *Сот тәртібімен қылмыскерді жазалау.*

СОТТЫ *Ісі сотқа түскен айыпты, кінәлі.*

СОФИЗМ *Мәселені шатастырып, жалған қағиданы дәлелдеу мақсатымен құралған ой қорытындысы.*

СОФИСТИКА *Жалған дәлелдерді қасақана қолдаушылық, шатастыратын сөзуарлық.*

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ ***саяси*** *Социал-демократтарды жақтаушы.*

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЗМ *Социал-демократтардың идеологиясы мен тактикасы.*

СОЦИАЛИЗМ *Өндірістік қатынастардың негізгі өндіріс құрал-жабдықтары қоғамдық меншікте болатын қоғамдық құрылыс.*

СОЦИАЛИСТ *Социалистік партияның мүшесі.*

СОЦИАЛИСТІК *Социализмнің негізінде орнығып, жүзеге асқан, социализмге тән.*

СОЯ *Әртүрлі тағам әзірленетін, бұршақ тұқымдас дақыл.*

СОЯР: сояр көбейсін — *мал сойып жатқанда айтылады.*

СОЯУ *Өсімдіктердің жапырақ пен бүрінен айырылған сида сабақтары, үшкір қалқандары.* 2. *Тікен, шөгір.* 3. ***Ауысп.*** *Ірі, ұзын, сойдақ*

СОЯУДАЙ *Ұзын, сидиған, өткір.*

СОЯУЛАН *Жапырағынан айырылу; сояу тарту.*

СӨГЕ *Еліктің ұрғашысы.*

СӨГЕРЛІК *Мал қабырғасының омыртқамен ұштасқан жері.*

СӨГЕТ *Таулы жерде, тоғай арасында өсетін аласалау ағаш.*

СӨГУСІЗ *Сөгілмей, тарқатылмай қалған.*

СӨГІН *Өзін-өзі іштей кінәлау.*

СӨГІС 1. *Қатені түзету үшін кінәлап бетке айтылатын ауыр сөз.* 2. *Белгілі бір ұйымның тәртіп бұзушыларға бұйрық арқылы беретін ескертпе жазасы.*

СӨДЕГЕЙ ***жерг.*** *Сылбыр, енжар, сүлесоқ, ерсі.*

СӨДЕГЕЙ *Сөлекет, ұшқары, күдікті, бөтен.*

СӨЗ 1. *Белгілі бір мағынаға ие, заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін тілдің негізгі бірлігі.* 2. *Бір нәрсе жайында айтылған әңгіме.* 3. *Жиналыста көпшілікке қарата айтылған пікір, мәлімдеме.* 4. *Әнге арналған өлең мәтіні.* □ **Сөз табы** — *лексикологиядағы негізгі сөздер мен көмекші сөздердің топ-топқа бөлінуі.* **Сөз төркіні** — *сөздің түпкі мағынасы, түпкі тұр-тұрпаты.* ◊ **Сөз болды** — *әңгіме етті.* **Сөзге келді** — а) *тілдесті, керілдесті;* ә) *сөз айтуға шамасы келді.* **Сөзге қалды [ілікті]** — *өсекке таңылды.* **Сөзге құлақ қойды [салды, асты]** — *айтқанды тыңдады.* **Сөзге жеңсік бермеді** — *сөзге тоқтамады, өршелене сөйледі.* **Сөзді жүндей сабады** — *көп сөйледі, бөсті.* **Сөздің қысқасы** — *тоқетері; сөздің дұрысы.* **Сөздің майын тамызды** — *сөзді әдемілеп, шебер сөйледі.* **Сөз жоқ** — *анық, даусыз.* **Сөз қонбады [дарымады]** — *ұқпады, түсінбеді.* **Сөз салды** — *арага адам салып пікірін білдірді.* **Сөз саптады** — *жүйелеп сөйледі.* **Сөз тізгінін берді** — *емін-еркін сөйлеуге ерік берді.* **Сөз ұстар** — *айтыс кезінде, айтысушы жақтың атынан сөз сөйлейтін басшы кісі.* **Сөз шығарды** — *әңгіменің шетін шығарды.* **Сөзі аяқасты болды [далаға кетті, жерде қалды, зая болды]** — *айтқанын ешкім елемеді.* **Сөзі бір жерден шықты** — *айтқандары үйлесе кетті.* **Сөзі дуалы** ***көне*** — *айтқаны келетін киелі деген мағынада айтылады.* **Сөзі мірдің оғындай** — *сөзді жеріне жеткізе айтты.* **Сөзінде тұрды** — *айтқанын орындады.* **Сөзін жерге тастамады** — *дегенін екі етпеді.* **Сөзінің жаны бар** — *айтқаны дұрыс.*

СӨЗБЕ-СӨЗ *Нақ сол қалпында, дәлме-дәл.*

СӨЗДЕС ***көне*** *Тілдесу, сөйлесу.*

СӨЗДІК *Мағынасын ашып, түсінігі берілген, басқа тілге аударылып, әліпбилік ретпен берілген сөздер жиынтығы.* □ **Сөздік қор** — *жалпы халыққа ортақ, күнделікті өмірде қолданылатын сөздер жиынтығы.* **Сөздік құрам** — *тілдің байырғы сөздерін де, шеттен кірген сөздерді де қамтитын тұтас жиынтығы.*

СӨЗЖАСАМ *Тіл білімінің жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін саласы.*

СӨЗСІЗ *Сөз жоқ, даусыз.*

СӨЗТІЗБЕ *Сөздікке берілетін сөздердің әліпбиге түскен тізімі.* **Сөздік қор** — *жалпы халыққа ортақ, күнделікті өмірде қолданылатын сөздер жиынтығы.*

СӨЗ ТІРКЕСІ *Синтаксистік қатынасты білдіру үшін екі немесе бірнеше сөздің сабақтаса байланысқан тобы.*

СӨЗУАР *Шешен, тілмар, сөзшең.*

СӨЗУАРЛАН *Шешенсу, көп сөйлеу.*

СӨЗУАРЛАУ *Көп сөйлегіштеу, тілмарсыған.*

СӨЗШЕҢ *Көп сөйлегіш, сөзуар.*

СӨЗШЕҢДЕН *Сөзді көп сөйлеп кету, тым сөзуарлану.*

СӨЗШЕҢДІК *Көп сөйлегіштік, сөзуарлық.*

СӨЙДЕ *"Солай де" деген тіркестің қысқарған түрі.*

СӨЙЛЕ *Ойды ауызша түрде сөзбен баяндау, айту.*

СӨЙЛЕМ *Аяқталған ойды білдіретін, өзара грамматикалық байланыстағы сөздер тобы.*

СӨЙЛЕМДІК *Сөйлемге тәнділік, сөйлемге қатыстық.*

СӨЙЛЕМПАЗ ***экспр.*** *Көп сөйлегіш, сөзуар.*

СӨЙЛЕМШЕ *Шағын, қысқа сөйлем.*

СӨЙЛЕНІС *Тілдің жергілікті ерекшелігі.*

СӨЙЛЕСТІР ***этн.*** *Қыз жеңгелерінің күйеу жігітті қалыңдықпен кездестіріп, сөйлестіріп алатын сыйы.*

СӨЙЛЕУІК *Көп сөйлейтін, көкмылжың.*

СӨЙТ *"Солай ет" деген тіркестің бірігіп барып, қысқарған түрі.*

СӨЙТІП *Солай етіп, сонымен.*

СӨК I *Киімнің тігісін сөгу, тігісті ыдырату.*

СӨК II *Жер-жеріне жетіп ұрысу, жазғыру.*

СӨК III *Кауызынан арылған ақтаған тары.*

СӨКЕТ *Теріс іс, ұят, сөлекет.*

СӨКЕТСІН *Ыңғайсыз көру, ұятсыну.*

СӨКЕТТЕУ *Ұяттау, ерсілеу, сөлекеттеу.*

СӨКЕТТІК *Ұяттау, ерсілік, сөлекеттік.*

СӨКТЕ *Дәнді, тарыны қауызынан айырып ақтау, тазарту.*

СӨЛ *Өсімдіктің шырыны.*

СӨЛДІ *Сөлі бар, шырынды; маңызды, шұрайлы.*

СӨЛЕҢ: сөлең етті — *құйрығын салақтатып шыға келді.*

СӨЛЕҢДЕ *Шұбалту; сөлең-сөлең ету.*

СӨЛКЕБАЙ 1. ***көне*** *Бір сомдық күміс ақша.* 2. *Күміс тиындар мен таналарды тізбектеп жасаған шашбау.*

СӨЛПЕКТЕ *Сөлпек-сөлпек ету, сөлеңдеу.*

СӨЛПИ *Сөмпию, сүмірею.*

СӨЛПІРЕЙ *Сөлпию, сүмірею.*

СӨМКЕ *Күнделікті қолға ұстайтын тұрмыс бұйымы.*

СӨМКЕЛІ *Сөмкесі бар, сөмке асынған.*

СӨМПИ *Сөлпию, сүмірею.*

СӨН 1. *Оттың, жарықтың жанып бітуі, өшу.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің таусылуы; біту, құру.*

СӨҢКЕ I ***бот.*** *Аласа боп өсетін бұта.*

СӨҢКЕ II *Қуарап қалған, кеуіп кеткен.*

СӨРЕ I *Үстіне құрт, ірімшік т. б. тағамдарды кептіруге арнап, төрт бағана үстіне жайған өре.*

СӨРЕ II 1. *Киім-кешек, ыдыс-аяқ, кітаптар қойылатын тақта.* 2. *Адам отырып-жатуға арналған сәкі.*

СӨРЕ III *Бәйгеден, жарыстан озып, бұрын келген жерді белгілейтін көмбе, мәре.*

СӨРЕЛЕ *Сөре, сәкі жасау, сәкілеп қою.*

СӨТПЕ: сөтпе тері — *түсік малдың немесе туу мерзіміне жетпей жарып алынған төлдің терісі.*

СПАРТАКИАДА *Көпшілік қауым қатынасатын спорттық мереке.*

СПЕКТАКЛЬ *Театрда көрсетілетін ойын-сауық.*

СПЕКТР *Физикалық шаманың қабылдайтын әртүрлі мәндерінің жиынтығы.* ◊ **Спектрлік талдау** — *зат шығаратын сәуле спектрі бойынша оның құрамын анықтау әдісі.*

СПЕКТОГРАФ *Спектр шамасын өлшейтін аспап.*

СПЕКТРОСКОП *Спектрлік анализ жүргізетін құрал.*

СПИДОМЕТР *Автомобиль, мотоциклдің жүрген жол қашықтығын және қозғалыс жылдамдығын білдіретін аспап.*

СПИКЕР *Парламент палатасының төрағасы.*

СПИРОМЕТР *Өкпенің көлемін өлшейтін аспап.*

СПИРТ *Қант не крахмал қосылған сұйықты ерекше айдау арқылы алынатын өте күшті ішімдік.*

СПИРТТЕ *Спиртке салып қою, спиртпен сүрту, қатыру.*

СПОРА *Жеке организмге айнала алатын қасиеті бар дара клеткалар.*

СПОРТ *Организмнің шығуына қажетті дене жаттығуы.*

СПОРТШЫ *Спорт ойынымен шұғылданушы.*

СПРИНТ ***спорт*** *Қысқа қашықтыққа жүгіретін жүгіріс.*

СПРИНТЕР *Спринтке жүгіретін спортшы.*

СТАДИОН *Көруші әуесқойлар отыратын орындары бар, спорт жарысын өткізуге лайықталған алаң.*

СТАЙЕР ***спорт*** *Ұзақ қашықтыққа жүгіруші я коньки тебуші спортшы.*

СТАН ***муз.*** *Ноталарды жазатын бес сызық, желі, арқау.*

СТАНДАРТ *Бұйымның сапасы мен қасиеті жағынан танылған, қалыптасқан үлгі.*

СТАНДАРТТА *Бір үлгіге салу, стандартқа келтіру.*

СТАНОК, БІЛДЕК *Металдан, ағаштан т. б. заттан бұйым жасайтын, өңдейтін машина.*

СТАНСА 1. *Темір жол және басқа қатынас жолдарының бойындағы жолаушылар тоқтайтын бекет.* 2. *Техникалық жабдықтаумен шұғылданатын мекеме, кәсіпорын.*

СТАТИКА *Механиканың күш әсеріндегі материялық денелердің тепе-теңдік шарттарын зерттейтін саласы.*

СТАТИСТИКА *Қоғам мен халық шаруашылығының дамуындағы сандық өзгерісті көрсететін ғылым.*

СТАТИСТИКАЛЫҚ *Статистикаға тән.*

СТАТУС, МӘРТЕБЕ *Жалпы адамға немесе белгілі бір лауазымға, органға не ұйымға тән құқықтар мен міндеттердің жиынтығы.*

СТЕНД *Әртүрлі суреткер, портреттер, графиктер ілінетін тақта.*

СТЕНОГРАММА *Біреудің сөйлеген сөзін нақ сол қалпында стенографиялық белгілермен қағаз бетіне түсіру ісі.*

СТЕНОГРАФИЯ *Сөйлеушінің айтқандарын ерекше белгілер арқылы бұлжытпай тез жазу амалы.*

СТЕНОГРАФИЯЛА *Стенографияға түсіру.*

СТЕНОКАРДИЯ ***мед.*** *Жүректің талма, демікпе ауруы.*

СТЕТОСКОП ***мед.*** *Аурудың ішкі құрылысын тыңдайтын аспап.*

СТИЛИСТИКА *Тіл ғылымының тілдік тәсілдер жүйесін зерттейтін саласы.*

СТИЛЬ 1. *Заттың негізгі белгісі мен қасиетін білдіретін ерекше көрінісі, сипаттық бейне ұқсастығы.* 2. *Белгілі бір ойды, идеяны білдіруде жалпы халыққа тән тілдік құралды пайдалану амалдарының жиынтығы.*

СТИПЕНДИАТ *Арнаулы стипендия алып тұратын студент.*

СТИПЕНДИЯ *Оқу орындарындағы студенттерге ақшалай берілетін жәрдем.*

СТОМАТОЛОГ *Тіс ауруының дәрігері.*

СТОМАТОЛОГИЯ *Медицинаның тіс ауруын зерттейтін саласы.*

СТРАТЕГ *Стратегия маманы, қолбасшы.*

СТРАТЕГИЯ *Соғысты жүргізу ғылымы, өнері.*

СТРАТОСТАТ ***астр.*** *Стратосфераға ұшуға арнаулы жабдықтармен жабдықталған аэростат.*

СТРАТОСФЕРА ***астр.*** *Атмосфераның жоғарғы қабаты.*

СТУДЕНТ *Жоғары оқу орындарында оқитын оқушы.*

СТУДИЯ 1. *Суретші мен мүсіншінің шеберханасы.* 2. *Көркемсуреттің, сәулет өнерінің, музыка мен балеттің мектебі.*

СУ 1. *Өзен, көл т. б. түзетін мөлдір сұйық зат.* 2. *Ағынды өзен.* 3. *Құргақ емес, ылғал.* □ **Су айдыны** — *судың жиналған орны, көл, бассейн.* **Су жайылма** — *өзен тасқындарынан кейін ойпаң жерде пайда болатын сулы алқап.* **Сужылан** — *суда тіршілік ететін жылан.* **Сутышқан** — *қара-қоңыр түсті кеміргіш, егеуқұйрық.* ◊ **Су жаңа** — *инежіптен жаңа шыққан зат.* **Сужұқпас** — *өтірікті судай сапыратын алаяқ.* **Сужүрек** — *қорқақ, қоянжүрек.* **Су инесі** — *сүзекіні, ауды тоқу және жамап жөндеу үшін қолданылатын ине.* **Суқараңғы** — *ештеңе көрмейтін соқыр.* **Су ми** — *ақылы жоқ, мисыз.* **Су сепкендей басылды** — *пышақ кескендей тыйылды, тез тынды.* **Су тегін** — *қымбат емес, арзан.* **Су түбіне кетті** — *қайтып келмеді, құрыды.* **Су төгілмес жорға** — *төрт аяғын тең басқан жорға.*

СУАҒАР *Жоғарғы еріннің үстіндегі ойыс.*

СУАЙРЫҚ *Жер бетін және атмосфералық жауын-шашын ағындарын екі беткейге бөлетін жер бетіндегі шартты сызық.*

СУАЙТ *Барып тұрған өтірікші.*

СУАЙТТАУ *Жалған сөйлегіштеу, өтірікшілеу.*

СУАЙТТЫҚ *Жалған сөйлегіштік.*

СУАЛ 1. *Судың буға айналып тартылуы; кебу, құргау.* 2. *Сүт шықпай қалу.* 3. ***Ауысп.*** *Жүдеу, солу, ару.*

СУАЛЫҢҚЫ *Салыңқы, жүдеңкі.*

СУАЛМА *Құргақ емес, сулы жер.*

СУАР 1. *Жан-жануарларға су беру, суғару.* 2. *Жерді, егінді, өсімдікті ылғалдандыру, су жіберу.* 3. *Қызған ыстық темірді суға батырып шыңдау, қатайту.*

СУАРҒЫШ *Суаратын аспап.*

СУАРМАЛЫ *Арнайы суғарылатын, суды қажет ететін.*

СУАРЫМ *Суару мөлшері.*

СУАТ *Өзеннің, бұлақтың мал суаратын жері.*

СУАТТА *Суаттан су ішу.*

СУАТТЫ *Суаты мол, суаты көп.*

СУБЕДЕ *Қазақстанның көптеген жерінде өсетін жабайы өсімдік.*

СУБИДАЙЫҚ *Көпжылдық және біржылдық шөптесін өсімдік.*

СУБВЕНЦИЯ *Жәрдемқаржы.*

СУБОЯУ *Суда еритін бояу; акварель.*

СУБТРОПИК *Тропиктерге жақын ыстық өлкелер.*

СУБҮЛДІРГЕН *Жерге жайылып өсетін бұтақты, жіңішке жапырақты өсімдік.*

СУБЪЕКТ 1. ***филос.*** *Сыртқы дүниеге қарама-қарсы тұрған, саналы адам.* 2. ***грамм.*** *Сөйлемнің негізгі тұрлаулы мүшесі, бастауыш.*

СУБЪЕКТИЗМ 1. ***филос.*** *Сыртқы тіршілікті, материалдық дүниені жоққа шығаратын және оны субъектінің санасында ғана өмір сүреді деп санайтын идеалистік философиялық бағыт.*

СУВЕНИР *Базарлық ретінде берілетін әдемі бұйым, зат.*

СУВЕНИРЛІК *Сувенир боларлық.*

СУДАЙ *Су тәрізді, су сияқты.* ◊ **Судай ағылды** — *үсті-үстіне келіп жатты.* ◊ **Судай ақты** — *мүдірмей сөйледі.* **Судай жаңа** — *ине-жіптен жаңа шыққан.* **Судай сапырды** — а) *қалай болса солай сөйледі;* ә) *алды-артына қарамай шашты, ретсіз жұмсады.* **Судай сіміріді** — *талан-таражға салды, ішіп-жеді.* **Судай сіңіп, тастай батты** — *жым-жылас жоқ болды, құрыды.* **Судай шайқалды** — *астаң-кестеңін шығарды.* **Судай шашты** — *қалай болса солай жұмсады.*

СУДЫР 1. *Бірдеменің сыбдыры; сылдыр.* 2. *Жылтыр сөздің иесі, тұрлаусыз, жылпос.*

СУДЫРА 1. *Сыбдырау, сылдырау.* 2. ***Ауысп.*** *Құрғақ сөзбен жылпылдау.*

СУДЫРАҚ 1. *Сусылдап тұрғыш, судырағыш.* 2. ***Ауысп.*** *Көпірме, құрғақ сөзді, бөспе.*

СУДЫРЛА 1. *Судыр-судыр ету, сусылдау.* 2. *Жылпылдап тез сөйлеу.*

СУДЫР-СУДЫР: судыр-судыр етті — *қайта-қайта судырлады.*

СУДЬЯ 1. *Қылмысқа баға беретін билік иесі, сот.* 2. *Спорт ойындарында билік айтушы, төрелік етуші.*

СУЖЕЛІКЕК *Шатыршағүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы.*

СУЖИДЕК *Сужидек тұқымдасына жататын бұта.*

СУКӨРІК *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

СУКҮЗЕН 1. *Күзен тұқымдас, жүні жылтылдаған, терісі бағалы кішкене аң.* 2. *Осы аңның қымбат бағалы терісі.*

СУҚАБАҚ *Қауашағынан ыдыс жасайтын қабақ.*

СУҚАЙ: суқай түн — *мазасыз, тыныншсыз түн.*

СУҚАЙТ: суқайт жел — *тынымсыз, мазасыз жел.*

СУҚАЛБЫР *Су құбыры арқылы су жиналатын ыдыс.*

СУҚАН: суқаны сүймейді — *жақтырмады, ұнатпады.*

СУҚАРАҚҰС *Жыртқыш ірі құс.*

СУҚАРАҢҒЫ *Көздің ішкі қысымының жоғары көтерілуінен болатын созылмалы көз ауруы.*

СУҚОЙМА *Жер бетіндегі табиғи және жасанды ойыстарға ағынсыз немесе баяу ағыспен жиналатын су көздері.*

СУҚҰЛАМА *Судың өзен арнасын көлденең кесіп өтетін тік жартасты кертпештен құлап, тік ағуы.*

СУЛА 1. *Су ішкізу, суғару.* 2. *Су тигізу, ылғалдау, дымқылдау.*

СУЛАНДЫРУ *Ылғалы жеткіліксіз егін алабына су жеткізу, оның топырақтың өнім өсетін қыртысындағы қорын көбейту шаралары, милерацияның бір түрі.*

СУЛАС *Суы бір, араласып жатқан.*

СУЛАУ *Құрғақ емес, дымқылдау.*

СУЛЫ 1. *Суы молырақ, сулырақ.* 2. *Дымқыл, ылғалды.*

СУЛЫҚ I *Қолдың суын сүртетін орамал.*

СУЛЫҚ II *Ылғал, су өткізбейтін сырткиім.*

СУЛЫҚ III *Жүгеннің сағағындағы темір ауыздық.*

СУЛЬФАТ *Күкірт қышқылының тұзы.*

СУЛЬФИДИН *Күкіртті сутегі қышқылының тұзы.*

СУМАҚАЙ *Сұранақ, жылмақай, жылпос.*

СУМАҚАЙЛАН *Сумаңдау, сұранақтану, жылпостану.*

СУННА *Мұхаммед пайғамбардың үлгі-өнегесі мен өсиетіне сай мұсылман діниндегі адам орындайтын амалдар.*

СУМАҢ: суман қақты [етті] — *жылмаң қақты, жылп-жылп етті. Ағып жетіп келеді.*

СУМАҢДА *Жылп-жылп ету жылмаң қағу, сыпсыңдау.*

СУМАҢ-СУМАҢ: сумаң-сумаң етті — *тым сумаңдады, жылпылдап кетті.*

СУОТЫ *Екпе жемшөп өсімдігі.*

СУПЕРМАРКЕТ *Күнделікті сұраным тауарларын сатып алушылар өзіне-өзі қызмет ететін ірі магазин.*

СУПЕРФОСФАТ *Негізінен фосфордан тұратын химиялық тыңайтқыш.*

СУПИЯЗ *Лалагүл тұқымдасына жататын, жуашықты көпжылдық өсімдік.*

СУРЕТ *Бір заттың қағазға не басқа бір нәрсеге түсірілген бейнесі.*

СУРЕТКЕР *Өнер саласында шығармашылық қызмет атқарушы.*

СУРЕТКЕРЛІК *Сурет, образ жасаудағы шеберлік.*

СУРЕТТЕ *Көркем образбен бейнелеу, сипаттау.*

СУРЕТТЕМЕ *Сурет көріністері арқылы баяндалған жазба дерек.*

СУРЕТТІЛІК *Бейнелілік, жан-жақты көрсете білушілік.*

СУРЕТШІ *Сурет салушы маман адам. Суретті қалпына келтіруші — көнерген, ескірген, тозған суреттерді, ескерткіш гимараттардың, үй-жайлардың төбесіндегі ою-өрнек, әшекейлерді қайта жаңартушы.*

СУРЕТШІЛ *Сурет салғыш, бейнелегіш.*

СУРЕТШІЛДІК *Сурет салуға бейімділік.*

СУСА 1. *Таңдайы кеуіп шөлдеу, қаталау.* 2. ***Ауысп.*** *Аңсау, ынтығу, құмарту.*

СУСАМЫР ***мед.*** *Қайта-қайта шөлдеп шөлі қанбайтын, суды көп ішкізетін ауру.*

СУСАР *Суда жүретін қоңыр түсті, терісі бағалы кішірек аң.*

СУСАРҒАЛДАҚ *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

СУСЕПКІШ *Гүлге, терезе алдындағы өсімдіктерге себезгілеп су құятын ыдыс.*

СУСИЫР *Африкадан тараған, терісі қалың, тықыр түкті, сүтқоректілер тобына жататын, салмағы зор, ірі денелі хайуан.*

СУСОРДЫ *Су сорып, ақжем болған.*

СУ-СУАН *Су, шалап, көже сияқты сұйық тағам.*

СУСЫ *Жылпылдап көлгіру.*

СУСЫЗ *Суы, ылғалы жоқ: құрғақ.*

СУСЫЗДЫҚ *Ылғалдың жоқтығы, құрғақтық.*

СУСЫЗ-НУСЫЗ *Бұтасыз, қу тақыр.*

СУСЫЛ *Зуылдаған жай сыбыс, суыл.* ◊ **Сусыл қақты** — *су-су етті, сусылдады.*

СУСЫЛДА *Су-су ету, сусыл қағу.*

СУСЫЛДАҚ 1. *Тез сырғи жылжитын, сусымалы.* 2. *Зыпылдақ, зуылдақ.*

СУСЫМА *Тез жылжитын, сусылдақ.*

СУСЫМАЛЫ *Жылжымалы, сырғымалы.*

СУСЫН *Шөлді қандыратын сұйық тағам.*

СУСЫНДА 1. *Шөлін қандыру, шөлін басу.* 2. *Білім алу, нәр алу, ләзаттану.*

СУСЫНДЫҚ *Сусын болуға жарарлық.*

СУСЫНХАНА *Қоғамдық тамақтану орындарының бірі.*

СУСЫҢ: сусың қақты — *сумаң-сумаң етті, сусылдады.*

СУСЫРА *Қатты шөлдеу, қаталау.*

СУТАРТАР *Су құсы.*

СУТАС *Кіршіксіз таза мөлдір минерал.*

СУТЕГІ ***хим.*** *Оттегімен қосылып, су түзетін жеңіл газ.*

СУТӨКПЕ *Тік, көлбеу және жатық қазбалар жүргізу барысында шахталар мен карьерлерден жерасты және жерүсті суларын бұру және кетіру.*

СУФ *Балгердің үшкірген кездегі шығаратын дыбысы, сөзі.*

СУФИЗМ *XII—XVI ғасырдағы мұсылман дініндегі бір ағым.*

СУФЛЕР, СЫБЫРШЫ *Театр сахнасында актер сөзін сыбырлап айтып отыратын адам.*

СУША 1. *Судай, су тәрізді.* 2. ***Ауысп.*** *Керегінше, қалауынша.* 3. ***Ауысп.*** *Тоқтамай, мүдірмей.*

СУШЫ 1. *Су тасушы.* 2. *Егістік пен шабындық жерді суаратын адам, мұрап.*

СУШЫЛ *Суға құмар, жүзгіш.*

СУШЫЛҚАРА *Жемін су астынан алатын, жүзу жарғағы жоқ құс.*

СУШЫНЫ *Ыдыс түрі; графин.*

СУШІЛІК *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

СУЫ 1. *Ыстық күйден салқын күйге келу, салқындау.* 2. *Тыныгу, демалу.* 3. ***Ауысп.*** *Көңілге кірбің келу, салқын тарту.*

СУЫҚ 1. *Салқын, жылы емес.* 2. ***Ауысп.*** *Ызғарлы, қатаң, салқын.* ◊ **Суығына тоңды, ыстығына күйді** — *бар бейнетін арқалады.* **Суық (көзбен) қарады [қарсы алды]** — *жақтырмаған рай білдірді.* **Суық қолын сұқты** — *ұрлады, қымқырды.* **Суық сөз [хабар, сыбыс]** — *алыпқашпа жағымсыз хабар.* **Суық үстады [шалды, тиді, өтті]** — *салқын тиді.*

СУЫҚТАУ 1. *Суығырақ, салқындау.* 2. *Сұсы басым, ызғарлылау.*

СУЫҚТЫҚ 1. *Салқындық, суытып кетушілік.* 2. ***Ауысп.*** *Салқындық, ызғарлылық.*

СУЫЛ *Сусылдаған дыбыс, зуыл.*

СУЫЛДА *Зуылдау, зу-зу ету.*

СУЫЛДАҚ 1. *Сырғып тұратын, суылдағыш.* 2. ***Ауысп.*** *Өтірікті қосып сыпылдатып сөйлейтін, зуылдақ.*

СУЫЛДЫР ***бот.*** *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

СУЫР I *Тиін тұқымдас кеміргіштердің ішіндегі ең ірісі.*

СУЫР II 1. *Бір затты белгілі орнынан тартып шығару, жұлу.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені шаңнан тазарту, ұшыру.*

СУЫРМА *Үстел, шкаф сияқты үй жиһазына орнатылатын тартпа жәшік.*

СУЫРМАЛЫ *Суырмасы бар, алмалы-салмалы.*

СУЫРТПАҚ *Мата қиындысынан суырып шығарып алған жіп.* ◊ **Бір суыртпақ жіп алмады** — *ештеңесіне тимеді, бір сабақ жіп алмады.*

СУЫРТПАҚТА 1. *Ептеп, біртіндеп суыру, шығару.* 2. *Үзіп алмай сыздықтатып, ақырындап шығару.*

СУЫРЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Суыр-ыл.* 2. ***Ауысп.*** *Өзгешеленіп ерекшелену, алға түсу.*

СУЫРЫПСАЛМА *Өз жанынан қолма-қол өлең шығара білетін ақын.*

СУЫС *Көңіл қалысу, араздасу, ренжісу.*

СУЫСТЫҚ *Кірбеңдік, салқындық.*

СУЫТ *Асығыс, тығыз, жедел үрдіс.*

СҰҒАНАҚ 1. *Жымысқы, ұры, тіміскі.* 2. ***Ауысп.*** *Ашқарақ, обыр, қомағай.* ◊ **Сұғанақ аңшы** — *жабайы аңды, құсты, балықты рұқсатсыз жасырын аулаушы адам; браконьер.*

СҰҒАНАҚТАН 1. *Ашқарақтану, обырлану.* 2. *Сұқтанып ұрлана қарау.*

СҰҒАНАҚТАУ *Жымысқылау, аш көзділеу.*

СҰҒАНАҚТЫҚ *Ашкөздік, қомағайлық, обырлық, жемқорлық.*

СҰҒЫН I *Бұғының еркегі.*

СҰҒЫН II *Бір нәрсеге жан салып кірісу, аянбау.*

СҰЙҚЫЛ 1. *Қою емес, сұйық.* 2. ***Ауысп.*** *Берекесіз, пәтуасыз.*

СҰЙҚЫЛДАН 1. *Қоюлығы азайып сұйылу.* 2. ***Ауысп.*** *Бәсеңсу, берекесіздену, сұйылу.*

СҰЙҚЫЛДАУ *Қою емес, сирегірек.*

СҰЙҚЫЛТ 1. *Қою емес, сирегірек, сұйығырақ.* 2. ***Ауысп.*** *Ретсіз, жөнсіз, суыт.*

СҰЙҚЫЛТЫМ *Сұйықтау, сұйығырақ.*

СҰЙЫҒЫРАҚ *Сұйықтау, сұйқылтым.*

СҰЙЫҚ 1. *Ағатын қасиеті бар, сылдыр су.* 2. *Қою емес, қалың емес, селдір.* 3. ***Ауысп.*** *Берекесіз, пәтуасыз.*

СҰЙЫҚТА *Сұйылу, сиреу, азаю.*

СҰЙЫҚТАУ 1. *Қою емес, аздап сұйық, суы молырақ.* 2. *Қалың емес, сирек, селдір.* 3. ***Ауысп.*** *Берекесіздеу, пәтуасы аздау.*

СҰЙЫҚТЫҚ *Сұйық зат, сұйытылған нәрсе.*

СҰЙЫЛ 1. *Сұйық бола бастау, сұйқылдану.* 2. *Селдіреу, сиреу.* 3. *Ыдырай бастау, тарай бастау.* 4. ***Ауысп.*** *Қожырау, берекесі кете бастау.*

СҰЙЫЛТҚЫШ *Қоюды сұйылтатын, сұйық етκіш.*

СҰҚ I 1. *Ішін-жеп қадалған көз.* 2. *Ашқарақ, қомағай адам (ит).* ◊ **Сұғын қадады** — *тесіле, қадала қарады.*

СҰҚ II 1. *Бір нәрсені пісіп алу, енгізу.* 2. *Белгілі бір нәрсенің ішіне салу, тығу.* □ **Сұқ қол (саусақ)** — *бас бармақ пен ортан қолдың аралығындағы саусақ.*

СҰҚИ *Үңіле, шұқшия қарау.*

СҰҚҚЫ *Техникалық құрал.*

СҰҚҚЫЛА 1. *Үшкір затпен бір нәрсені піспектеу, түйреу.* 2. ***Ауысп.*** *Дененің шаншып ауруы.*

СҰҚПА *Есікті не қақпаны сыртынан не ішінен бекітетін ағаш я темір.*

СҰҚПАТ *Түрепет, сүрепет, адамның сырт көрінісі, келбеті өте жаман түрмен көрінуі.*

СҰҚСИ *Дөңкиген, өңірейген.*

СҰҚСЫР 1. *Сұр түсті кішкене үйрек.* 2. *Жексұрын, сұм.*

СҰҚСЫРЛАН *Өңі қашу, сұрлану.*

СҰҚТА *Бір нәрсені сұқ саусақпен көрсету, нұсқау.*

СҰҚТАЙ: сұқтай қадалды — *көңіліне келді, қатты кейіді.*

СҰҚТАН *Тесіле қарау, көзін тігу.*

СҰЛА *Ұзыннан түсіп жату, көлбей құлау.* ◊ **Сұлап түсті** — *ұзыннан құлады.*

СҰЛАМА *Кең көсіліп жатқан жазық (жер).*

СҰЛАТПА: сұлатпа бұтақтар — *аналық ағаш пен бұтаның бұтақтарын жерге иіп, топырақпен бастырып, балашық шыбықтар өсіру әдісі.*

СҰЛБА 1. *Бір заттың алыстан бұлдырлаған бейнесі, тұлғасы.* 2. *Бір нәрсенің жалпы жобасы, нобайы.*

СҰЛБАЛАН *Сұлбасы көріну.*

СҰЛТАН 1. *Шығыс елдеріндегі жергілікті билеушілердің лауазымы.* 2. ***Ауысп.*** *Ең жақсы, ең тәуір.*

СҰЛТАНДЫҚ *Сұлтан болушылық, әкімдік.*

СҰЛУ 1. *Кескін-келбеті көрікті, ажарлы, өңді.* 2. *Сәнді, әсем.*

СҰЛУЛА 1. *Әсемдеу, сәндеу, әдемілеу.* 2. *Нақышына келтіру, көркемдеу.*

СҰЛУЛАУ *Ажарлылау, сымбаттылау.*

СҰЛУЛЫҚ 1. *Келбеттілік, өңділік, ажарлылық.* 2. *Әсемдік, әдемілік.*

СҰЛУСАРЫ ***астр.*** *Ғылымда Алдебаран деп аталатын жұлдыз, кейде үркер қызы деп те аталады.*

СҰЛУША *Әдеміше келген, әдемілеу.*

СҰЛУШАШ ***бот.*** *Бір өркенде екі түрлі пішінде болатын жапырақтары бар, суда өсетін өсімдік.*

СҰЛУЫРАҚ *Келбеттірек, әдемірек.*

СҰЛЫ *Малға азық ретінде өсіріletін екпе дақыл.*

СҰЛЫБАС *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанның барлық аймақтарында кездеседі.*

СҰЛЫҚ: сұлық түсіп жатты — *халі нашарлап, қимылсыз жатты.*

СҰЛЫП ***көне*** *Ұрық, тұқым, жаратылыс, тек.*

СҰМ 1. *Залым, қу.* 2. *Қанішер, жауыз.* □ **Сұм дүние (жалған)** — *опасыз, баянсыз өмір.* **Сұм тағдыр** — *қатал, аямас тағдыр.*

СҰМДАН *Залымдық ойлап, қуақылану.*

СҰМДЫҚ 1. *Қараниеттілік, арамзалық, сұмырайлық.* 2. *Жаман, жайсыз іс, хабар.* 3. *Керемет, өте, аса.*

СҰМДЫҚ-АЙ ***эмоц.*** *Сөкет қылық, ұят, масқара.*

СҰМҚАЙ *Қу, алаяқ, оңбаған.*

СҰМҚЫЛА *Түрі сары, топырағы болмайтын, шырмауық тәріздес арамшөп.*

СҰМПАЙЫ *Сұмырай, жексұрын, сүйкімсіз.*

СҰМПАЙЫЛЫҚ *Жексұрындық, сүйкімсіздік.*

СҰМ-СҰРҚИЯ *Сұмдығы, сұрқиялығы аралас.*

СҰМСЫН *Сұм болу, сұмдық ойлау.*

СҰМЫРАЙ *Жауыз, сұм, сұмпайы.*

СҰМЫРАЙЛАН *Жексұрын болып көріну, сүйкімсіздену.*

СҰМЫРАЙЛЫҚ *Жаман қылық, жексұрындық.*

СҰҢҒАҚ I *Аққудың әдемі ұзын мойыны.*

СҰҢҒАҚ II *Ұзын бойлы, биік, тік сылан.*

СҰҢҒАҚТАН *Бойшаң тарту.*

СҰҢҒАҚТАУ *Сұңғағырақ, бойшаңдау.*

СҰҢҒАҚТЫ *Ұзын, биік.*

СҰҢҒАҚТЫҚ *Бойшаңдық, ұзындық.*

СҰҢҒАҚТЫЛАУ *Бойы ұзындау, бойшаңдау.*

СҰҢҒАТ *Бейнелеу өнері.*

СҰҢҒЫ *Мылтықтың басындағы өткір найза.*

СҰҢҒЫЛА I *Сұңғыла тұқымдасына жататын бір не көпжылдық хлорофильсіз паразит өсімдік.*

СҰҢҒЫЛА II 1. *Тез сезе қоятын, керек, зерделі.* 2. ***Ауысп.*** *Қу, пәле, залым.*

СҰҢҒЫЛАЛАУ *Зейінділеу, зерделілеу, зеректеу.*

СҰҢҒЫЛАЛЫҚ *Зерделілік, зеректік.*

СҰҢҚ: сұңқ етті – *даусы жағымсыз естілді.*

СҰҢҚАР 1. *Бүркіт тұқымдас қыран құс.* 2. ***Ауысп.*** *Ержүрек, батыл, қайратты.*

СҰҢҚИ *Еңкіш тарту, имию, бүкшию.*

СҰҢҚ-СҰҢҚ: сұңқ-сұңқ етті – *суырыла сөйледі, сұңқылдады.*

СҰҢҚЫЛ *Сұңқ-сұңқ еткен жағымсыз ун, дыбыс.*

СҰҢҚЫЛДА 1. *Сұңқ-сұңқ ету, тілмарсу.* 2. *Зарлап жылау, дауыс салу.*

СҰҢҚЫЛДАҚ: сұңқылдақ аққу – *аққу құстың бір түрі.*

СҰП-СҰР *Өңі қашқан, қан жоқ, сол жоқ.*

СҰПА *Сұрықсыз, кескінсіз.*

СҰПЫ *Жұқа ақ мата, ақ дабы.*

СҰПЫДАЙ *Боп-боз, аппақ құдай.*

СҰР I *Сиық, түр, түс.* ◊ **Сұры қашты** – *өңі қашты, түсі бұзылды.*

СҰР II *Қуқылт тартқан, бозғылт.* □ **Сұр жылан** – а) *сұр түстес жылан;* ә) *қас дұшпан, сұрқия.* ◊ **Сұртеріскен** – *бағалы малазығындық өсімдік.*

СҰРА 1. *Бір нәрсені білгісі келу.* 2. *Бір затты, нәрсені беруді өтіну.* ◊ **Жөн сұрады** – *жай-күйді, хал-жағдайды білді.* **Кешірім сұрады** – *айып-кінәсін кешуді өтінді.*

СҰРАҒЫШ *Бір нәрсені сұрай бергіш, сұрампаз.*

СҰРАҒЫШТА *Қайта-қайта сұрай беру.*

СҰРАҚ *Жауап алу үшін қойылатын сұрау, сауал.*

СҰРАҚТЫ *Сұраулы пішін, келбет, түр.*

СҰРАНШАҚ *Үнемі сұрана бергіш, тілемсек.*

СҰРАНШАҚТЫҚ *Жоқтан өзгені сұрай бергіштік.*

СҰРАНШЫ *Сұрай беретін, сұраншақ адам.*

СҰРАНЫС *Қажет етушілік, керек затты талап етушілік.*

СҰРАПЫЛ 1. *Алай-дүлей, үйқы-түйқы.* 2. ***Ауысп.*** *Қиян-кескі, кескілескен.*

СҰРАПЫЛДАН *Үйқы-түйқысын шығару, астан-кестен болу.*

СҰРАПЫЛДЫ *Қиыншылық, азабы мол, қатігез.*

СҰРАУ *Жауап берілуді керек ететін сауал, сұрақ.* ◊ **Сұрау салды** – *жоғалған, хабар-ошарсыз кеткенге іздеу салды.* **Сұрауын тапты** – *тілін тапты.*

СҰРАУЛЫ *Сұралынатын, сұрауы бар.* □ **Сұраулы сөйлем** ***лингв.*** – *жауап күту мақсатымен айтылатын сөйлем.*

СҰРАУСЫЗ 1. *Сұрайтын иесі жоқ, жоқтаушысыз.* 2. *Ешкімнен сұрамайақ, рұқсатсыз.*

СҰРАУЫҚ *Жоқтан өзгені сұрайтын, сұрамшақ.*

СҰРҒЫЛДАН *Сұрғылт тарту, сұрлану, өңі бұзылу.*

СҰРҒЫЛТ 1. *Сұрлау келген, сұр.* 2. ***Ауысп.*** *Сүреңсіз, сұрқы қашқан, жүдеу.*

СҰРҒЫЛТТАН *Сұрғылт тарту, бозару.*

СҰРҒЫЛТТАУ *Сәл сұрғылт тартқан, сұрғылт келген.*

СҰРҚАЙ 1. *Сұрғылт, сұр.* 2. ***Ауысп.*** *Сүреңсіз, сұрықсыз.* 3. ***Ауысп.*** *Жабырқаңқы көңіл.* 4. ***Ауысп.*** *Беймаза, ауыр, қиын.*

СҰРҚАЙЛАН *Өңі кету, бозару.*

СҰРҚАЙЛАУ *Сұры қашқандау, сұрықсыздау.*

СҰРҚАЙЛЫҚ *Сұрықсыздық, сүреңсіздік.*

СҰРҚИЯ *Оңбаған, залым, сұмырай.*

СҰРҚИЯЛАН *Сүйкімсіз, жексұрын болу, зымияндану.*

СҰРҚИЯЛЫҚ *Екіжүзділік, оңбагандық.*

СҰРҚЫЛТАЙ 1. *Торғайдың үлкендігіндей кішкене беймаза құс.* 2. ***Ауысп.*** *Екіжүзді, опассыз, қаскүнем.*

СҰРЛАН *Түсі бұзылу, бозару.*

СҰРЛАУ *Сұр түстілеу, сұрғылттау.*

СҰРСЫЗ *Сиықсыз, келбетсіз.*

СҰРСЫЗДАН *Түрі бұзылу, ұсқыны кету.*

СҰРСЫЗДЫҚ *Ұсқыны жоқтық, сиықсыздық.*

СҰРШАҒ *Ашаңдау келген ақ сұр түс.*

СҰРЫҚ *Сыртқы түс, ұсқын.*

СҰРЫҚСЫЗ *Сұрқы нашар, сиықсыз.*

СҰРЫҚСЫЗДАН *Сұрқы кету, түсі қашу.*

СҰРЫҚСЫЗДАУ *Сұрқы нашарлау, көріксіздеу.*

СҰРЫҚСЫЗДЫҚ *Сұрқы кеткендік, сиықсыздық.*

СҰРЫП I *Белгілі бір нәрсе сапасының дәреже көрсеткіші.*

СҰРЫП II *Бөз шыттан қалыңдау, сарғыштау келген ақ мата.*

СҰРЫП III: **сұрып ет** — *сүйексіз жұмсақ ет.*

СҰРЫПТА *Таңдап, талғап алу, іріктеу.*

СҰРЫПТАУЛЫ *Іріктеулі, таңдаулы*

СҰС *Айбат, қаһар, ызғар.* ◊ **Сұс көрсетті** — *сұстанды, айбаттанды*

СҰСТАН *Сес көрсету, қатулану, ызғарлану.*

СҰСТЫ *Түсі суық, қаһарлы.*

СҰСТЫЛАУ *Зілділеу, қатулау.*

СҰСТЫЛЫҚ *Түсі суықтық, қаталдық.*

СҰСТЫРАҚ *Қаталдау, ызғарлылау.*

СҰХБАТ I *Екі немесе онан да көп адамдардың өзара жүргізген әңгімесі.*

СҰХБАТ II *Әңгіме-дүкен құрып отыратын отырыс, жиын.*

СҰХБАТ III *Тілші тарапынан алынатын әңгіме-хабар.*

СҰХБАТТАС *Жиналып әңгіме-дүкен құру, әңгімелесу, сөйлесу.*

СҰБЕ 1. *Қабырға етегіне біткен, майлы қалың ет.* 2. ***Ауысп.*** *Маңдайалды, таңдаулы.*

СҰБЕЛЕ *Ішке қабырғалай ену, жағалай ену.*

СҰБЕЛЕН 1. *Қабырғаға май біту.* 2. ***Ауысп.*** *Маңғазсу, шірену.*

СҰБЕЛІ 1. *Қоңды, семіз, майлы.* 2. ***Ауысп.*** *Ең жақсы, маңдайалды, таңдаулы.*

СҰБЕЛІК *Малдың сүбесі, сүбе түсы.*

СҰГЕН *Тұқы тұқымдасына жататын ірі де бағалы ау балығы.*

СҰДІГЕР *Дәнді дақылдар егу үшін күзде жыртылған жер.*

СҰДІН ***жерг.*** *Кейіп, ұсқын.*

СҰДІНСІЗ *Ұсқынсыз, кейіпсіз, сиықсыз.*

СҰЗ I *Мүйізімен қағу, соғу; мүйіздеу.* ◊ **Сұзе қарады** — *көзінің астымен қарады.*

СҰЗ II 1. *Сұйық затты сүзгіден өткізу.* 2. *Тормен балық ұстау.* 3. ***Ауысп.*** *Айналаны шарлап шығу, тінту, іздеу.* ◊ **Сүзіп шықты [өтті]** — *а) аралап қарап шықты, ә)көз жүгіртті, сүзе қарады.*

СҰЗБЕ *Айраннан сүзіп алатын қою тағам, қатық.*

СҰЗГІ *Сұйық заттан қоюды бөліп алатын сүзгіш.*

СҮЗГІЛЕ *Қайта-қайта сүзу, мүйіздеу.*

СҮЗЕГЕН *Мүйіздей беретін, сүзгіш, сүзетін мал.* ◊ **Сүзеген бұқаша (бұқадай) қарады** — *жақтырмай, көзінің астымен қарады.*

СҮЗЕК *Сандырақтап, қалшылдатып ауыртатын жұқпалы ауру.*

СҮЗЕКІ ***кәс.*** *Балықты сүзіп аулайтын сүзгі, тор.*

СҮЗУЛІ *Таралып қиылған, қысқартулы.*

СҮЗІНДІ *Сүзіліп алынған, тазаланған.*

СҮЗІС 1. ***орт. етіс*** *Сүз-іс.* 2. ***Ауысп.*** *Қақтығысып қалу, шекісу.*

СҮЙ 1. *Ерінді тигізіп, мейірлене өбу.* 2. *Ғашық болу, ынтығу, құмарту.* 3. *Жақсы көру, жарату.*

СҮЙГІЛІК: игілікке сүйгілік — *сыйсияпат, құрмет.*

СҮЙ ДЕ *"Солай де" сөзінің қысқартылып айтылуы.*

СҮЙЕ 1. *Құлап кетпеу үшін бір нәрсеге тіреп қою, демеу.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуді жақтау, қолдау.*

СҮЙЕК 1. *Адам мен жан-жануарлар денесінің қаңқасы.* 2. *Киіз үйдің кереге, уық т. б. ағашы, қаңқасы.* 3. ***Ауысп.*** *Өлген адамның денесі, өлік.* 4. ***Ауысп.*** *Ататек, заты.* ◊ **Сүйегі асыл** — а) *мықты, қайратты;* ә) *атақты, текті.* ◊ **Сүйегін қорлады** — *намысын аяққа басты, зәбірледі.* **Сүйек жақын (туыс)** — *сүйекшатыс, құдандалы.* **Сүйек жаңғыртты** — *қайтадан қыз алысып, қыз берісті.* **Сүйекке біткен (сіңген)** — *әдетке айналған, қалыптасқан.* **Сүйекке таңба салды** — *ұятқа қалдырды.* **Сүйекшатыс** — *құдандалы, жекжат.*

СҮЙЕК-САЯҚ *Қалған- құтқан ет, сүйек-мүйек.*

СҮЙЕКТЕ *Сүйекпен әшекейлеу, көркемдеу, безеу.*

СҮЙЕКТЕН *Сүйек пайда болу, қатаю.*

СҮЙЕКТЕС *Қыз алып, қыз беріскен, құда-құдандалы.*

СҮЙЕКТЕСТІК *Жақындық, құдандалық.*

СҮЙЕКТӨСЕК *Жақтауларына сүйектен өрнек салып әшекейленген ағаш төсек.*

СҮЙЕКТІ *Сүйегі ірі, зор.* □ **Сүйекті жеміс** — *өрік, шабдалы, алма, шие сияқты сүйекшелі жемістер.*

СҮЙЕКТІЛЕУ *Сүйегі ірі, ірілеу.*

СҮЙЕКТІЛІК *Ірілік, үлкенділік, зор тұлғалылық*

СҮЙЕКШІ *Өлікті жерлеуші.*

СҮЙЕКШІЛІК *Сүйек жону өнері.*

СҮЙЕЛ 1. *Теріге шығатын, домалақ келген кішкене қатты бөртken.* 2. ***Ауысп.*** *Аяқ-қолдың қажалып, ойылуынан болатын өлі еттенген тері.*

СҮЙЕЛДЕН *Терінің қатайып сүйелге айналуы; сүйел болу.*

СҮЙЕЛДІ *Сүйел түскен, сүйелі қалың.*

СҮЙЕЛШӨП *Ойлы-қырлы жерде өсетін шөптесін өсімдік.*

СҮЙЕМ *Бас бармақ пен сұқ саусақ аралығымен өлшенетін өлшем.*

СҮЙЕМДЕ *Сүйеммен өлшеу.*

СҮЙЕМДЕЙ *Болар-болмас, кішкентай.*

СҮЙЕМЕЛ 1. *Тірек, сүйеніш.* 2. *Көмек көрсетуші, қолдаушы, жәрдемші.*

СҮЙЕМЕЛДЕ 1. *Қолтықтау, сүйеу, демеу.* 2. *Көмек беру, жәрдем ету, қолдау.*

СҮЙЕМЕЛЕ *Сүйемелде.*

СҮЙЕНІШ 1. *Сүйенетін зат, тіреуіш.* 2. *Қолдаушы, қамқоршы.*

СҮЙКЕ 1. *Қалай болса солай сурте салу.* 2. *Жанамалап жанасып өту.* 3. *Айдақ-сайдақтатып жаза салу.*

СҮЙКЕКТЕ *Тез-тез жазу, сойдақтата түсу.*

СҮЙКІМ *Жағымды қылық, сүйкімділік.*

СҮЙКІМДЕН *Сүйкімді көріну, жақсы болу.*

СҮЙКІМДІ 1. *Тартымды, жарасымды.* 2. *Құлаққа жағымды, жайлы.*

СҮЙКІМДІЛЕУ *Ұнамдылау, тартымдылау.*

СҮЙКІМДІЛІК *Жарасымдылық, ұнамдылық, тартымдылық.*

СҮЙКІМСІЗ *Сүйкімі жоқ, жағымсыз.*

СҮЙКІМСІЗДЕН *Сүйкімі кету, ұнамсыз көріну.*

СҮЙКІМСІЗДЕУ *Сүйкімі жоқтау, ұнамсыздау.*

СҮЙКІМСІЗДІК *Сүйкімі жоқтық, ұнамсыздық.*

СҮЙМЕН 1. *Қатқан жерді, мұзды оятын ұшы бар, ауыр сом темір.* 2. *Балық аулауда қолданатын темір ұшы бар таяқ.* 3. *Құлатқан қарағайды бұтағын аршып, 3—4 метр етіп кескен соң орнынан қозғау, ырғау үшін жасалған құрал.*

СҮЙМЕНДЕ *Сүйменмен ою, шұңқырлап қазу.*

СҮЙМЕНШІ *Сүйменмен жұмыс істеуші, сүймендеуші.*

СҮЙРЕ 1. *Затты бір орнынан екінші орынға жерге тигізе тарту, дарылдату.* 2. *Біреуге қол ұшын беру, көмектесу, демеу.*

СҮЙРЕЛЕ *Біраз жерге дейін сүйрету.*

СҮЙРЕЛЕҢДЕ *Ирелеңдеу, ирең қағу.*

СҮЙРЕҢ *Жылмаң қақты, сумаңдады.*

СҮЙРЕҢДЕ *Сүйрең қағу, сумаңдау.*

СҮЙРЕҢ-СҮЙРЕҢ *Сумаң-сумаң етті, жылмың қақты.*

СҮЙРЕТКІ *Бір ұшы көлікке тіркеліп, екінші ұшы жерге сүйретіліп жүретін, жүк тасуға арналған қарапайым сүйретпе.*

СҮЙРЕТПЕ I 1. *Арба, шана т. б. жүре алмайтын қиын жерлерге көлікке жегіп шөп, отын таситын құрал, сүйреткі.* ◊ **Сүйретпеге салды** — *ұзаққа созды, жылжытпалады.*

СҮЙРЕТПЕ II **кәс.** *Аң тез қашып кетпес үшін қақпанға байланған ауыр зат.*

СҮЙРЕТПЕ III *Ірі малдың бас терісінен немесе мойын терісінен жасалған қымыз құятын ыдыс; үлкен торсық.*

СҮЙРЕТПЕЛЕП *Сүйретпеге құйып, толтырып.*

СҮЙРЕТІЛ 1. ***ыр. етіс*** *Сүйрет-іл* 2. *Ілініп салыну, әрең қозғалу.*

СҮЙРІК *Сулы жерде өсетін қамыс, борық сияқты өсімдіктердің жұмсақ, тәтті тамыры, сүйір.* □ **Сүйрік саусақ** — *жіңішке, ұзын салалы саусақ.*

СҮЙРІКТЕЙ *Жіп-жіңішке, сұлу, әдемі.*

СҮЙРІКТЕН *Тұқымның тамырлануы.*

СҮЙРІКТЕУ *Сүйірлеу, үшкірлеу.*

СҮЙСІН I *Сүйсіндер тұқымдасына жататын бір және көпжылдық шөптесін өсімдіктер.*

СҮЙСІН II *Бір нәрсеге риза болу, рахаттану, ләззаттану.*

СҮЙСІНЕРЛІК *Көңіл толарлық, рақаттанарлық, қуанарлық.*

СҮЙІК *Сүйікті, сүйкімді, жағымды.*

СҮЙІКТІ *Қымбатты, ардақты, құрметті.*

СҮЙІКТІЛІК *Сүйікті болушылық, сүйкімділік.*

СҮЙІН *Белгілі бір іске қатты риза болу, сүйсіну.*

СҮЙІНШІ *Қуанышты жеткізген адамға берілетін сый-сияпат, жоралғы.*

СҮЙІНШІЛЕ *Қуанышты хабарды әкелу, сүйінші сұрау.*

СҮЙІНІШ *Қатты қуаныш, елжіреген сезім.*

СҮЙІНІШТІ *Қуанышты, разы болғандық, сүйсінгендік,*

СҮЙІНІШТІЛІК *Ұнамдылық, сүйкімділік.*

СҮЙІП-ҚҰШ *Аймалау, елжіреу, мейірлену.*

СҮЙІР *Сүйірленіп келген үшкір.* □ **Сүйір бұрыш** ***геом.*** — *шамасы 90°-тан кем бұрыш.*

СҮЙІРЛЕ *Сүйір ету, үшкірлеу.*

СҮЙІРЛЕУ *Үшкірлеу келген, сәл сүйір.*

СҮЙІС *Сүйгендік, сүюшілік.*

СҮЙІСПЕНШІЛІК *Құштарлық, ынтықтық көңіл күй.*

СҰЛГІ *Беті-қол, ыдыс-аяқ сүртетін орамал.*

СҰЛДЕР *Адамның әбден жүдеп-жадаған, шаршаған кейпі.*

СҰЛЕ *Селқос, немқұрайды, үстірт.*

СҰЛЕЙ ***көне*** *Жыршы, суырыпсалма, жырау.*

СҮЛЕЛЕН *Үнжырығасы түсу, көңілсіздену, созалаңдау.*

СҮЛЕЛЕ *Әбден шаршау, қалжырау.*

СҮЛЕЙСАПА *Еш нәрсеге көңілі жоқ, селқос, бейжай, сүлесоқ.*

СҮЛЕСОҚ *Селқос, ықылассыз, енжар.*

СҮЛЕСОҚТАН *Селсоқтану, ықылассыздану, енжарлану.*

СҮЛЕСОҚТАУ *Селқостау, енжарлау.*

СҮЛЕСОҚТЫҚ *Самарқаулық, селқостық, енжарлық, селқостық.*

СҮЛІК ***зоол.*** 1. *Суда тіршілік ететін жұмыр денелі, қара түсті қансорғыш құрт.* 2. ***Ауысп.*** *Біреудің еңбегін қанаушы, арамтамақ.* ◊ **Сүлік салды** — *ауырған жерге сүлік жіберіп, арам қанды сорғызатын медициналық тәсіл.* **Сүлік сорғандай болды [бозарды]** — *өңі қашты, бозарды, құқыл тартты.*

СҮЛІКТЕЙ *Жіңішке, жұмыр, жылтыр.* ◊ **Сүліктей қадалды [жабысты]** — *қадалған жерінен қан алды.* **Сүліктей созылды** — *көсіле бауырын жазды.* **Сүліктей сорды** — *елді аяусыз қанады.*

СҮМБІ *Мылтықтың ұңғысын тазалайтын ұзын, жұмыр темір.*

СҮМБІ: сүмбі тал — *майысқақ, жіңішке бұтақты тал.*

СҮМБІДЕЙ *Жіп-жіңішке, түп-түзу.*

СҮМБІЛ I *Пиязшығы бар гүлді өсімдік.*

СҮМБІЛ II *Ұзын әрі жуан, мойылдай қара шаш.*

СҮМБІЛЕ I 1. *Ескіше тамыз айы.* 2. *Тамыз айында көрінетін жарық жұлдыз.*

СҮМБІЛЕ II *Мылтықтың ұңғысын сүмбімен тазарту.*

СҮМБІЛЕ III *Ғылым тілінде Сириус деп аталатын жұлдыз.*

СҮМЕ *Ақ малдың сүті, сүт тағамдары.*

СҮМЕК *Түйе аяғына түсетін құртауур.* ◊ **Сүмек болып терледі** — *қара суға түскендей терледі.*

СҮМЕКТЕ Су, *тер сорғалау, саулау.*

СҮМЕЛЕК *Жалқау, сүйкімсіз адам, құлқынның құлы.*

СҮМЕЛЕКТЕ *Сүмең қағу, тіміскілену.*

СҮМЕЛЕКТЕУ *Сүйкімсіздеу, қырсыздау, жұғымсыздау.*

СҮМЕЛЕКТІК *Сүмелек мінез, сүмелек болушылық.*

СҮМЕЛЕҢ *Тіміскіленді, түртіншектенді.*

СҮМЕЛЕҢДЕ *Жан-жағына алақтап қарап іздеу, тіміскілеу.*

СҮМЕҢ: *Сенделу, телмеңдеу, тентіреу.*

СҮМЕҢДЕ I *Сүмең-сүмең ету, телмеңдеу, тентіреу, жорту.*

СҮМЕҢДЕ II *Жан-жағына алақтап қарап іздеу, тіміскілеу.*

СҮМЕҢ-СҮМЕҢ: *Сүмең қақты, сүмеңдеді.*

СҮМЕ-СҮМЕ: *Әбден малшынды,су болды.*

СҮМЕСІН *Сүтке су қосылған сүт тағамының түрі.*

СҮМЕТІЛ 1. *Су-су болу, малшыну.* 2. *Сүйретілу, бүрісу.* 3. *Сүйретілу, шұбатылу,*

СҮМПИ *Сүмірею, бүрісу.*

СҮМІРЕЙ *Құты қашу, еңсесі түсу, солбыраю.*

СҮНДЕТ *Мұсылман діниндегілердің орындауға тиісті дәстүрлі парызы, міндетті заңы.* □ **Сүндет ат** — *сүндетке отырғызылатын баланың арнаулы жылқысы.* ◊ **Сүндетке отырғызды** — *жасы 5 пен 10 арасындағы ер балаларды сүндеттейтін діни салт.* **Сүндет той** — *сүндетке отырғызылған балаға арналған кеш, той.*

СҮНДЕТТЕ *Баланы сүндетке отырғызу.*

СҮҢГЕК *Үй төбесіндегі шатырда еріп, салбырап тұратын мұз сүңгісі.*

СҮҢГУШІ *Сүңгі білетін, сүңгу шебері.*

СҮҢГУІР 1. *Су түбінде жақсы сүңгитін.* 2. *Су өткізбейтін киім киіп, су түбінде жұмыс істейтін жұмысшы.*

СҮҢГІ I 1. ***көне*** *Темірден, болаттан қырлап жасалған ұшы үшкір пайза.* 2. ***кәс.*** *Балық аулайтын құрал.*

СҮҢГІ II *Түтіннен, ыстан, шаңтозаңнан пайда болатын сауыс.*

СҮҢГІ III *Төбедегі, шатырдағы қар еруінен сүйірленіп қатқан мұз.*

СҮҢГІ VI 1. *Су астында көрінбей жүзу.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің ішіне кіру, көрінбей кету.*

СҮҢГІ V ***мед.*** *Адамның ішкі құрылысын зерттеуге арналған түтік тәріздес жабдық, зонд.*

СҮҢГІГІШ *Жақсы сүңгі алатын, сүңгуір.*

СҮҢГІГІШТІК *Жақсы сүңгі алушылық.*

СҮҢГІЛЕ 1. *Бір нәрсені сүңгімен шанышқылау, сұққылау.* 2. ***Ауысп.*** *Сөзбен түйреу, қағыту.*

СҮҢГІЛЕН *Ағаш, шөп басындағы қардың еріп қатып қалуы, сүңгі пайда болуы.*

СҮҢГІЛІ *Сүңгісі бар, сүңгі орнатқан.*

СҮҢГІШІ *Сүңгі салғыштар.*

СҮП-СҮЙКІМДІ *Үріп ауызға салғандай, әп-әдемі.*

СҮП-СҮЙРІК *Жіп-жіңішке, ұзын.*

СҮП-СҮЙІР *Жіп-жіңішке, ұзын.*

СҮР I 1. *Ұзақ уақыт сақтау үшін, тұздалып сақталған ет.* 2. ***Ауысп.*** *Көп уақыттан бері өзгеріссіз жатқан нәрсе.* ◊ **Сүр бойдақ** – *көпке дейін үйленбей жүрген ер адам.*

СҮР II 1. *Дененің бір жерін аздап сыдырып кету, жырту.* 2. *Өткір затпен екінші нәрсенің бетін жұқалап алу, сылу.*

СҮРГЕК *Тайғанақ, тайғақ.*

СҮРГЕКТЕ *Тайғанақтау, сырғанақтау.*

СҮРГЕЛЕҢ *Сергелдең, дүрбелең.*

СҮРГІ 1. *Ағашты тегістеп өңдеу үшін қолданылатын аспап.* 2. *Теріні қырып, қыртысын жазатын ағаштан,темірден жасалған қырғы құрал.*

СҮРГІЛЕ *Сүргімен тегістеу, өңдеу.*

СҮРГІЛЕН ***ыр. етіс*** *Сүргіле-н.*

СҮРГІЛЕС ***ор. етіс*** *Сүргіле-с.*

СҮРГІЛЕТ ***өзг. етіс*** *Сүргіле-т.*

СҮРГІЛЕУШІ *Сүргілеп өңдеуші адам.*

СҮРГІН *Азабы мол, қым-қуыт сергелдең.* ◊ **Сүргінге түсті** – *қүгын көрді, ұйқы-тұйқысы шықты.*◊ **Сүргін салды** – *ойран салды.*

СҮРГІНШІ *Қүгын-сүргінге түсуші.*

СҮРГІШ *Ерітінді күйінде конверт, құлып аузын бекітіп, мөр басатын қызыл қоңыр түсті қатқыл зат.*

СҮРГІШТЕ *Сүргіш ерітіп, мөр басу.*

СҮРДЕ *Үстінен бастыра сүйреткен ауыр нәрседен кейін тапталып, киіздей боп сорғайып кеткен қалың шөп.*

СҮРЕ 1. ***діни*** *Құранның бір тарауы, бөлімі.* 2. *Бір нәрсенің нобайы, нұсқасы;* □ **Сүре айтыс** ***әдеб.*** – *екі ақынның көп мәселені қамтып, ұзақ жауаптасып айтысуы.*

СҮРЕЙ *Жынды, делқұлы.*

СҮРЕК ***бот.*** *Ағаш діңі мен бұтақтардың негізгі қатты бөлімі.*

СҮРЕКТЕН *Сүрекке айналу, қатаю.*

СҮРЕЛЕ *Егжей-тегжейлі, жүйелі әңгімелеу.*

СҮРЕЛІ *Жүйелі, салалы, мағыналы.*

СҮРЕН: сүрен жүріс – *сапырылысқан жүріс, сабылыс.* **Сүрен қосты** – *айқайға басты.* **Сүрен салды** – *а) бүлік салды, сойқан салды. ә) азан-қазан қылды.*

СҮРЕҢ I *Әбігер, сергелдең, қарбалас.*

СҮРЕҢ II *Кескін, кейіп, өң, ажар.*

СҮРЕҢ III ***жерг.*** *Соқпақ, із.*

СҮРЕҢДІ *Сергелдеңі мол, әбігерлі.*

СҮРЕҢСІЗ *Сұры қашқан, сиықсыз.*

СҮРЕҢСІЗДЕН *Сұры қашу, сиқы кету.*

СҮРЕҢСІЗДЕУ *Өңсіздеу, сиықсыздау.*

СҮРЕҢСІЗДІК *Сұрқы қашқандық, ажарсыздық.*

СҮРКІЛ *Қүгын-сүргін; аласапыран.* ◊ **Сүркілге салды** – *алды-артына қаратпай қуды.*

СҮРЛЕ 1. *Етті, балықты тұздап желге қақтыру немесе түтінге салу, ыстау.* 2. *Мал азығын тұздап, леп шығармай топырақ астына көму.*

СҮРЛЕМ *Дәнді дақылды өсімдіктерді балауса кезінде ұнтақтап дайындаған малдың құнарлы азығы.*

СҮРЛЕМДЕ *Сүлем әзірлеу, шөп сүрлеу.*

СҮРЛЕМДІК *Сүрлем жасауға арналған, сүрлем боларлық.*

СҮРЛЕУ *Көптен бері жүрмеген ескі, көмескі жол.*

СҮРЛЕУЛІ *Сүрленген, сүрлеген.*

СҮРЛЕУСІЗ *Жол түспеген, ізсіз.*

СҮРМЕ *Кірпік, қасты бояйтын, қынадан жасалған бояу.*

СҮРМЕЛЕ *Сүрме жағып бояу.*

СҮРМЕЛІ *Сүрме жағылған, сүрмемен боялған.*

СҮРТ *Бір нәрсені суынан құрғату, кірінен арылту, тазарту.*

СҮРТКІЛЕ *Суланған, кірленген нәрсені қайта-қайта сүрту.*

СҮРТКІШ *Бір нәрсенің бетін тазарту үшін пайдаланатын шүберек, қағаз.*

СҮРТКІШТЕ *Сүрткілей беру, дамыл-дамыл сүрту.*

СҮРІК *Жоғары сортты жұмсақ былғары.*

СҮРІН 1. *Аяғын шалыс басып, жығылып қала жаздау.* 2. **Ауысп.** *Жаңсақ басу, жаза басу, жаңылу, қателесу.*

СҮРІНГІШ *Жиі сүріне беретін сүріншек.*

СҮРІНШЕК I *Төс сүйектің бірінші буыны.*

СҮРІНШЕК II *Қайта-қайта сүріне беретін сүрінгіш, аяғына қан түскен ат.*

СҮРІНШЕКТЕ *Жиі сүріне беру, тайғанақтау.*

СҮРІНШЕКТІК 1. *Сүрініп жығыла берушілік.* 2. **Ауысп.** *Жаза басушылық, жаңылушылық, қателесушілік.*

СҮРІНІП-ҚАБЫНЫП *Жығылған-сүрінгенге қарамай, асып-сасып.*

СҮРІНІС 1. *Сүрініп кетушілік* 2. **Ауысп.** *Жаңсақтық, қателесушілік.*

СҮРІС *Қақтығысып қалу, таласу, ұрысу.*

СҮТ *Сүтқоректі жануарлардың емшегінен шығатын қоректік маңызы бар сұйық зат.* □ **Сүт бота** — *уызынан сүтке жарыған, әлі отықпаған жас бота.* **Сүтқоректілер** ***зоол.*** — *сүтпен қоректенетін, жоғары сатыдағы омыртқалы жануарлар.* **Сүтмәшине** — *сүттен қаймағын арылтатын мәшине.* ◊ **Сүтақы** — *күйеу баланың қыз шешесіне беретін сыйы.* **Сүт кенже** — *ең соңғы туған бала.* **Сүтке тиген күшіктей** — *жүні жығылды, сүмірейді.* **Сүтпісірім** — *сүт пісіп үлгіретіндей ғана аз уақыт.* **Сүттен ақ, судан таза** — *кінәсі жоқ, адал.*

СҮТЕЙ *Малдың желіні сүтке толу, сүт көп шығу.*

СҮТЖАПЫРАҚ ***бот.*** *Кескен кезде жапырағынан сүт сияқты сұйықтық шығатын өсімдік*

СҮТЖҰҚПАН *Сүтке бұқтырылған нан.*

СҮТҚҰЛАҚ ***бот.*** *Сүтжиде, тікенжиде өсімдіктерінің тағы бір атауы.*

СҮТСІЗ *Сүті аз, сүті жоқ.*

СҮТСІРНЕ *Сүтті айрықша әдіспен ұйыту арқылы дайындалатын тағам; сыр.*

СҮТТЕЙ *Аппақ, кіршіксіз, тап-таза.* ◊ **Сүттей жарық** — *күндізгідей жарық.* **Сүттей ұйыды** — *а) тату-тәтті, ынтымақты болды; ә) қалтқысыз сенді, иланды.*

СҮТЕН *Еркек балықтың ұрықтық шәуеті.*

СҮТТЕН *Өсімдіктің, астық дәнінің нәрленуі, дәні толыға бастау.*

СҮТТЕП *Өсім, берген қарызды өсіммен алу.*

СҮТТІ *Сүтті көп беретін, сүтті мал.*

СҮТТІГЕН *Сабағынан улы ақ сұйық шығатын өсімдік.*

СҮТТІЛІК *Сүтті көп берушілік.*

СҮТІН *Мақсат, бағдар, болашаққа сенім, мұрат.*

СҮТХАНА *Сүт сақтайтын арнаулы үй.*

СҮТШӘРБАТ *Балмұздақ, жеміс шырыны және сүт араластырып жасалған, салқындатылған сусын.*

СҮТШІ *Сүт тасушы, сүт сатушы.*

СФИНКС *Ежелгі Египеттегі басы адам, денесі арыстан бейнесіндегі тас мүсін.*

СХЕМА 1. *Бір заттың ішкі-сыртқы құрылысын, оның бөліктерін бейнелейтін сызықтар жүйесі.* 2. *Белгілі бір заттың ең негізгі белгілерін көрсететін жоба, үлгі.*

СХЕМАТИЗМ *Істің байыбына бармай, мәнін ашпай үстірт қараушылық.*

СХОЛАСТИКА *Болмысты зерттеуден қашып шіркеу догматтарына, қағидаларына сүйенген орта ғасырлардағы идеалистік философия.*

СЦЕНАРИЙ 1. *Кинофильмге негіз болатын әдеби шығарма.* 2. *Театрда ойнаушылардың, концерт қоюшылардың сахнаға шығу, ойнау тәртібі, реті көрсетілген жазба.*

СЪЕЗД *Партия және басқа қоғамдық ұйымдар өкілдерінің әлеуметтік келелі мәселелерді қарап талқылайтын жиналысы.*

СЫБА *Түгін қалдырмай балағаттау, боқтау.*

СЫБАҒА 1. *Қадірменді, сыйлы адамға арнайы сақталған соғым еті, мүше.* 2. ***Ауысп.*** *Әр адамның өзіне лайық еншісі, үлесі.* ◊ **Сыбағасын алды (сыбағасы қайтарылды)** — *а) еншісіне, үлесіне ие болды; ә) жазасын алды, сазайын тартты.*

СЫБАҒАЛАС *Үлестес сыбағасы бар.*

СЫБАҒАЛЫ 1. *Сыбағасы бар.* 2. ***Ауысп.*** *Арнаулы, тиісті, лайықты.* □ **Сыбағалы салмақ** — *заттың өзіне тән ауырлық.*

СЫБАЙ *Жақын, аралас-құралас.*

СЫБАЙЛАС 1. *Шектес, көршілес, қатарлас.* 2. ***Ауысп.*** *Бір-бірімен тығыз байланысты, ауыз жаласқан.* □ **Сыбайлас бұрыш *геом.*** — *бір қабырғасы ортақ, былайғы екі қабырғасы бір түзу сызық болатын екі бұрыш.*

СЫБАЙЛАСТЫҚ *Жақындық, байланыстылық, таныстық.*

СЫБАЙ-СЫЛТАҢ *Жалғыз-жарым, жеке басы.*

СЫБАН *Білегін жалаңаштап, жеңін түріну.* ◊ **Сыбана кірісті** — *ынта жігерін сала кірісті.*

СЫБДЫР *Желпілдеген нәрсенің не желдің әсерінен болатын нәзік дыбыс.* ◊ **Сыбдыр етті** — *сыбдырлады.* **Сыбдыр қақты** — *сыбдыр-сыбдыр етті.*

СЫБДЫРА *Сыбдыр қағу, сыбдырлау.*

СЫБДЫРЛА *сыбдыр-сыбдыр ету, тысырлау.*

СЫБДЫР-СЫБДЫР: сыбдыр-сыбдыр етті — *сыбдырлады, тысырлады.*

СЫБДЫРСЫЗ *Дыбыс шығармастан, үн-түнсіз.*

СЫБЫЗҒЫ *Құрайдан, ағаштан, жезден жасалған үрлемелі музыкалық аспап.*

СЫБЫЗҒЫДАЙ *Дауысы, үні сыбызғы үніндей нәзік, жіңішке сазды.*

СЫБЫЗҒЫЛАТУ *Жіңішке нәзік дауыспен өлеңдету, дауысын баппен созу.*

СЫБЫЗҒЫШЫ *Сыбызғы тартатын, сыбызғыда шебер ойнайтын адам.*

СЫБЫЛЫҚ *Жылбысқа, жұмсақ.*

СЫБЫЛЫҚТА *Толассыз ақырындап жауу.*

СЫБЫЛЫҢҚЫ *Дымқыл басқан, бұлыңғырлы.*

СЫБЫР *Ақырын айтылатын сөз, күбір.*

СЫБЫР-КҮБІР *Сыбырласқан, күбірлескен сөз.*

СЫБЫРЛА *Басқаға естіртпей ақырын айту.*

СЫБЫРЛАҚ I *Малдың қызыл асығымен бірге біткен өте майда сүйек.*

СЫБЫРЛАҚ II *Сыбырлап сөйлейтін, даусы ашық емес.*

СЫБЫР-СЫБЫР *Сыбырлаған көп сыбыр.*

СЫБЫС *Өтірік-шыны аралас, ұзын құлақ хабар.*

СЫБЫССЫЗ *Дыбыссыз, үнсіз.*

СЫБЫС-СЫПСЫҢ *Өсек-аян, қауесет.*

СЫҒАЙ: ығай мен сығай — *Бірінен-бірі асқан таңдаулы, мықты адамдар.*

СЫҒАЙЛА *Іріктеу, таңдау, сайлап алу.*

СЫҒАЛА *Бас бұғып қарау, жасырынып қарау, көздеу.*

СЫҒАРАҢДА *Сығаран-сығаран ету, жақсы көре алмау.*

СЫҒЫЛЫҢҚЫ *Екі жағы ішке қарай қысылған.*

СЫҒЫЛЫС *Иін тіресу, қысылысу.*

СЫҒЫМ 1. *Күші басымнан көрген қыспақ.* 2. *Біруыс, біркесек.*

СЫҒЫМДА 1. *Бір нәрсені алаңға салып қысу, сығу.* 2. ***Ауысп.*** *Қыспаққа салу жазалау.* 3. ***Ауысп.*** *Аз-аздап, там-тұмдап.*

СЫҒЫМДЫЛЫҚ *Қатты сығылғандық.*

СЫҒЫН *Үстіндегі су болған киімін бұрап, сығып суын ағызу.*

СЫҒЫНДЫ *Шырын, сөл.*

СЫҒЫҢҚЫ *Құшық, жабысыңқы.*

СЫҒЫР *Құдай атқан, соққан.* ◊ **Сығыр алғыр** — *құдай атқыр.* **Сығыр көз** — *сығырайған қысық көз.*

СЫҒЫРАЙ 1. *Жарықтың өлеусіреп, көмескіленуі, сәл жылтырауы.* 2. *Жақсы көре алмай сықсию, көзі бітию.*

СЫҒЫРАЙМА *Сықсиған, бітиген.*

СЫҒЫРДАҢ *Қатаң, қытымыр, қатығез.*

СЫҒЫРАҢДА *Сығыраң-сығыраң ету, қайта-қайта сығыраю.*

СЫҒЫРДАҢДАУ *Сараңдау, қытымырлау.*

СЫҒЫРДАҢДЫҚ *Сараңдық, қытымырлық.*

СЫДЫР 1. *Қатты тиген заттан денеге жарақат түсу, терісін алып кету.* 2. *Бір нәрсенің сырт жағын салып алу, сыпыру.* 3. *Тілінген таспаны қатты нәрсенің арасынан өткізу; ысқылау, тегістеу.*

СЫДЫРА *Жапа-тармағай, жапалай.* ◊ **Сыдыражыртқыш** — *егістік жерді жұмсартып, қопсытатын арнаулы соқа.* **Сыдыра жырту** — *жердің топырағын аудармай, бет жағын қопсытып өту әдісі.*

СЫДЫРҒЫ ***этн.*** *Ортасына тіс орнатылған, таспаны өңдеу үшін қолданылатын құрал. Бірсыдырғы, біршама, тәп-тәуір, әжептәуір.*

СЫДЫРМА *Етікке бас орнату, бастаманың ұлтанын тігіп ұлтару.*

СЫДЫРМАЛАТ *Тездету, шапшаңдату.*

СЫДЫРТ 1. ***өзг. етіс*** *Сыдыр-т.* 2. *Жүгірту, зымырату.*

СЫДЫРЫМ ***этн.*** *Тарамыстың, таспаның сыдырылған жіңішке бір талы, талшығы.*

СЫДЫРЫМТА *Барымтаға алған малды қайтармай сіңіріп кету жайы.*

СЫДЫРЫНДЫ *Таспа жонғанда, ағаш сүргілегенде түсетін ұсақ жоңқа.*

СЫЗ I 1. *Ылғалы мол, дымқыл жер.* 2. ***Ауысп.*** *Көңілдегі реніш, ашу-ыза.* ◊ **Сыз өтті** — *суық тиді, тоңды.*

СЫЗ II 1. *Қарындашпен, қаламмен қағаз бетіне сызық жүргізу, сызбасын салу.* 2. *Жазған жазуды жоқ қылу, өшіру.* 3. *Белгілі бір сөздің, сөйлемнің астына қаламмен белгі соғу.*

СЫЗ: таң сыз берді — *таң ағарып ата бастады.*

СЫЗАМЫҚ *Болар-болмас сызық, сызат.*

СЫЗАТ 1. *Болар-болмас сынықтың ізі, жарықшақ.* 2. ***Ауысп.*** *Көңіл кірбіңі, реніш.*

СЫЗАТТА 1. *Сызат пайда болу, сызат түсу.* 2. *Әрең-әрең сыздықтау, тамшылау.*

СЫЗАТТАП *Біртіндеп, жайлап.*

СЫЗАТТЫ *Сызығы бар, жарық түскен.*

СЫЗАШЫҚ *Жерден шығатын судың көзі.*

СЫЗБА *Бір нәрсенің жазықтықта сызықтармен салынған бейнесі.*

СЫЗБА *Құрылыс жобаларының, машина бөлшектерінің техникалық суреттерінің жазықтық бетіне түсірілген сызық кескіндері, сызба.*

СЫЗБА: дым сызбады — *пәр тартпады.*

СЫЗБАЛЫҚ: сызбалық өлшеуіш — *сызуға қажетті өлшеуіштер.*

СЫЗБАҚТА *Сорғалау, саулау.*

СЫЗҒЫЛА *Үсті-үстіне сызу, шимайлау.*

СЫЗҒЫР *Ысқырып нәзік үн шығару.*

СЫЗҒЫРЫҚ *Сызылта шыққан үн, дыбыс.*

СЫЗҒЫТ *қ. Сызыл.*

СЫЗҒЫШ *Тура сызық түсіру үшін қолданатын құрал.*

СЫЗДА 1. *Бебеулетіп, солқылдатып ауру.* 2. ***Ауысп.*** *Шірену, меншенсу, паңдану.*

СЫЗДАН 1. *Әлдеқандай болу, маңгаздану.* 2. *Ашуын ішіне жиып ызбарлана қарау...*

СЫЗДАУ *Дымқылдау, ылғалдау.*

СЫЗДАУЫҚ *Суық тию салдарынан денеге шығатын шығу; шиқан.*

СЫЗДАУЫТ *Сызды дымқыл жер.*

СЫЗДИ *Сызылу, ыздию.*

СЫЗДЫ 1. *Дымқыл, ылғалды, сызы мол.* 2. ***Ауысп.*** *Қаһарлы, зәрлі, зілді.*

СЫЗДЫҚ 1. *Тіс аралығындағы сызат, жік.* 2. *Етіктің, теріден тігілген киімдердің тігісінің арасына салатын жіңішке әдіп былғары.* 3. *Өзеннің жыра аққан жіңішке тармағы, сызат.*

СЫЗДЫҚТА 1. *Сәл баяулау, ақырындау, жайлау.* 2. *Киімге, үй жиһаздарына өрнек ретінде кемерлеп сызық салу.* 3. *Болар болмас жарық, сәуле түсу.*

СЫЗУ 1. ***мат.*** *Сызбаны орындау және оқу жайындағы мағлұматтарды баяндайтын пән.* 2. *Бір нәрсенің жөн-жобасын нақты көрсеткен белгі.* 3. ***Ауысп.*** *Оқу, жазу.*

СЫЗУЛЫ *Сызықпен жүргізілген, созылған...*

СЫЗЫҚ 1. *Қағаз бетіне болмаса басқа бір затқа қиғаш не түзу тартылған сызат, сызу.* 2. ***Ауысп.*** *Бетке, маңдайға түскен әжім.* 3. ***Ауысп.*** *Тағдыр бұйрығы, жазу.* 4. ***Ауысп.*** *Көңілдегі қайғы-қасірет, шер.*

СЫЗЫҚЖОЛ *Қағаз бетіндегі қос сызықпен бөлінген бағана не ашық жол.*

СЫЗЫҚТА *Сызық жүргізу, сызат алу.*

СЫЗЫҚТАЛ *Сызық жүргізілу.*

СЫЗЫҚТАН *Түзу сызық сияқты болу, түп-түзу болу.*

СЫЗЫҚТЫ *Сызыққа құрылғандық.*

СЫЗЫҚТЫҚ *Сызық сызылған, сызық жүргізілген.*

СЫЗЫҚША 1. *Болар-болмас сызат, қысқа сызық; әжімденген сызат.* 2. ***лингв.*** *Тіреден кіші сынық сызық; дефис.*

СЫЗЫҚШАЛЫ *Сызықша жүргізілген, сызбаланған.*

СЫЗЫЛ I 1. ***ыр. етіс*** *Сыз-ыл.* 2. *Белгілі бір істің нобайының қағазға түсірілуі; белгі соғылу.*

СЫЗЫЛ II 1. *Сыпайы мінез көрсету, инабат сақтау.* 2. *Кербездену, сырбаздану, жайымен асықпай қимылдау.*

СЫЗЫЛМА *Ерекше бір сызылтып, мәнерлі сазды шығатын.*

СЫЗЫЛМАЛЫ *Жанға жайлы, сызылған сазды*

СЫЗЫҢҚЫ *Сызылып тұрған, қиғаштанған жіңішке.*

СЫЙ I 1. *Ерекше көрсетілген құрмет, зор қошемет.* 2. *Түрлі себептерге байланысты берілетін сыйлық, тарту.* 3. ***Ауысп.*** *Біреуге арналған сыбаға, үлес.* ◊ **Сый аяқ** — *қонаққа берілетін арнаулы тағам, ас.* **Сыйға сый, сыраға бал** — *жақсылыққа жақсылық, сыйлықтың да өз қарымтасы бар.* **Сыйға тартты** — *сыйлады, тарту етті.* **Сый қонақ** — *қадірлі қонақ.* **Сыйы өтті** — *беделі артты, қадірі асты.*

СЫЙ II 1. *Белгілі бір жерге жайғасу, сіңу, ену, орналасу.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуге ұнау, жағу.* 3. ***Ауысп.*** *Отаспау, жараспау, сыйыспау.*

СЫЙ-ҚОШЕМЕТ *Ерекше көрсетілген сый-сияпат, сый-құрмет.*

СЫЙ-ҚҰРМЕТ *Қадірлі адамдарға ақниетпен көрсетілетін зор қошемет.*

СЫЙЛА 1. *Құрмет, қошемет көрсету, қадірлеу, қастерлеу.* 2. *Сыйға тарту, сыйға беру.*

СЫЙЛАҒАНДЫҚ *Қадір тұтушылық, қастерлеушілік.*

СЫЙЛАҒЫШ *Адамды, жалпы үлкенді құрметтегіш, қадір тұтқыш.*

СЫЙЛАҒЫШТЫҚ *Сыйлай білушілік, құрметтегіштік.*

СЫЙЛАН 1. *Сый-құрметке бөлену, қадір-қасиетке кенелу.* 2. *Сыйлыққа бөлену, сыйға тартылу.*

СЫЙЛАС I *Бір-біріне қадірлес, қошеметтес.*

СЫЙЛАС II *Өзара достық қарым-қатынас жасау, ынтымақты болу.*

СЫЙЛАСТЫ *Сый-құрмет көрсететін қадірменді*

СЫЙЛАСТЫҚ *Сый-құрметке лайық, татулық, достық.*

СЫЙЛАСУШЫЛЫҚ *Өзара бірін-бірі құрметтеушілік, қадір тұтушылық.*

СЫЙЛАСЫМДЫ *Үйлесімді, жарасымды.*

СЫЙЛАСЫМДЫЛЫҚ *Өзара қадір-құрметке ие болушылық*

СЫЙЛЫ 1. *Құрметке лайықты, қадірлі.* 2. *Қастер тұтатын, қымбат санайтын.*

СЫЙЛЫҚ 1. *Сыйға берілетін зат; тарту-таралғы.* 2. *Жарыста, сайыста озғандарға берілетін жүлде, бәйге.*

СЫЙЛЫҚАҚЫ *Еңбек қатынасында қызметтің белгілі бір саласындағы жетістіктің ақшалай немесе басқа да материалдық көтермелеу.*

СЫЙ-САУҚАТ *Сыйлық тарту мақсатымен берілетін тарту-таралғы.*

СЫЙ-СЫБАҒА *Әркімнің үлесіне тиетін тарту-таралғы.*

СЫЙСЫЗ *Қадірі жоқ, беделсіз.*

СЫЙ-СИЯПАТ 1. *Құрметтеген адамға берілетін тарту-таралғы.* 2. *Біреуге көрсетілген зор қошемет, қадір-құрмет.*

СЫЙШЫЛДЫҚ *Сыйлық беруге, тарту-таралғы үлестіруге жомарттық, қонақжайлылық.*

СЫЙЫМ *Бір нәрсенің көп сыюы; сыйымдылық.*

СЫЙЫМДЫ 1. *Ішіне көп нәрсе сыятын; бүйірлі.* 2. *Белгілі бір ортада сіңіп кететін сүйкімді, жағымды.* 3. *Жарасымды, орынды, лайықты.*

СЫЙЫМДЫЛЫҚ *Ыдыстардың, қоймалардың сыю мүмкіндігі; сыйымы.*

СЫЙЫМСЫЗ 1. *Жүрген жеріне қадір-қасиеті жоқ.* 2. *Істеген ісі үйлесімсіз, лайықсыз, жарасымсыз.*

СЫЙЫМСЫЗДЫҚ *Жұғымы жоқтық, сыймаушылық.*

СЫЙЫС 1. *Жайғасу, орналасу.* 2. *Тіл табысу, өзара келісу, мәмілелесу.* ◊ **Сыйыса алмады** — *тіл табыса алмады, үрсыса берді.*

СЫҚ 1. *Сулы затты, жуылған кірді қысып не бұрап суын шығару.* 2. *Күш қолданып қысу, сығымдап бұру.*

СЫҚА *Лық толтыру, нығыздап сыйғызу.*

СЫҚАҚ 1. *Әжуа әзіл-оспақ; мысқыл тәлкек.* 2. ***әдеб.*** *Көркем әдебиет пен журналистикадағы уытты, ащы тілімен жазылатын жанр.*

СЫҚАҚ-ӘЗІЛ *Жағымсыз іс-әрекетті мінейтін күлкі, келеке-мазақ.*

СЫҚАҚҚОЙ *Қуақы тілді, әзілқой, мысқылшыл.*

СЫҚАҚТА *Кем-кетікті келеке ету, мысқылдау.*

СЫҚАҚШЫ *Келемеждеуге шебер, тәлкекшіл, мысқылшыл.*

СЫҚАҚШЫЛ *Әжуашыл, мысқылшыл.*

СЫҚАҚШЫЛДЫҚ *Әжуашылдық, келеке етуге шеберлік.*

СЫҚАС *Иін тіресу, сығылысу.*

СЫҚАУЛЫ *Әбден толы, нығыздаулы.*

СЫҚАУЫРЫН ***көне*** *Тезге салған ағашты қатты қысып, басып тұрып түзейтін не бүгетін ағаш құрал.*

СЫҚИ 1. *Мейлінше тою.* 2. *Мұнтаздай боп киіну.*

СЫҚҚЫШТА *Қайта-қайта сығу.*

СЫҚПА *Уысқа салып төрт саусақпен сығымдап істеген құрт.* □ **Сықпа құрт** — *сығымдап жасалған құрт.* **Сықпа май** — *құтыдағы сығылып шығатын май.* **Сықпа сақар** ***этн.*** — *қолмен сығымдап жасалған қара сабынның бір түрі.*

СЫҚПАЛА *Уысқа, алақанға салып, уыстау, сығымдау.*

СЫҚПАЛЫ *Тығыз, қауырт, шұғыл.*

СЫҚПАЛЫ: сықпалы жуу құралдары — *кір жуатын сабын, ұнтақ, т. б. сияқты заттар.*

СЫҚПЫРТ 1. *Жер-жебіріне жеткізіп, түгін қалдырмай сөгу.* 2. *Өтірікті судай сыпыру.*

СЫҚПЫТ 1. *Бет-әлпет, түр-түс, кескін.* 2. *Бір нәрсенің нышаны, ұсқыны.*

СЫҚСИ 1. *Көзді сәл жұмыңқырай қарау, сығыраю.* 2. *Болар-болмас жарық түсіру, бітше көріну.*

СЫҚСИМА *Болар-болмас сығырайған, жылтиған.*

СЫҚСИЮ *қ. атау. Сықси-у.*

СЫҚ-СЫҚ: сық-сық күлді — *сылқылдап күлді.*

СЫҚСЫҢДА *Даусын қатты шығармай, жай кемсеңдеп жылау.*

СЫҚСЫРАЙ *Көзін сығырайта қарау, сығыраю.*

СЫҚТА I 1. *Ныгыздау, нықтау.* 2. *Зорлау, қыстау.*

СЫҚТА II *Егіле жылау, қамығу.*

СЫҚЫ: сықып жатқан — *қаптаған, толып кеткен.*

СЫҚЫЛДАН *Бір нәрсеге ұқсау, тәріздену, сияқтану.*

СЫҚЫЛДЫ *Секілді, тәрізді, сияқты.*

СЫҚЫЛЫҚ *Шаттана, рақаттана күлген күлкі.*

СЫҚЫЛЫҚТА *Мәз бола, ішек-сілесі қата сықылықтап күлу.*

СЫҚЫР *Заттардың үйкелесуінен немесе қозғалу нәтижесінен естілетін дыбыс.*

СЫҚЫР-СЫҚЫР: сықыр-сықыр етті — *қайта-қайта сықырлады.*

СЫҚЫРЛА 1. *Сықыр-сықыр ету, шыртылдау.* 2. *Сырқырау, буын-буыны босау.* 3. *Аяз қысу, шақырлау, сақылдау.*

СЫҚЫРЛАУЫҚ I *Сықырлай бергіш, сықыр-сықыр ететін.*

СЫҚЫРЛАУЫҚ II *Киіз үйдің ши есігін ішкі жағынан жабылатын, оюлап жасалған жарма ағаш есік.*

СЫҚЫРЫССЫЗ *Сықырлатпай, шықылдатпай, дыбыс шығармай.*

СЫЛА I 1. *Үйдің, қораның қабырғаларына балшық, лай соғу.* 2. *Қолмен сипау, жағу, уқалау.* 3. ***Ауысп.*** *Сипап аялау, күту, баптау.*

СЫЛА II ***кәс.*** *Бекіре, сазан, шортан тәрізді ірі ақ балықтың бір түрі.*

СЫЛА: сыла бой — *артық еті жоқ ашаң.*

СЫЛАҒЫШ *Әктегенде, сылағанда пайдаланылатын құрал.*

СЫЛАҚ *Топырақ пен құмды араластырып жасаған, үй сылайтын балшық.*

СЫЛАҚТА *Сылақ жүргізу.*

СЫЛАҚШЫ *Сылақ жұмысын жүргізуші, үйді сылаушы.*

СЫЛАҚШЫЛЫҚ *Сылақшы кәсібін меңгерушілік.*

СЫЛАЛАН *Арықтау, ашаңдану, таразылану.*

СЫЛАУ *Арықтау, ашаңдау.*

СЫЛАМА: сылама үй — *сыланған үй.*

СЫЛАМА ***көне*** *Сәнді, әдемі тігілген баскиім.*

СЫЛАН 1. ***ыр. етіс*** *Сыла-н.* 2. *Бой түзеу, сәндену, тарану.*

СЫЛАНЫП-СИПАНЫП *Таранып-қаранып, сәнденіп.*

СЫЛАҢ 1. *Сұңғақ, кербез, сәнқой, керім.* 2. *Сұңғақ бойлы әдемі, сұлу, көркем.* ◊ **Сылаң етті** — *сымпың қақты, бұлаң етті.* **Сылаң қақты** — *жайнады, құлпырды.*

СЫЛАҢ: сылаң-сылаң етеді — *бұлаңдады, жайнаң қақты.*

СЫЛАҢДА *Сылаң-сылаң ету, сәндену.*

СЫЛАП-СИПА 1. *Қолмен, алақанмен жайлап уқалау, сипау.* 2. *Алдап-сулау, алдарқату.* 3. *Мәпелеу, күту.* 4. ***Ауысп.*** *Жым-жылас қылу, тұқ қалдырмау.*

СЫЛАУ *Сарыбуын мен бел ауруын сипалап, уқалап емдеу әдісі, былау.*

СЫЛАУЛЫ *Сыланған, майланған үй.*

СЫЛАУШЫ *Үй сылайтын адам, сылақшы.*

СЫЛБЫР 1. *Бос, босаң, былжыр.* 2. *Баяу, жай, ақырын.*

СЫЛБЫРА 1. *Болбырап-солбырау, болжырау, ыбылжу.* 2. *Себелеп толастамай узбей жауу.*

СЫЛБЫРЛАН *Сылбыр тарту, ыбылжу.*

СЫЛБЫРЛЫҚ *Босаңдық, былжырлық.*

СЫЛДЫР I 1. *Заттардың бір-біріне тиюінен болатын дыбыс.* 2. *Өсімдік жапырақтарының жел қаққанда шығатын сыбдыры.* ◊ **Сылдыр етті** — *сылдырлады.* **Сылдыр қақты** — *сылдыр-сылдыр етті.*

СЫЛДЫР II 1. *Сөзінің мәні жоқ, бос сөзді.* 2. *Суы көп, қоюы жоқ сұйық.* ◊ **Сылдыр көмей, жезтаңдай** — *сөзге жүйрік, шешен.* **Сылдыр сөз** — *мәнсіз бос сөз.*

СЫЛДЫРА 1. *Жай, баяу қозғалу, ағу, сыбдырау.* 2. *Сыңғыр-сыңғыр ету, шылдырлау.*

СЫЛДЫРАҚ *Бос, құр сөз.*

СЫЛДЫРЛА *Сылдыр-сылдыр ету, сыңғырлау.*

СЫЛДЫРЛАҚ *Сылдыр-сылдыр ететін, сылдырлай дыбыс шығаратын.*

СЫЛДЫРМАҚ I 1. *Сылдырлаған, сыңғырлаған үн, дыбыс шығару үшін заттарға тағылған сылдырауық.* 2. *Сылдыр-сылдыр етіп дыбыс шығаратын балалар ойыншығы.*

СЫЛДЫРМАҚ II *Ішінде ұсақ ұрығы бар өсімдік қауашағы.*

СЫЛДЫРСЫЗ *Тыныш, баяу, жай.*

СЫЛДЫР-СЫЛДЫР *Шылдыр-шылдыр, сыңғыр-сыңғыр.*

СЫЛДЫРШӨП *Қалампыр тұқымдасына жататын бір, екі және көпжылдық шөптесін өсімдіктер. Солтүстік жартышардағы 500-дей түрінің 62 түрі Қазақстанның барлық өңірлерінде өседі.*

СЫЛҚ *Күрт, кілт, сұлық.* ◊ **Сылқ етті** — *әлсіреп құлап түсті.* **Сылқ түсті** — *а) сылқ етіп құлады; ә) үнжырғасы түсіп, сұлық басылды.*

СЫЛҚЫ 1. *Күш-қуат, әлден айырылу, әлсіреу.* 2. *Әбден тою, қану, қажетінше ішіп-жеу.*

СЫЛҚИТ 1. ***өзг. етіс*** *Сылқи-т* 2. *Мейлінше сілейту, сірестіру.*

СЫЛҚ-СЫЛҚ: сылқ-сылқ күлді — *сылқылдап күлді, рақаттана күлді.*

СЫЛҚЫЛ *Сылдырлап, сыңғырлап шыққан дыбыс үн.*

СЫЛҚЫЛДА I 1. *Мықты болмай сылқылдап босап кету.* 2. ***Ауысп.*** *Былқ-сылқ ету, солқылдау.*

СЫЛҚЫЛДА II 1. *Әзілдесіп рақаттана күлу, мәз болу.* 2. ***Ауысп.*** *Судың сылдырлап, сыңғырлап ағуы.*

СЫЛҚЫЛДАҚ 1. *Босап кеткен, былқылдаған.* 2. *Былжырақ, былқылдақ.* 3. *Сылқ-сылқ еткен күлкі.*

СЫЛҚЫЛДАТ 1. ***өзг. етіс*** *Сылқылда-т.* 2. *Қылқылдату, ашқарақтана, құныға жуту.* 3. *Әнді-күйді безілдету, бебеулету.*

СЫЛҚЫМ *Кербез, кердең сал-сері.*

СЫЛҚЫМДАН *Кербездену, сәндену, паңдану.*

СЫЛҚЫМДАУ *Кербездеу, серілеу, паңдау.*

СЫЛҚЫМДЫҚ *Кербездік, сәнқойлық, мырзалық.*

СЫЛҚЫТ *Қомағайлана қылқыту, сылқ-сылқ жуту.*

СЫЛП: сылп еткізді — *таң қалып ауыздарын шылп еткізді, сылпылдаған үн шығарды.*

СЫЛП-СЫЛП *Шалп-шалп, салп-салп, шылп-шылп.*

СЫЛПЫЛ *Сылп-сылп еткен дыбыс.*

СЫЛПЫЛДА *Шылп-шылп ету, сылп-сылп ету.*

СЫЛПЫЛДАҚ *Қар еріген лайсаң кез.*

СЫЛПЫҢ *Ілбіген, ыбылжыған, баяу, босаң.*

СЫЛТ: сылт етті — *кілт етті, қылт етті.*

СЫЛТАУ *Бір нәрсенің орындалуына, істелуіне негіз болатын себеп, уәж, дәлел.* ◊ **Сылтау етті [қылды]** — *не болса соны желеу етті.*

СЫЛТАУРАТ *Бір нәрсені уәж, желеу ету, сылтау ету.*

СЫЛТАУШЫЛ *Жоқтан өзгені сылтау етіш, себеп тапқыш.*

СЫЛТЫ *Аягын шекіп басу, ақсаңдау.*

СЫЛТЫҚ *Аягы сәл ақсақ.*

СЫЛТЫҚТА *Ақсаңдау, шойнаңдау, ақсау.*

СЫЛТЫМА *Сәл ақсап басатын кемістік.*

СЫЛЫ 1. *Сыдыру, сыпыру, етті сүйегінен ажырату.* 2. *Денедегі өскен артық етті кесіп алып тастау.* 3. ***Ауысп.*** *Түп-тамырымен құрту, жою.*

СЫЛЫМ: сылым еті жоқ – *тым арық, қатпа.*

СЫЛЫН 1. ***ыр. етіс*** *Сылы-ын* 2. *Еттен арылып қатты жүдеу.*

СЫЛЫҢҒЫР *Ашаң жүзді, жұқа, жүдеу.*

СЫМ I *Радио, телефон-телеграф байланысы мен жарық беру үшін, электр тогын өткізетін, қымбат металдан жасалған желі, сым темір.* ◊ **Сымға тартқандай** – *тіп-тік, түптүзу.* **Сымға тартқан күмістей** – *тал бойында міні жоқ сұлу.*

СЫМ II *Шегені сыптығырлау үшін, күмісті созу үшін қолданылатын бірнеше тесігі бар темір қалып.*

СЫМАҚ *Ұқсас, төріздес, іспеттес.*

СЫМБАЛ *Үлкен қын қатты буылған тең, бума.*

СЫМБАЛДА I *Мығымдап байлау, теңдеу.*

СЫМБАЛДА II *Әдемілеу, сәндеу.*

СЫМБАТ *Сырт көрініс, мүсін, тұлға.*

СЫМБАТТА *Көркемдеу, мәнерлеу, сәндеу.*

СЫМБАТТАН 1. ***өзг. етіс*** *Сымбатта-н.* 2. *Құлпыру, сұлулану, ажарлану, көріктену.*

СЫМБАТТАС *Көрік-кескіні ұқсас, түстес.*

СЫМБАТТЫ *Кескінді, көрікті, ажарлы.*

СЫМБАТТЫЛАУ *Көріктілеу, сәнділеу.*

СЫМБАТТЫЛЫҚ *Келбеттілік, әрлілік, көркемдік.*

СЫМБАТТЫРАҚ *Көркемдірек, әдемірек.*

СЫМБАТШЫ *Тас қашау шебері, мүсінші.*

СЫМБЫЛБАЙ ***қарап.*** *Дәнеме, ештеме, еш нәрсе.*

СЫМБЫРЛА *Сылдырлау, сыңғырлау, күмбірлеу.*

СЫМДАЙ 1. *Сымға ұқсаған, сым тәрізді.* 2. ***Ауысп.*** *Түп-түзу, тіп-тік.* ◊ **Сымдай майысты** – *мың бұралды.* **Сымдай тартылған** – *оқтай түзу.*

СЫМП: сымп етті [сымп берді] – *сып етті, жып берді.*

СЫМПИ *Бір нәрседен құралақан қалу, жүрдай болу.*

СЫМПЫЛ *Сыбдырлап, сусылдап шығатын үн, дыбыс.*

СЫМПЫЛДА 1. *Сусылдау, суылдау, судырау.* 2. ***Ауысп.*** *Сымпылдау, зуылдау, сумаңдау.*

СЫМПЫЛДАҚ 1. *Сусылдақ, суылдақ.* 2. ***Ауысп.*** *Сумаң-сумаң еткен, жыпылдап сөйлегіш.*

СЫМПЫҢ: сымпың қақты [етті] – *сусылдады, сумаңдады.*

СЫМПЫҢДА *Сымпың-сымпың ету, сумаңдау.*

СЫМПЫС *Шаруаға қыры жоқ, берекесіз сұйық адам.* □ **Сымпыс құйрықты [қылыш құйрықты] бие** – *құйрық қылшығы селдір, сұйқылтым.*

СЫМПЫСТАН *Азаю, селдіреу, сиреу.*

СЫМПЫСТАУ *Қысқалау, аласалау, келтелеу.*

СЫМЫРЛАР *Жеміс ағаштары мен жидек бұталарына түсетін зиянкес жәндіктер.*

СЫН I 1. *Белгілі бір істі орындауға байланысты байқау, сынау, тексеріс.* 2. *Жұмыстың жақсы-жаманын талдап, екшеп айтылатын пікір.* 3. *Жағымсыз қылығы үшін тағылатын айып, кінә, мін.* □ **Сын мақала** – *белгілі бір шығарманың жетістігі мен кемшілігін көрсеткен мақала.* ◊ **Сынға алды** – *сынады, мінеді, айып тақты.* **Сын көзбен қарады** – *жан-жақты, терең ойлы.* **Сын сағатта** – *қысылтаяң кезде, ше-*

шуші күн туғанда. **Сынға салды** – *талқыға түсірді, сынаққа түсті.*

СЫН II *Табиғи бітім, сән қалып.* || **Сын есім** ***грамм.*** – *заттың түр-түсін, сапасын білдіретін сөз табы.* ◊ **Сын кетті [қашты]** – *сәні кетті, сиқы бұзылды.*

СЫН III 1. *Қирау, бүліну, жарылу.* 2. ***Ауысп.*** *Иілу, мою, қайысу, басылу.* 3. ***Ауысп.*** *Ауа райының ызғары қайту, саябырлау.*

СЫНА I *Ұшын сүйірлеу етіп, ағаш, тас жарғанда сызатқа қағатын қысқа ағаш не темір.* □ **Сына жазу** – *ертедегі кейбір халықтар қолданған сына тәрізді сызықша жазу.* ◊ **Сына болды** – *екі ортаға жік салды.* **Сынасын тапты** – *қиюын тапты, ретін келтірді.*

СЫНА II *Кемшілікті көрсетіп мінеу, сын айту.* 2. *Мінез-құлықты, іс-әрекеттің сыңайын байқау, тексеру, аңғару.*

СЫНА III *Былғарыдан жасалған, шыны ыдыстарға арналған қап; уыққап тәрізді етіп пішіледі.*

СЫНАҒЫШ 1. *Сынға алғыш, мінегіш.* 2. *Бір нәрсені байқағыш, аңғарғыш, абайлағыш.*

СЫНАДАЙ *Сына тәрізді, сына сияқты* ◊ **Сынадай қыстырылды** – *кіріскі, кілікті, соқтықты.* **Сынадай сығылысты** – *тар жерде иін тіресті, қыстырылысты.*

СЫНАҚ 1. *Сын, тексеріс.* 2. *Меңгерген білімді тексеретін емтихан.* ◊ **Сынақ жүргізді** – *а) емтихан алды; ә) тәжірибеден өткізді, байқау жүргізді.*

СЫНАҚСЫЗ *Байқаудан, сыннан өткізбей.*

СЫНАҚТА *Сыннан өткізу, тексеру, сынау.*

СЫНАҚША *Студенттердің емтиханда алған бағасы көрсетілетін құжат.*

СЫНАҚШЫ *Сынақ, емтихан алушы.*

СЫНАЛА 1. *Ағаш не қатты заттың сызатына сына қағу, сына үру.* 2. ***Ауысп.*** *Ыңғайлы жер тауып сүғыну, жайлап қыстырылу.*

СЫНАЛАС *Қалың нөпір боп сығылысу, топырлау.*

СЫНАЛАСТЫР *Жігін білдірмей жымдастыру, сіңістіру, кіріктіру.*

СЫНАМА *Жаңадан жасалған заттың жарамдылығын тексеретін әдіс.*

СЫНАМПАЗ *Сын айтқыш, сынағыш, мінегіш.*

СЫНАП *Күмістей жылтыраған, ақшыл түсті, сұйық металл, химиялық элемент.*

СЫНАП-МІНЕ *Кекету-мұқату, кіналау, айыптау.*

СЫНАПТАЙ *Сынаптай таза, мөлдір.* ◊ **Сынаптай бұзылды** – *тез айнады, қылп ете қалды.*

СЫНАПТЫ *Сынап салынған, сынабы бар.*

СЫНАУСЫЗ *Сына ілінбей, сыннан өтпей.*

СЫНАУШЫ I *Біреуді мінеуші, сынға алушы адам.*

СЫНАУШЫ II *Белгілі бір техниканы тексеруден өткізетін маман қызметкер.*

СЫНАША *Сына сияқтанып, сынадай боп.* ◊ **Сынаша қадалды** – *жабысты, айрылмады.* **Сынаша сығылысты** – *иін тіресті, қысылып-қымтырылды.*

СЫНҒЫШ *Қирауға бейім; күйрегіш, опырылғыш*

СЫНДА *Сәндеу, әдемілеу, сомдау.*

СЫНДАР *Тіп-тік, бойшаң, сұңғақ.*

СЫНДАРЛА *Бағдарлау, қадағалау, тәптіштеу.*

СЫНДАРЛЫ I 1. *Ұзын бойлы, сұңғақ бойлы келген, сымбатты.* 2. *Әдепті, сыпайы.* 3. ***Ауысп.*** *Сабырлы, салиқалы, парасатты.*

СЫНДАРЛЫ II *Қысылтаяң, қиын, шешуші.*

СЫНДАРЛЫЛЫҚ *Парасаттылық, сабырлылық.*

СЫНДАС *Сияқты, тәрізді, ұқсас.*

СЫНДЫ I *Сияқты, секілді, тәрізді.*

СЫНДЫ II *Сындарлы, сынамалы, қысылшаң.*

СЫНДЫР 1. ***өзг. етіс*** *Сындыр.* 2. *Үзу, бөлу.*

СЫН-ЕСКЕРТПЕ *Кемшілікті сынаған пікір.*

СЫН-СИПАТ *Бір заттың өзіне тән сапасы, қасиеті.*

СЫН-СЫҚАҚ ***әдеб.*** *Адам өміріндегі, қоғамдық құбылыстағы жағымсыз іс-әрекеттерді әжуалап, мысқылдап сынайтын әдеби шығарма.*

СЫН-СЫМБАТ *Көрік-келбет, бет-ажар.*

СЫНТАС ***көне*** *Ерте кездегі адамдардың тастан қашалған мүсіні, сымбат, балбал.*

СЫНШЫ 1. *Жақсы-жаманын айырып сын айта алатын, мінін көргіш мінші.* 2. *Жазушы шығармасына талдап баға беретін, әдеби сынмен шұғылданушы маман*

СЫНШЫЛ 1. *Бітken істі немесе біреуді мінегіш, сынағыш.* 2. *Әдеби шығармаларды талдап, пікір айтқыш.*

СЫНШЫЛДЫҚ 1. *Сын көзбен қараушылық, сынағыштық.* 2. *Көркем шығармаға пікір айтушылық, сыни көзқарас.*

СЫНЫҚ I 1. *Адамның, малдың сүйегінің сынған, қираған, мертіккен жері.* 2. *Бір нәрсенің қираған, жарылған, бөлшектенген бөлігі.* ◊ **Сыныққа сылтау іздеді [тапты]** — *не болса соны желеу етті.* **Сынықтан басқаның бәрі жұғады** — *адам не нәрсеге болса да беймделеді.*

СЫНЫҚ II 1. *Быт-шыт боп сынған, күйреген, қираған.* 2. ***Ауысп.*** *Көңілі жабырқаңқы, жүзі солғын, жүдеу.* 3. ***Ауысп.*** *Мінезі жатық, сыпайы, әдепті.* □ **Сынық ине, тұтам жіп** — *үйдің керек-жарағы, үй мүлкі.* **Сынық мүйіз** — *тік бұрыш жасалмай ылғи дөңгелене ширілген ою түрі.* **Сынық сүйем** — *бармақ пен сұқ қолдың буыны бүгіліп барып белгіленетін өлшем.*

СЫНЫҚСЫ *Сынайы болғансу, мүләйімсу.*

СЫНЫҚТАУ 1. *Жүзі жүдеулеу, жабырқаңқылау.* 2. *Бәсеңдеу, төмендеу.*

СЫНЫҚТЫ 1. *Мінез-құлыққа тән сыпайылық, биязылық.* 2. ***Ауысп.*** *Көңілкүй келіспеушілік, жабырқаңқылық.*

СЫНЫҚШЫ *Мертіккен адамның сынған, шыққан жерлерін орнына салушы адам; оташы.*

СЫНЫҚШЫЛЫҚ *Сынық салумен шұғылданушылық, оташылық.*

СЫНЫП 1. *Белгілі бір оқу жылындағы бірге оқитын оқушылар тобы.* 2. *Мектептегі балалар оқитын бөлме.* 3. ***биол.*** *Тур, топ.*

СЫНЫПТАМА *Заттарды, құбылыстар мен ұғымдарды олардың жалпы белгілеріне қарай топтастырушылық.*

СЫНЫПТАС *Бір сыныпта оқитын; бір сыныпқа жататын.*

СЫҢАЙ *Бір нәрсенің ыңғайы, кейпі, түрі.* ◊ **Сыңай берді [танытты, көрсетті, байқатты]** — *ыңғай білдірді, белгі етті.*

СЫҢАЙЛАС 1. *Бір нәрсеге ұқсас, сол тәріздес.* 2. *Қатарлас, теңдес.*

СЫҢАЙЛЫ 1. *Тәрізді, сияқты.* 2. *Ыңғайлы, бейім.*

СЫҢАР 1. *Егіздің серігі, екеудің бірі; жалғыз.* 2. *Бір заттың теңі, қатары.* ◊ **Сыңарезу (жақ)** — *Қырсық-қыңыр, керітартпа, бірбеткей.*

СЫҢАРЛАС *Қатарлас, теңдес, сериктес.*

СЫҢҒЫР 1. *Сымбырлап, сылдырлап шыққан үн, дыбыс.* 2. *Сыңғырлаған сыңқ-сыңқ еткен*

СЫҢҒЫРЛА 1. *Сылдырлау, шылдырлау.* 2. *Сылқылдау, сыңғыр қағу, сыңқ-сыңқ ету.*

СЫҢҒЫРЛАҚ 1. *Сылдыр-сылдыр еткен, күңгірлеген.* 2. *Сыңғырлаған, сыңқылдаған, ашық.*

СЫҢҒЫРЛЫ *Сыңғыры мол, сыңқыл қаққан.*

СЫҢҒЫР-СЫҢҒЫР: сыңғыр-сыңғыр етті (қақты) — *сыңғырлады, шылдырлады.*

СЫҢҒЫТ *Қылқылдата жұту, сіміру.*

СЫҢҚ: сыңқ етті (сыңқ етіп күлді) — *назды күлкісімен сыңғыр ете күлді.*

СЫҢҚЫЛ *Сылдыраған әсем де майда үн, дыбыс.* ◊ **Сыңқыл қақты** — *сылдырады, сыңқылдады.*

СЫҢҚЫЛДА 1. *Әзілдеп сылқылдап, сылқ-сылқ күлу.* 2. *Сылдыр қағу, сылдырау* 3. *Қиқу салу, қиқулау.*

СЫҢҚЫЛДАҚ *Құлаққа жағымды, әдемі үнмен қиқулағыш, сыңқылдаған үн шығаргыш.*

СЫҢСУ ***көне*** *Ұзатылған қыздың ел-жұртымен қоштасардағы айтатын жыры; тұрмыс-салт дәстүрлерінің бірі.*

СЫҢСЫ I 1. *Өлген адамды жоқтап, дауыс айтып жылау.* 2. *Әдемі сызылған, жіңішке дауыспен ән салу.*

СЫҢСЫ II *Самсау, қаптау, бұжынау.* □ **Сыңсыған қол** — *самсаған қалың әскер.*

СЫП: сып берді [етті] — *көзді ашып-жұмғанша жып етті, зып берді.*

СЫПА I ***тар.*** *Өз ісімен көпке үлгі болған, мінезді, парасатты ел ағасы.*

СЫПА II *Ағаштан биіктетіліп жасалған нар, сәкі.*

СЫПАЙ I *Түркі, парсы әскерлеріндегі дәстүрлі жауынгерлік атау, батыр сөзінің баламасы. Батырды бұлай деп атау қазақ жырларында да кездеседі.*

СЫПАЙ II ***көне*** *Жауынгер, әскери шендегі қызметкер.*

СЫПАЙЫ 1. *Әдепті, инабатты, биязы.* 2. *Жұпыны, қарапайым.*

СЫПАЙЫГЕРШІЛІК 1. *Әдептілік, биязылық.* 2. *Қарапайымдылық, кішіпейілділік.*

СЫПАЙЫЛА 1. *Ізет жасау, әдептілік көрсету.* 2. *Жарасымды, қарапайымдау ету, жұпынылау.* 3. *Бір нәрсе жайында жайлап айту, жұқалап жеткізу.*

СЫПАЙЫЛАУ *Әдептілеу, кішіпейілділеу.*

СЫПАЙЫЛЫҚ 1. *Ізеттілік, инабаттылық, әдептілік.* 2. *Айла-шарғы қулығы жоқ қарапайымдылық.*

СЫПҚА *Лайға жылқының құйрық-жалын қосып, тастан өрген көп заманға шыдайтын шағын күмбез.*

СЫП-СИДА *Тіп-тік, үп-үзын, сидиған.*

СЫП-СИДАМ *Сорайған, сидиған.*

СЫП-СЫЛДЫР 1. *Мүлде сұйық, сылдыр су.* 2. *Түйірі жоқ, татымсыз сұйық.*

СЫП-СЫМБАЛ *Әдемі, көркем.*

СЫПСЫҢ 1. *Өтірік, өсек-аяң, сыбыс.* 2. *Жаратылған, тартқан сымдай саптағай жүрдек.*

СЫПСЫҢ: сыпсың етті (қақты) — *сумаң етті, сымпың қақты.*

СЫПСЫҢДА *Сумаң қағу, сүйреңдеу, сып-сып ету.*

СЫПСЫҢ-СЫПСЫҢ *Күңкіл-сүңкіл, сыбыр-сыбыс.*

СЫП-СЫП: сып-сып етті — *сыпылдады, сусылдады.*

СЫП-СЫПАЙЫ 1. *Бып-биязы, мап-майда.* 2. *Әп-әдемі, тап-таза.*

СЫПТА *Түп-түзу етіп жону, шабу.*

СЫПТАЙ *Тартылған сымдай түп-түзу оқтай.* ◊ **Сыптай киінді** — *сәнді жинақы киінді.* **Сыптай қылды** — *тап-түйнақтай етті, жөндеді.*

СЫПТАН *Сыптай болу, жинақылау, ықшамдау.*

СЫПТЫҒЫР 1. *Арық, жұқалау, талдырмаш.* 2. ***Ауысп.*** *Ықшам, оңтайлы, ыңғайлы.*

СЫПТЫҒЫРДАЙ *Ысылған, ширақ, ықшамды.*

СЫПТЫҒЫРЛА *Жіңішкелеп бұтау, сидамдау.*

СЫПЫЛДА 1. *Жылдап тез сөйлеу, сып-сып ету.* 2. *Жылмаң қағу, сумаңдау.*

СЫПЫЛДАҚ *Сып-сып етіп өсек айтқыш, өсекшіл.*

СЫПЫР I 1. *Үй-іші, қора-қопсыны қоқыр-соқырдан тазарту. Жинау.* 2. *түгін қалдырмау, жинап алу.* 3. *Жұлып алу, шешіп тастау.* 4. *Алып тастау, сыдыру.* ◊ **Сыпырып алды (кетті, әкетті)** — *а) күштеп тартып әкетті; ә) еш нәрсені қалдырмады, сыпырып-сиырды.*

СЫПЫР II *Топалаң, қарасан.*

СЫПЫРА I *Қамыр илейтін жұқа жарғақ тері.*

СЫПЫРА II 1. *Тұтас, бастан-аяқ, бүтін.* 2. *Сый, құрмет.* ◊ **Сыпыра соқты (жалмады)** *тұқ қалдырмай жеді.*

СЫПЫРҒЫШ *Қора-қопсы, үйшін, көшені сыпыру үшін өсімдіктен не ағаш бұталарынан буып жасаған сыпыртқы.*

СЫПЫРҒЫШТА *Шаң-тозаңнан тазарту, сыпыру.*

СЫПЫРМА *Сусыма, сырғыма.*

СЫПЫРТ 1. ***өзд. етіс*** *Сыпыр-т.* 2. *Зулату, зымырату, жүйткіту.* 3. *Түгін қоймай сыбау, боқтау.*

СЫПЫРУЛЫ *Тазаланып сыпырылған.*

СЫПЫРУШЫ *Көшені, ауланы сыпыратын адам.*

СЫПЫРЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Сыпыр-ыл.* 2. *Сылыну, сыпырылу, айырылу.*

СЫПЫРЫНДЫ *Тазалағанда, сыпырғанда жиылған қоқсық, қоқыр-соқыр.*

СЫПЫРЫП-СИЫР 1. *Тұқ қалдырмай, жалап-жұқтау, жалмап-жұту.* 2. *Бар-жоқты жинап-теру.*

СЫР I 1. *Әркімнің өзіне тән, өзгеге белгісіз құпия ойы.* 2. *Істің мән-жайы, жай-жапсары.* ◊ **Сыр алдырды** — *сырын ашып қойды, құпиясын білдіріп алды.* **Сыр ашты (шашты, шертті)** — *көңілдегі сырын ақтарды.* **Сыр бермеді (білдірмеді)** — *жақ ашпады, білдірмеді.* **Сыр бүкті** — *ішкі құпиясын жасырды, сыр ашпады.* **Сырға берік** — *сырын сыртқа шығармайтын.* **Сыр тартты** — *ішкі құпиясын білді, сыңайын байқады.* **Сыры ашылды** — *жасырын пікірі, ойы әшкереленді.* **Сырына қанық** — *істің мән-жайынан хабардар.*

СЫР II *Ерекше әдіспен ашыған сүттен қаттылау етіп жасаған сүт тағамы.*

СЫР III *Бір затқа ерекше түс, рең беру үшін пайдаланылатын сұйық зат; бояу.*

СЫРА *Сәл қыздыратын күші бар, астық дәнінен ашытатын, шөл қандыратын сусын.*

СЫРАЛҒЫ *Үйреншікті, дағдылы, сыр мінез.*

СЫРАЛҚЫ ***көне*** *Аңшыдан, егіншіден, т. б. кәсіпшілерден алынатын олжа, сый, үлес.*

СЫРАХАНА *Сыра сататын орын, үй.*

СЫРАШЫ *Сыра жасаушы, сыра сатушы.*

СЫРБАЗ I *Баптап, былбырап піскен қозының жас еті.*

СЫРБАЗ II 1. *Адамгершілігі мол, байсалды, байыпты (адам).* 2. *Кербез, паң, көркем.*

СЫРБАЗДАН *Кербездену, сылқымдану, паңдану.*

СЫРБАЗДЫҚ *Кербездік, сылқымдық, паңдық.*

СЫРҒА 1. *Сәндік үшін әйелдердің құлағына тағатын қымбат металл мен асыл тастан жасалған зат.* 2. *Малдың құлағына бекітетін нөмірлі қаңылтыр.*

СЫРҒА: Сырғасы тайды — *бақайы шықты, мертікті.*

СЫРҒАҚ I *Қарсыз қара суықта жер бетін басқан жылтыр көктайғақ.*

СЫРҒАҚ II *Табансыз, тұрақсыз.* ◊ **Сырғақ жүрді** — *қашқақтады, жоламады.*

СЫРҒАҚСЫ *Сырттап қашқақтау, шеттеу.*

СЫРҒАҚТА 1. *Сырттап қашқалақтау, шеттеп жүру.* 2. *Жылжытпалау, әне-міне деп созу.*

СЫРҒАЛА I *Алыстан тору, төңіректеп сағалау.*

СЫРҒАЛА II *Малдың құлағына сырға тағу, салу.*

СЫРҒАЛАН *Сырға тағынған, сырға салынған.*

СЫРҒАЛЫ I *Жабайы жоңышқаның бір түрі.*

СЫРҒАЛЫ II *Сырға таққан, сырға салған.*

СЫРҒАЛЫҚ *Құлақтың сырға өткізетін жұқа жері, қаумет.*

СЫРҒАНА 1. *Жоғарыдан ылдиға қарай сырғып түсу.* 2. ***Ауысп.*** *Тез жылжу, зымырау.* 3. ***Ауысп.*** *Тұрақтамау, байыздамау.*

СЫРҒАНАҚ 1. *Коньки я шанамен сырғанайтын жер; мұзайдын.* 2. *Баянсыз, тұрлаусыз, тұрақсыз.*

СЫРҒАНАҚТА *Қайта-қайта тайғанақтау, тайғақтау.*

СЫРҒАУЫЛ *Жіңішкелеу келген ұзын ағаш; сырық.*

СЫРҒАУЫЛДАЙ *Сорайған, ұп-ұзын.*

СЫРҒЫ *Бір орында тұрмау, жылжу, ысырылу.*

СЫРҒЫМА *Желдің, боранның әсерінен сусыған құм, қар.*

СЫРҒЫМАЛЫ *Жылжымалы, сусымалы.* □ **Сырғымалы график** — *күнделікті өзгеріп отыратын график.* **Сырғымалы табан** — *ауылшаруашылық машинасының бөлігі.*

СЫРҒЫТПА *Шығарып салма, жылжытпа (сөз).*

СЫРҒЫТПАЛА *Сырғытпаға салу, созбалау.*

СЫРҒЫШ *Астықты, қарды, тағы басқа сол тәрізділерді жылжытып, сырып жинайтын құрал.*

СЫРДАҚ ***көне*** *Нар түйеге жүк арту үшін жасалған қом.*

СЫРДАҚ: сырдаққа салды — *қашқалақтады, сырт айналды.*

СЫРДАҚТА *Сырдаңдау, сырттау, қашқалақтау.*

СЫРДАҢ I *Сараң, қолы тар, қатты.* 2. *Жұтаң, тапшы, кедей.*

СЫРДАҢ II *Сырғақ, сырдаң, қашқалақ.* **Сырдаң тартты** — *сырт айналды, қашқалақтады.*

СЫРДАҢДА *Сырғақтау, қашқалақтау.*

СЫРДАҢДЫҚ I *Сараңдық, саяқтық, тұрлаусыздық. Жұтаңдық, тапшылық.*

СЫРДАҢДЫҚ II *Сырғанаушылық, қашқалақтаушылық.*

СЫРДЕСТЕ *Сыр мінез, сырға берік, сыралғы.*

СЫРИҒАН *Сидиған, ұзын.*

СЫРҚАТ *Ауру, науқас, кесел.*

СЫРҚАТТАН *Науқастану, ауыру, кеселге ұшырау.*

СЫРҚАТТАУ *Науқастау, дімкәстау.*

СЫРҚАТТЫ *Науқасты, аурулы, кеселі бар.*

СЫРҚАТТЫҚ *Науқастылық, аурулық.*

СЫРҚЫНДЫ *Жырынды, тісқаққан.*

СЫРҚЫРА *Шаншып, қақсап ауру.*

СЫРҚЫРАМА *Қақсап, шаншып, шағып ауыратын науқас.*

СЫРҚЫРАУЫҚ *Әлсін-әлсін сырқырай беретін, жиі қақсайтын.*

СЫРЛА *Сырмен сырлау, бояу.*

СЫРЛАС I *Көңілі жақын, ниеттес, пікірлес.*

СЫРЛАС II *Сыр бөлісу, шүйіркелесу.*

СЫРЛЫ 1. *Боялған, сырланған.* 2. ***Ауысп.*** *Сырға толы, құпиясы мол.*

СЫРМА I *Арасына жүн, мақта салып немесе жай сырыған киім.*

СЫРМА II *Қарлы борасын, бұрқақ.*

СЫРМА III *Темірден, пластмассадан жасалып, түйме орнына киімге пайдаланатын бұйым.*

СЫРМАҚ *Түрлі түсті киізден, матадан сырып, оюлап жасаған әшекейлі ұлттық үй жиһазы.*

СЫРМАҚША *Шағын сырмақ.*

СЫРМАҚШЫ *Сырмақ оюшы, сырмақ шебері.*

СЫРМАЛА *Сырып тігу.*

СЫРМАЛЫ *Сырып тігілген*

СЫРНАЙ I *Ауызбен үрлеп ойнайтын, құрайдан, ағаштан жасалатын музыкалық аспап.*

СЫРНАЙ II ***муз.*** *Кеңірдек тәрізді жиырылмалы екі тақтасы, қатар-қатар тілі (клавиатура) бар музыкалық аспап.*

СЫРНАЙЛАТ *Сырнай тарту, сырнайға қосылу.*

СЫРНАЙЛАТУ *Сырнайда құйқылжытып ойнау.*

СЫРНАЙЛЫ 1. *Сырнайы бар.* 2. ***Ауысп.*** *Үнді, сазды, қоңыраулы.*

СЫРНАЙШЫ *Сырнайда ойнайтын адам.*

СЫРПЫЛ *Сырп-тырп еткен дыбыс.*

СЫРПЫЛДАТ *Аяққимді сүйрете басып, тырпылдай жүру.*

СЫРПЫЛДАҚ *Сиырдың жаңа тастаған қоймалжың жапасы.*

СЫР-СИПАТ *Мән-жай, жай-жапсар.*

СЫРСЫЗ I *Сыршылдығы жоқ, сыршыл емес.*

СЫРСЫЗ II *Бояуы жоқ, бояу жағылмаған, сырланбаған.*

СЫР-СЫМБАТ *Көрік, келбет, тұрпат.*

СЫР-СЫР: сыр-сыр етті — *сырылдаған дыбыс шығарды.*

СЫРТ *Бір нәрсенің ішіне қарамақарсы жақ, тыс.* □ **Сырт дүние** — *қоршаған орта, айнала, төңірек.* **Сырт есту** — *бөгде біреудің айтуы.* **Сырткиім** — *ішкі киімдердің сыртынан киілетін киім.* **Сырт хабар** — *біреу арқылы естілген хабар.* ◊ **Сырт адам (кісі)** — *бөгде кісі, бөтен кісі.* **Сырт айналды (берді)** — *теріс қарады, қашқалақтады.* **Сырт қалды** — *шеттеп қалды, еленбеді.* **Сырттан (сырттан) тон пішті** — *аныгына көз жеткізбей құр долбарлады.* **Сырты бүтін, іші түтін** — *көңілі жарым, ішқұса.* **Сыртына шығармады** — *сыр бермей ішке бүкті, ішінен тынды.*

СЫРТ: сырт етті — *тырс етті.*

СЫРТАҚТА *Жоламау, қашқақтау, шеттеу.*

СЫРТБАҚАЙ ***қарап****. Адамға үйір емес, кісікиік.*

СЫРТБАҚАЙЛАН *Адамдардан оңашалану, оқшаулану.*

СЫРТҚАРЫ *Тысқары, шеткері.*

СЫРТҚАРЫЛАУ *Тысқарырақ, шеткерірек.*

СЫРТҚЫ *Сырт жақтағы; өзінен тыс, бөтен, бөгде.*

СЫРТ-СЫРТ *Тырс-тырс, тысырт-тысыр.*

СЫРТТА *Шеттеліп қалу, алыстап кету.*

СЫРТТАЙ I *Біреудің айтуы бойынша, сырттан.*

СЫРТТАЙ II *Өндірістен қол үзбей, өз бетімен (оқу).*

СЫРТТАН I 1. *Алғыр, күшті, қырағы әрі сақтығымен ерекшеленетін зор ит, қасқыр.* 2. **Ауысп.** *Күшті, мықты, қайратты, алғыр.*

СЫРТТАН II ***бот.*** *Құмда өсетін улы шөптесін өсімдік.*

СЫРТТАНДЫҚ *Күштілік, ірілік, мықтылық.*

СЫРТТАНСЫ ***экспр****. Өзінше мықтымсыну, күштімсіну.*

СЫРТТЫҚ *Сырткиімдерді тыстауға жарайтын қалың мата.*

СЫРТЫЛ *Тықылдап, сыртылдап естілген дыбыс.*

СЫРТЫЛДА *Сырт-сырт ету, тырсылдау.*

СЫРТЫЛДАҚ *Сырт-сырт еткіш, тырсылдақ.*

СЫРУ *Арасын жиі етіп тігу.*

СЫРШЫ *Сыр жағушы, бояушы.*

СЫРШЫЛ *Сырға толы, нәзік сезімді.*

СЫРШЫЛДЫҚ *Сырға толы нәзіктік, сезімталдық.*

СЫРЫ I *Жиі етіп, бастырып тігу.*

СЫРЫ II *Кері ысырып тастау, сыпырып тастау.*

СЫРЫҚ *Киіз үйдің киізін жөндеуге, түндікті көтеріп ашуға арналған ұзын таяқ.*

СЫРЫҚТА *Сырық жұмсау, ұру.*

СЫРЫҚТАЙ *Ұзын, биік.*

СЫРЫҚША *Кішірек сырық.*

СЫРЫЛ *Сыр-сыр еткен дыбыс.*

СЫРЫЛДА *Сыр-сыр ету, сырылдаған дыбыс шығару.*

СЫРЫЛДАҚ *Сыр-сыр еткен дыбыс, үн.*

СЫРЫЛДАУЫҚ ***көне*** *Дабыл қағатын құрал.*

СЫРЫМТА *Жасырын жолмен қарымтасын, есесін қайтару.*

СЫРЫСТЫР *Ысырыстыру, жинау.*

СЫТЫ *Сәл жыртып кету, жыру, сету.*

СЫТЫҚ: сытық ине — *көзі сынған, не жырылып кеткен ине.*

СЫТЫЛ *Жылп етіп шығып кету, құтылу.*

СЫТЫР: сытыр етті – *сықырлады, сыртылдады.*

СЫТЫРЛА *Сырт-сырт ету; сыртылдау.*

СИЯПАТ *Сый, құрмет, мәзірет.*

СИЯПАТТЫ 1. *Қадірлі, құрметті, сыйлы.* 2. *Келбетті, келісті, сымбатты.*

СІБІРЛЕ *Таңның бозарып атуы, жарық түсу.*

СІЗ *Сен есімдігінің сыпайы түрі.*

СІЗ-БІЗ *"Сіз" деп сыпайылық қарым-қатынас жасау, ізеттілік.*

СІЛБІ I *Өрмекшінің өрнегін тоқуға қажетті талшық зат.*

СІЛБІ II *Баяулап, себезгілеп ұзақ жауған жауын-шашын.*

СІЛБІЛЕ *Жауын-шашынның себезгілеп, ұзақ жаууы.*

СІЛЕ: сілесі қатты – *қатты шаршады, діңкеледі.*

СІЛЕГЕ *Қоралардың төбесіне үйген шөпті боран ұшырып кетпеу үшін үстінен кесе-көлденең тастайтын ағаш бастырық.*

СІЛЕЙ *Мелшіп қатып қалу, қалшию.*

СІЛЕЙТ *Сұлатып салу, қырып салу.*

СІЛЕКЕЙ *Адамның немесе айуанның ауыз қуысынан рефлекс жолымен бөлініп шығатын созылмалы сұйықтық.* ◊ **Сілекейі шұбырды** – *таң-тамаша қалды, аузын ашып өзін ұмытты.*

СІЛЕКЕЙЛЕ *Сілекейін жағу; сулау.*

СІЛЕЛЕ *Сілесі қатып шаршау, болдыру.*

СІЛЕМ *Ұзыннан-ұзақ созылып жатқан тау жоталарының аласарып, таусылар жері, жоталардың жалғасы.*

СІЛЕМДЕН *Сабақтаса жалғасу, созылу.*

СІЛЕМДЕС *Бір-бірімен жалғас, сабақтас.*

СІЛЕМДЕУ *Тарамысты жалғап ширату.*

СІЛЕМДІ *Жалғасып жатқан, тұтасқан, созылған.*

СІЛЕН *Ант-су ішу, қарғану.*

СІЛЕТ *Сылтау, міндет.*

СІЛЕУСІН *Мысық тектес жыртқыш аң.*

СІЛКІ *Қағу, соғу, сілкілеу.* ◊ **Сілкіп тастады** – *итеріп, ысырып тастады.*

СІЛКІЛЕ 1. *Қағып-соғу; жұлқылау.* 2. ***Ауысп.*** *Кемшілігін бетіне басып сөгіп алу, ұрсу.*

СІЛКІН 1. ***өзд. етіс*** *Сілкі-н.* 2. ***Ауысп.*** *Жұлқыну, ұрсу, ашулану.*

СІЛКІНДІР 1. ***өзг. етіс*** *Сілкін-дір.* 2. ***Ауысп.*** *Көңіл көтеру, селт еткізу.*

СІЛКІНІС 1. *Қатты қозғалыс, шайқалыс.* 2. ***Ауысп.*** *Еңсе көтеру, серпіліс.*

СІЛТЕ 1. *Нұсқап жіберу, жөн көрсету.* 2. *Қол, қамшы т. б. нәрселерді сілтеу.* ◊ **Асыра сілтеді** – *артық айтты, қатты кетті.* **Жөн сілтеді** – *бағыт берді, жол көрсетті.*

СІЛТЕМ *Бір сілкіп қалған сілкініс, серпіс.*

СІЛТЕМЕ *Нұсқап көрсететін белгі; көрсеткіш.*

СІЛТЕУ: сілтеу есімдігі ***лингв.*** – *грамматикада белгілі бір бағыт-бағдарды көрсету қызметін атқаратын есімдік.*

СІЛТІ ***хим.*** *Тиген жерін күйдіріп, ойып түсіретін химиялық ерітінді.* **Сілтідей тынды** – *тып-тыныш болды, қозғалмады.*

СІЛТІЛЕУ *Сілтілер көмегімен қатты материалдарды әртүрлі құрауыштарға ажыратып алудың гидрометаллургиялық әдісі.*

СІЛІКПЕ: сілікпесі шықты – а) *көп қайнап езіліп кетті;* ә) *әбден қалжырады, діңкеледі, титықтады.* □ **Сілікпе тоңба** – *сіңір мен құйқаның қойылған сорпасынан жасайтын тағам.*

СІЛІКПЕЛЕУ *Талқыға салу, ұрсып сөгу.*

СІЛІМТІК *Итаршы, сүмелек.* ◊ **Сілімтігі шықты** – *тоз-тозы шықты, ескірді.*

СІЛІМТІР *Бір заттың ең нәрсеге жарамайтын қаңқасы, қалдығы.*

СІМТІК *Әр нәрсені қазбалап жүретін; тіміскі.*

СІМІР *Тоқтаусыз жұту, ішу.*

СІҢ 1. *Бір затқа судың, тердің сіңіп кетуі; сорылу.* 2. ***Ауысп.*** *Кірігіп-бірігіп кету, етене болу.* 3. ***Ауысп.*** *Жоқ болу, көрінбей кету.*

СІҢБІР *Мұрынды сүк саусақ пен бас бармақтың ұшымен қатты дем шығарып тазалау.* ◊ **Сіңбіруге мұрша жоқ [мұршасын келтірмеді]** — *уақыт тығыз, асығыс.*

СІҢБІРІК *Мұрын қуысынан ағатын сора.*

СІҢЛІ *Бір анадан туған қыздардың, ет жақын әйелдердің кішісі.*

СІҢІМДІЛІК *Бойға жақсы тарайтындық, жұғымдылық.*

СІҢІМСІЗ *Тез қорытылмайтын, бойға тарамайтын; жұғымсыз.*

СІҢІР *Дене мүшелерін байланыстырып тұратын ақшыл сары мықты зат.* ◊ **Сіңірі тартылды** — *сіңірі бүрісіп қатты ауырғанды.* **Сіңірі шыққан кедей** — *түгі жоқ, қалт-құлт еткен адам.* **Сіңірі шықты** — *әбден жадап-жүдеді, арықтады.*

СІҢІРГІШ *Жақсы сіңетін, бойына тез тартып алатын.*

СІҢІРГІШТІК *Бойына жақсы сіңіре алатындық.*

СІҢІРЛЕН *Сіңір болу, тарамыстану.*

СІҢІРТЕК *Тарамыстау, сіңірлілеу.*

СІҢІСТІ *Үйреншікті, дағдылы.*

СІПСЕБАС *Астық тұқымдасына жататын бір, кейде екіжылдық шөптесін өсімдіктер.*

СІРӘ *Дәу де болса, бәлкім.* □ **Сірә да** — *ешқашан да, еш уақытта да.*

СІРГЕ *Енесін еміп қоймау үшін төлдің (тана, торпақ-тайыншаның) тұмсығын тесіп өткізіп қоятын істік ағаш.* □ **Сірге жияр** ***этн.*** — *ең соңғы қымызды жинау, сақтау.* **Сірге мөлдіретер** ***этн.*** — *күздігүні бие ағытардағы ақырғы қымызға көрші-қолаңын шақыру кәдесі.*

СІРГЕЛЕ *Бұзау, тана, торпақ т. б. мұрнын тесіп, сірге өткізу.*

СІРГЕЛІ *Тұмсығында сіргесі бар, сірге өткізілген.*

СІРГЕЛІК *Сірге өткізілген жер; тұмсықтың, мұрынның асты.*

СІРЕ *Тығыздау, сіресу, қату.*

СІРЕЛЕ *Сіреп салу, ныгыздап толтыру.*

СІРЕС 1. *Мұз болып қату, тоңазу.* 2. *Икемге келмеу, қозғалмау.* 3. *Қалшиып қатып жүру, тік тұру.* 4. *Сыймай қаптап, толып тұру.* 5. ***Ауысп.*** *Айтқанға көнбеу, қасарысу, ерегісу.*

СІРЕСПЕ ***мед.*** *Бұлшық еттерді жиырып, сірестіріп тастайтын жұқпалы ауру.* 2. ***Ауысп.*** *Сіресіп қалған, оқтау жұтқандай.*

СІРЕСПЕЛІК *Сіресіп қалғандық.*

СІРЕУ *Қатып қалған, сірескен (қар).*

СІРЕУЛЕ *Ныгырлап, ныгыздап тастау.*

СІРКЕСУ I *Бит пайда болатын тұқым, биттің ұрығы.* □ **Сірке жауын** — *себезгілеп жауатын майда жауын.* ◊ **Сіркесі су көтермеді** — *көңілі ештеңеге соқпады, жақтырмады, жаратпады.*

СІРКЕ II *Тамақтың дәмін кіргізу үшін қосылатын қышқыл, сұйық зат.* □ **Сірке қышқылы** ***хим.*** — *көп сатылы синтез арқылы ацетилленнен алынатын химиялық зат.*

СІРКЕЛЕ *Сірке түсу, қаптап кету.*

СІРКІРЕ *Жаңбырдың бүркіп жаууы, себезгілеу.*

СІРКІРЕУІК *Сіркіреп тұратын, бүркіп, сылбыр жауатын.*

СІРНЕ *Өсімдік пен жануардың клеткалары мен ұлпаларында болатын сұйық зат; шырын, сөл.*

СІРНЕЛЕН *Сірнеге айналу, қату.*

СІРТАҚА *Сірленіп қалған, әбден тозған.*

СІРІ 1. *Сиырдың, түйенің қатып қалған терісі.* 2. *Етіктің өкшесіне қойыла-*

тын қатты, қалың көн. 3. ***Ауысп.*** *Көн болып қатып қалған, мүйізденіп кеткен.*

СІРІК ***бот.*** *Биік тауда өсетін бетеге тәріздес шөп.*

СІРІЛЕН *Сіресіп қату, құрысып қалу.*

СІРІЛІК *Етік өкшесінің сірі салынған жері.*

СІРІҢКЕ *От тұтату үшін, басына күкірт жағылған жіңішке шырпылар салынған қорап.*

СЮЖЕТ *Әдебиет және жүйелеу өнерінде болатын оқиғалардың арқауы, жүйе-желісі.*

СЮЖЕТТЕС *Жүйе-желісі бір, мазмұндас.*

СЮЖЕТТІ *Сюжетке бай, сюжеті бар, жүйе-желісі бар.*

СЮЖЕТТІК *Сюжетке негізделген, сюжетке тән.*

СЮИТА ***муз.*** *Әртүрлі музыкалық пьесалардан тұратын көлемді шығарма.*

СЮРПРИЗ *Ойда жоқ нәрсе, күтпеген сыйлық.*

Т

ТА *Да шылауының фонетикалық варианты.*

ТАБА I 1. *Нан пісіретін көмбе.* □ **Таба нан** — *табаға пісірілген тәтті, дәмді нан.* 2. *Тамақ пісіру я қуыру үшін металдан жасалған, дөңгелекше келген, тұтқалы ыдыс.*

ТАБА II *Біреудің сәтсіз ісіне қуанып шоқ-шоқ деп табалаушылық.* ◊ **Таба болды** — *күлкі, мазақ болды.* **Табасы қанды** — *біреудің сәтсіз ісіне қуанды.*

ТАБАҚ I 1. *Тағам салатын үлкен, дөңгелек жайпақ ыдыс.* 2. *Ән-күй жазылған музыкалық күйтабақ.* ◊ **Табақ тартар** — *күйеу жігітке төс салып, ұсынылған табаққа сый беру кәдесі.* **Табақ тарту** — а) *табаққа салып тамақ әкелді;* ә) *кәделі сыбағасын (құдаға жамбас, күйеуге төс, қызға асықты жілік т. б.) беріп сыйлады.*

ТАБАҚ II *Бір парақ қағаз.* ◊ **Баспа табақ** — *баспа орындарында, полиграфия саласындағы өлшем мөлшері. 40000 таңба басылған жазу көлемі, шамамен кітаптың 16 беті.*

ТАБАҚТАЙ *Табақ сияқты үлкен, жалпақ.*

ТАБАҚТАС *Дәмдес, дастарқандас; аралас-құралас.*

ТАБАҚША *Шағын табақ.*

ТАБАҚШЫ *Тойға, жиынға, асқа келген қонақтарға табақ таратушы.*

ТАБАЛА *Біреудің көрген қиыншылығына, сәтсіздігіне қуану, күлу.*

ТАБАЛАУШЫ *Біреудің кемшілік ісіне қуанып, мазақтаушы, миығынан күліп шоқ-шоқ деуші.*

ТАБАЛАУШЫЛЫҚ *Біреудің көрген азабы мен сәтсіздігіне қуанушылық, күлушілік.*

ТАБАЛДЫРЫҚ *Есіктің маңдайшасына қарама-қарсы, төменгі жағында еденге тиіп тұратын екі босаға арасындағы көлденең ағаш.* ◊ **Табалдырығын аттады** — а) *үйге кірді, үйге бас сұқты;* ә) *өмір кезеңінің бір баспалдағына көтерілді.* **Табалдырығын тоздырды** — *қайта-қайта бара берді.*

ТАБАН 1. *Аяқтың жер басатын жалпақ жері.* 2. *Аяққиімнің т. б. заттың жерге тиіп тұратын астыңғы, төменгі жағы.* 4. *Өзеннің, өзектің, сайдың су ағатын төменгі етегі, арнасы.* ◊ **Табанақы [еті], маңдай тері** — *жан қинап істеген адал еңбек.* ◊ **Табан астында** — *кенеттен, күтпеген жерден; тез, жылдам.* ◊ **Табан аузында** — *қолма-қол, кідіріссіз, бөгелместен.* ◊ **Табан елі** — *табан қалыңдығындай семіз, майлы қазы.* ◊ **Табан жазбай** — *тапжылмай, тырп етпей.* ◊ **Табан тіреді** — а) *бір жерге келіп жайғасты, орнықты;* ә) *бір тоқтамға келді; тиянақ етті.* ◊ **Табаны жерге тимеді** — а) *құстай ұшты, зымырады, зулады;* ә) *әлпештелді, бұла болып өсті.* ◊ **Табаны күректей** — *бақандай, табандатқан.* **Табанынан жарылған** — *ағып тұрған су жорға.* ◊ **Табанынан тік тұрды** — *аянбай қызмет етті.* ◊ **Табанына салды** — а) *жауын жеңіп, бас иігізді, дегеніне көндірді;* ә) *қорлады, азаптады.* **Табанын жалады** — а) *құлдық ұрып жалынып-жалпайды; ә) жағымпазданды, жарамсақтанды.*

ТАБАН II *Каспий, Азов теңіздерінде болатын, жалпақ денелі, кәсіптік маңызы бар балық.*

ТАБАНДА I *Лезде, қолма-қол, табан аузында.*

ТАБАНДА II 1. *Табан тіреп қозғалмау, сіресу.* 2. *Бар күшімен жұлқу.* 3. ***Ауысп.*** *Қасарысып көнбеу.*

ТАБАНДА III *Табаны тозған аяққиімге резіңке, киіз т. б. заттардан қосымша табан салу.*

ТАБАНДАҒАН *Тұп-тура, дәп-дәл.*

ТАБАНДЫ 1. *Табан салған, табаны бар.* 2. ***Ауысп.*** *Сөзіне берік, тұрақты, тиянақты.*

ТАБАНДЫЛЫҚ *Табанды болушылық, тұрақтылық, төзімділік, тиянақтылық.*

ТАБАНСЫЗ 1. *Табаны жоқ, табан салмаған.* 2. ***Ауысп.*** *Тұрақсыз, тиянақсыз, төзімсіз.*

ТАБАС *Асыл тастың бір түрі.*

ТАБАШЫ *Табалаушы, күндеуші.*

ТАБАШЫЛ *Табалағыш, күндегіш.*

ТАБЕЛЬ *Жұмысшылар мен қызметкерлердің күнделікті істеген еңбегін жазып отыратын есеп тақтасы не тізімі, кесте // Оқушылардың оқу үлгерімін көрсететін есеп, дәптер.*

ТАБЕЛЬШІ *Табель толтырушы.*

ТАБИҒАТ 1. *Адам санасынан тыс өмір сүретін бізді қоршаған материалды дүние.* 2. *Жаратылыс, табиғат жағдайының жиынтығы (жер жағдайы, өсімдігімен жануарлары, климаты т. б.).* 3. ***Ауысп.*** *Әрбір заттың, құбылыстың өзіне тән ерекшелігі, қасиеті.*

ТАБИҒАТТАНУ *Табиғат, жаратылыс жайлы түсінік беретін ғылым саласы, пән.*

ТАБИҒАТТАС *Жаратылысы бір, ұқсас, табиғаты бірдей.*

ТАБИҒИ 1. *Жаратылыстың өзіндегі табиғатқа тән, жасанды емес; таза, қоспасыз.* 2. *Боямасыз, нанымды.*

ТАБИҒИЛЫҚ *Табиғи болушылық.*

ТАБЛЕТКА *Ұнтақтан престеу арқылы дөңгелетіп қатырған дәрі.*

ТАБЛИЦА *Графика түрінде берілетін мәлімет.*

ТАБУ *Алғашқы қоғам дәуірінде діни сенімммен байланысты белгілі бір сөз, іс, зат атын атауға салынған тыйым.*

ТАБЫН I *Сиыр малының, аңның (киік, бұғы) үйірлі тобы.*

ТАБЫН II 1. *Діндар адамның Құдайға құлшылық етуі, сиынуы.* 2. ***Ауысп.*** *Бас ию, құрмет тұту, бағыну.*

ТАБЫНҒЫШ *Бас ию, құлдық ұрғыш.*

ТАБЫНДАП *Табын-табын болып жайылу, топталу.*

ТАБЫНУШЫ *Құдайға сиынушы.*

ТАБЫНШЫ *Табындағы малды бағатын бақташы, сиыршы.*

ТАБЫС I 1. *Белгілі бір істі орындау, атқару нәтижесінде түсетін пайда, кіріс.* 2. *Қол жеткен жетістік, жеңіс.* □ **Табыс септігі** — *кімді? нені? деген сұраққа жауап беретін септік атауы.*

ТАБЫС II 1. ***орт. етіс*** *Таб-ыс.* 2. *Татуласу, түсінісу, достасу // Дидарласу, кездесу, көрісу.* 3. *Төлдің енесіне қосылуы, жамырауы.* ◊ **Табыс етті [қылды]** — *бір нәрсені біреуге тапсырды, қолына тигізді.*

ТАБЫСКЕР *Пайда келтіргіш, кіріс кіргізгіш.*

ТАБЫСКЕРЛІК *Табыскер болушылық.*

ТАБЫССЫЗ 1. *Табысы жоқ, кіріссіз.* 2. ***Ауысп.*** *Жетістіксіз, нәтижесіз.*

ТАБЫСТА *Тапсыру, аманат ету.*

ТАБЫТ *Өлген адамның денесін салатын арнаулы қорап.*

ТАҒА *Аттың тұяғына қағатын, доға түрінде соғылған темір // Етік өкшесіне қағылған темір.*

ТАҒАЙЫН *Анық, ақиқат, рас.*

ТАҒАЙЫНДА *Біреуді белгілі бір қызметке белгілеу; бір орынға қою.*

ТАҒАЙЫНДЫ *Тұрақты, белгілі, тыңғылықты.*

ТАҒАЛА I *Аттың тұяғына таға қағу.*

ТАҒАЛА II *Көбінесе Алла, Құдай, Хақ сөздерімен қосарланып, "құдіретті ием, жаратушы" деген діни табынуды білдіретін атау.*

ТАҒАЛЫ *Таға қағылған, тағасы бар.*

ТАҒАЛЫҚ *Тұяқтың таға қағылатын тұсы.*

ТАҒАМ *Ас, тамақ, дәм.*

ТАҒАМДАС *Дәмдес-тұздас, дастарқандас.*

ТАҒАМДЫҚ *Тағамдық, астық.*

ТАҒАН ***көне*** *Ошақ, тағы сол сияқтылардың бұты, аяғы, тіреуіш.* 2. *Үш аяқты темір ошақ.*

ТАҒАН *Қарғаның бір түрі.*

ТАҒАНАҚ ***зоол.*** *Торғай тұқымдас құс.*

ТАҒАНДА *Бір орыннан қозғалмау.*

ТАҒАНДЫ *Тиянақты, төзімді, табанды.*

ТАҒАТ *Шыдам, төзім, сабыр.* ◊ **Тағат қылмады (таппады, тұтпады)** — *шыдамы жетпеді, дегбірсізденді.* **Тағаты бітті (жетпеді, таусылды, тозды)** — *тағат қалмады.*

ТАҒАТСЫЗДАН *Сабырсыздану, дегбірсіздену.*

ТАҒАТСЫЗДЫҚ *Тағатсыз болушылық.*

ТАҒАТТА *Шыдамы жету, сабыр сақтау.*

ТАҒАТТЫ *Шыдамды, төзімді, сабырлы.*

ТАҒАТТЫЛЫҚ *Шыдамдылық, төзімділік, сабырлылық.*

ТАҒАШЫ *Тағa соғатын, ат тағалайтын адам.*

ТАҒДЫР 1. *Адам еркінен тыс болатын оқиға барысы, түрлі жағдайдың тоғысу салдары.* 2. ***діни*** *Құдіреттің жазуы, жазмыш.* 3. *Болып өткен өмір жолы, тұрмыс, болашақ.* ◊ **Тағдырдың салғаны [жазғаны]** ***діни*** — *Құдіреттің маңдайына [пешенесіне] жазғаны.* **Тағдыр жетті** — *ажалы жетті, күні бітті.* **Тағдыры шешілді** — *істің тетігі анықталды.*

ТАҒДЫРЛАС *Тағдыры бір, тағдыры ұқсас.*

ТАҒДЫРЛАСТЫҚ *Тағдырлас болушылық.*

ТАҒДЫРЛЫ *Тағдыры бар, тағдырға ие.*

ТАҒДЫРСЫЗ *Тағдырдың бұйрығынсыз, жазмышсыз.*

ТАҒЗЫМ *Ізет, құрмет, қошемет етті (жасады, қылды).*

ТАҒЫ I 1. *Қолға үйренбеген жабайы жан-жануар.* 2. ***Ауысп.*** *Даму жағынан артта қалған; надан, мәдениетсіз.* 3. ***Ауысп.*** *Мейірімсіз, қатыгез.*

ТАҒЫ II *Және, мұның үстіне, әлі.*

ТАҒЫ III *Орталық Азиядағы жабайы жылқының бір түрі.*

ТАҒЫЛАН I ***зоол.*** *Үстінде 20—30 сантиметрлік инесі болатын, жартастың қуысын мекендейтін, кемірушілер тобына жататын тау тағысы; үлкен кірпікшешен.*

ТАҒЫЛАН II 1. *Жабайылану, тағыға айналу.* 2. ***Ауысп.*** *Жауыздық, қатыгездік көрсету.*

ТАҒЫЛЫҚ *Тағы болушылық.*

ТАҒЫША *Тағыға ұқсап, тағы сияқты.*

ТАЖАЛ 1. *Діни наным бойынша ақырзаман болғанда шығады-мыс делінетін аждаһа.* 2. ***Ауысп.*** *Апат, қырғын; бәлекет.* 3. ***Ауысп.*** *Сұмырай, сұмпайы, бәлекет.*

ТАЗ 1. *Адам басында болатын жұқпалы жара, қотыр.* 2. ***Ауысп.*** *Басы таз адам.* □ **Тазқарын** — *күйіс қайыратын жануардың 4 бөлімді қарнының тықыр түкті, бастапқы ең үлкен бөлімі.* ◊ **Таз кебін киді (қалпына түсті)** — *бағы күйіне түсті, бұрынғы қайталанды.*

ТАЗА 1. *Кірсіз, кір шалмаған, мұнтаздай.* 2. *Ешқандай қоспасыз; табиғи, саф.* 3. ***Ауысп.*** *Кіршіксіз, адал, пәк.*

ТАЗАЛА *Жуып-шайып, сүртіп, кір-қоқыстан арылту.*

ТАЗАЛАУ *Тазарақ, тазарақтау көйлек (үй).*

ТАЗАЛАУШЫ *Шаң-тозаңнан, кір-қоқыстан арылтушы.*

ТАЗАЛЫҚ 1. *Кір-лас болмаушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Ақниеттілік, адалдық, пәктік.*

ТАЗАР 1. *Кір-қоқыстан, шаң-тозаңнан арылу, тазалану.* 2. ***Ауысп.*** *Жаман пиғылдан арылу.*

ТАЗАРАҚ *Тазалау, кірі аздау, тазарақтау.*

ТАЗАРТҚЫШ *Кір-қоқыс, шаң-тозаңды тазалағыш құрал. Машина (механизм).*

ТАЗҚАРА ***зоол.*** *Үлкен жыртқыш құс, жыл құсы.*

ТАЗША *Басы таз бала.*

ТАЗЫ *Аң алатын жүйрік ит, құмай.* ◊ **Тазы қуған қояндай** — *қатты қорқып, сасқалақтады.*

ТАЗЫҒЫР *Шөпсіз, тақыр жер.*

ТАЙ I *Екі жасқа әлі толмаған жылқы.* □ **Тай бәйге (жарыс)** — *тай мініп жарысатын бәйге.* □ **Тай егіз** — *бір жастан асқан, піштірілген еркек тайынша.* □ **Тайтұяқ** — *тайдың тұяғына ұқсас, тұтас бір кесек күміс.* ◊ **Тайға таңба басқандай** — *өте анық, тасқа басылып қалғандай.* **Тай шықты** — *жылқы төлі бір жасқа толды.*

ТАЙ II *Тең, көлемді бума, байлам.*

ТАЙ III 1. *Аяқ не басқа бір нәрсенің сырғанап, тұрған орнынан жылжып кетуі.* 2. ***Ауысп.*** *Қашу, қарасын көрсетпеу.* 3. *Алған беттен тайқу, айну, өзгеру.* ◊ **Тайып отырды (тұрды, берді)** — *кетіп қалды, зытты.*

ТАЙГА *Солтүстік Еуразияның көп жерінде, Сібір мен Қиыр Шығыста өсетін қылқан жапырақты, ну қарағайлы орман.*

ТАЙҒАҚ 1. *Тайғанақ, табан тұрмайтын сырғанағыш.* 2. ***Ауысп.*** *Тұрақсыз, баянсыз; айнығыш.*

ТАЙҒАҚТА 1. *Тайғанақтау, тайғанай беру, сырғанақтау.* 2. ***Ауысп.*** *Тайсақтау, айну; жасқану.*

ТАЙҒАНА *Тайғанақтау, сырғанау.*

ТАЙҒАНАҚ 1. *Табан тұрмайтындай сырғанақ, тайғақ.* 2. ***Ауысп.*** *Тұрақсыз, табансыз, айнығыш.*

ТАЙҒАНАҚТА *Табан тұрмай тая беру, сырғанақтау.*

ТАЙҒАНАҚТЫҚ *Тайғанақ болушылық.*

ТАЙҒЫШ 1. *Тайғанақтағыш, сырғанағыш.* 2. ***Ауысп.*** *Табансыз, айнығыш.*

ТАЙЖАҚЫ *Тай, құлын, құралай терісінен тіккен жеңіл әрі жылы ішік.*

ТАЙҚА *Батылы бармай тайсалу, тайсақтау.*

ТАЙҚАҚ *Табансыз, тұрақсыз, айнымалы.*

ТАЙҚАҚСЫ *Қашқақтау, сырдақтау, тайсақтау.*

ТАЙҚАҚТА *Табансыздық көрсету, қашқақтау.*

ТАЙҚАЛАҚТА 1. *Қайта-қайта таю, тайғанақтау.* 2. ***Ауысп.*** *Қашқақтау, тайқақтау.*

ТАЙҚАР I *Екі жасар есек.*

ТАЙҚАР II *Тамыры жеуге жарайтын өсімдік.*

ТАЙҚАРДАЙ *Аса ірі, үлкен.*

ТАЙҚАУ *Сәл шалқақ келу, тайқы болу.*

ТАЙ-ҚҰЛЫН *Жылқы малының жас төлдері.*

ТАЙ-ҚҰЛЫНДАЙ: тай-құлындай тебісті — *жастайынан бірге ойнап, қатар өсті.*

ТАЙҚЫ I *Тайпиған, кейкі, қайқы, шалқия біткен.* □ **Тайқы маңдай** — *жалпақ емес, тайпиған маңдай.*

ТАЙҚЫ II *Жалт беру, тайсалу, қашқақтау.*

ТАЙҚЫЛАУ *Сәл тайпиған, шалқиыңқылау біткен, қайқылау.*

ТАЙЛА *Тең-тең етіп буу, бума-бума етіп байлау.*

ТАЙЛАҚ *Екіге әлі толмаған түйе төлі.*

ТАЙЛЫ *Тайы бар, тай ерткен.*

ТАЙЛЫҚ I *Тайдың құнына татырлық.*

ТАЙЛЫҚ II *Қаймығу, беттемеу, ығысу.*

ТАЙЛЫ-ТАЯҚ *Үлкен-кіші, ауыл-аймақ түгелімен, барлығы.* ◊ **Тайлы-таяғы қалмады** — *барлығы келді, бірі де қалмады.*

ТАЙМ ***спорт.*** *Спорт ойынының уақытпен белгіленетін бір бөлігі.*

ТАЙМАҢ: таймаң қақты — *тайсалмады, именбеді.*

ТАЙМАҢДА *Еш нәрседен именбеу, тайсалмау.*

ТАЙМЕН *Жайық өзенінде кездесетін балықтың бір түрі.*

ТАЙПА *Таптық қоғамға дейінгі тілі мен жері ортақ, рулық байланысы берік адамдар қауымдастығы, ірі этностық топ.*

ТАЙПАҚ 1. *Биік емес, аласа, жатаған.* 2. *Шұңғыл емес, жайпақ.*

ТАЙПАҚТАУ *Сәл тайпақ, тайпағырақ, аласалау.*

ТАЙПАҚТЫҚ *Тайпақ болушылық, аласалық.*

ТАЙПАҚҒА *Тайпақтау, аласалау.*

ТАЙПАЛ *Аттың жайлы, біркелкі жұмсақ жүріске салуы, жорғалау.* ◊ **Тайпалған жорға** — *төрт аяғы тең жорға, су жорға.*

ТАЙПАЛАС *Бір тайпаға жататын, тайпасы бір.*

ТАЙПАЛЫ *Бірнеше тайпадан тұратын.*

ТАЙПАҢДА *Шалқалап жүру, тайпалу; жорғалау.*

ТАЙПИ *Жермен-жексен болып жапырау, жалпию.*

ТАЙРАҢ 1. *Аяқты алшаң басқан жүріс.* **Ауысп.** *Еркіншіп, масайраған қылық.*

ТАЙРАҢДА 1. *Тайраң-тайраң етіп жүру, жүгіру, желу.* 2. **Ауысп.** *Еркінсу, дандайсу.*

ТАЙРЫЛҒАН *Табанынан тозған, жүре алмай қалған.*

ТАЙСАҚ *Жалтақ, жасқаншақ.*

ТАЙСАҚТА *Қаймығу, имену, жасқаншақтану.*

ТАЙСАЛ *Қаймығу, имену, жасқану.*

ТАЙ-ТАЙ *Бума-бума, тең-тең.*

ТАЙТАЛАҚТА *Тайраңдау, тайрақтау.*

ТАЙТАЛАС I 1. *Талас-тартыс, егес, қақтығыс.* 2. *Қатарлас, бірге, тең.*

ТАЙТАЛАС II *Күресу, қарсыласу, таласып-тартысу.*

ТАЙТАЛАСҚЫШ *Таласып-тартысқыш, ерегіскіш.*

ТАЙТЕРІ *Тай терісінен жасалған, жүнін үстіне қаратып астыға салып отыратын төсеніш, бөстек, тулақ.*

ТАЙ-ТУЛАҚ *Арық-тұрақ, нашар жылқы малы.*

ТАЙТҰЯҚ *Аумағы тайдың тұяғындай кесек күміс, алтын жамбы.*

ТАЙФУН *Оңтүстік шығыс Азия мен Тынық мұхиттың батыс жағалауында болатын сұрапыл дауыл, циклон.*

ТАЙЫЗ *Терең емес; саяз, таяз.*

ТАЙЫЗДА *Тереңдігі кеміп, түбіне жақындап азайып қалу.*

ТАЙЫЗДАУ *Онша терең емес.*

ТАЙЫЗДЫҚ *Тайыз болушылық.*

ТАЙЫН *Тайсалу, қаймығу, жасқану, имену.*

ТАЙЫНБА *Жасқанбау, тайсалмау, именбеу.*

ТАЙЫНША *Екі жасқа жетпеген торпақ.*

ТАЙЫНШАДАЙ *Тайынша сияқты ірі, үлкен.*

ТАКСАТОР 1. *Баға кесуші.* 2. *Орман ағаштарының көлемін өлшеуші маман.*

ТАКСАЦИЯ 1. *Бағалау, баға кесу.* 2. *Өнімді мөлшерлеу.* 3. *Көлемін мөлшерлеу.*

ТАКСИ *Белгілі нарықпен ақша төленетін, жолаушылар мен түрлі жүк таситын жалдама машина.*

ТАКСИШІ *Такси жүргізуші.*

ТАКСОМЕТР *Таксидің жүрген жолына сай ақы мөлшерін есептейтін механикалық есептегіш.*

ТАКСОФОН *Телефон-автомат.*

ТАКТ ***муз.*** *Музыкалық шығарманың ұзындығының мөлшерлі ырғақтары. Ырғақ өлшемі.*

ТАКТИК *Тактикаға шебер адам.*

ТАКТИКА 1. ***экспр.*** *Соғыс жүргізудің теориясы мен практикасын қарастыратын әскери өнердің бөлігі.* 2. *Қоғамдық, саяси күрестің әдістері мен тәсілдерінің бірлігі.*

ТАКТИКАЛЫҚ *Тактикаға жататын, тактикамен байланысты.*

ТАҚ I *Монархтың (хан, шах, патша, корольдің) отыратын орындығы,*

билікке ие болу белгісі. ◊ **Таққа отырды [мінді]** — *патша болды; хан сайланды.* **Тақтан түсті [құлады, тайды]** — *патшалықтан, хандықтан айырылды.*

ТАҚ II 1. *Жұппен алмасып келіп отыратын сан* (1, 3, 5, 7...). 2. ***Ауысп.*** *Жеке, дара, жалғыз.*

ТАҚ III *Нақ, тура, дәл.*

ТАҚ IV 1. *Бір нәрсені қадау, жапсыру, ілу.*

ТАҚ: тақ етті 1. *Сарт еткен, тақылдап естілген дыбыс.* 2. *Сақ етіп, дәлме-дәл тіл қатты.*

ТАҚА I 1. *Аяққиімнің табанына байлайтын жылқының төрт не екі тұяғы.* 2. *Аяққиімнің өкшесі, өкшелігі.*

ТАҚА II *Нақа, нағыз, тура, мүлде.* ◊ **Тақа болмай бара жатса** — *жөні келмесе, амалы жетпесе.*

ТАҚА III *Жақындау, жуықтау, таяну.*

ТАҚАҚТА *Бір нәрсені қайта-қайта айтып не сұрап мазаны алу.*

ТАҚАС I 1. *Талас-тартыс, егес, ерегіс.* 2. *Қиын-қыстау, қысылшаң.*

ТАҚАС II *Ерегісу, егесу, таласып-тартысу.*

ТАҚАСТЫҚ *Ерегісушілік, егесушілік, тақас болушылық.*

ТАҚАУ *Таяу, жуық, жақын.*

ТАҚАУЛАУ *Таяурақ, жақындау, жуықтау.*

ТАҚИЯ *Кестелеп, сырын тігілген дөңгелек, жеңіл баскиім.* □ **Тақия қарын** — *қарынның тықыр түкті бөлігі.* **Тақия телпек** — *тақия тәуіп ойнайтын балалар ойыны.* ◊ **Тақияда тамтығы қалмады** — *бәрінен жұрдай болды.* **Тақияңа тар келе ме [тарлық етпейді]** — *осы да жетер, бұ да болса пайда.* **Тақияң жерге түседі [түсердей]** — *зәулім, биік.*

ТАҚИЯДАЙ *Тақия сияқты кішкентай, көлемсіз.*

ТАҚИЯЛЫ *Тақиясы бар; тақия киген.*

ТАҚИЯШАҢ *Басына тақия киген.*

ТАҚПАҚ *Жаттап алып, көпшілік алдында айтатын шағын, қысқа өлең.*

ТАҚПАҚТА 1. *Өлең жолын жатқа айту, өлеңдете айту.* 2. *Сөздің майын тамызып, қиыстырып, термелеп айту.*

ТАҚПАҚШЫ *Тақпақ айтушы; тақпақ айтудың шебері.*

ТАҚПАҚШЫЛ *Термелеп, нақылдап сөйлегіш.*

ТАҚСЫР ***тар.*** *Мәртебесі жоғары адамға жалыну, жалбарыну, құлдық ұру мәнінде айтылатын қаратпа сөз.*

ТАҚСІРЕТ *Ауыртпалық зардабы, азап, қиыншылық.* ◊ **Тақсіретін тартты [шекті]** — *азабын көрді, зардабын тартты.*

ТАҚТА I 1. *Бормен жазуға арнап жасалған сынып тақтасы.* 2. *Түрлі құлақтандыру, жарнама, газет, т. б. ілінетін арнаулы тақтай.*

ТАҚТА II *Арасын межелеп бөлшектеген егістік жер.*

ТАҚТАЙ *Бөренені ұзынынан тіліп жасалатын, екі жағы тегіс жұқа ағаш кесіндісі, құрылыс материалы.*

ТАҚТАЙДАЙ *Тақтай сияқты тегіс, түзу.*

ТАҚТАЙЛА *Тақтай төсеу, салу.*

ТАҚТАЙЛЫ *Тақтай төселген, тақтай салынған.*

ТАҚТАЙША *Кішкене тақтай, шағын тақтай.*

ТАҚТАҚ I ***зоол.*** *Інге ұя салатын аққұйрық торғай.*

ТАҚТАҚ II *Әбден тапталып қалған кедір-бұдырсыз, тегіс.*

ТАҚ-ТАҚ 1. *Тарс-тарс, сарт-сарт.* 2. *Сөзге пысық, зерек.*

ТАҚТАЛА *Тақта-тақта етіп бөлу.*

ТАҚ-ТҰҚ *Болар-болмас, жетер-жетпес.*

ТАҚУА *Діндар, діншіл.*

ТАҚУАЛАН *Тақуа болу, тақуаға тән қылық көрсету.*

ТАҚУАЛАУ *Діншілдеу, діндарлау.*

ТАҚУАЛЫҚ *Тақуа болушылық.*

ТАҚУАСЫН *Тақуа болғансу, діндарсыну.*

ТАҚЫ *Амал, айла, әдіс, құлық.*

ТАҚЫЛ 1. *Тақ-тақ еткен дыбыс, тықыл.* 2. *Сөз, лебіз.*

ТАҚЫЛДА 1. *Тақ-тақ еткен дыбыс шығару; тарсылдау.* 2. *Мүдірмей, бөгетсіз тықылдап сөйлеу.*

ТАҚЫЛДАҚ *Сөзуар, сайрауық, тақылдауық.*

ТАҚЫЛЕТТЕС *Ұқсас, сияқты; тақылетті.*

ТАҚЫЛЕТТІ *Сияқты, іспетті; тақылеттес.*

ТАҚЫЛ-ТАҚЫЛ *Аз-аздап, жиі-жиі.*

ТАҚЫЛ-ТҰҚЫЛ *Жетер-жетпес; бірде бар, бірде жоқ, тақ-тұқ.*

ТАҚЫМ *Тізенің астыңғы, ішкі жағы.* **Тақым қағар** – *атқа мінгенде тақым тимеу үшін былғарыдан, киізден жасалған зат.* **Тақым бұрау салды** – *қылмыстыны азаптады, аяусыз жазалады.* **Тақымға салды [тақымы батты]** – *тізесін батырды, күш көрсетті.* **Тақымы толмады** – *місе тұтпады, қорашсынды.*

ТАҚЫМГЕР *Тақымға алғыш, көкпарға түскіш.*

ТАҚЫМДА 1. *Көлікті жүргізу үшін тақым қағу, тақым қысу.* 2. ***Ауысп.*** *Қыр соңынан қалмау, ізіне (соңына) түсу.*

ТАҚЫМДЫ *Талап қойғыш, табанды.*

ТАҚЫМДЫҚ *Тақымның түсы.*

ТАҚЫМКЕШІ *Тақымға алғыш, жекпе-жек тартыста жеңгіш.*

ТАҚЫР ***геогр.*** 1. *Ешбір өсімдік өспейтін, шөпсіз құқыл жер.* 2. *Шөбі құрап қалған, тапталған тегіс жер.* 3. *Тықыр, жалтыр.* ◊ **Тақырға отырғызды** – *жер соқтырды, алдап кетті.* **Тақыр кедей** – *түгі жоқ, нағыз кедей.*

ТАҚЫРАЙ *Шашы алынып, тақыр болу.*

ТАҚЫРЛА *Түк қалдырмау, тақыр ету, тықырлау.*

ТАҚЫРЛАУ *Шөбі сирек, тақыр жер.*

ТАҚЫР-ТАЗА *Бүтіндей, біржола.*

ТАҚЫРШАҢ *Шөп шықпаған сортаң, тақыр жер.* ◊ **Тақыршаққа отырғызды** – *жер соқтырды, алдап кетті.*

ТАҚЫРШЫЛЫҚ *Құрғақшылық, қуаңшылық.*

ТАҚЫРЫП 1. *Лекцияның, баяндаманың, шығарманың, жазған еңбектің аты.* 2. *Шығарманың, еңбектің негізгі мазмұны, түйіні.*

ТАҚЫРЫПТАС *Тақырыбы бір, ортақ, ұқсас.*

ТАҚЫРЫПТЫҚ *Белгілі бір тақырыпқа қатысты.*

ТАҚЫРЫПША *Жеке бөлімдер мен тараулардың аты; қысқа, шағын тақырып.*

ТАҚЫС *Қу, әккі, айлакер.*

ТАҚЫСТАН *Қулану, әккілену.*

ТАҚЫСТАУ *Қулау, әккілеу, айлакерлеу.*

ТАҚЫСТЫҚ *Тақыс болушылық.*

ТАЛ I *Майысқақ бұтақты, жіңішке жапырақты бұта, ағаш.* ◊ **Тал бойы** – *бүкіл денесі, тұла бойы.* **Тал шыбықтай** – *нәзік, талдырмаш.*

ТАЛ II *Біртектес, ұқсас заттардың жеке біреуі, данасы.*

ТАЛ III 1. *Есінен тану, талықсу.* 2. *Қатты шаршау, әлсіреу, діңкелеу.*

ТАЛ: тал түс – *шаңқай түс, талма түс.*

ТАЛА 1. *Иттің, қасқырдың және басқа жыртқыш аңның тістеп, жұлып жара түсіруі.* 2. *Ара, маса, сона сияқты жәндіктердің денені шағып дуылдатуы.* 3. ***Ауысп.*** *Елді тонап шауып алу, тартып алу.*

ТАЛАБА *Медресе шәкірті.*

ТАЛАҒЫШ *Ел шауып тартып алғыш, тонағыш.*

ТАЛАЙ *Маңдайға жазған бақ, несібе.* ◊ **Талайың өссін алғ.** – *мерейің үстем болсын, бақытты бол!* **Талайы төмен түсті** – *беделі түсті, көңілі басылып қалды.*

ТАЛАЙ II 1. *Әлденеше, бірнеше; көптеген.* 2. *Неше түрлі, алуан түрлі.* ◊ **Талайдан бері** – *көптен бері, бұрыннан.* **Талай жер** – *едәуір алыс жер.* **Талайды көрді** – *жақсы-жаманды бастан кешу.*

ТАЛАЙҒЫ *Көптен бергі, көптен келе жатқан.*

ТАЛАЙЛЫ *Бақытты, несібелі.*

ТАЛАЙСЫЗ *Бақытсыз, сорлы.*

ТАЛАҚ I ***көне*** *Ері тарапынан некені бұзу, әйелін тастау жайы.* 2. *Дүниеден, тіршіліктен безу.*

ТАЛАҚ II *Қарынға жабыса біткен, қан түзетін жүйеге жататын мүше; көкбауыр.* □ **Талағы жабысты (кекесін)** — *ымы-жымы бірігіп, жігі айырылмастай болды.* **Талағы тарс айырылды [жарылды, кетті]** — *бұлқан-талқан боп, қатты ашуланды.*

ТАЛАҚАЙ: ту-талақай — *бей-берекет, опыр-топыр, астан-кестен.*

ТАЛАҚТАЙ *Талақ сияқты.*

ТАЛАҚША *Талаққа ұқсап, айырылмай, қыр соңынан қалмай.*

ТАЛАНДЫ *Тоналған, тартып алынған.*

ТАЛАНТ 1. *Ерекше біткен табиғи дарын, асқан қабілеттілік.* 2. *Ерекше дарынды адам.*

ТАЛАН-ТАРАЖ *Мал-мүлкін, байлығын талаушылық, тонаушылық.*

ТАЛАНТСЫЗ *Таланты жоқ, дарынсыз.*

ТАЛАНТТЫ *Ерекше дарынды, қабілетті.*

ТАЛАНТТЫЛЫҚ *Талантты болушылық.*

ТАЛАП 1. *Ынта, ықылас, жігер.* 2. *Міндет, жауапкершілік.* ◊ **Талабын жер қылды** — *көңілін бөліп тастады, меселін қайтарды.* ◊ **Талабы таудай** — *үміті зор, қабілетті.* **Талап етті [қылды]** — а) *талпынды, ұмтылды;* ә) *сөзсіз орындалуын қажет деп тапты.*

ТАЛАПАЙ 1. *Шашылып қалған нәрсені таласа-тармаса жинап алу әрекеті.* 2. *Талан-тараж, тонаушылық.*

ТАЛАПАЙЛА *Таласып-тартысып бөліп алу, талапайға салу.*

ТАЛАПКЕР 1. *Бір істі тындыруға тырысқыш, ізденгіш.* 2. ***заң*** *Сотқа, заң орнына арыз жазып ресми талап қоюшы, ізденуші, жоқтаушы адам.*

ТАЛАПКЕРЛІК *Талапкер болушылық, ізденгіштік.*

ТАЛАПСЫЗ *Талабы жоқ, ынтасыз, мақсатсыз.*

ТАЛАПСЫЗДЫҚ *Талапсыз болушылық.*

ТАЛАП-ТАЛҒАМ *Талап пен талғам, мақсат, міндет.*

ТАЛАПТАН *Алдына қойған мақсатқа жетуге тырысу, ұмтылу.*

ТАЛАПТАНУШЫЛЫҚ *Тырысып ізденушілік, ынталылық.*

ТАЛАПТАС *Талабы бір, мақсат-мүддесі ортақ.*

ТАЛАПТЫ *Көздеген мақсатына жетуге ұмтылғыш, талантты, қабілетті.*

ТАЛАПТЫЛЫҚ *Талапты болушылық, таланттылық, қабілеттілік.*

ТАЛАП-ТІЛЕК *Алдына қойған мақсат, міндет, жауапкершілік.*

ТАЛАПШЫЛ *Талап қойғыш, талап еткіш.*

ТАЛАПШЫЛДЫҚ *Талапшыл болушылық.*

ТАЛАС I 1. *Белгілі бір нәрсе, мәселе жайындағы пікір тартысы, айтыс, керіс.* 2. *Тартыс, бәсеке.* 3. *Теңбе-тең, тайталас, қатарма-қатар.*

ТАЛАС II 1. *Дауласу, тартысу, айтысу.* 2. *Иттің, қасқырдың т. б. жыртқыш аңның бір-бірімен тістесіп, жұлқыласуы.*

ТАЛАСА-ТАРМАСА *Асығыс-үсігіс, жедегабыл.*

ТАЛАСҚЫШ *Талас тудырғыш, даукес, жанжалқой.*

ТАЛАСҚЫШТЫҚ *Таласқыш болушылық.*

ТАЛАССЫЗ *Таласы жоқ, даусыз, дау-дамайсыз.*

ТАЛАС-ТАРТЫС *Дау-дамай, жанжал, ұрыс-керіс.*

ТАЛАС-ТАРТЫССЫЗ *Талас-тартысы жоқ, дау-дамайсыз.*

ТАЛАСТАУ *Таласы баршылық, аздап пікірталас тудыратын.*

ТАЛАСТЫ *Таласы көп, таласы бар.*

ТАЛАУ *Асқан жүйрік, асылтұқымды мініс аты.*

ТАЛАУРА 1. *Шапақ шашып, қызыл жалқындалу.* 2. *Қызара бөртіп қабыну, ісіну.*

ТАЛАУРАУ ***мед.*** *Тамақ, мұрын, өкпе сияқты мүшелердің шырышты қабығының суық тиіп ауруы; қабынуы.*

ТАЛҒА *Таңдау, сұрыптау.*

ТАЛҒАҒЫШ *Талғампаз, таңдағыш.*

ТАЛҒАЖАУ *Қоректік зат, талшық.*

ТАЛҒАЖАУЛА *Талшық ету, қорек қылу.*

ТАЛҒАМ *Бір нәрсеге деген ұнамды көзқарас, талғағыштық.*

ТАЛҒАМДЫ *Талғампаз, талғағыш.*

ТАЛҒАМДЫЛЫҚ *Талғамды болушылық.*

ТАЛҒАМПАЗ *Таңдағыш, сұрыптағыш.*

ТАЛҒАМПАЗДЫҚ *Талғампаз болушылық.*

ТАЛҒАМСЫЗ *Талғам қойылмай, қалай болса солай.*

ТАЛҒАМСЫЗДЫҚ *Талғамсыз болушылық, талғам қоя білмеушілік.*

ТАЛҒАМШЫЛ *Талғампаз, талғамды.*

ТАЛҒАМШЫЛДЫҚ *Талғамшыл болушылық.*

ТАЛҒАУЛЫ *Таңдамалы, таңдаулы.* □ **Талғаулы салалас** — *біркелкі ыңғайластығын танытатын құрмалас сөйлем.*

ТАЛҒАУЛЫҚТЫ: талғаулықты жалғаулық ***грамм.*** — *сөйлем ішінде кезектесіп қолданылатын жалғаулық түрі.*

ТАЛҒАУСЫЗ *Талғамай, қалай болса солай.*

ТАЛДА 1. *Бір-бірлеп салалау, тарамдау.* 2. *Бір істің егжей-тегжейін ажырата зерттеу, тексеру.*

ТАЛДАҒЫШ *Талдай алатын, саралағыш.*

ТАЛДАМА *Белгілі бір мәселені, жұмысты дайындау үстінде қолданылатын есептеу, пайымдау.*

ТАЛҒАМПАЗДЫҚ *Талғампаз болушылық.*

ТАЛ-ДАРАҚ *Тал мен терек, бұта аралас аға ш.*

ТАЛДАУ *Талқылаушылық, баға берушілік.*

ТАЛДАУСЫЗ *Талдау жасамай, тексермей.*

ТАЛДЫРМАШ *Тал шыбықтай үзіліп түрған нәзік, жіңішке.*

ТАЛДЫРМАШТАН *Жіңішкеру, тартылып жүдеу.*

ТАЛДЫРМАШТАУ *Нәзіктеу, жіңішкерек.*

ТАЛҚАН *Қуырылған бидай мен тарыны диірменге тартып я келіге түйгенде жасалатын майда ұнтақ.* ◊ **Талқан етті (қылды, талқаны шықты)** — *қиратты, күлпарша етіп бүлдірді.*

ТАЛҚАНДА 1. *Қуырылған бидай мен тарыны түйіп, ұнтақтау, талқан жасау.* 2. ***Ауысп.*** *Күлпарша етіп бүлдіру, құрту.*

ТАЛҚАНДАЙ *Талқан сияқты, майда, құрғақ.*

ТАЛҚАНДЫҚ *Талқан боларлық, талқанға жарарлық.*

ТАЛҚЫ 1. *Иден шыққан теріні керіп-созатын, уқалап жұмсартатын ағаштан жасалған құрал.* 2. ***Ауысп.*** *Сын тезіне түскендік, тексеріс.* 3. ***Ауысп.*** *Басқа түскен қиындық, азап, қыспақ.* ◊ **Талқыға түсті (салды)** — *пікір талқысынан өткізді, тексеріске салды.*

ТАЛҚЫДАЙ *Үлкен, дәу.*

ТАЛҚЫЛА 1. *Иден шыққан теріні талқыға салып жұмсарту.* 2. ***Ауысп.*** *Бір істің егжей-тегжейіне жету, тексеру.*

ТАЛМА I 1. *Есі ауысып талып қалатын ұстамалы ауру.* 2. *Тез талатын, әлсіз, нәзік.* □ **Талма шақ** — *қаравөзек шақ; көктем кезі.*

ТАЛМА II *Талдырмаш.*

ТАЛМА III *Ауызға салып, әрлі-берлі тамсанып дәмін көру.*

ТАЛМА IV *Шаршап-шалдықпау, тынымсыз әрекеттену.*

ТАЛМА: талма түс — *тал түс, тапа тал түс.*

ТАЛМАЛЫ *Әбден талдыратын, шаршатып қажытатын.*

ТАЛМАУРА *Әлсіреу, өлімсіреу, үзілу.*

ТАЛМАУСЫ *Әлсіреп талықсу, үзілу.*

ТАЛМАУСЫРА *Талықсу, әлсіреу, нашарлау.*

ТАЛМАУЫР: Талмауыр жер — *талма, ұрғанда қатты ауыратын жер.*

ТАЛОН 1. *Бір затты алу үшін берілетін бақылау қағаз.* 2. *Бір құжаттың я квитанцияның жыртылғаннан кейін қалатын бөлігі.*

ТАЛПАЙ *Жалпаю, талпию.*

ТАЛПАҚ *Жалпиған, тәмпиген.*

ТАЛПАҚТАУ *Талпиыңқыраған, жалпақтау.*

ТАЛПИ *Жалпию.*

ТАЛПЫН 1. *Қимыл-қозғалыс жасап тырмысу, ұмтылу, жүруге тырысу.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір мақсатқа жету үшін талаптану, әрекеттену.*

ТАЛПЫНЫС *Тырысушылық, талаптанушылық; алға ұмтылыс.*

ТАЛТАЙ *Аяқтың арасын екі жаққа тарбитып ашу.*

ТАЛТАҚ *Екі айыр заттың арасы қисайыңқырап біткен, талтайған.*

ТАЛТАҚАЙ *Талтақ-талтақ ететін, талтақтау.*

ТАЛТАҚТА *Талтақ-талтақ басу, алшаңдау.*

ТАЛТАҢ: талтаң басты — *алшаңдады, алшақ-алшақ жүрді.*

ТАЛТАҢБАЙ *Талтаңдап жүретін, ақылсыз, ойсыз адам.*

ТАЛТАҢДА 1. *Аяқтың арасын кең ашып, талтаңдап тұру.* 2. ***Ауысп.*** *Дандайсу, еркінсу, мардымсу.*

ТАЛТИ *Аяқтың арасын кеңірек ашып тарбиту.*

ТАЛША *Жіңішке, талдай.* **Қылша мойным талша** — *не істесең де көндім, құлдық.*

ТАЛШЫҚ I *Зат құрамының жеке бөлшектері, талы.*

ТАЛШЫҚ II *Жүрек жалғарлық ағын-аулақ қорек.*

ТАЛШЫҚТА 1. *Бір-бірлеу, талтал ету, талдау.* 2. ***Ауысп.*** *Аз-аздау, шам-тұмдау, үнемдеу.*

ТАЛШЫҚТАН *Талшық-талшық боп бөліну, тарамдану.*

ТАЛШЫҚТЫ *Талшығы мол, тарамдалған.*

ТАЛШЫН ***биол.*** *Шамшат тұқымдасына жататын, биіктігі 30—35 метрдей болатын ағаш. Жеуге жарайтын жаңғақ түріндегі жемісі бар, сондай-ақ сол ағаштың жемісі.*

ТАЛЫҚ *Шаршау, қалжырау, діңкелеу.*

ТАЛЫҚСЫ 1. *Есінен шала-шарпы тану, есеңгіреу.* 2. *Әлсіреу, қалжырау.*

ТАЛЫС *Жылқының бас терісінен жасалған, оны-мұны салып қоятын ыдыс.*

ТАЛЫСТАЙ *Зор, үлкен, дәу.*

ТАМ I 1. *Қолдан құйған балшықтан, кірпіштен салынған шатырсыз үй.* 2. ***жерг.*** *Төрт құлақты мола, бейіт.*

ТАМ II *Сұйық заттың сыздықтап созалаңдап ағуы.*

ТАМАҚ I *Мойынның алдыңғы жағы, алқым, жұтқыншақ.* **Тамағы кеберісті (кепсіді)** — *аузы құрғады, таңдайы кепті.* **Тамағына тас тығылсын!** — *оны жегенше, қақалып қалсын деген мағынадағы қарғыс.* **Тамағын кенеді** — *тамағын қырнап үнін түзеді.* **Тамағы істі (емшегі)** — *дәмеленді, емексіп қалды.*

ТАМАҚ II *Ішіп-жем, тағам.*

ТАМАҚСАУ *Ашқарақ, қомағай.*

ТАМАҚСАУЛАУ *Ашқарақтау, қомағайлау.*

ТАМАҚСАУЛЫҚ *Ашқарақтық, қомағайлық.*

ТАМАҚСЫРА *Тамақ ішкісі келу, ашқарақтану.*

ТАМАҚТА *Қасқырдың қой-ешкі, тағы басқаларын тамағынан тістеп орып жіберуі, өлтіруі.*

ТАМАҚТАН *Тамақ ішіп-жеу, қарын тойдыру.*

ТАМАҚТЫҚ *Қоректік, нәр боларлық.*

ТАМАМ *Барлық, күллі, дүйім.*

ТАМАМ: тамам болды [қылды, етті] — *бітірді, аяқтады, түгесті.*

ТАМАМДА *Бітіру, аяқтау.*

ТАМАН *Жақын, таяу, жуық.*

ТАМАНДАУ *Жақындау, жуықтау.*

ТАМАША 1. *Ерекше жақсы, өте жақсы, керемет.* 2. *Ойын-сауық, қызық думан.*

ТАМАШАЛА *Ойын-сауық құру, сүйсіне қызықтау.*

ТАМАШАЛЫ *Қызық-думаны мол, көңілді.*

ТАМАШАЛЫҚ *Қызықтық, галаматтық.*

ТАМАШАШЫЛ *Сауықшыл, қызықшыл.*

ТАМБУР 1. *Теміржолдың жолаушылар вагонының екі арасындағы жабық алаң.* 2. **архитек.** *Жаңбырдан, бораннан қорғау үшін сыртқы есік алдына жалғаса салынған бөлме.*

ТАМПОН *Қан тоқтату немесе ірің шығару үшін жараның аузын бастыратын тығыз мақта я дәке.*

ТАМПЫҚ; тампық мұрын — *тәмпіш танау, тәмпіш мұрын.* **Тампық мұрын бала жігіт.**

ТАМСА *Тағамның дәмін ауызбен байқап көру я болмаса татқандай болу.*

ТАМСАН 1. **өзд. етіс** *Тамса-н.* 2. **Ауысп.** *Аузының суы құрып таңдану, таңырқану.*

ТАМСАНЫС *Таңырқасқан, таңданысқан іс.*

ТАМТАМ **муз.** *Гонг типтес соқпалы музыкалық аспап.*

ТАМ-ТҰМ *Азғана, шағын, шамалы.*

ТАМ-ТҰМДА *Аз-аздау, ептеп-септеу.*

ТАМТЫҚ *Қалған қалдық, жұқана.*

ТАМҰҚ 1. *Діни ұғым бойынша, күнәкар адамға о дүниеде азап көрсететін жер, тозақ.* 2. **Ауысп.** *Ауыр азап, мехнат, бейнет.*

ТАМҰҚТАЙ *Тамұқ сияқты.*

ТАМШУЫР *Дәрі тамызатын шыны түтікше.*

ТАМШЫ *Сүйық заттың ең кішкене бөлігі.*

ТАМШЫЛА *Сүйық заттың тамшыға айналып ағуы.*

ТАМЫЗ I *Жаздың шыжыған ыстық кезі, жыл мезгіліндегі 8-ай аты.*

ТАМЫЗ II *Сүйық затты ағызу, сорғалату, тамшылату.*

ТАМЫЗ III *Отты жандыру, тұтату.*

ТАМЫЗДА *Ыстықтап шөліркеу.*

ТАМЫЗЫҚ *От тұтататын шырпы, жаңқа сияқты кепкен, құраған ұсақ отын.*

ТАМЫЗЫҚТА 1. *Тамызық салып от тұтату, жағу.* 2. **Ауысп.** *Жайлап, ақырындап қимыл жасау.*

ТАМЫЗЫҚТЫҚ *Тамызық болар-лық, тамызық етерлік.*

ТАМЫЛЖЫ 1. *Маужырaған тыныштыққа бөлену, тымық болу.* 2. **Ауысп.** *Құлақ құрышын қандыру, елжіретy, балқыту.*

ТАМЫР I 1. *Өсімдіктің су мен қоректік затты жеткізіп тұратын түбі, тарамы.* 2. *Қан жүретін жол.* 3. **Ауысп.** *Себеп, түбір, негіз.* ◊ **Тамыр жайды** — *кең қанат жайды, өріс алды.* **Тамырына балта шапты** — *түптамырымен құртты, жойды.* **Тамырын басты (ұстады)** — *сыр тартты, ыңғайын байқады.*

ТАМЫР II *Алыс-беріс жасап жүретін дос-жар, көңілдес, сыбайлас.*

ТАМЫРДӘРІ **бот.** *Биіктігі бір метрден асатын, іші кеуек, жұмыр боп тік өсетін көпжылдық өсімдік.*

ТАМЫРЛАН 1. *Тамыр жаю, тамыры таралып өсу.* 2. **Ауысп.** *Мықталу, өріс алу.*

ТАМЫРЛАС I 1. *Тамыры бір ортақ.* 2. **Ауысп.** *Негіздес, шығу төркіні бір.*

ТАМЫРЛАС II *Дос-жар болу, көңілдес болу, бірге өсу.*

ТАМЫРЛАСТЫҚ *Бауырластық, туыстастық.*

ТАМЫРЛАУ *Алыс-берісі бар дос-жарандау.*

ТАМЫРЛЫ *Тамыры терең, таралып өскен, тамыры жуан.*

ТАМЫРЛЫҚ *Тамыр болушылық, тамырластық.*

ТАМЫРЛЫРАҚ 1. *Тамыры терең-деу.* 2. *Мықтырақ, жуанырақ.*

ТАМЫР-ТАНЫС *Көңілдес, жолдас-жора, дос-жар.*

ТАМЫР-ТАНЫСТЫҚ *Тамыр-таныс болушылық.*

ТАМЫРШЫ 1. *Тамырды ұстап, ауруды табатын емші.* 2. ***Ауысп.*** *Сезімтал, аңғарғыш.*

ТАМЫРШЫЛДАУ *Досшылдау, көпшілдеу.*

ТАМЫРШЫША *Тамыршыға ұқсап.*

ТАН *Айтқан сөзінде тұрмау, жалтару, мойындамау, тайсалу.*

ТАНА I *Екі жасқа жетпеген торпақ, тайынша.*

ТАНА II *Ақықтан, күмістен жасалған, әйелдер киіміне тағатын түйме.* ◊ **Тана көз** — *мөлдіреген дөңгелек әдемі көз.*

ТАНАКӨЗ ***биол.*** *Өсімдік атауы.*

ТАНА-МОНШАҚ *Тана, моншақ сияқты сән бұйымдары.*

ТАНАП *Пайдалануға жарамды жердің белгілі бір бөлігі, телім.* ◊ **Жер танабын қуырды** — *айшылық жерді алты аттады, өнімді болды.*

ТАНАПТЫҚ *Жеке танаптарға бөлінген.*

ТАНАУ *Мұрынның дем алатын қуысы.* ◊ **Танау қақты** — *ашу шақырып шыға келді, елірді.* **Танауын (көкке) көтерді** — *ісініп-кебінді, әлдеқандай боп дандайсыды.* **Танауы шелектей болды** — *мақтанып жер-көкке сыймады.*

ТАНАУЛА *Алқыну, демігу, өкпесі өшу.*

ТАНАУРА *Ентіге дем алу, танаулау.*

ТАНГЕНС ***мат.*** *Тікбұрышты үшбұрыштың берілген сүйір бұрышына қарсы жатқан катетінің екінші катетке қатынасына тең тригонометриялық функцияның бірі.*

ТАНДЫР *Нанды қабырғаларына жапсырып, қарып пісіруге арналған, кірпіштен дөңгелектеп қаланған сыртағы пеш.*

ТАҢДАҚ *Денеге түскен ойдым-ойдым дақ, таңлақ, теңбіл.*

ТАҢДАҚТАН *Ойдым-ойдым болу, теңбілдену.*

ТАҢДАҚТАУ *Ойдым-ойдымдау, алабажақтау.*

ТАҢДАМА *Іріктелген, ең жақсы.*

ТАҢДАМАЛЫ *Таңдаулы, ең шұрайлы, жақсы деген.*

ТАҢДАН *Таңғалу, таңырқау.*

ТАҢДАНАРЛЫҚ *Таңдануға тұрарлық, таңғаларлық.*

ТАҢДАНЫС *Таңырқаушылық.*

ТАҢДАУЛЫ *Ең жақсы, мынау деген, таңдамалы.*

ТАҢДЫҚ I *Таңғалушылық, таңырқаушылық.*

ТАҢДЫҚ II *Бір таңға жетерлік, соған жарарлық.*

ТАҢЕРТЕҢ *Күннің ертеңгі мезгілі, азанғы уақыт.*

ТАҢЕРТЕҢГІ *Таңғы, азаңғы.*

ТАҢЕРТЕҢГІЛІК *Таң атқан уақыт, таңертеңгі мезгіл.*

ТАҢҚ: таңқ етті — *тарс етті.*

ТАҢҚЫ *Саңқию, аңқию.*

ТАҢҚ-ТАҢҚ *Тарс-тарс, сарт-сұрт.*

ТАҢҚҰРАЙ ***бот.*** *Раушангүлділер тұқымдасына жататын, жартылай бұта көпжылдық өсімдік.*

ТАҢҚЫ *Келте, қысқа, шолтиған.*

ТАҢҚЫЛАУ *Келтелеу, қысқалау, шолақтау.*

ТАҢҚЫЛДА *Таңқ-таңқ ету, қатты дабырлау.*

ТАҢҚЫЛДАҚ *Таңқылдағыш, тарсылдақ.*

ТАҢҚЫШАЯН ***зоол.*** *Теңіз астында тіршілік ететін шаян тәрізді жәндік.*

ТАҢЛАҚ *Дақ, таңба, таңдақ.*

ТАҢНАМА *Таңертеңгілік спектакль, ойын-сауық.*

ТАҢСЫҚ 1. *Құмар, әуес.* 2. *Зәру, қат.* ◊ **Таңсық болды** — *құмар, зар болды.*

ТАҢСЫҚҚОЙ *Әуесқой, құмарпаз.*

ТАҢСЫҚТА *Құмарту, әуес болу.*

ТАҢСЫҚТАУ *Әуесқойлау, құмарлау.*

ТАҢ-ТАМАША *Аң-таң, таңырқаған күй.*

ТАҢ-ТАМАШАЛА *Таң-тамаша ету, қызықтау.*

ТАҢУЛЫ *Таңылған, байлаулы.*

ТАҢЫРАЙ *Саңқию, аңқию, таңқию.*

ТАҢЫРАҢДА *Кекіреңдеу, тайраңдау.*

ТАҢЫРҚА *Аң-таң болу, таңдану, таңғалу.*

ТАҢЫРҚАҒЫШ *Қызық көргіш, таңдаңғыш, таңғалғыш.*

ТАҢЫРҚАУЛЫ *Таң қалған, таңырқаған.*

ТАҢЫРҚАУШЫЛЫҚ *Таң қалғандық, таңырқағандық.*

ТАП I *Туыстық, нәсілдік, кәсіптік жөнімен оқшауланған белгілі бір топ.*

ТАП II ***тар.*** *Өндірістің тарихи бір жүйесінде алатын орны мен өндіріс құрал-жабдығының қатынасына, қоғамдық жолмен ұйымдастырылған еңбек өнімінің үлес мөлшері мен оны алу әдісіне қарай ажыратылатын адамдардың үлкен тобы.*

ТАП III *Бір заттың екінші бір затқа түсірген таңбасы, ізі, дағы.*

ТАП IV *Шоқтың қоламтасынан қалған жылы леп, қызу.*

ТАП V 1. *Іздегенін кездестіру, кезіктіру, иелену.* 2. ***Ауысп.*** *Кіріс кіргізу, пайда келтіру.*

ТАП VI *Дәл, нақ, нағыз.*

ТАП: тап болды — *жоқ жерде кездесті, душар болды.*

ТАП: тап берді — *бас салғысы келіп ұмтылды.*

ТАПА: тапа тал түс — *шаңқай түс.*

ТАПАЛ *Аласа, мыртық, мықыр, жатаған.*

ТАПАЛА *Малдың жас қиын дөңгелентіп илеу.*

ТАПАЛДАУ *Аласалау, кішілеу, төпелтектеу.*

ТАПАЛДЫҚ *Тапал болушылық.*

ТАПАЛТАҚ *Аласалау, жатағандау.*

ТАПАЛТАҚТАУ *Тапалтақ келген, кішіректеу.*

ТАПАЛША *Аласалау, тапалдау.*

ТАПА-ТЫП *Қимылсыз, әрекетсіз, өліара ахуал, тыныштық.*

ТАПАНША *Жақын жерге атылатын қысқа, кішкене қолмылтық; пистолет.*

ТАПЖЫЛДЫРМА 1. *Тырп етқізбеу, міз бақтырмау, тапжылтпау.* 2. *Айтқанды екі етпеу, мүлтіксіз орындау.*

ТАПЖЫЛМА *Табан аудармау, қозғалмау, міз бақпау.*

ТАПҚАНСЫ *Тапқан болғансу.*

ТАПҚАН-ТАЯНҒАН *Жиған-терген бар қаражат.*

ТАПҚЫР *Тез ойлап, ұтымды сөз айта алатын алғыр, зерек.*

ТАПҚЫРЛАН *Тапқыр болу, алғырлану.*

ТАПҚЫРЛЫҚ *Тапқыштық, зеректік.*

ТАПҚЫРСЫН *Тапқыр болғансу, тапқырлық жасағансу.*

ТАПҚЫШ *Таба білетін, зерек, тапқыр.*

ТАПҚЫШТЫҚ *Тапқырлық, айлаәдісті тез табушылық.*

ТАПСЫН *Білгішсініп әлдеқандай болып сөйлеу.*

ТАПСЫР 1. *Міндеттеу, жүктеу.* 2. *Белгілі бір затты біреуге өз қолымен табыс ету, беру, өткізу.*

ТАПСЫРМА *Тапсырылған жұмыс, жүктелген міндет.*

ТАПСЫРЫНДЫ *Тапсырылған, міндеттеген, жүктелген.*

ТАПСЫРЫС I *Белгілі бір нәрсені дайындау үшін алдын ала берілетін тапсырма.*

ТАПСЫРЫС II *Біреудің (мекеменің) екінші біреуге істеуге, орындауға тапсырған ісі, тапсырысы.* □ **Тапсырыс алды [берді, етті]** — *бір нәрсені істеу үшін алдын ала тапсырып қойды, ескертті.*

ТАПСЫРЫСТЫ 1. *Тапсырыс бойынша істелген.* 2. *Пошта арқылы жіберілетін міндетті аманат.*

ТАПТА 1. *Табанымен басу, жаншу.* 2. *Темірді ұрып жұқарту, өткірлеу.* 3. ***Ауысп.*** *Қиратып бүлдіру, жаншып жоқ қылу.*

ТАП-ТАЗА *Айта қаларлықтай таза, мұнтаздай.*

ТАП-ТАҚЫР *Тақыр, тып-тықыр.*

ТАП-ТАП: тап-тап берді – *тура ұмтылды.*

ТАП-ТАПАЛ *Ап-аласа, жап-жатаған.*

ТАП-ТАР *Едәуір тар, шап-шағын, кең емес.*

ТАПТАС *Бір таптан шыққан, табы бір.*

ТАП-ТАТУ *Айта қаларлықтай тату, жап-жарасымды.*

ТАПТАУЛЫ *Тапталып даяр болған.*

ТАПТАУРЫН *Тапталып қалған жер.*

ТАПТАУРЫНДАУ *Таптаурын болыңқыраған, тапталыңқыраған.*

ТАП-ТАЯУ *Жап-жақын, тіпті тұрған.*

ТАП-ТҰЙНАҚТАЙ *Мұнтаздай, жып-жинақы.*

ТАПТЫҚ *Тапқа тән, тапқа қатысты.*

ТАПШЫ *Жетімсіз, кемшін, аз; қат, зәру.*

ТАПШЫЛ *Тап намысын қорғағыш.*

ТАПШЫЛАН *Жетімсіз болу, тапшы болу.*

ТАПШЫЛАУ *Жетімсіздеу, аздау, кемшіндеу.*

ТАПШЫЛЫҚ 1. *Бір нәрсенің тапшы болуы, жетіспеушілік.* 2. *Шаруашылық мекемелерде шығыстың кірістен асып кетуі.* 3. *Аздық, кемшіндік.* ◊ **Тапшылық көрді [тартты]** – *жоқшылықтың азабына ұшырады, жетімсіздік көрді.*

ТАПЫЛДА *Табанын жерге тап-тап басу.*

ТАПЫРАЙ *Таңыраю, таңқию.*

ТАПЫРАҚ *Тапыраңдаған жүріс.* ◊ **Тапырақ қақты** – *аягын әлтек-тәлтек басты, тапырақтады.*

ТАПЫРАҚТА *Тапырақ-тапырақ ету, тапырақтау.*

ТАПЫРАҢ *Тапырақ, тайпақ.*

ТАПЫРАҢДА *Тапыраң-тапыраң ету, аягын әлтек-тәлтек басу.*

ТАПЫРАШ *Тапырақтап жүретін жүрісі нашар жылқы.*

ТАПЫР-ТҰПЫР *Апыр-тапыр, аласкүлес.*

ТАПЫРЫҚ *Тапырлаған дыбыс, жүріс.* ◊ **Тапырық етті** – *тапырақтады, апыр-тапыр басты.* **Тапырық қақты** – *беймазаланды, берекесізденіп жүгірді.*

ТАР *Қысалаң, аумағы шағын.* **Тар жерде қол созды** – *таршылықта көмек берді.* ◊ **Тар жол, тайғақ кешу** – *ауыртпалығы көп өмір сапары.* **Тар заман [кезең]** – *аласапыран дәуір, қиын-қыстау шақ.* **Тар құрсағын кеңейтті, тас емшегін жібітті** – *перзент көтерді, нәрестелі болды.*

ТАРА I 1. *Бытырау, жан-жаққа тарап кету.* 2. *Көп жайылу, таралу.* 3. *Денеге сіңу.* 4. ***Ауысп.*** *Басылу, қайту, айығу.*

ТАРА II *Шаш, тағы сол сияқтыларды тарақтау; жазып, салалап бөлу.*

ТАРАҒЫШ *Жайылғыш, тарап кетпейтін.*

ТАРАҒЫШТА *Қайта-қайта тарау, тарамдау.*

ТАРАЖ *Талан-тараж қос сөзінің екінші сыңары.*

ТАРАЗБАН *Таразышы, таразы ұстаушы.*

ТАРАЗЫ I *Белгілі бір заттың салмағын анықтайтын өлшеуіш аспап.* ◊ **Ой таразысына салды** – *ойланды, ақылға салды.* **Таразыға тартты [салды]** – а) *өлшеп салмақтады;* ә) *ақылға салды, ойланды.* **Таразысы басым болды** – *салмағы, абыройы артты.*

ТАРАЗЫ II ***астр.*** 1. *Иран жыл мерзімінің 7 айына және Қазан айына сай келетін жұлдыз, Зодиак белгісі.* 2. *Көбінесе қыстығүні таңға жуық көрінетін шоқжұлдыз, Орион.*

ТАРАЗЫ III *Арықтау, ашаң, етжеңсіз, талдырмаш.*

ТАРАЗЫЛА 1. *Салмағын таразымен өлшеу, анықтау.* 2. ***Ауысп.*** *Шамалау, салмақтау, бағалау.*

ТАРАЗЫЛАУШЫ *Шамалаушы, өлшеуші, бағалаушы, сарапқа салушы.*

ТАРАЗЫЛЫ 1. *Таразысы бар, таразыны иемденген.* 2. ***Ауысп.*** *Сарапқа салынатын, ақылмен өлшенетін.*

ТАРАЗЫШЫ *Таразыға салып өлшеуші, таразымен салмақ айырушы.*

ТАРАЙ *Тарылу, азаю, кему.*

ТАРАҚ *Шашты, тағы сол сияқтыларды жазып, тарайтын шағын аспап.* □ **Тарақ балта** ***көне*** *– жыртқыш хайуандарды ұрып-соғу үшін жасалған құрал.* **Тарақбау** *– ер-тоқым үзеңгісінің қайыстан жасалған, екі тарам бауы.*

ТАРАҚАН ***зоол.*** *Шаруашылыққа зиянды, қанаты ұзын, мұртты, қара және жирен түсті жәндік.*

ТАРАҚҚҰЙРЫҚ ***зоол.*** *Кеміргіштер тобына жататын, егінге зиянды ұзын құйрық саршұнақ.*

ТАРАҚТА *Салалап бөлу, тарау.*

ТАРАЛҒЫ *Үзеңгіні ерге жалғастыратын, айылбасы бар қайыс бау, тұрман.*

ТАРАМ *Бір нәрсенің бөлшектенген тармағы, саласы, бөлігі.*

ТАРАМДА *Тарам-тарам етіп бөлу, салалау.*

ТАРАМДЫ *Тарамы бар, тармақты, салалы.*

ТАРАМ-ТАРАМ *Тарамы мол.*

ТАРАМЫС 1. *Бұлшық еттерді қаңқа сүйектерге байланыстырып тұратын созылмалы, мықты талшық.* 2. *Сойылған малдың жіліншік сіңірін кептіріп, соның талшықтарынан ширатып есіп жасалатын мықты жіп.* 3. ***Ауысп.*** *Жүдеу, тарамыстай, арық, қатқан.*

ТАРАМЫСТАН *Ету қашу, сіңірлену, таралу.*

ТАРАМЫСТАУ *Арықтау, жүдеулеу.*

ТАРАМЫСТЫ *Арықтау, тарамыстай тартылған.*

ТАРАМЫСША *Тарамысқа ұқсап.*

ТАРАН 1. *Бөрене қазықты қағатын сайман; көпер.* 2. ***әск.*** *Дұшпанның ұшағын не танкісін өзінікімен соқтығыстырып қиратқандық.*

ТАРАНТАС *Төрт дөңгелекті, көбіне үсті жабық жақтаулы жеңіл арба.*

ТАРАҢ *Сарań, қытымыр, тар.*

ТАРАҢДАУ *Тарлау; ықшамдау, шағындау.*

ТАРАҢДЫҚ *Пейілі тарлық, сараңдық.*

ТАРАП *Белгілі бір жақ, түс.*

ТАРАПТЫ I *Жөнінде, туралы.*

ТАРАПТЫ II *Сан салалы, бөлшекті.*

ТАРАТҚЫШ *Таратып тұратын, үлестіргіш.*

ТАРАУ *Бір нәрсенің бөлімі, тармағы, саласы.*

ТАРАУЛА *Тарауға бөлу, салалау.*

ТАРАУЛЫ *Тарауға бөлінген, салалы.*

ТАРАУЫҚ ***діни*** *Ораза уақытында кешкі намаздан кейін оқылатын намаз.*

ТАРАШТА *Қайта-қайта тарау, тарай беру.*

ТАРБАЙ *Арбию, тарбию.*

ТАРБАҚ *Тарбиған, талпақ.*

ТАРБАҚА *Арқасында қызыл ұсақ ноқаттары бар амфибиялар тұқымдасына тән бақаның бір түрі.*

ТАРБАҚТА *Тарбаңдау, тарбаң-тарбаң етіп жылжу.*

ТАРБАҚТАУ *Тарбиғандау, талпақтау.*

ТАРБАҢ *Тарбаң-тарбаң еткен қимыл, ербең.*

ТАРБАҢДА *Тарбаң-тарбаң ету, тарбию, арбию.*

ТАРБИ *Арбию, жарбию, тарбию.*

ТАРҒАҚ I *Секпіл, шұбар, қара дақ (түс).* **Тарғақ бет** *– секпіл бет.*

ТАРҒАҚ II *Далалы, шөлейтті жерлерде болатын кішкене, сұр түсті құс.*

ТАРҒАҚ III *Шөлейт жерде өсетін, астық тұқымдас шөп.*

ТАРҒЫЛ *Шұбар ала теңбіл түс.*

ТАРҒЫЛДАН 1. *Тарғыл тарту, таңдақтану.* 2. ***Ауысп.*** *Дауыстың барқырап, қырылдап шығуы, қарлығу.*

ТАРҒЫЛДАУ 1. *Аздап тарғыл, тарғыл түстілеу.* 2. *Дауысы қарлығыңқылау.*

ТАРҒЫЛТ *Барылдақ, қарлыққан.*

ТАРҒЫЛТТАН *Тарғылт тарту, қарлығу, барлығу.*

ТАРИҚАТ ***діни*** *Дүниені тәрк ету, сопы болу ғұрпы.*

ТАРИФ *Ресми белгіленген баға; нарық көрсеткіші.*

ТАРИХ 1. *Даму процесіндегі ақиқат болмыс.* 2. *Адамзат қоғамының даму барысы туралы ғылым.* 3. ***Ауысп.*** *Адамдар есінде сақталған бір нәрсенің жай-жапсары туралы жағдай, әңгіме; елеулі бір оқиға.*

ТАРИХАЯТ ***лингв.*** *Күнделікті өмірде қолданылмайтын, жойылып кеткен заттың немесе құбылыстың атауы; историзм.*

ТАРИХИ *Тарихқа байланысты, соған қатысты.*

ТАРИХНАМА *Тарихи білімнің дамуы туралы, тарихи деректер жөніндегі ғылым.*

ТАРИХТЫҚ *Тарихқа қатыстылық; тарихи.*

ТАРИХШЫ *Тарих зерттеушісі, тарих маманы.*

ТАРИХШЫЛ *Тарихты ұнататын, соған қызыққыш.*

ТАРИХШЫЛДЫҚ 1. *Затты, құбылысты тарих тұрғысынан зерттеушілік.* 2. *Тарихи фактіге, тарихи шындыққа толық сәйкестік.*

ТАРҚА 1. *Жан-жаққа тарап кету, бытырау, шашырау, ыдырау.* 2. ***Ауысп.*** *Басылу, жөндеу.*

ТАРҚАТ *Байлаулы я өрулі нәрсені шешу, жазу.*

ТАРҚЫЛ *Тарқ-тарқ еткен дыбыс; тарқылдаған күлкі.*

ТАРҚЫЛДА *Тарқ-тарқ ету, қарқылдап күлу.*

ТАРҚЫЛДАҚ *Күлкісі өрескел, дарақы.*

ТАРПАҢ *Жабайыланып кеткен жылқы.*

ТАРПЫЛ *Тарп-тарп еткен дыбыс, жүріс.*

ТАРПЫЛДА *Тарп-тарп етіп жүру.*

ТАРС 1. *Құлағанда, ұрылғанда, атылғанда қатты шығатын дыбыс, үн.* 2. ***Ауысп.*** *Мықтап, қатты етіп деген мағынаны білдіреді.*

ТАРС-КҮРС *Тарсылдаған, күрсілдеген дыбыс.*

ТАРС-ТҰРС *Сарт-сұрт еткен, тарсылдаған дыбыс.*

ТАРСЫЛ *Тарсылдаған, тасыр-тұсыр еткен дыбыс.*

ТАРСЫЛ-ГҮРСІЛ *Тарсылдаған, гүрсілдеген дыбыс.*

ТАРСЫЛДА *Тарс-тарс еткен дыбыс шығару, сартылдау.*

ТАРСЫЛ-ТҰРСЫЛ *Тарс-тұрс еткен дыбыс, дүрсіл.*

ТАРСЫН *Тар көру, тар деп есептеу.*

ТАРТ 1. *Затты өзіне қарай сүйреу, жылжыту.* 2. *Тасу, жеткізу.* 3. *Орау, байлау, шанду.* 4. *Керу, ұстау.* 5. *Сорды, жұтты, ішіне алды.* 6. *Музыкалық күй аспабында ойнау, шерту.* 7. *Туыс адамдардың тұр-кескін, мінез-құлық жағынан ұқсауы, үйлес келуі.* 8. *Біреуге бір нәрсені сыйлап беру, арнау.* 9. ***Ауысп.*** *Адамды қызықтыру, ынтықтыру, көңілін аудару.* 10. ***Ауысп.*** *Ұн қылу, үгу, майдалау.* 11. ***Ауысп.*** *Заттың салмағын анықтау, кіреге салу, өлшеу.* 12. ***Ауысп.*** *Бірден жүріп кету, жөнелу.* ◊ **Тарт қолыңды** – *тыйыл, тоқтал!* **Тарт тіліңді** – *сөйлеме, қысқарт!* **Тартып алды** – *бір нәрсені күш қолданып зорлықпен алды.* **Тартып жіберді** – *ұрып жіберді, салып қалды.*

ТАРТА *"Жуық", "шақты" мәніндегі септеулік шылау.*

ТАРТАР I ***зоол.*** *Түсі қоңырша келген кішкентай құс.*

ТАРТАР II ***бот.*** *Жапырақты шөптің бір түрі.*

ТАРТАРЛЫҚ; көз тартарлық – *көңіл бөлерлік, қызықтарлық.*

ТАРТҚАНСЫ *Тартқан қалып білдіру, тартқан болу.*

ТАРТҚЫЛА *Қайта-қайта тарту, тарта беру.*

ТАРТҚЫШ 1. *Бірдемені тартатын құрал, нәрсе.*

ТАРТҚЫШТА *Қайта-қайта тарту, тартқылау.*

ТАРТПА I *Ер-тоқымды бастырып байлайтын қайыс бау, тұрман.*

ТАРТПА II *Үстелдің суырма жәшігі.*

ТАРТПА III *Аңға салатын саят құстарын қайырғанда шығықтыру, ширату үшін берілетін ет.*

ТАРТПА IV *Өзіне сорып, тартып кететін батпақты сор.*

ТАРТПАҚ *Кейінге тартқыш, тартыншақ.*

ТАРТПАҚТА *Кейін қарай тартыншақтау, кері тарту.*

ТАРТПАҚЫ *Кейін тартқыш, кертартпа..*

ТАРТПАЛА *Тартпаны тарту, байлау.*

ТАРТПАЛЫ *Тартпасы бар, суырма жәшікті.*

ТАРТУ *Біреуге арнап берілетін сыйсияпат, бағалы зат, сыйлық.*

ТАРТУ-ТАРАЛҒЫ *Сый-сияпат, тарту-таралғы.*

ТАРТУШЫ *Бәйгеге қосқан атты алдынан шығып қоса жарысып демеуші, оған жәрдемдесуші.*

ТАРТЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Тарт-ыл.* 2. *Судың құрып қалуы, азаюы.*

ТАРТЫЛҒЫШ *Тартылуға бейім, тартылымпаз.*

ТАРТЫЛЫС *Тартылу, тартылым.* □ **Тартылыс заңы** — *табиғатта болатын тартылу құбылысы.*

ТАРТЫМ I *Өзіне адамды тартатын.*

ТАРТЫМ II ***кәс.*** *Балықшылар балығын өткізетін өзен, көл, т. б. жағасындағы орын.*

ТАРТЫМ: бір тартым — *бір рет шегуге жарайтын.*

ТАРТЫМДЫ *Көңіл аударатын, қызықты, сүйкімді.*

ТАРТЫМДЫЛЫҚ *Тартымды болушылық,...*

ТАРТЫМСЫЗ *Тартымды емес.*

ТАРТЫМСЫЗДАУ *Аздап тартымсыз, тартымсызырақ.*

ТАРТЫМСЫЗДЫҚ *Тартымсыз болушылық.*

ТАРТЫН 1. ***өзд. етіс*** *Тарт-ын.* 2. *Имену, жасқану, қаймығу.* 3. *Кейіншектеу, көніңкіремеу.*

ТАРТЫНШАҚ 1. *Жетекке жүрмейтін, көткеншек, шегіншек.* 2. *Именшек, жасқаншақ.*

ТАРТЫНШАҚТА 1. *Кейін тарту, шегіншектеу.* 2. ***Ауысп.*** *Имену, жасқану.*

ТАРТЫНШАҚТАУ *Аздап тартыншақ.*

ТАРТЫНШАҚТЫҚ *Тартыншақ болушылық.*

ТАРТЫҢҚЫ *Ішке қарай кіріңкі, қабысыңқы.*

ТАРТЫҢҚЫРА *Тарта түсу, аздап тарту.*

ТАРТЫС *Біреумен немесе бір нәрсемен жүргізілетін күрес, айқас, егес, талас.*

ТАРТЫССЫЗ *Тартысы жоқ, тартыспай-ақ, егессіз, күрессіз.*

ТАРТЫС-ТАЛАС *Бір мәселе жөніндегі айтыс-керіс.*

ТАРТЫСТЫ *Тартысы мол, қызу айқасты, таласты.*

ТАРТЫСШЫЛ *Тартысқұмар, айтысқыш.*

ТАРХАН ***тар.*** *Ерте замандарда тоғыз рет ерлік жасаған адамға берілген жоғары атақ, лауазым.*

ТАРШЫЛЫҚ *Қиыншылық, жоқшылық, тапшылық.*

ТАРЫ 1. *Дәнді дақылдардың бір түрі.* 2. *Осы дақылдың дәні.*

ТАРЫҒУШЫЛЫҚ *Қиыншылық, жоқшылық көрушілік, қысылушылық, мұқтаждық.*

ТАРЫДАЙ *Тары сияқты, кіп-кішкене.*

ТАРЫҚ *Қиыншылық көру, қиналу, мұқтаж болу.*

ТАРЫЛ 1. *Белгілі бір кеңістіктің, киімнің кішірейіп, тар боп қалуы, тарылуы.* 2. ***Ауысп.*** *Пейілі құру, сараңдық жасау.*

ТАРЫЛДА *Тар-тар ету, дарылдау.*

ТАРЫЛДАҚ ***қарап.*** *Тарылдап қалған, дарылдақ.*

ТАРЫН *Тарығу, қиыншылыққа тап болу, қысылу.*

ТАРЫНҒЫШ *Тарына бергіш, тарыншақ.*

ТАРЫНШАҚ *Тарына бергіш, тарынғыш, кейігіш.*

ТАРЫШЫ *Тары өсіруші.*

ТАС *Таулы жерлердегі қатты кристалл жыныс, соның үлкенді-кішілі бөлшектері.* **Таскөмір** – *жер астынан алынатын қазба байлық, отын.* **Тастүлек** – *төрт жасар қыран.* **Тас жетім** – *туған-туысқаны қалмаған тақыр жетім.* ◊ **Тасжүрек** – а) *қатыгез, мейірімсіз;* ә) *қорықпайтын, жаужүрек.* **Тас керең** – *түк естімейтін саңырау.*

ТАС: тас төбе – *Дәл төбе, нақ төбе.*

ТАСА *Қағаберіс жер, қалтарыс.*

ТАСАЛА *Бір нәрсені қалқалау, жасырыну.*

ТАСАЛАУ *Қағаберістеу, қалтарыстау.*

ТАСАЛЫ *Көзден таса, жасырынатын жері бар.*

ТАСАТТЫҚ ***көне*** 1. *Белгілі бір тілектің орындалу мақсатымен Құдай жолына мал сойып, жұртқа тамақ беру, құрбан шалу әдеті.* 2. *Садақа, құрбандық.*

ТАСБАҚА ***зоол.*** *Сүйек қабығы бар, қысқа аяқтарымен баяу жылжып қозғалатын жәндік.* ◊ **Тасбақа аяң [жүріс]** – *шабан қимыл, баяу жүріс.*

ТАСБАҚАША *Тасбақаға ұқсап.*

ТАСБАУЫР *Мейірімсіз, рақымсыз, қатыгез.*

ТАСБЕДЕ *Тас арасына шығатын беде шөп.*

ТАСБӨГЕТ *Өзенді бөгеуге арналған гидротехникалық құрылыс.*

ТАСБҰЙЫРҒЫН *Қиыршық тасты жерлерде өсетін шөп.*

ТАСБҰЛДІРГЕН ***бот.*** *Раушангүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ТАСЖАРҒАН ***бот.*** *Тасты жерде өсетін бұта.*

ТАСКЕНЕ *Кішкене, жабысқақ кене.*

ТАСҚАБАҚ *Қабығы қатты, сары асқабақ.*

ТАСҚАЛАҚ ***көне*** *Таси беретін, тасымпаз.*

ТАСҚАЯҚТАЙ: тасқаяқтай қағыстырды – *бірді-бірге ұрды, үйіріп әкетті.*

ТАСҚОРЫҚТЫҚ *Отқа әбден қыздырылған тасты ыдысқа салып жіберіп пісірілген сүт.*

ТАСҚЫЛА *Үсті-үстіне тасу, таси беру.*

ТАСҚЫН 1. *Кемерінен асып, жайылған су, сел.* 2. ***Ауысп.*** *Асып-тасқан жігер, күш.*

ТАСҚЫНДА 1. *Арнасынан асып жайылу, арындау.* 2. ***Ауысп.*** *Асып-тасу.*

ТАСҚЫНДЫ *Тасқындаған, тасыған, тасқыны зор.*

ТАСӨКПЕ *Өкпенің беріштеніп, семіп қалатын ауруы.*

ТАСПА 1. *Иленген тақыр теріден тілінген жіңішке қайыс.* 2. *Белгілі бір материалдан ұзынша етіп жасалған нәрсе.* ◊ **Таспа бел** – *жіңішке бел, құмырсқа бел.* ◊ **Таспа жол** – *жіңішке ұзын жол.*

ТАСПАЛА I *Таспа етіп, жіңішкелеп тілу.*

ТАСПАЛА II *Таспамен тігу, көктеу.*

ТАСПАЛЫ *Таспадан өрген, таспадан тұратын.*

ТАСПАШӨП *Шөптесін және бұташық түрінде өсетін көпжылдық жабайы өсімдік.*

ТАСПИҚ *Діни адамның Құдайға сиыну кезінде қолына ұстап санап, тартып отыратын моншақ тізбектері.*

ТАСТА 1. *Затты, нәрсені белгілі бір жерге қоя салу, түсіру, құлату.* 2. *Бір нәрсені я біреуді қалдырып кету, ілестірмеу // Ажырасу, айырылысу.* 3. ***Ауысп.*** *Ұмыту, тыйылу.*

ТАСТАЙ 1. *Тас сияқты.* 2. ***Ауысп.*** *Сұп-суық, мұздай.* **Тастай батып, судай сіңді** – *зым-зия жоғалды, із-түзсіз кетті.* **Тастай түйілді** – *шұқшиды, шүйілді.*

ТАСТАҚ *Тас араласқан, тасы көп.*

ТАСТАҚТАУ *Тастылау, тастағырақ.*

ТАС-ТАЛҚАН 1. *Күл-талқан, күлпарша, быт-шыт.* 2. ***Ауысп.*** *Бүлқан-талқан.*

ТАСТАМ: таяқ тастам жер – *жап-жақын, тиіп түрған таяу жер.*

ТАСТАНДЫ *Тастап кеткен, тасталған, керек етілмеген.*

ТАСТҮЛЕК *Төрт жастағы бүркіт.*

ТАСТЫ *Тасы бар, тас араласқан.*

ТАСШЫ *Тас қалаушы, тас қашаушы.*

ТАСЫ I *Бір нәрсені я біреуді бір жерден екінші жерге апару, жеткізу.*

ТАСЫ II 1. *Ағын судың жағадан асып, арнасынан шығып басқа жерге жайылуы.* 2. *Сұйық нәрсенің қатты қайнап ыдыстан асып төгілуі.* 3. ***Ауысп.*** *Асып-тасу, молығу.* 4. ***Ауысп.*** *Көңілі шалқу, масайрау, масаттану.*

ТАСЫМАЛ 1. *Жүкті, затты бір жерден екінші жерге жеткізу ісі.* 2. *Қағаз бетінің бір жолына сыймаған сөз буынын екінші жолға бөліп, көшіріп жазу әдісі, ережесі.*

ТАСЫМАЛДА *Жүкті, затты тасу, жеткізу.*

ТАСЫНДЫ 1. *Тасылып әкелінген, жеткізілген.* 2. ***жерг.*** *Кесек сабынның жуыла-жуыла мүжіліп қалған қалдығы.*

ТАСЫР I *Тарс-тұрс шыққан дыбыс, дүрсіл.*

ТАСЫР II 1. *Топас, дөкір, сезімсіз.* 2. *Әпербақан, ардың-күрдің, үрдажық.*

ТАСЫРАЙ *Бақыраю, бажыраю.*

ТАСЫРАҚ *Тасырлатқыш, тасыраң-тасыраң.*

ТАСЫРАҚТА *Тасыр-тұсыр тапырақтау, тарпылдау.*

ТАСЫРАҢ *Алақ-жұлақ еткен, тарсылдақ, тасырақ.*

ТАСЫРАҢДА *Тасыраң-тасыраң ету, алақ-жұлақ ету, тасырақтау.*

ТАСЫРҚА 1. *Ат тұяғына тас батып, кібіртіктеп баса алмай ақсаңдау, ауырсынып кібіртіктеу.* 2. ***Ауысп.*** *Тосырқау, бөтенсіну.*

ТАСЫРЛА *Тасыр-тасыр ету.*

ТАСЫРЛЫҚ *Тасыр болушылық, топастық, даңғойлық, есерсоқтық.*

ТАСЫР-ТҰСЫР *Тарс-тұрс еткен дыбыс, тарсыл-гүрсіл.*

ТАТ I *Дат, тот.*

ТАТ II 1. *Тамақтың, сусынның, сорпаның дәмін тілмен байқау, ауыз тию.* 2. ***Ауысп.*** *Тұрмыстық өмірдің ащы-тұщысын көру, білу.*

ТАТАЛАУ *Кеукеулеу, қошаметтеу.*

ТАТАУ ***көне*** *Арам пиғыл, жаман ой.*

ТАТАУСЫЗ *Жасырыны жоқ, бүкпесіз.*

ТАТТАН *Тат басу, тотығу.*

ТАТТЫ *Таты, тоты бар.*

ТАТУ *Сыйлас, араз емес, ынтымақты.*

ТАТУЛАС *Ренжіскенін қойып, қайтадан табысу, жарасу.*

ТАТУЛАСТЫҚ *Тату болушылық, ынтымақтастық.*

ТАТУЛЫҚ *Тату болушылық, жақсы сыйластық.*

ТАТУ-ТӘТТІ *Араларында көңіл кірбіңі жоқ, сыйластықты.*

ТАТЫ I *Парапар келу, тең түсу; бір нәрсеге тұрарлық болу.*

ТАТЫ II 1. *Дәмі шығу, дәмі біліну.* 2. *Дәмі бұзылу, ішуге жағымсыз болу, айну.*

ТАТЫМ I 1. *Дәм, татығандық.* 2. *Біруорттам, біржұтым, біртістер.*

ТАТЫМ II *Жұғым, мән-мазмұн, тату.*

ТАТЫМАЛ *Татып кеткен, ішуге жағымсыз (қымыз).*

ТАТЫМДЫ 1. *Дәмі жақсы, дұрыс, дәмді.* 2. *Іске жарамды, көңіл тойғандай, толымды.*

ТАТЫМСЫЗ 1. *Татымы жоқ, дәмсіз.* 2. ***Ауысп.*** *Іске жарамсыз, мәнсіз, құнсыз.*

ТАТЫМСЫЗДЫҚ *Іске жарамсыздық, құнсыздық.*

ТАТЫР *Түзды, сортаң, тақыр жер.*

ТАТЫРАН I *Тақыр жер, татыр.*

ТАТЫРАН II ***жерг.*** *Шойындай қара.*

ТАТЫРЛЫҚ *Парапар келетін, жарайтын, тұрарлық.*

ТАТЫР-ТАТЫМАС *Шамалап қана татитын.*

ТАУ *Жер бетінен жоғары да көтеріңкі өркештене тізбектеліп, созылып жатқан заңғар, құзды, құзартты*

биіктік. ◊ **Тауда жүріп, таста өскен** — *ел-жұртынан бөлек жүріп, ауыр өмір кешкен.* **Тау күйіп, тас жанса да** — *қандай қиыншылық болса да.*

ТАУАН *Күш-қуат, әл-дәрмен.* ◊ **Тауаны қайтты [шағылды]** — *беті қайтты, меселі қайтты.*

ТАУАНДЫ *Табанды, қайсар.*

ТАУАНСЫЗ *Қайратсыз, қауқарсыз, ынжық.*

ТАУАП: тауап қылды [етті] — а) *құлшылық етті, табынды;* ә) *тағзым етті, бас иді, қадір тұтты.*

ТАУАР *Адам қажетін қанағаттандыруға, сатуға, айырбастауға арналған өзіндік құны, бағасы бар еңбек өнімі.*

ТАУАРЛЫ *Тауарды көп беретін, тауары мол.*

ТАУДАЙ *Тау сияқты, үлкен зор.* ◊ **Таудай талап (үміт)** — *мұратына жетуге деген зор ынта, ықылас.*

ТАУЕШКІ *Таулы жерді мекендейтін жабайы ешкі.*

ТАУ-КЕН *Кен рудасы, тау-кен рудасы.*

ТАУҚҰДІРЕТ ***зоол.*** *Батпақтағы, көлді жерде жүретін, аяғы мен тұмсығы ұзын құс.*

ТАУҚЫМЕТ *Ауыртпалық, азап, қиыншылық.* ◊ **Тауқыметін тартты (көрді)** — *зардабын тартты, азабын көрді.*

ТАУЛАҚ *Тауешкінің төлі, лағы.*

ТАУЛЫ *Тауы бар, тауы көп.*

ТАУЛЫ-ТАСТЫ *Тауы, тасы бар.*

ТАУПЫҚ ***көне*** *Ынсап, нысап, қанағат.*

ТАУСАҒЫЗ ***бот.*** *Каучук тектес өсімдік.*

ТАУСЫНШАҚ I *Жуылған сабынның қалдығы.*

ТАУСЫНШАҚ II *Көне дәуірден сақталып қалған зат, құбылыс.*

ТАУТАЙЛАҚ I *Көне замандардағы бірқатар түркі тайпаларының жабайы түйеге қойған атауы.*

ТАУТАН I *Жолбарыстың ұрғашысы.*

ТАУТАН II *Ұсақ балықтың бір түрі.*

ТАУТАҢДА *Өрекпу, өршелену.*

ТАУТАРЫ *Мал азығына тән көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ТАУ-ТАС *Таулы-тасты жер.*

ТАУ-ТАУ *Төбе-төбе, үйме-үйме.*

ТАУТЕКЕ ***зоол.*** *Жабайы ешкінің еркегі.*

ТАУ-ТӨБЕ *Жиналған үлкен үйінді.*

ТАУША *Там үйдің қабырғасындағы ыдыс-аяқ қоятын қуыс.*

ТАУШЫҚ *Шағын тау.*

ТАУЫ: тауы қайтты (шағылды) — *сағы сынды, көңілі қалды.*

ТАУЫҚ 1. *Қораз бен мекиен, балапан тобынан құралатын үй құсының жалпылама аты.* 2. *Жұмыртқасы мен еті үшін ұстайтын үй құсы; қораздың мекиені.* 3. ***көне*** *Қазақша жыл атының бірі.*

ТАУЫҚШЫ *Тауық асыраушы, күтуші.*

ТАУЫС I *Қырғауыл тектес ұзын құйрықты алуан түсті әдемі құс.*

ТАУЫС II *Бір істі бітіру, тамамдау; түгесу, аяқтау.*

ТАЯ I *Жақындау, жуықтау, тақау.*

ТАЯ II *Сүйеу, тіреу.*

ТАЯЗ 1. *Терең емес, саяз.* 2. ***Ауысп.*** *Онша тереңге бара алмайтын, өресі шамалы.*

ТАЯЗДА *Түбіне жақындап азайып қалу.*

ТАЯЗДАУ I 1. *Терең емес, ептеп таяз.* 2. *Өресі тарлау.*

ТАЯҚ *Қолға ұстап немесе таянып жүруге арналған, ағаштан жасалған құрал.* ◊ **Таяқ астында жүрді** — *қорлықпен өмір сүрді.* **Таяқ бойы** — *биік емес, аласа.* **Таяқ жеді** — а) *тепкі көрді, сабалды;* ә) *өмір соққысын көрді.* **Таяққа жықты** — *аяусыз ұрып-соғып тастады.*

ТАЯҚТА *Таяқпен ұрып-соғу, сабау.*

ТАЯҚТАЙ *Таяқ сияқты ұзын, сорайған.*

ТАЯҚША I *Кішкене таяқ.*

ТАЯҚША II *Жұқпалы аурудың микроскоппен көрінетін құрты.*

ТАЯНЫШ 1. *Құлап кетпей ұстап тұру үшін қажетті тіреу, сүйеніш.* 2. ***Ауысп.*** *Арқа сүйер тірек, сүйеніш.*

ТАЯУ *Жақын, жуық, тақау.*

ТАЯУДАҒЫ *Жақын маңдағы, жуықтағы.*

ТАЯУЫРАҚ *Жақынырақ, жуығырақ.*

ТӘБӘРІК 1. *Құранның бір аяты.* 2. *Сый-сияпат, тарту-таралғы, естелік үшін берілген дүние.* 3. *Қайтыс болған кісінің құдайысынан алатын киім, бұйым.*

ТӘБЕТ *Адамның асқа деген зауқы, көңіл қалауы.* ◊ **Тәбеті тартпады** – *зауқы соқпады, ас ішкісі келмеді.* ◊ **Тәбеті шапты** – *тамақ ішкісі келді, асқа зауқы соқты.*

ТӘЖ *Патша мен хандардың басына киетін алтынмен әшекейленген арнаулы баскиімі.*

ТӘЖ-ТАҚ *Хан, патша, корольдің арнаулы баскиімі мен басқару кезінде отыратын орындығы.*

ТӘЖІК *Тәжікстандағы жергілікті тұрғын халық, ұлт, сол ұлттың өкілі.*

ТӘЖІКЕ *Айтыс, тартыс, ұрыс, керіс.*

ТӘЖІКЕЛЕ *Келемеждеу, қылжақ ету.*

ТӘЖІКЕЛЕС *Біреумен сөзге келісу, айтысу, керісу.*

ТӘЖІМ: тәжім етті [қылды] – а) *бас иіп құрмет көрсетті, ізет қылды;* ә) ***этн.*** *Ұрын келген күйеу бала құрметіне жайылған дастарқан басында оның бас иіп, ізет етуі.*

ТӘЖІРИБЕ *Белгілі бір істі үнемі істеумен, машықтанумен болатын жұмыс дағдысы.*

ТӘЖІРИБЕЛЕН *Тәжірибе жинақтау, үйрену, машықтану.*

ТӘЖІРИБЕЛІ *Тәжірибесі мол.*

ТӘЖІРИБЕЛІЛІК *Тәжірибелі болушылық.*

ТӘЖІРИБЕШІ *Тәжірибе беруші, үйретуші.*

ТӘЙ *Жас баланың тік тұрып жүре бастауы.*

ТӘЙЕМ *Шариғат заңы бойынша сусыз жерде алақанды жерге тигізіп, топырақпен бет сипау дағдысы.*

ТӘЙКЕ *Асықтың алшысына қарсы беті.* ◊ **Тәйкесінен түсті** – *ыңғайсыз құлады, сәтсіздікке ұшырады.*

ТӘЙКЕМДЕС ***жерг.*** *Тәжікелесу, қақтығысу, ренжісу.*

ТӘЙТ *Жекіру, зеку мағынасында айтылатын одағай сөз.*

ТӘЙ-ТӘЙ *Сәбидің аяғын апыл-тапыл басып жүре бастаған кезі.*

ТӘЙ-ТӘЙЛӘ *Аяғын жаңадан апыл-тапыл басып жүре бастаған нәрестені жүргізіп үйрету.*

ТӘЙТІК ***қарап.*** *Бетімен кеткен жүгенсіз, тыйымсыз өскен бейбастақ.*

ТӘЙІРІ *Көңілі толмағанда, ұнатпағанда айтылатын одағай сөз.*

ТӘКАППАР *Өркөкірек, менмен, өз құнын білетін, өрмінезді.*

ТӘКАППАРЛАН *Өркөкірек болу, тәкаппар болу.*

ТӘКАППАРЛАУ *Өркөкіректеу, менмендеу.*

ТӘКАППАРЛЫҚ *Тәкаппар болушылық.*

ТӘКАППАРСЫ *Өркөкірек болғансу, менмексу, әулиесіну.*

ТӘК-ТӘК *Еркіне жібермеу, тежеу мағынасында айтылатын одағай сөз.*

ТӘК-ТӘКТА *Еркіне жібермеу, тежеу.*

ТӘЛІП ***көне*** *Медреседе оқитын шәкірт, оқушы.*

ТӘЛКЕК *Мазақ, келемеж, келеке.*

ТӘЛКЕКТЕ *Келемеждеу, тәлкек қылу, мазақтау.*

ТӘЛКЕКШІЛ *Тәлкек қылғыш, келемеждегіш, мазақтағыш.*

ТӘЛПІШ *Ерке, шолжың, бейәдеп, тәрбиесі кем.*

ТӘЛПІШТІК *Тәлпіш болушылық, еркелік.*

ТӘЛТИ *Қалқию, жарбию.*

ТӘЛТІРЕК *Денесін ұстай алмай бұралаң, қисалаң еткендік.*

ТӘЛТІРЕКТЕ *Аяғын жөндеп баса алмай бұраланду, бұлғақтау, қисаланду.*

ТӘЛІМ *Үлгі, өнеге, тәрбие.* ◊ **Тәлім алды** – а) *үлгі алды;* ә) *дәріс алды, білім алды.*

ТӘЛІМГЕР *Тәлім-тәрбие беруші, ұстаз.*

ТӘЛІМДІ *Үлгілі, өнегелі, тәрбиелі.*

ТӘЛІМДІК *Тәлім-тәрбиеге қатысты, соған лайық.*

ТӘЛІМДІЛІК *Тәлімді болушылық.*

ТӘЛІМСУШІЛІК *Бәлсінгендік, керігушілік.*

ТӘЛІМСІ *Әлдеқандай болу, бәлсіну, кергу.*

ТӘЛІМСІЗ *Үлгі-өнегесіз, тәрбиесіз.*

ТӘЛІМСІЗДІК *Тәлімсіз, тәрбиесіз болушылық.*

ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ *Үлгі-өнеге, көрсетілген жөн-жоба.* ◊ **Тәлім-тәрбие алды** — *үлгі алды, өнеге тұтты.* **Тәлім-тәрбие берді** — *баулыды, тәрбиеледі.*

ТӘЛІМІ *Суармайтын егістік, суармай өсіретін дақыл.* ◊ **Тәлімі бидай** — *суармаған жерге өскен бидай.*

ТӘМПЕҢДЕ *Жас нәрестенің аяғын апыл-тапыл басуы, тәлтіректеп жүруі.*

ТӘМПІ *Тәмпіш, келте мұрын.*

ТӘМПІШ *Кішкене келген, қысқа, келте (мұрын).*

ТӘМПІШТЕУ *Мұрны келтелеу, тәмпіш келген.*

ТӘМСІЛ ***кіт.*** *Өсиет, нақыл түрінде айтылатын астарлы мазмұны бар әңгіме.*

ТӘН I 1. *Адамның тұла бойы, денесі.* 2. *Ер адамның жыныс мүшесі, әурет.*

ТӘН II *Біреуге, бір нәрсеге қатысты.*

ТӘНӘПІС ***жерг.*** *Сабақ бергенде, қызмет уақытында, жиналыс өтіп жатқанда болатын үзіліс.*

ТӘНДІК *Біреуге, бір нәрсеге тән болғандық, қатыстылық.*

ТӘНТІ *Мейлінше риза, көңілі толған, сүйсінген, разы, риза.* ◊ **Тәнті болды** — *риза болды, сүйсінді.*

ТӘНТІЛІК *Тәнті болушылық, ризалық, разылық.*

ТӘНТІРЕКТЕ *Тәнтірек-тәнтірек ету.*

ТӘҢІР ***діни*** 1. *Құдай, Алла тағала, Құдіret.* 2. *Құдіретті күш иесі, пір.* ◊ **Тәңір алғыр (алсын)** — а) *құры, жоғал;* ә) *бәтшағар, жолың болмағыр.* **Тәңір атқан** — *көксоққан, оңбаған.* **Тәңір жазса** — *Құдай бұйыртса, дәм тартса.* **Тәңір жарылқасын** ***алғ.*** — *Құдай оңдасын, жаманшылық көрмесін.*

ТӘҢІРСІ *Күштісіну, мықтысыну, Құдайын ұмыту.*

ТӘҢІРШЕ *Тәңірге ұқсап.*

ТӘПЕЛТЕК *Аласа, тапал, бәкене.*

ТӘПЕЛТЕКТЕУ *Аласалау, тапалдау, бәкенелеу.*

ТӘПЕЛТЕКТІК *Тәпелтек болушылық.*

ТӘПСІР ***көне*** *Құранда айтылғандар мен ондағы жеке сөздерге берілген анықтама, түсініктеме.*

ТӘП-ТӘТТІ 1. *Тым тәтті, айта қаларлықтай тәтті.* 2. ***Ауысп.*** *Сүйкімдірек, ұнамдырақ.*

ТӘП-ТӘУІР *Жап-жақсы, әжептәуір.*

ТӘПТІШ *Жан-жақты, тиянақты.* ◊ **Тәптішке алды** — *қазбалап сұрады, тәптіштеді.*

ТӘПТІШТЕ *Бір нәрсені жан-жақты қарап білу, тексеру.*

ТӘРБИЕ *Отбасы, мектеп, қоршаған ортада қалыптасқан адамның қоғамдық және жеке өмірде байқалатын тәртіп пен мінез-құлық дағдысы.* ◊ **Тәрбие алды (көрді)** — *тәрбиеленді, тәлім алды.* **Тәрбие берді** — *үлгі көрсетті, тәрбиеледі.*

ТӘРБИЕЛЕ *Адамның сана-сезімі мен мінез-құлқына әсер ету, белгілі бір іске баулу, дағдыландыру.*

ТӘРБИЕЛЕНУШІ *Тәрбие көріп жүрген, тәрбиеленген адам.*

ТӘРБИЕЛІ *Тәрбие көрген, өнегелі, әдепті.*

ТӘРБИЕЛІЛІК *Тәрбиелі, әдептілік.*

ТӘРБИЕСІЗ *Тәрбиесі жоқ, дұрыс тәрбие көрмеген, әдепсіз, көргенсіз.*

ТӘРБИЕСІЗДІК *Тәрбие көрмегендік, әдепсіздік.*

ТӘРБИЕШІ *Тәлім-тәрбие беруші, ұстаз, тәрбие жұмысын жүргізуші адам.*

ТӘРЕЛКЕ *Ас ішетін, тағам салатын дөңгелектеу келген жайпақ ыдыс.*

ТӘРЖІМЕ *Бір тілден екінші тілге аудару ісі, аударма.*

ТӘРЖІМЕЛЕУ *Бір тілден екінші тілге аудару.*

ТӘРЖІМЕШІ *Бір тілден екінші тілге тәржіме жасаушы, сөзбе-сөз аудармашы.*

ТӘРК: тәрк етті (болды, қылды) – *дүниеден безді, талақ етті.*

ТӘРНЕК *Тез пісетін, сопақша келген қауынның түрі.*

ТӘРТЕ *Арба мен шананың көлік жегетін қос жетегі, арыс.* ◊ **Тәртесі қысқа** – *ой өрісі тар, ақылы аз (адам).*

ТӘРТІП 1. *Белгілі бір қоғам мүшелеріне ортақ, орындалуы міндетті ереже, заң.* 2. *Бір нәрсенің реті, жөн-жобасы.* 3. *Жеке адамның мінез-құлқы.* ◊ **Тәртіп бұзды** – *белгіленген ережені сақтамады, заңды орындамады.* **Тәртіпке түсті (келді)** – *жөнге түсті, реттелді.* **Тәртіп орнатты** – *тәртіпсіздікті жөнге түсірді, ретке келтірді.* **Тәртіп сақтады** – *әдепті болды.*

ТӘРТІПСІЗ 1. *Қалай болса солай, жөнге келмеген, ретсіз, жүйесіз.* 2. ***Ауысп.*** *Тәртібі нашар, тәртіп бұзғыш.*

ТӘРТІПСІЗДЕУ *Тәртібі онша емес, тәртібі нашарлау, сөлекеттеу, жөнсіздеу.*

ТӘРТІПСІЗДІК *Тәртіпсіз болушылық.*

ТӘРТІПТЕ *Тәртіпке келтіру, жөндеу, реттеу.*

ТӘРТІПТЕМЕ *Тамақты ішіп-жеудің, жатып-тұру, демалудың межелі дұрыс орындалу ережесі, орныққан тәртібі, режим.*

ТӘРТІПТІ *Әдепті, өнегелі.*

ТӘРТІПТІЛІК *Тәртіпті болушылық.*

ТӘРІЗДЕН *Бір нәрсе тәрізді боп көрініу, ұқсау.*

ТӘРІЗДЕС *Ұқсас; тәрізді.*

ТӘРІЗДІ *Сияқты, секілді, іспетті; ұқсас.*

ТӘРІЗІ *Шамасы, ыңғайы, сірә.*

ТӘСІЛ *Белгілі бір істі орындап шығуда қолданылатын әдіс, амал, айла.*

ТӘСІЛДЕН *Бір нәрсені істеуге төселу, жаттығу.*

ТӘСІЛҚОЙ *Айла-амалы, әдісі көп, мол.*

ТӘСІЛНАМА *Жүзеге асырылуға тиісті жұмыстардың реті, әдісі көрсетілетін нұсқаулар жиынтығы.*

ТӘСІЛІМ: жантәсілім – *ажал, өлім.*

ТӘТЕ *Жасы үлкен туыс әйел, апа.*

ТӘТЕЖАН *тәте сөзіне жалыныш, еркелеу мәнін үстемелейтін қаратпа сөз.*

ТӘТЕЙ *Жасы үлкен әйел адамға ізет білдіру, сыпайыгершілікпен айтылатын қаратпа сөз.*

ТӘТЕЛЕ *Тәте-тәте деп қайталау, үсті-үстіне айта беру.*

ТӘТТІ 1. *Дәмі қант, бал сияқты жағымды, тіл үйіретін.* 2. *Бал, қант, кәмпит.* 3. ***Ауысп.*** *Артық, қымбат, жақын.* 4. ***Ауысп.*** *Жанға жайлы, ұнамды, жағымды.* 5. ***Ауысп.*** *Ынтымақты, тату, сыйлас.* ◊ **Тәтті аузының дәмін кетірді** – *өз қадірін өзі кетірді, жек көрінішті болды.* **Тәтті тіл** – *жанды еріткен жақсы сөз, әңгіме.*

ТӘТТІ-ДӘМДІ *Жылы-жұмсақ, дәмді тамақ.*

ТӘТТІҚҰМАР *Тәттіні жақсы көретін, тәттіні құмарта жейтін.*

ТӘТТІЛЕ *Тәтті ету, тәтті дәмін кіргізу.*

ТӘТТІЛЕУ *Аздап тәтті, тәттірек.*

ТӘТТІЛІК *Тәтті болғандық; тәттіге тән.*

ТӘТТІРЕК *Аздап тәтті, тәттілігі басым.*

ТӘТТІСІН *Тәтті көру, тәтті деп білу.*

ТӘТІ *Маңдайда, бетте, мойында болатын, көзге көрінер-көрінбес мең.*

ТӘУ: тәу етті – *қасиетті деген нәрсеге басын иіп, маңдайын тигізді; тағзым етті, сиынды.*

ТӘУБЕ 1. *Тағдырға ризалық, шүкіршілік, қанағат тұтушылық.* ◊ **Тәубеге келді *діни*** – *астамшылық етпеді, шү-*

кіршілік білдірді. **Тәубе етті [қылды]** — *шүкіршілік қылды.* **Тәубесіне келтірді [түсірді]** — *Құдайын есіне келтірді.*

ТӘУБЕЛЕ *Шүкіршілік қылу, тәубе деу.*

ТӘУБЕЛІК *Тәубе етерлік, шүкіршілік.*

ТӘУБЕШІЛ *Тәубеге келгіш, шүкіршілік еткіш, қанағатшыл.*

ТӘУБЕШІЛІК *Тәубешіл болушылық, тәубе қылушылық, тәубе деушілік.* ◊ **Тәубешілік етті (жасады, қылды)** — *шүкіршілік қылды, қанағат тұтты.*

ТӘУЕКЕЛ *Бір іске жалтақтамай батыл кіріскендік, белді бекем буғандық.* ◊ **Тәуекелге бел байлады [буды]** — *тәуекел деп іске кірісті, бекінді.* **Тәуекел етті [қылды]** — *не де болса бел шешіп, батыл кірісті.*

ТӘУЕКЕЛДІ *Тәуекелге баратын, тәуекелді керек ететін.*

ТӘУЕКЕЛДІК *Тәуекел еткендік.*

ТӘУЕКЕЛСІЗ *Тәуекелге бел бумайтын, батылсыз.*

ТӘУЕКЕЛШІЛ *Тәуекелге бел байлағыш, батыл, өжет.*

ТӘУЕКЕЛШІЛДІК *Тәуекелшіл болушылық.*

ТӘУЕЛДЕ *Тәуелді ету, меншіктеу, иемдену.*

ТӘУЕЛДІ *Біреуге я бір нәрсеге бағынышты, кіріптар, басыбайлы.* ◊ **Тәуелдік септеу** ***грамм.*** — *септік жалғауларының зат есімнің тәуелді түріне жалғануы.* ◊ **Тәуелді болды** — *бағынышты болды.* **Тәуелді етті (қылды)** — *бағындырды, бас идірді.*

ТӘУЕЛДІК *Тәуелділік, кіріптарлық.* ◊ **Тәуелдік жалғау** ***грамм.*** — *белгілі бір заттың иеленуші үш жақтың біріне меншікті екенін білдіретін арнаулы морфологиялық тұлға.*

ТӘУЕЛДІЛІК *Тәуелді болушылық, бағыныштылық, басыбайлылық.*

ТӘУЕЛСІЗ *Толық еркі бар, ерікті, бағынышты емес.*

ТӘУЕЛСІЗДІК *Тәуелсіз болушылық, еріктілік, бостандық.*

ТӘУЕТ *Алдыңғы екі аяғы ұзын, шегіртке тектес жәндік, дәуіт.* □ **Тәует бас** — *әдемі, тік, сұлу бас.*

ТӘУЛІК *24 сағатқа тең мөлшердегі күн мен түннің уақыт аралығы.*

ТӘУЛІКТЕ *Тәулік бойына созылу, жалғасу.*

ТӘУРАТ *Еврейлердің діни кітабы, Тора.*

ТӘУТИ *Мыжырайып көріну, қалтию, селтию.*

ТӘУІП *Ел арасында әр алуан емдом жасайтын емші; бақсы-балгер.*

ТӘУШЕ ***кәс.*** *Жеміс ағашының гүл ашып, жеміс салатын бүршігі; түйін.*

ТӘУІПТІК *Балгерлік, емшілік.* ◊ **Тәуіптік жасады (құрды)** — *ем-дом жасады, балгерлік етті.*

ТӘУІПШІЛІК *Ем-дом жасаушылық, балгерлік.*

ТӘУІР *Біршама жақсы, оңды.* ◊ **Тәуір болды** — а) *ауруынан айықты, жазылды;* ә) *жөн болды, дұрыс болды.* **Тәуір көрді** — *жақсы көрді, ұнатты.*

ТӘУІРЛЕН 1. ***өзг. етіс*** *Тәуірле-н.* 2. *Аурудан айыға бастау, беті бері қарау.*

ТӘУІРЛЕУ *Жақсырақ, оңдырақ, дұрысырақ.*

ТӘУІРЛІК *Жақсылық, дұрыстық.*

ТӘУІРМИЯ ***бот.*** *Далалы, шөлейтті жерде өсетін, биіктігі 40 сантиметр бұршақ тұқымдас көпжылдық өсімдік.*

ТӘУІРІРЕК *Тәуірлеу, жуасырақ, оңдырақ.*

ТӘШЕК *Өрік сияқты жемістің сүйегі, дәні.*

ТӘШТЕК *Мыртық, қортық, тапал.*

ТӘШТИ 1. *Көзге қораш болып мыртию.* 2. **Ауысп.** *Өзін-өзі көтеріп шәлтию, маңғаздану.*

ТӘШТИТ *Араб орфографиясында бір әріптің екі рет қайталанғанын білдіретін белгі, таңба.*

ТЕ *Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын "та" ыңғайластық жалғаулығының жіңішке түлғасы.*

ТЕАТР 1. *Драмалық шығарманы актерлер күшімен сахнада бейнелеу, ойнау*

өнері. 2. *Драмалық шығарманы қоятын, ойын-сауық көрсететін орын-жай.* 3. *Драмалық шығармалар жиынтығы.*

ТЕАТРТАНУ *Театр өнерінің теориясы мен практикасын, тарихын зерттейтін ғылым.*

ТЕАТРШЫЛ *Театрды ұнататын, театрқұмар.*

ТЕБЕГЕН *Маңына жан жолатпайтын, теуіп жіберетін (жылқы).*

ТЕБЕН *Ұзын, жуан ине, жуалдыз.* ◊ **Тебен мұрт** — *тікірейген қайратты жуан мұрт.*

ТЕБЕТЕЙ *Тымақ, бөрік ішінен ер адамдар киетін тақия.*

ТЕБЕТЕЙЛІ *Тебетей киген, тебетейі бар.*

ТЕБІЗ I ***көне*** *Бұзық, қияңқы, тентек.*

ТЕБІЗ II ***жерг.*** *Шөбі қалың ойпаң жер.*

ТЕБІН I *Тұяқты мал аршып жейтін қар астындағы шөп; қысқы жайылым, тебіндік.*

ТЕБІН II 1. ***өзд. етіс*** *Теп-ін.* 2. ***Ауысп.*** *Ашулану, ыза болу.*

ТЕБІНГІ *Тоқым қысқа болғанда аяққиім мен шалбар балағын қорғайтын, ер-тұрман құрамына қатысты әбзелдердің бірі.*

ТЕБІНГІДЕЙ *Тебінгі сияқты кішкентай, алақандай.*

ТЕБІНГІЛІК *Көліктің тебінгі тұратын жері; қаптал, бүйір.*

ТЕБІНДЕ I *Қар астындағы шөпті тұяғымен тарпып жайылу.*

ТЕБІНДЕ II 1. *Көк шөптің және басқа заттың қаулап шыға бастауы.* 2. *Сақал-мұрттың жаңадан шыға бастауы.*

ТЕБІНДЕЙ *Құрттай, кішкентай, алақандай.*

ТЕБІНДЕС *Қысқы мал жайылымы бір, тебіні ортақ.*

ТЕБІНДІК *Тебінге жарамды жер; қысқы жайылым.*

ТЕБІНСЕКТЕ *Тебіне түсу, тебін-кіреу.*

ТЕБІНШЕК *Қайта-қайта тебіне беретін.*

ТЕБІНШЕКТЕ *Мінген көлігін қайта-қайта тебіну, тебіне беру.*

ТЕБІРЕН *Жан дүниесі толқу, толғану, шабыттану.*

ТЕБІРЕНІС *Жан толқуы, толғаныс, күйзеліс.*

ТЕБІРЕНІСТІ *Қатты тебіренген, толқыған; толғанысты.*

ТЕБІС ***Ауысп.*** *Алысу, тартысу, керісу.*

ТЕГЕН *Тегеурін, күш, екпін.*

ТЕГЕНЕ *Ағаштан, темірден әшекейленіп істелген қымыз, ас қуятын үлкен шұңғыл ыдыс.* **Тегене құйрық** — *үлкен құйрық.*

ТЕГЕНЕДЕЙ 1. *Тегене сияқты.* 2. *Үлкен, аумақты, теңкиген.*

ТЕГЕНЕЛЕ *Тегене-тегене ету, әлденеше тегенеге құю.*

ТЕГЕРШІК *Механизмнің жүрісін ретке келтіретін шойын дөңгелек.*

ТЕГЕРІК *Дастарқанды күйдіріп кетпес үшін ыстық шәугім мен шәйнектің астына қойылатын бұйым.*

ТЕГЕРІШ *Киіз үйдің керегесі мен уығын айналдыра қысып ұстайтын әрі сәндік қызметін атқаратын жалпақ бау; таңғыш.*

ТЕГЕУРІН I *Екпін, қарқын, пәрмен.*

ТЕГЕУРІН II *Қыран құстың алдыңғы жембасар үш тырнағына қарсы біткен жалғыз тырнағы, мүйіз сияқты қатты зат.*

ТЕГЕУРІНДЕ *Екпіндеу, қарқындау, үдей түсу.*

ТЕГЕУРІНДІ 1. *Екпінді, қарқынды, пәрменді.* 2. *Қайратты, күшті, қуатты.*

ТЕГЕУРІНДІЛІК *Тегеурінді, қарымды болушылық.*

ТЕГЕУРІНДІРЕК *Тегеуріні қаттырақ, әжептәуір тегеурінді.*

ТЕГЕШ *Ас, су құю үшін жасалған ернеуі тік, шұңғыл үлкен ыдыс.*

ТЕГЖЕЙЛЕН *Ретке түсу, тәртіпке келу.*

ТЕГІ 1. *Сірә, асылында, заңды.* 2. *Тіптен, тіпті, мүлде.*

ТЕГІЛДІРІК *Ер-тұрман жабдығы.*

ТЕГІН I *Ақысыз-пұлсыз, төлеусіз.*

ТЕГІН II *Тектен-тек, жайдан-жай, бекер.*

ТЕГІНДЕ *Сірә, негізінде, асылында.*

ТЕГІНДІК *Тегін болушылық.*

ТЕГІНДІКПЕН *Жайдан-жай, тектен-тек, бостан-бос.*

ТЕГІННЕН-ТЕГІН *Жайдан-жай, тектен-тек.*

ТЕГІНШІЛІК *Тегін болушылық; жайшылық.*

ТЕГІНШІЛІКПЕН *Оңайшылықпен, жайдан-жай, бостан-бос.*

ТЕГІС I *Кедір-бұдырсыз, ұңғыл-шұңғылсыз, жап-жазық.*

ТЕГІС II *Барлығы, бәрі, түгел, тұтас.*

ТЕГІСТЕ 1. *Теп-тегіс ету.* 2. *Заттың шетін біркелкі етіп кесу, теңестіру.*

ТЕГІСТЕУ *Біршама тегіс, кедір-бұдыры аз, жазықтау.*

ТЕГІСТЕУШІ *Металды ажарлап, оңдеу, тегістеу жұмысымен айналысатын маман.*

ТЕГІСТЕУІШ *Бір нәрсені тегістейтін құрал, машина.*

ТЕГІСТІК 1. *Тегіс болушылық.* 2. *Жазық, мидай дала.*

ТЕГІСТІЛІК *Тегіс болушылық, тегістік.*

ТЕГІСШІЛДІК ***тар.*** *Тең құқықты болушылық, еріктілік, теңдік.*

ТЕГІСІРЕК *Кедір-бұдыры аздау, жазықтау, тегістеу.*

ТЕЖЕ 1. *Аттың басын тарту, жүрісін баяулату.* 2. *Бетін қайырып тастау, тізгіндеп ұстау.* 3. *Кедергі жасау, бөгеу, кешеуілдету.*

ТЕЖЕУЛІ *Тежелген, бөгелген; шектеулі, мөлшерлі.*

ТЕЖЕУСІЗ *Тежеуі жоқ, тежеу көрмеген, кедергісіз.*

ТЕЖЕУІШ ***тех.*** *Түрлі машина мен көліктің жүрісін реттейтін тетік.*

ТЕЗ I 1. *Қисық ағашты түзету үшін не түзу ағашты ию үшін қолданылатын құрал.* 2. ***Ауысп.*** *Талқы, сын, ауыртпалық.* ◊ **Тезге салды** — *көндірді, мінезін түзеді, сынап-мінеді.*

ТЕЗ II *Жылдам, шапшаң, лезде, әп-сәтте.*

ТЕЗБЕ-ТЕЗ *Жылдам, шапшаң, лезде.*

ТЕЗДЕ *Шапшаңдау, жылдамдау.*

ТЕЗДЕТКІШ *Тездететін, жылдамдататын нәрсе.*

ТЕЗДЕУ *Жылдамдау, шапшаңырақ, тезірек.*

ТЕЗДІК *Жылдамдық, шапшаңдық.*

ТЕЗЕК *Отын орнына пайдаланылатын малдың кепкен қиы.*

ТЕЗЕКТЕ ***жерг.*** *Тезек тастау.*

ТЕЗЕКШІ *Тезек теруші, тезек жинаушы.*

ТЕЗИС 1. *Белгілі бір шығармада, баяндамада сөйлейтін негізгі ой-пікірдің қысқаша желісі.* 2. *Белгілі бір мәселе туралы қысқаша түрде баяндалған қағида, тұжырымдама.*

ТЕЗИСТЕ *Қысқаша тұжырымдау, тезис жасау.*

ТЕЗИСТІК *Тезиске тән, тезис болларлық.*

ТЕЗ-ТЕЗ *Өте жылдам, лезде.*

ТЕЗІНЕН *Жылдам, лезде; кідірместен.*

ТЕЗІРЕК *Жылдамырақ, шапшаңырақ.*

ТЕИЗМ ***филос.*** *Материалистік ғылыми көзқарасқа жанаспайтын, дүниені Құдай жаратқан, барлығына Құдай ие дейтін философиялық діни ілім, құдайшылдық.*

ТЕИЛОРИЗМ *Техниканы қолданудың тиімділігі мен қарқынды. еңбекке негізделген капиталистік өндіріс орнындағы еңбекті ұйымдастыру жүйесі.*

ТЕК I *Шыққан негізі, нәсілі, тұқымы.*

ТЕК II 1. *Құр бекер, босқа, жай.* 2. *Тегін, ақысыз.*

ТЕК III *Бір, жалғыз ғана, жалаң.*

ТЕК IV *"Қой", "тыныш" деген тәрізді тежеу мағынасында қолданылатын одағай сөз.*

ТЕКЕ *Ешкі малының екі жастан асқан, күйекке түсетін еркегі.* ◊ **Теке көз** — *аласы басым, адырақ көз.* **Теке сақал** —

иекке ғана бітken шоқша сақал. **Теке сүмбіле** — *тамыз айының екінші жартысы.* ◊ **Текетірес** — *қатты ерегісіп бірін-бірі жеңе алмау.*

ТЕКЕЖАУМЫТ *Асылтұқымды түрікмен жылқысы.*

ТЕКЕКТЕ *Аттың бірқалыпты жүрмей, секектеп жүруі.*

ТЕКЕМЕТ *Бетіне өртүрлі ою-өрнек салынып басылған бағалы киіз.*

ТЕКЕМЕТШЕ *Шағын текемет.*

ТЕКЕСАҚАЛ ***бот.*** *Сабынкөк тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ТЕКЕШІК 1. *Жасы толмаған теке, лақ теке.* 2. ***Ауысп.*** *Бастықсымақ, дікектеп қалған.*

ТЕККЕ *Бекер, құр босқа, жайдан-жай.*

ТЕКСЕР 1. *Анық-қанығына жету, айқындау.* 2. *Қадағалау, бақылау, байқау.*

ТЕКСЕРУ 1. ***саяси*** *Өзгерістер енгізу мақсатымен белгілі бір ілімді яки теорияны қайта қарау.* 2. *Белгілі бір мекемені (дүкенді, т. б.) тексеру.*

ТЕКСЕРУСІЗ *Тексеру жоқ, тексерілмейтін.*

ТЕКСЕРУШІ *Тексеру жүргізуші, байқаушы, бақылаушы.*

ТЕКСЕРУШІ 1. *Тексеру жұмысын жүргізуші, соны істеуге сенім берілген кісі.* 2. *Теміржолдарда пойыздардың жүріп-тұруын бақылаушы.*

ТЕКСЕРІС *Тексеру ісі.*

ТЕКСІЗ 1. *Тегі белгісіз, отансыз.* 2. ***Ауысп.*** *Тәлім-тәрбиесі нашар, көргенсіз.*

ТЕКСІЗДІК *Тегі жамандық, тәрбиесі нашарлық.*

ТЕКТЕН-ТЕК *Бостан-бос, бекерден-бекер, жайдан-жай.*

ТЕКТЕС 1. *Шыққан тегі бір, нәсілдес, тұқымдас.* 2. *Бір нәрсеге ұқсас, сол сияқты, іспеттес.*

ТЕКТЕСТІК *Тегі бір болушылық, туыстастық.*

ТЕКТОНИКА ***геол.*** 1. *Жердің қыртысы мен құрылымы, соның өзгеру заңдылығы.* 2. *Жер қыртысының құрылымы мен онда болатын өзгерісті зерттейтін геология ғылымының бір саласы.*

ТЕКТҰР *Жартастың текше жапсары.*

ТЕКТІ 1. *Шыққан тегі бір, тұқымдас, тектес.* 2. *Тегі, шыққан жері жақсы.* ◊ **Текті жер** — *үлгілі-өнегелі ел, ауыл.*

ТЕКШЕ I 1. *Тау үстіндегі төрт жағы бірдей шаршы боп келген ашық тау алаңы.* 2. *Баспалдақтан жасалған сөре.*

ТЕКШЕ II ***көне*** *Ұсақ-түйек, құнды заттарды салатын қобдиша.*

ТЕКШЕЛЕ *Қабырғаларын тік бұрыштау, текше жасау.*

ТЕКШЕЛІ *Текшесі бар, текшеленген.*

ТЕКІРЕК *Аттың жайсыз шоқақтаған желісі.*

ТЕКІРЕКТЕ *Шоқақтап желу, текірек қағу.*

ТЕЛ *Екі енені бірдей емген төл, не бір енені емген қос төлдің сыңары.* ◊ **Тел емді** — *таршылық көрмеді.* ◊ **Тел қозыдай** — *жұптасып, қатар, тең.*

ТЕЛЕВИЗИЯ *Техниканың электрлік құралдар арқылы объектінің кескінін алыстан көрсетуді іске асыратын саласы.*

ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ *Телевизияға қатысты, соған тән.*

ТЕЛЕВИЗОР *Телевизиялық хабарды қабылдап, объектінің кескінін көрсететін әрі дыбыс естіртетін радиотехникалық аспап.*

ТЕЛЕГЕЙ 1. *Көп жерді алып жатқан теңіз, мол су.* 2. *Өте көп, мөл.*

ТЕЛЕГЕЙЛЕН *Телегейге айналу, суы көл-көсір боп молаю.*

ТЕЛЕГЕЙ-ТЕҢІЗ 1. *Ұшы-қиыры жоқ, көл-көсір.* 2. *Орасан көп, есепсіз.*

ТЕЛЕГРАММА, ЖЕДЕЛХАТ *Телеграф не радио арқылы берілген жедел хабар, сондай-ақ; сол хабар жазылған бланк.*

ТЕЛЕГРАФ 1. *Хабарды алыс қашықтыққа радио не электр сымы арқылы шап-*

шаң жеткізуге арналған электр жүйесі. 2. *Аппарат арқылы алыстан хабар алып, хабар таратып отыратын мекеме.*

ТЕЛЕГРАФИСТ *Телеграмманы қабылдап және жіберіп отыратын телеграф қызметкері.*

ТЕЛЕДИДАР *Объектінің кескіні мен дыбысын электрлік сигналдар арқылы алысқа тарату әрі сол объектінің кескінін көрсетіп, дыбысын естіртумен шұғылданатын радиотехника саласы, телевизор.*

ТЕЛЕҚАБЫЛДАҒЫШ *Телевизиялық құрылғысы бар қабылдағыш.*

ТЕЛЕОЛОГИЯ *Табиғат құбылысының мақсатқа сай дамуы жайындағы идеалистік ілім.*

ТЕЛЕОРТАЛЫҚ *Теледидар хабарын ұйымдастырып отыратын орталық, мекеме.*

ТЕЛЕПАТИЯ *Ешбір аралық адамсыз-ақ өзгенің ойы мен сезімінің алыстан берілуі, қашықтан сезілуі.*

ТЕЛЕСКОП *Аспан денелері мен шырақтарын бақылауға арналған астрономиялық оптикалық прибор.*

ТЕЛЕСПЕКТАКЛЬ *Теледидар арқылы көрсететін спектакль.*

ТЕЛЕСТАНЦИЯ *Теледидар арқылы суретті хабар тарататын станса.*

ТЕЛЕСТУДИЯ *Теледидар арқылы берілетін хабарды ұйымдастыратын мекеме.*

ТЕЛЕТАЙП *Телеграммада жазылған сөздерді өзі басып беретін жазу машинкасындағыдай клавиштері бар телеграф аппараты.*

ТЕЛЕТРАНСЛЯТОР *Теледидар арқылы берілетін хабарды трансляция жасайтын, тарататын құрылғы.*

ТЕЛЕФОН *Техникалық аспаптар жүйесі арқылы алыстан сөйлесетін аппарат.* ◊ **Телефон соқты** — *телефон арқылы сөйлесті, хабарласты.*

ТЕЛЕФОНДА *Телефон соғу, шалу.*

ТЕЛЕФОНДАНДЫР *Телефон орнату, телефонмен қамтамасыз ету.*

ТЕЛЕФОНИСТ *Телефон стансасында істеуші қызметкер.*

ТЕЛЕФОНОГРАММА *Телефон арқылы берілетін жаңалық, хабар, қатынас сөз.*

ТЕЛЕХАБАР *Теледидар арқылы берілетін жаңалық, хабар.*

ТЕЛҚҰЖАТ *Құжаттың түпнұсқасымен күші бірдей көшірме данасы.*

ТЕЛМЕҢ: телмең қақты — *бір нәрсені сұрап мазалады, ығыр етті.*

ТЕЛМЕҢДЕ *Дәмелене жалтақтай қарау.*

ТЕЛМІР 1. *Көз алмай тесіле қадалып қарау.* 2. *Көзін сатып дәмелену, күні түсу.*

ТЕЛПЕК 1. *Темір баскиімнің бір түрі.* 2. *Тақия сияқты жұқа баскиім.*

ТЕЛПЕКБАЙ: атқа жеңіл телпекбай — *барып кел, алып келге дайын; қолды-аяқтай бала.*

ТЕЛУЛІ *Біреуге, бір нәрсеге телінген, меншіктенген.*

ТЕЛШЕ *Жылқының қабырғамен ұштас сүбелік майы.*

ТЕЛІ 1. *Төлі өлген малға сүті қайтып кетпеу үшін басқа төлді үйретіп емізу.* 2. *Біреуге тән деп санау, лайықтау.* 3. ***Ауысп.*** *Біреуді біреуге қосу, меншіктеу.*

ТЕЛІМ I ***көне*** *Үлес, сыбаға, тиесі.*

ТЕЛІМ II *Бір мақсатқа арналған жердің немесе әкімшілік аймақтың бір бөлігі.*

ТЕЛІМДЕС *Үлестес, сыбағалас, ортақтас.*

ТЕЛІ-ТЕНТЕК *Есер, содыр-сотқар.*

ТЕМБР ***муз.*** *Әнші даусының әуезділігі, өзіне тән үні, дауыстың өзіндік ерекшелігі.*

ТЕМЕКІ 1. *Алқа тұқымдасына жататын жалпақ жапырақты мәдени өсімдік.* 2. *Түтін шығарып тарту үшін үгітілген осы өсімдіктің кептірілген жапырағы.*

ТЕМЕКІШІ 1. *Темекі шаруашылығымен айналысатын, темекі өсіретін адам.* 2. *Темекіқұмар, шылым шекқіш.*

ТЕМЕКІШІЛ *Темекіні көп тартатын, темекіқұмар.*

ТЕМЕН *Әлдекім, бейтаныс біреу.* ◊ **Теменнен туған бала** — *ойнастан туған, жолдан тапқан, заңсыз туған бала.*

ТЕМЕНЕ *Ұрпақ санауда туажаттан кейін келетін ұрпақ, үрім-бұтақ.*

ТЕМПЕРАМЕНТ *Сыртқы әсерді сезгіштік қасиет, қабілет.*

ТЕМПЕРАТУРА 1. *Бір нәрсенің қызулық дәрежесін білдіретін өлшем.* 2. *Науқас адамның көтеріңкі қызуы.*

ТЕМІР *Берік әрі салмақты металл.* ◊ **Теміржол** — *пойыз, трамвай сияқты көлік жүруге арнап темірден төселген жол.* ◊ **Темірден түйме түйеді** — *қолынан келмейтіні жоқ, өте шебер, уста.* ◊ **Темірді қызуында соқ** — *әр нәрсені өз уағында істе, мезгілін өткізіп алма.* ◊ **Темірқазық жастанбай** — *қауіп-қатерге басын тігіп, қиыншылық көрмей.*

ТЕМІРДЕЙ 1. *Темір сияқты.* 2. ***Ауысп.*** *Қатты, қайратты, күшті.*

ТЕМІРЕТКІ *Адамның бетіне, қолына шығатын, қышымалы, жұқпалы тері ауруы.*

ТЕМІРҚАЗЫҚ ***астр.*** *Горизонттың терістік жағына орналасқан, Кіші аю шоқжұлдызындағы ең жарық жұлдыз.*

ТЕМІРЛЕ *Темірмен қаптау, темірмен қағу.*

ТЕМІРЛІ 1. *Темірі мол, темірі көп.* 2. *Темірмен қаптаған.*

ТЕМІРТАС *Темір рудасы, кені.*

ТЕМІРТЕК *Жай темірден соққан жасық пышақ.*

ТЕМІР-ТЕРСЕК *Темірден жасалған әртүрлі зат; темір мен темірлі заттар.*

ТЕМІРТІКЕН ***бот.*** *Жер бетінде тырбиып өсетін, төменгі жағы тарамдалып келген біржылдық өсімдік.*

ТЕМІРШІ *Темірден әртүрлі зат жасайтын уста.*

ТЕМІРШІЛІК *Темірші болушылық, ұсталық.*

ТЕНОР ***муз.*** 1. *Ер адамның жоғары биік даусы.* 2. *Осындай даусы бар әнші.*

ТЕНТЕК I 1. *Тәртіп бұзғыш, сотқар.* 2. ***Ауысп.*** *Ұл баланы жақсы көріп, мейірі түскенде еркелете айтылатын сөз.* ◊ **Тентек су** — *арақ-шарап, ішімдік.*

ТЕНТЕК II *Миына жалқық құрт түскендіктен болатын мал ауруы.*

ТЕНТЕКТІК *Бұзақылық, сотқарлық.*

ТЕНТІРЕ 1. *Күн көру үшін ел аралап кету, қаңғыру.* 2. *Бекер-бос сенделу, сарсылу.*

ТЕНТІРЕГІШ *Бекер-бос сандалуға, тентіреуге бейім, соған құмар.*

ТЕҢ I *Көлікке арту үшін буып-түйген жүк.*

ТЕҢ II 1. *Бірдей, қатар, парапар.* 2. *Лайық, сай, пар.* ◊ **Теңі келмеді** — *парапар түспеді, сай келмеді.* **Теңі көрді** — *ала-құласыз бәрін бірдей ұстады.*

ТЕҢБЕ-ТЕҢ *Дәлме-дәл, тепе-тең.*

ТЕҢБІЛ *Ойдым-ойдым түскен дағы бар, шұбар ала.* ◊ **Теңбіл көк** — *көк шұбар.*

ТЕҢБІЛДЕН *Теңбіл-теңбіл боп дақ түсу, шұбарлану.*

ТЕҢБІЛДІ *Теңбілі бар, теңбілденген.*

ТЕҢГЕ 1. *Күн өлшемі ретінде пайдаланылатын ақша.* 2. *Бір теңгелік ақша.* 3. *Күміс (тиын) ақша.* ◊ **Теңге алу (ілу)** — *шұңқырда жатқан теңгені атпен шауып келе жатқан адамның іліп әкететін ұлттық ойыны.* **Теңгеқотыр** — *көлемі бір теңгелік күміс теңгедей, көпсіп, ойма тазданып шығатын ауру.*

ТЕҢГЕЖАПЫРАҚ ***биол.*** *Жапырағы тиын тәрізді дөңгелек шөп.*

ТЕҢГЕЛІ *Теңгесі мол, ақшалы.*

ТЕҢГЕЛІК I *Бір шетін тесіп, киімге тағатын күміс тиын.*

ТЕҢГЕЛІК II *Бір теңгеге татитын.*

ТЕҢГЕР *Бірдей етіп теңестіру, тең ету.*

ТЕҢДЕ 1. *Тең-тең етіп буу, тайлау.* 2. *Жүкті көліктің екі жағына теңестіріп арту.*

ТЕҢДЕЙ I *Тең сияқты, үлкен.*

ТЕҢДЕЙ II *Бірдей, түйдей, теңбетең.*

ТЕҢДЕМЕ ***мат.*** *Берілген екі функцияның мәндері өзара тең болатынын анықтау жөніндегі есептің аналитикалық түрдегі жазылуы; теңестіру.*

ТЕҢДЕС *Жас жағынан қатарлас, құрбылас.* ◊ **Теңдесі жоқ** — *ешкім, ешнәрсе тең келмейтін.*

ТЕҢДЕСТІК *Теңдес болушылық.*

ТЕҢДЕУ ***мат.*** *Әріппен белгіленген бір немесе бірнеше белгісіз саны бар теңдік.*

ТЕҢДІ: өзі теңді — *өзі қатарлы, теңдес.*

ТЕҢДІК 1. *Барлық жағынан бірдей, тең болушылық; парапарлық.* 2. *Тең құқылық, еркіндік, бостандық.* ◊ **Теңдік бермеді** — *ырық бермеді, көнбеді.*

ТЕҢЕ 1. *Бір-бірімен тепе-тең ету, теңеу, теңестіру.* 2. *Тең деп санау, тең көру.* 3. *Бір нәрсеге балау, салыстыру.*

ТЕҢЕУ *Бір затты екінші бір нәрсеге ұқсатқан балама.*

ТЕҢЕУСІЗ 1. *Теңеуі, теңі жоқ; асқан.* 2. *Өлшеусіз, есепсіз.*

ТЕҢКИ *Дөңкиіп, ебедейсіз көріну.*

ТЕҢСЕЛ *Әрлі-берлі шайқалу, ырғала қозғалу.*

ТЕҢСІЗ 1. *Тең құқылы емес; тепе-тең емес.* 2. *Теңі, теңдесі жоқ.*

ТЕҢСІЗДІК *Құқығы тең емес, теңсіз болушылық.*

ТЕҢСІН *Тең деп санау, тең көру.*

ТЕҢ-ТЕҢ *Әлденеше, саны көп тең.*

ТЕҢІЗ 1. *Бір шеті құрлықпен жалғасып жатқан ащы тұзды суы бар бүкіләлемдік мұхиттың бір бөлімі.* 2. ***Ауысп.*** *Орасан көптік, ұшы-қиыры жоқ, молдық.* □ **Теңіз ауруы** — *кеме шайқалғанда жүрегі айнып құсатын ауру.* ◊ **Теңіз жұлдызы** — *жұлдыз тәрізді бес тарам аяғы бар теңіз жәндігі.* ◊ **Теңіз капустасы** — *асқа пайдаланылатын әрі емдік қасиеті бар теңіз балдыры.*

ТЕҢІЗДЕЙ 1. *Теңіз сияқты.* 2. ***Ауысп.*** *Ұшан-теңіз, өлшеусіз, мол.*

ТЕҢІЗДІ *Теңізі бар.*

ТЕҢІЗШЕ *Теңізге ұқсап.*

ТЕҢІЗШІ *Теңізде жұмыс істейтін адам.*

ТЕОЛОГ *Теологиямен шұғылданушы адам.*

ТЕОЛОГИЯ ***филос.*** *Діннің хадистері туралы ілім.*

ТЕОРЕМА ***мат.*** *Ақиқатты дәлелдеу нәтижесінде анықталатын математикалық ереже.*

ТЕОРЕТИК *Жаңа теория жасаушы, соны ұсынушы.*

ТЕОРИЯ *Қандай да болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идея мен белгілі бір көзқарастың тұжырымдалған қорытындысы, соған әсер ететін ғылыми принципті білдіретін ілім.*

ТЕП 1. *Аяқпен қатты теуіп жіберу, серпіп қағып жіберу.* 2. *Аяққа шаңғы, коньки байлап сырғанау не қол шанаға, велосипедке мініп жылжу.* 3. ***Ауысп.*** *Жат тұту, бөтен санау, алыстату.* ◊ **Тепсе темір үзетін** — *қайратты, мықты, қуатты.*

ТЕПЕКТЕ 1. *Көліктің екі бүйірінен тебініп итектеу.* 2. *Салақтау, тепеңдеу.*

ТЕПЕҢ *Тепеңдеп қалған, тепектеген.*

ТЕПЕҢДЕ *Тепең-тепең ету, тебіну.*

ТЕПЕРІШ *Қиыншылық, азап, зәбір.* ◊ **Тепериш көрді** — *тепкі көрді, азап шекті.*

ТЕПЕ-ТЕҢ *Бір дәрежеде, бірдей.*

ТЕПЕ-ТЕҢДІК *Тепе-тең болушылық.*

ТЕПКІ 1. *Аяқпен ұрған соққы, теуіп жіберушілік.* 2. ***Ауысп.*** *Азап, бейнет, қорлық, соққы.* ◊ **Тепкі көрді [жеді]** — *соққы көрді, азап шекті.*

ТЕПКІЛЕ *Қайта-қайта тебу, тепкіге алу.*

ТЕПКІН *Тепкендік, тепкі, қуатты серпін.*

ТЕПКІНШЕК *Жас баланы атқа мінгізгенде қолданылатын ер-тоқым әбзелдерінің бір түрі.*

ТЕПКІШЕК *Жоғары-төмен көтеріліп, түсу үшін жасалған басқыш баспалдақ, саты.*

ТЕПЛИЦА *Қыста, суық уақытта әр алуан өсімдік өсіретін жылы жай.*

ТЕПЛОВОЗ *Жанармайы өз ішінде жанатын қозғалтқышы бар локомотив.*

ТЕПЛОХОД *Іштен жанатын двигательмен қозғалысқа келетін кеме.*

ТЕПСЕҢ *Мал жайылатын ойлы-қырлы, текше-текше не жазық алап, аумағы әртүрлі жер.* ◊ **Тепсең жер** — *қыратты жердің тегістеу алаңшығы.*

ТЕПСІН *Біреуге ашулану, жер тепкілеу.*

ТЕП-ТЕГІН *Жайдан-жай, бекербос, қараптан-қарап.*

ТЕП-ТЕГІС 1. *Кедір-бұдыры жоқ, жазық, айтарлықтай тегіс.* 2. *Түгелімен, тұтасымен, бір кісідей.*

ТЕП-ТЕЗ *Айтарлықтай тез, лезде, жып-жылдам.*

ТЕПШУ *Тепшіп, сиректеп тігетін тігіс түрі.*

ТЕП: теп шығу — *биікке шығып, бір орында тұру.*

ТЕПШІ *Онша жиі емес, ірілеу етіп тігу, жөрмеу.*

ТЕР I *Денедегі ерекше бездерден бөлініп, тері арқылы сыртқа шығатын сұйық зат.* ◊ **Тер төкті** — *аянбай еңбек етті, бейнет сіңірді.* **Терін алды** — *атты жарату үшін әдейі шауып терлетіп, баптады.* **Терін кептірмеді** — *дамыл таптырмады, тыным бермеді.* **Терін сатты** — *бейнеттенді, күш-қайратын жұмсады.*

ТЕР II 1. *Бір талдап, аздап жинау.* 2. *Саралап алу, іріктеу, талғау.* 3. *Өрмек термесін тізу, тізбектеу.*

ТЕРАПИЯ ***мед.*** *Ішкі мүшелердің ауруын хирургия жәрдемінсіз емдеу. Осындай ішкі мүше сырқаттарын емдеу әдісін зерттейтін медицина саласы.*

ТЕРБЕ 1. *Шайқау, қозғау, ырғау.* 2. ***Ауысп.*** *Сезімге қозғау салу, әсер ету, тебіренту.*

ТЕРБЕЛМЕЛІ *Тербеліп тұратын, қозғалмалы.*

ТЕРБЕЛІС *Тербеліп қимылға түсу, қозғалыс, шайқалыс.*

ТЕРБЕН 1. *Толғану, тебірену.* 2. *Теңселу, тербелу, қозғалу.*

ТЕРБЕТПЕЛІ *Тербетіп тұратын, қозғалмалы.*

ТЕРБЕТУШІ *Тербетіп тұратын кісі.*

ТЕРГЕ 1. *Тәптіштеп сұрау, аныққанығын білу, жауап алу, егжей-тегжейін жете білу.* 2. *Сынау, мінеу.*

ТЕРГЕУ *Ақ-қарасын анықтау үшін жауап алушылық.* ◊ **Тергеу орны** — *тергеу ісін жүргізетін мекеме.*

ТЕРГЕУЛІ *Тергеуде жүрген, тергеуге кіріптар.*

ТЕРГЕУСІЗ *Тергеу жүргізбей, тексерусіз.*

ТЕРГЕУШІ ***заң*** *Тергеу ісін жүргізуші заң адамы.*

ТЕРГЕУШІЛІК *Тергеуші болушылық.*

ТЕРГҮЛ *Қазақстанда өсетін жабайы өсімдік.*

ТЕРГІЛЕ *Үсті-үстіне тере беру.*

ТЕРГІШ *Тез теретін, теруге шебер.*

ТЕРГІШТЕ *Пәле іздеу, тере беру.*

ТЕРЕЗЕ *Үйге жарық түсіріп, таза ауа кіргізіп тұру үшін қабырғаға орнатылған әйнекті жақтау.* ◊ **Терезесі тең** — *дәреже-атағы, беделі теңдес, қатарлас.*

ТЕРЕЗЕЛЕС *Терезесі қатар; терезесі тең.*

ТЕРЕЗЕЛІ *Терезе салынған, терезесі бар.*

ТЕРЕК *Бұтағы тік болып өсетін үйеңкі тұқымдас ірі ағаш.*

ТЕРЕКТЕЙ *Терек сияқты, биік.*

ТЕРЕҢ 1. *Түбі көз жеткісіз, тұңғиық, шығырау.* 2. ***Ауысп.*** *Әр жақты, мейлінше мәнді, құнды.* ◊ **Тереңге кетті [барды]** — *мәселені әріден қозғады, қиындатып жіберді.*

ТЕРЕҢДЕ 1. *Тереңдей түсу, тұңғиықтану.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсе жайлы түсінігі әр жақты болу, толу, толығу, арту.* 3. ***Ауысп.*** *Асқындау, күшею, шиеленісу.*

ТЕРЕҢДЕУ *Тереңірек, әжептәуір терең.*

ТЕРЕҢДІК 1. *Терең болушылық, таяз еместік.* 2. ***Ауысп.*** *Ерекше мәнділік, құндылық.*

ТЕРЕҢІРЕК 1. *Әжептәуір терең, тереңдеу.* 2. ***Ауысп.*** *Әрірек, көбірек, мол.*

ТЕРЛЕ *Тер шығу.*

ТЕРЛЕГІШ *Терлей беретін, тершең.*

ТЕРЛЕП-ТЕПШІ *Ағыл-тегіл боп терлеу, терге бату.*

ТЕРЛІК *Тоқымның астына салатын, қойдың жабағы жүнінен тер сіңіру үшін жасалатын киіздің бір түрі; тершік.*

ТЕРЛІКТЕ *Терлік салу, терлік жабу.*

ТЕРМЕ I *Халық шығармашылығындағы толғау сияқты өлеңмен айтылатын сазды әннің бір түрі.*

ТЕРМЕ II *Әшекейлеп теріп тоқылған бұйым.*

ТЕРМЕЛЕ I 1. *Өлеңді толғаумен әдетіп айту, терме айту.* 2. *Тізбелеп, тере беру.*

ТЕРМЕЛЕ II *Алаша, бау сияқты үй бұйымдарын термемен әшекейлеп, сәнделп тоқу.*

ТЕРМЕЛІ *Термесі бар, термелеп әшекейленген.*

ТЕРМЕШЕЛІ *Қайымайтын, мүйізгегі бар інгенге айтылады. Жыныс мүшесінде мүйізгегі бар інген қайымайды деп есептеледі.*

ТЕРМЕШІ *Терме айтатын өнерпаз, жырау.*

ТЕРМИН *Белгілі бір ғылым мен техника, өнер саласындағы нақтылы ұғымды білдіретін атау сөз бен сөз тіркесі.*

ТЕРМИНОЛОГИЯ *Ғылым мен техника, өнер саласына байланысты терминдердің жалпы жиынтығы.*

ТЕРМИТ I ***хим.*** *Жанғанда өте күшті қызу шығаратын жандырғыш қосынды.*

ТЕРМИТ II ***зоол.*** *Ыстық жақта тіршілік ететін, ағашқа, теріге, шаруашылыққа зиянды жәндік.*

ТЕРМО *Күрделі сөздердің бірінші құрамында келіп, жылуды, температураны білдіретін сөз.*

ТЕРМОДИНАМИКА ***физ.*** *Жылу қозғалысының заңдылығын, оның физикалық дененің қасиетіне тигізетін әсерін зерттейтін физика ғылымының саласы.*

ТЕРМОМЕТР *Температураны өлшейтін аспап.*

ТЕРМОС *Ішіндегі заттың жылылығын, салқындығын бірқалыпты сақтайтын ыдыс.*

ТЕРМОСТАТ *Ішіндегі сұйық затты бірқалыпты температурада сақтайтын арнаулы ыдыс.*

ТЕРМОТЕРАПИЯ ***мед.*** *Жылылықпен емдеу.*

ТЕРРАСА *Тұрғын үй алдындағы ашық бастырма, жалпы балкон.*

ТЕРРИТОРИЯ *Белгілі шекарамен бөлінген жер, аймақ.*

ТЕРРОР *Саяси дұшпанына қарсы жасалатын зорлық-зомбылық, өлтіру.*

ТЕРРОРИЗМ *Террорлық әрекетті уағыздаушы саяси бағыт.*

ТЕРТЕ *Арба-шананың көлік жегетін жетек ағашы, арыс.*

ТЕРШЕҢ *Көп терлейтін, тершіл.*

ТЕРШЕҢДІК *Тершең болушылық, тер басушылық.*

ТЕРШІ *Аздап терлеу, жіпсу, бусану.*

ТЕРШІЛ *Көп терлейтін, тершең.*

ТЕРІ *Адам мен жан-жануарлар денесінің сыртқы қабаты, қабы, қыртысы.* ◊ **Терісі кең** — *кеңпейіл, мінезі жайлы.* ◊ **Терісіне сыймады** — *қатты ашуланып булықты, долданды.* **Терісін тескей сорды** — *араны ашыла ішіп-жеп қойды.* ◊ **Терісі тар** — а) *ашуланшақ, шыдамсыз мінезді;* ә) *біреудің болғанын көре алмайтын қызғаншақ.*

ТЕРІМ 1. *Бір нәрсені теріп жинау ісі, теру әрекеті.* 2. *Теру нәтижесі, теруден түскен өнім.*

ТЕРІМШІ *Теру, жинау жұмысымен шұғылданушы адам.*

ТЕРІС 1. *Дұрыс емес; қате; бұрыс.* 2. *Кері, керісінше, қарама-қарсы.* ◊ **Теріс айналды** — *қарсы болды.* **Теріс бата көне** — *қолды теріс қаратып айтылатын қарғыс, лағынет.* **Теріс жол** — *бұрыс іс-әрекет, қате бағыт.* **Теріс көрмеді** — *дұрыс деп тапты, ұнатты.* **Терісқақ-**

пай – *бұрмалап, бұлдіріп айтатын сөз.* **Теріс қарады** – а) *ұнатпады, жек көрді, жаратпады;* ә) *бетін бұрып сырт айналды, сыртын берді.*

ТЕРІСКЕЙ *Солтүстік жақ, терістік.*

ТЕРІСКЕН I *Суық тигеннен адам көзінің жиегіне, тіліне бөртіп шығатын жара.*

ТЕРІСКЕН II ***биол.*** *Домалақ-домалақ жабысқақ тікені бар далалық жерде өсетін алабота тұқымдас бұта.*

ТЕРІСТЕУ *Жөнсіздеу, жайсыздау.*

ТЕРІСТІК I *Солтүстік жақ.*

ТЕРІСТІК II *Дұрыс емес, қателік.*

ТЕРІ-ТЕРСЕК *Ірілі-уақты мал терісі мен ұсақ-түйек шикізат.*

ТЕС *Тесік жасау, тесу, ою.*

ТЕСЕ 1. *Жер қазатын екі жүзді балға, қол құралы.* 2. ***Ауысп.*** *Өтпей қалған, жүзі қайтқан пышақ, шот т. б. құрал.*

ТЕСЕЛЕ *Тесемен қазу, шабу.*

ТЕСКІЛЕ *Қайта-қайта тесу, тескен үстіне тесе беру.*

ТЕСКІШ *Қатты темірді тесу үшін болаттан жасалатын құрал.*

ТЕСІК *Тесілген жер, қуыс, саңылау.* ◊ **Тесік моншақ жерде қалмас** – *асыл зат керексіз боп қалып қоймайды.* ◊ **Тесік өкпе** – *қиыншылықты көп көрген, көнбіс, төзімді.*

ТЕСІККӨЗ *Пәтерлердің сыртқы есігіне орнатылатын дөңгелек ойықтағы адам бейнесін ұлғайтқыш әйнек.*

ТЕСІЛ 1. ***ыр. етіс*** *Тес-іл.* 2. *Көз алмай қарау.*

ТЕСІРЕЙ *Көз алмай, кірпік қақпай тесіліп қарау.*

ТЕТЕ 1. *Араларында бала жоқ, бірінен кейін бірі туылған үйелмелі-сүйелмелі.* 2. *Жас жағы шамалас, қатар құрбы.*

ТЕТЕЛЕС 1. *Жас мөлшері шамалас, қатар құрбы.* 2. *Жеңгесінің тете қайнысына қоятын сыпайыгерлік аты.*

ТЕТЕЛЕСТІК *Тетелес болушылық.*

ТЕТЕЛІК *Тете болушылық.*

ТЕТКІ *Тыйым салу, тежеу, шектеу.*

ТЕТРАЦИКЛИН *Суық тигенде ішетін дәрі.*

ТЕТІК 1. *Техникалық механизмді жүргізіп, басқарып тұратын бөлшек, құрал, аспап.* 2. ***Ауысп.*** *Түйінді мәселе, негізгі ой.*

ТЕТІКТІ *Тетігі бар, тетігі көп.*

ТЕТІР ***жерг.*** *Теріс, өрескел; қате.*

ТЕХМИНИМУМ *Техника саласынан өткізілетін білім сынағы; техникалық минимум.*

ТЕХНИК *Орта дәрежелі техникалық білімі бар маман.*

ТЕХНИКА *Өндіріс құралдарының жиынтық аты.*

ТЕХНИКУМ *Техникалық, кәсіптік білім беретін орта дәрежелі арнаулы оқу орны.*

ТЕХНОЛОГИЯ *Материалды өңдеу мен дайындау тәсілінің жиынтық аты.*

ТИ 1. *Бір нәрсенің екінші нәрсеге барып тірелуі, соқтығуы.* 2. *Бір нәрсені алу, иелену, қолға түсіру.* 3. *Біреуге тиісу, ұрыну.* 4. *Күйеуге шығу, тұрмыс құру.* ◊ **Тиіп тұр** – *өте жақын, қашық емес.* **Тиісерге қара таппады** – *кімге соқтығарын білмеді.*

ТИГІШ *Жақсы тиетін, тие беретін.*

ТИЕ *Жүк пен басқа да ірілі-уақты затты арба-шанаға, машинаға, көлікке арту, салу.*

ТИЕГІШ *Көлікке жүк арту үшін жасалған арнайы жабдық.*

ТИЕК 1. *Кейбір шекті музыка аспабының ішегін көтеріп тұратын кішкентай кепіл ағаш.* 2. *Шідердің артқы аяққа салатын ұшындағы бекітіп қоятын кішкене дәйекше.* ◊ **Тиегін ағытты** – *еркіндік берді, бетін ашты.*

ТИЕКСІЗ *Тиегі жоқ.*

ТИЕКТЕ *Тиек салу, тиекті бекіту.*

ТИЕКТҮЙМЕ *Жейденің жеңінде түйме орнына қолданылатын сәндік бұйым.*

ТИЕКШЕ *Кішкене тиек.*

ТИЕСІ *Тиісті, тән.*

ТИЕУЛІ *Жүк артылған, тиелген.*

ТИЕУШІ *Өздігінен жүк артатын механизм.*

ТИНАҚТАЙ *Кішкентай, азғантай, титтей.*

ТИП 1. *Адамдардың мінез-құлық ерекшелігін, образын көрсететін жинақтау бейнесі.* 2. *Үйлес келетін құбылыс пен заттар тобы.* 3. ***биол.*** *Туыс топтарға бірігетін жануарлар мен өсімдіктер жіктерінің ең жоғарғы сатысы.* 4. ***Ауысп.*** *Өзіне тән мінезімен басқалардан өзгеше көзге түсетін адам.*

ТИПОГРАФИЯ *Әртүрлі кітап, журнал, газет т. б. басып шығаратын орын, баспахана.*

ТИПОЛОГИЯ *Заттар мен құбылысты қандай да болсын бір белгілерінің ортақтығына, ұқсастығына қарай жіктеу, топтама.*

ТИПТЕС *Біркелкі, тәріздес, ұқсас.*

ТИПТІ 1. *Үлгі, тип болармақтай.* 2. *Белгілі бір үлгі, типке сай.*

ТИПЫЛ 1. *Теп-тегіс, жайдақ.* 2. *Жып-жылмағай, жүрдай.* ◊ **Типыл болды (қылды, етті)** — *жоқ етті, құртып жіберді.*

ТИПЫЛДА *Тып-типыл ету, тегістеу.*

ТИПЫҢ *Тез-тез, жиі.*

ТИПЫҢДА *Жиі адымдау, типың басып тез-тез жүру.*

ТИПЫҢ-ТИПЫҢ *Тез-тез, жылдам-жылдам, жиі-жиі.*

ТИР *Нысананы көздеп атып жаттығу үшін арнайы жабдықталған орын.*

ТИРАДА *Көтеріңкі үнмен айтылған сөз, сөз тізбегі немесе ұзақ фраза.*

ТИРАЖ 1. *Кітап, журнал, газет, т. б. басылымдар данасының саны.* 2. ***қаржы*** *Ұтқан заемның, лотереяның құнын төлеу үшін жарияланған ұтыс номерлерінің кестесі.*

ТИРАЖДЫ: көп тиражды — *тиражы мол болып шығатын.*

ТИРАН *Басшылығы күш пен деспотқа негізделген ел билеуші, қатал басшы.*

ТИТАН ***хим.*** *Күміс түсті ең мықты және төзімді металл, химиялық элемент.*

ТИТАНДЫ *Титан элементі араласқан.*

ТИТР ***хим.*** *Химиялық анализде қолданылатын ерітіндінің концентрациясы.*

ТИТТЕЙ *Кішкентай ғана, құрттай.*

ТИТУЛ *Белгілі бір сіңірген еңбегі үшін берілетін құрметті атақ, дәреже.*

ТИТЫҚ *Әл, қайрат, күш-қуат.* ◊ **Титығына жетті** — *әбден қалжыратты, қажытты.*

ТИТЫҚТА *Әлі біткен шаршау, дің-кесі құру, болдыру.*

ТИЫН 1. *Майда металл ақша, теңгенің жүзден бірі.* 2. ***Ауысп.*** *Ақша, қаржы.* ◊ **Тиыныңтатын жалады** — *түкке тұрмас нәрсені пайда көрді, сарандыққа салынды.*

ТИЫНДА *Тиыннан құрау, тиынға айналдыру.*

ТИЫНДЫҚ *Тиын болармақ, тиынға тұрарлық.*

ТИЫНСЫЗ *Тиыны жоқ, ақшасыз, қаражатсыз.*

ТИЫНТАҚ *Көпжылдық, бұршақ тұқымдас мал азығындық өсімдік.*

ТИЫН-ТЕБЕН *Азын-аулақ ақша, болмашы қаражат.*

ТИЫНШЫЛ *Ақшақұмар, пайдақұмар.*

ТИІМДІ 1. *Пайдалы, көп табыс беретін.* 2. *Қолайлы, жағдайлы, ыңғайлы.*

ТИІМДІЛІК *Тиімді болушылық, пайдалылық.*

ТИІМСІЗ *Тиімді емес, пайдасыз.*

ТИІН *Орман, тоғайда ағаш басында өмір сүретін терісі қымбат, күлте құйрықты кішкене аң.*

ТИІП-ҚАШ *Бір бастап, бір тастау, үзіп-жұлу.*

ТИІП-ҚАШПА *Сарылып істелмеген, тиянақсыз, жүрдім-бардым.*

ТИІП-ҚАШТЫ *Жеңіл-желпі, мардымсыз.*

ТИІС *Қажет, керек, міндет.*

ТИІССІЗ *Орынсыз, реті жоқ.*

ТИІСТІ *Қажетті, керекті, міндетті.*

ТИІСІНШЕ *Қажетіне қарай, мүмкіндігінше.*

ТИЯНАДАЙ *Тап-түйнақтай.*

ТИЯНАҚ *Тіреуіш, сүйеуіш, тірек.* ◊ **Тиянақ таппады** — *шарқ ұрды, тұрақтамады.*

ТИЯНАҚСЫЗ *Тиянағы жоқ, тиянақсыз, тұрлаусыз.*

ТИЯНАҚСЫЗДЫҚ *Тұрақсыздық, табансыздық.*

ТИЯНАҚТА 1. *Басталған істі аяқтау, тындыру.* 2. *Бір нәрсені тәптіштеп анықтау, айқындау, тұжырымдау, түйіндеу.*

ТИЯНАҚТЫ *Тұрақты, табанды, орнықты.*

ТИЯНАҚТЫЛЫҚ *Тиянақты болушылық, орнықтылық, тұрақтылық.*

ТКАНЬ ***биол.*** *Тіршілік иелері мен өсімдік организміндегі тор клеткалар.*

ТМИН *Хош иісті ұрығы бар өсімдік.*

ТОБА 1. *Бір нәрсеге шүкіршілік ету мәнінде айтылатын ишарат сөз, тәубе.* 2. *Таңданып, таңырқағанда айтылып қалатын ишарат сөз.* ◊ **Тобасы қабыл болды** — *дегені болды, мақсаты орындалды.* ◊ **Тобасынан жаңылды** — *дандайсыды, бетімен кетті.*

ТОБАЛА *Қайта-қайта "тоба" деу, шүкіршілік ету.*

ТОБАН: тобанаяқ — *бас жағы күйіп не үсіп, жұмырланып домалақ боп қалған аяқ.*

ТОБАР *Сиырдың көктемде түлеген жүні. Тобардан жасалған допты да тобар дейді.*

ТОБАРСУЛЫ *Құрғаңқыраған, дегдіңкіреген.*

ТОБАРСЫ *Аздап кебу, құрғаңқырау, дегду.*

ТОБАШЫЛ *Тоба-тоба деп жүретін, шүкіршіл, тәубешіл.*

ТОБЫҚ 1. *Адам аягы жіліншігінің төменгі жағын өкшемен байланыстырып тұратын дәнекер томпақ сүйек.* 2. *Малдың ортан жілігі мен асықты жілігінің түйіскен жеріндегі сан етінің сіңіріне орналасқан жұмыр сүйек.* ◊ **Тобығынан келмейтін** — *тең түсе алмайтын, тең емес.* ◊ **Тобық ойнау** ***этн.*** — *қыз-келіншектер мен жас жігіттердің бір-біріне тобық беріп, күтпеген жерде қайта сұрап ұту ойыны.* ◊ **Тобықтан қақты** — *қысастық қылды, опасыздық жасады.*

ТОБЫҚТАЙ *Тобық сияқты, кіпкішкентай, титтей.*

ТОБЫҚША *Тобық тәрізді.*

ТОБЫЛҒЫ *Раушангүлділер тұқымына жататын қызыл күрең түсті бұта.* ◊ **Тобылғы торы** — *тобылғы тәрізді торы түс.*

ТОБЫЛҒЫЛЫ *Тобылғы мол өскен.*

ТОБЫР *Шоғырланып жиналған халық, қалың нөпір топ.*

ТОБЫРЛА *Шоғырланып жиналу, қалың топ құру.*

ТОБЫРЛЫ *Шоғырланып жиналған, қалың топ құрған.*

ТОБЫРШЫҚ I *Ағаштан жасалған заттың ортасына қағылған жалғыз шегені айналып тұратын тиек ағаш.* ◊ **Тобыршық қамшы** — *буылтығы бар, түйіндеп өрген қамшы.*

ТОБЫРШЫҚ II ***көне*** *Жебенің ұштық болаты.*

ТОҒА ***көне*** *Белдік, тартпа сияқты заттардың ұшын бекіту үшін темірден жасалған зат.*

ТОҒА: біртоға — *бірқалыпты, бірсыдырғы.*

ТОҒАЙ I *Жабайы өскен әртүрлі ну ағаш.*

ТОҒАЙ II *Тамаққа тойыну.*

ТОҒАЙЛЫ *Тоғай өскен, тоғайы бар.*

ТОҒАЙЛЫҚ *Тоғайдың қалың өскен ашық жері.*

ТОҒАЙРАҚ *Жылқының тақия қарны.*

ТОҒАМ *Айдың біту мерзімі.*

ТОҒАН 1. *Су жинап алатын бөгет, тоспа.* 2. *Егістік жерді, бау-бақшаны суғару үшін жасалған арық.*

ТОҒАНАҚ I *Бір басында ілмегі бар, екінші басына арқан байланатын бастырық ағаш.*

ТОҒАНАҚ II *Бума, жүк, тең.*

ТОҒАНАҚТА *Тең-тең етіп, буып-түю.*

ТОҒАНДА *Тоған салу; тоған жүргізу.*

ТОҒАНДЫ *Тоған салынған, тоғаны бар.*

ТОҒАНШЫ *Тоғандағы суды егістікке жіберіп тұратын адам.*

ТОҒЫЗ 1. *Сегізден кейінгі есептік сан.* 2. ***Ауысп.*** *Қазақтың ескі дәстүрі бойынша үлкен жиын-тойда ат бәйгесінде берілетін сыйлық.* ◊ **Тоғыз жолдың торабы** — *сан жолдың түйіскен, тоғысқан жері.* **Тоғыз көзді кіреуке** — *эпостық жырдағы батырлар киімінің бір түрі.* ◊ **Тоғыз қабат торғауыт** — *терінің әртүрлі: жіңішке, жуан тіліктерінен бірнеше қабаттап жапсырып, түрлі өрнек салып, бояп жасайтын моңғолдың тері сауыты.*

ТОҒЫЗДЫҚ 1. *Тоғызға қатысты, соған тән.* 2. *Ойын картасының тоғыз санымен нөмірленген қағазы.* 3. ***спорт.*** *Футбол қақпасының үстіңгі бұрышы.*

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ *Құмалақ салатын он сегіз отауы, екі қазаны бар қазақтың есепке баулитын ұлттық ойыны.*

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚШЫ *Тоғызқұмалақ ойнаушы, ойыншы.*

ТОҒЫЗЫНШЫ *9-ға қатысты реттік сан есім.*

ТОҒЫЛ *Бірінің соңынан бірі лықсып жылжу, ағылу. Бірін-бірі ығыстыру.*

ТОҒЫМА ***жерг.*** *Қой-ешкіні тоғытатын жер.*

ТОҒЫС I *Тоқайласушылық, шекісушілік, соғыс.*

ТОҒЫС II 1. *Әр тараптан келіп бір-бірімен түйісу.* 2. ***Ауысп.*** *Ойлары бір жерден шығу, үйлесе кету.*

ТОҒЫС III *Ұрыс, соғыс, керіс.*

ТОҒЫСПАЛЫ: тоғыспалы әдіс — *тоғыстыруға негізделген, түйістіру арқылы.*

ТОҒЫТ 1. *Қой-ешкіні ағынды не дәрілі суға салып, жуздіріп өткізу.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің ішіне салу, сүңгіту.* 3. ***Ауысп.*** *Тоқтаусыз бастырмалап жіберу, бірінің артынан бірін шұбырту.*

ТОҒЫШАРЛАН *Ұсақ-түйекпен айналысу, тоғышарлыққа салыну.*

ТОҒЫШАРЛЫҚ *Тоғышар болушылық.*

ТОЗ I *Қайың қабығының сыртындағы жұқа, үлбірек, ақшыл қабаты.*

ТОЗ II 1. *Тозығы жетіп көнеру, ескіру.* 2. *Жан-жаққа бытырау, қаңғып кету.* 3. ***Ауысп.*** *Жүдеп-жадау, азу.*

ТОЗАҚ 1. *Діни наным бойынша адамдарды әр алуан күнәсі үшін о дүниеде азаптап қинайтын жер, жаның тұрған от, тамұқ.* 2. ***Ауысп.*** *Азап, қиянат.*

ТОЗАҚЫ 1. *Ауыр, қиын, тозаққа парапар, тепе-тең.* 2. *Сотқар, бұзақы.*

ТОЗАҚЫЛЫҚ *Тозақы болушылық.*

ТОЗАҢ 1. *Затқа қонған не ауаға көтерілген шаң.* 2. *Қалың шаң-топырақ.*

ТОЗАҢДА *Бұрқыраған майда шаң басу.*

ТОЗАҢДАН *Өсімдіктің аталық және аналық клеткасының қосылуы, ұрықтану.*

ТОЗАҢДАНҒЫШ *Тозаңдануға бейім, тез тозаңданатын.*

ТОЗАҢДАТҚЫШ *Өсімдік клеткаларын ұрықтандырғыш.*

ТОЗАҢДЫ *Тозаңы көп, шаңы қалың.*

ТОЗАҢДЫҚ *Өсімдік гүлінің ішіндегі ұрықты тозаң.*

ТОЗАҢЫТ *Ептеп шаңдату, тозаң көтерілу.*

ТОЗҒАҚ *Тез тозатын, тозғыш.*

ТОЗҒАНДЫҚ *Тозығы жеткендік, ескіргендік.*

ТОЗҒЫН 1. *Өңі кетіңкіреп ескірген, көнелеу.* 2. ***Ауысп.*** *Шырқы, берекесі кеткен, бей-берекет, бұзақы.*

ТОЗҒЫНДА 1. *Әбден ескіріп тозтоз болу.* 2. *Бет-бетімен кету, ыдырау.* 3. *Азып-тозу, қайыршылану.*

ТОЗҒЫНДЫҚ *Азып-тозғандық, тозғын болушылық.*

ТОЗ-ТОЗ *Жалба-жұлба, быт-шыт.* ◊ **Тоз-тоз болды (етті, қылды)** — *бет-бетімен бытырап, тентіреп кетті.* **Тоз-тозы шықты** — а) *бет-бетіне бытырап, быт-шыт болды;* ә) *жырым-жырым, тілім-тілім болды.*

ТОЗЫҚ *Ескіріп біткен, көнерген.* ◊ **Тозығы жетті** — *әбден ескірді, көнерді.*

ТОЗЫҢҚЫ *Тозығы жетіп ескіріңкіреген, көнеріңкі.*

ТОЙ I *Халық көп жиналатын салтанатты, қуанышты мереке, мейрам.* ◊ **Той ағасы** — *қуанышты жиын, ойын-тамашаны басқаратын кісі, асаба.* **Тойбастар** — а) *ұзату тойында айтылатын өлең;* ә) *жиын тойды ән-өлеңмен бастау салты;* б) *той бастаған кісіге берілетін сый-сияпат, кәде.*

ТОЙ II 1. *Тамақты кеңірдектеп ішіп-жеу, қарын тойғызу.* 2. ***Ауысп.*** *Әбден ығыр болу, жалығу.* ◊ **Тойған қозыдай** — *моп-момақан, жұп-жуас.*

ТОЙ-ДУМАН *Ырду-дырдулы ойын-сауық, той-томалақ.*

ТОЙ-ДҮРМЕК *Той-томалақ, той-думан.*

ТОЙҚАҢДА *Ауытқи, теңселе басу.*

ТОЙЛА *Салтанатты түрде мейрамдау, мерекелеу, белгілі бір қуанышты атап өту.*

ТОЙЛЫ *Тойы бар, той боп жатқан.*

ТОЙЛЫҚ *Тойға деп аталған, соған арналған.*

ТОЙМАҚАЛА *Өнер, ғылым, әдебиет, т. б. қайраткерлерінің белгілі бір мүшелтойына байланысты жазылатын құттықтау мақала.*

ТОЙПАҢ *Қақтығысып қала беретін албырттық, қызбалық.*

ТОЙПАҢДА *Екпіндете жедел, шырақ басу.*

ТОЙТАЛАҢДА *Екі жағына қарай басу, қойқаң-қойқақ ету.*

ТОЙ-ТАМАША *Ойын-қызығы мол, думанды жиын, той-томалақ, ойын-сауық.*

ТОЙТАҢ *Қозғалысы ерсі, шолжаң қимыл.*

ТОЙТАҢДА 1. *Ақсаңдау, тойтаңтойтаң ету.* 2. *Шолжаңдау, ерсі қимылдау.*

ТОЙТАР 1. *Қағылған шегенің не бекітетін темір тетіктің екінші жақ шетін жалпақтап қайыру.* 2. *Бетін қайтару, қарсы соққы беру.*

ТОЙТАРҚАР *Ойын-тамашаның аяқталғанын білдіру белгісі, салты.*

ТОЙТАРМА *Кері қайырылған, тойтарылған.*

ТОЙТАРЫС *Қарсы соққы берушілік, бетін қайтарушылық.*

ТОЙ-ТОБЫР *Түрлі жиын-той, той-томалақ.*

ТОЙ-ТОМАЛАҚ *Кішігірім ойын-сауық, шағын тамаша.*

ТОЙТЫҚ 1. *Ақсақ, төкір.* 2. *Екі өкшесін екі жаққа басатын, қисық өкшелі.*

ТОЙТЫҚТА 1. *Ақсаңдау, аягын сылтып басу.* 2. *Екі өкшесін екі жаққа жіберіп, қисық басу.*

ТОЙХАНА *Той-томалақ өткізетін орын, жай, үй.*

ТОЙШЫ *Тойға келген қонақ.*

ТОЙШЫЛА *Той тойлап кету.*

ТОЙЫМ *Ішіп-жемге ризалық, қанағат, нысап.*

ТОЙЫМДЫ 1. *Қарынды тез тойғызатын, тоқ.* 2. *Тойымы бар, қанағаттшыл.*

ТОЙЫМДЫҚ *Тойымды болушылық, қанағаттық.*

ТОЙЫМСЫЗ *Тойымы жоқ, қомағай, нысапсыз.*

ТОЙЫМСЫЗДАН *Ашқарақтану, қомағайлану.*

ТОЙЫМСЫЗДЫҚ *Қанағатсыздық, нысапсыздық.*

ТОЙЫҢҚЫ *Ішіп-жемге тойымды; нысапты.*

ТОК *Өткізгіштегі электр зарядының қозғалысы.*

ТОКАРЬ *Темір, ағаш тетіктерді жонатын істің шебері.*

ТОҚ I 1. *Тамаққа тойған, қарны тоқ.* 2. *Ауқатты, әлді, ішіп-жемі жеткілікті.* 3. ***Ауысп.*** *Жұп-жуан, толық.*

◊ **Тоқ бәйге** — *атты жаратпай-ақ қосатын, жақын қашықтықтағы жарыс.* ◊ **Тоқішек** — *адам мен жануарлар ішегінің ащы ішектен кейінгі бөлімі.*

ТОҚ II *Тоя ішіп-жеген астың қуаты.*

ТОҚ: тоқ етті — *тақ етті, күшті дыбыс естілді.*

ТОҚАЙЛАС *Бір жерге жиналу, басқосу.*

ТОҚАЛ I *Қатын үстіне алған екінші әйел.*

ТОҚАЛ II *Мүйізі жоқ, тұқыл.* ◊ **Тоқал ешкідей қылды** — *бөтенсіп, жатсынып бәрі түртпекке алды.*

ТОҚАЛДАН *Құнтиып тұқылдану.*

ТОҚАЛДЫҚ *Әйел үстіне тигендік.*

ТОҚАЛТІС ***зоол.*** *Құйрығы келте, денесі жіңішкелеу, жатаған келген сұр тышқан.*

ТОҚАНАҚ ***кәс.*** *Темекінің байламы.*

ТОҚАШ *Әртүрлі етіп кесіп, майға пісірген немесе тандырға жапқан нан.*

ТОҚБАСАР *Тамақтың соңынан берілетін түрлі жеміс, тәтті тағамдар.*

ТОҚБАСАРЛЫҚ *Тәтті, дәмді.*

ТОҚЕТЕРІ *Істің ең басты түйіні, қысқа мәні, тұжырымы.*

ТОҚМЕЙІЛ *Барға қанағатшыл, міне тұтқыш.*

ТОҚМЕЙІЛДЕН *Барды қанағат ету, міне тұту, қанағаттану.*

ТОҚМЕЙІЛДІК *Тоқмейіл болушылық, қанағаттылық.*

ТОҚМЕЙІЛСУШІЛІК *Қанағат етушілік, міне тұтушылық, көңілге тоқ санаушылық.*

ТОҚМЕЙІЛСІ *Барды қанағат ету, міне тұту.*

ТОҚПАҚ 1. *Бір нәрсені жерге ұрып қағатын жуантық келген кеспелтек қолағаш.* 2. ***Ауысп.*** *Соққы, жаза, тепереіш.* ◊ **Тоқпақ жал [жалды]** — *қалыңдау келген қою, ұзын жал.* **Тоқпақ жеді** — *соққы көрді, таяқ жеді.*

ТОҚПАҚТА *Үсті-үстіне төпеп ұру, ұрғылау.*

ТОҚПАҚТАЙ *Жуантық келген, жұп-жұмыр, кеспелтектей.*

ТОҚПАН: тоқпан жілік — *жауырын мен кәрі жілік аралығындағы сүйек, тоқпақ жілік.*

ТОҚСАН I *Тоғыз бен он санының жиынтығын білдіретін есептік сан.* ◊ **Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні** — *әңгіменің тоқтар жері, тоқетері.* **Тоқсан толғанды** — *көп ойланды.* **Тоқсан түрлі** — *сан қилы, көп.*

ТОҚСАН II 1. *Жылдың төрттен бір бөлігі, ширегі.* 2. *Мектептегі оқу жылының төрттен бір бөлігі, жылдың бір тоқсаны (үш айы).*

ТОҚСАНЫНШЫ *90-ға қатысты реттік сан.*

ТОҚСЫН *Қанағат тұту, тоғаю.*

ТОҚСЫР *Ошақтағы жанып жатқан отынды қағыстырып сыру.*

ТОҚТА 1. *Кідіріп тұрып қалу; аялдау.* 2. *Бір жерге түсіп жайғасу, орналасу.* 3. ***Ауысп.*** *Жүйелеп баяндау, түсіндіру.* 4. ***Ауысп.*** *Тұжырымды шешімге келу, ұйғару.* 5. ***Ауысп.*** *Бала көтеруден қалу, тоқтасу.* 6. *Биенің айғырдан, сиырдың бұқадан, қойдың қошқардан шығып, күйі басылуы.*

ТОҚТАЛЫС *Қозғалысы тыйылған кідіріс, үзіліс.*

ТОҚТАМ 1. *Бір шешімге келген байлам, қорытынды, түйін.* 2. *Қойылатын шек, тыйым.*

ТОҚТАСҚАН *Жасы келіп, есейген, мосқал тартқан.*

ТОҚТАУ *Белгілі бір іс-әрекеттің жалғаса түсуіне бөгет болатын кідіріс, тоқталыс.*

ТОҚТАУЛЫ *Әр нәрсеге ақыл-парасатпен қарайтын, байыпты, салиқалы.*

ТОҚТАУСЫЗ 1. *Ешбір кідіріссіз, іркілусіз.* 2. *Кедергісіз, дереу.*

ТОҚТЫ *Қойдың алты айдан асқан, кепеден үлкен төлі.* ◊ **Тоқты қошқар** — *күйекке енді түсе бастаған еркек тоқты.*

ТОҚТЫБАЛАҚ *Дуадақтың халық тіліндегі атауы.*

ТОҚТЫҚ 1. *Тойғандық, тоқ болушылық.* 2. *Ағыл-тегіл молшылық, баршылық.* ◊ **Тоқтық тартты** — *жас баланың ернін пырылдатып ойнауы.*

ТОҚТЫ-ТОРЫМ *Әлі өсіп жетіле қоймаған қойдың жас тұқымы.*

ТОҚТЫШАҚ *Тоқты сөзінің кішірейтіліп айтылғаны.*

ТОҚУШЫ *Тоқу ісімен шұғылданушы, тоқымашы.*

ТОҚУШЫЛЫҚ *Тоқушы болушылық, тоқымашылық.*

ТОҚШЫЛЫҚ *Молшылық, баршылық жағдай.*

ТОҚЫ I 1. *Әртүрлі жіпті әрлі-берлі, айқыш-ұйқыш шалып, өріп, өрнек не қол арқылы мата, кілем, алаша сияқты заттарды жасау, дайындау.* 2. ***Ауысп.*** *Жете түсініп ұғып алу, үйрену, меңгеру.*

ТОҚЫ II *Көліктің арқасына тоқым салу, жабу.* ◊ **Жауырды жаба тоқыды** — *шындықты бүркеді, жасырды, сыр бермеді.*

ТОҚЫЛ *Тоқ-тоқ етіп шыққан дыбыс.*

ТОҚЫЛДА *Тоқ-тоқ етіп дыбыс шығару.*

ТОҚЫЛДАҚ *Сарғыш жолағы аралас шұбар түсті орман құсы.*

ТОҚЫМ *Аттың арқасына ер батпас үшін сыртын мата не былғарымен қаптап, айнала шетін көмкеріп, киізден жасалған ер-тұрман жабдығы.* ◊ **Тоқымы кеппес** — *дамылсыз жортушылық.*

ТОҚЫМА 1. *Бір нәрсемен шалып тоқыған, тор көзді.* 2. *Мата тоқу ісімен шұғылданатын кәсіпорын, мекеме.*

ТОҚЫМАШЫ *Өндіріс жағдайында мата тоқу ісімен шұғылданатын маман.*

ТОҚЫМАШЫЛЫҚ *Тоқымашы болушылық.*

ТОҚЫМДА *Мінетін көлікке тоқым салу.*

ТОҚЫМДАЙ *Тоқым сияқты шағын ғана, кішкентай.*

ТОҚЫМДЫҚ *Тоқымның төменгі жиегінің ішкі беті тиіп тұратын ат қабырғасының үстіңгі жағы.*

ТОҚЫМҚАҒАР ***этн.*** *Жол жүріп бара жатқан немесе жолаушы адамға сәт сапар тілеп берілетін кәделі ырым.*

ТОҚЫР *Көп нәрсенің дүрсілінен тоқылдаған дыбыс.*

ТОҚЫРА 1. *Сәл кідіру, тоқтау, бәсеңсу, бөгелу.* 2. ***экон.*** *Өнеркәсіп, өндіріс орындарының өнім, табыс бермей дағдарысқа ұшырауы.*

ТОҚЫРАЙ *Басы тап-тақыр боп қалу.*

ТОҚЫРАУШЫЛЫҚ *Тоқырап қалушылық.*

ТОЛ 1. *Бір нәрсенің ішіндегі заттың деңгейіне, кенересіне жете шүпілдеуі.* 2. *Белгілі бір жасқа келіп, мерзімді уақытқа жету.* 3. ***Ауысп.*** *Ет алу, семіру, қоңдану.* ◊ **Көңіл толды** — *разы болды, қанағаттанды.*

ТОЛАҒАЙ I *Толассыз соғатын жел.*

ТОЛАҒАЙ II ***көне*** *Түгі жоқ, тап-тақыр, жалаңаш.*

ТОЛАЙ ***көне*** *Қорамсақ, қорамса.*

ТОЛАЙЫМ *Жалпы, тегіс, түгел дерлік.*

ТОЛАРСАҚ *Асық жіліктің тобықпен түйіскен жеріндегі бөлек тұратын шодырайған қисық сүйек.* ◊ **Толарсақтан су (қан) кешті** — *қиыншылық күнді басынан өткізді.*

ТОЛАРСАҚТА *Суға, батпаққа толарсаққа дейін бату.*

ТОЛАС *Сәл кідіріс, саябыр шақ, тыным.* ◊ **Толас тапты** — *бәсеңсіді, толастады.*

ТОЛАССЫЗ *Тоқтаусыз, тынымсыз, дегбірсіз.*

ТОЛАСТА *Саябырлау, тыным табу, тыныштану.*

ТОЛҒА 1. *Бұрай қозған, үйіре айналдыру, шиыру.* 2. *Мақамға қосып, жыр ғып шерту.* 3. *Бір нәрсе жайында терең ойға шому.* 4. *Жалмау, жеу, жұту.* ◊ **Толғап тартты** — *садақты кере тартып атты.*

ТОЛҒАҚ 1. *Босанар алдындағы іштің қатты бүріп, белді сырқыратып ауыруы.* 2. ***Ауысп.*** *Қатты ойландыратын толғаныс, тебіреніс.* ◊ **Толғағы жетті** — а) *екіқабат әйелдің айы-күні толды, босанар уақыты жетті;* ә) *бір нәрсенің, істің сәті түсті, орайы келді.*

ТОЛҒАМ *Қисынымен топшылап, жан-жақты пайымдаған ой, пікір.*

ТОЛҒАН *Бір нәрсе жайында терең ойға бату, қиялдану.*

ТОЛҒАНЫС *Адамның терең ойға шомған қалып-күйі, тебіреніс.*

ТОЛҒАНЫСТЫ *Толғанысқа толы.*

ТОЛҒАТ 1. *Босанар алдында бел сырқырау, бебеу қағу.* 2. ***Ауысп.*** *Кеңінен ойлап, толғану.*

ТОЛҒАУ *Жырау мен ақынның белгілі бір оқиғаға немесе біреуге арнап төгілтіп айтқан өлеңі, жыры.* ◊ **Толғау толғады** — *жыр шертті.*

ТОЛҚЫ 1. *Желдің әсерінен су (егіс, шөп, т. б.) үсті бұйраттанып, шайқалып, ырғала тербелу.* 2. *Тынышы кетіп қобалжу, абыржу.* 3. *Тебірену, толғану.*

ТОЛҚЫМА I *Сырлы, әуенді, әуезді.*

ТОЛҚЫМА II *Құбылып тұратын, айнымалы.*

ТОЛҚЫМАЛЫ *Аумалы-төкпелі, айнымалы.*

ТОЛҚЫН 1. *Желдің әсерінен теңіз, өзен (егіс, шөп, т. б.) бетінің жал-жал боп тербелісі, ерсілі-қарсылы шайқалысы.* 2. *Физикалық ортадағы ауа тербелісінің қозғалысы.*

ТОЛҚЫНДА *Теңіз, өзен (егіс, шөп) үсті шайқалып, жал-жал боп ырғалу, қозғалу.*

ТОЛҚЫНЫС *Іштей қобалжыған толқу, тебіреніс.*

ТОЛТЫР *Ісқағазының тиісті жеріне мәліметтер жазып шығу.*

ТОЛУЛЫ I *Толған, толы.*

ТОЛУЛЫ II *Жаңа, әдемі.*

ТОЛЫ 1. *Ішіндегі нәрсесі кемеріне дейін жеткен, лықылдап түрған.* 2. *Қыруар мол, көп.*

ТОЛЫҚ I 1. *Кем емес, түгел, тұтас.* 2. *Толы, толған.*

ТОЛЫҚ II 1. *Үстемелеп қосылу, молая түсу.* 2. *Ет алу, семіру.*

ТОЛЫҚСЫ 1. *Күш-қуаты кемеліне келіп, құлпырып, бабында болу.* 2. *Әрі-берлі ырғалып теңселу, бұрала былқылдау.*

ТОЛЫҚТА *Істің кемісін толтыру, жетілдіру, молықтыра түсу.*

ТОЛЫҚТАЙ *Түгел дерлік, тұтастай.*

ТОЛЫҚТАМА *Олқылықты, кем-кетікті толықтыра түсетін қосымша.*

ТОЛЫҚТАУ *Толығырақ, молдау.*

ТОЛЫҚТАУЫШ ***грамм.*** *Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінің бірі.*

ТОЛЫҚТЫҚ *Етжеңділік, толық болушылық.*

ТОЛЫҚТЫР *Бір істің кем-кетігін толтырып, олқылығын жетілдіре түсу.*

ТОЛЫҚТЫРМА *Үстемеленген қоспа.*

ТОЛЫҚША *Толықтау, семізше.*

ТОЛЫҚШАЛАУ *Онша толық емес, семізшелеу.*

ТОЛЫМДАЛ *Орнына келу, қалпына түсу, тола түсу.*

ТОЛЫМДЫ *Жеткілікті дәрежеде, толық, салиқалы.*

ТОЛЫМДЫЛЫҚ *Толымды болушылық, салиқалылық.*

ТОЛЫМСЫЗ *Толымды емес, болымсыз.*

ТОЛЫМСЫЗДЫҚ *Толымсыз болушылық, жұпынылық.*

ТОЛЫС 1. *Ет алып, оңалу, тола түсу.* 2. ***Ауысп.*** *Кемеліне келу, жетілу.*

ТОМ *Белгілі бір шығарма басылымының жеке бір кітабы.*

ТОМАҒА *Қыран құстың көзін жауып тұру үшін басына кигізіп қоятын былғары тұмылдырық.* ◊ **Томаға тартты** — *құстың тұмылдырығын сыпырды.*

ТОМАҒАЛА *Қыран құсқа томаға кигізу.*

ТОМАҒА-ТҰЙЫҚ 1. *Ешкіммен аралас-құраласы жоқ, оқшау, қағыс.* 2. *Үн-түнсіз, сөзге келмей.*

ТОМАҒА-ТҰЙЫҚТЫҚ *Томаға-тұйық болушылық.*

ТОМАҚ *Қорқақ, батылсыз, тартыншақ...*

ТОМАР I *Ағаштың кепкен түбірі, құлап түсіп көп жыл жатқан кебу қарағайдың бөлшегі.*

ТОМАР II *Су мол жайылған, шөптесін келген, төмпешігі көп, сазды жер.*

ТОМАРБОЯУ ***бот.*** *Көбіне тері бояйтын қызғылт, күлгін түсті топырақ, содан жасалатын бояқ.*

ТОМАРДАЙ *Томар сияқты, дөңбектей, үлкен.*

ТОМАРДӘРІ ***бот.*** *Орман мен таулы шабындықта өсіп-өнетін шөптесін, улы өсімдік.*

ТОМАРША *Кішігірім томар.*

ТОМАТ *Қайнатып дайындалған қызанақ шырыны.*

ТОМАША *Шымшық тектес кішкентай құс.*

ТОМАШАДАЙ *Томаша сияқты, кіп-кішкентай.*

ТОМДА *Әлденеше кітап, том етіп шығару.*

ТОМП: томп етті – *дүрс етіп құлап түсті.*

ТОМПАЙ *Сыртқа қарай дөңестеніп шығып тұру, томпақтану.*

ТОМПАҚ 1. *Жазық емес, дөңес.* 2. ***Ауысп.*** *Қисынсыз, ерсі, ретсіз.* ◊ **Заңға томпақ** – *қағидаға сай келмейтін, керегар, қайшы.*

ТОМПАҚТАН *Томпиғандау, дөңбектеу, шығыңқылау.*

ТОМПАҚТАУ 1. *Аздап томпақ, дөңестеу, шығыңқылау.* 2. ***Ауысп.*** *Ерсілеу, жөнсіздеу, орынсыздау.*

ТОМПАҚТЫҚ *Томпақ болушылық, оғаштық, ерсілік.*

ТОМПАҢ: томпаң қақты – *астыүстіне түсіп бәйек болды.*

ТОМПАҢДА *Томпаң-томпаң ету.*

ТОМПИ 1. *Моп-момақан, сүпсүйкімді болып көріну.* 2. *Дүмпию, дөңкию, томпаю.*

ТОМСАР *Үн қатпай бұртию, тұнжырау.*

ТОМСАРЫҢҚЫ *Аздап томсарған, өкпелі.*

ТОМСЫРАЙ *Үнсіз тұнжырау, томсару.*

ТОМ-ТОМ *Әлденеше том.*

ТОМЫР *Кесегімен омыру.*

ТОМЫРТҚА *Қар қосып, мұз салып салқындатылған сусын.*

ТОМЫРЫҚ *Жайшылықта момын көрінгенмен, ашуланса, ырық бермейтін, морт кететін тікмінезді.*

ТОМЫРЫҚТАН *Томырық мінезді болу.*

ТОМЫРЫҚТАУ *Тұйықтау, тікмінезділеу.*

ТОМЫРЫҚТЫҚ *Томырық мінезділік, күрт ашуланғыштық.*

ТОН I *Иленген қой терісінен жүнін ішіне қаратып тіккен жылы сырткиім.* ◊ **Тонның ішкі бауындай** – *біте қайнасқан, етене жақын.*

ТОН II ***муз.*** *Белгілі бір сазды дыбыс, үн.*

ТОНА *Біреудің мүлкін зорлап тартып алу, талан-таражға салу.*

ТОНДЫ 1. *Тоны бар, тон киген.* 2. ***Ауысп.*** *Сырткиімі келісті.*

ТОНЗИЛЛИТ ***мед.*** *Жұтқыншақ безі ісетін ауру.*

ТОНИКА ***муз.*** *Музыка аспабының ең басты, жоғары үн беретін ішегі.*

ТОННА *Метрикалық жүйедегі мың килограммға тең салмақ өлшемі.*

ТОННАЖ 1. *Кеменің тонна есебімен салмағы не көлемі.* 2. *Вагонның, сондай-ақ автомобильдің көтеретін жүгінің салмағы.*

ТОННАЛА *Тонна-тоннасымен.*

ТОҢ 1. *Жер қыртысының суықтан тоң боп қатып қалған топырақ қабаты.* 2. ***Ауысп.*** *Көңілде тас боп қатып қалған қаяу.* □ **Тоңмай** – *ерітіп қатырылған ішмай.* ◊ **Тоңмойын [мінез]** – *ырыққа көнбейтін бірбет, қыңыр.*

ТОҢАЗЫ 1. *Салқынның әсерінен суып, қату.* 2. *Дененің аздап мұздап, тоңуы, жаурай бастау.*

ТОҢАЗЫТҚЫШ *Азық-түлікті салқын температурада сақтап тұру үшін пайдаланылатын, электр қуатымен жұмыс істейтін құрылғы.*

ТОҢҒАҚ I *Уыз емген мал төлінің ішінен түсетін қорек қалдығы.*

ТОҢҒАҚ II *Суыққа шыдамсыз, тез тоңатын.*

ТОҢҒАҚТА *Төлдің іші бұзылып, жиірек тоңғақ шығару.*

ТОҢҒАҚТЫҚ *Тоңғақ болушылық, жауғағыштық.*

ТОҢҒЫСЫЗ *Тоңбайтын, тоңа қоймайтын.*

ТОҢДАН *Жер қыртысының суықтан мұздап қатуы.*

ТОҢҚ; тоңқ етті – *дүрс етті, дүңк сте қалды.*

ТОҢҚАЙ *Еңкейіп басты тізеге дейін ию.*

ТОҢҚАЙМА *Бірнеше уықпен көтере салған киіз жаппа.*

ТОҢҚАЛАҢ: тоңқалаң асты – а) *аягы аспаннан келе омақа асып жығылды;* ә) *жеңілді, әшкереленді, мерт болды.*

ТОҢҚАЛАҢДА *Тоңқаң-тоңқаң ету, тоңқаңдау.*

ТОҢҚАҢ: тоңқаң етті – *еңкең етті.*

ТОҢҚАҢДА *Тоңқаң-тоңқаң ету, тоңқалаңдау.*

ТОҢҚИ *Бір жағына жамбастап бүктеле қисаю.*

ТОҢҚ-ТОҢҚ; тоңқ-тоңқ етті – *солқ-солқ, зірк-зірк қозғалды; дүңк-дүңк сөйледі.*

ТОҢҚЫ *Артқы екі аягымен ауа теуіп мөңку, тулау.*

ТОҢҚЫЛ *Іші қуыс нәрсені ұрғаннан шығатын дыбыс.*

ТОҢҚЫЛДА 1. *Тоңқ-тоңқ етіп қозғалу.* 2. *Тоңқ-тоңқ етіп сөйлеу, бұртиып дүңкілдеу.*

ТОҢҚЫЛДАҚ *Тоңқ-тоңқ еткізетін, кедір-бұдыр; дүңкілдегіш.*

ТОҢ-ТЕРІС *Томырайып қатып қалған, томаға-тұйық.*

ТОҢЫРАЙ *Тымырайып қатулану, үндемей бұртию, томсырау.*

ТОП 1. *Адамдардың басы қосылған шағын жиын, бір шоғыр.* 2. *Қоғамдағы өндірістік тәсілдерге сәйкес пайда болатын әлеуметтік жік.* ◊ **Тобын жазбады** – *бірлікте болды, шашау шықпады.* **Топ басы** – *кішігірім қауым басшысы.* **Топжарған** – *суырыла шығатын талант иесі, жұрттан озған жүйрік.*

ТОПАЙ 1. *Жылқының бақайшақ сүйегі.* 2. *Ірі қара малдың асығы.*

ТОПАЛАҢ 1. *Қойда болатын жұқпалы кесел, індет.* 2. **Ауысп.** *Үрей ұшып, әбігерге түскен астан-кестен дүрлігіс.* **Топалаңға салды** – *опыр-топырға қосып жіберді.*

ТОПАН *Бастырылған астықтың дән қауызы, шөп-шары араласқан майда қалдығы.*

ТОПАН: топан су *миф.* – *Діни наным бойынша бүкіл жер бетін басатын әлемдік тасқын, сел.*

ТОПАНДА I *Астықты майда шөпшардан ажырату үшін сапыру.*

ТОПАНДА II *Ағыл-тегіл төгілу, селдеу.*

ТОПАС *Ой-өрісі тар, надан, пасық.*

ТОПАСТАН *Топас болу, пасықтану.*

ТОПАСТАУ *Ой-өрісі тарлау, кеңелеу, пасықтау.*

ТОПАСТЫҚ *Топас болушылық.*

ТОПАТАЙ *Ағаштан жасалған кішкентай шұңғыл ыдыс.*

ТОПОГРАФ *Топография маманы.*

ТОПОГРАФИЯ 1. *Геодезия ғылымының жер бедері құрылысын өлшеп, картаға түсіру ісіне арналған саласы.* 2. *Жер беті мен ондағы жеке пункттердің картадағы орналасу көрінісі.*

ТОПОНИМИКА *Ономастика ғылымының географиялық атауларды зерттейтін саласы.*

ТОПОНИМИЯ *Белгілі бір жердегі географиялық атаулардың жиынтығы.*

ТОПСА *Есік-терезенің бір жақ жақтауы мен таянышқа орнатылатын жылжымалы темір.* ◊ **Топсасы босады** – *көңілі босады, елжіреді.*

ТОПСАЛА *Екі нәрсенің қиюына топса орнату.*

ТОПТА *Бір жерге топ-топ етіп жинау, жинақтау.*

ТОПТАМА *Тақырыбы мен мазмұны жағынан өзара жақын шығармалар жинағы.*

ТОПТАС *Бас құрап бірігу.*

ТОП-ТОЛЫҚ *Әжептәуір толық, тығыршықтай.*

ТОП-ТОМПАҚ *Томпиып тұрған, томпиған.*

ТОП-ТОП *Әлденеше топ, шоғыр-шоғыр.*

ТОПТЫ: топты жан (бала, кісі) — *бір үйге шоғырланған қауым, біраз жұрт.*

ТОПШЫ *Адам қолының, құс қанатының кеудеге жалғасқан жері.*

ТОПШЫЛА *Бір нәрсе жайлы ойша жорамал жасау, болжау.*

ТОПЫ *Жан-жағы тік, төбесі шошақ, жеңіл тақия.*

ТОПЫЛДА *Топ-топ ету, топырлау.*

ТОПЫР *Жиналған нөпір, топ, ығы-жығы адам.* ◊ **Топыр салды** — *асыр салды, топырлады.*

ТОПЫРАҚ *Жердің үстіңгі жұмсақ қабаты.* ◊ **Топырағы торқа болсын!** — *марқұмның жатқан жері жайлы болсын.* ◊ **Топырақ бұйырды** — *жерленді.*

ТОПЫРАҚТАН *Топыраққа айналу.*

ТОПЫРАҚТАНУ *Топырақты, оны тиімді пайдалану тәсілін зерттейтін ғылым саласы.*

ТОПЫРАШ *Бітімі, жүрісі жайсыз ат.*

ТОПЫРАШТАУ *Жүрісі жайсыздау, нашарлау.*

ТОПЫРЛА *Көп болып жиналу, үйме-жүйме болу.*

ТОР *Балық аулайтын тор көзді ау.* ◊ **Торға түсті** — а) *біреудің қармағына ілікті, кіріптар болды;* ә) *қамауға алынды.* **Тор жайды** — а) *суға ау құрды;* ә) *қолға түсіруге әрекеттеніп, айла-шарғы істеді.*

ТОРАЙ *Шошқаның төлі.*

ТОРАЙЛА *Шошқаның төлдеуі.*

ТОРАЛ *Етею, семіру, ет алу, қоңдану.*

ТОРАҢҒЫ ***бот.*** *Шөлейт аймақтарда, өзен аңғарларында өсетін, ұзындығы 20—30 м, көлденеңі 2 м тұқ жапырақты, көпжылдық қатты ағаш.*

ТОРАҢҒЫЛЫ *Тораңғы қалың өскен, тораңғысы мол.*

ТОРАП *Жолдың тоғысқан жері, түйілісі.*

ТОРҒАЙ *Денесін мамық жүн басып тұратын мүйіз тұмсықты кішкентай құс.*

ТОРҒАЙДАЙ *Өте шағын, кішкентай, биттей.* ◊ **Торғайдай тозды** — *бет-бетімен бытырап, тентіреп кетті.* **Торғайдай шырылдады** — *безек қақты, зар иледі.*

ТОРҒАЙОТЫ ***бот.*** *Сортаң, шөлді ойпаңдарда өсетін біржылдық өсімдік.*

ТОРҒАУЫТ 1. ***көне*** *Қалмақтардың бір тайпасы.* 2. *Ертедегі батырлар киген тері сауыт.*

ТОРҒЫЛ *Торыға жақын түс.*

ТОРҒЫЛТ *Солғын торы түс.*

ТОРҒЫН *Қымбат бағалы жұқа жібек мата, торқа.*

ТОРИЙ ***хим.*** *Менделеевтің периодты системасындағы активидтер қатарына жататын химиялық элемент.*

ТОРИТ ***хим.*** *Силикаттар класының циркон тобындағы минерал.*

ТОРКӨЗ *Аса биік өспейтін, жатаған өсімдік.* □ **Торкөз кереге** — *көзі тар, жұдырық сыймайтындай, көз арасында сызат қалдырмайтын, көп жазылмайтын 11—12 көкті, 95—120 басты кереге.*

ТОРҚА 1. *Қымбат бағалы селдір, жібек мата.* 2. ***Ауысп.*** *Жанға жайлы, жұмсақ, майда, сүйкімді.*

ТОРҚАЛЫ 1. *Торқасы бар, торқа киген.* 2. ***Ауысп.*** *Қымбат бағалы.* ◊ **Торқалы той** — *салтанатты үлкен той-думан.*

ТОРҚАПШЫҚ *Зат, тағам салуға арналған жабдық.*

ТОРҚҰН *Жусан тұқымдасына жататын, жапырағында эфир майы бар, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ТОРЛА 1. *Бір нәрсенің жыртылған жерін кереге көздендіріп тоқу, тігу.* 2. *Қауынның пісуі жақындағанда тор тәрізді шытынаған сызықтар пайда болу, кереге көздену.* 3. *Есік-терезеге тор көздендірген затты орнату.*

ТОРЛАМА I *Тор-тор етіп тоқылған, кереге көз.*

ТОРЛАМА II *Сырты торкөзденіп сызаттанған, торланған қауын сорты.*

ТОРЛАН *Аспанды бұлт басу, қаптау.*

ТОРЛЫ *Торы бар, торланған.*

ТОРМОЗ ***тех.*** *Көліктің жүрісін тоқтатуға, бәсеңдетуге, тежеуге арналған тетік; тежегіш.*

ТОРПАҚ *Алты айдан бір жасқа дейінгі бұзау.*

ТОРПЕДА ***әск.*** *Жау кемесін жою үшін қолданылатын өзі жүзетін су асты минасы.*

ТОРПЕДИСТ *Торпеда аппаратында істейтін маман.*

ТОРС: торс етті – а) *үннің, дыбыстың қатты шығуы;* ә) *дұрыс етпе мінез білдірді, қорс етті.*

ТОРСАҢ: торсаң қақты [етті] – *өлденеге өкпелеп бұртиды, қорс етті.*

ТОРСАҢДА *Торсаң-торсаң етіп бірөуге ренжу, өкпелеу.*

ТОРСИ 1. *Жарылып кетердей толу, тырсию; күмпию.* 2. ***Ауысп.*** *Өкпелеу, бұртию.*

ТОРСЫҚ *Сусын құю үшін ысталған теріден жасалған ыдыс.* ◊ **Торсық шеке** – *шекесі томпиған толық (бала туралы айтылады).*

ТОРСЫҚТАЙ *Торсық сияқты, топ-толық, семіз.*

ТОРСЫҚША I *Шағын торсық.*

ТОРСЫҚША II *Торсыққа ұқсап.*

ТОРСЫЛ *Торс-торс еткен үн, тарсылдаған дыбыс.*

ТОРСЫЛДА 1. *Торс-торс ету, тарсылдау.* 2. ***Ауысп.*** *Өкпелеп торсаңдау, ренжігенін білдіру.*

ТОРСЫЛДАҚ I *Балықтың ішінде болатын сопақша келген, іші ауаға толы жұқа зат.*

ТОРСЫЛДАҚ II ***бот.*** *Отқа торсылдап дыбыс шығара жанатын ақ құрай.*

ТОРТ *Май, қант, жұмыртқа қосып ұннан жасайтын кондитерлік тәтті тағам.*

ТОРТА I *Үлкен ақ балық, сазанның бір түрі.*

ТОРТА II *Сарымайды еріткенде ыдыс түбінде түнған қалдық.*

ТОРТАЛА *Сарымайды қайнатып, тортасынан айыру.*

ТОРТАЛЫ *Тортасы алынбаған, тортасы бар.*

ТОРТАҢДА *Тортаң-тортаң ету, өкпе-реніш білдіріп бұртию.*

ТОРТИ *Өкпе-реніш білдіріп бұртию, торсию.*

ТОРУЛЫ *Сырттай аңдуға түскен, бақылауға алынған.*

ТОРУШЫ *Торып жүрген адам, бақылаушы.*

ТОРУЫЛ *Бір нәрсені сырттай аңду, тору ісі.*

ТОРУЫЛДА *Сырттай аңду, бақылау, тору.*

ТОРЫ I *Жылқы түсі.* □ **Қара торы ат** – *жалы қара торы ат;* **Қызыл торы ат** – *ашық торы түсті ат.* ◊ **Торы төбел** – *маңдайында төбелі бар торы ат.*

ТОРЫ II *Сырттай аңду, бақылау.*

ТОРЫҒУШЫЛЫҚ *Күдер үзушілік, түңілушілік.*

ТОРЫҚ *Жақсы үміттен күдер үзу, түңілу.*

ТОРЫМ 1. *Нар түйенің ботасы.* 2. *Тоқты, марқа, т. б.*

ТОС 1. *Біреуді я бір нәрсені күту, қарсы алу.* 2. *Бір нәрсенің алдын бөгеу, тосқауыл жасау.* 3. *Бір нәрсені беру, ұсыну.* 4. ***Ауысп.*** *Баланы дәретке отырғызу.*

ТОСАҢ I *Бөтен, жат; тосын.*

ТОСАҢ II *Құлағы жақсы естімейтін, мүкіс.*

ТОСАҢДАУ I *Бөтендеу, тосындау.*

ТОСАҢДАУ II *Құлағы мүкістеу, естіңкіремейтін.*

ТОСАҢДЫҚ *Тосаңдық, бөтендік.*

ТОСАҢСЫ I *Бөтенсу, жатсыну, тосырқау.*

ТОСАҢСЫ II *Құлағы мүкістеу, естіңкіремеу.*

ТОСАП I ***жерг.*** *Теңіздің, көлдің жағаға шығарып тастаған шөп-шаламы, су бетіндегі шөп қалдығы, қоқымы, қамыс шірігі.*

ТОСАП II *Еріткен май қосылған қою тағам.*

ТОСАП III *Қант қосып қайнатылған жеміс-жидек.*

ТОСАПТА *Сүтке май қосып қайнату, тосап жасау.*

ТОСҚАУЫЛ 1. *Кедергі, бөгет, бөгеуіл.* 2. *Жасырын тұрып, тұтқиылдан шабуыл жасайтын қалқа.*

ТОСҚАУЫЛДА *Тосқауыл жасау, құру, қою.*

ТОСҚАУЫЛДЫҚ *Тосқауыл болушылық, кедергілік.*

ТОСҚАУЫЛСЫЗ *Тосқауылы жоқ, бөгетсіз, кедергісіз.*

ТОСҚАУЫЛШЫ *Тосқауыл жасаушы, қарауылшы.*

ТОСҚЫН *Тосқауыл, бөгет, кедергі.*

ТОСҚЫНДА *Алдын кес-кестеу, тосқауылдау.*

ТОСПА *Су қоймасы үшін жасалған бөгет.*

ТОСПАЛА 1. *Суға тоспа жасау, бөгеу.* 2. *Бір нәрсені тосқауылдау, кескестеу.*

ТОСПАЛЫ *Тоспасы бар, тоспа орнатылған.*

ТОСПАШЫ *Аңды ату үшін жолын күтіп тұратын адам.*

ТОСТ *Біреудің я бір нәрсенің құрметіне байланысты ішімдік ішкізерде айтатын тілек сөз.*

ТОСТАҒАН *Ағаштан ойып істелетін кішілеу дөңгелек ыдыс.* ◊ **Тостағанын жуды** — *көзінен жас шықты, жылады.*

ТОСТАҒАНДАЙ *Тостаған сияқты дөп-дөңгелек, үлкен.*

ТОСТАҒАНША *Кішкентай тостаған.*

ТОСУ *Кедергі, бөгет, тосқауыл.*

ТОСЫЛ *Не дерін білмей бөгелу, мүдіру.*

ТОСЫН 1. *Бөгде, жат, бөтен.* 2. *Кенет, күтпеген, тұтқиыл.*

ТОСЫНДАУ *Тосырқайтындай, бөгделеу.*

ТОСЫНДЫҚ *Тосын болушылық, бөтендік.*

ТОСЫННАН *Кенеттен, тұтқиылдан.*

ТОСЫННАН-ТОСЫН *Кенеттен, күтпеген жерден.*

ТОСЫРАЙ *Ешкімге жақындаспай состию, оқшаулану.*

ТОСЫРАҢ *Тосыраңдаған қылық.*

ТОСЫРАҢДА *Тосыраң-тосыраң ету, торсаңдау.*

ТОСЫРҚА *Жатырқау, бөтенсу, жатсыну.*

ТОТ *Ауа мен ылғалдың әсерінен темірде біртіндеп пайда болатын қызғылт қоңыр дақ, дат.*

ТОТАЙ *Еркін ескен, бұла, шолжың.*

ТОТИ *Жер соғып қалу, масқара болу.*

ТОТИЯЙЫН *Кейбір металдардың күкірт қышқылды тұзы, көк түсті дәрі.*

ТОТИЯЙЫНДА *Тотияйын жағу.*

ТОТТАН *Тот басу, таттану.*

ТОТЫ *Жылы жерді мекен ететін түрлі түсті сұлу құс.*

ТОТЫҒЫҢҚЫ *Жел тиіп, күн шалып қоңырқай тартқан.*

ТОТЫҚ I *Химиялық элемент пен оттегінің қоспасы.*

ТОТЫҚ II 1. *Тот басу, тоттану.* 2. *Жел қағып, күн тиіп түрі күрең тартып қошқылдану.*

ТОТЫҚТАН *Тот басу, тотығу.*

ТОТЫҚТЫРҒЫШ *Тез тотықтыратын, тотықтыруға бейім.*

ТОШАЛА I ***бот.*** *Таулы жерде өсетін домалақ жемісті бұта, сол ағаштың қышқыл дәмді жемісі.*

ТОШАЛА II *Төбесі тесік және шатырша етіп жапқан азық-түлік қоятын шағын үйшік.*

ТОЯТ 1. *Қыран құсқа өзі алған аңынан берілетін жұмсақ ет.* 2. ***Ауысп.*** *Ыстық ықылас, ләззат.* ◊ **Тоят алды** — а) *жем берді, тойғызды;* ә) *ләззат алды, көңілі риза болды.* **Тоят берді [жегізді]** — *ләззатқа кенелді, мейір қандырды.* **Тояты қанды** — *құмардан шықты, рақаттанды.* **Тоят төс, салпы ерін** — *жарау, жүйрік ат.*

ТОЯТСЫЗ *Тоят таппаған, қанбаған, қомағай.*

ТОЯТСЫЗДАН *Тоятсыз болу, ашқарақтану.*

ТОЯТТА 1. *Жылы-жұмсақ ет жеу, тоят жеу.* 2. ***Ауысп.*** *Көңілі толу, қанағаттану.*

ТОЯТТАТ *Құсты жемдеу, тойғызу.*

ТОЯТТЫ *Тойыңқы, толық, шығыңқы.*

ТОЯТШЫЛ *Тоятқұмар; жегіш, жемқор.*

ТӨБЕ I *Топырақ, құм немесе тастан үйіліп қалған биік дөң, шоқы.*

ТӨБЕ II 1. *Бастың ең үстіңгі бөлігі.* 2. *Бір заттың ұшар басы, ең жоғарғы жағы.* ◊ **Төбе би *көне*** — *ұлы жиында билер алқасында төрелік айтушы ең үлкен би.* **Төбе көрсетті** — *бір келіп, көрініп қайтты.* **Төбеңді көрмегір!** — *жеңіл-желпі қарғыс.* **Төбеңнен ұрғыр!** — *Құдайдың қаһары соқсын, тәңір атсын.* **Төбесі көкке жетті** — *мәре-сәре боп қатты қуанды, шаттанды.* **Төбесінен құй қазды** — *азапқа салды, қинады; зықын шығарды.* **Төбе шашы тік тұрды** — *зәресі ұшты, шошыды.*

ТӨБЕДЕЙ *Үлкен, дәу, еңгезердей.*

ТӨБЕЛ *Жылқы малының маңдайында болатын дөңгелек ақ дақ.* ◊ **Төбел таз** — *төбе шашы дөңгелене түсіп қалған таз.*

ТӨБЕЛДІРІК *Әйелдердің баскиімінің төбесіне орнатылған әшекей.*

ТӨБЕЛЕ *Үсті-үстіне үрегілау; төпеу.*

ТӨБЕЛЕС I *Қол жұмсаған жанжал, жұдырықтасқан ұрыс-керіс.*

ТӨБЕЛЕС II *Жұдырықтасып соғысу, күш қолдану.*

ТӨБЕЛЕСҚОЙ *Төбелесқұмар, төбелескіш.*

ТӨБЕЛІК *Дәл төбе, төбе тұсы.*

ТӨБЕТ *Үлкен арлан ит.*

ТӨБЕТОП *саяси* *Капиталистік елдерде өкімет билігін ұстаушы үстем тап өкілдері, әлеуметтік топ.*

ТӨБЕШІК *Шағын төбе.*

ТӨБЕШІКТЕН *Биіктей түсу, дөңестеу болу.*

ТӨБЕШІКТЕУ *Шағын төбешік.*

ТӨГІЛДІР ***Ауысп.*** *Сәндеу, мәнерлеу, әдемілеу.*

ТӨГІНДІ *Төгіп тастаған, төгілген.*

ТӨЗ *Төзімділік көрсету, шыдау, көндігу.*

ТӨЗГІСІЗ *Шыдап болмайтын; көнгісіз.*

ТӨЗГІШ *Неге болса да көнгіш, төзімді, шыдамды.*

ТӨЗІМ *Шыдам, сабыр, тағат.* ◊ **Төзімі жетпеді (таусылды)** — *төзе алмады, шыдамады.*

ТӨЗІМДІ *Шыдамды, көнімпаз, көнбіс.*

ТӨЗІМДІЛЕУ *Шыдамдылау, тағаттырақ, көнбістілеу.*

ТӨЗІМДІЛІК *Шыдамдылық, көнбістік.*

ТӨЗІМДІРЕК *Шыдамдырақ, төзгіштеу.*

ТӨЗІМПАЗ *Шыдамды, төзімді.*

ТӨЗІМПАЗДЫҚ *Төзімділік, шыдамдылық, көнбістік.*

ТӨЗІМСІЗ *Тағатсыз, шыдамсыз.*

ТӨЗІМСІЗДЕН *Шыдамсыздану, тағатсыздану.*

ТӨЗІМСІЗДЕУ *Шыдамсыздау, тағатсыздау.*

ТӨЗІМСІЗДІК *Шыдамсыздық, тағатсыздық.*

ТӨЗІМТАЛ *Шыдамды, төзімді.*

ТӨЗІМШІЛ *Шыдамды, төзімді.*

ТӨЗІМШІЛДІК *Төзгіштік, шыдампаздық, көнбістілік.*

ТӨК 1. *Сұйық, уақ, үгітінді затты бір орнынан екінші орынға аудару, ақтару, құю, шашу.* 2. *Асты-үстіне қаптату, төпеу.* 3. ***Ауысп.*** *Барын аямай мол етіп жұмсау, шашу, ысырап ету.* 4. ***Ауысп.*** *Ән-жыр, күйді үсті-үстіне төпелеп айту, жаудыру.* 5. ***Ауысп.*** *Жіпті үршықтан келепке аударып орау.* ◊ **Абыройын төкті** — *әбден масқара етті, ар-ұяттан айырды.* **Тер төкті** — *жанын салып, аянбай еңбек етті.*

ТӨККІШ *Бір нәрсені төгіп тұратын аспап, құрал.*

ТӨКПЕ 1. *Төгілген, жайылған.* 2. *Тоқтаусыз төгілтіп әкететін, суырыпсалма.*

ТӨКПЕКТЕ *Үсті-үстіне төгу, үстірмелету, төпелеу.*

ТӨКПЕЛЕ 1. *Қайталап төге беру, дүркін-дүркін нөсерлеп жауу.* 2. *Үсті-үстіне үйіп-төгу, бастырмалату, ағылту.*

ТӨКПЕЛІК *Төгіп-төгіп жіберушілік.*

ТӨЛ I *Малдың жаңа туылған құлыны, ботасы, қозысы, лағы, т. б.* ◊ **Төл айы** — *көкек, мамыр айлары.* **Төл басы** — *ең алғашқы туған мал; құтпан.*

ТӨЛ II *Жеке өз басына тән, біреуге я бір нәрсеге меншікті, байырғы.* □ **Төл сөз** ***грамм.*** — *автордың өз сөзінің ішінде өзгертілмей айтылған басқа біреудің сөзі.*

ТӨЛДЕ *Малдың балалауы, тууы.*

ТӨЛДЕМЕ *Төл алу науқаны.*

ТӨЛДІ *Төлі бар, төлдеген.*

ТӨЛЕ *Бір заттың құнын қайтару, ақысын беру.*

ТӨЛЕМ *Бір нәрсенің орнына берілген, өтелген зат.*

ТӨЛЕМАҚЫ *Халыққа қызмет көрсету орнына төленетін тиесілі ақша.*

ТӨЛХАНА *Жаңа туған төлді бөлек күтімге, бағуға арналған орын, қора.*

ТӨМЕН 1. *Жоғарыға, биікке қарама-қарсы жақ; еңіс.* 2. ***Ауысп.*** *Көңілдегідей жақсы емес, құнсыз, нашар.* ◊ **Төменқол** — *сапасы нашар, арзан.* **Төмен санады** — *өзінен кем есептеді, кемітті.*

ТӨМЕНДЕ 1. *Аласару, тайыздау.* 2. *Төмен қарай құлдилау, ылдилау.* 3. *Әуелгі қалпынан нашарлай түсу, құнсыздану; әлсіреу.* 4. *Азаю, кему.* 5. ***Ауысп.*** *Қызмет бабы, дәрежесі кішірею.*

ТӨМЕНДЕУ *Құнсыздау, нашарлау.*

ТӨМЕНДІК *Төмен болушылық.*

ТӨМЕНСІ *Бәсеңсу, басылғансу.*

ТӨМЕНШІК *Өзін төмен ұстайтын, кішік, именшек.* ◊ **Төменшік тартты** — *қарапайым боп кішірейді, тартыншақтады.*

ТӨМЕНШІКТЕ *Именшек болу.*

ТӨМЕНШІКТЕУ *Аздап төменшік, именшектеу, жасқаншақтау.*

ТӨМЕНІРЕК 1. *Біршама төмен, сәл төмен, төмендеу.* 2. *Нашарырақ, баяуырақ, бәсеңдеу.*

ТӨМПЕК *Шағын төмпешік, дөңестеу жер.*

ТӨМПЕШ *Біреуді я бір нәрсені үсті-үстіне қойғылау, ұрғылау әрекеті.*

ТӨМПЕШТЕ *Үсті-үстіне қойғылау, ұрғылау.*

ТӨМПЕШІК *Құм, топырақ, тағы басқалардан үйілген дөңестеу жер.*

ТӨМПЕШІКТЕУ *Сәл ғана көтеріңкі, дөңестеу.*

ТӨН *Бір нәрсенің үстінен үңіле қарау; ентелеу, мінбелеу.*

ТӨҢКЕР 1. *Бір нәрсенің астын үстіне қарату, аударып тастау.* 2. ***Ауысп.*** *Қопару, құлату.* 3. ***Ауысп.*** *Жер аударды.*

ТӨҢКЕРМЕ *Қазанға қақтап пісірген жұқа нан, қазанжаппа.*

ТӨҢКЕРІС ***тар.*** *Революция.*

ТӨҢКЕРІСШІ ***тар.*** *Революцияға қатысушы, революционер.*

ТӨҢІРЕК *Бірдеменің айналасы, жан-жағы, маңы.*

ТӨҢІРЕКТЕ *Ұзап кете алмау, маңайлау, айналсоқтау.*

ТӨП *Шарап, сыра даярлаудан қалған қалдықтан әзірленетін, малға беруге болатын қоймалжың жем.*

ТӨПЕ 1. *Үсті-үстіне тоқпақтау, төмпештеу.* 2. ***Ауысп.*** *Дамыл таптырмай бастырмалату.*

ТӨПЕЛЕ *Үсті-үстіне төпеу, бастырмалату.*

ТӨР *Үй ішіндегі ең құрметті орын, үйдің босағаға қарама-қарсы жоғарғы жағы.* □ **Төр бөлме** — *түпкі бөлме, ішкі үй.* ◊ **Төрге озды** — *жоғары шықты, төрге өтті.* **Төрден орын алды** — *өзгеден сыйлы болды.*

ТӨРАҒА 1. *Мәжілісті басқарушы; ұйым, мекеме бастығы.* 2. *Өкімет пен жоғарғы мемлекеттік орган басшысының ресми атауы.*

ТӨРАЛҚА 1. *Жиналысты, мәжілісті басқару үшін уақытша сайланған орган.* 2. *Кейбір мекемелердің белгілі мерзімге сайланып қойылған басқарушы органының аты.*

ТӨРДЕЙ: есік пен төрдей — а) *қол созымдай, жақын;* ә) *тұрқы үлкен, зор (жылқы).*

ТӨРЕ 1. ***көне*** *Қазақ қоғамындағы үстемдік еткен ақсүйек.* 2. *Тұрақты, қалыпты заңдар жинағы.* 3. ***Ауысп.*** *Әділдік, төрелік, билік айтушы.* 4. ***Ауысп.*** *Біртектес жанның, нәрсенің жақсысы, асылы.*

ТӨРЕЛЕ *Билік айтып, шешімін шығару.*

ТӨРЕЛІК I *Төре тұқымына тән қасиет.*

ТӨРЕЛІК II *Айтылған билік, шешім, кесім.*

ТӨРЕШІ 1. *Билік айтушы, келістіруші, қазы.* 2. ***спорт*** *Спорт ойынында төрелік ететін адам.*

ТӨРЕШІЛ ***көне*** *Мансап сүйгіш, әкімқұмар.*

ТӨРЕШІЛДІК *Төрешіл болушылық.*

ТӨРЕШІЛІК *Төреші болушылық.*

ТӨРКІН 1. *Тұрмысқа шыққан қыздың ағайыны, туған-туысқаны.* 2. *Түпкі негізі, шыққан жері, басты арқауы.*

ТӨРКІНДЕ *Әйелдің ел-жұрты, туған-туысына барып аралауы.*

ТӨРКІНДЕС 1. *Бір елдің қыздары, туыстас.* 2. ***Ауысп.*** *Түбі бір, негіздес.*

ТӨРЛЕТ *Төрге шығу, төрлеу.*

ТӨРТ *Үштен кейінгі есептік сан, мөлшер.* □ **Төрт қанат үй** — *төрт керегеден құралған киіз үй.* ◊ **Төрт түлік** — *түйе, жылқы, қой, сиыр сияқты үй малының жиынтық аты.* **Төрт аяғынан тік тұрғызды** — *істі жандандырды, орнына келтірді.* **Төрт құбыласы тең** — *болып-толған, жетіскен.*

ТӨРТЕУ *Төрт санының жинақтау түрі.*

ТӨРТКІЛ 1. *Сүйірлеу төрт бұрышты етіп салынатын өрнек.* 2. *Төрт бұрышты.*

ТӨРТКІЛДЕ *Төрт бұрыш ету, төрт бұрыштау.*

ТӨРТКІЛДЕУ *Төрт бұрыштылау.*

ТӨРТПАҚ *Дембелше, мығым, денелі.*

ТӨРТПАҚТАН *Дембелшелену, мығымдану, денелі болу.*

ТӨРТПАҚТАУ *Денелілеу, иықтылау келген.*

ТӨРТТАҒАН ***поэт.*** *Төрт жолдан гана тұратын шағын өлең; рубаят.*

ТӨРТТАҒАНДА *Екі аяқ, екі қолын тіреп тұра қалу.*

ТӨРТТІК 1. *Оқу-агарту жұмысындағы білім сапасына қойылатын жақсы деген баға.*

ТӨРТІНШІ *Үшіншіден кейінгі реттік сан.*

ТӨС I 1. *Адамның, жан-жануардың қабырғасын біріктіріп, кеудесін құрайтын мүшесі, көкірек.* 2. *Малдың төс сүйегі.* 3. *Тау мен төбенің беткей жағы.* ◊ **Төс қақты (соқты)** — *дандайсып мақтанды, кеудесін керді.* **Төсқалта** — *киімнің кеуде тұсына тігілген қалта.* **Төс табандап жатыр** — *бауырын төсеп етпетінен жатыр.*

ТӨС II *Үстіне темір қойып соғатын ұстаның құралы.*

ТӨСАҒАШ 1. *Ағаштан жасалған төсек.* 2. *Арбаның алдыңғы білігінің үстінде тұратын жастықағаш.*

ТӨСЕ 1. *Киіз, алаша, текемет, көрпе сияқты нәрсені жерге жаю, салу.* 2. ***Ауысп.*** *Құлағын не бетін тосу.*

ТӨСЕК 1. *Адам жатын, тынығатын орын; кереует.* ◊ **Төсек жаңғыртты** — *әйелі қайтыс боп, екінші рет үйленді.*

ТӨСЕКАЯҚ *Үстіне төсек-орын жинап қоятын үй жиһазы.*

ТӨСЕКЖАПҚЫШ *Төсек үстін жабатын жамылғы.*

ТӨСЕК-ОРЫН *Жатуға қажетті көрпе-жастық, төсеніш.*

ТӨСЕКТЕС *Жатын орны іргелес, қатар.*

ТӨСЕЛ *Белгілі бір іске жаттығу, машықтану.*

ТӨСЕЛМЕЛІ *Сабағы жайылып, жерге төселіп өсетін.*

ТӨСЕНДІ *Төсеп тастаған, төселген.*

ТӨСЕНІШ *Еденге салатын киіз, алаша сияқты үй жиһаздары.*

ТӨСКЕЙ *Таудың қия беткейі, биіктеу баурай.*

ТӨСКЕЙЛЕ *Беткейлеу жаққа қарай көтерілу.*

ТӨСТАБАН 1. *Шөккен түйе төсінің жерге тиіп жататын жері.* 2. *Теміржол рельсі сияқтылардың астына төсеу үшін қолдан үйілген топырақ жал.*

ТӨСТЕК *Кеуделі, төсті.*

ТӨСТЕКТЕУ *Аздап төстек, төстілеу.*

ТӨСТЕС *Төсті төске тигізу, құшақтасу.*

ТӨСТИ *Сыртқа қарай шығыңқырап бұлтию.*

ТӨСТІ *Төсі шығыңқы, кең кеуделі.*

ТӨСТІК *Малдың төс сүйегінің үстіне біткен майлы ет.*

ТӨСТІЛЕУ *Төсі шығыңқы, кеуделілеу.*

ТӨТЕ I *Бұрылысы жоқ, тура, тіке.* □ **Төте оқу** — *араб жазуында сауат ашудың жаңартылған әдісі.*

ТӨТЕ II *Қарсы тұра білу, төзімділік көрсету.*

ТӨТЕДЕН *Күтпеген жерден, тікеден, кенеттен, өкпе тұстан.*

ТӨТЕДЕН-ТӨТЕ *Тұп-тура, тұрадан-тура.*

ТӨТЕЛЕ *Тура тарту, тіке жүру.*

ТӨТЕЛЕУ *Өкпе тұстау, жақындау.*

ТӨТЕЛІК *Төте, тіке, тура болушылық.*

ТӨТЕН *Көлденең, шұғыл, күтпеген.*

ТӨТЕННЕН *Күтпеген жерден, кенеттен.*

ТӨТЕНШЕ *Айрықша, ерекше, бөлекше.*

ТӨТЕСІН *Төте жақын деп есептеу, білу.*

ТРАГЕДИЯ ***әдеб.*** *Соңы кісі өлімі сияқты қайғылы оқиғамен шешім табатын драмалық шығарма.*

ТРАЕКТОРИЯ 1. ***физ.*** *Қозғалған дененің жүріп өткен жолы.* 2. ***әск.*** *Снарядтың немесе оқтың ұшу жолы.*

ТРАКТАТ *Белгілі бір ғылым саласы бойынша түбегейлі зерттеп баяндайтын ғылыми жұмыс.*

ТРАКТОР *Ауылшаруашылық жұмысы мен құрылыс істерінде пайдаланылатын доңғалақты не шынжыр табанды машина.*

ТРАКТОРШЫ *Трактор жүргізуші.*

ТРАМВАЙ *Электр қуаты арқылы рельспен қозғалып, қалаларда жолаушы тасымалдайтын моторлы вагон.*

ТРАМПЛИН ***спорт*** *Шаңғымен биіктен секіру үшін не суға секіру үшін жасалған арнаулы тұғыр.*

ТРАНЗИСТОР *Батареямен жұмыс істейтін көлемі шағын радиоқабылдағыш.*

ТРАНЗИТ *Аралық пункт арқылы бір жерден екінші жерге жүк не жолаушы тасымалдау ісі.*

ТРАНСКРИПЦИЯ ***лингв.*** *Белгілі бір тілдегі дыбыстарды дәл беру үшін пайдаланылған жазу, шартты таңба.*

ТРАНСЛИТЕРАЦИЯ ***лингв.*** *Белгілі бір тілге тән дыбысты екінші бір тілдің орфографиялық заңдылығына лайық белгілеу.*

ТРАНСЛЯЦИЯ *Үлкен жиын не жарыс болып жатқан жерден радио мен теледидар арқылы берілетін хабар.*

ТРАНСПАРАНТ 1. *Селдір матаға жазылған ұран.* 2. *Түзу жазу үшін жолсыз ақ қағаздың астына салынатын сызықты парақ.*

ТРАНШЕЯ ***әск.*** *Майдандағы әскери күштің уақытша бекініс орны, ұзын терең қазылған ор.*

ТРАП *Ұшаққа, кемеге жолаушыларды отырғызарда пайдаланатын, жылжымалы баспалдақ.*

ТРАССА *Қалалар мен басқа да елді мекендерді жалғастыратын кең, түзу асфальтты жол.*

ТРАХОМА ***мед.*** *Ісініп, былшықтанып кететін жұқпалы, созылмалы көз ауруы.*

ТРЕСКА ***зоол.*** *Ұзындығы 90 см-ге дейін жететін теңбіл түсті теңіз балығы.*

ТРИБУНА *Жұртшылық алдында шығып сөйлейтін көтеріңкі тұғыр, мінбе.*

ТРИБУНАЛ ***заң*** *Жоғарғы сот орны.*

ТРИГОНОМЕТРИЯ ***мат.*** *Математиканың функциялар мен олардың геометрияда қолданылуын зерттейтін саласы.*

ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ *Тригонометрияға тән, соған қатысты.*

ТРИКО 1. *Жүн, мақта-мата жібіне химиялық талшық қосып тоқылған тығыз, қалың мата.* 2. *Осы матадан тігілген жеңіл спорт киімі.*

ТРИКОТАЖ *Жіптің тұзақталып, өзара айқасуы арқылы тоқылған тоқыма мата.*

ТРИКОТИН *Жүн жібіне химиялық талшық қосып тоқылған, түрлі түсті қымбат мата.*

ТРИЛЛИОН *Миллиардтан мың есе көп есептік сан.*

ТРИЛОГИЯ ***әдеб.*** *Мазмұны бір-бірімен байланысты, негізгі кейіпкерлері ортақ бір автордың үш кітаптан тұратын шығармасы.*

ТРОЛЛЕЙБУС *Электр қуатымен қозғалатын, жолаушы таситын қала көлігі.*

ТРОП ***әдеб.*** *Көркем шығармадағы сөз бен сөз тіркесінің ауыспалы мағынада қолданылуы.*

ТРОПИК *Экваторға жақын маңдағы жыл маусымында елеулі айырмашылық байқалмайтын ыстық климатты аймақ.*

ТРОПИКТІК *Тропикке тән, соған қатысты.*

ТРОС *Кендір я сымнан есілген арқан.*

ТРОТУАР *Көшенің жаяу адам жүруге арналған шеткі бөлігі.*

ТРУБКА 1. *Темекі салатын ойығы бар шылым шегуге арналған аспап; мүштек.* 2. *Қолмен көтеріп тікелей сөйлесіп, тыңдауға арналған телефон аппаратының бір бөлігі.*

ТРУППА *Театрдың белгілі бір шығармашылық тобы.*

ТРЮК *Шеберлік, айлакерлік, сәтті қимыл-әрекет.*

ТРЮМ *Кеменің двигатель орналасқан, жүк қоятын астыңғы бөлімі.*

ТРЮМО *Үлкен биік айна.*

ТУ I *Жеке бір мемлекетке, топқа арналып, белгілі бір түсті матадан жасалған ұзын сапты жалау.* ◊ **Ту байлады [тікті, көтерді]** — *халықтың басын қосып, ерлікке шақырды.*

ТУ II 1. *Бір не бірнеше жыл тумай қалған қысыр (мал) // Бала таппаған, бедеу (әйел).* 2. ***Ауысп.*** *Әлі игерілмеген, тың жатқан.*

ТУ III 1. *Босану, бала табу.* 2. ***Ауысп.*** *Пайда болу, жарыққа шығу.* ◊ **Туған айдай** — *аса сұлу, көрікті, ару.* **Туған ел [жер]** — *туып-өскен жер, өз елі.* **Туған күн** — *әркімнің көз ашып, өмірге келген күні.* **Тумай туа шөккір қарғ.** — *жоқ болғыр, қарап өшкір.* **Тумаса да, туғандай** — *жат болса да, өз баласындай.*

ТУ IV *Уақыт немесе арақашықтығын білдіретін сілтеу.*

ТУ V *Таңдангенды, өкінгенді, кейігенді білдіретін көңіл-күй одағайы.*

ТУ: ту сырты — *адамның, үйдің т. б. сырт жағы, арқа тұсы.*

ТУАЖАТ *Бір атадан тараған сегізінші ұрпақ, неменеден туған бала.*

ТУБЕРКУЛЕЗ ***мед.*** *Адам мен жануардың өкпе, бауыр, сүйек сияқты органдарын зақымдайтын созылмалы жұқпалы ауру.*

ТУВА *Тува автономиялық республикасының тұрғын халқы.*

ТУҒАН-ТУЫСҚАН *Бір атадан тараған, ағайын.*

ТУЛА 1. *Бас асаулық қылу, мөңку.* 2. ***Ауысп.*** *Бұлқан-талқан болып ашуға басу.* 3. ***Ауысп.*** *Толқын ату, буырқану.*

ТУЛАҒЫШ *Тулай беретін, мөңкігіш.*

ТУЛАҚ 1. *Жүн сабау үшін немесе төсеніш үшін пайдаланатын, кептіріп қатырылған шикі тері.* 2. ***Ауысп.*** *Көп мінілген арық ат.*

ТУЛАҚТАЙ: тулақтай сүйретті — *азаптады, қорлады.*

ТУЛАҚША *Тулаққа ұқсап.*

ТУМА I *Табиғи, саф таза. Туғаннан бері, тумысынан, жаратылысынан.*

ТУМА II *Туыс, ағайын.*

ТУМЫСЫНДА *Өз өмірінде, туылғалы бері.*

ТУМЫСЫНАН *Жаратылысынан, болмысынан.*

ТУМЫШ: тумыш ат — *арғымақ пен қазақы жылқыдан туған будан ат.*

ТУНДРА *Қиыр Солтүстіктегі мүк басқан ормансыз дала.*

ТУННЕЛЬ *Жер астымен жүретін я тауды тесіп өткен үңгір жол.*

ТУР I ***зоол.*** *Ертеде өмір сүріп, тұқымы құрып кеткен жабайы сиыр.*

ТУР II *Сұрыптау конкурсының, спорт жарысының кезекті сатысы, жаңа белесі.*

ТУРА I 1. *Еш бұрамасыз, ауытқусыз, түзу.* 2. *Дәл, нақ.* 3. ***Ауысп.*** *Қара қылды қақ жарған әділ.* ◊ **Тура жолға салды** — *дұрыс бағыт берді.* **Турасын айтты** — *шынын, анығын баяндады.*

ТУРА II *Шахмат фигурасы, ладьяның қазақша аты.*

ТУРА III *Ет, нан, тағы басқа тағамды пышақпен кесу.*

ТУРАҒЫШ *Тураға арналған.*

ТУРАДАН-ТУРА *Түп-тура, әділ.*

ТУРАЛА *Тіке бет алу, тура жүру; тура ету.*

ТУРАЛАУ *Бағыты дұрыстау, түзулеу.*

ТУРАЛЫ *Жайында, хақында, жөнінде.*

ТУРАЛЫҚ *Тура болушылық, әділдік.*

ТУРАМ *Кішірек бір кесім, бір асам.*

ТУРАМА *Тураған еттен қуырылып жасалған түздықты тағам.*

ТУРАМЫШТА *Турап-турап бөлшектеу, уақтап тураү.*

ТУРАУЛЫ *Туралып қойылған, тураған.*

ТУРАУШЫ *Дастарқан басында ет турап беретін адам.*

ТУРАШЫЛ *Турасын айтатын, әділ.*

ТУРАШЫЛДЫҚ *Турашыл болушылық, әділдік.*

ТУРБИНА *Бу мен газдың, судың энергиясын механикалық энергияға түрлендіретін двигатель.*

ТУРБОГЕНЕРАТОР ***тех.*** *Бу не газ турбинасымен айналатын электрлік синхронды генератор.*

ТУРИЗМ *Белгілі бір маршрутқа жасалатын ұжымдық саяхат.*

ТУРИСТ *Туризммен айналысушы, саяхатшы.*

ТУРИСТІК *Туриске қатысты, соған тән.*

ТУРНИК *Биіктеу етіп қос тіреуішке көлденең орнатылған темір білігі бар гимнастикалық аспап.*

ТУРНИР *Спорт жарысы.*

ТУСЫРА *Игерусіз қалу, тыңаю.*

ТУ-ТАЛАҚАЙ *Әлем тапырық, бейберекет, быт-шыт.* ◊ **Ту-талақайы шықты** — *арпан-кестен болды, берекесі қашты.*

ТУ-ТАЛАҚАЙЛА *Берекесін кетіру, талапайлау.*

ТУФ ***мин.*** *Құрылыс материалы ретінде қолданылатын тау жынысы.*

ТУФЛИ *Әртүрлі үлгіде тігетін ерлер мен әйелдердің қонышсыз өкшелі аяқкиімі.*

ТУША *Бір жасар ұрғашы ешкі.*

ТУШЬ *Сызу, сурет салу, жазу үшін езіп жасалған спиртті бояу, сия.*

ТУЫМ *Жаратылыс, бітім, туыс.*

ТУЫНДА *Өрбіп-өсу, көбею.*

ТУЫНДАС *Төркіндес, түбірлес.*

ТУЫНДЫ *Ақын, жазушылардың жарық көрген шығармашылық еңбегі.*

ТУЫРЛЫҚ *Киіз үй керегесінің ірге-сінен уықтың орта беліне дейінгі жер-ді жауып тұратын киіз.* □ **Туырлығын тіліп тоқым етті** — *тас-талқанын шы-гарды, шаңырағын ортасына түсірді.* ◊ **Туырлық бау** — *туырлықты ұстап тұратын әрі әсемдік үшін ою-өрнек са-лынған жалпақ терме бау.*

ТУЫРЛЫҚТАЙ *Туырлық сияқты шап-шағын.*

ТУЫРЫЛ *Ішін май басу, семіру.*

ТУЫС 1. *Бір атадан тараған, жа-қын, туысқан.* 2. ***Ауысп.*** *Бір-біріне мейір-шапағаты бар, бауырлас.*

ТУЫСҚАН 1. *Бір атадан өрбіген, бауырлас.* 2. *Бірімен бірін ортақ мақ-сат қосқан халықтар мен одақтас елдер.* 3. ***Ауысп.*** *Таныс не таныс емес адамдарға меңзей айтылатын қаратпа сөз.*

ТУЫСҚАНСЫЗ *Туысқаны жоқ.*

ТУЫСҚАН-ТУҒАН *Туыс атаулы, ағайын-туған, жақын-жақыбай.*

ТУЫСҚАНШЫЛ *Туысқан болғыш, туысшыл.*

ТУЫСҚАНШЫЛДЫҚ *Туысқан-шыл болушылық.*

ТУЫССЫЗ 1. *Туысы жоқ.* 2. *Туыс-тық қатысынсыз.*

ТУЫССЫЗДЫҚ *Туыссыз болушылық.*

ТУЫССЫРА *Туысын аңсау, туыс іздеу.*

ТУЫСТАС I *Шыққан тегі бір, төр-кіні жақын.*

ТУЫСТАС II *Аралас-құралас болу, ынтымағы жарасу.*

ТУЫСТАУ *Аздаған туыстық қа-тысы бар, жақындау.*

ТУЫС-ТУМА *Ағайын, жегжат.*

ТУЫСТЫҚ *Туыстастық, бір ту-ғандық.*

ТУЫСТАСТЫР *Туыс ету, жақын-дастыру, туыстыру.*

ТУЫСША *Туысқа ұқсап.*

ТУЫСШЫЛ *Туысын жақсы көре-тін, туысқаншыл.*

ТУЫСШЫЛДЫҚ *Туысшыл болу-шылық, ағайыншылдық.*

ТҰҒЖИ *Тұқырая еңкею; еңсесі түсу.*

ТҰҒЖЫҢ *Құнжыңдаған қимыл-әрекет.*

ТҰҒЖЫҢДА *Тұғжың-тұғжың ету.*

ТҰҒЫТ *Тау сайының барып-барып бітеліп, түйықталып қалар жері.*

ТҰҒЫР I 1. *Қолға үйретілген саят құстың қонақтайтын орны, биіктеу ағаш қондырғы.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің астына қойылған тірек, сүйеніш.* ◊ **Тұ-ғырдан тайды [түсті]** — *қайраты қайт-ты, қадірі кетті.*

ТҰҒЫР II *Міниске төзімді, жабы тұқымдас жылқы; жұмыс көлігі.*

ТҰҒЫРЛЫ *Астында міниске көлігі, аты бар.*

ТҰҒЫРСЫЗ *Тұғыры жоқ.*

ТҰЖЫР 1. *Кесілген ағаштың, бұ-тақтың ұш жағын тегістеп, жұмыр-лай шабу.* 2. ***Ауысп.*** *Қысқа қайыру. До-ғару.*

ТҰЖЫРЫМ *Белгілі бір істің қоры-тындысы, байламы, шешімі.*

ТҰЖЫРЫМДА 1. *Тұжырып шауып ұшын тегістеу, тұжыру.* 2. ***Ауысп.*** *Қо-рытындылау, түйіндеу.*

ТҰЖЫРЫМДЫ *Тұжырымы бар, байламды, шешімді.*

ТҰЖЫРЫМДЫЛЫҚ *Байламды-лық, шешімділік, жинақылық.*

ТҰЗ I *Ас-тағамның дәмін кіргізе-тін, суда ерігіш, ақ түсті кристалл.* □ **Тұз қышқылы** ***хим.*** — *ас тұзы мен күкірт қышқылын қосу арқылы алына-тын хлорлы сутегі қышқылы.* ◊ **Тұзы жараспады** — *шығысып кетті, отасып тұра алмады.* **Тұзын татты** — *асын іш-ті, дәмдес болды.*

ТҰЗ II *Ойын картасының ең үлкені, күштісі.*

ТҰЗАҚ *Есіп, ілмектеліп жасалған аңшы құралы.* ◊ **Тұзаққа түсті** — а) *тұ-заққа ілініп қалды;* ә) *алданып қолға түсті, ұсталды.* **Тұзақ құрды [салды]** — а) *құс жолына тұзақ байлады;* ә) *пәле ойлады; айла-амал жасады.*

ТҰЗАҚТА *Бұғалық жасап байлау, шалма жасау.*

ТҰЗАҚТЫ *Тұзақ етіп байланған.*

ТҰЗАҚШЫ *Тұзақпен аңшылық құратын адам; тұзақ жасаушы*

ТҰЗДА *Азық-түліктердің дәмін кіргізу үшін тұз себу, тұз қосу.*

ТҰЗДАЙ 1. *Тұз сияқты удай, ащы.* 2. ***Ауысп.*** *Көкпеңбек, көк.*

ТҰЗДАН *Құрамында тұз жиналу, тұз пайда болу.*

ТҰЗДАУЛЫ *Тұз салынған, тұз қосылған.*

ТҰЗ-ДӘМ *Ас-су, несібе.* ◊ **Тұз-дәм айдалы** — *бір жаққа бару сәті түсті, дәм бұйырды.*

ТҰЗДЫ *Құрамында тұзы көп, ащы.*

ТҰЗДЫҚ *Тұралған, піскен еттің үстіне құю үшін тұз, пияз салып дайындалған майлы сорпа.*

ТҰЗДЫҚТА 1. *Асқа тұздық құю, дәмін кіргізу.* 2. ***Ауысп.*** *Сөзді астарлап, құбылтып сөйлеу.*

ТҰЗДЫЛЫҚ *Тұзды, тұзы көптік.*

ТҰЗСЫЗ *Тұзы жоқ, тұз салынбаған.*

ТҰЗСЫЗДЫҚ *Тұзсыз болушылық, тұзы жетіспегендік, дәмсіздік.*

ТҰЗСЫРА *Тұз жегісі келу, тұзды аңсау.*

ТҰЗХАНА *Тұз сақтайтын, үсті жабық орын, арнаулы бөлме.*

ТҰЗШЫ *Тұз өндіретін өндірісте жұмыс істейтін адам.*

ТҰЙҒЫН 1. *Қаз, үйрек аулап қоректенетін лашын тұқымдас жыртқыш құс.* 2. ***Ауысп.*** *Алғыр, сезімтал, қырағы.*

ТҰЙҒЫНША *Тұйғынға ұқсап.*

ТҰЙЫҚ 1. *Шығар жағы жоқ, бітеу; әрі қарай жүруге болмайтын. Киіздің, арқан-жіптің т. б. бүктелген, қайырылған жері.* 3. ***Ауысп.*** *Ашылып сөйлемейтін бұйығы, аз сөзді.* ◊ **Тұйыққа тірелді** — *істер амалы қалмады, шарасыздыққа ұшырады.* **Тұйық тартты** — *сөйлегісі келмей бұйығыланды.*

ТҰЙЫҚТА *Шетін қайыру, қымтау, жан-жағын бекіту.*

ТҰЙЫҚТАН *Ешкіммен ашылып сөйлеспеу, бұйығылану.*

ТҰЙЫҚТАУ *Аздап тұйық, тұйығырақ.*

ТҰЙЫҚТЫҚ *Тұйық болушылық.*

ТҰҚИ *Басын тұқырайтып төмен салу, еңсесі түсу.*

ТҰҚШИ *Тұқию, тұқыраю.*

ТҰҚШЫҢДА *Тұқшың-тұқшың ету, еңкеңдеу.*

ТҰҚЫ *Сазан балықтың тоған суларында өсірілетін қабыршақты не қабыршақсыз түрі.*

ТҰҚЫЛ 1. *Қысқа, мұқыл мүйіз.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің түбіртегі, қалдығы.*

ТҰҚЫЛДА *Тұқыл ету, тегіс қыру, сыпыру.*

ТҰҚЫЛДЫҚ *Сиыр мүйізінің шекеге тақау түбі.*

ТҰҚЫМ 1. *Түрлі дақыл мен өсімдіктің өсіп-өну, көбею негізі; ұрығы.* 2. *Арғы атасы, ататегі, нәсілі.* 3. *Белгілі бір малдан тараған түліктің тегі.* ◊ **Тұқым қуалау** — *ұрпақтан-ұрпаққа ауысу; атадан балаға ауысу.* **Тұқымың құрғыр! *қарғ.*** — *үрім-бұтағың жойылғыр.*

ТҰҚЫМДАЙ *Тұқым күйінде, астық түрінде.*

ТҰҚЫМДАС *Бір тектен тараған, тұқымы бір.*

ТҰҚЫМДЫ: асылтұқымды — *еті, жүні сапалы, табысты көп беретін, ерекше тұқым.*

ТҰҚЫМДЫҚ *Тұқымға арнап сақталған, ұрықтық.*

ТҰҚЫМСЫЗ *Тұқымы жоқ; ұрпақсыз.*

ТҰҚЫМСЫЗДЫҚ *Тұқымсыз болушылық, ұрпақсыздық.*

ТҰҚЫМ-ТҰҚИЯН *Жеті ата, үрім-бұтақ.*

ТҰҚЫР 1. *Басын төмен салып, мойнын ішке алу.* 2. ***Ауысп.*** *Тыйып тастау, басу.*

ТҰҚЫРАЙ *Басын төмен салу, тұқшию.*

ТҰҚЫРАҢДА *Тұқыраң-тұқыраң ету, құңжыңдау.*

ТҰҚЫРТ *Басын төмен салғызып, тұқырайту.*

ТҰҚЫРУЛЫ *Басы төмен салулы, түсулі, тұқырайған.*

ТҰЛ 1. *Отасқан ері қайтыс болған жесір (әйел).* 2. ***Ауысп.*** *Бекер, бос сүлде.*

ТҰЛА: тұла бойы – *бүкіл дене, он екі мүшесі түгелімен.* ◊ **Тұла бойы қалтырап кетті** – а) *қатты қорықты, жаны түршікті;* ә) *жаурап кетті, мұздады.*

ТҰЛАН: тұлан тұтты – *бұлқан-талқан болды, қатты долданды.*

ТҰЛҒА 1. *Адам мен жан-жануардың дене бітімі, пішіні, сырт бейнесі.* 2. *Тірек, сүйеніш, қорған, қамқор.*

ТҰЛҒАЛАН *Келбет-кескіні айқындалу, пошым-бітімі ірілену.*

ТҰЛҒАЛАС *Кескіндес, пішіндес.*

ТҰЛҒАЛАСТЫҚ *Тұлғалас болушылық, ұқсастық.*

ТҰЛҒАЛЫ *Тұлғасы келіскен, түрпатты, бейнелі.*

ТҰЛҒАЛЫҚ *Тұлға боларлық.*

ТҰЛҒА-ТҮРПАТ *Сырт құрылым, кескін-келбет.*

ТҰЛДА ***этн.*** *Қадірлі адамы өлгенде шаңырақта қара ту байлап, мінген атын күзеп, қара жамылатын қаралы дәстүр.*

ТҰЛДАН 1. *Әйелдің өлген күйеуін еске алып қайғыруы.* 2. *Долданып қатты ашулану, жұлыну.*

ТҰЛДЫҚ *Тұл болып қалушылық.*

ТҰЛДЫР 1. *Жоққа тән, болмашы зат.* 2. *Жалаңаш, тақыр.* ◊ **Тұлдыр [тұл] жетім** – *әке-шешесі бірдей жоқ, тақыр жетім.*

ТҰЛДЫРСЫЗ *Тұлдыры жоқ, таптақыр.*

ТҰЛПАР 1. *Асқан жүйрік, дүлдүл ат.* 2. ***Ауысп.*** *Алдына жан салмас, білімді, озық.*

ТҰЛПАРША *Тұлпарға ұқсап.*

ТҰЛЫҚ *Атқа жегіп астық бастыратын, төрт не алты қырлы тас құрал, малта тас.*

ТҰЛЫҚТАС ***көне*** *Атқа жегіп астық бастыратын, тұлықтың ертедегі атауы.*

ТҰЛЫМ *Жас баланың шекесінен, шүйдесінен ырым үшін қалдырып қойған тұлымшақ шаш.*

ТҰЛЫМШАҚ *Өруге келмейтін әдейі қалдырған шаш, тұлым.*

ТҰЛЫП I *Мал мен аң терісінен тігілген сырткиім, ішік.*

ТҰЛЫП II *Жас төлі өлген малдың енесін алдарқату үшін ішіне шөп, сабан тығылған бітеу тері.* ◊ **Тұлыпқа мөңіреді [қарады]** – *алданыш етті, жұбанды.*

ТҰЛЫПТАЙ *Тұлып сияқты қампиған.*

ТҰМА *Кішірек бастау, бұлақ.*

ТҰМАН 1. *Жер бетіндегі су буымен, ыс, түтін, шаңның араласуынан қоюланған бұлыңғыр, бұлдыр ауа.* 2. ***Ауысп.*** *Жұмбақ, белгісіз; күңгірт.* □ **Тұман басты [түсті]** – *айналаны тұман қаптады, көрсетпеді.*

ТҰМАНДАН *Тұман түсу, тұман басу.*

ТҰМАНДЫ *Тұман түскен, тұман басқан.*

ТҰМАНША *Тұманға ұқсап.*

ТҰМАНТ *Бұлыңғыр тарту, тұмандану.*

ТҰМАР ***этн.*** *Тіл, көз тиюден сақтайды деген ұғыммен Құран сөзі жазылған үшбұрышты мата не былғарымен тысталған дұғалық қағаз.*

ТҰМАРЛА *Тұмар тағу; қастерлеу.*

ТҰМАРЛЫ *Тұмары бар, тұмар таққан.*

ТҰМАРЛЫҚ *Тұмар боларлық, соған қатысты.*

ТҰМАРША *Кішкене тұмар.*

ТҰМАРШАЛА *Тұмарша сияқтандыру, шаршылау.*

ТҰМАУ *Тыныс органына салқын тиюден болатын өтпелі ауру, жөтел.* □ **Тұмау тиді** – *салқын тиіп, тұмауратып қалды.*

ТҰМАУРАТ *Суық тиіп ауыру, жөтелу.*

ТҰМАУРАТҚЫШ *Тұмау тигіш, тұмаурата бергіш.*

ТҰМСА *Алғаш рет босанайын деп отырған жас әйел немесе тұңғыш төлдейтін мал.*

ТҰМСАЛЫҚ *Тұмса болушылық.*

ТҰМСЫҚ 1. *Жан-жануарлардың бас мүшесінің алдыңғы жағы, мұрын.* 2. ***геогр.*** *Тау етегінің, жонының айнала берісіндегі мүйіс немесе сүйірленген жағы, іні.* 3. *Аяқкиімнің ұшы, бас жағы.* ◊ **Тұмсығын бұзды** — *аузы-мұрнын қан қылды.* **Тұмсығын көтерді** — *тәкаппарлық істеді, асып-тасты.* **Тұмсығы тасқа тиді** — *жолы болмады, беті қайтты.*

ТҰМСЫҚТА *Тұмсығын салып жібер у, тұмсығының ұшымен жырту, жұлқылау.*

ТҰМСЫҚТЫ *Тұмсығы бар; тұмсығы шығыңқы.*

ТҰМСЫҚША *Таудың, биіктеу жотаның жазықтыққа сұғынып тұрған тұсы.*

ТҰМША *Аузы-мұрынды байлауға арналған мата.*

ТҰМШАЛА 1. *Аузы-мұрнын жауып, қымтап орап, байлап алу // Бас-аяғын қымтай жабу, бүркену.* 2. ***Ауысп.*** *Қалқалау, күңгірт тарту.*

ТҰМШАЛАУЛЫ *Тұмшалап жауып тұрған, бүркеулі.*

ТҰМЫЛДЫРЫҚ 1. *Енесін ембеу үшін төлдің, сондай-ақ кісіні қаппау үшін иттің тұмсығына байлап қоятын киіз немесе былғарыдан істеп кигізетін тұмсық тор.* 2. *Дәрігерлер мен шаңтозаңда жұмыс істейтін адамдардың тазалық сақтау үшін жасаған, аузы-мұрнын қалқалайтын дәкесі.*

ТҰМЫЛДЫРЫҚТА *Тұмылдырық салу; тұмсығын байлап тастау.*

ТҰМЫЛДЫРЫҚТАУЛЫ *Тұмылдырық салынған, байланған.*

ТҰН 1. *Су не басқа да сұйық заттар лайының түбіне шөгіп тазару, мөлдір түске енуі.* 2. ***Ауысп.*** *Толу, кернеу.* 3. ***Ауысп.*** *Көңілге, ішке жиналу, іште жайлау.* ◊ **Көз тұнды** — *көздің жауын алды, қызықты.* **Құлағы тұнды** — *құлағы бітелді.* **Тұнып тұр** — *өте қалың, бітік өскен.*

ТҰНБА *Тұндыруға қойған сұйық заттың түбіне түскен қойыртпағы, шөгінді.*

ТҰНДЫРҒЫШ *Тұндырып тұратын, сүзіп тазартатын.*

ТҰНДЫРМА *Тұндырған нәрсе, тұнба.*

ТҰНЖЫР I *Құндылығы жағынан түйғыннан кейінгі қаршығаның ұрғашысы.*

ТҰНЖЫР II *Қабағы салыңқы, тұнжыраған.*

ТҰНЖЫРА 1. *Аспанды бұлт торлау, қалың бұлт қаптау, жауарман болу.* 2. ***Ауысп.*** *Қабақ ашпау, түнеру; қалың ойға бату.*

ТҰНЖЫРАҢҚЫ *Қабағы салыңқы, кірбіңкі; ашулы.*

ТҰНЖЫРАУЛЫ *Қабағы түсіңкі, қатулы.*

ТҰНЖЫРЛЫҚ *Тұнжырап қалғандық.*

ТҰНШЫҚ *Дем ала алмау, тынысы тарылу.* 2. ***Ауысп.*** *Құру, жоқ болу, жойылу.*

ТҰНШЫҚПА *Адамның дем алысын қиындатып, тынысын тарылтатын ауру, демікпе.*

ТҰНШЫҚТЫРҒЫШ *Тұншықтыратын қасиеті бар, тұншықтыра алатын.*

ТҰНЫҚ *Таза, мөлдір.* ◊ **Тұнығын лайлады [шайқады]** — *ынтымағын бұзды, бүлдірді.*

ТҰНЫҚТАЛ *Тұп-тұнық болу, тазару, мөлдіреу.*

ТҰНЫҚТАН *Тұп-тұнық болу, мөлдірлену.*

ТҰНЫҚТЫҚ *Тұнық болушылық, мөлдірлік.*

ТҰҢҒИЫҚ 1. *Түпсіз, көз жетпейтін терең.* 2. ***Ауысп.*** *Көп сөйлемейтін түйық, сыр ашпайтын.*

ТҰҢҒЫС *Эвенктердің бұрынғы аты.*

ТҰҢҒЫШ 1. *Алғаш көрген баласы, баланың ең үлкені.* 2. *Ең алғашқы, бірінші.*

ТҰП-ТҰРА *Төтесінен, тура, дәл.*

ТҰП-ТҰҚЫЛ *Әбден тұқылданып қысқарған, қып-қысқа.*

ТҰП-ТҰЛДЫР *Түгі жоқ, сып-сидам.*

ТҰП-ТҰНЫҚ *Әжептәуір тұнық; өте тұнық.*

ТҰП-ТҰТАС 1. *Әбден тұтасып кеткен, тұтасқан, күжірейген.* 2. *Түгі қалмай, барлығы, түгел.*

ТҰП-ТҰЩЫ *Ащы, кермек дәмі жоқ, өте тұщы тағам, дәм.*

ТҰР 1. *Тіп-тік қалпында бір жерде тұрып қалу.* 2. *Отырған орнынан көтерілу, түрегелу.* 3. *Ұйқыдан оянып, төсегінен басын көтеру.* 4. *Белгілі бір жерді мекендеу; өмір сүру.* 5. *Белгілі бір сөзбен тіркесіп келіп "түзелу, жасалу, құралу" мағыналарын білдіреді.* 6. *Тіркесе айтылып "орналасу, жайласу" мағынасын білдіреді.* 7. *Күрделі етістік құрамында осы шақта айтылған істің жай-күйін білдіреді.*

ТҰРА *Ат тұяғының табан жағындағы тіл сияқты қатты шеміршек.* ◊ **Тұрасы таусылды** — *болдырды.*

ТҰРА: ұзын тұра — *ұзын бойлы, бойшаң.*

ТҰРАҚ *Тұратын жай, мекен, орын.* ◊ **Тұрақ жоқ** — *байлауы жоқ, тұрлаусыз.*

ТҰРАҚСЫЗ 1. *Бір орында тұрмайтын, тұрағы жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Тиянақсыз, берекетсіз, орнықсыз.*

ТҰРАҚСЫЗДАН *Тиянақсыздану, орнықсыздану.*

ТҰРАҚСЫЗДАУ *Тұрлаусыздау, баянсыздау.*

ТҰРАҚСЫЗДЫҚ *Тұқымсыз болушылық.*

ТҰРАҚТА *Бір жерге орнығу, тұрып қалу, өмір сүру.*

ТҰРАҚТЫ *Орнықты, баянды.* □ **Тұрақты сөз тіркесі** ***лингв.*** — *құрамында сөздер топтасып, бір ғана мүшенің қызметін атқаратын тіркес.*

ТҰРАҚТЫЛАУ *Орнықтылау, баяндылау.*

ТҰРАҚТЫЛЫҚ *Баяндылық, орнықтылық, табандылық.*

ТҰРАЛА 1. *Әбден шаршау, діңкелеу, болдыру.* 2. ***Ауысп.*** *Жоқшылықтың азабын көру; азып-тозу, жұтау.* ◊ **Тұралатып кетті** — *кедейлендірді.*

ТҰРАН I ***көне*** *Мінбер, тұғыр.*

ТҰРАН II ***жерг.*** *Таудың үстіндегі су жиналатын ойпаң жер.*

ТҰРҒАУЫШ *Жеміс салатын ыдыс.*

ТҰРҒЫ I *Белгілі бір бағыттағы көзқарас.*

ТҰРҒЫ II *Замандас, тұстас, қатарлас адам.*

ТҰРҒЫ III 1. *Тау қырқасының биігі.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір нәрсенің биік межесі, асқар шыңы.*

ТҰРҒЫЛАС *Замандас, қатарлас, тұрғы.*

ТҰРҒЫЛЫҚТЫ *Тұрақты, байырғы, жергілікті.*

ТҰРҒЫН *Бір жерді мекен ететін адам.*

ТҰРҒЫНЖАЙ *Тұрғын үй басқармаларының қарамағындағы үй қоралары.*

ТҰРҒЫСЫЗ *Тұруға болмайтын, төзгісіз.*

ТҰРҒЫШ *Тұруға бейім; тұра бергіш.*

ТҰРЛАУ *Баян, тұрақ, тиянақ.* ◊ **Тұрлауы жоқ** — *дәйексіз, тұрлаусыз.*

ТҰРЛАУЛЫ *Баянды, тұрақты.*

ТҰРМАҚ *Оны былай қойғанда, ол түгілі.*

ТҰРМАН *Ер-тоқымның жабдығы.*

ТҰРМАНДА *Атқа ер-тоқым салу, әбзелдеу.*

ТҰРМАНДЫ *Тұрманы бар, тұрмандалған.*

ТҰРМЫҚ *Әдебиеттегі һәмлеп айтылған еркектің жыныс мүшесі.*

ТҰРМЫС *Әл-ауқат, хал-жай, тіршілік.*

ТҰРМЫС-ЖАЙ *Тіршілік, тыныс, хал-жағдай.*

ТҰРМЫС-САЛТ *Тұрмыста қалыптасқан әдет, дәстүр, жора.* □ **Тұрмыс-салт жырлары** ***әдеб.*** — *халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына байланысты туған ырғарма; жыр.*

ТҰРМЫСТАН *Тұрмысы жақсару, дүние-мүлік жию.*

ТҰРМЫСТЫ *Тұрмысы жақсы, әлді-ауқатты.*

ТҰРМЫСШЫЛДЫҚ ***әдеб.*** *Көркем әдебиетте адамдардың күнделікті тұрмысын, өмірін суреттеушілік.*

ТҰРНИЯЗ *Ақтаған тары, езілген құрт, май, ұн қосып сүтке қайнатып, бұқтыратын қазақ халқының асы.*

ТҰРПА *Тұқы тұқымдасына жататын бағалы кәсіптік балық.*

ТҰРПАЙЫ *Дөрекі, анайы, өрескел.* ◊ **Тұрпайы материализм** ***филос.*** *– сананы материяға әкеп тіреітін буржуазиялық философияның бір ағымы.*

ТҰРПАЙЫЛА *Тұрпайы сөйлеу, дөрекілік көрсету.*

ТҰРПАЙЫЛАУ *Дөрекілеу, анайылау.*

ТҰРПАЙЫЛЫҚ *Тұрпайы болушылық, дөрекілік.*

ТҰРПАТ *Кескін, келбет, пішін.*

ТҰРПАТТАС *Тектес, пішіндес, тақылеттес.*

ТҰРПАТТЫ *Тұрпаты біреуге, бір нәрсеге ұқсас.*

ТҰРПАТТЫЛЫҚ *Келбеттілік, көріктілік.*

ТҰР-ТҰРЛА *Қайта-қайта "тұртұр" деп мазалау.*

ТҰРУШЫ *Мекен етуші, бір жерде тұратын адам.*

ТҰРЫҚ *Бір нәрсенің горизонталь қалпындағы ұзындығы.*

ТҰРЫҚСЫЗ *Тұрқы қысқа.*

ТҰРЫҚТЫ *Тұрқы ұзын.*

ТҰРЫҚТЫЛАУ *Тұрықты келген, ұзындау.*

ТҰРЫМТАЙ *Тұрпаты күйкентайға ұқсас кішірек келген сұңқар тектес жыртқыш құс.*

ТҰРЫМТАЙДАЙ *Тұрымтай сияқты, кішкентай.*

ТҰРЫМТАЙША *Тұрымтайға ұқсап.*

ТҰРЫП *Иісі өткірлеу, дәмі ащы, тамыр жемісті бақша өсімдігі.*

ТҰРЫС *Бір орыннан қозғалмаған қалып, тұрғандық.*

ТҰС 1. *Бір нәрсе мен екінші нәрсенің қарама-қарсы жағы, қапталы, өкпе тұсы.* 2. *Белгілі бір оқиғаға сай келген уақыт, мерзім, кезең.*

ТҰСА 1. *Аттың, тағы басқа көліктің алдыңғы екі аягына тұсамыс салу.* 2. ***Ауысп.*** *Еркіне жібермеу, тосқауыл жасау.*

ТҰСАҚ *Бір жас пен екі жас арасындағы ұрғашы қой.*

ТҰСАМЫС *Ат алысқа кетпеу үшін алдыңғы екі аягын тұсап қоятын әбзел.*

ТҰСАРЛЫҚ *Сирақтың тұсау салатын ең жіңішке, төменгі жері.*

ТҰСАУ 1. *Жылқының, есектің алдыңғы екі аягына салынатын қайыстан, жіптен істелген әбзел; тұсамыс.* 2. ***Ауысп.*** *Қолбайлау, кедергі, бөгет.* ◊ **Тұсау бойы** *– қысқа гана қашықтық.* **Тұсаукесер** ***этн.*** *–* а) *жас баланың тұсауын кесерде жасалатын жиын-той;* ә) *жастарға өнер жолында сәт сапар тілеу.*

ТҰСАУЛА 1. *Мініс көлігіне тұсау салу.* 2. ***Ауысп.*** *Тежеу, бұғалау.*

ТҰСАУЛЫ *Тұсап қойған, тұсау салынған.*

ТҰСАУЛЫҚ *Тұсау боларлық, соған жарарлық.*

ТҰСАУСЫЗ *Тұсауы жоқ, тұсау салынбаған.*

ТҰСПАЛ *Жорамал, болжам, болжал.*

ТҰСПАЛА *Шамалау, болжалдау, жорамалдау.*

ТҰСПАЛДА 1. *Жорамалдау, болжау, шамалау.* 2. *Тура айтпай жұмбақтап, астарлай сөйлеу.*

ТҰСПАЛДАС *Сәйкес, ыңғайлас.*

ТҰСПАЛДЫ 1. *Болжалды, жорамалды.* 2. *Астарлы, жұмбаққа толы.*

ТҰСПАЛСЫЗ *Жорамалсыз, астарсыз.*

ТҰСПА-ТҰС 1. *Дәлме-дәл; тұстас, қарама-қарсы.* 2. *Бір оқиғамен мезгілдес, уақыттас.*

ТҰСТАЛ *Тұсына іліну, тұтылу.*

ТҰСТАС 1. *Жас шамалары бір-бірімен қарайлас.* 2. *Бір уақытта өмір сүрген замандас.* 3. *Бір нәрсеге сәйкес, сайма-сай, дәл.*

ТҰС-ТҰСТАН *Жан-жақтан, әр жерден.*

ТҰСЫР *Тарс-тұрс шыққан дыбыс, дүрсіл.*

ТҰТ I *Жапырағын жібек құрты жейтін ағаш.*

ТҰТ II 1. *Қолмен мықтап ұстау.* 2. *Үйдің қабырғасына кілем, тағы басқа заттарды іліп қою, ұстау.* 3. *Жібермей ұстап қалу, жабысу, жармасу.* 4. *Бір нәрсені ұстану, қабылдау.* 5. *Кей сөздермен тіркесіп келіп, "есептеу, білу, санау" д. м. білдіреді.*

ТҰТА 1. *Оталу, жана бастау.* 2. ***Ауысп.*** *Жалындау, шарпу, өршу.*

ТҰТАМ *Бүгілген саусақтар мен алақан арасындағы жұдырық бойы қуыс кеңістік, уыс.* 2. *Қолдың уысымен тұтамдап санаған өлшем.* ◊ **Бір тұтам** — *қып-қысқа, келте, аласа.*

ТҰТАМДА 1. *Тұтаммен өлшеу.* 2. ***Ауысп.*** *Там-тұмдау, аз-аздау, мөлшерлеу.*

ТҰТАМДАЙ *Қып-қысқа, шолақ.*

ТҰТАМДЫҚ *Тұтамға жуық, қысқалық.*

ТҰТАНДЫРҒЫШ *Жарылатын заттарға от беретін тетік.*

ТҰТАНҒЫШ *Тез тұтанатын, тұтануға бейім.*

ТҰТАНҒЫШТЫҚ *Тез тұтанатын, оталатын.*

ТҰТАС I *Түгел, тегіс, жаппай.*

ТҰТАС II *Бір-біріне жалғасу, ұштасу.*

ТҰТАСТАЙ *Түгелімен, жалпылай.*

ТҰТАСТАЙ *Бөлінбей бүтін болу, ұштасу.*

ТҰТАСТЫҚ *Тұтас болушылық, бірлік.*

ТҰТАСТЫРҒЫШ *Тұтастыруға бейім, байланыстырғыш.*

ТҰТҚА 1. *Есіктің, т. б. заттардың қолмен ұстауға ыңғайлы етіп жасаған жері.* 2. ***Ауысп.*** *Тірек, таяныш, сүйеу.* ◊ **Тұтқа болды** — *тірек, таяныш болды.*

ТҰТҚАЛЫ *Тұтқасы бар, тұтқа салынған.*

ТҰТҚАСЫЗ *Тұтқасы жоқ, тұтқа салынбаған.*

ТҰТҚИЫЛ *Кенеттен, күтпеген жерден, төтеннен.*

ТҰТҚИЫЛДА *Аяқ астынан, күтпеген жерде.*

ТҰТҚИЫЛДАН *Күтпеген жерден, төтеннен.*

ТҰТҚЫН *Бас еркінен айырылып, қолға түскен адам.*

ТҰТҚЫНДА 1. *Тұтқын ету, қамауға алу.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің шырмауында болу.*

ТҰТҚЫНДАУЛЫ *Тұтқынға алынған, қамаулы.*

ТҰТҚЫНДЫҚ *Тұтқын болушылық, қолға түсушілік.*

ТҰТҚЫР 1. *Ұстаған жерінен жабысып айырылмайтын, тұтып қалғыш.* 2. ***Ауысп.*** *Сөйлегенде кібіртіктеп, бірден көсіліп кете алмайтын.* 3. ***Ауысп.*** *Тез ұғып алатын, алғыр.*

ТҰТҚЫРЛАН 1. *Тұтып қалу, жібермеу.* 2. *Жүзі қайырылу, өтпеу.*

ТҰТҚЫРЛЫҚ *Тұтқыр болушылық.*

ТҰТҚЫШ I *Қазанды оттан түсіргенде қолға киетін қолғап тәрізді киіз.*

ТҰТҚЫШ II *Бір нәрсені жібермей тұтып қалатын.*

ТҰТҚЫШТАЙ *Тұтқыш сияқты қап-қара.*

ТҰТҚЫШТЫҚ *Ұстағыштық, ұстап қалғыштық.*

ТҰТТАЙ *Үстінде лыпа жоқ, тырдай.*

ТҰТУЛЫ *Тұтылған, ілінген.*

ТҰТҰҒЫР *Жалауды тік көтеру үшін тігінен орнатқан ұзын сырық.*

ТҰТЫҚ *Тілі күрмеліп сөзді қалыпты, дұрыс айта алмау, кекештену.*

ТҰТЫҚПА *Тұтығып сөйлейтін, кекеш.*

ТҰТЫҚТАН *Тұтығу, кекештену.*

ТҰТЫЛ 1. ***ыр. етіс*** *Тұт-ыл.* 2. *Айдың, күннің бетіне көлеңке түсуі.*

ТҰТЫЛҒЫШ *Тез тұтылып қалатын, жабысқыш.*

ТҰТЫМ 1. *Ұстам, қарым, уыс.* 2. ***Ауысп.*** *Қол астындағы, уысындағы.*

ТҰТЫМДЫ 1. *Ұстамды, тез қабылдағыш, ұғынғыш.* 2. ***Ауысп.*** *Тұрақты, берік.*

ТҰТЫН 1. *Керегіне жарату, пайдалану.* 2. *Бір нәрсені қабылдау, ұстану.*

ТҰТЫНУШЫ *Пайдаға асырушы, керегіне жаратушы.* ◊ **Тұтынушылар одағы** — *халыққа қажет тұрмыс бұйымдарын өтейтін ұйым.*

ТҰТЫНУШЫЛЫҚ *Тұтынушы болушылық, пайдаланушылық.*

ТҰШ: тұш бауырсақ — *унға сүт, май, қант, жұмыртқа қосып илеп, ұсақ етіп кесіп қуырып, балға қатыратын мерекелік бауырсақ.*

ТҰШАЛА ***бот.*** *Тасжарған тұқымдасына жататын жемісті бұта.*

ТҰШПАРА *Жайылған қамырдың арасына тартылған ет, ірімшік салып, бүрмелеп, суға пісіретін тағам.*

ТҰШТАҚАЙ ***қарап.*** *Ұшып-қонған, жеңіл мінезді, ұшқалақ, шошақай.*

ТҰШТАҚТА *Тұштақ-тұштақ ету, тұшталаңдау.*

ТҰШТАЛАҢДА *Жеңілтектену, шошаңдау,.тұштаңдау, тұшталақтау.*

ТҰШТАҢ *Ұшып-қонған жеңіл мінезділік.*

ТҰШТАҢДА *Тұштаң-тұштаң ету, шұнаңдау.*

ТҰШТИ *Селтию, шошаю.*

ТҰШЫ *Дәмі кіру, татымы болу.*

ТҰШЫМ *Дәмі, татымы.*

ТҰШЫМДЫ *Дәмді, татымды.*

ТҰШЫМДЫЛЫҚ *Тұшымды, татымды болушылық.*

ТҰШЫМСЫЗ *Тұшымы жоқ, татымсыз.*

ТҰШЫМСЫЗДЫҚ *Тұшымсыз болушылық.*

ТҰШЫН *Қанығу, сезіну.*

ТҰШЫР: ауыз тұшыр — *айтуға тұрарлық, көңіл толарлық, риза боларлық.*

ТҰШЫРҚАН *Тамақтың тұшы дәмін сезіну.*

ТҰШЫРЛЫҚ: ауыз тұшырлық — *ауыз тұшыр.*

ТҰЩЫ 1. *Тұзы жоқ немесе аз, ішуге жарамды.* 2. *Дәмді, татымды (тамақ).* ◊ **Тұщы етке (тәнге) тиген ащы таяқ** — *жазықсыз жанға көрсеткен ауыр азап.*

ТҰЩЫЛА *Тұздан арылту, тұщыға айналдыру.*

ТҰЩЫЛАУ *Тұзы аздау; біршама тұщы.*

ТҰЩЫЛЫ 1. *Тұщылау келген; ащы емес.* 2. ***Ауысп.*** *Жайлы, жағымды, дәмді.*

ТҰЩЫЛЫҚ *Тұщы болушылық.*

ТҰЩЫРАҚ *Тұзы азырақ, тұщылау.*

ТҰЩЫТ *Тұщы ету, тұщылау.*

ТҰЩЫТҚЫШ *Ащы суды тұзынан арылтатын қондырғы.*

ТҰЯҚ 1. *Мал, т. б. сүтқоректі жануардың аяғындағы жер басатын мүйіз тұқай.* 2. ***Ауысп.*** *Ұсақ мал, қой-ешкі.* 3. ***Ауысп.*** *Артта қалған ұрпақ, тұқым.* ◊ **Тұяғын тасқа соқты** — *қиыншылыққа тап болды.* **Тұяғы ілінді** — *бір нәрсеге енді ғана қолы жетті.* **Тұяқ баспаған [тимеген]** — *еш мал бармаған, соны, тың.*

ТҰЯҚСЫЗ 1. *Тұяғы жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Ұрпақсыз, тұқымсыз.*

ТҰЯҚТЫ 1. *Жылқы малы, жүйрік ат.* 2. ***Ауысп.*** *Ұрпағы, тұқымы бар.*

ТҮБЕГЕЙ 1. *Негізгі, түпкі.* 2. *Мүлде жаңа, түбірлі.*

ТҮБЕГЕЙЛЕ *Тәптіштеу, тиянақтау.*

ТҮБЕГЕЙЛІ 1. *Негізгі, түпкілікті.* 2. *Жан-жақты, ұқыпты, толық.*

ТҮБЕК I 1. *Бір жағы құрлықпен шектесіп, қалған жағы сумен қоршалған жер бөлігі.* 2. *Өзеннің бұрылысы, иілген жері, иіні.*

ТҮБЕК II *Сәбиді бесікке бөлегенде, жаялығы былғанбас үшін бесіктің астын тесіп орнатқан киіз не басқа зат.*

ТҮБЕКШЕ *Кішігірім түбек.*

ТҮБІНДЕ 1. *Бір нәрсенің қасында, маңында, жанында.* 2. *Түптеп келгенде, ақыр соңында.*

ТҮБІР I 1. *Ағаштың, өсімдіктің жерде тамырланып қалған түбі.* 2. *Бір нәрсенің түптамыры, төркіні.* 3. ***лингв.***

Әрі қарай бөлшектеуге келмейтін, бірнеше сөзге ортақ лексикалық мағынаны білдіретін сөздің негізгі бөлшегі, сөз.

ТҮБІРЛЕ *Бір нәрсенің егежей-тегжейіне жету, тәптіштеу; түбегейлеу.*

ТҮБІРЛЕС 1. *Түбірі бір, негіздес, төркіндес.* 2. *Түбірі ортақ, бір түбірден өрбіген (сөз).*

ТҮБІРЛЕСТІК *Түбірі бір болушылық.*

ТҮБІРЛІ 1. *Түбірі бар, түбірі үлкен.* 2. ***Ауысп.*** *Шешуші, негізгі, түбегейлі.*

ТҮБІРТЕК 1. *Кесілген, қиылған ағаштың, өсімдіктің түбірі.* 2. *Бір нәрсенің қалдығы.*

ТҮБІРШЕК *Есеп-қисап жасасқанда қолда қалатын құжат қағаз.*

ТҮБІТ *Ешкі, түйе, т. б. малдың қылшық жүнінің астындағы биязы, үлпілдек жүн.*

ТҮБІТСІЗ *Түбіті жоқ, түбітінен айырылған.*

ТҮБІТТЕ *Түбіт жүнін қылшық жүннен тазарту, арылту.*

ТҮБІТТЕЙ *Түбіт сияқты.* ◊ **Түбіттей тұтасқан** — *әбден үйысқан, қалың боп өскен.* **Түбіттей түтті** — *быт-шытын шығарды, күл-талқан етті.*

ТҮБІТТЕН *Майда, тығыз түк өсу, түктену.*

ТҮБІТТІ *Түбіті мол, қалың.*

ТҮБІТТІК *Түбітке тән, соған қатысты.*

ТҮБІТТІЛІК *Түбіті молдық, көптік.*

ТҮБІТШЕ: түбітше түтті — *быт-шытын шығарды, берекесін кетірді.*

ТҮГЕ *Қынжылу, ренжу, аң-таң болуды білдіретін модальді сөз.*

ТҮГЕЛ *Барлығы, тегіс, күллісі.*

ТҮГЕЛДЕ 1. *Бір нәрсенің санының дұрыстығын анықтау; санақ жүргізу.* 2. *Кем-кетігін толтыру.*

ТҮГЕЛДЕЙ *Сыпыра, шетінен, толығынан.*

ТҮГЕЛДІК *Түгел болушылық, амандық.*

ТҮГЕН *Кез келген есімнің (атаудың) орнына жүретін сөз.*

ТҮГЕНШЕ *Әлдебіреу, әлдекім, пәленше д. м. айтылады.*

ТҮГЕС *Бітіру, аяқтау, тауысу.*

ТҮГІЛ *Атау тұлғалы сөзден кейін тұрып, "тұрмақ", "тұғыл" д. м. білдіретін шылау сөз.*

ТҮЗ I *Үйден сырт жер, дала.* ◊ **Құла түз** — *жан аяғы баспаған, елсіз дала.* **Түзге отырды** — *дәрет сындырды.*

ТҮЗ II *Құрмау, салу, тізу.*

ТҮЗДІК *Қырда тұратын, далалық.*

ТҮЗЕ 1. *Қисық нәрсені түзеу, қалыпқа келтіру.* 2. *Жөнге келтіру, дұрыстау, жақсарту.*

ТҮЗЕМ ***әск.*** *Әскердің немесе өзге де топтардың сапы.*

ТҮЗЕҢ *Түзу келген, түзулеу.*

ТҮЗЕТКІШ 1. *Тәртіптегіш, жөнге келтіргіш.* 2. *Механизмді ретке келтіретін аспап, құрал.*

ТҮЗЕТКІШТІК *Түзетіп отыратын, түзейтін.*

ТҮЗЕТУЛІ *Түзетіліп қойылған.*

ТҮЗЕТУСІЗ *Түзелмеген, жөндеусіз, өзгеріссіз, түзеусіз.*

ТҮЗЕТУШІ *Жөнге келтіруші, тәртіпке салушы.*

ТҮЗЕУСІЗ *Жөнделмеген, тәртіпке келтірілмеген, түзетусіз.*

ТҮЗЕУЛІ *Түзетіліп қойылған, жөндеулі, дұрысталған.*

ТҮЗУ *Тік, тура.*

ТҮЗУЛЕ 1. *Түп-түзу ету.* 2. *Бетін түзеу, бағытын туралау.* 3. *Дұрыстап жөндеу, ретке келтіру.*

ТҮЗУЛЕУ *Түзуірек, туралау, жөндірек.*

ТҮЗУЛІК 1. *Түзу болушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Тура жол; дұрыстық, жөнділік.*

ТҮЗУШІ *Бір нәрсені түзететін адам.*

ТҮЗШІЛ *Сыртта жүруді ұнататын, түзге үйір.*

ТҮЗІК 1. *Түзу, тура, дұрыс.* 2. *Еш жері бұзылмаған, ақауы жоқ.*

ТҮЗІКТЕУ *Жөнділеу, дұрыстау.*

ТҮЗІКТІК *Туралық, дұрыстық.*

ТҮЗІЛІМ *Бір нәрсенің құрылымы, құрамы, мазмұны.*

ТҮЗІЛІС *Құрылыс, құрам, түзілім.*

ТҮЙ I 1. *Бір нәрсені келіге салып майдалау, ұнтақтау.* 2. ***Ауысп.*** *Қойып қалу, нұқу.*

ТҮЙ II 1. *Шүберекке орап байлау.* 2. ***Ауысп.*** *Аңғару, байқау, білу.*

ТҮЙГІЛЕ *Түйгіштеу, ұргылау.*

ТҮЙГІШ *Түюге арналған аспап, құрал.*

ТҮЙГІШТЕ 1. *Қайта-қайта түю, түйе түсу.* 2. ***Ауысп.*** *Соққылау, тоқпақтау.*

ТҮЙДЕЙ: түйдей құрдас [жасты] – *бір жылда туған; жасы қатар.*

ТҮЙДЕКТЕ *Топтау, жинақтау.*

ТҮЙДЕКТІ *Топ-тобымен келген, тұтасқан.*

ТҮЙДЕКТІК *Біртұтастық, топтық.*

ТҮЙЕ *Бір я екі өркешті күйіс қайыратын ірі мал.* ◊ **Түйе балуан** – *күрескенін жығатын, алып денелі адам.* **Түйеден түскендей қып айтты** – *дөрекі, орынсыз сөз айтты.* **Түйені түтімен [биені бүтімен] жұтты** – *параны көп алды.* **Түйе үстінен сирақ үйтті [ит қапты]** – *икемсіз, епсіз, болбыр.*

ТҮЙЕБАС *Бір адамның үстіне үймелеп, астына басып ойнайтын ойын.*

ТҮЙЕДЕЙ *Түйе сияқты; ірі, дәу.*

ТҮЙЕЖАПЫРАҚ ***бот.*** *Жапырағы ірі, үлкен боп өсетін жабайы өсімдік.*

ТҮЙЕЖОҢЫШҚА ***бот.*** *Сортаң жерде өсетін ақ, сары гүлі бар, екіжылдық хош иісті өсімдік.*

ТҮЙЕКЕШ *Түйемен керуен тартатын, түйе бағатын адам.*

ТҮЙЕҚАРЫН ***бот.*** *Сортаңды жерде өсетін, майда тікенді шөп, қаңбақ.*

ТҮЙЕҚҰЙРЫҚ ***бот.*** *Тікенекті өсімдік.*

ТҮЙЕҚҰЛАҚ *Кеміргіштер тобына кіретін шықылдақ тышқанның бір түрі.*

ТҮЙЕҚҰС *Үша алмайтын, бірақ өте жақсы жүгіретін, Африка жерін мекендейтін ең үлкен құс.*

ТҮЙЕЛЕ *Түйеге арту, түйемен тасу.*

ТҮЙЕЛІ 1. *Түйесі бар, түйесі көп.* 2. *Түйеге мінген, түйе жеккен.*

ТҮЙЕЛІК *Түйеге тағитын, соған теңесетін.*

ТҮЙЕМОЙНАҚ *Сұйық зат құю үшін түйенің мойын терісінен істелген тері ыдыс.*

ТҮЙЕСІҢІР ***бот.*** *Түп-түп болып өсетін, жазғытұрым мал жейтін, құмды жер өсімдігі.*

ТҮЙЕТАБАН I ***бот.*** 1. *Таулы аймақтағы өзен жағалаулары мен түбектердегі саздауыт жерде өсетін, жеуге жарамды өсімдік.* 2. *Түйе табанына ұқсас, екі жағы сопақша, дөңгелектене келетін ою-өрнек.*

ТҮЙЕТАБАН II *Сырт пішіні жалпақ, тұрқы қысқа, екі бүйірі қабысыңқы теңіз балығы.*

ТҮЙЕТАЙЛА *Бір жағына еңістеу, жайдағырақ ету.*

ТҮЙЕТАЙЛЫЛАУ *Тік құлама емес, ылдилау, сырғымалы.*

ТҮЙЕТІКЕН ***бот.*** *Қызыл гүлді, тікенді өсімдік.*

ТҮЙЕШІАҒАЛА *Ақ қауырсынды, қаражағал мойынды, тұмсығы мен аяғы сары не алқызыл, кейде қызғылт түсті болып келетін шағала атаулының үлкені.*

ТҮЙЕШІ *Түйе бағатын кісі.*

ТҮЙІЛІК 1. *Түйілу, шиелену.* 2. ***Ауысп.*** *Тастүйін болу, ширығу.* 3. ***Ауысп.*** *Шүйілу, шүйілігу, бастырмалау.*

ТҮЙМЕ *Әртүрлі нұсқадағы ішкі, сыртқы киімге қадалатын дөңгелек зат.* ◊ **Түйме бас** – *әдемі, сұлу, шағын бас.*

ТҮЙМЕДАҚ I *Дәрілік, эфир-майлы, улы өсімдіктерге қатысты біржылдық шөптесін өсімдік.*

ТҮЙМЕДАҚ II *Гүлді жапырақшасы бір-біріне тығыз жанасып, ортадағы сары гүлшоғына жиналған ақ гүлді өсімдік.*

ТҮЙМЕДЕЙ *Түйме сияқты көлемі шағын, кішкентай.* ◊ **Түймедейді түйе-**

дей етті — *болар-болмас мінді үлкен етіп көрсетті.*

ТҮЙМЕЛЕ *Түймесін салу, ілгектеу.*

ТҮЙМЕЛІ *Түймесі бар, түйме қадалған.*

ТҮЙМЕЛІК *Түйме кигізілетін тесік.*

ТҮЙМЕНЕ ***мед.*** *Теріге шығатын ірінді жара.*

ТҮЙМЕШ I *Майлы еттен ішекке салып пісірген шұжық, уақтап турап, майға қуырған ет.*

ТҮЙМЕШ II *Жұдырықпен түйіп-түйіп жібергендік.*

ТҮЙМЕШ III *Дөңгелек, қатырылған дәрі.*

ТҮЙМЕШТЕ *Жұдырығымен нұқып жіберу, түйгіштеу.*

ТҮЙМЕШЕТЕН *Қазақстандағы көпжылдық жабайы шөптесін өсімдік.*

ТҮЙМЕШІК ***мед.*** *Кейбір органдардың ішкі кілегей қабықтары қабыну салдарынан пайда болатын қатерсіз ісік.*

ТҮЙМІШ ***жерг.*** *Самауыр қайнатуға әзірленген, оттыққа сиярлық ұсақ ағаш.*

ТҮЙНЕ *Түйіліп шаншып ауыру, түйреу.*

ТҮЙНЕК I 1. *Тозаңданған өсімдік күлтесінен өніп шыққан жеміс түйіні.* 2. *Қауын-қарбыздың пісіп жетілмей қалған түрі.*

ТҮЙНЕК II *Қой, ешкіде, кейде адамда да болатын, түйіліп ауыратын іш ауруы.*

ТҮЙНЕКТЕ *Түйнек салу, түйнек тастау.*

ТҮЙНЕКТІ *Түйнегі бар, түйнек байланған.*

ТҮЙНЕКШЕ *Кішкене жеміс түйнегі.*

ТҮЙНЕМЕ *Адамның ішкі ағзасы түйіліп ауыратын жұқпалы ауру.*

ТҮЙРЕ 1. *Сұғып алу, шаншу.* 2. ***Ауысп.*** *Жер-жебіріне жеткізе сынау, шенеу.*

ТҮЙРЕГІШ *Сынағыш, шенегіш.*

ТҮЙРЕЛЕ 1. *Үсті-үстіне түйреу, шанышқылау.* 2. ***Ауысп.*** *Сынаған үстіне сынай түсу.*

ТҮЙРЕУІШ *Түйреп, бекітіп қоюға арналған, темірден істелген бұйым.*

ТҮЙРЕУІШТЕ *Түйреп қою, түйреп тастау.*

ТҮЙСІК 1. *Сананың, ақыл-ойдың тіміркенуі арқылы болатын сезіну қабілеті.* 2. ***Ауысп.*** *Ақыл-ой, сезім, зейін.*

ТҮЙСІКСІЗ *Ақылы шамалы, түсінігі аз.*

ТҮЙСІКСІЗДІК *Түйсігі жоқ, ақылсыздық.*

ТҮЙСІКТЕ *Тани білу, түйсіну.*

ТҮЙСІКТЕН 1. *Болмысты түсіне білу.* 2. ***Ауысп.*** *Сезіктену, күдіктену.*

ТҮЙСІКТІ *Түйсігі бар, сезгіш.*

ТҮЙСІН *Сезім арқылы қабылдау, ақылға түю.*

ТҮЙСІНГІШ *Түйсіне білетін, сезгіш.*

ТҮЙТЕ *Мұқал, тоқал, майырылған.*

ТҮЙТЕЛЕН *Қажу, тозу, мұқалу.*

ТҮЙТКІЛ *Күдік, сезім, реніш.*

ТҮЙТКІЛДЕ *Көңілге сезік түсу, реніш тудыру.*

ТҮЙТКІЛЖІ *Көңілі толқу, қобалжу.*

ТҮЙТКІЛІК *Көңіл кірбіңі, реніш.*

ТҮЙТКІЛІС *Қобалжу, толқу, әбігерлену.*

ТҮЙТПЕК *Ұсақ-түйек жұмыс, өнбейтін күйбең.*

ТҮЙТПЕКТЕ *Босқа отырмай күйбеңдеу, түйтіңдеу.*

ТҮЙТІК I *Ұсақ-түйек шаруа, тұртпек, түйтің.*

ТҮЙТІК II *Көңілге түскен қаяу, түйткіл.*

ТҮЙТІКСІЗ *Түйтіңді, көп күтімді қажет етпейтін.*

ТҮЙТІҢ ***қарап.*** *Ұсақ-түйек шаруа, түйтек.*

ТҮЙТІҢДЕ *Оны-мұны шаруасымен күйбеңдеу.*

ТҮЙІЛ 1. ***ыр. етіс*** *Түй-іл.* 2. *Астың өңеште аз кідіріп өтпей қалуы.* 3. ***Ауысп.*** *Төну, шұқшию, ентелеу.* 4. ***Ауысп.*** *Тығылу, тұтығу.*

ТҮЙІН I 1. *Бір нәрсенің түйіліп, шиеленісіп байланып қалған жері.* 2. ***Ауысп.*** *Қорытынды, байлам.*

ТҮЙІН II 1. *Өсімдік күлтесінің төменгі жағынан пайда болған жеміс*

түйнегі. 2. ***Ауысп.*** *Теріге шығатын бүртік.*

ТҮЙІНДЕ I 1. *Айқастыра тартып байлау, түйін жасау.* 2. ***Ауысп.*** *Қорытындылау, жинақтау.*

ТҮЙІНДЕ II *Жемістің түйнек салуы, байлауы.*

ТҮЙІНДІ *Түйіні бар; нәтижелі, тиянақты.*

ТҮЙІНСІЗ 1. *Байланған түйіні жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Нәтижесіз, мәнсіз.*

ТҮЙІНШЕК 1. *Оралған, буылған оны-мұны зат, буыншақ.* 2. *Адам ойындағы бүкпе пікір.*

ТҮЙІНШЕКТЕ *Түйіншек жасау, орап буу.*

ТҮЙІР 1. *Өсімдіктің бір тал дәні, тұқымы.* 2. *Белгілі бір заттың кішкене бөлігі.*

ТҮЙІРЛЕ *Түйір-түйір ету, ұсақтау, майдалау.*

ТҮЙІРТПЕК 1. *Жұмарланған түйін-түйін зат, буылтық.* 2. ***Ауысп.*** *Жайсыз хабар, жағымсыз сөз.*

ТҮЙІРТПЕКТЕ *Түйіртпек-түйіртпек болу, улектену.*

ТҮЙІРШІК *Заттың ең ұсақ бөлшегі.*

ТҮЙІРШІКТЕ *Түйіршік жасау, түйір-түйір ету.*

ТҮЙІС 1. ***орт. етіс*** *Түй-іс.* 2. *Бір-бірімен кезігу, жолығысу.*

ТҮЙІСПЕ *Бірнеше нәрсенің түйіскен жері.*

ТҮК I 1. *Жан-жануардың денесінде болатын майда жүн, қыл.* 2. ***Ауысп.*** *Өсімдікте, тағы басқада болатын майда талшықтар.* ◊ **Түгімен жалмайды** — *обыр, қомағай.* **Түгін тартса, майы шығады** — *өте семіз мал немесе құнарлы жер.*

ТҮК II *Ештеме, дәнеме.* ◊ **Түкке тұрмайды** — *іске алғысыз, ештемеге жарамайды.*

ТҮКПІР 1. *Кісі көзінен алыстау, таса жер, қалтарыс.* 2. *Қиыр шет, алыс жер.*

ТҮКПІРЛЕ 1. *Алыстай беру, жырақтау.* 2. ***Ауысп.*** *Жеріне жеткізу, тереңдеу.*

ТҮКПІРЛІ *Қыр-сыры, қалтарысы көп.*

ТҮКСИ *Қабағын түю, жақтырмаған, ашулы кейіп көрсету.*

ТҮКСІК: түксігін салды — *жаратпаған пішін көрсетті.*

ТҮКТЕ *Астық дәнін келіге түйіп, қауызынан ажырату.*

ТҮКТЕН *Түк шыға бастау.*

ТҮКТІ *Түгі бар, түгі қалың.*

ТҮКШЕ *Өте майда түк.*

ТҮКІР *Ауызға жиналған сілекейді тастау.*

ТҮКІРГІШ *Түкіру үшін қойылған ыдыс.*

ТҮКІРІК *Сілекей бездерінен бөлініп шығатын сұйықтық.*

ТҮКІРІКТЕ *Түкіріп жіберу, сілекейлеу.*

ТҮЛЕ 1. *Көктем кезінде жан-жануар жүнінің түсуі.* 2. ***Ауысп.*** *Жаңару, құлпыру.*

ТҮЛЕЖІ *Ажарлану, құлпыру, өңі кіру, түрлену.*

ТҮЛЕЙ *Жапан түз, жалпақ дала, ұшы-қиырсыз қашықтық.*

ТҮЛЕК 1. *Құстың түлеуіне байланысты жас мөлшері.* 2. *Қыран құстың жасқа толған, бабына келген ұшар кезі.* 3. ***Ауысп.*** *Жас ұрпақ, жас буын, жеткіншек.*

ТҮЛЕКТЕ *Түлеу, түлежу; шығыгу.*

ТҮЛЕКТІ *Жүні түсіп түлеген.*

ТҮЛЕМЕ *Түлеуге айналған, жүні көпсіген.*

ТҮЛЕН: Түлен түртті — *сайтан түртіп бір бәлеге ұрынды.*

ТҮЛКІ 1. *Терісі бағалы, үлпек құйрықты, ит тұқымдас жыртқыш аң.* 2. ***Ауысп.*** *Айласы көп, қу, әккі, залым.* ◊ **Түлкібұланға (жортаққа) салды** — *жалтарта қулыққа басты.* **Түлкі жортпас түлей** — *қалың, ну орман.*

ТҮЛКІҚҰЙРЫҚ I ***бот.*** *Құмды жерде өсетін, басында үлтілдегі бар өсімдік.*

ТҮЛКІҚҰЙРЫҚ II *Алдампаздық, әуреге салушылық, қулық.*

ТҮЛКІМАСАҚ ***бот.*** *Масағы күлтелі боп келетін бұршақ тұқымдас өсімдік.*

ТҮЛКІШЕ *Түлкіге ұқсап, сиқырланып.*

ТҮЛІК *Малдың төрт түрінің жиынтық аты.*

ТҮЛІК: азық-түлік – *ішіп-жем, тамақ.*

ТҮЛІКТЕН *Белгілі бір мал түрінің өніп-өсуі, көбеюі.*

ТҮЛІКТІ: төрт түлікті – *ауқатты, әлді, бай.*

ТҮМЕН ***көне*** *Саны он мыңға жететін әскери бөлік.*

ТҮМЕНБАСЫ *Он мыңдық сарбаздың қолбасшысы.*

ТҮН *Тәуліктің кешкі уақыттан таңертеңгілікке дейінгі аралығы.* ◊ **Түн ауа** – *түн ортасы өткесін.* **Түн баласына [бойы]** – *күннің батуынан таңның атуына дейін, түні бойы.* **Түн ортасы** – *түннің жартысынан ауған мезгіл.* **Түн үйқысын төрт бөлді** – *түні бойы дамыл көрмеді, көз ілмеді.*

ТҮНГІ *Түн ішіндегі, түнде істелетін.*

ТҮНДЕЛЕТ *Түні бойы жүру, түн қату.*

ТҮНДІК *Киіз үйдің шаңырағын жауып тұратын, жаңбыр өткізбейтін, күн түсірмейтін төрт бұрышты шағын киіз.* ◊ **Түндігін теріс айналдырды** – *әлекшәлегін шығарды, астан-кестен қылды.* **Түндік басы** – *түтін түтеткен әрбір үй.*

ТҮНДІКТЕ *Киіз үйге түндік жабу.*

ТҮНДІКТЕС *Отандас, жерлес, туыстас.*

ТҮНЕ 1. *Қону, түнеп шығу.* 2. ***Ауысп.*** *Құлшылық ету, сиыну, табыну.*

ТҮНЕК 1. *Көзге түртсе көрінбейтін қараңғылық.* 2. ***Ауысп.*** *Ел басына түскен ауыртпалық, нәубет.*

ТҮНЕМЕ *Түнеп шығатын жай, орын.*

ТҮНЕМЕЛ 1. *Түнеп, қонатын орын, жататын жер. Сиыр қора, мал жататын орын.* 2. *Түн асқан, өткен күннен қалған қымыз.* ◊ **Түнемел қап** – *туристерге арналған арнайы "төсек".*

ТҮНЕМЕЛДЕ *Бір жерге түнеу, қону.*

ТҮНЕМЕЛЕТ *Қорада айдап келмей, өрісте түнету.*

ТҮНЕМЕЛІК *Жататын, түнгі үйқыға кететін кез.*

ТҮНЕР 1. *Күннің жаууға айналуы, күңгірт тартып қарауытуы.* 2. ***Ауысп.*** *Қабағын түю, түнжырау.*

ТҮНЕРІҢКІ 1. *Түнерген, қарауытқан, бұлыңғыр.* 2. ***Ауысп.*** *Қабағы жабыңқы, қатулы.*

ТҮНЕУГҮНГІ *Бұдан бірнеше күн бұрынғы.*

ТҮНЕУГҮНІ *Бұдан бірнеше күн бұрын.*

ТҮН-ТҮНЕК *Тастай қараңғы түн.*

ТҮҢІЛ *Күдер үзу, қол үзу, безу.*

ТҮҢІЛГІШ *Күдер үзгіш, безгіш, торыққыш.*

ТҮҢІЛУШІЛІК *Күдер үзушілік, безушілік, торығушылық.*

ТҮҢІЛІС I *Күдер үзушілік, торығушылық.*

ТҮҢІЛІС II ***орт. етіс*** *Түңіл-іс.*

ТҮП 1. *Су қоймаларының астындағы жер қабаты.* 2. *Іші қуыс нәрсенің төменгі қабаты, асты.* 3. *Ағаштың, шөптің, тағы басқаның жерге сіңіп тұрған бөлігі.* 4. *Өсіп тұрған өсімдіктің әрбір тобы, шоғы, бұта.* 5. *Бір нәрсенің жаны, қасы.* 6. *Шыққан тегі, негізі.* 7. ***Ауысп.*** *Ақыры, соңы, тоқтар жері.* ◊ **Түбі бірге түспейді** – *тегі бірдің алалығы жоқ.* **Түбіне жетті** – *құртты; мерт қылды.* **Түп жоқ** – а) *шек жоқ, есебі жоқ;* ә) *мешкей, жалмауыз.* **Түптамыры** – *арғы түбі, негізі.*

ТҮПКІ 1. *Түкпірдегі, шеткі.* 2. ***Ауысп.*** *Негізгі, бастапқы.*

ТҮПКІЛІКТІ *Тұрақты, түбегейлі, баянды.*

ТҮПНҰСҚА *Алғашқы негіз, бастапқы нұсқа.*

ТҮПСІЗ *Түбі жоқ тұңғиық.*

ТҮПСІЗДІК *Түпсіз болушылық, тереңдік.*

ТҮПТЕ 1. *Өсімдіктің түбін топырақпен қомақтап көму.* 2. *Өсімдіктің тамырлануы, тамыр жаю.* 3. *Затқа түп жасау, жамап-жасқау.* 4. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені шегіне жеткізу, тереңдеп бару.* ◊ **Түптеп келгенде** — *турасын айтқанда, шынтуайтқа келгенде.*

ТҮПТЕС *Түп негізі бір, аталас.*

ТҮПТЕУІШ *Түп жасаушы, бір түпке біріктіруші.*

ТҮП-ТҰҚИЯН *Үрім-бұтақ, ататек.*

ТҮП-ТҮГЕЛ *Шып-шырғасы шықпаған, барлығы тегіс.*

ТҮП-ТҮЗУ *Түп-тура, тіп-тік, түп-түзу.*

ТҮР I *Бет-әлпет, өң-түс, пішін.* ◊ **Түрі қашты** — *өңі бұзылды, қуарды, қорқып кетті.*

ТҮР II *Белгілі бір заттың біртекті тобы.*

ТҮР III *Бір нәрсенің шетін жоғары қарай шиыршықтап қайыру, көтеру.* ◊ **Түре қуды** — *өкшелеп, соңына түсті.*

ТҮРЕГЕЛ *Отырған орнынан тұру; жатқан жерінен аяғымен тік тұру.*

ТҮРЕН *Соқаның жерді жыртатын тісі, пышағы.*

ТҮРКІ: түркі тілдері — *қазақ, өзбек, қырғыз, әзірбайжан, түрікмен, татар, башқұрт т. б. туыстас халық тілдері.* **Түркі халықтары** — *әдет-ғұрып, салт-сана, тілдері ұқсас туысқан, түркі тұқымдас халықтар.*

ТҮРЛЕ 1. *Әрін кіргізу, әдемілеу, сәндеу.* 2. *Түр-түрге бөлу, әртүрлі ету.*

ТҮРЛЕС *Түрі ұқсас, реңдес, кейіптес.*

ТҮРЛІ *Әр алуан, әрқилы.*

ТҮРЛІШЕ *Әртүрлі, түрлі-түрлі.*

ТҮРМЕ I *Қылмыстыларды қамайтын орын, абақты.*

ТҮРМЕ II *Бір заттың түріліп тұратын бөлігі.*

ТҮРМЕЛЕ *Түрмеге қамау.*

ТҮРМЕШІ *Түрмені бақылайтын кісі.*

ТҮРПІ 1. *Ағаштың кедір-бұдырын тегістеуге арналған құрал.* 2. ***Ауысп.*** *Дөрекі, оғаш.*

ТҮРПІДЕЙ *Түрпі сияқты.* ◊ **Түрпідей тиді** — *ұнамады, жақпады.*

ТҮРПІЛЕ *Кедір-бұдырын түрпімен тегістеу.*

ТҮРПІЛІК *Түрпі болушылық, дөрекілік, тұрпайылық.*

ТҮРСІЗ *Сиықсыз, өңсіз.*

ТҮРСІЗДІК *Түрсіз болушылық, әрсіздік.*

ТҮРТ 1. *Бір нәрсемен біреуді, бірдемені нұқу.* 2. ***Ауысп.*** *Еске сақтау үшін жазып алу.* ◊ **Түрт сайтан [шайтан]** — *бір бәле туса екен деп айтақтады, шоқ-шоқ деді.*

ТҮРТЕК *Оны-мұны күйбең жұмыс, қыбыр-қыбыр әрекет.*

ТҮРТЕКТЕ *Бір нәрсеге машықтану, үйренуге талпыну.*

ТҮРТИ *Дүрдию, бұртию.*

ТҮРТКІ 1. *Бір істің басталуына әсер ететін себеп-салдар, қозғау.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуден көрген зәбір-жапа, қорлық, күғын.*

ТҮРТКІЛЕ 1. *Қайта-қайта түрту, нұқу.* 2. ***Ауысп.*** *Не болса соны сылтау ғып мазалау, тиісу.*

ТҮРТКІШТЕ *Қайта-қайта түрту.*

ТҮРТПЕК 1. *Қайта-қайта түртушілік, нұқушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Қақ-соқ, құғын-сүргін.*

ТҮРТПЕКТЕ 1. *Қайта-қайта түрткілеу, шұқылау.* 2. ***Ауысп.*** *Оны-мұны жұмыс істеу, әрекеттену.* 3. ***Ауысп.*** *Шет пұшпақтап сыр тарту, бірдемені білгісі келу.*

ТҮР-ТҮРІ *Әлденеше түрге қарай топталу, жинақталу.*

ТҮРТІНЕК *Оны-мұны күйбең іс.*

ТҮРТІНЕКТЕ 1. *Қайта-қайта түртіп байқау, іздеу.* 2. ***Ауысп.*** *Ептеп-септеп өз бетінше іздену, қарастыру.* 3. ***Ауысп.*** *Ашып айта алмау, кібіртіктеу, күмілжу.*

ТҮРТІНШЕК 1. *Әр нәрсені бір түртқілей беретін, түртімпаз.* 2. *Бірдемені білуге ізденіп, талпынушылық.*

ТҮРТІНШЕКТЕ 1. *Қайта-қайта түрткілеу, бір нәрсені қоймай іздеу.* 2. ***Ауысп.*** *Оны-мұны жұмыс істеу.*

ТҮРШІК *Тітіркену, сескену, шошыну.*

ТҮРІК I 1. *Қазақ және қырғыз, өзбек, татар, башқұрт, түркмен, әзірбайжан т. б. туыстас халықтардың арғы атасы, ежелгі замандағы біртұтас этнос.* 2. *Түркияның негізгі тұрғын халқы.*

ТҮРІК II 1. *Көтеріңкі, түрілген, дүрдиген.* 2. *Сақ, көреген.*

ТҮРІҢКІ 1. *Жоғары қарай қайырылған, түрілген, көтеріңкі.* 2. ***Ауысп.*** *Ширақ, қағылез, пысықай.*

ТҮС I *Күннің орта мезгілі, сағат бір кезі.* □ **Тал түс** — *күндіз, дәл түс кезі.* **Түстен кейін** — *күннің 2-жартысында, түс ауа.*

ТҮС II *Үйқы кезінде елестелетін әртүрлі көрініс, бейне.* ◊ **Түс жорыды** — *түсте көргенінің өңінде неге айналатынын жорамалдап болжам айтты.*

ТҮС III *Әртүрлі, алуан бояу.* □ **Түс ат *көне*** — *қалыңмалдың сыртында құдаға берілетін қалаулы ат.*

ТҮС IV *Адамның кескін-келбеті, бет пішіні.* ◊ **Түс шайысты [жыртысты]** — *қатты сөзге келісті, ренжісті.* **Түсі жылы** — *жарқын жүзді, мейірімді.* **Түсі игіден түңілме** — *келбеті келген адамнан күдер үзбе.* **Түсі суық** — *жүзі қорқынышты, қатаң.*

ТҮС V 1. *Биіктен, жоғарыдан, төмендеу, жерге түсу.* 2. *Бір жерге келіп орналасу, кіру, орнығу.* 3. *Қызметтен босау, айырылу.* 4. *Жыл мерзімінің келуі.* 5. *Дәл, сай келу.* 6. *Келін боп келу.*

ТҮСКІ *Түс кезіндегі, тал түстегі.*

ТҮСКІЛІК 1. *Түскі уақыт, түскі мезгіл.* 2. *Түс кезінде ішілетін тамақ, түстік.*

ТҮССІЗ *Түсі жоқ, мөлдір, тұнық.*

ТҮССІЗДЕН *Түссіз күйге көшу, мөлдір болу.*

ТҮССІЗДЕУ *Түсі солғындау, күңгірттеу.*

ТҮСТЕ *Сырт пішініне, түсіне қарап тану, ажырату, анықтау.* ◊ **Түстеп қарады [таныды]** — *назар аударып қарады, жете барлады.*

ТҮСТЕН I *Түскі тамақ жеу, түстік ішу.*

ТҮСТЕН II *Белгілі бір түске ие болу, түсін өзгерту.*

ТҮСТЕНІС *Түскі тамақ ішушілік.*

ТҮСТЕС *Бір түске жататын, түсі ұқсас, пішіндес.*

ТҮСТҮЙЕ *Екі таза жампоздың ұрпағы.*

ТҮСТІ *Түсі айқын; белгілі, айқышты.* **Түсті металл** — *алтын, күміс, қорғасын, мыс сияқты қазба байлығының жалпы атауы.*

ТҮСТІК I *Оңтүстік жақ.*

ТҮСТІК II *Түс кезінде ішіп-желінетін тамақ, түскі ас.* ◊ **Түстік жер (жол)** — *көлікпен жарты күнде жететін қашықтық.*

ТҮСІК *Туылар мерзіміне жетпей түскен өлі төл, жансыз нәресте.*

ТҮСІМ *Өндірілген өнім, алынған табыс.*

ТҮСІМДІ *Түсімі мол, өнімді.*

ТҮСІМДІЛІК *Түсімділік, өнімділік.*

ТҮСІН *Бір нәрсенің мән-жайын білу, ұғыну.*

ТҮСІНБЕУШІЛІК *Ұқпаушылық, түсіне қоймаушылық.*

ТҮСІНБЕСТІК *Білместік, ағаттық.*

ТҮСІНГІШ *Түсіне білгіш, сезгіш, байқағыш.*

ТҮСІНДІРМЕ I 1. *Бір нәрсенің мән-мағынасын ашатын сипаттама.* 2. *Болған істі жазбаша түрде баяндайтын түсініктеме.* ◊ **Түсіндірме сөздік** — *сөз бен сөз тіркестерінің мағынасын ашып, түсіндіретін лұғат.*

ТҮСІНДІРМЕ II *Белгілі бір мәтінге түсініктеме беру, соны сипаттап өту.*

ТҮСІНДІРМЕЛІ *Түсініктемесі бар.*

ТҮСІНУШІЛІК *Ұғынушылық, ақылға салушылық, тіл табысушылық.*

ТҮСІНІК 1. *Бір нәрсе жайлы қалыптасқан ұғым, анықтама.* 2. *Бір нәрсе туралы берілетін мағлұмат.*

ТҮСІНІКСІЗ *Түсінікті емес, анық емес, күңгірт.*

ТҮСІНІКСІЗДЕУ *Оншалық түсінікті емес.*

ТҮСІНІКСІЗДІК *Түсініксіз болушылық, түсініспеушілік.*

ТҮСІНІКТЕМЕ *Сөйлеген сөз, мәтін, тағы басқа нәрсе жайлы деректеме, анықтама, түсіндірме.*

ТҮСІНІКТІ *Белгілі, анық, айқын.*

ТҮСІНІКТІЛЕУ *Анығырақ, түсініктірек.*

ТҮСІНІКТІЛІК *Айқындылық, анықтылық.*

ТҮСІНІКТІРЕК *Айқынырақ, анығырақ.*

ТҮСІНІМПАЗ *Тез түсінгіш, ұғымтал.*

ТҮСІНІСПЕУШІЛІК *Бірін-бірі ұға алмаушылық, келіспеушілік.*

ТҮСІҢКІ 1. *Төмен түскен, салбыраңқы.* 2. ***Ауысп.*** *Жабығыңқы, реніште.*

ТҮСІРУЛІ *Түсіріліп қойылған, түсіп тұрған.*

ТҮТ *Жүнді, мақтаны созып қопсытып, түйіртпегінен ажырату, ұлпалау.* ◊ **Түтіп жеді** — *жан-жақтан талады, жүндей түтті.*

ТҮТЕ 1. *Түтіннің бұрқырап шығуы; түтіндеу.* 2. *Қардың, желдің алай-түлей бораулы.* 3. ***Ауысп.*** *Ашудан булығу, түтігу.* ◊ **Түтесі шықты** — *быт-шыт болып жыртылды.*

ТҮТЕК *Алай-түлей ызғарлы боран.*

ТҮТЕКТЕН: ақ түтектенді — *боран қарды ұшырып, үйытқып соқты.*

ТҮТЕЛЕ 1. *Түте-түтесін шығару, жүнін жұлу.* 2. *Жүнді, мақтаны созып қопсыту, түту.* 3. ***Ауысп.*** *Пәре-пәресін шығару, жырту.*

ТҮТЕТУСІЗ *Түтіні түтетілмей қалу.*

ТҮТЕ-ТҮТЕ *Жүні шығып түтеленген, қобыраған.* ◊ **Түте-түтесі шықты** — *түтеленді, жыртылды, тозды.*

ТҮТІК I *Іші қуыс, сырты жұмыр, жіңішке құбыр.*

ТҮТІК II 1. *Ыстықта қатты шаршау, шөліркеу.* 2. ***Ауысп.*** *Ашудан булығу, терісіне сыймау.*

ТҮТІКШЕ *Жіңішке әрі қысқа түтік.*

ТҮТІН 1. *Оттан будақтап тарайтын көкшіл немесе қарақошқыл тұман сияқты зат.* 2. ***Ауысп.*** *Өз алдына бөлек үй-жай, отбасы.*

ТҮТІНДЕ *Түтін шығу, бықсу.*

ТҮТІНДІК *Түтін жолы, мұржа.*

ТҮУ I *Ұнатпау, кею, таңдану сияқты көңіл күйді білдіретін одағай.*

ТҮУ II *"Сонау" магынасындағы сілтеу есімдік.*

ТҮУ: түу деген түкірігі жерге түспейтін — *қақаған аяз.*

ТҮФУ *Жиіркену мәніндегі көңіл күй одағайы.*

ТҮШКІР *Кенет ауыз-мұрыннан түкірік шаша, қатты күшпен ерекше дем шығару.*

ТҮШКІРІК *Ауыз бен мұрнынан түкірік шаша, еріксіз қатты шыққан пысқырық.*

ТЫҒУЛЫ *Тығылып қойылған, жасырын.*

ТЫҒЫЗ 1. *Өте жиі, қалың.* 2. *Мықты, берік.* 3. ***Ауысп.*** *Асығыс, шүгыл, тығыл-таяң.*

ТЫҒЫЗДА *Ныгыздау, ныгарлау.*

ТЫҒЫЗДАУ 1. *Жиілеу, қалыңдау.* 2. ***Ауысп.*** *Асығыстау, қысылтаяңдау.*

ТЫҒЫЗДЫҚ 1. *Жиілік, қалыңдық.* 2. *Мықтылық, беріктік, қаттылық.* 3. *Тығыл-таяңдық, асығыстық.*

ТЫҒЫЗТАЯҢ *Асығыс-үсігіс, қысылтаяң.*

ТЫҒЫЛ 1. *Көрінбей бой тасалау, жасырыну.* 2. *Ашуланып булығу, үні шықпай қалу.*

ТЫҒЫЛМАҚ *Тығылып ойнайтын ойын, жасырынбақ.*

ТЫҒЫН *Бөтелке сияқты өңеші тар ыдыстың аузына тығатын зат.*

ТЫҒЫНДА *Тығынмен бекіту, тығын тығу.*

ТЫҒЫНДАУЛЫ *Тығындап жабылған.*

ТЫҒЫРШЫҚ *Мығым, шымыр.*

ТЫҒЫРШЫҚТАЙ *Топ-толық, шымыр денелі, жүп-жұмыр.*

ТЫҒЫРШЫН *Дөнежін інген.*

ТЫҒЫРЫҚ I *Малдың мұрын тесігінен мұрындық шықпас, қажамас үшін өткізілген қайыс.*

ТЫҒЫРЫҚ II 1. *Ілгері жүруі, өтуі қиын айналма, түйық жер.* 2. ***Ауысп.*** *Өмірде кездесетін қиыншылық; дағдарыс.* ◊ **Тығырыққа тірелді** — *амалы таусылды, не істерін білмеді.*

ТЫҒЫРЫҚТА *Тұйыққа тіреу, бұлтартпау, еркіне қоймау.*

ТЫЖЫР *Тыржию, тыжыраю.*

ТЫЖЫРАЙ 1. *Тыжыру, тыржию.* 2. ***Ауысп.*** *Мұрнын шүйіру, жақтырмау, ұнатпау.*

ТЫЖЫРАҢДА *Тыржың-тыржың ету.*

ТЫЖЫРЫҢҚЫ *Қатпарланған, тыжырынған; жақтырмаған.*

ТЫЗ: тыз етті — *тызылдап ауырды, дуылдады.*

ТЫЗАҚТА *Тызақ қағу, безектеу.*

ТЫЗАЛАҚТА *Күйіп-пісіп быжылдау, шыжалақтау.*

ТЫЗЫҚ *Безек қағу, безектеу, тызақ қағу, шыжалақтау.*

ТЫЗЫЛ *Тыз-тыз еткен үн, дыбыс.*

ТЫЗЫЛДА 1. *Тыз-тыз ету, ызылдау.* 2. *Ашыту, дуылдату.* 3. ***Ауысп.*** *Безектеу, тызақ қағу, шыжалақтау.*

ТЫЗЫЛДАҚ *Тыз-тыз еткіш, шыдамсыз, күйіп-піскіш.*

ТЫЙ *Жағымсыз қылық, іс-әрекетке тыйым салу, қойдыру.*

ТЫЙЫМ *Тежеу, тоқтам.* ◊ **Тыйым салды** — *рұқсат бермеді, тыйды.*

ТЫЙЫМСЫЗ *Тоқтамы жоқ, тыйым көрмеген, бөгетсіз.*

ТЫҚ I 1. *Үшкірлеу нәрсені бір затқа сұғып алу, қадау.* 2. *Бір заттың ішіне екінші бір затты салу.*

ТЫҚ II 1. *Көзден таса ғып жасыру, көрсетпей қою.* 2. ***Ауысп.*** *Түрмеге қамау, жауып қою.*

ТЫҚ: тық етті — *тықылдаған дыбыс шықты.*

ТЫҚАҚТА *Соңына түсіп тықақ қағу, тақымдау.*

ТЫҚАҚТЫҚ *Қыспаққа алғыштық, маза бермеушілік.*

ТЫҚҚЫШТА 1. *Қайта-қайта тығу, тыға түсу.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір затты басқаға көрсетпеу, жасыру.*

ТЫҚПАЛА 1. *Бірдемені еріксіз беру, ал деп қыстау.* 2. ***Ауысп.*** *Өз ойын, идеясын орынды-орынсыз қыстыру, кірістіру.* 3. ***Ауысп.*** *Күштеп орналастыру, кіргізіп жіберу.*

ТЫҚСЫР *Жеделдетіп қуу, соңына түсіп ығыстыру.*

ТЫҚ-ТЫҚ *Қайталанып тықылдаған дыбыс.*

ТЫҚЫЛ *Тық-тық еткен дыбыс.*

ТЫҚЫЛДА 1. *Тық-тық еткен дыбыс шығу.* 2. ***Ауысп.*** *Тық-тық етіп жылдам сөйлеу.* ◊ *Тық-тық еткен, тықылдап қалған.* 2. *Ширақ сөйлейтін, тақылдақ.*

ТЫҚЫР I *Тық-тық еткен, тықырлаған дыбыс.* ◊ **Тықыр таянды** — *қауіп-қатер төнді, жаны қысылды.*

ТЫҚЫР II *Өскелең емес, қысқа.*

ТЫҚЫРАҢ *Тық-тық еткен қылық.*

ТЫҚЫРАҢДА *Тықыраң-тықыраң ету, тықақтау.*

ТЫҚЫРЛА I *Тықыр-тықыр ету, тысырлау.*

ТЫҚЫРЛА II *Қысқа етіп кесу, тақырлап алу.*

ТЫҚЫРЛАУ *Тықыр келген, тықырланған.*

ТЫҚЫРШЫ *Шыдамсыздану, мазасыздану, дегбірсіздену.*

ТЫЛ *Соғыс майданынан алыста жатқан жер, ел іші.*

ТЫЛСЫМ 1. *Тыным, тыныштық, жым-жырт.* 2. *Белгісіз, жасырын, құпия.*

ТЫЛСЫМДА *Кідіріс жасау, тыныштық таптыру.*

ТЫЛСЫМДЫ *Тылсымға толы, сырлы.*

ТЫЛСЫМДЫҚ *Тылсым болушылық, тыныштық.*

ТЫЛТИ *Киімнің денеге шақ болмай, қысқа келуі, шолтию.*

ТЫЛТИМА ***қарап****. Тылтиған, қыпқысқа, шоп-шолақ.*

ТЫМ *Өте, аса.* ◊ **Тым болмаса (құрыса)** — *ең болмаса, ең құрығанда.*

ТЫМАҚ *Аң терісінен жасалып, суықта киетін баскиім.*

ТЫМАҚША *Тымақ тәрізді, секілді, жеп-жеңіл.*

ТЫМПИ I *Үн, дыбыс шығармай, ойнайтын ойын түрі.*

ТЫМПИ II *Жұмған аузын ашпау, үндемеу.*

ТЫМПИМА *Сыртқа шығарып ештеме айтпайтын, іштен тынған.*

ТЫМПЫЛДАҚ *Тақылдақ, пысықай.*

ТЫМПЫҢ: тымпың қақты – *тез-тез басып жүрді, тымпыңдады.*

ТЫМПЫҢДА *Тез-тез басу, томпаңдау.*

ТЫМСЫРАЙ *Сөйлемеу, үндемеу, тымпию.*

ТЫМ-ТЫРАҚАЙ *Жапа-тармағай, бет-бетімен.*

ТЫМ-ТЫРАҚАЙЛА *Жапа-тармағайлау, бет-бетімен қашу.*

ТЫМ-ТЫРЫС *Жым-жырт, тып-тыныш, үн-түнсіз.*

ТЫМЫҚ *Желсіз, тыныш, жым-жырт.*

ТЫМЫҚТАУ *Тыныштау, тынықтау, желсіздеу.*

ТЫМЫҚТЫҚ *Желсіздік, тыныштық.*

ТЫМЫРАЙ *Сөйлемей үнсіз отыру.*

ТЫМЫРСЫ *Ешбір жел соқпай қапырықтану.*

ТЫМЫРСЫҚ 1. *Желсіз, тынық, қапырық.* 2. ***Ауысп.*** *Сыр ашпайтын, сөйлемейтін.*

ТЫМЫРСЫҚТАН *Қапырықтану, тымырықтану.*

ТЫМЫРСЫҚТАУ *Аздап тымырсық, қапырықтау.*

ТЫМЫРСЫҚТЫҚ *Тымырсық болушылық, қапырықтық.*

ТЫН 1. *Белгілі бір іс-әрекеттің бітуі, аяқталуы.* 2. *Тым-тырыс болу, тыныштау.*

ТЫНБА *Тыныштық көрмеу, дамыл таппау.*

ТЫНДЫРЫМДЫ *Тиянақты, ұқыпты.*

ТЫНДЫРЫМДЫЛЫҚ *Тындырымды болушылық.*

ТЫНДЫРЫМПАЗ *Тиянақты, тыңғылықты, тындырымды.*

ТЫНЖЫ *Сүті мол, асылтұқымды сиыр.*

ТЫНШЫ *Тыным тауып, алаңсыз болу, жаны жай табу.*

ТЫНШЫҚ *Тыным алу, тыныштау, тыншығу.*

ТЫНЫҚ *Тыным табу, демалу.*

ТЫНЫМ 1. *Дамыл, тыныштық, маза.* 2. ***Ауысп.*** *Шешімі, тоқетері.* ◊ **Тыным алмады** – *дем алмады, дамыл таппады.* **Тыным бермеді** – *тыныштық көрсетпеді.* **Тыным таппады [көрмеді]** – *мазасы кетті, тынбады.*

ТЫНЫМДА *Тыным табу, тыныштау.*

ТЫНЫМДЫ *Істеген ісін тындырғыш, тиянақты, ұқыпты.*

ТЫНЫМСЫЗ *Тынымы жоқ, тыным таппайтын, мазасыз.*

ТЫНЫМСЫЗДАН *Мазасыздану, тыным таппау.*

ТЫНЫМСЫЗДЫҚ *Тынымсыз болушылық.*

ТЫНЫС 1. *Ауа жұтып, тыныстағандық.* 2. ***Ауысп.*** *Тіршілік, өмір.* ◊ **Тыныс алды** – *дем алды, тыныстады.* **Тыныс белгісі** ***грамм.*** – *сөйлемдегі қызметіне қарай сөз соңынан немесе сөйлемнен кейін қойылатын белгі.* **Тыныс жолы** – *дем алыс жолы, тыныс мүшелері.*

ТЫНЫСТА *Ауа жұтып, дем алу.*

ТЫНЫСТАС *Біліктес, байланысты, сабақтас.*

ТЫНЫСТЫ: кең тынысты – *ауқымы кең, қамтыған оқигасы мол.*

ТЫНЫШ 1. *Жым-жырт, үнсіз.* 2. *Алаңсыз, уайым-қайғысыз.* ◊ **Тыныш таптырмады** – *тыным бермеді.* **Тынышы кетті** – *мазасы болмады, тынышсызданды.*

ТЫНЫШСЫЗ *Тыным таппайтын; мазасыз.*

ТЫНЫШСЫЗДАН *Мазасыздану, шыдамсыздану.*

ТЫНЫШТАЛ *Дамыл табу, саябырсу.*

ТЫНЫШТЫ *Алаңсыз, жайлы.*

ТЫНЫШТЫҚ 1. *Тым-тырыстық.* 2. *Бейбітшілік, бейбіт өмір.*

ТЫНЫШЫРАҚ *У-шусыз, жайлырақ.*

ТЫҢ I *Күш-қуаты мол, әлді, қайратты.*

ТЫҢ II *Бұрын жыртылып айдалмаған, егістікке пайдаланбаған жер.* 2. ***Ауысп.*** *Соны, жаңа.*

ТЫҢ: тың тыңдады – *біреудің сөзін жасырын тыңдады.*

ТЫҢАЙ *Әлдену, қуаттану, тыныгу.*

ТЫҢАЙТҚЫШ *Топырақтың құнарлылығын, егіс шығымдылығын арттыру үшін пайдаланылатын зат.*

ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ *Істеген ісіне тиянақты, ұқыпты, ықтиятты.*

ТЫҢҒЫЛЫҚТЫЛЫҚ *Ұқыптылық, тиянақтылық.*

ТЫҢДА *Құлақ қою, зер сала есту.*

ТЫҢДАҒАНСЫ *Тыңдаған болу, тыңдаған сыңай білдіру.*

ТЫҢДАЙ *Тың сияқты, бүтіндей.*

ТЫҢҚЫ *Кеңірдегінен келе тойып, көңілі жай табу.*

ТЫҢҚ-ТЫҢҚ *Тыңқылдап шыққан дыбыс.*

ТЫҢҚЫЛДА *Домбыраны жайлап шертіп тарту.*

ТЫҢҚЫЛДАҚ *Тыңқ-тыңқ еткен дыбыс.*

ТЫҢШЫ *Тың тыңдаушы, жансыз.*

ТЫП: тып етті – *жылдам істеді; лып етті.*

ТЫП-ТИПЫЛ *Із-түзсіз, жым-жылас.*

ТЫП-ТИЯНАҚТЫ *Тап-түйнақтай, жинақы.*

ТЫП-ТЫҒЫЗ 1. *Әжептәуір тығыз, қалың.* 2. *Шымыр денелі, тығыршықтай.*

ТЫП-ТЫҚЫР *Әжептәуір тықыр, тап-тақыр.*

ТЫП-ТЫНЫҚ *Тып-тыныш, тылсым, желсіз.*

ТЫП-ТЫНЫШ 1. *Жым-жырт, тым-тырыс.* 2. *Қаннен-қаперсіз, алаңсыз, бейқам.*

ТЫП-ТЫҢ *Әжептәуір тың, әлді.*

ТЫП-ТЫП *Тыпыңдаған дыбыс.*

ТЫПЫЛДА *Тып-тып ету, шырақ басу, жеделдету.*

ТЫПЫҢ: тыпың қақты – *тыпың-тыпың етті, жеделдете басты.*

ТЫПЫҢДА *Тыпың қағу, тыпың-тыпың ету.*

ТЫПЫҢ-ТЫПЫҢ *Тыпың қаққан қимыл.*

ТЫПЫР *Тыпырлаған қимыл әрекет.*

ТЫПЫРЛА *Тыным таппай тыпыртыпыр ету, қимылдау, тыпыршу.*

ТЫПЫР-ТЫПЫР *Тыным таппай тыпырлаған қозғалыс.*

ТЫПЫРШЫ *Тыпырлап қозғала беру, мазасы кету.*

ТЫР: тыр [тырдай] жалаңаш – *үстінде ешқандай киімі жоқ, лыпасыз.*

ТЫРАҒАЙЛА *Бет-бетіне қашу, әркім әр жаққа тырқырау, зыту.*

ТЫРАЙ *Аяқ-қолы жайылып, серейіп жату, сұлау, құлау.*

ТЫРАЙҒАН *Тырбиған, арық, тырақай.*

ТЫРАҚАЙ *Тырбиған арық, жүдеу.*

ТЫРАҢ *Аягы көктен келіп, мұрттай ұшқан, құлаған қимыл.*

ТЫРАҢДА *Аяқ-қолын ербеңдету, тыраң-тыраң ету.*

ТЫРАҢ-ТЫРАҢ *Үсті-үстіне тыраңдаған қимыл.*

ТЫРАУЛА *Тырнаның тырау-тырау деп үн шығаруы.*

ТЫРАШ *Қолында барды бейберекет шашатын, дарақы.*

ТЫРАШТА *Қолынан келмеске тырысу, әрекеттену.*

ТЫРАШТЫҚ *Тыраштанушылық, дарақылық.*

ТЫРБАН *Талпыну, тырысу, әрекеттену.*

ТЫРБАНЫС *Қимыл-әрекет, қозғалыс.*

ТЫРБАҢ *Аяқ-қолын ербеңдеткен іс-әрекет, қимыл, тырбаныс.*

ТЫРБАҢДА *Тырбаң-тырбаң ету, тырбану.*

ТЫРБАҢ-ТЫРБАҢ: тырбаң-тырбаң етті — *аяқ-қолын көтеріп тырбаңдады.*

ТЫРБИ 1. *Аласа боп өсу, тарбию.* 2. *Ет алмай құр сүйек болу, тыртию.*

ТЫРБЫҚ *Тырбиып өспей қалған, аласа, жатаған.*

ТЫРБЫҚАЙ *Ұзын емес, аласа, тырбық, қысқа.*

ТЫРБЫҢ *Жай, баяу, самарқау қимыл, іс-әрекет.* ◊ **Тырбың қақты** — *аяқ-қолын ербеңдетті, тырбаң қақты.*

ТЫРБЫҢДА *Тырбың-тырбың ету; тырбыңдау.*

ТЫРБЫҢ-ТЫРБЫҢ *Аяқ-қолын қыбырлатқан іс-әрекет, ербең-ербең.*

ТЫРЖАҢ *Жақтырмаған, ұнатпаған көңіл күйін білдіретін іс-әрекет, бейне.*

ТЫРЖАҢДА *Бет-аузын тыржаң-тыржаң еткізу.*

ТЫРЖИ 1. *Қатпарланып қыртыстану, қыртыс-тыртыс болу.* 2 *Жақтырмау, жарамтау.*

ТЫРЖЫҢ *Ұнатпаған көңіл күйін бет-аузының қимыл-қозғалысымен аңғартқан, тыржаң.* ◊ **Тыржың етті** — *тыржиып жақтырмады, тыржың етті.*

ТЫРЖЫҢДА *Тыржың-тыржың ету.*

ТЫРИ *Серейіп жату, тыраю.*

ТЫРИҒАН *Арық, жүдеу, тыртиған.*

ТЫРҚ-ТЫРҚ *Тырқылдап шығарған үн, дыбыс.*

ТЫРҚЫЛ *Сықылықтаған, тырқ-тырқ еткен күлкі.*

ТЫРҚЫЛДА *Тырқ-тырқ ету.*

ТЫРҚЫЛДАҚ *Тырқ-тырқ ете беретін; күлегеш.*

ТЫРҚЫРА *Бет-бетімен бытырау, жан-жаққа тарау.*

ТЫРМА *Айдалған жердің топырағын майдалау үшін, шөпті жинау үшін пайдаланатын ауылшаруашылық құралы.*

ТЫРМАЛА 1. *Аяқ я қолымен бір нәрсені тырналау, қазу.* 2. *Айдалған, қазылған топырақты тырмамен қопсыту, майдалау.*

ТЫРМАШЫ *Тырмамен жұмыс істеуші, айдалған жердің топырағын майдалаушы адам.*

ТЫРМЫС *Тырбаңдап бір нәрсеге ұмтылу, өрмелеу, жабысу.*

ТЫРМЫШТА *Бір нәрсені көлденеңінен және тігінен буу.*

ТЫРНА I ***биол.*** *Мойны ұзын, аяқтары сыриған, ірілеу келген жыл құсы.*

ТЫРНА II *Денені тырнақпен тырнау, қасу.* 2. *Қатты заттың денені жыртып кетуі, осып түсуі.*

ТЫРНАҚ 1. *Адам саусақтарының ұшындағы мүйіз өсінді.* 2. *Аң мен құстың қатты да ұшы өткір тұғыры.* ◊ **Тырнағына тұрмады [татымады]** — *деңгейіне келмеді.* **Тырнағын батырды** — *зорлық көрсетті, күштеді.* **Тырнақ астынан кір іздеді** — *бәле қуды, жаманшылық іздеді.*

ТЫРНАҚТАП: тырнақтап жинады — *там-тұмдап, ұқыптап жинастырды.*

ТЫРНАҚТЫ 1. *Тырнағы бар, тырнағы өткір.* 2. ***Ауысп.*** *Азулы, озбыр, күшті, мықты.*

ТЫРНАҚША *Дәйексөздің, төл сөздің, газет-журнал т. б. аттарының, шартты не кекесінді мағынада қолданылған сөздердің екі жағынан қойылатын (“” немесе «») белгі.*

ТЫРНАЛА *Қайта-қайта тырнау.*

ТЫРНАУЫШ *Шабылған шөпті, т. б. жинауға не жерді қопсытуға пайдаланатын ұзын агаш сапты қол тырма.*

ТЫРП: тырп еткізбеді (етпеді) — *орнынан қозғалтпады, тыпыр еткізбеді.*

ТЫРП-ТЫРП *Аяқты тырпылдап басқаннан шығатын үн.*

ТЫРПЫЛ *Тырп-тырп еткен үн, жүріс.*

ТЫРПЫЛДА *Тырп-тырп ету, сүйретілу.*

ТЫРПЫЛДАҚ *Тырп-тырп еткен, тырпылдаған.*

ТЫРС: тырс етті — *сырт ете қалды.* **Тырс еткен дыбыс [сыбыс] жоқ** —*ешбір сыбыс, хабар-ошар болмады.* ◊ **Тырс етпе** — *үн қатпа, ләм деме.* **Тырс етпеді** — *ләм-мим демеді.*

ТЫРСА ***бот.*** *Қырда өсетін көпжылдық астық тұқымдас өсімдік; қылқан боздың дәні.*

ТЫРСИ 1. *Тырсылдап толу, күмпию, томпию.* 2. ***Ауысп.*** *Ашулану, тәрісіне сыймау.*

ТЫРС-ТЫРС *Тысыр-тысыр, сыртсырт.*

ТЫРСЫЛ *Тырс-тырс етіп шыққан үн, дыбыс.*

ТЫРСЫЛДА 1. *Тырс-тырс ету, сыртылдау.* 2. ***Ауысп.*** *Терісіне сыймай ашулану, долдану.*

ТЫРТАҚАЙ ***қарап.*** *Тырпаңдап қалған, тырақай (адам).*

ТЫРТАҚТА *Қолынан келмейтін нәрсеге әуре болу, бекер, босқа тыраңдау.*

ТЫРТАҢ 1. *Әурешілік, құр бопсалық.* 2. *Өз әлін білмейтін тырақай.*

ТЫРТАҢДА *Тыртаң-тыртаң ету, тырбыңдау.*

ТЫРТАҢДЫҚ *Шамасы келмейтін іске әуре болушылық, тырбыңдаушылық, тыраштық.*

ТЫРТИ 1. *Еті қашып тырбию, жүдеп-жадау.* 2. *Қып-қысқа боп шолтию, тар болу.*

ТЫРТЫҚ *Жазылған жара орнына, күйген денеге пайда болған дақ, таңба.*

ТЫРТЫҚТА *Дақ түсіру, таңба салу.*

ТЫРТЫҚТАУ *Білінер-білінбес тыртық.*

ТЫРТЫҚША *Болар-болмас, кішкене тыртық.*

ТЫРТЫҢ *Қолдан келмейтін тыраштанған іс-әрекет.*

ТЫРТЫҢДА 1. *Тыртың-тыртың ету, бекер, босқа әуре болу.* 2. *Бір нәрсе істеуге тырысу, тырбану.*

ТЫР-ТЫР *Дыр-дыр етіп тырылдап шыққан дыбыс.* ◊ **Тыр-тыр қасыды** — *қышынған денені үсті-үстіне қасыды.*

ТЫР-ТЫРЛА *Тыр-тыр ету, тырылдау.*

ТЫРТЫС 1. *Кері тартыншақтап тырысу.* 2. *Қыртыс-тыртыс боп құрысу, тыжыраю.*

ТЫРУ *Тырнаның тыраулаған үні, даусы.*

ТЫРУЛА *Тыру-тыру етіп үн шығару.*

ТЫРЫЛ *Әр алуан машина моторының, атылған автоматтың т. б. дыбысы, тыр-тыр еткен үн.*

ТЫРЫЛДА *Тыр-тыр ету, дырылдау.*

ТЫРЫЛДАҚ ***қарап.*** *Тыр-тыр еткіш, тырылдағыш.*

ТЫРЫМ-ТЫРАҚАЙ *Бет-бетімен, жапа-тармағай.*

ТЫРЫС I *Бір істі тындыруға әрекеттену, тырмысу.*

ТЫРЫС II *Қыртыс-қыртыс боп бүрісу, құрысу.* ◊ **Қабағы [шекесі] тырысты** — *бір нәрсеге ренжіді, көңіл-күйі болмады.*

ТЫРЫСҚАҚ I ***мед.*** *Денені тырыстырып, құрыстырып, лоқсытып құстыра беретін өте жұқпалы, қатерлі ауру.*

ТЫРЫСҚАҚ II *Болмашы нәрсеге ашулана қалатын, қитар, қыңыр.*

ТЫРЫСҚАҚТЫҚ *Қыңырлық, қитарлық.*

ТЫРЫСҚЫШ *Қандай да бір істі тындыруға әрекет еткіш, соған ұмтылғыш.*

ТЫРЫСУШЫ *Қандай да бір істі орындауға әрекет жасаушы, соны істеуге ұмтылушы, талаптанушы.*

ТЫРЫСЫП-БҮРІСІП *Тырысып-құрысып.*

ТЫРЫСЫП-ҚҰРЫСЫП *Бет пішіні тыржиып, тыжырынып.*

ТЫРЫСЫП-ТЫРМЫСЫП *Тырбанып-тырысып, әуре болып.*

ТЫС I 1. *Сырт жақ, дала.* 2. *Тысқары, бөлек.*

ТЫС II *Заттың сыртқы қабы, мұқаба.*

ТЫСҚАП *Дәптердің сыртын қаптайтын қатты қағаз немесе целлофан.*

ТЫСҚАРЫ 1. *Сырт жер, дала, тыс.* 2. *Аулақ, шет, жырақ.*

ТЫСҚАЯҚ *Тіс қаққан құ, сырдақ.*

ТЫСҚЫ *Сыртқы, сыртқары.*

ТЫССЫЗ *Тысы жоқ, тысталмаған.*

ТЫСТА *Затты, сырткиімді екінші бір затпен сыртынан қаптау.*

ТЫСТЫҚ *Киімді тыстауға лайық, тыс болармық.*

ТЫСЫР *Жүргенде, қозғалғанда шығатын дыбыс.*

ТЫСЫРАЙ *Әлдеқандай боп тырсию, сыздану.*

ТЫСЫРЛА *Тысыр-тысыр ету, тырсылдау.*

ТЫСЫР-ТЫСЫР *Тырс-тырс еткен үн.*

ТЫТЫР ***бот.*** *Сұр, қоңыр топырақты аймақта өсетін, малға жұғымды, аласа жатаған өсімдік.*

ТЫШҚАҚ 1. *Ішектің қабынып, ісініп бұзылуынан болатын іш ауруы.* 2. ***Ауысп.*** *Қолынан іс келмейтін нашар, қабілетсіз (адам).* **Тышқақ лағы жоқ** — *малдан жұрдай, тақыр кедей.*

ТЫШҚАҚТА *Тышқақ ауруына шалдығу, тышқақ болу.*

ТЫШҚАН 1. *Кеміргіштер тобына жататын сүйір тұмсықты сұтқоректі жәндік.* 2. *12 рет жыл қайырудың ең бастапқы жылының аты.* ◊ **Тышқан ауру** — *шықшыт безі шошудан білеуленіп, ісіп кететін, көбіне жылқы малында болатын кесел.* **Тышқан жорғалатпайды** — *тірі жанды қыбыр еткізбейді, қимылдатпайды.* **Тышқан із** — *үш сызық арасымен, не шаршы сызық арасымен тігілетін кесте тігісінің үлгісі.* **Тышқанның ізіндей** — *тым ұсақ, болар-болмас.*

ТЫШҚАНДАЙ *Тышқан сияқты, кішкентай, қаршадай.*

ТЫШҚАНШАҚ *Айыр түйелер мен азғындаған түйелердің өрісте улы шөп жеп, улануы салдарынан болатын жүгіртпек ауру.*

ТЫШҚАНШЫЛА 1. *Тышқан сияқты ептеп-септеп әрекет істеу.* 2. *Тышқан аулау, тышқан ұстау.* 3. ***Ауысп.*** *Болымсыз нәрсені кәсіп ету, ұсақ-түйекке үйір болу.*

ТЫШҚЫРТ *Бір шыбықпен айдау, тықсыру.*

ТЫШТАҚАЙ *Өзгеше мінез көрсететін шошақай.*

ТЫШТАЛАҢДА *Ұшып-қону, шошаңдау, тыштаңдау.*

ТЫШТАҢДА *Тыштаң-тыштаң ету, шошаңдау, өзінше пысықсу.*

ТЫШТЫ *Әлдеқандай боп шікірею, әлін білмей тұштию.*

ТЫЮСЫЗ *Тыю көрмеген, кедергісіз.* ◊ **Тыюсыз кеткен** — *өз бетімен кеткен, тәлім-тәрбие көрмеген.*

ТІБЕН ***көне*** *Түрлі түсті қалың мата.*

ТІГУЛІ 1. *Тігіліп қойылған.* 2. *Тіркеулі, қаттаулы.* 3. *Қондырулы, тұрғызылу.*

ТІГІН *Киім-кешек, іс тігу ісі.*

ТІГІНДІ *Бір нәрсенің тігілген жиынтығы.*

ТІГІНЕН *Тік тұрған қалпында.*

ТІГІНШІ *Киім-кешек тігуді кәсіп ететін шебер, маман.*

ТІГІНШІЛІК *Тігінші болушылық.*

ТІГІС *Киімді, тағы басқаны қиып, пішіп, жөрмеп тігу ісі.* **Тігісі сөгілді** — *ыдырады, быт-шыт болды.* **Тігісін жатқызды [білдірмеді]** — *болған ерсі жайдың жай-жапсарын жуып-шайды.*

ТІГІСТІК *Киімнің тігілген жері.*

ТІЗ 1. *Тізбектеу, тізіп қою.* 2. *Бірінен соң бірін тұрғызу, қатарлап қою, тұрғызу.* 3. ***Ауысп.*** *Тәптіштеп реттеу, жүйелеу.*

ТІЗБЕ 1. *Тізім.* 2. *Тізбек, қатпар.*

ТІЗБЕК 1. *Бірінің соңынан бірі тізілген топ, лек.* 2. *Бірінен соң бірі жалғасқан тізбе, қатар.*

ТІЗБЕКТЕ *Бірінен соң бірін қатарлап тізу.*

ТІЗБЕКТІ *Тізбектелген, қатарланған.*

ТІЗБЕЛЕ *Тізген үстіне тізе беру; тізбектеп айта беру.*

ТІЗГІН 1. *Аттың басын тежеу үшін жүгеннің ауыздық шығыршығына байланған шыжым қайыс.* 2. ***Ауысп.*** *Ерік, бостандық.* 3. ***Ауысп.*** *Билік, басшылық.* ◊ **Тізгін бойы** — *тым қысқа, бір метр шамасында.* **Тізгінге жабысты** — *билік-*

ті өз қолына алуға тырысты. **Тізгіндеп ұстады** — *өз еркіне жібермей тежеді.* **Тізгінін өз қолына алды** — *ерік өзіне тиді, билік алды.*

ТІЗГІНДЕ 1. *Басына жүген кигізу, тізгін тағу.* 2. ***Ауысп.*** *Еркіне жібермеу, билік бермеу.* 3. ***Ауысп.*** *Белгілі бір істі меңгеру, игеру.*

ТІЗГІНДЕС I *Қатарлас, теңдес.*

ТІЗГІНДЕС II 1. *Қатарласа түсу, теңдеу.* ***Ауысп.*** *Біреумен таласу, тармасу, тартысу.*

ТІЗГІНДЕУЛІ *Тіркеулі, байлаулы.*

ТІЗГІНСІЗ 1. *Тізгіні жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Тежеусіз, бетімен кеткен.*

ТІЗГІНСІЗДІК *Тізгінсіз болушылық, тежеусіздік.*

ТІЗГІШ *Қатар-қатар етіп тіземін аспап.*

ТІЗГІШТЕ *Тізген үстіне тізе беру.*

ТІЗДЕ *Шөгерілген түйені тұрып кетпес үшін жіпті мойнынан асырып алдыңғы аяғының тізесінен астына қарай бүктіріп байлау.*

ТІЗДЕЛ *Еріксіз байлану, маталу.*

ТІЗЕ 1. *Асық жілік пен ортан жіліктің түйіскен буын тұсы.* 2. ***Ауысп.*** *Үстемдік күш, озбырлық.* **Тізе батырды [көрсетті]** — *күш көрсетті, зорлық-зомбылық жасады.* **Тізе бүкті** — а) *тізерлеп тұрмай отырды;* ә) *жасы үлкендерді құрмет тұтып, иіліп сәлем берді;* б) *жеңілгенін мойындап бағынды, бас иді.* **Тізе қосты** — *бірікті, бірлесті, ұйымдасты.*

ТІЗЕ БҮГУ *Жеңіліс табуларын мойындап, соғыс қимылдарын тоқтатып тізе бүгу, амалсыз берілу.*

ТІЗЕ БҮГУШІ *Қиыншылық пен кедергілерге қарсы тұра алмай, әлсіздігін мойындаған, істен бас тартқан адам.*

ТІЗЕҚАП ***этн.*** *Аязды күндері тізеге киетін жылы тізелік.*

ТІЗЕЛЕС I *Қатарлас, теңдес, замандас.*

ТІЗЕЛЕС II 1. *Бір-біріне жақын кеп қатарласу, тізбектесу.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір іс-әрекет жайында тіресу, егесу.*

ТІЗЕЛІ *Мықты, күшті, адуынды.*

ТІЗЕЛІК 1. *Адамның, мал мен аңның тізе тұсы.* 2. *Шалбардың тізе тұсы.*

ТІЗЕРЛЕ 1. *Тізесін жерге тигізе бүгіп, жүгіне отыру.* 2. *Тізеге салып жұмарлап басу, тізесін батыру.*

ТІЗЕРЛЕС *Қатарлас, теңдес, замандас.*

ТІЗЕРЛІК *Шалбардың тізе тұсы, тізелік.*

ТІЗКИІМ *Бүтқа киетін киімнің жалпы атауы.*

ТІЗУЛІ *Қаз-қатар тізілген, тізіліп қойылған.*

ТІЗІМ *Адамның я басқа бір нәрсенің рет-ретімен жазған аты, санағы.*

ТІЗІМДЕ *Тізімге алу, тізімге қосу.*

ТІЗІМДЕМЕ *Бір нәрсенің тізімі.*

ТІК I 1. *Тікесінен, тура, түп-түзу.* 2. *Биік, құлди, тіп-тік.* ***Ауысп.*** *Төтесінен, бірден.* **Тік айтты** — *өз ойын батыл білдірді, күмілжімеді.* **Тікмінез** — *мінезі нашар, ожар, кіді.* **Тік тұрды** — *барынша аянбай күтті.*

ТІК II *Жіп сабақтаған инемен, киім-кешекті тігіп-тепшу, жамау.*

ТІК III *Үй, тағы басқаны көтеру, қондыру; ағаш, гүлді жерге отырғызу, қадау.*

ТІК IV *Бәйгеге немесе бәстескен адамдар арасында ақшалай немесе заттай жүлде қою.* **Тігерге тұяқ қалмады** — *малдан жұрдай болып айырылды.*

ТІКЕ *Тік, тура.*

ТІКЕДЕН-ТІК *Тіп-тік, түп-тура.*

ТІКЕЙ *Тіп-тік болу, тікірею, түзу тұру.*

ТІКЕЛЕЙ *Тіке, туралай, түп-тура, бірден.*

ТІКЕЛЕН *Тіке келу, батылдану, өршелену.*

ТІКЕН *Кейбір өсімдіктер мен ағаш бұтақтарына шығатын ине сияқты ұшы өткір, қадалғыш, үшкір зат.* ◊ **Тікен тілді** — *өткір сөзді.*

ТІКЕНБАС *Қазақстандағы жабайы өсімдік, шөптесін өсімдік туысы.*

ТІКЕНДЕЙ *Тікен сияқты өткір, қадалғыш.*

ТІКЕНДІ *Тікені бар, тікені қалың.*

ТІКЕНЕК *Майдалау тікен.*

ТІКЕНЖИДЕ ***бот.*** *Өзен жағасы мен таулы, саздауыт жерде өсетін өсімдік.*

ТІКЕНҚАБЫҚ *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

ТІКЕНШЕ *Тікенге ұқсап.*

ТІКЕСІНЕН *Турасынан, төтесінен, бірден.* ◊ **Тікесінен тік тұрды** – а) *тұрған қалпында тізе бүкпеді;* ә) *жаны қалмай қызмет етті.*

ТІКІ *Тіп-тік болу; тікірею; едірею.*

ТІККІШ *Киімді сәндеп тігетін.*

ТІКСІ *Тікірейе қарау, ожыраю.*

ТІКСІН *Көңіліне секем алу, әлденеден сезіктену.*

ТІКТЕ *Денесін түзу, тік ұстау.* ◊ **Тіктеп қарады** – *қадала қарады, тура қарады.*

ТІКТЕС *Қарсы келу, тіресу, таласу.*

ТІКТЕУ 1. *Тік келген, әжептәуір тік, биіктеу.* 2. *Туралау, батырлау; қатаңдау.*

ТІКТЕУІШ *Ұшына кішкене салмақты зат байланған жіп.*

ТІКТІК *Тік болушылық.*

ТІКШЕ *Тіктеу келген, биіктеу.*

ТІКШЕЛЕ *Тікейтіңкіреу, тіктеу.*

ТІКШЕЛЕУ *Тікше келген, тігірек.*

ТІКШІ *Тікесінен тік тұру; тікірею, тікию.*

ТІКШІЛ 1. *Тіктеу, тік келген.* 2. ***Ауысп.*** *Мінезі бірбеткей, турашыл.*

ТІКШІЛДЕУ *Тікше келген, өрлеу.*

ТІКІЛЕН *Айтқанын орындатуға тырысып екілену, едіреңдеу.*

ТІКІРЕЙ 1. *Тікшию, тікию.* 2. ***Ауысп.*** *Едірею, тікшию, тікілену.*

ТІЛ I 1. *Жан-жануар мен адамның дәм сезетін, үн шығаратын, адамның сөйлейтін ауыз қуысындағы негізгі мүшесі.* 2. *Сағаттың уақыт, мөлшерін білдіріп тұратын көрсеткіші.* 3. ***Ауысп.*** *Согыс майданында мәлімет алу мақсатымен қолға түсірген әскери тұтқын.* ◊ **Тілалғыш** – *айтқанды қалтқысыз орындайтын елгезек.* **Тіл жетпейді** – *сөзбен айтып болмайды.* **Тіл табысты** – *өзара ұғынысты, түсіністі.* **Тіл тигізді** – *жаман сөзбен балағаттады, ұрысты.* **Тілге ерді** – *біреудің сөзіне нанды, сенді.* **Тілге жүйрік** – *сөзге шешен, шебер.* **Тілге тиек етті** – *сөзіне сүйеніш, ойына таяныш жасады.* **Тілдің майын тамызды [ағызды]** – *жағымды сөз айтты, шебер сөйледі.* **Тілі ащы** – *шайпау, улы тілді, ұрысқақ.* **Тілі қысқа** – *тілге, сөзге олақ, шорқақ.* **Тілі мен жағына сүйенді** – *әр нәрсені желеу етіп, заржақтанды.* **Тілі мірдің оғындай** – *сөзі уытты, ащы, өткір.* **Тілі тиді** – *жаман сөзбен балағаттады.* **Тілін тартпады** – *аузына келген сөзін тартынбай айтты, батыл сөйледі.* **Тілінен бал тамған** – *сөзі майдай, тілі жұмсақ.* **Тілінен тапты** – *өз сөзінен өзі зиян көрді.* **Тіліңді тарт** – *сөзді доғар, қысқарт, абайлап сөйле.*

ТІЛ II 1. *Адамдардың бір-бірімен қатынас жасайтын, пікір алысып, өзара түсінісетін құралы, дыбыстық, сөз құрамы мен грамматикалық тәсіл жүйесі.* 2. *Айтпақ ойды білдіретін сөз, мәнерлі тіркес.* 3. *Ана тілінің заңдылығын, ереже-қағидасын оқытатын арнайы пән.*

ТІЛ III *Жіңішке етіп кесу, осып түсу.*

ТІЛАЗАР *Тіл алмайтын, тапсырған істі орындамайтын.*

ТІЛ-АУЫЗ *Тіл мен ауыз қуысы; тіл қататын сөйлеу мүшелері.* ◊ **Тіл-аузы байланды (тіл-ауыздан айырылды)** – *үндемей қалды, сөйлей алмады.* **Тіл-аузы тасқа** – *тіл тиіп, көз сүгы өтіп кетпесін.*

ТІЛАШАР 1. ***көне*** *Баланы молдаға бергенде төлейтін ақының бір түрі.* 2. *Әр алуан тақырыпта сөйлеу үлгілерін қамтып, үйретуге арналған оқу құралы.*

ТІЛГІЛЕ 1. *Тілім-тілім ету, кескілеу.* 2. ***Ауысп.*** *Тымық ауа, көк жүзін тіліп өту.*

ТІЛДЕ *Тіл тигізу, балағаттау.*

ТІЛДЕЙ *Кішкентай, бір жапырақ, жіп-жіңішке.*

ТІЛДЕН: **қу тілденді** — *қуақыланды, қуланды.*

ТІЛДЕН-ТІЛГЕ *Бір халық тілінен екінші халық тіліне.*

ТІЛДЕС I *Ортақ, туыстас тілде сөйлейтін, тілі бір.*

ТІЛДЕС II *Жүзбе-жүз сөйлесу, әңгімелесу.*

ТІЛДІ 1. *Тілге жүйрік, сөзшең, ділмар.* 2. *Тілі өткір, ащы, улы.*

ТІЛДІК I *Тіл ұшы типті тұратын төменгі тістердің түбірі бекіген қызыл ет.*

ТІЛДІК II *Сөйлеу тіліне тән, тіл білімі пәніне қатысты.*

ТІЛДІЛЕУ *Тілі өткірлеу, шешендеу.*

ТІЛДІЛІК *Сөзге шешендік, тілмарлық.*

ТІЛЕ *Бір істің орындалуын қалау, сұрау, өтіну.*

ТІЛЕК 1. *Көксеген ой, мүдде-мұрат, мақсат.* 2. *Өтініш, талап.* ◊ **Ақ тілек** — *адал, ізгі ниет.* **Тілегіңе жет [тілегің қабыл болсын]** — *арман-мақсатың орындалсын, жақсылық көр.*

ТІЛЕК-ТАЛАП *Белгілі бір бағытқа негізделген ой-пікір, қажеттілікке сай мүдде-мұрат.*

ТІЛЕКТЕС *Тілегі бір, ниеттес.*

ТІЛЕКТЕСТІК *Ниеттес болушылық.*

ТІЛЕКШІ *Біреудің тілеуін тілеуші, тілектес адам.*

ТІЛЕМСЕК *Сұраншақ, тіленшек, емінгіш.*

ТІЛЕМСЕКТЕН *Біреуге көзін сатып тіленшектену, сұрамсақтану.*

ТІЛЕМСЕКТЕУ *Емінгіштеу, тіленшектеу, сұраншақтау.*

ТІЛЕН 1. *Өз еркімен, ықтиярымен сұрану, өтіну.* 2. *Емініп бірдеме сұрау, тілемсектену.*

ТІЛЕНШЕК *Сұраншақ, емінгіш, тіленгіш.*

ТІЛЕНШЕКТІК *Тіленшек болушылық, сұрампаздық.*

ТІЛЕНШІ *Қайыр-садақа сұраушы, қайыршы.*

ТІЛЕНШІЛЕН *Қайыршылану, тілемсектену, сұраншақтану.*

ТІЛЕНШІЛІК *Ел-жұрттан, әркімнен көзін сатып, не болса соны сұраушылық, қайыршылық.*

ТІЛЕРСЕК *Жан-жануарлардың аяғының бүгілген жеріндегі жуан сіңір, тірсек.* ◊ **Тілерсектен қан кешті** — *басынан қиындықты өткізді, ауыр азап көрді.*

ТІЛЕРСЕКТЕ *Тілерсекке дейін бату, кешу.*

ТІЛЕУ *Тілек, үміт, арман-мақсат.* ◊ **Тілеуі қабыл болды** — *ойлаған арман-мақсаты орындалды.* **Тілеуіңді бергір алғ.** — *арман-мақсатың орындалсын, үмітің ақталсын.*

ТІЛЕУҚОР *Жанқүйер, жанашыр, тілеулес (адам).*

ТІЛЕУЛЕС *Тілеуі бір, тілектес, тілеуқор.*

ТІЛЕУЛІ *Тілеуі жақсы, тілектес.*

ТІЛЕУСІЗ *Үмітсіз, үміт үзген.*

ТІЛ-ЖАҚ: тіл-жағына сүйенді — *заржақтанды.*

ТІЛКЕМ *Адам денесінің, жер қыртысының тілімденген жері.*

ТІЛКЕМДЕ *Жаманшылық жасап, жүректі жаралау, тілімдеу.*

ТІЛ-КӨЗ *Таңдана, қадала қараған көз сұғы.*

ТІЛМАШ *Бір тілден екінші тілге ауызекі, қолма-қол аударатын адам, аудармашы.*

ТІЛМАШСЫЗ *Тілмашы жоқ, тілмаштың қатысынсыз.*

ТІЛМАШТЫҚ *Тілмаш болушылық.*

ТІЛМЕ *Адамның терісі мен кілегей қабығын қабындыратын жұқпалы ауру.*

ТІЛМЕЛЕ *Тілім-тілім ету, тілгілеу.*

ТІЛСІЗ 1. *Үнсіз, дыбыссыз, үн қатпай.* 2. ***Ауысп.*** *Мелшиген, қатып қалған, меңіреу.* ◊ **Тілсіз жау** — *от пен судан келетін зор апат.*

ТІЛСІЗДЕН *Ешбір дыбыс, үн шықпау, мелшию.*

ТІЛТҰМАР *Жас балаға тіл тимесін деген ырыммен мойнына тағып қоятын дұға жазылған тұмар.*

ТІЛХАТ *Өзінің сенетіндігін растап қол қойған куәлік қағаз.*

ТІЛШЕ I 1. *Сағаттың минут, секундын көрсететін тілі, стрелка.* 2. ***бот.*** *Жапырақ қынабының жапырақ алақанына айналар жеріндегі ішкі ұлпаның кішкене өсіндісі.*

ТІЛШЕ II *Тілдей жіңішке, кішкентай, бір жапырақ.*

ТІЛШЕЛЕ *Борша-борша етіп тілу, тілімдеу.*

ТІЛШІ 1. *Газет-журналға мақала, хат-хабар жазып тұратын редакцияның меншікті қызметкері.* 2. ***Ауысп.*** *Ана тілінің заңдылығын зерттеуші, тіл білімінің маманы, лингвист.*

ТІЛШІЛІК *Тілші болушылық, тілші қызметін атқарушылық.*

ТІЛІК *Тілінген, кесілген.*

ТІЛІМ: бір тілім — *кішкентай етіп тілінген, бір жапырақ (нан).*

ТІЛІМДЕ *Тілім-тілім ету, кескілеу, жырымдау, қопару.*

ТІЛІМ-ТІЛІМ *Тілімденген, жырым-жырым.*

ТІМТІН *Тіміскілеу, тімсіну, іздеу.*

ТІМІСКЕК *Тіміскілеп, тімтініп жүретін, тұртіншек.*

ТІМІСКІ *Әрдайым тіміскілеп, тұртініп жүретін.*

ТІМІСКІЛЕ *Тімтіну, тұртіншектеу.*

ТІМІСКІЛІК *Тіміскі болушылық.*

ТІН *Бөлек-бөлек есіліп, ширатылған соң біріктіріп, қосып бұралатын арқанның жібі.*

ТІНТ 1. *Бір нәрсені ізден үй ішін т. б. жерді ақтарып-төңкеріп қарау, іздеу.* 2. ***Ауысп.*** *Жан-жаққа үңіле қарау, көзімен ішіп-жеу.*

ТІНТКІЛЕ 1. *Ақтарып қарау, іздестіру.* 2. *Жан-жаққа үңіле көз салу.*

ТІНТУШІ *Тінтетін, тінту жүргізетін адам.*

ТІНТІН *Тіміскілену, сұғанақтана іздену.*

ТІПӘ-ТІПӘ *Тіл-көзден аулақ болсын деген ишарат сөз.*

ТІПТЕН *Мүлде, тым, өте.*

ТІП-ТИТТЕЙ *Кіп-кішкентай, титімдей.*

ТІП-ТІК 1. *Түп-түзу, тұп-тура, көлбеу емес.* 2. *Биік келген, тіке.*

ТІП-ТІКЕ *Тұп-тура, тіктен-тік.*

ТІРЕ 1. *Таяп қою, тақау, сүйеу.* 2. *Істің ретін, бағытын бір нәрсеге апарып ыңғайлау.* ◊ **Тіреп тұр** — *бір істің тұтқасын ұстап тұр.*

ТІРЕК 1. *Үй, қора, шахта сияқтылардың белағашын тіреп қоятын тірек, ағаш, темір.* 2. ***Ауысп.*** *Сүйенер сүйеніш, таяныш.*

ТІРЕКТЕ *Тірек жасау; негіздеу, тиянақтау.*

ТІРЕКТІ *Тірегі бар; тиянақты, табанды, сенімді.*

ТІРЕНІШ *Сүйенер таяныш, тірек.*

ТІРЕС 1. *Бір-бірімен күш таластырып сіресу, егесу.* 2. *Сығылысу, тығылысу.*

ТІРЕУ 1. *Бір нәрсенің құлап немесе майысып кетпеуі үшін астынан сүйеп қоятын таяныш бағана.* 2. ***Ауысп.*** *Сүйенер сүйеніш, сенімді тірек.*

ТІРЕУЛІ *Тірелген, тіреп қойылған.*

ТІРЕУСІЗ 1. *Тіреуі жоқ, тіреу қойылмаған.* 2. ***Ауысп.*** *Сүйенері, сенері жоқ.*

ТІРЕУІШ *Тіреу ретінде қойылатын діңгек, сырық.*

ТІРКЕ 1. *Бір затты бір затқа тіркестіру, тізу, қосу.* 2. *Есепке алу, журналға жазу.*

ТІРКЕЛІМ *Әртүрлі тізім; журналдардың соңындағы мазмұны, тізім көрсеткіші.*

ТІРКЕМЕ *Машина, трактор, тағы басқалардың арт жағына жүк салу үшін тіркелген қосымша қорапты көлік.*

ТІРКЕМЕШІ *Трактор соңындағы тіркемені басқарып отыратын жұмысшы.*

ТІРКЕС I *Қатарласқан тізбек, жалғас.*

ТІРКЕС II *Бірінің соңынан бірі шұбап жалғасу, тізбектелу.*

ТІРКЕСІМ ***лингв.*** *Тілдегі сөздердің бір-бірімен бірігу, байланысу тәсілі.*

ТІРКЕУ I 1. *Машина, трактороға қосып тіркелетін, дөңгелекті жабдық,*

тіркеме. 2. *Тұрған мекенжайды көрсетіп, паспортта тіркелген белгі.*

ТІРКЕУ II *Есептеу үшін тізімге алу.*

ТІРКЕУ III ***көне*** *Айып ретінде малға қосып төленетін қосымша, қосалқы ұсақ мал, дуние.*

ТІРКЕУ ОРНЫ *Мекемеге келген кісілерді, қағаздарды тіркейтін бөлім.*

ТІРКЕУЛІ 1. *Бір-біріне тіркелген, матасқан, бекітілген.* 2. *Есепке алынған, қатталған.*

ТІРКЕУСІЗ *Тіркеуі жоқ, тіркелмеген.*

ТІРКЕУШІ I *Трактор тіркеуінде істейтін жұмысшы.*

ТІРКЕУШІ II *Мекемеге келген кісілерді тіркеп жазып отыратын қызметкер.*

ТІРКЕУШІЛІК *Қағазға тіркеушілік, тізімдеушілік.*

ТІРЛІК-БОЛМЫС *Белгілі дәрежедегі іс-әрекет, хал-жай.*

ТІРЛІКСІЗ 1. *Тіршілік жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Шаруасыз, іс-әрекетсіз.*

ТІРНЕК I *Үш жасар қыран құс.*

ТІРНЕК II *Күнделікті іс-әрекет, тіршілік.*

ТІРНЕКТЕ *Аз-аздап, там-тұмдап жинау.*

ТІРСЕК *Жан-жануардың артқы аяғы мен адам аяғының бүгіліп-жазылуына қажетті сіңір; қылтаның жоғарғы тұсы.*

ТІРСЕКТЕ *Тірсегінен алу, соңынан қалмау, өкшелеу.*

ТІРСЕКТІ *Тірсегі бар; тірсегі мықты.*

ТІРШІЛІК 1. *Күнделікті іс-әрекет, өмір, тірлік.* 2. *Тірі жұрушілік, аман-саулық.* 3. ***Ауысп.*** *Белгілі бір шаруа, кәсіп.* ◊ **Тіршілік етті** — *өмір сүрді.*

ТІРШІЛІКСІЗ 1. *Тіршілік жоқ.* 2. ***Ауысп.*** *Шаруаға қырсыз, қам-қарекетсіз.*

ТІРІ *Жаны бар, өлмеген.* ◊ **Тірі азап** — *мехнат, бейнет.* **Тірі арұақ [өлік]** — *өлген адам тәрізді құр сүлдесі қалған.* **Тірі жан [пенде]** — *адам баласы, адамзат.* **Тірі жетім** — *әке-шешесінен жастай айырылған бала.*

ТІРІДЕЙ *Өлтірмей тірі күйінде, тірі қалпында.* ◊ **Тірідей жерледі** — *жержебіріне жетіп жәбірледі.*

ТІРІЛ 1. *Жан біту, жан кіру, жандану.* 2. ***Ауысп.*** *Әлдену, күш алу, түрлену.*

ТІРІЛЕ *Құсбегілердің қыран балапанына жанды нәрсе жегізіп баулуы, ауыздандыру.*

ТІРІЛІК *Тірі болушылық, тірі жүргендік.*

ТІС 1. *Тамақ, жем жеуге немесе тістеп үзуге бейімделген ауыз қуысындағы сүйектер тізбегі.* 2. ***Ауысп.*** *Ауылшаруашылық сайманының, техникасының жер тырнайтын, жыртатын ұшы, өткір қыры.* ◊ **Тіс жарды** — *тісі жаңадан шыға бастады.* **Тіс қаққан** — а) *әккі, қу;* ә) *есейген, ересек.* **Тісі батпады** — *батылы жетпеді.* **Тісін қайрады** — *өшікті, өштесті.*

ТІСАҒАШ ***көне*** *Жер жыртатын құрал.*

ТІСДӘРІШӨП *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

ТІСЕ *Алғашқы сүт тіс түсіп, орнына қайтадан жаңа тіс шығу.*

ТІСЕУ *Құлын, тай, құнан сияқты жылқы малында болатын тіс ауруы.*

ТІСЖЕГІ ***мед.*** *Тістің сырт қабатының қабынып ісінуінен болатын ауру.*

ТІСТЕ *Тісін батыру, тісімен қыршып алу.* ◊ **Тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетті** — *кім болса соның қолында кетті, талауға түсті.*

ТІСТЕЙ *Тіс сияқты.* ◊ **Тістей қатты** — *сіресіп қатып қалды, тапжылмады, қозғалмады.*

ТІСТЕЛЕ *Қайталап тістей беру, үсті-үстіне тістеу.*

ТІСТЕМ: **бір тістем** — *бір тістегеннен қалмайтын, кіп-кішкене.*

ТІСТЕН 1. *Тісін тісіне батыру, жақ ашпау.* 2. ***Ауысп.*** *Қатты ызалану, кіжіну.*

ТІСТЕС *Біреумен үстасып қалу, ерегісу, тіресу.*

ТІСТЕУІК I *Темірді, шегені т. б. затты қысып ұстап тұратын құрал, сайман.*

ТІСТЕУІК II *Тістеп алатын, тістегіш.*

ТІСТЕУІШ *Араның тістерін оңдайтын, түзейтін кілт сияқты темір құрал.*

ТІСТІ 1. *Тісі бар; тісі өткір.* 2. ***Ауысп.*** *Азулы, батыл, мықты.*

ТІС-ТІС *Өркеш-өркеш, ирек-ирек.*

ТІСШІӨП *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

ТІТІРЕ 1. *Қорыққан кезде немесе тоңғанда дененің қалтырауы, дірілдеуі.* 2. *Қатты күштің әсерінен жердің, төңіректің дүр сілкінуі, қозғалуы.*

ТІТІРКЕН 1. *Денесі түршігу, шіміркену.* 2. *Сескену, шошыну, тіксіну.*

ТІТІРКЕНГІШ *Түршіккіш, секем алғыш.*

ТІТІРКЕНДІРГІШ *Жиі тітіркендіретін, түршіктіргіш.*

ТІТІРКЕНУШІЛІК *Тірі организмнің сыртқы әсерге жауап беру қабілеті.*

ТІТІРКЕНІС *Түршігушілік, шіміркенушілік.*

ТІФУ *Налығанда, ренжіп жаратпағанда айтылтын одағай сөз.*

ТЮЛЕНЬ *Жарғақ табанды аяқтары жүзуге икемді теңіз жануары, итбалық.*

ТЮЛЬ *Терезеге перде ететін жұқа, селдір мата.*

У

У 1. *Тірі организмге әсер еткенде, қалыпты тіршілік әрекеттерін күрт өзгертетін, не өлімге душар ететін химиялық зат.* 2. ***Ауысп.*** *Қайғы-қасірет, мұң-зар.* □ **У да шу** — *азан-қазан, ай-қай-ұйқай.* **У жұтсаң [жұтсаң, ішсең] руыңмен** — *не көрсең де ел-жұртпен бірге көр.* **У тілді** — *тілі удай, ащы.*

УА I *Жылқыда болатын ауру.*

УА II 1. *Біреудің зейінін өзіне қарату үшін көтеріңкі үнмен айтылатын ишарат сөз.* 2. *Адамның көңіл-күйі төмендегенде, қайғырғанда айтылатын сөз.*

УАҒАЛАЙКҮМАССАЛАМ *Амандасқан адамның сәлемін қабыл алу ретінде қайтарылатын жауап.*

УАҒДА *Уәде, серт.* ◊ **Уағда байласты** — *серттесті, уәделесті.*

УАҒДАЛАС *Бір-бірімен уәделесу, серт берісу.*

УАҒДАЛАСТЫҚ ***саяси*** *Келіссөз арқылы қол жеткен келісім.*

УАҒДАЛЫ *Серттескен, уәделі (уақыт, күн).*

УАҒДАШЫЛ *Уәдеде тұрушы, серткe берік.*

УАҒЫЗ *Үгіт, насихат.*

УАҒЫЗДА *Насихаттау, үгіттеу.*

УАҒЫЗШЫ *Уағыз айтушы, үгіт жүргізуші.*

УАҒЫЗШЫЛ *Уағыз айтуға жаны құмарлық.*

УАҒЫЗШЫЛЫҚ *Уағыз айтушылық, үгітшілік.*

УАЙ *Біреудің назарын өзіне қарату үшін айтылатын ау, оу одағайымен мәндес сөз.*

УАЙТ *Жақсы әнге, жақсы сөзге қошемет ретінде айтылатын сөз.*

УАЙЫМ *Мұң, шер, қайғы.* **Уайым жеді** — *қатты қайғырды, уайымдады.*

УАЙЫМДА *Бір нәрсеге қайғыру, шерлену.*

УАЙЫМДАҒЫШ *Уайымдай беретін; қайғырғыш.*

УАЙЫМДЫ *Уайымдай беретін, қайғылы.*

УАЙЫМ-ҚАЙҒЫ *Мұң-шер, қайғы-қапа.*

УАЙЫМ-ҚАЙҒЫСЫЗ *Мұң-шерсіз.*

УАЙЫМСЫЗ *Уайымы, қайғысы жоқ; алаңсыз.*

УАЙЫМСЫЗДЫҚ *Уайымға салынбаушылық, қайғысыздық.*

УАЙЫМШЫЛ *Уайымға салынғыш, қайғышыл.*

УАЙЫМШЫЛДЫҚ *Қайғыға берілгіштік, босаңдық.*

УАҚ I *Мезгіл, сәт, уақыт, кез.*

УАҚ II *Ұсақ, майда.* ◊ **Уақ ақша** — *ұсақ тиын,* 1,3 *теңгелік ақша.*

УАҚА: уақа емес — *ештеңе етпейді, уақасы жоқ.*

УАҚАП: уақап үй ***жерг.*** — *көпшілік болып жабылып салған ортақ үй.*

УАҚИҒА *Қоғамның немесе жеке адамның өміріндегі елеулі бір құбылыс.*

УАҚИҒАЛЫ *Уақиғаға толы, уақиғасы қызық әңгіме, шығарма.*

УАҚСЫН *Уақ деп білу, уақ деп түю.*

УАҚТА 1. *Ұсақтау, майдалау.* 2. *Бір уақта, бір мезгілде, бір сәтте.*

УАҚТАҒЫШ *Майдалағыш, ұнтақтағыш, ұсақтағыш.*

УАҚТЫЛЫ *Дер кезінде, уақтында.*

УАҚШЫЛ *Ұсақ-түйекті есептейтін, күйкі.*

УАҚШЫЛДЫҚ *Ұсақтық, күйкілік.*

УАҚЫТ I *Мезгіл, мерзім.*

УАҚЫТ II 1. ***филос.*** *Материяның үздіксіз дамуы мен өмір сүруінің объективті бір формасы; мезгіл, мерзім.* 2. ***Ауысп.*** *Заман, дәуір.* 3. *Сәт, кез, мезет.* □ **Уақыт жоқ** — *қол тимейді, мұрша жоқ.* **Уақыт кешті** — *уақыт өткізді.* **Уақыты бітті [кетті]** — *дәмі таусылды, күні бітті.*

УАҚЫТСЫЗ *Уақытынан бұрын, я ерте, я кеш; мезгілсіз; өкініштi, төтенше.*

УАҚЫТТЫҚ *Бір мезгілдік, бір сәттік; өткінші нәрсе.*

УАҚЫТША *Белгілі бір уақытқа дейін, қысқа мерзімге.*

УАҚЫТЫНДА *Кезінде, мезгілінде.*

УАН *Жылағанын қоя қою, жұбану, көңілдену; разы болу.*

УАТ I *Бір нәрсені бөлшектеп ұсату, майдалау, ұнтақтау.*

УАТ II 1. *Жылаған баланы уату, жұбату.* 2. *Алдарқату, көңілін аулау.* 3. *Қатты затты (тас, гранит т. б.) уақтау, бөлшектеп сындыру.*

УАТҚЫШ *Бір нәрсені уататын, майдалайтын құрал.*

УАТЫЛҒЫШ *Тез уатылып, майдаланатын.*

УАТЫЛҒЫШТЫҚ *Омырылғыштық, ұсатылғыштық.*

УАУ *Басқа біреудің зейінін өзіне қарату үшін айтылатын ишарат сөз.*

УӘДЕ *Берілген сөрт, уағда.* ◊ **Уәде байласты** — *бір-біріне уағда берісті.* **Уәде берді (етті)** — *сөрт етті, уәделесті.* **Уәдеге берік** — *сөртінде тұрғыш, сенімді.* **Уәделі күн** — *шарттасқан, келісілген мерзім.* **Уәдесінде тұрды** — *айтқан сөзінен таймады, айнымады.* **Уәдесінен тайды** — *сөзінде тұрмады.*

УӘДЕЛЕС *Сөз берісу, сөрттесу.*

УӘДЕЛІ *Уәде байласқан, уәделескен.*

УӘДЕСІЗ *Уәдеде тұрмайтын, пәтуасыз.*

УӘДЕШІЛ 1. *Уәдеде тұрғыш, сөртшіл.* 2. *Уәде бергіш, нанғыш.*

УӘЖ 1. *Пәтуалы сөз, дәлелді жауап.* 2. *Себеп, сылтау.*

УӘЖДЕМЕ *Белгілі бір ойды, қағиданы негіздеу үшін ұсынылатын тұжырымды пікірлердің жиынтығы.*

УӘЖДІ *Дәлелі нық, бұлтартпайтын.*

УӘЖІП *Бұлжытпай орындалатын заң, қағида, міндетті шарт.*

УӘЗИПА *Борыш, міндет, парыз, мақсат.*

УАЗИПАЛЫ *Салихалы пәтуалы.*

УӘЗІН ***көне*** *Әуен, әуез, сарын.*

УӘЗІР ***көне*** *Шығыс елдерінің ел билеуші ханының немесе патшасының ақылшысы, кеңесшісі.*

УӘЗІРЛІК *Уәзір міндетін атқарушылық.*

УӘКІЛ *Белгілі бір елдің не мекеменің атынан іс атқаруға сенім білдірілген адам.*

УӘКІЛДІ *Уәкілдік сенімге ие болған.*

УӘКІЛДІЛІК 1. *Уәкіл болушылық.* 2. ***Ауысп.*** *Кепілдеме, куәлік.*

УӘЛАЯТ ***тар.*** *Аймақ, өлке, өңір.*

УӘЛІ *Айтқаны келетін қасиетті, дуалы.*

УБАЛДЫРҒАН ***бот.*** *Сабағы тармақты, жапырақтары 3, кейде 4 тілімді шатырша гүлділер тұқымдасының бір түрі.*

УБИДАЙЫҚ ***бот.*** *Астық тұқымдасына жататын көп не біржылдық шөп.*

УВЕРТЮРА ***муз.*** 1. *Опералық, балеттік шығармалардың музыкалық кіріспесі.* 2. *Оркестр үшін жазылған бір бөлімді шығарма.*

УГРО-ФИНН *Финн-угор деп те аталады.* ***қ.*** *финнугор.*

УДАЙ 1. *У сияқты, өте ащы.* 2. ***Ауысп.*** *Өте ауыр, зілді.* ◊ **Удай қымбат** — *бағасы өте жоғары.* **Удай мас** — *мүлде есін білмейтін жас.* **Удай тіл** — *жанға бататын өткір сөз.*

УДАР-ДУДАР *Шашы үйпа-түйпа, дударланған.*

УДА-ШУ *Ию-қию, айқай-шу, азан-қазан.*

У-ДУ *У-шу, ығы-жығы.*

У-ДУЛЫ *У-шуы мол, дүрбелең.*

УДЭГЕ *Ресейдің Қиыр Шығыс жағында тұратын саны аз халық.*

УЕЗД ***көне*** *Патшалы Ресейдегі губерния немесе басқа ірі аймақтарға бағынатын әкімшілік-аумақтық бөлік.*

УКОЛ *Тері астына қуыс ине арқылы сұйық дәрі жіберіп емдеу әдісі.*

УКРАИН *Украин Республикасының негізгі тұрғын халқы.*

УҚАЙТАРМА *Улануға қарсы қолданылатын дәрі.*

УҚАЛА 1. *Бір нәрсені, қой-ешкі терісін умаждау, мыжғылау.* 2. *Адамның қол-аяғы сырқырап-сыздағанда қолмен үйкелеу, ысқылау.*

УҚАЛАҒАНСЫ *Уқалаған тәрізделу, уқалаған болу.*

УҚАЛАУ *Адам ағзасына әсер ету үшін қолданылатын емдік шара, сипап-сылау.*

УҚАН-СУҚАН *Өйткен-бүйткен, алдаусыратқан іс.*

УҚОРҒАСЫН ***бот.*** *Таулы жерде өсетін, тамырсабақты, көпжылдық улы өсімдік.*

УЛА 1. *Тірі жәндіктің бойына у тарату, у дарыту.* 2. ***Ауысп.*** *Нендей бір ойдың немесе басқа бір психикалық фактордың санаға сіңісуі, таралуы.*

УЛАҒЫШ *Уын таратқыш, улайтын қасиеті мол.*

УЛАН 1. *Тірі организмге у дарып, таралу.* 2. ***Ауысп.*** *Жағымсыз іс-әрекет әсерімен санасына зиян келу, елігу.*

УЛАНҒЫШ *Улануы тез, улануға бейім.*

УЛАНДЫРҒЫШ *Уландыру қасиеті бар, уландыратын.*

УЛАП-ШУЛА *У-шу болу, азан-қазан болу.*

УЛАСЫП-ШУЛАСЫП *У-шу, азан-қазан болып.*

УЛАТЫП-ШУЛАТ *У-шу өткізу, даңғазалау.*

УЛЕ *Желдің гүілдеуі; үрлеу, соғу.*

УЛЫ 1. *Уы мол, тез уландыратын улық қасиеті күшті.* 2. *Зәрлі, зиянды.* ◊ **Улы сөз [тіл]** — *жанға батар қатты сөз.*

УЛЫЛЫҚ 1. *Уы молдық.* 2. ***Ауысп.*** *Өткірлілік, ащылық.*

УЛЬТИМАТУМ *Белгілі бір шартты орындаудан бас тартқан күнде, төтенше шара қолданылады деп, күш көрсете отырып, ақтық рет қойылатын үзілді-кесілді талап.*

УЛЬТРАКҮЛГІН *Аса күлгін немесе көгілдір түсті.*

УЛЬТРАМИКРОСКОП *Аса уақ, көзге ілінбейтін заттарды көрсететін микроскоп.*

УМАЖДА 1. *Уысқа салып қысу, мыж-мыжын шығару.* 2. ***Ауысп.*** *Астына салып илеу, басу, жаншу.*

УМА-ЖУМА *Тәртіпке келтірілмеген, ретсіз.*

УМАҚ-ШУМАҚ *Топ-топ болып, шоғырланып.*

УМАН-ДУМАН *Шат-шадыман, мәз-мейрам.*

УМАШ: умаш көже — *алақанмен уқалап, қиыршықталған үнды сүтке қайнатып пісіретін ас.*

УНИВЕРСАЛ *Әр нәрсеге бейім, жан-жақты; әмбебап.*

УНИВЕРСИАДА *Студенттердің спорттық жарысы.*

УНИВЕРСИТЕТ *Әртүрлі ғылымдар саласынан жоғары дәрежелі білім беретін жоғары оқу орны.*

УРА *Сарбаздарды шабуылға бастағанда немесе бір нәрсені қолдап қуаттағанда көтеріңкі дауыспен айтылатын сөз.*

УРАЛА *Ура, ура деп айқайлау, ұрандау.*

УРАН ***хим.*** *Радиоактивті қасиеті бар, күмістей ақ түсті металл.*

УРДУ *Пәкістан халқының мемлекеттік тілі.*

УРНА 1. *Темекі қалдықтарын, басқа да түрлі қоқыстарды салу үшін көшелерге немесе қоғамдық орындарға қойылатын ыдыс.* 2. *Сайлау бюллетендерін салуға арналған жәшік.*

УРОЛОГ ***мед.*** *Урология маманы.*

УРОЛОГИЯ ***мед.*** *Зәр шығаратын*

мүшелердің ауруларын зерттеп, оны емдейтін медицина саласы.

УСОЙҚЫ 1. ***бот.*** *Биіктігі 40–80 см, жапырақтары қалың түкті, хош иісті ақ гүлі бар улы өсімдік.* 2. ***Ауысп.*** *Ащы, қыршаңқы тіл.*

УСЫЗ *Уы жоқ, уы болмайтын.*

УТАС *Үйді ақтауға арналған ақ түсті минерал зат, әктас.*

УТОПИЗМ ***филос.*** *Іске аспайтын, болуы екіталай, құрғақ қиял.*

УТОПИСТ *Утопизмді қолдаушы.*

УТОПИЯ ***филос.*** *Орындалмайтын арман, құрғақ қиял.*

УТОПИЯЛЫҚ *Бос қиялшылдық, болмайтынды аңсаушылық; алдамшы қиял.*

Уһ *Шаршағанда, қажыған уақытта қатты шығатын үн.*

УһІЛЕ *"Уһ" деп демін алу; қайғыру, қапалану.*

УһІЛЕП-АһЫЛАУ *Көңілді қайғышер басу, қамығу.*

УЧИЛИЩЕ *Белгілі бір мамандық беретін орта және арнаулы оқу орны.*

У-ШУ *Азан-қазан, айқай-ұйқай.*

У-ШУЛЫ *У-шуы мол, айқай-ұйқайлы.*

У-ШУСЫЗ *У-шуы жоқ, тыныш.*

УШЫҚ 1. *Жарақаттың, аурудың асқынып кетуі.* 2. ***Ауысп.*** *Араздықтың, өкпе-реніштің үдей түсуі, өршуі.*

УШЫҚТЫРУШЫ *Дау-жанжалды өрбітуші, асқындырушы.*

УШЫРМАУЫҚ *Шырмалып өсетін өсімдіктің бір түрі.*

УЫЗ 1. *Төлдеген малдың алғашқы күндердегі қоймалжың қою сүті.* 2. *Уыз сүттен пісірілген дәмді тағам.* 3. ***Ауысп.*** *Жұмыртқаның ағы мен сарысы, уызы.* 4. ***Ауысп.*** *Беті ашылмаған жас, уыз жас, балғын жас, ұян.* ◊ **Уыз ет** – *марқа қозы, құлын сияқты жас малдың жас еті.* **Уыз қымыз** – *жазғытұрым кездегі алғашқы қымыз.* **Уызы арылмаған [кеппеген]** – *ернінен емшек табы кетпеген, жас сәби.* **Уызында жарымаған** – *анасынан туғалы жоқшылықта келе жатқан.*

УЫЗДАЙ *Уылжыған, балғын, жас, жас қыз (жігіт).* ◊ **Уыздай ұйыды** – *береке-бірлігі бұзылмады, ынтымағы жарасты.*

УЫЗДАН 1. *Уызға айналу, қоймалжыңдану.* 2. ***Ауысп.*** *Ауыздану, нәр алу.*

УЫЗДАУ *Әлі қатая қоймаған, жастау.*

УЫЗДЫ 1. *Уызы бар.* 2. *Сүті қою, маңызды.*

УЫЗДЫҚ *Уызға тоюшылық.*

УЫҚ *Кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сидақ сырық, киіз үй сүйектерінің бірі.* ◊ **Уықбау** – *уықтың имек басын керегеге бекітіп байлайтын бау, жіп.* **Уық таңғыш** – *киіз үй жабдығы.*

УЫҚҚАП *Көшкенде сынбас үшін уықтарды салып қоятын қап.* **Уық қары** – *уықтың кереге жақ иіні.* **Уық шаншыды** – *бір жерге шаңырақ көтеріп үй тікті.*

УЫҚСЫЗ *Уығы жоқ, уық шаншылмаған.*

УЫҚТА *Уықты шаңыраққа шаншу.*

УЫҚТАЙ *Жіп-жіңішке, сыриған.*

УЫҚТЫҚ *Уық жасауға жарамды (агаш).*

УЫҚША *Уық тәрізді қысқа сырық.*

УЫЛ *Тәтті не басқа жағымсыз нәрсе жегеннен ауыздың кілегей қабықтарының жарылып ашып ауруы; күлдіреу.*

УЫЛДАП-ШУЫЛДАП *Улап-шулап, дабырлап.*

УЫЛДЫРЫҚ *Балық және басқа да кейбір су жәндіктерінің суға шашатын ұсақ жұмыртқасы.*

УЫЛДЫРЫҚТЫ *Уылдырығы бар, уылдырығы көп.*

УЫЛЖЫ 1. *Жидек-жемістің әбден толысып пісуі; езілу.* 2. *Еттің жұмсақ болып бабымен пісуі; былбырау.* 3. ***Ауысп.*** *Жасөспірімнің сымбаттанып, өңі бал-бұл жанып құлпыруы.*

УЫС 1. *Қолдың саусақтарын жымдастыра бүккендегі алақан аясының іші.* 2. *Уыс ішіндегі заттың көлемі.* □ **Уысына алды [ұстады]** – *еркін билеп, өзіне бауырап алды.* **Уысынан босатпады [шығармады]** – *еркіне жібермей қатал ұстады.*

Уысынан шықты [шығып кетті] – *қолынан, білігінен кетті.* **Уысына түсті** – *қолына ілікті, қармағына ілінді.*

УЫСТА *Уысына толтыра ұстау.*

УЫСТАЙ *Уыс мөлшеріндей.*

УЫС-УЫС *Бірнеше уыс; көп, мол.*

УЫТ 1. *Агзаға дарыған удың күші, зардабы.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің, құбылыстың басқаға тигізер әсері, ықпалы.* ◊ **Уыты қайтты** – *сырқаттың беті бері қарады, тәуір болды.* **Уытын басты [қайырды]** – *бір нәрсенің уын, зардабын жойды.*

УЫТСЫЗ 1. *Зардабы жоқ, залалсыз.* 2. ***Ауысп.*** *Ықпалы аз, әсері жоқ; нашар, әлсіз.*

УЫТТА 1. *У қосу, зәр жаю, дәрілеу.* 2. ***Ауысп.*** *Күш-қуат беру, шабытын қоздыру.*

УЫТТАҒЫШ *Уыт беретін, қорытқыш.*

УЫТТЫ 1. *Улы, залалды.* 2. ***Ауысп.*** *Әсерлі, қуатты, күшті.*

УЫТТЫЛАУ 1. *Улы, зәрлі.* 2. ***Ауысп.*** *Сұстылау, өткірлеу, қайраттылау.*

УЫТТЫЛЫҚ 1. *Уы күшті болушылық; уландыру қаупінің молдығы.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің әсерінің күштілігі, өжеттік, қайраттылық, сұстылық.*

УІЛ 1. *Желдің дыбыс шығарып, үйлдей соғуы.* 2. *Емшектегі баланың тілі шыққанға дейінгі үйлдеген үні.*

УІЛДЕ 1. *У-у етіп жел соғу.* 2. *Сәбидің үйл шығаруы.*

УІЛДЕК *Үйлдей беретін, үйлдегіш.*

УІЛДІРІК 1. *Қамыс тектес өсімдіктердің басындағы ұлпасы, майда шашағы.* 2. ***Ауысп.*** *Қазының үлпілдеген ұлпа жері.*

Ұ

ҰБАҚ-ШҰБАҚ *Іркес-тіркес созылған, шұбырған.*

ҰБАП-ШҰБАП *Бірінен кейін бірі шұбырып, шұбатылып.*

ҰБЫРЫП-ШҰБЫРЫП *Ұбап-шұбап, шұбырып.*

ҰҒЫМ 1. *Белгілі бір зат, құбылыс жөніндегі адамның түсінігі, танымы.* 2. *Мән, магына, маңыз.*

ҰҒЫМДЫ 1. *Түсінікті, көкейге қонымды.* 2. *Сезімтал.*

ҰҒЫМДЫҚ *Ұғымға қатысты, соған тән.*

ҰТЫМДЫЛЫҚ *Зерделілік, ұғымталдық.*

ҰҒЫМДЫЛАУ *Түсініктілеу, көкейге қонымдылау.*

ҰҒЫМДЫРАҚ *Ұғымдылау, түсініктілеу.*

ҰҒЫМПАЗ *Ұғымтал, зерек, алғыр.*

ҰҒЫМПАЗДЫҚ *Ұғымталдық, зеректік, алғырлық.*

ҰҒЫМСЫЗ 1. *Мига қонбайтын, түсініксіз.* 2. *Қабілетсіз, зердесіз; топас.*

ҰҒЫМСЫЗДАУ *Түсініксіздеу, ұғынықсыздау.*

ҰҒЫМСЫЗДЫҚ *Түйсігі жоқтық, қабілетсіздік.*

ҰҒЫМТАЛ *Ұққыш, зерек, алғыр.*

ҰҒЫМТАЛДАУ *Қабілеттілеу, зеректеу, алғырлау.*

ҰҒЫМТАЛДЫҚ *Зеректік, алғырлық.*

ҰҒЫНҒЫШ *Түсінгіш, ұққыш.*

ҰҒЫНЫҚСЫЗ *Түсініксіз, ұғымды емес.*

ҰҒЫНЫҚТЫ *Түсінікті, көкейге қонымды.*

ҰҒЫНЫС *Түсінік, ұғым.*

ҰҒЫС *Өзара түсінісу, мәмілеге келісу.*

ҰДАЙ: екіұдай – а) *бірыңғай емес екі жікке бөлінген;* ә) *әрі-сәрі, дүдәмал; екіұшты.*

ҰДАЙЫ *Үнемі, ылғи; үздіксіз, толассыз.* □ **Ұдайы өндіріс** ***экон.*** *– үздіксіз қайталанып, жаңартылып отыратын қоғамдық өндіріс.*

ҰДАЙЫМЕН *Арасын үзбей үнемі, қатарынан.*

ҰЖДАН *Ар, намыс, ұят.*

ҰЖДАНСЫЗ *Арсыз, ұятсыз, намыссыз.*

ҰЖЫМ *Белгілі бір мекемеде, кәсіпорында жұмыс істейтін адамдар тобы*

ҰЖЫМДАС *Бірлесу, ынтымақтасу.*

ҰЖЫМДЫ *Ынтымақты, ұйымшыл.* ◊ **Ұжымдық жалгерлік** *– шаруашылық есепке негізделіп жүргізілетін жұмыс.*

ҰЖЫМДЫҚ *Ұйымшылдық, ынтымақтылық.*

ҰЖЫМШЫЛ *Ұйымшыл, ынтымақты.*

ҰЗА *Алыстап, қашықтап кету.*

ҰЗАҒЫРАҚ *Ұзақтау, қашықтау, алысырақ.*

ҰЗАҚ I ***зоол.*** *Қарға тұқымдас денесі кішілеу келген жыл құсы; ұзақ қарға.*

ҰЗАҚ II 1. *Алыс, қашық, жырақ,* 2. *Көп уақытқа созылған, тез емес.* 3. *Ұзын, шұбалаңқы.* ◊ **Ұзақ таң** *– түні бойы, түнімен.* □ **Ұзағынан жарылқасын [сүйіндірсін]!** *– жақсылығың көпке созылсын, мәңгілік болсын!* **Ұзаққа бармады** *– көпке созылмады; қысқа болды.* **Ұзақ сонар [сүре]** *– тез біте қоймайтын, көпке созылған.* **Ұзақ сонарға салды [түсті]** *– таусылмас сөзбуйдаға салды.*

ҰЗАҚТА *Алыстау, қашықтау, жырақтау.*

ҰЗАҚТАУ 1. *Қашықтау, алыстау.* 2. *Шұбалаңқылау, созылыңқылау.*

ҰЗАҚТЫ: ұзақты күн [күнге] — *күні бойы, күнұзын.* **Ұзақты түн** — *түні бойы, таң атқанша.*

ҰЗАҚТЫҚ *Ұзақ болушылық, қашықтық.*

ҰЗАҚША: ұзақша шулады — *шу ете қалды, у-шу болды.*

ҰЗАҚШЫЛ *Алысқа ұшатын, шаршамайтын.*

ҰЗАМАЙ *Көп уақыт өтпей, көпке созылмай, көп кешікпей.*

ҰЗАР 1. *Ұзая түсу.* 2. *Мезгіл-мерзімнің тез өтпей, көпке созылуы.*

ҰЗАРТЫЛ: ұзартылған күн тәртібі ***пед.*** — *оқушылардың сабақтан соң мектепте қалып, мұғалім, тәрбиешілердің қадағалауымен үй тапсырмасын орындайтын, тамақтанатын, бой жазатын уақыты, режимі.* **Ұзартылған күн тобы** ***пед.*** — *мектептерде оқушылардың сабаққа дайындалуы және басқа да жан-жақты тәрбие алуы үшін ұйымдастырылған шара.*

ҰЗАТ 1. ***өзг. етіс*** *Ұза-т.* 2. *Қалыптасқан дәстүр бойынша түрлі ырым-сырым жасап, қызды күйеуге беру.* **Ұзатар көбейсін** — *қыз ұзату тойының үстіне келген адамның айтатын тілегі.* **Ұзатып салды** — *шығарып салды, біраз жерге дейін ілесті.*

ҰЗЫН 1. *Қысқа емес, шұбатылған.* 2. *Аласа емес, биік.* ◊ **Ұзын арқан [арқау], кең тұсау** — *арқасын кеңге салды, жайбарақаттыққа салынды.* **Ұзында [ұзыннан] өшті, қысқадан [қысқада] кекті** — *бұрыннан алакөз болу.* **Ұзындағы өшін, қысқадағы кегін алды** — *бұрынды-соңды кеткен есесін қайтарды.* **Ұзын жолды қысқартты** — *алыс жолды әңгімемен жақын етті.* **Ұзын салқар** — *ұзыннан-ұзақ, шұбатылған, шұбырған.* **Ұзын саны [қарасы]** — *жалпы мөлшері, ұзын-ырғасы.* **Ұзын сөздің қысқасы** — *сөздің тобықтай түйіні.* **Ұзын-ырғасы** — *сөздің шама-шарқы, болған-біткені.*

ҰЗЫНА: ұзына бойы — *өн бойы бастан-аяқ.*

ҰЗЫНДАУ I *Ұзару, ұзын болу.*

ҰЗЫНДАУ II *Біршама ұзын, ұзынырақ.*

ҰЗЫНДЫ: ұзынды күн — *күні бойы, ертеден қара кешке дейін.*

ҰЗЫНДЫ-КЕШ *Ұзақ уақыт, кеш бойы, кешке дейін.*

ҰЗЫНДЫҚ *Бір заттың ұзыннан алғандағы қалпы, ұзына бойы, тұруы.*

ҰЗЫНДЫ-ҚЫСҚАЛЫ *Бірі ұзын, бірі қысқа; ұзын-қысқасы аралас*

ҰЗЫННАН-ҰЗАҚ *Ұзына бойын қуалай, шұбатылып, созыла.*

ҰЗЫНША 1. *Ұзындау, ұзын келген.* 2. *Сұңғақтау, бойшаңдау.*

ҰЗЫНЫРАҚ *Әжептәуір ұзын, ұзындау.*

ҰЗЫН-ЫРҒАСЫ 1. *Бір нәрсенің жалпы нобайы, жобасы, желісі.* 2. *Басаяғы, жалпы саны.*

ҰЙБАЙ *Таңырқағанда, ренжігенде айтылатын, көңіл күйін білдіретін сөз; ойбай.*

ҰЙҒАР 1. *Белгілі бір тоқтамға келу, ой қорыту.* 2. *Лайық көрді, жөн көрді.*

ҰЙҒАРУЫНША *Шешімі, тоқтамы бойынша.*

ҰЙҒАРЫМ *Шешім, тоқтам, байлам.*

ҰЙҒЫР *Қытайда және Орта Азия мен Қазақстанның кейбір аудандарында тұратын түркі тілдес халық.*

ҰЙҒЫРША 1. *Ұйғыр тілінде.* 2. *Ұйғыр халқының дәстүрінше, әдет-ғұрпынша.*

ҰЙҚАС I *Ұқсас, аттас.*

ҰЙҚАС II ***әдеб.*** *Өлең жолдарының соңғы дыбыстарының қабысуы, белгілі бір ырғаққа құрылуы.*

ҰЙҚАС III 1. *Сәйкесу, сай келу.* 2. *Өлең жолдарының, буындарының үндесіп, үйлесіп келуі, қиюласуы.*

ҰЙҚАСТЫ *Ұйқасы бар, ұйқасқа құрылған.*

ҰЙҚАСТЫҚ *Ұйқасы келушілік, үндестілік.*

ҰЙҚАСЫМ *Үндесіп келушілік, үйлесім.*

ҰЙҚАСЫМДЫ *Ұйқасып келген, ұйқасымы бар.*

ҰЙҚЫ I 1. *Адам мен жан-жануарлардың тынығып дем алуы үшін, белгілі бір мерзімде қайталанып отыратын физиологиялық жағдайы.* ◊ **Ұйқыашар** – *ұйқыны ашу үшін жасалатын түрлі әрекет.* **Ұйқы басты** – *ұйқы меңдетті, ұйқыдан бас көтере алмады.* **Ұйқыға батты** – *ұйқы құшағына енді.* **Ұйқыға кетті** – а) *ұйқыға кірісті, ұйқыға бас қойды;* ә) *қайтыс болды, көз жұмды.* **Ұйқыдан қалды** – *мазасы болмады, ұйықтай алмады.* **Ұйқы жеңді** – *ұйқы қысты, ұйқыға кетті.* **Ұйқы көрмеді** – *көз ілмеді, мызғымады.* **Ұйқысы қанды** – *жақсы ұйықтап, тынықты.* **Ұйқысын ашты** – *оянды, сергіді.* **Ұйқысын бұзды [бөлді]** – *ұйқысына бөгет жасап, кедергі келтірді.* **Ұйқысын қаза қылмады** – *ұйқысынан оятпады, ұйқысын бұзбады.* **Ұйқысы шайдай ашылды** – *ұйқысы бірден тарап кетті, сергіп сала берді.*

ҰЙҚЫ II *Малдың шажырқай майына жабыса бітken бұжыр-бұжыр үлкен без.* ◊ **Ұйқы безі** – *асқорыту, сөл түзу міндетін атқаратын без.*

ҰЙҚЫЛЫ *Ұйқысы сергімеген, ашылмаған.*

ҰЙҚЫЛЫ-ОЯУ *Ұйқы мен ояудың арасында, қатты ұйқыға кетпеген.*

ҰЙҚЫСЫЗ *Көз ілмеген, ұйқы көрмеген.*

ҰЙҚЫСЫЗДЫҚ *Ұйқысы қашушылық, келмеушілік, ұйықтай алмаушылық.*

ҰЙҚЫСЫРА *Ұйықтап жатып сөйлеу.*

ҰЙҚЫ-ТҰЙҚЫ 1. *Астаң-кестеңі шыққан, қоқсып жатқан.* 2. *Алай-дүлей, аласапыран, опыр-топыр.* ◊ **Ұйқы-тұйқы болды [қылды, шықты]** – а) *қобырап, қоқсып жатты;* ә) *ойран-асыр болды, опалаң-топалаңы шықты, бейберекет болды.*

ҰЙҚЫШЫЛ *Көп ұйықтайтын, ұйықтай беруді ұнататын.*

ҰЙЛЫҚ *Топталып бір жерге шоғырлану.*

ҰЙМА ***жерг.*** *Тартпа, ми батпақ.*

ҰЙПА *Жайпау, қырып-жою, қырату.*

ҰЙПАЛА 1. *Қобырату, будырату; умаждау.* 2. ***Ауысп.*** *Ұйпа-тұйпасын шығарып, жайпап жіберу.*

ҰЙПАЛАҚ *Қобырап, будыраған, умаждалған.*

ҰЙПАЛАҚТА *Бей-берекет қобыратту, будырату.*

ҰЙПАЛАҚТАУ *Сәл ұйпалақ болып келген.*

ҰЙПА-ТҰЙПА 1. *Ұйқы-тұйқысы шыққан, қобыраған.* 2. ***Ауысп.*** *Ойран-асыр, опыр-топыр.* ◊ **Ұйпа-тұйпа етті [қылды]** – *ұйқы-тұйқы жасады.* **Ұйпа-тұйпасы шықты** – а) *ұйпалақтанды, мыж-мыж болды;* ә) *ойран-асыр болып, ұйқы-тұйқысы шықты.*

ҰЙТҚЫ *Желдің тез көтеріліп, кері үйіріле соғуы.* ◊ **Құйындай ұйтқыды** – *жүрісіне көз ілеспеді.*

ҰЙТҚЫМА *Ұйтқи соққан.*

ҰЙТҚЫТ 1. ***өзг. етіс*** *Ұйтқыт.* 2. *Атты құйғыта шабу.*

ҰЙЫ 1. *Сүттің айранға айналуы.* 2. *Қанның қоюланып қалуы.* 3. *Дене мүшесінің шымырлап жансыздануы.* 4. ***Ауысп.*** *Ден қойып тыңдау, елту.*

ҰЙЫҒЫШ *Тез ұйытын, ұюға бейім.*

ҰЙЫҚ I *Аяққиімнің ішінен киетін, қонышы қысқа тоқыма байпақ.*

ҰЙЫҚ II *Үйма, тартпа, ми батпақ.*

ҰЙЫҚ III *Ит тұқымдас хайуанаттардың ылығуы.*

ҰЙЫҚ IV *Өзендерде балықтар уылдырық шашатын және шоғырланып жататын қолайлы ойпат жер.*

ҰЙЫҚ: жерұйық – *жер жаннаты, керемет жер.*

ҰЙЫҚТА *Ұйқыға кету, ұйқыға шому.*

ҰЙЫҚТАҒАНСЫ *Ұйықтаған сияқты күйде болу.*

ҰЙЫМ 1. *Мемлекеттік, бұқаралық немесе қоғамдық мекеме.* 2. *Белгілі бір мақсат жолында біріккен адамдардың тобы; саяси бірлестік.*

ҰЙЫМА: ұйыма қан – *ұйып қалған қан.* ◊ **Ұйыма сортаң** – *майбатпақ, тұздылау жер.* **Ұйыма сұйық** – *бір жерге жиналған сұйық зат.*

ҰЙЫМДАС *Жиылу, бірігу, ұйым болу.*

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ *Басқарушы, жол көрсетуші, нұсқаушы.*

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ *Ұйымдастыра білушілік, ұйымдастыру ісін атқарушылық.*

ҰЙЫМДЫҚ *Ұйымға қатысты, соған тән.*

ҰЙЫМШЫЛ *Ынтымақшыл, ауызбірлігі күшті.*

ҰЙЫНДЫ ***зат****. Ұйып қалатын зат, тұнба.*

ҰЙЫС 1. *Қалың, тығыз болып өскендіктен шаш, сақал, жүн, шөп т. б. бытысын қалуы.* 2. *Бір жерге үйіріліп топталу, жиналу, ұйлығу.* ◊ **Киіздей [жабағыдай] ұйысқан** — *өте тығыз, жиі.*

ҰЙЫСҚАҚ *Ұйысқыш, тез ұйысатын.*

ҰЙЫТҚЫ 1. *Сүтті ұйытып, айран жасайтын ашытқы.* 2. ***Ауысп.*** *Игілікті істің ұйымдастырушысы, басшысы.* ◊ **Ұйытқысын бұзды [шайқады]** — *береке-бірлігін кетірді, шырқын бұзды.*

ҰЙЫТҚЫЛЫҚ *Ұйытқы болуға жарарлық.*

ҰҚ *Түсіну, жадында сақтау.*

ҰҚҚЫШ *Алғыр, зерек, ұғымтал.*

ҰҚҚЫШТЫҚ *Тез түсінгіштік, ұғымталдық.*

ҰҚСА *Ұқсас болу, сәйкес келу.*

ҰҚСАС *Сәйкес, бейнелес, тәріздес.*

ҰҚСАСТАУ *Біршама ұқсас, сәйкестеу.*

ҰҚСАСТЫҚ *Ұқсас болушылық, айнымай дәл келушілік.*

ҰҚСАТ 1. ***өзг. етіс*** *Ұқса-т.* 2. *Шараны орнына келтіріп, тап-түйнақтай ету, келістіру, тындыру.*

ҰҚСАТЫМПАЗ *Жоқты бар етіп ұқсатқыш.*

ҰҚЫП 1. *Тиянақтылық, тыңғылықтылық, тындырымдылық.* 2. *Ысырапқа жол бермеушілік, үнемшілдік.*

ҰҚЫПСЫЗ *Ұқыпты емес; салақ.*

ҰҚЫПСЫЗДЫҚ *Салақтық, жауапсыздық.*

ҰҚЫПТА *Зейін салу, ден қою.*

ҰҚЫПТЫ *Тап-түйнақтай, жинақы, тыңғылықты.*

ҰҚЫПТЫЛЫҚ *Жинақылық, тыңғылықтылық.*

ҰЛ 1. *Еркек бала, ер бала.* 2. *Халық қамын ойлайтын ер-азамат.* ◊ **Ұлға балады** — *ардақтады, өзгеден бағасын артық көрді.* **Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды** — *бала-шағасын құтты орнына қондырып, орналастырды.* **Ұлы ойда, қызы қырда** — *бытырап тарап кеткен, әркайсысы әр жерде.*

ҰЛАҒАТ *Ақыл-парасат, үлгі-өнеге.* ◊ **Ұлағат сөз** — *аталы сөз, өнегелі сөз.*

ҰЛАҒАТТЫ *Парасатты, үлгілі-өнегелі оқымысты, ғұлама.*

ҰЛАН I *Жасөспірім, жеткіншек, өрен.*

ҰЛАН II *Іріктелген әскери құрама.*

ҰЛАН: ұлан жаздай [қыстай] — *жаз (қыс) бойы, жаз (қыс) өткенше.* **Ұлан бәйге** — *тай, құнан қосылған бәйге.*

ҰЛАН-АСЫР *Ағыл-тегіл, көл-көсір, аспа-төк.*

ҰЛАН-БАЙТАҚ *Кең-байтақ.*

ҰЛАН-ҒАЙЫР *Ұшы-қиырсыз үлкен, есепсіз мол.*

ҰЛАР ***зоол.*** *Тауда мекендейтін, сұргылт түсті, еті дәмді, ірі құс.*

ҰЛАРДАЙ: ұлардай шулады — *улап-шулап дүрлікті, дауыс қосып жылады.*

ҰЛАС *Бір-біріне жалғасу, ұштасу, тұтасу.*

ҰЛАСТЫРУ *Бұтақтарды өздері тұрған жерде өзара жалғастырып ұлау.*

ҰЛҒАЙ 1. *Үлкею, өсу, көбею; үдеу, өршу.* 2. *Егде тарту, қартайыңқырау.*

ҰЛҒАЙМАЛЫ: ұлғаймалы ұдайы өндіріс ***экон.*** — *қосымша өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттарын өндіретін өндіріс процесі.*

ҰЛДАЙ *Ұл сияқты, ұл тәрізді.*

ҰЛДЫ *Ұл балалы.*

ҰЛДЫҚ *Ұлға тән, ұл бала, азаматтық.*

ҰЛ-ҚЫЗ *Ұл мен қыз; жастар.*

ҰЛМА-ЖҰЛМА *Жұлма-жұлма, алба-дұлба.*

ҰЛПА 1. *Үлпілдеген аппақ, жұп-жұмсақ.* 2. *Өте ұсақ, мап-майда.* 3. *Кейбір өсімдіктің басындағы үлпілдеген жұп-жұмсақ бөлшегі.* ◊ **Үлпа қар** — *жұп-жұмсақ, жапалақ қар.*

ҰЛПАБАС *Көпжылдық шөптесін өсімдік туысы.*

ҰЛПАДАЙ *Жұп-жұмсақ, үлбіреген.*

ҰЛПАЛА *Өте ұсақ етіп майдалау.*

ҰЛПАН *Үлпа жүнді аң терісі, елтірі (бұлар қозы терілері), жақ (құлын, бұзау терілері).*

ҰЛПА-ОТАНЫМЕН *Тұп-тамырымен, түқым-жұрағатымен.*

ҰЛСЫЗ *Ер баласыз, азаматсыз.*

ҰЛТ *Тіл, мекендеген жер, экономикалық өмір бірлігі және психологиялық мінез-құлықтың ортақтығы негізінде қалыптасқан адамдардың тарихи, әлеуметтік, этностық тұтастығы.*

ҰЛТАБАР *Адам мен малдың тоқ ішегі мен үлкен қарнын жалғастырып тұратын мүшесі.*

ҰЛТАН 1. *Аяққиімнің табанына салатын қалың, қатты зат (былғары т. б).* 2. ***Ауысп.*** *Өзеннің, сайдың, көлдің, жыраның т. б. табаны.*

ҰЛТАНДА *Аяққиімге ұлтан салу.*

ҰЛТАНДЫҚ *Ұлтан боларлық, ұлтанға жарарлық.*

ҰЛТАР *Жаңадан ұлтан салу.*

ҰЛТАРАҚ *Аяққиімнің ішінен табанға салатын жұқалаң зат.*

ҰЛТАРАҚТАЙ *Көлемі кішкентай, алақандай.*

ҰЛТАРАҚТЫҚ *Ұлтарақ боларлық.*

ҰЛТАРМА *Табандалған қоныштыаяққиім.* ◊ **Ұлтарма бас етік** — *басы мен қонышын бітеу пішіп, ұлтарған етік.*

ҰЛТТЫ: көпұлтты — *көптеген ұлтардың басы қосылған, бірнеше ұлттан тұратын.*

ҰЛТТЫҚ *Белгілі бір ұлтқа тән, ұлт ерекшеліктерін көрсететін, қамтитын.* □ **Ұлттық ойын** — *белгілі бір халыққа тән, қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауық түрлері.* **Ұлттық табыс** ***экон.*** — *бір жылда өндірілген тұтыну заттары және өндіріс құрал-жабдықтары.*

ҰЛТШЫЛ *Өз ұлтының мүддесін қорғаушы, ұлтын сүюші, ұлтжанды.*

ҰЛТШЫЛДЫҚ 1. *Ұлт мүддесіне жан-тәнімен берілушілік, ұлтжандылық, ұлтын ерекше сүюшілік.* 2. *Ұлт мүддесін, ұлт ерекшелігін қорғау ұранын пайдаланып ұлттар арасына іріткі салушы буржуазиялық кертартпа саясат пен идеология.*

ҰЛУ 1. *Теңіздерде тіршілік ететін, жұмсақ денелі, омыртқасыз, сауытты жәндік.* 2. *Құрғақ жерлерде тіршілік ететін, сыртында ақшыл түсті қабы бар, шырышты жәндік.* ◊ **Ұлу жылы** — *жыл санаудың бесінші жылы, он екі жылда айналып келіп тұратын мүшел жыл аты.*

ҰЛУТАС *Теңіз жағалауларында ұлу қабыршақтарының қалдықтарынан пайда болған жыныс.*

ҰЛША *Ұл секілді, ұлға ұқсап.*

ҰЛЫ I 1. *Орасан зор, үлкен, ірі.* 2. *Асқан кемеңгер, данышпан, озық ойлы.* ◊ **Ұлы ата [баба]** — *үлкен ата, арғы ата.* ◊ **Ұлы бәйге** — *сарытабан ат қосылған әрі алысқа айдалатын сәйгүлік аламан бәйгесі.* **Ұлы жұма** — *аптаның бесінші күні.* **Кіші жұма** — *төртінші күн, бейсенбі.* □ **Ұлы жүз** ***эти.*** — *қазақ халқының этностық құрамына енген үйсін тайпаларының бірлестігі.* **Ұлы Отан соғысы** — *1941—1945 жылдары неміс басқыншыларына қарсы жүргізілген, кеңес халқының жеңіспен аяқталған Отан қорғау соғысы.* **Ұлы сәске** — *күн әжептәуір көтерілген (түс мезгіліне таянған) мезгіл.*

ҰЛЫ II 1. *Қасқыр, ит сияқты жыртқыштардың дауыстарын созып үн шығаруы.* 2. ***Ауысп.*** *Боранның, желдің гүілдеп қатты соғуы.*

ҰЛЫҚ I ***көне*** *Жоғары мәртебелі әкім, төре.*

ҰЛЫҚ II ***көне*** *Үлкен, зор.* ◊ **Ұлық болсаң, кішік бол** — *негұрлым ұлы болсаң, соғұрлым кішіпейіл бол.*

ҰЛЫҚСАТ *Рұқсат, пұрсат.*

ҰЛЫҚСЫ *Ұлық болғансу, ұлықпын деу.*

ҰЛЫҚТА *Құрметтеу, қадір тұту.*

ҰЛЫҚТЫҚ I *Әкім, төре болушылық, соған тән іс-әрекет, мінез-құлық.*

ҰЛЫҚТЫҚ II *Ұлылық, данышпандық.*

ҰЛЫҚШЫЛ *Ұлықты жақтаушы, ұлық болуға құмар.*

ҰЛЫНАН *Ірілену, тұлғалану.*

ҰЛЫЛЫ-КІШІЛІ *Үлкенді-кішілі, ірілі-уақты.*

ҰЛЫЛЫҚ *Ұлыға тән қасиет, құдіреттілік, ұлықтық.*

ҰЛЫС ***көне*** *Рулық бірлестік, әулет.* ◊ **Ұлыстың ұлы күні [ұлыс күні]** — *ескіше жаңа жылдың бірінші күні (22 наурыз), Наурыз мейрамы.*

ҰМА *Аталық малдың жыныстық мүшесі, ені, ұрық безінің сыртындағы қалталанған терісі.*

ҰМАР-ЖҰМАР *Бірінің үстіне бірі шыққан, үйме-жүйме.*

ҰМСЫН 1. *Ілгері қарай ұмтыла түсу, талпыну.* 2. *Ұсынған болу, ишарат ету, мәзірет қылу.*

ҰМТЫЛ 1. *Ілгері қарай ентелеу, ұмсыну, омыраулау.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі мақсат жолында талпына еңбек ету, талаптану.*

ҰМТЫЛҒЫШ *Талаптанғыш, тырысқыш.*

ҰМТЫЛЫС *Ілгері басушылық, құлшыныс.*

ҰМЫТ *Естен шығару, жадында сақтамау.* ◊ **Ұмыт болды** — *естен шықты, ұмытты.*

ҰМЫТШАҚ *Естігенді жадында сақтай алмайтын, ұмытқыш.*

ҰМЫТШАҚТЫҚ *Тез ұмытушылық, есте сақтамаушылық.*

ҰН *Диірменге тартылған бидайдың ақ ұлпа ұнтағы.* ◊ **Ұн жемір** — *астық өнімдерін және басқа да азық-түлік қорын зақымдайтын қоңыз.* **Ұн кенесі** — *дәнді, ұнды, жарманы, майлы дақылдар тұқымын, кептірілген көкөністі, пішенді, т. с. с. зақымдайтын кене.* **Ұн көже** — *қайнап жатқан суға қуырылған ұн қосып пісірілген тағам.*

ҰНАМДЫ *Жарасымды, жағымды.*

ҰНАМДЫЛЫҚ *Жарасымдылық, жағымдылық.*

ҰНАМСЫЗ *Жағымсыз, жарасымсыз, қолайсыз.*

ҰНАМСЫЗДЫҚ *Жағымсыздық, жарамсыздық.*

ҰНАС 1. ***орт. етіс*** *Ұна-с.* 2. *Қонымды болып үйлесу, жарасу.*

ҰНАСЫМ *Үйлесім, жарасым, келісім.*

ҰНАСЫМДЫ *Жарасымды, қонымды, келісті.*

ҰНАТ 1. *Жақсы көру, жарату, қалау.* 2. *Мақұл көру, қолдау.*

ҰНАТУШЫЛЫҚ *Жақсы көрушілік, жаратушылық.*

ҰНЖЫРҒА: ұнжырғасы түсті — *еңсесі түсті, салы суға кетті.*

ҰНТА *Түйір-түйір, кесек-кесек нәрсені майдалап үгу, ұнтақтау.*

ҰНТАҚ *Әртүрлі мақсат үшін арнайы жасалған үгінді.*

ҰНТАҚТА *Бір затты уату, үгіндіге айналдыру.*

ҰНША *Ұн сияқтанып, ұнға ұқсап.*

ҰҢҒУЫР *Ағашты ұңғып, белгілі бір қалыпқа келтіретін құрал.*

ҰҢҒЫ I 1. *Қайсыбір құралдың сапқа киілетін қуыс жағы, қуысы.* 2. *Мылтық, пулеметтің оқ шығатын жері, аузы.*

ҰҢҒЫ II *Бір заттың ішін ойып ұңғу, қуыстау.*

ҰҢҒЫЛА 1. *Бір заттың ішін ұңғіп қуыстау.* 2. ***Ауысп.*** *Тереңдей түсу, тәптіштеп талдау.*

ҰҢҒЫЛ-ШҰҢҒЫЛ 1. *Кедір-бұдыр, ойлы-қырлы жер.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің егжей-тегжейі, қыр-сыры.*

ҰҢҒЫМАЛЫ *Ұңғылап кете беретін, сусымалы.*

ҰПАЙ 1. *Спорт сайыстарында жеңіс көрсеткішін анықтайтын өлшем бірлігі.* 2. ***Ауысп.*** *Үлес, есеп.*

ҰПАЙЛАС I *Олжалас, ортақтас, еншілес.*

ҰПАЙЛАС II *Сыбайлас болу, ортақтасу.*

ҰП-ҰЗЫН *Ұзындығы әжептәуір, бірталай, едәуір.*

ҰП-ҰСАҚ *Мап-майда, уақ.*

ҰП-ҰЯҢ *Мінезі сынық, биязы, сызылып тұрған.*

ҰР *Сабау, соғу, тоқпақтау, түйгіштеу,* ◊ **Ұрда-жық** — *әнербақан, дөкір, содыр.*

ҰРА I 1. *Жерден қазылған, астық сақтайтын, жасырын, жабық көмбе.* 2. ***ауылшар.*** *Сүрлем салуға арналған ұзынша терең ор.*

ҰРА II *Адамның, жан-жануарлардың денесіне шыққан шығу, томпақ ісік, бұлтық.*

ҰРАЛА *Ұра қылып тереңдетіп қазу.*

ҰРАЛАС *Ұрасы бірге, қатар орналасқан.*

ҰРАН I *Үндеу, шақыру, дабыл.* **Ұран тастады [салды]** — *дабыл қақты, ұрандады.*

ҰРАН II *Белгілі бір іс-әрекеттің негізгі мақсатын білдіретін қысқа ұғымды сөз тіркесі.*

ҰРАНГЕР *Ұрандағыш, ұраншыл.*

ҰРАНДА *Ұран салу, дабыл қағу.*

ҰРАНҚАЙ *Сидам ағаштардың басын түйістіріп тігілетін киіз үй.*

ҰРАНШЫ *Ұран салушы, дабыл қағушы адам.*

ҰРАНШЫЛ *Ұрандағыш, ұран салғыш.*

ҰРАНШЫЛДЫҚ *Ұран салғыштық, дабыл қағушылық.*

ҰРҒАШЫ 1. *Жан-жануарлардың аналық жыныстылары.* 2. *Әйел, жамағат, жұбай.* ◊ **Ұрғашы алтын** — *қызыл түсті алтын.* **Ұрғашыжіп** — *өрмектің бой жібінің астыңғысы.* **Ұрғашы күміс** — *жұмсақ ақ күміс.* **Ұрғашы тас** — *диірменнің астыңғы тасы.*

ҰРҒАШЫЛЫҚ 1. *Ұрғашы жыныстылық.* 2. *Әйелдік, төменетектік.*

ҰРҒЫ ***көне*** *Астық бастыратын ертедегі құрал.*

ҰРҒЫЛА *Үсті-үстіне ұру, қоймастан ұра беру.*

ҰРҒЫШ *Ұра білетін, ұруға шебер.*

ҰРҒЫШТА *Қайта-қайта, үсті-үстіне ұру, соғу.*

ҰРКӨППЕ *Бөспе, даңғой, елірме.*

ҰРЛА *Бір нәрсені білдіртпей, жасырып алып кету.*

ҰРЛАҒЫШ *Ұрлыққа шебер, ұрлықты кәсіп еткіш.*

ҰРЛАН 1. ***ыр. етіс*** *Ұрлан.* 2. *Жасырыну, бұғыну.*

ҰРЛАП-ҚАРЛАП *Оғып-бұғып, онанмұнан жырымдап.*

ҰРЛЫҚ *Біреудің бір затын, нәрсесін иесіне білдірмей меншіктену түріндегі қылмысты іс.*

ҰРЛЫҚ-ҚАРЛЫҚ *Ұрлық істегендік, біреуді тонаушылық.*

ҰРЛЫҚШЫ *Ұрлық істеп дәніккен, ұрлықты кәсіп еткен адам.*

ҰРЛЫҚШЫЛЫҚ *Ұрлықты кәсіп етушілік.*

ҰРМА I *Тоңмойын, нойыс, дүлей.*

ҰРМА II *Кесек былжырдан соққан құрылыс.* □ **Ұрма қалып** — *соқпа қалыптардың жалпылық атауы, ұшында ою, бедері бар болат шыбық, қадаубас.*

ҰРМАЛАУ *Нойыстау, тоңмойындау.*

ҰРПАҚ I *Тұқым, жұрағат, нәсіл.*

ҰРПАҚ II *Ұнның еленгеннен кейін қалған қалдығы; кебек.*

ҰРПАҚСЫЗ *Үрім-бұтақсыз, тұқымсыз.*

ҰРПАҚТА *Өніп-өсу, балалау.*

ҰРПАҚТЫ *Ұрпағы өсіп-өнген, үрім-бұтақты.*

ҰРПАЯ *Ұрыққа қалдырылған жоңышқаның дәні алынбай сабағымен, яғни паясымен тұрғандағы қалпы.*

ҰРТ I *Жақ пен иекті тұтастырып тұратын, езуден шықшытқа дейінгі жердегі ет.* ◊ **Бір ұрты май, бір ұрты қан** — *екіжүзді, қанынезер адам.* **Ұртын майлады** — *біреуді ішкізіп-жегізіп, аузын алды.* **Ұрты суалды [солды]** — *азып-тозды, жүдеп-жадады.*

ҰРТ II *Бірбет, нойыс.*

ҰРТТА 1. *Сүйық затты бөліп-бөліп жұту.* 2. *Ішімдік ішіп, қызып жүру.*

ҰРТТАМ *Бір ұрттарлық, бір жұтым.*

ҰРТТАУ *Нойыстау, дұңктеу.*

ҰРШЫҚ I *Жүннен шүйкелеп жіп иіруге арналған жеңіл аспап.*

ҰРШЫҚ II *Жан-жануарлардың асықты жілігі мен ортан жілігінің түйіскен жеріндегі қозғалмалы сүйек.*

ҰРШЫҚША *Ұршық тәрізді, ұршық секілді, шыр айнала.*

ҰРЫ *Ұрлықты кәсіп еткен адам.* ◊ **Ұры сай** — *жықпыл-жықпылы көп жыныстысай.* □ **Ұры түйе** — *бота кезінен үйге басын сұғып, босағадан не үй маңынан оны-мұны жеп әдеттенген түйе.* **Ұры тіс** — *тіс үстінен шыққан арам тіс.* ◊ **Ұрының арты қуыс** — *сезіктенді, қорықты.*

ҰРЫҚ I 1. *Тұқым; дән.* 2. ***Ауысп.*** *Негіз, түп, тамыр.*

ҰРЫҚ II 1. *Аналық организмнің құрсағында өсіп-жетілетін ұрпақ.* 2. *Ұрықтанған өсімдік гүлінен өсіп шығатын бөлік, жеміс.* □ **Ұрық алмастыру** — *екпе өсімдіктерді бір жерге кезектестіріп өсіру әдісі.*

ҰРЫ-ҚАРЫ *Ұрлық жасайтын, соны кәсіп ететін адам.*

ҰРЫҚТАН *Тұқым шашу, ұрық егу*

ҰРЫҚТЫҚ *Ұрық боларлықтай, ұрыққа тән.*

ҰРЫМТАЛ: Ұрымтал жер — *қолайлы жағдай, ыңғайлы жер.*

ҰРЫМТАЛДАУ *Қолайлырақ, ыңғайлылау.*

ҰРЫМТАЛДЫҚ *Қолайлылық, ыңғайлылық.*

ҰРЫН 1. *Бір нәрсеге қақтығу, соқтығу.* 2. *Бір пәлеге, жаманшылыққа душар болу, кезігу.* ◊ **Ұрынарға қара таппады** — *кімге тиісерін білмеді, өз-өзінен қағынды.*

ҰРЫН: Ұрын келді [барды] — ***көне*** *күйеу жігіт жеңгелеріне сый-сияпат алып, айттырған қыздың ауылына жасырын келді.*

ҰРЫНДЫ: ұрынды жер — *ыңғайлы жер, қолайлы сәт.*

ҰРЫНШАҚ *Біреуге орынсыз соқтығып, тиісе беретін.*

ҰРЫНШАҚТАУ *Тиісе бергіштеу, орынсыз соқтығыштау.*

ҰРЫНШАҚТЫҚ *Қызбалық, тиіскіштік.*

ҰРЫП-ЖЫҚ *Сылқита сабау, өлімші қылып ұру.*

ҰРЫП-СОҚ *Ұру, соғу, сабау.*

ҰРЫС I 1. *Соғыс, айқас, майдан.* 2. *Жанжал, керіс.*

ҰРЫС II *Соғысу, айқасу, төбелесу.*

ҰРЫС-КЕРІС *Дау-жанжал, айқай-шу, жанжал.*

ҰРЫС-ҚАҒЫС *Іліп-тартпа, кикілжің, шаншу сөз.*

ҰРЫСҚАҚ *Ашуланшақ, жанжалшыл, ұрыса кететін.*

ҰРЫСҚАҚТЫҚ *Ашушаңдық, жанжалқойлық.*

ҰРЫСҚЫШ *Ұрысқақ, ұрыса бергіш.*

ҰСАҚ 1. *Уақ, кішкене, ірі емес.* 2. *Қой-ешкі, уақ мал.* 3. *Тиыннан құралған майда ақша.* ◊ **Ұсақ адам** — *біреудің мерейін көре алмайтын, іші тар кісі.* **Ұсақ сөз** — *өсек-аяң, пыш-пыш сөз.* □ **Ұсақ шабақ** — *тұқы тұқымдасына жататын ұсақ балық.*

ҰСАҚТА 1. *Майдалау, уақтау, ұсату.* 2. ***Ауысп.*** *Азғындау, азып-тозу.* ◊ **Ұсақтап кетті** — *жоқты айтып кетті, өнбес іске көшті.*

ҰСАҚ-ТҮЙЕК: *уақ-түйек, майда-шүйде заттар; ұсақ-түйек кемшілік; ұсақ-түйек есеп.*

ҰСАҚТЫҚ *Ұсақ, мәнсіз мәселемен шұғылданушылық.*

ҰСАҚШЫЛДЫҚ *Ұсақ қулық; анау-мынауға мән берушілік.*

ҰСАТ *Майдалау, ұнтақтау, тұрау.*

ҰСҚЫН *Әлпет, кескін, кейіп, пішін.*

ҰСҚЫНДЫ 1. *Ұқсас, сияқты, тәріздес.* 2. *Кескінді, әрлі, ажарлы, келбетті.*

ҰСҚЫНСЫЗ *Ажарсыз, келбетсіз, сұрықсыз.*

ҰСҚЫНСЫЗДАН *Түсі қашу, өңсіздену.*

ҰСҚЫНСЫЗДЫҚ *Сұрықсыздық, көріксіздік.*

ҰСТА I 1. *Темірден, ағаштан неше түрлі бұйым жасап шығаратын шебер адам.* ◊ **Қас ұста** – *нағыз шебер адам.* 2. ***Ауысп.*** *Өнерлі, майталман, тілмар.* ◊ **Сөз ұстасы** – *сөзге шешен адам.*

ҰСТА II 1. *Бір нәрсені қолмен қармап тұту.* 2. *Бір затты бір жерге тұту, құру.* 3. *Бір затты қажетке жарату, кәдеге асыру, пайдалану.* 4. *Қолға түсіру, қамау, тұтқындау.* ◊ **Балалығы ұстады** – *балаға тән іс істеді.* ◊ **Бетке ұстады** – *алға тартты, желеу етті.* **Жағасын ұстады** – *таңғалды, таңырқады.* **Жыны ұстады** – *ашуланды.* **Тамырын ұстады** – *сөз тартты, байқап көрді.* ◊ **Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында** – *кім көрінгенге жем болды, талапайға түсті.*

ҰСТАЗ *Тәлім-тәрбие, білім беретін оқытушы, ақылшы, жетекші.*

ҰСТАЗДЫҚ *Оқытушылық, тәлімгерлік.*

ҰСТАЗХАНА *Мектептегі мұғалімдер бөлмесі.*

ҰСТАЛЫМ *Фотоаппарат тиегінің ашылып-жабылу уақыты.*

ҰСТАЛЫҚ *Ұста өнерін кәсіп етушілік, шеберлік.*

ҰСТАМ *Өзін-өзі ұстай білушілік, сабыр, шыдам, төзім.*

ҰСТАМА *Еліріп, екіленіп ауыратын ауру; қызба мінез.*

ҰСТАМАЛЫ *Соқпа-соқпада ұстайтын, үйреншікті талма (ауру).*

ҰСТАМДЫ *Байыпты, байсалды, сабырлы.*

ҰСТАМДЫЛЫҚ *Байыптылық, байсалдылық, сабырлылық.*

ҰСТАМДЫРАҚ *Сабырлырақ, байсалдырақ.*

ҰСТАМСЫЗ *Өзін-өзі ұстай алмайтын, шыдамсыз.*

ҰСТАМСЫЗДЫҚ *Тұрақсыздық, бостық.*

ҰСТАН *Белгілі үрдісті, әдет, дәстүрді сақтау, бойсұну.*

ҰСТАНЫМ *Нақты бір мәселеге көзқарас; позиция.*

ҰСТАР: атұстар – *жаңа туған жас бала, ұл.*

ҰСТАРА *Шаш алатын өткір жүзді пышақ түрі.* ◊ **Ұстараның жүзіндей** – *аумалы-төкпелі, бірде олай, бірде былай.*

ҰСТАРТ *Ұштау, шыңдау, жетілдіру.* ◊ **Тіл ұстартты** – *дұрыс сөйлеуге, шешендікке үйретті.*

ҰСТАС 1. ***орт. етіс*** *Ұстас.* 2. *Белдесу, күресу.* 3. *Біреумен байланысу, өштесу, тартысу.* 4. *Жанжалдасу, ұрысып-керісу, таласу.*

ҰСТАТ 1. ***өзг. етіс*** *Ұста-т.* 2. *Екі затты бір-бірімен жалғастыру, бекіту.*

ҰСТАХАНА *Темірден әртүрлі заттар жасап шығаратын шеберхана.*

ҰСТЫН *Үлкен ғимараттардың ішкі төбесін және маңдайшаны тіреп тұратын, сәулеттік шеберлікпен салынған тіреу, бағана; колонна.*

ҰСЫН 1. *Бір нәрсені біреуге қолымен беру.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір атаққа, марапатқа, лауазымды орынға қолайлы деп табу, үйғару.* ◊ **Бойсұнды** – *бас иіп мойындады.*

ҰСЫНАҚТЫ *Іскер, пысықтық, шебер.*

ҰСЫНАҚТЫЛЫҚ *Іскерлік, пысықтылық, шеберлік.*

ҰСЫНЫМ: қол ұсыным – *жапжақын, тиіп тұрған жер.*

ҰСЫНЫС *Тұжырымды пікір, нақтылы тілек.*

ҰТ I 1. *Түрлі ойындарда, спорт сайыстарында қарсы жақты жеңу.* 2. *Бір нәрсені үнемдеп, пайда көру, жол қысқарту.*

ҰТ II ***көне*** *Жылдың екінші айы, ақпан.*

ҰТҚЫР *Ұтымды, тапқыр, шебер.*

ҰТҚЫРЛЫҚ *Ұтымдылық, мазмұндылық.*

ҰТЫҚ *Ұтымды түйін, түйінді сөз.*

ҰТЫҚТЫ *Ұтымды, үйлесімді, орынды.*

ҰТЫЛАП *Бірінен соң бірі іліп әкету, жалтаруға мүмкіндік бермеу.*

ҰТЫЛЫС *Ұтылып қалушылық, жеңіліс.*

ҰТЫМДЫ *Ұтықты, орынды, пайдалы, тиімді.*

ҰТЫМДЫЛЫҚ *Тиімділік, ұтқырлық, орындылық.*

ҰТЫМДЫРАҚ *Ұтықтылау, тиімдірек.*

ҰТЫМСЫЗ *Мәнсіз, жөн-жосықсыз.*

ҰТЫС I 1. *Сайысқа түсіп жеңіп шығушылық, жеңіс.* 2. *Ұтып алынған пайда, түсім, олжа.*

ҰШ I *Бір нәрсенің таусылған жері, шеті, шегі, бас жағы.* ◊ **Аяғының ұшынан басты** — *аяғын байқап басты, жымдай болды.* **Жең ұшынан жалғасты** — *ымыжымын білдірмеді, астыртын ауыз жаласты.* **Қол ұшын берді** — *көмектесті, жәрдемдесті.*

ҰШ II 1. *Көкке көтерілу, аспанға шығып қалықтау, әуелеу.* ◊ **Басынан бақыт ұшты** — *бақытсыздыққа ұшырады.* 2. *Шапшаң басып жүгіру, тез зымырау.* **Құрақ ұшты** — *асты-үстіне түсіп, бөйек болды.* **Мұрттай ұшты** — *жалп етті, ұшып түсті.* **Ұшып-қонды** — *дәйек таппады, жеңілтектенді.*

ҰШ III *Суыққа ұрынып ұшу.*

ҰША I *Өлген (сойылған) малдың тұтас еті, терісі, бас-сирағы, ішек-қарны, өкпе-бауырынан басқасы.*

ҰША II *Екі жамбастың үстіндегі қалың етті омыртқа мен сүбе қабырғалардың жиынтығы.*

ҰШАҚ *Аспан арқылы адам және жүк таситын әуе кемесі.*

ҰШАН: Ұшан дала — *ұшы-қиыры жоқ кең жазық.*

ҰШАН-ТЕҢІЗ *Көл-көсір, ұлан-ғайыр, шексіз-шетсіз.*

ҰШАТЫН: Ұшатын табақша — *басқа планетадан ұшып келетіндер мінген әуе ұшағы.*

ҰШҚАЛАҚ *Жеңілтек, шошақай, тұштақай.*

ҰШҚАЛАҚТА *Жеңілтектену, шошақайлану.*

ҰШҚАЛАҚТАУ *Жеңілтектеу, шошақайлау.*

ҰШҚАЛАҚТЫҚ *Жеңілтектік, шошақайлық.*

ҰШҚАРЫ *Байыбына бармай, жеңіл-желпі, атүсті, үстірт.*

ҰШҚАРЫЛАУ *Жеңіл-желпілеу, үстірттеу.*

ҰШҚАРЫЛЫҚ *Істің байыбына бармау, үстірт қимыл-әрекет жасаушылық.*

ҰШҚАРЫРАҚ *Жеңіл-желпілеу, ұшқарылау.*

ҰШҚАТ *Ұсақ жапырақты қара қышқыл түсті бұта өсімдігі.*

ҰШҚЫН *Жалын шашқан ұсақ шоқ, қылау.* ◊ **Ұшқын шашты** — *жарқырады, жайнады, жалын шашты.*

ҰШҚЫНДА *Ұшқын шашу.*

ҰШҚЫНДЫ 1. *Ұшқын атқан, ұшқындаған.* 2. ***Ауысп.*** *Жалын атқан, жалындаған.*

ҰШҚЫНДЫР *Ушықтыру, шиеленістіру.*

ҰШҚЫР 1. *Жұлдыздай ағатын жүйрік.* 2. *Жүрдек, тез жүретін.* 3. ***Ауысп.*** *Тегеурінді, өткір, қызба.*

ҰШҚЫРЛАН *Өткірлену, ұштану.*

ҰШҚЫРЛАУ *Жылдамдау, өткірлеу.*

ҰШҚЫРЛЫҚ 1. *Жүрдектік, шапшаңдық, ұшпалық.* 2. ***Ауысп.*** *Тегеурінділік, өткірлік.*

ҰШҚЫШ *Ұшақты жүргізуші.*

ҰШҚЫШТЫҚ *Ұшақты жүргізушілік.*

ҰШПА 1. *Тыз етпе, жылдам, шапшаң.* 2. ***Ауысп.*** *Алып-ұшпа, жеңіл, тез (мінез).* 3. ***Ауысп.*** *Жеңіл, жұқа.* □ **Ұшпа балықтар** — *теңізде, мұхитта кездесетін және су бетіне шығып, ондаған, жүздеген метрге дейін ұша алатын балық түрлері.* □ **Ұшпа жеміс** — *өсімдік тұқымдары мен жемістерінің жел арқылы таралуға бейімделген түрлері.*

ҰШПАҚ 1. ***діни*** *Пейіш, жұмақ.* 2. ***Ауысп.*** *Бақытты өмір, шат тұрмыс.*

ҰШТА 1. *Бір нәрсені сүйірлеп ұшын шығару.* 2. ***Ауысп.*** *Шеберлікті, өнерлілікті жетілдіру.*

ҰШТАП *Қымбат бағалы жібек мата.*

ҰШТАС *Ұласу, жалғасу.*

ҰШТАСТЫҚ *Үйлесімділік, жарасымдылық.*

ҰШТАУЛЫ *Ұшы шыққан, ұшталған.*

ҰШТЫ *Ұшы шыққан, ұшы бар, ұшкір.*

ҰШТЫ-КҮЙЛІ *Ұшты-күйлі, біржола, мүлдем.*

ҰШТЫҚ *Бір заттың ұш жағы.*

ҰШЫҚ I *Ұшынудан бет-ауызға шығатын бөртпе, сулы жара.*

ҰШЫҚ II *Дәнді дақылды қырманда ұшырғанда бөлініп шығатын жарықшақ дән, майда ұшырынды.*

ҰШЫҚ III 1. *Инеден қалған жіптің үзігі, ұшы.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің шетпұшпағы, нышаны.*

ҰШЫҚ IV 1. *Ұшығу, қағыну, зақымдану.* 2. ***Ауысп.*** *Шиеленісу, өрбіп өшу.*

ҰШЫҚБАС *Ортан жіліктің үлкен басы.*

ҰШЫ-ҚИЫРЫ *Ол шеті мен бұл шеті.* ◊ **Ұшы-қиыры жоқ** — а) *шексіз-шетсіз, ұлан-байтақ;* ә) *есепсіз, сансыз, мол.*

ҰШЫ-ҚИЫРСЫЗ *Шетсіз-шексіз, ұлан-байтақ.*

ҰШЫҚТА 1. *Ауруды аластау.* 2. ***Ауысп.*** *Сабақтап, жалғастыру, дамыту.*

ҰШЫН *Бір нәрседен жиіркеніп, тітіркеніп ауыру.*

ҰШЫП-ҚОН 1. *Бәйек боп, зыр қағу, құрдай жорғалау.* 2. *Жеңілтектену, шошаңдау.*

ҰШЫП-ҚОНБА *Жеңілтек, шошақай.*

ҰШЫР I ***көне*** *Дін басыларына егін өнімінен төлейтін салық.*

ҰШЫР II 1. ***өзг. етіс*** *Ұшыр.* 2. *Қырмандағы астықты қауызын желдетіп тазарту.*

ҰШЫРА 1. *Кездесу, жүздесу, жолығу.* 2. *Бір қырсыққа тап болу, шырмалу, шатылу.*

ҰШЫРЫНДЫ *Астық ұшырудан шыққан ұшық, қауыз сияқты жеңіл-желпі қалдық.*

ҰЯ 1. *Құстың балапан басатын, араның бал жинап, ұрық салатын орны.* 2. *Белгілі бір заттарды шоғырландырып орнататын шұңқыр, тесік.* 3. ***Ауысп.*** *Қоныстанған жер, құтты қоныс.*

ҰЯБАСАР *Бүркіттің ұрғашысы.*

ҰЯДАЙ *Жып-жинақы, шағын, кішкене.*

ҰЯЛ *Бетінен оты шығып қызару.*

ҰЯЛА I *Ұя салу, ұя жасау.* 2. *Жиналу, іркілу, толу.* 3. *Шұңқыр жасау, шұңқыр қазу.*

ҰЯЛАС *Бір енеден туған, бір ұяда өскен (ит, қасқыр).* □ **Ұялас балапан** — *бір ұядан шыққан балапан.*

ҰЯЛМАЙ-ҚЫЗАРМАЙ *Ешбір шімірікпестен, ұялмастан.*

ҰЯЛШАҚ *Ұяң, жасық.*

ҰЯЛШАҚТА *Иненіп қысылу. Ойындағысын айта алмау.*

ҰЯЛШАҚТЫҚ *Ұялғыштық, ұяңдық, жасқаншақтық, жасықтық.*

ҰЯЛЫ 1. *Ұясы бар, ұя салынған.* 2. *Бір енеден туған, бір ұяда өсіп-өнген.*

ҰЯҢ 1. *Биязы, жұмсақ (жүн).* 2. ***Ауысп.*** *Ұялшақ, бұйығы.* □ **Ұяң дыбыс** — *салдырдың басымырақ қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс.*

ҰЯҢДА *Жұмсару, майдалану, биязылану.*

ҰЯҢДЫҚ *Бұйығылық, ұялшақтық, жасықтық.*

ҰЯТ *Ар, намыс, әдеп.* □ **Ұят болды** — *әдепсіздік болды, бейбастық іс істелді.* **Ұят сөз** — *дөрекі сөз.* **Ұятқа қалдырды** — *масқара етті, жер қылды, ұялтты.* **Ұяттан безген** — *арсыз, ұятсыз.*

ҰЯТСЫЗ *Ардан безген, көргенсіз, әдепсіз.*

ҰЯТСЫЗДЫҚ *Арсыздың, көргенсіздік.*

ҰЯТСЫН *Ұят көру, қымсыну, әдеп сақтау.*

ҰЯТТАУ *Қолайсыздау, ыңғайсыздау.*

ҰЯТТЫ: ұятты болды — *ұялып ыңғайсыз жағдайда қалды.*

ҰЯТТЫҚ: ұяттығы жоқ — *сөкет емес, ұят емес.*

ҰЯТШЫЛ *Намысқой, аршыл.*

ҰЯТТЫРАҚ *Сәл ұяттылау.*

ҰЯШЫҚ *Кішірек ұя.*

Ү

ҮБІР-ДҮБІР *Дабырлап, дүбірлеп шыққан әртүрлі дыбыс.*

ҮБІРЛІ-ШҮБІРЛІ *Балалы-шағалы, үрім-бұтақты.* ◊ **Үбірлі-шүбірлі бол**! — *үрім-бұтағың көбейе берсін деген тілек.*

ҮТІЛГІШ *Тез үгіліп кететін, үгілмелі.*

ҮТІЛМЕЛІ *Мүжілгіш, үгілгіш.*

ҮТІМ: бір үтім — *темекі, бидай, тары және тағы басқалардың уатып майдалауға, ұсақтауға керекті мөлшері.*

ҮТІНДІ *Үгітілген, ұнтақталған зат.*

ҮТІНДІРІК *Металдарды қорыту кезінде көлемді жинақтап, көсеп отыруға арналған, қол күймеу үшін ұзын етіп жасалатын темір құрал; темір көсеу.*

ҮТІТ I *Әңгіме, баяндама өткізу арқылы бұқараға саяси әсер етудің құралы.*

ҮТІТ II *Бір нәрсені майдалау, ұсақтау, уақтау.*

ҮТІТ-НАСИХАТ *Белгілі идеяларды, ілімді, саяси теорияларды ұғындыру, тарату арқылы көпшілікке ықпал жасау, әсер ету ісі.*

ҮТІТТЕ *Ақыл-кеңес айтып көндіру, уағыздау.*

ҮТІТШІ *Көпшілік арасында үгіт-насихат жүргізуші адам.*

ҮТІТІЛГІШ *Тез үгітілетін, үгіліе беретін.*

ҮТІТІНДІ *Үгілген, майдаланған зат.*

ҮДЕ *Бір нәрсенің қалыпты шамадан артуы; ұлғаю, күшею.*

ҮДЕ: үдесінен (үдесіне) шықты — *ойындағысын орындады, мұратына жетті.*

ҮДЕЛІ *Мүдделі, мақсатты.*

ҮДЕМ *Үдемелі қимыл-қозғалыс, екпін.*

ҮДЕМЕ *Үдей түсетін, дамымалы.*

ҮДЕМЕЛЕ *Үдей түсу, үсті-үстіне даму.*

ҮДЕМЕЛІ *Еселеніп арта беретін, үстемеленіп молая беретін, көбейе түсетін.* ◊ **Үдемелі қозғалыс** ***физ.*** — *жылдамдығы үздіксіз артып отыратын қозғалыс.*

ҮДЕМЕЛІК *Үдей түсетіндік, дамығыштық.*

ҮДЕР 1. *Жедел көшу, жөңкілу.* 2. ***Ауысп.*** *Шошыну, қорқу.*

ҮДЕРЕ 1. *Жедел, тоқтаусыз, жапа-тармағай көшті.* ◊ **Үдере көшті** — *асығыс жапатармағай көшті.*

ҮДЕРМЕЛІ *Тоқтаусыз, үздіксіз, ұзақ.*

ҮДЕРІС *Қауырт қозғалыс, қарбалас.*

ҮДЕТКІШ *Істің, қимылдың қарқынын күшейте, үдете түскіш, өсіргіш.*

ҮДЕТПЕЛІ *Үдей түскен, дамытпалы.*

ҮДЕУ ***физ.*** *Жылдамдық қарқынының уақыт бірлігі ішінде өзгеруін көрсететін физикалық шама.*

ҮДІРЕЙ 1. *Тікірею, үрпию.* 2. ***Ауысп.*** *Зәресі ұшу, қорқу.*

ҮЗ *Тұтас заттың бір бөлігін қолмен үзіп алу, сындыру, жұлу.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір істі әрі қарай дамытпау, тоқтату.* ◊ **Қара үзді** — *көзден таса болды, ұзап кетті.* **Тепсе, темір үзетін** — *күшті, мықты, қарулы.*

ҮЗБЕ 1. *Шынжыр және т. б. заттардың жеке түйіні, өзара тізбектеле байланысатын жеке-жеке бөлігі.* 2. *Жүгеннің ауыздықпен жаласар түсындағы сулықта болатын ілме темір яки тиек.*

ҮЗБЕКТЕ *Бөлшектеу, үзбелеу, ежіктеу.*

ҮЗБЕКТЕП-СОЗБАҚТА *Әне-міне деп созу.*

ҮЗБЕЛЕ *Бедерлеу, өрнектеу.*

ҮЗБЕЛІ *Бүктемелі, құрамалы.* □ **Үзбелі сырға** — *бірнеше буынтықты сырға.* □ **Үзбелі түйме** — *алтын не күмістен үзбелеп жасаған түйме; әшекей.*

ҮЗБЕН: Кеспе көже — *кейбір жерде иленген қамырды үзынша бауырсақ сияқты кесіп, оны суға қайнатып, сүт қосып пісіретін көже.*

ҮЗБЕСТЕН *Үнемі, ұдайы, ылғи.*

ҮЗГІЛЕ *Бір нәрсені, затты бөлектеу, үзіп-үзіп тастау.*

ҮЗДІК I *Озат, озық, алдыңғы қатарлы.*

ҮЗДІК II 1. *Қалжырау, әлсіреу, нашарлау.* 2. ***Ауысп.*** *Ашығу, жүрегі қараю.* 3. ***Ауысп.*** *Ықыласы түсіп берілу, мейірлену.*

ҮЗДІК-СОЗДЫҚ *Ілгерлі-кейінді, шұбатылған.*

ҮЗДІКСІЗ *Тынымсыз, үнемі, толассыз.*

ҮЗДІКТЕН *Үзік-үзік болу, бөліну, шашырау.*

ҮЗДІКТІК *Озаттық, алда болушылық.*

ҮЗДІК-ҮЗДІК *Ауық-ауық, андасанда бір.*

ҮЗЕҢГІ *Ер-тұрман әбзелінің аяқ салатын бөлігі.* □ **Үзеңгі жолдас** — *қатар өскен, замандас.* ◊ **Үзеңгі қағысты** — а) *бір-бірінен қалыспай қатарласып жүрді;* ә) *еңбек жарысына түсіп жанталасты.*

ҮЗЕҢГІЛЕС I *Замандас, тұстас, қатар-құрбы.*

ҮЗЕҢГІЛЕС II *Қатарласу, тең түсу.*

ҮЗЕҢГІЛІК 1. *Үзеңгі тұрған жер, үзеңгі тұсы.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің табан тиетін жері.*

ҮЗЕР *Ынтық болу, құмарту.*

ҮЗУ *Уқалау, мыжғылау. Бойдағы желқұзды, содан пайда болатын түйін-түздыуқалау, тарату арқылы жоқ қылу.*

ҮЗІК I *Киіз үйдің жоғарғы жағына, уықтың үстіне, туырлықпен астастырыла жабылатын киіз.* □ **Үзікбау** — *киіз үй жабдығы.* **Үзік сән** — *үйдің киіз жабуы.*

ҮЗІК II *Жіп, арқан сияқты заттың үзілген бөлігі.*

ҮЗІКТІ *Үзік жабылған, үзігі бар.*

ҮЗІЛГІШ *Үзіле беретін, үзілімпаз.*

ҮЗІЛГІШТІК *Үзіле беретіндік.*

ҮЗІЛДІ-КЕСІЛДІ *Біржолата, адаждуда.*

ҮЗІЛДІР *Нақысына келтіріп, сызылтып ән шырқау.*

ҮЗІЛМЕЛІ *Үзілетін, үзілгіш.*

ҮЗІЛІС *Белгілі іс-әрекет тоқталатын аралық уақыт, кідіріс.*

ҮЗІЛІССІЗ *Демалыссыз, кідіріссіз.*

ҮЗІМ: бірүзім — *нанның үзіп алынған кішкене бөлшегі.*

ҮЗІМДЕ *Үзіп-үзіп бөлу, аз-аздан бөлшектеу.*

ҮЗІНДІ *Шығармадан дараланып алынған жеке бөлім; бүтіннің бөлшегі.*

ҮЗІП-ЖАР *Бөліп-жару, үзіп-жұлу.*

ҮЗІП-ЖҰЛ *Кез келгеннен қағып-соғып пайда табу; жұлып алу, тартпақтау.*

ҮЗІП-СОЗ *Тартпақтау, ұзаққа созу, сөзбүйдаға салу.*

ҮЗІП-ШАЛ *Тиіп-қашу, жүре істеу.*

ҮЗІР I ***жерг.*** *Тілек, өтініш.*

ҮЗІР II *Назды, кәделі алыс-беріс. Жастары қатар, сыйлас адамдар арасындағы біріне-бірінің заттай әлде ақшалай болысуы.* □ **Үзірім бар** — *алыс-берісім бар.*

ҮЙ I 1. *Адам тұратын баспана.* □ **Үйдің сүйегі** — *киіз үйдің ағаш жабдығы.* 2. ***Ауысп.*** *Отбасы, үй іші.* 3. *Белгілі бір қоғамдық қажеттілік үшін пайдаланылатын орын, мекеме.* □ **Үй ағаш** — *киіз үйдің сүйегін жасау үшін әзірленген ағаш.* □ **Үй болды** — *өз алдына түтін түтетіп, бөлек отау болып шықты.* **Үйден аттап шықпайды** — *ұзап ешқайда бармады.* **Үйді басына көтерді** — *даурығып қатты сөйледі, шулады.* **Үй жоқ, күй жоқ** — *үйсіз-күйсіз, баспанасыз.* **Үй жолдас** — *жан серік.* **Үй иесі** — *үй қожасы, отағасы.* **Үй орнындай** — *аумағы шағын, онша үлкен емес.* **Үй өсімдіктері** — *үй жағдайында өсірілетін өсімдіктер.* **Үй тапсырмасы** — *оқушы-*

ларға үйде орындауға берілетін жұмыс. **Үй шаруасы** — *үй ішінің тіршілігі, жұмысы.* **Үй іші** — *үй адамдары, отбасы мүшелері.*

ҮЙ II *Затты, нәрсені бір жерге төбе қылып жинау, үйіп қою.*

ҮЙБИДАЙЫҚ *Біржылдық, екіжылдық немесе көпжылдық өсімдік туысы.*

ҮЙГІШТЕ 1. *Үстемелеп үю, бір жерге жинау.* 2. ***Ауысп.*** *Үйіп-төгу, төпеу.*

ҮЙДЕЙ *Үлкен, таудай.*

ҮЙДЕК-ТҮЙДЕК *Лек-лек, тобымен, бірінен соң бірі.*

ҮЙДІ-ҮЙШЕ *Әрқайсысы өз үйіне.*

ҮЙЕЗДЕ *Күннің ыстық кезінде жылқының, қойдың шыбыннан қорғанып, тұмсығын бір-бірінің көлеңкесіне жасырып топтанып тұруы.*

ҮЙЕК I *Табиғаты тіршілікке қолайлы, күні жылы, шөбі шүйгін жер.*

ҮЙЕК II *Малдың тамағынан бастап қарнын қақ жара шапқа дейін тіліп алған жалпақ қайыс.*

ҮЙЕК III *Жануарлардың құрсақ бұлшық етінің бітісу шегі, мал сойғанда құрсақ терісін тілу жолы.*

ҮЙЕЛЕ *Шұқырға немесе батпақты жерге жатып қалған малдың өз бетімен тұра алмауы.*

ҮЙЕЛМЕЛІ-СҮЙЕЛМЕЛІ *Бір-біріне жасы, бойы жағынан шамалас, тетелес.*

ҮЙЕЛМЕН *Үй-мүлік, үй-жай, қора-қопсы.*

ҮЙЕЛМЕНДЕЙ *Дәу, сомадай, үлкен.*

ҮЙЕЛМЕНДІ *Бір топ, бір қора.*

ҮЙЕЛМЕНІМЕН *Түгелімен, тұтасымен.*

ҮЙЕМЕ *Бетімен-бет болып толған, қомақталып үйілген.*

ҮЙЕМЕЛЕ *Жүкті үйіп салу, тым көп салу, арту.*

ҮЙЕҢКІ *Жапырағы қалақша тәрізді жалпақ болып келетін ағаш.*

ҮЙ-ЖАЙ *Үйге тән мүлік, тұрмысқа қажетті шаруашылық.*

ҮЙКЕ *Бір нәрсені екінші нәрсеге ысу, жану.*

ҮЙКЕК *Ошақтан (оттан) түсірілген қазанды орнықты тұруы үшін астына қоюға дөңгелентіп жасалатын тұғыр.*

ҮЙКЕКТЕ *Қайта-қайта үйкелеу, көп үйкеу.*

ҮЙКЕЛЕ *Бір нәрсені екінші нәрсеге ыспалау, ысу.*

ҮЙКЕЛІС *Бір заттың басқа, екінші затқа үйкеліп, тиіп өтетін қозғалысы.*

ҮЙ-КҮЙ *Адам тіршілік жасайтын баспана, шаруашылық жағдай.*

ҮЙ-КҮЙСІЗ *Күтім-күйі жоқ, баспанасыз.*

ҮЙКҮШІК *Айналшықтап үйден ұзап шықпайтын адам.*

ҮЙЛЕН *Әр жынысты екі адамның бас қосып, тұрмыс құруы; әйел алу.*

ҮЙЛЕС 1. *Келісу, сәйкесу.* 2. *Жарасу, қону.* 3. *Өлең жолдарының ұйқасуы.* ◊ **Үйлес тапты** — *сай келді, жарасты.*

ҮЙЛЕСТІК *Сәйкестік, жарасымдық, ұқсастық.*

ҮЙЛЕСТІРУ: үйлестіру әдісі — *қашық туысты өсімдіктерді бір-бірімен тозаңдандыру тәсілі.* **Үйлестіру кеңесі [комиссиясы]** — *белгілі бір мәселе жөніндегі жұмыстарды қадағалап тексеріп, бағыттап отыратын кеңес (комиссия).*

ҮЙЛЕСІМ *Келісім, жарасым.*

ҮЙЛЕСІМДІ *Қонымды, жарасымды, ұнамды.*

ҮЙЛЕСІМСІЗДІК 1. ***муз.*** *Үннің құлаққа жағымсыз болып естілуі.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсесі келіспей ажырасу, үйлесімі болмау, үйлеспеу.*

ҮЙЛІ *Өз алдына үй болған, үйі бар.*

ҮЙЛІ-БАРАНДЫ *Өз алдына тұрмыс құрған, бала-шағалы.*

ҮЙЛІ-КҮЙЛІ *Бала-шағалы, отбасылы.*

ҮЙМЕ 1. *Үйілген, толтыра салынған, үйеме.* 2. *Үйілген зат, жүрсе, үйінді.*

ҮЙМЕ-ЖҮЙМЕ *Бір жерге шоғырланып, топтанған; опыр-топыр.*

ҮЙМЕК *Үйілген шөп.*

ҮЙМЕКТЕ *Жинау, ую, төбе қылу.*

ҮЙМЕЛЕ *Бір жерге шоғырлану, топталу.* □ **Көзіне көк шыбын үймелетті** — *қорлық көрсетті, сорлатты.*

ҮЙМЕ-ҮЙ *Үй сайын, үй басына.*

ҮЙ-МҮЛІК *Үйге қажетті зат.*

ҮЙРЕК *Башпайларының арасы жұқа жарғақ терімен тұтасқан, тұмсығы жалпақ су құсы.* □ **Үйрекбас ер** — *ердің алдыңғы басы үйректің басына ұқсатылып жасалған түрі.*

ҮЙРЕКТҰМСЫҚ ***зоол.*** *Тұрқы кішілеу, ұзындығы 60 см шамасындай сутқоректі жануар.*

ҮЙРЕН 1. *Өзі білмеген нәрсені түсініп, көңілге тоқу, біліп алу; оқу.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге дағдылану, көзі үйрену, көндігу.*

ҮЙРЕНГІШ *Білмегенін үйреніп алғыш, тез жаттыққыш.*

ҮЙРЕНУШІ *Басқадан үйреніп, білім алушы.*

ҮЙРЕНШІКТІ *Етті үйренген, бұрыннан белгілі.*

ҮЙРЕНІС *Іске, жағдайға бейімделіп, икемделіп кету.*

ҮЙРЕТ 1. *Білмегенді білдіру, оқыту, жаттықтыру.* 2. ***Ауысп.*** *Асау малға бас білдіру, жөнге көндіру.*

ҮЙРЕТКЕНСІ *Білдіргенсу, үйреткен болу.*

ҮЙРЕТУШІ *Жаттықтырушы, білмегенді білдіруші.*

ҮЙРЕТІНДІ *Дағдыланған, үйретілген, төселген.*

ҮЙСІЗ *Тұратын жері, үйі жоқ.*

ҮЙСІЗ-КҮЙСІЗ *Баспанасыз, тұрмыс жағдайы жоқ.*

ҮЙТ *Малды және т. б. отқа ұстап жүнін күйдіру, жандыру.*

ҮЙТ-БҮЙТ *Олай ету, бұлай ету.*

ҮЙТІП-БҮЙТІП *Амалдап, оғып-бұғып; әйтіп-бүйтіп.*

ҮЙШІ 1. *Киіз үйдің сүйегін, қаңқасын жасайтын шебер.* 2. *Үй салушы, құрылысшы.*

ҮЙШІК 1. *Аласа ғана баспана, кішкене үй.* 2. *Үй, салушы және т. б. аңқұстардың тұрағы, жатағы.*

ҮЙШІКТЕЙ *Шағын, кішкентай ғана.*

ҮЙІК *Үйілген зат, нәрсе.*

ҮЙІЛІП-ТӨГІЛІП *Көптен, молдан.*

ҮЙІМ *Жиналған, үйілген зат.*

ҮЙІНДЕУІШ *Қызылша жемісін үйіп, үстін жабатын машина.*

ҮЙІНДІ *Үйілген, төбе-төбе болып жиналған зат.*

ҮЙІНШЕК *Аздап үйілген зат, кішкентай үйінді.*

ҮЙІП-ТӨК *Бәрін бір-ақ бере салу, жарылқау.*

ҮЙІР I 1. *Бір айғырдың қарамағындағы биелер тобы.* 2. **Ауысп.** *Бірге өскен, еңбек еткен орта, тең-құрбылардың арасы, белгілі топ.* ◊ **Үйірге қосылды** — *өз ортасына қайта келді, қатарға қосылды.* **Үйірге салды [түсті]** — *үйір алды, үйірге қосты.* **Үйірден шықпады** — *қауымның, топтың ойынан шықты.* **Үйірімен үш тоғыз** — *олжа көбейсін деген мағынадағы тілек.* **Үйірін тапты** — *өскен ортаға қосылды.*

ҮЙІР II *Бір нәрсеге жақын, жанасқыш, үйірсек.* ◊ **Үйір болды** — *бауыр басып, үйреніп кетті; шырғалап шықпай қойды.* **Үйір қылды** — *бойына жақын етті, үйретті.*

ҮЙІР III 1. *Бір жерге жинау, топтау.* **Ауысп.** *Өзіне тарту, қызықтыру, жақындату.*

ҮЙІР IV *Шыр көбелек айналдыру, дөңгелету.* ◊ **Иманын үйірді** — *үрейін қашырды, қатты қорқытты.* **Ұршықтай үйірді** — *бір нәрсені игеріп әкетті.*

ҮЙІРЛЕ *Топ-топ ету.*

ҮЙІРЛЕС *Бір үйірдегі, үйірі бір.*

ҮЙІРЛЕУ *Жанасқыштау, жақындау, құмарлау.*

ҮЙІРЛІ *Топ-топ, үйір-үйір болып жиналған.* □ **Үйірлі мүше** ***лингв.*** — *жай сөйлемнің күрделі мүшесі ретінде қолданылатын сөз тіркесі.*

ҮЙІРЛІК *Құмарлық, жақын-жуықтық.*

ҮЙІРМЕ *Белгілі бір іспен, өнермен айналысу үшін біріккен бір топ адам.*

ҮЙІРМЕШІ *Іспен, өнермен айналысатын топтың жетекшісі.*

ҮЙІРСЕК 1. *Үйірінен айналсоқтап шықпайтын (жылқы).* 2. ***Ауысп.*** *Кісіге бауырмал, іске жақын (адам).*

ҮЙІРСЕКТЕ *Жақын тарту, үйір болу.*

ҮЙІРСЕКТЕУ *Үйірлеу, жақындау.*

ҮЙІРСЕКТІК *Жақындық, бауырмалдық.*

ҮЙІРСІРЕ *Үйірін жоқтау, іздеу.*

ҮЙІР-ҮЙІР *Топ-топ болған, бірнеше топ.*

ҮЙІРШІЛ *Көпшіл, үйір құмар.*

ҮЙІРЛІГІШ *Топтанғыш, үйірлімпаз.*

ҮЙІРІМДІ *Үйіріп әкететін, орамды, жанасқыш.*

ҮЙІРІМДІЛІК *Жұғымдылық, жанасқыштық.*

ҮК 1. *Бір нәрсені уатып майдалау.* 2. *Дәнді уқалап қауызынан ажырату.*

ҮКЕ *Жасы кіші еркек адамдарға еркелете айтылатын, іні мәніндегі сөз.*

ҮККІШ *Көкөніс, алма, сыр сияқтыларды үгіп майдалауға арналған жабдық, құрал.*

ҮКПЕ: үкпе қант – *құмшекер, ұсақ қант.*

ҮКПЕЛІ *Ұнтақталған, үгітілген.*

ҮКІ I 1. *Түнде ғана ұшатын имек тұмсық, үлпілдек майда жүнді жыртқыш құс.* 2. *Баскиімге, тағы басқа нәрсеге сәндік үшін қадайтын, үкінің үлпілдек жүні.* □ **Үкі бота [үкілі бота]** – *көз тиеді деген ұғыммен ноқтасына, төбесіне үкінің қауырсынын тағып сәндеген бота.* **Үкі көз** – *үкінің көзі секілді, бадырайған, үлкен көз.* **Үкі шабақ** – *шабақ балықтың бір түрі.*

ҮКІ II *Қыста көлдің, өзеннің мұзын ойып жасаған суат.*

ҮКІДЕЙ *Үкі сияқты әдемі, сүйкімді.* ◊ **Үкідей ұшты** – *тез-тез жүгірді, зырылдады.*

ҮКІЛЕ *Үкі қадап сәндеу, әдемілеу.*

ҮКІЛІ *Үкісі бар, үкілеген.*

ҮКІМ 1. *Қылмысты істер жөніндегі соттың шешімі, жазасы.* 2. ***Ауысп.*** *Кесім, шешім.*

ҮКІМДІК *Билік, зорлық, зомбылық.*

ҮКІМЕТ *Мемлекеттік үкіметтің жоғары атқару және басқару органы.*

ҮКІМЕТТІК *Үкімет ісіне байланысты, үкіметке қатысты.*

ҮКІМШІ *Үкім айтушы, кесім кесуші.*

ҮЛБІР *Үлпілдек жүнді жануарлардың бағалы терісі.*

ҮЛБІРЕ 1. *Мамықтай, жүп-жұмсақ болу.* 2. ***Ауысп.*** *Үлпілдеу, уылжу.* 3. ***Ауысп.*** *Жүп-жұқа болу, үлпілдеу.*

ҮЛБІРЕК *Жұмсақ, жұқа, үлбіреген.*

ҮЛБІРЕУІК *Үлбіреген, өте жұқа.*

ҮЛГЕР 1. *Бір нәрсені белгілі уақытқа дейін істеп болу, тамамдау.* 2. *Оқуда жаман бага алмай оқу, қатарда болу.*

ҮЛГЕРІМ *Оқуды жақсы меңгерушілік, игерушілік.*

ҮЛГІ 1. *Бір нәрсені тігу үшін арнайы жасалған форма, қалып.* 2. ***Ауысп.*** *Өнеге, тәлім.*

ҮЛГІЛЕ *Үлгі ету, үлгі жасау.*

ҮЛГІЛЕС *Үлгілері ұқсас, шамалас, сипаттас.*

ҮЛГІЛІ *Тәртіпті, тәрбиелі, өнегелі.*

ҮЛГІЛІК *Үлгі етерлік, үлгі боларлық.*

ҮЛГІЛІЛІК *Үлгі болушылық, тәрбиелілік.*

ҮЛГІ-ӨНЕГЕ *Тәлім-тәрбиелік маңызы бар нәрсе, нұсқа.*

ҮЛГІСІЗ 1. *Көрнекті құралсыз, нұсқасыз, үлгі жасаусыз.* 2. *Тәлім-тәрбиесіз, өнегесіз.*

ҮЛГІШІ *Киім, кілем тағы басқа нәрсенің үлгісін жасаушы маман.*

ҮЛДЕ *Қымбат жұқа мата.* ◊ **Үлде мен бүлде** – *қымбатты асыл мата; кілең асыл.* **Үлде мен бүлдеге бөленді [оранды, малынды]** – *не кием, не ішемін демеді, ырысқа кенелді.*

ҮЛДІР I *Өте жұмсақ, үлпадай; жүп-жұқа.*

ҮЛДІР II 1. *Кино, фотосуреттер түсіретін жарық түсіргіш материал.* 2. *Дыбысты жазып алатын таспа.*

ҮЛДІРЕ 1. *Жұқару, тозу, жыртылу.* 2. *Қолдың, табанның терісі суланып ойылу, күлдіреу.*

ҮЛДІРЕК *Жұп-жұқа, жұмсақ.*

ҮЛДІРІК I *Ыдыс-аяқ, тамақ қоюға арналған сөре, орын.*

ҮЛДІРІК II *Қамыстың басындағы жұқа жұмсақ шашақ.*

ҮЛДІРІК III *Жұқа шүберек, мәрлі.*

ҮЛЕ *Үлестіру, тарату.*

ҮЛЕК *Нар түйенің таза тұқымды бурасы.* □ **Үлек бота** — *таза үлек пен аруанадан туған жалғыз өркешті еркек бота.*

ҮЛЕКІШЕ *Үлек дәрежесіне жетпеген, 4 жастан асқан аруана нәсілді еркек түйенің атауы.*

ҮЛЕС I *Сыбаға, тиесі.* □ **Үлес салмағы** *физ.* — *бір зат салмағының басқа заттар салмағына қатынасын білдіретін өлшем.* ◊ **Үлес қосты** — *пайда келтірді, дамытты.*

ҮЛЕС II *Бір нәрсені әркімге тарату, бөліп беру.*

ҮЛЕССІЗ *Үлесі жоқ, сыбағасыз.*

ҮЛЕСТІ *Тиісті, сыбағасына тиген, қатысты.*

ҮЛЕСТІК *Сыбағасына, үлесіне тиген нәрсе.*

ҮЛЕСТІРГІШ *Затты үлестіретін, тараттатын құрал.*

ҮЛЕСТІРУШІ *Бөліп беруші, таратушы.*

ҮЛКЕЙ 1. *Өсу, ержету, жетілу.* 2. *Көлемі арту, зораю, кеңею.* 3. ***Ауысп.*** *Қызметі, атақ-дәрежесі жоғарылау.*

ҮЛКЕЙТКІШ: үлкейткіш шыны — *жай көзге көрінбейтін ұсақ затптарды үлкейтіп көрсететін дөңес бүйірлі шыны құрал; лупа.*

ҮЛКЕН 1. *Көлемі жағынан аумақты, зор, дәу, ірі.* 2. ***Ауысп.*** *Бұрын туған, жасы артық.* 3. ***Ауысп.*** *Көпті көрген көне, көп жасаған қарт.* 4. ***Ауысп.*** *Айтулы, елеулі.* □ **Үлкен андыз** *өсім.* — *күрделігүлділер тұқымдасына жататын, биіктігі екі метрге дейін жететін көпжылдық шөптесін өсімдік.* **Үлкен үй** — *қара шаңырақ.*

ҮЛКЕНДЕУ *Көлемі үлкеніректеу, зорырақ.*

ҮЛКЕНДІК 1. *Көлемі жағынан үлкен болғандық, дәулік, ірілік.* 2. *Жасы үлғайғандық, ағалық.* 3. ***Ауысп.*** *Әлімжеттік, күші артықтық.*

ҮЛКЕН-КІШІ *Кәрі-жасы аралас, барша қауым.*

ҮЛКЕН-КІШІЛІ *Үлкені мен кішісі аралас, әртүрлі.*

ҮЛКЕНСІ *Үлкен болғансу, үлкен болуға ұмтылу.*

ҮЛКЕНІРЕК *Зорырақ, дәуірек, ірірек.*

ҮЛП: үлп етті — *желпіп қана өтті.*

ҮЛПЕК *Үлпілдеген, жұп-жұмсақ.*

ҮЛПЕКТЕН *Жұмсақталу, үлбіреу, ұлпалану.*

ҮЛПЕРШЕК 1. *Жүрек қабының үстіндегі май қабаты.* 2. ***Ауысп.*** *Жұпжұқа, үлбіреп тұрған.*

ҮЛПЕРШЕКТЕЙ *Уылжыған, сүпсүйкімді.*

ҮЛПЕРШЕКТІ *Майлы, қомақты.*

ҮЛП-ҮЛП: үлп-үлп етті — *үлпілдеді.*

ҮЛПІКЕР *Үлпілден тұрған жұмсақ.*

ҮЛПІЛ: үлпіл қақты — *үлпілдеді, желпілдеді.*

ҮЛПІЛДЕ *Жұп-жұмсақ үлбіреу.*

ҮЛПІЛДЕК *Өте жұмсақ, үлпілдеген.*

ҮМБЕТ *Мұсылман дініне мойынсұнған, бағынышты адам.*

ҮМЕ *Белгілі бір жұмысты жабылып бітіруге көпшілікті шақыру әдеті, асар.*

ҮМЕЛЕ *Көпшілік болып көмектесу.*

ҮМЕШІ *Үмеге, көмекке келген адам.*

ҮМІТ *Сенім, тілек.* ◊ **Үміт артты** — *сенім білдірді.* **Үміт дүниесі** — *бар арманы, ойы, тілегі.* **Үміт етті [қылды]** — *арман қылды, дәмеленді.* **Үміт оты** — *арман, тілек.* **Үміт [үмітін] үзді** — *сенімін жоғалтты, күдер үзді.* **Үмітсіз шайтан [ісі]** — *сенбеушілік, күдер үзу пендеге лайық емес, деген мағынада айтылады.* **Үміті ақталды** — *тілегі орындалды.* **Үміті кесілді [қиылды]** — *көздеген мақсаты, ниеті орындалмай қалды.*

ҮМІТКЕР *Белгілі бір нәрседен дәмелі, талапкер.*

ҮМІТКЕРЛІК *Бір нәрсеге дәмелілік, талапкерлік.*

ҮМІТСІЗ *Сенімін жоғалтқан, күдер үзген.*

ҮМІТСІЗДІК *Сенбеушілік, күдер үзгендік.*

ҮМІТТЕН *Бір нәрсеге сену, дәмелену.*

ҮМІТТЕС *Үміті, тілегі бір.*

ҮМІТТІ *Белгілі бір нәрседен дәмелі, үміткер.*

ҮМІТТІРЕК *Үміттілеу, сенімі зорырақ.*

ҮМІТШІЛ *Дәмеленгіш, үміт еткіш.*

ҮМІТШІЛДІК *Дәмеленушілік, үміт күтушілік.*

ҮН 1. *Қауыс, дыбыс.* 2. *Әуез, әуен, саз.* 3. ***Ауысп.*** *Ырғағы, тебіренісі, ықпалы, әсері.* ◊ **Үн жоқ, түн жоқ** — *ешбір дыбыс шығармастан; үн-түнсіз.* **Үн қатпады** — *тіс жармады, ләм-мим демеді.* **Үн қосты** — *жаңа бастаманы қолдайтынын білдірді.* **Үн салды** — *дауыс шығарып жылады.* **Үн шығармады** — *ләм-мим демеді, тіл қатпады.* **Үннен қалды** — *сөзден қалды, үндемеді.* **Үні бітті** — *даусы қарлығып, дыбысы шықпай қалды.* **Үні өшті** — а) *жым-жырт болды;* ә) *жойылды, құртылды.* **Үні шықпады** — *сөз таба алмады, сөзден тосылды.* **Үніңді өшір** — *даусыңды шығарма, сөйлеме.*

ҮНДЕ I *Бір нәрсе жайлы айту, сөйлеу.*

ҮНДЕ II *Белгілі бір істі істеуге шақыру, жар салу.*

ҮНДЕМЕ 1. *Үн шығармау, ләм-мим демеу.* 2. *Үнін өшіру, дымын шығармау.* 3. ***Ауысп.*** *Сабыр ету, тоқтай тұру.*

ҮНДЕМЕЙ-ТҮНДЕМЕЙ *Тіс жарып ештеме айтпастан.*

ҮНДЕМЕС I *Ойын кезінде үндемей, күлмей отыратын ұлттық ойын; тымпи.*

ҮНДЕМЕС II *Сөзге әуестігі жоқ, аз сөйлейтін.*

ҮНДЕМЕСТІК *Көп сөйлемеушілік.*

ҮНДЕС I *Әуендес, мазмұндас, сарындас.*

ҮНДЕС II 1. ***орт. етіс*** *Үндес.* 2. *Сәйкес келу, бір сарынды болу.*

ҮНДЕСТІК *Бір-бірімен сәйкестік, сай келушілік, үйлесімділік.* □ **Үндестік заңы** ***лингв.*** — *сөз ішіндегі дауыстылардың бірыңғай не жуан, не жіңішке болып әуендесіп (үндесіп) айтылуы.*

ҮНДЕУ *Халықты белгілі бір іске жұмылдыру үшін жазылған ұран; шақыру.*

ҮНДІ I *Даусы зор, күшті.* □ **Үнді дауыссыздар** ***лингв.*** — *дауыс пен салдырдан құралған, бірақ салдырдан гөрі дауыс басымырақ р, л, м, н, ң дыбыстары.*

ҮНДІ II *Үндістанның негізгі халқы, үнділер.*

ҮНДІЛЕУ *Үні басымдау, үндірек.*

ҮНДІЛІК *Дауыстың күштілігі, жоғарылығы.*

ҮНДІРЕК *Үні басымырақ, күштірек.*

ҮНЕМ 1. *Шығындарды азайту арқылы қор жинау тәсілі.* 2. *Құнттау арқылы құралған тамақ, қор.* ◊ **Үнем етті [қылды]** — *талшық етті, ептеп-септеп жеткізді.*

ҮНЕМДЕ *Не нәрсені болса да ұқыпты пайдалану, жұмсау.*

ҮНЕМДІ *Тиімді, ұқыпты.*

ҮНЕМДІЛІК *Ұқыптылық, тиімді болушылық.*

ҮНЕМҚОР *Үнемдегіш, үнемшіл.*

ҮНЕМСІЗ *Тиімсіз, пайдасы жоқ.*

ҮНЕМШІЛ *Ысырапқа жол бермейтін, ұқыпты.*

ҮНЕМШІЛДІК *Ұқыптылық, үнемшіл болушылық.*

ҮНЕМІ *Ылғи, әрқашан, әрдайым.*

ҮНСІЗ *Дыбыс шығармай, дыбыссыз.*

ҮНСІЗДІК *Тым-тырыс болушылық, тыныштық.*

ҮНСІЗ-ТҮНСІЗ *Ешбір дыбыс шығармай, үн-түнсіз.*

ҮН-ТҮН: *Үн-түн жоқ ештеме айтпастан, ләм деместен, үндеместен.*

ҮН-ТҮНСІЗ *Дыбыс шығармай, тіл қатпай.*

ҮҢГУІШ *Жерді үңгіп қазғыш, үңгірлегіш.*

ҮҢГІ *Бір жерді қуыстап қазу, үңгірлеу.*

ҮҢГІЛЕ *Қуыстау, үңгірлеу, үңгу.*

ҮҢГІР *Таулы жерде кездесетін табиғи немесе қолдан кеулеп қазылған қуыс.*

ҮҢГІРЛЕ *Белгілі бір жерді қазып қуыстау, үңгіп кеулеу.*

ҮҢГІРШЕ *Кішігірім үңгір.*

ҮҢІЛ 1. *Мұқият, шұқшия қарау.* 2. ***Ауысп.*** *Зер салу, ден қою, көңіл бөлу.*

ҮҢІРЕЙ 1. *Ойылу, үңгірлену.* 2. ***Ауысп.*** *Орны толмай қаңырап бос қалу, ойсырау* ◊ **Көзі үңірейді** — *арып-ашып жүдеді.*

ҮҢІРЕККӨЗ *Организм қызметіне зиян келтіріп, ішті айдап құстыратын, өмірге қауіпті жұқпалы ішек ауруы (холера).*

ҮҢІРЕҢДЕ *Телміріп ашқарақтану, сұғанақтану.*

ҮП *Дүние-мүлік, зат жасау.*

ҮП: үп еткен жел жоқ — *тып-тымық, желсіз.*

ҮПЕК *Еркек малдың жыныс мүшесінің үрпі.*

ҮПЕЛЕК *Қамыстың (т. б. кейбір өсімдіктердің) үлпілдеген шашағы.*

ҮПТЕ *Түк қалдырмай үрлап кету, тонау.*

ҮПТІ *Дүние-мүлкі мол, жасаулы.*

ҮП-ҮЛКЕН *Әжептәуір үлкен, ересек.*

ҮПІЛДЕ 1. *Үп-үп деп үрлеу.* 2. ***Ауысп.*** *Аялау, мәпелеу.*

ҮПІЛМӘЛІК ***бот.*** *Салалы ірі жапырақты, шоқ гүлді, жылы жақта өсетін, көпжылдық техникалық өсімдік.*

ҮР I *"үф" деп, ауыздан күшті жел шығару, үрлеу.* ◊ **Үрген қарындай [қуықтай]** — *домаланған, тырсиған (адам).* **Үрген местей [тұлыптай]** — *тырсиған, жуан семіз.* **Үріп ауызға салғандай** — *сүп-сүйкімді, өте әдемі.* **Үріп ішіп, шайқап төкті** — *өмірі молшылықта, тоқшылықта өтті.*

ҮР II 1. *Иттің абалап шәуілдеуі, арсылдауы.* 2. ***Ауысп.*** *Аузына келгенді, сөйлеп балағаттау.*

ҮР: үр жаңа — *су жаңа, жап-жаңа.* **Үр қызы** — *періштенің, хордың қызы.* **Үр тас *көне*** — *жүзікке, білезікке орнататын асыл тастардың бір түрі.*

ҮРГЕЛЕК *Қорқақ, секемшіл, уркек.*

ҮРГЕЛЕКТЕ *Үрку, жасқаншақтау, қорқу.*

ҮРГЕЛЕКТІК *Қорқақтық, жасқаншақтық.*

ҮРГІЛЕ *Қайта-қайта үргілей түсу, үрлей беру.*

ҮРГІН-СҮРГІН *Қуғын-сүргін, әуре-сарсаң.*

ҮРГІШ *Үріп тұратын, арсылдауық, үреген.*

ҮРГІШТЕ I *Қайта-қайта үрлеу.*

ҮРГІШТЕ II *Әлсін-әлсін, қайта-қайта үру.*

ҮРДІС I *Әдет, салт, дағды.*

ҮРДІС II 1. *Екпіні күшті, тығыз, қауырт.* 2. *Тез, жылдам, шапшаң.* 3. *Үздіксіз, тоқтаусыз, тынбай.*

ҮРДІСТЕУ *Күштілеу, екпінділеу, қарқындылау.*

ҮРЕГЕН *Үргіш, көп үретін (ит).*

ҮРЕЙ *Қорқыныш, зәре, құт.* ◊ **Үрейін алды** — *зәресін алды, қорқытты.* **Үрейі ұшты [қашты]** — *қатты қорықты, зәре-құты қалмады.*

ҮРЕЙЛЕН *Зәресі ұшу, қорқу.*

ҮРЕЙЛЕНУШІЛІК *Зәре-құты қалмаушылық, қорқушылық.*

ҮРЕЙЛІ *Адамның зәре-құтын алар лық, қорқынышты.*

ҮРЕЙСІЗ *Алаңсыз, қорқынышсыз.*

ҮРЕЙШІЛ *Сұзүрек, қорқақ.*

ҮРЕЙШІЛДЕУ *Қорқақтау, жүрексіздеу.*

ҮРЕЙШІЛДІК *Жүрексіздік, қорқақтық.*

ҮРЕНДЕ *Ит-құс.*

ҮРЕСІН: үресін қар — *жел айдап келіп үйіп тастаған, күртік қар.*

ҮРИТ: үрит соқ-соқ — а) *сүзіскен қошқарларды, текелерді онан әрі өшіктіре түсу үшін айтылатын ишарат сөз; ә) екі адамның арасына от жақты, жанжалға итермеледі.*

ҮРИЯТ *Теңдік, еркіндік, бостандық.*

ҮРКЕК 1. *Кез келген нәрседен шошынғыш, үріккіш (мал).* 2. ***Ауысп.*** *Қорқақ, батыл емес (адам).*

ҮРКЕКТЕ 1. *Қайта-қайта үркү.* 2. ***Ауысп.*** *Қорқу, үрейлену, шошу.*

ҮРКЕКТЕУ *Үрке беретін, шошынғыш.*

ҮРКЕКТІК *Үрке беретіндік, үріккіштік.*

ҮРКЕР ***астр.*** *Торпақ шоқжұлдызының құрамына енетін топтанған жұлдыз шоғыры.*

ҮРКЕҢҮЛ *Кесте тіккенде, күміс бедерлегенде топ жұлдызшалардан құралған ұсақ өрнек.*

ҮРКЕРДЕЙ *Бір жерге топтанған, шоғырланған.*

ҮРКЕСОҚ ***жерг.*** *Шеткері, оқшау, бөлек.*

ҮРКЕСОҚТА *Үрке қарап шеткері жүру, бөлектену.*

ҮРКІН *Жаудан үріккен, зорлық-зомбылықтан қашқан ел.*

ҮРКІНШІЛІК *Құғын-сүргінге, үркінге ұшыраған күй, жай.*

ҮРКІНІШТІ *Қорқынышты, үрейлі.*

ҮРКІҢКІ *Адам шошырлықтай қорқынышты, үрейлі.*

ҮРКІТ 1. ***өзг. етіс*** *Үркіт.* 2. ***Ауысп.*** *Үрейін алу; қорқыту, шошыту.*

ҮРЛЕ *Екі ұртты ауаға толтырып алып, ауыздан қайта-қайта дем шығару, дүркін-дүркін үру.* ◊ **Үрлеп ішіп, шайқап төкті** — *не ішіп, не жеймін демей, молшылықта өмір сүрді.*

ҮРЛЕМЕЛЕ *Қайта-қайта үрлеу.*

ҮРЛЕМЕЛІ: үрлемелі оркестр — *аспаптарда үрлеп ойнайтын музыканттардың оркестрі.*

ҮРЛЕУЛІ *Үрленген, ауа толтырылған, үрлеп қойған.*

ҮРЛЕУІШ: үрлеуші машина — *ауа үрлеп тұратын машина.*

ҮРМЕ *Үріп тұратын, еспе (жел, құм).*

ҮРМЕ: үрме бұршақ ***биол.*** — *гүлі ірі, қосжарнақты бұршақ тұқымдас біржылдық дәнді дақыл.*

ҮРМЕК-ДҮРМЕК *Тобымен, тегіс.*

ҮРМЕЛЕ *Қайта-қайта үру, үрлеу.*

ҮРМЕЛІ 1. *Ауызбен үріп ойнайтын.* 2. *Ішіне жел толтырылған.* □ **Үрмелі музыка** — *үрмелі аспаптарға арналған музыка.*

ҮРПЕК 1. *Жүні жаңа шығып келе жатқан, сары уыз (балапан).* □ **Үрпек бас [үрпек бас шақ]** — *таңның әлі жарық түспеген, елең-алаң кезі.* ◊ **Ақүрпек** — а) *сарыауыз балапан;* ә) *бойы өсіп, бұғанасы қатпаған, жас (бала).* 2. *Үрпиген, ұйпа-тұйпа (шаш).*

ҮРПЕКТЕУ *Шашы тікірейген, үрпиген.*

ҮРПЕ-ТҮРПЕ *Бобырап кеткен, дудар-дудар, ұйқы-тұйқы.*

ҮРПІ 1. *Ұйпа-тұйпасы шығу, додалану.* 2. ***Ауысп.*** *Дірдектеу, қалтырау.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрседен үрейлену, қорқу, шошу.* ◊ **Жақ жүні үрпиді** — *тоңды, дірдектеді; өңі қашты, жүдеді.*

ҮРПІ *Емшектің сүт шығатын ұшы.*

ҮРТ *Тез, кілт, бірден, жалт.*

ҮРІК 1. *Малдың бір нәрседен қорқып қашуы, жалт беруі.* 2. ***Ауысп.*** *Зәресі ұшу, қорқу.* 3. ***Ауысп.*** *Жаудан қаша көшу.* ◊ **Үріккен қойдай қамалды** — *үймежүйме болды, топтана опыр-топыр болды.* **Үріккен түйе [қой] көзденді** — *екі көзі шарасынан шықты, ежірейді, алақтады.*

ҮРІМ *Өсіп тұрған өсімдіктің (ағаштың) шыбық ұшындағы соңғы бүршігі.*

ҮРІМ-БҰТАҚ *Бір атадан тараған бала-шаға, ұрпақ.*

ҮРІМПАР *Зергер көріктің шоққа жел үрлейтін аузы, көріктің желдеткіші.*

ҮРІНДІ *Үріп әкеп тығып тастаған (қар); үрлесін, үргін.*

ҮСКІ *Былғарыны, ағашты т. б. тесетін іші қуыс біз.*

ҮСКІЛЕ *Үскімен тесу.*

ҮСКІР *Жел қатты соғу, борау, азынау.*

ҮСКІРІК I *Бет қаратпайтын суық сары аяз, жел.*

ҮСКІРІК II *Үріп ойналатын музыкалық аспап.*

ҮСКІРІКТІ *Ызғары бар, суығы қатты (жел).*

ҮСТЕ *Бір нәрсенің үстіне тағы қосу, еселеу.* ◊ **Үстеп қоректендірді [азықтандырды]** – *негізгі қоректің үстіне минералды тыңайтқыш қосты.*

ҮСТЕЛ *Тамақ ішуге, жазуға арналған төрт сирақты, үсті тегіс үй жиһазы.*

ҮСТЕЛЕ *Үсті-үстіне қосымшалау.*

ҮСТЕМ *Өктем, басым; қожа.* □ **Үстем тап** – *Қазан революциясына дейін қоғамда өз әмірін жүргізіп, билік етіп келген қанаушы тап.* ◊ **Мерейі үстем болды** – *абыройы артты, беделі өсті.*

ҮСТЕМДІК *Басымдық, күштілік, қожалық.* ◊ **Үстемдік етті [құрды]** – *билеп-төстеді, күштілік көрсетті.*

ҮСТЕМДІЛІК *Үстем болушылық, өктемділік.*

ҮСТЕМЕ *Қосымша, қосалқы.* □ **Үстеме баға** – *міндеттеме, салық, төлем.*

ҮСТЕМЕЛЕ *Үсті-үстіне қосу, еселеу.*

ҮСТЕМЕЛІ *Қосымша, қосалқы.*

ҮСТЕМСІ *Көкірегін керіп, күштісіну, басымсыну.*

ҮСТЕМШІЛ *Біреуге үстемдік етуші, зорлықшыл.*

ҮСТЕМШІЛДІК *Озбырлық, зорлықшылдық, үстем болушылық.*

ҮСТЕМШІЛІК *Үстемдік, билік жүргізушілік.*

ҮСТЕМІРЕК *Үстемдеу, басымырақ, күштірек.*

ҮСТЕУ 1. *Бір нәрсеге қосылған қосымша үлес, берілген үстеме артық нәрсе.* 2. ***грамм.*** *Сөйлемде түрленбей-ақ мекен, мезгіл, сын-сипат мәнін білдіріп, пысықтауыш қызметін атқаратын сөз табы.*

ҮСТІ 1. *Белгілі бір нәрсенің жоғарғы жағы, үстіңгі беті.* 2. *Тұлабой, дене, кісінің үсті-басы.* 3. *Уақиғаның дәл мезгілі, болып жатқан уақыты.* ◊ **Үстіне түсті** – *асты-үстіне түсіп бәйек болды; өбектеді.* **Үстінен құс ұшырып, астынан ит жүгіртті** – *ізін бақты, күдігінға ұшыратты.* **Үстінен түсті** – а) *уақиғаның нақ болып жатқан мезгілінде тап болды;* ә) *біреудің ойындағысын тапты, ойынан шықты.* **Үстінен шықты** – *бір оқиғаның болып жатқан мезгілінде кезікті.*

ҮСТІ-БАСЫ *Адамның бүкіл тұла бойы, бар денесі.* ◊ **Үсті-басы малмандай [су]** – *тұла бойы, бар киімі әбден су болған, суға малшынған.*

ҮСТІН-ҮСТІН *Дүркін-дүркін, қайтақайта.*

ҮСТІҢГІ *Жоғарғы, сыртқы, беткі.* □ **Үстіңгі ыза суы** – *жердің беткі қабатына жақын ылғал.*

ҮСТІРТ I ***геогр.*** *Биіктеу болып келетін жер, төбе, қырат.*

ҮСТІРТ II ***көс.*** *Аяқкиімнің үстіңгі жағын көтеріп, белгілі бір түрге түсіру үшін қолданылатын құрал.*

ҮСТІРТ III *Асығыс, жеңіл-желпі, атүсті.*

ҮСТІРТТЕУ I *Биіктеу, дөңестеу.*

ҮСТІРТТЕУ II *Жеңіл-желпілеу, ат үстілеу, немқұрайдылау.*

ҮСТІРТТІ *Дөңестеу, биіктеу.*

ҮСТІРТТІК *Қара дүрсіндік, жадағайлық.*

ҮСТІРТІН *Жеңіл-желпі, атүсті.*

ҮСТІРТІНДІК *Шалағайлық, жеңіл-желпілік.*

ҮСТІ-ҮСТІНЕ *Жедел-жедел, қайтақайта, әлсін-әлсін.*

ҮСІ *Аязға, боранға ұшырап, үсікке шалдығу.*

ҮСІГІШ *Тез үсігіш, үсуге бейім.*

ҮСІК I. *Көктем мен күзде кенеттен болатын ызғарлы суық, аяз.* 2. *Дененің қатты аязға шалдығып домбығуы.* ◊ **Үсік жүрді [ұрды]** – *кенеттен күн суытып, көкөністі үсіту, суық ұру.* **Үсік шалды** – *аязға ұрынды, үсіді.*

ҮСІНІП-ҚАБЫН *Үсіну, аязға шалдығу.*

ҮТ 1. ***коне*** *Ақпан айының ескіше аты.* 2. *Жер үйдің терезесінен түсетін күн сәулесімен көрініп тұратын тозаң.*

ҮТІК *Қыздырып алып, киімнің қыртыс-қыртысын жазуға арналған бұйым.*

ҮТІКТЕ *Киім-кешектің, матаның қыртыс-тыртысын үтікпен жазу.*

ҮТІР ***грамм.*** *Сөйлем мүшелері мен сөздерді ажырату үшін қойылатын тыныс белгісі.*

ҮУ: ұу етті — *жел кенеттен гу-гу етіп соқты.*

ҮФ *Ерінді жиырып ауыздан дем шығару, үрлеу.*

Үһ *Қатты шаршап алқынғанда, қайғырып қажығанда күрсіністен шығатын дем.* ◊ **Үһ деді [десті]** — *жұмысты бітіріп, көңілі жайлады.*

ҮһІЛ *Жанға батқанда, қайғырғанда шығатын "үһ" деген дыбыс, күрсініс.*

ҮһІЛЕ *Қайта-қайта "үһ" деп дем шығару.*

ҮһІЛЕП-АһЫЛАП *Қайғы-қасіретке салынып, қамығып.*

ҮШ 1. *Екіден жоғары сан.* 2. ***пед.*** *Оқушының білім дәрежесін анықтауда қойылатын орташа баға.* □ **Үш жүз көне** — *бұрынғы замандағы қазақ халқының ұлыстық, әкімшілік-аумақтық жағынан шартты түрдегі жер бөлігі, аймақ.* **Үштоғыз (айыбы, сыйлығы)** — *әрқайсысы тоғыздан тұратын үш сыйлық (айып).* ◊ **Үйірімен үштоғыз этн.** — *олжалы бол, олжаң көбейсін деген мағынадағы тілек.* **Үш күндік пәни** — *қысқа өмір, өтпелі өмір.* **Үш мүйіз болды** — *үш топқа бөлінді, үш топ құрды.* **Үш қайнаса [қайнатса] сорпасы қосылмайды** — *бірімен-бірі жуыспайды, байланыспайды, мүлде бөлек.* **Үш ұйықтаса түсіне [ойына] кірмеді** — *дәл солай бола қалады деп тіптен де ойламады.*

ҮШ: үш аяқ жорға — *ара-тұра жаңылысып, текіректеп не желіп барып, жорғасын түзейтін жорға.*

ҮШАРҚАР: Үшарқар таразы ***астр.*** — *топ жұлдыздың аты.*

ҮШБҰРЫШ ***геом.*** *Өзара қиылысатын үш түзу сызықпен шектеліп жасалған геометриялық фигура.*

ҮШЕМ *Бірге туған үш төл.*

ҮШЕУ *Үш санының жинақтық түрі.*

ҮШЕУЛЕ *Үш кісі бірігіп әрекет ету.*

ҮШКІЛ 1. *Үш бұрышты зат.* 2. *Көйлектің етегін кеңейту үшін оған үшбұрыштап қоятын қиықша; шабу.*

ҮШКІЛДЕ *Үшбұрыштау, үшкіл ету.*

ҮШКІЛДЕУ *Үшкілдене біткен.*

ҮШКІЛСІЗ *Үшкілі жоқ, шабусыз.*

ҮШКІЛТІМ *Бір жағы сүйірлене біткен.*

ҮШКІР I 1. *Сүйір, істік, ұшы өткір.* ***Ауысп.*** *Өткір біздей (тіл).*

ҮШКІР II ***діни*** *Ауырған адамға дем салу, дұға оқу.*

ҮШКІРЛЕ *Бір нәрсені еген, не жонып үш шығару, ұштау, сүйірлеу.*

ҮШКІРЛЕУ *Сүйірлеу, сопақтау.*

ҮШКІРЛІК *Сүйірлік, ұшқырлық.*

ҮШКІРІП-ТҮШКІР *Емделп-домдау; ұшықтау.*

ҮШКІРІП-ТҮШКІРІП *Салқын тию, тұмаурату.*

ҮШҚАТ *Гүлінің түсі әртүрлі бұталы өсімдік, сол өсімдіктің ащы дәмді жемісі.*

ҮШҚҰЛАҚ *Барлық әшекей ісіне тән үш мүйізді, үш жапырақты, үш тармақты өрнек.*

ҮШСАЙЫС ***спорт.*** *Бір спортшының спорттың үш түрі бойынша сайысқа түсу жарысы.*

ҮШТАҒАН *Үш нәрседен, бөліктен тұратын тұтастық, бірлік.*

ҮШ-ТӨРТ *Үш не төрт шамалы болжалдық сан.*

ҮШТІК I *Оқушы қауымының білімін қойылатын орташа баға.*

ҮШТІК II ***спорт*** *Алғашқы жүлделі үш орын.* □ **Үштік шам** — *шишасының аумағы үш сантиметрлік шам.*

ҮШ-ҮШТЕН *Үшеу-үшеу етіп, үштен топ-топ болып.*

ҮШІ *Өлген адамды еске түсіру үшін үш күннен кейін берілетін ас.*

ҮШІН *Кейбір етістік, зат есім, есімдіктермен тіркесіп, істің мақсатын, себебін, заттың кімге арналғандығын білдіретін демеулік шылау.*

ҮШІНШІ *Екіден жоғары реттік сан.*

ҮЮ *Нәрсені бір жерге жинау, айналасын қомақтау.*

ҮЮЛІ *Үйіліп қойылған, жиналған.*

Ф

ФА *муз. Музыка гаммасының төртінші нотасы.*

ФАБРИКА *Шикізатты техникалық тәсілмен өңдейтін өнеркәсіп орны.*

ФАБРИКАНТ *Өз меншігінде фабрикасы бар бай адам, кәсіпорын қожасы.*

ФАБРИКАТ *Фабрикада әзірленген дайын азық.*

ФАБУЛА ***әдеб.*** *Әдеби шығармаларда баяндалатын оқиға желісінің бір-бірімен жалғасу, суреттелуінің қысқаша мазмұны.*

ФАЗА 1. *Бір нәрсенің даму барысы мен өзгеріске түсіндегі жеке бір кезең және сондай кездегі күй, қалып.* 2. *Қоғамның тарихи дамуындағы белгілі бір дәуір, кезең.*

ФАЗАЛЫ ***тех.*** *Генератор орамдарының жеке тобы мен оған жалғанған электр сымы.*

ФАЗОМЕТР *Кернеу мен ток векторларының арасындағы фазалық ығысу бұрышын анықтайтын аспап.*

ФАКИР 1. *Мұсылман діні үшін өз өмірін пақырлыққа, сопылыққа арнаған адам.* 2. *Көз байлаушы, сиқыршы адам.*

ФАКСИМИЛЕ *Қолтаңба, қолжазба, ескі құжат сияқтылардың түпнұсқасының фотографиялық не баспа әдісімен алынған дәл көшірмесі.*

ФАКТОР *Белгілі бір істің, құбылыстың себепшісі болатын қозғаушы күш.*

ФАКТУРА I *Көркемөнер шығармаларындағы көркемдік техникасының өзіндік ерекшелігі.*

ФАКТУРА II *Тауарлардың тізімге түсірілген, затталған шот қағазы.*

ФАКУЛЬТЕТ *Білімнің белгілі бір саласы бойынша ғылыми пәндерден сабақ өтілетін жоғарғы оқу орнының бір бөлімі.*

ФАКУЛЬТЕТАРАЛЫҚ *Факультеттер арасында өтетін жарыстарға қатысы бар.*

ФАЛАНГА ***анат.*** *Саусақ пен бақай сүйектерінің ғылыми атауы.*

ФАЛЬСТАРТ ***спорт*** *Жарысты бір мезетте бастамағандықтың себебінен болатын ереже бұзушылық.*

ФАНАТИЗМ *Фанатик адамдарға ғана тән, барып тұрған, кісі төзгісіз мінез-құлық.*

ФАНАТИК 1. *Дін жолына берілген, дінді нық тұтқан адам.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір іске жан-тәнімен берілген. Сол жолда бар еңбегін сарп еткен адам.*

ФАНТАСТ *Шығармасын ой елестерінен, қиялдан шығарып, шындықты табиғи қалыптан тыс әсірелеп жазатын жазушы.*

ФАНТАСТИКА ***әдеб.*** *Көркем бейнені ой елестерінен, қиялдан шығарып, шындықты табиғи қалыптан тыс әсірелеп көрсететін шығарма.*

ФАНФАРА ***муз.*** 1. *Трубадан ұзындау етіп, жезден жасалған үрлемелі музыкалық аспап; керней.* 2. *Салтанатты шаттық жайды хабарлау үшін бірнеше кернеймен орындалатын қысқаша ғана музыкалық әуен.*

ФАРА *Жолға жарық түсіру үшін көлік және ауылшаруашылығы машиналарының алдыңғы жағына орнатылатын электр шамы.*

ФАРВАТЕР *Кеме жүзе алатын тереңдеу арна, жүріп тұратын жол.*

ФАРИНГИТ ***мед.*** *Жұтқыншақтың ішкі кілегейлі бетінің қабынуынан болатын ауру.*

ФАРМАКОЛОГ ***мед.*** *Фармакология ғылымының маманы.*

ФАРМАКОЛОГИЯ ***мед.*** *Дәрілік заттар және олардың адам ағзасына тигізетін әсерін зерттейтін ғылым саласы.*

ФАРМАЦЕВТ ***мед.*** *Дәрі-дәрмек жасайтын дәріхана қызметкері.*

ФАРМАЦЕВТИКА *Дәрі-дәрмекті әзірлеу, сақтау және оларды көпшілікке босату шаралары жайындағы ғылым.*

ФАРФОР 1. *Ақбалшықтың ең таңдаулы түрінен жасалатын минералды қоспа.* 2. *Осындай қоспадан істелген ыдыс-аяқ, түрлі бұйым.*

ФАРШ *Ас дайындау үшін арнаулы машинамен өте ұсақ етіп тураған шикі ет; тартылған ет.*

ФАРШТАУ *Дайындалған тағамға тартылған ет, жеміс, бұрыш т. б. салып дәм-тұзын келтіру.*

ФАСАД *Мекеме, үй, ғимарат сияқты құрылыстың алдыңғы жақ беті.*

ФАТАЛИЗМ *Өмірдегі барлық нәрсе алдын ала жазылып қойылған жазмыштың сиқырлы күшіне тәуелді деп санайтын діни-идеалистік, философиялық ілім.*

ФАТАЛИСТ *Фатализмге бейім, қайдағы жоққа нанғыш, діндар адам.*

ФАУНА *Жануарлар, хайуанаттар дүниесі.*

ФАШИЗМ *Бостандықты, демократияны тұншықтыру, халықты қырғын-сүргінге түсіріп, қатал реакциялық тәртіп орнату және агрессиялық соғыстарға дайындық жүргізу мақсатына бағытталған диктатураның түрі.*

ФАШИСТ *Фашизмге жан-тәнімен берілген, соның жолын ұстаушы.*

ФАЯНС 1. *Керамика бұйымдарын жасау үшін ғаныш қоспасына басқа заттарды араластырып иленетін сазбалшық.* 2. *Осындай сазбалшықтан жасалған ыдыс-аяқтың, түрлі бұйымның жалпы аты.*

ФӘНИ 1. *Тұрағы жоқ, баянсыз, алдамшы дүние (жалған).* 2. *Өткінші, опасыз дүние (жалған).*

ФЕДЕРАЛИЗМ 1. *Құрама боп бірігуге негізделген мемлекеттік құрылыс.* 2. *Кейбір көпұлтты мемлекеттердегі федерализмді жақтайтын қозғалыс.*

ФЕДЕРАЦИЯ 1. *Дербес мемлекеттердің біртұтас боп өзара біріккенінен құралған мемлекет.* 2. *Жеке қоғамдар мен ұйымдардың одағы.*

ФЕЛЬДМАРШАЛ *Бұрынғы патшалы Ресейдегі және кейбір шетелдік армиялардағы ең жоғары әскери атақ, шен.*

ФЕЛЬЕТОН ***әдеб.*** *Көркем әдебиет тәсілдерін, көбіне сықақ әдістерін пайдалана отырып, өмірдегі кейбір жағымсыз құбылыстарды, жеке адамдардың оғаш мінездерін шенеп, мінейтін газет мақаласының бір түрі.*

ФЕЛЬЕТОНШЫ *Фельетон жазумен айналысушы, фельетонист.*

ФЕНОЛОГ *Фенология ғылымының маманы.*

ФЕНОЛОГИЯ *Жануарлар мен өсімдіктер тіршілігінде болатын құбылыстардың заңдылықтары мен кезеңділігін жыл мезгіліне байланыстыра зерттейтін биология ғылымының бір тарауы.*

ФЕНОМЕН 1. ***филос.*** *Идеалистік философияның түсіндіруінше тек санада ғана өмір сүретін, танып білуге болмайтын ішкі мәніне — ноуменге қарама-қарсы деп есептелінетін құбылыс.* 2. ***Ауысп.*** *Өмірде сирек кездесетін, ерекше жаралған ерен қабілеті бар адам, не бір ғажап құбылыс.*

ФЕОДАЛ ***тар.*** *Феодализм дәуірінде басыбайлы шаруалардың еңбегін қанаушы ірі жер иесі.*

ФЕОДАЛИЗМ *Жер, өндіріс құралжабдықтары, басыбайлы шаруалар түгелдей бір феодалдардың меншігі саналатын және оларға өз жерінде мемлекет билігін жүргізуіне құқық беруге негізделген капитализм алдындағы қоғамдық құрылыс.*

ФЕРЗЬ *Шахмат ойынындағы ең күшті фигура.*

ФЕРМА 1. *Шаруашылықтың мал өсірумен шұғылданатын бөлімшесі.* 2. *Жеке адамдардың өз жерінде не жалға алған жерде жүргізетін жекеменшікті ауылшаруашылық кәсіпорны.*

ФЕРМЕНТ ***биол.*** *Тірі клеткалардан бөлініп, денедегі зат алмасуын реттеп тұратын күрделі органикалық зат.*

ФЕРМЕНТТЕН *Тірі клеткалардан органикалық зат бөлінуі.*

ФЕРМЕР *Жекеменшікті ауылшаруашылық фермасының иесі, не жерді жалға алушы.*

ФЕРРОСПЛАВ *Темір мен басқа бір металды қосып балқытқаннан шығатын қорытпа.*

ФЕСТИВАЛЬ *Көркемөнердің әр алуан түрлеріне байқау жүргізе отырып, оларды көпшілікке көрсете өткізілетін қоғамдық мереке.*

ФЕТИШ 1. *Алғашқы қоғам адамдарының киелі деп табынатын заты.* 2. ***Ауыспалы.*** *Қалтқысыз сенуге болатын, даусыз нәрсе деп танылған зат не құбылыс.*

ФЕТИШИЗМ 1. *Алғашқы қоғам адамдары киелі, аруақты деп табынған жансыз бұйымдар.* 2. ***Ауыспалы.*** *Соқыр сенімге айналған ұғым, түсінік.*

ФЕТР *Биязы жүннен тығыздап, шырақ басылған киіз.*

ФЕХТОВАНИЕ ***спорт*** *Рапира, эскадрон қылыштарымен сайысатын спорт ойыны.*

ФИГУРА 1. ***мат.*** *Геометрияда жазықтықтың тұйық сызықпен шектелген бір бөлігі, немесе белгілі бір тәртіппен орналасқан нүктелердің, сызықтар мен беттердің, денелердің жиынтығы.* 2. *Кітаптағы мәтін ішінде берілген нобай сызбалардың аты.* 3. *Адамның дене бітімі, сыртқы келбеті.* 4. *Шахмат тастарының пешкілерден өзге жалпы атауы.* 5. ***әдеб.*** *Сөздердің мәнерлілігін арттыра түсетін сөз орамдары мен сөз тіркестерінің айрықша синтаксистік құрылысы.*

ФИДЕИЗМ ***филос.*** *Білім, ғылым орнына діни сенімді қоятын, дінге сенуді шындықтың бірден-бір белгісі деп танитын идеалистік ілім.*

ФИДЕИСТ *Фидеизм жолын қуған адам.*

ФИЗИК *Физика маманы.*

ФИЗИКА *Материяның қасиеттері мен құрылысын, олардың қозғалысы мен өзгеру жолдарын, бейорганикалық табиғат құбылыстарының жалпы заңдылықтарын зерттейтін жаратылыстану ғылымының негізгі саласы.*

ФИЗИОЛОГ *Физиология ғылымына маманданған оқымысты.*

ФИЗИОЛОГИЯ *Жануарлар мен өсімдіктер организміндегі тіршілік әрекеттерін зерттейтін ғылым.*

ФИЗИОТЕРАПЕВТ *Физиотерапия маманы.*

ФИЗИОТЕРАПИЯ ***мед.*** *Науқасты физиологиялық жолмен (жылу қуатымен, сумен, дене қимылымен т. б.) емдеу әдісі.*

ФИКСАЖ *Фотография негативін шаятын немесе ондағы сурет кескінін бекіте түсетін химиялық ерітінді.*

ФИКУС *Барлық уақытта көгеріп тұратын, үй ішінде сән үшін өсірілетін, сопақша ірі жапырақты тропиктік ағаш.*

ФИЛАНТРОП *Филантропиямен айналысатын адам.*

ФИЛАНТРОПИЯ *Қайырымдылық қарекет, жоқ-жітікке жәрдемдесіп, қамқорлық жасау.*

ФИЛАРМОНИЯ *Концерттер ұйымдастырып, музыка өнерін насихаттаумен айналысатын мекеме.*

ФИЛАТЕЛИСТ *Филателиямен айналысушы, сонымен әуестенуші адам.*

ФИЛАТЕЛИЯ *Коллекция үшін почта маркаларын, немесе басқа маркаларды, сондай-ақ қағаз ақшалардың нұсқаларын жинау.*

ФИЛИАЛ *Белгілі бір мекеменің дербес бөлімшесі.*

ФИЛОЛОГ *Тіл мен әдебиет ғылымдарының маманы.*

ФИЛОЛОГИЯ *Жазба ескерткіштердің тілін, стилін, тарихын, жалпы халық мәдениетінің тіл мен әдеби шығармалар арқылы танылатын байлығын зерттейтін ғылымдардың жиынтық атауы.*

ФИЛОСОФ 1. *Философия ғылымына маманданған оқымысты, сондай-ақ дүниетану мәселелерін зерттеп табу жолына түскен ойшыл адамдарға берілетін жалпы ат.* 2. ***Ауысп.*** *Өмірде кездесетін құбылыстарды ақылға салып, байсалды түрде, жете түсінетін адам.*

ФИЛОСОФИЯ 1. *Қоғамдық сананың бір нысаны — табиғаттың, қоғам мен ойлаудың даму барысындағы негұрлым жалпы заңдылықтар жайындағы ғылым.* 2. *Белгілі бір ғылымның негізі болған әдістемелік ұстаным.* 3. *Іске ешбір қатысы жоқ дерексіз пайымдау.*

ФИЛЬМ *Көпшілікке көрсету үшін бейнетаспаға түсірілген кинокартина.*

ФИЛЬМОСКОП *Бейнетаспадағы сурет кескіндерін көрсететін арнайы аспап.*

ФИЛЬМОТЕКА *Кинокартиналар түсірілген бейнетаспаларды жиып сақтап, әрі оларды зерттеп, көпшілік арасына насихаттап отыратын мекеме немесе оның құрамындағы бөлім.*

ФИЛЬМХАНА *Фильмдерді сақтайтын мекеме немесе құрамындағы бөлім; фильмотека.*

ФИЛЬТР ***тех.*** 1. *Сұйық заттарды керексіз қосындылардан тазарту үшін қолданылатын сүзгі.* 2. *Кейбір сәулелерді, дыбыстарды, электрмагнитті толқындарды өткізбейтін арнаулы аспап.*

ФИЛЬТРАТ *Сүзгіден өткізіліп, тазартылған сұйық.*

ФИНАЛ 1. *Спорт жарыстарының жеңімпазды анықтайтын ақтық кезеңі.* 2. *Концерттің, белгілі бір музыканың, операның және т. б. ақтық кезеңі, соңғы қорытынды бөлімі.*

ФИНН-УГОР: *жер.* *Финн-угор тілдері негізінен Орал тобы тілдерінің бір бұтағы.*

ФИРМА 1. *Сауда не өндірістік кәсіпорын.* 2. *Біртекті кәсіпорындарды біріктіру негізінде құрылған, дербес құқықты шаруашылық есептегі өндіріс бірлестігі.*

ФИТОПАТОЛОГ ***биол.*** *Өсімдіктер кеселін зерттейтін маман.*

ФИТОПАТОЛОГИЯ *Өсімдіктер кеселін зерттейтін ғылым.*

ФЛАГМАН 1. *Соғыс кемелері құрамасының, эскадраның қолбасшысы.* 2. *Әуе немесе теңіз флотындағы жетекші есептелінетін ең ірі кеме, сондай-ақ белгілі бір аймақтың флотындағы ең үлкен және ең әдемі кеме.* 3. ***Ауысп.*** *Белгілі бір өндіріс саласындағы кәсіпорындардың ең үлкені, ең басты орындағысы.*

ФЛАНЕЛЬ *Екі жағы да үлпілдеген сирек түкті жеңіл мата.*

ФЛЕГМАТИЗМ *Дүниенің бәріне немқұрайды қараумен үштасып жататын адам мінез-құлқындағы шектен тыс тұйықтық, самарқаулық.*

ФЛЕГМАТИК *Эмоциялық сезімі тез қоза қоймайтын самарқау, салғырт адам.*

ФЛЕЙТА *Ағаштан керней тәрізді етіп жасалған, үстіндегі тесікшелерін жауып тұратын қақпақшалары бар үрлемелі музыка аспабы, сырнай.*

ФЛЕЙТАШЫ *Флейта аспабында ойнайтын музыкант.*

ФЛЕКСИЯ ***грамм.*** *Сөзді септегенде, жіктегенде жалғаудың өзгеріске ұшырауы, сөз түлғасының жаңалануы.*

ФЛИГЕЛЬ *Үйдің бір қабырғасына жапсыра салынған құрылыс, немесе үлкен аула ішіне тұрғызылған оңаша үй.*

ФЛОРА ***биол.*** *Белгілі аймақта өсіп, тіршілік етуге бейімделген өсімдік түрлерінің жиынтығы.*

ФЛОТ 1. *Бір елдегі немесе жеке бір теңіздегі, сондай-ақ белгілі өзен алқабындағы әскери не сауда кемелерінің жиыны.* 2. *Соғыс-теңіз кемелерінің ірі құрамасы.* □ **Әуе флоты** — *әуе қарулы күштерінің жиыны, авиация.*

ФЛОТИЛИЯ 1. *Белгілі бір өзендегі, теңіздегі кемелердің жиыны.* 2. *Арнаулы мақсаттағы кемелер легі.*

ФЛЮРОГРАФ ***мед.*** *Адам кеудесінің ішкі мүшелерін суретке түсіретін аспап.*

ФЛЮРОГРАФИЯ *Адам кеудесінің ішкі мүшелерін рентген сәулелері арқылы суретке түсіру тәсілі.*

ФОЙЕ *Көрермендердің кино, спектакль басталар алдында немесе антракт кезінде демалатын зал.*

ФОКУС I 1. ***физ.*** *Сынған немесе шағылысқан сәулелердің қиысу нүктесі.* 2. *Суретке түсірілетін нәрсенің кескіні айқын белгіленетін нүкте.*

ФОКУС II *Шапшаң қимылдық, қолдың ептілігімен алдап-арбау, көзбояу арқылы неше түрлі ғажап ойындар көрсету.*

ФОКУСШЫ *Фокус көрсетуші эстрада немесе цирк артисі.*

ФОЛЬКЛОР ***әдеб.*** *Ауызша халық шығармашылығы үлгілерінің жалпы атауы; ауыз әдебиеті.*

ФОЛЬКЛОРИСТИКА *Ауыз әдебиеті мен халық музыкасын зерттейтін, халық шығармашылығы жайлы ғылым.*

ФОЛЬКЛОРШЫ *Халық шығармашылығын, ауыз әдебиетін зерттеуші.*

ФОН ***тех.*** *Телефон немесе радио арқылы алыстан естіліп тұратын дыбыс, шу.*

ФОНАЦИЯ ***лингв.*** *Сөйлеу мүшелерінің әрекеті нәтижесінде тіл дыбыстарының айтылу я жасалу процесі.*

ФОНЕМА ***лингв.*** *Сөздің мағынасы мен тұлғасын түрлендіре алатын тіл дыбыстары.*

ФОНЕМАТИКАЛЫҚ *Фонемаға қатысты, фонемаға тән.*

ФОНЕТИКА ***лингв.*** 1. *Тіл білімінің дыбыс жүйесін зерттейтін бөлімі.* 2. *Тілдің дыбыстық құрылымы, дыбыстық құрамы.*

ФОНЕТИСТ ***лингв.*** *Тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін маман, ғалым.*

ФОНОГРАММА *Дыбыс жазылып алынған пластинка (дыбыс табақ).*

ФОНОГРАФ *Дыбысты жазып алып, қайтадан тыңдататын аспап.*

ФОНОЛОГИЯ ***лингв.*** *Тілдегі дыбыс құбылыстарын фонетикалық тұрғыдан тексеретін тіл ғылымының саласы.*

ФОНОМЕТР *Дыбыстың күшін өлшейтін аспап.*

ФОНОСКОП *Дыбыстардың өзгеруін, жеке дыбыстарды айтудағы бет құбылысы мен ерін қозғалысын бақылайтын аспап.*

ФОНОТЕКА *Жеке адамдардың сөздері мен музыка шығармалары жазып алынған пластинкалар, таспалар сақталатын орын.*

ФОНТАН, БҰРҚАҚ *Трубадан, түтіктен не басқа бір көзден қысым күшімен жоғары атқылайтын сұйықтық шапшымасы; шапшыма.*

ФОНТАНДА *Шапшып атқылап ағу; шапшу.*

ФОРЗАЦ ***полигр.*** *Кітап мұқабасы мен негізгі беттерін біріктіретін екі (үш) қабатты парақ.*

ФОРМАЛИЗМ 1. *Істің мәнін елемей, оның сырттай, жасанды көрінісіне ғана баса көңіл бөлу.* 2. *Көркемөнерде, әдебиетте, әдебиеттану мен басқа ғылым саласында шығарманың түрін мазмұнынан бүтіндей бөліп алып, оны ең негізгі шарт деп танитын идеалистік бағыт.*

ФОРМАЛИН *Бұқырлау үшін қолданылатын, ащы иісті уландырғыш дәрі.*

ФОРМАЛИСТ *Жұмысқа формальді қарайтын адам; формализмнің жолын қуушы.*

ФОРМАНТ ***лингв.*** *Сөз тудырушы, сөз өзгертуші қосымша.*

ФОРМАЦИЯ *Қоғам дамуындағы белгілі кезең және дамудың сондай сатысындағы өндіріс әдісінің сипатынан көрінетін қоғамдық құбылыс.*

ФОРМУЛА 1. *Қысқа тұжырымды сөйлеммен берілген анықтама.* 2. *Математикалық шамалардың шартты белгілермен таңбаланған қатарлары.* 3.

Химиялық қосындылар мен процестердің құрамын белгілейтін әріп таңбалары.

ФОРМУЛЯР *Абонентке берілетін кітап туралы барлық мәліметтер толтырылған кітапхананың кітап ішінде тұратын есеп карточкасы, толық мәлімдеме.*

ФОРПОСТ *Алдыңғы жақтағы шепте салынған қорғаныс орны, бекініс.*

ФОРТ *Канал құрылысы жүйесіндегі ұзақ уақытқа есептеліп салынған дербес бекініс орны.*

ФОРТЕПЬЯНО *Клавишты музыкалық аспап; күйсандық.*

ФОРТИФИКАЦИЯ ***әск.*** *Соғыс қимылдары болатын жерлерге бекіністер салу жөніндегі әскери-инженерлік ғылым.*

ФОРУМ *Нақты бір мәселені сарапқа салу үшін тиісті жұртшылықтың бас қосқан үлкен жиыны.*

ФОСФАТ ***хим.*** *Техника мен медицинада, сондай-ақ тыңайтқыш есебінде қолданылатын фосфор қышқылының тұзы, минералды зат.*

ФОСФОР ***хим.*** *Кейбір минералдарда, жануарлардың сүйегінде, жанды организмдер мен өсімдіктер клеткаларында болатын, тез тұтанғыш әрі қараңғыда жылтырап тұратын химиялық элемент.*

ФОСФОРИТ ***хим.*** *Кальций фосфаттарынан алынатын сұрғылт сары түсті тыңайтқыш минерал.*

ФОТО *Фотографиялық жолмен түсірілген сурет.*

ФОТОАЛЬБОМ *Фотосуреттер салынған альбом.*

ФОТОАППАРАТ *Суретке түсіретін аспап.*

ФОТОАТЕЛЬЕ *Фотосуретті басып шығаратын орын, шеберхана.*

ФОТОГРАФ *Фотография ісіне маманданған, суретке түсіруші адам.*

ФОТОГРАФИЯ 1. *Нәрсенің кескінін жарықсезгіш пластинкаларға немесе пленкаларға түсірудің тәсілі.* 2. *Осы тәсілмен түсіріліп алынған сурет.* 3. *Осындай суретке түсіретін және ол суретті әзірлеп шығаратын жұмыс орны.*

ФОТОТІЛШІ *Суретке түсіру жұмысымен шұғылданатын журналист; фототілші.*

ФОТОКӨРМЕ *Көпшіліктің байқауы үшін фотосуреттер ілінген орын.*

ФОТОКӨШІРМЕ *Бір нәрсенің түпнұсқадан суретке түсіріліп алынған данасы.*

ФОТОҚАҒАЗ *Түсірілген фотосуреттерді шығаратын арнайы қағаз.*

ФОТОЛАБОРАТОРИЯ *Пленкадағы көмескі бейнелерді айқындап, фотосуреттерді шығаруға лайықталған арнайы қондырғылармен, аспаптармен, электр шамдарымен жабдықталған жұмыс бөлмесі.*

ФОТОЛИТОГРАФИЯ *Суретті фотография жолымен түсіріп, тасқа басып шығару тәсілі.*

ФОТОМЕТР *Жарық күшін өлшеуге арналған аспап.*

ФОТОМОНТАЖ *Ортақ тақырыпқа құрастырылған фотосуреттер топтамасы.*

ФОТОН ***физ.*** *Электромагниттік сәуленің кванты; элементарлық бөлшек.*

ФОТООБЪЕКТИВ *Фотоаппараттың бірнеше линзалардан тұратын бір бөлшегі.*

ФОТОҰЛДІР *Фотографияда заттың бейнесін түсіріп алу үшін пайдаланатын жарықсезгіш лента.*

ФОТОРЕПОРТАЖ *Газет-журнал беттерінде фотосуреттерді бір арға жинақтап жариялау арқылы берілген мәлімет, хабар.*

ФОТОРЕПОРТЕР *Фоторепортаж жасаушы фотограф.*

ФОТОСИНТЕЗ *Жапырақтардағы хлорофилдерде күн сәулесінің көмегімен органикалық емес заттардан, яғни көмір қышқыл газы мен судан органикалық заттардың түзілу процесі.*

ФОТОСУРЕТ *Бір нәрсенің фотографияға түсірілген кескіні.*

ФОТОЖЕДЕЛХАТ *Қолжазба мәтін күйінде фототелеграф арқылы жеткізетін жеделхат.*

ФОТОТЕЛЕГРАФ *Заттың бейнесін, суреттер, қолжазба, фотосуреттерді алысқа беретін техникалық құрал.*

ФОТОТЕРАПИЯ ***мед.*** *Науқасты сәуле жарығымен емдеу жолы.*

ФОТОТЕРІМ *Кітап-журналдарды фото тәсілімен теру әдісі.*

ФОТОХИМИЯ ***хим.*** *Жарық нұрының химиялық әрекетін тексеретін ғылым саласы.*

ФОТОХРОНИКА *Болған оқиғаларды суреттер арқылы көрсететін хабар; осындай хабар даярлайтын орын.*

ФОТОЖАРҚЫЛ *Фотоаппараттың жарық беретін құрылғысы.*

ФОТОЭЛЕМЕНТ ***физ.*** *Электрондар ағыны немесе электр тогы жарық арқылы басқарылатын электрондық құрал.*

ФОТОЭТЮД *Кездейсоқ, жеке бір тақырыпқа арналған шағын көлемді фотосурет.*

ФРАГМЕНТ *Көркем әдебиеттің, музыкалық шығармалардың үзінділері.*

ФРАЗА *Аяқталған бір ойды білдіретін сөз тізбегі.*

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ***грамм.*** *Белгілі бір тілге тән тұрақты сөз орамдарының жиын аты.* □ **Фразеологиялық тіркес** — *тұрақты сөз тізбектері.*

ФРАК *Алдыңғы екі етегін артқы бойына қарай қиғаштап ойып тіккен, ұзын етекті ерлер киімінің түрі.*

ФРАКЦИЯ *Белгілі бір партия мүшелерінің парламенттегі, қоғамдық ұйымдардағы тобы немесе саяси партия ішіндегі бөлек топ болып оқшауланған шоғыр.*

ФРАКЦИЯШЫЛ *Алалық тудыруға бейім, жікшіл.*

ФРАКЦИЯШЫЛДЫҚ *Алалық тудыруға бейімдік, жікшілдікке үйірлік.*

ФРАНК *Франциядағы және басқа кейбір елдердегі ақша өлшемі*

ФРАНЦУЗ *Францияның негізгі халқы.*

ФРЕГАТ 1. *Үш діңгекті, желкенді соғыс кемесі.* 2. *Кейбір мемлекеттердің флотында крейсерлік, күзетшілік қызметіндегі соғыс кемесі.*

ФРЕЗЕР *Металдан не ағаштан жасалған түрлі заттардың сыртын жонып, өңдеуге арналған, бірнеше айналмалы тістері бар ұсталық сайман.*

ФРЕЗЕРЛЕ *Айналмалы тістері бар ұсталық сайманымен металдан не ағаштан жасалған заттардың сыртын жонып өңдеу.*

ФРЕЗЕРШІ *Фрезерлеуші, фрезер білдегімен жұмыс істеуші, маман жұмысшы.*

ФРЕНОЛОГ *Френология жолын қуған адам.*

ФРЕНОЛОГИЯ *Адамның психологиясын бас сүйегінің бітіміне қарап білуге болады дейтін көне, жалған ғылыми теория.*

ФРЕНЧ *Сыртынан бастырыла тігілген төрт қалтасы бар әскери үлгідегі кеудеше.*

ФТИЗИАТР *Фтизиатрия мамандығының дәрігері.*

ФТИЗИАТРИЯ *Медицинаның өкпе туберкулезінің емдеу әдісін зерттейтін бөлімі.*

ФТОР ***хим.*** *Ащы иісті, улы газ түріндегі солғын сары түсті элемент.*

ФУГА ***муз.*** *Музыкалық шығармадағы негізгі сарынның бірнеше дауыспен ұлғайып, кеңейіп қайталануы.*

ФУКЦИЯ ***бот.*** *Гүлінің көбі ашық, сән үшін үйде өсірілетін өсімдік*

ФУНДУК *Кавказ бен Қырымда өсетін жаңғақ тектес бұталы өсімдік, сондай-ақ осы бұтаның жеуге жарайтын жемісі.*

ФУНИКУЛЕР *Тік беткейлерге вагонды темір арқанмен сүйреп шығаратын, рельстерінің арасында вагон кейін сырғып кетпес үшін орнатылған тісті рейкалары бар тау теміржолы.*

ФУНКЦИОНАЛ ***мат.*** *Бір немесе бірнеше функцияға тәуелді болатын айнымалы шаманы білдіретін математикалық ұғым.*

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ *Бір нәрсенің қасиеттеріне байланысы жоқ, тек атқаратын қызметіне сәйкес ғылыми еңбек.*

ФУНКЦИЯ 1. *Өзіндегі басқа бір өзгеріске тәуелді, соның әуенімен бірге өзгеретін құбылыс.* 2. ***мат.*** *Айнымалы шамалар арасындағы тәуелділікті білдіретін математикалық ұғым.* 3. *Дене мүшелерінің, организмнің атқаратын қызметі, белгілі бір нәрсенің рөлі, маңызы.* 4. *Қызмет бабына байланысты жүктелген міндет, атқаруға тиісті істердің жалпы аумағы.*

ФУНТ *Кейбір елдердегі ақша өлшемі.*

ФУРГОН *Үсті жабық, жүк таситын арба (машина).*

ФУТ *Саржанның жеті бөлегінің біріне, яғни 30,5 см-ге тең ұзындық өлшемі.*

ФУТБОЛ ***спорт*** *Әрқайсысы он бір адамнан құралған екі команда, допты аяқпен теуіп жүріп, қарсы жақтың қақпасына өткізуді мақсат еткен спорт ойыны.*

ФУТБОЛШЫ *Футбол ойнаушы спортшы.*

ФУТУРИЗМ *XX ғасырдың бас кезінде әдебиет пен көркемөнер саласында реализмді жоққа шығарып, ескі дәстүрлер мен тәсілдердің бәрін үйретіндей жаңа стиль тудырмақ болған формалистік бағыт.*

ФУТУРИСТ *Футуризм бағытындағы адам.*

ФУТШТОК *Теңізде жүзу кезінде судың тереңдігін өлшейтін ұзын сырық.*

ФЮЗЕЛЯЖ *Ұшақтың және басқа да ұшу аппараттарының барлық бөлшектерін тұтастыра ұстап тұрған құрсауы, тұрқы.*

Х

ХАБАР *Болған іс, сондай-ақ біреулердің хал-жайы жөнінде білдірілген қысқаша мәлімет.* ◊ **Хабар алды** — *бір нәрсе жайынан хабардар болды, естіп білді.* **Хабар берді** — *болған іс, оқиға жайында екінші бір жерге білдірді, мәлім етті.* **Хабар салды** — *кісі жіберіп, бір нәрсенің мән-жайын білді.* **Хабары жоқ** — *тұк те білмейді, еш нәрсе сезбейді.*

ХАБАРДАР *Біреудің я болмаса болған істің, оқиғаның мән-жайынан мәліметі бар.* □ **Хабардар болды** — *болған істің мән-жайына, жай-жапсарына қанықты.*

ХАБАРЛА *Болған оқиға немесе болатын іс жайлы жария ету, мәлімдеу.*

ХАБАРЛАМА 1. *Ауызша не жазбаша түрде қысқаша ғана баяндалатын мәлімет.* 2. *Құлақтандыру ретіндегі жарнама.*

ХАБАРЛАМАШЫ *Әр алуан тақырыптарға байланысты әңгіме-хабар жүргізетін адам.*

ХАБАРЛАНДЫРУ *Болар іс жайлы газет, журналға басылған не қағазға жазып, іліп қойылатын құлақтандыру.*

ХАБАРЛАУШЫ *Бір нәрсе жайындағы хабарды жеткізуші.*

ХАБАРЛЫ *Бір нәрсе жайында мәліметі бар, хабардар.* □ **Хабарлы сөйлем** ***грамм.*** — *бірдеменің не бір істің жайын баяндау мақсатымен айтылатын сөйлем.*

ХАБАРНАМА *Ғылыми аппараттың берілу әдістері мен жалпы қасиеттерін, құрылымын зерттейтін пән; информатика.*

ХАБАР-ОШАР *Біреудің амандығы, күй-жайы туралы дерек, мәлімет.*

ХАБАР-ОШАРСЫЗ *Із-түзсіз, дерексіз, мәліметсіз.*

ХАБАРСЫЗ 1. *Дерегі жоқ, белгісіз, хабар-ошарсыз.* 2. *Үн-түнсіз, тым-тырыс.* 3. ***Ауысп.*** *Ешбір түсінігі, хабары жоқ.* ◊ **Хабарсыз кетті** — *із-түзсіз, ұшты-күйлі жоқ болды.*

ХАБАРШЫ *Хабар әкелуші, хабар білдіруші.*

ХАДИС ***діни*** *Ислам діниндегілердің ұғымы бойынша Мұхаммед пайғамбардың айтқан қасиетті сөздері, өсиеттері.*

ХАЗІРЕТ *Ұлы мәртебелі, мырза деп патшалардың, хандардың, әмірлердің атына, титулына қосылып айтылып, жазылатын құрметті атақ.*

ХАЙУАН 1. *Төрт аяқты мақұлық, жануар.* 2. ***Ауысп.*** *Ардан безіп, азғындаған қаскүнем, жауыз.*

ХАЙУАНАТ *Жануарлардың, мақұлықтардың жалпы атауы.*

ХАЙУАНАТХАНА *Хайуанаттар паркі, жануарларды, мақұлықтарды бір арада жиып, көпшілікке көрсету шараларымен шұғылданатын мекеме.*

ХАЙУАНДЫҚ *Мақұлыққа тән іс-әрекет, қатыгездік, жауыздық.*

ХАЙУАНША *Хайуанға тән іс-әрекет.*

ХАКАС *Ресей құрамындағы Хакас республикасының негізгі тұрғын халқы.*

ХАКІМ *Білімді, оқымысты, дана, ғалым.*

ХАҚ 1. *Шындық, күмәнсіз ақиқат.* 2. *Мұсылман діниндегілердің ұғымы бойынша дүниені жаратқан Алла тағала, Құдай, Тәңірі.* □ **Хақ тағала** — *Жаратушы, Құдай, Тәңір.* **Хақтың жазуы** ***көне*** — *бұйрықты іс, Алланың жазмышы деген мағынада.* **Хақ дидарын көрді** ***көне***

– діни сенім бойынша Алла тағаланың шапағат, рақымын көру.

ХАҚЫ *Ақы, еңбек.*

ХАЛ 1. *Әл-дәрмен, шама, күш-қуат.* 2. *Жай-күй, тап болған жағдай.* □ **Хал үстінде** – *өлім аузында.* **Халі бітті** – *әлі кетті, титығы құрыды.* **Халі мүшкіл** – *жағдайы тым ауыр.*

ХАЛАЙЫҚ *Бір жерге жиналған көпшілік, дүйім жұрт.*

ХАЛАТ *Үй ішінде күнделікті киетін, жеңіл киім.*

ХАЛ-АХУАЛ *Тұрмыс күйі, тіршілік жайы; жағдай.*

ХАЛ-ЖАҒДАЙ *Тірлік жай-күйі, ахуал.*

ХАЛ-ЖАЙ *Тұрмыс жағдайы, ахуал.*

ХАЛИФА *Орта ғасырларда мұсылман дініндегі елдердің діні мен үкіметін бір өзі басқарған мемлекет билеушісінің құрметті атағы, лауазымы.*

ХАЛИФАТ *Халифа әулеттері билеген, солардың қол астында болған ел, патшалық.*

ХАЛ-ҚАДЕРІНШЕ *Шама-шарқы келгенінше, мүмкіндігі болғанынша.*

ХАЛ-ҚАДЕР *Қолдан келер шама-шарық, мүмкіндік.*

ХАЛСІЗ *Нашар, әлсіз, ойдағыдай емес.*

ХАЛУА *Қуырылған ұнды майға, тәтті, шырынды суға шылап жасайтын тәтті тағам.*

ХАЛФЕ ***діни*** *Мұсылманша оқудың белгілі кезеңін аяқтағандарға берілетін атақ, ишанға дейінгі дәреже.*

ХАЛЫҚ 1. *Белгілі бір елді, мемлекетті мекендейтін адамдардың жалпы жиыны.* 2. *Ел-жұрт, көпшілік, бұқара.* ◊ **Халықтың адамы болды** – *көпшіліктің қалаулы кісісі, ел қамын жеген ер.* **Халық үстіндегі адам** – *басқаның еңбегімен күн көретін адам.* **Халық айтса қалт айтпайды** – *халық турасын, шындықты айтады.*

ХАЛЫҚ-АЗАТТЫҚ *Еркіндік, бостандық жолындағы күреске қатысты.*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ 1. *Сыртқы саясатқа, халықтар мен елдердің өзара байланысына қатысты, соларға тән.* 2. *Көптеген халықтарға ортақ, жержүзілік.*

ХАЛЫҚНАМА *Халықтардың тұрмысын, салт-санасын, мәдениетін т. б. зерттейтін білім саласы.*

ХАЛЫҚТЫҢ *Ел мүддесіне тән, соған лайық.*

ХАМСА *Майшабақ тектес кішкене теңіз балығы.*

ХАН *Феодалдық дәуірдегі кейбір түрік және моңғол халықтарында болған ел билеуші шонжар.* ◊ **Ханға сәлем бермейді** – *шаруасына ісі сай, мұртын балта кеспейді.* **Хан көкірек адам** ***көне*** – *тым тәкаппар адам.* **Хан көтерді** – а) *хан сайлады;* ә) *сый тұтып, құрмет көрсетті.* **Хан түленді** – *қайғырды, налыды, қатты қиналды.*

ХАНА *Мекенжай, тұрғын үй немесе үйдің бөлек бір бөлмесі.*

ХАНДЫҚ 1. *Ханға берілген атақ, дәреже.* 2. *Белгілі бір аумақты билеген ханның қол астындағы мемлекеттік бірлестік.*

ХАНЗАДА *Арғы заты, шыққан тегі хан тұқымынан тараған ұрпақ.*

ХАНТАЛАПАЙ ***этн.*** *Қызыл (сақа) асық. Омпа түссе болды, ортада жатқан асықтарды жапа-тармағай талап алатын қазақтың ұлттық ойыны.* ◊ **Ханталапайға салды** – *талауға, талапайға түсірді.*

ХАНША *Хан тұқымынан шыққан әйел жынысты адам, ханның қызы, қарындасы.*

ХАНЫМ 1. *Ханның әйелі, зайыбы.* 2. *Шетелдік біреуге қарата сөйлегенде оның тегі мен атағына қоса айтылатын сыпайы түрде қаратпа сөз.*

ХАРАП: харап болды [етті, қылды] – *жойылды, құрыды, быт-шыты шықты.*

ХАРИУС ***зоол.*** *Тұщы суларда өсіп-өнетін, албырт тұқымдас ірі балық.*

ХАРТИЯ 1. ***филол.*** *Ескі қолжазба материалы, құжаттар.* 2. *Саяси, қоғамдық, саяси мәнді құжаттар.*

ХАС 1. *Дәл, нақ, шын мәніндегі.* 2. *Бір нәрсенің бойына тән, соған лайық, нағыз.* □ **Хас мұсылман *көне*** — *ислам дінін ұстаған нағыз мұсылман.*

ХАСІЛ: хасіл болды — *тілегі орындалды, ойлағаны іске асты.*

ХАТ 1. *Басқа жердегі біреуге не мекемеге хабар жіберу үшін жазылып қойылған не жөнелтілген жазбаша мәтін.* 2. *Сөз ретінде қағаз бетіне түсірілген графикалық таңбалардың жүйесі.* ◊ **Хат білді [таныды]** — *сауатын ашты, жаза білді, қара таныды.* **Хатқа жүйрік** — *жазуға шебер, тез жазғыш, тез оқығыш.* **Хатым қылды *діни*** — *өлген адамның орнына барып жаназа шығарды, өлген кісіге иман айтып, құран оқыды.* **Хатына іліндірді** — *үкіміне кезіктірді, қырына алды.*

ХАТЕЙ *Түйе ерінің (ашамайы не ауытының, кәтебенің) біріне-бірін түйістіріп қосқан екі басы.*

ХАТТА *Есепке алынған заттарды тізімге, хатқа түсіру; кәмпескелеу, тәркілеу.*

ХАТТАМА 1. *Жиналыстың, мәжілістің барысы туралы жазылған қысқаша мазмұндама.* 2. *Қоғамдық тәртіпті бұзғандық жөнінде жасалатын акт.*

ХАТТАМАЛАУ *Хаттама жазу, хаттама жасау.*

ХАТТАУ *Хаттап-қағаздау, қағаз жүзінде заңдастыру; ресмилеу.*

ХАТ-ХАБАР *Ауызша және жазбаша түріндегі дерек, мағлұмат.*

ХАТ-ХАБАР 1. *Мерзімді баспасөзде жариялау үшін жергілікті жерден жеткен хабар.* 2. *Хаттар, пошта-телеграфтық материалдар.*

ХАТХАНА *Газет-журнал редакциясы мен мекемелерге жіберілген хат-хабарларды қабылдайтын бөлім.*

ХАТ-ШОТ *Есеп-қисап, жазу-сызу ісі.*

ХАТШЫ I 1. *Бір кезде болған партия, комсомол комитеттерінің және олардың бастауыш ұйымдарының хатшысы.* 2. *Белгілі бір мекеменің іскағаздарын жүргізуші қызметкер, сондай-ақ жиналыстарда мәжіліс барысын жазып отыруға белгіленген адам.* □ **Ғалым хатшы** — *ғылыми мекеменің жұмысын ұйымдастырушы.*

ХАТШЫ II 1. *Мекеменің не ұйымның күнбе-күнгі істерін басқарып отыратын жауапты басшы.* 2. *Жеке адамның не белгілі бір ұйымның іс жұмыстарын жүргізетін хатшы қызметкер.* 3. *Жиналыстың хаттамасын жазатын хатшы адам.*

ХАТШЫЛЫҚ I *Хатшыға жүктелген қызмет.*

ХАТШЫЛЫҚ II *Мекеменің хатшылық жұмыстарын жүргізетін бөлімі мен сондай бөлімдегі қызметкерлер тобы.*

ХАТЫМ *діни* *Белгілі бір істің қарсаңында діндарлардың Құранды түгел оқып, аяқтап шыққан кезі және соның құрметіне берілетін ас-су, қатім.* ◊ **Хатым қылды** — *оқуды аяқтап шықты, тамамдады.*

ХАУАНА *діни* *Діни аңыздарда баяндалатын ең алғашқы әйел, Адаматаның серігі, жұбайы.*

ХАУЫЗ *Жан-жағы, түбі шегенделген, су сақтайтын шұңқыр.*

ХА-ХА *Қатты күлгенде шығатын дыбыс.*

ХА-ХАХАЛА *Қарқылдап қатты күлу.*

ХИЖРА *Мұсылман дінін ұстанатын елдердегі жыл санау жүйесінің басталар күні.*

ХИКАЯ 1. *Болған іс, бастан кешкен жағдай, оқиға.* 2. *Алуан түрлі ғажайып оқиғалар жайлы жазылған әдеби шығарма.*

ХИКАЯТ *кіт*. *Әдеби хикаялардың, жинақтардың аты.*

ХИКАЯШЫЛ *Ғажайып оқиғаларды шерткіш, әңгімешіл.*

ХИКМЕТ 1. *Керемет, ғажайып, сұмдық.* 2. *Азап, ауыр бейнет.*

ХИМИК *Химия ғылымының маманы, сондай-ақ химия өнеркәсібінің қызметкері.*

ХИМИКАТ *Лаборатория, фабрика жағдайында дайындалған химиялық, дәрі-дәрмектік, тыңайтқыштық өнім.*

ХИМИЯ *Табиғаттану саласындағы материяның ішкі құрамын, оның құрылысын, сапалық өзгерістердің заңдылықтарын, заттардың ыдырауы мен өзгерісін, сондай-ақ сапалық өзгерістердің нәтижесінде жаңа заттардың пайда болу заңдылықтарын тексеретін негізгі ғылымдардың бірі.*

ХИМИЯЛАНДЫРУ *Халық шаруашылығынан химия өнімдерін өндіру.*

ХИМТАЗАЛАУ *Киім-кешекті химия әдісімен тазалау.*

ХИНДИ *Үндістанның мемлекеттік және негізгі әдеби тілінің бірі.*

ХИРУРГ *Хирургия маманы, оташы.*

ХИРУРГИЯ *Ауруды оташылық тәсілмен емдейтін медицинаның бір саласы.*

ХЛОР *Дезинфекция жасағанда қолданылатын, уландырғыш заттар жасауға пайдаланылатын химиялық элемент, улы сасық газ.*

ХЛОРИД *Хлорлы сутек немесе тұз қышқылының тұзы.*

ХЛОРИН *Жасанды талшықтың бір түрі, содан тоқылған мата.*

ХЛОРЛЫ *Құрамында хлоры бар, хлормен қосылысқан кальций (әк, сутегі).*

ХЛОРОФИЛЛ *Өсімдіктердің күн сәулесі жарығын бойына сіңіріп, фотосинтез процесін жүргізетін жасыл пигмент.*

ХЛОРОФОРМ *Құрамында хлоры бар, ерекше иісті, ұйықтататын, түссіз органикалық зат.*

ХЛОРОФОС *Суда жақсы еритін, иісі шамалы ғана білініп тұратын, ақ түсті, кристалды улы дәрі*

ХЛОРПИКРИН *Иісі мұрын жаратын, ауылшаруашылық зиянкестерімен күресте дезинфекция жасағанда, сондай-ақ улағыш зат есебінде қолданылатын өткір иісті түссіз сұйық зат.*

ХОККЕЙ *Мұз айдынында немесе көгалды алаңда екі жақтың бір-бірінің қақпасына шайба, доп түсіру үшін бәсекелесетін спорт ойыны.*

ХОККЕЙШІ *Хоккей ойнаушы.*

ХОЛЕРИК *Эмоциялық қозуы өте шапшаң, өзінің сезім күйін бірден байқататын, қызу мінезді адам; темпераменттің бір түрі.*

ХОЛЕСТЕРИН *Аезаның барлық клетқаларында кездесетін маңызды биохимиялық зат.*

ХОЛЕЦИСТИТ ***мед.*** *Өт клетқасының қабынуынан болатын ауру.*

ХОР ***муз.*** 1. *Вокалдық музыканы қосылып орындайтын әншілер тобы.* 2. *Әншілер тобының орындауы үшін жазылған көпдауысты музыкалық шығарма.*

ХОР: хордың қызы – *діни наным бойынша жұмақта болатын мәңгі жас, өте сұлу қыз.*

ХОРАЛ *Католиктер мен протестанттардың шіркеуде орындайтын көпдауысты діни әндерінің бір түрі, сондай-ақ осындай түрде жазылған музыкалық шығарма.*

ХОРДА 1. ***мат.*** *Шеңбердің екі нүктесін қосатын түзудің кесіндісі.* 2. ***биол.*** *Адамның және хордалы жануарлардың арқа жағындағы ұзына бойына созылған желі тәрізді құрылым.*

ХОРЕЙ *Өлең құрылысының тоникалық жүйесіндегі алғашқы буынына екпін түсетін екі буынды бунақ.*

ХОРЕОГРАФИЯ *Би және балет спектакльдерін қою өнері.*

ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ *Хореографияға қатысы бар, сонымен байланысты.*

ХОРМЕЙСТЕР *Хор басқарушы дирижер, хор жетекшісі.*

ХОШ I *Көңілдің жан сүйсінерліктей жай-күйі, ықылас-зауқы.* □ **Хош иіс** – *аңқыған жұпар иіс.*

ХОШ II *Алдыңғы айтылған ойды жорамал ретінде қабылдай отырып, оған қарсы дерек айтарда қолданылатын құптау сөз.*

ХОШСЫЗ *Көңіл күйі пас, ықылассыз, зауықсыз.*

ХОШТАН *Көңіл күйі көтерілу, ықыластану.*

ХОШТЫҚ *Көңіл күйі көтеріңкілік, ықыластылық.*

ХОШУАҚ *Көңілді, жарқын.*

ХРАМ I. *Құдайға құлшылық ету үшін салынған ғимарат, шіркеу.* 2. ***Ауысп.*** *Жоғары оқу білім, ғылым ордасы.*

ХРЕСТОМАТИЯ *Белгілі бір жүйемен іріктелген шығармалардың үзінділерінен немесе әдеби шығармалардың үлгілерінен тұратын, оқушыларға, студенттерге арналған жинақ.*

ХРИСТИАН *Христиан дінін ұстанушы адам.*

ХРИСТИАНДЫҚ *Христиан дінінің жолын қуушылық, соған тән қасиет.*

ХРОМ I *Сұрғылт түсті, жалтырауық қатты металл; химиялық элемент.*

ХРОМ II *Былғарының жұмсақ, жылтырақ жұқа сорты.*

ХРОМАТИЗМ *Түрлі түсті кескіндер мен сәулелерді алуда болатын оптикалық ортаның сындырғыштық қасиеті.*

ХРОМАТИН ***биол.*** *Жануарлар мен өсімдіктер клеткасындағы негізгі зат.*

ХРОМДА 1. *Басқа металдарды хроммен қаптау, хром жалату.* 2. *Хром қоспаларын араластырып, тері бетін жылтырату.*

ХРОМОСФЕРА ***астр.*** *Күнді қоршаған атмосфераның сыртқы қабаты.*

ХРОНИКА 1. *Болған оқиғаларды уақыт ретімен тәртіппен жазу ісі.* 2. *Баспасөздің қысқа хабарлар жариялап отыратын бөлімі; күнбе-күнгі қоғамдық өмір жайында деректі фильм.*

ХРОНОГРАФ I *Ежелгі елдердің тарихи хроникасын баяндайтын ескілікті көне жазу ескерткіші.*

ХРОНОГРАФ II *Қысқа мерзім ішіндегі шапшаңдықты тіркеп және өлшеп отыратын, өздігінен жазатын аспап.*

ХРОНОЛОГ *Хронологиямен айналысушы адам.*

ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ 1. *Оқиғаның болған уақытын өз кезегімен тіркеп отыратын тізбе.* 2. *Хронологияға негізделген.*

ХРОНОМЕТР *Асқан дәлдікпен жүретін сағат.*

ХРОНОМЕТРАЖ *Хронометрдің көмегімен қимыл-әрекетке кеткен уақытты өлшеп білу әдісі.*

ХРОНОСКОП *Уақыт аралығындағы сәтті өлшейтін аспап.*

ХРУСТАЛЬ 1. *Айрықша жалтылдап тұратын жоғары сортты шыны.* 2. *Сондай шыныдан жасалған қымбат бағалы ыдыс-аяқ.*

ХУНТА *Кейбір буржуазиялық елдердегі әртүрлі реакцияшыл әскери бірлестіктердің, топтардың, одақтардың саяси аты.*

ХУРАЛ *Моңғол Республикасындағы еңбекшілердің жоғарғы және жергілікті өкімет органдарының аты.*

ХУТОР *Ресей мен Украина жерінде болатын бірнеше түтінді кішігірім елді мекен.*

ХҰРСАНТ *Шат көңілді, шадыман.*

ХҰСНИ *Ең жақсы, өте әдемі, асқан сұлу.* □ **Хұснихат** — *көркем жазу (анық, әдемі жазу).*

ХҰСНИХАТШЫ *Әдемі де көркем жазу өнерінің шебері.*

ХҰСНИХАТ *Анық, біркелкі, әдемі етіп жазу өнері.*

ХҰСНИХАТТЫҚ *Көркем етіп жазу өнеріне лайық, соған қатысты.*

Ц

ЦЕЙТНОТ *Шахмат ойынында кезекті жүрісті қалай жүрерін білмей түйыққа тіреліп, уақытты ұтқызу.*

ЦЕЛЛОФАН *Целлюлозадан істелінетін су өтпейтін мөлдір жұқа зат.*

ЦЕМЕНТ *Майда үгінді түрінде әзірленген, су қосып араластырғанда тұтқыр жабысқақ қоспа шығатын құрылыс материалы.*

ЦЕМЕНТТЕ *Цемент қосып ұстату.*

ЦЕМЕНТТІ *Цемент араластырып істелген, құрамында цементі бар.*

ЦЕНЗ *Азаматтардың белгілі бір саяси құқықтарын іске асыруды шектейтін шарт.*

ЦЕНЗОР *Баспадан шығатын кітап, газет-журнал тағы басқаларының бағыт-бағдарына бақылау жасап отыратын қызметкер.*

ЦЕНЗУРА *Баспасөзге дайындаған, сахнаға қоюға әзірлеген шығармаларға бақылау жасайтын орган.*

ЦЕНТ *АҚШ, Канада сияқты кейбір елдердегі бір доллардың жүзден біріне тең ұсақ ақша.*

ЦЕНТНЕР *Жүз килограмға тең салмақ өлшемі.*

ЦЕНТНЕРЛЕ *Центнер-центнер ету, мол ету.*

ЦЕНТРАЛИЗМ I *Бір орталықтан басқару жүйесі.*

ЦЕНТРИЗМ II ***саяси*** *Интернационалдағы реформистік және революциялық бағыттағылардың күрес барысында туған оппортунистік идеялық саяси ағым.*

ЦЕНТРИСТ *Сөз жүзінде марксизмді жақтағанмен іс жүзінде оны бұрмалаушы.*

ЦЕХ *Өнеркәсіп орнының негізгі өндірістік бөлімшесі.*

ЦИАН ***хим.*** *Азот пен көміртегінің қосындысынан тұратын өте улы, өткір иісті, түссіз газ.*

ЦИКЛ 1. *Белгілі уақыт ішінде толық айналыс жасайтын белгілі бір құбылыстар жүйесіндегі процестердің жиынтығы.* 2. ***әдеб.*** *Қаһармандарының я тақырыбының немесе тарихи дәуірінің бірыңғай болып келуіне қарай топтастырылған шығармалар тобы.*

ЦИКЛОН *Ауа қысымының төмендеуімен байланысты қалың бұлт қаптап, жауын-шашынға айналатын атмосфераның құйынды күйі.*

ЦИКЛОТРОН *Ядролық бөлшектердің қозғалыс қуатын үдететін арнайы күрделі құрылғы.*

ЦИЛИНДР 1. ***геом.*** *Түйық цилиндрлік бетпен және өзара параллель екі жазықтықпен шектелген геометриялық дене.* 2. ***тех.*** *Машина мен механизмдердің (іштен жанатын двигательдің, бу машинасының, гидравликалық не пневматикалық жүйелердің) поршеньді қаптап тұратын жұмыр шелекшесі.* 3. *Түрі осындай биік төбелі, жиегі тарлау қатты қалпақ.*

ЦИНКОГРАФИЯ *Фотография жолымен мырыштан суреттердің клишесін дайындау тәсілі, сондай-ақ клише әзірлейтін орын.*

ЦИРК *Акробаттар мен клоундардың, қолға үйретілген хайуандардың қатыстырылуымен ойын-сауық көрсететін көпшілік орын.*

ЦИРКУЛЬ *Шеңбер сызатын, сондай-ақ сызбалардың ұзындығын өлшейтін екі ашалы аспап.*

ЦИРКУЛЯЦИЯ *Ауа ағысының не сұйықтықтың белгілі бір тұйықтық бойымен айналып жүріп-тұру жүйесі.*

ЦИСТЕРНА *Машина, вагон үстіне орнатып, сұйықтықты бір орыннан екінші орынға жеткізу не сақтау үшін пайдаланылатын сыйымды үлкен ыдыс.*

ЦИТОЛОГ *Цитология ғылымының маманы.*

ЦИТОЛОГИЯ ***биол.*** *Жануарлар мен өсімдік клеткаларының құрылысы мен тіршілігін зерттейтін биология ғылымының бір тарауы.*

ЦИТОПЛАЗМА *Клетканың ішкі кеңістігін толтырып тұратын қоймалжың сұйық.*

ЦИТРА *Музыка аспабының бір түрі.*

ЦИТРУС *Апельсин, лимон, мандарин өсімдіктерінің жалпы аты.*

ЦИФЕРБЛАТ *Сағаттың тілі, айналып тұратын цифрлы беті.*

ЦИФР *Сан ұғымын жазуда белгілейтін таңба.*

ЦИФРЛА *Цифрлар қойып белгілеу, нөмірлеу.*

ЦЫҒАН *Дүниежүзінің әртүрлі елдерінде көшпелі тірлік ететін үнді тектес халық.*

Ч

ЧАРДАШ *Венгр халық биі.*

ЧАРЛЬСТОН *Фокстрот биінің бір түрі.*

ЧЕК *Ағымдағы есеп-шоттан ақша алу үшін банкке тапсырылатын құжат қағаз, сондай-ақ бұйым сатып алу үшін кассаға ақша төлегенде берілетін талон.*

ЧЕМПИОН *Спорт жарыстарында, біріншіліктерде осы атаққа ие болған жеке спортшылар мен командалар.*

ЧЕМПИОНАТ *Спорттың әр түрінен өткізілетін біріншіліктер.*

ЧЕРКЕС *Қарашай-Черкес жерінің байырғы тұрғыны.*

ЧЕРЕМИСТЕР *Марийлердің ертеректегі атауы*

ЧЕХ *Чехияның негізгі тұрғындарын құрайтын батыс славян халқы.*

ЧУВАШ *Чуваш республикасында тұратын негізгі тұрғын халық.*

ЧУКША *Чукот ұлттық округінде тұратын тұрғын халық.*

Ш

ШАБАҚ I *Арба доңғалағының шеңбері мен күпшегін жалғастырып, бекітіп тұратын ұсақ таяқша тіреуіштер, кегей.*

ШАБАҚ II *Өсіп жетіле қоймаған жас, майда балық.*

ШАБАҚТА 1. *Денедегі ісікті өткір пышақ ұшымен, бізбен немесе инемен шанышқылап іріңді, арам қанды шығару.* 2. *Ұйысқан жүнді, мақтаны сабаумен жайлап соғып, көпсіту.*

ШАБАҚТАЙ *Кішкентай шабақ балықтай.*

ШАБАЛА ***жерг.*** *Қазаннан етті, нанды сүзіп алатын кепсер, нан сүзгі.*

ШАБАЛАН 1. *Иттің өршелене үруі.* 2. ***Ауысп.*** *Шайпау мінез, ерсі айқай.* ◊ **Шабалаң етті** — *шап ете қалды, ұрыса кетті.*

ШАБАН 1. *Жайбасар, жалқау, енжар.* 2. *Баяу, сылбыр.*

ШАБАНДА *Ақырындау, баяулау.*

ШАБАНДАУ *Сылбырлау, тым баяулау, жайбарақаттау.*

ШАБАНДОЗ 1. *Бәйге атына мініп, өнер көрсетуге жаттыққан жігіт.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір істің, өнердің хас шебері.*

ШАБАНДОЗДЫҚ *Шабандозға тән қасиет, ерекшелік.*

ШАБАНДЫҚ *Баяу қимылдаушылық, сылбырлық.*

ШАБАН-ШАРДАҚ *Аш-арық, кемкетік.*

ШАБАРА ***жерг.*** *Хайуанаттар паркінде аңдарды қамайтын тортемір.*

ШАБАРМАН ***көне*** *Ерте замандағы әкімдердің тапсырмаларын орындайтын шапқыншы, хабаршы.*

ШАБАРМАНДЫҚ *Шабарман атқаратын іс-әрекет.*

ШАБАТА *Жазда аяққа киетін, жөкеден, талдың қабығынан тоқылған, жеңіл аяққиім түрі.*

ШАБАШТЫҚ ***жерг.*** *Малшылық кәсіп.*

ШАБДАЛЫ *Тәтті шырынды жемісі бар, оңтүстікте өсетін ағаш және сол ағаштың сүйекті жемісі.*

ШАБДАР *Жал-құйрығы сарғыш келген құла жирен жылқы.*

ШАБДАРЛАН *Сары күрең тарту, қызғылт күңгірттену.*

ШАБЛОН 1. *Бір текті нәрселер жасалатын қалып.* 2. ***Ауысп.*** *Жауыр болған.*

ШАБУ *Киімнің қолтығына, ауына, тағы кейбір тұстарына үшкірлеп қиып салған қиықша.*

ШАБУЛЫ *Шабу салынған, шабуы бар.*

ШАБУСЫЗ *Шабу салынбаған, шабуы жоқ.*

ШАБУЫЛ 1. *Соғыста жауға қарсы ұйымдастырылған қимыл-әрекет.* 2. *Спортта қарсы жаққа жасалатын әрекет, қарсы күш.*

ШАБУЫЛДА 1. *Үсті-үстіне шабуылға шығу, тынбастан соғысу.* 2. *Бір жақтың екінші жаққа қарсы іс-әрекеті, қимылы.* 3. *Жан-жаққа шапқылап, ат сабылту.*

ШАБУЫЛДАУШЫ *Шабуылға шығушы, үсті-үстіне шабуыл жасаушы.*

ШАБУЫЛШЫ 1. *Жау шебіне шабуыл жасаушылар.* 2. ***спорт*** *Қарсы жақтың қақпасына шабуыл жасайтын ойыншы.*

ШАБЫҚ I *Мақта, бау-бақша дақылдарының түбіндегі топырақты қопсыту, босату жұмысы.*

ШАБЫҚ II ***көне*** *Шар, шақпақ тас.*

ШАБЫҚТА *Өсімдіктердің түбіндегі арамшөпті отау, топырақты қопсыту.*

ШАБЫҚТАУЫШ *Екпе өсімдіктердің түбін қопсыту үшін жасалған құрал.*

ШАБЫҚШЫ *Өсімдік түптерін қопсыту жұмысын атқарушы, арамшөпті отаушы.*

ШАБЫН I ***сөйл.*** *Шабындық.*

ШАБЫН II *Өрекпу, өршелену, кимелеу, ұмтылу, қайта-қайта тап беру, шабалану.*

ШАБЫН III *Моншада ыстық буға қыздырынып сыпыртқымен сабалану.*

ШАБЫНДЫ ***көне*** *Соғыс, шапқыншылық.*

ШАБЫНДЫҚ *Мал азығына шауып алуға жарамды шөбі шүйгін жер.*

ШАБЫР: алашабыр – *ала-құла, ойдым-ойдым, селдір-сирек.* ◊ **Алашабыр бұлт** – *сирек бұлт.*

ШАБЫРА I *Ешкі терісінен иленген былғары.*

ШАБЫРА II ***жерг.*** *Қар тоқтататын бөгесін.*

ШАБЫРҚАН *Буырқану, бұрсану, шабыну.*

ШАБЫС I 1. *Аттың қос аяқтап қатты шапқан күйі. Ат бәйгесі.* 3. ***Ауысп.*** *Екпін, қарқын.*

ШАБЫС II *Шабындық, пішендік жер.*

ШАБЫС III *Соғысу, шайқасу.*

ШАБЫСКЕР *Бәйге атына мініп шабатын шабандоз.*

ШАБЫСТЫ *Шабысқа төзімді, жүйрік ат.*

ШАБЫТ *Адамның көңіл күйінің ерекше ықыласты әсерлі сәті.*

ШАБЫТТАН *Адамның белгілі бір іс үстіндегі көңіл күйінің, ынта-ықыласының арта түсуі*

ШАБЫТТЫ *Адамның шабыты келген, ерекше бір ынталы, ықыласты сәті.*

ШАБЫТТЫЛЫҚ *Шабыты келгендік, ынталылық.*

ШАҒАЛ *Өлексемен қоректенетін қасқыр тектес жыртқыш аң.*

ШАҒАЛА *Ақ түсті, сирағы қысқа, жүні селдір, суда тіршілік ететін құс.*

ШАҒАЛАДАЙ *Шағала сияқты аппақ.*

ШАҒАЛАЛЫ *Шағаласы көп, шағаласы қалың*

ШАҒАЛДАҚ ***жерг.*** *Жүгерінің собығынан дәнін үгіп алғанда ортасында қалатын өзегі.*

ШАҒАН *Биік әрі діңі түзу бұтақсыз өсетін ағаш.*

ШАҒАТАЙ: шағатай тілі – *түркі халықтарының бәріне бірдей түсінікті ортағасырлық ескі әдеби тіл.*

ШАҒИ *Жұқалаң жұмсақ; таза тінді жібек мата.*

ШАҒЫЛ I *Белес-белес, жота-жота боп үйіліп қалған құм.*

ШАҒЫЛ II *Жалт-жұлт етіп шағылысу, жарқылдап сәуле түсу.* ◊ **Тауы шағылды** – *сағы сынды, көңілі қайтты.*

ШАҒЫЛДАН *Шағылға айналу, шағыл құм болу.*

ШАҒЫЛДЫ *Шағылы мол, шағыл құмы бар.*

ШАҒЫЛЫС I *Малдардың, аңдардың ұрықтану сәті, кезі.*

ШАҒЫЛЫС II *Күн сәулесінің әсерінен бір нәрсенің бетіне сәуле түсу, жарқылдау, жалтылдау.*

ШАҒЫМ 1. *Біреудің үстінен айтылған арыз.* 2. **заң** *Сот тарапынан кесілген үкімге наразылық ретінде жоғары заң орындарына жазылған өтініш.* □ **Шағым кітабы** – *халыққа қызмет көрсететін мекемелерде болатын, әркім өз шағымын жазып қалдыратын арнайы дәптер.*

ШАҒЫМ: біршағым қант – *шағылған қанттың бір түйірі.*

ШАҒЫМДАН *Наразылық білдіріп шағым айту, арыздану.*

ШАҒЫМПАЗ *Шағым айтқыш, арызшыл.*

ШАҒЫМШЫ *Шағым айтушы, арызшы.*

ШАҒЫМШЫЛ *Шағынымпаз, арызшыл.*

ШАҒЫН I *Кішірек, көлемі ықшам.*

ШАҒЫН II *Біреуге мұң-мұқтажын айтып шағымдану.*

ШАҒЫНДА *Шағын ету, көлемін кішірейту, шамалау.*

ШАҒЫНДАУ *Кішірек, шамалылау, мардымсыздау.*

ШАҒЫНДЫҚ *Ықшамдық, кішіректік.*

ШАҒЫР I ***бот.*** *Құмды, шағылды жерлерде өсетін құрай тектес өсімдік.*

ШАҒЫР II 1. *Шегір.* 2. ***Ауысп.*** *Мінезі шапшаң, шәлкем-шалыс.*

ШАҒЫРЛАН *Күн сәулесінің тура түсіп, шақырайы.*

ШАҒЫРЛАУ 1. *Шегірлеу.* 2. ***Ауысп.*** *Мінезі шайпаулау, шәлкестеу.*

ШАҒЫРЛЫ *Шағыр көп өскен, шағыры қалың.*

ШАҒЫРМАҚ *Жарқыраған, қызулы.*

ШАҒЫРМАҚТАН *Күннің қызулануы.*

ШАҒЫРМАҚТАУ *Күннің қызуы молырақ, шуақтылау.*

ШАҒЫСТЫР *Біреуді біреуге өшіктіру, айдап салу.*

ШАҒЫСТЫРУШЫ *Бір адамды екінші адамға жамандаушы, өшіктіруші, айдап салушы.*

ШАДЫМАН *Шат, шаттық, қызық.*

ШАДЫМАНДЫ *Қуанышты, қызықты.*

ШАДЫР *Шап етіп шатақтаса кететін, мінезі шайпау, шәлкес.* □ **Шадыр көз** — *шақырайған, шатынаған көз.*

ШАДЫРА I ***жерг.*** *Жөкеден тоқылған ыдыс.*

ШАДЫРА II *Жұқа матадан тігілген, көбінесе шығыс әйелдері киетін жамылғы.*

ШАДЫРАЙ *Оғаш мінез көрсету, көзін адырайту, шақшиту, шатынау.*

ШАДЫРАҢ: шадыраң етті — *көзін адырайтты, адырая қарады.*

ШАДЫРЛАН *Қиястану, шатынау.*

ШАДЫРЛАУ *Мінезі аздап шадыр; шайпаулау, шәлкестеу.*

ШАДЫРЛЫҚ *Шайпаулық, шәлкестік.*

ШАДЫР-ШӘЛКЕС *Қырсық, қыңыр, қиқар.*

ШАЖ: шаж етті — *қатты дауыс шығарып баж етті.*

ШАЖА *Таулы жерді мекендейтін, даусы ащы құс.*

ШАЖАМАЙ I *Аяққиімнің басы мен табанының жапсарына жұлықты бастырып жапсыра тігілген жіңішке көмкерме.*

ШАЖАМАЙ II *Малдың ішмайы, шажырқай.*

ШАЖАМАЙЛЫҚ *Шажамайға керекті зат.*

ШАЖЫЛДА 1. *Быжылдау, шыжылдау.* 2. ***Ауысп.*** *Күйіп-пісу, бажылдау, шырылдау.*

ИАЖЫРҚАЙ *Ішектің сыртындағы жұқа ішмай, шажамай.*

ШАЙ I 1. *Мәңгі көгеріп тұратын, ауылшаруашылық дақылына айналған, мәдени өсімдіктің кептірілген жапырағы.* 2. *Шөл қандыру үшін ішетін, шайдан дайындалатын сусын.* □ **Шайқасық** — *шай ішкенде пайдаланатын кішкентай қасық.* □ **Шай демдеді** — *шайнекке шай салып, бұқтырып қойды, шай шығарды.*

ШАЙ II 1. *Сумен жуу, шайқау, тазарту.* 2. *Тасқын судың, жердің топырағын шайып, ор қылып қазып кетуі.* ◊ **Жуып-шайды** — *еш жаманат келтірмей ақтады, сөз келтірмеді.*

ШАЙ: шай деспеді — *ренжіспеді, көңіл қалдырыспады.*

ШАЙБА 1. ***тех.*** *Сомынның астынан кигізілетін жұқа тығырық.* 2. ***спорт*** *Хоккей ойынында қақпаға соғып ойнайтын дөңгелек, қатты резеңке.*

ШАЙБАЛЫ: шайбалы хоккей — *шайбамен ойнайтын хоккей.*

ШАЙҒЫЛА *Қайта-қайта, үсті-үстіне шаю, тазалау.*

ШАЙДАЙ *Бұлтсыз, жадыраған ашық күн (аспан).*

ШАЙҚА 1. *Әрлі-берлі қозғау, тербеу.* 2. *Кірді т. б. заттарды әрі-бері шайқап, шайып тазарту.* 3. ***Ауысп.*** *Қызық дәурен сүру, тамашалау.*

ШАЙҚАҚ: шайқақ қақты – *шайқақтады, тайқаңдады.*

ШАЙҚАҚТА 1. *Шайқалу, шайқаңдау.* 2. ***Ауысп.*** *Ешкімді тең көрмей шалқақтау, шірену, менменсу.*

ШАЙҚАЛ 1. ***ыр. етіс*** *Шайқал.* 2. *Тыныш тұрған қалпынан қозғалып кету, ырғалу.* 3. ***Ауысп.*** *Жақсы қалпынан айырылу, күйзелу.*

ШАЙҚАЛАҚ: шайқалақ қақты – *шайқалаң қақты, шайқаландады.*

ШАЙҚАЛАҚТА *Шайқаландау.*

ШАЙҚАЛАҢДА *Шайқалақтау, шайқаңдау, теңселу.*

ШАЙҚАЛЫС 1. *Белгілі бір күштің әсерінен болатын қозғалыс, тербеліс.* 2. ***Ауысп.*** *Саяси іс-әрекетпен байланысты қозғалыс, өзгеріс.*

ШАЙҚАҢДА *Кердеңдеу, шалқақтау.*

ШАЙҚАП-ТӨК *Төгіп шашу; кесірлену.*

ШАЙҚАС I 1. *Жауласқан екі жақтың арасында болатын ұрыс, айқас.* 2. *Белгілі бір топтар арасындағы күрес, қақтығыс, айтыс-тартыс.*

ШАЙҚАС II 1. ***орт. етіс*** *Шайқас.* 2. *Жаумен алысу, шабысу.* 3. *Біреумен егесу, айтысу, тартысу.*

ШАЙҚАУЫШ *Бір нәрсені шайқайтын құрал.*

ШАЙҚОР *Шайды көп ішетін, шайқұмар.*

ШАЙҚОРЛАН *Шайшыл болу, шайқұмарлану.*

ШАЙҚОРЛЫҚ *Шайқұмарлық, шайшылдық.*

ШАЙҚҰРАЙ ***бот.*** *Ұсақ сарғыш гүлді, барлық жерде өсе беретін көпжылдық өсімдік.*

ШАЙҚЫ *Жұртты күлкіге қарық қылып жүретін кезбе, диуана.*

ШАЙҚЫЛЫҚ *Қылжақбастық, диуаналық.*

ШАЙЛА I ***жерг.*** *Төбесін шошайтып тіккен баспана, күрке.*

ШАЙЛА II *Май басып қатты семіру.*

ШАЙЛЫҚ I *Шай-жемін алуға ғана жарар пұл, қаражат.*

ШАЙЛЫҚ II *Шайға қататын, шайға қосатын.*

ШАЙЛЫҚ III *Біреуден, бір нәрседен тайсалып қаймығу, беті қайту.*

ШАЙМА *Шайынды, жұғынды.*

ШАЙМАЛА *Қайта-қайта шайқау, екі ыдысқа алмастырып құю.*

ШАЙНА 1. *Ауыздағы асты тістің көмегімен майдалап ұсату.* 2. ***Ауысп.*** *Тістелеу, мылжалау.* ◊ **Шайнап берген ас болмайды** – *әркім өзі білмесе, түк шықпайды.* **Ауыздығын шайнады** – *жұлқынды.*

ШАЙНАМ *Ауызға бірсаларлық мөлшердегі тағам, ас.*

ШАЙНАМА *Шайнап жейтін қою ас, тағам.*

ШАЙНАҢДА *Шайнаң-шайнаң ету.*

ШАЙНАС *Тістесу, алысу, жұлысу, айтысу, тіресу.*

ШАЙНЕК *Шай қайнататын (шығаратын) ыдыс (аққұман).*

ШАЙНЕКТЕЙ *Шайнек сияқты көлемді, үлкен.*

ШАЙПА *Жөнді-жосықсыз әркімге бір тиісу.*

ШАЙ-ПАЙ *Шайға керекті жеңіл-желпі тамақ, дәм.*

ШАЙ-ПАЙЛЫҚ *Шай-пайға тән заттар.*

ШАЙПАУ *Шатақ мінезді, тілі ащы, ашушаң.*

ШАЙПАУЛАН *Ашу шақыру, соқтығу, қырсық-қыңыр мінез көрсету.*

ШАЙПАУЛАУ *Мінезі шәлкестеу, оғаштау.*

ШАЙ-ПҰЛ *Шай-шақпыт, оны-мұны дүниелер.*

ШАЙСАУЫТ *Шай салатын құты.*

ШАЙ-СУ *Жеңіл-желпі тамақ, ас-су.*

ШАЙТ *Қойды кейін қайтару үшін айтылатын одағай сөз.*

ШАЙТАН 1. ***діни*** *Ібіліс, албасты, жын-пері.* 2. ***Ауысп.*** *Оңбаған, құдай атқан.* 3. ***Ауысп.*** *Жын, ұстама.* ◊ **Шайтан азғырды** — *бұзылды, бүлінді.* **Шайтанның ойнағы** — *жын-перінің орны, мекені.* **Шайтан түртті** — *бір пәлеге жолықты, қырсық шалды.* **Үмітсіз шайтан** — *күдер үзбе, үмітіңді кеспе.*

ШАЙТАНАРБА ***көне*** *Велосипедтің халық тіліндегі атауы.*

ШАЙТАНДАЙ *Шайтан сияқты, шайтан тәріздес.*

ШАЙТАНДЫҚ *Шайтанға тәндік, әзәзілдік.*

ШАЙХАНА *Шай ішетін орын.*

ШАЙХАНАШЫ *Шайхана ұстаушы.*

ШАЙХЫ ***діни*** *Белгілі бір діни топтың басшыларының бірі, дінді уағыздаушы.*

ШАЙЫ *Үлбіреген, жұқа жібек мата.*

ШАЙЫНДЫ *Ыдыс-аяқты жуғаннан қалған жуынды.*

ШАЙЫП-ЖУ *Жік-жапар болып айыбын жеңілдету, жұмсарту.*

ШАЙЫР I 1. *Қарағай сағызы, желім секілді жабысқақ зат.* 2. *Қой жүнінің тұтасып, баттаса желімденген кірі.*

ШАЙЫР II *Ақын.*

ШАЙЫРҒАЛ I ***жерг.*** *Не болса соған мән беріп, сөзге келу, ренжісу.*

ШАЙЫРҒАЛ II *Әзіл, мысқыл, келемеж, келеке.*

ШАЙЫРҒАЛДАН *Шиеленісу, үдей түсу.*

ШАЙЫРҒАЛДАС *Байланысу, шарылдасу.*

ШАЙЫРҒА I *Шайыр жағу, шайырмен ысқылау.*

ШАЙЫРЛА II *Малдың ет алып қоңдануы, семіруі.*

ШАЙЫРЛЫ *Шайыры бар, көп.*

ШАЙЫРЛЫ *Ақындық қабілеті бар.*

ШАҚ I 1. *Мезгіл, мезет, кез.* 2. ***грамм.*** *Іс-әрекет, қимылдың өткен кез, осы мерзім, келер уақытқа тәндігін білдіретін етістік категориясы.*

ШАҚ II 1. *Дәл, лайық, құйып қойғандай.* 2. ***Ауысп.*** *Қысқа, келте, аз, шағын.* □ **Шақ келмеді** — *дәл келмеді, дес бермеді, шыдатпады.*

ШАҚ III 1. *Жару, қырату, сындыру.* 2. *Бір затты бөлу, есептеу.*

ШАҚ IV 1. *Тістеу, талау.* ***Ауысп.*** *Тіл тигізу, сөзбен шаншу, түйреу.*

ШАҚ V *Шырпы, сіріңке жандыру, от жағып, бір нәрсені тұтату.*

ШАҚ VI *Наразылығын, мұңын біреуге айту, шағыну.*

ШАҚ VII *Әрең, зорға, сәл.* ◊ **Шақ отыр** — *зорға, әрең отыр.*

ШАҚ: шақ етті — 1. *Бір нәрсенің екінші бір нәрсеге тақ етіп тиген дыбысы.* 2. ***Ауысп.*** *Адамның бірдеңеге дереу ашу шақырып, бастырмалата жөнелуі.*

ШАҚА I ***жерг.*** *Арбиған ағаш, бұта, қада.*

ШАҚА II 1. *Жүні жетілмеген балапан, төл.* 2. ***Ауысп.*** *Жас, жетілмеген.*

ШАҚА III *Үсақ тиын, қара бақыр.*

ШАҚА IV *Қаңылтыр шелек; бақыр.*

ШАҚАЛАҚ I ***жерг.*** *Диірменнің ұн шығаратын шүмегі.*

ШАҚАЛАҚ II *Нәресте, сәби.*

ШАҚАР *Ашуы қатты, ызақор.*

ШАҚАРЛАН *Қатты ашулану, ызалану.*

ШАҚАРЛЫҚ *Ашуланшақтық, шәлкестік, ызақорлық.*

ШАҚАТ *Қағы кепкен сортаң жер.*

ШАҚАТТЫ *Қағы кепкен, сортаңды, қатқыл.*

ШАҚҚЫШ I 1. *Қант, науат, жаңғақ шағатын құрал.* 2. *Қатты затты ұсатқыш, ұнтақтағыш.*

ШАҚҚЫШ II *Шағып алғыш, тістегіш (жәндік).*

ШАҚПА *Қағытпа, шымшыма (сөз).*

ШАҚПА: шақпа қант — *қатты қант.*

ШАҚПАҚ I *От шығару үшін пайдаланылатын тас, оттық.*

ШАҚПАҚ II *Төрт бұрышты, тор көзді.* □ **Шақпақ денелі** — *тортпақ, мығым, сом денелі.* **Шақпақ қант** — *қатты қант.*

ШАҚПАҚТА *Шақпақ тәрізді етіп төрт бұрыштап жасау.*

ШАҚПАҚТАЙ 1. *Шақпақ тас сияқты.* 2. ***Ауысп.*** *Қатты, шымыр.*

ШАҚПАҚТЫ *Төрт бұрышты шақпақ тәрізді.*

ШАҚТА *Мөлшерлеу, шамалау.*

ШАҚТАС *Шамалас, мөлшерлес.*

ШАҚТАУ *Шақ келетін, дәлдеу.*

ШАҚТЫ *Сан есімдермен тіркесіп келетін "шамалы", "аралы", "жуық" мәндерін білдіретін көмекші есім.*

ШАҚТЫҚ 1. *Дәлдік, сәйкестік.* 2. ***грамм.*** *Шақ категориясына тәндік.*

ШАҚША *Мүйізден жасалған, насыбай салатын құты.* ◊ **Шақша бас** – *маңдайы тайқылау кішкене сопақ бас.*

ШАҚШАДАЙ *Кішкентай, титімдей.* ◊ **Шақшадай басы шарадай болды** – *не істерін білмей дал болды, миы ашыды.*

ШАҚ-ШАҚ: *Шақ-шақ шабылған қайла.*

ШАҚШАҚАЙ *Ескі інді мекендейтін ақшыл сұр түсті торғай.*

ШАҚШАҢДА *Шақ-шақ ету, шаңқылдау; ерсі мінез көрсету.*

ШАҚ-ШӘЛЕКЕЙ *Быт-шыт, күлталқан.*

ШАҚШИ 1. *Күннің шақырайып, шыжып тұруы.* 2. ***Ауысп.*** *Көзі шатынап ақшия қарау.*

ШАҚ-ШҰҚ *Тақ-тұқ еткен дыбыс.*

ШАҚҰР-ШҰҚЫР *Шықыр-шықыр, шақ-шақ.*

ШАҚЫЛ *Қатты заттардың бірбіріне тиіп, соқтығысқанынан шығатын дыбыс.*

ШАҚЫЛДА 1. *Дыбыстың шаң-шұң етіп шығуы.* 2. ***Ауысп.*** *Шаңқылдап қатты сөйлеу.*

ШАҚЫЛДАҚ I *Шақылдап қалған, шақар.*

ШАҚЫЛДАҚ II ***зоол.*** *Қалың сары жүнді, құйрықсыз хайуанат.*

ШАҚЫЛДАҚ III *Диірменнің тасы.*

ШАҚЫЛДАУЫҚ *Шақылдап қалған, шаңқылдақ.*

ШАҚЫР 1. *Басқа жерде тұрған адамды дауыстап қарату, келтіру.* 2. *Айқайлап дауыс шығару, қышқыру (әтеш).* 3. *Жұртты белгілі бір мақсатмүддеге үндеу, бір ниетке жұмылдыру.* 4. *Бірдеңені білгісі келіп сыр тарту, қызықтыру.* □ **Көмекке шақырды** – *жәрдем беруге кел деді.* **Қонаққа шақырды** – *сыйлап, құрметтеп ас беруге шақырды.* ◊ **Ашу шақырды** –*ашуланды.* **Жан шақырды** – *дем алды, қуаттанды.*

ШАҚЫРАЙ 1. *Күн сәулесінің шаңқиюы, шақшиюы.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуге ежірейіп тесіле қарау.*

ШАҚЫРҒАНСЫ *Шақырғандай болу.*

ШАҚЫРҒЫШ *Жиі шақыратын, шақырымпаз.*

ШАҚЫРҒЫШТА *Үсті-үстіне, қайта-қайта шақыру.*

ШАҚЫРЛА *Шақұр-шұқыр ету, шықырлау.*

ШАҚЫРТҚЫ *Қыран құсты қайтару үшін шақырып үйретететін жем; шырға.*

ШАҚЫРУСЫЗ *Шақыртпай, шақырмай өз бетімен.*

ШАҚЫР-ШҰҚЫР *Қарш-құрш, қырш-қырш, шықыр-шықыр.*

ШАҚЫРЫҚ *Шөлейт жерде, құмда тіршілік ететін, балықшы құстармен тұқымдас, сарғыш бадырақ көзді құс.*

ШАҚЫРЫМ *Бір мың метрге тең қашықтық өлшемі, километр.*

ШАҚЫРЫМДАЙ *Бір шақырымға жақын.*

ШАЛ I *Қарт, қария.*

ШАЛ II 1. *Күрес әдісінің бір түрі – жығу үшін аяқты іштен не сырттан іліп алу.* 2. *Орап байлау, тартып байлау.* 3. *Садаға беру.* 4. ***Ауысп.*** *Біреуді сөзбен іліп кету, кекету-мұқату.* ◊ **Аяқтан шалды** – *кедергі жасады, бөгет болды.* **Жын [пері] шалды** – *жын соқты, сайтан ұрды.* **Қырсық шалды** – *жолы болмады.* **Үсік шалды** – *аяз ұрды, үсіді.* **Шашын қырау шалды** – *шашы, самайы ағарды.*

ШАЛ III 1. *Малдың шөп басын жұлып, жүре оттауы.* 2. *Оттың, өрттің бір нәрсені шарпуы, аздап күйдіруі.*

ШАЛ IV *Қора-қопсы, рабат, мекенжай.*

ШАЛ: Шалқуйрық – *ақ құйрық.* ◊ **Шалкөде** – *ақ көде.*

ШАЛА I *Отынның толық жанып бітпеген қалдығы.* ◊ **Артына [құйрығына] шала байлады** – *соңынан сөз ерді, өсекке таңды.*

ШАЛА II *Толық емес, пісіп жетілмеген, шикі.* ◊ **Шала байыды** – *болар-болмас олжаға мәз болды, көңілі өсті.* **Шала бүлінді [шабылды]** – *әбден бүлінді, күйіп-пісті, әлекке түсті.* **Шаласауатты** – *білімі шамалы, сауаты кем.*

ШАЛАҒАЙ *Олақ, тиянақсыз, немқұрайды, ұқыпсыз.*

ШАЛАҒАЙЛЫҚ *Олақтық, шалалық, салақтық, немқұрайдылық.*

ШАЛА-ДҮМБІЛ *Шала-шарпы, шалагай.*

ШАЛА-ЖАНСАР *Өлі мен тірінің арасында, өлмеші.*

ШАЛА-ЖАНСАРЛАН *Шалажансар сияқты көріну, өлімсіреу.*

ШАЛАЛАУ *Толық емес, жарым-жартылай, шалагай.*

ШАЛАҢ I ***бот.*** *Су түбінде өсетін ұзын-ұзын шөп.*

ШАЛАҢ II ***жерг.*** *Көлде, шалшық, лай суларда болатын кішкене ақ құрт.*

ШАЛАП *Айранға су қосып жасаған сусын.*

ШАЛА-ПҰЛА *Шала-шарпы, атүсті, қалай болса солай.*

ШАЛАПТА *Шалап жасау, шалап ету.*

ШАЛАУ ***бот.*** *Су түбінде ұйысып өсетін, ұсақ жапырақты шөп.*

ШАЛАУЛАН ***жерг.*** *Балдырлану, шалау басып кету, шалау шығу.*

ШАЛАУЛЫ *Шалау өскен, шалауы бар.*

ШАЛАШ *Жеңіл-желпі баспана, қос, күрке.*

ШАЛА-ШАРПЫ *Толық емес, жартылай, шала-пұла.*

ШАЛБАР 1. *Бұтқа киетін қой не ешкі терісінен тігілген сырткиім.* 2. *Түрлі матадан сәндеп тігілген киім; сым.*

ШАЛБАРЛАН 1. *Көйлек-көншектің етегін шалбардың ішіне салып буыну, ышқырлану.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің, беттің қатпарланып құрысып тұруы.*

ШАЛБАРЛЫҚ *Шалбар тігерлік, шалбарға арналған.*

ШАЛБАР-ШАЛБАР *Әжім-әжім, қатпар-қатпар, қыртыс-қыртыс.*

ШАЛБАРШАҢ *Шалбарымен, шалбарлы күйінде.*

ШАЛҒАЙ I 1. *Киімнің етегі.* 2. ***Ауысп.*** *Мұрт жебесінің ұш жағы.*

ШАЛҒАЙ II *Алыс, қашық, қиыршет, жырақ.*

ШАЛҒАЙЛА *Қашықтап кету, алыстау.*

ШАЛҒАЙЛАУ *Қашықтау, алысырақ, қиыршеттеу.*

ШАЛҒАЙЛЫ *Киімнің етегі үлкенірек, кеңірек.*

ШАЛҒАЙЛЫҚ *Қашықтық, алыстық, жырақтық.*

ШАЛҒАЙ-ШАЛЫС *Қисық-қыңыр, қырсық.*

ШАЛҒАМ ***бот.*** *Ақ немесе қызғылт түсті түйнек тамыры жеуге жарайтын бақша өсімдігі, шалқан, шалқам.*

ШАЛҒАЯҚТА *Кергу, кесірлену.*

ШАЛҒЫ I *муз. Қобыз, скрипканың ішегін тартатын ысқы; қияқ.*

ШАЛҒЫ II 1. *Ұзындау ағашқа сапталған, жүзі өткір, шөп шабатын ауылшаруашылық құралы.* 2. *Шөп, егін оратын ауылшаруашылық машиналарының пышағы.* ◊ **Шалғы салды** – *егін мен шөпті шаба бастады.* **Шалғы тартты** –*шалғымен шөп шауып, егін орды.* **Шалғы түсті** – *егінді, шөпті ора бастады.*

ШАЛҒЫ III *Мұрттың қиығы, жебесі.*

ШАЛҒЫЛА I *Ары-бері, оңды-солды сілтеу.*

ШАЛҒЫЛА II *Мұрт қиғын тарамдау.*

ШАЛҒЫЛЫ *Шалғысы бар.*

ШАЛҒЫН *Қалың өскен көгорай, майса.*

ШАЛҒЫНДАН *Шөбі қалың болып өсу, шалғынға айналу.*

ШАЛҒЫНДЫ *Шөбі қалың, пішені бітік, шүйгін.*

ШАЛҒЫНДЫҚ *Шабындық, пішендік жер.*

ШАЛҒЫРЛЫҚ *Алғырлық, зеректік.*

ШАЛҒЫРТ *Көзге түскен ақ шел, ақ дақ; ноғала.* ◊ **Шалғырт тартты [енді]** — *ағара бастады, бұрыл тартты, сарғыштанды*

ШАЛҒЫРТСЫЗ *Шалғыртты жоқ, бұрылсыз.*

ШАЛҒЫРТҚАН *Бұрыл тарту, ағару.*

ШАЛҒЫРТТЫҚ *Бұрыл тартқандық, бұрылданып ағаргандық.*

ШАЛҒЫШ I ***жерг.*** *Алдына байлайтын белдемше, алжапқыш.*

ШАЛҒЫШ II *Аяқтан шалуға шебер.*

ШАЛҒЫШ III *Алысты болжағыш, байқағыш, қырағы.*

ШАЛҒЫША *Шалғы тәрізді, шалғыға ұқсап.*

ШАЛҒЫШЫ *Шалғымен шөп шабушы.*

ШАЛДАУ *Қарттау, егделеу.*

ШАЛДУАР *Бейбастақ, аусар, бұзақы, тентек, сотқар.*

ШАЛДУАРЛАН *Тентектік жасау, бұзақылық істеу.*

ШАЛДУАРЛЫҚ *Бұзақылық, тентектік, сотқарлық.*

ШАЛДЫҚ I *Қарттық, кәрілік.*

ШАЛДЫҚ II 1. *Шаршау, қалжырау, қажу.* 2. ***Ауысп.*** *Жайсыз жағдайға тап болу, ұшырау.*

ШАЛДЫҚҚЫШ *Бір нәрсеге тап болғыш, ұшырағыш.*

ШАЛДЫР 1. ***өзг. етіс*** *Шалдыр.* 2. *Жол-жөнекей көлікті оттатып алу.*

ШАЛДЫР-БҰЛДЫР *Шәлдір-шүлдір.*

ШАЛДЫРЛА *Салдырлау, сылдырлау.*

ШАЛДЫР-ШАТПАҚ *Қалай болса солай айтылған, балдыр-батпақ.*

ШАЛДЫР-ШҰЛДЫР *Салдыр-гүлдір.*

ШАЛЖАҚ *Бетімен кеткен ерке, тәйтік, шолжаң.*

ШАЛЖАҚТА *Шолжаңдау, тәйтіктеніп бетімен кету.*

ШАЛЖАҚТЫҚ *Еркелік, шолжаңдық, тәйтіктік.*

ШАЛЖАҢДА *Шолжаң-шолжаң ету, еркетотайлану.*

ШАЛЖИ *Шолжию, әлдеқандай болу.*

ШАЛ-КЕМПІР *Қартайған кісілер; шалдар мен кемпірлер.*

ШАЛҚА 1. *Адамның көкке (төбеге) қарап, арқамен жатқан қалпы.* 2. ***Ауысп.*** *Айқара ашу.* ◊ **Шалқасынан түсті** — *оғаш мінез көрсетіп, шарт кетті.*

ШАЛҚАҒЫРАҚ *Түзу емес, артқа қарай қайқаң.*

ШАЛҚАЙ 1. *Артқа қарай шалқалау, қайқаю.* 2. ***Ауысп.*** *Өзін жоғары ұстау, кергіп паңдану.*

ШАЛҚАЙМА *Креслоның қайқайыңқы арқасы.*

ШАЛҚАҚ *Артқа қарай иіліңкі, қайқаң.*

ШАЛҚАҚТА *Басты кейкитіп, артқа қарай қайқаңдау, қайқақтау. Өзгені менсінбей паңдану, кекиіп кердеңдеу.*

ШАЛҚАҚТАУ *Артқа қарай шалқағырақ, қайқақтау.*

ШАЛҚАҚТЫҚ 1. *Артқа, ту сыртына қарай қайқаңдық.* 2. ***Ауысп.*** *Менмендік, кердеңдік, дандайсушылық.*

ШАЛҚАЛА 1. *Шалқайып арқасымен жату.* 2. *Артқа қарай шалқаю, қайқаю.*

ШАЛҚАЛАҚТА 1. *Сыртқа, артқа қарай қайқалақтау.* 2. ***Ауысп.*** *Тәкаппарсу, менмексу.*

ШАЛҚАҢ: шалқаң етті — *қайқаң етті, шалқалақтады.*

ШАЛҚАҢДА 1. *Қайқаңдау, шалқалау.* 2. ***Ауысп.*** *Тәкаппарсу, паңдану, менмексу.*

ШАЛҚАР *Кең-байтақ, шексіз де шетсіз.*

ШАЛҚАРЛАН *Жайылып кең байтақтану, кеңею.*

ШАЛҚАРЛЫҚ *Үлкендік, кеңдік, байтақтық, ұлылық.*

ШАЛҚАЯҚТА 1. *Артқа қарай шалқалақтау, шатқаяқтау.* 2. ***Ауысп.*** *Кергу, кесірлену.*

ШАЛҚЫ 1. *Үйтқу, лаулау, лапылдау.* 2. ***Ауысп.*** *Асып-төгілу, шалқу, тасу.*

ШАЛҚЫМА 1. *Сән-салтанатты, асып-тасқан, шалқыған.* 2. *Лепірме, көпірме.*

ШАЛҚЫМАЛЫ 1. *Жалыны үйтқып шартарапты шарпыған.* 2. ***Ауысп.*** *Асқақтаған, көтеріңкі, толқымалы.*

ШАЛҚЫП-ТАС *Асып-тасу, дандайсу.*

ШАЛМА I 1. *Басты айналдыра орайтын ендей мата, сәлде.* 2. *Түбітен не түйе жүнінен тоқылған немесе матадан жасалған мойынорағыш.*

ШАЛМА II *Ұшы түйықталған ұзын арқан, бұғалық.* ◊ **Шалматастам жер** — *бұғалық ұзындығындай қашықтық.* **Шалма сөз** — *кекетінді құйтырқы сөз.*

ШАЛМА III *Бас бармақ пен сұқ саусаққа іліп тартып, түрлі өрнек жасайтын ойын аты.*

ШАЛМА IV *Жіпті не таспаны арыбері өткізіп тоқу мен өрім өру әдісінің атауы.*

ШАЛМА V *Уықтарды қисайып, бұралып кетпеуі үшін кереге басына шалмалап байлайтын құр. Кейде шағыш, иықбау деген атауларға да ие.*

ШАЛМАЛА I *Шалма сияқты етіп орай байлау, шалып тарту.*

ШАЛМАЛА II *Асауға шалма тастау, бұғалық салу.*

ШАЛМАШЫ *Асаудың мойнына шалма лақтыратын адам.*

ШАЛП: шалп етті — *бір нәрсенің қатты тиюінен судың шашырауы.*

ШАЛПУЫШ *Су шашыратын тетік, құрал.*

ШАЛП-ШАЛП *Дыбыс бейнелеуіш сөз. Судың шалпылдауы.*

ШАЛПЫЛ *Судың шалп-шалп еткен дыбысы, шолпыл.*

ШАЛПЫЛДА *Судың шалп-шұлп шашырауы.*

ШАЛТ ***жерг.*** *Өте шапшаң, лезде, тез.*

ШАЛТАЙ-БАЛТАЙ ***қарап.*** *Не болса сол, керексіз бос сөз.*

ШАЛУАТТА *Сынап-мінеу, кеміту.*

ШАЛ-ШАҚПЫТ *Кәрі-құртаң.*

ШАЛ-ШАУҚАН *Шал-кемпір, кәрі-құртаң.*

ШАЛШЫҚ *Шұқанаққа жиналып ақпай қалған іркінді су.*

ШАЛШЫҚТАН *Судың тартылып шалшыққа айналуы.*

ШАЛШЫҚТЫ *Шалшығы бар, мол.*

ШАЛЫ I ***жерг.*** *Қамыстан салынған қора, қоршау.*

ШАЛЫ II ***жерг.*** *Қауызынан тазартылмаған күріш.*

ШАЛЫҚ 1. *Бас айналатын ұстамалы ауру.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің әсері.* ◊ **Шалық шалды [тиді, ұрды]** — *шалық ауруына ұшырады.*

ШАЛЫҚТА 1. *Сәбидің ұйықтап жатып езу тартып күлуі.* 2. *Ақылынан адасу, есінен айырылу, шатасу.* 3. ***Ауысп.*** *Мәз-мейрам боп шалқу.*

ШАЛЫҚТАМА ***мед.*** *Шалық ауруы.*

ШАЛЫМ *Қамтым, біршалым жер.* □ **Шалымы кең** — *қарымды, ауқымы кең.*

ШАЛЫМДЫ 1. *Қарымды, алғыр.* 2. *Ұтымды.* 3. *Қырағы, сезімтал.* 4. ***Ауысп.*** *Ыңғайлы, көнбіс, ұшқыр, төзімді.*

ШАЛЫМДЫЛЫҚ *Алғырлық, аңғарымпаздық, түйсіктілік, сезімталдық.*

ШАЛЫНАР-ШАЛЫНБАС *Көрінер-көрінбес, байқалар-байқалмас.*

ШАЛЫС I 1. *Қисық, қиыс.* 2. *Теріс, қырсық, қате.* □ **Шалыс үйқас** — *бірінші жол мен үшінші жолдың, екінші жол мен төртінші жолдың соңғы буындары үйқасатын төрт жолды өлең үлгісі.* ◊ **Шалыс басты** — *қателесіп кетті, жаңылды.*

ШАЛЫС II *Аяқтан шалу әдісі.*

ШАЛЫСТЫҚ I. *Қайнылық, алшақтық.* 2. ***Ауысп.*** *Қисықтық, оғаштық.*

ШАМ I *Шырақ, шыраядан. Қараңғыда үй ішін, көшені жарық қылатын құрал.*

ШАМ II *Ар-ұят, намыс.* ◊ **Шам алды [көрді]** – *намыстанды, көңіліне алды.* **Шам шығарды** – *ашу шақырды, шамданды.* **Шамына тиді** – *намысына тиді, намыстандырды.* **Соңына шам алып түсті** – *қыр соңынан қалмады.*

ШАМА I 1. *Күш-қуат, әл, дәрмен.* 2. *Бір нәрсенің болжалды көлемі, мөлшері, мерзімі.* 3. **Ауысп.** *Хал-жағдай, мүмкіндік.*

ШАМА II ***физ.*** *Физикалық күш мөлшерін көрсететін өлшем бірлігі.*

ШАМАЛА *Бір нәрсені мөлшерлеу, болжау.*

ШАМАЛАС *Мөлшерлес, қарайлас.*

ШАМАЛЫ 1. *Мардымсыз, мәз емес, онша емес.* 2. *Шақты, тарта, қаралы.*

ШАМАЛЫЛАУ *Шағындау, кішкенелеу, мардымсыздау, орташалау.*

ШАМАЛЫЛЫҚ *Аздық, тарлық.*

ШАМАМЕН *Шамасы, мөлшері.*

ШАМАН ***көне*** *Тәңірге сиынып, құлшылық етуші, балгер, бақсы, сиқыршы.* □ **Шаман діні** – *Күнге, Айға, Көкке, Отқа табынатын, таптық қоғамға дейінгі дін түрі.*

ШАМАНИЗМ *Шаман жолы, шамандық бағыт.*

ШАМАСЫ *Тәрізі, зайыры, сыңайы, нобайы.*

ШАМАСЫЗ *Әлсіз, дәрменсіз.*

ШАМАСЫЗДЫҚ *Әлсіздік, дәрменсіздік.*

ШАМАСЫНДА *Мөлшерінде.*

ШАМАСЫНША 1. *Мүмкіндігінше, әлі келгенше.* 2. **Ауысп.** *Хал-қадерінше, мүмкін болғанынша.*

ШАМА-ШАРЫҚ *Күш-қуат, қажыр-қайрат.*

ШАМА-ШАРҚЫНША *Әлі келгенше, қолынан келгенше, шамасы жеткенше.*

ШАМБЫЛ *Жолақ-жолақ боп келетін, жағал сұр.*

ШАМБЫР *Тамыр-түйнекшесі жеуге жарамды бақша өсімдігі.*

ШАМБІЛ *Түрлі-түсті, құлпырған, гүлденген.*

ШАМДАЛ I *Майшам қоятын ыдыс, тұғыр.*

ШАМДАЛ II *Жарық беру үшін бірнеше шамы бар аспалы шам; қандыл.*

ШАМДАН 1. *Шам көру, шамына тию, ашулану.* 2. **Ауысп.** *Қырсығу.*

ШАМДАНҒЫШ *Шамшыл, шамқой.*

ШАМДАНҒЫШТЫҚ *Шамшылдық, шамқайлық.*

ШАМДАНШАҚ *Шамдағыш, шамқой.*

ШАМКЕС *Шәлкес, шыртетпе, шамқой.*

ШАМКЕСТІК *Шамқойлық, шамшылдық.*

ШАМОТ ***тех.*** *Саздан жасалған, отқа төзімді бұйым.*

ШАМПАН *Жүзім шырынынан дайындалған, көпіршіп, шапшып тұратын шарап.*

ШАМПАНДАЙ *Шампан тәрізді шапшу.*

ШАМПАНДАТ *Шампан ішу.*

ШАМПУНЬ *Бас жуу үшін пайдаланатын хош иісті сұйық сабын.*

ШАМШАТ *Ыстық жақта өсетін, биіктігі 50 м, жуандығы 2 м, сүрегі берік, ірі сабақты ағаш.*

ШАМШЫЛ 1. *Шамқой, шамкес, шамдағыш.* 2. **Ауысп.** *Қисық, қыңыр, қырсық, ызақор.*

ШАМШЫЛДЫҚ *Шамқойлық, шамкестік.*

ШАМ-ШЫРАҚ 1. *Шырағдан.* 2. **Ауысп.** Кемеңгер.

ШАМЫРҚА *Қатты ашулану, қатулану, ширығу.*

ШАМЫРҚАНҒЫШ *Ашуланғыш, ренжігіш.*

ШАМЫРҚАУ *Жүзі сынық, реніштті, көңілсіз.*

ШАМЫРЫҚ *Ызалы, қапалы.*

ШАН ***кәс.*** *Ағаштан не металдан жасалған үлкен бөшке.*

ШАНА *Қар үстінде сырғанайтын, көлікке жегетін қостабанды сүйретпе.*

ШАНАҚ I 1. *Қобыз, домбыра тәрізді ішекті музыка аспаптарының*

үшбұрышты я домалақша келген дүмі. 2. *Диірменнің астық құйылатын немесе ұн төгілетін жәшігі.* 3. *Арба мен машинаның қорабы.*

ШАНАҚ II *Өңделген теріден істелінген, сусын құятын үлкен ыдыс; шанаш.*

ШАНАҚ III ***бот.*** *Өсімдіктің гүл қауашағы.*

ШАНАҚ IV *Жүк машинасының қорабы.*

ШАНАҚТА *Гүлдің қауашақтануы, шешек атуы.*

ШАНАҚТАЙ *Үлкен, дәу, ірі.*

ШАНАҚТЫ *Шанағы үлкен.*

ШАНАЛАП *Шана-шана етіп.*

ШАНАШ *Ешкі терісінен істелген торсық.*

ШАНАШЫҚ *Кішірек балалар шанасы, қолшана.*

ШАНДА *Анда-санда, оқта-текте, сирек.*

ШАНДОЗ 1. *Өрен жүйрік, жеңімпаз.* 2. ***жерг.*** *Сұлу, көркем.*

ШАНДОЗДА ***жерг.*** *Әдемілеу, әрлеу, сомдау, көркемдеу.*

ШАНДОЗДЫҚ *Көркемдік, әдемілік, сұлулық, көз тұнарлық.*

ШАНДУЛЫ *Шандып байланған, таңулы.*

ШАНДЫ *Шиелеп байлап тастау, таңу.*

ШАҢДЫЛ ***ыр. етіс*** *Шандыл.*

ШАНДЫМА *Айқыш-ұйқыш етіп, торламалап істелген жеңіл аяқкиім.*

ШАНДЫР *Еттің тарамыстанған, сіңірлі қатты жері.*

ШАНДЫРЛАН *Еті қашып, шандыры шығу.*

ШАНДЫР-ШАНДЫР *Қатпар-қатпар, бүрісіп-бүрісіп қалған.*

ШАНЖА I *Қарағайдың жас өрімін шауып алып кептірген сидам түрі, жіңішкелеу ұзын ағаш.*

ШАНЖА II ***жерг.*** *Біртіндеп көлбеуленіп барып биіктейтін жер.*

ШАНЖАҒАЙ *Сирек, әр жерде бір, шашыраңқы.*

ШАНЖАҒАЙЛА *Шашырай, шашыла, бытырай.*

ШАНЖАУ *Сирек, бытыраңқы.*

ШАНЖАУ-ШАНЖАУ *Әр жерде бір, сирек, селдір.*

ШАНЖИ *Шанию, шалжию.*

ШАНИ *Шалқалап кеуде кере шіренү, шалқию.*

ШАНШАР I ***зоол.*** *Жота қанаты тікенекті балық.*

ШАНШАР II *Шақпа тілі бар, қуақы, мысқылшыл*

ШАНШУ *Суықтан болатын сырқат, науқас.*

ШАНШУДАЙ *Шаншу сияқты.*

ШАНШУЛА *Суық тиіп сырқаттану.*

ШАНШЫ 1. *Бір нәрсені үшкір затпен түйреу, бірдеңені қадау, сұғу.* 2. ***Ауысп.*** *Дененің сұққылап, түйреп ауруы.* 3. ***Ауысп.*** *Сөзбен қағыту, кекету.* ◊ **Инеге [қармаққа] шаншар еті жоқ** — *көтерем, арық.* **Ине шаншар жер** — *бос орын қалмаған, толы.* ◊ **Шыбық шаншымайды** — *тұк істемейді, жалқау.*

ШАНШЫЛ *Қадалу, түйрелу.*

ШАНШЫЛМА *Тіп-тік.*

ШАНШЫЛЫС *Тікірею, қадалыс, шаншылу.*

ШАНШЫМА *Шаншу, шаншитын.*

ШАНЫ *Жек көру, көзге ілмеу; кекетіп мұқату.*

ШАНЫШҚАҚ I *Шаншыма.*

ШАНЫШҚАҚ II ***жерг.*** *Оқыра, сәйгел.*

ШАНЫШҚАҚТА *Қайта-қайта түйрелу, шанышқылау.*

ШАНЫШҚЫ 1. *Балық аулайтын үш айыр істік темір, сере.* 2. ***спорт*** *Найза шаншу, түйреу құралы.* 3. *Тамақ жейтін құрал, айыр.*

ШАНЫШҚЫЛА 1. *Найзалау, істіктеу, түйреу.* 2. *Шаншып-түйреп ауыру.* 3. ***Ауысп.*** *Қағыту, іліп-шалу.*

ШАНЫШПА 1. *Шаншылып тігілетін, шаншылатын.* 2. ***Ауысп.*** *Шаншып алатын, шымшыма.*

ШАҢ *Майда, ұсақ тозаң.* ◊ **Шаң берді [көрсетті]** — *белгі берді, нышан байқатты [аңғартты].* **Шаңжұқпас** —

жүйрік, шешен. **Шаңына ере [ілесе] алмады** – *жете алмады, маңайлай алмады.* **Шаң жұқтырмады [жуытпады, тигізбеді]** – *сөз келтірмеді, қорғаштады, ешқандай мін тақтырмады.* **Шаңын қақты [сілікті]** – *астан-кестенін шығарды, жерден алып жерге салды.*

ШАҢБАСАР ***көне*** *Басқаның жерінен мал айдап өткені үшін не өзгенің жеріне мал жайғаны үшін төленетін салық.*

ШАҢҒАЛАҚ *Жаңғақтың сыртқы қатты қабығы.*

ШАҢҒЫ ***спорт*** *Қар үстінде сырғанайтын, жұқа ағаштан жасалған спорт құралы.*

ШАҢҒЫР: шаңғыр етті – *салдыр етті, шаңғырлады, салдырлады.*

ШАҢҒЫРЛА *Салдырлау.*

ШАҢҒЫР-ШҰҢҒЫР *Қаңғыр-күңгір.*

ШАҢҒЫШЫ *Шаңғы тебуші; шаңғы тебетін адам.*

ШАҢДА *Шаң шығару, шаң көтеру, шаңын бұрқырату.*

ШАҢДАҚ 1. *Шаңды, шаңы шыққан, тозаңды.* 2. ***Ауысп.*** *Мұнар, буалдыр.*

ШАҢДАҚТАН *Шаң басу, шаң-шаң болу.*

ШАҢДАҚТЫ *Шаңды, шаңы шыққан.*

ШАҢДАУЫТ *Шаңыт, борпылдақ.*

ШАҢДЫ *Шаңы мол, борпылдақ (жер).*

ШАҢҚ: шаңқ етті – *саңқ етті, дауыстың, үннің оқыстан қатты шығуы.*

ШАҢҚАЙ *Аппақ болу, шағыраю.*

ШАҢҚАЙ: шаңқай түс – *тал түс, нақ түс мезгілі, аппақ түс.*

ШАҢҚАН *Ақшаңқан. Сүттей аппақ, тап-таза.* □ **Шаңқан боз** – *ақбоз, шымқай боз.*

ШАҢҚАНДАЙ *Аппақ, қардай тап-таза.*

ШАҢҚАНДАН *Аппақ болу, аппақ болып ағару.*

ШАҢҚАНДЫҚ *Аппақтық, ақтық.*

ШАҢҚОБЫЗ *Ауызға салып тартатын темір тілшелі музыкалық аспап.*

ШАҢҚОБЫЗШЫ *Шаңқобыз шалушы, тартушы.*

ШАҢҚ-ШАҢҚ: шаңқ-шаңқ етті – *шаңқылдаған дауыс, шаңқ-шаңқ еткен үн, саңқ-сұңқ етті.*

ШАҢҚ-ШҰҢҚ *Шаңқылдаған, шаңқ-шұңқ еткен дыбыс.*

ШАҢҚЫЛ *Шаңқ еткен ащы дауыс, саңқыл.*

ШАҢҚЫЛДА *Шаңқ-шаңқ етіп ащы, қатты дауыс шығару.*

ШАҢҚЫЛДАҚ *Шаңқылдай беретін, шаңқ-шаңқ ететін.*

ШАҢСОРҒЫШ *Үй мүліктерінің (кілем, киім) шаңын сорып алатын құрал.*

ШАҢТАС *Астық бастыратын қырлы-қырлы тас; малатас.*

ШАҢ-ТОЗАҢ *Шаң мен топырақтың аралас ұсақ бөлшектері.*

ШАҢТҰТҚЫШ ***тех.*** *Шаң ұстағыш құрал.*

ШАҢ-ШҰҢ 1. *Шаң-шұң етіп шаңқылдаған қатты дыбыс.* 2. ***Ауысп.*** *Ұрыс-керіс, жанжал, айтыс-тартыс.*

ШАҢЫЛТЫР *Қатқыл, қытымыр, шымшыма, шыңылтыр.*

ШАҢЫЛТЫРЛАН *Ызғарлану, қатқылдану.*

ШАҢЫРАҚ 1. *Киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.* 2. ***Ауысп.*** *Әркімнің тұрған, туған үйі.* □ **Шаңырақ салық** ***көне*** – *әр үйге түсетін алым.* **Алтын шаңырақ** – *Отан, туған жер.* **Қара шаңырақ** – *ата-баба тұрған үлкен үй.* **Үлкен шаңырақ** – *үлкен үй.* **Шаңырағы құлады** – *үй болудан қалды, түтіні сөнді.* **Шаңырағың биік болсын!** ***алғыс*** – *үй көтергенде, үй боп шыққанда айтылатын тілек.* **Шаңырағы ортасына түсті [шайқалды]** – *отбасы ойран болды [азып-тозды].* **Шаңырақ көтерді** – *үй болды, отау тікті.* **Шаңыраққа қара** – *қайда, кімнің үйінде отырғаныңды ұмытпа.*

ШАҢЫРАҚСЫЗ *Үйсіз-күйсіз, баспанасыз.*

ШАҢЫРАҚТАЙ *Шаңырақ тәрізді арбиған, үлкен.*

ШАҢЫРҚА 1. *Шаңдану, шаң басу.* 2. ***Ауысп.*** *Шөліркеу, шөлдеу, сусау.*

ШАҢЫТ *Мұнарту, күңгірт тарту.*

ШАҢЫТҚАН *Мұнарттану, күңгірттену.*

ШАП I *Қарынның төменгі жағы мен санның ішкі түйіскен тұсы.* ◊ **Шапқа түртті** — *ызаландырды, ашуландырды.*

ШАП II *Шапқылау, жарысу, ызғыту.*

ШАП III *Шабу, кесу, ору.* ◊ **Тамырына балта шапты** — *құртты, жойды.*

ШАП: шап берді — *тарпа бас салу, тап беру.*

ШАП: шап ете түсті [қалды] — *іліңісе кетті.*

ШАПАҒАТ *Рақым, мейірім, шарапат, шапқат.* □ **Шапағаты тиді** — *қолгабысы тиді, жақсылығы тиді, көмегі тиді.*

ШАПАҒАТСЫЗ *Мейірімсіз, рақымсыз, қайырымсыз.*

ШАПАҒАТТЫ *Мейірімді, рақымды, шарапатты.*

ШАПАҚ *Күннің шығар немесе батар кезіндегі қызыл арай сәулесі.* ◊ **Шапақ шашты** — *нұрын төкті, сәулесін шашты.*

ШАПАҚТА 1. *Шапалақпен соққылау, шапалақтау.* 2. ***Ауысп.*** *Көңіл жұбату, ырза ету.*

ШАПАҚТАН *Күннің шапақ атуы, сәуле шашуы.*

ШАПАҚТЫ *Арайлы, сәулелі, нұрлы.* □ **Шапақты музыка** — *түрлі түсті электр шамдары жағылып ойналатын музыка (сәулелі музыка).*

ШАПАЛАҚ *Алақан.* ◊ **Шапалақ жеді** — *ұрып-соқты, таяқ жеді.* **Шапалақ соқты [ұрды]** — *қол соқты, қошеметтеді.*

ШАПАЛАҚТА *Шапалақпен ұру, соғу.*

ШАПАН *Астарына жүн не мақта салып сырып тігілген сырткиім.* ◊ **Шапан жапты [кигізді]** — *сый тартты, құрмет көрсетті.*

ШАПАНДЫҚ *Шапан тігетін (кездеме, мата).*

ШАПАН-ШАҚПЫТ ***жерг.*** *Сыйға тартылатын киім-кешек.*

ШАПАТА ***жерг.*** *Шикі теріден, жөкеден жасалған аяқкиім, шәркей.*

ШАПАТЫ *Бәкене, дембелше.*

ШАПАТЫЛЫҚ *Бәкенелік.*

ШАПАШОТ *Бірыңғай тек ағаш шабатын, ұңғыдан төменгі жағы ұзынша келген, шот бітімді жеңіл шағын құрал.*

ШАПҚАН *Арзан металға қымбат металды жалату, шабу.*

ШАПҚАТ *Шапағат.*

ШАПҚЫ I *Қатты зат кесетін асыл темірден жасалған құрал.*

ШАПҚЫ II *Мылтықтың от алдыратын шаппасы, қайырмасы.*

ШАПҚЫЛА I *Тыным таппай шабу.*

ШАПҚЫЛА II *Қайта-қайта шабу, кескілеу.*

ШАПҚЫН *Шабуыл, ұрыс.*

ШАПҚЫНДА *Шабуылдау.*

ШАПҚЫНДЫҚ *Басқыншылық, шапқыншылық.*

ШАПҚЫНШЫ 1. *Басып алушы, жаулап алушы, басқыншы.* 2. *Шабарман, хабаршы.*

ШАПҚЫНШЫЛЫҚ *Басқыншылық.*

ШАПҚЫР *Шапқыш, қапқыш.*

ШАПҚЫШ I *Бәйге атына мініп шабатын.*

ШАПҚЫШ II *Шабатын құрал, кескіш.*

ШАППА I *Шапқы.*

ШАППА II *Қалта пышақ, бәкі.*

ШАППАЛЫ *Шаппасы бар (мылтық).*

ШАППА-ШАП *Бетпе-бет.*

ШАППА-ШҰП *Шаппа-шап, шартпа-шұрт.*

ШАПТА *Жапсыру, ұстату, бекіту.*

ШАПТЫҚ *Долдану, өрекпу.*

ШАПТЫҚПА *Өрекпі.*

ШАПТЫРЫМ: атшаптырым [жер] — а) *20—25 шақырымдай өлшем;* ə) *өте кең, аумақты, көлемді.*

ШАП-ШАҒЫН *Кіп-кішкене, ыпықшам.*

ШАП-ШАҚ *Құйып қойғандай, дәлдәл.*

ШАПШАҚ *Шағын кеспек. Ағаштан құрап жасайды.*

ШАПШАҢ *Тез, жылдам, лезде.*

ШАПШАҢДА *Жылдамдату, тездету.*

ШАПШАҢДЫҚ *Жылдамдық, тездік.*

ШАПШЫ 1. *Атқылап шығу.* 2. *Секіру, ыршу.* 3. ***Ауысп.*** *Көтерілу.*

ШАПШЫМАЛЫ *Атқымалы, шапшымалы.*

ШАПЫЛДА *Бет бақтырмау, шапшап ету.*

ШАПЫЛДАҚ *Бетпақ, ұрысқақ.*

ШАПЫРАШ 1. *Көзі қисық, қылы.* 2. *Қитар, қиқар.*

ШАПЫРАШТАН 1. *Қылылану.* 2. *Қиқарлану.*

ШАПЫРАШТЫҚ 1. *Қылылық, қисық, қиғаштық.* 2. *Қитарлық, қиқарлық.*

ШАПЫРЛА *Топырлау, жыпырлау.*

ШАПЫР-ШҰПЫР *Тез-тез, апыр-топыр, жапыр-жұпыр, асығыс-үсігіс.*

ШАР I 1. *Өз диаметрімен айналудан пайда болатын геометриялық дене, геометриялың фигура.* 2. *Үрген қарын іспетті жеңіл домалақ зат.* 3. ***көне*** *Ертеде сайлау жүйесінде қазіргі бюллетень орнына қолданылған домалақ тас.* □ **Шарайна** — *төрт бұрышты үлкен айна.* **Шар қой** — *кәрі қой.* **Шар тарту** — *еңде тарту, мосқалдану.* **Шартарап** — *әлем, төрт тарап, төрткүл дүние, жердің төрт бұрышы.*

ШАР II ***тар.*** *Дау-дамай, шатақ.* ◊ **Басын шарға салды** — *дау-жанжалға ұшырады.*

ШАР III *Қырманда үгітіліп, қауызынан ажыратылған, дәні сапырылып желге ұшырылмаған астық.*

ШАР IV *Шұбырынды із, шыр.*

ШАР V *Тас, шағыл.*

ШАР VI ***жерг.*** *Шарық, шарық қайрақ.*

ШАР: шар етті — *баж етті, қатты дауыстап жіберді.* ◊ **Шар тартты** — *еңде тартты, самарқауланды, қартайды.*

ШАРА I 1. *Үлкен ағаш ыдыс, тегене, аяқ.* 2. ***Ауысп.*** *Көздің ұясы, ойдымы.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің деңгейі, аумақ-көлемі.* ◊ **Шарасына түсті** — *сабасына түсті.*

ШАРА II 1. *Белгілі бір іс-әрекет, мүмкіндік, амал, айла.* 2. *Болашақта істелмек іс, міндет.* □ **Шара қолданды** — *жаза қолданды, айыптады.* **Шара жоқ** — *басқа мүмкіндік, басқа амал қалмады.*

ШАРАДАЙ *Үлкен, дәу.* **Шарадай басы шақшадай болды [шақшадай басы шарадай болды]** — *не істерін білмей дал болды, басы қатты.*

ШАРАЙ: шарай топ — *шаршы топ, жиын.*

ШАРАЙНА ***көне*** *Сауыт, латы.*

ШАРАЛЫ *Ұялы, үлкен.*

ШАРАНА 1. *Жаңа туған жас төлдің я баланың үстіндегі жұқа қабыршақ, шырыш.* 2. ***Ауысп.*** *Жаңа туған жас сәби.*

ШАРАНАЛАС *Бір туған, жатырлас.*

ШАРАП *Қышқыл дәмді, түр-түсі әртүрлі ішімдік.*

ШАРАПАТ *Шапағат, қайырым, мейірім.*

ШАРАПАТТЫ *Шапағатты, қайырымды, мейірімді.*

ШАРАПАТТЫЛЫҚ *Қайырымдылық, шапағаттылық.*

ШАРАПХАНА *Шарап жасайтын орын, жай.*

ШАРАСЫЗ *Амалсыз, лажсыз.*

ШАРАСЫЗДАН I *Амалы құру (таусылу, лажсыздану).*

ШАРАСЫЗДАН II *Амалсыздан, лажсыздан.*

ШАРАСЫЗДЫҚ *Амалсыздық, лажсыздық.*

ШАРБАҚ *Қоршау, қаша.*

ШАРБАҚТА *Айналасын қоршау.*

ШАРБОЛАТ *Батырлар киетін болат сауыт.*

ШАРБЫ I *Қарынның сыртындағы жұқа май.* 2. ***Ауысп.*** *Селдір, сирек.* □ **Шарбы май** — *ішмай.*

ШАРБЫЛАН *Майлану, семіру.*

ШАРҒЫ I ***діни*** *Дін жолы, шариғат заңы.*

ШАРҒЫ II 1. *Қысқа бойлы, аласа, тапал (адам).* 2. ***Ауысп.*** *Шамалы, аз.*

ШАРДАҚ I *Мешел, рахит.*

ШАРДАҚ II *Шабан, шау, бейшара.*

ШАРДӘРІ *Әртүрлі құрамды дәрі.*

ШАРИҒАТ ***діни*** *Адам өмірінің барлық жай-жапсарын қамтитын мұсылман дінінің заңы, ережелері.*

ШАРИҒАТСЫЗ *Дін заңынсыз.*

ШАРИҒАТШЫЛ *Дін заңын (ережелерін) бұлжытпай орындаушы.*

ШАРИК *Темір домалақшалар, дөңгелекшелер.*

ШАРҚ: шарқ ұрды — *тыным таппады, аласұрды.*

ШАРҚАТ ***жерг.*** *Әйелдердің басына салатын төртбұрышты (шаршы) орамалы.*

ШАРЛА I 1. *Аралау, кезу.* 2. *Бір нәрсені ізден ақтарып-төңкеру.*

ШАРЛА II *Қырмандағы астықты шөп-шаламнан тазарту үшін күрекпен сапырып, ұшырып тазалау.*

ШАРЛАН *Іші майлану, семіру, толу.*

ШАРМАЙ ***зоол.*** *Улы балықтың бір түрі.*

ШАРПЫ *Қарпу, шалу.*

ШАРПЫС 1. *Сөзге келісу, айтысу, таласу.* 2. *Найзаласу, қылыштасу, айқасу.*

ШАРТ I 1. *Өзара келісім.* 2. *Талап, тілек.* 3. *Міндет, парыз.* ◊ **Шартқа отырды** — *келісімге келді, шарт жасады.* **Шарт қойды [қылды]** — *талап қойды.*

ШАРТ II ◊ **Шарт жүгінді** — *тізесімен жер тіреп отырды.* **Шарт жұмды** — *қатты қысты, тас жұмды.*

ШАРТ III *Дыбыс еліктеуіш сөз.* □ **Шарт етті** — *сарт етті.* ◊ **Шарт кетті** — *қатты, бұлқан-талқан ашуға басты.* **Шарт сынды** — *морт етіп, бірден сынды.*

ШАРТАБАҚТАЙ *Жалпақ, былшыған.*

ШАРТАҚ I ***кәс.*** *Күзет үшін жасалған, жан-жағы ашық, төбесі жабық сәкі.*

ШАРТАҚ II ***жерг.*** *Талдан және басқа құрылыс материалынан жасалған шарбақ, қоршау.*

ШАРТАРАП *Төрт тарап, төрт жақ.*

ШАРТИ *Қарны шығу, шертию.*

ШАРТНАМА ***кіт.*** *Шартқа отыру, келісім туралы құжат.*

ШАРТПА-ШҰРТ *Сартта-сұрт, лезде, жалма-жан, тез, шапшаң.*

ШАРТСЫЗ *Келісімсіз, уәдесіз.* □ **Шартсыз рефлекс** ***биол.*** — *туа пайда болатын, табиғи рефлекс.*

ШАРТТАС *Шарт жасасу, шартқа отыру.*

ШАРТТАСТЫҚ *Байланыстылық, өзектестік, іліктестік, сабақтастық.*

ШАРТТА-ШҰРТ *Сартта-сұрт.*

ШАРТТЫ 1. *Шарттасқан, келісілген, уәделескен.* 2. *Салыстырмалы.* □ **Шартты бағыныңқылы сабақтас** ***лингв.*** — *бағыныңқы сөйлемі шартты рай тұлғасында қолданылатын сабақтас сөйлемнің бір түрі.* **Шартты белгі** — *мәні, мағынасы келісілген таңба.* **Шартты рай** ***лингв.*** — *бір істің екінші іске шарт екенін білдіретін етістіктің түрі.* **Шартты рефлекс** ***биол.*** — *тітіркендіргіштің әсер етуінен пайда болатын рефлекс.* **Шартты міндеттеме** — *келісімді міндеттеме.*

ШАРТТЫЛЫҚ *Заңдылық, уәделестілік.*

ШАРТ-ШҰРТ *Сарт-сұрт. Қатты шыққан дыбыс.*

ШАРТЫҚ I 1. *Қортық, мыртық. Тарттырғанда ең тамыры шала үзілген мал.* 2. ***Ауысп.*** *Дүмше, дүмбілез.*

ШАРТЫҚ II *Қарны шыққан, шартиған.*

ШАРТЫЛ *Сартыл.*

ШАРТЫЛДА *Сартылдау, тарсылдау.*

ШАРТЫЛДАҚ *Сартылдақ, шытырлақ, тарсылдақ.*

ШАРУА I *Ауылшаруашылығында істейтін адам.*

ШАРУА II *Жұмыс, іс, еңбек.* **Шаруаң қанша?** — *жұмысың қанша?* **Шаруасын тындырды** — *жұмысын бітірді.* ◊ **Шаруа баққан (қуған, күйттеген)** — *шаруақор, алаңсыз, бірыңғай тек жұмыспен жүр-*

ген. **Шаруабасты** – *жұмысбасты.* **Шаруаға қыры жоқ** – *жұмысқа ебі жоқ; олақ.* **Шаруақол** – *шаруаға ыңғайлы, шаруаға лайық.* **Шаруа шаруалады** – *жұмысын бітірді.* **Шаруасы бітті** – *құрыды, соры қайнады, сорлады.*

ШАРУАҒЕР 1. *Шаруақор, еңбекқор, шаруашыл, еңбекшіл.*

ШАРУАГЕРЛІК *Шаруақорлық, ұқыпты, жұмысына саналы қараушылық.*

ШАРУАЖАЙ *Шаруаға бейім, шаруашыл.*

ШАРУАЖАЙЛЫҚ *Шаруаға бейімділік, шаруақорлық.*

ШАРУАКЕШ I *Шаруақор, шаруашыл.*

ШАРУАКЕШ II *Шаруа адамы, шаруагер.*

ШАРУАКЕШТІК *Шаруагерлік.*

ШАРУАҚОЙ *Шаруаға икемді, бейім, шаруашыл.*

ШАРУАҚОЙЛЫҚ *қ. Шаруақорлық.*

ШАРУАҚОР *Шаруашыл, еңбекшіл.*

ШАРУАҚОРЛАН *Шаруақойлану.*

ШАРУАҚОРЛЫҚ *Шаруашылдық, шаруагерлік.*

ШАРУАЛЫ *Тұрмысты, дәулетті, қора-қопсылы, қора-жайлы.*

ШАРУАШЫЛ *Шаруақор.*

ШАРУАШЫЛЫҚ 1. *Белгілі бір кәсіп саласы.* □ **Шаруашылық есеп** – а) *кәсіпорындарда шаруашылықты жоспарлы түрде жүргізудің әдісі;* ә) *өзін-өзі қаржыландыру.*

ШАРФ *Мойынорағыш.*

ШАРША *Қалжырау, болдыру, қажу.*

ШАРШАҒЫШ *Шаршауық, қалжырауық, болдырғыш.*

ШАРШАП-ШАЛДЫҚ *Кажу, қалжырау, болдыру..*

ШАР-ШАР: шар-шар етті – *шарылдап жылады.*

ШАРШАУЫҚ *Шаршағыш, қалжырауық.*

ШАР-ШҰР *Сар-сұр, дар-дүр.*

ШАРШЫ 1. *Қабырғалары тең тік төрт бұрышты геометриялық дене; квадрат.* 2. ***Ауысп.*** *Әйелдердің басқа салатын төрт бұрышты, кішкене орамалы.* □ **Шаршы бойлы** – *дембелше келген, төртбақ.* **Шаршы метр** – *бір нәрсенің аумағын, көлемін білдіретін өлшемдік бірлік.* **Шаршы топ** – *әртараптан жиналған топ, алқалы жиын.*

ШАРШЫЛА 1. *Бір нәрсенің ұзындығы мен енін бірдей ету, төрткілдеу, төрт бұрыштау.* 2. *Үшкілдеу, үш бұрыштау.* 3. ***Ауысп.*** *Өлшеу, бағдарлау.*

ШАРШЫЛЫ *Төрт бұрышты, төрткіл.*

ШАРШЫЛЫҚ *Төрткілдік, тең қабырғалылық.*

ШАРЫ *Құрсау.*

ШАРЫҚ I *Көк, аспан.*

ШАРЫҚ II *Дөңгелек тас қайрақ.*

ШАРЫҚ III *Теріден, тал қабығынан жасалған, жеңіл аяққиім, шәрке.*

ШАРЫҚ IV *Жіп орайтын, екі басында қалпақша дөңгелегі бар, іші қуыс ағаш.*

ШАРЫҚ V *Шама-шарық. Әл, шама, күш.*

ШАРЫҚТА I 1. *Самғау, аспандау, биікке ұшу.* 2. ***Ауысп.*** *Қарыштау.* ◊ **Қиял [көңіл] шарықтады** – *арман етті, қиялдады.*

ШАРЫҚТА II *Шарыққа ұстау, қайрау.*

ШАРЫҚШЫ *Пышақ тәрізді жабдықтардың жүзін өткірлейтін қайрақшы, қайраушы.*

ШАРЫЛ *Шар ете қалған дыбыс.*

ШАРЫЛДА 1. *Шар-шар ету, шырылдау.* 2. ***Ауысп.*** *Ашу қысып бұлқан-талқан болып қатты сөйлеу.*

ШАРЫЛДАҚ *Шарылдай беретін.*

ШАРЫЛДАУЫҚ *Шарылдап қалған, шарылдағыш.*

ШАРЫНДЫ *Таптаурын шиыр болған.*

ШАССИ ***тех.*** *Ұшақтың ұшып-қонуына қажетті тетік, дөңгелек.*

ШАТ I ***анат.*** *Жамбас сүйектердің қосылған жерінің ішкі жағы.*

ШАТ II *Тау қойнауындағы жіңішке терең сай; шатқал.*

ШАТ III *Мәз-мейрам, мәре-сәре, шадыман.*

ШАТ IV *Шаңдып байлау, шанду.*

ШАТ V 1. *Бытыстыру, көйіту, шатастыру.* 2. ***Ауысп.*** *Бетімен кету, лагу.*

ШАТА *Некесіз туған бала.*

ШАТАҚ I *Дау, жанжал, пәле.* □ **Шатақ шықты (шығарды)** — *дау, жанжал, пәле шықты (шығарды).*

ШАТАҚ II 1. *Шадыр, қисық, қыңыр.* 2. *Қиын, шиеленіскен, пәле.*

ШАТАҚҚОЙ *Жанжалқұмар, даукес.*

ШАТАҚҚОР *Шатаққұмар, шатаққой, жанжалқой.*

ШАТАҚҚҰМАР *Шатаққой, даукес, жанжалқұмар.*

ШАТАҚҚҰМАРЛЫҚ *Шатаққойлық, жанжалқұмарлық, даукестік.*

ШАТАҚСЫЗ *Дау-дамайсыз, жанжалсыз.*

ШАТАҚТАС *Байланысу, жанжалдасу.*

ШАТАҚШЫЛ *Шатаққұмар, жанжалқұмар, жанжалқой.*

ШАТАС 1. *Шатылу, ми қатуы, миы ашу.* 2. ***Ауысп.*** *Ілінісу, байланысу.*

ШАТ-ДУМАН *Мәз-мейрам, мәре-сәре, қуаныш.*

ШАТҚАЛ *Жіңішке, жартасты терең сай.*

ШАТҚАЛАҚТА *Тайғанақтау, талтаяқтау. Екі аяқтың арасының шатқа дейін ашыла, талтая таюы.*

ШАТҚАЛАҢ *Шатты, құз жартасты сайлы жер.*

ШАТҚАЛДЫ *Шатты, сай-салалы, құзды.*

ШАТҚАЯҚ *Тайғанақ, сырғанақ.*

ШАТҚАЯҚТА *Тайғанақтау, шатқалақтау.*

ШАТПАҚ *Шимай.*

ШАТПАҚТА *Шимайлау, қойыртпақтау.*

ШАТПЫРАҚ *Бытпырақ, шатпақ.*

ШАТПЫРАҚТА *Шатпақтау, бытпырақтау.*

ШАТТАН *Масайрау, қуану, көңілдену.*

ШАТТАУЫҚ I *Темірді жұмыс кезінде қысып, бекітіп қоятын арнайы құрал; қысқыш.*

ШАТТАУЫҚ II *Басында жаңғағы, дәні бар жабайы агаш; пісте.*

ШАТЫП-БҮТТЫ *Шатып-бүтқан.*

ШАТТЫҚ *Қуаныш, шат-шадыман сезім.*

ШАТ-ШАДЫМАН *Мәз-мейрам, мәре-сәре.*

ШАТЫЛ 1. *Іліну, оралу, шатысу.* 2. ***Ауысп.*** *Шатасу, ұрыну, пәлеге ұшырау.*

ШАТЫНА 1. *Жарылу, сыну, шырт етіп жарылу.* 2. ***Ауысп.*** *Ашулану, шамдану.* ◊ **Көзі шатынады** — *қатты ашуланды.*

ШАТЫНАУЫҚ 1. *Шатынағыш, сынғыш.* 2. ***Ауысп.*** *Ашуланшақ, шамшыл.*

ШАТЫР I *Үйдің төбесінен жауын өтпеу үшін жасалған қосымша төбе.*

ШАТЫР II *Қалың, берік матадан жасалған уақытша баспана.*

ШАТЫР III *Жауын-шашыннан, күннің көзінен қорғану үшін ұстайтын қолшатыр.*

ШАТЫР: шатыр етті — *шатырлады, сатыр етті.*

ШАТЫРАШ 1. *Дойбы.* 2. *Дойбы тақтасындай тақта.*

ШАТЫРАШТА *Дойбы тақтасының ұялары сияқты төртбұрыш қиықтардан құрау.*

ШАТЫР-КҮТІР *Дыбыстық еліктеуіш сөз. Сатырлаған, күтірлеген дыбыс.*

ШАТЫРЛА I *Үйдің, қораның және басқа құрылыстың төбесіне шатыр салу.*

ШАТЫРЛА II *Сатырлау, шатырлатып ету.*

ШАТЫРЛАҚ *Сатырлақ, сытырлаған дыбыс.*

ШАТЫРЛАУЫҚ *Сатырлауық, шытырлауық.*

ШАТЫРЛЫ *Шатыр салынған, шатырланған.*

ШАТЫРЛЫҚ *Шатыр жасауға лайық, шатыр болатын.*

ШАТЫРСЫЗ *Шатыры жоқ, тоқал (үй).*

ШАТЫРША *Кішкене, шағын шатыр.*

ШАТЫРШАЛА *Шатыр сияқты ету, шатырға ұқсату.*

ШАТЫРШӨП ***бот.*** *Шатыршагүлділер тұқымдас көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ШАТЫР-ШҰТЫР *Тасыр-тұсыр, сатыр-сұтыр.*

ШАТЫС I 1. *Шиеленіскен түйін, шанду.* 2. *Қатысы, іліктігі, жақындық байланыс.* 3. *Қоспа, будан.*

ШАТЫС II *Шатасу, қателесу, жаңылысу.*

ШАУ I *Адамның, малдың жасы келіп, әбден қартайған кезі, кәрі.* ◊ **Шау тартты** — *егде тартты, қартайды.*

ШАУ II *Шабан, баяу, сылбыр, жай.*

ШАУЖАЙ *Аттың шылбыры мен тізгінінің түйіскен тұсы.* ◊ **Шаужайға оралды** — *алдын орау, кес-кестеу.*

ШАУЖАЙЛА 1. *Атты тізгінінен тартып, еркіне жібермеу.* 2. ***Ауысп.*** *Кес-кестеу, қақпайлау, тежеу.*

ШАУЖАҢДА *Жаутаңдау, жыпылықтау.*

ШАУҚАР *Шұбар, теңбіл.*

ШАУҚАРҒА *Тұмсығы қызғылт, басы ақшылдау келген қара қарғаның кішілеу түрі.*

ШАУҚИ *Бүрісу, шөгу.*

ШАУҚЫЛДАС *Дабырласу, самбырласу.*

ШАУҚЫМ ***жерг.*** *Сайран, сауық, қызық-думан.* ◊ **Шауқым салды** — *сайран салды, сауық құрды.*

ШАУҚЫМДАС *Шәңкілдесу, шәуілдесу.*

ШАУЛА *Қартаю, шау тарту.*

ШАУЛЫҚ *Шау тартқандық, сылбырлық, енжарлық, шабандық.*

ШАХ I *Ұлы монарх, бір кездегі Иран патшасының атағы.*

ШАХ II *Шахмат ойынындағы үлкен фигуралардың бірімен корольге жасалған шабуыл.*

ШАХБИБІ *Шахтың әйелі.*

ШАХЗАДА *Шах нәсілі.*

ШАХИНШАХ *Шахтың шахы, ұлы патша, патшалардың патшасы.*

ШАХМАТ *Қара және ақ фигуралары, алпыс төрт торкөзі және өзіне тән ережесі бар ойын түрі.*

ШАХМАТШЫ *Шахмат ойнаушы адам.*

ШАХТА *Кен кәсіпорны, кен орны.*

ШАХТЕР *Шахташы, шахта жұмысшысы.*

ШАХТЕРЛІК *Шахтерге тән, шахтерге қатысты.*

ШАһАР *Қала, шәр, кент.*

ШАһБАЗ ***кіт.*** *Сабаз.*

ШАШ I *Адамның бас терісіне шығатын жіңішке әрі қалың қыл.* □ **Шаш тарақ** — *шаш тарауыш.* ◊ **Шаш ал десе, бас алады** — *асыра сілтеді, артық кетті.* **Шаш етектен** — *орасан көп, есепсіз.* **Шаш етектен олжаға батты** — *молшылыққа, пайдаға кенелді.* **Шаш жетпеді** — *ұшан-теңіз, өте көп.* **Шашсипатар** ***этн.*** — *алғаш рет есік көре келген күйеуге қатысты рәсім.*

ШАШ II 1. *Бір затты жан-жаққа шашып жіберу, шашырату, төгу.* 2. *Тарату, жаю, шығару.* 3. ***Ауысп.*** *Бейберекет жұмсау, ысырап қылу, зая кетіру.* 4. *Өзінен бірдеңені бөліп шығару.* ◊ **Көзі от шашты** — *көзі жайнап кетті.* **Көпке топырақ шашпа** — *көпке қарсы болма.* **Ұрық шашты** — *өсіп-өнді, көбейді.* **Ызғар шашты** — *қаһарланды, сұстанды.*

ШАША *Жылқының сирағы мен бақайшағы түйіскен жердегі бір шоқ ұзын қыл.* ◊ **Шашасына шаң жұқпас** — а) *жүйріктің жүйрігі, аса жүйрік;* ә) *ақпа ақын, шежіре шешен.*

ШАШАҚ *Әдемілік, сәндік үшін жасалған түрлі түсті салпыншақ: әшекей, қоза, күлте, найза және жіп күлтесі.*

ШАШАҚТА *Шашақ салып тоқу, күлтелеп өру.*

ШАШАҚТАН *Күлтелену.*

ШАШАҚТЫ *Шашағы бар, күлтелі.*

ШАШАЛ *Қақалу, жөткіріну.*

ШАШАЛЫ *Шашасы ұзын.*

ШАШАЛЫҚ *Шаша түсы.*

ШАШАУ *Шет, бөлек, оқшау, селкеу.* ◊ **Шашау шығармады** — *шашыратпады, бытыратпады.*

ШАШАУЛА *Шашырау, бытырау, пышырау.*

ШАШАУСЫЗ *Шашау шығармай, тұтас күйі, шашып-төкпей.*

ШАШБАУ *Шаштың ұш жағына қоса өретін, күміс тиын, шолпы тәрізді түрлі әшекей таққан, таспадай жіңішке жай жіптен немесе жібектен ескен бау.* ◊ **Шашбауын көтерді** — *біреуге жағынды, сөзін сөйлеп жағымпаздады.*

ШАШБАУЛА 1. *Шашбау тағу.* 2. ***Ауысп.*** *Қошеметтеу, көтермелеу.*

ШАШБАУЛЫ *Шашбау таққан, шашбауы бар.*

ШАШҚАП *Қыздар мен келіншектердің шашын басып, ұстап тұратын жамылғы.*

ШАШҚЫШ 1. *Дәрі-дәрмек шашатын, су себетін.* 2. ***Ауысп.*** *Дүние-малды, ақша-пұлды беталды жұмсайтын.*

ШАШЛЫҚ *Істік темір ұшына шаншып шоққа қақтап пісірілген ет; кәуап.*

ШАШЛЫҚХАНА *Шашлық пісіріп сататын орын.*

ШАШЛЫҚШЫ *Шашлық пісіруші.*

ШАШПА *Малға шөп, жем шашатын, азықтандыратын орын.*

ШАШПАЙ-ТӨКПЕЙ *Ысырап етпей, шығындатпай.*

ШАШТАРАЗ 1. *Шаш, сақал алдыратын, мұрт бастыратын орын.* 2. *Мамандық атауы.*

ШАШТҰТҚЫШ *Әйелдердің әсемдік бұйымы.*

ШАШТЫ *Шаш қойған.*

ШАШУ *Келін түскенде, той үстінде құрт, ірімшік, кәмпит шашу ырымы.*

ШАШЫҢҚЫ *Бытыраңқы, жинаңқы емес.*

ШАШЫП-ТӨК *Шашып-төгіп, ысырап қылу, рәсуа ету.*

ШАШЫРА 1. *Жан-жаққа тарау, бытырау.* 2. ***Ауысп.*** *Күн сәулесінің жан-жаққа жайылуы, түсуі.*

ШАШЫРАНДЫ *Бытыраңқы; жүйесіз.*

ШАШЫРАНДЫЛЫҚ *Бытыраңқылық, жүйесіздік.*

ШАШЫРАҢҚЫ *Бытыраңқы.*

ШАШЫРАҢҚЫЛЫҚ *Бытыраңқылық, шашырандылық.*

ШАШЫРАТҚЫ I *Дәрі-дәрмектік қасиеті бар өсімдік.*

ШАШЫРАТҚЫ II *Мал күйлеген-де, шағылысқан кезде жасалатын ескі ырым.*

ШАШЫРАТҚЫШ *Шашқыш, сепкіш.*

ШАЯ I *Селдір, сирек аласа шөп, өсімдік.*

ШАЯ II *Ызақор, ашуқой, шақар.*

ШАЯЛА ***жерг.*** *Өспей қалу.*

ШАЯЛЫҚ *Ызақорлық, шақарлық, ашуқойлық.*

ШАЯН *Өрмекші тәрізді көпаяқты, денесі бунақ-бунақ улы жәндік.*

ШАЯНОТ ***бот.*** *Осы аттас тұқымдасқа жататын, түйнегі домалақ не сопақшалау, аздап қабысыңқы көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ШӘЙ *Қой-ешкіге айтылатын жекіру одағайы.* ◊ **Шәй деспеді** — *ренжіспеді, ұрыспады, түс шайыспады.*

ШӘЙКЕМДЕС *Шәлкемдесу. Іліні-су, қағытысу.*

ШӘЙТ *Қой-ешкіні қайтару одағайы.*

ШӘЙ-ШӘЙЛА *Шәй, шәй деп дауыстау, шақыру.*

ШӘКІЛ *Әртүрлі өлшеу аспаптарының өлшем сызықтары.*

ШӘКІРТ 1. *Оқушы, үйренуші.* 2. ***Ауысп.*** *Ұстаздың жолын ұстайтын, ісін алға апаратын адам.*

ШӘКІРТСІЗ *Шәкірті жоқ. Шәкірт өсіріп, баулымаған.*

ШӘКІРТТІК *Шәкіртке тән.*

ШӘЛДІР ***қарап.*** *Тиянақ-тұрлауы жоқ, берекесіз жан.*

ШӘЛДІР-БҮЛДІР *Мағынасыз, байланыссыз бос сөз.*

ШӘЛДІРЛЕ *Бытпырақтау, былдырлау.*

ШӘЛДІРІКТЕ *Шатып-бұту.*

ШӘЛКЕМ *Шалыс, қисық, қыңыр.*

ШӘЛКЕМДЕС *Ілінісу, қағытысу.*

ШӘЛКЕМ-ШАЛЫС *Қисық-қыңыр, сөз (мінез).*

ШӘЛКЕМ-ШАЛЫСТЫҚ *Қыңырлық, қисықтық, қырыстық.*

ШӘЛКЕС *Қисық, қыңыр, қырыс.*

ШӘЛКЕСТЕН *Қиястану, қыңырлану, қырыстану.*

ШӘЛКЕСТІК *Қиқарлық, қырыстық, шәлкем-шалыстық.*

ШӘЛТЕҢ *Қалтаң-құлтаң. Қолбалаң-құлбалаң.*

ШӘЛТЕҢДЕ *Қалтаңдау, қолбаландау.*

ШӘЛТИ *Селтию, ербию, шертию.*

ШӘЛТІК *Шертік, шәнтік.*

ШӘЛІ *Жүннен, матадан жасалған, әйелдер басына салатын үлкен орамал.*

ШӘЛІЛІ *Шәлісі бар, шәлі салған.*

ШӘЛІЛІК *Шәлі болармық, шәлігө жетерлік.*

ШӘНИ *Паңсынып шірену, шәнию, шәнтию.*

ШӘНТИ *Шірену, шәнию.*

ШӘНТІК ***экспр.*** *Шартық, шертік.*

ШӘҢГЕК *Малды сойғанда іліп қоятын аспа ілмек ағаш.*

ШӘҢГІ I *Тоқаш, күлше.*

ШӘҢГІШ *Үшқат тұқымдасына жататын жемісті бұта өсімдігі.*

ШӘҢК: шәңк етті – *шаңқ ете қалды.*

ШӘҢКІЛДЕ 1. *Шәңк-шәңк ету, шәуілдеу, ұру.* 2. ***Ауысп.*** *Шіңкілдеу, сарнау.*

ШӘҢКІЛДЕК *Шәңк-шәңк еткен, шәңкілдеген.*

ШӘРБАТ 1. *Қасиетті тәтті сусын.* 2. ***Ауысп.*** *Рақат, ләззат.*

ШӘРБАТТЫ *Бал татыған, тәтті.*

ШӘРДӘРІ *Емдік қасиеті мол, ем болатын дәрі; бірнеше дәрінің қосындысы.*

ШӘРДӘРІЛЕ *Шәрдәрі беру.*

ШӘРКЕ *Өгіз терісінен, тал қабығынан жасалған жеңіл аяққиім, шоқай, шарық.*

ШӘРКЕЛІ *Шәрке киген, шәркесі бар.*

ШӘРЛІ: шәрлі жер – *қалалы жер.*

ШӘРТІК *Шартық, шәнтік.*

ШӘТ-ШӘЛЕКЕЙ: шәт-шәлекейін шығарды – *быт-шытын шығарды.*

ШӘУ: шәу етті – *шәуілдеп қоя берді.*

ШӘУГІМ *Шай қайнататын тұтқалы, кіші ыдыс.*

ШӘУГІМДЕЙ *Шәугім секілді, үлкен.*

ШӘУКИ *Шұңқию, шұмшию.*

ШӘУКІЛДЕК *Көлде жүретін құс.*

ШӘУКІЛДЕС *Шұңкілдесу, шүйіркелесу.*

ШӘУЛЕ *Майы мен етi аздау болып келетін, күріштен жасалған дәмді тағам.*

ШӘУЛІ I *Бүркіттің еркегі.*

ШӘУЛІ II *Қазандағы піскен етті және қамырды сүзіп алу үшін сымнан не шыбықтан иіп жасалған сүзгі.*

ШӘУ-ШӘУ *Шәуілдеп ұру.*

ШӘУ-ШӘУЛЕС *Шуылдасу, дабырласу.*

ШӘУШИ *Шұмшию, құшию; шәукию.*

ШӘУІЛ *Иттің шәу-шәу үрісі.*

ШӘУІЛДЕ *Шәу-шәу етіп ұру.*

ШӘУІЛДЕК 1. *Шәу-шәу етіп үре беретін, үрегеш.* 2. ***Ауысп.*** *Шуылдақ (адам).*

ШӘУІШ ***жерг.*** *Жұқа қатқан қабыршық мұз.*

ШӘШКЕ *Тамақ құятын кішірек ыдыс, табақша.*

ШЕ *Сұраулық ша шылауының варианты.*

ШЕБЕР *Өнерпаз, іскер, ұста, ісмер адам.*

ШЕБЕРЛЕ *Әрлеу, көркемдеу, мәнерлеу, әдемілеу.*

ШЕБЕРЛЕН *Төселу, машықтану.*

ШЕБЕРЛІК *Ұсталық, ісмерлік, іскерлік, білгірлік.*

ШЕБЕРҰСТЕЛ ***тех.*** *Ағаш, темір материалдарды өңдеу үшін қолайлы етіп жасалған жұмыс үстелі.*

ШЕБЕРХАНА *Ұстахана.*

ШЕБІК ***жерг.*** *Жұқа тақтай.*

ШЕВИОТ *Сырткиімдік жеңіл жүн мата.*

ШЕГЕ *Басында қалпақшасы (мәймөңкесі) бар, ұшкір жіңішке темір.*

ШЕГЕДЕЙ *Шеге тәрізді қатты, мықты.*

ШЕГЕЛЕ 1. *Шеге қағу.* 2. ***Ауысп.*** *Нықтау, қадау, ныгарлау.*

ШЕГЕЛЕУЛІ *Шегеленген, шегемен қағылған.*

ШЕГЕЛІ *Шеге қағылған, шегесі бар.*

ШЕГЕН *Құдықты шегендейтін құрсау тас, қима ағаш, өрме тал.*

ШЕГЕНЕ *Аз, шағын, екі-үш адам ғана бар отбасына айтылатын сөз.*

ШЕГЕНДЕ I 1. *Құдықтың қабырғасын таспен не ағашпен өріп шығару.* 2. ***Ауысп.*** *Нықтау, ныгарлау.*

ШЕГЕНДЕ II *Қауынның шешек атып, көктеп, желі тарта бастауы.*

ШЕГЕНДЕУЛІ *Шегенделген.*

ШЕГЕНДІ *Шеген салынған, құрсауланған.*

ШЕГЕР 1. *Шегіндіру, көткеншектету.* 2. *Кеміту, азайту.* 3. *Кейінге созу, жылжыту.*

ШЕГІН *Артқа қарай жылжу, кері қайту, шегіну, шегіншектеу.*

ШЕГІНДІ *Темекінің шегілгеннен кейін қалған қалдығы, тұқылы.*

ШЕГІНШЕК *Тартыншақ, кертартпа.*

ШЕГІНШЕКТЕ *Тартыншақтау, көткеншектеу.*

ШЕГІНШЕКТІК *Тартыншақтық, кері тартқыштық.*

ШЕГІНІС *Алған беттен кейін, кері қайту, шегіну.*

ШЕГІР: шегір көз — *сарғыш көз.*

ШЕГІРЕЙ *Тесірею, тесірейе қарау.*

ШЕГІРЕН 1. *Бедерлі жұмсақ былғары.* 2. *Қалыңдау келген матаның түрі.*

ШЕГІРЛЕН *Шегір тарту.*

ШЕГІРТКЕ *Ыршып, қонып жүретін, шырылдауық, қанатты жәндік.* ◊ **Шегірткеден қорыққан егін екпес** — *жасқаншақтап өмір сүруге болмайды.*

ШЕГІРШІН ***бот.*** *Суыққа да, құрғақшылыққа да төзімді, кеш көктейтін, қатты, биік ағаш.*

ШЕДІРЕЙ *Едірею, ежірею.*

ШЕЖІРЕ 1. *Тарихи жылнама, дерекнама, тарих.* 2. *Туыстас, бір руға тән ұрпақтардың таралу жолы; рулық, туыстық кесте.* 3. ***Ауысп.*** *Көнекөз, көп білетін білгір.*

ШЕЖІРЕДЕЙ *Шежіре сияқты сайрап тұр.*

ШЕЖІРЕЛЕ *Шежіре ғып жазу, тауырықтау.*

ШЕЖІРЕЛІ *Шежіреге толы, тарихы мол.*

ШЕЖІРЕЛІЛІК *Деректілік, тарихтылық; көп білетіндік, бәрін есте ұстаушылық.*

ШЕЖІРЕШІ *Тарихшы, шежіре айтқыш, жинаушы (зерттеуші).*

ШЕЙІН *Шекті, дейін.*

ШЕЙІТ ***діни*** *Елі үшін, халқы үшін құрбан болған адам.*

ШЕК I 1. *Шет, шекара.* 2. *Мөлшер, меже.* ◊ **Шек қойды** — *меже қойды.* **Шектен асты [шықты]** — *шамадан тыс кетті.*

ШЕК II *Күдік, күмән, шүбә.* ◊ **Шек келтірмеді** — *күдіктенбеді, күмәнданбады.*

ШЕК III 1. *Кесте шегу, кестелеу.* 2. *Темекі тарту.*

ШЕК IV *Ешкіге қаратып айтылатын ишарат сөз.*

ШЕК V *Арба не шанаға ат жегу.*

ШЕК VI *Темекі, шылым тарту.*

ШЕКАРА *Ара, түйіс.*

ШЕКАРАЛАС *Шектес, іргелес.*

ШЕКАРАЛЫҚ *Шекарада тән, қатынасты, шекарамен байланысты.*

ШЕКАРАШЫ *Шекара күзетшісі.*

ШЕКЕ *Құлақ пен маңдай аралығындағы бас сүйектің бір бөлігі. Шеке сүйек.* □ **Шеке тамыр** — *шекедегі тамырлар.* ◊ **Шекесі қызды** — *жетісу.* **Шекесінен қарады** — *одырая, осқырына қарау, қырынан қарау.* **Шекесіне тиді** — *тауы шағылды, беті қайтты.* **Шекесінен шер-**

тіп жүріп алды — *таңдап жүріп, аралап жүріп, қарап жүріп үйленді.*

ШЕКЕЛЕ 1. *Шекесінен ұрғылау (соққылау).* 2. **Ауысп.** *Шекесінен, қырын қарау, одырая қарау.*

ШЕКЕЛІ *Шекесі үлкен, шекесі шығыңқы.*

ШЕКЕЛІК *Шеке жақ, шеке тұсы.*

ШЕКЕМТАС *Қақпатас.*

ШЕКЕР 1. *Қант, секер.* 2. **Ауысп.** *Тәтті.*

ШЕКИ *Секию, шетию, шірену.*

ШЕККІ I *Оғаш, әбес.*

ШЕККІ II *Жылқыда болатын ауру.*

ШЕККІШ: темекі шеккіш — *шылым тартқыш, шылымқұмар.*

ШЕКПЕН *Иірілген жүннен өрмекпен тоқылған соң тігілген сырткиім.* □ **Боз шекпен** — *боз түйе жүнінен тоқылып, содан тігілген сырткиім.* **Шидем шекпен** — *түйе жүнінен тоқылып, астарланып, тігілген жеңіл сырткиім.*

ШЕКПЕНДІ *Шекпен киген, үстінде шекпені бар.*

ШЕКПЕНШЕ *Кішірек тігілген шекпен.*

ШЕКПЕНШЕҢ *Шекпен ғана киген.*

ШЕКСІЗ 1. *Ұшы-қиыры жоқ, шегі жоқ, шеті жоқ, есепсіз, сансыз.* 2. **Ауысп.** *Өлшеусіз, есепсіз, зор.*

ШЕКСІЗДІК *Ұшы-қиыры жоқтық, кеңдік, байтақтық.*

ШЕКСІЗ-ШЕТСІЗ *Шегі, шеті, ұшы-қиыры жоқ, ұшан-теңіз, кең-байтақ.*

ШЕКТЕ *Мөлшерлеу, есептеу.*

ШЕКТЕГІШ *Тежегіш, реттегіш.*

ШЕКТЕЛ *Тыйылу, тоқталу.*

ШЕКТЕН *Күмәндану, күдіктену, шүбәлану.*

ШЕКТЕС I *Шекаралас, іргелес, көршілес.*

ШЕКТЕС II *Ұштасу, жалғасу, ұласу.*

ШЕКТЕСТІК *Жалғастық, іргелестік, көршілестік.*

ШЕКТЕУЛІ *Өлшеулі, шектелген, мөлшерлі.*

ШЕКТЕУСІЗ *Өлшеусіз, мөлшерсіз.*

ШЕКТІ I *Шектеулі, мөлшерлі.*

ШЕКТІ II *Тиісті, қажетті.*

ШЕКШЕК I *Зиянды жәндіктердегі түзу қанаттыларға жататын шегірткенің кішірек түрі.*

ШЕКШЕК II *Ешкіде болатын ауру аты.*

ШЕКШЕКАТА ***миф***. *Ешкі малының иесі, пірі.*

ШЕКШІ *Шекшірею, шірену, адыраю.*

ШЕКІ: шекіп ату — *насыбайды иіскеу, аз-аздан ату, шымшып иіскеу, ату.* ◊ **Шекіп басу** — *аяқты ұшынан басу.*

ШЕКІЛДЕК *Қытырлақ ши бауырсақ.*

ШЕКІЛДЕУІК *Пісте. Күнбагыстың дәні.*

ШЕКІМЕЛЕ 1. *Диірмен тасына қашап із салу.* 2. *Металдың бетіне әшекейлі өрнек жүргізу.*

ШЕКІРЕЙ *Шекесінен қарау, шікірею.*

ШЕКІС *Қағысу, сынасу.*

ШЕЛ 1. *Жұқа май қабыршығы.* 2. *Көздің қарашығын жауып тұратын ақшыл ет, ноғала.* ◊ **Көзіне шел бітті** — *асып-тасты, дандайсыды.*

ШЕЛДЕ *Терінің майын, шелін алу.*

ШЕЛДЕН 1. *Семіру, майлану, қондану.* 2. *Көзін шел басу, ағару.*

ШЕЛДІ *Қонды, семіз.*

ШЕЛЕЙТ *Асқақтату, қолпаштау, мадақтау.*

ШЕЛЕК *Тұтқасы бар ұзынша темір т. б. заттан жасалған ыдыс.* ◊ **Түбі түскен шелектей** — *бүкпесі жоқ, аңқылдақ, даңғырлақ.*

ШЕЛЕКТЕЙ *Абажадай үлкен, делдиген.*

ШЕЛЕКТЕ 1. *Шелекпен тасу, шелек-шелек етіп алу.* 2. **Ауысп.** *Шүмектеп құю, қатты сорғалау.*

ШЕЛЕКШЕ *Кішірек шелек.*

ШЕЛИ *Шәнию, далию, дандайсу.*

ШЕЛПЕК *Майға пісірген жұқа нан.*

ШЕЛПИ *Жұп-жұқа боп салпию.*

ШЕЛТИ ***экспр***. *Селтию, тәлтию, шетірею, шәнию.*

ШЕЛТІК *Шелтиген.*

ШЕЛТІРЕЙ *Шетірею, шікірею, мақтану.*

ШЕЛТІРЕЙТ *Мақтау, мадақтау, қолпаштау, шікірейту.*

ШЕМАЯ ***зоол.*** *Сазан тұқымдас, сүйекті, майбалық.*

ШЕМЕН 1. *Қол-аяғы жіңішкеріп, іші жалқаяққа толып кететін ауру.* 2. ***Ауысп.*** *Қайғы-қасірет, уайым, шер.*

ШЕМЕНДЕЙ *Шемен сияқты, қатты, шерлі.*

ШЕМЕНДІ *Шерлі.*

ШЕМІРШЕК 1. *Адамның, малдың дене мүшелеріндегі иілгіш жұмсақ зат.* 2. ***Ауысп.*** *Жұқалаң, қатқыл қабыршақ.*

ШЕМІРШЕККАТА *Жылқыда болатын аурудың аты.*

ШЕМІРШЕКТЕ *Аузы-мұрнынан шыға тою.*

ШЕМІРШЕКТЕН *Қатаю, сіресу.*

ШЕМІРШЕКТІ *Шеміршегі бар, шемірщектенген.*

ШЕН I 1. *Бір нәрсенің тұсы, маңы, айналасы.* 2. *Белгілі бір уақыт, мерзім, кез.* ◊ **Шеннен асқан** — *есебі жоқ, көп, мол.* **Шеніне келмейді** — *пар келмейді, тең емес, маңайласпайды.*

ШЕН II *Арба дөңгелегінің сыртын қоршап тұратын, дөңгелек темір.*

ШЕН III *Дәреже, атақ.*

ШЕНДЕ *Теріні біртегіс етіп керіп қою.*

ШЕНДЕС I *Дәрежелес, қатарлас, шамалас.*

ШЕНДЕС II *Пар келу, теңесу, қатарласу.*

ШЕНДЕСТІРУ ***әдеб.*** *Қарама-қарсы алшақ екі ұғымды, екі затты, көріністі бетпе-бет қойып суреттеу тәсілі.*

ШЕНДІ *Шенге ие болған, шені бар.*

ШЕНЕ *Сынап-мінеу, ажуалау.*

ШЕНҚҰМАР *Атаққұмар, мансапқор.*

ШЕНҚҰМАРЛЫҚ *Атаққұмарлық, мансапқорлық, мансапқойлық.*

ШЕНСІЗ *Атақ-дәрежесіз, мансапсыз.*

ШЕНТЕМІР *Арбаның доңғалағының шеңбер темірі, шен.*

ШЕН-ШЕКПЕН *Атақ-дәреже, мансап, даңқ.*

ШЕНШІЛ *Шенқұмар, атаққұмар, мансапқой.*

ШЕҢБЕКТЕ *Уыстау, қысу, бұру, еңсеру.*

ШЕҢБЕР 1. *Дөңгелек зат, бір заттың сыртын ұстататын дөңгелек темір, темір құрсау.* 2. *Дөңгелек қоршау.* 3. ***Ауысп.*** *Көлем, ауқым, деңгей.*

ШЕҢБЕРГҮЛ *Гүлдерден шеңберді айналдыра өрілген жапырақтар мен гүлдер.*

ШЕҢБЕРЛЕ *Шеңбер сияқты етіп дөңгелектеп ию, қоршау.*

ШЕҢБЕРЛІ *Шеңбер салынған, шеңберленген.*

ШЕҢБІРЕК: шеңбірек атты — *іші кепті, қарны қампайды.*

ШЕҢГЕЛ I ***бот.*** *Гүл шашатын тікенекті бұта.*

ШЕҢГЕЛ II *Саусақтарды жартылай буккендегі алақан аясы.*

ШЕҢГЕЛДЕ *Шеңгелмен сығымдап ұстау, бұру.*

ШЕҢГЕЛДІ I *Шеңгелі бар, шеңгел қалың өскен.*

ШЕҢГЕЛДІ II *Шеңгелі үлкен.*

ШЕҢГЕЛСІЗ *Шеңгел өспеген, шеңгелі жоқ.*

ШЕП 1. *Қорғаныс, бөгет, бекініс.* 2. ***Ауысп.*** *Ауқым, көлем.*

ШЕП-ШЕП *Тауықты шақырғанда айтылатын одағай сөз.*

ШЕР *Қайғы-қасірет, мұң-зар, уайым.* ◊ **Шер тарқатты** — *мұңын шақты.*

ШЕРЕ *Бірнеше тілген нәзік қабаттардан біріктіріліп жасалған жұқа тақтай.*

ШЕРЛЕ *Адам жүрегіне мұң, қайғы түсіру.*

ШЕРЛЕН *Қайғыру, қамығу, зарлану.*

ШЕРЛЕС *Қайғы-қасіреті ортақ, мұңдас.*

ШЕРЛІ *Қайғылы, мұңлы.*

ШЕРЛІЛІК *Қасіреттілік, мұңдылық.*

ШЕРМЕНГҮЛ ***бот.*** *Тырбиып аласа өсетін гүлді өсімдік.*

ШЕРМЕНДЕ *Қайғы-қасірет басқан, басына уайым түскен, шерлі.*

ШЕРМЕНДЕЛІК *Шерлілік, мұң, қасіреттілік.*

ШЕРМЕҢ *Қампиған, шермиген, шертиген.*

ШЕРМЕҢДЕ *Шермең-шермең ету.*

ШЕРМИ *Қарны шығу, шертию.*

ШЕРМІШ *Пасық, бақас, ұры-қары.*

ШЕРТ 1. *Саусақпен тырс-тырс еткізу, тырсылдату.* 2. *Домбыраны саусағымен шертіп ойнау, тарту.* ◊ **Сыр шертті** — *сырын айтты, мұң-шерін ақтарды.*

ШЕРТЕР *этн. Қазақ халқының көне музыкалық аспаптарының бірі.*

ШЕРТИ *Шермию, шартию.*

ШЕРТКІЛЕ *Қайта-қайта, үстіүстіне шерту.*

ШЕРТПЕ: шертпе күй — *шерту әдісімен орындалатын күй.*

ШЕРТКІШ 1. *Әңгіме айтқан.* 2. *Домбыраны жақсы шертіп тартқыш.*

ШЕРТПЕК I *Балалардың бір-бірінің бастарынан, маңдайынан шертіп ойнайтын ойыны.*

ШЕРТПЕК II *Дәрі-дәрмек, спирт құятын шыны ыдыс.*

ШЕРТПЕКІЛ *Шертіп ойнайтын ойынның аты, шертпек.*

ШЕРТІК *Шартық, шертиген.*

ШЕРТІС *Домбырада күй тартып, өнер көрсету тәсілі, домбыра шертуі, шерткені.*

ШЕРУ 1. *Сапқа тұрған қалың нөпір, саппен жылжыған қалың нөпір, қара-құра халық.* 2. *Қарулы қол, жасақ.*

ШЕРУЕНДЕ *Алма, өрік тағы басқа миуа салатын жеміс ағаштарының гүл атуы.*

ШЕРУЛЕ *Топтанып, сапқа тұрып көшеге шығу.*

ШЕРУЛІ *Сапқа тұрып шұбырған.*

ШЕРУШІ *Қоғамдық саяси көңілкүйін білдіру үшін шеруге шыққан адамдар, топ; демонстрант.*

ШЕР-ШЕРМЕН *Шер-шемен, қайғы-қасірет, мұң-зар.*

ШЕР-ШЕРМЕНДІ *Қайғылы, мұңды-зарлы.*

ШЕРШЕУ *Әлі шеміршек болып жетілмеген денеде болатын майысқақ зат.*

ШЕРІК ***көне*** *Сарбаз, жауынгер, әскер.*

ШЕТ I 1. *Бір нәрсенің шегі, ұшы, жиегі.* 2. *Оңаша, жеке, оқшау, бөлек.* ◊ **Шет аймақ** — *алыс, жырақ жақ.* **Шет жүрді** — *оқшау, бөлек жүрді.* **Шетке шығару, шеттен келтіру** — *мемлекетаралық сауда операциясы: шетелдерге тауар шығарып сату; шетелдерден тауар сатып алу.* **Шет көрді** — *жат санады, ұнатпады.* **Шеткақпай қылды [етті]** — *ішке тартпады, сыртқа тепті, сырттатты.* **Шет пұшпақ** — *шет жағасы.* **Шет пұшпақтап** — *аз-аздап, там-тұмдап, жағалатып.*

ШЕТ II *Сету, сәл ғана тесу, сәл ғана тілу.*

ШЕТЕЛ *Басқа, бөгде ел, бөтен мемлекет.*

ШЕТЕЛДІК *Бөтен елдік, жатжұрттық.*

ШЕТЕН I *Тау беткейлері мен өзен жағалауларында өсетін, қабығы қызыл қоңыр түсті ағаш.* □ **Шетен қалпақ (қора)** — *жіңішке шыбықтан немесе өсімдік қабығынан тоқылған, тоқыма қалпақ (қора).*

ШЕТЕН II *Суық пен қуаңшылыққа төзімді, биігірек өсетін, қабығы қызыл қоңыр түсті ағаш және оның қызыл түсті домалақ жемісі.*

ШЕТЕН III *Жіңішке шыбықтан немесе өсімдік сабағынан тоқылған нәрсе.*

ШЕТ-ЖАҒА 1. *Шеті, жиегі, жағасы.* 2. *Бір нәрсенің ұшығы.*

ШЕТ-ЖАҒАЛАП *Шет пұшпақтап, суыртпақтап.*

ШЕТКЕЙ *Шеткері, сыртқары, тысқары.*

ШЕТКЕЙЛЕ *Шеттету, оқшаулату.*

ШЕТКЕЙЛІК *Жырақтық, оқшаулық.*

ШЕТКЕРГІ *Тысқаргы, сыртқаргы, шеткі.*

ШЕТКЕРІ 1. *Тысқары, оқшау.* 2. *Жырақ, шалғай.*

ШЕТКЕРІЛЕ *Аулақтау, оқшаулану.*

ШЕТКЕРІЛІК *Алыстық, қашықтық, жырақтық, шалғайлық.*

ШЕТКІ *қ. Шеткергі.*

ШЕТПЕ *Қойда болатын мал ауруы.*

ШЕТПЕР *Жөке ағашының талшықты ұзын қабығынан тоқылған тығыз мата.*

ШЕТСІЗ *Ұшы-қиыры жоқ, көз жеткісіз, шексіз.*

ШЕТСІЗДІК *Шексіздік.*

ШЕТСІЗ-ШЕКСІЗ *қ. Шексіз-шетсіз.*

ШЕТТЕ *Оқшаулану, алыстау.*

ШЕТТІК I *Ердің алдыңғы жақтауларындағы қайыс баулық.*

ШЕТТІК II *Кимешектің жақтауына қадайтын маржан, күміс тәрізді әшекей заттар.*

ШЕТТІК III ***бот.*** *Тау беткейлерінде өсетін тобылғы, шеңгел тәрізді әдемі гүлді бұта.*

ШЕТТІК IV *Ерсілік, дөрекілік, оғаштық.*

ШЕТТІК V *Мұрындықты бұйдаға жалғайтын желбүйда орнындағы мықты, жіңішке жіп. Мұрындықтың шетіне (шеттік) байлануына орай шеттік аталған.*

ШЕТІК I ***көне*** *Темір құрсау.*

ШЕТІК II ***жерг.*** *Мәсі, жұқа былғары байпақ.*

ШЕТІН I *Осал, нашар, нәзік.*

ШЕТІН II *Ерсі, дөрекі, өрескел, оғаш.*

ШЕТІНДІК *Кемістік, осалдық.*

ШЕТШЕ *Баланың жастай өлуі, қаза болуы.*

ШЕТІНЕН *Бәрі, түгел, барлығы, тегіс, жағалай, сыпыра.*

ШЕУЛІ ***зоол.*** *Ұябасар бүркіт.*

ШЕФ 1. *Жетекші, басқарушы, қамқор (мекеме, жеке адам).* □ **Шефке алды** — *қамқорлыққа алды, жетекшілік етті.*

ШЕШ I 1. *Жіптің байлауын, түйінін тарқату, ағыту, босату.* 2. *Үстегі киімді шешу.*

ШЕШ II *Белгілі бір мәселенің мәнісін ашып айқындау, ұйғарымға келу.*

ШЕШЕ 1. *Туған ана.* 2. *Жасы кіші адамның егде әйелге, кейуанаға айтатын ізет сөзі.*

ШЕШЕЙ ***экспр.*** *Жасы үлкен әйелдерге құрметтей айтылатын сөз.*

ШЕШЕК I *Түрлі түсті жұпар иісті гүл.* ◊ **Шешек атты [жарды]** — *гүл ашты, бүр жарды, гүл салды, гүлдеді.*

ШЕШЕК II *Адам денесіне бөртіп, күлдіреп ұйыса шығатын жұқпалы ауру.*

ШЕШЕК III *Көбіне жас түйенің денесіне бөртіп, іріңдеп шығатын ауру.*

ШЕШЕЛЕ *Шеше-шеше деп жалбарыну.*

ШЕШЕЛЕС *Анасы бір, бір анадан туған.*

ШЕШЕЛІ *Шешесі бар, аналы.*

ШЕШЕЛІ-БАЛАЛЫ *Анасы мен баласы, аналы-балалы.*

ШЕШЕЛІК *Аналық.*

ШЕШЕН 1. *Тілмар, тапқыр.* 2. *Ресми жиындарда шығып сөйлеуші адам (оратор).*

ШЕШЕНДЕН *Шешен сөйлейтін болу.*

ШЕШЕНДІК *Тілмарлық, сөзге жүйріктік.* □ **Шешендік сөздер** — *ауыз әдебиеті үлгісі.*

ШЕШЕНСІ *Ділмарсу, тапсыну.*

ШЕШЕТАЙ ***экспр.*** *Жасы үлкен әйел адамға айтылатын қаратпа сөз.*

ШЕШУ *Жұмбақтың жауабы.*

ШЕШУСІЗ *Шешімі жоқ, шешілмеген.*

ШЕШУШІ I *Жұмбақ шешетін, мәселе шешетін.*

ШЕШУШІ II *Басты, негізгі.*

ШЕШІМ *Үйғарым, тоқтам, байлам, қорытынды.* ◊ **Шешімге келді** — *бір істің байламын тапты, тоқтамға келді.* **Шешім қабылдады** — *бір тоқтамға келді, қорытты.*

ШИ I 1. *Түп-түп болып өсетін, сабағы жіңішке қамыс тектес өсімдік.* 2. *Шиден тоқылған бұйым. Түрлі түсті жіппен тоқылған ши.* □ **Ши арқа түйе** — *арқа сүйегі ырсиып түрғандай, шидей жұқа, ені тар әрі жіңішке будан түйелердің азғындарының бірі.* ◊ **Ши мойын** — *қылқиған, жіңішке мойын.* **Ши жүктірті**

– *арага от жақты, араздастырды.* **Ши шықты [шығарды]** – *шатақ шықты.*

ШИ II *Сіріңкенің күкіртті талы.*

ШИ III *Ыстық-суықтан қайтала-на беретін жара.*

ШИБАРҚЫТ *Бет жағы жол-жол болып келген барқыттың бедерлі түрі.*

ШИДЕЙ *Ши тәрізді, жіп-жіңішке, ілмиген.*

ШИДЕМ *Жүннен тоқылған жылы сырткиім.*

ШИДЕҢДЕ *Шидең-шидең ету, сиданду.*

ШИДИ *Ши сияқты жіп-жіңішке болу, сидию.*

ШИЕ I ***бот.*** *Басында қызыл түсті жеміс өсетін ағаш және сол ағаштың шырынды домалақ жемісі* ◊ **Шие қызыл** – *аса қызыл, қан қызыл, шиедей қызыл.*

ШИЕ II *Шандып, шатпақтап байлау, байлаудың бір түрі.*

ШИЕБӨРІ *Ит тұқымдасына жататын сүтқоректі жыртқыш аң; шүйебөрі.*

ШИЕДЕЙ *Шие сияқты қып-қызыл, шиқандай.* ◊ **Шиедей қылды** – *қып-қызыл қылды.*

ШИЕЛЕ *Шие етіп байлау.*

ШИЕЛЕНДІР *Асқындыру, ушықтыру, бүлдіру. Мәселенің шешілуін қиындату; дау-дамайды, келіспеушілікті асқындыру.*

ШИЗОФРЕНИЯ *Түрлі инфекцияның, аурудың әсер етуінен пайда болатын созылмалы психикалық ауру.*

ШИКІ 1. *Піспеген.* 2. *Өңделмеген.* 3. ***Ауысп.*** *Дүмбілез, шалағай.* ◊ **Шикіөкпе** – *жас бала, нәреста, перзент.* **Түбі шикі** – *ар жағы таза емес, тегі жат.*

ШИКІДЕЙ *Пісірмей.*

ШИКІЗАТ *Өңделмеген көмір, мұнай, газ негізді химиялық шикізат.*

ШИКІЛ 1. *Шикілсары, сап-сары.* 2. ***Ауысп.*** *Тым, мүлдем.*

ШИКІЛЕЙ *қ. Шикідей.*

ШИКІЛТІМ *Шикілеу.*

ШИКІЛІК 1. *Піспегендік.* 2. ***Ауысп.*** *Шалағайлық, кемістік.*

ШИКІЛІ-ПІСІЛІ 1. *Пісер-піспес, пісер-піспестен.* 2. ***Ауысп.*** *Шала-шарпы.*

ШИҚ: шиқ етті [ете қалды] – *заттардың үйкелісінен шиқ етіп дыбыс шығу.*

ШИҚАН *Көбінесе суық тигеннен дене іріңдеп, қызарып, ісінетін тері ауруы.*

ШИҚАНДАЙ *Қып-қызыл, шиедей.*

ШИҚИЯҚ ***бот.*** *Қалың көкқұрақ өскен балауса шы.*

ШИҚ-ШИҚ: шиқ-шиқ етті – *құстардың, есіктің, т. б. заттардың шықылдауы.*

ШИҚЫЛ *Шиқ-шиқ еткен дыбыс.*

ШИҚЫЛДА *Шиқ-шиқ ету.*

ШИҚЫЛДАҚ *Шиқылдай беретін. Шиқылдауық.* □ **Шиқылдақ тышқан** ***зоол.*** – *орман ішінде, биік жартастарда тіршілік ететін ерекше тышқан.*

ШИҚЫЛДАУЫҚ *Шиқылдақ, шиқылдай беретін.*

ШИЛАН I ***жерг.*** *Ақша салатын әмиян.*

ШИЛАН II *Ет алу, оңалу, түзелу.*

ШИЛЕУІТ *Ішінара ши өскен, ши аралас өскен.*

ШИЛЕУІТТІ *Басқа өсімдікпен қоса ши де бар (жер).*

ШИЛІ I *Ши өскен, ши мол (жер), қорық, сай.*

ШИЛІ II *Арқасында жарасы, ши бар.*

ШИМАЙ *Шатпақ. Айқыш-ұйқыш, шым-шытырық сызықтар.*

ШИМАЙЛА *Айқыш-ұйқыш, оңды-солды сызғылау.*

ШИМАЙ-ШАТПАҚ *қ. Шатпабұтпа.*

ШИМАНДАЙ *Қаптаған, самсаған, ші тірескен.*

ШИМАНДЫ 1. *Таңдаулы, тәуір.* 2. ***Ауысп.*** *Құнарлы, құйқалы.* 3. ***Ауысп.*** *Таңдаулы, мақтаулы, беткеүстар.*

ШИМПАНЗЕ *Маймылдың адамға ұқсас тұқымы.*

ШИНА *Машина доңғалағының сыртына киғізілетін шен темір тәрізді қалың резеңке.*

ШИНЕЛЬ *Қалың шүғадан тігілген, ұзын етекті әскери сырткиім.*

ШИНЕЛЬДІ *Шинелі бар, шинель киген.*

ШИНЕЛЬДІК *Шинель тігетін мата.*

ШИНЬОН *Жасанды шаш.*

ШИПА *Ем, дауа.*

ШИПАГЕР *Емші, домшы.*

ШИПАГЕРЛІК *Емшілік, домшылық.*

ШИПАЛЫ *Емдік қасиеті бар.*

ШИПАЛЫҚ *қ. Шипалы.*

ШИПАСЫЗ *Шипалы қасиеті жоқ, емдік қасиеті жоқ.*

ШИПАЯ 1. *Өспей қалу, жетілмеу.* 2. ***Ауысп.*** *Ілмиген, тырбық.*

ШИПИ *Итию, ілмию, шүмпию.*

ШИПЫҢДА *Шипың-шипың ету.*

ШИРА 1. *Пысу, қатаю.* 2. *Отыру, тартылу, ашу.* 3. *Жердің дегдуі, кебуі.* 4. *Тыңаю, сергек тарту.* 5. *Адамның, малдың жүрісінің тездеуі, шапшаңдауы.* 6. *Өсу, есею.* 7. ***Ауысп.*** *Ысылу, шыныгу, шыңдалу.*

ШИРАЗ 1. *Көк түсті қаракөл елтірісі.* 2. *Көк елтірілі қаракөл қозысы.*

ШИРАҚ 1. *Қатқыл, қатаң.* 2. *Сергек, тың.* 3. *Күйлі, шапшаң, ұшқыр.* □ **Жібі ширақ** — *оңтайлы, пысық, қолынан іс келеді.*

ШИРАҚТАН *Қимыл-қозғалысын тездету, ширау, елгезектену.*

ШИРАҚТЫҚ *Шапшаңдық, ұшқырлық, сергектік, жинақылық, пысықтық.*

ШИРАҚТЫЛЫҚ *қ. Ширақтық.*

ШИРАТ 1. *Пысу, ішін қандыру, қатайту.* 2. *Есу, бұрау, шиыру.* 3. ***Ауысп.*** *Шыңдау, шыныктыру, сергіту.* 4. ***Ауысп.*** *Жетілдіру, пысықтау, шыңдау.* ◊ **Мұртын ширатты** — *сәнделп қойды.*

ШИРАТҚЫШ *Бір нәрсені ширататын машина.*

ШИРАТПА *Бұрама, еспе, өрме жібек белбеу.*

ШИРАТПАЛЫ *Өрмелі, бұрамалы.*

ШИРАТЫНДЫ *Шиыршықталған зат.*

ШИРЕК *Бүтіннің төрттен бір бөлегі.* ◊ **Ширегіне келмейді [татымайды, тұрмайды]** — *теңесе алмайды, пар келмейді.*

ШИРЫҚ *Тықыршу, тыпыршу, дегбірсіздену.*

ШИТ *Мақтаның тұқымы, дәні ұрығы.*

ШИТТЕЙ *Кішкентай, азғантай.*

ШИТІ ***көне*** *Оқпаны ұзын, екі аяқты білтелі мылтық.* 2. ***жаңа.*** *Әдеттегі мылтықтарға қарағанда тар калибрлі мылтық.*

ШИФЕР *Тақтатастан немесе асбестцементтен жасалған, шатыр жабуға пайдаланатын құрылыс материалы.*

ШИФЕРЛЕ *Үй-жайдың шатырын шифермен жабу.*

ШИФЕРЛІ *Шиферленген, шифермен жабылған.*

ШИФОН *Жұқа, жұмсақ, жібек мата.*

ШИФОНЬЕР *Киім-кешек ілетін, салатын шкаф.*

ШИФР 1. *Белгілі бір атаулардың я зат аттарының басқы әріптерінен немесе жеке сөздерден, не сандардан тұратын құпия белгі.* 2. *Кітапханалардағы әрбір еңбектің жоғарғы жағына жазылатын тіркеу белгілері.*

ШИФРЛА *Шифрлап жазу, белгілеу, таңбалау.*

ШИФРЛЫ *Шифры бар, шифр қойылған.*

ШИША I *Керосин шамның жалын тартатын төменгі жағы, бүйірлі шыны түтікше.*

ШИША II *Арақ, шарап, сусын, сүйық құятын шыны ыдыс; бөтелке, құты.*

ШИШАЛЫ *Шишасы бар (шам).*

ШИЫР I 1. *Айқұш-ұйқыш шытырман, шұбырынды із.* 2. ***Ауысп.*** *Шым-шытырық, шытырман шатақ іс.*

ШИЫР II *Мал түспеген, жайылмаған кең жазира, тың жайлау.*

ШИЫР III 1. *Бір затты шиырлап бұрау, есу.* 2. ***Ауысп.*** *Үршық, асық сияқты нәрселерді шыр үйіру.*

ШИЫРЛА *Қым-қиғаш, айқыш-ұйқыш етіп із тастау.*

ШИЫРЛЫ *Шұбырынды, шиырланған.*

ШИЫРСЫЗ *Тегіс, жазық, шиырланбаған нәрсе.*

ШИЫРТПАҚ *Қатты бұралып оралған, ширатылған.*

ШИЫРШЫҚ *Қатты шиыршықталып, ширатылып, оралған нәрсе.* ◊ **Шиыршық атты** — а) *тықыршу, тыпыршу; дегбірсіздену;* ə) *қатулану, қайраттану, бекіну.*

ШИЫРШЫҚТА *Жүнді немесе басқа бірдеңені ширатып білемдеп орау, бұрау, есу.* 2. *Бір шетін қайырып, жұмырлап дөңгелете, білемелеп орау.*

ШИЫРШЫҚТАУЛЫ *Білемделіп, ширатылып оралған.*

ШИЫРШЫҚТЫ *Ширатылған, оралған.*

ШКАФ *Әртүрлі зат сақтайтын, есігі ішінде тақтайшалары ұзынша келген үй мүлкі.*

ШЛАГБАУМ *Жолға көлденең қойылатын алабажақ ағаш бөгесін не металл.*

ШЛАК *Кен қорытпасынан, таскөмірді жаққаннан кейін қалатын қалдық, қоқыс.*

ШЛАКТАН *Қоқыстану, қалдыққа айналу.*

ШЛАМ *Кенді бұрғылау кезінде үнтақталып шыққан тау жынысы.*

ШЛАНГ *Көбінесе бау-бақша, көгалдандыру жүйесінде, басқа да шаруашылық жұмыстарында пайдаланылатын ұзын резеңке түтік.*

ШЛЕМ *Жаяу, атты әскерлер, ұшқыштар, танкистер киетін арнаулы баскиім.*

ШЛЮЗ 1. *Судың деңгейін көтеру үшін өзенге, каналға орнатылатын арнайы қондырғы.* 2. *Тасбөгеттердегі артық суды ағызып жіберуге арналған шүмек.*

ШОБЫР 1. *Шабан ат.* 2. ***Ауысп.*** *Қарабайыр, қарапайым.*

ШОВИНИЗМ ***саяси*** *Басқа халықтарды өзіне бағындыруға және оларды езгіде ұстауға, халықтар арасында ұлт араздығы мен өшпенділікті қоздыруға бағытталған озбырлық саясат.*

ШОВИНИСТ *Шовинизмді жақтаушы.*

ШОВИНИСТІК *Шовиниске тән.*

ШОҒАН ***бот.*** *Шөлейт құмда өсетін, биіктігі 2,5—3 метр бұта.*

ШОҒЫЛ *Шоғырлану, топтану.*

ШОҒЫР *Қалың топ, жиын.*

ШОҒЫРЛА *Топтау, жинау.*

ШОҒЫРМАҚ *Шоғыр, шоқ.*

ШОҒЫРМАҚТА *Шоғырлау, топтау.*

ШОДЫР *Шадыр, шатақ.*

ШОДЫРАЙ *Томпаю, бұлтию.*

ШОДЫРЛЫҚ *Содырлық, тентектік, сойқандық.*

ШОЙ *Орасан зор, дәу, үлкен.*

ШОЙДАЙ I *Шойын қазандай мықты д. м.*

ШОЙДАЙ II *Еңгезердей үлкен, дәу.*

ШОЙҚАЙ *Шойқию, мыжыраю.*

ШОЙҚАҚТА *Шойқаң-шойқаң ету. Ақсаңдау, шойқаңдау.*

ШОЙҚАЛАҢДА *Шойқалаң-шойқалаң ету.*

ШОЙҚАҢДА *Шойқаңдау, ақсаңдау.*

ШОЙҚАҢ-ШОЙҚАҢ *Шойқаң-шойқаң.*

ШОЙҚЫ *Қисаю, қиқаю, мыжыраю.*

ШОЙҚЫМА *Шоңқима.*

ШОЙНАҚ *Бір аяғы бір аяғынан қысқа, ақсақ.*

ШОЙНАҢ *Шойқаң, қисаң.* □ **Шойнаң етті** — *қисаң етті.*

ШОЙНАҢДА *Шойнаң-шойнаң ету, ақсаңдау.*

ШОЙРАЛАҢДА *Қисалаң-қисалаң ету, шойнаңдау.*

ШОЙТАЛАҢДА *Шойталаң-шойталаң ету.*

ШОЙТАҢДА *Шойтаң-шойтаң ету, шойталаңдау.*

ШОЙЫН 1. *Көміртегін қосу арқылы алынған өте берік темір қорытпасы.* 2. *Ауыр, зор, сом.* □ **Шойын жол** — *теміржол.*

ШОЙЫНДАЙ *Шойын тәрізді, зілдей.*

ШОЙЫРЫЛ *Құяң болу.*

ШОЙЫРЫЛМА *Құяң.*

ШОҚ I *Қоза, қоламта.* ◊ **Шоқ басты** — *бірден шыр ете қалды.* **Шоқ тастады [салды]** — *жұртты бір-біріне айдап салды, араздастырды.*

ШОҚ II *Бір топ, бір буда, бір деста.*

ШОҚА ***жерг.*** *Он баулық тары үйіндісі.*

ШОҚАЙ I *Көн теріден тігілген жеңіл аяққием, шарық, шәрке.*

ШОҚАЙ II ***қ.*** *Шоқы.*

ШОҚАҚ *Шоқақтаған жайсыз желіс, текірек, шоқырақ.*

ШОҚАҚТА *Шоқырақтау, шоқақшоқақ ету.*

ШОҚАЛАҚ *Кедір-бұдыр, ойлы-қырлы (жер).*

ШОҚАЛАҚ: шоқалақ қақты — *шоқалақтады, шоқырақ-шоқырақ етті.*

ШОҚАЛАҚТА *Шоқырақтау, шоқалақдау, текіректеу, секеңдеп жүру.*

ШОҚАҢ: шоқаң етті — *шойнаң етті, шоқырақ етті.*

ШОҚАҢДА *Шоқаң-шоқаң ету.*

ШОҚАҢ-ШОҚАҢ: шоқаң-шоқаң етті — *шоқалаң-шоқалаң етті.*

ШОҚАТ *Төбешік, қырат, қырқалар.*

ШОҚИ *Екі тізені бүгіп, шоқайып жүресінен отыру. Жарбию, шоқаю, ербию.*

ШОҚИМА *Шоқиған баскиім.*

ШОҚПАР 1. *Басы домалақтанып келген, берік таяқ қару.* 2. ***Ауысп.*** *Соққы беретін негізгі күш.* ◊ **Қолшоқпар** — *біреудің сойылын соғушы.*

ШОҚПАРДАЙ *Шоқпар сияқты.*

ШОҚПАРЛА *Шоқпармен ұру, соғу.*

ШОҚПАРЛАН *Шоқпар тәрізденіп жұмырлану.*

ШОҚПЫТ *Әбден тозығы жеткен, алба-жұлба, жырым-жырым.*

ШОҚПЫТ-ШОҚПЫТ *Үсті-басы алба-жұлба, жамау-жамау, жұлым-жұлым.*

ШОҚТАН 1. *Шоққа айналу, қызару.* 2. ***Ауысп.*** *Жайнау, жарқырау.*

ШОҚТЫ *Шоғы бар, отты, өткір.*

ШОҚТЫҚ 1. *Малдың екі иығының түйіскен тұсы; иықтық.* 2. *Таудың ең биік жері, ұшар басы.* ◊ **Шоқтығы биік** — *мерейі үстем; басқалардан білім дәрежесі, мәртебесі жоғары.*

ШОҚТЫҚТАН *Ерекшелену, даралану.*

ШОҚТЫҚТЫ *Шоқтығы биік, еңселі.*

ШОҚТЫРЫЛ *Шоғырлану, топтану.*

ШОҚША I *Бір топ боп шоқтанған, бір шоғыр.* □ **Шоқша сақал** — *төңірегін түзетіп, әдемілеп қойған сақал.*

ШОҚША II *Шоқ секілді, шоқ тәрізді.*

ШОҚШЫ *Бір уыс болу, бір-біріне тығылысу, шүйкедей бүрісу.*

ШОҚ-ШОҚ I *Топ-топ.*

ШОҚ-ШОҚ II *"Обал жоқ, өзіне сол керек еді, сауап болды", — деп табалау сөзі.*

ШОҚЫ I 1. *Биік жота, төбе.* 2. ***Ауысп.*** *Қол жеткен табыстың, жетістіктің шыңы.*

ШОҚЫ II *Шұқу, бір-бірлеп теру.*

ШОҚЫЛАН *Шоқы болып көтерілу, биіктеу.*

ШОҚЫЛЫ *Шоқысы бар, шоқысы көп.*

ШОҚЫН 1. *Христиан діні бойынша үш саусағын маңдайына, екі иығына тигізіп құдайға сиыну.* 2. ***Ауысп.*** *Белгілі бір діндегі адамның басқа бір дінге кіруі.*

ШОҚЫНДЫ *Христиан дінін қабылдаған, соған кірген, басқа діндегі адам.* ◊ **Нағыз шоқынды** — *ұлттық салт-дәстүрден безген.*

ШОҚЫНДЫР *Христиан дінін қабылдату, сол дінге енгізу.*

ШОҚЫР *Еті, уылдырығы аса бағалы, тұмсығы семсер тәрізді балық.*

ШОҚЫРАҚ *Аттың жай жүрістен гөрі ширақ, тез шоқытқан жүрісі, текірек.*

ШОҚЫРАҚТА *Текіректеу, шоқыту.*

ШОҚЫРАҚ-ШОҚЫРАҚ *Шағылшағыл, шоқалақ-шоқалақ.*

ШОҚЫТ *Текіректету, шоқыта желу.*

ШОҚЫТТЫР *Ешкімге тигіздірмеу, қорғау.*

ШОЛ 1. *Алыстан байқау, бағдарлау.* 2. *Көз жүгіртіп қарап шығу.* 3. *Бастан

кешкен оқиғаны ойша көз алдына келтіру, ой жүгірту.

ШОЛА 1. *Біркелкі емес, ойдым-ойдым, ала-құла.* 2. **Ауысп.** *Тапшы, кемшін, тапшылық.*

ШОЛАҚ I. *Қолдың не аяқтың кемтарлығы.* 2. *Қысқа, ұзын емес.* ◊ **Шолақ белсенді** — *ауылды жердегі кішігірім белсенді.* **Шолақ дүние** — *тез өте шығар қысқа өмір.* **Шолақ қайырды** — *келте, қысқа қайырды.*

ШОЛАҚЖЕҢ *Жеңі шынтаққа дейін келтіріп тіккен жеңіл бешпент, қамзол.*

ШОЛАҚТЫҚ *Келтелік, қысқалық, баянсыздық.*

ШОЛАН *Тошала, шошала, ас қойма.*

ШОЛАН: шолан ұру — *майдан ортасында не көп ішінде еркінделп, әрі-бері жүру. Әсіресе батырлар не палуандар өзінің қарсыласын жеңіп, екіншісі шыға алмай жатқандағы қимыл-әрекет.*

ШОЛҒЫНДА *Шолғынға шығу, барлау, бағдарлау, шолу: көз жүгірту.*

ШОЛҒЫНШЫ **әск.** *Әскери бөлімнің алдағы бағыт, бағдарын байқап отыратын шамалы ғана тобы. Барлаушы, шолушы.*

ШОЛҒЫНШЫЛЫҚ *Барлаушылық, шолушылық.*

ШОЛЖАҚ *Ерке, шолжаң, тәйтік.*

ШОЛЖАҚТА *Шолжаң-шолжаң ету, шолжаңдау.*

ШОЛЖАҢ *Шолжақ, тәйтік, ерке.*

ШОЛЖАҢДА *Шолжақтау, шолжыңдау.*

ШОЛЖАҢДЫҚ *Шолжақтық, тәйтіктік.*

ШОЛЖИ *Шалжию, шолжаңдау.*

ШОЛЖЫҢ *қ. Шолтаң. Тәйтік, шолжақ.*

ШОЛП *Дыбыс бейнелеуіш сөз.* □ **Шолп етті** — *бір нәрсенің биіктен (алыстан) суға түскендегі дыбысы.*

ШОЛПАН *Күн жүйесінің Күннен арақашықтығы бойынша екінші планетасы.*

ШОЛПЫ I *Сәндік үшін әшекейлі алтын немесе күміс теңге таққан шашбау.*

ШОЛПЫ II **жерг.** *Сүзгі, кепсер, кәкпір, майшолпы.*

ШОЛПЫ III *Шолпылда.*

ШОЛПЫЛ *Шолп етіп шыққан дыбыс.*

ШОЛПЫЛДА *Шолп-шолп ету. Су бетінде шолп-шолп етіп, ойнақ салу.*

ШОЛПЫЛЫ *Шолпы таққан, шолпысы бар.*

ШОЛТАҢ *Қысқа, шолақ нәрсенің оқыс қозғалуы.* □ **Шолтаң етті** — *елп етіп қозғалды.* **Шолтаң қақты** — *шолтаң-шолтаң етті.*

ШОЛТАҢДА 1. *Қысқа нәрсенің оқыс селтектеуі.* 2. **Ауысп.** *Теріс мінез көрсету, жағымсыз қылық көрсету.*

ШОЛТИ *Мейлінше қысқару, құнтию.*

ШОЛУШЫ *Барлаушы, шолғыншы.*

ШОМ I *Түйенің беліне жүк батпас үшін қос өркешін орай кигізілген қом.* □ **Шом арқан** — *екі ұшы шомға бекітілген арқан.*

ШОМ II 1. *Су түбіне бату, сүңгу.* 2. **Ауысп.** *Бір нәрсеге қатты беріліп кету, ойға бату.*

ШОМ III **жерг.** *Үйінді, төбешік.* □ **Шом қора** — *қабырғасы үйіндіден көтерілген қалқа, далда.*

ШОМАЙ *Екі жамбас сүйектің түйіскен жері, құйымшақ.*

ШОМБАЛ *Ірі, шымыр, тұтас, кесек, зор, алпамса, етженді.*

ШОМБАЛДА *Ірі, үлкен етіп жасау, сомдау.*

ШОМБАЛДАЙ *Ірі, зор денелі, тұлғалы, алпамсадай.*

ШОМБАЛДЫҚ *Тұтастық, жұмырлық, ірілік, кесектік.*

ШОМҒЫШ *Ойға шомғыш, қиялға берілгіш.*

ШОМДА *Түйеге шом салу, қомдау.*

ШОМП: шомп етті [берді] — *гүмп берді, гүмп етті.*

ШОМП-ШОМП *Гүмп-гүмп, гүмпілдеу.*

ШОМПЫЛ *Сүмбі.*

ШОМПЫЛДА *Шомп-шомп ету.*

ШОМЫЛ 1. *Суға түсу, жуыну, шайыну.* 2. ***Ауысп.*** *Орану, бөлену.*

ШОМЫР ***бот.*** *Түбірі жеуге жарамды, ащы дәмді бақша өсімдігі.*

ШОМЫРТ ***бот.*** *Биіктігі 3—5 метр, ақ, қызыл гүлді, бұта тектес өсімдік.*

ШОНДАНАЙ ***анат.*** *Жамбастың шодырайып тұрған шығыңқы жері.*

ШОНЖАР *Бұрынғы кездегі үстем тап өкілдері: би, болыс, бай, сұлтан тәрізді ел басқарушы әкімдер.*

ШОНЖАРЛЫҚ *Шонжарға тән қылық, қасиет.*

ШОНТАЙ *Насыбай дорба.*

ШОНТИ *Шолтию, құнтию, шұнтию.*

ШОҢ *Үлкен, дәу, дөкей, әйдік.* □ **Шоң желке** — *күжірейген жуан мойын.*

ШОҢАЙНА *Киімге, малға жабысқыш тікенекті өсімдік.*

ШОҢҒАЛ *Теңкиген үлкен тас.*

ШОҢҚА *Омпа, асықтың артқы жағымен жерге шаншылып тұруы.*

ШОҢҚАЙ 1. *Шоқию. Арт жағын көтере алмай отырып қалу, шоңқию.*

ШОҢҚАЙМА I *Тұмсығы үшкір, өкшесі тайқы былғары етік.*

ШОҢҚАЙМА II *Түйеге шөп артудың бір тәсілі. Түйеге шөпті осылай артқанда, бір шошақ шөпті алып кетуге болады.*

ШОҢҚАҢ: шоңқаң етті — *шоқаң етті, кетті, шоңқайып қалды.*

ШОҢҚАҢДА *Шоңқаңдау, қиралаңдау.* ◊ **Шоңқитып кетті** — *жер соқтырып кетті, отырғызып кетті.*

ШОПАҚ *Қауын, қарбыз, қияр сияқты көкөністердің дәні.* ◊ **Шопақ құрлы көрмеді** — *шыбын құрлы көрмеді.*

ШОПАН *Қой бағушы, қойшы.*

ШОПАНАТА ***миф.*** *Қой түлігінің пірі әрі сақтаушысы.*

ШОП-ШОЛАҚ *Қып-қысқа, шолтиған, тылтиған.*

ШОП-ШОШАҚ *Тым шошаң.*

ШОР I *Денеде қатып қалған ісік.* □ **Шор аяқ** — *шор боп қалған келі аяқ.*

ШОР II ***этнос.*** *Түркі тілдес халық.* **Шор тілі** — *шор халқының ұлттық тілі.*

ШОРА ***көне*** *Ертедегі үстем тап өкілі, әкім, бек, мырза, шонжар.* ◊ **Еркекшора** — *ұл балаша киініп, ұл балаша тәрбиеленген қыз.*

ШОРАҒАЙ *Тайыз суларда мекендейтін шортан.*

ШОРАЛЫҚ *Шорада тән, өктем, асқақ, кердең; өктемдік, асқақтық.*

ШОРБУЫН *Зат алмасудың бұзылуынан буынға буылтық-буылтық болып, қатты түйін пайда болатын созылмалы ауру.*

ШОРҚАҚ *Олақ, шалағай, орашолақ.*

ШОРҚАҚТА *Мүдіру, кібіртіктеу.*

ШОРҚАҚТЫҚ *Осалдық, олақтық, орашолақтық.*

ШОРЛАН *Шодыраю, беріштену, шор болу.*

ШОРЛЫ *Шоры бар, берішті.*

ШОРМАҚ *Түйіншек.*

ШОРТ *Үзілді-кесілді, біржола, бірақ.* ◊ **Шорт байлады** — *шие ғып байлады.* **Шорт кесті** — *бір-ақ кесті. Бірден қырқып салды.* **Шорт кетті** — *дүрсе қоя берді, бір-ақ кетті, морт кетті.* **Шорт сынды** — *кенет морт кетті, морт сынды.* **Шорт үзді** — *бір-ақ, бірден үзді, біржола үзді.*

ШОРТАН *Тұрқы ұзын, басы сопақша келген, аузы үлкен, жыртқыш балық.*

ШОРТАНДАЙ *Шортан тәрізді,*

ШОРТЫ *Жолақ шалбар.*

ШОРШЫ *Қаргу, секіру, ытқу.*

ШОРЫЛ *Судың сарылы, шор-шор еткен дыбыс.*

ШОРЫЛДА *Шор-шор ету, сарылдау, сарқырау.*

ШОТ I *Теріскен, баялыш, шыралжын сияқты отындық өсімдіктерді не ағаш жабдықтарды шабатын, су жүретін арықты аршып, жабатын құрал.* 2. ***жерг.*** *Есіктің ілмегі, күршегі.* □ **Шот маңдай** — *дөңес, томпақ маңдай.*

ШОТ II *Есепті тез шығару үшін, төрт бұрыштап жасалған дөңгелек тастары бар, есеп құралы, есептегіш.* □

Шотқа салды (соқты) – *санның есебін шот арқылы шығарды.*

ШОТАЯҚ 1. *Басы ілмек, шөп суырғыш; шаруашылық құралы.* 2. ***Ауысп.*** *Қағытпа, шымшыма сөз.*

ШОТАЯҚТАН *Шотаяқ сияқтану.*

ШОТЕСЕП *Өзара есеп жүргізетін есеп қағазы.*

ШОТЛАНД *Шотландияның негізгі тұрғын халқы.*

ШОТТА I *Жерді шапашотпен өңдеу, қопсыту, қазу.*

ШОТТА II *Шотқа салып есептеу.*

ШОТЫР *Шодыр, бұдыр-бұдыр.*

ШОШАЙ 1. *Белгілі бір заттың ұшының жоғары қарап тұруы. Тікірею, сораю.* 2. *Сүйірлену, үшкірлену.* 3. ***Ауысп.*** *Оңашалану, оқшаулану.*

ШОШАЙМА ***қарап.*** *Шошақ. Төбесі шошайған, шошайма (баскиім).*

ШОШАҚ I *Төбе жағы сопақша келген, сүйір.*

ШОШАҚ II *Маядан кіші, бірнеше шөмеле үйме шөп.*

ШОШАҚАЙ *Ұшып-қонған, ұшқалақ, жеңілтек мінезді (адам).*

ШОШАЛА *Тошала, ас қойма, ас пісіретін үй...*

ШОШАҢ: шошаң етті – *шошаңдады, секеңдеді, секең етті.*

ШОШАҢДА 1. *Шошаң-шошаң ету.* 2. ***Ауысп.*** *Ұшып-қону, жеңілтектену.*

ШОШИ *Шошаю, селтию.*

ШОШҚА 1. *Доңыз. Жұмыр, жуан, сирағы қысқа, өсімтал айыртұяқты, үй хайуаны.* 2. ***Ауысп.*** *Надан, топас.* □ **Шошқажаңғақ** – *емен ағашының жемісі.* ◊ **Шошқа тағаладың ба?** *(кекесін)* – *бітірген жұмысың жоқ, не істедің?*

ШОШҚАБОРЫҚ ***мед.*** *Шықшыт безінің қабынып ауыруы.*

ШОШҚАДАЙ *Іркілдеген семіз, дөңкиген дәу.*

ШОШҚАЛЫҚ 1. *Шошқаға тән қылық.* 2. ***Ауысп.*** *Оңбағандық, айуандық, надандық.*

ШОШҚАШЫ *Шошқа өсіруші, шошқа бағушы.*

ШОШЫ 1. *Зәресі ұшу, қорқу, үрейлену.* 2. *Кенет үрку.* □ **Шошып ояну** – *қорқып ояну.* **Жаншошырлық** – *жантүршігерлік.*

ШОШЫМАЛДАН *Шошығыш болу, шошыну, үрейлену.*

ШОШЫМАЛЫ *Шоши беретін, шошығыш, үрейленгіш.*

ШОШЫНАРЛЫҚ *Қорқарлық, сескенерлік.*

ШӨБЕЛЕК *Төртінші үрпақ, шөпшек, шөбереден туған бала.*

ШӨБЕРЕ *Немереден туған бала; үшінші үрпақ.*

ШӨБЕРЕЛЕС *Өзара, бір-бірімен шөбере.*

ШӨБЕРЕЛІ *Шөбересі бар.*

ШӨГЕЛ *Он бір жастағы бүркіт. Жасына қарай бүркіт әртүрлі аталады; бір жас – балапан құс, он бір жас.*

ШӨГЕН *Ас пісіретін, бүйірлі, шойын ыдыс.*

ШӨГЕР 1. *Түйені тізерлетіп жатқызу, шөктіру.* 2. ***Ауысп.*** *Үргашы түйені бурага қайыту.*

ШӨГІНДІ *Түнба, зат.*

ШӨГІҢКІ *Отырыңқы, жатаған.*

ШӨГІР *Шидің, бұтаның тұқылы, тақтайдың жарқыншағы, шөңге.*

ШӨГІРДЕЙ *Шөгір сияқты.*

ШӨГІРЛЕН *Шөгір болу, шөгірге айналу.*

ШӨЖЕ 1. *Тауықтың балапаны.* 2. ***Ауысп.*** *Жетілмеген, уақ, майда, кішкентай.* ◊ **Шөже бас** – *шүйке бас, жұдырықтай, кіп-кішкентай, үрпек бас.* **Шөжеторғай** – *мамық қауырсынды қоңыр сұрғылт, кішкене торғай.*

ШӨЖЕДЕЙ *Шөже секілді.*

ШӨЖЕЛЕ 1. *Мекиеннің жұмыртқа басып шөже шығаруы.* 2. ***Ауысп.*** *Арықтау, сему, жүдеу.*

ШӨЖЕЛІ *Шөжесі бар.*

ШӨЖІ 1. *Дәннің толмай, семіп қалуы.* 2. ***Ауысп.*** *Шөгу, шәу тарту.*

ШӨЖІМ *Арзанқолды ішкиімдік жұқа мата.*

ШӨЖІМДЕЙ *Кішкентай, титтей.*

ШӨК 1. *Түйенің тізесін бүгіп жатуы.* 2. ***Ауысп.*** *Шау тарту, шөжу, аласару, кішірею.* 3. ***Ауысп.*** *Тұну.*

ШӨКЕ: шөке түсті — *тізесін бүгіп отыра кетті, шоқиып отырды.*

ШӨКЕЛЕ *Жүрелеу, жүрелеп отыру.* □ **Шөкелеп жату** — *жүрелеп, етпетінен жату.*

ШӨКЕМДЕ *Аз-аздан, шөкім-шөкімнен жеу.*

ШӨКЕСІНЕН *қ. Шөкелеп жату. Екі тізесін бүгіп, аягын бауырына алып, етпеттеп жату.*

ШӨКИ *қ. Шоқи.*

ШӨК-ШӨК *Түйені шөгеру үшін айтылатын ишарат сөз.*

ШӨКІ: шөкіп жеу — *шоқып жеу.*

ШӨКІМ: біршөкім — *үш саусақтың ұшымен шымшып бір алған зат.*

ШӨКІМДЕ *Шөкім-шөкім етіп, шөкім-шөкімнен.*

ШӨКІМДЕЙ *Титтей, битімдей.*

ШӨЛ *Шөлейт, сусыз, ылғалы жоқ, қуаң дала.* □ **Шөлбидайық** — *шөл далада өсетін мал жайылымдық, көпжылдық шөп.* **Шөлі қанды** — *сусады, сусыны қанды, шөлдегені басылды.*

ШӨЛДЕ *Сусау, таңдайы кебу, шөліркеу.*

ШӨЛДЕГІШ *Сусағыш, шөлдеуік, сусауық.*

ШӨЛДЕУІТ *Шөлді, шөлейт, қуаң дала.*

ШӨЛДІК *Шөлді жерде өсетін, шөл жерге қағысты.*

ШӨЛЕЙТ *Қуаң.*

ШӨЛЕЙТТЕН *Шөлейтке айналу, шөлейт болып қалу.*

ШӨЛЕҢ *Қуаң, шөлейт.*

ШӨЛҚИЯҚ ***бот.*** *Сұлыбас тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік.*

ШӨЛМЕК I ***тех.*** *Іс тігетін машинаның жіп орайтын шарығы, үршығы.*

ШӨЛМЕК II ***жерг.*** *Шиша, бөтелке.*

ШӨЛМЕКТЕЙ *Боп-боз, құп-құ.*

ШӨЛІРКЕ *Шөлдеңкіреу, сусаңқырау.*

ШӨМЕЙ *Шөмию, бүкірею, бүкшию.*

ШӨМЕЛЕ *Шошақтан кіші, үйме шөп.*

ШӨМЕЛЕЛЕ *Шөмеле салу, шөмеле-шөмеле етіп үю.*

ШӨМЕЛЕУІШ *Пішенді, сабанды жинап шөмелелейтін машина.*

ШӨМЕЛЕШІ *Шөмеле салушы.*

ШӨМЕҢДЕ *Шөмең-шөмең ету, бүкеңдеу, мықшыңдау.*

ШӨМИ *Шөмею, бүкшию.*

ШӨМІШЕК *Жалпы шөп атаулының әбден құраған қиқым-сиқымы, қалған-құтқаны.*

ШӨМІШ 1. *Ожау.* 2. ***тех.*** *Экскаватор ожауы.*

ШӨМІШТЕ *Ожаулау.*

ШӨМІШТЕН *Шөміш сияқтану.*

ШӨНЕК ***жерг. кәс.*** *Егістік жердің тақта-тақта етіп, жан-жағынан су ағып кетпестей ғып қойған кішкене бөлшегі; атыз.*

ШӨНЖІК *Жолбарыстың күшігі.*

ШӨНІК *Бұзау терісі.*

ШӨНІК *Семік, шолақ, қытымыр, қысқа.*

ШӨҢГЕ *Шөптің, құрайдың, ағаштың кішкентай тұқылы, шөгір.* □ **Шөңге саусақ** — *шөңге сияқты саусақ.* ◊ **Шөңге болды** — *қу тұқыл болды.*

ШӨҢГЕДЕЙ *Шөңге тәрізді.*

ШӨҢГЕЛ: кәрі шөңгел — *тісқаққан, әккі, қу.*

ШӨҢКЕРІЛ *Тоңқалаң асу, төңкерілу.*

ШӨҢКИ *Өңкию.*

ШӨП *Жалпы шөптесін өсімдік атаулы.* □ **Шөп машина** — *шөп оратын машина.* ◊ **Аузын құ шөппен сүртті** — *барды жоқ деді.* **Шөп басын сындырмады** — *еш нәрсе істемеді, босқа жүрді.*

ШӨП: шөп етті (еткізді) — *шөп еткізіп, сүйін алды.*

ШӨПЖЕЛКЕ ***қарап.*** *Қыз балаға кемсіту мәніндегі айтылатын жағымсыз сөз.*

ШӨПТЕ *Бау-бақшаның арамшөбін жұлу, тазарту, оттау.*

ШӨПТЕСІН I *Шөбі қалыңдау өскен, шөбі өскелең.*

ШӨПТЕСІН II *Шөп тектес өсімдіктер.*

ШӨПТЕСІНДІ *Шөбі қалың өскен, шөбі мол, отты (жер).*

ШӨПТІ *Шөбі мол, шөбі қалың.*

ШӨПШАЙ ***бот.*** *Бауыр және өт қабы ауруларына дәрі ретінде пайдаланылатын өсімдік.*

ШӨП-ШАЛАМ 1. *Шөп-шар, шөп-шалам және сол сияқты бірдеңелер, қоқыстар.* 2. ***экспр.*** *Көкөніс.*

ШӨП-ШАР ***қ.*** *Шөп-шалам.*

ШӨПШЕК I ***қ.*** *Шөмшек.*

ШӨПШЕК II *Шөберенің баласы.*

ШӨПШЕҢДЕ ***экспр.*** *Қаужаң-қаужаң ету, қаужаңдау.*

ШӨП-ШӨП: шөп-шөп сүйді — *шөпілдетіп, қайта-қайта сүйді.*

ШӨПШЕ *Шөп шабу, жинау жұмысымен айналысушы.*

ШӨПІЛ *Сүйгенде шығатын дыбыс.*

ШӨПІЛДЕ I 1. *Шөпіл-шөпіл сую.* 2. *Суға шомылғанда шығатын дыбыстың қайта-қайта шығуы.*

ШӨПІЛДЕ II ***қ.*** *Шүпілде.*

ШӨПІЛДЕК ***зоол.*** *Арқасы күңгірт дақты, бауыры, төсі ақшылдау, балшықшылар тұқымдасына жататын кішкене құс.*

ШӨРЕ *Ешкіні шақырғанда айтылатын ишарат сөз.*

ШӨРЕЛЕ *Ешкіні шөре-шөре деп шақыру.*

ШӨРЕШӨП ***бот.*** *Алабота тұқымдасына жататын татыр сораңның екінші атауы.*

ШӨРЕ-ШӨРЕ *Тиянақсыз, тұрақсыз, не онда емес, не мұнда емес.* ◊ **Шөре-шөре болды** — *бір тоқтамға келмеді, істі аяқсыз қалдырды.*

ШӨТЕЙ ***қ.*** *Шүметей.*

ШПАЛ *Рельс астына көлденең төсейтін, төрт қырлы бөрене ағаш.*

ШПАТ *Силикат тұқымдас минералдардың бір түрі.*

ШПИЛЬ ***көне*** *Үй төбесіне орнатқан ұзын сырық, ұшы сүйір қада.*

ШПОН ***полигр.*** *Әріп тергенде жол-жолдың арасынан ашық қалдыру үшін қолданылатын металл.*

ШПРИЦ *Денеге дәрі, қан жіберу үшін пайдаланылатын дәрігерлік аспап, құрал.*

ШПРОТ *Майшабақ тұқымдасына жататын теңіз балықтарының бір түсы.*

ШТАБ *Әскери орталық.*

ШТАМП 1. *Мекеменің аты жазылған үлгі, қалып.* 2. ***Ауысп.*** *Машықты дайын әрекет, сөз қолданысының ығыр болған әдіс-тәсілі.*

ШТАНГА ***спорт*** *Спортшылардың екі жақ басына түрлі салмақты дискі кигізіп, бастарынан асыра тік көтеретін жұмыр сом темір.*

ШТАНГАШЫ *Штанга көтерумен айналысушы.*

ШТАТ I *Мекеме қызметкерлерінің сандық құрылымы.*

ШТАТ II *Америка Құрама Штаттарындағы өзін-өзі басқаратын мемлекеттік аумақтық бірлік. Облыс, өлке үлгісіндегі әкімшілік бөлініс.*

ШТАТИВ 1. *Аяқ, таған.* 2. *Суретшілердің мосы іспетті құралы, тұғыр.*

ШТЕПСЕЛЬ *Электр шамын, радиоқабылдағышты т. б. электр желісіне қосатын арнайы тетік.*

ШТРАФ *Ақшалай төленетін айып.*

ШТРЕЙКБРЕХЕР *Ереуілшілердің талабын жүзеге асыруға кедергі жасаушылар.*

ШТУРВАЛ *Кеме, ұшақ, комбайн, т. б. техника түрлерін басқару тетігі.*

ШТУРМАН *Кеменің, ұшақтың қозғалу бағытын, қай жерде келе жатқанын, қайда қашан жететінін анықтайтын маман.*

ШУ I 1. *Айқай, абыр-дабыр, азан-қазан.* 2. ***Ауысп.*** *Дау-дамай, шатақ, жанжал* □ **Шу дегенде** — *ә дегенде, әуел баста, о баста.* **Шу етті** — *шулап қоя берді.* ◊ **Шу көтерді [шығарды]** — *шатақ шығарды, келіспеді, қарсы болды.*

ШУ II *Аналық мәлдың төлінің жолдасы.* ◊ **Шуаяқ** — *шұбатылған, ілбиген салақ.* **Шуын шұбатты** — *ыбырсыды, шұбатылды.*

ШУ III *Атты жүргізу үшін айтылатын ишарат сөз.*

ШУ: шу асау – *жүген-құрық тимеген, үйретілмеген асау.* ◊ **Шу қарақұйрық деп** – *алды-артына қарамай.*

ШУАҚ 1. *Ерте көктемгі, күздің аяқ шеніндегі, қыстықүнгі күн сәулесі, күнес, жылы күн.* □ **Жаймашуақ** – *жанға жайлы, маужыраған ауа райы.* **Күншуақ** – а) *күн сәулесі түскен жер;* ә) *мейір, шарапат.*

ШУАҚСЫЗ *Шуағы жоқ. Күн сәулесіңсіз.*

ШУАҚТА *Күнестеу.*

ШУАҚТЫ *Шуағы бар, күнесті, сәулелі.*

ШУАЛ *қ. Шошала.*

ШУАЛШЫН *қ. Шұбалшын*

ШУАШ *Малда, адамда болатын жағымсыз қолаңса иіс; тері ауруы.*

ШУАШТАН *Шуаш пайда болу.*

ШУДА *Түйенің өркешіне, желкесіне, тамақ арасына шыққан ұзынша қылшық жүні.* □ **Шуда бау** – *шуда жүнінен есілген бау.* **Шуда бұлт** – *шуда сияқты жалбаланған ұлпа бұлт.* **Шуда жіп** – *шуда жүннен иірілген жіп.*

ШУДАДАЙ *Шуда сияқты.*

ШУДАЛАН 1. *Шуда тәріздену.* 2. ***Ауысп.*** *Будақтау.*

ШУДАЛЫ *Шудасы қалың, шудасы бар.*

ШУДАША *Шуда сияқты.*

ШУЛА 1. *Айқайлау, у-шу болу, шуылдау.* 2. ***Ауысп.*** *Дыңылдау, дүбірлеу.* ◊ **Ұлардай шулады** – *у-шу боп жылады, еңіреді.*

ШУЛАН I *Ақ пен көктің арасындағы түс. Ақшыл көк. Көгілдір ақ.*

ШУЛАН II *Қасқырдың ұрғашысы, қаншығы.*

ШУЛЫ *Азан-қазанды, абыр-дүбырлы, құжынаған.*

ШУЛЫҒАН *Әбігер, әлек.* ◊ **Шулыған салды** – *әбігер қылу, әлек салу.*

ШУЛЫҚ I *Темір тату, дәмі қашу, дәмсіздену.*

ШУЛЫҚ II *Ашыну, зарлау, сұңқылдау.*

ШУМАҚ I *Бір топ, бір буда, бір бөлек нәрсе.*

ШУМАҚ II ***әдеб.*** *Төрт не сегіз жолдық өлең тармағы.*

ШУМАҚТА 1. *Белгілі бір ретпен бүктеу, жию.* 2. ***Ауысп.*** *Ойын, пікірін жинақтау, жүйелеу.*

ШУМАҚТА II *Шумақ-шумақ ету.*

ШУМАҚТАУЛЫ *Белгілі бір ретпен жиналған, бүктелген.*

ШУМАҚТЫҚ *Шумаққа тән.*

ШУМЕР *Тигр және Евфрат өзендерінің арасын мекен еткен, өзіндік ескі жазуы бар, көне халық.* □ **Шумер тілі** – *өзге тілдерден гөрі түркі тілдеріне жақын көне тіл.*

ШУРФ *Кәдімгі құдық сияқты тіптік, терең ор.*

ШУСЫЗ *Айқайсыз, айқай-ұйқайсыз.*

ШУУ (*Шуиды*) *Терінің суға, күнге тигеннен кейінгі тартылуы.*

ШУ-ШУ I *У-шу, айқай-ұйқай, азан-қазан.* □ **Шу-шу етті** – *шуылдады, азан-қазан болды, шулады.*

ШУ-ШУ II *Жылқы мен түйеге жүргізу кезінде айтылатын ишарат сөз.*

ШУ-ШУЛА *Шу-шу, шуылдау, айқайлау.*

ШУ-ШУЛЕ *Шу-шу деу.*

ШУЫЛ *Айқай-ұйқай, у-шу.*

ШУЫЛДА 1. *Улап-шулау, айқайлау.* 2. ***Ауысп.*** *Гүілдеу, суылдау.*

ШУЫЛДАҚ *Айқайлауық, шулауық, шулағыш. Айқай-шуға бейім, даурықпа.*

ШУЫЛДАУЫҚ *қ. Шуылдақ.*

ШҰБА *Шұбыру.*

ШҰБАҚ: ұзын шұбақ – *ұзыннан-ұзақ, ұзына бойы.*

ШҰБАҚТА *Шұбатылу, шұбау, шұбыру.*

ШҰБАЛ *Шұбал пеш. Пештің бір түрі.*

ШҰБАЛАҢ 1. *Ұзын, шұбатылған.* 2. *Жинақы емес, созалаң, сөз.*

ШҰБАЛАҢДА 1. *Шұбатылу, сүйретілу.* 2. *Созалаңдау, ирелеңдеу.*

ШҰБАЛАҢДЫҚ 1. *Сылбырлық, баяулық.* 2. *Шашырандылық, шұбаланқылық.*

ШҰБАЛАҢҚЫ *Созылыңқы, ықшам, жинақы емес.*

ШҰБАЛАҢҚЫЛЫҚ *Шашыраңқылық.*

ШҰБАЛМА *қ. Шұбал пеш.*

ШҰБАЛШЫН *Ылғалды жерді сүйетін жіңішке, ұзынша құрт; жауын құрты.*

ШҰБАЛЫҢҚЫ *қ. Шұбаланқы.*

ШҰБАР I 1. *Теңбіл-теңбіл түс, ала, алабажақ.* 2. *Бетінде шешек ауруынан қалған дағы бар адам.*

ШҰБАР II *Ара-арасында ойдым-ойдым жайылымы бар бұталы жер.*

ШҰБАРЛА 1. *Теңбілдеу, теңбілтеңбіл ету.* 2. ***Ауысп.*** *Бытыстыру, әлеміштеу, араластыру, қойыртпақтау.*

ШҰБАРЛЫ *Шұбар түстісі аралас. Мұндағы шұбарлы жылқы тіркесі ақтылы қой, алалы жылқы дегендермен мағыналас.*

ШҰБАРЛЫҚ 1. *Шұбар түстілік.* 2. *Ала-құлалық.*

ШҰБАРТ *Құлпыру, құбылу, алабажақтану, шұбарлану.*

ШҰБАРЫТ *қ. Шұбарт.*

ШҰБАТ I *Түйенің сүтінен ашытып жасалған шипалы сусын, тағам.*

ШҰБАТ II 1. *Сүйрету.* 2. ***Ауысп.*** *Созу.*

ШҰБАТХАНА *Шұбат ашытатын, шұбат сататын орын.*

ШҰБАТЫ ***жерг.*** *Күйдіргі сияқты қауіпті жара.*

ШҰБЫР 1. *Шұбау.* 2. *Соргалау, ағу.*

ШҰБЫРТ *Төпелету, ағызу.*

ШҰБЫРТПА *Терме түрінде айтылатын өлең үлгісі.*

ШҰБЫРТПАЛА *Шұбырту, жалғамалау, бастырмалау.*

ШҰБЫРТПАЛЫ: Шұбыртпалы үйқас ***әдеб.*** *— қатар түрған әлденеше өлең жолының үйқасы, тізбекті үйқас.*

ШҰБЫРЫНДЫ I *Елінен, жерінен ауып шұбаған, шұбырған кезбе, босқын.*

ШҰБЫРЫНДЫ II 1. *Шұбаған, шұбырған.* 2. *Шиыр болған.*

ШҰҒА *Майда түкті, биязы жүн мата.*

ШҰҒАДАЙ *Шұға тәріздес, шұға сияқты.*

ШҰҒАЛЫ *Шұғасы бар, шұғамен қапталған.*

ШҰҒЫЛ 1. *Дереу, тез, жедел.* 2. *Кенет, кілт, лезде, шапшаң.* □ **Шұғыл фонемалар** ***грамм.*** *— айтылу жолына қарап қарқынды ауаның шұғыл үзіліп шығуынан пайда болатын дауыссыз дыбыстар.*

ШҰҒЫЛА *Күннің нұры, сәулесі, шапағы.*

ШҰҒЫЛАДАЙ *Күн шұғыласы сияқты. Таң нұрындай, таң шапағындай.*

ШҰҒЫЛАЛАН *Нұрлану, арайлану, сәулелену.*

ШҰҒЫЛАЛЫ *Арайлы, шапақты, нұрлы.*

ШҰҒЫЛДАН *Белгілі бір іспен айналысу, бір нәрсенің соңына түсу.*

ШҰҒЫЛДАНУШЫЛЫҚ *Айналысушылық, қызығушылық.*

ШҰҒЫЛДЫҚ *Асығыстық. Қауырт, қарбалас.*

ШҰЖЫҚ I *Майлы етті түздап, турап, бұрыштап ішекке тыққан, жылқы етінен жасалған тағам.*

ШҰЖЫҚ II *Жегін көліктің мойнын қажамауы үшін қамыттың астыңғы жағында тұратын жұмыр, жұмсақ зат.*

ШҰЖЫҚТАЙ *Шұжық сияқты.*

ШҰҚАНАҚ *Шұңқыр, шұқыр.*

ШҰҚАНАҚТА *Қарап отырмай, түртінектеп бірдеңе істеп жүру.*

ШҰҚАНАҚТАЙ *Шұқанақ тәрізді, шағын.*

ШҰҚАНАҚТЫ *Шұқанағы бар, шұқанағы көп.*

ШҰҚАНАҚТАН *Шұқанаққа айналу, ойылу.*

ШҰҚАТ *қ. Шұқанақ.*

ШҰҚИ *Шоқию, шұқшию.*

ШҰҚУШЫ *Мәсуек.*

ШҰҚШЫ 1. *Қадалу, тесілу.* 2. ***Ауысп.*** *Жабысу, ілік іздеу, қадалу.*

ШҰҚЫ *Түрту, шұқу.* ◊ **Жер шұқыды** — *не айтарын білмеді, ұялды, жерге қарады.*

ШҰҚЫЛА 1. *Түртілеу.* 2. ***Ауысп.*** *Қазбалау, түртпектеу.*

ШҰҚЫН *Түртіну.*

ШҰҚЫНШАҚ ***қарап***. *Шұқына беретін, түртіншек.*

ШҰҚЫР *Қазылған, ойылған жер; шұңқыр.* ◊ **Желкемнің шұқыры көрсін** — *енді оны көрмеспін, көрсетпесін.*

ШҰҚЫРАЙ *Шұқыраю, шұңқыр болу.*

ШҰҚЫРЛА *Шұқыр жасау, шұңқырлау.*

ШҰҚЫРЛЫ *Шұқыры, шұңқыры бар.*

ШҰҚЫРША *Шұқыршақ.*

ШҰҚЫРШАҚТАН *Шұқыраю.*

ШҰЛҒАН *Аяқкиім ішінен шұлғаумен орану.*

ШҰЛҒАУ *Қонышты аяққиімнің ішінен аяққа орайтын қалың мата.*

ШҰЛҒАУЛАН *Аяққа шұлғау орау.*

ШҰЛҒАУЛЫҚ *Шұлғауға жарарлық, шұлғау боларлық.*

ШҰЛҒАУСЫЗ *Шұлғауы жоқ.*

ШҰЛҒЫ 1. *Бас изеу.* 2. ***Ауысп.*** *Мақұлдау, қуаттау.* 3. *Елту, ықыластану.*

ШҰЛЫҚ *Аяққа киетін ұзын тоқыма зат.*

ШҰЛЫҚСЫЗ *Шұлық кимеген, шұлығы жоқ.*

ШҰЛЫҚ-ҮЙЫҚ *Аяққиім ішінен киетін тоқыма зат.*

ШҰНАҚ *Құлағының ұшы кесілген я жабысып біткен.* □ **Қызыл шұнақ аяз** — *бет қаратпайтын қатты суық.*

ШҰНАҚТАН *Аяздың қатаюы, күшеюі.*

ШҰНАҢДА *Шұнаң қағу, шұнаңшұнаң ету.*

ШҰНТИ *Тылтию, құнтию.*

ШҰҢҒЫЛ *Терең, ойыңқы.* □ **Шұңғыл көз** — *шұңірек көз.*

ШҰҢҒЫМА *Сұйық затты аузы тар ыдысқа құюға арналған конус тәрізді аспап, құрал.*

ШҰҢҚЫР 1. *Қазылған, ойылған жер, шұқыр.* 2. ***жерг.*** *Шай ішетін құлақты ыдыс.*

ШҰҢҚЫРЛА *Шұңқыр етіп қазу, шұңқыр жасау.*

ШҰҢҚЫРШАҚ ***қ***. *Шұқыршақ, шұқыршық.*

ШҰП-ШҰБАР *Тым шұбар, өте шұбар ала.*

ШҰП-ШҰНАҚ *Мүлдем шұнақ.*

ШҰП-ШҰҢҚЫР *Тым шұқыр.*

ШҰР I *Асықтан ұтылып қалған балаға ойынға қайта қосу үшін бірер кеней беру, яғни асықтан берілетін жылу.*

ШҰР II *Дыбыс еліктеуіш сөз.* □ **Шұр етті** — *ішегі шұрылдады.*

ШҰРАЙ I *Асылы, тәуірі.* **Ет шұрайы** — *жылқының жал-жаясы.*

ШҰРАЙ II *Асауды бастықтыру үшін ернін қыса буып, бұрау салу әдісі.*

ШҰРАЙЛА *Шұрай салу.*

ШҰРАЙЛАН *Құнарлану, нәрлену.*

ШҰРАЙЛЫ *Құнарлы, нәрлі.*

ШҰРАЙЛЫЛЫҚ *Құнарлылық, нәрлілік.*

ШҰРАЙСЫЗ *Құнарсыз, нәрсіз.*

ШҰРАТ ***геогр.*** *Шөлдер мен шөлейттердегі өсімдік өсетін көгалды, сулы алқап.*

ШҰРҚ: шұрқ тесік — *сау-тамтығы жоқ, тесік-тесік.*

ШҰРҚ: шұрқ етпе — *дымың ішіңде болсын, үндеме.*

ШҰРҚАН: майшұрқан — *семіз ет, құйрық, өкпе, бүйрек қосып қайнатып, үстіне талқан немесе ұн салып дайындаған қуырдақтың бір түрі.*

ШҰРҚАН: шұрқан салды [шығарды] — *әлек салды, шатақ шығарды.*

ШҰРҚ-ШҰРҚ *Тесік-тесік, шұрқ тесік.*

ШҰРҚАТ ***жерг.*** *Шұқыр-шұқыр, ойық, ойдым.*

ШҰРҚЫЛ *Шұрқ-шұрқ еткен дыбыс.*

ШҰРҚЫЛДА *Шұрқ-шұрқ ету.*

ШҰРҚЫЛТАЙ *Бүгананың үстіңгі жағындағы жұмсақ ойық жер.*

ШҰРҚЫРА I. *Жылқының оқырана кісінеуі.* 2. ***Ауысп.*** *Дуылдау. Көпілдес, достас, жақын адамдардың бірін көп-*

тен көрмей жүріп кездескендегі өзара сыйластық, сағыныш сезімін білдіруі.

ШҰР-ШҰР: шұр-шұр етеді — *шұрылдайды.*

ШҰРЫЛ *Шұр-шұр еткен дыбыс.*

ШҰРЫЛДА *Іштің шұр-шұр етуі.*

ШҰБӘ *Күмән, күдік, шәк.*

ШҰБӘЛАН *Күмәндану, сезіктену, күдіктену.*

ШҰБӘЛАНУШЫЛЫҚ *Күмәнданушылық, күдіктенушілік.*

ШҰБӘЛІ *Күмәнді, күдікті.*

ШҰБӘЛІЛІК *Күмәнділік, күдіктілік.*

ШҰБӘСІЗ *Күмәнсіз, күдіксіз.*

ШҰБЕРЕК 1. *Жалпы мата, шағын мата.* ***Ауысп.*** *Киім-кешек.*

ШҰБЕРЕКТЕЙ *Шуберек сияқты, боп-боз, құп-құ.*

ШҰБІРЛЕ *Шүпір-шүпір сөйлесу, күбірлеу.*

ШҮЙ I *Қабырғаға шеге орнына қағылған ағаш қадаша.* □ **Шүй желке** — *күдірейген желке, күдір желке.*

ШҮЙ II ***жерг.*** *Жер айдағанда жыртылмай сүйреленіп қалған жер (табан).*

ШҮЙ III *Жоғарыдан төмен қарай құлдилай, сорғалай түсу, шүйлігу.*

ШҮЙГІ I *Кенелу, қарқ болу.*

ШҮЙГІ II 1. *Шүйілу, шүйлігу, шую, жүйтку.* 2. ***Ауысп.*** *Шому.*

ШҮЙГІН *Оты, суы мол, құнарлы жер.*

ШҮЙГІНДЕ I 1. *Шүйгін болу, нәрлену, құнарлану.* 2. *Шүйгінде жайылу, оттау.*

ШҮЙГІНДЕ II *Шүйілу, төне түсу, шүйлігу.*

ШҮЙГІНДІ *Отты-сулы, құнарлы.*

ШҮЙГІНСІЗ *Шүйгінді емес*

ШҮЙДЕ 1. *Бастың желкеден жоғарғы жері.* 2. ***Ауысп.*** *Балта, кетпен, шот т. б. заттардың басының сырт жағы, желкесі.*

ШҮЙДЕЛЕ *Шүйде тұсынан, қақ шүйдесінен ұру.*

ШҮЙДЕЛЕН *Шүйдесі шығып семіру, майлану.*

ШҮЙДЕЛІ *Шүйдесі шығыңқы, шүйдесін май басқан.*

ШҮЙЕБӨРІ *қ. Шиебөрі. Ит тұқымдасына жататын сұтқоректі жыртқыш аң.*

ШҮЙЕЛ *Жетілмеу, піспеу, толық өспеу, Уызға жарымағандықтан бойы өспей қалу.*

ШҮЙЕЛЕ *Үйелеу.*

ШҮЙКЕ *Иіруге арнап түтілген, шумақтап оралған жүн.* □ **Шүйке жүн** — *шумақ, бір орам жүн.*

ШҮЙКЕБАС ***қарап.*** *Әйел баласын кемсітіп айтатын сөз.*

ШҮЙКЕДЕЙ *Шүйке сияқты, кішкентай, бір уыс.*

ШҮЙКЕЛЕ *Шүйке жасау.*

ШҮЙКИ *Шүкию, шұңкию.*

ШҮЙЛЕ *Жану, қайрау, жігерлендіру.*

ШҮЙЛІК 1. *Килігу, шаншылу.* 2. ***Ауысп.*** *Шүйілу, қадалу, соқтығу.*

ШҮЙІК *қ. Шүйлік.*

ШҮЙІЛ 1. *Шүйілігу, түйілу.* 2. ***Ауысп.*** *Қадалу, соқтығу, әлек салу.*

ШҮЙІЛІМ ***бот.*** *Теңіз жиегінде, көлдерде өсетін бес бұрышты су жаңғағы.*

ШҮЙІЛІС *Соқтығыс.*

ШҮЙІНШӨП ***бот.*** *Шабындықта өсетін, сабағы тік, күлгін түсті гүлі бар, дәрілік шөп.*

ШҮЙІР: мұрнын шүйіру — *мұрнын көтеру, әлдеқандайсу, менсінбеу.*

ШҮЙІРКЕЛЕ *қ. Шүйіркелес. Жақын тарту, жақындасу, шүйіршеңдеу.*

ШҮЙІРКЕЛЕС *Жәмпеңдесу, тіл табысу.*

ШҮЙІРКЕН *Сүйсіну.*

ШҮЙІРІҢКІ *Шығыңқы, томпақ.*

ШҮКЕЙТ ***жерг.*** *Ешкінің, киіктің кішкентай асығы.*

ШҮКЕЙТТЕЙ *Шүкет сияқты, кіпкішкентай.*

ШҮКИ *қ. Шүкши.*

ШҮКІШИ *Бүкшию, бүрісу.*

ШҮКІР I ***бот.*** *Құмды жерде өсетін, тамыры қант қызылшасына ұқсас өсімдік.*

ШҮКІР II 1. *Құдайға тоба, тәубе.* 2. ***Ауысп.*** *Тәуір, жақсы; жаман емес.*

ШҰҚІРАНА *Шүкір, шүкіршілік, ризашылық.*

ШҰҚІРШІЛІК *Тәубе, тәубешілік.* ◊ **Шүкіршілік етті** — *тәубешілік етті, ризашылық білдірді.*

ШҰЛДІК I *Екі басы ұшталған кішкене ағашты таяқпен ұрып ойнайтын балалар ойыны.*

ШҰЛДІК II ***бот.*** *Таулы жерде жабайы өсетін қызыл қоңыр түсті гүл.*

ШҰЛДІК III ***кәс.*** *Диірмен тасының ортасына орнатқан кіндік темір.*

ШҰЛДІР *Былдыр, бәлдірік.*

ШҰЛДІРЕ *қ. Шұлдірле.*

ШҰЛДІРЛЕ *Былдырлау, былдыр-былдыр сөйлеу.*

ШҰЛЕН I *Мырза, дарқан, жомарт кісі.* ◊ **Шұлен таратты [тарқатты]** — *барын мырзалық етіп үлестірді.*

ШҰЛЕН II: **шұлен қой** — *қылшық жүнді қой тұқымы.*

ШҰЛЕНГІР ***көне қ.*** *Шұлен.*

ШҰЛЕНДІК *Мырзалық, жомарттық, дарқандық.*

ШҰЛЕНСІ *Мырзасу, жомартсу.*

ШҰЛМЕК ***жерг.*** *Диірменнің кіндік темірі.*

ШҰМЕК I *Құман, шәйнек, самаурын тәрізді ыдыстардың су ағатын тетігі, аузы.*

ШҰМЕК II ***этн.*** *Бесіктегі сәбидің кіші дәретін түбекке ағызатын, қойдың жілігінен жасалған түтікше.*

ШҰМЕК: шылдыр шұмек — *қолдың төртінші саусағы.*

ШҰМЕКСІЗ *Шұмегі жоқ.*

ШҰМЕКТЕ *Жауын, нөсер жауғанда қатты құю, шелектеп құю, төгіп-төгіп жіберу.*

ШҰМЕТЕЙ *Сәбидің еркектік жыныс мүшесі.*

ШҰҢГІЛ *Шүңірейген, шұңет, шұңғыл (көз).*

ШҰҢГІЛДЕН *Көзі шүңірею.*

ШҰҢГІРШЕК ***жерг.*** *Кішірек шұңғыл шойын ыдыс, шеген.*

ШҰҢЕЙТ I *Ойдым, ойық.*

ШҰҢЕЙТ II *Шүңірек.*

ШҰҢЕЙТТЕН 1. *Ойыстану, ойықтану.* 2. *Шүңірею, батықтану.*

ШҰҢКИ *Бүкшию, шүкую.*

ШҰҢКІЛ *Күңкіл, күбір.*

ШҰҢКІЛДЕ *Күңкілдеу, күбірлеу.*

ШҰҢІРЕЙ *қ. Шұңейттен.*

ШҰҢІРЕК *Шұңейт.*

ШҰПІЛДЕ *Аузы-мұрнынан шығу, асып төгілу, асып толу.*

ШҰПІРЛЕ *Жыпырлау.*

ШҰР ***жерг.*** *Жаза, сыбаға, сазай.*

ШҰРЕГЕЙ *Ең кішкентай жабайы үйрек.* ◊ **Шұрегей тартты** — *шөжіді, кішірейді, ұсақтады.*

ШҰРШИ *Еріннің шүйірілуі.*

ШҰРШІК *Шұршиген.*

ШҰРШІТ ***көне*** 1. *Ерте кезде қытайлар осылай аталған; қара қытай.* 2. ***Ауысп.*** *Бөтен.*

ШҰРШІТ: шұршіт бөз ***жерг.*** — *қалың ақ бұршікті мата.*

ШҰРІППЕ *Мылтықтың от алдыратын серіппесі, қайырмасы.*

ШҰРІППЕЛІ *Шұріппесі бар.*

ШҰУ *Малға айтылатын ишарат сөз.* ◊ **Шұу дегеннен [дегенде]** — *әуелден, о бастан.*

ШҰУ-ШҰУЛЕ *Шұу-шұу деу.*

ШЫБЖАЛАҚ *Күйгелек, шыжбалақ.*

ШЫБЖАЛАҚТА *Күйгелектеу; шыжбалақтау.*

ШЫБЖЫҚАЙ *Шыжбықай, шошақай.*

ШЫБЖЫҢ *Шыжбың, күйбең, тыпыр.* ◊ **Шыбжың қақты [етті]** — *шыжбың қағу, ұшып-қону, күйбең қағу.*

ШЫЖБЫҢДА *Тыпыршу, тықыршу.*

ШЫБЫЖЫҚ *Ерте туған үрғашы лақтың бір жастан асқаны.*

ШЫБЫҚ I 1. *Ағаштың жапырағы жоқ жіңішке, солқылдақ жас өркені.* 2. *Көлікті айдау, біреуді жазалау үшін пайдаланылатын жіңішке ағаш.* 3. *Жаңа өсіп келе жатқан жас өркен; көшет.* ◊ **Бір шыбықпен айдады** — *айтқанына көндірді, айдағанына жүргізді.*

ШЫБЫҚ II ***анат.*** *Адам немесе жануарлар жілігімен қабаттаса, қабыса, қатар біткен жіңішке сүйек.*

ШЫБЫҚТА *Шыбықпен ұру, сабау.*

ШЫБЫҚТАЙ *Өрімдей жас, нәзік, сымбатты.*

ШЫБЫН I 1. *Зиянды микробтар тарататын қосқанатты кішкене жәндік.* 2. ***Ауысп.*** *Миф, жан.* ◊ **Шыбынқағар *этн.*** *– жылқының күзеген кезде ортасынан жіңішкелеп қалдырылған құйрығы.* **Шыбынқанат *этн.*** *– шыбынның қос қанатына ұқсас ұсақ өрнек.* **Шыбын жан *көне*** *– өмір, тірлік.* **Шыбын жаны көзіне көрінді** *– жанына қатты батты.* **Шыбын жанын қоярға жер таппады** *– ауруы жанына қатты батып қиналды.* **Шыбын жанын шүберекке түйді** *– жан ұшырды, жанын аямады.* **Шыбын жаны шырқырады [шырылдады]** *– безек қақты, жан ұшырды.* **Шыбын шаққан құрлы көрмеді** *– түк сезбеді, елемеді, ескермеді.* **Шықпаған шыбын жан** *– құр сүлдер.*

ШЫБЫН II *Төрт түрлі карта қағаздарының бірі; шытыр, "крест".*

ШЫБЫНДА 1. *Малдың үстіне қонған шыбынды қуу; қорғану.* 2. ***Ауысп.*** *Бас шұлғу, қоштау, мақұлдау.*

ШЫБЫНДАЙ *Шыбын сияқты быжынаған, құжынаған.*

ШЫБЫНДЫ *Шыбыны бар, шыбыны көп.*

ШЫБЫНҚАҒАР *Шыбын, масадан қорғанатын, ағаш сапты қыл шашақ.*

ШЫБЫНСЫЗ *Шыбыны жоқ.*

ШЫБЫНША *Шыбын тәрізді, шыбындай.*

ШЫБЫН-ШІРКЕЙ *Қанатты жәндіктердің жалпы атауы.*

ШЫБЫНЫМ ***эмоц.*** *Қарағым, жаным, қалқам.*

ШЫБЫНЫМДАП *Шыбыным, шыбыным деп айналып-толғану.*

ШЫБЫРТҚЫ *Мал айдайтын ұзын қамшы, талшыбық.* ◊ **Шыбыртқы астына алды** *– шыбыртқымен сабады, ұрды.*

ШЫБЫШ *Бір мен екі жастың аралығындағы ұрғашы ешкі.*

ШЫҒАЙ I ***көне*** *Түгі жоқ, тақыр кедей.*

ШЫҒАЙ II ***көне*** *Ел-жұрттан жырақтап, қол үзген адам.*

ШЫҒАЙБАЙ ***экспр.*** *Сараң, қарабай.*

ШЫҒАН I 1. *Алыс, шалғай, қиян.* 2. *Аспан, көк, гарыш.* ◊ **Шығаннан шыққан** *– шектен асқан, елден ерекше.*

ШЫҒАН II *Түбек, алқап.*

ШЫҒАНАҚ ***геогр.*** *Мұхит, теңіз, көлдің құрлыққа сүғына еніп жатқан бөлігі.*

ШЫҒАНДА 1. *Алыстау, шырқау, жырақтау, қашықтап кету.* 2. *Оқшаулану, бөлектену, даралану.* 3. *Аспандау, шарықтау.*

ШЫҒАР I 1. *Затты бір нәрсенің үстіне көтеріп қою, тысқа шығару.* 2. *Өлең шығару, ән шығару.* 3. *Қою.* 4. *Айту, білдіру.* 5. *Өндіру, қазып алу.* 6. *Есептің жауабын табу, шешу.* ◊ **Шығарда [шығарға] жаны басқа [бөлек]** *– жанындай жақсы көреді.* **Шығарып сал** *– біреуді алдап-сулап сөзбен жөнелтті, аттандырды.*

ШЫҒАР II *Модальді сөз.*

ШЫҒАРМА 1. *Белгілі бір автордың жазған әдеби, ғылыми т. б. туындысы.* 2. *Әдебиет сабағында оқушылардың белгілі бір тақырыпқа жазатын шығармасы.*

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ *Ақыл-ой арқылы мәдени, материалдық игілік жасауға бағытталған адамның қызметі.*

ШЫҒАР-ШЫҚҚАНЫНША *Кетер-кеткенше, шығып кеткенше.*

ШЫҒАР-ШЫҚПАСТАН *Шықпай жатып, шыға салысымен.*

ШЫҒАСЫ *Шығатын шығын, зиян.*

ШЫҒАСЫЛЫ *Шығынды, шығыны көп.*

ШЫҒАСЫЛЫ-КІРЕСІЛІ *Есі бірде бар, бірде жоқ.*

ШЫҒАСЫСЫЗ *Шығынсыз.*

ШЫҒАУЫЛ ***көне*** *Белгілі бір істің, әрекеттің алдыңғы қатарында (шебінде) жүретін адам.*

ШЫҒУ *Құлынның тамағынан шыққан ісіктердің бір түрін қазақ "сақау" яки "шығу" деп атайды.*

ШЫҒЫМ 1. *Өнім, түсім.* 2. *Шайдың сапасы, шығуы.*

ШЫҒЫМДЫ 1. *Өнімді, түсімді.* 2. *Шығымы жақсы шай.* 3. ***Ауысп.*** *Қолы ашық, береген.*

ШЫҒЫМДЫЛЫҚ *Өнімділік, түсімділік.*

ШЫҒЫМСЫЗ 1. *Шығымы, түсімі нашар, өнімсіз.* 2. *Шығымы нашар.*

ШЫҒЫМТАЛ ***жерг.*** *Өніммтал; шығымды.*

ШЫҒЫН 1. *Зиян, ысырап.* 2. ***Ауысп.*** *Өлім-жітім.* 3. ***көне*** *Салық, төлем.*

ШЫҒЫНДА *Жұмсау, шашу, ысырап қылу.*

ШЫҒЫНДАН *Шығынға бату, зиян тарту.*

ШЫҒЫНДАР *Шығынды, шығынға ұшырау.*

ШЫҒЫНДЫ I ***мат.*** *Шешу, жауап, қорытынды, нәтиже.*

ШЫҒЫНДЫ II *Зиянды, шығасылы.*

ШЫҒЫНСЫЗ *Өлім-жітімсіз, зиянсыз.*

ШЫҒЫНСЫН *Зиянсыну, зардапсыну.*

ШЫҒЫҢҚЫ *Аздап сыртқа қарай шығып тұрған, тебіңкі.*

ШЫҒЫР I ***көне*** *Егістікке су шығару үшін жасалған, су жүретін науасы бар қарапайым құрал.* 2. *Құдықтан су тартып шығару үшін жасалған, қолмен бұралатын қарапайым құрал.*

ШЫҒЫР II ***қ.*** *Шығыршық.*

ШЫҒЫР III ***тех.*** *Ауыр жүк көтеретін тетік, аспап.*

ШЫҒЫРЛА *Шығыр салу.*

ШЫҒЫРЛЫ *Шығыры бар, шығыр орнатылған.*

ШЫҒЫРСЫЗ *Шығыры жоқ.*

ШЫҒЫРШЫ *Егістікке шығырмен су шығарушы.*

ШЫҒЫРШЫҚ *Дөңгелекше жұмыр темір.* □ **Шығыршық сырға** — *дөңгелек сырға.*

ШЫҒЫРШЫҚТА 1. *Шығыршық тағу.* 2. *Дөңгелектеу.*

ШЫҒЫРШЫҚТЫ *Шығыршығы бар.*

ШЫҒЫС I 1. ***геогр.*** *Төрт тараптың бірі, күн шығатын жақ.* 2. ***Ауысп.*** *Жер шарының күншығысына орналасқан ел, халық.*

ШЫҒЫС II *Шығым, өсім.*

ШЫҒЫС III ***экон.*** *Шығасы жұмсалған, ұсталған ақшалай-заттай шығын.*

ШЫҒЫС IV *Араздасу, кетісу.*

ШЫҒЫС: шығыс септік ***грамм.*** — *қимылдың кімнен, қайдан басталғандығын, шыққан орнын білдіретін септік түрі.* ◊ **Шығыса алмады** — *тіл табыспады, жараспады.*

ШЫҒЫСТАНУ *Шығысты зерттейтін ғылым саласы.*

ШЫҒЫСТАНУШЫ *Шығысты зерттеуші.*

ШЫҒЫСТЫҚ *Шығысқа тән, шығыс халқына қатысты.*

ШЫҒЫТ I *Үлес, иелік, меншік.* □ **Шығыт шапан** — *жекжаттан қыдыра барып киетін шапан. Бірақ киіт емес. Киітті құдалықтан киеді.*

ШЫҒЫТ II ***көне*** *Меншік, өзіне тән.*

ШЫДА 1. *Төзу, көну, мойынсыну.* 2. *Бүлінбеу, бұзылмау.*

ШЫДАМ *Төзім, тағат, сабыр.* ◊ **Шыдамы таусылды [жетпеді]** — *тағаты таусылды, мазасызданды.*

ШЫДАМДЫ *Төзімді, берік, мықты.*

ШЫДАМДЫЛЫҚ *Төзімділік, көнбістік, сабырлылық.* ◊ **Шыдамдылық көрсетті [танытты]** — *төзіп бақты, шыдады.*

ШЫДАМСЫЗ *Төзімсіз, мазасыз.*

ШЫДАМСЫЗДАН *Шыдамы таусылу, тағатсыздану.*

ШЫДАМСЫЗДЫҚ *Төзімсіздік, тағатсыздық, сабырсыздық.* ◊ **Шыдамсыздық көрсетті** — *шыдамы жетпеді.*

ШЫДАТПА 1. *Жанына бату, қатты қиналу.* 2. *Күн көрсетпеу, сыйғызбау.* 3. ***Ауысп.*** *Бір нәрсені шақ келтірмеу, құртпау, қоймау.*

ШЫЖ: шыж етті — *отқа қатты қызып, шыжылдады.* ◊ **Шыж ете қалды** — *дауыстың оқыс шығуы.* **Шыж көбелек болды** — *бәйек болды.*

ШЫЖАҚ *Шыжақ қағу, шыж-быж болу, күйгелектену, күйіп-пісу, бәйек болу, шыжақтау.*

ШЫЖАҚАЙ *Шыжақ қаққан, шыжақтаған.*

ШЫЖАҚТА *Шыжбалақтау, шыжақ қағу.*

ШЫЖАЛАҚ: шыжалақ қақты – *шыжақ қағу.*

ШЫЖАЛАҚТА *Шыжақта.*

ШЫЖБАҚАЙ *Өрнек атауы.*

ШЫЖБАҚТА *Шыжбақ қағу, шыжалақтау, шыжбалақтау.*

ШЫЖБАЛАҚ: шыжбалаң қақты – *күйіп-пісу. шыжақтау.*

ШЫЖБАЛАҚТА *Шыжақтау, шыжбақ қағу.*

ШЫЖБАЛАҢ: шыжбалақ қақты – *шыжбалақ қақты.*

ШЫЖБАҢ: шыжбақ-шыжбаң ету – *тұштақ-тұштақ ету.*

ШЫЖБАҢДА *қ. Шыжбақтау, шыжалаңдау.*

ШЫЖ-БЫЖ *Қуырмаштап тез дайындаған жеңіл-желпі ас.*

ШЫЖ-БЫЖ: шыж-быж болды [етті] – *күйіп-пісті.*

ШЫЖБЫҢ *Шыж-быж еткен, шыжбық.*

ШЫЖБЫҚ *Шыжбықай.*

ШЫЖБЫҚТА *Шыжбыңдау, шыжбақ қағу.*

ШЫЖБЫНДА *Шыжбықтау.*

ШЫЖҒЫР 1. *Еріту, қыздыру. қуыру.* 2. ***Ауысп.*** *Күйдіру, қыздыру.* 3. ***Ауысп.*** *Елдің апшысын қуыру, қысу.*

ШЫЖ-МЫЖ *Жеңіл-желпі тамақ.*

ШЫЖ-ШЫЖ: шыж-шыж етті – *дыбыс еліктеуіш сөз. Шыр-шыр ету.*

ШЫЖЫ *Қызу, күю, еру.*

ШЫЖЫҚ 1. *Шыжғырған майдың шыжығы.* 2. ***Ауысп.*** *Қиыншылық.*

ШЫЖЫҚША *Шыжық тәрізді.*

ШЫЖЫЛ *Шыжылдаған дыбыс.*

ШЫЖЫЛДА 1. *Шыж-шыж ету.* 2. ***Ауысп.*** *Бәйек болу.*

ШЫЖЫЛДАҚ *Шыжыл қаққан, быжылдақ.*

ШЫЖЫМ *Арқан тәрізді, жіңішке етіп есілген мықты жіп.*

ШЫЖЫМДА *Шыжым жіппен байлау, бекіту.*

ШЫЖЫМДАП *Аз-аздап, біртіндеп,ептеп.*

ШЫЖЫМСЫН *Пысу, ширау, жетілу.*

ШЫЖЫҢ *Қуықтың қабынуынан кіші дәретті ұстап тұра алмайтын ауруы.*

ШЫҚ I *Көктем мен күздің салқын түндерінде шөп басына тұратын атмосфералық дымқыл.* **Шық жуытпады** – *шаң жуытпады, қорғаштады.*

ШЫҚ II *Шығып кету, кетіп қалу.* 2. *Аттану, сапар шегу.* 3. *Қол-аяқ сүйектерінің орнынан таюы, жылжуы.* 4. *Белгілі бір жас мөлшері туралы.* 5. *Өсу, өну, көктеу.* 6. *Баспа бетінде жарық көру, басылу, жариялау.* 7. *Күрделі етістік құрамында көмекші сөз қызметінде жұмсалады.*

ШЫҚИ *Сықию, шікірею.*

ШЫҚҚЫСЫЗ: кірсең шыққысыз – *көз тартарлықтай келіскен, жайнап тұрған.*

ШЫҚПЫРТ *Қамшымен шып-шып еткізіп төпелеп ұру.*

ШЫҚТАН *Сулану, шық түсу.*

ШЫҚША *Шық секілді.*

ШЫҚ-ШЫҚ: шық-шық етті – *шықылдаған дыбыс шықты, шықылдады.*

ШЫҚШЫТ *Жақ сүйектің шығыңқы келген төменгі тұсы.*

ШЫҚШЫТТЫ *Шықшыты шығыңқы.*

ШЫҚЫЛ *Шық-шық еткен дыбыс.*

ШЫҚЫЛДА *Шықыл-шықыл ету.*

ШЫҚЫЛДАҚ *Шық-шық еткен дыбыс шығаратын зат.*

ШЫҚЫЛЫҚ *Шықшық еткен дыбыс.*

ШЫҚЫЛЫҚТА *Шық-шық ету, шықыл қағу, шықылдап дыбыс шығару.*

ШЫҚЫР *Қатты затгардың үйкелісінен шығатын дыбыс, сықыр.*

ШЫҚЫРЛА *Шықыр-шықыр ету.*

ШЫЛА *Құрғақ затқа су қосып араластыру, былғау, сулау.*

ШЫЛАПШЫН *Кір, қол жуатын жайпақша ыдыс.*

ШЫЛАУ I *Ат басындағы жүгеннің шажайы.*

ШЫЛАУ II *Ырық, ықпал.* ◊ **Шылауында болды** — *ықпалында болды.*

ШЫЛАУ III ***грамм.*** *Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып тұратын дәнекер форманттар.*

ШЫЛАУ IV *Су түбіндегі балдыр, шөп-шалам.*

ШЫЛА(У) ***жерг.*** *Ұшырған бидайды тазалау.*

ШЫЛАУЛАН ***жерг.*** *Дымдану, суланы, жасаурау.*

ШЫЛАУЫШ ***жерг.*** *Кимешек үстінен байланатын, үлкен ақ шаршы орамал; жаулық*

ШЫЛБЫР *Жүгеннің шығыршығына тағылған жіңішке қылдан есілген жіп.* ◊ **Шылбыр [ұшын] берді** — *көмек етті, жәрдемдесті.*

ШЫЛБЫРДАЙ *Шылбыр сияқты (шұбатылған, сүйретілген).*

ШЫЛҒИ I *Ірі қара малдың иленбеген терісін шылғи тері немесе шылғи қайыс деп атайды*

ШЫЛҒИ II *Ылғи, үнемі, дәйім.*

ШЫЛДЫР *Сылдыр.* □ **Шылдыр етті** — *сылдыр етті, шылдырады.* **Шылдыр шүмек** — *бес саусақтың ең кішкентайының атауы.*

ШЫЛДЫРЛА *Шылдыр-шылдыр ету.*

ШЫЛДЫРМАҚ *Сылдырмақ.*

ШЫЛДЫР-ШЫЛДЫР *Сылдыр-сылдыр, шылдырлау.*

ШЫЛҚА *Шылқыған, суға малынған.*

ШЫЛҚИ *Сылқию.*

ШЫЛҚ-ШЫЛҚ: шылқ-шылқ ету — *шылқылдау.*

ШЫЛҚЫ *Дымқылдану.*

ШЫЛҚЫЛДА *Шылқ-шылқ ету.*

ШЫЛҚЫМА 1. *Аста-төк, шалқыған, қайнаған.* 2. *Қаптаған.*

ШЫЛҚЫМАЙ *қ. Шылқыма.*

ШЫЛП: беті шылп етпеді — *беті бүлк етпеді, қалмады, қысылмады.*

ШЫЛП-ШЫЛП *Шылп-шылп еткен дыбыс, үн.* □ **Шылп-шылп етті** — *шылпылдады.*

ШЫЛПЫЛ *Шылп-шылп еткен дыбыс.*

ШЫЛПЫЛДА *Шылп-шылп ету.*

ШЫЛЫЙ//ШЫЛИ ***жерг.*** *Ылғи, дәйім.*

ШЫЛЫҚ *Нағыз былық.*

ШЫЛЫМ *Темекі.*

ШЫЛЫМДЫҚ *Шылымға жетерлік, шылым боларлық.*

ШЫЛЫМҚОР *Шылымпаз, шылымқой, шылымқұмар.*

ШЫЛЫМШЫ *Шылымқор, шылым тартқыш.*

ШЫМ *Шөптесін жердің тұтасып шымыр боп байланған үстіңгі қабаты.*

ШЫМ: ішім шым етті — *ішім суып қоя берді.*

ШЫМ: шым ши — *түрлі түсті боялған, жүнмен оюлап орай тоқыған ши.*

ШЫМАЛ *Құмырсқаның ең ұсақ түрі.*

ШЫМБАЙ: шымбайына батты — *жанына батты, намысына тиді.*

ШЫМДАҚ *Шым болып қалған, шымданған.*

ШЫМДАУЫТ *Шымды, шымдақ.*

ШЫМҚА *Жан-жағын қымтау, орау.*

ШЫМҚАЙ *Біркелкі, бірөңкей, бірыңғай.*

ШЫМТЕЗЕК *Өсімдік қалдықтарының жиналып басылуынан пайда болған отын.*

ШЫМШУЫР *Шоқ, қоламта тәрізділерді қысып ұстайтын құрал, ұзынша темір қысқаш.*

ШЫМШЫ 1. *Дененің бір ашық жерін бармақ пен сұқ саусақтың ұшымен қатты қысып соза тарту, жұла тарту.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуді сөзбен қағыту, кекету.*

ШЫМШЫҚ *Сұр, қоңыр түсті, қауырсынды кішкентай құс.*

ШЫМШЫЛА 1. *Қайта-қайта шымшу.* 2. ***Ауысп.*** *Қағыту.*

ШЫМШЫМ: біршымшым — *біршөкім, азғантай ғана.*

ШЫМ-ШЫМ *Тым ыстық емес, бірақ жылыдан гөрі ыстығырақ (су).*

ШЫМШЫМА 1. *Қағытпа, кекетінді (сөз).* 2. ***Ауысп.*** *Бет қаритын, ызғарлы (аяз).*

ШЫМ-ШЫМДА *Аз-аздан, тамтұмдап, сыздықтатып.*

ШЫМ-ШЫТЫРЫҚ *Қым-қиғаш, қым-қуыт, бейберекет, шытырман, шимай.*

ШЫМЫЛДА *Тызылдау, шымырлау.*

ШЫМЫЛДЫҚ *Төсек түсын және театр сахнасын көлегейлеп қоятын матадан тігілген қалқан.* ◊ **Шымылдық байлар** ***этн.*** *— құда-құдағилардан алынатын кәде.*

ШЫМЫР *Жұмыр, мығым.*

ШЫМЫРА *Шымырлану, шынығу, шыңдалу.*

ШЫМЫРҚАН *Қатулану, қаһарлану.*

ШЫМЫРЛА 1. *Бүлк-бүлк ету, бүлкілдеу.* 2. ***Ауысп.*** *Ән бойынан суық бірдеңе жүріп өткендей күй кешу.*

ШЫМЫРЛАН *Шынығу, жұтыну, шыңдалу.*

ШЫМЫРЛЫҚ *Ширақтылық, мығымдық, мықтылық.*

ШЫМЫР-ШЫМЫР *Бірқалыпты, бүлк-бүлк.*

ШЫН *Рас, растық, анық.*

ШЫНАЙЫ *Адал, ақ, таза, ақиқат.*

ШЫНАЙЫЛЫҚ *Ақиқаттық, нақтылық.*

ШЫНАР 1. *Жылы жақта өсетін, жалпақ жапырақты, тіп-тік биік ағаш.* 2. ***Ауысп.*** *Шырқау биік.*

ШЫНАРДАЙ *Шынар сияқты.*

ШЫНАРЛЫ *Шынар өскен, шынары бар.*

ШЫНАШАҚ *Бес саусақтың ең кішісі.* ◊ **Ішіне шынашақ айналмайды** *— іші тар, қызғаншақ.* **Шынашағына татымайды** *— теңестіруге келмейді, түкке тұрмайды.*

ШЫНАШАҚТАЙ *Шынашақ сияқты, титтей.*

ШЫНДА *Көңіл қою, берілу, жанын салу.*

ШЫНДЫҒЫНДА *Анығында, дұрысында, расында.*

ШЫНДЫҚ *Ақиқаттық, дұрыстық.*

ШЫНЖАРА *Ет пен тері арасына шығатын кеселді ісік.*

ШЫНЖАУ ***жерг.*** *Нәзік, әлсіз.*

ШЫНЖЫР *Бір-біріне ілмектелген шығыршықтар тізбегі.* ◊ **Шынжыр балақ, шұбар төс** ***көне*** *— шонжар, төре.*

ШЫНЖЫРЛА *Шынжырмен байлау.*

ШЫНЖЫРЛАУЛЫ *Шынжырмен байлаулы.*

ШЫНЖЫРЛЫ *Шынжыр таққан, шынжыры бар.*

ШЫНТАҚ 1. *Білек пен қар сүйектерінің түйіскен сырт жағы.* 2. *Киім жеңінің шынтақ тұсы.*

ШЫНТАҚТА *Бір нәрсеге шынтағымен сүйену, таяну.*

ШЫНТАҚТЫҚ *Киімнің шынтақ тұсы.*

ШЫНТУАЙТ *Шындығы, турасы.*

ШЫНТУАЙТТАП: шынтуайттап келгенде *— шындығын айтқанда, дұрысына келгенде, шындап келгенде.*

ШЫНШЫЛ *Турашыл, адал.*

ШЫНШЫЛДЫҚ *Адалдық, турашылдық.*

ШЫНЫ 1. *Кварц құмының ерітіндісінен жасалған мөлдір түсті жұқа зат.* 2. *Фарфордан жасалған шай ыдысы.* □ **Шыны қар** *— қабыршықтанып қатқан жылтыр қар.* **Шыны май** *— қазақы қойдың ерітілген таза құйрық майы; тортасы айырылған май.* **Шыны талшық** *— балқытылған шыныдан созып алынатын жасанды жіп.*

ШЫНЫАЯҚ *Кесе, шәшке, шыны сияқты шай ыдыстары.*

ШЫНЫТАС *Құрылыс материалы (кафель).*

ШЫНЫДАЙ *Шыны тәрізді, мөлдір мұз.*

ШЫНЫҚ *Іске төселу, машықтану.*

ШЫНЫҚАП ***этн.*** *Сынып қалатын ыдыстарды салып қоятын, киізден, былғарыдан тігілген кесекап.*

ШЫНЫЛА *Шыны салу, әйнектеу.*

ШЫНЫЛЫ *Шыны салынған, әйнекті, шыныланған.*

ШЫНЫМЕН *Шынында.*

ШЫНЫНДА *Расында, шындығында, ақиқатында, анығында.*

ШЫҢ I 1. *Таудың ұшар басы, биік жері.* 2. *Шатқалдың терең түбі, табаны.*

ШЫҢ II ***муз.*** *Қазақтың көне, соқпалы, музыкалық жез аспабы.* □ **Шың етті** — *шыңылдады.*

ШЫҢ: шыңына жетті — *титығына тиді, титықтатты.*

ШЫҢҒЫР *Қышқыру, бақыру.*

ШЫҢҒЫРЛА *Сыңғырла.*

ШЫҢҒЫРЫҚ *Шыңғырған дауыс.*

ШЫҢДА 1. *Шалғы, кетпен сияқты еңбек құралдарын балғамен ұрып өткірлеу, қайрау.* 2. ***Ауысп.*** *Жетілдіру, кемелдендіру.*

ШЫҢДАУЛЫ 1. *Өткірленген, қайралған.* 2. ***Ауысп.*** *Шыныққан, қажырлы, қайратты.*

ШЫҢДАУШЫ 1. *Қайрақшы.* 2. ***Ауысп.*** *Баулушы, баптаушы, ұстаз.*

ШЫҢДАУЫЛ ***муз.*** *Шанағының бетін көнмен қаптаған, қазақтың соқпалы ұлттық музыкалық аспабы.*

ШЫҢҚЕТЕР ***бот.*** *Қынағұл тұқымдасына жататын дәрілік, әсемдік өсімдік.*

ШЫҢҚ: шыбық тимес шыңқ етер — *тиіп кетсең жылап қоя беретін жылауық бала.*

ШЫҢҚ-ШЫҢҚ: шыңқ-шыңқ етті — *шыңқылдады.*

ШЫҢҚЫЛДА *Шыңқ-шыңқ ету.*

ШЫҢҚЫЛ *Дыбыс еліктеуіш сөз. Шыңқ еткен дыбыс.*

ШЫҢҚЫЛДАҚ *Шыңқ-шыңқ еткен дыбыс шығаратын зат (адам).*

ШЫҢ-ШЫҢ: шың-шың етті — *шұңқылдады.*

ШЫҢЫЛ 1. *Темір, қаңылтыр сияқты нәрселердің бір-біріне соғылысқанынан шығатын дыбыс.* 2. ***Ауысп.*** *Шың-шың етіп, шыңылдап құлаққа естілген жағымсыз дыбыс.*

ШЫҢЫЛДА 1. *Шың-шың ету.* 2. *Шың-шың етіп дыңылдау, шуылдау (құлақтың шуылдауы).*

ШЫҢЫЛДАҚ *Шыңылдап шыққан дыбыс.*

ШЫҢЫЛТЫР I *Шытымыр аяз.*

ШЫҢЫЛТЫР II *Әйнек, қыш, фаянс т. б. заттардың сыртын жалтырататын қорытпа.*

ШЫҢЫЛТЫРЛАН *Шытымырлану.*

ШЫҢЫРАУ 1. *Биік құз, таудың ұшар басы.* 2. *Тұңғиық, терең.* □ **Терең шыңырау** — *он құлаш шыңырау құдық.*

ШЫП: **шып етті (еткізді)** — *дыбыс еліктеуіш сөз. Қамшымен тартып қалғанда шығатын дыбыс.*

ШЫП: **шып толы** — *аузы-мұрнынан шыққан, лықылдаған.*

ШЫПТА *Үй тұрмысы қажетіне лайықталып шиден, қамыстан тоқылған бұйым.*

ШЫПТАЛА *Шыптамен қоршау.*

ШЫП-ШИРАҚ *Қунақ, тым құнақ.*

ШЫПШЫ *Шып-шып шығу, шыпылдап шығу.*

ШЫП-ШЫМЫР *Тығыршықтай, тып-тығыз, жұп-жұмыр.*

ШЫП-ШЫП *Дыбыс еліктеуіш сөз. Шып-шып тер шығады.* □ **Шып-шып етті** —*шыпылдады.*

ШЫП-ШЫРҒА: шып-шырғасын шығармады — *түгіне тимеді, шашау шығармады.*

ШЫП-ШЫРҒАСЫЗ *Қаз-қалпы, сол күйінде.*

ШЫПЫЛ *Шып-шып еткен дыбыс.*

ШЫПЫЛДА I *Шүпілдеу.*

ШЫПЫЛДА II *Шып-шып ету.*

ШЫПЫРТ *Сықпырту, шықпырту.*

ШЫПЫРТҚЫ *Солқылдақ жас шыбық.*

ШЫПЫРТҚЫЛА *Солқылдақ жас шыбықпен сықпыртып үсті-үстіне ұру.*

ШЫР: шыр бұзды — *ынтымақты бұзды, татулықты кетірді.*

ШЫР: шыр біткі [байлады] — *ет алды, қоңданды.*

ШЫР: шыр [көбелек] айналды — а) *бір орында тұрып шыр айналды;* ə) *бір жерден ұзап кете алмады.* **Бір айналдырғанды шыр айналдырады** — *адамның жақынынан айырылуы, не бір кеселді дертке шалдығуы, әлдебір қырсық-пәлеге ұшырауы сияқты бақытсыз жағдайлардың бірінен соң біріне ұшырауы.*

ШЫР: шыр етті [ете қалды] — а) *оқыс қатты дыбыс шығарды;* ə) *біреуді*

шыр-пыр боп қоргаштады, ара түсті. **Шыр етіп жерге түскелі** – *жарық дүниеге, өмірге келгелі.*

ШЫРА *Тамызық, майшам*

ШЫРАҒДАН 1. ***көне*** *Өлген адамның басына жағып қоятын жарық.* 2. *Ортасына жіңішке жұмыр білте салып жасалған майшам.*

ШЫРАҒЫМ ***экспр.*** *Жасы кішіге айтылатын қаратпа сөз.*

ШЫРАЙ I *Адамның көркі, бет-ажары.*

ШЫРАЙ II ***грамм.*** *Сапалық сын есімдерге тән категория.*

ШЫРАЙЛАН *Өңдену, көріктену, ажарлану, әдемілену.*

ШЫРАЙЛЫ *Көрікті, келбетті, реңді.* □ **Жылышырайлы** – *жылыжүзді, мейірбанды.*

ШЫРАЙЛЫЛЫҚ *Көріктілік, сұлулық, әдемілік, ажарлылық.*

ШЫРАЙЛЫМ ***көне*** *Дәстүр бойынша жеңгесінің қайын сіңлісіне қоятын аты.*

ШЫРАЙСЫЗ *Өңсіз, көріксіз, ұсқынсыз.*

ШЫРАҚ 1. *Шырағдан, шам (майшам).* 2. ***көне*** *Бейіт басына барғанда өлген адамға арнап жағатын жарық.* 3. ***Ауысп.*** *Жеңгесінің қайындарын еркелете айтатын сөзі.* ◊ **Шырағы қайта жанды** – а) *өшкен оты қайта түтеді;* ә) *көзі қайтадан көретін болды.* **Шырағы өшті [сөнді]** – *түтіні өшті, үйі иесіз қалды.* **Шырақ алып түсті** – *соңына түсті, құдалады.*

ШЫРАҚШЫ *Мешітте, мазарда шырақ жағатын адам.*

ШЫРАЛҒЫ *Оралғы, шырмау.*

ШЫРАЛЖЫН ***бот.*** *Шашағы нәзік күлтелі, көпжылдық өсімдік.*

ШЫРАМЫТ *Шамалап, жорамалдап қана тану.*

ШЫРҒА 1. *Далбай. Құсты дәніктіріп баулу үшін бір басына өзге аңның терісіне орап қойылған жем.* 2. ***Ауысп.*** *Амал-айла, алдап-арбау.*

ШЫРҒАЙ ***бот.*** *Сүрегі қатты және ұзын әрі жіңішке бұта.*

ШЫРҒАЛА I *Төңіректеу, айналсоқтау, айналшықтау*

ШЫРҒАЛА II *Шырғаға үйрету, шырға тарту.*

ШЫРҒАЛАҢ 1. *Шым-шытырық, шытырман.* 2. ***Ауысп.*** *Қырсық, кесел, кесір-кесапат.*

ШЫРҒАЛАҢДА *Бөгежектеу, айналақтау*

ШЫРҒАНАҚ ***бот.*** *Дәрілік май алынатын тікенекті бұта өсімдік.*

ШЫРҚ: шырқ айналды – *жаны қалмай зыр жүгірді, әбігерге түсті.*

ШЫРҚА 1. *Ән салу.* 2. ***Ауысп.*** *Өркендеу, өркендеп өсу, қарыштау, самғау, аспандау.*

ШЫРҚАУ *Алыс, қашық, жырақ.* ◊ **Шырқау биікке [шыңына] көтерілді [шықты]** – *дамыды, жетілді.*

ШЫРҚЫЛ *Шырқ-шырқ еткен дыбыс.*

ШЫРҚЫЛДА *Шырқ-шырқ ету.*

ШЫРҚЫРА 1. *Шыр-шыр етіп қолды-аяқта тұрмай жылау.* 2. ***Ауысп.*** *Безек қағу, тызақтау.*

ШЫРҚЫРАУЫҚ 1. *Шырқырап қатты жылай беретін бала.* 2. *Шыр-шыр ете беретін ұн, дыбыс.*

ШЫРЛА(У) ***жерг.*** *Сыпыру, тазалау.*

ШЫРЛАН *Қоң біту, ет алу, оңалу.*

ШЫРМА 1. *Шанду.* 2. ***Ауысп.*** *Торлау.* 3. ***Ауысп.*** *Айналдыру, көндіру.*

ШЫРМАУ *Оралғы, кедергі, бөгет, тұзақ.*

ШЫРМАУЛЫ *Байлаулы, шандулы.*

ШЫРМАУЫҚ ***бот.*** *Шырматылып өсетін, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ШЫРМАУЫТ ***этн.*** *Иректеліп кестеленген ою-өрнектің бір түрі.*

ШЫРПУЫШ *Қырпуыш. Бұталардың басын қырпитын құрал.*

ШЫРПЫ I 1. *Ағаштың үзілген, сынған ұсақ бұтағы.* 2. *Сіріңкенің шиі.* ◊ **Шырпы басын сындырмады** – *тұк істемеді, қимылдамады, қол ұшын тигізбеді.*

ШЫРПЫ II *Бұталардың басын қырпып тегістеу, қырпу.*

ШЫРПЫЛА 1. *Басын қырпу, қысқартып кесу.* 2. *Майдалау, ұсақтау, уату.*

ШЫР-ПЫР: шыр-пыр болды [шыр-пыры шықты] – *күйіп-пісті, әбігерленді.*

ШЫРТ: шырт етті – *шырт еткен дыбыс шықты.* ◊ **Шыртетпе** – *мінезі кіді, ашуланшақ.* **Шырт түкірді** – а) *шырт еткізіп түкірді;* ә) *ширенді, дандайсыды.*

ШЫРТА ***жерг.*** *Қар тоқтататын қалқан шарбақ.*

ШЫРТИ *Кісімсу, паңсыну, ширену, менменсу.*

ШЫРТТАЙ: шырттай киінді – *бастан-аяқ жаңадан киім киді.* □ **Шырттай қараңғы** – *тастай қараңғылық.*

ШЫРТ-ШЫРТ *Дыбысқа еліктеуіш сөз.*

ШЫРТЫЛ *Шырт-шырт еткен дыбыс.*

ШЫРТЫЛДА 1. *Шырт-шырт еткен дыбыс шығару.* 2. ***Ауысп.*** *Тез ашулану.*

ШЫРТЫЛДАҚ I *Тортасы айырылған сарымайға жылқы майын қосып жасаған женттің бір түрі.*

ШЫРТЫЛДАҚ II *Шыртетпе, ашуланшақ.*

ШЫРТЫЛДАҚ: шыртылдақ қоңыз – *қаттықанаттылар тұқымдасына жататын қоңыз.*

ШЫРША ***бот.*** *Қысы-жазы жапжасыл боп тұратын қылқан жапырақты ағаштар (майқарағай, шырша т. б).* □ **Шыршаторғай** – *негізгі азығы – қылқан жапырақты ағаштардың жаңғағын шағып жейтін, суыққа төзімді құс.*

ШЫРШАЛЫ *Шыршасы бар, шыршасы қалың.*

ШЫР-ШЫР: шыр-шыр етті – а) *шырылдады;* ә) *безек қақты, зар қақты.*

ШЫР-ШЫРЛА *Шыр-шыр ету, шырылдау.*

ШЫРЫҚ: шырық бұзды [кетірді] – *берекені алды, мазалады.* **Шырқ ірді** – *малды шоқтай ірді; шоғырландырды.*

ШЫРЫЛ 1. *Шырылдаған, шыр-шыр еткен үн.* 2. *Шылдырлаған дыбыс.* ◊ **Шырыл қақты** – *шырылдады, безек қақты.*

ШЫРЫЛДА 1. *Шыр-шыр ету.* 2. *Шылдыр қағу, шылдырау.* 3. ***Ауысп.*** *Шыр-шыр етіп жылау.* 4. ***Ауысп.*** *Асты-үстіне түсіп, бәйек болу.*

ШЫРЫЛДАҚ *Шыр-шыр еткен, шырылдап қалған.*

ШЫРЫЛДАУЫҚ I *Малды, аңды, құсты үркіту үшін қаңылтырдан жасап, ағаштың басына іліп қоятын шырылдағыш зат.*

ШЫРЫЛДАУЫҚ II *Шырылдап қалған, шыр-шыр еткен.*

ШЫРЫМ: көз шырымын алды – *көз іліп алды.*

ШЫРЫМТАЛ ***жерг.*** *Шойырылма, құян.*

ШЫРЫН 1. *Өсімдіктің бойындағы, оның жеміс-жидегіндегі тәтті нәр.* 2. ***Ауысп.*** *Тәтті, ләззатты.*

ШЫРЫНДАЙ *Шырын сияқты.*

ШЫРЫНДАН *Шырын алу, нәрлену.*

ШЫРЫНДЫ *Шырыны мол.*

ШЫРЫНСЫҚҚЫШ *Жеміс-жидектерді сығып шырынын алатын құрал.*

ШЫРЫШ I *Таулы аймақтарда өсетін, сабағы жапырақсыз, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ШЫРЫШ II *Жабысқақ желім сияқты жылпылдақ сұйық зат, жаңа туған қозының шырышы, балықтың шырышы.*

ШЫРЫШ III *Шырыш бұзу. Шырқын алу; берекесін кетіру, ынтымақ бұзу.*

ШЫРЫШТА *Шырыш алу, шырышты болу, жабысқақтану.*

ШЫРЫШТЫ *Шырышы бар, жабысқақты.*

ШЫТ *Жұқа мата.* ◊ **Шыт жаңа** – *ұсталмаған, жап-жаңа.*

ШЫТАДАЙ *Жұп-жұқа, үлбіреген.*

ШЫТҚЫЛ 1. *Шытымыр, шыңылтыр.* 2. ***Ауысп.*** *Кірбің, реніш.*

ШЫТҚЫЛДАН *Шытымырлану, ызгарлану, шыңылтырлану.*

ШЫТҚЫЛДЫҚ *Кірбең, кірбеңдік.*

ШЫТТАЙ *Түгелдей жаңа, сүдай жаңа.*

ШЫТ-ШЫТ *Сызат-сызат болып жарылу, шытынап жарылу.*

ШЫТЫМЫР *қ. Шыңылтыр, шытқыл.*

ШЫТЫН 1. *Ренжу, кею.* 2. *Кіржию, тыржию.*

ШЫТЫНА 1. *Шыт-шыт болу, сызаттану, шытынап жарылу.* 2. *Дене терілерінің тілімденіп жарылуы, даланың құрғап шыт-шыт болуы.* 3. ***Ауысп.*** *Сыздау, сыздану, тырс-тырс ету.*

ШЫТЫНАҚ *Ашуланшақ, кіді.*

ШЫТЫҢҚЫ *Қабағы түйіліңкі, түсіңкі.*

ШЫТЫР I ***бот.*** *Гүлі ұсақ, сортаңдау далада өсетін шөптесін өсімдік.*

ШЫТЫР II *Шытыр-шытыр еткен дыбыс.*

ШЫТЫРА I *Омырауға, баскиімге, түймелікке тағатын әртүрлі асыл тас, жылтырауық салынған күміс әшекей.*

ШЫТЫРА II *Көлбей өсетін, біржылдық шөп тектес өсімдік.*

ШЫТЫРАҚ ***бот.*** *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын өсімдік.*

ШЫТЫРАЛА *Шытырамен әшекейлеу.*

ШЫТЫРАЛЫ *Шытыра салынған, шытырасы бар.*

ШЫТЫРДАЙ *Ақ шаңқан, тап-таза.*

ШЫТЫРЛА 1. *Шытыр-шытыр ету.* 2. ***Ауысп.*** *Бұрқылдау, шытыр ете қалу.*

ШЫТЫРЛАҚ 1. *Шытыр-шытыр еткен, сытырлақ, судай жаңа.* 2. ***Ауысп.*** *Шытыр етпе.*

ШЫТЫРЛАУЫҚ *Сытырлауық, шытырлай беретін.*

ШЫТЫРМАҚ *Қым-қиғаш, шимай-шатақ.*

ШЫТЫРМАН *Қым-қиғаш, шым-шытырық.*

ШЫТЫРМАНДАУ *Шырғалаңдау.*

ШЫТЫРМАНДЫ *Қым-қиғаш, шым-шытырық. шырғалаңды.*

ШЫТЫРША ***бот.*** *Айқасгүлділер тұқымдасына жататын өсімдік.*

ШЫТЫР-ШЫТЫР *Шытырлаған дыбыс.*

ШЫТЫРЫН *Тыжырыну.*

ШІБІ *Тауықтың балапаны, шөже.*

ШІГЕ *Асықтың бүгесіне қарамақарсы ойыс жағы.*

ШІГІТ: ***жерг.*** **шігіт майы** — *мақта майы.*

ШІДЕР *Аттың алдыңғы екі аягы мен артқы бір аягын қосып салынатын тұсау.* ◊ **Шідер салды** — *еркіне жібермеді.*

ШІДЕРЛЕ *Шідер салу.*

ШІДЕРЛІ *Шідері бар, шідер салған.*

ШІДЕРЛІК *Аттың сирағының шідер салатын жері.*

ШІДЕРСІЗ *Шідер салынбаған, шідері жоқ.*

ШІК *қ. Шіге.*

ШІКӘМШІЛ *қ. Кінәмшіл.*

ШІКІРӘ I *Ешкінің теке лағы.*

ШІКІРӘ II *Әулие.*

ШІКІРЕЙ *Шетірею, кекірею, шірену.*

ШІЛ *Құр тұқымдасына жататын, кекілікке ұқсас, сұрғылт түсті кішкентай құс.* ◊ **Шілдің боғындай бытырады** — *тоз-тоз болып берекесі кетті, жан-жаққа шашылды.* **Шілдей тозды** — *азып-тозу, пышырау.*

ШІЛБІ *Ілмию, ілбию.*

ШІЛБУЫТ ***жерг.*** *Жіп-жіңішке, қылдырықтай.*

ШІЛДЕ *Жаз айы.* ◊ **Шілде тер** — *босанғанда шығатын суық тер.* **Шілдеде мұз қатырған** — *ызбарымен жұртты шошындырған, ықтырған; қатал, озбыр.* **Шілде той** ***жерг.*** — *қ. шілдехана.* **Шілде түсті** — *қырық күндік ыстық түсті.*

ШІЛДЕҚОҢЫЗ ***зоол.*** *Шілде айында шығатын қанатты қоңыз.*

ШІЛДЕЛІК I *Аптап ыстықта шырылдап ұшып жүретін қосқанатты жәндік.*

ШІЛДЕЛІК II ***мед.*** *Ағзадағы зат алмасу әрекетінің іштен туа пайда болатын ауытқулары (диатез).*

ШІЛДЕХАНА *Шілде той. Сәбидің дүниеге келу құрметіне жасалатын той.*

ШІЛІ *қ. Ылғи.*

ШІЛИЯ *Аттың қамыты мойнына кертпеу үшін қажет әбзел.*

ШІЛИЯЛЫ *Шілиясы бар.*

ШІЛМИ *қ. Шілби.*

ШІЛТЕ ***көне*** *Бетке салық, шіркеу болатын сөз, өсек-аяң, жала сөз.*

ШІЛТЕН: ғайып ерен қырық шілтен ***діни*** *— періште, адамды жебеп, қолдап жүретін көзге көрінбейтін киелі бейне.*

ШІЛТЕР I *Мақта, жүн, жібек жіптен селдір етіп тоқылған әшекейлі перде.*

ШІЛТЕР II ***жерг.*** 1. *Самаурынның оттығы.* 2. *Шам (шырақ) мойнының тесік-тесік қалқаны.*

ШІЛТЕРЛЕ *Шілтер жүргізу, шілтермен әшекейлеу.*

ШІЛТЕРЛІ *Шілтерленген, шілтермен әшекейленген, шілтері бар.*

ШІЛТІКТЕЙ *Жіптіктей.*

ШІЛТІШБАЙ ***қарап.*** *Шілтің-шілтің еткен (мінез, қылық).*

ШІЛІК *Сулы жерде өсетін, жіңішке солқылдақ бұта.*

ШІЛІКТЕЙ *Шілік сияқты, тал шыбықтай.*

ШІЛІКТІ *Шілік өскен, шілігі мол.*

ШІЛІНГІР *Аспан айналып жерге түскен қапырық.*

ШІМІРКЕН 1. *Түршігу, тітіркену.* 2. ***Ауысп.*** *Қысылу, қымсыну.*

ШІМІРІК *қ. Шіміркен.*

ШІМІРІКПЕ *Қымсынбау, тайсалмау, қорықпау* □ **Жүзі [беті] шімірікпеді** *— жүзі жанбады, ұялмады, қысылмады.*

ШІҢЖӘУ ***жерг.*** *Қоңторғай.*

ШІҢГІРЛЕ *Шіңгір-шіңгір ету.*

ШІҢГІРЛЕК *Шіңгірлеп қалған, шіңгір-шіңгір еткен.*

ШІҢГІРШЕК ***жерг.*** *Жүгерінің дәні алынған тіні. Шақалдақ.*

ШІҢГІРІК ***жерг.*** *Жүгерінің сабағы.*

ШІҢК-ШІҢК: шіңк-шіңк ету *— шіңкілдеу.*

ШІҢКІЛ *Шіңк еткен дыбыс.*

ШІҢКІЛДЕ *Шіңк-шіңк ету.*

ШІҢКІЛДЕК I *Дене түрқы кішірек, дауысы шіңк-шіңк етіп шығатын құс.*

ШІҢКІЛДЕК II *Шіңкілдеп, шіңк-шіңк етіп шығатын (дыбыс, үн).*

ШІҢКІЛДЕУІК *қ. Шіңкілдек.*

ШІП-ШИКІ 1. *Әлі шикі, піспеген.* 2. ***Ауысп.*** *Жетілмеген, пісіп-қатпаған.* 3. ***Ауысп.*** *Мүлде, барып тұрған өтірік.*

ШІП-ШИКІЛ *Тіптен шикіл, сапсары.*

ШІРЕ *Шірену, аяғын үзеңгіге тіреу.*

ШІРЕН 1. *Аттың ауыздығын екі аяқты үзеңгіге тіреп, шалқая тарту.* 2. *Байлықты көтере алмау, асып-тасу.*

ШІРЕНІШЕК *Шіреніп қалған, шіренгіш.*

ШІРЕТ *қ. Кезек.*

ШІРКЕЙ *Қосқанатты ұсақ жәндіктердің бірі ең кішісі.*

ШІРКЕЙЛІ *Шіркейі бар, қалың.*

ШІРКЕУ I ***діни*** *Христиандардың Құдайға құлшылық ететін орны.*

ШІРКЕУ II *Ұят, (бетке) салық.* ◊ **Шіркеу келтірмеді [түсірмеді]** *— кір келтірмеді, ұятқа қалдырмады.*

ШІРКЕУЛЕ *Қалқалау, көлегейлеу.*

ШІРКЕУЛІ *Жүзі төмен.*

ШІРКІН 1. *Есіл, қайран.* 2. ***экспр.*** *Аңсау, армандау мәнді қыстырма сөз.* 3. *Байғұс, бейшара, бейбақ, сорлы.*

ШІРНЕ *Өсімдіктің бойында, жемісінде болатын тәтті шырын.*

ШІРНЕЛІ *Шірнесі бар, шірнесі мол.*

ШІРНЕЛІК *Гүлдің шірне жиналастын, шірне салатын жері (шірнелік түйнегі).*

ШІРІ 1. *Іру, бұзылу.* 2. ***Ауысп.*** *Құру, жойылу, өлу.* 3. ***Ауысп.*** *Мыңғыру.* ◊ **Шіріген жұмыртқа** *— шетке шыққан, ата-анадан, елден шыққан (бала).*

ШІРІГІШ *Бүлінгіш.*

ШІРІК 1. *Шірінді, шіріген.* 2. ***Ауысп.*** *Ез, бұлжыр, намыссыз.*

ШІРІКТЕН *Ынжықтану, болбырлану.*

ШІРІКТІК 1. *Күйреуіктік, шірігіштік, бүлінгіштік, бұзылғыштық.* 2. ***Ауысп.*** *Дәрменсіздік, ездік.*

ШІРІНДІ *қ. Шірік.*

ШІРІҢКЕНЕ ***жерг.*** *Сауда-саттықта делдалдық үшін берілетін ақы.*

ШІРІТКІШ *Шіріткі.*

Ы

ЫБЫЛЖЫ *Бір нәрсені ақырын істеу, сылбыр қимылдау*

ЫБЫР-ДЫБЫР *Қыбырлаған қозғалыс, дыбырлаған дыбыс.*

ЫБЫР-ЖЫБЫР *Баяу қимыл, күйбең, қыбырлаған қозғалыс, жүріс.*

ЫБЫРСЫ *Заттың қалай болса солай ретсіз, әр жерде бір шашылып жатуы.*

ЫБЫР-СЫБЫР *Пыш-пыш күңкіл, ұсақ-түйек сөз.*

ЫБЫРСЫҚ *Шашылған күл-қоқсық.*

ЫҒАЙ-СЫҒАЙ *Бірінен-бірі өткен, іріктелген, ылғи мықтылар.* ◊ **Ығай мен сығай** — *ылғи мықтысы, беткеұстары.*

ЫҒЫ-ЖЫҒЫ *Ары-бері сапырылысқан, опыр-топыр.*

ЫҒЫН-ШЫҒЫН *Бір нәрсеге жұмсалған қаржы, қаражат.*

ЫҒЫН-ШЫҒЫНСЫЗ *Ысырапсыз, көп шығын көрмей.*

ЫҒЫР *Адамды мезі ететін, мазасыз.* ◊ **Ығыр ат** — *көп міністі көріп әбден ерқашты болған жылқы.* ◊ **Ығыр атан нар** — *піштірілген нар түйенің жұмысқа міністіліп, қажып шаршағаны.* **Ығыр болды** — *әбден мезі болды.* **Ығыр етті [қылды]** — *мезі етті, жалықтырды.*

ЫҒЫРЛА *Мезі ету, ығырын шығару, мазалау.*

ЫҒЫРШЫҚ *Бәйге атының жалқұйрығын сүзіп, кежімдеген соң жабудың орнықты тұруы үшін оның белінен тартып қоятын ашамай сияқты ершік.*

ЫҒЫС 1. *Орнынан бір жаққа қарай сырғу, жылжу.* 2. ***Ауысп.*** *Жасқану, қаймығу.*

ЫҒЫСТА 1. *Бір нәрсенің ығына қарай кету, ықтау.* 2. ***Ауысп.*** *Қаймығыңқырау, жасқаныңқырау.*

ЫДЫРА 1. *Жан-жаққа тарқау, бөліну, жарылу.* 2. *Сейілу, сиреу.* 3. *Сетінеп жыртылу, сөгілу.*

ЫДЫРАҒЫШ *Ыдырап кеткіш, сетінегіш.*

ЫДЫРАҢҚЫ *Сирек, шашыраңқы.*

ЫДЫРАҢҚЫЛАУ *Сиректеу, алшақтау.*

ЫДЫРАҢҚЫЛЫҚ *Сиректік, шашыраңқылық.*

ЫДЫРЫС I *Көздің шапыраштанып, көз қарасының бір жағына ығысуы, қылы.*

ЫДЫРЫС II *Арнайы түрін келтіріп асыл матадан құрап тігетін көрпе, жуырқан.*

ЫДЫС *Ішіне әртүрлі нәрселер салуға, ас-су құюға арналған тұрмыстық бұйымдар.*

ЫДЫС-АЯҚ *Ас ішуге, құюға арналған әртүрлі ыдыстар.* ◊ **Ыдыс-аяқ сыңғырлады** — *үй ішінде келіспеушілік болды, ұрыс-керіс шықты.*

ЫЗ *Матаның шетін жіңішкелеп бүгіп тігу, бау жасау.*

ЫЗ: ыз етті — *ыз еткен дыбыс шығарды, ызылдады.*

ЫЗА *Қатты қысқан ашу.* ◊ **Ыза болды** — *ашуға булықты, күйіп-жанды.* **Ыза етті [қылды]** — *қыжылына тиді, ашындырды.* **Ыза кернеді [қысты]** — *ашудан жарылып кете жаздады, булықты.* **Ызасы өтті** — *қорлығы өтті, қылығы жанына батты.* **Ыза шекті** — *қорлық көрді, азап шекті.*

ЫЗА: ыза суы — *жер астынан шығатын ылғал, су.*

ЫЗА-КЕК *Қайнаған ашу-кек, өшпенділік.*

ЫЗАҚОР *Ашуланшақ, шыртетпе мінезді, шамшыл (адам).*

ЫЗАҚОРЛАН *Тез ашулану, ызалану.*

ЫЗАҚОРЛЫҚ *Ашу қысушылық, қызарақтаушылық.*

ЫЗАЛАН *Ыза болу, долдану.*

ЫЗАЛЫ *Ашу-ыза қысқан, кекті.*

ЫЗАСЫЗ *Зілсіз, кекссіз, ашусыз.*

ЫЗБА *Ызып жасалған бау.*

ЫЗБАЙЛАН *Ауру-сырқаудан мазасы кету, беймаза болу, мазасыздану.*

ЫЗБАР *Айбат, ашу, сес.*

ЫЗБАРЛАН *Сұстану, ызбар, айбат көрсету.*

ЫЗБАРЛЫ *Зілді, сұсты, айбатты, ашулы.*

ЫЗБАРСЫЗ *Ашусыз, зілсіз.*

ЫЗҒАР 1. *Бет қаритын үскірік, аяз.* 2. ***Ауысп.*** *Ашу, ызбар, зіл.*

ЫЗҒАРЛАН *Түсін суыту, айбат шегу.*

ЫЗҒАРЛЫ 1. *Қатты суық, аязды.* 2. ***Ауысп.*** *Суық райлы, ашулы.*

ЫЗҒАРСЫЗ 1. *Ызғары жоқ, қысы жұмсақ, аязсыз.* 2. ***Ауысп.*** *Зілсіз, жайдары.*

ЫЗҒЫ 1. *Зымырау, зулау, жүйтки жөнелу.* 2. *Суық жел есу, желдету.*

ЫЗҒЫН ***жерг.*** *Өте қалың, тығыз, көп.*

ЫЗҒЫНДА *Ызғып суық жел есу, үскіріктену.*

ЫЗҒЫНДАЙ *Қалың, көп, нөпір.*

ЫЗҒЫР *Қатты суық жел соғу, үру.*

ЫЗҒЫРЫҚ *Үскірік суық жел.*

ЫЗҒЫРЫҚТА *Ызғырық суық жел соғу.*

ЫЗҒЫРЫҚТАУ *Аздаған ызғырық желі бар.*

ЫЗҒЫРЫҚТЫ *Ызғырық суық желді.*

ЫЗҒЫТ *Тез жүру, жүйткіту.*

ЫЗҒЫТЫП-ЫЗҒЫТЫП *Үдетіп-үдетіп, зуылдатып-зуылдатып алу.*

ЫЗДИ *Шікірейіп сәнді киіну.*

ЫЗЫ-ҚИҚУ *У-шу, азан-қазан.*

ЫЗЫЛ *Ара, маса, сона, т. б. ызыңдап шығаратын дыбысы, үні.*

ЫЗЫЛДА *Ызылдаған дыбыс шығару.*

ЫЗЫЛДАҚ *Ызылдай беретін ызыңдауық.*

ЫЗЫЛДАУЫҚ *Ызылдай беретін, ызылдақ.*

ЫЗЫМ-ҚАЙЫМ ***сөйл.*** *Із-түзсіз, хабар-ошарсыз.*

ЫЗЫҢ *Ызыңдап шыққан үн, ызыл.*

ЫЗЫҢДА *Ызыңдаған дыбыс шығару, ызылдау.*

ЫЗЫҢСЫЗ *Ызың еткен дыбыссыз. Ызыңсыз.*

ЫЗЫҢШЫЛ *Ызыңдағыш, ызыңдай беретін.*

ЫЗЫҢ-ЫЗЫҢ *Қайта-қайта ызыңдаудан шығатын дыбыс, ызыл.*

ЫҚ I 1. *Желден, жауыннан қағаберіс ықтасын жақ.* 2. ***Ауысп.*** *Ырқы, ыңғайы.* ◊ **Ығы жоқ** — *ебедейсіз, қырсыз.* **Ығына жығылды [көшті]** — *біреудің ыңғайына көшті, айтқанына көнді.* **Ығын тапты** — *жөнін тапты, ретін келтірді.*

ЫҚ II 1. *Боранна, жауыннан қорғанып, ықтасын жер іздеуі; ықтау.* 2. *Балық аулау кезінде, жарылған мұз үстінде су ағынына кету.* 3. ***Ауысп.*** *Қаймығу, жасқану, тайқу.*

ЫҚҚЫШ *Ыға бергіш.*

ЫҚПАЛ *Бір адамның екінші бір адамға не бір заттың екінші бір затқа ететін әсері, ырқы.* ◊ **Ықпал етті [жасады]** — *себепкер болды, әсерін тигізді.* **Ықпалына түсті** — *айтқанын істеді, ыңғайына көнді.*

ЫҚПАЛДЫ *Ықпалы зор, беделі күшті.*

ЫҚПАЛДЫЛЫҚ *Әсері, ықпалы барлық.*

ЫҚПАЛДЫРАҚ *Әсері, ықпалы жүретін, беделдірек.*

ЫҚПЫЛ-ЖЫҚПЫЛ *Үңгыл-шұңгыл, сай-жыра.*

ЫҚТА *Боранна, жауыннан қорғанып, таса жерге тығылу.*

ЫҚТАСЫН *Қалқасы бар ықтау жер.*

ЫҚТАСЫНДАУ *Қағаберістеу, қалқалау.*

ЫҚТАСЫНДЫ *Ықтасыны бар, қалқалау.*

ЫҚТАСЫНСЫЗ *Қалқа панасы жоқ, тасасыз.*

ЫҚТАУ *Ықтасыны бар, қалқалау.*

ЫҚТИМАЛ *Мүмкін, тиіс.*

ЫҚТИМАЛДЫҚ *Болуы мүмкіндік.* ◊ **Ықтималдық теориясы** ***матем.*** *– математикада кездейсоқ болған уақиғаларға қарап соларға ұқсас уақиғалардың да болу ықтималдығын табатын теория.*

ЫҚТИЯР *Әр адамға тән ерік, қалау.*

ЫҚТИЯРЛЫ *Өз ықтияры бар, ерікті.*

ЫҚТИЯРСЫЗ *Өз қалауынсыз, еріксіз.*

ЫҚТИЯТ *Жинақы, ұқыпты.*

ЫҚТИЯТСЫЗ *Ұқыпсыз, салақ.*

ЫҚТИЯТСЫЗДЫҚ *Алды-артын аңғармаусыздық, ұқыпсыздық.*

ЫҚТИЯТТА *Ұқыптау, тәптіштеу.*

ЫҚТИЯТТЫ *Іске ұқыпты, жинақы.*

ЫҚТИЯТТЫЛЫҚ *Ұқыптылық, жинақылық.*

ЫҚТЫН *Қуырған тарыны түйіп, қауызынан ажыратқанда толық дәннен алысырақ түскен жартыкеш, салмақсыз дән.*

ЫҚТЫРМА *Қотанның жел жағына жасалатын қалқа, ықтасын.*

ЫҚТЫРМАЛА *Пана тұту, ықтырманы пайдалану.*

ЫҚТЫРМАЛЫ *Ықтырмасы бар, ықтасынды.*

ЫҚШАМ *Көлемі шағын, жинақы, ыңғайлы.*

ЫҚШАМДА *Бір нәрсенің көлемін қысқарту, шағындау.*

ЫҚШАМДАУ 1. *Көлемі шағындау, кішілеу.* 2. *Бір нәрсені, көлемді азайту, кеміту.*

ЫҚШАМДЫ *Жинақы, қолайлы, шап-шағын.*

ЫҚШАМДЫЛЫҚ *Шап-шақтық, лайықтық.*

ЫҚШАМДЫРАҚ *Шағынырақ, икемдірек.*

ЫҚШАМСЫЗ *Ықшамды емес, рабайсыз.*

ЫҚЫ *Есекті жүргізу үшін айтылатын ишарат сөз.*

ЫҚЫЛАС 1. *Пейіл, жақсы ниет.* 2. *Көңіл, ынта, зерде.* ◊ **Ықылас білдірді** *– ниет қылды, пейіл берді.* **Ықылас көрсетті [танытты]** *– сыйлады, құрметтеді.* **Ықылас қойды [салды]** *– көңіл бөлді, ден қойды.* **Ықыласы ауды [құлады, түсті]** *– аңсары ауды, көңілі түсті.*

ЫҚЫЛАС-НИЕТ *Көңіл, пейіл, ынта-зейін.*

ЫҚЫЛАССЫЗ *Пейілсіз, көңілсіз.*

ЫҚЫЛАССЫЗДАУ *Ықыласы жоқтау, самарқаулау.*

ЫҚЫЛАССЫЗДЫҚ *Ықыласы жоқтық, пейілсіздік.*

ЫҚЫЛАСТАН *Көңілі түсу, мейірлену.*

ЫҚЫЛАСТЫ *Ықылас-мейірі бар, пейілді.*

ЫҚЫЛАСТЫЛЫҚ *Ықылас қоюшылық, көңілмен істеушілік, ынталылық.*

ЫҚЫЛАС-ЫНТА *Шынайы ықылас, бар көңіл.*

ЫҚЫЛАС-ІЛТИПАТ *Мейір-шапағат, ықылас-ниет.*

ЫҚЫЛЫҚ *Адамның кеуде қуысындағы көк еттің жиырылуынан іштен еріксіз шығатын үздік-үздік дыбыс.*

ЫҚЫЛЫҚ; ықылық атты – а) *өлерінің соңғы минутында аурудың жанталасып ыңқылдауы;* ә) *әбден тойып ас ішті, шеміршегі қайқайды.*

ЫҚЫЛЫҚТА *Қайта-қайта ықылық ату.*

ЫҚЫЛЫМ *Таныс емес, бөгде ел.* ◊ **Ықылым заман** *– есте жоқ ескі заман, көне дәуір.*

ЫҚЫРАР *Мойынсұнғандық, көнгендік.*

ЫЛБЫРА 1. *Әбден жұмсарып пісу, ылжырау.* 2. ***Ауысп.*** *Жай қимылдау, болбырау.*

ЫЛҒАЛ *Құрамында суы мол топырақ, ауа.*

ЫЛҒАЛДА *Сулау, дымдау.*

ЫЛҒАЛДАУ *Дымқылдау, ылғал аралас.*

ЫЛҒАЛДЫ *Сулы, ылғалы бар.*

ЫЛҒАЛДЫЛЫҚ *Сұлылық, дымқылдылық.*

ЫЛҒАЛСЫЗ *Ылғал, дымқылы жоқ, құрғақ.*

ЫЛҒИ *Үнемі, әр уақытта, қашан да.*

ЫЛДИ *Өрдің, жотаның түсе берісі, беткейі, еңіс.*

ЫЛДИЛА *Биіктен төмен қарай түсу, еңістеу.*

ЫЛДИЛАУ *Еңістеу, сайлау.*

ЫЛДИЛЫ *Еңісті, сайлы.*

ЫЛДИ-ӨР *Жоғары-төмен, еңіс-өр.*

ЫЛДИСЫЗ *Ылдиы, еңісі жоқ.*

ЫЛДЫМ-ЖЫЛДЫМ *Тез, жылдам.*

ЫЛЖЫРА *Әбден мылжаланып езілу, елжіреу.*

ЫЛПЫЛДА 1. *Тез-тез қозғалу, ылдым-жылдым қимылдау.* ***Ауысп.*** *Жүзі өткір болу, лыпылдау.*

ЫЛПЫҢ: ылпың қақты — *тез-тез жүрді, қамшы салдырмады.*

ЫЛПЫҢ-ЖЫЛПЫҢ *Тез-тез, ылдым-жылдым.*

ЫЛЫҚ *Ит, қасқыр, тағы басқалардың үйығуы.*

ЫМ *Көзбен, қолмен берілетін дыбыссыз ишарат белгі.* ◊ **Ым қақты [жасады]** — *ыммен, ишарамен сөйлесті.*

ЫМДА *Ыммен белгі беру, ишара жасау.*

ЫМДАС-ЖЫМДАС *Ымы-жымы бір, ішті-тысты.*

ЫМҚЫРЫП-ЖЫМҚЫРУ *Жасыру, тығып қою; ұрлау, білдіртпей алып кету.*

ЫМСЫЗ *Ишара белгісіз, сөзсіз.*

ЫМЫ-ЖЫМЫ *Құлық-сұмдық, айла-тәсіл.*

ЫМЫРА *Бітім, келісім.* ◊ **Ымыраға келді** — *тіл табысты, келісім тапты.*

ЫМЫРАЛАС 1. *Тіл табысқан, ымыраға келген.* 2. *Сөз байласу, бірлесу, ымыраға келу.*

ЫМЫРАЛАСТЫҚ *Бір нәрсеге келіскендік, ымыраласқандық.*

ЫМЫРАСЫЗ *Келісімге келмейтін, рақымсыз.*

ЫМЫРАСЫЗДЫҚ *Ымыраға келмеушілік, рақымсыздық.*

ЫМЫРАШЫЛ *Келісімпаз, ымыраға келгіш.*

ЫМЫРАШЫЛДЫҚ *Ымыраға келгіштік, көңілшектік, жарысқыштық.*

ЫМЫРТ *Күн батып, оның қызылы тараған дейінгі аралық, ақшам мезгілі.* ◊ **Ымырт жабылды [түсті, үйірілді]** — *қараңғылық түсті, көз байланды.*

ЫМЫРТТАЙ *Ымырт кезінде бір нәрсені істеу, жол жүру.*

ЫҢДЫЗ *Кір, кіршік, дық.*

ЫҢДЫН *Пиғыл, ниет, түпкі мақсат.* ◊ **Ыңдыны ашылды** — *құлқыны, құрыды, ашқарақтанды.* **Ыңдыны жарымаған** — *тойып ас ішпеген, бүйірі шығып көрмеген.* **Ыңдыны кепті** — *қатты шөлдеді, қаталады.* **Ыңдыны құрыды** — а) *шөл қысты, шөліркеді;* ә) *аңсары ауды, құмартты.*

ЫҢЖЫҚ *Сөзін тіке айта алмайтын, жасық, жігерсіз.*

ЫҢЖЫҚТАН *Жасықтық қылу, батылсыздық жасау.*

ЫҢЖЫҚТАУ *Батылсыздау, жасықтау.*

ЫҢЖЫҚТЫҚ *Жасықтық, батылы жоқтық.*

ЫНСАП ***сөйл.*** *Нысап.*

ЫНТА *Ықылас, құлшыныс, ниет.* ◊ **Ынта қойды [салды]** — *көңіл бөлді, ықыластанды.*

ЫНТА-ЖІГЕР *Бар күш-қуат, ықылас-ниет.*

ЫНТА-ЗЕЙІН *Ықылас-ниет, көңіл, зерде.*

ЫНТАЛАН *Ықылас қою, құлшыну, талпыну.*

ЫНТАЛАНДЫР *Қажетті жағдай жасап, ынтасын арттыру.*

ЫНТАЛЫ *Ықылас-ынтасы зор, талапты.*

ЫНТАЛЫЛЫҚ *Ықылас-пейілі күштілік, талаптылық.*

ЫНТАСЫЗ *Ықылас-ниеті жоқ, құнтсыз.*

ЫНТАСЫЗДАУ *Құлқы жоқтау, талапсыздау.*

ЫНТА-ЫҚЫЛАС *Ниет, көңіл, пейіл.*

ЫНТЫЗАР 1. *Ыстық ықылас, көңіл құштары.* 2. *Бір нәрсені істеуге, білуге құмарлық, әуескойлық.*

ЫНТЫЗАРЛАН *Ынтық болу, құмарту.*

ЫНТЫЗАРЛЫ *Ынтызары күшті, ынталы.*

ЫНТЫЗАРЛЫҚ *Құштарлық, іңкәрлік.*

ЫНТЫҚ *Құмар, ынтызар, іңкәр.* ◊ **Ынтық болды** — *аңсары ауды, құмартты.*

ЫНТЫҚТЫҚ 1. *Құмарлық, ынтызарлық.* 2. *Әуескойлық, ынталылық.*

ЫНТЫМАҚ *Жеке адамдар не ұжым арасындағы ұйымшылдық, бірлік.* ◊ **Ынтымағы жарасты [артты]** — *түздәмі жарасты; ауызбірлігі күшейді.*

ЫНТЫМАҚ-БІРЛІК *Береке-бірлік, ұйымшылдық, татулық.*

ЫНТЫМАҚСЫЗ *Береке-бірлігі жоқ, ұйымшыл емес.*

ЫНТЫМАҚТАС *Ынтымақты, тату-тәтті, ұжымдас.*

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ *Тату-тәтті-лік, ұйымшылдық.*

ЫНТЫМАҚТЫ *Ауызбірлігі бір, тату-тәтті.*

ЫНТЫМАҚТЫЛЫҚ *Ауызбірлік, ұйымшылдық.*

ЫНТЫМАҚШЫЛ *Ынтымағы берік, тату-тәтті.*

ЫНТЫ-ШЫНТЫМЕН *Бар ниетімен, шынайы көңілмен.*

ЫҢ: ың етті — *ыңылдаған дыбыс шығарды.*

ЫҢ ДА ЖЫҢ — *у да шу, ың-жың.*

ЫҢҒАЙ I *Бір нәрсенің реті, жөні.* ◊ **Ыңғай білдірді [көрсетті, таныттты]** — *емеурін жасады, ниет танытты.* **Ыңғайына жығылды** — *біреудің айтқанына көнді, қарсыласпады.*

ЫҢҒАЙ II 1. *Ұдайы, әрқашан, үнемі.* 2. *Өңкей, кілең.*

ЫҢҒАЙЛА *Ретке, жөнге келтіру, оңтайлау.*

ЫҢҒАЙЛАС *Өзара сабақтас, ортақ.*

ЫҢҒАЙЛЫ *Жайлы, қолайлы.*

ЫҢҒАЙЛЫЛАУ *Жайлылау, қолайлылау.*

ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚ *Жайлылық, қолайлылық.*

ЫҢҒАЙЛЫРАҚ *Жайлырақ, қолайлырақ.*

ЫҢҒАЙСЫЗ *Қолайсыз, жайсыз.*

ЫҢҒАЙСЫЗДАН *Ыңғайсыз жағдайда қалу, қысылу, ұялу.*

ЫҢҒАЙСЫЗДАУ *Жайсыздау, қолайсыздау.*

ЫҢҒАЙСЫЗДЫҚ *Жайсыздық, қолайсыздық.*

ЫҢҒАЙШЫЛ *Ыңғайға көнгіш, тіл тапқыш.*

ЫҢҒЫЛ-ЖЫҢҒЫЛ *Жықпыл-жықпыл, жыра-жыра.*

ЫҢҒЫРУ *Ағаштан жасалған ыдыстардың және басқа заттардың ішін оюға, қырнауға арналған ұста құралы.*

ЫҢ-ДЫҢСЫЗ *У-шусыз, ың-дыңсыз.*

ЫҢ-ЖЫҢ *Ызың-қиқу, у-шу.*

ЫҢҚ: ыңқ демеді — *сыр ашпады, ләм-мим демеді, ыңқ етпеді.* ◊ **Ыңқ етті** — *ауыр салмақпен зырқ етті, гүрс етіп жығылды.*

ЫҢҚИТ *Оңдырмай, қатты соғу.*

ЫҢҚЫЛ *Ауру меңдеген адамнан шығатын дыбыс, үн.*

ЫҢҚЫЛДА *Ыңқ-ыңқ ету, ыңқылдаған дыбыс шығару.*

ЫҢҚЫЛДАУЫҚ *Ыңқылдай беретін, ыңқылдағыш.*

ЫҢҚЫЛ-СЫҢҚЫЛ *Ыңқылдап, қыңқылдап ауырғандық.*

ЫҢҚЫЛ-СЫҢҚЫЛСЫЗ *Ауру-сырқаусыз.*

ЫҢҚ-ЫҢҚ *Қатты қимыл кезінде шығатын дыбыс.* ◊ **Ыңқ-ыңқ етті** — *бүйірі шығып тойды, ыңқылдады.*

ЫҢ-ШЫҢ *Ызың-шу, ың-жың.*

ЫҢ-ШЫҢСЫЗ *Айғай-шусыз, ың-жыңсыз.*

ЫҢЫЛ *Жай, баяу шыққан созылыңқы әуен, сарын.*

ЫҢЫЛДА *Сөзін анық айтпай, ән ырғағын келтіріп жай әндету.*

ЫҢЫРАН 1. *Ауруы жанына батқанда адамның, малдың ыңқыл аралас дыбыс шығаруы, күйзелуі.* 2. *Бұлдану, меншенсу, бәлсіну.*

ЫҢЫРАНЫС *Ыңқылдап ыңырангандық, күйзелгендік.*

ЫҢЫРСЫ *Даусы өлімсіреп, қиналып шығу.*

ЫҢЫРШАҚ *Өгізге жүк арту не міну үшін салатын, ағаштан жасалған биік ер.* ◊ **Ыңыршағы айналды [шықты]** — *арыды, әбден көтерем болды.* **Ыңыршағы мойнына кетті [түсті]** — *тұрмысы оңалмады, ауыртпалықтан құтылмады.*

ЫП-РАС *Өтірігі жоқ, шын.*

ЫП-ЫҚШАМ *Олпы-солпы емес, жып-жинақы.*

ЫП-ЫҢҒАЙЛЫ *Ып-ықшамды, оңтайлы.*

ЫП-ЫСТЫҚ *Жылуы, қызуы мол, ыстық.*

ЫР: ыр етті — *ит, қасқыр, т. б. айбат қылды, ырылдап тісін ақситты.*

ЫРА *Ылди-еңіс, құлди.*

ЫРБАҢ *Орынды-орынсыз күлкі, әулекілік.* ◊ **Ырбаң қақты** — *орынды-орынсыз, жыртақтап күле берді.*

ЫРБАҢДА *Ырбаң-ырбаң етіп күлегештену, жеңілтектену.*

ЫРБИ *Ауыздың сөлекет ашылуы; жыртию.*

ЫРБЫҢДАП-ЖЫРБЫҢДАП *Жырбың-жырбың ету, жыртаңдау.*

ЫРҒА *Ағашты, қазықты т. б. нәрселерді суырып алу үшін арлы-берлі шайқай қозғау.*

ЫРҒА: ұзын-ырғасы — *жалпы мазмұны, шама-шарқы, желісі.*

ЫРҒАЙ *Жыңғыл, тобылғы тәрізді топтасып өсетін, қоңыр сұр қабықты түзу жіңішке бұта.*

ЫРҒАЙДАЙ *Сорайған, ұзын, жіп-жіңішке.* ◊ **Мойны ырғайдай, биті торғайдай болды** — *әбден арып-ашып, жүдеп-жадады.*

ЫРҒАЙЛЫ *Ырғайы көп, қалың өскен.*

ЫРҒАҚ I 1. *Ән-күйдің, өлеңнің мәнері, сазы, нақысы.* 2. *Теңселіс, шайқалыс, баяу қозғалыс.*

ЫРҒАҚ II ***этн.*** *Жаңа ұсталған саят құстарын (бүркіт, қаршыға) қолға үйрету үшін жасалатын, қазыққа бостау керілген арнайы арқан түгыр.*

ЫРҒАҚ III *Білезікке жүргізілетін өрнек түрі.*

ЫРҒАҚ IV *Шабан, жай, ілбіген жүріс.*

ЫРҒАҚ V *Иілген киіз үй ағаштарын қалыпқа келтіретін, салатын арнаулы ағаш үлгі.*

ЫРҒАҚСЫЗ *Ырғағы, ұйқасы жоқ, байланыссыз.*

ЫРҒАҚТА *Ары-бері ырғатылу, шайқалу, теңселу.*

ЫРҒАҚТЫ *Белгілі бір сазға, ұйқасқа құрылған, сарынды, үнді.* □ **Ырғақты гимнастика** — *музыканың сүйемелдеуімен әбжіл ырғаққа негізделген гимнастика түрі.*

ЫРҒАҚТЫҚ *Ырғақ ұйқасына құрылған, сарындық.*

ЫРҒАЛ 1. *Ары-бері толқу, шайқала тербелу.* 2. ***Ауысп.*** *Маң-маң басу, мамырлау.*

ЫРҒАЛАҚТА *Арлы-берлі теңселу, шайқалу.*

ЫРҒАЛАҢДА *Ырғалаң-ырғалаң ету, теңселу, шайқалақтау.*

ЫРҒАЛТЫП-ЖЫРҒАЛТЫП *Үлде мен бүлдеге оранып, рақаттанып.*

ЫРҒАЛЫП-ЖЫРҒАЛ *Жайбасарлық қылу, асып-саспау, жайбарақат жүру.*

ЫРҒАЛЫС *Ырғалған күй, ырғалғандық.*

ЫРҒАҢ *Жай шайқалыс, шабан жүріс.*

ЫРҒАҢДА *Ырғаң-ырғаң ету.*

ЫРҒАҢ-ЫРҒАҢ *Ырғаң қаққан, шайқақтаған.* ◊ **Ырғаң-ырғаң етті** — а) *ырғатылды, шайқалды;* ə) *балпаң-балпаң басты, теңселді.*

ЫРҒАП-ЖЫРҒАП *Мол дүниені үйіп-төгу, қарық қылу, мәз-мейрам қылу.*

ЫРҒЫ *Екпінмен тез қаргу, секіру*

ЫРҒЫН *Қыруар, көп, мол.*

ЫРДУ *Той-думан, ойын-сауық.*

ЫРДУАН *Арбаның екі доңғалақты, қорабы биік түрі.*

ЫРДУ-ДЫРДУ *Той-думан, сауық-сайран.*

ЫРЖАҚ *Қылжақтап, ыржақтап қалған жеңіл мінез.*

ЫРЖАҚАЙ ***экспр.*** *Орынсыз ыржаңдайтын ойсыз, күлегеш.*

ЫРЖАҚТА *Орынды-орынсыз күлегештеу, қылжақтау.*

ЫРЖАҚ-ЫРЖАҚ *Қайта-қайта ыржақтаған, ыржалақтаған күй, ыржың-ыржың,*

ЫРЖАЛАҢ *Ыржың-ыржың еткен, ыржаландаған.* ◊ **Ыржалақ қақты** — *ыржақтады, ыржақтап күле берді, ыржаландады.*

ЫРЖАЛАҢ *Арзан күлкі, ыржаң-ыржаң.* ◊ **Ыржалаң қақты** — *ыржаңдады, ыржақтады.*

ЫРЖАЛАҢДА *Ыржың-ыржың ету, ыржақтап күле беру.*

ЫРЖАЛАҢ-ЫРЖАЛАҢ: ыржалаң-ыржалаң етті — *орынсыз ыржаңдап күле берді.*

ЫРЖАҢ *Арзан күлкі.* ◊ **Ыржаң етті** — *ыржаңдап күлді, ыржиды.* **Ыржаң қақты** — *езу жимады, ыржаңдады.*

ЫРЖАҢБАЙ ***қарап.*** *Не болса соған күлетін, жеңілтек.*

ЫРЖАҢДА *Арзан күлкіге бой ұру.*

ЫРЖАҢШЫЛ *Ыржаңға үйір, жеңілтек.*

ЫРЖАҢ-ЫРЖАҢ *Ыржың-ыржың, жыртың-жыртың.* ◊ **Ыржаң-ыржаң етті** — *ыржаңдай берді, езу жимады.*

ЫРЖИ *Езу тарту, күлу.*

ЫРЖЫҢ *Ыржыңдап күлгендік, ыржақтағандық.* ◊ **Ыржың етті [қақты]** — *ыржаң-ыржаң етті, ыржыңдады.*

ЫРЖЫҢДА *Ыржың-ыржың ету, ыржаңдау.*

ЫРЖЫҢ-ЫРЖЫҢ *Ырбың-жырбың, ыржалаң-ыржалаң.*

ЫРҚ: ырқ етті — *секіргенде шығатын дыбыс.*

ЫРҚЫЛ *Семіз адамдар күлгенде шығатын дыбыс.*

ЫРҚЫЛДА *Ырқ-ырқ ету, қырқылдау.*

ЫРҚ-ЫРҚ *Семіз адамның күлгендегі дыбысы.* ◊ **Ырқ-ырқ етті** — *денесін май басты, ірк-ірк етті.*

ЫРСИ 1. *Тісті ақсита ыржию.* 2. *Бір заттың жігі ашылып қалу, ақсиып көріну.* ◊ **Қабырғасы ырсиды** — *әбден арықтады, жүдеді, азып-тозды.*

ЫРСЫЛ *Ырсылдаған дыбыс, үн.*

ЫРСЫЛДА *Ырс-ырс етіп ентігу, алқыну.*

ЫРС-ЫРС *Алқынған, ырсылдаған дыбыс.* ◊ **Ырс-ырс етті** — *алқынды, ентікті.*

ЫРШЫ *Шұғыл секіру, қарғып кету.* ◊ **Көзінен жас ыршып кетті** — *қатты қуанғанынан, не қайырғанынан жылап жіберді, көз жасын ұстай алмады.* **Ыршып түсті [кетті]** — *шоқ басып алғандай болды, шошып кетті.*

ЫРЫҚ *Өз қалауы, еркі, ыңғайы.* ◊ **Ырық бермеді** — *айтқанына, ыңғайына жүрмеді.* **Ырыққа көнбеді** — *біреудің дегеніне жүрмеді.*

ЫРЫҚСЫЗ 1. *Өз еркі жоқ.* 2. *Ырықтан тыс, еріксіз.* **Ырықсыз етіс** ***лингв.*** — *істі істеуші белгісіз болып, бейтарап айтылатын етіс түрі.*

ЫРЫҚТЫ *Ырқы, еркі күшті, тиянақты.*

ЫРЫЛ *Ит, қасқыр, т. б. айбат шеккенде шығаратын дыбыс.*

ЫРЫЛДА *Ыр-ыр етіп айбат шегу, тісін ақситу.*

ЫРЫЛДАС 1. ***орт. етіс*** *Ырылдас.* 2. ***Ауысп.*** *Сөзге келу, керілдесу, ұрсысу* ◊ **Иттей [итше] ырылдасты** — *ұрсып-таласты, керілдесті.*

ЫРЫМ *Жақсы ниетпен жасалатын әртүрлі әдет-ғұрып, ескі дәстүр.* ◊ **Ырымын жасады [істеді]** — *ретпен істеді, нобайын жасады.*

ЫРЫМДА *Ырым ету, жақсылыққа жору.*

ЫРЫМСЫЗ 1. *Кәдесіз, жосықсыз.* 2. *Түксіз, дымсыз.*

ЫРЫМ-СЫРЫМ *Әртүрлі әдет-ғұрып, жосық, болған оқиғаларды әр нәрсеге жорамалдау әдеті.*

ЫРЫМ-СЫРЫМСЫЗ *Ешбір кәдесіз, жосықсыз.*

ЫРЫМШЫЛ *Ырым ұстанғыш, ырымға сенгіш, салтшыл.*

ЫРЫМШЫЛДАУ *Ырым ұстанғыштау, аздап ырымшыл.*

ЫРЫМШЫЛДЫҚ *Ырым еткіштік, ырымшыл болушылық.*

ЫРЫҢ-ЖЫРЫҢ *Адамдар арасындағы кикілжің, ұрыс-керіс.*

ЫРЫС 1. *Мол байлық, береке.* 2. *Бақ, талай, несібе.*

ЫРЫС-БЕРЕКЕ *Берекелі байлық, молшылық.*

ЫРЫС-ДӘУЛЕТ *Береке, мол байлық, молшылық.*

ЫРЫСТЫ *Ырыс-несібесі, дәулеті мол.*

ЫС I *Түтін тозаңынан байланатын қара дақ.* ◊ **Ыс басты** — *бір нәрсені ыс тұтып қарайтты.*

ЫС II *Бір нәрсемен екінші нәрсені ысқылау.*

ЫСҚАУРЫН *Киіз үй ағаштарын керекті қалыпқа келтіріп иіп және түзететін ағаш құрал.*

ЫСҚАТ ***діни*** *Шариғат заңы бойынша, өлген адамның тіршілігінде жасаған "күнәсін кешу" үшін, оның ең жақын туыстарынан ақшалай, заттай алынатын салық; підия.*

ЫСҚАЯҚ *Өмірдің ащысын да, тұщысын да көрген, ысылған, тісқаққан.*

ЫСҚАЯҚТАН *Суық рай білдіру, сұстану, ызғарлану.*

ЫСҚАЯҚТАУ *Пысықтау, жырындылау, құлау.*

ЫСҚИТ ***қарап.*** *Өтірікті шындай етіп бөсу, соғу.*

ЫСҚЫ *Күміс бетін жылтыратуға арналған, былғарымен қапталған қайқы таяқша.*

ЫСҚЫЛА *Бір затты екінші затпен үйкеп ыспалау, қатты-қатты ысу.*

ЫСҚЫЛТЫМ *Ыстық емес, жылы, жылымшы.*

ЫСҚЫР *Ерінді шүйіру арқылы, не тілді қайыру арқылы алысқа естілетін дыбыс шығару.*

ЫСҚЫРҒЫШ *Жақсы ысқыра білетін, қатты ысқыратын.*

ЫСҚЫРТ 1. *Қатты сілтеп сермеу, тартып не осып жіберу.* 2. ***Ауысп.*** *Өтірік айту, бөсу, соғып жіберу.*

ЫСҚЫРЫҚ 1. *Ысқырғанда шығатын дыбыс, үн.* 2. *Ысқырғыш, ысқыру құралы.*

ЫСҚЫРЫН *Айбат шегу, сұстану, қатулану.*

ЫСҚЫШ *Қобыз, скрипка тәрізді аспаптарды ысып ойнау үшін жылқы қылын өн бойына тарта байлаған жіңішке таяқша.*

ЫСПА *Жазда атанға (өгізге, атқа) жегіліп, шөп тасуға пайдаланылатын, шалғын шөп пен ыспа құм үстімен жүретін шананың бір түрі.*

ЫСПАЛА *Бірнеше рет ысу, қайта-қайта ысқылау.*

ЫССЫ *Шақырайған күн қызуы, аса қатты ыстық.*

ЫССЫЛА *Ыстықтау, терлеп пысынау.*

ЫССЫЛЫҚ *Ысып кеткендік, қапырықтық, ыстықтық.*

ЫССЫЛЫ-СУЫҚТЫ 1. *Бірде ыстық, бірде суық, ыстық-суығы аралас, ыстықты-суықты.* 2. ***Ауысп.*** *Жақсылы-жаманды, ауырлы-жеңілді.*

ЫСТА *Саба мен мес күбілерді және соғым етін тобылғы, қайың сияқты ағаштардың түтініне ұстау, ыс сіңіру.*

ЫСТАУЛЫ *Кептірілген, ысталған.*

ЫСТЫҚ I 1. *Отқа қыздырылып, ысыған (ас, су).* 2. *Температурасы жоғары, қатты қызған, ыссы (ауа райы).* 3. ***Ауысп.*** *Ардақты, қымбат.* ◊ **Ыстығына күйіп, суығына тоңды** — *жақсылық-жамандығын тең бөлісті, ауыртпалығын бірдей көрді.*

ЫСТЫҚ II *Адам не мал денесіндегі қалыпты температураның ауырған кездегі көтерілуі, қызуы.*

ЫСТЫҚТА *Ыстықтың әсерінен пысынау, терлеп-тепшу.*

ЫСТЫҚТАЙ *Ыстық қалпында, ыстық күйінде.*

ЫСТЫҚТАУ 1. *Ыстығырақ, ыссылау.* **Ауысп.** *Сүйкімдірек, қымбаттырақ.*

ЫСТЫҚТЫҚ 1. *Ыстық болушылық, ысып кеткендік, ыссылық.* 2. **Ауысп.** *Ардақтылық, қымбаттылық.*

ЫСШЫ *Саба, торсық, месті ыстаушы адам.*

ЫСЫ 1. *Ауа температурасының жоғарылап ыстық болуы, ысып кету.* 2. *Адам денесінің қызуы, ыссылау.*

ЫСЫЛ I *Желдің, жыланның, т. б. ысылдаған үні, ысқырығы.*

ЫСЫЛ II 1. **өзг. етіс** *Ысыл.* 2. *Жұмысқа, іске төселіп қалыптасу, ширау.*

ЫСЫЛДА *Ысылдаған дыбыс шығару, ыс-ыс ету.*

ЫСЫЛДАП-ПЫСЫЛДАП *Алқынып-жұлқынып, ентігіп.*

ЫСЫР *Бір затты өзіне қарай не өзінен ары қарай сырғыту, қозғау.*

ЫСЫРА: ысыра жиғыш — *шабылған шөптi жинайтын ауылшаруашылық машинасы; сүйретпе.*

ЫСЫРАП *Шашылып-төгілуден, қырсыздықтан болатын зиян, шығын.*

ЫСЫРАПҚОР *Ысырапқа жол беретін (адам).*

ЫСЫРАПҚОРЛЫҚ *Байлықты, ақшаны шашып-төгіп ұстаушылық.*

ЫСЫРАПСЫЗ *Шашып-төкпей, шығынсыз.*

ЫСЫРАПТА *Төгіп-шашып рәсуалау, шығындау.*

ЫСЫРАПШЫЛ *Ысырапқа жол бергіш, ысырапқор.*

ЫСЫРАПШЫЛДЫҚ *Орынсыз шашып-төгушілік, ысырапқорлық.*

ЫСЫРҒЫШ *Бір затты ысырып жинайтын еңбек құралы*

ЫСЫРМА *Егістік жерге ылғал тоқтату үшін пайдаланылатын ауылшаруашылық құралы.*

ЫСЫРМАЛА *Астық, қар, т. б. ысырғышпен не күрекпен, басқа нәрсемен ысырып жинау.*

ЫСЫРМАЛЫ *Ысырылып қойылатын, сырғымалы.*

ЫСЫРЫЛМАЛЫ *Ары-бері қозғауға қолайлы, сырғымалы, жылжымалы.*

ЫС-ЫС: ыс-ыс етті — *ысылдаған дыбыс шығарды, ысқырды.*

ЫТ 1. *Түрған жерінен тез кетіп қалу, зыту.* 2. *Ытқып кету, ыршу.*

ЫТҚЫ *Ыршып кету, зыту, ыту.*

ЫТҚЫЛА *Ытқып-ытқып шығу, ыршу.*

ЫТЫРЫН *Тыжырыну, жирену.*

ЫШҚЫН *Қатты күш салып күшену.*

ЫШҚЫНЫС *Күшенген, ышқынған әрекет.*

ЫШҚЫР *Ішкиім, шалбардың бау, белдік тағылатын жері, мықындық.*

ЫШҚЫРЛАН *Көйлектің етегін шалбардың ішіне салу, шалбарлану.*

ЫШҚЫРЛЫҚ *Ышқыр, мықындық.*

ЫШТАН *Ұзын балақты дамбал.*

І

ІБІЛІС 1. ***діни*** *Пері, жын-шайтан.* 2. ***Ауысп.*** *Азғын, жексұрын, әзәзіл.*

ІЗБІН *Болар-болмас ізі бар жол.*

ІЖДАҒАТ *Зейін, ынта, ықылас, талап.*

ІЖДАҒАТСЫЗ *Жігерсіз, ынтасыз, талапсыз.*

ІЖДАҒАТСЫЗДЫҚ *Ынтасы болмаушылық, ықылассыздық.*

ІЖДАҒАТТА *Зейін салу, қадағалау.*

ІЖДАҒАТТЫ *Ықыласты, зейінді, ынталы.*

ІЖДАҒАТТЫЛЫҚ *Ықыластылық, ынталылық, зейінділік.*

ІЗ 1. *Адам, мал, аң т. б. аяғының жерде қалғандағы таңбасы.* 2. *Таптап кеткен жол, соқпақ.* 3. ***Ауысп.*** *Белгілі бір бағыт-бағдар.* 4. ***Ауысп.*** *Бір нәрсенің белгісі, нышан.* ◊ **Із аңдыды** — *біреуді қырына алды, соңына түсті.* **Із кесті** — *ізіне түсіп аңдыды.* **Із қалдырды** — *пайдалы іс, үлгі-өнеге көрсетті.* **Із тастады** — *ізін білдірмеу үшін орағытып жүрді.* **Із шалды** — *ізіне түсті, із кесті.* **Ізін ала** — *артынша, көп ұзамай.* **Ізін басты** — *біреудің ісін одан әрі жалғастырды.* **Ізіне түсті** — *біреуді қырына алды, құдалады.* **Ізін суытты** —*ат ізін салмай хабарсыз кетті.*

ІЗАШАР *Белгілі бір істі алғашқы болып қолға алушы, оның әрі қарай дамуына жол ашушы.*

ІЗБАСАР *Өзінен бұрынғылардың жолын ілгері апарушы, жалғастырушы.*

ІЗБАСАРЛЫҚ *Өзінен бұрынғының ісін ілгері апарушылық, алға бастырушылық.*

ІЗБЕ-ІЗ *Бірінен соң бірі, бірінің ізін бірі басып.*

ІЗГІ *Адал, ақ, игі.*

ІЗГІЛІК *Жақсылық, адалдық, игілік.*

ІЗГІЛІКТІ *Жақсылығы мол, игілікті.*

ІЗДЕ 1. *Бір нәрсені табу үшін әрекет ету, қарастыру, іздестіру.* 2. *Жоқтау, қажет ету, керексіну,* 3. *Бір нәрсені білуге тырысу, талпыну, талаптану.* ◊ **Іздеу салу** — *жоғалған адамдарды немесе қылмыстыларды анықтау, іздестіру, тексеру.*

ІЗДЕМПАЗ *Көп ізденетін, ізденгіш.*

ІЗДЕМПАЗДЫҚ *Көп ізденушілік, ізденгіштік.*

ІЗДЕНГІШ *Көп ізденетін, іздемпаз.*

ІЗДЕНГІШТІК *Көп ізденушілік, іздемпаздық.*

ІЗДЕНУШІ 1. *Бір нәрсенің соңына түсіп ізденуші, зерттеуші.* 2. *Айыбын жеңілдету үшін біреудің ісін қуушы.*

ІЗДЕНУШІЛІК *Зерттеушілік, іздеушілік.*

ІЗДЕНІС *Ізделп табуға ұмтылу, талаптану ісі.*

ІЗДЕУСІЗ *Ешкімге қажетсіз, сұраусыз.*

ІЗДЕУШІ *Бір нәрсені тауып алуға талаптанушы, іздейтін адам.*

ІЗЕТ *Әдеп, сыпайылық, кішіпейілділік.* ◊ **Ізет көрсетті** — *сыпайылық етті, әдептілік көрсетті.* **Ізет түтты** — *ыза лады, қадірледі, құрметтеді.*

ІЗЕТСІЗДІК *Жөн-жосықсыздық, әдепсіздік.*

ІЗЕТТІ *Сыпайы, биязы, әдепті*

ІЗЕТТІЛІК *Сыпайылық, биязылық, әдептілік.*

ІЗЕТШІЛ *Әдепшіл, ізет сақтаушы*

ІЗЕТШІЛДІК *Ізет сақтаушылық, сыпайыгершілдік.*

ІЗСІЗ 1. *Ізі жоқ, ізі түспеген.* 2. ***Ауысп.*** *Із-түзсіз, белгісіз, ұшты-күйлі.* 3. ***Ауысп.*** *Елеусіз, атаусыз.*

ІЗ-ТҮЗ *Хабар-ошар, дерек, белгі.*

ІЗ-ТҮЗСІЗ *Хабар-ошарсыз, дерексіз, белгісіз.*

ІЗШІ *Ізге түсіп іздеуші, із кезуші.*

ІЗШІЛ *Ізге түскіш, ізімен тапқыш.*

ІЗШІЛДІК *Ізге түскіштік, ізімен тапқыштық.*

ІЗІМ-ҚАЙЫМ *Із-түзсіз, жымжылас, зым-зия.*

ІЗІНШЕ *Артынша, іле-шала.*

ІЛ 1. *Бір нәрсені іліп қою.* 2. *Тиегін (ілгегін) салу, бекіту.* 3. *Ұстау, бұру, көтеріп әкету.* 4. ***Ауысп.*** *Үстіне кию, жамылу.* ◊ **Іліп алар** — *көзге түсер, кәдеге жарар, бағалы.* **Іліп әкетті** — *бөгелмей жалғастырып кетті.* **Іліп кетті** — а) *ұрлап кетті, жымқырды;* ә) *сөзбен сынады, мінеді.*

ІЛБІ *Әрең-әрең қозғалу, баяу қимылдау.*

ІЛБІСІН *Мысық тұқымдас жыртқыш аң.*

ІЛГЕК 1. *Екі бөлек затты бір-біріне іліп қоятын нәрсе.* 2. *Есік, терезе сияқты ашылатын нәрселерді бекітіп қоятын ілмек.*

ІЛГЕРГІ 1. *Бұрынғы бір кездегі, ертедегі.* 2. *Алда, болашақта, келешекте.*

ІЛГЕРІ *Алға, алдыңғы жаққа.* **Ілгері басқан аяғы кейін кетті** — *ісі оңалмады, ісін қырсық шалды.* **Ілгері басқанның иті оттайды** — *бағы жүріп, дәулеті асқан кісінің барлық ісі сәтті болады.* **Ілгері бастырды** — *алға шығарды, дамытты.*

ІЛГЕРІДЕ *Ертеде, бұрынғы кезде.*

ІЛГЕРІ-КЕЙІН *Біресе алға, біресе кейін, ары-бері.*

ІЛГЕРІЛЕ *Алға қарай жүру, ілгері басу.*

ІЛГЕРІЛЕУ *Сәл ілгері, ілгерірек, алға таман.*

ІЛГЕРІЛЕУШІЛІК *Алға басушылық, ілгері жылжушылық.*

ІЛГЕРІЛІ-КЕЙІНДІ 1. *Арлы-берлі, ілгері-кейін.* 2. *Бұрын-соңды, әр кезде.*

ІЛГЕРІНДІ: ілгеріндi ықпал *лингв.* — *алғашқы дыбыс соңғы дыбысты артикуляция және акустикалық тұрғыдан өзіне икемдеуі.*

ІЛГЕРІРЕК *Сәл ілгерілеу, алға таман.*

ІЛГЕРІШІЛ *Ілгері қарай дами түсетін, жетіле беретін.*

ІЛГІР *Айтқанды тез іліп алғыш, алғыр.*

ІЛГІШ I 1. *Белгілі бір затты іліп қоятын нәрсе; ілгек, ілмек.* 2. *Ашылып-жабылып тұратын нәрселерді бекітіп қою үшін жасалған ілгек.*

ІЛГІШ II *Қағып алып кететін, алғыр, ілгір.*

ІЛГІШТЕ *Бірінен соң бірін ілу, іле беру.*

ІЛДАЛДА *Қажетке әрең жарап тұрған, жоқтан бар*

ІЛДАЛДАЛА *Ептеп-септеу, бірдеңе етіп амалдау.*

ІЛЕ *Тез, шапшаң, артынша*

ІЛЕКЕР 1. *Ілдалдаға жарайтын бірдеңе (киім).* 2. *Бірдеңені ілдалдалап іске жарату.*

ІЛЕС 1. *Біреудің не бір нәрсенің соңынан еру, еріп жүру.* 2. ***Ауысп.*** *Бір нәрсеге елігу, берілу.*

ІЛЕСПЕ: ілеспе аударма — *бір мазмұнды хабарды бірнеше тілде табан аузында түсіндіріп тұратын синхронды аударма.* **Ілеспе газ** — *мұнай өндіру кезінде алынатын газ.*

ІЛЕ-ШАЛА *Тез арада, көп кідіртпей, артынша.*

ІЛКІ *Алғашқы, әуелгі кезде, бұрынырақта.*

ІЛКІМДІ *Іскерлік, тапқырлық, жігерлілік.*

ІЛМЕК I 1. *Бір нәрсені іліп қоятын немесе іліп әкететін имек ілгіш.* 2. *Есіктің күршегі, ілгек.*

ІЛМЕК II *Малға, құсқа салатын бұғалықтың, тұзақтың дөңгеленген ұшы.*

ІЛМЕКТЕ *Шорт байламай, ілмектеп байлау.*

ІЛМІ *Әбден арықтап жүдеу, еті қашу, шілмию.*

ІЛТИПАТ *Ықылас, пейіл, көңіл.*

ІЛТИПАТТЫ *Кішіпейілді, әдепті, инабатты.*

ІЛТИПАТТЫЛЫҚ *Кішіпейілділік, әдептілік, инабаттылық.*

ІЛУ ***көне*** *Күйеу жағының қалыңдықты көруге барғанда апаратын кәдесі.*

ІЛУДЕ *Анда-санда, оқта-текте, кейде.* ◊ **Ілуде біреу [бір]** — *анда-санда, сирек.*

ІЛУЛІ *Ілінген, ілініп қойылған.*

ІЛІК I *Жекжаттық байланыс, көңіл жақындық.* 2. *Біреумен ілінісу, шатақ, бүлік.* □ **Ілік жалғауы (септік)** — *септіктің атаудан кейінгі жалғауы.*

ІЛІК II 1. *Белгілі бір межеге жету, келу, толу.* 2. *Ілінү, үлгеру.*

ІЛІКПЕ: ілікпе сөз 1. *Сөйлеп тұрған кісінің сөзін қақпалау.* 2. ***театр.*** *Екінші актер сөзін жалғастырып айта жөнелуге керекті бірінші актердің соңғы сөзі.*

ІЛІКТЕС *Ілік-шатысы бар, байланысты.*

ІЛІК-ШАТЫСТЫҚ *Бір-бірімен жақындық, байланысы барлық.*

ІЛІНІС 1. ***орт. етіс*** *Ілініс.* 2. ***Ауысп.*** *Сөзге келу, қақтығысу.*

ІЛІП-ҚАҚ *Әзілмен қағыту, ажуалау.*

ІЛІП-ҚАҚПА *Қағытып айтылатын, ажуалы қалжың (сөз).*

ІЛІП-ТАРТ *Сөзбен іліп-шалу, ажуалау.*

ІЛІП-ТАРТПА *Тиісіп айтылатын, іліп-қақпа.*

ІЛІП-ШАЛ *Сөзбен тиісіп қағыту, ажуалау.*

ІЛІП-ШАЛМА *Қағытып айтылатын, ажуалы.*

ІН *Жерді үңгіп қазып жасаған, жабайы аңдар жататын орын, үңгір.*

ІНДЕТ I *Жұқпалы ауру, кесел, дерт.* □ **Індет көзі** — *жұқпалы індет таралып жайылатын орын.*

ІНДЕТ II *Қуып жүріп, ініне тығу; ұстау үшін амал жасау.*

ІНДЕТТІ *Жұғатын, жұқпалы (ауру).*

ІНЖУ *Теңіз түбіндегі карбонит құрамды, меруерт бағалас қымбат асыл тас.*

ІНЖУАН *Бойына меруерт, інжу тастары жиналатын теңіз мақұлығы.*

ІНЖУГҮЛ *Әсемдік үшін өсірілетін өсімдік, дәрілік қасиеті де бар.*

ІНЖІЛ ***діни*** *Діни наным бойынша Құдайдың әмірімен көктен түскен төрт кітаптың бірі.*

ІНЖІР ***бот.*** *Тұт тұқымдасына жататын, бағалы шырын жемісі бар, жылы жақта өсетін ағаш (өсімдік, сол өсімдіктің жемісі).*

ІНІ 1. *Бір туған ер адамдардың жас жағынан ең кішісі.* 2. *Жалпы жасы кіші ер адам.*

ІНІ-ҚАРЫНДАС *Інісі мен қарындасы, екеуі де.*

ІНІЛІ *Інісі бар.*

ІНІЛІК *Жасы кіші болушылық, туыстық.*

ІНІШЕК *Іні сөзінің кішірейте, еркелетіп айтылған түрі.*

ІҢГӘ *Жас нәрестенің жылағанда шығаратын дыбысы.*

ІҢГӘЛА *"Іңгә-іңгә" деп жылау.*

ІНГЕН *Қос өркешті ұрғашы түйе.*

ІНГЕНШЕ *Төрт-бес жас аралығындағы ұрғашы түйе. Жас ерекшелігіне қарай: бесті інген, қасқа міс інген деп аталатындары бар.*

ІНКӘР *Ынтық, ынтызар, құмар.*

ІҢКӘРЛАН *Ынтықтану, ынтызарлану, құмарлану.*

ІНКӘРЛІК *Ынтық болушылық, құмарлық, ынтызарлық.*

ІҢІР *Күн батып, қараңғы түсе бастаған кез.*

ІҢІРДЕ *Күн батып, қараңғы түскен кез, іңір.*

ІҢІРЛЕТ *Күн батып, қараңғы түсе бастау.*

ІП-ІРІ *Тым ірі, үлкен.*

ІРГЕ 1. *Үйдің қабырғасының төмені жағы.* 2. ***Ауысп.*** *Жақын жер, маңы маң.* ◊ **Іргебасар** — *күйеужігіттің ұрын келуінде жеңгелер тарапынан алынатын ырым.* **Ірге бермеді** — *ырық өсірмеді, өз дегенін істеді.* **Іргесі берік** — *босағасы мықты, болды.* **Іргесін аулақ салды**

– *жоламады, араласпады, қатыспады.* **Іргесін ашып алды** – *ашықтан-ашық бөлектенді, бөленді.* **Ірге көтерді** – *ұйымдастырылды, тұрғызылды.* **Іргесі сөгілді** – *бірлігі кетті, жойылды.* **Ірге тепті** – *тұрақтап қалды, орналасты, орнықты.* **Ірге алдырмады** – *шебін бұздырмады, нық тұрды.* **Ірге аударды** – *отырған жерінен басқа қонысқа көшті, мекенін ауыстырды.*

ІРГЕЛЕС *Бірімен-бірі шектес, көршілес.*

ІРГЕЛЕСТІК *Бірімен-бірі шектес болушылық, көршілестік.*

ІРГЕЛІ *Негізі мықты, тұрақты.* □ **Іргелі зерттеу** – *теориялық негізі терең, өзекті ғылыми зерттеу.*

ІРГЕЛІК *Киіз үйдің ауа кіру үшін іргені түріп қойған ашық жері.*

ІРГЕНЕК *Киіз үйге ит кіріп кетпеуі үшін ағаштан не талдан істеліп есікке қойылатын қалқан.*

ІРГЕСІЗ *Қабырғасыз, жалаң.*

ІРГЕТАС *Үйдің қабырғасының астына қиыршықтас араластырып құятын цемент негіз.*

ІРЕ *Сойған малдың не аңның терісін жұдырықпен іреп сылу.*

ІРКЕС-ТІРКЕС *Бірінен соң бірі тізілген, ұштасқан.*

ІРКУСІЗ *Кедергісіз, тоқтаусыз, бөгетсіз.*

ІРКІЛ *Бөгелу, тоқтау, жиналу.*

ІРКІЛДЕ *Ірк-ірк ету, былқылдау.*

ІРКІЛДЕК 1. *Денесі іркілдеген, былқылдаған толық.* 2. *Іскен жерге қол тигізгенде томпайып босап тұрса, бұл іріңдегендіктің белгісі.*

ІРКІЛІС *Бөгеліс, тосқауыл, кедергі.*

ІРКІЛІССІЗ *Тоқтаусыз, кедергісіз, бөгетсіз.*

ІРКІНДІ *Жаңбырдан не еріген қардан соң жиналып іркіліп қалған (су) қақ.*

ІРК-ІРК *Іркілдеу, былқылдап толу.*

ІРКІС 1. *Киім тіккенде кей тігісінде пайда болатын қатпар, не арқанды, жіпті тартқанда ширатылып артық қалған түйін.* 2. *Кедір-бұдыр.*

ІРКІСТЕН *Қатпарлану, кедір-бұдыр болу.*

ІРКІС-ІРКІС *Біріне-бірі ұштасқан, жалғасқан.*

ІРКІТ *Жинаған сүтті пісіп, майын алғаннан кейінгі қалған ақ сүт.*

ІРТІК *Үйыған айранның жентек-жентек бөліктері, ұсақ іріміткі.*

ІРТІКТЕН *Іртік-іртік болу.*

ІРІ I 1. *Майда емес, көлемі үлкен.* 2. *Күрделі, айтарлықтай.* 3. ***Ауысп.*** *Қатты, зор.* ◊ **Ірі қара** – а) *жылқы, түйе, сиыр малдары;* ә) *қара мал, сиыр.*

ІРІ II 1. *Ашып бұзылып кету.* 2. ***Ауысп.*** *Тозығы жету, жыртылу.*

ІРІК 1. *Бөгеу, тежеу.* 2. *Тоқтату, кідіру.*

ІРІКТЕ *Таңдап бөлу, сұрыптау.*

ІРІК-ШІРІК 1. *Іріп-шіріп кеткен нәрсе, қоқыс.* 2. ***Ауысп.*** *Зияны тиетін іс-әрекет.*

ІРІЛЕ *Ірі болу, үлкею, асу.*

ІРІЛЕУ *Ірірек, үлкендеу.*

ІРІЛІК 1. *Көлемділік, үлкендік.* 2. ***Ауысп.*** *Өркөкіректік, меңмендік.*

ІРІЛІ-КІШІЛІ *Үлкенді-кішілі, көлемі әртүрлі.*

ІРІЛІ-УАҚТЫ *Көлемі әртүрлі, үлкенді-кішілі.*

ІРІЛІ-ҰСАҚТЫ *Үлкенді-кішілі, әртүрлі.*

ІРІМТІК *Ұсақ іртік.*

ІРІМТІКТЕЛ *Іріміткі-іріміткі болу, іріміктену.*

ІРІМТІКТЕУ *Аздап іріміктелген.*

ІРІМШІК *Майлы сүтті қайнатқаннан шыққан ақшыл сарғыш түсті тәтті, дәмді ұлттық тағам.*

ІРІҢ *Дененің жарадан, ісіктен бұзылған жеріндегі сасық шісті суйықтық.*

ІРІҢДЕ *Ірің пайда болу, ірің кеулеу.*

ІРІҢДІ *Іріңдеген, ірің басқан.* ◊ **Іріңді түйін** – *түйенің жұқпалы ауруы.*

ІРІП-ШІРУ *Бүліну, бұзылып кету.*

ІРІТКІ 1. *Ірітіп жіберетін нәрсе.* 2. ***Ауысп.*** *Ауызбірлікті бұзу, алауыздық.* ◊ **Іріткі салды** – *алауыздық тудырды, шырқын бұзды.*

ІРІТКІШІЛ *Бүлікшіл, іріткі салғыш.*

ІРІТКІШІЛДІК *Іріткі салушылық, бүлікшілік.*

ІС I 1. *Жұмыс, қызмет, шаруа.* 2. ***Ауысп.*** *Қылмысты адам туралы қаралатын мәселе.* ◊ **Іс жүзінде** — *жұмыстың орындалу кезінде, жағдайдың барысында.* **Іске алғысыз** — *түкке тұрмайтын, құнсыз.* **Іске араласты** — *жұмыс, қызмет істеді.* **Іске асты** — *қажетке жарады, орындалды.* **Іске жарады** — *пайдаға асты, қажет болды.* **Іске қосты** — *жұмыс істеуге кірістірді.* **Іске мұрындық болды** — *бар жұмысқа бастаушы, ұйтқы болды.* **Іске сәт!** — *ісің сәтті болсын, орайы келсін.* **Іс насырға шапты** — *жұмыстың ыңғайы жамандыққа бет бұрды.* **Істен шықты** — *жарамай қалды, бүлінді.* **Істес болды** — *қызметтес, кәсіптес болды.* **Іс тынды** — *бір шаруаны бітірді.* **Істі болды** — *қылмыс жасап айыпталды.* **Істі жапты** — *қылмысты кісінің тергеуге түскен ісін қарауға, тексеруге жатпайтын қорытынды шығарды.* **Іс тікті** — *киім тікті.* **Істің көзін [қыбын] білді (тапты)** — *жұмыстың ретін тауып істеді.* **Ісі болмады [жоқ]** — *еш нәрсемен шаруасы болмады.* **Ісі жемісті болсын!** — *шаруасы оңға бассын деген тілек.* **Ісін бітірді [тындырды]** — а) *шаруаны орындап тастады;* ә) *бір нәрсені жоқ өтті, құртты.* **Ісіне мығым** — *шаруасына тындырымды, ұқыпты.* **Ісін қуды** — *біреуді (өзін) ақтауға әрекет жасады.* **Ісі түсті** — *біреуге кіріптар болды, мұқтаждыққа ұшырады.*

ІС II *Дене қабынып, думпиіп кету, күп болу.*

ІС-ӘРЕКЕТ *Әртүрлі жұмыс, қарекет.*

ІСЕК *Екі жасқа келген піштірілген еркек қой.*

ІСКЕК *Сақал-мұртты, қасты бірбірлеп жұлатын кішкене тістеуік темір.*

ІСКЕКТЕ *Іскекпен жұлу.*

ІСКЕНЖЕ ***жерг.*** *Қысқыш темір.*

ІСКЕР *Қолынан іс келетін, істің жөнін білетін, ісмер.*

ІСКЕРЛІК *Қолынан іс келетіндік, шеберлік.*

ІС-ҚИМЫЛ *Іс-әрекет, жүріс-тұрыс.*

ІСМЕР *Қолынан әр нәрсе келетін шебер.*

ІСМЕРЛІК *Шеберлік.*

ІС-МІС: іс-міс жоқ — *ай-шаймен жұмысы жоқ, бірден.*

ІСПЕТ *Сиық, сипат, түр, түс.*

ІСПЕТТЕНДІР *Үқсату, сияқты, тәрізді еттіру.*

ІСПЕТТЕС *Бір нәрсеге ұқсас, сол сияқты.*

ІСПЕТТІ *Бір нәрсе тәрізді, сияқты.*

ІССАПАР *Қызметкерді жұмыс бабы бойынша бір жерге тапсырмамен жіберу.*

ІССІЗ *Жұмыссыз, еңбексіз, шаруасыз.*

ІССІЗДІК *Жұмыссыздық, еңбексіздік, шаруасыздық.*

ІСТЕ 1. *Бір нәрсені жасау, жасап шығару.* 2. *Жұмыс істеу, қызмет атқару.*

ІСТЕС *Бірге жұмыс істейтін, қызметтес, жұмыстас.*

ІСТЕСТІК *Істес болушылық, бірге істегендік.*

ІСТІ *Қылмысты, айыпты.*

ІСТІК *Үшкір, өткір ұшы бар ұзынша темір таяқ.*

ІСТІКТЕ *Ұшын шығару, істік етіп ұштау.*

ІСТІКТЕУ *Істікше келген, сүйіктеу.*

ІСТІКТІ *Істігі, найзасы бар.*

ІСШЕҢ *Жұмысты жақсы істейтін, іскұмар.*

ІСШЕҢДІК *Жұмысқа ынталылық, іскұмарлық.*

ІСШІЛ *Істі жақсы істейтін, іске ұқыпты.*

ІСІК *Дененің іскен жері.*

ІСІҢКІ *Аздап іскен, ісінген.*

ІСІП-КЕП 1. *Адам денесінің ісініп кетуі.* 2. ***Ауысп.*** *Менменсу, дандайсу.*

ІСІРІП *Үйдің іргесі, іргетасы.*

ІШ 1. *Ішек-қарын орналасқан жер, құрсақ.* 2. *Бір нәрсенің ішкі жағы, ортасы, арасы.* □ **Ішкиім** — *сыртқиімнің ішінен киетін киім.* **Ішмай** — *малдың*

ішек-қарнынан сылынып алынатын май. **Іші бұзылды (өтті)** — *тышқақ болды, іші өтті.* ◊ **Іші пысты** — *не істерін білмей зеріктті, жалықты.* **Іші шұрқырады** — *тамақ ішкісі келді, қарны ашты.* **Іште қалды** — *анасының құрсағында жатқанда әкесінен айрылған бала туралы айтылады.* **Іш араз болды** — *араздығын ішінен тынып сақтады.* **Іш жарасы** — *жанды азапқа салар дерт; қайғы-қасірет.* **Ішке [ішіне] түйді** — *ойына тоқыды, іште сақтады.* **Ішкі өзегі бордай үгіліп, қанттай еріді** — *егілді, іші елжіреді.* **Іш қазандай қайнады** — *ыза кернеп, ашу қысты.* **Іш құста [құса] болды** — *ішінен тынды, қайғырды.* **Ішмерез** — *біреуге арамдық жасайтын, пасық.* **Іштарлық жасады [көрсетті]** — *қолындағысын біреуге қимады, қызғанды.* **Іш тартты** — *жақын тұтты, бүйрегі бұрды.* **Іш тастады** — *төл мерзімінен бұрын туды, өлі туды.* **Іштен тынды** — *қайғысын ешкімге білдірмеді, қиналса да үндемеді.* **Іші алай-түлей болды** — *көңілі қобалжыды; көңілі толқып алабұртты.* **Іші [удай] ашыды** — *қатты күйінді, өкінді.* **Ішібауырына кірді** — *біреуді жылы сөйлеп өзіне қаратты.* **Іші жылыды [жібіді]** — *жақсылыққа көңілі құлады, мейірленді.* **Іші күйді** — а) *біреуді көре алмады, қызғанды;* ә) *қатты ренжіді.* **Іші қазандай қайнады** — *ызасы келді, күйінді.* **Ішінде ит [мысық] өліп жатыр** — *еш сырын шашпады, пікірі ішінде.* **Ішіне ел қонды** — *аздап тамақ ішті, жүрек жалғады.* **Ішінен күлді** — *сыртқа білдірмей мысқылдады, мазақтады.* **Ішіне сыймады** — *айтқысы келді де тұрды.* **Ішін кептірді** — *қарғап-сіледі, әбден жамандап, сөз қылды.* **Ішін тартты** — *біреуден бірдеңені білмек болды.* **Іші тар** — *біреудің жақсылығын көре алмайтын, қызғаншақ, күншіл.* **Іші түтін, сырты бүтін** —*қайғылы, уайымды, шерлі.*

ІШ II 1. *Сұйық затты сіміре жұту, ұрттау.* 2. *Тамақтану, ішіп-жеу.* ◊ **Ішкен асы бойына батпады [тарамады]** — *көңілі көншімеді, алаңдады.* **Ішкен асын жерге қойды** — *біреуге шын ықылас білдірді, бәйек болды.* **Ішкен-жегенін мұрнынан шығарды** — а) *асықтырды, құып шықты;* ә) *жегенін сығып алды.* **Ішкені алдында, ішпегені артында** — *не ішіп, не жеймін демейді, бәрі сай.* **Ішкені іріңдеп [зәр], жегені желім [желке]** — *күн көрсетпеді, көзге түртпек қылды.*

ІШ: іш етті — *жас бала дәрет сындырды.*

ІШЕК 1. *Адамның, малдың, хайуанаттардың ас қорытатын мүшелерінің бірі.* 2. *Мал ішегінен, тарамысынан шыратылған, домбырага тақканда үн шығаратын ішек жіп.* □ **Ішек жіп** — *ұсақ малдың ашы ішегінен дайындалатын жіп, ол әртүрлі жарақаттарды тігу үшін пайдаланылады.* **Ішек таяқшасы** — *малдың ішегінде мекендейтін, кейде түрлі кеселге себеп болатын таяқша сияқты бактериялар; ішек бактериясы.* **Ішек түйілу** — *малда (адамда) ішектің түйіліп ауыруы.* ◊ **Ішегі қатқанша [түйілгенше] күлді** — *іші ауырганша қатты күлді.* **Ішегін тартты** — *таңданып не сасып қалғанда ішке дем тарту.*

ІШЕК-ҚАРЫН *Ас қорытатын мүшелер.*

ІШЕККҰРТ *Жайылымнан, судан пайда болатын мал ауруы.*

ІШЕК-СІЛЕ: ішек-сілесі қатты — *ішегі түйілгенше күлді.*

ІШЕКТІ *Ішегі бар, ішек тағылған.*

ІШКЕРІ *Ішке таман, ішке қарай.*

ІШКЕРІЛЕ *Ішке қарай кіру, ену.*

ІШКЕРІРЕК *Ішке таман, ішкерілеу.*

ІШКІ *Іш жақтағы, ішіндегі.*

ІШКІЛІК I *Тоқымның астынан салынатын жұқа киіз, тері, ішпек.*

ІШКІЛІК II *Арақ-шарап, ішімдік.* ◊ **Ішкілікке салынды** — *арақ-шарап ішуге беріліп кетті, бой ұрды.*

ІШКІШ 1. *Тамақты, көп ішетін.* 2. ***Ауысп.*** *Арақ-шарапты көп ішетін; маскүнем.*

ІШКІШТІК *Ішімдікке берілгендік; маскүнемдік.*

ІШПЕЙ-ЖЕМЕЙ 1. *Еш нәрсені аузына алмай; өз тамағынан өзі аяп.* 2. *Бостан-бос, құрдан-құр.*

ІШПЕК 1. *Тоқымның астына төселетін жұмсақ киіз ішкілік.* 2 ***жерг.*** *Көрпенің, жастықтың, киімнің, тағы басқаның тысы.* 3. *Мақтадан я жүннен сырып істелген жылы астарлық.*

ІШТЕЙ *Естіртпей, білдірмей.*

ІШТІ 1. *Ішінің сыйымы мол, кең.* 2. *Ішінде төлі бар, буаз.*

ІШТІ-ТЫСТЫ *Ымы-жымы бір, пікірлес.*

ІШІ-БАУЫРЫ *Адамның ішкі дүниесі.* ◊ **Іші-бауырына кірді** — *жақсы көріп, жақын тартты.*

ІШІК *Іш жағы аңның терісінен тігіліп, сыртын матамен тыстаған жылы сырткиім.*

ІШІМ: бір ішім — *бір рет ішетіндей, бір рет ішерлік.* ◊ **Шай ішім** — *бір шай ішетіндей (уақыт).*

ІШІМДІК 1. *Ішетін нәрсе, сусын.* 2. *Арақ-шарап т. б. спиртті нәрселер.*

ІШІНАРА *Бірлі-жарым, бірді-екілі.*

ІШІП-ЖЕ 1. *Тамақ ішу, қорекке жұмсау.* 2. ***Ауысп.*** *Біреуден көзін алмай, тесіле қарау.*

ІШІП-ЖЕМ *Ішіп-жейтін тамақ, ас-су, азық-түлік.*

ІШІРТКІ ***көне*** *Молдалардың ауру адамға езіп ішкізетін дұғасы.*

ІШІ-СЫРТЫ *Барлық жері, бәрі.*

Э

ЭВАКУАЦИЯ *Жау шабуылының қатерінен, я көлденең апаттың қаупінен сақтанып, тұрғын халықты, мекемелерді, дүние-мүлікті бұрынғы тұрған орнынан басқа қауіпсіз жерлерге көшіру.*

ЭВАКУАЦИЯЛА *Дұшпан шабуылы мен кездейсоқ қатерден сақтану үшін халықты, жаралыларды, мекемелерді қауіпсіз жерлерге көшіру, эвакуация жасау. Зілзала болған жерден халықты қауіпсіз жерге көшіру.*

ЭВЕН *Эвенкі автономиялық округінде тұратын жергілікті халық.*

ЭВОЛЮЦИЯ *Бір нәрсенің жетілу, қалыптасу барысында сандық өзгерістерге ұшырай отырып, сапалық өзгерістерді әзірлейтін даму процесі.*

ЭВРИКА *Адамның ойына жаңа идея келген кезде "таптым, таптым!" деген қуаныш сезімін білдіретін сөз.*

ЭВРИСТИКА *Ғылыми жаңалық ашудың әдісін, тәсілін табуды зерттейтін ғылым саласы.*

ЭВФЕМИЗМ ***лингв.*** *Өрескел, дөрекі сөздің я сөйлемшенің орнына қолданылатын сыпайы, әдепті сөз не сөз тіркесі.*

ЭГОЦЕНТРИЗМ *Дүниенің негізі – мен, менен басқаның бәрі менің түсінігім ғана дейтін идеалистік философиялық ұғым.*

ЭКВАТОР ***геогр.*** *Адам ұғымында жерді солтүстік және оңтүстік жарты шарларға бөліп тұратын белдеу.*

ЭКВИЛИБРИСТИКА *Керілген арқан, шар үсті сияқты қиын жағдайларда дене салмағын тепе-тең ұстай білуге негізделген акробатикалық ойын-сауық түрлерін орындау өнері.*

ЭКЗОГАМИЯ *Туыстас, жақын ағайындар арасында некелесуге тыйым салу шарасы.*

ЭКЗОТИКА *Бейтаныс өмір заттары мен құбылыстарының бөгде адамға тигізетін ғажайып әсері.*

ЭКИПАЖ *Кеме, ұшқыш, танк командасының адам құрамы.*

ЭКЛЕКТИЗМ *Ғылыми зерттеу жұмыстарында, шығармашылық еңбектерде бірімен-бірінің байланысы жоқ әр алуан көзқарастарды, топшылауларды талғамсыз топтап, дәйексіз біріктіріп бере салушылық.*

ЭКЛИПТИКА ***астр.*** *Жердің Күнді бір айналып өткен жолы, сондай-ақ оның аспан әлемінен өтетін шеңбері.*

ЭКОЛОГИЯ *Жанды организмдердің тіршілік ортасы мен байланысын зерттейтін биология ғылымының бір саласы.*

ЭКОНОМИКА 1. *Белгілі бір қоғамдағы үстемдік етуші өндірістік әдістерге сай, өндіргіш күштердің даму дәрежесін сипаттайтын қоғамдық-өндірістік қатынастардың жиынтығы.* 2. *Өндіріс пен шаруашылықтың белгілі бір саласын зерттейтін ғылыми пән.*

ЭКОНОМИСТ *Жалпы экономика саласының, экономика ғылымының маманы.*

ЭКРАН *Диапозитивтер және кинофильмдердегі кескіндерді сәулелендіріп көрсету үшін керілген ақ мата.*

ЭКРАНДАУ *Көркем әдебиеттің классикалық туындылары негізінде көркем фильм жасау.*

ЭКСКАВАТОР *Кен өндірісінде, құрылыста тас, топырақ, кен қазатын, тиейтін машина.*

ЭКСКАВАТОРШЫ *Экскаваторда істейтін жұмысшы.*

ЭКСКУРС *Жанама мәселені түсіндіру үшін негізгі тақырыптан ауытқу, шегініс жасау.*

ЭКСКУРСАНТ *Экскурсияға қатысушы.*

ЭКСКУРСИЯ *Бір нәрсе жайынан толығырақ мағлұмат алу үшін, сондай-ақ көңіл көтеріп, серуендеп қайту мақсатында ұйымдастырылған арнайы сапар.*

ЭКСЛИБРИС *Кітаптың кімге, қайда тән екендігін айқындайтын таңба, көркем белгі.*

ЭКСПАНСИОНИЗМ *Ықпал ету өрісін кеңейте түсуге негізделген империалистік саясат.*

ЭКСПАНСИЯ *Саяси және экономикалық үстемдікті күшейте түсуге бағытталған империалистік саясат.*

ЭКСПЕДИТОР *Қажетті заттарды, тауарларды, құрал-жабдықты басқа жақтан алып келу және басқа жаққа жөнелту ісімен шұғылданатын қызметкер.*

ЭКСПЕДИЦИЯ *Жұмыс бабындағы бірнеше адамның белгілі бір мақсатпен бір жаққа шыққан сапары.*

ЭКСПЕРИМЕНТ *Белгілі бір мақсатты көздейтін және оны іске асыру жолындағы жүргізілетін ғылыми тәжірибе.*

ЭКСПОЗИЦИЯ *Музейлер мен көрмелерге қойылған экспонаттардың белгілі бір жүйемен қойылу тәртібі.*

ЭКСПОНАТ *Көрмеге, музейге қойылған заттар.*

ЭКСПОРТ *Өнеркәсіп өнімдері мен басқа да тауарлардың, сондай-ақ капиталдың шетелдерге шығарылуы.*

ЭКСПРЕСС *Ірі стансаларға ғана тоқтайтын жүрдек пойыз немесе сондай тәртіппен қатынайтын кеме, автобус.*

ЭКСПРЕССИЯ *Сөздің сезім күйлерін білдіретін нақышты мәнерлілігі.*

ЭКСПРОМТ *Дайындықсыз, қолмақол суырып салып айтылатын шешендік сөз, өлең-жыр не орындалу үстінде туатын музыкалық туынды.*

ЭКСПРОПРИАТОР *Қоғамдық мәні бар нәрсені (байлықты) заң негізінде күштеп тартып алушы.*

ЭКСПРОПРИАЦИЯ *Біреудің не белгілі бір таптың ірі жекеменшігін, дүние-мүлкін күштеп тартып алу шарасы.*

ЭКСТЕНСИВТІ *Өнімнің сапасын жақсарту жағы ескерілмей, оның тек санын, көлемін арттыруға бағытталған.*

ЭКСТЕНСИВТЕНДІР *Өнімнің көлемін сан жағынан көбейту, ұлғайта түсу.*

ЭКСТЕНСИВТІ *Өнімнің тек санын, көлемін арттыра түсушілік.*

ЭКСТЕРН *Оқу орнында оқымай-ақ, өздігінен дайындалып келіп емтихан тапсырушы адам.*

ЭКСТЕРНАТ *Ғылымды жедел оқып игеру жүйесі.*

ЭКСТРАКТ *Дәрі-дәрмек ретінде қолданылатын өсімдік сығындысы.*

ЭКСТРЕМИЗМ *Қатал шараларға сүйенетін империалистік саясат.*

ЭКСТРЕМИСТ *Саясатта тым солақай көзқарасты жақтаушы.*

ЭКСЦЕНТРИК *Белгілі бір қалыпқа түскен іс-әрекетті оқыс қимылдармен күлдіргі етіп, керісінше көрсететін цирк не эстрада актері.*

ЭКСЦЕСС *Көрсеқызарлық, ынсапсыздық, ұстамсыздық тәрізді сезім күйлерінің шектен тыс асқынған көрінісі.*

ЭЛАСТИК *Созған соң қайта қоя бергенде қалпына келетін, созылмалы, иілгіш, серпінді зат.*

ЭЛЕВАТОР *Астықты қабылдап алуға, тазартуға, кептіруге және сақтауға лайық механикаландырылған жабдығы бар үлкен астық қоймасы.*

ЭЛЕГИЯ *Жабырқаулы, мұңды сезім күйлерін білдіретін лирикалық өлең, сондай-ақ сол сарындас музыкалық пьеса.*

ЭЛЕКТР 1. *Материя бөлшектерінің (электрондардың, позитрондардың және протондардың) қозғалысынан пайда болатын қуат күшінің бірі. 2. Осын*

дай қуат күшінен алынатын жарық. □ **Электрмен пісіруші** — *электрмен металды балқытып, дәнекерлеуші маман.*

ЭЛЕКТРШІ *Электр қуатымен байланысты істердің техник-қызметкері.*

ЭЛЕКТРЛЕН *Тұрмыс пен халық шаруашылығына электр қуатының енуі.*

ЭЛЕКТРОВОЗ *Электр қуатымен жүретін локомотив.*

ЭЛЕКТРОД *Затқа электр тогын жіберетін өзек.*

ЭЛЕКТРКАРДИОГРАММА ***мед.*** *Жүректің қалай жұмыс істеп тұрғанын көрсететін қағазға түскен сызық.*

ЭЛЕКТРКАРДИОГРАФ *Жүректің соғуын тексеріп, оны қағазға түсіретін аппарат.*

ЭЛЕКТРОЛИЗ *Ерітіндіге электр тогы жіберілгенде ондағы заттардың өз тектеріне қарай ажырасуы.*

ЭЛЕКТРМАГНИТ *Сыртына оралған сым арқылы ток жүргенде, өзекшесінде магнит өрісі пайда болатын, әдетте жұмсақ темір кесегінен істелетін техникалық аспап.*

ЭЛЕКТРОМЕТР ***физ.*** *Электр тогының кернеуін, күшін өлшеуге арналған аспап.*

ЭЛЕКТРМЕХАНИГІ *Электрмеханика саласының маманы.*

ЭЛЕКТРМОНТЕРІ *Электр жабдықтарын орнатушы, жөндеуші маман.*

ЭЛЕКТРОН I *Теріс зарядпен зарядталған атомның кішкентай бөлшегі.*

ЭЛЕКТРОН II *Авиация өнеркәсібінде қолданылатын жеңіл магнит қоспасы.*

ЭЛЕКТРСТАНСАСЫ *Электр қуатын өндіретін кәсіпорын.*

ЭЛЕКТРТЕХНИГІ *Электртехника саласы бойынша маман инженер.*

ЭЛЕКТРТЕХНИКАСЫ *Электр құбылыстары жайындағы, сондай-ақ электр қуатын белгілі мақсаттарға пайдалануды зерттейтін ғылым.*

ЭЛЕКТРХИМИЯ *Физикалық химия ғылымындағы электр тогы мен химиялық процестердің бір-біріне тигізетін әсерін зерттейтін бөлім.*

ЭЛЕКТРОФОН *Күйтабаққа жазылған дыбысты қайта есту үшін пайдаланылатын дауыс зорайтқыш аспап.*

ЭЛЕМЕНТ 1. ***хим.*** *Химиялық жолмен бөлшектерге ажырайтын зат.* 2. *физ. Химиялық процестер нәтижесінде алынған электр тогының көзі саналатын аспап.*

ЭЛИКСИР *Медицинада, косметикада қолдану үшін спирт не қышқылға тұндырылған дәрі-дәрмектік сұйықтық.*

ЭЛИТА 1. *Селекция нәтижесінде алынып, одан әрі көбейтуге арналған малдың не өсімдіктің ең жақсы, ең таңдаулы тұқымы (түрі).* 2. *Белгілі бір қоғамның таңдаулы өкілдері.*

ЭЛЛИПС ***мат.*** *Дөңгелек конустың бір жақ қуысының басқа бір жазықтықпен қиылысу сызығы.*

ЭЛЛИПСОИД ***мат.*** *Эллипстің өз осі бойынша айналуынан шығатын геометриялық фигура.*

ЭМАЛЬ 1. *Бұйымның бетіне электрхимиялық тәсілмен жалатылатын берік шыны қабат.* 2. *Тістің сыртқы қатты қабығы.*

ЭМБАРГО *Сырттан елге тауар, алтын, ақша тағы басқа заттарды әкелуге және сондай заттарды сыртқа шығаруға мемлекет тарапынан салынған тыйым.*

ЭМБЛЕМА *Белгілі бір айтулы оқиғаның немесе ұғымның нышандық шартты белгісі.*

ЭМБРИОЛОГ *Эмбриология ғылымының маманы.*

ЭМБРИОЛОГИЯ *Адамның, жануарлардың, өсімдіктердің урықтық даму заңдылықтарын зерттейтін биологиялық ғылым.*

ЭМИГРАЦИЯ *Саяси не экономикалық тағы басқа себептермен өз отанынан басқа мемлекетке ерікті түрде немесе шарасыздан қоныс аудару ісі.*

ЭМИССИЯ *Бағалы қағаздар мен қағаз ақшалар шығару ісі.*

ЭМОЦИЯ *Адамдардың қоршаған ортамен қарым-қатынасында пайда*

болатын ішкі жандүниесіндегі күйініш пен сүйініш сезімі.

ЭМПИРИЗМ ***филос.*** *Дүниетанудың бірден-бір көзі – түйсіну және тәжірибе деп біліп, жеке фактілер мен құбылыстарды зерттегенде теориялық топшылауларға мән бермейтін, олардың өзара байланысы мен даму заңдарын теріс түсіндіретін философиялық ілім.*

ЭМПИРИОКРИТИЦИЗМ ***филос.*** *XIX ғасырдың аягында XX ғасырдың басында пайда болған, материалдық дүниенің объективті түрде өмір сүретіндігін мойындамай, материализмге қарсы шыққан субъективті – идеалистік бағыт.*

ЭМУЛЬСИЯ ***хим.*** 1. *Өзге бір сұйықтықтың ерімейтін тамшылары қосылған сұйық зат.* 2. *Фотопластинкалар мен фотоқағаздарының жарық сәуледен тез құбылғыш қабаты.*

ЭМФАЗА 1. *Сөздің ерекше әсермен құшырлана сөйленуінің тіл білімі мен әдебиеттану ғылымындағы атауы.* 2. *Сөйлегенде кейбір жекелеген дыбыстарды қиындықпен айтудың тіл біліміндегі атауы.*

ЭМФИЗЕМА ***мед.*** *Өкпенің өз қалпынан үлкейіп кету ауруы.*

ЭНДОКРИНОЛОГ *Эндокринология ғылымының маманы.*

ЭНДОКРИНОЛОГИЯ ***физиол.*** *Ішкі секреция бездері туралы ғылым.*

ЭНДОСКОП *Ішкі азаларды қарайтын медицина аспабы.*

ЭНДШПИЛЬ *Шахмат ойынының соңғы шешуші кезеңі.*

ЭНЕРГЕТИК *Энергетика маманы.*

ЭНЕРГЕТИКА *Энергияның әр алуан түрлерін өндіру, пайдалану, түрлендіру, тасымалдау мәселелерін зерттейтін ғылым.*

ЭНЕРГИЯ *Материяның барлық түрлерінің өзара әрекеттестігі мен қозғалыстың жалпы сандық өлшемі (олардың механикалық, жылулық, электрмагниттік, ядролық т. б. түрлері болады).*

ЭНТОМОЛОГ *Құрт-құмырсқа, шыбын-шіркейлерді зерттейтін маман.*

ЭНТОМОЛОГИЯ *Зоология ғылымының құрт-құмырсқаларды зерттейтін бөлімі.*

ЭНТУЗИАЗМ *Қатты құлшыну, жігерлену, ынта-ықылас көрсету.*

ЭНТУЗИАСТ *Іске жан-тәнімен беріліп, құлшына еңбек ететін адам.*

ЭНЦИКЛОПЕДИСТ *Білімнің барлық саласынан жан-жақты хабардар, әртарапты мағлұматы бар адам.*

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ *Ғылымның белгілі бір саласынан немесе барлық саласынан мәлімет беретін ғылыми анықтама кітап.*

ЭОЛИТ ***археол.*** *Тас дәуірінің бастапқы кезеңі.*

ЭПЕНТЕЗА *Сөз ортасына дыбыс қосылу.*

ЭПИГОН *Көркемөнерде және басқа салаларда өз бағыты болмай, біреудің идеяларына бекерге еліктеуші, оны қара дүрсін қайталаушы.*

ЭПИГРАММА *Біреудің кемшілігін сықақтаған шағын өлең.*

ЭПИГРАФ *Шығарманың негізгі тақырыбы мен идеясын білдіретін үзінді.*

ЭПИГРАФИКА *Ежелгі заман мен орта ғасырлардан қалған көне жазуларды зерттейтін тарихи пән.*

ЭПИДЕМИОЛОГ ***мед.*** *Эпидемиология маманы.*

ЭПИДЕМИОЛОГИЯ ***мед.*** *Жұқпалы аурулардың пайда болуы және онымен алдын ала күресудің шаралары жайындағы ғылым.*

ЭПИДЕМИЯ *Жұқпалы аурудың етек алуы, індет.*

ЭПИЗОД 1. *Тұрмыстағы, бір істің, оқиғаның, жағдайдың жеке бір көрінісі.* 2. *Көркем шығарма сюжетіндегі өз алдына мәні бар, өзара байланысқан оқиға желісінің бір бөлігі.*

ЭПИКА *Эпикалық жырлардың жиынтығы.*

ЭПИКУРЕИЗМ 1. *Ежелгі грек философы Эпикурдың дінге қарсы материалистік ілімі.* 2. *Эпикур ілімін түр-*

пайы бұрмалаушылықтан пайда болған өмірдің мәні жан рақатында, жеке бастың игілігін қамтамасыз етуде деп танитын көзқарас.

ЭПИЛОГ *Автордың шығарма соңында жазылған қорытынды сөзі.*

ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ *Сан алуан хат түрінде жазылған шығарма.*

ЭПИТАФИЯ *Құлпытасқа жазылған жазу.*

ЭПИТЕЛИЙ ***анат.*** *Денені сыртынан және ішінен қаптап тұратын тін.*

ЭПИТЕТ ***әдеб.*** *Заттың не құбылыстың қасиетін, сыр-сипатын бейнелі түрде айқындай түсу үшін қолданылатын көркемсөздің бір түрі.*

ЭПИЦЕНТР ***геол.*** *Жер сілкінудің не жарылыстың үстіңгі не астыңғы орталығына дөп келетін жер бетіндегі тұсы.*

ЭПОПЕЯ 1. *Белгілі бір тарихи дәуірдің типтік оқиғаларын ортақ идея мен бір тақырыптың аясында кең көлемде сипаттап, көркемдік тұтастықта баяндайтын, поэзиялық не прозалық кесек шығарма.* 2. ***Ауысп.*** *Бірсыпыра ірі-ірі істерден тұратын күрделі тұтас бір оқиға.*

ЭПОС 1. *Әдеби шығармалардың (лирика мен драмаға қарағанда) әңгіме түрінде баяндап айтылатын түрі.* 2. *Ауыз әдебиетіндегі батырлар жырының, дастандардың жиынтығы.*

ЭРИТРОЦИТ ***физиол.*** *Құрамында гемоглобині бар қанның құрамдас бөлігі; қызыл түйіршік.*

ЭРОЗИЯ 1. *Судың, желдің т. б. табиғи құбылыстардың әсерінен жер қыртысының тұгелдей не жарым-жартылай бүлінуі.* ***тех.*** *Электрдің, атмосфералық құбылыстардың әсерінен техника тетіктеріне түсетін тот.*

ЭРУДИТ *Эрудицияға бай адам; жан-жақты білімдар адам.*

ЭРУДИЦИЯ *Ғылымның салаларын терең білу; жан-жақты мағлұматы барлық, көп оқығандық.*

ЭСКАДРА *Әскери теңіз флоты кемелерінің, сондай-ақ әуе флотының ірі құрамасы.*

ЭСКАДРИЛЬЯ *Әскери әуе күштерінің бөлімшесі.*

ЭСКАДРОН *Жаяу әскердің бір ротасына парапар, атты әскер полкінің бөлімшесі.*

ЭСКАЛАТОР *Метродағы, көпқабатты қоғамдық гимараттардағы жылжымалы баспалдақ.*

ЭСКИЗ *Салынатын сюжетті картинаның, суреттің алдын ала түсірілетін нобайы, әзірлік үлгісі.*

ЭСКИМО *Балмұздақтың бір түрі.*

ЭСПАДРОН *Спорт ойындарына сайысқа түсу үшін жасалған қылыш.*

ЭСПЕРАНТО *Дүниежүзі халықтарының арасында кеңінен тараған халықаралық жасанды тіл.*

ЭССЕ *Бір нәрсенің әсерінен болатын толғаныстан туған шағын әдеби шығарма.*

ЭССЕНЦИЯ *Сіркесуынан т. б. қоспалардан әзірленген, тамақтың дәмін тұщытатын күшті ерітінді.*

ЭСТАКАДА *Жүк түсіру, тиеу жұмыстарына, көліктің өтуіне арналып жер үстіне, су бетіне салынған көпір тәрізді құрылыс.*

ЭСТАМП *Ағаштан не металдан ойып жасалған суреттің көшірмесі.*

ЭСТАФЕТА ***спорт*** 1. *Командалық жарыстың бір түрі, онда белгілі бір қашықтықтағы бірнеше аралық жерді спортшылар алмасып жүгіреді.* 2. ***Ауысп.*** *Іргелі істің бірден-бірге ауысып, алға қарай ұласқан жалғасы.*

ЭСТЕТ 1. *Көркемөнер шығармаларында түрге ғана мән беретін формализмді жақтаушы.* 2. *Әдемілікті, көркемдікті қолдаушы.*

ЭСТЕТИЗМ 1. *Реакцияшыл буржуазия өнеріндегі шындықтан қол үзген, халыққа жат "таза өнерді" жақтаушылық.* 2. *Сұлулық пен әдемілікті, эстетикалық көркемдікті жақтаушы.*

ЭСТЕТИКА *Көркемдік таным теориясы, әсемдік туралы, көркем шығармашылықтың жалпы заңдары және адамның болмысқа эстетикалық қатынасы туралы философиялық ілім.*

ЭСТОН *Эстония Республикасында тұратын жергілікті халық.*

ЭСТРАДА 1. *Көрермендер алдында артистер өнер көрсететін биік алаң.* 2. *Әр алуан артистердің ойын-сауығынан құралған сахналық өнердің бір түрі.*

ЭТАЖЕРКА *Кітап қоюға арналған сөрелері бар кішігірім үй жиһазы.*

ЭТАЛОН 1. *Өлшем бірлігінің дәлдік үлгісі; үлгі өлшемдер мен өлшеуіш аспаптар.* 2. ***Ауысп.*** *Үлгі, өлшем.*

ЭТАП 1. *Белгілі бір процестің даму барысындағы бір сәті, бір сатысы.* 2. ***спорт*** *Спорт жарысындағы қашықтықтың бір бөлігі.*

ЭТИКА 1. *Мораль туралы, оның дамуы, оның мәні мен принциптері, қоғамдағы нормалары жайындағы ілімдер жүйесі.* 2. *Белгілі бір қоғам мүшелері үшін қағида болып табылатын мінезқұлық, тәртіп нормасы.*

ЭТИКЕТ *Қарым-қатынастың (дипломатиялық ортада, сарай қызметкерлерінің арасында) қалыптасқан үлгісі.*

ЭТИЛ ***хим.*** *Көптеген органикалық қосылыстардың құрамына енетін көміртегі мен сутегінің қоспасы.*

ЭТИЛЕН *Көміртегі мен сутегінен тұратын түссіз газ (полиэтилен, этилді спирт т. с. с. алуда қолданылады).*

ЭТИМОЛОГ *Сөздердің түптөркіні мен шығу тегін зерттейтін тіл маманы.*

ЭТИМОЛОГИЯ ***лингв.*** *Сөздердің түптөркіні мен олардың шығу тегін зерттейтін тіл білімінің бір бөлімі.*

ЭТИОЛОГИЯ *Аурудың себебін және пайда болу жағдайын зерттейтін ғылым.*

ЭТНОГЕНЕЗ *Халықтардың шығу тегі.*

ЭТНОГРАФ *Этнография ғылымының маманы.*

ЭТНОГРАФИЯ 1. *Белгілі бір халықтың материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін ғылым.* 2. *Белгілі бір халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мәдени өзгешеліктері.*

ЭТНОНИМ *Ру, тайпа, халық, ұлт аттары.*

ЭТНОНИМИКА *Ономастиканың ру, тайпа, халық, ұлт аттарын зерттейтін бір саласы.*

ЭТНОСТЫҚ *Белгілі бір халыққа, этносқа қатысты.*

ЭТЮД 1. *Болашақтағы көлемді шығарманың шағын сурет, картина, мүсін секілді жеке салынған бөлігі.* 2. *Кейбір жеке тақырыпқа арналған шағын көлемді әдеби шығарма.* 3. *Орындаушылық шеберлікті керек ететін, сондай-ақ жаттығу ретінде жазыған музыкалық шығарма.* 4. *Шахмат ойынына құрылған жұмбақ.*

ЭФИР 1. *Спирт пен қышқылдардың әрекеттесуінен түзілетін, иісі ұнамды, бірақ тез ұшып кететін, түссіз органикалық қоспа.* 2. *Аспан кеңістігіндегі ауа ортасы.*

ЭФФЕКТ 1. *Біреудің не бір нәрсенің екінші біреуге не бір нәрсеге ететін күшті әсері.* 2. *Бір нәрсенің әсерінен болатын нәтиже, салдар.*

ЭШЕЛОН 1. *Белгілі тәртіппен, бірінен соң бірі орналасқан әскер бөлімшелері.* 2. *Арнаулы мақсатпен жаппай жүк тасымалдайтын пойыз.*

Ю

ЮБКА *Әйелдердің белуардан төмен түсіп тұратын сырткиімі.*

ЮЛИЙ КҮНТІЗБЕСІ *Б. з. д. 46 ж. Юлий Цезарь тағайындаған жыл санау жүйесі.*

ЮМОР ***әдеб.*** *Өмірдегі күлкілі құбылыстарды зілсіз әжуалайтын әдеби туынды, жеңіл мысқыл.*

ЮМОРЕСКА 1. *Жеке адамның өмірдегі кейбір кемшіліктерін зілсіз әжуалаған шағын әдеби шығарма.* 2. *Көңілді, әдетте ойнақы, әзіл түрінде жазылған шағын музыкалық шығарма.*

ЮМОРЛЫ *Әзіл-сықағы бар шағын әңгіме.*

ЮМОРШЫ *Күлкілі жағдайларды әзілкелемеж етіп, шығарма жазатын адам.*

ЮНГА *Кеме командасы құрамында теңіз жұмысына баулынатын жасөспірім.*

ЮПИТЕР, ЕСЕККЫРҒАН *Күн жүйесінің бесінші планетасы.*

ЮРИСДИКЦИЯ *Сот жүргізу немесе сондай іске байланысты мәселелерді шешу құқығы.*

ЮРИСКОНСУЛЬТ *Сотта өз мекемесінің тапсыруы бойынша шығып сөйлейтін және заң мәселелері жөнінде пікір айта алатын заңгер.*

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ *Заң ғылымдарының жиынтығы, сондай-ақ заңгерлердің іс жүзіндегі қызметі.*

ЮРИСТ *Заң ғылымдары, заң мәселелері бойынша маман қызметкер; заңгер.*

ЮСТИЦИЯ *Сот ісі, сот мекемелерінің жүйесі.*

ЮТ *Кеме палубасының артқы жақ бөлімі.*

Я

Я *Сөйлемдегі бірыңғай мүшелерді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып тұратын "не", "немесе" тәрізді талғау мәнді шылау сөз.*

ЯҒНИ *Бір ойды екінші сөзбен қайталап айтқанда стильдік байланыс үшін қолданылатын шылау сөз.*

ЯДРО 1. *Жердің орталық өзегі, бір нәрсенің ішкі негізгі бөлігі.* 2. *Жануарлар және өсімдік клеткасының ең маңызды құрамды бөлігі.* 3. *Спорттық жаттығуларда серпіп лақтыруға машықтанатын салмақты шойын шар.*

ЯДРОЛЫҚ *Атомның оң зарядпен зарядталған негізгі бөлігімен байланысты.*

ЯКИ *Не, болмаса, немесе, яғни секілді шылау сөз.*

ЯКУТ *Ресей Федерациясының Саха Республикасында тұратын түркі тілдес халық.*

ЯНТАРЬ *Ағаш шайырынан қатты тасқа айналған мөлдір сарғыш түсті минерал.*

ЯПЫРЫМ-АЙ *Өкіну, таңдану одағайы.*

ЯПЫРЫМ-АУ *Көңіл күйін білдіретін одағай.*

ЯРУС *Бірінің үстіне бірі түскен зат қатары немесе бірінен-бірін биіктеу етіп көтерген театр орындары.*

ЯХТА *Спорттық не туристік желкенді кеме.*

ЯХТ-КЛУБ *Су спортымен, көбінесе оның желкенді түрімен айналысатын спорттық ұйым.*

ЯһУДИ *Иудаизм дінінің және сол дінді ұстанушының мұсылманша атауы.*

ЯШМА *Кварцтың өте тығыз бітіскен, тым ұсақ түйірлерінен құралған тау жынысы, асыл тас.*

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз 3
Сөздікті пайдаланушыларға қажетті мағлұматтар 7
А 11
Ә 81
Б 95
В 170
Г 173
Ғ 182
Д 184
Е 215
Ж 242
З 339
И 350
К 365
Қ 443
Л 567
М 574
Н 611
О 621
Ө 646
П 664

Р 685
С 694
Т 770
У 849
Ұ 854
Ү 865
Ф 876
Х 884
Ц 889
Ч 890
Ш 891
Ы 940
І 949
Э 956
Ю 962
Я 963

Анықтамалық басылым

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі
50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі

Редакторы *Р. Қ. Шаймерденов*
Корректорлары *Г. Д. Тұрлықожаева, Қ. Қ. Сайдалина*
Мұқаба дизайны *К. К. Карпун*
Компьютерде беттегендер *Г. К. Шаккөзова, Н. Қ. Садықова*

Басуға 15.11.08 ж. қол қойылды. Пішімі 60x90$^{1}/_{16}$.
Шартты б. т. 60,5. Есептік б. т. 78,3. Таралымы 100 000 дана.
Тапсырыс № 1216.

"Дайк-Пресс" баспасы,
050010, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 29.
Тел./факс: 261-28-35.
e-mail: daikpress@mail.ru, daiksof@mail.ru

Баспа директоры **Қазығұлов Б. А.**

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 269-40-35, 242-47-69, 242-07-90,
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru

ISBN 9965-798-99-0

ЖАЗУ ҮШІН

ISBN 9965-798-99-0